

У 2009
3068к

І. КЕҢЕСБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ
СӨЗ ДІГІ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

І. КЕҢЕСБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ
СӨЗДІГІ

ОН МЫҢНАН АСА ФРАЗА ҚАМТЫЛДЫ



Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ · 1977

494.342—03
К—39

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І. К. Алматы,
Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж.
712 б.

Сөздікте тіліміздегі фразеологизм мүмкіндігінше мол қамтылған. Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орай-сәті көрсетілген. Фразеологизмнің синоним әрі лексикалық варианттары жинақталған. Кей жағдайда фразеологизмнің тууы, жасалуы сөз болады. Текст-мысалдар халқымыздың бай ауы. әдебиетінен, көне жазба нұсқалардан, классикалық әдебиеттен, қазақ совет әдебиетінің көрнекті және жаңа талап жас жазушылары шығармаларынан, газет, журналдар мен ғылыми кітаптардан, ауызекі тілден алынған.

Қазақ тілінің аса шұрайлы әрі көркем саласы тұрақты сөз тіркестерін жүйеге келтірген бұл Сөздік ана тілін қастерлейтін барлық кісілерге, сөз танып, тіл ұстауға құмар жас буынға, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдерге, жазушылар мен журналистерге, студенттер мен аспиранттарға арналған.

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЛАР

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі **А. Ысқақов**,
филология ғылымының кандидаты **Қ. Әмірәлиев**.

К 70105—042
407(07)—77 Дп—77

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж.

*Бұл Сөздігімді Ұлы Октябрьдің
төл перзенті — жас ұрпаққа
арнаймын*

А В Т О Р Д А Н

Жұртшылыққа ұсынылып отырған бұл Сөздік — автордың ұзақ жылдар бойы істеген еңбегінің нәтижесі. Осы уақыт ішінде автор сан алуан фразалардың басын құрап жинады. Оларды лексикография тұрғысынан сұрыптап, бір жүйеге түсірді. Мыңдаған тиянақты тіркестің мағыналары ашылды.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді теріп тізуде, зерттеуде арқа сүйер тірегіміз не болмақ? Тиянақты тіркес (фраза) деген не, оның сыры неде? Фразаларды қайдан аламыз және қалай аламыз? Бұл сұрақтардың жауабы — осы еңбек. Сөздікте «Нені енгіземіз?» дегеннен гөрі, «Не үшін енгіземіз?» деген сұрақ басым жатыр. Мұның біршама жауабы «Қазақ тіліндегі фразалық тіркестер туралы» деген шолуда берілді. Фразалардың қандай тәртіп-жүйемен алынғаны «Сөздіктің құрылысы мен жасалу тәсілдері» деген тарауда айтылды. Ал Сөздікті жасауда нені үлгі етпек керек? Мұның жауабы да қысқа: қазақ тіл білімінде де, өзге түркі тілдерінде де бұл күнге дейін фразеологиялық үлкен сөздік жасалған жоқ. Сол сияқты фразеологияның теориялық көп мәселелері әлі де болса өз шешімін күтуде. Бұл Сөздік — осы салада жасалған алғашқы тәжірибе. Сол себептен де, Сөздікте қайсыбір қаға беріс қалған, жеткізіле, жетілте сөз етілмеген жайлар болуы да мүмкін. Бірақ, біз Сөздіктің осылай жүйеленіп шығуының өзі кейбір жетпей жатқан жайларды ғана емес, жалпы фразеологияға қатысты көп мәселелерді анықтауға, оларды терең зерттеуге, тіліміздің қазіргі таңдағы лексикалық байлығына қатысты біраз сырларды ашуға көмектеседі ғой деп білеміз. Мұның сыртында, «Фразеологиялық сөздіктің» болашақта әбден жетілген көп томды үлгісін жасауға да септігі болар деп ойлаймыз. Әрине, мұндай игілікті де, түбегейлі істелетін ірі іс Қазақ тіл білімінің келер буыны еншісіне тиеді. Сол игілікті жұмыста осы Сөздік мұрындық болса, — біздің бейнеттің өтелгені. Бұл еңбек түсіндірме, этимология, паремиологиялық сөздіктерге аздап болса да себін тигізсе, көздеген нысана, ойлаған мақсат орындалды деп есептейміз. Ал, қазіргі оқушы қауым бір кісінің қолынан келген істің осы нәтижесіне қанағат етер деген ойымыз бар.

Сөздікке ана тілімізде жиі ұшырасатын сан салалы тұрақты тіркестер енді. Атап айтқанда, халқымыздың бағы заманы жайын, салтын, ғұрпын сыр ғыш шерте-тін, өлмес те өшпес қалып тапқан батырлық, ғашықтық жыры мен тұрмыс-салт өлеңдерінде, ертегі мен аңыздарда, айтыстарда, қазақтың өткен ғасырлардағы көркем тіл зергерлерінің мұраларында бар сөз моншақтары алынды. Сол сияқты, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жаңа жазба әдебиетіміздің негізін қалаған, қазақ халқы ақыл-ойының алтын діңгегі Абай шығармаларындағы шебер қиыстырылған сөз кестелері, ілгері-кейінді тасқа басылып тараған қисса-дастандарда бар фразалар, ХХ ғасыр басындағы сөз ұсталары мен қазақ совет әдебиетіндегі фраза тіркестері мол қамтылды. Енді бір алуан фразалар мерзімді баспасөз беттерінен, ғылыми әдебиет пен оқулықтардан терілді. Сонымен қатар, кезінде жазба бетіне түсіп үлгірмеген, бірақ,

ауызекі тілімізде жиі ұшырап жүрген тиянақты тіркестер де біршама енгізілді. Бұл фразеологизмдер — автордың ұзақ жылдар ел ішінде, қарт-қария кеңесінде болып жинаған, әрі мәжілістес-сұхбатас тұрғыластары, замандастары аузынан есіткен, құлаққа сіңген, жадымызда сақталған тіркестер. Бұлардың кейбірін өзіміз қисында келтірген сөйлем аясында беріп отырдық.

Сөздік жасау барысында біз қызметтес жолдастардың әр алуан қол көмегіне мұқтаж болдық. Кезінде осындай жәрдемі тиген азаматтар бар. Сөздіктегі біраз фразеологизмдерді тәртіпке түсірген марқұм Ә. Мұсалдаевқа айырықша ризамын. Сөздіктің бірсыпыра реттеу жұмысына қолғабыс еткен Т. Жанұзақов, Е. Жанпейісов, Е. Жұбанов, О. Нақысбеков, Б. Қалиев, Б. Қайымова, М. Жүрсінова, азды-көпті жәрдемі болған т. б. шәкірттеріме, сондай-ақ, Сөздіктің қолжазбасын оқып, рецензия жазған жолдастарға ықыласты алғысымды айтамын.

Осы еңбектің шығу процесінде өз кеңесін берген Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері А. Ысқақов пен Ғ. Мұсабаевқа жақсы ілтипатымды білдіремін.

Сөздікті редакциялап, баспаға дайындаған, әрі оның басылып шығуы барысында көп жұмыс істеген шәкіртім Қ. Өмірәлиевке шын ризашылық білдіремін.

Сөздіктің баспадан шығуы барысында қызметі көп сіңген Р. Сыздықоваға және Ә. Жүнісбековке, Ә. Керімовке, Н. Уәлиевке, «Ғылым» баспасының редакция меңгерушісі С. Бекмұхаметова мен редакторы Б. Сағындықовқа көп-көп рақмет.

СӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Фразеологиялық сөздіктің ішкі жүйесінде басқа сөздіктерден бөлектеу өзіндік ерекшелігі болады. Ұсынылып отырған Сөздіктің жеке басына тән құрылым-жүйесі бар.

1. Реестрде *көк аяз; міз бақпады; құс ұйқы* сияқты екі сөздің тіркесінен тұратын, *бес биенің сабасындай; тілі мірдің оғындай* сияқты үш сөз тіркесінен тұратын, *түйе үстінен сирақ ұйтіп; от ауызды, орақ тісті; малынан құрық, басынан сырық кетпеді* сияқты бес-алты сөздің тіркесімен келетін, тіпті, *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың құмалағы болсаң, ақ сөйле!* сияқты құрмалас сөйлем түрінде келетін фразалар берілді.

2. Сөздікке енген фразеологизмдер өзінің құрамы, сырт тұрпаты жағынан әр қилы: а) есім+етістік (*аузына түсті, абыройы кетті*); ә) есім+есім+етістік (*абиыры айрандай төгілді; аузын айға біледі; азан-қазан болды*); б) сын есім+зат есім (*асқар тау; шалқар көл; үр жаңа; қара нар, қалы кілем*); в) етістік+етістік (*абайлап сөйледі, ағызып [ағылып] сөйледі*); г) есім+есім+күрделі етістік (*қашанғы жарап-зан айтамыз да жүреміз*), т. б.

Міне, осы 1—2 пунктте келтірілген фразалардың компоненттері өзінің о бастағы лексикалық-семантикалық қасиетінен түгелдей немесе жартылай айрылып қалып отыр. Демек, оларды сөз табы, сөйлем мүшесі ретімен топтастырудың фразеологиялық сөздік үшін айырықша мәні жоқ.

3. Фразеологиялық тұлғалас тіркестердің бір тобы ықшамдалған болады да, ал бір тобы толықтап, анықтап тұратын сөзбен келеді: *құдай салмасын; құдай басқа салмасын*. Бұлар да бір реестрде берілді: ҚҰДАЙ [ҚҰДАЙ БАСҚА] САЛМАСЫН. Немесе *құшағын ашты; құшағын жайып қарсы алды* тіркесі реестрде ҚҰШАҒЫН АШТЫ [ЖАЙЫП ҚАРСЫ АЛДЫ] түрінде сыйыстырылды.

Мағына жағынан өте жуық келетін синонимдес тіркестердің едәуірі бір реестрде топтап берілді: ҚОЙДАН ҚОҢЫР ○ ҚОЙДАН ҚОҢЫР, ЖЫЛҚЫДАН ТОРЫ.

4. Бір топ фразеологизм бірде белгілі бір грамматикалық қосымшамен келсе, бірде ол қосымша түсіріліп қолданылады, бұлар да көбіне бір ұяда тұрады: ҚҰ [-ДЫ] МІНІП, ҚҰЛАН [-ДЫ] ҚҰРЫҚТАДЫ.

Бұл сияқты тіркестердің семантикалық немесе стильдік ерекшелігі басымдау жерде олар тиісті орнында жеке-дара берілді.

5. Айтылуы жағынан айырымы бар фонетикалық сыңарлар бір реестрге сыйыстырылды: МАҚСАТҚА [МАҚСҰТҚА] ЖЕТТІ; РАЗЫ [РИЗА, ЫРЗА...] БОЛДЫ. Вариантас қос сөздер АПАЛАҢ [ОПАЛАҢ]-ТОПАЛАҢ түрінде алынды.

6. Бірнеше етістік қатар тіркесетін жерде ол етістіктер варианттар есебінде тік жақша арқылы көрсетіліп отырды: ҚОЛМА-ҚОЛ ОРЫНДАДЫ [ІСТЕДІ, АТҚАРДЫ...]; ҚАРАНДЫ БАТЫР [ӨШПІ!]; МЕЙЛІ СОҚТЫ [ТАРТТЫ, ШАПТЫ]; МЕЗІРЕТ ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ].

7. Фразеологизмнің басқы, орта шенінде келетін синонимдес сөздер тік жақша ішінде беріліп отырды: АНТ СУ [ҚАСАМ] ШТІ; ТӨҢІР [ҚҰДАЙ] АТҚАН; МЕЙЛІ [ТӘБЕТІ] СОҚТЫ; МИЫҒЫНАН [МҰРТЫНАН] КҮЛДІ; АЛЛА [ҚҰДАЙ] САҚТАДЫ; БАЗАРЫ ТАРҚАДЫ [ӨТТІ, КЕТТІ]. Фразаларды бұлай түзде алфавит жүйесінен гөрі, көп жағдайда олардың тілде жиі я сирек қолданылуы меже етілді.

8. Етістік сөзге бітетін фразеологизм ауызекі тілде қалай тұтытуда жүрсе, көркем шығармада (сөйлем-тексте) қалай берілсе, солай алынды. Мысалы, етістік тұйық формада емес, көбіне ашық райда берілді: КЕУСЕН [КЕПСЕН] СҰРАДЫ (*кеусен, кепсен сұрау емес*); КӨҢІЛ ЖЫРТПАДЫ (*көңіл жыртпау емес*); бұлай етпеген күнде фразалық тұтастық заңы бұзылар еді. Ал жалпы фразеологизмдерді аяқтап тұратын етістіктер бір формада келе бермейді: *құдай көрсетпесін; құдай исе; құдай жарылқап; құлдығың кетейін; құлқы сүймеді*, т. б. Мұны да есте тұттық.

Белгілі бір тұлғада реестр тіркесі ықшамдалып көрсетілді. Мысалда болымсыз етістік, етіс, есімше, көсемше түрлері кездесе де, реестр сөзбен тұлғалық сөйкестігі толық сақтала бермейді: *жілігі татымады... жілігі татитын...; жүрегін сыздатты... жүрегін сыздатып...; жүрегі шайлықты... жүрегі шайлыққан... тәрізді әр түрлі кездесетін есім тұлғаларының біреуі ғана реестрге алынды: БАРМАҚ БАТЫРДЫ... бармақты бағырды...; БАҒЫ ЖАНБАҒАН... бақтарың жанбаған...*

Демек, реестр мен мысал арасындағы етістік, есім қосымшаларының (көбіне жалғаулардың) семантикалық тиянақтылыққа әсері болмаған кезде сырт пішіннің айна-қатесіз сай келуін көздегеніміз жоқ.

9. Діни ұғымға байланысты фразалар да сөздіктен белгілі дәрежеде орын тепті. Ол тіркестердің едәуірі бастапқы діни мағынасын сақтауы неғайбл. Мәселен, *құдай* сөзіне байланысты туған *құдай айдады; құдайдың зарын қылды; құдай иіп; құдай қаласа; құдайдың құдіреті* сияқтылардың күні бүгінгі тілімізде «құдайлық» қасиеті тым солғын; бұларда бастапқы діни сенімнен гөрі, жай, қарапайым мән басым жатыр, ал, олардың бірқыдыруы қазақтың «бөркін» киіп, халықтың жалпы сөз қорына емін-еркін еніп кетті.

10. Әдеби тілде қолданылмайтын, бірақ, ауызша тілде айтылатын, сырт тұлғасы ыңғайсыз, ал берер мәнінде өрескелдік жоқ фразеологизмдер де Сөздікке енгізілді. Бұл ретте «к» әршінен кейін көп нүкте қойылып, тиісті қосымшасы (тәуелдік, септік тұлғасы, т. б.) көрсетіліп отырды. Мысалы: *к...і жер иіскемеді; к...і шайланды*.

11. Жергілікті тілде айтылып жүрген фразеологизмдер диалектологиялық материалдардан, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінен» (1964) алынды. Ондай фразалардан кейін жоғарғы еңбектерде көрсетілген шартты белгілер қойылды. Мысалы: АУЫЗДАП ЖІБЕРДІ ди а л. *Ән салды, ән шырқады*. Есентайдың домбыраға қосылып, аздап *ауыздап жіберетіні* де бар (Гур., Маң.). АУЫТ ҚЫЛДЫ ди а л. *Есін ауыстырды, шатастырды*. Біз оны, тіпті, *ауыт қылып жіберетін* болдық (Қ. орда, Арал).

Диалект фразеология — әлі де тың мәселе. Бұл Сөздіктегі диалект тіркестер әдеби тіл қорына түгел енуге тиісті деу қиын. Дегенмен, әдеби тіл кәдесіне қажет тіркестер де аз емес. Қазақ тілінің жөн-жосық, жалпы торабын аңғарту ретінде мұның мәні зор.

12. Сөздікте белгілі бір автор шығармасында жиірек кездесетін бірқыдыру тіркестер де орын тепті: олардың бір тобы ҚОҢЫР КӨРДІ [Татулықты, тыныштықты қоңыр көрер, кем көрер (Абай)] сияқты фразалар болса, бір тобы ҚОҢ ТОРҒАЙ [Бұл өңірдің балықшылары жылдағыдан гөрі биыл қоң торғай. Бас тоқсан түссе де, жылымық күннің аяғы тұманға айналып, Ұлы теңіз ұстаса қоймады (Ө. Н.)] түрінде келеді. Әрине, мұндайлар көп емес.

13. Фраза мағынасы сипаттама түрінде де, синоним тіркес арқылы да түсіндірілді. Алшақ мағыналар цифр (1, 2, 3 деген сияқты) арқылы айтылды да, олардан кейін иллюстрация (сөйлем-текстер) келтіріліп отырды. Мысалы: АЯҒЫ ТАЙДЫ 1. *Жазатайым болды, апат болды. Кетті бірлік, Сөнді ерлік, Енді кімге беттемеж. Елің ала, Отты шала, Тайса аяғың кім көнбек? (Абай).* 2. *Айныды, шәлкем-шалыс кетті. Қор қылуға құдіреттен, Жүрегіме түсті ерт. Тайды аяғым ескі серттен, Түсті*

емсіз қатты дерт (Абай). 3. *Қызмет орнынан айрылды*. Отыз жыл отырып еді, қызметтен аяғы тайып, кетіп қалды (АТ).

Фразеологизм мағынасын автор, ең алдымен, нақтылы текст ыңғайына қарай ашуға талпынды. Бұл түсінікті де: белгілі бір тиянақты тіркестің сыры сөйлем ішінде тұрып, өзге сөздің ішкі мән-мағынасына, тұлғалық байланысына қарап айқындауы даусыз. Солай бола тұра, қайсыбір уақыт фразеологиялық мағынаның екі ұшты түсінік беретін жері кездеседі. Мысалы *жылқы мінез; мәйегі аузынан шығып отыр* сияқты тіркестерді әркім әр қилы түсінеді. Мұндай кезде сөздік жасаушының өз топшылауы белең алуы — табиғи нәрсе. Кейбір фразеологизмнің семантикалық қасиеті, стилистикалық өңі қалтқысыз сипатталды дей алмаймыз. Көркем шығармалардың авторлары белгілі бір тіркесті өзінше ой елегінен өткізіп, сөз мәнерін құбылта қолдануы былай тұрсын, бағзы бір уақта сол фразаның ұғымын да өзгерте айту дағдысы кездеседі. Осының салдарынан бірқыдыру тіркестің сыр-сипаты мүлтіксіз, даусыз дей алмаймыз. Құрметті оқырман бұл жөніндегі кемістікке кешірім жасар деп ойлаймыз.

14. Қайсыбір фразеологизмдердің құрамында тым көнеленіп кеткен сөздерге этимологиялық талдау берілді. Мысалы: АБЫЛХАЯТ [ӘБІЛХАЯТ] СУЫ *Мифологиялық ұғым бойынша бұл фраза мұхиттың қиыр шетінде терең, тұңғыш үйірім болады, мұның суын ішкен адам өлмейді-міс, мәңгі өмір сүреді-міс деген нанымнан туған*. (Түрлі әдеби шығармаларда фразаның лексикалық өңі өзгеріліп, «асқан, асыл, мейлінше кымбат су» ұғымында да қолданыла береді. Араб-иран тілдерінде «аб» деген «су» мағынасындағы, ал «наят» деген «өмір» мағынасындағы сөз). Айтылған сөздің шәрбаты — *Абылхаят суындай*. Өзілінің ләззаты — *Аққұйрық шай буындай* (І. Ж.).

15. Сөздікте лексикалық мағына жағынан варианттас фразалар бір мағыналық реңкімен ұласа келсе, басқа бір мағыналық реңкімен бұл ұя асынан сырт тұрады. Айталық *аяғына тұсау түсті (салды); аяғы тұсалды; басы байланды (бос емес); мойнына құрық түсті* деген фразалардың бәріне ортақ бір мағыналық реңк бар: *ол* — жас жігіттің үйленуіне орай айтылуы. Бірақ *аяғы тұсалды* фразасында әрі «болдыру, діңкелеу, шау тарту» сияқты да мағына кездеседі: *Жиырма, жиырма бестің арасы емес, қарт басып аяғыңыз тұсалыңды* (М. Б.). *Ал басы байланды* дегенде әрі «кіріптар болды» деген реңк бар. Мұның сыртында осы мағына бұл фразаны енді келіп *басы шатылды* деген фразамен ұласа етеді. Соңғы мысалдарды (*басы байланды, басы шатылды* сияқтыларды) нақтылы бір фразеологизмді қолданудың синонимдес түрлері деп есептеу керек. Сол сияқты *таң атқанда, таң сыз бергенде, таң сәріде, құлқын сәріде* тәрізділер де фразеологизмдерді қолданудың синонимдес түрлеріне жатады. Ал, енді, *оң қолынан өнері тамған; бит қабығынан биілей тоқыған; бес аспап* сияқтылар — бір-біріне синонимдес фразеологизмдер. Фраза мағыналарында бар осы ерекшеліктер мүмкіндігінше ескерілді. Фразалардың бір ұяда болу-болмауы, не болмаса, белгілі мағыналық реңкінің берілу-берілмеуі оларды топтаудан туған жоғарғы қиындықтарға да байланысты.

16. Реестрдегі нақтылы бір фразеологизмге берілген иллюстрациядан соң оның кімнен, қайдан алынғаны жақша ішінде қысқартылып көрсетілді. (Мысалы: М. Ә.— Мұхтар Әуезов; ҚБ — «Қобыланды батыр», т. 6. Тек *Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев* — Абай, Жамбыл түрінде алынды).

17. Стилистикалық белгілер (көне, діни, алғыс, қарғыс, тілек, диалект), т. б.) сөздікте сирек те болса кездеседі. Өйткені, мұндай сөздердің бірсыпырасы күнделікті сөйлеу тілімізде, әдеби тілде көп қолданылмайды. Олар жазба нұсқаларда, не өткен дәуір мұраларында, немесе көне өмір тақырып болған шығармаларда, т. б. жағдайда ұшырайды.

18. Қайсыбір кезде (көбіне, алғыс-қарғыс мәнді, бейпіл тұрпатты жерде) мысалсыз-ақ реестр тіркестің өзін ғана көрсеттік. Өйткені, мән-мәнісі өздігінен тұрып та түсінікті. Сол сияқты, толық сөйлеммен келген басқа да бірер фразеологизм осы ізбен кетті.

19. Фразеологизмдердің емлесі мен тыныс белгісі дағдылы ережеге негізделді.

Фразалық тіркестердің жазылу қағидаларын бекем сақтау жағы көзделді. Дегенмен, бірер ауытқу кездеспейді емес.

Әрине, бұл еңбекте емле-ережелеріне байланысты әлі де болса шешілуге тиіс жайлар бар. Бұлар ілгері-кейінді шыққан кітап, журнал, газет беттерінде өз таңбасын қалдырған. Бұл таңба соларда бар фразеологизмдерден де байқалады. «Фразеологиялық сөздіктің» авторы материалдың денін бұрын баспа бетін көрген осы нұсқалардан тергендіктен, сол кездегі жазылған қалпын біршама сақтап отырды. Айталық, белгілі бір сөздің айтылу әлпеті кей уақыт түрлі-түрлі болуына қарай жазылу баламасы да әр түрлі ұшырайды. Мәселен, «ұнжырғасы түсіп отыр», «абыройы асты» тіркестеріндегі «ұнжырға», «абырой» деген «ұнжұрға», «енжорға»..., «әбірой», «әбүйір» т. б. тұрпатта айтылып та, жазылып та жүр. Дәл қазір осы іспеттес тіркестердің үзілді-кесілді жалғыз-ақ вариантын алғаннан «Фразеологиялық сөздік» ұтпайды. Әдеби тіліміздің қалыптасуындағы осы айтылған «уақ» процесінен де оқырман хабардар болуды мақұл таптық. Ондай бірер ала-құлалық үшін автор оқушылардан күні бұрын рапу өтінеді.

20. Сөздік жасаудың әр қилы тәсілі бар. Сол сияқты, «Фразеологиялық сөздіктің» де өзіндік әдістері бар. Солардың басты бір жолы мынау: нақтылы бір фразеологизмнің ішіндегі ұйтқы сөздердің санына қарай ол (фразеологизм) қайталанып отырады. Мәселен «Асығы алшысынан түсті» дегенді ұялап, «асық» сөзіне де, «алшы» сөзіне де келтіріп, ең кемінде екі жерден кездестіруге болады; мұның тіл мамандары үшін пайдасы жоқ емес. Жеке фразеологизмдерді жалпы тіл жүйесіне жанастыра, сөз байлығындағы орнын айқындауда мұның үлкен мәні бар. Осындағы *асық, алшы, түсті* деген сөздердің бірімен келетін өзге лексемалар мен ішінара байланыс-түйсік жақтарын білу үшін де, түрлі грамматикалық тұлғаларын тану үшін де септігі бар. Осындағы *түсті* етістігінің неше қилы өзге сөзбен іліктес келуін де аңғара аламыз (*жолы түсті; қолға түсті; бет моншағы түсті*, т. б.). Бұл дұрыс жүйеге осы жолы жүгінбеудің жалғыз-ақ себебі болды: бір тіркесті екі-үш рет қайталап, бір авторды сан рет толық келтіріп, оның жеке шығармаларын тәптіштеп көрсетіп, Сөздік көлемін мейлінше үлкейтуден бас тарттық. Оқырманға мұны да құлақ қағыс еткіміз келеді. Оқушы ойына келген, аузына түскен сөздің орайына қарап, Сөздіктен қажет тіркесті оңай табу үшін, фразеологизмдер алфавит тәртібімен берілді.

Фразеологизмдерді бастан-аяқ алфавит тәртібі бойынша орналастырғаннан тіл маманы үшін туатын қиындықты жеңілдету мақсатымен Сөздік соңынан индекс ретінде «Сөзтізбе» берілді. Фразеологизмдердің тіл жүйесіндегі орны, тіліміздегі мәні теориялық шолуда айтылды.

АБАЙДЫҢ АҚЫЛЫН [БАСЫН] БЕРСІН, ЖАМБЫЛДЫҢ ЖАСЫН БЕРСІН, СӘКЕННІҢ СӘНІН БЕРСІН, КҮЛӘШТІҢ ӨНІН БЕРСІН... алғыс. *Бар өнер, бар жақсылық өзіңе болсын.*

Бір жолдастың шілдеhana үстінде дүниеге келген сәбиге: *Абайдың басын берсін, Жамбылдың жасын берсін, Махамбеттің тілін берсін, Құрманғазының күйін берсін, Ыбырайдың күрегін берсін, Гагариннің жүрегін берсін!* — деп тілек айтқанын естідік. Бұлар жаңа сипатта айтылған бата-тілек қана емес, ауыз әдебиетінің бір көрінісі — шешендік сөз емес пе екен? (ҚӘ).

АБАЙЛАП [БАЙҚАП] СӨЙЛЕДІ *Сақ сөйледі, байымдап сөйледі, аңдап сөйледі. Абайлап сөйле барланып.* Бұл сөзім мақұл емес пе, Қарашы өзің ойланып (Айт-тыс).

АБЖЫЛАНДАЙ ТОЛҒАНДЫ *Айбат шекті, буырқанды.* Ордада отыр Зарлық хан Аш арыстандай ыңыранып, *Абжыландай толғанып,* Алыссам деп біреумен, Қозғала түсіп ырғалып (МЗ).

АБИЫРЫ [АБИЫРЫ АЙРАНДАЙ] ТӨГІЛДІ [ШАШЫЛДЫ] ○ АБИЫРЫ АЙРАНДАЙ БОЛДЫ ○ АБИЫРЫ КЕТТІ [ТҮСТІ] *Ұятқа қалды, ар-ұяты кетіп, қатты масқара болды.* Апыр-ау, бұл не пәле? Бар қоймамды ашып, *абиырымды айрандай төгеді* де тұрады осы неме (М. Ә.). Қарауылда тұрғанда, иықтан шауып кетті ғой. Сарайға барсам, қара ат жоқ, Атыңды алып кетті ғой... Уағдадан тайып, ант ұрып, *Абиырын төкті* ғой (Н. Б.). Қоңқай «денең толық, етіңе орап алған шарбы бар, талай майды әкетіп барасың» деп, Шәрипаның етегін ашпақ, *абиырын төкпек* (М. Ә.).

АБҰЙЫР [-ЫН] ЖАПТЫ [ҚЫМТАДЫ] Етегін жапты. (Бұл жерде ұятты жерін (төнін) бір лыпамен жасыру сөз болып тұр). *Абұйырын жабатын* шүберегі де жыртылып қалған соң, Ғабдолла байдан кимі сұрап еді, байдың жауабы қысқа болды (С. Шәр.).

АБЫЗСЫНЫП ОТЫР *Сәуегейсіп, әулиесіп, білгіш, билік айтқыш кісі сияқта нып отыр. Абызсынып отырғанын көрдің бе?* (АТ).

АБЫЛАЙ АСПАС АСУ [БЕЛ] *Тым қиын асу, өте ауыр жол.* Темір жолдар тартыла, *Абылай аспас белдерден.* Аса соға, шарқ ұра, Сонау Сібір — Түркстан (І. Ж.).

АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ТУЫ *Бұл сөз бұрын күллі қазақ атынан айтылар ұранның баламасы ретінде жұмсалатын болған.* Олар ана жақта партия құрып, ... *Абылайдың ақ туының* астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді (Ә. Н.).

АБЫЛХАЯТ [ӘБИЛХАЯТ] СУЫ *Мифологиялық ұғым бойынша, бұл фраза мұхиттың қиыр шетінде терең, тұңғыық үйірім болады, мұның суын ішкен адам өлмейді-міс, мәңгі өмір сүреді-міс деген нанымнан туған.* (Түрлі әдеби шығармаларда фразаның лексикалық өңі өзгеріліп, «асқан, асыл, мейлінше қымбат су» ұғымында да қолданыла береді. Араб-иран тілдерінде *аб* деген «су» мағынасындағы, ал *һаят* деген «өмір» мағынасындағы сөз). Бәйшешек, балауса гүл, балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай. *Суындай әбілһаят* шөлдеп ішкен, Лебізі сусынды қандырғандай (І. Ж.). Айтқан сөздің шәрбаты — *Абылхаят суындай.* Әзілінің ләззаты — *Аққұйрық шай буындай* (І. Ж.).

АБЫРОЙ АЛДЫ [ТАПТЫ] *Жақсы ат, атақ алды; беделге, құрметке ие болды.* Бұл істен *абырой алсаң,* келер жолың даңғыл тартар, балам! — депті (АТ).

АБЫРОЙ БОЛҒАНДА [БОЛЫП] *Істің сәті, реті түскенде; жұмыстың орай-сәті келе қалғанда; құдай иіп (жар болып) сәті оралғанда.* Мұндайда не істеу лайық екенін өздігінен біле де қоймас еді, *абырой болғанда,* дәл осы сәтте Нағима жүгіріп кеп, Сәрсеннің мойнынан құшақтай алды

(Т. А.). *Абырой болып, малды шығынсыз қыстан шығардық,— деді (АТ).*

АБЫРОЙЫ ЖОЙЫЛДЫ [КЕТТІ, ТҮСТІ] ⊙ АБЫРОЙЫН АЙРАНДАЙ ТӨКТІ ⊙ АБЫРОЙЫНАН АЙРЫЛДЫ *Беделі, атағы, қадір-қасиеті кетіп болды; құрмет-сыйы түсті. Сәтбала қазіргі не болған абыройынан айрылмас... деген сенім Мұхитта басым болатын (Ғ. С.). Көптің алдында біздің абыройымызды жойма (АТ). Олар ел алдында Алдар көсенің абыройын түсіру, халыққа жек көрінішті адам етіп көрсету жайын да қарастырған (М. Ғ.).*

АБЫРОЙЫ КІРЛЕДІ *Қадірі кетті, беделі түсті, атына нұқсан келді. Кірлемей абыройымды тілеймін көп, Дүниенің фитнәсіне шомылдырып (Н. Н.).*

АБЫРОЙЫН ЖЫҚТЫ *Сүйенгенін, арқа сүйерін мұқатты. Өзін мұқатып не табады, одан да сүйенген абыройын жығу керек (АТ).*

АҒАЙЫН АЛА БОЛДЫ *Араздасты, жауықты, дұшпан болды. Жан түршігер жаман іс, Ағайын ала болғаны (ШС).*

АҒАЙЫНДЫ ҚОҢЫР ҚАЗ *Қатар-құрбы, замандас адамдар туралы айтылады.— Билейкші, қыздар! Қамаш екеуміз билемегелі қашан. Келші, ағайынды қоңыр қаз боп, бір жортақтап көрейік,— деді Бике (М. И.). О да палуан. Екеуміз де классикалық күреспен әуре болып жүргенбіз. Екеуміздің де салмағымыз бірдей. Жарыс бола қалса, ағайынды қоңыр қаз белдесіп жатқанымыз (ЛЖ).*

АҒАМА ЖЕҢГЕМ САЙ, АПАМА ЖЕЗДЕМ САЙ 1. Мінез-қылығы үйлес. (Көбіне кекесін мағынасында айтылады). *Ағамә жеңгем, апамә жездем сай* демекші, өзіңе балаң да сайма-сай екен ғой (ҚЕ). **2. Ұқсас іс-әрекет.**

АҒА ӨЛСЕ, ІНІ МҰРА *Ескі салт бойынша әмеңгерлік жасау. Аға өлсе, іні мұра дегендейін, Таз бастың тоғызын да тамамдарсың (Айтыс).*

АҒАРЫП ТАҢ АТТЫ *Бұл жерде бос-тандық, теңдік деген мағынада. Ағарып таң атқанда, Қызыл бізді қарсы алды; Аттанған қол ақтарға (І. Ж.).*

АҒАТ [ӘБЕС] КЕТТІ ⊙ АҒАТТЫҚ [ӘБЕСТІК] ІСТЕДІ [ЖАСАДЫ] Кателесті, жаңсақ істеді; әбес айтты, жаңылып кетті. Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп, Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы (Жамбыл). Егер ақиқатына жетпей, ізіне түсіп, ағаттық жасасақ, бұл қатені түзеуіміз қиын (К. Т.). Ақыл болды ма, әлде ағаттық істедім бе, тап сол арада өлшеп-пішкен мен жок. Мойныңның алысқа түсіп кеткенін білдім де, балықшы қайныларымының қасына көшіп алдым (Ә. Н.).

АҒА [АҒАЙЫН, ЖАҚЫН] ТҰТТЫ *Жақын санады, туыс тартты; сөзін тыңдар ұлкені деп есептеді. Рас болса, соның бәрін ұмытып, алтай-қарпық аға тұтқан Әубәкір-*

ге неге тіл тигіздің (Ғ. Мұс.). Енисейскі гүбірнеде бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді (Абай).

АҒАШ АТҚА [АҒАШ АТТЫҢ БАСЫНА] МІНГІЗДІ ⊙ АҒАШ АТТЫҢ БАСЫНА **ІЛПІ ӘКЕТТІ** *Сөз қылды, өсек-аялға ілік-тірді; келеке қылды, масқара етті. Осы жерде ұры еместі ұры ғып, құтыртып талай саққа, ағаш атқа мінгізіп жатқан кез ғой,— деді Жарасбай (М. Ә.). Болған соң ас беретін ыдыс кірлі, Әнуар өзі тұрып жуып жүрді. Жііркенсе, біз шақырып келдік пе?— деп, Мінгізді ағаш атқа неше түрлі (С. Т.). Елемес екеуміздің анадағы бір түнде Жәмимен кездесіп, сөйлескенімізді біліп қойған біреулер ағаш аттың басына мінгізіп, әр түрлі өсек таратып жүр (С. О.). Бригадир мазақ қып, ағаш аттың басына іліп әкегіп жүр (З. Ш.).*

АҒАШ БЕЛСЕНДІ *Дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін, сыртай пысық кісі. Әшейін ауылдың ағаш белсендісі ғой (АТ).*

АҒАШ ҚАЗАН ҚАЙНАТТЫ *Аз уақытқа құмар тарқату мағынасында айтылады. «Ағаш қазан қайнатайық» дегенім насыбай атып алайық дегенім еді (ШС).*

АҒАШҚА МӘУЕ БІТСЕ БӘСЕҢ-БӘСЕҢ *Бақ, дәреже асқан сайын жұмсақ, ізгі, жайлы мінез көрсету ұғымында. «Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең» дегендей, Ұлпаным да жібектей созымды болып барады (Ғ. М.).*

АҒАШТАН БАЛ, ШӨПТЕН СҮТ **АҒЫЛДЫ** *Көл-көсір молшылық болды. Партия мен Лениннің арқасында Ағылды ағаштан бал, шөбінен сүт. Бал құйылды далада! (ХӘ).*

АҒАШТАН ТҮЙІН [ТҮЙМЕ] ТҮЙЕДІ *Аса шебер, барынша өнерлі, он саусағынан өнер тамған. Он қолдан өнер төгілді, Балқытып соқты темірді. Түйін түйін ағаштан, Өрнектеді өрімді (С. М.). Лекерлер ағаштан түйме түйеді... (Қ. Қуан.).*

АҒЫЗЫП [АҒЫЛЫП] СӨЙЛЕДІ *Әңгімені майын тамыза, құйқылжытып сөйлейтін кісі туралы айтылады. Ағып кетіп сөйлейді, Тілі жүйрік болған соң (Д. Б.). Шақырып қарт алды да, сөз сөйлейді ағылып (Д. Б.).*

АҒЫЛ-ТЕГІЛ ЕҢРЕП [КӨЗ ЖАСЫН КӨЛ ҚЫП] ЖЫЛАДЫ *Егілді, көз жасын көл қылды. Жылан екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды (ҚЕ).*

АҒЫЛ-ТЕГІЛ ТӨКТІ *Көл-көсір етіп, үсті-үстіне үйіп төкті. Оған шет елдер қару-жарақты ағыл-тегіл төгіп жатыр екен деген лақапты осы ауылдың үстінен өткен-кеткен қайдағы біреулер айтатын (Ә. Н.).*

АҒЫНАН [АҚ] ЖАРЫЛДЫ *Еш нәрсені жасырмады, ішіне еш сыр бүкпей, ашық айтты, бар сырын ақтарды. Мен саған ағымнан жарылып, бар шынымды*

айтып отырсам, сынағың келді ме?— деп, Молдағазы кейіп қалды (С. М.). Саған да ақ жарыл, адал бол, ашыла сөйле деп, тек адамдыққа ғана шақыра ма? (Ө. Н.). Кеудеме тыныстатам дала көркін, Дала боп тынысымды алам еркін. Жарыл дағы ағыңнан батаңды бер, Шырағың дейтін болсаң жана берсін (СҚ).

АҒЫН СУДАЙ ЕКПІНДЕДІ Мейлінше тегеурінді қарқындылық туралы айтылады. Ағын судай екпіндеп, Лайы жоқ суаттым. Ауру да емес, сау да емес, Құрыды өл-қуатым (Абай).

АҒЫНЫ ТАС АҒЫЗДЫ Өткір де өжет, қаһарлы, қайсар кісі туралы айтылады. (Бұл жерде ақындық шабыт айтылып отыр). Дулатты Дулат деменіз, Тас ағызып ағыны Төре алдында ақпаса (Д. Б.).

АҒЫНЫ ТЕРІС Бағдары, беті, ниеті болек. Тілдері быттырақ, быттырақ болмағандарының ағыны теріс («Айқап»).

АҒЫП ТҮРҒАН 1. Жырға жүйрік, сөзге шебер. Өзің болсаң, Темеке, Орны бөлек жақынсың. Қос өлкеге тел ерке, Ағып тұрған ақынсың (Ж. М.). 2. Жалаң (өгірік) сөзді көп айтатын, сылдыр-суайт адам туралы да айтылады.

АДА БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] адал. Бітті; түгесілді. Ұраштың наны адал болғаны ма? (Қост., Об.) Айта берсем табысты, Адал болмас жөнім бар. Тау жарылып, тас ұшып, Жай жойылар шындасам. Сондай қиын жұмыстар Мойынтың жолында Адал болмас жырласам (Жам., Шу). Әр адамзат өзінің күнә-сұмдығын төңірісінен қорқып ойласын. Сондықтан қайыр-садақасын, зекет, парыздарын адал қылсын — деді хазірет (М. Ә.).

АДАЛ [ТАБАН] АҚЫ, МАҢДАЙ ТЕР-ОМАНДАЙ ТЕР, ТАБАН АҚЫ [МАҢДАЙ ТЕР, АДАЛ АҚЫ] Адал еңбекпен тапқан табыс, бейнетпен келген төлем. Адал ақы, маңдай теріміз ғой, астына шашып тастасақ ұят емес пе?— деді Ақжаулық (Қ. Қуан). «Байтал түгіл, бас қайғы» дегендей, төрт жылда төрт қара да таппай, табан ақы, маңдай теріміз тамағымыз бен киімімізден арғылмады (Ж. Ж.).

АДАЛ БАҚАН Қамшы, ат әбзел, бас киім, кейде тұтқалы ыдыс-аяқ іліп қоятын құрал; көбіне ашалы, бұталы арша ағашынан кесіп жасайды. Адал бақан ашасыз болмайды (Мақал)... Қызыл, жасылды терме баулар, түкті кілемдер, күміс жаптырған адал бақандар бұл үйдің жасауына бірталай-ақ ой кеткендігін айтып тұр (Ғ. М.).

АДАЛҒА [АДАЛДАН] ТҮГІ ЖОҚ **АДАЛҒА [АДАЛДАН] ҚАРАСЫ ЖОҚ** Адалға тігер қарасы жоқ; малдан ештеңесі, тігерге тұяғы жоқ, тақыр-таза кедей туралы айтылады. Төрттен бір тағы аламыз ғұшырынан, Тазарсын тары, бидай ұшығынан. Адалға қарасы жоқ қас кедей де

Құтылмас біздің ханның қысымынан (Н. А.).

АДАЛДАН БЕР, АҚТАН БЕР! Ізгі, жақсы тілек, оң бата. Адалдан бер, ақтан бер! Бөлекетін жатқа бер, Ер маңдайын баққа бер! (М. Ә.).

АДАЛДЫҚ ЖОЛЫНДА ӨЛДІ Әділдік үшін күресте, ұрыста қыста құрбан етті. Азаматтық тағында, адалдық жолында өлді ғой сабаз (АТ).

АДАЛ ЕҢБЕК ЕТТІ Өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. Сөйтіп ол бұрынғы пенделілігін қояды, адал еңбек етеді (ҚЕ).

АДАЛ ИТСІЗ Ешбір малы жоқ, тақыр кедей. Мен емес, жұрт мақтаған Исатайды. Бауындай тонның ішкі жақын едік. Малданып Исатайдан маңғаз болдым, Әйтпесе де адал итсіз пақыр едім (Ш. Ж.).

АДАЛ СҮТ ЕМГЕН Тәрбиелі, көргенді, әдепті адам. (Көбіне келін болар қызға арналады). Келін алып, қызығыңды да көре алмадым, мен бұл дүниеден озғалы жатырмын, анадан сыйла... адал сүт емген әйел ал (ҚЕ).

АДАЛЫНАН АЙРЫЛДЫ Малдан жұрдай болды. Бір жұртта жиған қорасын Мыңғырған неше байларың Бір ақ сирақ жұтқа кез болар, Адалынан айрылар (Б. Ә.).

АДАЛЫНАН ЖОЛЫҚТЫР 1. Ақ көңілді, ақ бейілді, жақсы кісіге кездестір. (Ары таза, ұятты жар-дос туралы айтылады). 2. Дүние-мүлкі, мал туралы да айтылады. («Кісінің жолы болсын, қалауын берсін» деген мағынада қолданылады). Бір алла адалынан жолықтырған, Жан болса езу тартқан дос деі бердім. Дос та дос, туған да дос, діндес те дос, Түбінде зарарсызды шын дос көрдім (С. Д.).

АДАМ АЙТҚЫСЫЗ **АДАМ АЙТЫП БОЛМАС [БОЛМАЙТЫН]** Ерекше, ересен; тым, мейлінше, сөзбен айтып жеткізуге болмайтын көп. Әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп, ақырында Көшектер адам айтқысыз көп мал беріп, айып төледі (С. Шәр.). Одан кейін Мәсен итпен тағы да бір сұмдардың адам айтқысыз пәлесінен бір жұмадай каталашкеде отырып шықты (С. С.).

АДАМ АТА **АДАМ АТА-ХАУА АНА** 1. Діни ұғым бойынша, Адам ата — дүниедегі бірінші ер, ал Хауа — бірінші әйел. (Басқа сөздермен тіркесіп, баяғы, атам заманғы деген мағынаны да береді). [Сара] Адамды топырақтан жаратты хақ, Надандығың білінсін бұ сөзге бақ. Хауаға бұрын барған Адам ата, Есіткенің жоқ па еді мұны да ақыммақ (Айтыс). 2. Жарық дүние, өмір, тұрмыс. Адам ата дүниесінен Алшақ, алыс қалдым неге? Жермен шөгіп тар қуыста, Қалармысың қайран дене (А. Жұм.).

АДАМ [АДАМЗАТ] АТАУЛЫ Пенде, адам-баласы, жер бетіндегі күллі жұрт де-

ген мағынада жұмсалады. Мен адам атаулыны көрмегелі бірталай жылдар болды (ҚЕ). Қанша айтқанмен,— деді Асқар қиялдан арғыла алмай,— табиғат шіркін шебер-ақ. Ол шебер болмаса, дүниедегі адамзат атаулыны алуан тілде сөйлегіп, бір тілде күлдіріп, бір тілде жылатпас еді ғой... (С. О.).

АДАМ АУЛАДЫ Адамға қиянат істеу, алдау-арбау, құлықпен малын-жанын алу мағынасында айтылады. Дүниеде надан, бір ессіз адам болып шығады да, харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады (Абай).

АДАМ БАЛАСЫ Адам ұрпағы, адамзат, күллі жұрт. Адам баласына бақыт та, байлық та еңбекпен табылады (С. Б.). Адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек (Абай).

АДАМ БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] ◉ АДАМ ҚАТАРЫНА ҚОСТЫ Ер жетгі, жұрт қатарына қосылды, өз бетімен тіршілік етуге жарады. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз (Абай). Мектептен оқу оқысаң, білім алсаң, адам болсаң (С. С.). Шығамын тірі болсам адам болып, Жүрмеймін бұл жиханда жаман болып (С. Т.).— Әкесі өзімді адам етті, өзі бүгін елімді ажалдан құтқарды (Ә. Ә.). Жақсы қатын жігіттің Адам қылар жаманын (М. Сұл.). Қайратты тәрбиелеп, адам қылған да осы мектеп емес пе (М. И.).

АДАМ [ЖҰРТ, КІСІ] БОЛМАЙДЫ 1. Денсаулықтан айрылған ауру адамнан күдер үзеінде айтылады. Талдан ұстап, қармалап, Судан шықтым аллалап. Суық өткен, шаршаған, Бола ма адам, болмай ма? (С. Т.). 2. Адам қатарына ене алмайды, ел қатарлы кісі бола алмайды. Мұның бәрі масқаралық, ақымақтық, мұны адам бір ойламасын, егер бір ойласса, қайта адам болмағы қиын іс (Абай).

АДАМ БҰЙРЫҚТАН ҚАЛМАЙДЫ [КЕТПЕЙДІ] ◉ АЖАЛДАН ЕШКІМ ҚАЛМАЙДЫ Діни сенім бойынша, адам баласы тәңірдің жазған тағдырынан, ажалдан құтыла алмайды деген мағынада айтылады. Үйде-түзде болса да, бұйрықтан адам қала ма? (ҚЖ). Енді тірлік болмасын, Ажалдан ешкім қалмасын (БЖ).

АДАМҒА САНАМАДЫ [ЕСЕПТЕМЕДІ] ◉ АДАМ [КІСІ] ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ Кісіге есептемеді, менсінбеді; місе тұтпады. Сұлтандар тұқымы іштей ызаланса, Кенесарының соңынан ерген қараша, төлеңгіт, малы мен мүлкін баққан құлдар «тек Кене хан бізді адамға санайды» деп, әлдеқандай болды (І. Е.). Кімдердің шылауында кетіпші? Оны да айта алатын шығарсың... Жоқ, Ақан, жетті! Сен мені адам құрлы көрмейтініңді жасырмадың. Оның да рақмет (М. И.). Барлық түстеріне, жөніне қарағанда, бұл екі жігіт Бақтығұлдың кісі ғұрлы көрмейтін әлсіз, жөнділеу кісілері еді (М. Ә.).

АДАМ [КІСІ] ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ Осы жерде құбылмалы деген мағынада айтылып тұр. Адам жылқы мінезді, аунаған соң, мінгенін ұмытады (АТ).

АДАМНАН [ЖАННАН, ЖҰРТТАН, ЕЛДЕН] АСҚАН Ерекше, ешкім тең келмейтін. Патшаның Шахзат деген адамнан асқан, керемет сұлу қызы болыпты (ҚЕ).

АДАМНЫҢ АЛАСЫ ІШІНДЕ Кісінің мінезі, қылығы, пиғылы сыртқа көрініп тұрмайды, ішінде бұғулы жатады. (Көбіне сенбестік, күдікті жағдайда айтылады). Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріне қарасам, иманмен қаптап қойғандай,— деді (Ә. Н.).

АДАМНЫҢ БАСЫ АЛЛАНЫҢ ДОБЫ Діни ұғым бойынша адам тағдырдың жетегінде, айдауында, өзінде ырық жоқ.— Е, е!— «Адамның басы алланың добы»— деген ғой, не боларына кімнің көзі жеткен,— деді көмтір күрсініп (Ә. Н.).

АДАМ ӨТПЕС, АҢ ЖҰРМЕС ◉ АДАМ АЯҒЫ БАСПАҒАН Кісі де, хайуанат та аяқ баспайтын, «құлдан жорғнас, құс ұшпас...» құла түз, құ мекіен. Сонан соң ол боз тайлақтың үстіне мінеді де, адам өтпес, аң жұрмес қалың тоғайдың ар жағына өтіп кетеді, мұз дарияға жетеді (ҚЕ).

АДАМ САУДЫ Біреуді олжалады, пайдаланды, алдау-арбады. Құлық саумақ, көз сүзіп тіленіп, адам саумақ өнерсіз иттің ісі (Абай).

АДАМ СИРАҚ Аты адам, зағы айуан, адам кейіпті, екі аяқты дүние қоңыз, хайуан деген сықылды балағаттау мағынасында айтылады. Көзіме көрінбе, дүние-қор, адам сирақ (М. Ә.).

АДАМШЫЛЫҚ АРЫН САТТЫ [ТӨК-ТІ] Кісіге тән ізгі қасиеттен жұрдай болды, ар-ұятын төкті. Адамшылық арыңды сатпа, кісі төзбес қылыққа батпа (АТ).

АДАСҚАН АЙЫП ЕМЕС [АДАСҚАННЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ], ҚАЙТЫП ҮЙІРІН ТАПҚАН СОҢ Қатесін түзеп, адал, тура жүрген соң, өткенін міндеп, бетке салық етпеу. Адасқан айып емес, қайтып үйірін тапқан соң деуші еді. Таптым үйірімді (Ғ. Мұс.).

АДАСҚАН ҚУДАЙ ҚАЙРЫЛДЫ Жападан-жалғыз қалды, панасыз қалды. Анасынан айрылып, Адасқан құдай қайрылып, Ботақаны еңіреп, Қайтып тірі жатты екен? (ҚЕ).

АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ ЖӨН, АРТЫ СОҚПАҚ Адасқан, жаңылысқан, бағыттан бұрыс кеткен кісінің артында, жүріп өткен жолында айқындық, тура даңғыл жол жоқ, бұраңды, бұлтарысты із ғана болады, ал барар беті өзіне мақұл сияқты. (Бұл жерде ақын «білместің білеміні көп, жөнісіздің жөні көп» дегенге жақын жайды айтып отыр). Адасқанның алды жөн, арты соқпақ, Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ (Абай). «Адасқанның алды жөн, арты соқ-

пақ» деген қазақтың мақалы бар. Мен басшыларымыздың бұл істерін жөн, яки жөн емес деп айта алмаймын (С. С.).

АДЫРА [АДЫРАМ] ҚАЛ АДЫРА ҚАЛҒЫР ӨДІРЕ [ӨДІРЕМ] ҚАЛҒЫР [ҚАЛ] қ а р ғ ы с. Сүйдірген сені маған көкшіл тісің, «Адыра қалғыр, ойбай!» — деп қылған ісің. Салды балақ қарғадай салпылдаған, Біткен жоқ бұл әлемге сендей пішін. Былжыраған жүрісің, Жоғал арман құрысын (С. Т.). *Адыра қал*, өзіңмен құрттың ғой, қу Жарас, жоғал ары көзімнен (М. Ә.). — *Әдірам қалсын*, ол Қозы Көрпеш болып, менің Баянымды іздеп келгені ме? — деді шешесі (А. Л.). *Әдіра қал*, оңбаған күң, ұжмаққа бармақ шығар?... оған қайдағы ұжмақ! — деп, кеке-теді (Б. М.).

АДЫРА [ҚАРАН] ҚАЛДЫ *Келмеске кетті, құрып кетті. Өзгесі адыра қалсын, ең алдымен Ігіліктің өз шаңырағын ортасына түсіріп, өзін бір сүйреп алдыма әкеп бер (Ғ. М.). Бұрынғы қазақшылық, рушылдық қазір адыра қалды (С. М.).*

АДЫРА ТАЛҚАН ҚЫЛДЫ *Бұзды, быт-шыт қылды; бүлік салды, күл-талқан етті. Біреудің қуаныш тойы еді, Адыра талқан қылады (ҚЖ).*

АЖАЛ АЙДАДЫ *Өлімге бастады, «жазмыш» үлкен хауіпке итермеледі. Әкесі Қозыкеге бата бермес, Ата тілін баласы жақсы көрмес. Қозыке ажал айдап бара жатыр, Алланың құдіретін адам білмес (ҚКВС). Келді-ау деп осы мені ажал айдап, Бармағын баса тістеп тұрды шайнап. Уақытсыз өкінгенмен, не пайда бар? Сыр бермей тұрды ішінен соры кайнап (РД).*

АЖАЛ АРАНЫН АШТЫ *Ажал алқымға алды, жан алқымға алды. Ажал ашты аранын, Жұтты жанды талғамай (Ж. С.).*

АЖАЛ АУЗЫНДА *Өлім халінде, қатер үстінде. Жоқ, қария! Ажал аузында тұрсам да, дәл қазір өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей күйдемін (Ә. Ә.).*

АЖАЛДЫ КИІК АДЫРҒА *Бәле тұртіп, жаманшылыққа бастау туралы айтылады. Ажалды киік адырға деп (елдің өбiгерiн бастаушыларды), қаза тұртіп жүрген де (М. Ә.).*

АЖАЛДЫҢ АУЗЫНА ТҮСТІ *Қиынға, хауіп-қатерге, өлімге душар болды. Онан да оны солдаттыққа айдаған дұрыс. Ажалдың аузына түсіп көрсін, онан аман кайтқанын көрейін (Ә. Н.).*

АЖАЛДЫҢ ШЕБІ *Өлімнің торы, тұзағы. Екпінді желдей есілген, Төрт аяғы көсілген, Ажалдың құрған шебінен, Аса алмайды шегінен Қыр тағысы құлан да (Д. Б.).*

АЖАЛ ОҚ *Өлім әкелген, ажалына тиген оқ.*

АЖАЛДЫ ОҚТАН ҚҰТЫЛМАЙДЫ *Өлетін адам не жануар қатерден (өлімнен) қашып құтылмайды. Құзды мекен еткенмен, Өткелдектен өткенмен, Қарауыл салып өргенмен, Сақтанса да мергеннен, Ажалды оқтан құтылмас, Сақсынғанмен бұлан да (Д. В.).*

АЖАЛ ЖЕТТІ [КЕЛДІ] Ө АЖАЛ ҚАРМАҒЫН САЛДЫ Ө АЖАЛ НӘУБЕТІ ЖЕТТІ Ө ӨЛІМ КЕЛДІ Ө ҚАЗА КЕЗЕГІ ЖЕТТІ Ө ӨЛІМ-ҚАЗА КЕЗЕГІ КЕЛДІ Ө АЖАЛ КҮНІ БОЛДЫ *Дүние салу мезеті, өлім сағаты жетті, күні бітті, дәмі таусылды; мерт болды. Ажалы бүгін жетіпті, Айтып-айтпай немене, Сол секілді асылдар, Кебіні жоқ, көрі жоқ, Ит пен құсқа жем болып, Мұратына жете алмай, Арманда болып кетіпті (ҚЖ). Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа, Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан (Абай). Көп ішінде жалғызға Ажал күні болған-дыр (БЖ). Бұлбұлдай бүйтіп сайрау жоқ, Аңсызда өстіп жүргенде, Ажал кеп салса қармағын (В. Қож).*

АЖАЛ [-ДЫҢ] ИСІ ШЫҚТЫ Ө АЖАЛ ЕСІНЕДІ [ТӨНДІ] *Өлім хауіп орнады, өлетін мезгіл жетті. Солдырып жүйрік қиял, жігер кеміп, Таусылып таудай талап, үміт кеміп, Тарайып тыныс, тамыр зорға соғып, Төбемде қанат жайып ажал төніп (А. А. Қ.).*

АЖАЛ ОҒЫ АТЫЛДЫ *Өлді, мерт болды; өлім өкімі шықты. Маған деген құдайдың ажал оғы атылды (АТ).*

АЖАЛСЫЗ ЖАН ШЫҚПАЙДЫ *Ескі сенім бойынша өлім, қаза «тәңірінің» жіберген «бұйрығына» байланысты деген мағынада. Ер жігіт жалақтамас жоқ болса да, Сексен бес жанып тұрған шоқ болса да, Ажалсыз жан шықпас деп қарсы шабар (Н. Н.).*

АЖАЛ ТҮРТТІ *Өлімге бастады, қатерге беттеді. Ажал тұртіп жүр ме, өзінің дені сау адам емес, босатпаңдар деп, ұстап жібермей-ақ қойғаны (ҚЕ).*

АЖАЛЫНА АСЫҚТЫ *Өзін-өзі өлімге итермеледі. Ажалына асыққан Обырларды жұтар жер (Жамбыл).*

АЖАЛЫНАН ҮШ КҮН БҰРЫН ӨЛДІ *Мезгілсіз, ерте, қапыда өліп кетті.*

АЖАР [ҚАБАҚ] БІЛДІРДІ *Сыңай білдірді (танымты), бет құбылысымен сездірді. Абай қымыз ішіп болып, рахмет айтып, енді жүргісі келгендей ажар білдіргенде ғана, Байдалы ырғала түсіп, сөйлей жөнелді (М. Ә.).*

АЖАР [ЖҮЗ] САЛДЫ *Тілек айтты, базыналық қылды. Нұрқан [Маржанға]. Ажар салатын жеңешем, айтқызатын мен. Сенің әлде олқың бар ма, осы? (М. Ә.). Мен үшін жүртіңа жүз салып, өтініп отырған секілденді (АТ).*

АЖАР [ЖҮЗ, БЕТ] САТТЫ *Телміріп, ұятын бүгін, емізкті ез көңілділік көрсетті. Ажар сатып, айран ішкенде, қарын тойғанмен, көңілдің аш қалатыны болады (АТ).*

АЖАРЫ КЕТТІ [ҚАЙТТЫ, ТАЙДЫ] *Жүзі солып, көркі кетті. Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, Не болады құр қожақ? (Абай).*

АЖАРЫ КІРДІ *Көріктенді; бетіне қан жүгірді, оңалып қалды. Аунап-қунап, дем алған соң, сенің ажарың кірейін деді (АТ).*

АЖАРЫ [КЕЙІП, РЕҢІ, ТҮСІ] ҚАШТЫ *Адамның бет әлпеті, түр-түсі бұзылды. Бірдеңеден үрейленіп тұрсың ба? Ажарың қашып кетіпті ғой (АТ).*

АЖАРЫ ӨТПЕДІ *Сөзін сыйламады, қадірлемеді; жүз жарастығы жүрмеді. Бөжей: «Ажарым өтпейтін болса, шашбауыңды несіне көтерем?» — деп, өкпелен қалды (М. Ө.).*

АЖАРЫ СЫНДЫ *Мұңайды, көңілі жабырқады. Үзіп-үзіп айтылса да, ұзақ бір жыр естілгендей болып, өндері бұзылып, ажары сына қалған әйелдер біріне-бірі қарай алмай қалысып еді (Ғ. М.).*

АЖАРЫ ТОЗДЫ *Ақын бұл жерде жүздеп-жадау мағынасында қолданып отыр (АС). Көңілге жұбаныш, Сен едің базарым. Сенсіз жоқ қуаныш, Тозды енді ажарым (Абай).*

АЖУА БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫМДЫ] *Мазақ етті, келесе қылды. Кейін әлгі айтқанын жұрттың көзінше қырық саққа жүгіртіп, өзіңді ажуа етіп бітеді (Н. Баян.). Дәмеш анасының абыройын төгіп, газетке шығарды, оны азсығандай, Ораз екеуі ажуа қылды (З. Ш.).*

АЗА БЕРДІ **АЗАҒА САЛДЫ** *Ескі дәстүр бойынша өлген кісіге көңіл айта барып, арнайы аталатын, апаратын дүние. (Көбіне мал туралы айтылады). Бастығы Сүйіндік, Байсалдар болып: «Азаға салғаным, қосқаным, аруағына атағаным», — деп, шеттерінен қос ат, інген, жамбы, тайтұяқ сияқты тұқымдар атасты (М. Ө.). Ортақ боп бұл қайғыға ел сандалды, Жиылып «жақсылары» ел-жұртының, Ас беріп, бата оқысып, аза салды (И. Б.). Жарым жолдан жаюлап, Жаңа жұрт көрдің жылысың (І. Ж.).*

АЗА БЕРМЕЙДІ *Ешкімге жәбір-жапа көрсетпеді, қиянат етпеді; ығыр етпеді. Шекесінде Қамбардың Бар екен алтын тұлымы, Сұрап, алған құдайдан Әлімбай ханның құлыны, Ешкімге аза бермеді, Қыздан да зият қылығы (ҚамБ).*

АЗА БОЙЫ ҚАЗА БОЛДЫ [ТҰРДЫ] ○ АЗА БОЙЫ ТҮТІРЕДІ ○ АЗА БОЙЫ ТІК ТҰРДЫ *Азар да безер болды, жаны түршікті. Көрсө қаза болады аза бойы, Болмады бұған айла ойламасақ (Абай). Е, бәсе Мөржанды айтсаңшы! Мен десе аза*

бойы қаза тұрады. Тәрізі, қорықса керек менен. Не жазған кісі екем осы мен, білдің бе, жеңесе? (М. Ө.). Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде аза бойы тік тұрып, көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді (С. Т.).

АЗА [АЗАЛЫ] БОЛДЫ *Қайғырды, қасірет шекті, жапа шекті, өлімнің артын күтіп, аза тұтты. Көтеріп шала-жансар патшалықты, Аза боп буржуазия жасын сықты. Құбылып екі жүзбен жұрт алдында, Арам ой жатты тоқып не сұмдықты (Қ. А.). Құлдария белбеу бөлімде, Азалы болдым өлімде (АӨ).*

АЗАБЫН ТАРТТЫ *Өзгенің қасіретін шекті, ауыртпалығын көтерді, қайғысын арқалады. Ел тамағын, жұрт азабын, Жеке тартқан кетті гүл. Сондай ерді, «Ала берді», Табар енді біздің елі! (Абай). Сөкен Совет өкіметін қорғау жолында бірнеше рет жаумен майдандасты, бірнеше рет алашорда мен Колчак бандаларының аяуандық азабын тартты (С. М.).*

АЗА [АЗАСЫН] КҮТТІ **АЗА ҚЫЛДЫ** *Өлген кісіні жоқтады; қаза тапқан кісінің басы-қасында болды. Жетім-жесір, аш-арық, молда-қожа, Бөрінің бір аллаға діні таза. Құдая ер Қозының жолын қыл деп, Баршасы көп зарланып қылған аза (ҚКБС). Қырық күн азасын күткен қыршын жас ел қабырғасын қайыстырып кетті (АТ).*

АЗАЛАП БАРДЫ *Өлген кісіге көңіл айта барды, қазалы кісіні қаралады. (Жолжорамен қазалы кісіге бару мағынасында айтылады).*

АЗАЛЫ АҚ КӨРПЕ *Қыс бойы жатқан қар туралы айтылып тұр. (Бұл жерде халық ұғымында «қара жердің өлгені — қар астында қалғаны» деген ескеріліп, қар астындағы жерді өлдіге санап, ақ қар оның азалы киімі есептеліп отыр). Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, Жанжануар қуанар тойға еліріп. Азалы ақ көрпесін сілке тастап, Жер күлімдер өзіне шырай беріп (Абай).*

АЗАН АЙТТЫ [САЛДЫ, ШАҚЫРДЫ]

1. көне. Діни адамдардың намаз алдында дауыстап, жар салып оқитын дұғасы туралы айтылады. Таңертеңгі уақыт болса керек, имам мешіттің төбесіне шығып алып, азан шақырып тұр екен (ЛЖ).
2. У-шу болды. Дәркембайға да қамшы жауып кетті. Өр үйдің есігінен қарап тұрған қатын-бала азан салды (М. Ө.).

АЗАН АЙТЫП [ШАҚЫРЫП] ҚОЙҒАН АТЫ **○** **АЗАН ШАҚЫРЫП, ҚАЗАННЫҢ ҚҰЛАҒЫН ҚАҒЫП ҚОЙҒАН АТЫ** *Шын ныспы, ең алғаш қойылған аты, есімі. (Бұл фраза балаға ат қоюда діни дәстүр бойынша азан шақырудан келіп шыққан). Жетінші кенже баласына барлық ұлым бай болып өтсін деген үмітпен молдаға азан шақыртып, ат қоюда құлағына «Жетібайлап» айқайлаған (Д. Е.). Азан*

шақырып, қазанның құлағын қағып қойған атым аталмай, қара бала атанушы едім (Қ. Жұм.). Ханның көз нұры суалған шақта, күндердің бір күнінде ханша құрсақты болып... бір қыз тауыпты. Ай тұяқты боз қасқа шалып, *азан шақырып*, Айбарша деп ат қойылты (Т. А.).

АЗАН-ҚАЗАН БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] ©

АЗАН-ҚАЗАНЫ ШЫҚТЫ *У-шу боп шулады, у-шуын шығарып шулатты; даңғаз боп кетті.*— Ақсақал, осы аулыңа бөрі шапты ма деп отырмын. Немене, ана жағың *азан-қазан боп кетті?* Тағы ұлық пен болыс әлеге ме?— деп сұрапты Базаралы Дәркембайдан (М. Ә.). Таңертең ит үріп, көрші ауылдың адамдары қаптап келіп, ауылды *азан-қазан қылып* жатқанда ояндым (І. Ж.).

АЗАП КӨРДІ [ТАРТТЫ, ШЕКТІ] ©

АЗАПҚА САЛДЫ [ТҮСТІ] *Жаны қиналды, бейнет көрді; аура етті.* Тартқылап түктерімді *көрдім азан*, Бірігін тартқылады, тістеп, қашап (РД). Бір үһлеп, бір өкісіп, Жатты дүние дөңбекшіп, *Азап шеккен* арудай (К. А.). Бар ойым бастан кешті, көзім көріп, Көп қиял солғындады сөуле сөніп, Жалғыз-ақ қалған нәрсе *азап тарту*. Жемісі жалған ойдың жүрген көніп (Б. К.). Абайға өтініш айтушы көп адамдар көктемдегі жанжалда қаза көрген, *азап тартқан*, тіпті содан кейін сорға қамалған жандар екен (М. Ә.). Балгердің не үшін мұнша *азапқа салғанына* да Еңлік түсінген жоқ (К. О.). Мен үшін *азапқа түсіп* жүрген жолдастарымның халдері де менің жанымға батайын деді (Ж. С.).

АЗА [-ҒА] САЛДЫ *Қаралы үйге жиын асына, асқа деп, үлес-сыбаға беру.* Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір тай сойыс апарды. Және *азаға салғаным* деп, Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды (М. Ә.).

АЗАСЫН ӨТКЕРДІ *Қайтыс болған кісіні арулап жөнелтті.* Әбіш сол (1919) жылғы көктемге қарап қайтыс болды. Ғабит екеуіміз оның *азасын* қолдан өткердік (С. М.).

АЗА ТАРТТЫ [ШЕКТІ] *Өлімге қатты уайым жеді, күйіне қайғырды.* Сөби жасын моншақтатты, Әжесімен *тартыл аза* (Ғ. О.). Болғанын есіткенде Ленин қаза, Әлгі шал соншама ауыр *тартты аза*. Қара жер қақ айрылған сияқтанды, Алғандай болды өмірден ауыр жаза (Ә. О.).

АЗАТ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] *Құтылды, босанды; теңдік, еркіндік, бостандық әперді.* Жазу жаздық, Хат таныдық, *Болдық азат* молдадан, Шала оқудан не жарыдық, Қалғаннан соң құр надан? (Абай). Біз осы уақытқа дейін отаршылардың төпкісінде болып отырған Африка халқын *азат етуге* тиіспіз. Африканың бірлігі жолында күрес жүргізуге тиіспіз,— деді (ЛЖ).

АЗҒЫРУҒА ЕРДІ *Өсек-аяққа құлақ асты, сөзге елікті.* Өз Жәнібектің есі ауып, ойы бөлінді, өздерінің *азғыруына ерді* (ШС).

АЗ ДА БОЛСА, КӨПТЕЙ КӨРДІ *Барына қанағат етті.* Тақсыр хан, мынау сізге әкелген сыйлығым еді, *аз да болса, көптей көріп* алыңыз, барымыз әзір, жоғымыз жай,— дейді жарлы (ҚЕ).

АЗУ ТІСІ БАЛҒАДАЙ [ПЫШАҚТАЙ]

Жарамды, қажырлы, күшті. Тоғай толған жылқымды Жасанған жауға тапсырдым. Қора толған қойымды Аш бөріге тапсырдым, *Азу тісі балғадай* Жас бөріге тапсырдым (ҚБ). *Азу тісі пышақтай*, арқасы ошақтай ағаларың, өне, анау үйірге түскісі кеп тұр (Ә. Н.).

АЗУ ТІСІН [АЗУЫН] БАСТЫ 1.

Қатты қысымға алды, азаптады; тіс бағырды, күш көрсетті, өктемдік жасады; өш болды. Әр жерде әр «мырзамен» тамырласат, Әр жерде әр «сұлуға» бауыр басат. Дегенге, мұның қалай?— *азу басат*, Тістесет, қағаздасат, сауырласат (І. Ж.). *Азуыңды бас*, аяма деп, Құнанбайға да салмақ салды (М. Ә.). Өздеріне анық өш, қас жау етіп, жалғыз Сармолланы атап алған. *Тістерін соған барынша басулы* (М. Ә.). 2. *Тісін қайрап, іштен тынды.* Тоқайдың осы қылығына жұмыскердің көбі-ақ *азуын басады*. Тек *азу* ғана *басады*. Әйтпесе одан асырып Тоқайға қылар қайрат жоқ (І. Ж.).

АЗУ ШАЛДЫ ҰЛҒАЙДЫ, ЕГДЕ ТАРТТЫ, ҚАРТАЙДЫ.

Алғыр жас буындар түгілі, *азуын шалдырған* менің көңліме де мынау оқуың қонып жатыр (М. А.).

АЗУЫ АЛТЫ [КЕРЕ] ҚАРЫС

Қаһарлы, өте ызғарлы әр адам туралы айтылады; ертеде алпауыттар мен жебір бай, үстем тұқым өкілдері жөнінде айтылған. Кеше *азуы алты қарыс* болыс Сауытбайды бұл алқаптағы жалғыз үйлі Федор айда тып жіберген жоқ па? (С. К.). Жасым бар жетпіс бесте, жылым барыс. *Азуым* бай дегенде *алты қарыс*. Жасымнан қас қылғанға қас болдым да, Бермедім адамшылық қолдан намыс (Ш. Қош.). Мен арғын деген арыспын, *Азуы кере қарыспын* (Б. Қ.).

АЗУЫН АЙҒА [ТАСҚА] БІЛЕДІ

1. *Мейлінше қаһар, айбар, батыл қайрат көрсетті.* 2. *Тісін қайрап, өшікті.* *Азуын айға білеген*, Айбаттана үндеген, Елде айбарлы ер болды (Жамбыл). Садақтың оғы сан іреп, Жүрегің жыртқан қоңыр жел. *Азуын айға сан білеп*, Ерлер жортқан сары бел (С. Б.).

АЗЫҒЫНДЫ САЙЛАП, ШОҚПАРЫНДЫ БАЙЛАН

Қамданып, сайланып, жауға аттан, шабуылға шық.

АЗЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ]

Олжалады, пайдаланды (АС). Кім алса, мен соған керек боламын деп, к... қыздырып алып, өзін бір аз ғана *азық қылайын* деп жүр (Абай).

АЗЫ МЕН ТОЗЫ Қатарының кемі, ең нашары, жоқ-жітігі. Ал ұтылсаң, ішер ас, киер киімге жарымайсың. Өз қатарыңның азы мен тозы боласың (Ө. Н.).

АЗЫП-ТОЗЫП КЕТТІ 1. *Ішер ас, киер киімге жарымады. 2. Жоқшылықпен бытырап кетті. Әкесі өлгесін, жетім қалған балалары азып-тозып кетеді* (ҚЕ).

АЙ-АЙДЫҢ ОТЫ БАСҚА Әр кезеңнің өзіне тән силаты болады. (Белгілі бір кезеңнің шөбі басқаша деген халықтық астрономиялық ұғымнан шыққан). *Ай-айдың оты басқа, қара сиырдың сүті басқа* (АТ).

АЙ АРАСЫ ТОЛАС БОЛАДЫ *Екі ай аралығындағы жауын-шашынсыз, саябыр кезең туралы айтылады. (Халықтық астрономияда «ескі ай мен жаңа ай» аралығын «өлара» дейді). Қазақ ай арасы толас болды деп жатады. Бұл өлара (өлі ара) деп аталатын мезгілмен бір* (АТ).

АЙ АРТЫНАН АЙ ӨТТІ *Уақыт озды. Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл, артынан жыл өтеді. Екі қыз өсіп, бой жетеді* (ҚЕ).

АЙ, ӘЛЕУМЕТ ЖАРАНДАР! *Көп қауымға, халайыққа қарап айтылған қаратпа сөз. Ай, әлеумет, жарандар, Асқа жиын адамдар! Жарға құлақ салыңыз. Бірің қалмай, бәріңіз, Айтқанымды біліңіз, Атқа тегіс мініңіз* (І. Ж.).

АЙ БАЛТАНЫҢ САБЫНДАЙ *Жұп-жұмыр, үзілмелі білекті. Білегінің шырағы Ай балтаның сабындай* (ҚЖ).

АЙБАР [АЙБАТ] КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ, ШАШТЫ, ШЕКТІ] *Қорқытты; қыр көрсетті; қанар төге, ашу шақырды. Игіліктің үлкен ақ үй көтеріп, жаңа бір айбар көрсеткеніне күйініп кетті ме, әлде ол ақ үйің менің мына самауырыма тұрмайды дегісі келді ме, әйтеуір Жүмекең әйеліне ақырып қалды (Ғ. М.). Ол (Алтыбай) қалың киіммен терең қарды ауырлай басып, дәл қастарына зорға дегенде тақап келіп, айбар шегіп, сойылын көтеріп алғанда ғана төрт қасқыр саспастан, сытылып, тайқи берді (М. Ө.). Ұмтылған еркіндікке ер ұяндар. Жауына жай түсіре айбат шеккен (С. Мәу.). Жарамайды!—Жалтарып, құшағынан шығып кеткен Раушан бұртия қарап, саусағын шошайтып, айбат шекті* (Т. Н.).

АЙБАР МҮЙІЗДІ *Құдіретті, сұсты; қорғаныш болар, сүйеу болар деген мағынада айтылады. Құландай ащы дауыстым, Құлжадай айбар мүйіздім! Қырмызыдай ажарлым! Хиуадай базарлым! Теңіздей терең ақылдым* (М. Ө.).

АЙҒАҚ БОЛДЫ *Куә болар белгі болды. Садақтан суылдатып оқ жаудырдым. Ажалдың айғағы боп қандар ақты. Жанымның жаралары жазылғандай, Аз да болса айызым тыныс тапты* (И. Б.).

АЙҒА ТАЛПЫНДЫ [ҰМТЫЛДЫ] *Қол жетпестен үміт қылды, қол жетпеске қол созды. Шеш көңлімнің жұмбағын, Әлде бәрі алданыс. Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға алыс* (Абай).

АЙҒА ШАПТЫ *Жай далбаса болды, қол жетпеске ұмтылып, босқа далақтады. Айласыздың батыры айға шабады* (Мақал).

АЙҒЫРДАН ШЫҚҚАН БИЕ *Құрсағына жаңа ғана құлын біткен, тоқтаған бие. Айғырдан шыққан биені ауыр жұмысқа салып, қинауға болмайды* (С. Керім.).

АЙҒЫР ҚҰЛАҚ СУ диал. *Мол су. Айғыр құлақ сумен егінді тез суардық* (Шығ. Қаз., Тарб.).

АЙҒЫР ҮЙІРГЕ ТҮСТІ *АЙҒЫРДЫ ҮЙІРГЕ САЛДЫ Үйірлі биеге айғыр салды (жіберді). Шаруа үйірге айғырды белгілі мәрзімде салады* (АТ).

АЙҒЫР ҮЙІР ШОЛАҚ ЖЫЛҚЫ *Аз ғана, бір топ. Сол жобамен маңайдағы жерлерден, сай-саладан іздеп жүріп, айғыр үйір шолақ жылқыға кездеседі* (ҚЕ).

АЙҒЫР ҮЙІРДЕН ШЫҚТЫ 1. *Үйірдегі биелер тоқтап болды; 2. Айғыр үйірге жарамай қылды деген мағынада да жұмсалынады.*

АЙҒЫР ШАПТЫ *Биеге айғыр жанасты. (Сол сияқты бура, лөк шесті; бұқа, қошқар, теке қашырды делінеді).*

АЙДАЙ ӘЛЕМ *Көп жер, бүкіл ел. Қорлықты, зорлықпенен көрген Қамар, Амалсыз бәріне де көнген Қамар, Айдай әлем аузының суын құртып, Арманда арсыздардан өлген Қамар* (С. Т.).

АЙДАЙ СҮЛУ *Өте көркем. Оның басын және қағып, екі інісінің үстіне қалап, үйге кіріп келсе, бір айдай сұлу қыз отыр; көре салып, Жұмакелді шалқасынан түсіп, талың қалады* (ҚЕ).

АЙДАЙ ТАЗА, КҮНДЕЙ НҮРЛІ *Өте көрікті, асқан сұлу. Сен қандай жақсы, қандай ғазиз, қаншалық айдай таза, күндей нұрлысың...--* дейді Әсия Айсұлуға жазған хатында (М. Ө.).

АЙ [ЖАПАҢ] ДАЛА *ЖАПАЛАҚ ҮШПАС ЖАПАҢ [ЖАПАҢ ДАЛА] ^О ЖАПАҢ ДАЛА [ТҮЗ] ^О ЕССІЗ ДАЛА [ЖАПАҢ] Елсіз, тіршіліксіз құлазып жатқан бейбіт, меңіреу түз. Менің балама әлің жеткенше, ай далада тентіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма?—* деді кемпір (ҚЕ). Өзен жағасында жапан далада қиқулаған неше алуан құстардың үні де маған зар еңірегендей естіледі (С. О.).

АЙДАН-АЙЛАР *ӘСҮРДІ Ұзақ сапар шекті. Айдан-айлар жүрдім, астымдағы атым зорығып өлді* (ҚЕ).

АЙДАН [АЙДАЙ] АНЫҚ [АШЫҚ, АЙҚЫН] *Бешенеден белгілі, ап-айқын.*

Өзіме *айдан анық* қылмыс соңына түсіп, зерттей бастадым. Түу, тіпті сіздердің жа-зықсыз қамалғаныңыз, әйеліңіз туралы тергеу ісі бар емес пе еді (Р. Р.). Ойы да *Әжібайдың айдан ашық*. Алмақшы төңіре-гін басын-жаншып (С. Т.). Атылғанда мыл-тықтың аузы Хамитке тура келіп қал-са, Хамит табанда құлайды. Осының бәрі Хамитке *айдан айқыны* (С. С.).

АЙДАН ҰЛ ТУДЫРЫП, КҮННЕН ҚЫЗ ТУДЫРЫП *Қолдан келгеннің бәрін істеді, болдырмасы болдырды. Айдан ұл-ды тудырып, Күннен қызды тудырып, Хан Зайтунға берсін ол (БЖ).*

АЙДАП САЛДЫ **АЙДАҚТАП ҚОС-ТЫ** *Біреуге өшіктіре итермеледі (жұмса-ды).— Мына кісіден сұра, осы кісі жақсы біледі,— деп Ушаков Байжанды Рязанов-қа қарай айдап салып жатыр (Ғ. М.).*

АЙДАП САУДЫ д и а л. *Қойды өрісте сауды. Біз қойды айдап сауамыз (Сем., Мақ.).*

АЙДАР КӨБЕЙСІН! т і л е к. *Мал басы мол болсын! (Мал айдап келе жатқан кісі-ге айтылады). Айдар көбейсін, қайда кетіп барасыз?— деді жолаушы (ҚЕ).*

АЙДАРЛЫСЫН ҚҰЛ, ТҰЛЫМДЫСЫН ТҰЛ **ЕГТІ** **[ҚЫЛДЫ]** *Қанады, езді, тепкіге алды, қор етті, құлдыққа, күндікке түсір-ді. («Айдарлы» деген ер кісі, «тұлымды» деген әйел кісі мағынасында айтылып тұр). Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл егуді арман етті (Қ, Жұм.).*

АЙДАР ТАҚТЫ 1. *Әйгілі қылды, бел-гілі етті.* 2. *Атақ тағылды.* Көпшілік Жі-бекке тағы да бір-екі өн айтқызды. Өнші қыз деген атақ Жібекке осы арада *айдар* болып тағылды (Ғ. Мұс.).

АЙДАРЫМЕН [АЙДАРЫНАН] ЖЕЛ ЕСЕДІ *Асқақтап дәурен сүру мағынасын-да айтылады; «төрт жағы құбыла болу» мағынасын да береді. Сол бейгем алтын шоқты айдарындай, Заманда адамдықтың майданындай, Желпілдеп жел естіріп ай-дарымнан, Міне, мен жеттім, заман айға-ғындай (С. Б.). Ерлігің болса мақтанған, Жауын қуып қашырған, Айдарымен жел есіп, Алағаудан асырған (Жамбыл). Көз-ден таса кей-кейде шығады естен, Қалпын-да қалмас адам өзгерместен, Туған елің миятың айбарлы ол, Болсаң да айдарың-нан желің ескен (О. М.).*

АЙДАРЫНА БЕЛГІ ТАҚТЫ *Иемденді, еншіленді; атастырды. ...Бір ақылы қыз-дың айдарына белгі тағып қойыңдар дей-мін,— деді ол күлімсіреп (Ә. Ә.).*

АЙДАУҒА [АЙДАУЫНА] ЖҮРДІ *Бір-қына, дегеніне көнді. Айтқаныңа көнбесе, Айдауыңа жүрмесе, Көңліңде бар оның аласы (Б. Қ.).*

АЙДАУҒА КЕТТІ д и а л. *Жер ауып кетті. Есімбектің баласы айдауға кетті (Көкш., Қ. ту).*

АЙДАҒАРДАЙ ЫСҚЫРДЫ *Қаһарлан-ды, кәрін төкті. Орнынан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып. Ояз келсе, қай-тер ең, Айдаһардай ысқырып (Абай).*

АЙ [ӘЙ] ДЕЙТІН АЖА [ӘЖЕ] ЖОҚ, ҚОЙ ДЕЙТІН ҚОЖА ЖОҚ *Бассыздық, тәртіпсіздік туралы айтылады, ешқандай ұйымшылдық жоқ, басалқы айтар кісісіз өскен деген мағынада қолданылады.— Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ болған соң, сүйтеді де, оның әкесін сен жақсы біл-мейсің ғой, көңілшек, елпілдеген бір бей-шара (М. И.). Тобықты шаялғыңды қыл-дың ба? Білегі жуандығыңды қылдың ба? Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Найманда алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, оныңды айт (М. Ә.). Осындай аумалы сағаттарда қаланың халі қыл үстінде тұрғандай еді. Жаман ойлы, бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ еді (С. С.).*

АЙ ДЕСЕ АУЗЫ БАР [ЖОҚ], КҮН ДЕСЕ КӨЗІ БАР [ЖОҚ] **АЙДАЙ АУЗЫ, КҮНДЕЙ КӨЗІ БАР** *Аса сұлу, өте көрікті. Бағдад, Мысыр шәһерінің бірінде бір ер жігіт, Хасен деген, бір ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, ай маңдайлы, жұлдыз көзді сұлуға ғашық болған (С. С.). Баласы сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі бар (С. К.). Алтын Бел деген хан болған. Хан-ның жалғыз ұлы бар еді, аты Қайшылы хан, сонан басқа баласы жоқ еді. Бір күн-дерде ханның қатыны құрсақты болды. Бір уақытта бір қыз бала келтірді, ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ. Ол тапқан шешесі ол қызын көріп, көркіне талып қалды. Сонда бір қыз келтірді деп, ханға айтты. Хан айтты: «Адамға көрсетпе! Кі-сі көрмесін!»— деп. «Бір жерге жасырып асырат!»— деді... Алланың әмірімен со қыз құрсақты болды... Ханға келіп айтты: «Қызыңыз құрсақты болды алланың әмірі-мен. Оны еш адам көрген жоқ еді». Хан айтты: «Олай болса, өлтір оны!»— деді... Қатын өлтіруге қызын қимайды, бір алтынды абдыраға салып, ішіне азық са-лып, аузын жауып, ағып жатқан дарияға салып қоя берді... Тоқтағұл мерген абды-раны тартып, судан шығарып алды. Абды-раның аузын ашады, апса, ішінде он төр-тінен туған айдай боп бір қыз жатады. Екісі көрген соң, көркінен есі ауып қала-ды (В. В. Р.). Оның ай десе аузы, күн десе көзі жоқ бой жеткен қарындасы бар екен дейді (С. М.).*

АЙДЫ АСПАНҒА БІР ШЫҒАРДЫ *Даңқы жер жарды, аты шықты; даңғазалай жария етіп, таң қалдырды. (Ұнамсыз мағынада орынсыз әрекет еткен кісілерге де айтылады). Мұндағысы оның атақты саудагер Көк Орда ишік-атасы Мұхаммед әкім әл Таразидың мұрагері бар екен деп, жер-жиһанға дәріптеумен қатар, айды ас-панға шығарған той жасап, атақ құмар саудагер, өзінің атын да өзгеге таныту еді*

(І. Е.). Бүгін... бүгін көрсетуіміз керек. *Айды аспанға бір шығармасақ па?! (Т. А.).*

АЙДЫНДЫ ТУҒАН ЕРЕКШЕ туған. Талма түстің шағында, *Айдынды туған* Қыз Жібек, Төлегенге жолықты (ҚЖ).

АЙДЫН КӨЛ **АЙДЫНДЫ ШАЛҚАР КӨЛ** *Байтақ көл; кең, тұнық, үлкен, жалтыр көл; мөлдір, жалпақ көл.* Қазақстанның балық байлығы да мол, өйткені, мұнда *айдын көлдер* мен мөлдір бұлақтар, сарқырап аққан өзендер, жасанды су қоймалары көп-ақ (К. К.). Сонда Естеміс, сөйлейді, Сөйлегенде бүй дейді: «Арғы астында бұл таудың Қызыл бастың елі бар, Жасыл байтақ жері бар, *Айдынды шалқар көлі* бар. Көктім аймақ ханы бар...» (ҚБ).

АЙДИНЫ ШЫҚТЫ *Даңқы, айбарлы аты көпке белгілі болды.* Қанша кісі жабылса да, бір орнынан қозғалмай, қайта жиын арасына түскенде, батыр тұлғасы бір түрлі іріленіп, *айдыны шығып кетті* (Ө. Н.).

АЙДЫҢ БІР ЖАҢАСЫ *Жұлдыздың, айдың алғашқы күні.*

АЙДЫҢ КҮНІ АМАНДА **АЙДЫҢ АМАНЫНДА** *Аман-есенде, басымыз түгел тыныштықта.* Әр жерде әйел бостандығы деп, қыздар кетіп жатыр, балам ер жетті, *айдың күні аманда* баламды ағаңа әпере ғой, — дедім (Қ. Әб.).

АЙДЫҢ ҚАРАҢҒЫСЫ *Айдың отырып туатын кезеңі.* Бүгін айдың нешесі, *Ай қараңғы* кешесі. Жазығы қатын демесең, Қартайса да ілгері, Өлгі қыздан мүшесі (ҚЖ).

АЙ-КҮНІ БОЛДЫ [ЖАҚЫНДАДЫ, ЖЕТТІ] **АЙ-КҮНІ ЖЕТІП ОТЫР** *Босанар мезгілі таянды. Ай-күні жатып, күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті* (ҚЕ).

АЙ ҚАБАҚ, АЛТЫН КІРПІК *Асқан сұлу, өте көркем қыз; ару әйел. Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, Кел десең, неге аяйын аттың терін. Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен бұраң бәлім (ХӨ).*

АЙҚАЙҒА АТ[АТТАН] ҚОСТЫ *Жанжал, ұрысты өршелендіру мағынасында айтылады.* Бұл, *айғайға аттан қосып, ұрандасатын іс емес, арандатпаңыз* (Ш. Х.).

АЙҚАЙҒА САЛДЫ [БАСТЫ] *Дау-дамайлы дақпыртпа, даурықпа зорлыққа, күшке басты. Айқайға салып, Ай үркіткен ешкім жоқ. Әкірең әрекетте берекет жоқ. Бай болған бақырып боп па деп, Батыр болған ақырып боп па?— деп, шал ауыл белсендісін бір басып тастады (АТ).*

АЙҚАЙ ДҮНИЕ, АЙ ДҮНИЕ *Өкінішпен өткен күн деген мағынада. Айқай дүние, ай дүние, Кімге опа қылдың сен (БЖ).*

АЙҚАЙ КӨТЕРДІ [ШЫҒАРДЫ, САЛДЫ] *Шу шығарды; ұрыс-керіс, дау шығарды; айқайлады.* Соның хабарын ала салып, біздің әріптес ғалым досымыз Рыжков жолдас үлкен *айқай көтеріп* отыр (С. Б.). Келді ойбай, *Салды айғай, Түк* қоймай боқтады (Абай).

АЙҚАЙ-СҮРЕН САЛДЫ *Қым-қуыт шабуылдады.* Аял болмас *айқай-сүрен салыспай, Қашқан жауды* ат бауырына алыспай, Қан сусаған болат сүнгім ашылмас, Шұрқылтайдан шұрылдата шанышпай (І. Ж.).

АЙҚАРА АСТЫ [АШТЫ, ЖАМЫЛДЫ, ҚҰШАҚТАДЫ] *Ұзыннан іліп қойды; шалқасынан ашты; киімнің, не көрпелің бір ұшын басқа, бір ұшын аяққа жіберіп, тұмшалана жамылды; қос қолдап қапсыра құшақтады.* Машинаны көре салысымен, сақшы қораны *айқара ашты.* Машина үйдің алдына келіп тоқтады (Қ. Қай.). Соны көріп, шолақ қылышты адам есікті *айқара ашып* қайта шығып, ең ақырғы тар есіктің босағасында жасырынып тұрыпты (ҚЕ). Мен үлкен тонды *айқара жамылдым* да, асты жеуге кірістім (Ө. С.). Сағынған екі батыр *айқара құшақтасып* көрісіпті (ҚЕ).

АЙ ҚАРАДЫ ҚҰР БЕКЕРГЕ, ТЕКТЕН-ТЕК ҚАРАП ОТЫРДЫ; ЕШТЕҢЕ БІГІРМЕЙ, КҮНІ БОСҚА ӨТТІ.— Оһо, осы да сөз болған екен... немене мен осында *ай қарауға* келдім бе? (С. О.).

АЙЛА ЖАСАДЫ **АЙЛАҒА БАСТЫ** **АЙЛА ОЙЛАДЫ** *Әдіс қылды, қулық іс істеді.* Егде тартқанда алпыс *айла жасап* жүріп, қолына зорға қондырған жас әйеліне тез-ақ оралам, оған дейін сен де магазиндерге барып қайт, — деп кеткені де есінен шықты (Р. Р.).

АЙЛА [АМАЛ] ЖОҚ **АЙЛА ШАРА [АЙЛА-ШАРА]** *Жоқ Шарасы; қылар әрекет, тәсіл таусылғанда айтылады.* Біраз күн төре бола тұрудан басқа еш *айла жоқ*, — дейді жігіт... (ҚЕ).

АЙЛАР ӨТТІ, ЖЫЛДАР ӨТТІ *Уақыт озды.* Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, *айлар өтеді* — келмейді, *жылдар өтеді* — келмейді (ҚЕ).

АЙЛАС ҚАТЫН МҰҢДАС *Істеп жүрген ісі бір әуендес адамдар сырлас болады деген мағынада айтылады.* Сізге осы жайды айта кетейін деп әдейі бұрылдым. «*Айлас қатын мұңдас*» емес пе... (Ғ. Мұс.).

АЙЛАСЫ АСТЫ **АЙЛАСЫН [АМАЛЫН] АСЫРДЫ** **АЙЛАСЫН ТАПТЫ** *Әдісі артып түсті; ретін келтірді, жөнін тапты, әдісін білді. Асты ғой бұл арада менің айлап, Құрғаным бала жастан бөрі сайран. Япырмай, бұл не қылған зор да-жал деп, Сол жерде орыс, қазақ болды қайран (Б. Ш. Б.).* Қайратпен кіріп жалынбай, Ақылмен *тауып айласын*, «Мен қалайға» салынбай, Жылы жүзбен *жайнасын* (Абай).

АЙЛАСЫ [АМАЛЫ, ШАРАСЫ] ҚҰРЫДЫ [ТАУСЫЛДЫ] *Септер, ретін, қолбайын табар барлық әрекет істеліп бітті. Айласы құрыған Қайша дал болып, үйіне қайтты (М. Ә.).*

АЙМАНДАЙ ҚЫЛДЫ [БОЛДЫ] ОБЕТИ АЙМАНДАЙ БОЛДЫ *Әшкереленді, масқара, ұятты болды. Ол кеше аймандай болуға таяп қалды (АТ).*

АЙ МЕН КҮНДЕЙ, ӘМБЕГЕ [ӘЛЕМГЕ] БІРДЕЙ [ЖАРЫҒЫ БІРДЕЙ] *Асқан сұлу, керемет көрік иесі, ешкімнің таласы жоқ, ешкімге жаттығы жоқ. Сарайға кірсе, сарайдың қақ төрінде ай мен күндей, әмбеге бірдей бір перизат отыр екен (ҚЕ). Ағаштың түбінде көрген кісі сүт боп ұйып, қымзы боп іріп, ынтғыып, аһ-үһ деп, күйіп-пісіп, өліп-тіріліп қалар ай мен күндей, әлемге жарығы бірдей асқан көрікті бір жан отыр екен (ҚЕ).*

АЙ [АЙМАҚ, АЙЫР] МҮЙІЗДІ [АЙ МҮЙІЗДІ, АША ТҰЯҚТЫ, ЖҰПАР ИІСТІ «АША ТҰЯҚ», НЕМЕСЕ «АЙЫР ТҰЯҚ» ДЕП, ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ Ішінде жылқы малынан басқаны айтады; қырғыз тілінде жылқыны «ай тұяқ» деп келеді. Міне, бұлардың қайсысына болса да, Нұрым мырза сүттей ұйып: «Пәле, пәле, тіпті жөні бар: аруақ асыға ма, саса ма? Біз ұмытсақ та, жарықтықтар жебеп, желеп жүреді ғой» — деп, арқасы шымырлап кетіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді, аша тұяқтыларын кұрмандық қылып, жамбасы мен терісін емдеушінің өзіне ұстатса да, жазыла алмады (С. Т.). Көнекей, енді молдеке, ай мүйізді, аша тұяқты бір боз қасқаға бата қылыңызшы, — дейді (С. Т.).

АЙ МҮЙІЗДІ ҚОШҚАР [АҚ СЕРКЕ] *Мықты, қуатты. Ай мүйізді қошқардың Бөрі тартар қоңынан (ҚЖ). Ай мүйізді ақ серке қойды бастар, жар-жар (АБ).*

АЙНАДАЙ КӨРЕДІ *Қолмен қойғандай етіп, ап-анық шолады. Мекен кып құздың қиясын, Бұлтқа салған ұясын, Айнадай көрген аймағын (Д. Б.).*

АЙНАДАЙ МӨЛДІР *Мөлдір, таза, көз жасындай тұнық (сү).*

АЙНА-ҚАТЕСІ ЖОҚ [АЙНА-ҚАТЕСІЗ Дәл, тұп-тура; нақ аузынан түскендей. Қазіргі көрініс айна-қатесіз дәл соған ұқсайды (Б. С.). Е, Құлатай Атымтаевич, сіз осындай жігіт екенсіз ғой, я, я, суретіңіздің айна-қатесі жоқ, — деді Анар (Ж. Ж.). Алда жатқан жаудың сыры Әлияның алақаньыда, есебі айна-қатесіз дәл келеріне мен тан, қайран калдым (Ж. Ж.).

АЙНАЛАЙЫН ҚАРАҒЫМ [ШЫРАҒЫМ] *Мейірі түсе жақсы көргенде айтылады. (Мұндағы қарағым < қарақ — көз, жанар, өң, нұр мағынасында, ал шырағым < шырақ деген де осы мағыналас. Көзі шырадай жанып тұр, шырайы жақсы, көне әдебиеттегі өңлүгі-чырағы деп келетін тіркестер бір тектес. Тегінде көне жазбалардағы йула (шырағдан, білтелі шы-*

рақ) — шыра (-дай), — шыра (-й/қ) дегендер бір-бірі болуы мүмкін). Айналайын қарағым, Жауға барсам, жарағым. Қабырғамда қанатым. Артымдағы құйрығым (ҚЖ).

АЙНАЛАР ЖЕР ЖОҚ *Тар, тығыз, ораларға орын жоқ. Онсыз да айналар жер жоқ, тар бөлме жиналмай, бықырсып жатыр (Т. А.).*

АЙНАЛАСЫ КЕБІР, ОРТАСЫ ЖЕБІР *Төңірегі сортаң, ұйықты жер. Айналасы кебір екен, ортасы жебір екен. Бұл қоныс болмас (АӘ).*

АЙНАЛШЫҚ ЖЕГЕНДЕЙ *Төңіректен ұзатп кете қоймайтың, маңайлап жүріп алатын кісі туралы айтылады. Сағынбай, сен қазіргі биді білмейді екенсің. Айналшық жегендей, вальсті айнала бересің. Уһ, шаршап кеттім (Д. Д.). Ахметбектің балалары ғой. Айналшық жегендей, шұрқырасып, осы үйдің маңынан айналсақтап шықпайды, әйтеуір (Б. Тіл).*

АЙ ОРТАҚ, КҮН ОРТАҚ, ЖАҚСЫ ОРТАҚ *Жақсы адамның шарапаты ай мен күндей, жұртқа білмейді түседі. Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ демекші, балаңызға ортақ көп болса, жақсылығы дағы. Оған қуанған мақұл (АТ).*

АЙРАН-АСЫР БОЛДЫ *Аң-таң болды, таң-тамаша болды, қайран қалды, таңырқады. Ғафурдың үйіне барып кірген соң, онда болып жатқан тамашаны көріп, Мәликке таң қалып, айран-асыр болды (Қ. Наж.).*

АЙРАНДАЙ АПТАП, КҮБІДЕЙ КҮПТЕП [ШСІП] *Емін-еркін билеп-төстеп... Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Жуантаяқты құды. Әнеттен алатынын алды. Енді кім қалды! — деді Сүйіндік (М. Ә.). Есепмбет, уай, Тобықтының баласы... айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде ай дер ажа, қой дер қожжа болған жоқ (М. Ә.).*

АЙРАНДАЙ ҰЙЫП ОТЫР *Өте тату, ауыз бірлігі күшті, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отыр. Қырбайың не? Айрандай ұйып отырған ауыл емес пе еді? Төңірберген іріткі салып, оларды да екіге бөліп жіберді ғой. Қазір Мөнке мен Дос бір-бірінің есігін де ашпайды (Ә. Н.).*

АЙРАН СҰРАП [СҰРАЙ] КЕЛІП, ШЕЛЕГІНДІ ЖАСЫРМА *Айтарыңды ірікпей айт, қаймықпа, тайсалма, жасырма. Не деп көңірсітіп отырсың. Айран сұрап келіп, шелегіңді жасырма (Т. А.). — Айран сұрай келіп, шелегіңді несіне жасырайың, ашық айтқанда, Темірді аға көрсең, мені жеңге көруіңді өтінгелі келдім, — деп, Перизат ойындағысын іркілместен айтып салды (Ә. Ә.).*

АЙРАН ШІЕРІ *Бетке ұстары, дұшпан көзі қылар амалы. Кербездің екі түрлі қылығы болады: біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа өзінен ілгері-*

лерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіру (Абай).

АЙРЫЛАР ДОС [ТАМЫР] ЕРДІҢ АРТҚЫ ҚАСЫН СҰРАЙДЫ *Татулықтан кетудің, достықты бұзудың амалын істеді. Несін айтасың, «айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды»,— дейді ғой. Абай ағам а осы жөнде ең ауыр салмақты салып-салып, қинап отырып, сондайдан бір өкпе, сылтау тауып, содан ары (Төкежан) жаулар жағына шықпақ дейді... (М. Ә.). Айрылар тамыр ердің артқы қасын сұрайды (Мақал).*

АЙ СҮТТЕЙ ЖАРЫҚ *Бұлтсыз, толған айлы түн туралы айтылады. Олар Сырдың айы сүттей жарық бір түнінде көптен оңашаланып қыдыруға ойлады (С. М.). Ай сүттей жарық, қыстың ақша қарын айқара жамылған дала апшақ болатын (Ж. Ж.).*

АЙТ, [АЙТЫП-] АЙТПАЙ НЕМЕНЕ [НЕ ПАЙДА, НЕ КЕРЕК] *Айтты не, айтпады не, еске алып не керек деген өкінішті мағынада. Айт, айтпай немене, Сол сияқты асылдар, Кебіні жоқ, көрі жоқ, Ит пенен күсқа жем болып, Мұратына жете алмай, Арманда болып кетіпті (ҚЖ). Айттып-айтпай не пайда, Егеулі найза өңгерген Азды көпке теңгерген (М. Ә.). Айттып-айтпай не керек, баудай түстік. Басқа командалар жеңіліп бара жатса, «таймаут» алып, кенесе қояды да, ойындарын түзеп алады (С. Берд.).*

АЙТА БЕРСЕҢ *Әрі-беріден соң, бұл ғана емес. Біздің кеп айта берсең, толып жатыр (Жамбыл).*

АЙТА ҚАЛАРЛЫҚТАЙ *Көзге, атаққа, сөзге ілінерліктей, ауыз толтырарлықтай. Мен өзирге айта қаларлықтай жазушы емеспін, мен құрметке емес, іске келген кісімін (С. М.).*

АЙТАҚҚА ЕРДІ [ЕЛІКТІ] *Өсек-аяңға құлақ асты, қол шоқпар, қол жаулық болды. Анау күні Қасен де қайта-қайта тапсырып еді: «Айтаққа еріп, Қамарды шастастырып алушы болма»— деп (С. Т.).*

АЙ ТАҚЫР *Жап-жалтыр, шөпсіз жер; тасалары, қорғаныс қалқан белі жоқ, ашық жер. Эттегене-ай, қорғанды ай тақырдың бетіне, Шөлстанның өтіне салған екен (ҚЕ).*

АЙТАР СӨЗІ ЖОҚ *Тамамдалды, бітті; айтарын тауысты; дәлелі, уәжді сөзі қалмады. Енді айтар сөзім жоқ. Сөзім қалар өзі жоқ, Хош болыңдар, құстарым (БЖ).*

АЙТАРЫ ЖОҚ, НЕСІН АЙТАСЫҢ *Өте мақтаулы деген мағынада қолданылады.*

АЙ ТАСТАЙ ҚАРАҢҒЫ *Көзге тұртсе көргісіз қараңғы. Астымда мейіздей қатқан ақ бедеу, қолымда мейіздей қатқан қара шоқпар. Ай тастай қараңғы... (М. Ә.).*

АЙТҚАНҒА [ДЕГЕНҒЕ] КӨНБЕДІ *Тіл алмады, дегенін істемеді. Айтқаныңа көн-*

бесе, Айдауыңа жүрмесе, Көңлінде бар оның аласы (Ш. Қ.).

АЙТҚАНДАЙ-АҚ ЕКЕН *Жақсы екен, тәуір екен, көңілдегідей екен, десе дегендей екен, мақтағандай екен. Қолхозшылардың биылғы баптап өсірген егісі айтқандай-ақ екен (СҚ).*

АЙТҚАН ДӘТІ *Білдірген көңлі, білдірген арманы. Ғашығына қоштасып айтқан дәті (АӘ).*

АЙТҚАН СӨЗ ҚҰЛАҒЫНАН АҒЫП КЕТЕДІ *Санасына бармайды, түсінбейді. Жапалақ, күс болғанмен, неге дәрі, Жаманның кісілікке бар ма сәні? Жаманға айтқан сөзің еш қонбайды, Ағады құлағынан сөздің бәрі (Б. Ш. В.).*

АЙТҚАН СӨЗІНЕ ЖЕТПЕДІ *Уәдесін орындамады, айтқанында тұрмады. Секілді Шамен, Қамар, Дахтарбану, Затында жанға арам мендей тану. Заты жоқ жақсылықтың нышанасы, Адамға ар — айтқан сөзге жетпей қалу (А. Қор.).*

АЙТҚАНЫ КӨКІРЕГІНЕ [КӨКЕЙІНЕ] КІРМЕДІ [ҚОНБАДЫ] *Айтқан сөз құлағына кіріп, зердесіне ұяламайды; түсінбейді; миына қонбайды. Білгендердің айтқаны Көкірегіне кірмейді. Өз пайдасын білмейді, Сүйегі жаман болған соң (Д. В.).*

АЙТҚАНЫМ АЙТҚАН *Үзілді-кесілді тұжырым жасап, алған бетінен қайтпау, дегенінде тұрып қалу мағынасында айтылады. Кесіп айтсам, білгендіктен айтамын, біліп айтқан сөзімді қайтып алған емеспін, әлі де сол: айтқаным айтқан, Кемеловтың қомбайны қиялдың құрағы, оған әуре болмаңыз (Ә. Ә.).*

АЙТҚАНЫНА КӨНІП, АЙДАУЫНА ЖҮРДІ *Дегенін бұлжытпай істеді, орындады, айтқанынан шықпады. Құдай біледі, айтқанына көніп, айдауына жүрмесін, ендігі жерде уысынан шығармай, тізгіндеп ұстап отыру үшін мына комиссарды әдейі жіберіп отыр (Ә. Н.).*

АЙТҚАНЫН ЕКІ [ҚАТЕ] ЕТПЕДІ [ҚЫЛМАДЫ] *Бірден-ақ тілін алды, дегенін бұлжытпай орындады. Ғани жалғыз бала болғандықтан, олар (ата-анасы) мұны жастайынан алақанға салып, айтқанын екі етпей, мейлінше еркелетіп өсірді (М. И.).*

АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН! АЙТҚАНЫҢ АҚ БОЛСЫН! *алғыс. Дегенің болсын! Айтқаның келсін, Қарлыға, осы күнді тілеп екі! (М. Ә.).*

АЙТҚАНЫ ӨТПІ, АТҚАНЫ ЖЕТПІ *ТҰР Дегені істеліп, ойлағаны орындалып, болып тұр. Кейін байқаса, бұл жұмысқа айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұрған атпал азамат, оның үстіне директордың туысы... әкелінген екен (СҚ).*

АЙТҚЫЗБАЙ-АҚ БІЛЕДІ *Ернінің емеурінінен таныды, бірден түсіне қойды. Міндетінен бас тартпас, Айтқызбай-ақ бі-*

леді, Сыр бермейді, сырттансып. Кежегесі тартып тұр. Бейне арыстан түлегі (Д. Б.).

АЙТ ҚҰТТЫ [МЕРЕК] БОЛСЫН! Ораза, құрбан мейрамдарында адамдардың бір-біріне айтағын құттықтау тілегі.— *Айт мерек болсын, қарындас!*— деді Мәмбет.— Өзіңіздікі де бірге болсын! (І. Ж.).

АЙТПАДЫ ДЕМЕ Есіңде болсын, ескертпеді деп ойлама. Қояйын сөзді мен жым-жырт, Тарта бер жақса түріңе. *Айтпады деме, аңқау жұрт, Сол жетер сенің түбіңе* (Б. К.).

АЙТСАМ, АУЗЫМА ҚАРА ҚАН ТОЛСЫН Тіс жарып, ләм-мим дегенім жоқ, сырды ешкімге жайғаным жоқ дегенді білдіретін қарғану сөзі.

АЙТУҒА АУЗЫ БАРМАДЫ Басқа кісіге түрлі себеппен жеткізуге болмайтын әңгіме туралы айтылады. Сөзді Салиқа бәйбіше бастады:— *Айтуға аузым бармайды, бір суық сыбыс құлаққа маза бермеген соң, жинала келдік. Жарқыным бұл не сыбыс?* (Ғ. Мұс.).

АЙТУҒА ТІЛ ЖЕТПЕЙДІ Сөзбен жеткізе алмайды.

АЙТУДАЙ-АҚ АЙТТЫМ Құдайдың зарын қылдым, жеткізе түсіндірдім, зар иледім. *Айтудай-ақ айтып едім,— шықпайық,— деп. Осы екен ғой шыдатпаған* (Ғ. Мұс.).

АЙТУЛЫ КӨКЖАЛ Аты белгілі, аты шулы. (Бұл жерде ұнамсыз мағынада). Арал теңізінің балығы мен Хиуа хандығының тай-тай мақтасы бір өзінің қолынан өтіп жатқан *айтулы көкжал* (Ө. Н.).

АЙТУЛЫНЫҢ ӨЗІ Өте жақсы, мықты адам деген мадақтау мағынасында қолданылады.

АЙТУШЫ ЕРДІҢ ҰСТАСЫ Шешен сөйлеп, шебер жеткізетін адам туралы қолданылады. Ендігі сөздің қысқасы, *Айтушы ердің ұстасы*, Сығалап атқан ақ перен, Қалаған жерден ұрады (ҚЖ).

АЙ ТҰЯҚ [БОЗ ҚАСҚА] ШАЛДЫ Құрбандыққа мал (жылқы) сойды. (Діни сенім бойынша «құдайға құлшылық» істеп, аяулы малын садақаға сою). Ханның көз нұры суалған шақта күндердің бір күнінде ханша құрсақты болып... бір қыз тауыпты. *Ай тұяқты боз қасқа шалып, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты* (Т. А.).

АЙТ-ҰЙТ ЖОҚ **АЙ-ШАЙҒА ҚАРАМАДЫ** **АЙ-ШАЙ ЖОҚ** **АЙ ЖОҚ** **ШАЙ ЖОҚ** 1. Бас-көзге, анау-мынау дегенге болмастан, киіп кету, кірісіп кету мағынасында. Зипа: *Айт-үйт жоқ, бұл қай жол, қай жүріс? Жомарт: Сұрама, жолда айтармын* (М. Ө.). Сәруар, қойсаңшы сені *Айт-үйт жоқ, немене, бас-аяғын білместен* (М. Ө.).— Ал, қазір біздің үйге жүр. Облыстан кеше кеште ғана келдім... Сені шақыруға кісі жұмсамай, әдейі өзім кел-

дім,— деп, Жолтай (Серәліні) *ай-шайға қаратар емес* (Т. А.). Бір бүйірден Жетібай сұмаңдап жетіп келіп, *ай-шайға қарамай* Күреңбайға ауыз салды:— Уа, байеке, көш көлікті болсын! Қай жердегі жайлауыңа көшкелі жатырсың? (С. О.). 2. Еш нәрседен тайсалмады, қаймықпады; бетің бар, жүзің бар демеді. Ол тегінде құтылмасын білді ме, қалай, мектепке тақай беріп, арсалақтап боліп, құдай кетті. «Құғыншы» *ай-шайға қарамастан*, оны келген бетінде уағдай бастады (М. И.). *Ай-шайға қараған* Құрбан жоқ. Қара нар да бұл кезде қызып алған екен. Қынабынан суырған қылышын серт ұстаған ол, түйе үстінде жан-жағына жалтақтап тұрған қартқа ұмтыла бастады (Р. Р.).

АЙТЫЛҒАН СӨЗ АТЫЛҒАН ОҚПЕН ТЕҢ Тауып айтқан үзге өңменінен өтеді, қайтып суыру жоқ деген ұғымда. *Айтылған сөз, атылған оқпен тең*, қайтып алар дәлем қайсы (І. Е.).

АЙТЫП САЛДЫ Батыл, қаймықпай сөйледі, айтпағын білтелеген жоқ. Жамандап бірдеме деп *айтып салсам*, Түтуге мен сорлыны бас саларсың. Шыдамай шерін қозғал, шынын айтса, Қылышпен алтын сапты басты аларсың (Ш. Ж.).

АЙШЫҒЫ [ЫҢЫРШЫҒЫ] АЙНАЛДЫ диал. Шаршап жүдеді, мазасы кетті, арықтап болдырды, Оның айшығы айналып жүр (Шымк., Түл.).

АЙШЫҚТЫ СӨЗ Мағынасы терең, көркем үлгіде ұтқыр айтылған ғибратты әңгіме.

АЙШЫЛЫҚ АЛЫС ЖЕР Айлап жүретін қашықтық. *Айшылық алыс жерлерге қазақ, енді, санаулы күн, санаулы сағатта-ақ жетеді* (Ө. Т.).

АЙШЫЛЫҚ ЖОЛДЫ [АЙШЫЛЫҚТЫ] АЛТЫ БАСТЫ [АТТАДЫ] Қанша алыс болса да, көзді ашып-жұмғанша өте шықты.

АЙЫ АСЫП, КҮНІ ӨТКЕН Мезгілі өткен. *Күні өтіп, айы асқан соң, Дәрігері дарын болса да, Ауруына ем қонбас* (Д. Б.).

АЙЫ БАТҚАН [ЖЕТКЕН] АЙЫНДА, КҮНІ БІТКЕН [ЖЕТКЕН] КҮНІНДЕ Ажалы жеткенде. *Айы батқан айында, Күні біткен күнінде, Дем таусылса жүру жоқ* (ҚЖ).

АЙЫБЫН [КҮНӘСЫН] БЕТІНЕ БАСТЫ [ШЫЖҒЫРЫП БАСТЫ] Кемшілігін көзіне батыл айтты. Хаттардың ішінде Мағрипаға қатты айтып, *айыбын бетіне басқандары* да бар (ЛЖ).

АЙЫБЫН [КҮНӘСЫН] ЖУДЫ Күнәсын ақтады, өтеді. Енді оны күтіп, *айыбын жуып жүр*. Бұл гүл басқа гүлдердің бәрінен де бойшаң, әдемі болып, құлпыра өсіпті (Ө. Т.).

АЙЫ [КҮНІ] ЖАҚЫНДАДЫ [ЖЕТ-ТІ, ТОЛДЫ] *Босанатын мезгілі таянды; уақыты болды. Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр (І. Ж.).— Рас,— деді Тұрағал,— сонан Бөжен ой-күніне жетті. Со жылы біздің үйдің қойы көбірек қоздады. Анау отырған біздің тоқал да,— деді Тұрағал, жас бір әйелді иегімен нұсқап,— аузы-мұрнынан шығып отыр, оған біздің өлгі бұрау басын сындыртпайды, бірдемеге қолғабыс тигіз десең, іштегі баласына зақым келер деп, зар-зар етеді (С. М.).*

АЙЫЗЫ ҚАНДЫ 1. Көңлі жай тапты, құмары тарқады; құлақ құршы қанды, рақаттанды. Кешегі қан майданда жеңдік жауды, Жеңіске еңбекші елдің айызы қанды (К. Ә.). 2. *Ұнамсыз мағынада «бәлем сол керек еді» деп, кектене көңіл тұшытты.* Оразбай мен Есентайға бұл жайдың шеті мәлім болса да, мына тұста айыздары қанып, кеңкілдеп күле берісті (М. Ә.).

АЙЫ-КҮНІ БАТТЫ *Жарығы сөнді, қызығы бітті.* Ханы өліп, қайғырып жатқан, Айғаным, Қара жамылып, айы-күні батқан, Айғаным (ШС).

АЙЫЛ-ТҰРМАН ТАҒЫНДЫ *Жол жүруге әбден дайындалды, сайланды. Айыл-тұрман тағынып, Туған елін сағынып, Ақ-бөрте тұр желіде, Артқы аяғын қағынып (Д. В.).*

АЙЫЛ-ТҰРМАНЫН ТАРТТЫ 1. Қамданды. 2. Ашу қысып, тас-түйін болып бекінді. [Қасен] Орнына отырмастан, бастық алдына келді. Көзіне пенснесін киіп, ат жағын тістеніп, сұрланып алған. Айыл-тұрманын тартып, барлық нервсін шоқтай жиып апты (М. Ә.).

АЙЫЛЫН ЖИМАДЫ [ЖИЯ ҚОЙМАДЫ] *Сескенбеді, жасқанбады, қымсынбады.* Балуан Шолақ оған айылын онша жия қоймаған, ал Ғалия қапыда кеп бас сала ма деп, ішінен қорқатын (С. М.). Бейтаныс адам Мұқаңның айқайына айылын да жимады (М. И.).

АЙЫН АСПАНҒА ШЫҒАРДЫ *Көтермелеп, дәріптей мақтап кетті.* Біреуді мақтаса айын аспанға шығарып, жер-көкхе сыйғызбай көтермелейтін казак... (І. Е.).

АЙЫН ӨТКІЗДІ *Зәрулігін, керектігін таныту, жеткізу мағынасында айтылады.* Бір жаққа кетіп қалып, айымды өткізейін бе? (АТ).

АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ *Жолы болды; бақыты ашылды; дегені болды.* Бәрекезде, Жібекжан, Айың тусын оңыңнан, Жұлдызың тусын солыңнан. Ал отырыс болмасын, Құдаларға барайық, Барып бедел салайық, Мал жеткенше мал беріп, Малға қоса жан беріп, Құдаларды алайық (ҚЖ).

АЙЫП-АНЖЫ БЕРДІ *Айып төледі, айыбының төлемін өтеді.* Мен қыздан жеңіліп, оған айып-анжы, сый беріп жөнелтім (ҚЕ).

АЙЫП [МІН] КӨРДІ [САНАДЫ] *Күнә, мін деп санады; лайық деп есептемеді; ұят көрді.* Олар жай жүргендерді «сал ауруы бар» деп, мазақ етеді, айып көреді. Еңкейген кәрі, еңбектеген баласына дейін атқа тақымы тиді дегенше, шаба жөнеледі,— деп күлді Дамба (Н. Баян).

АЙЫПҚА ЖЫҒЫЛДЫ [ТАРТЫЛДЫ] *Айыпталды, жазаланды.* Менің балам Риддерде ағылшындарға жұмыс істеуші еді, солардың тәртібіне қарсы болып, айыпқа тартылды (А. Х.).

АЙЫП [КІНӘ] ТАҚТЫ [ҚОЙДЫ, ҚЫЛДЫ] *Кінәлады, қылмысты деп санады, жазғырды; бір ісіне, қылығына жазғыра мін тақты.*

АЙЫП-ШАМЫ ЖОҚ *Ерсілігі, артықтығы, өрескелдігі жоқ.*

АЙЫРМАСЫ ЖЕР МЕН КӨКТЕЙ *Тым өзгеше, бір-бірінен өзгешелігі өте үлкен.* Шайбайдағы суретімнің соңғысы 1918 жылы тұтқыңға түсердің алдында түскен сурет еді. Менің ондағы түрім мен Колчак лагерінен қашып келіп отырғандағы түрімнің айырмасы жер мен көктей (С. С.).

АЙЫРЫП АЛҒЫСЫЗ 1. *Өте ұқсас, егіздің сыңарындай. 2. Белектеуге қилмайтындай.*

АҚАЙ ЖОҚ, НОҚАЙ [ТОҚАЙ, ҰҚАЙ] *ЖОҚ Себепсізден-себепсіз, ай жоқ, шай жоқ.* Аз ойлағанда Бөжей өз ішінен шаригат та жөнге, шыңға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ көрінгенге бұйда бере бермес (М. Ә.).

АҚ АРУЛАП ЖӨНЕЛТТІ *Өліккі мейлінше қадірлеп, бар кәдесін жасап қойды, жерледі.* Ауыл түгел отырғанмен иінде, Жерлейді ылғи өлгендерді төбеге. Ең соңғы рет түнетеді үйіне, Ақ арулап жөнелтеді және да (Т. М.).

АҚАУ БІЛІНДІ [ТҮСТІ] 1. *Кемшілік білінді, жарықшақ шықты; сәл ғана бүліну болды.* Мұның аты жаңа ғана тәртіп орнай бастаған кластан тағы да ақау білінді деген сөз ғой (М. И.). Рельске ақау түсу — поездың қатерге ұшырауы емес пе? (С. М.). 2. *Қаяу байқалды.* «Қарақөз» өнін Әйгерім әлденеше құбылып, жіп-жіңішке нәзік орамдылықпен, көп толқытып айтты... Бұнда әлі ақау түспеген ыстық достық бейілмен Абайға да шын тілек арнайды (М. Ә.).

АҚ АУЫЗ ҚЫЛДЫ [БОЛДЫ] *Алдап, отырғызып кетті, аузындағысын білдірмей, жырып алып кетті.* Ондайлар не біздің үстімізден қарайтын нәренжік, не бізді ақ ауыз қылып жүретін есеп жазушы, не табельщик, не байға, ағылшыңға переводчик-тілмаш, не бірдеме болып жүрді ғой (С. С.).

АҚ БАТА 1. *Біреудің болашағына, тағдырына деген жақсы тілек, ізгі ниет, адал көңіл қалауы.* 2. *көне. Құдалық салттың береке-бірлігі, ынтымаққа келген уәделі байламы.* Нәзіпа «Қара тазға бармаймын» деп, біраз қылжақтап та көрген. Бірақ *ақ бата*, азулы әке, ақтарылған мал — барлығы Нәзіпаның аяғын тұсап, басын байлап, Шалматайға әкеп, қатын қылған (І. Ж.).

АҚ БЕЗЕР ДЕ КӨК БЕЗЕР БОЛДЫ *Ант-су ішті, таусыла, қарғана қорғанды.*

АҚ БЕЙІЛ [КӨНІЛ, НИЕТ] *Таза, адал ойдағы адам; арамдығы, күдігі жоқ көңіл.* Ол ешбір арамдықты білмейтін *ақ бейіл* адам болатын (Ә. Ә.). Құп болады десті де, серт байласты. Қатты-қатты айттысып, уәделесті. Көңілінде қара жоқ, *ақ ниетпен* Тым жақын дос болуға ыңғайласты (Абай).

АҚ БОЛЫП КЕТТІ **○ АҚ БОЛЫП ТАРТЫЛЫП КЕТТІ** *Малдан сүт шықпады, суалып жетті.* Жаңбыр аз болса, жердің шөбі құраса, мал *ақ болып кетеді* (Ғ. Мұс.). Жемшөп жетіспеді. Аш саулықтар *ақ болып тартылып кетті.* Суық бір жағынан қысымға алды, — деді Қойшыбай қол қамшысымен жерді сабап отырып (З. И.).

АҚ [АҚ ТҮТЕК] БОРАН [ШҰНАҚ БОРАН] **○ АҚ ТҮТЕК ҮСКІРІК [АЛАЙ-ТҮЛЕЙ БОРАН]** *Көз ашқысыз, түтеп, желдете жауған қар.* (Ат құлағы көрінбейтін, ұйтқып соққан қарлы дауыл). Бүгін Әлімнің Жарасов мәслихаты бойынша қасына алғаны — Қожахмет. Бұл өңірдің қыста-жазда, күндіз-түнде, *ақ боран* жауында адасу дегенді білмейтін сахраның көрген көзі (М. Ә.). *Ақ түтек, алай-түлей борандарда*, Аяққа ажал лебі оралғанда, Төзді олар, төздірді өзі тағдырыңның, Қайтесің басқа түсті, амал бар ма? (С. Ж.). Осындай *ақ шұнақ боранда* адасқан адамды табамын деп, есі бар кісі іздеп шығар ма? — дейді (М. Ә.).

АҚ БӨКЕННІҢ ТАҢЫНДАЙ *Күн шалмаған аппақ, ақ күмістей.* Денесінің ақтығы *ақ бөкеннің таңындай* (Қамб). Осы арада келіншектің аппақ балтыры аспалы шамның жарығына шағылысып, *ақ бөкеннің таңындай* бір жарқ етті де, көзден ғайып болды (Ә. Н.).

АҚ БҰЙРЫҚ [АҚ БҰЙРЫҚТЫ] ӨЛІМ **○ АҚ ӨЛІМ** 1. *Тағдырдың дегенімен болған тура қаза.* Кеселді жалқау, қылжақбас, әзір тамақ, әзір ас болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген *ақ бұйрықты өлімнің* өзі артық (Абай). Шөкен булығы сөйледі. — ...Өзімдікі дегенімнің бәрі өзгенікі болды... Үміт кесілді, тыныс тарылды. *Ақ өлім* бұйырмады (Ғ. Мұс.). 2. *Кей уақыт ауырмай-сыздамай, бірден қайтыс болған адам туралы да айтылады.*

АҚ БІЛЕК 1. *Сұлу, перизат;* 2. *Қара жұмыстан қашатын мырза-шора.* Алыстағы қалада Тапқа, сапқа тартылды. Бір жағы — өңшең *ақ білек*, Бір жағы — өңшең күс білек (І. Ж.).

АҚ ДЕГЕНІ АЛҒЫС, ҚАРА ДЕГЕНІ ҚАРҒЫС **○ АҚ ДЕГЕНІ — АҚ, ҚАРА ДЕГЕНІ — ҚАРА** *Айтқаны болған, әмірі жүрген, айтқаны екі болмайтын.* *Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс*, ауылды алақаныма қаратқан күнім қайда кетті, ойбай! (Ш. Х.). Болыспен де ымы-жымы бар. *Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* осы старшин ауылдың талай тарпаңсымағына дүре соққан (ЛЖЖ).

АҚ ДИДАР 1. *Сұлу келбет, ақ құба өң, жүз.* *Ақ дидарың* көргенде тұра алмаймын. Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын (ХӨ). 2. *Адал ниетті, адал бейілді шырай.*

АҚ ЕТЕК [АҚ ЕТЕК ИШАН] БОЛДЫ 1. *Адал кісі, арамдығы жоқ жан.* 2. *Адал көрінетін, адал көрінгісі келетін кісі.* — Ұлық пен төре алдында *ақ етек ишан* бола қалуын. Сені түнде, ел жатқаннан былай қарай көрер ме еді... көлдің ортасына кіріп, қотаннан қой алып қашатын өгіз мойын көкжалдың нағыз өзі болар едің ғой (Ә. Н.).

АҚ ЖАРҚЫН Жайдары, ашық көңілді. Сейіт балуан, жомарт мінезінің үстіне аса сауықшыл, көңілді, *ақ жарқын* жігіт. Сол мінезі үшін бұны Әбенмен қоса, Абайдың іні досы ақын Дәрмен де аса қадірлейтін (М. Ә.).

АҚ ЖАУЛЫҚ *Әйел, жұбай, қатын.* Ізгі перзент, *ақ жаулық*, Қорада жатар жүз саулық, Құлаш мойын, кез құлақ Бір бедеу ат, денсаулық (Н. Н.).

АҚ ЖАУЫН *Ұзаққа созылып, майдалап жауатын жаңбыр.* Бірақ, әлі осы май ішінде болатын қара желде, тіпті июнде болатын жайлаудағы *ақ жауында*, бұршақ астында, ұзақ, салқын күндерде солардың ішінен әлі де шығатын шығасы аз емес (М. Ә.).

АҚ ЖЕМ **○ АҚ ЖЕМ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ]** 1. *Қанын суға сорғызған ет.* Құсбегі құсына етті *ақ жем* етіп береді. (АТ). 2. *Су сорып, ағарып кеткен.* Асты терең, үсті жел, Толқып соқты баурында, Балтыры *ақ жем* балықшы, Қайықшы Қалтай не күйде (І. Ж.). Көп дәрет борбай жағын *ақ жем* еткен Намаздың бір шарты жоқ түгел біткен. Жарықар ол дүниеге барғанда деп, Елес сөзге иланды ұрмақ күткен (С. Т.). 3. *Арам тер болды.* Берекенді қашырған Ел тыныш болса, жақсы сол, Рас сөзге таласып, *Ақ жем болма*, жаным, кел (Абай).

АҚ ЖЕРДЕН ҚАРА БОЛДЫ *Босқа күйді, жазықсыз жапа шекті.*

АҚ ЖОЛ *Ақиқат, әділ жол, адал жол.*

АҚ ЖОЛ ЕМІ Қазықтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеді тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәртебе аттататын әдет болған. Егер ол әйел күнәсіз (өзге еркекке көзі түспеген) болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз, тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақ жол емі» деп атаған. Ақ жол емі төре тұқымының әйел жыныстысын бозбалашылықтан, ерлерінің көзіне шөп салушылықтан сақтау үшін Абылайдың өзі шығарған ем болатын (І. Е.).

АҚ ЖОЛТАЙ БОЛДЫ Қадамы құтты, үнемі жолы болатын адам туралы айтылады; келуі өзгеге жақсылық болған кісіге айтылады. (Көбіне жас бала, жас келінге арналады). Орынсыз отырғам жоқ тазды мақтап, Көңілге көп сөзімді салғам қаптап, Нұр жаусын, бар шырағым, Ақ жолтай аман-есен босаға аттап (Айтыс).

АҚ ЖУЫП, АРУЛАП КӨМДІ [ҚОЙДЫ] © АҚ ОРАП ҚОЙДЫ Өлікті ардақтап, қастерлеп шығарып салды. Елінен көп ауырмай біреу өлген, Ақ жуып, таза арулап оны көмген (С. Т.). Өбеннің сүйегіне түсіп, ақ жуып, арулап, қабырға апарысып, көмісіп қайтқан да Дирасбек еді (С. Тал.). Құн алынғанмен, Дайырқожа би қайтып келер ме? — деді Керей күрсініп. Ардақтымызды ақ орап қоялық, сөз сосын болсын — деді байсалды дауыспен Жәнібек (І. Е.).

АҚ ЖҰМЫРТҚА, САРЫ УЫЗ 1. Ана баурындағы әлпешті нәресте. Ақ жұмыртқа, сары уыз, Әлпештеп қолда өсірген, Туған ұлдан не пайда? (М. Ө.). 2. Кінәсіз. Егер тіршілік кешкен дүние опасыз болса, сен қалайша ақ жұмыртқа, сары уыз боласың (Ө. Н.).

АҚ ЖҮРЕК 1. Ақ, адал көңіл. Құп білемін, сізге жақпас, Ескі жара білтелеу. Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу (Абай). 2. Белсенді, адал көрінгісі келетін жан.

АҚ ИЫҚ 1. Мұз балақ ерекше қыран, айрықша асыл қыран. Талай ұшқан ақ иық, Төменде қалды мазақ боп, Бейбітте ұшқыр байғұстар Дауылда не етсін азап боп? (С. С.). 2. Айрықша асыл адам, ер жігіт. Езу тартып, мейірі қанбай шын сүйіп, Көз жұмды жігіт осылай Арқадан ұшқан ақ иық (С. Дайыр.).

АҚ ИЫҚ БОЛДЫ Мезі болды, қажыды, жауыр болды. Жұмыста ақ иық болуға болмайды (Қ. орда, Қарм.). Бірақ Сатаев та, Қожаев та жартымды еш нәрсе айта алған жоқ, ұзақ цифр, айтыла-айтыла ақ иық болған факт (ЛЖ).

АҚ ИЛІП СЫНБАЙДЫ Қасиетті, адал адам жаладан мерт болмайды. Қайран, Өнуар-ай, шынымен-ақ өлгенің бе? Ақ иіліп сынбайды деген бекер екен ғой! — деп, қойдай шулады (ҚЕ).

АҚ КЕБІНГЕ ОРАНДЫ 1. Дүние салып, кебін киді. 2. Ақ қардың астында қалды.

АҚ КИІЗГЕ КӨТЕРДІ к ө н е. Ақ киізге орап, хан сайлады. (Бұрын хан сайлағанда, оны ақ киізге көтеріп отырғызатын, топ алдынан ақ киізге салып көтеріп өтетін болған). Қос қолы қызыл қанға боялғанына қарамай, он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері 1427 жылы Дешті Қыпшаққа хан етіп, ақ киізге көтерді (І. Е.).

АҚ КӨБЕЛЕК диал. Ақ көңіл, аңқылдақ (Шығ. Қаз., Больш.).

АҚ КӨБІК ҚЫЛДЫ Терлеп-тепшітті.

АҚ КӨЗ Надан, оқымаған, қараңғы. Оқыған білер әр сөзді Надаңдай болмас ақ көзді (Абай).

АҚ КӨЗ ЕРЛІК Көзсіз батырлық, жалтақсыз қимыл. Осыдан кейін жанжал десе, жаны кіріп қоя беретін әшейіндегі ақ көз ерлігіне басып, қолындағы жуан дойырды Көкен сығымдап қыса түзті (Ө. Н.).

АҚ КӨЙЛЕК диал. Ақ көңіл, аңқылдақ, адал ниетті. Біздің райинполкомның председателі ақ көйлек адам (Сем., Абай, Үрж.).

АҚ КӨКІРЕК Ашық жан, мейірімді, адал ниет, ізгі тілекті кісі. Ақ көкірек аулымын ақсақалы, Жаңа түскен келінге бер батаңды (АТ).

АҚ К... ТОРҒАЙ СЕКІЛДІ [СИЯҚТЫ] Ұшып қонған, жеңілтек, шығбалақ кісі туралы айтылады. Ей, тілмәш, осы саған «әке» дейін жарықтығым, тек дегенімді түгел жеткізші! Ін аузында отырған ақ к... торғай сияқты қып-қып еткенінді қойшы, осы!... — деді (М. Ө.).

АҚ КҮН ТУСЫН Жолың болсын! Мен адассам адасайын, Мен әуелден жалғыз жан. Жұртпен не деп таласайын, Ақ күн тусын алдыңнан (Б. К.).

АҚ ҚАСОЖӘРЕКІМ АЛЛА! тілек. Түшкіргенде жақсылыққа болсын деген ұғымда айтылады.

АҚ ҚҰБА, БИДАЙ ӨНДІ Сұлу, сымбатты кісінің көркі туралы айтылады. Елемес көзі жайнап, ақ құба, бидай өңі күреңіте қалып, жұқалтақ қабағын сәл шытып, шырт еткізіп таңдайын қақты (С. О.).

АҚ ҚҰЙРЫҚ КӨНІЛ АШАР [МӘМІЛЕЛІ] ШАЙ СЕКІЛДІ Сапасы жақсы, хош иісті шайдай көңіл жадырататын кісі. «Ақ құйрық пәміл (орысша фамильный) шай» делініп те айтылады. Бұл жерде ақын жарасты әзіл-әңгімесі бар отырысты сөз еткен. Осындағы «мәмілелі» сөзі де, ақын бұны әнтек, өзге ұғымда келісімі бар әңгіме ретінде қолдана тұрса да, сол «фамильный» дегеннен шыққан. Хош иісі жадыратып көңіл ашқан, Ақ құйрық, мәмілелі шайда жатыр. Гүл шашақ, жасыл

жібек жайлауында, Көңілім ел қонбаған сайда жатыр (Б. Қож.).

АҚҚҰЛА АЛЫМЫ *Алғашқы рет қырмандалған астықтан алынған «кеусен».* («Аққұла», көбіне, дін иелерінің пайда-сына алынған. «Аққұла» деген «бекер», «босқа» деген ұғымды да білдіреді. «Қырманнан аққұла алу» тіркесі семантикалық филиация ретінде осы «бекер» ұғымынан алынуы мүмкін. Қырғыз тілінде қырман аққұласы тек «құла» түрінде айтылады).

АҚ НЕКЕ **ОАҚ НЕКЕЛІ ТӨСЕК** *Адал жар некесі.* Байсырап бара жатқан мен жоқпын... Қайыңның қара орнын құлатпай, ақ некемді осы оттың басында ақтап өтер едім ғой (Ә. Н.). Екеуі де ақ некелі төсек салынғасын, шапанын жамылып, тысқа шығып кетіп, сонан таң атқанша үйге кірмей қойған-ды... (Ә. Н.).

АҚ ОРДА 1. *Үлкен киіз үй.* Бұлттай қасы жауып екі көзін, Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды. Борандай бұрқсарқ етіп, долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалды (Абай). 2. *Ерте кезде билік иесі отырған үйді де осылай атаған.*

АҚ ОТАУ ТІКТИРДІ *Үлкен ақ үй дайындағты.* Бибісара деген бір байдың қызы қырғыз ақ отау тіктіріп, салтанат құрып жатыр екен (ҚЕ).

АҚПА ҚҰЛАҚ *Сөз ұқпайтын, айтқан сөз миына кірмейтін кісі.* Басыңнан бақ-дәреже таймасын күй. Парықсыз, ақпа құлақ ақымақ болмай, Көрінесе нұсқалы сөз, көңіліңе түй (Б. Өт.). Тыңдамаймыз дейтіндердің бәріне, оның ішінде сәнқұмарларға, ұқыпсыздарға, кеңсе есебінен күнелтуші мешкейлерге, еш нәрсе миына қонбай жүрген ақпа құлақтарға да есік ашық (С. Төл.).

АҚПАҢ СОҚСА ӨЛМЕЙТІН, ТОҚПАҢ СОҚСА ӨЛМЕЙТІН *Шыдамдылық, төзімділік туралы айтылады.*

АҚПАР СУ *Ағын су.*

АҚ ПЕН ҚАРА *Дұрыс-бұрысы, жөні мен қисығы.* Ынсапсызға не керек, істің ақ пен қарасы. «Нан таппаймыз» демейді, Бүлінсе елдің арасы (Абай).

АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛ АРАСЫНДА *Күн ұясына кірген шақта. Ақ пен қызыл арасында жел көтерілді (Ә. Н.).*

АҚ САВАНДАЙ БҰЛЫҚСЫДЫ *Сылаң қақты.* Толған айдай толықсып, Ақ савандай бұлықсып, Бұралып кетіп барады (ҚЖ).

АҚ САЙТАНЫ [ЖЫНЫ] *ҰСТАДЫ* *Ашу-ызасы келді, арқасы қозды деген мағынада.* Қашыпсың сен қарақшы, күзетпіден, Айтқандай ала қаш,— деп ақ сайтаның. Сыртыңнан ғайбаттасам, ұят болар, Көзбе-көз өзіңе айтпай, кімге айтамын (Айтыс). Аққұла шалдың ақ сайтаны ұстап, жарыла жаздап отыр (Б. Мом.).

АҚ САҚАЛ, ҚАРА САҚАЛ *Үлкен-кіші, кәрі-жас.* Жақында, осыдан он шақты күн бұрын, Шыңғыстың бектерінде, Төкежан аулына бар Ырғызбайдың Әзімбай, Шұбар бастаған ақ сақал, қара сақалы жылылып, баталасып аттансыпты (М. Ө.). Қорысбайдың қырқын өткізіп, үш отаудың ақ сақал, қара сақалдары уәделесіп тарағанына, міне, бүгін аттай бір жыл (С. Тал.).

АҚ САҚАЛДЫ, САРЫ ТІСТІ БОЛ! *Алғыс. Көп жаса. Ақ сақалды, сары тісті бол, қарағым (АТ).*

АҚСАҚ ҚОЙ ТҮСТЕН КЕЙІН МАҢЫРАЙДЫ *Мезгілінен кешеуілдеу, ерте туып, кеш қалу деген ұғымда айтылады.*

АҚСАҚТЫ ТЫҢДАЙ, ӨТІРІКТІ ШЫҒДАЙ ҚЫЛДЫ *Жай-жапсарын білдірмеді, жалғанның қисынын келтірді.* Ол байдың қатындарынан асқан жарамсақ. Соларға жағыну үшін ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылып, бөйбішеге жеткізбесе, іші жарылып кететін көрші (І. Ж.).

АҚ САҢДАҚ ЖҮЙІРІК *Жолы боп озып жүрген саңлақ жүйрік, ақын, т. б.* Домбырасын қасына қойып, терін сүртіп жатқан Нысанбайға: — Көп жаса, ақ саңдақ жүйрігім, — деді Қасым төре,— көңілімізді бір көтеріп тастадың ғой (І. Е.).

АҚСАРБАС, АҚСАРБАС! АҚСАРБАС ҚҰДАЙЫ **ОАҚСАРБАС АЙТТЫ** [ШАЛДЫ] *Тәңріге жалбарына айтылатын тілек.* Діни ұғым бойынша сойылған мал түрінде берілген садақа, құрбандық. (Тәңірден тілек тілегенде, ақ сары бас атанды құрбандыққа шалатын болған). Әр тұстан үміт, жорамал аралас дауыстар шыға бастаған.— О құдай, жақсылыққа болса игі еді! — *Ақсарбас, ақсарбас!* — Тым күрт келе жатыр-ау! (І. Е.). Туғанында әжем ақсарбас құдайы деп, айқай салып, астындағы боз айғырын шалып жібергенде, жануардың шашылған қаны Ақтамырдың ағаш шатырлы үйін қызылмен бояғандай етіпті (Д. Е.). Сол кезде жүгіріп келген Аба: — Хан ием-ай, құдай сақтады-ау! — деп, жылап жіберді.— Рас, құдай сақтады, ақсарбас құрмандық! — деді Шыңғыс демін енді ғана еркін ап (С. М.). Жанжал мен төбелес құдайдан ақсарбас айтып тілесе де қолына түспей, Жұмағұлдың мысы құрып жүр! — деп, жорға Жұмабай мысқыл ететін (М. Ө.).

АҚ САУСАҚ 1. *Ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемейтін кісі.* Шүкірбай бұрын жұмысты көп істемеген, ақ саусақтау жігіт екен (С. Бай.). Өрі мынаны да ескеру керек: біз жұмысқа қыры жоқ ақ саусақ адамдар тәрбиелемейміз (М. И.). 2. *Сұлу келіншек, қолын іске апармайтын, өзін күтіп жүретін нәзік жан.*

АҚ СЕМСЕР *Сапы мен қанжардан ірі екі жүзді қару.* Өлген жоқ Амангелді әлі тірі, Әнеки, ілулі тұр ақ семсері (Жамбыл).

АҚ СИРАҚ ЖҰТ *Малды тігерге тұяқ қалдырмай, түгел қырып кететін үлкен жұт. Бір жұртта жыған қорасын, Мыңғырған неше байларын, Бір ақ сирақ жұтқағаз болар (Б. Ө.).*

АҚ СӨЙЛЕ 1. *Әділін айт деген мағынадағы тілек.— Ақ сөйле, құлағыңа Ақ-мартуың сыбырлап кетті ғой, ақ сөйле! Қырғыз шатында жын қаққан, жаңа бақсы! (М. Ө.). Түс көріп тұрмысың, өй қатын! Ақ сөйле, байғұс (М. Ө.). 2. Жақсылық әкелсін деген мағынада. Есіктің алдындағы күлдесіңге бір қарға қонып, қарқ-қарқ етсе де, әжем: «Ақ сөйле! Ақ сөйле!» — деп жататын (АТ).*

АҚ СҰҢҚАР ○ АҚ СҰҢҚАР ҚҰС 1. *Қыран құс. 2. Ер-азамат баламасы. Ақ сұңқар келіп шырмалар. Саятшы алдын торласа. Ақ бөкен келіп жығылар, Алдын қазып орласа... (МЭ). Жылама, Мағыш, жылама, Алладан өлім тілеме! Қолдан ұшқан ақ сұңқар Қайтып келіп қонбайды (Абай). Ақ сұңқар құс дабысты Дұшпаннан алған намысты, Қамбар кедей деген сөз «Ел құлағы елу ғой», Есітті батыр сыбысты (ҚамБ).*

АҚ СҰПЫДАЙ *Әсем, ақ торғын. Ақ сұпыдай бет біткен, Оймақ ауыз, күлім көз, Ақ шыныдай ет біткен, Қайың сынды мүсінді (І. Ж.).*

АҚСҮЙЕК ҚЫЛДЫ *Жұтатты, қатты күйзелтті, титықтатты. Жаным-ау, мына құдайдың күні кайтеді? Тағы боран! Әлі боран! Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау сорлыны! — деп уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, Базаралы ойлана қалды (М. Ө.).*

АҚ СҮТ БЕРДІ ○ АҚ СҮТІН ЕМІЗДІ *Ана сүтін беріп, мәпелеп өсірді. Ақ сүт берген анады ұмытарсың, Баян атты жарыңды көргеннен соң (ҚКВС). Туған жер ақ сүт берген анашымдай, Сүйемін жүрегімнің аясындай (Д. Ө.). О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың (ҚЕ).*

АҚ СҮТ ТҰМАН *Боз тұман, ақ бұлттай ұйыған тұман. Күн шыққасын да, қара ну орман арасында ақ сүт тұман тапжылмай, ұйыған қатықтай дірілдеді де тұрды (Ө. Н.).*

АҚ СҮТІ [-МНІҢ АЙЫ] ҰРСЫН *қ а р ғ ы с. Ананың қарғысы тисін, сүті атсын. (Көбіне ана балаға қатты налығанда айтылады). Тоғыз ай, он күн көтерген Еңбекті анаң мен едім, Өзімнен туған перзентім, Ізгілік етер деп едім, Қара жүрек арам ит Анаға жоқ керегің. Ақ сүтімің айы ұрсын. Қазіретгі баба ұрсын, Еңсеңнен басып тағы ұрсын (Н. Б.).*

АҚ СҮТІН АҚТАДЫ *Адал ниетімен борышын өтеді, ата-ананың ізгі тілегін орындады. Немересін баулып отырған өзі екен. Бірақ, ақ сүті ақталыпты, — десіп бір қойысатын жұрт (М. Ө.). Иә, Қойсын еңбек еткісі келеді, қарт әке мен ананың*

ақ сүтін ақтап, асырағысы келеді, ана аманатын өтегісі келеді (ЛЖ).

АҚ СҮТІН КЕШТІ *Ризалығын берді. Ақ сүтін кешсін анамыз, Разы болсын атамыз (ҚЖ).*

АҚ СҮТІН КӨККЕ САУДЫ *Назаланды, алақанын теріс жайып, аналық қарғысын айтты. Егер бұл арманымды орындамаса, ақ сүтімді көкке сауып өтем (І. Е.).*

АҚ ТАБАН *Мал-мүліксіз, сорлы. Қаз еті бар қақтаған, Құланның етін сүр қылып, Мейман үшін сақтаған. Жүріңіздер ауылға, Кедейім көрсін ақ табан (ҚамБ).*

АҚ ТАБАН БОЛДЫ ○ АҚ ТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚА КӨЛІ СҰЛАМА ○ АҚ ТАБАН АУҒЫН БОЛДЫ *Өзге жаққа босқан (жаугершілікке ұшырап, жұтаңдықтан шұбырған) ел туралы айтылып тұр. Азан-қазан қыр үркіп, Кімдер қалмай далада, Талай көшті Сыр жұтып, Ауғын болды ақ табан (І. Ж.). Бір ауыл емес, бір аймақтағы ел емес, бүкіл қазақ елінің ақ табан болып шұбырғанын да, ата қонысынан айырылып, көк жұлын болып шұбырғанын да көрді бұл қазақ (Ө. Ө.). Ақ табан боп шұбырып, Сол бетімен Сыр түсті (Д. Б.). — Кім біледі, әлде түзелерміз! Ақ табан шұбырындыдан да оңалыпты ғой, — деп, күрсінген болды (М. Ө.). Ер еру болса, шаңырағына жоқшылық кеп шеру тартады. Көш-қон болса, әке-шешен, қатын-балаң ақ табан шұбырындыға ұшырайды (М. Ө.). Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұламада ауып келіпті (АТ).*

АҚ ТАМАҚ¹ *Қыздың әдемі, сұлу тамағы (АС). Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын. Көмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін (Абай).*

АҚ ТАМАҚ² *д и а л. Айран, не содан жасалған тағам (Шығ. Қаз., Больш.).*

АҚТАН БЕЗГЕН АРЫ ЖОҚ ○ АҚТАН КҮСКЕН АРАМ *Тура жолдан тайған.*

АҚТАН КЕЛДІ *Діни ұғым бойынша аян көріп, адал тілек айтты, оң батасын берді. Баба түкті шашты Әзіз ақтан келіп, Қозыке мен Баянның атын қойды (ҚКВС).*

АҚТАН КЕТТІ [КҮЙДІ, ӨЛДІ] 1. *Әділетсіздік көрді; адал бола тұрса да, жазалы болды. Өлтірсеңіз қайтейін, ақтан кетсем, құр жалаға құрбан боп, арманда өтем (Н. Байм.). 2. Нақақтан, ақ өлді. Бай баласы амалдап қалып жатыр, Кедей кетпек ол үшін ақтан күйіп (Қ. Жұм.).*

АҚТАН ТИГІЗІП СӨЙЛЕДІ *Тауып сөйледі; өңменінен өткізіп шындықты айтты.*

АҚТАН ШКЕН АДАМ *д и а л. Туа болған адам. Ақтан Керейұлы ақтан ішкен адам, ол ешкімнен өлеңді үйренбеген (Гур., Тең.).*

АҚ ТЕРІНІ ҚАРА ТЕРІ ҚЫЛДЫ *Көбіне бірді-біреу алмастырып, ауыстырды, соқтығыстырды деген мағынада.*

АҚ ТҮШ, АҚ СЫЫРДЫҢ СҮТІН [МАЙЫН] ПШ *Кісі түшкіргенде қалжың, әзіл-сықақ ретінде айтылатын тілек.*

АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ *Қарық боп қалды; ит басына іркіт төгілді. (Тшкені алдында, ішпегені артында болып, молшылыққа батты). Сол күннен бастап Итбай аулында ақ түйенің қарны жарылды (С. М.). Тіпті көнбей жатса, «Шырағым-ау, Баймұқаным келіп, ақ түйенің қарны жарылып жатқанда, дастарқанымның бедерін көрмей келесің бе?!» — деп, өкпе айтады (ЛЖ).*

АҚТЫ АНЫҚҚА ШЫҒАРДЫ *Шындықтың әділ төрелігін берді.*

АҚТЫ [ШЕЛДІ] КӨЗ *Кей ретте соқыр, көр мағынасында жұмсалады. Көрмейтін шелді көз емессің ғой (АТ).*

АҚТЫ-ҚАРАСЫН АПШТЫ *Дұрыс-бұрыстығына көзі жетті. (Біреудің кінәлі, кінәсіздігін айқындады). Келген жандарал өткен істің ақты-қарасын аша ма деп, сенушілер де көп болды (С. М.).*

АҚТЫҚ СӨЗ *Қиыла өтінген соңғы тілек. Сол жазушы жүрек-бауырын қолына ұстап, аспанның ай-жұлдызын куә қылып, серт айтқанда, қиылып ақтық сөзін ұсынғанда, «қорқамын» деген сөзді ғана айтып еді Мариям (Б. М.).*

АҚТЫЛЫ ҚОЙ *Ақ қой аралас қоралы қой; мыңғырған қора-қора қой. Ақтылы қой, сиыр, түйе, Төрт түлігім түгел болған, Майдан үшін бар дүние, Біріне де қапа болман (Д. Ә.). Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме, Иесі ұйықтап жатқан соң (М. Ә.).*

АҚ ТІЛЕУ *Адал ниет; таза, ізгі көңіл қалауы. Жақсы көрдім деген келіннің ақ тілеуі, ақ күмбезі де жем-парадан үзік жамылып, жем-парадан шымылдық тігіледі екен (М. Ә.). Ақ тілеудің үстінде Ай көргендей тәу еткен, Арманы көп жастықта Жалғыз ауыз тіл қатамын Құртқама (М. Ә.).*

АҚ ҚҰДАЙ, САУАПҚА ЖАЗІ *Жалбарына айтылар тілек; рақым ете гөр, есіркей гөр; істеген істің қайыры тисін.*

АҚ ҮЙЕК МАЛ *Адал мал, құтты мал.— Қап, не қыласың, қолға түссе, оныкі ақ үйек адал мал болар еді-ау (Ә. Н.).*

АҚ ҮСТІНЕН ҚАРА ТАНЫДЫ *Ақтықараны ажыратты, дұрыс-бұрысын білді. Сонда Қамар, әйтеуір, ақ үстінен қара тани ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шаққандай қып, қапасын бөліп, ...мөлдиреген көзінің күйікті жасын тыртыр тегіп, өксіп отырып, мынаны айтты (С. Т.).*

АҚША БЕТ *Сұлу жүз, аппақ бет. Ақша бетте ал қызыл нұр ойнап, үлбіреген қос ерін уылжи ашылып, телміре тынып тұр (Ә. Нұр.). Қара жерге қар жауса, Ақша бетке сабалар. Жақсы аттан жығылса, Жаман адам табалар (ҚамБ).*

АҚША БЕТІҢ ТІЛІНСІН! *қ а р ғ ы с. Байың, кісің өлсін, жылап қал деген мағынада. Жазықсыз мені неге соқтың Баян, «Ақша бетің тіліңсін», деп-ақ салды (ҚЖБС).*

АҚША МАҢДАЙ *Әдемі, сұлу қыз деген ауыспалы мағынада. Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда, Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай... (І. Ж.).*

АҚШАМ БОЛДЫ *д и а л. Терлеп-теп-шіді. Ала аяқ ат ақшам боп, тұра алмай тұр екен (Алм., Кер.).*

АҚШАМ ЖАМЫРАДЫ *Қараңғы түсті, ымырт үйірілді. Ақтамақ намаздыгер, кейде ақшам жамырай келеді (Ғ. Мұс.).*

АҚША САЛДЫ *д и а л. Алым-салық төледі. Ертеде төменгі адайдың ақша салатын жері Кетік болды да, жоғарғы адайдың ақша салатын жері Жарқамыс болды (Гур., Маң.).*

АҚША САУДЫ *д и а л. Ақшаны жаратты, жұмсады. Гурьев барып, ақша сауып қайттым (Гур., Маң.).*

АҚ ШЕЛЕГІ ТҮСКЕНДЕЙ АҚТАРЫЛДЫ *1. Таусыла, емешегі езіле сөйледі, ақтарыла айтты. (Көбіне кекесін түрінде келеді). Кенеттен кездесе де, сырын айтып, ақ шелегі түскендей ақтарыла сөйледі (АТ). 2. Түгің аяған жоқ. (Бұл да әзіл-оспақ ретінде айтылады). Келген адамды ақ шелегі түскендей ақтарыла күтеді (АТ).*

АҚ ШЕЛЕК КЕЛГІРІ АҚ ШЕЛЕК ШАЛҒЫР [ШАЛЫҢҒЫР]! *қ а р ғ ы с. Түйе малына айтылады. Ақ шелегің шалыңғыр, өрістен әлі келмеді, қасқыр жеп кетер ме екен? (Ақт., Ойыл). Кенжекей: Ақ шелек келгір құба інген, Сертескен едің менімен, «Төстік ер қайтып келген күн, Немесе Төстік өлген күн, Белгі беріп бірінен, Боталармын дегенсің...» — деп, жылап отырды (ҚЕ).*

АҚ ШОЛАҢ ТАРТА ҚҰЛАН ИЕК-ТЕНДІ *Рауандап атқан таң. Ай сәулесі жүдеп, қырқа үсті, ақ шолаң тарта құлан иектеніп атып келе жатқан таңмен бірге шашақты сасыр, түйе жапырағы аралас, ат құлағы көрінбейтін көк шалғынды ылдидан қалың көш көрінді (І. Е.).*

АҚЫЛ [ДАНАЛЫҚ] АЗУЫ ШЫҚПАҒАН *Қазақта ақыл тіс шыққанда, балаға ақыл кіреді деген ұғым бар. (Арғы-бергіні білерлік жасқа жетпеген). Ақылды болса да, «ақыл азуы» деп аталатын даналық азуы әлі шықпаған жас әйел көзі үйренбегенге көндіге алмай жүр (Ғ. М.).*

АҚЫЛҒА КЕЛМЕГЕН *Ақылы толмаған, оң-солын әлі танымаған. Ақылға келмеген жас сәби түсінбейді* (ҚЕ).

АҚЫЛҒА САЛДЫ *Ойланды, алды-артын байқады. Панфиловтың жолымен Ақылға салып іс істеп, Соғысқа ендік жеңіспен* (Б. Мом.).

АҚЫЛҒА СЫЙМАДЫ *Көңілге қонбады, иланарлық болмады. Ел көзіне оғаш көрінген бұлардың ісі ақылға сыймады* (Б. С.). Қазір ойласам, сол оқиғалардың өз ақылына сыймайтындары да бар, — дейді (А. Л.).

АҚЫЛДАН [АҚЫЛЫНАН] АДАСТЫ [АЙРЫЛДЫ, ТАҢДЫ] ○ АҚЫЛДАН ЖАРЫМ БОЛДЫ ○ АҚЫЛЫ АУЫСТЫ [АУДЫ] *Есі ауды, алжасты, не істерін білмей, дал болды; састы, дағдарды. Олар шықты есіктен ханға өкпелеп, Көшеде шулап және жылаған көп: «Хан мен үзгір ақылдан айрылыпты, Өлтірейік екеуін жынды екен», — деп (Абай). Ақылдан ер жеткен соң болдым жарым, Бір суыр мал дегенде қолда барым. Әйелім тел қоянды жаздай сауып, Түйреді сары майдан екі қарын (ҚЕ.). Сен өзің, ақылыңнан адасқан біреуден саумысың (Б. Мом.). Сен тұра тұршы, а, тазша, қас қылғандай, Ақылымынан ауыстым дал қылғандай (ҚКБС). Барған соң бұл жазылған хатты алып, Рүстем оқығаннан көзін салып, Болмаған болса онда, сау емес деп, Айрылып ақылынан қалды танып (РД). Кемпір, шалдар кемсендеп, Ақылдан танып, мәңгірді (Ж. Ә.). Болған соң уәделі күн жауын жауды, Суды ішкеннен жынды боп, ақылы ауды (Абай).*

АҚЫЛДАН ШАЙНАМ ЖОҚ *Түк ақыл жоқ, ақылсыз. Сендердің біреуінде де ақылдан шайнам жоқ* (АӘ).

АҚЫЛДЫ БАЙЛАМА *Ақылдан айрылма. Асқақ кетіп, ақылыңды байлама* (АТ).

АҚЫЛ ЕНДІ [КІРДІ] ○ ЕСІ КІРДІ *Естияр болды, ер жетті. Адам болар баланың ақылы алтысында енеді* (Мақал). Ми толмаған, ессіз бала күндегі құмарымызды ер жеткен соң, ақыл кіргенде орын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз? (Абай).

АҚЫЛ-ЕСІН АЛДЫ *Есін шығарды, састырды; қызық думанға батырды, елітірді. Қыздар... әр түрлі тамашалар көрсетіп, келген жігіттердің ақыл-есін алыпты* (ҚЕ).

АҚЫЛ ЖАРАСЫП АЛДЫ *диал. Ақылдасып, кеңесіп, алдын ала келісіп алды* (Шығ. Қаз., Больш.).

АҚЫЛ КӨЗБЕН БАҚТЫ ○ АҚЫЛ КӨЗІМЕН ҚАРАДЫ *Ой назарын тастай, тереңдеп бойлай, пайымдады. Еш нәрсе емес жұбанар, Ақыл көзбен баққанға. Жас баладай қуанар, Бір дәмдіні татқан*

ға (Абай). *Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді есіріп, жемістерді өндіріп... жатыр* (Абай).

АҚЫЛ ҚҰСЫ АДАСПАЙ АСПАНДА-СА *Ой-санасы шарықтаса, алысқа ой жіберсе.*

АҚЫЛ ҚОСТЫ [АЙТТЫ, БЕРДІ, САЛДЫ] *Кеңес берді, ой салды. Жердің, көктемнің жөнін сұрасқанда, Досан қарт, Әлмен, Сәлмен үшеуі ойлана, біріне-бірі ақыл қоса сөйлесті* (М. Ә.). Барлығы тағы иіріле тоқтап, ақыл қосты (М. Ә.). *Ақыл айтсаң біреуге, Ішң еріп, егіліп* (Абай). *Сорманға ақылыңды сен беріп кет. Қан төккіш, ел талаған ақыры оңбас. Шықпайды, Сыздық төре, еш берекет* (Ж. М. Б.).

АҚЫЛ СӨЗ ОЙ САЛАРЛЫҚ, ДҰРЫС КЕҢЕС. *Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап, Көнгенім-ақ саған деп, жүр табандап. Кісімісінген жеп кетер, білімсіз көп, Жіберсем, өкпелеме көп жамандап* (Абай).

АҚЫЛ САЛДЫ [СҰРАДЫ] *Іс, жұмыс жайлы кеңесті, кеңес сұрады. Мейірі кетті пендеден, Сүйгіп ердің алдынан Ақыл сұрасаң азбассың, Көпті көрген көнеден* (Д. Б.). *Басалқы жақсы кеткен соң, Іс айналып батылға, Ер қайраты қор болып, Ақыл салды қатынға, Түзелмес енді іс болып* (Д. Б.). *Керт бұғыдай билерден Ақыл сұрар күн қайда? Бізді тапқан ананың, Асыраған атаның Ризалықпен жайласып, Қолын алар күн қайда?* (М. Ә.).

АҚЫЛ ТАПТЫ *Шаруаның ретін, жөнін келтірді. Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек, Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?* (Абай).

АҚЫЛ [ОЙ] ТАРАЗЫСЫНА САЛДЫ *Ой елегіне салып, екшеді, артық-кемін оймен салмақтады. Қобыланды мен Ақжол дауын тағы да ақыл таразысына салу керек* (І. Е.).

АҚЫЛ ТОҚТАТҚАН [ТОҚТАСҚАН] *Ер жеткен, есейген. Өзін бала деп қарамаған Дәуренге ол ақыл тоқтатқан адамдай, салмақты үнмен жауап беруге тырысатын* (І. Е.).

АҚЫЛ ҮЙРЕТТІ *Жөнге түсірді, кеңес берді. Аюға ақыл үйреткен — таяқ* (Мақал).

АҚЫЛЫ АЗЫҚ, СӨЗІ СУСЫН ○ АҚЫЛЫН АЗЫҚ, СӨЗІН СУСЫН ЕТТІ *Ақылымен қаракет қамына бастап, сөзімен қаяу көңілді тұшытқан даналар жайлы айтылады.*

АҚЫЛЫ АЛҚЫМЫНАН АСПАҒАН *Өзінен өзгеге ақылы артылмаған, өзгені танырлық ақыл бітпеген. Балам ақылың әлі алқымыңнан асқан жоқ екен. Адам*

мен адамның арасынан, білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жаннан тәтті жоқ (ШС).

АҚЫЛЫ АЛПЫС [АЛТЫ] ЖАҚҚА [САҚҚА] ЖҮГІРДІ *Әр нәрсені бір ойлап, әр нәрсеге бір байлам жасап, ақылы дал боп, тоғыз саққа құбылды.* Бұл кезде жалғыз қалған Қарабала ақылың алпыс жаққа жүгіргіп, әр ойдың соңына бір түсіп, жанталасуда, үміт пен үмітсіздік күресі ит жығыс түсіп, қатты толқуда еді (Қ. Жұм.).

АҚЫЛЫ АПЛАТОН [-ДАЙ] ○ АПЛАТОНДАЙ БІЛІМІ *Дана.* (Платон — Алатон гректің белгілі ғалымы. Ескі әдебиетте «Алатон» ақылдың, даналықтың өлшемі ретінде алынатын болған). Біреуге *Алатондай білім* беріп, Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның (С. Т.). Жараспас насыбайға шақшасы жоқ, Жараспас қызға көпшік, боқшасы жоқ. *Ақылың Алатондай болса дағы,* Бұл күнде болыс болмас, ақшасы жоқ (М. Қожа).

АҚЫЛЫ [ЕСІ] АУЫСТЫ *Алжыды, есінен адасты.*

АҚЫЛЫ БАЛҚАШ, АШУЫ ДҮЛЕЙ *Ақылы көл-көсір, мол, ашу-мінезі қаһарлы, зәрлі. Кербез қыз, ақылы балқаш, ашуы дүлей. Жайдары жайраң қақса, жайнар күндей. «Тілегім — қайтайын»,— деп күйші айтарын, Қалып ед ханышаның өзі білмей (І. Ж.).*

АҚЫЛЫ К... ІНІН АУЗЫНДА ○ АҚЫЛЫ К... ІНЕН АСПАҒАН *Ақымақ, есерсоқ, өзгеге берер ақылы жоқ кісі туралы айтылады.*

АҚЫЛЫ ҚАШТЫ 1. *Алжыды, ақылы кеміді, азайды.* Әлде ол кісілердің қартайған соң, ақылы қашты ма? (Сем., Шұб.).
2. Састы, абыржыды.

АҚЫЛЫН АЛДЫ ○ АҚЫЛЫНА ҚҰЛАҚ АСТЫ [САЛДЫ] *Айтқанын мақұл көрді, тыңдады.* Тауансыз өз талабың қысқа болса, Араға жаман атақ жуытарсың, Жазымнан ұмытпаған, ойда барсың, Хан, қуат ақылымды алған жарсың (А. Қор.). Біз мал мамандарымен тығыз байланысты жұмыс істейміз, ақылына құлақ саламыз (ЛЖ).

АҚЫЛЫНА КЕЛДІ *Сабасына түсіп, түбін ойланды; өзіне-өзі келді.* Аз отырып, көз жұмып, Ақылына келді шал: Баласына сөз бұрып, «Жақында!» — деп ымдады (І. Ж.).

АҚЫЛЫН АТТАМАДЫ *Айтқанын тыңдады, кеңесінен өтпеді.* Ал қабырғаңмен кеңес. Менің жаным ашып айтқан ағалық ақылымды аттап кетпессің деп сенем (Т. А.).

АҚЫЛЫН ШАШТЫ *Ақымақтық жасады, не болса соған ұрынды. Ақылыңды шашпа, балам. Көп тілегі көл деген. Батасы тиер (Ө. Н.).*

АҚЫЛЫ ТАМ *Ақылды, ақылы мол.* Ол деген ақылы там адам еді ғой (АТ).

АҚЫЛЫ ТАПШЫ [ЖҰҚА, КЕЛТЕ] *Саудабы, есуастау адам.* Ақ көңілді жақсыдан Аянбай салыс ортаға, Ақылы, ары тапшыдан Қу сөзін алма қолқаға (Абай). Дүниесі жұқа емес, ақылы жұқа (АТ).

АҚЫЛЫ ТҮСТІ [КІРДІ] Қатеден, *білместіктен істеген ісінің тақсиретін тартып, опық жеп, өкінгенде айтылады.* Жігіт жарлы болады қырын алса, Қатыны би болады сырын алса. Ақылың сонда түсер саудагер кеп, Айырып екі бұзаудың бірін алса (ШС). Ақымақтығы артын түргенде, Жұрт табалап күлгенде, Түс қайта ақыл кіргенде, Есеп емес білгенге (АТ).

АҚЫМАҚ САНАДЫ [ҚЫЛДЫ] *Ақылысыз деп білді.* Өзің мені нағыз ақымақ санап тұрсың ба? (Д. Е.).

АҚЫРЕТКЕ КӨШТІ ○ АҚЫРЕТ САПАР [-ҒА] ЖӨНЕДІ *діни. О дүниеге кетті, өлді.* Бір алла ақыреттен жарылқасын, Жалғаннан ақыретке көшпек болдым (АӘ).

АҚЫРЕТ КҮНІ *діни. Өлетін мезгіл, ақыр заман.* Ақырет күні болғанша, Ойымда сені көрмек жоқ, Ойнап-күліп жүрмек жоқ (БЖ).

АҚЫРЕТ ҚАМЫН ҚАРМАДЫ *Өлімнің қамын жеді.* Мал басына бармаңдар, Ақырет қамын қармаңдар. Дүниенің бағы үшін, Сірә, тіпті азбаңдар (Ш. Қ.).

АҚЫРЕТТЕ ЕКІ ҚОЛЫМ ЖАҒАҢДА *Өлгенде де, о дүниеде де алысып өтемін, есе-кегімді о дүниеде де сұраймын деген мағынада айтылады.* Торқа: Жоғал әрі көзімнен, қыршыныңнан қиялғыр. Ақыретте екі қолым жағаңда, Жарқын (М. Ә.).

АҚЫР ЗАМАН 1. *Бүкіл тіршіліктің соңы, бүкіл дүние қаран болу мағынасында айтылатын ескі діни ұғым.* 2. *Тар кезең.* Ақыр заман болғанда күтіп жатыр. Арғы ауылдың қоңыр жолы үйдей жатыр. Жылқы жөнін, шырағым, сонан сұра, Қарасеңгір баурында сиыр жатыр (ҚКБС).

АҚЫР ЗАМАН [ЗАМАН АҚЫР] ОРНАТТЫ *Бар бәлені басына төндіріп, сары уайымға түсіріп, торықтырды.* Ақтай мырза басын көтеріп алды: — Күн ашық, ай жарықта ақыр заманды орнатқаны несі? Сенен басқа жұрт аң аулап көрмегендей,— деп, Бектемірдің бетіне алара бір қарады да, жастыққа қайыра жанғайды (Ө. К.). Болмаса, жазатайым жолықтыра қалсаң, басына ақыр заман орнап тұрады. Екі иінінен демін алып, аяғын азар басып тұрады. Өзінен-өзі сасып тұрады (І. Ж.).

АҚЫРЫН СҰРА *Түбінің қайырын, қайырлы болуын тіле.* Аясаңшы, апырым-ау, әке-шеше, бауырын! Бойды жеңіп, тоқтау қып, Сұрасаңшы ақырын! (Абай).

АҚЫРЫН [-ЫҢ ҚАЙЫРЫН] БЕРСІНІ тілек. *Өлімнің, бейнеттің, ауыр күннің арты жақсы болсын деген ниетпен көңіл айту, жұбату.*— Құдай ісі, сыпайылық, ақырының қайырын берсін! — деп, жайлап көңіл айтты (М. Ә.).

АҚЫРЫ ҰШЫҚСЫЗ БОЛСЫН! тілек. *Аурудың арты жеңіл болсын деген ұғымда.*

АҚЫСЫ [ЕСЕСІ] КЕТТІ *Ар-намыста, малда, т. б. ретте ұтылысы болған кезде айтылады. Ақысы кеткен кісідей Көшкен елді қуалап, Күн-түн қатқан жиырма бес (Б. Ә.).*

АҚЫСЫН ЖЕДІ *Еңбектің өтемін иеленді, бермей кетті. Кісі ақысын көп жеген Арам емей немене. Ішің аллаға мәлім, Сыртқыдағы қулығың Амал емей немене? (Б. Қ.).*

АҚЫ ТІЛЕДІ [СҰРАДЫ] *Қарымын, өгеуін сұрады. Ақыл айтсаң, біреуге Ішің еріп, егіліп, Ұялмас ақы тілеуге, Бермесең, қалар түңіліп (Абай).*

АЛА [АЛТЫ] АУЫЗ ○ АЛТЫ БАҚАН [АША], АЛА АУЫЗ І. *Бірлігі жоқ, ынтымақсыз. Сабырсыз, арыс еріншек, Көрсө қызар, жалмауыз. Сорлы қазақ сол үшін Алты бақан ала ауыз (Абай). 2. Өсек-аяң, гайбат сөз. Осы түнде «Көнекент» совхозының ала ауыз-кілауызының бәрі және де сыр береді (М. Ә.). Жұрт тынымсыз, Бәрі ұғымсыз, Енді оларға сөз де жоқ. Сырты абыз бар, желғабыз бар, Алты ауыз бар — өзге жоқ (Абай). Немене алты аша ала ауыз болып отырғандарың? (АТ).*

АЛА АЯҚ *Сұм, қу, залым, зымыян, суайт. Ақша салып, карта ойнайтын. Арақ ішетін, қай жерде бұзықтық десе, ішінде солар жүретін... Қысқасы, енді нағыз жулик, ала аяқтардың дәл өзі еді (С. С.). Ол сен сияқты ала аяқ емес, ардың адамы (Ә. С.). Ол Науан қазіреттің төңірегінде ала аяқ топқа тән қулық-сұмдық, зымыандықты да білмейтін (С. Ш.).*

АЛА БОЛДЫ *Араздасты, дұрдараз болды, ынтымақтан кетті. Ағайын ала болғанда, Ауыздағы ас кетер (ШС).*

АЛА БӨТЕН ○ АЛА БӨЛЕК *Елден ерекше; өзгеше. Мынау не жұрттың бәрінен асқан ала бөтен, не мені албырттық жастық жеңейін деп отыр (М. Ә.). Әлгі ала бөтен сырқат осынша мол шаруашылықты басқарып жүргенде, жабысқан екен (С. Төл.). Уәли оны, боқмұрын баланы, бүкіл полктан ала бөтен іш тартып жүргенде... Көрдің бе өзін! (Т. А.).*

АЛАБЫРТЫП ТҰР [ЖҰР] *Делқұлы мағынасында айтылып тұр. Куәнің бірі — есек, бірі — бала, Сол үшін ісің болар сенің шала. Дем салып, дуа беріп, оқимын деп, Алабырттып жүрерсің соңын ала (Айтыс).*

АЛАҒАЙ-БЫЛАҒАЙ ЗАМАН *Сапырылысқан шат-шәлекей шақ. Кешегі алағай-былағай заманда бастарын қайттап кеткен талай-талай ескі достарымен де кездесті (Ә. Н.).*

АЛАҒАНШЫҚ [АЛАҚАНШЫҚ] КҮН *Әр түсті алабажақ, уақ бұлт қаптаған аспан. Жауын жаумаса болғаны, алағаншық күнде жол жүрген жаман емес (АТ).*

АЛАҒЫЗЫП [ЕЛЕГІЗІП] ТҰРА АЛМАДЫ *Шала бүлінді; шыдам таппады, тағаттай алмады, алаңдап, көңілі бөлініп тұра алмады; көңіліне жауіп оралды.*

АЛА ЖАЗДАЙ ○ ҰЛАН ЖАЗДАЙ ○ АЛТЫ АЙ ЖАЗДАЙ *Жаз бойы. Қайтесің қолы тимепті, Өлеңші, әнші есіл ер. Ала жаздай ән салсаң, Селкілде де, билей бер! (Абай). Көк байталда бар еді аяң жорға, Оны мінген исполком — бесір молда. Алты ай жаздай сандалып, бермеген соң, Алып еді жасырын ерең зорға (І. Ж.).*

АЛА ЖЫЛАН, АШ БАҚА [АШ БАҚА БОЛЫП ОТЫР] *Ала көз болып, араздасып отыр. Естілер де ісіне қуанбай жүр, «Ел азды» деп, надандар мұңаймай жүр. Ала жылан, аш бақа, күпілдектер Кісі екен деп, үлкеннен ұялмай жүр (Абай). Олар қатты керілдесіп қалып, ала жылан, аш бақа болып отыр (АТ).*

АЛА ЖІБІН АТТАМАДЫ *Қиянат жасамалды, сұғанақтық істемеді, арамдыққа бармады. Ешкімге өз кеңсесінің ала жібін аттапмайды (С. Төл.). Аттамайды ағайынның ала жібін, Малының қозғамайды жатса түгін. «Таңдағы төңірден тамағым» деп, Ертеңін қайғырмайтын, тойса бүгін (Қ. Т.).*

АЛА АРҚАН [ЖІП] КЕСІСТІ *Ат кесілін кесісті, біржола араздасты, бөлінді.*

АЛА КЕУІМ [КӨЛЕҢКЕ] *Бозамықтық жүңгірт шақ. Болғанда ала кеуім үйдің іші, Қуарып, бір қызарды қыздың түсі. Атырды таңды бүгін кірпік қақпай, Тебіреніп тоқсан түрлі күйдің күші (І. Ж.). Құдай-ау, кім ей?... ала көлеңкеде беті анық көрінбейді. Ей, тұршы! — деп, жас қатын қасындағы еркегін оятып, өзі жылдам төсегінен ұшып тұра келді (С. С.). Оспан үй ішінің ала көлеңке болуын тосқан еді (М. Ә.).*

АЛА КӨБЕҢ *Орташа, құба төбел. Мал баққан ала көбең шаруаның онаң сайын зәресі ұшты. Аузын ашса, айтатыны — қолдағы аз ғана малының қамы (Ә. Н.).*

АЛА КӨЗ [АЛА КӨЗДІК] ҚЫЛДЫ [ЖАСАДЫ] *Араз, қырғи қабақ болған адамдар туралы айтылады. Аду боп Әмірханның жүресіме, Күшейді ала көздік ел ішінде. Ақбөпе өз үйінен аттамайды, Оның да ере түсті ересіне (И. Б.). Үй ішінен шекара жасап, екі семьяны ала көз қылып, шайкастырып қойды (С. Ад.). Орыс, қазақ тумалас, Жортса әзір жорға*

да. Бұрынғы бір өткен кез, *Жасаған* бізді ала көз (Жамбыл).

АЛА КӨЗІМЕН АТТЫ [ҚАРАДЫ] *Іштей жек көріп, тікшіе қарады; жақтырмады, жаратпады, ұнатпады.* БЫҒРАЙ да және оның үйінде отырғандар да бөтен жігітке достық көзбен қарамай, бәрі де ала көздерімен ала қарасты (С. С.). Бала өсірген ата-ана мектепті жек көреді, оны өзінен бөліп, ала көзбен қарайды дегенге кім иланады (М. И.).

АЛА КӨҢІЛ ¹ *Арам ниет; күдік.* Көңіл араздығы тосқауылдың тар кезеңінде кездесіп отырмыз ғой, ала көңіл артта қалсын. Құшағыңа құшағымды қосайын, қарағым, келші Көбей (М. Ә.). Жора-жолдастары оған ала көңілсіз сенеді (М. Ә.).

АЛА КӨҢІЛ ² **1.** *Көбіне, ойы өзге жұмысқа бөлінген, ойы алаң кісі туралы айтылады.* **2.** *Жұртты бөле қарайтын кісі туралы айтылады.* Ала көңіл кісі, жұртты алалап қарайды (АТ).

АЛА КӨРМЕДІ *Алаламай, алыс-жақын демеі, бірдей көрді.* Мұңды, шерлі, жоқ-жітік Ақсап алдын кернепті. Бөрінің көңлін тындырып, Біреуін ала көрменгі (Абай).

АЛА КҮЛІК КЕЛГІР! қарғыс. *Ала күлік түйеде болатын аурудың түрі.*

АЛА ҚАЛЖЫҢ, АҚТАЙ КҮЛІКІ *Әзілшыны аралас, ақ жарылған күлкі.* Балықшылар әлгі бір ала қалжың, ақтай күлкіден тыйылып, тоя жеген астан кейін... жамбастап, теңкиіп-теңкиіп жатыр (Ә. Н.).

АЛА ҚАНАТ ҚАР *Ақ таңдақ жер, қары ала-құла еріген жер.* Жағалауды қыстаған ауылдар күн жылт етісімен қаптай көшіп шыққанда, қыр әлі қыс ызғарынан айыға қоймай, қара жел ызғыған жонда ала қанат қар жатты (Ә. Н.).

АЛАҚАНҒА ҚАРАДЫ **1.** *Дәме етті, қолға қарады.* **2.** *Бағымға алынды.*

АЛАҚАНҒА ҚОЙҒАНДАЙ [САЛҒАНДАЙ] *Ап-айқын, дәлме-дәл.* Өр шығарманың үстінде дәл осы жолы суреттеген адамның алақанға салғандай, бір қыртысын қалдырмай ашып, өмірдің де нағыз сөлін сығып бермек болады (Т. А.).

АЛАҚАНҒА ТҮРДЫ *диал. Бағынды, мойынсұнды; күштілігін, басымдығын мойындады.* Шахмат ойынында ферзін алдырған соң, алақанға тұру керек (Сем., Ақс.).

АЛАҚАН ҚЫШУЫ БАСЫЛҒАН ЖОҚ *Айызы қанбай, дегенін істеп, мұраттан бір шыға алмай қалды.* Сол он бес жылдың ішінде қойдай көгендеп, тұтқын ұстағаны да осы. Алақан қышуы әлі басылған жоқ (Ғ. М.).

АЛАҚАННЫҢ АЯСЫНДАЙ *Аумағы тар, кішкентай жер.*

АЛАҚАНЫ ЖАЗЫҚ *Жомарт, береген.*

АЛАҚАНЫНА ҚАРАТТЫ *Айтқанына көндірді; қолына қаратты.* Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс, ауылды алақаныма қаратқан күнім қайда кетті, ойбай! (Ш. Х.).

АЛАҚАНЫНАН ТҮСПЕДІ *Қолдан-қолға тигізбеді, құрмет көрсетті, сыйлады.* Тіпті қанымыз жерге тиген жоқ. Қалаңыздың алақанынан түскеміз жоқ деуге болады (М. Ә.).

АЛАҚАНЫНА САЛДЫ [САЛЫП ОТЫР] **○** **АЛАҚАНЫНА САЛЫП, АЯЛАП ӨСІРДІ** **○** **АЛАҚАНҒА САЛДЫ** **○** **АЛАҚАНДА КӨТЕРІП ӨСІРДІ** *Әлпештеп өсірді; мәпелеп, бағып-қақты; сый-сыяпат, қадір-құрмет жасады.* Қыз ішінде жалғыз едім. Туғанымнан алақанына салып, аялап өсірген атам, анам — ұям еді (М. Ә.). Толқын болса, Бахтияр байдың алақанына салып отырған жалғыз қызы, гимназистка (Қ. Сәр.). — Ата-анам күн тигізбей, желге қақтырмай, алақанға сап, аялап өсіріп еді (Т. А.).

АЛАҚАНЫНА ТҮКІРДІ *Қару-жарағын сайлап, дайын тұрды; іске, тілекке құлшынып тұрды.* Бір-бір шоқпарды алдарына кесе еңгеріп, келсең кел деп, алақанына түкіріп тұрған ығай мен сығай (Ә. Н.).

АЛАҚАНЫНДА ӨСТІ *Көз алдында мәпеленіп, ер жетті.* Жоқ-жоқ... бұл жастар анық біздің алақанымызда бар шынымен көрініп өскен өзіміздің таза жастар (М. Ә.).

АЛАҚАНЫН [ҚОЛЫН] ЖАЙДЫ *Телміріп, дәме етті, тіленді.* Рас, былайша қарасаң, директорларың жаман адам емес, бірақ өздігінен ұмтылу, талпыну дегенді білмейді. Бар тапқаны колхозға алақанын жаяды да отырады (М. И.).

АЛА ҚАПТЫҢ АУЗЫН АШ *Түгел ортаға сал, төгіп сал, барыңды аяма деген сияқты ұғымды білдіреді.* (Бұл жерде «сырыңды аш» деген мағынада айтылып тұр). Ала қаптың аузын аш, Ішіңе жиып, сақтамай, Белгілі байтақ көп теңес, Тосаңсып әлде қалған ба, Не қылып жатыр қаптамай (Н. Н.).

АЛА ҚОЗЫДАЙ БӨЛІНДІ *Жік-жік болып ыдырады, телімге түсті.* (Бұл жерде «бірлік болмады» деген ұғымда айтылып тұр). Біздің қазақтың ала қозыдай бөлінуі біз үшін көңілді нәрсе емес («Айқап»).

АЛА ҚОЗЫДАЙ ҚҰЛПЫРАДЫ *Көздің жауын алып, жайнай түседі.* Семинарияның жалтырақ жез түймелерін таққан Сәкен ала қозыдай құлпырады (С. Тал.).

АЛА ҚОЛ [ҚОЛДЫЛЫҚ, ҚОЛСЫЗ] *Алалаушы, біреудің райына қарай әділетсіздік жасаушы, ыңғайды бағып, пайдакүннемдік істеуші; «ала қолсыз» тіркесі «әділ» деген мағынада айтылады.* Бақтығұл «қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, жүрегі күпті болып,

сла қол, арамза билердің әмірін, кәрін күтті (М. Ә.). Шебер ала қол болатын, адал хақын беремін, сен де адал істегейсің (ҚЕ). Қадыры қалың, малы көп, Қылмаған кімге себепті. Ала қолсыз мырза еді, Кем-кегікті елепті (Абай).

АЛА ҚҰЙЫН 1. *Ұйтқытып соққан боран.* Соқтырып алып завод от тамырын, Еңбекке төгіп алтын ғылым нұрын, Егесіп дүлеймен табиғаттың, Боранның ала құйын аңдып сырын (Қ. А.). 2. *Жеңілтек мінезді, ұшып-қонған адам туралы айтылады.* Көклан (Қобыландыға): Тарт, ала құйын аңғал жас, Асылға асыл бермес. Қара қылыш қолыңда Қаһарыма тең келмес (М. Ә.). Тым құрыса, пәруай, Сындықты мына ала құйын Әмірге берсең етті (М. Ә.).

АЛА ҚҰЙЫНДАТЫП СӨЙЛЕДІ *Көптіріп, әсірелей, өсіре, еліре сөйледі.*

АЛА ҚЫСТАЙ *Қыс бойы, бүкіл қыста.* («Ала» дегенді «жаз» бен «қысқа», кейде «күзге» қосуға болады, жылдың басқа маусымы «көктем» (жазғытұрым, жазғытұры) сөздеріне қосуға болмайды). Ала жаздай сиыр саудық, картоп ектік, ала қыстай бұзау күттік (Ғ. М.).

АЛАЛЫ ЖЫЛҚЫ, АҚТЫЛЫ ҚОЙ *Мыңғырған мал; табын-табын жылқы, қотан-қотан қой.* (Көбіне «алалы» сөзі ақ (боз) түстісі көп жылқы малына айтылса, «ақтылы» сөзі ақ түстісі көп қой малына айтылады). Еспембет: Тобықты шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? *Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың, Найманда алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, оныңды айт* (М. Ә.). *Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме, Иесі ұйықтап жатқан соң* (М. Ә.).

АЛАМАН ҚАЗАҚ БАЛАСЫ *Нақтылы контексте «аламан» ұрысқа, жанжалға бейімділікті білдіреді.* (Бұл, әрине, «халық» сөзіне тән емес. Осы жерде ұран түрінде айтылып тұр). Шоңдұрын: Ой, *Аламан қазақ баласы, бармысың түге... қапта... қапта, байла!* (М. А.).

АЛАМАН ТАСЫР *Ала сапыран, астан-кестен, опыр-топыр.* Көрсайдың ішіне екі болыс, ел жиылып бас жоқандай у-шу, азан-қазан, *аламан тасыр* (Ж. Т.).

АЛАҢ БОЛДЫ [ЕТТІ] **А** АЛБАРЛЫ БОЛДЫ *Ойы бөлінді, көңілі бөлінді, алаңдады.* Үй иесі ертерек кетіп қалуды да ойлап еді, бірақ жас балалармен алаң болды (М. И.). Баратын жеріне жүре алмай, не орнығып қалмай, *албарлы болды* (АТ). Ойынан күдікті ой шықпай қойды. Осымен қатар, Әбіштің байқауынша, кейде Абайды бір мазасыз ойлар алаң етіп, толқытқандай болады (М. Ә.).

АЛАҢҒАСАР АДАМ *Алды-артын абайламайтын есерсоқ кісі.* Алаңғасар адамнан Аңқау шықпай қалмайды (Қ. Ай.).

АЛА ӨКПЕ БОЛДЫ 1. *Адамда, малда болатын ауру.* 2. *Аласұрды, аптықты, әбден зуре-сарсаңға түсті.* Жынды күй жылыта ма, тоңдыра ма? Көшіріп қыз көңілін қондыра ма? Қаһарлы ханышадан келеңке жоқ Ала өкпе болды, кетті ол бір бала (І. Ж.). Байдың мұндай мақтауын алған малай неге болса да, еліктемей ұшып, бар ықыласымен қызмет қылып, ала өкпе болатын еді (І. Ж.).

АЛА ӨКПЕ ТИГІР [БОЛҒЫР]! қарғыс. *Кеселге ұшырағыр! Мына ала өкпе тигірлеріңді кидірмелетіп қайда апарасың, үйге кіргізейін деп пе едің соншама?* (Х. Е.).

АЛАПАТЫ АСҚАРДАЙ *Ала бөтен күшті, айбаты зор.* Алғаш айтқан кезеңім, *алапаты асқардай* батырмен күш сынаспақпын. Кездескелі ізденіп жүргенім — өзіңнің іні батырың Кебек! (М. Ә.).

АЛАРА ҚАРАДЫ Ұнатпай, ашулана көз тастады. Иван оған (қызға) *алара қарады.* Бірақ, сол ест жымия келіп, Ваяны қапсыра құшақтайды (ЛЖ).

АЛАР ДЕМІ БІР ТӨБЕДЕН СОҒЫП ТҰР *Сөзі бір жерден шығып тұр.* Ал бүгінгі таңда Қыпшақ пен Әбілқайыр ханның алар демі бір төбеден соғып тұр (І. Е.).

АЛАС-АЛАС, ОТҚА ҚАЛАС *Екі жерге жағылған оттың ортасынан көш өткізілгенде айтылады.* (Иранша «алас» — жанып тұрған от. Бұл ескі салт көбіне, малға індет келгенде қолданылған).

АЛА САПЫРАН ӘБИГЕР **А** АЛА САПЫРАН БОЛДЫ *Астан-кестен, қарбалас шақ.* Осындай бір ала сапыран әбигерге қашағанды қуып, Сейфолла да әлекке түсті (С. Тал.). Қала бықпырт тигендей, *ала сапыран болды* (С. С.). Оразбай сапылдап: ашуын да, боқтығын да шешен, қара борандатқан дауын, таласын да *ала сапыран* айта жөнелетін кісі (М. Ә.). Далада жаңа қар кетіп, *ала сапыран болып жатса* да, ұстаның дүкенінің іші өте ыссы, әрі шаң, топырақ, күйе (С. Шәр.).

АЛА САПЫРАН ЗАМАН [КЕЗ...] *Жаугершілік, қатты дүрбелең уақыт.* — Шырағым, ел тыныштығын жоғалтқан бір ала сапыран заман болып кетті емес пе, — деді ақсақал үнілеп, — жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығады, қатты-қатты сөйлесе, мұсылман діннен шығады (І. Е.).

АЛАС ҰРДЫ *Алып ұшты; тынышсызданды; жүрегі тулады.* Жүрегі алас ұрат, аттай шабат (С. Д.). Айшаның қиялы қараңғы қорадан асығып, іздегендей алас ұрып келе жатты (С. С.).

АЛА ТАЙДАЙ БҮЛДІРДІ [БҮЛІНДІ] 1. *Лаң, бүлік салды, атыстырып-шабыстырды; астан-кестені шықты.* Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не қара басты, көк төбелі (С. О.). Бір уақытта елдің

іші ала тайдай бүлініп, адам басы дал болды да қалды (Ғ. М.). 2. Қатты ашуланды, долданды.

АЛА ТОПАЛАҢДАТТЫ *Бөрі тигендей қылды.*

АЛАУ-ДАЛАУ БОЛДЫ *Бұл жерде қалай болса солай, жалаңаш-жалпы, алқа-салқа күйінде жүгіре шықты деген мағынада. Тәңірберген жіберген жігіттің алдына түсіп, дедектеп басып, сыртқа алау-далау боп жүгіріп шықты (Ө. Н.).*

АЛАУ ҰРДЫ **АЛАУ-ЖАЛАУ БОЛДЫ** [КҮЙДІ] *Іші әлем-жәлем боп күйді, от болып жанды. Илияс та кеткелі жатыр. Оның аз ғана жүгі буылған. Бірақ, ішінде от жанғандай алау ұрған қиналу күйі кетер емес (М. Ә.).*

АЛА ҰСТАДЫ *Алалады, әділ қарамады. Балаларды ала ұстамай, бәріне бірдей қарап, үй ішіндегі, айналадағы өмір үлесіне бірдей тарту керек (ХМ).*

АЛА ШАБЫР *Аралық, туыстығы шамалы ағайындар туралы айтылып тұр. Мынау сыйлы жиеннің сылтауы болмаса, осынау ала шабыр ағайынның осыншалық үйіріліс табуы неғайып (Т. Ә.).*

АЛА ШОЛАҚ БОЛДЫ *Қар ери бастады, жер ала тартты. Қар ала шولاқ болған жазғытұрғы уақыт екен (ШС).*

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ *Қазақтың баласы, қазақ. («Алаш» сөзі ескі дәстүрде кей уақыт «қазақ» сөзінің ұғымын білдірген). Балуан Шолақпен кездесіп те көрген адам емеспін. Сонда да алаштың атақты азаматының бірі ғой деп, іштен сыйлайтын ем, абақтыға ол түскенде, ішім ашыды, бірақ амал қанша (С. М.).*

АЛБАСТЫ [ӘБІЛЕТ, ҚАРА] БАСҚЫР! *қ а р ғ ы с. Булар әдетте ашуланғанда, біреуге кейігенде жамандық келсін деген мағынада айтылады. Хан емесің қасқырсың, Қас албасты басқырсың, Достарың келіп табалап, Дұшпаның сені басқа ұрсын (М. Ә.). Бірі — әлгі әбілет басқыр Сандыбай да, екіншісі — біздің колхоздың бір жігіті (Қ. Сат.). Қара басқыр, тал түсте осыны көрмей, не қара басты! (АТ).*

АЛБАСТЫ [ӘБІЛЕТ, ҚАРА] БАСТЫ [БАСҚАН] *Масқара болып, оңбай қалды; жын ұрып, түкті білмей қалды. Надан халықтар әйел бала туғанда, әлсіреп, талса, оны «албасты басты» деп түсінетін (Ы. А.). Ей, Сүйіндік, — деп киіп кетіп, ұрыса сөйледі, — албасты да қабаққа қарай басатын (М. Ә.). Бірақ, кенет үстін албастыдай басып, алқымынан қысқаштай жабысып, темір саусақтар үнін шығартпады (І. Е.). Алжып тұрсың ба, Жалмақан-ау, әбілет басты ма сені?! — деп еңтікті Байсақал екі иығынан демін алып. Мал ашуы — жан ашуы, жүрегіне шоқ түскендей, шоршып кетті (С. Тал.). Әбілет басқан елерме, Сөзге жуық келер ме?*

Түзу сөзге сенер ме, Түзелмесін білген ез (Абай). Талайы бозбаланың болған ғашық. Уай шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп, Егерде Қамарменен тіл қағысса, Құдай ұрып жым болар, қара басып (С. Т.). Міне, екі күннен бері Нұрымның да жүні жатыңқы, иығы салбырайып, тәңір алғырды мүлдем қара басып кеткен (С. Т.).

АЛБЫРТ КӨҢІЛ *Алып ұшпа ой, жастық пікір. Қайтейін, сорға тағы жаңылыстым, Қапыда жөні басқа жолға түстім. Асығыс албырт көңіл ағат кетіп, Тағдырдың бал орнына уын іштім (В. К.).*

АЛҒАНЫҢ [АЛҒАН ЖАРЫН] АДАЛ БОЛСЫН! *ал ғ ы с. Қосағыңды құдай адальынан жолықтырсын деген мағынада.*

АЛҒАНЫҢ АС БОЛМАСЫН [БОЛМАҒЫР]! **АЛҒАНЫҢ [ЖЕГЕНІҢ] КӨЗІҢНЕН [АУЗЫҢНАН, МҰРНЫҢНАН, ЖЕЛКЕННЕН] ШЫҚСЫН!** *қ а р ғ ы с. Өзіңе бұйырмасын деген мағынада. Бала үйленсе, белеге қаласың — деп, Омар отыр. Алғаның ас болмасын! — деп, жастар отыр. Осы қарғыс саған лайықты ма, Қамалбек? (С. Төл.). Таңқыбай: Келінжан-ау, ақ келін-ау, түн көрмейін, күн көрмейін, жегенім желкемен шықсын, Шоқбикенің өзі мені қорқытып, қолындағыны қағып жүр (С. Ад.). Мен төремін. Білмедім қатер төнерін. Болмады дегенім, Желкемен шықты жегенім (Д. Е.).*

АЛҒЫ-БЕРГІСІН БАСҚАРДЫ *Шаруашылығына қарады. Арзының өзі керуен тартып, сауда жасауда, үйіндегі алғы-бергісін басқаратын адамы болмайды (ҚЕ).*

АЛҒЫС АЙТТЫ *Ризалық білдірді, рақметін жаудырды. Бүркіт қып бізді баулаған, Ленинге айтам мың алғыс (Қ. А.). Колхозшылар баяндаманы ынтамен тыңдап, алғыс айтысып тарқасты (С. Ш.).*

АЛДА ҒАНА КӨК ШЕШЕК-АЙ [ЖҮГЕРМЕК-АЙ]! *Кейіс-ұрыс сөзі. Алда ғана көк шешек-ай, мықтадың-ау деп, кемпір көзін уқалап қала береді (ҚЕ). Алда ғана жүгермек-ай, — деп, екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсіп, қуа бердім (ҚЕ).*

АЛ-ДАЛ БОЛДЫ *Әуре-сарсаң күйге түсті, дуын-дуын болды деген мағынада. Ал-дал боп атақты ақын жыр толғатып, Ойлайды кейде отырып, кейде жатып. Келешек дастанына «Әлия» атты іздейді сөз асылын күн-түн қатып (Ж. М.).*

АЛДАМШЫ ОҚ *Бұл жерде ақын алдамшы, көз бояушы, шын жалғанышы деген мағынада алған. Жауыз жалған, алдамшы оқпын, Кім кірмеген кермеңе. Мен де соның бірі боппын, Қош! — де, қолды серме де (В. К.).*

АЛДАП ҰРДЫ [СОҚТЫ, ТҮСІРДІ] *Алдандырып отырғызып кетті, қызықтырып, жолдан тайдырды. Ахиретте сауап*

жоқ, Алдап ұрар дүние боқ, Бай кісіні қадірлеп, Жарлыны кем көрген соң (Д. Б.).

АЛДИЯР ТАҚСЫР! Құлдық, әміршім деген мағынада. («Алдияр» деген — «алла жар» болсын, «алла дос» болсын деу. Бұл фраза ескі дәуірде қолданылған). Алдияр тақсыр, ағат айтсам, айып етпеңіз, ызалы сөз қашан да қаттырақ шығады (Ө. Ә.).

АЛДЫ-АРТЫНА ҚАРАДЫ Түбін ойлады; келер-кетерін аңғарды; пайымдады, жан-жағын топшылады, абайлады. Сонда ақын белін буынып, Алды-артына қаранар. Дүние кірін жуынып, Көрініп ойға сөз салар (Абай). Дос та елден, жау да елден, Алды-артыңа қарарсың, Күндестік те еліңнен, Міндестік те еліңнен (Д. Б.).

АЛДЫ-АРТЫН БІЛМЕЙТІН Жөн білмейтін, пайымына жетпейтін, тоң мойын. Тоғызбын деп мақтанға, Алды-артын білмейтін Доңыз шықса қайтесің (ШС).

АЛДЫ-АРТЫН ОРАДЫ Алдын ала ойлап, қарсы келуге мұрша бермеді.— Балам-ай, алды-артымды орап алдың-ау, осы сен, ө? — деп, Сүйіндік ақырын күле түсіп, екі ойлы боп қалды да, Асылбекке қарады (М. Ә.). Алды-артымды орап, қамап болдың-ау, жарқыным (М. Ә.).

АЛДЫ КЕҢ Қайырымды, пейілді, кешірімді; қанша дегенмен, алдына келгенге қайырымы мол деген мағынада. Қанша зәріл, сұсты болса да, кішіге алды кең кісі жайылып сала береді (АТ).

АЛДЫНА БАС ИДІ Тағзым етті; бағынды, мойынсұнды. Қылған ол ақ патшамен алыс-беріс, Алдыңа бас иіп тұр бар дұшпан кеп (Ш. Ж.).

АЛДЫН АҒАЛАДЫ ди а л. Алдына шықты, оды. Жақсы киімдерін киіп шықса, бұл кісі көптің алдын ағалайды (Сем., Ақс., Көкп.).

АЛДЫНА ҚАРА [МАЛ, ЖАН] САЛМАДЫ 1. Жарыста алдына мал түсіріп көрмеген күлік-жүйрік туралы айтылады. 2. Өзгеге есе-жол беріп көрмеген, сөзге жүйрік шешен, ақын, т. б. туралы айтылады. Алдына жан салмаған Біржанға Сараны да жеңу мұрат. Бірақ, ол Сараны көруді, тілдесуді, сырласуды арман етіп келеді (М. Ә.). Сол қашықтыққа баттерфляй әдісімен жүзуде Қарағандының өкілі В. Бушуева 1 минут 28,2 секунд уақыт көрсетіп, алдына жан салмады (ЛЖ).

АЛДЫНА КЕЛГЕНІН ТІСТЕП, АРТЫНА КЕЛГЕНІН ТЕПТІ Маңына жолатпады. (Тым тентек, мінезі шадыр кісі, ат туралы айтылады). Барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды (КЕ).

АЛДЫНА КЕЛДІ ○ **АЛДЫНА КЕЛТІРДІ** ○ **АЛДЫНА КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ** **ТАРТТЫ** 1. Өз басына келді. 2. Бетіне са-

лық қылды, істеген ісін, сөзін өзіне айғақ қылды. Келмей қалмас алдына, Ер жігітті қорласа. Жамандарға сөз айтсаң, Жағаған атар жармаса (М. Сұл.). Қайдан білдің, тоғыз би, Боламын неден қазанның? Қатерді қызың мен болсам, Алдына келсін балаңның (А. Аз.). Мен үш рет өз істегенімді алдыңа келтірдім,— дейді (КЕ).

АЛДЫН АЛА Күні бұрын. Бар болыста, Абай сол елдердің естияр, адал деген адамдарымен алдын ала ақылдасады да, Лосевскийге өзінің «пәленді сайлау лайық» деген ұсынысын айтады (М. Ә.).

АЛДЫН АЛДЫ Бәрінен бұрын, күні бұрын қарсы әрекет етті, қарсы айла жасады. Невроздың алдын алу шараларын іске асырып отыруда ішкі құрылысымызда кездесетін көп ауруларды болдырмаудың үлкен маңызы бар (М. Қайр.).

АЛДЫНАН ДАУ, АУЗЫНАН СӨЗ **КЕТПЕДІ** Айтыс, дау-шарды алдынан жібермеді. Іріңдеп, сығырайып екі көзі, Бопыпты Керейдің бір бұлдысы өзі, Алдынан дау, аузынан сөз кетпелті. Айтқанда Керейлерше «Дәудің өзі» (І. Ж.).

АЛДЫНАН ЕШКІМ [ЖАН] ШЫҒА АЛМАДЫ ○ **АЛДЫНАН ШЫҚПАДЫ** 1. Қолын қақпады, бетін қақпады, қайырмады; қатты құрметтеді. Қыз ішінде жалғыз едім. Туғанымнан алақанына салып, аялап өсірген атам, анам — ұям еді. Өлі де өзге күнде алдымнан шығары жоқ (М. Ә.). Барар құс басы ілгері, Кім шығып келті алдыма? Қалауым сенен жан ата, Қаруымды сай алам (Д. Б.). Аса тілеулес ағасы Абай оның алдынан шықпайды және ешкімге бетін де қақтырмайды (М. Ә.). Ең алдымен баласына естігендерін айтып, әке алдынан шықпаудың керек екендігін тапсырды (К. О.). 2. Өр көкірек, қаһарлы, өктем кісі туралы айтылады; бетіне ешкім қарсы келмеді. Алдынан шыға алмады ешкім мұның, Бәрін де алды, қорқытты жолдағының. Жан шықпады, алдынан тоқтауы жоқ, Жер жүзін жеке билеп алушының (Абай).

АЛДЫНАН [АЛДЫҢНАН] ЖАРЫЛҚАСЫН тілек. Дегенің болсын, бақытты бол. (Көбіне жүргінші, жолаушыға айтылады). «Жұрт сыйлайтын Масанның немересін ұстағаннан жақсы ат алмаспын, алдынан жарылқасын, қоя берейін»,— деп шешті Ағыбай (І. Е.). Сенің де алла алдыңнан жарылқасын (КЕ).

АЛДЫНАН [КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ] ӨТПЕДІ Үлкен ибалық істеді, сыйлады, ізет сақтады, құрмет етті. Оның жақсы бір мінезі өзінен үлкендердің алдынан кесе-көленең өтпейтін еді (С. М.). Алдыңнан кесе өткен жоқ, құдай айғақ (С. Т.).

АЛДЫНАН ӨТТІ Бір іске кіріспестен бұрын басқа біреуден ықтияр-рұқсат сұрау мағынасында айтылады. Оның арқа тіреуі керей, сенсің. Алдыңнан өткелі кел-

дік (С. М.). Таутүрген аулына келген сайын мен шопандар ағасы Қалмұқамбет қарияның алдынан өтпей кетпеймін (КТ).

АЛДЫНАН ШЫҚТЫ 1. Қарсы алды. Даяшылар алдынан шығып, үйді-үйге ертіп жүрді (АТ). **2.** Қарсы келді, алдын орады, орағытты. Енді алдыңнан шығайын, Жауған күндей себелеп. Ақмырзамды өлтірдің Ақ сойылмен төбелеп (Б. Қ.). **3.** Біреуге істегені (жақсылығы не жамандығы) қайтты. Тілден берген бағым бар, Хауіпте көңіл тұрады. Кісіге қылған жақсы ісің Алдыңнан барып шығады (М. Сұл.).

АЛДЫНА ТАРТЫ Бұл жерде мойын ұсындыру, алдына жүгіндіру мағынасында қолданылып отыр. Қарашаш деді:— Ізіңмен бәрің де қайт, Әділ кел, Әлімқұлға болмай мият. Сияқты Сапақ итің кірді үйіме, Алып кел, айыпкерді алдыма тарт! (І. Ж.).

АЛДЫНА ТҮСТІ¹ Үлкеннің жолын алу, дәстүрді бұзып, ағаның алдына шығу мағынасында. Аға алдына түсу Қасым төре балаларының арасындағы дәстүр емес, сөйтсе де, ағалары Саржан мен Есенкелдің қылығына Кенесары түсінбейді (І. Е.).

АЛДЫНА ТҮСТІ² Бағынды, көнді.

АЛДЫНА ТҮСТІ³ [ШЫҚТЫ] Озық болды, асып кетті. Дәукем бидің қатыны пейілі кетіп, Пейілі кетіп тұрғанда, келдім жетіп... Алдына Ұлы жүздің түсемісін, Шөжені іздеп келген өкпелетіп? (Ш. Қар.).

АЛДЫН [БАҒЫН] АШСЫН тілек. Жолы болсын, бақытын ашсын, бетінен жарылқасын деген мағынада айтылады. Қойнынан құндыз алып, Абыздың алдына салып:— Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер, өз аға,— деді (М. Ә.).

АЛДЫН АШЫҚ, АРТЫН ТҰМАН ҚЫЛДЫ Құғыншыдан тылсыммен артын тасалады, ізін жасырды. Ханның қызы қара жорғаны мініп алды. Сол кезде қара жорға алдын ашық, артын тұман қылып, қызды алды да жөнелді (ҚЕ).

АЛДЫН КЕС-КЕСТЕДІ 1. Аяғына оралып жүргізбеді, кедергі болды. Алдын кес-кестей, ақ таяқты, ақ сақалды Мақаш келеді екен, тосып алды (Ғ. Мұс.). 2. Сөзін, әңгімесін бұзды, киіп кетті.

АЛДЫН ОРАДЫ 1. Жолын кес-кестеді. 2. Айтар сөзінің бағдарын күн ілгері білді.

АЛДЫН ТОРЫДЫ [ТОСТЫ] Жолын күтті, аңдыды. Отыз құл ақылдасты басты қосып, Өлеміз деп ойлады жаннан шопып. Бір шеттен бір жағаға келе жатқан Кәрі иттің ұстай алды алдын тосып (Абай).

АЛДЫҢА ҚҰДАЙ КЕЛТІРСІН! қарғы с. Қылған жамандығы өзіне келсін. Алдыңа құдай келтірсін, Маған қылған ісіңді (ҚЖ).

АЛДЫҢНАН АҚ КҮН ТУСЫН, АРТЫҢНАН АЙ ТУСЫН! алғы с. Жолың оңғарылсын, жолың болсын, құдай бетіңнен жарылқасын.

АЛ ЕНДІГІН АЛДЫРДЫ Өңін, жүзін солдырып, қайғыға батты. Үйде отырған арудың ал ендігің алдырып («Шайыр...»).

АЛ КЕП... Өршелене кеп, үстін-үстін екілене кеп. Ар жағынан тағы да құсық лықси бастаған соң, аузымды екі алақаныммен бастым да, далаға жүгіре жөнелдім... Босағадан шыға беріп, ал кеп құс, ал кеп құс! (С. М.). Сонан бақсы білеудей сегіз қырлы сарыбас қамшыменен өзін-өзі ұрып, бүлініп кеп: «аруак, аруак!» деп, жындарын шақырып, бір олай, бір бұлай зырылдап жүгіріп, ал кеп ұрмасын ба? (С. Т.).

АЛҚА-ҚОҒАН ОТЫРДЫ Айнала қазқатар боп, жағалай, тізіле отырды. Түске таман ауыл сыртындағы кең көгалда жұрт алқа-қотан отырды (С. К.). Жұртқа құр Ордабаев ұрынған да, Жиналып алқа-қотан отырғанда, Бетіне кателігін басушы еді, Білетін жұмысшылар бұрыннан да (Т. Ж.).

АЛҚАМ-САЛҚАМЫ ШЫҚТЫ Алба-жұлба болды, тозығы жетті. Екі МТС-7 тракторының жөндеуді күтіп тұрғанына, міне, бақандай үш ай. Ал, алқам-салқамы шыққан комбайндар қаншама? (ЛЖ).

АЛҚЫМҒА [ЖАН АЛҚЫМҒА, АЛҚЫМНАН] АЛДЫ [ТАЯДЫ] Қыспаққа алды, апысысын қуырды, тығырыққа таяды, өлерменге келтірді. Жоспарымыз орындалып, Жұмыс кірді қарқыңға. Тап жауының іші жанып, Алдық біз де алқымға (Б. М.). Адамзаттың дұшпаны фашизммен алысып, Жауға ойран салғанда, Жауды алқымнан алғанда (Жамбыл).

АЛҚЫМЫНА [ТАМАҒЫНА] АШУ ТЫҒЫЛДЫ Көмейіне тірелді; ызаға, ашуға булықты. Алғаш бір ойлап, алқымына ашу тығылып келген күйі осы еді (М. Ә.). Ашуы тамағына тығылып, шашалып, шарылдай сөйлеп кетті (АТ).

АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН КЕЛДІ диал. Асығыс келді, шұғыл келді. Біз осы хабарды естісімен алқын-жұлқын келдік (Шығ. Қаз., Больш.).

АЛЛА [-НЫҢ, ҚҰДА, ҚҰДАЙДЫҢ] ӘМІРІ [ҮКІМІ, БҰЙРЫҒЫ] Васқа салды, тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, құдай ұйғаруы деген мағынада. Құдай бұйрығы болса, құрықтағын құтылып кетеді (АТ). Бала анадан тұмақ бар. Алла әмірін білмек жок (БЖ). Жібегім неге қорқады. Жамап, жақсы болса да Алланың

* «Алла», «құдай», «пір» сөзімен келетін фразалардың көбі діни ұғымда.

болар әмірі (ҚЖ). Келін, құда бұйрығы, шарият пиғылы. Жақынды жат көрмеңіз, Бұрынғы, соңғының жолы (І. Ж.).

АЛЛА [ҚҰДАЙ] БАҒЫН АПШТЫ Жарылқады; жолы, дегені болды. Базарбайдың Төлеген Енді белін түйінді, Асыл киім киінді, Бағымды алла ашқын деп, Пірлеріне сыйынды (ҚЖ).

АЛЛАҒА [ҚҰДАЙҒА, ТӘҢІРГЕ] ЖАЗДЫ ○ ҚҰДАЙҒА ШЕТ БОЛДЫ Діни түсінік бойынша «алла жолынан ауытқыды», «күнәкар болды», «жазықты болды» деген мағынада айтылады. Бірінші тілек тілеңіз: Бір аллаға жазбасқа. Екінші тілек тілеңіз: Пиғылы пасық залымның Тіліне еріп, азбасқа (Б. Қ.). Бақсы да, сіре, болмадың. Өлең айтып оңбадың. Ел ішінде азыпсың. Бір құдайға жазыпсың (Жамбыл). Құдай жазбасын да, есіткенде иманың түршігеді (Б. М.). Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмеңдеп, дуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды? (Абай).

АЛЛАҒА МАҚҰЛ БОЛСЫН Орынды, лайық, жөн іс болсын. Болмайды енді тұрысым, Мақұл болсын аллаға Менің бұ қылған жұмысым (МЗ).

АЛЛАҒА [ҚҰДАЙҒА] МІНАЖАТ ЕТТІ Сыйынды, жалбарынды. Құбылаға қарай бас қойып, Мінажат етіп аллаға, Сәждеге басын салады (ҚЖ).

АЛЛАҒА [ТӘҢІРГЕ] ТӘУЕКЕЛ [НАР ТӘУЕКЕЛ] ҚЫЛДЫ Аллаға арқа сүйеді, сенді, үміт артты деген мағынада. Тән жаратқан, жан берген Тәуекел қылдым аллаға (БЖ).

АЛЛАҒА [ҚҰДАЙҒА] ШҮКІРЛІК ҚЫЛДЫ Құдайға тәубе қылды, ризалық білдірді. Бір жеп алып, шүкірлік Қылайын деп аллаға, Тұмсығында ірімшік, Ойланып қарап тұр еді (Абай).

АЛЛАДАН ПАРМАН [ПӘРМЕН] ТІЛЕДІ Көмек, қуат сұрады. Базарбайдың Төлеген Жайыққа қарап жол тартып, Алладан парман тілеген (ҚЖ).

АЛЛА ДЕП АРАҚ ПШП, ҚҰДАЙ ДЕП ҚУЫРДАҚ ЖЕДІ Маскүнем туралы айтылады.— Халің қалай, бауырым? — дедім аузыма сөз түспей.— Қалай болушы еді, алла деп арақ ішіп, құдай деп қуырдақ жеп жүріп жатырмыз (Б. Қыд.).

АЛЛА [ҚҰДАЙ, ТӘҢІР] ЖАР [ДЕ-МЕСІН] БОЛДЫ Құдай қолдады, сүйеді. Алла маған жар болса, Еліме алып жөнөдім, Артымнан келіп жатқан соң, Не ғылып жүрген адам деп, Білейін сені деп едім (ҚЖ). Көзін ойып барады, Күнде тесіп төбесін. Ақсақалдан әл кетті, Болмаса тәңрім демесін (Ш. Қ.).

АЛЛА [ҚҰДАЙ, ТӘҢІР] ЖАРЫЛҚА-СЫН тілек б а т а. Құдай оңдасын, тілегіне жеткізсін.

АЛЛА [ҚҰДАЙ] НӘСІП ЕТТІ [АЙЛА-ДЫ] Құдай бұйыртты. Алла нәсіп айласа,

Бір сұлу қызды аламын. Алла нәсіп етпесе, Ендігі сөздің қысқасы, Мекеге таман барамын (ҚЖ).

АЛЛАНЫҢ ЖАЗҒАН ПАРМАНЫ ○ АЛЛАНЫҢ ЖАЗУЫ Алланың әмірі, тағдырдың жазуы, бұйрығы деген мағынада. Шырағым, мына баланы жақсылап бақ, сені де осындай шағыңда баққан едім, серік болсын, бағып күт, бұл да алланың жазуы шығар (ҚЕ).

АЛЛАНЫҢ [ҚҰДАЙДЫҢ] КӘРІ ТИ-ДІ Құдайдың қаһарына душар болды.

АЛЛАНЫҢ [ҚҰДАЙДЫҢ] СҮЙГЕН ҚҰЛЫ Құдайдың жарылқаған пендесі. Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі бола-сың (Абай).

АЛЛА [ҚҰДАЙ] ОҢАРДЫ [ОҢДА-ДЫ] ○ АЛЛА [ҚҰДАЙ] РАҚЫМ ҚЫЛ-ДЫ Мейірі түсті; құдай жарылқады, сәтін, орайын келтірді. Құдай істі оңдаса, Ісім жөнге келгенде, Қамалаған көп дұшпан, Өлі де болса қойдай қылып айдармын (М. Ө.). Көріскен соң бір дидар, Алла оңғарып келгенде. Сынаушы сонда табылар, Мұнда жатқан елден де (Абай). Алла рақым қылмасаң, Қорлықпен күнім кешіпті (МЗ).

АЛЛА [ҚҰДАЙ] САҚТАДЫ Аман қалды. Ғарыштардың панасы Өзің сақта аллаһи (БЖ).

АЛЛА [ҚҰДАЙДЫҢ] САЛҒАНЫ ○ АЛЛАНЫҢ [ҚҰДАЙДЫҢ] САЛҒАНЫН [БАСҚА САЛҒАНЫН] КӨРДІ [КӨТЕРДІ] Басқа түскен нәрсеге, көресіге шыдады. Көтердім алла салғанын. Тістеуді кетті бармағым. Мыстан кемпір, қайтейін, Кесір болдың келдің де... Ішімде кетті арманым (МЗ).

АЛЛА [ҚҰДАЙ] ТАҒАЛА Құдіреті күшті құдай. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі (Абай). Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтіремісің, я өзің үшін иман келтіремісің? (Абай). Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жептесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз (Абай).

АЛЛА ТҰЗЫН КӨТЕРДІ Сапарға шықты, тұз-дәм алыстан бұйырды. Тұзымды алла көтерсе, Ниет қылдым алыс жол (ҚЖ).

АЛМА БЕТ Қызыл шырайлы, топ-толық, жас, балғын жүз туралы айтылады. Алма беттер албырап, Тұлымдары салбырап, Тыңдап отыр сабағын (Ғ. О.). Бір суынып, бір қызып, Нұржәмила албырап, Өнге басты сызылтып, Алма беті балбырап (А. Т.).

АЛМАҒАЙЫП ІС Бірде олай, бірде бұлай болып кетер хауіп-қатері бар іс, әрекет.

АЛМА-КЕЗЕК АЙТЫСТЫ Кезекпе-кезек сойледі. Үшеуі тегінде өзара сөйлей

бастаса, ұдайы Алматы мен Семейді алма-кезек айтысып, салғастырумен болысатын (М. Ө.). Аядай бөлмеде отырған үшеуміз бізге алма-кезек сұрақ беріп, ұзақ сөйлеткен ана ендігі сөз өзінікі екенін айтқызыбай ұқтық (Ө. Нұр.).

АЛМА МОЙЫН, АРШЫН ТӨС **○** **АРШЫН ТӨС, АЛМА МОЙЫН** *Әдемі, ат сағақ, үзілме сұлу мойын.* (Көркем әйел туралы айтылады). Дәмелі қаршыға да, қара құс та, Боп тұрсын сен бір үйрек көлден ұшқан. *Аршын төс, алма мойын, қиғаш қастан* Ешбір жан көре алмадым сенен асқан (И. Б.).

АЛМАС ТІЛДІ *Өткір, әділ тілді; шешен сөзді; сөзі жірдің оғындай.* Тақылдаған таңдайы, Кере қарыс маңдайы. *Алмас тілді* немесе *Шешен* болар ма екенсің? (С. С.).

АЛМАСЫН ҚАНҒА СУАРДЫ *Жауықты, кектенді.* Найзасын қарға асынып, *Алмасын қанға суарар...* Ақ білегін сыбарнар (Б. Ө.).

АЛПАМСАДАЙ [АЗАМАТ] ЖІГІТ *Сойталдай, еңгезердей ірі.* Он бүктеліп, зор тұлғалы, *алпамсадай азамат* түсіп жатты (ЛЖ). Агроном ағай Ермұса Есмұхамбетов: «*Алпамсадай жігіттер* тұрғанда, мектептің оқушы қыздарына техниканы сеніп бере алмаймыз»,— дегені бар емес пе? (ЛЖ).

АЛПЫС ЕКІ [АЛПЫС АЛТЫ] АЙЛАЛЫ *Қу, амалы көп.* Арт жағынан жауырыны бүлкілдейді, Қыран бүктеп астына дәл басқанда. Құсы да, иесі де қоразданаар, *Алпыс екі айлалы* түлкі алғанда (Абай). Аждаһадан кем емес, Аузын ашқан айбарлы, *Алты жүз* кірген соғысқа, *Алпыс алты айлалы* (Д. Б.).

АЛМА МОЙЫН, ҚҰБА ҮЙРЕК *Діни ұғымда береке дарығанға көрінетін қасиетті зат мағынасында* (Қ. орда., Арал).

АЛПЫС ЕКІ ТАМЫРЫ БОСАДЫ [ИДІ, ҚАҢСЫДЫ] *Елжіреп, мейірі түсті, өмірене сүйсінді; жүйе-жүйесі босады.* Тоқсан келді есіліп, Екі аяғын көсіліп, *Алпыс екі тамырдың* Бөрі бірдей шешіліп (ШС). *Алпыс екі тамыры босап*, ырқына көнген кезде, сұраған жеріңді бере қояды. Тек сөйлесе біл (С. Төл.). Әннің аяғын сыбызғыдай сұңқылдатып, ботадай боздатқанда, отырғандардың *алпыс екі тамыры иіп*, көкейін кесіп-ақ жіберді (І. Ж.). Тауға біткен шие-ді, Босатты бала түйені. *Алпыс екі тамыры* Алпамыстың *иеді*, Ат үстінен көтеріп, Алдына алып сүйеді (АБ). Аяз қысса мүйізді, Мүйіз қысып тұқылды. Қаталаса тұқымың, *Алпыс екі тамырың* Қансып қалған сықылды (Д. Б.).

АЛТАЙЫ ҚЫЗЫЛ БӨРІК [ТҮЛКІДЕЙ] *Асыл түлкінің терісінен істелген бөрік.* (Көрікті, сұлу мүшелі, сылаң әйел (кісі) туралы да айтылады). Бұқпантайламай айта бер. Есет! Шіркін, *алтайы қызыл тулкідей* бала емес пе, қазір көрдің

бе ол періштені? — деп, өзінің оны Кеңжебекке нұсқағандағы түпкі мақсатын жасыра түсті (Р. Р.).

АЛТАУ АЛА БОЛСА *Өзара араз, ала ауыз болса; өзара ынтымақ, береке болмаса.* Алтауың ала болып тұрған күнде, Асыңның аузыңдағы кетуді тос. Таласты алалықпен тастамасаң, Бір күні туған жерге айтарсың «қош». Бірлікпен илеу салған құмырсқа да, Қазағым, ісің оңбас, бірікпей қос (С. Д.).

АЛ ТҮШКІРДІМ: «АПТҰШЫ!» *Аққа жору ырымы; лайым солай болғай деген ырым түріндегі тілек.* Желге-күнге тигізбей, Жекеше өзін бақтыршы. Боталайды боз інген, Болғай мың бір қатасы, *Ал түшкірдім: «аптұшы!»* (І. Ж.).

АЛТЫ АЛАСЫ, БЕС БЕРЕСІ ЖОҚ *Ешбір қатынасы жоқ; таныстығы, жақындығы жоқ.* Көрсенші бұл неменің әуселесін, Жол деген сылтауды қыпты бірнемесін. Маманның матап алдам қызын өзім, Саған жоқ алты аласым, бес бересім (М. Ө.).

АЛТЫ АЛАШ [-ТЫҢ БАЛАСЫ] *Ескі дәуірде куллі қазақ, кейде «тұтас қазақ-қырғыз» деген ұғымда қолданылған.* Білемін, хан Бөйке, нарлығыңды, Келсе кең, қайтса қайтпас тарлығыңды, *Баласын алты алаштың* шырқ иіріп, Ел билеп жүріп тұрған хандығыңды (Ш. Ж.).

АЛТЫ АРЫС *Ірі-ірі ру-тайпаны туыстық жағынан топтағанда, «арыс» сөзін қолданады.* Алты арыс Шекті деген ел бар, Ақ Жайық деген өзеннің бойында (ҚЖ).

АЛТЫ БАҚАН ТЕПТІ *Алты ағаштың басын біріктіріп арқан байлап, әткеншек (әлпеншек) теуіп ойнайтын ойын.* Тоғжанның жеңгесі мен Ербол алты бақан тебу қонақтың жолы деп, әлпеншекке Абайды отырғызған (М. Ө.).

АЛТЫ БАСТЫ АЙДАҒАР *Айбарлы да, қушті, дүлей.* (Бұл фраза «жеті басты жалмауыз» түрінде де айтыла береді). Ондай жағдайда, *алты басты айдаһар* болса да, Қоңырқұлжа, Ахметтерден өш алу оңайға түседі (І. Е.).

АЛТЫ БАТПАН *Аса зор, үлкен; тым ауыр.* Көгердім алты батпан дәудің басын (ҚЕ).

АЛТЫ БАТПАН АЗАП *Ауыр жол, қиянат-қасіреті мол өмір жолы.* Білемін алдам азап алты батпан, Мен емес арам істе арын сатқан. Сұм заман сыбағама сені берді, Талап бақ, жауың болсам, тағы тапқан (М. Ө.).

АЛТЫ ҚАБАТ АСПАННЫҢ АР ЖАҒЫНДА **○** **АЛТЫ ҚЫРДЫҢ АР ЖАҒЫНДА** **○** **АЛТЫ ҚЫРДЫҢ АСТЫНАН** *Алыста, қиырда; алыстан, қырдан.* Алты қырдың ар жағында жүрсе де, аман жүрсін, өлтірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірлігін тілеймін (ШС). Мен Біржан болғалы биыл емес, Өлең шір-

кін біздерге қиын емес. Алты қырдың ағынан ән шырқасам, Даусым отарбадан кейін емес (Б. Қож.).

АЛТЫ МАЛТА АС БОЛМАЙ *Басқа қиыншылық күн туып, жартымсыз тамаққа көніп деген мағынада айтылады.* Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала Сақалы шығып, жат болмай (М. Ө.).

АЛТЫН АЙДАР, ЖІБЕК ШАПТЫ **АЛТЫН АЙДАР, ҚАЛАМ ҚАС** **АЛТЫН АЙДАР, ШОҚ БЕЛБЕУ** *Қисса-дастандар кейіпкеріне тән суреттеу дәстүрі, сұлулық өлшемі.* Ақылын, Манат, сенің жұрттан асты, Қыз едің алтын айдар, жібек шашты. Қасқитып, күрек тісің күлім-детіп, Қылмады-ау құдай дұшар сіздей жасты (М. Б.). Мысал сөз алтын айдар жібек деген, Қыз едің сөз қадірін білед деген. Сөзімді гәуһар деген қош алмасаң, Сен де бір тесік тассың мірге өтпеген (М. Б.). *Алтын айдар, қалам қас, Қадірге жетер замандас (ХӨ).*

АЛТЫН АЙДЫ АСПАННАН АЛДЫ *Қанатын алысқа самғады; құлашты көкке ұрды, қол жеткісіз қиынға қол созды; үлкен үміт артты.* Қайрат қозса, құмды судай сапырдың, Таудай істі түк көрместен жапырдың. Аламын деп алтын айды аспаннан, Арыстандай айбат шегіп атылдың (Б. К.).

АЛТЫН АРАЙ *Таңның қызарып шапақ атуы я күннің қызарып бағуы.*

АЛТЫН АСЫҚТАЙ *Әп-әдемі, сүйкімді, икемді ғана.* Трактормен тіліп жіберіп, іші-сыртын екі қатар өктесе, алтын асықтай үй болмас па еді (ЛЖ).

АЛТЫН БАСТЫ ЕРКЕК [ӘЙЕЛ] 1. *Ер азамат, жігіт; еркек.* «Алтын басты» еркекке «Борық бас» боп ердік біз, Шапса басың, алса жан — Ықтиарын бердік біз (Б. К.). 2. *Ақылды әйел.*

АЛТЫН БЕСІК ОТАНЫМ *Туып-өскен құтты ұя, ел, Отан.* Шаттыққа, қуанышқа тоя ма адам, Бұлар ер жанын аямаған. Айналдым алтын бесік Отанымнан, Осындай ұл-қыз туып аялаған (О. М.).

АЛТЫН ЖАҒА СӨГІЛДІ *Бірлік-берекеден айрылды, тоз-тоз болды; құрмет-қасиетінен жұрдай болды.* Елдік кетіп ыдырап, Алтын жағаң сөгіліп, Абыройың төгіліп... (Д. Б.).

АЛТЫН ЖЫҒА **АЛТЫН ЖЫҒАН БОЛСА ДА, ЖАҒА МЕНЕН ЖЕҢ КЕРЕК** 1. *Патша, хан басына, бас киіміне қадайтын билік белгісі.* 2. *Алтын жыға қамқа зер тонымен жарасты; әрбір қымбат нәрсе өзге салтанатымен жарасты, әрбір жаңсы кісі қолдар, қошеметтер тұрғыласымен, тобымен жарасты.* Алтын жығаң болса да, жаға менен жең керек, асқан батыр болсаң да, ағайын мен ел керек дегендей, қызметте, екіталай шақ күнде, үйде балтыр сыздар бір күйде қанат-құйрық кере-

гін, жан ашыр дос, ниеті қалыс орта керегін анық сезінесің (АТ).

АЛТЫН ИЫҚ ТӨРЕ *Патша заманындағы шен-шекпенді әкім, патшалық дәреже иелері.* Оқытып алтын иық төре етеміз деп жүрсен де, осы бала бұзылып кетпесе кәйтсін (Ә. Н.).

АЛТЫН КӨРСЕ, ПЕРІШТЕ ЖОЛДАН ШЫҒАДЫ [ТАЯДЫ] *Тұрақты, адал жан жоқ, өз құлқы үшін дұрыстықтан таяды, сатылады деген мағынада.* Сыр алдырмас кісі жоқ мақтанса да, Қасқыр түсер қақпанға сақтанса да, Алтын көрсе, періште жолдан шығар, Күне қылмас кісі жоқ ақтанса да (МЗ).

АЛТЫН-КҮМІС ТАС ЕКЕН *Жеуге, ішуге жармайтын қымбат зат, дүние — боқ деген ұғымда айтылған.* Азықсыз, аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ. Арпа, бидай ас екен, ашыққанда, алтын-күміс тас екен (АӨ).

АЛТЫН КҮРЕК **АЛТЫН КҮРЕК СОҚТЫ** **АЛТЫН КҮРЕГІМ** 1. *Жылы жел, көктемде қарды алатын жел.* Кейде аяз, кейде бұрқақ, кейде қырбақ, Кейде ерігек, кейде күршік, кейде сырғақ, Жер таршып, аспанды аршып алтын күрек, Сыпырап сұрапылды кейде бір уақ (І. Ж.). Жер астынан соғды алтын күрек, Жан жұбатар, о қалқа, айтшы тілек (АӨ). 2. *Қайғы басар, серігер даруым.* Дерт басқанда жүрегім айықтырып, қайғы аршыр менің алтын күрегім (АТ).

АЛТЫН ҚАБАҚ *Жамбы; жамбы ойыны.* Тойда алтын қабақ атып, жүлде алды (АТ).

АЛТЫН ҚҰЙРЫҚТЫ, ҚҰНДЫЗ ЖҮНДІ *Асыл, қымбат.* (Ауыз әдебиетіне тән суреттеу тәсілі). Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады (ҚЕ).

АЛТЫНМЕН АПТАП, КҮМІСПЕН КҮПТЕДІ *Түрлі жиһазбен толтыра безендіріп, құлпырттып қойған жай.* (Молшылыққа кенелген адам туралы айтылады). Шіркеу іші салқын, жарық. Қайта туу дәуірінің үлгісімен салынған үйдің ішін алтынмен аптап, күміспен күптеп тастаған (ЛЖ).

АЛТЫНДЫ САУЫТ КӨБЕ *Алтыннан зерлеген сауыт.* Үстіңе баса киіп ал, Алтынды сауыт көбені (ҚЖ).

АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ *Жақсының көзі.* Өз бауырымды қуантсын. Алтынның сынығы дермін, өкеп бер! (М. Ө.).

АЛТЫН ТАЖ КИДІ *Басына бақ орнады; билік құрды (патшалық белгіге ие болды).* Жар емес, жақын емес, күнім емес, «Жат, жау» деп ырылдасқан емес егес. Алтын таж кию, алтын таққа міну, Патшалық, байлық үшін уайым жемес (Б. К.).

АЛТЫН ТІЛЕК ТІЛЕДІ *Жақсы, ізгі тілек тіледі. О, алтын тілек тілеген ана!* Тобаң аузыңда, бұршағың мойныңда неше рет болмады (АТ).

АЛШАҢ [АЛШАҢ, АЛШАҢДАЙ] *БАСТЫ Кеудесін көтерді; кердең жүрді.* Осы кезде орта бойлы, толық денелі сақа жігіт алшаң басып алға шықты да, қуанышын жасырмай, күлімсіреп сағатына қарады (А. Жол.). Мен боламын демеңдер, Аяқты алшаң басқанға. Екі көзің аларып, Құр қарайсың аспанға (Абай). Ақмырза алшаңдай басып, орнына барып отырды (С. О.).

АЛШЫ [АЛШЫСЫНАН] КИДІ *Бас киімді артқа итере, одырайта кию.* Аяң тұмақты алшы кигізгендей (Абай). Пұшпақ бөрікін алшысынан киіп, қанжығасына байлап, құлақтарын салақтатып, бауыздалған көкше қояндарды көп әкеледі (С. Тал.).

АЛШЫЛЫ ШІК БОЛЫП, ЖОЛЫ БОЛДЫ **○** **АЛШЫЛЫ ШІК, ТАУАЛЫ БҮК** *Асық ойының ұтыс түрінен шыққан. Екі жақты сәті түскен іске айтылады. Асық ойында бір асықты екінші асықтың жеуі, асықтың осы атауларға ие жатысына қатысты: шікті алшы, бүкті тауа жейді. Екі жақты орайлас келген қос іс (қатынас) сәті тұсында осылай айтады.*

АЛ ШЫМЫЛДЫҚ *Қызыл жібек шымылдықы; жас ару мүлкі.* Зерлі орындық үстінде, Ал шымылдықы ішінде, Тұлымшағын төгілтіп, Ару сүйдім, өкінбен! («Шайыр...»).

АЛЫМ-БЕРІМ ІСТЕДІ *Тырысыл-тырманды, әрекет қылды.* Судыр Ахмет бір бауыр жерге дейін алым-берім істеді де, белі шойырылып отыра кетті (Ә. Н.).

АЛЫНБАҒАН АРЫМ БАР *Біреуде есе-сі бар, намысының, кісілігінің есе-қарымтасы бар.* Бағынбаған жауым бар, Алынбаған арым бар, Жер жүзін шайқар жайым бар (В. К.).

АЛЫНБАЙ ЖҮРГЕН КЕК, ТИМЕЙ ЖҮРГЕН ЕСЕ *Қарымтасы қайтпай, өтеуі түгелденбей жүрген орай.* Мына Найманда алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, оныңды айт (М. Ә.).

АЛЫП АЛТЫ, ЖЕП ЖЕТІ БОЛМАЙДЫ *Жұрттан алып-жеп жетіспейді деген мағынада.* Сен бе Қара ішінде Қырым Қожа. Еш нәрсе сұрағам жоқ бұрын, Қожа. Алып алты, жеп жеті боламыз ба, Шеше ғой шалбарыңды ырым, Қожа (ШС).

АЛЫП-ЖҮЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЕШ-ТЕНЕ ЖОҚ **1.** *Айтарлықтай, дүрлігерліктей, хауіп ойларлықтай дәнеңе болған жоқ.* **2.** *Өзгеден ерекшелігі, артықшылығы жоқ.* Клара болмай қарағанда, алып-жұлып бара жатқан ештеңесі жоқ қара торы, ашаң жүзді, қарапайым ғана қыс (ЛЖ).

АЛЫП КЕЛ, БАРЫП КЕЛ **○** **АЛЫП КЕЛ, ШАУЫП КЕЛ** *Аяқ-қолы жеңіл, анда-мұнда көп жұмсанды адам (бала) туралы айтылады.* Мәдердің етігін тазалап, «алып кел, барып келімен» жүгіріп жүрген Сүлейменов Әлиге өте ұнайтын (С. Шәк.). Бірақ, шын мәнінде оның функциясы бұл емес қой. «Алып кел, шауып келмен» жүргенде, комсомол жастар арасындағы ұлан-ғайыр жұмысты кім істейді? (Ғ. Мұс.).

АЛЫП ҚАШТЫ *Қызды жасырын, ата-анасына білдірмей, ертіп әкетті, ұрлады.* Жас қыздың күйеу таңдап, жігіттің қатын тастап, сүйген қызды алып қашуы көбейген еді (М. Ә.).

АЛЫП ҚАШТЫ СӨЗ [ӘНГІМЕ] **○** **АЛЫП ҚАШПА ХАВАР** *Негізі бұлдыр, ұзын құлақ, даурықпа хабар, анық-танығы белгісіз лақап, қауесет.* Осындай алып қашты сөздер балықшылардың аузынан түспей, әркім әр саққа салып... жүргенде, ақыры бір күні жас офицердің өзі де келді (Ә. Н.). Осындай шытырман оқиғалардың үстіне, мына жақтан жаңдарал келеді деген алып қашпа хабар да естілді (С. М.).

АЛЫП САТАР *Саудагер.* (Біреудің мал-мүлкін сатып беріп, үстінен пайда көретін кісі).—Тура келмеді! — деп, тұрғандар тағы шулады. Әсіресе, Нұрғазы, Сәрсенбай, Құдайберген, Садуақас деген алып сатар, подрядчиктердің дауыстары көтеріле шықты (І. Ж.).

АЛЫП ТА ЖЫҒАДЫ, ШАЛЫП ТА ЖЫҒАДЫ *Көңіл қалауынша істеді; қолынан бәрі келеді.* Абай да әуел бастан осы әшекейден, әсіре жылтыр нақыштан қашады. Бұл көркем сөздің жан бауар күлін, бар асыл айбатын бір жолда меңгеріп, оны өзіне бағындырған суреткердің әдісі. Қазақша айтқанда, бұл — алып та жығамын, шалып та жығамын деген сөз. (М. Баз.).

АЛЫП [АТЫП] ҰРДЫ *Бұйым құрлы көрмей көтеріп, лақтырып ұрды.* Көтеріп арыстандай алып ұрып, Төсіне мінді болып тай лашын (РД).

АЛЫП ҰШҚАН *Желікпе көңілмен елпідеген.* Осындай алдын ала алып ұшқан қошемет жайға бір күні бес пәуескемен, тройкалар жектіріп, жез қоңырауларын бұлқынта шылдыратып, қазақтың Оразбай күткен үлкен төресі Әзімхан келіп түскенді (М. Ә.).

АЛЫС АҒАЙЫН [ЖАМАҒАЙЫН] *Жеті атадан арғы зауағат, арғы аталардан барып қосылатын жекжат.* Алыс ағайын жекжат болды (АТ).

АЛЫС КӨРЕДІ [САНАДЫ] *Жат, бөтен санады.* Жақсыны алыс, Жаманды жақын көрме, Жақсы атансаң, басқаның жақын жеме (Ш. Құл.).

АЛЫСҚА КӨЗ ЖІБЕРДІ [САЛДЫ, ТАСТАДЫ] *Өткенді шолды, ой жіберді.*

Көз жіберсем алысқа, Көпті көрдім дегенім — Көп зарыққан ел екен (Жамбыл).

АЛЫСҚА ҚОЛ СЕРМЕДІ *Терең ойлады; биікті меже етті. Ол көп ойлап, жыраққа, алысқа қол сермейтін кісі (АТ).*

АЛЫС ҚИЯ Қиыр шет, ұзақ жер. (Осындағы «қия» деген «қиыр алыс» ұғымын білдіріп, плеоназмды тізбек жасалып тұр). Алақандай бұл жерге, Қалайша енді сыярың. Жақын ең кеше жүргенде, Бүгін сен алыс қиясың (С. Мәу.).

АЛЫСПАҚ КЕРЕК ПЕ, АТЫСПАҚ КЕРЕК ПЕ *Ергеі кейіпкеріне тән күрес шарты. Үшінші дәу: «Менің екі інімді өлтірген қандай дәуісін? — деп, ақырып шығады да, — алыспақ керек пе, атыспақ керек пе? — дейді (ҚЕ).*

АЛЫСТАН ТОЯТ ТІЛЕДІ *Елге қамқор, пана болатын, ел қамы үшін сырт жаққа көз тігетін адам туралы айтылады. Алдынан құйын оратып, Бөкендей орғып желеді. Еспенбет ер сұңқардай, Алыстан тоят тіледі (Д. Б.). Тұйғын құстай алыстан, Тоят тілер деуші едім, Бунағы алтын беліне, Семсер ілер деуші едім (Д. Б.).*

АЛЫСЫП ӨЛЕДІ *Өлгенше алысып, жанталасып, арпалысып қалады. Не болса да дұшпандарыммен алысып өлемін (І. Е.).*

АМАЛ-АЙЛАСЫ ҚҰРЫДЫ [ТАУСЫЛДЫ] ○ АМАЛЫ ВОЛМАДЫ [ҚҰРЫДЫ, БІТТІ, ТАУСЫЛДЫ] *Қолдарынан ештеңе келмей қалды. Ханға естіруге қорқады. Бірақ хан қысқасын, айтпасқа амалы болмайды (ҚЕ). Енді амалы құрып, жас баласын арқалап, әлдекімнен жәрдем іздеп, шұбыра бастағандар байқалады (М. Ә.). Шал мен кемпірдің амал-айласы құрыды. Екеуі бірдей егіліп жылады (ҚЕ).*

АМАЛДЫ СӨКТИ, АБЫРОЙДЫ ТӨКТИ *Жамандық істеді, әрең істелген істі бұзды. Ай, маймыл! Әр алуан ойыншы едің, ойнап айтасың ба, шындап айтасың ба? Амалды сөкпе, абыройды төкпе (ҚЕ).*

АМАЛ ЖОҚ [ҚАНША, НЕ, БАР МА, НЕШК] ○ НЕ ШАРА Шарасыздық, лажсыздық. Қадірлі басым, Қайратты жасым, — Айғаймен кетті, амал жоқ (Абай). *Амал жоқ, қайттым білдірмей, Япырым-ау, қайтіп құйтамын? Қоймады дертің қайтпай, Не салсаң да тартамын (Абай). Айрылатын жетті ғой күн, Амал бар ма, жан жарым? (Б. К.). Амал не, менің сөз айтуымды тілейтін сияқтысыздар (Қ. Ж.). Тілегімді бермесең, Амалым не, жерлесен? Үйір қылма бойыңа, Шыны жақсы көрмесең (Абай).*

АМАЛ ҚЫЛДЫ ○ АМАЛЫН ІЗДЕДІ *Айла жасады, тәсіл қолданды. Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды, Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды. Аша алмады қақпаны, үміт үзді, Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды (Абай). Карашаш сұлуға ға-*

шық болады. Енді қалайда Жиреншені өлтіріп, Қарашашты өзі алу амалын іздейді (ШС).

АМАНАТ СӨЗ ТАПСЫРДЫ *Сөзін жеткізуді өтінді. Егер де Қызырға жолықсаң, саған мен аманат сөз тапсырайын (ҚЕ).*

АМАНАТ [АМАНАТҚА] ТАПСЫРДЫ **1.** *Аманат қылды; сақтауға тапсырды. Әуелі алла, екінші пірлерге баласын аманат тапсырып бір сөз дейді (ҚЖ). **2.** *Кепілдікке берді.**

АМАНДАСЫП ҚАУЫШТЫ Құшақтасты; қоштасып көрісті. Амандасып қауышып, Айырылысар күн болыпты (БЖ).

АМАНДЫҚ ЖОҚ, САУЛЫҚ ЖОҚ *Шу дегеннен, бірден сөзге келмей-ақ кие кету. — Амандық жоқ, саулық жоқ, берген сәлемімізді алмай жатып, мұншама түйілгеніңіз не, ағасы, — деді Есіркеген биязы үнмен (І. Е.).*

АМАНДЫҚҚА МАЛ АЙТТЫ *Есен-саулық үшін құрбандыққа мал атады. Туғаннан ардақтапты бай-бөйбіше, Мал айтып амандыққа әлденеше. Сақта деп, тілден-көзден сыйынпты, Су іпше, қырға кетсе, шөбін жесе (І. Ж.).*

АМАН-ЕСЕН ҚОЛ-АЯҒЫҢДЫ БАУЫРЫҢА АЛДЫҢ БА? *Аман-есен босандың ба? (Бала тапқан әйелдерге айтылады). Немере сүю адамға, әсіресе Сырбайға қандай зор қуаныш. Сол үміт жүрегің уылжыта отыра, Сырбайдың қорқатыны — «аман-есен аяқ-қолын бауырына алса»... (С. М.).*

АМАН-ЖАМАНЫН БІЛДІ *Аман-есендігін, қиындыққа ұшыраған-ұшырамағанын білді. Сендер жүре беріңдер, сендердің аман-жамандарыңды аспандағы жұлдыздардан білемін, — деді (ҚЕ).*

АМАН ҚОНЫС ВОЛСЫН! *диал. Көшіп-қонып, үй тігіп жатқанда айтылатын тілек (Целин., Ер.).*

АМЕРИКА АПШТЫ *кекесін. Жоңғалық тапты. (Ол бірінші болып жол салды деген мағынада орыс тілі арқылы пайда болған калька). Бұл атыраптың байлығын совет ғалымдары әлдеқашан-ақ зерттеген. Одан кейінгілер Америка аша алған жоқ (ЛЖ).*

АНА КӨРГЕН Үлгілі, өнегелі әйел бала туралы айтылады. Ана көрген тон пішер, Ата көрген оқ жонар (Мақал).

АНАНЫҢ АҚ СҮТІ *Адамгершілік, ар-ұят. (Ананың адал ниеті туралы айтылады). Бойдағы адамдық сана ананың ақ сүтінен нәр алып, нұрланған (С. Бақ.).*

АНА СҮТІН [АҚ СҮТІН, ЕМШЕГІН] КӨККЕ [АСПАҢҒА] САУДЫ ○ АНАҢНЫҢ АҚ СҮТІ ҰРСЫН! *қарғыс. Ата-ананың үмітін, тілегін ақтамаған балаға айтылады; ана бала ісіне қарсы болғанда айтылады; Шіркін сұлу дүниені, Талқандатсақ тас жүрекке, Жан күйдіріп іштің*

шері, *Ана сүтін сауар көкке* (Д. Ә.). Сүлеймен жұлқынып кетуге айналды. *Ақ сүтімді көкке сауам!* Әйел омырауын жырттып жіберді (С. Е.). Қалқам Зейнешжан, тілімді алмасаң, *емшегімді көкке сауам*, қолымды теріс жайып, қарғыс берем (Б. М.).

АНАҢНЫҢ КӨРІ ЖАНҒЫР! қарғыс. *Анаңның көрі жанғыр*, мұнда орман сияқты орман бар ма. Кілең бір шөкімдей нәрсе (Т. А.).

АНА СҮТІ [-НІҢ ТАБЫ, ЕМШЕК ТАБЫ] **АУЗЫНАН КЕТПЕГЕН** [КЕШПЕГЕН] **○ БЕСІК ТАБЫ АРКАСЫНАН КЕТПЕГЕН** **○ ЕРНІНЕН ЕНЕСІНІҢ ЕМШЕК СҮТІ КЕТПЕГЕН** *Өте жас, сәби.* (Бұл тіркес, көбіне, біреуді жасынып, қомсынып айтқанда, ісін ерсі көргенде, кеміткенде қолданылады). *Ана сүті аузынан кетпеген* он жасар баланың сөзі сайдың тасындай кесек жатыр (С. О.). *Микола ана сүті аузынан кетпеген* сары үрпек балапан екен (Қ. Сат.). *Емшек сүті кетпеген ернінен* Екі інімді мен қайтіп асырармын (Қ. Жұм.).

АНА СҮТІН АҚТАДЫ *Ананың ізгі тілегінен шықты; ана, ел сенімін орындады.* (Бұл фраза «Отан сенімін ақтау» мағынасында да жиі айтылады). Қажырлы туған жас бала, Самолет жерге түскенде, Қорықпаған, саспаған. Ерлік десен, осыны айт. Сабырлықпен батырым, Төрт дұшпанды өлтіріп, Өзін аман сақтаған. Батыр десен, осыны айт, *Ана сүтін ақтаған* (Н. Б.).

АНА СҮТІН ЕМІСТІ *Бірге, тел өсті, бір ананы тел емді.* Аман болғын, хош жігіт, *Ана сүтін еміскен* (БЖ).

АНАСЫНАН ҚАЙТА ТУҒАНДАЙ **○** **ЕНЕДЕН ЕКІ ТУДЫ** *Дүниеге қайта келгендей.* (Ауырып я мертігіп аман қалғанда айтылады, қартайып отырып қалған кісіні күтімге алғанда айтылады). *Анасынан қайта туғандай*, Жаңылдың жаңа өмірі басталды (Т. А.). Тұғырға қонды қайта қанды балақ. Сапаққа жаңа кірді жан домалап. «*Енеден екі тудың Сапағым!*» — деп Мәз болып Үйсін, Дулат кетті тарап (І. Ж.).

АНА ТІЛІ *Туған халқының тілі.* Бала тілі балдан тәтті, *ана тілі* одан тәтті (АТ).

АНАУ-МЫНАУДЫ ҚОЙ *Бос сөзді, көр-жер, берекесіз жұмысты таста деген мағынада айтылады.* Сол-ақ екен, Шәлткік *анау-мынауды қойып*, өз басының ендігі ерлігін қақтара тұрып, колхозға қарай салып еді (М. Ә.).

АНАУ-МЫНАУ ЕМЕС *Екінің бірі, әлдекім емес.* [Айғаным] *Жастай көрі кісіге және анау-мынау емес*, ханға әйел болған ол, өзінің қоғам ішіндегі орнын, Үеліге некесі қиылғаннан-ақ білді де, «ханның әйелі», «әулиенің қызы» деген атақ-абыройына кір келтірмеуге бекінді (С. М.).

АНДАЙ ЖӨНЕЛДІ **○** **АНДАП** [АНТАЛАП] **КЕЛДІ** *Лек-легімен тұс-тұстан жаптармағай, қаптай ұмтылды, тұс-тұстан төніп келді.* Жұман аулынан *андай жөнелген* шапқыншыларды Омар өз көзімен көрген (Ғ. М.). Ес-түсі жоқ мас фашистер, *Андап келед* иттей ұлып. Наталья ұшып тұрды. Шабұылға кетті жүріп (С. М.). Атаңа лағынат, алпыс ит, Жанын өзі берсін деп, Қорлықпенен өлсін деп, *Анталап келіп* тұрады (ҚЖ).

АНТ АТҚАН [ҰРҒАН, СОҚҚАН] **○** **АНТ АТСЫН** [АТТЫ] **○** **АНТ ҰРСЫН** [ҰРДЫ] *Оңбаған, жексұрын; елдің қарғысы атқан; уәде-сертті бұзған; оңбады, қарғыс атты.* Қашан қалар күншілдік, бұл *ант атқан*, Өсек айтып, өтірік жала жапқан. Адал жүріп еңбектен, киіп-ішпей, Бақытына біреудің көз алартқан (Ж. Ә.). Абайдың өзі де өмірінде алғаш рет Бөжейден түңілгендей боп қайтқан. Қатыны *ант ұрған* болса, ең болмаса, Бөжей жөнге салса нетті? — деп ойлаған (М. Ә.). Үйіңе кеп, асыңды жеп, адал дәмді татып отырып-ақ, астыңдағы текеметінді тіліп, үйіңнен шыға теріс айналып, сыртыңнан бес тиынға сатып кететін *ант ұрғанның* дәл өзі (Ө. Т.). «Апыр-ай, енді не қылайын?! Ақылың болса, айтшы?» — дедім. Ол *ант соққан*, жатып тұрып өзімді сөккені ғой (ҚЕ). *Ант атсын* сені! Осыншама зарықтырған көз жасымның обалы саған. Бар өмірімнің күйігі енді саған жабыссын (А. Б.). Ей, Қатақанның ханы хан Тұрсын, Кім арамды *ант ұрсын*. Жазықсыз елді еңіретіп, жер төңірісіп жатырсың (ШС). Дөң айнамай *ант атты*, Бүксіп, бықсып ар жағы (Абай). Байыған сайын күтім жоқ, Бейлі кетті, *ант атты* (Абай). Өтірік-өсек аяңды, Іркілместен соғады. Қасам ішіп, *ант ұрып*, Тіліне алар тобаны (Б. Қож.). Бөрінен ұлы қайғы жанға батқан, Сардарды тас тұрмеге жау қаматқан. Алдады арсы, тексіз сұм азғындар, *Ант соққан*, құдай қарғап, құран атқан (Ғ. Қ.).

АНТ БЕРДІ [ШТІ, ЕТТІ] **○** **АНТ ҚОСТЫ** **○** **АНТ СУЫН** **ПШСТІ** **○** **АНТ СУ** [ҚАСАМ] **ПШТІ** *Уәдесін берді, серт етті, қарғанды, анттасты.* Досыңмын деп *ант береді*, Жем іздеген жанама. Жем таусылса, жалт береді, Сенерлік дос санама (С. С.). Адалдық пенен адамдық *Ант беріп* туын ұстаған (Қ. А.). *Ант етем*, сәулетайым, менің шыным, Сүйгем жоқ еш пәнді сенен бұрын, Жан сырын сен сезгенсің, сен алқансың, Сақтаулы түкпірінде жүрегімнің (О. М.). Бөденің жетпес көзі келесіге, Ібілістің кірмеуі керек егесіне, Азалда қайыр-ұшыр жазылған соң, *Ант етем*, жоққа қайғы жемесіңе (А. Қор.). Ескі досын көргенде, Есебі жоқ *ант ішіп*, Аруақ құдай айтысып: «Сыр алғалы айттым» деп, «Жауыңды алдап қайттым» деп, Құдайдан қорықпай *ант ұрған*, Иманның жүзін тоздырар (Абай). Былтыр ермін деп жүрген Досқазы өстіп *ант су ішіп*, қолдасып, уәде бергенде неғып еді?

(Ғ. С.). Деді ол: сүйсін-құшсын, жасын сықсын, Иланба, ант су ішсін, құран тұтсын. Тон пішіп, мен өзінше ізін баксам, Осы ғой тілейтіні қызғаныштың (М. Әл.). Өтірік-өсек, аяңды іркілместен соғады. Қасам ішіп, ант ұрып, Тіліне алар тобаны (Б. Қож.).

АНТ БҰЗДЫ **○** **АНТЫН ШАЙҚАДЫ** Сөзінде тұрмады, уәдеден тайды. Қасыма ерген жолдастар, Антыңды бұзып айрылма, Зейініңді бермен сал (М. Ә.). Анттысып алқайды, Сен тентек демеске. Кім антын шайқайды, Амал жоқ жемеске (Абай).

АНТ-ИМАНДАЙ КӨРДІ [КӨРІП, САҚТАДЫ] Арұятындай қастерледі. Өзі кұбылам, Сөзі құран, Ант-иман деп сақтадым (Б. К.).

АНТ МЕЗГІЛІ Өлер шақ, өлімге еріксіз бойсұнар мезгіл. Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек, Мен де бенде, амалсыз кенем керек. Қызығы зор қайран дос, қайран тату, Сендер өлдің, мен дағы өлсем керек (Абай).

АНТ СҮЙЕК Соғымға сойған мал етінің сақталған ақтық (ең соңғы кәделі) мүшесі. Қазақта, әдетте, соғымның ең ақырғы еті ретінде жамбас сүйек сақталады, мұны қонаққа асса, қонақ: «ант сүйек салыпты, бұл үйде енді ет жоқ» — деп ойлайды (АТ).

АНТТЫҢ ҚАНЫН ПШТІ Сертгесіп, егеске көп түсті. Анттың қанын көп ішкен, Айдынды туған тел Орақ (ОМ).

АНТ ШЫҚТЫ Ант ұрған пәле шықты. Еңбегі жоқ еркесіп, Бір шолақпен серкесіп, Пысық деген ант шықты (Абай).

АНТЫ БЕРІК БОЛДЫ Сертінде, уәдеде тұрды. Артқы антың берік болса, Біз баралық сіздің елдерге (ОМ).

АНЫҒЫНА ЖЕТТІ **○** **АНЫҚ-ҚАНЫҒЫНА ЖЕТТІ** [ҚАНДЫ] Дұрыстығына сенді, ақ-қарасын айырды, көзі жетті. Өмірдің анық-қанығына жетпеген жас қызға осы көз қарастан өткен жауыздық жоқ (Ә. Сат.). Тағы да өзі сыр берер, Анығына қанарын... Ақырын құдай онда деп, Бар үзірі сол дағы, Тауып берсе баласын (М. Сұл.).

АНЫҚ ҚАСҚА ЖОЛ Бұл жерде тура, айқын, даңғыл жол мағынасында айтылып тұр. Жоқ, тартпас, тартылмас та, тартықпас та, Жамаудан жалшы табың жалықпас та. Өділдік, туыскандық, тегістікке, Адаспас оның жолы анық қасқа (І. Ж.).

АҢ БОЛДЫ¹ Жабайы болды, қашып жүрді. Қыз қайны, қыз төркіні қуды бізді, Қоймады қайда барсақ ізімізді. Аң болып, Адай жақта алты ай жүрдік, Ол ұстап бермек болды өзімізді (І. Ж.).

АҢ БОЛДЫ² д и а л. Таң қалды, қайран болды; ескерді, байқады; сақ, аңға-

рымпаз болды. Үйде сондайға аң болып істемелі. Мұндай колхоз жұмысынан бетімен кетушілерден аң болыңдар (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары).

АҢҒАЛ [АҢҚАУ, АҢҒЫРТ] **БАТЫР** Оң-сол істі ескере, есептей бермейтін аң-сүдік батыр. Аңғал батыр атанып қалмай ма? Сақ болмай, салкамдық қылсаң, бойыңа мін болар (М. Ә.).

АҢДЫСЫП АЛДЫ [ТҰРДЫ] Бірінің ізін бірі аңдыды, жауықты, соңына түсті, өшікті. Ағайын араз мал үшін, Аңдысып алды абысын, Жаттай болды танысың (Д. Б.).

АҢ ҚАҚТЫ д и а л. Аң үркітті. Мен ол кезде аң қағушы едім (Сем., Абай).

АҢҚАСЫ ҚҰРЫДЫ [КЕПТІ] Шөлдеді, сусады, таңдайы кепті. Қайырсыз итке мал бітсе, Аңқаң құрып келгенде, саумал бермес ішерге (Б. Қ.).

АҢЛАМАЙ ҚАЛДЫ 1. Байқамай, аңғармай қалады. Қарқынмен қатты келгенде, Аңдамай қалад ақылым Қай сөзімнің дүзігін (Б. Ә.). 2. Түсінбей қалды.

АҢСАҒАНҒА СУСАҒАН Ойлағаны болып, іздегені табылды. («Іздегенге сұраған» деген сияқты, көбіне, мысқыл ретінде қолданылады). Айқайда талай түсе қап, Асқынғанды бөктерді, Аптықты талай басқындап, Алыста талай бөксерді, Айтып-айтпай немене, Аңсағанға сусаған, Алысуға деп келді (І. Ж.).

АҢСАРЫ АУДЫ Көңілі ауды; ықыласы түсті, ынтық, ынтызар болды, құштар болды. Балуан Шолақтың өзіне аңсары ауғанын Ғалия ана жылы да көз қарасынан аңғарған (С. М.).

АҢ-ТАҢ БОЛДЫ **○** **ТАҢ БОЛДЫ** **○** **АҢЫРЫП** [АҢҒЫРҚАП] ҚАЛДЫ Дағдарды, дал болды; таңғалып қалды.— Ұят екен,— деді де, ол теріс айналып кетті. Мен аң-таң болып қала бердім (Ә. Ә.). Ал, Көктайдыкі дұрыс болса қайтесің?— дегенде, жаңағы желпініп келген аттылардың барлығы да аңырып қалды (М. Ә.). Қан базардың ортасында кенет құшақтай алған жігіттің кім екенін ажырата алмай, аң-таң болған Виктор шұғыл бұрылғанда, Рашид Мұстафинмен бетпе-бет тұр еді (Н. Ор.).

АҢЫЗАҚ ТАМЫЗДА Мейлінше аптап ыстықта. Аспан аптап, шыжып күн, Жер қуырған қамбаз күн, Жел аңыздық тамызда. Бойжеткендей бұлықсып, Дәнді дем деп толықсып, Астық пісті аңызда (І. Ж.).

АҢЫЗҒА АЙНАЛДЫ **○** **АҢЫЗ ҚЫЛДЫ** [ЕТТІ] Атағы, даңқы шықты, ел аузында лақап болып тарады; жыр қылды. Москва түбіндегі кескілескен ұрыста сол Абдолла ақын аңызға айналып, қас батырша қаза тапты (С. Мәу.). Бұл өңімені, аңызға айналған көрікті де ақылды Ақботаны қалай іздеп тапқанымды, бірекі ауыз сөзбен баяндай кетейін (З. Ш.).

Баратын қара малды айтқанда, жетпіс жылқы, отыз түйе аталды, Құнанбайдың құласы мен жирені деу, жұрт аңыз қыла береді. Амантай аулынан аяры жоқ (М. Ә.). Сонымен сол кеткеннен бұрылмады, Қайтқан жан құмырсақдай қыбырлады. Өзара өлген атты аңыз қылып, Таралды алды-артына рулары (І. Ж.).

АҢЫСЫН АҢДАДЫ Райын байқады; бет алысын аңғарды; істің бет алысын, бағдарын, әліптің артын бақты. Не деп жазу керек қызға (Әсимаға)? ...Әлде, бұл мәселе жайында үндемей қоя тұрып, өзірше аңысын аңдау керек пе? Ол да, бұл да Жақыпбектің көкейіне қонбайды (М. И.).

АПАЙ ТАПТЫРМАЙДЫ диал. *Ес таптырмайды, есін шығарады.* (Қост., Жан.).

АПАҚ-САПАҚ [-ТА] АҚШАМДА Кешқұрым, іңір қараңғысы мезгілде. Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен, Інгенді тіркеп керуен жүріп кеткен. Артына қарай-қарай, боздай-боздай, Құба құм, қоңыр түнді күңгіреніккен (І. Ж.).

АПАЛАҚТАП ТҰРА БЕРДІ Асыл-састы, қалбалақтады.— Уа, кімсің, кімсің жандарым? — деп, апалақтап тұра берген еді, алдымен келген жұқалан жігіт:— Құла айғыр! — деп, бір жолдасын түргіп, шалға қарай нұсқап қалды (М. Ә.).

АПАЛАҢ [ОПАЛАҢ] -ТОПАЛАҢ БОЛДЫ Әбден әбігерленді, астан-кестені, қым-ғуыты шықты. Бұл әскер ауылға таянғанда, Танабай аулы — Танабай үйі жын тигендей, апалаң-топалаң болып жатты (С. С.).

АПАЙ-БОПАЙ [ӘМПАЙ-ЖАН-ПАЙ] БОЛДЫ Ауыз жаласты, сырлас болды, (Әзіл-қалжың сөз).

АПАТ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] ○ АПАТҚА ҰШЫРАДЫ [КЕЗІКТІ] Зор шығынға ұшырады; күл-талқаны шығып қирады; қиямет қырғын, бүліншілік болды. Нұржан қиялданып кеткендей, тұнжырап жатыр. Ия, үлкен апат болды ғой. Сұмдық апат (З. Шүк.). Кейінгі жақтан апатқа ұшыраған халықтың неше түрлі аянышты, тарғыл даусы ызың-ызындап құлағынан кетпей қойды (Ә. Н.). Көрінген қарағайдан қалың жусан, Қылармын бәріңді апат біраз тұрсам. Жолбарыс, ырылдаған қабылан, бәрі, Шықпайды неге атың мендей тусаң? (М. Б.).

АПҚА-САПҚА БОЛДЫ диал. *Алқам-салқам болды.* Ол апқа-сапқа болды (Жамб., Жам.).

АПҚАҚ ҚУДАЙ [ҚУДАЙ БОЛДЫ] ○ ҚУДАЙ БОЛДЫ Воп-боз, жуған шүберектей, жүзінде бір тамшы қаны жоқ. Қамшысына таянып, тымағын басынан алмай, бір тізерлеп отыр. Өңі апқақ құдай. Сәл қанталай түскен ажарлы, отты көздерін Абайға қадай түсіп, Дәрмен асыға сөй-

леді (М. Ә.). Кемпір кимешегінің сол жағын көтеріп, апқақ құдай болып кеткен самай шашын көрсетті (Ә. Нұр.). Ханның көмекші уәзірлерінің бәрін адамына өлтіріп, үйге келсе, келіншегі апқақ құдай болып жүдеген, құр сүйек, тек ілініп отыр екен (ҚЕ).

АПҚАҚ САЗАНДАЙ Жұп-жұмыр, толық, ет-женді, көрікті, балғын. (Кейде мысқыл ретінде айтылады). Екі шекесі торсықтай, апқақ сазандай Сұраған ұйқысын ашып, жымынып күлді де, көзін ұқалады (С. М.).

АП-САП ӨТТІ Тас-талқан өтті, тыптыпыл өтті, жоқ өтті. Ұлтайдың асығуының және бір себебі, көкерлерін ергіш хан Мұғалжардан құлан аулауға кеткен. Ел қайта оралғанша, барлығын ап-сап ету (Қ. Жұм.).

АПТАВЫ БАСЫЛДЫ Ыстығы басылды, салқындады. Жауынға мен кеудем тостым Басылсын деп аптавы; Көдімгідей қара қошқылт Бұлт аспанда қаптады (Т. Ә.).

АПТАЛЫҒЫ ШЫҚТЫ Әбден қалжырады, шаршады, діңкесі құрыды. Апталығым шығып, өзер бітірдім (АТ).

АПТЫҒЫН БАСТЫ 1. Көңілін, екпінін басты. Үзілістен кейін ойын сәл саябырлайын деді. Киевтіктер қарсыластарының аптығын басуға тырысып, допты бір-біріне ұзақ қыдыртумен болды (Әкім.). **2.** Көңілі орнына түсті.

АПШЫП БІТТІ диал. *Арықтады, күйі кетті, қоңы тайды, еті тарғылды, кішірейді.* Былтырғы семіз қара бура биыл апшып біткен екен (Қ. орда, Арал).

АПШЫСЫН АЛДЫ [ҚУЫРДЫ, ТА-РЫЛТТЫ] Берекесін кетірді; қатты састырды; жан алқымға алып тықсырды, қысты. Алатаудың тесінде еркін көсіліп жатқан бай аулының апшысын алыққырап, жиырмасыншы жылдар да келді (С. Бер.). Шекең күнсіп, бұрымың сірке-сірке боп тал түске дейін жатқансың ғой, солай ғой, ә? — деп ол әйелінің апшысын қуырып жеп жібере жаздады (Ә. Н.). Аузына қара су тамыздырмай, өз-өзінен апшысын тарылтып, шайпау татыр еді, сусын сұратты (ҚӘ).

АПЫ КІРІП, КҮШ ШЫҚТЫ Асыл-састы; асығып, бір кіріп, бір шыққан қарбалас күйге түсті. Айналамда әбігер шегіп, апы кіріп, күші шығып жүрген адамдарды көрдім (СҚ).

АПЫЛ-ТАПЫЛ [ҚАЗ-ҚАЗ, ТӘЙ-ТӘЙ] БАСТЫ 1. Аяғын жаңа қаз-қаз басып, тәй-тәй жүре бастаған бала туралы айтылады. **2.** Өмір жолына, бір іске алғашқы кіріскен шақ. Бірақ «Желдірменің» музыкалық құрылысына, көлемді жағына, мелодиялық құбылысына қарағанда, Ақанның талаптанып, жаңа-жаңа творчестволық қадамын апыл-тапыл баса бастаған кезінде шыққанға ұқсайды (А. Ж.).

АПЫР [ОПЫР] -ТОПЫР БОЛДЫ *Астан-кестенін шығарды. Апыр-топыр болып, шаңқ-шүңк еткізіп мылтық атар (С. С.).*

АРА АҒАЙЫН *Бейтарап адам.* (Талас, егес бола қалғанда, екі ортаға билік айтатын қалыс кісі туралы айтылады). *Ара ағайын* екі жағына адал сөзімізді айтып, достық білдіргелі келдік,— деді (Ғ. М.).

АРАҒА ӘЗӘЗІЛ [-ШАЙТАН] КІРДІ ○ АРАҒА ОТ САЛДЫ [ЖАҚТЫ, ТҰТАТ-ТЫ] *Біреуді біреуге шағыстырды, бәле қоздырды, араздастырды, біреуді біреуге айдап салды.* Ішек айналмас іші тар, Кейбір әйел қызық қой, Екі араға от жағар, Тақыс ойлы бұзық қой (Қ. Мұқ.). Ананың балаларға ала қарауы Төлеген мен Саяттың арасына от жақты (ХМ). Сені әкем жақсы көріп кетті деп, Дардан араларыңа от салғалы жүр (А. Х.). Желбуаздар көрінген елге, басқан жерге әйгілетіп қана қоймайды. Түрткілей-түрткілей, Омар мен Оспанның арасына от тұтатты (С. Т.).

АРАДАЙ [АРАША] ТАЛАДЫ ○ АРА ТАЛАҒАНДАЙ ҚЫЛДЫ *Барлығы бірдей тұс-тұстан жабылып жеп жібере жаздады.* Адамның кейін өзі еске алуға жиіреніп, бастан өткен кездері болады. Ойы құрығыр бір қозғалып кеткен соң-ақ, қанша қусаң да, ұясы бұзылған арадай ершелене талайды (Т. А.). Мырзам, енді бас амандығын тілейін. Ойында әлі ештеңе жоқ. Ермекжанды жабылып араша талап жатыр (Ғ. Мұс.). Көк биені тебінгіп Әбен шапанды жабықтан суырып алғанда, сырттағылар анталап, Әбенді қамалап, ара талағандай қылды (С. С.).

АРАЗ БОЛДЫ *Ренжісті, өкпелесті, араздасты.* Таласып тарқайды, Ақшадан төрт-беске. Бірлікті шайқайды, Араз боп өнбеске (Абай).

АРА ҚОНДЫ *Орта жолға бір түнеді.* Бүгін жетеміз деп өктемейік. Асықпай, ара қонып-ақ барайық, дескенді (М. Ә.). Кешке сабылып келіп ара қонып, ендігі елімізге ерең жеттік (С. С.).

АРАЛАРЫНА ҚЫЛАУ [АҚАУ] ТҮСТІ ○ АРАЛАРЫНА СӨЗ ЖҮРДІ *Араздасты, көңілдеріне кірбің ілінді.* Әрқайсысы өзін Яссауи мешітінің күмбезіндей үлкен санайтын екі рудың батыры жанжалдасса, оның артында тұрған екі ру ел де қырғи қабақ болады. Араларына қылау түседі (І. Е.).

АРАМ АС *Ақын бұл жерде өмірдің сұрықсыз көрінуін, қызықтың бұйырмауын бейнелеп отыр.* Бар денемнің бәрі — бір мұз, қайрылуға жарамас. Міне дәулет, міне асыл қыз, Болды маған арам ас (Абай).

АРАМ АС АЛМАДЫ *Нәр таппады, аузы асқа тимеді.* Бүгін таңертеңнен кешке дейін қолым тимей, аузыма арам ас алмадым (АТ).

АРАМ БЕЗ *Ақын бұл жерде керексіз, пайдасыз деген мағынада қолданып отыр.*

Сұлу қыз бен я батыр, Болмаған соң, тәңір алғыр, Шығып кетер я қалғыр, Оған ақыл — арам без (Абай).

АРАМ БЕЗ КӨРДІ *Шет қақпайлады.*

АРАМДАП ТАСТАДЫ ○ АРАМ ЕТТІ *Жарамсыз етті, бүлдіріп қойды; алақаудан етіп, бүтіндігін жойды.* Бір шабындық бүтін емес, бір-бір арқадан шөп алып, бәрін арамдап тастады (Ә. Н.). Ертең кіріп келіп: «Сенің інің халал төсегімді арам етті, ақ некемді аяққа басты, аяулы өмірімді жер етті, тұрмысымды қорлады, жұрт алдында көрге кіргізді»,— десе, не деймін? Аға-жеңге алдында не деймін!... (Х. Е.).

АРАМДЫҒЫНА [ҚУЛЫҒЫНА, СҰМДЫҒЫНА] *НАЙЗА БОЙЛАМАЙДЫ Қулық-сұмдығы күшті адам туралы айтылады.* (Осындағы «найза» орнына ауызекі тілде кейде «сырық», «құрық», «бақан», «таяқ» сөздерінің бірі қолданылып та айтыла береді).

АРАМДЫҚ БАҚТЫ *Қара ниеттік жолға түсті, іздегені жамандық болды.* Тен-текті жасқап қақпадың, Өсекшіні мақтадың, Арамдық болды баққаның (Д. В.).

АРАМЗА ҚОЗДАДЫ *Күйегі алынған малдан ерте туған қозы туралы айтылады.*— Қойдың арығы, суықтан ұшқаны болса, арамза қоздап қалатыны болса,— бұлардың бәріне де баспана табамыз — деді Жарасов (М. Ә.).

АРАМ ҚАТҚЫР! қ а р ғ ы с. *Арам қатқыр, Көкшолақ, Жамандақыр, Көкшолақ (К. Ә.).*

АРАМ ҚАТТЫ, АРАМ ӨЛДІ 1. *Сеспей қатты, тұяқ серіппеді, бауыздауға келмей, арам өлді.* Мойны өбден қарысып, кажыған Ақмоңшақ сүрініп кетіп, омақаса құлады. Көзі бозарып, тұяғын бір-ақ серіппеді, арам қатады (С. Тал.). Оның маған лауға бермеген аты ақырында арам қатты (АТ). Сорпалық еті бар көк лакты өкем көрер көзге арам өлгірді (АТ) 2. *Қарадай жүріп, тектен-тек өліп (күйіп) кету.* Мұндай байқампаздық, сергектік біздің дағдымызға айналған еді, ал сақтықсыз жүрген жауынгер тектен-тек арам өледі (Қ. К.).

АРАМ [СУЫҚ] ҚОЛ *Қаскүнем, арамза, сұғанақ қол.* Өзге тілек тілемеймін, осы құшағым жазылмай кетсін. Айырмасын арам қол (М. Ә.).

АРАМНАН ЖЕРІМЕЙДІ *Жеуге, ұстауға болмайтын нәрселерден жиіренбейді.* Ит жерімес арамнан, Құдай безер харамнан, Мейірден қатты мал бітіп, Көтпесе мал қорадан (Ш. Қ.).

АРАМНАН ТАПТЫ *Некесіз, көлденең жүрістен туған бала туралы айтылады.* Өзінен туған Кенжебекті (Қанап) Алуа басқа біреуден тапқан етіп, қаралайды. «Бұл баланы сен арамнан таптың!»— дейді (М. Ә.).

АРАМ НИЕТ [ОЙ, ПИҒЫЛ, БЕЙІЛ] *Көңілі қара, бұзық адам туралы айтылады.* — Қой, ойбай! — деп бажылдады Алым байғұс абыржып! — Біреу-міреу арам оймен жіберсе... Ешкімнің ала жібін аттап көрген жоқ едім (ҚӘ).

АРАМ СІДІК *Некесіз, көлденең жүрістен жаралған деген мағынада айтылады.* (Бұл жерде тұқымға, әкеге тартпай туған деген мағына береді). Күннен-күнге тартылып, Заман ақыр кезінде Ұл сыйламас атасын, *Арам сідік* болған соң, Атасы бермес батасын (Ш. Қ.).

АРАМ ТАМАҚ *Еңбексіз күнелтуші адам, жатып ішер жалқау туралы айтылады.* — Маған десе, патшаның қызы мен қатыны бол, *арам тамақ* болсаң, қор боласың, — дейді... Абай ағаң (М. Ә.). Қан аңсайтын, ұлитын *арам тамақ*, Атлантика мұхитын арамдамақ (Қ. А.).

АРАМ ТЕР БОЛДЫ *Бекер, босқа әуреленді.* Сондағы Жұлмамбеттің сөзі мынау, *Арам тер* талай ақын болды бұлау (Жамбыл). Лақтырды көрпелерін шаңырақтан, Кілемді, жүкті бұзып, бұрқыратқан. Бұлар бүйтіп *арам тер* боп жатқанда, Сау етіп Әжібай кеп түсті аттан (С. Т.).

АРАНҒА ШАПТЫ д и а л. *Арандады, насырға шапты.* Оның халі барған сайын *аранға шабуда* (Ақт., Бай.).

АРАНЫ АШЫЛДЫ *Ашқарақтанды, қомағайланды; аш көзденді.* Байыған сайын *араны ашылып* барады. Бір нәрсе көрінер өзіне (АТ). Ескендір елде алмаған хан қоймады, Алған сайын көңілі бір тоймады. *Араны* барған сайын қатты *ашылып*, Жердің жүзін алуға ой ойлады (Абай).

АРАНЫ ЖҮРДІ д и а л. *Айтқаны болды.* Оның бұрын *араны жүріп* тұратын (Қос., Об.).

АРАНЫН АШТЫ *Аузын аңқайтты, жағын кең ашты.* Айдаһар да *аранын ашып* келе жатыр екен, баланы келген жерден семсер-мемсерімен жұтып жіберді (ҚЕ).

АРАНЫҢ АШЫЛСЫН! *Тәбетің үстігіне тарта түссін, ас ішкің келсін.* (Бұл жерде шабыттың көзі мағынасында айтылып отыр). Айнусыз алғыр көңілім, *Араның* өбден *ашылсын*. Жырларың — туған сөз гүлі, Будақ-будақ шашылысын (Б. К.).

АРАСАТ ОТЫ ЖАНҒАНДА, БУРА МҰЗДАН ТАЙҒАНДА *Ауыз әдебиетінде өмірден торығу ұғымында айтылады.*

АРАСЫ АЛЫСТАДЫ 1. *Жер мойны қашықтады, қашыққа кетті.* Барамын деп жүргенде танысқалы, екі ауылдың *арасы алыстады* (АӘ). Ақ сұңқар қона кетпес ылай көлге, Жарасар шәйі бешпент қынай белге. *Арамыз алыстап* бір кеткен кезде, Қол үздік көрінгеннен сұрай берме (АӘ). 2. *Арасы суыды.*

АРАСЫ ЖЕР МЕН КӨКТЕЙ ☉ **АРАСЫ ЖЕР МЕН АСПАНДАЙ** *Өте қашық, өлшеусіз алыс.* Сәуле: — Мырқал аға, туыс сіздікі, жолдас біздікі. Бірақ азғындық пен Нұрланның *арасы жер мен көктей* емес пе еді, әзірше сабыр етіп байқасақ болмас па? — деді (Ә. Ә.). Сөз бен істің *арасы жер мен көктей* (М. Әл.). *Арасы жер мен көктей* адамдарды біріне-бірің қосып қойған тәңірінің құдіреті күшті-ау деймін (ҚЕ). Жақсы менен жаманның, *Арасы жер мен аспандай*, Байқарсың бір күн басыңа, Іс түскен кезде сасқандай (Б. Ә.).

АРАСЫ МАЙЛЫ ҚАСЫҚТАЙ *Тату-тәтті, әкей-үкей.* (Көбіне қалжың ретінде айтылады).

АРАСЫНА КІРГЕН СЫНА *Арасына түскен кедергі, өкпе, реніш.* Ойлаған сайын Қасболат екеуінің біте қайнасып кетті деген *арасына кірген сына* тереңдеп барады (Т. А.).

АРАСЫНАН ҚАРА МЫСЫҚ ӨТТІ *Екі адамның ортасына суық сөз жүгірді, өсек-аяңға ілікті.* Келе жатып ол Еленаны ойлады. Қандай ғана *қара мысық жүгірді* екен *араларынан* (М. Қ.).

АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕЙДІ *Өте тату болу, дос көңілді болу, ауыз жаласу мағынасында айтылады.* Базардан алып келген күміс құман, Жігітті адастырған қалың тұман. *Арадан қыл өтпестей* тату едік, Біздерді араз қылған қай ант ұрған (ХӘ).

АРАСЫ СУЫДЫ, СЫНДЫ *Көңіл алшақтады, араздық күшейді, арасы үзілді, достық көңіл, қатынас бұзылды.* Осыдан кейін екеуінің *арасы* біраз уақытқа дейін *суынып кетті* (Т. А.). Егер екі достың *арасы сынып*, жарылып барып, қайта жалғасса, бұрынғыдан бетер жымдасып кететін кезі болады (Т. А.).

АРАСЫ ТАЯҚ ТАСТАМ *Бір-біріне өте жақын, тығыз қонған көрші, көрші ауыл туралы айтылады.* Мақаш қорығын қоршай отырған *аралары таяқ тастам* қазак ауылдарының қиқы-жиқы бейнесі жойылып, тек қар астындағы кең жазықтың әр жерінен будақтаған түтіндері көрінеді (Ғ. Мұс.).

АРА [-ҒА] **ТҰРДЫ** [ТҮСТІ] *Арашашы болды, қорғады.* Ешкім ара тұрған жоқ, Несібемді тигізбей (Б. Ә.). Нұртаза мені ұрмақ болып ұмтылғанда, арашашы боп кеп әлдекімдер *арамызға түсе кетті* (С. М.). *Ара түсіп* ажалдан, өздерің кеп ап қалдың (М. Ә.). Егер анық тазшаның алғанын сезген болсаң, не қылсаң, о қыл, мен *ара түспеймін*, — депті (ҚЕ).

АРАША СҰРАДЫ [БЕРМЕДІ, ІЗДЕДІ, БОЛДЫ] ☉ **АРАШАҒА ТҮСТІ** ☉ **АРАШАШЫ БОЛДЫ** *Айырды; басу айтып, ұрысты тоқтатты (қорғады).* Араша батыр, араша, *Араша сұрап* мен тұрмын, Істеріңе жараса. *Арашамды бермесең*, Іс қылар-

мын тамаша (АБ). Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған. Жалғанның демін бұзып, хауіп қылғызған. Ақыл мен мал екеуін асырай алмай, *Арашашы іздепті* қатын, қыздан (Абай). Әманда бұл өңірде теңдік, азаттық үшін күрес толастамаған, әсіресе, күндік өмір кешкен қазақ әйеліне *араша боп*, әйел атын аңызға айналдырған жерлер бұл (Ә. Нұр.). Қарайды қазақ байғұс тамашаға, Кім *түсер*, жанжал болса, *арашаға*? Қотанына бір ауылдың кіріп барсам, Қой қуып ойнап жүрген бала-шаға (Б. Ш. Б.). Бұлардың жанжалын байқап қалған тракторшы да жүгіріп кеп, *араша түсті*. Қой-қойлап, Ақанды кейін итермеледі (З. Ш.). Қасеннің пышағы Айшаның жотасынан қадала бергенде, Самат жан ұшырғандай атып кеп, пышақты қолға жармасып, Айшаның қазасына *арашашы болды* (М. Ә.).

АРАШАЛАП АЛДЫ Айырып алды, қорғап қалды. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден *арашалап алсын* (ҚБ).

АРҒЫ АТАСЫ [ТЕГІ, ЗАТЫ] **○ ТҮП АТАСЫ** 1. *Ата-баба, заузағы, ұлы атасы. Арғы атасы қажы еді, Бейістен татқан шәрбәтті* (Абай). 2. *Иесі. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би* (Мақал).

АРҒЫ-БЕРГІНІ [ӨТКЕН-КЕТКЕНДІ] **ҚАЗБАЙ-АҚ ҚОЙ!** *Бұрынды-соңды болған істі қозғап зуре болма деген мағынада. Арғы-бергіні қазбай-ақ қой!* Әкесі өлгенді де естіртеді. Не десен, о де, күркемді жалғыз сиырыма тиеп аламын да кетемін (Ә. Н.).

АРДА БАЛА *Әкесінің үйінен екі қабат болып келген келіншекпен туған бала немесе неке қиылғаннан кейін аз уақыттың ішінде туған бала.*

АРДА ЕМДІ 1. *Тай шыққанша, есейгенше емді.* Ақ тай енесінің асаулығынан бытыр байлаңған. *Быыл арда емді* (М. Ә.). 2. *Оңаша, еркін иемденді.* Магнитқадан көтеріле ұшқан бозғылт түтін аспанның төсін *арда емген* қаз бауыр бұлт мәнзелдес (С. Тал.).

АРДАҚ ТҰТТЫ *Құрметтеді, ардақтады, қадірледі, қадір тұтты.* Бостандық пен бақыттың мұраттарын *ардақ тұтатын* прогресшіл адам баласы коммунизмнің енді елес емес, нақты тарихи шындыққа, қаһарман совет халқына күнбе-күнгі іс программасына айналып отырғанын шын көңілден құттықтауда (СҚ).

АРДАН КҮСТІ [БЕЗДІ] **○ АР ТӨКТИ** *Ар-ұяттан жұрдай болды.*

АРДА ӨСТІ *Емін-еркін, бұла болып өсті, еркін, азаттықта өсті.* Сенің әсем салтанатың, Артық Иран бағынан да. Сенің көркем қойныңдағы ел Бостандықта өскен *арда* (ӘЖИ).

АР ЖАҒЫН ҚАЗБАЛАДЫ *Түгін қоймай сұрады, ақиқатына жетті, сырын ашты. Жоқ табылды ғой, бай! Бала-шаға-*

ның істеген ісі болар. Ар жағын қазбалағ қайтесіз (ҚБ).

АР ЖАҒЫ БЫҚСЫДЫ *Әуелі тәуірсіп, соңынан пиғылы бұзылды.* Бір көрмегетәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, Бүксіп, *бықсып ар жағы* (Абай).

АР ЖАҚ-БЕР ЖАҚ ҚЫП ҰСТАДЫ *Екіге бөлді, алыстатты.* Өзге кісілер мен өзінің арасына шекара қойып, *ар жақ-бер жақ қып ұстайтын* тәртібі қатты жігіт еді (Ә. Н.).

АРЗАН СӨЗ *Пайдасыз кеңес; орынсыз, татымы жоқ судыр сөз.* Өзің ойланшы, Нияз. Осындай *арзан сөз* екінің бірінен шығады,— деп Ләззат енді шешіліп келе жатыр еді (Т. А.).

АРЗАН ҚОЛ *Жұпыны, қарапайым, құны төмен нәрсе.* Жаңбыршы үйіне келе, *арзан қол*, ескі қамзол-шалбарды әрең құрастырдым (С. М.).

АРЗАННЫҢ СОРПАСЫ [ПҰЛЫ, ЖІЛГІ] **ТАТЫМАЙДЫ** 1. *Арзанға алған арық мал еті туралы. Арзанның сорпасы татымайды* дегендей, бұл көк бақа еттің не жылтырағы болушы еді (АТ). 2. *Оңайға түскен нәрсенің қадірі, құны төмен болады. Арзанның сорпасы татымайды,* кымбат қияметке кетеді дейтін едік біз (Қ. Ж.).

АР [НАМЫС] **КӨРДІ** [ТҰТТЫ, ҚЫЛДЫ] *Арланды, намыстанды, ұят көрді.* Жапарға мазақ болуды өзіне *ар көрді* (А. Б.). Байлық іздеп барамын қыпшақ жаққа, Қыпшақта Ыбырай мен Кенебайым. Бес жүз қара біткені толып жатыр, Оны мен бай деп айтуға *ар қыламын* (Айтыс). Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, арадыққа қарамайды екен, «өзіне *ар тұтқан* жаттан зор тұтады»,— деп (Абай).

АРҚА-БАСЫ [АРҚА-ЕТЕГІ, АРҚА-СЫ] **КЕНДІ** **○ АРҚА ЖАЗДЫ** [КЕНДІ] **○ АРҚАСЫ БОСАДЫ** 1. *Қолы босап, жадырады, жайбарақат болды.* Маңайындағы командирлер генералдың *арқа-басы* кең кезде үйір болған осы бір әдетінен жаңылмағанын байқап, қайран болады (Т. А.). Кісінің бірден *арқа-етегі* кеңіп, денесі жайылып қоя беретін осынау тамылжыған тыныштықтың қашан рақатын көреді (Ә. Н.). *Арқа жазар* күн жақын. Дихан тұқым себуді аяқтал, алтын астықты жинауға дейін саябырсыды (Қ. Мұқам.). 2. *Көңілі жай тапты, рақаттанды.* Алыста жүрген баламнан хат алып, *арқам* кеңіп қалды (АТ).

АРҚАҒА БАТТЫ **○ АРҚАСЫНА АЯЗДАЙ БАТТЫ** *Қатты тарығушылық көрді; зарықты, жанына батты; азап шекті, қыспаққа түсті.* Күйеуінде кеңседен алатын жалақыдан басқа сырт табыс жоқ. Әр кезде ақша аздығы да *арқаларына бата* жүреді (М. Ә.). Біз болыстың айласы мен салмағы *арқамызға аяздай батқан*

елміз (М. Ә.). Халық бір кезде шапқыншыдан көрген қорлығын, арқасына аяздай батқан ауырталық күндерін, ашулы кегін ұмытпайды (М. Ғ.).

АРҚАҒА [АРҚАСЫНАН] ҚАҚТЫ *Мақтады, мадақтады, қолпаштап көгермеді; мәпелеп күтті, әлпештеді.* Мәз болады болысың, *Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысын, Шенді шекпен жапқанға* (Абай). Ал ойлап қараса, әншейін бала сияқты арқасынан қағып, алдарқатып жүре беретін сияқты (Т. А.).

АРҚАДАН БҮРДІ *Суық қысты, тоңдырды.*—Мынау аяз қойды ғана қинап тұрған жоқ. Өстіп, міне, өзімізді де арқадан бүріп, бүрсендегіп тұр (М. Ә.).

АРҚА ЕТІ АРША [АРСА], БОРБАЙ ЕТІ БОРША *Болды* *Әбден азып-тозған, қатты жүдеген, тұрмыстың қаққы-соққысын көп көрген адам туралы айтылады.* Сар дала, кімдікі едің өткен кезде, Қан болып жан шығарға жеткен кезде? *Арқа ет арша, борбай ет борша болып, Еттен өтіп, сүйекке жеткен кезде?* (Қ. Қуан.). Қыс тұрсын, күздің қара суығында ықтанатын кедей сорлы, жілік майы үзіліп, борбай еті борша, арқа еті арша болып, көктемге өзер ілігетін (М. Е.).

АР ҚАЛМАДЫ **АҢДЫҒАНДА** **АР ҚАЛМАС** *Ұятқа батты, намыс төгілді.* Ойнасты қатын болса қар, *Аңдыған ерде қала ма ар?* (Абай).

АРҚАН БОЙЫ *Сәл ғана деген мағынада, ұзындық, биіктік өлшемі туралы айтылады.* Жұмысшылар ет жеп болған кезде, жартыланып туған ай арқан бойы көтерілген еді (С. С.). Бір молда шәугім ұстап, тысқа шықты, Бүкшеңдеп, арба айнала қақырынып. Қисайған, құс секілді жалғыз қара, Ауылдан арқан бойы тұрды дара (С. Т.). Күн арқан бойы ғана көтеріліп қалған кез еді (ЛЖ).

АРҚАНЫ [АРҚАСЫН] КЕҢГЕ **САЛДЫ** **АРҚА-ЕТЕГІН [ЕТЕК-ЖЕҢІН] КЕҢ [ГЕ] САЛДЫ** *Асықпады, саспады, жайбарақаттыққа салынды.* Бірде таптап балтаны, Бірде иіп тағаны, *Кеңге салып арқаны,* Бірде егеген араны (Т. Ж.). Қартты сөйлетіп қойып, тыңдай берсең, *арқасын кеңге салып, жадырай түсетін сыңайы бар* (С. Бақ.). Биыл оңтүстіктің де қысы қытымырлау болып тұр. Мұның өзі «төйірі, қыс не істей қояр дейсің, жылдағыдай жылы болып өтеді дағы» — деп, *арқаны кеңге салып жүрген кейбір басшыларды қазірдің өзінде-ақ састырып тастады* (СҚ). Ақбала деген әйелдің болғаны да есінен шығып кеткендей, ол жөнінде сыртқа сыр шығармай, тіпті, түк болмаған кісіше *арқа-егегін кең салып, Ақбаланы қоя берген күннің ертеңіне ел аралап кеткеніне таң қалды* (Ә. Н.).

АРҚАНЫ ПІРГЕ СҮЙЕДІ *Пірін қуат тұтты, арқа сүйеді. Сүйедім пірге арқамды, Жүрген жерім дарқанды* (МЗ).

АРҚА СҮЙЕДІ [ТІРЕДІ, ТҰТТЫ] *Сүйеніш қылды, тірек етті.* Әрине, оның арқа сүйер тірегі де, сүйенер қолқанаты да болды (Т. Ә.). *Арқа тұтып ақырып, Бұл Абақтың баласын, Жаңғырықтырып мен шықсам, Алатаудың саласын* (Жамбыл). Махамбетше қалың Сиқымбаладан қорықпай көшкенмен, бір жағынан Мекештерді арқа тұтады (Ғ. Мұс.). Осы күні (Дос) бізбен де Тәңірбергенге арқа тіреп отырып сөйлеседі (Ә. Н.). Жалғыз жеген,— дейді ол,— бүгін болмаса ертең білінеді. Одан да біреулермен жең ұшынан жалғасу керек. Септесіп, бірімізге-біріміз арқа сүйерміз (Б. Қыд.).

АРҚАСЫ АЛЫНДЫ **АРҚАСЫ ЖАУЫР** **БОЛДЫ** **АРҚАСЫН ЖАУЫР ҚЫЛДЫ** **АРҚАСЫН АЛДЫРДЫ** **1.** *Арқасына ер батып, жауыр болды, не ұйғын ат тістеп алып тастады.* Атпен ойнаған тайдың арқасы алынды,— деді Мұстафа күлімсірей,— соқтықпа құдайға, соқтыққаның аз емес. Әуелі соларды мұқат (Ғ. Мұс.). Сенің мінген атыңның арқасы алынып қапты ғой (АТ). Әлгіде ғана өзеннің басында шақар торымен таласып, арқасын алдырған (С. Тал.). **2.** *Ығыры шықты, көк шық болды; азап шекті, азып тозды.* Момынға жапса жаланы, Құлықсұмдық табады. *Арқасы елдің жауыр боп, Төрт аяқтан ақсады* (Д. Б.).

АРҚАСЫ МҰЗДАП ҚОЯ **БЕРДІ** *Секкенді; бойы шымырлап, түршігіп кетті.* Оны соқыр деп ойласам, көзі өңменімнен өтіп барады. Әлденеге арқам мұздап қоя берді (Т. А.).

АРҚАСЫНАН АЯЗ ӨТКЕН [АДАМ-ША] *Қорлық, азап, қысым көрген (кісіше).*

АРҚАСЫН СЫЛЫДЫ *Сабады, терісін тілді.* Тәуірбек, осы күнде күйлімісің, Мырза менен Мамайға сыйлымысың? *Арқаңды алып соғып, сылушы еді, Жараң бітіп кетті ме, шилімісің* (Ә. Тең.).

АРҚА ТАЯНЫШ *Қорғаушы, демеуші, сүйеніш.* Бұл — бүкіл дала әкімдерінің арқа таяныш етіп алған сөзі (Ғ. М.). Берен бір кезде өзін жалғызбын деп ойлап жүретін болса, енді осы отырған топты өзіне арқа таяныш санап, осының бірін аға, бірін іні көріп отыр (Б. М.).

АРҚА ТІРЕДІ [ТІРЕСТІ] *Өте жуық қатарласты; жуықтай келіп, аралас-құралас отырды.* Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің шығырына сыйыса алмай... қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты (Ғ. М.).

АРҚАУ БОЛДЫ [ЕТТІ] *Негіз, желі болды.* Халық мүддесі оның (Абайдың) шығармасына арқау болды (М. А.). Оку Әділ мен Сәндібаланы дәнекерше біріктіріп, екеуінің зор махаббатына арқау болғандай еді (Ж. А.). Қарт ақын бұдан әрі облыстың озат комбайншылары, атақты еңбек ерлері Аманкәлді Исақовтың, Жан-

сұлтан Демеевтің жан сүйсінерлік еңбектерін астық жырына арқау етіп, өлеңге қосады (С. Мәу.).

АРҚАУЫ **ҰЗІЛДІ** *Негізі, байланысы қырқылды.* Ақылы артық арыстаным, Озып еді байтақтан. *Үзілсе арқау жалғанған Достық опат болған соң* (А. Аз.).

АРМАНДА КЕТТІ *Мақсағына жете алмады, ерге өлді.*— Ой, аллай, десейші!— деп, Құрбанның да көзінен жас ыршып шықты. Әкем арманда кетті (Р. Р.). Еңбек етіп ел үшін, Арманда өтіп кетті деп, Соңымда бір қалған халқыма, Артымда бір атақ, даңқ қалды-ау (М. Ө.). Көтере алмай басымды, Ішімде кетті арманым (МЗ).

АРМАН **ЕТТІ** [ҚҰДЫ, ҚЫЛДЫ] *Мақсат көздеді.* Арман қуып, Октябрь революциясы қарсаңында Коммунистік партияға кіргенім де осыдан еді (Ж. А.). Суыттып жалды ат керек жарысқалы, Әр іске дүние керек алысқалы, Қайран ер, жоқшылығын арман қылты, Алланың Әлішәрі арыстаны (М. Б.). Дос болыпты, бір аю бір адаммен, Бірін-бірі көңілі ұнағаннан, Екеуінің көрген жан татулығын, «Қай жақта деп мұндай дос» қылады арман (М. Б.).

АРМАНЫ **БОЛМАДЫ** **◯** **АРМАНЫ** *ЖОҚ Тағдырына риза, өмірден еш өкініші жоқ.* Шомыламын селдей аққан жасыма, Күндер келіп көтере алмас басыма. Бүгін өлсем, еш арманым болмас ед, Балалық күн қайта келсе қасыма (Б. К.). Көңіл тоқ, болып-толған, Дүниені шайқап өткен. Қолың бердің, жаңдай көрдің, Арманым жоқ «аһ» ұрар (Б. К.).

АРТЫНА ҚАЛДЫРДЫ *Өзі өліп, өзгені тастап, қалдырып кетті.* Жас кетіп біреу дүниеден, Артына қалдырған әкесі мен шешесін. Қартайып жетсе қазасы, Төлейді бала есесін (М. Сұл.).

АРТЫНА ТҰЯҚ ҚАЛДЫРДЫ *Соңында нәсіл, ұрпақ қалдырды.*

АРТЫНДАҒЫ [АРТЫНДА ҚАЛҒАН] *ТҰЯҒЫ СЫНДЫ* *Мұрагері өлді, мерт болды.* Берік бол. Артыңда қалған тұяғың сынды (Т. А.).

АРТЫНДАҒЫ ҚҰЙРЫҒЫ *Қолқанаты, көмекшісі, інісі.* Қабырғада қанатым, Артымдағы құйрығым (ҚЖ.).

АРТЫНДА НИЯЗЫ **БАР** *Бата артында алым бар.* Қар жауды деп қуанба, Артында аязы бар. Қожа келді деп қуанба, Артында ниязы бар (Мақал).

АРТЫН **ДА** [К... ІН ДЕ] *СҮРТПЕЙДІ* *Ешбір елемейді; түкке де жаратпайды.* Қойшы, соныңды, адам ба еді, керек десең, к...імді де сүртпеймін (АТ).

АРТЫН ЖЫМ-ЖЫРТ **ҚЫЛДЫ** *Орнын білдірмей жауып кетті* (АС). Өзімді мас қылып алып, шал кенелді, Есікті жабамын деп аз бөгелді. Артын жым-жырт

қылды да, ант ұрған шал Төртеуін ертіп алып, тез жөнелді (Абай).

АРТЫН ОЙЛАДЫ *Болашағын байқады, келешегіне назар аударды.* Іс істе салмақпенен артын ойлап, Қажыма болған іске болаттай бол, Тәуекел дариясына белді байлап (М. И.). Не іс қылса артын ойлар, Адамзаттың данышпаны (ШС).

АРТЫҢА [К...ІНЕ] **ҚАРА** *Шамаңа қара.* (Өлі келмеу, күші жетпеу мағынасында айтылады). Жоқ, Фазылға тиюге артына қарасын. Ол законның адамы ғой, оған мынандай айуаншылық істей алмас (Т. Ж.).

АРТЫҢДЫ [К...ІНДІ] **ҚЫС** *Үндемей, жайыңа тыныш отыр.* Зейнеп жорта сөз тастады.— Есіркеген оқуынан қалып қоймай ма? Одан да үлкен баланы шақыртсайшы. Зейнептің «үлкен бала» деп отырғаны Жанәділ еді.— Кіші баламды құртып едің, енді үлкен балама ауыз салайын дедің бе? Жә, сөзді бөлме артыңды қысып, жайыңа отыр,— деді Қоңырқұлжа (І. Е.).

АРМАНЫНА ЖЕТТІ [ЖЕТЕ АЛМАДЫ] **◯** **АРМАНЫНАН ШЫҚТЫ** *Мақсағы орындалды; аңсағаны болды; мұраты қабыл болды.* «Аға» деген сөзіңмен Арманьма жетемін. Сәлем келсе өзіңнен Сауығып мен кетемін (Қ. Мұс.). Өлгеннен кейін арманыңа жеттің не, жетпедің не! — Әй, осы сен, қырсауланбашы (СҚ). Тордағы тоты құстай қазақ қызы Сырласып сүйгенімен шықты арманнан (Ж. С.). Ай жалғыз ғой, мен де сондай, жан жарым, Жай жатпаған от жүректі бір жанмын. Желдей гулен бара жатқан өмірде, Жете алмаған толып жатыр арманым (Б. К.).

АРМАНЫ [ТІЛЕГІ, ҮМІТІ] **ҮЗДІКТІ** *Аңсады, сағынды.* Ұмыта алмай, осынша арманы үздігіп жүргеніне таң қалды (Ә. Н.).

АРНАСЫНАН [САБАСЫНАН] **АСПАДЫ** *Көкірек керіп, менменсімеді, асыптасады.* Қуанса да, қайғырса да арнасынан бір аспайтын сияқты (Ғ. Мұс.).

АРНАСЫНА [САБАСЫНА] **ТҮСТІ** *Сабасына келді, ашуы тарады.* Сөйлеген сайын ашуы тарап, арнасына түскен кезде Аман кірді (Ғ. Мұс.).

АРПАДАЙ АСАДЫ *Қомағайлана асады, аузын толтыра-толтыра жеді.* Волохов ешқандай қымсынуды білмей, самсадан кейін самсаны арпадай асап жатыр (ЛЖЖ).

АРСА-АРСА **БОЛДЫ** **◯** **АРСА-АРСА-СЫ ШЫҚТЫ** *Борша-борша болды, арсыып қалды.* Қасқыр жеп кеткен ірі қараның сүйегі арса-арсасы шығып, ағарып жатыр екен (Ә. Н.).

АРСАҢ ҚАҚТЫ *Арсалаңдады, арсалаң-арсалаң етті.* Қодекең өстіп жүріп күндері өтіп, Арсаң қағып жылқыға келді жетіп (ҚҚБС).

АРС ЕТТІ 1. *Кенеттен қарсы келіп, айбат шегу, тұра ұмтылу мағынасында айтылады. Қасқыр бұған (Исаға) қарай арс етіп ұмтыла беріп, қиралаңдап, төлтіректей басып еді (М. Ә.). 2. Беттен алды, қарсы келді. Әй, ант ұрып кеткен, бірдеме десе, арс ете түседі ғой (Қ. Қуан.).*

АРТ ҚЫЛДЫ д и а л. *Арқа тұтты, сүйеу көрді. Талғатбек мені арт қылып, оларға барып тағы да тиісті (Сем., Ақс., Көкп.).*

АРТҚЫ ТОЛҚЫН *Кейінгі ұрпақ (Ас). Алдыңғы толқын — ағалар, Артқы толқын — інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер (Абай).*

АРТЫ АУЫР *Тым баяу қимылдайтын, тез көтеріле қоймайтын ебдейсіз кісі туралы айтылады. Горчковтың өзімен сөйлеспесем, мына Талызин дегені асықпай ұшатын, мамырлап қалған бірқазан секілді, арғы ауыр бір сорлы көрінеді (І. Е.).*

АРТЫ АШЫЛДЫ *Абиыры төгілді, сыры ашылды, ұятқа қалды.— Әй, Ырғызбай мынау елді көрдің ғой!.. Өліспей, беріспейді... Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың...— деді Абай (М. Ә.).*

АРТЫ КЕНІШ *Арты, аяғы молшылық, береке. («Гэндж» — парсыша казына; жиналу, қорлану, қол жинау). Саудагерліктің арты — борыш, сыпайылықтың арты — реніш, диханшылықтың арты — кеніш (Мақал).*

АРТЫ ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН **○** АРТЫН БЕРСІН **○** АРТЫ ТОЙ БОЛСЫН **○** АРТЫН ТІЛЕ! *тілек-бата. Ақыры жақсылық болып, қызыққа ұлассын! (Дүние салған, өлген кісіге айтылады). Өлді ме Сарыбай хан, жұртым көрсін, Жыламан патша-құдай иман берсін. Ғаламнан Сарыбай өткен болса, Еншалла, төубе, тәңірім, артын берсін (ҚКВС). Алғысы келсе, дүниенің Айтқанына болмайды. Ойласаңшы, Мағышым, Кімнің гүлі солмайды. Артын тіле құдайдан, Бір қалыпты болмайды (Абай).*

АРТЫҚ АУЫЗ БАЛА д и а л. *Қолды аяқты, епті, жұмсауға ыңғайлы бала. Жұмсай қоятын артық ауыз бала да жоқ (Тау., Қош.).*

АРТЫҚ КӨРДІ [САНАДЫ] *Қадірлеп, қымбат тұтты. Неге сүйсін ол мені, Өзім ақымақ алмадым. Көрдім артық бір сені Рахматынан алланың (Абай). Ол адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? (Абай).*

АРТЫҚ [АСЫП] ТУҒАН *Ерекше жаратылған, елден ерек. Тыңда мұны құлақ сап, Артық туған үздік-ақ Топырағы торқа боп, Жарылқасын жалғыз хақ (ШС).*

АРТЫМДА ҚАЛСЫН! 1. *Бұйырмасын, өліп кетейін деген мағынада. 2. Ұрпақ мұрагер боп қалсын.*

АРТЫМА ҚАТЫМ ҚЫЛСЫН *Өлгеннен кейін оған арнап құранды (кәлем шәріпті) түгел оқып шығу мағынасында айтылады.*

АРТЫНА БЕЛГІ ҚАЛДЫРМАДЫ [ТАСТАМАДЫ] **○** АРТЫНА ТҰЯҚ ҚАЛМАДЫ *Бұл дүниеден ұрпақсыз кетті, тұқым қалдырмады. Артына белгі қалдырмай, Бауыры қатты тас өлім, Жыламайын десе де, Шыдарлық па осы өлім? (Абай). Орнын ұстап тұрарға Артында тұяқ қалмаған (А. Аз.).*

АРТЫН АЛА *Іле, ізінше, артынша. Алғаш өткен жылқының артын ала, көп аттылар келеді екен (М. Ә.).*

АРТЫНА САЛДЫ 1. *Артына мінгестіріп алды. (Бұл жерде кек алу мәнінде жұмсальып тұр). Ат к...іне үңілтіп, Артыма салсам деп едім. Тілекті тәңірім бермеді, Өздеріңдей хандарды Осылай бір қылсам деп едім (М. Ә.). 2. Жарыста өзгелерді артына қалдырды.*

АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРДЫ *Кейінге жақсы атақ, өнегелі сөз, өлең қалдырды. Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай).*

АРТЫНА [СОҢЫНА] ТҮСТІ 1. *Соңынан ізін өкшелеп құды; құдалады. Осы кезде арттарына түскен жосылған топтың қуғынын анық аңдаған Еңсебай мен Құлжатап «е» десіп алды (М. Ә.). 2. Белгілі бір мақсатты құды. Жақсы маман болу үшін оқудың артына түсті (АТ).*

АРТЫ ШАҢСЫЗ, АЛДЫ ДАУСЫЗ *Ешбір шатақсыз, талас-тартыссыз.*

АРУАҒЫ АСПАНДАДЫ *Мерейі зорайды. Бір есетен өзінің табанын жалап жүрген малайы басқа кісілердің алдында дарақыланып, неғұрлым дәрекі, дөкір бола түскен сайын, соғұрлым бұның аруағы аспандап көтеріле түсетінін білді (Ә. Н.).*

АРУАҒЫ БАСТЫ [БАСЫМ] **○** АРУАҒЫ АРТЫҚ *Мерейі үстем болды, өктемшілік етті. Шіркіннің сөйлер сөзге тасуын-ай, Аруағы алдиярдың басуын-ай! Ханымның мұрны кейкі, бойы аласа, Келбеті мегежіннің қашырындай (Ш. Ж.). Бұл жолы тағы да өзінен аруағы басым күндесіне жол беріп, кейін шегініп кетті (Ә. Н.). Қадірлі, қасиетті күйеуі халық құрметтеген азамат болған соң, от басында да оның аруағы артық болуға тиіс (Ә. Н.).*

АРУАҒЫ [АРҚАСЫ] ҚОЗДЫ **○** АРУАҒЫ [ЖЫНЫ] ҰСТАДЫ 1. *Жыны келді, ашу шақырып, жанжал шығарды. Бір шал Еламаннан түрік елі жөнінде сұрады.*

Балықшылар елеңдеп, бастарын көтеріп алды. Кейбір діндар кісілердің *аруағы қозып кетті* (Ә. Н.). 2. «*Сайтаны ұстады*», *шабыты күшейді*. Бүркітбайдың *арқасы қозып*, атты қатты айдайтын жері — жын топтың маңы (С. М.). Жаға қалып аунап, жердің әңкі-тәңкісін шығарады. *Арқасы қозып*, оттауынан қарауылдауы молаяды (Х. Е). Бірақ өр мінезді, жалын жанды Қазтуған жырау Қотан толғауынан мойымады. Қарағай домбырасын аспапға ұқтырып, *аруағы ұстап*, жыр дабылғын үсті-үстіне күңдіренте ұрды (І. Е.).

АРУАҒЫНА [ҚҰДАЙЫНА] СЫЙЫНДЫ [ТАБЫНДЫ] *Діни сенім бойынша біреудің атына, ата-баба рухына бас ию, жалбарыну мағынасында айтылады. Дос көбейтіп, ел жиып, Ойыл менен Қиылдан Кереметті Төтемнің Аруағына сыйынған* (А. А. Қ.). Жашпай колхоздану науқанының кезінде, Қантарбаевтарға өшіккен біреу: «Махмұт Қантарбаев жасында молда боп, өліктердің *аруағына табынған*, оған талассыз куә байлардың молаларына шапқан тасы, сондай тастарда өзінің қойған қолдары бар» деп арыз береді... (С. М.). *Сыйынып аруақ пен бір құдайға*, Ұстадым етегіңнен, баста батыр (М. Ә.).

АРУАҒЫН АЯҚҚА БАСТЫ [СЫНДЫРДЫ] ○ АРУАҚ АТТАДЫ *к ө н е. Аруақты қорлады; атақ-абыройын қорлады; беделін сыйламады; меселін қайтарды; ар-ұятын аяққа басты; әдет-ғұрыпты бұзды. Бір тілегімізді берер* деп келдік. Сүйеу қартты аулына шақырып, кешегі болыс ағаңның *аруағын аяққа баста*, дұшпанға таба қылма (Ә. Н.). Сейіт Көшбикеде болған қастық, жамандықты толық айтып шықты. Абайды «Көкеннің кедейіне, диханшы бейнетқор көбіне болыстың деп, Тобықтының *аруағын сындырдың*» — деп, жазаға ұшыратыпты (М. Ә.).

АРУАҒЫННАН [ӘРУАҒЫННАН] АЙНАЛАЙЫН [САДАҒА КЕТЕЙІН] *к ө н е. Сенің жолыңда жаным пуда болсын, беделіңнен айналайын деген мағынада айтылады. Аруағыңнан садаға кетейін*, әткем айтушы еді, «Бай болып ешкім жаппас жердің жүзін, сұлу боп ешкім жаппас күннің көзін» деп. Әулиенің сөзіндей ғой осы сөз (С. М.).

АРУАҒЫ РИЗА БОЛСЫН *к ө н е. алғы с. Басқамызды білмеймін, ал мына Ақаңның қызметіне Есбол атамыздың аруағы риза болатын шығар-ақ!* — деп қош-қоштап, көтермелеп жатқаны (Ә. Н.).

АРУАҒЫ ҰШЫП КЕТТІ *к ө н е. Құты қашты, үрейленді. А — а!*... қандай қылайын! — деп, төніп келсе, жөбшенді кісінің *аруағы ұшып кеккендей* азамат (С. С.).

АРУАҚ АТҚЫР [АТСЫН, ҰРҒЫР] ○ АРУАҚ АТТЫ «*Тәңір алғыр*» мағынасында қолданылатын қарғыс; *айтқаны, ісі көңілге жақпағанда айтылатын кейіс сөз.* («Аруақ» — араб сөзі, «рух» дегеннің көп-

ше түрі: діни сенім бойынша көзге көрінбейтін, табиғаттан тыс күштер. Бұл сөз діндарлық дәстүрше өлген кісінің, ұлы адамның «жаны» мағынасында қолданылады; ата-бабамыздың аруағы, аруақ қонған кісі тәрізді фразалар да кездесіп отырады. Жантас [болысқа]: берсең [жаныңды], Мықтыбай аруағымен ант ет! Болыс: Осыдан өтірік айтсам, ел тілегін орындамасам, атам Мықтыбайдың *аруағы атсын* (М. Ә.).

АРУАҚ ДЕМЕСІН! ○ АРУАҚ ЖЕБЕСІН! ○ АРУАҚ ҚОЛДАСЫН! ○ АРУАҚ ДЕМЕЙ КӨР! ○ АРУАҚ ЖАР БОЛА КӨР *к ө н е. Тәңір жарылқасын, аруақ сүйеу болсын деген тілек мағынасында айтылады. Аруақ қолдаған демеушім сен* (АӘ). Сапарың оң болсын, балам, *аруақ жебесін* (М. Ә.).

АРУАҚҚА ШЕТ БОЛМА ○ АРУАҚҚА [АРУАҚ-ҚҰДАЙҒА] ШЕТ БОЛДЫ *к ө н е. Аруаққа шүбә келтірме, аруақ жолынан тайма; біреудің обалына қалма. Аруаққа шет болма. Басыңды көтер жерден, Көрісейін деп келдім, Қолыңды өкел бермен* (ШС). Найманның елдігіне істег отырған жаулығым болса, *аруақ-құдайға Тобықты шет болатыны шын* (М. Ә.).

АРУАҚ ҚЫСТЫ *к ө н е. Ата-бабасының ар-намысын буды. Сай суындай сарылдап, Манаты тоны дарылдап, Шапқан сайын батырдың Алты кырдың артылып, Жер бауыры тартылып, Үстіндегі ер Қамбар Аруақ қысып барады* (ҚамБ).

АРУАҚ ҚОЛДАДЫ [ЖАР БОЛДЫ] *Діни сенім бойынша әулие-әнбие, ата-баба рухы жебеді деген мағынада. Көгеріп жатыр балуан қаны қашып, Көргеннің бәрі аясты жаны ашып, Балуаны жыққан Арғын шуылдап жүр, «Аруақ қолдады» деп, көңілі тасып* (І. Ж.). Егер де *аруақ жар боп*, жыға қойсам, Қанжарым қанын шашып, көзін ойсын (РД).

АРУАҚ [ҚЫДЫР] ҚОНДЫ [ТҮНЕДІ] *Ескі сенім бойынша бақ, қыдыр дарыды мағынасында айтылады. Түріктің патшасындай көңілі емес, Мاستанған ат байланып, аруақ қонып* (Ғ. Мәлд.). Үйіне құдай оңдап *қыдыр қонды*. Бір досым бек сөйлескен сендей болар, Бұл марал буаз екен тіпті атпаймын, Келінің екі қабат кесел болар (ҚКБС). Тарбиған Тарбағатай жердің құты, Барлы — ол «*қыдыр түнеп* көшкен жұрты» (І. Ж.).

АРУАҚТАНЫП КЕТТІ *Шабыты келді, қозды, құдіреттене түсті. Қазтуған жырау монғол шабуылшыларымен алысқан қыпшақ әскерлерінің ерлігін толғағанда, нағыз бір желдей жүйрік атқа мінгендей, көңілі лепіріп, ұшып-қонып, бір орнында отыра алмады. Бір мезет Бошман жырына келгенде, тіпті аруақтанып кетті* (І. Е.).

АРУАҚТЫ ЖІГІТ Айбарлы, құдіреттәбі кісі, сұхы бар кісі.

АРУАҚ ҮСТІН БАСТЫ к ө н е. *Сұсы басты, мысы жеңді. Қара дәуді Зарлықтың Аруағы үстін басады* (МЗ).

АРУАҚ ШАҚЫРДЫ к ө н е. *Пір тұтқан ата-бабаларын, жебеушілерін айтып сыйынды. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен* (Абай). *Аруақты шақыратын жырлар келсе, Тілектес жүйріктерде шабыт болсын. Іздеген табылатын болып тұрса, Барып қал — жері қанша алыс болсын* (М. К.).

АРУЛАП ҚОЙДЫ ○ АҚ ЖУЫП, АРУЛАП ҚОЙДЫ к ө н е. *Құрметпен, қадірлеп, ақ жуып жерледі. Жағанды бүкіл ел-жұрт боп арулап қойып, жетісін бергеннен кейін Жәнібек тағы да Қасымды өз ордасына шақырды* (І. Е.).

АРУ ШЕШЕЙ *Ардақты, қымбатты, сұлу шешей деген мағынада. Қоян қолтық, керме қас, Ару шешей болса игі* (АӘ).

АР-ҰЯТЫН ТӨКТИ ○ АРДАН [ҰЯТТАН] АЙРЫЛДЫ [БЕЗДІ] *Намыс келтірер қылық істеді. Бақ-дәулет келуіне мен көпіл, Ар-ұятыңды төкпей елірмей* (ШС).

АРШЫҒАН ЖҰМЫРТҚАДАЙ [ЖАУҚАЗЫҢДАЙ] *Аппақ, ақ торғын. Қасына отырған қызға қараса, аршыған жұмыртқадай ақ қыз, кескін, келбеті бір жігітке татырлық* (С. М.).

АРШЫН ТӨС [БАС] *Сұлулыққа тән, үлкендікке балама теңеу. (Аршын төс әйелге, аршын бас құсқа, жылқыға айтылады). Молда, сопы дым білмес, кеткен есі, «Бұл жалғанда жұмақ жоқ» деген несі? Жалғанда жұмағын — ариманым, Албыраған арудың аршын төсі* (Б. К.). *Аршын басты ақ құс* (ЕК).

АРЫЗ АЙТТЫ [АЙДАДЫ, ҚЫЛДЫ] *Өтінді, сұрады, шағынды. Амап жоқ, енді жүрдік күн-түн қатып, Жәкеме кетейін деп арыз айтып. Жәкеме қатын-баланы тапсырайын, Келе ме өлген адам тірі қайтып? (Ш. Қ.). Таудан мұнартып ұшқан тарланым, Саған ұсынсам қолым жетер ме, Арызым айтсам өтер ме? (М. Ө.). Перілердің баласы, жалаңаш-жалпы жүреді. Қасыңа барсаң пәленің, Садақпенен тартады. Оны неге білмейсің? Жұртың арыз қылса да, Орныңнан неге тұрмайсың, Мойныңды маған бұрмайсың* (МЗ).

АРЫЗДАСЫП АЙТҚАН СӨЗ *Өлім алдында қоштасып айтқан сөз. Ой түбінде жатқан әкесінің бүгін арыздасып айтқан сөзі* (Абай).

АРЫЗ ЖАУДЫРДЫ *Үстін-үстін шағым жазды. Өйтеуір, бөлені қоздатып жатыр. Макардың үстінен арыз жаудырып, аяғынан алып, осындай әшекейлері мазасын кетіріп жүрген жоқ па? Сол пәлені, міне, бізге Аман әкелді...* (Ғ. Мұс.).

АРЫЗЫ ЖЕТТІ [ӨТТІ] *Айтқаны болды, сөзі өтті; тілегі орындалды. Қыстауы*

тарлық кылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ (Абай). Таудан мұнартып ұшқан тарланым, Саған ұсынсам қолым жетер ме, Арызым айтсам, өтер ме? (М. Ө.).

АРЫҚ ҚОЙДАН БАҒАСЫ КЕЙІН *Қадірі жоқ, беделі төмен. Ал, дүние, өтерінді біліп едім, Білдірмей, серілікпен жүріп едім. Бұл күнде арық қойдан бағам кейін, Үш жүзді сайран қылған Біржан едім* (Б. Қож.).

АРЫЛЫП СӨЙЛЕДІ *Бар шынын айтты; ақтала сөйледі. Өзі білген, ұғынған дәрежесінде райком секретары арылып та сөйледі. Бар шынын да айтты* (М. Ә.).

АРЫН АРЛАДЫ *Намысын жыртып, Болып ед Апрасиян қызын бермек, Сондықтан Апрасиянның арын арлап, Тұраннан ойламаушы ед өзгені ел деп* (РД).

АРЫН АТТАДЫ *Ұят іс қылды; өз ұятын қорлады, атына кір келтірді. Жаңағы қара пәле қанша кірлемек болса да, құдай біледі, Ақбала да арын аттап жүрген әйел болмас* (Ә. Н.).

АРЫН АЯҚҚА БАСТЫ ○ АРЫН САТТЫ [ТӨКТИ] *Кісілігіне кір келтірді, қорлады, ұятқа қалдырды; арын (ар) сату, кейде бедел салу мағынасында да қолданылады. Ендеше, баяғыда арыңды аяққа басып кеткен әйелді енді, қазір сенің де жек көруің мүмкін... (Ә. Н.). Мен айтамын зарымды, Бір перзенттің дертінен. Беттен төкті арымды Кетірді алла сәнімді* (МЗ). *Ғылым біл деп ойдан қырға сүйреген, Қарағым деп, бейнет көрген, күйреген. Арын сатып, жанын қинап мал тауып, Сен көгер деп, бүтін көйлек кимеген* (С. Д.).

АРЫН САҚТАДЫ *Адамгершілігін сақтады, намысын жібермеді. Ажалды жоқты болса да, Арын сақтап тұрады, Ардан кешкен ұятсыз Ойламайды ұятты* (Д. Б.).

АРЫП-АШТЫ ○ АРЫП-ТАЛДЫ *Қатты күйзеліп, жоқшылық зардабын көрді; жүдеп-жадады; шаршап-шалдықты. Тесік өкпе бейнетқор, Қажымаған қамытқа; Арып-ашып, күйсіз боп, Сүйреген елді бақытқа* (І. Ж.). *Көп күн өтіп, кейінгіге қалған жыл, Тыңнан тесіп, жайлы жолды салған жыл. Арып-талып, терің қатып үстіңе, Мыңнан озып, бас бейгені алған жыл* (Б. К.).

АРЫСТАНДАЙ ҚҰТЫРДЫ *Аласұрды, жанын жеді. Зарлық бала ойнайды Арыстандай құтырып* (МЗ).

АРЫСТАН ЖҮРЕКТІ *Қаймықпайтын, тайсалмайтын, әжет* (АС). *Кәркиден пілдей қуатты, Тағы арыстан жүректі, Апла-тон, Сократ ақылды, Қаһарман, Ғали білекті* (Абай).

АРЫСТАННЫҢ АУЗЫНА КЕТТІ *Ажал араны, алыс жер, қиыр шет. Нұр-*

қан: — Әпкетті, әпкетті ғой, ойбай! Арыс-танның аузына әпкетті ғой, қайран ағатайым (М. Ө.).

АРЫ ТАҒА *Кінәсі жоқ, ешкімге қиянат жасамаған.* Адамға шатасу киын ба? Тек ары таза болса екен. Жалғыз тілегім осы ғана (І. Е.).

АСАН БОЛАР ди а л. *Құп болар, қабил болар.* Сен қолхозға кіру үшін ары берсең, асан болар (Жамб., Тал.).

АСАН ҚАЙҒЫҒА ТҮСТІ [САЛЫНДЫ] *Уайым жеп отыр; күдер үзіп, торғып отыр.* Саған не болды; уайым жеп, асан қайғыға түсесің де отырсың (АТ).

АСАН ҚАЙҒЫҢДЫ АЙТПАЙ ОТЫРШЫ *Сары уайымыңды айта, тарта берме, қайғыға салынба деген мағынадағы тіркес.* Қайдағы бір асан қайғыңды айтпай отыршы (Н. Т.).

АСАРҒА ШАҚЫРДЫ ди а л. *Көмекке, жәрдемге шақырды.* Ол мені асарға шақырды (Алм., Кер.).

АСАРЫН АСАП, ЖАСАРЫН ЖАСАДЫ *Көп өмір сүрген, дәурені өткен, жасы ұлғайған адам туралы айтылады.* Әкесіне соңғы жазған хатында ол: «Мен болсам дүниеге жаңа келдім... Ал, сіз болсаңыз асарыңызды асап, жасарыңызды жасадыңыз ғой... Тұрмаңыз жолыма көлденең... Бұдан былай бұл мәселені сөз етуді қояйық» — деп түйген хатын (М. И.).

АСА СОҚҚАН ЖЕЛМЕН ТЕҢ *Бұл жерде ақын «жақсы сөз» жаман үшін дәл тимейтін, дарымай өтетін жел іспетті деп отыр.* Жаманға айтқан ақыл, кітаптан көрген нақыл Құлағына кірмейді, Аса соққан желмен тең (Д. Б.).

АСАУҒА ҚҰРЫҚ САЛҒАНДАЙ ШЫҢҒЫРДЫ *Азар да безер болып, ат-тонын ала қашты, шенінс жолатпады.* Бір кезде асауға құрық салғандай шыңғырған халқымыз, бұл күнде қашан қала боламыз деп, сабырсыздықпен күтіп отыр («Айқап»).

АСАУ ЖҮРЕК *Ақын бұл жерде сезімтал, тосырқау-жатырқауы көп, үркен жас көңілді айтып отыр.* Асау жүрек қайнамай, Жуасыр ма еді кезінде? Елден бір жақсы сайламай, Бармас па ем ерге өзім де? (Абай).

АС [ДӘМ, ТАМАҚ] АУЫЗ ТИДІ *Дәм татты, азғана тамақ ішті.* Күндіз жұмыстан қайтқан соң, ас ауыз тиіп тыныстап жатқан Жақсылықтың құлағына бір күй оралып жатыр екен (Ғ. С.). Сыздық жолшыбай бұлармен де амандаса кетуге соғып еді, Ырысжан дәм ауыз ти деп, үйге енгізді (Ғ. Мұс.).

АС АШ ӨЗЕГІНЕ ТҮСТІ *Ішкен тамағы кеселге соқтырды.* (Көбіне аш кісінің шамадан тыс жеген ауқатынан болған талықсуы туралы айтылады). Байкұс

қайтсін, ас аш өзегіне түсіп кетті ғой (АТ).

А С БАТПАДЫ 1. *Тамақ сіңіре алмады.* Оған бүгін кекірік атып, ас батпай қойды, дәмге ернін ғана тигізді (С. М.). 2. *Қатты уайымға ұшырап, асқа тәбеті шаппай қойды, тәбетін ой бөліп кетті.* Жүзіңнен серпіп орамал, Қараңғы түнді айдын қыл. Жүрегіме ас батпай, Ғашықтық дерті қылды зіл. Өзімді айтып білдірдім, Не қылсаң енді өзің біл (М. Б.).

АС БЕРДІ *Өлген адамды (көбіне, бір жылдан соң) еске түсіру ретінде жинаған жылы; істелген ізет туралы айтылады.* Ас беріп, алты арысқа даққын жайған, Тауып ед бауырды бұл Сағынайдан. Жатыр ед күшін әдей көрсеткелі, Керейде қонақ болып бір-екі айдан (І. Ж.). Өскенбайдың Зереден туған баласы Құнанбай 1852 жылдар шамасы әкесі Өскенбайға ас берген (М. Ө.).

АС ИЕСІМЕН ТӨТТІ *Үй иесімен бірге тамақ жеу ұғымында айтылып тұр.* Алыңыз, құдаша! Ас иесімен төтті,— деген (АТ).

АСҚА БАҚАУЫЛ БОЛДЫ *Тамақ бөлүші болды.* Азғана асқа бақауыл, азғана елге бек болма деген осы дәл (І. Е.).

АС ҚАЙЫРДЫ *Тамақтан соң не бұрын бата қылды.* Даладан кірген Құмардың кемпірі имене, ізетпен тізе бүгіп:— Ал, жетті,— деді. А... деп қалып барып, сары шал бата қылып, ас қайырды (М. Сүн.).

АСҚА ҚАРАДЫ 1. *Аурудан айығып, бірте-бірте тамақ іше бастады.* 2. *Нәресте емшектен ерте шығып, тамақ ішті.* Зейнеп сүті аз және тез суалатын әйел екен, балалары кішкене күнінен асқа қарайды (С. М.).

АСҚА ҚОСТЫ *Көне дәстүр бойынша өлген кісінің асында ат шаптырып, бәйге берген.* (Мұнда сол жарысқа жүйрік қосу мағынасында айтылған). Сәтімқұл биге ас берді. Көксаланың бойында, Ақбөргені сол асқа қосам деген ойында (Д. В.).

АСҚАҚТАҒАН АМАЛШЫДАН АЯҢДАҒАН АДАЛДЫҚ ОЗАДЫ *Қанша қу, октем болғанмен, адалдық жеңеді.*

АСҚАН МЕН ТАСҚАН 1. *Бұл жерде байлығымен, билігімен көкірек көтергекдер деген ұғымда айтылып тұр.* Құтылдық бай мен дырау шонжарлардан, Шаруаны теспей қанып сорғандардан. Құтылдық асқандар мен тасқандардан (ХӨ). 2. *Мансапқа жас болған кісілер туралы да айтылады.*

АСҚАР БЕЛ [БИІК ТАУ, АЛАТАУ, АЛАЛЫ ТАУ] 1. *Ұлы биік, биік жота, үлкен қырат.* Асқар тауға жарасар басындағы обасы (Б. Қ.). Асау өзен, асқар бел, Көктен де қарап көрейік, Барады қалып туған жер, Семейім менің, Семейім (С. Маш.). 2. *Тірек, сүйеніш, сенім.* Өзі

үміт ететін, алыстан асқар бел санайтын Абайдай асыл аға, бұл асығыс жүріс кезінде Мөккеннің көзіне түспеді (М. Ә.). Олар сені асқар алатаудай көріп, аса құрметтейтін. Жәнібек: Е — е, асқар тауы құлады, бөйтерегі сұлады десейші, жайлауын жау алды, қыстауын өрт алды десейші! (С. С.). Жүрсің бе, аңғармастан бізді жау? — деп. Сені біз паналаушы екі асқар тау деп (РД). Содан бері тағдырыммен, досым саған сенгенмін, Сеніменен — көңілім, Сеніменен — кең бейілім. Сеніменен келемін мен аяғымды нық басып, Арқа сүйер асқар тауым әрқашанда сен менің (Қ. Мүс.).

АСҚАРДАН КЕЛДІ диал. *Ойламаған жерден келді.* Ол мұнда қазір асқардан келіп қалып отыр ғой (Қост., Об.).

АСҚАР ТАУ, ШАЛҚАР КӨЛІ *Алыс жол, қиын-қыстау асу, ұзақ сапар.* Жапан түзде жауға жалғыз жолықпай, Нар кескеннен тамған қан жерде сорықпай, Еркін дала, асқар тау, шалқар көлден, Қабат өгіп, жолбарыстай жорытпай (Б. К.).

АСПАН [АУА, ӘУЕ] **АЙНАЛЫП, ЖЕРГЕ ТҮСЕРДЕЙ** [ТҮСКЕНДЕЙ] **○** **АСПАН АПТАП, КҮН ШЫЖЫДЫ** *Аңыз-ақ ыстық, қалырық, жер-көктің бәрі күйіп тұр.* Шілде аптабы күшіне енген, аспан айналып, жерге түсердей қапырық. Күн аптабымен қосыла трактор моторының қызуы адамды шыдатпайды (ЛЖ). *Аспан айналды, жерге түсетін ыстықта атымды суғарайын деп айдын көлге желдіргіп келсем, тақсыр-ай, сізге өтірік, маған шын — көл дегенім көлденеңі көз жеткісіз көк мұз болып шықты (ҚЕ).* *Әуе жерге түскендей ыстық күшті, Салқындап шомылуда көлге бардың (И. Б.).* *Аспан аптап, шығмын күн, Жер құырған қамбаз түн, Жел аңыз-ақ тамызда (І. Ж.).* Тамыз айы, ауа айналып, жерге түскендей. Күн күйіп тұр (Қ. Қай).

АСПАНҒА КӨТЕРДІ 1. *Асыра мақтады.* Оразбай ол төрені өз жағына мүлде ұйытып, бұрып алмаққа тырысады. Оның атақ-айдынын өзі қатты мадақтап, аспанға көтеріп жүр (М. Ә.). 2. *Қызмет орнын тез жоғарылатқан кісі туралы да айтылады.*

АСПАНҒА ҚАРАДЫ *Құр кеуде көтерді, менменсіді, тәкаппарланды (АС).* Мен боламын демеңдер, Аяқты алашаң басқанға. Екі көзің аларып, құр қарайсың аспанға (Абай).

АСПАНҒА ҰНСА ДА, ЖЕРГЕ БАТСА ДА ЖОҚ ҚЫЛАДЫ **○** **АСПАНҒА ҰНСА, АЯҒЫНАН ТАРТАДЫ, ЖЕРГЕ КІРСЕ, ЖЕЛКЕСІНЕН ТАРТАДЫ** *Қайда кетсе де құртады; қоймайды.* Өлтірген кім екенін айт! Аспанға ұнса да, жерге батса да жоқ қыламы! — деп, ақырады би (ҚЕ).

АСПАНДАҒЫ АЙҒА ҚОЛ СОЗДЫ *Шамасы келмейтін іске ұрылды, қол жет-*

песке ұмтылды. Талай ала аяқ тақ пен тәжді арман етіп, жыртық жабдықтан аспандағы айға қол созып жатты (Ә. Н.).

АСПАНДАҒЫ ҚҰС ҰШУЫН, ЖЕЛ ЕСУІН ТОҚТАТТЫ *Тыл-тыныш болды, меңіреу тыныштық орнады.* Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатып, Қорқыттың күйін тындапты (ҚЕ).

АСПАНДЫ АЛАҚАНДАЙ, ЖЕРДІ ТЕБІНГІДЕЙ ЕТТІ *Бір тарының қауызына сыйғызды, қатты қыспаққа алды.* Күреңбай аспанды алақандай, жерді тебінгідей еткен қатал райынан қайтып, имантаразы қалыпқа келді (С. О.). *Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етіп тұрған қаныпезер қоңыр жал бөрібір бүлк етпей жатып алды (Ә. Кек.).*

АСПАНМЕН [КӨКПЕН] **АСТАСҚАН** [ТАЛАСҚАН, ТІЛДЕСКЕН, ТІРЕСКЕН] *Зәулім биік, асқар биік.* Аспанмен астасқан, Күміс күмбес қиығы, Дүниедегі шарлардың Баршасынан асып тұр, Біздің Москва иығы (Н. В.). Алматының іргесінде басына мәңгілік қар жамылып, биіктігі аспанмен таласқан Алатау тұр (С. М.). Алыстан қарағанда сары, қара шаң діңгектері аспанмен тілдесіп, олардың түбіндегі тұтас, сарғылт мұнар заводты бүркеп көрсетпейді (Ғ. Мүс.). Зәулім биік, көкпен тілдеседі Аспанмен тірескен тау, терең сай, Қалың ағаш, бүркіт қонған қарағай. Алтын-күміс, аю-қасқыр ішінде, Не күш қылды Шыңғыс, Темір, хан Мамай (Б. К.).

АСПАННАН ТҮСКЕН ТӨРТ КІТАП *Діни ұғым бойынша төрт пайғамбар ие төрт кітап болыпты-мыс:* 1) *Тәурет* (Пятикнижие Моисей) — Мұсаның, 2) *Зәбур* (Псалтырь) — Дәуіттің, 3) *Інжіл* (Евангелие) — Исаның, 4) *Құран* — Мұхамбеттің кітабы. Сол діни ұғым бойынша Адам ата арқылы 10 кітап, Шис [Сиф] арқылы 50 кітап, Ыдырыс пайғамбар [Енох] арқылы 30 кітап, Ыбырайым [Абрам] пайғамбар арқылы 10 кітап дүниеге келіпті-міс.

АСПАННАН [КӨКТЕН] **ТҮСТІ** *Ойда жоқта, күтпеген жерде пайда бола кетті, тап бола қалды.* Партия ісін сүйем мен, Түскендей болмай аспаннан. Бұларға ғана сүйенген, Бұларды сүйіп басқарған (Ғ. Қ.). Көкем апама ашуланды: — Арзан ет, арзан жүн аспаннан түспейді. Ең болмаса, үш сағат тебіндетіп әкелейін (М. Т.).

АСПАН [-НЫҢ ТҮБІ] **ТЕСІЛІП КЕТКЕНДЕЙ** **○** **ҚҰДАЙДЫҢ КҮНІНІҢ** *К... І ТҮСТІ* *Қатты, толассыз болған жауын-шашын кезінде айтылады.* Быыл нақ алма гүлдегенде, құдайы құрығырдың аспаны тесіліп кеткендей, жаңбыры шелектеп құйғанын айтсайшы (Б. Қыд.). Құрғақ отын таусылды, құдайдың күнінің к... і түсіп кетті ғой мүлде. Сирағыңды жақ демесен, түк жоқ (АТ).

АСПАН [ӘУЕ] **ШАЙДАЙ** **АШЫҚ** *Көкте бір шөкім де бұлт жоқ кез туралы*

айтылады. Тағы да көктем, Ертістің сірескен қалың мұздары қапталдай аққанына талай күн өтті. Аспан шайдай ашық (Ә. Б.).

**АСПАНЫҢ АШЫҚ БОЛСЫН! ТӨБЕ-
ҢЕ БҮЛТ АЙНАЛМАСЫН!** тілек. *Жаманшылық күн басыңа келмесін деген мағынада.*

АС-СУ ҰСТАДЫ Қазан-ошаққа иелік етті. Ұй шаруасына, *ас-су ұстауға шебер атанған Бибіш апай дәмді тамағын екі баладан өсте аяп көрген емес. Махмұттың саулығын сақтауға өте көңіл бөліп, көп еңбек сіңіріп, қадірлі ана болды (Ә. Айм.).*

АСТАНА ЖҰРТ [ХАЛЫҚ] Ескі әдебиетте көпшілік деген ұғымда да қолданылған. Астана жұртын айналып, байтағым деп зарланып (АӘ).

АСТАН [ТАМАҚТАН] ҚАЛДЫ [ШЫҚТЫ] Уайым-қайғы не науқас меңдеп, тамақ ішуге тәбеті шаппады. Алдымда көзім жұмсам тұрады, Қайғымен астан қалдым, ұйқы қашты (М. С.). Байқұс шал, ішетіні өңкей бір тамақ — қатықсыз көже, астан шықпай қайтсін (АТ).

АСТАН-КЕСТЕНІ ШЫҚТЫ **АСТЫ-ҮСТІНЕ КЕЛДІ** Талқан болды, ойран-топыр болды. Осы кезде қалмақ елі бүліншілікке тап болып, астан-кестені шығады (ҚЕ). Біз бір төбедең асқанда, қамыстың құлақ бауынан арбаның тергесі сыпырылып кетіп, салдыр-күлдір етіп, асты-үстіне келіп, опыр-топыр болды (С. С.).

АСТАПЫРАЛДА, ҚҰДАЙ [АЛЛА] САҚТАЙ КӨР! Аллаға жалбарына айтылатын көне сөз. (Бұл көбіне, қорқу, шошу ретінде айтылады; ауызекі тілде «астапыралла, астағыпыралда» түрінде де айтылады).

АСТАР БОЛА АЛМАЙДЫ **АСТАРЫНА ДА КЕЛМЕЙДІ** Маңайлай алмайды, тең емес. Өзің қыз танымайтын жігіт екенсің, Алма Жанатқа астар бола ала ма? (Ғ. Мұс.). Бұл да жақсы қала, бірақ Алматының астарына да келмейді ғой (АТ).

АС ТА ТӨК СЫЙ-ҚҰРМЕТ Көл-көсір, ішкені алдында, ішпегені артында, өте мол дастарқанды, кең пейіл адам туралы айтылады. Елдің еразаматтары Петр Терентьевичті кезек-кезек қонаққа шақырып, ас та төк сый-құрметке бөледі (С. О.).

АСТЫНА [К...ІНЕ] КӨПШІК ҚОЙДЫ [ТӨСЕДІ, ТАСТАДЫ] Қоллаштап көгермеледі, мадақтады. Парикмахер оның астына көпшік қоя, мақтай сөйлеп, ояздың қарақосысының, үйінің жол-жобасын түгел айтқызды (С. М.).

АСТЫНАН ИТ ЖҮГІРТІП, ҮСТІНЕН ҚҰС ҰШЫРДЫ Үркітіп, үрейге сап, бәлені айдақтап жүр. Бұлар жылын ерте бергізе, мен оның ар жағын қамдай қояйын деп, үлкен үйдің астынан ит, үстінен құс

ұшырып жүрмін емес пе? (М. Ә.). Ел-елдің болыс-биі астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па, аңқау елдің (М. Ә.).

**АСТЫНАН СУ ШЫҚҚАНДАЙ [ЖАМ-
БАСЫНА МҰЗ БАТҚАНДАЙ]** Өте жағдайсыз, тым ыңғайсыз жағдайда қалды. Жамбасына мұз батқандай, астынан су шыққандай дейтін тынымсыз күндер мен түндер үздіксіз қарбалас қам-харекет үстінде өтті (М. Ә.).

**АСТЫҢҒЫ ЕРНІ ЖЕР ТІРЕП, ҮСТІҢ-
ГІ ЕРНІ КӨК ТІРЕП** Ауыз әдебиетінде кездесетін әсірелеудің бір түрі. Астыңғы ерні жер тіреп, үстінгі ерні көк тіреп, Сонда Бұрыл сөйледі, Сөйлегенде бүй деді (ҚБ).

АСТЫ-ҮСТІНЕ ТҮСТІ Құрдай жорғалап құрмет көрсетті; жағымпазданды, лыпылдай түсті.

АСУ БЕРМЕДІ Адам, көлік өте алмады, беттепеді, шеніне жолатпады. Ал, мына жолмен арба жүрсе күпшегінен, адам жүрсе тізесінен батады. Ал төте жолға асу бермей жатқан асқары, бір жарым метрлік темір жол төсемдігі (Б. Қыд.).

**АСУЛЫ ҚАЗАН, ТІГУЛІ ҮЙ [БІР
БАСҚА БІР КӨЗ]** Ерге тиетін (дайын үйге баратын) әйелге, әйел алатын еркекке айтылады.

**АСФАҒАНИ [-ДЫ] ҚЫЛЫШ [КІЛЕ-
МІ]** Алмас қылыштың, түкті кілемнің бір түрі. Қайырлы хан дегенге, Сұрап келіп тұрыппын Асфағанды қылышты (МЗ). Асфағани кілемдер Жібектен гүлін торлаған (ҚЖ).

АС ШЫҒЫНЫН КӨТЕРДІ Өлген кісінің асына керек сойыс пен бар қаражатты мойнына алды. Ас шығынын көтерді, Құрманбет пен Жанғұла. Асты билеп менгерген, Екі елдің жүйрік даңғылы (Д. Б.).

АСЫ БОЛДЫ **АСЫЛЫҚ** [АСТАМ-ШЫЛЫҚ] ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] **АСЫЛЫҚ АЙТТЫ** **АСЫП ТӨГІЛДІ** Такаппарланды; көкірек керіп, артық сөйледі, менменшілік етті. Қырық құлын кәпірдің не деп болмас, Асы болып құдайға олай деме (ҚҚБС). Қасыңның таң қаламын кермесіне, Құдайдың асы болдым бермесіне (ХӘ). Асылық айттым мүләйім, Кешсін өзі құдайым (Б. К.). Бес ауыз сөз айттым деп, Мақтандың, тілім, сен неге? Қой, көмейім, тәубе қыл, Асылық қылма иеге (Ш. Қ.). Жақсы екен деп ойлама, Хан асылық қылған соң (Ш. Құл.). Ибай-ау, бұл қу дүние талайымызды талтаңдатқан. Оның аз күн рақымына асып төгілме, шырағым (Ә. Кек.).

**АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСТІ [ТҮ-
СПІ ОТЫР, ТҰРДЫ, КЕЛДІ]** Жолы болып отыр, қолы келіп тұр, тасы өрге домалап тұр. Жыр кестесін дестелеп, Ордама шашу берейін, Асығым алшы тұскенде, Сақа болып кенейім (Д. Ә.).

АСЫҚ ОЙНАП АЛЫСТЫ Бір өсіп, бір жүрген, қатар өскен деген мағынада. Тай-

құлындай тебіскен, *Асық ойнап алысқан* (ҚЖ).

АСЫҚ ҰТЫС *Ақын бұл жерде өзгермелі, тұрақсыз қарым-қатынасты бейнелеп отыр* (АС). *Асық ұтыс сықылды алыс-беріс — Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс. Бірі көйтке таласып, бірі арам қып, Төбелескен, дауласқан, жанжал-керіс* (Абай).

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ, ШҰҒАНЫҢ ҚИЫҒЫ *Жақсы адамдардың ұрпағы деген мағынада*. (Бұл жерде шонжардың тұқымы екендігін жазушы кекесін түрде айтып тұр). *Әбдуәкіт жас жігітті шырамытып, танығандай болды. «Ә... Масақ бидің ұрпағы тәріздісің... Асылдың сынығы, шұғаның қиығы екенсің ғой, алдамассың»,— деді* (І. Е.).

АСЫЛ СӨЗ *Бағалы сөз, өсиет, ақылды пікір. Асыл сөзден бұл кетті* (Д. Б.).

АСЫЛЫНА [НЕГІЗІНЕ, ТЕГІНЕ, ТҰҚЫМЫНА] **ТАРТТЫ** *Ата тегіне ұқсап тұды, негізіне тартты*. Әр нәрсе асылына тартпай қалмас, Қыл шықпай ит боғынан қалмас деген (ШС).

АСЫН **ІШП**, **АЯҒЫН** **ТЕПТІ** [ТЕКЕМЕТІН, ДАСТАРҚАНЫН ТІЛДІ] **Ә** **АСЫНДЫ** **ШЕЙІН**, **ДАҒАРАҢА** **ТЫ** **ШАЙЫН** *Жақсылыққа жамандық іс істеді, адал асын ішіп, қастандық қылды*. Біреу айтты:— *Қарашы, асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін, жүріндер, бәлемді үйінен суырып алып тепкілейік* (С. Т.).

АСЫҢ **БОЙЫҢА** **ЖАЙЫЛСЫН!** *диал. Ас болсын, ішкен асың бойыңа тарасын!* (Шығ. Қаз., Больш.).

АСЫРАП **АЛДЫ** *Біреудің баласын бала қылды, иемденіп бағып-қақты* (АС). *Егер дін көңлің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады* (Абай).

АСЫРА **СІЛТЕДІ** **Ә** **АСЫРА** **СІЛТЕУ** **ІШ** *Шамадан тыс кетті, зиянды іс-әрекет жасады; жалған белсенді*. Сіздің де кейде асыра сілтейтініңіз байқалады (З. Қ.). *Жеке меншікті жойды деп, тым асыра сілтеп отырмыз* (Ғ. Мұс.). *Отырықшылыққа көшкен жаңа шаруашылықты басқара білмеушілік, асыра сілтеуші әр түрлі зиян-кестік әрекеттер қосылып, жас колхозды мөңдетіп тастаған екен* (Т. А.).

АСЫР **САЛДЫ** **Ә** **АСЫР** **САЛЫП** **ОЙНАДЫ** *Емін-еркін, шат-шадыман ойнап-күлді*. Балалар да бойын жазып, Көк майсада салады асыр (З. Қал.). *Онда шекелері торсықтай боп, доп-домалақ балалар асыр салып ойнап жүр екен* (Ә. Ш.). *Суға қарап жатырмын. Осы ұлы өзеннің жағасында жатып, жасымда өзім асыр салып ойнаған Ертісімді есіме аламын...* (Қ. Қай.).

АСЫ ТАРАМАЙДЫ **1.** *Ішкен асын сіңірмеу, мазасыздану мағынасында айтылып тұр*. Адамға сырттан ғайбат жарамай-

ды, Ғайбатсыз ақымақ асы тарамайды (А. Қор.). **2.** *Көңілі алаң болу*.

АС **ІШП**, **АЯҚ** **БОСАТАР** *Шаруаға еш қыры жоқ, жұмысқа қауқары, пайдасы жоқ кісі туралы айтылады*. Бұдан екі күн бұрын тап осы жерде бұл балалардың әкесін жылан шақты, аяғын шауып тастауға тура келді, қазір үйінде жатыр, тек ас ішіп, аяқ босатар ғана. *Жұмысқа енді жарамайды* (М. Иб.).

АТА-БАБА **ЗӘУЗАТЫ** *Үрім-бұтақ, ата-лас, тектес адамдар*. («Зәузат» — парсыша, тұқым, әйелі мен баласы).

АТА-БАБАҢНЫҢ **АРУАҒЫ** **ҚОЛДАСЫН!** *тілек-бағата. Өткен аталар мен балалардың рухы қолдап-жебеу жүрсін, қам-қор болсын деген мағынада*.

АТА-БАБАНЫҢ **АРУАҒЫН** **ҚҰЫП**, **АРЫН** **АРЛАДЫ** *Өткен ұрпақтың намысын жыртып, есесін іздеді*. Берегірек кеп, билік қолына тигенде де, келешектің қамын жеп, ертеңгі күннің күйігін күйттеудің орнына, әлдеқашан сүйегі құрап қалған ата-бабаның аруағын құып, арын арлап кетті (Ә. Н.).

АТА-БАБАҢНЫҢ **КӨРІ** **ЖАНҒЫР!** *қарғыс*. Асықпа, Қартбай, асықпа тегі,— деді Көжек тістеніп.— *Жақындасын иттер! Сеспей қататын болсын, ата-бабаңның көрі жанғыр* (Т. А.).

АТА **БАЛАСЫ** **ТЕҢДІККЕ** **ТҰРСА** **ДА**, **КЕМДІККЕ** **ТҰРМАЙДЫ** *Өзін-өзі ешкімге қорлатпайды*. Жексен кедейлердің айтқанына көнбей, ата баласы теңдікке тұрса да, кемдікке тұрмайды деп, өз бетінше кетіп еді (Ж. Төш.).

АТАҒЫ [ДАНҚЫ] **ЖЕР** **ЖАРДЫ** **Ә** **АТАҒЫ** [ДАНҚЫ] **ЖЕР** **ЖАРА** **ШЫҚТЫ** *Есімі көпке жайылды, данқты болды*. (Ежелден белгілі, данқты кісі туралы айтылады). *Сенім қазаға қол қойған Петр Желябин Атбасар уезіне атағы шыққан, осы аймақтың қаласы мен даласына совет туын өз қолымен тігіп, еңбекші халықты азаттыққа бастаған большевик* (С. О.).

АТАҒЫНА **ҚАНДЫ** *Сырттан сұрап біліп, жұртқа тараған данқына көзін жеткізді*. Ойласам, сендей жанды қай жан алған, мен едім атағыңа көрмей қанған (Ә. Төң.).

АТАДАН **АСЫП** **ТУДЫ** *Елден ерекше болып туды*. Жібектің жайын сұрасаң, Асып туған атадан, Шаһизада кісі еді (ҚЖ).

АТАДАН **ҚАЛҒАН** **МАЛ** **ЖОҚ** *Ер тәуекел, аянатын еш нәрсе жоқ деген мағынада айтылады*. *Атадан қалған мал жоқ, қалтырап жүріп күн көргені құрысын дедім* (АТ).

АТА **ЖАУ** [ДҮШПАН] *Ежелден кектескен дұшпан*. Хан баласы ақсүйек, Ежелден табан аңдысқан. *Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім* (М. Ө.). **Ата**

жұрттың асылын, Балжыға қайдан қиды екен? Ханның қара жемдетін Ата жауым дер едім (Қ. Б.).

АТА [ЕСКІ] ЖОЛДАС *Ежелгі серік, қанына сіңген іс.* Қала салуға, бала оқытуға кіріспегендер түсінбегендіктен емес, ата жолдасы жалқаулық, әрі мұқтаждықтан болса керек («Айқап»).

АТА ЖОЛЫ [ЖОРАЛҒЫСЫ, САЛТЫ, КӘДЕСІ] *Ескілікті үлкен кісілерден, атабабадан қалған дәстүр.* Ауылда жұртты бүлдірген Қасым болса, қалада Хасен. Қазақ жастарын жаңа өмірге бастап, Бүркіт пен Ханшайымды да ата жолынан тайдырған осы Хасені Қасымнан өшін алды (І. Е.). Ер халықпыз сыналған, Қашанғы ата салтымыз. Беттен қайтпас бір алған (Жамбыл).

АТА ЖОЛЫН ҚУДЫ [БҰЗДЫ] *Бабалардың, әкелердің салып кеткен жолымен, айтып кеткен өсиетімен жүрді; бабалардың, әкелердің салып кеткен жолынан тайды.* Шоңмұрын: Ата жолын қусам, ізімен жүрсем, неге қыңырлық болады (М. А.).— Сөйтіп, қазақтың, халықтың қағидасын, ата жолын бұздырды. Мұсылмандық жолынан, шарифағынан сотқар жастарды аттап өткіздіріп, пәле бастауға баулыды,— дейді Шұбар (М. Ә.).

АТАЙ КӨРМЕ *Бір істен, сөзден ат-тонын ала қашу мағынасында айтылады. Атай көрме, Күнікей... сөнген ертті қайта тұтат дегенің бе бұл? (Ғ. М.).*

АТАҚҚА ИЕ БОЛДЫ *Дәреже алды; даңққа ие болды.* Міне, биыл инженер деген атаққа ие болды. Диплом қолында. Мұнда да біреудің көк тиын көмегіңіз оқыды. Тек өз күшіне сенді де, жүре берді (Р. Р.).

АТАҚ ҚАЛДЫРДЫ *Артына өлмейтін ат, даңқ қалды.* Ол сыпатты қазақтан дүниеге ешкім келмепті. Өлмейтін атақ қалдырып, Дүниеге көңіл бөлмепті (Абай).

АТАҚҚА ШЫҚҚАН *Белгілі, әйгілі болған, мақталған.* Облыста атаққа шыққан колхоз болғандықтан, шақырды, қабыл алып, облыстық басқарушы мекемелерден де екі машина адам келді (С. М.).

АТАҚ ҚҰМАР *Лауазымға үйір; жақсы кісі, білгіш кісі боп көрінуге құмар.* Қит етсе, трибунаға шығып, аттан салу — атақ құмар өзімшілдердің ісі (Ә. Т.).

АТА ҚОНЫС [МЕКЕН, ЖҰРТ] *Белгілі халықтың ежелгі мекені.* (Бұл фраза көне заманда (мәселен, қазақ өмірінде) о баста әр рудың, тайпа, елдің өзіне тән өлкесі туралы айтылған). Ата қоныс арқадан, Басында қазақ ауғанда Алқа көлді айналып. Ақ қайыңды сауғанда (Д. Б.). Бурабай өлкесі табиғаты ұғуды, ата мекенді сүюді үйретеді (М. И.). Өрт құшағында қалып бара жатқан ата мекен, құт қонысты қия алмай төгілген көз жасы Еділге құйылған нәсердей еді (М. И.). Бөжей өз атасы Кең-

гірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жер (М. Ә.).

АТАЛЫ [АТА] ЖАУ *Белді, текті, мейлінше күшті дұшпан; бұрыннан жаулықта болған қасы.* Ал бұның [Оразбайдың] жауы Абайды алса, ол анық-ақ аталы жау. Бір Құнанбайдың өзі бай болудың үстіне, аға сұлтан да болды (М. Ә.).

АТАЛЫҚТАЙ АҚСАҚАЛ, АНАЛЫҚТАЙ БӘЙБІШЕ *Елдің батагөй шалы, ару анасы. Аталықтай ақсақал* Шада да басы зарланды. *Аналықтай бәйбіше* көзінен төкті арманды (Д. Б.).

АТАЛЫ СӨЗ *Уәжді, өсиет сөз; нақыл сөз. Аталы сөзді* арысз қайырады (Мақал). Қаленнің үйіне келген Әбдірахман дейтін большевик досының халыққа айтқан аталы сөздерін ғана қайталап айтып берді (Х. Е.). Егер дүние жүзі халықтарының мақал-мәтел жайында айтқан аталы сөздерін жиса, өзі бір үлкен кітап болар еді (М. Әл.).

АТАМ ЗАМАН **○** **АТАМ ӘЛМИСАҚТАН [ӘЛМИСАҚТАН]** **БЕРІ** *1. Бағғы, ежелгі дәуір.* Ал аналар болса, шын пейілдерімен амандасып, шұрқырасып отырғандай көрінбекші болып, амандасудың атам заманғы ұзақ сөздерінен бастап, Телмағамбеттің әдейілеп келіп отырған төл ісіне мүлдем жуыр емес (С. Төл.). *2. Бұрыннан, көптен бері.* Бұл үйде атам заманнан семьясыз жалғыз тұратын қарт парикмахер бар еді (С. М.).

АТАМНАН АРЫ [ӘРМЕН] *Көбіне жақтырмаған, ұнатпаған жағдайда айтылады.* Келмесен, атамнан ары, пұштия қалыпты ғой (АТ).— Әже, үйге қонақ кеп қалды.— Атамнан әрмен! Кетсін әрі. Қондырмаймын (Ә. Н.).

АТАН ЖІЛІК, АРҚАР МҮЙІЗ *Қуатты, айбарлы.* Қазақ пен ноғай бөлінгенде айтылған «Жылау, жылау, жылау күй» жырындағы «қара орнынан айрылған» Торғай мен Ор бойынан, Қаратау маңынан, Арыс пен Бадам өзендерінің тоғысқан жеріндегі Қараспан тауынан көшіп келген қазақтың атан жілік, арқар мүйіз батырларының бірі еді (І. Е.).

АТАҢА НӘЛЕТ! [ЛАҒЫНЕТ] *«Нәлет», немесе «лағынет» — араб сөзі; оңбаған, көсегесі көгермеген деген мағынада. Атаңа нәлет, Жәңгір хан* Көзінен тізіп айдады-ау, Орынбор деген қалаға Қазақтың қара баласын (М. Ә.). Ой, атаңа нәлет! Ой, ернің аққа тигемірі! Ой, мал көрмеген көргенсіз!— деді Судыр Ахмет (Ә. Н.). Атаңа нәлет, Байсалы. Нәпсі үшін, бұлардың Дауын созып ұзартты. Қаңбақ деген базарға Тағы да малын айдады (Н. Б.).

АТАҢ ДЕГЕНІМ ЖОҚ, ЕНЕН ДЕГЕНІМ ЖОҚ *Ешбір ренжіткенім жоқ, дәнеңе дегенім жоқ.*

АТАҢНЫҢ БАСЫ [КӨРІ] *Көбіне ренжігенде, зекігенде айтылады.— Атаңның*

көрі, кісілері қайда, бұл үйдің? Көрдей ғой (Ә. Н.).

АТАННЫҢ ҚҰНЫ БАР МА! *Не ақың кетті?, ала алмай жүрген өшің бар ма? деген мағынада айтылады.* Түбінде адал қандай, арам қандай, Жеті атаңның құны бар ма, байымды өлтіріп, Өзімнің аяғыма қақпан сап қан алғандай (АЖ). Ұрлап алған бойымда, Ханның ділө пұлы бар. Бір қасық су бермейтін, Көздің жасын көрмейтін Атаңның қанша құны бар (Ү. К.).

АТАП АЙТҚАНДА *Нақтылап сөйлегенде, дәлін айтқанда. Атап айтқанда, бұл істе сіздің үлесіңіз мол (АТ).*

АТАРҒА ОҒЫ ЖОҚ [БОЛМАДЫ] *Қаты қаһарланып, ашуға мінген кісі туралы айтылады.* «Тілшіміз» бен Әбілтай екеуі түнделетіп отырып Кериманың төркініне келеді. Кериманың атарға оғы жоқ боп, сыздап отырған кезі екен... (ЛЖ).

АТАР ТАҢ, БАТАР КҮН *Көресі күні, татар дәмі бар; басқа салған жазмыш күн.— Әй жарықтығым, әркімнің атар таңы, батар күні бар ғой (Ә. Н.).*

АТАР ТАҢ, КӨРЕР [ШЫҒАР] КҮН ЖОҚ **○ АТАР ТАҢ БОЛМАДЫ** *Күн көрсетпеу, басынан азап, бейнет арылмау мағынасында айтылады.* ...Мені бүйтіп күң етіп, ол сорлыны, Бәшібекті, құл етіп қойған соң, атар таң, көрер күн жоқ болған соң, не дейін!— деп, қазан астындағы ыстық жалынды көсей түсіп, Есбике кемсең деп жылап қояды (М. Ә.).

АТ АРЫДЫ, ТОН ТОЗДЫ *Шаршапшалдықты, қалжырады, ұзақ жүрді. Ат арыды, тон тозды.* Талма-тал түс болғандай, Талықсығанға ұсаймыз, Дүние — киік, адам — ит, Қуа-қуа ізденіп (Б. Ә.). Бұрын ағайынға ат арытып, тон тоздырып қона, түстене жететін алыс ауылдардың арасына ұшқыр самолеттер қатынап, оқтай түзу тас жолдар тартылды (ҚӘ). Шоқанжан алыстан ат арытып, жол тауқыметін көп көріп келген адам, қыдырып, көңіл көтергісі келетін шығар (С. Бақ.).

АТ АРЫЛТТЫ [САБЫЛТТЫ] *Әуреге түсті.* Бір айғыр үйірімен ықтап кетіп, соны іздеп, ат сабылтып келе жатқан бетім еді (ҚЕ). Арып-ашып, шаршап-шалдығып әрең жетті. Өзім де қатты жаурадым, Тонымнан суық жел өтті. Атым да қатты сабылды. Тоқымнан ағып тер өтті (С. С.).

АТА САҚАЛ АУЗЫНА ВІТКЕН *Ер жетіп, кемеліне жеткен, егде тартқан, ұлғайған.* (Көбіне ересек кісінің кішілерге қатынасындағы өрескел ісі, мінезі орайында айтылады).

АТАСТЫРЫП ҚОЙДЫ *салт. кене. Екі жасты (қыз бен жігітті) бір-біріне айттырды.* Ақбала мен Еламанды жастайынан атастырып қойған еді (Ә. Н.).

АТАСЫ БАСҚА *Өзімен бірге тумаған деген ауыспалы мағынада да жұмсалады. Атасы басқа аттан түс (Мақал).*

АТАСЫН БІЛМЕС АЛЫС *Жат, танымайтын бөтен жұрт.* Абылай алдында сен бітсең, Құдандалы таныспын, Егер Абылай алдында бітпесең, Атасын білмес алыспын (Б. Қ.).

АТАСЫНЫҢ ҚҰНЫН СҰРАДЫ *Аса қымбат сұрады, асыра, артық сұрады.* (Сатып алуға тиісті заттың тым қымбат екендігі туралы айтылады).

АТ-АТАҒЫ ШЫҚҚАН *диал. Белгілі, зор, абыройлы, беделді кісі. М. Тәжібаев облыстағы ат-атағы шыққан мұғалім емес пе? (Тау., Қош.).*

АТАУ-КЕРЕҢДІ ПШКІР! *қарғыс. Жемтігіңді жегірі, ішкен-жегенің ас болмағыр!* (Өлер алдында ішкен ақтық тамақтан келіп шыққан). ...Айғыз бенен Қалиқа бір тостаған қымыз жұтқызса, «атау-кереңді ішкір, саумал ішсең жетпей ме, сауғаныңнан бұрын қымызды өзің құртасың»,— деп қылқылдап тұрғаны... (М. Ә.).

АТАУСЫЗ ҚАЛҒАН *Ешкім аузына алмады; атын атамады.* (Өлген кісіге, сондай-ақ жасы келіп, я ауырып, қаріп боп, үйде отырып қалған кісіге көбірек айтылады). Ермолайдың қарт шешесі Людмила Сергеевна атаусыз қалған жоқ. Тіпті шарап кезегі оған келгенде, жұрт тар бөлмені бастарына көтеріп, кемпірге арнаған небір жақсы сөздерін айтып, дуылдасып кетті (С. О.). Атаусыз қалмасыншы ер еңбегі, Азамат соғысы мұның тегі. Төңкеріс тұсындағы тарих ғажал Таусылмас дария ғой ол бір шегі (Е. Б.).

АТ БАЙЛАР¹ [ҰСТАР] *Қазақ эфемизм ретінде ер баланы осылай атаған.* Сәулежан-ай, Жеметіңе бекер тиесің ғой, артыңнан ерген ат байларың емес пе?— деп Сүңгір үйге сөйлей кіреді де:— Қонағыңа төрге киіз төсе, шешенді шақыр, балық асын, барымен базар ғой,— дейді (С. Тал.). Келін босанды дейді, құтты болсын. Ат ұстар ма, қырық жылқы ма (АТ).

АТ БАЙЛАР² *диал. Құда түсіп келгенде, құданың атын байлағаны үшін беретін кәде. Ат байларды әліне қарай беріп отырады (Целин., Ер.).*

АТ БАЙЛАДЫ *Сыйлады, тарту етті, ат мінгізді.* Өз атың жұртқа әйгілі Баймағамбет, Патшаға сексен қара ат байлаған бек (Ш. Ж.).

АТ БАСЫНА КҮН ТУДЫ *Қиыншылық шақ келді, сыналар мезгіл болды. Ат басына күн туса, Көксiмдегі күй болар. Көңіл азып, тон тозса, Берген көйлек кез болар (Ш. Қ.).*

АТ БАСЫНА СОҚТЫ [СОҒЫСТЫ] *Шегіншектеді, жүрексінді.* Жанды кісі жесірін жібере ме? Ат басына соғыссаң, болар намыс (ҚҚБС).

АТ БАСЫН БҰРДЫ *Бұрылды, бағытын өзгертті.* Мұны көріп Төлеген Атының басын бұрады (ҚЖ).

АТ БАСЫНДАЙ АЛТЫН *Көлемді, үлкен алтын. Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, қой басындай ділде алайын, сонан соң екеуміз қашайық* (ҚЕ).

АТ БАСЫН ТАРТТЫ *Тоқтады, аялдады. Ақшамда бір-ақ ат басын тартты* (АТ).

АТ БАСЫН [ТҰМСЫҒЫН] ТІРЕДІ *Қонақ болып түсті, белгілі бір жежелі жерге келіп жетті, тоқтады. Көп ауылдағы қоңыр үйге жетіп, ат басын тірегенде ғана, үзкі туралы ойы үзілді* (Ғ. Мұс.). Абай аулынан кеткен бетінен қалаға бүгін жетіп, Мұқаметжан жаңа кеп, ат тұмсығын тіреген жері осы (М. Ә.).

АТ БАУЫРЫНА АЛДЫ, САБАДЫ *Атпен құлып, өлімші етіп сабады. Қаршадай жетім көдекті Ат бауырына алады* (АӘ). Сен неге қашасың деп, аттың бауырына алып, сабады (ҚЕ).

АТ БОЙЫ *өлшем. Мынадан сұрашы,— деп өздерінен ат бойы кейін тұрған Төңірбергенді иегімен ымдады* (Ә. Н.).

АТ ЖАҚТЫ *Бет әлпеті сопақша келген адам туралы айтылады. Столдың ана шетінде Мұратқа қарсы қарап, кішкене көзі моншақтай жылтыраған, денесі енді толыса бастаған, ат жақты, қара сұр аға лейтенант отыр* (Т. А.).

АТЖАЛМАНДАЙ ШҰЛҒИДЫ *диалект. Пысық болды, икемді болды. (Өзіне тартпақтағыш мінезі бар адам туралы айтылады). Әлжанның келіні атжалмандай шұлғиды* (Қост., Аман.).

АТ ЖАЛЫН ҚҰШТЫ *Еңкейе келіп, етпетінен ат мойнына асыла құлады. Қален оның сойылын қағып жіберген бойы темір сүйменімен оны иықтың тұсына ала соқты. Қаба сақалды ат жалын құшты* (Ә. Н.). Екінші жігіт кеп қартты қамшының астына ала бастаған кезде, кесек денелі бір әйелдің қолындағы бақаны желкесінен тиіп, ат жалын құштырды (ҚӘ).

АТ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНДІ *Адам болды, ер жетіп, азамат болды. (Өзі өз болғалы адам бола бастады деген мағынада айтылады). Өзім өз болып ат жалын тартып мінгелі, тұғырым тұрымтайсыз боп көрген жан емеспін* (Қ. Тай.). «Жаратқан, осы еркек кіндікті үш ақ үрпек балапанның ат жалын тартып мінгенін көрсем арманың жоқ; ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіре көрме жаратқан!» — деп азынаған үні құлағымда әлі күнге дейін ызыңдап тұрғандай (Ә. К.). Сөйлейін сөйле десең желіп-желіп, Гүлесем басылмайтын мен бір көрік. Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз-келіншекке болдым жерік (Б. Ш. Б.).

АТ ЖАҢБЫРЛЫҒЫН ЖАПТЫ *Семірген ат туралы айтылады.*

АТ ЖАРАТТЫ [СУЫТТЫ] *Атын баптады. Көк ала ат жаратып, Көк дабылды*

байлатып, Байлар ұлы шоралар, Көл жағалар жаз күні (Б. Қ.).

АТ ЖАРЫС *Ат бәйгесі. Құнан жарыс, дөнен жарыс, т. б.*

АТ ЖЕТПЕС, АТАН ЖЕТПЕС ЖЕР *АТ АЯҒЫ [ТҰЯҒЫ] ЖЕТЕР ЖЕР Ұзақ жол, алыс жер; атпен жететін жер. Ән аты — «Әлима». Қатал әкенің қалауымен көрі шалға қырық қараға сатылған қыздың ат жетпес, атан жетпес жерге ұзатылып кетіп бара жатып, ел-жұртымен қоштасқан зары (Ә. Н.). Ақбай ат аяғы жетер жердегі елді аралап, өзіне лайықты сұлу қыз іздеп, таба алмайды* (ҚЕ). Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды (Б. М.).

АТ КЕКІЛІН [ҚҰЙРЫҒЫН] КЕСІСТІ [КЕСТІ, ҮЗДІ, КЕСЕ АЙЫРЫЛЫСТЫ] *Кестісті, араздасты; мүлде безді. Екеуін де бай-жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйлейді. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ* (Ғ. Мұс.). Жаңа жылда жас балапан өсеміз. Байдан аулақ ат құйрығын кесеміз (А. Т.). Мұндай кесішілдік, бюрократтық тәсілдермен ат құйрығын кесісу керек. Жанды іске бет бұру қажет (ЛЖ.). Бір рет ат құйрығын кесісіп кеткен кісімен қайта кездесудің қиындығын ойлаған сайын екі беті өртеніп бара жатты (Ә. Н.). Ана, Қоңырқұлжаның шабарманы Ожар ма? Ол Азнабай аулынан ат құйрығын кескендей еді ғой (І. Е.). Геройдың баяндауы бойынша, ол енді Валзиямен ат құйрығын үзіскен еді (М. Баз.). Уәлиханнның үлкен ұлы, хандық жолы менікі деп дәмеленген сұлтан орыс патшалығымен ат құйрығын кесе айырылысты (Ғ. М.).

АТ КӨБЕҢ ТАРТЫП ҚАЛДЫ *Аттың кешеуілдеп, ұзақ мерзімді өткізіп семіруін айтады. («Көбең ат» деп жедел, жіті жүрмейтін атты айтады. «Көбең» деген сөздің о бастағы мағынасы үрген қарын сықылды ісініп-қабыну; «көбең тартқан ат» деген көктемде жайылып жүріп семірген, еті бос ат мағынасында. «Көбенді көр де қой» деген осыдан шыққан болу керек).*

АТ-КӨЛІГІҢ АМАН БА?! *Жолаушы, жүргінші кісіге айтылатын аман-саулық сұрасу, сәлемдесу. Қарға бойлы қара бала, ат-көлігің аман ба? (АТ).*

АТ КӨПІР ҚЫЛЫП АЛДЫ *1. Молынан көтере алу мағынасында айтылады. Біреуден ат көпір қылып алып, біреуге ат көпір қылып беріп жүреді, кімге не беріп, не алып жүргенін қайдан білеміз* (АТ). *2. Астан-кестенін шығарды. Біздер жоқта кішкене балалар үйдің ішін ат көпір қылыпты* (АТ).

АТ К... ІНЕ МІНГІЗДІ [ҮНІЛТТІ] *Құл етті, тұтқын етті, тартып алды, қорлады. Тек сұлу қыз-келіншектерге ғана тимейтін, ат к... іне мінгізіп, елдеріне олжа етіп алып қайтағын* (І. Е.). Қанкейде көрікті,

Тіңкейдей тектіні *Ат к...іне мінгізіп*, Қатын етсем деп едім (М. Ө.). *Ат к...іне үңілгіп* Артыма салсам деп едім. Тілекті теңірім бермеді. Өздеріңдей хандарды, Қарны жуан билерді Аш күзендей бүгілткіп, Өзіз жаннан түңділткіп, Осылай бір қылсам деп едім (М. Ө.).

АТҚА ЖЕМ ТҮСТІ **○** **АЯҒЫНА ЖЕМ ТҮСТІ** *Жемді көп жегендіктен, т. б. себептен аттың аяғы ақсап қалады. Қаза берсе, тесікті ін болады, Жүйрік атқа жем түссе, мін болады (АӨ).*

АТҚА ЖЕҢІЛ ҚҰДАША 1. *Тым үшқалақ, жеңіл мінезге айтылады.* 2. *Барып кел, алып келге дайын, қолды-аяқтай.*

АТҚА ҚАМШЫ БАСТЫ *Екпіндеді, қарқынды күшейтті деген ауыс мағынада айтылады. Бұл жерде тікелей ұғымды білдіріп тұр: атты қатты айдады, зулады. Онан өтіп Төлеген, Атқа қамшы басады (ҚЖ).*

АТ ҚАҚТЫ *Жол жүріп, шаршап-шалдықты. Ат қағып, шөлдеп келген шешенге өз қолымен сусын береді (ШС).*

АТҚАН ОҒЫ АЙНЫМАЙДЫ *Көз жазбай, дәл тигізеді. Қаршығаны қайырма, Қалыңға сала батпаса, Мергенге мылтық кезетпе, Атқан оғы айнымай, Түтінін үзбей атпаса (Д. Б.).*

АТҚА ҚОНДЫ [МІНДІ] *Көлікпен жолға шықты. Тым болмаса председателдің көңілі үшін барып кел,— деп таңертең атқа қонарында тағы есіне салды (С. Бер.). Он жеті жасқа келген соң, Сансызбай атқа мінеді. Батасын алып кеткелі, Атасы алдына келеді (ҚЖ).*

АТҚА МІНЕР *Бұрын пысық, белсенді кісі туралы айтылған. Өр рудың, көп рудың адамдары, ылғи атқа мінері ғана. Ішінде жұпыны киімді біреуі жоқ (М. Ө.). Қызығы кеткен ел бағып, Қисыны кеткен сөз бағып, Ендігі атқа мінгендер Күнде ертеңге тоймайды (Абай).*

АТҚАН ОҚТАЙ 1. *Түп-тузу, тартқан сымдай. Ат құлағы көрінбейтін ақ боран бір жұма үзілмей соқса, сол бір жұма бойында тоқтамастан жол тартып отырып, атқан оқтай жаза баспай [Абылғазы] барам деген жеріне ат тұмсығын аудармай кеп тіреп, дәл шығатын (М. Ө.).* 2. *Жылдам, шапшаң, өте тез. Атқан оқтай поезы, Зырқырайды шапқанда ол (Жамбыл). Ойылдың аяды бел еді, Белден көшкен ел еді, Атқан оқтай жылысып, Ор қояндай ығысып (ҚЖ).*

АТҚАН ТАҢДАЙ *Өзгеше ару, асқан сұлу туралы айтылады. Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай. Қалқашың қосылғанда атқан таңдай, Көңілің шалықтаған, паттанғандай (І. Ж.).*

АТ ҚАРА ТІЛ БОЛҒАНДА *Ерте көктемде шыққан отқа жылқы аузы іліккен шақ деген мағынада айтылады.*

АТ ҚОЙДЫ ¹ *Ескі дәстүр бойынша қаралы үйге (ауылға) еркектердің алыстан атпен шауып «ой, бауырымдап» келуі, лап беріп шаба жөнелуі. Байқадам — Сапақ жатағының маңында бір-екі бай ауыл болатын. Соның біреуінің үлкен ақсақалы өледі. Маңайға хабар айтып, жан-жақтан жан күйерлер ат қойып келіп жатады (М. Ө.). Абай Төкежан үйіне ат қойып келген жоқ. Жас балаға ат қою жақсы ырым емес. Және жан күйерлер сыналатын қаза бұл емес (М. Ө.). Өлді деп екеуі де қаза жетіп, Ат қойып келген екен Бүлдіршінге (С. Кер.).*

АТ ҚОЙДЫ ² *Есім берді, атады (АС).* Бұл құрап, киім түзеп, Қарны тойған, қағазға өрнек жасап, сурет ойған. Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп, молдалар оның атын Өзім қойған (Абай). Қырғызға деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек (Абай).

АТ ҚОЙЫП, АЙДАР ТАҚТЫ *Адамға немесе бір затқа арнай ат (лақап, ныспы) қоюға байланысты айтылады. Емін-еркін иемденіп, әркім өзінің ойына келгенінше атады... Маған ат қойып, айдар тағып алды,— деді Жұман (М. Ө.). Өндеріне ат қойып, айдар тағып айтқанда, мен бұрын естімеген өлдекімдерді атап кетеді (С. М.).*

АТ ҚОСТЫ *Бәйгеге ат жіберді. Жел соқса, қамыс басы майда деймін. Ат қостым, ат айдаушы айда деймін, Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды, Жығылмаса, Құлагер қайда деймін (А. Қор.).*

АТ ҚОСШЫЛЫ БОЛДЫҢ БА? ҚЫРЫҢ ЖЫЛҚЫЛЫ БОЛДЫҢ БА? *Не туды: ұл ма, қыз ба? («Қырық жылқылы» ескі салт бойынша қызға беретін қалың мал ұғымынан шыққан).*

АТ ҚҰЙРЫҒЫН ШАРТ ТҮЙДІ 1. *Іске белді буып, белсене кірісті. Кер заманға кез болдық, Кер айылдан ат мінелік. Көк соқтада жол үсті, Ат құйрығын шарт түйелік (Ғ. Мұс.).* 2. *Бұл жерде атқа мініп, жол жүру мағынасында айтылып тұр. Сегізінші не жаман — Серке санды ат мініп, Ат құйрығын шарт түйіп, Жоқ қараған сол жаман (ШС).*

АТ ҚҰЛАҒЫ КӨРІНБЕЙДІ 1. *Өте биік, өте ұзын. Шоқпардай сары тоғай тұр басын иіп, Көрінбес ат құлағы тоғай биік. Судырлап теңселеді сұлу сұлы, Сумаңдап сылдырлаған суды сүйіп (І. Ж.).* 2. *Ақ түтек боранға байланысты айтылады. Аспаннан жауып, жерден көтеріліп, ат құлағы көрінбейтін ақ боран ұйтқып соқты-ай кеп (Ж. Мұс.).*

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАЙДЫ *Пысық, өте икемді, жеңіл. (Атқа мінуге құмар кісі, шабандоз кісі туралы айтылады). Менің қызым бар, өздеріңдей оқыған бала. Бірақ... сен сияқты ер үстінде отыра алмайды емес, тіпті аттың құлағында ойнайды, асауды үйретеді (Ж. Ж.).*

АТ ҚҰРҒАТПАЙ ҚАТЫСТЫ *Ылғи, үнемі, жиі келіп тұрды. Бұл ауылда Тұрмыс және мәдениет университетінің сабағына жастар түгіл, қарттар да ат құрғатпай қатысады* (М. Сат.).

АТ МАЙЫ \odot АТ МАЙЫН БЕРДІ [МІНДІ] *Біреудің атын уақытша міну мағынасында.* («Майын мінген ат» мінушінің қолында бірнеше ай, жыл бойы, одан да көп уақыт болуы мүмкін, ал «лау мінген ат» мінушіге жақын жерге, қысқа мезгілге қажет болады). Сараң байдан сұрасаңыз *ат майын*, Бермес үшін айта берер жоқ жайын (ШС). Абай енді (төлеуге ұрының мүлкі жетпегенде) «ағайынны емес, ұрыға *ат майын беруші*, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын» — дейді (М. Ә.).

АТ МАЙЫ ҚАЙТТЫ *Мал ақысы төленді деген мағынада.* Лауға көлік жалдады. Алмақ едім түйе, Бермек еді түйе. Қулар, құзғындар қаптап, Қылмады ие. Не шықты? *Ат майы қайтты.* Тигені ала бие (І. Ж.).

АТ МАҢДАЙЫ АУМАЙ *Қателеспей, адаспай, тұп-тура.* Сонан бір жерге тоқталмастан, сыдыра шоқтығып отырып, көздеген жеріне *ат маңдайы аумастан тұп-тура* апаратын (Ә. Н.).

АТ МІНГІЗІП, ТОН КІГІЗДІ [ШАПАН ЖАПТЫ] *Риза етті, қадір-құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады.* Елін басу үшін Қалғұттының жоғары жағындағы ауылдардың ақсақалдарына *ат мінгізіп, шапан жауып*, сый-құрмет көрсеттім (Қ. И.).

АТОЙ БЕРДІ [САЛДЫ] \odot АТ ҚОЙДЫ *Шабуыл жасады, ойран салды; ұран тастады, көрініс берді; беттеді.* Сол жерде көп жалынды Байбол келіп, Қарамай жалынса да, боқтап-боқтап, Жөнелді [қонақтар] атқа мініп *атой беріп* (С. Т.). *Атой беріп жүргенде*, Сансызбайды көреді (ҚЖ). Түйдектеп шумақталған бұлтты бұзып, Аспанның ордасына *атой салып* (А. Т.). Аздан соң бұдан да жүз жігіт шығып, Абылғазыға бастатып, түн ортасы болмай-ақ, Бөкеншіге қарай *ат қойды*. Анық бадырайған жауға бетпе-бет келісіп, көрісіп алған соң ғана *атой салу* керек дейтұғын (М. Ә.). Мұндай жағдайда гүілдеген, шуылдаған, *атой қойған* қалың топты көріп, қамал қорғаншылары шыдай алмайды (І. Е.).

АТ ОЙНАТТЫ *Астамшылық етті, басынды; атқа мініп, қаумалап, қамап тұрды.* — ...Кеше үш жүзге аға болған Нұржанның шаңырағына [Аман] *ат ойнатып*, Мұқатайды тұтқындады (Ғ. Мұс.). Бес үзір қалың топқа *Ат ойнатып* келді таяп. Дөп: «Бұл жерде ақын жоқ па?!» Тұрды үйіріп әңгір таяқ (Қ. Ж.).

АТ ӨТТІ ҚОЛҚА СӨЗ Сөз ара айтылған тілек. Бір мезет тіл алсайшы, мына түріңмен қайда барасың, ел-жұрттан ұят емес пе? — Жетібай Нұрғайдың жаңағы *ат өтті қолқа сөзін* еселеп жіберді (С. О.).

АТПАС ТАҢ, ШЫҚПАС КҮНГЕ ҚАЛДЫ *Арылмас бәлеге қалды. Айналайын, шырағым! Осындай бір атпас таңға қалдығы...* Амалын көп деуші еді... Осы пәледен бізді есебін тауып құтқарсаң, пәлендей дүние берер едік, — деп, зар жыласты (ҚЕ).

АТ РАҢ ЕТІН АЛДЫ \odot АТ РАҢЫН АЛДЫ *Шөптің ең әдепкі шыққан маңызына, алғашқы уызына семірген ат туралы айтылады.*

АТ [КІСІ] САЛДЫ \odot АТ САЛЫП АЛДЫ *диал. Хабарласты, байқады.* Аманкелді Торғайға астыртын кісі жіберіп, *ат салып байқастады* (Қост., Жан.).

АТ САЛЫСТЫ *Көмектесті, жәрдемдесті, белсене қатысты.* — Менің байқауымша, тарихқа көп *ат салыспаған* сияқтысыз. Ол ғалымдардың анасы ғой, — деді ол Абайға (М. Ә.). Бұл орманды көппен бірдей *ат салысып* біз де ектік (С. Мәу.). «Бір тұлкке бай болғанша, әр тұлкке сай бол» деген сияқты, бұларды да бұдан әрі өркендету ісіне Қазақстан ауыл шаруашылық еңбеккерлері аянбай *ат салысуда* (М. Е.).

АТСА ОҒЫ, ШАПСА ҚЫЛЫШЫ *Біреудің қол шоқпары болды, айтқанынан шықпады.* Дүйсекеңі де аяушы табылды. Шүкірлік! Жиырма жыл Жұныстың *атса оғы, шапса қылышы* едім (Ғ. Мұс.).

АТ САУЫРСЫН БЕРДІ [БІР БЕРДІ] *Қиын кезде, көбіне шапқыншы шақта қол ұшын берді.* (Атқа мініп, соғысқа шығар шақ туралы айтылады). Ел шетіне жау келсе, *Ат сауырсын бір берсе*, Ұлдың батыр болмағы, Шыбын жанын аямас (Мақал). Базаралы Абайдың қиын күнде *ат сауырсын бергеніне* қуанып тұрып, ырза болды (М. Ә.).

АТ САУЫРЫНА САЛЫП КЕЛГЕН *Қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келген.* «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, *ат сауырына салып келген* бір қызға аяқ салып, сонан сауықанның аласындай бір бала туады (ШС).

АТ СОҒТЫ БОЛДЫ *Көлікпен жол жүріп, қажыды, шаршады, болдырды.* *Ат соқты болып* келгендікі ме, тұяқ серіппестен қатып ұйықтаған екенбіз. Сырттан естілген айқай-шудан шошып ояндым (А. Сей.).

АТ СҮМЕК БОЛДЫ *диал. Ат терледі, борша-борша болды* (Шығ. Қаз., Больш.).

АТТА ЖАЛ, АДАМДА ҚАМ ЖОҚ *Күйсіз, жайсыз жағдай болды.* Өлден уақытта барып Тәуке батыр: — *Атта жал, адамда қам жоқ.* — деді ауыр күрсініп, — біз қозғалып Шуға жеткенше қыс болады (І. Е.).

АТТАЙ ЖЕЛДІ 1. *Ерінбейтін еңбекшіл кісі туралы айтылады.* Бізде бұрын Мырқымбайдың арбасына мініп алып ке-

ңесетін, Мырқымбаймен егін салатын... шаруа десе, қаламы аттай желетін Бейімбет бар еді (С. М.). 2. Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадірін білетін адам жөнінде айтылады. Екі шешен қосылса, аттай желер, Қаса ақымақ жақсының сөзін бөлер (МЗ).

АТТАНҒА АЙҒАЙ ҚОСТЫ Елерді, дау-шуды көбейтті, дүрмекке ерді, әпербақандық істеді. Аттанға айғай қосып, онсыз да дүрліккен елді жөңкілтіп жіберді ғой (АТ).

АТТАН ҚҰРДЫ Шуға шу ұласты, айқай-ұраны бір жерден шықты. Ұласып иттер даусы аттан құрды, Бәсірен айтылады сақпан құрлы, Екі тізгің, бір шылбыр қолға ұстатып, Осылай атам мені аттандырды (М. Мақ.).

АТТАН САЛДЫ Ұран салу мағынасында айтылады. Үш жігіт тізе қосып айқасқан шағында жүрекері лоблыған жоқ... аттан салып араласа берді (М. Ә.). Сені құшақтап, аттан салып, әкемнің айтқанына көнбей, жатып неге алмадым (Ж. Ж.).

АТ [-Ы] ТЕРІС Тура атау ұнамсыз болғандықтан, белгілі бір кісіге телінген есім, лақап ат; кейде қайны, қайнағасы, қайын атасымен аттас кісіні де осылай атау дәстүрі болды. Жанқия апай екі бүйірін таянып алды да, жалғыз көзінің жалынымен ата, әміршіге төніп-ақ калды, — Бар, аты терісіңнің өзін шақыр — деді (Ә. С.).

АТ-ТОНЫН АЛА ҚАШТЫ Азар да бөзер болды, басын алып қашты. Менің жолдасым жыман әдеттен ат-тонын ала қашып, безек қағатын (АТ).

АТ ТӨБЕЛІНДЕЙ Азғантай, азғана.

АТ ТҰЯҒЫ ТИМЕГЕН Ешкім бармаған, аяқ баспаған. Ат тұяғы тимеген Ақ кіріш тас суда бар. Өзірейіл келген күн Жан қалар жер қайда бар (Б. Қ.).

АТТЫ АРБАП, АТАН ЖҰТТЫ «Түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жалмауыз ұғымында. Албасты Арқадағы абжылан — Молда отыр ысқырынып оқып құран; Атты арбап, атан жұтып жатыр молда, Құранмен жем түсіріп жуан-жуан (І. Ж.).

АТ [-ТЫҢ] БАСЫН ТАРТПАДЫ Секкенбеді, именбеді деген мағынаны білдіреді. Қиядан қиқу төгілсе, Аттың басын тартпаған, Қисапсыз көл көрінсе, Қорқып жаудан қайтпаған (Б. Қ.).

АТТЫҢ ЖАЛЫ, ТҮЙЕНІҢ [НАРДЫҢ, АТАННЫҢ] ҚОМЫ [ҚОМЫНДА] Абырсабыр қарбаласта, сүргіншілік жолаушылықта, жүргіншілікте. Көрмедім бір қызық бір күн қақып, Айтар сөз мадақтасам жатыр толып, Сөзімді көңілдегі жаза алмадым, Аттың жалы, түйенің қомы болып (А. Қор.). Азамат аттың жалында, Елім нардың қомында (АӘ). Аспан

көгінде бұлт ойнап шыға келсе, адам сезімі де тұмшаланады. Тұнжырайды. Кейде апталар бойы түн қатып жүріп, түсі қашады. Аттың жалы, атанның қомында өзек жалғай салады (ЛЖ).

АТТЫ МАЙЛАМАЙ БЕРДІ диал. Атты мініске тегін берді, ақысыз берді (Шығ. Қаз., Больш.).

АТТЫ СУЫТТЫ Аттың терін басып, демін алдырды, тынықтырды. Ұзақ жолдан кейін келе сала, ол атын доғарып, суытты да, таңға таяу отқа жіберді (АТ).

АТ ҰСТАРЫҢ ӨЗІҢЕ ТАРТСЫН! алғыс-тілек. Ұлық болсын, ол өзіңдей жақсы боп тусын деген мағынада.

АТ ҮСТІ 1. Жол-жөнекей, үстірт, асығыс. Жолшыбай, Абай мен оның жанындағы жастар үйде отырса, жазып айтатын ақындар, топқа көзексе, домбыраға қосылып ән шырқайтын. Ал, осындай ат үсті, жол-жөнекейлер шапшаң өлең айтуға, бөсеке мен жарысқа да түсе берісетін (М. Ә.). Ат үсті болса да, вокзалды, қаланы көру керек (С. М.). 2. Жеңіл-желпі, қалай болса солай, немқұрайды.— Шырақ! Өлең қиын, ат үсті жазылмайды. Мынау бұрын жазылған, әзірге осыны оқи тұр. Әнге кинама. Өнші емеспін (Ғ. Мұс.). Ақынның 1933 жылы шыққан жинағынан кейін оның негізі болып саналатын шығармаларына жаңадан 60-қа тарта жаңа өлеңдері қосылыпты. Осы бір игілікті істе кейде талғаусыздық, ат үсті қараушылық кездесе ме деп те хауіптенеміз (Ы. Д.). Көп жерлерде яслилер ұйымдастыруға ат үсті қарайды, алдын ала жоспарламайды (Е. О.).

АТ ҮСТІНДЕ КҮН КӨРДІ Ақын бұл жерде жортуылда, жорықта, аттаныста болып деген ұғымды айтып отыр. Ат үстінде күн көрмей, Ашаршылық шөл көрмей, Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей... Ерлердің ісі бітер ме (М. Ә.).

АТ ҮСТІНЕН ҰЙҚЫ АЛҒАН Жортуылда, жорықта, ер үстінде жүріп көз шырымын алған. «Аттанып барып жылқы алған, Ат үстінен ұйқы алған»,— деп барымташыны мақтап, бұзылған кез Шыңғыстан соң болса керек (Абай).

АТ ҮСТІНДЕ ҰЙЫҚТАДЫ Мазасыз, тынышсыз кун туып, ат үстінен түспес халге келді. Сол Керей-Уағың ат үстінде ұйықтайтын болғалы үш жылға айналды (Ғ. М.).

АТ ШАЛДЫРДЫ [ОТТАТТЫ] Атын азын-аулақ отқа қойды. (Аттың белін жазғызып, шөпке жайып алғанда айтылады). Түнеугі Сарқұдықтың басында құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдыртып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой,— дейді Ернарзар (ҚЕ).

АТ-ШАПАН [АТ-ТОН] АЙЫП Ескі дәстүр бойынша төленетін айыптың бір

түрі. Менен түйе ғана үлкен, — деді шал, босағамды рұқсатсыз аттағаның үшін ат-шапан айыбың бар, атымды әруаққа кештім, шапаным мойнында, төрге шық (С. М.).

АТ ШАПТЫРДЫ 1. *Ат жарыстырды, бәйге тікті.* Ханым айтты: «Қайғысыз адам едім. Бұл сықылды жалғанда жанды көрдім. *Ат шалтырып*, ас берсең ерік өзінде, Билігін батыр Тайлақ саған бердім» (ҚКВС). 2. *Хабаршы жұмсады, кісі жіберді.*

АТ ШАПТЫРЫМ © ТАЙ ШАПТЫРЫМ 1. *Қашықтық өлшемі ретінде айтылады.* Бықсыңбай: Төбеде басың қалсын. Қарағаның қанша жер? Қасен: Ұзындығы ат шалтырым, қозы көш (Д. Е.). Нақ қазір Шоқан бетін жуып отырған Шанхай өзені осы таудың кеудесінен жарып шығады. Осы отырған тұстан ат шалтырым жерде бұлақ бар (С. Вақ.). 2. *Өте үлкен.* Ырсалдың үйінде қымбатты мебельдерді, ешкім иығына ілмеген 10 пар костюмді... 500 метр панбарқыт пен айналасы ат шалтырым жеті кілем қайдан келді екен деп ойлайсыз (КТ).

АТ ШӨЛКЕ ди а л. *Киізден істелген қамыт* (Қ. орда, Арал).

АТЫ ӘЙГІЛІ © АТЫ ЖАЙЫЛҒАН [ШУЛЫ, ШЫҚҚАН, ЖЕР ЖАРҒАН] © АТАҒЫ [ДАҢҚЫ] ЕЛГЕ ЖАЙЫЛҒАН. *Әйгілі, көпке мәшһүр, көпке белгілі, атағы тараған, көпшіліктің аузына ілінген.* (Ұнамды-ұнамсыз мағынада қатар қолданыла береді). Қазыбек аты әйгілі боп тұрған шағында өзіне қараған елін қалмақтың тіке шабуылынан аулағырақ қонысқа ірге тептіру үшін, Сарыарқаның жерін шолып қайтуға келеді (І. Е.). Қала дейтін сиқы қайсы? Аты жер жарған Торғай сен мұндай ма едің? (Б. І.). Ол кезде қазақ оқығандарының атына ел қанық. Әсіресе, Бүркіт төзімді ақын ұлдарының атағы жер жарады (І. Е.). Шәкінің Қанжығалыны ерте алмаған себебі — бұл руда Жәдігердің Асаубайы дейтін Орта жүзге аты жайылған, шешен болған, өзі кедей болған (С. М.). Қарымсақ бай, Әкпардың бұл жолы ауылға келе алмайтынын білген соң, баласына арнаған аты шулы жүйрік көк жорғасын Бүркіт мініп келсін деп, Әрінге жетектегіп жіберген (І. Е.). Кемелердің екпіні тіліп суды, Желбіреге көтеріп қызыл туды. Қыстауы мен жайлауы Қара теңіз, Айбынды Отаны бар аты шулы (И. Б.). Сонда жаңағы торы төбел аттың бауырында тығылып отырған Оразбайдың аты шулы ұрысы — Қиқым атып тұрады (М. Ә.). «Атың шықпаса, жер өрте» — дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? (Абай).

АТЫ [КӨЛІГІ] БОЛДЫРДЫ *Мінген көлігі жүйкелеп, шаршап қалды, титықтады.* Ағтары болдырған жолашуылар күн бата ауылға ілінді (Ғ. Мұс.).

АТЫ ЖОҒАЛДЫ [ӨШТІ] *Ұмыт болды, ескеруің қалды.* Қолымда қазір оның бірі де жоқ. Өтеуге тағы талай уақыт керек. Өлсем-ақ, ертең атым жоғалады, Жалғаннан өттім енді ұрпақсыз боп (М. Е.). Ақсақал, көзіңіздің тірісінде өзіңізге бір жайлы орынды лайықтамайсыз ба, ертең жамбасыңыз қайырымсыз қара жерге тиген күні атыңыз өшеді-ау дейді екен (М. Е.).

АТЫ ЖОҚ *Қол саласындағы төртінші саусақтың аты* (АС). Үлкен қожа — орта қол, өзгелері — аты жоқ пенен шынашақ (Абай).

АТЫ-ЖӨНІН СҰРАДЫ *Жөн-жосық, жай-жапсарын анықтады.* Жігіт келіп қыздың аты-жөнін сұраса, ол да бір байддың қызы екен (ҚЕ).

АТЫ [ИСІ, ТЕГІ] ҚАЗАҚ АТАУЛЫ *Қазақ біткеннің бәрі.*

АТЫМДЫ БАСҚА ДЕ [ҚОЙ] *Шынымен айтамын, қалайда орындаймын деген мағынада айтылатын серт, уәде.* — Дәл осы жолы орындамасам, атымды басқа де (АТ).

АТЫМДЫ ЖЕР ди а л. *Егін егуге қолайлы орын, шығымды жер.* Сіздің тарыңыз атымды жерге салынған екен (Қ. орда, Арал.).

АТЫМЕН [ТҮБІРІМЕН, СОЛАЙЫ-МЕН] ЖОҚ *Мүлде жоқ, емге ештеңе табылмайды.* Қой қоралары маңында қорасан боп тұрған шөп атымен жоқ (Е. Айт.).

АТЫМ ҚҰРЫСЫН! *Қарғысты серт.* (Дегенімді істемесем, есімім өшсін деген мағынада айтылады). Осыдан дәм татпасам, Алдар атым құрысын деп, ол үйге кіріп келгенде, үй иелері қолдарындағы нәрселерін астарына тыға қояды (АӘ).

АТЫМТАЙ [-ДАЙ] ЖОМАРТ *«Тай» — араб елінің руы; «натым» — сол рудан шыққан (ескі ертегі бойынша) жомарт кісінің есімі.* (Сері, қолы ашық кісі туралы айтылады). Бұрынғы уақытта Атымтай жомарттың мырзалығына ешкім жете алмаған (ҚЕ). Сен Атымтайдай жомарт бола алмайсың, неге десең, Атымтай тұғанда он үш күндей жылап емшек ембеді... (ҚЕ). Ақылсыздың еш сөзі мақұл болмас, Атымтайдай жомартпын десе-дағы (МЗ).

АТЫНА [ЕСІМІНЕ] ҚАНЫҚПЫН *Білемін, сырттай хабарым бар, есімі әбден аян деген мағынада айтылады.* Түсіңе танық болмасам да, атыңа қанық едім (АТ).

АТЫН АТАП, ЖӨНІН ЖӨН ДЕМЕ *Сөзін сөйлеп, ісіне көмектеспе, жан ашырлық жасап, қам жемей-ақ қой.* Оны [Шоңайнаны] құдайдан басқа ешкім де жеңбейді, тимесін десең жолама, атын атап, жөнін жөн деме, аулақ жүр, — деген Зейнеп (С. М.).

АТЫН ЖОЙМАДЫ *Ата-бабаның жақсы атағын шығарды. Атаққа сай болды,*

оған кір келтірмеді (АС). Ерлікке де бар едің, Үйренуге тоймаған. Жасқа жас, ойға көрі едің, Атаңның атын жоймаған (Абай). Алла ішімді айтқызбай біледі ойла, Бендесіне қастықпен кінә қойма. Распенен таласпа мүмкін болсаң, Ойла айттым, адамдық атын жойма (Абай).

АТЫН КӨК ТЕР [ҚАН СОРПА] ҚЫЛДЫ Көлігін әбден болдыртты. Өзінің есі кеткен кісідей, атын көк тер ғып осынша шапқанын оғаштау көрді білем... Сасық күзендей шаңқылдап, даланы басына көтере күліп алды (Ә. Н.).

АТЫҢ АРЫП, ТУЛАҚ БОЛСЫН, ЕРІҢ АРЫП, АРУАҚ БОЛСЫН! қарғыс. Бар жамандық сендерге келсін деген мағынада.

АТЫҢ ӨШКІР! қарғыс. Атың өшкірдің аты өшсін, атамаңдаршы түге (АТ).

АТЫҢЫЗ БӘЙГЕЛІ БОЛСЫН! АТЫҢЫЗ МӘРТЕБЕЛІ БОЛСЫН! Атты бәйгеге қосарда айтылатын тілек.

АТЫП [АЛЫП] КЕЛ, ШАУЫП КЕЛІ Айтқанын дәл орындайтын сенімді қол шоқпар. Шоқан тек бір ғана ауылға мән берді: Құсмұрын көлінің теріскей жағында, Обаған өзенінің бойында мекендейтін Уақтың Өтпей және Дәуіш аталатын екі руының ішінде Өтей дейтін әрі байы, әрі биі, оның «атып кел, шауып келі» болған Төлеген дейтін қуы, пысығы бар-тын (С. М.).

АТ ІЗІН [ТЕРІН] ҚҰРҒАТПАДЫ [СУЫТПАДЫ] Жиі-жиі келіп тұрады, көп зарықтырмай, қатынас жасайды. Ұрғашы лақ сойып Зейнепке сыбаға әкелушілер Ордадан ат ізін құрғатпайды (С. М.). Мықтыбай балалары бірінен соң бірі кеп, ат ізін суытар емес. Әбілі маған да келіп кетті (С. М.).

АТ ІЗІН САЛМАДЫ Қатынаспады, хабарласпады, хабарсыз кетті. Япыр-ау, төркіндерім қайда? Бәрін бірдей жер тартып кеткен бе? Шіркіндер-ай, жоғалған бұзау құрлы көрмеді-ау! Шынымен-ақ, көзімнің тірісінде біреуі ат ізін салмағаны ма деп, апам көз жасына булықпасын, арманда кетпесін деп келдім (С. Ад.). Қыз Жібек, тарылтқанмын заманыңды, Білмей жүрсің айрылып қалғаныңды, Ат ізін сегіз жылдай бір салмаған Мырза деп айта берме жаманыңды (ҚЖ).

АУА ЖАЙЫЛДЫ Лағып кетті, қисынсыз сөз сөйледі. Саған қалай көрінеді, осы біз шындықты, сол шындық жолынан ауа жайылып іздеп жүргеніміз жоқ па? — дейді (М. Ә.).

АУАЛАНЫП ЖҮР Көңілі алабұрттып ауып жүр, аңсарланып жүр. Енді міне... өзі ауаланып жүрген келіншекке төсектен кездеспей, төскейде кездесіп, діңкесі құрып тұр (Ә. Н.).

АУДАРА ҚАРАП, АҚТАРА ТЕКСЕРДІ Әбден анығына жетті, егжей-тегжейіне шейін анықтады.

АУДАРЫЛЫП ҚОНДЫ диал. Жақын жерге көшіп-қонды. Біз кеше осы жерге аударылып қондық (Ақт., БҒғ.).

АУЖАЙЫН БАЙҚАДЫ [БАҚТЫ, ТҮЙДІ] Біңғайын аңғарды, сыңайын білді. Ағайынның аужайын байқайтын бір кезеңге келіп тұрмыз ғой, не болса да... Найман келетін болса, тосып аларсыңдар. Мен атқа мінейін, — деді Көбейге (М. Ә.). — Бұлай болса, мен бір билікті өзіңе берейін, Жиренше. Қыз жақсы ма, әуелі, оның өзін сынап, танып шық. Ең алдымен өз көңілін біл. Содан соң әке-шеше, ауыл-аймағының аужайын түй, — деді Абай (М. Ә.).

АУЖАЛ [ӘУЖАЛ] ҚЫЛДЫ Ермек етті, алданғыш тұтты. Бүгінгі күннен үзілді-кесілді сөз байлап, алды-артымызды тұйықтамасақ болмай ма? Жастықтың да достығы бар емес пе, соны аужал қыла тұрсақ қайтеді (М. Ә.).

АУЖАЛ ЕМЕС диал. Тірлік емес. Мыналары аужал емес екен (Сем., ШҰб.).

АУЖАРЫН АЙТТЫ Бұл жерде қолдап-қостау, жыртғысын жырту, сөзін сөйлеу мағынасында. Мен білсем, Ақтоқтының аужарын айтуға келеді-ау, деймін... (Ғ. М.).

АУЗЫ АҚҚА ЖАРЫМАДЫ Тоймады, тимеді; ақты, айран-сүтті көп ішпеді, аққа тойынбады. Малсыз ем — аузым аққа жарымаған, Жарлы едім, батырақ ем қара табан (А. А.).

АУЗЫ [ЕРНІ] АҚҚА ТИДІ [ЖЕТТІ] Айран-сүт ішті. Биыл жаз шыққалы Еламанның балалары аузы аққа тиіп, қарық боп қалды (Ә. Н.). — Ие, ерніміз аққа тиді. Балалар да балыққа тойып, оңып қалды, — деді Бибіжамал (Ә. Н.). Жарлының аузы аққа тисе, мұрны қанайды (Мақал).

АУЗЫҢ [ЕРНІҢ] АҚҚА ТИМЕГІР! қарғыс. Аузың аққа тимегірі, сауынды малды сонша қуып (АТ). Судыр Ахмет әйелінің жалғыз інгенді есік алдына шөгеріп қойғанын көріп: «Ой, өтеңе нәлет! Өй, ернің аққа тимегірі! Ой, мал көрмегірі көргенсіз!» — деді (Ә. Н.).

АУЗЫ АЛТЫ ҚАРЫС Әмірі жүріп тұрған, ызғарлы, қаһарлы. Күндерде бір күн аузы алты қарыс ел билеген бір бидің жанынан артық көретін, өзін бір түлік малға бағалайтын жақсы нары жоғалыпты (ҚЕ).

АУЗЫ АППАҚ БОЛДЫ ○ АУЗЫН АҢҚАЙТЫП КЕТТІ [АППАҚ ҚЫЛДЫ] Үлесінен құр қалды, сыбағадан айрылды; жер соқтырып алдап кетті. Біздің ақсақал мен Ысқақ ағам осы ақылды құдай білдірмеген соң, не дерсің? Ертең ауыздары аппақ боп, қара жерге отырғанда бір-ақ білер. Сөйтіп бір өкінес екен! —

дейді Әзімбай Мәнікенің білгіштігін айламен мақтай түсіп (М. Ә.). Мен не дерімді білмедім. Аузым аңқып тыңдапшын да тұрыпшын (С. С.).

АУЗЫ АСҚА, АУЫ АТҚА ТИДІ **○** **АУЗЫ АСҚА, АУЫ АТҚА ЖАРЫДЫ** **○** *Енді ғана бірдеңеге қолы жетті мағынасында айтылады.* Бертін келген кездерде Жәукенің ол еңбегі босқа кетпей, Ахметтің арқасында аузы асқа, ауы атқа тиіп, есіктегі басы төрге жетті (С. Т.).

АУЗЫ-АУЗЫНА [**ЕРНІ-ЕРНІНЕ**] **ЖҰҚПАДЫ** [**ТИМЕДІ**] *Жылылап тез сөйледі.* Бұл сөзді айтқанда Дәметтің аузы-аузына жұқпады (Ғ. Мұс.). Елизавета Сергеевнаның бұлай айтып отырғандарының, шындығы да, жаны бар еді. Сапар орыс тілінен құр алақан болмайтын. Сөйлесуге, әсіресе, бейпіл сөзге келгенде, аузы-аузына жұқпай, үсті-үстіне бұрқыратып жіберетін (М. И.). Үміт, «Амантай» дегенде ернің-ерніңе жұқпай, қаймаңдай қалды, екеуінің бір сырың бар шығар (Ж. Ж.).

АУЗЫ АУЫР **○** **АУЗЫНА БЕРІК** [**ИЕ**] *Өсек айтпайтын, сыр сақтағыш, әңгімеге құмарлығы жоқ; аузына ие болған.*—Шырағым, бірге туған інімдей болған соң, аузың ауыр болған соң, жол үстінде айтылып қалған бір сыр бұл. Ішінде жата берсін,— деді Әлжан (Ғ. Мұс.). Әншейінде аузына берік Галина Алексеевна шалының қыңырая бастаған құлқын жеткізбеске шыдамады (Т. Ә.). Ау, кемпір, бір сұмдықты, сұмдық болса да үлкен қызықты айтсам, аузыңа ие боласың ба? (Ә. Ә.). Аузына ие болмағандарды шоқынды дер, ұры-қары, бұзық дер... (Ғ. Мұс.).

АУЗЫ АШЫҚ **○** **АУЫЗ АШАР** **○** **АУЫЗ АШТЫ.** **1.** *Оразаға байланысты айтылады.* Ораза күні аузы ашық Дәулеткелді қаладан қайтып бара жатып, кешке жақын бір байдың аулына түседі. Бұның жасы бірталайға келген кісі болғандықтан, «ауыз аш» деп, жолдағы ауыл иесі үйіне түсіріп, күткен болады (М. Ә.). Бала кезімде ораза ұстаймын деп, бір күні кешке ауыз ашудан кеш қалып келешек ауыз ашарға дейін қалғаным бар (С. М.). Суында Қарғалының ауыз ашты, Бір пәлекет халыққа душарласты (Жамбыл). **2.** *Сыр сақтай алмайтын, құпияға осал кісі туралы айтылады.* Сендей аузы ашық адамды көрсемші (АТ).

АУЗЫ [**АУЫЗ**] **БАРМАДЫ** *Тура айта алмай жүрексінді, айтуға батылы жетпеді.* Бұл пьесаны ешбір мақсатсыз сахнаға шығарды деп айтуға кімнің аузы барады (Қ. Әб.).

АУЗЫ-БАСЫ ҚАН БОЛДЫ *Таяқ жеді.*

АУЗЫ БЕРІК [**АУЫЗ БЕКІТТІ**] *Ораза ұстаған кісіге, яғни отыз күн бойы күндіз тамақ ішпеу әдеті туралы айтылады.* Құдайшылық жолына ресім байлап беріп, ораза деген еткелсіз міндет шығыпты.

Еңкейген шал, еңбектеген балаға дейін аузы берік (Қ. Тай.).

АУЗЫ ДУАЛЫ *Айтқаны келетін «сәуегей» адам туралы айтылады.* Басқа кісі болса, бір сөрі, аузы дуалы інінің шаршы топтың алдында досқа күлкі, дұшпанға таба ғып: «Балықшы Ахмет» деген көкесіні есінен кетпей келеді (Ә. Н.). Орта жүз Қошқарұлы Жаныбек он үш жасқа келгенде, Ұлы жүзде Қара би деген аузы дуалы, өзі білімді би бар деген даңқын есітіп, содан барып бата алуға жолға шығады (ШС).

АУЗЫ ЕПТІ *Сөзге, қызыл тілге бейім кісі туралы айтылады.* Тұрлаусыздан сөз ұқпа, Аузы оның елгі деп. Нашардан шыққан жақсының Сөзін жерге тастама, Ата-сы нашар өтті деп (Д. Б.).

АУЗЫ ЖАМАН *Не болса, соны айта беретін бейпіл ауыз.* Ой, жағыңнан алсын сенің. Жағың қарысқыр, аузың қалай жаман еді! — деді Мағила Көкжаулыққа (Қ. Қуан.).

АУЗЫ ЖАРЫМАҒАН **○** **ШІЛДЕСІН-ДЕ ШЫРАҚ КӨРМЕГЕН** *Түк көрмеген, түкке жарымаған. Шілдесінде шырақ көрмеген байқұс, аузы жарып ас ішті дейсің бе, сұғанақтанбай қайтсін (АТ).*

АУЗЫ ЖЕҢІЛ [**АШЫҚ**] *Не болса, соны айта салатын жеңіл мінезді кісі.* Дәмет жас кезінде аузы жеңіл, адуындау әйел адам болатын (Ғ. Мұс.).

АУЗЫ КЕППЕДІ *Тамақ ішуден, ішімдіктен, т. б. аузы босамады.* Ойпырмай, ертеңнен қара кешке шейін аузы бір кеппейді, сыңғытады да отырады (АТ).

АУЗЫ КЕПТІ *Су ішкісі келді, шөлдеді.* Байқамалдық минуттардың өткенін, Аңқып құр аузымыздың кепкенін; Бұл сағатта біле қою бек қиын, Арамыздан кімді сүйіп кеткенін (Х. Ер.).

АУЗЫ КҮЙГЕН ҮРІП ШЕДІ [**АУЗЫ КҮЙДІ**] *Бұрын бір рет опық жеп, бегі қайтқан, сәтсіздікке ұшыраған адам істі сақтықпен істейді.* «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей, былтыр команданың басшылығын өз қолына алған ұстаз Александр Сергеевич Назаров осындай тұрақты іспен бекітілмеген болжаудан бойын аулақ салды (С. Есім.). Дұрыс айтасың, Тек, Дос аға, өзің білесің, мен әйелден аузы күйген кісімін ғой (Ә. Н.).

АУЗЫ КҮН ШЫҒЫСҚА ҚАРАП ҚАЛДЫ *Жазушы бұл жерде мас болып қалды деген ұғымды білдіріп тұр.* Брага ашытуға Ағаша әбден спадияр болып алған. Үш-төрт стаканын жұтқан адамның аузы күн шығысқа қарап қалады (С. Жүніс.).

АУЗЫ ҚАРАП ОТЫРМАЙДЫ **1.** *Тынбай сөйлеп, қалжыңдай береді.* Енді, апа-жезденің әлгі әңгімесі доғарыла қалды да, ерқашан Есенәлінің алдында аузы қарап отырмайтын балдыздың сөзі тағы

да қалжыңнан басталды (Ж. Т.). 2. *Дамылсыз тамақ жей беретін кісі туралы айтылады.*

АУЗЫ ҚЫШҚАН диал. *Тілі ащы, тілі улы. Ол аузы қышқан аял* (Гур., Маң.).

АУЗЫ МАЙҒА [ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚҚА] ТИДІ ○ АУЗЫ МАЙЛАНДЫ *Асқа не бір олжаға кенелген кісі туралы айтылады. Кейбір жаман білмейді. Дүниеде құдай мал берді. Ақ айраны ашымайды, Аузы майға тиген соң* (Д. Б.). Биыл өлім көбейіп, аузы майланып, қолы қанданып, қанжығасы тоғайып тұр ғой (ҚЕ).

АУЗЫМА ҚАН ТОЛСЫН [ҚҰМ ҚҰЙ-БЫЛСЫН] қарғыс. *Ештеңе айтқаным жоқ деген мағынада айтылады.* — Не дейді осы? Мен ақша сұрайды, — деп бүлдіріп жүрмісің әлде? Шыныңды айт! — деді Аман Таймасқа. — Аузыма қан толсын, ондай бірдеме десем, — деп Таймас қарғанды (Ғ. Мұс.).

АУЗЫНА ТАС САЛДЫ ○ АУЗЫНА ТАС САЛҒАНДАЙ ○ АУЗЫН БУҒАН ӨГІЗДЕЙ ○ АУЫЗ ЖАПТЫ ○ АУЗЫН ТАС ҚЫП ЖАПТЫ *Жұмған аузын ашпау, тіс жармау, мыңқ етпеу туралы айтылады. Досжанның сөзіне үн қатпай, аузыма тас салдым да отырдым* (АТ). *Ауыздарына тас салғандай, үнсіз бірер көшені өтті екеуі* (Қ. Тай.). *Болыс аузын буған өгіздей тырп етпей, үйден шықпай жатып алды* (С. К.).

АУЗЫМДЫ ҰСТАДЫМ ДА ҚАЛДЫМ *Сөз айта алмай қалдым, бармағымды тістедім де қалдым, санымды соғып қалдым. Енді сөйлеуге бет алғанымда, оның орнынан атқып тұрмасы бар ма? Аң-таң, боп, аузымды ұстадым да қалдым* (АТ).

АУЫЗБЕН АЙДЫ АЛАДЫ [АУЫЗБЕН ОРАҚ ОРАДЫ], ҚОЛЫМЕН ҚОСА-ЯҚ СОҒАДЫ *Күпсіп мақтанады, тілімен бар жұмысты бітіріп тастайды, қолынан ештеңе келмейді, шаруаға қыры, икемі жоқ, жепірме. Ол аузымен орақ орып, дүние жүзінің және Россияның әр жерін кезеді* (С. М.). *Аузымен орақ органың белі ауырмас. Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде бірін таппас* (Мақал).

АУЗЫМЕН ҚҰС ҰСТАП ОТЫР *Елді бір өзі билеп отыр. (Өтірік мақтанушылық туралы да айтылады).*

АУЗЫМЕН ҚҰС [ҚҰС ҚҰЙРЫҒЫН] ТІСТЕГЕН ○ АУЗЫМЕН ҚҰС ІЛГЕН 1. *Жүйрік, ұшқыр. Алтайдың көк мойнағы аты шулы, Ұмтылса, ұшырмастай қаз бен құды. Қу тұяқ, құлан шеке ебдейленіп, Күткендей үлкен жарыс ұлы дуды. Аузымен құс тістеген кіл сәйгүлік, Деу қиын жануарды малдан туды* (М. Е.). *Аузымен құс тістеген, Жел жете алмас жүйрігім, Тұрсың ба, әлде, күтіп сен Жолдасыңның бұйрығын* (Қ. А.). *Қайсыбірін айтайын, Алатаудың басынан Ақ қанат кер келіп тұр, Аузымен құс тісте-*

ген (І. Ж.). *Сыздықтың астында аузымен құс ілерлік өсем көк, айналасы безенген, құлпырған сұлу дүние...* (Ғ. Мұс.). 2. *Шешен, білгір, сөзге жүйрік адам. Кісі еді-ау ардақтанған, Қол дарып, жағасына жан батпаған. Аузымен құс тістеген ақын еді, Дәл сондай сөз білетін қалмапты адам* (Ғ. Қ.).

АУЗЫ-МҰРНЫ ҚИСАЙМАЙ *Бет-аузы бұлк етпей, ұялмай, шімірікпей. Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: өлсең борыштанбай өлсеңші, неңді бересің деді-ау* (Б. М.). — *Немене, сенбей отырсың ба? Жақыпбектің күшік күйеу болатындығын, маған аузы-мұрны қисаймай Ақықтың өзі айтты* (М. И.).

АУЗЫ-МҰРНЫНАН КЕЛДІ [ШЫҚТЫ] *Лық толды. Сөйтіп әр жерден сығылысып өтер жымба із жасап, екі бөлмені аузы-мұрнынан келтіре сықап толтырды да қойды* (С. Ш.). *Аласа, қараңғы мектеп үйі аузы-мұрнынан шығып тұр* (Б. М.). *Қарсы бөлмеде тұратын орыс семьясы осы үйді басып өтеді. Не амал? Енді түрі мынау, аузы-мұрнынан шығып жатыр* (М. Ә.).

АУЗЫ-МҰРНЫНАН ШЫҒЫП ОТЫР *Айы-күніне жетіп, босанғалы отырған әйелге айтылады. Анау отырған біздің тоқал да, — деді Тұрағал, жас бір әйелді негімен нұсқап, — аузы-мұрнынан шығып отыр, оған біздің әлгі бұрау басын сындыртпайды, бірдемеге қолғабыс тигіз десең, іштегі баласына зақым келер деп зырзыр етеді* (С. М.).

АУЗЫ-МҰРНЫНАН ШЫҚҚАНША *Кеңірдегінен келгенше ішіп-жеп, ыңқия тою.*

АУЗЫ-МҰРНЫН ТАС ҚЫЛДЫ *Дыбысын шығармайтындай етіп, аузы-мұрнын әбден бекітті, таңды. Патша сарайы жігіттің өзіне таныс. Ол күзетшіге байқатпай келіп, оның аузы-мұрнын тас қылып, дыбысын шығартпай, жерге көтеріп ұрып, аяқ-қолын байлап тастайды* (ҚЕ).

АУЗЫНА [АУЫЗҒА] АЛДЫ 1. *Ас ауыз тиді, дәмін көрді, тамақ ішті. 2. Ескерді, есіне ала сөйледі, мақтай сөйледі. Қайда болсын, Сәрсенбай еңбегімен ауызға алынады* (С. Б.). *Бетін Абайларға бұрды да: Келген кім деді, тілі қайта шешілгендей. Осыдан кейін Базаралы Дәрменге кеңес етті. — Қасына тақашы. Сені аузына ала береді. Айтатыны бар ғой деймін! — деген еді* (М. Ә.). *Төлегенді ауызға ала отыра, Шәуілдір шаруалары мал баққан Қазақстан, Қырғызстан шопан ерлерінің атақтарын ауызға алып, аңыз етіседі* (М. Ә.). *Жасынан зерек, алғыр Жұмабек қиналмай-ақ, жақсы оқыды. Институтта мақтаулы, ауызға алынып жүрген студентінің бірі* (Т. А.).

АУЗЫНА КЕЛГЕНІН АЙТТЫ [СОҚТЫ, ОТТАДЫ, СӨЙЛЕДІ, САНДЫРАҚТАДЫ] *Не болса, соны сөйледі. Е, бәсе, ауызға келгеніңді айтып оттағанша, манадан бері соны айтсайшы деп, бай ашуын басады* (ҚЕ). *Үлкен ұлықтың алдында дарақы-*

ланып, аузына келген сөзді оттайтын адам Итбай емес (С. М.).

АУЗЫНА ҚАҚПАҚ ВОЛДЫ [ҚОЙ-ДЫ] Еркін сөйлетпеді, тыйым салды, қақпалап, көңілдегісін айтқызыбады. Тергесең, Қодар сұмдығын... көпке жайып әкеткен елді терге. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді...— деді (М. Ә.). ...Велекбас өзіне қарай келе жатқан Сәуленің көзіндегі жасты көріп: — Аяулы Сәуле, тый жасыңды, айтпа деп аузыма қақпақ қойып едің, енді айтайыншы, өшкенің қайта жанды ғой, Нұрлан тірі екен ғой,— деді өзі де жыламсырап (Ә. Ә.).

АУЗЫНА ҚАРАДЫ 1. Не дейтінін бағып отыр. Жұрттың бәрі ақсақалдың аузына қарады (АТ). **2.** Бағынды, айтқанын істейтін болды. Бірер жылдан соң, коллектив соның аузына қарады (АТ).

АУЗЫНА ҚАРАТТЫ 1. Бағындырды, билігін жүргізді, өз ырқына (дегеніне) көндірді. Тобықты жуандарын бір соның аузына қаратып алғысы келеді (М. Ә.). Оның [Есеннің] ойынша, өздігінен бірдеңе шешуге қабілеті мүмкіндік бермейді, қажетті-қажетсіз жердің бәрінде де бөлім бастықтарын, секретарьларды амалсыз аузына қаратып, еркіне жібермейді (М. И.). **2.** Сүйсіндірді, таң қалдырды. Жұлдыздың туды-ау оңыңнан, Жағ біткен еріп соңыңнан. Он сан алаш баласын Аузына құдай қаратып (Б. Қ.). Өндермен әсем-әсем Ақан серің Қаратты аузына астың елін. Өлеңге сұлулықты басты талмай: «Ақмарқа», «Ардагерін», «Тастүлегін» (І. Ж.).

АУЗЫНА ҚОЛЫ ЖЕТТІ Қатарға қосылды, өзіне-өзі келді. Қалайша мақтан етпесін Ананың абзал жүрегі Аузына қолы жеткесін, Адам боп екі түлегі (Ж. М.).

АУЗЫНА ҚҰДАЙ КІРМЕГЕН Аллаға жалбарынбаған.

АУЗЫНА ҚҰМ ҚҰЙЫЛДЫ Сөзден жым болды, жағы қарысты, сөз айта алмай қалды. Қонақтар, мұнда келіңіздер!— деді Сәуле. Сонымен Сәулеге оңаша айтармын деген сөзін айта алмай, Баян бәйбішенің де аузына құм құйылып қала берді (Ә. Ә.). Қабыштың аузына құм құйып кетті (Ә. Ә.). Семен Иванович әңгімеге араласқан жоқ. Еркін тұрған жерде аузына құм құйылатын әдегі (Ғ. Мұс.).

АУЗЫН АЛДЫ 1. Ауыз бастырық берді, пара берді, аузын майлады. Сөз бітті, ет желінді, қаулы қалды, Халықта өкпе бар ма, аузын алды. Еттің де, халықтың да өркені өссін, Ермектің бір әңгіме болды да, қалды (Б. К.). **2.** Сөзін алды. Әуелі бастықтың аузын алып алды (АТ).

АУЗЫНАН АҚ ИТ КІРІП, ҚАРА [КӨК] ИТ ШЫҒАДЫ Аузына келгенін оттап, балағаттайды.— Ақ үйдегі көзі кемтар «пірөдар» да аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жындана берсін (С. Сей.). Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып Елемеске

тиісе бастап еді, Қосыммен кес-кестеп сөйлетпей қойдым (С. О.).

АУЗЫНАН АҚ МАЙ АҒЫЗДЫ Жарылқады, кенелтті. Аузыңнан ақ май ағызса да қайтейін, басың бірікпей, шіл боғындай бығырап бар жатқаныңды көргесін,— деп... иегі кемсеңдеп кетті (Ә. Н.).

АУЗЫНАН БІР ЕЛІ ТАСТАМАДЫ **АУЗЫНАН [ТАСТАМАЙДЫ] ТҮСІРМЕЙ-ДІ** Үнемі айтады да жүреді, әрдайым есіне алып отырады. Казанцев Тобықты шетіне ілінер-ілінбестен Төкежанды аузынан тастамапты (М. Ә.). Аз ғой онда жазық маң, Көп қой онда ормандар Тастамайды аузынан, Қарғалыда болғандар (С. Мәу.). Қазақтың күні бүгінге дейін ауыздарынан бір елі тастамай, шіркін, тарының сүтке бөктірген сары сөггі мен көжесі деп емекситіні де осыдан келіп шыққан (ЛЖ). Қанға қан, жанға жан! Үш жыл бойы халықтың аузынан түспеген осы кек ұраны қолдағы құралға айналған кез еді (Ә. Ә.). Бұрын қазақ тілінде жоқ «большевик», «совет» деген сөздер енді ауыздан түспеді (Ғ. Мұс.).

АУЗЫНАН ЖАЛЫН АТЫП ТҰР [ЖАЛЫНЫ ШЫҚҚАН, ЖАЛЫНЫ ШЫҒЫП ТҰР] Қаһарлы сөзді, түсі суық, сұсты кісі туралы айтылады.— Дәке, менің сізден сұрайын деген бір сөзім бар... Аузынан жалын атып тұрған Төкежанның қалың қосын қуып алғанда, кедей атаулының өзі не ойлады (М. Ә.).

АУЗЫНАН ЖЫРЫП ӘКЕТТІ [БЕРДІ] **АУЗЫНДАҒЫНЫ ЖЫРЫП БЕРДІ** Өзіне тиістіні біреудің алып қойғаны, өзіне дегенін өзгеден аямау, өзіне деген тағамын, дүниесін өзгеге беру туралы айтылады. Бұған қалайша төзуге болады?! Алдыңдағы асыңды біреу аузыңнан жырып әкетіп жатқанмен бірдей емес пе бұл? (Ө. Қ.). ...Жоқ-жітікке аса қайырымды қыз. Бір жапырақ тамағына шейін соларға аузынан жырып береді (С. О.). Аузындағыны жырып беріп отырған біз дүние қоңыз боппыз (М. Ә.). Майданда қаны төгілген жауынгерлердің панасыз балаларына қиын кезде мемлекетіміздің аузынан жырып бергенін қағып алған жемқорларды қандай жазамен айыптаса да ауыр болмайды (СҚ).

АУЗЫНАН ДҰР ШАШТЫ Сөз айтты, сөйледі. Сұрады сұлу сөз ашып, Аузынан дұр шашып: «Бар ма екен,— деп,— далада Жігіттің келмей қалғаны?» (ҚамБ).

АУЗЫНАН ЕСТІДІ Тікелей өзінен тыңдады, білді. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті сары тоқым ұры болған, ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын (М. Ә.).

АУЗЫНАН [ТІЛІНЕН, СӨЙІНЕН] ҚАҒЫНДЫ Тілі ащы кісі туралы, жағымсыз сөздер соққы көрген кісі туралы айтылады.

АУЗЫНАН ҚАҒЫП [ЖЫРЫП] ӘКЕТ-
ТІ 1. *Бір нәрсені (затты) қоярда-қоймай алып кету туралы айтылады.*—Шіркін, еруліге қарулы... Қыстыгүнгі сары бөтеңкенің орайын бір қайырсаңшы. Сен үшін тап месткомның *аузынан-ақ қағып әкетіп* ем ғой.., жанды ортаға салып жүріп,— деді Қасымқан Қасенге (М. Ә.). **2.** *Сөзін іліп ала жөнелді. Мүриттей мүлгіп, аузынан шыққан әр сөзін алғыр тазыдай қағып әкетіп,* тақыр Омар, Жұмабек төре, Байтөбеттер отыр (Ғ. М.).

АУЗЫНАН ҚАРА ҚАН АҒЫЗДЫ
Бұл жерде ақын былайыт көп сөйледі айтып отыр. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны. Егерде *аузынан қара қан ағысса,* домбыт мақтаншақ, яки қорқақ (Абай).

АУЗЫНАН МӘЙЕГІ [УЫЗЫ] ШЫҚ-ҚАН [ТӨГІЛГЕН, ТАМҒАН] *Уыздай жас өспірім мағынасында, ішкені алдында, ішегені артында, кенелген кісі туралы айтылады.* Елемес *аузынан мәйегі шығып тұрған жас жігіт.* Мені тонның ішкі бауындай жақын көріп, тез үйір боп кеткенді (С. О.). Тамағы тоқ, көйлегі көк, *аузынан уызы төгілген* адамдарымыз аз ба (АТ). Рақымның да *аузынан уызы тамған* өрімдей кезі (Ж. Мұз.).

АУЗЫНАН ОТ БҮРІККЕН ҚАНДЫ БАЛАҚ ҚАҺАРЛЫ, МЕЙІРІМСІЗ ЖЕНДЕТ. Иесі осал кісі емес. Россия патшалығының Сібірдегі *аузынан от бүріккен қанды балақ* жендеті (І. Е.).

АУЗЫНАН СӨЗІ, ҚОЙНЫНАН БӨЗІ ТҮСКЕН **○ АУЗЫНАН СӨЗІ ТҮСКЕН**
Екі ауыз сөздің басын құрап айта алмайтын ебедейсіз кісі. Аузынан сөзі түсіп тұрған сен кімсің? — деді, ол менің жауабымды айтқызбастан (Ә. Ә.).

АУЗЫНАН СУЫ [СІЛЕКЕЙІ] АҚТЫ [ШҰБЫРДЫ] *Таң қалды, таңырқады, құмартты, қызықты.* Ахмет тартынбай, тамылжытып сөйлегенде, өзінен үлкен-кішілердің *аузынан суын ағызып,* көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді (С. Т.). Бұлар отырған төбемен қатар екінші төбеге үш қасқыр да шығып, аш көздерін ауылдар мен малдарға тігіп, өңіп, *ауыздарынан сілекейі ағып қарап тұрды* (С. С.).

АУЗЫНАН ТӘУБЕСІ КЕТПЕГЕН ҚҰДАЙ ЖОЛЫН ҚУҒАН, АЛЛАГА ӘБДЕН БАС ИГЕН. *Аузынан тәубесі,* қолынан тәсфиғи *кетпеген* сопы кісі (АТ).

АУЗЫНАН ТҮСКЕНДЕЙ **○ АУЗЫНАН ТҮСЕ [ТҮСІП] ҚАЛҒАНДАЙ** *Айнымай ұқсаған, сойып терісін қаптап қойғандай.* Кескін-кейпі жағынан ұлы да, қызы да Әбілқайырдың *аузынан түсіп қалғандай* (С. М.). Опасыз дүниеде жалғыз жұбаншы қалды. Ол — әкесіне ұқсау, ол шалдардың: «*Әкесінің аузынан түскендей*»,— деген сөзі (Д. Д.).

АУЗЫНА [АУЫЗҒА] САЛДЫ Жеді, жегізді; параға жегізді. Барын жұрттың *аузына салады* (АТ).

АУЗЫН АРАНДАЙ АШТЫ 1. *Жалмап жұтып қоярдай төнді, ашқарақтанды; 2.* *Аузын кең ашты.* Жалмауыз ажал *аузын арандай ашып,* досымды алғалы келе жатқандай болады да тұрады (С. О.). Әрі шапқан соң, Күдірден күдір асады, *Арандай аузын ашады,* Ауыздығын басады, Домаланған моншақтай, Терін жерге шашады (Н. Б.). Борыш дегенің басындағы шашыңнан көп, соны қалай өтеуді ойлайсың ба өзің? Арақ дегенде *аузыңды арандай ашасың,* борышыңды өтеуден неге қашасың? — деді Бөлекбас (Ә. Ә.).

АУЗЫНА СӨЗ САЛДЫ [ТҮСПЕДІ]
Сөз таба алмаған, айтар ойын кібірткіп жеткізе алмаған кісі туралы айтылады. Бұл жағдайда оның осы аяулы халін танып, *аузына сөз салып* жіберетін жана шырды ол күтіп-ақ тұрды (М. Ғ.). Тілі күрмелді. Бірақ жол бойы *аузына сөз түспеді,* «біреу-міреу көріп қойды ма» деп, жан-жағына жалтақтап қарай берді (Т. А.).

АУЗЫНА СУ ТАМЫЗДЫ *Өлім аузында жатқан адамға су беріп, күтгі.* Кемпір шалының *аузына су тамызып,* күні-түні қасынан шықпады (ҚЕ).

АУЗЫНА ТОСТЫ [ТӨСЕДІ] *Барын алдына қойды, еш нәрсені аямады.* Әкесінің алып келген құсын көрген жалғыз ұлы қатты қуанады, тапқанын соның *аузына тосады* (ҚЕ). Біз барымызды соның *аузына төседік* (Шығ. Қаз., Больш.).

АУЗЫНА ТҮСТІ 1. *Біреуге жем болды.* Саңыраудың астына түспе, жалмауыздың *аузына түспе* (АТ). **2.** *Ойына сап ете қалды, кенеттен есіне түсті.* Абай сөзінің аяқ кезінде Айтқазыға барлық үлкен бойымен, кең кеудесімен бұрын ойысып, бір терең ойдың қазіргі кезде сәтімен *аузына түскен* келісті байлауын айтты (М. Ә.). Кеше сол өзім қашып, талып жүргенде, жаңағы ән қайтадан өзі кеп *аузыма түсті* (М. Ә.).

АУЗЫН АУЫРТТЫ *Құр бекер сөйледі.* Кім білсін, бұл сөзде не мән бар екенін, әлде, мен саған сенем, *аузыңды ауырттып* қайтесің дегені ме, жоқ, мен завод коллективі емеспін, төреші боп билік және айтпаймын дегені ме? Дәмеш өзін-өзі жақсы біледі (З. Ш.).

АУЗЫН [АУЫЗ] АША АЛМАДЫ [АШТЫРМАДЫ, АШПАДЫ] *Бір ауыз бірдеңе деп қарсы сөз айта алмады; сөйлетпеді, тіл қатпады.* Үй іші тегіс қостап күліп еді. Майбасар *аузын аша алмады,* қақ басқа бір салғандай болды (М. Ә.). Абай Майбасардың *аузын аштырмай,* тұжырып тастады (М. Ә.). Зылиқа жұмған *аузын ашады.* Мұндайда үндемей жеңетін әдеті (Ғ. Мұс.).

АУЗЫНА ШАЙНАП ТҮКІРГЕН *Тақылдап қалған, сөзден кезек бермейтін. Даттың аузына шайнап түкірген, бір қу аяқ баласы атқа мінді деп естіп едім. Сен сол боларсың!* — депті (ШС).

АУЗЫНА ШАЙНАП САЛДЫ *Аузына сөз салды; дерін, айтарын айтып берді. Аузына шайнап салса да, күмілжіп отырды да қойды (АТ).*

АУЗЫН АШСА, ШЕК-ҚАРНЫ КӨРІНГЕН *Бұрынғы уақытта қатыгез бай, қожа-молданың кедейді қорлап айтқан лақабы.*

АУЗЫН АШЫП, КӨЗІН ЖҰМДЫ **○** АУЗЫН [АУЫЗ] АШЫП ҚАЛДЫ *Таңдану, таңырқау мағынасында айтылады. «Апыр-ай, қазақта да мұндай мүлік болады екен!» — деп, аузын ашып, көзін жұмды (С. М.).* Көрмегені де жоқ екен, білмейтіні де жоқ екен, енелі-келінді екеуі де *аузын ашып қалыпты (Ө. Тар.).* Әзімхан төре жүз-жүзге бөліп талай-талай руларын атап та берді. Соны тыңдаушы Тобықтының бай-билері таңдай қағып, бас шайқасып, *ауыз ашып қалған (М. Ә.).*

АУЗЫН БАҚАДАЙ АШЫРДЫ [АШ-ТЫ] 1. *Қатты қорқытты, зәресін ұшырды. Түйебай алласын да айта алмай, аузын бақадай ашқан күйі шегініп келеді (Ө. Ә.).* 2. *Сеспей қатырды. Шалдың [Бектастың] еркіне берсе, түкке шамасы келмейтін төбелесек жаман иттің аузын бақадай бір-ақ ашырар еді (С. М.).*

АУЗЫН БАҚТЫ Абайлап, байқап сөйледі. Бағыл сөйле аузыңды, Еліре берме, Шашубай (Жамбыл).

АУЗЫН БАССА, К...І СӨЙЛЕЙДІ *Орынсыз сөйлей беретін сөзүар кісі туралы айтылады. Аузын басса к...і сөйлейтін, сөз тұрмас, пәтуасы жоқ кісі (АТ).*

АУЗЫНДА АҚ ТІСІ ЖОҚ *Кәрі мал туралы айтылады. Өзің де мал танығып едің ғой, қарны қампаған, бұты тыртыған, аузында ақ тісі жоқ, бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр, мені қайтсін (ҚЕ).*

АУЗЫН ЖИДЕ ЖЕГЕНДЕЙ ҚЫЛДЫ 1. *Алдап кетті, аузын аңқайтып кетті.* 2. *Аузының қан-қанын шығарды. Иттің баласы, аузыңды жиде жегендей қылайын ба, не оттап жүрсің (АТ).*

АУЗЫН [ЕЗУІН] ҚАЙЫСТАЙ КЕРДІ [СОЗДЫ] *Сөлекет қылықпен сөйлеу мағынасында айтылады. — Мүмкін, сен енді мен басқаратын шахтадан мүлдем кетерсің, — деді ызбар шаша, аузын қайыстай кере сөйлеп (Ө. Ә.).*

АУЗЫН [АУЫЗҒА] ҚАҚТЫ [ҚАҚ-ПАЙЛАДЫ] *Сөзін сөйлетпеді, көңіліндегісін айтқыздады. — Машина жайын білмеген соң, тынышыңа тұрсайшы, — деп жас шофер ананың аузын қақты (ЛЖ). — Жә, жә! Болды, Тәуке, болды! — деп Танакөз одан әрі сөйлетпей, ауызға қақты (Ғ. Мұс.).*

АУЗЫН ҚҰ ШӨППЕН СҮРТТІ *Бардың өзін жоқ деп, жоқты да жоқ деп, тып-тыпыл етті. Ауызды құ шөппен сүрту келіспейді. Қазақ халқының да әр кезде пікір толғаған ойшылдары, жыр тербеген ақындары, сөз суреткерлері болды (Т. Н.). Дым істелмей жатыр деп, ауызды құ шөппен сүртуге де болмайды. Соңғы жылдары Қазақстан көркем әдебиет баспасы балаларға арнап, бірнеше суретті кітапшалар мен жеке жинақтарды шығара бастады (ҚӨ).*

АУЗЫН [ЕРНІН] ҚЫШЫТТЫ *Бзасын келтіріп, сөйлеуге итерді. Аузын қышытпа келіннің, өзі күйіп жүргенде, тілі тиіп кетер (АТ). Қарап тұрмай, ернімді қышытқаны несі, әй? (Ө. Н.).*

АУЗЫН МАЙЛАДЫ **○** ПАРА БЕРДІ *Астыртын сый-сияпат көрсетіп, аузын алу мағынасында айтылады. Етін шабандарға өзің үлестіріп беріп тұр. Аузын майлап ала бер, — деді Асқар Сәлімге (М. Ә.).*

АУЗЫН СЫЛП ЕТКІЗДІ *Таңырқаған әйел туралы айтылады. Шағақ «балама берейінші» деп екі бүйректі алғанда, ішек-қарын аршып отырған әйел алара қарап, аузын бір сылп еткізді (Ғ. Мұс.).*

АУЗЫН ҰСТАДЫ **○** АУЗЫН ҰСТАП ҚАЛДЫ *Қап деп өкініп, аузын басып, бармағын тістеп қалды. Жүрмісің, аман-есен момын Қыпшақ, Киесің алтайға барқыт тыстап, Жалдаптың жатақтағы тіліне еріп, Жүрмісің осы күні аузыңды ұстап (ХӨ). Бермеймін деп бекінбе, Аузыңды ұстап өкінбе, Мерекелі бек деуші еді, Пейілі қашқан секілді (АЖ). Таңданба бағым бар деп бағыңызға, Бағыңыз мәңгі тұрмас тағыңызда. Аузыңды ұстап, саныңды бір соғарсың, Бағыңыз бастап көшкен шағыңызда (ШС).*

АУЗЫН ҮРПІ, АЯҒЫН СЫПЫРЫП, ТАБАНЫН ҚЫРЫП ӨСІРГЕН 1. *Бағушының еңбегі сіңген төл мал. Екеуі де өз қолымнан боталатқан, пәлендей інгенімнен туған, аузын үріп, аяғын сыпырған түйем еді (ҚЕ).* 2. *Бағып-қаққан бала. Өке-шешесінің көзі тірі, соларға келіп сәлем беріп кетсе болмай ма? Біздің жаққа қарап аяғын баспады-ау. Аузын үріп, табанын қырып өсірген әкесі мен шешесі не жазды (ЛЖ).*

АУЗЫН ШИЕДЕЙ ҚЫЛДЫ **○** АУЗЫ-МҰРНЫН ШИЕДЕЙ [ШИЕ ЖЕГЕНДЕЙ] ҚЫЛДЫ *Аузы-мұрнын қан қылды, қан жалатты. Аңдып жатқан дуадақ жақын-даған кезде қанатымен қағып қалып, түлкінің аузын шиедей қылып, жұлынын үзіп кетіпті (ҚЕ). Нұрым мен Оспанның: «Тепкіле!, тепкіле!» деп, қатты-қатты тығылған дауыстары естіліп, сол сағатта-ақ молданың аузын шие жегендей қылды да тастады (С. Т.).*

АУЗЫНЫҢ ДАРУЫ БАР *Дуалы ауызды адам. Аузының даруы бар кісі, айтқаны келеді (АТ).*

АУЗЫНЫҢ ДАУАСЫ ЖОҚ *Сөзінде парық, байлау жоқ, тұрақ жоқ. Өзі батыр бейнелі, өзі әнші, шешен* Базаралы үлкендер сыныныша бір теңек, сотқар көрінуші еді. Жалғыз жайылған сыйымсыз. *Аузының дауасы жоқ.* Ащы тілдің тыйымсызы боп аталатын. Қазірде Абай байқаса, мына Базаралы ол емес (М. Ө.).

АУЗЫНЫҢ ЖЕЛІ БАР *Тілге шешен, сөзге ұста. Аузының желі бар, қолының ебі бар* (Мақал). Жиын тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды «талағының биті бар», «аузының желі бар» жігіттің бәрі өнер көретін (С. С.).

АУЗЫНЫҢ САЛУЫ [САЛЫМЫ] БАР *Бұл фраза, көбіне, тамақ үстіне келген кісіге айтылады.* Ниязды жұрт қастерлеп, арнап шақырмайды, ал ол келіп қалса, жатырқап шетке және қақпайды... О, Нияз, сен де жақсы келдің. Бүгін бір қонақ шақырып едік,— деген сөзді Ләззат талай есіткен. Кейде «аузыңның салуы бар екен, мақтап жүреді екенсің» деген сөздер де айтылып жатады (Т. А.). *Аузының салуы бар екен, қайын енесі сүйеді екен* (С. Ш.).

АУЗЫНЫҢ СУЫ ҚҰРЫДЫ *Құмарланды, ынтықты, өте қызықты.* Мейрамның сөзін алғаш естіген Жанәбіл, қазір *аузының суы құрып айтып отыр* (Ғ. Мұс.). Олар әр түрлі өткен-кеткендерді айтып, әңгіме етісіп, *ауыздарының суы құрыды* (С. К.).

АУЗЫҢА ИЕ [БЕРІК] БОЛ *Абайлап сөйле, аузыңа сақ бол, аузыңды бақ.* Айтып алып кіріптар болғанша, өз *аузыңа ие болсаң* еді (Ғ. Мұс.). — Сапарың оң болсын, Күреңбай. Ақырғы тілегімді айтып қалайын. Өзіңнен басқа жанға сездірмеген құпия сырларым бар еді, *аузыңа берік болғайсың*,— деді Нұртай (С. О.).

АУЗЫҢА ҚАРА ҚАН ТОЛҒЫР **АУЗЫҢНАН ҚАРА ҚАНЫҢ КЕЛГІР** **АУЗЫҢ ҚАРЫЛҒЫР!** *қ а р ғ ы с. Аузың қан болғыр, қан жалағыр деген мағынада айтылады.* Айтып тұрған жорамалын қарашы. Мына *аузыңа қара қан толғырдың!* (ҚЕ). *Аузыңнан қара қан келгір, жүгермек, мойныңды үзейін бе, мойның үзілгір, екінші осындай сөз айтасың ба, көктей солғырдың тұмай жатып, аузынан шыққан сөзін қара* (АТ).

АУЗЫҢА МАЙ **АУЗЫҢА МАЙ, АСТЫҢА ТАЙ!** *а л ғ ы с. Айтқаның келсін, дегенің болсын.* (Жақсы хабар жеткізген кісіге айтылады). Ол жігіт Шыңғыстаудан жуырда ғана келген екен. Енді не, нанбайсыз ба? — *Аузыңа май, қарағым, нандық қарағым!* — деді шешем жақса булығып (С. М.).

АУЗЫҢ ЖЕЛДЕЙ ЕСЕДІ *Алып қашпа сөзге құмар, тым сөзуар кісі туралы айтылады.*

АУЗЫ ОРАЗА *Діни дәстүр бойынша (мұсылман салтынша) күндізгі уақытта тамақ татпау, сусын ішпеу; аузын бекіту.* (Өзге діндегілерде ауыз бекітудің басқа түрлері де кездеседі: белгілі бір уақытқа ет жемеу, т. б.). Құлқынды қожа, оңаза, Жинақы жылпың шаруаға, Жем, шөбі көп қораға Қожаның *аузы ораза* (І. Ж.).

АУЗЫ ПІСПІ [КҮЙШ] ОТЫР *Беті қайтып, сағы сынып отыр.* Байқұстың *аузы пісіп* қалған, қайтсін сүйдемей (АТ).

АУЗЫ ТӘУБЕДЕН КЕТПЕДІ *д і н и. Жалынып-жалбарынып құдайға сиынды.* Көкежан өзің кеткелі *Кетпеді аузым тәубеден, Кетпеді* қолым жағадан (МЗ).

АУЗЫ ТЕМІР [ЗӘН] ТАТИДЫ **АУЗЫ АҚАУ ТАТИДЫ** *Шөлден немесе сырқаттан таңдайы кеуіп, ауыздың дәмі өзгеруі туралы айтылады.*

АУЗЫ ТҰШЫДЫ [ТҰШЫМАДЫ] **АУЫЗ ТҰШЫРЛЫҚ [ТҰШЫТАР, ТҰШЫТАРЛЫҚ]** *Көңілі толды (толмады); айтарлықтай, көңілдегідей; іліп аларлық.* Жүрегі жұмсақ білген құл, Шын дос таппай тыншымас, Пайда, мақтан бәрі тұл. Доссыз *ауыз тұшымас* (Абай). Асханада даярланатын тамақтың біреуі де *аузыма тұшымай* қойды (С. М.). *Ауыз тұшырлықтай* күрделі шығарма бере алған жоқ (С. М.). Сол арадағы аз уақыт ішінде, қақ суындай тыныш жатқан ұйым өміріне ол енгізген өзгеріс *ауыз тұшытарлықтай* (Қ. Құрм.).

АУҚАТ ҚЫЛДЫ *Талшық етті, тамақ қылды.* Балалары, тым болмаса, ішуге жарымай, байдың үйінен тығып, жасырып алған талқанын... кішкене ғана ескі табағына салып... алдына алып *ауқат қылып* отыратын (С. Е.).

АУҚАТТЫ АДАМ *Тұрмысы күйлі, шаруасы бай кісі.*— Күйеуі қандай адам, жасы нешеде? — Петропавл қаласының бір *ауқатты адамы* дегеннен басқа ештеңе білмеймін (М. Гум.). XI—XIII ғасырларда қаладағы *ауқатты адамдардың* балалары мектептерге барып, немесе жеке адамдардан оқып, хат танып үйренгендері белгілі (О. Ж.).

АУЛАҚ БОЛДЫ *Өзін жаман істен, қылықтан сырт, бөлек ұстады.* Сый дөметпе, берсе алма еш адамнан, Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан? Сүйенерлік адамды құрмет қыл, *Аулақ бол* өнім сатып нәрсе алғаннан (Абай).

АУЛЫҢНАН ҮРГЕН ИТТІҢ ҮНІ ШЫҚПАҒЫР! *қ а р ғ ы с. Үрерге итің, сығарға битің болмасын; құр алақан қал.*

АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ ЗАМАН [ШАҚ] *Өзгермелі, бірде олай, бірде бұлай кез.* Уақытша үкімет құлағаннан кейінгі *аумалы-төкпелі заманда* ел билеп қалуға есек дәмелілер көбейіп жатыр (Ә. Н.).

АУРУҒА ШАЛДЫҚТЫ [ҰРЫНДЫ, КЕЗІКТІ] *Науқастанды, сырқаттанды;*

дертенді. Тамақтары аш, көпшілігі ауруға шалдыққан. Жаралы болып қолға түскендерге ешқандай дәрігерлік көмек көрсетпейді (Ә. Ш.).

АУРУ КӨРДІ *Дерт санады, жаратпады, ұнатпады, жақтырмады.* Қараңғы, саңырау қайғы ойды жеген, Еркелік пен достықты ауру көрген. Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген (Абай).

АУРУЫНА ЕМ ҚОНБАДЫ [БОЛМАДЫ] *Сырқатына дауа болмады; дертіне дауа жоқ; қырсығын жазып болмас.* Дәрігері, дару болса да, *Ауруына ем қонбас* (Д. Б.). Айдаһарға мынаны айт: *Жеті жылдай ауруына ем қонбаса, бақытты басқа теспкен адамның басын жесін, сонда ауруынан жазылады (ҚЕ).*

АУСЫЛ БОЛҒЫР [КЕЛГҮР] қ а р ғ ы с. *Сыр малына айтылады.*

АУ ТӨКТИ *Ау салды, ау құрды* (Қ. орда, Арал).

АУЫЗ БАЙЛЫҚ ЖАСАДЫ *Құр сөзбен жомарттық етті, босқа мақтанды.* *Ауыз байлық* мал болса, [ол] екі мың мепрсіз тоқтар емес,— дегенде күліп жіберді бірсыпырасы (Ғ. Мұс.).

АУЫЗ БАҚҚЫШ *Сөз аңдағыш; байқағыш.* (Сөз төркінін еріннің емеурінінен танығыш кісі туралы айтылады). Көкбай әдеттегі *ауыз баққыш*, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін кетерген кісі болды. Шыдаған болып, сыр білдірмей, үндемей тыңдады (М. Ә.).

АУЫЗ БАСТЫРЫҚ *Ешкімге айтнау, сыр шашпау үшін берілетін пара.* (О баста тағам түріндегі сияпаттан алынған).

АУЫЗБЕН [ТІЛМЕН] АЙТЫП ЖЕТКІЗЕ *АЛМАЙТЫН* *Мақтауға сөз табылмайтын, өте сұлу, көркем.* Ойбай, тақсыр, *ауызбен айтып* нұр сипатын жеткізе алмайтын бір қыз таптым (ҚЕ).

АУЫЗ БІРЛІК *Ұйымшылдық, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарарлықтай ынтымақ, татулық, бір сөзділік.* *Ауыз бірлік* қыла ма, Ашулы болған кектісің (Жамбыл).

АУЫЗҒА КЕЛІП ТҮСТІ *Еңбексіз, дайын ас болды (АС).* Енді нені істейміз, Бөрінен де бос қалдық? *«Ауызға келіп тұс»,*— дейміз, Қылып жүріп құр салдық (Абай).

АУЫЗҒА ТҮСЕР [АЛАР] *Шу дегенде ойға келетін, бірден еске алынатын деген мағынада.* Келе сала *ауызға түсер* сөзім мына хабар еді (АТ).

АУЫЗҒА ҮРІП САЛҒАНДАЙ *Өте сұлу, сұп-сүйкімді. ...Ойбай-ау, неге шошынсаңдар, ауызға үріп салғандай емес пе!* Бұндай көркем жігіт қолға түсе бермейді (С. Жан.).

АУЫЗҒА [ЕЛ, ЖҰРТ АУЗЫНА] ІЛІКТІ [ІЛІНДІ] *Аты шығып белгілі болды, паш болды.* Нияз жұмыскерлердің көзіне түсіп, *ауызға ілікті* (С. С.). Ыбырайым Жайнақов бағытын ұстап жүргендей, ол кеткесін, ел арасында *ауызға ілініп*, [оны] қасына алды (З. Ш.). Өткен кеште Ақан атаққа ие боп, *жұрт аузына ілінді.* Екі комбайнды бір тракторға тіркеп, төрт күнде бірінші бригаданың егінін түгелдей орып бітірді (З. Ш.). Біздің Ленин атындағы колхоздың «Қызыл диқан» участогінде еңбегімен ел *аузына ілігіп*, алғыс есітіп жүрген жастар көп (ЛЖ).

АУЫЗДАҒЫ АС КЕТЕР *Барынан айрылар, берекесі ұшар.* Ағайын ала болғанда, *Ауыздағы ас кетер* (ШС).

АУЫЗДАН АУЫЗҒА КӨШТІ *Ел арасына тарады, көпшілікке жайылды.* Уақтың жеріне жіберілген пәлен қостан елу жылқы келіпті деген өңшең өлім мен ауыр апат хабарлары май айының алғашқы күндері бойында *ауыздан ауызға көшті* (М. Ә.).

АУЫЗДАН [АУЗЫНАН, ТІСІНЕН] ШЫҚПАДЫ *Ешкімге айтылмады, тіс жармады.*— Рас, Нұрланыңмын, жан ата. Боламын әлі де. Тек бір ғана тілегім: естігеніңіз естіген жерде қалып, *аузыңыздан шықпасын*, беріңіз осы тілегімді,— деді Сәуле Тайманға (Ә. Ә.).

АУЫЗДАП ЖІБЕРДІ *диал. Ән салды, ән шырқады.* Ол *ауыздап жіберді.* Осындай бас қосқанда *ауыздап жібер* (Гур., Тең.). Есентайдың домбыраға қосылып, аздап *ауыздап жіберетіні* де бар (Гур., Маң.).

АУЫЗДАРЫНА ТҮКІРІП ҚОЙҒАНДАЙ *Бәріне бір сөз айт деп бұйырып қойғандай.* *Ауыздарына түкіріп қойғандай*, бәрі бірдей осы сөзді айтып жіберіпті (І. Е.).

АУЫЗДЫ АШАР-АШПАСТАН *Сөз бастап үлгірмей жағып.* Келсең қолмақол: «Не шаруаң бар, айт!»— дейді де, *ауызды ашар-ашпастан*, жоныңа бір салып қоя береді (З. Ш.).

АУЫЗДЫҒА СӨЗ, АТҒЫҒА [АЯҚТЫҒА] ЖОЛ БЕРМЕЙДІ **○** **АТТЫҒА СӨЗ, ЖАЯУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ** 1. *Ешкімнің айтқанына көнбейді, көк бет, долы.* 2. *Сөзге жүйрік, қызыл тілдің шешені туралы да айтылады.*

АУЫЗДЫҚПЕН АЛЫСТЫ *Аласұрып, жанын жедей, жұлқынды.* (Жараулы ат туралы айтылады). Жиын-тойдың у да шу даусымен шыбықтай жараған жүйріктер *ауыздығымен алысып*, ойқастап жүр (М. Е.) *Ауыздықпен алысып*, Ұшқан құспен жарысып, Маядай мойнын созады (ҚЖ).

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕСТІ **○** **АУЫЗБА-АУЫЗ** [АУЫЗДАЙ] *АЙТТЫ* *Көзбе-көз*

әңгімелесті, тікелей, бетпе-бет тілдесті. Дмитрий Андреевичтің баласымен *ауызекі сөйлесіп тұрғанын жұрттың бәрі ортақ қабылдады* (Ж. Т.). Құдайың келсін, *ауыздай айтсын*, біз арыз айтамыз — дейді адайлар (ҚЕ).

АУЫЗ ЖАЛАСТЫ *Әкей-үкей болды, бірін-бірі жақтады, ымы-жымы бір сырлас болды.* (Мысқыл түрде де айтылады). Қаланың да, ауылдың да байлары бірімен-бірі *ауыз жаласады* екен деп естиміз (С. М.). Ақтармен *ауыз жаласып*, ымы-жымы бір болғаны есінде жоқ... Қызылдардың алдында құрдай жорғалап, өліп-өшіп жүр, баяғы (С. О.).

АУЫЗ ЖАППАДЫ [ЖИМАДЫ, ЖАП-ПАС] *Дамылсыз сөйлей беру; үздіксіз күле беру, т. б. ұғымды білдіреді.* Кеш, бос шақтарында бұл төре Оразбай бастаған ақ сақал, қара сақал, Елеу, Әзімбай, Сөмендей жас атқа мінірлер ортасында *ауыз жаппай* есіп сөйлеп, көрген-білген жайларды баяндаумен болды (М. Ә.). ...«Әшейінде *ауыз жаппас* ашық ауыздың өзі болдым да қалдым» — деді де, асыға басты тепкішекті (А. Т.). Сандықтың үстіне алып, шай келгенше сөзден *ауыз жиған* жоқ (С. М.).

АУЫЗ ЖАРМАҒАН ҚҰНАН *диал.* *Үйретілмеген асау құнан* (Орал, Жән.).

АУЫЗ ЖАРЫМАДЫ 1. *Жартымсыз тамақ туралы айтылады.* Күні-күні істеген ауыр жұмыстары үшін жалшылар байлардан *ауыз жарымас* тамақ ішті, ескі-құсқы киді, ең мықтағанда азғана арық-тұрақ мал алды (Б. Бер.). **2.** *Мардымсыз, тым аз мағынасында айтылады.* Оған *ауыз жарымас*, Сондадағы ар қылмас. Қалт-құлт етіп жүргені. Қысы-жазы қарны аш (Жамбыл).

АУЫЗ [АУЗЫН] ЖИҒАНША [ЖИМАЙ, ЖИМАЙ ЖАТЫП] Лезде, көзді ашып-жұмғанша. *Ауыз жиғанша* болған жоқ, поселкенің орта тұсынан айсыз түнде қызыл жалау жалт етіп, қарттың көзіне түсе кетті (Ә. Ә.). Осыны айтып *ауыз жиғанша*, тағы да бір қалың қабақты жігіт келіп кірді бөлмеге (Ә. Н.). Баян *ауыз жимай* жатып, даладан бір дауыс шықты. Таныс дауыс. Қора жақтан айғайлап жатқан күйеуі Бөкірдің дауысы екен (ЛЖ). *Ауыз жимай* бір адам Кіріп келді тесіктен, Жәдігөй ме, шайтан ба? — Әйтеуір, өлгі сөзді есіткен (Абай).

АУЫЗ ЖИҒЫЗВАДЫ *Күлдірді.* Бұлардың қалың ортасында біздің Қайрақбай да жүріп, күлкілі сөздерден *ауыздарын жигызбайды* (С. М.).

АУЫЗ САЛДЫ *Тап берді, жармасты, жабысты.* Қопшкін советниктің өзіне *ауыз салды*. «Ар таза болса, тұмсық жемге былғанбаса, қол істеген бір іс түк емес» — деді (М. Ә.). Айлалы айдаһар губернатор бұл екеуін Ералинге қарсы әбден пайдаланып алып, енді өздеріне *ауыз салғанды* (Д. Ә.).

АУЫЗ СУ *Адам ішуге жарамды тұщы су туралы айтылады.* Кедей ауылға *ауыз судың* өзіне іш тарлық істеп, құдық басына барған қатын, баланы сабап жіберді (Ә. Н.).

АУЫЗ ТИДІ [ТИГІЗГЕН ЖОҚ] *Дәм татты, аздап тамақ ішті; дым татырмады.* («Ауыз ти» деген тіркес, көбіне, жеке айтылмай, алдына «тамақ», «ас», т. б. тағам атын білдіретін сөздер қосылып барып қолданылады). Ербол Әйгерімнің үйінен қымыз *ауыз тие* сала ашық, жарқын өзілдер айтты (М. Ә.). Еламан ыссы күлшенің шетінен *ауыз тиді* де, қайтарып берді (Ә. Н.). Май біткеннің бәрін анау жалмауызың ішіп қойды, маған *ауыз тигізген* де жоқ (ҚЕ).

АУЫЗ ТОЛАРЛЫҚ [ТОЛТЫРЫП АЙТАРЛЫҚ] *Көңілден шығатындай, көңілге тоқ санарлық, мақтаным етерлік.* Бірақ олар бірер тақырыптың ғана басын шалды. Сондықтан *ауыз толтырып айтарлық* сыншы бар, пәленнен үлгі ал деп айта алмаймыз (С. М.-). Илиястың *ауыз толтырарлықтай* дейтін бір шығармасы — «Дала» (С. М.). Ауылдағы осындай еңбек қарқынын, тұрмыстың жағдайын *ауыз толтырып* айтқанмен, өлі де болса, көп болып қолға алуды керек ететін ақаулар да аз емес (Т. Қ.).

АУЫЗ [ТІЛ] ҮЙІРДІ *Дәмі, тәттілігі тілді, ауызды тұшытты.* Түрменің өңпең жасығы мен жылбысқысына үйреніп қалғандықтан ба, тым ашы секілденіп тұрушы еді, енді барған сайын *ауызды үйіріп* бара ма қалай, іздейтін секілдісің (С. Ш.) Теңіздің маржан тасындай, *Тіл үйірген* талшындай (Н. Б.).

АУЫЗ ХАБАР *Ауызша таралатын сөз* (АС). Олар заманың көбін ғылымсыз дықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, *ауыз хабарына* білгеніне қанағат қылып жүріскен (Абай).

АУЫЛ-АЙМАҒЫМЕН [БОТА-ТАЙЛАҒЫМЕН, БАУ-ШАРБАҒЫМЕН] *Баршасы түгел.* — Әй, білмеймін! *Ауыл-аймағымен* тегіс-ақ: «Айыпқа берген қыз ғой. Малың қимай, жаның қиды ғой айыпқа!» — десіп, жаман сөздер сөйлейді деп есіттім ғой, — деді Сүйіндіктің бөйбішесі (М. Ә.).

АУЫЛ АРАЛАС, ҚОЙ ҚОРАЛАС *Аралас-құралас отыру мағынасында айтылады. Ауыл аралас, қой қоралас отырмыз, өзің де есітіп жатқан шығарсың* (С. Тал.).

АУЫЛ БАҚҚАН *Ауыл төңірегінен шықпайтын. Ауыл баққан жігіттің андығаны сөз болар, Малды баққан жігіттің байтабасы без болар* (Мақал).

АУЫЛДЫҢ АЛТЫ АУЗЫ *Қонақ алдында ауыл адамының әуелі ән бастап беру салты.* Бұндай жердегі әдет бойын-

ша ауылдың алты аузын айтты да, домбыраны қасындағы жігітке ұстатты (Ө. Н.).

АУЫЛДЫҢ ӘУЛЕКІСІ *Ауылдың әуелісі, ауылдың тентегі. Ауылдың әулекісімін деп жөнсіз тиіспе (АТ).*

АУЫЛ ЖАҚТЫҚ ІСТЕДІ *Өз жерлесіне болысты, өз елінің кісісін жақтады.*

АУЫЛ ИТІНІҢ ҚҰЙРЫҒЫ ҚАЙҚЫ *Әзіл-оспақ ретінде «өз жерінде мықты, күшті» деген ұғымда айтылып тұр. Ауыл иттерінің құйрығы қайқы болушы еді, бұлардың иттерінің жүні жығылып, құйрықтары салбырап кеткен (І. Е.).*

АУЫРДЫҢ ҮСТІ, ЖЕҢІЛДІҢ АСТЫ-МЕН ЖҮР *Қалт-құлт жұмыс істеді, ауыр іске бел шешіп кіріспеді, жалқаулық етті. Бүгінгі жарқын қоғамымызда ішінара болса да кездесіп қалатын шаруашылыққа қырсыз, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүретін, жұмысқа жалтақ, өмірде өзімшіл, менмен жандарды шенейді (Б. И.).*

АУЫР КҮРЗІ *Жазушы бұл жерде сойылын соғушы, қатыгез деген ұғымда қолданып отыр. Егер орыстың Горчаков, Скоблев секілді генералдарына салсаң, осынау кең далада бірде-бір қазақ қалдырмауға бар. Бірақ, бұлар орыс халқы емес, орыс халқы түгіл, саналы оқығандарына да жатпайды, бұлар Николай-Палкин секілді отаршыл патшаның ауыр күрзілері (І. Е.).*

АУЫРЛЫҚ [АУЫРТПАЛЫҚ] ТҮСТІ *Бейнеттің, өмірдің я өзге бір іс-әрекеттің, оқиғаның ауыртпалығы, салмағы түсті. Мына дүрлігудің ауыртпалығы жұртқа түсті (АТ).*

АУЫР ТИДІ 1. *Жайсыз болды, көңіліне алды.*—Тек шырағым, түгін жасырма, толық айт! Еламан ұзақ жолдан қалжырап келген көрі атасына мына өңгіменің ауыр тиерін білді (Ө. Н.). **2. Қатты батты әсері күшті болды.** Қыс биыл ауыр тиді, жұртты діңкелегіп кетті (АТ).

АУЫРЫП ЖҮРДІҢ БЕ? *Ай қарап жүрдің бе деген мағынада айтылып тұр.—Мұны мен сиязға салыспай-ақ біте аламын.—Бітсең, ауырып жүрдің бе? (І. Ж.).*

АУЫТ ҚЫЛДЫ *диалект. Есін ауыстырды, шатастырды. Біз оны, тіпті, ауыт қылып жіберетін болдық (Қ. орда, Арал).*

АҢ [АЙ] ДҮНИЯ! *Шіркін, жалған өмір-ай! Осындай шын сүйіскен арамызды Ай, дүния, қандай жалған жала бұзды?! Қосылған қос көңілді айырған жан, Болмай ма өмірінше қара жүзді (Б. К.).*

АҢ ҰРДЫ Өкінді, қатты опық жеңді. *Күшті орынсыз сарп етпе, Келеді деп памадан. Аң ұрып қалма бейқам боп, Қармалап қолың соза алмай, Ілінген күні сағадан (Н. Н.). Сөз бірге, ақыл үйлес, мінез тату, Тұрады сені көріп көңіл та-*

сып. Махаббат бізде болмай, жатта болса, Аң ұрам, у ішкендей ішім ашып (Ө. Тәң.).

АШАҢ ЖҮЗДІ *Арықшалау, жүдеу адам туралы айтылады. Строгов ең әуелі бұлардың кімдер екенін білмек болды. Кейбір қатты сөзді айғайлап айтқан бірекі ұзын бойлы, ашаң жүзді адамдардан:—Сіз кімсіз? Сіздің фамилияңыз кім?—деп жөн сұрап еді. Жаңағылар айтпады (М. Ә.).*

АШАҢ ТАРТТЫ *Аурудан я дерттен жүдеп, қатты ысылды. Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және түстері жүдеу, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық, екі-үш орта жасты адам бар (М. Ә.). Қарғам-ай, ашаң тартып, тарамыстана қапты, ненің зардабы (АТ).*

АШ-АРЫҚ КӨРДІ *диалект. Аштық көрді. Алтайар 1916 жылы көп аш-арық көрді (Шыр. Қаз., Больш.).*

АШ АРЫСТАНДАЙ БЫҒРАНДЫ *Ашу қысып, күңіренді, күйзелді. Ордада отыр Зарлық хан Аш арыстандай ыңыраңғыл (МЗ).*

АШАСЫНАН КЕЛДІ *диалект. Бұт айрығынан келеді. Жол бойында ашасынан келетін шалшық суға түсіп кетіпті (Алм., Кег.).*

АША ТҰЯҚ Уақ, айыр тұяқ мал. *Сонда анау басқарма қатын үшін тентіреп жүр деймісің? Бір-екі арық-тұрақ жоғалса, орнына аша тұяқ төлей алатынымды білетін шығарсыңдар? (М. Сүн.).—Аша тұяқ қалмасын. Сойып тастасын бары болса. Тасқорғанға жөнелсін (А. Байт.).*

АШ БӘЛЕДЕН ҚАШ БӘЛЕ *Бастан құлақ садақа, бәлеге жолама. Ана Бұқабай сөйтіп жүріп, бастықтарды ырқына көндіріп алды. Шамасы «аш бәледен қаиш бәле» дейтін болу керек (Н. Байс.).*

АШ БЕЛІ *Нәзік, жіңішке бел. Жеңілгенді намыс қып, Аш беліңіз бүгілген (Жамбыл). Өзі де қолға қонған қаршығандай сергек, аш белінен қынай буынған, ұша жөнелердей жайнақы отыр (Ғ. М.). Алтын балдақ ақ семсер Саған арнап соқтырып, Салып қойдым қынапқа Аш беліңе ілгейсің (ҚЖ).*

АШ БЕТТІ *Жақ егі солыңқы, қушық бет кісі туралы айтылады. Аш бетті, арықтау келген, сұлуша, қара жігіт Самат сияқты жылдам басып, ыңғайлы аттай лып-лып етеді (ЛЖ).*

АШ БОЛДЫ *диалект. Бидай, т. б. дәні толыспады. Биыл бидай дәні аш болды (Жамб., Шу, Мер.).*

АШ БӨРІДЕЙ *Жалақтап, опырып жіберді, құныға ауызды салды. Медеу аға, біз арашашы болайық деп келдік, біздің жігіттер қойға тиген аш бөрідей келгендерді жайратып-ақ салыпты (Б. М.). Мен де аш бөрідей табада піскен тананың жұм-*

сақ етін қарбыта асап, бірде шайнап, бірде шайнамастан жұтып отырмын (Б. Мом.).

АШ БҮЙІРІН ТОЙҒЫЗДЫ *Бұл жерде жазушы кем-кетігін, жетпегенін толтыру мағынасында қолданып отыр. Сенің еліңнің сынына толып, қызын алайын деп жүргенім жоқ, Тобықтының шешені мен ділмарынан алған мақтанмен Найманның арылған етін семіртіп, аш бүйірін тойғызам ба? (М. Ө.).*

АШ ИТТИҢ АРТЫН [К...ІН] СҰҚ ИТ ЖАЛАЙДЫ *Сұғанақтық істегуші кісі туралы айтылады. Сондай бір есеп айырған күні: — «Аш иттің артын сұқ ит жалайды» деп, менің қан кешіп... тапқан жаман-жаутиқ тыныма да сұғарыңды қалайсың... бірақ осы табан ақы, маңдай терімен жегендерің желсеңнен шықсын деп, айтқандарына көне бердім,— дейді Сейіл Абайға (М. Ө.).*

АШ КЕНЕДЕЙ ЖАБЫСТЫ [ҚАДАЛДЫ] *Талақтай жабысты, көк бауырдай жабысты; қыр соңынан қалмады; сүлікше қадалды; мықтап жабысты. Атының жалына аш кенедей жабысып, өрге қарай тырмыса бастап еді, оны көріп бандылар баж-баж етті (Ө. Ө.). «Аспанға мені ұшуға үйрегші» деп, Тасбақа қолқа салды бүркітке кеп. Болмады «ұшпай-ақ қой» десе-дағы, Жабысып аш кенедей көп өзеуреп (Ө. Т.). Қанды таяқ, қара жүрек қанқорлар, Балаларға аш кенедей жабысып (Ө. Т.).*

АШ КӨЗ [АШҚАРАҚ] АДАМ Қомағай, тамаққа шыдамсыз. («Қарақ» сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Кейбір түркі тілдерінде «қарақ» сөзінің «көз» орнына қолданыла беретіні байқалады. Мысалы осы «аш қарақ» деген ұғымды ұйғыр тілінде «аш көз» (адам) деп те айтады). *Ашқарақ, тамақсаулық жанына қас (СҚ). Тамаққа дегірісіз аш көз адамнан құдай сақтасын (АТ).*

АШ КӨЗДЕНДІ [АШҚАРАҚТАНДЫ] *Ашқарақтана сұқтанды, жұтына телмірді. Тек сынық мүйіз қара сиыр анадай жерде аш көздене қарап, телміріп тұр (Б. С.).*

АШ КӨМЕК Пайдасыз, жалаң жәрдем (АС). Кедей — ер, кеселі зор, Малды байдан сорлы жоқ, *Аш көмектің, жемдемектің, Босқа әлектің орны жоқ (Абай).*

АШ КҮЗЕНДЕЙ БҮГІЛДІ 1. *Қаншырдай қатып жарайды. Алыстан қара көрінсе, Аш күзендей бүгіліп, Қарақұлан шабар көсіліп (АӘ).* 2. *Қайғы бағып, құсальқ көрді. Аш күзендей бүгіліп, Томаршаға сүрініп, Жақындап Назым келгенде, Ақ өткелдің өзінен, Өтіп кетті ер Қамбар (ҚамБ). Бала келді жүгіріп, Аш күзендей бүгіліп (ҚЖ).*

АШ ҚАРЫН ○ АШ ҚАРЫНДА 1. *Тамақ ішпей тұрған таңертеңгі шақ туралы айтылады. Турлі құс орманда ұйықтап жатқан жиын, Шошынып ояна сап қор-*

ғайды үйін. У-шу боп жандарынан түңілісті, Бүркіттің аш қарында көріп күйін (С. С.). Буаз саулықтарды аш қарында суаруға және сүрлеммен азықтандыруға болмайды, олар пішен мен сабанды тоя жегеннен кейін ғана суарылады (М. Е.). 2. *Тамақ ішпеген, ішіп-жемі жоқ. Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей (Абай).*

АШ ҚАСҚЫРДАЙ *Мейлінше аранын ашу, қомағайлану деген ұғымда айтылады. Жеңіске мастанған қатыгез жауынгерлер қорғансыз қалың қайға тиіп, қанға құныққан аш қасқырдай, жұрттың жазықты-жазықсызына қарамай, түні бойы ойран салды (І. Е.).*

АШ ҚҰЛАҚТАН ТЫНЫШ [ТИЫШ] ҚҰЛАҚ ○ АШ ТАМАҒЫМ, ТЫНЫШ ҚҰЛАҒЫМ *Ешкімге тиіспей, ешкім бізге тимей, өз жайымызға жүрелік деген мағынада айтылады. Аш құлақтан тыныш құлақ, сол жарықтықтан қашық жүрсек деймін,— деді хатшы (С. Е.).*

АШ ӨЗЕГІНЕ ТҮСТІ *Бірнеше күн тамақ ішпегендіктен, ішкен тамағын көгере алмай әлсіреп, талықсып қалды. Апта өткізіп татқан екі жұтым қымыз аш өзегіне түсіп, талықсып кетіпті (АТ).*

АШ ӨЗЕГІН ҚАРЫДЫ ○ АШ ӨЗЕГІ ӨРТЕНДІ *Уайымға батты, қатты қайғырды, жаны ауырды, қайғыдан іш құса болды. Жалын жас Шуақ қаза табады. Қазан мен Қобыланды бетпе-бет кездеседі. Аяулы іні өлімі Қобыландының аш өзегін қарып түсірді (Р. Н.). Ана сорлы күндіз-түні баласын ойлап уһлеп, аш өзегі өртегіп, көз жасын көл қылып төгеді (С. С.).*

АШ ӨЗЕК *Тамақ ішпегендіктен, талып, әлсіреген ішкі сарай. Малыңа ие болмай жүрген бағып, Ит-ай! — деп қамшымен өтті қағып. Сүйегін омырғандай болып кетті, Аш өзек тегеурінге шыдар нағып? (Қ. Т.). Аш өзегім бүлінген. Құба жонда жүгірген, Күңіреніп соққан жел ғана (С. Кер.). Қос бозадақ қиял атқа мінген, Қаңбақтай жел қуалап жерді кезген, Тартылып табан тамыр кейде талып, Аш өзек қуырылған жанын езген (Қ. Б.).*

АШ ӨҢДІ *Арық келген құқыл жүзді. Әбдірахман оның аш өңді, бозғыл тартқан сопақша бетіне жаңа ғана тура қарады (Х. Е.).*

АШПА-ЖАЛАП БОЛДЫ *Тоймай қалды, жарымай қалды. «Байға қызмет істейміз» деп, іргесін аулаққа салғанмен, көп ұзамай ашпа-жалап күйге ұшырап, енді сол кеткен байдың босағасына қайта баруға ыңғай танытқан кедейлер тағы бар (К. О.). Бұрынғы заманда біздер ашпа-жалап болып едік қой (АТ).*

АШСА АЛАҚАНЫНДА [АЯСЫНДА], ЖҰМСА ЖҰДЫРЫҒЫНДА [ЖҰМЫРЫНДА, УЫСЫНДА] ҰСТАДЫ *Билеп-төстеді, айтқанын істетті; айтқанынан шықпайды, ырқына көнеді. Егер Марген*

оның ырқына өбден беріліп кетсе, бара-бара не болмақ; *ашса алақанында, жұмса жұмырығында* кетеді ғой (ЛЖ). Бұл шаққа дейін *ашса алақанында, жұмса жұмырығында* болып келген ағайынның осы бір сөздерінде зіл жатқанын сезген Жұман да үндей алмай қалды (Ғ. М.). Бұрынғы жақсымын деген би-болыс елді *ашса алақанында, жұмса жұмырығында ұстап*, еркін биледі емес пе (АТ).

АШТАН ӨЛІП, КӨШТЕН ҚАЛМАЙ-ДЫ *Өз әлінше ішерлік-жерлігі бар, күн көріс жайы бар адам туралы айтылады. Элекең кейіп кетті: — Боқ жеген күшіктің айтып отырған сөзін Сендерден ақша алғанда, мен аштан өліп, көштен қалатын шығармын, — деді (Б. М.).*

АШУ ВІЛЕДІ [БУДЫ, ҚЫСТЫ, КЕРНЕДІ, ШАҚЫРДЫ] ○ АШУЫ КЕЛДІ *Ызалана қаны қайнай, ызалы ренішпен бұлқынды, булықты; долданды, қаһарға мінді, буырқанды-бұрсанды. — Жә, ашу биледі сізді, тастаңыз! — деп Алма да келіп, Жақыптың мойнына асылды (Ғ. Мұс.). Күңіренер ем, күркірер ем, түтөр ем, Ыза толып, ашу қысып, долданып... (Б. К.). Сөйлесе алмай Қамбарға, Тағы да қалды арманда. Отырған сұлу көз тұтып, Ашуы келіп Назымның, Асау тайдай тулады (ҚамБ). Танаш әжесінің қабағына қараса, қабағы түйіліп, ашу қысқаны көрініп тұр (С. Вақ.). Қайын аға мен күйеудің одағынан, өте-мөте Сергейден хауіп етпесе, Пугачевтің бұлайша ұрынып несі бар еді? Сол әңгімені естігенде Сергей ашу шақырған жоқ, даусын да көтермеді (Ғ. С.). Көк атты омыраулайды. Құла қуып, Жендетті ыза ап кетті, ашу буып. Қанталап екі көзі көрмей кетті, Қан мұздап сала берді, бойы суып (І. Ж.).*

АШУҒА МІНДІ [БУЛЫҚТЫ, ТЫҒЫЛДЫ] *Қатты қаһарланды, бұлан-талан болып, кәріне мінді. Өкіл жолдас, мыналарға айтсаңызшы: «Сөзімді бөлмесін», — деп, Дайрабай бұрынғыдан да ашуға мінді (Б. М.). Өлгінде ғана баяу ағып жатқан көгілдір өзен әлденендей ашуға мініп, көк долы толқындарын көкке көтере тулайды (Ө. С.). Беті кенет сұрғылданып, езуі жыбырлап, ашуға тығылғаннан Зөкіржан сөйлей алмай, тұтығып қалады (Б. М.). Қасымда да ешкім жоқ. Жалғызбын. Өз ашуыма өзім булығып, құсаланып отырмын (Б. Мом.). Аттардың тұяғынан көтерілген шаң таралмай жатып, өңі құбылып, ашуға булыққан Оспанның әйелі көрінді (Ж. Мұз.).*

АШУ-ЖАНЖАЛ ШЫҒАРДЫ [ҚЫЛДЫ] *Бүлік салды, шапақтық жасады. Құлақ салып тыңдасаң, Ашу-жанжал қылмасаң, Тойыңа мен қайтамын (ҚЕ).*

АШУ ҮСТІНДЕ *Ашулану кезінде. Алдар көсе молдаға қарап жыламсырап: Молдеке, ашу үстінде әйелімді өлтіріп алдым, бірдеме оқып, тірілтіп бермейсіз бе? — дейді (ҚЕ).*

АШУЫ ЖАУҒАН ҚАРДАЙ, ШӨККЕН НАРДАЙ *Ашуы қатты, қаһарлы, ашуы зілді, салмақты.*

АШУ-ЫЗА ШЕКТІ *Ашуланды, ашулы күйінішке түсті. Танкенаудың да, басқаның да ашу-ыза шегіп, қабағын қарс түйгенімен табиғат әлемінің ісі жоқ (Ө. Ш.).*

АШУЫ МҰРНЫНЫҢ [ТІЛІНІҢ] ҰШЫНДА *Ашуы тез келетін, шертіп жіберсең, «жарылып» кететін тыз етпе, күйіп-піспе кісі туралы айтылады. (Көбіне мысқыл ретінде қолданылады).*

АШУЫН АЛДЫ *Кек алды, өшін қайтарды.*

АШУЫН БАСТЫ *Ашуланғанын қойды, кәріп басты. Жасырған болсақ Жібекті, Сонан соң тақсыр қинаңыз Ашуыңды басыңыз (ҚЖ).*

АШУЫҢДЫ БЕРІ [ҚИ] *Өкпеңді, ашуызаңды маған қи. (Бұл фраза арашаға түскенде, ашуға қолқа сала айтылады). Ашуыңды, өкпеңді бер. Сенің арқаңда әне «өкпеші қанамаған» атандық... — Жә, қи енді ашуыңды бір жолға (С. Ш.).*

АШУЫ ТҮСІП КЕТТІ *диал. Ашуы, ызасы келді. ашуланды. Осындай мәселені естігенде, менің ашуым түсіп кетеді (Шығ. Қаз., Бопшы.).*

АШЫҚ ЖҮЗДІ *Ақша бет, ақ құба, шырайы жарқын (АС). Аласы аз, қара көзі айнадайын, Жүрекке ыстық тиіп салған сайын. Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, Тісі өдемі, көріп пе ең қыздың жайын (Абай).*

АШЫҚ КӨЗБЕН ҚАРАДЫ *Іске оймен, ақылмен зер салды. Бар жаманшылыққа ашық көзбен анықтап қараудан басқа шара жоқ... (М. Ә.).*

АШЫҚ ҚАЛДЫ *Белгілі бір жұмыс айқындалмай, шешілмей қалды, неғайбіл қалды. Айтыса келіп, емле мәселесінен кейбір ұсынысты ашық қалдырдық (АТ).*

АШЫЛЫП СӨЙЛЕМЕДІ *Ойын ортаға салмады, пікірін бүгіп қалды, күмілжітіп сөйледі. Бірақ Таңат оған ашылып сөйлеген жоқ, қайта шаруасын онша анықтамай, тартына, көмескі қып айтқан (М. Ә.).*

АШЫ АҢСАҒАН МАЛ СИЯҚТЫ *Ащыға өте құмартты. (Жерік болған әйелге, ащылаған кісіге айтады).*

АШЫ ДАУЫС *Шыңғырған үн, үрейлі, зарлы айқай, қатқыл зарлы үн. Не істерімді білмей, сөз кідіріп қалып ем, Наташаның: — Аға, атар болсаң, тезірек ат, әне, келе жатыр, тезірек! — деп ащы даусы тағы шықты (Ө. Ә.). Құс қайғылы, мұңды үн, ащы дауыспен сайрайды (ҚЕ).*

АШЫ ЗАР *Ауыр қайғы, уайым, мұң, тілек. Шуақ: Алдағы тілек алыс боп, Қолға жетпей қиын боп, Айырар болса ерік-тен, Ей қалқажан, Қарлығаш, Арман деген ащы зар Айтылмасын неліктен? (М. Ә.).*

Ақындар үнемі баласынан айрылған ана-ның *ащы зарын* жазады, әке зары одан кем бе екен (Ә. Әл.).

АЩЫ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Араз болды, өкпелесті.* (Ағайын, дос-жар арасын бұзғанда айтылады). Өтірік, өсек, зорлық-зомбылық ағайын арасын *ащы қылады* (Абай).

АЩЫ МЕНЕН ТӘТТІНІ ТАТҚАН БІЛЕР *Бәрін көрген, көрмегені жоқ, өмірдің ыстық-суығын, ащы-тұщысын көп көрген. Ащы менен тәттіні татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер* (Мақал).

АЩЫ ӨМІР 1. *Азап шеккен тіршілік. 2. Берекесіз, өсек-аялды күн.* Мұндай *ащы өмірді* кім көрген? Қалия дұрыс аңғарған. Кешеден бері Сабанбаев, Төлеутаевтардың топталуы жаман. Мұны білу керек екен (М. И.).

АЩЫ ТЕР *Қатты қиналған жұмыс, артық жұмсалған еңбек күші туралы айтылады.* Осынау жердің әрбір сүйемін ол өзінің *ащы терімен* суарады (Ә. Ә.).

АЩЫ ТЕРІ ТӨГІЛДІ [ШЫҚТЫ] *Қатты қиналды; қатты қиналып, әрекет етті. Ащы терің жерге төгілсе, төгілер, менің дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің (ҚЕ).* Төрт шам-шырақ жақтырды, Аяғын арқан қияр деп, Жібектен арқан тақтырды. *Ащы тері шықсын* деп, Таң асырып шаптырды (ҚБ).

АЩЫ ТІЛ [СӨЗ] *Өте ауыр, жер-жебіріне жеткізе, қатты айтылған балағат сөз, ызалы сөз, қатты айтылған кейіс сөз.* Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, *ащы тіл* Не жазып кетсе, жайы сол, Жек көрсеңдер, өзің біл (Абай). Қыз өзілін көтере алмай-сың, келешекте әйеліңнің *ащы сөздерін* естігенде не болар екенсің, ә? (А. Сат.).

АЩЫ ТІЛІН СҰҒЫП [СҰҒЫП-СҰҒЫП] *Алды Кекесінді өткір сөзбен түйреді. ... Ауылдағы пысықтар өзімнен де артылмайды?— деп, Шөгел ащы тілін сұғып-сұғып алды* (Ғ. М.).

АЩЫ ШЫНДЫҚ *Жанға батар ақиқат.* Қоспан қарсылық айтқан жоқ. Құптасын, құптамасын, бірақ, Гусевтің сөзінде *ащы шындық* бар (Т. А.).

АЩЫ ШЕКТЕЙ [ШЕКШЕ] **СОЗЫЛДЫ 1.** *Ұзыннан-ұзақ шұбатылды.* Бірде Әжібай бұрылып, арт жағына көз жіберді де: — Ойбай-ой, халықтың *ащы шекше созылуын-ай!* — деп қойды (ҚӘ). **2.** *Оралғы, сылбыр кісіге де айтады. Ащы шектей шұбатылмай, былай тұршы* (АТ).

АЮДАЙ АҚЫРДЫ *Айқай салды; үстемдік жүргізді, ырқына көндірді; ашу шақырды.*

АЮДЫҢ ӨТІНДЕЙ *Қасиетті мирас зат ұғымында айтылып тұр.* (Қазақта аюдың өтін, жүнін, қасқырдың жүнін, жыртқыш құстың тұяғын кесіп сақтау салты болған).

Қабаққа біткен қайыңның **Беріші** еді, безі еді. *Өтіндей-ақ аюдың* Әкемнен қалған көз еді (І. Ж.).

АЯҒАНДЫ ИТ ЖЕСІН *Бар болса бұйырмасын.* Сенің сұрағаның жоқ болып отыр. Сенен *аяғанды ит жесін* (АТ).

АЯҒАНМЕН ЖАН ҚАЛМАЙДЫ *Не де болса, бел шешіп кірісу керек, қорғаштағанмен, бас амандай алмайсың, тәуекелге бел байлап, бағылдық жасау керек.* Аянбаған жауды алар! *Аяғанмен* мұндайда, Дей көрмеңіз жан қалар. Қорқақ адам қор болар (Жамбыл).

АЯҒЫ АЛЫСҚА ТҮСТІ *Тартысқа түсті, алысқа килікті.* Тәңірбергеннің де *аяғы алысқа түсіп* кетті (Ә. Н.).

АЯҒЫ АННАН-САННАН КЕЛДІ [ТИДІ 1. *Табағын жерге тигізбеді.* Есқара шынымен-ақ босаңсып қалғандай, Піржан сонсоң-ақ өкім-өкім қимылдай бастады. Ес жиғызуга мұрша бермей, жеңілтек жігіт денесін төске алып, үсті-үстіне үйіреді. Есқараның *аяғы аннан-саннан бір тиюге* қарады (З. Шүк.). **2.** *Безіп ұша жөнелді.* *Аяғы аннан-саннан тиіп,* безіп келеді (АТ).

АЯҒЫ АСПАННАН [КӨКТЕН] КЕЛДІ **○ АЯҒЫН АСПАНҒА [ӘЛЕГІН АСПАННАН] КЕЛТІРДІ 1.** *Күлі көкке ұшты, тасталқаны шықты, бәлеге ұшырады, жаз тартты.* Тиісті нанымды жеп жайыңа жүр. Әйтпесе *аяғың аспаннан келеді* (С. Ш.). Қанат болмас жігіттер өктем желік, Кішіпейілділік дегенді жек көрмелік, Желігем деп, орынсыз секірем деп. Жатқандар бар *аяғы көктен келіп* (Қ. А.). **2.** *Шалқасынан түсті, жығылды, алып ұрды, серейтіп салды.* Ол шап берген кезде былжыр Жүсіптің қимылына көз ілескен жоқ. Ырысмағамбеттің *аяғы көктен келе,* тыраң ете түсті, шаң бұрқ етті (Ғ. Мұс.). Күшті болмақ түгіл, бұл заманның Әзірет Әлісі болса да *әлегін аспаннан келтірейін* (С. М.).

АЯҒЫ АСПАННАН САЛБЫРАП ТҮСКЕН ЖОҚ *Басқадан бітімі артық емес. ерекше жаратылған жоқ, құдайдың баласы емес.* Оразбай осы жолы қашқындар ғана емес, Ыбырайдың дәл өзін қанды мойын айыпкер етіп, табанымның астына салмай тынбаймын! *Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ,*— деді (М. Ә.).

АЯҒЫ АУЫР [АУЫРЛАДЫ] ○ ҚАТЫНЫ [ӘЙЕЛІ] КҮМӨНДЫ *Екі қабат, жүкті болды.* Жұбайы айы-күні жақындап, *аяғы ауырлап* жүрген соң, самауырға өзі от салып жүр еді (С. Ад.).— Көке, неге біраз дем алмадыңыз? — деді Күнтуар.— Демді егін біткен соң алармыз, балам. Әдейі Айыма көмектесейін деп ерте келдім. Сен білуші ме едің, оның *аяғы ауыр* екен ғой,— деді Нүрекең (Ә. Ә.).— Ай-күні жақындап, күн өткен сайын әйелдің *аяғы ауырлай* беріпті (ҚЕ). Менің дағы *әйелім күмөнды* еді (ҚҚБС).

АЯҒЫ-АЯҒЫНА ЖҰҚПАЙДЫ [ТИМЕЙДІ] **○ АЯҒЫ ЖЕРГЕ ТИМЕДІ** *Шапшап, тез жүреді, зыр жүгіреді.* Қарымсақ одан жаман үрейлі болып, аяғы-аяғына жұқпай, бүкіл ауылды кезіп шықты (Б. М.). Асқан бір көңілділік те осы құбылыспен ере келгендей ол [Есен] тіпті, аяғы аяғына тимей, адымдай аттап, қасындағы Ғаниды шұбар терге шомдырды (М. И.). Мұнда келгелі Еламанның аяғы жерге тимеді (Ә. Н.).

АЯҒЫ БІР ЖЕЛМЕДІ *Ыңғайы келмеді.* Он бес пен жиырманың арасында талай-ақ шайқасам деп келгенімде, аяғым бір желмейтін еді. Енді қайттім? (Ғ. М.).

АЯҒЫ ЖЕТТІ *Келіп қалды, келіп ұлгерді.*— Иттердің аяғы жетіп қалған екен ғой (Ә. Н.).

АЯҒЫМЕН [МҰРНЫМЕН] ЖЕР ТІРЕП, МАҢДАЙЫМЕН КӨК ТІРЕП *Тұн ұйғысын төрт бөліп деген мағынада да, аспан тіреп тұрған кісідей деген мағынада да айтыла береді.*

АЯҒЫНА БАС ҰРДЫ [ИДІ, ЖЫҒЫЛДЫ] *Алдына барып жығылды, тәубе қылды, тізе бүкті, кешірім сұрады, күнәсын тіледі, мойнына алды.* Селкілдеп келіп жығылды, Аяғына бас ұра: «Қарағым жылат, тамақ бер, Жаз шыққанша асыра» (Абай). Ол отырып құм жоталы асуды, Тас құйынды бораннан асырды. Алып ауыз құмды алқымға алғанда, Бұқты боран, аяғына бас ұра (Қ. Б.). Тосқан айың оралып, Аяғыңа бас иіп, Төу етсе де болмай ма, Сендей жардың «құтқар» деп, Жалғыз айтқан демінен! (М. Ә.). *Жығылып аяғыма жауым жылап, Езіліп табанымда жатты сұлап (Қ. Мұқ.).* Аға бауырдан болады, іні жастан болады, ініңнің бар аяғына жығыл (ШС).

АЯҒЫНА КІСЕН САЛДЫ *Байлады, бас бостандығынан айырды; басын байлады, атады.* Мұндайдың аяғына кісен салып, Зынданға жаяу айдап бармаймысың (С. А.).

АЯҒЫНА ҚАН [ЖЕМ] ТҮСТІ *Ыстықсуықтан аттың аяғына сары су ұялады; жылқы малының ауруы.* Бабын білмей несі Аяғына қан түскен Ұлы дүбір жиында Қосылмаған ат жетім (ШС). Мен көрдім қара шіркей бала қаздай, Жүк артым бес қарсаққа ала жаздай. Тұлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп, Қан түсіп аяғына, өле жазды-ай (ҚЕ). *Қан түскен аяғына ат сүріншек, Келгенде жиырма беске қыз еріншек (ХӨ).*

АЯҒЫН АЛЫСҚА КӨСІЛМЕС *Бұл жерде бейбастақ, көргенсіздік, басынғандық көрсетпеу мағынасында.*— Қазақта тағы да бір мақал бар емес пе, дастарқан қасында отырып, қонақ аяғын алысқа көсілмес болар деген? (І. Е.).

АЯҒЫНА МІНДІ *Аяғынан тұрды, сауықты.*— ...«Тарықпаңыз, ата, әлі-ақ аяғы-

ңызға мініп кетерсіз»,— деп айтқысы келсе де, осы сөзге ол түгіл бұның өзі де сенбей тұрған соң, үндемеді (Ә. Н.).

АЯҒЫНАН АЛДЫ *Біреуді күндеп, кесір жасау, етегінен тарту мағынасында айтылады.* Сол уақыттағы өз ағайындары Ережеп, Олжеке дейтін кісілер күншілік қылып, оны аяғынан алып жүрді білем (С. Т.).— Өркім аяқтан ала бастады. Жас болса келіп қалды. Тартысуға әл жете ме? Бас сауғаға ар жете ме? (Ғ. Мұс.).

АЯҒЫНАН КЕЛДІ *Өзінен-өзі, өз еркімен келді.* (Көде-құдасыз үйге кіргізіп алған әйелді де осылай ағайды). Мұндай аяғымен келген арзан жұмыскерді байлар ақы жағынан мейлінше жеу есебімен жұмысқа да оңай орналастырған еді (І. Ж.).

АЯҒЫНАН [ТАБАНЫНАН] САБЫЛДЫ [САРСЫЛДЫ, ТОЗДЫ, ТАУСЫЛДЫ] *Әуре-сарсаңға түсті; шаршап-шалдықты.* Ей, Мүлқайдар, сілеймей бері қара. Мына жеңгеңді аяғынан сабылтай, қоймаймысың қолыңды (Ш. Х.). Спыр әлі төленген жоқ. Іс сот архивінде жатыр, Қасым қарт сиырын іздеп аяғынан тозуда (С. Төл.). Алайда, жүрегін қолына ұстап, аяғынан таусылып жүрген Әміржанды Қалампыр ұнатпады (М. Гум.).

АЯҒЫНАН ТІК ҚОЙДЫ [ТҰРҒЫЗДЫ] 1. *Мазасын алды, өре түрегелдірді; құрметтеп күттірді.* Шауып отырып ауданға барып, айқайды салды-ай кеп, жұрттың бәрін аяғынан тік тұрғызды, ақт жасады (Ә. Өл.). 2. *Көдеге жарайтын етті, жұмысты орнына келтірді, бітірді.* Достықтың, ұйымшылдықтың арқасында біз заводты аз мерзім ішінде аяғынан тік тұрғызып, іске қостық (С. Ақ.). 3. *Құлан таза сауықтырды.* Алты ай сал боп жатқан Сәлімді аяғынан тік тұрғызды (АТ).

АЯҒЫНАН ТІК ТҰРДЫ **○ АЯҒЫНЫҢ ҰШЫНАН ТҰРДЫ** *Құрмет көрсетті, төбесінен тік тұрып қарсы алды.* Үй несі [Төлжан] бізді жайрандап қарсы алды. Аяғынан тік тұрып күтті. Студент күндеріміз сөз болды. Көп отырдық (С. Ш.). Келген қонақтарды бұлар аяғының ұшынан тұрып қарсы алды (М. Иб.).

АЯҒЫН АҢДАП БАСТЫ *Сақ, абайлап жүрді мағынасында айтылады.* Аяғыңды аңдап бас, ей Жақсылық, Өз басыңда жының бар бір бақсылық, Борышқорлық адамға қиын нәрсе, Әр қайда өсткізеді мал тапшылық (Абай). Майлықараша аға кетісімен, аяғын аңдап басып кемпір келеді (ҚЕ).

АЯҒЫНА ОРАЛДЫ 1. *Алдын кес-кестеді, еркеледі.* Шешесін далаға жібергісі келмей, кішкене қызы аяғына оралды (С. М.). Биік өкшені қадай, тық-тық басқан қыз соңынан Қайырдың көңілі жетектеген күшіктей біресе алдына, біресе артына шығып, аяғына оралады (З. Ш.). 2. *Бөгет болды, масыл болды.* Оның баласы алдақашан ер жетіп, сомадай жігіт

болса да, әкесінің аяғына оралып, тиышын кетіріп жүр (АТ). Үй іші боп киіну, ішіп-жеу, тұрмысын дұрыстау жалғыз Қасеннің ғана міндеті емес. Жәмила да бірдеме тауып, оны-мұны кіргізу керек. Өзіңде аяққа оралар бала жоқ (М. Ә.).

АЯҒЫНА [АЯҒЫНЫҢ ҰШЫНА] ОТЫРҒЫЗБАДЫ [ОТЫРТПАДЫ] 1. Жақын болмау, көңіл қоспау мағынасында. Жүзтайлақ [Жантасқа]. Сүйгенімнен күйіп тұрмын-ау! Аяғына отырғызып па ем өзгені? Қадір білгенің осы ма, сен тексідің? (М. Ә.). 2. Маңына жолатпады, шеніне жуытпады, теңдік бермеді. Қыс бойы Жұматай мен Жетпісбай, бұрынғы колхоздарда істеген машық бойынша бұндағы қамбаны да көп жағалап еді. Бірақ Өшім аяғына отырғана (М. Ә.). Әлім, Ақсуат бидің тентектері Байұлының бір адамын өлтіріп, теңдік бермейді. Соғыл соғары көп Ақсуат би құн сұрай барған адамдарды аяғына отырғызбайды (ЛЖ). Дәркембай «Егінімді жедің ғой» деп зарлап барғанда, аяғының ұшына отырғызбай, әке-бабасынан боқтап, Төкежан мен Майбасар қуып тастапты (М. Ә.).

АЯҒЫНА [ТАБАНЫНА, ТАБАНҒА] САЛДЫ Жауын тізе бүктірді, табанына басты. Осы жолы дауын жеңіп, жауың аяғына салып берсе, Жақыпқа одан үлкен қолқа керек емес, тамырына өле-өлгенше риза (Ғ. Мұс.). Айдарлыны құл қылды, Тұлымдыны тұл қылды, Солқылдаған мыраамды Табанға салып жүн қылды (АВ).

АЯҒЫНА ТҰСАУ [ОРАЛҒЫ] БОЛДЫ ○ **АЯҒЫН БАЙЛАДЫ** Кедергі болды. Газиктің митыңдаған жүрісі (Қасболаттың) аяғына тұсау болып әбден зықысын алып келеді (Т. А.). Екінші, барлық аудан малы шұбала қаптай жүргенде, ол жүріс аяқты байлайды (М. Ә.).

АЯҒЫНА [-ҚА] ТҰСАУ ТҮСТІ [САЛДЫ] ○ **АЯҒЫ ТҰСАЛДЫ** Үйленді, үйленіп, бойдақ күннің жүрісінен айрылды; басы байланды; үйленіп, үй-ішінің алаңы еркін биледі. (Көбіне жаңа үйленген жігітке, кейде атастырылған қызға да айтылған). Қалыңдық деген атпен аяғына тұсау түскен қыз бұрынғыдай ойын-тойға баруды сиретті (АТ). Тентек Оспанға Байтастың Еркежан деген қызы қалыңдық боп аталыпты. Үй іші, әсіресе, шешелері күліп, мез боп, Оспанның аяғына тұсау түскесін, өзіне естіруді, түсіндіруді ойлап күліскен-ді (М. Ә.).

АЯҒЫН АУЫСА [ҚИЯ, ШАЛЫС] БАСТЫ 1. Шаршап-шалдыққаннан не бір басқа жағдайға байланысты аяқты дұрыс баса алмау мағынасында айтылады. Еңтігіп есек жүгін ауырлады, Моншақтап мойнынан тер сауылдады. Аяғын шалыс басып, әлі құрып, Сондағы атқа айтып жалынғаны (Ө. Т.). 2. Қателесті, тура жолдан тайды. Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма, Біреуге жай, біреуге тез болмай ма, Асау жүрек аяғын шалыс бас-

қан, Жерің тауып артқыға сөз болмай ма (Абай). Неткен қатал ит еді өзі. Азар болса, жас әйелдің аяғын ауыса басқан бір кезінің үстінен түскен шығар. Оны осынша елге әйгілеп, жұртқа масқараламай-ақ қоймай ма? (І. Ж.).

АЯҒЫНА ШАҢ ЖҰҚПАЙДЫ 1. Бір жерде тиянақтай алмайтын қыдырымпаз кісі туралы айтылады. Апам бойындағы бір кемшілік — аяғына шаң жұқпайтын қыдырмашы еді. Қолы боста тоқтамай, ауылды шарлап жөнеледі (Б. С.). 2. Өте ұшқыр, жел аяқ жүйрік. — Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ (КЕ).

АЯҒЫН [АЯҚ] БАСПАДЫ Жоламады, жуымады, жақындалады. Басқа жан онда аяғын басушы болмасын (ҚЕ).

АЯҒЫН ЖЕРГЕ ТИГІЗБЕДІ Көкке көтерді, мақтады, құрметтеді; қолдан-қолға ауыстырды, жүгіртті. Былтыр мектепті бірге бітірген жолдастары мен жоғарғы оқуға дайындалып жүрген баланың аяғын жерге тигізбеді, үйіне алып келді (С. Жүніс.).

АЯҒЫН ҚИЯ БАСПАДЫ [БАСТЫРМАДЫ] ○ **АЯҚ БАСТЫРМАДЫ** Ешқайда бір қадам шықпады; тырп еткізбеді, жолатпады, беттеспеді. Аяғын қия баспады. Залдағы үнді сүйсе де, Жаттығып күйге саусағы, Жақсы үйреніп жүрсе де (Ж. М.). Жау адымын ашырмай, Аяғын қия бастырмай, Томаға көз қыраным Көреді шолып қиырдан (Н. Б.).

АЯҒЫН ҚҰШТЫ Көбін киді, біреудің басына келгені оның да басына келді. Тәңір атқан неме, өсек-аяңға бір табан таяу жүруші еді, суайт жолдасының аяғын құшқан екен ғой (АТ).

АЯҒЫН ШАЛДЫРДЫ Опық жеу, өмір соққысын көру мағынасында айтылады. Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сия ма оялаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай).

АЯҒЫНЫҢ ЖЕЛІ БАР Суық жүрісті, жортуылшы кісі туралы айтылады. Әсіресе, түнде жортып, жылқы жетектөйтін аяғының желі бар жігіттер ұрлыққа салып жүрген аттарын қойқақтатып, олай-бұлай жүріп, көлбеңдейді (І. Ж.).

АЯҒЫНЫҢ ЖЕЛІ ҚОЗДЫ Машықты ескі жүрісіне басқан кісі туралы айтылады.

АЯҒЫНЫҢ ҰШЫНАН БАСТЫ 1. Жайлап байыппен жүрді. Бірдеңге жұмсауға қажет болып қалып: «Жүнісбай!», «Мәсімбай!» — деп дауыстап қалғанда, аты аталған [Көпекбайдың] балалары үйден аяғының ұшынан басып, бүкең қағып, жорғалап шығады (Б. С.). 2. Тайсау, қаймығу, имену, қорқу мағынасында айтылады. Кеш келген інісі ағасынан қорқып,

аяғының ұшынан басып, төргі үйге өтіп кетті (АТ).

АЯҒЫҢ АСПАННАН [КӨКТЕН] КЕЛГІР! қ а р ғ ы с. *Опат болғыр, мерт болғыр, сәтсіздікке ұшырағыр.*

АЯҒЫҢДЫ АНДАП [БАЙҚАП] БАС Тыныш жүр, абайла, байқап жүр, сақ бол. *Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық! Өз басыңа жының бар бір бақсылық, Борышқорлық адамға қиын нәрсе, Әрқайда өстікзеді мал тапшылық (Абай).*

АЯҒЫ СҰЙЫЛЫП КЕТТІ *Нәтижесіз қалды, аяқсыз қалды, «қой болды» болды.* 1-дауыс: *Болыстың айтқан хабары жақсы еді ғой.* 2-дауыс: *Рас шығар, әлде, неге сенбейміз? — Ай, кім біледі, аяғы сұйылып кетті ғой (М. Ә.).*

АЯҒЫ ТАЙДЫ 1. *Жазатайым болды, апат болды.* Кетті бірлік, Сөнді ерлік, Енді кімге беттемең? Елің — ала, Отты шала, *Тайса аяғың кім көмбек? (Абай).* 2. *Айныды, шәлкем-шалыс кетті.* Қор қылуға құдіреттен, Жүрегіме түсті өрт. *Тайды аяғым ескі сөрттен, Түсті емсіз қатты дерт (Абай).* 3. *Қызметтен қуылды, орнынан айрылды.* Бірер жыл отырып еді, қызметтен аяғы тайып, кетіп қалды (АТ).

АЯҒЫ ТҰСАЛДЫ *Діңкеледі, болдырды.* Жиырма-жиырма бестің арасы емес, Қарт басып аяғыңыз тұсалынды (М. Б.).

АЯДАЙ ЖЕР *Алақандай аулақ, алақанның аясындай жер.* («Ая» сөзі алақан деген ұғымды білдіреді). *Аядай жерде Тоғызбалық колхозының қостары.* Бәрінде де әдемі арқа. Сәнді, салтанатты. Орталық дүкен. Есігі ашық. Радиодан ән сайрап тұр. Халық көңілді (Т. А.).

АЯЗ ҚАРЫДЫ [СОРДЫ] Суыққа тоңды. *Володя аяз сорып қызартқан сау-сақтарымен шатасып қалған түйінді шешуге қайта кірісті («Жетісу»).*

АЯЗ СЫНДЫ *Күн етпеп жылынды, суықтың беті қайтты, күннің зәрі сынды.* Шұнақ аяз азырақ сынды (С. С.).

АЯҚ АЛҒЫСЫЗ **○ АЯҚ АЛЫП ЖҮРГІСІЗ** *Бір нәрсенің көптігінен аяқ басуға болмайды деген мағынада айтылады.* Бөлменің іші үріккен ауылдың жұртындай шашылып жатқан нәрселерден аяқ алғысыз (Б. Мом.). *Кеменің үстінде ирелеңдеп жатқан кесінділерден аяқ алып жүргісіз еді (ЛЖ).*

АЯҚ АЛЫС *Істің бет алысы, барысы, ыңғайы.* Жігіттер, жағдай қалай? — деп сұрай қалса, — *Былтырғыдан жақсы, — дер едік.* Бұған қарап: «былтырғы аяқ алыстары ауызға толмаған-ау» дей көрмеңіздер. Өз көңіліміз толмағанмен, өзге шаруашылықтар арасында жақсы аталып келеміз (ЛЖ).

АЯҚ [БҰТ] АРТАР *Мініс мал, мінуге жарар көлік.* — *Осы ауылда аяқ артар*

көлік жоқ! Шетінен қара жаяумыз (Ә. Н.). *Балаң мініп жүретін бұт артар көлігі жоқ. Менің бір қоңыр тайым бар. Соны ал да, құнажыныңды, өзі қысыр екен, мен соғым етейін, маған бер, — деді (М. Ә.).*

АЯҚ АРТТЫ *Медеу ету, сүйеніш тұту мағынасында айтылады.* Ата-бабаның да, аяқ артып, арқа сүйеген қадірлі көлігі болса да, өгіздің жүрісіне лағынеттен басқа сенің айтарың аз сияқты (Ә. Ә.).

АЯҚ [ТАБАН] АСТЫ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] 1. *Қалай болса солай, береке-сіз шашылып жатқан, керексіз болған нәрсе туралы айтылады.* Мына шашылып жатқан дүние не? Өстіп, аяқ асты етуге бола ма екен? (АТ). 2. *Менсінбеу, қорлау мағынасында айтылады.* *Етті-ау, — деп мынау мені аяқ асты.* Долданып ашу қаптап қайнап тасты. Қалаға қойыңдар, — деп, — қалмастан ат, Қосына қоңырау қағып жарлық шашты (РД). Өткен ғасырдың екінші жартысында болған қазақ елінің бұл соңғы көтерілісі патша өкіметінің бір-жола табан асты ететін отаршыл тәртібіне қарсы тұру еді (Х. Е.). Омарбек жесірін әкеліп, аяқ асты болғысы келмейді Жолтайдың (Қ. Тай.).

АЯҚ [ТАБАН] АСТЫНАН *Кенеттен, бірден, күтпеген жерден, жоқ жерден.* Бұрын мыңқ етпейтін салмақты жанның енді бір ауыз сөзді көтере алмай аяқ астынан тулағанына Әліби іштей таң қалып отыр (Ә. Н.). Шекербекті аяқ астынан бір көңілсіздік басты. Кім білсін, қыз келген бойда құшағыма құлап кетпеді дей ме, жоқ, әлде, біздің Гүлжанға сұқтана қарағанымызды жақтырмады ма, әйтеуір жоқ жерден кіржиіп шыға келді (Қ. Най.). Қос күрең арындап жөнелгенде, қосағындағы арық торының ашамай сүйектері арбаңдап, табан астынан шоқытып кетті (Қ. Ж.). *Табан астында не болғанын аңғармай қалды (Қ. Қ.).*

АЯҚ БАСА АЛМАЙДЫ *Тырып ете алмайды, эрекет ете алмайды.* — Бізге бүгінгі таңда техниканың жайын білетін, егін салудың, мал бағудың сырларына жетік, білімді адамдар керек бола бастады. Мектебіміз бізге осындай адамдар тәрбиелеп берсе екен. Білімсіз аяқ баса алмайтын күн туып келеді (М. И.).

АЯҚ БАСПАДЫ *Жоламады, сақтанды, жуымады.* Жамандық, жақсылыққа қарар салқын, Долығы тез басылып, қайтар қарқын. Ұлыққа кошметшіл құл сықылды, Қатерге аяқ бастас көрмей артын (Абай).

АЯҚ БАСТЫ 1. *Қадам қойды, беттеді, бет қойды.* Бұл Найзақараның даудан шығып, тартысқа аяқ басқаны (М. А.). «Ұлы жол» колхозының атақты шопаны Күнтуар биыл 66 жасқа аяқ басты (С. О.). 2. *Қадірсіз, ескерусіз, елеусіз қалдырма.* Ұлы әжеңнің орны ғой, аяқ басты етпе (АТ).

АЯҚ БАСТЫРМАДЫ *Веттепеді, жолатпады.* «Басқарма мәжілісінде товарлы-сүт фермасын механикаландыру керек деп ұсыныс айтып едім. «Қолмен саууға болады, басты шатып керегі не» деп, *аяқ бастырмады*», — дейді Лесбек (ЛЖ).

АЯҚ ЖЕТЕР ЖЕРДЕ *Барып-келіп, қатынасуға боларлық жуық жер, таяу төңірек.* Қайырлы байды еш жерден іздегенмен таппайсың. Ол *аяқ жетер жерде* жоқ (Б. Ө.).

АЯҚ БАСТЫ **○ АЯҒЫНА ТАПТАТТЫ** *Қорлады, ар-намысқа кір келтірді.* Совет соты адамның адамдық қасиетін *аяққа басатын*, қорлайтын заңды қолдануды білмейді (СССР Конст.).

АЯҚ-ҚОЛЫ ЖЕҢІЛ *Бұл жерде қолғанат, тіл алғыш ұғымында айтылып тұр.* Бұл фермадағылардың *аяқ-қолы жеңіл* деп, балаша жұмсайтын адамы — Сәпей (ЛЖ).

АЯҚ-ҚОЛЫН БАУЫРЫНА АЛДЫ **○ АЯҚ-ҚОЛЫН ЖИЫП, БАУЫРЫН КӨТЕРДІ** *Аман-сау босанған әйел туралы айтылады.* ...Немере сүю үміті жүрегін уылжыта отырып, Сырбайдың қорқатыны — аман-сау, *аяқ-қолын бауырына алса* (С. М.).

АЯҚ-ҚОЛЫН ЖЕРГЕ ТИГІЗБЕДІ *Жанын қоймады; асықтырды, тыным бермеді.* *Аяқ-қолын жерге тигізбей*, дедектетіп айдап келді (АТ).

АЯҚ ҚОРАЗДАНДЫ *диал. Аяқ ісіп ауырды.* *Аяқ қоразданып* ауырып жүр (Гур., Ес.).

АЯҚ ӨРЕ ТҰРДЫ *Жапагармағай, бәрі бірден орнынан тұрды.* — Ассалаумағалейкум, Қажымұқан! — деп, ... бәрі *аяқ өре тұрып* кетті (І. Ж.).

АЯҚ САЛДЫ *Көңілде болды.* «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат сауырына салып келген бір қызға *аяқ салып*, сонан бір бала туады (ШС). Сол күнде Құлтайының *аяқ салған* Тезекші қара күңнен бір ұл туды (АБ).

АЯҚ СУЫТТЫ *Біраз дем алды, тынықты.* — Кішкене *аяқ суытайық* деп ек, — деді Фильчагин кипақтап (Т. А.).

АЯҚСЫЗ ҚАЛДЫРДЫ *Текке, босқа қалдырды.* (Бастаған жұмысты нәтижесіз қалдыру мағынасында айтылады). Өзір ешкім иеленбеген бір жердің кені болса, мұны *аяқсыз қалдыруға* болмас деп те ойлады (Ғ. М.).

АЯҚ-ТАБАҒЫН БӨЛІП ШЫҚТЫ *Бөлінді, жеке үй болды, еншісін алды.*

АЯҚТАҒЫ СУҒА АҒЫП ӨЛІ, ҚАСЫҚТАҒЫ СУҒА ҚАЛҚЫП ӨЛІ! *қарғыс.* *Болмашыдан опат бол.*

АЯҚТАЙ БАРДЫ *диал. Жаяу барды.* Ол жиналысқа *аяқтай барды* (Гур., Орал, Чап.).

АЯҚТАЙ САТТЫ *диал. Тірідей сатты.* Біздің колхоз биыл мал жоспарын толық орындап, 300 қойды *аяқтай сатты* (Ақт., Ойыл).

АЯҚТАН АЛДЫ [ШАЛДЫ] *Қаскүнемдік істеді; сүріндірмек болды.* Алдыңғы күні осы Алшынбаймен бірталай сөйлесіп кеп, аяқ кезде Құнанбай Бөжейге арнап бір қатты суық сөз айтқан. Бөжей арыз беріп, *аяғымнан алғанын* қойсын. Болмаса, сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп, айдатқанша тоқтамасын! — деп еді (М. Ө.). Бұл күнде, жау жағадан алғаны рас, Көп дұспан *аяқтан* кеп *шалғаны* рас, Шала өлген қара жылан аңдаусызда, Өкпеден көк найзасын салғаны рас (С. С.).

АЯҚТАНДЫРЫП ЖІБЕРДІ *Үйлендірді.* «Келісі тегін емес, нағашысы осы жолы *аяқтандырып жібермек* көрінеді» — деген сыбыс тарап жүрді (Т. А.).

АЯҚТЫ АЯҒЫМЕН, ШАНАҚТЫ ШАНАҒЫМЕН ЖҰТАДЫ *Мешкей, жемпаз, парақор, «түйені түгімен жұтатын» кісі туралы айтылады.*

АЯҚ ҮСТІ БОЛДЫ *диал. Ауруынан жазылды, дертінен сауықты.* Еркін *аяқ үсті болып*, жұмысқа кірісті (Орал, Жән.).

АЯҚ ҮСТІНДЕ ЖҰРДІ *диал. Кенілде жүрді.* Ол уақытша босап, *аяқ үстінде жүр* (Гур., Маңғ.).

АЯҚ ШЫРМАДЫ *Бұл жердегі мағына: үйленді, семья құрды.* Өзі бойдақ жігіт болған соң, көңіліне үйлескен бір бой жеткенге құдаласып, «*аяқ шырмап*» кетуде де ниеті болады (ҚЕ).

АЯЛ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ, БЕРДІ] *Кідірді, кідіріс берді, шыдас берді.* Байжекең әр сөзінің артынан азғана *аял қылуға* әрең шыдап, өрт келе жатқандай, тағы да тез-тез қайталап жіберді (Ғ. М.). Ол бір күнге *аял беріп* жүре берді (АТ).

АЯН БЕРДІ [БІЛДІРДІ] *діни. Өңінде болатын істің «жиелі» күш «әруақ» арқылы кісінің түсіне енуі туралы айтылады.* («Аян» деген араб тілінің «көру» мағынасындағы сөзі; көбіне «қыдыр» кездесуі туралы қолданылады). Сол Масғұт Халифаға үзір бопты, Тарқатыпты алдынан көппен топты, Бағанағы қыдыр шал бір уақытта, Түсінде *аян беріп* жолығыпты (Абай).

АЯН БОЛДЫ *Әйгіленді, белгілі болды.* Кер құла атты Кендебай батыр атанып, әлемге *аян болыпты* (ҚЕ).

АЯНЫН БІЛДІРДІ *Мүсіркеді, есіркеді, жаны ашыды.* Жанды, жансыздардың барлығы жыланға *аяныш білдіріп*, өкпесін орынды көреді (ҚЕ).

АЯТ ОҚЫДЫ *діни. Өлген кісіге арнайы құранның оқылатын үзінді туралы айтылып тұр.*

ӘБЕС КӨРДІ *Лайықсыз деп тапты, қате, артық деп есептеді. Ойланбай сөйлегенін әбес көрді* (АТ).

ӘБИГЕР БОЛДЫ **⊙** ӘБИГЕРІ ШЫҚТЫ **⊙** ӘБИГЕРГЕ ТҮСТІ *Асып-састы, берекесі кетті, қуаты қашты. Құсайын қатынымен, бала-шағасымен сасқалақтап, әбигер бола қалды* (С. С.).

ӘБИГЕР ШЕКТІ *Әуре-сарсаңға түсті, әуре болды. Айналамда әбигер шегіп, аласұрып, апы кіріп, күпі шығып жүрген адамдарды көрдім* (ЛЖ).

Ә [А] ДЕГЕНДЕ [ДЕГЕННЕН...] 1. *Салғаннан, бірден. Аптығып ә дегеннен амандаспай, Әдепті үйренбейсің, Жамбыл жастай* (Жамбыл). Өктем күшпен өршелене енген жауды *ә дегенде* сүріндіріп жіберіп, жылжытпай қоюдың сәті келмеді (Е. Ә.) *А дегенде* құтырған пәледен жан сауға қылып, жанын қорғай бастады (С. С.). 2. *О баста, шу баста.* Адам баласы осы күнгі тілге *ә дегеннен* ие болған жоқ (ЛЖ). Осыдан он бес жыл бұрын Семейдегі Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институттың филиалы болып бөлінген оқу орнында *ә дегенде* 200 студент қана оқушы еді. Оқытушылар қатары да аз болатын (Ғ. Қас.).

Ә [А] ДЕГЕНШЕ *Лезде, бірден, көзді ашып-жұмғанша.* Біз де құлақшынымызды бұлғай кетіп барамыз. *Ә дегенше* мұның көп әсері болмағандай еді, біз ұзап кетсек те, Гүлжанның төбе басында жалғыз отырып қалуы ілгері басқан аяқты кейін тартып, кілт тұра қалдым (Ә. Ә.). Мешеу ел, меніреу жапан гүл жайнайды, Барады *а дегенше* айлығына (С. Б.).

ӘДЕП КӨРГЕН *Ибалы, үлгі көрген. Жасынан оқу оқып, көпті білген, Несиелі сөз жоқ, әдеп көрген.* Сенен асып басқаны таңдамаса ем, Жүрегің мендік болып, қолға түссең! (С. Т.).

ӘДЕП САҚТАДЫ *Ибалық етті, ұят сақтады.* Сары сақалды ұлықтың өңі-жүзін аңдай бере, Мәкен ішінен «мына кісі

орыстың бір сұлу адамы екен» деп қалды. *Әдеп сақтағаны* болмаса, Мәкен бұл сәтте де үрейленіп, қорыққан жоқ (М. Ә.).

ӘДЕПТЕН ОЗБАДЫ *Иба сақтады, ұяттан озбады, сыпайылық жасады, әдеп-ғұрыпты бұзбады* (АС). Жүректен қозғайын, *Әдептен озбайын.* Өзі де білмей ме, Көп сөйлеп созбайын (Абай).

ӘДЕП ТҰТҚАН *Үлгі еткен, үлгі ұстаған.*

Ә ДЕСЕ, МӘ ДЕДІ 1. *Іс-қимылы, қарсылық әрекеті дайын тұрған кісі туралы айтылады.* Сау басың дауда болар өскеніңше, Күш кетіп, *ә десе, мә дескеніңше* (С. К.). 2. *Ұрысқақ, бет бақтырмас, бетімен кеткен адамға айтады.* Жамал жүре-жүре *ә десе, мә дейтін* болды (Қ. Тай.).

ӘДЕТ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Дағдыланды, дәстүрге айналдырды.* Не жаманшылық болса да, бір *әдет етсе*, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды (Абай). Тән сүйгенін бермесе, Жан шыдамас жаны ашып, Бере берсең бер десе, *Әдет етер* қарысып (Абай).

ӘДІЛ БОЛ *Турашыл бол.* Досыңа достық — қарыз іс. Дұшпаныңа *әділ бол.* Асығыс түбі — өкініш, Ойланып алмақ — сабыр сол (Абай).

ӘДІЛЕТКЕ ШӨЛДЕТТІ *Туралыққа зарықтырды.* Дұрыс бастар басшы жоқ, *Әділетке шөлдетті* (Д. Б.).

ӘДІЛ ҰСТАДЫ *Қиянат жасамады, жұртты әділ биледі.* Билеген соның бәрін *әділ ұстап* (Ш. Ж.).

ӘЖЕП БОЛДЫ *диал. Табалау мағынасында.* Қой десе, қоймап еді, *әжеп болды*, құсынан айрылыпты (АТ).

ӘЖЕП ҚАЛДЫ *Таңырқады, таң-тамаша болды.* Баланың жауабына *әжеп қалды* (ҚЕ).

ӘЖЕП ОЙНАДЫ *Жақсы сұқпат қылды, керемет, тамаша ойнады.* Мына тама-

ғын таппай жүрген жаман шал менімен әжеп ойнады ғой (ҚЕ).

ӘЖЕТКЕ [ҚАЖЕТКЕ] ЖАРАДЫ
1. *Өтеуге жарады.* Мен пұл болып әжетке жарап, сендерді өлімнен алып қалатын болсам, мың жаным болса да қидым, мен садақа! (Б. М.). 2. *Өсті, ер жетті.* Забира сияқты әкесі Зиядин де момын, тіл алғыш болатын. Осы үлкен ұлы, Ұлы Отан соғысы кезінде, *әжетке жарап* қалған (ЛЖ).

ӘЖІМ [АЖЫМ] БАСТЫ [ТҮСТІ]
Беті қыртыс-тыртыс болды, қатпар-қатпар сызық түсті. Үстіндегі киімі қалың *әжім басқан* бетіндей жүдеу (С. Жүніс.). Батыр-ау, бөрінің де маңдайларыңды *әжім басып* кеткен бе, қалай? (Х. Е.). Мен дағы көп есіттім жастың назын, Қол жетпесе қол созар бар ма лажың? «Боламын» деп жүргенде болат қайтып, Жалын сөніп, жас жүзін *басады ажым* (Абай). Жүзіне *әжім түскен* орта жастағы әйел көзін ашты (Ғ. С.).

ӘЖІМ ТАРТҚАН БЕТІ, БАРШЫН ТАРТҚАН ЕТІ *Қарт кісі туралы айтылады.* (Бұл фраза, көбіне, Жетісу қазақтарында қолданылады. Қырғыз тілінде «баршын» алты-жетіден асқан бүркіт).

ӘЗ БОЛДЫ *Су қараңғы соқыр болып қалды.* Барлық денем сау, тек көзім *әз боп* қапты — деді Балғын (С. Вақ.).

ӘЗЕЗІЛДЕЙ АЗДЫРДЫ *Жын-сайтандай, арбаушыдай азғырды.* (Бұл жерде ақын ерекше жан толғанысын айтып тұр). Кеттім-ау, мен ұшырап бір кеселге? Бардым-ау, өзім анық білмесем де... *Аздырдың әзезілдей* сұм домбыра Қу басым, күйге сенбел Күйге сенбел (І. Ж.).

ӘЗЕЛДЕ ЖАЗҒАН ІС *Ежелден бұйыраған іс; тағдырдың жазмышы.* *Әзелден жазған іс* болса, Несіне мұның күйелі (Ш. Қ.).

ӘЗЕР ДЕГЕНДЕ *Зорға дегенде, зрәң дегенде.* *Әзер дегенде* тұтанып, жалыны қазан түбін енді жалай бастаған от тағы да сөніп қала ма дегендей шегір көздерін отқа қадай түседі (Ө. Ш.). Көлденең салынған бастырықты сырғытып, ентігіп-демігіп *әзер дегенде* қақпаны ашты (Ж. Ж.).

ӘЗ ТҮТТЫ *Қадірледі, құрметтеді, сыйлады, пір тұтты, әулие тұтты.* *Әз тұтуға,* сыйласуға, Қалмады жан бір татыр Сыпыра батыр, Пәле шақыр, Болдың ақыр таптақыр (Абай).

ӘЗІЗ [ҒАЗИЗ] ЖАН *Ардақты, қасиетті деген ұғымда.* («Әзіз» — араб сөзі, сүйкімді, қымбатты). «*Ғазиз* жанымды әділеттің жүрегіндей Москвам үшін соның топырағында бердім» дейтін секілді Жұматай (Ғ. С.).

ӘЗІЛІ ЖАРАСТЫ *Көңілі, сөзі жарасқан сыйлас, сырлас адамдар туралы айтылады.* Әкең де болса бір жолдас, *жарас-*

қан әзіл теңменен (М. Сұл.). *Әзілің жарасса,* атамен ойна (Мақал).

ӘЗІР АСҚА АЯҒЫН АЛА ЖҮГІРДІ *Еңбексіз күнелтті, даярға тап болды.* — Сен шіркін *әзір асқа аяғыңды ала жүгіретің* нағыздың өзісің ғой (Т. А.).

ӘЗІРЕЙІЛ [ЖЕБІРЕЙІЛ] ПЕРІШТЕ
д і н и. *Жан алушы періште.*

ӘЗІРЕТ ӘЛІНІҢ КҮШІ *Асқан алып, күшті.* (Мұндағы «Әлі» — ислам діні бойынша төрт халифтің бірі; «әзірет» — арабша, мәртебелі мырза). Айқасқанның терісін, Шаранадай жұртқан ер. *Әзіреті Әлінің* Әдіс-күшін тұтқан ер (І. Ж.).

ӘЗІРЕТІҢІЗДІҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕ *Сіздің арқаңызда, сіздің патихаңызбен.* (Қазіргі уақытта көбіне, *әзіл* ретінде айтылады). *Әзіретіңіздің көлеңкесінде,* аман-сау жүріп жатырмыз (АТ).

ӘЗІР ЖАУАП КІСІ д и а л. *Тіл мен жағына сүйенген кісі туралы айтылады* (Қ. орда).

ӘЙЕЛ ЖАНДЫ [ҚҰМАР] ҚЫЗ, *қатынға мейлінше «әуес» кісі.* Патшасы Түрікменнің *әйел құмар,* Сұлуды сыйға тартсам оған да ұнар (Б. Аман.).

ӘЙЕЛІ [ҚАТЫНЫ] ҰЛ [БАЛА] ТАПҚАНДАЙ ҚУАНДЫ **Ә** **ӘКЕСІ** **БАЗАРДАН КЕЛГЕНДЕЙ ҚУАНДЫ** **Ә** **ӘКЕСІ** *Қуанды, маз болды.* *Әйелім ұл тапқандай қуанып,* құрығымның басында тұрып секіре беріппін! (ҚЕ). Кешкі күн құлақтанса, *қатының ұл тапқандай сүйін,* Ертеңгі күн құлақтанса, Еліңді жау шапқандай күйін (Мақал). Баяғы қашқан етігім анадайдан кезіме оттай ұшырады. *Қатыным бала тапқандай қуанып,* секіре беріппін (ҚЕ).

ӘЙ КӘПІР АТАНДЫ [БОЛДЫ] *Исламды уағыздаушылар бойынша басқа діннің үкелі туралы айтылады.* (Қазірде сықақ ретінде ұнамсыз, жағымсыз кісі туралы да айтыла береді). *Жақсылығын пайдалана отырып, өзінді «Әй кәпір атандырасың!»* — деп әбден киініп ап, — біздің бұл хал солай болды ғой, *Жәмила?* — деді Қасен (М. Ә.).

ӘЙТ ДЕГЕНДЕ *Лезде, шапшаң, тез.* Екпініне шаң ілеспей, *әйт дегенде* алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді (ҚЕ).

ӘКЕЙ-ҮКЕЙ [ӘПКЕЙ-ҮПКЕЙ] БОЛДЫ *Ымы-жымы бір еді, тағу-тәтті еді.* Бір кезде бала едік біз *әкей-үкей,* Екі жолға салды ғой құрғыр көкей (ХӨ). Одан кейін де Қажымұқан талай рет ғажап күштер көрсетуіне куә болған мен кейде тілдесіп те жүргенмен, дәл мына Ақмешіт сапарындай *әкей-үкей боп* сырны ала қойған жоқ ем (С. М.).

ӘКЕҢНІҢ АЛА МОНШАҒЫН АЛЫП ПА ЕДІМ **Ә** **ӘКЕҢНІҢ КӨЗ ҚҰНЫ БАР [ҚАЛДЫ]** **МА?** *Әкеңнің ақысы бар ма; атаңның құны бар ма, не ақың бар, қандай өшің кетті деген мағынада айтылады.*

(Ыза көрнеп, ажуалағанда айтылады). Естісе кім мұны жаттап алар, Алты бақан тепкенде әнге салар, *Әкесінің көз құны бардай* іздеп, Кім жазғанын боз азбан тінтіп табар (С. Т.). Қорабай ентелеп келіп ақырып жіберді: *Әкеңнің көз құны бар ма* еді? Мен Қорабай...— деді (М. Ә.).

ӘКЕСІН ӨЛТІРГЕН ЖОҚ *Жазықты емес, тиіскен жоқ.* — Нақ көргенсіздің өзі. Әйтпесе, соншама шаптығатын *әкесін* біз өлтірген жоқ едік қой — деді Шәмшігүл (С. Ш.).

ӘКЕСІН ТАНЫТТЫ [КӨЗІНЕ КӨР-СЕТТІ] *Сайтанын қағып алды, жанын көзіне көрсетті, сазайын тарттырды.*— Әй, сен өзің көзіңді ашып қара! Уәли кенет ашуға мініп көкпеңбек болып дірілдеп кетті.— *Әкеңді танытармын* мен сенің,— деді Ержанға (Т. А.). Ол, Ақпан өзі ешкімге соқтықпайды екен де, соқтыққанның *әкесін танытады* екен, сондықтан оған ешкім жоламайды екен (С. М.).

ӘКЕСІН ШЫҒАРДЫ *Үлкенін, зорын шығарды.* Маскүнем қым-ғуыт төбелестің *әкесін шығарды* (АТ).

ӘКЕСІНІҢ ҚАМШЫСЫ ТИП ЖҮР *Бесіктегі сәбидің әкесі жол жүріп, келу мерзімі таяғанда айтылады.* (Бұл фраза, көбіне, өзіл-оспақ ретінде жұмсалады).

ӘКЕСІ ӨЛГЕНДІ ДЕ ЕСТІРТЕДІ *Қандай ауыр жағдай болса да жасыруға болмайды; бетіне қаймықпай, тайсалмай тұрасын айтып салады.* Тілді алсаң елге де, кемпір-шал, бала-шағаға да пәле тілеме. Байлау сол, *әкесі өлгенді де естіртеді*, жігітіңді бересің...— деді Жантасқа (М. Ә.).

ӘККІ БОЛҒАН *Қу, талайды құртқан, тіс қаққан.* Әй, *әккі болған* неме екенсіңдер. Мызғымас қу екенсіңдер! — дейді Алдар ішкінен (ҚЕ). Арғыннан шыққан қу екен, *Әккі болған* сұм екен (ҚЖК).

ӘККІ [КӨНІГІ] ЖАУ *Қу, айлакер, сыр мінез дұшпан.* Бұның бірін бере алмай, албырт жасты айбалталы *әккі жауға* құр қол жібердім. Бірақ ақ батамды ала кет (Ғ. Мұс.).

ӘЛ [БОЙ, КҮШ] БЕРМЕДІ *Ырыққа көнбеді; күшке салып жөнге келмеді.* Әл бермей Чкаловқа соңынан соққан дауыл, Тигізді көп әсерін ұшуға ауыр (А. Т.). Айтуың ұят басқаға, Бетімен кетсе *бермей бой* (Қ. Ай.). Қатал ажал із салса да көңілге *Бой бермейміз*, бас имейміз өлімге (С. М.).

ӘЛДЕКІМНІҢ СӨЗІН ҚАЙТЕСІҢ *Кездейсоқ біреудің сөзіне құлақ аспа.* Әлдекімнің сөзін *қайтесің*, көлденең көк атты не демейді (АТ).

ӘЛДЕҚАНДАЙ БОЛДЫ [БОЛА ҚАЛДЫ] *Өзінше бола қалды, бәлдене қалды.* Ей, өзің, неменеге *әлдеқандай бола қалдың?* Бастықтың қолын қайырма,— деп

Хасен де Башарды бастырмалата жөнелді (С. Ад.).

ӘЛ-ДӘРМЕННЕН АЙРЫЛДЫ **ӘЛ-ДӘРМЕНІ [ДІРМАНЫ] ҚҰРЫДЫ** **ӘЛ КЕТТІ** *Буыны босады, күш-қуаты құрыды, қалжырады.* «Әу, бірдеме деп аузыңды жыбырлатсаңшы тым болмаса» дөкен кекесін көтерменші дауыстар көбейіп бара жатқанда, *әл-дәрменнен айрылып* отыра кетіпті байғұсың (ЛЖ). Қаусаған отыз тісім қайта шықты, Болғанда қызыл иек, *әлім кетіп* (Жамбыл).

ӘЛДЕН [ӘДДІНЕН] АСТЫ *Асылық етті, тәкаппарлық жасады.* Батыр, батыр дегелі, Дәу перімсіп екеуің *әлден асқан* екенсің Тайғақ болса табаның, Тантырамай шыныңды айт. Өзім берем есесін... (М. Ә.).

ӘЛДЕ НЕ Бір нәрсе, бірдеме. Гүлнәр сәл үндемей отырды да, бір кезде есіне *әлде не* түскендей боп күліп жіберді (Н. Ғаб.).

ӘЛДЕ НЕ УАҚЫТТА **ӘЛДЕН УАҚЫТТА** *Біраз уақыт өткеннен кейін, біраздан соң.* *Әлде не уақытта* баласы есін жиып: «Маған осы қызды алып бермесеніз, мен сізден бөзем»,— деді (ҚЕ).

ӘЛЕЙ БОЛСЫН! *«Жол болсын!» деген тілекке айтылатын жауап.*— Ал, жол болсын, шырақтарым?— *Әлей болсын!* Біз ел аралап жүрген күйші боламыз (Т. А.).— *Жол болса, әлей болсын,* қарындасым, Желкеңе түйіліпті сүмбіл шашың (Ғ. Малд.).

ӘЛЕК [ӘУРЕ] БОЛДЫ **ӘУРЕ-САРСАҢ** **БОЛДЫ** **ӘЛЕККЕ** **ӘУРЕ-САРСАҢ-ҒА** **ТҮСТІ** **САРСАҢ** **БОЛДЫ** **САРСАҢҒА** **ӘУРЕГЕ** **ТҮСТІ** *Шала бүлінді, сабылды.* Осы оймен Сейіт барад болып *әлек*, Денені жалғастырған сынып бөлек, Жаратқан ұрашыны «төңіріге», Кей күндер жылап жүріп айтты нәлет (С. М.). Бір заман *әлек болды* барша елім, Қалмады қыдырмаған ешбір жерім (Ы. А.). Бір кезде қатты жел тұрып, теңіз толқып, *әлек болды* (А. Маш.). Бүйтсең кен аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы *әлек болып жүр* (Абай). Есентайлар қайта келгелі, байдың қорасы жан-жаққа бұлаң-талан кісі жүгіртіп, асығыс әрекетке кірісіп *әлекке түсті* (М. Ә.). Жылқыдағы айғырды іздеп барып, Түніменен таба алмай *әлек болды* (ҚКВС).

ӘЛЕКЕДЕЙ ЖАЛАНДАДЫ **ӘЛЕНКІДЕЙ ЖАЛАНДЫ** *Қылышылдап сақадай сай тұрды.* (Мұндағы «әленкі» — ұйғырша «әленгә», жалын деген мағынаны білдіреді. «Жалынды сәлем» дегенді ұйғырша «әленгилік салам» дейді). Мектеп үйінің қабырғасы белуардан асып, әжептәуір биіктеп қалған. *Әлекедей жалаңдаған* қырық шақты адамның пәрменді қимылына көзің мен көңілің тойғандай (С. О.). Құйымшағынан майы шыққан өгіздер, жегуге өзірленген аттар, *әленкідей жалаңған* жігіттер (Ғ. М.).

ӘЛЕК САЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Бүлік салды, жанжал-шатақ шығарды, әбігерге түсірді. Ақ киімді, денелі ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Дем алысы үскірік, аяз бен қар, Көрі құдаң қыс келіп, әлек салды (Абай).*

ӘЛЕК-ШӘЛЕК БОЛДЫ **○** **ӘЛЕК-ШӘЛЕГІ ШЫҚТЫ** *Әуреге түсті.*

ӘЛЕКЕЙ-ШӘЛЕКЕЙ БОЛДЫ *ди а л. Бейберекетін шығарды. Уақытым жоқ, маған тамақ қылып әлекей-шәлекей болмаңдар (Алм., Шел.).*

ӘЛЕМ БАЙЛАДЫ *Қастерлеп белгі тақты. Өркім-ақ әлем байлап жүйіргіне, Құйрығын сайгүліктің түйді міне. Жапсар ел, жақын көңіл тілектес боп, «Бөйгелі болсын!» деп жүр бір-біріне (І. Ж.).*

ӘЛЕМГЕ АЯН *Көпшілікке белгілі, жұртқа белгілі. Ер боп туған батырдың Әлемге аян ісі бар (Қ. Қуан.).*

ӘЛЕМГЕ [ЖИҒАНҒА] НҰРЫН ШАШТЫ *Барлық жұртқа жарық-сәулесін түсірді. (Бұл жерде бостандық, теңдік ұғымында). Қызыл жалау ұйтытып, Әлемге нұрын шашқан күн, Айдаһарды қорқытып, Аптығын судай басқан күн (І. Ж.).*

ӘЛЕМ САСИДЫ *Дәмсіз, сасық көрінеді. Қазыға тойсаң, қарта әлем сасиды (Мақал).*

ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҒЫН ШЫҒАРДЫ **○** **ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҚ [ТӘПІРІК] БОЛДЫ** *Астан-кестен қылды, асты-үстіне шығарды. Қардың әлем-тапырығын шығарып, боран түтеп қоя берді (С. О.). Бұларды тағы қандай «Барса келмеске» жіберуді ойлап іштей әлем-тәпірік (І. Е.). Екі жақтан бірдей атылған мылтық, тартылған садақ, әлем-тәпірік бір қиялат (І. Е.).*

ӘЛ [ҚУАТ] ҚЫЛДЫ **○** **МЕДЕУ ҚЫЛДЫ [ТҰТТЫ]** *Сүйеніш етті, қуат көрді. Елсіз жүрсең көрер ең, Салғанда үйде сан бүлік! Жүре көр анам жүдемей, Сөзімді осы әл қылып (Ғ. О.).*

ӘЛПЕШТЕП ӨСІРДІ [БАҚТЫРДЫ] **○** **МӘПЕЛЕП ӨСІРДІ** *Бағып-қақты, алақанына сап өсірді. Боз інген бота гуады, Мәпелеп шал мен кемпірге, Әлпештеп оны бақтырды (ҚЕ).*

ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК БАСТЫ *Әбден болдырды, шаршады, қалжырады, тәлтіректен жүрді. Ал өзім неше күнгі ұзақ сырқаттан тұрғандай аяғымды әлтек-тәлтек басамын (ҚӘ). Жаттығудан қайтқан бетіміз. Ол аяғын әлтек-тәлтек басады (ЛЖ).*

ӘЛ [ХАЛ] ҮСТІНДЕ *Әлім алдында. Мен барсам, Молдағазы әл үстінде екен (С. М.).— Көріп келдік. Көмшат ауру, әл үстінде. Бізді танымады,— деп Абай тоқтап қалды (М. Ә.).*

ӘЛІ [КҮШІ] ЖЕТТІ [КЕЛДІ] *Күші басымдық етті; шамасы жетті. Жалғыз қа-*

тынның әлі кімге жетсін, Есітіп іші күйін отырады (ҚКБС). Жәй жату — тек бүгінгі жанның қамы, Қаперсіз шөп жейтұғын маддың қамы. Өзді-өзін талап жеген әлі жетсе, Хайуан сахарада аңның қамы (А. Қор.). Қайратым мәлім, Келмейді әлім, Мақсұт алыс, өмір шақ (Абай).

ӘЛІМ-БЕРІМ КҮНЕЛТЕДІ *Өлме-талма, ептеп-септеп тіршілік ету мағынасында айтылады. Грузчиктер бір замандарда ашарық, елдерінен кәсіп іздеп, ішерлік, күн кешерлік талшық іздеп келген қазақ кедейлері, Затон пароходтар жұмысында ашжалаңаш болмай, әлім-берім күнелтеді (М. Ә.).*

ӘЛІМ ЖЕТТІ ҚЫЛДЫ *Тартып алды, күш көрсетті, зорлық етті. Күн сайын ауына ілінген екі балығының біреуін бір түлкі әлім жетті қыл тартып жей береді екен (ҚЕ).*

ӘЛІМСАҚТАН [ӘЛМИСАҚТАН] БЕРІ **○** **ӘЛМИСАҚТАН [ЖАУ ӘЛМИСАҚТАН] КЕЛЕ ЖАТҚАН** *Ежелден, баяғыдан, атам заманнан бері қарай. (Қазақ тілінде «Әлмисақтан бері мұсылманбыз» деген діни ұғымды білдіретін де фраза бар). Отырған әйелдер көдуілгі әлмисақтан келе жатқан әдеті бойынша, ауыздарын тағы бір сылп еткізді (Ғ. М.).*

ӘЛІН БІЛМЕГЕН ӘЛЕК *Өзінің шамашарқын білмеген адам туралы айтылады. Енді жеңілген, жентек жеген Оразбай жіберген қол ғана емес. Ең әуелі әлін білмей әлекте қалып, мазақта болып отырған Оразбай, Жиренше, Абыралы, Тәкежан-дар сияқты тынымсыз бүліктердің өздері болды (М. Ә.).*

ӘЛІН [ӘЛ-КҮШІН] ЖИДЫ *Қуаттанды, тынықты, күшін жиды. Сандалып келе жатқан ақсақ киік, Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып. Ақбөкен сахараның қара көзі, Атты екен қандай мерген көзі қиып (С. С.).*

ӘЛІНІҢ КЕУІР ҚЫРҒАН ЗҮЛПЕРІНДЕЙ *Өте өткір, жойқын, алғыр. Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып, Жоңқабай жоңышқаға қалды салып. «Әлінің кеуір қырған зүлперіндей» Үйіріп қырып-жойып кетті жарып (І. Ж.).*

ӘЛІНДІ [ӘДДІНДІ] БІЛ **○** **ӘЛІҢЕ ҚАРА** *Шамаңа қара, шамаңды біл.*

ӘЛІПТИ ТАЯҚ ДЕП БІЛМЕДІ *Хат танымайтын, сауатсыз адам туралы айтылады. («Әліп» — араб сөзі, араб алфавитінің бірінші әрпі таяққа ұқсаудан алынған). Сахарада өмір кешіріп жүрген қазақ балалары үш түрлі жолда болады. Біріншісі жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, есек аңдып, айтуға ауыз шошитын неше түрлі бұзық мінездерменен қараңғылықта күнін өткізіп барады (С. Т.).*

ӘМПЕЙЛЕСЕ ҚАЛДЫ **○** ӘМПЕЙ-ЖӘМ-ПЕЙ БОЛДЫ *Шүйіркелесті, сырласты.* (Һаһма — парсыша, серік, жолдас, сүйеуші). Қарашы, мына екеуінің *әмпейлесе қалуы*! (АТ).

ӘМІРКЕН ЕТІК *Әдемі, жылтыр етік.* (Орысша «американский» деген сөз ық-шамдалып, қазақ тілінде «әміркен» болып кеткен).

ӘМІР [БҰЙРЫҚ, ЖАРЛЫҚ] БЕРДІ [ЕТТІ] *Бұйырды. ...Тез жиналыңдар! — деп өз жауынгерлеріне әмір берді* (Ә. Ш.). Қартайып арыстанның әлі кетіп, Сүйекке қатаң тиіп жатқан төсек, Шақырды бас адамын *әмір етіп* (Б. Өт.).

ӘМІР ЖОҚ *ди а л. Дамыл жоқ, тыныштық жоқ.* Осындай хабар келісімен, бізде *әмір жоқ* (Шығ. Қаз., Вольш.).

ӘМІРІ [БИЛІГІ, БҰЙРЫҒЫ, ЖАРЛЫҒЫ] ЖҮРДІ *Дегені, айтқаны долды.* Әліби заты жуас кісі. Үй ішіне *билігі жүре бермейді* (Ә. Н.).

ӘМІРІН [БҰЙРЫҒЫН, ЖАРЛЫҒЫН] ЕКІ ЕТПЕДІ [ҚЫЛМАДЫ] *Айтқанын істеді, бұйрығын орындады.* Өке еткенінің маған керегі жоқ. Өкесі болар балаларым жетеді. Алда-жалда Самарқан тағына отыра қалсаң, *әміріңді екі етпеймін* деп серт берсең құба-құп. — Әміріңізді екі етпеске міне құран, міне нан (І. Е.).

ӘНШЕЙІНДЕ БИ АҒАЛАР **○** ӘНШЕЙІНДЕ БИ АҒА [КӨДЕДЕН КӨП ҚАЙНАҒА] ТҮЙЕ АУҒАНДА ҚАЙДА ЕДІҢ *Керексізде күнде бар, керегінде ізі жоқ дайынға тап жандарға айтады.* Әншейінде би ағалар, үйді көшіргенде бірің жоқ (АТ).

ӘНІМЕН ҚҰЛАДЫ *ди а л. Тез, лезде, әне-міне дегенше жылдам жықты.* Азамат соғысы кезінде ол ақтардың сегіз офицерін аттан *әнімен құлатты* (Шығ. Қаз., Вольш.).

ӘНІ-МІНЕ [ӘН-НҮШ] ДЕГЕНШЕ *Лезде, тез арада, көзді ашып-жұмғанша.* Беу, шіркіннің жүйрігі-ай! Естеместің қара шоқысынан *әні-міне дегенше* жеті қоян алғанын өзім осы көзіммен көрдім (Қ. Тай.).

ӘНІНЕ БАСТЫ 1. *Шырқап ән салды, күй тартты.* Сонымен сол сапардан қайтқан елге, Өкініп өміріме кеткен желге. Жаңартқан жан жүректі әсем күйдің *Әніне* әсерленіп басқан мен де (І. Ж.). 2. *Баяғы әдетіне басты.*

ӘНГЕЛЕК ОЙНАТТЫ *Шыр көбелек айналдырды, үйіріп әкетті, қан көбелек ойнатты.* Үйдей тастарды *әңгелек ойнатып* тау тасқыны келіп қалды (Ғ. С.).

ӘНГІМЕ БҰЗАУ ЕМІЗЕР *Құр, бос сөз зиянға түсер.* Бегдербек кенет қабағын сәл түкситті де, сөзінің бетін бірден бұрып әкетті. — *Иә, әңгіме бұзау емізер...* дегендей енді бітім-келісімге кіріскен жөн болар (І. Е.).

ӘНГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРДЫ **○** ӘНГІМЕ ШЕРТТІ *Шүйіркелесті, сырласты, сөйлесті.* Мұны көріп Төлеген, Атының басын бұрады, *Әңгіме-дүкен құрады* (ҚЖ). Жақыптың су таситын көлігі — жирен қасқа биенің жайылып жүрген бағытына көз жібере отырып, екеуі *әңгіме-дүкен құрады* (Ж. Ж.). Біраздан кейін кемпір есін жинаған бол, Күләйіммен *әңгіме шертті* (ҚЕ).

ӘНГІМЕЛІ БОЛДЫ *Басына іс түсті, хауіп төнді.* — Балам, патшаның өз басы *әңгімелі болып* жатыр деген не? — деді Мөңке (Ә. Н.).

ӘНГІМЕ СОҚТЫ *Үзбей ұзақ әңгіме айтты.* Хан сәмпылдап *әңгімені соғып* отыр (ҚЕ).

ӘНГІМЕСІ ЖАРАСТЫ *Ортақ тіл, жол тапты; келісті.* Бұл әйелмен *әңгімесі жараспады.* Қалай айтса да көнетін түрі жоқ (Т. А.).

ӘНГІМЕСІ ШІ АТҚАН ЕКЕН 1. *Сөзі көп мылжың адам туралы айтылады.* 2. *Көпті көрген тәжірибелі кісі туралы да қолданылады.*

ӘНГІР ТАЯҚ *Балалардың таяқ лақтырып ойнайтын ойыны.*

ӘНГІР ТАЯҚ ОЙНАТТЫ [ОРНАТТЫ] *Билеп-төстеді, үстемдік етті, әлекке түсірді.* Орынбор бізден әзір жауласпай отырса, ол — ана Кеністің шаруасы. Ертең Кеніс кете қалса, басымызға *әңгір таяқ орнайтыны* даусыз (І. Е.).

ӘҢКІ-ТӘҢКІ ЕТТІ **○** ӘҢКІ-ТӘҢКІСІН ШЫҒАРДЫ *Ойран-топыр етті, бүлдірді, бейберекетін кетірді.* Ондай кісі бүтінді бүлдірті, бөсеке, билікке таласып *әңкі-тәңкіңді шығарған* болар еді (Ә. Н.). Жүкті ақтарып, үйдің *әңкі-тәңкісін шығарыпты* (АТ).

ӘПЕР БАҚАН **○** ӘПЕР БАҚАН, САЛ СОЙЫЛ **○** ӘПЕР БАҚАН, ҰР ДА ЖЫҚ *Шаш ал десе, бас алатын, даңғой, ұр да жық адам.* (Оспадар, о жар мінезді адам туралы айтылады). Мүсілім езу тартып жымыды. Қайыр, інісі қаншама *әпер бақан* болса да, өлер жерін біледі (З. Ш.). Сарбастың, Дәулетовтің алдыңғы *әпер бақан* үш бұйрығы ауыздан шығысымен, қол қойысымен екі етпестен іске асты (С. Төл.). Әсіресе біздің қынжылатынымыз *әпер бақан, сал сойыл, ұр да жық* мінездің, төрешіліктің, менмендіктің, адамгершілік салтқа жатпайтын жат мінездің қалмай жүргендігі (А. Т.).

ӘР АЗҒЫҢҒА БІР ЗАУАЛ *Азғындық жолға түскен адамға да бір тосқауыл болады, арамдығына тыйым салынады.* Әр *азғынға бір зауал.* Бұл өкімет сол үшін келген. Сен сұраған соң, шындықты айттым, балам (Ғ. Мұс.).

ӘР-БЕРДЕН СОҢ *Біраздан кейін.* Уәли омбы қарды кешіп жүгіре берді. *Әр-берден соң* майдан қайсы, тыл қайсы, оны да шастастырып алды (Т. А.).

ӘРБІР ХАННЫҢ ТҰСЫНДА БІР СҰР-ҚЫЛТАЙ 1. *Белгілі бір хандық заманда қалайда бүліншілік, сұрқия болмай қоймайды деген мағынада айтылады.* 2. *Әр заманда бір дүлдүл шешен, ақын, сзүегей, жырау.* Билік айтсын әркімге патша құдай, *Әрбір ханның тұсында бір сұрқылтай.* Кешегі хан Құсбектің заманында, Мен түгіл өзің қайтқін, хан Жамантай (Ш. Қ.).

ӘРЕҢ [ЗОРҒА] ДЕГЕНДЕ *Әзер-әзер.* (Көбіне әбден қинап барып орындалған іске айтылады).

ӘРЕҢ [ЗОРҒА] ТАНЫДЫ *Зорға дегенде білді.* Қасірет пен қапалық шеккен сорлылар айтумен *әрең таниды* (ҚЕ).

ӘР КЕМЕЛГЕ БІР ЗАУАЛ *Әрбір нәрсенің бітер, таусылар шағы бар деген мағынада айтылады.* Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді. *Әр кемелге бір зауал жетті* дейді (ҚКВС).

ӘРКІМНІҢ ҚОЛЫ ӨЗ АУЗЫНА ЖУЫҚ *Кім де болса өзіне қарай тартады, жақынын қолдайды, ағайынның сүйемелдейді.* Жақсы, жаман болса да қаның бірге, Өлең де, тірілсең де төнің бірге. *Әркімнің өз аузына қолы жуық.* Егерде өлшестіріп салсаң гирге (С. Т.).

ӘР НЕ ҚЫЛСА ЕРКІ БАР *Не істегісі келсе де қолынан келеді, көңіліне алған іске ерікті.* Қаншайымның көңіліне қиял түсіп, қапа болып, әуелі алла тағалаға, екінші пірлерге мінәжат қылып, жалбарынып айтқаны: Жаратқан қадір біреу бар, *Әр не қылсаң еркің бар* (МЗ).

ӘР САҚҚА [ОН ЕКІ САҚҚА, БІРНЕШЕ САҚҚА] ЖҮГІРТТІ *Сан қилы құбылты, әркім әр түрлі жорамал айтты.* Қазыбектің үйі бүгін тойға ерте әзірленіп, жұртты ерте-ақ хабарландырған еді, бірақ неге арналған той екенін дәл біле алмай, *әркім әр саққа бір жүгіртпін* әкетті (Ә. Ә.). Әй, қалқам, Қамаш-ай, бір затты бірнеше саққа жүгірте берузе болады ғой (М. И.).

ӘРІ ИТЕРІП, БЕРІ ЖЫҒЫП *Біреуге сілтеп, «сен салар да мен салар» қылып.* Көпке мәлім даулы, күдікті жерлердің бәрін де *«әрі итеріп, бері жығып»* дегендей бұлдырға соға береді (М. Ә.).

ӘРІ-СӘРІ [ДЕЛ-САЛ] БОЛАДЫ *Белгілі бағыт жоқ, не істерін білмеді, дағдарды, зуре-сарсаңға түсті.* Не істерімді білмей көңілім *әрі-сәрі болды* (АТ). Секпіл бет әлгі орнынан тапжылмай, мыналар қайтеді дегендей, бізді көзімен бағып, көңіліндегі күдігін не айтпай, не Сұлтаннның айтқанына сене алмай *дел-сал болып* тұр (Б. С.). Гүлсім шығып кеткен соң, Алманың оңі тағы бұзылды. Не істерін білмей *дел-сал боп*, терезені ашып, аурухана бақшасында шыққылықтап ұшқан құстарға қарап тұра берді (З. Ш.). Даладан естілген адам сыбдыры жан жүрегімді жейді, әлім құрып, бойым *дел-сал болады* (Ж. С.). Тұла бойы *дел-сал боп*, ұйқы басып отырған Арыстан, аузын аңырайта бір есінеп көпе-

неге қисая кетті де, мұрны шуылдай бастады (Ж. Т.). Аспанда отыр алла төтті мұнда, Ұмытты барша өлемді, батты сырға. *Дел-сал боп* еш нәрсені басқарған жоқ, Иесіз өз бетімен жатты дүние (І. Ж.).

ӘСЕР БЕРМЕДІ *диалект. Көңіл бөлмеді, зер салмады, ықылас бермеді.* Сарыбай деген ақын бар еді, өлең айтар кезде домбыраның құлағын бұрап-бұрап жіберіп, аяққай салушы еді, жас боп өлеңіне көп *әсер берген* жоқпын (Жамб., Шу, Луг.).

ӘСІРЕ ҚЫЗЫЛ *Құбылмалы, өзгермелі деген мағынаны білдіреді.* Сабыр, батыр,— деді Ғалия пегініп,— *әсіре қызыл* тез оңады. Жақа шешек атқан достық гүлін лыпылдаған құмарлық жалыны жаласа, тез сөнер, үй жаққа барайық (С. М.). Тарлықта наздық қылып тұра алмасаң, Бояма *әсіре қызыл* жалған жарсың. Арадан оттан ыстық қызу кетпес, Біріндей көз таныстың болған жарсың (Ә. Тәң.). *Әсіре қызыл* тез оңар, бөрінен де солғын оңар (Мақал).

ӘТТЕҢ ДҮНИЕ *Шіркін-ай.* Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау. Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау, *Әттең дүние-ай*, сөз таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау! (Абай).

ӘУДЕМ [ӘУ ДЕЙТІН] ЖЕР *Жақын жер, иек астындағы жер, таяқ тастам жер, дауыс жетер жер.* Ол үнге қарайласам, айналамын, Анамның білем тағы аймаларын, *Әудем жер* шығарып сап, алдымды орап, Құйрығын қалды бұлған Майлыаяғым (Т. Ж.). Ол кебісін кием дегенше, *әу дейтін жерге* зытып кеттім (С. К.).

ӘУ ДЕСКЕНДЕЙ *Келісіп алғандай.* Дүркіреп ханның бәрі жау дескендей, Жау жетті ел шетіне *әу дескендей.* Тұяқтан тасырлаған дабыл қағып, Қара жер дүбір қақты дөң көшкендей (І. Ж.).

ӘУЕ ЖАУДЫ *диалект. Күн жауды, жаңбыр жауды.* Бүгін *әуе жаууы* мүмкін, тез жүруге тырысу керек (Шығ. Қаз., Больш.).

ӘУЕЗЕ ҚЫЛДЫ *Аңыз әңгіме, лақап сөз тарады.* Ән болып Көкшетаудың күңіренгені, Сөз болып жат мінезі, шерткен шері; Кетіпті елдің аузы *әуезе қыл*: «Жыя құшып, жалғыз жүрген Ақан пері» (І. Ж.).

ӘУЕЗ САЛДЫ *Жар салды, хабар таратты.* Шаһардың халқын жиып той қылмақ болып жұртқа *әуез салды* (БЖ).

ӘУЕЛ БАСТА-АҚ [БАСТАН] О О БАСТАН *Алғашқы кезден, бұрыннан.* Бір таудағы хайуанды бір арыстан, Билеген патшасы екен *әуел бастан*, Әділ атак алмақшы ниеті бар, Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан (Абай).

ӘУЕЛІ ҚҰДАЙҒА, ЕКІНШІ САҒАН ТАПСЫРДЫМ О АЛДЫМЕН ҚҰДАЙҒА, СОНСОҢ САҒАН ТАПСЫРДЫМ *Біреуге бар ынтасымен сенгенде айтылады.*

ӘУЕНІ [АСПАНДЫ] АЛАҚАНДАЙ, ЖЕРДІ ТЕВІНГІДЕЙ ҚЫЛДЫ *Бір нәрсені*

жоқ етіп, кішірейтін әсірелегенде айтылады.

ӘУЕНІНЕН ЖАҢЫЛДЫ [ТАНДЫ] Дағдысынан, үйреншікті қалпынан айрылды. Етікші, үйші, теріші, заводшы, жолшы, кемірші, Жарлы, жалпы, құл-құтан, Шіріген күндер көмірше, Жарыс тойға жабырла, Әуеніңнен жаңылма! (І. Ж.). Ол бір әуенінен танбай жүріп отырды (Ә. Н.).

ӘУЕС КӨРДІ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] Құмарты, қызықты; жеңсік көрді; тамашалады. Әуес көріп жүгірген жас балалар Беті-қолы домбығып үсік шалды (Абай). Міне, бір пленкасы елес берді. Жиһанкез, мұны неге әуес көрді. Арқалап жас бөбегін қайыршы ана, Нан іздеп кезген талай белестерді (Қ. Б.).

ӘУКЕ САЛДЫ Бұғағы түсіп, күп боп ісіне қалды; мойнын ішіне тыға, бұғағын шығара, шалқая, шірене қалды. Үлкен-кішінің бәрін басынып алдың. Е, немене, өзіңнен басқа кісі жоқтай әукеңді салып кеткенің (Ә. Н.).

ӘУКЕСІ САЛБЫРАДЫ [ТҮСП ЖҰР] 1. Берекесі кетіп, мойны босап жүр. Еңсесі кетіпті... әукесі түсіп жүр (М. Ә.). 2. Ыңғай танытты, бейіл білдірді. Әй қатын, ананы қара!...—деп Жанишаны қасына шақырды.—Құдай берді, ана қайныңның әукесі салбырап құлап тұр! (Ғ. М.).

ӘУЛЕКІГЕ АУЫЛДАС БОЛМА Есерсоққа көрші қонба, жақын жүрме. Қызықты екең байдың дәулетіне, Көшкенде көген тартып сәулетіне. Соңынан екең сыры мәлім болды, Ауылдас болма деген әулекіге (Айтыс).

ӘУЛИЕ АҒАШҚА ШЫҚТЫ диал. Мақтанды, дандайсыды. Оны мақтап қойсаң болды, ол онан сайын әулие ағашқа шығады (Алм., Кег.).

ӘУЛИЕГЕ АТ АЙТТЫ Құрбан шалды, гадақа берді. Әулиеге ат айтып, қорасанға

қой айтып, Шыбын жанға жан айтып, Артынан қуып келіпті, Өлгенде көрген шешесі (ҚЖ).

ӘУЛИЕГЕ ТҮНЕДІ Бұл жерде «кездейсоқ, әлдекімнен» деген ұғымда айтылып тұр.—Әулиеге түнеп тапқам жоқ. Бұл сенің де балаң... (Ә. Н.).

ӘУЛИЕДЕН ӘУЛИЕ ҚОЙМАДЫ діни. Дала кезіп әнбиелерге жалбарынды. Шал баласыз болып, әулиеден әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыдырып, өлдім-талдым дегенде бір перзент көрген екен (ҚЕ).

ӘУРЕ ЖАСАДЫ Әлекке салды, әлек қылды. Патша сарайының күзетшілері оны сарайға кіргізбей әуре жасайды (ҚЕ).

ӘУРЕ-САРСАҢҒА ТҮСТІ Сабылды, әлек болды.—Қап, өттеген-ай тағы да әуре-сарсаңға түсетін болдық қой!—деп жерге түсті ол (ЛЖ).

ӘУСЕЛЕСІН КӨРЕ ЖАТАР [КӨРЕЙІН] Шама-шарқын, қарсылығын, қоқан-лоққысын байқап көрерміз.—Міне сөз! Қаратазды қайтесің... Ендігі жерге сендермен бірге қарашекпеннің де қосын жегіп көрейік. Әуселесін кейін көре жатармыз (Ә. Н.).

ӘШКЕРЕ БОЛДЫ Әйгіленді, жария болды, сыры ашылды. Жасырын сыр әшкере болады, масқарасы шыққан ерін есітіп біледі (ҚЕ).

ӘШКЕРЕЛІ БОЛДЫ диал. Атақты, белгілі, жария болды. Сартай деген әшкерелі би болған (Қ. орда, Арал).

ӘШ-ПҮШ ДЕГЕНШЕ Әп-сәттің арасында, лезде, көзді ашып-жұмғанша. Әш-пүш дегенше жетіп келді (АТ).

ӘШ-ПҮШКЕ [ӘЙ-ШАЙҒА] ҚАРАТПАДЫ Еркін қоймады, ырық бермеді. Жұрттың дегбірін алып, әш-пүшке қаратпады (АТ).

Б

БАБАЙ ТҮКТІ ШАШТЫ АЗИЗ д і н и.
Ескі ұғымда қолдап-жебейтін әулие туралы айтылған. Бабай түкті шашты Азиз Баламды сізге тапсырдым (ҚЖ).

БАБЫНА [КҮЙІНЕ] КЕЛДІ ○ **БА-
БЫНДА ТҰРДЫ** *Баптауы, суығуы келді; нағыз жетілген күйіне түсті, шабытына келді. Бабына келген, лепіріп желген, Жүйріктей жүйткіп шабуға (С. С.). Болдың қандай жаңа толған шағыңда, Жас жүректің бір кіршіксіз ағында, Ақ сұңқардай айналаға көз салып, Жастық алтын тұрған кезде бабында (Б. К.).*

БАБЫН БІЛДІ [ТАПТЫ] *Діттеген ойынан шықты, тілегін тапты, күйін, баптауын меңгерді.— Бәсе, осы жым-жырт отырыстың бабын мен де таппай отырмын. Жан ашыр болмайды ғой, бұндай!...— деп, Жиренше тіпті күйініп отырғандай болды (М. Ә.). Айуанның аты айуан да, адам бір басқа. Адам тілге түсінуге тиіс, жеке бір қасаң да, қатып қалған адамдар болады. Ондайлар сирек, тап солардың бабын қалай табуды өзім де білмеймін (Ғ. С.). Бақташы еді Есім қарт, Бабын білген егіннің, Баяндайын соны қалт, Балаға да кейбір күн (Ғ. О.).*

БАҒА БЕРДІ *Қадір-қасиетін, құнын айырып дәл таныды. Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек (Абай).*

БАҒА ЖЕТПЕЙДІ *Өте құнды, аса қымбат; сапасы тым жоғары. Көнеден қалған әрбір зат баға жетпес дүние (АТ).*

БАҒА ҚОЙДЫ *Бағасын белгіледі. Ақыры, жыл аяғында төртбіме де төрттік баға қойып отыр (Б. С.).*

БАҒАНАДАН [МАНАДАН] БЕРІ *Біраз уақыт бойы. Секретарьдың бұл бір ауыз сөзі Қайырбаевтың бағанадан бері лапылдап отырған көңілін су сепкендей етіп басып тастаған сияқты (Ә. Нұр.).*

БАҒАР КӨБЕЙСІН алғыс. *Алдыңда жайып, бағып жүрген малың көп болсын деген мағынада.*

БАҒАСЫ КЕТТІ *Қадірі түсті. Бағасы кеткен жігіттің Бетінен алар зайыбы, Бір алладан басқаның Көп-ті қылған айыбы... (Д. Б.).*

БАҒАСЫН КӨТЕРДІ *Қадірін асырды; жоғары бағалады. Аз ұлттың баласын Көтерін биік бағасын Білімімен ашып санасын, Ғылым берген партия (ХА).*

БАҒЛАН ЖІГІТ *Ірі денелі жігіт. Қасқа маңдай, қара мұртты бағлан жігіт қырандай құйылып төнген сияқты (Ғ. Мұс.).*

**БАҒЫ [БАҚЫТЫ] АСТЫ [КЕЛДІ, ӨР-
ЛЕДІ, ҮСТЕМ БОЛДЫ, АРТТЫ]** *Дәуірі жүрді, дәуірледі; бағы жанды, мерейі артты, дегені болды, тасы өрге домалады. Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан көріден, Еңбегін сатқан бала артық (Абай). Аңшыға ұқсап желіккен, Жігіттің мынау бағы асты. Атама! Жоқ! Жоқ! Неліктен, Неліктен Айгүл адасты?! (Н. Ш.). Бағың асқан шағыңда, Құзғын салсаң қаз ілер. Бағың тайған шағыңда, Тұйғын салсаң, аз ілер (Мақал). Бағы келген жігіттің Көңлі соғып жоғары, Жамандықтан қалды ол, Өзіне дейді обалы (М. Сұл.). Жеребиде алды жеңіп, Бағы үстем боп Марияның (С. Б.). Баланың бақыты артқанын көре алмай уәзірі күндейді (ҚЕ). Төкаппар Дағыстанда Жүсіп батыр, Бақыты асыл құрбысынан келе жатыр (А. А. Қ.).*

БАҒЫ [БАҚЫТЫ] АШЫЛДЫ ○ **БА-
ҚЫТ ОТЫ ЖАНДЫ** *Маңдайы ашылды, ырысы тасыды. Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы, Салбырап тұрғанына деме жабы. Маңдайы жарқырап тұр жануардың, Ашылып тұр осы аста мұның бағы (І. Ж.). Жаксы болып ер жетсе, Балапаны, бөшесі, Бағы ашылып, анасы, Көкке тиер төбесі (С. С.). Мендей де ғарып бар ма екен Бақыттың оты жанбаған (А. А. Қ.). Дәм үстіне тура келдің, жолың болады екен. Шах-*

тер болсаң, бағың жанады, қарағым,— деді үйдегі ақсақал адам (Н. Ғаб.).

БАҒЫ ЖАНБАҒАН [ЖАНБАДЫ] Бақытсыз, сор маңдай болды, бақытсыздыққа ұшырады. Бақтарың жанбаған сорлы балаларым-ай, ендігі күндерің не болар екен? (ҚЕ).

БАҒЫ КЕСІЛДІ Жолы болмады, сәтсіздікке ұшырады. Бағы кесілді, баяғы қатшылығы, баяғы кедейлігі, төрелердің баяғы көз алартып қарауы, мойнындағы борыштың көптігі зәресін алды (С. Шәр.).

БАҒЫ [БАҚ, БАҚЫТ] ҚАЙТТЫ [ТАЙДЫ, ҰШТЫ, АУДЫ, КЕТТІ] Дәурені кетті, бақыты сөнді. Солай деп Салиханың соты тыңды, Сорлының бағы қайтып, сағы сынды. Сәменді алғашқы ұстап алған жерде Өлді деп білмей кеткен өңшең жынды (Даст.). Сол кезде Әжібайдың қайтып бағы, Күпшектің айналды оған күңдірт жағы, Күпшекті бұрып алу тағы өзінен, Айттайын оның мәнін тыңда тағы (С. Т.). Бағы тайып басынан, Пірлері тайып қасынан, Жан торсыққа ұсады (ҚБ). Басынан бақтың тайғанын Көрмейсің бе, ей ханым (ШС). Өтірік сөзге алданып, Бақытым ауыл басымнан, Әскерім кетіп қасымнан (М. Ө.). Бидің бағы таярда Үлгілі сөзден айрылып, Өркімнің мінін қазбалар (Б. Ө.). Әзелде бар жазуы Құдірет ісі сондай-ды. Ер жігіттен бақ тайса, Құраса да болмайды (Ш. Қар.). Мал кетті. Малмен бірге бақ кетті. Бірақ ру, феодал күншілігі қалып қойды (Ғ. Мұс.).

БАҒЫН АЛДЫ Біреудің бақыт жолын кесу мағынасында айтылады. Көл қылып құйдым талай судай ағын, Сөйлей көр өлмей тұрып, тіл мен жағым, Дүниенің машақатын шектім талай, Алмасын тірілікте ердің бағын (Ш. Ж.).

БАҒЫН БАЙЛАДЫ **○** **БАҚЫТЫН [БАСЫН] БАЙЛАДЫ** Бағын кесті; болашағына бөгет болды. Есембек қызының бағын байлады. Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді деп жұрт өсек қылып та жүрді (Б. М.). Алмасаң басын байлама, бағын тоқтатпа (ШС). Бағым асып бара ма, Ішің күйіп отыр ғой! Ө! Байлама бағымды, босат жолымды (С. Ад.). Ырысы жануардың таймай-ақ тұр, Батыраш аруақты ерге айдап-ақ тұр. Алдына әлі күнге жылқы салмай, Бақытын бар жүйріктің байлап-ақ тұр (І. Ж.).

БАҒЫН [БАҚ-ТАЛАЙЫН, БАҚЫТ-ТЫН] СЫНАДЫ Тәуекелге бел байлады. Байдың баласы олай ойлап, бұлай ойлап:— Не болса да бағымды сынап көрейін,— деп сандықты арқалайды да, жыланның айтқан жеріне келеді (ҚЕ). Ертеңгі балуан күресіне кімді түсіру де сөз болып, күші асқанды шығару үшін, сан жерде бақ сынасу күресі қызу жүріп жатыр (С. М.). Бейгеден озып келген атты алайын, Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын. Жиылып үлкен-кіші отырғанда толқытып «Ақсеркешке» мен салайын (Б. Қож.).

Алып жүр аруақсыз да, құдайсыз да, Құланың бақытын сіз де сынайсыз да (І. Ж.).

БАҒЫҢ АШЫЛМАҒЫР! қарғыс. Сор маңдай боп өт, бейшаралық күнмен өт деген мағынада.

БАҒЫҢ КҮЙГІР! **○** **БАҒЫҢ КҮЙІП БАҚТЫ ҚАРА БОЛҒЫР!** қарғыс. Басыңдағы бақытың тайып, жер қарап қал деген мағынада.

БАДАНА КӨЗ Үлкен көз деген мағынада айтылады. Көжектей қамыс құлақ, сымпыс құйрық. Бүгілген бадана көз, мінсіз сүйрік, Алмайды қанатсызды қатталына, Жүйткісе көз ілеспес сағым жүйрік (С. С.).

БАДАНА КӨЗДІ КІРЕУКЕ көне. Бұрынғы кезде батырлар киген ірі көзді сауыт. Бадана көзді кіреуке, Шар айнасы бес қабат. Тоғыз қабат көз сауыт Саған арнап соқтырып... Оны үстіңе кигейсің (ҚЖ).

БАДЫРАҚ [БАДЫРАҢ] КӨЗ Аларған көз. (Бұл фраза, көбіне, үрейленген кезде айтылады). Өзің бір жетіскендей мақтанасың, Өзіңсің бадыраң көз ойла, жаным (ХА). Сен тимесең, мен тимен бадырақ көз (АТ).

БАЖАЙЫНА КЕЛДІ Сабасына түсті, қалпына келді. (Бұл фраза, көбіне, келеке, кекесін ретінде айтылады).

БАЖ ЕТТІ Қатты дауыс шығарды.— Ей, ей, малды есіз тастап қайда барасыз, ей?! — деп соңымда келе жатқан Дәуір баж ете қалды (Ө. Ө.).

БАЗАРҒА [БАСЫН БАЗАРҒА] САЛДЫ 1. Сау басын саудаға салды, әуреледі. Өзін-өзі базарға салып, бар ақылы кезіндегі ақымақтарға «бөрекелді» дегізбек (Абай). 2. Бой жеткен, күйеуге шықпай отырып қалған қыздар қыдырғыш болса да осылай айтылады.

БАЗАРЫ ТАРҚАДЫ [ӨТТІ, КЕТТІ] Күні өтті, қызығы, дәурені өтті; қызығы, рақаты жойылды. Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен. Дүние де бір бейнесіз сайқал екен. Күн түскен күзгі шөптің мысалындай Махаббат базары сүйтіп тарқар екен (А. Қор.). Несіне асығам,— дей салды Ләззат қашыртып.— Ойбай-ау, асықпағаны несі мынаның! Көрмейсің бе, өзіміз үш баланың анасы болдық. Жігіттен жігіт таңдап жүріп базарыңды өткізіп алсаң... (Т. А.).

БАЗ [БАҒЗЫ] БІРЕУ Кейбіреу, кез келген тосын адам. Баз біреу «қарағым» деп жалынып жүр, Оны да тыңдаймысың құлақ салып. Жақсыны жат санамай, жадыға алсаң, Толқыған көңілі табар ризалық (Үш ғас. ж.). Бағзы біреулер жылап қайтар еді (БЖ).

БАЗ БІР ЖЕРДЕ Кей жерде. Баз бір жерде жүгіріп, Баз бір жерде кідіріп, Жүгіре басып барады ай (АБ).

БАЗ КЕШТІ 1. *Ажалға душар болды, өлді. Бақа жаны баз кешер, Құлағына құланның, Ойнаймын деп бойлаудан (Ш. В.). 2. Үміт үзді, күдер үзді, жаннан түңілді.* Үш жүз мың адам басқа тіршіліктен *баз кешкендей*, ас-су татпай, ыстық-суықты елемей, ұйқы, тыныштық дегенді ұмытып көшеге шығып отырған күйінен қозғалған жоқ (Ғ. М.). — Күндердің күнінде *баз кешіп* жүріп тапқанымыз осы бала болды, — деді ағайынымыз (АТ).

БАЗЫНА [-ЛЫҚ] ҚЫЛДЫ [ЖАСАДЫ] *Өзімісін бети қайтпасына сенді. Күні суық зымыстан Қаһарлы қыстан жаз артық. Көз жұмып күш еткеннен, Базына қылған наз артық (Н. Н.).*

БАЗЫНАЛЫҒЫ [БАЗЫНАСЫ] ЖҮРМЕДІ *Өзімісін жасаған қолқасы етпеді. Базынаң жүрмей татуға, Аңдысып құда сүйекпен, Көтеріп тастап иекпен, Қадірқасиет іс кетті (Д. В.).*

БАЙБАЛАМ САЛДЫ *Азар да безер болды; бет бақғырмады. Жігітек тобын бастап келген Базаралы байбалам салып, бақыра-шақыра келген жоқ. Ол тартынған салмақпен сөйледі (М. Ә.). Баламның сөзінен жаным түршігіп, бұл сөзді айтпа деп байбалам салдым (С. М.).*

БАЙ БАСТАС, БАТЫР ҚАНДАС, БИ ҚҰЛАҚТАС *Өзара пікірлес, теңдес мағынасында айтылады. Келіпсің Шормановты тұстасым деп, Бұл Шорман не қылмады нашарды жеп. «Бай бастас, батыр қандас, би құлақтас», Шорманға ақылыңды сен беріп кет (Ж. М. В.).*

БАЙ БЕТКЕ ҚОНДЫ *Жайлы жерге қоныстанды. Мен келмеймін дедім бе? Есік алды ор болды, Үйдің арты жар болды. Бай бетке қонды, Кедей шетке қонды (ШС).*

БАЙ БОЛҒАН [-ДА] БАҚЫРЫП БОЛА МА ЕКЕН! *Болған кісі өзін-өзі даурығып көрсете ме? Бай болған бақырып бола ма екен, немене жұртты сонша дүрліктіріп (АТ).*

БАЙҒАЗЫ БЕРДІ *салт. Жаңа көрген нәрсеге көрімдік ретінде берілегін сый. Сенде жүзген кемеңің, Төрінде меңің өлеңім. Өлеңімді Волга-Дон, Байғазыға беремін (М. Х.).*

БАЙҒАЗЫ СҰРАДЫ *Жаңа киген киімге т. б. нәрсеге құтты болсын ретінде сый сұрау салттына байланысты айтылады. Ауылдың артындағы үйлерге барып, байғазы сұрап кел! — деді кемпір (ҚЕ).*

БАЙҒҰС [ЖАЗҒАН, СОРЛЫ] БАСЫМ *Бақытсыз, соры қалың, соры арылмаған басым. «Көп жаса, бақытты бол, үбірлі-шүбірлі бол!» — деп балама бата бергенім-ай сонда! Көптен ұйқы көрмей сергелден болып жүрген байғұс басым! (ҚЕ).*

БАЙДАН ШЫҚҚАН ӘЙЕЛДЕЙ АЛАҢЫ КӨП *Жоқсырауы, іздеуі көп. Байдан шыққан әйелдей алаңы көп, сайдан шыққан кісідей қараңы көп (Мақал).*

БАЙДЫ КӨПСЕ, НЕ ЖЕТІ АТЫҢ ЖЕЙДІ, НЕ КӨК МОЙЫННАН ТҮЗДЫҚ *БЕРЕДІ* *Тоғыз құмалақ ойынына байланысты айтылады.*

БАЙЛАМҒА [ТОҚТАМҒА] КЕЛДІ *Келісті, үделесті; бір пікірге, шешімге келді. Ойы шатыса бастады. Әсіресе, Колчак жөнінде бір байламға келе алмады (Ә. Н.). Бір тоқтамға келіп тірелу коман-дирге оңай емес (Б. Мом.). Мен дәрігермен ақылдаса отырып бір тоқтамға келдім (С. Ш.).*

БАЙЛАНЫП ҚАЛДЫ [ТҰРДЫ] *Жанжалдасу, тиісу мағынасында айтылады. Бұл араға оны мен шақырып келгем жоқ, оның өзі келді, өзі маған байланып тұрды!... деді Ғайни жәбірленген үнмен (С. С.).*

БАЙЛАР КӨБЕЙСІН! *Бие байлағанда айтылатын тілек. Е, Тәнеке! Байлар көбейсін, желің толсын, құлының семіз болсын! (АТ).*

БАЙЛАУ [БАЙЛАУЫН] АЙТТЫ *Шешімін шығарып, қорытындысын айтты. Енді жігітектің бурыл шалы Келден үнсіз дағдарыста қалған тоққа бір-ақ қана байлау айтты (М. Ә.). Өлген бала үшін тірі балалардың обалына қалмайық. Ертерек келсек, бәлкім, бүгін жерлерміз, — деп байлауын өзі айтты (Ә. Н.).*

БАЙЛАУҒА ТҮСТІ *Қолға түсу мағынасында айтылады. Алыстан іздеп келгенде, Сендерден қорлық көргенім. Нарындағы тоғыз залымнан Құтылдым деген сұм басым, Қайтадан түстім байлауға (А. Аз.).*

БАЙЛАУ АЛДЫ *Сауынға мал алды. Арқадан қылдым жайлауды, Өркімнен алдым байлауды. Қиямет күн болғанда, Қандай жерде мекенім, Мен ғаріптің байлаулы? (Ш. Қ.).*

БАЙЛАУЛЫ БҰЗАУДАЙ *Өте кіріп-тар, тәуелді, лажсыз. Өзін әбден бағындырып, байлаулы бұзаудай етпесі бар ма? (АТ).*

БАЙЛАУЛЫ СӨЗ *Үзілді-кесілді тоқтаған, тиянақты пікір, ой. — Сүйгенім, айтыңызшы байлаулы сөзіңізді! — деді Сыздық (М. Ә.).*

БАЙЛАУЫ ЖОҚ *Құбылмалы, тұрақсыз. Өзіміздікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсө қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртғың (Абай).*

БАЙЛЫҒЫ ЖҮРДІ *Малының, байлығының күшімен жұртты алды, байлығымен жұрт қаратты. Байлығы жүрмеген кезде күшке, омырауға салып кететін сабаз (Ә. Н.).*

БАЙЛЫҚҚА БАТТЫ [БӨКТИ] *Мол дүниеге кенелді. Айтпасақ та шет елдік французға сатқанын: Ағылшынның сұм Гергерт Байлыққа да батқанын (Қ. Мұқ.)*

БАЙПАҒЫНАН БАСҚА СҮЙЕНЕРІ ЖОҚ *Ешбір арқа сүйері жоқ, таянышы жоқ, қара табаны, қуаты. Байпағынан басқа сүйенері жоқ мен сияқтыларды қайтесің (АТ).*

БАЙТАҚ ДАЛА **○** **КЕҢ-БАЙТАҚ ЖЕР** *Кең жазық, үлкен өлке. Жатыр шалқып байтақ дала, кең пейіл, Құшақ жая, шық дегендей теріме (А. Х.).*

БАЙТАҚ ЕЛ [ЖҰРТ] *Мол, ұшан қырды алып жатқан ел. («Байтақ» ертеде «жұрт, ел» сөзі орнына да жүрген). Жүйріктей жиын жарған қағып жайтақ. Таңғалтып ән атымен елді байтақ; «Ауылым қонған Сырымбет даласына» деп Ақан ән сап жатты басты шайқап (І. Ж.).*

БАЙТАЛ ТҰРСЫН [ТҰРМАҚ, ТҮГІЛ] БАС ҚАЙҒЫ **○** **БАСЫМЕН** **ӘЛЕК БОЛДЫ** **○** **БАСЫМЕН ҚАЙҒЫ ВОЛДЫ** *Біреуге біреу қарасуға мұрша болмады, әркім өз басының қамымен (өзгенің қамы былай тұрсын) болды. «Байтал тұрсын, бас қайғы», молда-екеңнің бес теңгелік ақ шапаны да әркімнің қолында кетті (С. Т.).*

БАЙТОЛЛАНЫ ҚҰШАҚТАП ТІЛЕК ҚЫЛДЫ *дінн. Құдайға жалбарынды, алланың рақымын сұрады. («Байтолла» — араб сөзі, дини ұғым бойынша Мекедегі «тәңірден келген» көк тас).*

БАЙШЕШЕК БЕТТІ *Балғын жүзді, гүл жүзді. Қарындай үрген домалақ, байшешек бетті бала едім (Ш. Б.).*

БАЙЫБЫНА БАРМАДЫ [ЖЕТПЕДІ] *Анық-қанығына жете түсінбеді, көзі жетпеді, ақиқатын білмеді. Белекбас Сәуленің бұл сөзінің байыбына бара алмай: — Е, бастықтарға жалын, жұмысшыларға жалын, бөріне бірдей жалына беруге жаным жете бере ме менің... — деп (Ә. Ә.). Не сыр бар Зілқараның зайыбында, Ол сәтте жете алмадық байыбына (Д. Ә.).*

БАЙЫМ ҚЫЛДЫ *диал. Хабар берді, білдірді. Патшаға уәзірлер байым қылды, Келді деп екі бала сұрап сізді (Т. қор., Қарат.).*

БАҚАЙШАҒЫНА ДЕЙІН ШАҚТЫ *Түгел, бәрін айтып берді, басынан аяғына шейін талдады. Жиналыс соңында Қайдар сөйледі. Нұржанның бақайшағына дейін шағып, соңғы айдағы шөлкес мінезін көзіне басты (З. Ш.).*

БАҚАЙЫНАН КЕЛТІРМЕДІ *Менсінбей, елемеді, құлақ аспады. Жетім отырған жесірімді бір теңгелік ат сауырына салып әкетіп отыр. Бітім сұрап кісі салсам, бақайыңнан келтірмейсің. Мына найманда алынбай жүрген кегін, тимей жүргең есең болса оныңды айт (М. Ә.).*

БАҚАЙЫН САЗҒА ТИГІЗБЕДІ *Шаң жуытпай, бәледен құтқарды; аман алып шықты. Үлгі айтып бір болыстың қазағына, Бқыласпен достарына сыр ақтарған. Бақайын сазға тигізбей шықты алып, Өткел қып қия жардан құлап тұрған (Н. Н.).*

БАҚАН АТТАР *Құда түскелі барғанда құдалардан алынатын кәде.*

БАҚАН ТІРЕС, ИТ ТАРТЫС *Бақастық, тым-тырағай айтысу, жұлқысу. Құрылғайдың шарына Бақан тірес, ит тартыс, Көп список партия, Әзір қымыз, әзір ет (І. Ж.).*

БАҚ АУЫСАДЫ *Жақсылық үнемі бір адамның басында бола бермейді деген мағынада айтылады. Бақ ауысады, ырыс жұғысады деп, бізден бұрынғылары да тырп етпей отыра берген екен, біз де тырп етпей отырмыз (Ғ. М.).*

БАҚ [ДӘУЛЕТ] ДАРЫСЫН [БЕРСІН, ҚОНСЫНІ] *алғұс. Зор байлық, бақыт басыңа оралсын деген мағынада.*

БАҚ-ДӘУЛЕТІ ШАЛҚЫДЫ *Байлығы асты, дәулеті тасыды.*

БАҚИҒА ЖЕТТІ *Дүние салды, қаза болды. Бақиға жеткен қайта келмес болар, Келмеске жылаған көздің жасы зая болар (ШС).*

БАҚ КҮНДЕС [ТАЛАС] *Бәсекелес, тайталас. Тек Ақжол бимен бақ күндес Қобыланды батыр ғана намыс оты күйдіріп іштей алай-дүлей (І. Е.).*

БАҚ КОНДЫ [ҚАРАДЫ, ҚАЙРЫЛДЫ] **○** **БАҚ [БАҚЫТ] ҚҰСЫ ҚОНДЫ** **○** **БАСЫНА ҚЫДЫР ДАРЫДЫ [ҚОНДЫ]** *Дәулет бітті, атақ-дәрежесі артты. Өлді Оспан, Кетті шопан, Енді кім бар бақ қонар (Абай). Бақ қараса, қыдырдың батасы даритын көрінеді (ҚЕ). Сортаң жерге қақ тұрып Суы ішуге келмейтін. Сараң байға бақ қонып, Қолынан қайыр бермейтін Қоржигандар бек болды (Д. Б.). Халқым алып теңдікті, Еліме бақыт қонған күн (ХА). Көрмеді болыстықты Байбас оңды. Жұрт шулап десе дағы «бақыт қонды»... (С. Т.). Қос қолы қызыл қанға боялғанына қарамай, он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері бір мың төрт жүз жиырма жетінші жылы Дешті Қыпшаққа хан етіп ақ киізге көтерді. Бақ құсы басына қонып, ақ түйенің қарны жарылды (І. Е.).*

БАҚ ҚҰМАР *Мансапқор.— Жоқ, ол Мырқал, атаңа нәлет, жаман әліне де, жастығына да қарамастан, сондай бақ құмар. Бақ құмар адам атаққа болмаса, ақылға көнбейді,— деді Қазыбек Тайманға (Ә. Ә.).*

БАҚ [БАҚЫТ] ҚҰСЫ ҰШТЫ *Байлығы, дәулеті, дәрежесі тайды. Міне, енді Бердібек сұмның қанды қолы арқылы Бату ұрпағынан бақ құсы ұшып еді, Алтын Орда өзімізге қалған жоқ па? (І. Е.).*

БАҚСЫ [ЖЫН] ОЙНАҒЫ *Опыр-топыр, у-шу, даң-дұң болып жапқан орынды айтады. Жүрген жері жын ойнақ (АТ).*

БАҚ ТАЛАСТЫҚ *Көре алмастық, күндестік, бақастық. Жайықтың бергі бетіндегі Әлімұлы мен Байұлының, кейбір мықты рулардың арасында бақ таластықтан туған ру тартыстары мықты еді (Қ. Жұм.).*

БАҚТАН КІШІРДІ *Төмендеді. Сонда да, мейлі, сөйлейін, Кішірдім бақтан демейін, Халықтың болсын хабары (М. Сұл.).*

БАҚЫЛ АЙТТЫ **○** **БАҚЫЛ БОЛ!** *Қоштасты; қош, есен-сау тұр. Бір күні бала еке-шешесімен бақыл айтысып, алтын су іздеп алыс сапарға шығады (ҚЕ). Өлімнен құтылу жоқ батыр болып, Сөзге шешен, өнге жүйрік ақын болып. Барамын алыс сапар қайтып келмес, Қалыңдар елі-жұртым бақыл болып (Б. Ш. Б.).*

БАҚЫЛДАСЫП ҚОШТАСТЫ *Өлім аузында жатқан адаммен қоштасты. Ауру әкесін қайта-қайта есіне алып, көзі тірісінде бақылдасып қоштаса аламы ба, жоқ па деген қорқыныш көңілін мұздатып отыр (Ә. Н.).*

БАҚЫР КҮМІС БОЛМАЙДЫ *Жаман қанша мақтағанмен сол жаман күйінде қалады. Бақыр күміс болмас-ты, Сенің сүйген Зәйтүннің Сырғын алтын қылсаң да, Ішін гауһар қылсаң да, Бозжігіттей болмас-ты (БЖ).*

БАҚЫР ШАЙҚАДЫ *диалект. Кен тазалады, кен жуды. Қамбаров бақыр шайқап жатыр (Шығ. Қаз., Зай.).*

БАҚЫТҚА БӨЛЕДІ *Бақытты етті; қызық дәуренге жеткізді. Бақытқа бөлеп елімді, Құтқа бөлеп жерімді, Алтынға бөлеп кенімді, Теңеді тауға дөнімді (Ү. К.). Бақыттына бөленіп күнде еліттім, Көрген сайын ғажайып күндер туар, Сол себепті өзіңді мақтан еттім (Х. Ер.).*

БАҚЫТ ҚҰСЫ *Бұл тіркес «бақыт, құс сияқты ұшып кеп біреудің қолына қонады» деген бейнелеуден туған. Баяғы аруақты ерлерге қонатын бақыт құсы енді бір қара шыбынға айналып, ұшып таздың басына, соқырдың көзіне қонатын болды деп барамын (ШС). Бақыт құс ұшып жүрген қолға түспес. Вилеуге оны ешкімнің күші жетпес. Қолыңа құдай айдап бір қондырса, Барам деп мен анаған ұшып кетпес (С. Т.).*

БАҚТЫ ТЕПТІ **○** **БАҚЫТТЫ БАСҚА [МАҢДАЙҒА]** *ТЕПТІ* *Өз бағын өзі қорлады, келген жақсылықты білмеді. Айдаһарға мынаны айт: жеті жылдай ауруына ем қонбаса, бақытты басқа тепкен адамның басын жесін, сонда ауруынан жазылады (ҚЕ). Басқа келген бақты теппес болар (АТ). — Пай-пай, басқа келген бақытты маңдайға тепкен осы да... Мәскеуден келген сыйлық қой, тәбәрік бермейсің бе? Одан да? — деп қағытты жеңгелері (ҚӨ).*

БАҚЫТТЫ БОЛ! *алғыс. Бағың жансын деген тілекпен айтылады. «Көп жаса, бақытты бол, үбірлі-шүбірлі бол!» — деп балама бата бергенім-ай сонда (ҚЕ).*

БАҚЫТТЫҢ ДА КӨЗІ СОҚЫР *Бақыт кісі таңдамайды, бақ, бақыт «не тазға, не ақылы азға қонады» дегенді мезгейді. — Уа, болыс кім болды? — деді төр алдында көлбеп жатқан біреу. — Болысың — Каратаз! — Ой, құдай-ай! Бақыттың да көзі соқыр екен ғой, — деді Рай (Ә. Н.).*

БАҚЫТЫ [БАҒЫ] АЛДЫНДА *Бар үміті келешегінде, болашақта. — Қаламаймын, жан ата, Сұлуды да, малды да, Маңдайыма жазаған бар, Бақытым менің алдымда (Д. Б.). Сіздің бағыңыз алдыңда Ойнап-күліп жүрегісіз (БЖ).*

БАҚЫТЫ ҚАРАҢ *Бақытсыз. Тазшамен ойнас болып жамандапты, Баян деген бақыты қараң (ҚКВС).*

БАЛА БАЛДАН ТӘТТІ, ОТТАН ЫСТЫҚ, КҮННЕН ЖАРЫҚ, МАМЫҚТАН ЖҰМСАҚ *Ата-ананың балаға деген мейірі, сүйіспеншілігі туралы айтылады. «Әркімнің өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой. Баласы өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой» деп ойлайды (ҚЕ).*

БАЛА БАСТЫ БОЛДЫ *Көп балалы болды. Балқия баланы үсті-үстіне лепілдетіп таба беретін, біраздан кейін бала басты бол, етегін жинап алмайтын «салды балақ сары қатынның» өзі болуында сөз жоқ (С. М.).*

БАЛА БЕРСЕ АДАЛЫНАН, АҒЫНАН БЕРСІН! *тілек. Ата-анаға, еліне, халқына қамқор болатын ұрпағың болсын деген мағынада.*

БАЛА БОЛМАЙДЫ *Еш нәрсе шықпайды. Бұзаубақтың жабайы аңқаулығымен пайдаланбақ болатын шығарсыздар. Бірақ оларыңыз бұл арада бала болмайды (С. С.).*

БАЛА КӨТЕРДІ *Екі қабат болды, жүкті болды. Бала көтермегендіктен ұлғайған сайын қадірі азайып бара жатқан Көпейдің көңілі жүдеу ме, жоқ па, оны Жұман елемейтін (Ғ. М.).*

БАЛАҚ ЖҮНІ ЖЕТКЕН ЖОҚ *Ержетпеген, бойы қатып, буыны бекімеген. Бойың сенің өскен жоқ, Бұғанаң енді қатқан жоқ, Балаққа жүнің жеткен жоқ (ЕК).*

БАЛАҚТАҒЫ БИТ БАСҚА ШЫҚТЫ *Болмашы жұрт басынды, қорлады. Менің балам тірі болғанда соның тіршілігінен аужал алып телміріп отырушы еді. Балақтағы биттің басқа шыққанын көрмей-місің, — дейді кемпір (М. Ә.).*

БАЛА ҚҰШАҚТАДЫ *диалект. Собық салды. Колхоз жүгерісі бала құшақтады (Алм., Ең.).*

БАЛАЛЫҚ ЖАСАДЫ *Білмесік істеді, балалықпен әбес іс етті. Далада үсіп*

я қасқырға ұшырап жүрсе... япырай, балалық жасамаса, не қылсын (Т. А.).

БАЛА МІНЕЗ Бала сияқты әр нәрсеге сенгіш, аңқау, алаңсыз жан. Бала мінез ойыншы бұрынғылар, Аңқау екен, мазақтап соны сынар. Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп, Абұырсыз, атақсыз көрге құлар (Абай).

БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН КЕСТІ [ҚЫРЫҚТЫ] Сәбидің апыл-тапыл жүре бастаған кезінде жасалатын ырым.

БАЛАПАН АШТЫ Жұмыртқа шайқап, балапан шығарды. Арасында бүргеннің, Торғайлар ашып балапан... Жапырағы жайқалып, Ағашқа бітер түрлі сән (М. Б.).

БАЛАПАН БАСЫНА, ТҰРЫМТАЙ ТҰСЫНА КЕТТІ Әркім өзінше, өз жөнімен. Балапан кетіп басына, Тұрымтай кетіп тұсына (Д. Б.).

БАЛАПАН ҚҰСТАЙ ОҢДАЛДЫ Талапанды, талпынды. Балапан құстай оңдалып, Қанатыңды қомданып, Жатпа ұяда қорғанып (Д. Б.).

БАЛА СҮЙДІ Перзентті болды. Шаруа жиып кенеліп, Бала сүйіп, мал жиып, Керсеніне бал құйып, Өмір де сүрер ме екенсің? (Д. Б.).

БАЛА ТАПТЫ Туды, босанды. Оның екі қатыны болыпты: олар бала таппапты (ҚЕ).

БАЛА [ТҮСІК] ТАСТАДЫ Ай-күні толмай өлі туды. «Не бетімді айтайын, Ақбала шошып, бала тастай жаздады...—деп, көршілердің бәріне суық хабар таратып жіберді (Ә. Н.).

БАЛА-ШАҒАҢНЫҢ ИГЛІГІН [РАҚАТЫҢ] КӨР! а л ғ ы с. Бала өсіріп, жұмсап, қызығын көр, қуанышқа кенел деген мағынада.

БАЛАША [БАЛАДАЙ] МӘЗ БОЛДЫ Сәби сияқты қалжыңсыз, шын қуанды. Өзің үлкен, қылығың бала-шаға, Балаша мәз боп жүрсің тамашаға. Әкесі ұрысса балаға, ол да — достық, Баласы ұрысса әкеге жараса ма? (Абай).

БАЛ [БАЛДАМА] АШТЫ 1. Әулиелік етті, сәуегейлік жасады. Жалғыз жігіт басына іс түссе, ақылынан адасады, Сасқанынан қырық құмалақ алып бал ашады (АӘ). Абайға бал ашып берем деп, бақытыңды атап берем деп сусылдап алақанын жаза сөйлеп жүр (М. Ә.). Үйіне келіп балдама ашса, сенің бақ-талайыңа су перісі, су сұлтанының қызы несіп болайын деп тұр,—деп түсіпті балдамасына (Ш. С.) 2. Сырттан тон пішіп, долбарлап айта салды. «Сібір» деген жалғыз сөзден Соғушы еді үскірік, Анықтап бір көрмей көзбен, Бал ашыппыз түшкіріп (Қ. А.).

БАЛ АШТЫРЫП, БАҚСЫ ОЙНАТТЫ Бақсы-балгерге «сәуегейлік» жасаттырды,

тағдырын сынатты. Боз тайлақ жасы толған, қайымаған, Қайғырып мал иесі зар жылаған. Балгерге бал аштырып, бақсы ойнаттып, Қалмаған құмалақшы айырмаған (І. Ж.).

БАЛ БАСЫ Бал аштырушының бал ашқан адамға беретін алғашқы ақысы. Бал басы деп сіздерге, Сегіз тілде беріпті. Тілдемді бер сақау қар, Сары қызым біліпті (АВ).

БАЛ БӨБЕК Сүйкімді сәби, балдырған. Сүйсінгенім, өпкенім, бал бөбегім балапан (С. Кер.).

БАЛ-БҰЛ ЖАНДЫ Балбырап кетті, жүзі от болып нұрланды; қаны бетіне ойнап шыға келді, қызарды.—Шам дейсің бе? Оны қалай көрдің? —деп жүзі бал-бұл жанып, ұзын қиғаш қасы дірілдеп, қуанышты дауыспен сұрады (З. Ш.). Назгүл жалындай ыстық ғажайып бір тәтті сезіммен бал-бұл жанып тұр (Ә. Ә.).

БАЛДАҒЫ АЛТЫН АҚ БЕРЕН Асыл, өткір қару (мылтық). (Бұл фраза фольклорда көп кездеседі; «берен» — парсы сөзі, «болат» мағынасында).

БАЛДАЙ [ТАСТАЙ] БАТЫП, СУДАЙ СІҢДІ Бойыңа тарады; (бір нәрсені) мүлдем иемденіп кетті. Село Советінің депутаты С. Жаңбыршинді көріп, тайып тұрды. Осы қапустадан түскен табыс оған балдай батып, судай сіңді (КТ).

БАЛДЫ БАРМАҚ Берекелі қол; өнерлі, шебер кісі. Балды бармақ атанған, Қолхоздағы Әли қарт. Еңбегіне ел айтқан Алғыстарын мың қабат (З. Қал.).

БАЛ ЖАЛАСЫП КЕТТІ Татуласты, бір-бірімен достық қатынасқа көшті. Оспанның кісіге сойған бір-екі тоқтысынан жаны шығып тыпырлап жүрген Омар сорлы, татулықтың дыбысы шыққан соң ақ, ағаларымен баяғыдай бал жаласып кетті (С. Т.).

БАЛИҒАҒА ТОЛДЫ ○ [БАЛАҒАТ-ҚА] БАЛЫҒА БАТҚАН Кәмелетке жетті. (Ескі заманда 13—14 жасқа келгенде балиғатқа толды дейді; он үште отау иесі деу де осыдан). Балағатқа толғанда бала—есейгенде шала (АТ). Молдалар балыға батқан әйел баланы күйеуге бермеген қатты обал дейді (С. Т.).

БАЛҚАН ТАУ Алыс, жырақ жер. Түйе, түйе, түйелер, Тұзың қайда түйелер? Балқан таудың басында, Балдыр қоян қасында (АӘ).

БАЛ СОҒАН АРАДАЙ Мелішін, тапжылмастан қадалып. Гүлден бал соғған арадай күні-түні кітаптан бас көгермейді. Басқа тірлік біткенді ұмытқан сияқты (Д. Ә.).

БАЛТАМ ТАП Халық ойыны.

БАЛ ТАҢДАЙ Әңгімені майын тамызып, келістіріп айтағын кісі; үзілгіп, елді еліктіре ән салатын адам. Бөбектей был-

дырлаған бір бал таңдай. Ойнаған жібек қанат желің қандай! Жұлқына көкте қылыш суырса бұлт, Бұлқына аққан селі сөзің қандай! (Қ. А.).

БАЛТА ШАПТЫ Құртты, жойды, тамырын кесті. Ескіліктің қалдығы дейтін болсақ, мен ең алдымен осыған балта шапқан болар едім,— дейді Ақмарал (Ә. Сат.).

БАЛТЫРЫ БЕСІКТЕЙ [КЕЛІДЕЙ] © ТҮЙЕ БАЛТЫР Жуан балтырлы. Кеудесі бір құшақ, балтыры бесіктей, жасы отызға жаңа толған жалпақ бет, ала көз, қара Марқабай шын алып қайратты (М. Ә.).

БАЛУАН БІЛЕК Алып күш иесі туралы айтылады. Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, балуан білек керек (М. Ә.).

БАЛ ШЕКЕРДЕЙ СӨЗ Жағымды, ұнамды, сүйкімді тіл. Дарға асылар ер ме едің? Қарақаттай көздерің, Қызыл гәуһар жүздерің, Бал шекердей сөздерің (БЖ).

БАЛШЫҚҚА БАТҚЫР! қ а р ғ ы с. Қараң өшсін; болмай бордай тоз.— Бала ма ол! Ол балшыққа батқыр жеті басты пәле ғой (Ә. Н.).

БАЛ ШЫРЫН Өте тәтті. Алманың алмұрт-шиенің, Тәттілігі бал шырым. Дөп қаласың, бұл бақты, Өсірген екен Мичурин (М. Әл.).

БАЛЫҒЫ ЖЫЛҚЫ ЖУСАТПАС, БАҚАСЫ КІСІ ҰЙЫҚТАТПАС Айдын шалқар көл, дария, сулы алқап туралы айтылады.

БАЛЫҚ БАҚТЫ диал. Балық шаруашылығын кәсіп етті. Біз балық баққан елміз ғой (Қ. орда., Ар.).

БАЛЫ ТАМҒАН ЖАС ҚАМЫС Бұл жерде ақын өте нәзік, жетілмеген, жаңа желкілдеп өсіп келе жатқан жасты айтады. Ары кеткен алдағыш, Мені-ақ алда, сөкпейін, Балы тамған жас қамыс, Ормасаңшы, көктейін (Абай).

БАШПЕН СӨЙЛЕДІ Әңгімені асықпай-саспай, салмақпен жайлап айтып берді. Назгүл байыпты үлкен адамдарша баппен сөйлеп отыр (Ә. Ә.).

БАРАБАН ҰРДЫ Той-думанның үлкен салтанаты туралы айтылып тұр. Ойды-қырды қозғалтып, Солқылдатып тау-тасты. Кім барады күй тартып? Кім барабан ұрады (І. Ж.).

БАРА ЖАТҚАННЫҢ БАЛТАСЫН, КЕЛЕ ЖАТҚАННЫҢ КЕТПЕНІН ҚОЙМАҒАН Болмас жерден пайда табатын; кісінің бермесін алған. Бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін қоймаған, жалмауыз! Енді менің жалғыз атыма ауыз салдың ба? (ҚЕ).

БАРАНЫ ҚАШТЫ диал. Үрейі ұшты. Бараны қашып, сөйлей алмай тұр (Қос., Жан.).

БАРАР ЖЕР, БАСАР ТАУЫ ЖОҚ [ТАУЫ ҚАЛМАДЫ] Қылар үміт, артар тук айла-амалы жоқ. Қаланың кедейі намыс үшін болса да, жалғыз ғана нан мен сорпаға жалданбайды. Ол он бес тиын болса еңбегін айтып, ақы алады. Ал ауылдан келген барар жер, басар тауы жоқ аш кедей қайтеді (М. Ә.). Қатын-қалаш, қызыл қарын жас баламен барар жер, басар тауымыз қалмады (ЛЖ).

БАРАР ЖЕРІҢ — БАЛҚАН ТАУ Ең алыс қашықтық, мықтағанда алыстап барар жерің деген мағынада айтылады. Барар жерің — Балқан тау, О да біздің көрген тау (АӘ).

БАРАР КҮН БОЛДЫ Жүретін тезгіл келді; о дүниеге кететін сәт таянды. Бізге барар күн болды, Сізге қалар күн болды (БЖ).

БАР БОЛАРСЫЗ? Сау-саламатсыз ба, есен-саусыз ба? Алдыңғы тана көз жапа-лақ сары қыз суды екі аяғымен сабалай арғы бетке қарай жүзе жөнелді де, соңғы кара торысы мойнын бұрып кейін қарап, тек судан басын шығарып:— Бар боларсыз, мырза! — деп сәлем берген (І. Е.).

БАР БОЛҒЫР! Жеңіл-желпі, зілсіз жеку, кею. Бар болғыр, қор бишара, әке болып игілік көрсеткен күнің бар ма еді? (М. Ә.). ...Осы тоңып келген болар-ау деп мені де есіркесеңші, бар болғыр (М. И.).

БАРҒА [БАР] МӘЗІР, ЖОҚҚА [ЖОҚ] ЭЗІР © БАРЫМЫЗ ЭЗІР, ЖОҒЫМЫЗ ЖАЙ Қолдағы бары осы-ақ, аянып қалған еш нәрсе жоқ. (Осындағы «барға мәзір» ауызекі тілде «барым эзір» түрінде де кездеседі). Есіркеген шалды аяп кетті.— Қысылмаңыз, отағасы, барға мәзір, жоққа эзір... Біз ықыласыңызға да ризамыз (І. Е.). — Шырақтарым, бар мәзіріміз осы-ақ болды,— деді қоңыр үнмен,— басымның сақинасы ұстап, қастарында бола алмадым (Т. Ә.).

БАРДАН АУЫСАДЫ, БАЛДАН ЖҰҒЫСАДЫ Бір-біріне қарайласып қол ұшынан жалғасады деген мағынада айтылады. Ащы терің жерге төгілсе, төгілер, менің дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің (ҚЕ).

БАРҒАНЫҢНАН КЕЛМЕГІР! қ а р ғ ы с. Барған жеріңнен оралмай қал, сол жақта опат тап.

БАР ЕКЕН ДЕ ЖОҚ ЕКЕН Болған болмағаны белгісіз. (Ауыз әдебиетінде қолданылатын дәстүрлі тіркес). Бар екен де жоқ екен, Ерек-ертек ерте екен, Ешкілері берге екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрықтары ұзын екен (ҚЕ).

БАРҚАДАР ТАПТЫ Тұрақтап тыныштық тапты. Қолхоздан кетсем, менің барқадар табам деген жерім де сол сенің жылқы совхозың (М. Ә.).

БАРМАҒАН ЖЕРІ, БАСПАҒАН ТАҰЫ ҚАЛМАДЫ *Жер жиһанды түгел шарлады, кезбеген жері жоқ.*

БАРМАҒЫН ШЫҒАРДЫ *Үш саусағымен ыңғайсыз ишарат істеу туралы айтылады. Адыра қал, мәл — деп, бармағын шығарды (АТ).*

БАРМАҒЫНАН БАЛ [ӨНЕР] ТАМҒАН *Он саусағынан өнер төгілген; бес аспап шебер, көп өнер иесі. Арық қазып алысқа, Асырдым суын теңіздің, Бармағынан бал тамған, Шебер жігіт дегіздім (О. Ш.).* Буынсыз он саусағы күй қағуға, *Бал тамған бармағынан домбырашы, Жан терге түсіп отыр мынау дуда (І. Ж.).*

БАРМАҒЫН ТІСТЕДІ [ШАЙНАДЫ] *Өкінді, аса қатты қынжылды. Ашуланбай қайтушы едің кешке сен, Күндіз еткен еңбегінді еш десең, Зорыққаннан өліп кейбір аттарын, Бармағыңды өзің қатты тістесең (Х. Е.)* Тайман зәресі ұшып көзі шағынап, *бармағын тістеп қалды (З. Қ.).* Туыстағы тұрмыс дерті зығырыңды кайнатып, *бармағыңды шайнатады (С. Т.).* Сирек фонарьдың кара көлеңке сәулесінде қолбаңдап жүгіріп бара жатқан Добрушкиннің сиқына қарап (Ержан) ызаланып, *бармағын шайнағаннан басқа амалы қалмады (Т. А.).*

БАРМАҚ БАСТЫ, КӨЗ ҚЫСТЫ *Жең ұшынан жалғасты.*

БАРМАҚ БАСЫМ ҚАҒАЗ *Волмашы, тигімдей сәлем хат қағаз. Ортаға салмай сөздерін, Бармақ басым қағазын, Сәлемдескен заман-ай (Н. Н.).*

БАРМАҚ БАТЫРАДЫ *Құжай көрсетті, қоқан-лоқылық істеді. Сол бас бұзарлардың бәрін болмаса да, бірер басшысына бармақты батырып қойсаң, бұл халге жетпес едік-ау (Ғ. Мұс.).*

БАРМАҚ НАН *диалект. Нан көже. Бармақ нанның қамырын қолмен үзіп-үзіп дайындайды (Гур., Маң.).*

БАРМАСАҢ БАДАЛ **○** **БАРМАСАҢ БАДАЛЫП ҚАЛ** **○** **БАРМАСАҢ БАДАЛ [БАДАЛЫП ҚАЛ], ҚАРА ЖЕРГЕ ҚАДАЛ [ҚАДАЛЫП ҚАЛ]** **!** *қарғыс Байланып қал, барусыз қал деген мағынада.*

БАРСА КЕЛМЕСКЕ ЖІБЕРДІ [КЕТТІ] *Қайтып оралмайтындай ұзаққа жөнелтті. Барса келмеске екі жол бар еді, өззірімді жазасы үшін соған жіберіп едім (ҚЕ).*

БАРЫМТА АЛДЫ *көне. Ертеде жесір, т. б. дауымен қарсы жақтың малын барымталап шауып алу салты болған. Түбінде сөз бола қалса да осыны айтармыз... Ақымызды бермеген соң барымта алатын әдетіміз еді дерміз,—деді Ысмайыл (І. Ж.).*

БАРЫН АЛДЫНА САЛДЫ [ТӨКТИ, ҚОЙДЫ] *Қолдағысын ірікпеді. Тарту қылып жалынып, Алдыңа салдым барымды (МЗ).* Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, *барыңды сал-*

саң да балаңа орыстың ғылымын үйрет (Абай). Ақылға дана ару жар, Тал шыбықтай бұралған. Алдарыңда, беклерім, аянбай төгіп барымды, Бір шығарайын құмардан (Б. Ө.).

БАРЫНАН ЖОҒЫ ИГІ [ЖАҚСЫ] ○ **БАРЫНАН ЖОҒЫ, АШЫНАН ТОҒЫ** *Тірі жүргеннен гөрі құрып кетсін деген мағынада айтылады. Жалғыз да туған сұм басым, Барымнан жоғым көп игі (АӘ). Барыңнан жоғың, ашыңнан тоғың жақсы (Мақал).*

БАРЫНА ШҮКІР, ЖОҚҚА САБЫР *Барды азырқанбай, жоққа зар қылмай қанағат ет деген ұғымда. Екі ізгі іс бір орында қосылмай ма? Жатқа ал, бір құдайды осындайда. Барына шүкір, жоғына сабыр етсе, Әр пәнде орны жұмақта деген қайда? (М. С.).*

БАРЫН БАЗАР ЕТТІ ○ **БАРЫМЕН БАЗАР** *Қолдағы барға қанағат ету мағынасында. Барымды базар етейін, Өлшеуді өмір біткен күн, Нешеулердің жалғызын Жалынан тартып құлатқан (Б. Ө.).— Барымен базар етіп, есітіп таза ұстауға болады ғой,—деді Жақыпбек.— Не қылар дейсің, осы қалпымызбен де сабақ беріп келгенбіз,—деді Батырбай (М. И.).*

БАРЫН [БАР НӘРСЕСІН] АЯМАДЫ *Ештеңесін жасырмады, барын берді. Біз сізді іздеп келдік Баянас деп, Бай айтар бәйбішеге жаяны ас деп. Ішінде осынша ауыл іздеп қондық, Үстінде бар нәрсесін аямас деп (ШС).*

БАРЫН СЕРМЕДІ *Бар шабыт-қуатымен өнер төкті. (Бұл тіркес көбіне ақын-жыршы, әншілер туралы айтылады). Көптен бері сағынып, Вас қосқансын сендермен, Барымды бүгін сермейін, Ықыласыңмен тындасаң (Б. Ө.).*

БАРЫП ТҮРҒАН *Нағыз шектен шыққан.— Сәрсенбай барып тұрған су жүрек екен, біреу жеп қоятындай шегіншекттей береді. Аяғын баспайды. Зып беріп моланың есігінен кіріп кеттім,—деді Біләл (С. О.).*

БАС АЙНАЛДЫ 1. *Ауырғандықтан пайда болған әлсіздік. [Абай] жүрейін десе, көзі қарауытып, басы айналып құлап қалады. Бұның ауруына қарап, көшпей отыруға болмайды (М. Ө.). 2. Елітті, еркінен айрылды. Астарлы әзіл айтып, шымыр саусақтан ұстап, сыр тартудың орнына Розаның балғын денесінен ескен жас лебіне балқып, басы айналады (Т. А.). 3. Мақтанды, масаттанды. Табысқа басың айналды ма? (АТ).*

БАСА-КӨКТЕДІ ○ **БАСА-КӨКТЕП КІРДІ** *Киіп-жарды, еш нәрсеге қарамады; басынғандық, зорлық көрсетті. Атты әскерлер жолындағы елді баса-көктеп бетбетімен өтіп жатыр (Ә. Ә.).* Машина шұңқыр демейді, ой-қыр, арық демейді, *баса-көктеп оқтың жылдамдығындай ұшады (С. Е.).* Жолындағының бәрін, әй-шәйға

қарамай жапыра кірді. Сотқар кісі... қараңғы үйге *баса-көктеп кіріп* келе жатты (Ә. Н.).

БАС АЛДЫ *Дән салды, масақтанды.* Жақында ғана тегіс *бас алған* тары тақта болып, масақтұмсықтары дән ала бастаған (Ж. А.).

БАС АЛМАДЫ [АЛДЫРМАДЫ] *Бас көтермей істеді.* Кітап оқуға әдістендіріп алғаннан кейін, оларды *бас алдырмай* оқудан сақтандыру керек (ХМ). Кітаптан *бас алмай*, үнсіз бір соныдай сарылып отырып күз салқынын сезеді (М. Ә.). Қол жуып, асқа отыруларын өтінгенде, Абай таңертеңнен *бас алмай*, бір қыбыр етпей үздіксіз оқып отырған кітабын жауып шетке қойды (М. Ә.).

БАС АМАН БОЛСЫН! тілек. *Бір аяулы малы, мүлкі жоғалғанда я ұрланғанда көңіл жұбатау үшін өздерің аман болыңдар деген мағынада айтылады.*

БАС АМАНДА *Ден сауда, тірлікте, сау жүргенде, жайшылық кезде.*— Мынау маңайдағы ел жұтап қырылып жатыр. *Бас аманда* пішеніңді шабатын, құдығыңды қазатын, малыңды суаратын, барып-келуіңе жүретін сол ағайын болатын (М. Ә.). *Бас аманыңда* енді әулиелік құрмасқа ант етіпті (ҚЕ).

БАС АМАНЫҢ КӨКСЕДІ [ОЙЛАДЫ] *Өз басының ғана амандығы үшін қам жеді.* Бозбаласы бошалаң, Батыры көксер *бас аман* (Д. В.).

БАС АРАЗДЫҚ *Өзара келіспеушілік, қырғи қабақтық, өшпенділік.* Бұл елдің боқысы Төкежан да жаман. Ол Оралбай мен Базаралыға *бас араздық* арқылы өш болғанмен, ұлыққа қарсы наразылық ашуды тоқтата алмады,— деп Ояз қорытынды шығарды (М. Ә.). Менің сізбен ешқандай *бас араздығым* жоқ, айтсам жөнін айтам (М. И.).

БАС АСАУ 1. *Басына жүген кигізбейтін (салғызбайтын) тарпаң мінезді жылқы.* **2.** *Мінезі шатаң, айтқанға көнбейтін адам.* Мұндай ма едің, ана күн, Мұның қалай, батыр-ау? Үш күн арқаң босаса, Бола қалдың *бас асау* (Абай).

БАС АСАУЛАНДЫ *Бұлқынды, ырқына көнгісі келмеді, үркектеп қашқалақтады.* Месқара, Тамиға сен онша *бас асауланба* (М. А.).

БАС АУЫРТТЫ *Ығырын шығарды, мезі етті.* Балалар шулап бақырды, Ынтақы — даусын білдірмек. Қонақтың күйін қашырды, *Басты ауыртты* көп дүрмек (Абай).

БАС-АЯҒЫ ЖИНАЛДЫ *Тегіс келді, төрт көзі түгел болды.* Жер астына түсіп болып, сол шахтаның түбіндегі жұмыскерлердің *бас-аяғы жиналатын* үйшікте жиналып қойған ағаш сәкілерде отырдық (С. С.).

БАС-АЯҒЫНА [ТҰЛА БОЙЫНА] **КӨЗ ЖҮГІРТТІ** [ҚАРАДЫ] *Бой-басына түгел қарап шықты.* Мырқал оның *бас-аяғына көз жүгіртіп*:— Так, так, өзің адам болғалы тұр екенсің, ә!— деп еді, Сайран мырс етіп:— Немене мен қазір адам емеспін бе?— деді (Ә. Ә.).

БАС-АЯҒЫ ТҮЗУ *Он екі мүшесі аман, дені сау; ақыл-есі дұрыс.* Мағрипаның *бас-аяғы түзу* бала болған соң, маңайындағы жақсы да, жаман да құда болғысы келеді («Айқап»).

БАС БАЙЛАДЫ *Өз басын қандай болса да қиыншылықтан аямады, белді буып, тікелей кіріспек болды, бел байлады.* ...Сондықтан қауіп туған күндерінде, бір сен үшін (Москва) өлімге *бас байлаған* (Ж. С.). Ел жата дүрілдетіп тимек болып, майданға не де болса *байлап басын* (С. Б.). *Бас байлап* төуекелмен жау штабта, Өткізіп әр сағатын жан қыспақта, Дәл хабар біздің жаққа жеткізеді (ҚӘ).

БАС-БАСЫНА **ТОЗДЫ** *Бет-бетіне кетті, бытырады, тарады.* Алдына келген жақсының, Қадырын оның біле алмай, Қадыр-құрмет қыла алмай, Артында қалған жамандар, *Бас-басына тозбас па?* (Б. Қ.).

БАС БӘЙГЕ *Бірінші жүлде, маңдай алды сыйлық.* Алға батыл өрледің, *Бас бәйгені* бермедің, Құтты болсын төріңде Ұлы Ленин орденің (Ш. С.).

БАС [БОЙ] БЕРМЕДІ *Ырқына жүрмеді, көнбеді, мойын ұсынбады.* *Бас бермейін* дегенді, Жалғыз жардан құлатты. Мал бермейін дегеннің, Жалғыз тайын бөрі алды (Д. В.).

БАС БОЛДЫ 1. *Алдыңғы, бірінші қатарда жүрді.* Бала болдың, жас болдың, Жалғандыққа ермедің. Төре болдың, *бас болдың*, Көкірегіңді кермедің (Абай). **2.** *Бір нәрсеге басышылық етті, басқарды.* Қараман айтты бұл сөзді «Ноғайлының қайраты Қырық жігітке *бас болып*, Алшы-оразға жолық» деп — Келмембет ерді бұйырды (ҚамБ).

БАС БҰЗАР *Бұзақы, сотқар, тентек адам.* Күресіп онымен де кедей табы, Дұшпанын жоғалтуға арадағы. Аластап *бас бұзардан* сойқандыны, Адымдап келе жатыр колхоздағы (И. Б.).

БАС БІЛДІРДІ *Асауды үйретті; көндірді.* Ішуге бал қымызын байлап мыңын, Колхозшы қарсы алып тұр алақайлап, Асауын *бас білдіріп* үйретем деп, Оңтайлы жастарым жүр күліп-ойнап (ХА).

БАС БІЛМЕЙТІН 1. *Асау, мініске үйретілмеген.* Кейбір жұлдыз әуеде ай секілді, Кей жаман *бас білмейтін* тай секілді. Келген жерден өленді қоя беріп, Баласы жақсы ауылдың қай секілді (Айтқыс). **2.** *Әлі жөн, бағыт біле, үйрене қоймаған.* *Бас білмейтін* баласың, бас жібірн үзіп аларсың (АТ).

БАС ДЕСЕҢ, ҚҰЛАҚ ДЕЙДІ *Сөзді жөндей ұқпайтын, дұрыстап байымдай алмайтын, орынды жауабы, сөзі жоқ кісі туралы айтылады. (Мұның орнына кей уақыт «саңырауға сөлем берсең, атаңның басы дер» деген фраза жүре алады). Осы шіркінді кайтемін, бас десең, құлақ деп тұрып алады (АТ).*

БАС ЖАРЫЛСА, БӨРІК ПІПНДЕ ЖАРИЯ БОЛМАДЫ; *жабулы қазан жабуымен қалдырылды. Жә, өрепкімей-ақ қой. Бас жарылса, бөрік ішінде; шегің шықпас. Айтқандарын істеп, дауласпай, төбелеріңнен тік тұрып күтіндер,— деді (М. Ә.).*

БАС ЖАРЫП, КӨЗ ШЫҒАРЫП БАРАДЫ *Ешкімді тыңдамай, өз дегенін істеді, тентектік жасады, дегенге көнбеді. Ақсақал-ау, мына завучың бас жарып, көз шығарып барады. Мектепті қазармаға айналдырмақ... Көп алдында бас салып тілдеп, аптарихамды түсірді,— деді Жауынбаев Күдеріге (М. И.).*

БАС ИДІ 1. Разылық білдірді; көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. Өнші өнін аяқтап, залдағыларға *бас иді* (Қ. Ж.). **2. Мойынсұнды, көнді, алдына тізе бүкті, бағынды.** Бірлігі бар, арманы бар, ойы бар, Бұл — *Корея бас иетін* ел емес (Ж. С.). Өрісі қатты тарылды, Ел қорғайтын ерлердің, Аяғына барып *бас иіп*, Алдияр деп жалынды (Жамбыл).

БАС ИЗЕДІ 1. Келісім білдірді, мақұлдады, құптады. Білімділер сөз айтса, Бейгі атындай аңқылдап, Өзгелер *басын изейді*, «Әрине» деп мақұлдап (Абай). Он екі мың жылқысы бар Игіліктің әдейі келуін үміт етпейтін елдер мұнысына қатты риза болып *бас изесіп* қалысты (Ғ. М.). **2. Бас шұлғып ишарат етті; амандасты.** Орнынан тұрып сөлем берудің орнына *басын изей* салды да, әңгімесін соза берді (Т. А.). Зеңбірекшілердің сөлемін *бас изеп* қана, салқындау алған Скориковте ашу барлығы байқалады (Ә. Н.).

БАС ИМЕДІ Берілмеді, бой бермеді, бағынбады, тізе бүкпеді, кешірім сұрап аяғына жығылмады. Қатал ажал із салса да көңілге, Бой бермейміз, *бас имейміз* өлімге (С. Маш.). Жабыға тоқым салма жалы бар деп, Жаманға *басыңды име* малы бар деп (А. Қор.). Күн өткенше, түн өткенше, Дұшпан жолын бөгеді ерлер, Тізе бүгіп күнелткенше, *Деп бас имей* өледі ерлер! (Ж. М.).

БАС КЕСЕР Қарақшы, жендет. Ажалдан бас тартпайтын өңкей *бас кесерлер* (Б. Тұр.). Ұрыс тағдыры минаның дәл мәзігінде жарылуында, әйтпегенде бізден үш есе көп бұл *бас кесерлерге* төтеп беру мүмкін емес (Ж. С.).

БАС КЕСПЕК БОЛСА ДА [КЕССЕ ДЕ], ТІЛ КЕСПЕК ЖОҚ *Салтан, жолдан аттау жоқ. (Ештеңеден тайынбай бетіне айттып салу туралы айтылады).*

БАС КЕТЕДІ *Өмірін жояды, өледі. Жатқан сырды айтпаңыз, Жамандық қылса, бас кетер (ШС).*

БАС-КӨЗ БОЛДЫ *Басшылық етті, басқарды; көз қырын салды. Үй іші, шаруасы жайрап жатқан, Адам жоқ бас-көз болып оны баққан. Шешесі айғайшы боп жүруші еді, О дағы жазғытұрым қаза талқан (С. Т.). Абайдың өзі келетін мал-дүниенің бәрін әбден сай ғып жөнелткен соң ғана келмек. Оған шейін мұндағы істерге Базаралы, Жиренше бәрнінің де *бас-көз болуын* сұрады (М. Ә.).*

БАС-КӨЗ ДЕМЕЙ *Аямай, жаны ауырап демей; еш нәрсенің байыбына бармай, алды-артына қарамай. Үйдің есігіне шегініп келе жатқан Көмеш артында тұрған ұзын көсеуге қолы тигенін сөзді де, шапшаң көтеріп алып, *бас-көз демей*, алып адамға сілттеп қалды (Ж. Мол.).*

БАС КӨРСЕТТІ 1. Көрінді, көзге түсті. Жұртпен бірге Асқар да *бас көрсетіп шықты* (С. М.). **2. Қарсылық білдірді.** Оразбай мен оның әр үйде отырған балалары, бауыр-туыстары, қатын-қалаштары *бас көрсету* былай тұрсын, іннен інге тығылды (М. Ә.).

БАС КӨТЕРДІ 1. Орнынан тұрды, ұйқыдан оянды. Төсектен *бас көтерісімен* Зейнеп төбеге сәл-ақ жетпей тұрған шар айнаның алдына келді (Ө. Қ.). **2. Жазылды, аурудан айықты.** Байбосыновтың аурудан қалжыраған анасы бір айдан асқанда барып *бас көтерді* (Ө. Қ.). **Ауру басын көтеріп,** тамаққа қарапты (АТ). **3. Қарсы тұрды, қарсыласты.** Тәуелді жұртты қанау қауым мүшелері болған шаруалардың феодалдарға қарсы *бас көтеруін* туғызады (ҚССРТ). Халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы *бас көтеріп* ереуіл жасауда еді (С. К.). Бірақ Елек уезінде қазақ әйелдерінің *бас көтере* бастағаны аздап сезіледі. Бірақ оларға қазақ тілінде үйретуші, бастық жоқ. ...Бұл жерде де көп қатын алу бар екен (С. С.).

БАС КӨТЕРЕ АЛМАДЫ *Қарсыласа алмады; қарсы күреске шыға алмады.— Егер патшалық жеңсе, ол ереуілдеп асқындап кетеді. Революция ол шақта *бас көтере алмайды*,— деді Павлов (М. Ә.).*

БАС КӨТЕРЕР [БАС КӨТЕРГЕН] АДАМЫ [АЗАМАТЫ, КІСІСІ] *Қолынан іс келер, басшылық ете алар. Мөңке бұл ауылдағы *бас көтерер азаматты* жиып алды, ұзақ ақылдасқаннан кейін бұлар мықты бір байламға тоқтады (Ә. Н.). Ауылдағы *бас көтерген адам* — Байтай Аманов (С. К.).*

БАС КӨТЕРТПЕДІ [ҚАРАТПАДЫ] *Мұршасын келтірмеді. Оқ күні бұрыннан қарқындап, аптығып келе жатқан жауды жерге жапсырып, *бас көтертер* емес (Б. Мом.).*

БАСҚА БӨЛЕ ТІЛДЕН Не нәрсе болса да тіліңнен табасың деген мағынада. «Бас-

қа бәле қайдан?» деген менің сұрағыма ол «*басқа бәле тілден*» деп жауап берді (ШС).

БАСҚА КЕЛГЕН ПӘЛЕДЕН, БАС-ТАН ҚҰЛАҚ САДАҒА **○** **БАСЫНЫҢ САДАҒАСЫ** *Бас аман қалғанына риза болу мағынасында айтылады.*— Олай деме, шүкірлік ет, құлыным. *Басқа келген пәледен, бастан құлақ садаға.* Бір басқа бір көз жетер. Сенен айырылғанда екең екі көзінен айырылатын еді (Ғ. Мұс.).

БАСҚА, КӨЗГЕ ТӨПЕЛЕДІ *Жұдырықтың астына алды, сабады.* Жігіт (алыстан айғайлап): Қырамысыңдар, өздерің, шетімізден. Не жазығымы бар саған келмей жатып *басқа, көзге төпелеп.* (Билер аңырып қарайды). Қай басынғаны бұл! Қоя берші, сонау отырған биге барамын (М. Ә.).

БАСҚА КІРМЕДІ *Миына қонбады.*— Хаттарды жыртып тастады деген сөз менің *басыма кірген* емес...,— деді Сағит (М. Ә.).

БАСҚА ҚЫСЫМ ТҮСТІ *Қиыншылық көрді, басына күн туды.* *Басқа қысым түскен соң,* Қайрылмастай күн болды Қатын менен балаға (М. Ә.).

БАСҚАН [ОТЫРҒАН] ЖЕРІНЕН ШӨП ШЫҚПАСЫН **○** **БАСҚАН АЯҒЫ КЕЙІН КЕТСІН!** *қ а р ғ ы с. Ісі оңбасын, қырсық кесір арылмасын!*

БАСҚАН ІЗДЕ БЕЛГІ ЖОҚ *Өткен өмір белгісіз, із-түзсіз.* *Басқан ізде белгі жоқ,* Өткен күндер енді жоқ, Көргендейміз әлгіде (І. Ж.).

БАСҚАН ІЗ — КӨРГЕН ҚЫЗЫҚ **○** **КӨРГЕН ҚЫЗЫҚ — БАСҚАН ІЗ** *Көрген қызық басып өткен із сияқты.* Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. *Басқан із — көрген қызық* артта қалмақ (Абай).

БАСҚАН ІЗІМ АРТЫМДА ҚАЛСЫН *Әзіл, қалжың түрінде, өгірік қарғанғанда айтылады.* Нұрғали — аңғал, балуан құрбы. «Желкемнің шұңқырын көрмейін. *Басқан ізім артымда қалсын.* Тілім мұрныма жетпесін»— деген қулықтарды шын антқа балап, қабылдай береді (Ғ. Мұс.).

БАСҚАН ІЗІН БІЛДІРМЕДІ *Істегенін сездірмеді.* *Басқан ізін білдірмей* жүретін айдалы, епті Төңірберген де татар байының тырнағына түсіп қалатындай-ақ, оның алдында етек-жеңін жиып отыратын еді (Ә. Н.).

БАСҚАН [БАСЫП КЕТКЕН] ІЗІНЕ ТҰРМАЙДЫ [ТЕҢ КЕЛМЕЙДІ, ТЕҢГЕРМЕЙДІ] *Теңі емес; оның қасында тұк емес, оған айырбастамайды.*— Қаратаздай бола алмайсыңдар. Оның *басқан ізіне* де *тұрмайсыңдар,*— деп бұрқылдап, балықшылармен сөйлеспей, тұрды да, жүре берді (Ә. Н.). Дүниеде тірі жүрсем не көрмеймін, Алаштың несібін алып, не бермеймін. Арғында алты шекті алпыс мырза, *Ізіне басып кеткен теңгермеймін* (ҚЖК).

БАСҚАН ІЗІНЕ ШӨП ШЫҚПАЙДЫ *Қу, арам, ниеті теріс кісі туралы айтылады.* *Басқан ізіне шөп шықпайтын* қу өзі (АТ).

БАСҚА ТЕПТІ *Бағаламай өзінен құды деген мағынада айтылады.* Мекіреніп Күреңбайдың басынан бақайына дейін шолып өтті.— *Басқа тепсе* кетпейтін ырысымың ғой (С. О.).

БАСҚА ТҮССЕ, БАСПАҚШЫ *Көреп ауырлыққа, бейнетке көңу, көндігу мағынасында айтылады.* *Басқа түссе, баспақшы.* Уәли бұрын төзе алмас талай қорлыққа да көнді. Ол бір тәулік нәр таппай әбден ашыққан соң, жүрек жалғаудың қамын іздеді (Т. А.).

БАСҚА ТҮСТІ *Душар болды.*— Тәуекел, не осы суды ішіп өлейін, әйтпесе *басқа түскен* бәлені көрейін,— деді жігіт (ҚЕ).

БАСҚА ҰРДЫ ҚАЙТ ЕТТІ, ҚОР ЕТТІ. Хан емессің қасқырсың, Қас албасты басқырсың, Достарың келіп табалап, Дұшпаның сені *басқа ұрсын!* (М. Ә.).

БАСҚА ШАУЫП, ТӨСКЕ ӨРЛЕДІ *Өрлік, астамдық мінезбен көкірек керді.* Бітпеймін деп *басқа шауып, төске өрлеген* Матай бауырыңмен бітім таптың ба, түге? (М. Ә.). Өзім де *басқа шауып, төске өрледім,* Қазаққа қара сөзге дес бермедім. Еңбегімді білерлік еш адам жоқ, Түбінде гынш жүргенді теріс көрмедім (Абай).

БАСҚА [ТӨБЕГЕ] ШЫҚТЫ *Менсінбеді, санаспады.*— Сіз әрі аңқаусыз, әрі момынсыз,— деді ол Күдеріні қайрап,— Әділбеков *басыңызға шығып барады.* Қазір директор сіз емес, ол болуға қалды,— деді (М. И.). Жүніс айғай салып: «Уа қайдасың, Қарсақ, Борсақ, Олжай-Қарсақ, шыға ғой олай болса! Асқан екен бұл Борсақ! Тамам елдің төбесіне шығып, қатынына шейін басыма ойнатайын ба?»— деді (М. Ә.).

БАС ҚОЙДЫ 1. *Құныға ішіп-жей* *бастады.* Міне, сол Оразбайдың жасағына барамыз!— деп Әзімбай Әйгерім ұсынған қымызға жаңа *бас қойды* (М. Ә.). Өздері де аттарынан түсе-түсе қалып, аттарымен таласқандай, суға *бастарын қойып* көмейлерін дүрсілдете жұтты (С. С.). **2. Жатты.** *Жастыққа бас қойды* (АТ). **3. Тілек тіледі.**

БАС ҚОСТЫ [ҚҰРДЫ] **○ **БАСЫ ҚҰРАЛДЫ [БІРІКТІ, ҚОСЫЛДЫ]** 1.** *Бір жерге жиналды, мәжіліс құрып, кеңесті.* Ортамызда ежелгі жырау отыр, Барлық ақын *бас қосқан* мынау отыр (Жамбыл). Мұнда Арғын ағадан Қаракесек жақсысы бар. Ойдағы, қырдағы Керей атаң баласы бар. Өрдегі, ылдидағы Найман азаматы да *бас қосып* отыр (М. Ә.). Сәндібек үйіндегі *бас қосу* Галаяны ауыл жастарымен біраз жақындатып тастады. Қазір олар бұрынғыдай жатырқамайды (Т. А.). Колхоз конторының алдында халық көп. Жиналыс емес, газеттегі мақаладан кейін халық өзінен *бас құрап* жиналып қалған тәрізді

(Т. А.). 2. Бірігіп тұрмыс құрды, үйлі-баранды болды. Ғани оны еркелетіп, айналып-толғанды. Қарындасының Зарқұммен бас қосқанын, жаңа өмірін құттықтады (Ж. А.). Біріңнің кенже ұлын, біріңнің кенже қызын үй тұрғызып бас қосқалы жатыр (Ғ. С.).

БАС ҚҰДА *Жолы үлкен құда*. Жиналған құдалар бас құданың сөзін ұйып тыңдады (С. Ад.).

БАС ҚҰСТЫ диал. *Егін сабақ шығарды, бас тартты*. Иماشтың тарысы басын құсылты (Қос., Жан.). Егіміздің бас құспағандары да бар (Қ. орда., Арал).

БАС МАМА БИЕ *Үйірдегі кексе бие, өрбіген ұрпағы үйірде көп бие*.

БАС ПАНА *Лекер етуге жарайтын үй; лашық, күрке, итарқа сықылдылар*. («Пана» — парсы сөзі, қорғау мағынасында). Берсең бер, бермесең қой бас панаңды, Сонда да тастамаймын астанамды. Өлеңнің отын жағып жылытармын, Өзімді, қаатынымды, жас баламды (Қ. А.). Жанпейісте қатын да, бала да, бас пана да жоқ (М. Ө.).

БАС ПАНАЛАДЫ *Басын қорғады, аман сақтады, тығыла тұрды*. Бала мен әйелді асырау, нан табу, еңбек істеу, бас паналау еді... (А. Т.). Қазірше тоғайға түсіп бас паналай тұр (АТ).

БАС САДАҒА *Бастан құлақ садаға; аман қалғаныңа құдайға шүкір*. — Япырай, ә?! Біздің ауылда да басы амандар келіп жатыр. Ол, бір қол, бір аяқ, бір көз дегендер бас садағасы болды ғой қазір... (Н. С.).

БАС САЛДЫ *Олай-былайға қаратпады, бұлғартпады, шап беріп ұстай алды*. Түр еді бір инженер ақ сақалды, Нұрланды ең алдымен сол бас салды (Қ. А.).

БАС САУҒА СҰРАДЫ *Бас амандығын, құтылуын тіледі*. Уа, мына бөледен бас сауға сұраңдар, бас сауға (Ғ. М.).

БАС САУҒАЛАДЫ *Қара басының қамын, амандығын ойлап қаша (қашқалақтай) қорғанды, жеке басын қорғады; басын алып қашты*. Мен отқа күймей отырмын ба? Жан күйерім екесің, бас сауғалайын деп пе едің? — деді Төкежан (М. Ө.). Сен неге үндемейсің, әлі де бас сауғалап отырмысың? (М. И.). Жұман... бас сауғалай бастады да, онысына қойған жоқ, бармағын бастырып қол хат алды (Ғ. М.).

БАС СҰҚТЫ 1. *Бір жерге барды, кіріп аялдады*. Қазір Абай үлкен Семейдің базарын аралап жүргелі сағаттан артық уақыт өтті. Әуелі Плещев, Деров, Тухфатуллиндер магазиндеріне кіріп, бас сұғып шықты (М. Ө.). 2. *Өзгенің ісіне көлденеңнен кірісті*. Қалыс біреудің жұмысына араласпа, бас сұқпа (АТ).

БАСТАН АСАДЫ *Өте көп, толып жатыр деген мағынада айтылады*. Жұмысшылар талай көпір жасады. Борлығебе жандауларын қашады. Сонымен де біте қойған арна жоқ, Жұмыс шіркін әлі бастан асады (Х. Ер.). «Ой, рақмет!» деді Мырқал ішінен, бір пөледен құтылғандай қуанып. — Енді айта берсін, басқа шахтаның былығы басынан асып жатқанда, ондай ұсақ нәрсені Орлов елей қоймас (Ә. Ә.).

БАСТАН АЯҚ *Бәрін түп-түгел*. Тірліктегі істерің, Қараңғы көрге кірген соң, Бастан аяқ сұралар (Үш ғас. ж.). Қолыма аузын аштым кілтін алып, ішіне қарай бердім назар салып, Ішінде кітап та бар, қағаз да бар, Тексердім бастан аяқ көп ақтарып (С. Т.).

БАСТАН БАҒЫН ТАЙҒЫЗДЫ *Бағынан айырды. Тайғызды бастан бағымды* (Д. Б.).

БАСТАН ЕРІК КЕТТІ *Тәуелді болды, бағынышты халге түсті*. — Уа, жұрт! — деді, — қараңғыға қамалғанда, жауыздар сорып қан алғанда, малдан билік, бастан ерік кеткенде, атын есіткен еріміз еді (Б. М.).

БАСТАН КЕШІРДІ [ӨТКІЗДІ] *Өмірдің ыстық-суығын көрді; көп оқиғаны көз алдынан өткізді*. Жасыбай талай қуаныш пен күйінішті басынан кешірген (С. О.). Тәуір көрдік сөздерді, Пөленте мырза ер деген, Қызықты бастан өткіздік, Ғажайып әрбір көрмеген (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын-дары).

БАСТАН ҚҰЛАҚ САДАҒА *Бас аман болса болды мағынасында*. «Бастан құлақ садаға» деп молда астындағы атынан және айырылып жаяу үйіне қашты (С. Т.). Бастан құлақ садаға дейміз де, Нұртайға шаң жуытпадым. — Нұртай Хазовпен байланысты деген сөз мырма қонбайды деп отырып алдым, — деді Елемес тергеушіге (С. О.).

БАС ТАРТТЫ *Мақұл демеді; қарсылық білдірді, ықыласыздық көрсетті*. Жігітектен айып кесіп, мал әперетін болды. Оның үстіне Оралбайдан Керімбаланы айырып, Қаракесекке жөнелтетін болды. Жігітек оларға пана болудан бас тартты (М. Ө.). Оның үстіне Сапаров партком секретары болуды кімнен сұрапты? Коммунистер сайлады, бұл бас тартпады (З. Қ.). Мен ерінбеймін, бас тартып, қызметіңнен сендердің. Тек сөйлеген сөзім жөн болса (Ш. Ж.).

БАС ТЕРІСІ КЕЛІСПЕГЕН *Бас әлпеті, пішімі келіссіз, ұсқынсыз*. Сәтекең үйіндегі молда бас терісі келіспеген неме еді (Б. М.).

БАС ТЕРІСІ САЛБЫРАДЫ *Ұнжырғасы түсті*. — Шай дайын, тұрмаймысың?... Бірақ наны құрғыр тағы жетпейді, — деп бағанағы тері тарамысы жиырылып, бас терісі салбыраған күйде тағы дыбыс берді Жәмила (М. Ө.).

БАС ТОҒЫЗ *Ескілік кәде бойынша берілетін сыйлық.* Алғашқы айтқан билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң **бас тоғыз** болсын! (ШС).

БАС ТІКТИ [ҚИДЫ] **○ БАСЫН АЖАЛҒА** [БӘЙГЕГЕ, ӨЛІМГЕ] **ТІКТИ** *Жанын пида, құрбан етті; нар тәуекел етті; саудаға салды.* Қорғауға махаббат — достықты, Ер Нәупіл ажалға **бас тікті.** Талқандап шығуға бел буды, Қоршаған зұлымдық, қастықты (Ш. Мұх.). Халық үшін **бас тігіп,** Ат құйрығын тарады. Дұшпанынан тайсалмай, Қасқайып қарсы қарады (О. Ш.). Байлау біреу-ақ, не Абайды аман шығарып ал, күле жайнап бөріміз елге қайтамыз. Немесе, Базаралы **бас қияды** да, осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді (М. Ә.). Неліктен әлгі жігіттер болмашы ақшаға бола **басын бәйгеге тігеді** (ЛЖ).

БАС ҰРҒЫЗДЫ [ҰРДЫ] *Аяғына жықты, бағындырды; жалынды, жалбарынды, аяғына жығылды.* Жанды төнге **бас ұрғыздық,** еш нәрсеге көңілменен қарамадық (Абай). Сағып алған, жалынып **бас ұрып** алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ (Абай). Селкілдеп келіп жығылды, Аяғына **бас ұра** (Абай). Қастығын жасырып, Келмесе **бас ұрып,** Алтыатар, ақбалдақ Сондайдың сазасы (І. Ж.).

БАСЫ АЙДАУДА, МАЛЫ ТАЛАУДА *Шапқыншылыққа ұшырау деген мағынада айтылады.* Егер далада жүріп қазақтың айғыры кісінесе, менің қорадағы биелерім құллына тастайды. Айғыры кісінегеннің **басы айдауда, малы талауда** болады — депті (ШС).

БАСЫ АЛТЫН, К...І КҮМІС *Ергеі мен жырларда асыра мақтау үшін қолданылады.* Шөгірілінің тауына келген халде, Патшаның бір киікке келді кезі. Бұл киіктің **басы алтын, к...і күміс,** Патша ойға алады үлкен жұмыс (МЗ).

БАСЫ АЛЫНДЫ **○ БАСЫН АЛДЫ** *Өлім жазасына ұшырады; өлім жазасын берді, өлтірді.* Хан қызының көңіліне бір де бірі жақпай, сыйлық әкелген кісілердің **басы алынады** (ҚЕ). Жалаңаш елден шыққан бір сорлымын, Жалғыз-ақ үмітімін рақымыңнан. **Басымды** алар болсаң жылдам ашны, Бізғырық өгіп барады табанымынан (Ш. Ж.). Атам деп тигізе алмаса, **басын аламын,** — деп жар салады (ҚЕ).

БАСЫ АМАН, БАУЫРЫ БҮТІН *Уайымсыз, қайғысыз, төрт жағы сай.* Сен өзіңді өзің аяп... **басы аман, бауыры бүтін** кісіме бейжай жүрсең дағы, бәрібір жаралы жыртық жаныңнан жел ызғып, өлген ініңнің орны үңірейеді де тұрады (Ә. Н.).

БАСЫ АРТЫҚ *Керектен тыс, қажетсіз, бос жүрген.* Бізде осындай **басы артық** пәндер бар (З. Қ.). Қарауындағы

адамдарын он саусағындай білетін Назаренко көп ойланған жоқ.— Қазір бізде **басы артық** кісі жоқ. Қырман күзетіндегі өзіңнің әкеңе барып айт, бір-екі күн сендерге көмектессін,— деді (Ә. Ә.).

БАСЫ АУҒАН ЖАҚҚА КЕТТИ [ТҰРА ҚАШТЫ, ЖОЛҒА ШЫҚТЫ] *Қайда болса сонда, бағытсыз жүре берді, қаңғырып кетті.* Сол тұрық тасқа мінген кезімді ойлап отырсам, бұл күнде жүрегім зырқ ете қалады. Мезі болатының соншалық, аттан қарғып түсіп, **басың ауған жаққа тұра қашқың келеді** (Б. С.) ... Азанда Бісқақ бәрін шегіп алып, **басы ауған жаққа** карай **жолға шығып** жүре беріпті (ҚЕ).

БАСЫ АУЫРЫП, БАЛТЫРЫ СЫЗДАДЫ 1. *Ауырып, сырқаттанып қалды; жаны қысылды.*— Қалқам Өбіш, әжең сені де көп ойлады ғой, марқұм... **Басы ауырып, балтыры сыздаса** серігі жоқ, бұтағынан үзілген мәуем еді, дегеніне жеткенін, пісіп толғаның, әкесіндей-ақ аңсаушы ем,— деп, көп күрсінетін (М. Ә.). Қазақ дене қызуы көтерілсе, **басы ауырып, балтыры сыздаса,** шай ішіп терлейді (Е. О.). 2. *Жаны ашыды, қайғырды.* Сен үшін **басы ауырып, балтыры сыздап** отырған кісі жоқ (АТ).

БАСЫ АШЫҚ 1. *Ап-айқын, даусыз, ешкімнің таласы жоқ.* Бұл жұмыс барымтаға да, партияға да жанаспапты, **басы ашық** ұрлық,— деді Қоқыш (М. Ә.). 2. *Бос; ешкімнің ортақтығы жоқ, қолы тилеген.*

БАСЫ ӘНКІ-ТӘНКІ [ДАЛ, ДАҢ] **БОЛДЫ** **○ БАСЫ** [МИЫ] **ҚАТТЫ** **○ БАСЫ ҚАҢҒЫРДЫ** **○ МИЫ АШЫДЫ** **○ ШАҚШАДАЙ БАСЫ ШАРАДАЙ БОЛДЫ** **○ ШАРАДАЙ БАСЫ ШАҚШАДАЙ БОЛДЫ** *Не істерін білмей дал боп абыржыды, дағдарып әрі-сәрі болды; қатты састы.* Жәміле, Жаңылменен көптен мәңгі, Мәңгі емес Зықыштың да жайы әлгі; Ұру, ұрсу, даң-дүңмен **милары ашып, Бастары** болып кеткен **әңкі-тәңкі** (С. Т.). Бір уақытта елдің іші ала тайдай бүлініп, адам **басы дал болды** да қалды (Ғ. М.). **Басым дал боп** еңіргенде Көзден аққан ыстық қан. Пана болмай ешбір пәнде, Зар илегем, жылағам (Ж. С.). Ойлай-ойлай әр істі, Айқайды көріп жарысты. Жалғыз **басым даң болып** Өзімнен-өзім терледім (Е. М.). Жүргені құдай әмірі, мұндай жан боп, Көбінесе, кеткені ғой **басы даң боп,** Болмай ма шйдай тұрса біраз күнге, Қатыннан менен бейнег көрген жан жоқ (С. Т.). Дайрабайдың көк шыры ұлы дауға ұласқан.— Көк сиыр дауы кімнің болса да **басын қатыратын,** — деді Күлзира (Б. М.). Күндегідей бүгін шат мінезім жоқ, ойым алтау, шешуі қиын бір жұмбақтың соңында **басым қаттылы** (Ж. С.). Қайғылы көңілім қайдағы, Бұрынғымды жаңғыртар. Қайратты алып бойдағы, **Басымды** қайғы **қаңғыртар** (Абай). Ішкені қымыз емес, қыздың жасы.

Жас бала жау қолында қатқан басы (Д. Е.). Менің басымды қатырып жүрген, Дәмеш, бұл емес (З. Ш.). Ғанидың ойлай-ойлай басы қатты (М. И.). Әр түрлі айтып жүрді. Біреулер бір қыздың соңынан еріпті деді. Ал өзім неге кешіккенін біле алмай, шақшадай басым шарадай болды дейді Шара (ЛЖ). Биыл налок ақшадай, Қалғасы боп, ақсамай, Ақша іздеген қазақтың, Шарадай басы шақшадай, Ха-ха-ха-жау қазағым! Көр малыңның базарын (І. Ж.).

БАСЫ БАЙЛАНДЫ [БАС ЕМЕС]
1. Еріксіз болды, мәжбүр болды. Жау қолға түсті де басы байланды, лажы құрыды (АТ). 2. Айттырып, құда боп қойды; жігіті бар. Жұрт аузы Аппақайды мақтаушы еді, Қырындап бозбалалар жақтаушы еді. Қолдары жетпесе де қоразданып, «Басы бос емес... өттең... қап!» деуші еді (С. Т.).

БАСЫ БӨЛЕГЕ [ҚАТЕРГЕ] ДУШАР БОЛДЫ [ТҮСТІ] Басына бір іс түсіп, хауіп төнді, жамандық іс кез болды. Ол адам... егер жалынбаса тергеулі сотты адам болып ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткен (Абай).

БАСЫ БӨЛЕДЕН БОСАДЫ Азаптан құтылды, қиыншылықтан шықты. ...Жаманға қылған жақсылық өзіңе үлкен залал болады. Бөледен басы босанып алған соң, сол жаман өзіңе тап берер (ШС).

БАСЫ БОС 1. Еркін, азат; ешкімге атастырылмаған, ешкіммен уәде байласпаған, үйленіп тұрмыс құрмаған. Әйтсе де басы бос қыз ғой деп, жігітке Дәметкенді ұсынды. Ендеше мына қызбен жүріңіз... (Б. М.). Есіңде бар ма жас күнің, Көкірегің толы, басың бос? Қайғысыз, ойсыз мас күнің, Кімді көрсең — бәрі дос (Абай). 2. Тұтылмаған, ешқайда жұмсалмаған, басы арғық. Ол үшін жинау басталысымен-ақ, күзде жолдың кебу уақытында тасып үлгіру жағын көздеп, бұған басы бос көліктің бәрін пайдалану керек (А. Е.).

БАСЫ [БАСЫМЕН] БҮТІН БЕРДІ [АЛДЫ...] Еш сұраусыз, қайтарусыз берді; қайтарып алмайтын боп берді. — Ой, тәйір, басы бүтін беріп тұрған жоқ, ұста мынаны — деп, бүркітті жігіт қолына қондырды да: — Бермеймін, бермейтінім Қаракерден айрылғымыз жоқ, — деді Бекпол Жәнібекке (М. Ә.). Баймағанбет: — Тонды басы бүтін ал, енді үйге кір! (Ш. Ж.). — Қорықпа басымен бер, — деп тағы айтпаймын деді Танагөз (Ғ. Мұс.).

БАСЫ ЕКЕУ ЕМЕС Қатерге басын тікпеу, жөнсіз іс істемеу, батыл жігер көрсетпеу мағынасында айтылады. Өзім суға малта білмеймін, тұңғыық терең көлге қалай түсем, басым екеу емес (АТ).

БАСЫ ЕСЕН Өзі сау, ауру-сырқаудан аман. Барлы-барлы, барлы тау Басы есеннің дені сау (ШС).

БАСЫ ЖАС Қарғайып отырған жоқ. (Жас жігіт пен қыздар туралы айтылады). Басыңыз жас, достарым, Есен болың, достарым (БЖ).

БАСЫ ЖЕРГЕ ТҮСТІ Қадірі кетті, беделі түсті, ар-ұяты аяқ асты болды. Басым жерге түскен-дүр, Көтерсең де болмас-ты (БЖ).

БАСЫ ЖЕТПЕС ОРЫНҒА АЯҒЫН САЛДЫ Өліне қарамай, шама-шарқын байқамады. Бұл сөздің ишаратын адам білер, Үлгісіз не деп айтсаң надан білер? Басы жетпес орынға аяқ салып, Жақсымен не себептен жаман күлер (Ы. А.).

БАСЫ ЖҰМЫР ПЕНДЕ Тірі жан. (Әйтеуір бір адам, жұрт қатарлы кісі деген ұғымда кекесіндеу айтылады). Қанша айтсаң пендесің ғой басы жұмыр. Жатырсың михнаттанып жоқ іске құр, Бұл ағаш өсіп алма алуыңа, Керек қой, ойласаңшы екі құмыр (С. К.).

БАСЫ КЕМІДІ Қорланды, қор болды, беделі түсті. Ішкілік салдарынан беделі түсті, басы кеміді (АТ).

БАСЫ КЕТТІ Мерт болды, өліп кетті. Сіз басыңыз кететін сөзді айтып отырғаныңызды сезесіз бе? — деді, Мұрат булығы сөйлеп (Ө. Ә.). Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса, үй кетер. Жатқа тізігін бермеңіз, Жаламенен бас кетер (Б. Қ.). Жатқа кеңес салғанның, Жазымға басы кетпес пе (ШС).

БАСЫ-КӨЗІНЕ ҚАРАМАДЫ Айырып жатпады; парқын айырғысы келмеді; есептеп жатпады. Ол олжа малдың басы-көзіне қарамай, бұйдасынан тізіп әкеп, Құдайменде мен Тәңірбергеннің желісіне байлай салатын (Ө. Н.).

БАСЫ ҚАДІРЛІ Көпшілік сыйлайтын, құрмет тұтатын (адам). Өзімдей-ақ ұл туар, Бір кісінің зайыбы, Халқына басы қадірлі, Кейбір жерде жігіттің, Көрінесе көзге зайыры (Б. Ә.).

БАСЫ ҚҰАРДЫ Бала көрмеді, соңынан ешкім ермеді, тұқымы өспеді. Қайте-сің, сорлы басы сорлап құарды ғой, жалғыз таянышын да құдай көп көрді (АТ).

БАСЫМЕН ЖАУАП БЕРДІ Қандай жаза болса да өз мойнымен көтерді. Үкіметтің босқа кеткен қаржысына басыңызбен жауап бересіз (І. Е.).

БАСЫ МҮЙІЗ, К...І КИІЗ Ауыз әдебиетте жалауыз келтірді кейіптеу тәсілі. Әлқисса, халқы жиналып айтты: «Е, тақсыр, түс деген түлкінің боғы болады қорықпаңыз, еш нәрсе етпейді» — деп жақсыға жорыды. Онда Тайшық хан айтты: «Жоқ, оларың болмайды, онан да ойласып, ақыл табындар!» — деді. Ешкім амал таба алмады. Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, сұйық тышқан, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына қатқан, өзін туғаннан құдай атқан, бір кез ширек

бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, к...і киіз бір мыстан кемпір келді (АБ).

БАСЫНА ӘЛЕК САЛДЫ, ӘЛЕК ЕТТІ *Әуре-сарсаңа түсірді, көресіні көрсетті (АС). Адалдық үшін алысып, Жегішке ақы төлетті. Бас шайқаймын дегеннің Басына салды әлекті (Абай).*

БАСЫНА ӘҢГІР ТАЯҚ ОЙНАТТЫ *Әмірін жүргізді, үстемдік жасады; әлекшәлегін шығарды; құдалады, жүндей тұтті. Мирон: «Қойымды ұрладың»,— деп басыма әңгір таяқ ойнатып жер ортасы «Көктөбеге» құйып салды,— дейді Сәмет (С. О.). Төркініне бердің деп Қалимашқа әңгір таяқ ойнатқан едің, мынау әулие көршің басына жастанып жатыр екен ғой,— деді (С. Ад.).*

БАСЫНА БҰЛТ АЙНАЛДЫ [ТӨНДІ, ТҮНЕРДІ] ○ БАСЫНА ХАУІП-ҚАТЕР ТУДЫ [ТӨНДІ] ○ БАСЫНА БӘЛЕ ЖАУДЫ ○ БАСЫНА ҒАРИПШІЛІК [ТАРЛЫҚ ІС] ТҮСТІ [КҮН ТУДЫ] ○ БАСЫНА ЗОБАЛАҢ [КҮН, ҚИЯМЕТ КҮН] ТУДЫ ○ БАСЫНА ЕКІТАЛАЙ КҮН ТУДЫ *Мұқтаждыққа ұшырады, ауыр халге тап болды, қиын-қыстау күн туды; жүсәпір болды. Бөкейден қамшы бастым тарлан атқа, Басыма хауіп-қатер төнген шақта. Алыстан ат терлетіп, іздеп келіп, Жолықтым тауып алып, Самыратқа (С. Бат.). Басына қиындық іс түссе, қажеті болар деп, жүнінен жұлып қолына ұстатты (ҚЕ). Жақсыменен дос болсаң, Басыңа қиын іс түссе, Алдыңнан шығар еңбектеп, Жаныңа не керек деп? (М. Ө.). Біздің басымызға қиямет күн туды, біз осы зынданда жеті жыл жатамыз (ҚЕ). Басыма бәле жауып тұр осы күн, Құдіреттің көкпен түскен таяғындай (Ш. Ж.). Күнде мінген күрендей арықтайды, Басына ғарипшілік сонда түсті (ҚКВС). Ата ұлының баласы, Асыл ерге малың бер. Малың бер де басың қос. Басыңа тарлық түскенде, Ардақтаған әділ жанын аяр ма (М. Ө.). Өз басына зобалаң туғанда... астанадан Орынборға ағылып жатты (Ә. Н.). Өгіз өз басына күн туған соң шолақ құйрықты пұштаңдатып, арбаны салдырлата атқылап жөнелді (І. Ж.). Қанаттанды қасиетті ойды ұға, Жөн деген не, жан қысылса арлығы. Екіталай күн туғанда басыңа, Жаным деме, жан арыңнан садаға! (М. Х.). Жақсының басына іс түссе жасымайды, бойлай береді. Жаманның басына іс түссе, күндіз-түні ойлай береді (ШС).*

БАСЫНА ЖЕТТІ Құртты, түбіне жетті. Тасыма, жігіт, тасыма! Тасыған жетер басыңа (ШС).

БАСЫН АЙНАЛДЫРДЫ *Алдап-арбады; илкітіруге әрекет етті; дегеніне көндіруге айласын салды. Қызды өзіне қарату үшін, шал қызды дұғалап басын айналдыра бастапты (ҚЕ).*

БАСЫНА КЕЛДІ 1. Жеке кісіге оралды, жеке-дара душар етті. Басыма келді бұл шаттық, Бостандық көрдік, қуандық, Көшегі өткен күндерді Ойлап көңілім жасыма (Ш. И.). **2. Біреуге дегені өзіне келді.** Басыңа келгірдің басына келіпті ақыры, құдайын ұмытып кетіп еді өзі (АТ).

БАСЫНА КӨТЕРДІ [КӨШІРДІ] *Айналаны жаңғырықтығырып айқай салды; даурықты, азан-қазан болып шулады. Бір үшеу көшені басына көтеріп келеді (Ғ. Мұс.). Жұпар көшені басына көтере саңқылдай сөйлеп келеді (М. И.). Аузы көпіріп, Үйді басына көшіріп, Үкінің көзін, Қораздың желбезегін тіліне тиек етті (О. Сей.).*

БАСЫНА ҚАЙҒЫ САЛДЫ [УАЙЫМ ТҮСТІ] *Зор азап, ауыртпалыққа килікті. Құлмес хан Елін алғаның, Елін қырып, жан көке, Басына қайғы салғаның. Бишара болған Мұңлықты, Сонда да есіңе алмадың (МЗ). Қайғы түсті басыма, Ақыл таппай болдым зар (БЖ).*

БАСЫНА ҚАРА ЖАМЫЛДЫ [САЛДЫ] *Аза тұтып, үстіне қара киді. Қалқамды алып, құдайым. Басыма салдың қараны. Өзі түгіл көрмедім, Ізі жоқ басқан табаны (Абай).*

БАСЫНА ҚҰДАЙ САЛДЫ *Бір іске душар болды, көнбеуге шара қалмады, амалсыз күн болды. Басыма құдай салған соң Тоқтата алмадым Шын ғашықтық қапасын (ҚЖ).*

БАСЫН АЛА [АЛЫП] ҚАШТЫ *Безіп кетті, безек қағып айтқанға көнбеді; мойындамады. Қаратаз да алғашқыда болыс сайлауына түсуге жүрексініп, басын ала қашты. Сұпы ағасының айтқанына құлақ аспай қойды... (Ә. Н.). ...Ал қарағым, құртты ала ғой,— деді кемпір.— Қой, о не дегеніңіз, жоқ айта көрменіз,— деп Бөрібай басын ала қашып еді, кемпір қоймағасын екі қалтасын құртқа сықап алды (Т. А.).*

БАСЫНА МҮЙІЗ ШЫҚПАЙДЫ *Ешкімнен асып кетпейді. Сендер өздерің барып, сүйінші алғанда, бастарыңа мүйіз шықпайды (ҚЕ). Менің жақынымды нағашы сыйлығына қарық етпекші едің. Онсыз жалғыз өзің барыпсың, басыңа мүйіз шыққан шығар, ө! (АТ).*

БАСЫНАН АСЫРДЫ *Біреудің сөзін елемеді, естімеген кейіп білдірді. Е, немене бұл, бар молда-қожан жиылып мені Мекеге жібергелі жатырсыңдар ма? — деді Абай. Көкбай Абайдың бұл сөзін де басынан асырып естімеген тәрізденіп былай қойды (М. Ө.).*

БАСЫНАН СӨЗ АСЫРМАЙДЫ *Ешкімді басындырмайды, ешкімге өз есесін жібермейді. Ол [Дәмежан] кейбір кездерде аса намыскер, басынан сөз асыра алмайды. Қаладағы көрші-қолаңға да сол мінезі өбден мәлім (М. Ө.). Күрекең басынан сөз асырмайды. Шын сырын айтты өзінің ба-*

сындағы — Сенемін жиналысқа, бармасам да, — Партия ойын елден жасырмайды (Ж. М.). Жасым бар жиырмада жасырмаймын, *Басыннан дұшпан сөзін асырмаймын*. Елімнің еркелеткен серісімін, Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын (Б. Қож.).

БАСЫНАН ЖҮГЕНІН СЫШЫРДЫ *Еркіне қоя берді. НЭП — байдың басынан жүгенін сыпырып жіберу деген сөз емес, — деді Жұмабек (Ғ. Мұс.).*

БАСЫНАН КЕШТІ [ӨТКІЗДІ] *Өз өмірінде болып өтті. Осы ой үстінде Есей өз басынан кешкен жастық шағын еске алды (Ә. Н.).*

БАСЫНАН КҮН, АЯҒЫНАН АЙ ТУДЫ **○** **ОҢЫНАН АЙ, СОЛЫНАН КҮН ТУДЫ** *Болып-толды; шам-шырағы жанды. Қазанғап бір күні ұйықтап жатып түс көрді. Түсінде басынан күн, аяғынан ай туып, қасында екі қозы қошқар соғысып жатыр екен (ҚЕ).*

БАСЫНАН ҚҰС ҰШЫРМАДЫ *Жаманшылық көрсетпеді, бетіне ешкім келтірмеді. Арыстан туған ағалар, Құс ұшырдың басыннан, Қайғы түсті көңіліме, Бір түс көріп тосыннан (БатЖ).*

БАСЫНАН ҚҰСЫ КЕТТІ *Бағы тайды, сәтсіздікке ұшырады. Мін тақпас ем шебердің ісіне түк, Қалса дағы басынан құсы кетіп, Артық емес ақ басты Алатауды Қашаса да Мұхтардың мүсіні етіп (Р. Нияз.).*

БАСЫНА НОҚТА КИДІ *Еркіндіктен айрылды, бала-шаға, үй ішін бағып, шаруа күйттеп кетті. — Шырағым-ау, қатын алу, бала сүю құдай бұйрығы емес пе? Қалай туласаң да, соңыра сен де бір ноқтаны басыңа киерсің (Ә. Н.).*

БАСЫНАН СЫРЫҚ [ТАЯҚ, ТОҚПАҚ, ҚҰРЫҚ] КЕТПЕДІ **○** **БАСЫНАН СЫРЫҚ, ЖЕЛКЕМНЕН ТОҚПАҚ КЕТПЕДІ** *Қысым көрді, таяқ жеді, аяқ асты болды. Мұндай іс білемісің жаман атақ, Бармасаң да береді байлап-матап. Малдан құрық, басынан сырық кетпей, Бермесе дау көбейер болып шатақ (С. Т.).*

БАСЫНА [ТӨБЕСІНЕ] ОЙНАДЫ [ШЫҚТЫ] *Басынды, менсінбеді. Уа қайдасың, Қарсақ-Борсақ, Олжай-Қарсақ, шыға қой олай болса!... Асқан екен бұл Борсақ! Тамам елдің төбесіне шығып, қатынына шейін басыма ойнатайын ба? (М. Ә.). Содан кейін: «Енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ, кім басымызға ойнайды», — деген болып табысқанды (М. Ә.). Жалынсаң жау басынар, Басынар да басыңа шығар (Мақал).*

БАСЫН АРАШАЛАДЫ *Өз басын қорғады, жанына сауға тіледі. Кісі есігін ашып көрмеген жас әйел баланы жиылысқа не бетімізбен әкелмекпіз? — деп*

өзінің күнәсіз екендігін айтып, *басын арашалады (Б. М.).*

БАСЫНА ТАС [АҚ ТАС, ҚҰЛПЫ ТАС, КӨК ТАС] ҚОЙДЫ *к ө н е. Моласының басына ескерткіш орнатты. Ойқай, сонда күн қаран. Басына ақ тас қойылса, Сөзбен түрлі безенген. Үстіне топырақ үйілсе, Шөккен нарға мегзеген (Ш. Б.). Інімді ағамның тілін алып көмбей кетіп едім, соны енді іздеп, сүйегін көміп келейін деп, басына қоятын құлпы тас жазап жатырмын (ҚЕ).*

БАСЫНА [БАСЫНА ТАС] ТИДІ *Беті қайтты, соққы жеді. Басыңа тас тиген жоқ, Көзің перде киген жоқ. Қанша күйіп, жансаң да, Сүйгенің бой иген жоқ (С. Т.). Басыңа тиді байқадың, Бөрінен басты шайқадың. Тағы бар ма айтарың? Нанғыш болсаң, енді нан (Абай).*

БАСЫНА ҮЙ [ОТАУ ҮЙ] ТІКТІ *Үйлендіріп жеке үй етті. Баймағамбет Шерниязға қыз алып беріп, басына үй тігіп, алдына мал салады (Ш. Ж.).*

БАСЫН АШТЫ [АРШЫДЫ] **1.** *Күрделі бір мәселенің, талас істің бетін ашты. — Осы бастан бір мәселенің басын ашып алайық — деп бастады әңгімені ол («Адам және химия»).* **2.** *Өзін бір істен, бәледен құтқарды.*

БАСЫНА ШЫРМАУ САЛДЫ *Әуреге түсірді, бәлеге душар қылды; басын матап, қиыншылыққа тап қылды. Әй, алла, біз сорлыға мал бермедің, Болмаса бағып-қағар ұл бермедің. Жалғыз қыз ортамызда ермек қылған, Басына салып шырмау әуреледің (ҚЕ).*

БАСЫН БАҚТЫ *Өзін-өзі қорғады. Жиылып қарға-құзғын шулағанмен, Артылып қалыбынан мез болмайды. Жамандар жауда жәрдем бермек түгіл, Тар жерде басын бақса аз болмайды (ШЖ).*

БАСЫН БЕРДІ **1.** *Неден болса да тайынбады. Ондай адам бас берер намысына, Намыс бермес бес күндік дабысына (А. Т.). Елжіреп еріп кетті адам іші (Ұйқыда секілденіп жатқан түсі). Халық үшін қиындыққа басын берген, Дүниеге бір-ақ келер мұндай кісі (АЖ)* **2.** *Өтеуін, төлеуін берді. Айтбайға жоғалған малының басын берді (АТ).*

БАСЫН БҰРДЫ *Тартынды (АС). «Ала бер» ден, «келе бер» ден, Бір күн басын бұрды ма? (Абай).*

БАСЫНДА ДӘУРЕНІ ТҰРДЫ *Қалағаны болып, үкімі жүріп тұрды; базары болды. Баста дәурен тұрғанда, Біздердағы, байеке, Оза көшіп, кең жайлап, Еркімен еркін жатқан ел едік (М. Ә.).*

БАСЫНДА ЕРКІ ЖОҚ *Жеке кісінің бостандығы болмау туралы айтылып тұр. Қасында жоқ серігі, Жау қолында бір тұтқын, Басында жоқ ерігі, Торда торғай болыпты (І. Ж.).*

БАСЫНДА МІНІ БАР [КӨП БОЛДЫ] *Өзі айыпты, жазықты деген мағынада.* Әкең де болса бір жолдас, Жарасқан әзіл теңменен. Болымсыз туған боз бала. *Басында батпан міні боп,* Кісі айыбын тергенен (М. Сұл.).

БАСЫН ЖАЛМАДЫ [ЖОЙДЫ, ЖҰТТЫ] *Құртты, жоқ қылды, түбіне жетті.* Сөзіңе құлақ салмаймын. Қолымдағы көк алмас Төреханға арнаймын. Ол жалғыз да біз екеу, Қу бастың басын жалмаймын (БатЖ). Мүштектің ішінде обаның микробы болады. Әлігі мүштек біреуден біреуге ауысып, талайдың басын жалмайды (Е. О.). Екеуі де қанжарға қолды қойды, Аямасқа бекітіп алды ойды. Біза менен суарған улы қанжар, Не қылса біреуінің басын жойды (А. А. Қ.). Әділетсіз бір жастың басын жұтсын. Қайнап тұрған қанымды ішкенменен, Қаңсыған қатқан ішін не жылытсын (Абай).

БАСЫН ЖАРЫП, КӨЗІН ШЫҒАРДЫ *Бір нәрсенің әлек-шәлегін шығарды, ойран-асыр етті.* Орысша сөйлеймін деп, орыс тілінің басын жарып, көзін шығарды. Ақсақал-ау, мына завучың бас жарып, көз шығарып барады (М. И.).

БАСЫН ЖИДЫ *Біріктірді; құрап жұрт етті.* Мұқым қазақ баласы Тегіс ақыл сұрапты. Тобықтыны ел қылып, Басын жиып құрапты (Абай).

БАСЫН КЕССЕ ДЕ, ШЫНДЫҚПЕН КЕТТІ [ӨЛДІ] *Турашыл әділдік туралы айтылады.* Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен, Кете бер кессе басың шындықпенен. Қорек тап бейнеттен де төңірім жөргем, Телмірме бір адамға мұндықпенен (Ы. А.).

БАСЫН КӨТЕРЕ АЛМАДЫ *Орнынан тұра алмады.* Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым (ҚЕ).

БАСЫН К...ІНЕ ҚАЙЫРДЫ *Екі бүктеді, илеп жіберді.*

БАСЫН КҮН ШАЛДЫ *Бұл жерде ақын басың аманда, басыңа бақыт қонғанда, бақыттың жүріп тұрғанда деген мағынада қолданып отыр.* Жамаң дос көлеңке: Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың, Басыңды бұлт алса, Іздеп таба алмайсың (Абай).

БАСЫН [ҚАРА БАСЫН, БАС ҚАМЫН] ҚАЙТТАДЫ [КҮЙТЕДІ] *Басын алып қашты, бас аманын істеді.* Кәлен болса басын қайттап қашып жүр (Ә. Н.). Осы кезге дейін ел-жұрттан безіп, қара басын қайттап кеткеніне өкінді (Ә. Н.). Қазіргідей аласапыранда ата баладан безіп, әркім өз басын қайттап кететін (Ә. Н.).

БАСЫН ҚАЙЫРДЫ 1. *Біраз нәрсені айттып я істеп тастады.* Сол көреген қария қырғыздар жайлы әр алуан-ақ әңгіменің басын қайырады. Сонау бір кездерде көреген той-думандарын айтқанда жігіттер

қатты қызығатын (ЛЖ). 2. *Иіні келді.*— Үндеме, бірдеңенің басы қайырылатын түрі бар,— деді Қасен (М. Ә.).

БАСЫН ҚАҚТЫ *Көзін жойды, өлтірді.* Жаудың басын қақты (АТ).

БАСЫН ҚОЯРҒА ЖЕР ТАППАДЫ *Әбден қиналды, пана болар жай таппады, не істерін білмеді, әуреге түсті.* Адам көп. Адамнан шыбын көп. Шыбын семіз, адам арық. Кіші-гірім бармақтай қара шыбындар ызыңдап келіп тобымен жабылғанда, басыңды қоярға жер таппайсың (Ғ. Мұс.).

БАСЫН ҚУДАЙ КЕСТІ *Мойнын жұлып алды, өлтірді.* Ай-ай тазша-ай, тазша! Атаңа нәлет, қу тазша! Басыңды құдай кесермін, Қаныңды судай шашармын (ҚЕ).

БАСЫН ҚҰРБАН ҚЫЛДЫ *Өзін-өзі біреу үшін өлімге қиды.* Қайтейін әже, қолымнан келетін нәрсе болса, басымды құрбан қылсам да сендерді құтқарар едім, бірақ қайтейін (Б. М.).

БАСЫН ҚҰШТЫ 1. *Құшақтап аймалады, төсіне басты.* Білмеді не болғанын айрылды естен, Аймалап Құлагердің басын құшты (І. Ж.). 2. *Кебі келді.* Ол жаман қылықтың, біреудің көрген азабының басын құшты (АТ).

БАСЫН ҚЫЛТИТТЫ *Төбесін ғана көрсетті; басының бір шетін ғана шығарды.*— Әжем ішін деп жатыр,— деді Бектай есіктен басын қылтитып (М. И.).

БАСЫН ТАУҒА ДА, ТАСҚА ДА СОҚТЫ [ҰРДЫ] *Ойға да, қырға да жүгірді, әлекке түсті, әуре-сарсаң болды.* Басымды тауға да, тасқа да соғып, дағдарып жүргенімде мейірімді (оған) кездестім,— дейді Айшуақов Сәлкен (С. О.). Бізді әдейі сорласын, басын тауға, тасқа ұрсын, содан барып қырғын талсын деген қылып па? (М. Ә.).

БАСЫН ТӨМЕН САЛДЫ *Бетіне қарай алмады, жерге қарап қалды; мойындады.* Кетерімді білген соң, Осы отырған, жар-жар-ай, Әлеуметтер бастарын, Төмен салды, жар-жар-ай (М. С.). Біраз уақытқа басын төмен салып сөніп, сынып қалды (М. Ә.).

БАСЫН ШАЙҚАДЫ 1. *Қайран қалды, таңғалды.* Мына қатын Жұмабаймен бір күн де отырмайды, мұнда бір сыр болу керек,— деп аққамінерлер сенімсіздік көрсетіп, бастарын шайқайды (Б. М.). 2. *«Жоқ» деді, құптамады, бас тартты.* Басыңа тиді байқадың, Бөрінен басты шайқадың, Тағы бар ма, айтарың? Нанғыш болсаң енді нан! (Абай). Біз де әркімді байқаймыз. Сіздей асыл кез болса, Қайтіп басты шайқаймыз (Абай).

БАСЫН ШАЛДЫ 1. *Тиіп-қашып біраз нәрседен хабар берді.* Сақыптың кенеулі ойы жоқ. Ылғи нұқып-нұқып, әр жайдың атын айқайлап атап, басын шалып

өтеді (М. Ә.). 2. *Мал сойды*. Кіші айтта бір малдың басын шалдық (АТ).

БАСЫН ШАТТЫ 1. *Кесірін тигізді, бәлеге душар қылды, кіріптар етті*. Байзақтай батырдың Қоқандай ләшкер құсбегі. Терекке байлап атылған, Бәлеге басы шатылған (Жамбыл). Алыс та болса жақын бар, Жақсы болса нәсілді. Жаманға ісің түскенде, Шатып кетер басыңды (М. С.). 2. *Аузына келгенін айта берді, бірді айтп деп көп нәрсені араластырып соқты*.

БАСЫН ИЗЕДІ [ШҰЛҒЫДЫ] *Мақұлдады, құптады*.

БАСЫН ШЫРҒАЙ [ШЫРЫҚ] ҚЫЛДЫ д и а л. *Басын қатырды, миын ашытты. Сен басты шырғай қылмай қысқақысқа айтшы (Тау., Қош.)*. Ол көп сөйлеп басты шырқ қылады екен (Бұл да).

БАСЫҢА КӨРІНГІР! ӨЗ БАСЫҢМЕН КЕТКІР! қ а р ғ ы с. *Бар бәле өзіңмен болсын!* Қысқарт енді басыңа көрінгір, не көрінді, басыңмен кеткір! (М. Ә.).

БАСЫҢ ҚАЛҒЫР қ а р ғ ы с. *Әнде басың қалғыр, сен сүмелекке де ән керек пе? Көзіңді ағызайын!* деп, ұзын шыбық қамшысын [Майбасар] иіре көтеріп келеді (М. Ә.). Әпкелді тағы өңшең қаңқайған ағаштарын! деп сырт айнала бере: ағашта басың қалғыр өңшеңдейтін Әселдің енесі (М. Ә.). Ойында басың қалғыр, ертеңнен қара кешке дейін ойнасаң да, ойының басылмайды. Ой, ойының осылғыр! (АТ).

БАСЫП КІРДІ *Рұқсатсыз, сұраусыз баса-көктеп енді*. Осындай хан атамның хандығы бар, Есіктің сол себепті тарлығы бар. Тінтушідей ордаға басып кіріп, Ажалыңа асыққан байғұс мұндар (С. А.).

БАСЫП ОЗДЫ *Қуып жетіп, озып кетті*. Адымы алыс атпенен жарысқанда, Басып озар байтады ыржаңдатып (Жамбыл). Кірісіп іске батыл еркін еңбек, Талай шөл ұлан байтақ кетті көл боп. Қанағыш дүниені басып озып, «Ең мықты» дегеніне тұрсын тең боп (С. М.).

БАСЫП САЛДЫ [ҚАЛДЫ] *Атып тастады*. Тұқымыңды құртып мынамен басып салсам ғой, серейесің де қаласың (М. Ә.). Апырым-ай, ә! Басып салса, табаныңнан жатқызар еді-ау! (М. Ә.). Басып салып офицерді Ажар біраз тұрды ойланyp, Неге рақым еттім сұмға, Адам ғой деп назар салып (С. Б.).

БАСЫР, БАСЫР, БАСЫР-АЙ [БАСЫР-ДЫ] *Жырда ұйқас үшін алынатын тіркес, дәстүрлі бастау*. Басыр, басыр басыр-ай, Аққа құлпы жасыл-ай, Басыңды көтер, ей Жібек, Төлеген келді қасыңа-ай (ҚЖ).

БАСЫ САЛБЫРАДЫ *Еңсесі түсті, жүні жығылды, сұлқ түсті*. Басы салбырап, үйіне қайтты (Ә. С.).

БАСЫ ҚАҢҒЫРДЫ [САНДАЛДЫ] *Не істерін білмей дал болды; басы қатты*. Ойнасшы қатын болса қар, Андыған ерде қала ма ар? Көмексіз көзің, бір жалғыз өзің, Баға алмай басың сандалар (Абай).

БАСЫ [ҚАРА БАСЫ] *САУ Аманесен, тыныштықта*. Момындардың басы сау, Жаманды байқай қарасаң, Күндердің күні болғанда, Өз басына өзі жау (Абай).

БАСЫ ТАУДАЙ, АЯҒЫ ҚЫЛДАЙ *Басы әжептәуір болып, аяғы сұйылып кетті деген мағынада*. (Төмендегі тексте қорқыта-үркіте келгенмен, соңы мардымсыз болды деген ұғымда айтылып тұр). Баба Мата сөзінің басы таудай болып келсе де, аяғы сиыр құйымшақтап келіп, қылдай болып кетті (М. Ә.).

БАСЫ ТЕҢ *Артық-кемі жоқ, бір-біріне сай*. Ердің атын шығарар, Алған жары ақылды, Өзімен басы тең болса. Жігіттің басын кемітер, Әйелі шайпы өр болса (М. Ә.).

БАСЫ ТҮЙІСТІ *Бір жерге жиналды, кездесті, жолықты*. Маңайына жиылған, ат үсті кездескен, ас айналасында басы түйіскен тобықтының ақ сақал, қара сақалдарының бәріне Оразбай төрені, тіпті көрмей жатып, әдейі көпірте мақтап қояды (М. Ә.).

БАСЫ ШАТАСТЫ *Қателесті, алжасты, бір іске кіріптар болды*. Байқустың малы жоғалып, басы шатасып жүр ғой (АТ).

БАТА АЛДЫ *Алғысқа бөленді, жақсы сөз естіді; ырзалығын алды*. Әлгі құз «Жұмбақ тас» деп аталыпты, Солайша қалмақ қыздан бата алыпты. Суретті «Жұмбақ тастың» шежіресін, Үлкеннен кейінгілер жат алыпты (С. С.). Бәйгесіне ат алған, Алғыс алған, бата алған. Балудандығы асқан соң, «Нарқыз» болып атанған (Н. Б.).

БАТА АЛМАДЫ *Тайсалды, батылы бармады, жүрексінді, жүрегі дауаламады, қорықты*. Ақанға ешкім қой деп айта алмады, Ер көңілін еңіреген қайтармады. Жазықты сияқтанып жанның бәрі, Жанына жақындауға бата алмады (І. Ж.). Көп уақытқа дейін Әміре онымен ойнауға да бата алмай жүрді (Қ. Ж.).

БАТА БЕРДІ д і н и. *Жақсы тілек білдірді, жақсы ниет айтты*. Үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды (Ы. А.). Албан, Дулат жиылып бата берсе, Кеңес айттып жырлайын етіп баян (Жамбыл).

БАТА БҰЗДЫ д і н и. «Құдай» алдындағы уәде-антты ұмытты, орындамады. Жерге кіргірі, Бетің күйгірі! Бата бұзып, Ноқтаны үзіп, Елден, ерден кетіп көр (М. Ә.).

БАТАҒА КІРМЕДІ *Пәтуаластыққа кірмей, бағадан, келісімнен сырт қалды*. Жоқ, мұғалім, біздің сізге ренішіміз жоқ. Жолыңыз болсын, бір батаға кірмеді деп айтпаймыз (М. Ә.). Мені жарақаттамауы-

ңызды сұрар едім. Мен сіздермен бұлай ажырасамын деген жоқ едім. *Батаға да кірмедім* (М. Ә.).

БАТА ҚЫЛДЫ [ОҚЫДЫ] діни. *Өлген кісінің үйіне барып, дұға етіп, артында қалғандарына көңіл айтты; ас қайырды.* Қолымда туған адам еді, Мұқан марқұмға бата ғып қайтайын деп талпындым (С. М.). Қайтарда бата оқуға түстім арнап, Құр жаны, екі сорлы отыр зарлап, Бала үшін бейшаралар жылағанда, Жаңбырдай көздің жасы ағар парлап (XX ғ. басынд. қаз. ақындары). Жақынның батасын алыңдар деп бағанағы қара жігіт жұртты үйге шақырды. Ауыл азаматтары бата оқысын деп тағы сұрады (ЛЖ).

БАТА ОҚЫР *Өлген кісіге дұға оқып, кейінгі қалғандарына көңіл айту салты.* Ертең Бөжейдің бата оқыры. Қонақ асысы аз болмайды. Қара тіккен үй өткен кеткеннің бөрі шақырып тұрмақ (М. Ә.). Қыз айтты: «Жарылқайтын күні қайда? Жақсылық көрем деген түк жоқ ойда, Құдайдың-ақ ажалы қазір жетіп, Бата оқыр болар ма еді осы тойда» (С. Т.).

БАТАР КҮНМЕН БАТТЫ *Дүниеден көшті, өлді.* Құдіреті күшті, құдай-ай, Батар күнмен батайын, Өзінен бұрын атайын (ҚЖ).

БАТА СҰРАДЫ [ТІЛЕДІ] діни. *Жақсы ниет, оң сапар, адал тілек білдіруін (айтуын) сұрады деген мағынада айтылады.* (Бұл фраза ас ішіп қолғаннан соң да айтылады). Баса жүріп қонысын, Барса ертіп алайық. Ермесе бата сұрайық, Жақсыдан тиер шарапат (ҚБ). Құрылтайға қойын сойып, Шал алдына басын қойып, Бата тілеп жүгіністі (Б. М.). Үйінен дәл он бес жыл кеткеніне, Өкінбес аз өмірдің өткеніне, Ұстаздан ең бірінші бата тілеп, Байырғы қайта оралды мекеніне (Н. А.).

БАТАСЫ ҚАБЫЛ БОЛДЫ көне. *Үлкендердің тілегені болды, жақсы тілегі жүзеге асты.* Дегенде қолын жайды, «Иллаһи» деп атасы, Ықыласымен берген соң, *Қабыл болды батасы* (Б. Ә.).

БАТПАНДАЙ АУЫР *Осы жерде уайым-қайғы басу мәнінде айтылып тұр.* Есіркеген атқа қонысымен-ақ, тағы сазара ойға шомды. Жанындағы серіктерінде де үн жоқ. Қалай үндесін, бағанағы ауылдағы көрген көріністері екі иіндерінен сегіз батпан ауыр жүктей жерге жанша түсіп, бастарын көтертер емес (І. Е.).

БАТПАН ҚҰЙРЫҚ, ЖОЛ ҮСТІНДЕ НЕҒЫЛЫП ЖАТҚАН ҚҰЙРЫҚ *Не қылған тегін жатқан, кездесе кеткен дүние деген мағынада айтылады.*— Қой,— «батпан құйрық», жол үстінде неғылып жатқан құйрық»— дегендей, бұл не қылған майқалаш? Артын күтейік,— десті олар (ҚӘ).

БАТТИТЫП АЙТЫ *Айдан анық, нақпа-нақ, жанына батыра. бетіне сөйледі.*

Қазір мынау жас төренің Құнанбайды «Құнанбай» деп *баттитып айтқаны*, кектесін қақ басқа бір салғандай, Оразбайға жағып отыр (М. Ә.).

БАТЫҚ ТИСІН БАСЫҢА! қарғыс. *Шоқпар тисін басыңа.* («Батық» — ағаш сапты шойын шоқпар).

БАТЫЛЫ БАРМАДЫ [ЖЕТПЕДІ] *Бата алмады, жүрексінді, тайсалды, қорықты.* Терезеден шығып кет, әжең білмейді,— деді Сапар Бектайға. Бектай *батылы бармай*, біраз күйбежектеп тұрып еді, Сапар мен Сейтен жеме-жемге алып болмады (М. И.). Бүкіл жұрт жиналды. Сексен кез жоғары тұрған жамбыны атып түсіруге ешкімнің *батылы бармады* (ҚБ).

БАТЫР АҢҚАУ [АҢҒАЛ] *Батырлар аңғырт, қамсыз келеді деген мағынада айтылады.* Батыр аңқау, ер көдек (Мақал).

БАТЫР БАСТАС БОЛАДЫ *Тілегі, мүддесі бір деген мағынада айтылады.* Батыр бастас болғанда, Байлар да болар қоныстас (Д. В.).

БАТЫР БОЛСАҢ, БОПСАҒА ШЫДА! *Ер болсаң, сырттай жасалған сеске шыда, қандай қиындық (бәле-жала) болса да төзіп бақ.* «Батыр болсаң, бопсаға шыда» дегендей... Ерліктің, ептің үлкені болсаға шыдау екеніне көзіміз жетті (М. Ә.).

БАТЫРДАН САУҒА, МЕРГЕННЕН СЫРАЛҒЫ *Батырдан араша, мергеннен олжа сұрау мағынасында.* (Кей жерде «сыралғы» бертін келе аңшылардан алынатын салыққа айналған). Қамқа тонын бас қылып үстіне жауып, Таймас толық тоғыз сый береді. Отырғандар шулап қоя береді: «*Батырдан сауға, мергеннен сыралғы*, бізге алған олжаңнан байла» деп (ШС).

БАТЫРДЫ БӘРЕКЕЛДІ ӨЛТІРЕДІ *Мақтаншақтық адамның түбіне жетеді деген мағынада айтылады.* Кедейді көгерме, батырды бәрекелді өлтіреді (Мақал).

БАТЫР ҚАНДАС *Намысы бір, қанды көйлек жолдас.* Келіпсің Шормановты тұстасым деп, Бұл Шорман не қылмады нашарды жеп. «Бай бастас, батыр қандас, би құлақтас», Шорманға ақылыңды сен беріп кет (Ж. М. В.).

БАУДАЙ ТҮСТІ *Оққа ұшты, бірі қалмай қырылды; бірінің үстіне бірі жапырыла жығылды; шетінен сұлады.* Ерлердің бірқатары *түсті баудай*. Түнекте араласты салып айғай. Ойнақы ат бүйірінен найза тиіп, Шапшиды, шыңғырады зар қаққандай (І. Ж.). Темір жол топырағынан 150 метрдей жүгері алаңына құрылған қос пулемет жау солдаттын *баудай түсіріп*, турап бір берді (Ә. С.). Оба, пешек, дифтерия, сүзек, туберкулез сияқты жұқпалы аурулар адамдарды *баудай түсіріп*, опат қылып жатты (А. Бис.). Құмды кезген солдаттың, Барлығын *баудай түсірді*.

Қарасын құртып батыра, Жеңілген сонша солдаттан Алтауы қашты алыстан (Н. Б.).

БАУ КЕСПЕ [ҰРЫ] *Барып тұрған, нағыз ұры.* Біреудің ақы-адал малын алған бау кеспе, жөлеп Серікбай дейтін ұры бар. Сол саған арқа сүйейді, яғни оны ұры етіп, осы қылмысты істетіп отырған сенсің,— деді (М. Ә.).

БАУРАП АЛДЫ *Өзінің еркіне, ыркына көндірді; елітіре тартты.* Тас бауыр ғой ежелден өлім шіркін, Аяп көрген күні жоқ дүние көркін. Бұл жолы да қырсығып болмады ажал, *Баурап алды* жас қызды емін-еркін (Қ. Сат.). Әлде *баурап алды* ма ән Тіршілікті сол маңда? Қарға бөгіп, қалғыған Елеңдейді таулар да (С. Ақт.).

БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН 1. *Жас балаға құтты болсын, өмірлі болсын деген сияқты тілек.* Ау, Мәке, туманың бауы берік болсын (М. Жан.). 2. *Мызғымайтын берік, табанды болсын.* Күнту да Оразбайдың жаңағы айтқан сөзін қатты қостайды. Құнанбайларды ура беріп, бұқтыра берсе, әсіресе жеңе берсе, бұның болыстығының *бауы берік боп* тұра беретіні айқын (М. Ә.).

БАУЫЗДАУ ҚҰДА *Қыз айттыруға ең алғашқы құда болып барған адам.* (Тұңғыш құда түсуге барған адамға арнай сойылған малдан келіп шыққан ескі дәстүр). Мұстапаға *бауыздау құдасынан* осы құдасы жақынырақ, жылырақ болған соң, меселімді қайтармас деп сұрап еді. Бақай шығысымен, адуын әйелі Қадиша секті-ай келіп (Ғ. Мұс.). Иә, аруақты Нарбас әулеті, соның ішінде *бауыздау құда* Бұрқан, Дарқан мырзалардың ауылдары өлкенің аяқ жағына алдыңғы күні көшіп кеп қонышты (Ә. К.).

БАУЫР БАСТЫ Жақын тарту, жүрегі елжіреу мағынасында айтылады. (Көбіне жас балаға, жас төлге айтылады). Аулым көшіп барады таудан асып, Таудан биік бұлттармен араласып, Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам, Әлдекімге кетесің *бауыр басып* (ХӨ). Әйелімнің ата-анасы бұған туған ата-анадан бір де кем болмай, *бауыр басып кетті* (Ә. Н.). Болат Гүлжаһанға әбден *бауыр басып*, туысып алған, кетер-кеткенше одан айрылғысы келмейді (ЖТ).

БАУЫРҒА ЕЛ ТАРТТЫРМАДЫ *Маңына топ жинағады* (АС). Алдайды деп жауыңа, *Ел тарттырмай бауырыңа*, Көрігенді азғырар (Абай).

БАУЫРҒА [БАУЫРЫНА] ТАРТТЫ *Ішіне тартты, жақын тартты.* Түсіндім бәрін кеш қалып, Күшейте бердім күдікті. *Бауырға тартып*, басқарып, Жүрмедім мына жігітті (Ғ. Қ.). *Бауырына тартқан*, Сырыңды айтқан, Сырласың сырт айнарлар (Абай).

БАУЫР ЕТІ *Өте жақын, қымбаттысы.* Бала адамның *бауыр еті* емес пе? Басына жүн тиіп, табанына шөгір кірген құлын-

шағына қол тигізу ата-анаға да оңай болмаса керек (М. Е.).

БАУЫР [БАУЫРЫН] ЖАЗДЫ **○** **БАУЫРЫ ЖАЗЫЛДЫ** *Көсіле шалты* (ат туралы). Сөйтті де ол: «Осы құрғырлар тұра ұмтылса, *ат бауырын жазғанша* қуып жетіп жазым етіп тастар»,— деп қара атты тебініп қалды (Х. Е.). Талай жерге барғанмын, Жау көргенде көсіліп, *Бауырымды жазғанмын* (БатЖ). Федор астындағы құла аттың тегіс терлегенін көрді... Осы сәттен бастап құла аттың *бауыры жазылып*, жұлдыздай ағып, суырылып алға шыға берді (Ә. Н.).

БАУЫРЛАП АЛДЫ *Тебініп, қамшымен аттың бауырынан осып-осып қалды* (жіберді). Қаракерді бір-екі *бауырлап алып*, жолдасым тағы сөзге кірісті (Б. М.).

БАУЫР ТҰТТЫ *Жақын тартты; туысқа санады, туыс етті.* Ол Арманды *бауыр тұтып*, барынша апа көңілімен сүйсе де, еркек болған кесек, үлкең, биік бойлы қалпын сөлекет, жұғымсыз көретін (М. Ә.).

БАУЫРЫ БАЛҚЫДЫ *Мейірленді, елжіреді.* Сонда ананың қуанғаннан, Ыршып тамшы көзінен жас. Бала жаны қуанғаннан *Бауыры балқып* иген жартас (Т. Ж.).

БАУЫРЫ БҮТІН, БАСЫ ЕСЕН *Аман-сау.* *Бауыры бүтін, басы есен.* Сағынар сауық-күлкіні-ай, Қызықтырған түлкідей, Дүние өтер бір күні-ай (Н. Н.). От басы аман, есен-сау, *Бауыры бүтін*, сау бар ма, Өлімнен үлкен жау бар ма? Бұлсыз берді, құнсыз алды, Бұған айтар дау бар ма? (ШС).

БАУЫРЫ БІТТІ *диал. Жүрегі елжіреді, жаны ашыды.* Ойбай, соған *бауырың бітіп* баратқан шығар (Қос.).

БАУЫРЫ ЕЗІЛСІН! ○ БАУЫРЫҢ ТІЛІНГІР! ○ БАУЫРЫҢА ҚҰРТ ТҮССІН! *қ а р ғ ы с.* Оны бауырым дегеннің *бауыры езілсін* (М. Ә.).

БАУЫРЫ ҚАТТЫ *Мейірімсіз, қатал* (АС). Артына белгі қалдырмай, *Бауыры қатты* тас өлім. Жыламайын десе де, Шыдарлық па осы өлім? (Абай).

БАУЫРЫ ҚҰТСЫЗ 1. *Жұртқа береке, ынтымағы, жақсылығы жоқ.* 2. *Бала тұрмайтын.* Ізіне қара ермеген *бауыры құтсыз* қақбастан опа таппайсың (Ә. Н.).

БАУЫРЫМДАП ШАПТЫ *Ескі салт бойынша, қазалы ауылға қарай ат қойып, айқай салып, жылап келу.* Біреу сиыр, саулық ап, Біреу шапан, біреу ат, Ағайыны *бауырымдап*, Тұс-тұсынан шаппай ма? (І. Ж.).

БАУЫРЫНА БАСТЫ [САЛДЫ] 1. *Құшақтады, аймалап төсіне қысты.* Ауыр жұмыс әбден жүйкелеткен ана Асанын *бауырына басып* түні бойы зарланып шығады екен (С. Қ.). 2. *Асырап алды, бала қылып алды.* Анам мен өмірге келген

күннің ертесіне дүние салыпты. Бір шақырақта бір өзім қалған соң, осы бір қайырымды адам *бауырына басыпты* мені (М. Ш.). Әкесінен есі кірмей қалған күнде *бауырына басып* балбыратып өсірген анасы Қалампыр есіне түсті (С. Б.). Сыйбаланы *бауырына басқаннан* кейін, баладан қалдым деп жүрген бәйбішенің бойы иіп, емшегінен сүт шығады, сол сүтпен бойына перзент бітіп, ұл туады (С. М.).

БАУЫРЫНА КІРДІ *Тіпті жақын тартты.* Бір дәнді жарып жеп, бір малдың сүтін бөліп ішкен бүтіндікке не жетсін,— деп жылы сөзбен Еламанның *бауырына кіріп* бара жатты (Ә. Н.).

БАУЫРЫНАН ЖАРАДЫ *Бабына келді, дер кезіне келді.* Шашын дынданменен тараған, Бектер мінген бедеудей, *Бауырынан жараған.* Бет ажарын қарасаң, *Жазғы түскен сағымдай...* (ЕТ).

БАУЫРЫНАН СИГЕН *Ер-азамат.* *Бауырынан сиген* Албан баласының жалғыз арманы сол (М. Ә.).

БАУЫРЫНДА БОЛДЫ [ӨСТІ] *Тәрбиесін алды; біреудің асырауымен өсті.* Жаппарбектің туған шешесі ерте өліп, үлкен атасы мен әжесінің *бауырында болды* (С. Б.). Мендей сені қызғанар, *Бауырында өскен* қай балаң! Көл қорыған қызғыштай Сен десе салам байбалам (Д. Б.).

БАУЫРЫН ЖАЗДЫРМАДЫ 1. *Атты бар қарқынымен жібермеді, бар пәрменімен шаппады, тізгінін тартып, жібермеді.* Мына аттарды көсілтер ме еді... *аттың бауырын жаздырмай* қор қылуларын қарашы (С. М.). 2. *Бір іске еркін, көсіле кірісе алмау мағынасында айтылады.*

БАУЫРЫН ЖАРЫП ШЫҚҚАН *Бұл жерде туған бала, қыз, перзент туралы айтылып тұр.* Қызыл көз қиқар шал көңілі қатты қалғасын, бұл түгіл, өзінің *бауырын жарып шыққан* жалғыз қызының да жүзін көрмей сырт айналып кетті (Ә. Н.).

БАУЫРЫН КӨТЕРДІ *Төрт аяғын басты, жүруге жарап қалды.* Күшіктер бірінің үстіне бірі үйіліп, *бауырын көтеріп* қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді (М. Ә.).

БАУЫРЫН ТӨСЕДІ *Кеудесін қойды.* (Бұл жерде еркін жайғаса деген мағынада). Айналайын атыңнан алтыным-ай, Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай. Сіз дария болғанда, мен қоңыр қаз, *Бауырым төсеп* бетінде қалқыдым-ай (ХӘ).

БАУЫРЫ СУЫДЫ *Күдер үзді.* Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады.— Көріп, біліп келдік. Көмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. *Бауыры суып*, аямас қас көргендей барлық жанды... Не айтайын?— деп тоқтап қалды (М. Ә.).

БАУЫРЫ ТАРТЫЛДЫ *Ат күйіне келді, жарады.* Ақ боз ат айта қалғандай бол-

ды. Семізден жарап, *бауыры тартылғаннан* кейін, маңайынан өткен кісі оның сұлулығына тоқтап қарамай кете алмады (С. М.).

БАХЫМ ҚЫЛДЫ д и а л. *Үлгі қылды.* Біз осы шалдардың айтқанын өзімізге *бахым қыламыз* (Шығ. Қаз., Күр.).

БАҺАР АЙДА ҚЫРҚАРЫ *Көктемге салым күнелтетін, әжетке жарататын малы.* Екі саулық, бір қозы, *Баһар айда қырқарым* (МЗ).

БАШАЙДАН ТАРТУҒА ЖАРАДЫ *Аяғынан алды, етегінен тартты, жолына көлденең тұрды.*— Бала ғой деп жүруші едім, бақсам, сен де *башайдан тартуға жарап қапсың ғой* (Ә. Н.).

БАЯҒЫ БІР ЗАМАНДА, ДІН МҰСЫЛМАН АМАНДА ☉ **БАЯҒЫ ЗАМАН** *Ескі сенім бойынша дастан, қиссада, аңыз әңгіме, ертегіде, т. б. «атам заманда, ел-жұрт тыныштық кезде, ертеде» деген ұғымда кездеседі.* *Баяғы заман* емес, басқа тартса аяққа, аяққа тартса басқа жетпей жататын (С. М.). *Баяғы заманда* тау етегіндегі жазықта сабан төбелі ескі, ескі болғанда өте ескі үй тұрды (М. Т.).

БАЯ КҮДЫ *Өріс кезіп, түрлі бұта-бұтаны сағалай мал жайды.* Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі, Тай тұяқ алма күміс тебендегі, Қой жайғыш *бая қуып* тақыс шалдың Ұстады қойын, тонын шегелдегі (І. Ж.).

БАЯН ЕТТІ *Тәптіштеп айтып берді.* Дәрменнің тағы бір сырын ашып, Дәркембай өзі сырлас Базаралыға *балн етті.* Дәрмен Көркембайдың өз баласы емес екен. Ол баяғыда Құнанбай өлтіретін Қодардың немере інісі боп шықты (М. Ә.).

БАЯНЫ ЖОҚ *Тұрақсыз, байлаусыз фәни.* Өмірдің, алла, беріпсің Күнде өртерлік шыжығын. *Баяны жоқ*, байлаусыз, Тілекте жоқ бұзығын (Абай).

БӘДДУҒАҒА ҰШЫРАҒАН НАЙСАП! *Жақсы ат алып көрмеген кәззәп, ел алдаған қу.* Ой, ой өңкей *бәддүғаға ұшыраған найсап* (Ә. Н.).

БӘДІК АЙТТЫ *Бәдік деп аталатын жырды айтты.* Айт дегеннен *айтамын-ау Бәдікті*, Қара мақпал тоным бар бүрме әдіпті. От оттамай, су ішпей жата берсе, Бәдік емей немене бір кәдік-ті, Көш, көш, көш!... (Айтты).

БӘЙГЕ АТЫНДАЙ АҢҚЫЛДАДЫ *Мүдірмеді, тоқтаусыз ағыла сөйледі* (АС). Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар. Өтірік пен өсекке *Бәйге атындай аңқылдар* (Абай).

БӘЙГЕГЕ АТ ҚОСТЫ *Жарысқа ат жіберді.* *Бәйгеге ат қоссаң*, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай? (Абай). *Жүз ат бәйгеге қосылса*, мен бәйге алдым деген

сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар (Абай).

БӘЙГЕНІҢ АЛДЫН БЕРМЕЙДІ *Қуса жетіп, қашса құтылатын жүйрік; жарыста озып шығады.* Ас пен тойда бәйгенің алдын бермей жүрген бір торы атты апақсапақта мінеді де, тартып береді (ҚЕ).

БӘЙГЕ ТІКТІ *Озғанға берер жүлдесін атады.* Ал Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуаның қайсысы, бәйгеңді тік (М. Ә.).

БӘЙЕК БОЛДЫ 1. *Асты-үстіне түсті, асқан ілтипат көрсетті, кішіпейілділік жасады.* Екі дай болып тұрды елдің жағы — Шық! — Шық! — деп, жүнді қара шабынады. Шықпалап Баян жағы бәйек боп жүр, Абұйыр осы жолы қағылады (І. Ж.). Қолындағы бар етін асып, жылы-жұмсағын осыларға тосып, түнерген қабағын тарқатып жіберуге бәйек болып жүр (Ғ. М.). 2. *Құрдай жорғалады.* Төре көрсе, жалаң бас шұлғып билеп, Бәйек боп, әулиедей ізін сүймек. Елге келсе, өтірік мақтанатын, Қорқайын ба ұлыққа айттым сүйдеп (С. Т.).

БӘЙІТ БОЛДЫ д и а л. *Кідіріп қалды* (Жамб., Жам.).

БӘЛДЕНЕ БЕРМЕ! *Бәлсінбе, міндетсінбе.* — Адыра қал! Балықшы, балықшы дегенге бәлдене берме. Сен балықшы болсаң, мен басқарманың қатынымын, — деді Дәмелі (Т. А.).

БӘЛЕГЕ ҚАЛДЫ *Дауға қалды; ренішті, кейісті ұрысына ілікті; нақаққан жала жабылды, басына іс түсті.* («Бәле» — араб сөзі, мағынасы бақытсыздық). — Өңкей жас былай шығар, бүлік салар, Бәлеге Шолпан бала сонда қалар. Он бесі былай шығып төбелесіп, Біреуі ақырында жеңіп алар (АШ). Пұшық мұрнын айтамын деп бәлеге қалдым, торсаңдап өкпелеп кетті (АТ).

БӘЛЕДЕН ҚАЛАС БОЛ *Қатерлі істен аулақ жүр, бәледен бойыңды аулақ сал деген мағынада жұмсалады.* («Қалас» — араб сөзі, мағынасы құтылу, босану).

БӘЛЕДЕН МАШАЙЫҚ ҚАШЫП ҚҰТЫЛЫПТЫ *Жалалы сөзден я істен жақсы адам аулақ жүреді деген мағынада.* Шырағым, тек жүрсен тоқ жүресің, бәледен машайық қашыпты деп, нең бар, аулақ бол (АТ).

БӘЛЕ [ЖАЛА] ЖАҚТЫ [ЖАПТЫ] *Қаралады, басына бәле салды; орынсыз кінәлады.* Бәлесі маған қалар, біреу бәле жақса, мені кім ажыратып алар дейсің, онан да аулақ болайын (ҚЕ). «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейін?» демек — құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы (Абай).

БӘЛЕ КЕЛТІРДІ *Кесіріл іске душар етті.* Көп өтірік жаман сөз, Басқа бәле келтірер («Шайыр...»). Қажеке, құдай көлденең бәле келтірмесе, осы малды бақпай немізді бағамыз? (С. Шәр.).

БӘЛЕКЕТІ КЕТСІН [ӨЗІМЕН КЕТСІН!] *Кесір-кесапаты қашсын, жоламасын.* (Ескі наным бойынша ескі-құсқы бұйым я сыңған ыдысты өртеу, лақтыру салты болған. Сол кезде бар ауырлық я бар кесір-кесапат осымен кетсін деп ниет ететін болған). Әжем бір шыны ыдыс сына қалса, «бәлекет осымен кетсін!» деп басымыздан үш айналдырып барып лақтырып жіберетін (АТ).

БӘЛЕНІҢ ОТЫН ӨРГІЗДІ *Бәлені үлкейтті, жандандырды.* Татуға өсек жүргізіп, Бәленің отын өргізіп (Д. Б.).

БӘЛЕСІ ЖҰҚТЫ [ТИДІ] *Кесірі тиді.* Буының қатпаған жас канат балапан екенсің, бәлесі тиер, көріспесең қайтеді (Ш. Х.). Қатынға тиме, қарасы жұғады, балаға тиме, бәлесі жұғады (Мақал).

БӘРІН АЙТ ТА, БІРІН АЙТ *Сөздің қысқасы, тоқ егерін айт.* Әуел баста ойламаған соң, ендігінің бәрі өкініш. Бәрін айт та, бірін айт, ауылға жетудің лажы қалай болады! (М. И.).

БӘСЕ ДЕСЕҢШІ *Е десейші.* (Мақұлдау, қоштау мағынасында айтылады). — Орталарыңдағы не бәрі екі әйелді сыйлай салу біріңнің қолыңнан келмесе, енді не демекпін? — Бәсе десеңші, осы еркектер мәдениетті қашан үйренер екен! — деп, ақ пиялайлы әйел бір жасап қалды (М. И.).

БӘС ТІКТІ *Серттесті, бір нәрсе жайлы таласты.* — Жарыс ретінде емес, жай ойнауыма болады, — деді. — Ойнаған соң, бәс тігіп ойнау керек қой (М. И.).

БЕБЕУ ҚАҚТЫ *Қақсады, зар иледі.* Осы шайханның қарасын өшірмесем, күн көруден қалдым, — деп Байдұрды бебеу қаққан бойынша патентті алып көрсетті, бірақ қанша табыс табатынын айтқан жоқ (ҚӘ). Бебеу қаққан қоңыр, майда бояу домбырадан ба? Қалайда болса Абай бұл күнге шейін, өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты (М. Ә.).

БЕДЕЛІ АРТТЫ [ЖЕР ЖАРДЫ] *Қадірі асты; абырой-айбары елге жайылды.* Ақырында Мұхамеджанның байға беделі артып 1909—1910 жылдары оның сенімді адамы болады (Б. Кен.). Естіген құлаққа қыз беделі жер жарады (ҚЕ).

БЕДЕЛІНЕ СЫЙМАЙДЫ д и а л. *Беделіне сатылмайды.* Приемшиктер менің беделіме сыймайды, өз бағасы қандай болса сонымен алады (Қос., Жан.).

БЕДЕЛІН КӨТЕРДІ *Қадірін асырды.* Беделді қолдан жасауға болмайды.. Мен сіз айтқандай, мұғалімнің беделін түсірдім демеймін. Қайта беделін көтерудің амалын қарастырдым деп білемін, — деді Жақыпбек (М. И.).

БЕДЕЛІН ТҮСІРДІ *Қадірін кетірді.* атына кір келтірді. Беделді қолдан жасауға болмайды.. Мен сіз айтқандай, мұғалімнің беделін түсірдім демеймін. Қайта

беделін көтерудің амалын қарастырдым деп білемін,— деді Жақыпбек (М. И.).

БЕДЕУ АТ *Жүйрік ат. Бедеу аттың бестісі-ай, Адамның болмас естісі-ай, Қайда кетіп барасың? Қарағымның ешкісі-ай (АБ).*

БЕДЕУ БИЕ *Құлындамайтын қысыр бие. Қозыларды жусауынан тұрғыздым, тықсыра айдап, келесі жоннан аса бергенімізде, қос жетегі бар екі атты алдарымыздан шықты. Біздің үйдің жатаған бедеу қара көк биесіне мінген, оң жақтағы қожбан қара жылқышы Сейфолла екенін мен бірден таныдым (Ә. К.).*

БЕДЕУ БОЛДЫ *Перзент көрмеді, құрсақ көгермеді, бала таппады. Микробтар әйелдің аналық безін қабындырады. Әйел бедеу болып, перзент көрмеуі мүмкін (Е. О.).*

БЕДЕУ ЫҚЫЛАС *Алдамшы құр пейіл, жалаң шырай беру. Алдаберген [Сапарға]: бедеу ықылас көңілді тойғызбайды екен (Т. А.).*

БЕЗ БҮЙРЕК *Міз бақпайтын, қаныпезер, қатгыз адам туралы айтылады.— Әй, залым, не шатып отырсың?— деп Бекет кесені таптап тастардай болды. Анау, бірақ без бүйрек қайтпас екен (М. Ә.). Сені бұл маңға жуытпас Ермекбай, без бүйрек жігіт көрinedi,— деді Шолпан (Ғ. Мұс.). Етінен ет кесіп алса бүлк етпес бедірейген без бүйректің өзі екен (АТ).*

БЕЗБЕННЕН ҰТТЫ *Таразыдан алдады, таразыны кем өлшеді. Ауылдағы қатын-қалашты қақпай-соқпайлап безбеннен ұтып жүріп көз қиығын Сүйеудің үйінен айырмады (Ә. Н.).*

БЕЗЕК ҚАҚТЫ **○ БЕЗЕКТЕЙ** **БЕРДІ** *1. Зыр жүгірді, тыным таппады. Кіршігін ілмей дедектеп, Дамылсыз безек қағады. Өз ұлындай өбектеп, Немересін бағады (Қ. А.). 2. Біреудің асты-үстіне түсті; ұшып-қонды, дегірсізденіп алып ұшты; қолды-аяққа тұрмады, шыр-шыр етті.— Жо-жоқ, атай көрмеңіздер, маған ешқандай сыйдың керегі жоқ — деп Нұржан безек қақты (Ә. Ә.). Әйелі аң-таң болып: «Бұның не?» деп, Қожекеннің бірдемені бұлдіретінін сезіп, безек қағады (КЕ). Мен ақтығымды айтып, құр безектей бердім. Тіпті болмаған соң, киімдерімнің қалай жоғалғанын, қай жерде жоғалғанын, ұстаының қызын куә қылдым (С. С.).*

БЕЗЕР БОЛДЫ *Ығырын алды, жайсыздық етті. Тентек болма балаға, Безер болма келінге, Қадірің көтер еліңе, Қарауыл қой сөзіңе (Д. В.).*

БЕЗІП КЕТТІ *1. Қашып жоғалды. Өтірік айтқан сөзін деді бекер, Дио жоқ құлан болып безіп кетер (РД). 2. Күдер үзді, ығыр болды. Ей, соның қылығынан жұрт безіп кетті (АТ).*

БЕЙБАҚТЫҢ К...І БЕЛГІЛІ *Шама-шарқы белгілі; қолынан ештеңе келе қоймай-*

тын кісіні қомсына айтуда қолданылады.

БЕЙЖАЙ КҮЙ *Бейтап көңіл, көңіл жабырқауы, көңілдің алаң болуы. Шау тартқан денесімен бірге ойы да бейжай күйге түсіп, астан кейін маужырап дем алудың орнына өлденеге сіркесі су көтермейді (Т. А.).*

БЕЙҚАДІР ЕТТІ **[ҚЫЛДЫ]** *Қадірсіз етті, ешқандай беделін қалдырмады, жұрдай етті деген ұғымда айтылып тұр. Жолбарыстың піл менен күшін алды, Тырнағы мен мұқалтып тісін алды. Бетеге мен жусаннан бейқадір қыл, Терек пенен шынардды үсік алды (М. Сұл.).*

БЕЙНЕТКЕ ТҮСПЕДІ *Азаптанбады, қиналмады (АС). Келмесең егер сен бізге, Сау болмас па ем, әлбетте? Болмасам ашына мен сізге, Түспес ем мұндай бейнетке (Абай).*

БЕЙНЕТ КӨРДІ **[ТАРТТЫ, ШЕКТІ]** **○** **БЕЙНЕТ АЗАБЫН** **[СУСЫНЫН]** **ІПТІ** **[ТАРТТЫ, ШЕКТІ]** *Азап шекті. Сорлы дәуім, артық бейнет көріп, аяғыңның басы ұстараның жүзіндей болып қайтқың келсе, жолың болсын (ҚЕ). Сырбай өмірінде көп бейнет көрді дегенмен беті мен маңдайындағы қос кыртыстанған әжімдер болмаса, денесі тіп-тік (С. М.). Бейнет шеккен ұлдарға, Жарық сәуле көрсетед, Барлық кедей серт етед, осы жолдан таймауға (И. В.). Кейде көңіл құрғырың, Махаббат іздеп талпынар. Ішем деп бейнет сусынын, Асау жүрек алқынар (Абай).*

БЕЙНЕТІ ЖЕЛГЕ КЕТТІ *Еңбегі еш, зая болды, еңбегі далаға кетті. Еңбегің еш, тұзың сор. Бейнетің желге кетер ме (Д. В.).*

БЕЙІЛ АУЫЗ *Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығатын, аузына не келсе, соны айтатын, тілінде тиек жоқ кісі. Мынау, тіптен тегі, тайраңдап осында жүр ғой. Әй, сен өзін, бері қарай тайраңдашы! Тойғарина: Ой, бейіл ауыз! Тайраңдап мен түйемін бе? (М. И.).*

БЕЙРАТ БОЛДЫ *диал. Бейберекет, берекесіз болды. Оның ісі әбден бейрат болды (Сем., Абай).*

БЕЙІЛ БЕРМЕДІ **[ҚЫЛМАДЫ]** *Жылы шырай, жүз, ықыласты көңіл көрсетпеді. Ауыр машина дөңгелегі басқанда туған жар болып ол неге мейір бермеді, бейіл бермеді, жұмсақтық етпеді. Суынды Айсұлу жүрегі (М. Ә.). Көкіректен сенің дертің, сірә, қалмас, Дертіме дәрігер шипа ем таба алмас. Падиша алтын тәжді елге шықса, Басқаға өзіңізден бейіл қылмас (А. Қор.).*

БЕЙІЛ САЛДЫ **○** **БЕЙІЛ АУДЫ** *Көңілі, ықыласы түсті, көңіл аударды, ден қойды. Абай өзі ас ошағы мен қонақ үйлерінің арасында соншалық бейіл салып, сарп ұрып жүргендіктен бұл астың қаншалық ұланғайыр уақиға болғанын байқамапты (М. Ә.). Жалғыз ғана бір жанға ынта, бейілі ауған да құлаған (М. Ә.).*

БЕЙІЛІ БҰЗЫЛДЫ *Ниеті өзгерді, жаманшылық ойлады.*

БЕЙІЛІ КЕҢ *Жомарт, мырза. Жүрісі тыныш жорғадай, Алдына келсең кең болар, Олар неге тарылсын, Бейілі кең болған соң (Д. В.).*

БЕЙІЛІ КЕҢДІ ⊙ **БЕЙІЛІ ЕНДІ** *Жадырады, көңілденді; тарынбады, көңілі түсті, сараңдық етпеді. Ішуге асы мол, киюге киімі бар, төтен қайғы, төтен күйігі жоқ адамзаттың бейілі кеңіп, қаны тасуда еді (С. С.). Ой, Тоқан, не қыласың, ол бір сабаздың бейіті, деп арбадан қырындаңқырап отырды.— Шешеміз Күнетай деген кісі «Бейілім кеңіді, ерімнің кеңесіне құлақ салғыш болдым» деген екен (Б. М.). Қара тастан басқаның бәрі жадырап, Бір сараңнан басқаның бейілі енер. Тамашалап қарасаң төңірі ісіне, Бойың балқып, ериді іште жігер (Абай).*

БЕЙІЛІ ҚАШТЫ [КЕТТІ, ТАРЫЛДЫ] ⊙ **БЕЙІЛІН ҚҰДАЙ АЛДЫ** *Көңілі тарылды, іштарлық етті, сараңдығы ұстады. Дәуке, осынша не қылды бейілің қашыл? Арқада жатыр едім мойным қашық. Атағың ала таудай болғаннан соң, Құмар боп келген едім болып ғашық. Дәукен бидің қалыпты бейілі кетіп, Бейілі кетіп тұрғанда келдім жетіп (Ш. Қар.). Бейілі кеткен жігіттен Еш береке болмайды (Ш. Қар.). Бірің жал, бірің құйрық көңілге тоқ, Аллада пенде бар ма қайғысы жоқ. Бердім деп тоғыз қара отырғаның, Бейілі тарылтқан ғой дүние боқ (Ш. Қар.). Бейілін Қарабайдың құдай алды (ҚКВС).*

БЕЙІЛІ АРАМ [ТАР, ҚАРА] *Сараң, көзі тоймайтын, ниеті бұзылған, жаман ойдағы адам. Қодар сырттан биледі біткен малды, Мұндай адам көрмесің бейілі тәрды (ҚКВС).*

БЕЙІМ ТҮРДЫ [БОЛДЫ] *Ыңғайланды. Жинап ап ақыл-есін көптен кейін, Құлауға қаңғалақтап болды бейім (РД). Жарықтық шатаққа бейім болды (АТ).*

БЕЙІШКЕ КІРДІ *Бұл жердегі мағына: жақсылыққа кенелді, рақатқа батты. Апам байқұс: «Бейішке кірдім, енді қолымды жылы суға малып отырам»,— деп қалды (АТ).*

БЕЙІШТЕН ЖАНҒАН ШАМ-ШЫРАҚ *Жанары ішті ерігетін көз деген мағынада. Бейіштен жанған шам-шырақ Көзінің гауһар қарасы (ҚЖ).*

БЕК ТҮТТЫ *Қатты, берік құрмет тұтты, қадірлі санады. Досыңды дос деп бек тұтып, Жауыңды да шабысқам (М. Ә.).*

БЕЛ АЛДЫ *Күш алды, сүйеніш етті. Сырдақ: Бибіш, сен байыбына жетпей айтып тұрсың! Бұл сіре екі адамның арасындағы сөз емес сияқты. Таластың түбі терең жатыр. Содан қорқам... Егер мұндайлар бел алып кетсе... Сонда біздің не бітіріп жүргеніміз (А. Т.).*

БЕЛ АСТЫ 1. *Қырдаң әрі өтті. 2. Бір міндетті орындады, белгілі бір кезеңнен өтті. Асыл тұқымды түлікті аман төлдетіп, бір бел асқандай Сәрсебай аса көңілді (С. В.).*

БЕЛ АТАСЫ 1. *Арғы, түп атасы. Бел атасы батыр еді (АТ). 2. Түп төркіні, нағыз көзі. Қырғи қабақ соғыстың бел атасы Аденауэрдан мирасқа қалған осы одақ (Франция мен Батыс Германия арасындағы одақ) жаңа канцлер Эрхардтың тұсында нығая түсті (ЛЖ).*

БЕЛ БАЙЛАДЫ [БУДЫ] ⊙ **БЕЛДІ БЕКЕМ** [ШАРТ] **БАЙЛАДЫ** *Бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті. Ауыл араларында келе жатқан, кетіп бара жатқан топ-топ атты кісілер... Жасына да, үлкеніне де бір түрлі меңіреу күш біткен. Бәрі де тәуекелге бел байлаған (С. С.). Әр кез ақ жарқын ашық жүретін, бидай өңді орта бойлы жігіт қылмыс зерттеу бөлімі бастығының алдынан қатты ширғығып, белді шарт байлап шықты (ЛЖ). Жеткіншегім жас батыр, Тәуекелге бел байла, Ұмтылып алға бас батыр, Надаңдықтан жоқ пайда (Ш. И.). Кемпір-шал да бел байлап, Құлшындырды жігітті (С. Дайыр.). Болған іске болат бол... да, беліңді тас қып буып ал, тіршілік жолына түс! (С. М.). Келдің сен міне тағы құшақ жайып, Өлімге бел бұғанда, шығарда жан (Ж. С.). Ақыры тәуекелге бел буып ақынның үйіне бардым. Маған, үй қызметшісі болар, өңі жүдеу, жабырқау жас әйел есік ашты (Т. А.). Келешегім айқындалып, әрі оқи беруге бел будым (С. К.).*

БЕЛ БАЛА 1. *Әкесінің өз баласы, тұрған баласы. Ол адам атаулыға қаны қас, қатыгез, қасқыр мінезді бай, өзінің дәулетін, үстемдігін, сақтау үшін неге де болса талғамай баратын қара ниет жауыз. Ол Жүсіптің әкесін өлтірген кәдуілгі Есіркептің бел баласы, Құралайды алмақшы болған сұм Ысмайыл... (М. Қ.). 2. Жұрт қамын жеген ел ұлы, азаматы. Жұмса әке, бел балаңмын — ұлыңмын. Ел бақытын, ер азабын Көрген сенің ұлыңмын (Б. Мом.). Сәйфи ағай өзін қазақ халқының бел баласымын деп санайды. Ол біздің халқымызбен, жермізбен қарым-қатынасын еш уақытта үзген емес (С. О.).*

БЕЛ [-ІН] **БЕРМЕДІ** *Қажымады, ырқына жығылмады, сыр білдірмеді. Оңашада оязға, Мақтамаймын елімді. Өз еліме айтамын, Бергенім жоқ деп белімді (Абай). Неше жыл жау тепкісінде ажалдың аузында жүріп, соған шыдап, белін бермей келген адамның мұнысы несі, соншалық неден түңілді (Т. А.).*

БЕЛБЕУІ ШЕШІЛЕДІ *Бұл жерде егілді, ынтыға елжіреді деген ұғымда. Шыққанда мен үйімнен бесін еді, Астында шайтан торы есінеді, Есіме беу, қарағым түскен кезде, Белбеуім бес ораған шешіледі (Ж. М. В.).*

БЕЛ ВОЛДЫ 1. Арқаға сүйеу етті. Бұлай ету Сәкенге күш, бел болды, алдына қойған мәселені партиялық көзқараспен шешуге мүмкіндік жасады (М. Қ.).

2. Алынбас асу, қамал болды.

БЕЛГЕ МЕДЕТ Арқа тірек, үлкен сүйемел. Нақылды: «белгі — белге медет», Шар айна қалды, белдік алтын кісе. Тайдан — ат, аттан мұрат, тірі болса, Тайыңды — таза асыңа, ұстар мүше! (О. Шор.).

БЕЛГЕ СОҚҚАН ЖЫЛАНДАЙ БОЛЫП [ТҰРЫП] ҚАЛДЫ 1. Орнынан қозғалмай қалды, кирелеңдеп қалды. Зылиқа Өшім ісіне басын шайқап белге соққан жыландай жел өтінде тұрып қалды (К. О.).

2. Қайғыға ұшырады, дертті болды.

БЕЛГЕ ШЫҚТЫ Ой өсіп, ақыл тоқтаты; өмір жасының орта шеніне келді. Өмірдің ерін тауысып, Білімсізбен алысып, Шықтың, міне, белге енді (Абай).

БЕЛГІ БЕРМЕДІ Ыңғай көрсетпеді, сыңай көрсетпеді; сыр бермеді. Құнанбай естімеген сияқты, ешбір белгі бермеді (М. Ө.).

БЕЛГІСІЗ ҚЫСЫЛДЫ Себебі белгісіз именшектенді. (Ішкі көңіл күйінің бір сәті туралы айтылады). Дем алыс ісініп, Саусағы суынып, Белгісіз қысылып, Пішіні құбылып (Абай).

БЕЛГІЛІ БЕКБИКЕ [БЕКБИКЕНІҢ ӨЗІ] Ең жексұрын, сұрқия («Бекбике» — иранша, қарғыс атқан, оңбаған, бұзық). Қойшы соны, белгілі бекбикенің өзі емес пе? (АТ).

БЕЛДІ АТА Текті, ел-жұртқа белгілі әулет. Таңсық — белді ата, бай ауылдар (Б. М.).

БЕЛДІ ҚЫНАЙ БУЫНДЫ Қатты буынды, әдемілеп, нәзік, жинақы буынды. (Көбінесе «белін қынай буынды», кейде «белін қынап буынды» деген түрде де ұшырайды. «Қынай» — көсемше тұлғасы, түбірі — «қына», мағынасы қысып байлау. Қырғыз тілінде «киімі жарасып қонып тұр» дегенді «кийими бойго қыналып жарашып турат» дейді). Майдан маңы, бір жолда, Үсте жаңа шинелі, Қынай белін буынған Бір жауынгер келеді (Қ. А.). Қынай белін буынды, Бір аллаға сыйынды (ҚЕ).

БЕЛ ЖАЗДЫ [СУЫТТЫ] Дамылдады, тыныстады, дем алды. Көмекке не туыс кеп, Қалды қарттар бел жазып. «Егін, егін — ырыс!» деп, Жаңғырықты кең жазық (І. М.). Азғана аялдап, аттың белін суытып алды (АТ).

БЕЛ КЕТТІ Күш, қуат кетті, қартайды. (Бұл жерде дәрменсіз, қуатсыз мағынасында айтылып тұр). Жердің сәні болмады. Ел кеткен соң, жар-жар-ау, Жүк көтермес кара нар, Бел кеткен соң, жар-жар-ау (Айтыс).

БЕЛ КӨРСЕТТІ Мықтылық қылды. өк-

темдік жасады, күш қылды, тізе батырды. Жауың емес, жатың емес, ауылға, ағайыңға бел көрсеткенде табарың қайсы? (АТ).

БЕЛ КӨТЕРМЕ ВОЛДЫ Дем алып, қуат жинады, күш жиды. Соңғы үміті Арал болатын. Арал түбінде қызылдарды талқандаса, өздеріне азырақ бел көтерме боларын білді (Ө. Н.).

БЕЛ КҮШКЕ КІРІСТІ Көкірекке, кеудеге салды. Ауданның желіктіруімен біз елді үгіттеп, түсіндіріп отырып істеудің орнына, бел күшке кірістік қой (Б. М.).

БЕЛ ҚАЙЫСТЫ Салмағы батты, ауырлық түсірді. Орынборға келген большевиктер де Орынбор байларына белі қайысарлық салық салып отыр (С. С.).

БЕЛ ҚҰДА Тужай жатып ұл-қызын атастырысқан кісілер. Илияс енді бір топ фельетондарын әйел теңдігін елемешілікке арнады. Қалың мал, бел құда, бесік құда, әмеңгершілік сияқты феодалдық салт-санаға қарсы шабуыл жасады (ҚӘ).

БЕЛ ҚЫЗЫҒЫН КӨРДІ Бұл жерде айғырдың биеге шабуы туралы айтылып тұр. Бұл ат қолда тұрмас деп, Тұрандағы жылқыдан, Он екі байтал алдырып Бел қызығын көрсін деп, ЖАҚСЫ ТҰҚЫМ ерсін деп, Үйірге оны салады (ӘМ).

БЕЛ ҚЫЛДЫ Сүйеніш, арқа тұтты. Сүйінбайдың Тезек алдында батыл сөз айтуына себеп — оның сүйенері, бел қылары Сұраншы батыр (Е. Ы). Шөмен: Тоқтат, өшір үніңді, Тар қылармын күніңді. Бел қыласың кімнің? (М. Ө.).

БЕЛ НЕМЕРЕСІ Бел баладан (өз ұлынан) өрбіген бала. Қамауда отырған Бақытжан — Қаратайдың бел немересі (Х. Е.).

БЕЛ ОМЫРТҚАСЫ ҮЗІЛДІ Күл-талқаны шықты. Жауға солай соққы берілді. Фашистердің бел омыртқасы үзілді (ЛЖЖ).

БЕЛ ОРТАСЫНДА 1. Кісі жасының белгілі шамасы, белгілі бір мүшел жастың орта тұсы. Мұстафаның әкесі Мәулен — тоқсанның бел ортасына шыққан қуатты шал (ЛЖЖ.). **2.** Нағыз қайнаған жерде, қызған жерінде, қақ ортасында. Ол бұдан жиырма жыл бұрын орыстың ұлы өзені бойындағы Волгоград түбінде от-жалынның ішінде, өмір мен өлім шайқасының бел ортасында жүрген, ажал аузында талай болған адам (КТ). Менен бірі төрт, екіншісі сегіз жас кіші Нақысбек пен Маржанкүл жаңағы көштің бел ортасындағы сары атанның үстінде, көздері жаудырап өтіп кетті (Ө. К.). Сүреңсіз жадағайда жалаңаш жапан түздің бел ортасында күй тарта күлім қаққан шөл еркесі — көк айдың төрінен бетіңе келіп соғатын самал қандай көрікті, қандай рақат дүние десеңізші (Ө. К.).

БЕЛ ҰСТАСТЫ Күресті; айтыс-тартиста араласты; айқасқа түсті. Бір кісімен бел ұстасқан емес. Оның өз ойына,

басымды «ешкімге көрсетпедім» деп ойлайды (І. Ж.).

БЕЛШЕСІНЕН БАСАДЫ *Білгенін істеп, дәурен сүрді.* Ал, кейбір студенттер кино мен театры қызбен танысу үшін пайдаланатын сияқты... Ондайлардың «философиясы» өмірді белшесінен басып өткізу, институттан диплом алу ғана (ІЖ).

БЕЛШЕСІНЕН [БЕЛУАРДАН] БАТТЫ 1. *Үлкен олжаға кенелді.* (Бұл фраза кейде келеке түрде де айтылады). Оспанның Оразбайға не істегенін есіткенде, Абай:— Бұның арты белгілі — екі жуанның бас араздығы, бәсекесі болады да қалады. Енді мол бәлеге белшесінен батқан деген осы... Бірақ жазалауын жазалапты. Оразбайды енді босатып жіберсін,— деген (М. Ә.). ... Алмат қиял тұңғиығына белшесінен батып, көзге көмескі, көңілге аян ой төмпешіктеріне сүріне-қабына құлай жаздайды (Т. Б.). Етегі Қаратаудың толқын егін, Батты оған белшесінен еңбекші елім (Т. Ә.). 2. *Қайғы-дертке, қиын жағдайға душар болды.*

БЕЛ ШЕШПЕДІ *Тыным көрмеді, дем алмады.* Бел шешпегеніме он күн болса да, ойым өзімде емес,— деді Қосай шал (М. Ә.). Он жеті күн бел шешпеген. Он күн бойына күні-түні баспанасыз жүрген (М. Ә.). Ақтың әскерінен қазақ аулының шошынғаны сонша, түнде бел шешіп ұйқтаудан қалды. Күндіз көз далада. Жарамды көлік, мүлік, ет, майға дейін тау-тасқа, сай-жыраға тығулы (Ғ. Мұс.).

БЕЛ ШЕШІТІ *Шешіле кірісті, шындап кірісті; шешіле ақтарылды.* Құрт көзін, жоғалтыңдар ел шетінен! Күнәға батқан мұңдар белшесінен. Күн болса, мен-ақ тартам бір кісілік, Қашанда халық үшін бел шешінген! (Ғ. Қ.). Қыз ойын бірте-бірте Уәли билеп барады. Балалық шақтан жаңа ғана асқан қызбен ешкім бұлай бел шешіп сырласып көрген жоқ еді (Т. А.).

БЕЛІ АУЫРДЫ *д и а л. Жаны ашыды, аяды.* Видайды мал жеп жатыр, оған ешкімнің бөлі ауырмайды (Жамб., Жуал.).

БЕЛІ БҰЗЫЛЫП ЖҮР *Етек кірі келіп жүр.*

БЕЛІ БҮГІЛДІ *Қайғырды, қамықты, басына ауыртпалық түсті.* Енді одан айрылғасын белім бүгіліп, қабырғам сөгіліп отыр (ҚӘ). Сайрай бер тілім, Сарғайған соң бұл дерттен, Бүгілді белім, Жар тайған соң әр серттен (Абай). Бүгілген бөлі жазылар, Бұлдыр ойдан түңілер... Арнамыстың жолында, Бас бәйгеге тігілер (А. Т.).

БЕЛІ КӨТЕРІЛДІ *Күш алды, кеудесі жазылды, еңсесі көтерілді; бойы сергіді.* Кедей-кепшіктің Қапан ауылнай болғаннан бері бөлі көтерілейін деді (Б. М.).

БЕЛІ НӘЗІК ТАЛЫП ТҰР *Қыпша бел.* (Бұл қыз-келіншектерге айтылады). *Бөлі*

нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей неғып тұр (ҚЖ).

БЕЛІНЕН АЙРЫЛДЫ **○ БЕЛІ ЖОҚ** *Еркектік қабілеті жоқ деген мағынада айтылады.*

БЕЛІН СЫНДЫРДЫ 1. *Мерт қылды.* 2. *Беделін түсірді; сүйенішінен айырды, қолын қысқартты.* Тарту қылып мен тұрмын, Құралай атты қызымды, Қырық жігітімді өлтіріп, Сындырма менің белімді (МӘ).

БЕЛІНІҢ КҮШІ, БЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛЫ *БАР* *Бойда қуат, бетте әр бар; өтімі бар шақ.*— Шырағым, Ақбала, сен де қор болмас жағыңды ойла. Бөліңнің күші, бетіңнің қызылы бар кезде қатарыңды тауып ал,— деп Ақбаланың қолын қысып-қысып қойды (Ә. Н.).

БЕЛІ ШОЙЫЛДЫ [ШОЙЫРЫЛДЫ] *Бөлі құрыстанып ауырды, сіресті, бөлін жаза алмады.* Совхоздың моншасы біткен кезде, мен белімнен шойырылып жатып қалдым (Ә. Нұр.).

БЕРГЕНІНЕН [БЕРЕРІНЕН] ЖАЗБАСЫН! *тілек. «Құдайдың» рақымы қырқылмасын, мейірімі бетін бұрмасын деген мағынада.*

БЕРГЕНІҢЕ ТОЙМАДЫ *Алғанына риза болмады, қанағат етпеді.* Жаман болса тамырың, Бергеніңе тоймайды, Сұрағаның қоймайды (Д. Б.).

БЕРЕГЕН ҚОЛЫМ АЛАҒАН *Мырзалық етіп біреуге бере де білем, біреуден ала да білем деген мағынада.*

БЕРЕКЕ ДАРЫДЫ *Құт қонды, береке кірді.* Бусанған қара бұйра далаға барған сайын береке дарып, өзгеше бір жарастықты ажар тауып келеді (ІЖ).

БЕРЕКЕ ҚОНБАДЫ *Берекесі кірмеді.* Бөйлі кеткен жігітке, Еш береке болмайды. Дәулеті қашқан жігітке, Береке келіп қонбайды (Ш. Қар.).

БЕРЕКЕ ТАПТЫ *Байыз тапты, рақат көрді.* Бел шешіп, береке тауып, төсекке жатып бір күн ұйықтағанымыз жоқ (Б. Тұр.).

БЕРЕКЕСІ КЕТТІ [ҰШТЫ, ҚАШТЫ] **○ БЕРЕКЕ ҚАЛМАДЫ** 1. *Әбігер болды, абдырады, асып-састы; құты қашты.* Қылышы бар адам көрсе, қалаға келсе, берекесі кете қалатын ауыл адамдары тіл қатыспай тыныш қана отыр (Ғ. М.). Адастқанын білген адамның берекесі кететіні, жол тапқысы келген жорамалының көп болатындығы мәлім (С. М.). Емханаға жатқан әйелімнің сырқаты бәсеңдеу орнына күшейе берді. Одан кейін қызметімде береке қалмады, күніне әлденеше рет емханаға жүгірсем, үйге келсем, емшектен айырған кішкене бала зар қақсап дамыл бермейді (С. М.). 2. *Ауыз бірлігі болмады.* Бергін келе ұрпақтары жайыла түскен сайын араларын ала ауыздық

кернеді де, *берекелері ұшады* (Б. С.). Біздің үйде қыстың басынан кірген ұрыс, шешем Бүлісті уәделі жеріне бермей қалғаннан кейін тіпті де үдеп, үйдің *берекесі кетті* (С. М.). *З. Сәні келеді, тәртібі бұзылады*. Расында февраль туды-ақ, Алматының көшесінен *береке қашады*. Бірде көктайғақтанса, бірде қар ағыл-тегіл еріп... арықтарынан су сарқырап, көктем буы аспанға көтеріледі (М. И.).

БЕРЕКЕСІН БЕРСІН! тілек. *Барды, бардан қалғанды азырқанғанда — «қой, шырағым, бейіліңді тарылтпа, берекесін берсін осы бардың!» — деген түрде айтылады.*

БЕРЕН МЫЛТЫҚ *Бұрынғы уақытта болған бітелі мылтықтардан кейін шыққан қару.* («Берен» — парсыша, болат). *Берен мылтық* аттырып, Мыстан керней тарттырып, Соғыспақ боп патшамен, Қапалдан тосып, бір шықты (Жамбыл).

БЕРСЕ ҚОЛЫНАН, БЕРМЕСЕ ЖОЛЫНАН *Өздігінен көнсе көнсін, көнбесе қойсын.* Біледі аса жақсы жауыздықты, Қоңсыға қасындағы сондай мықты. *Берсе қолы, бермесе жолынан да,* Зорлықпен көрсетеді озбырлықты (Б. Өт.).

БЕС АСПАБЫ САЙЛАУЛЫ *Бар қаруы дайын, жау-жарағы әзір. Бес аспабы сайлаулы, тұлпары байлаулы, дайын тұрады* (ҚЕ).

БЕС АСПАП Қолынан бәрі келетін шебер, барлық іске икемді, он саусағынан өнері тамған. Оған: «*Бес аспап десем, баз күйік борбас па едің! Көз алдыңдағы жуликті көрмей ай қарап жүрсің бе?*» — деп Жүнісов зекіп, мысқылдап сөйлейтін сияқты көрінді (К. Т.).

БЕС БИЕНІҢ САБАСЫНДАЙ *Толық, ет-женді, үлкен; тым семіз.* Бұл баласына тартпаған бес биенің сабасындай семіше адам (Б. С.). Соғыс кезінде қаршадай қара сирақ қыз еді. Енді міне сегіз балаға ана болды, бөленбай сиырға бақташы болды, тұлғасы *бес биенің сабасындай...* — деді Дөкей (М. Қ.).

БЕСЕНЕДЕН [ПЕШЕНЕДЕН] БЕЛГІЛІ *Ежелден анық, бұрыннан мәлім.* Алыстан оның өзін, атын таныдым. *Бесенеден белгілі* шұбар ат (С. М.). Мүсілім де қамсыз жүрген жоқ, інісінің басқан әр қадамы Мүсекеңе *бесенеден белгілі*, інісінің ептеген тентектігін, білместігін де ертең керек болатындай саусағымен санап қояды (З. Ш.).

БЕС [АЛТЫ, СЕГІЗ, ОН...] ҚАНАТ ҮЙ *Кереге санына байланысты айтылатын киіз үйдің түрлері.* Ол Мұратты тараңгастан түсіріп, жасауы шамалы *бес қанат үйге* алып кірді (Т. А.).

БЕС САУСАҚТАЙ ВІЛДІ *Жатқа білді, жетік білді.* Барлық сабақты *бес саусақ-*

тай біліп алып, барлық класты аузына қаратса ғой! — деп қиялданады Сапар (М. И.).

БЕС [СОҚЫР] ТИЫНҒА ТҰРМАДЫ *Еш нәрсеге жарамады, арзымады.* Ақынмын деп ұялмай жүрсің өзің, *Бес тиынға тұрмайды* айтқан сөзің (Жамбыл).

БЕСТІ ҚЫМЫЗ *Бес күндік қымыз.* Қымызды жақсылап ашыту әдістерін үйреткен жөн. Әдетте қазақтар қымызды бірнеше түрге бөледі. Саумал қымыз, *бесті қымыз*, құнан қымыз, дөнен қымыз. Қымыздың осы түр-түрін ашыту керек! (С. Керім.). Берместің үйінде *бесті қымыз* тұрады (Мақал).

БЕСІК КЕРТТІ КҮЙЕУ *Бесікте жатқанда атастырылған күйеу.* Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің *бесік кертті күйеуі* екен, бағана іңір қараңғысында шұнақ қыздың өзі келіп, айтып кетті (АТ).

БЕСІК ҚҰДА **БЕСІК КЕРТТІ ҚҰДА** **к ө н е.** *Сәбилерді бесігінде атастыру арқылы болған жекжаттық.* Екіншісі — *бесік құда.* Бұл әдет-салт бойынша, жастардың ата-аналары балаларын бесікте жатқан кезінде-ақ атастырып, құда болысқан (М. Ғ.).

БЕСІК ТАБЫ [ТАБЫ БЕЛІНЕН] КЕТПЕГЕН *Жап-жас, аузынан ана сүті кетпеген. Бесік табы кетпеген.* Қабырғасы қатпаған, Екі бірдей қос жетім Жүре алмадық алысқа (А. Аз.).

БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҚПАҒАН Қаршадай, кіп-кішкенгай. *Бесіктен белі шықпаған, Жасы өсіп теңелді* (Д. Б.). «Тойбай тоқсанға келсе де, қайдан шықпайды», — деген жұрттың сөзін естімей жүрсің бе? Бүйте берсең *бесіктен әлі белі шықпаған* жалғыз балаң Кеңесбектің бетіне салық етерсің... (М. Е.).

БЕСІН АУДЫ [ЕҢКЕЙДІ] *Уақыт бесін мезгілінен өтті. Бесін ауа* бәрімізді қағазға тіркеп, жарақты казак-орыстар тысқа шығарып, атты, жаяу конвоймен айдап жүрді (С. С.). Жанымда зоотехник Серік бар, Тасбұлақтағы осы үйге *бесін еңкей* жеттік (ЛЖ).

БЕТ АЖАРЫ [ӘЛПЕТІ] *Түрі, кескіні, кейпі, ұсқыны.* Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай, Ақ бетінің қызылы, Ақ тауықтың қанындай, Екі беттің ажары. Жазғы түскен сағымдай (ҚЖ). Тұтқының *бет әлпетінде*, тұрысында еш қимыл, өзгеріс жоқ (Ө. Қ.).

БЕТ АЛДЫ¹ [БЕРДІ] *Бағыт алды, кірісті, ыңғайланды; көңіл берді, жүзін көрсетті.* Дорбаларын арқалап, қолдарына кетпенін не орағын алып колхозшылар жұмысқа *бет алды* (Б. Керб.). Келген жұртты Майбасар үйге қарай бастап, енді жайланып отырыспаққа *бет алған* кезде, қақпа ашылып, Қарабас кірді (М. Ө.). Енді біразда Дәмежан мен Жәбікен бұл

аурудан титықтап өлімге бет берген кісілердің түс-реңі қандай болғаны туралы айтысты (М. Ә.).

БЕТ АЛДЫ² 1. Қалай болса солай; мақсатсыз. Әңгіме бет алды оқуда емес, тоқуда. Кітапта айтылғанның бәрін жаттап алған білім болмайды (М. И.). Жұрт аңтаң. Біреулер бет алды қол көтеріп жатыр (Б. М.). 2. Қайда болса, сонда, басының ауған жағына, өз бетімен, өз бағытымен. Салған құсына жете алмаса, ителгі бет алды ұшып, ұзап кететінін ұғындырды (С. В.). Ол неше далалармен, бет алды құла дүзбен жүре берді (ҚЕ).

БЕТ АЛДЫНАН [АЛДЫННАН] ЖАРЫЛҚАСЫН ○ БЕТІНЕН [БЕТИНЕН] ЖАРЫЛҚАСЫН тілек. Жолы оң болсын, мақсаты орындалсын. (Алдың айқын, даңғыл, бақытты жол болсын, құдай тілегіңді алдыңнан берсін деген мағынада). Мен саған еремін, Сырым! Еремекке жолым тар... Тәңір бетімізден жарылқасын (М. Ә.). Е, көке! Сіздің ақындығыңыз ауыздық тістеп алып бір қыңырлыққа басқан екен. Бетіңізден жарылқасын, хан төренің кілеміне түсіп, адыра қалған дәуреннің шашпауын көтермек болыпсыз (М. Ә.).

БЕТ АЛЫС 1. Бағыты, бара жатқан жағы. Таймас тұра қашты. Бет алыстары — Төртпақ Жәнібектің елі (Ғ. Мұс). 2. Ұстаған жолы, нысанасы. Жас қыздың бет алысы дұрыс. Ол өмірдің өзі нұсқаған арнамен келе жатыр (ЛЖ).

БЕТ-АУЗЫН ТЫРЖЫН ЕТКІЗДІ Жақтырмады, ұнатпады. Көкіма Қадиданың Сәулені мадақтағанын жақтырмай, бет-аузын тыржың еткізіп: — Ә, қойшы, еркектер майданға кетпесе,... бастық болу қайда оған, — деді (Ә. Ә.).

БЕТ-АУЗЫ ШІМІРІКПЕСТЕН [БҮЛІК ЕТПЕСТЕН] Ұялмастан, қызармастан. «Ұрғаны үшін ол жаза тартады, ал газетті жыртықаны үшін сен де жаза аласың. Екеуіңе үш жылдан алты жыл» — деді ол бет-аузы шімірікпестен (З. Ш.). Анау қара кемпір келіні сараң деп, беті бүлк етпестен бір нәрсені қоңырсытып отыр (АТ).

БЕТ АШАР 1. Халықтың жаңа түскен жас келінге жақсы тілек айту салты. Есбай, Қарлығаш: Басталды ойын, Басталды бет ашар! (М. Ә.). 2. Алғашқы қадам. Бұл концерт орыс өнерпаздары көрсетер өнердің алғашқы бастамасы, бет ашары ғана (ҚӨ).

БЕТ АШЫСТЫ Жүз шайысты, біріне бірі шындықты айтты. Өке мен бала алғаш рет шындасып бет ашысатын белге келген еді (М. Ә.).

БЕТ БАҚТЫРМАДЫ Бой бермеді, айтқанға көнбеді; жолатпады. Көпей бәйбіше осы тақырды тастап, бір түгі бар жерге көшейік те дегенде, Жұман бет бақтырмаған (Ғ. М.). Жел жер түгін жұлқылай, Құйындатып, шаңғытып, Бет бақ-

тырмай бұрқырай Көкке атылған шаңытк (Т. Ж.).

БЕТ БҰРДЫ ○ БЕТКЕ АЛДЫ 1. Бет алды. Онымен Оқас тағы бірге кетті, Шабдан да Алатауға бұрды бетті. Ойран ел, өлген атпен жұмысы жоқ, Ояз да лауланған атын жекті (І. Ж.). Танктер бетті бізге қарай бұрған кезде, шынында да ажалдың жері осы шығар деп ойладық (ЛЖ). Қара жолдың үстінде Арқалықты бетіне алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр (М. Ә.). 2. Кірісті, жұмылды. «Достық» деген ұранмен, Еңбекке бейбіт бет бұрдық (А. Т.).

БЕТ БҰРЫС Мәнді бағыт; үлкен өзгеріс. Заводты салып жатқан кәсіпорындардың жауаптылықты арттырып, завод құрылысына мықтап бет бұрыс жасайтын кезең жетті (ЛЖ).

БЕТЕГЕДЕН БИІК, ЖУСАННАН АЛАСА ○ БЕТЕГЕДЕН АЛАСА, ҚОЙДАН ЖУАС 1. Тым аласа, төмен. Кемпір бір нәрсеге алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде егеуді іліп ала жөнел (ҚЕ). 2. Аса сыпайы, кішіпейіл; ілгіпатты, инабатты, Бетегеден биік, жусаннан аласа болып аз уақыт жүріп көрейінші, менен жақсы адам болмасын (Ә. Сат.). «Сіз» деп, «біз» деп бетегеден биік, жусаннан аласа боп майысып... титғығы құриды ғой бұл бейбақтардың (М. Ә.).

БЕТЕГЕСІ ШОҢҚАЙҒАН ҚОЯНДАЙ Малға жайлы шөбі бар, от жер.

БЕТ-ЖҮЗГЕ ҚАРАМАДЫ ○ БЕТИ-ЖҮЗІ БАР ДЕМЕДІ ○ БЕТ-ЖҮЗІН ДЕМЕДІ Қаймықпай әңгіменің турасын айтты, жасқанып тайсалмады. Құрмет оған, әттең аз ғой мұндай сын, Бағалайтын, қарамайтын бет-жүзге, — Бұл кім тағы, ей, тоқта сен, бұл қайсың? Деп даурыға келетін сын көп бізде (А. Ш.). Әлия менің бет-жүзіме қарамай шындықты айтып тұр (Ж. Ж.). Өздерін бет-жүзі бар демей, мақара түрде әшкерелеп отырған сыншы, жыршыдан қолдан келген жаманшылық пәле-қазаны аямайды (М. Ә.).

БЕТ ЖЫРТТЫ 1. Әшкерелеп, бетін ашты. Әншілердің бірқатары өздерінің шығармаларында бұқарашылдық, халықтық идеяларды қорғап, үстем таптың зұлымдық озбырлығын бетін жырға әшкереледі (ҚӨ). 2. Сөзге келді; ұрсысты, бетінен алды; абыройын төкті, жүз шайысты. Ұзақ уақыт бет жыртысып сөйлескен Әділбай үйден үнсіз шығып бара жатты (С. Ад.). Ахметтің аман-есен келуіне өзінен де бетер тілектес болып отырған жас адамның көңілін қиып, бетін қалай жыртады (Ж. Ж.).

БЕТКЕ АЙТТЫ Шындықты көзіне айтты, тура өзіне айтты. Әділбеков жолдаста сізге көмектесуден басқа бөтен ниет болмауға тиіс. Жұмыс бабында кейбір кемшіліктеріңізді бетіңізге айтса, оған шам-

данбай, дұрысына құлақ асып отыруыңыз керек,— деді Керей (М. И.). Не айтқысы келсе де, ол бетіне айтағын (ЛЖК).

БЕТКЕ БАСТЫ [САЛЫҚ ЕТТІ...] Айыбын алдына көлденең тартты, айыбын айтып ұялтты; табалады. Сен менің өткендегі өкінішті істерімді бетіме басудан еш нәрсе ұтпайсың (Ш. Х.). Істерді не сұрқия бетке басып, Шықты есікті сарт ұрып, терлеп-терлеп (Қ. Жұм.). Сапарға Жарқынның ызасы жаман өтті. Бұл оның төлкегіне айналып барады. Қит етсе, жаман оқитынын бетіне басады (М. И.). Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келене келгенде, осы отырған бөрімізге салық (М. Ә.). Әнеу күні Қүнекең мына Сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны бетіне салық қылты (М. Ә.).— Бұндай қателік әрқайсымыздан табылады. Тек оны бетке салық етпейік, сабақ етейік,— деді секретарь (Ғ. Мұс.).

БЕТКЕ БЫЛШ ЕТКІЗДІ **○** **БЕТІНЕ БЫЛШ ЕТКІЗІП БАСТЫ** Бетің бар, жүзің бар демей айтып салды.— Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып көпке жайып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге...— деді Құнанбай Сүйіндікке (М. Ә.).

БЕТКЕ КЕЛМЕДІ **○** **БЕТІНЕ ЖАН КЕЛМЕДІ** Қарсы сөз айтпады, сөзін екі етпеді. Күдері мұндай сезімдерге өз басы онша құлай берілмесе де, біреудің бөйек болғанын, бетіне келмегенін ұнататын еді, оның мұнысына Батырбайдың «бауырмалдығы» дөп келіп, екеуінің ішек-қарны әбден араласып кеткенді (М. И.). Байекең айтса білікті, Жалшы бір сөз қатты ма? Бай бетіне келуге, Бұрын жалшы батты ма? (С. С.). Бетіне жан келмейтін мықты батыр болған еді (ҚЕ).

БЕТКЕ ҚАН ЖҮГІРДІ Реңі кірді, өңі кірді, ажарланды, шырайланды. Жолдас-тарға қараймын. Бәрінің де кір, күйе басқан аш беттеріне қан жүгіргендей (С. С.). Ал, көңілім, желден озып, серпіл енді. Қызықты, қызғылықты заман жетіп, Бетіңе қан жүгіріп, көркің енді (ХӘ).

БЕТКЕ [ЖҮЗІНЕ, КӨЗІНЕ] ОТТАЙ БАСЫЛАДЫ Жылы ұшырады, жақын көрініп кетті. Өз-өзіме самокритика жасамадым ба? — деп Қасен есік алдына шыға берді. Көз алдына Үлкен Алматы биігі тағы сап етті. Әлденеден бетіне оттай басылған сияқтанды... (М. Ә.).

БЕТКЕ СОҚТЫ Бетіне басты, табалады... Тек бір қоя салған ат еді-ау! — деп, қазақтың қарттары датты бетіне соғып жүреді (ШС). Мықты болсаң өзін неге жазбайсың? — деп Жұмабек талай оның бетіне де соққан (Т. А.).

БЕТКЕ САЛЫҚ [ТАҢБА] ВОЛДЫ Ұятқа қалдырды.

БЕТКЕ ТҰТТЫ Арқа сүйер күш етті, мақтан етті; абыройлы болуды көздеді. Қол жеткен ұлы табысты ақын бетке тұта орынды айтты (АТ).

БЕТКЕ [БЕТІНЕ] ТҮКІРДІ Әлде маған деп масқара етті; жиіркене безінді. Бойыма күш біткенге еттім шүкір, Қажысам абақтыда бетке түкір. Темірін екі итеріп тартқанымда, Кіріпші жерге түсті күтір-күтір (Б. Ш. Б.). Дәл қазір жай мадақтау түгіл, бетіне түкіріп берсе де мейлі, Сандыбайға малын алу ғана керек еді (Ғ. М.). Есті, есті бірақ сен, Молда мен байдың алғысын, Еңбекші тап естіртер, Түкірген бетке қарғысын (Ш. И.).

БЕТКЕ ҰСТАРЫ [ҰСТАР, ПЫҒАР]

1. Керініске шығарары, жұртқа көрсетері, қаймаққа шыққаны, сүйеніш еткені. Үшеуінің бетке ұстағаны бір ғана Зейнұр (Ә. Ә.). Соқыр көргенінен жазбас дегендей, соқыр басшылар мені қауқитып бетке ұстап жүргенде, ақырын жүріп, мығым басқан талайлар менен озып кетіпті (Т. А.). 2. Беделді, білікті, жақсы адам деген мағынада айтылады. Орта Азия мен өзінің туған республикасының бетке ұстар күрішшілері гектарынан 30—35 центнерден өнім алғанын мақтан етеді (Ә. Ә.). Он бес, жиырма кісі жиналған. Бұлар әр рудың, атының бетке шығарлары, болыстың ертеден тізелестері (Ғ. Мұс.).

БЕТКЕ ШІРКЕУ ВОЛДЫ [КЕЛТІРДІ]

Абыройсыз етті, жамандыққа апарды; ұятты ісімен табаға қалдырды. Бергі ата-сы хан Абылай құлдық кезімнің куәсы болып, бетіме шіркеу келтіреді деп, ажалдан аман алып шығып, ерлік жолға қайраған Ораз құлды өз қолымен бауыздаған (І. Е.).

БЕТ ҚАРАТПАДЫ Қаһарына шыдамады, ешкім тіктеп сөз айта алмады. Бандыны сол бетімен бет қаратпай, бөктерлей Тасбасқанды қуып кетті (С. Б.). Алтайдың қаңтардағы долы бораны қазір бет қаратпай соғып тұр (Қ. Қ.).

БЕТ ҚОЙДЫ Ниет етті. Киімін шешінді де, шекпен киіп, Балуанмен ұтасуға бет қойды (Ж. С.). Топ бастар серкеміз деп Әмірханды, Бет қойды билегуге мал мен жанды. Сыйса тек аз «соқырдың» маңдайына, Туғызған мұндай сирек арыстанды (И. Б.).

БЕТ ҚОСТЫ д и а л. Беттесті, бетпепет, жүзбе-жүз келді. Олар бір-бірімен бет қосып сөйлесті (Сем., Абай).

БЕТ МОНШАҒЫ ТҮСТІ [ҮЗІЛДІ, САЛБЫРАДЫ, ТӨГІЛДІ] Ұялды, бағылы бармады, кісіге тіктеп қарауға жүзі шыдамады.— Әй, құдай-ай, сенің орныңа еркек болмаған екем! — деді келіншек.— Қазынаның берем дегенін сұрауға да бет моншағың түседі (Ғ. Мұс.). Қарсы жақ кісі тапшай болды жүдеу, Көк темір болды асып алмас егеу. Салбырап бет моншағы батырлардың, Теп-тегіс, төмен қарап бол-

ды күйеу (І. Ж.). *Бет моншағың төгіліп қалпты ғой (АТ).*

БЕТ МОНШАҒЫ ҮЗІЛМЕГЕН Ұяң, *беті ашылмаған.* Қаншама ер жетті дегенмен, *бет моншағың үзілмеген* жассың ғой, сондықтан ойыңа алған ісіңе батылдығың жете бермейді (С. М.).

БЕТ ПЕРДЕСІН АШТЫ [ЖҰЛДЫ, ЖЫРТТЫ, СЫПЫРДЫ] *Құпиясын жарыққа шығарды, жұмбағын шешті; әшкере етті, айыбын бетіне басты; масқаралады.* Соның өзінде ақын өз дәуірінің қайсыбір жексұрын көріністерінің *бет пердесін батыл ашып*, аяусыз әшкерелегенде, ара-тұра болсын сатиралық кекесінге дейін көтеріле алады (Ы. Д.). Бейімбет өзін революция әкелген жаңалықтардың сақшысымын деп білді де, өткен заманды көксеуші жат мінездердің *бет пердесін жұлып* тастап, оның күйрек жанын, ескіні көксегіш көкірегін, тұңғышқай түнерген арам ойларын халық алдына жайып салды (Қ. Ж.). Белсендісін бояма, *Бет пердесін сыпырып*, Іздесе қоя ма? (А. Т.). Осы науқанның тұсында талай шермендердің *бет пердесін жырттып*, жұртшылықтың алдына сүйреп салармыз! — деді Арыстан жайраңдаған пішінмен (Б. М.).

БЕТ СИПАДЫ д и а л. *Өлікке, мәйітке бата оқыды, бата қылды.* Сол қыс күйеу баланың әкесіне *бет сипай* келіпті (Түрікм. Ашх., Красновод.).

БЕТ СИПАСЫП ҚОЙДЫ *Уәделесті, келісті, сөз байласты.* Жамал соны Әділге айтып, Әділ Есенәліге «қызымды көндірдік, ұзағынан сүйсіндірсін» деп, екеуі *бет сипасып қойған* еді (Ж. Т.).

БЕТ ТҮЗЕДІ *Бет алды, бет қойды, алған бағытына қарай тура жүрді.* Екі қыз тамақ алып шахтаға *бет түзеді.* Өңдерінде қызараңдап күлкі ойнады (Ғ. Мұс.). Танабай балаларымен, малайымен өзінің қырдағы жылжысына қарай *бет түзеп* келе жатты (С. С.). Жапар бар күдігін еңсеріп, ақыры аулына қайтуға *бет түзеген* соң, иығынан жүгі арылғандай серпіле бастағанын айтпаса да, жадыраған түрінен танылады (Р. Ә.).

БЕТІ АУДЫ 1. *Бағытсыз, мақсатсыз, қалай болса солай жүрді. Беті ауған* жаққа жүре берсе, тағы бір сорға кездесуі сөзсіз (Ә. Ә.). Миршад адамдарының қалғандары қолдарындағы құралды тастап, *беті ауған* жаққа тұра-тұра қашты (С. Ай.). 2. *Райдан қайтты, бері қарады.*

БЕТІ АУМАДЫ *Бағытынан таймады.* Қазанғап күләпарасын жаңа киді басына. Алысты көре алмаса да, қас қарайғанша *беті ауған* жоқ, адасам деп қобалжыған жоқ (Ғ. Мұс.).

БЕТІ АШЫЛДЫ 1. *Анықталды.* Ханның бергісі келмей отырғанын түсінген Керей намысқа шауып, Ғайып-Жамал Сұлтанбегінің *бетінің ашылып* қалғанын алыстан тұспалдап сездірді (І. Е.). 2. *Қы-*

сылып-қымтырылмайтын болды, батылы жетті. Жаттанды өлеңдерге өзі шығарған бірер жолды, кейде бір ауыз өлеңді аздап қоса жүріп барып *беті ашылады* (М. Ә.). Әжем тіпті «өзің де жай жүрмейсің» деп, оңаша ұрысп алады. Жай жүруге болды ма? Тап күресіндегі көнгерілілік, сыпайылық күн сайын жойылып, *бет ашылып* келеді (Ғ. Мұс.). *Беті бір ашылған* әйелдің үйде тұруы қиын (АТ). Бір *беті ашылған* соң бола ма, келіннің тілі сүйреңдей бастады (АТ).

БЕТІ БЕРІ [БЕРМЕН] **ҚАРАДЫ** ○ **БЕРІ ҚАРАДЫ** 1. *Аурудан жазыла бастады.* Тоқсанбай қасына әйелін ертіп, Атбасарға барып қайтқан екен, «қызының *беті бері қарады*, енді аз күнде құлан таза сауығып шығады» деп, емші дәрігер жақсылық хабар айтыпты (С. О.). Шүкір, *бері қарадым.* Бірақ көтерем сияқтымын (Ғ. Мұс.). 2. *Райдан қайтты, ашуы тарады, өкпесін басты, айтқанға көнді. Беті бері қарап*, қол оң жайылғаннан бері қарай, жыл сайын бестеп, ондап «жас ііс» жаңа талап рисалалар да тауып тұрды (С. Т.). Инженерге айтып өдім. Алғашында көнбей қойды. Әйтеуір әрі айтып, бері үгіттеп, *бетін бері қараттым-ау* (ЛЖ).

БЕТІ БҮЛК [БЫЛШ, ШЫЛП] **ЕТПЕДІ** ○ **БЕТІ ШІМІРІКПЕДІ** *Ұялмады, бедірейіп тұрды, арсызданды.* Терісі сүйегіне жабысып қалған атамның қансыз, арсыз *беті бүлк етер емес* (Ә. Ә.). Жасы үлкен кісінің жас кісіні сырласуға шақырғанда, азырақ жасқанғандай боп, дауысы еріксіз дірілдеп шығар еді, ал бұның *беті бүлк етпеді* (Ә. Н.). Тарт, Әзімбай, арсыз тіліңді! Әкеңнің аузы бармас арамдыққа *бетің былш етпей* сен барайын деп пе ең! (М. Ә.). Раушан Кемебайдың қатынының бір сөзін он сөз қылып әкелуге *беті шылл етпейді* (Б. М.). Ерінің *беті шімірікпестен*, момақансып отырған аярлығы Сағиланы жирендіріп жіберді (М. И.).

БЕТІ ДУ ЕТЕ ТҮСТІ *Қатты қысылды, қызарды, қаны бетіне ойнап шыға келді; ұялды.* Әзімханды көргенде Гүлияның екі *беті ду етіп* қып-қызыл болып кетті (С. С.). Елена Михайловнаның *беті ду ете түсіп*: — Сіздің айтқаныңыз болсын. Мен бір-екі жігітті оқытып келгем. Егер курс ашылса, онда да істеуден мен қашпаймын, — деді (М. Қ.).

БЕТІ ЖАРЫҚ *Көңілі ашық, көтеріңкі, жүзі жарқын.* Малдың *беті жарық*, малсыздың *беті шарық* (Мақал).

БЕТІ ЖОҚ *Арсыз, ұятсыз, ардан кешкен.* Вас қосылса арысқа, Кім шабады намысқа, Жатқа қарар *беті жоқ*, Жалынбай тұрар к...і жоқ, Ісі кетер шалысқа (Абай). Ағылшын қызын үйіне шейін шығарып салуға Барановтың *беті жоқ*. Кеткісі келмегендей қиылып есік көзінде қыз тұр (Ә. Ә.).

БЕТІ ЖҰМСАРДЫ *Ашуы қайтты.* Бір ай бұрын Ақбала оған кісі жұмсап:

«Әжемнің бетін жұмсартып берсін», — деп сөз сағды (Ә. Н.).

БЕТИ КҮЙДІ Ұятты болып, бетке қарай алмады. Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып, қызара бастаушы еді (С. Т.).

БЕТИ ҚАЙТТЫ Көңілі қалды, тауы шағылды, қарқыны басылды. Кенжекей осылай деп Бекторының бетін қайтарып тастады (ҚЕ). Асан Айсұлудың беті қайтып қалмасын деген ниетпен кітапты қолынан алып, сөл ұстап отырып өзіне қайырып берді (А. В.).

БЕТИ ҚАТТЫ Қаһары күшті, екпіні қатты, ашу-ыза-сы көп. Онсыз да осы қазір пағшаға жігіт бермейміз деп ереуілдеп, бой көрсетіп жатқан ауыл көп еді, бірақ соның бәрінен мыналардың беті қатты екенін Тәңірберген бірден білді (Ә. Н.).

БЕТИМЕН ЖҮРДІ [ЖІБЕРДІ, КЕТТІ]
 ○ **БЕТИМЕН ҚОЯ БЕРДІ** 1. Ешкімде ісі жоқ, өзімен-өзі болды, ойына келгенін істеді. Нәпсіңді шұғылдандыр, жатпа босқа, Ашуды қой, серік бол ақыл досқа. Егер де бетіменен қоя берсең, Сенің ол еркінді алып, қылар шошқа (С. Т.). Өнер бастап, жайыңа және алдап арбап, Өз бетіңмен сен кетесің (Абай). 2. Қайырусыз жіберді, қолын қақпады, тыйым салмады. Әлібек қырма сақалын бетімен жіберіп, күйек сақалды болыпты (Ғ. Мұс.). Баланы бетімен жіберіп, жаман үйретпе (АТ). Іздемеген жерім жоқ. Зағипа үйге ене алмай тұр. Есікті құлыптағансың да бетіңмен кеткенсің. Ендігері өйтпе, шырағым (Ғ. Мұс.).

БЕТИН АЙДАЙ [АЙМАНДАЙ] ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] Қара бет қылды, жерге қаратты, кінәсын бетіне басып ұялтты. Абайдың өзі ғана емес, Оразбайдан елдің ешпін аламыз. Бір өзі емес, оған құрық берген айыпкердің бәрін жазалаймыз, айып тартырамыз, бетін айдай егеміз десті (М. Ә.). Бәрі де жаңағы айтқандай: Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты егеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп жырамыз дескен еді (М. Ә.).

БЕТИН БҰРДЫ Ыңғайға көндірді; ашуын басты; айтқанға көнді.

БЕТИН БІЛДІРДІ Ойын айтты, ыңғайын, ниетін аңғартты, жөнін көрсетті. Жанат ар жағын өз ойымен жорып келіп, бетін білдірді (Ғ. Мұс.).

БЕТИНДЕГІ ШІРКЕУІ Күнәсы, айыбы. Өтген мына бір бетінде тұрған шіркеуі болмаса, Жаппасбай сияқтылардың адымын ашырмас еді (Т. А.).

БЕТИНДЕ ҚАН-СӨЛ ЖОҚ Аппақ, құпқудай. Аңнан Майлықарашылар келді. Келсе қыздың бетінде қан-сөл жоқ, құп-қу болып кеткен (ҚЕ).

БЕТИНЕ ЖАН ҚАРАТПАДЫ ○ **БЕТИНЕ КЕЛТІРМЕДІ** Бет бақтырмады, өзіне

ешкімді тура келтірмеді, олайғысын олай, былайғысын былай жайпады. Күресте қалың қолды адақтаған, Майданда бетіне жан қаратпаған, Сондықтан «Адақ» деген есім алып, Ер еді атына кір жолатпаған (С. С.). Осы бір көздердің сайыса кездесуінде бұрын бетіне жан қаратпайтын Садақ сескене, ойланып қалғандай (Д. Ә.). «Аты-тонын олжалап, Аман қайтса жарар», — деп, Өзінше желдей есіпті, Бетіңе жан қаратпай, Көңлі әбден есіпті (ҚБ).

БЕТИНЕ [БЕТИМЕН] ЖІБЕРМЕДІ ○ **БЕТИНЕН ҚААҚТЫ** Еркіне жібермеді, өз бетімен қоя бермеді. Желіні бетімен жібермей, реттеп жолға салып, бірі-біріне шатастырмай даралап есіпті (Қ. Әб.). Бетіңнен қағар бір пенде табылмай, тыюсыз кетіп жүрсің (Ә. Н.).

БЕТИНЕ КЕЛДІ Қарсы сөз айтты, көңілін қалдыратын мінез көрсетті. Байекең айтса билікті, Жалшы бір сөз қатты ма? Бай бетіне келуге, Бұрын жалшы батты ма? (С. С.). Соны білген әйелі күйеуінің бетіне келе бермейтін. Осы жолы да оған қаймығып, үндемей қалды (Ә. Н.).

БЕТИНЕ КҮЙЕ [КІР] ЖАҚТЫ Масқаралады, беделін түсірді, айыптады. Өздеріңе белгілі, Қытыраштың қызын Жүністің алып қашқаны — бүкіл Сықымбайдың бетіне күйе жарқаны ғой (Ғ. Мұс.).

БЕТИНЕ КІРЕУКЕ БОЛДЫ [САЛДЫ] Жүзін пәс етті, назарын төмен қылды. Билік беріп біреуге, Аз нәрсеге алданба. Бетіне болар кіреуке, Жалбақтап жоққа жалданба (Б. Қ.).

БЕТИНЕН АЛДЫ [ҚАПТЫ] Көңілін қалдырды, тілдеді, қарсы келді. Көгібар: Кет әрі, енді менен қамшы жерсің, Үргізген анау байың тыйым берсін. Бетімен алдырушы сен ғой Маман, Тұра-тұр бұл бөйгіден атым келсін (М. Ә.). Тіпті басынып ап, ананы, мынаны істе деп мазамды ала берген соң, әуелі «жасы үлкен» деп сыйлағаныммен, арғынан бірер рет бетінен қауып та тастадым (С. М.).

БЕТИНЕН АРЫН ТӨКТИ Ұялтты, ұятқа қалдырды. Төкпе беттен арымды Патша заа шырағым, Қашырма беттен қанымды, Күнәм болса кеше гөр (МЗ).

БЕТИНЕН БАСТЫ Ұялды, қысылды. Ана жолғы төбелестен кейін Мюлгаузенді көргісі келмей бетінен басты (Ә. Н.). Орнын Жаппасбай тартып алғаннан кейін Қоспан енді қызмет іздеуге бетінен басып, сол жердің өзінде Жаңылмен бірге жүк тиеуші болып істей берді (Т. А.).

БЕТИНЕН БОЗДАҒЫ ШЫҚТЫ Қалтырап тоңды. Түсі сүзектен тұрғандай, бетінен боздағы шығып жақ жүні үрпиген (С. С.).

БЕТИНЕН ИМАНЫ [ҰЯТЫ] ТАМҒАН Әділетті, ұнабатты адам; жүзі жылы, көңілі таза. Тіпті кісіге қиянат жасайтын түрі жоқ қой өзінің. Бетінен иманы тамып тұрған жігіт — деп ойлады ішінен (Т. А.).

БЕТИНЕН ҚАЙТПАДЫ *Алған бағытынан таймады.* Зевстің айтқанын жаса да, ауыр азабынан құтыл деп қаншама жалынса да, Прометей өзінің адам баласына жақсылық жасауын ең ізгілік іс деп ұғды да, *бетінен қайтпайды* (Қ. Жұм.).

БЕТИНЕН [ЕКІ БЕТИНЕН] ҚАНЫ ТАМҒАН *Әрлі, қып-қызыл (адамның жүзі туралы).* Алғашқы күні қымызды *бетінен қаны тамған* шолпылы қыз құйып беріп еді. Өзі Жамантайға күлімдеп қарай берген (Қ. И.). Алмадай пісіп тұрған бақшадары, Ашылған гүл бейнелес қыз тұлғасы. Албырап екі *беттің қаны тамып*, Құйылып төңкерілген көз қарасы (Ә. Най.).

БЕТИНЕН ОТЫ ШЫҚТЫ *Қызарды, қатты қысылды, ұялды.* Жиын есіне түскенде, *бетінен оты шықса* да, мұғалімнің сөзіне көнбесіне Бектайдың шарасы болмады (М. И.). Ғани конкурстан өте алмайтынын алғашқы бетте-ақ сезсе де, артынан Нұриға сеніп... сайып келгенде, мәселенің ақыры бұлайша көңілсіз болып шыққанын екі *бетінен оты шығып*, ұяла тұрып баяндады (М. И.).

БЕТИНЕ НҰР ЖҮГІРДІ *Қуанды, риза болды; құлпыра, жандана түсті.* Подполковниктің ықыласын көріп біздің жігіттердің *бетіне нұр жүгіре* бастады (Т. А.).

БЕТИНЕН ШЫҚТЫ *д и а л. Асты, сыймады.* Жинаған қағазы көп, тіпті жәшіктің *бетінен шығып* тұр (Қ. орда, Арал).

БЕТИНЕ ТУРА ҚАРАМАДЫ *Жасқанды, қаймықты, жүзін тайдырды.* ...Ауылда әлі ру басы ақсақал басқарады. Жалшы әлі қанаушының *бетіне тура қарай* алмайды... (Ғ. Мұс.).

БЕТИНЕ [ЖҮЗІНЕ] ШІРКЕУ БОЛДЫ [САЛДЫ, ТҮСТІ, ЕТТІ] *Ұялты болды, арлы болды, ерсі болды, айыбын бетіне айтты.* Есенәлінің бүгін Колосовпен шәлкем-шалыс келіп қалғаны *бетіне шіркеу болып* отыр еді (Ж. Т.). Тексіз немерелдің көргенсіздігі менің *бетіме шіркеу салды* (ҚӘ). Соңын ойлап *бетіме шіркеу түсіп* жүргенде, 1960 жылы ұлым Әділбек осы келінімді алып келді (ЛЖ).

БЕТИН ЖЕЛ ҚАҚПАДЫ, МАҢДАЙЫН КҮН ШАЛМАДЫ *Ешбір қиындық, бейнет көрмеді.* Айбар бұл ерке сұлудың *бетін жел қақпауын, маңдайын күн шалмауын* тілейтін (З. Қ.).

БЕТИН [ЖҮЗІН, ҚАБАҒЫН] КІРБІН ШАЛДЫ *Жүзінде көңілсіздік білінді.* Тәңірберген қанша епті болғанмен, Еламаның алдында айла-амалын тауысып, мысы құрып, қанды қызыл *бетін кірбің шалып*, көңілсіздене бастады (Ә. Н.).

БЕТИН ЖЫРТТЫ 1. *Ойбайлады, жылады, зарлады.* Еңіресін, ұлы-қызы *бетін жыртып*, Соны саған сыр қылып айтқан адам (ҚКБС). 2. *Сөкті, ұрысты.*

БЕТИН КӨРМЕДІ *Екінші қайтып жоламады; кездеспеді.* Мен балаң, жарық

күннен сәуле құған, Алуға күнді барып белді бұған. Жұлдыз болып көрмеймін едің *бетін*, Волмасам толған айдай балқып туған (С. Т.). Бәрінен бұрын Ғалымды неге алдаған, оның *бетін* қалай көреді? (Ж. Т.).

БЕТИН КӨРСЕТЕ АЛДЫ 1. *Таныта алды, айқындады, білдіре білді.* Таңдаулы әңгіме, повестері берілген бұл жинақ прозаик Сәкеннің *бетін* толық көрсете алады десе болғандай (ҚӘ). 2. *Ұялмады, қысылып-қымтырылмады.*

БЕТИН КӨРСЕТПЕСІН **Ө** **ӨЗ БЕТИМЕН [ӨЗІМЕН] КЕТСІН** **Ө** **БЕТИ АУЛАҚ** **қ а р ғы с.** *Біреуге тап болған жамандықты әңгіме еткенде «сондайдан құдай аулақ етсін» деген тілекпен айтылады.*

БЕТИН ҚАЙЫРДЫ [ҚАЙТАРДЫ] *Қарқынын басты, алған бетінен тайдырды; жолына тосқауыл болды; жігерін құм қылды; қолын қақты, меселін қайтарды.* Қарт шыдай алмай: — Өлмесе жерлеуге апармайды ғой! — деп жігіттің *бетін қайырып* тастайды (ҚӘ). Ат сұраған ағайынның да *бетін қайырмай*, дос-досына ат шаптырып, күні-түні дамыл көрмей, өйгеуір жұртты өзіндік қылып жатыр (С. Т.).

БЕТИН ҚАҚПАДЫ *Еркін өсірді.* Қамар да қоя берді *бетін қақпай*, Жүрсе де сонысынан жұртқа жақпай, Әркімдер құдалықты ойланса да, Қамар қыз қайдан көнсің теңін таппай (С. Т.). Мен әкемнің жалғыз баласымын. *Бетімнен қақпай* еркелетіп өсірді. Әкем аудандағы белді қызметкерлердің бірі еді (З. И.).

БЕТИН ШИЕДЕЙ ҚЫЛДЫ [ТЫРНАДЫ] 1. *Тырнап алды, осып-осып жіберді.* 2. *Масқара қылды, әшкереледі, сөкті, ұрысты.* Сыйлағаның *бетімді тырнатып*, аяғымнан шалдыру болса, құрт жесін ондай құрметіңді (Ә. Ә.).

БЕТИН ШЫМШЫДЫ *Ұят-ай деген мағынада айтылады.* Кемпір Ғабиденнің *бетіне* таңдана қарап, ернін шыыл егкізіп, *бетін шымшып*, «бар еді» дейді де, салқын құмға көмілген торсықтан мұздай шұбатты табан аяқ қып құйып береді (С. М.).

БЕТИНІҢ КІРІ БЕС БАТПАН [БЕС ЕЛІ] **Ө** **БЕТИНІҢ КІРІНЕ БЕС ИТ ТОЙ-ҒАНДАЙ** *Тым лас, өте былғаныш.* (Бұл фраза, көбіне кішкене балаларға айтылады. «Батпан» сөзі бірнеше пұт деген мағынада — салмақ өлшемін білдіреді. Бұрынғы уақытта екі га шамасында жер өлшемі ретінде де қолданылған). Шай қамзол, құндыз бөрік кигенменен, *Бес батпан* десең болар *беттің кірі* (С. Т.).

БЕТИНІҢ ҚАНЫ ҚАШТЫ *Сұрланды; жүдеді, талықсынды; қорықты.* Кітап оқып отырған Салиқа Ләззаттың *қаны қашқан бетіне* таңырқай қарап, басын шайқады (Т. А.).

БЕТИН БАР, ЖҮЗІН БАР ДЕМЕДІ **Ө** **БЕТ-ЖҮЗІН БАР ДЕМЕДІ** *Тайсалмады,*

ешкімнің беделіне қарамай көңіліндегі сөзін айтып салды. Жақыпбек, әдетте бір беткей, мінезі тікшіл, ойлағанын беті-жүзің бар демей, тіке айтып тастайтын қызу қанды жігіт еді (М. И.). Бұлар бетің бар, жүзің бар деп жатпайды (З. Қ.).

БЕТИҢ ТІЛІНГІР! қ а р ғ ы с. Ар-ұяттан айрылып, қара бет болғыр, ұятың төгілгір деген мағынада. Сал кісенді! Табанын тіліп, күң қылыңдар! Бетің тілінгір, қайтып шыдап тұр мына бетің (М. Ә.).

БЕТЕІ ТҮЗЕЛДІ Жөнге түсті, оңға басты. Кемелге келу әлі алыс, Құлаудан кетті алайда. Түзеліп беті барады іс, Мақсатқа жетпек қалайда (Ж. М.).

БЕТІ ШИЕ БОЛДЫ Бұл жерде ерін жоқтап, бетін жырттып қан етті деген мағынада. Құлторат шабарыңа кие болды, Беттері қатынымның шиі болды. Үлкен күшік секілді қу бас Мамай, Иесіз тұрған ауылға ие болды (В. В. Р.).

БЕТІ ШИҚАНДАЙ Нартай қызыл, семіз, екі бетінен қаны тамған. Қала адамдарының беттері шикандай. Әсем киінген, арбалары да жақсы, аттары да семіз-ақ (С. Шәр.). Сауыншылар да келіп жатыр: беті шикандай екі еркек, қасында бір-бірден бала жігіт бар (Ғ. Мұс.).

БЕТІ ШЫДАМАДЫ Жүзі гайды, бетіне тіктеп қарай алмады, ар-ұяты бармады, ұялды. «Сіз Есен аға, кешіріңіз. Мен сіздің көзіңізге көрінуге де бетім шыдамай жолықтастан кеттім. Не болды? Неге ұялдым? Бәрін де кейін толық жазамын», — депті Ғани (М. И.). Ал, мынаны қайтем... деп Ақбала қолындағы емізулі жас баласын көрсетті де, беті шыдамай бір қырындап бұрыла берді (Ә. Н.).

ВИВБАТПА [ВИБИСАРА] ПІРІМНІҢ ҚОЛЫ **○** **ВИБАТПАҒА [ВИБИ ФАТИМА, ҚАДИШАҒА] СЫЙЫНДЫ** **○** **ВИБИ БАТМА ПІРІМ** Ескі діни сенім бойынша, Вибатпаны (бұл сөз «Фатима» дегеннен шыққан) — әйелдердің пірі етіп тұтыған. (Бұл фразаны әйелдер науқастанғанда, босанарда демеуші кемпірлер қолданған. «Бұл менің қолым емес, Вибатпа пірімнің қолы» деп келеді. Қырғыз тілінде бұл фраза «менін колум эмес, Умай әнемдин колу» деп айтылады. «Ұмай ене» дегенді ескі ұғым бойынша сәби балалардың қамқоршы періштесі деп түсінген). Бір кемпір басты «төкірім, қи атпаға», Біреулері сиынды Вибатпаға. Маған жер-көк сілкініп, сатыр-күтір, Жатқандай боп сезілді қирап дала!... (С. М.). *Вибі Сара піріміз*, Мен бишара сорлысын, Қолынан сүйреп алмаса, Қалдым жалғыз тоғайда, Көз жасым қабыл болмаса, *Вибі Фатима, Қадиша*, Жақсылық назар салмаса (МЗ).

ВИДАЙ ӨНДІ Ақ құба, ажарлы. Бидай өңді, селдір қара мұртты Қаракең биік шағылдың басынан төмендей түсті, бұйратқа қаптап жайылған қой соңынан көз тігіп тұр (КТ).

ВИДАЙША ҚУЫРДЫ Екі аяғын бір етікке тықты. Ол кетісімен Танагөз Әбекең мен Тәукеңі бидайша қуырды (Ғ. Мұс.).

ВИДАРҚА БОЛДЫ Босқа қаңғып, безінді. Көбісі келмей шеніме, Бидарқа болып жөнеген (ҚЖ).

ВИЕ БАЙЛАДЫ Қымыз дайындау үшін желіге құлын байлап, бие сауды. Еділдің бойын ең жайлап, Шалғынға бие біз байлап, Орнықты қара сабадан, Возбаламен күліп, ойнап, Қымыз ішер күн қайда? (М. Ә.).

ВИЕ ВАУЫНДАЙ ЖЕР Өте жақын, шамамен бір арқан бойы жер. Абай бие бауындай жерде өремен жайылып жүрген аттарды көрді (М. Ә.).

ВИЕНІ БҮГІМЕН ЖҰТАДЫ **○** **ВИЕНІ БҮГІМЕН, ТҮЙЕНІ ТҮГІМЕН ЖҰТАДЫ** Жемір, жемқор, парақор. Бідысысың параның, түйені түгімен, Виені жұтсаң бүгімен, қақалмай бір-ақ толғайтын (Д. Б.).

ВИЕ САУЫМДАЙ УАҚЫТ Виенің екі сауымының арасы, бір сағат шамасындағы мезгіл. Асылтас асықпай капитанды енді бір бие сауымдай кідірткенде, Серіктің жүздігі де жетіп үлгіретін еді (Ж. Т.).

ВИЗАР ЕТТІ д и а л. Азапқа салды. Күн бойы осы бала-ақ мені визар етті (Түрікм. Ашх., Красновод).

ВИЛЕП АЛДЫ [ТҰРДЫ] Өз дегеніне көндірді; басқарып тұрды. Қаракөз зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп ұйып кеткен денесін қайта жиып, билеп алды (М. Ә.). Оны қыз патшасы билеп тұрады (ҚЕ).

ВИЛЕРДІҢ К...ЕН БИЛІГІ к ө н е. Жөнсіз билік, әділетсіз шешім.

ВИЛІГІН БҰРМАДЫ к ө н е. Ешкімге іш бұра, гарглады. Тұлғасын көріп көз толған, Тұлымына әркім ден қойған, Билігін бұрмай тура айтқан Төбедей билер төрде жоқ (Б. Ә.).

БИТ ҚАВЫҒЫНАН БИЯЛАЙ ТОҚЫҒАН Өте шебер.

БИТЕЙ ДЕ НӘРСЕ [НЫШАН ҚАЛҒАН] ЖОҚ Дәнеңе, ештеңе қалған жоқ. Бүгінгі ауыл өскен, бұрынғы жадау көріністен биттей де нәрсе қалған жоқ (АТ). *Биттей нәрсе қалсайшы* Бұрынғы заңнан ырымға (Ш. Қ.).

БИТИН [БИТИН БІР] САЛДЫ Әзіл-оспақ ретінде бүйірі шыққанша құныға ішіп-жеу мағынасында айтылады. А, құдай, той тегінен болса екен, битімді салар едім деп пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар шыдасын ба? (С. Т.).

БИТИН СЫҒЫП, ҚАНЫН ЖАЛАП Отыр Жарымады, тақыр жоқшылықта отыр.

БИТИ ТОРҒАЙДАЙ, МОЙНЫ БРҒАЙДАЙ *Жадап-жүдеп, азып-тозды. ... Үсеннің халінен де жаман азып-тозған, биті торғайдай, мойны ыргайдай болған Асанға кездеседі (ҚЕ).*

БИТ ШІНЕ ҚАН ҚҰЯДЫ *Өзгенің білмегенің білетін айлакер адам туралы айтылады. Сұмдықпен бит ішіне қан құясың, Білмейсің неден зар боп жыларыңды (Айтқыс).*

БИІК БАЙТЕРЕК *Мейлінше ұзын, зәулім. (Бұл ауыз әдебиетінде жиі қолданылады).*

БИІК МАНСАП *Үлкен мәртебе, жоғары атақ. Биік мансап — биік жартаc; ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады (Абай).*

БОҒЫ ВОТҚА БОЛДЫ **○** **БОҒЫ БОТҚА, СІДІГІ СОРПА БОЛДЫ** **○** **БОҒ-СІДІГІ АРАЛАСТЫ** *Әбден былықты, ластанды.*

БОҒЫМЕН ЖАСТЫ *кекесін. Өзінен өте көп кіші, тым жас.*

БОҒЫН ПЫШАҚТАДЫ *кекесін. Өтіп кеткен іске өкініп, қап деп, шала бүлініп қалды. Кешегі істеген тентектігіңді есітіп, ағаң боғын пышақтады (АТ).*

БОҒЫ ШЫҚТЫ *Бүлінді, бұзылды. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады (Абай).*

БОДАМ БОЛДЫ [ЕТТІ] **○** **БОДАН БОЛДЫ** *диалект. Біреудің қол астында болды, біреуге бағынды. Баяғыда бір халық екінші халыққа бодам болатын (Сем., Үрж.).*

БОЗА БОЛДЫ *диалект. Ашыды, көгерді, бұзылды. Бір пәшкі темекі алып едім, арасы боза болып кетіпті (Қ. орда, Арал).*

БОЗ АЛА ТАҢ *Елең-алаң, таң сәрі. Ертеңіне ағам мені боз ала таңнан оятты (ЛЖ).*

БОЗАМЫҚ ТАРТТЫ *Таң атып бозара бастады. Бозамық тартып көк жиек, Келеді тұман арылып. Арайлы таңға бет сүйеп, Отырды жігіт сарылып (Н. Ш.).*

БОЗ БАЛА *Жас жігіт. Мылтық атқан, құс салған. Жас боз бала бір бөлек, Су жағалап қутындар (Абай). Аһ дүние, ойнар ма едім, жиылғанда, Бас қосып, боз балалар дәурен сүріп (С. Т.). Мінгенде атың боз ғана, Күйеуің жап-жас боз бала, Пайғамбар қызын ұзатқан, Соның бір салған жол ғана (В. В. Р.).*

БОЗДАҒЫН ВОРДАЙ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Азаматын жойды, жерге қаратты, қорлады. Көзім тірі тұрғанда, Кемітпеймін басымды, Боздағын бордай егпесем, Жасайын неге жасымды (К. Ө.).*

БОЗДАҚ ЕДІ *Еңіреген ер еді, жігіт-ақ еді, болып тұрған қыршын еді деген мағы-*

нада өлген, хауіпті сапарға кеткен кісіге арнайы айтылады.

БОЗ ЕМШЕК ҚЫЛДЫ *Биенің желінінде тұт қалдырмай, қайта-қайта сауып алды. Күздігүні күн қысқарғанда биені таң жусауында қосақтап, боз емшек қылып, сәскеге жеткізбей күн шыға ауылға әкеледі (Х. Ө.).*

БОЗ ЖАНБЫР *Ақ жауын. Үзбей бір қалыпша сылбырап жауған боз жаңбыр үстін сулады (Ө. Н.).*

БОЗ КҮЙІК **БОРБАС** *Қолынан ештеңе келмейтін (адам). Оған: «Бес аспап десем, боз күйік борбас па едің! Көз алдындағы жуликті көрмей ай қарап жүрсің бе?» — деп Жүсіпов зекіп, мысқылдап, сөйлейтін сияқты көрінді (К. Т.).*

БОЗ ҚАСҚА, АҚ САРЫ БАС ШАЛДЫ **○** **БОЗ ҚАСҚА СОЙДЫ** *Мал сойып, құдайы берді. Боз қасқа қойын сойғызып, Үлкенге басын қойғызып, Ақтұяққа ер салғызып (Жамбыл). «Құдай-ай», «Шірім-ой!» бұл не деген заман болды!, «Алда-ай!» «Ақсары бас!», «Ой, алда-ай, боз қасқа!» деп қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған (С. С.). Ханның көз нұры суалған шақта, күндердің бір күнінде ханша құрсақты болып... бір қыз тауыпты... Ай тұяқты боз қасқа шалып, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты (Т. А.).*

БОЗ ҚЫРАУ *Күзгі түскен қырау. Таң атқанда боз қырау күмістей жылтырады. Ұйқыдағы даланы жылқылар тұяғымен теуіп, оятып жүргендей (ҚӨ).*

БОЗ ӨКПЕ *Жасық; қойнынан бөзі түскен бос. Өзің бір боз өкпесің-ау деймін, — дейді бір қапсағай жігіт Ақышовқа шүйлігіп, — мына балықтарды қара топыраққа ауната салғаның не? (ЛЖ).*

БОЗ ИНГЕНДЕЙ БОЗДАДЫ [ЗАРЛАДЫ, ЕҢІРЕДІ] *Зар иледі, егіл-тегіл жылады. Тағы бір сәтте ботасы өлген боз інгендей зарлап кетеді. Тыңдаған жанның көңілін босатып, егіле еңірейді (С. О.). Ақ сәлдесін төңкеріп, Көзін жұмып теңселіп, Боз інгендей боздаған, Қайтіп сабақ береді? (Жамбыл).*

БОЙ БАҒАДЫ **1.** *Өзін-өзі күтті. 2. Сақтанды; аңысын аңдады; тартынды.* Бүгін таңертеңнен бергі жүрісте, әр сөзде Абайдан үстемірек болмаса, өзін кіші танытпай, дардайсып келген Оспан қазір бір сәтте өзгерді. Абайдың ажарына көз қиғын тастап, әлгідей ұрыс үнін естумен ілес, енді сескене түсіп, бой бақты (М. Ө.). Жақсылықтан жамандық асып кетті, Бой бағып тұрған артық, келсе шамаң. Бой бақпай бетіңменен аға берсең, Ақырында пұлсыз болып кетер бағаң (А. Қор.).

БОЙ БЕРДІ *Жеңілді; ырық берді, еркіне көнді. Құдай кесел қылмаса қайратыма, Не қылып бір Қодарға бой берермін (ҚКБС). Ойларға өзге бой берген, Не мені алған шырматып, Өзгені онша қол көрмей, Жүректі сорға сыздатып (Б. К.).*

БОЙҒА БІТТИ *Екі қабат болды, бойына бала бітті. Ерікті екен деп бойға біткен баланы алдыра беру әйелдің денсаулығына өте хауіпті (Е. О.).*

БОЙҒА ДАРЫТПАДЫ *Өзіне жуытпады, жолатпады, жақындатпады. Хазовты жасырып асырап-сақтап келгенін тергеуші бірнеше нақтылы дәлелдермен төндіре де, Нұртай бойына дарытпады (С. О.).*

БОЙҒА ЖЕТКЕН [ЖЕТТІ] *Кәмелетке толған, есейген қыз бала. Бүркеніп жалғыз отырсың, Бойға жеткен жас бала. Ұнатсаң айтқан сөзімді, Күлмеден көзің бері қара! (ШС).— Алай, несің жасырайық.— Тізе құшақтап өткен күні құрсын. Бой жеткен кісі еріз қалай тұра алады. Сіз ренжімесеңіз біреуге бас қосқымыз келеді,— деді (МБТ).*

БОЙҒА ЖҰҚПАДЫ *Сіңбеді, ас болмады. Жұқпайды жан ауырса, жалаң бойға ас (Т. Ә.).*

БОЙҒА ҚОНДЫ *Шақ келді, жарасты. (Киім туралы). Киім адамның бойына қонып, жарасса, жұртты таңдандырып қызықтырса, сонда ғана ол ұнайды (З. Ш.).*

БОЙҒА ӨЛШЕДІ **○** **БОЙЫНА ӨЛШЕП СӨЙЛЕДІ** *Өз шамасына қарап іс етті (айтты). Ақылсыз өзін мақтап былжырайды, Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды? Жақсы болсан, жарықты кім көрмейді, Өз бағымың өзіннен кім сұрайды (Абай).*

БОЙДЫ АЛДЫ [ЖЕҢДІ] *Ерікті биледі, жеңеді; балқытты, ерітті (АС). Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып (Абай). Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Өнді сүйсең, менше сүй (Абай). Жас жүректің толқынын деп, Жаза алыпсың толтырып, Бойды жеңіп бұл асыл леп, Тұрды титық көп құрып (Абай). Қылдың арам ойыңды, Бір бурмадың мойныңды. Сен ақылмен көңліңді, Тыйып, жеңдің бойыңды (Абай).*

БОЙ ЖАЗДЫ [КӨТЕРДІ] *Дем алып, тынықты; бойын сергітті; сайрандады, қыдырды, көңіл көтерді. Балалар да бойын жазып, Көк майсаға салды асыр (З. Қал.). Сұлтанымның жоғында, Сен болды менің ергенім, Әкелдің де қамадың, Жарық сәуле көрмедім, Далаға шығып қыз Құртқа, Бойын жазсын демедің (ҚБ). Үш жігіт атқа мініп, бой көтеріп келуге шықтық (С. С.).*

БОЙ ЖАСАДЫ *Өлер алдында көңілі көтерілді. Осы кеш пен түн Әбіштің бой жасаған, соңғы қуатын танытқан болымсыз, шолақ шағы екен (М. Ә.).*

БОЙ ЖАСЫРДЫ [ТАСА ҚЫЛДЫ, ҰРЛАДЫ] *Жасырынды, тасаланды; көзге түспеуге тырысты. Жолбарысқа жол тосқан, Қазалы құлан тап болар. Бой жасырып ол жыртқыш, Шыға бір шапса сайлаудан (Ш. В.). Ойнақтап толқын, жел гүлеп, Майысар дінгек сықырлап. Ол жүрген жоқ бақ іздеп, Қашпайды бақтан бойды ұрлап*

(Абай). Ізгі адам бұл ауылда қай жерде бар, Тұрар ем аңшы өткенше бой таса қыл (С. К.).

БОЙ ЖЫЛЫТТЫ 1. *Дене жылытты, ыстық ас ішті. Халық суықта тоңып бой жылыту үшін тамақты өте ерте ішеді (Е. О.). 2. Бойды тебірентті. Дүние ойдан шығады, Өзімді-өзім ұмытып, Көңілім әнді ұғады, Жүрегім бойды жылытып (Абай).*

БОЙ КӨРСЕТТІ 1. *Өзін-өзі көрсетіп, өз ойын білдіріп алды. Мұғалима баланың қамын өзінен бетер ойлап отырған бір жан екен, араласып нем бар, бой көрсетпей, ұн шығармай қайтып кеттім,— деді Болатбек (Ж. Ж.). 2. Қыр көрсетті, зорлығын танытты. Қолымен ерегісе, ұстап сойды, Жуандар көрсеткенсіп жұртқа бойды «Бір жолға не қылса да шыдадың»,— деп, Әжібай жақ, ауыздарын жауып қойды (С. Т.).*

БОЙ КҮЙЕЗДІК *Керенау, іске қалай болса, солай қараушылық, жалқаулық, салақтық. Бос белбеу, бой күйездікке дұшар қылған, өттең сен, мүгедектік! Әйтпесе, келер ме едім, партиялық арыма қол салғызар ма едім,— деді Баймақан (Ғ. Мұс.).*

БОЙ САЛДЫ 1. *Жығыла сенді, шын берілді. Балам, маған кейіме, Әкем айтпай кетті деп, Сырын білмей бой салма, Атасы оның текті деп (Д. В.). Бет алды жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа. Елу бесте біз дағы, Сенісер адам таптық па? (Абай). 2. Шын ықыласымен, бар ынтасын салып. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ (М. Ә.).*

БОЙ САЛДЫРМАДЫ *Сенбеді, ынты-ынтымен сене құламады. Келісімді тәтті ой, әм шеберлік, Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік. Өз кеудесін өзі аңдып бой салдырмай, Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік (Абай).*

БОЙ САЛЫП ИДІ *Емірене, бауырына тарта иіді. Япырмай, мына тоқты ембеген бе? Бой салып енесі оның иімеген бе? (ШС).*

БОЙ ТАРТТЫ [ТЕЖЕДІ] *1. Өзін еркін ұстамады; бойын ірікті, тартыншақтады. Сырлассақ, сұхбаттассақ аулақ артық, Нашалы боламыз ғой сөйлеп шалқып. Анаңды да бір жерге жібер, балам, Сырымды үйрете алман бойым тартып (Абай). 2. Аулақ болды, жоламады. Мұндай елден бойың тарт, Мен қажыдым, сен қажы, Айтыпайтып өтті қарт, Көнбеді қарт, не лажы (Абай). Мәдетбек келіп директордың кабинетін ашып жібергенде, бейтаныс екі-үш адамның отырғанын көріп, бой тартты (Ә. Сат.). Өзім де бөгелмеді бойын тежеп, Талабы, тәуекелі сондай-ақ көп. Тәңірінің бір жазғаны екі болмас, Маяның ішіне енді тәуекел деп (Абай).*

БОЙ ТЕҢЕСТІ 1. *Бой таласты; биіктеп, ұзара өсіп, өзге биікпен бой таластырды. Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,*

Тау, жаргасқа ұзарып бой теңестім. Сенің қорыққан дауылың — маған өлкек, Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім (Абай). 2. *Бәсекелесті*. Менімен бой теңестіргемкісің, балам! (АТ).

БОЙ ТҰМАР *Діни сенімге лайық дұғалы сөз жазылған тәбәрік: амулет, талисман.* (Ескі наным бойынша, оның желеп-жебеп жүретін қуаты бар деп есептеледі. Бұл жерде кекесін ұғымда айтылып тұр). Содан бері ол пластинканы жанынан тастамай, бұл бой тұмар бөле-жаладан сақтар деген үмітте болып келген (ЛЖ).

БОЙ ТҮЗЕДІ *Сәнденді; буыны бекіді, есейді, ер жетті, өсті.* Менің қызым өзге қыздардай емес, оқыған, бойын түзеген (Қ. Қуан.). Қатарымызға қарап бой түзей бастадық, сыланып, таранатын болдық, әдемілік, әдептілікке ұмтылдық (Ә. Сат.). Жаңа ғана бой түзеп, зәулімдене бастаған шұлудың көркі қанша қызықтырса да, Айқын сабыр тапты (Ә. Ә.).

БОЙ ҰЙЫТТЫ *Рақатқа батырды.* Көлеңке қоңыр кеште ұзақ сүйіс, оттай демалыс... үнді өшіріп, бойды ұйытқан, құйындай құтырған жастық... (М. Ә.).

БОЙ ҰРДЫ *Бір нәрсеге құлай жығылды, көңілі ауды.* Өзі көп дәстүрлерін қабылдаған орыс классиктері: Пушкин, Лермонтов, не Байрон сияқты Европа классигінің анық үлкен поэма жазудағы өрнектеріне Абай бой ұрмайды (М. Ә.).

БОЙ ҰСЫНДЫ 1. *Көнді, мойындады.* Ақыры ол әйелді бой ұсындыра алмай бәріміз де шаршап отырмыз (ҚЕ). Шешейдің сөзіне қарт екеуіміз бірдей бой ұсынғандай отырып тамақ іштік (Қ. И.). 2. *Өлер халге жетті.* Дәл осы күндерде Мағаштың науқасы да оны меңдеп, жеңіп болған еді. «Қатты әлсіреп, тері тарамысына ғана ілініп қалды, бой ұсынып кетті» деген ажал лебіндей, суық хабар оның әр тараптағы жақындарына, туыстарына түгел жеткен (М. Ә.).

БОЙ [БОЙЫ] ҮЙРЕНДІ 1. *Қорқынышы басылды...* Бұрынғыдай емес, бойы үйренді, қорқу кетті (ҚЕ). 2. *Жатырқамалды.* Бір күн өткен соң қыз бойы жігітке үйренді те қалды. Бір нәрселерді сұрамақ боп қасына кеп тұратынды шығарды (АӨ).

БОЙЫ АУЫРЛАДЫ 1. *Екі қабат әйел туралы айтылып тұр.* Биыл көктемнің басында Ақбала бала көтерді. Күн санап бойы ауырлап, сүлеленіп жата беретінді шығарды (Ә. Н.). 2. *Көңіл қошы болмай, бойы дел-сал тартты.*

БОЙЫ БАЛҚЫДЫ ○ **БОЙ ЕРІДІ** *Қызыққа елжірей, беріле маужырады, ләззаттанды.* Қара тастан басқаның бәрі жадырап, Бір сараңнан басқаның бейлі енер. Тамашалап қарасаң төңірі ісіне, Бойың балқып, ериді іште жігер (Абай). Тұла бойым балқи көр, Әбіш ағам дегенде. Мейлің, Мағаш шалқи бер, Не десең де сөгем бе? (Абай). Иісің гүл аңқыған, Нұрың күн

шалқыған. Көргенде бой еріп, Сүйегім балқыған (Абай).

БОЙЫ БЕКІДІ *Әлденді, қуаттанды, қайратқа мінді; өзін-өзі биледі, буын-буыны қатайды.* Сол бойын бекіткен қалпында Бейсейбай саспай, салмақпен жауап қайырды (С. Б.).

БОЙЫ БІР ҚАРЫС, САҚАЛЫ ҚЫРЫҒЫ ҚАРЫС *Ертегілерде кездесетін кейіптеу.* Менің күйеуім бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс. Ол қазір адам іздеп, әрі малын бағып далада жүр (ҚЕ).

БОЙЫНА АС БАТПАЙДЫ [ТАРАМАЙДЫ] ○ **ШКЕН АСЫ БОЙЫНА ТАРАМАЙДЫ** *Көңілі көншімейді, көңілі тынбайды; тағат таппайды.* Әсіресе, біреуді қолға алып, қағытып, мысқыл ажыу қып отырмаса, Тәкежанның бойына ас батпайтын (М. Ә.). Е, үйтпесе араласып та керек емес. Қасымханның қатынының мінезі мәлім ғой... Бодыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның бойына ас та батпайды, — деп, қала берді Жәмила (М. Ә.). Өткен күні таң алдында ұрланып келген кісі Еламанды оңашалап алып тұрып «Сақ бол!» — деп ескертіп кеткелі, Ақбаланың ішкен асы бойына тарамай жүрген (Ә. Н.).

БОЙЫНА БАЙСАЛДЫЛЫҚ КЕЛДІ *Өзін-өзі ұстады.* Үйленген соң мінезі өзгеріпті, Байсалдылық бойына тез келіпті. Бойдақтарға айтасың сен де шалқып, Жалғыздықтан жар сүю жүз есе артық (М. Әл.).

БОЙЫНА БІР ШАЛА СҮЙЕК БІТПЕДІ *Бала көгермеді.* Қайныңмен алты ай отасқанда бойыма бір шала сүйектің бітпегенін айтсаңшы (Ә. Н.).

БОЙЫНА ДАРЫДЫ 1. *Ішкен-жегені бойына сінді; 2. Қонды.* Ақындық бойыңа кішкене кезінде дарылты ғой (АТ).

БОЙЫН [БОЙДЫ] АУЛАҚ [КЕЙІН] САЛДЫ *Өзін-өзі сырт тартты, жырақ ұстады, жақындамады, үйір болмады, басқамен араласпады.* Келін шырағым, жұртың өсегіне еріп, мен де сенен бойымды аулақ салып жүр едім, — деді әйел Раушанға (Б. М.). — Жақсы, жақсы сіз де менен бойыңызды аулақ сала бастадыңыз ба, — деді де Батырбай орнынан тұрып кетуге айналды (М. И.). Байдан ірге ашып, бойды аулақ салатын мезгіл жетті (АТ). Өткен іс ем болашақ хақтан білсең, Сақтаңып дүние қамын ойлап жүрсең, Жауыздан қайыры жоқ жырағырақ, Бойыңды кейін сап тұр түрін көрсең (С. К.).

БОЙЫН БАЛАДЫ *Бұл жерде ақын өзінде жоқты барға санап, артықпен, өнерлімен бой теңестіріп, өзін кісіміп, білгішсіп көрсететін өзімілді айтып отыр.* Кісі де бар болса талап, Отырмас ол бойын балап. Жүрер, әр қайдан ізденер, Алар өз сүйгенін қалап (Абай).

БОЙЫН БИЛЕДІ [ЖИДЫ, БИЛЕП АЛДЫ, ЖИЫП АЛДЫ] 1. *Өзіне-өзі келді,*

буынын бекітті. Бекбол бойын тез билеп алып, талайдан сағынып, құштар болған жан жүйесін көргендей, бар ынтасымен: — Сәтбек! Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің, бар ма едің? — деді қуанған тәрізді (М. Ә.). Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына, жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды (М. Ә.).

2. Біреуді еркіне көндірді, өзіне баурап алды. Мәлдіреген көкшіл түс, Төңкерілсе алдымнан; *Бойымды билеп* ғажап күш, Ой туғызар толқыннан (О. М.). Нәзік сезім *болды билеп*, Елжіредім, тұрдым тағы, Жүрегімді елжіретіп, Жас жарымның жылағаны (А. Жұм.).

БОЙЫН БИЛЕЙ АЛМАДЫ *Састы, дег-бірі кетті.* Жалмауыз қорқып, зәресі ұшып, буыны қалтырап, *бойын билей алмай*, жаны мұрнының ұшына келеді (ҚЕ).

БОЙЫН ЖАЗА АЛМАДЫ 1. *Денесі ауырлады.* 2. *Еркін, жайдары бола алмады.* Мен астанадан келдім. Веделім де, қызметім де одан жоғары. Сонда да оның алдында кібірткітеп, *бойымды жаза алмай* қалдым (Ғ. Мұс.).

БОЙЫН КӨТЕРДІ *Сергіді.* Мұнан кейін кемпір тағы да: киіміңді ки, *бойыңды көтер*, су жиігіне барайық, — деді (ҚЕ).

БОЙЫН ТАРТПАДЫ *Іркілмеді, аянбады* (АС). Орынсызды айтпаған, Түзу жолдан қайтпаған. Жақсылық қылар орында, Аянып *бойын тартпаған* (Абай).

БОЙЫН ТАРТТЫ *Өзін-өзі тежеді, сескенді.* Шындағы алтын күнмен бірге өскендей, Бұлттан *бойын тартып* бір сескенбей. Басында бала бүркіт шаңқылдайды. Таулардың бұлағымен тілдескендей (ҚӘ).

БОЙЫҢДЫ БЕРМЕ *Билетпе, ықпалына жұрме, берілме, ықтиларына көнбе.* *Бойыңды берсең* де, ойыңды берме (АТ).

БОҚ БАСТЫ *Болымсыз, абыройсыз іске ұрынды.* Әйелің — Медет қызы, аты Өрім, Айында бір жумайды беттің кірін. Ер кезек ер жігітке үшке дейін, Бір *боқты* тағы бас та және сүрін (Абай).

БОҚ БАСЫНДА [БАСЫМДА] *ӨЛДІ Бекерден-бекер, болымсыз нәрседен мерт болды.* Кемпірдің жалғыз ұлы бар еді, ана жылғы төбелесте *боқ басында өліп кетті* (АТ).

БОҚҚА ЖАРАМАЙДЫ [АСПАЙДЫ] *Түкке тұрмайды, көз майына татымайды, ештеңеге тұлға болмайды.* Жұман: Е, жазығым не? Нұрқан: Жазығың сол, *боққа жарамайсың* (М. Ә.).

БОҚ ЖЕЙ МЕ? *«Не бітіреді, дәнеңеге керегі жоқ» сияқты кею мағынасын білдіреді.* Е, мұнда қалып жалғыз өзі *боқ жей ме?* (АТ).

БОҚ ЖЕМЕСІН! *кейіс.* *Босқа былжырамасын, не болса соны оттап сөйлемесін!* Өйтіп *боқ жемесін*, жайына тек жүрсін де! (АТ).

БОҚ МҰРЫН *Түкке түсінбейтін; мұрнының боғын сұртпеген.* Ең ақыры әлгі менің *боқ мұрын* немерем де «ақын боламын, Алматыға барып, соның оқуын оқимын» деп, күнде мазамызды алады (М. И.). Маған «тамырды әлсіз жерден басуын қарашы» деп түйді де, намыстана сөйледі: — Жоға, мені бір *боқ мұрын* бала көресің-ау өзің (С. Ш.).

БОҚТАН [ДА] *ОҢАЙ* *кекесін.* *Тіпті оңай, бұйым да емес.* Әрия-айдай, әрия-айдай, Ақ серкениң мүйізі қарағайдай. Қарағайдай мүйізін қағып алса, Тоқал ешкі болмағы *боқтан да оңай* (ХӘ).

БОҚТАШАҚ БАЛАЛАР *әзіл-оспақ.* *Ұсақ, кішкене балалар.*

БОҚ ЖЕДІ *кейіс.* *Білгенін істеді.* — Ия, би мен болыс та, ауылнай, елу басы да ол *боқты жемегені* бар деймісің (Ғ. Мұс.).

БОЛАРЫ БОЛЫП, БОЯУЫ СІҢГЕН *Бір істің істеліп қойғандығы, біреудің дәмелі ісінің өкінішпен өтіп кеткендігі туралы айтылады.* «Жау кеткен соң қылышыңды боққа шап. Ақтөбе дегесін айтып қайтелік: Ол жөнінен өз тұсында айтары айтылған, кінәсі ашылған, мойнына қойылған, орнынан алынған». *Болары болып, бояуы сіңген* (С. Төл.).

БОЛАР ІС БОЛДЫ *Өткен іске өкінбе деген мағынада.* Гүләйім енді *болар іс болды*, не де болса маңдайыма жазылғаны осы шығар деп, бастан-аяқ сырды айтады (ҚЕ).

БОЛАТ ҚАЙТТЫ **○** **БОЛАТ** **ТЕМІР** **БОСАНДЫ** *Қайрат-жігері жасыды; беті қайтып, тауы шағылды.* Мен дағы көп есіттім жастың назын, Қол жетпеске қол созар бар ма лажың? «Боламын» деп жүргенде *болат қайтып*, Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым (Абай). Қорлықпен өтті ғұмырым, *Босанды болат темірім* (МЗ).

БОЛ-БОЛДЫҢ АСТЫНА **АЛДЫ** *Асықтырды, қысты.* Өдепкіде аузыма сөз түспей, аңтарылып отырып қалдым. Ойлаңып алсын дей ме, кім білсін, тергеуші *бол-болдың астына ала* қоймады (С. О.). Осы есепті алып баруға Жанай белгіленісімен-ақ Сәтжанды *бол-болдың астына алып*, о да асықтырып отыр (С. Б.).

БОЛҒАНҒА [БОЛМАСҚА] **БОЛАТ** **БОЛ!** *жұбаты.* *Қатты қайғыға кезіккенде, орнына келмейтін қазғаға ұшырағанда айтылады.* Шырағым келін! *Болғанға болат бол!* Боздамаған жұбай жоқ, Оны көрген құдай жоқ! Шыдамасаң шырты кетесің, Бүктегілсең құрт кетесің! Бес балаға шешесің, Толтырмасын жасқа де, Осылардың бег кетесің! Бірі — балаң, бірі — бай, Әлі-ақ жетіліп кетесің (АӘ).

БОЛҒАНЫН БІЛМЕЙДІ *Есейіп ер жеткенін, кемеліне жеткенін сезбейді.* Ай толғанын білмейді, жігіт *болғанын білмейді* (Мақал).

БОЛМАЙ [БОЛМАСА] БОРДАЙ ТОЗСЫН! кейіс. Құрып кетсе де мейлі.

БОЛЫМСЫЗ ТУҒАН Жетесіз, ілгері ниетсіз, үй күшік оймен өскен. Болымсыз туған бозбала Басында батпан міні боп, Кісі айыбын тергеген (М. Сұл.).

БОЛЫМЫ ЖОҚ Берекесіз, жұмысқа енжар кісі туралы айтылады. Бақ қонады ұл таңдап, қонақ қонар үй таңдап. Болымы жоқ боз бала, Бейнеттен қашар күй таңдап (М. Сұл.).

БОЛЫСТЫҚ ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ] Жәрдемдесті, көмек жасады. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай).

БОР БОП [БОРДАЙ] ЕГІЛДІ Қатты өксіп жылады, көңлі босады. Әншейінде қандай ауыр қаза үстінде де көзіне жас алмай, құп-қу боп танауы құсырыла түсетін кісі осы қазір өзін-өзі тоқтата алмай, жүйке-жүйкесі бор боп егіліп бара жатты (Ө. Н.). Е, балам, «шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел-дағы (М. Ә.). «Болмайтын іске бордай егілмей, болаттай берік болу» ғана қалыпты (ЛЖ).

БОРДАЙ ТОЗДЫ Азып-тозды, берекесі кетті; іріп ыдырады. Бордай тозды кеп едік, Жем болудан құтылып, Азаптан ауыр сытылып, Етек-жеңді жиып ап, Қатарға бүгін теңелдік (ХА). Рушылдық бордай тоздып жатқан заман да, кейбір таулардың сайында қалып қойған қар тәрізді, ол-дағы алыстағы елдердің ішінен ередік-сәредік көзге түседі (Ғ. Мұс.). Болмасаң бордай тоз, қаран қалғыр. Сен үшін қашанғы күйіп-пісемін (АТ).

БОРЖА БОЛДЫ диал. Бір іске мұршасы болды, қолы бос болды. Егер боржам болса, бидайды орып болып, қырманға апарамын (Қ. Орда, Арал).

БОРША БОЛСЫН! қарғыс. Пышаққа ілінсін, сойысқа жығылсын деген мағынада айтылады. Түйең арам қатсын! Борша болсын! Қара өкпе тисін түйеңе! (Ө. Н.).

БОРША-БОРШАСЫ ШЫҚТЫ Быт-шыт болды, күл-талқаны шықты; қара суға түсіп терледі.

БОСАҒА АТТАДЫ көне. Келін түскенде айтылады. Келеміз төменіңнен өрге басып, Енгелеп, тайталасып, араласып, Аттап кір оң аяқпен босағаңды, Жолыңыз құтты болсын, екі ғашық!... (Ғ. С.).

БОСАҒА АТТАР көне. Күйеуден алынатын каде. Е, күйеуден босаға аттар алмай қалай үйге кіргізем,— деп бір келіншек алдарынан шығыпты (АТ). Босаға аттарға бұрын бір мал дейді екен (С. Қаз., Сер.).

БОСАҒАМА АҚТЫҚ БАЙЛА Бұл фраза ескі ырыммен байланысты. Екі қа-

бат әйел аруағын сыйлайтын үлкен үйлердің уығына шүберек байлап, ырым ретінде зат, мал әкелетін болған.

БОСАҒАН БЕРІК БОЛСЫН! тілек. Үй ішің, от басың аман-сау болсын.

БОСАҒАСЫ БЕРІК Мықты, мызғымайды деген мағынада. (Құмалақ салып бал ашқанда айтылады). Қадалса да түк бігіре алмайды... Талай жоғары, босағасы берік, жүрек сүйініш не қылады! — Айтқаның келсін. Енді өзіміздің мырзаға тарт! (Ғ. Мұс.). Босағасы берік, Алды ашық, Екі бүйірі тоқ, Уайымы жоқ, Қуаттаушысы көп (О. Ә.).

БОСАҒАСЫН АТТАДЫ Үйге кірді; өмірге қадам қойды. Пайғамбар жасынан асқан осы шағыма дейін біреудің босағасын аттап, ала жібін алып көрген емеспін (К. Т.). Жайғастырып болып тыныштан-дырғаннан кейін мұғалім сөйлей бастады. Біз босағасын аттап отырған білім дүниесінің мән-қасиетін, оқушылық міндеттерімізді түсіндірді (Б. С.).

БОСАҒАСЫН ПАНАЛАДЫ [САҒАЛАДЫ] Үйіне тығылды; бас сауғалады; күнелтті. Конвойдан енді мойны босаған соң, Айдау мен каторғінің осы арасын Ұқты да өз үйіндей рақатанып, Біреудің паналады босағасын (Қ. Т.). Ауғанбай дейтін сыртан көшіп келген, балашағасы мол біреу бар еді. Үйі жоқ болатын, көрінгеннің босағасын сағалап жүретін (Б. С.).

БОСАҒАСЫН СОЛҚЫЛДАТТЫ Қиратып кете жаздады, күйзелтті, күш көрсетті. Ол бір мың үш жүз тоқсан екінші жылғы, Алаша ханның Әмет пен Сәмет деген балаларын жолай өлтіретін аттанысында-ақ Алтын Орданың босағасын бірден солқылдатып кеткен жоқ па еді (І. Е.).

БОСАҒАСЫН ТОЗДЫРДЫ Қайта-қайта келді, ер қашты болды.

БОСАҒАСЫН ШАПТЫ Жауласты, шақырағын ортасына түсірді. Босағасын шапқылап, Теңкерді талай орданы, Бұрымын кесіп күң қылып, Сан аруды қорлады (Ш. Әб.).

БОС БЕЛБЕУ Салдыр-салақ, жалқау; дәнеңемен ісі жоқ, болжыр; ештеңеге құнты, ебі жоқ. Бота тірсек бос белбеу бозбалалар, Арасынан табылмас жайды ұға алар (АӘ).

БОС КЕУДЕ Ойсыз, мақтаншақ, талапсыз. Талапсыз, ойсыз, бос кеуде, Ермегің елден ет жеуде (С. Б.).

БОС К...ЕН 1. Уәдесіне шалағай кісі; **2.** Олақ, қорқақ адам туралы айтылады.

БОС КҮЛКІГЕ САЛЫНДЫ Бекерге дарақыланды, орынсыз ыржақтады. Талап, білім, еңбексіз, Қалайша тірлік жеңбексіз? Бос күлкіге салынып, Қара терге

жалынп, Жақсы болған кім еді?
(М. Сұл.).

БОСҚА БҰЛДЫР ҚАҒАДЫ *Байқатпағысы келеді, пысықсып жүреді. Өткен өмір белгісі — осы сұбдыр, Кеңліді күнде сындыр, әлде тындыр. Ақыл анық байқатан қылығыңды, Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр (Абай).*

БОСҚА КӨПІРДІ *Бейберекет, бет алды сөйледі. Сұраған мәслихатымызға тура келмей босқа көпіргенсіз («Айкап»).*

БОС ҚАЛДЫ 1. *Ештеңеге үйренбей, ештеңені үлгі етпей құр алақан қалды, құр қалды. Енді нені істейміз. Бәрiнен де бос қалдық. «Ауызға келіп тұс» дейміз, Қылып жүріп құр салдық (Абай). Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар. Қызықтан өзге қалсаң бос, Қатының, балаң, досың бар (Абай).* 2. *Құр бекер сөз боп шықты, жайына қалды. Аға-жеңге сияқты жеңіл-желпілердің айтқан сөзінің бәрі бос қалып, Жәмеш Кенжеханның қалыңдығы деп саналып еді (М. Ә.).*

БОС ҚОЛ *Құр алақан деген мағынада.*

БОС СӨЗ *Бекер әңгіме, орынсыз айтылған (айтыла салған) сөз. Қартайғанда асырасын десең, о да бір бос сөз, әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші, балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? (Абай).*

БОТАДАЙ БОЗДАДЫ [**БОЗДАП ЖЫЛАДЫ**] *Еңіреді, ағыл-тегіл көзінің жасын бұлады. Шөпшілер жақындап келгенде теке мен кошқар да шөмеле астынан шыға келіп, шөпшілерге қарай қарсы жүріп келіп, алдарында ботадай боздап, жылап жата-жата қалысты (ҚЕ).*

БОТАЛАҒАН НАРДАЙ ЗАРЛАДЫ *Еміренді, мейірімі түсіп егілді. Сағынғаннан зарлаймын, Қарағым сені көрген соң, Боталаған нардаймын (МЗ).*

БОТАСЫ ӨЛГЕН ТҮЙЕДЕЙ ЗАРЛАДЫ *Қайғы батты, жоқтап, зар еңіреді. Айтамын айт дегеннен ар ма, Жібек, Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек, Кеткелі жаман жарың көп жыл болды, Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек? (ҚЖ).*

БОТА ТІРСЕК *Бұл фраза сайгүлік, жүйрік аттың эпигеті. Бота тірсек, бұйра жал, Болдырмайтын кеңбісің? Сымбатты сұлу кер марал, Ер мінер ат сенбісің? (Ж. С.).*

БОТА ТІРСЕК БОЗ БАЛА *Аяқты маймақ басып, былқ-сылқ еткен алжуаз, қайратсыз жас.*

БӨГЕНАЙЛАП ҚАРАДЫ *диалект. Байымдап қарады. Сен бұл мәселеге бөгенайлап қара (Шығ. Қаз., Больш.).*

БӨГЕУІЛ БОЛМА *Кедергі жасама, тосқауыл тұрма. Шырағым жол жүргелі тұрмыз, бөгеуіл болма (АТ).*

БӨДЕНЕГЕ БӘРІ БІР [**БӨДЕНЕНІҢ ҮЙІ ЖОҚ**] *ҚАЙДА БАРСА БЫТПЫЛДЫҚ* *Құр бекерге күн өткізді; ісінде еш береке жоқ; еш жерде мекен-жай, тұрақ жоқ, панасыз. Жиылып қала салып алмадым-ай! Табам деп кең орыңды қармадым-ай! Қайда барсам «бытпылдық бөденеге», Жаңа өкіндім, амал не, аңдадым-ай! (С. Т.).*

БӨЖЕП ОТЫРДЫ *диалект. Мақтанып отырды. Мен сөйлескенде бөжеп отырам (Шығ. Қаз., Қат.).*

БӨЗ ОРНЫНА СӨЗ БЕРДІ *Мал-мүлікпен көмектеспей, құр сөзбен алдарқатты. Бөз орнына сөз беріп, Құда, тамыр, дос кетті, Қол ұстамай көз көріп Айтқан арыз бос кетті (Абай).*

БӨКЕН ЖЕЛІС *Аттың екпіндеген қатты желісі. Аяны тұмақты алшы кигізгендей, Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей, Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылды қолыма бір тигізбей (Абай).*

БӨКЕН ҚАБАҚ *Түксиген, түсіңкі қабар. Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабар. Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желкелі үңірейген болса сағақ (Абай). Ояздық партия комитеті — орта бойлы, иықты, бөкен қабар, бүркіт көз, боз жігіт телефонмен сөйлесіп тұрды (Ғ. Мұс.).*

БӨКЕН ҚҰШАҚ САН *диалект. Жуан, жұмыр, үлкен сан. Жалбыраған жалы бар, Бөкен құшақ саны бар. Анау жылқы үйірі (Қ. Орда, Арал).*

БӨЛІСКЕ ТҮСТІ *Ортаға түсті, бөлінді. Бір төбеге жиылды, Құм төбедей үйілді. Бөліске олжа түссін деп, Хан Абылай бұйырды (Б. Қ.).*

БӨРКІН АСПАНҒА [**КӨККЕ**] **ЛАҚТЫРДЫ** *Қатты қуанды. Біреу көкке бөркін лақтырса-ақ болғаны, оның артынан сары ала қаздай ала тақиялар, бүркіттей сеңсең тымақтар, аққудай айыр қалпақтар аспанға ұшады (Ж. А.).*

БӨРІ БЕТ БАТЫЛДЫҚ *Қайсарлық, хауіпке қарсы шабу. Небір жан алып, жан бөредей жерде де, Орынбор атамаңы бөрі бет батылдықтан гөрі қуғынды көп көрген көркесте түлкінің айласына баса береді (Ә. Н.).*

БӨРІК КИГЕН *Еркек кісі туралы айтылады. Сені алдап қолына түсіргелі тұрған еркек те емеспін. Бөрік кигеннің намысы бір болса, орамал салғандардың да ары бар. Әйелдің ары қайта бөрінен асып түсуі керек емес пе! (Р. Р.).*

БӨРІКПЕН ҰРЫП АЛАТЫН *Оп-оңай, жан қинамайтын. Сәлім Нұртайлардың бұл өрескел әрекетіне пөлдендей мән бере қоймады. Оларды бөрікпен ұрып алатын жердегі оңай жауға санайды екен (С. О.).*

БӨРІКТІ ТАСТАП, БӨРІДЕН ҚҰТЫЛДЫ *Бас амалдады, жан сауғалады, қара*

басын құтқарды. Ең болмаса миномет батареясын көмекке қалдырмай, бөрікті тастап, бөріден құтылып кеткен екен ғой комбатың,— деді Самарханов (Ж. Т.).

БӨРІ ҚҰРСАҚТАНДЫ *Аш құрсақ болды, ас орнына жел жұтып жүрді. Жорыққа шыққалы бөрі құрсақтанып үніреңдеп жүрген жігіттер тоқтаған бойда тез ас қамына кірісті (Ә. Н.).*

БӨРІНІҢ АРТЫНДАЙ [К...ІНДЕЙ] **ШУЛАДЫ** *Азан-қазан, у да шу болу туралы айтылады. («Арт» сөзі бейпіл форманың орнына эвфемизм жолымен алынып кеткен).*

БӨРІ [ҚАСҚЫР] ОЙНАҚ *Қасқыр үйір болған жер. Биіктеу обаның төңірегі қасқырдың ойнағы екен, шөбі жапырылып қалыпты (С. М.).*

БӨРІ ТИГЕН [БӨРІККЕН] **ҚОЙДАЙ ҚЫЛДЫ** *Быт-шыт етті, ойран-топырын шығарды. Бөрі тиген қойдай ғып Тұс-тұсына қуады. Садағы жеткен жер болса, тартып кетіп барады (МЗ).*

БӨТЕН СӨЗ 1. *Керексіз сөз.* Балам, бөтен сөзді қой, малыңа қара (АТ). 2. *Ақын бұл жерде айтар ойға қатысы жоқ, жай, әншейін айтыла салған сөзді айтып отыр. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы (Абай).*

БӨТЕН КӨРМЕЙДІ 1. *Жат санамайды, бөтенсінбейді.* Еспембеттің шешесі, Ер Қосайға немере, Қиық жоқ қыздан туғанда, Оны бөтен көрер ме? (Д. В.). 2. *Теріс көрмейді.* Бір қой әкеп тастайын дегенін шал бөтен көрмейді (АТ).

БУАЗ БОЛДЫ *Бойына төл бітті. Құдайдың құдіретімен буаз болып, қанатты қара бедеу құлын туды (ҚКВС).*

БУ АЛДЫ [БОЛДЫ] **Буланды** (АС). Мен көрдім көктің ғажай жасалғанын, Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын. Менің не мұнша қапа қысылғаным, Үміт пе, өкініш пе ойлағаным (Абай).

БУА СӨЙЛЕДІ *Біреуді тайсалта, бетін қайтара, қыса айтты; өз шеніне жуықтатпай сөйледі.* Іздеп барған Садуақас барған жерден мені түссіз, буа сөйледі (С. Т.).

БУ ҚЫЛДЫ *Сүйеніш етті, медеу тұтты; күпілдеп мақтанды. Бу қылып шекті малын не қылдасы, Мінгізген ашамайға ұлың бар ма (АШ).*

БУУЛЫ СӨЗ *Іште жатқан, айтыла алмай жатқан сөз, ой.* Буынсыз тілің, буулы сөзің, Әсерлі адам ұлына (Абай).

БУРАДАЙ БҰРҚЫЛДАДЫ [ЗІРКІЛДЕДІ, БҰРҚЫРАДЫ] *Бұрқан-тарқан болып қатты ашуланды, қаһарланды. Бұл жеке шаруаға тізе көрсеткендікі! Мен бұ-*

ған көнбеймін, мен ізденем!— деп, Мұқыш бурадай бұрқылдады (Б. М.).

БУРА КЕЛЕГЕ ТҮСТІ [КЕЛДІ] *Инженнің, ұрғашы нардың қаю маусымы туралы айтылады.*

БУРЫЛ [ШАР] **ТАРТТЫ** *Шашына ақ кіре бастады (АС).* Елуге келген, шашы бурыл тартқан, Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан, Жүріс-тұрыс сүйтсе де жас жігіттей, Қуатына жарамас шал деп айтқан (Абай).

БУЫНА ЖЫҒЫЛДЫ **О** **БУЫНА МАС БОЛДЫ** [ПІСТІ] *Бақ-дәрежесіне маз болды; атағына мастанды; құр даурықты.* Міне, мұның буына жығылып Шабданбек қарындасын беріп отыр!— деді күліп, Жантайдан жоғары отырған Ысқақ (С. С.). Айбаршаның ақ білегі мойнына оралып, қыз ернінен бал алып, ғашықтың буына мас болып, өткен-кеткен дүниенің бәрін ұмытыпты-ау (Т. А.). Қымыз ішсе-ақ елерген, Жігіт аз ба қызба бас, Күнде бергіп семірген Құр әшейін буға мас (Ғ. О.). Бес ұлдың буына піскен адуын, орақ ауыз әйел шалына соқтыға кірді (Ғ. Мұс.).

БУЫН БОС **Әлсіз, қуатсыз** (АС). Сүйегім жасық, буын бос, Біраз ғана айлам бар. Айлам құрсын білмеймін, Болыстықтың жолы тар (Абай).

БУЫНДЫ ҚҰРТТЫ *Жүйкелетті, діңкелетті (АС).* Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де беттетпейді, бойды шымырлатып, буынды құрттып я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады (Абай).

БУЫНА СЕМІРДІ [ІСТІ, ШАЛҚАҚТАДЫ] *Ішпей-жемей мас болды, біреуді мақтаныш етті.* Бос белбеу, арам тамақ мырзалар, буына семірген бурадай күнде кешке ойын-күлкі, сауық, қыз ойнақ, ән салумен уақытын өткізеді (С. С.). Сен байдың буына ісінгенде, мен қызыл әскердің буына неге ісінбеймін. Итаршыланбай шай құй! Асығысың,— деді де комиссарға бұрылды (Ғ. Мұс.). Әзірше жо-жо... жоқ, хош болыңыз. Ой сорлы жетім, ненің буына шалқақтап жүрсің (И. М.).

БУЫНСЫЗ [ҚИСЫНСЫЗ] **ЖЕРГЕ ПЫШАҚ ҰРДЫ** [САЛДЫ] *Орынсыз жерге жабысты, кісінің қимас нәресін сұрап, әлек болды; босқа әуреленді.*— Не бітірем, буынсыз жерге пышақ ұрғанмен бола ма? (М. И.).

БУЫНСЫЗ [СҮЙЕКСІЗ] **ТІЛ** *Шешен, сөзшен. Буынсыз тілің, буулы сөзің, Әсерлі адам ұлына (Абай).*

БУЫНЫ БЕКІДІ [ҚАТТЫ] *Әлденді, қатайды, есейді, өзіне-өзі келді, күш жинады.* Алғаш ұрыс алдында солдаттардың дәйек тұтпай, абыржыған көздері түсті генералдың есіне. Я, одан бері дивизия біраз шығынға ұшырап, сан жағынан кемігенмен, буыны бекіп нығайып қал-

ған сияқты (Т. А.). Соңғы сөзден соң *буыны қайта бекіп*, жүзіне қан қайта жүгірді (Қ. И.). *Буыны бекіп*, бортаңдап аяқ басқалы қозы арасында көзін ашқан (Қ. Әб.). Илияс онда *буыны қатып* кеткен кісідей емес, ынтасын сала оқыды (М. Қ.).

БУЫНЫ БЕКІП, БҰҒАНАСЫ ҚАТПАҒАН *Кемеліне келмеген, ер жетпеген, естияр болмаған. Буыны бекіп, бұғанасы қатпағандығын, жастық, қызық дәуренінен айрылғанын, малға сатылып, еріксіз күйеуге кетіп бара жатқанын білдіреді (М. Ғ.).*

БУЫНЫ БОСАДЫ [ҚҰРЫДЫ] *Күші кетті, әлсіреді. Столға отыруға барғанда, Раушанның тұла бойы қалтырап, буыны босап, көзі бұлдырап кеткен секілді болды (Б. М.). Буыны босап, тілі байланып, не айтарын білмей, босағадан бері қарай келе алмай қатып тұра қалды (С. Шәр.). Егер кісі бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа, қайрат қылуға жарамай қалады (Абай).*

БУЫНЫ БОСАМАСТАЙ *Қалжырамастай, әлсірестей, қартаяр шақ жетпестей. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімісіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып... қалады екен (Абай).*

БУЫНЫНА ТҮСТІ *Бұл жердегі мағына: көңілі жай; елжіреді, балқыды. Хош иіс, салқын ауа денеңді балқытып, буыныңа дейін түсіп, өзіңді бір кіршіксіз гүлдей таза етіп жібереді (С. Е.). Іздегені тап болып, Олжасына қарық болып, Маң-маң басып ол қайтар, Буынына түсіп жылы қан (Ш. Б.).*

БУЫНЫН БАСА АЛМАДЫ *Аяқ-қолынан әл кетті, аяғын басып тұра алмады. Ай мен күндей екі әйелдің ортасында буынын баса алмай былқылдап келе жатқан жігітті көріп, патшаның іші күйеді (ҚЕ). Мұрат Назгүлді көре сала атынан қарғыш түсіп еді, буынын баса алмай тұрып қалды (Ә. Ә.).*

БУЫНЫН БЕКІТТІ *Өзін-өзі тоқтатты, күш-қуат жинады, қайратқа мінді; тоқтамға келіп бекінді. Жарықтық буыныңды бекіт. Өзіңе өзің сүйеу болмасаң, сені кім сүйейтін еді (АТ).*

БУЫНЫ ТҮСТІ *Елжіреп былқ-сылқ етті. Сонда сұлу қыз Құртқа... Буыны түсіп былқылдап, Алтын қалпақ дулыға, Шекесінде жарқылдап, Мақпал төсек мамықтан, Алтын иек ақ тамақ, Көтеріп, басын сөйледі, Естеміс құлға былқылдап (ҚБ).*

БУЫ ТАРАДЫ *Масатғанды, бойын желік алды. Қысқасын айтқанда, Уақбайдың үйіне әлдеқалай кірген алтынның буы удай тарап, алты қырдың астында жат-*

қан Сидан сияқтыларға ұйқы берер емес (А. Маш.).

БҰҒАҒЫНАН ҮЗІЛДІ *Барынша өсіп жетілген, толысқан қыз туралы айтылады. Биыл ел қораға кіре ұзатылайын деп бұғағынан үзіліп тұрған Тәңірбергеннің сұлу балдызы бар еді (Ә. Н.). Сағағынан үзілген, піскен алма сияқты. Жігіт болсам, осы елдің бұғағынан үзілейін деп тұрған қыздарын өзім таңдар едім (Ә. Н.).*

БҰҒАЛЫҚ АЛЫП КЕТЕ ҚОЙМАС *Ешқайда кетпес; тай тулап үйірінен шықпас, ашуланса да кек сақтамас. (Бұғалық — асау, қашаған жылқыны ұстайтын бір ұшы тұзақталған арқан).*

БҰҒАЛЫҒЫН АЛА ҚАШТЫ *Бас асаулық етті. Артына кете берді қарамастан, Асаудай бұғалығын ала қашқан. Кейіні Кию келіп Кей-Қауысқа, — Қалай, — деп — мынау ісің қара басқан? (Т. І.). Бұғалық алып қашқан асаудай туласа да, ақ жаулыққа еріксіз көндірген ата-ана ғұрпымен тағдырға өзі мойын сұнса да, қайын сіңлісін қимайтын (А. Л.).*

БҰҒАЛЫҚ [БҰҒАУ] САЛДЫ 1. *Ауыздықтады, ырқына көндірді. Ауа райы адамның дегеніне көніп, жүгенделуге тиіс. Боранға бұғалық салынып, бұлтты сілкіп жаңбырды қолдан жаудыру да біздің міндетіміз болып отыр (С. Мәу.). Кімдерге бұғау салмаған, Дүниенің асау белеңі? Біреу үйде отырып, От басында хош ұрып (М. Сұл.). 2. Қол артты; күш көрсетті, қысымға алды. ...Билікті қолына алған күннен бастап менің махаббатыма ие болғысы кеп бұғалық салды, мен көнбедім, қасақана елемедім, одан бетер қытығыма тиіп, былай қадамымды аңдып, қымс етсе, жалны жиналымса сап талқылап алатын болды (З. Ш.).*

БҰҒАУЫН БҰЗДЫ [ҮЗДІ] *Қысым-қиянаттан құтылды, еркіндікке шықты. Қасқайып шықты ауылы бар қазақтың, Бұғауын бұзып тастап қанды азаптың, Мәңгіге берілді де сол азаттық, Мәңгіге басында ойнап сол ғажап күн (Ғ. Қ.).*

БҰ ДҮНИЕ *Тіршілік, өмір. («О дүниеден» — дүние салғаннан бұрынғы тірлік). Сен жаратар жан досым, Бұ дүниеде тұрғым жоқ (БЖ).*

БҰЗАУ ТІС *Ірі қылып өрген қамшының бір түрі. (Оны бұзау терісінен бұзау тісіндей жалпақ етіп таспа тіліп, содан өреді). Сөмен, қоқ батыр болмай, жүрек батыр болмас... — деп, Сөменнің қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме бұзау тіс дырау қамшысын ұстатты (М. Ә.).*

БҰЙДАЛАҒАН [МҰРНЫН ТЕСКЕН] ТҮЙЕДЕЙ [ТАЙЛАҚТАЙ] *Тіл алғыш және мойын ұсынып бағынып, тізе бүк-*

кен кісі туралы айтылады. Ол көнсе, ол бастаса бұл елде ешкім шылбырынан кетпейді. *Бұйдалаған тайлақтай* ереді (Д. Ә.). Шіркін, өзіміз-ай, штабын талқандап, офицерін *бұйдалаған тайлақтай* жетеледік те жөнелдік, бәріміз де ерміз-ау, ә? (Ә. Ә.).

БҮЙҮҚҮТ СОҚТЫ диал. *Кенеттен, күтпеген жерден тиісті.* Оңбаған, *бүйкүт соқты*, әйтпесе ме? (Түрікм., Таш.). Бұрын біздің жақ шағын бір ауданнан шағын әскер күшін топтап ап, *бүйкүт соғатын* (Ә. Н.).

БҮЙЫРЫҚ ЖЕТТІ діни. *Бұл жерде ажал қатері төнді деген мағынада.* Өлгенде имансыз құл жолда қалған, Мен — ғазраил пенденің жанын алған, Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым, Құдайдан жетті *бүйрық*, келдім саған (Ш. Қ.).

БҮЙЫМ-БОҚША ҚЫЛДЫ *Қажетіне жаратты.* Жаудан алған олжасын *Бұйым-боқша* қылсын ол (БЖ).

БҮЙЫМ [БҮЙЫМ ҚҰРЛЫ] КӨРМЕДІ *Місе тұтпады; көзге ілмеді.* Үпілмәлік ішсең де, Үмбетәлі, Мен жеңемін сөзіңді *бұйым көрмей* (Жамбыл). Уа, қияға қонған қырандай болат топшы Жомарт батыр қанатын сылап қолда асыраған тотыдай тоқмейіл мырзаны *бұйым көрсін* бе, әп-сәтте жәукемдеп тастапты (Т. А.).

БҮЙЫМ САЛМАДЫ диал. *Шыбын құрлы көрмеді.* Белдесе кетсе сен құсаған жігіттерге елде де *бұйым салмайды* (Гур., Маң.).

БҮЙЫМЫН [БҮЙЫМТАЙЫН] СҰРАДЫ *Тілектерін айтты, не қалағанын білдірді.* Менің рақымшылығым түсіп, сендердің биліктеріңді өздеріңе бердім. Енді менен *бұйымдарыңды сұраңдар* (ҚЕ).

БҮЙЫРҒАН НӘСПІТІ КӨРДІ *Маңдайына жазғанын көрді, таланына табылғанды жеді.* Жапанды жалғыз жай қылып, *Бұйырған көрдім нәспіті* (МЗ).

БҮҚА — БУҒА, АЗБАН — ДУҒА *Құр кеуде, босқа тыраштану сөз болып отыр; бұл жерде ақын өз шамасын білмеген қарт ханды ажуа етіп отыр.* Деген сөз: «*Бұқа — буға, азбан — дуға*», Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға, Етімді шал сипаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға (Абай).

БҮҚА МОЙЫН *Жуан мойын.* — Ей, оңбаған! — деп кіжінді машинаның есігін ашып, сыртқа қараған *бұқа мойын*, жуантық шофер, — немене басқа жер таппадың ба? Әлің келсе сенәға бар. Ол онша алыс емес, оңға бұрылсаң, үстінен түсесің (Т. Ш.).

БҮЛАН-ТАЛАН БОЛДЫ **○ БҮЛАН-ТАЛАНЫ ШЫҚТЫ [ЕТТІ]** 1. *Тас-талқан, астан-кестен болды.* Апасы келсе, үйдің ішін уақ балалар *бұлан-талан етіпті* (АТ). 2. *Қатты ашуланды.* — Бұл жұмыстарыңа *Көлдей күймегенде кім күйеді.* Бұған

қалай шыдауға болады, — деп *Көлдей ақай жоқ, тоқай жоқ, бұлан-талан болды* (А. Х.). Таң атқанда қатыным қайтып келіп, шашын жайып, *бұлан-таланы шығып қайғы* басып отыр екен (МБТ).

БҮЛАН-БҮЛАН БАСТЫ *Жарасқылықты ыргала жүрді.*

БҮЛАН [СЫЛАН] ҚАҚТЫ [ЕТТІ] *Жайнадады, көз тартты, көз алдынан жайраңдап бұралып өтті.* Кешке жақын келіп кірсең ішіне, Кірмейтіннің бәрі сонда түсіңе, Кербез сұлу *бұлаң қаққан* майысып, Алтын алқа, ілгек тағып төсіне (Б. М.). Сұлу күрең төбел бестіні жылыстыра аяңдатып, *сылаң қақтырып*, Назыкеш алда кетіп барады (Ғ. М.).

БҮЛАН ҚҰЙРЫҚПЕН ЖОРТТЫ [ЖОРТЫП КЕЛЕДІ...] *Бір қалыпты бұлкілмен жүріп отырды.* Аттар семіз, күйлі. Тегіс тағаланған, жүріске қажитын емес. Бір қалыпты *бұлаң құйрықпен жіті жортып келеді* (М. Ә.).

БҮЛАН ҚҰЙРЫҚҚА САЛДЫ *Сөз бұйдаға салды; сөзден ешкімге ұстаппады, әне-міне деп біреуді әуреледі.* *Бұлаң құйрыққа салынба*, сенің де сырыңды білеміз, тайып тұр! — деп мінбеден қуып түсірді (Қ. Ә.).

БҮЛА ӨСКЕН *Тұрмыстың ыстық-суығын көрмей, емін-еркін ерке болып өскен.* (Мұндағы «*бұла*» дегеннің о бастағы мағынасы — жібек, нәзік, биязы жүн. Қырғыз фольклорында да «*була* менен *жибекти*» деген сөз бар). Майда жал, қаз мойынды тобым қайда? Бәрінен сыпырылдым бірекі айда. Үстіне жел шықпаса, адам шықпай, *Бұла өскен* ая көзім қандай жайда (С. Т.). Әкесі жалшылыққа берейін десе, шешесі *була қылып өсірем* деп көнбейді (С. М.).

БҮЛБҮЛ ҚАҒЫП ЖҮРГІЗДІ *Кісінің көңілін шат қылып, көңілін тасытып шаттандырды, риза етті.* Аяңы тымақты алшы кигізгендей, Кісіні *бұлбұл қағып жүргізгендей*. Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылды қолыма бір тигізбей (Абай).

БҮЛҒЫР ТАУ *Зеңгір тау; тірескен, ұзына бойы жалғасып жатқан таулар.* («*Зеңгір тау*» дегеннің мағынасы — мұнартақан, көгілдір тау; асқар тау — биік тау; балқан тау — биіктігі, көлденеңі, ұзындығы жағынан жатқан бір алып). *Бұлғыр тау* бұлдырамай қойныңды ашшы, Шырқашы есіліп даусым ащы, Салақсып салғарт батыр салқын жүрсе, Оятып асықтыршы, болып жаршы (М. Ә.). *Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау*, Бұлдырап өткен құрғыр тау (ЕТ).

БҮЛ ДҮНИЕЛІК АДАМ *Тірі жан, осы өмірде тіршілік етіп жүрген кісі.* Осыны істегенде, шапшаң, тез барыңыз, егер жауапқа келемін деп бір минут кешіксеңіз, сіз *бұл дүниелік адам* болмайсыз (ҚЕ).

БҰЛДЫР КҮЙ *Түсініксіз жағдай.* Онда біз ертегіден де азғын қиялға кетерміз де, *бұлдыр күйге* жетерміз. Сәуегейлікке ауысып кетерміз,— деп ол екі жол дасымен қоса күлді де алға қарай бұрылды (М. Ә.).

БҰЛДЫ САТПАЙЫ БОЛДЫ *диал.* *Бетімен лағатындар, артық сөйлейтіндер болды.* Халықтың ішінде *бұлды сатпайы* болады (Қ. орда, Арал).

БҰЛЖЫТПАЙ АЙТТЫ [СӨЙЛЕДІ] *Өзгертпей, өзіндей етіп айтты, арасына сөз қоспады, айнытпай жеткізді.* Хасен де күліп: — Шайтан-ай, ертеке айтқандай қылып *бұлжытпай* сөйлегенде әңгімені тіпті өңдеп жібереді — деді (С. С.).

БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАДЫ *Айтқандай етіп істеді.* Атасының айтқанын *бұлжытпастан орындап* шықты (С. В.).

БҰЛҚАН-ТАЛҚАН [БҰРҚАН-ТАРҚАН] БОЛДЫ *Қатты ашуланды.* Бай ашуланып, *бұлқан-талқан* болды (ҚЕ).

БҰЛСЫЗ БЕРДІ, ҚҰНСЫЗ АЛДЫ *Төлеу алып берген жоқ; құнын төлеп алған жоқ, өзі беріп өзі алды.* Бауыры бүтін сау бар ма, Өлімнен үлкен жау бар ма? *Бұлсыз берді, құнсыз алды.* Бұған айттар дау бар ма? (ШС).

БҰЛТ АЛА, ЖЕР ШОЛА *Ақын бұл жерде бәрі бірдей, сыпыра тақыр болмай, ілуде бір болса да жақсы-жаманы аралас болсайшы дегенді айтады.* Тым болмаса болмады, «*Бұлт ала, жер шола*» (Абай).

БҰЛТ БЕРДІ [ЕТТІ] 1. *Жалт бұрылды.* Сасқан үйрек *бұлт беріп*, бір шоқ талға барып жоқ болды (С. В.). Әбден әккі ашқан Қанат қоянша *бұлт етіп беріп еді*, Көктаспа қарынан бір үзіп үлгірді (Н. С.). 2. *Сырт беріп шыға келді.* Дос алады, бермесең *бұлт берем* деп, Жауыңа қосылуға сырт берем деп (Абай).

БҰЛТ ҚАПҚАН *Аспанмен таласқан, зәулім биік.* Болат ірге қалаймыз, Жаңа тұрмыс үйіне, *Бұлт қапқан* үй саламыз, Іске тастай түйіне (С. С.).

БҰЛТ ҮЙІРІЛДІ *Хауіп-қатер төнді, бүлік нышаны төнді.* Ана жолы қыз үшін төбелес салып, бір балықшы қаза тапқаннан бері бұлардың аулына *бұлт үйірілді* (Ө. Н.).

БҰЛЫҚ АЙДАДЫ *диал.* *Жер жыртты, егін айдады.* Біздің колхоз *бұлық айдау* жұмысын 15 күнде бітірді (Шығ. Қаз. Тарб.). Колхозшылардың *бұлық айдайтын* күні де таянып қалды (Сем. Ур., Мақ.).

БҰРАЛҚЫ СӨЗ *Қуақы, көлденең әңгіме; қысыр сөз.* *Бұралқы* сөз күлмекке жақсы (Мақал). Оның ұзын құлақтан естіген *бұралқы* сөзі Тәтнев жолдасты алты ай әуреледі (С. Төл).

БҰРАҢ БЕЛІ *Қыпша бел; нәзік, тал шыбықтай бұралған бел.* (Қыз-келіншек-

тер туралы айтылады). Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін. Кел десең, неге аяйын аттың терін, Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен *бұраң белім* (И. Б.). Қос етек *бұраң бел.* Қуалай соғар қоңыр жел (ХӘ).

БҰРАҢ ҚАЛДЫ *диал.* *Өнерінен қол үзді, сыртта қалды.* *Бұраң қалып* суретшілік талантымды өсіре алмадым (Сем., Урж.).

БҰРАТАНА ЕЛ [ХАЛЫҚ, ЖҰРТ, АУЫЛ] *Бағынышты жұрт; басында билігі жоқ кіріптар адамдар.* Бізден бұрын бұл жерде билеп-төстеген ағылшындар ғой. Олар орыс, қазақ, татар дегенді *бұратана халықтар* деп менсінбей, кем ұстағанын білесіздер (М. Қ.). Бар еді Құбылайдың жалғыз қызы, Жанарлы шамдай жанған екі көзі, Екі ауыл *бұратана* басын қосса, Ішінде көз тартатын сол жұлдызы (И. Б.).

БҰРАУ [БҰТА, ШӨП] БАСЫН ДА СЫНДЫРМАЙДЫ *Еш нәрсе істемейді.* (Бой күйездік, жалқаулық туралы айтылады). Сонымен арада ай өгіпті... жыл өгіпті. Тоқтар *бұрау басын сындырмай* үйінде бос жүрді. Сынықты сылтауратуы көбейді (Н. Ғаб.).

БҰРҚ ЕТТІ *Дүңк ете түсті.* Сағит шешесіне де *бұрқ етіп*, тоң-торыс суық жауап айтты: — Тілеуің берсін, апа, кіріспе! Айтпа! Керегі жоқ! (ЛЖ).

БҰРҚ-САРҚ БОЛДЫ *Қаны қызып, бүліне ашуланды, тулады.* Ырғызбай Құнанбайды бөріктіріп, *бұрқ-сарқ еткізіп*, тулатып жатқан тартысқа Ақшоқыдағы ауыл қатысқан жоқ (М. Ә.).

БҰРЫН, БҰРЫН, БҰРЫНДА *Тым ерте кезде.* *Бұрын, бұрын, бұрында* Қаңбақшал деген шал болыпты (ҚЕ).

БҰТ АРТАР *Мініс ат, көлік.* Балаң мініп жүретін *бұт артар* көлігі жоқ. Менің бір қоңыр тайым бар. Соны ал да, құнажыныңды, өзі қысыр екен, мен соғым етейін, маған бер,— дейді (М. Ә.).

БҰТЫ БЕС [СОҚЫР] ТИЫН *Қадірсіз, құны жоқ, беделі жоқ; керегі жоқ.* Қылған ісіңнің *бұты бес тиын* (АТ).

БҰТЫН БҰТ, ҚОЛЫН ҚОЛ ҚЫЛДЫ 1. *Парша-паршасын шығарды.* Баланың төбеттері, жалмауыз кемпірдің *қолын қол, бұтын бұт* қылып жүн-жүнін шығарып талап тастайды (ҚЕ). 2. *Мейлінше жарамсыз етті, түкке тұрғысыз етті.* Жаңада бір келелі жылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте, қатеммен бірге өзім де талқыға түстім-ау. Жұрт мен жазған сөздің *бұтын бұт, қолын қол* қылып соғылап жатыр (І. Ж.).

БҰТЫН КӨТЕРДІ *Қожаңдады, кіжіңдеді, қоқан-лоққы жасады.* Кетере берме *бұтыңды*, Көптіре берме ұртыңды, Күндер-

дің күні болғанда, Өзіңнен мықты жолықса, Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді (М. Ө.).

БҰТЫНАН БОРСЫҚ [КЕСІРТКЕ] ӨТКІРІ қ а р ғ ы с. *Жолың болмасын, сәтсіздікке душар бол.* (Ескі салтқа байланысты үлкен шөл кесірткесі жолда аңдып жатып, жолаушы бұтынан я атының аяғы арасынан өтсе, жолы болмайды деген ұғым бар).

БҮГЕ-ШІГЕСІНЕ [ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙІНЕ] ДЕЙІН ҚАРАДЫ [ТЕКСЕРДІ] *Бақайшағына дейін анығына жетті. Қызғылт қағаздың бетіне түскен әрбір сызық пен цифрды бүге-шігесіне дейін, алшысына қойып та қарайды (ЛЖ).*

БҮЙЕНІ МАЙЛЫ *Күйлі-жайлы, дүниемалға бай деген мағынада айтылады. (Көбіне кекесін ретінде қолданылады).*

БҮЙРЕГІ БҰРДЫ [ТАРТТЫ] ○ БҮЙРЕК БҰРДЫ ЖАСАДЫ *Жаны ашыды; жақын тартты, болысты, іш тартты. Не, Дәмешке бүйрегі бұрып, соның жыртысын жырта ма? (З. Ш.).— Өне, мал десе, бүйрегі бұрады да тұрады,— деді Дмитрий Андреевич (Ж. Т.).*

БҮЙРЕГІ БҮЛК ЕТЕ ТҮСТІ *Іші сезе қойды, сезіктенді. Мырқалдың бүйрегі бүлк ете түсті. Көзінің астымен қақ төрде отырған Орловқа қарап еді, ол ұнатпаған кездегі әдетімен кең маңдайын сипап отыр екен (Ө. Ө.).*

БҮЙРЕГІ БІТЕУ *Өте семіз. Шөбіміз шүйгін, малымыз дилы, бүйрегі бітеу (АТ).*

БҮЙРЕК БЕТ *Екі жағының еті қалың, шықшыты дөңгеленген томпақ бет, дөңгелек жусы. Біраз уақыттан кейін бүйрек беті, дөңгелек үлкен қара көзді, қою қара шашы ретсіз бұдыраған, шағын денелі, жеңсіз ақ көйлекті, көк шалбарлы бір бала жігіт кірді (А. Л.).*

БҮЙРЕКТЕН СИРАҚ ШЫҒАРДЫ *Болмашы нәрседен шатақ шығарды, орынсыз сөйледі, езулеп кері тартты. Уһ, осы атшы ма, бүйректен сирақ шығарады да жүреді (З. Ш.).* Зашем арам асты ауызға саламыз, басқарманікі қате, энеугүні райком хатшысы, қаласаңдар асыра, қаламасаңдар зорлаймыз деген, *бүйректен сирақ шығарып байимыз деп жүр ғой (Қ. Қуан).*

БҮЙРЕК ШЫҒЫП КЕЛЕ ЖАТТЫ *Оқшау келе жатты. Ақтардың бір қосын әскері Танабайдың аулына қарай бүйрек шығып келе жатты (С. С.).*

БҮЙІДЕЙ ТІДІ [БҮРЛІКТІРДІ] ○ БҮЙІ [БЫҚШЫРТ] ТИГЕНДЕЙ ҚЫЛДЫ *Қатты әлек салды; элем-талпырығын шығарды; атышысын қуырды. Өзіңізге мәлім, бұл бай-жуандарға, молда, саудагерлерге ...бүйідей тиген кезі (С. В.).* Айналаңдағының бәріне бүйідей тиіп, өзіңе сірә бүгін бірдеңе болған ғой (М. И.).

БҮЙІР ӘҢГІМЕ *Сырт әңгіме, бөтен сөз. Сонан бері... ау, Мөңкежан-ау, менің де амалым құрып, ішіме тікен қадалғандай боп жүрмін ғой,— деп бұл білмейтін бүйір әңгімеге басып бара жатты (Ө. Н.).*

БҮЙІРДЕН БӨЛЕК БІТКЕН БҰТАҚ СІЯҚТЫ *Бөгде, бірге тумаған адам тәрізді; көлденең келген адамдай. Жалпы Қаламүштің өз үйіне деген сезім қызық. Бір түрлі — бүйірден бөлек біткен бұтақ сияқты (Т. А.).*

БҮЙІРІ ҚЫЗДЫ *Елікті, желікті; намысқа шапты. «Айдап сал» кезінде Домбай күйеудің де бүйірі қызып кетіп, қалыңдығының үстінен арыз айтты. Екі ұдай көрушілер... айтас, талас... Бөрінің бүйірі қызған... тек құлақ ас... (М. Ө.).*

БҮЙІРІҢ ШЫҚПАҒЫР! ○ БҮЙІРІҢ ШЫҒЫП, АС ШПЕГІР! ○ БҮЙІРІҢ ТОМПАЙМАҒЫР! қ а р ғ ы с. *Бойыңа шыр бітпесін, тойып ас ішпей өт!*

БҮЙІРІ ШЫҚПАДЫ *Жарымады, тойынбады.*

БҮЙІРІ ШЫҚТЫ [ШЫҚПАДЫ]
1. *Қарны қампып, тойды. Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып, ыңқылдап (Абай). Шіркін-ай қазығ араласқан қой етін бүйірім шыға бір жемей-ақ кеткенім бе?— деп Қасен қабағын түйіп алды (М. Ө.).* 2. *Жарыды, жетісті.— Көк төбет! Отыз жыл бі билеп, ел сорғанда, бүйірі бір шыққан емес. Алғаны жылмай ағады артынан деді Шәкен (Ғ. Мұс.).*

БҮЙІ ТИГЕНДЕЙ БОЛДЫ *Астан-кестені шықты, әлекке түсті, әбігерленді. Айқай-шу шықты қоса екінші үйден, Секілді ол да болды бүйі тиген. Қақпаның мұның бәрі тоқалдары, Қызғанып көрі шалын іші күйген (Д. Е.).* Ілезде сол алты ауыл бүйі тигендей у-шу болып, үрпсініп апалаң-топалаң болды да қалды (С. С.).

БҮЙІ ТИГЕНДЕЙ БҮРІСТІ *Жақтырмай тырысып қалды. Қаракесектің азаматы Мусин деген бір түн ішінде бүйі тигендей бүрісіпті де қалыпты (С. Төл.).* Аулақ жүр. Аулақ!— деп бүйі тигендей бүрісті де қалды (С. Төл.).

БҮКЕҢ ҚАҚТЫ *Бүкшеңдей зыр қағып жүрді. Келін кетті. Балам қалды. Келінсіз үй қараң қалды. Кемпір сорлы бүкең қағып, «Келін тап!» — деп мазамды алды (Б. М.).*

БҮК ТҮСТІ *Аяқ-қолын бауырына алып, бүрісіп жатып алды. Қалың қардың ойылған құдықша түбінде бүк түсіп жатқан кішкене дене көрінді (М. Ө.).* Қызметтен қайтқан Хасен теріс қарап бүк түсіп, ас күтіп жатыр (М. Ө.).

БҮКІР [ҚҰНЫС] БЕЛ *Кәріліктен не аурудан бел омыртқасы иілген (шығыңқы) кісі. Кемпірдің бүкір бәлі төмен түсіп, Мас болған жас секілді қайғыны ішіп, Әжім-*

мен тозып қалған кәрі беттің, Өңінде хауіп ойнайды бұлтша көшіп (И. Б.).

БҮЛК ЕТТІ [ЕТПЕДІ] *Дурдараз пішін білдірді; қарсылық білдірді, қарсы әрекеттенді.*— Абайдың сізге бергені рас болса, дәл үлкен үйге өзім кірем деңіз. Және Еркежаннан сөз бастамасаңыз, онда берген сөздеріңіз бәрі де бергі жердегі «хайлашарғы ғой!»— деп, *бүлк етті* (М. Ө.). Бірақ он жыл бойы *бүлк етпеген* Тоқайдың арыз бере қоюы, қас пен көздің арасында қайқы ерін тоқалдың жоғалуы «Қызыл отаушылардан» екеніне жайлау елі күмәнсыз (Ғ. Мұс.).

БҮЛК САЛДЫ [ШЫҚТЫ] *Жанжал шығарып, лаң салды, шырық бұзды; жанжал туды, ұрыс-керіске айналды.* Қарағым қаралама, ая мені... Аяғаннан айтамын мен де сені. Күйдіріп бір сен үшін ата-анамды, Елге *бүлік салудың* келмес жөні (С. Т.).— Алдымен сөз шығарған, *бүлік салған* өзің, Айсары азғырмай қайтсін?!— деді (Б. М.). Теңге *бүлікті салып*, Айманның алдынан ешкімді шығармайды (Қ. Жұм). Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, *бүлік шығып* кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді (С. Т.).

БҮЛІНГЕН ЕЛДЕН БҮЛДІРГІ АЛМА *Жанжалды жерге баспа, еш нәрсе алма; сойқаннан қашық жүр.*

БҮРСЕҢ ҚАҚТЫ *Тоңды, қалшылдап, дірілдеді.* Түнде тұрған боз қырау әлі еріп біткен жоқ. Жайлау құмар қазақтар жазғытұрым тастай қашқан қыстауларына *бүрсен қағып* қайта келіп жатыр (Ғ. Мұс.). Қар ұшқындай, үйірді жел тозаңды, *Бүрсен қақты*, дірілдеп, тал-тораңғы (А. Х.). Жаңа кімділер *бүрсен қақты*. Көше бойын тон, ішік, тымақтылар қаптады (Б. М.).

БЫҚПЫРТ ТИГЕНДЕЙ *Бүйі тигендей, азан-қазан етті.* Осы топ ымырт жабыла Үркімбайдың аулына жетіп, барлық ауылдың еркектерін *бықырт тигендей* сабап, Үркімбайды өз үйінен сүйреп алып шықты (М. Ө.). Көксерек түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, *бықырт тигендей* қылады (М. Ө.). Шаруаның бір түлік пірі — шопан, Келтірмей құ, пір ата, қойға топан! Қойды аңдыған пәленің бәрі құрып, *Бықырт тиіп* үні өшсін қасқыр апаң (С. С.).

БЫҚПЫРТ ТИГІР! қарғыс. *Бықырт — қойда болатын ауру.*

БЫҚЫП ЖАТЫР *Тіпті көп, ұшан-теңіз, ұшы-қиыры жоқ, сан жеткісіз.*— Ішкі Россия жерінде, орыста да сан Құнанбай, Тәкежандар иттен де көп, *бықып жатады* екен ғой...— дейді Дөркембай (М. Ө.). Көлшімек *бықып жатқан* томарым-ай, Томарға жылжып барып қонарым-ай, Суында тай жүздіріп ермек қылған, Енді көзім жетпейді оңарыма-ай! (С. Т.).

БЫЛАЙ ТҮРСЫН *Ол түгіл, оны айтпағанда* (АС). Хәрами, макруһи *былай тұрсын*, құдай тағаланың қуатыменен, ижидиһат ақылыңменен тауып, рақатын көрмегіне бола жаратқан (Абай).

БЫЛҚ ЕТПЕДІ *Тырп етпеді, сескенбеді, қозғалмады.* Жартастай толқын ұрса *былқ етпеген*, Бұтақтай көктен бомбы құйып тұрса, Сескеніп ер жүрегі *бүлк етпеген* (Қ. Ай.). Тәкежан аулы Базаралының ереуіл сөзіне *былқ еткен* жоқ. Қар екі жауса да, үй іргесін шыммен көмдіріп алып, тағы да ықтырмасын құрғызып қойып, күндіз-түн демей, кедей ауылдың пішені мен қорығын аямастан жеді де отырды (М. Ө.).

БЫЛШ ЕТКІЗДІ 1. *Түкірді, жалп еткізіп төге салды.* Құдай соққан неменің «тфу» деп *былш еткізіп* бетіме түкіргені бар ғой (ҚЕ). 2. *Қойып қалды; кенет айтып салды.* (Аяусыз оңдырмай жасалған әрекет туралы айтылады). Қатыны бірдемеге бұрттып отыр еді. Жігіт *былш еткізіп* қатынды тұмсыққа беріп кеп қалды (С. С.). Сенімен мына келініңді жаман атқа тағарды! — деп *былш еткізген*-ді. Қодар: Ой жаным не шатып отырсың,— деп Бекет көсені тапап тастардай болды (М. Ө.).

БЫРДАЙ БОЛЫП ЖАТЫР *Тым көп, құжынап жатыр. қаптап жүр, бықып жатыр.* Ауылдың малдары көп жерлерді алып, *бырдай болып* жабылып жатыр екен (С. С.). Егін орнында топ-тобымен *бырдай болып* жайылып жатқан қаздар... Сәтжанды көре салып ұша бастады (С. Б.).

БЫТ-ШЫТ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] **○** **БЫТ-ШЫТЫ ШЫҚТЫ 1.** *Сынды, қирады; талқандалды.* Генерал сол елу тоғыздың алғашқы үшеу-төртеуін өзі ұрғандай, мінбені жұдырықпен қойып-қойып қалып еді, фарфор шыны аяқ ұшып түсіп, *быт-шыт болды* (Ж. Т.). Осы кезде тағы бір снаряд бажылдап келіп, оқ дәрі тиейтін шананың дәл үстіне түсіп оны *быт-шыт қылды* (Ж. Ж.). 2. *Жан-жаққа қашты, тарады.* Сонымен бір нәрседен үркіп, шұрқырал, дүркірей жөнелген. Өзі семіз, өзі тоқ жылқы қайыру бермей *быт-шыт боп* кетіп барып, таң алдында жылқышыларға ырық беріп, басы құралыпты (М. Ө.).

БЫЛГЕНІ БІР ТОҒЫЗ, БІЛМЕГЕНІ ТОҚСАН ТОҒЫЗ *Білгенінен білмегені көп.*

БІЛЕГІН СЫБАНДЫ *Белсене түсті, барынша ынталанды.* Мен енді білекті *сыбанып* дегендей, сабақтарымен қаты шұғылдануға кірістім (С. М.). Рота өмірінде елеулі өзгерістер болды. Шабуыл басталды. Жылы орын, блиндаждар мен жер үйшіктерді тастап, жауынгерлер білек *сыбанып* ұрысқа аттанды (С. Сей.).

БІЛЕУДЕЙ БОЛЫП ІСТІ *Бадырайып, күлгей болып кетті.* (Жылағанда «бұлаудай» дейді, жай іскенді «білеудей» дейді. «Білеу» — қайрақ деген мағынада. Осы күнгі ұйғыр тілінде қайрақты биләй деп атайды. «Жанымаға жанып, білемеге бі-

леп...» дегендегі білеп, білеу, білеме дегендердің түбірі бір, ол — біле. Бұл сөз монғол тілінде де бар). О, сұмдық! Ғанидың төсегінде көзі *білеудей*, беті күп болып ісіп кеткен, еріндері дүрдіген, қай-қайдағы жексұрын біреу жатыр (М. И.). Қатты толқып шеке тамыры *білеудей* болып кеткен әлсіз Мендігерейдің сөзге ұсталығы мен қайсарлығына Жанша қайран қалды (Х. Е.). Беттері *білеудей* ісік, солықтарын зорға басып, қыз-келіншектер де біртіндеп көріне бастады (Б. М.).

БІЛІМ ШАРҚЫ *Білім көлемі, білім дәрежесі. Оның білім шарқы бәрімізге де белгілі емес пе, несіне мақтай бересің? (АТ).*

БІР АЙДАМ ЖЕР диал. *Шамамен алғанда ширек гектар жер (Шым., Арыс).*

БІР [-АҚ] УЫС ҚЫЛДЫ *Апшыны қуырды, тарылтты, қысты (АС). Берген бе төңірім саған өзге туыс? Қыласың жер жиһанды бір-ақ уыс. Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы, Таппаған бір тиянақ еткен қуыс (Абай).*

БІТЕР ІСТІҢ БАСЫНА, ЖАҚСЫ КЕЛЕР ҚАСЫНА *Істің аяқталар шағында, жұрт шаршап қалған кезде келіп, көмектесіп кететін кісіге айтылады. (Берекеді іске шақыру мағынасында да айтылады). Бігер істің басына, жақсы келер қасына деген, балам! Жақсы келдің! Көмектесе ғой, мына шаршаған атаңа — деді (АТ).*

БІР ЕСЕВІН ТАПТЫ *Лажын жасады, айла істеді. Үшінші күнгі соғыста, Құнанбай тәсіл ойлаған кезде, Байдалы да бір есебін тапқан (М. Ә.).*

БІР АСЫМ *Бір рет асуға келетін еттің шамасы, мөлшері. (Қазақ тілінде, қала берді, жалпы түркі тілінде осы тектес өлшем мәнді сөздер бар: бір асым, бір қайнағым, бір салым т. б. Бұлар «бір» сөзі қатысқанда үнемі -ім (-м) қосымшасымен келеді). Қой қасқырға: Өзің де мал танығыш едің ғой, қарны кампиган, бұты тыртыған, аузында ақ тісі жоқ, бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің — депті (ҚЕ).*

БІР АТТАМ *Бір қадам жер; қол созса жететіндей өте жақын жер. Бір аттам жер ғой, бара қойсаң қайтеді, табаныңнан сапқыр (АТ).*

БІР АТЫМ *Бұл жерде тілдің астына немесе ерінге бір-ақ рет салатын насыбайдың мөлшері, шамасы. Шерғияз бір атым насыбайды тілінің астына тастап кеп жіберді (Ә. Ә.).*

БІР АУЫЗДАН *Түгел, тегіс, бәрі бірдей. Балықшылар Жақсыкелдіні Қазақстан комсомолының ХІ съезіне делегат етіп, бір ауыздан ұсынды (ЛЖ).*

БІР АУЫЗДЫ *Ынтымақшыл, ұйымшыл. Ел болуға алдымен білік тірек, Бір сөзді, бір ауызды намыс керек (С. Т.).*

БІР АУЫҚ *Бір мезгіл, бір сәт. Секретары обкомның, Кетсе-дағы түн ауып, Кабинетте әлі отыр, Дамылдамай бір ауық (С. Мәу.).*

БІР АЯҒЫ КӨРДЕ [ЖЕРДЕ], БІР АЯҒЫ ЖЕРДЕ [КӨРДЕ] *Жасы ұлғайған, өмір мен өлімнің арасында; кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған. Мен болсам сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан, бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрған бір кемпірмін — деді (М. Ә.).*

БІР ӘУДЕМ ЖЕР диал. *Едәуір жер. (Әдеби тілде дауыс естілер жақын жер). Ырғайтыға дейін бір әудем жер (Жамб., Қор.).*

БІР БАС, БІР ТАС ВОЛДЫ *Ауыз бірлік сақтады, ұйымдасты. Жаманатты сыртқа көп таратпас үшін Жетпісбай, Жұматай боп бір бас, бір тас боп алу да, іштей осындайдың орайына істеген қарсы қамының бірі еді (М. Ә.).*

БІР БАСҚА 1. *Бөген (АС). Көп жаман тексермесен, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың (Абай). 2. Бөлек. Батырлық, байлық кімде жоқ, Ғашықтық жөні бір басқа (ҚЖ).*

БІР БАУЫР ЖЕР *Халықтық өлшем; бауыр жазар, бой жазар жер. Бір бауыр жерге дейін дуылдаған әлгі көңілді жынның үні өшіп, үй іші тына қалды (Ә. Н.).*

БІР БӘС [БАС] *Еш айырмасы жоқ, бірдей (АС). Жамандық жақсылық пен оған бір бәс, Дін ісін, құдай ісін айыра алмас. Арын сатып, ант ұрып іздегені — Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас (Абай). Ер жігіт тандап тауып, еппен жүрсін. Төбетке өлекшінің бәрі бір бас (Абай).*

БІР БЕЙІЛДІ *Ниеттес, тілектес. Бай сейілді, Бір бейілді Елде жақсы қалмады. Елдегі еркек, Босқа селтек Қағып елін қармады (Абай).*

БІР БЕС КҮН *Өлшеусіз аз уақыт (АС). Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма, Бір бес күннің орны жоқ аптығарға! Қай қызығы татиды қу өмірдің, Тағуды араз, жақынды жат қыларға (Абай).*

БІР БЕТ [БЕТКЕЙ, ЕЗУ] 1. *Айтқанынан қайтпайтын, жөнге келмейтін. Жақыпбек әдетте бір беткей, мінезі тікшіл, ойлағанын беті-қузің бар демей тіке айтып тастайтын, қызу қанды жігіт еді және едәуір қызбалығы да болатын (М. И.). 2. Сыңар жақ, өзге жағдаймен санаспайтын. Жүнді биязылау мақсатымен сұрыптау жұмысы бір беткей ғана жүргізілді (М. Е.). Несіне жылайсың, жақсы болған екен, сен өзің кеше ғана Таймасов маған көнбейді, бір бет езімшіл деп арыз айттың емес пе? (С. Бақ.). Байғұс, осы-ақ бір езу болады да жүреді (АТ).*

БІР БИЕДЕН АЛА ДА, ҚҰЛА ДА ТУАДЫ *Біркелкі, бірдей нәрсе (адамдар) жоқ дегенде айтылады. Бір биеден ала да туады, құла да туады* деген рас қой, Сәлімнің кіші баласы тым пысық, үлкені со-райып, нағашыларына тартқан білем, өте бос (АТ).

БІР [БІРЕУ] БОЛҒАНМЕН [БОЛСА ДА] БІРЕГЕЙ *Аз болса да саз; жалғыз да болса көпке бергісіз. Бір болғанмен бірегей, Мыңға сөзін тыңдатар, Ат арқанын шұбатыр, Иығы асқан ер болар* (Ғ. С.).

БІР БОРАНДЫҚ *Бір боранда жұтап қалатын. Жасты шіріткен шалы тұр, Бір борандық малы тұр. Аузын ашып әкел деп, Болыс, билер тағы тұр* (С. Т.).

БІР БІЛЕМ *Бір қайрақ тастай. Бір күні бұлар тамақ іздеп келе жатып, жолдың жиегіндегі қардың үстінде жатқан бір білем құйрыққа кездесіпті* (С. Қ.).

БІР-БІРИНЕ СЕП БОЛДЫ *Біріне-бірі көмектесті, бір-біріне сүйеу болды. Ағайынның көп болса, Бірлігі оның бек болса, Жамандық жер кез келсе, Бір-біріне сеп болса, Бүгін тұрған бұзылмай Отыз екі тіспен тең* (Ш. Құл.).

БІРГЕ ЖАСАДЫ **○** **БІРГЕ КЕШТІ** *Қайда жүрсе де тастамады, өзімен бірге болды; қатар өмір сүрді.*

БІРГЕ ОТ ЖАҒЫП, ТҮТІН ТҮТЕТТІ *Семья құрды, отасты, ынтымағы бір болды, тату-тәтті болды. Жәнібекпен, түбі, бірге от жағып, түтін түтете алмайтынын сезген хан қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты* (І. Е.).

БІРГЕ ӨСІП, БІТЕ ҚАЙНАҒАН [БІТЕ ҚАЙНАДЫ] *Бірге жүріп-тұрған; жақсы білетін; көп араласқан. Бала күннен бірге өсіп, біте қайнаған замандасым еді, қалай көзім қиып, тастап кетейін* (ҚЕ). Бұл колхоздың өрендері Еңбекте кол ұстасқан. Қазақ, татар көрші елі *Біте қайнап ұштасқан* (М. Х.).

БІРГЕ ТУҒАНДАЙ [КӨРДІ] *Өте жақын көрді* (АС). Бір елдің ішінде жамағайынды кісі *бірге туғандай көріп, іші ел-жіреп, жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?* (Абай).

БІР ДЕГЕН *Ең күшті, мықты, мына деген.* [Ол] Комсомол комитетінің *бір деген* мүшесі еді. Бүгін құрбылары оны бастауыш комсомол комитетінің секретары етіп сайлады (ЛЖ).

БІРДЕН БІРГЕ ЖҮГІРДІ *Сөз етті, өсекке салды.* Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітirse, халықта оны сынамақ, *бірден бірге жүгірмек* болмайды екен (Абай).

БІРДІ БІРГЕ СОҚТЫ 1. *Астан-кестенін шығарды.* Қантай соққан қара дауыл бүкіл әлемді былғап *бірді бірге соғып, ойран қып жатқандай, жердің топырағын суы-*

рып шаңдатып, ышқына ұли соғады (Ә. Н.). 2. *Атыстырып-шабыстырды, араға сөз жүгіртті, шағыстырды, айдап салды.* Әкемнің бір ерекшелігі *бірді бірге соғып, тамақ асырап күн көруді жек көретін еді* (С. К.).

БІРДІ ЕКІ ЕТТІ 1. *Аса ұқыптылықпен ұстады.* Ерік берсе, *бірді екеу етіп* жіберетін сендерсіңдер — деді Ерофей әйеліне (ЛЖ). 2. *Пайдакүнемдік жасады.* Саудагерден нысап кеткен екен, *бірін екі етті* (АТ).

БІРДІМ БОЛДЫ *диалект. Өзінен басқа кісі жоқ сияқты болды. Өзінше бірдім болып жүреді* (Қос., Жан.).

БІР [ЕКІ] ЕЛІ ҚАЛМАДЫ *Ешбір ажырамады; соңынан еріп отырды.* Сонан бері ол жас жігіттің қасынан *бір елі қалған жоқ* (Ә. Н.).

БІР ЕМЕС, ЕКІ ЕМЕС *Қайта-қайта.* Қалтай: Батыр-ау, мына Күшікбай мені өлтірген шешек осы Ж. қаласы дей ме? Немене *бір емес, екі емес* ызғырықтайды да тұрады, — деп күлді (М. Ә.).

БІР ЕРІММЕН ЖЕР [КӨК] ТІРЕП, БІР ЕРІММЕН КӨК [ЖЕР] ТІРЕП *Бәрін де жасай алатын, бәрі қолынан келетін, дүниеге тұлға болып тұрған сияқты мінез көрсеткенде айтылады. Мен жігерсіз Солтыбай әулетін бір еріммен көк тіреп, бір еріммен жер тіреп тұрғандай көремін ғой* (С. Берд.).

БІР ЕСЕПТЕН *Бір жағынан, бір ойдан, бір реттен.* Бекболаттың жер-суым болса деген ойы бар. *Бір есептен* бұл ойының іс болып қалуы да қисынды (С. Шәр.).

БІР ЕСІК, БІР ТЕСІК ЗАМАН [УАҚЫТ т. б.] *Қыспақта болды, зәрулікке ұшырады деген мағынада.* Олар *бір есік, бір тесік уақытқа* кез болып, қыспақта жүрді (АТ).

БІРЕУДІҢ К...ІНЕ КІРДІ *Жағыну, жалбарыну мағынасында айтылады.*

БІРЕУДІҢ К...ІН ШҰҚУЫНДЫ ҚОЙ-САЙШЫ *Біреудің соңына түсуіңді қой, бәле ойлауыңды қой.*

БІРЕУДІҢ ҚАҢСЫҒЫ, БІРЕУДІҢ ТАҢСЫҒЫ [БІРЕУГЕ ТАҢСЫҚ] *Өзгенің қолындағыға әуес.*

БІРЕУДІҢ ОТЫНА ЖЫЛЫНАДЫ *Біреуге кіріптар болды.* Аман бәрін көріп, бәрін танып отыр. Заманы өгіп, жасы жеткен Ғазиз ақын енді *біреудің отына жылыныпты* (Ғ. Мұс.).

БІРЕУ ТОЙЫП СЕКІРЕДІ, БІРЕУ ТОНҒЫП СЕКІРЕДІ *Әр істің себебі басқа деген мағынада.* Біреуді ұру, әрине, тентектік қой... Бірақ тентектің де әр түрлісі болады, біреу қорлыққа, ызаға шыдай алмай, лажсыз тентектік қылады, *біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.* Тентектік те сол тәрізді (С. С.).

БІР ЖАҚТЫ *Бір ақ сарын, бір беткей.* Мектеп ұзақ уақыт шаруашылықтан, өмірден қол үзіп, жастарға *бір жақты* білім беріп келді (ХМ). Бүгінгі адам өз мамандығын білетін, өз ісімен ғана шектелген ой-өрісі тар, тек *бір жақты* жалаң білімі бар адам болуға тиіс емес (К. С.).

БІР ЖАҚТЫ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] *Тынды, тындырды; бітті, бітірді; бірыңғайлады.* Балам, мына кісінің жұмысын *бір жақты қыл* тезірек, риза болсын (АТ).

БІР ЖАМБАСТАДЫ *Қыңыр тартты.* Айтқан ақылды алмай, *бір жамбастамады ма?* (АТ).

БІР ЖАПЫРАҚ *Азғантай, зәредей, бір жұлым.* Сұлуға батыр енді дейді шырақ! Оншалық аулық сенің емес жырақ, Ризамын қайт ізіңше сертің бітті, Қызықсам қала ма ардан *бір жапырақ?* (С. С.). Бұл кітапсыз босанбас қатғындар да, «Мың да бір дауа, дейді маргуларға», *Бір жапырақ* тұмарға бойды сақтар, Ауыраң ішірткі ал, қапыл қалма (С. Т.). Көріптен тымағының маңдайына қыстырған *бір жапырақ* қағазды алып берді (Ө. Ә.).

БІР ЖАР ЖЫЛ *диалект. Бірер жыл.* Қуғынға түскен Көлен оған да қарайлай алмады. *Бір жар жылдай* Адай, Табынды паналағысы көп, Маңғыстауға бет қойды (Ө. Н.).

БІР ЖАР КІСІ *диалект. Бірер адам.* Бұл ауылдың белдеуінде бәйгі күреңге жететін дәмелі ат жоқ және *бір жар кісі* мұны түсірем деп дәме қылмайды (Ө. Н.).

БІР ЖАСАДЫ [ЖАСАП ҚАЛДЫ] *Құмардан бір шығып, мәз боп қалды.* Дауыл алдына ішін тартқан осы сәл тыныштықтың өзінде Қоростылевтың кішкентай ғана санитар взводы бел шешіп ес жиып, *бір жасап қалды* (Т. А.). Деев өзі пікірлес адамдардың ортасына түсіп түсінісіп, *бір жасап қалды* (М. Қ.).

БІР ЖАСАП, ЕКІ ЖАСАП ӨСТІ *Елеусіз, біртіндеп ер жетті* (АС). *Бір жасап, екі жасап* Әзім өсті, Сонан соң медресеге барып түсті (Абай).

БІР ЖЕҢНЕН ҚОЛ, БІР ЖАҒАДАН БАС [БІР ЖАҒАДАН БАС, БІР ЖЕҢНЕН ҚОЛ] *Шығарды Бірікті, ұйымдасты, ауыз бірлік жасады.* Бұл жұрт *бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып* атқа қонбаса, аңсаған арманына жете алмайтын көрінеді (Ж. Т.). *Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып* ел болайық (З. Ш.).

БІР ЖОЛА **○** **БІР ЖОЛАТА** *Мүлде, үзілді-кесілді, әбден.* Бұл жолы тілі *бір жола* байланды (Ғ. С.). Былтыр кетіп еді, содан *бір жолата* хабарсыз кетті (АТ).

БІР ЖҰТЫМ *Бір ұрттап жұтарлық.* Бұйырмаса пендесі, Дария кешіп жүргенмен, *бір жұтым* суға зар болар (АӘ).

БІР КЕЛЕР [КЕЛЕРСІҢ] *Түбінде оралар, әйтеуір қайтар.* Жалғыз ғана Кенже-

кей, Ер Тәстік *бір келер* деп, дәмелі болып жүреді (ҚЕ).

БІР КИЕР *Кейде, оқта-текте киіп шығатын киім.* Байлық көзімен қарағанда Ұлпан тыр жалаңаш еді. Әжесінен, шешесінен қалған ол-пұлдан қиыстырып берген «*бір киері*» бар (Ғ. М.). *Бір киерін* күнде киген, тойлы күні жерге кірген (АТ).

БІР КӨЗІНЕН ҚАН, БІР КӨЗІНЕН ЖАС АҚТЫ *Қатты қайғырып, жылап-сықтады, зарлады.* Жандыбатыр көрілік басып, оның үстіне баласының қайғысы қосылып, *бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып* отырған әке-шешесін көреді (ҚЕ).

БІР ҚӨРМЕГЕ *Алғашқыда, шүү дегенде, ә дегенде.* *Бір көрмеге* төп-төтті, Қазаны мен қалбағы. Дөң айналмай ант атты, Бүксіп, бықсып ар жағы (Абай).

БІР КӨШ ЖЕР *қашықтық өлшемі.* (Шамасы 10—15 шақырымдай жер). Мұндай мал жүріске де нашар. *Бір көш жер* жүрмей қолтығы ойылып қалады (Ө. Н.).

БІР КӨРУГЕ ЗАР ҚЫЛДЫ [БОЛДЫ] *Айырды, көруге мұң болды.* Төлеген сынды-ай баламды, Ақырында, құдай-ай *Бір көруге зар қылдың* (ҚЖЖ).

БІР КҮНІ *Күндердің күнінде, бір уақытта, әйтеуір бір кезде* (АС). Амалсыз тағдыр *бір күн* кез болмай ма, Біреуге жай, біреуге тез болмай ма? Асау жүрек аяғын шалыс басқан, Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? (Абай).

БІР КІНДІКТЕН *Бір анадан.* Еламан *бір кіндіктен* жалғыз, әке-шешесінен ерте айрылды, әкесімен бірге туған Есбол деген ағасы бар, бірақ бұл арадан *бір күншілік* жерде тұратын (Ө. Н.).

БІР КІСІДЕЙ БАР ЕКЕН *Сыйлауға тұрарлық азамат.* Жігітім өзің *бір жас* дана екенсің, Ақылың *бір кісідей* бар екенсің, Асылды жұрт білмеген сен таныдың, Жасыңнан дүние көрген жан екенсің (Н. А.).

БІР КІСІДЕЙ БОЛДЫ *Ұйымшылдықпен, ынтымақтасып іс етті.* *Бір кісідей* болды бірігіп, Алпыс ұлт халық бауырым (М. И.).

БІР ҚАЙНАУЫ ІШІНДЕ **1.** *Пісуі жетпеген.* (Шала піскен тамақ туралы айтылады). **2.** *Толық шешілмеген мәселе, жұмыс туралы айтылады.*

БІР ҚАЛЫПҚА СОҚҚАНДАЙ *Ұқсас, бір-бірінен айнымайды; сойып терісін қаптап қойғандай.* Екеуі *бір қалыпқа соққандай, ұқсай* қалыпты (АТ).

БІР ҚАЛЫПТА [ҚАЛЫПТЫ] *Өзгермеді, өзгеріссіз* (АС). Енді көңіл қайдан *бір қалыпта* тұра алады? (Абай). Дүние *бір қалыпта* тұрмайды, адамның қуаты, өмірі *бір қалыпта* тұрмайды (Абай). Тері тіршілікте дене қызуын *бір қалыпты* 30—37 градуста ұстайды (Е. О.).

БІР ҚАРҚЫН д и а л. *Бір қатар, бір уақыт, бір мезгіл. Кешке бір қарқын отыруға болмады. Біжай да бір қарқын сөйлейді. Балаларды шешесіне жібер, бір қарқын ойнап келсін (Орын., Ад., Бөр.).*

БІР ҚАСЫҚ [ҰРТТАМ] ҚАНЫН ТІЛЕДІ *Өлтірмеуін сұрады, шыбындай жанын қиюды өгінді. Айналайын, тақсыр хан! Күзетші құлдарың қаталықпен зор күнекар болыпты, солардың бір қасық қанын тілей келдім (ҚЕ).*

БІР ҚАСЫҚ СУМЕН ЖҰТЫП ЖІБЕРЕРЛІК *Сұлу, үріп ауызға салғандай... Жас баланы көрдім. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік (ШС).*

БІР ҚОЛЫ ЕКЕУ БОЛЫП КӨРІНГЕНДЕ *Әбден кедейленіп күйзелген кезде. Бәйтерекке ат басындай алтын тықтым, мінерге ат таба алмағандарыңда, бір қолдарың екеу болып көрінгенде алып, күндеріңді көріндер (ҚЕ).*

БІР ҚОЛЫ ОН БОЛДЫ *Бір өзі бірнеше кісінің ісін істеді. Бұл үйді тіккен бір әйел, Көгерген өзі шаңырағын. Бір қолы он боп жүрді әйел, Әр істің қағып шаңдағын (Ж. М.).*

БІР ҚОС АЯҢ д и а л. *Біркелсі, бір сыдырғы жүріс. Тартқан жүгін ауырсынатын бір қос қызу аяңмен жүріп отырды (Қ. орда, Арал).*

БІР ҚҰДАЙҒА СИЫНДЫ д и н и. *Алласына шүкіршілік етті, тәубасына табынды. Жатыр ұйықтап барша халық Бір құдайға сиынып, қайғы-қасірет бәрі қалып, Шаруасы жиынып (Б. К.).*

БІР ҚҰЛАҚ СУ д и а л. *Бас арықтан, шелек аузы кіндіктен бұрып алып ағызған су. Біз бір құлақ суға әрең жеттік (Жамб.: Мер., Луг., Шу., Қор.; Алм.: Еңб.; Іле; Т. қорғ.: Г., Панф., Қарат.; Шымк.: Арыс, Шәу.). Көлденең шөп бір құлақ суды байлайды (Мақал).*

БІР ҚЫДЫРУ ЖЕР *Біраз, бірталай, едәуір қашықтық. Біз шыққалы үш сағаттан асып кетті, бір қыдыру жерге келіп те қалдық (С. Б.). Жаяуға мал базарынан қала бір қыдыру жер (Ғ. Мұс.).*

БІР ҚЫЗАРДЫ, БІР БОЗАРДЫ *Қаты қысылу не ызаланудан бетіне қан тебу, қаны қашу сияқты іштей өзгеріс. Хан не дерін білмейді, бір қызарды, бір бозарды, жерге кіріп кеткендей болды... (ҚЕ).*

БІР МАЙДАН д и а л. *Біраз уақыт, біршама мезгіл, бір кезең. Бір майдан біздің ауылға да келіп кетсең не қылады (Қ. Ком.).*

БІР МОЙЫН ЖЕР д и а л. *Жарғы гектар шамасындай жер. Бұрын кедей шаруалар бірігіп, бір мойын жерден егіс салатын (Шымк., Арыс). Біз бұрын бір мойын жер деп айтатын едік (Қ. орда, Жал.).*

БІР МІНЕЗБЕН КЕТТІ [ӨТТІ] *Бір қалыпты, біртоға мінез көрсетті; бір қалыпта ұстады. Антұрғанмын өзім де, Бір мінезбен өтпеймін. Момындық күшті екенін, Көрсем дағы күтпеймін (Абай).*

БІР САБАҚ ЖІП АЛМАЙДЫ *Еш нәрсеге тимейді, дәнеңе алмайды. Бәйгіден бір сабақ та жіп алмаймын, бәйгі, көпшілік, сенің сыбағаң (С. М.). Біреудің бір сабақ жібіне тиесің бе?— деп, Тайман баласы Мырқалды соғып алды.— Тимеймін, көкөтай, тимеймін,— дейді Мырқал (Ө. Ә.).*

БІР САЛҒАНДА МОЛ САЛДЫ *Көп етіп алды деген мағынада айтылады. Бұл сөзді айтып Төлеген Қорамсаққа қол салды, Бір салғанда мол салды (ҚЖ).*

БІР СӘРІ [ЖӨН] *Орынды, жүйелі, реті бар деген сияқты мағынада айтылады. Бұлар және ұрлық қылғанда қалтадан ақша ұрлау, үй арасының дүниесін ұрлаумен болды... кесірлерін тигізбей жүрсе, бір сәрі ғой... (С. С.).*

БІР СӨЗБЕН [СӨЗІМЕН, СӨЗІНДЕ] ТҰРДЫ **○** **БІР СӨЗБЕН ӨЛДІ** **○** **СӨЗІНДЕ ТҰРДЫ** *Тұрақты, екі сөзді болмады. Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе. Бір сөзімен тұрса екен, жанса күйсе. Қырмызы қызыл жібек боз балалар, Оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе (Абай). Шын жүрек — бір жүрек, Қайта толқып, жолдан қорқып, Айнымас, шегінісіп қайтпас, Өлсе бір сөзбен, не керек? (Абай).*

БІР СӨЗДІ ЕКІ АЙТПАЙТЫН, АЙТҚАНЫН БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАЙТЫН. *Жайнақұлы Баймағамбет — елдің кісісі, кедей. Он шақты ауыз сөзді орысша білетін, оқымаған, қақырлы бір сөзді, пысық адам (С. С.).*

БІР СЫДЫРҒЫ **○** **БІР ҚЫДЫРУ** *Әжептәуір, біршама. Тұңғыш газетіміз асып кеткен көркем болмаса да, бар өнерімізді салып бір сыдырғы тәуір шығардық (С. О.).*

БІР СЫРЛЫ, СЕГІЗ ҚЫРЛЫ *Өнерлі, шебер, қолынан келмейтіні жоқ. Елин орыстың бір сырлы, сегіз қырлы азаматтарының бірі еді. Біздің дивизия құрыла бастағаннан бері екеуіміздің арамыз жаман болып көрген емес (Б. Мом.).*

БІР ТАБАН ЖАҚЫН *Аз да болса жуығырақ. Таумен ағам аулына қызметке шақырғанда, «ет мол, ауылға бір табан жақын болайыншы» деген сияқты бір құлық көмейіне тірелді (Ғ. С.). Мақашқа, Вайболға қарағандар, туыс жағынан Аманға бір табан жақын болғанмен, Жақыппен ниеттес. Алда-жалда жанжал шыға қалса, Жақып енді қол күштен де жеңілмеймін,— деп жүр (Ғ. Мұс.).*

БІР ТАБИҒА д и а л. *Ыңғайласқан, бір жерден шығатын. Бір табиға ауыл. Ана отырған бір табиға колхозшылармыз (Қ. орда, Арал).*

БІР ТАЙПА [ТАЙПЫ] Ел Шоғырланған бір топ, көп халық. («Тайпы» — араб сөзі, тұтас, қалың және ру). Өзін-өзі бір тайпы елдің табынар тәңірісіндей көретін ол мұндай қорлыққа шыдаған жоқ, Сіздер бір тайпы елсіздер. Сол асуға ие болдықыздар (Ә. Ә.).

БІР ТАНАП ЖЕР Гектардың алтыдан бір бөлегі. («Танап» — арабша жер өлшейтін ұзын арқан).

БІР ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫНА СЫҒЫЗДЫ Әбден қинап, қиыншылыққа салды, қысғы.— Нұрлан бұрнағы жылы мені құрдастық жөнмен бір тарының қауызына сыйғызған еді, соның қысасын бүгін қайтармақшы едім, көрдің бе екі жылғы еңбегімнің далаға кеткенін,— деді Шалғай (Ә. Ә.).

БІР ТИЫҢҒА ТҰРМАЙДЫ ҚУНСЫЗ, ештеңеге жарамайды, кедеге аспайды. Бір тиыңға тұрмайтын насыбай тостаған үшін Досболдың бір-екі қарасының шығын болуында сөз жоқ (Б. М.).

БІР ТОҒА Бір қалыпты, бір сыдырғы. Бір тоға кесек мінезі бойынша осы көңілді өле-өлгенше сақтаумен көрге бірге жетемін деп сенуші еді (М. Ә.).

БІР ТОҒЫЗ Тоғыз түрлі зат, бұйым не тоғыз түрлі мал түрінде берілетін алым, кәде. Әбілезден бір тоғыз келдім алып, Сені құдай ұрып па сонан қалып. Сенен кіші төреден тоғыз алдым, Екі тоғыз бересің намыстанып (Айтыс).

БІР ТӨБЕ Ерекше; өзінше бір бөлек. Еңбек екпіні өз алдына бір дастан ғой. Ал, қазақстандық миллиардтың қамы өзінше бір төбе әңгіме. Бізді сол толғандырады (ЛЖ). Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе (ҚЕ).

БІР ТУҒАН [ТУЫСҚАН, ТҰҚЫМДАС] Тегі бір, бір құрақтан шыққан. Бөлеге бұл Бишанды менмін қойған, Бір тусаң меніменен оны да ойлан (РД). Өмір нәсілінен құмар Шайх баласы, Белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған (Абай).

БІР ТҰТАМ өлшем. 1. Бір сығым. От орындай тұяқтан Оймақтайы қалыпты, Етектейін еріннен Екі елісі қалыпты, Қиған қамыс құлақтан Бір тұтамы қалыпты (ЕТ). 2. Өле қысқа, көпке бармайтын. Бірлігі қара бағынан артылмас, халық жайын, қауым жайын өз тоқтығынан кейін ойлайтын білгірліктің құйрығы да, өтіріктің құйрығындай, бір тұтам (Ә. Т.).

БІР [ЖАЛҒЫЗ] ТҮЙІР Аз, кішкене деген мағынада. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда-кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген ешкісін сойып алып, кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті (Ы. А.). Байлықтан ыза шектім ақырында Бір түйір мал болмады жақынымда, Малымның бәрін жинап отқа жағып, Отырмыз кедейліктің тақырында (ҚЕ).

БІР ТҮЛЕК [БҮРКІТ, ЛАШЫН...] Бір жастан екі жасқа шыққан құс туралы айтылады.

БІР ТҮНДІК АСТЫНДА ТҮТІН ТҮТЕТТИ Бір үйде бірге өмір сүрді. Бірақ арғы жағынан бір-біріне қанша құштар боп ынтығып тұрса да ендігі жерде баяғыдай бір түндік астында бас құрап, түтін түтетіп тұру — бұларға бұйырмақ емес (Ә. Н.).

БІР ТҮРЛІ Өзгеше, ерекше. Нұғманның отырысы, қалам ұстаған нәзік саусағы, сыпайы киімі бір түрлі жарасымды (Б. М.).

БІР [ЖАЛҒЫЗ] ТІЛІМ [ТІЛІК] Бір ғана кесіп алған, бір кесім. Біреуге су әкеліп, отын жарып, Бір тілім нан жеу үшін отын жағып (Т. Ж.).

БІР УЫС Бір шөкім, алақанға сиярлық. Кейде шешем қалтама бір уыс, жарым уыс құырған бидай салып береді (Б. С.). Қарауытып тұрған жалы мен жонын бір уыс шөп алып сипап сүртіп тастады (М. Ә.).

БІР УЫС ВОЛДЫ [ВОЛДЫ ДА ҚАЛДЫ] Кіп-кішкене шүйкедей ғана болды, бүрісті, кірпідей жырылды. Қырғи қуып түсірген торғайдай, бір уыс қана доп-домалақ болып, тығыла, тықсырыла... мүсепірсіп жатқандағы формы адамның сай-сүйегі сырқырайтындық көріністе еді (С. Т.).

БІР УЫС ҚЫЛДЫ Ашысын қуырды, зәресін алды. Таудай толқын, Тасыды да жындыдай. Жай жарқылдап, Күн сартылдап, Қылды бәрін бір уыс (Б. К.).

БІР УЫС ТОПЫРАҚ Ақын бұл жерде өлімді бейнелеп отыр (АС). Қазір тірі дүниеге мен де ортақпын, Осы күн батпай батып жоғалмақпын. Алдыңдағы асау жас қайнап тұрған, Мен болмаспын — бір уыс топырақпын (Абай).

БІР ҰРТ Қыңыр, қырсық. Шынар намыстанса да, шөлшек, бір ұрт атты жөнге жүргізе алмай-ақ қойды (СҚ).

БІР ҰРТЫ МАЙ, БІР ҰРТЫ ҚАН Бірін жарылқап жатса, екіншісін тонап жатағын залым (адам). Әбен бір ұртында майы, бір ұртында қаны бар зұлымның өзі. Қанай Қабанбаевтың жездесі. Қызмет бабын пайдаланып, ойда орыс, кырда қазақ еңбекшілерін қан қақсатқан аты шулы ала аяқ (С. О.). Ал мына өлеңде ақын, жақсылық та, жамандық та қылығы бар деген мағынаны білдіріп тұр. Жақсы менен жаманды айырмадың Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың (Абай).

БІР ҮЗІМ [СЫНДЫРЫМ] Жарым-жарты бөлшек. Бір үзім нан бергенге сөзін жүргізе білегін есепқой (АТ).

БІР ШАЙНАМ Тіске басарлық, ауызға бір саларлық. Ол маған бір шайнам сағыз берді (АТ).

БІР ШӨКІМ Азғана, кішкене ғана. Аспанда бір шөкім бұлт жоқ (АТ).

БІР ШЫБЫҚПЕН АЙДАДЫ *Бет бақтырмай, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады. Атбасар уезін ақтар үстемдік құрып тұрған кезде Хазов... маңайдағы елді бір шыбықпен айдап, қырып-жойып, қан-жосасын шығарды (С. О.). Таңқыбай, ала бұзауың болайын, нан жауғыр, ойпыр-ай, бұл үйді бір шыбықпен айдай-сың ғой өзің (С. Ад.).*

БІРІ АЛТЫН, БІРІ КҮМІС **○** **БІРІ ГАУҢАР, БІРІ ЖАҚҰТ** **○** **БІРІ МЕРҮЕРТ, БІРІ МАРЖАН** *Екеуі де жақсы (асыл) деген мағынада. Бірің алтын, бірің күміс Хош болыпсыз жар-жар! Бірің гауһар, бірің жақұт Қосылыпсыз, жар-жар. Бірің меруерт, бірің маржан, Тізіліпсіз, жар-жар (БЖ).*

БІРІ АПА, БІРІ ЖЕЗДЕ *Жақын адамдар деген мағынада айтылады. Бірің апа, бірің жезде* Иншаһ алла жар-жар (БЖ).

БІРІ БҰЛБҰЛ, БІРІ ТОТЫ *Екеуі де әдемі, сұлу, теңдес деген мағынада айтылады. Бірің бұлбұл, бірің тоты, Жар болыпсыз, жар-жар (БЖ).*

БІРІ ЖАРТЫ, БІРІ БҮТІН *Тең емес. Бала: Біріміз жарты, біріміз бүтін, әңгіме-міз келісе ме?— деді. Сөйтсе, әлгі жігіт қыз екен (ПИС).*

БІРІ КҮН [ХОР], БІРІ АЙ [НҰР] *Екеуі де әдемі, сұлу, теңдес. Бірің күн-дүр, бірің ай-дүр. Қосылыңыз жар-жар (БЖ). Бірің хор-дүр, бірің нұр-дүр, Бір тұрыңыз жар-жар (БЖ).*

БІРІН-БІРІ КӨРЕ АЛМАЙДЫ *Іш тарлық жасады. Бақастық, бірін-бірі көре алмайтын қылық қаран қалды (АТ).*

БІРІН-БІРІ ҚИМАДЫ *Айырылғысы келмеді, іші-бауыры елжіреді. Қимаса да бірін-бірі, Қайта-қайта қайрылып. Екі ғашық әрең тірі Тағы кетті айрылып (С. С.).*

БІРІН ҚОЙМАЙ [ҚАЛДЫРМАЙ] *Бәрің түгел. Сөйледі Әзім дағы аянбай-ақ, Мен ғаріп бишарамын жүрген саяқ. Әуел-*

де өзі көрген бар қыссаны, Сөйледі бірін қоймай бастан-аяқ (Абай).

БІРІН ҚУАНТЫП, БІРІН ҚУАРТЫП **○** **ОТЫР** *Алалық істеу, әділетсіздік ету туралы айтылады. Мына жылпосың ала қол екен: бірін қуантып, бірін қуартады да жүреді (АТ).*

БІРІНІҢ АУЗЫНА БІРІ ТҮКІРІП ҚОЙ-ҒАНДАЙ *Бірінің сөзін бірі сөйледі, бірін-бірі қостау мағынасында. Өздері бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай (Ә. Н.).*

БІРІНІҢ ЕТІН БІРІ ЖЕДІ *Қырқысты, тістесті (АС). Мен көрдім дүние деген иттің к...ін, Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін. Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің сырты бүтін, іші түтін (Абай).*

БІР ІНІ ІШІНДЕ *Ішіне бүккен арам ойы бар деген мағынада. Бір іні ішінде жататын, ін ішінен ін қазған арам кісі (АТ).*

БІРІ ХАН, БІРІ ХАНША *Бір-біріне лайықты бекзадалар. Бірің хан-дүр, бірің ханша, Хош болыпсыз жар-жар (БЖ).*

БІР ШЕК БОЛДЫ *Тамақ ішпейтін, тамақты аз ішетін кісіге айтады. Ойын баласы ғой, тамақ ішпей бір ішек болып қалмасын (АТ).*

БІТЕУ ЖАРА *Ашылмас сыр, ішке бүккен күйік. Әсіма іштей ғана күйініп, жүректі бітеу жараға беріп қойып тым-тырыс жата алмады (М. И.). Іште іркілген бітеу жарамен кеше бір заманда Бақтығұлға сеніп келген Жарасбай жүрді (М. Ә.). Бітеу жара боп, дүрдісіп біраз отырдык. Есік жақ қаптаған бала-шаға (Б. М.). Өзімнің де енжұрғам босап, көптен бергі кеудемді кернеп жүрген бір жалқықтай, бітеу жара боп ішімді кеулеген сасық лептей, бұрқ етіп жас парлап жөнелді (Ә. Сат.).*

БІТЕУ ЖАРА ЖАРЫЛДЫ *Іштегі гүйілген сыр, дерт-құса сыртқа шықты, жария болды. Қатындар жұып сонда әр баланы, Қарғап-сілеп, у-шу ғып ай даланы, Өйткені Әжібай келіп бүгін жармақ, Жүректе көптен бітеу бір жараны (С. Т.).*

Г

ГАУҢАР ТАС *Асыл тас. Кебісінің өкшесі Мақшардың гауһар тасындай* (ҚЖ).

ГҮЛ [-ДЕЙ] ЖАЙНАДЫ ○ ГҮЛ-ГҮЛ ЖАЙНАДЫ *Құлпырды, әдеміленді. Жалын мен оттан жаралып Жарқылдап Рағит жайды айдар. Жаңбыры жерге таралып, Жасарып шығып гүл жайнар* (Абай). *Жалынды жан сарайым тебіреніп, Көңілдің көкжиегі кетті кеңіп. Құлпырды жалпақ дала гүл-гүл жайнап, Мызғымай сұлап жатқан бейне өлік* (С. О.). *Бала құстай талпынып, Бір күндері қаз тұрды. Гүл-гүл жайнап құлпырды, Вет бейнесі жаз нұрлы* (О. Ш.).

ГҮЛДЕЙ СОЛДЫ *Жан азабын шекті, сары уайымға салынды. Жас кезімде мен де өзіңдей сұлу болдым, мені көрген еркек есінен танып гүлдей солушы еді* (ҚЕ).

ГҮЛІ СОЛДЫ [ҚҰРАДЫ] *Өмірі таусылды, бітті. Ойласаңшы, Мағашым, Кімнің гүлі солмайды? Артын тіле құдайдан, Бір қалыпты тұрмайды* (Абай). *Дәл уақыты жеткенде Талайдың гүлі құрайды. Расулды алған бұл өлім Кімнен жөнді сұрайды* (Абай).

ҒАЖАЙЫП [ТАҢ, АҢ-ТАҢ, ТАҢ ҒА-ЖАЙЫП] ҚАЛДЫ *Қайран қалды, таңыр-қады.* Бұлардың бәріне *ғажайып қаласың* және ақылның жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? (Абай). Шәлтік ішінен апыр-ау, осы кімнің даусы?— деп *таң қалды*. Таба алмады. Бір жағынан құла айғыр баспалатып барады (М. Ә.).

ҒАЖАП [ТАҢ] ЕМЕС *Таң қаларлық емес; солай болуы мүмкін де.* Менің ойым: осы «білеут», «брут» бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы *таң емес* (Абай).

ҒАЗЫРЕТ ҚЫЗЫР ИЕ д і н и. *Жарылқаушы, құт басшысы қыдыр деген мағынада айтылып тұр.* («Ғазырет, өзирет, қазирет» — арабша жарылқаушы «пір», «қызыр, қыдыр» — «киелі пайғамбар»). *Ғазырет қызыр йеміз:* Тұр балам, жатпа! — деп өте берді (МЗ).

ҒАЙЫП БОЛДЫ ○ **КӨЗДЕН ҒАЙЫП БОЛДЫ** *Жоқ болды, үшті-күйлі жоғалды.* Володя құйындай зымырап *көзден ғайып болды* (С. О.). Қашты ма әлде күш жиып, *Болды* бір күн қыз *ғайып* (С. Мәу.). Қызды сыртқа алып шық. Мен де дайын тұрамын,— дейді де, *ғайып болады* (ҚЕ).

ҒАЙЫП ЕРЕН ○ **ҒАЙЫП ЕРЕН ҚЫРЫҚ ШІЛТЕН** д і н и. *Мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейнелер.* Хызыр ие, хызыр пайғамбар *ғайып ерен қырық шілтенмен* келіп Қаншайымға айтты (МЗ). Ерікті ерке сенің құдіретпенен Келген күнің жарыққа. Хорлар күліп, құттықтап *ғайып ерен*, Нұр себілген бүкіл шарыққа (Б. К.).

ҒАПУ ЕТІ *Кешір.*— Солай де! *Ғапу ет*, жаным! Білмеген у ішеді емес пе (Р. Р.).

ҒАПЫЛ БОЛДЫ ○ **ҒАПЫЛ ҚАЛДЫ** *Өкінді, қапы қалды, опық жеді, арманда қалды.* *Ғапыл боп* көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Абай). Ей, Алшағыр, Алшағыр, Сөзіме

құлақ сал, Шағыр, Менің атым Қобыланды, Қара қасқа атың, міне шық, Алды-артыңды қарамай шық; Арманда *ғапыл болмай* шық (ҚБ). *Ғапыл болып* дүниеден, Талай жақсы пенде өтер. Жарлы, жалғыз демеуді, Мыңды айдаған бай да өтер (ШС). Сәлім де осы сөзді көрді мақұл, Мақсатқа кетпек керек *қалмай ғапыл*. Бағанағы жаяуды мінгізіп ап, Жылдамдап жүріп кетті қылмай тақыл (Мағауия).

ҒАРАСАТ КҮНІ д і н и. *Мағшар күні, қиямет-қайым, ақырзаман.* Сондағы айтары тар заман туды, бүгінгінің адамдары әбден бұзылып болды, әкені тыңдарлық ұл, шешеге иба көрсетерлік қызды таба алмайтын *ғарасат күні* таянып қалды деп қапаланады, налиды (Ы. Д.).

ҒАРЫП ҚЫЛДЫ к ө н е. *Қор етті, азалқа салды, мүгедек халге түсірді.* Осылайша өзімді *ғарып қып*, мына сарайдың бір жағын бұзып, барлық адамдарымызды жылатып кетті (ҚЕ). Өлтіріп кездескенді кетер жарып, Неше рет набыт болдық оған барып. Ашып жеп ұралаған азықты да, Жүдетіп жүрг біткенді *қылды ғарып* (РД).

ҒАРЫП МҮСКІН к ө н е. *Бейшара жан.* Біздей *ғарып мүскінді* Қандай болып отыр деп, Неге бір іздеп келмеді (ҚЖ).

ҒАРИП КӨҢІЛ *Қайғылы көңіл.* Перзентім көріп тіріде, *Ғарип көңілім* толар ма (МЗ).

ҒАСЫЛЫҚ ЕТТІ к ө н е. *Асып-тас-ты.* Кешіргей алла пенденің *Ғасылық еткен* қатесін (ҚЖ). *Ғасылық қылмай* сөйлейін, Рақман егелік құдая (ҚЖ).

ҒАШЫҚ БОЛДЫ *Ынтықты, құмартты, сүйді.* Кекілі бар қараса, ашып бөркін, *Ғашық болды* көрді де қыздың көркін. Жақындасып қасына келді-дағы, Жігіт қызға сөйлесті емін-еркін (М. Б.). Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Сенен артық жан жоқ деп *ғашық болдым*, Мен не болсам болайын, сен аман бол (Абай).

ҒАШЫҚ ЖАР *Шын сүйген жар* (АС). Шын ғашық жар болса, Неге елдім деп налымас. Онда екеуі кез келсе Бірін-бірі танымас (Абай).

ҒАШЫҚ ОТЫ ЖАНДЫРДЫ [КҮЙДІРДІ, ӨРТЕДІ] *Біреуді сүйгеннен күйіп-жанды, дертті болды. Гүл жайнаған жас жүрегім балдырған, Еркіндікпен ойға есін алдырған. Дамыл бермей, ұйқы бермей ұзақ түн, Сонда оны ғашық оты жандырған* (Б. К.).

ҒАШЫҚТАРДЫҢ ПІРІ *Сүйіскен жастардың сүйеніші, тірегі. Ғашықтардың пірі едің, Ләйле — Мәжнүн сәруар-ай* (ҚЖ).

ҒИБАДАТ ҚЫЛДЫ *Құлшылық қылды, сыйынды* (АС). Қайрат, ақыл, жүрек — үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінгіті. Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде ешнәрсе менсіз көмәлатқа жетпейді, әуелі, ғылым, өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек — менің ісім, құдайға лайықты *ғибадат* қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те менің ісім (Абай).

ҒИБРАТ АЛДЫ [ЕТТІ, КӨРДІ] *Үлгі алды, өнеге көрді, тәлім алды. Мен көрдім сынық қанат көбелекті, О да білер өмірді іздемекті. Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп, Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті* (Абай). Әрбір *ғибрат алмақтың* өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады (Абай). *Ғибрат* менен алыңдар, Өлгенімді көргенің... Өлгенде көрі қараңғы, Бір күнгідей болмады, Мың күн тірі жүргенім (Шортанбай). Әрбір жақсы адамның

жақсылық тапқанына рақаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын *ғибрат көріп* күл (Абай).

ҒИБРАТ СӨЗ *Нақыл, үлгі сөз* (АС). Сөз Масғұт қыдыр шалдан бата алыпты, Соңында шәмсі-жиһан атаныпты. Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген, Жетіліп бізге *ғибрат сөз* қалыпты (Абай).

ҒИЛМАН БОЛДЫ *Жанын құрбан қылды. Әулиенің дәп өзі болмасам да, Кандидат болып жүруші едім ізгі санға. Ұшпақ, кірмек, хор құшпақ, кәусар ішпек, Ғилман болмақ боп жүрем дұрыс жолда* (Б. К.).

ҒҰМЫР БАҚИ [БОЙЫ] *Өмір бойы, өле-өлгенше. Бұл сұм бір мініп алса, енді ғұмыр бақи мойыннан түспес. Осыдан аулақ болайын,— деп, Алдарға бұдан былай міну туралы сөз қозғамайды* (ҚЕ). *Ғұмыр бойы* кұсаң да, Жетпес жерге кетіпті (БЖ).

ҒЫЛЫМ БАҚТЫ *Ғылымның соңына түсті, ізденді.* («Бағу» тұлғасы кейбір сөз бағу, дау бағу, өсек бағу т. б. өзге сөздерге жанасып белгілі қылыққа бой ұру, соның соңына түсу сияқты ұғымды білдіреді). Ғылым бағу? Жоқ, *ғылым бағарға* да ғылым сөзін сөйлер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретесің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? (Абай).

ҒЫЛЫМ ТАПТЫ *Сабақ оқыды, білім алды* (АС). Бұл — құдайдан тілеген емес. Бұл — абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Қош, сөйтіп жүріп-ақ ақыл, мал таптық, байыдық. Сол малды сарып қылып, *ғылым табу* керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын, ғылымсыз ақирет те жоқ, дүние де жоқ (Абай).

Д

ДАБЫЛ ҚАҚТЫ [СОҚТЫ, ҰРДЫ]
1. Қоңырау соқты, барабан ұрғызды. Ашуға булыққан Ғарит соғыс дабылын қақтырып, барлық жауынгерін көк темірге орандырды (МБТ). **2. Хабарлады, шақырды, білдірді, жар салды.** Бастаған сәуленұрға адамзатты, Ленин қара түнде дабыл қақты. Миллион ер көтеріліп, бірге шықты, Зорлықты талқандады бейне абақты (Жамбыл).

ДАБЫЛЫ [ДАБЫСЫ] ЖЕР ЖАРДЫ
 Даңқы шартарапқа жайылды. Сол орманның ішінде Малхуан сұлудың мекені бар. Малхуан білімді, көрікті деп дабылы жер жарып жатыр (ҚЕ).

ДАБЫРА ҚЫЛМАДЫ [ЕТПЕДІ] Көпке жария етпеді; шу шығармады. Дабыра қылмай, бүгін түн қатып жүріп кетпекпіз,— деп еді Аман, Алексей оның беліндегі алты атарын үнсіз сұрап алып, қарап шықты да, өз беліне байлады (Ғ. Мұс.).

ДАБЫС БЕРДІ [ЕТТІ] ○ ҮН ҚАТТЫ
 Дауыстады, дауыстап белгі берді; хабарлады. Олардың қосы ойда екен, өздері шоғырланып жиылысып алды да, келе жатқан қойшының алдын тосып тұрып дабыс берді (І. Ж.). Мен ғой келген, деді Андрей шұқанаққа жақындаған соң дабыс беріп (ЛЖ).

ДАҒ ЕТПЕДІ д и а л. Түк те етпеді, ештеме етпеді (Гур., Маң.).

ДАЙЫМШЫЛЫҚ ҚЫЛДЫ д и а л. Кәсіп қылды, соңына түсті. Шатыраш ойнауды дайымшылық қылмады (Орын., Ал., Бөр.).

ДАҚ САЛДЫ [ТҮСІРДІ, КЕЛТІРДІ]
1. Бетін шимайлады, бүлдірді, айғыз-айғыз етіп тастады. Бұлттардың қалқыған көлеңкелері... өзеннің бетіне... ойдым-ойдым дақ салды (ҚӨ). **2. Ар-ұятына нұқсан келтірді, атағына кір келтірді.** Ғасыр бойы алысқан дұшпандары Маңдайына дақ салмас оның күндеп (С. Т.). Жасы үлкен аға мен Заманы қатар теңіме Дегейсің дақ

салмады Ардақты ат көгіне (Н. Б.). Бізге, жолдастар, бүкіл халық қарап отыр, бүкіл халық қорғаным деп сеніп отыр. Мықтап соғысуымыз керек, халық сеніміне дақ түсірмеу керек (Б. Мом.). Менің атыма дақ келтірдіңдер деп дарға асуы да мүмкін дейді (ҚЕ).

ДАЛАҒА [ЗАЯ, ЗАЯДА] КЕТТІ Еңбегі еш болды, босқа кетті... Оларды қатты да, тәтті де айта алатын кісі басқармаса, біздің барлық жақсы ниетіміз далаға кететін, сені шақырғандағы ойым осы жөніндегі кеңесу еді (Ә. Ә.).

ДАЛАҒА ТАСТАДЫ **1. Қараусыз қалдырды;** **2. Керексіз етті.**

ДАЛАДАЙ ҚАН Қан-жоса. («Далай», «сталай» көне түркі-монғол тілдерінде мұхит, теңіз мағынасында айтылған). Самсаған жұмысшылардың ортасында екі вагон көмір. Вагон жанында бір қазақ жігіт отыр, аузы даладай қан... (Б. М.).

ДАЛАНЫ [ҮЙДІ,...] БАСЫНА КӨТЕРДІ Азан-қазан қылды; бар даусымен айқай салды. Өзінің есі кеткен кісідей атын көк тер ғып, осынша шапқанын оғаштау көрді білем... Сасық күзендей шаңқылдап, даланы басына көтере күліп алды (Ә. Н.). Көтеріп кең даланы бастарына «Өлеміз, берілмейміз» десті (Ғ. Малд.).

ДАЛБАСАМЕН КҮН ӨТТІ [КЕШТІ]
 Уақытын мақсатсыз босқа өткізді. Жас өмір далбасалық күнмен өтті. Жетеппен көп шаршадым жанды қинап, Машақат, сауда сенің базар қанун, Түсе тұр жолыққанша жолын сыйлап (А. Қор.).

ДАЛ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] Не істерін білмей састы, зурге салды. Басы дал болып, шаршап-шалдығып, бір қарияға келеді (Ы. А.). Мағаш пен Кәкітай есі шыққандай не қыларды білмей, дал болып, үркіп қалысқан еді (М. Ә.). Алжасты ақыл есінен Жсалын үн толқын жандырды. Болат сөз құрыш күшімен Дұшпанды солай дал қылды (Қ. Сат.).

ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҢ ЖҮРДІ ди а л. *Арсың-гүрсиң қалай болса солай, ебейсіз жүрді.* Ол еш нәрсені ескермей, *далдың-дүлдің жүре береді* (Шығ. Қаз., Болыш.).

ДАЛИЫП САЛА БЕРДІ *Көңілі масаттанды, масайрады, көңілі кеңіп жайдарыланды.* Батпақ көңіл жайнаған мынау көк майса даладай *далиып сала берді* (Ғ. Мұс.).

ДАМЫЛ АЛДЫ *Тыныштық тапты, салбырланды.* Таң алдында ғана азғана *дамыл алған* мұрагерлер бүгінгі шайларын ерте ішті (М. Ә.). Мен қарсы айта алам ба? Рас-рас, ұзақ күнде бір *дамыл алмайды!* — деп іштей аяп та қоям (З. Ш.). Ишарат қылды батырға Қозғалыңыз жиылып, Сіз жолаушы күн ыстық, Жатып бір *дамыл алуға* Елге қарай жүрің деп (АӘ).

ДАМЫЛ БЕРМЕДІ *Тыныс бермеді, мазасын алды, тыныштық бермеді.* Жақсы өтпін қайда бар екенін біліп алған қомағай, қане, *дамыл берсінші* (М. Т.). Жау кейін тұрған екі полкін соғысқа салғанша *дамыл бермей* шайқаса беруіміз керек (Б. Мом.). [Ол] қарамағындағыларға *дамыл бермей* егінді күні-түні орды (С. М.).

ДАМЫЛ КӨРМЕДІ [АЛМАДЫ, ТАП-ПАДЫ] *Тыныштық көрмеді, демалысыз істей берді.* Адамзат аласұрып жем іздейді, Жем тапса енді керек семіз дейді. Тұрмысын жеңілдеуге *дамыл көрмей*, Түрліше қиындыққа ем іздейді (С. С.). Жасыннан іске кірдім *дамыл таппай*, Бір дуан соңға түсті түгел жаппай. Бүлдірген бүлдіргенге болғаннан соң, Бетіме қоя берді тағы қақпай (Б. Ш. Б.). Бірде қалқаға, бірде басқаларға еріп, елге шығып, көлік, түйе жинады, азық-түлік жинады. Сөйтіп, қыс бойы *дамыл таппай* майданға, жас Совет үкіметіне көмек етті (Ғ. Мұс.).

ДАҢ [ДАҢҒАЗА] ҚЫЛДЫ *У-шу, айқай-ұйқай болды.*

ДАҢ БОЛДЫ *Дал болды.* Ел естірте алмай, есі шығып, *даң болды* (ҚЕ).

ДАҢҒЫЛ [САРА] ЖОЛ *Тура түзу жол, дұрыс жол.* (Даңғылдың — мағым, берік деген де мағынасы бар: «сара» — ең дұрыс, бірден-бір түзу деген мағынаны білдіреді. Мысалы, сара басшылық дейміз. «Отынның ең жақсысы» дегенді қырғызша «оғундун сарасы» дейді. «Таңдау» дегенді «саралау» деп те айтамыз). Ол қия қазір *даңғыл жолға* айналған. Онымен жаяу да, аттылай-арбалы да, машина да күні-түні құрдай қатынайды (ЛЖ). Екі немесе бірнеше мал тұқымының қажетті қасиеттерін ұштастыру жөнінде мичуриндік биология ғылымы *даңғыл жол* ашты (М. Е.). Азық-түлік елімде Арзандады әрбір жол. Коммунизм таңына Алдымызда *даңғыл жол* (О. Ш.).

ДАҢДЫ СУДАЙ ТАСҚЫЗДЫ *Екпін-дегіт, желіктірді; жаллы дүрмекке салды...* Найманды *даңды судай тасқызып*,

мұнда әкеле жатқан қызыл қарын жас баланың маңдайындағы соры ма? (М. Ә.).

ДАҢҚҚА БӨЛЕДІ **○** **ДАҢҚЫН ШЫҒАРДЫ** *Атағын шығарды, құрметтеді.* Қыруар еңбектің арқасында қол жеткен мұндай көп жақтылық оны «білімді жігіт» деген *даңққа бөлеп*, беделін де арттырып әкеткен (М. И.). Ойласақ кім сүймейді мақтағанды, Бай *даңқын шығаруға* ойына алды (Б. Әт.).

ДАҢҚЫ АРТА [ӨСЕ] **ТҮСТІ** **○** **ДАҢҚЫ ЖЕР ЖАРДЫ** [ӨРЛЕДІ] *Атағы әлемге әйгілі болды; күллі жұрт қадір тұтты.* Біздер мықты болғанға, Достарымыз сүйінсін. *Даңқымызға жер жарған.* Көре алмаған күйінсін (С. Мәу.). Сөйтіп кемпіршалдың еңбегін ақтаған баланың білімділігі, тапқырлығы жер-көкке жайыла бастады. Осылайша баланың *даңқы жер жарды* (ҚЕ).

ДАҢҚЫНА ТАСЫДЫ *Атына семірді, маз болды.* Арғы атаң қыдыр қонған Дулар қожа, *Даңқына* Дәукем деген келдім тасып. Бергенің бір сөзіме татымайды, Қалды ғой көңіл шіркін жаман сасып (Ш. Қар.).

ДАРАҚЫ [ТАНТЫҚ] **ӨСКЕН АДАМ** *Бетімен өскен, әдепсіз өскен.* Жүгенсіз, *дарақы өскен* адамды тантиқ демеске не шара? (АТ).

ДАРҒА АСТЫ *Асып өлтірді.* («Дар» — араб сөзі, жазалы кісіні асып өлтіретін арқан байлаған ағаш). «Ол — жалғыз-ақ *дарға асу*» — деген жерде, ішінен бір түрлі тіксініп қалды. Әкесіне сене алмай, сескене қарап «соны істейді-ау» деп бір ойлады (М. Ә.).

ДАРДАЙ [ДАП-ДАРДАЙ, ЕҢГЕЗЕРДЕЙ, СОМАДАЙ, СОҚТАНДАЙ, СОЙДАУ-ЫТТАЙ...] **БОЛЫП** *Үп-үлкен бола тұрып, дәу, дөкей бола тұрып деген мағынада.* («Еңсесі биік үлкен үй» дегенді қырғызша — «дардайған чоң үй» дейді). Біз осы қолхозды іргесін қалап жатқанда екеңе маза бермей, еңіреп отыратын жылауық бала едің. Қарай гөр енді, *дардай жігіт болыпты!* (Н. Ғаб.). *Соматай болып*, сопайып жалғыз қайтқаның не? (АТ).

ДАРДАЙ ҚЫЛДЫ *Әлдеқандай етті.* Шәкен мырза ішінен Қазанғапты айуанға теңгерсе, сыртынан «Қазекелеп» *дардай қылады* (Ғ. Мұс.). Әрбір өздеріне пайдалы деген сөздерін *дардай қылып* қампайтып жазады (С. С.).

ДАР ЕТТІ 1. *Дауысын дарылдапты шығарды.* Тәпелтек сары жігіт — Қаби гармонды құлаштай созып *дар еткізді* де, бұлғақтата жөнелді (ЛЖ). 2. *Жыртылды.* Атқа міне бергенде жайшылықта тар етек *дар еге қалды* (АТ).

ДАРИҒА, ҚАЙРАН ЕР-АЙ **○** **ҚАЙРАН ЗАМАН-АЙ!** *к ө н е. Өкініш, аяныш.* («Дариға» — парсы сөзі: қап!, эттегеней! мағынасында; «қайран» — ардақты, сүйікті, қымбатты мағынасында қыңжылу,

назалану түрінде келеді. Ал «дарига», «қайран» сөздері өткенге өкініш, аяныш ретінде, өліп кеткен жас жігіт, белгілі кісі, аяулы ер туралы айтылады. Осы мағынада «хайран» түрінде монғол тілдерінде де кездеседі. «Қайран» дегеннің осымен байланысты өкініш түрде айтылатын бекер, босқа деген мағынасы да бар. «Дарига», «қайран» дегеннің орнына «есіл», «есіл ер-ай!» деп те келе береді. Қырғыз тіліндегі «Жаманға айтқан сөз қайран» деген мақал қазақтың «Жаманға айтқаның тамға сөйлегенмен бірдей» деген мақалына жуық келеді).

ДАРИЯ КЕШТІ, ТАУ ӨТТІ *Қиын-қыстау жол шекті.* Шын ақиқат жар болса, Дария кешіп, тау өтіп, Бізді іздесең керекті (БЖ).

ДАСТАРХАНЫ МОЛ Пейілі кең, қолы ашық, қонақжай. Арғымақ ат жығылар, Алдын қазып орласа. Әркім болар ағайын, Дастарханым мол болса (М. Сұл.).

ДАТ ЕТТІ *Айтып, жария етті.* Бір жырау өз руының ерлігін паш етсе, қарсы жырау сол рудың айтылған ерлігінің кемшілігін, қатесін *дат етеді* (І. Е.).

ДАТ ТАҚСЫР! *к ө н е.* *Хандардың, сұлтандардың алдына бас иіп барған қара бұқараның лауазымды сөзі.* («Дат» — парсы сөзі, көмек, жәрдем, кешірім тілегенде айтылады, қырғызша кешірім арызды «даттуу арыз» дейді). Хан кемпірді шақырып алып, оның басын тағы алмақ болды. Кемпір: — Ойбай, тақсыр, дат! Хан: — Ал, датқыды айт, — дейді (ҚЕ). Хан тағы да таң қалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп: — Дат, тақсыр! — дейді. — Даттың болса, айт! — дейді хан ақырып (ҚЕ).

ДАТЫ БАР *Айтатын арыз сөзі бар.* Азаға арнап әкелген Тоғыз шұбар құнан бар. Және азаға әкелген Көрген жан қарап тұрғандай Алты шұбар атым бар, Айтатұғын датым бар (ШС).

ДАУА ЖОҚ *Шара жоқ, ем жоқ, лаж жоқ.* («Дауа» деген сөз «бар», «көп» деген сияқты бірен-саран сөздермен ғана жана-сады. Бұл сөздермен «дауа» өзінің түбір қалпында да, тәуелдеулі қалпында да жана-на алады: «мұның дауасы бар ма», «не дау бар» т. б.). *Дауа жоқ* кей адамның жаманына, Мылжыңның дәл осындай на-данына (С. Дайр.).

ДАУ АЙТТЫ *Қарсы сөз сөйледі, наразылық білдірді.* Өз үйінде өзендей күркірейді, айтса дау. Кісі алдында кірбеңдеп, Шабан, шардақ және шау (Абай).

ДАУАСЫН ТАБА АЛМАДЫ *Емі болмады; қолайы бабалымады.* Кемпір-шал зар жылады баласы үшін, Көзінің көңіл нұры баласы үшін. Еш дауа іздегенмен таптырар ма, Жүрекке терең түскен дауасы үшін (М. С.).

ДАУА ТІЛЕДІ *Көңіліне медет, шипа іздеді.* Дүниеге мейман көңілім, Мақтап-

сам дауа тілерсің. Өлшеніп берген өмір бар, Уақытыңмен жүрерсің (Б. Ө.).

ДАУ ҚУДЫ [БАҚТЫ, САЛДЫ, САУДЫ] *Жанжалдасты, таласты.* Жол құған қазынаға жолығар, дау құған бөлеге жолығар (Мақал). Ауылдың алты ауызын айтып алып, сонан соң салсаңдаршы маған салмақ. Алтау түгіл, бір ауыз айтпай жатып, Дұрыс па дау салуға азырқанып (Қ. Сат.). *Дау сауған* адамдар екен (ШС).

ДАУ САБАСТЫ *Дауға түсті, айтысып-тартысты.* Болмашы нәрседен таласып, дау сабасудың қажеті жоқ (АТ).

ДАУСЫ АЙШЫЛЫҚ ЖЕРГЕ ЖЕТЕДІ *Зор дауысты деген мағынада айтылады.* Менің асыл текті есемі бар. Ақырса даусы айшылық жерге жетеді — деді Қожанасыр (ҚЕ).

ДАУСЫ КЕЛІСЕ *Айта алса, даусы жетсе.* Алайын даусым келсе желіп-желіп, Гүлесе басылмайтын мен бір көрік. Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз, келіншекке болдым жерік (БШБ).

ДАУСЫ К...ІНІҢ АСТЫНАН ШЫҚТЫ *Міңгірледі, жөндеп жауап қата алмады деген мағынада.* (Ән сала алмайтын, даусы нашар кісі туралы да айтылады).

ДАУСЫН СОЗАДЫ *Әнді сазымен мәнерлеп айтады.* *Созады* Біржан даусын қоңыр қаздай, Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай. Бас қосқан мәжілісіміз болады деп, Жанбота мазамды алды ала жаздай (Б. Қож.).

ДАУСЫ СЕМБЕДІ *Айғайы басылмады; үні өшпеді.* Таймас шыны ма, өтірігі ме, ойбайлап, алға қарай шаба жөнелді... Даусы әлі семген жоқ (Ғ. Мұс.).

ДАУ ТӨРТ БҰРЫШТЫ, ҚАМШЫ ЕКІ ҰШТЫ *Дауды әр саққа жүргізіп айта беруге болады деген мағынада.*

ДАУЫС АЙТТЫ [ҚЫЛДЫ, САЛДЫ] *Өлген адамды жоқтады, күңіренді; жоқтап, мұң-зарын шағып жылады.* Кешкі бейуақытта осы тігілген үш үйде Оспан-ның үш әйелі үш бөлек дауыс айтады. Зейнеп Оспанға күніне екі рет емес, тіпті үш қайтарадан дауыс айтып отырды (М. Ө.). Айғыз жарының денесін үйінен дауыс қылып шығарып салған (Қ. И.).

ДАУЫС БЕРДІ 1. *Үн қатты.* Қақпаның ар жағына келіп дауыс берген ашық үнді әйел, әдейі тесіктен сығалап келгендерді болжап көрмек еді (М. Ө.). **2.** *Мақұлдап, ризалық білдірді, ерік білдірді, сайлады.* Әркім шешіп өз еркімен қалағанға дауыс бермек (С. Маш.). Халық сүйген депутатқа бір кісідей дауыс берді (СҚ).

ДАУЫС КӨТЕРДІ *Наразылық білдірді, ашу шақырды, жекіді, ұрысты.* Хәкімді алып кетті... Нұрым да жоқ. Шиегтей мына баламен жалғыз қалдым деп, Балым кемпір дауыс көтерді (Х. Е.). Жайшылықта тіл тигізгенде, Сәни оны дауыс көтермей-ақ, сабырлы сөзмен мысын құртты

тастар еді (Р. Ә). Бүркітбай! — дейді, дауысын көтеріп, — не керек сондай сөз... жетпей ме (С. М.).

ДАУЫСҚА САЛДЫ [ҚОЙДЫ] *Бір нәрсені анықтау үшін қол көтертті, ортаға салды. Жексеннің айдалуы туралы дауысқа салады. Кедейлер бастығы Есім боп қол көтерсе бастады. Ақырындап біріне-бірі қарай барып бәрі көтереді... (М. Ә.).*

ДӘДЕСІН [ҚОЛЫНА] БЕРДІ *Көкесін көрсетті, ең мықтысын көрсетті. Талай Аманғайлар өтіріктің дәдесін беріп барады... (Ғ. Мұс.).*

ДӘЙЕК ТҰТТЫ [ТАПТЫ] *Тыным тапты; сабырлылық көрсетті. Осыдан кейін ол Тәңірбергеннің қасында дәйек тұтып отырмай, бала орнында ұшып-қонып, үй шаруасын істеп жүрді (Ә. Н.).*

ДӘЛДЕК ТАНАУ *Танауы дәлдіп тұрған. Қара бұжыр дәлдек танау, көзі ұясынан шығып адырайған, ұзын бойлы сонған бір жігіт үйге кірді (В. М.).*

ДӘЛ [ТАП] ҮСТІНЕН ШЫҚТЫ [ТҮСТІ] *Тап басты, кез болды. Әңгіменің дәл үстінен түсті (АТ).*

ДӘМ АЙДАДЫ [БҰЙЫРДЫ, ЖАЗДЫ, ТАРТТЫ] **○ ДӘМ-ТҰЗ [ТҰЗ-ДӘМ] АЙДАДЫ** *Белгілі себеппен бір жерге сәгі, жолы түсті. — Енеке, қайда бармас қан айдаған, Татпайды тұзды қайдан дәм айдаған. Дәмді болса, бер сана жан енеке, Мен бір мұңлық бипара тәңірі айдаған (ҚЖБС). Шашубай менің атым, елім қырда, Сол қырдан дәм бұйырып келдім мұнда. Кәрі аруақтың орнында бір шырақшы, Қалың ел, аманбысың Жетісуда? (Айтыс).*

ДӘМ БЕРДІ [ТАТҚЫЗДЫ, ТИГІЗДІ] *Тамақ ішкізді. Келді, жеңеше. Аңада өзіңіз қолыңыздан дәм берген Шақан балаң да келді (Ш. Х.).*

ДӘМДЕС [ДӘМДЕС-ТҰЗДАС] БОЛДЫ *Бірге жүріп, дастарқандас болды. Ақан істерін көзбен көрген, дәмдес-тұздас болған Доскей, Хамит ақсақалдардың естеліктері — ақын мұраларын зерттеуде маңызды материалдар (ҚӘ).*

ДӘМДІ СӨЗ *Көңілге қонымды, мәнді әңгіме. — Ол өзіңе байланысты. Құлаққа жағар дәмді сөз бар да, құлақты сарсытар татымсыз сөз бар. Сенікі соның қайсысы екенін естіп көреміз, — деді Есенбек (М. И.).*

ДӘМЕ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Үміт артты, үміттенді, дәмеленді. Онан да айт, сен менен қандай дәме етпексің? Қазақша айтқанда, менен сұрамақ бұйымтайың жоқ па? Мен ақшалы адаммын, шүкір, саған не сұрасаң да қысылмай бере алам (Ғ. С.). Жыл мойныны жақын ба деп дәме қылысып еді, көкек аяқтап мамырға да тақадық. Бірақ ақпан қаңғардай боп әлі қақап тұр. Енді не қалды? — деп, Базаралы тунділіп отыр (М. Ә.). Байлар жүр жиған малын қорғалатып, Өз жүзін оның*

беріп алар сатып. Оның алып, тоқсаннан дәме қылып, Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып? (Абай).

ДӘМЕСІ БАР [ЗОР] *Үмігі, ниеті, талабы күшті. («Дәме» — «жоқ», «қыл», «ет» тәрізді сөздермен де тіркеседі). Сіз екеуді де көпсінейін дейсіз бе. Ендеше менің үшеу-төртеуден де дәме бар (С. Б.). Жапалақ қоңыр қаздан дәмесі бар (ШС). Бөбекті бағлан сойып бақты енесі, Бірақ та тоқтар деген жоқ дәмесі. Алданып қалар еді-ау, мейірімді ана. Жалғыз-ақ аман туса нәрестесі (В. А.). Боран да қалмады бір қыр соңынан, Қылжақтап келе жатыр қарт ант ұрған, Дегені болмаса да дәмесі зор, Соқтығып, етеді көп ыржаң-ыржаң (Қ. А.). Тоқтар заң институтына түсе алмаса да, прокурорлықтан дәмесі зор еді (Н. Ғаб.).*

ДӘМ ҚАЙЫРДЫ *диал. Ас қайырды, бата қылды (Көкш.: Ең., Шуч.).*

ДӘМ ТАТҚАН ҚҰДЫҚҚА ТҮКІРДІ *Жақсылыққа жамандық істеді, қайтып кірер есікті қатты серіпті, кесірлік жасады. Құсайынды көрген соң қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай майда бикеге салып, бұл шіркіннің дәм татқан құдыққа түкіргеніне өкпелегендігін айтқан да, оны енді Құсайын араласқан соң, «тастадым» деген (І. Ж.).*

ДӘМ [ДӘМ-ТҰЗ] ТАТТЫ [АЛДЫ] *Тамақ жеді, ас ішті. Біздер дастарқан үстінде отырмыз, міне, дәм татып (Жамбыл). Енді дәм де татпағаны ма шіркіндердің (С. М.). Ана әкең, апаң, ағаларың — бәрі де мына ауылдарға кіріп амандасып, үлкеннің баталарын алып, үлкен үйлерден дәм татып шықсын дейді (С. С.). Содырға керек десе дәм татқыза да алмай қалдық (М. Ә.).*

ДӘМ-ТҰЗЫ АРАЛАСТЫ *Аралас-құраластықта болды, алыс-берісі, қарым-қатысы болды. Майыр екеуміз бірге де талай істестік. Дәм-тұзымыз араласты ғой. Енді мені айыптайтын басқа қағаздарың болса, бәрін түгел шығар, — деді Құнанбай (М. Ә.).*

ДӘМ-ТҰЗ [НАН] ҰРСЫН [АТСЫН] *Арамдық істеген кісіге айтылатын қарғыс: татқан дәмнің құшырына (құсырына) жолық деген мағынада. («Дәм» мен «тұзды» қадір тұтуды мынадан да байқауға болады: қазақ «құдай қаласа», «құдай исе» деудің орнына «дәм жазса», «дәм бұйырса», «дәм-тұз айдаса» деп те айта береді). «Дәм ұрсын» деген қарғыс бары, «татқан дәмге қас қылған адам оңбас» деген өсиет өлең бары есімде (С. М.).*

ДӘМ-ТҰЗЫ [ТҰЗ-ДӘМІ] ЖАРАСПАДЫ *Бір-бірімен тату-тәтті тұра алмады, келіспеді, отаса алмады. Дәстүрі жараспағанның дәм-тұзы жараспайды (Мақал). Жұмабектің бір дәм-тұзы жараспай-ақ қойған кісісі Ермек. Әйтеуір сонау Моск-*

вада оқып жүргеннен-ақ екеуінің арасы жуыспады (Т. А.). Үндемеймін, кінәмді мойындап күрсіне беремін. Үйленгенім де рас-ты. Сол баяғы Сағадатқа үйленгемін. «Түз-дәміміз жараспады»...— дейді Зейін ішінен (Ә. С.).

ДӘМ-ТҰЗЫН [ТҰЗ-ДӘМІН] АҚТАДЫ *Ішкен дәм-тұзының қарымын қайтарды; ойлаған жерінен шықты, үмітін, сенімін ақтады. Дәм-тұзын ақтап елімнің, Салайын ойран мен жауға (Д. Ә.).*

ДӘМ-ТҰЗЫНА ТАПСЫРДЫМ [САЛДЫМ] *Дәм-тұздың қасиеті ұру мағынасында. «Дәм-тұзыма тапсырдым» дегеннен артық қарғыс қазақта болмайды (С. М.). Сөйтіп, Сапақтың төрін де, көрін де көзіне көрсетіңдер. Тайласып тартынсаңдар, дәм-тұзыма салам, құдайдың да, адамның да алдында жауабын өзім берем (С. Тал.).*

ДӘМ-ТҰЗЫН [ТҰЗ-ДӘМІН] АТТАДЫ *Жақсылыққа жамандық істеді; қиянат жасады, үмітін ақтамады, опасыздық жасады. Олай дегенше, ата, түлен түртіп жүрген балаңның өзіне айтсаңшы, бізден кетіп, дәм-тұзды аттап, жолы болар деп пе ең? (М. Ә.).*

ДӘМІ КЕТТІ *Қадірі кетті, мәнісі қалмады. Ұзынағашта көп жүріп қалдық. Бұл жердің дәмі кетіп барады (Б. Қыд.).*

ДӘМІН АЙЫРДЫ 1. *Дәмін сезді, ажыратты. Жылан қан дәмін айыра алатындарды шақыртады (ҚЕ). 2. Жаман мен жақсыны, зиян мен пайданы таныды, түсінді. Талғамын қара, дүниенің дәмін айырып қапты (АТ).*

ДӘМІН АЛДЫ [ТАТТЫ] 1. *Татып көрді. Тыпырлап тас астында кемпір қалды. Мұстапа ағызып тұр қызыл қанды, Түйліш қарға, құзғын, құрт-құмырсқа, Қан ұрттап аузының дәмін алды (Ғ. Малд.). Адам дертті болмай ма құса тартып, Тұшы ұйқы ұйқтай алмай түнде жатып, Ептеп бағып, есерге ем таба алмай, Төтті тамақ жей алман дәмін татып (Абай). 2. Мәнісін біліп қалды, тіршілік тетігін түсінді. Махаббат, қызық кім көрер; Оның да дәмін татпаса? Біржола басты кім берер, Жаныңа қайғы батпаса (Абай).*

ДӘМІН БҰЗДЫ 1. *Дәмін кетірді, айнытты. Сабаны ыстай алмай, қымыздың дәмін бұзыпты (АТ). 2. Шырқын алды, бүлдірді. Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған, Жалғанның дәмін бұзып хауіп қылғызған. Ақыл мен мал екеуін асырай алмай, Арашашы іздепті қатын, қыздан (Абай).*

ДӘМІ ТАУСЫЛДЫ *Өлді; өлер шақ келді. Дүниеде татар дәмім таусылғанша, Жүремін, тарта-тарта ғашық зарын. Біреуге бір көргеннен ғашық қылдың, Ажарсыз бір наданға нәсіп қылдың (М. С.).— Баяғыдан бері сендердің қылғандарың аз емес. Дәмдерің таусылған сағат осы шы-*

ғар. Енді дүниемен қоштасыңдар,— деді Бекболат (С. Шәр.).

ДӘНДӘН ВОЛСЫН *Мықты, мұғал болсын. («Дәндән» — парсыша, піл сүйегі, тіс). Пышағымның басы қайдан болса онан болсын. Сабы тек дәндән болсын (АӘ).*

ДӘНЕКЕР БОЛДЫ *Екі кісінің, нәрсе-нің арасын байланыстыруға себеп болды. Ал ерлі-байлы адамның жиренішті тұрмысына дәнекер болып тұрған жіпті үзетін бір нәрсе бар, ол — талақ (Б. М.). Біздің достығымызға оқуды жақсы меңгеретін алғырлығымыз дәнекер болды (С. К.).*

ДӘН ҚОЙДЫ *диалект. Алдады, мұзға отырғызды. Қап ақшамды алып, мынаның дән қойып кеткені-ай? (Гур., Маң.).*

ДӘНІГІШ АЛДЫ *Құнықты, үйір болды; дәміне қызықты. Жас болса да малды сүюді берік тоқыған, дүниені ыстық көріп дәнігіп алған бай баласы қуанғаннан қызарып күліп жіберді (М. Ә.).*

ДӘНІ СУАЛДЫ *Қуарды. Құрт жегендей қуарып, Дәнің тандыр суалып, Елдігің кетіп ыдырап, Алтын тағаң сөгіліп, Абыройың төгіліп, Барынан да жақсы еді, Жоқ болғаның мұнан да (Д. Б.).*

ДӘРҒАҢЫНА БАС ҰРДЫ *Құдіретіне табынды. Шешесі сонда сөйлейді, Ұа дедім құдайға, Дәрғаһына бас ұрдым (ҚЖ).*

ДӘРЕТ СЫНДЫРДЫ **○** **ДӘРЕТКЕ** *ОТЫРДЫ* *Бұл фраза «түзге отырды» мағынасында да қолданылады. Шығанақ көпке дейін жауап қайтармай ойланып қалды. Қабыш дәрет сындырып келіп, қайта отырғанда ғана сөзін бастады (Ғ. Мұс.).*

ДӘРЕТІ БҰЗЫЛДЫ [СЫНДЫ] *Намазы қаза болды. Дәретім сынып кетті, тез дәрет алып келе қояйын деп тартып отырыпты түлкі (ҚЕ). («Дәретің бұзылмас, бізбен бір болсаң» түрінде әжуа мағынада да келеді).*

ДӘРЕТІН КӨМГЕН МЫСЫҚТАЙ *Жамандығын бүгіп қалды, жасырып қалды. Қасболат дәретін көмген мысықтай өткен кінәсінің бетін бүркей салды (Т. А.).*

ДӘРКҮМӘНІН КЕТІРДІ [ШЕШТІ] *Ешбір шүбә қалдырмады деген мағынада. («Дәр» дегеннің о бастағы тікелей мағынасы «бөлшек», «тіттей бөлек». «Малдың бір бөлегі» дегенді қырғыз тілінде «малдың бір даары» дейді). Көрсетпші жылы шырайыңды, көңлімдегі дәркүмәнімды кетірші (М. Ә.). Мен-дағы жүргенім жоқ малдан күсіп, Айттым, балам, басына мейірім түсіп, Ертең ерте мысықпен дайын болып, Көңліңнің дәркүмәнін алшы шешіп (Абай).*

ДӘРМЕН БОЛДЫ *Күш-қуат, тірек болды. Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен, Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен. Бір малы шаруаның екеу болып, Қыстаудан ел шығады алуан-алуан. Күлісіп,*

құшақтасып әзіл етер, Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған (Б. А.).

ДӘРМЕН ЕТТІ диал. *Қуат тұтты.* Екі баласынан айрылғалы көп жыл болды, қайбір *дәрмен егер* жалғыз баласы бар (Қ. орда., Жал.). Зеңбірекшілер асылып тауқиғе мінгенде, Баян Фроловты сүйемелдек, тіктеліп отыруына *дәрмен етті* (Ә. Н.).

ДӘРМЕН ЖОҚ Шама, күш-қуат қалмады. Оның қазғаларға *дәрмені жоқ*, тек саусақтарының басы ғана қыбырайды (Ә. Ә.).

ДӘРІ БОЛДЫ *Бұлданды, әлдеқандай етті.* Малы жоқ ноғайлының беретұғын. Неге *дәрі қылайын* өңшең масты (ҚКВС). Иттің боғы *дәрі болса*, дарияға тышады (Мақал).

ДӘРІШ ҚЫЛДЫ *Мақтады, мадақтады.* Ел босқа айтады екен *дәріп қылып*, Келіп ем қайтарар деп қарық қылып. Сондағы бар алғаным тоғыз қара, Орнымнан тұрғызбадың арық қылып (Ш. Қар.).

ДӘС ӘУЕЛІ диал. *Ең алдымен.* Мұнда *дәс әуелі* келген ноғайлар аталарымыздың аты болған (Жам., Св.).

ДӘТІ БЕРІК *Шыдамды; көңілі шімірлікпей, қаталдықпен шыдап қалатын кісі туралы айтылады.* Сымбатты, оқтай түзу бойың мінсіз, Бұл жақта сенде-ақ көрдім мұндай көрік. Аспанға бой созасың, үндемейсің, Такаппар, жалғыз өскен, *дәтің берік!* (С. С.).

ДӘТІ [ШЫДАМЫ] ЖЕТПЕДІ [ЖЕТТІ] *Шыдамады, төзімі таусылды, көңілі дауаламады.* Оған қарауға өзге жұрттың *дәті жетпей*, назары сынып, сазарып сұлқ тұр (Т. А.).

ДӘУ ДЕ БОЛСА *Әйтсе де, қайтсе де, сірә. Дәу де болса* шолақ белсенділердің біреуінің мінген аты ғой, қаңғырып жүрген! (Ғ. М.).—Қалай оқиды екен, ол жағын білмейсіз бе? — деп сұрады Жақыпбек, *дәу де болса*, жаңағы екі тентексің ғой деп ойлап... (М. И.).

ДӘУЛЕТ БІТТІ [ҚОНДЫ] *Бақ қонды, байлық бітті. Дәулет бітсе* жаманға, Сәлем берер жеңменен. Бір өзің қайда барасың Адамсыз халық, елменен (М. Сұл.). Байлар, олар өздері де бір күн болса да, *дәулет қонып*, дүниенің жарымы қолында тұр (Абай).

ДӘУЛЕТКЕ ЖЕТТІ *Қолы жүрді, байыды, тұрмысы көтерілді.* Уайым аз, үміт — көп, Ет ауырмас бейнетке, Бүгін-ертең жетем деп, Көңілге алған *дәулетке* (Абай).

ДӘУЛЕТ КЕТТІ [ҚАШТЫ, ТАЙДЫ, КӨШТІ, ҚАЙТТЫ] *Бақ тайды, байлық кетті. Дәулет кетіп* біреуден, Біреуге жаңа қонады. Нала болып біреулер, Біреулер риза болады (М. Сұл.). *Дәулет көшіп* біреуден, Біреуге қонар жаңадан (М. Сұл.). Бейлі кеткен жігіттен, Еш береке бол-

майды. *Дәулеті қашқан* жігітке, Береке келіп қонбайды (Ш. Қар.). Құрсағы құшақ байлардан, *Дәулет таймас* деменіз. Жарлы байға тең келіп, Жайлауға жарыса көшпес деменіз (Б. Қ.). Қалыпты қыздың қолы шолақ болып, Ісін істеп ас жеуге олақ болып. Кесір болып бұл ісі *дәулет қайтып*, Ақырында бай өлді қарап болып (М. Б.).

ДӘУЛЕТКЕ МАС БОЛДЫ *Байлыққа масаттанды, кекірейді, терісіне сыймады. Дәулетке мас боп* кейбіреу, Көтеріліп есірген. Менің артық малым деп, Салтанатты сөнім деп, Мақтан қағып ісінген (М. Сұл.).

ДӘУЛЕТ ҚҰСЫ *Байлық, бақыт.* Шалдың бір әйелі, екі баласы, бір *дәулет құсы* болыпты (ҚЕ).

ДӘУЛЕТІ АСТЫ **○** **ДӘУЛЕТІ СУДАЙ** **ТАСЫДЫ** *Мыңғырған байлық, көл-көсір молшылық туралы айтылады.* Ағын жесең, ақылың жаннан асар, Сарыны алсаң, *дәулетің судай тасар.* Егерде қызыл жеміс алып жесең, Ұрғашыда жан болмас сенен қашар (Абай). *Дәулеті асқан*, Ері арыстан, Әділдігі — қасқа жол (Б. К.).

ДӘУЛЕТІ БАСЫНА КЕЛДІ *Бағы басына қонды.* Түсім бе деп қорқамын, Распа, қалқам, көргенім, *Басыма келді дәулетім*, Патшалық сәулетім (МЗ).

ДӘУЛЕТІНЕ СӘУЛЕТІ САЙ *Төрт түлігі сай, төрт жағы құбыла. Дәулетке сәулет сай.* Мәдениет үйіміз, мектебіміз, мағазиндеріміз қаладағыдан бір кем емес (Б. Ж.).

ДӘУЛЕТІ ШАЙҚАЛДЫ *Тұрмысы нашарлады, басынан бағы тайды, жұтпап қалды.* «Оның бұрынғы малы қайда?» деп Мұрат әркімнен сұрап көріп еді, ... біреулері «қазақтың жұт дейтіні болады, шырағым, бөрі-қарысы бар. Дәрекеңнің де *дәулеті шайқалды*» — деді (Т. А.).

ДӘУРЕН КЕШТІ [СҮРДІ] *Кезінде билеп-төстеп қалды, үстемдігін жүргізді, жақсы өмір сүрді, рақат тұрмысқа болды.* («Дәурен» — араб сөзі, уақыт, өмір деген мағынада). Күшікбайдың кім екендігін, басынан қандай *дәурен кешкендігін* әрі-бері өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді (М. Ә.).

ДӘУРЕНІ ЖЕТТІ *Заманы келді.* Шырағым, енді сенің *дәуренің*, заманың *жетті*, соған лайық әрекет іесі бол (АӘ).

ДӘУРЕНІ ӨТТІ *Басынан жақсы күні тайды.* Заманым өтті басымнан, *Дәуренім өтті* басымнан, Бұл не деген іс болды?.. (С. С.). Ғани: *Дәурені өтіп*, күйреуге айналғандар жанталасуда (Ш. Х.). Бурыл толқын көбік бұрқыратып, Құмды үйіріп тауға, тасқа ұрған. *Дәурені өтіп*, оның ызғары бітіп, Көмейіне кесе тас тұрған (Б. К.).

ДӘУІР АЙНАЛДЫРДЫ діни. *Ислам дініндегілердің ұғымы бойынша өлікті*

жерлемес бұрын күнәдан арылту мағынасында қолданылады.

ДӘУІРІ ЖҮРДІ *Билік қолында болды; айтқанын істетті, заманы келді...* Сайдалының дәуірі жүріп, айтқаны келіп тұрғанда, төменгі Қарауылдың адамдары бірге бас қосыс болыпты (ШС).

ДӘУІРІНЕ САЛДЫ д і н и. *Ақыретіне салды, өлгенде таратып беретін нәрселері ретінде қарады.* Содан тұрып, «ендеше өз обалың өзіңе, бір жақын адамың мерт болса, дәуіріне саласың ба?» дегені ғой (А. Н.).

ДӘУІТ БАС *Кішкене бас.* (Дәуіт пен биесау бір жәндік; басы кішкене болады; әдетте тұлпар атты мақтағанда етсіз кішкене басты боп келетінін бөліп айтады). *Дәуіт бас, қамыс құлақ, қуарған жақ* (І. Ж.).

ДӘУІТТІҢ ҚОРЖЫНЫНДАЙ *Діни ұғымда үш пайғамбардың (Сүлеймен, Мұса, Дәуіт) үш заты (жүзік, аса, қоржын) кереметке ие болған.* Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар (ҚЕ).

ДЕГБІР ТАППАДЫ [ТҰТПАДЫ] *Көңілі тыншымады, тағат қылмады.* Таланған құлынды көргенше *дегбiр таппаған* ол (Жандос) әкесіне... еріп барса, оң жақ санының қоң еті үңірейіп ойылып қапты (С. М.).— Біз қателескен жоқ сияқтымыз,— деген Сейілбектің сөзіне ден қоймай, саудагер қашан ұстағанға дейін Кузьменко *дегбiр таппаған* (К. Т.).

ДЕГБІРІ ЖОҚ [ҚАЛМАДЫ] **○** **ДЕГБІРІ ҚАШТЫ [КЕТТІ, ҰШТЫ]** *Шыдамсыз, тағатсыз; асып-сасулы, қорықты, үрейленді.* Бір қатын үйден шықты қауап басып, Асығып *дегбiрi жоқ* асып-сасып. Жүсіп айтты қатынға: шақырды да, Көрейін жалғызымды болса нәсіп (А. А. Қ.). Төзіміміз таусылып, *дегбiрiмiз кеткенiмен*, директордың қас-қабағына қарап үн-түнсіз түйелі адамды күттік. Омбы қарды кешіп, қалбалақтап, ол да жетті-ау айту-ір (С. Мәу.). Шымкентте тұратын қайнағасының «шықтым» деген телеграммасын алысымен-ақ оның *дегбiрi ұшып*, қауқары кетіп қалды (Ә. С.). Айқай көтеріліп бара жатқан соң, ас иесі Беклембеттің *дегбiрi қашқандай* болып, өңі сұрлана түсті (Ғ. С.).

ДЕГЕН ҚАРА ҚАСҚА ЖАРЛЫ *Маңдайында қарасы жоқ нағыз кедей.* Сорлы шал *қара қасқа деген жарлы*, Көрмеген өміріңде бір де малы. Қақтығып бір-біріне тілерсегі, Қысты күн отын ала ағаш барды (С. К.).

ДЕГЕН ҚОЖА БІЛМЕСТІҢ ӨЗІ *Ешкімге білдірмей жұмысын бітіретін кісі.*

ДЕГЕН САРАҢ БАЙ *Нағыз сараңның өзі. Шық бермес Шығайбай... заманның деген сараң байы; өзі тойса да, көзі тоймайтын бай екен* (ҚЕ).

ДЕГЕНІ БОЛДЫ *Айтқаны болды; ойлағаны орындалды, көңілдегісі болды.* Тәңірберген өзінің *дегенi* боларын біліп, жылтыр қара мұртын сипап, насаттанып күлімсірей түсті (Ә. Н.).

ДЕГЕНІ ЕМ БОЛАДЫ *«Түп» деген түкірігі дәрі болды, айтқаны дауа болды; аузынан шыққан сөзі орындалды.* Жалпы қазақ баласын тегіс жисақ, Тезектің мына отырған жемі емес пе? Қара қазақ балпылдап кеп сөйлейсің, Тезектің бір *дегенi ем емес пе?* (С. А.).

ДЕГЕНІНЕ БАҚЫЛ ЕТКІЗДІ *Айтқанына көндірді, дегенін істетті.* Көнгісі келген руларды ақылмен көндірді, ал көнгісі келмегендерін қос шоқпарын бірдей сілтеп, қан-жоса етіп, күшпен *дегенiне бақыл еткізеді* (І. Е.).

ДЕГЕНІНЕ ЖЕТТІ *Мақсағы орындалды.* Арыстан туған Исатай, *Дегенiне жете* алмай, Арманда өтіп кетті деп, Олардың көгін алуға (М. Ө.). Сілкінеді қолда тұрып кетейін деп, Ойлаған мақсатына жетейін деп. Жолдан шыққан залым мен дұшпандарды, Қаһар қылып *дегенiне жетейін* деп (М. Қ.).

ДЕГЕНІНЕ КЕЛТІРДІ *Айтқанына келтіріп істетті, көңілдегісін орындатты.* *Дегенiне келтіріп*, Есебін тапқан қиыннан. Дауасыз науқас кез болды, Көз тиді ме екен жиыннан (А. А. Қ.).

ДЕГЕНІНЕ КӨНДІ *Айтқанына бой сунды, лажсыз көнді; келісті.* Балықшылар әрі-бері толқып, ақыр аяғында Тентек-Содырдың *дегенiне көнейік* деген пәтуаға келді (Ә. Н.).

ДЕГЕНІНЕН ШЫҚТЫ *Айтқанынан шықты, ырқынан сырт кетпеді.* Әліби зәті жуас кісі. Үй ішіне билігі жүре бермейді. Биыл да қызы мен кемпірінің *дегенiнен шыға алмай*, ыссы түскенше теңіз жағасында отырып қалды (Ә. Н.).

ДЕГІШПЕ ӨҢГІМЕ д и а л. *Жай, анау-мынау жайындағы әңгіме.* Ал сендердің *дегіште әңгімелерің* бітті ғой (Қ. Орда, Арал).

ДЕДЕК ҚАҚТЫ **○** **ДЕДЕКТЕП КЕЛЕДІ** 1. *Зыр жүгірді, алды-артына қарамастан зытты.* Мен заводқа жақындай бергенімде, еңгезердей біреу *дедек қағып* кетіп бара жатты (ЛЖ). Көп қойда бір жаяу жүр *дедек қағып*, Иті бар жетектеген шыңжыр тағып. Сонша қойға мен ие болмас едім, Жүргенін таңырқаймын қалай бағып (С. Ә.). 2. *Қорқып қалтырады.* Бармаймын деп мен айтсам безек қақтың, Дәу пірің келгеннен соң *дедек қақтың* (ҚӘ). Ғайни асыққан үстіне асығып, тәлтіректеп, *дедектеп келеді* (С. С.).

ДЕЙІНДЕ ОТЫРДЫ д и а л. *Ықпалында болды.* Сен оның *дейінде отырсың* (Көкш., Қ. ту).

ДЕЛДАЛ БОЛДЫ *Арада жүріп екі жақты бітісірді.*

ДЕЛЕБЕСІ ҚОЗДЫ Арқасы қозды; кеу-кеуге еріп қызды, көтерілді, желікті. Делебем қозып кетті дүбір көріп, Алайын мен де біраз жорта желіп (М. Әд.). Делебесі қозған қаракер... дөңгелеумен келіп қарақшыны айнадды (Ғ. С.).

ДЕМБЕЛ [ДЕМБЕЛШЕ] ДЕНЕЛІ Орта бойлы толықша келген адам. Менің көршім — Академияның биология институтының ғылыми қызметкері Михаил Михайлович Самосенко — дембел денелі жалпақ бет, ет-жеңді жігіт (Ж. Ж.).

ДЕМ БЕРДІ 1. Демеді, сүйемелдеді, күш-қуат беріп көтермеледі. Бұлардан көңіл суып, қызық тозып, Таза жүрек нәпсімді меңгеріп ең. Нәпсіме жүрегімді сұлтандан қылып, Тоқтатып өз бойыма дем беріп ем (Ә. Тәң.). **2.** Еліртті, қайрап салды, айдап салды. Оразбайларға астыртын дем беріп отыратын өздерінің де арам саясаты бар-ды (М. Ә.).

ДЕМНІҢ АРАСЫНДА Жылдам, лезде, тез арада, көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында. Кемпір мен Қадияша демнің арасында әкей-үкей болды да қалды (А. Т.).

ДЕМ САЛДЫ діни. Ауру кісіні қожа-молдаға үшкіртті. Молданы тезірек шақырып, дем салдырмаса болмас, — деп еді, бала жастықтан басын жұлып алып, миңгірлеп басын шайқап қолын сілтеді (Б. Тұр.).

ДЕМ ҰРДЫ диал. Жын ұрды, жын-данды. Дем ұрған ба өзіңді, тегі, күле берсең? (Алм., Жам.).

ДЕМІ БІТКЕНШЕ Өмірінің соңына дейін (өлгенше). Қасық қаның қалғанша, соңғы демің біткенше, күшіңді отаныңа берген Нұрсұлтан жолдас, сені елің де ұмытпайды (Ғ. М.).

ДЕМІНЕ [КЕУДЕСІНЕ] НАН ПІСТІ Өр көкіректік істеді; мақтанып ісіп-кепті, паңсынды, ешкімді менсінбеді; жетісіп шалқып отырды. — Осындай деміне нан піскендер әр жерден-ақ шығып жүр (С. Ад.). Келерсің деп жөніне, Көрсетермін көзіңе Нан пісіп тұрған деміңе (ҚБ).

ДЕМІ ОТ БОЛДЫ Күйіп-жанды, ыстығы бетті шарпыды. Демің жалын от болып, Көзім атқан оқ болып, Бір сілтесем талай бас, Дамалады жоқ болып (Б. К.).

ДЕНЕ БІТІМІ Тұла бойы, тұлғасы, жаратылыс қалпы (АС). Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шығқан жерің — бәрі бірдей (Абай).

ДЕНЕСІ ТҮРШІКТІ [ШОПЫДЫ] Төбе шашы тік тұрды, аза бойы тігіркенді. Түбінде қарақшының тұрдым тосып, Бейгенді алушы едім талай қосып. Алдыңғы ат баран емес, қылаң дейді, Сол жерде тұра алмадым денем шошып (А. Қор.). Түсіп жатқан оқтан сол екі орта қарының көпірші бұрқырауын көргенде бір

секундтай Павлоның денесі түршігіп кетті (Ө. Қ.). Қасқамның төбесіне дәл төгілген, Жаңбырдың моншақ-моншақ тамшылары. Төмен қарай зымпырап парменмен, Денемді түршіктірді, шымшылады (Т. В.).

ДЕН ҚОЙДЫ Назар аударды, ықылас қойды; илтипат көрсетті, көңіл бөлді; бой ұрды. Көпшілік Сармолланың сөзін үлкен ықыласпен, аса ден қойып тыңдағандай болды (М. Ә.). Жоқ, онысына мен сенбеймін, анық, ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенбейді (Абай).

ДЕН ТАРТТЫ Іш тартты, іш бұрды. Төремен оязы бір, жері тақау Сарманов чиновниктің айтуынша Оразбайда бұл төреге қарай ерекше ден тартқан бір сыр бар боп шықты (М. Ә.).

ДЕНІ САУ [ТАЗА] 1. Ауру емес, он екі мүшесі аман, тәні сау. Бір залалсыз момынды ауру қылып, қор қылады екен. Кейбір ұры, залымның денін сау қылады екен (Абай). Дені саудың — төні сау (Мақал). **2.** Жаны, көңілі ақ. Денің таза болмаса, тіл тазасы не керек (ШС).

ДЕНІ ТЕТІК Сырқаты тәуір. Мағаш қала жайын көп естіп, Өбіштің дені тетік кездерінде өз аузынан да көп ұғынған еді. Өтегелдіге Алматының бақша жайын баян етті (М. Ә.).

ДЕР КЕЗІНДЕ [ШАҒЫНДА] ○ ДЕР КЕЗ [ШАҚ] Дәл мезгілінде, нағыз өз уақытында. Біз болсақ кеше дер кезінде Есболат Қарасуына жетіп қондық. Түн бойы айғай салып, атой беріп белгі де жасадық (М. Ә.). Мына қыз — кедейдің қызы. Дер шағында оқуға түскен, оқырлық жағдайы толық (С. М.). Адамбек [Қойшыбайға]: жұмыстың дер кезі ғой, көлік артыла ма, шырағым (Ғ. Мұс.).

ДЕРТ БАСТЫ Уайым жеді, қайғырды. Сексенде селкілдетіп бір дерт басып, Басыңды игере алмай ырғақтайсың (К. Ә.).

ДЕРТКЕ ДАУА [ЕМ, ДӨРМЕН] Жанға, ауру-сырқауға шипа болды. Дертке дауа іздеген, Тірліктен күдер үзбеген (Д. Б.). Оның алма секілденген беттері, Ұшықтырды, дертке дауа етпеді. Қатты қысып құшақтасып тұрғаның Жатсаң-тұрсаң еш ойыңнан кетпеді (Б. К.). Сен едің сарғайғанда дертіме ем, Өзіме өле-өлгенше біліп ем тең (Б. К.). Ақ қылаң жылқы жай тартады деп, ақ биенің сүті, ақ байталдың еті дертке дәрмен болады деп сенетін (С. С.).

ДЕРТКЕ ДЕРТ ҚОСТЫ Ауруға ауру үстеді; қайғыға қайғы жамады. Надан бақсы-балгерлер емдеймін деп қазақ халқының дертіне дерт қосқаннан басқа еш нәрсе істей алмады (А. Бис.).

ДЕРТ ҚОЗҒАДЫ 1. Ауруы күшейді. **2.** Уайымы үдеді, шері күшейді. Қозғалған дертке Өршіген өртке, Мың да бір дауа, Тозды шөп (Б. К.).

ДЕРТТІ БОЛДЫ 1. Ауруға шалдықты. Осы бала дертті болды, жазылары екі

ұдай (АТ). 2. Шерлі болды. Жаны ашыр жалғыз-жарым, ағайындар, Олар да құттың құйып пайдаланды, Қайғылы талай қыздар дертті болып, Өмірі қысқа болып ұзармады (ҚСХӘ).

ДЕРТІ АРТАДЫ Уайымы, шері күшейді. Батаңды бер, жан ата, Шеберен сырын сарқады. Егер бата бермесең, Шеберен шердің құлы боп, Күн санап дерті артады (Д. В.).

ДЕРТІНЕ КҮЙДІ Уайымдады, қайғысына өргенді. Қоймады дертің күйдірмей, Не салсаң да тартамын (Абай).

ДЕРТІН ҚАШЫРДЫ Сауықтырды, сырқаттан жазды. Көңілің суын ішсең ашылады, Денеңде бар дертіңді қашырады, Өксіген оттай жанып жануарлар, Өзеннен рақат тауып басылады (Ы. А.).

ДЕС БЕРГЕНДЕ Жол болғанда, құдай оңдағанда. Құдайдың дес берісінде, қара нәсер төгіп берсе, сонда ғана өрт басылады (С. Ш.).

ДЕС БЕРДІ Ырық берді, айтқанға көнді, сөзге құлақ асты, бой сұнды. Күш коллектив еңбекте, Еңбекке дес бермекте, Шығамыз біз майданға, Еңбек жауын жеңбекке (С. С.). Таза құс талпынбай-ақ аштан өлсін, Жем іздеп бір жемтікке шағылғанша, Дөп ойнап өз нәпсіме дес беріп ем, Жас күнде қызылға қол көп сермеп ем (А. Қор.).

ДЕС БЕРМЕДІ [ВОЛМАДЫ] 1. Жол (кезек) бермеді, теңдік бермеді. («Дес» — парсы сөзі, күш, қуат мағынасында). Айлық істі сағаттық іс көрмеген, Басқаға тайталаста дес бермеген (Ш. Қош.). Өзім де басқа шауып, төске өрледім. Қазаққа қара сөзге дес бермедім. Еңбегімді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім (Абай). 2. Бұйырмады, кезікпеді, орындалмады. Вақ қонбайтын жігітке, Іздегені дес болмас (ШС).

ДЕСТЕЛЕП СОҚТЫ диал. Бірінің артынан бірін айтты, үсті-үстіне төпеледі. Алданазар әңгімені дестелеп соғып отыр (Қ. орда, Арал).

ДЕС ТИДІ Есесін, теңдігін алды. Өміріне ақ патшаның амал қанша! Алпыс үй айдалада жатыр аңша. Дарға, дес тиер күн келер ме екен, Етер ек сан етінді борша-борша (ҚӨ).

ДИДАР ҚОСТЫ Жүздесті, кезікті, жолықты. Жүзіңді көрген құмар сүйінемін, Көргенше дидар қосып күйінемін, Сыпатың көзден таса болғаннан соң, Мас болып, арманда боп иілемін (А. Қор.).

ДИДАРЫНА ТОЙМАДЫ Жүзіне қараудан тоймады, аса құмар болды. Бір сағаттай көрмесем Дидарына тоймаған (ҚЖ).

ДИХАН ТЫШСЫН! О ДИХАН ДАРЫСЫН! Егінің өнімді болсын, береке болсын деген мағынада егіншілерге, жер

айдаушыларға айтылатын тілек. («Дихан» — парсы сөзі: о бастағы мифологиялық мағынасы — «жер атасы». Орта Азия халықтарында ертеде жерге бай ақсүйек, алпауытты «дихан» деген, бертіңде бұх сөз «қара шаруа» мағынасына ие болған).

ДОВАЛДАЙ [БІЛЕУДЕЙ, КҮПТЕЙ] БОЛДЫ ісінді, ісініп-қабынды. (Бұл фраза, көбіне «көз» сөзімен байланысты айтылады. «Добал» — балшықтан істелген қабырға жар; парсы тілінен алынған «дуал» дегеннен шыққан болу керек). Бозжанов келді. Оның сол қолы *добалдай* болып ісіп кетті. — Ей, сенің қолыңа не болған? — дедім. — Кеше кешке бұршақтай минаның жанқасы тиіп, соның кесепаты ғой (В. Мом.).

ДОДАҒА ТҮСТІ 1. Көкпаршылардың қалың үйірілген тобына кірді. («Дода» — «үйірілген топ», шаршы топтың ортасына додаға түсіп көкпарды шығарушы күшті, төсілқой жігітті қазақ «шабандоз» дейді). Көкпар жақтан манағы «ағараңдап» жүрген арық боз бала шауып келеді. Сөзің енгігіп зорға айтады. Көкпар *додаға* түсіпті (ЛЖ). 2. *Талауға салды, жан-жаққа сүйреді.*

ДОЗАҚТАН ӨТІП КЕЛГЕНДЕЙ Ажал аузынан қайтып оралғандай.

ДОҒ ҚЫЛДЫ Сес көрсетті, айбат көрсетті, дөң айбат қылды. («Дохт» — парсыша, қабілет, күш; жек көру, ұнатпау).

ДОЛДАНЫП, К...ІН ЖҰЛДЫ Долданды, көк беттенді.

ДОМАЛАҚ АРЫЗ [ХАТ] Біреудің үстінен жасалған шағым; жасырын хат. Советтік баспасөздің бетінде домалақ арызға орын жоқ (ЛЖ).

ДОМ БОП ЖАРАҒАН Жұп-жұмыр болып семірген, семіріп күйіне келген. Құнанбайдың астында шұбалаң құйрық торы аты бар. Дом боп жарап алған есік пен төрдей ұзын торы ат көлденең тұр (М. Ө.).

ДОРБА САҚАЛ Қауқиған сақал. Енді, міне, әбден бабына келген теке сақал, дорба сақал қара, сары, қызыл шырайлы шалдар тіс шұңғысып, кекіріп қойып отыр (М. Сүн.).

ДОС-ДҰШПАНЫ КҮЛДІ Мазақ етті, табалады. Ата-анасын зарлатып, Бір қыз үшін кетті деп, *Дос-дұшпаның күлмей ме?* (ҚЖ).

ДОС ЕГІЗ, ДҰШПАН СЕГІЗ Досыңнан дұшпаның көп деген ұғымда айтылады.

ДОСЫНА БІР ҚЫЛЫМ Жора-жолдасына бір қалыпты. Досына бір қылым, Дұшпанына жүз мың түрлі амалдым («Шайыр...»).

ДОСЫ СУЙЫП, ДҰШПАНЫ КҮЙІНДІ Қызықты, қуанышты өмір сүрді. Екеуің адал некемен қосылып, өмірді рақатта

өткізерсіңдер. Осындай зор мәртебеңе до-
сын сүйініп, дұшпаның күйінер (ҚЕ).

ДӨНЕН ҚЫМЫЗ Төрт күн тұрып ашы-
ған қымыз. Тай қымыз, құнан қымыз,
дөнен қымыз. Тең-теңдей қара нарға са-
баны артқан (Н. А.).

ДӨН АЙБАТ КӨРСЕТТІ Сырттай, сырт
көрінісімен айбар, қыр көрсетіп, уркіте,
шошыта келді.

ДӨН АЙНАЛМАЙ Көпке бармай, ұза-
май. қыр аспай. Бір көрмеге төп-төтті,
Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант
атты, Бүксіп, бықсып ар жағы (Абай).

ДӨНГЕЛЕК ЖҮЗДІ Бет-әлпеті дома-
лақтау деген мағынада. Мәнзифаның ау-
лы жеткізбей-ақ қойды. Осы сәтке бидай
өнді, дөңгелек жүзді Мәнзифа көз алдына
елестейді (ЛЖ).

ДӨНГЕЛЕК ШАРУА Орташа әл-ауқа-
ты бар адам. Беркімбай жеңіл үйір жыл-
қысы, бес-алты сиыр, отыз шамалы
қой-ешкі тұяғы бар дөңгелек шаруа бола-
тын (С. О.).

ДӨП КЕЛЕДІ Дәл, сәйкес (сай) келеді;
шамалас келеді. Ерлігім ерлігіне дөп ке-
леді, Байлығына байлығым еп келеді
(Жамбыл).

ДӨП ТИДІ Нысанаға дәл тиді, тап кел-
ді. Тоқтама жөнел! Жөнеле бер! — деп
Абай атына қамшы баса берді. Қарабас
өз ішінен: «Мына балаға Байдалы сөзі
дөп тиді-ау! Ширығып келе жатқаны сол-
ау!» — деп ойлаған (М. Ә.).

ДӨП ТҮСТІ 1. Дәл түсті. Аспалы шам-
ның жарығы дөп түскен қыздың дөңгелек
жүзіндегі үлкен мені Әбілбекке көлімгі
күнде көріп жүрген таныс адамның меңін
дей (Х. Е.). **2.** Устінен түсті.

ДУА ҚОНДЫ Бұл жерде киелі, аса
қасиетті деген ұғымда айтылып тұр. Үш
арыс Ысты деген ел емес пе? Үш жүз
айналасы жер емес пе? Дулаттай дуа
қонған болмаса да, Сенімен Албан, Суан
тең емес пе? (Айттыс).

ДУА ҚЫЛДЫ к ө н е. Жақсы тілек ті-
леп бата оқыды.

ДУАЛЫ АУЫЗ Айтқанын екі етпей-
тін, беделді кісі туралы айтылады. Мен
жырлайын, Сөзде қалау болмасын, Шы-
нықтыра шындайын. Дуалы ауыз сөз
табар, Құлашымды жазайын (Н. Б.).

ДУАНА АЙТТЫ д и а л. Хабар айтты,
жар шақырды. Биыл дуана айту керек.
Ертең болатын жиналысқа бүгін дуана
айту керек (Жамб., Тал.).

ДУАСЫ ДАРЫМАЙДЫ Сиқыры өтпей-
ді. Қорғанның сыртында тұрып қыз бен
молданы дуалай бастайды, бірақ қыздың
оқуы басым болып, торы аттың (қатын-
ның) дуасы дарымайды (ҚЕ).

ДУАСЫЗ АУЫЗ Берекесіз сөзді, көкі-
ме; бәтуалы сөзі жоқ адам. Өз басыңды

билмеймін, ал әкенді көріп едім... Пақыр
көптірме болатын. Қызыл сөзді желге
шашқан, дуасыз ауыздың нағыз өзі еді
ғой, — деп қарт соғы кеңкілдеп күлді
(Ә. Н.).

ДУАСЫ ТИДІ Бата-тілегінің қайыры
болды. Балама сол шалдың дуасы тиіп
өнерлі болды (АӘ).

ДУДАР ШАШ Қалың, ұйпалақ шаш.
(Кей уақыт бұйра шаш, сең-сең басты да
«дудар шаш» дейді). «Әке-ау, әкем-ай,
әруағың атты ғой» деп ышқына күңірен-
ген таныс дауысты естігенде, әлгі таңбаға
көзін қыса қарап, мең-зең болып отырған
дудар бас, толық қара жігіттің ұйқысы
шайдай ашылды (С. Ад.).

ДУ ЕТЕ ТҮСТІ Беті ұяттан, ибалық-
тан алауланып, қызарып кетті. (Ішкі сезім
толқыны). — Қандай науқас! — деп, Ма-
ғыш бірінші рет Әбішке шалшаң сұрақ
бергенде, жүзі де қайтадан ду ете түсті
(М. Ә.).

ДУШАР БОЛДЫ Кезіге кетті, тап бол-
ды. Дәл осы машиналар сигналдары,
шаңдары, қарбалас-әбгігерлері орталықты
қым-қуыт қарбаласқа салып жатқан шақ-
та Айсұлу да үлкен кесірлі әбгігер күйіне
душар болды (М. Ә.). Іші-тысы тең
жамаң, Қап-қара батпақ лай-ды. Оған
Душар болғандар Өкінішпен жылайды
(М. Сұл.).

ДҰҒА АЙТТЫ [ҚЫЛДЫ, ОҚЫДЫ]
Аллаға жалынды, тілек тіледі (АС). Оны-
мен сезімді тазалыққа кіргендігіңді, кеміл-
ықыласыңды көрсетіп, ішімнің сафтығы-
ның соңында халық көрер сыртымды да
пақ етемін, һәм көзге көрінбейтін ағзала-
рымды да пақ етемін, бұл пактіктің үстін-
де аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз
(Абай). Үмітім бар сіздерден, Дұға қылып
қойсаңыз, Рақым айтып біздерге (Д. Б.).
Өмірде ойға түсіп кем-кегітпін, Тулағыш
мінезің бар, жүрек, сенің. Сонда сенің
отыңды басатұғын, Осы елең оқитұғын
дұғам менің (Абай).

ДҰҒАДА БОЛ Тілектестік ет, тілектес
бол, бата қыл. Тым болмаса, жан ата,
Дұғада болып тұрыңыз (АТ). Мұратына
жеткір деп, Дұғада болып тұрсын-ай, Бес
уақыт намазда, Көңілін маған бұрсын-ай
(БЖ).

ДҰҒАЙ СӘЛЕМ Көп-көп сәлем. Дұғай
сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек бол-
ған айғырдың көзі қайда? (Абай). Сәлем
де менен барсаң дұғай-дұғай, Мен жүрмін
күйігіңнен кешіп лай (ХӘ).

ДҰҒАСЫ ЖІБЕРМЕДІ д і н и. 1. Тіле-
ген тілегі қабыл болды. Шығып ең
амандасып келмес белге, Оралып өнерің-
мен қайттың елге, Тілеген ел дұғасы жи-
бермейді, Айналып аққу құстай, қондың
көлге (Ә. Төң.). 2. Біреудің істеген, жаса-
ған ырым-жырымынан мерт болды.

ДҰҒАСЫНА КІРГІЗДІ д і н и. Өлген
кісіге тие берсін деп дұға, бата оқыды;

дұға қылды, тие берсін деді.— Жұрт сені өлді деп дұғасына кіргізіп жүр еді. Өзің о дүниеден келгеннен сауымсың,— деді Кәлен күліп (Ә. Н.).

ДҮШПАН КӨЗІ *Басқа кісіге сыр бермеу үшін алдарқата істелген әрекет.* Құнанбай энеу күні Базаралының сымбатын мақтап, туысына сүйсінген еді. Бүгін көпке *дүшпан көзі* болса да, бұндайлық азаматқа аяныш керектігін айтты (М. Ә.).

ДҮШПАННЫҢ ОТЫН СӨНДІРДІ, ДОС-ТЫҢ ОТЫН ЖАНДЫРДЫ *Дүшпанын жұқатты, досына игі көмек етті.*

ДҮБІРГЕ ҚЫЗДЫ *Думан жарысқа елікте.* Көрөйін мен де толғанып, Келгенінше шаманың, *Дүбірге қызған* жүйріктей Қызып тұр әзір табаным (М. Сұл.).

ДҮЗГЕ ОТЫРДЫ **○** **СЫРТҚА ШЫҚТЫ** *Дәрет сындырды.* Жылан, құрт ұрықтары тырнақ астындағы кірді паналайды, қолға *дүзге отырғанда* жұғады (Е. О.).

ДҮЙІМ ЖҰРТ *Шаршы топ, куллі халық, барлық халық.* («Дүйім» дегеннің тікелей мағынасы — әр түрлі, неше алуан. «Әр түрлі, қосынды дәрі» дегенді қырғыз тілінде «дүйім дары» дейді). Жұрттың бөрінен көп жылаған — Қалампыр. Бірақ, ол жылай отыра, қайғылы *дүйім жұрттың* бөрінен артық қайрат көрсетті (С. М.).

ДҮКЕНДІ БҰЗБАДЫ *Өмір қызығының шырқың, салтанатың кетірмеді.* Дүниеден үміт үзбегін, *Дүкеніңді бұзбағын* (БЖ).

ДҮКЕН [ӨҢГІМЕ-ДҮКЕН] **ҚҰРДЫ** *Өңгімелесті, мәжіліс құрды.* Сол әже бүгін тағы бақта отыр, Гүлі көп, саясы мол жақта отыр. Өзіндей аналардың қадымында, *Өңгіме-дүкен құрып* бапты-ақ отыр (Ж. М.). Қозыкем ойын ойнар, *дүкен құрып*, Апуланса кетеді топты бұзып (ҚКВС). Бақытты өмір кезінде, Бар әлемде тең жоқ, Бақытты бала туады, Бала мен егіз ұлы боп, Колхозданған ауылда, Жақсы ұыр *дүкен құрады* (Жамбыл).

ДҮЛЕЙ КҮШ *Көзсіз, топас қажыр-қайрат.* Дүлей күшке қарсы тұра алмай, ақ жүзін мөлдір жасы жауып талмаусырап жатқан «жас иісті» тағы да бие сауым мезгіл зурелей, аға сұлтан әлден уақытта орнынан тұрды (І. Е.).

ДҮНИЕ БАҚИ *Өлген, өмірден өткен деген мағынада.* Ажал жетсе бәндеге, *Дүние бақи* болмақ жан (БЖ).

ДҮНИЕГЕ БОЙЫН АЛДЫРДЫ *Дүниенің қызығына түсті, өз еркін дүниеге билетті.* Көп адам *дүниеге бой алдырған*, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған (Абай).

ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ *Туды, жаратылды, пайда болды.* Иесінің *дүниеге келгенін* сездіретін ақырғы белгісі, томпиған бейіт аз уақытта жоғалмақ, із бітпек (М. Ә.).

ДҮНИЕГЕ КЕҢ *Жомарт, пейілі кең.* Отыз жасқа келгенде, *Дүниеге кең* едің, Отыз беске келгенде, Қара судың бетінде Шайқалып аққан сең едің (Б. Қ.).

ДҮНИЕГЕ КӨЗІ ТОЙМАҒАН **○** **ДҮНИЕГЕ ТОЙМАҒАН** *Қанағатсыз, мешкей, обыр, тойымсыз.* Ал, Күрәнбай, азамат, Алтын, күміс, жамбыны Қоржынға салып жинады. *Дүниеге көзі тоймады*, Тастайын десе қимады (Е. Қ.). Нәпсім қарар таптың ба, *Дүниеге тоймайтын*. Бір шыны шай іше алмай (Ш. Қ.).

ДҮНИЕДЕН ӨТТІ [КЕТТІ, ОЗЛЫ, КӨШТІ, ЖӨНЕЛДІ, ҚАЙТТЫ] **○** **ДҮНИЕ САЛДЫ** *Өлді, қазаға ұшырады.* Құс қонбас құла жапаңда Жылай-жылай бір жалғыз *Дүниеден өтті* дегейсің (ҚЖ). Жас кегіп біреу *дүниеден*, Арт жағына қалдырған, Әкесі мен шешесін. Қартайып жетсе қазасы, Төлейді бала ессін (М. Сұл.). Семейден төрт ат алдым бес жүз теңге, Тоймадың, екі көзім бұл жалғанға, Көрмедім қатын-бала, өз үйімде, Мен *көштім дүниеден* енді арманда (Ш. Қ.). Құтылды сан қатерден қиын-қыспақ, Еңбегі жанып еді тура нұсқап. Қайран қамқор *жөнелді дүниеден*, Жеті жыл әділдік қып тұрған ұстап (Ө. Тәң.). Шырағым, Әділжан, жас қалдың. Келін алып, қызығыңды да көре алмадым, мен бұл *дүниеден озғалы* жатырмын, адал сүт емген әйел ал (ҚЕ). Онан соң қайта сөзге келген де жоқ. Сол жерде Сарыбай да *дүние салды* (ҚКВС). Кейін тағы бір ет асымдай мезгіл өткен соң, таңға тақаған кезде Дәркембай *дүние салды* (М. Ә.).

ДҮНИЕ ЕСІГІН АШТЫ *Өмірге келді, тіршілік әлеміне енді.* Туғанда *дүние есігін ашады* өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызығын бәрі өлеңмен, Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең (Абай).

ДҮНИЕ ЕСІГІН ТЕУІП АШТЫ *Бұл жерде ақын ескі өмір құрсауын бұзып шықты деп отыр.* Ескі *дүние есігін теуіп ашып*, Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып (Қ. А.).

ДҮНИЕ ЖАЛҒАН [ФӘНИ] *Дүние мәңгілік емес, тез өтеді деген мағынада.*

ДҮНИЕ [ЖЕР] КЕЗДІ *Әлемді шарлады.* Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны болжағыш адам екен. Ол бір жерде отырмай, үнемі *дүние кезіп*, тіршіліктегі жақсы-жаманды көріп, салмақтап, сынап, байыбына жетіп, біліп жүріпті (ҚЕ).

ДҮНИЕ ҚОҢЫЗ *Дүниеқор, пасық, малқор.* Менің қайынымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынына жыбырлағаннан басқа істейтін адам сияқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан *дүние қоңыз* (М. Ә.).

ДҮНИЕ ҚУДЫ *Мал-мүліктің соңына түсті, көзі тоймады.* *Дүние құдық* екіленіп, Ұстамаққа кезеніп, Дүние қырын салмады, Ешбір бізге еміреніп (Б. Ө.).

ДҮНИЕНІ БІР ТИЫН [-ҒА] САҢАМАДЫ [ЕСЕП КӨРМЕДІ] ○ ДҮНИЕНІ ТИЫН ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ *Мал-мүліктің бетіне қарамады. Дүниені бір тиын есеп көрмей-тұғыны, жомарттығы, әр түрлі белгісі бойында тұрмас па еді (Абай).*

ДҮНИЕНІ КЕҢ САЛДЫ *Емін-еркін дәурен сүрді. Бұ дүниені кең салып, Алтынды қамшы қолға алып (ҚЖ).*

ДҮНИЕНІ КӨРДІ *Өмірдегі ащы-тұщының дәмін татты. Әр жігіт дүниені көргені артық, Дүниеден не бар-жоғын сөзгені артық. Түскендей аспан жерге іс болса да, Бел байлап, төуекел деп төзгені артық (А. Қор).*

ДҮНИЕНІ ҚАН САСЫТТЫ *Ойран-топыр қылды, қырып-жойды. Дәулет пен бақты қуып құныққан, дүниені қан сасытып, туғалы тоймай өткен, Ақсақ (ҚЕ).*

ДҮНИЕНІҢ АЗАБЫН [МАШАҚАТ-ТЫН, БЕЙНЕГІН] ТАРТТЫ [ШЕКТІ] *Қорлық көрді. Мұңлық пенен Зарлыққа қосылар күнім болар ма, Дүниенің тарттым бейнегін, Түзелер ме екен келбетім (МЗ). Көл қылып құйдым талай судай ағын, Сөйлей көр өлмей тұрып, тіл мен жағым, Дүниенің машақатын шектім талай, Алмасын тіршілікте ердің бағын (Ш. Ж.).*

ДҮНИЕНІҢ БОҒЫ *к ө н е. Мал-мүлік, бұйым. (Бұл жерде дүние құған қылықты сынай отырып айту бар). Мал басына бармаңдар, Ақырет қамын қармаңдар. Дүниенің боғы үшін, Сірә тіпті азбаңдар (Ш. Қ.).*

ДҮНИЕНІҢ ДӘМ-ТҰЗЫН ТАТТЫ ○ *ӨМІРДІҢ ДӘМІН ТАТТЫ [БІЛДІ] Біраз жерді аралады, өмірдің ащы-тұщысын көрді. Мәдине өзі ескі дүниенің біраз дәм-тұзын татып, сол келемде қалыптасып қалған көзқараспен келсе де, жаңа заманға бар пиғылымен разы (С. Ш.). Кейінірек өмір бағытының дәмін тата бастаған соң, қандай тілек болса да орындалатынына көзім жете бастаған соң, Анри Барбюсты көруге өте құмар болдым (С. Е.).*

ДҮНИЕНІҢ ЖАРТЫСЫНДАЙ *Өте үлкен, зор. Көпірмен жүріп, дарияның ар жағына шықтым, ар жағында дүниенің жартысындай тас бар екен (ҚЕ).*

ДҮНИЕНІҢ ТОЗАҒЫ *Өмірдің соры, тіршіліктің қорлығы. Атың шабан болса, жалғанның азабы, Алғаның жаман болса, дүниенің тозағы (ШС).*

ДҮНИЕНІҢ ТӨРТ БҰРЫШЫ *Барлық элем, күллі жер жүзі. Бір күнде жас көңілін судай бастың, Тасқындап кемерінен шалқып астың. Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжап, Қиялмен көк қапысын барып аштың (Ш. Б.).*

ДҮНИЕНІҢ ТҮТҚАСЫН ҰСТАП ТҮРДІ *Болып-толды, билеп-тестеді, дүниеге тірек болды. Сенсіз де таңым атып, тауығым шақырады. Дүниенің тұтқасын ұстап*

тұрған сен емессің. Палуан болмай-ақ қойдым (ЛЖ).

ДҮНИЕНІҢ ТІЛІН БІЛЕДІ *Өмірдің сырын пайымдағыш, түсінігі мол, көреген кісі туралы айтылады. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды (Абай). Қызы оқымысты, дүниенің тілін біледі (ҚЕ).*

ДҮНИЕНІ [МАЛ-ЖАНДЫ] ТӘРІК ҚЫЛДЫ *Дүниеден безді. Қаңғырып кетті жапанға, Тәрік қылып дүниені, Шыбын жаңды қинады, Бір перзенттің дертінен (МЗ).*

ДҮНИЕНІ ТЕПТІРДІ ○ ДҮНИЕНІ ШАЙҚАП ӨТТІ [ШАЛҚЫТТЫ] *Өмірді той-думанмен, қызық, тамашамен өткізді, рақат өмір сүрді. Одан соң біздің елде Тайпақ өткен, Дүниені заманында шайқап өткен (ХӨ).*

ДҮНИЕ [ӨМІР] ӨТТІ 1. *Тіршілік өмір артта қалды. Сізден дүние өтіпті Мен де артынан кетейін (БЖ). 2. Дәурен кетті.*

ДҮНИЕ ӨРТЕНІП БАРА ЖАТСА ДА... *Қандай ауырлыққа, қиыншылыққа тап болса да. Осы мінезін білген жұрт дүние өртеніп бара жатса да бұған жалынуды қойып алған (Т. А.).*

ДҮНИЕ САРСАҢ *Әуре, сергелдең, бос сандалыс. Болатын дүние сарсаң туған шақта, Өскемін отын — жастық, құм — құндақта; Жер теуіп темір өкшем балға болған, Иленген тікен шеңгел бұл құшақта (І. Ж.).*

ДҮНИЕСІ ТАР *Көңілі алаң. Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар. Анда-санда болмаса, сөйлеспейді, Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар (ҚКВС).*

ДҮНИЕ — ШЫР АЙНАЛҒАН БІР ДӨНГЕЛЕК *Өзгермелі, құбылмалы дүние.*

ДҮҢК ЕТЕ ҚАЛДЫ *Тез тарады, лезде жайылды (хабар, лақап туралы). Көкшетау жақты шауыпты деген хабар келесі күні-ақ бүкіл Сарыарқаға дүңк ете қалды (І. Е.).*

ДҮҢК ЕТТІ *Күтпеген жерден, түйеден түскендей айтып салды. Галя өз ойымен алаң болып, қасындағы жігіттің сөзін де ден қойып тыңдамады. Кенет Бөшек түйеден түскендей: — Мен сені сүйемін, — деп дүңк еткізді (Т. А.).*

ДҮҢКІ ЖҮРДІ *ди а л. Еппен жүрмеді, алды-артын байқамады, аптығып жүрді. Бөрі өздеріңнен, дүңкі жүресіңдер (Қ. орда, Арал).*

ДҮРДАРАЗ БОЛДЫ *Араздасты. (Бірде тату, бірде араз жандардың сырттай өкпелесуі). Кеше қидаласып, біріне-бірі алыстан қамшы сермесіп, дурдараз болып жүрген Торғауыт пен Ноғайбай бірігіп кетіпті (С. Тал.). Бірде тату, бірде араз, Боп жүргенде дурдараз (ХӨ).*

ДҮРЕГЕ ЖЫҚТЫ ○ ДҮРЕ СОҚТЫ *Өлтіре ұрды, сілейте сабады. (Дүре*

парсы сөзі, бұрынғы уақытта шонжарлардың жазалыларды ұрып айыптайтын қамшысы; жаза кесігінің бір түрі). Өзінің туған сауырына, Келген соң кімді аясың, *Жығып салар дүреге*, Қызыққан соң параға (Ш. Қ.). Ояз алғаш тақай берген күндерінен-ақ алдынан шыққан Қызыл Адырмен Шыңғыстың екі старшынына қолма-қол дүре соққызыпты (М. Ә.). Жауап берген көктіге, Білгі дүре соғады. Бейнет шегіп талайы, Жылап кетіп барады (Н. Б.). Боқтап, қорқытып, бөлмелеріне апарып шешіндіріп, жатқызып мылтықтың түбімен құйрықтарына дүре салды (С. С.).

ДҮРМЕККЕ ЕРДІ [ЛІЕСТІ] *Көпшіліктің жетегінде кетті*. Қолдар бір жерден көтеріле бастады да, көбейе-көбейе келіп, ақыры класта отырғандардың бәрі, тіпті білмейтіндері де *дүрмекке еріп кетті* (М. И.). Мектепте кісі боласың, *Дүрмекке еріп дүрлідеп*, Мектепке бәрің бүгін кел, Оқисың, думан саласың (Жамбыл).

ДҮРРІ ЖАУҒАР СЫРҒА *Асыл тасты сырға*. («Дүрр» — парсыша інжу). *Дүррі жауғар сырғасын* Көтере алмай тұр құлағы (ҚЖ).

ДҮРСЕ БАС САЛДЫ [ҰМТЫЛДЫ] **○** **ДҮРСЕ ҚОЯ БЕРДІ 1.** *Кенеттен тура ұмтылды*. Бала сайға түсе бергенде ұрылар екі жағынан *дүрсе ұмтылды* (ҚЕ). **2.** *Жекіді, дауыс көтерді*. («Дүрсе» — парсы сөзі, шапшаң, тура мағынасында). Дереву, іле-шала Абуов жолдас қыз-келіншектердің дегбірін одан сайын қашырмақ болып тар жерден тәсіл іздеп, *дүрсе қоя бермесі* бар ма (С. Төл.). Омардың айтысы-ақ сол екен, жан-жағынан *дүрсе қоя берді* (С. Т.).

ДЫБЫС БЕРДІ *Дауыстады, дауыстап белгі берді*. Мен ғой келген, — деді Андрей Шығанаққа жақындаған соң *дыбыс беріп* (Ғ. Мұс.). Қақпаның ар жағынан біреу келді, Күзетші сол екен деп *дыбыс берді* (Абай).

ДЫБЫСТЫ АДАМ *диал.* *Атақты адам, даңқты адам*. Бұл Махамбеттің өзі *дыбысты адамның бірі* екен ғой (Қ. орда, Арал).

ДЫҒЫРЫ МЕН ЫҒЫРЫН ШЫҒАРДЫ **○** **ЫҒЫРЫН ШЫҒАРДЫ** *Берекесін алды, жазалады, шырқын кетірді*. Алтын еді бір күнде, Ағаш болды тұғырың. Тиюсыз тентек төлеңгіт, *Шығарды* елдің ұрлықпен, *Дығыры мен ығырын* (Д. В.).

ДЫҚ САЛДЫ [ТҮСІРДІ] *Көңілін қалдырды*. Ақыллы атаң саған айтпайтын ба еді: «Қой, балам, ұят қой, — деп, — жарбақтаған». *Дық салып* қатарыңның көңіліне, Өсектен олжаң қанша жинақтаған? (Айтыс).

ДЫМАҒЫҢ ШАҚ ПА? *диал.* *Денің сау ма?* (Шымк., Мақ.).

ДЫМ АЛДЫ **○** **ДЫМҚЫЛ ТАРТТЫ** *Суланды, дымқыл болды*.

ДЫМ БҮРІКТІ *Су себеледі, жаңбыр сіркіреді*. Сұрғылт тұман *дым бүркіп*, Барқыт бешпент сулайды. Жеңіменен көз сүртіп, Сұрланып жігіт жылайды (Абай).

ДЫМ ТАТЫРМАДЫ *Ештеңе бермеді, аузына нәр салғызбады, талшық тістеткізбеді*. — Рақмет, қарақтарым, дұрыс екен талаптарың. Бұның қылығын өзім де жаратпадым. Мен оның көзін жоямын. *Дым татырмай* қораға байлаймын да қоямын (О. Ә.).

ДЫМЫ [ДІҢКЕСІ] ҚҰРЫДЫ 1. *Жүйкеледі, шаршады, сілесі қатты*. («Дым» деген сөз «құрыды» дегеннен басқа «қалма», «жоқ» сөздерімен өзінің түбір қалпында да, тәуелді түрінде де тіркесе берді: дым қалмады, дымы қалмады т. б.). *Діңкесі құрып* — құр сұлдер, Екі иінінен тыныстап, Дем берердей туған жер Топырағын ұстап (М. Әл.). Өнеугүні кеғалға шығып, ауыл сыртында әдейі классикалық күрестің әдіс-айласын ебден *дiңкем құрып* шаршағанша көрсеттім (ЛЖ). Ит жанды жау сонша өлермен көк жұлын боп, *дымы құрып* жатса да, әлі көктен, жерден соққылап тұр оқпен ұрып (Ә. Ә.). Жауы жанынан табылған, жақындары жабылып *дiңкесін құртқан* Омар сорлының құр қынжылып, сақалын жұлудан басқа не әлі бар? (С. Т.). **2.** *Лажы таусылды*. Айтқанына иландыра алмай *дымы құрыды* (АТ). **3.** *Ынтықты, сұқтанды*. Жігіттің қызға *дiңкесі құрып* отыр (АТ).

ДЫМЫН ШЫҒАРМАДЫ 1. *Үндемеді, аузын ашпады*. Не десе де *дымын шығармауға* бекіді (АТ). **2.** *Үнін өшірді*. Өкімі жүріп тұрған кезде жұрттың *дымын шығармай* қырып жібере жаздады ғой (АТ).

ДЫМЫҢ ШИҢДЕ ВОЛСЫН *Үндеме, ешкімге айтпа*. Екеуіміз ғана білейік, *дымың ішінде болсын* (АТ).

ДЫРДУМЕН ӨТТІ *Алаңсыз ойын-күлкі, айқай-шумен өтті*. Киіктей дөңнен-дөңге ырғуменен, *Өтіпті-ау* көп уақыт *дырдуменен*. Не дермін қайран мезгіл қайырылып кеп, Сұраса өз өтеуін бір күн менен (Ш. Мұқ.).

ДІГЕР САЛДЫ *Маза, шырқын кетірді, берекесін алды, әлек салды, төбесіне әңгір таяқ ойнатты*. Алаған адамдарды жеткізбей жатқан облыстық совхоз трест басшылығына да Строгов маза бермей *дiгер салды* (М. Ә.).

ДІКЕҢ ҚАҚТЫ *Мазаны алып қыдыңдады, қожаңдады; қоқаң-қоқаң етті*. Балuanы шешінген жақ *дiкең қақты*, «Кісінді шығар» — деп-ақ бақты, Шыдамай шешінерге нелер балуан, Самай тер шекелерден шып-шып ақты (І. Ж.).

ДІЛГІР БОЛДЫ *Өте зәру, мұқтаж болды*. Қалған тұнып жер аспан, *Дiлгiр болып* бір тілге. Зердей сұлу Заравшан — Сенің күміс күлкің бе? (С. Мәу.).

ДІЛГІРЛІК СОРЫНА БЕЛДЕН БАТТЫ *Мұқтаждыққа түсті, жоқтық-мұқтаждық азабын тартып отыр. Кедейлік жаншып, ділгірлік сорына белден бағып отырған жоқ-жітікке жаны ашыды (Ғ. М.).*

ДІН АМАН *Тегіс аман, есен, сау, бүтін. «Дін аманмын, бармын, алаң болмасын! Осыны білдір!» — деді (Ж. Ж.).*

ДІН КҮТТІ *дін и. Құдайға сыйынды, жолын құды. Сенен хандық кетті, Менен жыл қуған жастық кетті. Енді дін күтті, Жан бағатын уақыт жетті (Ш. Қ.).*

ДІН МҰСЫЛМАН АҒАЙЫН *дін и. Күллі мұсылман жұрты, қауымы. Өлең ғып ем өзгені, Мұны жырлап жазайын. Құлағың салып тыңдағын, Дін мұсылман ағайын (МЭ).*

ДІННЕН АЗДЫ *дін и. «Құдай жолынан» безді деген мағынада.*

ДІНІНЕ [ДІНІ] БЕРІК **○ ДІНІ ҚАТТЫ** *Өте қатал, қатыгез адам. Ер Қозы жүріп кетті қатты дінді, Шуылдап елі-жұрты салды үнді (ҚЖБС). Соған қарамастан әлі де дініне берік (Ә. Н.). Ақбала күйеуінің ықыласына да шімірікпей қойды.*

Еламан бұрын-соңды жас адамды, дәл мұндай дініне берік кісіні көрген емес (Ә. Н.).

ДІНІН БҰЗДЫ *Жолдан тайды; сертіннен айныды. Шопандар сені көріп созды қолын, Сенің үшін бұзды дінін, бұзды жолын. Туралықты бұзықтыққа алмастырған, Сенің түсің, сенің суың, сенің буың (М. Қал.).*

ДІНІН САТТЫ *Арын, ұятын айырбастады. Сарыбай өзі мерген маралды атқан, Маралға ит Қарабай дінін сатқан... (ҚЖБС).*

ДІҢКЕГЕ ТИДІ **○ ДІҢКЕНІ ҚҰРТТЫ** *Титығына жетті, тұралады, болдырды. Мынау соғыс халықтың әбден діңкесіне тиген жоқ па (І. Ж.).*

ДІРДЕК ҚАҚТЫ 1. *Тоңып бүрсеңдеді. Дірдек қағып жүре алмай, Аңдар қарда бүрсеңдеп, Қасқыр да жай тұра алмай, Қоралы малға кірсем деп (Т. Ж.). Жанібек жаутаң-жаутаң етіп, Жамал жатқан жертөленің есігінің алдында дірдек қағып, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр (Ә. Ш.). Осы суықта пеш жоқ үйде отырмыз. Бала-шаға, кемпір-шал дірдек қағуда (Қ. Қ.). 2. Алдында зыр жүгірді.*

Е [Я] **БӘСЕ Құптай мақұлдауды білдіреді:** *өзі де солай болуы керек деген мағынада.* Торы жорға озып келді! — *Е бәсе,* торының бейгені бермейтінін мен де біліп едім (ҚӘ). *Я, бәсе,* келгенде мылтыққа шаба алмады (С. М.).

ЕБЕЛЕК ҚАҚТЫ *Қолды-аяққа тұрмады; аяқ-қолы сайға тимеді, зыр жүгірді.* Айтқанымды екі етпей, *Ебелек қағып жүр өзі...* (Ө. А.). Атака тағдырын противогаз шешетіндей-ақ химия бөлім бастығы да *ебелек қағады.* Түн қараңғы (Т. А.).

ЕБЕПТЕН СЕБЕП *Бітетін іске не болса сол желеу деген мағынада.* *Ебептен себеп,* балшықтан мұрат (Мақал).

ЕБІН [ЕСЕБІН] ТАПТЫ *Амалын келтірді, істің жөнін, қисынын келтірді.* Келдің бе *ебін тауып* қалқашым деп, Боз үйге есік ашып енген қандай? Сол жерде айтыспаған сыр қалмайды, Мысалы әбдіре ашып ақтарғандай (А. Қор.). Ертең тос. *Есебін тауып,* көреміз, келемін, — деді Абай Тоғжанға (М. Ә.). Дәулет болмас тапқан мал, *Есебін тауып* құрамай (М. Сұл.). Бай шал отыр тоқпақ шауып, *Вейбіше* отыр бие сауып. Сонда барсақ *ебін тауып,* Болмақ қызық ойын-сауық (Ө. Т.). *Есебін тапқан* екі асар (Мақал).

ЕБІ КЕЛМЕДІ [КЕТТІ] 1. *Икемі болмады, жуыспады.* *Ебі кеткен* ерінің дірілі жоқ (АТ). 2. *Басы бірікпеді, берекесіз іс істеді.* Нары жалқау кер табан, *Кұсы — күйшіл,* ат — шабан, *Жырғалың жоқ,* жобалаң, *Ебі кеткен* ел болды, Енді қайда мен барам! (Д. В.).

ЕГДЕ [МОСҚАЛ] АДАМ [КІСІ] *Үлкен адам, орта жастаң асқан кісі.* Ері әйелін жұбатып, болған істің мән-жайын әлгі *егде адамға* түсіндіріп жатыр (Ө. Көп.). Сауатсыздықты жою ісінде өзін басқалардан озық сияқты. Сондықтан осы адамдардың бұрын сауатын ашуды жас Ардақ *егде адамға* ойлайды (Ғ. Мұс.). Шауып келген Баймұхамбеттің керуен

бастығы жаралы *мосқал адамнан* білгені бұларға тиген Ағыбай тобы екен (І. Е.).

ЕГДЕ [МОСҚАЛ] ТАРТЫ *Жер орғасы жасқа келді, жасы ұлғайды.* Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал *егде тартып* зауал шағына бейімдеген сайын дүние кеңейе береді екен, — деді Ұлжан (М. Ә.). Қойшы, *егде тарта* үйленсе, о да «құдайдың бергені» (М. Е.). Байсалды, *мосқал тартқан* адамның қосылуы тұла бойды дірілдетіп жіберді (А. Т.).

ЕГЕС ШЫҒАРДЫ *Ұрысты, керісті.* Өңкей жақсы қосылса, *Бітіреді* кеңесті, Өңкей жаман қосылса, *Шығарады егесті* (М. Сұл.).

ЕГЕСІ ШІКЕ [ШІТЕ] КЕТТІ *Ежелден кекті еді, ескі кезі қалған еді.* Байеке, құтты болсын көнесіңіз, Исатай *ішке кеткен егесіңіз.* Ақ сұңқар түлегенде түк қалады, Бұл да бір қалған жүгім демесіңіз (Ш. Ж.).

ЕГІЗ ҚОЗЫДАЙ *Өте тату, айрылмас дос.* Амантай мен Тұяқбай жас кезінде *егіз қозыдай* тату еді (С. М.). Әкесі *егіз қозыдай* екі баласының мұңайғанын көрген сайын реңі қашып тістенді, ащы заран лоқсытқандай шүйіліп жатты (Ж. А.).

ЕГІЛІШ ЖЫЛАДЫ *Солқылдап көз жасын төкті, ағыл-тегіл жас төкті; зарлады, қайғырды.* Ахмет естіген сайын өне бойы шымырлап, үзіліп кете жаздағандай болып, *егіліп жылап* отырып мынаны айтты (С. Т.). Досы тар жерде жатқан Балуан баладан жаман *егіліп жылады,* оны ұзақ уақыт уату қиын болды... (С. М.). Қодарды өлтіру сұмдығын көзімен көргеннен кейінгі Абайдың *егіліп жылауы* қандайлық терең сырлы, қандайлық жан азабы десеңізші (Е. Ы.).

ЕЖЕ ҚАБЫЛ КҰДА *Құдандалы жекжат туралы айтылады.*

ЕЖЕЛГІ ДҮШПАН *ЕЛ БОЛМАЙДЫ* *Ата жау ымыраға келмейді деген мағы-*

нада. Ата дұшпан сен едің, Ата жауың, мен едім, *Ежелгі дұшпан ел болмас, Етектен кесіп жоқ болмас* (М. Ө.).

ЕЖІЛ-ҒОЖЫЛ БОЛДЫ *Бір-бірімен шүйіркелесіп, ауыз жаласып сөйлесіп кете алмады, әңгімелері қиыспады. Шұға жай сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша ежіл-ғожыл бола алмады* (Б. М.). Жақсылық бұрын Қайырбекті көңілді қарсы алатын. Бұл жолы сәлем беріп, орындық ұсынғанмен, онша ежіл-ғожыл бола қойған жоқ (Ғ. С.).

ЕЗ АДАМ [ЖІПТТ] *Ар-намысы кем кісі.* (Қолынан іс келмейтін адамға да «ез екенсің!» дейді. Мылжың мағынасында да айтылады. Осы мағынада әдеби тілде «ердің бағы — ездің соры» деген сөз орамы кездесіп отырады). Ұқпайсың бізді демейік, Емессің ғой *ез жігіт*, Есбол-ау, саған сенейік, Тоңбайын жұртты тез жібіт (Х. Ер.).

ЕЗУ ЖИМАДЫ *Күле берді, ұзақ уақыт күлкісі тыйылмады.* Дәурен ағайды өзіне ұқсаған қиықша қой көзді, дөң мұрын, қалқан құлақ кішкене қоңырдың да *езуі жиналмайды* (З. Қ.).

ЕЗУ ТАРТТЫ *Күлімсіреді, сәл ғана жымыды. Езу тартты қызыл ер, Автоматын ұсынып, Өлім іздеп келгендер, Жатты аяққа басылып* (Ж. С.). *Езу тартып* күлуге жараған кезінен бастап-ақ, Бөпежанның қылықтарынан әкесіне тәтті көрінбеген біреуі де жоқ (С. М.).

ЕКЕУ АРА 1. *Екі адамға ортақ.* Айша әзілге үйір, ашық кісі көрінеді: — Болыс бүгін сырқаттанып қалды. *Екеу ара* бір шал еді, жатып қалмағай-ақ, — деді де орнынан тұрды (Ғ. Мұс.). *Екеу ара* бір табақ (АТ). 2. *Өзара.* Бірде шопандар арасында мынадай әңгіме болды. *Екеу ара* сөйлесіп тұрып: Неге осы кейбір капиталистік елдер өмір шындығын теріс айналдырғысы келеді, өсек айтады? (ЛЖ).

ЕКЕУДЕН ЕКЕУ *Екеу (екеуі) ғана, басқа жан жоқ.* Мына дағардай төрт бөлмеде сопайып *екеуден екеуіміз* құлазып қалғанымыз ғой (С. Ш.).

ЕКСЕ ЕМЕС д и а л. *Кенде емес, зәру емес.* Біздің колхоз мал мен жерге *ексе емес* (Шығ. Қаз., Болшы.).

ЕКШЕГІ КӨРСЕТТІ д и а л. *Мейлінше анық көрсетті, дәл көрсетті* (Қ. орда, Арал).

ЕКІ АЙНАЛЫП КЕЛМЕЙДІ *Қайта оралмайды, қайталап бола бермейді, қолға түспейді.* Адай жылқысын бұдан былай таза сақтап «өзара жақсарту» кажет. Мұндай тарихи жылқы тұқымы *екі айналып келмейді* (М. Е.). Желдей заулап бір күні, Өте шығар бұл дәурен, Көзінді ашып-жұмғанша. Бір кеткен соң басыңнан, *Екі айналып келмейді* (Б. Ө.).

ЕКІ АУЫЗ СӨЗ *Қысқа, тұжырымды әңгіме.* Әділ бидің алдынан іс кетпейді,

Жәбірлікті нәпсі үшін істетпейді, Ердің құнын *екі ауыз сөзбен* айтып, Абыройын кісінің еш төкпейді (АӨ).

ЕКІ АЯҒЫН БІР ЕТІККЕ ТЫҚТЫ *Састырды, алышысын қуырды.* Келіншек Мейрамның *екі аяғын бір етікке тықты.* Сөзі тіпті заңды, дәлелді. «Кетеміз, қырамызы» жоқ (Ғ. Мұс.). Раушан мына қалпын қоймаса, *екі аяғымызды бір етікке тығудан тайынбас*, — деді Қайырбай (Б. М.).

ЕКІ АЯҒЫН [ӨКПЕСІН] ҚОЛЫНА *АЛДЫ* *Табаны сайға тимей жүгіре жөнелді, аяғы аяғына жұқпады; асығып келді.* (Асыққан, қуанған кісіге айтылады). Үш мың сом қолға тиетін болған соң, жаббарқұлда, жан бар ма? — деп Жанғозин *екі аяғын қолына алып*, ауыл Советке қарай тартты (С. Төл.). Мөңке арсалаңдап келе жатқан Курнос Иванды көріп, Еламанға: — Мынауың *екі өкпесін қолына алып* келе жатыр ғой, — деді (Ө. Н.).

ЕКІ АЯҚТЫ *Бейнелі мағынада: «адам», «кісі» дегенді білдіреді.* Төрт аяқтыда бота тату, *Екі аяқтыда* құрдас тату; *Екі аяқтыда* бажа тату, Төрт аяқтыда бота тату (Мақал). Анадай тұрып қарасам, Жанды ерітер жандайсың, Жуып кетсем мағына, *Екі аяқты* малдайсың (С. Т.). Бұл — *екі аяқтының* қуы (АТ).

ЕКІ БАСТАН *Ежелден, қашаннан. Екі бастан*, арғы жағын өзіңіз де түсінетін шығарсыз (Ғ. С.). Төртеуі түгел барып қостарына, Қуанып қосылып жар-достарына, Мақтасып *екі бастан* жатыр ерді, «Саулықтың шығарды, — деп — бостанына» (Т. I.).

ЕКІ БАСТЫ САМҰРЫҚ ҚҰС *Аңыз бойынша ерте кезде екі басты алып құс болған; ертегілерде көп кездеседі. Келеле бұл тіркес зорлық көрсетер күш иесінің баламасына айналды.*

ЕКІ БАСЫН ҰСТАП, ОРТАСЫНАН ТІСТЕП *кекесін.* *Сараңдық туралы айтылады.* Сендей сараңды көргенім жоқ, қу сүйектің де *екі басынан ұстап, ортасынан тістейсің* де отырарсың, Қарабайдан қай жерің артық? (АТ).

ЕКІ БОЛМАЙДЫ *Қайталанбайды.* Хан жарлығы *екі болмайды*, — деп алысқа келген жасы бар, ақ араласқан шашы бар адамдардың барлығын қыра беріпті (С. Қ.).

ЕКІ ДАЙ [ЖАР, ЖАҚ] БОЛДЫ **○** **ДАЙ-ДАЙ БОЛДЫ** **○** **ЖАҚ-ЖАҚ БОЛДЫ** *Екі жаққа бөлінді, жақ-жақ боп екіге бөлінді.* Осыдан *екі дай боп* елеуресті, Үйткені етке тойып, қымыз ішті. Құтырған қораздайын қырқыстырып, Дағдырын қос аусардың сүйтіп шешті (I. Ж.). Ел *екі жар* болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп бұрынғыдан ұрлығын әлденеше асырады (Абай).

ЕКІ ДҮНИЕ *Діни ұғымда екі дүние бар деп есептейді: бірі тірліктегі кез,*

бұл — жалған дүние, екіншісі, адам өлгеннен кейінгі кез, бұл — шын дүние. Екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хауіп, екі дүниенің жақсылығына рақаттың бәрі бірдей екен (Абай). Дін де осы шын ойлаоаң, тағат та осы, *Екі дүние бұл тасдиқ — хақтың досы*. Осыларды бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуесқой — онан шошы (Абай).

ЕКІ ДҮНИЕ БІР ҚАДАМ *Сырдың суы сирағымнан келмейді, айтқаны қаперіме кірмейді деген мағынада.*

ЕКІ ЕЗУІ ЕКІ ҚҰЛАҒЫНДА **Ө** **ЕЗУІ ҚҰЛАҒЫНДА** *Өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, маз-мейрам. Нияз маз болып, екі езуі екі құлағына жеткенше күліп: А-а солай ма!... деді (С. С.). Жақсылық екі езуі екі құлағында, жарқылдай түсіп, қасындағыларға жалт-жұлт қарап асыға басып келе жатыр (Ғ. С.).*

ЕКІ ЕЛІ АЖЫРАМАЙДЫ **[АЙРЫЛМАДЫ, ҚАЛАМАДЫ]** *Үнемі жанында, қасында бірге болды. Көкірай қалада болған Мағаруияның білгенінен де көп пайдаланатын. Өзі Абайдың қасынан екі елі айрылмайды (М. Ә.).*

ЕКІ ЕЛІ АУЫЗҒА ТӨРТ **[БЕС]** **ЕЛІ ҚАҚПАҚ** *Сақтық ету, сыр шашпау; сөзіне, тіліне ие болу. Сөз бар ма, тілімнен таптым осының көрін. Жоқ, екі елі ауызға бес елі қақпақ керек екен (Ғ. Мұс.).*

ЕКІ ЕЛІ ҰЗАМАЙДЫ *Ешқайда ұзап, алыстап кетпейді. Алайда, ерінің жайсыз жатқаны Хакиманың тынышын алады. Ашу, ыза, реңжіске аралас, осы адамға арналған жақындық аяныш та одан екі елі ұзамайды (М. И.).*

ЕКІ ЕТЕГІН ТҮРІНДІ **1.** *Бел шешіп кірді, білегін сыбанды.* **2.** *Жолға түсті.* Бізден бұрын өгіпті. *Екі етегін түрініп, Әулие іздеп жүргенде, Ақ деген құлдар еңіреніп (Б. Ә.).*

ЕКІ ЖАҚТАДЫ *Екеуледі; екеуі бірігіп істеді.* Жалғыз тартпа тозған екен, үзіліпті. Тартпа қылуға шылбыр да жоқ. Олақтық пен салақтық *екі жақтап* Әбекеңді елсіз далада қинады-ау! (Ғ. Мұс.).

ЕКІ ЖАПСАҚ, БІР ЕПСЕК *«Екі жеп, биге шығу», еселеп пайда табу мағынасында айтылады.*

ЕКІ ЖАРТЫ, БІР БҮТІН **ВОЛДЫ** *Бірікті, ұйымдасты, қауымдасты.* (Бұл көбіне кемтар, жоқ-жітік, жалғыздік кісілер арасында болатын өзара селбестік). *Екі жарты, бір бүтін болайық.* Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік деп, Құтжанға құран оқи келгенде, Қодар Жәмпейіске зарын шақты да, қолына ұстап қалды (М. Ә.).

ЕКІ ЖЕП БИГЕ ШЫҚТЫ *Сәтін түсіріп, жұмыстың оңтайы, орайын еппен келтіруі туралы айтылады.* Мектепті берік, әдемі етіп салып алсақ, келесі жылдан бастап отырықшы болсақ, тура *екі жеп биге шы-*

ғамыз! (С. О.). Әрине, ел оқпанын Мақжан алдын ала біліп, оның үстіне қалың малын да көп беріп ойсыраған жоқ, істің сәті келе кетті, *«екі жеп биге шықғы»* (С. Тал.).

ЕКІ ЖҮЗДІ **[БЕТТІ]** *Кісінің көзіне бір түрлі, сыртынан екінші түрлі сөйлейтін, опасыз (адам).* Есеңгіреп жүрмесен, Елді неге даттайсың, *Екі жүзді* болмасаң, Байды неге мақтайсың?! (Жамбыл). *Екі жүзді*, сұрқия адвокат Мәкен дәлме-дәл және нанымды бейнеленіп, Мейманның епті сыңары етіп көрсетілген (М. Қ.). Бұған да қуандым, — *«екі жүзді алдамшыға сол керек!»* — деп түйіндім ішімнен (С. М.).

ЕКІ ИЫҒЫНА ЕКІ ҮКІ, БАСЫНА БІР ҮКІ ТАҒЫП *Асыра мақтады. Екі иығына екі үкі, басына бір үкі тағып, ажарлап таныстырдым (Ә. Н.).*

ЕКІ ИЫҒЫНАН **[ИІНІНЕН]** **ДЕМІН АЛЫП ОТЫР** **1.** *Болып, жегісіп отыр, семіріп отыр; деміне нан істі, мақтанды.* Дәркембай шықпай бөгелген екен, *екі иығынан дем алып* алқынған жыңды жігіттер: Шық, ойбай, құдайсымай! Болыс пен стражник қысып жатса, сен қу кедей де салмақтанамысың? — деп боқтап ақырып тастайды (М. Ә.). **2.** *Қатты ашуланып отыр.* Профессор Мусин *екі иығынан демін алып*, ышқына сөйлеп, булығып отыр (З. Қ.). **3.** *Ауырып, енгізіп отыр; шаршап отыр.* Ас ішу емес, Абай енді біржолата төсек тартып жататын науқастың күйінде екен. Ысынған *дем*і алқындыра деміктіріп *екі иығынан зорға алынады* (М. Ә.). Шолақ торы тайдың терін маржандай тамшылатып, *екі иінінен дем алып*, шөптің басына Шекердің інісі келіп тұр (Б. М.).

ЕКІ ИЫҒЫНА ЕКІ КІСІ МІНГЕНДЕЙ *Еңгезердей, өте тұлғалы.* Тракторист *екі иығына екі кісі мінгендей* алпамса тұлғалы адам екен (Қ. И.).

ЕКІ ИЫҒЫН **[ИІНІН]** **ЖҰЛЫП ЖЕДІ** **1.** *Қатты долданып, ашуланды.* Тұнып қалған топты толқыта, *екі иінін жұлып жеп*, еңгезердей қара жігіт келді (Ғ. Мұс.). **2.** *Еті тірі, пысық кісілерге айтылады.* *Екі иығын жұлып жеп* жүрген кісілерден гөрі, қайта осындай момын жандар ер жүрек батыр боп шығатын (Ә. Н.).

ЕКІ КЕМЕ ҚҰЙРЫҒЫН ҰСТАДЫ *Екі-үш істі (кейде бір-біріне кереғар нәрсені) қатарынан бітірмекші болғандарды айыптап айтылады.* Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім. Құлағын салмас, Тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім. *Екі кеме құйрығын Ұста*, жетсын бұйрығың (Абай). *Екі кеме құйрығын ұстаған* суға кетер (Мақал).

ЕКІ КЕШТІҢ АРАСЫНДА *Апақ-сапақта, іңір қараңғысында, көз байланар-байланбаста.* Қариялар күн қызылы тарап, аттап басылған *екі кештің арасында* құм шағылдың біріне шығады. Әңгіме-дүкен құрады (С. Бер.). Осыдан екі жеті өткеннен кейін, *екі кештің арасында* әлде-

қандай өз деревнясынан қайтып келе жатқан Алёнка оның күзет үйіне кіріп келгенде, Егордың жүрегінің алқынып соққаны сондай, қапелімде қорқып кетті (ЛЖ).

ЕКІ КӨЗДІҢ БІРІНДЕЙ **О** **ЕКІ КӨЗІНІҢ БІРІ** *Ең жақыны, туысқандай көре-тін адамы; бауыры; досы. Екі көздің біріндей, Екі талай жер болса, Мен едім қимас егізің (Б. Ө.).*

ЕКІ КӨЗДІҢ ШАРАСЫ *Көздің ұясы. Алтын шыны кеседей Екі көзінің шарасы (ҚЖ).*

ЕКІ КӨЗІ АЛДЫНДА *Алдыңғы жақтан көз алмайды, ылғи алға қараумен болады. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз саржан шамасында Есімбектің үйі тұр. Бірақ Шұға көрінбейді (Б. М.).*

ЕКІ КӨЗІ [КӨЗІ] СУ ҚАРАҢҒЫ *Көр, түк көрмес соқыр. Өзіне қатты ұнаған күйшінің біреуін алып қалады. Оның екі көзі су қараңғы екен (ҚЕ).*

ЕКІ КӨЗІ ТӨРТ БОЛДЫ *Сағынды, аңсады, жолына қарай-қарай шаршады, күте-күте зарықты, көруге асық болды. Жарайды, жаным Сара, сөйлер сөзің, Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің, Қалмақтай қолға түскен ықтиярсыз, Төрт болар құлға барсаң екі көзің (Айтты).*

ЕКІ КӨЗІ [КӨЗІ] ШАРАСЫНАН ШЫҚТЫ [АТЫЗДАЙ БОЛДЫ] *Қатты қорықты, үрей ұшты, жүрегі жарыла жаздады; сасып қалды; таң қалды. Сәтте қартайған, сақалының ағы басып кеткен Абайдың жүзі қазір апшақ құдай боп апты. Екі көзі шарасынан шығып, шатынап барады (М. Ө.). Зәуренің көзі шарасынан шығып бара жатты (Қ. И.). Түс көрді ме әлденеге? Шығып көзі шарасынан, Жалбарынып бір нәрсені Сұрағандай анасынан (А. Жұм.). Ахметтің екі көзі атыздай болды (Ә. Н.).*

ЕКІ ҚОЛЫ АЛДИНА СЫЙМАДЫ *Жұмыссыз ерікті, жалықты; өзін сыйғызар жер таппады. Осында келгелі мүлде өзгеріп барам. Екі қолым алдыма сыймай, ішім пысады. Бірдеме жетпейді, не екенін білмеймін. Көңіл соны далбасалап іздейді, таппайды... (Ғ. Мүс.).*

ЕКІ ҚОЛЫ ЖАҒАСЫНДА БОЛДЫ *Арпалысты, куресті, тайталасты. Керегі жоқ бұл төлеудің, мен төңірі алдында сұрармын, оған дейін екі қолым жағанда болар! (Ғ. М.).*

ЕКІ ҚОЛЫН [ҚОЛЫН] ҚУСЫРДЫ *Ізет, кішілік қылды. Екі қолын қусырып, Үлкенге қызмет қылады. Әдепті демей не дейміз, Жақсыдан ақыл білген соң (Д. Б.).*

ЕКІ ҚОЛЫН МҰРНЫНА [ТАНАУЫНА] ТЫҒЫП ҚАЛДЫ **О** **ЕКІ ТАНАУЫН ҚУСЫРЫП ҚАЛДЫ** *Құр алақан қалды, айырылып қалды, қолына дәнеңе ілінбеді. Есіп кетіп ақ жауын, Екі қолды танауға*

Тығып қалдық, қалайда, Облысқа, ауданға Мәжіліске барғанда (Ш. С.).

ЕКІ ҚОЛЫН ТӨБЕСІНЕ ҚОЙЫП... *Құр алақан қалып түңілді, безді. «Тілімді алмаса, өздерінің қолынан ау-құралыңды сыпырып ал! Өңкей қу тақыр кедейлер екі қолын төбесіне қойып тентіреп кетеді»,— деді Қаратаев Федоровка (Ә. Н.). Өйткені еңбекші бұқараның негізгі күн көрісі жер еді, олар егін салып қана күн көре алатын еді, жерден айрылса екі қолын төбесіне қойып тентіреп кететін (Б. Кен.).*

ЕКІ ҚОЯНДЫ БІР ТАЯҚПЕН ҰРЫП АЛДЫ [ӨЛТІРДІ] *Жолы бола кетті; бірден екі шаруаны бітірді.*

ЕКІ ҚҰЛАҒЫНАН БАСҚА АДАЛ ҚАРАСЫ ЖОҚ *Нағыз кедей; қу кедей, тақыр кедей, «тірсегі шыққан» кедей, аузын ашса, ішек-қарны көрінетін кедей.*

ЕКІЛЕНЕ СӨЙЛЕДІ [АЙТТЫ] *Еліріп, өршелене сөйледі; асқақтай, өректі сөйледі. Біреулер егіле жылап, енді біреулер екілене сөйлеп, даурыға қалыпты (Ө. С.).*

ЕКІНІҢ БІРІ **Ә** **ЕКІНІҢ БІРІ**, **ЕГІЗДІҢ СЫҒАРЫ** *Кез келген (адам), жұрттың бәрі. Әбдінің ең алдымен айтқаны қыстың жайы:— Қазір екінің бірінің аузындағы сөзі осы қыс боп тұр, Абай аға! Қыстан қысылған ел күн санап көбейіп барады (М. Ө.).*

ЕКІ ОЙЛЫ БОЛДЫ **О** **ЕКІ ОҚТЫ БОЛДЫ** *Дүдәмалданды, іске бел шешіп кірісуге бағылы жетпеді, өз ісіне сенімсіздік етті, көңілі тұрақпамады. Тағы да белгісіз күш Ержанды қыздардың вагонына сүйреп апарды. Ол екі ойлы болып тұрып, қыздардан артта қалып, кейінірек кірді (Т. А.). Әбдірахман хат жіберуге екі оқты болған соң мен демеп жібергем (Б. М.).*

ЕКІ ОРАЙДЫ Асыл түседі; озып кетеді. *Сол кезде, шаруашылықтың бұл сала-сында Қазақстанның бір өзі-ақ Американы екі орайтын болады (М. Е.).*

ЕКІ ОРТАДА *Тектен-текке, бостан-босқа. Екі ортада, бұ дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, бірине-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, басқа жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді (Абай).*

ЕКІ ОТТЫҢ АРАСЫНДА [ОРТАСЫНДА] *ҚАЛДЫ* *Айнала қиындыққа ұшырады. Жаным күйіп, кейде өлім сұраймын, Тағы ойланып бал тұрмысты қимаймын. Шыжық болған арасында екі оттың, Жүрегімді көз жасыммен бұлаймын (Б. К.).*

ЕКІ РҰҚ [ҰРЫҚ] *диал. Екі түрлі. Көреғлыны екі рұқ айтады (Жам., Шу). Екі талай, әлде қалай. Оқуға қайтар қайтпасы өзге түгіл, өзіне де екі ұрық көрінеді (Ғ. О.).*

ЕКІ СӨЗГЕ КЕЛМЕДІ **1.** *Көне кетті, келісе салды. Әбіш екі сөзге келмей-ақ түсін-*

ді. Мағышы иығынан құшақтап сипай түсіп: «Жүр!» деп бір-ақ сөз айтты да, шапшаң киіндіріп ерте жөнелді (М. Ә.).
2. *Ай-шайға келмеді. Екі сөзге келмей ұстаса кететін шатақ мінезді кісі (АТ).*

ЕКІ СӨЗДІ [СӨЗ] КӨТЕРМЕЙДІ *Әзіл-қалжыңды түсінбейді, біреудің айтқан әңгімесін жақтырмайды, сөзді басынан асырмайды.* Тәкәшпар Дағыстанда Жүсіп батыр, Бақыты асып құрбысынан келе жатыр, *Екі сөзді көтермес* зор көкірек, Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр (А. А. Қ.).

ЕКІ СӨЗДІ КІСІ Өгірікші, тиянақсыз кісі. *Екі сөзді* болып елеңдеп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс (Б. Мом.). Жұрттың бәрі сөз сатқан, Сатып алып не керек? *Екі сөзді* тәңірі атқан Шыр айналған дөңгелек (Абай).

ЕКІ СӨЗ ЖОҚ *Тұрақты; айтқанына, үдесіне берік.* Қаймақ еді көңілімде, Бізге қаспақ болды жем. *Екі сөз жоқ* өмірімде, Мен де сорлы бақыты кем (Абай).

ЕКІ СӨЙЛЕМЕС БОЛАР *Айтқан сертінен қайтпас, бір беттен айнымас болар.*—Хан *екі сөйлемес болар*,— деді Зейнеп енді екі көзі жалын атып,— мені Қараулекке байға берсең, Қоңырқұлжадан да өшінді қайтарасың (І. Е.).

ЕКІ ТАЛАЙДА [ҰДАЙДА] ○ ЕКІ ТАЛАЙ КҮН [ЖЕР] ○ ЕКІ ҰДАЙ ШАҒ *Қиын-қыстау, қысылтаяң шақ. Екі талай жер* болса, Ердің ісі жөн болар. Қаса батыр майданда... Иліп сәлем қылысқан, Ибаменен тұрысқан (ҚБ). Сапырсаң сар шараға құлаш керіп, Жылған мейманына құйып беріп, Ата ұлын, ене қызын безіп тастап, Кетпей ме *екі ұдайда* саған еріп? (С. Т.).

ЕКІ ТУЫП, БІР ҚАЛҒАНЫМ ЕМЕС *Ет бауыр жақыным емес, ағайыным, туысыңаным емес, екі көзімнің бірі, егізімнің сыңары емес.* Уа, қой, жеңгей,— деді Боранбай кейіп,— осындай қарлы боранда апаратын бұл менің қайбір *екі туып*, бір қалғаным еді? (С. М.).

ЕКІ ТУЫП, БІР ҚАЛМАҚ ЖОҚ *Бұл жерде әйтеуір бір өлім бар деген мағынада айтып отыр. Екі туып, бір қалмақ жоқ, мылтықтың даусынан құттарың қашпасын, жауға садақпен қан жұтқызып алайық та, содан кейін найза, сойылға жол берейік (І. Е.).*

ЕКІ ТІЗГІН, БІР ШЫЛБЫР [АЙЫЛ] *Ынтымақты ел-жұрттың ерік-билігін, билік тізгінін ұстау, ел-жұрттың көш басшысы болу мәнінде айтылады.* Ерегіскен дұшпанға, Айдаһардай шалысты, *Екі де тізгін, бір айыл.* Бір өзім деп салысты (В. В. Р.). Ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар

болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып, тілеу қылып, *екі тізгін бір шылбырды бердік* саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен (Абай).

ЕКІ ҰРТЫ СУАЛДЫ [СОЛДЫ] *Арыды, жүдеді.* Көзі бозарып, *екі ұрты суалып*, Ойсырап жүдеп қалышты (С. О.).

ЕКІ ҰШТЫ БОЛДЫ [СӨЙЛЕДІ] *Екі жақты; өгірік, шыны белгісіз, күмәнді деген мағынада.* Туысқаның, достарың — бәрі *екі ұшты.* Сол себепті досыңнан дұшпан күшті. Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған, Бұл не деген заманға ісім түсті (Абай). Құнанбай өз баласы туралы *екі ұшты болуын* тез жойып, Байдалы сөзінің салмағына көз салып кетті (М. Ә.). Агротом бригада басында қонған екен, бұлтақтап *екі ұшты сөйледі* (З. Ш.).

ЕКІ ШОҚЫП, БІР ҚАРАДЫ *Сақтық жасады.* Адам баласы біздің дұшпанамыз, сақ болыңдар, *екі шоқып, бір қараңдар.*— деген (ҚЕ).

ЕЛ [ЖҰРТ] АҒАСЫ [ТҰТҚАСЫ] *Көпшілік сыйлайтын қадірлі кісі, ел сөзін сөйлейтін кісі.* Социалистік Еңбек Ерлеріміз — *ел ағасы* адамдарымыз (ЛЖ). Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен (Абай). «Шіркін *ел ағасы* Мақажан ғой, өлген інісі Оспанның орнын жоғалтпады, кісі-ақ екен»,— деп жұрт шулады (С. Тал.). Кедеймін деп жасыман! Берекелі елді айтам, *Ел тұтқасы* ерді айтам, Басымнан сөз асырман (Айтыс).

ЕЛ АМАН, ЖҰРТ ТЫНЫШТА *Айдың аманында, заманның дұрыс кезінде, бейбіт күнде, жайшылық уақытта.* Ел аман, жұрт тынышта, Қырдағы ұлы құрылыста, Бізді неткен жау алад? (І. Ж.).— Қоя тұр кітабыңды бір мезгіл. Тыныштықпен шайымызды ішейік. *Ел аман, жұрт тынышта* күйінесің де отырарсың, не көрінді сонша! (Ғ. Мұс.).

ЕЛ АУЗЫНА ЕЛЕК [ҚАҚПАҚ] ҚОЙМАҚ БОЛДЫ ○ ЕЛ АУЗЫНА ЕТЕК ТЫҚПАҚ БОЛДЫ *Көптің сөзін, тілін тыймақ болды деген мағынада.* Ел аузына елек болма (Мақал). Жұрттың тілін, сөзін тия алмайды. Маған қойғызғанмен *ел аузына қақпақ* бола алмайсың (Ә. Н.).

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АДАМ *Мақтаулы, жұрт қалаған кісі, ауыздан-ауызға тарап, атақ-даңқы жұртқа кеткен кісі.*

ЕЛ [ЖҰРТ, КІСІ] АЯҒЫ БАСЫЛҒАНДА ○ ЕЛ ОРЫНҒА ОТЫРА *Қараңғы түсіп, ел аяғы салбыр тартқанда.* Шай ішіп, *ел аяғы* басылған кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен шығымдап сыр тартты (С. О.). *Жұрт аяғы* басылды. Ерте жататын еңбек адамының көбі ұйқыға да кірісті. Үйінде тықыршық атын шыдай алмай қонақтар отыр (М. Ә.). *Ел орынға отырар*

кезде Абай Қарашоқыдағы қыстауға тақап еді. Тоғайлы өзекте қарсы алдынан келе жатқан жалғыз салт аттыны көрді (М. Ә.). Бір кеште, ымырт жабылып, *ел орынға отырды-ау* деген мезетте, жылтылдаған оттың жарығы көзге ілініп, ауыл активтері оны қолға түсірді (М. Е.).

ЕЛ БАҚТЫ *Халыққа жол басшылық жасады* (АС). Ал, енді қалған өмірімізді қаттып, не қылып өткіземіз? *Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ* (Абай).

ЕЛ БАСТАДЫ ○ ЕЛ БАСТАП, ЖҰРТ АЛДЫ *Жұртты соңына ертті, халықты аузына қаратты*. Ту ұстап, тұлпар жаратпай, Алдынан топ таратпай, Жай отындай оқ атпай, Анадан тудым дегенмен, *Бастамас ел, ұлан ба?* (Д. Б.). А — а! *Ел бастап, жұрт алайын* деген ұл екенсің, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің, алдыңа келсе, әділдігіңді аяма, аймағың кетпес алдыңнан (Ы. А.).

ЕЛ [КІСІ] БЕТІНЕ ҚАРАЙ АЛМАДЫ *Ұятқа қалды, қара бет болды*. Қыстауым Сырымбеттің жел бетінде, Мың қарғыс сені өлтірген жеңдетіне, «Алыс жер, апарма» — деп қақсап еді, *Қарармын енді қалай ел бетіне* (І. Ж.).

ЕЛ БЕТІН КӨРМЕДІ *Елге оралмады*. Базаралы бас қияды да, *ел бетін көрмей айдауға кетеді* (М. Ә.).

ЕЛ БИЛЕП, ЖҰРТ ҰСТАДЫ ○ ЕЛ [ЖҰРТ] СҰРАДЫ ○ ЕЛ ҰСТАДЫ *Ел басқарып, өкім-билік жүргізді*. Олар да *ел билеген жұртты ұстап*, Патшаға қара қазақ барысқан жоқ (Ш. Ж.). Кешегі *ел ұстаған ханзаданың* Сізді де ұрпағы деп бердім сөлем (Ш. Ж.). Көдейден де талай топ жарған шешен, қол басқарған батыр, *ел ұстаған билер шыққан* (Ғ. Мұс.). Мынау *елді ұстарлық* кісі емеспін, кел, құтқар (Абай).

ЕЛ БОЛДЫ 1. *Терезесі тең халық болды деген мағынада*. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де *ел болып*, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек (Абай). 2. *Тату, арасы жақын болды, жақтас болды*. Айдалада екі батыр кездесіп қалады да, бірі екіншісінен: — Сен бізге жау боламысың, *ел боламысың?* — деді (АТ). Жиен *ел болмас, желке ас болмас* (Мақал). Енді Көксеректі өлтіріп, терісін алу керек; осы көпір түбінде *ел болмайды* — дейтін де болып еді (М. Ә.).

ЕЛ БҮЛДІРГІ [БҮЛДІРГІШ] *Халыққа лаң салғыш*. Халыққа емес сыйымды, Паракор баспақ биіңді, *Ел бүлдіргіш* беіңді, Әперіп сөзбен кегіңді — Ұлы тілмен ұлаттым (Д. Б.).

ЕЛГЕ [ЖҰРТҚА] ЖАЙДЫ *Даңғазға қып таратты, өсектеді*. Я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп *елге жайып* жүріп, айтып ырбаңдауға пысық... (Абай).

ЕЛГЕ СЫЙМАДЫ *Қайда жүрсе де сүйкімі болмады*. Өлсе көрге сыятын еді, тірі қалып еді — *елге сыяр емес* (Ғ. М.).

ЕЛДЕН АЛА БӨГЕН [АЛА БӨЛЕ] ○ ЕЛДЕН ЕРЕК ○ ЕЛДЕН ЕРЕКШЕ *Өзгеше*. (Жұрттан жырылып шыққан, я жұрттан беле қараған адамға қатысты айтылады). Шырағым-ау, бұл сұмдықты қайдан шығарып жүрсіңдер... *елден ала бөген* маған ауыз салғандарың қалай (С. О.). *Елден ала бөген* Сыздық мал айдайды, Сыздық лау тартады. Жазығы не? (Ғ. Мұс.). Сырым маған қыран топшылы, толық денелі, кең кеуделі, шалжақ төсті, жолбарыс бетті болып көрінді. Басы да *елден ерек*, торсық шекелі екен. Ағамды осыдан білдім, — депті (ШС).

ЕЛДЕН БЕЗГЕН *Туған-туыстан, өз ортасынан қашақтаған (адам)*. Май шайнаған билердің Нанға мұқтаж күні бар. *Елден безген* залымның Елге мұқтаж күні бар (ШС).

ЕЛДЕН ЕЛГЕ ЖҰРДЫ ○ ЕЛДЕН ЕЛДІ АРАЛАДЫ ○ ЕЛ КЕЗДІ *Жағалай қыдырды; ауыл-аймақты аралады*. *Елден елге жүрермін*, Елден жақсы көрінсе, Сені оған берермін (БЖ). *Елден елді аралап*, Қошқар, теке жинадың, Маңдайдағы бай болдың, Нәпсіңді неге тыймадың (Д. Б.). *Ел кездім* Кертөбелмен арықтағып, Жақсыға сөз сөйледім анықтатып, Үш жүздің ортасында Біржан едім, Бұл күнде қойды құдай шалықтатып (Б. Қож.).

ЕЛДІ АУЗЫНА ҚАРАТТЫ 1. *Билептестеді*. 2. *Шешен, ділмар, сөзге жүйріктігімен елді сөзіне ұйытты*.

ЕЛДІГІ КЕТТІ [ЫДЫРАП КЕТТІ] *Елдіктен айрылды, ел болудан қалды*. Күрт жегендей қуарып, Дөнің тандыр суарып, *Елдігің кетті ыдырап* (Д. Б.).

ЕЛДІК ЕТГІ [ЖАСАДЫ] *ди а л. Жәрдемдесті, көмектесті; елге лайық іс қылды*. *Елдік етіп* еңбегімізден ақша оралық депті (Жам., Мер.).

ЕЛДІК [-ТЕН] КЕТТІ *Ұйымшыл болудан қалды, ауыз бірліктен айрылды*. *Елдіктен* әбден кеткенде, Сүйекке зардап жеткенде, Шыққамыз бүгін жарыққа, Лағнат айтып өткенге (І. Ж.).

ЕЛДІ ҚАРАТТЫ [ЗАҢЫНА ҚАРАТТЫ] *Билігіне көндірді, үстемдік жүргізді*. Түпкі атаң Барақ хан, *Елді заңына қаратқан*, О да өткен дүниеден (ШС).

ЕЛДІ [ЖҰРТТЫ] ШАҚТЫ [ШАҒЫСТЫРДЫ] *Адамдарды бір-біріне айдап салды, араға өсек тасыды*. Кетеді таң атқан соң өсек бағып, Еріне былшылдайды *елді шағып*. Қонаққа тамақ бер деп ештеп айтса, Жүреді теріс қарап сыбыр қағып (А. Қор.).

ЕЛІ ЕМЕС *Душпан, қас*. Ханыша күйініп тұр сіздер үшін, Отауын бір текеңіз сүзген үшін. Жиылды жасақ сізбен жау-

ласуға, *Ел емес*, жау деп күдер үзген үшін (І. Ж.).

ЕЛЕҢ ЕТТІ Құлағын тікті.— Жолдас Марабайұлы Жаңдосқа сөз беріледі, — деді Ералин. *Жұрт елең ете түсті* (Ғ. Мұс.).

ЕЛЕҢ ҚЫЛМАДЫ *Ескермеді, елемеді, көңіл де бөлмеді.* Жаулар көп те бұлар аз, Оны да *елең қылмады* (Н. Б.). Бүгін қайта-қайта ат ауыстырып мініп, сол Марқабай талай Жігітекті аттан ұшырды. Өзі де сойылды көп жепті. Басы бітеу жара болса да, оны *елең қылған жоқ* (М. Ө.).

ЕЛЕС БЕРДІ *Көз алдына сағымданды, аздап қана көрінді, ептеп назарға ілінді.* Мария Ивановна дейтін Торғайда тұратын мұғалима да ұзақ поэманың екі-ақ жерінде *елес беріп*, өзге жерінде жоғалып кетеді (С. М.).

ЕЛЕУСІЗ ТАСТАДЫ [ҚАЛДЫРДЫ] *Ескеруіс қалдырды; елемеді, көзге ілмеді.* Арзан болар алтын сөз, *Елеусіз* жерге тастаса (Жамбыл).

ЕЛ ЖИДЫ *Өзіне жақтас, сөзін сөйлейтін жұртты топтастырды* (АС). Өзімдік бол деп *ел жиып*, Құрастырып септеймін. Бұзақының бүлігін «Жақсы ақыл» деп «құп» деймін (Абай).

ЕЛ-ЖҰРТ ҚАРАҒЫСЫЗ *Кісі көргісіз, түкке алғысыз. Қарағысыз ел мен жұрт,* Төрелік түскен дағына, *Ие болмай айрылдығы Атаңның алтын тағына* (Д. Б.).

ЕЛ ИМЕНДІ *Жұрт тайсалды, қарсы келуге қаймықты, жасқанды; бетіне айтуға ұялды, қымсынды.* Жасқанып, қорқып, Жорғалап, жортып, *Именсе елің* баптанбақ, Қарғағанын жер қылмақ, Алқағанын зор қылмақ (Абай).

ЕЛ ҚАРАТТЫ *Өз жағына тартты; айтқанына көндірді; бір елді бағындырды.* Заманадан хабарсыз біздің халық, Болыс болар мың ақша алып, *Ел қарату* үшін де пара беріп, Онысын қайта жияр пара алып (М. Қал.).

ЕЛ ҚАТАРЫНА КЕЛДІ [ҚОСЫЛДЫ] *Шаруасын, тұрмыс жағдайын түзеді.* Тым болмаса өсімізді жиып, *ел қатарына келіп* алайық (Т. А.).

ЕЛ ҚҰЛАҒЫ **ЕЛУ** *Жұрт құлағы тұрпқы, жаңалықты, сыбысты дереу естиді.* *Ел құлағы елу*, жаманат жерде жатпайды (Мақал). Ақ сұңқар құс дабысты, Дұшпаннан алған намысты, Қамбар кедей деген сөз, «*Ел құлағы елу ғой*», Есітті батыр дабысты (ҚамБ). Адалы қанша, арам қанша кім білсін. «*Ел құлағы елу*» деген емес пе, көршілес колхоздар гу-гу етеді (С. Төл.).

ЕЛ ҚҰЛАҒЫ ТҮРІЛДІ © **ҚҰЛАҚ ТОСТЫ** [ТҮРДІ] *Елең ете қалды; тосын тастарға құлақ бұрды.* Дабысы бұрын жеткен Керқұланың Дегенге «Келді» түрді *ел құлағын.* Ас тегіс алды-артына қал-

ды үймелеп, Көруге Көкшетаудың керпырағын (І. Ж.).

ЕЛ ҚЫЛДЫ *Халық қатарына қосты, ұйымдастыра білді.* Мұқым қазақ баласы, Тегіс ақыл сұрапты, Тобықтыны *ел қылып*, Басын жиып құрапты (Абай).

ЕЛСІЗДЕ ӨСТІ *Ағайын-туыссыз өмір кешті.* «*Елсізде өскен*» демесін, Елден таңдап сұлу ал. Ақ отау тігіп басына Төрт түлік малдан еншіңді ал (Д. Б.).

ЕЛ СІЛКІНДІ *Жұрт түңілді, безді.* Аға сұлтан, қазының, *Ел сілкінді* ісінен, Ауылдың атқа мінері, Жемтікке қонған күшігін (Д. Б.).

ЕЛ ТАБАНЫ АУДЫ *Ауыл көшті, іргесін көтерді.* *Ел табаны аумай*, ұзақ отырып қалған жайлау, бұл шақта сары жұрт боп, шаңдағы шығып жатыр (Ә. Н.).

ЕЛ [ЖҰРТ] ТАНЫДЫ *Халықпен араласып, жақсы-жаманын көріп білді; өзге жұртты танып білді.* Ата көңілі жанбаса бір, Артық өнер шықпаса, *Ел танымай*, үй танып құр, Шаруасын да ұқпаса (Абай). Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, *жұрт тануы* ешбір халыққа ұқсамайды (Абай).

ЕЛ ТАРАЗЫСЫН АНДАМАДЫ *Келеге түсеміз, талқыға түсіп, сөзге ілінеміз деп ойламады.* Бүгінгі Найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол *ел таразысын аңдамаған* албырт жастардың шалалығы (М. Ө.).

ЕЛУ ЖЫЛДА — **ЕЛ ЖАҢА**, **ЖҮЗ ЖЫЛДА** — **ҚАЗАН!** *Уақыт өткен сайын заман өзгереді деген мағынада.* Кеше сен, бүгін мен болсам — дүние кезек емес пе, көнбеске сенің де шараң жоқ! «*Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда — қазан!*» (Ғ. М.).

ЕЛ ШАПТЫ *Жаулап алып, талан-таражға салды.* Батырды айтсам, *ел шауып*, алған талап, Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап, Әншейін күн өткізбек әңгімеге, Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап (Абай).

ЕЛІ АЗҒАННЫҢ ЖЕРІ АЗҒАН *Береке-бірлігі жоқ жұрттың дәулеті де жоқ деген мағынада.* Бала:— *Елі азғанның жері азған* деген осы екен-ау, біздің елдің қоянының мүйізінен шаңырақ иеді. Сіздің елдің қоянынан шақша ғана шыққаны ма? — депті (ҚЕ).

ЕЛІНІҢ [ХАЛҚЫҢНЫҢ] ЕЛЕУЛІСІ [ҚАЛАУЛЫСЫ] БОЛ! алғыс. *Жақсы, қадірлі азамат бол!*

ЕЛІНІҢ КӨШІН БАСТА! алғыс. *Жұрт иесі бол, билігін, тізгінін ұста, көш басы бол.*

ЕЛ ІРГЕСІН САҚТАДЫ *Еліне тыныштық орнатты; ел ішіне іріткі түсірмеді.* Ауылдың атқа мінері, Жемтікке қонған

күшіген, Өзі тойса мәз болад, *Ел іргесін сақтамай* (Д. Б.).

ЕЛ ШИНДЕГІ ЕКІ ЖАНБАС ЕДІМ көне. *Кірмелерді, шеттен келген елді айтады.*

ЕМГЕ ТАБЫЛМАЙДЫ *Еш жерде жоқ; қолға түспейді.* Бірде-бір химиялық реакцияны, физикалық құбылысты тәжірибе жасап қуантпайды. Керекті құрал, түрлі материалдар *емге табылмайды* (ЛЖ).

ЕМЕСЕСІ [ЕМЕШЕГІ, ЕМЕШЕСІ, ЕМЕТАЙЫ] ҚҰРЫДЫ [ЕЗІЛДІ] *Қатты құмартты, қатты сүйді, құштар болды.* («Емetail» деген сөз Жетісу өңірінде жиірек қолданылады). Қарлығаш Көкбайды қойып қалып, мінбелей отырады. Не болады деп *емесесі құрып* жанып отыр (М. Ө.). Балқаштың көлі қандай болса, мысы сондай мол екенін сезген (шет ел капиталистері) *емесесі құрып*, талай рет сілекейін шұбыртқан (Ө. Ө.). Егер Жамал басқа біреуді сүйсе өз еркі. Сондай-ақ менің де [Кенжеғұл] оған *емешегім езілген емес* (Р. Р.). «Ондай *емешесі құрып* тұрса, кімнің кемпірі өлді, өзі соған тиіп алсайшы» деп сумаң-сумаң етеді (С. Б.). Олар тұрсын, Ақбала қойнында жатқан күйеуіне *емешесі құрып* өліп-тірілген жоқ (Ө. Н.).

ЕМЕС ТЕ ЕМЕС *Ол да емес, бұл да емес.* Құлдық емес, емес те емес. Байқадамның айналасы осынша кедей, көзінен сорақы аққан сорлы бола ма екен? (Ғ. М.).

ЕМЕУРІН БІЛДІРДІ [ЖАСАДЫ] *Шет жағалатып, нышанын сездірді.* «Дәмешті қайтесің?» дегендей *емеурін білдірді* (З. Ш.). Ендігі отырыста Абай тек қысқа ғана *емеурін жасап*, сөзді өзі бастамай, әуелі даугер би Бараққа сөйлетті (М. Ө.).

ЕМШЕКТЕН ШЫҒАРДЫ *Баланы емізбейтін болды.* Жаңыл жеңешем... Үмітті *емшектен* ертерек *шығарып*, өзі сиыр фермасына кетті (М. Д.).

ЕМІНДІРІП ҚОЙДЫ *Дәмелендірді.* Басында байдың ұлын менсізбейді, Өлудің біле алмады емін қылып, Батымсыз оның басы бола берді, *Қойған* соң сені құдай *еміндіріп* (Айтыс).

ЕМІНІП АЛДЫ *Езеуреп көзін сатты; гелміріп тіленді.* Еріншектің бір мінезі — еміншек, еміншек бола көрме, шырағым. *Емініп алғаның* арыңды айырбастап алғаның. Арызы қалғаның — жалаң бұт қалғаның (Ғ. Мұс.).

ЕМІС-ЕМІС ЕСТІЛЕДІ *Анда-санда құлаққа әлсіз жетіп, зорға шалынады.* (Қырғыз тілінде: «Бұл ішті ушул қылды деген іміш-іміш бар» деп келеді, қазақша: «Бұл істі осы істеді деген қауесет бар»; «ол келеді деген сөз бар» дегенді қырғызша «ол келетіміш» дейді. Осыған қарағанда, қазақ тіліндегі «еміс» сөзі көне түркі тілдеріндегі «е, екен, еді» сияқты көмекші етістікке -міш белгісі жұрнағы жалға-

нып, -еміс болып қалыптасқан сияқты). Күтуші жігіттің байға айтқан сөздері сырттағы Байымбетке *еміс-еміс естіледі* (С. О.). Алыстан дамыл-дамыл дүпілдеген зеңбіректердің даусы құлаққа талып жетіп, *еміс-еміс естіледі* (Б. Мом.). Бір топ бала Ғанидың кабинетінің алдында тұрмыз. Жиналыс болып жатқан тәрізді. Бірде орысша, бірде қазақша, бірде өзбекше сөйлеген сөздер құлаққа кейде анық, кейде *еміс-еміс естіледі* (Ө. Т.).

ЕМІСІ ТЕПТІ *Сәл-сәл нышанасы білінді деген мағынада.* Мұрнына таныс иістің *емісі тепті* (Т. Ө.).

ЕН БАЙЛЫҚ [ДӘУЛЕТ] *Мол қазына, қыруар мал-мүлік.* Сол жерден, миуалы бақтан алынып жатқан сарқылмас қазына, *ен байлық* (Ғ. С.). ...Дербісәлі де қамсыз отырған жоқ. Өзің де байқаған шығарсың. *Ен дәулеттің* ұшығы ғана қалған онда (Т. А.).

ЕН БАЙТАҚ [ДАЛА] *Кең, ұшы-қиыры жоқ кеңістік.* Бастаған партияның панасында, *Ен байтақ* Қазақстан даласында, Бал құйылды далада (ХӘ). Бақшаның шетіне, қыранға шығып, жан-жаққа қарасаң, қиырсыз кең, көлбей барып аспанмен құшақтасқан *ен дала* көрінеді (С. С.).

ЕНЕСІН ҰРАЙЫН бейпіл. *Тіл тигізу, боқтау* (АС). «Ой, *енесін ұрайын*, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» — деп қалшылдайтұғын кісі көп қой (Абай).

ЕН ЖАЙЛАДЫ *Емін-еркін қоныстады.* Еділдің бойын *ен жайлап*, Шалғынға бие біз жайлап, Орнықты қара сабадан, Бозбаламен күліп-ойнап, Қымыз ішер күн қайда? (М. Ө.).

ЕН ЖАЙЛАУ *Жазғы кең қоныс.* [Жиренше Абайға]: Пәле басы тағы да, Кезеп тұрған өзіңсің! *Ен жайлауда* құл-құтан Бидің атын қабан деп, Абыройы төгілсін (М. Ө.).

ЕНЖАР ҚАРАДЫ [БОЛДЫ] *Селқос қарады.* («Енжар» парсы тілінде уайым, қайғы, реніш). Ушаков қазір неге де болса *енжар қарайтын* болған екен (Ғ. М.).

ЕН САЛДЫ [ТАҚТЫ] Белгіледі; атады; меншіктел алды. Сен үшін нағашымның бір тайына *ен салдым* (Т. А.). Мұса мырза, білсеңші сөйлер сөзің, Ерте туып кеш қалып жүрген өзің. Қыз біткенге *ен тағып* қойып па едің, Өңмендейсің езеуреп, сүзіп көзің (Айтыс).

ЕНШІ АЛДЫ **○ ЕНШІ БЕРДІ [БӨЛДІ]** *Үйленген баласына мал-мүлік бөліп беріп, бөлек үй етіп шығарды.* Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін *енші беріп* бөлек шығарды (С. М.).

ЕНШІГЕ ТИДІ 1. *Қарамағына алды. 2. Сыбаға, мұра берді.* Пікір қыл көрінгенге, шықсаң үйден, Айни көр, тілімді!

алсаң, надан күйден, Малым жоқ бөлек ауыл қондыратын, *Енші* осы, ойла, балам, саған *түген* (Ә. Тәң.).

ЕНШІСІ БӨЛЕК, ЕНІ БАСҚА *к ө н е*.
1. *Бұрынғы уақытта малға таңба салу, ер жеткен азамат балаларына тиісті мал-мүлік үлесін беру туралы айтылады.* (Осыдан «еншілес», «енші алды», «еншісі бөлек» немесе «еншісі басқа» тәрізді тіркестер жасалады. Ен малдың құлағына салынатын белгі: тілік ен, ойық ен т. б. Бұрынғы уақытта «ен» жылқы малында да болған. Ен уақ, тек өзара жақын руда болып, ал таңба — аттың сауырына күйдіріп салынатын белгі — үлкен, ірі руда болған). 2. *Мүлде бөлек, іргесі аулақ.*

ЕҢ АЯҒЫ Басқасы түгіл, басқасын былай қойғанда. Ләззат жер бетіндегі тіршілік атаулының бір түрлі тосын мейрамының үстінен шығып, қызығып құныға қарап қалған. *Ең аяғы* шіркей де бір кеудесіне қуаныш сыймай дірілдеп ұшып жүр (Т. А.).

ЕҢБЕГІН ЕШ, ЖІГЕРІН КҰМ ҚЫЛДЫ **⊙ ЕҢБЕГІ ДАЛАҒА** [ЖЕЛІГЕ, ЗАЯ] **КЕТТІ** **⊙ ЕҢБЕГІ[-Н]** **ЕШ, ТҰЗЫ[-Н]** **СОР** **⊙ ЕҢБЕГІ ЕШ БОЛДЫ, ТҰЗЫ СОР БОЛДЫ** **⊙ ЕҢБЕГІ ЕШ БОЛДЫ** **⊙ ЕҢБЕГІ ҚАЙТПАДЫ** *Бар әрекет зая кетті; еңбегі өтелмеді. Мен қиындықты емес, еңбегіңді еш, жігеріңді құм қылатын мешеулікті айтамын (Т. А.). Мүйіздексен сиырдай, Байласаң бас жіп жетер ме? Еңбегің еш, тұзың сор, Қайратың селге жетер ме? (Д. Б.). Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға (Абай). «Құп» — деді, айтқанының бәрін қылды, Жүре-жүре Жүсіпті қолы білді. Алпақайға қаншама жалынса да, Еңбегің зая қылды, алмай тілді (С. Т.). Ол сені бір күні тірдей жұтып қояды. Бар еңбегің зая кетті (Ғ. М.).*

ЕҢБЕГІ ЖАНДЫ [ҚАЙТТЫ] *Қадамы өрге басты; жолы болды, ісі алға басты; еңбегі өтелді. Еңбегің жанып, мінекей, Жайқалып тұр егінің, Еңбегі ғой көгерген, Егіншідей еріңнің (І. Ж.). Күн болса егер де, Еңбегің жанатын, Сонда айт, ала атым, Мейрамдап шабатың! (Б. М.). Құтылды сан қатерден қиын-қыспақ, Еңбегі жанып еді тура нұсқап, Қайран қамқор жөнелді дүниеден, Жеті жыл әділдік қып тұрған ұстап (Ә. Тәң.).*

ЕҢБЕГІН САТТЫ 1. *Көрсеткен қызметін бұлдады, пәлденді.* 2. *Өз күшімен күнін көрді, қызмет қылды.* Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан көріден, *Еңбегің сатқан* бала артық (Абай).

ЕҢБЕГІН САУДЫ **⊙ ЕҢБЕК ЕМДІ** *Адал еңбекпен күнелтті; қызметінің жемісін жеді. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегіңді сау (Абай).*

ЕҢБЕГІ [ҚЫЗМЕТІ] **СІҢДІ** [ӨТТІ] *Көп қызметін қылды, бейнеттенді. Қай-*

ыры болсын халқына, Сабыр қыл, ойла келмесін. Қарияң келіп, жырлап тұр, Еңбегі сіңген ер үшін (Б. Қ.).

ЕҢБЕККЕ БАУЛЫДЫ *Еңбекке тәрбиеледі, әдеттендірді.* Қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, *еңбекке баулып, ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер туып отырды (С. Қ.).*

ЕҢБЕККЕ ШАШТЫ *д и а л.* *Еңбекке бөлді (ақша, астық).* Алты айлық *еңбекке* ақша, астық *шашқалы* жатыр (Жам.: Мер., Қор.).

ЕҢБЕККҮН ҚҰЙДЫ *д и а л.* *Еңбеккүн есептеп, соған қарай табыс бөлді (Гур., Ман.).*

ЕҢБЕК РАҚАТТЫ БОЛСЫН! **⊙ ЕҢБЕГІҢНІҢ РӘТІН КӨР** *т і л е к.* *Жұмысың сәтті, баянды болсын деген мағынада.*

ЕҢ БОЛМАСА *Тым құрыса, тіпті болмағанда (АС).* Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, *ең болмаса* денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды (Абай). Адасып алаңдама жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық қамалмай, Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, *Ең болмаса* кеттің ғой мал баға алмай (Абай).

ЕҢКІЛДЕП ЖЫЛАДЫ *Дауысын шығарып қатты бақырмай жылау туралы айтылады.* Кейде ол [Оспан] алпамсадай алып денесімен сол жайды (баласы жоқтығын) жан күйер жақындар арасында күйзеліп айтқан шақтарында *еңкілдеп жылап* та жіберетін (М. Ә.).

ЕҢСЕ КӨТЕРІЛДІ *Көңілі жайланды, бойы жазылды, үстің басқан бапнадай ойдан, уайым-қайғыдан құтылды, көңілденді.*— ...Енді міне жаңа ғана өздерің жіберген палаткалар, әне бір киіз үй кеп тігіліп жатыр... Қазір бойым сергіп, мүлдем *еңсем көтеріліп* қалыптың!— деді Жақсымбет (М. Ә.). Сол жасыл бұтақтар алып үйлерден алыстаған сайын *еңсесі көтеріліп*, бара-бара ну орман сияқтанып, жасыл ала қапқа айналады да, басына ақша бұлттар шөккен қарлы тауға жалғасады (М. И.).

ЕҢСЕ ҚАРА *д и а л.* *Күйеу алғаш келгенде алынатын әде.* Еңсеме келдің, *еңсе қараң* қайда? (Қ. орда, Арал).

ЕҢСЕСІ БИІК **ВОЗ ОРДА** *Ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады.* (Үлкен сарай деген мағынада). *Еңсесі биік* *воз орда.* Еріксіз кірсем деп едім (М. Ә.).

ЕҢСЕСІ БИІК, ЕРНІ САЛПЫ *Батырлық жырға тән суреттеу тасілі.* *Еңсесі биік, ерні салпы* құбаша ұл (АӘ).

ЕҢСЕСІ ҚҰРЫДЫ *Аңсады, сағынды; арман етті.* Ауылым жайлап отыр Көксеңгірді, Көз сузіп сіздің жаққа *еңсем құрыды* (Жамбыл).

ЕҢСЕСІН ЕЗДІ *Кеудесін басты, көңілін (бетін) қайтарды*. Пенжектерін, галстуктерін шешіп, омырауларын ашып тастаған, бет-ауыздары нарғтай марқасқалардың жаппай жалт қарауы еңсесін езіп жіберді (Қ. Құт.).

ЕҢІРЕГЕНДЕ ЕТЕГІ ТОЛДЫ *Көз жасын бұлады; біреуді жоқтап зарықты, зар иледі, боғадай боздады. Етегі толып еңіреп ол, Жүріп кетті тақыр пенде. Аманат қып кетті тастап, Соңғы жүгі қалды менде (А. Жұм.)*. Өрт ішінен жылап қашқан бала мен көз жасына етегі толып еңіреген анада есеп жоқ (Қ. Ж.). Жас балалар жау найзасына түйрелді, кәрі ананың көз жасына еңірегенде етегі толды, ақсақалды ата қайғы тұйығына тірелді (С. Мәу.).

ЕҢІРЕП ТҮРҒАН [ЖҮРГЕН] ЕР *Ел үшін, елдің қамы үшін іс еткен адам*. Мен, мен едім, мен едім, Мен Нарында жүргенде, Еңіреп жүрген ер едім, Исатайдың барында, Екі тарлан бөрі едім (М. Ө.).

ЕПКЕ КӨНДІ *Ыңғайға жүрді, айтқанды істеді*. Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес, Епке көнер ет жүрек сағу емес. Кімде-кім үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанменен катын емес (Абай).

ЕП ҚЫЛАДЫ *Лайық көреді, амал жасайды*. Қорған салып биік қылса, Көңіліменен еп қылса, Құдай жақсы көрер ме, Шариятты бұзған соң (Д. В.).

ЕР ӘБЗЕЛІН ТҮЗЕДІ *Ат жабдығын сайлады*. («Әбзел» — парсы сөзі, «ер-тұрман» деген мағынаны береді. Парсының «әбзел» деген сөзі «мүлік, құрал» деген мағынада қазақ тіліндегі басқа сөздердің де соңынан — «үй әбзелі» тіркесінде де келеді). Жаңғызып жалын ұштымен, Құйрығын тарап сүзеді, Алтыннан тағып құйысқан, *Ер әбзелін түзеді* (ҚБ).

ЕРГЕ БАРДЫ *Тұрмысқа шықты, күйеуге тиді*. Арман етпе, жас күнің көп, Игілік көр, ерге бар (Абай).

ЕР БАСЫНА КҮН ТҮДЫ *Қиындық жағдай тап болды*. Көпке тентек ез қисық, Қамшыменен и болар. *Ер басына күн туса*, Бұға түбі үй болар (Ш. Қ.). *Ер басына күн туса*, етігімен су кешер, Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер (Мақал).

ЕР БЕСІКТЕН ТАНЫЛАДЫ *Кішкентайынан-ақ белгілі болады, жасғайынан көзге түседі*. Топтан таңдап алғаны, Ақбөртедей тай болады. Танылар тұлпар желіден, *Ер танылар бесіктен* (Д. В.).

ЕРДІҢ БАСЫ ЕКІ ЕЛУ *Ер көп жасайды, оның өзі жасамаса да, атағы жасайды деген мағынада*.

ЕРДІҢ ЕРІ, ЕГЕУДІҢ СЫНЫҒЫ *көне. Асыл тектің ұрпағы, жақсының көзі*. Тойдан кейін «ердің ері, егеудің сынығы» деп қасына баласы Үйсінді бас қылып жүз жігіт қосып беріп аттандырады (ШС).

ЕРДІҢ ҚҰНЫН ЕКІ АУЫЗ СӨЗБЕН БІТІРДІ *көне. Шешімді сөз, ұтымды үкім айтты*. Әкең Қыдыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген. Сөз таныр деп келдім (Ғ. Мұс.).

ЕРДІҢ ҚҰНЫ, НАРДЫҢ ПҰЛЫ *Қымбат, бағалы нәрсе; салмағы ауыр талап*. Еспембет, сенің мына айтып отырғаның береке, бітім емес. Найман мен Тобықтының арасына ердің құны, нардың пұлының дауын саламын деу (М. Ө.).

ЕР ЕГЕСІ ЕҢІСТЕ *Ер адамдардың тарғысы сырт жерде деген мағынада*. Бәсе, ер егесі еңісте! Сырлас келінің алдында мақтанайын деген шығарсың. Шық былай! (М. Ө.).

ЕРЕСЕК ТАРТТЫ ○ ЕР ЖЕТТІ *Есі кірді; ұлғайды, үлкейді; бой жетті*. Бұл кезде ересек тартып қалған бала Лермонтов Рылеев жырларын оқып жүрді (Ж. С.). Балам ер жетсін, кемеліне келсін, ақылы толсын, содан кейін кімге барса да еркі (С. М.). *Ер жеткен тұңғыш ауылдың үлкөндерінің қазіргі күндердегі тілеулес мейірі басқа болатын* (М. Ө.). Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім, *Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім* (Абай).

ЕРЕҮІЛ АТҚА ЕР САЛДЫ *Жаугершілікте елін қорғауға аттанды; жортуылға шығуға сай тұрды*. Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме (М. Ө.).

ЕРЕҮІЛ СӨЗ ШОШЫТА, ҮРКІТЕ АЙТЫЛҒАН *сөз*. Тәкежан аулы Базаралының ереуіл сөзіне былқ еткен жоқ, қар екі жауса да үй іргесін шыммен көмдіріп алып, тағы да ықтырмасын құрғызып қойып күндіз-түн демей, кедей ауылдың пішени мен қорығын аямастан жеді де отырды (М. Ө.).

ЕР ЖАНДЫ *Еркекті тәуір көретін әйел туралы айтылады*. Қатын алма төреден, Қатын алсаң төреден, Еркегі болар жау жанды, Ұрғашысы — ер жанды (В. Қ.).

ЕР ЖҮРЕК *Батыл, қайсар кісі туралы айтылады*. Еспембеттей ер жүрек, Қолмен бірге келеді, Топ «шу» десе, Ақбөрте, Артына шаңды боратып (Д. В.).

ЕР КЕЗЕГІ ҮШКЕ ДЕЙІН *Тағы да бірер рет қайталау мағынасында айтылады*. (Үшке дейін ғана күресуге, айқасуға, тайталасуға болады деген ескі салттан келіп шыққан тіркес; бұл дағды ертеде батырлардың егесуіне байланысты болған). Әйелің Медет қызы, аты Өрім, Айында бір жұмайды беттің кірін. *Ер кезек ер жігітке үшке дейін*, Бір боқты тағы бас та және сүрін (Абай).

ЕРКЕК КІНДІКТІ ҰЛ, ер адам. Әкешесі әлдеқашан қайтыс болған, еркек кіндікті жалғыз Сапар жас басынан жетім боп, ешкімнің тепкісінде шіріген жоқ

(Ғ. С.). Үй-үйдің ортасында еркек кіндік-тен менен төрт-бес жасы үлкен ағай бар (Б. Тұр.).

ЕРКЕК ҚОЙЫН АУДАРАДЫ *Еркек малды ұрғашы малға ауыстырып, мал өнімін өсіре түсу мағынасында.* Мың-мыңнан қойды аз деп жүрген манап, *Еркек қойын аударған* пайда қалап, Күнге сеніп мез болып күлімдейді, Арпа менен бидайдың басын санап (М. Сұл.).

ЕРКЕКТЕП КЕТТІ диал. *Түйінді аз салды, түсімді аз берді (қауын, қарбыз).* Біздің салған қауынымыз еркектеп кетті (Қ. орда, Сыр.).

ЕРКЕК ТУДЫ *Батыр, ер туралы айтылады.* Жігіттер сені көріп дәм тата алмас, Қасіретіңнен алдында сөз қата алмас. Жігітте еркек туған мен болмасам, Қосына жаман барып бір жата алмас (А. Қор.).

ЕРКЕК [ЕРКЕ] ШОРА *Ер балаша киінген, ер бала сияқты жүрген, еркін өскен қыз.* Ұлпан бала күнінен еркек шора болып ерке өсіп еді (Ғ. М.). Аста бәйгеден келген Табын руының аты шулы қарақөк ажалтекесінен гөрі, ханды осы атқа шапқан сегіз жасар бүлдіршіндей ерке шора қыз таң қалдырды (І. Е.).

ЕР КӨКІРЕК [КӨҢІЛДІ] *Өр мінезді, айбатты.* Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп, Көрсө, бастан ағып тұр қан дірдектеп. Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп (Абай). Осы жұрт Ескендірді біле ме екен? Македония шаһары оған мекен. Филипп патша баласы, ер көңілді, Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен (Абай).

ЕРКІ КЕТТІ *Біқтиярынан айрылды.* Шолпандай адам едің жиһан көркі, Тіл шаршап, көп айтуға кетті еркі. Қымбатты жаннан ғазиз асыл еркем, Шықпаған бұл қасіреттен жанның беркі (А. Қор.).

ЕРКІНЕН АЙРЫЛДЫ *Еріксіз күйге түсті; сотқар, бұзық сазайын тартты.* Сотталып, еркінен айрылды (АТ).

ЕРКІН ТИЕДІ *Қарамағына емін-еркін өтті.* Сонда жауап бере алман мен бишара, Сіздерге еркін тиер, байқап қара. Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын, жаны жара (Абай).

ЕР ҚАРА **○** **ЕР ҚАРАҒА** **БІР ҚАРА** *Халық қатарына қосылған адам.*— Сенің енді азамат болғаның, күнім, ер қара болып ел қатарында, еңбекте болдың,— деп баласын мақтан еткендей жымыңдап аз отырды (С. В.).

ЕР ҚАРУЫ **БЕС ҚАРУ** *көне. Қылыш, найза, садақ, шоқпар және сойыл—ерлер асынын жүретін қару-жарақ.* (Қару түрлерін басқаша да атаған). Бұрын мықтағанда — ер қаруы бес қару дейді екен (М. Баз.).

ЕР ҚАШТЫ *Бғыр қылу, мезі ету мағынасында айтылады.* (Көп мініліп, жау-

ыр болған аттың ер-тоқымнан қатты қаш-қалақтау мінезінен келіп шыққан). Құлан асау құр жылқыдан әбден ер қашты, әккі болған малды ұсату күші, ептілікті қалайды (ЛЖ). Әлде шахтердің үйіне қонақ жиі келіп ер қашты қылған ба? Оған түс беретін қазақ па, тәйір. Мұнда бір сыр бар,— деді Дәмеш (З. Ш.). Онда өмір қайыршының киіміндей, Қыс қысып таудың азған киігіндей, Езілген ер қашты боп елде сұр жоқ, Бидайдың шөлде қалған түйіріндей (Д. Е.).

ЕРЛІК БУДЫ [ҚЫСТЫ] *Қайраты тасыды. Ерлік қысқан* кеудеге, ішкен асы батпады (Д. Б.).

ЕР МАҢДАЙЫН БАҚҚА **БЕР** *Батырды, ер-азаматты бақытқа баста.* Адалдан бер, ақтан бер. Бәлекетін жатқа бер, Ер маңдайын баққа бер! (М. Ә.).

ЕРМЕК БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Көңіл алданышы, уақыт өткізу желеуі туралы айтылады.* Жатырмын жапан түзде жауды бағып, Қасымда ермек болар серігім жоқ. Өтеді біздің өмір осыменен, Елімнен кеттім жалғыз дегерігім жоқ (ҚЕ). Сынауына сорғалап келмесе де, Сөкпендер мына сөзі қалай десіп. Біліккен соң ер сөзін ермек еттім. Осыны айтпасам да өнер қысып (А. А. Қ.). Жазамын тәржімань ермек қылып, Жұмыс жоқ еріккен соң жай отырып (С. К.).

ЕР МОЙНЫНДА ҚЫЛ **АРҚАН ШІРІМЕС** *Кісіде кісі ақысы кетпес, түбінде ол да сондай бір жақсылықты қайтарар.*— Ай, шыбын жаным-ай, оһ, зекетің кетейін-ай! Ер мойнында қыл арқан шірімес, алып қалшы жанымды!— деп, зар илеп, әл үстінде жатқан Дүйсенбі Күндікбаев бақсыға жалынды (М. Р.).

ЕРНІ КЕЗЕРДІ *Шөлдеді деген мағынада айтылып тұр.* Аузы құрғап, ерні қаты кезеріп қайтты (М. Ә.).

ЕРНІН ШҮЙІРДІ *Жақтырмады, менсінбеді.* Оспанның бұны сырттан қыжырттып жүрген қабағын сан естігенде, түк қымсынбай, ернін шүйіртіп «есуас» деп қана қоятын (М. Ә.).

ЕРНІН ШЫҒАРДЫ *Мазақтады, күлді, келекеледі.* (Әйел ажуалауы туралы айтылады). Көршінің әйелі маған ернін шығарып күлді! Өне, қақпа алдына тағы да күлін үйіп кетті,— деп Олжайдың әйелі жылап жіберді (С. Ад.).

ЕРІНІҢ ЕМЕУРІНЕН БІЛДІ [ТАНЫДЫ, ТҮСІНДІ, АҢҒАРДЫ] *Біреудің көңілге алып, ойына алып айтпақ болғанын айтуға ыңғайланып келе жатқанда ақ біле қойды; көңілдегісін ыңғайынан таныды.* Өкіл өзіңмен өз болып, әлдеқашаннан таныс адамдай еріннің емеурінін түсініп тұрмай ма? (Ғ. М.). Итбайдың сөз түрін ернінің емеурінінен аңғарып үйренген Бүркітбай көмекейінде бір нәрсе тұрғанын шамалады (С. М.). [Сәметтің] Ернінің емеурініне қарағанда жандай

жақын құрбыға ғана айтылатын асыл сыр бар сияқты ішінде (С. О.). Бас инженер орнынан тұрып жас бұрғылаушының қолын қатты қысады. Олар бір-бірін ерінің *емеурінінен түсініп* мәмлеге келеді де, жауынгерлік вахтасына блокты белгілейді (ҚӘ).

ЕРСІ КӨРДІ *Ұнатпады, жақтырмады; ыңғайсызданды.* Жіберді ортасынан тоғыз елші, Дел «елдің өтінішін айтып көрші». Барған соң тоғыз да тарту алып, Кей Қысырау «келіндер» деп көрмей ерсі (РД).

ЕРТЕДЕН [ЕРТЕНЕН] ҚАРА КЕШКЕ ДЕЙІН *Күні бойы, ұзақты күн.* («Қара кеш» деген «түн болды, қараңғы түсті» мағынасында айтылады). ...Айтсам тілімді алмайсың. Құстың бабы саған — Абылғазы мен Әділ емес, *ертеден қара кешке* боқтай берсең, көтере берегін дегенім қайда? — деп Абылғазы Жабайды мазақтап күледі (М. Ә.). *Ертеңнен қара кешке дейін* жұдырықтай баланың басын қатырады да отырады (Ғ. Мұс.). Желі басында *ертеден қара кешке* бие сауған Бүркітбай да қасындағы көмекшісі бала жігіт Баймағамбетке ер биені сауға отыра бере ауыр-ауыр кеп-істер, мұңдар айтады (М. Ә.).

ЕРУ БОЛДЫ [ЖАСАДЫ, ОТЫР] *Аялдады, дем алды.* (Көші-қонды елдің жолжәнекей бір жерге жүгін шешпей аз уақытқа аялдауы туралы айтылады). Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырмаққа тоқтап, бес-алты күн *еру болып* жатады (ҚЕ). Дарынды Жамбыл ақынның атақты «Майтөбе» жайлауынан дүйсенбі күні далаға көшкен Тойкең «Көктекшеде» *еру жасап*, ертеңіне колхоз селосының терістік деңгейіндегі Итбай бастауының басына келіп қонды (М. Е.). Көшіп бара жатқан кай ауылдың да болса, бір қонып үдеруге ақысы бар, *еру болып* бұқ қонып отырып қалса, оның арты қып-қызыл жанжал (С. Шәр.).

ЕРУ ЕЛ *Көшіп келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл.* *Еру елдің* ерулігі болса, көшкен елдің көмегі болады (Мақал).

ЕРУШЕ ҚАРУЫ ○ ЕРУЛІГЕ ҚАРУЛЫ *Жақсылыққа жақсылық деген мағынада.* Бар, өтінсе жолдастың жолдастық жұмысына, Қолғабысын жолдастың сен де сына, *Еруліге қарулы* іс етсең де, Бірақ өлең сұрама ақысына (В. К.).

ЕРУЛІК БЕРДІ *Көрші кеп қонған (қазіргі кезде көрші жерден пәтер алған) үй иелерін шақырып қонақ ету мағынасында айтылады.* Алғашқы күндері-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне *ерулік беріп*, шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалды (Ә. Н.).

ЕР ШЕКІСПЕЙ БЕКІСПЕЙДІ *Басы қатты болса да, аяғы тәтті болатын іс, қақтығысып барып түсініскен адамдар*

жайында айтылады. «*Ер шекіспей бекіспейді*» деген, шекістім — сен жеңдің деймін, — дейді ішінен Қоңырқұлжа, — міне қолым (І. Е.).

ЕРІК АЛДЫ *Рұқсат алды.* Алпыстағы шалға Мерғұлжанды көзім қимай ханнан үш күн *ерік алып* саған келдім (ҚЕ).

ЕРІК БЕРМЕДІ [ТИМЕДІ] ○ ЕРКІНЕ ҚОЙМАДЫ *Бірқына жібермеді, ықтиярынан айырды.* Ой кіргелі *тимеді ерік* өзіме, Саңдалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, *ерік бермей*, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйқатат, бақ сөзіме (Абай). Жатса да, жүрсе де, Тек жалғыз мені ойлаған. Қайғырып, талып күлсе де, *Еркіне* зарым *қоймаған* (Б. К.).

ЕРІ МОЙНЫНА КЕТТІ 1. *Жүдеп-жадады; берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді.* — О, құрметті досым, Бақаш, *ерің мойнына кетіп* қалыпты ғой, саған бір дос жәрдемі керек-ау, — деді ол (С. Ад.). Кетер бастықтың лауазымы жоғарылап бара жатса, сөз басқа. Ал, *ері мойнына кетіп*, орнынан аударылып түсіп, кабинет кілтін басқа бір қызулы алақанға салған соң, оның көрген күні бар болсын (С. Ад.). 2. *Қысылды, ұялды, ұнжырғасы түсті.* Тек Роза қиналғанда бірге қиналды. Доғалдың қалжыңына көтерменші бола алмай, *ері мойнына кетіп* төмен қарайды (Т. А.).

ЕРІН БАУЫРЫНА [МОЙНЫНА] АЛДЫ *Қатты ашуланды, шала бүлінді.* «Сұрау біткен соң сөйле» десең, Дайрабай *ерін баурына алып* тулауға дайын, — деді Ырысты (В. М.). Шал әуел баста заводты қимай, *ерін мойнына алып*, біраз мөңкісе де, ақыры кеніпті (З. Ш.).

ЕРІНБЕГЕН АРЫСТАННЫҢ АУЗЫНДАҒЫСЫН АЛАДЫ *Жалықпай бейнет етсең, қолыңа түспейтіні жоқ деген мағынада.* Ерінген аузындағысынан айрылады. *Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады* (Ғ. Мұс.).

Е СӘТ! ○ ІСКЕ СӘТ! *Е бақ! «Лаһим!»;* жақсы ниет, ізгі тілек *етуде* қолданылады. Бәукең бөдененің жасырынған жеріне екі адым қалды. Енді бір адым. Бөдене созса қол жетер жерде жатыр. Аңшының дәстүрі осы ғой. *Е Сәт!* (Р. Ә.). *Іске сәт*, жолың болсын, қарындасым, Талқандай төңкеріп ет жер құйқасын (Ғ. Малд.).

ЕС БОЛДЫ [КӨРДІ] *Серік болды, көңіл алаңы орнына жүрді.*

ЕС ВІЛДІ ○ ЕС ВІЛШ, ЕТЕК ЖАПТЫ [ЖИДЫ] *Үлкейіп ақыл кіріп адам болды.* Абайдың өзі *ес білгелі* шын жақын жанның өлімін көргені осы (М. Ә.). Бала [Абай] *ес білгеннен* бері қарай, әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен (М. Ә.). Өзі *ес біліп, егезін жапқалы* жеген таяғы болғандықтан, Итбайдың

барлық қаны жүрегінен басына шықты (С. М.). *Естерін біліп, етегін жапқанша асырадық, оқыттық, адам санатына қостық бәрін де. Отау болды, үй болды* (Ғ. С.).

ЕС ҮЛШІ, ЕТЕК ЖИҒАН ЖЕР [МЕКЕН] *Ақыл кіріп, оңды-солды білген мекен. Тайсойған: Орал еді туған жерім, Ес біліп, етек жиып жүрген жерім. Айғырды қаңтарда бел бүгілдіріп, Құйрығын әсемдікке түйген жерім* (М. М.).

ЕСЕ БЕРМЕДІ *Теңдік бермеді. Не дейсің... Есе бермедім, еңсеріп ұттым дейсің бе?* (М. Ә.).

ЕСЕБІ БАР *Көздеген ойы бар.— Мынау бізді неге шақырды екен? — Қайдам бір есебі бар шығар?* (Ә. Н.).

ЕСЕБІ ЖОҚ *Тіпті көп, мол, сансыз, ұшы-қиырсыз. Мүсәпір, жарлы адамды, Тоқтарбай жиып алыпты, Есебі жоқ дәулетті, Тойға келген елдердің, Ортасына салыпты* (Н. Б.). Ескі досын көргенде, *Есебі жоқ* ант ішіп, Аруақ құдай айтысып; «Сыр алғалы айттым» деп, «Жауынды алдап қайттым» деп, Құдайдан қорықпай ант ұрған, Иманның жүзін тоздырар (Абай).

ЕСЕБІНЕН ЖАҢЫЛДЫ *Қателесті, ойлағаны болмады, ойынан шықпады. Есебінен жаңылсаң, Есіңнен адасасың* (Қ. Ай.).

ЕСЕК ДӘМЕ *Үміттену, емеқсу мағынасында.* (Күткен нәрсең болмай қалуына орай, көбіне, мысқыл ретінде айтылады). Толғана келіп салмақпен айтылған «сіздер» *есек дәмені* сызып-сызып тастады. Сол сызықтар Махметтің бетінен айқын көрінеді (Ғ. Мұс.). Шернер солдаттарын ғана алдамаған, өзі де алданып, *есек дәмеленіп* келгенін осы бүгін білді (Ә. Н.).

ЕСЕККЕ ҮКІ ТАҚҚАНДАЙ *Жарасымсыз қыллық, орынсыз мақтауға байланысты айтылады.* («Сыырға ер ерттегендей» сияқты ұғыммен ыңғайлас). *Есекке үкі таққандай, Итке жалпош жапқандай* (Мақал).

ЕСЕК КҰРТЫ МҰРНЫНАН ТҮСТІ *Байыды, шалқыды, тоқ болды, молшылықта отыр.* (Кекету, мұқату мағынасында). *Есек құрты мұрнынан түсіп* жетіліп тұр дейді деп осы Әкіштерді сөз қылады. Байғұлдың Әкіші саудагер, қара жұдырықтау болса, Демеуі хат-шот білетін (І. Ж.).

ЕСЕКҚЫРҒАНДЫ ШОЛПАН ДЕН *Түн ортасы ауа шығыс жақтан туатын жарық жұлдыз Есекқырғанды Шолпан деп ерте көшкен керуен барлық көлігін— есегін қырып алыпты-мыс. Содан ол жұлдыздың аты ескі аңыз бойынша Есекқырған аталыпты. Беймезгіл у да шу, дүркірей жөнелу мағынасында айтылады.*

ЕСЕКТІҢ МИЫН ЖЕГЕНСІҢ БЕ? ҚҰТЫРҒАН СУ ШТІҢ БЕ? ҚҰТЫРҒАН ҚОЙДЫҢ МИЫН ЖЕГЕНСІҢ БЕ? кейіс. *Ақыллың орнында ма, ақымақсың ба? Мұ-*

ның не? — Оттай бермеші, қатын! — деді Әбен, Шалабай сияқты қашқыңға, қан ішерге Шәкен мөр беріп құттырып па, есектің миын жеп пе, сонша! (Ғ. Мұс.).— *Біз есек миын жеді* деп ойлайсыз ба, сөз астарына түсінбейтін?— деп редактор әуелі күліп алды (З. Ш.).

ЕСЕКТІҢ [ҚАРА ЕСЕКТІҢ] МОЙНЫНА БАЙЛАП ЖІБЕРДІ **ҚАРА ЕСЕККЕ ҚОСАҚТАП ЖІБЕРДІ** *Мазар етті, күлкі етті.* Бұрынғы замандағы ел жазасына байланысты туған фраза). Қатын қарғысынан қараңғылық орнағанын көргенім жоқ, бас таңбаңды, Жалмұқан, Қарауылдың ұлқызына үлгі болсын, *байлап жібер бір есектің мойнына!* (Ғ. М.).

ЕСЕП АЙЫРДЫ *Бұл жердегі мағына: бөлінді, есептесті; бір-бірімен қатынасты үзді. Айырдық есеп* ақыры, Күн төлете берейік (Қ. А.).

ЕСЕП АЛДЫ *Іске қорытынды жасау, нәтижені топшылау мағынасында.* Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір ең болмаса, айында бір өзіңнен-өзің *есеп ал.* Сол алдыңғы *есеп алғаннан* бергі өмірді қалай өткіздің екен (Абай).

ЕСЕП БЕРДІ *Өткен-кеткенге қорытынды жасады; істелген іс жайлы жұртқа баян етті.* Дәмеш не істеп, не қойғанына *есеп бермеді.* Ажар қылығына шыдамы жетпеді. Есікті шалқайта ашты:— Бармаса жалынба, Ораз!—...өзіміз барамыз, кейін!— деді (З. Ш.). Делепат әйелдер өзінің жұмысы жөнінде жалпы жиналыс алдында *есеп беріп* отыратын (ЛЖ).

ЕСЕП БОЛДЫ *Солай деп ұйғарылды, саналды.* Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға *есеп болыпты* (Абай).

ЕСЕП ЕМЕС *Оған есептелмейді, жаппайды, саналмайды.* Ғарып-қасыр бишараны құрметтейін десең, жапқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа *есеп емес* (Абай).

ЕСЕПКЕ АЛДЫ **ЕСЕП ҚЫЛДЫ** *Сапаққа (санатқа), қатарға қосты, көңіл бөлді, еледі.* Хан өзіне жақын дос қылды, қыз Ескерді *есепке алмай* тастады. Қой, бүйтіп болмас, біз бұл екеуін араздастырайық (ҚЕ). Үлкендік — адам ішінен өзін-өзі бағалы *есеп қылмақ* (Абай). Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жиғаны бар адам; сынап, орындысын, орынсызын — бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен *есеп қылып* қарап табады (Абай).

ЕСЕСІНЕН ТОЛТЫРДЫ *Басқаның есебінен түгелдеді.* Байлар ұлыққа берген парасының орнын момын шаруалардың *есесінен толтырады* (М. А.).

ЕСЕСІН ЖІБЕРМЕДІ [ҚАЙТАРДЫ] *Ақысын, үлесін жібермеді.* Зұлқия *есесін жібергісі* келмей сөйлеп келеді (Ә. Ә.). Деді әйел Гүлжамал, «Батыр» басын шайқа-

ды. Күбір етті бар ма амал, Бұл да есесін қайтарды (Ғ. Қ.). «Сәлемдеспеген есеңді қайтардым ба» дегендей Торсан Асқарға онша шұқшимамай, Итбаймен басқа кеңеске кірісті (С. М.). Сусанна Михайловна талай сынап байқаған, басынан асыра сөз айтып жатса да кейін бір бұзбайды, бірақ ол сөздің есесін кейін қайтарады (З. Ш.).

ЕСЕ ТИДІ *Өмір кезегі келді; ерік, теңдікке қол жетті деген ұғымда айтылып тұр.* Келді санқ-санқ мына үн: «Қимылда, тіл, қимылда! Қимылдайтын күн бүгін, Есе тиген күң-құлға!» (І. Ж.).

ЕС ЖИДІ *Сезімі, көңіл күйі орнықты, өзіне-өзі келді.* Қансырап құлағанда айлы түнде, Елсізде ес жия алмай жатқан кезім (Д. Ә.).

ЕС [ӨН] ЖОҚ, ТҮС ЖОҚ *Мүлде саза-рып, аң-таң қалу, қорқу мағынасында айтылады.* Нұрым да «омин», «омин» деп аузын толтырып жалаңбас, ес жоқ, түс жоқ терлеп-төшіп, екі езуі құлағында, алақандай шегір көзі ақиып, жирен сақалы қаумиыш кеткен, эншейін-ақ күр-күр етеді (С. Т.).

ЕСКЕНДІРДІҢ ҚОС МҮЙІЗІ *Бұл жерде іште жатқан шер, құпия сыр ұғымында.*—Отар, айтылмаған өкпе — іште жатқан Ескендірдің қос мүйізімен тең (І. Е.).

ЕС КЕТТІ, ЖАН ШЫҚТЫ ДЕГЕНДЕ *Өлдім-талдым дегенде, әрең дегенде.* Сейлдің ендігі үміт-тірегі 15—16-ға келген үлкен ұлы екен. Қысыла барып әкесін неше күндей қан жылатып ес кетті, жан шықты дегенде сәл бері қараған тәрізді (М. Ә.).

ЕСКІДЕН ҚАЛДЫ \odot ЕСКІНІҢ [КӨНЕ-НІҢ] КӨЗІ *Ескі уақыт, бұрынғы заманнан қалған затқа, салтқа, кісіге қатысты айтылады.* Ескіден қалған бұрынғы, Батуалы ырымды, Адаспастай даңғыл жол... (Д. Б.). Жерге белуарынан батқан шатырлап жапқан темірсіз тақтай төбесі далдұл, жуан бөренеден қиып салған ағаш. Қабырғалары да қуарып, ақжемделген осы үй ескінің көзі екенін өзі-ақ әйгілеп тұр (Ғ. Мұс.).

ЕСКІ ЖАРАНЫҢ АУЗЫН АШТЫ [ТЫРНАДЫ] \odot ЕСКІ ЖАРАНЫ ВІЛТЕЛЕДІ *Бұрынғы жағымсыз істі қайта еске салды; өткен-кеткенді қайта қозғады.* Ескі жараны білгелемей, мына сергелдең болған елге жол табатын жөндеріңді айтсаңдаршы (М. Ә.). Құп білемін, сізге жақпас, Ескі жара білгелеу Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу (Абай).

ЕСКІНІҢ ҚОЛҚАСЫ *Бұрынғылардың ізімен әйтеуір бір айтыла салған сөз.*—Осы мені тым қолпаптай бересің, Қасеке. Тек ескінің қолқасы болмай, атағымна ісім сай болса жақсы-ау,— деп еді, Қасболат оның күдігін бірден сөндірді (Т. А.).

ЕСТЕ ЖОҚ ЕСКІ МЕЗГІЛДЕ *Баяғы көне заманда (АС). Есте жоқ ескі мезгілде*

маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен (Абай).

ЕС ТОҚТАТТЫ *Сана-сезімі оялды.* Бұрынғыдай емес, былтырғыға қарағанда ес тоқтатып қалыпты ғой балаң (АТ).

ЕС-ТҮСІНЕН АЙЫРДЫ *Есінен тандырды, ақылынан жаңылдырды, шала-жансар қылды.* Саурықтай шын батырым, Ерегіскен кісіні, Ес-түсінен айырдың (Жамбыл).

ЕСТІ ҚАШЫРДЫ [ШЫҒАРДЫ] *Састырды, дегбірін алды.* Шырайды қайғы жасырмай, Күлкінің ерні кезермес, Шыда-саң есті қашырмай, Құлдатып, қор қып жібермес (Абай). ...Қой енді жүр астыңғы үйге барып отыр, мұнда (казак-орыстар) ізден келеді енді!— деп қоймай есімді шығарды (С. С.).

ЕСІ АУДЫ \odot ЕСІНЕН АДАСТЫ [ТАНДЫ] *Есеңгіреді; есуастанды; жынданды, жарымес болды.* Есі ауып сорлы сұлу жатыр талып, Алады демін зорға ыңыранып (С. М.). Байтерекке өрмелеген қасқырлардан қорқып, есі ауып талып қалған қошқар сірескен жабағы жүннен байтерек бұтағына ілініп, аман қалды (Қ.Е.). Еңірен Рахым ел кезді, Есі ауып қырда адасты. Талай да талай жер кезді, Шөлдерді кешіп тау асты (М. Әл.). Қувасидің көзі қарауытып, денесі дуылдап, есі ауып... төсегіне құлап кетті (С. Е.). Өттең, арманда кеттім ғой — деді қырылдап келесі соққы тигенге көзі қарауытып, есінен тана құлап түсті (Ә. Н.). Есімнен адасып жатырмын ба дегендей Төлеген өз көзіне сенбей оларды тағы бір шолып өтті (Қ. И.).

ЕСІГІ [ҚОЛЫ] АШЫҚ *Пейілі кең, дастарқаны жаулы.* Жомарт, есігі ашық, ақ көңілділердің бірі — сенің әкең еді (АТ).

ЕСІГІН АШПАДЫ *Келмеді, хабарласпады.*—Жаман ағаңның есігін ашпайтын едің, осы жөнің түзу, жақсы келдің, қайным (Ә. Н.).

ЕСІГІНДЕ ЖҮРДІ *көне.* Біреудің босағасында қызмет етті.—Хан екі сөйлемес болар,— деді Зейнеп енді екі көзі жалын атып.—Мені Қараулекке байға берсең, Қоңырқұлжадан да өшіңді қайтарасын, есігінде жүрген құлыңның да сауабын аласың, айтқан уәдені де орындайсың (І. Е.).

ЕСІГІНІҢ АЛДЫНА КЕЛТІРДІ *Дегенін істетті, бас идірді.* Көрмес, келмес деп едім. Өз еркіммен бегіңді-ай. Есігіңнің алдына. Ұрмай-соқпай келтірдің (М. Ә.).

ЕСІГІ ОЙРАН, ТӨРІ ТАЛҚАН БОЛДЫ *Шаңырағы ортасына түскен, тас-талқаны шыққан.* Көбікті (Қазан, Алшағырларға): Көр мынаны бәрің де, есігі ойран, төрі талқан! Қарақаттай қайран көзі қамшы бойы жас төгіп отыр мінеки!... (М. Ә.).

ЕСІГІ ТАР *Пейілі тар, сараң үй туралы айтылады.* Осындай хан атамның хандығы бар, Есіктің сол себепті тарлығы бар... (С. А.).

ЕСІ КЕТТІ [ҚАЛМАДЫ, ШЫҚТЫ] ○
ЕСІНЕН АЙЫРЫЛДЫ 1. *Асып-састы, берекесі кетті. (Бұл жерде құмарту, құштар болу мағынасында).* Үш жүзге атым шыққан Балуан Шолақ. Денеме тегіс біткен күш пенен бақ. Көргенде сұлу әйел есім қалмас, Жігіттік бойындағы күнем сол-ақ (Б. Ш. В.). **2.** *Жаны қысылды, қатты қорықты.* Бір жағынан сен қыстың. Бір жағынан — партизан. *Есі кетті* фашистің (Ж. С.).

ЕСІК КӨЗІНДЕ *Үйдің дәл алдында, табалдырықтың қасында.* — Келіңіз ағай, бері келе беріңіз! — деп [Сәуле] есік көзінде тұрып қалған Олжайға қарап еді, бетінде шіркеуі бар ма, қалай, ол төрге бас берсе шығар емес (Ә. Ә.).

ЕСІК КӨРГЕН *Күйеуге тиген, күйеуден қайтқан әйел. Есік көргенді алма, бесік көргенді ал (Мақал).* Е, е, е!... Таймас, Тоқабай, Әдхамдар есік көрген әлігі қызды билесе, «Қызыл отау» емес, ол бір қызыл өрт-тағы (Ғ. Мұс.).

ЕСІК КӨРСЕТТІ [АШТЫ] 1. *Күйеу ірге көрді, ұрын барды.* **2.** *Қонаққа шақырды, дәм ауыз тигізді.* Жаңа түскен келінге де есік көрсете алмай қысылып жүрміз (АТ).

ЕСІК ҚАҚТЫ *Қаңғыбас, кезбе.* Мөржан: Аулақ менен ендеше. Сорлы сұмырай! Құлқынына сатылған есік қақты! (М. Ә.).

ЕСІК ПЕН ТӨРДЕЙ өлшем. **1.** *Тіпті жақын, бір аттам ғана жер; таяқ тастам жер.* Түтеп тұрған боран Қалғайдың сөзін шынға шығармақ болып түтеп тұр. *Есік пен төрдей* жердегі қарайған бұлдырап жөнді көрінбейді (М. Ә.). Үлкен көштің алдында *есік пен төрдей* жерде аттарын қатар бастырып бір топ қыз келеді (М. Ә.). **2.** *Келіскен, үлкен, ұзын.* Құнанбайдың астында шұбалаң құйрық торы аты бар. Дом боп жарап алған *есік пен төрдей* ұзын торы ат көлденең тұр (М. Ә.).

ЕСІКТЕГІ БАСЫҢ ТӨРГЕ ЖЕТПЕСІН!
 қ а р ғ ы с. *Елеусіз күйіңде, қаріп күйіңде, қадірсіз күйіңде қал деген мағынада.*

ЕСІКТЕГІ БАСЫ ТӨРГЕ ЖЕТТІ *Елеусіз кісінің беделі артты, мерейі көтерілді (үстем болды).* Қозғамбайдың қызын Жақыптың баласы алса, Қозғамбайдың есіктегі басы төрге жеткені емес пе? (Қ. Тай.). Ахметтің арқасында, Жәукеңің есіктегі басы төрге жетті (С. Т.).

ЕСІКТЕН ШЫҚСА ТЕСІКТЕН, ТЕСІКТЕН КЕТСЕ ЕСІКТЕН КЕЛДІ *Мұнан кіріп, одан шыққан су жұқпас қу.* Тағы да сенбісің, су жұқпас! *Есіктен шықсаң тесіктен, тесіктен кетсең есіктен келесің,* қалдым-ау, бір пәлеге (Ә. Т.).

ЕСІКТЕ ӨЛТІРЕДІ көне. **1.** *Жалшылықта күн өткізді.* **2.** *Қорлықта өлтірді.* Ерден қайыр кетпесе, *Өлтірмейді есікте,* Өлшеп берген нәсіпке (Ш. Қ.).

ЕСІ [АҚЫЛЫ] КІРДІ 1. *Ақылы толықты.* **2.** *Ер жетті, есейді.* Кім білер ел қадірін есі кірмей, Туған үй, өз босағаң есігіндей, Туған жер жайлы төсек көзің жұмсаң, Бөпе боп тұңғыш жатқан бесігіндей (М. Әл.). Бірақ күйеуге бергенін, келешекте жеңгелері секілденіп біреуге қатын болып, күнде таяқ жеп өмір өткізетінін Зейнеп есі кіре бастағаннан-ақ сезген (Б. М.). Теріс тәрбиеде өскен баланы ес кіргеннен кейін түзеп аламын деп үміттену екіталай нәрсе (С. К.).

ЕСІЛ [ҚАЙРАН] БАСЫМ *Қадірлі басым қор болды деген мағынада.* («Есіл» арабтың «асыл» (қымбат) деген сөзінің өзгерген түрі болуы, бірақ ол екінші мәнді «қайран» сөзіне синоним болып, бастапқы мағынасын әлсіретуі мүмкін).

ЕСІЛ [ҚАЙРАН] ДҮНИЕ 1. *Қимас өмір.* Кіжінумен, түңілумен өткен есіл дүние (АТ). **2.** *Асыл мүлік. Есіл дүние* ұстауын білмей қор болған (АТ).

ЕСІЛ ЕЛ, ҚАЙРАН ЖҰРТ *Қасиетті ел-жұрт.* (Қымбат, ардақты, асыл... деген мағынада). Сұм патша тозақ қылып есіл елді Талай қыршын өмірді текке қиды (К. Ә.).

ЕСІЛ [ҚАЙРАН] ЕРІМ-АЙ *Асыл азамат.* (Өкінгенде айтылады). Жетім-жесір көп қалды, Хан әскері кенелді... Қызғыштай болған есіл ер, Қайран да жұрттан не көрді?! (М. Ә.). Қайтесің қолы тимепті, «Өлеңші, өнші есіл ер», Ала жаздай өн салсаң, Селкілде де билей бер (Абай).

ЕСІЛ [ҚАЙРАН] МАЛ [ЖАНУАР] *Ит-құсқа, өзгеге қимас мал.* (Өкінгенде айтылады). *Есіл мал,* алты ай жаз, алты ай қыс аялап баққан еңбектің соры ма, не қылсын. Тез көмекпен жетпесеңдер, оңай шашылып төгілгені тұр... — деді Дәулетбек (М. Ә.).

ЕСІЛ САБАЗ *Ардақты, асыл азамат.* (Өкінгенде айтылады). О қадірін артық, қасиетің көп есіл сабазы! Енді кімге айтылар асыл назым. Құлазып ішкі дүнием күзіккенде, Барсам сенен табушы ем көңіл жазын (АӘ).

ЕСІМХАННЫҢ ЕСІК ЖОЛЫ *Есімхан деген қазақ ханының атына байланысты атанып, ертеде қалыптасқан салт-тұрмыс заңы, көне дәстүр жиынтығы.* Кеңгірбай, Қараменде, Құнанбайлардың айтуларынан жазылып алынған «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның есік жолы»... дейтін орта ғасырдағы қазақ қауымының жұртшылық заңдарымен орыс ғалымдарын таныстырмақшы болады (Ә. М.).

ЕСІНЕН ТАНДЫРДЫ *Еңсесін көтертпеді, бой жаздырмады, есін шығарды.* Бірде атып, бірде тартып, Жанды есінен тандырар (Б. К.).

ЕСІНЕН [ЖАНЫНАН] ШЫҚТЫ *Жадында болмады, ұмытты.* «Жоғары шық-

қа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алды (Абай). Кінәлі өзі, Ақан. Егін орамын деп, біржола Райханды жадынан шығарды. Кеше Ташмағамбетов тегін айтқан жоқ, барып қайту керек еді... (З. Ш.).

ЕСІН [ЕСІ-ТҮСІН] ЖИНАДЫ [ЖИДЫ] 1. *Өзіне-өзі келді, ақылы кірді.* Бір кезде есін жиды, көзін ашып, Жанарлы қара көздің оты жасып. Қоштасып Мұқанменен үйге қайттым, Дірілдеп, әлсіз аяқ шалыс басып (С. Т.). Шатасатыны — қорқып, жүрегі ұшқандық. Әлсіз болған соң, есін жия алмай тұр,— деді доктор (С. Т.). Елдің ішінен шыққан кедей еңбекші байға қарсы дегендер болса, үстінен құс ұшыртып, астынан ит жүгіртіп сотты қып, әлекке салып, есін жиғызбай... айдатқан күндер де болды-ау (М. Ә.). Үшеуі үш күн, үш түн жылап қалды, Төртінші күн есі-түсін жинап алды (ҚКВС). 2. *Тынықты, демалды, көңілі орнықты.*

ЕСІҢ БАРДА ЕТЕГІН ЖАП *Ойлан, өзіңе-өзің сақ бол.* (Сақтандыру мағынасында айтылады). Әлі де болса көш емес, кем-кетігін бітесін дейміз, есің барда етегің жап, өзіңе лайықты орын тап дейміз (С. Төл.).

ЕСІП СӨЙЛЕДІ *Әңгімені көсілге айтты.* Соны (өлеңді) кейде ән мен домбыраға қосып айтса, кейде Сейіт қарадай тегілтп есіп сөйлеп, ағызып айтып береді (М. Ә.).

ЕТ АСЫМ [ПІСІРІМ] *Халықтық уақыт өлшемі: шамамен бір тамақ пісетін уақыт.* Базаралы бір ет асым жалғыз алысқанда, он жігіттің бесеуін найзалап, қалған бесеуін жаралы, ызалы жолбарыстан қашқан қорқақ иттей қып қуып, айдал тастады (М. Ә.). Директордың кабинетіне ет пісірім мергіл сарғая күтіп зорға кірдік (ЛЖ).

ЕТ [ЖАН] АШУМЕН ІСТЕДІ *Біреудің жанға баққан ісіне, қылығына табанда қарсы әрекет етті.* Таңертең Жігітек жаулыққа шығып, Солтанбайдың қатынын алып қашып алды деген соң, бұлар ара ағайынды елемейін деген екен. Бөкенші ет ашуден Оралбайдың тентектігіне орай бір оғаш іс істепті (М. Ә.).

ЕТ БАУЫР ЖАҚЫН *Ең жақын ағайын, туысқан.* Абай келгенше өмірдегі бір тірегі құлап кеткен жаңдай болды... Бұл күнде тіпті қасындағы ет бауыр жақын-дары: Көкітай, Дәрмен, Баймағамбеттермен де тіл қатысып, шешіліп сөйлеспеді (М. Ә.).

ЕТ БАУЫРЫ ЕЛЖІРЕДІ [ЕЗІЛДІ] *Аяды, есіркеді, жаны ашыды; туысқандық, жақындықты етті.* Сол тобықтыға төтеп беремін деп кесіп отырсың ғой, сен де жалғыз өзің ет бауырың елжіреп жұмсап тұрсаң көрерміз (М. Ә.).

ЕТ БҰЗДЫ *Етті жіліктеп бөлшектеді, мүшеледі.*

ЕТ БІТТІ *Оңалды, жетілді.*— Бұл тер,— дейді Сейден,— әсіресе қозы мен қойдың буындарын тез бекітеді. Қанын толтырады, ет бітіреді (М. Е.).

ЕТЕГІ АШЫЛДЫ 1. *Абұйыры көрінді.* 2. *Күлкі болды, ұятқа қалды. Ашылған етек жабылмай, Біріне-бірі сеніспей, Кешірім жасап келіспей, Бет-бетімен ел кетті* (Д. В.).

ЕТЕГІ [ПҰШПАҒЫ] ҚАНАМАҒАН *Бала көтермеген, көрмеген.*— Дәл өзі. Елді хан, ханды әйелі билейді. Ұлдайдың етегі қанамаған кісі. Бірақ жасырақ кезінде көк айылдыққа салып, ханға екінші әйел алғызбайды, берегірек келгенде әлдене оймен, ханға жас әйел алуға рұқсат етеді (Қ. Жұм.).

ЕТЕГІН [К...ІН] АШЫП КҮЛДІ *Масқара етіп, мазақтап күлді; кектегіп кекесімен күлді.* Тұлпардан туған тұқым ең, Ере алмадың жабыға. Етегің ашып кім күлмес Азғындаған шағыңа (Д. В.).

ЕТЕГІН БАСТЫ 1. *Асып-састы.* 2. *Шөгіп отырып қалды.* Ер пайдасы тиеді саққан жерде, Ел жаңылып, етегің басқан жерде. Жаманға жазатайым ісің түссе, Жабысып қалады екен аспан жерге (А. Қор.).

ЕТЕГІНЕН АЙРЫЛМАДЫ *Соңынан қалмады, жабысып алды.* Сапар: Енді мына Достановаңыз етегінен айрылмаңыздар (Т. А.).

ЕТЕГІНЕН [ЕТЕКТЕН] БАСТЫ [ТАРТТЫ] *Кейін тартпақтап басып отырды.* Талай рет қиянаткердің қолында өлетін жерде де осы шал өздерін етектен басып, тоқтатып қала беретін (Ә. Н.). Ел ішінде өзінен бір адамның бойы арғылып бара жатса, етегінен басып бөрі жабылады (Ә. Н.). Сәуле: Өз қолынан келері болмаған соң, өзгелердің етегінен тартпасаң екен-ау тым құрыса (Т. А.).

ЕТЕГІНЕН ҰШЫНДЫ *Жігіт-желеңдікке беріліп, жеңіл жүріспен әуейленді.* Сүлекең жиырма жасынан бастап-ақ етегінен ұшынды да, бозбалалықтың соңына түсті (Қ. Жұм.).

ЕТЕГІНЕ СӨЗЖЕ ҚЫЛДЫ [НАМАЗ ОҚЫДЫ] *Ақ пейіл болғансып, еш күнәлі болмағансып жүрген суық жүрісті, арам қылықты кісі туралы кекесін мағынасында айтылады; әзіл ретінде жас әйелдерге: «оқ аттарсың, етегіңе намаз оқырсың!» деп те айтады.*

ЕТЕГІНЕ СҮРІНІП ЖАТТЫ *Шаруа басып, қолы босамады.* Промсолда істейтін қатындар жұмысқа кетер алдында үйдегі шаруасын үлгіре алмай етегіне сүрініп жатты (Ә. Н.).

ЕТЕГІН КӨРДІ *Жақындасты, көңіл жақын болды.* Бала түгіл сымбыл жоқ,

Бедеуге, бала бермек ең, Бедеу қатын қалды ма? Сен етегің көрмеген? (Д. Б.).

ЕТЕГІН ТӨСЕК, ЖЕҢІН ЖАСТЫҚ ҚЫЛДЫ Қандай қиындыққа болса да төзді, қар төсеніп, мұз жасанды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсінен мұз жастанған, етегің төсек, жеңің жастық қылған бақташы ғана баға алады,— деді Абай (М. Ә.).

ЕТЕК АЛДЫ Тарады, жайылды; өрісі кеңіді, әбден орнықты. «Большевик» деген сөз елде етек алған сөз (Б. М.). Патша әкімшілігі Петербургке: қазақ даласындағы көтерілістің етек алуы ханға ғана емес, сонымен қатар патшаның шекаралық әкімшілігіне де қауіп төніп отырғанын хабарлады (ҚСРТ).

ЕТЕК БАСТЫ БОЛДЫ Алысқа бармады, үйден, үй жұмысынан шықпады. Мен дертімнен етек басты болып ауылдық жердегі мектептің төңірегінен әрі ұзай алмадым (С. К.).

ЕТЕК БАСТЫ ҚЫЛДЫ [БАСТЫЛЫҚ КӨРДІ] Жұрт кедергісін, тартпағын көрді. Бұға, бұға болдыңдар ғой осы! Етек басты қып өлтірдіңдер ғой осы сендер ақ—деп бәрі де Сүйіндік пен Сүгірге қарады (М. Ә.). Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ, Айлаға, ашуға да жақтым шырақ. Ерте ояндым, ойлаңдым, жете алмадым, Етек басты көп көрдім елден бірақ (Абай).

ЕТЕК ЖАПТЫ **Ө** ЕТЕГІН ҚЫМТАДЫ [ЖЕЛПІНБЕЙ ҚЫМТАДЫ] 1. Өзіне-өзі келіп ес жиды. Бәрінен Тасбалаққа осы батты, Қайғырды келіні үшін жаман қатты; Тірі кісі тіршілік қамын қылып, Жыл өтті: есін жиды, етек жапты (С. Т.). 2. Ұяты көп шашылмай ақылға келді. Бірақ есті әйел етегі желпінбей қымтанып, райға келеді (ҚӨ).

ЕТЕК ЖАЙДЫ 1. Кең тарады. Қомсомлық тойлар да көп етек жайды (ЛЖ). 2. Тіленді, сұрады. Алтыннан абырой қымбат қыз балаға, Алтынды ақымақ болса қызғана ма. Өкпелей жаман күйеу түс келгенге, Болмасын етек жайды бозбалаға (М. С.).

ЕТЕК-ЖЕҢІ КЕҢ Ақ көңіл, пейілі кең, жомарт. Қошқар болар тоқтының маңдай жері дөң болар, Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар (Мақал). Әйтпесе, етек-жеңі кең, жеті-сегіз баланың анасы, бәйбіше боп отыратын дария жан емеспісің (М. Сүн.).

ЕТЕК-ЖЕҢІН ЖИДЫ [ЖИНАДЫ] 1. Есін жиды. 2. Шаруашылығы, тұрмысы түзеліп ықшамдалды, өзіне-өзі келді, бұрынғы қалпынан бір қос тәуір болып тәртіпке түсті, жақсарды.

ЕТЕК-ЖЕҢІН ЖИМАДЫ Ештеңеден сескенбеді, именбеді. Ел үркеді, біз көшеге сыймаймыз, Сонда-дағы етек-жеңді жимаймыз (С. Б.).

ЕТЕК-ЖЕҢІ ШОЛАҚ Қолы қысқа. Мен келмеймін дедім бе? Етек-жеңім шолақ болды. Кююге тоным жоқ-ақ болды (ШС).

ЕТЕК КІРІ [ҚОНАҒЫ] КЕЛІП ЖҰР **Ө** ЕТЕГІ СЫНЫП ЖҰР **Ө** БЕЛІ БҰЗЫЛЫП ЖҰР Әйелдердің әр айда болатын, келетін табиғи белгісі қайталағанда айтылады.

ЕТЕКТЕН АЛДЫ Шалғайдан тартты, ілгері бастырмады. Сұлтан ұшып тұрды:—Балық жоспары орыңдалмай аудан жағадан алып жатқанда, сендер етектен алып құрттыңдар ғой?— деді (Т. А.).

ЕТЕКТЕН КЕСІП ЖЕҢ БОЛМАЙДЫ Әр нәрсе өз орнында деген мағынада. Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім, Ежелгі дұшпан ел болмас, Етектен кесіп жең болмас (М. Ә.).

ЕТЕКТЕН ҰСТАДЫ Қол ұстасын қосылуға бел байлады. Қарағөз [Сырымға]: Не деймін...? Не айтармын?... етегіңнен ұстау, еру (М. Ә.).

ЕТЕНЕ ЖАҚЫН [ТАНЫС, ДОС] Жандай дос, аралас-құралас туратын тату жолдас; өте жақын, үйренішті. Жұмабек айналған сайын бойын рақат көрнеп барады. Розамен баяғыдан бері бір жүріп, бірге жасап келе жатқандай, ол ең жақын етене досы сияқты (Т. А.). Енді егістік алқаптың мол бөлігін алып жататын бидай жайлы бірер сөз. Бұл етене жақын боп кеткен дақыл (ЛЖ). Қазір мұндағы адамдармен етене танысып, талайлардың сырына да қанық (ЛЖ).

ЕТ ЖАҚЫН Туыс, ағайын-жегжат.— Ойпырай, ата-анадан тіптен жас қалған екенсің, шырағым. ...*Ет жақын*, туыс дегеннен ешкімің бар ма?— деді Тойтық (М. И.). «Абай сол орайда Тобықтының Оразбайы ғана емес, әсіресе бұның аталас туыстары, ұраны бір *ет жақындары* қанын ішіне тартып, түршіге дем алатын бір сөздерге ауысты (М. Ә.).

ЕТ ЖЕМЕСЕ ДЕ, СОРПА ІШКЕНДЕЙ БОЛДЫ 1. Қара терге түсті. 2. Ұялып қысылды.

ЕТ-ЖЕНДІ АДАМ Семіз, толық адам. Ол елде Нияз деген кісі би екен. Өзі *ет-женділеу адам* болса керек (ШС).

ЕТ ЖҮРЕГІ ЕЗІЛДІ [ЕЛЖІРЕДІ] **Ө МАЙ ІШКЕНДЕЙ** ВОЛДЫ Уайымдады, іші күйді, қайғырды.

ЕТКЕ ШЫҚПАДЫ Шыр бітпеді, егеймеді, толыспады, семірмеді. Қолға алғаннан бері ілігінен айғырып, тілі шығып адам боп аяғына басып келсе де, сорлы бала *етке шықпай-ақ* қойды (Ә. Н.).

ЕТ ҚЫЗУ Алғашқы қарқын. Тәкежанның астындағы жирен жал құла дөнені қатты терлепті. Күміс жүгеннің ауыздығын тістеп, әрлі-берлі көлбектеп *ет қызуын* баса алмай тұр (М. Ә.). Шешем осы баланы ойланбай бере салғаны үшін құдай тағаланың өзін де *ет қызуда* біраз шықыртып алды (Б. С.).

ЕТПЕН ҚАЙНАП, СҮЙЕККЕ СІНГЕН
*Әбден дағдылы болған, әдетке айналған,
 үйреніскен. Бір мінезің алты алаш білген
 мінез, Етпен қайнап, сүйекке сіңген мінез.
 Шын періште секілді құлыныңның, Жас
 жүрегің, ойласа, тілген мінез (Б. К.).*

ЕТПЕТІНЕН ТҮСТІ *Мұрттай ұшты;
 жалп етіп қарнымен жерді сүзе құлады.
 «Сонсоң жаныңнан безгенің келе бер» де-
 гендей, етпетінен түсіп, көзінен от шаша
 күрілдеп жатыр көкжал (Ғ. Мұс.). Бозін-
 ген боздаған бойы ботасына жете бере ет-
 петінен түсті, ботасын аймалайды да боз-
 дайды, боздайды да аймалайды (Ә. Ә.).*

ЕТГЕН ӨТШ, СҮЙЕККЕ ЖЕТТІ 1. *Қат-
 ты батты. 2. Шыдамы кетті, төзбестік хал-
 ге ұшырады, шектен шықты.* Сар дала,
 кімдікі едің өткен кезде, Қан болып, жан
 шығарға жеткен кезде? Арқа ет арша,
 борбай ет борша болып, Етген өтіп, сүйек-
 ке жеткен кезде? (Қ. Қуан.). *Етінен өткен,
 сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ана-
 ның сүтіменен емген надандық әлдеқашан
 адамшылықтан кетірген (Абай). Таяқ ет-
 тен өтеді, сөз сүйектен өтеді (Мақал).*

ЕТІ АУЫР 1. *Денелі, зор жаратылған.
 Әсел еті ауыр, жауырыңды, сауырлы мол
 денесін отырыс-тұрыста өзгеше толықты-
 ғына қарамай шапшаң, жеңіл қозғайды
 (М. Ә.). 2. Жалқау, жай басар.*

ЕТІ АУЫРМАДЫ 1. *Жақын адамның
 ұрысқанын елемеді. 2. Жаны ашымады.
 Енесі тепкен құлынның еті ауырмас (Ма-
 қал).*

ЕТІГІМЕН СУ КЕШТІ *Қандай қиыншы-
 лық болса да көнді, төзді, шыдады. Ер ба-
 сына күн туса, Етігімен су кешер (Мақал).*

ЕТІ ҚАШТЫ *Арыды, жүдеді. Жігіт
 едім, мұндай болдым, Етім қашып, қан-
 дай болдым (ШС).*

ЕТІ ҚЫЗДЫ 1. *Еліріп көгерілді, намы-
 сы қозды. 2. Шабытына келді, екпіндеді,
 қарқындады. Дуаным Қара өткел мен
 Қарқаралы, Барады кешкі базар тарқаға-
 лы, Алған соң еті қызып тоқтата алмас,
 Өлеңді тағы да отыр шайқағалы (Жам-
 был).*

ЕТІНЕН ЕТ КЕССЕ ДЕ МЫҢҚ [БЫЛҚ]
 ЕТПЕЙДІ 1. *Шыдамды, мінезі салмақты
 кісі туралы айтылады. Жұмаштың ағасы
 үстіне түйе аунап, етінен ет кесіп алып
 жатса да мыңқ етпейтін (Н. С.). 2. Без бүй-
 рек. Етінен ет кесіп алса былқ етпес без
 бүйректің өзі бопты (АТ).*

ЕТІН СЫРТЫНА ТЕПТІ Ө ТҮГІ СЫР-
 ТЫНА ШЫҚТЫ *Ашуға мінді, ыза керне-
 ді, терісіне сыймады. ...Найман етін сыр-
 тына теуіп шертіп келеді (М. Ә.). Нұрман
 етін сыртына теуіп, зәрін шашып, Жақсы-
 лықты жер-көкке сыйғызбайтын болып,
 әке-бабасынан бері қарай боктай бастады
 (М. Ә.).*

ЕТІ ОЯЗДАДЫ [ОЯЗ ТАРТТЫ] *Арық-
 тады, еті тартылып, қоңы түсті, Мына құ-
 нан тұяғының еті олазып кетіпті. Жиренің-
 ді мініп кел! (Ғ. М.).*

ЕТІ ӨЛДІ Ө ЕТІ ҮЙРЕНДІ *Көнді, көн-
 дікті, мойынсынды, үйреніп кетті. Соғыс
 жағдайына Дәулет екеуінің не деген еті
 өлген адам екендіктеріне Сырбай қайран
 қалды (С. М.). Соған [ұрысқа] әбден еті
 өліп кеткендіктен бе, Хақима күйеуіне
 ренжіп жүріп-ақ қызмет етеді (М. И.). Түй-
 ебайдың салған азабынан еті әбден үйре-
 ніп ашынған Нәзім неден болса да тайын-
 байтын халге жетті (Ә. Ә.).*

ЕТІ СЫРБАЗ *Тәтті, дәмді ет, жас мал-
 дың еті.*

ЕТІ ТІРІ *Пысық, ширақ, қолынан іс ке-
 летін. Қолынан іс келетін Дүйсенғалы қа-
 тардағы колхозшы болса дағы, еті тірі пы-
 сық адам екен (С. Бақ.). Кім сені бұл дү-
 ниеле бар деп айтар! Кім саған жықпай
 бәйгі ал деп айтар? Жықпасаң да күресіп
 талаптаңсаң, Еті тірі жау жүрек жан деп
 айтар (С. Т.).*

ЕТІ ТІРІЛДІ *Пысыды, ширақ тартты.
 Ләйланың көзі от шашты, енді қаштым
 деп ішінен қуанып, еті тіріліп, беті ажар-
 ланып қалды (С. Шәр.).*

ЕТІ ТІТІРКЕНДІ *Жиіркенді. Оның ха-
 тын ашып көруге қолым кірленгендей етім
 тітіркенетін,— деді Нұрбүбі (М. Ә.).*

ЕШКІ БОЛСЫН, ТЕКЕ БОЛСЫН, БА-
 ЛАЛАРҒА СҮТ БОЛСЫН *Не болса, ол
 болсын, пайдасы тисе болғаны. (Осы күнгі
 ауызекі тілде «Бұқа болсын, шорт болсын,
 балаларға сүт болсын» деп те айтылады.
 Қырғыз тілінде «бука болсун, теке болсун,
 балдарыма сүт болсо, болгону» түрде қол-
 данылады).*

ЕШКІ КӨЗДЕНДІ *Бақырайды, аларды,
 тікірейді. Ит көрген ешкі көзденіп, Елерме
 жынды сөзденіп (Абай).*

ЕШКІМНІҢ АЛА ЖІБІН АТТАМАДЫ
*Жан баласына қиянат жасамады, бұрауын
 алмады.— Қой, ойбай!— деп бажылдады
 Алым байғұс абыржып... Ешкімнің ала
 жібін аттап көргенім жоқ (ҚЕ).*

ЕШКІНІҢ АСЫҒЫНДАЙ *Кішкентай,
 шүйкімдей, көзге қораш көрінетін. Бұл
 баяғы ешкінің асығындай кішкентай Есір-
 кеген емес (І. Е.).*

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ *Игіліктің ерте-
 кеші жоқ. (Мұндағы «ештен» дегеннің тү-
 бірі — еш; бұл — ешбір, ештеңе, ешкім
 т. б. келетін болымсыз есімдік, ал оған
 жалғанып тұрған шығас жалғау; «еш»
 дегенге басқа қосымша жалғанбайды). Ер-
 терек келмедің деп несіне ескертейін, еш-
 тен кеш жақсы да (Ғ. М.).*

Ж

ЖАБУЛЫ ҚАЗАН ЖАБУЛЫ КҮЙІН- *ДЕ Сырды жасырды; шетке сыр білдірмей, не болса да өзі біліп қоя салды; істі әрі қарай қоздырмады. Жан керек болса, өмірден үміт қылса, Күреңбай ең әуелі Нұр-тайдан бөлініп келсін. Оған шейін жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыра тұрайық (С. О.).*

ЖАБЫДАЙЫН ЖАЛТАНДАП *Тайсалып, беттей алмай. Арғымақ дейтін жығылар, Найза бойы жер келсе, Жабыдайын жалтаңдап, Түсер жерін қарай ма? (М. Ө.).*

ЖАБЫ ЕМЕСПІЗ, ТҰЛПАРМЫЗ, ҚҰЛАДЫН ЕМЕС, СҰҢҚАРМЫЗ *Екінің бірі емеспіз, қарапайым, әншейін емеспіз. Ал Сәкеннің ақындық асулары да, ер жотадан атой бергендей төкаппар сөз үндері, «жабы емеспіз, тұлпармыз, құладын емес, сұңқармыз!» — деп бұрынғы өткен тарихта, бүгінгі оянған табына, езілген еңбекшілеріне дабыл ұрады (М. Ө.).*

ЖАБЫҚҚАНДЫ ДЕРТ БІЛМЕЙДІ *Қайғылы адамның еңсесі көтерілмейді. Жабыққанды дерт білмес, Бақан қайғы серілмес, Шамшырақтай жайнамай. Ер деп атақ алмайсың, Алмас семсер асынбай (Д. В.).*

ЖАБЫҢҚЫ [ЖАБЫРҚАУ] КӨҢІЛ *Сынық, мұңды көңіл. Тек жүйрік боздың үстіне шыққан кезде жабыңқы көңіл жарқ етіп, ашылып кететін (Ғ. Мұс.).*

ЖАБЫРҚАУ ТАРТТЫ *Көңілісіздік басты, мұңайды; көңілі сынық болды. Естілді бір кез таныс үн, Жүрекке жылы тым алыс... Жабырқау тартқан жан үшін Бұл да бір демеу, жұбаныш (Н. Ш.).*

ЖАҒАДАН АЛДЫ **ЖАҒАСЫНА ҚОЛ САЛДЫ [ЖАРМАСТЫ]** *1. Қылғындырды, тарпа бас салып, кеңірдектен алды. Қолма-қол жауабын аламын, өзгені емес дәл осы жолы қос қолыммен сол Ыбырайды [Абайды] жағадан аламын. Аламын да шөке түсіріп табнымның астына саламын — деді Оразбай (М. Ө.). Кеше ғана түү деген түкірігін жерге түсірмей қағып*

алып тұрғандар бүгін жағасына қол салды (З. Ш.). Шауып жүріп ерлерің, Белден ұстап алады. Олар белден ұстаса, Тұра шегіп қалады, Жағаға қолды салады (БЖ). 2. Асықтырды, жан алқымға алды, қысты. Балық жоспары орындалмай аудан жағадан алып жатқанда сендер етектен алып құрттыңдар ғой, — деді Сұлтан (Т. А.). Ертең тағы тексеру басталғанда, біріңнің жағаңнан бірің аласыңдар ма деп қорқамын (С. Ад.).

ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУҒА КЕТТІ *1. Алқа-салқа болды; түймесін ағытып, қалай болса солай отырды. Өтекеңнің мойны салбырап, жағасы жайлауына кетті (С. Ад.). 2. Шалқыды, тасыды.*

ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУ, ТӨБЕСІ [АРҚАСЫ, ТӨСІ] ҚЫСТАУ **ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУ, ТӨСІ ӨРІС** *Мол өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік; жайбарақат күйде күн кешу. Жағамыз жайлау, төбеміз қыстау болып отыратын басымыз аяқ астынан мұңдай пәлеге кез болдың (Қ. Тай.). Шешін, шырағым, — деді Науша. — Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, жағамыз жайлау, төбеміз қыстау, отырмыз жайланып (Ғ. М.). Ой, шатастырған құдай-ай, мен де сол сияқты шаруа бағып үйде тыныш жатсам, әуелден жағам жайлау, төсім өріс болмай ма? (А. Н.).*

ЖАҒАСЫ ЖАҚЫТ КІРЕУКЕ ЖІБІСІ ЖЕТІП ЖҮН БОЛҒАНША *Уақыт өлшемі: шыдамның, төзімнің жеткенінше. (Бұл жерде мейлінше төзу, әбден шыдас беру мағынасында айтылып тұр). Жағасы жақыт кіреуке жібісі жетіп жүн болғанша шыдастық. Найманның не пәлесі болса да көтердік (М. Ө.).*

ЖАҒАСЫН ҰСТАДЫ *1. Таңданды, айран-асыр болды. Жас баланың мынау мінезіне жағасын ұстады (АТ). 2. Қатты түңілді, күдер үзді, жерге түкірді. Өзімбайдың зорлығын естігенде, бар Шыңғыстың іші-тысындағы сай тасына дейін шулаған жоқ па? Соққы-тепкі көргеннің бәрі жағасын ұстап, тісін басты ғой, — деді Дәркем-*

бай (М. Ә.). Үй ішіндегілердің бәрі «астапыралла» деп жағаларын ұстады (С. М.).

ЖАҒЫ ЖОҚ АҚЫН [ЖАН, ШЕШЕН] *Сөзуар, шешен адам туралы айтылады. Қалтадан өлең екен шыққан қағаз, Жағы жоқ ақын екен жігіт сабаз, Көшіріп ал өлеңді қолыма алдым, Жел сөзге онан өтер ақындық аз (М. С.).*

ЖАҒЫЗЫП ЕМІЗДІ *Ип емізді. Көзімнен жасты ағызып, Емшектен сүтті тамызып, Өлгенде көрген ботамды Емізбедім жағызып (ҚЕ.).*

ЖАҒЫ ҚАРЫСТЫ *Үні өшті, тіл қатпады, дыбыс бермеді. Күреңбайдың жан терге түскен масқара кескініне тесіле қарап тұрмыз. Құлағы тәрс бітіп, жағы қарысып қалғандай жуық маңда үн қататын түрі жоқ (С. О.).*

ЖАҒЫНА [ЖЕЛКЕСІНЕ] ПЫШАҚ ЖАНЫҒАНДАЙ *Құлағынан күн көрінеді; құр сүлдері қалған жүдеу; терісі сүйегіне жабысқан арық (адам). От басына таяуырақ ұзынша шоқша сақалын сипап қойып, жағына пышақ жанығандай болып Мүсірәлінің өзі отыр (С. С.).*

ЖАҒЫН АША АЛМАДЫ *Жұмған аузын аша алмады; сөйлей алмады. Шақыртсам келер ме екен, жеткізсең қайтер деп, көп қинады жалынып, аша алмадым жағымды (Ғ. М.).*

ЖАҒЫҢА ЖЫЛАН ЖҰМЫРТҚАЛАСЫН! *қ а р ғ ы с. Жайсыз хабар, жаман сөз айтқан кісіге айтылады. Содан құрметті доцент сенен айрылысып, мына Бике апай сияқты бір көрі әйелге үйленіпті,— дейді. Бике: Ой, жағыңа жылан жұмыртқаласын! Айтпа ондай жаманшылықты — деді Мариямға (М. И.).— О, жағыңа жылан жұмыртқаласын! — деп, қызы тырнаны лақтырды (ҚЕ).*

ЖАҒЫҢ ҚАРЫСҚЫР! *қ а р ғ ы с. Үнің өшкір т. б. деген мағынада.— Жағың қарыссын, қатын, жағың қарысқыр-ау, жалғыз сиыр қатса, сыныңа келерсің,— деп Қоңқа үйде жатып кейіді (Б. М.).*

ЖАҒЫҢНАН АЛҒЫР! *қ а р ғ ы с. Бәле жағыңнан келсін, жағың қарысқыр деген мағынада. Қойшы, жағыңнан алғыр! Мынау не дейді? — деп, кемпір жүгіріп келіп, қараған болып жатты (ҚЕ).*

ЖАҒЫҢ ТҮСПЕЙ, ЖАМАНДЫҚ КӨРМЕ! *т і л е к. Өле-өлгенше бейнет, таксірет тартпа деген мағынада.*

ЖАҒЫ СЕМБЕДІ [ТЫНБАДЫ] ○ ЖАҚ ЖАППАДЫ *Дамыл таппай, көп сөйледі. Бір шетте теңкііп үлкен клуб тұр. Бір белмеде Бану мен Нағима ағаш кесіп жатыр. Ашық мінезді Нағима жағы сембей сөйлеп тұр (Т. А.). Шытырлап ат байланды қалмақшаға, Жөңкіліп жаюу халқы келді ортаға, Жаршылар жағы сембей жүр каксауда (І. Ж.). Екі көзі жұлдыздай, Жайнап кетіп барады, Міндет қылып құдайға, Жағы тынбай бұлбұлдай, Сайрап кетіп*

барады (БЖ). Бүгін жұмысқа келгелі Көкіманың жағы тыным таппай «Баян аулы басынан бұлт кетпеске» басып отыр (Ә. Ә.).

ЖАҒЫ ТАЛДЫ *Сөйлей-сөйлей, айта-айта қажыды, шаршады. Жұмсаудан жағың таласың. Ісінің көріп шаласын. Бірі желеуді айтады, Көре тұра нанасың (М. Сұл.).*

ЖАҒЫ ТҮСКІР! *қ а р ғ ы с. Үні өшкір, бар болғыр деген мағынада. Баян деген сөзіңді жаңа есіттім, Жағы түскір, жүгермек, кім айтады (ҚКВС).*

ЖАҒЫ ТҮСІП ӨЛДІ *Әбден қартайып өлді.*

ЖАДЫ БАС КІСІ *Басы айналған кісі. (Ескі сенім бойынша, әйелі, не басқа біреу дуалаған, басын айналдырған кісі. «Жады» — парсы сөзі, бас айналдыру, магия мағынасында).*

ЖАДЫМНАН КӨТЕРІЛДІ *диал. Ұмытты, есінен шықты. Балқыбек өлеңінің біразын білуші ем, жадымнан көтеріліп қапты (Жамб., Луг.).*

ЖАЗА [ЖАЗЫМ] БАСТЫ *Қателесті, жаңылды, жаңсақ кетті. Қолыңда әкең қылышы! Әкеңнің жалаң намысы осы болатын жалындаған жүзінде. Жаза басаң, жаза да берер сол қылыш,— деді (М. Ә.). Айдыңның ақ шортанын жібермеймін, Жасымнан жаза баспаң қармақ едім (Жамбыл). Акутин — айлакер адам. Қақпанға аяғын жазым баспайтын, ізін де кестірмейтін нағыз көрі түлкі (Х. Е.).*

ЖАЗАБА ТИДІ *диал. Қырсың шалды, бәлеге жолықты. Егер осы пірәдерді бұзса, жазаба тиеді,— депті (Жамб., Луг.).*

ЖАЗАҒА ҰШЫРАДЫ [ТАРТЫЛДЫ] ○ ЖАЗАСЫН [ЖАЗА] ТАРТТЫ *Айып-сыбағасын, сазайын алды. Ақсүйекті қор тұтқан, Қараны онан зор тұтқан, Ноғайларды пір тұтқан, Тартарың сонда жазанды (БЖ). Қожа есегін ұрады жаман қатты, Ұрмай қайтсін қалғаны жанға батты. Жазаңды тартқызайын мен сенің деп, Өлгенше тас тасуға майын сатты (М. Қал.).*

ЖАЗБАЙ ТАНЫДЫ *Дәл басты, жаңылмай ажыратты, бірден білді. Ол жазбай таныды, кешегі өзіне таныс көрі суыр (А. Х.). Ымырт қараңғысы тым қою болса да өзін төңіректеген баланың Жарқын екенін Сапар жазбай таныды (М. И.). ...Анатолий Кондратьевич есіктен кіре бергенде-ақ Сырбайды жазбай таныды (С. М.).*

ЖАЗ БОЙЫ ○ АЛА ЖАЗДАЙ *Көктемнен күзге дейін. Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспеген (М. Ә.).*

ЖАЗҒАН [ЖАППАР] ҚҰЛДА ЖАН [ШАРШАУ] БАР МА? *к ө н е. Еш қажымайды, ертеңнен қара кешке дейін дамылсыз жұмыс істейді, тиісті міндетінен бас тартпайды. Немене, жүрегің дауаламай*

ма? *Жазған құлда шаршау бар ма, Көше-жең өзі-ақ баяндайды* (М. И.). Жердің астында болса да тап деді. *Жазған құлда жан бар ма, жеті түнде іздеп кеттім* (АТ).

ЖАЗҒА САЛЫМ ҚЫС ӨТЕ, ЖАЗҒЫТҮРЫМ. *Жазға салым қой қоздар кезде сауын айтылған. Сауын, астың болатын ай-күнін, орнын жариялаған* (М. Ә.). Күзембай тұрып *жазға салым түйені жүндейді* (М. Б.).

ЖАЗ ДИДАРЛЫ ЖҮЗІ ЖЫЛЫ, АШЫҚ ЖАРҒЫН (КІСІ). Ән еркесі — келте мұрын, үлкен қой көзді, *жаз дидарлы, қою шашты қыз* (ЛЖ).

ЖАЗДЫҢ САРША ТАМЫЗЫНДА ШІЛДЕНІҢ НАҒЫЗ ЫСТЫҚ КЕЗІНДЕ. («Тамыз» — араб сөзі, ыстық мағынасында). *Жаздың сарша тамызындағы таңдардың бірі. Күн көкте өрмелеп, көлеңкелердің бойын қысқартып келеді* (Ғ. Мұс.).

ЖАЗМЫШ НЕ ЖАЗСА ДА КӨНДІ КӨНЕ. *Тағдырдың бұйрығына мойын ұсынды. Қайтейін, ғашық жарым, мейлің білсін, Қызық күн сенсіз жерде маған құрсын! Мен көндім жауыз жазмыш не жазса да, Мейлі дос табалап, дұшпан күлсін* (Б. К.).

ЖАЗМЫШТАН ОЗМЫШ ЖОҚ *Тағдырдың дегені болады.* (О баста құдай әр пәнденің не көрерін маңдайына жазып қояды деген діни ұғымнан келіп қалыптасқан).

ЖАЗЫҒЫ ЖОҚ *Күнәсіз, айыпсыз.* Жазығым жоқ. Омбыға жаяу бардым, Жол бойы бейнет көріп мен арыдым. *Жазығымның жоқтығы* бұл емес пе, Үш қыстау, үш жүз теңге, он ат алдым (Ж. М. Б.).

ЖАЗЫҚСЫЗ КҮЙДІ *Тектен-текке, қарадай жүріп айыпты болды.* Жан-жарың, жақын досың, жан сүйгенің, Жас жаның қиды таппақ болып емін, Күп білем, жақын үшін жанған отта, *Жазықсыз* оның дағы құр күйгенін (Б. К.).

ЖАЗ[-ЫЛ]ҒАН ХАТТАЙ [ХАТТАЙ ТАНЫС] 1. *Аса таныс, ап-анық.* ...Бұл араның елі, жері, суы жас мырзаның жадында жазылған хаттай сайрап тұратын (Ә. Н.). 2. *Жүйелі, мәністі, мағыналы.*

ЖАЗЫМ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Майып болды; күтпеген жерде қазаға ұшырады, бейнетке кезікті. Жазым болса, быламыққа тіс сынар* (Мақал). Құлагер шапсаң баурың жазылатын, Жер ошақ тұяғыңнан қазылатын, Құшақтап қу далада қалдым жылап, *Жазым боп жау қолынан жалғыз атым* (І. Ж.). Ұйықтасам үсініп *жазым болармын* деп ойлаған ол [Құсбек] сергек ақ сияқты еді (К. О.). Күн де сәттің ішінде суыта берді. Ай, ірілеп кетті-ау, көпір *жазым қылмаса* игі еді, — десті Несіпбай мен Күзембай бір-біріне (М. Ә.). Әй, тыста қайсың бар? Мына кісілерге *жазым қылып* ана иттер ұмтылып жүрмесін (С. С.).

ЖАЙДАҚ АТҚА МІНГЕНДЕЙ ЖҮЛҚЫНДЫ *Орнықты мінез көрсетпеді, желікті.* Құлмамбет Суандағы сен бір бұлбұл.

Төрем пысық болды деп Албан, Суан, *Жайдақ атқа мінгендей жұлқынып жүр* (С. А.).

ЖАЙДЫҢ АТҚАН ТАСЫНДАЙ *Аса құдіретті, мықты, бой бермес. Жайдың атқан тасындай.* Ерегіскен дұшпанның Еңсесін үздің жасылдай (Ш. Қар.).

ЖАЙ-ЖАЙЫНА ТАРҚАСТЫ *Бет-бетіне жөнелді, әркім өзінің бас қамын жасады.*

ЖАЙҚЫН ДАЛА *Кең өлке, байтақ дала.* Арғы бет қып-қызыл жар кемеш, онан қарай бірте-бірте жалданып биіктей беретін *жайқын дала* (А. Н.).

ЖАЙЛАУЫҢ БАЙСАЛДЫ БОЛСЫН, АЙҒЫРЫҢ БАЙТАЛДЫ БОЛСЫН! тілек. *Жаңа жайлауға шыққанда айтылады.*

ЖАЙЛАУЫҢДЫ ЖАУ АЛСЫН, ҚЫСТАУЫҢДЫ ӨРТ АЛСЫН! қарғыс. *Қымқуыт зобалаң шаққа кезік деген мағынада.*

ЖАЙЛЫ ЖҮРІП, ЖАҚСЫ ЖЕТ! тілек. *Аман-сау бар деген мағынада. Жолың болсын! Шаршамай, шалдықпай, жайлы жүріп, жақсы жетіңіз* (АТ).

ЖАЙМА-ШУАҚТАДЫ *Жуып-шайып айтты.* — Өзге бала сап-сау! Жалғыз осы бала бақырға бір жаман іш ауру тиіп, толас таппай қойғаны! — деп, бәйбіше *жайма-шуақтаған* болды (М. Ә.).

ЖАЙНАҢ [ЖАЙРАҢ] ҚАҚТЫ *Ашық шырайлы, көңілді жүзді кейіп білдірді.* Қыз да енді алғашқы беттегі кібіртіктен құтылып, «жүріңіз, аға көрсетейін» деп *жайнаң қағып* үйіріліп қоя берді (М. И.). Участке басығының орынбасары болғаннан бері жабырқау дегенді жадынан шығарып, бұрынғысындай *жайнаң қағып* жүруші еді (Ә. Ә.). Бүгін тік көтеріле жер бөлісіне шыққан мынау жалшы, кедей, орташа *жайраң қағады*; бірі қуанышын кеудесіне сайғыза алмай танаулап жүрсе, бірі қызара бөртпін жымың-жымың етеді (Ғ. Мұс.).

ЖАЙ ОҒЫНДАЙ АТЫЛДЫ [БОЛДЫ] 1. *Шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады; күтпеген жерден тарпа бас салды.* — Сіздер қарсы алдынан оқты аямай жаудырып, немістердің есін шығара беріңіздер, мек олардың төбесінен *жай оғындай* бір атылайын, — деді Төлеген (Ә. Ә.). 2. *Шаншудай қадалды.* Онсыз да қаны басына шапшып отырған Иосифке мына сөз төбеден түскен *жай оғындай боп* көрінеді (Қ. И.).

ЖАЙ ОҒЫНДАЙ ЖАЙРАТТЫ *Сұлаттып салды, мұрттай ұшырды.* Қамбар алды садақты, Атайын деп қос оқты, Сырттан шығып атқан оқ, *Жай оғындай жайратты*, Семіздігі сонша екен, Төбенің басын майлапты (ҚБ).

ЖАЙ СОҚҚАНДАЙ [ТҮСКЕНДЕЙ] *Есеңгіреп, қиналып отырған адам туралы*

айтылады; ойламаған жерден, тұтқиылдан, аяқ астынан, төбеге ұрғандай, ойда жоқта болған жағдай туралы айтылады. Күтпеген жерде төбесіне келіп жай түскендей Ғани есі шығып: «Бағила! Бағилаш! Не айтып тұрсың сен?!— деп қыздың екі білегінен ұстай алып еді. Ол қолын жұлқып кейін тартып әкетті. Жігіт қолын көтерген қалпында қалып қойды (М. И.). Алуа төбесінен жай түскендей тұрып қалды (С. Вақ.). Шылымсыздың екі көзі шығып кетті. Төбесіне жай түскендей ошарылып қалды. Шиқылдап, күркілдеп ұзақ жөтелді... (ҚӘ).

ЖАЙ ТАПТЫРМАДЫ Тыныштық бермеді, маза бермеді. Қанаттың күйген қолы ашып, жай таптырмай барады (Ғ. С.).

ЖАЙ ТАСЫНДАЙ Жарау, күйі келген, сақадай сай, өткір. Сендер де бір әсерсіз, Ел шетіне жау келсе, Тас-талқанын шығарып, Жай тасындай қайнаңдап (Жамбыл). Жануарлар жайтаңдап, Жай тасындай ойнаған (Қ. Қуан.).

ЖАЙЫЛЫП ЖАСТЫҚ БОЛДЫ **ЖАЙЫЛЫП ЖАСТЫҚ**, **ИЛІП ТӨСЕК БОЛДЫ** **ЖАЙЫЛЫП ТӨСЕК**, **ЖАЗЫЛЫП ЖАСТЫҚ БОЛДЫ** Төбесіне көтеріп күтті, алдында құрдай жорғалады. Өз басым Бекеннің жағымсыздығына шыдай алмадым. Қашанғы оған жайылып жастық бола берсең, шыдамның да шегі бар емес пе (ЛЖ).

ЖАЙЫН [ЛАҚА, КЕБІС] АУЫЗ 1. Екі езуі екі құлағына жететін үлкен ауызды кісі туралы айтылады. Мойнында жез қарғыдай үлкен теңге салбыратқан көк сакал Уәйс отыр. Күжірейген семіз, жайын ауыз, бақа бойлы суық қарайтын болыс отыр (М. Ә.). 2. Обыр, қомағай.

ЖАЙЫП САЛДЫ 1. Барын алдына қойды. 2. Бар білгенін түгел айтып берді, мәселемен таныстырды, хабардар етті. Сапар болған шатақтың өзін ғана айтып қоймай, оның төркінін баяндап, бар шындықты өзгеріпестен түгел жайып салды (М. И.).

ЖАҚҚАН ШАМДАЙ КӨРДІ Қадірледі, жоғары бағалады, құрмет тұтты. Айтықан сөзді, айтушы адамдарды, Арамызда көреміз жаққан шамдай, Хакімдіктен мәжірет төржімәндер, Көрінеді біздерге өткен қалдай (М. Қал.).

ЖАҚ ҚЫЛДЫ Өзіне тартты; одақтасты, жақтасты. Бейбақтардың басына бақ қылып жүр, Арам жеңіп, адалды жақ қылып жүр, Ақша беріп билерді антқа салсаң, Мөрін басып қара істі ақ қылып жүр (М. Сұл.).

ЖАҚСЫ АЙТТЫ Дұрысын сөйледі, орынды сөз сөйледі. Тақсыр-ау, сізді қалай жамаңдаймын, Мен түгел құдай жаман жаратқан жоқ, Жақсы айтсам, тақсыр төрем, мақтанарсың, Жабырқап жаман айтсам, жасқанарсың (Ш. Ж.).

ЖАҚСЫ АТА Беделді, текті, қабырғалы ата баласы.

ЖАҚСЫ АТАНДЫ Жақсы атты болды, ауызға ілінді. Жақсыны алыс, жаманды жақын көрме, Жақсы атансаң басқаның хақын жеме, «Жақсымын» деп момынның малын жесе, Жаман адам сол болар, «мақұл» деме (Ш. Құл.).

ЖАҚҚҰРТ КЕЛСІН! қ а р ғ ы с. Құдай жағыңнан алсын, зар жақ боп сөйлей алмай қал! (Тісінің құрты ұстасын деген мағынадан келіп шыққан).

ЖАҚСЫ АТ [АТАҚ] ЖОҚ Қанша бейнеттеніп, тырбанса да мақтау ала алмады, еңбегі зая кетті. Он айдан бері артта келе жаққан участкені жүз елуге бір шығардым. Сонда да маған жақсы ат жоқ. Өзің-ақ айтшы, Сәулетай, осылары да әділет пе?— деді Бөлекбас (Ә. Ә.).

ЖАҚСЫ АТТЫ БОЛДЫ Тәуір атанған, ел аузына ілінген, мақтаулы атқа ие болған кісі. Ол Абайдың Төкежаннан кіші бола тұра, жақсы атты жігіт боп бара жатқанын қызғанып жақтырмайды (М. Ә.). Шұбар болса, бұл ағайын ішінде Абайдың ақылмен жүретін кісі деп сөйлейді. Бірақ Абайға ішті-тысты мінезі арқылы бүгін жақсы атты кісі болып сырласады. Өзге туыстың бәрін жаман атты көрсетіп отырған да өзі (М. Ә.). Ондағы ойы, жақсы атты болғысы келеді Мадер (С. Шәк.).

ЖАҚСЫ АТТЫ КӨРІНДІ Жағымпазданды, жалпақтады. Өз елінің адамын танымай шатасқан Қабыш ғана емес, осы арада атамға жақсы атты көрінемін деп кәрі ояз да алданып қалды (Ә. Ә.).

ЖАҚСЫ АТЫ КЕЛЕДІ Абырой-атағы, мақтауы саған болады.

ЖАҚСЫ-ЖАМАНДЫ АЖЫРАТТЫ Өлер жерін білді, оң мен солын таныды. Пырақ он жасқа келгенде, жақсы-жаманды ажырататын болады (ҚЕ).

ЖАҚСЫ [ЖАЙЛЫ] ЖАТЫП, ЖАЙЛЫ [ЖАҚСЫ] ТҰРЫҢЫЗ! тілек. Ұйқтар кезде, жатар алдында айтылады. Бүгінгі еңбек күніміз де жемісті өтті: еңбек рақаты деген осы да. Сіз де өзирге дем алыңыз, жақсы жатып, жайлы тұрыңыз (ЛЖ).

ЖАҚСЫ ИТ ӨЛІГІН КӨРСЕТПЕЙДІ Өзін ешкімге қорлатпайды, көз тұрпкі болмай шетке кетеді. Шошыдым! Жақсы ит өлігін көрсетпейтін еді. Есім барда аулаққа кетіп өлем (Ғ. Мұс.).

ЖАҚСЫ КӨРДІ Ұнатты, сүйді; тәуір, мақұл көрді. Сені жақсы да көретін. Бірақ қазір қайда екенін білмеймін. Бірнеше жыл болды. Хабарсыз кеттік,— деді Назым (М. Ә.). Сені жақсы көрмесе, Сенер ме еді сөзіне (Абай).

ЖАҚСЫ КӨРІНДІ Жағынды, жағымпазданды. Рас, бұл управительдеріңіз ақы-

мақ емес, олар сізді бір алдап болыс болып алған да, сізбенен есебі біткен. Енді болса сізбен тату болғаннан да губернатор, оязға жақсы көріну артығырақ, қымбаттырақ екенін де ұғынған,— деді Михайлов (М. Ә.).

ЖАҚСЫ ЛЕПЕС [СӨЗ]— ЖАРЫМ БІРЫС *Жағымды сөз жанға демеу. Қарағым, Жантас, жақсы лепес — жарым ырыс деп еді (М. Ә.). Тек ары, жақсы сөз — жарым ырыс деп айтсаң жақсылыққа жоралғы етіп айт, сөз құрып қалды ма?! (АТ).*

ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ АЛДЫҢНАН ШЫҚСЫН! тілек. *Өзгеге істеген жақсылық істерің өзіңе біреуден қайтсын. Шырағым, өзіңдей жақсы барда жақсылық неге өлсін. Жақсылықта үлкен-кіші жоқ. Жақсылықты танымаған кісі боқ. Жақсылығың алдыңнан шықсын! Жамандық әмісе бүксын!— Әмин! (АТ).*

ЖАҚСЫЛЫҚ ҚЫЛДЫ [ІСТЕДІ] ○ ҚАЙЫРЫМ ЖАСАДЫ *Өзгеге қайырым, көмегің көрсетті. Тіршілікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? (Абай). Орынсызды айтпаған, Түзу жолдан қайтпаған, Жақсылық қылар орында, Аянып бойын тартпаған (Абай). «Мен екінші қайтып осы үйдің баласына залал жасамай және өзің үшін бір жақсылық істейін»— деп ант ішеді құс (ҚЕ).*

ЖАҚСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ *Жақсы адамның тигізген пайдасы, көмегі, қайырымы. Жақсының шарапаты деген сөз бар, Аз ойлаған алысқа болмас жолдас (МЗ).*

ЖАҚСЫСЫН АСЫРДЫ, ЖАМАНЫН ЖАСЫРДЫ *Жұрт көзіне намысын қорғайды, сыр бермеді; көтермеледі, қолдады. Бәрінің де боғын жуып, жақсысын асырып, жаманын жасырып, адам секілді қылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол менің балам емес пе еді?— деді кемпір (М. Ә.).*

ЖАҚЫН ТАРТТЫ *Туысқан көрді; бауырмашылық істеді. Жырлар болса жалындай, Ел қала ма сағынбай, Жүрегіне ас болса Жақын тартыл жанындай (С. Кер.). Әдіңнен, Манап сұлу, асып жүрме, Мен жақын тартсам сені қашып жүрме, Айласы қарт кісінің көп болады, Қақпанның қанды аузын басып жүрме (М. Б.).*

ЖАЛАҒА ҰШЫРАДЫ *Жалған айып, кіле арқалады. Асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді (С. Т.).*

ЖАЛАЙЫРҒА [ЖАРИЯҒА] ЖАР САЛДЫ *Шар тарапқа хабар таратты, жұртқа жайды. Бағанағы қылжақпас жас жауынгер — комиссар келді!— деп жарияға жар сап қойған сияқты (Ә. Н.).*

ЖАЛА ҚОЙДЫ д и а л. *Жала жапты. Кісіге жала қоюға болмайды (Тау., Қош.).*
12—160

ЖАЛАҚ ОЙНАДЫ *Қыз-бозбала бірігіп, айлы түнде ойнайтын ойынның түрі. Бірінен-бірі жарық сансыз жұлдыз, Көрсетер көркем бейне күндіз, Жарқылдап жалақ ойнап жүрген қыздай, Жалт берер жымның қағып, қалдырып із (Б. К.).*

ЖАЛАҢ АЯҚ ЖАР КЕШТІ, ҚЫЗЫЛ АЯҚ ҚЫР КЕШТІ *Үлкен бейнет шекті, тұрмыс қиындығын көрді. Қарсы менен күрзіге Жалаң аяқ жар кешіп, Бөз тоқыған... едің (Б. Қ.).*

ЖАЛАҢ БҮТ КЕЛДІ *Көнегөз киімен, жасау-жабдықсыз келді. Сенің еліңе осы ескі-құсқымен бара берем, біреу болмаса біреу жалаң бүт келмегеніне құдайға шүкір демес пе екен? (Ғ. М.).*

ЖАЛАҢ ҚАБАТ *Астар салынбаған (киім); бір ғана қабат. Жалаң қабат кенеппен сен де жүрсің ғой, тарта бер — деді Қазыбек Мұратқа есік жаққа иек қағып (Ә. Ә.).*

ЖАЛАҢ ҚАҚТЫ *Қанағат етпеді, су маңдады, ашқарақтанды.*

ЖАЛАҢ ТӨС *Білекті сыбанып кірісетін, ештеңеден тайынбайтын (кісі). Ойдан-қырдан оңай олжа іздеген жалаң төс жас жігіттер соның (Барақтың) жасыл жалауының астына жиналды, жас батыр жасағын бастап, жат елге талай-талай аттанды (ҚӘ).*

ЖАЛАҢ ТӨС, ЖҮНДІ БАЛАҚ БАТЫР *Сом кеуде, бура сан алып, ер жүрек батыр. Халыққа тек импрам «тобыр» деп қарайтын Әбілқайыр, сонау жалаң төс, жүнді балақ бағырлардың артында рулары барын, ол ел деген мағына осы руларда екенін есепке алмайтын (І. Е.).*

ЖАЛАСЫНА ҚАЛДЫ 1. *Бәлеге басын шатты, айыпты болды. Қосады өз тарихын арасына, Қалғанын бір егіздің жаласына. Мерзімі сегіз-ақ жыл, құтылар ғой, Қаршадай жаны ашиды баласына (Қ. Т.).*
2. *Біреудің обалына ұшырады.*

ЖАЛБАРЫНЫП ЖАЛЫНДЫ *Аруағыны сыйынды, қылып сұрады. Мұңайма, көңілім, мұңайма. Мұңайма, жалына берме жалбарынып (Б. К.).*

ЖАЛ БІТТІ 1. *Қоңданды. Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас (Мақал). 2.* *Тұрмысы түзелді, шаруасы оңалды. Бәйнекен, Жобаң, Сиқымбай, Бұларға сіре жал бітпес, Шұбартай көзі жоғалмай (Қ. Қуан).*

ЖАЛҒАНҒА ТІПТІ ТОЙМАДЫ *Өмірдің қызығына құмартты. Дүние ыстық көрінді, Құрғыр да менің көзіме. Жалғанға тіпті тоймадым, Өлмеймін деп ойладым, Дүниенің боғы осы деп (Ш. Қ.).*

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ діни. *Алдамшы, тұрақсыз өмір деген мағынада айтылады. (Діни ұғымда екі дүние бар деп біледі, тірі кездегі дүниені жалған дүние дейді). Атандым Балуан Шолақ бала күннен, Ту*

ұстап, ерлік етіп, тұлпар мінген, Ешкімге опасы жоқ жалған дүние Өтті ғой талай, талай кемеңгерден (Б. Ш. Б.).

ЖАЛҒАНДЫ ЖАЛПАҒЫНАН БАС-ТЫ Дүниені шайқап өтті, береке, молшылықтың, қызық, тамашаның жуан ортасында жүрді. Нашарды зар жылатқан жалғызын жеп, Тірлікте ойламаған «өлемін» деп, Жалғанды жалпағынан басып өтті, «Жазғанын көрге бара көрермін» деп (С. Т.). Жалғанды жалпағынан басып, кейде Сырдың суы сирағына келмеген, кейде михнат, бейнет дарияларын белден кешкен ағаның жасы алпыстан асқанда жан тыныштығын ойлағанын көріп отырмын,— деді Тауман (Ғ. С.).

ЖАЛҒАННЫҢ ЖАННАТЫ Дүниедегі ең жақсы нәрсе, дүниенің рақаты. Мейманханасы кірген кісі шыққысыз, жалғанның жанның екен (ШС).

ЖАЛҒЫЗ АЙЫЛ Бұл жерде ақын берекесіз, патшасыз сабау бас кісіні сөз етіп отыр. Не дейсің? Сенің жүргенің әлгі қу аяқ, жалғыз айыл ма? Ондай құдың басын құртармыз (І. Ж.).

ЖАЛҒЫЗ [ЖАРТЫ] АУЫЗ СӨЗ Аз ғана әңгіме, айтақшы болып оқталған гәп.— Біздің Садекенмен айтысар шамамыз кәне? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой (М. Ә.). Ей, ағайын! Жарты ауыз сөзге құлақ сал! Істемегінді содан кейін істерсің (М. Ә.).

ЖАЛҒЫЗ АЯҚ ЖОЛ Тек жаяу адам ғана жүретін соқпақ жол. Абайлар жалғыз аяқ жолмен кеп, өткелден өтіп, тоғайдың ар жағына шығысты. Кеңірек алаң бар екен. Сүйіндік аулы көрінді (М. Ә.). Орман ішіндегі жалғыз аяқ жолдар да ерегискендей бірде жаудың үлкен колонналары ағылып жатқан шоссеге тіреліп, енді бірде сол жаққа қисық тартып әлек қылды (Т. А.).

ЖАЛҒЫЗ [ЖЕКЕ] БАСТЫ Сыбай-салтаң, өзінен басқа ешкімі жоқ, бойдақ. Қалай деп ойлайсың, Жақыпбек жақсы бала емес пе? Ақылды, әдепті, қыздай сызылып тұрады. Өзі жалғыз басты көрінеді,— деп бір қойды Тойтақ Ақыққа (М. И.).

ЖАЛҒЫЗ БАСЫ МЫҢ БОЛСЫН! алғы с. Көп жасасын; өсіп-өнісін, үрім-бұтағы көбейсін! Берем деп уағда қылмайды, Сонда да құры қоймайды, Жалғыз басы мың болсын, Ата сөзін тыңдайды (Д. Б.).

ЖАЛҒЫЗҒА ЖАРА САЛДЫ Өзінен әлсізге азап көрсетті. Жетінші тілеу тілеңіз, Атадан алтау тудым деп, Жалғызға жара салмасқа (ШС).

ЖАЛҒЫЗДЫҚ КӨРДІ Кемшілік көрді, жеке бастылықтан опық жеді; жалғызсырады. Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ, Ағайын бек көп, Айтамын ештеп, Сөзімді ұғар елім жоқ (Абай).

ЖАЛҒЫЗДЫҢ ЖАРЫ ҚҰДАЙ [ӨЗІ] көне. Сүйеніші жасаған иенің өзі. Бірін көріп жалықтым, Жау қолына құнықтым, Жалғыздықты ұмыттым, Жалғыздың жары өзі деп (Б. К.).

ЖАЛҒЫЗ ҚАЗЫҚ ЖОЛЫҚСЫН! [ҰР-СЫН!] қарғы с. Жамандық қиын кезде кездессін! Сол кегімді сен екеуің жоқтап әперемісің, жау құғанда жалғыз қазық ұрсын, екі сүмелек деген (М. Ә.).

ЖАЛҒЫЗ ІЛІКТІ Жалғыз басты, сүйенер ешкімі жоқ. Баршагүл әлгідей емес, күлкіден тыйылған, кілең еркектің ортасындағы жалғыз іліктен бе, ұяла түседі (Ғ. Мұс.). Мен жалғыз ілікті адаммын. Су алып барып, құдалық іздейтін жай жоқ бізде (Ғ. Мұс.).

ЖАЛ КЕТТІ Арыды, қоңынан айрылды. Наз бедеуден жал кетіп, Мәстектердің сүбесі, Сера солған заман-ай (Н. Н.).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫН КЕЛТЕ АЛДЫ Жастай қазаға ұшырады. Артына белгі тастамай, Жал-құйрығын келте алды, Ағайынды тойғызбай, Аз күн қоймай, ерте алды (Абай).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫН КҮЗЕДІ 1. Қысқартып, шұңқитты. Оның [Әйткеннің] өлеңі жал-құйрығы күзеліп, бір ғана шумақ болып редакция алқасының үстінде қалған кішкентай орынға сына боп тұра қалған (М. И.). 2. Тып-типыл етті, барынан айрылтты. Өткен сұрапыл соғыс талайлардың жал-құйрығын күзеп кетті (ҚӘ).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫ ТӨГІЛГЕН [СҮЗІЛГЕН] Әдемі, сұлу жылқы малы туралы айтылады. Бәйге аттар Жомарт төбенің күншығыс жағына жиналған. Жал-құйрықтары сүзілген, құйрығының дәл түбі мен кекіліне үкі таққан, жүзіктің көзінен өткендей әдемі бәйге аттар бес жүз екен (С. Тал.).

ЖАЛПАҚ ЕЛ [ЖҰРТ] Барша, куллі жұрт, қалың көпшілік. Әркім өзі сүйген үйшігін тұрғызады. Жалпақ ел, бар ауылдар осы жағалауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл», «күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады (М. Ә.). Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма? Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар (Абай). Бір кісі емес жазғаным жалпақ жұрт қой, Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар (Абай).

ЖАЛПАҚ ШЕШЕЙ Көрінгенге көңілшектік істейтін адам деген мәнде айтылады.

ЖАЛП ЕТЕК Жалбақтап әркімге бір жағынағын (кісі). Жап аузыңды, жалп етек, Жалыншып өскен жаппар құл! Қорлан, Қазан тұрғанда, Алшағыр ма еді айдынды! (М. Ә.).

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ ҚАРАДЫ Имене, тілене қарады. Шеке тамырлары көгеріп, көзі аларып, кіріптар пішінмен жалтақ-жалтақ қарайды бізге (С. О.).

ЖАЛ-ТАМЫР БАР диал. *Күйі, қуаты бар. Ақтанның жал-тамыры бар күйлі мал (Қ. орда, Арал).*

ЖАЛТАҢ КӨЗ БОЛДЫ *Жалынышты, тәуелді болды, қолына қарады. Жат елде жадап жүргенше Жалтаң көз боп тірі боп, Кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Д. Б.). Сол Жақсылық бұрын нашар, кедей күнінде маңындағы малды, жуан ауылдарға жалтаң көз болушы еді (М. Ә.).*

ЖАЛТ БЕРДІ [БҰРЫЛДЫ, ЕТТІ] *Сөзде тұрмады, үздеден тайды; жеме-жемде, ат құлағы тіресер шақта, екі талай күн болғанда үзде-серттен, байланған сөзден тайқып кетті.*

ЖАЛЫ БАР *Семіріп, жал біткен жылқы малына айтылады. Жалы бары қазанға кетпесін, Жарағаны базарға кетпесін (Қ. Қуан.).*

ЖАЛЫНА ҚАҢТАРУЛЫ диал. *Семіз. Ол — жалына қаңтарулы айғыр (Тур., Маң.).*

ЖАЛЫНА ҚОЛ АПАРМАДЫ *Бұл жерде ырыққа келмей осыра асаусыды, жылқы мінез көрсетгі деген мағынада. Жаңа ғана жалына қол апармай өрекіліп тұрған жан, кенет бір лезде өзінен-өзі жуасып, су сепкендей сөне қалды (Ә. Н.).*

ЖАЛЫН АТТЫ 1. *Іштен қайнап қайрат-жігері тасыды, кеудесінен от-жалын шашты. 2. Ызалы кек қайнады. Қайран қартым-ай! Қадірлім-ай!— деп Абай өзімен-өзі сөйлескендей күрсініп бір жалын атты. Демі дір-дір еткен әсік терізді ауыр күйініш қалпын байқатты (М. Ә.). Бәрі-бәрі де шат болған елді аз көреді. Шаңырағы күйреп жатқан күзелулікті айтады ғой. Сол текке айтылып жатқан жоқ. Жалын атқан көптің дерті айтқызып жатыр ғой!— деп Қадырбай бір үлкен түйін түйді (М. Ә.).*

ЖАЛЫНЫ АУЗЫНДА *Анайы сөздерді де қысылмай бетке айта беретін бір бет, ояр мінезді адам туралы айтылады.*

ЖАЛЫНЫ ТҮГІЛ, ШОҒЫ ДА СӨНДІ *Бұл жерде жазушы күш көрсетер қарқын былай тұрсын, күш-қайрат мұқалып тозады деген ұғымда айтқан. ...Көрінген жендет топтар Кәрібай шалдың аулындай шаба берсе, сорлы қазақтың несі қалады? Жарық күнге жеткенше, жалыны түгіл, шоғы да сөніп бітпей ме? (І. Е.).*

ЖАМА АҒАЙЫН *Тым жақын туысқандығы жоқ аталас, рулас адам туралы айтылады. Жас Тұрлыбай жаман ағайындарының бірі таз Ахметтің келіншегіне қызығып жүріп, алып қашады (Ғ. Мұс.).*

ЖАМАЛЫНА КӨЗ АЛМАСТЫ *Ажарына, жүз, көркіне көз сүрді. Жұпар жел мас боламын самалыңа, Туып ең нұр безеніп заманыңа, Сағымдай жазғытұрғы толқын ұрып, Қарасам көз алмасар жамалыңа (Ә. Тәң.).*

ЖАМАЛЫҢ КӨРКЕЙДІ *Ажары артты, сұлуланды. («Жамал» — араб тілінде сұлу, көрік деген сөз). Өлеңім өзен судың аймағындай, Бауырдың ат шаба алмас тайғағын-ай, Жамалың күннен күнге көркейеді, Қайнатқан сары алтынның қаймағындай (ХӘ).*

ЖАМАН АЙТПАЙ ЖАҚСЫ ЖОҚ *Алда-жалда сәтсіздік болса; алма-ғайып дүние. Жаман айтпай жақсы жоқ, сақтықта қорлық жоқ деген, әйтеуір жігіт алмайды екен ғой, ендеше мынаның да керегі жоқ. Мына список — бүгін ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списоғиң (М. Ә.). Жаман айтпай жақсы жоқ, егер адаса қалсаңыз сонау көрінген обалардың біріне қарай маңдай алыңыз да тарта беріңіз. Оба бар жерде малшылар бар (Ә. Ә.).*

ЖАМАН АЙТТЫ *Қатты айтты, ұрсып тастады. Тақсыр-ау, сізді қалай жамандаймын, Мен түгіл, құдай жаман жаратқан жоқ, Жақсы айтсам, тақсыр төрем, мақтанарсың, Жабырқап жаман айтсам жасқанарсың (Ш. Ж.).*

ЖАМАН АТ 1. *Жаман атақ. Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң, Жаман аттан боласыз сіз дағы аулақ (Абай). 2. Өлім туралы, не өзге бір жайсыз хабар. Жаман атты естірге келгендер далаға кештетіп шықты. Құлазыған қараңғы түн, жел әлі ұлып тұр (ҚӘ).*

ЖАМАН АТТЫ БОЛДЫ **ЖАМАН АТАҚҚА ҚАЛДЫ** *Өсекке, абыройсыздыққа қалды.— Бие сауып ішем деп әрі колхозға, әрі Жантасқа жаман атты бола алмаймын,— дедім (Ж. Мұз.). Гүлияның өзі де қайтпаймын деп отырған соң, жаман атты болмаймын дегендей, ықтиярды Гүлияның өзіне салғандай болып отырды (С. С.).*

ЖАМАН АТҚА ТАҚТЫ *Өсекке, айыпқа теліді. Қодарда соңғы күндерде Құтжан дертінен бөлек өзгеше бір ыза бар. Оның себебі осыдан үш күн бұрын Сүйіндік бір кісі жіберіпті. Оша алып сөйлескен Бектас деген бір сөзуар кесе бұған әр нені шарлап кеп: «Жаман айтады... Сенімен мына келініңді жаман атқа тағады!— деп былыш еткізген (М. Ә.).*

ЖАМАН АТЫ ШЫҚТЫ *Жаман қылығы әйгілі болды. Әбден жаман аты шығып, тамам елден алып болған соң, дегендеріне жетіп, бірге тұрғандарын да көріп жүр (М. Ә.).*

ЖАМАН ДАТ ТҮЙДІ диал. *Айыптады, қаралап сөйледі. Сот процесінде прокурор ол туралы жаман дат түйді (Сем., Көкп.).*

ЖАМАН КӨЗБЕН ҚАРАДЫ *Жаратпады, жақтырмады, ұнатпады. Жаман көзбен қарады* *Вадим сонда, Ертіп жүрген екеуге байды жолда. Көзіне шыдай алмай к...ін қысып, Жым-жырт болып екеуі болды молда (Абай).*

ЖАМАН КӨЗДЕН АУЛАҚ [ЖЫРАҚ] ЕТСІН тілек. *Тіл-көзден сақтасын деген мағынада.*

ЖАМАН СӨЗГЕ БАРДЫ *Ренжісті, жүз шайысты, жағымсыз сөз айтысты.* Қылмады құдай душар деп налыпсыз, Асылық жаман сөзге сіз барыпсыз, Көресіз нәсіп болса бақытыңыздан, Ақылдан орта жаста құр қалыпсыз (М. Б.).

ЖАМАН ТҮЙЕНІНІ ЖАБУЫНДАЙ ӘБДЕН *тозығы жеткен ескі, алба-жұлбасы шыққан.* Қалиқа Есбике күннің, Бөшібек құлдың сіңірі шыққан қызы жаман түйенің жабуындай жалбыраған қайыршы киімімен ақ үйлер жаққа келмесін. Өн не теңі, шықпасын ана үйінен!— деп кетіпті (М. Ә.).

ЖАМБАР ТАРТТЫ *диалект. 1. Жақын тартты, жуық көрді.* Ол Мәрияшты жамбар тартты (Қ. орда: Сыр., Жал.). *2. Жағынды, жарамсақтанды.* Бұрынғы кездегі жасауылдар бай, болыс, билерге жамбар тартатын (Қос., Жан.).

ЖАМБАСЫ ЖЕРГЕ ТИГЕНШЕ *Өле-өлгенше, ақырғы демі біткенше.* Абай аға досының бұл жайды оңашалап айтқанын өзінше түсінді. Айналада жауы көп. Аңдасып, арбасып, алыстан болса да, бұның басына пәле тілеп жүретін қаскөйлер бар. *Жамбасы жерге тигенше, солар «асқақтамасын, басынбасын»— деп ойлайды ғой (М. Ә.).*

ЖАМБАСЫ ЖЕРГЕ ТИДІ *1. Өлді, дүние салды.* Ақсақал, көзіңіздің тірісінде өзіңізге бір жайлы орынды лайықтамайсыз ба, ертең жамбасыңыз қайырымсыз қара жерге тиген күні атыңыз өшеді-ау (М. Е.). *2. Жығылды.*

ЖАМБАСЫ [ЖАУЫРЫНЫ] ЖЕРГЕ ТИМЕГЕН *Күшті, біреуден жығылып көрмеген.* (Атағы шыққан балуан туралы айтылады). Пұшық сары — даусы кернейдің үніндей созылған әнші, қара сұры — жамбасы жерге тимеген балуан (І. Е.). Балуан еді даңқы артық, Жауырыны жерге тимеген, Талай мықты балуанды, Тымақ құрлы көрмеген, Жығылуды білмеген (Н. Б.). Жасынан жауырыны жерге тимеген, жырынды, әулетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып еткізіп, асықша алып тастап жіберді (І. Ж.).

ЖАМБАСЫНЫҢ АСТЫНАН ЖЕП ЖАТТЫ *Қиналмай, еңбектенбей өмір сүрген адам туралы айтылады.*

ЖАМБАСЫНЫҢ ШҰҚЫРЫНА САЛЫП САҚТАДЫ *Тыққыштап, көзден тасалап сақтады.* Ой, дүние-ай, жамбасының шұқырына салып сақтағандай-ақ тыққыштап еді, құдай, соны да көп көрді-ау (АТ).

ЖАН АҒА *Жасы үлкен кісіге жалыну мағынасында айтылады.* (Жақсы көренде де айтылады). Қарға-құзғын жемесін, Жасыра кеткін жүзімді. Замандас еді жан аға (ҚЖ).

ЖАН [КӨР] АЗАБЫН ТАРТТЫ *Қатты қиналды, дертті болды.* Кейін Дариға сырқаттанып қалған мезгілдерінде Қасым қатты жан азабын тартқандай, қалыпты жазу, творчестволық жұмысын тоқтатушы еді (Е. Ы.).

ЖАНАЗА ОҚЫДЫ [ШЫҒАРДЫ] *діни.* *Қатым оқыды, өлген адамға құран шығарды.* (Дін адамдары жаназа оқып, мал тапқан). Молда емессің соқырсың, Зікір айтып зарлаған, Жаназа оқып өлгенге, Пидия алып жалмаған (Жамбыл). *Оқытып жаназасын бар халыққа, Қойдырды күмбезіне сол қалыпта, «Шандатып, шайда үстіне кірмендер» деп, Жаздырып қойды ауызға арқалықта (Т. І.).* Аңыраған ел жер қайысқан қалық топыр боп кеп, бірнеше күн жыласып, аза салып болды да, ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды (М. Ә.). Дәл жаназа шығарылар алдында Әбіштің денесі бұл сөтке дейін салынып келген ағаш табыттан алынатын болды (М. Ә.).

ЖАН АЛҒЫШ *діни.* *1. Әзірейіл деген мағынада.* *2. Жұрттың екі аяғын бір етікке тығып ұстайтын, жанын жай таптырмай, жан алқымға алып, бол-болдың астына алатын кісі туралы да айтылады.*

ЖАН АЛҚЫМҒА КЕЛДІ [ЖЕТТІ, ТАЯЛДЫ, ТЫҒЫЛДЫ, ТІРЕЛДІ] *Жанын қоярға жер таппады, әбден қысылды, қиналды, басына қиыншылық күн туды, тықыр таялды.* Нағыз жан алқымға келіп қалмаса, менің бұйрығымсыз бір снаряд шығарма,— деді Мұрат взвод командиріне (Т. А.). Рас, ұрыс оңай болған жоқ, жан алқымға тірелген жерлерде үш рет өзі шапқылап барып, полк командирлерінің ісіне қолма-қол араласып, өзіне қарай бұрып жіберді (Т. А.). *Тығылып жан алқымға арналысып, Дем алып екі иықтан күйіп-пісіп, Қарманған қарап қалмас дегендейін Арғынның қайығына келді ұшып (Ғ. Малд.).* Құйығындай сарықтың, Жүрегі оршып тулайды, Жаны алқымға таялды, Көріп пе еді мұндайды! (Қ. А.). Кейде түн ішінде айналада ұлынған қасқырдың үнін, ақырған аюдың, қорсылдаған қабанның дауыстарын есітіп, жаны алқымына тығылғандай үрейленді (ҚЕ).

ЖАН АЛҚЫНДЫ *Демікті, тынысы тарылды; жан күйіктен азапқа түсті.* Шер қозғалса, жырлаймын, Жан алқынса, жырлаймын, Жарыққа деп жалынбан (Б. К.).

ЖАНАМА АТ *диалект. Қыздың туыстарына «қырық жегіден»— негізгі қалың малдан бөлек берілетін мал (Жамб., Мойын.).*

ЖАНАРЫ КЕТТІ [ҚАЙТТЫ, СӨНДІ, ТАЙДЫ] *Көзінің нұры тайды.* «Ауылдан не хабар бар»— деді Сәлім, Жанары кеткен көзін аша салып (АТ).

ЖАН АШЫР СӨЗ [НИЕТ, ТІЛЕК] *Қамқорлықпен айтылған ниет, адал көңіл.* Раушан Ержанның даусынан бар жан

ашыр жақсы ниетін таныды. Жаңа ғана үрке қараған қыз көзінде ерекше бір ыстық мейірім пайда болды (Т. А.).

ЖАН АШЫР Ең жақын, ет жақын адам жөнінде айтылады. Бөлекбастың ең жақын досы Нұрлан болса, жоқ, ендігі қалған жалғыз жан ашыр досынан айрылатын болған соң, ол балдағынан айрылған ақсақ адамдай, лезде күйреп қалды (Ө. Ө.).

ЖАН АЯДЫ Хауіпке бармады; басын алып қашты. Алғанда ит етектен, жау жағадан, Ер ме екен жалтақтанып жан аяған (ХӨ). Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет, нәсіп бұл? (Абай).

ЖАН АЯМАС 1. Айнымас, кіршіксіз, қалтқысыз берілген. Ол [Дәрмен] өзінің достарының, құрбылас қыз-келіншектің араларындағы достыққа, ынтызарлық махаббатқа барынша тілеулес. Қалтқысыз таза дос, жан аямас көмекші, делдал болғанды сүйетін (М. Ө.). 2. Хауіп-қатерден қайтпас, асқан, ерекше, нағыз. Қызыл Сақалдың Дикті құтқарудағы жан аямас от қайратын айтқанда, Абай Баймағамбетке аңтаң болып, сүйсініп қарайды (М. Ө.).

ЖАНБАЙ ЖАТЫП СӨНДІ Өмірге жастай енжар болды, жастайынан талабы орындалмай, тауы қайтты. (Жастай қайтыс болған адамға да айтылады). Сізге ғылым кім берер Жанбай жатып сөнсеңіз. Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай). Қызмет қылма оязға, Жанбай жатып сонуге Қалай сабыр қыласың, Жазықсыз күнде сөуге (Абай).

ЖАН БАҚТЫ 1. Тамақ асырады, талшық қылды, тіршілік етті, қалт-құлт етіп күнелтті. Балдырдан тұнықтағы тойғанша жеп, Бақылап аю жатыр арт жағында, Дайындап қысқы азығын үңгіріне, Алдағы өбігерде жан бағуға (Қ. Тер.). 2. Өзін-өзі күтті, күн кешті. Жанды бағып, жай өткіздім жазымды, Жатқан күнім кіншікеге жазылды. Арқа сүйеп, еркелік қып жүріп ем, Ағайын ғой кетерер деп назымды (ҚСХӨ). 3. Біреуді күтті, асырады.

ЖАН БАЛАСЫ Тірі жан; еш адам. Өлі жан баласы көрмеген, ешкім оқып білмеген бір Өбшітін өзіне жолдаған талай күйлі сырлар көп туған (М. Ө.). Бұрын жан баласына жүрек жарып ашылып көрмеген момын, таза Мөкен де соңғы күндерде Дәрмен домбыра алып, бұның қарсысына отырып, үн сазын бастағанда, жас жүрегі лүпілдеп соғып қалады (М. Ө.).

ЖАН БАУРАДЫ Өзіне беріле елітгірді, еліктірді. Абай да әуел бастан осы ешекейден, өсіре жылтыр нақшыстан қашады. Бұл — көркем сөздің жан баурау күшін, бар асыл айбатын біржола меңгеріп, оны өзіне әбден сағындырған суреткердің әдісі (М. Баз.).

ЖАН БЕРДІ ді ни. 1. Өлді, дүние салды. Жан анам, барайын ба? Барайын деп, риза бол балаңа деп қойды күліп, Аздаң соң, Келденіне арыз айтып, Есіл қыршың жан беріп кетті үзіліп (И. Б.). Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлмамбет, Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді, Батыр Саурық Сұраншы жаудан өлген, Халық үшін шәйт болып жанын берген (Жамбыл). 2. Біреуге адалдығына жанын араға сап, араша түсті. Биеке, мына кісінің сөзін естідіңіз ғой, мынадай адам ешкімге бұзықтық істемес. Осының адалдығына жаныңды беруге бармын. Танитын кісім емес, бірақ сөзі адал екен, — деді (С. Шөр.). 3. к ө н е. Діни ұғым бойынша өлген адамды қайта тірілту мағынасында айтылады. 4. Тірілті, жандандырды, көркейтті. Нияз оның әр сөзіне жан беріп, ажарлап, тірілтіп шығарған сияқты (Т. А.).

ЖАН БЕТТЕПЕДІ Ызғарымен, айбарымен кісіні бетіне қаратпады; бетінек алды. Жау айбылар гүсі бар, Жан беттепес күші бар (Қ. Қуан.). Жеті атасынан бері жан беттепей, жан-жағындағы елді жаншып келе жатқан әрі бай, әрі сотқар тұқым (Ө. Ө.).

ЖАН БІТКЕН Күллі адам атаулы; күллі тіршілік атаулы. Жайдары жүзің жабылмай, Жайдақтап қашып сабылмай, Жан біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай). Мың түрлі күйге салып толқытады, Маңайда жан біткенді таңырқатып (Абай).

ЖАНҒА САЯ Жайлы, рақат мағынасында айтылады. Тірлікте бірлік ізде жанға сая, Ұқпасқа айтқан сөзің болар зая, Бақиға жеткен қайта келмес болар, Келмеске жылаған көздің жасы зая (ШС).

ЖАНҒА ШИПА, ДЕРТКЕ ДАРУ Ауру-сырқатқа дауа. Менің алмам жанға шипа, дертке дару, егер алманы жесе, өлген адам тіріледі (ҚЕ).

ЖАН[ДАЙ] ДОС [ЖОЛДАС] Қимас, тату кісілер туралы айтылады. Қошқар мен теке екеуі жандай дос еді, біріне-бірі қамқор, ақылшы, серік болатын (ҚЕ). Бір күнде, бала дәурен, басымда едің, Туғанда жан жолдастай қасыма ердің, Айқасқан түнде оянып тар төсекте, Асық жар мысалындай досым едің (Ш. Б.).

ЖАНДАЙ ШАП Әркімге бір қол шоқпар болса, көрінгеннің сөзін сөйлейтін, қайда болса, сонда жүретін кісі. Дәулет жеткен жерге қол да жетеді деуші еді ғой, оның саған айдап салып отырған жалаң қылыш урядник, приставтарын, жандай шаптарын сатып аламыз (Қ. Қуан.). Жандай шап, қол шоқпары болғысы келмеді, іргесін бөлек салды (С. Тал.).

ЖАН ДАЛБАСА ҚЫЛДЫ ○ **ЖАН ДАЛБАСАЛАДЫ** ○ **ЖАН ДАЛБАСАМЕН** Тірліктен күдер үзбеген үмітпен, әйтеуір бір жай қарбалас деген жағынада айтылды. Қанат оны құмай деп жүгіріп келсе,

қасқыр, қып-қызыл ала қан, өлім халінде жан далбасамен тұрып жығылады (А. Х.). Не пайда, жан далбаса қып есікті тартып ем, мызғитын да емес, терезе онан да берік (Ө. Ә.). Көзге түртіп қалса көргісіз, жан далбасалап алдымдағы бұтаны қолыммен сырып, жүріп келем (А. Л.).

ЖАН ДАУСЫ ШЫҚТЫ *Ышқына айқайлады, қатты дауыстады.* Оның «құтқарындар!» деген жан даусы шықты (ЛЖ). Бұл жолы Еламанның жан даусы шыққан айқайын да сезбеді (Ө. Н.).

ЖАН ДӘРМЕН ҚЫЛДЫ *Барын, ақырғы күшін салды.* Қорғаныста әйтеуір жан дәрмен қылып, жауды тежеп тұрса, шегіністе жау бұларды түп-түгел таптап өтеді (Т. А.).

ЖАН ДЕГЕНДЕ ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫ [БАЛАСЫ...] *Ең ардақты бір ғана деген ұғымда.* Жан дегенде жалғыз ұлым бар еді. Кешегі күні сол әскердің ішінде балам кетіп өлді (ҚЕ).

ЖАНДЫ АЛДЫ 1. *Өлтірді.* Сен бетіңді әрі бұрсаң, Шықты көзім, болды көр, Жанды аларсың, разы болсаң, Біздің орын — қара жер (Абай). **2.** *Асықтырды.* Асықтырып жанымды алмашы, күнім. Құдай жеткізер жер болса жетерміз (АТ). **3.** *Қорқытты.*

ЖАНДЫ БАСШЫЛЫҚ *диалект. Әсерлі, ықпалды, тиімді басшылық.* Қатынас бөлімі жанындағы партия ұйымы бұларға жанды басшылық жасауы керек (Көкш., Руз.).

ЖАНДЫ ЖАН ДЕМЕДІ *Көзіне ілмей баса көктеді, ешкімді менсінбеді.* Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ, Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ, Аңда-саңда құтырған жаман емес, Оныңды жиі қылмай және бол сақ (Абай).

ЖАНДЫ [ЖАНЫН] ЖЕГІДЕЙ ЖЕДІ **○** **ЖАНЫН ЖЕДІ** **○** **ЖЕГІ ЖЕДІ** *Жанын қатты қинады, іш құса ұяғым болды, азапқа сала мазалады.* («Жегі» ертеден құрт ауру ұғымында қолданылған). Осындай ойлар жанымды жей береді. Өзімнен-өзім қиналып, сол орнымда отыра бердім (Б. Мом.). Опасыз тілектердің қайғысы асып, жанды жеп, қоймағанда қуалап тым, Талдырып бір-ақ нәрсе, барлық жерде, уында әурелесе ой азаптың, Сол кезде сырласты іздеп таппаймыз ба, Тобынан топырлаған жас бойдақтың (І. Ж.). Кітаптың бірінші бетін ашқаннан-ақ біздің көз алдымызда сол бір дүние өзінің барлық сұмдығымен, жанды жегідей жеген ауыр жағдайларымен көз алдымызда тұра қалады (ЛЖ). Барлық жақсы қасиетіңді жегідей жейтін бір жаман дертің бар (Ө. Ә.). Жібершілеп тасыр салған ой ма екен, Немене екен, әлде жегі жей ме екен (Б. К.).

ЖАНДЫ ЖЕР *Тән ауыратын талма жер.*

ЖАНДЫ ЖЕРІНЕН ҰСТАДЫ **○** **ЖАНДЫ ЖЕРІНЕ ТИДІ** *Сөзден тосылар, сөзден*

жығылар, жанына батар жерде ұрымтал тиісті. Бұл шіркіннің осал жері — жұмысқа үнемі кешігуі еді. Дәл осы жөнде сөз болған соң, жанды жеріне тиген соң, үндемей қалды (АТ).

ЖАНДЫ КӨЛЕНКЕ *Тұралап құр сүлдесі қалған адам.* Тұтқындардың жартысындайы ауру. Күнде бестен, оннан кісі өліп тұрады. Қыстайғы суық, аштық шыңдарына жетіп қалған. Көбі сандалған делбе, жанды көлеңке (С. С.).

ЖАНДЫ МЕН ЖАНСЫЗҒА АРЫЗ **АЙТТЫ** *Бар дүниеге шағым етті.* Күндердің бір күні жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға арыз айтады (ҚЕ).

ЖАНДЫ СӨЗ *Қисыны бар әңгіме, асыл уағыз.* Өлген ата қабырының басында, Жанды сөздер жазылған көк тасында. Лапылдайды: «Өлме, ұрпағым, өлме!» — деп, «Қиянатқа, қияметке көнбе!» — деп (Ө. Т.).

ЖАНДЫ ҰРЛАДЫ *Өлтірді, қаза болды.* Өлейін деп өлмейді өлерлік жан, Әсте өлмесін білгендей қылық қылған. Ажал келіп, бас салса, жанды ұрласа, Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан (Абай).

ЖАНЖАЛ [ШАТАҚ] **ҚЫЛДЫ** *Сойқан шығарды, ерегіс тұғызды.* Біреуден алсаң аманат, Берсең жақсы саламат, Жанжал қылсаң, бақ кетер, Ақыры қалар жаман ат (ШС).

ЖАН ЖАР *Ғашық, сүйіскен кісі тура-лы айтылады.* Жан жарым, осы саған сөзім айтар, Өкпем көп шын айнысаң саған артар. Тапсырдым шын сүйіскен ақ жүрекке, Сол үшін мейіліңше жауап қайтар (Б. К.).

ЖАН ЖҮГІРДІ *Қуат кірді, күш енді.* Өлі бойға жан жүгірді. Қайратым құрыш болды, нан. Мүз жүрегім май сықылды, Еріп, от боп күйді жан (Абай).

ЖАН ЖҮЙЕСІН БОСАТТЫ [ТЕБІРЕНТТІ] *Сезімі мейлінше толқиды, көңілін тербеді.* Асанның алыс сапарға жүрер алдында анасының айтқан сөзі, көз жасы оның жан жүйесін босатты (АТ). Краснодар өлкесіндегі совхоз жұмысшыларының және ауыл шаруашылығы мамандарының хаты «40 лет Октября» колхозы еңбекшілерінің жан жүйесін тебірентті (ЛЖ).

ЖАН КЕШТІ [АДАМ] **1.** *Қанішер жауыз.* **2.** *Өлімге, қыын-қыстау іске баратын кісі.* Жан кештіге баратын өңкей ер жігіттерді сайлап ал. Құс қораңды да, мәдениет сарайының басындағы оны-мұны қалған істеріңді де басқа бір адамыңа тапсыра тұр, — деді (Ғ. С.). Жеткеннен кейінгі жан кешті айқастан зәредей сескенбеді. Әкесі Олжабоздың ішін тарттырып, етін біраз қатырып тастаған (Ғ. Мұс.).

ЖАН[-Ы] КІРДІ **1.** *Тіршілік пайда болды; жасарды, қайта жайнады.* Бірте-бірте тіріліп, Бетпақ шалға жан кірді (Қ. А.). **2.** *Разы болды, айызы қанды.* Сапардың «уәде берем» деген сөзі Бектайды

қанағаттандырмады. Қызу сөз сөйлесе, жалынды серттер беріп, көп алдында сайрап айтып шықса, Бектай *жаны* сонда кірер еді (М. И.).

ЖАН ҚАДІРІН БІЛЕДІ *Өзін-өзі күтеді, қастерлейді.*

ЖАН ҚУДЫ диал. *Жан таласты.* Ол жан қуған адам екен (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖАН ҚҰЙТАДЫ [ҚҰЙТТЕДІ] *Қара басының қамын ойлады, бас пайдасын ойлады; жанын бақты.* Жазсам ба екен доклад? Жатсам ба екен жан құйттап? (І. Ж.).

ЖАН ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ *Көзіне ілмеді, ескермеді, адам екен деп есептемеді.* Қыз еді ол берілген бір бай жерге, Алыстау болысы басқа екінші елде. Қалыңдық ойнағалы күйеу келсе, Қыз бен Әжібай жан құрлы көрмейтін-ді (С. Т.).

ЖАН[-Ы] ҚЫСЫЛДЫ *Қиналды, гебірене күйзелді.* Қолына өткір балта беріп: «Жан қысылса аянар не бар, сен әйелдерге шошыма деп басу айт та, ана сыртқа шығатын терезені бақ!» — деп, Әбді де Дәрменге қамқор бұйрық етті (М. Ә.). *Жан қысылса* жайтаңдап, Жанды еріткен жайдары-ау, Жан жай тапса, сен неге, Жат мінезсің, жабырқау (Абай).

ЖАННАН АСҚАН *Дүниедегі ең артық.* Бұрынғы уақытта ерлігі *жаннан асқан* Аламан деген бір мерген болыпты (ҚЕ). Осында піленше байдың баласы әйел алыпты, әйелі *жаннан асқан* сұлу екен (ҚЕ).

ЖАННАН КЕШТІ [КҮСТІ, БЕЗДІ, КҮДЕР ҮЗДІ] **ЖАНЫНАН ТҮҢІЛДІ** *Ынты-шыңғымен, жан-тәнімен ажалға басын тигу туралы айтылады.* Бәріміз Баян үшін *жаннан кешті*, Ұрысуға бәріміз «еһе» дестік (ҚКВС). Батыр *жаннан кешті*, арыстан ақ білегін сыбанып Баршыжанның жолына жандарын садақа қылып кеуей палуандыққа түсті (АБ). Тоқсан жаста ер Қосай, Тұғырдан әбден түскен ер. Елім десе еліріп, *Жаннан мүлде күскен* ер (Д. Б.). *Жаннан безіп* елігіп, Қызыл қанға жерігіп, Қызығып байтақ жеріме, Еліме жау шапқанда (М. Жан.). Тынық Донның жағасында, Ақсай құяр сағасында, Тағдырларын таңнан сезіп, Тұтқындар тұр *жаннан безіп* (Қ. Ж.). *Жанынан жылқы күдер үзген* кезде, Көк өгіз қасындағы келіп жетті (С. Т.). Мылтық атып, ауылдың иманын үйреді. Момын жұртты малынан, *жанынан түңілетеді* (С. С.).

ЖАННЫҢ МИЯТЫ *Медеу, сүйеніш-таяныш* Қызыл тіл — *жанның мияты*, Абырой — ердің қуағы. Өтірік — ұят, Шын — мият (Мақал).

ЖАН ПИДА [САДАҒА] *Жолына бар өмірі құрбан.* Сондайда сені зар қылған, Қуаныш яки сана ма? Сенер болсаң мен ортақ. Сенен *жаным садаға* (Б. К.). Осы

болса пәтуа, *Жан пида*, мал құрбандық (І. Ж.).

ЖАН САҚТАДЫ *Аман қалды; етеп-септеп күнін көрді, паналады.* Ол өзі [Базаралы] жұттың бұл өңірдің еліне аса қатты тиетін бір себебі Құнанбайдан деп білетін. Жол бойы көріп келеді, Құнанбай оң қараған жуан ауылдар Ырғызбай ішіне малдарын айдап апарып, сонда *жан сақтап* жатыр (М. Ә.). Масғұтты ұры шапты қылышпенен, Тәуір-ақ *жан сақтапты* жұмыспенен (Абай).

ЖАН САЛМАЙДЫ *Ешкімге алдын бермеді, кезек бермейді.* Жақсыны көрсе табалар, Сауықанша шықылдап, Алар жерге келгенде, *Жан салмайды* сыпылдап (М. Сұл.).

ЖАН САУҒА *Бас амандығын тілеу туралы айтылады.* Үшеуі ел жақ шеттен кірді тауға, Күн шықпай не де болса аралауға, Сорлы жетім Еркежан тірі ме екен, Өлді ме әлде таба алмай *жаны сауға* (И. Б.). *Жан сауға* деп, көкелер, Әркімге мойын бұрады, Қарама деп бетіме, Әрқайсысы келіп ұрады (АБ).

ЖАН САУҒАЛАДЫ [САЯЛАДЫ] *Бас амандығын ойлады, өйтіп-бүйтіп күн көрді.* Ұшып тұрып Серізбай, Қол қусырып, тұра кеп, Төреге сәлем беріпті, Бауырым деп жылады, Қол қусырып тұрады, *Жан сауғалап* қалшылдап, «Күнәмді кеш» деп сұрады (Н. Б.). Дәркембай, сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Ал, өзің... осы мандағы өзіңдей ауылдарға хабар айт. Қойларын қорыққа салып, қар аршып, *жан сауғаласын* (М. Ә.). Жау қолында ел таппай, Жалғыз әлсіз, панасыз... *Жан саллар* жер таппай, Өлімге өзін бергені (І. Ж.).

ЖАН СЕБІЛ *Төзімді, шыдамды, сірі жанды.* Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік, Басы қарлы, таянып көкке тиіп, Пілден пайда егуші *жан себіл* бар, Харекет қып сүйегін атып, жиып (А. А. Қ.). Сал ауруының вирусы өте *жан себіл* келеді. Олар ауыз суларда, азық-түліктік заттарда өмір сүреді (Е. О.).

ЖАН СОЗДЫ диал. *Тырысты, бір нәрсеге жетуге жан таласты* (Қ. орда, Жал.).

ЖАНСЫЗ ҚОЙДЫ *Тыңшыға аңдытты.* Сақ жігіт қапысыз болмау жағын ойлап, ел ішіне *жансыз қойып* отыр (Ә. Н.).

ЖАН ТАЛАСТЫ *Аянбай қимылдады, барлық күшін салды; ышқына арпалысты, алысты.* Жеті-серіз қыз бен жігіттер бункерден саулаған дәннің бір түйірін жерге түсірместен қаптап, онан арбаға тиіп *жан таласып* жатыр (Ә. Ә.). Қаннен-қаперсіз сайға қарай аяңдап бара жатқан Ботакөз, артынан біреу тап беріп ұстай алғанда, селк ете түсіп, қатты қысқан құшақтан сытылып шығуға *жан таласты* (С. М.). Ол *жан таласып* қанша туласа да, ұзаққа бар-

ған жоқ, арбаны сүйрете, жұлқынып барып құлады да, жоқ болды (Ә. Ә.).

ЖАН-ТӘНІМЕН СҮЙДІ **○** **ЖАҚСЫ КӨРДІ** *Ынты-шынтысымен құлай, беріле ұнатты. Ол... табиғатты жан-тәнімен жақсы көретін* (ҚӘ).

ЖАН-ТӘНІН САЛДЫ *Бар айла-шарғысын жұмсады. Тойтық: Жақыпбек оңбаған адам болып шықты. Директор болуға жан-тәнін салып, әкеңнің соңына шам алып түсті, сені де ұмытты,— деп жазған* (М. И.).

ЖАН ТӘСІЛІМГЕ ТАЯНДЫ *Өлім халінде жатты. Мен өттім арманда, Көре алмадым, артымда, Ағайын мен туғанды, Жан тәсілімге таянды, Айта көр, Жәке, иманды* (Ш. Қ.).

ЖАН ТӘСІЛІМ ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ] *Қаза болды, қайтыс болды, дүниеден қайтты. Ауыл адамдары атқа міне шауып барса, қос ауыз мылтықтың оқтары кіндік түбінен шоқтала тиген Ғаббас шала-жансар жағыр екен. Тілге келе алмаған ол, ауылға жеткізгенше жан тәсілім қылды* (С. М.).

ЖАН [ЖАНЫ] ТӘТТІ *Өмір сүру өте қымбат мағынасында. Бойымда да жоқ екен, Оранып жата көбінім, Ұл қылдым екі күшікті, Жан тәтті екен шошықты* (МӘ). Құдайдың ойлап тұрсам қаһары қатты, Тірлікте пенденің жаны тәтті. Бір күні кеш боп кетіп, ел таба алмай, Далаға мейман боп қонып жатты (Ш. Қ.).

ЖАН ТЕРГЕ ТҮСТІ *Әбден әуреленді, ышқына әрекеттенді, әбден шаршады, Түтінмен жан терге түсіп, ағаларымен талай қызыл кеңірдектесіп, әзер-мәзер әйтеуір, ертеңінде еш нәрсе жоқ, тым-тырыс қылды да қойды* (С. Т.). Буынсыз он саусағы күй қағуға, Көңіліне тыңдағанның от жағуға, Бал тамған бармағынан домбырашы, Жан терге түсіп отыр мынау дуда (І. Ж.).

ЖАН ТОЙМАДЫ *Құмарта қызығып, көзі тоймады. Қара көз, имек қас, Қараса, жан тоймас, Аузың бал қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас* (Абай).

ЖАН ТҮРШІГЕРЛІК [ШОШЫРЛЫҚ] *Өте қорқынышты, тым үрейлі. Сол топтан бізге қарай қолын бұлғап, жан түршігерліктей дауыспен ойбай салып, бір қартаң әйел тұра жүгірді* (Қ. Ә.).

ЖАН ТЫЛСЫМҒА ТАҚАДЫ [ТАЯДЫ...] *Өлерменге жеткізді; әбден қыспаққа алды. Судыр Ахмет салған жерден суырыла жөнелген жоқ. Әулиелігінің құдіретін көрсетіп қалғысы келген кісіше, аузын бағып отырған әйелді едейі зарықтырып, жан тылсымға тақап алды.— Құ малағың жақсы емес. Қайдам, пәруәрдігер жар болмаса... пақырлардың басына бір зауал анық төнген сияқты* (Ә. Н.).

ЖАН ҰШЫРДЫ **○** **ЖАНЫН АУЗЫНА ТІСТЕДІ** *Асығып-аптықты, жаны қинал-*

ды, безектеді. Хамит жан ұшырып жүгіріп, атын қайырмалап жүріп, ағашқа қамап ұстап мініп алды (С. С.) *Аттан құлап түссе де, енді естерін жиюға жараған әлі барлары қолға түсіп қалғысы келмей, жан ұшырып өз кісілеріне қарай жүгіріскен екен* (М. Ә.). Дөңгелектің астында жатқан Ақылбекке көзі түсті де, жан ұшыра тартқылады. Болмаған соң, сіріңкені жағып жіберіп еңкейді де, кенет шыңғырып жіберді (ЛЖЖ). Құлшан өзен жағасынан үйге жан ұшырғандай тез жетті: Жайықтың сап-салқын екі шелек тұнық суы оған құр иін ағаш көтергендей де болған жоқ (Х. Е.).

ЖАН ҰЯДА БОЛСА *Тірі болса, тірі тұрса. Мырзеке, сабыр сақтап күтіңіз. Жан ұяда болса, барамын. Сәрсенбі, бейсенбіден қалмаспын. Әңгімені сонда қоздатармыз* (ЛЖЖ).

ЖАН [-ЫН] ШАҚЫРДЫ *Бұл жерде дем алу, тыныстау мағынасында. Қалтырап иман айтып күйші тұрды. Қысылып маңдайынан тер сыпырды, Сапағы Әлімқұлдың деген кезде, «Уһ» деп, күйші байғұс жан шақырды* (І. Ж.).

ЖАНЫ АСЫҚТЫ *Құмарта тіленді, өте қуштар болды. Асқа, тойға баратұғын Жаны асығып жас жігіт, Қолға кетті жауға бір күн, Тірі адамның ісі — үміт* (Абай).

ЖАНЫ АУЫРДЫ 1. *Өте налып қиналды, дертті болды. Ауырмай тәнім, Ауырды жаным, Қаңғыртты, қысты басымды* (Абай). **2. Жаны ашыды.** Бір кезде жылт етіп көрінген мәдениет университетінің жұмысы да жатып қалыпты. Ол жөнінде де ешкімнің жаны ауырмайтын көрінеді (ЛЖЖ).

ЖАНЫ АШЫДЫ *Аяды, есіркеді, мүсіркеді. Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай, Артық қайыр, артықша қызметке орай* (Абай). Қайнайды қаның, Ашды жаның мінездерін көргенде (Абай). Жігітке жаным ашып кетті. Қателеспейтін жан бар ма. Онысын өзі мойындап, шынымен жалынып тұр (М. Сәр.).

ЖАНЫ БАР *Орынды, қисынды, жөн. Бүйтсек байға жем болмаймыз. Ақымызды да көтереміз. Сендерді жеп жүретін өңшең подрядчиктен де құтыласыңдар.— Жаны бар сөзі — Жөн-ақ — деді жігіттер* (Х. Е.).

ЖАНЫ БАСҚА *Бұл жерде жазушы ерекше сүйсіну мағынасын аңғартып отыр. Сары тайлақ жөнге түсе бастаса-ақ, Жолмұрат көп түйенің ішінен сары іңгенді іздейді. Үкі жүні желкілдеген, сүтті сары іңген дегенде жаны басқа* (Ә. Н.).

ЖАНЫ ЕРІДІ *Елжіреді, рақаттана сүйсінді, көңілін елітті. Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп, Жабырқаған көңілің көтерілер* (Абай). Жақсыға айтсаң, жаны еріп, Ұғар көңіл шын беріп (Абай).

ЖАНЫ ЖАЙЛАНДЫ [ЖУСАДЫ, КІРДІ, ЖАЙ ТАПТЫ, САЯ ТАПТЫ] Көңілі орнықты, тыншыды, көңілі көншіді. Қонай Мұратқа: Айналайын-ай, айналайын-ай, тіпті жаным жаңа сая табайын деді-ау мына сөзіңнен (М. Ә.). Далада сапырылсқан көшпеліктің жан сая табар жері жоқ (С. М.). Жау қолында ел таппай, Жалғыз, елсіз, панасыз... Жан саялар жер таппай, Өлімге өзін бергені... (І. Ж.). Үстіне ақ халат, басына ақ қалпақ киген дәрігер келді. Аурудың жанын жай тапқызып, тыныштандырды (К. С.). Апатай, маған рұқсат ет,— деп бір кезде Назгүл атып тұрды,— партизандарға қазір кетпесем жаным жай табағын емес (Ә. Ә.). Жан қысылса, жай таңдап, Жанды еріткен жайдары-ау, Жан жай тапса, сен неге Жат мінезсің жабырқау (Абай). Көп алдында сайрап айтып шықса, Бектай жаны сонда кірер еді (М. И.). Уһ! Жаным жаңа кірді ғой (М. Ә.). Тоңқалаң топ басынан асқан тұмақ, «Бәлі» деп бас тұқырған төмен құлап. Бой балқып, ой өрістеп, жаның жұсап, Күзетте қалған жалғыз сергек құлақ (І. Ж.).

ЖАНЫ ЖАЛҒЫЗ АДАМ Тірліктен, ортадан бөлек; өмірге өзгей. Көңіліне Құлагерден құйылып мұз, Күйкіп отыр таста Ақан байғыз. Жан тыншын елден емес, жерден тапқан, Сондай бір адам бопты жаны жалғыз (І. Ж.).

ЖАНЫ ЖАННАТТА БОЛСЫН! д і н и. Дүние салған кісіге айтылар тілек.

ЖАНЫ ЖАНШЫЛДЫ Үлкен ауыртпалық көрді, құсамен күйзелді. Ел Еділге жүргенде, Еркін жайлай, кең оттай. Еділге өткен күндерде, Сонда да жан жаншылған (І. Ж.).

ЖАНЫ ЖАРА Қайғылы, күйікті (АС). Сонда жауап бере алман мен бишара, Сіздерге еркін тиер, байқап қара. Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын, жаны жара (Абай).

ЖАНЫ ЖАРҒА ТАЯНДЫ Өлер шағы жақындады. Жаны жарға таянды, Қоя гөр, әке, жастықты. Алпыс үштен асырмай... (Ш. Қ.).

ЖАНЫ ЗӨР ТҮБІНЕ [ҚАРА БАҚАЙЫНА] КЕТТІ **ЖАНЫ КӨЗІНЕ КӨРІНДІ** **ЖАНЫ МҰРНЫНЫҢ ҰШЫНА КЕЛДІ** **ЖАНЫ ТЫРНАҒЫНЫҢ ҰШЫНДА [ҰШЫНА КЕЛДІ]** Қатты қорықты, кенет шошыды; қатты қиналды, безектеп қысылды. Кенжекей... Еламанның бір жақ бетінде ырсиған ат тұағындай тыртыққа көзі түсіп жаны зәр түбіне кетіп қыбыр етпей тұрып қалды (Ә. Н.). Жаны көзіне көрінген Сайран: «Шекер, жаным Шекертай», — деп тәуір-ақ жалынып көріп еді, бірақ Шекер үн қата қоймады (Ә. Ә.). Бізгар шашқан суық жүзін жүзіне таяп төніп келгенде Ебейсінің жаны қара бақайына кетті (Ә. Н.). Жиналып тұрған ақсақалдардың, байлардың сұрла-

ры кетті. Жандары тырнағының ұшына келді (С. С.).— Жок! — деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келді, өлуге аз-ақ қалды (ҚБ). «Бәсе, бәсе, құдай біледі, жаны мұрнының ұшында!» ...деп азаматтар гу-гу етеді (Ғ. Мұс.).

ЖАНЫ ИНЕНІҢ ҰШЫНДА Тақат таппады, әбiгерге түсті, үрейленді. Жаңын қоярға жер таппай жүр. ...Ақбала... енді әке-шешесін күткелі жаны иенің ұшында: үйден де, түзден де тыныштық таба алмай, әлденеге іштей әбiгерленіп бітті (Ә. Н.).

ЖАНЫ КҮЙДІ 1. Ыза болды, қорланды; жаны заяда өргенді. Қодар қайғыдан сандалып жаны күйініп отырып: «Маңымда тұлдыр жоқ. Құдай маған қылды ғой. Кәпір өтсем де, енді көрінен аянарым жоқ...» деді (М. Ә.). Наданды әркім жейді нандай илеп, Жыртқыш ілген үйректей тірі жүздеп, Өгей бала секілді тесік өкпе, Жалғанда теңдік көрмей жаны күймек (С. Т.). **2. Аяды, есіркеді. Жаны күйетін жер болмағанда олар [Байсал мен Бөжей] осы соңғы мінезді көп қолданатын. Екеуі де жарытып тіс жарып үндемейтін (М. Ә.).**

ЖАНЫ ҚАЛАДЫ Аман қалады; тіршілігі болады. Есіркеген қазір де сол ой шумағын жалғай түсті. «Жок, жоқ, қайткенмен де Россия қол астына тезірек кіру керек. Сонда ғана бұл халықтың жаны қалады» (І. Е.).

ЖАНЫ ҚАЛМАДЫ **ЖАНЫ ШЫҒА ЖАЗДАДЫ 1. Зәресі ұшты, қорықты.** Оспанның да құйрығына қыл батпай, Нұрым ықыранған сайын бетіне қарай түсіп, жаны шыға жаздап, құр анау үйден мынау үйге кезекке жүгіре берді (С. Т.). **2. Бәйек болды, бар ынты-мынтысымен күтті.** Үлгерімім де жақсы. Студенттер жаны қалмай сыйлайды. Бәрі қолпаштап кетті (ЛЖ).

ЖАНЫ ҚАС Өш, жауыққан. Әкем ауылнай, бай атаулыға жаны қас кісі еді (С. К.).

ЖАНЫ ҚИНАЛДЫ Азап шекті, жаны көзіне көрінді.— Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр. Бірақ, менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп шыдап жатырмын (Ы. А.).

ЖАНЫ ҚҰМАР Тым әуес, өте үйір. Олар сүйегіне біткен машығы бойынша, айтыс пен таласты сүйеді. Қақтығып-қағысқан кездер болса, ол үшін бар жұмысын, жүрісін де доғарып қойып, керіс қызығу көруге жаны құмар (М. Ә.). Тауға шығуға дегенге жаны құмар оның көзіне Көкшетаудың бұйра басты шоқылары елестеді (М. И.).

ЖАНЫНА БАЛАДЫ [ТЕҢГЕРДІ] Жақын тұтты, өзіндей санады. Жігітті жанына балап жақын тартқаны сонша алдыартын ойлаған жоқ еді (Т. А.). Өз басына

зобалаң туғанда кешегі өздерінің жанына теңгерген патша ағзамы мен тәжді, тақты... тастай офицерлер Орынборға ағылып жатты (Ө. Н.).

ЖАНЫНА БАТТЫ [ТИДІ] Қабырғасын қайыстырды, қатты күйзелтті. Осылай Ақан зарлап жылап жатты, Қайтсін ол жыламасқа, жанға батты. Күйінді ол күңіреніп Құлагерге, Айрылды ол аттан — жақсы, достан тәтті (І. Ж.). *Жаныма батқан жара бар, Кекке күйіп барамын. Әке, шешем, туғаным, Бауырларым шегіп зар (Қ. А.). Жаныңа батса да шыдай тұр. Кейде адамның бейжай болып жүретін кездері болатын, өзінен-өзі түзеліп кететін,— деді Танагөз (Ғ. Мұс.). Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екемін деп келе жатыр (Ғ. М.).*

ЖАНЫНА ЖАҚТЫ Іңкәр болды, ұнады. Жанына еліміздің жылқы жаққан, Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан, Мінсең — ат, ішсең — қымыз, жесең — қазы. Қашаннан қазак халқы жылқы баққан (І. Ж.). Бұл, өрине, Бектайдың жанына жағып кетті. Үйіне барысымен ол отрядтың алдағы уақыттағы жұмысы жайын ойластырып, өзінше жоспар да құрды (М. И.).

ЖАНЫНА ЖОЛАМАДЫ [ЖУЫМАДЫ] Маңына бармады, шенінен аулақ жүрді. «Тас түскен жеріне ауыр» деген бар ғой, Демеймін менің қайғым саған батыр. Деді де теріс қарап қалды жатып, Жанына жоламады жеңге батып (С. Т.).

ЖАНЫ СҮТ ТАТЫП ТҮР Көбіне әзіл ретінде жаны «аялулы» деген ұғымды білдіреді.

ЖАНЫ ШЫҚТЫ ○ ЖАН ТАПСЫРДЫ [КЕТТІ] ○ ЖАНЫ ҮЗІЛДІ ді ни. *Өлді, қаза болды, дүниеден қайтты.* Біреуін малға зар ғып тұр, Жөнсіз оқтай қаңғып тұр. Жан шіркін-ақ берік екен, Үзіліп кетпей нағып тұр (Ш. Қ.). Ақсаннан биік тау болмас, Бауырынан қашқан күзен көрінбес. Ақшам батпай тұн шықпас. Ажал жетпей жан шықпас (Б. Қ.). Мойны үзіліп өкірген аю біраз жатып жан тапсырды (ҚЕ). Талықсып білер-білмес жатып есін, Құлыным, Қайсар, қош бол деп еркесін, Бір сүйіп мандайынан жан тапсырған, Қатты ұстай оң қолынан винтовкасын (Т. Ж.). Адам ғапыл дүниені дер менікі, Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі. Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ойла болады не сенікі? (Абай).

ЖАНЫН АЯЛАДЫ Әлпештеді, мәпеледі. Сұлулық жерден өніп, көкпен жауған, Талқан ол тыныштықты таза таудан, Шомылып мөлдір көлге, орманда ұйқтап, Жақсы жер жұмбақ жанын аялаған (І. Ж.).

ЖАНЫНДАЙ КӨРДІ [ЖАҚСЫ КӨРДІ] Қатты ұнатты, өте сүйді. Қамар, Ахмет, іштерінен бірін-бірі жанындай көріп,

жарылып кете жаздаса да, ағасы Қасеннің жаны бірге досы, құрдасы болып, бірге жүріп, бірге тұрған соң, бірі аға, бірі қарындас секілді бір-біріне бүгінге шейін ойнап болсын, шындап болсын, сыр ашып, сыбырласа қойған жерлері жоқ еді (С. Т.). Ол қазір Алғадайды жырлап отыр, Алғадай — Жамбыл ақсақалдың жанындай жақсы көретін ұлы (СҚ).

ЖАНЫН ЖАҒАСЫНА КЕЛТІРДІ [ЖАҒАСЫНАН АЛДЫ, КӨЗІНЕ КӨРСЕТТІ] Қатты қысты; зәресін алды; апишсын қуырды. Сақты: «Жанымды жағамна келтіріп, мені қысқан осы жалмауыз, қарасын өшір, достығым», — деп қасқырға баян етіпті (ҚЕ). Жұман (Мөржанға): Көрмейін бе сені, аман-жаманыңды көрмей, білмей отырмыз ба? Тіпті, ана көрі шешең жанымды жағамнан алған жоқ па? — деді (М. Ә.).

ЖАНЫН ЖАҚТЫ диал. *Ыза қылды, күйдірді.* Мың десе де түсінбей адамның жанын жағады (Түрікм.: Таш., Тадж., Мары).

ЖАНЫН [ЖАН] ЖАЛДАДЫ ○ ЖАН [-ЫН] САТТЫ 1. *Арын-абыройын салды; ұждан-иманын жалдады.* Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап. Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап (Абай). Баяғы құлық, бір алдау. Қысылған жерде жан жалдау (Абай). Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді (М. Ә.). Мал үшін аш қатасың, жан сатасың (Абай). 2. *Аянбай құлшына, жан-тәнін салып істеді.* Жақсылық үй ішіндегі топты жанды қыстай-жаздай тыным таппай енбек қып, жанын жалдап асырап жүретін (М. Ә.).

ЖАНЫН ЖӘННЕМГЕ ТАПСЫРДЫ *Жаны шықты, өлді.* Алдар келіп екі аяғынан көтеріп, сабаға басын тыға қояды. Кемпір тұншығып «қор-р-р-қ» деп, жанын жәннемге тапсырады (ҚЕ).

ЖАНЫН ЖҰБАТТЫ *Алданыш етті.* Жалғыз сені ұнатам, Неге, сәулем, нанбайсың, Жанымды қалай жұбатам, Жүрегің жоқ па, қандайсың (Ғ. Құрм.).

ЖАНЫН КҮЙДІРДІ *Қытығына тиіп, ыза кернетті.* Өзі нервний байғұстың сен де көңілін қатты қалдырдың деген Қалияға Өшім: — Қалса, қайтейін. Ол да менің жанымды күйдірмесін! Не дұрыс адам болсын, — деді (М. И.).

ЖАНЫН ҚАРМАДЫ *Бет-бетімен қашты, жан сауғалады.* Дүркіреп қашқан көп дұшпан естері шығып, жан қармады (С. Б.).

ЖАНЫН ҚАРМАНДЫ *Аянбай әрекет ету, құлшына кірісу мағынасында айтылады.* Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек, ол — арлы адамның ісі (Абай).

ЖАНЫН ҚАТЕРГЕ ТІКТІ *Ажал аузында жүрді, басын өлімге байлады. Бойын басқан күлісін де ауырлап, қанша күннен бері жау ішінде жанын қатерге тігіп жүргенде, түк бітірмей босқа сенделіп қайтқанына ренжіп тұрған-ды (Ә. Н.).*

ЖАНЫН ҚОЯРҒА ЖЕР ТАППАДЫ *Әбден мазасызданды, әбгерге түсті, әлек болды; жаны көзіне көрінді, әбден қиналды. Мұндай қорлықты көрмей өскен ерке неме ызаға шыдамай, шақтының бір шұңқырына құлап өлді екен деп, шыбын жанымыды қоярға жер таппадым,— деді Шалтай Сәулеге (Ә. Ә.). Салқын қораға үйренген Ахметтің ала биесі бөгелектен жанын қоярға жер таппай жүр (Ғ. Мұс.). Күннен-күнге сабыры қалмай, жатса-тұрса көз алдында Қамардың суреті елестеп, жанын қоярға жер таптырмай барады (С. Т.).*

ЖАНЫН ҚҰРБАН ҚЫЛДЫ [ОТҚА САЛДЫ, ТІКТІ] ○ ЖАНЫН КЕШТІ [ҚИДЫ] *Басын тікті, өзін садаға етті. Демеш те мұны көріп ақсия күліп, қарсы жүрді. Осы бір күлісін Демеш Қайырға: «Саған ғана арнадым» десе, жанын құрбан қылар еді (З. Ш.). Мен сен емес, әке, таптың ұлымын, Таптың қолға ұстар құрал-құлымын. Езілгенде ерік тілеп жауласып, Жанды құрбан қылатынның бірмін (Б. М.). Сенің кешеден бергі анау патшаны өлтірген, ел үшін жанын отқа салған азаматтар туралы айтқан сөзің менің көңіліме әсіресе қонды-ау, Абай,— деді Дәркембай (М. Ә.). Жараланған жолбарыстай, Өрт жанарлы бір жас ұлан, Ырғып бұлттан түсер жайдай, Өзі оқ боп атылғандай Ұлы айқасқа жанын тігіп, Күтті жауын тас бекініп (А. Жұм.).*

ЖАНЫН [ОРТАҒА] САЛДЫ ○ ЖАНЫН ЖЕБЕДІ *Аямай күресті; бар ынтықыласын салды, ынты-шынтымен аянбай істеді. Дөрмен мен Мәкеннің жұмысына жанын салып араласқан Әбіш, енді сол жұмыстың сот алдында аяқталуын тоса алмады (М. Ә.). Жақыңға еріп, мал салмай, Жауды көріп, жан салмай. Қайдан ғана біледі, Ауыр менен жеңілдің, Арасынан өтерді (Абай). Жағаға жақындай бергенде, Ербол егіздің бас жібін лақтырды. Абай жабыса түсіп тарта берді де, Ербол қамшылап отырып жиекке шықты. Жанын ортаға салып, қатерге басын тігіп, Абайға шын достық көрсетіп шықты (М. Ә.).*

ЖАНЫН ТЫНДЫРДЫ 1. *Ауыр салмақ түсірмеді, қол ұшын беріп, көп көмектесті. Оқуынан босап, жазғы демалысқа шыққан Кеңесбек үйіне келісімен-ақ, олпұл шаруасын істейтін, анасына көмектесіп, суын тасып, отынын жарып, кірін жуып жанын тындыратын (М. Е.). 2. Көңілін орнына түсірді.*

ЖАНЫН ШҮБЕРЕККЕ ТҮЙДІ ○ ШЫБЫНДАЙ ЖАНЫН ШҮБЕРЕККЕ ТҮЙДІ *Өте хауіп-қатерге, өлімге бас байлады;*

тәуекелге бел байлады. Төнеке: — Ей, Қыдырбай... Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараңнан аса берме,— деді (М. Ә.). Снарядтар ысқырып кеп, жер жұлынын уәетіндей гүргүрс жарылып жатыр. Шыбын жанын шүберекке түйіп алған солдаттар оққа қарсы жүгіріп барады (ЛЖ).

ЖАНЫН ҰРДЫ *Қатты қиналды, қайғырды; қатты батты. Жарлының жалғызы өлсе жанын ұрар. Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар (І. Ж.).*

ЖАНЫҢА ЖАМАНДЫҚ БЕРМЕСІН! *Тілек. Қаза-жазанда сақтасын; кесір-кесапаттың бетін аулақ қылсын деген мағынада.*

ЖАНЫҢ БАРЫНДА Қайтсең де, өлсең де; тірі тұрғанда. *Сөйле, ақтар ішек-қарныңды. Жаның барында ақтар шапшаң, болмаса өзім ақтарам қазір (М. Ә.).*

ЖАНЫҢ ШЫҚСЫН! [ШЫҚҚЫР!] *қарғыс. Өліп кет деген мағынада. Жетібай да бүгін үйінен шықпай қойды. Кім біледі, «Жаның шықсын, өлмесең өрем қап!» — деп, Нұртайды табалап жатқан шығар (С. О.).*

ЖАНЫ СІРІ ○ ЖАНЫ СІРІДЕН ЖАРАЛҒАН ЕКЕН ○ ЖАНЫ СІРІДЕН БЕРІК ЕКЕН ○ ЖАНЫ СІРДЕЙ ○ ЖАНЫ ТЕМІРДЕН ЖАРАЛҒАН *Өте мықты, төзімді деген мағынада. Тастанның мастегі арқа еті арша, борбай еті борша болса да, жаны сірі неমেдей өлмей жүре берді (С. М.). Солтүстікте қыс әлі, Жаны сірі неткен бұл? Қиқу салып құстары, Алматыда көктем жүр (С. Мәу.). Ұзақ ауырып, үлкен кеселінен зор дегенде айықты, жаны сіріден берік екен (АТ).*

ЖАНЫ ТҮРШІКТІ *Аза бойы тік тұрды, шошыды. Жалпы адам баласының қауымында саудагер дегеннен зұлым пенде болмаса керек. Жас баланың жаны соны сезіп, түршігіп келіп тұр еді (Ғ. М.). Нұржан Нағидың түрі бұзылып бара жатқанын, өзі айтқан әңгімені жаны түршіге езер тындап отырғанын, бірде-бірін байқаған жоқ (З. Шүк.). Жанын түршіктірген сол бір көрініс көпке дейін оның [Хакимань] көз алдынан кетпей жүрді. Бірнеше түн бойы түсінде ылғи жылан көріп, шошып ояматынды шығарды (М. И.).*

ЖАНЫ ТЫНДЫ [ТЫНЫШТАЛДЫ] *1. Әуре-сарсаңнан арылды. Бөлініп ақылым алты, ойым онға, Қол сермеп, құр жүгіріп, әрбір жолға, Надандықта қалсын деп жаным тыныш. Редакция қызметін алдым қолға (С. Т.). 2. Көңілі орнына түсті.*

ЖАНЫ ҰСТАРАНЫҢ [ПЫШАҚТЫҢ] ЖҮЗІНДЕ [ҰШЫНДА] ТҮР *Жаны өлім, ажал аузында. Қыз ішіп елтіп қалды күйдің уын, Дерттенген тыңдай-тыңдай домбыра үнін, Жүзінде ұстараның жан тұрғанда, Бойында сақтамақшы кім аруын (І. Ж.).*

ЖАНЫ ҰШЫП КЕТТИ *Бұл жерде ақын құмартуды, дегбірі кетіп, тағат таппауды сөз етіп отыр. Атты артық көрген елміз мінген талқан, Қызық-ақ біздің бөйге қырда шапқан! Шыдар ма қазақ жаны ұшып кетпей, Аттарға шаң шығарып келе жатқан (І. Ж.).*

ЖАНЫ ШОШЫДЫ *Қорықты, зәресі ұшты; қатты түңілді; екінші қайтып жоламастай болды. Бұл кітаптан жын-шайтан қашып кетер, Жаны шошып, зәресі ұшып, сасып кетер (С. Т.). Бөкең жұрттың азғыруымен жиылыстан жаны шошыды (Б. М.). Жауыздықтан жаны шошып, Кімдер сонау күңіренген? Қосылып жұрт жатыр босып, Қош айтысып туған елмен (Қ. А.).*

ЖАҢА АЙДА ЖАРЫЛҚА, ЕСКІ АЙДА ЕСІРКЕ *Ай жаңа көрінгенде айтылар тілек-бата. Ай көрдім, аман көрдім, Баяғдай заман көрдім. Жаңа айда жарылқа, Ескі айда есірке! (АТ).*

ЖАҢА ЖЫЛ *Бұл жерде ақын жаңа бастама, тың өмірді айтып отыр. Жаңа жылдың басшысы — ол, мен ескінің арты едім, Арман деген ащы — сол, Сүйекке тиді, қарт едім (Абай).*

ЖАҢА НИЗАМ *Жаңа тәртіп, жаңа заң, жаңа ереже. Дулат жырау қазақ даласында хандық дәуірі жойылып, патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс алып, «жаңа нizam» бойынша, ел басқару тәртібі аға сұлтандардың қолына көшкен кезде қасаған ақын (Б. Д.).*

ЖАҢА [ЖАС] ӨСПІРІМ **○ КӨК ӨРІМ** *Жеткіншек, жас буын. Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы, Жаңа өспірім, көк өрім, Бейне қолдың саласы (Абай).*

ЖАҢА ТУҒАН АЙ СЕКІЛДІ *Сұлу, ару әйел туралы айтылады. Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай көзді тартады. Өзі де мейлінше сұлу, жаңа туған ай секілді жіңішке қасын сүрмелеп тастаған (І. Ж.).*

ЖАҢБЫРДАЙ ЖАУДЫРДЫ *Үсті-үстіне боратып жіберді. Сол қамаудағы қалалардың әрқайсысы айнала қамап алған дұшпан әскерлерінің жаңбырдай жаудырған оғына шыдап келді («Айқап»).*

ЖАҢБЫРЛЫҒЫ ЖАВЫҚ *Қоңды, сауыры тұтас. Еламан аттың ерін алды. «Жаңбырлығы жавық, қазір бабында», — деп түйді Еламан (Ө. Н.).*

ЖАПАДАН ЖАЛҒЫЗ *Жеке-дара, көптен бөлек, шет. Қиыр жайлап, шет қонып, жападан жалғыз жүріп шая болған ауыл едің (М. Ә.).*

ЖАПА [ЖӘБІР] КӨРДІ [ШЕКТІ] *Қорлық көрді, азып-тозды; қайғы-қасіретте. Болашақ күе тобықтының өзінен шыққан адам отыр. Бұнысы жапа көрген Көкен елінің күеға не сенгенін көрсетеді, немесе ел болып, сынға салып, сынға тартқысы келген байлауын танытады*

(М. Ә.). Күндер өтті, ай өтті, жылдар өтті, Сорлы тұтқын қамауда жапа шекті (Ш. И.).

ЖАПАЛАҚ ҰШПАС ЖАПАН **○ ЖАПА ПАН ДАЛА** **○ ЖАПА ПАН ТҮЗ** **○ ҚҰЛА ДҮЗ** **○ ЕСІЗ ЖАПА ПАН** *Ай дала, мидай дала, құлазыған дала, құла дүз дала. Жапалақ ұшпас жапаннан, Жалғыз кетіп барады, Ит татпаған ащы көл, Онан да татып барады, Жері сортаң оты ащы, Ащы көл мен тұщы көл, Онан да татып барады (МЗ). Бір мен деп ата-анадан безген, сәулем, Қорқыныш жас жүрегің езген, сәулем, Мықты ұстап, білегімнен басын байлап, Хауіті жапан дүзді кезген, сәулем (М. Ә.). Домбыра ғып шаланы Жөкеңнің жырын салғаным, Жаңғыртып жапан даланы, Арқалап халық арманын (ХА). — Арғы сай да, бергі сай да толады, Сайсыз жерде неге жаның талады!.. Жапан дүзде жаңа арнасын ол өзен, Осы ауылдың адамынан алады (Х. Ер.). Арада сусыз жол жүрді. Сөйлеріне сөз болды, Жүргені жапан түз болды (МЗ).*

ЖАПА ПАН [ЖАҒАН] КЕЗДІ [КЕШТІ] *Дүние кезді, дүниені аралады. Жапан кезіп жүргенде Қыз Жібекті тауыпсыз (ҚЖ). Біреу үйде отырып, От басында хош ұрып, Біреу жапан кезеді (М. Сұл.). Көп жүріп жапан кешті Сейфүлмәлік Жамалды Иранбақтан іздеп барған (А. Қор.).*

ЖАПЫРАҚТАЙ СОЛДЫ *Бұл жерде қайғымен шөкті деген мағынада. Бір күні, ата, жыларсың, Көп пұшайман боларсың, Іс өткен соң пайда жоқ, Жапырақтай соларсың (БЖ).*

ЖАРА БАСТЫ *Қайғы жеңді, шер тартты. Жара басты кеудені, Жаудан өлді ар үшін, Ескермей өзге дүниені, «Ан», деп өтті жар үшін (Абай).*

ЖАРАҒАН БУРАДАЙ **○ ЖАРАҒАН БУРАДАЙ** *ҚЫЛШЫЛДАЙДЫ* *Нағыз кемеліне келген қайратты қас батырдай. Тұяғынан атының, Тозақ көкке бораған, Айқайлап кірді соғысқа, Қарт бурадай жараған (БатЖ).*

ЖАРАҒА СЕБІЛГЕН АПЦЫ ТҮЗ *Азап үстіне азап. Құдай бір сүріндіргенді мың сүріндіреді, бұл қыздың күйігі шал үшін жараға себілген ащы тұз болды ғой (АТ).*

ЖАРАДАН ІРІҢ АҒЫЗДЫ *Пасықтық істеу мағынасында айтылады.*

ЖАРАНЫҢ АУЗЫН АШТЫ [ТЫРНАДЫ] *Ескі күйікті, дертті, еске салды. Титтей де масаттанғаным жоқ. Менің жыққаныма жігіттер бөйгені алып жұтып жатты. Сол жеңіс менің көңілімдегі бір жараның аузын ашып кетті (ЛЖ). Осыны байқай қойғандықтан коридорда қыспайын деді ме, қалай, Байсал Жарқын ойлаған жараның аузын тырнамай, жай ғана күлімсіреп: «Амандасып жүру керек! — деді (М. И.).*

ЖАРА САЛДЫ *Қайғыға салды, уайымға қалдырды; көңілін алаң қылды.* Көңіліме аярыңмен салдың жара, Салған соң төңірім басқа недүр шара?! Буынан ғашықтықтың, асыл затым, Сізге де татқызды ма хақ тағала (М. С.). Жат есікті және қорып, *Жара салма* сен маған, Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай).

ЖАРАСТЫҚ ТАПТЫ *Бірін-бірі түсінді, тілек-талабы қосылды.* Қуанам тату, сәнді үйге, *Жарастық тапса* қос көңіл, Қуанам жақсы ән-күйге, Сауықпен өтсе кеш небір (А. Ш.).

ЖАРАСЫ ЖЕҢІЛ *Түк емес, оңай, салмағы жоқ.* Жақыннан болса, *жарасы жеңіл*, табамыз, жазалаймыз (М. А.). Бар арашашы желісіз өткен жиырма жыл болса, оның *жарасы жеңіл* деп едім (М. И.)

ЖАРАСЫНА МАЙ ЖАҚСАҢ ДА ЖАЗЫЛМАС *Түзелмес, қайта орнына келмес.* Жарылып бүйірінен дал-дал болған, Төсілін таба алмапсың о басында, Кеткендей қасқыр талап қабырғасы, *Жазылмас май жақсаң да жарасына* (Н. А.).

ЖАРАТҚАН АЛЛА [ҚҰДАЙ, ТӘНІР] **ЖАР БОЛДЫ** діни. *Жаратушы, жасаған жебеп, қолдады, жақтасты деген мағынада.* Құдай-ай қайдан ұқсатқан, Көкесіне сияғын, *Жаратқан алла жар болып*, Жанды ма өшкен шырағым (ҚЖЖ).

ЖАРАТҚАНҒА [ЖАСАҒАНҒА] ЖАЛБАРЫНДЫ [ЖАЛЫНДЫ] діни. *Құдайдан тіледі, аллаға жалынды, минажат етті.* Жанымды жаппарға тапсырып, *жаратқанға жалбарынып* ел кезіп кеттім (АТ). Ай жүремін түзде, жыл жүремін, Күнің болар мені сағынар, *Жатсаң-тұрсаң* ойлап құлыным деп, *Жасағанға жылап жалынар* (Б. К.).

ЖАРАТҚАН ЖАППАР ҚҰДАЙ діни. *Алатағала, жасаған ие.* (Діни жалбарыну мағынасында айтылады). Болды ма менің ақ ордам, *жаратқан жаппар құдай-ай*, Құс ұшпастың аралы (МЗ).

ЖАРАУ АТ *Әдейі мініске баптап қойған жылқы малы туралы айтылады.* Тегіс емендей қатқан *жарау аттар* болса да, бүгінгі жүріс бұларды қан сорпа қып терлеткен екен (М. Ә.).

ЖАРҒАҚ [ЖАР] ҚҰЛАҒЫ ЖАСТЫҚ-ҚА ТИМЕДІ *Тыным таппады, дамыл көрмеді.* *Жарғақ құлағы жастыққа тимей*, анаған бір, мынаған бір айта жүреді екен. Өлкеге шейін жазады екен (С. Төл.). Бірақ есі-дертім туған жақта, Семейді қашан көрем, елге қашан бір оралам деп аңсағанда *жар құлағым жастыққа тимейді*,— деді Данияр (М. Ә.). Екіншіден, тон келте, қол қысқа болған соң, *жарғақ құлағы жастыққа тимейді*, кемпір-шалды асыраймын деп, жазы-қысы тізесін бүкпейді (С. М.).

ЖАРҒА ҚҰЛАТТЫ [ЖЫҚТЫ] **ЖАРҒА ҰРЫНДЫРДЫ [ҰРЫНДЫ]** *Арандатты, айдап салып жолдан тайдырды, орға жықты (орға құлады), опасыздық істеді.* Сөйтіп жүрген көңілің сал, *Жар* болса жақын *құлатпақ* (ШС). Елді бүлдіріп, *жарға жығайын* дег пе едің? (М. Ә.) Көзі ашық, ел қамқоры азаматтарым, бастарың жақсы қосылды. Көріңдер, ел жайы солай. Қызыл езулер ауыздықталмаса, бір *жарға ұрындырмай* тоқтар түрі жоқ (Ғ. Мұс.).

ЖАРҒА СОҚТЫ *Қолайсыз жағдайға душар болды; мерт болды.* Екі күнде бір көрмесе, ақсайды. Бұл құмарлықтың аяғы *жарға соғатынын* тағы да біледі (З. Ш.).

ЖАРДАЙ СЕМІЗ **ЖАРДАЙ БОЛЫП СЕМІРДІ** *Бұл фраза малдың, әсіресе түйе мен жылқының семіздігі туралы да, адамның семіздігі туралы да айтылады.* Арыстан, қасқыр, түлкі — уақ аң, тышқан аулап жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына *жардай болып семіреді* (КЕ).

ЖАР ДЕГЕНДЕ ЖАЛҒЫЗЫ Сенері де, сүйенері де сол ғана деген мағынада. Байтұяқ үнемі үнсіз күйде бас жағында отырып жас төккен кәрі шешесіне ғана, *жар дегенде жалғыз* жақын, жесір анасы Тұлымдыға ғана сырын айтады (М. Ә.). *Жар дегенде жалғыз* баламның тілегі алдында. Жұмыс істегін дегенді айта көрмеңдер, оқытам өзін дегем (ЛЖ).

ЖАР ЕСІГІН БЕРМЕДІ **ЖАР ЕТЕ** **АЛМАДЫ** *Жұбай етіп қосыла алмады; өмірлік жолдас бола алмады* (АС). Жаным ғашық асылым ең, *Жар есігін бермедің*, Сорға біткен ғашығымсың, Неге тым кеш сермедің (Абай). Тәңір қосқан жар едің сен, *Жар ете алмай* кетіп ең, Ол кезімде бала едім мен, Аямасқа бекіп ең (Абай).

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ *Мінезі ашық-жарқын.* Алдым тағы қара нор, *Жарқын жүзді* жақсы жоқ, Асылымның бәрі бор, Халқым қайтіп күн көрер! (М. Ә.).

ЖАР [ЖАРЛЫҚ] САЛДЫ [ТАРАТТЫ, ШАҚЫРДЫ, ШАШТЫ] *Жария етті, хабар таратты; жұртты ұранға көтерді.* Ұлықтың үй ішінен ақырып: «Мылтық атпа, тоқтат!» — деген әмірін сыртта анық аңғарған Абай бар елге қатты айғаймен белгі берді. «Сескенбейдер. Енді ата алмайды»,— деп *жар салды* (М. Ә.). *Жар салып*, шауып жүріп шар тарапты, Құлагер келгендігін *жар таратты*. Құлағы Құлагерге қанық шіркін, Иесі Көктұйғынның ішін тартты (І. Ж.). Қатардан жақсы қалдырмай, Айнақұл, Бәти ішінде, Өңкей батыр жиналып, Абылай *салды жарлықты* (Б. Қ.). Комиссар жұртқа болып қалған оқиғаларды баяндап, *жар шақырып*, жақын жердегі Ақтөбе азаматтарының бірнешесін телеграмма арқылы Орынборға шақырды (С. С.). Тегінде, Құнанбай, Өскембай, Ырғызбай — бәрін мақтап, қара қазақтың «ардақтысы», «асылы» деп

күн сайын екі рет атырапқа естіріп, *жар шашып* отырған жақтаушылар өлі Ырғызбайға ғана емес, тірі Ырғызбайға да көп еңбек етіп отыр (М. Ө.).

ЖАР СҮЙДІ *Ерлі-зайыпты болды; ғашық боп табысты, сүйіп үйленді.* Бала сүйер, *жар сүйерден*, Түк неме жоқ, тұр денем, Сен — тоты құс бакта жүрген, Қай жерімнен тең келем (Абай).

ЖАРТЫ [АЛТЫ] МАЛТА АС БОЛДЫ [ЕТТІ] *Ауыз жарымас ауқат талшық болды; қиыншылық көріп, ашығып күн кешті.* Беттеген жауды үркіткен *Жарты малта ас еткен*, Қатын-бала жат еткен... (Н. Б.). *Алты малта ас болмай*, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай, Ат үстінен күн көрмей... Ерлердің ісі бітер ме? (М. Ө.).

ЖАРЫДАН АУДАРДЫ д и а л. *Жартысынан аударып бітіріп тастады.* Мен шығырдың жартысын бір рет аударып, екінші ретте *жарыдан аудардым* (Қ. орда, Арал).

ЖАРЫҚ ДҮНИЕ *Өмір, әлем, тіршілік дүниесі.* Жас бөбек жарық көрген жаңа ғана, Көрсеткен *жарық дүние* менмін ана (С. Кер.).

ЖАРЫҚ КӨҢЛІНЕ ЖАРА САЛДЫ *Кірішкісіз, таза көңілін бұзды, дақ түсірді.* Мына Еламан інің азғырып, *жарық көңіліме жара сап жүр* (Ө. Н.).

ЖАРЫҚ КӨРДІ 1. *Дүниеге келді.* Жас бөбек *жарық көрген* жаңа ғана, Көрсеткен жарық дүние менмін ана (С. Кер.). **2.** *Жүзеге асты, пайда болды.* Оның бір кітабы биыл *жарық көрді* (АТ).

ЖАРЫҚ ҚАРЫН ЖЕР д и а л. *Бірнеше жыл тыңайтылған жер.* *Жарық қарын жерге* егін жақсы шығады (Жамб., Шу). Биыл көптеген гектар *жарық қарын жер* жыртылды (Алм., Жам.).

ЖАРЫҚ СӘУЛЕ КӨРМЕДІ *Дүниеде жақсылық, рақат көрмеді.* *Жарық сәуле көре алмай*, Ел шаңына ере алмай, Сол бойы кетер ме екенсің (Д. Б.).

ЖАРЫЛА ЖАЗДАДЫ *Ызаға булықты, ашуланды, қызғанды, іші күйді.* — Мен бөлікті өз көңіліме сыйған әділетпен бөл-мекпін. Байқаймын, жүрісім Көжекбайға жақпайды, тыжырынып, *жарыла жаздап келеді*, — деді Сүйіндік Абайға (М. Ө.). Қайсыбір істі болған кісілердің Нығметке қошемет көрсетіп, жалпылдап жатқанын көргенде, Судыр Ахмет *жарылып кете жаздайды...* (Ө. Н.).

ЖАРЫЛА КӨШТІ *Жапа-тармағай беттей көшті.* Бөліне көшкен еліңді, Бөріккен қойдай қылармын, *Жарыла көшкен* еліңді, Жаралы қойдай қылармын (М. Ө.).

ЖАРЫП БОЛДЫ д и а л. *Атақты болды, даңқы шықты.* Ол деген бүкіл Қызыл-ордаға *жарып болған* (Қ. орда, Арал).

ЖАРЫС ҚОЙДЫ *Қатарласа шапты.* Екі мырза елге таман *жарыс қойды* (ҚКБС).

ЖАСАҚ ТАРТТЫ *Қол жинады; қасына нөкер ертті.* Не байлар өтті дүниеден, Шоқпардай қылып шүйдесін, Төре мен өтті манап та, *Жасақ тартып* қабатқа, Жалтыратып пен-түймесін (М. Сұл.).

ЖАСАНҒАН ҚОЛ *Қарулы әскер.* Жиылды *жасанған қол* жауға анталап, Күрілдеп көк жалдары көз қанталап. Зеңбірек ырғақталып авар шөкті, Аулына Әлімқұлдың аузы қарап (І. Ж.).

ЖАСАҢҒА ШЫҒАРДЫ д и а л. *Теріске шығарды.* Менің сөзімді *жасаңға шығарып*, соған еріп кеткелі отырсың ба? (Жам.: Шу, Мер., Луг.).

ЖАС БАЛАПАН *Нәресте, жас бала; он гүлінен бір гүлі ашылмаған жас.* Жан жарымды, жолдасымды, Күшпен дұшпан айырды. *Жас балапан* жауқазынды, Қанатынан қайырды (Б. К.).

ЖАС БУЫН Жеткіншек. Екі жетім — Садуақас, Қасен деген балалар болатын. Бұл екеуін Абай мұсылманша оқуға бергізді. Жатақ жөнінде: — «тым құрыса олардың *жас буынына* азды-көпті саңылау болсын» — деп ойлады (М. Ө.). — Азаматты әуелі еңбекке үйрететін кім? Мектеп. Біздер — мұғалімдер. Олай болса, *жас буынды* еңбек сүюге баули алмай жүргеніміз, — деді Байсал (М. И.).

ЖАС БОСАНДЫ *Жаңа босанды.* Қарапаш: Жиренше үйде, *жас босанып* жатыр (ҚЕ).

ЖАС БУДЫ *Көзіне жас толды, жасқа туншықты.* Қақпа алдында қалың жау, Қыр арқада тас дуал, Ерлік-ау жауға жалынбау! Жасысаң көзді *жас буар* (Ғ. Ж.).

ЖАС ЖАУҚАЗЫН САРЫМСАҚТАЙ *Бұл жерде ақын уыз жас келіншекті әлі толып піспеген жас жауқазынға теңеп отыр.* Келіншек — *жас жауқазын сарымсақтай*, Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай; Ақ тамақ, алма бетті арулар жүр, Қыдыртқан бақалшылар сабыншақтай (І. Ж.).

ЖАС ИІС 1. *Сәби бала, нәресте.* Пұшпағы қанап, *жас иіс* көрмеген қатыны жасы келсе де, өлі қырлы (АТ). **2.** *Жас әйел.* (Бұл фраза көбіне қартаң ер кісі алған жас әйелге қатысты айтылады). *Жас иіс* сұлу тоқалы Тоқтарбике де Әбілқайырға тек өзінің сұлулығы мен жастығын берді (І. Е.).

ЖАС КҮН *Балалық кез, жастық шақ* (АС). Жан бізді *жас күнімізде* билеп жүр екен (Абай). Арман етпе, *жас күнің* көп, Игілік көр, ерге бар! (Абай).

ЖАС ҚЫРШЫН **○** **ҚЫРШЫНДАЙ** **ЖАС○ЖАС** **ҚЫРШЫНДАЙ** *Өрімдей жас, жас өрім, боздақ.* (Бұл фраза көбіне есіркеу, әлпештеу мәнде айтылады) Сатай жас

балғын қайын, сұлу еді, Ботакөз, албырт беті нұрлы еді. Жасы асқан жиырманы жаңа ғана, *Жас қыршын* туған жылы ұлу еді (І. Ж.).

ЖАС ӨЛІМ *Қыршын жастың қазасы.* Көп жасамай көк орган, Жарасы үлкен жас өлім (Абай).

ЖАС ӨСПІРІМ **ЖАС ТҮЛЕК** [ҰЛАН] *Өрімдей бала.* Боз атты жас өспірім — кәдімгі Сапардың Аманы екен. Тал шоқпары иығында, жетпесе де, ұруға дайын келеді (Ғ. Мұс.). Қосылғанда қос тілек, Жәрдем тосса дос тілек. Тартынар ма ажалдан Намысы бар жас түлек (М. Ә.). Маңдайынан жас ұланның Майда қолмен сипай білші (М. Әл.). *Жас өспірім* замандас қапа қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды, Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ серменде өңкей жынды (Абай).

ЖАСТАЙ СОЛДЫ **ЖАС КЕТТІ** 1. *Өмірі ерте қиылды.* 2. *Жасынан дертке шалдықты.* Кешке жақын Екеу ақырын, Келмеп пе едік жаныңа, Сендей болып, *Жастай* солып, Кім отырды алдыма! (Б. К.).

ЖАСТЫҒЫН АЛА ЖАТТЫ [КЕТТІ, ӨЛДІ] *Есесін жібермеді, қаруын қайтарды, кегін алды.* Батар күнмен батайын, Бекежанды өлтіріп, Тым болмаса, құдай-ай, *Жастығымды ала жатайын!* (ҚЖ). Пәлені бастаған мен емес. Ал, сол пәле келіп жалмай бастаған соң, алысқаным рас. Өзім іздеп бармаймын. Ал, ізденіп келсең, келіп көр! Әйтеуір өлген екем! Бірақ *жастығымды ала өлемін*, бар жөнеле бер,— деді Базаралы Ақбердіге (М. Ә.).

ЖАСТЫҚ ҚҰМАР *Бала шағынан өмірге құмарлық.* Рақат, мені тастап қоймадың тыныш, Ғашық жар, ағайын, дос — бәрі алдағыш, *Жастық құмар* үміттің нұры қайтып, Күңгірт тартты бәрінің аяғы реніш (Абай).

ЖАСТЫҚТАН БАСЫН КӨТЕРДІ *Аурудан айықты, тәуір болды.* Профессор бір жетіден кейін ғана *жастықтан басын көтерді* (З. Қ.).

ЖАСТЫҚ ШАҚ *Жігіттік кез.* *Жастық* шақ көк семсердің жүзі емес пе, Қайрап ап қалың жауға сермегендей (Қән).

ЖАС УЫЗ *Балдырған, балауса.* Мал да, кемпір-шал да, Жас нәресте, *жас уыз* (Б. К.). *Жас уызды* жараладың, жат түңілер іс еттің (АТ).

ЖАСЫ ЖЕТТІ 1. *Жер ортасы кісі болды, қартаң тартты.* Бейне жары Кавказдың не баласы, Өрт алғандай таусылып айналасы, *Жасы жеткен*, қапалық қайғы басқан, Жабырқаңқы Жүсіптің жалғыз басы (А. А. Қ.). 2. *Бой жетті, балиғатқа толды.* *Жасы жетіп* отырған қарқаралы қызы бар (АТ).

ЖАСЫН САЛДЫ д и а л. *Жасы қаншада екенін көрсетті.* Мен өзімнің үй ішім-

дегі балаларымның *жасын салып*, іспрәпке бер деп бардым (Жамб., Қор.).

ЖАСЫН [ЖАС] ТӨКТИ *Егіле жылады, еңіреді.* «Жолын қыл!» деп баламның, Қарт атаң *жасын төкпей ме?* Қарт тілеуі қабыл боп, Қанына урық екпей ме? (Д. Б.). Ер жүрегім, Егпей төзім, Өксіп-өксіп төгем жас (Б. К.).

ЖАСЫ ТОҚТАСТЫ д и а л. *Бұл жерде өмір тәжірибесін көрген, қартаң тартқан мағынада.* *Жасы тоқтасқан* тәжірибелі шаруа әйелдер жастарға орақ ору, бау баулау, астықты маялау әдістерін үйретіп жатыр (Ақт., Байғ.).

ЖАСЫ ҰЛҒАЙДЫ *Қартаң тартты.* *Жасы ұлғайған* сайын Қорқыт өлім жайын көбірек ойлайтын болыпты (КМ).

ЖАСЫ ТОЛҒАН *Ер жеткен, азамат болған.*— Жоқ, жасы толған бала, шырағым. Бізді әурелеме (Т. А.).

ЖАТАҚ БОЛДЫ *Отырықшы тұрмысқа көшті.* Екеу болса, біреуі шатақ болды. Зақонмен жөн сұрамақ атақ болды. Құмды қыстап, тау жайлап, Сыр күзейтін, Мал бақының бәрі де *жатақ* болды (М. Сұл.).

ЖАТ БАУЫР ҚЫЛДЫ *Өгейсітті, қатыгез етті, туғаннан бөтенсітті.* Сырымның жүргені аруақтың аркасы шығар. Қайтушы едің жатша қуып, *жат бауыр ғып* (М. Ә.).

ЖАТ БОЙЫНАН [ЖАНЫНАН] ТҮҢІЛСІН *Бөтен, өш жұрт арадан жарықшақ таппасын.* «Өзіңді өзің жаттай сыйла, *жат бойынан түңілсін*» (Мақал). Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін. *Жат бойынан түңілсін.* Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз (Б. Қ.).

ЖАТ БОЛДЫ *Бөгделеп, бөтенсіді.* Ағайын араз мал үшін, Аңдысып алды абысын, *Жаттай* болды танысың, Қазақтан мүлде түңіліп (Д. Б.).

ЖАТ ЕСІК *Бөтен үй, бөгде жұрт.* *Жат есікті* және қорып, Жара салма сен маған. Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай).

ЖАТ ЖҰРТТЫҚҚА ЖАРАЛҒАН *Бұл жерде қыздың өзге елге (руға) ұзатылуынан келіп туған салтты білдіреді.*— Балапаным, айналайын, жас емессің, енді бой жеттің.. Қыз деген қашаннан *жат жұрттыққа жаралған* (Н. С.).

ЖАТ КӨРДІ **ЖАТҚА САНАДЫ** *Бөтенсіді, бейтаныс көрді.* Жолым жіңішке жігітпін жолбарыстай, Аттасам, айшылық жер бір қарыстай. *Жат көріп*, жатырқама, қалқам Мамық, Сыр білес, сырғып кетпе бейтаныстай (Ш. Қош.).

ЖАТҚА АЙТТЫ [СОҚТЫ] *Есте сақтанғанын мүдірмей айтты.* Іркілместен *жатқа айттып*, «Қысқы кешін» Пушкиннің, Өткен тоқсан басында «Вестік» алған Мүсілім (Ш. С.). Оқымаған, жабайы қазақтың тілі шешен, ойы орамды, құлағы тіпті түрік.

Сүйінбай, Абай, Біржан, Сараларды жатқа соғады (Ғ. Мұс.).

ЖАТҚА ЖОРЫДЫ *Жамандыққа ұйғарды. Жат есікті және қорып, Жара салма сен маған. Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай).*

ЖАТҚАНҒА ЖАН ЖОЛАМАС [ЖУЫМАС] *Әрекет, тірліксіз кісі туралы айтылады. Жан жоламас жатқанға, Жүргенге жергем ілінер. Бұ дүниеде арман емес дүр, Бір кезек дәурен сүргенге (Ш. Қ.).*

ЖАТҚАН ЖЫЛАННЫҢ [ТІРІ ЖЫЛАННЫҢ] ҚҰЙРЫҒЫН БАСТЫ *Біреудің қытығына тиіп, шатақ шығару, жанжалға бару мағынасында айтылады. Нұртай Қазовпен байланысты деген сөз мыыма қонбайды деп отырып алдым. Жатқан жыланның құйрығын бастайың деп, түлкі бұлтаққа салдым (С. О.).*

ЖАТ ҚЫЛДЫ *Аузынан тастамады. Жақсының жаман қайдан білсін затын, Қазаққа болған мағлұм менің атым. Тағдырыңа ғашық боп жаздым назым, Зарланған сені жат қыл жазған хатым (А. Қор.).*

ЖАТТЫ ЖАҚЫН, ЖАРДЫ КЕШУ ҚЫП ӨТТІ *диал. Сыйласумен өтті (Жамб., Шу).*

ЖАТЫНЫҢНАН КӨР *Жамандығың үшін жатыныңа шағын деген мағынада. Сендей ұл туа бермес ата ұлынан, Ішкілік кәсібі артық бақытынан, Жансақал өкең жақсы адам еді, Көрмесең осыныңды жатыныңнан (Ә. Төң.). Қазаққа өкесі жақсыдан жаман ұл өссе, жатынынан (жатырынан) көр деу бар еді, сен шіркін, менен сөйтіп туған ұл болмасаң етті (АТ).*

ЖАТЫП АТАР *Жымысқы мінезді, үндемей отырып сөзбен шымышп алатын адам туралы айтылады.— Жатып атар екенің де мәлім. Сөзге бұрын араласпасаң, енді араласасың. «Қосшысыз» қазір сөз бар ма? Аманның ең жақын адамысың... (Ғ. Мұс.).— Менің өз бойыма шақ жатып атар құлығым бар (С. О.).*

ЖАТЫП ШЕР *Еңбек істемейтін жалқау, масыл. (Бұл жерде қатыгез, наяр мағынасында). Байлар көп жатып ішер, арам тамақ, Өсірген, қызығын көрмей, басын санап, Шынында, өсіретін кедей жалшы, Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап (С. Т.).*

ЖАТЫРЫНАН ҚАҒЫНҒАН *Туа қағынып өскен, ежелден бұзылған деген мағынада.*

ЖАТЫРЫНА ТАРТТЫ [ТАРТҚАН] *Мінез-құлқы, түр-сипаты туғанына (шешесіне) ұқсады деген мағынада айтылады.*

ЖАУ АЛМАЙДЫ *Ештеңе болмайды (етпейді), ешкім де тимейді. Әудем жерге барғаннан сені жау алмайды, мына хатты тапсыр да қайтып кел (АТ).*

ЖАУАП БЕРДІ [ҚАТТЫ] *1. Қойылған сұрауға жауап қайтарды. Сұрап едім мен одан, Жауап берді бір күліп.— Сол кісіңіз мен болам, Атым Махмет Зинууров (С. Мәу.). Шұбар төремен жанасуына Абай сөздері себеп болатынын енді анықтап, аңғарды. Жаңағы сұраққа ол: «білем» деп жауап берді (М. Ә.). Масқаралап мені тағдыр, Қылды мазақ не шара? Менің үшін сен жауап бер, Менде сөз жоқ бишара (Абай). Қанша жалына сұраса да, мен жауап қатпадым (АТ). 2. Міндетті болу мағынасында. Аманат бұйымға сен жауап бересің (АТ). 3. Есесін қайтарып, қарсы әрекет жасады.— Малтып көрсейші,— деді Мәншүк. Терентий, Мәншүк және басқа кезектестер арғы жағаға шыққанда, жау да артиллерияға артиллериямен жауап беріп, қызу дуэль басталып қалған еді (С. М.).*

ЖАУАПҚА ТАРТТЫ *Соттады, жазалады.— Мынауыңыз өтірік қағаз болды. Оны берген адамды да, өзіңді де біз жауапқа тартамыз (Т. А.).*

ЖАУАП ТАПТЫ *Уәжді сөз қайырды. Тосыннан төре жарлық қылған соң, Бұл Шерің жауап таппай сасып қалды, Хан мақтап бәрекедді дегеннен соң, Бұл Шерің тағы да өсіп, тасып қалды (Ш. Ж.).*

ЖАУАТЫН [ЖАУАР...] **БҰЛТТАЙ [КҮНДЕЙ] ТҮНЕРДІ [ТОРЛАНДЫ]** *Өте жойқын, қаһарлы деген ұғымда. (Бұл, көбіне, көркем әдебиетте кездесетін әсірелеу). Шын қаһары келгенде, Жауар күндей торланған, Кетер құстай қомданған (АӘ). Мұны біліп Зарлық хан Кірді енді күшіне, Жауатын бұлттай түнеріп, Сөйлемеді кісіге, Адам қарап болмайды, Зарлықтың сонда түсіне (МЗ).*

ЖАУ БАСАР ЖҮЙРІК *Ұрысқа, қиянға шығар таңдаулы саңлақ; сайысқа сай тұлпар. Ер азаматтары жау басар жүйріктерінің ер-тоқымын алмай, түнде қос маңайында отатып отыр (І. Е.).*

ЖАУ БҮЙРЕК *1. Еш нәрседен қаймықпайтын батыл адам. 2. диал. Жау бүйрек деп атып алған арқардың майынан, бүйрегінен отқа қақтап пісіретін тағамды айтады (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.).*

ЖАУҒА ТҮСТІ *Тұтқын болды, тұтқында кетті. Бармысың жауға түскен алтын-ай, Самалым, саз қонысым, салқын-ай, Кәуірдің қоржынына түсіп едің, Шықтың ба аман-есен жарқыным-ай (Ә. Төң.).*

ЖАУДАЙ ЖАҒАЛАСТЫ *Арпалысты, бой бермей тайталасты. (Күнделікті өмірде, мәселен, мазасыз, тентек балаға да кею, ренжу ретінде айтылады). Жаудай жағаласып мұның не? Не деген сотқар баласың! (АТ).*

ЖАУДАЙ ТАЛАДЫ *Талан-таражға салды, жат жұртша, дұшпанша тонап-талады. О. Барақ жас, Барақ жас, Жеген-*

ге — тоқ, ішсең — мас. Жақсы болса ұлығы, Өз елін жаудай таламас (Д. Б.).

ЖАУДАН ҚАЙТПАЙДЫ [ТАБАНЫ ТАЙМАЙДЫ] *Жеңілмейді, беті қайтпайды; дұшпаннан тайсалмайды.* Қиядан қиқу төгілсе, Аттың басын тартпаған, Қисынсыз қол көрінсе, Қорқып жаудан қайтпаған (Б. Қ.). *Табаны жаудан таймаған, Нағыз газел сендерсің, Асыл туған негізің (Ш. Ж.).*

ЖАУДЫ АЛДЫ *Дұшпанын қаратты, жеңді.* Жақсы болған батырды, Батыр демей не дейміз, Айғай салып қамалға Кіріп жауды алған соң (Д. Б.).

ЖАУ ЖАҒАДАН АЛДЫ 1. *Шабуыл жасады, соғыс ашты. Жау жағадан алғанда, Аттандық майданға: «Жауға ойран сал!» — десумен (Жамбыл).* 2. *Ақын бұл жерде өзгеден көрген қысым, соққыны айтып отыр. Жау жағадан алғанда, Жан көрінбес көзіме. Арғын, Найман жиылса, Таңырқаған сөзіме. Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне (Абай).*

ЖАУ ЖАНДЫ *Соғыс құмар, шабуылшы.* Қалың қазақ арасына Бұқар жырау айтқан: «Қатын алма төреден, Қатын алсаң төреден, Еркегі болар жау жанды, Ұрғашысы — ер жанды», — деп басталатын өлең кең тараған (І. Е.).

ЖАУ-ЖАРАҒЫН САЙЛАДЫ *Қару-сайманын дайындады.* Орманшы ағаш кесе алмас, Ақ балтаны қайрамай. Жорыққа батыр аттанбас, Жау-жарағын сайламай (Д. Б.).

ЖАУ ЖЕТТІ, ЕЛ КӨШТІ *Бұл жерде у да шу, аласапырандау мағынасында; анау да болды, мынау да болды деп, ақыр заман туғыза, ушықтыра сөйлеу.* Тоқалды бейбітше де жамандайды. Ол дағы байға жағып амалдайды. Жау жетті, ел көшті деп, жалған айтып, Астыртын жек көрсін деп хабарлайды (Д. Е.).

ЖАУ ЖОҚТА ЖАУ САҒЫНДЫ *Түйсерге қара таппады, ұрынуға кісі таппады деген мағынада.* Жау жоқта жау сағынып, қан бергің келді ме, дау жоқта дау сағынып, жан бергің келді ме? (ШС).

ЖАУ ЖҮРЕК *Батыр, батыл, қайсар.* Масұтқа келді әлгі шал көзін тігіп, Көрсө бастан ағып тұр қан дірдектеп. Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп (Абай).

ЖАУ ҚУҒАНДАЙ **ЖАУ ҚУЫП БАРА МА?** **ЖАУ ТИГЕНДЕЙ** *Асығыс, тым жедел; қым-қуып.* Әр тұстан үміт, жорамал аралас дауыстар шыға бастаған.— Тым күрт келе жатыр-ау! — Артынан жау қуғандай! Жок, қуаныш әкеле жатқан жан тәрізді (І. Е.).— Әй, жау қуып бара ма сені?! Аттың өкпесін қабындырып аларсың,— деп кейіп қояды (Т. А.). Жылысбай тұр даурығып, Жүрген жандай жау қуып, Бейне соққан борандай (І. Ж.). Жаздың қайнап тұрған ыстық күні жылкымды

суарайын деп, құрық үстіне құрық салып, жау тигендей қуа, көлге келсем,— тақсырай, күннің ыстығын сонан білерсіз (ҚЕ).

ЖАУРАҒАН ТОРҒАЙДАЙ **БОЛДЫ** [ҚҰТЫ ҚАШТЫ] *Берекесі кетті, састы, Сөйткен Шыңғыс хан ұрпағынан шыққан Әбілқайыр хан болса енді мынау, бір жігіттің тағдырын пеше алмай, жаураған торғайдай құты қашып тұр (І. Е.).*

ЖАУЫРЫНЫ ҮЛКЕН ҚАҚПАҚТАЙ, АЙДАРЫ ҮЛКЕН ТОҚПАҚТАЙ *Жауынгер, балуан денелі кісі туралы айтылады. (Жырларда батырлыққа төн суреттеу).*

ЖАУТАҢ ҚАҚТЫ *Біреудің бетіне қарап, жалақтады.* Біз жасты көзімізбен жаутаң қағып, әке жүзіне телмірумен болдық (Ж. С.).

ЖАУЫП ҚОЙ *Атама, ауызға алма, қоя қой (А. С.).* Тасыса өсек, Бісқыртса көсек Құмардан әбден шыққаны. Күпілдек мақтан, Табытын қаққан, Андығаны, баққаны. Ынсап, ұят, терең ой, Ойлаған жан жоқ, жауып қой (Абай).

ЖАУЫР БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Әбден мезі қылды, ығыры шықты.* Шәйкен іскер цех бастығы, өз жұмысына жан-тәнімен берілген адам деу керек пе... Жок, бұл құрғақ мақтау, айтыла-айтыла жауыр болған жалпылама сөздер ғана (М. Сәр.). Қаптаған теріскендей қара дауыл, Сіркедей мыңын баққан байға ауыр, Келіншектің баласын кезек сүйер, Бай езіп, жалшыларды қылса жауыр (С. Т.).

ЖАУЫРДЫ ЖАБА **ТОҚЫДЫ** *Кемшілігін бүркеді, жасырды; жең ұшынан жалғаса қостады.*— Ендеше, осылай деңдер, жолдастар, осы кемшілікті көре білген соң, жауырды жаба тоқымаған соң, кемшілігімізді түзеу қиын болмайды (І. Ж.). Тілмаш пен шалақ төрені тұлпар санап, жауырды жаба тоқығандай боп, ісі оқыған қазақтың бәрін бірдей көрігіне жаратпақ болған бұл төңкеріс Ғайшаны да біргалай аспандатып көтергендей болды (М. Ә.).

ЖАУЫР СӨЗ *Айтыла-айтыла, үнемі қайталанып, жұртты мезі еткен, машықты әңгіме.* Жаттанды, қолдан қолға өткен, бедері кеткен ескі тиын секілді жауыр сөздер оқушыны селт еткізбеуі заңды (ЛЖ).

ЖАУЫРЫНЫНАН [АРҚАСЫНАН] **ҚАҚТЫ** *Көтермеледі, мадақтады (АС).* Жақсы білгенді жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртың, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады (Абай)). Мәз болады болысың Арқаға ұлық қаққанға (Абай).

ЖАУЫРЫНЫНАН ЖЕЛ **ӨТТІ** *Азап-бейнет шекті.* Маңдайынан күн өтіп, Жауырынынан жел өтіп, Күн астымен жеткен ер (Б. Ә.).

ЖАҒАННАМҒА КЕТТІ **ЖАҒАННАМҒА ҚАМАЛДЫ** *Дүниеден қайтты,*

өлді, о дүниеге кетті, қазаға ұшырады. Мен көрдім соқыр ағаш басын иген. *Жаһаннамға кетеді* оған тиген, Зейнәр деп, жас алманы дұспан тұтып, Мисындар уды ұжмақ деп барып сүйген (С. Т.). Астапыр-алла, тәубе қыл, *жаһаннамның* түбіне кетерсің, кәпір болдың, тәубе келтір (Д. Е.). Аман-есен кетпессің, *Жаһаннамға қамалмай*. Алдап алған малыңның Есебіне жете алмай (Д. Б.).

ЖАЯУ БОРАСЫН [БҰРҚАСЫН] *Ызғары шамалы ғана (қысқы, күзгі) қарлы жел. Ақшоқының құйқалы адырларының қой жататын қойнауларында әзір малды ықтыратын ақ боран бола қойған жоқ. Бірақ «ақ жорға» дейтін жаяу борасын жүрмейтін күні жоқ (М. Ә.). Күн алаған-шықтап ашылған екен, желтең, жаяу бұрқасын (С. Тал.).*

ЖАЯУ ЖАТЫП, АТТЫ ТҮСІП ҚАРАҒАНДАЙ *Адам таңданарлық әдемі, көз тарғатын, аса сұлу. Мериностың биязы жүні күн сәулесін тартып, неше қилы құбылады. Одан жасалатын сан алуан таза киімдердің ажарын жаяу жатып, атты түсіп қарағандай (М. Е.).*

ЖӘБІР ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] ○ ЖӘБІР-ЖАПА БЕРДІ *Қиянат жасады, тізесі батты. Болса да достарының бәрі дұшпан. Сен шыда көрермендей жәбір қылсын, Үстіңе үйе берсін тасын, тауын, Қиналып, әурелемей сабыр қылсын (М. Қал.).*

ЖӘДІГӨЙ ЖАУҒЫШ АТАНДЫ *Қазымырланды, жексұрын болды. Сарыарқаға келген соң, Төрт аяқты жорғасың, Жәдігөй жауғыш атанып, Осынша жиған мүліктең, Не көреді қу басың (Ш. Қ.).*

ЖӘМӘЖӘ ДЕСТІ *ди а л. Сөз байласты. Ол осы мәселе жөнінде келісіп, жәмәжә десіпті (Шығ. Қаз., Больш.).*

ЖӘП-ЖАЙЫН ЕЛ *ди а л. Бейбіт жатқан ел (Шығ. Қаз., Больш.).*

ЖЕБЕДЕЙ ЖЕРГЕ ЕНГІЗДІ *Жер-жебіріне жетті, тілдеді, бетін қайтарды. Қамарға хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен жебедей жерге енгізіп, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді (С. Т.).*

ЖЕБЕЙ [ЖЕБЕЛЕЙ] БАСТЫ *Асығыс, енгелей жүрді, тез, шапшаң жүрді. Жүгірген бала, жебелей басқан әйел-еректер көрінеді (Ғ. Мұс.). Аялдап жетіп келді бір-екі адам, Аяғын жебей басты маған таман.— Әсет ақын сіз бе? — деп жұбап қыла, Сұрағанын білмеймін қалайшадан (ҚӘ). Бастан бу бұрқырап жүріп, біренсаран үйде қалғандарды сайлау басына жөнелтті де, жебелей басып, Сыздықтыкіне кірді (Ғ. Мұс.).*

ЖЕБЕЙ САУДЫ 1. *Қақтап, түк қалдырмады. («Жебей сауды» дегеннің тікелей мағынасы қойды қозыға идірмей сауды, кейде жиі-жиі, қақтап сауды мағына-*

сында да айтыла береді). Жер желінің жебей саудып, «шықпа жаным шықпамен» күнелтіп отырған еңбек елі артына жалт-жалт қарап, жылап-сықтап кете барған (С. О.). Болыс пен билер алатын «Қара шығын» деген салықтың жайы... Өзінің есебі де, шегі де жоқ. Халықты жебей саудып, ұлық атаулы алатын жем-пара осы (М. Ә.). Бай ауылдарға о да осылай көп арбамен бұл әкеліп сатып, күзге қарай тағы бір жебей саудып кететін (Ғ. М.). 2. Сарқа сауды. Көптеген қойды көгендеп қойып, жағалата бір саудым, ізінше қайталап жебей саудым (АТ).

ЖЕБЕЙ СӨЙЛЕДІ *Бастырмалай, суырыла айтты. Тағы көп талай тілдің сұңғыласы, Өлеңнің ақсақалы, сырлы жасы. Күлліміз жебей сөйлей ой жүгірттік, Қайдалап әсем жырдың сұлу нәші? (Қ. Б.).*

ЖЕГЕНІ ЖЕЛІМ [ЖЕЛІКЕ], ІШКЕНІ ІРІҢ БОЛДЫ *Көргені қорлық, өмірі өксіген деген мағынада. Талай жылдар жырладым. Жырлай жүре жылладым, Патшадан көріп зорлықты. Желім болды жегенім, Орындалмай дегенім, Байдан көрдім қорлықты (Н. В.). Бұл кездегі менің көрген күнім құрысын. «Ішкенің ірің, жегенің желім» дегендей, еш нерсені тіс жарып айта алмастан, құста боласың да жүресің,— дейді Ақмарал (Ә. Сат.). Жегенім желке, ішкенім ірің. Басқаным жер емес, дарияның суындай (Қ. Тай.).*

ЖЕГЕНІ КЕРЕ БОЛСЫН! ЖЕГЕНІҢ ЖЕЛІМ, ІШКЕНІҢ ІРІҢ БОЛСЫН! *қ а р ғ ы с. Ішкен асың бойыңа жұқпасын, ішкен асың бойыңа құт болмасын. Ұра түс мықтап жұмысшы, Ұра түс, жалшы, кедейлер, Болсын өңкей сұмдардың Жегендері кересі (ПТ).*

ЖЕГЕНІҢ ЖЕЛКЕСІНЕН ШЫҒАРДЫ *Тыныштықпен аузын асқа тигізбеді, ішкен асы бойына құт болмады; арам тамақ, жемқордың сазайын берді. Түлкіні әрі қуып, бері қуып, жегенің желкесінен шығарды (ҚЕ). Мен төремін, Білмедім қатер төнерін, Болмады дегенім, Желкемнен шықты жегенім (Д. Е.).*

ЖЕЗ ӨКШЕЛІК *Сайқалдық, әйелдің жеңіл мінезділігі. Көңілің бір ерде емес, көп ерде екен, Болғаның мұнша көпшіл өнер ме екен. Тұрмасаң қазыналықта жез өкше боп, Басқа адам бұл ісіңе көнер ме екен (М. Б.). Ең аяғында өлген балыққа да теңеді, жез өкше әйелдерге де теңеді (Ғ. М.).*

ЖЕЗ ТАҢДАЙ *Шешен, сөзге шебер кісі. (Асқан әнші туралы да айтылады).*

ЖЕКЕ БАТЫР *көне. Үлкен, дара шыққан батыр. (Бұл тіркес эпостарда, батырлық ертегілерде жиі кездеседі. Тегінде жеке сөзі монғолдың иеке — үлкен деген сөзі болуы мүмкін. Бұл сөз келе-келе дара, жалғыз деген мағына алған). Өзің бір жеке батырсың, Айтқан тілді алма-саң, Жау жолында қаларсың (В. В. Р.).*

ЖЕК КӨРІНІШТІ БОЛДЫ *Сүйкімсіз көрінді, жаман атты болды, көз тұрткіге түсті. Жұртпен жағаласып, жек көрінішті боп жүргенше, қап арқалап жүргенім жақсы емес пе,— деді Жанқабылов (К. Т.).*

ЖЕЛ АЙДАҒАН ҚАҢБАҚТАЙ 1. *Ойда жоқта деген мағынада айтылады. 2. Іле-шала дереу, апыл-құпыл.* Сөйтіп жүргенде, соғыс деген пәле дүңк ете түсті де, үш бірдей боздағым *жел айдаған қаңбақтай*, су аударған дөңбектей, соғысқа кете барды (Ә. Нұр).

ЖЕЛ АУЫЗ [АУЫЗДЫ] *Еспе шешен, төкпе тіл.* Осылай шешкен Жәнібек ауылы Қара кеңгір жағасына келіп, жайлауға қонған шақта, бір мың төрт жүз алпыс бесінші, тауық жылы, екінші айдың орта шенінде Арғынның ақсақалы Қотан жырау мен Қыпшақтың әрі биі, әрі батыры, әрі сөзуар, *жел ауызды* шешен ақыны Қара бойлы Қазтуғанды кеңеске шақырды (І. Е.).

ЖЕЛ АЯҚ 1. *Алдына жан салмайтын өрен жүйрік.* Ленинградтық теңізші Владимир Куц 5000 және 10.000 метр қашықтықтарға жүгіруде галай-талай танымал «*жел аяқтарды*» шаңына да ілестірмей, сөреге бірінші болып келді (ЛЖ). Ақшалақ пен Шудың арасында бір жігіт ерсілік-қарсылы жүйткіп жүр. Шіркіннің *жел аяғы-ай*, еш жеріне шаң жұғып, маңдайынан тебіндей тер де шықпайды (ЛЖ). **2. Ертегі кейіпкері.** Жаяу жарыста *жел аяқ* озып келді (ҚЕ). **3. Үйден-үйге, ауылдан-ауылға өсек тасып, қыдыра беретін адам.** Бір ғана шешейлер мен жеңгейлер ғана *жел аяқ* емес, қыдыруға сылтау табылса, өзір тұратын кейбір шалдар да табылады (М. И.). Кейінгі әйелі ауылды қонылтақ кебісін қолқылдатып-тырпылдатып, ернін сылпылдатып өсекті бұрқылдатып, есік аңдып, ел аяқтайтын қыдырымпаз *жел аяқ*, қаңғыбас қатын екен (І. Ж.).

ЖЕЛ БЕРДІ *Айдап салды, қайрап салды.* Мұрны қанаған жазықсыз Жұмабай Әлібектің *жел бергенін* сезбесе, осы уақытта не күйге ұшырайтынын Бондаренко да сезбеп еді (Ғ. Мұс.). Ералинге де *жел беріп* жүрген осы екен ғой? Өзекеңмен ақылдасып алайын да, еліне қарамайтын әлектің тәубесін есіне түсірейін (Д. Ә.).

ЖЕЛ БЕТКЕ ШЫҚТЫ *Ақын бұл жерде жақсылыққа кездесуді бейнелеп отыр.* Кеңшілікте туған жоқ, *Шықсын* деген *жел бетке.* Тарлықта қанша тайпалса, Қадірі болмас, әлбетте (Абай).

ЖЕЛ БОЛЫП ТИЮ *ди а л. Ешкімнің көңіліне қарамай, қарсы келу деген мағынада.* Мен адамның бетіне *жел болып тиіп* көрген емеспін, *жел болып тимеймін* деп мақтанады (Ақт., Байғ.).

ЖЕЛ БУАЗ *Даурықпа, кез келген нәрсеге көтеріле жөнелетін желікпе.* Келіспес

араңызға салқын қабақ, Салқын болсаң, әркімге болдық тамақ. Жел бергенге, желіккен *жел буазға* Қанжығалы биеке үлкен сабақ (С. Т.).

ЖЕЛ [ЖЕЛІК] БІТТІ *Елірді, көтерілді.* Сырдақ: Түсінбеймін. Жұрттың бәрі пысық боп кеттіңі. Осыларға қайдан *жел бітіп* жүр (Т. А.).

ЖЕЛГЕ КЕТТІ *Зая болды, босқа кетті.* Жер ұшық берген кісідей Тоңқандай ма, не етеді? Нәпіл түгіл намазы — Бәрі *желге кетеді* (Абай).

ЖЕЛГЕ ҰШЫРДЫ [ШАШТЫ] *Бостан-босқа шығыдады, босқа ысырап етті, бей-берекет жұмсады.* Ақырғы ретсіз көшіқонның кесірінен жаңа шаңырақ көтерген Өмірзақова, Таңатарова, Баймүрзіндер тірнектеп жиған қаржыларын *желге ұшырды* (ЛЖ). Бұл Құдайменде мен Тәңірбергеннің ағасы — Алдаберген. Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды *желге шашып*, ақырында жер соғып қалды (Ә. Н.).

ЖЕЛДЕЙ ЕСТІ 1. *Асып-тасып, шара сына сыймай шалқыды.* Қойды қораладым. Мардан бала болса да, малдың жайын жақсы біледі. Әбіш те жаман емес, аздаған қулығы бар, онысы жымдаспайды. Жас қой, жас, кейде судай тасып, кейде *желдей есіп* кететін де кездері болады (Д. Е.). Назар көңілсіз. Мылжық шалдың әңгімесін ұнатпай, кіржің етіп: «Ал, жаңағы Асан, Вану туралы білетіңді айтшы!» — деуі мұң екен, қалтылдақ шал *желдей есіп* жүре берді (Т. А.). «Аты-тонын олжалап, Аман қайтса жарар» — деп, Өзінше *желдей есіпті.* Бетіне жан қаратпай, Кеңлі әбден өсіпті (ҚамБ).— Адыра қалсын! Не қылған-ау! Кеше емес пе еді осы. Сәрі жігіт келгенде *желдей есіп*, аяғы-аяғына тимей кеткені қайда? (Ә. Н.). **2. Қатты қарқындады.** Күшті жанның астындағы аты да аса белді жылқы екен — алдыңғы аяқты шеңгелдей тастап, жалды мойның ілгері соза түсіп, бөкен желіспен *желдей есіп* бара жатты (Х. Е.).

ЖЕЛДЕЙ ЗУЛАДЫ *Зымырап ұша жөнелді, ағып кетті, өте шықты.* Желдей зулап бір күні, Өте шығар бұл дәурен, Көзіңді ашып-жұмғанша Бір кеткенсін басыңпан, Екі айналып келмейді (Б. Ә.).

ЖЕЛДІҢ ӨТІ Желге қарсы жақ. Барлы-жоқты киініп алған туристер жоғары палубаға шығып, *жел өтінде* тұрып, теңіз құшағында бұлдырай көрінген қалаға қарайды (ҚӘ).

ЖЕЛЕГІ ЖЕЛКІЛДЕДІ *Көбіне жаңа түскен келінге қатысты айтылады.* Желегіміз *желкілдеген* жас та емеспіз, дегенмен, өзіңмен кездесуді кәдімгідей аңсап тұрмын,— деді Бибі (Р. Ә.).

ЖЕЛЕКТИ АДАМ ЖЕҢІЛТЕК *Пысық, ыңғайлы деген мағынада.* Үй шаруасын сен құра, *Желекті адам жеңілтек.* Түз

шаруасын сен құра, Малыңды бақ, егін сеп. Осылай бетіңді ашайын Желегіңнен жетелеп, Жөн осы деп төтелеп, Ілгергі елге қосайын (І. Ж.).

ЖЕЛЕУ [СЫЛТАУ] ЕТТИ [ҚЫЛДЫ] *Жоңтан-барды себепке санады.* Болмашы нәрсені желеу етіп, күшті ру басылар әлсіз рудың малдарын айдатып алып, білсе, «барымта», білмесе, «сырымта» деп сіңіріп кететін болған (БА).

ЖЕЛ ЖАҒЫНАН ЖҮРГІЗБЕДІ **ЖЕЛ ЖАҒЫНА ШЫҒАРМАДЫ** *Маңайына жақындағпады, шеніне жолатпады.* Өзің үндемегенге, басынып барасың ғой тіптен. *Жел жағымнан енді жүріп көрші, бұрымыңды жүйкеңмен қоса үзіп, қолыңа берейін,—* деп Олжай Қадишаға алара бір қарады (Ә. Ә.).

ЖЕЛ ЖЕТПЕЙТІН *Өте жүйрік, ұшқыр мағынасында айтылады. Жел жетпес құйын, қаңбақ сәйгүлігін, Жүйрігін, маған аян, бәйгілігін! Серт майдан биылғы егіс өте-мөте, Есіңе ал оның жұртқа әйгілігін! Ақ селеу, ақ бөкендей, аппақ саңлақ, Ақ тұлпар, жел жетпейтін ұшқыр қаңбақ. Мінip ап «шу!» деп кетсең жоқ болады, Жалғыз-ақ білдірмесе қалған шаңдақ (С. С.). Тілегені бүлік боп, Момынды сорып сүлік боп, Арам дауға келгенде Жел жетпейтін күлік боп (Д. Б.).*

ЖЕЛКЕ ЖҮНІН ҮРПИТТИ *Сырт көзге қыр көрсетті, дөң айбат көрсетті. Тек білмегенсіп, бар айбатыңды бетіңе жиып, желке жүніңді үрпитіп жүрдің (Ә. Н.).*

ЖЕЛКЕМНІҢ ШҰҚЫРЫН [ТӨБЕМДІ] **КӨРМЕЙІН** *Өз сөзіне сендіру үшін әзіл ретінде айтылатын қарғану.—* Қойдым, ағатай. Ендігәрі саңқиған мұрныңызды, шиқылдаған арбаңызды ауызға алсам, желкемнің шұқырын көрмейін (Ғ. Мұс.).

ЖЕЛКЕН ҚИЫЛҒЫР [ҮЗІЛГІР] **ЖЕТПЕЙ ЖЕЛКЕН ҚИЫЛҒЫР** *қ а р ғ ы с. Өмірің өшкір, жулығың үзілгір, т. б. деген мағынада көбіне балаларға айтылады. Ой, желкең қиылғыр, тамыр-таныстық-ай, сопаң еткізіп суырасың да шығарасың-ау! (С. Төл.).*

ЖЕЛКЕ СУ *ди а л. Бас арықтағы су; бірінші сұарым. Желке су аса мол екен, арыққа сыймай жатыр (Сем.: Ақс., Көкп.). Егін желке су ішкеннен кейін буазданып, басы желкілдей бастайды (Алм., Шел.; Жамб.: Мер., Шу).*

ЖЕЛКЕСІНЕ МІНДІ **ЖЕЛКЕСІНЕН ТҮСПЕДІ** *Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті. Желкемізге мініп мықтап, Жүргеміз біз жылап-сықтап (І. Ж.). Қазақ-орыстың еңбекші халқын бірлікке шақырып, «біздің Алашорда», сіздердің Дутов, Каледин тәрізді атаман, жандарал, офицерлеріңіз,— еңбекші халықтың желкесінен түспейін деп жүрген арам тамақтар дедік (С. С.).*

ЖЕЛКЕСІН ҚАСЫДЫ *Жол таба алмай абыржыды, қысылды. састы. Вас*

шайқағанмен, желке қасығанмен іс бітпе, Жақан мен Ақан атқа қонды (М. Т.). Ойлаған жерден шыға бермейді,— деді Байсал кінәлі адамдай желкесін қасып (М. И.).

ЖЕЛКЕСІН ҚИДЫ [ҮЗДІ] **1. Өлтірді.** Бір уақытта бүркіттің *Желкесін қиды* бидайық, Жерге түсті денесі, Аяқ, басы қылжайып (ҚамБ). **2. Қырғынға ұшыратты, құртты.** Хасан көлі маңында, Халкин көлдің үстінде, Бұрынғы Польша жерінде Жау желкесі қиылды (Н. Б.). Көп неміс қалды жер болып, *Желкесі* баудай қиылды. Ойнақтап өгіп бір шалып, Жай отындай құйылды (С. Б.). **3. Дегеніне жеткізбеді, үмітін кесті.** Ет жүрек өртенді, От боп жанып, жалын шашып ішіме. Иттей қормын, зармын, Сен үздің ғой бұл желкемді (Абай).

ЖЕЛ ҚҰЙЫН ДАҚПЫРТ *Алып қашты хабар. «Күйеу келеді» деген жел құйын дақпыртпен қарадай әулігіп жүрген қыз-келіншек, бала-шаға, бейбас бозбалалар Нұржан үйіне сыймай кетіпті (С. О.).*

ЖЕЛ ӨКПЕ *Не болса, соған елігіп, желіге жөнелетін адам туралы айтылады. Құрылыс басы думан. Көңілді топтың ішінде бөгде адамдар да, кейбір жел өкпе кәрілер де жүр. Айнала қоршаған топ ішінде Нағима сызылтып, майыса билейді (Т. А.).*

ЖЕЛ ӨСЕК **ЕРДІ** *Қаңқу сөз, өсек-аяң тарады.—* Күйеуге берген қыз ба, бермеген бе, *Жел өсек* қыз соңынан ермеген бе? Кеткен сөз көңілім қатты сұрап тұрмын, Айып етпе, бимаза етіп тергенге? (М. С.).

ЖЕЛІ САҚАУСЫРАДЫ *Қатты жел бірте-бірте басыла бастады.*

ЖЕЛІ САҢЛАҚ *Жараулы ат, сәйгүлік жүйрік. Жер тарып, жел саңлақтар дүмбір қағып, Оқыранып, кісінесе, күмбір қағып: «Ұрыны қанды мойын қолға бер!»—* деп, Дулатқа тұрғандары кісі салып (І. Ж.).

ЖЕЛ СӨЗ **1.** *Алып қашпа өтірік, бекер әңгіме. Жел сөзге* жаны құмар келіншек әңгіме үстінде талай-талай сөздерді де айтып үлгірді (Ғ. С.). **2.** *Бұл жерде өлең сөз мағынасында.* Сенімен жау емеспін, елдескенмін, Бес алты ауыз *жел сөзбен* белдескенмін. Мал мен бастың бірінен кем болар деп, Қожам, қай күн құдаймен тілдескенсің? (Айтыс). Нөкермен сауық құрад, байға қонад. *Жел сөзбен* белі ауырмай орақ орад. Қыдырад, қыз-қырқындай қымыз іздейд. Айында кеңселерде екі болад (І. Ж.).

ЖЕЛІ БОЙЫ *Желінің ұзындығындай. Екі аяқты серіпкенде, Желі бойы жер алған (Ш. Б.).*

ЖЕЛІГІ БАСЫЛМАДЫ *Екпіні, қызуы қайтпады; тасыған көңілі қайтпады. Федоров аттан қарғып түсті. Желігі басылмай, сулығын шайнап, тықыршып тұрған*

аттың тізгінін сағасынан тұқырта ұстады да, Еламанға келді (Ә. Н.). Әдейі ат терлетіп келдім тойға, Айкүміс әуелден-ақ болдың ойда, *Желігі басылмаған албырт едім, Асығыс айтқанымна кінә қойма (Жамбыл).*

ЖЕЛІ ЕТТІ *Негізгі өзек, жүйе қылды.* Дина барлық күшін күй өзегіне арқау етіп, күйлі сазын соған *желі етіп* тартты (С. Бақ.).

ЖЕЛІМДЕЙ ЖАБЫСТЫ *Айрылмай қалды.* Асқаров та *желімдей жабысып*, соңынан қалар емес (Т. А.).

ЖЕЛІМ ЖЕП, У ШПТІ *Ішкені ірің, жегені желім болды; ішкені бойына сіңбеді, азап шекті.* Айдаһар қоршап, патшаға Отар болған Жетісу. Қан жасымен бет жуып, *Желім жеген, ішкен у (І. Ж.).*

ЖЕЛІН ЖАМБЫ *Желін үлгілес етіп құйған сом күміс.* Алды тауып тыққанды, Шынжырлы шен, шұбар тон. Шықты көрден онан соң *Желін жамбы, тайтұяқ (І. Ж.).*

ЖЕЛІНІ ЖЕР СЫЗАДЫ *Сүтті, желіні үлкен сиыр.* Мысықтың соңынан жүріп келе жатқан жолаушылар... жер қайысқан, *желіндері жер сызған* сиырларға... кездеседі (ҚЕ).

ЖЕЛІ ОҢЫНАН ТҰРДЫ *Жолы болды, сәгі түсті.* Найзасы аумап қолынан, *Желі тұрып оңынан, Ай мүйізді қошқардың* Бөрі тартад қоңынан, Төлеген сонда жөнелді Кеткен Жібек соңынан (ҚЖ).

ЖЕЛІСІНЕ МАЛ АЙНАЛДЫ *Мал бітті, қазығына мал байланды.* Есболда мал аз, *желісіне мал айналып, бақ-дәулеті* тасыған кісі емес (Ә. Н.).

ЖЕМ БАСАРДАН АЙРЫЛДЫ *Тезеуріні қайтты, қуш-қуаты азайды.* Қырық түлеген бүркіттей, *Жем басардан айрылды.* Елуден асып жасымыз, *Уақыт осы* меңдеген (Н. Н.).

ЖЕМ БОЛДЫ *Еңбегін, мал-жанын әркім бір пайдаланды, мал мүлкіне өзі иелік ете алмады, қаналды; тапқаны ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.* Жуанмен ұстасқан кедей тентек болатыны, оның сөзі тыңдалмайтыны, есесі тимейтіні, ылғи ғана алдауға түсіп, көптің талқысынан шыға алмай, жуанға *жем болатыны* айтылады (М. Ә.). Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда, Өзара қосылмаса ынтымағың, *Жем болдың* көрінгенге әрбір жайда (С. Т.).

ЖЕМЕ-ЖЕМГЕ АЛДЫ *Ортаға алды, кеу-кеуледі, қыстады.* «Я, я бірдеңе деп жібер» — деп екінші бір келіншек те өзгерлерге көз қыса, сығыр көз сауыншыны әдейі *жеме-жемге ала* бастады (М. И.). Терезеден шығып кет, әжең білмейді, — деді Сапар. Бектай батылы бармай, біраз күйбежектеп тұрып еді, аналар *жеме-жемге алып* болмады (М. И.).

ЖЕМЕ-ЖЕМГЕ КЕЛГЕНДЕ *Бірме-бірге келгенде, жөпелдемеде, мезгілі жеткенде.* Ержан орнынан тұрып, сұраққа түсінбегендей, аңырып қалды. Кеше ғана айтатын сөзі көп сияқты еді. *Жеме-жемге келгенде*, аузына сөз түспеді (Т. А.). Айттырмақшы ол қызды, бұл қызды да, Бүгін-ертең хабар сап болмақ құда. *Жеме-жемге келгенде*, сөзін бұзып, Әжібай кете берер, тайқып шыға (С. Т.).

ЖЕМЕС АСТАН ҮМІТ ҚЫЛДЫ *Босқа дәме етті.* Ит шіркін, *жемес астан үміт қылып, Шымшығанның* не еткенің, тазша? — дейді (ҚКБС).

ЖЕМЕСЕҢ, ЖЕМІТІҢДІ ЖЕ [ЖЕР ТІСТЕ] *ЖЕМІТІҢДІ ЖЕ* қарғыс. *Көбіне назырқап, өкпелеген жанға айтылады.* Тыңдамасаң, әрі кет мыңқылдамай, Жүк артқан өгізге ұсап ыңқылдамай, Жерді қап, *жемтігіңді жегірі*, молда! Неке қияр алам деп қылқылдамай (С. Т.).

ЖЕМТІККЕ ҚОҢҒАН КҮШІГЕНДЕЙ *Дайынға тап беріп, ел ырысын шайқап жеген жемқор адам туралы айтылады.* Ауылдың атқа мінері *Жемтікке қонған күшіген.* Өзі тойса, маз болды. Ел іргесін сақтамай (Д. Б.).

ЖЕҢІЛ БАРЫП, АУЫР ҚАЙТ тілек. *Базаршылап, я жекжат қыдырып шыққан жолаушыға жақсы барып, олжамен орал деген ұғымда айтылады.*

ЖЕМІСІН КӨРДІ [КӨЗБЕН КӨРДІ] *Нәтижесі болар шаққа, жүзеге асар шаққа жетті.* Жасаймын еңбектің, *Жемісін көзбен көрем* деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп (С. Т.).

ЖЕҢГЕЛІК СҰРАДЫ *Жеңгелері күйеуге қалыңдықты көрсетіп, кәде сұрады.* Қатындар келіп *жеңгелік сұрап*, неше болса, сонша тілладан берді (ҚЖ).

ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСТЫ [БӨЛІСТІ] 1. *Астыртын көмек берді.* Тек көп қонақтың ішіндегі кедей күйін жақсы түсінетін есті-басты адамдар ғана Сейіттің сырын аңдап, *жең ұшынан жалғасып*, азды-көпті көмек етіп кетіп жүрді (М. Ә.). 2. *Ымы-жымы бір болып, ауыз жаласты.* Екеуіңе анық серттесіп айтар сөзім: *жең ұшынан жалғасып*, дүниеге сатылып жүрмендер, — деді Абай Жиренше мен Оразбайға (М. Ә.).

ЖЕҢ ҰШЫНДА ҚҰРЫДЫ *Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.* Болыс, бидің қыдыры ұры боп жүр, Қолдайтын Бөһәуидің пірі боп жүр. Зекеті жоқ байлардың жиған малы, *Жең ұшында* парамен құрыр боп жүр (М. Сұл.).

ЖЕҢІЛГЕН ЕЛДЕ ЖЕЛКЕ ЖОҚ *Соғыста жеңілген жұртта қыр көрсетер сес жоқ деген мағынада айтылады.* Олардың ақырғы тамтығы талқандалып жатқан кез еді. «*Жеңілген елде желке жоқ*» деген рас екен. Желкесі жоқ адамда не қуат болсын (Ә. Ә.).

ЖЕҢІЛДІҢ АСТЫ, АУЫРДЫҢ ҮСТІ-МЕН ЖҮРДІ **○ АУЫР МЕН ЖЕҢІЛДІҢ АРАСЫНАН ӨТТІ** *Істің оңайына жүгіретін, ауыр бейнетсіз, жанға жайлы жағына ұмтылатын кісіге айтылады.* Олар жеңілдің асты, ауырдың үсті деп жүрген бір жан (АТ). Жақынға еріп, мал салмай, Жауды көріп жан салмай, Қайдан ғана біледі, *Ауыр менен жеңілдің Арасынан өтерді* (Абай).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ ҚАРАДЫ *Ат үсті, жүрдім-бардым, нем кетті істеді.*

ЖЕҢІЛ ЖҮРДІ *Жылы киімсіз, жеңіл-тек киіммен жүрді. Қыс көзі қыраулы, жеңіл жүрме, балам* (АТ).

ЖЕҢІЛ ЖҮРІСТІ *Жұбайының көзіне шөп салып, жат мінезге түскен кісіге айтылады.* Тәрде жатқан қонақ оң жағынан қол салып, көрпе астында қол қысса да, жас кеуіл бір өсіп, жапырағын жайып марқайып қалмай ма? — деп топшылап, ақ тоқалдың жеңіл жүрісін салауат көреді (Ә. Н.).

ЖЕҢІЛ ТИДІ *Ауыр болмады, оңайға соқты.* Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жоқ жарымы сау болса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, Бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? (Абай).

ЖЕҢІМЕН СӘЛЕМ БЕРДІ *Менсінбей амандасты, кердең мінез көрсетті.* Дәулет бітсе жаманға, Сәлем берер жеңменен. Бір өзің қайда барасың, Адамсың халық, елменен (М. Сұл.).

ЖЕП ҚОЯ ЖАЗДАДЫ *Қатты ашуланды, қолды-аяққа тұрғызбай ұрысты.* Шапыраш көз, семіз, бырғиған толық беті, дембелше сары жігіт, маған неге сыйлық бермейсің, мен бөленшеден кеммін бе деп, Шөйкенді жеп қоя жаздап, дікіндеп тұрды, — дейді (М. Сәр.).

ЖЕП ҚОЯТЫНДАЙ [ҚОЯРДАЙ] ҚАРАДЫ **○ КӨЗІМЕН ІШПІ-ЖЕП ҚАРАДЫ** *Сұстана қарады; қатты қызықты, екі көзімен ішіп-жеп, сұқтана қарады; үздіге, обырлана көз тікті.* Қосын бастығы айуан түсті көзін тұндырып, Ғайнидың бас-аяғына жеп қоятындай боп қарап, оның қолынан жұлып алды (С. С.). Қу шал жеп қоярдай боп, көзімен ішіп-жеп барады (АТ).

ЖЕР АСТЫНАН ЖІК ШЫҚТЫ, ЕКІ ҚҰЛАҒЫ ТІК ШЫҚТЫ *Табан астынан бәле шықты; ойламаған жерден кісімсіп, ақылдыжысп, қожасып шыға келді деген мағынада айтылады.* Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, қара мұның аяқ астынан! (М. Ә.). Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты! Айналайың, Еркежан, құтқар мынадан! — деп, Аманды қаралап зарлағанда, Жақыптың жуырда жағы сембеді (Ғ. Мұс.).

ЖЕР АУДАРДЫ *Басқа жаққа айдады, еріксіз қонысынан аударды.* 1911 жылы 22 жасар П. М. Виноградов... астыр-

тын революциялық жұмысқа қатысқандығы үшін сотталып, Сібірге жер аударылды (ЛЖ).

ЖЕР АУДАРЫП ЖАЙДЫ *Өрісін өзгертті, басқа жерге бақты.* Бір жылы жұт болып, бай қоныс аударып, жылқысын жер аударып жаяды (ҚЕ).

ЖЕР АУДЫ *Еріксіз қоныс өзгертті, басқа жерге көшті.* Тоқа деген кісі жер ауып жүріп шығарған екен бұл күйді. Осы күй ойналса, Қолчактан қашып жүрген таршылық күндерім есіме түседі, — дейді Сөкен (С. М.).

ЖЕР АЯҒЫ АЛЫС *Барар жері жырақ.* Артан шаң шықпағасын, енді олар асықпады. Жер аяғы алыс (Ә. Н.).

ЖЕР АЯҒЫ КЕҢІДІ [БОСАДЫ] *Қар кетіп, жер құрғап, күн жылынды.* Жазға салым жер аяғы кеңі жездемдікіне кеттім (С. М.). Жер аяғы кеңіген соң барам, аралап қайтам, амандық болса, тату көрші болармыз. Ағайын-туғанға сәлем айтыңдар, — дегенді [Абай] Дәркембайларға (М. Ә.).

ЖЕР АЯҒЫ ҚИЯНДА [ҚҰРЫМДА] **○ ЖЕР ТҮБІ [ШЕТІ]** **○ ИТ ӨЛГЕН ЖЕР** **○ ИТ АРҚАСЫ ҚИЯН** *Ат тұяғы жеткізбес алыс шет.* Астында киік танау Тышқансұр ат, Долданып шапқан сайын құтырынад. Қоймаймын жер түбіне кетсеңдер де, Айқас деп, жігіт болсаң айқай салад (И. Б.). Қиыр жайлаудан, ит арқасы қияннан, күн-түн қағып тыным алмай, қалаға келсем, ол [Абай] боса, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, — деді Манас (М. Ә.). Би, болыстан қашып, бұта түбін паналаған торғайдай боп жер аяғы қияннан келген жігіттердің ертеңгі күні не болар? (Ә. Н.).

ЖЕР БАУЫРЛАП ЖАТТЫ *Жата қалып жылады; қатты қайғырды, уайымдады.* Еркежан теңде келед, жылайды құр, Аяйтын сүйеуші жоқ дүние сұп-сұр, Қайғырып жер бауырлап жатып қалған, Суреті ата-ананың алдында тұр (И. Б.). Масаты ұзақ түнде шықты жылап, Көз жасы таудан аққан бейне бұлақ. Құшақтап керегені дауыс қылып, Кей кезде жер бауырлап жатты сұлап (О. Ш.). Кеше күн Құлагердің жатқан жерін Құшақтап, жер бауырлап жылап жатты (І. Ж.).

ЖЕР БОЛДЫ 1. *Тып-типыл болып тегістелді, күл-талқаны шықты, жермен-жекпен болды.* Бұлармен аралас: төбе-төбе, жота-жота болып жатқан көмір қордалары, жер болуға айналған кресті, айшықты адам молалары, бұзылған ескі үйлердің орындары ерте уақытта бұл жердің бірқатар халыққа мекен болғанын ескертеді (Ғ. Мұс.). **2.** *Абыройы түсті, беті күйді, кісінің бетіне қарай алмады, ұятқа қалды.* Елеусіз қалатын нәрсені Мұрат өз сөзімен баттитып Айшаның бетіне басып, үлкен қиянат істеген сияқты. Осыдан кейін жазықсыз жер болған әйел үшін

ренжіп, жайдары жарқын мінезден өткір, ащы мысқылға ауысты (Т. А.). Қызым, досың аз, дұшпаның көп болса, *жер боларсың*. Сен кешегі жиылыстарда Мырқал туралы қатты кеттің — деді Мирон Павлович (Ә. Ә.).

ЖЕРГЕ КІРІП КЕТЕ ЖАЗДАДЫ **ЖЕРГЕ КІРГЕНДЕЙ БОЛДЫ** *Бетінен оты шығып, қатты ұялды, өзін қоярға жер таппады.* Нақақ болса да, жақсыға жала оңай ма деп, кісі көргенде, Қамар ұялғаннан *жерге кіріп кете жаздаушы еді* (С. Т.). Ұялғаннан Ақбала *жерге кіре жаздады*. Ол артық отыра алмай, жас баланы сылтау ғып сыртқа шығып кетті (Ә. Н.). Соның бәрін де біле тұра, *жерге кіргендей болып*, бір арамдығы, жамандығы шыққандай, несіне ұялып қорланады екен (Абай).

ЖЕРГЕ ҚАРАДЫ [ҚАРАТТЫ] 1. *Ұятқа қалды, ұятқа қалдырды.* Абай мыраа, арманыңыз сол болса, Жеттіңіз ғой! Тобықтының игі жақсысын *жерге қаратқыңыз ғой!* — деді Сәмен болыс (М. Ә.). Естемес, шырағым, — деді шал, — өлімнен ұят күшті. Сен келгенде, бір тостаған сусын тауып бере алмай, *жерге қарап отырмыз* (Т. А.). — Балаң тілімді алмай, *жерге қаратып бір кегіп еді.* Енді өзің қараттың ба! (Ғ. Мұс.). Біріншіден, Қунтуардың көңіліне қарады, екіншіден, шынында солай етсек қайтеді, оны *жерге қаратып* қойып алған атақтың не сөні бар? (Ә. Ә.). 2. *Ішерге үнемі таппады; құр алақан қалды.* Ат шіркін — елге дәулет, ерге санат, Ат шіркін — ерге қайрат, Жаралының жалғыз аты жазым болса, Қалмай ма жарым жан боп, *жерге қарап* (І. Ж.).

ЖЕРГЕ ТҮКІРДІ *Түңілді.* (Өзімен келсін, беті аулақ деген мәнде). Тілеубай Айнакөлге қайтып келіп, революция күндерінде төбе шашы тік тұратын сұмдық сөз айтатынды шығарды. Шалдардың иманы қасым болды, жағасын ұстады, *жерге түкірді*. Көк мылжың деп ат қойды (З. Ш.).

ЖЕРГЕ ТЫҚТЫ *Тас-талқанын шығарды, күйрете жеңді.* Үрбіт, Алтай, Мәкержі, Жәрменкеде жыққан ер; Алатаудың алыбын, Алып жерге соққан ер; Қаратаудың алыбын, Қазып *жерге тыққан* ер (І. Ж.). Ақ сұңқарды бөктергі іле ме деп, Ерегіскен дұшпанды *жерге тықтым* (Б. Ш. Б.).

ЖЕРДЕН АЛЫП, ЖЕРГЕ САЛДЫ **ЖЕР-ЖЕБІРІНЕ ЖЕТТІ** *Әбден балағаттады, түп-түбімен қазбалап ұрысты.* Ол «қайда болдың» деп бастап, мені *жерден алып, жерге салып*, боғауызын араластыра ұрысты (С. М.). Анаға тілі де тиді. Өткен жылы МТС-те директордың көзінше қандай ұрысты. *Жерден ап, жерге салды* (З. Ш.).

ЖЕРДЕН ЖЕТІ ҚОЯН ТАПҚАНДАЙ ҚУАНДЫ *Қатты шаттанды.* (Табан астынан, күлпеген жерден болған жақсылыққа қуанғанда айтылады). Атына міне сала,

жерден жеті қоян тапқандай шауып барады (Ғ. Мұс.). Келе сала, *жерден жеті қоян тапқандай қуанып*, тасымды алдарына тастай бердім (А. Маш.). Іліксем, кім көрінгені шауып, Аты деп «бай-құлақтың» жала жауып, Өкпеге тепкілеумен өлтірмей ме, Алғандай *жеті қоян жерден тауып* (Б. М.).

ЖЕРДЕН ҚАЗСАМ ДА [ТАУЫП БЕ-РЕМ...] *Қалай да, қайтсем де.* (Қарызды, жоғалғанды, т. б. қайтарамын деген орайда айтылады).

ЖЕРДЕН ПШПШ АЛҒАНДАЙ **МОЛДАН ОЙЫП АЛҒАНДАЙ** *Кең дүниеден еркін, лайығынша ұқсағып тұрып жасағандай.* Күлкісі тау бұлағы төгілгендей, Сөйлесе меруерт, маржан себілгендей. «*Алғандай жерден пішіп*» — деген сұлу, Көркіне көз тойынып семіргендей (І. Ж.).

ЖЕРДІҢ АСТЫНАН ШЫҒА КЕЛДІ *Аяқ астынан, ойламаған жерден пайда болды.* Баңдалар таңертең, я түнде бір ауылға *жердің астынан шыға келгендей* жетіп, құтырған қасқыр тигендей, қатынбаласын шу ете түскізді (С. С.).

ЖЕРДІҢ ЖАРЫҒЫН БІТЕДІҢ БЕ? [БІТЕРСІҢ] 1. *Осынша кешігіп, қолың тимей қайда жүрсің деген мағынада айтылады.* 2. *Тынымсыз еңбек еткен кісіні ұнатпағанда да айтылады.* Бізден озып, артық істеп, *жердің жарығын бітерсің*, қал! (АТ).

ЖЕРДІҢ МИЫ ШЫҚТЫ *Лайсаң, жүріп-тұруға қолайсыз батпақты жер туралы айтылады.* Қоңыр күз жаңбырлы болғандықтан, *жердің миы шығып*, совхоздар мен аудан орталығының қатынасы үзіліп қалған (ІЖЖ).

ЖЕР ЖАҢҒЫРЫҚТЫРДЫ *Даң болып, атағы көпке тарады.* Сәуле айтқан соң, Мирон қарттың қарауына қалып қойды. Оның ақыры жаман болған жоқ. Даңқы бүгін *жер жаңғырықтырып*, елдің енесін көтерген комбайнды бірге жасасты (Ә. Ә.).

ЖЕР ЖАСТАҢҒЫР! **ЖЕТПЕЙ ЖЕР ЖАСТАҢҒЫР!** *қ а р ғ ы с. Ғұмырың таусылғыр, өлім келгір.* Ә — ө, *жер жастанғыр, жер жастан!* Сен басыма түскен бақ болмай, маңдайыма біткен көк болдың ғой, төрт балаң бірдей шулап отырғаны мынау, кімге ғана сенеді екен (ІЖЖ).

ЖЕР ЖАСТАНДЫ *Мүрдем кетті, өлді.* Желпіне шапқан тобыннан *Жер жастанбай* бөлінбей, Желкілдеген туымнан Айрылмаспын тірі мен (С. Б.). Ермолайдың оғы екі фашисті табанда *жер жастандырды* (Ж. Ж.).

ЖЕР ЖАСТАНЫП, СУ СҮЙЕНІП **ОТЫР** *Сараң, пейілі тар кісі туралы айтылады.*

ЖЕР ЖҮТҚЫР! *қ а р ғ ы с. Көзің жоғалғыр, қараң өшкір.* Бармаған жерім, баспаған тауым, іздемеген жерім қалмады, көрген, білген құдайдың бір тірі жа-

ны жоқ. *Жер жұтқыр*, сірә, жер жұтқан болар (АТ).

ЖЕР ЖҰТТЫ [ОПТЫ, ТАРТТЫ] 1. *Аяқ астында жоқ болды, ғайып болды.* «Ертең той қыламыз» деп уәде байласқан күні *жер жұтып* қойғандай Асқар жоқ болды (З. Ш.). Күзетшілер үні өшіп, *жер жұтқандай*, Еш дыбыссыз түрме іші тына қалды (Қ. Жұм.). 2. *Өлім келді.* Түзелер ме еді бұл заман, Пейілі бұзық пендені, Кетсе астына *жер тартып* (Б. Ө.). Ажалына асыққан Обырларды *жұтар жер* (Жамбыл).

ЖЕР ЖҮЗІ [ШАРЫ] *Бүкіл әлем, күллі дүние.*— Бұл — адам көз сүйегі, — деді ханға, Тоя ма адам көзі мың мен санға? Жеміт көз *жер жүзіне* тоймаса да, Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда (Абай).

ЖЕР ЖҮЗІН ШАЙҚАДЫ Әлемді билеп-төстеді. Бағынбаған жауым бар, Алынбаған арым бар, *Жер жүзін шайқар* жайым бар (Б. К.).

ЖЕР ИДІ *Жер көктеді.* Күн күркіресе, *жер иір*, Жер иісе, мал иір (Мақал).

ЖЕР-КӨККЕ СЫЙҒЫЗБАДЫ 1. *Барынша дәріптеді, әбден көтермеледі, асыра мақтады.* Біз Жан әзірлеген тамақты *жер-көкке сыйғызбай* мақтайтынбыз. Ал, Рахимов одан әрдайым бірдеңе тауып отыратын (Б. Мом.). Айтпап па едім! Кәне, өтірік дөші! Ойбай-ау, Нияздың сенде көңілі бар. Сосын ғой өлеңіңді *жер-көкке сыйғызбай* мақтағаны. Басқа біреу болса, сөйтер ме еді, — деді Бағила (Т. А.). 2. *Қудалап, еш жерге тұрақтап пады.*

ЖЕР-КӨКТЕ ЖОҚ *Жұрттан бөлек, еш жерде кездеспейтін.* Бұл үйдің бәйбішесі *жер-көкте жоқ* сараң еді, етті қонақтан өлердей қызғанып қалды (І. Жар.).

ЖЕР-КӨКТИ БАСЫНА КӨТЕРДІ [КӨШІРДІ...] *Қатты дүрліктірді; сарыны қатты шықты.* Күңіретті ойды, қырды өңшең күлік, Арқаны дүрлідетті дүбір қылып, *Көшіріп жерді, көкті* келеді аттар, Көрілген кең даланы бүлдіріп (І. Ж.).— Кім тиді, о не болды? — деді Тіспай, *жер-көкті басына көтере* шыңғырған баласына төніп кеп (Р. Р.).

ЖЕР-КӨКТИ ШАРЛАДЫ [КЕЗДІ] *Көп жерді аралады.* Қарғалар *жер-көкті* қоймай шарлап, ақыры өлдім-ғалдым дегенде бір жерден адам тірілтетін шөпті тауып алып, қасқырға алып кеп береді (ҚЕ).

ЖЕР КҮҢІРЕНДІ 1. *У-шуға толды, айнала жаңғырықты.* Құнанбай балаларының талай жылдан жемдеп жүрген айдалы досы Казанцев ояз көп күйемен қоңыраулатып, *жер күңіренгіп* келген болатын (М. Ө.). Қала үстіне мыңдаған снарядтар мен миналар ұлып, ысқыра келіп жауды. *Жер күңіреніп* кетті (Б. Мом.). 2. *Айнала тегіс тебіренді, қайғы-зарға толды.* Сол сәтте Мағаш үзіле берді. Үй-

дің іші, ауыздағы бөлмелер, одан әрі толы үлкен қыстаудағы барлық жан енді түгел өксіп, айғайлап дауыс айтып, жылай жөнелісті. (М. Ө.).

ЖЕР ҚАЙЫСТЫ [МАЙЫСТЫ] *Өте көп, құмырсқадай боп қаптаған, саны мен салмағы, қаһар-айбары мол жиын жайлы айтылады.* Түрменен қызыл-жасыл, *қайысып жер*, Топтанып атқа мінді шет келгендер (И. Б.). Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа мінгенде, *Жер қайысқан* қол едік (М. Ө.). Ыңыранысқан, *жер майысқан*, Үйір-үйір ортасы ой (Б. К.). *Жер қайыстырып* ағыла жүйткіген жұрттың бір шеті осы ас үйлердің жаны болса, анау шеті көз ұшында (М. Ө.).

ЖЕР ҚАПТЫ **ЖЕР ҚҰШТЫ** *Өлді, өлім тапты; тіл тартпай кетті.* Өздерінің жиіркенішті өлекселері де сиырлардан аса ұзамай, далада *жер қауып* қалды (Қ. Өб.). Қарағанды қыраны ағып келіп, жау бекіністерін соққылап өткенде, ...жиырмадан артық жау офицері мен солдатты мәңгі тұрмастай *жер құшты* (Ғ. М.).

ЖЕР ҚАПТЫРДЫ **ЖЕР СОҚТЫРЫП** [МҰЗҒА ОТЫРҒЫЗЫП] *КЕТТІ* *Алдап соқты; «қап» дегізді.* Мен бүркелген шындықты сахнаға шығардым, — дегенде Зәру, Бейтен: «Естіп тұрсыңдар ма? Мына сұм қыз бізді *жер қаптырды*. Көргенбілгенін обкомға жеткізген», — деді (М. И.). Еркінбектің сотқарлығын білесің ғой, *жер соқтырар* бір күні, — деді Жәуке (Б. М.). Балабай аулы — олай өткен, бұлай өткен жорықшының жолы. «Жамаан айтпай, жақсы жоқ», бір күні жортуылшы жау келіп соқтықса, «тойт» дегізіп, *жер соқтырып кетеді* (С. С.).

ЖЕР ҚАРАДА [-Н] *Қар түспей тұрған кез.* Биыл, міне, *жер қарадан* қасына еріп, Есенейдің қасқыр ағын арабы иттерін баптап жүр (Ғ. М.).

ЖЕР ҚУАНЫШЫҢДЫ КӨРГІР *қарғыс.* *Қызығыңды жер алсын, өле қал.* Қалай ғана амал қылармын. *Жер қуанышыңды көргір*, жетпегір Сәлім бар лақозыны тарыға жайып жіберіпті (ЛЖ).

ЖЕР ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] 1. *Тас-талқанын шығарды, жермен-жексен етті.* Соқаны түгел жегеміз, Егісті дұрыс егеміз, Дұшпанды *жер қып* құртуға Осылай жауап береміз (Қ. Қуан.). 2. *Қатты ұялтты; жерге қарата, ұятқа қалдырды; беделін түсіре, абыройсыз етті; аяққа басты.* Тобықтының жақсысын *жер қылуда*, соның ішінде, әсіресе сіз бен мені *жер қылуда*, Абайдың аянары жоқ екен деп білдім, — деді Сәмен (М. Ө.). *Жоқ ұмытар* мен емен, Ел жорасын *жер етіп*, Жаттан барып жөн сұрап, Жульетта деп сандалып, Шіркеуге шұлғыр мен емені (М. Ө.). Базаралы Майбасарға көп ашылып жауап айтпады. Соған жыны қоза түскен Майбасар мынау жұрт алдында, әсіресе, өзі білетін сыбысы, сыры бар Нұрғаным ала-

дында, жігітті *жер қылмақ* боп, бір сұм қулық ойлады (М. Ә.).

ЖЕРМЕН-ЖЕКЕСЕН ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Ойран салды, қырып-жойды, тып-типыл етті.* («Жекесен» — парсы сөзі, бірдей, бір тегіс деген мағынада). Жеңген жауға жетуге, *Жермен-жекесен етуге*, Жеделде жүйрік, жете бас, Желпілде қызыл байрағым (І. Ж.).

ЖЕР ОРТАСЫНАН АСҚАН АДАМ **○** **ЖЕР ОРТАСЫНА КЕЛГЕН АДАМ** *Жасы 40—50-ден асқан кісі. Енді жасы жер ортаға келгенде, не сүйенер ері жоқ, не талшық қылар малы жоқ, жалғыз ұлдан айрылып не күн көремін десін-ау!*— деді бір әйел (В. М.). ... Ол — тілеуім алда дейтін кезден өтіп, *жер ортасынан асқан адам* (Ә. Ә.).

ЖЕР СОҚТЫ 1. *Жығылды, құлады; қирады.* Балалар ерлік іс етті, *Жер соқты* жау, күрс етті. Екі көзге екі біз Қас қаққанша кірш етті (С. Дайыр.). **2. Алданды; олық жеді.** Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында *жер соғып* қалған еді... (Ә. Н.).

ЖЕР СІЛКІНТТІ *Жер жара, дүниені қатты жаңғырықтырды; үрей ұшырды.* Танктер дүрілдеді *жер сілкінткен*, Табаны жерге батқан ауыр жүкпен (Ғ. Малд.). Программаны әскерлік тез орындап, Марштагып шығамыз *жер сілкінтіп* (Қ. А.).

ЖЕР ТАЯҢДЫ [ТАЯНЫП ҚАЛДЫ] *Уайым-шерге батты, қайғыда қалды.* Шырқырап тірі жегім бала қалды, Иесіз азық-көпті қара қалды. Айрылып біреу жалғыз, егізінен, Ата мен *жер таянып* ана қалды (Е. Қ.). Жеткіншектен айрылған, *Жер таянбай* тұрмайды (Мақал).

ЖЕР ТЕҢГЕДЕЙ, АСПАН ТЕБІНГҮДЕЙ *Кіп-кішкентай, болар-болмас қана деген мәнде.* Шешендік сөздердің бастауын ертегі-аңыздардан іздеу керек. Ертегі-аңыздарда жиі кездесетін «ай мен күндей, элемге бірдей», «ай десе аузы, күн десе көзі бар», «*жер теңгедей, аспан тебінгідей*», «темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда» деп келетін бейнелі сөз тіркестері шешендік сөздің алғашқы нұсқасы деуге болады (Б. А.).

ЖЕР ТЕПСІНДІ *Қатты кейіді, қатты кіжіне ұрысты.* Өзінің мұрынды келген, қара көз, қырғыштай қатыны оған нақ бір малайынша *жер тепсіне* жекіретін (М. Г.).

ЖЕР ТЕПШІЛЕДІ *д и а л. Жерді қолдан өндеп күн көрді.* Кешегі *жер тепшілеп* жүрген шағымызда шаршағанды білмеуші едік (Сем., Үр.).

ЖЕР ТОВАРСЫДЫ *Жер суды бойына тартып, ширады.* Таңертең қалың нөсер тоlassыз төгіп-төгіп өтеді де, *жер тобарсып*, астық құрғай берген кезде, жауын қайтадан шелектеп құйып кетеді (Ә. Нұр.).

ЖЕР ТҮБІНЕН ОЙЛАДЫ *Арыдан, теңнен түйді.* Соның бәрінде де жас мырза қаһарын тіккен дұшпанына қарсы істер әрекетін күні бұрын *жер түбінен ойлап*, тор-тұзағын жайып тастайтын (Ә. Н.).

ЖЕР [ҮЙЕК] ҰЙЫҚ *Малға, жанға береке, құт мекен; шұрайлы жер.* Бұл не, ойбай-ау, сағым ба? Ғасырлар бойы дала халқының көзін алдап, тілегін қолдап, үмітін қошеметтеп келген сағымның өзі ме? Жоқ, әлде, ата-бабасы арман етіп, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған *жер ұйықтың* өзі ме? (З. Ш.). *Жер ұйық* осы деп қазіргі Қорқыт моласы тұрған Сырдарияның жағасына келіп тоқтайды (ҚЕ).— Мені бұл сияқты *жер ұйыққа* жеткізген де сол қарағым (Ғ. С.).

ЖЕР ҰТТЫ *Жүрер жолдың ортасынан асты, жолдың көбі артта қалды деген ұғымда айтылады.* Жол ұзақ, бүлкілдей бер, кер дөненім, Құлдилап, көп *жер ұтып*, дөңгеледің. Көктемге қарсы ұшатын қарлығаштай, Сағынған сахарам мен келемін (Т. Ә.).

ЖЕР ШҰҚЫДЫ *Қатты ұялып, төмен қарады; қарауға беті шыдамады.* Ұлжан бұйыр таянды, Мұқанды ула ой алды, Мырза *жерді шұқыды* (І. Ж.).

ЖЕР ШЫРАЙЫ [ЖАННАТЫ] *Құнарлы жер. Қоныс қыпсың орнығып, Алатаудың бауырын. Егіндікке жыртғыпсың Жердің шырай тәуірін (ХӘ). Жер жанның Жетісу, Тамаша ғой айналам (Қән).*

ЖЕРІК БОЛДЫ 1. *Екі қабат болған әйелдің бір асқа аңсары аууы туралы айтылады.* Аю қойшыдан: «Қойшымы, анау не?»— деп сұрайды. Қойшы: «Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне *жерік болып*, соны іздеп жүрі!»— дейді (ҚЕ). Жәмиляның *жерік бола* бастағаны білініп, үй іші, ауыл-ауданы қуаныш қылып жатты (М. Ә.). **2. Бінтықты, құмар болды.** Алайын даусым келсе желіп-желіп, Гүлесе басылмайтын мен бір көрік. Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз, келіншекке *болғам жерік* (В. Ш. В.).

ЖЕРІ ҚҰСТЫ *д и а л. Жері ылғалданды. Жері құсып, шық болды (Қ. орда, Арал).*

ЖЕРІНЕ ЖЕТТІ *Әбден ақиқатына көзі жетті. [Кәкітай] Атыне тебініп жіберіп: «— Ой, теңірі-ай, жеріне жетпей Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағам жауғінемін. Жүр, білгіштеріңді сонда көрермін, кәне!»— деп жорта жөнелді (М. Ә.).*

ЖЕРІНЕ КӨТЕРІЛДІ *д и а л. Өз еліне көшті, өз еліне кетті (Қ. орда, Арал).*

ЖЕРІН ТАПТЫ *Бұл жерде теңіне тұрмысқа шықты ұғымында. Қарындасың болса, жерін тауып бердім, айыш емес. Мойныңдағы борышты кештім (ҚЕ).*

ЖЕСІР ДАУЫ, ЖЕР ДАУЫ *Ертеде жесірге, жайлау-қыстауға байланысты ел арасында туған талас-тартыс. Шешендік дауларды мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы және ар дауы деп беске бөледі (Б. А.).*

ЖЕСІР ҚАЛДЫ *Ері өліп, күйеусіз тұл қалды. Назыменен күйдірген, Құлқыменен сүйдірген. Ардақтап жүрген бикешің Жылай да жесір қалмасқа (Б. Қ.). Дұғай сөлем айтайын, Жесір қалған қатынға, Тоқтасын сөз бен ақылға (Ш. Қ.).*

ЖЕТЕСІ ЖАМАН *Тегі нашар, тексіз; ақыл-парасаты төмен; ұшып шыққан ұясы жаман. («Жете» — араб сөзі, арғы ата-баба мағынасында). Жетең жаман болмаса, Жете жарлы болмассың (Мақал). Жетесі жаман бозбала, Тоқсадағы шалмен тең, Төре деген халқыңыз, Саудасы біткен сартпен тең (Д. Б.).*

ЖЕТЕСІНЕ ЖЕТТІ [ЖЕТКІЗДІ] 1. *Түсінді, айқын болды. Көрген қиянаттары қашан шекесіне тиіп, сәби жаны зеразап болғанша күрессіз бұл дүниеде теңдік жоқ екені жетесіне жетті ме? (Ә. Н.). 2. Жер-жесіріне жете ұрысты.*

ЖЕТІ АТА *Арғы ата, ата-баба. (Қазақтың ескі рулық жігінде ата, аталастық негізгі орынға ие. Бір кісіден тараған аталас қауым жеті атаға жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, бұдан былайғы жерде қыз алып, қыз берісуге болады деп, бағаласып отырған. Аталастық, туыстық жік осы жерден тоқтап, енді қыз алысуға көшкен қауым, жеке-жеке ру боп есептелген). Алаштан азап көп көрдім, Өлген соң бағыр қалпыда. Әлді болған адам жоқ, Өзім түгіл жұрағат, Жеті атадан затымда (О. Ш.). Ар жағын айтпай-ақ қой,— деді Жабай сөзімді бөліп,— «жеті атасын білген ұл, жеті жұртының қамын жер» — депті (С. М.). Жеті ата, жеті мыстан бабалардан, Зират бар елге жазу ерте салған, Ағыстың астыменен Өмірхандар, Аялдап аттан түсті жетіп соған (И. Б.).*

ЖЕТІ АТА ЖАУ *Ежелгі дұшпан. Жөні келер іс етсем — жайнаңдаған, Кесе келсем — көрмессіп бажбаңдаған. Бірде тату, бірде араз құбылма дос, Досым түгіл жеті ата жаудан жаман (Б. Қ.).*

ЖЕТІ АТА, ЖЕТІ ТҮПТЕН БЕРІ ҚАРАЙ *Үрім-бұтақ, жұрағатынан бері қарай. Жеті атаң, жеті түптен бері қарай Орнаған қыдыр төніп, есіл бергім! Дұшпанын табанында жүн қып түтіп, Қор қылған егескенің атаң сенің (Ш. Ж.).*

ЖЕТІ АТАСЫНА БІТПЕГЕН... *Өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Жеті атасына бітпеген дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге арнап тұр (Ә. Н.).*

ЖЕТІ АТАСЫНАН ҚАРА КӨК *көне. Арғы аталарынан бері қарай аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс.*

ЖЕТІ АТАСЫНАН ТҮК КӨРМЕГЕН *Ата тегінен бері қарай өмірі аузы жарымаған. Өмірде жеті атасы түк көрмеген, Билік түгіл, қолынан түк келмеген Қасан деген ши аяқ ауылнай боп, Жік салмақ арамызға жіктелмеген (Б. М.).*

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛМЕГЕН МҰРТ [ҚҰЛ] *көне. Өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген біннен шыққан, тексіз құл деген мағынада.*

ЖЕТІ АТАСЫН [МАЛ] ӨЛТІРГЕН *Дүниеқор, дүние қоңыз (АС). Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың, Мал үшін аш қатасың, жан сатасың, Өкесі аштан өлген кісідей-ақ, Негкен жұрт мал өлтірген жеті атасын (Абай).*

ЖЕТІ БАСТЫ ДӘУ *Ертегілерге тән кейіпкер, жеті басы бар таңғажайып мақұлық. Ең әуелі жеті басты дәу кездеседі (ҚЕ).*

ЖЕТІ БҮЗІРІК [МҮДІРІК] ӘУЛИЕ *Жеті түрлі әулие, жеті қилы әулие.*

ЖЕТІ ҒАЛАМ, ӨЖЕТІ ҒЫЛЫМ [ЫҚЫЛЫМ] *ЕЛ Әлем, дүние. (Осындағы ғылым сөзі гректің «ықылым» — ел, әлем деген сөзінен ауысқан). Ата-ананың жүзін көрмеді деп, Зарлыққа жүз ердің күшін пида қылды, ... қызға ана жүзін көрмеді деп, жеті ғылым елдің өрнегін үйретті (МЗ).*

ЖЕТІ ДАРИЯ [ЖЕРІ] *Алыс, қиыр шет. Аялап, ақырын ұстап, алып ұшып, Бауырға басып алып кетсем қысып. Жерінен жеті дария арман өтіп, Апарып алтын тауда жатсам құшып (І. Ж.).*

ЖЕТІ ДУАН *ЕЛ Байтақ ел, дүйім жұрт. Өрмекшінің өкесіне ас бергенің, сол асқа жеті дуан елді шақырып, шұжықтай семіз шіркейді шалып, сайдан ақ май ағызғаның жырлапты (ҚЕ).*

ЖЕТІ ДҰСПАН *көне. Жеті түрлі жау, жеті түрлі қырсық-кедергі. (Байлық-берекеңі жеті санымен айту сияқты адамға жаулықты, зиянды, адам мінезіне жат істі жеті санымен айту да бар). — Ойбай-ау, бұрынғылар біліп айтқан ғой. Бұл әйел — жеті дұспанның бірі. Ер жігітке опа берген бе? (Ә. Н.).*

ЖЕТІ ЖАСЫНАН *Ежелден, әуел бастан, қарғадайынан, қаршадайынан, бала шағынан. Жеті жасынан-ақ көргені мол (АТ).*

ЖЕТІ ЖҰРТ *Көп ел. Сізге патша жіберді, Құралай қызын бергелі, Көріңіз ханның бақтысын, Жеті жұрттың жақсысын, Құлмес хан сізді шақырды (МЗ).*

ЖЕТІ ЖҰРТҚА ӘЙГІЛІ [БЕЛГІЛІ] *Үлкен-кіші түгел біледі, бар ел-жұртқа танымал. Бұл жеті жұртқа әйгілі сайқал емес пе (Ә. Н.).*

ЖЕТІ КЕНТТІ ҚҰРТТЫ *Неше буын жақсыны құртты, жалмады, жойды. Құртқан жеті кентті қара кер-ай Көшке жаюу*

жүрсем де алмаймын-ай. Өзі жауыр, өзі кәрі, ақсақ екен, Мұныңды алып елге бармаймын-ай (С. А.).

ЖЕТИ ҚАБАТ ТАУ ҮСТІ *Адам аяғы әзер жетер қиын, алыс жер. Қаламым талпынады жазайын деп, Бұйырсаң, хақ жолына жарайын деп, Керегің жеті қабат тау үстінде, Көмілсе, жібер мені, қазайын деп (М. Қал.).*

ЖЕТИ ҚАЗЫНА *Байлық көзі, байлық құт-берекенің бірі. Диірмен де жеті қазынананғы бірі ғой, соған барғалы қоң жинап алды (АТ).*

ЖЕТИ ҚАРАҢҒЫ ТҮН **○** **ЖЕТИ ТҮН** *Тастай қараңғы түн, түн іші, беймезгіл уақыт. Айнала көзге тұртсе көргісіз, Жеті қараңғы түн (С. М.). «Жеті қараңғы түнде мына күймен қолға түссем, алдымен ұры деп ұрады ғой» — деп ойлады баспалдақтың жанында бұғып тұрып (Х. Е.). Кім істегені белгісіз, әйтеуір, жеті түнде, барлық жұрт ұйқыда жатқан шақта, ояз жатқан үй лау етіп өртене бастады (М. Ә.).*

ЖЕТІМ ҚАЛДЫ *Ата-анасынан айрылды. Жетім қалып Еспенбет, Қолында соның ер жеткен. Он тұрт жасқа келгенде, Еспенбеттей еріңнің Туған ел ойын тербеткен (Д. Б.). Кірекейді атпа, қонжығы жетім қалар (АТ). (Осындағы «кірекей» — аюдың ұрғашысы, «қонжық» — оның баласы).*

ЖЕТІМ ҚЫЗДЫҢ ҚҰНЫН СҰРАДЫ *Арзан болса да, ақы сұрады, арзан болса да, ақысын талап етті. Өз қолында болса, шошқа демей-ақ жетім қыздың құнын сұрарсың (М. Ә.).*

ЖЕТІМ ҚЫЗДЫҢ ТОЙЫНДАЙ *Елеусіз, берекесіз деген ұғымда айтылады. Се-нің тойың жетім қыздың тойындай болмауына кепіл боламын (АТ).*

ЖЕТИ НАН ҚҰДАЙЫ **○** **ЖЕТИ ТИЫН САДАҚА** **○** **ЖЕТИ ТИЫН ӨЗІР** *Ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, яки сыйынғанда құдайға, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп, жолына мал, зат, ақша атап отырған. Оның саны жетеу болуы шарт болған. Түнеуіңді бір қатты ауырғанымда зындандағы пәнделерге жеті нан құдайы айтып едім, сол нанымды әкелемін (ҚЕ).*

ЖЕТИ НАСЫРЫМ ЖЕРГЕ КІРІП, БЕ-ТІМНІҢ СУЫ БЕС ТӨГІЛІП *Әбден ұялып, бетімнен отым шығып деген мағынада айтылады.*

ЖЕТІСІН БЕРДІ *Өлген кісінің артын куту; қайтыс болған кісіге жеті күн өткен соң, құдайы садақа берді, оны еске алу үшін жұрт жинап, ас берді. Тек Дәркенбайдың жетісін беріп болған соң, Абай мен Дәрмен бұл ауылдан қайтатын шаққа жеткенде, жаңағы түйінді Абай ақыл қоса отырып, Жаңылмен бірге шешті (М. Ә.).*

ЖЕТИ ТЫЛСЫМ *Құпиясы мол, хауіпті. Төменгі Меке жолында, Жеті тылсым дариалар бар (ҚЖ).*

ЖЕТИ ШӘРІП *д и н и. 1) Кәлем шәріп, 2) Мұшқат шәріп, 3) Бидан шәріп. 4) Байтулла (һәрәм) шәріп, 5) Шам шәріп, 6) Хұдіс шәріп, 7) Бұхар шәріп.*

ЖИРЕНШТІ КӨЗБЕН ҚАРАДЫ *Жақтырмады, ала көзбен қарады. Осыдан кейін ол маған ит тиген табақтай жиренішті көзбен қарайды, — деп, сөзін тамам етті (ҚЕ).*

ЖОҒЫН ЖОҚТАДЫ *Жыртқысын жыртты, мүддесін жоқтады, сөзін сөйледі. Октябрь төңкерісінен кейін патшаның жоғын жоқтап шыға келген көп генералдан Орынбор атаманының бір артықшылығы бар... (Ә. Н.).*

ЖОҒЫНЫҢ ОРАЛҒЫСЫ БОЛСЫН! *Жоғалған зат, мал қайта табылсын деген мағынада айтылады. Қайғырған қара күннің қараңғысы, Томсарған тоғайдың тораңғысы. Жалғыз-ақ жылқышы құс көңіл айтып, «Жоғыңның болсын, — деген, — оралғысы!» (І. Ж.). Бала күнімде ауылда қой жоғалды деп естуші едім. Сіздің ауылдың адамы жоғалыпты, оралғысы болсын (С. Сұбх.).*

ЖОҚ ДЕГЕНДЕ ҚҰРЫҒАНДА; *ең болмағанда. Жоқ дегенде бір келіп кетсе, қайтеді екен? Жоқ дегенде бір қыздың құны бұл (АТ).*

ЖОҚ ЖЕРДЕ БЕКЕР, БОСҚА, ҚҰР БЕКЕР, ТЕКТЕН-ТЕККЕ. *Қырық үзбір жоқ жерде өлтіріп, қырып тастайды ғой! — деп, жүруге ыңғайланады (ШС).*

ЖОҚ-ЖІТІК АДАМ *Кедей. — Мынаны Айғаншаның кішкене қызына апарып бере ғой. Жоқ-жітім адамдар, ұсақ-түйекке де тапшы, — деді (Т. А.).*

ЖОҚҚА ЖҮЙРІК ЖЕТПЕЙДІ *Қолы қысқа кісінің жұртқа берері болмағанда айтылады: жоқтың аты жоқ, оған еш нәрсе істей алмайсың деген мағынада. Есіркеген шалды аяп кетті. — Қысылмаңыз, отағасы, барға мәзір, жоққа әзір... Біз ықыласыңызға да ризамыз. — Ия, жоққа жүйрік жете ме? — деп, шал ауыр күрсінді, — ренжімесеңдер болғаны (І. Е.).*

ЖОҚ ҚЫЛДЫ *Тұқымын құртты, көзін жойды. «Достық» атты құралмен, Талқандап жауды жоқ қылдық (А. Т.).*

ЖОҚ СӨЗ *Ретсіз, қисынсыз әңгіме, бос сөз. Мәмбет те Катямен жоқ сөзді әңгіме қылып, жатпай отыр (І. Ж.).*

ЖОҚТАН БАРДЫ [ӨЗГЕНІ] *Әр нәрсені, кез келгенді, ауызға түскенді. Подносқа бөтелкемен арақ толды, Бірекі жақсы рюмка дайын болды. Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып, Алысты пияланы оңды-солды (Абай).*

ЖОҚ ТАПСЫРДЫ *д и а л. Жоқ сұрады, жоғын іздестірді, сұрау салды. Әбіш кешелі бері жоқ тапсырып жүр (Сем.: Абай, Ақсу., Көкп.).*

ЖОҚТАУ САЛДЫ *Жоқтау айтты, дауыс қылды.* Әр жерде сұлаған өлік, оны қоршап, жоқтау салған әйелдер (І. Е.)

ЖОҚТЫ АЙТТЫ *Не болса, соны айтты, бос сөз сөйледі.* Ай, қойшы әрі! Ол қай бір әулие дейсің! *Жоқты айтқаны* несі (ҚЕ).

ЖОҚТЫҢ ҚАСЫ *Тіпті аз, жоқ десе болады.* Біздің облыста бұрын миллионер колхоз аз болушы еді, ал, биыл миллионер болмаған колхоз жоқтың қасы (Ж. С.).

ЖОЛ АЗЫҚ *Ақын бұл жерде рухани нәр, байлық туралы айттып отыр (АС).* Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, Не болады құр қожақ. Кеш деп қайтар жол емес, *Жол азығым* мол емес (Абай).

ЖОЛІ АЛДЫ *Кезекті бұрын алды.* Бай болса күйеу жағы, дәулетке мол, Нәсілі болса дағы қызылбас құл. Өздері шикі надан, лас болса да, Көп малдың арқасында алады жол (М. С.).

ЖОЛІ АШТЫ *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады.* Май айының басында болған облыстық партия комитетінің кең мәжілісі жасаған үлкен екі қорытынды, екі сала бойынша келеді, жаңа, үлкен шаралардың әр алуан әзірліктеріне жол ашты (М. Ә.).

ЖОЛІ АЯҚ *Сапарға шығатын адамның жолдас-жораларын шақырып беретін дәмі.* Москваға жүрер алдында Орынбай жол аяқ жасап, көрші шопандарды шақырған еді (ҚӘ).

ЖОЛІ БАСТАДЫ *Басшылық етті, соңынан ертті.* Тұманнан көзінді ашқан, кедей халқым, Болғанда өзі сұңқар, тұяғы алын, *Жол бастап*, жұртшылыққа жөн сілтеген, Ленин еді данышпаным қызыл жалқын (ҚСХӘ).

ЖОЛІ БАЙЛАУ БОЛДЫ *д и а л. Кедергі, қырсық, бөгет жасады.* Бұлардың көңіл аудармауы бұл жұмыстың орындалуына жол байлау болып, жоспардың орындалуына кесірі тиді (Ақт., Байғ.).

ЖОЛІ БАСТАУШЫ *Тағдырына бағыт, жөн беруші.* Тән жаратқан жан берген, Тәуекел қылдым «аллаға», *Жол бастаушы* өзіңсің (БЖ).

ЖОЛІ [САПАР] БАУЫРСАҚ *Ұзақ жолға арналып пісірілген бауырсақ.* Жеңгем пісіріп берген сапар бауырсақты жарты жолға жетпей-ақ жеп қойдым (АТ).

ЖОЛІ БЕРМЕДІ *Кезек беріп, алдына түсірмеді, өзінен алға салмады, ілгері жібермеді.* Сенің бар бір колхозың «Ағашты көл», Атағы асқан колхоз, табысы зор. Жарыста социалистік жеке келіп, Ешкімге екі дайда бермейді жол (О. Ш.).

ЖОЛІ [ЖОЛЫҢ] БОЛСЫН?! 1. *О баста жолашушының қайда бара жатқанын білу үшін қойылатын сұрақ. Кейін сәт сапар тілеу сияқты ауыс мағынаға ие болған.* Осы шығар ханым деп, иіліп сәлем берге-

нім, *Жол болсын*, балам, дегенде, Жөнiмдi айтып бергенiм (МЗ). Ей, диуана, жол болсын, Жеке басың қол болсын. Олжа басың мол болсын! Атыңның басы шапшақтай, Садағың оғы бұршақтай, Диуана саған жол болсын (АБ). 2. *Мұның жөнi қалай, жұнысы несi деген мағынада айтылады.* ... Мына жазығы жоқ жұртқа iстеп отырған қиянатына жол болсын! Есіркегеннің көз алдына тағы да қараша үйдегі сурет елестеп кетті (І. Е.).

ЖОЛІ БОС *Бөгет жоқ, кедергі, тосқауыл жоқ, беті қағусыз.* Білгенге жол бос, Болсайшы қол бос, Талаптың дәмін татуға. Білмеген соқыр Қайғысыз отыр, Тамағы тойса жатуға (Абай).

ЖОЛІ БІЛМЕЙДІ *Жөн таппайды, айқын бағыт-бағдары жоқ; салт-дәстүрді ескермейді.* Өрнексіз жол білмеген нағандарға Туып ең нақыш беріп, өрнек шашып, Қараңғы көңілімнің ай мен күні, Жарығың азаймады күңгірт басып (Ә. Тәң.).

ЖОЛІҒА ҚОЙДЫ *Жөнге келтірді, ретке, тәртіпке түсірді.* Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жолға қоюды да алдымен осы кластан бастау қажеттігі анық болды (М. И.).

ЖОЛІҒА САЛДЫ 1. *Өмірге бағытын, бетін түзеді.* Жамандар жақсы болар ма, Тәңірім жолға салмаса, Жамандардың ғадеті, Өзін ұлық көрген соң (Д. В.). 2. *Барар жағына жөн сілтеді.*

ЖОЛДА ЖАТҚАН ЖОЛБИКЕ *Кім көрінгенмен көңіл көтеретін, «жүрісі» көп әйел.* Валуан Шолақтың Ғалия туралы қорытқан ойы жұрттың ол туралы есегі қате: ол жолда жатқан жолбике емес (С. М.).

ЖОЛДА ҚАЛДЫ *Жете алмады; болдырып тұрып қалды; ілесе алмады, маңайламады.* Қас жүйрікке жолықсаң, Жолда қалмас күй таңдап, Қазан аттың осалы Таты болар қақаңдап (М. Сұл.). Өнерде жас таланттан жолда қалды, Тотығып, жабыланып, шау тартқан соң (АӘ).

ЖОЛДАН АДАСТЫ [ЖАҢЫЛДЫ, ТАЙДЫ] *Дұрыс жолдың жөн-бағытынан бұрыс кетті; алған бағыт, ұстаған идеясынан теріс тартты.* Достар арасын ала сөз апса, Ынтымақтың қиюы қашса, жақсы жолдан адаса, жамандыққа жол ашар (Ө. Т.). *Адасса жолдан жаңылып*, Тура баста, жолға сал (ҚЖ).

ЖОЛДАН АЗДЫ [ШЫҚТЫ, ТАЙДЫ] *Азғындады, бұзылды; бұрынғы салтынан, дәстүрінен тайды.* Әрбір ойда жүрер ол, Жұртқа бүлік салар ол, Жақсылар жолдан азар ма, Ниегі жақсы болған соң (Д. В.). Бала, ата-баба жолынан тайып шығып, олжаңды үлкендерге байламағаның қалай? (ШС).

ЖОЛДАС БОЛМАС *Мәңгі-бақи бірге жүрмес, үнемі серік болмас.* Қу өмір жол-

Дас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер. Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер (Абай).

ЖОЛ ЖАПАСЫ *Сапардың қиындығы, азабы. Қыз Жібектің дертінен, Көрейін деп барамын Мехнатты жолдың жапасын (ҚЖ).*

ЖОЛ ЖОРҒА *Бір қамшылық жорғасы бар, жүрісі жайлы ат. Мынау — көбік қарда үш қасқыр соққан ат. Азырақ жол жорғасы бар... (Ғ. М.). Көртөбел аттың кербез жол жорғасына дөңгелек толық денесі тербеліп, Молдақым да шірене отырған күйінде (С. Б.).*

ЖОЛ ЖҮРДІ [ТАРТТЫ] *Сапар шекті, бір бағытқа бет алды; аттанып кетті. Баяғыда Мұрат деген кісі жол жүріп келе жатып қатты шаршайды, шөлдейді (ҚЕ). Енді, біразда, кеш бата бергенде, осы үйдің түйесін алып, екі жауапты қызметкер сол түйеге мінгесіп, колоннаны іздеп, тағы да кейін қарай жол тартты (М. Ә.).*

ЖОЛ КЕСЕР 1. Шолушы. 2. Қарақшы, тонаушы. *Бір жол кесер жүрген жүргіншілерді талан-таражға салды (ҚЕ).*

ЖОЛ КӨРДІ 1. Жол білді, жер таныды. *Жолды бастап келе жатқан — Шәке. Ол жас та болса, жүріске берік және салқыллығы жоқ, бойы жинақы жігіт. Оның үстіне, аңшылықпен бұдан бұрын да екі қыс салбурында болған, жол көрген, ысылған сияқты (М. Ә.). 2. Тәлім алды, үйренді, әдет-ғұрыпты сақтады. Үлкендер арасында жүріп, көп жол көрді, жөн таныды (АТ).*

ЖОЛ [ЖӨН] КӨРСЕТТІ [СІЛТЕДІ] *Басшылық жасады, өміріне бағыт сілтеді. Дүниеде барлық жаннан мейрімді ол, Адамға бақытты сол көрсеткен жол (Жамбыл). Ән салып тоғыз жастан сайрап жүрмін, Талай-талай балуанды жайлап жүрмін. Жаманға жол білмейтін жол көрсетіл, Арбаға бұзаудай қып байлап жүрмін (Б. Ш. Б.). Ел ішіне сау келсең, Тағлым айтпас ер ме едің? Жол көрсетіп сонда өлсең, Арманым бар дер ме едім? (Абай). Түр, мазмұн мәселесі жайлы әдебиет тәжірибесінде болған қате ұғымдарды сын кезінде көріп, түзетіп, дұрыс жол сілтей алмады (М. Қ.).*

ЖОЛ ҚУДЫ *Жолға түсті, ізін, бағытын ұстады. Алғысқа әр кез кезігер, Әке көріп жол құған (АТ). Жол құған қазынаға жолығар (Мақал). Тез бөлеге жолығар Есеппен жүріп жол құған. Әуеде бар көк шұлан, Әуезі төмен аққудан (Б. Ә.).*

ЖОЛ САЛДЫ 1. Жүретін жолын тартты. *Біздің құрыш қалың қол Қайнап қырда айқасып, Алдына оқпен салып жол, Жатыр жаумен шайқасып (Т. Ж.). 2. Үлгі-өнеге көрсетті, бастаушы болды. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп, жарлық шашып, жол салады екен (Абай).*

ЖОЛ СОҚТЫ БОЛДЫ *Ұзақ жүрістен қалжырады, шаршады. Жол соқты боп, күйі қашып келген қой мен ешкі топырлап, бүрсііп, бірін-бірі ықтайды (Т. Ә.).— Октябрь емес, Октябрь жемістерін ауылға жеткізім келеді. Жетпей жатыр, жол соқты болып жатыр (Ғ. Мұс.).*

ЖОЛ ТАЛАСТЫ *Бәсекеге түсті, кезекке таласты, бақ сынасты. Тамам керуен Баянға жол таласып, Ажал жетіп, сол жерде қырылады (ҚЖБС). Жеңуге, қорқылуға тағы да ұста, Өзіне күндес шықса жол таласқан (Абай).*

ЖОЛ ТАПТЫ 1. Бақыт берді, өмірге жөн сілтеді. Жол тауып саған беретін, Көзіңнің жасын көретін, Соңыңнан сенің еретін, Қалмады елде адам да (Д. Б.). 2. Ретін келтірді, лажын тапты.

ЖОЛ ТОСТЫ *Жүретін жолын аңдыды, күтіп жатты. Жолбарысқа жол тосқан Қазалы құлан тап болар, Бой жасырып ол жыртқыш, Шыға бір шапса сайлаудан (Ш. Б.). Тау жаңғырығып, ән қосып, Үрген итпен айтақпа, Келмеп пе едің жол тосып, Жолығуға аулаққа (Абай).*

ЖОЛ ТҮСТІ *Сәгі келді, кез келді; сәгімен кез болды. Құдай айдап сіздерге жол түскені (АТ). Егер бұл үйден біреу жол түсіп Алматыға бара қалса, бұған әдейілеп соғуды, қонақ болуды Есен көп-көп өтініп, адресін беріп аттанған еді (М. И.).*

ЖОЛ ШЕРТТІ *диал. Әңгіме айтты, жол ермек әңгіме айтты. Есімбеков жолдас, жол шертіңіз (Қос., Аман.).*

ЖОЛЫ БАЙЛАНДЫ *Бағы жанбады; бөгетке ұрынды, кедергіге ұшырады. Жоқтықтан жолы байланып, Кеңеске басы кірмей жүр, Жігіттің не бір сығайы (Б. Ә.).*

ЖОЛЫ БОЛДЫ [ОҢҒАРЫЛДЫ] 1. Тілегі қабыл болды. Тәжидің жолы болды. Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін»,— деді (І. Ж.). Осы ұзақ сапарымда менің атқосшыдан жолым болды (С. Қ.). 2. Олжалы болды, сапары оң болды. Айдардың бестен, оннан аттандырған кісісінің көбі талай келіп, жолы болмай, бос қайтқан (М. Ә.). Бұл жолың оңғарылмас сенің балам (ҚЖБС).

ЖОЛЫ КІШІ 1. Жасы жас; іс, жол, сөз бастауда кезек жасы үлкенге берілгенде, жасы кішілерге айтылатын ескерту. 2. О баста кішіліктен келіп туса да, ескі қазақ салтында жасы үлкен болғанына қарамай, күйеудің жолы кіші деп ұғынылады. Жасы үлкен болса да, жолы кіші, Қолын тартып отырса, күйеу кісі (АӘ).

ЖОЛЫ ЖІНШІКЕ *Тосқауыл, кедергісі көп; көрер көзі, аңдушысы көп; қадым есептеулі деген мағыналарды береді. (Қазақтың ескі салтында бұл фраза көбіне әйелге, күйеуге арналған; оларды жолжораға араластырмаудан келіп шыққан). Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы, Жылқысын көптігінен баға алмайды, Сол елді*

өзім іздеп кетер едім, *Жіңішке* әйел жолы таба алмайды (ҚЖ). Күйеудің жолы жіңішке деуші еді, сен тал тұстөе қотанға шапқан қасқырша келесің ғой, тегі (АТ).

ЖОЛЫ ҚЫРСЫҚТЫ *Ісі оңбады. Қап, жолым қырсығып жүрген бейбақ едім, бұ да соның салдары ғой,— дедім (ҚЕ).*

ЖОЛЫНА БОЗ ҚАСҚА АЙТТЫ *Садақа атады, құрбандыққа мал атады. Барайын деп келіпсің, сөзге «еһе» деп, Боз қасқаны мен айттым жолыңа деп (ҚКБС).*

ЖОЛЫНА ЖӨРГЕМ ІЛЕСТІ [ІЛНДІ] *Жолы болды, олжалы болды. Бала тоңған шығар... жолына жөргем ілеспей, үйге келмейтін әдеті емес пе, оның (С. М.).*

ЖОЛЫНА ҚҰРБАН [ҚҰРБАНДЫҚ, ПИДА] *БОЛДЫ* *Өмірін құрбан етті, садағасы болды. Құдай-ау, осы жалғыз баламды алғанша, жолына құрбандық болайын, мені ал,— деп жылапты (ҚЕ). Қарасам ертелі-кеш көзім талмас, Жолыңа пида болсын бұл ғаріп бас, Бағасыз дүниедегі ай нұрындай, Жүзіңді бір көрген жан қайғылы бас (А. Қор).*

ЖОЛЫНА ҚҰРБАН ҚЫП ШАЛДЫ *Садақа етті. Қаныңды сенің алуға, Құрбан қып мыңнан шалуға, Ордасына оқ атып, Сен үшін ойран салуға; Қаныңменен еттім серт (АЖ).*

ЖОЛЫНАН ЖАРЫЛҚАСЫН! ☉ **ЖОЛЫ БОЛСЫН!** *тілек. Бегінен жарылқасын, сәт сапар болсын, аман болсын! Ал, жақында бөтен ұлттан жалғыз сырласы Иосиф Гербурт Жүсіп үшті-күйлі жоқ болып кеткенде, тұнжырай отырып: «Айдыныма келіп қонған аққуым еді, сірә, көлім тайызданайын деген екең, жолынан жарылқасын»,— деген де қойған (І. Е.).*

ЖОЛЫНАН ҚАЛДЫРДЫ *Сапарына бөгет етті, жібермеді. Не оймен қосқанын кім біледі? Достықпен қосқан болса, жолынан қалдырмайық, дұшпандықпен қосқан болса, сыр алдырмайық, соларды орта жолдан қайтарып жіберсек екен (ШС).*

ЖОЛЫНА ТҮСТІ ☉ **ЖОЛЫН ҚУДЫ** [ҰСТАДЫ] *Үлгісімен істеді; ізімен жүрді; бағытын ұстады. Әкем мен шешем үшеуіміз отырып ақылдасып, Ыбырай ағаның жолына түсуді ұйғардық (С. К.). Қазақта күйге мұхит Құрманғазы, Ел мұңы, ердің кегі, жастың назы. Сол ерден соң туса да жолын қуып, Бұл күйші — бүгінгі жұрт өнерпазы (Д. Е.). Үй иесінің шығатын ағы Ахмет, бірақ дін жолын қуып, тақуалық жасап, молдалық құрғанына қарап, оны жұрт Қарамолда деп атап кеткен (Ж. Ж.).*

ЖОЛЫН АШТЫ *Бағытын жандырды, жолын болдырды. Ердің жолын төңір ашса, Адаспас қара тұманнан, Қалыңға салсаң қайырып, Аң кетпейді қыраннан (В. Ө.).*

ЖОЛЫНДА ӨЛДІ *Жолына жанын құрбан етті. Ілгері тілеудің бәрі де орындалмай-ақ қойсын. Қысқа тілеу, бірақ тілеу тілесін жас! Сонысы осы жолдың тек, Керімбала! Соның жолында өлу. Бірақ, білегінен ұстап өлу (М. Ә.).*

ЖОЛЫНДА ТҰРДЫ **1.** *Алған бағытына, ниет еткен ісіне көлденең тұрды, кедергі болды. 2.* *Алдын кес-кестеді. Енді кездеспе маған, тұрма жолымда, кездесен, рақым күтпессің, қара жерге қағып жіберермін (Ғ. М.).*

ЖОЛЫН ҚИДЫ *Кезегін, үлкендік, дәреже кезегін берді. Ореке, сөз бастайын, жолың қисаң. Мүрит боп ең ғой пірге сен, Зейнолла ишан. Жаңа тағы өңкейден қол тапсырдың Шүлғыған ақ сәлделі бұл қай ишан (А. Қор).*

ЖОЛЫҢА [ҚАДАМЫҢА] **ГҮЛ БІТСІН!** *тілек. Сапарың, не келу қадамың, құтты болсын! деген тағынада.*

ЖОЛЫҢА ЖУА ШЫҚСЫН [БІТСІН] *қарғыс. Жолың болмасын, ісің оңға шаппасын. Жолдама алып қолына, Барғанда сонау төскейге, Бітпесе жуа жолына, Қайда да адам өстпей ме! (Қ. К.).*

ЖОЛЫН ОҢАРА КӨР! *тілек. Жолын қыл, жолын бер. Я, құдай, жолымды оңғара көр,— деді ішінен (Ә. Н.).*

ЖОЛЫҢДЫ ТАП *Өз жөніңмен жүр, жөніңді тап; бағытыңды, өмірлік жолыңды ізде. Беу, Ақан! Өзіңнің қате жолда болып келгеніңді әбден түсінген екенсің ғой. Бізге өз жолдарыңды тап деген екенсің ғой, қалай өсиетіңді есіме алмай келгенім! (І. Е.).*

ЖОЛЫ ҚЫРСЫҚ *Жолы болмайтын, сапарының сәті болмайтын, үнемі бір нәрсе кедергі боп жүретін кісіге айтылады. Осының жолы қырсық болушы еді, ертпей-ақ қояйық, бөлені (АТ).*

ЖОЛЫ [САПАРЫ] **ОҢ БОЛДЫ** *Дегеніне жетті, ойлағаны болды. Қызыл тулы дивизия Сапарларың болсын оң! Күлімдей барып, күліп қайт (Д. Ә.).*

ЖОЛЫ СУЫҚ *Теріс жолды, жолы арам кісі туралы айтылады. Ендігінің батыры жолы суық. Кісі өлтірген батырлық, ұрлық, қулық, Кітапта мұның бәрін дейді бұзық (А. Қор).*

ЖОЛЫ ТАР *Жауапты, қиын, алмағайыбы көп. Сүйегім жасық, буын бос, Біраз ғана айлам бар. Айлам құрсын білемін, Болыстықтың жолы тар (Абай).*

ЖОЛЫ ҮЛКЕН *Бас рудың адамы, не атасы, әкесі үлкен кісі туралы айтылады; қызмет бабы жоғары кісі туралы да айтылады. Батырбай жұрттың неге күлгенін алғашқы кезде ұқпаса да, артынан сезіп: «Жасы кіші болса да, жолы үлкен болған соң айтам да, оған несіне күлесіңдер»,— деп кейіп қалды (М. И.).*

ЖОНЫНАН ЖАРЫЛҒАН 1. Семіз. Соқыр қария бұрынғы тоқал үйін темірмен шағырлатып жатыр. Ол аз күнде «көк төбел» үйлі болады. Үнемі жүруші еді, қазір *жонынан жарылған* жирен аты бар (М. Ә.). **2. Өте бай.** Байлығы теуіп сыртыма, *жондарынан жарылған*, Отан үшін қажеттің Бар керегі табылған; Отан үшін еңбектің Дабылы күшті қағылған, Мақтауыма сыярлық Ырыс құты жер болды (Н. В.).

ЖОНЫНАН [ЖОН ТЕРІСІНЕН] ТАСПА [ҚАЙЫС] АЛДЫ [ТІЛДІ] ЖОН ТЕРІСІН СЫШЫРДЫ [СЫДЫРДЫ] 1. Өлімші етіп сабады, азаптады. Ерлігі елең қылмайды. Бір өзінен басқаны, Қайырымсыздығы талайды, *Жонынан алған таспаны* (Б. Қ.) — Теңіз жанды тентегім, — әкем мені жерден жоғары көтеріп алды, — рұқсатсыз кеткендігің үшін *жоныңнан қалың таспа тіліп*, дақанымның айызын бір қандырармын деп жүр едім. Қап, ұмытып кеткенімді қарашы. Жарайды, бір жолға көшірдім (Ә. С.). — Оңбаған күй, тұра тұр, байың келсін, *жоныңнан таспа алдырмасам*, менің Зейнеп атым құрысын! — деп, Зейнеп қазанды бұрынғыдан жаман шақырлатып былғады (Б. М.). — Нені тосамыз? Атаңның басын тосамыз ба? Сөзді доғар да, іске көш! Ертең кешке қайта оралам. Егер де, орындамасаң, *жон теріңді сыпырама*, қашан айтты деме! (З. Ш.). **2. Өлгіре тілдеді.** — Жақсы келдің ғой. Тілеуің берсін, осылардың *жон терісін сыдырған* өлеңдерің бар ма, Абай екеуіңнің? — деді Оспан Дәрменге (М. Ә.).

ЖОНЫН [ЖОТАСЫН] КӨРСЕТТІ 1. Қашып кетті, тайып тұрды. Осы алысқа екі күн өтті, *жонын көрсеткен* жау да жоқ, алғанын қайтарған ел де жоқ (Ғ. М.). Бұрын біз күшті болып жүрген уақытта бос болып көрініп, жылмаңдан жүрген адам суретіндегі талай сапаңтар басқа қиыншылық түскенде *жондарын көрсетті* (С. С.). **2. Қыр көрсетті, қарсылық пиғыл білдірді.** — Спесікті қайтесің? Өзің кімге қарсысың, спесікке ме, ұлыққа ма? — Ұлыққа да, саған да қарсымыз, ал? Ұлық деп *жотасын көрсетуін*, ең алдымен ұлығымен боламыз, бер спесікті (М. Ә.).

ЖОРА БОЛДЫ д и а л. *Жолы болды. Жора болар* ма екен деп, осыны бір нәрсеге сақтап едім (Қ. орда, Сыр.).

ЖОРА ҚЫЛДЫ 1. Жорыды, ырым қылды. 2. Лайық көрді деген мағынасы да бар; ырым-жоралғы болды. Сөз сұрасам: «өлесің», — деп бересің, Қалай жора қыласың, шешем, сірә (ҚҚБС).

ЖОРТҚАН АҢ, ҰШҚАН ҚҰС АТАУДЫ *Жер бетіндегі барлық жан-жануардың бәрі. Бізді арыстан күтіп отыр. Ол таудағы жортқан аң, ұшқан құс атаулыға патша болу үшін, кеше осында келіпті (ҚЕ).*

ЖОРТҚАНДА ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛДАСЫҢ ҚЫДЫР [ҚЫЗЫР] БОЛСЫН! *Сапарға, я соғысқа аттанған кісіге берер бата-тілек. Күтіп отырған көп ауыл Аманға «жол болсын» айтуға күн шықпай жиналды. — Жолың болсын, жолдасың қызыр болсын! — Дұшпаның жерге қарасын... — деп, кемпір-шал, құрбы-құрдас бір ауыздан тілеу тілеп, арбаны қоршап тұр (Ғ. Мүс.).*

ЖӨН АЙТТЫ 1. Жөн сілтеді. 2. Ақыл-кеңесін берді. Қысқа күнде ол қамтып Шығады қырық колхозды. Бәріне де *жөн айтты*, Маздатады мол сөзді (Қ. В.).

ЖӨН БІЛДІРДІ *Анығын айтты, дұрысын сездірді. Жылан Бапы жеріне, Жер астының еліне Шыға келген мезгілде, Тіл бітіп саған, Шалқұйрық, Жөн білдірдің еріңе (ҚЕ).*

ЖӨНГЕ БЕРДІ *Әділдігіне, билігіне салды. Сегіз би сегізіңе бердім жөнге. Шідерімді таң қалар көрген пенде. Шідерімнің бағасын сұрасаңы, Бағасы болады оның жүз мың теңге (Б. Қож.).*

ЖӨНГЕ ЖҮРМЕЙДІ *Айтқанға көнбейді. Сырттан ғайбат қылғанша, Айт көзімен өзіне. Айтқан жөнге жүрмеген. Менменсіген зор кеуде Қиып жүріп кете алмас, Аспанменен өте алмас, Алдындағы жолығар Құдайдың құрған тезіне (Ш. Қ.).*

ЖӨНГЕ КЕЛДІ *Келісті, көнді, қарсы болмады. Гұлжан оған болар еді-ау разы, Жөнге келсе ашулының біразы. Кеше түсте жылаамасын қыз қалмай, Жәмила мен Кәшек болды наразы (Х. Ер.).*

ЖӨНГЕ САЛДЫ 1. Жолға түсірді, бетін жолға салды. 2. Дұрыс бағыт берді, тәртіпке шақырды. Халық ағасы жұрт қорғайтын панадай, Адамсақанды *жөнге салар* данадай. Қара халық жөн білмейтін адамсақан, Соңынан еріп халықтаған баладай (С. С.). Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, *жөнге саламын* деген талапшен Абай алысады (М. Ә.). Шошығандай отырсың, батыр, неге, Жылқыны қоя бердім салып *жөнге*. Қорғалап, қорыққандай түрің қалай, Бір нәрсе ар жағында көріне ме? (БЖ).

ЖӨН [ЖӨН-ЖОСЫҒЫН] СҰРАДЫ 1. Аты-жөнін, қайдан келе жатқанын білгісі келді. Рақымшылығы түсіп, екі баланың сұлулығына таң қалып, жөн-жосығын сұрады (ҚЕ). Бір арық көк атты екі жаяуды тұрткілеп әкетіп барады. Есім дауыстағанда, екі жаяу тоқтай қалды. Есім *жөн сұрады* (М. Ә.). **2. Жол-бағыт сұрап білді.**

ЖӨН КӨРДІ *Дұрыс деп тапты, мақұл, лайық санады, ұнатты. Жағасы қызыл ерлердің Жорығын жырлап беруді Жүрегім сүйіп жөн көрдім (Жамбыл).*

ЖӨНІ БӨЛЕК *Ерекше, өзгеден айрықша. Рәке, ақын едің жөнің бөлек. Қартай-*

ып қалғансың ба, тұрсың не деп? Қандай көмек бердіңіз малшыңызға, Бұл жағын да қалдырмай айту керек! (Е. Қ.).

ЖӨНІ КЕЛДІ *Орайы түсті, реті болды.* Жұртқа аян менің дабысым, Кеткен жоқ жанға намысым. Би-болыстан кем емес, Жөні келсе танысым (Жамбыл).

ЖӨНІ КЕТТІ *Реті болмады, ыңғайы, қисыны келмеді.* Досым, жөні кетіңкіреп қалған екен,— деді Шығанақ Олжабекке қарап,— қуып жетіп, озып алмаса, артқа келе жатып, бер дегенге бере ме бұлар? (Ғ. Мұс.).

ЖӨНІН АЙТТЫ 1. *Кім екенін баяндады.* Арай, сіз мені танысыз ғой, апайларға жөнімді айтып беріңізші (М. И.). Алайын десем оңайсың, Алмайын десем тоғайсың, *Айтшы* маған жөнімді, Нағылып жүрген ноғайсың? (ЕТ). 2. *Түсіндірді; расын, мақұлын айтты.* Жо, мен соны кек қылдым демеймін, жөнім айтам. Ие, онда да үндеген жоқ. Өзім шешіндім де, пеш жанына отырдым (В. М.). Сыртыңнан естүші едім Еркеш бала, Тотыдай төңкеріліп бері қара, Мін тапсаң, жөнін айтып отыра бер, Әйтпесе, айтысайық бір аз ғана (И. Б.).

ЖӨНІН БІЛДІ *Жай-жапсарын анықтады; сырын ашты, мәнін түсінді.* Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек. Біреуінің күні жоқ біреуіңсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек (Абай). Әмірхан Ақтарланын іздеп келіп, Ақырын қағыстырып жөнін біліп. Жылқымен жібергенін көзі көрген, Соңынан жылқышының жансыз еріп (И. Б.).— Жолдастар, осының біз жөнін білсек қайтеді, немене екен осылар? — деді Мәмбет (І. Ж.).

ЖӨНІНЕ КӨШТІ [ҚАЙТТЫ] 1. *Дұрыс жолға түсті; ұнамды іс істеді.* Қалтырарсың, ешеним, Қыл көпіден өте алмай. Жөніңе көш, ешеним, Тозаққа қарай бет алмай (Д. Б.). Қарымбайдай сараңдар толып жатыр, Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт (Жамбыл). 2. *Жайына отырды.*

ЖӨНІН ТАПТЫ 1. *Орайын келтірді, ретін тапты.* Жап-жаңа ғана өзін қайда қоярға білмей іменіп, дұрыс амандасудың да жөнін таппай мүсәпірсіп тұрған Ванудың мына әзілі Жақыпбекке ұнап кетті (М. И.). 2. *Көңілінен шықты.* Баламның жөнін жұртым тапсын деді, Төрт жүз кеме ұсталар шапсын деді. Әр кемеді жүз кісі отырғандай, Төбесін бітеу қылып жапсын деді (БЖ).

ЖӨНІ ТҮЗУ *Қолынан іс келетін, сөзге түсінетін; ниеті, бағыты дұрыс.* Саған кез келген адам шешіліп, шынын айта бермейді. Ал, Дербісәлінің мал-мүлкінің қайда екенін мен білем. Мен білгенді ел біледі. Сені осы маңдағы жөні түзу, еті тірі жігіттермен кездестірем,— деді Жанғабыл (Т. А.).

ЖӨНКІП ЖҮРДІ 1. *Ағылып өтіп жатты.* Көктем не? Бұлт па мынау жөңкіп жүрген, Көктем не! Гүл ме мынау шешек атқан (Ш. Мұқ.). 2. *Босты, жосыды.* Жұрт құмда құландай жөңкіп жүрді (АТ).

ЖӨРГЕГІНДЕ [ЖӨРГЕГІ, ЖӨРГЕГІ-НЕН] ҚАҒЫНҒАН [ҰРҒАН] *Әуел бастан-ақ, туа оңбаған.* Жөргегінде қағынған неменді әлпештеп-әлпештеп, аласұртқан өзіңсің, Гүлнапыс (Ш. Х.).

ЖӨРГЕГІНДЕ ҰРҒЫР! қ а р ғ ы с. *Кішкене балаларға айтылады.* Жасында тәрбиесі жоқ, үлгісі жоқ деген мағынада жұмсалады.

ЖУАДАЙ СОЛҒЫР! қ а р ғ ы с. *Тез өлім тап деген мағынада.* Мұны оқып, қайдан барып оңамыз. Миымыз шіріп, жуадай соламыз (С. Т.). Бармайды келінім, өлтіріп кет, өртеп кет, ақ сүтімді садаға қып кет, жуадай солғыр,— деп Ділда жылап жабысады (М. Ә.).— Көк пешек келгір-ай, жуадай солғыр-ай, ертеден қара кешке ойнайғыны асық! Асықта басы қалғыр, қаңсытты-ау...— дейді Ырысжан баласына бұзауды жамыратқаны үшін (Ғ. Мұс.).

ЖУАН АТА *Революциядан бұрынғы ел басқарған, үстемдік жүргізген үлкен әулет.* Бұл қаулы бойынша, мені көнпескелеу қиын. Мал саны үш жүзге жету шарт көрінеді. Менікі жүзге жетпейді. Өзім түгіл, әулетімде де би, болыс болған ешкім жоқ. Жуан ата дей алмайды (Ғ. Мұс.).

ЖУАН АЯҚ КӨЖЕ *Үлкен ыдысқа толтыра құйған, бір кісі сыбағасынан артық көже.*

ЖУАНДЫҚ КӨРСЕТТІ *Ірілік жасады, тізесін бағырды, үстемдік етті.* Баласы ол Мейрамның Қуандық-ты, Көрсетті нашарларға жуандықты. Ол заты Баяубайдың— сол Қуандық. Көрсеткен өз халқына арамдықты (Ж. М. Б.).

ЖУАН ЖҰДЫРЫҚ [ЖҰДЫРЫҚТЫ] к ө н е. 1. *Біреуді жалдап, еңбегін пайдаланушы, зорлап үстемдік жүргізуші.* Оның үстіне, осы үйдің жаңа бой жетіп келе жатқан жалғыз қызы Ұлжанды ертең осы ортаның жуан жұдырық болысы тоқалдыққа алып кеткелі келмек (Қ. Сат.). 2. *Алды-артына қарамайтын, ұр да жық, томырық мінезді, өзімшіл, тізе көрсетуші кісі туралы айтылады.* Оразбай мынау сырлас жуан жұдырықтыларының бөріне Абайды жамандаумен болған (М. Ә.).

ЖУАННЫҢ СОЗЫЛЫП, ЖІНІШКЕ-НІҢ ҮЗІЛГЕН КЕЗІ к ө н е. *Көктемде мал көкке тойынбаған, қымсы қор сарқылып, жаңаға ерін тие қоймаған шақ; бардың жұқарып, жоқ-жігіттің үнемсіз қалған шағы.* Қазақша айтқанда, жуанның созылып, жіңішкениң үзілген, тоя тамақ ішуге жүзден бір адам болмаса, шамасы келмейтін қара қатқақ кез еді (Б. Тұр.).

ЖУАН [БЕЛ] ОРТАСЫНДА *Істің, я топтың, әңгіменің нақ төрінде, ең ішінде, арасында.* Жатақхана маңы ың-жың... Чемадан көтерген жастар ағылып келіп жатыр. Солардың жуан ортасында Нұри (М. И.).

ЖУСАТЫП ӨРГІЗЕДІ *Ашса, алақанында, жұмса, жұдырығында ұстап, биледі; еркінше билеп-төстеп, барынша қатал ұстады.*— Қызайда күшті бар ма менен белді, *Жусатып өргіземін бүкіл елді* (Д. Е.). *Жусатып тағы өргізіп, Жұмсап бір тұрсаң қолыңнан, Ақтан болды-ау күніңіз Арсы менен күрсіге Тайталасты үніңіз* (Б. Қ.).

ЖҰБАТҚА АЛДЫ диал. *Көңілін аулады, жұбатты.* Сөйтіп олар баланы жұбатқа алыпты (Қ. орда, Арал).

ЖҰБЫ БЕРІК *Тату, ұйымдасқан, бір тұтас, ынтымақты, бірлігі мықты.* Қайнаған еңбекшілер жұбы берік, Қорықпайтын дұшпанынан топқа серік (ХӘ).

ЖҰБЫН ЖАЗБАДЫ *Бір-бірінен ажыраспады, үнемі бірге жүрді, ынтымақта болды, бөлінбеді.* Абай айналасындағы тілеуестер, әсіресе, денелері, бітім-тұлғалары балғын, кесек біткен, отыз-қырқы тізе қосып, жұбын жазбай жүрген грузчиктер болатын (М. Ә.). Әбіш, Мағыш, Әлмағанбеттер бір бөлек кетті де, Дәрмен мен Мәкен ұзақ кешті жұбын жазбай өткізді (М. Ә.).

ЖҰДЫРЫҒЫН ТҮЙДІ *Кіжініп, жұдырығын көрсетті, сес қылды.* Ә, бөлем-ай, тұра тұр, көрсетермін,— деп Қажырбеттің, Ержанның үйіне қарап, Дүйсенбай жұдырығын түйді (Б. М.).

ЖҰДЫРЫҚ ЖЕДІ *Таяқ жеді; соққыға ұшырады.* Жәмила... өтірік айтып, ұятсыздық қылса да, тырмысып, тіс-тырнағымен жабысып көреді. Сондай-сондай мінездері көптің көзіне түсіп қалып, тентектігі білініп, екі-үш ретте жұдырық жеп қалғаны да бар (М. Ә.).

ЖҰДЫРЫҚТАЙ БАЛА *Кіп-кішкентай бала.* Көгерге алмай басымды Кеттім бе, енді, ғапыл-ай, *Жұдырықтай баланы* Тоқтата алмай барамын Не болды маған апырай (МЗ).

ЖҰДЫРЫҚТЫҢ АСТЫНА АЛДЫ *Сабады, ұрып-соқты, төмпештеді.*

ЖҰҚ БОЛМАЙДЫ ☉ **ЖҰМЫРЫМА ЖҰҚ** [ЖҰҒЫН] **БОЛҒАН** **ЖОҚ** *Үнем болмады, мардымады; түк болмады.* (Көбіне алдына қойған асты азырқанғанда айтылады). Бір көлдің суы қарныма жұқ болмады (ҚЕ). Е, кемпір, мынауың жұмырыма жұқ болатын емес, тағы бір нәрсең бар ма қаужай тұратын (АТ).

ЖҰЛДЫЗДАЙ АҚТЫ *Қатты жүгірді, оқша атылды.* Старт берілісімен, Олег *жұлдыздай* ағып алға шықты (ЛЖ).

ЖҰЛДЫЗ ТОЛҒАНДА диал. *Ел орынға отырған соң, кеш әбден түскен*

соң. Олар жұмыс басынан *жұлдыз толғанда* қайтты (Алм., Кег.).

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНДЫ [ЖАРҚЫРАДЫ] *Жолы болды, ісі алға басты, еңбегі жанды; бақытқа бөленді.* Біз бірімізге біріміз күлмей-ақ қояйық. Екеуміз де сөтсіз сорлымыз, біріміздің әдебиетте, екіншіміздің махаббатта *жұлдызымыз жәнбай-ақ* келеді (М. И.). ...Омбы қаласында тірі бір жан білмейтін, мұжық тақылеттес, шала сауатты кісінің де *жұлдызы жарқырап* шыға келді (Ә. Н.).

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫН 1. *Өмірі кіршіксіз; Ол қашаннан жұлдызы жарқын адам.* Өзінің биографиясы тамаша (Т. А.). 2. *Беті ашық.*

ЖҰЛДЫЗЫ ЖОҒАРЫ [ЖОҒАРЫ КӨРІНДІ] *Мерейі үстем, дұшпанын мұқатып, иығы өсіп тұр деген мағынада.* (Көбіне бал ашқанда айтады).

ЖҰЛДЫЗЫ ҚАРСЫ *Өш, қас.* Ескі әдет-ғұрыптың қандайымен болса да *жұлдызы қарсы* адамды мен осыдан көрдім (С. М.). Шіркін-ай, Еменалы екеуіңнің *жұлдыздарың* қай жерде шақырайысып, *қарсы* қарасып тұрғанын көрер ме едім бір (Ғ. М.). Сапар десе, *жұлдызы қарсы* Жарқын сабаққа одан әлдеқайда озық еді. Өзінен осал Сапардың жекпе-жекке өзі тіленіп ұрынғанына ол рақаттанып кетті (М. И.).

ЖҰЛДЫЗЫ ОҢЫНАН [СОҢЫНАН] **ТУДЫ** *Бағы ашылды; жолы болды.* (Бұрынғы уақытта бақытты кісіні «жұлдызды кісі» деп те атаған). *Жұлдызың туып оңынан, Қаруың түспей қолыңнан.* Алатау асын атағың, Қарағым, жалғыз тілегім (Қ. Жапс.). Айың тусын оңынан, *Жұлдызың тусын соңынан.* Хабарсыз кетсең Төлеген, Сансызбай атты ініңіз, Іздеп бір шығар соңыңнан (Ғ. М.).

ЖҰЛДЫЗЫ СӨНДІ [ҰШТЫ] 1. *Өлді, дүниеден қайтты.* Басы ауырса: «Жарық *жұлдызым сөнді*» дер, Бар кінәні Дәрігерге төндірер (Ш. С.). 2. *Бақыты тайды.* Осыдан бір жұма өткенсін, Алматыдан министр жіберген комиссия келді, бүкіл аурухана қызметкерлері әбігер болды. Пыш-пыш әңгіме көбейді. «Алманы орнынан алатын бопты», «Сапар бас хирург болады» дейді. *Жұлдызы ұшты.* Кім таратты. Ол арасын әзірше білу қиын (З. Ш.).

ЖҰЛДЫЗЫ ТҮЗЕЛДІ *Тағдыр таразысы оңғарылды; ісі, беті оңғарылды.* *Жұлдызы түзеліп,* жолдарын оңғарып, жарық дүниеге екеуі қайта шығар заман туса, өздеріңе табыс етем (М. Ә.).

ЖҰЛДЫЗЫ ЫСТЫҚ *Сүйкімді, кісіні өзіне тартатын қасиетке ие.* Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық деп, сенің анау келінге *жұлдызың ыстық-ау,* бала (АТ).

ЖҰЛЫНҒА ТИДІ *Ауыр соқты, қиын тиді, діңкесін құртты.*

ЖҰЛЫНДАЙ АҚТЫ. *Тip-тiке созыла ұшты.* Көп ұзамай қала жақтан *жұлындай ағып* келе жатқан жалғыз шаң көрінді (Ә. Н.).

ЖҰЛЫНДАЙ ҰШЫРДЫ [ТҮСІРДІ] 1. *Мұрттай ұшырды.* Жоқтады жұртқа теңдік өз құнындай, Жаны ашып, бейнет-қорды көрді ұлындай. Отыз жыл қашып жүріп еңбек қылып, *Түсірген* падишаны дәл *жұлындай* (Ә. Төң.). 2. *Оп-оңай меңгерді.* Бұл шіркін, он жыл бойына несін оқыған. Бесінші класты баяғыда бітірген. Мәрпуға *жұлындай ұшырып* отырған есепшілік қызмет қолынан келмегені ұят-ау өзі! Қара есеп пен шотқа сол әйелден шор-қақ болғаны ғой бұл,— деп кейіді әкесі (Н. Ғаб.).

ЖҰЛЫНЫҢ [ОМЫРТҚАН] **ҮЗІЛСІН!** қ а р ғ ы с. *Өле қал деген мағынада.* Қақсап қал мендей! Үйіңе жетпей *жұлының үзілсін!* Шаңырағың ортасына түсіп, балашаға теңтiреп керсiнi (Ғ. Мұс.).— О, *жұлының үзілгір* Тiлеубай, сен бара-бара, бір күндері кісі өлтіресің ғой. Тәңір атқан неме, жас та болса, жолы үлкен шешендей әйелді аясаң етті (Ә. К.).

ЖҰЛЫНЫ ҮЗІЛДІ 1. *Өлді, дүниеден қайтты.* Ойбай, өлді, бауырым үзілді деп, Кәрібайдың бәрі ұйлықты үстін басып. Ықылық атып, қара қан құсып жатыр, *Үзіліпті жұлыны,* аузын ашып (И. Б.). Жау алдында сыр бермес, *Үзілсе* де *жұлыны,* Дүние тауын құлатса, Дірілдемес буыны (О. Ш.). 2. *Тірегі құлады, талышы жоқ болды.* Шырағым, сен кетіп, *жұлыным* үзіліп отырып қалдым-ау (АТ).

ЖҰЛЫП АЛҒАНДАЙ *Жылдам, лезде, тез.* Әжем *жұлып алғандай* «шөпке келгендер келді ме» деп еді, Айсұлу «келген жоқ» дегеннен басқаны айтпады (С. М.).— Мен бармын, кім қорқақ, кім табанды екенін көрерміз,— деді Яковлев *жұлып алғандай* тез сөйлеп (Х. Е.).

ЖҰМАҚ [БЕЙІШ] **АНАЛАРДЫҢ ТАБАҒАДАРЫ АСТЫНДА** *Ананың қадір-қасиеті жұмақтан артық, ананың табаны да жұмақ мекенінен артық деген мағынада.* Ана деген сөз адам баласының құлағына қандай жағымды, көңіліне қандай сүйкімді сөз! Кірлі көйлек кигізбеген, дәмсіз тамақ жегізбеген, ыстыққа күйгізбеген, суыққа тоңғызбаған, қатты жерге жатқызбаған сол сүйікті ана емес пе? Оның үшін ананың хақы балада көп болмақшы. «*Ұжмақ аналардың табандарының астында*» — депті (ӘМ).

ЖҰМҒАН АУЗЫН АШПАДЫ *Үндемеді, сөйлемеді, ләм-мим демеді.* Күдері бұл сөз айтылғанда, өңі қуарып, бір қызарып, біресе Мамырәліге, біресе Жақыпбекке қарағыштап, әлдене айтатын адам сияқтанса да, *жұмған аузын ашпады* (М. И.).

ЖҰМЫЛА КІРІСТІ *Жұмысты, белгілі бір іс-әрекетті барлығы бірдей бар ықы-*

ласымен құлай істеді. Жеңін сыбанбаған, балағын түрмеген жан жоқ. *Жұмыла кірісіпті.* Жұмыс қызу жүрді (С. Тал.).

ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕ *Қарапайым адам, көптің бірі.* Біздіңше Жер-Ана әлі табылған жоқ. «Мынау Жер-Ана» деп қырғызша, немесе қазақша киіндірілген бір кемпірді отырғызып қою ол әлі «Жер-Ана» емес. Сосын оның сахнадағы кез келген *жұмыр басты пендеден* айырмашылығы жоқ боп қалыпты (ЛЖ).

ЖҰМЫР ҚҰРТ д и а л. *Қой ауруы.* *Жұмыр құрт* қойда болатын іш ауруының бір түрі (Гур., Мақ.).

ЖҰМЫРТҚАДАН ЖҮН ҚЫРЫҚҚАН *Айласын жұрттан асырған, жоқ жерден үнем тапқан.* Ол *жұмыртқадан жүн қырыққан* қу (М. Әл.).

ЖҰМЫС БАСТЫ, ЕР ЖАНЫШТЫ [ҚАШТЫ] *Жұмыстан ешбір қолы босамайтын, жұмыс жеңген, иығына жұмыс мініп, ығыры шыққан.* «Е, бәрі де *жұмыс басты, ер жанышты* титығына жетіп жүрген сорлылар ғой» — деп, Жәбікен қайтыс болғандардың жайын айтты (М. Ә.).

ЖҰМЫСЫНА БҰҚТА *Өте пысық, епті, білгіш, тәжірибелі.*

ЖҰМЫСЫ [ІС] **ТҮСТІ** *Күні түсті, мұқтаждықпен барды; істес болды.* Жаманды әр кез дос деме, *Жұмысың* түссе, теріс қарап, Қадіріңді білмеген (Н. Н.). Туысқаның, достарың,— бәрі екі ұшты, Сол себептен досыңнан дұшпан күшті. Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған, Бұл не деген заманға *ісім түсті* (Абай).

ЖҰНТТАЙ [БОЛЫП] **СЕМІРГЕН** *Өте семіз мал.* (Көбіне жылқы малы туралы айтылады). Жем мен шөптен *жұнттай болып семірген* Ерденнің күтiмiндегi жабағы аз уақытта көзге түсе өскен, сүйегі де тамаша түзелген (ЛЖ).

ЖҰПАР ИІС *Аңқыған иіс.* Жерім бейне бүлістей, Көлім бейне күмістей, Айналасын көмкерген *Жұпар иіс* гүл еді. Салқын шалғын белестің Шоқтығын басқан нұр еді (Н. Б.).

ЖҰПАР КІНДІК *Қыз-келіншек үйір келегін, жұлдызы жанып туған жігіт туралы айтады.* Жанына қыз-келіншек үйірілген, *жігіттің жұпар кіндік* біреуі екен (АӘ).

ЖҰПТЫ БОЛДЫ *Үйленді, жұбайлы болды.* Манат қыз, құлағың сал, сөзге мына, Кедейге *жұпты болған* жоқ па сірә? Малы жоқ патша қызын көрген, алған, Тиерсің менен шалға жазса құда (М. Б.).

ЖҰПЫНЫ КИІМ *Арзан, әрсіз матадан тігілген ескілеу киім.* Ойға түсіп, бір түрлі баяу келе жатқан Абай бір кезде арт жағынан кеп қалған ат дүбірін естіді. Ол — мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан бала жігіт. *Жұпыны киім* киіпті. Абайға жақындай бере, сәлем берді (М. Ә.).

ЖҮРДАЙ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Дәнеңе қалмады; бәрінен айрылды; тонап кетті. (Қырғыз тілінде «күнжұрдай» деп келеді: «күнжұрдай болған, киімі жоқ»). Өке-шешесінен жұрдай боп, панасыз жетім қалуын бейшара іштен біліп туған ба? — деп қайран қалысатын еді (С. М.). «Жер-Ана» символ. Ендеше, оны символдық қадыр-қасиетінен жұрдай қылған режиссерге түсінбедік (ЛЖ).*

ЖҮРТ АЯҒЫН АУЫРЛАДЫ *Кісінің көп келуінен ауруы асқынды. Абай мен Ұлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын күзетті. Сусын, төсегі, бар күтімі екеуінің ғана мойнында. Жұрт аяғын ауырлайды деп, үй ішін оңаша ұстауға тырысты (М. Ө.).*

ЖҮРТ ЖАНҒЫРТТЫ *Басқа қонысқа ауысып қонды. Оспанның жылын беріп, қонағын атқаруда Құнанбайдың бар аулы араласты. Келген жиындар мол болғандықтан, әр ауылдың жұрты да, ат-арқаны да тозды. Енді, жұрт жаңғырту керек еді (М. Ө.).*

ЖҮРТҚА ТАСТАДЫ *Көшкенде қалдырып кетті. Таң атқан соң, екі ағасы Майлықараны жұртына тастап көшіп кетті және әйелі мен үйің ала кетті (ҚЕ).*

ЖҮРТ СҰРАДЫ *Ел биледі, елді үкіміне қаратты. Білемін, хан Бәйеке, нарлығыңды, Келсе — кен, қайтса — қайтпас тарлығыңды. Баласың алты алаштың шырқ иіріп, Ел билеп, жұрт сұраған хандығыңды (Ш. Ж.).*

ЖҮРТТА ҚАЛҒАН ЖҮРЫН *Түкке тұрмайтын, кәсір-шүкір нәрсе. Жұртта қалған жұрынды олжа көретін, ауысқанын алмай қоймайтын дау салған адам бар екен (ШС).*

ЖҮРТТА ҚАЛҒЫР! *қарғыс. Қаңғырып ай далаға кеткір, ешкім қарайласпағыр деген мағынада.*

ЖҮРТТА ҚАЛДЫ *Бәрінен айрылып, басы қаңғырды. Жұртта қалған күшіктей, Нақак тарттым құр азап, Құрдастардың бәрі дағы Бала сүйіп, жар құшып (Б. К.).*

ЖҮРТТЫ БАСТАДЫ *Халықты, көпшілікті соңына ертті. Жөнелді азат қылған жұртын бастап, Енді күнін көрмекші неге жастап, Не нашар өз тізгінін ұстап еді, Жылатып бәрін жетім кетті тастап (Ө. Төң.).*

ЖҮРТТЫ ЖЕДІ *Ел үстінен күн көрді; қанады, жұрт ақысын жеді. Жігіттің жасы жиырма, Өлім деген қиын ба? Жұртты жеген Шортанбай, Төрт қарыс бөз бұйырмай, Қалды менің артымда (Ш. Қ.).*

ЖҮРТЫН БЕРМЕДІ *Жауға алдырмады. Аймағың сенің бір болса, Ала болып тұрмаса, Жаманға жұртын бермесе, Орның мықты болған соң (Д. Б.).*

ЖҮТ БОЛДЫ *Қыс қатты болып, мал жұтады, аштан қырылды. Бір жылы жұт*

болып, бай қоныс аударып, жылқысын жер аударып жаяды (ҚЕ).

ЖҮТҚА ЖАҒА ЖЫРТҚЫЗБАДЫ *Жұтқа жеңдірмеді, мал-жанды аман сақтады, жұртын шалдырмады. — Өзгені қой да, малды Қаратауға қарай діңкесін құртпай, аш жүріспен бұрлықтырмай жүргізіп, маңғыстатып отыршы. Мал өлтірмей-ақ, жұтқа жаға жыртқызбай-ақ, мына Мырзабай даласынан шығып кетеміз (М. Ө.).*

ЖҮТҚЫНШАҒЫН БУДЫ *Тамақтан қақты, ашықтырды. Азық-түлік пен қару-жарақтың келер көзі байланып, онсыз да аш-жалаңаш отырған халықтың жұтқыншағын буып тастады (Ө. Н.).*

ЖҮТПА ҚАРА КӨК *диалект. Ал қара көк. Жердің оты жұтпа қара көк қой (Гур., Маң.).*

ЖҮТТАН ШЫҚҚАН ЖҮРЫНДАР *Жұттан аман қалған кедей-кепшік. Жұттан шыққан жұрындар, жамырасын, күлісіп, Бұрынғы өңшең, күң, құлдар, Екпіні тау жыққандай (І. Ж.).*

ЖҮТТЫҢ ЖҮТЫ *Барып тұрған әлемет. Кем-тарлық Оттың оты, Жұттың жұты, Апаттың да апаты (Б. К.).*

ЖҮТЫНЫП ТҮР *Келсең кел деп белсеніп, дайын тұр; бабында тұр, іле жөнелгелі тұр. (Адамға, отқа, құсқа, тазыға, т. б. айтылады). Білек сыбанып, іске жұтынып тұрған азаматтар (АТ).*

ЖҮГЕН-ҚҰРЫҚ ТИМЕГЕН *Үйретілмеген, бұғалық тимеген; еркін, тағы, бетімен өскен. Асау өсіп арқада жүген-құрық тимеген, Матау көрмей ер жетіп, Жасынан ноқта көрмеген, Бостандық, теңдік, еркіндік — Басқаны жаны сүймеген (С. С.). ...Жүген-құрық тимеген асауды үйреткенде, ешбір жігіт оның алдына түскен емес (ҚӨ).*

ЖҮГЕНСІЗ КЕТТІ *Ешкімге бағынбады, тыюсыз, бетімен кетті. Омбыда лай судан балық аулайтын Мұқан деген жігіт бар. Бұл жігіт бостандық болғаннан бері жүгенсіз кетіп, ойына келгенін істеп, халыққа зиянын күшейтіп барады (С. С.).*

ЖҮГЕРМЕК БОЛДЫ *Жастай өлді, қыршынынан қиылды. Бұл ісін Өзімбайдың Естіп, Қамбар шамданды: Жүгермек болып өлген жан Мұнан құры қалғанды (ҚамБ). Уай, уай, менің басым-ай, Келе көр, Жәке, қасыма-ай! Амалым нешік құдайға, Жүгермек болған жасым-ай (Ш. Қ.).*

ЖҮГЕРМЕК [ҚЫРШЫН] КЕЛГІР! **[ҚАТҚЫР!]** *қарғыс. Балаларға айтылады. («Жүгермек» — иран сөзі, жас деген мағынада). О, тоба қит етсе, жүгермек келгір, қыршын келгірі! — деп, қарғысын қардай жаудырып шыға келеді (АТ).*

ЖҮЗ АУДАРА АЛМАДЫ *Бетін, назарын бұра алмады. Кәлен оны байқаса да,*

бетпе-бет тұрған жаудан жүз аудар алады (Ә. Н.).

ЖҮЗ БЕРМЕДІ ди а л. *Ыңғай бермеді, көнбеді, шырай бермеді.* Сөйтіп, Өсекең жүз бермей қалды ма? (АТ).

ЖҮЗГЕ ЖЕТ, ЖҮЗГЕ ЖЕТ ТЕ МҮРДЕМ КЕТ, КЕТПЕН-ШОТТЫ ӘУРЕ ЕТ-ПЕЙ, ӨЗІҢ БАРЫП, КІР ДЕ КЕТ *Көп жаса, ұзақ өмір сүр деген тілек.* (Әзіл-қалжың ретінде айтылады).

ЖҮЗ ЖЫРТЫСТЫ Ұрысты, араздасты, ренжісті. Бірімен бауырлас дос боп, бірімен жүз жыртғысып жауласыпты (Ә. Н.).

ЖҮЗДЕН [МЫҢНАН] ОЗҒАН ЖҮЙРІК *Топтан, жұрттан суырылып шыққан өнерлі, елден ерек.* Өткен жылы аудан орталығында көркем өнерпаздар үйірмелерінің байқауы болып өтті. Біздің жігіттер мен қыздар жүзден озған жүйрік болмаса да, алдыңғы орындардың бірін алды (ЛЖ).

ЖҮЗЕГЕ АСТЫ [ШЫҚТЫ] *Іске жарады, орындалды, шындыққа айналды.* Колхозда өнетін мәдени дақылдардың барлық түрі дөктеп жанында еспейінше, оқушы соларды өз көздерімен көріп, өз қолдарымен егіп, өз өнерін жұмсап, жемісін татпайынша, әр жақты білім беру жүзеге аспайды (М. И.).

ЖҮЗДІ АЙДАП, БІРДІ ЖЕТЕЛЕДІ *Дүниені алышынан басар, мыңғырған бай болды.* Ащы терең жерге төгілсе, төгілер, менің дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің (ҚЕ).

ЖҮЗ ЖИЫРМА ТӨРТ МЫҢ ӘНБИЕ [ПАЙҒАМБАР] ді ни. *Кулли пайғамбар деген мағынада.* Жүз жиырма төрт мың әнбие, Баршаңыздан тілеймін (МЗ). Бәрі де өлген ойласаң Жүз жиырма төрт мың пайғамбар, Бұрынғы жаннан бірі жоқ, Өлмей тірі кім қалған (ҚЖ).

ЖҮЗ КӨРІСПЕДІ *Араз болды, араздасты.* Еламан балықшылар аулының жік ашып бөлініп кеткенін естесе де, олардың тап мұншалық жүз көріспей жауласып кеткенін білмеуші еді (Ә. Н.).

ЖҮЗ КӨРІСТІ *Кездесті, бірімен-бірі бетпе-бет жолықты.* Тобықты енді үш болыс ел боп бөлінетін көрінеді. Жаңа дуан жаңа ұлықтың қолында. Олармен жүз көрісіп, сыр мінез болған Құнанбай жоқ (М. Ә.). «Е, оның не ойлап, не байлайтыны бар? Федор Иванович хатты шешіп қойған жоқ па? Жиынына барам, ұлықтармен жүз көрісіп, айтатын айыбын естіп білем»,— деді Абай (М. Ә.).

ЖҮЗ [МЫҢ] ҚҰБЫЛДЫ *Сан қилы түрленді.* Айдын шалқар өзен, көл, асқар пана, Жүз құбылып жайқалған жібек дала. Қолтығына құмармен көмілесің, Көк орайлы көрінед сай мен сала (Б. К.). Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір, Өз үйінде шертиген паңы құрсын (Абай).

ЖҮЗ ПАРА Жақынға, бет көрсе, жүз ұялар ағайынға тартар билік. Қазақтың ұғымында «би істің турасын айтатын, жақынына тартпайтын әділ болуға тиіс». Ал әділетсіздік байқалғанда: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»,— дейді. Мұндағы «туған жоқ» дегені, жақынына тартпай, «жүз пара», «қол пара» дегендерге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ осындай билер мен әкімдердің көбі «жүз параға», яғни жақынына тартпай қоймаған. «Қол пара» дегені алым (С. М.).

ЖҮЗ [ЖҮЗІ, ӨҢІ] ТАНЫС *Аты-жөнін білмесе де, өзін бірер көрген кісі.* Осы өткен күзде, қасында Қоспанға жүз таныс ауданның бір қызметкері бар, үйіне кеп түсе қалды (Т. А.).

ЖҮЗ ТАСА ҚЫЛДЫ 1. Жасырынды. 2. Бойын аулаққа салды, беке басады. Бұл саналы адамды қынжылтарлық жай, халықты қараңғыдан жарыққа жетектеген мына өзіңіз сияқты ұстаздарды ойландыратын жай. Қалаға сирек келесіз дедіңіз, бұл рас. Жігі қатынасқа зауық жоқ, зұлымдықтан жүз таса қылуға айналып барамыз,— деді Ғұбайдолла (Х. Е.).

ЖҮЗ ТОЛҒАНДЫ 1. Мың бүктелді, шиыршық атты. Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып жол салған, тасты жарып. Арыстанның жалындай бұйра толқын Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып (Абай). 2. Қатты ойланды.

ЖҮЗ ТҰТТЫ ди а л. *Бетке ұстады, арқа сүйеді.* Сенің жүз тұтқан адамыңды да білдік (Түрікм.: Красновод., Небид, Ашх.).

ЖҮЗ ШАЙЫСТЫ *Бір-бірімен сөзге келді, ұрысты.* Қазір бұларға қарсы шықсам, түбінде «сынағаным үшін мені қуғынға салды» деп, тілге тиек болар деген ой Батырбайға сап ете түсті де, инспектор ойын айтпай тұрып, кие жөнеуі керек болды. Міне, сол үшін де, ол қалайда Мамырәлімен жүз шайысып қалуды мақсат етті (М. И.). Сәлкен бұрын бүйтіп ұсақ-түйекке бола, допқа, ойынға бола, өмірі біреумен жүз шайысып көрмеген еді (Н. Баян.).

ЖҮЗІ АШЫҚ *Жылы жүзді, жайдары, жақсы ниетті.* Сөзге тұйық болса да, жүзі ашық (Т. А.).

ЖҮЗІ ЖАНБАДЫ **○ ЖҮЗІ ЖАНБАЙ** **ОТЫРЫП** **АЛДЫ** *Міз бақпады, бет-аузы шылп етпеді, ұялмады.* Ақты-қарама жетпей, ел алдында маскарамды шығардыңдар,— деп, өкпе-пана айтып, жүзі жанбай отырып алды (С. О.).

ЖҮЗІ ЖАПАЫРЫЛДЫ ди а л. *Қысылды, ұялды.* Алажағы бар адам кездесе, жүзім жапырылып кете береді (Қ. орда, Арал).

ЖҮЗІ ЖАРҚ ЕТТІ 1. Бет-әлпеті көріне кетті. Махорқадан шылым орап жатыр екен, шылымын тартамын деп, отты жа-

ғып қалғанда, жүзі жарқ етті. Дәуғара екен! Шұрқырасып, жолымыз болды да қалды (Б. М.). 2. Қуанып кетті, бетінде шаттық оты ойнады. Әлгіндей емес, жас баланың жүзі жарқ-жарқ етеді, қуанышы қойнына сыяр емес (АТ).

ЖҮЗІ [ӨНІ] ЖЫЛЫ Жайдары, мейірімді. Бүгінгі жиылысқа «обязательно кел, пікіріңді ұсын!» — деп төр аға Азаматты мықтан қағып, жылы жүзбен сөйлесіп, өзінің сезіп жүрген бірсыпыра кемшіліктерін айтқан (Б. М.). Иванның келіншегі мархабатты жан еді: жүзі жылы, тілі тәтті (Д. Ә.). Ол тілі майда, жүзі жылы, сақал-мұрты жоқ, кесе жігіт екен (С. Шәр.).

ЖҮЗІҢ КҮЙГІР [ӨРТЕНГІР]! қарғыс. Қара бет болғыр; қарғыс атқыр (АС). Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір, Өз үйінде шертпеген паңы құрсын (Абай). Қонай: Ой, жүзің күйгір. Жалтарайын деймісің? (М. Ә.).

ЖҮЗІКТІҢ КӨЗІНЕН ӨТКЕНДЕЙ 1. Сұлу, мүсінді. Өзі де жүзіктің көзінен өткендей жұтынып тұр (Т. А.). Менен төрт жас кіші ол, 1926 жылы алғаш танысқанымда денесі де, кескіні де сұлу, жүзіктің көзінен өткендей, жылпос, ойнақы жігіт екен (С. М.). 2. Еті тірі, пысық. ...Жүзіктің көзінен өткен сегіз қырлы, бір сырлы жігіт (З. Ш.). Келіні жүзіктің көзінен өтердей боп, апалап, іші-бауырыңа кіріп тұрады (ЛЖ).

ЖҮЗІ [БЕТІ] ҚАЙТТЫ 1. Тайсалды, қаймықты. Бірақ, айтып кетейін, Жүзім қайтып көрген жоқ (Жамбыл). 2. Орақ, ұстара, пышақ, т. б. жүзі жапырылып, өтпес болып қалады. Орақты жанғаққа салма, жүзі қайтып қалады (АТ).

ЖҮЗІ ҚАРА қарғыс. Ұятсыз, арсыз, қара бет. Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскенін көрсей!... О, жүзі қара! О, қара бет! — деді Қарақатын (Ә. Н.).— Арам жесең, тойғанша деп, кімнен қымсынсын, имансыз жүзі қара. Елге, жұртқа енді не бетімізді айтармыз,— деп, бәйбіше бетін үзіп-үзіп алды (Ш. Х.).

ЖҮЗІН АУДАРДЫ Бетін басқа жаққа бұрды. Ұятын, ар-намысын ақырында, Бәрін де алмас қылыш етті тамам, Шыққанда ертең тұрып, көзі түсіп, Аударды жүзін өлген баласынан (Ш. Б.).

ЖҮЗІН ЖАСЫРДЫ Бетін жапты. (Өлікке байланысты айтылады). Қарға-құзғын жемесін, Жасыра кеткін жүзімді, Замандас едім жан аға (ҚЖ).

ЖҮЗІН ҚЫБЫЛАҒА БЕРДІ діни. Құдайға сыйынды. (Бетін Мекеге қаратудан келіп шыққан). Сүйіктім менің құрбым дер, Қыбылаға жүзің бер. Тағдырыңа ашынып, Дұспанға бол қайтпас ер (Ш. Б.).

ЖҮЗІН ТАЙДЫРДЫ Ө ЖҮЗІ ТАЙДЫ Бетін, назарын, көзін бұрып алды; жасқанды. Сол сәтте сопы жалт қарады. Қыз қаймығып, жүзін тайдырып әкетті (Ә. Н.).

ЖҮЗІ САРЫҚ Жүдеп-жадаған.— Жоқ еді осы үйімде дәм-ай, деді, Ай, балам, не берейін, кәні-ай, деді. Атың арық болыпты, жүзің сарық, Баласы көргендінің тәңір-ай деді (ҚКВС).

ЖҮЗІ СОЛДЫ 1. Жүдеді. Жүріс азабы қойсын ба, баланың жүзі солыпты (АТ). 2. Ұятқа қалды, назары төмен болды. Берейін десем асым жоқ. Күлейін десем қасым жоқ. Жандай досым келіп тұр, Қызыл жүзім солып тұр (ШС).

ЖҮЗІ СУЫҚ Шырайы салқын, ызғарлы. Бұ жолы оның қабағында күлкі жоқ, жүзі суық көрінді (Т. А.).

ЖҮЗІ [ӨНІ] СЫНЫҚ 1. Сыпайы, инабатты, ұятты. Жүзі сынық жақсы жан екен (АТ). 2. Бет ажары бәсең, көңілдері төмен, бірдеңеден беті қайтқан. Бәрінің мойындарына су құйылғандай, жүздері сынық, кімге өкпелеп, кімге килігерін білмейді (Қ. Жұм.).

ЖҮЙЕСІ БОСАДЫ Егіліп, елжіреді, мейірі түсті, алпыс екі тамыры иіді. Ең жақыны мендей, соңғы сырын маған шаққандай, айтып жеткізгісіз жалыншыпен қарады, жүйем босап, сай-сүйегім сырқырады,— деді Кәкібай (Т. А.). Боташымнан айрылып, Ішім оттай күйеді, Жүйем босап сағынны, Тұла бойым иеді... (ҚЕ). Жан досым, бір-екі ауыз назым жаздым, Көргенде босасын деп жүйе-жүйең (С. Т.). Тауға біткен шиедей, Босатты бала жүйені, Алпыс екі тамыры Алпамыстың иеді (АБ).

ЖҮЙКЕНІ КЕСТІ Ө ЖҮЙКЕСІН ҚҰРТТЫ Мысын құртты, діңкелетті, әбден шаршатты. Жылыжып келе жатқан адам жақындай берген кезде, Тайман көңілді дауыспен: Ойбай, досым-ау, мына бүйен құсаған мұндардың тоқтап қалып, жүйкені кескенін көрдің бе? Екі сағаттан бері екі түйір көмір бере алғанымыз жоқ,— деді (Ә. Ә.). «Жаны ашығаның мынау болса, мұнан да жарылып өлгенім жақсы»,— деп ойлап, ішіміз қайнап, көзіміз жайнап, іштегіні сыртқа шығаруға дәрмен жоқ, айта берсе, арман көп, амалсыздан үнімсіз өшіп, жүйкеміз құрып, дымымыз шықпай қала береміз (С. Т.).

ЖҮЙРІК АТТАЙ ОЙҚАСТАДЫ Қыр көрсетті. Жүйрік аттай ойқастап, Құнан қойдай бой тастап, Қалмаймын деп ұялып, Жан-жағын қарап, байқастап (ҚЖ).

ЖҮЙРІК АТ ШАППАСА ДА, ҚЫРЫНДАЙДЫ Бұқаның өзі қарғайса да, мұрны қартаймайды, кеуде болмаса да, көңіл үйреніп қалғанына басады деген мағынада. «Қыз» деген сөз жас кезінде бозбалашылықты басынан көп өткізген Перовскийге жылы тиді ме, ол еріксіз жағасын жөндеп, тікелейген сарғылт мұр-

тының ұшын сөл шиыршықтай әдеміледі. Генс пен Перовский біріне-бірі қарап, күліп жіберді. *Жүйрік ат шаппаса да, қырындайды* деген (І. Е.).

ЖҮЙРІК АТТАЙ ОЙҚАСТАДЫ Қыр көрсетті. *Жүйрік аттай ойқастап*, Құнан қойдай бой тастап, Қалмаймын деп ұялып, Жан-жағын қарап, байқастап (ҚЖ).

ЖҮЙРІК ҚИЯЛ Асау көңіл, шар тарапты кезген көңіл. *Жүйрік қиял* желдей есед, күңіренеді (Б. К.).

ЖҮЛДЕ АЛДЫ Топтан озып, бәйге алды. Жасынан топты жарып, сері жүрген, *Жүлде алып* әнші, ақын серігімен, Күресте құдіретті Сымекеңді, Кереку, Баянауыл бәрі білген (Қ. В.).

ЖҮН БОП [ЖҮНЖІП] КЕТТІ Бейшара болды; *үнжырғасы түсті*; аяғынан тозды, азып-тозды. Осы сіңлісі әнебір күйеуге шыққан жылы сотқар жандардың арасына түсіп, *жүн боп кетіп* еді (Ө. Н.). Мырқал мен Сәуле екеуі егеске түскен сайын, Сәуленің беделі жұмысшылар арасында үдей түсті де, Мырқал жүдей түсіп, *жүн-жіп кетті* (Ө. Ә.).

ЖҮНДЕЙ ТҮТТІ [САВАДЫ] Әбден сабады, көк ала торғайдай етіп сабады; талады; *қор етті*. Таяқты көп жеген Завьялов... абақты қызметкерлері мас боп қалғаннан кейін, кегі қозып, оны *жүңдей түтті* (С. М.). Қара басы Ақкенже Күннен-күнге жүдеді. Қатты көрген қысымнан Қайда деп өлім тіледі. *Жүңдей сабап* бөйбіше Қайғыға толды жүрегі (Н. В.).

ЖҮН ЖЕП, ЖАБАҒЫ Т... ТЫ [САҢҒЫДЫ] ○ ЖАБАҒЫ ҚҰСЫП, ЖҮН ЖЕДІ 1. *Нас тұрды*. Төрт түлік мал бір-біріне сыр айтысып, «Кімге бітесің?» деп, сұрау қойыпты. Қой бұл сұрауға былай депті: «Күнгейлі қара тасқа бітем, *Жүн жеп, жабағы т... қан* насқа бітем (АӘ). Оразбай: Күпшектей тілеуің құрғыр, сонда барғанмен де, әлі бағы *жүн жеп, жабағы саңғыған* Күпшекбай көрінеді ғой (М. Ә.). 2. *Иығы түсті, жүдеп-жадап кетті*.—... «Алаштап» тірек табасың, Ығы тау, нұры күн, деді... Қайда сол мықты «алашың»? *Жабағы құсып, жүн жеді* (Ж. М.).

ЖҮН-ЖҮНІН ШЫҒАРДЫ Дал-дұл етті. Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, *жүн-жүнін шығарып*, талап тастайды (ҚЕ).

ЖҮНІ ЖЫҒЫҚ [ЖЫҒЫЛДЫ] Беті қайтқан, еңсесі түскен, көңілі басылған; *екіні басылды, беті қайтты*. Достардың бірақ, көбі келмей қалған. Қырын қарап, күйрықты сыртқа салған. Келген достың көбінің *жүні жығық*, Баяғы күріл де жоқ, дүниені алған (С. Т.). Жаңа ғана ұлы сапарға аттанар алдындағы сезімі мен жұрт қоспағанда марқайтып, іріленіп, перронға салмақты басып шыққан Көжектің *жүні жығылып* қалды (Т. А.).— Ақболтайға сақалыңды жұлдырған осы мінезің екен ғой — деп әйел күңк ете түсті. Ша-

тақтың *жүні жығылып* сала берді (Ғ. Мұс.).

ЖҮНІН ЖҮЛҒАН ТЫРНАДАЙ Кейпі жоқ, сиқы кеткен, ұсқыны қашқан.— *Жүнін жұлған тырнадай* ғой мынау! — деді одыра қарап қойып.— Оят өзін! Содан кейін Магагонды да оят. Ол да әлі ұйқыда көрінеді. Мен далада біраз серуендей тұрам (С. М.).

ЖҮНІН СЫРТҚА ТҮКСИТТІ [ҚАМПИТТЫ] Паңданды, қоқан-лоққы жасап, қыр көрсетті; *дұшпан көзі қылды*. (Бұл фраза кекесін мағынада айтылады). Бәрі арығын білдірмес, *сыртқа жүнін қампитар* (Мақал).

ЖҮРГЕН АЯҚҚА ЖӨРГЕМ ІЛІНЕР Қарап жатпаған адамға бірдеңе кез болар деген мағынада айтылады. («Жөргем» байлаудың бір түрі: «аш ішекті жөргемде, жөргемдеп байла», не «сәбиді жөргекте», т. б.). Жан жоламас жатқанға, *Жүргенге жөргем ілінер*, Бұ дүние орман емес дүр, Бір кезек дәурен сүргенге (Ш. В.). «*Жүрген аяққа жөргем ілінер*» дегендей, барған, болған жерлерімнің бәрінен де қыруар ғибрат алдым, тағлым көрдім (Н. Ғ.).

ЖҮРГЕН ЖЕРІ ДАРҚАН *Жүрген жері ойын-кулкі; береке-молшылық*. Сүйедім пірге арқамды, *Жүрген жерім дарқанды*, Шаншар хан дарға бұйырған Мойныма салып арқанды (МЗ).

ЖҮРГЕН ЖЕРІҢЕ ШӨП ШЫҚПАСЫН! қарғыс. *Ісің өрге баспасын, жолың болмасын деген мағынада. Жүрген жеріңе шөп шықпасын*,— деп, кемпір қақсай-сарнай жөнелді (АТ).

ЖҮРДІМ-БАРДЫМ ҚАРАДЫ Қалай болса, солай; ат үсті назар салды; *дұрыс көңіл бөлмеді*.— Көпшілік қауымның игілікті жұмысына *жүрдім-бардым қарауға* болмайды, Вейсеке,— деді жігіт, оң жағына басын қыңырайтып (С. О.).

ЖҮРЕГІ АЙНЫДЫ 1. *Құсқысы келді*. Менің койкама басқа бір аурудың матрацын әкеп, төсеп қойынты. Әлгінде *жүрегім айныды* (ЛЖ). 2. *Безер болды, мезі болды, ығыр болды*. Қабыш қазылған жердің топырағына баурын төсеп жатыр, жұмыстан *жүрегі айнып* жатқан сияқты (Ғ. Мұс.).

ЖҮРЕГІ АЛЫП ҰШТЫ ○ ЖҮРЕГІ АУЗЫНА ТЫҒЫЛДЫ ○ ЖҮРЕГІ АТТАЙ ТУЛАДЫ [ДҮРСІЛДЕДІ] Қатты толқыды. (Қорыққанда, я қуанғанда көңілде болатын қатты қобалжу сәті туралы айтылады).— Рақмет, жеңгей... білмеймін, Бүгін менде ұйқы жоқ, *Алып ұшып жүрегім* Лүпілдейді жүрек топ... (С. С.). Қайын атасының келетін хабарын есіткелі, балықшы жігіттің жолы болып, *жүрегі алып ұшып жүр* (Ө. Н.). Қатты қорыққаннан, *жүрегім аттай тулап*, кейде буындарым қалтырап кетеді (Ғ. Мұс.). Барып ед, ұялғаннан,— кімсің?— деді. Қалайша ту көгеріп тұрсың?— деді. «Қоймас,— деп, ат-жөнімді

айтпағанмен», *Жүрегі жүйткіп аттай дүрсілдеді* (Т. І.). Тіл айтса да, көңілде сайрап тұрған қасірет хал. Абайдың кеудесін от пен уға толтырған. Шайға отырса да, *жүрегі аузына тығылып*, кеудеге бір кесек тас орнағандай, бар денені сенделткен қайғы-қапырық бар (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ БҮЛК [СОЛҚ] ЕТТІ Көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді, секем алды. Жықпылдан қос атты шыға келгенде, *жүрегім бүлк ете қалды* (АТ).

ЖҮРЕГІ [КӨҢІЛІ] ДАУАЛАМАДЫ [ҚОБАЛЖЫДЫ] *Батылы бармады, қаймықты, тайсалды.* Бір жапырағыңыз қалғанша керек. Осыған *жүректерің дауалай ма?* (Ғ. Мұс.). Түу, қызың екенсің ғой, өзің? Сені мұндай деп кім ойлаған, — деген Күлшеге Кәшкен: Немене, *жүрегің дауаламай ма?* Жазған құлда шаршау бар ма, Көшекең өзі-ақ баяндайды (М. И.). *Жүрек қобалжымай*, табан таймай, қасқайып тұрып, салысуға шыдастық. Би солай сілтеді (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ ЕЛЖІРЕДІ **ЖҮРЕГІ ЕРІДІ [ЖЫЛЫДЫ, ЖІБІДІ]** *Жаны ашыды, көңілі түсті, аяды; мейірленді.* Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік, Достықпен *жүрек еріп*, тәуір еттік. Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда, Еліңе жеткізуге біз де жеттік (Абай). Бұл сөзді естіген соң, менің *жүрегім жылып* қоя берді (С. М.). Зураның бетіне қадалып еді, оның жүзінде әлдене бір жұмбақ күлкі ойнап тұр екен. Соны көрген соң ғана, Балқияның *жүрегі жыли* қалды (Ә. Ә.). Жер, аспан бірден қозғалып, Таулар мен тастар жібісің. Ойлаған ойлар толғанып, Мұздаған *жүрек жібісің* (Б. К.). Қара қасы қиылып, Бөбекке ана қарады. Қараған сайын *жүрегі Елжіреп*, еріп барды (Ә. С.). Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. *Жүрегім елжіреп*, жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп тұр екен, оңашарақ шығып оқыды (Б. М.).

ЖҮРЕГІ ЖАНДЫ *Ғашықтықтан іші елжірей өртенді. Жүрегім жанып* болған соң, Суға салсаң солмас-ты (БЖ).

ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛДЫ **ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛА ЖАЗДАДЫ** *Қатты қуанды, көңілденді.* Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып, Қабыл болған тілегі, *Жарылғандай жүрегі.* Аналықтай бәйбіше Қабырғасы қайысқан (ҚБ).

ЖҮРЕГІ ЖҰМСАҚ *Ізгі жүректі, адал көңілді, адал бейліді, рақымшыл. Жүрегі жұмсақ* білген құл, Шын дос таппай тыншымас, Пайда, мақтан — бәрі тұл, Доссыз ауыз тұшымас (Абай).

ЖҮРЕГІ ДІР [ЗУ] ЕТЕ ҚАЛДЫ [ТҮСТІ] *Бірден қатты шошыды; кенет қатты қорықты.* Сайран өзін-өзі тежеп, Кәкіма мен Шекерегез кезек қарап алды да: «Мен бір сөз айтсам ғой, екеуің ел бетіне қарауға зар боласыңдар, — деп еді, Кәкіманың *жүрегі зу ете түсті* (Ә. Ә.).

ЖҮРЕГІ КӨТЕРІЛДІ 1. *Жүрегі айныды.* Шикі етті, қаңды көрсе, *жүрегі көтеріліп* кетеді осы баланың (АТ). **2. Қорықты.** Таңдайын басыңдар, баланың *жүрегі көтерілген* ғой (АТ).

ЖҮРЕГІ КҮПТІ БОЛДЫ 1. *Тамақтан бейжай болды; кекірігі аяды.* Сәресіде түннен қалған қазыны жеп, тағы майсөк жасатып жеп, шалдың *жүрегі күпті* болып қалыпты (АТ). **2. Қорықты, жүрегі лоблыды.** Алғаш жер астына түсетінде, *жүрегім күпті* болып жүрді (С. С.). «Қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, *жүрегі күпті болып*, алақол, арамза билердің әмірін, көрін күтті (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ ҚАРА *Қара ниет, ешкімге мейірімі жоқ.* Жаңға жақсылық ойламайтын, *жүрегі қара* наданнан сақта (ШС).

ЖҮРЕГІ ҚАРАЙДЫ 1. *Қарны ашты, жүрегі сазды.* Мыжғылап соғып, көк иық болып, екі қарың салдырап, *жүрегің қарайып*, үсті-басың лай суға сүңгіп шыққандай боласың (С. С.). Екі күннен бері дым таппай, *жүрек қарайып* отырғаны мынау! — деді Шырынкүл (Б. М.). **2. Ниеті бұзылды, жамандық ойлады.** Жауыздықтан *жүрегі қарайып* біткен баукеспе, балаға тап берді (АТ).

ЖҮРЕГІ ҚАРС АЙРЫЛДЫ *Қайғыдан қатты күйінді, өзегі өртенді.* Аруағынан айналайын, қайран, атекем-ау, киелі атың жаман-жауіткітерге қол жаулық болды-ау! Ой-қой, заман!... дегенде бай мен бәйбішенің *жүрегі қарс айрылды* (Б. М.). Әлиза әлі ессіз, оқта-текте ғана тұрғысы келгендей, қос қолымен ауаны қармап, «а-аһ!...» деп, *жүрегі қарс айрыла* күрсінеді (Ә. Н.).

ЖҮРЕГІ ҚОЗҒАЛДЫ *диал. Жүрегі айныды.* Арасан суын ішсе, оның *жүрегі қозғалады* (Шығ. Қаз., Болыш.).

ЖҮРЕГІ ЛҮП ЕТТІ [ЕТЕ ТҮСТІ] 1. *Бір нәрседен жай секем алды.* «Адастым-ау!... Адасқаным ғой, енді!» деген сезім Айшаны биледі. Сөйтіп келе жатқанда, оң жақтағы адырдың етегіне шоғырмақталған, топтанған бір қара көрінеді. Айшаның *жүрегі лүп ете түсті* (С. С.). **2. Кенет келген қуаныш сезім туралы айтылады.** Алмастың *жүрегі лүп етті* де, ізінше дүрсілдеп, жігі соғып кетті... (З. Қ.).

ЖҮРЕГІ МАЙ ШКЕНДЕЙ КІЛКІЛДЕДІ [БОЛДЫ] *Көңілі қобалжыды, тынышсызданды.* Мұз үстінде жүрген күйеуін ойласа, *жүрегі май ішкендей кілкілдеп* қоя береді. Ақбала сосын үйде отыра алмай, сыртқа шықты (Ә. Н.).

ЖҮРЕГІМЕ ЖҰДЫРЫҚТАЙ БОП ТҰРА ҚАЛДЫ **ЖҮРЕГІМЕ ИНЕДЕЙ ҚАДАЛДЫ** *Көңіліме дық ете қалды.* Шіркін неме, кісінің көңіліне қараса нетті, түйеден түскендей етіп, дүңк еткізген сөзі *жүрегімде жұдырықтай боп тұрып қалды* (АТ).

ЖҮРЕГІНДЕ [КӨКІРЕГІНДЕ] ОТЫ *Бар Егі тірі, өткір, өжет, зерделі. Жүрегінің оты бар* бала көрінесің, — деп, той басы арқамнан қағып, мақтап қойды (Б. С.). Қара басқан, қаңғыған, Қас надан нені ұға алсын? *Көкірегінде оты бар* Құлағын ойлы ер салсын (Абай).

ЖҮРЕГІНЕ БЕРІШ [ТАС] БОЛДЫ [БОЛЫП ҚАТТЫ] ○ ЖҮРЕГІ ТАС ТҮЙІН *Болды Көңіліне дық болып ұялады; ойынан кетпес, жадында қалар кекке айналды. Көк сиырдың көгі Дайрабайдың жүрегіне беріш болып қатқан* тәрізді, — деді (Б. М.).

ЖҮРЕГІНЕ ДАҚ ТҮСТІ [ҚАЛДЫ] ○ ЖҮРЕГІНЕ ДЕРТ [ЖАРА] ТҮСТІ *Қайғы-өкініш ұялады, өкісті өкініш меңдеді. Жүрегіне дақ түсіп, Жасық пышақтай майырылды (АӘ). Балам менің бұл дүниеден аттанған. Содан, қалқам, жүрегімде дақ қалған. Бұл қайғының басқа түсер салмағын Біледі тек бала асырап, баққан жан (Ғ. Қ.). Кемпір-шал зар жылайды баласы үшін, Көзінің көңіл нұры, қарасы үшін, Еш дауа іздегенмен, таптырар ма, Жүрекке терең түскен жарасы үшін (М. С.). Мен көрдім ғашық жардан үдесіздік, Өмірдің қызығынан күдер үздік. Жылы жүрек суынды, жара түсті, Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай).*

ЖҮРЕГІНЕ ЖЫЛУ БЕРДІ *Нәрлендірді, көрік берді, рух, шабыт берді.* Болғанмен, сыртым қораш, ішім сұлу, Сол ғана жүрегіме берген жылу. Ажары бет пен іштің бірдей емес, Көрек-ау Кәмшат соны пайым қылу (Жамбыл).

ЖҮРЕГІНЕ ӨРТ ТҮСТІ *Ғашықтық жалыны жанды. Қор қылуға құдіреттен, Жүрегіме түсті өрт. Тайды аяғым ескі серптен, Түсті емсіз, қатты дерт (Абай).*

ЖҮРЕГІНЕ ТИДІ 1. *Май, немесе майлы ас тәбетін қайтарып тастады.* Майлы ас жемеген шалдың кешегі тамағы жүрегіне тиіп қалыпты (АТ). **2.** *Бетін қайтарды; көңіліне тиді.* Ат үстінен аударыссақта, мені аларлық жігіт жоқ, Тартқан көкпарда, жаяу күресте, ат үстіндегі аударыста көбінің көзіне көрініп, ноғай жігіттерінің жүрегіне тиіп тастаған (І. Ж.).

ЖҮРЕГІН ЖАРАЛАДЫ ○ ЖҮРЕГІНЕ ЖАРА [ДЕРТ] САЛДЫ *Жанына жара салды.* Таза тас сияқтанған күміс кесек, Жапырақ секілденген таза кесек. *Жүрегің жуықтаса жаралаған:* Кір өмір, тікен тұрмыс, улы есек (І. Ж.).

ЖҮРЕГІН СЫЗДАТТЫ *Жанына батты, жаның ауырты.* Бізге бүгінгі таңда техниканың жайын білетін, егін салудың, мал бағудың сырларына жетік, білімді адамдар керек бола бастады. Мектебіміз бізге осындай адамдар тәрбиелеп берсе екен. Бұл біздің күнбе-күн жүрегімізді сызда-тып отырған мәселе, — деді Есенбек (М. И.).

ЖҮРЕГІН ҰСТАП САТТЫ *Ақын бұл жерде құлыққа салынуды, жанын жалдап, арын саудаға салуды айтып отыр. Жүрегің пайдасы үшін жұрт ұсатпақ, Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.* Оны сатып, ол кімді уатады, Оның өзін тағы да кім уатпақ (Абай).

ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ **БАР [ШЫҚҚАН]** *Ер, батыр, батыл кісі, еш нәрседен таймайтын, қаймықпай, бетіне айтатын адам. Сөзге шешен би болса да, жүрегінің түгі шыққан батыр болса да, төтеп беру керек (М. Ә.). Түгі бар жүрегіңде* кере қарыс, Жасынан кеудесінде жанған намыс. Ер болды Аманкелді айдыны асқан, Жігіттің бір сырттаны жас жолбарыс (О. Ш.).

ЖҮРЕГІ [КӨҢІЛІ] ОРНЫНА ТҮСТІ [ОРНЫҚТЫ] *Көңілі жайланды, жүрегі жай тапты, сабасына келді, қорқынышы, не қуанышы басылып, өзіне-өзі келді, толқыған көңіл басылды.* Я, құдай, берерсің. Бәсе, мен де адамның баласы едім ғой, — деп, жүрегі орнына түскендей боп, аз тыныс алып, Айша алты атарды көкірегіне басып отырып қалды (М. Ә.). Теңізден көз ала бергенде... үш дауыстай жерден балықшылар аулының түтіні көрінді. Осыдан кейін ғана Судыр Ахметтің жүрегі орнына түсті (Ә. Н.). Связ бар десе жүрегім Орнықпайды суылдап. Сыртқыларға сыр бермей, Құр күлемін жымыңдап (Абай).

ЖҮРЕГІ ӨРЕКПІДІ *Көңілі қобалжыды.* Сары атанның үстіндегі Қазтайдың да көңілі боздап келеді. *Жүрегі өрекпіп,* аузына тығылғандай болды (ҚӘ).

ЖҮРЕГІ ӨРТ [ОТ] БОП **ЖАНДЫ** *Өзегі өртенді, қапа болды, қайғырды, уайымдады.* Лашынның жаны күйініп, *Жүрегі өрт боп жанады.* Уайым қып тектесін, Көзінен жасы тамады (С. С.). Жалғыз-ақ, өлейін деп өле алмай, өз жанын қия алмай, қайғылы, қапада, күндіз-түні жапада, жылау да еңіреу, бөрінен де көңілі қалып, *жүрегі от боп жанып,* қолынан келері жоқ болып жүрген сорлы Қамар халин көріп, жаны ашитын Омар ғана еді (С. Т.).

ЖҮРЕГІ САЗДЫ *Қарны ашты.* Таңертең ас ішпеп едім, түске қарай *жүрегім саза бастады* (АТ).

ЖҮРЕГІ СОҚТЫ 1. *Тірілді, жаны кірді.* Әлден уақта баланың *жүрегі соқты* (АТ). Осы кезде оның кеудесі бүлкілдеп, әдеттен қаттырақ соқты. Демек, әке жүрегі соқты (Ә. Ш.). **2.** *Белгілі бір көңіл күйге байланысты айтылады.*

ЖҮРЕГІ СУ ЕТТІ [СУЫЛДАДЫ] ○ ЖҮРЕГІН СУ ЕТКІЗДІ *Бойын қорқыныш биледі, үрейленді, заресі ұшты, шошып кетті.* Аузы үңірейіп, өлім көздеп, түп-түзу төніп тұрған алты атар мылтықты көріп, Хамиттің *жүрегі су ете түсті,* бар денесі мұздай болып кетті (С. С.). Атынан домалай түсіп, құшағын аша жүгірген Көкітай Әбішпен қатты құшақтасып сүйісіп тұр. Бұған Әбіш ауру сияқты көрініп

еді. Бауырмал жүрегі су етті (М. Ә.). Ойында дәнеңе жоқ, адымдай аяңдап келе жатқан Арынғазының жүрегі кенет су ете қалды (З. Қ.). Орнынан тұра бере, «іске кірісем» дегені, «ұлыққа, оязға барып айтамын» дегені. Бұл Тәкежанның жүрегі су еткізді (М. Ә.). Рахметтің жүрегі суылдап тұра алмады (С. Е.). Мұнар ішінде ұмар-жұмар күй Байкөкшенің көзінен жыртқыштарды да, Абайды да жасыра берді. Жүрек суылдап, көзге жас келеді (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ СУЫП [МҮЗДАП] ҚОЯ [САЛА] БЕРДІ 1. Қатты қорықты, үрейленді. Құғыншылар отрядының бастығы дәл алқымда тұрғанын көріп, қашқын не істерін білмей, жүрегі суып қоя берді (СҚ). Әр жерде төрт-бестен оңаша отырған ылғи кебеже қарын, бұқа мойын, шұбар төстерді көргеннен-ақ, Мүсәпірдің жүрегі мұздап сала берді (Ә. Ә.). 2. Ренжіді, көңілі қалды. «Қойшы, сол жесір қатынды» дегенде, жүрегім суып қоя берді (АТ).

ЖҮРЕГІ [ӨЗЕГІ] ТАЛДЫ Қарны ашты, ашығып, әлсіреді. Қарны қатты ашып, жүрегі талып кетті (АТ). Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ ТАЛЫҚСЫДЫ Қиналып, әлсіреп кетті; қатты қиналып, есі ауып кетті. Әлгі сөзді естігенде, жүрегі талықсып кетті (АТ).

ЖҮРЕГІ ТАС ТӨБЕСІНЕ ШЫҚТЫ ① **ЖҮРЕГІ [ЗӘРЕСІ] ҰШТЫ [ШОШЫДЫ]** ② **ЗӘРЕСІ КЕТТІ** Қатты үрейленді, шошып кетті, қорықты. Менің жүрегім тас төбеме шықты, қалтырап кеттім (Б. М.). Қараңғы түнде жер астынан, аяғының астынан, көрден шыға келгендей, екі-үш дауыс үздік-создық ұлып қоя берді. Айшаның жүрегі тас төбесінен шыққандай болды (С. С.). Оқ жыландай иреңдеп, Жайдың оғы тасталды. Жүрегі ұшып Кұнайым, Ердің қасын бас салды (С. М.).

ЖҮРЕГІ ТЕБІРЕНДІ Елжіреді. Ақ жүрегің тебіренгіп, Ер көңілін желдентіп, Ақ сүйектің баласын Қара ұлына теңгеріп, Қоңыраулы найза өңгердім (М. Ә.).

ЖҮРЕГІ ШАЙЛЫҚТЫ [ШАЙЫЛДЫ] Бегі қайтты, қаймықты, шошыды, сескенді, запы болды. Сыртта тықыр естілген соң, жүрегі шайлығып қалған Балуан төрті бөлмеге кіріп, есігін қақты (С. М.). Сонда мені алып ұшқан қиял құсы... осы үйдің төбесінде айналып біраз жүрді де, жүрегі шайлыққан жаралы құстай тайқи соғып, ешқайда қона алмады (Ә. Ә.). Енді бірінің үстіне бірі орнаған үйдей екі тас қана қалды. Бірақ, оған шығу өте хауіпті еді. Егер табан тайып кетсе, тірек болар ешқандай бұдыр жоқ. Осы араға келгенде Сейттенің де жүрегі шайылды (М. И.). Қарт сөзінің өрісін таныған Мария күліп жібере жаздады. Қайтқан күнде де Марияның жүрегі шайлығыр емес (Ж. Ж.).

ЖҮРЕК [ӨЗЕК] ЖАЛҒАДЫ Жеңіл-желпі ғана тамақтанды; болмашыны қорек етті, талшық қылды, нәр қылды. Басқа түссе баспақшы, Уәли бұрын төзе алмас талай қорлыққа да көнді. Ол бір тәулік нәр таппай, әбден ашыққан соң, жүрек жалғаудың қамын іздеді (Т. А.).

ЖҮРЕК ЖҰТҚАН Еш нәрседен қорықпайтын бағыл, ер-азамат. «Тап солай» десіп, шұлғи-шұлғи иланып еді. Осымен қатар, Құнанбайдың жүрек жұтқан ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі атамай-ақ, әйгіленіп жатты (М. Ә.).

ЖҮРЕККЕ [ЖҮРЕГІНЕ] АС БАТПАДЫ Сабырсызданды, көңілі орнына түспеді, көңілі күпті болды; жегені желім болды. Жұрт күңіреніп, жерімен, суымен қоштаса бастады. Қолдан келер іс жоқ. Салқын қанмен елдің толқынына қарап отыруға шыдай алмай, жүрекке ас батпады (С. С.). Сіз жатқанда, сол секілді күйменен, Батпай асым, жүрегімді түйнеген (С. Д.).

ЖҮРЕККЕ ЖЫЛЫ ТИДІ Көңілге қона кетті. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы (Абай).

ЖҮРЕК КЕСТІ [ТЕСТІ] Жүректі түйнеп, қыжылдатты. Қара нан қыжылдатып, жүрек кесіп, Жатасыз жамбасынды тақтай тесіп. Осы екен «Ұрлық түбі — қорлық» деген, Япырмау, құтылармыз мұнан нешік? («Айқап»).

ЖҮРЕК ҚАЛМАДЫ Қатты қорықты, үрейленді. Шығатын зор қараға бір жан алмай, Жігіттер қоян болды, жүрек қалмай, Сібірдің цирктерін сілкіп шыққан, Осыны алып отыр ояз қолдай (І. Ж.).

ЖҮРЕК ҚЫЖЫЛДАДЫ Қарын қышқылының (запыран) артуы туралы айтылады. Ротер — Голландияның дәрісі. Оны асқазанға, бүйенге жара түскенде, шперицидті гастритке, жүрек қыжылдағанда қолданады (С. Сұбх.).

ЖҮРЕК [КӨҢІЛ, СЕЗІМ] ҚЫЛЫН ШЕРТТІ Сезіміне әсер етті, көңілін аулады. Соның бүріс-қырысын жазамын деп, келіншегімді көбелекше шыр айналып, бүйірін түртіп қалып, шымшып өтіп, сипай қағып, жүрек қылын шертпек болам (С. Төл.).

ЖҮРЕК СЫРЫ Көңілдегі бар арман, құпия. Жүрек сыры ашылмағаны жақсы (АТ).

ЖҮРЕК ТОҚТАТТЫ Көңілін орнына түсірді; сасқалақтауын қойды; қорқынышы тарады. Мұндайда жүрек тоқтатып, сөйлеу де қиын екен. Егер де тез от ашқызбасам, қорқыныш билеген денеге қуат кірмей қалатын, соны сезіп, бар даусыммен айғай салдым (Ә. Ә.).

ЖҮРЕКТІ ДЕРТ АЛДЫ Күйік шалды; қайғыланды, қапаланды. Боғаштың

бойын өрт алды, *Жүректің* басын *дерт алды* (АӘ).

ЖҮРЕКТИ САРА ТІЛДІ *Жанды жара лады, көкіректі қарс айырды.* Ойлану — кейде наркескен, *Жүректі сара тіледі.* Ойланбасаң, жаның жай, Қысыла қында жүреді (І. Ж.).

ЖҮРЕКТИ ТЕРБЕДІ *Мейірлендірді, тер біренгі.* Жыңды жастық жүрегімді *тер бейді*, Жүйрік қиял у толтырып кернейді. Бұл мезгілде жалғыз өзім өлсем де, Жан иесі адамды көргім келмейді (Б. К.).

ЖҮРМЕЙ, ЖҮРІМІҢ ҚЫСҚАРҒЫР [ҮЗІЛГІР! ҚҰРҒЫР! ҚЫСҚАРСЫН!] **ЖҮРМЕЙ, ЖҮЙКЕҢ ҚҰРҒЫР [ТАУ-СЫЛҒЫР]** қ а р ғ ы с. *Жетпегір, өмірің қысқа болсын деген мағынада.* Өзім күйіп отырғанда, ол *жүрімі құрғыр*, неге күйдіреді (Б. М.).

ЖҮРІМІ ҰЗАРДЫ *Өрісі ұзады, барар жері көбейді; мініс малы болды.* — Ал, Аха, Төңірбергеннің арқасында тақымың атқа тиді. *Жүрімің ұзарды* (Ә. Н.).

ЖҮРІСІ СУЫҚ Асығыс, қатты, қаһарлы келіс. Өне, келе жатыр! Құнанбай жіберген кісінің алды осы! — дегенде: «*Жүрісі суық екен!*» — деп, бес қасқаның үлкені Тұрсынбай да көз тікті (М. Ә.).

ЖҮРІСІ СҮЙБІК *Жеңіл жүрісті, мардымсыз, ісі берекесіз.* Әлібек аң-таң. Екі оттың арасында қалды деген осы. Қай жеңенің менікі деуге де болмайды. Өйткені, Асанның *жүрісі сүйбік*, ісі бұлдыр (С. О.).

ЖҮСІП ПЕН ЗЫЛИХАДАЙ *Бір-бірін жақсы көретін, сүйетін ғашық адамдар туралы айтылады.* («Жүсіп—Зылиха» қисасындағы кейіпкер ғашықтардың есімдерінен алынған). Қадірін кім біледі мұндай сөздің, Түсі оңбас, шірігенше мыс пен жездің. *Жүсіп пен Зылихадай* шын ғашықтың, Мысалы, сол сияқты сіз бен біздің (АӘ).

ЖЫҒА [-СЫ] ЖЫҒЫЛДЫ [ТҮСТІ] ҚИСАЙДЫ *Бағы тайып, басына қиындық түсті.* («Жыға» — иран тілінде тәжге қадайтын алтын қауырсын; ерте уақта қыздардың бас киіміне, сұлтандардың, хандардың бас киіміне қадайтын қауырсынды да «жыға» деген). Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас, бастан *жыға қисайғанда.* Мұнан менің қай жерім аяулы деп, Бірге тұрып қалады кім майданда? (Абай). Тобықтының *жығасы жығылған жоқ* (М. Ә.). Өз атың жұртқа әйгілі Баймағанбет, Патшаға сексен қара ат байлаған бек. *Түсіріп жау жығасын жаға ұстаған*, Сібірге Исатайды айдаған бек (Ш. Ж.).

ЖЫҒА ТАНЫМАДЫ *Кім екенін жете, анық білмеді.* Сәлем беріп, есіктен кірген ұзын бойлы, ат жақты жігітті қара ала көлеңкеде кемпір *жыға тани алмады* (ЛЖ).

ЖЫҒЫЛҒАНҒА [ЖЫҒЫЛҒАН ҮСТІ-НЕ] ЖҰДЫРЫҚ *Сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада айтылады.* Батыстағы зеңбірек Күрілдейді күн сайын, Қан сасыды төңірек, *Жығылғанға жұдырық* (І. Ж.). *Жығылғанға жұдырық*, Сақтаулы шықты сыбағам, Есінді біліп, ер жетіп, Белді бусақ қынаған (Н. Б.). Бес жер егінімді мынау Төкежан, Майбасар аулының жылқысы күздігүні жеп кетті. Биыл *жығылған үстіне жұдырық* деп, көктемде жаңа қылтанақтап келе жатқан бес жер егінімді тағы сол, жаңағы таптап, қара топырағын шығарып кетті (М. Ә.). Жақып өлді. Одан бір жұма кейін *жығылғанның үстіне жұдырық* деп, Мұқашым өлді (М. Ә.).

ЖЫҒЫЛҒАН [ЖЫҒЫЛЫП ЖАТЫП] СҮРІНГЕНГЕ КҮЛЕДІ *Өз мініне, өз бойына қармай, біреуді менсінбей, мінейді, сынайды.* — Қазір жел-құз басталды. Мұз ұстаспай, абыржың кезеңнің үстінде тұрмыз... — Көп біліп қапсың... — кекетпеңіз. *Жығылған сүрінгенге күледі* деп... (Т. А.).

ЖЫҒЫЛСАҢ, НАРДАН ЖЫҒЫЛ *Құласаң да, үлкенінен құла, жеңілсең, күштімен алысып жеңіл, өзіңнен күштімен тартысқа түс деген мағынада.* *Жығылсаң, нардан жығылдың* керімен ауызды мықтыға бір-ақ сапты (АТ).

ЖЫҒЫП БЕРДІ *Біреудің алдында кінәлі етті, жеңілдірді.* — Мағашқа сен екеуің де қосылып, Кәкітайды *жығып бердіңдер* ме, шынымен *жығып* беру оңай ғой (М. Ә.).

ЖЫЛАҒАН БАЛА, БОЗДАҒАН АНА *Азапқа түскен жұрт.* Қандай ұрыс болса да, ең алдымен бүліншілікке ұшырайтын халық. Бұ жолы да солай болды. *Жыламаған бала, боздамаған ана* қалмады. Бұл қырғын тек таң ата ғана толастады (І. Е.).

ЖЫЛАМАҒАН БАЛАҒА АС [ЕМ-ШЕК] БЕРМЕЙДІ *Өзі емеурін білдірмесе, жайын айтпаса, біреуге біреу қол ұшыын бермейді, көмектеспейді деген мағынада айтылады.* Қаншама күлсе дағы мақтаншаққа, Көбіне үлес тиер бөлген шақта, *Балаға жыламаған ас бере ме?* Ұмтылып жыламаса бір тамаққа (Б. Өт.).

ЖЫЛАНДАЙ ЖАРАУ АТ *Таң асып, жаратылған ат туралы айтылады.* Астында *жыландай жарау* ұзын құлақ, қарында ырғайдай сойыл (Ғ. Мұс.).

ЖЫЛАН ЖАЙЛАП БАРАДЫ *Тамақты қатты аңсап, ашқарақтық жасау мағынасында айтылады.* (Бұл тіркес, көбіне, ішімді (ішіңді, ішін) сөзімен қоса айтылады).

ЖЫЛАН [КҮЙЕ] ЖАЛАҒАНДАЙ *1. Еш нәрсе жоқ, түк қалдырмай, тып-типыл қылған.* Ат, атаң, шөп, астық, соғымның еті, киіз, көрпе, жастық, қап, арқан — бөрінен де ауыл *жылан жалағандай* таза. Сыпырып алып қойған ақ-

тың адамы, алаштың әскері... (І. Ж.). Жазагер отрядтың бастығы офицер Антоновтың жүрген жері жылан жалағандай болып қалағын (Ғ. Мұс.). 2. *Тап-таза, мұнтаздай*. Уау, ағайын, Іле мен Бақана арасындағы бөгеттерді белден бастырып, көпірлер салдырып, жолды тегістеп, жылан жалағандай тазартып жатырмын, мол қаражат керек! — деп лепірді Ырсалды (КТ).

ЖЫЛАН ЖҮРІСТІ *Ізін білдірмейтін, зымиян әрекет иесі.* Қай күні Сүгір хабар етсе, сол күні... күлін көкке ұшырып кету қолынан келегін, жылан жүрісті пәле қатын (М. Ә.). Жарқын: Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде. Мұрат: Бұл жаулық тегі өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, жылан жүрісті жаулық (М. Ә.).

ЖЫЛАН ҚАРАҒЫ ЖОҚ **ЖЫЛАН ҚАРАҚ МАЙЫ ЖОҚ** *Жылан көзі жылтырағы жоқ арық, ет, я қалықсыз көже.* Соғымға сойылған торы төбелдің жылан қарағы жоқ болған соң, семіз ет іздеушілер бұл үйге мойын да бұрмайтын (ӘЖИ). Бұл қай ел? — дейді Шуаш. Бұл кесіп алсаң, қан шықпас, аузына жылан қарағы жұқпастың елі. — дейді анау (ШС).

ЖЫЛАНША ЫСҚЫРДЫ *Қаһарын төкті, барынша ашу шақырды.* Урядник қанға тойған ит сияқты, түсі суық бір ит еді... Осы жыланша ысқырады (С. С.). ...Неге онымен әлі күнге сәнденіп тұрсыңдар!... Ал, менің командамды тыңдаңдар! — деді командир жыланша ысқырып (С. С.).

ЖЫЛАНЫ [ЖЫЛАНЫНЫҢ БАСЫ] ҚАЙТПАЙ ОТЫР [БАРАДЫ] *Әлі де ашқарақтығы басылмады, әлі де жалақтап тоймады.*

ЖЫЛАНЫ ҚАЙТТЫ *Ас ішіп, жүрек жалғады, ашқарақтығы басылды.*

ЖЫЛАП ӨТТИ *Зар еңіреп өмір кешті.* Сенің шешең айраншы, Бүгін көйлек кимеген, Аузына өкпе тимеген, Бетін жумай, кір-кір боп, *Жылап өткен* дүниеден (Ш. Қ.).

ЖЫЛАП ІШП, ШЫҒЫРЫП Т... *ЫП Жоқшылық, тапшылық туралы да, сараңдық туралы да айтылады.*

ЖЫЛ АРТЫНАН ЖЫЛ ӨТТИ *Көп уақыт өтті.* Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жыл өтеді (ҚЕ).

ЖЫЛАРЫН ДА, КҮЛЕРІН ДЕ БІЛМЕДІ 1. *Қорқарын да, қуанарын да білмеді.* Білмейді жыларын да, күлерін де, Еліне кетерін де, жүрерін де. Көрінед әзірейлдей қыздың түсі, Қараса Қарашаштың реңіне (І. Ж.). 2. *Қатты қуанғаннан не істерін білмеді.* Байқұс бала, қуанғаннан жыларын да, күлерін де білмей, қалт тұрып қалды (АТ).

ЖЫЛАСА ЖАСЫН КӨРМЕДІ *Қиыншылық көргенін сезбеді, рақымы түспеді.* Сұраса жекжат бермеді, *Жыласа жасын көрмеді.* Өз малыңды құрттың деп, Жанын берсе сенбеді (Б. Қож.).

ЖЫЛАУ ЖЫЛАДЫ *диал. Дауыс айтты.* Жылау жылауға да шамасы жоқ, әбден шаршаған (Қ. орда, Арал).

ЖЫЛАУ КҮНДЕР, БҰЛАУ КҮНДЕР *Қайғы-қасіреті мол ауыр кез.* Ұзақ өмірінің ішінде қилы-қилы замандарды басынан өткізіпті. *Жылау күндерді, бұлау күндерді* көп көрген (О. С.).

ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛЫНА *диал. Жыл сайын, жылма-жыл.* Біз жылдың жылына бір келіп, көріп тұрамыз (Шығ., Қаз., Болыш.).

ЖЫЛ КӨРДІҢ БЕ? *Көп ұйықтап, кеш тұрған кісіні айтады.* Сен жыл көрдің бе, осынша ұйықтап? (АТ).

ЖЫЛ ҚАЙЫРДЫ *Ескі жыл есебімен кісінің жасын шығару, жыл есептеу туралы айтылады.* (Ескі жыл есебімен қазақ жыл сұраса келіп, «жылың не» дегенде «жылым — мешін», немесе «жылым — ұлу», т. б. дейді. 12 жыл бір оралса, «мүшел» дейді, екі оралса, «екі мүшел», үш оралса, «үш мүшел», т. б. Мысалы, «менің биыл екі мүшелім», «менің биыл үш мүшелім» дейді. «Екі мүшел» — 25 жас, «үш мүшел» — 37 жас, «төрт мүшел» — 49 жас болып, бір жыл қайта оралып келгендіктен, артық қосылып отырады. Ол жыл аттарының тәртібі мыналар: 1) Тышқан, 2) Сиыр, 3) Барыс, 4) Қоян, 5) Ұлу, 6) Жылан, 7) Жылқы, 8) Қой, 9) Мешін, 10) Тауық, 11) Ит, 12) Доңыз. Мұндағы «ұлу» деген — қытай сөзі «дракон» мағынасында; кей түркі елдерінде мәселен, ұйғыр тілінде бұл жыл «белік» болып аталады. «Мешін» деген маймыл мағынасында, ұйғыр тілінде «маймұн» түрінде айтылады; ал «доңыз» деген «жабайы шошқа» мағынасында қолданылады. «Ұлу» мен «мешін» қазақ тілінде осындағы ескі жыл аттары ретінде ғана жүреді.

12 жыл туралы аңыз бірінші рет ХІ ғасырда жазбаға түскен. Махмұд Қашғари өзінің «Дивану лұғат-ит түрк» атты еңбегінде бұл аңызды былай деп келтірген:

«Түріктер он екі түрлі хайуан атын он екі жылға ат етіп қойған. Адамның тууы, соғыс тарихы және басқаларды, міне, осы жылдар айналысымен есептейді. Бұл жыл есебінің келіп шығуы мынадай еді: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл бұрын болып өткен ұрыстың тәсілін үйренбекші болған. Сонда бұл ұрыс болып өткен жылды анықтауды жаңылышты. Қаған қауымымен осы жайға қатысты кеңесе отырып, айтыпты: «Біз бұл тарихты анықтауда қаншалық жаңылыссақ, бізден кейінгілер де соншалық жаңылысады. Осы себепті, біз енді он екі ай және аспандағы он екі зодиакты негіз-

деп, он екі жылға ат қояйық. Тағы бізден кейінгі жыл есебі сол жылдардың айналысына қарап алынсын. Әрі, бұл кейінгіге ескерткіш болып қалсын! — депті. Қауымы: «Айтқаныңыз болсын!» — депті.

Қаған ауға шығыпты, кісілеріне жабайы хайуандарды Іле өзеніне қууды бұйырыпты. Бұл өзі, үлкен су. Кісілері ау қылып, хайуандарды суға қарай үркіте бастапты. Сонда он екі хайуан судан өтеді. Он екі жылды міне, сол хайуандардың атымен атайды. Ең әуелі судан өткен «сычған» — тышқан болады. Осы себепті, жыл басы соның атымен аталды, бұл сөзге жыл сөзін қосып, «сычған йылы» деп атапты. Одан кейін өткендері төмендегілер болды да, олардың әрқайсысы бір жыл үшін ат болып қалды: «уд (сыыр) йылы», «барс йылы», «тавышқан (қоян) йылы», «нек (крокодил) йылы», «йылан йылы», «йунд (жылқы) йылы», «қой йылы», «бічін (маймыл) йылы», «тақағу (тауық) йылы», «ыт (ит) йылы», «тоңуз (доңыз) йылы».

Түріктер ескі сенім бойынша, бұл жылдардың әрқайсысында қасиет бар деп біледі. Оларша, сиыр жылы ұрыс көп болады, себебі, сиыр бір-бірімен сүзisetін хайуан. Тауық жылы кірсе, азық-астық, тамақ көп болады...» (МҚ, I, 331—332-б.). Қариялар жыл қайырып отырып, келген қонақтардың жас шамасын да шығара бастады (С. М.).

ЖЫЛ ҚҰСЫНДАЙ *Бір нәрсенің басы, алғашқы көрінісі деген мағынада айтылады.* Естуімше, Қарқаралыдан, Омбы, Қараөткелден және онан арғы Орынбор, Троицкіден, Кіші жүзден де оқып жүрген қазақ жастары шыға бастады. *Жыл құсындай* сендерсіңдер, жаңа дәуреннің алғашқы келгені боларсыңдар, — деді Абай Әбішке (М. Ә.).

ЖЫЛҚЫҒА [ҚОЙҒА, МАЛҒА] *САЛДЫ* *Мал бақтыруға жіберді деген мағынада айтылады.* Он жетіге келгенде, *Салған* екен хан Бәйтік, Бақ деп сені жылқыға (Ш. Қар.).

ЖЫЛҚЫҒА [ҚОЙҒА, МАЛҒА, ҚОРАҒА] *ТҮСТІ Ұрлық қылады деген мағынада айтылады.* Жылқыға түсіп алған соң, Байсейіт, Вошай ағаңның Бір көнбедің ырқына (Ш. Қар.).

ЖЫЛҚЫДАЙ ЖУСАТЫП, ҚОЙДАЙ ӨРГІЗДІ *Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізді.* Бүкіл Дешті қыпшақты өзіне бағындырып, *жылқыдай жусатып, қойдай өргізуің керек* (І. Е.).

ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ [СИЯҚТЫ] *АДАМ* *1. Шыдамды, төзімді.* Ендігі ел жылқы мінезді болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында тон не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған кісі ғана бағады (ЛЖ). *2. Менсінбей кету, жылқы тәрізді оқырып кету.* *Жылқы мінез* кісілер бар (АТ).

ЖЫЛҚЫШЫ [ҚАМБАР] АТА **ШОПАН АТА** **ОЙСЫЛ ҚАРА** **ЗЕНГІ БАБА** **ШЕК-ШЕК АТА** **ШПР АТА** *Қазақ ескі салт бойынша, өзі баққан төрт түлік малының «иесі» бар деп ұғынған.* (Олардың әрқайсысына ат қойып, осы малдарды сақтау солардың ісі деп білген. Және мал «иесінен» мал тілеп малдың амаңдығын сұрап отырған. Қазақтың осы салтұғымы ауыз әдебиетіне түскен. Шопан атаға: Шаруаның бір түлік пірі — Шопан, Келтірмей құ, пір ата, қойға топан; Жылқышы атаға: Шаруаның бір пірі — Жылқышы ата! Тілегенде өзің бер, ақтан бата; Ойсыл қараға: Шаруаның бір пірі — Ойсыл қара, Түйені өсір жарылқап, болып пана; Зенгі бабаға: Шаруаның бір пірі — Зенгі баба! Сиыр берсең, сүтті бер, өңкей мама; Шекшек атаға: Қарағай мүйіз серкелі, Шүйде жалды, желкелі, Шекшек ата баласы. Ешкі басын үйіңді! — деп келетін ұзақ жыр туғызыған).

ЖЫЛМАҢ ҚАҚТЫ *1. Қылмаң-қылмаң етті мағынасында.* Мойнында сылдырмақ қарғысы бар қара ауыз, тарғыл қаншық Абайға бір түрлі сұлу көрінді. Жұтынып тұр, жылмаң қағады (М. Ә.). *2. Жылмаңдап, асты-үстіне түсті, іші-бауырына кірді.* Хош келдіңіздер, төрлетіңіздер! — деді Мырқал жылмаң қағып. Ол, әсіресе, өзіне хауіпті адамдарды жылы қарсы алды (Ә. Ә.).

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ *Жыл бойы.* Қойшы жыл он екі ай қой соңында сүйретіліп жүрсе де, оның табан ақы, маңдай тері іске аспайтын (М. Е.).

ЖЫЛТ ЕТКЕН *Азғана, болмашы.* Шаруашылықтың жылт еткен табысының өзі осы мал өнімдеріне байланысты (ЛЖ).

ЖЫЛТҮНІ ЕТТІ *1. Тез өтіп кетті.* Шабатұғын қылыштай, Жылтың еткен жиырма бес! Жиырма бестен өткен соң, Орда бұзған отыз бес (Ш. Ж.). *2. Тап бола кетті.* Сол-ақ қит еткеннен құр қалмай, жылтың ете қалады (АТ).

ЖЫЛУЛАҒАН МАЛ *Елден сауын айттып, көмек сұрап, жиған мал.* Жүз-жүзден жүрген жігіт даяшыға, Ақ көбік мінген аттың жаясында. Екі айдай Ерейменді ет сасытпай, Жұрт малын жылулаған аясын ба (І. Ж.).

ЖЫЛУ СҰРАДЫ [ЖИНАДЫ] *көне. Жәрдем, көмек сұрады.* (Қазақтың ескі салтында, я жұтқа ұшырап, малы қырылғанда, я шабындыға ұшырап қалғанда, ағайыннан жәрдем сұрайтын болған. Жылу сұрау қаріп боп қалған кісінің ісі де, жылу жинау ру, ауыл ақсақалының арласуымен болған). Тезекбай: Алтын басым сау болса, жоқ-дұр қарам, Бoryшты қылды мені хақ тағалам! Белуардан қарызға батқаннан соң, Төңірім жылу жиырды, бар ма шарам (Айтыс). Мұқатай: — ...Жылу сұрап отырғаным жоқ. Сыңайдың он бес аулынан он бес мың жылқы өреді. Сол маған жетеді (Ғ. Мұс.).

Ата-ананы, жасы үлкенді сыйлау, елдік жақсы дәстүрлерді сақтау, ағайынның қазасына ат қойып, еңірей келу, жұтап қалса, жылуы жинап беру, жұмысы бітпей жатса, жабылып көмектесіп кету... — нағыз адамишылық емес пе?! (Ғ. Мұс.).

ЖЫЛУЫ ЖОҚ Сүйкімі, жанасымы жоқ. Жылуы жоқ бойының Жылмиғаны неткені? Құбылуы ойының Кетпей, құйтың еткені (Абай).

ЖЫЛЫ БОЛДЫ [ТОЛДЫ] Өлгеніне бір жыл болды. (Өлімнің артын күту салтына орай туған уақыт өлшемі). Шырағым, Сәлімнің жылы болды, мезгілінде өткіз (АТ). Келінге жолық, Қазір жолық... жылы толды. Көңілінде қандай ойы бар екен? Біл — деді (Ө. Н.).

ЖЫЛЫ ЖАУЫП ҚОЙДЫ 1. Қолға алмады, сол күйінде қалдырды. Өлде, мектепте бүгінгі өмір талабына сәйкес білім беруді жүзеге асыруға өзирге тиісті жағдай жоқ деп, оны биылша жылы жауып қоя тұрмақпыз ба? — деді Вану (М. И.). **2.** Қоя қойды, аламады. Болмаса, аты шыққан Сүйімбайың, Васқасын қоя керек жылы жауып (Жамбыл).

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ Еттің майлы, дәмді жері. Қолындағы бар етін асып, жылы-жұмсағын осыларға тасып, түнерген ашуды бір тарқатып жіберуге бәйек болып жүр (Ғ. М.).

ЖЫЛЫ ЖҮЗДІ Жайдары, мінезі жайлы. Талдырмаш денелі, жылы жүзді Зелиннің сазарып алған. Жерді ойып жіберердей, нық басып, тұтқынның қасына таяп келді де, басын шалқақ көтеріп, көзімен атып, тістене сөйледі (Т. А.).

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК Қайырымды, мейірімді; тірлікке ынтығы бар сергек көңіл. Жылы жүрек суынды, жара түсті, Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай). Сезімпаз көңіл, жылы жүрек Таппадым деп түңілмес (Абай).

ЖЫЛЫ-ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСЕ, ЖЫЛАН ІНІНЕН ШЫҒАДЫ Жағымды, көңілге қонымды әңгіме айтса, жібімейтін адам жоқ деген мағынада. Тілімді тістеп өлмек едім. Еріксіз сөйлеттің. Жылы-жылы сөйлесе, жылан да інінен шығады. Сұрай бер, өлім барында айттып кетейін (Ғ. Мұс.).

ЖЫЛЫ КӨҢІЛ Ілтипатты сезімге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл. Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар, Созылтып ән мұржасы сөзсаң зытар, Ән сүйгіш, жылы көңіл, сөзге таңсық, Жылпыңдар жылы сөзді неге ұмытар? (І. Ж.).

ЖЫЛЫ ҚАБАҒЫН БЕРМЕДІ Жадырап, жылы жүзбен қарамады, торсыып, үндемеді. Балуан үйіне келген Балқашқа жылы қабағын бермей, бойын жырақ ұстаған еді (С. М.).

ЖЫЛЫ ҚАБАҚ [РАЙ] БІЛДІРДІ [КӨРСЕТТІ] Ө ЖЫЛЫ ҚАРАДЫ Жылы шырай берді, жадырап, жақсы қарсы ал-

ды. Осы бай үйдің барлық арқан-жібін, ноқтасын, желісін, тізгін-шылбырың қысы-жазы есетін тынымсыз қарт — Иіс еді. Сонысын айтты. Қаражан бұған сәл жылы қабақ білдіріп, баласына қарап: «Бұл байғұсты әлі шаңырақтан шығармап па едіңдер?» — деп еді, Өзімбай қырыс сөйледі (М. Ө.). Жінішке, орақ өңді, ұзын бойлы, шоқша сақал декан мұны жұмсақтықпен, жылы рай беріп қарсы алды (С. Ш.). Дәмежанның сөзін де, өзін де, әсіресе, қол өнерін де сыйлайды. Бұған Жәбікен шүкірлік етіп, Дәмежанға осы әңгімелер тұсында өте жылы қарады (М. Ө.).

ЖЫЛЫ [ЫСТЫҚ] ҚҰШАҚ 1. Ана құшағы, ана аймалауы. ...Қазір де анасының жылы құшағында отырып, сол кездегідей әсер алды (Т. А.). **2.** Ыстық көңіл. **3.** Жар құшағы.

ЖЫЛЫМШЫ ТАТЫДЫ Дәмі жағымсыз келді деген мағынада айтылады. («Жылым» — иранша, қойдың майы, құйрығы). Дәмештің де жөтелі үдеп, су ішпек боп тұра бергенде, жып-жылы, жылымшы татыған бірдеңеге аузы толды (З. Ш.).

ЖЫЛЫН БЕРДІ [ӨТКІЗДІ] Кісі өліп, оған жыл толғанда, еске алып, жиын жасады. (Бұл салт кіші-гірім бас қосу жиыны, не үлкен ас беру сипатында болады). Әкесінің жылын беріп, қарындасының басынан қарасын түсіргеннен кейін, ұзату жабдығына кіріскен (С. М.). Жас келіншек қосағынан айрылған соң, жылау мен қайғыда қаралы жылын өткізген (М. Ө.).

ЖЫЛЫ ОРНЫН СУЫТПАДЫ Отырған, тұрған үйінен қозғалмады; қоныс ауыстырмады, ешқайда көшпеді, сол тұрған жерінде қалды. Батырбай шала бүлініп үйіне кетті. Олай ойлап, бұлай ойлап көрсе де, жылы орнын суытқысы келмеді (М. И.). Анам да, — «шырағым, барсайшы осыған, жылы орныңды суытпа, көз алдымда бол» — дегенді айтты бірде (ЛЖ).

ЖЫЛЫ ОРНЫН ТАПТЫ Жайлы орында жайғасты. Айттым ғой, балам қорқады деп, мына шайыңды ішіп, сонан соң, жылы орныңды тапсайшы! — деп, енді тізе бүгіп, шай құйып беруге оңтайлана берді (Ж. Алт.).

ЖЫЛЫ СӨЗ Жағымды сөз, ұнамды әңгіме. Түсімде мені жұбатып, Жылы сөзбен сөйлесіп, Кетуші едің қуантып, Қалушы еді көңіл өсіп (Абай). Жігіт тағы да біраз жылы сөз айтқысы келіп еді, еттен, өзі білетін орыс тілінің тапшылығы діңкесін құрттып тұр. Галя оның ықыласына риза боп қалды (Т. А.).

ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ Ішіне кіре сөйлесті, жағымды тіл қатты. Аяқ астынан ұсталып қап, торға түскен құстай, екеуіне кезек жауатқан түрін көріп, осы әйелді аяп кетті. Жылы сөйлескісі келді (Т. А.).

ЖЫЛЫ ТИДІ Көңілге ұнады, жанға жайлы болды. Жарым жақсы киім киіп,

Келді жанға жылы тиіп. Диуана болды бұл көңілім, Басылмай бір құшып-сүйіп (Абай). Олең — сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы (Абай).

ЖЫЛЫ ҰШЫРАДЫ 1. *Ыстық көрінді, көзге оттай басылды.* — Біздің жақта тартылып жүретін «Жамбас сипардың» әні құлағыма жылы ұшырап кетті, елді сағынғандығым шығар деймін, — деп, келіншек күрсініп қойды (І. Ж.). 2. *Іш тартты, жайдары кейіп білдірді.* Жиренше де Абайға енді жылы ұшырап амандасты. Жаңа адамдар келген соң, үлкендердің өзге істері мен сөздері бөлініп, тоқырап қалды (М. Ә.). Асан «қашайық» деп еді, Үсен мен Жамал «бізді ұстап алады» деп, жылауға айналды. Бірақ, жаңағы үлкен орыс мына балалардың қорыққанын көріп, жылы ұшырап күліп қойды (М. Ә.).

ЖЫЛЫ ШЫРАЙ *Жайдары жүз.* Төлеу әріптесерін жылы шыраймен қарсы алып, «Еңбек — совет азаматының ардақты борышы» деген тақырыпта ашық сабақ өткізді (СҚ).

ЖЫЛЫ ШЫРАЙ БЕРДІ [КӨРСЕТТІ] *Жылы жүз, жайдары келбет көрсетті.* Өмірімнің өрлерін Жазы шықпас қыс қылшы! Жылы шырай бер десем, Аждаһадай ысқыршы! (С. Т.).

ЖЫЛЫ ІЗІН СУЫТПАДЫ *Іле-шала, тез, кешіктірмеді.* Жандарм Павловты ұстаған жерде таба алмаған қағазын қылмыстың жылы ізін суытпай, Абайдың қалтасынан суырып алмақ болды (М. Ә.).

ЖЫМ [ЖЫМДАЙ] *БОЛДЫ* *Үні өшті, сөйлеп отырған сөзін қоя қойды.* Төр алдында Қатыбай әңгімені көйтіп отыр екен, бізді көрген соң, жым болды (Б. М.). Әйелінің ұнатпағанын Батырбай анық аңғарып, жым болды. Өше қалған әңгімені Күдері де өршіткісі келмеді (М. И.). Сонда Жарқын сияқтылар келеке етпек түгіл, мұның алдында жымдай болып жүрер еді, бұған қарсы ешбірі аузын да аша алмас еді (М. И.).

ЖЫМПИТЫП ЖІБЕРДІ *Ұрлап алды.* Өлгі адам жымпитып жіберді-ау егеуімді (АТ).

ЖЫМЫН БІЛДІРМЕДІ *Ешкімге сездірмеді, істеген ісін байқатпады, ізін таптырмады.* («Жым» сөзі қоянның, т. б. кейбір тұз хайуанатының жүретін жолы, салған ізі дегеннен алынған). Жарқын: — «Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде» — дегенде, Мұрат: — «Бұл жаулық, тегі, өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, жылдан жүрісті жаулық», — деді (М. Ә.).

ЖЫМЫҢ ҚАҚТЫ *Күлімдеді, езу тартып күлді.* (Ұнамсыз мағынада да айтылады). Нұрғанымды білетін, Құнанбайға өш-кегі бардың бәрі де дәл осы арада бүр-

кіті түлкі алғандай, маз болысып, жым-жық қағысты (М. Ә.).

ЖЫН БУҒАН БАҚСЫДАЙ БҮЛІНДІ *Аласұрды, бұлан-талан болды, әлекке түсті, күйіп-пісті.* Оразбай Дайырдың хабарын естігенде, жын бұған бақсыдай бүлінді. Салған жерден ауызға алып қиянаттап, айыптап сөйлегені Абай болды (М. Ә.).

ЖЫН ОЙНАҒЫ *Астан-кестені шыққан, у-дулы, ойын-сауықты орта.* Ел емес, анау тұрған — жын ойнағы, Болар деп, оны мұндай кім ойлады? Қандары мен дегенде, қап-қара боп, Өзгерген, жаңарған бір түр ойнады (Б. М.). Үй үстінен құйын өтті. Үй сыртындағы сары төбенің шаңдағын өз бойына, жын ойнағына үйіріп ап, сонау ойнаққа қарай құлдилап жөнелді (Ө. Н.).

ЖЫН ОЙНАҒЫНДАЙ ҚЫЛДЫ *Астан-кестені шығарды, опыр-топыр қылды, шаңын аспанға көгерді.* Елірген тобыр станцияның маңайын жын ойнағындай қылды (С. С.).

ЖЫН [ПЕРІ] **СОҚҚЫР** [ҚАҚҚЫР] **ТИГІР!** **ҰРҒЫР!** *қ а р ғ ы с. Есалаң болып, есің ауысты кетсін деген мағынада.*

ЖЫН СОҚТЫ [ҚАҚТЫ, ҰРДЫ] *Есі ауысты, жынданды.* Нұрғали күйіп-пісіп, Әлжанның құлақ етін сыбырлап, жеп тұр: — *Жын соқты* ма езіңді? Қалтаңда көк тиының жоқ, көрінген малға саудаласасың (Ғ. Мұс.). Кеше қаз деп тұрған инженер қалпақтай түсіп, жын соғып кетті, — деді Сәду (С. Е.). Мақпал тамсанды да, аяғын екі-үш басып: қараң қалғыр, қоясың ба, жоқ па? Тұр ғой, міне, мыналар адамша тып-тыныш. Әлде, жын ұрды ма сені, түге? — деді (М. Ә.). *Жын соққаннан* мыс соққан жаман (Мақал). Төбесі сұлу қыздың көрінгенде, Аяқты баса алмаймын жын қаққандай (ҚӘн).

ЖЫН [-ЫН] **ШАҚЫРДЫ** *к ө н е. Киелі иесіне сыйынды.* (Бақсылық туралы айтылады).

ЖЫНЫ АЛЫСПАЙ ҚАЛДЫ *диал. Жыны ұстап қалды, ашуы келді.* Қылышбаймен жыным алыспай қалып, тамаққа қарамай кеттім (Түрікм.: Ашқ., Көнеур., Тахта.).

ЖЫНЫ ҚОЗДЫ [ҰСТАДЫ, ТҮСТІ, ҚҰРЫСТЫ] **ЖЫНЫНА** **МІНДІ** *Ашуы келді, ыза болды, «арқасы құрысты», ашуына басты.* Жұмабектің салған суретін ұнатыңқырамай, Ермек үнсіз үңіле түскен сайын, Жұмабектің ішіндегі жыны қозыт, ызаға булығып, сұлу жүзі дуылдай бастайтын (Т. А.). — Әрине, Дәркембайдың аулына қоңсы қонсам, сүйтерме ем деп, өзім де бармағымды тістеп жүрмін. Бір мен емес-ау, осы жайлауда көшіп жүрген қалың елдің көптен-көбіне жыным түседі (М. Ә.). Бұрындық ақ бұрасына мініп, жауға қарсы шықса, жұрт «Тентек қара жынына мінді, енді жолымыз болар» дейтін (І. Е.).

ЖЫНЫНАН АЙРЫЛҒАН [ЖЫНЫН АЛДЫРҒАН] БАҚСЫДАЙ Қарқыны қайтып, кенеттен беті қайтып, не істерін білмей қалғанда айтылады. Бәрінен де ұтымдысы: табалауға дайын отырған дұшпандар, жынынан айрылған бақсыдай, аңтарылуға ұшырайды. Солай емес пе, Халеке, ә?... (Х. Е.). Осы күні адасып қалдым содан, Бақсыдаймын айрылған демнен, жынан. Жүйрік қиял алдырып, үміт сөніп, Жасым жетпей қуарып, кеуіп солдым (Б. К.). Аббас пен Ұрқия екеуі екі жақтан жайып-шуып, Шоқпыттың ашуын ерең басты. Жарқынбай жынын алдырған бақсыдай, басқа жөнге көшті (Д. Ә.).

ЖЫНЫНА ТИДІ ○ **ЖЫНЫН КЕЛТІРДІ** Ашуын келтірді, ызаландырды. Ғани бұрынғысына қабырғадан көз алмады. Оның бұл түсініксіз қылығы Шәкірдің жынына тиді (М. И.). Шалқардың түрмесінде жатқан Еламан мен Райға бара алмағаны жанына батып, ызасын кімнен аларын білмей, бала-шағаға жыландай ысқырып отыр еді. Оның үстіне жек көретін аулының жігіттері кеп, жынына тиді (Ә. Н.). Қыдыш [ентелеген жұртқа]: Ә, әрмен, әрі көп шуылдақ, жынымды келтірмей, үйтіп жіберерсің сен мені! Қайтер екен десем, ырық бермейді ғой,— деді (М. Ә.).

ЖЫНЫН [САЙТАНЫН] ҚАҒЫП АЛАЙЫН! Арынын лезде басайын, тыйым салайын! Неге құтырынып кетті екен, шірік кеме, жынын қағып алайын (АТ).

ЖЫНЫН [САЙТАНЫН] ҚАҚТЫ Мысын құртып, желігін басты. Жүр, алып жүр, тезірек, Арыстандай хан үшін қағармын барлық жыныңды (М. Ә.). Бұл қызықты көрмесе, Қаһарыма киліксе, Қайырыла барып шабамын, Ежелгі жынын қағармын! (Манас).

ЖЫНЫН ҚАРЫҚТЫРДЫ д и а л. Атты қатты жүріп, жынын араластырды. Тоқ аптен қатты жүріп, жынын қарықтырмау керек (Орал, Жән.).

ЖЫНЫН ҚҰСТЫ Аузына келгенін сөйледі, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты.

ЖЫНЫН ШАШТЫ Ашуланды, айбатын, ашулы қаһарын бетіне алып, кейіп, балағаттап жүрді. Емельянов мырза,— деді жынын шашып, көпіріп жүрген майор тістеп,— бұл тобырлар өз бетімен кеткен жоқ. Оларды басқарып, ұйымдастырып жүрген біреу бар (Ә. Ш.).

ЖЫНЫ ҰСТАДЫ 1. Жынданың кетті.— Ойбай, сап-сау емес пе еді?— Сап-сау еді бейшара. Әйелінің жыны ұстап, бір керемет басталыпты (О. Ә.). 2. Ашуы келді, қырысығы келді. Әншейінде дүрдіп, бастық алдында жылмиып, өзгеретініне жынын ұстайды (АТ).

ЖЫП ЕТКІЗДІ Көз ілестірмеді, шапшаң қимылдады. Жәми менің алақаным

бір қағазды қыса қойды. Жып еткізіп, қойын қалтама тастап жібердім (С. О.).

ЖЫПЫҚ КӨЗ 1. Кірпігін жиі-жиі қағу мағынасында. Қалабайдан төменгі осылардың ішіндегі ең жасы, жұқалаң, жыпық көз жігіт — белгілі Нұршаның Мұқатайы (Ғ. Мұс.). 2. Өтірік момақан, мысық жұмбақ кісі. Ол өзі жылық көзденіп отырып та, жан-жағын байқап отырады (АТ).

ЖЫПЫЛЫҚ ҚАҚТЫ [АТТЫ] 1. Кірпігін тез-тез қақты. Журлиннің жыпылық қаққан шүңірек көзі қызыл жиектенген өткір қара көзбен кездесіп қалды (Қ. И.). Тікірейген кірпігі жыпылық атты. Көз жанарына жас іркіліп, сынаптай бүршіктеліп, беттен домалады (В. М.). 2. От немесе май шамның желден шалқуын айтады. Пеште пышырлап от жанады, сығырайған май шам жыпылық қағады (ҚӘ).

ЖЫР БОЛДЫ Жұрт арасында аңыз, әңгімеге айналды. Ол екеуінің қылығы осы елге жыр болды, алыс елге де тарап кетті (АТ).

ЖЫРҒАЛҒА БАТТЫ д и а л. Қызыққа батты, рақаттанды, жетісіп қалды. Балаларыңның бәрі жұмыс істеп, сен жырғалға баттың ғой (Жамб., Қор.).

ЖЫР ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] Аузының суы құрып әңгімеледі. Кемпір жалғызның істеген ісін жыр етіп айтып берді (АТ).

ЖЫРТЫЛЫП АЙРЫЛАДЫ Өте көп, мол мағынасында. Алыстан айдыны жалтырап Қамқалы жатыр, балығы асыр салып, қаз-үйрегі жыртылып айрылады (Ә. И.).

ЖЫРТЫСЫН ЖЫРТТЫ Намысына шапты, сойылын соқты; жоғын жоқтады, жақтастың қылды. Ол болыстардың мөмин халқының аузында Абайдың: «Ел бүлігі Тобықты Көп пысыққа молықты» деген сөздері жиі айтыла жүреді. «Тобықтының жыртысын жыртамын» деушілерге қарсы әрдайым Тобықтының өз жақсысы айтқан «ұрып жығары» дәлелдейді (М. Ә.). Тобымның тартам тартысын, Жарлмның жыртам жыртысын, Мешеудің мейірін қандырам (І. Ж.).

ЖІБЕК БАУЛЫ ҚЫРАНДАЙ Алғыр құс сияқты, қиынға барар кісі әрекеті туралы айтылады. Ол өзі — бұлт емес, Қаптың тауы, Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры. Бергі таудың басында сол дәрі бар, Қырандай ап қайтармыз жібек баулы (Абай).

ЖІБЕК ЖЕЛІ Жұмсақ леп, салқын самал. Жасыл барқыт тау, өзеннің жағасы, Судырайды қайың, терек ағашы, Жібек жел желпіп, өсем даланың, Таза ауада жұпар аңқыр маңайы (З. Қал.).

ЖІБЕКТЕЙ ЕСІЛГЕН Мінезі биязы, жақсы қылықты.— Жақсы оқыған, жібектей есілген, бұл өңірге бітпеген асыл бала алтыным еді. Іздей көріндер, азаматтар (М. Ә.).

ЖІБІ БОС [ВОСТАУ] *Момын, иі жұмсақ; пысық емес, болбыр.* Взводтың шынымен жоғалып кеткені ме? Өз бетімен қоршаудан шығуға командирінің қайраты жете ме? Қате істеген жоқпын ба?— деп қиналды Мұрат. Сол жігіттің жібі бостау көрінуші еді ылғи (Т. А.).

ЖІБІ БОСАДЫ 1. *Ашуы қайтты.* Мөржан: Жүзтайлақ арын сатқан арсыз еді. Аю қатын екенін білмеуші ме ең, мұғалім? Сізге не болды, жібің босап? Мен айтайын ба ақылды, бұныңыз не? (М. Ө.). Содан Шәлтiк әңгімесінің жібі босап:— Белім кеше қасқыр аттап бастырмай, шойрылып қалып еді, соған қарамастан, шапқаным,— деді (М. Ө.). 2. *Бәсеңсіп, екпіні басылып, босап қалды.* Василий Қусаков қансырап, шегінің келе жатқан ротаны күннен-күнге нығайтып, шындай бергісі келеді. Солдаттардың да, командирлердің де жібін босатпай, берік ұстауға бар күшін салды (Т. А.).

ЖІБІН АҒЫТТЫ *Ойынан шықты, тілін тапты.* Мен шынын айтқан соң, ол да сырын айтты, жібін ағытты (АТ).

ЖІБІН [ТАМЫРЫН] ТАРТЫП КӨРДІ **○ ТАМЫРЫН БАСЫП [ҰСТАП] КӨРДІ** *Вайқады, сынады.* Өзінің жібін тартып, тамырын басып көр. Ой сыңайы, тамақ бүлкілі қалай екен (АТ).

ЖІБІН ШИРАТТЫ *Пысытты; өзіне-өзін келтірді, сергітті.* Ой, жайсаңым! Қазір екеуіңе брудершафт ішкіземін. Өзіңнің жібіңді ширатып кетпесем (Т. А.).

ЖІБІ ТҮЗУ *Дұрыс жолдағы, жөнімен жүретін (адам).* Жібі түзу адамға бұл сұрқиялар күн көрсетуші ме еді (Қ. Наз.). Бондаренко мен Добрушкин екі түрлі адам. Бондаренко қылтың-сылтыңды білмейтін, жібі түзу, өмір жолы айқын, ұстамды адам, ал, Добрушкин болса, ала аяқтың өзі, онысынан әскерде де арыла алмай келеді (Т. А.).

ЖІГЕРІ ЖОҚ *Ынта-талабы, қайрат-қажыры жоқ.* Жігері жоқ, ақылы кенде, Жамбасыңнан жат сұлап (Абай).

ЖІГЕРІ ҚҰМ БОЛДЫ *Діңкесі құрып, жасып қалды; тауы шағылып, бармағын тістеді, қынжыла күйінді.* Ауыл адамынан да бірде-бір жан Сейіттің маңына келмеген. Тек, ел жатқан соң ғана күні бойы жігері құм болған Сейітке жаны ашып жүрсе де, титығы құрып, бабын таппаған Айсә Оразбай аулының кәрі күзетшісіне келді (М. Ө.). Жан жігері құм болып, Көкірек толған мұң болып, Мақсат алыс, жол ұзақ (Қ. А.).

ЖІГЕРІН ЖАСЫТТЫ **○ ЖІГЕРІН ҚҰМ ЕТТІ** [ҚҰМ ҚЫЛДЫ] *Бетін қайтарды, еңсесін түсірді, мұқалтты.* Апырай, сізден бір тілек тілесем, қабыл алар ма екенсіз, мистер, адамның місесін қайтарып, жігерін жасытатын осындай улы сөзді тастасаңыз екен,— деді Баранов Эгенсонға (Ө. Ө.).

Ойға батып, сарылып, Жігеріңді жасытпа, Ауыр мұңнан арылып, Ақырын күт, асықпа (С. Мәу.). Жақыпбек сүрініп сәтсіздікке ұшырай қалса да, от жігерін құм етпей, қиындық селіне қарсы жүзер еді (М. И.).

ЖІГЕРІН ЖЕГІДЕЙ ЖЕДІ *Азаптанды.* Осы түсініс Шәрипаның бұрынғы жігерін жегідей жеді. Шәрипаның долылығын, ашуын албастыдай басты (Б. М.).

ЖІГЕРІ ТАСЫДЫ *Қайраттанды, қажырланды.* Асылханның жігері тасып, қайраттана жұмысқа кірісті (АТ).

ЖІГІН АШТЫ **○ ЖІК ҚОЙДЫ** *Араларын алашақтатты, суысып кетті.* Жау етті осы бір күн екі жасты, Сол қастық бірте-бірте жігін ашты. Бірінің алашорда болды ұраны, Біреуі Совдепке көп араласты (І. Е.). Күдерінің мектеп пен колхоз арасына жік қоя сөйлеуі Жақыпбекке жат етілді (М. И.).

ЖІГІТ АҒАСЫ БОЛДЫ 1. *Есейді, кісі боп қалды, орта жасқа келді.* Бақаның сөзін бөліп, жігіт ағасы болған бір кісі:— Біздің үйдегі келіңіз екен, мына ноғайға ерегісіп тығып қойып жүрген,— деп, күңк ете түседі (ҚЕ). 2. *Жұртқа ақылшы аға, ел басшысы дәрежесіне жетті.* Бұл күнде баяғы қызбалық жоқ, осы ауылдың жігіт ағасы өзі болды (АТ).

ЖІК-ЖАПАР [ЖІГІ-ЖАППАР] **БОЛДЫ** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.* Қой сойдырып қойып ем, басын жеп кетіңіз!— деп жік-жапар болды (С. М.). Жігі-жаппар болыч, жалының шақырғанда келмей, сүтке тиген күшіктей боп, бұралқыланып жетіп бару Ғаниға өлім емес пе (М. И.).

ЖІККЕ БӨЛДІ *Айырып қарады.* Еңбексіз залымдарды тең көрмейміз. Жолында өнер-білім бөгелмейміз. Басшымыз Ленин бізді теңеп кеткен, мен қазақ, сен орыс деп жік бөлмейміз (Ш. И.).

ЖІК САЛДЫ [ТҮСІРДІ] *Бөлді, арасына от тастады, араздастырды, татулығын бұзды.* Өмірде жеті атасы түк көрмеген, Билік түгіл, қолынан түк келмеген, Қасен деген ши аяқ ауылнай боп, Жік салмақ, арамызға жіктелмеген!... (Б. М.). Қырмызы мен Садуақастан үміт күтеміз, екеуі де жас. Біз олардың араларына жік салудан да аулақпыз және ондай нәрсе біздің әдетімізде жоқ (Ж. Мұз.). Ана бұзық арамызға жік түсірді, араздастырмақ, жауластырмақ болды (АТ).

ЖІЛІГІ ТАТЫМАДЫ 1. *Жасық, арық ет туралы айтылады.* Малдың саулығы да, түрлі өнімі де, оның қоңына, етіне байланысты. Береке де осында. Арық малда құн жоқ. Сондықтан да, халық арық малды: «арықтың жілігі татымас» деп мақал еткен (М. Е.). 2. *Болымсыз, құны төмен.* Дүниеге бір өлең келіп қалды. Тыңда, оқимын,— деген Кәшкенге Ораз:— Бәсе, манадан бері сарнамай не ғып отыр деп едім. Жілігі татытын өлең бе? — деді (М. И.). Ең оңайы қайырып мал баққандай, Тұрғыла-

тып тұрғыдан аң қаққандай. Ол оңайдың *жілігі татымайды*, Сөз керек өшпес мәңгі шам жаққандай (С. Ө.).

ЖІЛІГІ ШАҒЫЛДЫ *Бегі қайтты, жалықты, болдырды*. ...Естуі бойынша, ұзақ соғыстан [империалистік соғыстан] *жілігі шағылған* орыс әскері қару-жарақтарын тастап, майданнан қашып жатқан көрінеді (Ө. Н.).

ЖІЛІК МАЙЫ ТАУСЫЛДЫ [ЖҰҚАРДЫ, ҮЗІЛДІ] *Жүдеді, болдырды*. *Жілік майын тауысып*, қыстан әлсіреп шыққан мал көкке аузы тиіп, оның да кеудесіне жаңадан жан біткендей (М. Е.). Қыс тұрсын, күздің қара суығын ықтанатын кедей сорлы *жілік майы үзіліп*, борбай еті борша, арқа еті арша болып, көктемге әзер ілігетін (М. Е.).

ЖІНІШКЕЛЕП ЖІБЕРДІ д и а л. *Жасырын жіберді*. Балаңның өзін ғана *жіңішкелеп жібер*,— деп еді құдам (Жамб., Мойын.).

ЖІПКЕ ТІЗДІ *Тәптіштеп санады; бірін қалдырмай, есепке алды*. Жұрттың көбі елемейді, бұл ішінен *жіпке тізіп* отырады (С. С.). Өзім де колхозыңды көріп келдім, Кішілік етіп, сәлем беріп келдім. Сұмдардың не қылғанын біліп әбден, Бәрін де *жіпке тізіп*, теріп келдім (С. С.).

ЖІП САБАҚТАП КӨРМЕГЕН *Өмірінде еш нәрсе істемеген*. (Ақ саусақ, я көргенсіз кісі туралы айтылады). Инеге *жіп сабақтап көрмеген* пенде, енді бір үзім нанға зар болды, кәсіп іздеді (Ө. Қан.).

ЖІПСІЗ БАЙЛАНЫ [БАЙЛАДЫ, ТҰСАДЫ, ТҰСАЛДЫ] *Еріксіз ұсталды, босқа қарайлап, уақыт өткізді; ұзап кете алмай, бірдеңеге қарайлады, ұстап жібермей қойды*. Жетелеп жетпіс алды, алпыс айдап, Бекітіп қол-аяқты *жіпсіз байлап*, Дүниенің бәрі де күңгірт тартты, Шапшыған тұнық едім тұрған қайнап (Ө. Тәң.). Қайрат қылар ер болсаң, Заманымда болған «сұлтаным», Бізді *жіпсіз байлады* (М. Ө.). Ертеде мал берілген жесірі жетіп келе жатқандықтан, сол қайын аға Әйгерім басына рұқсат бермей, өзім алам депті. Сонымен Бекей қызы *жіпсіз тұсалуды* көрінеді (М. Ө.).

ЖІП ТАҚТЫ *Белгілеп қойды, меншіктеді, еншіленді, иемденіп алды*. Қазақта қасқыр да көп, түлкі де көп. Алайда *жіп тақпаймыз* ешкімге деп. Сөз түртіп шағыстырған қасекендер, Түлкіге қалып жатыр күлкі де боп (С. Д.). Аяғында көпшіліктен ешкімді мынау деп, *жіп тағып* ұстай алмаған соң, тінтіп-тінтіп таба алмай кетті. Бірақ, бізді жұмысқа шығармады (І. Ж.). Соңғы әзірде ол Мәриямды әзілдеп: «Мәриямжан, түпкілікті біреуіне *жіп тағасың ба, қайтесің?*»— дейтін болды (Б. М.).

ЖІТІ ЖҮРДІ *Асығыс жүрді, шапшаң жүрді*. Мырзаның күндіз жатып, түнде жүретін әдеті болушы еді, осы бүгін де түнгі салқынмен *жіті жүріп*, жол өндіріп тастамақшы (Ө. Н.).

ЖІТІККЕ САЯҚ *Жоққа серік, жоққа жалқы, жоққа тән, есетке жоқ*. («Жіт»— сөзі өлім-жітім тіркесінде келеді: «жіт»— жоғалды, ғайып болды деген мағына береді. Көне дәуірде жіт/йіт етістік түбірден жітүк/йітүк түрінде жасалған түбір, яғни «жоғалған, ғайып болған» деген мағынадағы сөз қолданылған (МҚ, II, 182). Бұл түбірден йітүккіг (йітүккіг апааны қойун ачар — алдырған анасының қойнын ашар) сөзі де жасалған (МҚ, III, 18). Қазақта бұл сөз өлім-жітім, жоқ-жітік тіркесінде сақталған. Бұл фразада «жоқ» мағынасы басым жатыр). «Ел ішінен аластайтын өңшен жітікке саяқсыңдар»,— депті Майбасар Дәркенбайға (М. Ө.). Аулыңа келген жалғыз-жалқы қадір, салмағы жоқ, *жітікке саяқ* бір жауға қол былғап қайтесің— деп, Оразбайды тоқтатқанды (М. Ө.). *Жітікке саяқ* бір құды, бұзықты ол ұстаса, бұ қаланың ішінде қалған бар бұзықты мен де ұстай білемін! Соның бәрін Ыбырайдың өз соңына қаптатып салып, қан қақсату менің де қолымнан келер!— деді Оразбай (М. Ө.).

ЖІТІ КӨЗ *Өткір көз, көреген*. Панферов ойынан тез серпіліп, төңірекке көз жіберді. Әскери адамның *жіті көзі* күзгі қоңырқай жер реңінде әрең байқалатын, жақсы тасаланған зеңбіректерді байқады (Т. А.).

ЗАБЫТ АЛДЫ д и а л. 1. *Меңгерді, иелік етті, бағындырды. Жұмысты забыт алды. 2. Асықты, тездетті.* Колхоз егісті тез бітіруге забыт алып жатыр (Қ. орда, Сыр.).

ЗАЙЫҒЫ БОЛДЫ *Босқа кетті.* Залымның зұлымдығы жуса кетпес, Не үшін сол секілді жаратылған. Қызметің ондайға еткен зайығы болар, Мысал көп, неге десең, бізге қалған (С. К.).

ЗАҚЫМ БОЛДЫ [КЕЛДІ, ТИДІ, ТҮСТІ] *Зиян келді, залал келді, қатты соққы тиді.* Зеңбіректі аршып тазаламаса, қандай зақым болғанын айыру қиын (Ө. Н.). Врачтардың айтуынша, суға тұншыққаннан, етіне зақым келді ме деген хауіп бар (С. М.). *Зақым түссе, ал бір-ақ, Ағаш қалар, семер де. Жылдағыдай балбырап, Жемісі қайта өнер ме?* (М. Әл.).

ЗАҚЫМ [МАЙЫП] ҚЫЛДЫ [ЕТТІ, ЖАСАДЫ] *Жарақаттады; қастық іс етті.* Айналаны қоршап алып, баспа қып тұрғанда Александрдың ең алдымен ойлағаны Бекбол еді. Қызылған банды Бекболды зақым қып кете ме деп, сескеніп еді (М. Ә.).

ЗАЛАЛ [ЗИЯН] ЖАСАДЫ [КЕЛДІ, КЕЛТІРДІ, КӨРДІ, ТИГІЗДІ, ТИДІ] **○** **ЗАЛАЛАЛ [ЗИЯН] ТАРТТЫ** [ШЕКТІ] *Қиянат көрді, кедергісі, кесірі болды; обалы болды, обалына қалды; шығындады.* «Мен екінші қайтып осы үйдің баласына зиян жасамайын және өзін үшін бір жақсылық істейін», — деп ант ішті құс (Қ.Е.). Қасқырдан келетін залалды фашистер келтірген залалмен ешбір салыстыруға да келмейді (С. М.). Ұрлық пенен қорлықтан, Өтірік, ғайбат зорлықтан Бойынды тартып, тек жүрсең, *Көрмесің деген залалды* (Ш. Қ.). Нұр сипатың, Ғалия, жамалыңыз, Ешбір жанға *түмесін залалымыз* (Б. Ш. В.). *Зиян келсе, балам, сонан келер, Ебін тапсаң, Қодарды өлтіргейсің* (Қ.К.БС). Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас. Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас, *Зиян шекпей* қалмасың ондай істегі, Мал кетер, мазақ кетер, ар бұйырмас (Абай).

ЗАМАН АҚЫР *Қиыншылығы мол, тар кезең; зобалаң шақ. Заман ақыр* жастары Қосылмас ешбір бастары. Біріне-бірі қастыққа Қойнына тыққан тастары (Абай). *Заман ақыр* болғанда, Алуан-алуан жан шықты. Қайыры жоқ бай шықты. Сауыш ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ Ақша деген мал шықты (Ш. Қ.). Шатырда мекен еткен күйеу батыр, Қарасам, ішке түсер *заман ақыр*. Қоқанның зекетшісі жатқан үйдей, Көзіме теріс көрінер жасыл шатыр (М. С.).

ЗАМАН ДАБЫЛЫ *Дәуір сарыны, ағымы, ұраны.* Төгіл жырым! Ер заман дабылына! Әр даусыңды естісін жердің шары (Ж. С.).

ЗАМАН КЕШТІ [ӨТТІ] *Өмір сүрді, күн кешті.* Бірталай жүре-жүре, заман кешті. Атқан аңның егін жеп, суын ішті (Қ.К.БС).

ЗАМАН ТУДЫ [ЖЕТТІ] *Күн туды, арманына жетті.* Дұшпаның — бай құлданған, сен нашар, *Заман туды* ту ұстап, алға басар, *Жолдастар!* (ХӘ). Ал, көңілім желден озып, серпіл енді, Зарлы күн өтті-кетті, еркін енді. Қызықты, қызғылықты *заман жетіг*, Бетіңе қан жүгіріп, көркің енді (ХӘ).

ЗАМАНЫ БІР ЗАМАНДАС *Бір дәуірде, бір уақытта өмір сүрген адамдар.* Баяғы заманда заманы бір замандас, қатары бір құрбылас үш адам болыпты (Қ.Е.).

ЗАМАНЫН ТАР ҚЫЛДЫ **○** **ЗАМАНЫН ТАРЫЛТТЫ** *Көрген күнін зар (мұң) қылды; күнін қаран қылды.* Алдымдағы жақсылар, Жаман қатын жігіттің Гайдырады табанын, *Тар қылады заманыңды*, Білмей жүрсің айырылып қалғаныңды. Ат ізін сегіз жылдай бір салмаған, Мырға деп мақтай берме жаманыңды (Қ.Ж.).

ЗАМАНЫ ӨТТІ *Күні, дәурені өтті, дер мезгілі өтті.* Күйшінің де көзінен жас тамып кетті: «*Заманым өткені осы ғой*», — деп аһ ұрып, жалт бұрылды (Т. А.).

ЗАПЫРАН ЗӨРІН ҚҰЙДЫ *Қайғы, дерт уын құйды; қайғы берді.* Екеуінің көңілінде де бір у сарқыны қалғаны екеуі де сезінді, бірақ ондайды қайта қозғап, бірінің жүрегіне бірі *запыран зөрін* қайта құятын жандар бұлар емес (Ғ. М.).

ЗАПЫСТА [ЗАПЫС] БОЛДЫ *Ығыр болды, ер қашты болды, мазасы кетті, жүрегі шайлықты, беті қайтып, тауы шағылды.* Несіпбай көңілінде күдік көп. Сене алмайды. *Запыс боп*, зар қағып қалған. Аяғын төмен қарай бір басып, екі басып келе жатып, көзімен ылғи көк шөп ішін тінтіп келеді (М. Ә.). Алып қара құс содан *запы болып*, қайтқанда, осыған жылап қайтады екен (ҚЕ). Талай таяқ жеп, *запыс болып* қалған қара бие аршындай шоқытып, қаққыр текірекпен-ақ жақындап қалған ат пен сойылды көргесін... ұрмай-соқпай-ақ, дір-дір етіп қолға тұрды (Х. Е.).

ЗАР БОЛДЫ *Ынтықты, іңкәр болды; зардабын шекті, өмір жасы өксіді.* Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға, Алла асыраған бендесі аш бола ма? Ер жеткен соң сыймайсың кең дүниеге, Тыныштық пен зар *боларсың* бас панаға (Абай). Өлгенімше зар *болдым*, Аға менен жеңгеге. Жаяғыз қара сен үшін Ниетгеніп қана келемін, Ұсынып мойын өлімге (А. Аз.).

ЗАРДАВЫН БАСТАН КЕШТІ [ТАРТТЫ] *Азабын көрді, зиян шекті, кесірі, кеселі тиді, азабын тартты.* Неше жыл бойы осы жыланның *зардабын бастан кешіріп* келе жатқан елміз (ҚЕ). Біз балаға бала деп қараймыз да, артынан соның *зардабын тартамыз*. — деді Елизавета Сергеевна Жақыпбекке (М. И.).

ЗАРДАБЫ ӨТТІ **○** **ЗАРДАБЫ ТИДІ** *Зияны тиді, табы өтті, кесірі тиді, қорлығы өтті.* Аштық *зардабы өтіп* кетсе керек. Ішім тойса да, көзім тояр емес (С. Ай.).

ЗАР ЕҢІРЕДІ [ЖЫЛАДЫ, ҚАҚТЫ, ИЛЕДІ, ҰРДЫ] *Егіл-тегіл боп жылады, зарлады, богадай боздады, зар жылады; жалбарына тіледі.* Жаным, кеше гөр! Жаздым, жаңылдым. Ол менің қанымды қарайтқан жауым емес пе еді. Сені, сенің жасыңды, бар колхоз, елімді сүймесем текке қалып па ем? — деп, Айша зар *еңіреді* (М. Ә.). Әжібайдың көнбесіне көзі жетті, Кетем деген жесірді енді негті? Ағайыны Тасболаттың Садық деген, Қорлықпен соған қосып зар *еңіретті* (С. Т.). Тез басып, демігіп келсем, өзеннің жағасында, бір түп талдың түбінде көзінің жасын көл қылып, егіліп, зар *жылап* отырған Мұслимажан екен (С. С.). Нашарды зар *жылатқан* жалғзын жеп, Тірлікте ойламаған «өлемін» деп, Жалғанды жалпағынан басып өтті, Жазғанын көрге бара көремін деп (С. Т.). Ал, Қаңбақ болса, таң атысымен ередегі атын іздеп, ауылдан жаяу шығып еді. Егін жақты белге баса бере, бар сұмдықты көріп, жалғыз өзі ойбайды сап, зар *қақты* (М. Ә.). Тым құрыса, сендерді айуан емес, адам дерлік біреудің босаға-

сында да қалдырмадым, — деді. Шешесі мен әйелі Исаның сөзінен шошып, зар *қақты* (М. Ә.). Төкежан құс салып қайтқанда, осындай алдынан шығып жүгірген балаларға, кейде ол олжасын беретін. Бірақ, балаларды шетінен зар *қақтырып*, жалындырып, көп сұратып барып қана беретін (М. Ә.). Жасым көл боп еңігенде, Көзден аққан ыстық қан, Пана болмай ешбір пенде, Зар *илеген*, жылаған (Ж. С.). Адасып сұм тағдырдың жетегінде, Зар *илеп* бөтен жаққа кеткенімде, Москва өзің болдың ойлағаным! Қисап жоқ қайғыменен өткен күнде (Х. Ер.). «Мені, тым болмаса, өлтірем деген елдің қолына берсеңдерші! Енді, Мәниді өлтіре көрмендер» — деп, Құрбан зар *иледі* (С. Т.). Бұл үйде көрі Жүсіп қана қара, Талайға зар *илегіп* салған жара. Бағы да көп байларға кетті батып, Жүрегің намыс тілді пара-пара (И. Б.).

ЗАР [МІНАЖАТ] ЕТТІ [ҚЫЛДЫ]
1. *Жалбарына тіледі, жалына өгінді.* Шын жүрек елжіреп, Алладан тілеймін, Шын қалқам осы күн, Болып тұр керекті... Зар *етсе* бендесі, Бермей ме алласы, Тән саулық қалқама, Қабыл боп көз жасы (Абай). Зар *қылып* тілеймін, Рақметін алланың, Елжіреп жылаймын, Көңілін аш пенденің (Абай). 2. *Ділгір, мұқтаж етті.* Солдатқа ұлды аттырып, Аруды малға саттырып, Елді ерікке зар *қылды* (Жамбыл).

ЗАР ЖАҚ 1. *Жылауық (адам, бала), безілдеуік (мал төлі).* Зарлама, енді, зар жақ болған жетім қозыдай. Бұндай күйде көргенше, сөңсе негті жанарым. Оралып шабар дос десем, не қып жүрсің тіленшідей тентіреп (М. Ә.). 2. *Әзіл ретінде: сөзуар, таңдайы тақылдақ.* Кененді алдырайық, сөйтпін, ол зар жаққа біраз ән салдырып, ойнап-күліп отырайық — деді Иманәлі (С. М.).

ЗАР ЖҰТТЫ *Қайғырды, азаланды, азап тартты, қасірет шекті.* Қызыл гүл шықпай көліне, Нәрлі су бармай шөліне. Төрт түлік толмай дөңіне, Ғасырлар халқым зар *жұтқан* (ХА).

ЗАР ЗАМАН *Халыққа жайсыз дәуір.* Мына заман қай заман? Азулыға бар заман, Азусызға тар заман. Тарлығының белгісі, Жақсы жаннан түңілген, Жаман малдан түңілген, Мұның өзі зар заман (Ш. Қ.).

ЗАР КҮЙ *Азапты хал.* Осындай зар күйде қалдырып, қандай тағы өш-кегің бар еді (АТ).

ЗАР ҚАҚСАДЫ 1. *Сай-сүйегі сырқырап ауырды.* Аурудың азабынан тұла денем зар *қақсайды* (АТ). 2. *Зар иледі, жапа шегіп, зар жылады, богадай боздады.* Көбейген көк жүзінде жұлдыз қоздап, Боз інген зар *қақсаған* жолда боздап. Түктіде түйдегі зарлы сарын, Қажытпас қай көңілді қалай қозғап (І. Ж.). Біз болдық, қу жалғыз-ақ, неден сорлы, Бейсеннің қызы болмай, пәле бөлді. Шаруа-

тастап, ата-ана тілін алмай, *Зар қақсатып* бола ма адам онды (С. Т.). *З. Сарнағ, құлақтың құртын жеді, мазаны алды.* «Алакөлеңде суға жалғыз барма, қарағым. Су перісі қағып кетеді»,—деп, бұрын *зар қақсап* жібермейтін (Х. Е.). Жауларымыз бұған күдік тудырады. Буржуазиялық идеологияның жандайшаптары «Нүрек ГЭС-і бос қиял» деп, күндіз-түні *зар қақсайды* (ЛЖЖ).

ЗАРЛАП ҚАЛДЫ *Зар жылап қалды.* Үшеуі думандатып күнде кешке, От жағып, отырады темір пешке. Алыста *зарлап қалған* ата-ана, Ағайын-туғандарды алады еске (Қ. Т.).

ЗАРЛАУ БОЛДЫ д и а л. *Зарлы болды, кем-тарлық көрді.* Ол жігіттің бір-ақ баласы бар, бастан *зарлау болып* жүр (Шығ. Қаз., Вольш.).

ЗАРП ҰРДЫ *Теуіп тастады.* Сол тазшадан үмітін үзгеннен соң, Есігін *зарп ұрғы* үйге кірді (ҚҰБС).

ЗАР [ОЙБАЙ] САЛДЫ *Жоқтай, дауыс шығарып жылады; қатты айқайлап жылады.* «Е, төңірі, Ғазиза жоқ болды, өлді! — деп әйелдер *зар салып*, дауыс айтып үйге кірді (М. Ә.).

ЗАР ТАРТТЫ [ТАРТТЫРДЫ] *Зәбір көрді, қайғы шекті; зәбір көрсетті, жапа шеккізді.* Бұлардың *зар тартқаны* Ләйлі — Мәжнүн, Ізденіп ақырында мансап қонған, Зияда — Қорлығайын, Фархад — Шырын, Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан (А. Қор.). Олардың да ешбірін, Қайғы аман қойған жоқ шығар. Ойлап, байқап көр түрін, *Тарттырмап* па дүние *зар* (Абай).

ЗАРЫН [ЗАРЛЫҒЫН] АЙТТЫ *Мұңын шақты, арман-мұңын білдірді, өлердегі тілегін айтты.* Толып тұрған кеуделері от пен жалын. Есігін тұра алмастай, *айтқан зарын.* Күйдірді ағанды да еңкей жұтқыш, Аянбай бұлқынас да қолда барын (С. Т.). Хан екем, қазым да сен, төрем де сен. Мен байғұс саған *айттым зарлығымды* (Ш. Ж.).

ЗАРЫН ҚЫЛДЫ *Қақсады, азар да безер болып айтты, алдын ала ескертті.* Сол құға ерме деп, құдайдың *зарын қылдым.* Отырғызып кетеді тақырға деп *зар қақсадым*, болмадың (АТ).

ЗАРЫН ТАРТТЫ [ШЕКТІ] *Жоқтықтың қасіретін, азабын көрді, тақсіретін тартты, жоқтықтың кемшілігін көрді.* Шеше, сізде екі бала бар еді. Бірі елі үшін құрбан болды. Екінші балаңызды маған қиып отырсыз. Сіз бала *зарын тартқан* ана болсаңыз, мен ана кұшағын сағынған баламын. Егер қаласаңыз, үшеу болып бір тұрып өмір сүрейік (М. И.). Айналайын, құдай-ау, Қапалық салдың жасымнан. Шешенің *зарын тарттырдың*, Бес жасымда басымнан (Абай). Жапанда жалғыз жүрген бұл неткен жан? Жалғыз-

нан айрылып *зар шеккен* ана болар ма? (С. О.).

ЗАРЫН ШАҚТЫ *Мұңын айтты, мұңдасты.* Екі жарты, бір бүтін болайық. Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік,—деп, Құтжанға құран оқи келгенде, Қодар Жанпейіске *зарын шақты* да, қолына ұстап қалды (М. Ә.).

ЗАРЫ ӨТТІ *Жоқтық, тапшылық қадірі өтті, қажеттік қадірін өткізді.* Әбден *зарым өткенінше*, Өуре етейін деп жүріп, Өтер уақыт зулап желше, Қалма өзің де көп жүріп (ҚӘН).

ЗАТЫ [ТЕГІ] БАСҚА *Тегі бөтен, бөгде, табиғаты бөлек.* Тілі, асылы өзге, *тегі басқа* демей-ақ, елімізде барша халық бірлікте (АТ).

ЗАТЫ ЖОҚ *Негізсіз, тексіз; түк жоқ.* Секілді Шамси, Қамар, Дахтарбану, Затыңды жанға арам мендей тану. *Заты жоқ* жақсылықтың нышанасы, Адамға ар — айтқан сөзге жетпей қалу (Ә. Тәң.).

ЗАУАЛ КЕЗДЕСТІ [ТӨНДІ] *Басына қиын-қыстау күн туды, бақытсыздық кездесті.* Ерлерге *зауал кездесе*, Жуан созылып, Жіңішке үзіліп қалатын. Құс қанатымен ұшып, Құйрығымен қонатын (ШС). Құлағаны жақсы емес, Қайдам, пәруәрдіғар жар болмаса... пақырлардың басына бір *зауал* анық төнген сияқты (Ә. Н.).

ЗАУАЛДЫ КҮН *Жауал берер сәт.* Және жазмыштағы *зауалды күніңнің* осыншалық тақау қалғанын сезбейтінсің (Ә. Н.).

ЗАУАЛ ШАҚ *Егде тартып, жас ұлғайып, өмірдің еңкейген шағы.* Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті, дүние де тар екен. Ал егде тартып, *зауал шағына* бейімделген сайын, дүние кеңейе береді екен,—деді Ұлжан (М. Ә.).

ЗАУАЛЫҢДЫ ҚҰДАЙ БЕРСІН! **○** **ЗАУАЛЫҢ ҚҰДАЙДАН БОЛҒЫР!** қ а р ғ ы с, к ө н е. *Басыңа жамандық күнді құдайдың өзі айдап әкелсін.*

ЗАУҚЫН БАСТЫ [ҚАНДЫРДЫ] *Құмарын тарқатты, көңіл күйін көтерді.* Ал да, ойна *зауқың бас.* Соған лайық ойнай біл, Пехотаның мауқын бас (Қ. А.).

ЗАУҚЫ СОҚТЫ [ШАПТЫ] *Тәбегі шапты, көңілі соқты, ықыласы түсті.* «Бірақ есіңізде болсын, *зауқыңыз* қашан соқса, сонда аласыз»,—деді Грозный (М. Ә.). Еламан шөлдеп отырғанына қарамастан, шайға *зауқы шаппады* (Ә. Н.).

ЗАУҚЫ ШАППАДЫ [БОЛМАДЫ, ЖОҚ] *Тәбегі шаппады, көңілі соқпады, пейілі тартпады, ықыласы жоқ, ықыласы түспеді.* («Зауық» — рақат, көңіл шабыты; тәбет). Қайролла үйіне келеді де: «Еш нәрсеге *зауқың жоқ*»,—деп жатып қалады (С. Ал.).

ЗАХМЕТ ШЕКТИ *Бейнет көрді, азап шекті, басынан қиындық өткізді, бейнетке көнді.* «Рухына хақ тағала қылғай рақмет, Нәсілі үңгіт, әм есімі Баймұхаммет. Тілеуберген баласы апат болды, Ғашықтық саудасынан шеккен *захмет* (М. С.).

ЗАҒАР ШАШТЫ *Қатты ашуланды, айбат шекті, ашу көрсетті; уын сыртқа шығарды.* Ахмет жерді ойып жіберетіндей, *заһар шаша*, баж етіп тынды (Т. Н.).

ЗАЯ КЕТТИ *Босқа іс істеді, бейнелі жүзеге аспады, текке қылған іс болды.* Ләззаттың құнығыш істеген көп еңбегі *зая кеткен* жоқ. Аз жылда абыройы асып, жұрт мерейін қандырар біраз шығарма беріп тастады (Т. А.). Еңбегің еш, тұзың сор, *зая кетті* жақсылық (АТ).

ЗӘБІР-ЖАПА [ЗАРДАП] КӨРДІ [ТАРТТЫ] *Бейнет, азап көрді, азабын тартты.* Соның қай-қайсысы да Нұрдәулеттен *зәбір-жапа шегіп*, мүгедек халге түскен бұйымдар (Б. С.). Айбар бір түрлі кинала тіткереніп қал, әлдеқайда *зәбір-жапа шеккендей*, өз халіне деген ащы ызамен күйзеле айтқан (З. Қ.).

ЗӘМЗӘМ СУЫ [СУЫНДАЙ] д і н и. *Қасиетті, шипалы су.* («Зәмзәм» — араб сөзі. Ол Меккеге барар жолдағы құдықтың аты. Аңызда оның бір тамшысын өлер алдында ауызға тамызса, «тозақ» азабы жеңілдейді-міс. «Зәмзәм суы» бұл жерде төтті, мөлдір, шипалы мағынасында әсірелене айтылып тұр). *Әп-зәмзәмнің суындай*, Аузынан шыққан сөздері Сары алтынның буындай (ҚЖ). Осы таулардың жықпылынан сылдырап, сегіз бұлақ ағады: Айман, Қатпас, Шоқай, Мойылды, Қапар, Көшет, Малай, Кетен бұлақтарының суы *зәмзәм суындай* мөп-мөлдір, көкпенбек, ішсең суыныңды қандырады, жусаң бетінді жасартады (З. Ш.).

ЗӘН ТАЛАҚ кейіс сөз. *Асқан бұзық, шапқыншы деген мағынада.* ...деген *зән талақ*, Екі беті қанталап, Зарлық ханды көрген соң, Жиылды бала анталап (МЗ).

ЗӘРДЕ БОЛДЫ *Жүрегі шайылды, зәрезап болды, беті қайтты.* Себебі, Байбол енді жұртқа нанбас, Нанбақ тұрсын, сөзіне құлақ салмас. Алдыңғы партиядан *зәрде болған*, Жұрт әкеп, басшылыққа берсе де алмас (С. Т.).

ЗӘРЕЗАП БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Жүрегі шайлықты, үрей ұшып, зығыры шықты; зығырын шығарды.* Алты атарың құрысын! Ағайын бізден шошиды-ау, *Зәрезап болған* ел еді, Бір шошыса жосиды-ау (І. Ж.). Арқарларды көп шошытып, *зәрезап қыл* жіберген ғой (Сем.: Ур., Мак.).

ЗӘРЕ-ҚҰТЫ ҚАЛМАДЫ **○** **ЗӘРЕСІ ҰШТЫ [ЖОҚ]** **○** **ЗӘРЕ ҚАЛМАДЫ** **○** **ЗӘРЕСІ ЗӘР ТҮБІНЕ КЕТТІ** **○** **ЗӘРЕСІ ҚАЛПАҚТАЙ БОЛДЫ** *Қатты қорықты, жүрегі ұшты, үрейі қашты, көзі тас төбе-*

сіне шықты. Осындай бір қалың құға кездескен Натальяда *зәре-құт қалмады* (С. М.). Күн жарқырағанда, моланың іші осы ашақ болып аңырайып, көрініп қалады. Осы, *зәрем жоқ.* Бірақ, өйтеуір, ішімнен калыма айттым білем (С. С.). Екі көкжал шайқасып, Жаркылдап ойнап көк сүңгі, Желікті жебе сумадап. *Зәресі қалмай* ел тұрды (С. Б.).— Уһ, қарағым-ай, ел екесің ғой, *зәрем кетті* ғой,— деді шал (М. Ә.). Ол [Уәли] қаптап келе жатқан ажал, сұсты дұшпанды көргенде, *зәресі зәр түбіне кетті* (Т. А.). Қасындағы жолдасым, Сатай Жанқұттыұлы, орысша білмейді. Екі көзі шарасынан шығып, *зәресі қалмай* отыр (С. С.). Бақаға өгіз таумен тең, *Ұшып кетті зәресі.* Мақтаншақтың сен көрсең, Бақада екен төресі (Абай). Қалтамдағы ақшам жоқ десем ғой, *зәресі қалпақтай болады* (АТ).

ЗӘРЕСІН АЛДЫ **○** **ЗӘРЕСІН АЛЫП, ҚҰТЫН ҚАШЫРДЫ** *Үрейін ұшырды, қорқытты.* Үй іші адамның *зәресін алып, құтын қашырғандай*... Әбілқайыр, енді, сол жақта, қара мақпадан оқалап өрнек салынған ақ киіздің үстіне қойылған табытта жатқан өлікке қарады (І. Е.). Сен едің бір «құдірет», *Зәресін алған* талайдың Жағасын ұстап күбірлеп, Қарт әжем бұлтқа қарайтын (Ғ. Қ.).

ЗӘР ЖАЙДЫ д и а л. 1. *Қаһар төкті, қаһарланды, қаһар шашты, ашу көрсетті.* Әйеліне оқуға барасың деп, *зәр жайып* отырғанын жақтырмадың ба (Қ. орда, Арал). 2. *У таратты.* Жылан шаққан екен, *зәрін жайыпты* (АТ).

ЗӘР ЖҰТТЫ *Ішкені ас болмады, жегені желім болды.* Ол қатынның қасында Отырғанша *зәр жұтып*, Бомба мен оқ астында Жүргенің артық қан жұтып (Қ. А.).

ЗӘРЛІ ТІЛ *Улы, ащы тіл.* Әкім емес, кене ме? Жылан ба, өлде, немене? *Зәрлі тілді*, улы азу Аш бүйірден жабысты (Жамбыл).

ЗӘРІ ҚАЙТТЫ [СЫНДЫ] 1. *Уы тарады.* Жыланның *зәрі қайтты* білем, бала тынши бастады (АТ). 2. *Күннің аязы бәсеңдеді, жылына бастады.* *Зәрі қайтқан* күн әлсізденіп, таудан асып, ұясына кіріп барады. Жұқалаң, ұзынша көк бұлт, қызыл сеңдей болып, батар күнге ентелеп қамап тұр (Қ. Жұм.). Қыстың *зәрі қайту* жоқ. Барыңды алмай басылмас (М. Ә.). Арқаның кең даласынан өткенше, ызғардың *зәрі сынтып*, қуаты кетіп қалады (С. М.). Март айы еңсеріліп қалса да, әлі суық *зәрі сынбаған* (Ә. Н.). 3. *Ашуы басылды.* Кемпірінің кешегі ашуы басылып, *зәрі қайтты* (АТ).

ЗӘРІНЕ МІНДІ *Қаһарланды.* Кешкі жел шұғыл қатайып, бар әлем шаңғытып, *зәріне мініп кетті* (Ә. Н.).

ЗӘРІН ТАТТЫ *Басына қиыншылық күн туды, азабын тартты.* Оқпен атпай,

отпен ат, Талай жалын жанға батсын. Ер шыдайды өзіңдей, Нелер удың зәрін татсын (М. Ә.).

ЗЭР [ЗЭРІН] ТӨКТИ [ШАШТЫ] Ашулы айбат көрсетті, ашу шығарып ұрысты, улы, ызалы бет көрсете сөкті. Батырды мұқаттым деп үйіне келіп, жаңа жайланып отырғанда, Күшікбай атын ойнқаттып, найзасын түйілтп, өрт сөндіргендей болып, зәрін шашып жетіп келген (М. Ә.). Одан аса беріп, Абайға да кәрін төгіп, зәрін төкті (М. Ә.). Начальникке тісі батпаған соң, Тоқбайға төкті зәрін: — Сен ғой, әтбекет болып жүрген. Сиыр әне, ала бер! (Ғ. Мұс.).

ЗЭРІ ТАМДЫ ҚАҺАРЫН ТӨКТИ, Ашулы пішін көрсетті. Лек-лек болып, қала толып, Ереуілге жиналды, қаруланып, Зәрі тамып, полиция кеп қалды (З. Қал.). Қылышынан қан тамған, Найзасынан зәр тамған (Жамбыл).

ЗЭР ШІКІР [ЖҰТҚЫР, ТАТҚЫР] ШИПЕЙ ШИПДЕ КЕТКІР! қ а р ғ ы с, Емініп артыңнан қалмайды, асыңды ішкізбейді, зәр ішкірлер (М. Ә.).

ЗЭУДЕ БІР Анда-санда, ыңғайы келген кезде. Көптен бері, зәуде бір келіп қалған екенсің, әңгіме-дүкен құрайықшы (АТ).

ЗЭУ ШАЙТАН [САЙТАН] Тұрт шайтан, азәзіл тіл мағынасында. Керім: Жиренше, сіз үлкен кісісіз... Сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны ұғар едіңіз. Жалғыз-ақ, зәу шайтан, өш мысықтан өзі қысылған шағында маған кел дер ем (М. Ә.).

ЗЭУІДЕ БОЛМАСА Әлдеқалай, ілуде (бір) болмаса. Қаратау мен Мойынқұмның жуан ортасында жапан түзде отырған жалғыз үйге, зәуіде болмаса, жолаушының жолы түспейді, арнаулы жұмысы барлар ғана келіп кетеді дескен (ҚӘ).

ЗЭУІМЕН КЕЛДІ Сәті (орайы) түсті. Жәукең маған өкпелейді ғой: «Зәуімен бір келгенімде қызымды күтпегенің деп»,— деді Ерғали Беренге (Б. М.). Құп алды, қабыл етті он қонақты, Қоныңыз төсек жайлы, тағам тәтті, Зәуімен келген сізді сыйлайын деп, Бит байғұс борсаңдапты, жорғалапты (С. Д.).

ЗЕЙІН [ЗЕР] ҚОЙДЫ ЗЕР САЛДЫ Көңіл бөлді, көңіл ауанын бөлді; ілтпәт қойды, ықылас салды. («Зейін» — араб сөзі, ақыл, сана-сезім мағынасында). Жанәділ оның сөзін барынша зейін қойып тыңдады (С. Бақ.). Терең зейін қойып, кеңінен қамтиды. Халық сөзінің қуатын, құнарын, нәшін ұғады (Т. Ә.). Қасыма ерген жолдастар, Антыңды бұзып айрылма, Зейініңді бермен сал (М. Ә.). Жандос соңғы жылдары орыс тіліне аса зер салып, ана тіліндей сөйлейтін болған (С. М.).

ЗЕКЕТ БЕРДІ 1. Қайыр-садақа берді. Болмағанның бәрі сал, Ерлі-зайып араңда, Малдан зекет бермеген, Қайыры жоқ сараңды (Ш. Қ.). **2.** Діни салық. Малдан зекет, егіннен ұшыр беретін (АТ).

ЗЕКЕТІҢ КЕТЕЙІН Садаға кетейін. (Біреуді айналып-толғанғанда айтылатын сөз). Енді өлсем, арманым жоқ! Бауырым, сәулем, ботам! Көзіңнен айналайын, жылаған, жасыңның зекеті кетейін,— деді өксігін басып Балтабай (С. М.).

ЗЕҢГІР ТАУ [СЕҢГІР-СЕҢГІР ТАУ] Алыстан мұнартып, көгілдірленіп көрінген биік тау. («Зеңгір», «сеңгір» — монғол тілінде де бар, «көк» мағынасында қолданылады). Көз алдында тұлғаң тұр, Биік зеңгір таудайын. Халықты нұрың қарық қып, Қараңғыны жарық қып, Жарқырап жанған шамдайын (Жамбыл). Сеңгір-сеңгір таулардан Секірте басып жөнелді (ҚБ).

ЗЕРДЕСІНЕ ҚҰЙДЫ Көңіліне тоқыды, жадына, ойына сақтады. Қарт ұстаз бұған білім беріп қана қоймай, іскерлікке, ұқыптылыққа баулып, болашақ оқытушы, ғылыми қызметкерге өз ой өрісін өрістету жолында не керектің бәрін зердесіне құя білген еді (М. И.).

ЗЕРДЕСІН [ЗЕР] САЛДЫ 1. Көңілін қойды; ықылас қоя, назар аударып қарады. Серегін, енді, Асқар мінезінің жақсы жағын ашқысы келгендей, зердесін сала, сынай көз тастады (З. Ш.). **2.** Көз қырын салды. Әй, балам, біздің малға зер сала жүрші! (АТ).

ЗЕРЕН ЖҮЗДІ Тостағандай дөңгелек бет. Жасы қырықтан жаңа асқан, дөңгелек зерен жүзді, шоқша сақалды ефрейтор ертеден бері малдасын құрып, баппен отыр еді (Ә. Н.).

ЗИБА БОЙЛЫ диал. Талдырмаш, ұзын бойлы. Оның алған әйелі зйба бойлы, ақ құба адам екен (Қ. орда, Арал).

ЗИРАТ ЕТТІ Қайтыс болған адамның зирағына барып, бата оқыды, дұға қылды. (Бұл жерде ақын үлкен ізет етуді, ерекше құрмет көрсетуді айтып отыр). Дариядан артық ақылың, Төбең биік ғарыштан. Қартайғанда бір көріп, Зират етіп қайтуға, Жамбыл келді алыстан (Жамбыл). Басыңа келіп зират қып, Ажарыңды көрген соң, Бір жасап қалды Кененің (К. Ә.).

ЗИЯТ БОЛДЫ Парасатты, артықша, жарқын болды. Оқушым айтушыдан болсын зият, Ақыл, ғылым, пиғылдың білсін парқын. Астан жілік тістейсің, тойдан ілік, Шарапатты жақсымен жүрсең жақын (А. Қор.). Бікпалы ілімдінің зият болмақ, Үлестен кезіндегі ал сыбаға, Қарай соз қадамыңды қатарыңа, Атыңды қалыптан тыс қамшылама! (О. Шор.).

ЗОБАЛАҢ ТУДЫ Басына хауіп төнді, хауіпті күн туды. Сержан үйінің сенгені жалғыз Ерғали еді, ақырында мұның өз

басына зобалаң туды (Б. М.). Болмайды ғой, кемпір, бізді сүйемек түгіл, өз басына зобалаң туып жатқан көрінеді — деді Сейтен (Б. М.).

ЗОР КЕУДЕ [КӨКІРЕК] 1. *Тәкаппар, менмен* (АС). *Зор кеуде* адамзаттың айласына Көнбей бүгін күшімді көрсеткенмін. Екі езуім көпіріп, айғайласам, Шын құтырсам, шың-тасты тербеткенмін (Абай). Менменсіген *зор кеуде* Қиыр жүріп кете алмас, Аспанменен өте алмас (Ш. Қ.). 2. *Үлкен жүрек, үмітті кеуде*. Тоқтамады, тұрмады, Кетті ортадан асылым. Төкаппар, *зор көкіректі* көтере алмай басылдым. Тиянағым, тұрлауым, Енді кімге асылдым? (Абай). Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық, Қартаймастай көрмелік, ойланалық. Жастықта *көкірек зор*, уайым жоқ, Дейміз бе еш нәрседен қорғана-лық (Абай).

ЗОР ҚЫЛДЫ *Үлкен, күшті етті, үлкенге санады* (АС). Сөзуар, білгіш, көргіш Атанбақ — мақсұт, мақтанбақ, Жасқанып қорқып, Жорғалап жортып, Именсе елің, баптанбақ. Қарағанын жер қылмақ, Алқағанын *зор қылмақ* (Абай). Өзгені ақыл-ойға кондырады, Біле алмай, бір төңірі болдырады. Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен, Талшынып тағы да ойлап *зор қылады* (Абай).

ЗОРЛЫҚ [ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚ] **КӨРДІ** *Зәбір-жапа көрді, шекті*. Боз торғай *зорлық көріп* тұрымтайдан, Таяныш таба алмапты қырдан-ойдан (С. Д.).

ЗОРЛЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Қысым жасады, күш көрсетті*. Қапыда өткен дүниеді, Халқымыңз көрген қорлығы, Хандардың *еткен зорлығы* (М. Ә.). Әлдекімге өздері тізесін батырып, *зорлық қылмаса*, бұл өңірдің бірде-бір қазағы өз бетімен бұл топқа келіп соқтыға алмастай (М. Ә.).

ЗОР ТҰТТЫ 1. *Үлкен, күшті санады, артық көрді*. Менсібеуші ем наданды, Ақылсыз деп, кем тұтып, Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ *зор тұтып* (Абай). 2. *Бұл жерде жағымсыз мәнде*. Өзіңді *зор тұтпа, өзгені* қор тұтпа (Мақал).

ЗУ [ЗУ-ЗУ] ЕТТІ *Зуылдады, зымырай жөнелді*. Қызыл балық өрлеп шығып алып, сол сәтінде жарқ беріп, шұғыл бұрылып, төмен қарай *зу етіп*, құлай жөнелді (М. Ә.). *Зу-зу еткен* машиналар үстімізден өтіп жатыр (КӨ).

ЗЫБАН ҰРДЫ д и а л. *Әлек салды*. Далаға от жақсақ, өрт кетеді, біреу *зыбан ұрар* (Қ. орда, Арал).

ЗЫҒЫРЫ [ЗЫҒЫРДАНЫ] ҚАЙНАДЫ *Ыза кернеді, ашуланды, ызаланды, ашукегі қозды*. Оған қарсы қаншалықты кектеніп, *зығыры қайнап келсе де*, шамасы жетпейтінін біліп [Вақтығұлдың] дінкесі құрып қоюшы еді (М. Ә.). Дунай бойын жайлаған, *Зығыры* іште *қайнаған*, Жат қолында жаншылған, Бауыр қайта қосылған Қуанышты күні өтті (Н. В.). Аз-

ған сені көргенде, *Қайнайды* менің *зығырым* (Д. Б.).

ЗЫҒЫРЫНА ТИДІ *Ызаландырды, қытығына тиді*. Солай ма, бала, солай ма, *Зығырына* Жамбылдың *Тисең* саған оңай ма? Қуырамын енді мен Ақындықтың апшысын (Жамбыл).

ЗЫҚЫН [ЗЫҚЫСЫН] АЛДЫ [ШЫҒАРДЫ] *Әбігерге түсірді, берекесін алды, беймаза етті*. Осы үйдің бар жанын бір өзі билеп-төстеп отырған адамдай, от басының ұсақ-түйек шаруасына дейін араласып, әркімге бір әмір етіп, *зықын алып* болады (Ө. Н.).

ЗЫҚЫСЫ ШЫҚТЫ *Әбігерленді, берекесі кетті, әбігерге түсті*. Бұдан екі ай бұрын *зықысы* өбден шыққан ел Бөкейді салып, Құнанбайдан: «Майбасарды орнынан түсір»,— деп тілеп еді (М. Ә.). Екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. Бірін ұстасам, елдің сағы сынады, бірін ұстасам, *зықысы шығады* (М. Ә.).

ЗЫП БЕРДІ *Қимылына көз ілеспеді, өте шапшаң қозғалды*. Үйдегілер өздерімен-өздері болып, әбігерленіп жатқанда, *зып беріп*, тысқа шығып кеттім (Б. С.). Мына Сәрсенбай барып тұрған су жүрек екен, біреу жеп қоятындай шегіншектей берді. Мен *зып беріп*, моланың есігінен кіріп кеттім (С. О.).

ЗЫР ЕТТІ [ҚАҚТЫ] 1. *Азар да безер болды, бебеу қақты*.— Ойбай, атай көрме, қарағым, бүлдіресің! — деп Нүрке *зыр ете* қалды (С. М.). Сырбайға Рахмет өзінің күршітен мол өнім алу жөніндегі тәжірибесінен Ауыл шаруашылық комиссариатының коллегиясында баяндама жасайтынын айты. «Жүдө болмас, ол»,— деп *зыр ете* қалды Сырбай (С. М.). 2. *Лезде, көзді ашып-жұмғанша жетіп келді*. Бір кезде артынан *зыр етіп*, жеңіл машина шыға қалды (С. М.).

ЗЫР ЖҮГІРДІ 1. *Әбігерге түсті де қалды, әрі-бері дүре-сарсаң болды*. Байқұс шеше, баласы кетіп қалғанын естіп, екі үйдің арасында *зыр жүгірді* (АТ).

ЗЫРҚ ЕТТІ 1. *Қатты шанышып ауырды*. (Көбіне бас пен жүрекке қатысты айтылады). Шүйдем тақтайға тоңқ етіп оңбай соғылды. *Зырқ етіп* миым аузыма құйылғандай болды (Б. С.). 2. *Тұла бойы түршігіп кетті, жағымсыз сезім пайда болды*. Осы келіннің қабағы жадырап бір күлгенін көрген емеспін... Сорандай есіктен кіріп келе жатқанда, жүрегім *зырқ етеді* (З. Шүк.).

ЗЫРЫЛ ҚАҚТЫ *Тез айналды*. Қармасып қатты аяз, Шағынатқан көк болат, Қысқа да қалды уақыт аз, Үйіріл ұршық, *зырыл қақ* (С. В.). Қадағалап алды қарап, *Зырыл қағып* жүргенін! (Т. Ж.). Міне, дән тазалайтын, тийетін және суырғыш механизмдер *зырыл қағып* жүріп тұр (ЛЖ).

ЗЫТА [ЖЫТА] ЖӨНЕЛДІ **○ ЗЫТЫП [ЖЫТЫП] ОТЫРДЫ** *Тырағайлап тез қашты, тайып тұрды, зып беріп кетті.* Сәбит екеуміз беріспеуге бет алып, арасына зыта жөнелгелі тұрғанымызда, сыртымыздан құшақтай алған бауырмал қолдар үйге қарай алып кетті (Ғ. М.). Болат тонын сыпырып алсаң, немістер де бір, қоян да бір екен. Танкілері талқандалғаннан кейін, көп қарсыласа алған жоқ, зыта жөнелді, біз ұран салып қуып бердік (Ә. Ә.). Құлап мертiгеміз-ау дейтiндей емес, аласа тамның кез келген жағынан секіріп, зытып отырамыз (Б. С.). Қараңғы түнде, арқасында қапшық, жытып отырды Бәйтен (Ғ. Мұс.).

ЗІКІР АЙТТЫ [САЛДЫ] д і н и.
1. *Бақсы мен дәруіштердің «иллауһа-иллауһа» деп, аллаға, тәңірге жалынып, жалбарынып айтар сарыны.* (Мұны кейде молдаларға да айтады). Молда емессің, соқырсың, *Зікір айтып* зарлаған. Жаназ а оқып өлгенге, Пидия алып жалмаған (Жамбыл). Имам сонан соң: «Жеті күн ұдайымен оқып, *зікір салып*, басындағы дуасын аламын. Оған болмаса...» — деп емдеуге кірісті (С. Т.). 2. *Ауыс жағынада үкі мен көгершінге де айтады.* Ел жатарда кешегі үкі сынтаста *зікір салып* отырды (АТ).

ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ *Ауыр, ауыртпалығы көп үкім, қайғы әкелер үкім.*

ЗІЛДІ СӨЗ *Кекесінді сөз; кісінің көңілін қалдырарлық, өте ауыр сөз.* Керегі не ондай *зілді сөздің*. Бұл істі түзеуге болмастай асқындырып алдық. Ендігі ақ жүректігіміз құр өбігер болады (М. И.).

ЗІЛ КӨТЕРЕМ **○ ЗІЛ ҚАРА ТАС** *Тым ауыр, шойындай ауыр, өте салмақты.* Қойшығара да, Петро да ұшып тұрды. *Зіл көтерем* болып жатқан дене кенет жеңілденіп, икемге келіп қалғандай болды (Б. М.). Балқия үйіне жетсе де, ішіне кіре

алмай, төлтiректeп барып, босағаға отыра кетті, иығындағы *зіл көтерем* күрегі де ұшып түсті (Ә. Ә.). Әбіш пәтеріндегі жастар ажары мен аз өңгіме жүрек түкпірінде жатқан *зіл қара тастай* салмақты дертті сейілткен жоқты (М. Ә.).

ЗІЛ ҚАРА ТҮН *Өзі тастай қараңғы, өзі тымырсық, ауасы ауыр түн жөнінде айтылады. Зіл қара түнді жапсарынан сөге, таң сызаттап келеді (Ғ. Мұс.).*

ЗІЛ ТАСТАДЫ *Салмақ салды; кекеді, мұқады, ауыр сөз айтты.* Оспан Оразбайдың өз үйіне кіріп отырып, ақыра *зіл тастаған*. «Осыдан жердің түбіне кіріп кетсе де, Оразбайды лақша бақыртып, байлатып алғызбай, тыным таппасын!» — деп аттанған еді (М. Ә.). Сүйіндік атының басын іркіп тұра қап, қатты *зіл тастай*: — Әй, жігіттер, тоқта былай! — деді. Жұрттың бөрі іркіліп, соның аузына қарады (М. Ә.).

ЗІНІ КЕТТІ *Аңсары ауды, көңілі, ықыласы түсті.* Заманында бар екен қариясы, Өзі әйел, ағарған қардай шашы. Түзуліктен аспанға басы жеткен, Сол кемпірдің бар екен бір ағашы. Уақытында патшасы көрді мұны, Көрді-дағы ағашқа кетті *зіні* (М. Б.).

ЗІҢГІТТЕЙ ЖІГІТ [АЗАМАТ] *Есейіп өскен, толысып жетілген жігіт.* Несін айтасыз, Абай аға! Үш-төрт жылдың ішінде ол балалардың өздері де өңкііп, *зіңгіттей жігіт* боп алды. Сонымен көзім ашылды ғой (М. Ә.). Ашуланба, баламысың! Өзің *зіңгіттей азамат* болдың — деді Майбасар Абайға (М. Ә.).

ЗІРКІЛ ҚАҚТЫ *Зірк-зірк етті, солқ-солқ етті, дүниені көшіре күңіренді.* Найзағай жарқылдатып жалын атты, Күңіреніп көк әлемі *зіркіл қақты*. Не жорық бейне қаңбақ лапықтарға, Теңкіш ақ боз үйлер құлап жатты (С. О.).

И

ИБА ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ, САҚТАДЫ, ТҰТТЫ] *Кіші пейілділік істеді, әдеп сақтады.* («Иба» — араб сөзі, кіші пейілділік, ибадаттық мағынасында). Бұлардың [Ғайша мен Қожаштың] ыңғайын байқап, Ғайшаның апасы қандай заман болады, бір-біріне айта алмай, *ибалық қыт* отырған сөзі болса, сөйлессін деп, екеуін оңаша тастап, ауыз үйге шығып жүрді (С. К.). Қадала қарап жігіттер Сұлудан көзін алмады. Қош келдіңіз дегендей, Асқа өрлеңіз дегендей, *Иба қып* батыр қарады (Жамбыл). Берен *иба сақтаған* адам секілденіп, төмен қарап, үндемеді (Б. М.). Борзих Нұржанның *ибалық тұтып*, рақмет айтқанына болмай, жаңа басталған «Беломордан» ұсынып, шырпысын шағып еді (Ә. Н.). Ол сәлем беріп тұрып, қолымды қатты қысып, амаңдық сұрап, кішілік *иба жасады* (ҚӘ).

И БОЛДЫ *Момын болды; жүні жығылды; езілді; жуасып басылды.* Бұрынғы Бейсен емес, *и болып* қалған, кімге топырақ шашсын (Ғ. Мұс.).

ИГІ ЖАҚСЫ *Елдің, халықтың беделді адамдарының баламасы ретінде қолданылады.* Көкшетау мен Қызылжар оязынан мыңға жақын *игі жақсы* жиналды (С. М.). Екі торының өзгелігі жоқ, *игі жақсының* бөтендігі жоқ (Мақал).

ИГІ ЖҰМЫС *Жақсы іс, пайдалы әрекет.* Жалпы жастарға, *игі жұмысқа* ат салысқан ел еңбекшілеріне мектеп кеңсесінің атынан алғыс айтамын, — деді (Б. М.).

ИГІЛІГІН КӨРДІ *Пайдасын, рақатын жақсылығын көрді.* Социализмді қолмен құрдық та, *игілігін көрдік* (С. К.). Енді ойлап қарасам, төртпітгің *игілігін көрген* жігіттердің иықтары көтеріңкі (Б. Мом.). Арман епте, жас күнің көп, *Игілік көр*, ерге бар. Бұл заманның қашқыны деп, Мен ғаріпті есіне ал (Абай).

ИГІЛІГІН КӨРСЕТПЕСІН қ а р ғ ы с.
Қызығын көрсетпесін. Құдай сақтасын!

Бес-онды қарамыздың *игілігін көрсетпесін!* — дегенді айтады (ҚЕ).

ИГІЛІГІНЕ КИ [ҒҰТ, ҰСТА, ЖҰМСА] т і л е к. *Қуанышқа бұйырсын. Киімің келісті-ақ екен, игілігіңе ки, шырағым!* (АТ).

ИГІЛІККЕ ЖЕТТІ *Дәулетке, жақсылыққа қолы жетті, тұрмысы түзелді.* Ен жерді мекен етем деп, *Игілікке жетем* деп (Д. Б.).

ИГІЛІККЕ ҰСТАДЫ *Қажетіне жаратты, пайдасына тұтты, рақатын көрді; жақсылыққа жаратты, пайдаланды.* — Биылғы су мол ақ! — дейді Сырбай дарияның ағысына қарап тұрып, — тек, *игілікке ұсталсын, жарықтық* (С. М.).

ИГІЛІКТІҢ ЕРТЕ, КЕШІ ЖОҚ *Игі істі, жөн жұмысты қашан атқарса да орынды.* Әйтсе де, сіздің пікіріңіз ойланарлық екен. Тағы да байқап көреміз. *Игіліктің ерте, кеші жоқ*, жоспарыңызды қалдырып кетіңіз (Ғ. Мұс.).

ИГІ МҰРАТ [ТІЛЕК] *Жақсы тілек; қасиетті мүдде.* — Столетовты өңім түгіл, түсімде де көргенім жоқ. *Игі мұратыма* бойы мыртық албастыны көлденең салар жайым жоқ, — деп, алып сатар қарғанып, антын берді (К. Т.). Бізде құр талап пен *игі тілек* қана бар. Қарсыласуға, табан тіреп тартысуға шамамыз келмейді, — деді исполком мүшелеріне Яковлев (Х. Е.).

ИЕ БЕРМЕДІ *Ырқына көнбеді, бой бермеді.* Сөйгел тиген бұқалар ақсақ шалға *ие бермейді* (ҚЕ).

ИЕ БОЛДЫ *Иемденді, қожалық етті, қожа болды.* Жарасбай өз елінің ішінде болыстығына қайта *ие болып* қалды (М. Ә.). Кешегі қара табан қара бала, Бүгінде *ие болды* машинаға (Қ. Қуан).

ИЕГІ ИЕГІНЕ ТИМЕДІ *Қалғырап, діріл қақты, тісі тісіне тимеді.* Ымырт жабыла қоймен ілесіп, жаяулай келген қойшы Байтұяқ үйіне жетіп, есіктен кіре бере, көрі шешесінің көзінше, босағаға қисая кетті. *Иегі иегіне тимей* дір қаққанда,

екі көзінен ағыл-тегіл жас та ақты (М. Ә.).

ИЕГІ ҚЫШЫДЫ Дәмеленді, дәме етті, үміттенді, емексіп қалды. «...Ал, араңды үзетін болсаң, бала үшін менен бірдеңе өндіремін деп, иегің қышымай-ақ қойсын. Сенімен мен ЗАГС-ке тұрған емеспін ғой» — депті күйеуім хатында, — дейді Ақмарал (Ө. Сат.). Олжаға иегі қышығандар құмалақ ашып, балгерлікпен әуреленді (Т. Ә.). Ит тимеске иегі қышығаны несі (АТ).

ИЕГІНЕН ТАҒАЛЫ АТ ТАЙЫП ЖЫҒЫЛҒАНДАЙ Қылау, сақалы жоқ, беті жып-жылтыр көсе туралы айтылады. Жұмекеннің иегінен тағалы ат тайып жығылғандай (Ғ. М.).

ИЕГІН САҚЫЛДАТАДЫ Қали-қали еткізді, тоңдырып жіберді. ...Терістен соққан ызғарлы желі денеге салқын тиіп, жамаулы киімдерден иегін сақылдатып жіберді (Б. М.).

ИЕ ЖАЗДЫ Тәңірі қалады, тәңірінің дегені болды. Күңіренген бәйбіше де қоңыр қазша: «Бермес пе ед бір шикі өкпе ие жазса!» Ұйлыққан, үндей алмай отырған жұрт, Шеттегі түрегелді жетім тазша (І. Ж.).

ИЕК АРТПА 1. Дөң, биіктеу, шыға беріс жер. Келе жатқан жүргіншіге қоян-қолтық кездестіріп, артынан қуғыншы болса, тез жасырып әкететін Бақтығұлға оңай жауға қан балта сабы иек артпа керек (М. Ә.). Жотаға шығармаймыз деп, жиырма кісінің ішінде Несіпбай да иек артпаға өздері шығып, адасқан болатын (М. Ә.). **2.** Тіреуіш, сүйеу. Тіркеулі түйеге шаршағанда нұқта да иек артпа демеу ғой (АТ).

ИЕК АРТТЫ [СҮЙЕДІ] 1. Арқа сүйеді, (біреудің) көмегіне сеніп өсті (әдеттенді). Баланы балаға телу деген мүлде теріс әдіс екенін тұрмыс өзі көрсетті. Біреуге жастайынан иек артып өскен бала, өсе келе өз бетімен талпынудан қалады (М. И.). Дүниенің не халі жоқ, қанша айтқанмен, сондай қолында ісі бар, күші бар кісіге иек сүйеу керек (С. Т.). **2.** Бір жерге жақындады, артылды, жетті, тырмысты. Кешкі зауал шақ. Бес-алты түйе тіркеген шолақ керуен суалған емшектей тандыры кеуіп қалған өзен сұлбасынан өтіп, дөңеске иек артты (Т. А.). **3.** Қол арта, мінгесе деген мағына да береді. Теңізге иек сүйеп тұрған Қарадөңге мінгесе отырған ауыл — біздің ауыл (АТ).

ИЕК АРТЫМ [АСПА, СОЗЫМ] ЖЕР Жал-жақын, бір қыр артындағы жер. Жолбарыс жотаның табиғаты да айнымалы келеді. Иек артым жерден тоқымдай бұлт шықса болғаны, іле долы нөсерін төгіп-төгіп жібереді (ІЖ). Кенет, ол дәл қасынан, иек созылмай ғана жерден жермен-жексен бір үйді көрді (Ө. Н.).

ИЕК АСТЫНДА Жақын жерде, мына тұрған жерде. Түлкі иек асты жақыннан, төменнен қашқан еді. Құс атғылар үстінде аз көтеріліп, жай қалқи түсті де, ыра төмен құлдйлап кетті (М. Ә.). Кіршіксіз боп, мөлдірей жайнаған осындай бай, бақытты өлкенің амандық, тыныштығына дақ салушы жыртқыштар Бекболдың иегінің астында, осы өңірде тығылып отыр (М. Ә.). — Өскер деген біздің заманымызда иек астынан шығатын үйреншікті нәрсе болып кетті ғой (Х. Е.). Қазақтың осы жер дегені көш жер, көрсеткен иек асты жеріне екі күн жүрдім (АТ).

ИЕК АСТЫНДА ЖҮРІП КЕТТІ Табан астына жүріп кетті деген мағынада.

ИЕККЕ АЛДЫ д и а л. Күштеді, зорлады. Мені ол Нарынқолға иекке алып апарғысы келді (Алм., Кег.).

ИЕК ҚАҚТЫ Ымдады, белгі берді, ишара етті; бірдеңеге нұсқады. Оспан көшірі Баймағамбетке үлкен көзін қысып, «өзір тұр» дегендей боп, иек қақты. Өзі Оразбайдан екі есе биік заңғар бойымен оны бауырына ала, тақап тұр (М. Ә.). Атаман зәрлі көзін сығырайта түсіп, басын изеді де, ат айдаушыға иек қақты (АТ).

ИЕНІ ЖАД ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] к ө н е. Бір алланы есіне алып, сыйынды. Ұстап беріп биені, Жад қылады иені (ҚБ).

ИЕСІЗ ҚАЛҒЫР! АДАЫРА ҚАЛҒЫР! АРТЫНДА ҚАЛҒЫР! қ а р ғ ы с. Бағу-қағусыз, бас-көзсіз болғыр. — О, көк тігілгір! О, қара байланғыр! Иесіз қалғырдың мүлкі түге! Тап жаңа ғана тап-тұйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім. Баласы құрғырлар-ау, жүретін жолға қойған (Ө. Н.).

И ҚЫЛДЫ 1. Мылжа-мылжасын шығарды. Есіл еңбек-ай, мына мал аяғымен таптап, и қылды-ау (АТ). **2.** Адамдарды езді, еңсесін басты. Өзге тоқалдардай дегеніне көндіріп, и қылып, мықтап отырғысы келеді. Әйеннің алдынан әйел түгіл, Шалматай сияқты еркектер де шықпайды (І. Ж.).

ИЛЕГЕН ТЕРІДЕЙ БОЛБЫРАДЫ 1. Пісуі қанды, бабына келді. (Зат туралы айтылады). **2.** Жүнжіп, босап, майысқатанып кетті. Мен тұтас бір халық уақтанып, ер жүректігі жойылып, илеген терідей болырап кетеді дегенге сенбеймін (І. Е.).

ИМАН АЙТТЫ к ө н е. Дұға оқыды. (Өлер алдындағы діни уағыз). Мен өттім арманда, Көре алмадым, Артымда ағайын мен туғанды, Жан төсілімге таянды Айта көр, Жөке иманды (Ш. К.).

ИМАН БЕРСІН к ө н е. Риза болғанда айтылатын діни алғыс. Баршаңызға құдайым иман берсін сіздерге, Ғаза қылса дидарын, Ұжмақ деген жерінде (АӘ).

ИМАНДЫ АДАМ [КІСІ] көне. *Ұяты, әділ-қалыстығы бар кісі; таразысы тең ақыл иесі. Ақылы жоқ кісіге ақыл болдың, Дүниенің бөріне мақұл болдың, Құдай берген иманды бір кісісің, Мөдіресе мен мешітке жақын болдың (Ш. Қар.).*

ИМАНДЫ ҚҰЛҒА ЖОЛЫҚСЫН **○** **ИМАНДЫ ҚҰЛ КЕЗ КЕЛГІР!** көне, тілек-бата. *Ұяты бар, ізгі ниетті, тілеуі ақ пендеге кездессін. Иманды құл кез келер Қаузы, қаусар суына (ҚБ). Ашылмаған қызыл гүл Иманды құлға жолықсын (АТ).*

ИМАН [-Ы] ЖОҚ *Ұяты, адалдығы жоқ. Өзінде ешен иман жоқ, Елге иман бермексің (Д. Б.). Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы па жоқ (Абай). Иман бардың белгісі — Тілінен тамаң шырасы (Ш. Қ.).*

ИМАН ЖҮЗДІ *Инабатты, жүзі жылы. Е, мынау бір иман жүзді адам екен, нағып тиіспей кетті? (Ғ. М.). Зәкір олардың қасында иман жүзді десе де болады (З. Ш.).*

ИМАН КЕЛТІРДІ көне. *Дін қағида-сында құдайдың барлығына, бірлігіне илану, сену. Құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп, иман келтіріп едік, енді құдай тағала бір ант ұрғанға, еңбексізге мал береді екен (Абай).*

ИМАНМЕН ҚАПТАП ҚОЙҒАНДАЙ *Бір көргенге мұнғаздай, күнәдан пәк кісідей. Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріне қарасам, иманмен қаптап қойғандай,— деді (Ә. Н.).*

ИМАНЫҢ МАШАЙЫҒЫ, ҚҰРАНЫҒЫ АЯТЫ діни. *Дін иелерінің көп сөзі, діни уағыз сөздер. («Машайық» — арабша, құдай жолын қуушы; «аят» — арабша, құранның сүресі).*

ИМАН САЛДЫ *Құран түсірді, құран аятын оқып, иманын үйірді. Байғұстың не қылса да, тілегі түзу екен. Садақасын беріп, иман салуға ілігіп кетті (ҚБ).*

ИМАН СҰРАДЫ [ТІЛЕДІ] діни. *Құдайына жалбарынды. Екеумізді пір тұтып, Жәдігөй жауғыш болмаңыз, Ақырет қамын ойлаңыз, Жасың жетті жетпіске, Иман бер деп сұраңыз (Ш. Қ.). Аузын ашса болғаны, жиналған жұрт шуылдасып, өлікке иман тілеп жатты (Ә. Н.).*

ИМАН ТАПТЫ діни. *Иманды болды. Меке мен Медине жердің ұшы, Иман таба ала ма барған кісі. Ата-ананы, мейманды құрметтесең, Кемеңнен де нұрлы ғой үйдің іші (АӘ).*

ИМАНЫ БЕТІНДЕ ҮЗІЛІП ТҰР *Ұяң, ибалы, тәрбиелі деген мағынада. Біз де қыз асырап едік. Бірақ, біздің қызымыз ер кісіге қарамай, иманы бетінде үзіліп тұрып еді (Ә. Н.).*

ИМАНЫ ЖОЛДАС [КӘМІЛ] БОЛСЫН! діни. *О дүниеде бақытты болсын деген тілек. Бәрекемді-ай, шешеміз асарын асап,*

жасарын жасаған адам еді. Өлсе, бәрібір иманы жолдас болсын! (ҚБ).

ИМАНЫ КӘМІЛ БОЛДЫ *Сенді, ақиқат сенді, нанды. Енді дүние қожасы Еңбекші тап өзілген, Иманың кәміл болмаса, Келіп қара көзіңмен (Қ. Әб.). Гүлнәрдің майданға кетпей тынбайтынына Байжанның иманы кәміл еді (С. М.).*

ИМАНЫ ҚАСЫМ БОЛДЫ *Үрейі ұшты, зәре-құты қалмады, қатты қорықты. Тілеубай Айнакөлге қайтып келіп, революция күндерінде төбе шашы тік тұратын сұмдық сөз айтатынды шығарды. Шалдардың иманы қасым болды, жағасын ұстады, жерге түкірді. [Тілеубайға] көк мылжың деп ат қойды (З. Ш.).*

ИМАНЫН АЙТТЫ 1. діни. *Діндар адамдардың өлім, не қатты хауіп-қатер төнгенде дұға оқуы. Шеткі үйдің жанына кеп машинаны тоқтаты да, шофер аулаға кірді. Астында текемет, қолында тасбих, иманын айтып, күбірлеп отырған кемпірден жөн сұрады. Ақбобаның қайда тұратынын анықтады (З. Ш.).* 2. *Қатты қорықты, үрейі ұшты. Зәрем кетіп отырғанда, әлгі нәрсе қыбырлап, маған қарай қозғалғандай болды. Қарауға дәрмен жоқ... Иманымды айта бастадым (ҚӘ).*

ИМАНЫНА ҚАМШЫ ВАСПАЙЫН *Сыйлау мағынасында айтылады. Иманыңа қамшы баспайын, сыйлап келдім (АТ).*

ИМАНЫҒАЙ САҚТАДЫ *Ешкімге айтпады, сыр шашпады. Тек өзіне ғана айтатын құпия сырым бар. Егер бұл сырымды иманыңдай сақтайтын болсаң... (І. Е.).*

ИМАНЫН САТТЫ *Ар-ұятын сатты. Қысылтаянда иманын сатып жүре берді (АТ).*

ИМАНЫН ҰШЫРДЫ **○** **ИМАНЫ ҰШЫП КЕТТІ** *Үрейін алды, қорқытты, зәре-құтын қашырды. Бір-біріне отты шала лақтырып, қылыш жұтып, адамның иманын ұшырды. Бұдан шошыған Мұқсина Бержабайға тығылды (І. Ж.).*

ИМАНЫН ҮЙІРДІ көне. 1. *Өлер алдында, «жан» тапсырарда кісіге құран оқытты.— Ойбай ішім, ойбай бетім, өлдім, өлдім, біреуің иманымды үйіріңдер,— деп бір шетте ішін басып жылап отырды Кенже молда (С. Ал.).* 2. *Үрейін ұшырды. Вандылар бүгін бір жерден көрінсе, ертең барып күндік жерден шығады. Таңертең, я түнде бір ауылға жердің астынан шыға келгендей жетіп, ... мылтық атып, ауылдың иманын үйіреді (С. С.).*

ИМАНЫ ТАЯҚТАЙ БОЛДЫ *Зәресі ұшты, зәре-құты қашты, аза бойы қаза болды, иманы түршікті. Жауыр аттай ығыр болған халық қыр басынан бір қара қылт етсе де, иманы таяқтай болып: «Ойбай, келіп қалды!»— деп, зар қағып қоя береді (Ә. Н.).*

ИМАНЫ ТҮРШІКТІ *Аза бойы қаза болды, құйқа тамыры шымырлады, төбе шашы тік тұрды. Құдай жазбасын да, есіткенде иманың түршігеді* (Б. М.).

ИМЕҢ ҚАҚТЫ *Бұл жерде жағының иілді мағынасында. Жыландардан жирендің, Итере алмай илендің, Имең қақтың қылымсып, Топыр болды, той болды, Кәрі-жасы ыбырсып* (І. Ж.).

ИНЕДЕЙ ҚИЯНАТЫ ЖОҚ *Ешкімге зәредей жаманшылық жасамайтын, еш залал келтірмейтін адам. Есімді білген соң, Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой, құдай біледі, қазақ баласына инедей қиянаты жоқ еді* (Б. М.).

ИНЕ-ЖІПТЕН ЖАҢА ӨТКЕН [ШЫҚ-ҚАН] *Су жаңа, ыңқа әлі ілінбеген. Досекеңнің өзі де ине-жіптен жаңа шыққан локс костюмін столдң еш жеріне тигізбейін дегендей, сіресіп отыр* (Ө. Сат.).

ИНЕЛІКТЕЙ БҰРАЛҒАН [ІЛМИГЕН, ҚАТҚАН] *Ұзын тұра, сидиған арық. Сендер бастан жүрген адамсыңдар,— деп Мінайдар мен Қойшығараны инеліктей бұралған біреуі тергеуле алды* (Б. М.). Жеңіл машиналардың алдыңғылары жолда тұрғандарға қарайламастан, жүйткітіп өте шықты. Ең соңғы машина әдейі тоқтады. Онан инеліктей ілмиген біреу шықты (Ө. Қан.). «Шамбетім жанымда болса, инеліктей қатқан неме маған бүйтіп тиіспек түгіл, бетіме қарай алар ма еді»,— деп Айғаныш кейіп кетті; көзіне ыстық жасы тола қалды (Т. С.).

ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАНДАЙ *Өте ауыр, мандымайтын, еш өнбейтін, бейнегі ауыр* (іс). Бірден айтам, оңай айтам деу арзан қиял, бос үміт. Поэзия! Тамаша өлең! *Инемен құдық қазғандай* өте қиын бұл еңбектің құшағына кіру қайдан оңайға түссін,— деді Құрмаш (М. И.). Кездескен екі топтың оқушылары қағаз-қарындаштарын қолына алып, кейбірі қысқа-қысқа белгілер жасайды. Білмек, ұғынбақ, көптен отырып тереңдеп түсінбек, ғылымның көп инесімен құдық қазбақ (М. Ә.).

ИНЕНІ ЖІПКЕ ТІЗДІ *Бұрынғы-соңғыны ұмытпады, болған істі теріп жүрді, бәле құды. Өкпең жоқ бауыр болсын дегенің — не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп, өкпешіл болма дегенің* (ШС). Тере берсең, тезек те өңгіме, неге инені жіпке тізе бересің (АТ).

ИНЕНІҢ ЖАСУЫНДАЙ *Бір мысқал, азғантай, зәредей. Сондағы оның қарайлайтыны Тәрбияның көңілі ғана. Оған қарайламас еді, егер онда осы сәбиге деген иненің жасуындай алалық болса* (С. М.).

ИНЕНІҢ КӨЗІНЕН ӨТКЕНДЕЙ *Пысық; қайдан болса да тесіп шығатын кісі әрекеті туралы. Иненің көзінен өтегін жылтыр қара, пысық-ақ. Түк бөтендігі жоқ. Атасына ермек болып алды* (Т. А.). Тәңірберген жас болғанмен, қысылған

жерде айла менен ақылды қатар жұмсап, ине көзінен өткендей ебі болатын (Ө. Н.).

ИНЕ ШАНШАР ЖЕР [САҢЫЛАУ] ЖОҚ **ИНЕ ӨШЕР ЖЕР ЖОҚ** *Қалың, тығыз. (Ін тірескен көп адам, ығы-жығы көп халық, я зат). Алапқа алқа-қотан отырды жан, Жері жоқ ине шаншар адам тұрған, Жаяулап тай шаптырым жерге келді, Алыста аттар қалды байластырған* (І. Ж.).

ИСІ АЛЫП КЕТТІ [АҢҚЫДЫ] *Ісі мұрныңды жарды; ісі мұңкіп тарады, жайылды. Керосиннің ісі бөлменің ішін алып кеткен* (С. М.). Көк торғындай аспан-көк. Білемін жайнап ашылар. *Ісі аңқыған бәйшешек, Түрленіп жерді жасырар* (Абай).

ИСІ ДЕ ЖОҚ *Түк жоқ; көлеңкесі, елесі жоқ. Мен бір бұралқы жолды білем. Онда автоинспекцияның ісі де жоқ* (Т. А.).

ИСІ ҚАЗАҚ *Қазақ атаулының бәрі, күллі қазақ біткен. Адамның көз жеткісіз қарасына, Дегендей ісі қазақ бәрі осында. Жауғандай Ерейменге жаңбыр кісі, Қусақтың тартты тура жағасына* (І. Ж.).

ИСІН АЛДЫ *Ісін сезінді, ісін біліп қалды. Өзге хайуандар секілді, тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалма-сын деп, ісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрныңды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріпті* (Абай).

ИСІНІП КЕТТІ *Мейірі түсіп кетті, жүрегі иіп салды. Бәрі көңіл ісініп кетіп: — Зардақ-ай! Сай-сүйегімді сырқыратып бітің ғой,— деп жеңімен көзін сүртті* (Ө. Н.).

ИТАРҚА БОЛДЫ *диалект. Әуре болды. Не қыласың, бекер итарқа болып* (Орал. Жән.).

ИТ АРҚАСЫ ҚҰРЫСТЫ *Қайратқа мінді, ашуланды, шын қаһарланды, арқасы қозды. Бір уақыт болғанда Қынабынан суырды, Қиялай тартып қылышты Жалғыз жаумен ұрысты. Жау қарасын көрген соң, Ұмтылмай кетер ер ме еді, Ит арқасы құрысты* (ЕТ).

ИТАРШЫ БОЛДЫ *Жарамсақ, жағымпаз адамның іс-мінезі туралы айтылады. Жер астын билейтін үлкен ұлық — Шегір мен наредшиктер байдың итаршылары болады* (С. С.). Итаршы, итаршыға бір шаршы деп, сенің килігің, итаршы болып, жағымпазданған неңді алған (АТ).

ИТ [ТАЗ] АШУЫН ТЫРНАДАН АЛАДЫ *Әлі жеткеніне күш жұмсайды, біреу үшін кекті әлсізден қайтарады. Кешке шейін осы хабарды тегіс естіген Жігіттең ауылдары үрпаісіп қалды. Заман не боп барады? Күн райы қалай бұзылды. Ит ашуын тырнадан алғаны ма деп тіксінді* (М. Ә.).

ИТ АЯҚТАН САРЫ СУ ШКІЗДІ [ИШ-ТИ] Қорлады; көзіне көк шыбын үймелетті. Әрине, сөз сенікі, келмей кетсең, Келер болсаң, иттей қып, басқа тепсем. *Ишкізіп ит аяқтан сары суды, Дүниеде арманым жоқ соған жетсем (С. Т.). Тұтқын боп ит аяқтан сары су ішіп, Кісенде қол-аяғы жатыр Абақ (С. Б.).*

ИТ ӘУРЕСІ ШЫҚТЫ ○ ИТ ӘУРЕГЕ САЛДЫ *Әуре-сарсаңға түсті (түсірді), әбден қажыды (қажытты).* Өскеменге облыстық комсомол комитетіне барып едім, онда болғанымнан, жолда жүргенім көбейіп кетті. *Ит әурем шығып, зорға келемін (ЛЖ).* Мен «Беларусті» табандай екі ай шұқыладым. Тат басып, көптеген тетіктерін бала-шаға шығарып әкеткен екен. *Ит әуреге салды (ЛЖ).*

ИТ БАЙЛАСА ТҰРҒЫСЫЗ *Адам тұрып, тіршілік жасап болмайтын жер. Қайрақтының осы жақ беті Жалтыртөбе ит байласа тұрғысыз, бір ызғырық, оң жақ беті аңырайған кең аңғар (Ғ. М.).*

ИТ БАСЫНА ІРКІТ ТӨГІЛДІ ○ АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ *Ишкені алдында, ішпегені артында болды, ағыл тегіл болды, молшылық, ауқатты тұрмыс орнады.* — Нағыз жарылқайтын социализм көрінді! — деп Әбен кие жөнелді... Күллі жұмыс машинамен істеледі. Мәселен: көшіп-қонғанда мынау үйді жығып, тігіп әуре болмайсыз, машина төбесінен бүркітше бүріп апарады да, қондыра қояды. Молшылық дегеніңізде есеп жоқ. *Ит басына іркіт төгіледі... (Ғ. Мұс.).*

ИТ БОҒЫНАН ҚЫЛ ШЫҚПАЙ ҚАЛМАЙДЫ *Әр нәрсе тегіне, затына тартпай қоймайды. Әр нәрсе асылына тартпай қалмас, Қыл шықпай ит боғынан қалмас деген (ШС).*

ИТ [ИТТЕЙ] БОЛДЫ ○ ИТ ВОЛЫП КЕТТІ *Қор болды; абыройы төгілді, масқара болды. Өлгі атаңа нәлет, завхоз, бүгін тағы алдады. Күні бойы күте-күте ит болдым. Ақыры бермеді көлігін, — деді Батырбай (М. И.). Өбден иттей боп қажыған Бизанов Мұғалжарға қарай көшіп келе жатқан Кенесарының аулын құмай, Ор қаласына қарай шегінді (І. Е.). Жалығуды пәледен, Жұрт ұмытты біржол, Шыныменен тамам ел, Кете ме екен ит бола? (Абай).*

ИТ БҮЙДА ЕТТІ д и а л. *Ұрысты, сөкті, ұялтты (Ақт., Қараб.).*

ИТЕЛГІДЕЙ ЖҰТЫНДЫ *Сұқтанды, жаланды мағынасында. Зарлық бала ойнайды Арыстандай құтырып, Ителгідей жұтынып (МЗ).*

ИТ ЖАНДЫ *Жаны сірі, сүйрегіліп жүріп те өлген-тірілгеніне қарамай әрекет ететін кісі. Ит жанды жау сонша өлермен, көк жұлын боп, дымы құрып жатса да, әлі көкпен жерден соққылап тұр оқпен ұрып (Ә. Ә.).*

ИТ ЖЕГІРДІ ИТ ЖЕСІН ○ ИТ-ҚҰС ЖЕГІР *Кейіс сөз. (Өзіне бұйырмаған нәрсе туралы айтылады). Ау, мына ит жегіріңді ит жесін! Мә, жемтігіңді ал! — деп, қойынан нанды лақтырып тастайды (ҚЕ).*

ИТ ЖЕККЕНГЕ АЙДАТТЫ *Алысқа, қиыр қиянға жер аударды. Нарды алған кісі бір күн ішінде әкеліп, үйімнің маңына тастап кетпесе, түбіне жетем! Ауыл-маулыңмен шабамын! Еркегін құл қылып, әйелін күң қылып, ит жеккенге айдатам (ҚЕ).*

ИТ ЖЕМЕДЕ ҚЫРЫЛДЫ *Азапта, ит-қорлықта өлді. Тұтқындардың киімдері жұқа, жыртқы болған соң, жатқан жерлері қарлы жер, үйдің барак болған соң, азап шегіп, бұлардың бәрі ит жемеді осылай қырылып таусылған екен (С. С.).*

ИТ ЖЕМИГЕ ТАСТАДЫ ○ ИТ ЖЕМІ ҚЫЛДЫ *Тастандыға (садақаға) шығарды, қараусыз қалдырды; өлімші етті, қорлады, азапта салды. («Ит жемі» көбіне қорлау, қорлану мағынасында жұмсалады). Ендеше ортамыздағы ең әлсіз, ең пышайман бір ғаріпті қайда тастап отырмыз? Ит жеміге тастап отырғамыз жоқ па? (М. Ә.). Мазағы болыпшы-ау мына жының, Жарайын осы арада ит жемі қып, Кім сұрап алар екен құнын мұның (М. Ә.).*

ИТ ЖҮГІРТП, ҚҰС САЛДЫ *Сауықсайран құрды. Ит жүгіртіп, құс салған өнерпаздың өнері. Өтіп кеткен нәрсеге Өкінсең жоқ келері (Ш. Қ.). Ел ішінде сәлем де, Замандас, құрбы, теңдерге. Ит жүгіртіп, құс салған, Найза ұстаған ерлерге (ҚБ).*

ИТ ЖҮРЕК *Қызық-қуанышы жоқ, құлазуға көнген көңіл. Сенісерге жан таба алмай, Сенделеді ит жүрек. Тіріліктен бір қана алмай, Бұл не деген теңтірек! (Абай).*

ИТ ЖЫҒЫС 1. *Бірін-бірі жерге қатар түсірді, жеңісе алмады, тең түсті деген мағынада. Ит жығыс жатып, енді тыпырлап кеп итше ырсылдасып, тістерімен шайнасты (С. С.).* 2. *Кімнің (неінің) неғайбыл болғанында айтылады. Баян жақ бәйге бер! — деп келді оязға: — Бәйгесін, кім жыққанын жаз қағазға! Керей жақ бергізбестен, кетті кернеп; — Ит жығыс! Мынаның да жыққаны аз ба? (І. Ж.).*

ИТ ЖЫНЫ КЕЛДІ [ҰСТАДЫ] *Ашуланды, тоң мойындық көрсетті. Мақау емес пе, ит жыны келсе, бетің бар, жүзің бар демейді (АТ).*

ИТ КЕМІРГЕН АСЫҚТАЙ *Бұжыр, сынсыз бет. Тегінде, ит кемірген асықтай тығырайған қара қажы қаны қашып, қара пышақтай болған екен (І. Ж.).*

ИТ КӨЙЛЕКТІ БҰРЫН ТОЗДЫРҒАН *Жасы аздап үлкен деген ұғымда әзіл ретінде айтылады. Бұдан ақыл сұрап, күн көріп жүргендер шамалы болса да, ит көйлекті бәріңнен бұрын тоздырғанмын деп, өзінше өктем соғар мінезі қалып көрген емес (А. Б.).*

ИТ КӨРГЕН ЕШКІ КӨЗДЕНДІ **○ ИТ КӨРГЕН МЫСЫҚША ҮРПІДІ** *Үрейі ұшты, елере үрікті. Ит көрген ешкі көзденіп, Елерме жылды сөзденіп, Жасынан үлгісіз шіркіп, Не қылысн өнер ізденіп (Абай). Төрде отырған Ықсан бұл сөздерге шыдай алмай, ит көрген мысықша үрпийп, екі көзі мұғалімді жеп қоятындай аларып, кепкеннен кеуіп бара жатыр еді (І. Ж.).*

ИТ К...ИНЕН ИНЕ СУЫРҒАН *Айлакер, епті; жылпос.*

ИТ ҚОР АДАМ *Өмірден соққы жеп, тағдыр тәлкегіне түсіп, қайғы, жапа шеккен адам. Қабыл көрсең, көңілім жай, Тастап кетсең, япырмай, Ит қор адам болар ма, Бұл жалғанда сорлындай (Абай).*

ИТ ҚОРЛЫҒЫН КӨРСЕТТІ **○ ИТ ҚОРЛЫҚ КӨРДІ** **○ ИТ ҚОРЛЫҚТА ӨЛДІ** *Азап тарттырды, қиыншылық көрсетті, ауыр халге тап болды, азаптанدى, көресіні көрді. Қызды желмаяның артына таңып, ит қорлығын көрсетіп, ханның қолына әкеліп табыс қылды (ҚЕ).*

ИТ ҚОРЛЫҚ *Ауыр жағдай, үлкен кемтарлық, азап шегу. Жоқшылығыммен, ит қорлық бейнетіммен, тұзсы сор, еңбегі еш қам-қарекетіммен болсам да, әйтеуір, жат үйдің босағасында емесіп, — деді Держембай Базаралыға (М. Ә.).*

ИТ ҚОСТЫ Айтақтады, соңына түсті. *Ақырып ақырында жіберді ұрып, Ит қосып орамынан шықты қуып, Әлсіреп, әлі кетіп титықтады, Көк шөпті көшедегі жөді жұлып (О. Ш.).*

ИТ ҚҰС ЖОЛДАС БОЛДЫ *Түзде қаңғырып қалды; елсіз, адамсыз, жыртқыш аң бар жерде жүрді. Ит-құс болып жолдасым, Тағдырға шара нешік-ті (МЗ).*

ИТ [ИТТЕЙ] ҚЫЛДЫ *Қор етті, қорлады, абыройын түсірді. Енді бір бала тұғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың? (Абай). Ермен шықты, ит қылып, Бидай шашқан егінге. Жай жүргенде өрт қылып, Тыныш өлсеңші тегінде (Абай). Әрине, сөз сенікі келмей кетсең, Келер болсаң, иттей қыл басқа тепсем, Ішкізер табақтан сары суды, Дүниеде арманым жоқ соған жетсем (С. Т.).*

ИТ МІНЕЗ *Ыржаңы мен ашуы қатар жағымсыз қылық. Жас баладай жеңсік қой, Байлаулы емес ақыл, ой, Ойлағаны — айт пен той, Ыржаң-қылжаң ит мінез (Абай).*

ИТ МІНІП, ИРЕК ҚАМШЫЛАДЫ **○ АҒАШ ЕРГЕ ЖІП ҚҰЙЫСҚАН** *Азып-тозып, тіршілікті жаман-жасқап өткізу мағынасында. (Тепеңдеп өрең, зорға жүргенде, немесе азып-тозып, өмір соққысын көргенде айтылады). Еңіреген, егілген, Итке мініп, ирекен Қамшылаған өмірден Аулын тартып алып тұр (І. Ж.).*

ИТ ӨЛІМ *Қадірсіз, жиренішті қаза, қаңғырып, көмусіз қалу. Жусатып, жер*

құштырды ит өліммен, тізілген неміс тобын мыңнан, жүзден (М. Жан.).

ИТ ӨМІР *Қорлықпен өткен тұрмыс, қорлық, итше ырылдасқан тірлік. Ит өмірдің осылай аяқталарын білді ме? (Ә. Н.).*

ИТ ПЕН ҚҰСҚА ЖЕМ БОЛДЫ **○ ИТ ПЕН ҚҰС ТОЙ ТОЙЛАДЫ** **1.** *Кім көрінгеннің қолында кетті, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Көшіп кетіп не көрді, бөтен жұртта ит пен құсқа жем болды, күшігіне дейін тісін көрсетті (АТ). **2.** *Ай далада көмусіз қалды. Айтып-айтпай, немене, Сол секілді асылдар, Көбіні жоқ, көрі жоқ, Ит пен құсқа жем болып, Мұратына жете алмай, Арманда болып кетіпті (ҚЖ). Сөйтіп, Жақсылық жақсылығынан өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетіпті, Жамандық жамандығынан ит пен құсқа жем болып кетіпті (ҚЕ).**

ИТ ПЕН ҚҰСТЫҢ АРҚАСЫНДА *Кім көрінгеннің кесірінен. Ит пен құстың арқасында кедей болсаң да, бұл өңірде сені білмейтін кім бар дейсің, — дейді Ыбырай Қалжанға (Қ. Тай.).*

ИТ ПЕН МЫСЫҚТАЙ *Бір-біріне өш, өштес, аңдысып өтер жау мағынасында айтылады. Неге екенін білмеймін, ағамның Шойтыққа жұлдызы қарсы, екеуі ит пен мысықтай, — деді Жұмаш (Н. С.).*

ИТ СІЛКІПЕСІН ШЫҒАРДЫ **○ ИТ СІЛКІПЕ ЕТТІ** **○ ИТ СІЛКІПЕГЕ ТҮСІРДІ** *Борша-борша етті, мылжа-мылжа қылды; әбден шаршатты, қажытты. Онан сайын Шернер өздерінің ит сілікпесін шығарып, мылжалап, домалатып әкеп, енді сол қаңқан денені бір-ақ лақтырғалы көр аузына тақап тұрған ана құз кеуделі алып елді, әсіресе, көп ойлады (Ә. Н.).*

ИТ ТАЛАҒАНДАЙ **○ ИТ ТАЛАҒАНДАЙ ҚЫЛДЫ** **1.** *Үсті-басының алба-жұлбасы мәнінде. Сақтың үсті-басы менің үстімнен де жаман, ит талағандай шоқыт-шоқыт деп, Есбіке көзіңің жасын тая алмай отыр (М. Ә.). **2.** *Улап-шулап мын ашытты, есінен тандырды, басын қаттырды. Жаным-ау, қойсаңдаршы, ит талағандай қып, берекемізді кетірдіңдер ғой (АТ).**

ИТ ТАРТЫС *Ұрыс-керісті тіршілік. Таулулық ұзаққа бармады, жанжал қайта қоздады. Осылайша алма-кезектесіп, ырың-жырың ит тартыс өмірі бітпейді (М. И.).*

ИТТЕЙ ҰЛЫП ҚАЛДЫ *Адасқан жұртта қалған ұтты, жалғыз зарлап қалды; жалғыздан-жалғыз зар жылап қалды. Қойдың ба мені бүйтіп әуре қылып, Мен өлсем сен қаларсың иттей ұлып. Қимайтын ешкімім жоқ бұл жаһанда, Өлемін де кетем деп көзім жұмып (ҒН).*

ИТТЕН ДЕ КӨП **○ ИТ БАСЫНА ТЫШАДЫ** *Өте көп; бықып жатыр мәнінде. (Жек көргеніне айтылады). Ішкі Россия жерінде, орыста да сан Құнанбай, Төке*

жаңдар *иттен де көп*, бықып жатады екен ғой,— деді Базаралы Дәркембайға (М. Ә.).

ИТТЕН ДЕ СҮЙЕК ҚАРЫЗДАР *Қарыз алмаған адамы жоқ, әбден тілемсектікке салынған кісі туралы айтылады.* Сорлы-ау, *иттен де сүйек қарыздар* боп жүріп, қай бетіңмен шікіреймексің?! (АТ).

ИТ ТЕРІСІН БАСЫНА ҚАПТАДЫ *Айыбын бетіне баса масқара қылып, ұрысты, балағаттады.* Біз тозақта күйіп жатсақ, сендер қолдарыңның ұшын бермей-ақ қойыңдар!— деп Өмірбай молдалардың *ит терісін басына қаптады* (С. С.). Немесе, енді, менімен салғыласқың келе ме! Ал, баста! Тілегенің сол болса, *ит теріңді басыңа қаптайын* (М. И.).

ИТ ТИГЕН АРАМ АС *Керексіз, қадірсіз.* Ақ Жүністей аруым Болғаны ма мұның да, *Ит тигендей арам ас* (ЕТ).

ИТ ТИГЕН ТАБАҚТАЙ ҚАРАДЫ *Жек көрінішті сезіммен, жиіркене қарады.* Қайта халық оны менен гөрі құрметпен күтеді, маған *ит тиген табақтай* жиіренішті көзбен қарайды (ҚЕ).

ИТ ТИДІ *Сұх көз тиді.* (Жас балаға біреудің назары түсіп, содан ауырды деген ел арасындағы наным). Байқұс балаға *ит тиген* екен, Балтай, Шантай аталарының біріне түкірте қойыңдар (АТ).

ИТ ТҰМСЫҒЫ БАТПАЙТЫН [ӨТПЕЙТІН] *Адам өте алмайтын қалың орман, тоғай, шабындық, немесе жайылым шөп; бітік шыққан егін.* Бақтығұл қалың, биік таулардың арасында *ит тұмсығы батпайтын* қалың жыныс қарағайды аралап келіп, қызыл тастың тұмсығына ілінді (М. Ә.). *Ит тұмсығы батпайтын* орман іші жым-жырт (К. О.). Арасынан *иттің тұмсығы өтпейтін*, қалың қарағайдың өзі ғана білетін бір жіңішке жолды тауып алды (С. М.).

ИТ ТҮРТКІ БОЛДЫ [ТҮРТКІГЕ ТҮСТІ] *Қақпай, түрткі көрді; әркімнің мазағына, қорлығына ілікті.* Бұрын ел ішінде кім көрінгенге *ит түрткі болып* жүрген қор кісілер де астыққа бір шығып кеп ауызға ілікті (Ә. Н.).

ИТ ТІЛЕУІН ТІЛЕДІ *Жаман өмірді, жалғыздықты, қаңғымалықты қалады.* Ақыры қалып аралда *Иттің өмірін тіледім, Ит тілеуін мен тілеп...* Құс ұшпаса деген дарияда (МЗ).

ИТТІҢ ЕТІНЕН ЖЕК [ЖАМАН] КӨРДІ **○ ИТТІҢ К...ЛЕНЕН ЖЕК КӨРДІ** *Өте қатты жек көрді, ұнатпады, суқаны сүймеді, тым сөлекет, сүйкімсіз көрді.* Дәл сол сағатқа дейін сүйген қызымды азғырып әкетті деп, бұл адамды *иттің етінен жек көріп* едім (Ә. Нұр.). Беті кенет сұрғылттанып, езуі жыбырлап, ашуға тығылғаннан, Зәкіржан сөйлей алмай тұтығып қалды. Қалдыбайды тап сол сағатында *ит етінен жек көрді.* Оны ертіп шыққаны үшін өзіне кейді (Б. М.).

ИТТІҢ ИЕСІ БОЛСА, БӨРІНІҢ ТӘҢІРІ-СІ БАР *Әркімнің өзіне лайық бір сүйенері, қорғаушысы бар.* Көбей: Еспембет, Тобықты да рулы ел, «*Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар*», сенің мына айтып отырғаның береке, бітім емес (М. Ә.).

ИТТІҢ ҚАРА ТҰМСЫҒЫНДАЙ КӨРДІ *д и а л. Өлердей жек көрді, иттің етіндей жек көрді* (Гур., Маң.).

ИТТІҢ ҚҰЛЫ ИТАҚАЙ **○ ИТТІҢ ҰЛЫ БАЙҚҰТАН** *Кім көрінген, кез келген; кім болса сол.— Мен Шәкенге сенемін.* Осы жасқа келгенше бір қабақ шытыстық па екен. *Иттің құлы итақай* алып жүрген мөрді аяғаны несі (Ғ. Мұс.). *Иттің ұлы байқұтан*, кез келген адам барып жатыр емес пе (АТ).

ИТШЕ ТАЛАСАДЫ *Болар-болмас нәрсе үшін жағаласты, араз болды.* Жаман адамға мал бітсе, Көрінгенмен *итше таласады* (ШС).

ИТ ЫРҒЫЛЖЫҢҒА САЛДЫ [ТҮСІРДІ] *д и а л. Өуре-сарсаң етті; ары тарт, бері тартқа салды.* Ананы бір *ит ырғылжыңға түсірді-ау!* Өнімсіз жұмыстың өзі бір *ит ырғылжыңға салды-ау* (Орал: Чап, Жән.).

ИТ ЫРҒЫН [БОЛДЫ] *Мол олжаға кенелді, олжаға батты.* Қалмақты жеңіп қалың қол, *Ит ырғын* да көл-көпір, Бақыршы тоқ олжа мол (Б. Қ.).

ИТ ЫРЖЫН *д и а л. Ары тарт, бері тартты, берекесіз іс.* Осы бір *ит ыржыңмен* үш күн өтті (Ә. Н.).

ИТ ЫРЫЛДАР, БАҚАН АТТАР **○ ИТ ЫРЫЛДАТАР** *Ескі салт бойынша, күйеуден алынар кәденің түрі.* Көкеңді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те, күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден кемпір өлді, *ит ырылдар, бақан аттар*, есік ашар, қол ұстатар, шаш сипатар... сияқты кәделерін алуға тиісті (С. М.). Мырза жігіт, әуелі *ит ырылдатарымды* бересің (АТ).

ИТІ ҚЫРЫМ ЖЕРГЕ ЖҮГІРГЕН *Көп жерді (алыс жерді) көрген.*

ИТІ ҚЫРЫН ЖҮГІРДІ [ЖҮРДІ] *Шаруасы қырсықты, қырына кетті, кесір болды.* Соңғы кезде... *иті қырын жүгіріп жүр!* Сауып отырған, сүті бұлақтай қараша інген жаман шөп жеп, арам өлді... (Ә. Н.).

ИТІНЕ ДЕЙІН ВІЛЕДІ [ТАНИДЫ] *Жұрттың бәріне әйгілі.* [Оны] елдің *итіне дейін* күндік жерден *таниды*, керек болса, елден бұрып иттер *таниды* (Ғ. М.).

ИТІН ШЫҒАРДЫ *Берекесін алды, мазасын кетірді, әбігерін алды, ығыр етті.* Өзіңіз білесіз, біреудің үстінен арыз жазып, өмірі үн шығарған пенде ме едім? Мына біреу келді де, *итімді шығарған жоқ па?*— деді Батырбай Күдеріге (М. И.).

ИҒЫҒЫ БҮТІНДЕЛДІ *Киім-кешекті болды; тұрмысы оңалды.* Ал Төлеу білте

мақпалдан бешпет, шалбар киіп, азғана уақыттың ішінде үй ішінің иығы бүтінделіп қалды (Ә. Н.).

ИЫҒЫ ЖАУЫР БОЛДЫ *Әбден әбігерленді, қажыды, бейнет өтіп кетті.* Ми кепті боқтау-қарғысқа, *Жауыр* да болды иығым. Алатын ақым әр қыста, Бұрышы бұзау үйінің (Ж. М.).

ИЫҒЫНАН ДЕМ АЛДЫ 1. *Ентігіп отыр, ауырып, әзер тыныстап отыр.* Шал иығынан дем алып, барып-келіп отыр екен (АТ). 2. *Мақтанды, ісіп-кепті.* Облыстағы дос-жарандарының әлгі гөй-гөйінен соң, Ерзадаев... екі білегін сыбанып, екі иығынан дем алып, қателесуге кірісті (С. Төл.).

ИЫҒЫНА [ЕКІ ИЫҒЫНА] СУ КЕТТІ **○ ИЫҒЫ [ЕКІ ИЫҒЫ] САЛБЫРАДЫ [ТҮСТІ] ○ ЕҢСЕСІ ТҮСТІ ○ ҰНЖЫРҒАСЫ ТҮСТІ ○ САЛЫ СУҒА КЕТТІ** *Қажып, шаршап қалды; көңілі жудеп, төмен тартып қалды; қатты жүдей, көңілі қалды.* — Не дейді? Сонда қалай болғаны,— деп Бобров иығына су кеткендей, дал боп отырды да, кенет Долгушовқа жалт қарады (Ә. Н.). Қирсановқа түк айтылған жоқ, иығы салбырап, сүмірейген күйі шығып кетті (Ә. Ә.). Еспембеттің сөзі бабамның да, сенің де иығыңды түсіріп кетті ме? (М. Ә.).— Көлік табылмады,— деді екеуі де иығы түсіп тұрып, Ефремнің атын да алып кетіпті (Ғ. С.). Нияз іні түсіп мұңайып отыр (Т. А.). Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл, Өлеңге ұстайыңнан болдың даңғыл. Үйдемісің ұнжырғаң түскендей-ақ, Күн туды ма басыңа тәңір алғыр! (Жамбыл). Күйеу-құдалар да, Айшаның туған-туысқан, еке-шешесі де, барлық жақындары да салдары суға кеткендей болып тұрды (С. С.).

ИЫҒЫН ШОҚЫТТЫ диал. *Күн көрсетпеді, қорлады.* Оған тыныштық көрсетпей, иығын шоқыттырды (Қ. орда, Арал).

ИЫҚ КӨТЕРДІ *Кеудесін керіп, үлкенсіді.* Көтерме иық, Болма биік, Салып қабақ, ұртыңды, Қайда барсаң, Ойыңа алсаң, Қор болмассаң, жұртыңды (С. Д.).

ИЫҚҚА ШЫҚТЫ **○ ИЫҚТАП АЛДЫ** *Басыңды, биледі, үстемдік жасады.* Қой бұрынғы желгенді. Қайғы шығып иыққа, Қамалтпасын тұйыққа (Абай). Бірінің артынан бірі, тізбек-тізбек келген ойлар оны мүлде иықтап алды (Н. Ғ.). Ең аяғы, бұны көк шымшыққа дейін иықтап, басынып алды (Ә. Н.).

ИЫҚ СУЙЕСТІ *Селбесті, екі жақ бірігіп әрекет етті, бір-біріне көмек берді, демеу болды.* «Екі жарты, бір бүтін болайық. Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік» деп, Құтжанға құран оқи келгенде, Қодар Жанпейіске зарын шақты да, қолына ұстап қалды (М. Ә.).

ИІ [ТОЛҒАҒЫ] ЖЕТТІ *Дер кезі келді, кемеліне келді.* (Кейде «бұл мәселенің иі жеткен», «бұл мәселенің толғағы жеткен»

деп те қатар қолдана береді). Тұрақты өнімді қалай алу керек деген мәселе толғағы жетіп келе жатқан іс сияқты (С. Бақ.).

ИІ ЖҰМСАҚ *Мінезі майда; қатал райы жоқ; беті онша қатты емес (кісі).* Әкесі Мұстафаны «осы баламның иі жұмсақ, өте ақ жарқын, әрі райлы» деп отырарын (А. Т.). Бұлар да атаман Анненковтың солдаттары екен. Көбі отрядқа өзі тіленіп кірген оқудағы балалар екен. Бұлардың иі бұрынғылардан жұмсағырақ көрінеді (С. С.).

ИІ ЖҰМСАРДЫ *Ашуы басылды, райдан қайтты, сабасына түсті.* Қызылжарға таянған соң, конвойларымыздың қылықтары біраз өзгергендей болды. Азырақ илері жұмсарғандай болды (С. С.).

ИІ ҚАНДЫ *Әбден жұмсарды, жетілді; әбден орындалды.* (Кісіге, әрі іс-әрекет, құбылысқа, затқа айтылады). *Иі қанған* лай жігіттер жабылып кәзкенде, леде-ақ ада болды (Қ. Қ.).

ИІ ҚАТТЫ *Тоң мінез; бір бет, қатты, босаңсымайтын, оңайлықпен жөнге көне қоймайтын (адам).* *Иі қатты* Олжабектің бабын табатын бір ғана Жамал еді (Ғ. Мұс.).

ИІЛІП ТӨСЕК, ЖАЙЫЛЫП ЖАСТЫҚ **БОЛДЫ** *Тік тұрып күтіп алды, асты-үстіне түсті.* Нұрым қолына еркін тиген соң, Қамарды күтпеу қайда? Шыбын жаны соның үстінде шықсын деп, иіліп төсек, жайылып жастық болып, өліп-өшіп барады (С. Т.).

ИІН ТІРЕСКЕН [ТІРЕСТІ] 1. *Өте кәп, тығыз, кептеліп тірескен, аяқ алып жүргісіз.* Алқа-қотан отырған аттылы-жаю жұрттың иін тірескен тобы алдынан пар жегілген екі боз жорғаның кербез жүрісіне ығала отырып, Иса: — Көрдіңдер палуанды Қажымұқан, Күшімен жердің жүзін қалдырған тақ. Жапонның Жиндофуын басын мытып, Ағызған алысқанда аузынан қан,— деп құйындай жүйтікті (М. Тан.). Енді көпірге де ешкім таласпайды. Міне алмаған, іліне алмаған арбалы жүргіншілер бірі артынан бірі иін тіресіп сығылысқан сеңдей қала беріскен (М. Ә.). 2. *Күш теңестірді.* Егескенде иін тіресе, таласа кететін әдеті болушы еді. Бастапқы екіні сондай-ақ еді. Не болды екен? Немене есеппен бұғып қалды екен (М. Ә.).

ИІНІ ТАРТТЫ *көне.* *Ескі салтта алыстан сағынып күткен кісі келе жатса, я бір белгісіз қонақ келер болса, я қымбат киім киер болса, иығы тартады деген ұғым бар.* *Иіні құрғыр тартады* Қараспан тауға ел қонып, Еруге қамқа кигендей (ҚБ).

ИІСІ МҰРНЫНА КІРМЕЙДІ [БАРМАЙДЫ] *Ештеңені сезбейді, мәнін түсінбейді, надан, топас.* Шығарманың көркемдік сапасының иісі мұрнына бармайтын

сыншылар шығарманы не мақтап, не жамандап жарытпай, шерменде болады (М. Қ.). Жақсылықтың *иісі мұрныңа кірді ме?* (С. М.).

ИІСІН ШЫҒАРДЫ *Бірдеменің басын бастады, шет пұшпақтап сездірді, бықсытты.* Егер Сырбай уайымды сөздің *иісін шығара* бастаса, Тәрбия жекіп тастайды (С. М.).

ИІ ТҮСТІ 1. *Умаждалып ескірді, бояуы кетті, тозды, қыртыс-тыртыс болды.* Жыр-

тылуы да, тозуы да оп-оңай. Бірнеше күн қалтаға салып жүрсең, өз-өзінен *иі түсіп*, бояуы кете бастайтын-ды (Қ. Ә.). 2. *Жүнжіп кетті, жуасыды, берекесі қашты, ер қашты болды.* Сақалының бурыл тартқаны болмаса, қазір де [Дербісәлінің] сырт пішіні көп өзгермепті. Бірақ, бұрынғы маңғаздық пен екпін жоқ, *иі түсіп* қалыпты (Т. А.).

ИІС БІЛІМЕС [АЛІМАС] *Еш нәрсенің парқын айырмайтын топас.*

К

КӘДЕГЕ АСТЫ [ЖАРАДЫ] *Қажетке жарады, бір пайдаға асты; іске асты, бір керегіне жарады. Жарайды, алсаң ал, қарағым, деген сөзді Айдабол қалай айтқанын да білмей қалды, жауға қарсы жұмсалатын, бір кәдеге асатын болар деген оймен (А. Х.). Арынғазы екеуі мұның аңқаулығын да, ұялшақтығын да аяқ астынан аңдып, тауып, бір кәдеге асырып қалады (З. Қ.). Міне, кәдеге жарады деген осы да. (АТ).*

КӘДЕСІН АЛДЫ Жолын алды; салтқа байланысты жолмен сыйлық, бұйым сияқты алымын алды. Кәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те, күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар сияқты кәделерін алуға тиісті (С. М.).

КӘДІК БОЛДЫ *Екі талай болды, хауіп-қатер төнді.* Бекболатқа кәдік болып бара жатса, соғыс салуға бәрі де дайын, киген киімдері қазақша болғанымен, кәсібі қызыл әскер жақтан келген большевик-әскерлер (С. Шәр.). Өздеріңе кәдік болып бара жатса, адамын атпаңдар. Тік басқан малдан түк қалдырмай ала келіңдер,— деді Дүрімбай (С. Шәр.).

КӘДІК ҚЫЛДЫ *Күмәнданды, хауіп ойлады.* («Кәдік» — парсы сөзі; шүбә, күдік, сенбеушілік мағынасында). Мақтанамын кісімісін, Оязға сөзім сенімді, «Көрсеттім» деймін, ымдаймын, *Кәдік қылар* жерімді (Абай).

КӘЛИМАҒА ТІЛІ КЕЛМЕДІ *к өне.* *Иманын айтуға, иманын үйіруге шамасы келмеді.* Айдарлы хан мен Мәрі ханым көздері қарауытып, қаталап өліп бара жатып, ең соңғы үмітіндей сақтаған, бір кесе суын жалғыз қызына — Айбаршаға беріп, тобарсып таңдайға жабысқан *тілдері кәлимаға келмей* жан тапсырыпты (Т. А.).

КӘЛИМАҒА ТІЛІН КЕЛТІРДІ *д і н и.* *Құдайға құлшылық етті, тәңірге сыйым-*

ды. Астапыралла, молдалар, *тілдеріңді кәлимаға келтіріп,* жағаларыңды ұстаңдар,— деп Оспан қалпе сақалын сипап, жағасын ұстап, жан-жағына көз астымен қарап қойды (С. Ад.).

КӘМЕЛЕТКЕ [КӘМӨЛАТҚА] ЖЕТТІ *Бұл жердегі мағына: шындық тапты; ақиқатқа көзі жетті.* Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің *кәмәлатына жетпек* (Абай). Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде еш нәрсе менсіз *кәмәлатқа жетпейді* (Абай).

КӘМІЛ ПІРІ ЖАР БОЛДЫ *д і н и.* *Қолдаушысы демеді, пірі, сүйеушісі қолдады.* Рас келсе бұ түсім, Көрдім деп бейнет не дейін, Шүкір қылып құдаға, Өкінемін несіне, Өтіп едім қорлықпен *Кәміл пірім жар болып* Бүгін кірді түсіме (МЗ).

КӘМІЛ СЕНДІ [НАНДЫ] © ИМАНЫ КӘМІЛ СЕНДІ *Еш күмәнсіз, шын иланды, анық сенді.* Жаңылмаймыз жол сара, Жол басшымыз партия, Соған *кәміл сенеміз* (Ғ. О.). Пролетариат диктатурасымен елімізде жасалып жатқан социализмнің коммунизмнің шыңына барып шығатынына біз *кәміл нанған едік* (Ғ. Мұс.).

КӘНІГІ БОЛДЫ *Машықтанды, жан-жақты меңгерді, үйреніп алды.* Нағашым мені сол жақ қарымнан қапсыра ұстап қолтықтап алды да, бұрын да бұл мезгілде талай кеп *кәнігі бол* алған адамдай, алшаң басқан адыммен ілгері қарай тартты (С. М.). Запорожиелік жастар қысқа мерзім ішінде тас қалап, бетон құюға *кәнігі болып алды* (Ш. М.).

КӘНІГІ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Қызықтырды, құмарландырды, құнықтырды; машықтандырды, әуестендірді.* «Жарып шыққан» арқылы Тайбөріні қызыл балықпен *кәнігі ететін* теңіз — осы, мына алдымыздағы. Бұл теңіздің капитаны мына Яковлев,— деді Ниетқабыл (Ғ. С.).

КӘНІГІ ЖАУ *Тіс қаққан, сыралғы дұшпан.* Бұлар өз қолымен талай жанды

өлтiрiп, өзi де талай өлiмнен қалған, қаң құйлы кәнгi жау (Ө. Н.).

КӘР ҚЫЛДЫ **○ КӘРiНЕ МiНДi** **○ КӘРiН ҚАДАДЫ** [ТӨКТi, ШАШТЫ, ТiКТi] **○ КӘРi ТҮСТi** *Күш көрсеттi, ашуға мiндi, айбат шектi, ашуы келдi; қаһарлы айбат көрсеттi.* (Мұндағы «кәр» сөзi парсының «қаһар» дегенiнен алынған). Шамдансам, жығар асаумын, Шамырқансам, сынар болатын, *Кәр қылар* деп «тақсыр-ау», Аяғыңа бас ұрман (М. Ө.). Қандай кәр қылып жаза кессе де, Абай бұл ұлықпен салысып қалмақ (М. Ө.). Сол сәлемiн, Байсалдың қыстауымды өзiме қалдырсам деген сәлемiн Құнанбайға әкелгенде, ол ашу шақырып, *кәрiне мiнiп*, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жiберiп: «Сөздi қойып, көшiн» деген бұйрық жолдапты (М. Ө.). Жиылысты ашты, әсiресе, Петров пен Колтунов деген семинарияның оқытушысы тура күжiлдеп жүлқынып, бiзге *кәрлерiн төктi* (С. С.). Бұл қылығын қоймаса, құдайдың *кәрi түсер* (С. Шөр).

КӘРi БУЫН *Егде тартқан, тiс қаққан.* Үшеумiз де *кәрi буын*, көптi көрген көне екенбiз (ҚЕ).

КӘРi ЖЫНЫ ҚОЗДЫ [ТҮСТi, ҰСТАДЫ] *Ашуы келдi, ашулы айбарға көштi; намыстан ашуға мiндi; шабыты келдi. Кәрi жының қозған екен,— дедi Мәмет Жақыпқа (Ғ. Мұс.).* Ой желке, қамыс құлақ қара көкпiн, Тұнықтан жүзiп iшпей қанбайтұғын. Даусымның жаңа түстi *кәрi жыны*, Дәуiрлеп барған сайын болмайтұғын (Б. Қож.).

КӘРi ИТТiК *Бұрыннан келе жатқан арамдық, оңбағандық; ескi қыңыр мiнез.* Сөйтсе де, жамандыққа бiр тоймаған, Ант ұрғандық қылығын еш қоймаған. Баяғы алдау, ескiрген *кәрi иттiкпен*, Не қылдым, не бiтiрдiм деп ойлаған (Абай).

КӘРi ҚАТТЫ *Ашуы ызғарлы.* Қасекеңнiң *кәрi қатты*. Мүмкiн, өзiңiз де бiзбен бiрге жүрерсiз (ҚЕ).

КӘРi ҚОЙДЫҢ ЖАСЫНДАЙ ЖАСЫ ҚАЛДЫ *Жасы жетiп, қартайды.* Ендi қарттық жеңдi. Бұрынғыдай самғап ұшқан күнiңiз жоқ. *Кәрi қойдың жасындай жасыңыз қалды* (ШС).

КӘРi ҚҰЛАҚ [ҚҰЛАҚТЫ] *Көне сөздi, ескi әңгiменi көп бiлетiн кiсi.* Қозыбаев бұдан соң елдiң, жердiң жайын жақсы бiлетiн Ыбырайым Сәдуақасов, Мырзағали Алғынбаев секiлдi *кәрi құлақ*, көне көздермен пiкiрлестi (СҚ). *Кәрi құлақтардан* естiгенiн пайдалансын, қиырсыз ертегi-аңыздарды еске түсiрсiн (Т. Ө.). Ойбай-ау, мына жұрт не дейдi, Бақа? Естiмеген сөзiң жоқ *кәрi құлақты* өзiң ең. Өзiң айтшы деп, Көкiтай содан үмiт кып едi (М. Ө.).

КӘРiЛiК ТҰСАУ, КЕДЕЙЛiК БҰҒАУ **БОЛДЫ** *Кәрiлiк пен жарлылық аяғын бу-*

ды, қолын байлады деген мағынада. Жығылғанға жұдырық дегендей, кедейлiкке кәрiлiк қосылады. *Кәрiлiк тұсау, кедейлiк бұғау болыпты* (ШС).

КӘРiНЕ ҰШЫРАДЫ *Қаһарына тап болды, ашуға кезiктi.* Төңiрiнiң *кәрiне ұшырамай* тұрғанда, кетелiкшi тезiрекi (Ө. С.). ...Астапыралла, олай деме, қарашығым, айттым да, қайттым де, аруақтың *кәрiне ұшырап* кетермiз (С. Сұбх.).

КӘРiП БОЛДЫ *Қор болды; халi мүшкiл болды.* Ат күйгелек болса, арық болар, Ер күйгелек болса, *кәрiп болар* (Мақал). Егер бұл кетсе, *кәрiп боп* қалады ғой—деп Сейiт өзiн-өзi тоқтатағын (Р. Р.).

КӘРi ТАРЛАН *Көптi көрген көне; жасы орта жастарға келген, егде тартқан, ыстық-суықты көп көрген адам.* Е, бетеген соң, жетпей неге тоқтайын!—деген Төнекеге:—«Қайран *кәрi тарлан!* Есiл *кәрi боз*»,— дедi дауыстар (М. Ө.). Мұғалiмдi Жақан дойбыдан келiстiрiп тұрып ұтты—дегенде,—Ой, жарайсың, *кәрi тарланым*— дедi Керей (М. И.).

КӘРi ШӨҢГЕ *Көптi көрген, көне көздi, айла-шарғысы мол.* Әй, ол *кәрi шөңге* малтыға қоймас! Жүр берi!... Менiң байқауымша, қыз райдан қайтты... ендi үндеудiң қажетi жоқ (М. И.).

КӘУ [ГӘУ] **БАС** *диал.* *Өгiз бас, үлкен бас; түк бiлмес қауақ бас.* («Гау»—иран тiлiнде өгiз, сымр деген мағынаны бiлдiредi). Ей, *гәу бас*, қашанғы айтумен iстейсiң, өзiң бiлiп, бiр нәрсе iстесеншi (Шым., Сарыағаш).

КӘУСАР СУЫН ИШТi **○ КӘУСАР ИШТi** *дiни.* 1. *О дүниеде күнәсыз пәндесiне арнаған тiршiлiктiң ләззатын берер шипа суын iштi.* Ол дүниеде жорды құшып, *кәусар iшiп*, жетi жәннат жақсысы бол (М. Ө.). 2. *Өмiр, тiршiлiк көзi болған, қасиеттi жерге, елге нәр болған су мағынасында.* Сол бетпаққа ел қаптап, Желбiреп қызыл ту барды. Сарқырап ағып ойнақтап, Күмiс *кәусар су* барды (Қ. А.).

КЕБЕЖЕ ҚАРЫН, КЕҢ ҚҰРСАҚ 1. *Көбiне, мама биелердiң ауыз әдебиетiнде жиi келетiн баламасы.* 2. *Әдебиетте семiз, денелi келген бай кiсiлердiң теңеуi ретiнде де жұмсалды.*

КЕБЕЖЕ ҚАРЫН, ШҰБАР ТӨС [МЕС ҚҰРСАҚ] *көне.* XIX ғасыр ауыз әдебиетiнде және бергi кездегi тарихи тақырыптағы шығармаларда *би, болыс деген мағынада жұмсалған.* Шекпен киген, шен таққан, Би менен болыс, ақсақал, *Кебеже қарын, мес құрсақ* «Знак» таққан сарала, Ояздан хабар жеткесiн, Жиналысты қалаға (Н. Б.). Әр жерде төрт бестен оңаша сөйлесiп отырған ылғи *кебеже қарын*, бұқа мойын, *шұбар төстердi* көргеннен-ақ Мүсәпiрдiң жүрегi мұздап сала жөнелдi (Ө. Ө.).

КЕБЕНЕК ТИГЕН [КИГЕН] КЕЛЕДИ *Басқа түскен ауыртпалық шет жайлатқан, я ұзаққа сапар шектірген азамат, ерге айтылады.* («Кебенек» — көбіне жауын-шашыннан қорғаныш үшін, құрым киізден жасалған киім; жылқышы, түйеші киген: «Кебенек кигеннен безбе, көбін кигеннен без; «кебенек киген келер, көбін киген келмес; «ерді кебенек ішінде таны» деген нақыл сөздер ерден екінші біреуге тап болса айтылады). Қоян жолдас сол ақымақ арыстанның *керін киіпті* (Ө. Ө.). Ал, осылар [дүмше молдалар] кімге болсын, өз *көбін кигізіп*, өз тезін ұсынбақ. Мұсылманмын деген сөзге сүйеніп, өздерінің қараңғы нанымдарын іске асыруға кімді болсын құрал етпек, — деді Абай (М. Ө.).

КЕБІН [КЕРІН] КИДІ Аяғын құшты. (Біреудің басындағы мін, қылық, ұнамсыз әрекетке еліктеген, ерден екінші біреуге тап болса айтылады). Қоян жолдас сол ақымақ арыстанның *керін киіпті* (Ө. Ө.). Ал, осылар [дүмше молдалар] кімге болсын, өз *көбін кигізіп*, өз тезін ұсынбақ. Мұсылманмын деген сөзге сүйеніп, өздерінің қараңғы нанымдарын іске асыруға кімді болсын құрал етпек, — деді Абай (М. Ө.).

КЕБІНІ ЖОҚ, КӨРІ ЖОҚ *Өлігі айдалада қалды, көмусіз.* Сол сияқты асылдар, *Көбіні жоқ, көрі жоқ*, Ит пен құсқа жем болып, Мұратына жете алмай, Арманда болып кетіпті (ҚЖ). Бадиғымды көрмедім, көре алмаймын дер ме едім *Көбінім жоқ, көрім жоқ* Балықтарға жем бе едім (ҒН).

КЕБІНІНДІ ЖАЛМАҒЫР ○ КЕБІНІН [КЕБІНІНДІ] КИГІР қарғыс. *Киімді салақ киетін балаға қатты ұрысқанда, біреудің бересісін бермей жүрген кісінің қиянат мінезіне күйгенде айтылады.* («Көбін» — араб сөзі. Ақырет киімі мағынасында). Жатқаныннан тұрмағыр, *көбініңді жалмағыр* (АТ). *Көбініңді кигір, жетпегір*, саған киім не керек! (АТ).

КЕБІС [ЛАҚА, БАҚА] АУЫЗ 1. *Үлкен, жайын ауыз.* Әй, сен *кебіс ауыз*, кімді сүйретіп әкетесің (Ғ. М.). **2.** *Аузы салусыз адам.*

КЕБІС БАСЫ ҚАР халықтық өлшем. *Жұлықтан аса жауған, тобыққа таяу, кебіс басы батарлық қар.* Таңертең тұрсақ, *кебіс басы қар* жауып қалыпты (АТ).

КЕГІН [ӨШІН] АЛДЫ [ЭПЕРДІ, ҚАЙЫРДЫ] ○ КЕК [ӨШ] АЛДЫ *Кеткен есесін қайтарды, егесен алып берді.* Сол күнде жауыз тағдыр арып-талып, Тынармын өмірімше *кегімді алып*. Беті ашық, жөні түзу, айнала кен, Қиялым бар жалғанды етер шарық (Б. К). Өшті болған екеңнен *Өшімді алмай* мен кетпен. Кекті болған екеңнен *Кегімді алмай* мен кетпен (ҚБ). Құтқарып Сарыарқаны зор азаптан, Елімнің дұшпанынан *кек әперді* (О. П.). Қодарды жеңіп, бізге *кек әперер*, Алаштан асып туған ер ұл қайда (ҚКБС).

КЕДЕЙДІКІ КӨЗЕДЕ *Кедейдің байлығы тамағынан артылмайды, қоры жоқ, бары табағындағы ішер асы деген мағынада.* «Кедейдікі көзде» деген ол бір пақыр адам, не деме етіп келдің одан? (АТ).

КЕДЕЙДІН АУЗЫ АСҚА ТИСЕ, МҰРНЫ ҚАНАЙДЫ *к ө н е. Кедейді иектеген қырсық қалмайды, кедей сорды қоса табады.* — Әрі құтылып кетіп, әрі қырсығы атып тұрғанын көрмеймісің? — дескенде, Шәлтік жерге отырып ап, түндегі әңгімесін ағытты. Енді міне белімнен аттап... *Кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды* деп, белімнен шойырылып... (М. Ө.).

КЕДЕЙДІН ЖЕТІ ҚАҢТАРУЫ БАР *Кедейге келер жеті қырсық бар. Кедейдің жеті қаңтаруы бар:* бірі — аузы асқа тисе, мұрны қанайды, екіншісі — етегіндегі бидайын... төгеді... (АТ).

КЕДЕН КЕДЕН БОЛДЫ, КЕДЕРГІ НЕДЕН БОЛДЫ ○ КЕДЕН КЕДЕН БОЛДЫ, КЕДЕН НЕДЕН БОЛДЫ *Қиындықтың түп-төркіні неде деген мағынада қолданылады.* Қ. Халидовтың «Тауарих хамсасында»: *Кеден кеден болды, кеден неден болды деп келеді.* «Еңлік — Кебек» пьесасында соңғы «кеден» дегеннің орнына «кедергі» түрі кездеседі. Бұл түрі кейініректе өзгертіліп алынған болу керек. («Кеден» — араб сөзі, қиындық деген мағынада). *Кеден кеден болды, кедергі неден болды* деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. «Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса, сақа қой» деген, жақпаса, билігінді өзің айт (М. Ө.). *Кеден кеден болды, кедергі неден болды* деп, мына жеті ру Маман салмақты бізге салып отыр. Арандағы құдай деген ағайын ек, қысылып тұрмыз (М. Ө.).

КЕДЕЙДІН КЕРІНЕН САҚТА *к ө н е. Кедейді ұнатпау, місе тұтпау мағынасында.* — Құйын келіп қалды. Әй, керек болып қалдың ба? Далаға шық! Керлуін! Адыра қал-ау... *Кедейдің керінен сақта* деп... Түндік бауын тартып байла (Ө. Н.).

КЕЖЕГЕҢ КЕСІЛГІР! қарғыс. *Желкең қиылғыр деген мағынада. Кежегең кесілгір, жүгермек, бол, жүр, табандаң қалдың ғой!* (АТ).

КЕЖЕГЕСІ [КЕЖЕГЕСІНЕН] КЕЙІН [КЕРІ] ТАРТТЫ *Жалқауланды, еш нәрсе істегісі келмеді; ерінді; ынжықтанды, мойны жар бермеді.* («Кежеге» аттың құлақ шекесін жаба кигізілетін жүгеннің бір ұшы. Қырғыз тілінде де, «кежігем кер тартып тұрады» деген тіркес бар. Тіл алмайтын, тілазар кісіні қырғыз тілінде «кежігесі жоқ», немесе «кежігесі кесілген» дейді. «Желкеңнің шұқыры» дегенді «кежілгенің шұңқұрұ» дейді. «Атының басын тежеп» дегенді қырғызша «атының башын кежеп» дейді. Еспембеттей ерінің Туған ел ойын тербеткен, Туған елді көксей ме, *Кежеге туған, кер кеткен* (Д. Б.).

Біреу білгішсінгенде, Нұрбайдың *кежегесі кері тартып*, қырсыға қалатыны болушы еді (Т. Н.).

КЕЗ БОЛДЫ [КЕЛДІ] ○ КЕЗ ҚЫЛДЫ ○ КЕЗДЕЙ КЕЛДІ *Тап болды, жолықты, ұшырасты, кезікті, кезіктірді (АС).* Желіккен жауың *кез болса*, Араздығы сөз болса, «Бәрекелді, батыр» деп, «Мықты боп бара жатыр» деп, Мақтап-мақтап қоздырар (Абай). Наурыз Сәнгизар шаһарын аралап, әдейі іздеп барған жоқ еді, ойда жоқ жерден ырысына қарай осы шаһардың маңайына *кез келді* (С. Шәр.). Ірімшікті құдайым *кез қылды* бір күн қарғаға, Алып ұшып барды да, Қонды бір биік ағашқа (Абай). Ағашқа қонып, қаранып, Қанатын, жүнін таранып, Болмақшы еді мез-мәйрам, Дейтін емес қу қайдан, Жем іздеген бір түлкі *Кездей келді* сорына (Абай).

КЕЗЕГІН АЛДЫ *Жолын алды; істі, я сөзді бастау нәубетін алды. Сөз кезегін алып*, Ержан да өз өмірінен біраз ақпар беріп тастады (Т. А.). Қашатұғын қатын ба, *Кезегін бабай алсын* деп, Қарсы қарап тұрады (ЕТ). *Кезегін батыр алған* соң, Көп оғының ішінен Сұр жебе деген оқ алды (ЕТ).

КЕЗ БАСТАУ БОЛЫП ЖҮР *Дұрда-раз, іш араз болып жүр.* Былтырдан бері ерлі-байлы екеуі *кез бастау болып жүр* (С. Ос.).

КЕЗЕК БЕРДІ *Жол берді; айту, я істеу кезегін берді.* Жиын жұрт екі әншіге қуанып, қызыға тұрып *кезек берді* (М. Ә.). Самалбек келген соң, Әбіш оған бас иді де, *кезек берді* (М. Ә.).

КЕЗЕК [КЕЗІ] КЕЛДІ *Реті, орайы, сәті келді. Кезі келсе, кетпен шап, Майрыл-маса, қайрылсын (Мақал).* Жоқ деп едің керегің, Топ жиып ең бір бөлек. *Кезек келер* демедің, Ендігі керек қай керек? (Абай).

КЕЗЕК КҮТТІ *Ретін тосты.* Сатушымен, *кезек күткендермен* ықыластана амандасып, кімнің соңы екенін сұрап білді (С. Ш.).

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ІС [ЖҰМЫС, МӘСЕЛЕ] *Шұғыл орындалуға тиісті, кейінге қаратпайтын, ең бірінші алда тұрған шаруа.* Осы *кезек күттірмейтін* жұмыстарға күшімізді дұрыс бөліп, бәрін қатар жүргізуіміз керек (Қ. Қ.). Ал, қазір *кезек күтпес*, қауырт іс мың сан (Т. Н.).

КЕЗЕҢГЕ ШЫҚТЫ *Бұл жерде жас (өмір сүру) мөлшері жоғарылады деген мағынада.* «Кезең» жол өтер кішірек қыр, төбе, ол үлкен бел, өрлі асу емес. (Бұл жерде ақын адам жасының қырық бесін өмір жолының осындай кіші-гірім кезеңіне балайды. Адамның жас мөлшерін суреттеу үшін қолданылған балама). Қырық бес *шықтың кезеңге* Маң-маң басып

бұла аттай, Елу қондың ауыл үй, Тізгіндеп ұстап құлақтай (Д. Б.).

КЕЗЕҢДІ ЖАУ *Ежелден көз тіккен, аңдысқан дұшпан.* Тіпті керек десе, қапыңды тосқан *кезеңді жаудың* жаулық ісіне зығыры қайнап күйінбеді де (Ә. Н.).

КЕЗ КЕЛГЕН *Кім болса сол, кім көрінген.* Пасықтық өз-өзінің сөзін жұтқан, Араздық *кез келгенге* бетін тұтқан. Жанымды зіл күнәмен айыпты қып, Қорладың жалғаншы деп қосты ұмытқан (С. С.).

КЕЗ ҚОСПАҚ *диал. Түйенің түрі.* *Кез қоспақ* түйенің өркешінің арасы болар-болмас қана болады (Гур., Маң.).

КЕЗ ҚҰЙРЫҚТЫ ЛАШЫН ДЕП *Бұл жерде жабыны тұлпар деп, қорқақты батыр деп, жаманды жақсы деп деген мағынада.* Кенеусізді асым деп, *Кез құйрықты лашын деп* (Д. В.).

КЕЗІН БЕРДІ *Ретін келтірді, сәтін түсірді (АС).* Осылар елдің тынышын алды бүгін, Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін, Құдайым *кезін берсе*, күтіп жүріп, Ұялмай бәрін аштан өлтіретін (Абай).

КЕЙІП [РЕНІ, ТҮСІ] ҚАШТЫ [БҰЗЫЛДЫ] *Қорқыныштан, қатты шошудан, аурудан жүзі құңыл тартты.* Шырағым, *реңің қашып* отыр ғой, бір жерің ауырмай ма? (АТ).

КЕК КЕРНЕДІ ○ КЕК ҚАЙНАДЫ *Қаһарына мінді, кек қысты, өш қысты.* Көрді ақын бұғаудағы шерлі жанды, Ар ұлын, азаттықты аңсағанды, Кеудесін *кек кернеген* бір жан екен Жанары жалын атқан, жүзі қанды (Қ. Ж.). Басын сүйеп отырдым. Тұла бойда *кек қайнап*, Жүректі өртеп қанды кек Жау жағасын шепке айдап (С. С.).

КЕК КӨРДІ [САҚТАДЫ, ТҮЙДІ] *Ішіне түйді, көңіліне алды.* Ол кезде баспасөзде қатты айтысып қалғандар, бірінің үйіне бірі қонаққа барып, ойнап-күліп жүре береді, араздасу, *кек сақтау* болмайды (С. М.). Алдында мен кішірейдім, кешірдім, Өкпеңді сен сонша неге өсірдің. *Кек сақтауға* кеудең қалай төзеді, Қасың емес туысыңмын, досыңмын (Қ. В.). Қарт сорлы ана жолы шабындық жайымен теңіз жағасына келгенде, ішінен Райға *кек түйіп* кеткен екен (Ә. Н.).

КЕКЕС ТАРТҚАН *Орта жасқа келген, жасы ұлғайған; тіс қаққан.* *Кексе тартқан* қатындар құдаларды қоршап алды (АТ). Өңпең *кексе тартқан* иттер Оспанның күнде осындай сан рет жоқ шатаққа бастай бергеннен мезі болған ба, тазыны жұлқымады (М. Ә.).

КЕКІЛ КЕСТІ *Араздасу, ат құйрығын кесісті, біржала айрылысты.* Жолына күшім құрбан, семсер кепіл. Көр, міне, хан-сұлтанмен *кекіл кестім* (М. Ә.).

КЕКІЛ ТҮЙДІ *Бел байлады, белсене кірісті.* Екі аудан ұдай болмай, екі жақ

боп, Айтысқа кекіл түйіп түстік жеке (Т. К.).

КЕКІРЕГЕ ТОЙҒАН ТЕКЕДЕЙ БАҚЫЛДАЙДЫ Қоразданып, «маза» бермеген, өкіреңдеген еркек кісі туралы айтылады. Жасың болса, келіп қалды, ақ сайтаның қашан басылады сенің? Әлі де кекіреге тойған текедей бақылдайсың! (АТ).

КЕКІРІГІ АЗДЫ Майлы тамақ жеп, күпті болды. Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде жуан-жуан билер күндіз-түні семізді кертіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан (М. Ә.). Кекірігі азып, күпті болған шонжарлар кекірісіп, желінісіп шай үстінің әңгімесіне кірді (Ғ. С.).

КЕКІРІК АТТЫ Кесепаттанды; ішкені алдында, ішпегені артында болды. Бұнда да кекірік атқан тоқшылық болмаған, егінші орыс поселкалары жақын тұрғандықтан, маңайдағы ауылдың адамында аштықтан басы іскен, қайыр сұраған ешкім көрінбейді (С. М.).

КЕЛБЕТІ [КЕЛІМІ] КЕЛГЕН Сымбат, көркі келіскен. Келбеті келгеннен кеңес сұра, Түрі келгеннен түңілме (Мақал). Сен тұра тұр деп, кемпірді тоқтатып, шал айтты: — Жалғыз біткен тал шыбық, келбетің келген қарағым, бір дерегін білуге дүниені кезіп қарадым, аш бурадай жарайды... (Ы. А.).

КЕЛЕГЕЙ ҚАРА БҰЛТПЫН Сұсты, ызғарлы мағынасында. Келегей қара бұлтыны, Кештете жаумай ашылмас (ШС).

КЕЛЕГЕ КЕҢЕС КІРГІЗДІ Ортаға ой, ақыл салды; қауымға ақыл қосты. О, шіркіндер, ол күнде Бұл күніңді ойлап па еді! Ол күнге енді бір сәлем! Онан бері өтейін, Келеге кеңес кіргізген Кешегі күнге жетейін (І. Ж.).

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС [СӨЗ] Ақылға қонымды ауқымды әңгіме. Етпекке кеңес келелі Азырақ сөйлеп берелі. Бақ пен дәулет тең келсе, Адамның болар кемелі (М. Сұл.). Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды (Абай). Мал қораның әр жерінде үштен-төрттен, тоғыз-оннан топталып, қоралай отырып, келелі сөздерін сөйлесіп жатқан даулылар (М. Ә.).

КЕЛЕР КҮН Болашақ, алдағы өмір. Барасың қайда, қайда болмай маған, Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған. Келер күн келеді екен не дайындап, Қараңғы, қарағанмен болжай алман (Абай).

КЕЛМЕСКЕ [КЕЛМЕС САПАРҒА] КЕТТІ ○ **КЕЛМЕС САПАР ШЕКТІ** ○ **ҚАЙТПАЙТЫН САПАР ШЕКТІ** Дүниеден қайтты, қаза тапты, өлді. («Сапар» — араб сөзі, жол шекті, жаһан кезді мағынасында). Айттым ғой ерегіс бір іс істетті, Түбіне Төлегеннің намыс жетті. Атыста, айдалада, жекпе-жекте, Төлеген қайтпай-

тұғын сапар шекті (Ғ. М.). Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей, Мен келмеске кетермін түк өндірмей. Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр, Сырымды тоқтайтын айта бермей (Абай).

КЕЛІСЕҢ КЕЛДІҢ Өзі Еш нәрседен тайынбайтын, ерегіске құмар, шешінген судан тайынбас кісі. Ұрыс, төбелеске келгенде, ешкімнен тайына қоймайтын нағыз келсең келдің өзі деп естуші едім (С. М.).

КЕЛУІ МҰҢ ЕКЕН Келісімен, келе салып, келгені сол еді. Шақырған соң, қонақтар да келеді. Келуі-ақ мұң екен, қыз: «Мына жігіт!» деп, Жұмакелдіні құшақтай алады (ҚЕ).

КЕЛІМГЕ [КЕЛІСКЕ] КЕЛДІ Бітімге келіп, татуласты; мәміле тапты.— Төлеу қарағым, қармақ жұтқан балықтай, келімге келмей, кейін тарта берме,— деп Мөңке күлді... (Ә. Н.). Бұрынғыдай қарыштап, Қона алмадың қонысқа, Келе алмадың келіске (М. Ә.).

КЕЛІННІҢ БЕТІН КІМ АПСА, СОЛ ЫСТЫҒ Бұл жерде алғашқы қадым, бірінші бастама жақсылыққа апарады деген мағынада. (Көне дәстүр бойынша, ұзатылып келген келінді «бет ашар» айтып, қайын жұртқа таныс еткен кісінің келіншек үшін құрметті болуынан келіп шыққан). Түлкі, сенің жақсылығыңды ұмытпаспын: «Келіннің бетін кім апса, көзіне сол ыстық» деген (ҚЕ).

КЕЛІНШЕК ТҮСТІ Ұзатылған қыздың, қайын жұртына, күйеудің үйіне, аулына келуі мағынасында. Келіншек түсті көріңдер... Ақыл, көмек беріңдер (Қ. Қуан).

КЕЛІ ТҮБІ Келі түйіске берілген сыбаға. Келі түбім деп алады, Кеусенім деп алады. Ұтыра зекет деп алады, Қошақ зекет деп алады. Арқадан келген сор найман Аң-таң болып қалады (І. Е.).

КЕМ БОЛДЫ Тарлық көрді, жоқтық көрді. Мал мен бастың бірінен кем болар деп, Қожам қай күн құдаймен тілдестің сен? (Айтыс).

КЕМДІКТЕ ҰСТАДЫ Қағажу көрсетті, қор тұтты. Теңдікке алмай, кемдікте ұстайды (ШС).

КЕМДІ КҮН Тапшы өмір, қысқа өмір. Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, Жетпесе біріндікін бірің жеткіз (Абай). Жасың келген сайын кемді күнгі алданыштың да жолы тарыла түсті (Ә. Н.).

КЕМЕЛГЕ [КЕМЕЛІНЕ] ЖЕТТІ [КЕЛДІ] Күшіне енді, толды; ер жетті, шыңына жеткізді. Енді өлсем арман жоқ, Кемелге осы келгенім (МЗ). Осы күні ой жүгіртіп, пайымдап қарасам, басқасын былай қойғанда, әйел затын біздің қазақтай келістіріп, кемеліне жеткізе суреттеген бірде-бір халық жоқ екен (С. О.). Балам ер жетсін, кемеліне келсін, айылы толсын, содан кейін кімге барса да еркі.

Ғалияның қалынынан күн көрмей-ақ қоям — деді әкесі (С. М.).

КЕМ ЖАҚСЫ диал. *Едәуір жақсы, тәп-тәуір* (Шығ. Қаз., Больш.).

КЕМ НЕСІБЕЛІ көне. *Аузының салуы жоқ; «құдайдың» о баста еседен қаға беріс жаратқан адамы. Өзіңнің кем несібелілігіңнен көрмей, майдың жетпегенін менен көргенің сасқаның ба? — деді (КЕ).*

КЕМПІР КЕЛСІН диал. *Сиырға айтылатын қарғыстың түрі (Қ. орда, Арал).*

КЕМПІР ӨЛДІ *Ескі салт бойынша, жаңа үйленген жастарға «өзгелер ұйқтады, жата берулеріңе болады» деп беретін әзіл белгі. (Мұны хабарлаған әйел сыйлық алатын болған). Көкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те, күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұсатар, шаш сипатар, т. б. ырымын алады (С. М.).*

КЕМ ТАЛАП *Талабы жоқ, ықыласы кем. Іштеріндегі бас көтерері кем талап болғасын, қалғанына не жорық (Ө. Н.). Кем талап, шолақ ой соныңды қоя ғой (АТ).*

КЕМ КӨРДІ [ТҰТТЫ] *Төмен санады, өзіне тең деп білмеді. Жақсыңнан мені кем көрдің, Жаманыңмен тең көрдің (Ш. Т.). Құрмет алмай, кем тұтты, Ағайын-туған жақындар, Он қайырып бір сөзін, өсіресе, қатындар (Д. Б.).*

КЕНДЕ ҚЫЛМАДЫ **○** **КЕНДЕ ҚАЛҒАН [ҚЫЛҒАН] ЖОҚ** *Тарлық көрген жоқ; құр емес, жоқ емес, құр алақан емес (қойған жоқ). Ғалияның киер киім, ішер астан кенде қылған жоқ (С. М.). Мал мен бастан кенде қалған жоқ, құдайға шүкір (АТ).*

КЕНДІРІ КЕСІЛДІ [ҮЗІЛДІ] *Аштықтан әл-дәрмені құрып, титықтады, көтерем болды. Кендірі кесілген, құр сүлдері қалған адам (АТ).*

КЕНЕДЕЙ ҚАДАЛДЫ *Қадалған жерден қан алды, жабыса кетті, ұстай қатып, тістей жатты. Мал жарықтық жер кәдірін адамнан артық біледі-ау. Қорықтың соңына кенедей қадалып, жабысып қатты, — деді Дарқан Оспанға (М. Ә.). Тұмсығын тіреп тұра қалды. Қасқа-ай! Бір жабысаң, кенедей қадаласың-ау. Бол дегенім қайда саған, — деді Сұлтан әйеліне (Т. А.).*

КЕНЕЛІП ҚАЛДЫ *Молшылық болды, байлыққа батты. Жалпы әлем тегісімен теңеліп, Кедей-жалшы қалсын енді кенеліп, Кегінді алшы, үлесінді, Алып қалшы малай-жалшы, Ерте ояндық демейік! (ХӘ).*

КЕНЕУІ ЖОҚ [КЕМ] 1. *Жұғымдылығы, сіңімділігі жоқ, күші жоқ дәмсіз тағам. Қонаққа деген көңілі дарқан, әркім-ақ меңдей тусын да, ас болып на кенеуі*

кем жай тамақ (Ө. С.). 2. Бейберекет. Кенеуі жоқ бос сөзді айтып қайтесің! (АТ).

КЕНЕУІ КЕТТІ *Азыл-тозды, бүлінді; ұсқыны қалмады. Былтырдан бері сол курорт тағы да ашылды... Бірақ, кенеуі кетіп бүлінген курорт үйлері әлі тәртіпке келіп, жетіле алмай жатыр (С. М.). Ол үйлердің орны Жиенғали дейтін қарттың атам заманнан келе жатқан, әбден тозығы жетіп, кенеуі кеткен қора-қопсысы еді (ЛЖ).*

КЕНЖЕ ҚАЛДЫ *Ерте туып, кеш қалды; өмірден, уақыттан қалып қойды. Өзі оқыған болса да, үй іші өмірден кенже қалған жайсыз екен демесін (М. И.). Қой өсірушілерге көмек беретін ғылымның өзі де ол кезде мешеулеп, кенже қалып отырды (М. Е.).*

КЕҢ БАЛАҚ, ЖАЛПЫ ҒТЕК *Қолынан іс келмейтін, олақ, салдыр салақ (әйел); шаруасы ұқсап жатпайтын кісі. Мұны қойшы. Бұл, ауылдың кең балақ қатыны ғой (Т. А.). Уай, соның кең балақ, жалпы етек, шүйке бас қатынын қойшы, тамағы таза емес (АТ).*

КЕҢ ДҮНИЕ ТАР БОЛДЫ *Күллі әлем, жарық дүниеде барар жері қалмады; дүниедең түңілді. Құдая, рақым қылмасаң, Кең дүние маған болды тар (МЗ).*

КЕҢЕС ҚЫЛДЫ *Ақылдасты, әңгімелесті, әңгіме қылып баяндады. Ол жігіт танығанын қылды кеңес, Біреудің қам қайғысын біреу жемес. Кеткені ғайып болып, болды он бір жыл, Екенін өлі, тірі адам білмес (ҒН).*

КЕҢ ҚОЛТЫҚ, КЕҢ ЕСІК *Кең пейіл, бауырмал жан. Қоғамшыл кең қолтық болсаң, халқың сүйер (ШС). Ол ағайынға кең қолтық, кең есік жан (АТ).*

КЕҢ ҚҰДАЙ *Діни. Кешірімі, рақымды мол, тәңір. Ахиретке керектіні алмай, кең құдай өзі кеңшілікпен келтіреді дағғы, мына кезі келіп тұрғанда, мұны жіберіп болмас деп (Абай).*

КЕҢ ПЕЙІЛ *Ашық көңіл; қолы ашық, мырза; сараңдығы жоқ (адам). Мұндай есепке Зере отырған үлкен үйдің барғаны жақсы. Бұл көп Тобықтының үлкен санайтын, күтетін үйі. Және Күнқедей емес, Ұлжан қонақуар, кең пейіл, мырза (М. Ә.).*

КЕҢШІЛІК СҮТІ *Бейбітшілік рақаты, мамыражайлық көңіл қалауы. Кеңшілік сүтін ішем деп, Ойменен тон пішем деп (Д. Б.).*

КЕПШЕ КЕУДЕ *Ісіп-кеппе мақтаншақ. Иесі Батыраш бір кеппе кеуде, Ұр-көппе, томырық мінез, намыс берме, Осы аста сағы сынып, бағы тайса, Ол өзін дап-дайын түр «өлдім» деуге (І. Ж.).*

КЕПІЛДІККЕ [КЕПІЛГЕ] *Алды Біреуді өзі жауапкер болып босатып алды; ара түсті. Балуан Шолақтың бір досы Ыбырай бастап және тағы бірнеше досы*

қостап, Балуан Шолақты сотына шейін *кепілдікке алуға* Көкшетау барды (С. М.).

КЕПІЛ БОЛДЫ *Жауапкершілігін алды*. Болақан ошағынан Қазбалаға қымызды мол қылып жеткізіп тұру үшін, бір Абайлар емес, осы артта қалған ауыл-ауданның, кәрі-жастың бәрі *кепіл болуы* шарт (М. Ә.). Әке, — деді Нұрмағамбет үйіне бір барғанда, — енді кісі есігіне кіріп-тар болуды қой. Апам мен екеуіңнің аштан өліп, көштен қалмауыңа Төлебай екеуіміз *кепіл болайық* (С. М.).

КЕР АЗУ **○** **КЕР АУЫЗ** *Қырсық, тілінің ілімшегі бар; теріске тартар, озбыр, сотқар*. Қап, қап, қапы болды-ау осы жол! Кезігіп қалды-ау *кер азу* Есен (М. Ә.). Ол өз ақылынан басқаны тыңдамайтын қарыс, *кер азу*, мінезі ұрт адам-ды (С. М.). Өзі кеуде, өзі би, *кер ауыз* келіннен сақта (ШС). Мұндай *кер ауыз* түзелмейді (З. Ш.). *Кер азу* қырсық би: — Бұлар аттарын жатқызып-тұрғызып жүргенде, біз де қарап тұрмаспыз! — деді (Ғ. М.).

КЕРБАЛАНЫҢ ШӨЛІ *Опат мекен*. (Діни қиссаларда Әзірет Әлі балалары Асап, Үсеннің өлген шөлі осылай жалпылық мағына алған). Әзірет Әлінің үрім-бұтағы түп-түгел шаһид боп қырылып кететін, әлігі... *Кербаланың шөлі* осы емес пе? (Ә. Н.).

КЕРДЕН БАСТЫ *Талтаңдай, кеуде көтере жүрді, дандайсып жүрді. Кердең басып, шіркеуге жақын барды, Қалтадан бір теңгелік күміс алды. Есікте шегелеулі құлыбы бар Бір сандық бар, барды да соған салды (Абай). Жүрісі нар түйенің жүрісіндей, Күлісі айғақ құстың күлісіндей, Құлаққа сырға орнына сарымсақ сап, Басқаны кердең басып жүр түсінбей (ҒН).*

КЕРДЕН КЕТТІ [АСТЫ] *Өзге жұртты менсінбеді; шалқыды, жұрттан ала бөген болды*. Осы елдегі ең бір күшті ру басы, әрі мыңғырған бай — сансыз жылқысы, қора толы қойы, тоғай толы түйесі бар Байқазы өз заманындағы шектен шығып, *кердең кеткен* алпауыттың бірі болатын (М. Қ.).

КЕРДЕН МОЙЫН *Бір бет, тоң мойын (АС)*. Саудырсыз сары қамқаны, Садаға кеткір сұрайды, Самарқанның бөзіне, Кеселді түйін шешілсе, *Кердең мойын* кесілсе, Келмей кетпес кезіне (Абай).

КЕРЕГЕСІН ИТІНЕ ҚОМДАСЫН! қ а р ғ ы с-к е й і с. *Түк бермеймін, көмектеспеймін деген мағынада*.

КЕРЕГЕСІН КЕРТЕДІ *Керегесін кесіп, ойран салды*. (Жаугершілік заманның салты). *Керегесін кертпесем, керттіп отын етпесем (АӘ)*.

КЕРЕГЕ [-СІН] ТҰРҒЫЗДЫ 1. *Үй қып бөлек шығарды*. Баласын үйлендіріп, бөлек *кереге тұрғызып* берді (АТ). **2.** *Іргесін қалады*. Жаңа үй салудың толып жатқан

әңгімесі бар. Алдымен кесек құю керек, оны ұстаға өргізу керек, *керегесін тұрғызу* керек (А. Т.).

КЕРЕГЕГЕ ТАҢЫЛДЫ *Ақын бұл арада әрдайым масқара ұятқа қалатын кісі туралы айтып отыр*. Күшік ит бөрі ала ма жабылса да? Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да. Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды, Әр жерде-ақ *керегеге таңылса да* (Абай).

КЕРЕ [ЖЫРТА] ҚАРЫС х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Көбіне маңдайға, қастың арасына, бет пен жаққа, ауызға, азу тіске, иық, жауырын сүйекке, сондай-ақ, жылқының құлағына, жал етіне, шоқтығына, қолтығына, бұт арасына, алдыңғы аяқтан артқы аяқтың асып түскен ізі қашықтығына, т. б. ретте айтылады*. Келген екі көзі қыран бүркіттің көзіндей, *кере қарыс* жазық маңдайына жараса біткен қалың қара қасы бар, қара сұр жігіт екен (Ә. Ә.). Жұмабек езуі *кере қарыс* далиып, маз болып тұрған Ермекті көргенде, жарылып кете жаздады (Т. А.). Дәрігерлік пунктке келген еркектің *жырта қарыс* жалапақ бетінің иек ұшындағы шіл құйрық сүйір сақалы да өзінкі емес, басқа біреудікі сияқты (Т. А.).

КЕРЕ [САЛА] ҚҰЛАШ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Барлық құлашпен өлшенген нәрсе туралы айтылады*. («Кере» дегеннің түбірі «кер» — етістік; «кере» көбіне ұзындыққа, «сала» биіктікке қатысты сөз). Балуан Шолақ бір кез ақ жібектің бір ұшын шандып орады да, екінші ұшын арқасынан *кере құлаш* салбыратып жіберді (С. М.). *Сала құлаш* мойыны, ұзын сирақ, Ұсынса қол жеткісіз биік ерен (Қ. Жұм.).

КЕРЕ ҚЫЛДЫ *Бойға сіңірмеді*. (Осындағы «кере» деген, көбіне, «атау-кере» тіркесімен жиі ұшырайды). «Шелек, шелек» деп, ішкен асымды *кере қып* болып едің, сенен қорыққаннан, темекі алатын ақшама шелек алдым, — деп Бірмағамбет Айшаның қолына шелекті ұстатқанда бұлдап, нығыздап ұстатқан (Б. М.).

КЕРЕНАУ ТАРТТЫ *Жалқаулық, бойкүйездік мінез көрсетті*. Ақанның қиялдарын жақтап айтпа, Ол өзге білгіштерді аттамақ па? *Керенау тартып* оның тас кежірі, Тапсырмақ істі түгел автоматқа (Қ. Б.). Алдағы тұрған келелі міндет — *керенау тартқан* әкімшіліктерді жойса, талап тұғырынан көрінері хақ (ЛЖ).

КЕРЕНДІ ЖЕ [ШКІР] ○ АТАУ-КЕРЕНДІ ПШ қ а р ғ ы с. *Жегенің желкеңнен шықсын, өлер алдындағы соңғы тамақты іш деген мағынада қолданылады*. Өткен, мына тойдың үсті. Әйтпесе, үшеуіңді желкеге үш түйін, анау еттің бәрін қазанға салғызар едім. *Же керелеріңді*. Бірақ, енді жанжал шығармаңдар — деді де, Жөкен жүре берді (Ғ. Мұс.). *Атау-керенді ішкір*, саумал ішсе, жетпей ме, сауғаныңнан бұрын қымызды өзің құртасың, — деп қақылдап тұрады (М. Ә.).

КЕРЕҢ ТҮН *Меңіреу, саңырау, дыбыссыз түн; саңырау дүние.* Жолшыбай жол көп елді аралатты, Бұрылмай бас өңгерген баран атты, *Керең түн* кең даланы күңіреттіп, Байбайлап «Құлагерге» бара жатты (І. Ж.).

КЕР ЕСЕК *Кері тартпа; қыңыр бет.* «Ой, төңір-айшыл» *кер есек*, Қулық, сұмдық не есек, Болмаған соң, бір есеп — Мейлі қамқа, мейлі бөз (Абай).

КЕР ЗАМАН *Қу заман; кері кетіп, азып-тозған кезең.* *Кер заманға* кез болып, кері кеткен елдің кері тартқан тентегі шығарсың (М. Ә.).

КЕР [-І] КЕТТІ [ТАРТТЫ] 1. *Істің терісіне жүрді, қырсық шалды, өре бастырмады.* Абыз: Әлі береке десе, *кер кетіп*, пәле десе, жүлынған... матай баурыңмен бітім таптың ба, табыстың ба, түге? (М. Ә.). Келелі кеңес кеңейді, *Кер кеткен* әдет шөмейді. Қуаңшылық көңілінде, Басыпсың қадам, тауып жол, Жармасып жаңа өмірге (І. Ж.). Жарылған қасиетті әулие еткен, Найзасы ұзын болса да *кері кеткен*. Аруағына ит қосып, жауға берген, Көргеніңді айтасың Вейімбеттен (Айтыс). Мен жетсем, уәдеге сен жеппедің, Қайғымды қай-қайдағы тербетпегің. Айтқан серт, алысқан қол сені тапсың, Аузыңды байқап сөйле *кер кеткенім* (Айтыс). Менің де би деген атым бар. Ылғи *кер тартып*, кесір шығара беретін қарғыс атты мен-ақ бола берем бе? (М. Ә.). 2. *Азып-тозды, жүдеді.* Қамар күн асқан сайын *кер кетіп*, нашарлап барады, онда жұмыстары да жоқ: «Қожекен қарағалы әңі тәуір, пәлен-түген...» — деп Нұрымның ыңғайына қарай сөйлеушілер көп еді (С. Т.). Ақырында бар шаруасының өзі *кері кетті*, тұралап қалды (С. О.).

КЕР МАҒЫЗ *Кербез, паң* (АС). Ел жайын біліп қансаңыз, Айтайын құлақ салсаңыз: Кейбіреуі дүрсіп жүр, Жер тәңірісіп *кер мағыз* (Абай).

КЕР МАРАЛДАЙ КЕРІЛДІ *Кербез, сұлу, бойына әсемдік жарасқан деген мағынада.* Хор келсе — сұлу сүйген жарым, *Кер маралдай* басып, *керіліп*. Қырмызы ерін, әңі жүз, боға көзім, Маған кымбат хорың, періңнен (Б. К.).

КЕР МИЫҚ *Асыл, жақсы, әсем деген мағынада.* *Кер миығым*, кербезім, Керіскендей шандозым, Құлжадай айбар мүйіздім, Құланның ащы дауыстығым (М. Ә.).

КЕР ТАБАН *Қияңқы, қырсық, тартыншақ.* Нары — жалқау *кер табан*, Құсы — күйшіл, ат шабан, Жырғалаң жоқ, жобалаң (Д. Б.).

КЕРТ ҚАРА БАСЫ **○** **КЕРТ БАСЫ**, **ХАҚ ҚАРА БАСЫ** **○** **ҚАРАҚАН ҚУ** **БАСЫ** *Сүйенер ешкімі жоқ, соқа басы, жалғыз өзі.* Баланың мінезі туралы мен не дейін? *Керт қара басы* оны жамандай алмаймын (АТ). Жалғыз өзін, *қарақан қу басын* асырай алмайды деуге болмайды (АТ).

КЕРІ КЕЛДІ *Басқаның басындағы жағдай екінші бір кісіде болды деген мағынада айтылады.* Ұялған тек тұрмастың кері келіп жүрмесін, жығылған сүрінгенге күледінің *кері келді* ме, қалай (АТ). Дауыл алдында күн райы әрдайым ашық болуының *кері келіп* жүрмесін (Б. Мом.).

КЕРІСКЕ ТҮСТІ *Айтысты, дауласты, сөз таластырды.* Сүгір аулындағы жиын, Жігітек кісілері болған соң, бір күн, бір түн *керіске түсіп*, ақыры Бейсенбі, Жабайларды жасытып жеңді де, байлау жасады (М. Ә.).

КЕРІСП ҚАЛДЫ *Ұрысты, жүз шайысты.* Сол жерде нәренжікпен шартта-шұрт *керістім* де қалдым (С. С.).

КЕРІ ТАҚЫС *Қияңқы, қырсық.* Қияңқы қиық, Бітеу тұйық, *кері тақыс*, шадыр мінез, салт-сана, шіріген әдет-ғұрып. Ол біздің жау (С. Кер.).

КЕСАПАТЫ [КЕСІРІ] ТИДІ [ЖҰҚТЫ] **○** **ҚЫРСЫҒЫ [ЗИЯНЫ] ТИДІ** *Зардабы, жаман әсері болды.* Жақсымен жолдас болсаң, шарапаты тиеді, Жаманмен жолдас болсаң, *кесапаты тиеді* (Мақал). Елді жеп-жеп, сау кетпеді өлсе де, *Кесапаты тиді* болыс бүліктің... (Б. М.). Көрініп көзге түссе осы хатым, «Оқыды» деген бар ед менің атым: Қызды оқып, оқытсаң мынау ғой деп, Кейінгіге *тимей ме кесапатым* (С. Т.). Бүгін Сыпатаев пен Жанаевтар *кесірі* малға *тиді* (М. Ә.).

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ **ВОЛДЫ** [ТҰРДЫ] *Алдынан кескестеді; кедергі жасады, қарсы болды, кесірін тигізді.* Бұралқы өсек тау шыңындай *кесе-көлденең* болып, көзінің алдына келе қалды (Т. Н.) — Үндемес, менмін ғой бұл! *Кесе-көлденең тұратыныңды* білгенде, қалтама қант сап келетін едім Айжан құсап (З. Ш.).

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ **ТҮСТІ** *Ұзынынан ұзақ созылып, сулап жатты.* Алдымызда: кешіксең, *кесе-көлденең түсіп*, өткел бермеймін деп Ловатъ өзені жатыр. Бүгін ерте шыққандағы ойымыз — тасып кетпей, сол өзеннен өтіп алу еді (Ә. Ә.).

КЕСЕ ӨТКЕН **ЖОҚ** *Кішілікпен иба, ізет көрсетті.* Шалдың алдынан *кесе өте* шыққанға жұрт бір күбірлесіп қалды (АТ). Алдынан *кесе өткел жоқ*, құдайға айғақ (С. Т.).

КЕСКЕКТІ **АЮ** *Ашулы, қаһарлы деген мағынада.* *Кескекті* туған аюмын, Кескілеспей басылман... Сүйегім тұтамай қалғанша, Дұшпаныма бас ұрман (М. Ә.).

КЕСПЕГЕ **ҚАРАСЫ** **ЖОҚ** *Өте семіз, аппақ қардай май.* Ақтарылған ақ майлы, Көз алдыман кетпейді, *Кеспеге жоқ қарасы*, Сөзімнің жоқ жаласы, Бұдан семіз өтпейді (Н. В.).

КЕСТЕСІ **КЕЛІСТІ** **д и а л.** *Істің реті, қиюы келді.* Ондағы қырқымшылардың

да кестесі келіспей жатқан көрінеді (Түркім.: Көнеүр., Ашх., Таш.).

КЕСІК ҚҰЛАҚ көне. *Құл-күн; жалшы. Жарлы-жалшы желкіне, Кесік құлақ есіктен Көтеріле, серпіле, Төре, ханға, қазыға (І. Ж.).*

КЕСІМДІ КҮН — **КЕСІЛГЕН ЕТ** *Өлшеулі күн; өлшемді күн кесілген еттей өге аз. Кесімді күн — кесілген ет деген ғой, міне күн біткен сияқты (ШС).*

КЕСІП АЙТТЫ *Бетін күрт қайтарды; тұрасын айтты; тұжырымды сөз сөйледі. Тіпті керемі жоқ деп кесіп айтты (С. Төл.). Жақыпбектің білуінше, Елизавета Сергеевнаны яки қатал, яки жұмсақ мұғалім деп кесіп айту қиын (М. И.).*

КЕСКЕН ЖЕРІНЕН [КЕСІП АЛСАН] ҚАН ШЫҚПАЙДЫ [ҚАН ТАМБАЙДЫ]
1. *Бет бақтырмас без бүйрек, қатал адам, ұятсыз жан. Еламан шошып, Ақбаланың неге жылағанын сұрап еді, Ақбала кессе, қан тамбайтын көктікпен тіл қатпай сазарып алған күйі тұрды да, үй шаруасына кірісіп кетті (Ө. Н.).* 2. *Түк тамбас сараң. Беті қандай құрысып қалған қасаң болса, ниеті де сол, кесіп алсаң, қан шықпас кесір сараң (Ғ. Мұс.).* — Арқадан шыққан жолаушымыз, — деді Есіркеген. — Арқаның қай тұсынан боласыңдар? — Қарқаралы жағынан. — Қаракесексіңдер ме? — Ия. — *Кесіп алсаң, қан шықпас, ел билейтін жан шықпас дейтін Қаракесек екенсіңдер ғой (І. Е.).* 3. *Терісі сүйегіне жабысқан арық. Тіп-тік, ұзын денесінен кесіп алса, қан шықпас, кеуіп қалған (Ғ. Мұс.).*

КЕСІП САЛДЫ *Мойнына салды; қарыздар етті. Байекеңнің мойнына Ақыны кесіп салады. Жалшы жігіт табанда Ақсын санап алады (С. С.).*

КЕСІРІ ҰРДЫ *Қаһарына ұшырады. Жалғыз атты жолаушы, Кесірім ұрып кетпесін, Қасыма келмей аулақ қаш (ҚЖ).*

КЕТ ӘРІ ЕМЕС *Онша жек көрмейді, көңілі теріс көрмейді; қалайды, ұнатады. Сөзін естідің бе? Кет әрі емес. Ойбай, қимылдап қал. Мұндай сұқсырлар тұзаққа тез түседі, — деді Сағынбаев (М. И.). Көжек өкесіне келіп: — Бөкенбайдың қызына көңілім кетті. Қыздың өзі де кет әрі емес, — деді (Т. А.).*

КЕТЕР АЯҒЫМ, КЕТПЕН ТАЯҒЫМ *Не қылса да өзіме, әуре болсам өзімнен деген ретте келеді.*

КЕУДЕГЕ САЛДЫ **КЕУДЕ КӨРСЕТТІ** *Күш көрсетті, өр көкіректің жасады. Өйтпін кеудеге салма, жаным, ұят болады (АТ). Ағанияз Әмірлінің «қыр жігіті» деп кеуде көрсетуінде де өзіне пайдалы бір үлкен мән жатыр (Ө. С.).*

КЕУДЕ КӨТЕРДІ **КЕУДЕСІНЕ [КӨҢЛІНЕ]** **НАН ПІСТІ [ЖЕЛ БІТТІ]** **КЕУДЕСІН** **ҚАҚТЫ** *Өр мінездікке салынды, көкірек көтерді; шардымсыды... Дөдең күйектен күйекке дейін екі қой, бір серкеш, бас ұлтан, тағы бір ескі киім соққалы тұр! — деп Сәмет кеудесін қақты (Ғ. Мұс.). Ғалияны бай-батша, мырзалардан жеңіп алдым дегендей, кеудесіне нан пісіп, нығзисі бастаған еді (С. М.). Кеудесіне нан пісегін кедей ғой! Салыңдар мынау көрге! Тірідей жерге көміп, жерге сонымен қағамын! — деді де, Сейіттің екі қолын артына қыл шылбырмен байлатып жіберіп, терең қазылған құр құдыққа тастатып жіберді (М. Ө.). Атағымды шығаруға асықта. Онсыз да кеудеме едәуір жел бітіпті (Т. А.).*

КЕУДЕМЕН СОҚТЫ *Өр көкірекке салды, омырауға алды. Жүйеден жығылған бастық енді жұртты кеудемнен соғуға көшті (АТ).*

КЕУДЕНІ АШТЫ **КЕУДЕНІ [КЕУДЕСІН]** **ЖАЗДЫ** *Бойын сергітті, көңілін көтерді, тынысты кеңейтті. Құлпырған дала гүлдерінің жұпар ісі мұрын жарып, кеудені ашады, көңіл көтеріп, бой сергітеді (З. Ш.). Ойласам, жарық танды нұрын шашқан, Шапағы қызыл күннің таудан асқан. Мәңгілік патшалығын көркемдіктің Ойласам, гүлдің ісін кеудені ашқан (С. С.).*

КЕУДЕ САЛЫСТЫРДЫ *Мықтылығын, зорлығын теңестірді. Мен мұнда күш сынасқалы, кеуде салыстырғалы келгенім жоқ (Ө. Т.).*

КЕУДЕ СОҒАР БАТЫР *[ЕР, ЖІГІТ...]* *Мен мұнда деп, төс ұрып шығар өр кеуде батыр... Қобыланды батыр алақандай қанды көзімен ханға қиғаштай қарап, ерлік көрсеткен кеуде соғар батырлардың атын атап келіп, кенет сәл кідірген (І. Е.).*

КЕУДЕСІ АСҚАН *Ойы биік, зердесі озық, ала бөтен. Заманнан кеудесі асқан, ел қамқоры, батагөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз (М. Ө.).*

КЕУДЕСІ ЖОҒАРЫ *Менмен, паң, өзімшіл. Маусымбаев ат қораны менсінбейді, одан үлкен қызметті көтере алмайды, кеудесі жоғары, өзі төмен, ақ пейіл жан әлін білмей, дәмесі үлкен (Ғ. Мұс.).*

КЕУДЕСІ [ШІ] ҚУЫС ПЕНДЕ **КЕУЫС** **КЕУДЕ** 1. *Қаралайым кісі, жұрт қатарлы адам деген мағынада. Бір міні қаталдық десек, қасиеті де содан тарап жатыр-ау, білесің бе? Біз де іші қуыс пенде емеспіз бе, бір міні жоқ адам бар ма екен? (Ғ. С.).* 2. *Іші бос, құлазып қалған кісі. (Топас, надан адамдар туралы да айтылады). — Балам-ай, әжеңде қуыс кеуде болмаса, не сымбат қалды? — деп, өзінің дағдылы мұң-шыңына қарап беттеп еді. Баласы қимады. — Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? — деді (М. Ө.).*

КЕУДЕСІН [КӨҢЛІН] **БАСТЫ** *Еңсесін көтертпеді, есесін алды, есесін қай-*

тарды; дандайсыған көңілін басты. Мен өзім аққан судай тасып жүрмін. *Кеудесін* дұшпанымның басып жүрмін. Жаласы сексен өгіз маған ауып, Ұлықтан сол себепті қашып жүрмін (Б. Ш. Б.). Жалынды туған Жақып бай балаларына *кеудесін бастырмай*, ер болып өседі (С. М.).

КЕУДЕСІНЕ НҰР ҚҰЙДЫ *Көзін ашты; көңіліне бақыт сәулесін құйды. Келе жатқан жылдардың Кеудесіне нұр құйып, Ортасында тулардың Ленин тұрды жымылып (С. М.).*

КЕУДЕСІНЕ СЫЙМАДЫ 1. *Аптықты, алқынды, демікті. Қамар хатты оқып болған соң, бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, қарап тұрып бір тынымсыздыққа қалды (С. Т.). 2. Паңданды, ісіп-кепті, мақтанды. Шіркін, өз кеудесіне өзі сыймай, тасып жүрген бір жан (АТ).*

КЕУДЕСІНЕ [КӨҢІЛІНЕ] ТҮЙДІ 1. *Көңіліне тоқыды, жадында сақтады, ойында ұстады. Ей, құрбым, бұл сөзіңе құлақ астым, Түйермін тек кеудеме, жылаамаспын, Шайқалып кетемін мен ойлағанда, Азырақ жарылармын, құлаамаспын (Қ. А.). 2. Кек сақтады. Жаман неме емес пе, болмашының кеудесіне түйіп, бұртиып жүреді ылғи (АТ).*

КЕУДЕСІНЕ [КӨҢІЛІНЕ] ШАЙТАН [ЖАМАНДЫҚ] КІРДІ [ҰЯЛАДЫ] *Суық жүріске (ойға) салынды; азды, жолдан тайды; ойына арамдық кірді. Ей, Егізбай, Сегізбай, Өтірік айтып алдама, Шайтан кірді кеудеңе, Жеделіңнен танбайсың, Жаратпаймын түріңді (Н. Б.). Енді, міне, кеудесіне бір шайтан кіргендей, түн бойы өзімен-өзі арпалысып, ұйқы көрмей шықты (Ғ. М.).*

КЕУДЕСІН [КӨКІРЕГІН] КЕРДІ [КӨТЕРДІ] *1. Керілді, бой жазды; бас көтерді, орнынан тұрды. Сенеміз де болашағымызға, көңіліміз толады, кеудемізді кере дем аламыз (Ө. Т.). 2. Паңданды; менмендік жасады. Кеуде керіп паңданып, Тау толқыны лепірген. Днепр — Волхов асауды, Бұғалық сап үйретіп, Көндірген де біздің ел (Б. А.). Жігіттің кеудесін көтергені ақылының жоқтығы (Мақал). Кезінде дос-дұшпанға таба болмас үшін, кеуде көтеріп, қыр көрсеткем (С. Вақ.). Үшінші бір жігіт бар толық торы, Ойлайды кез келмес деп дұшпан оры. Ауызбен нағыз асыл жігітпін деп, Кеудесін көтерегін таудай толы (А. Кор.).*

КЕУДЕСІН [КӨКІРЕГІН] ТОСТЫ *Жанын қиды, басын тікті. Өкініш онда тағдыр қосқанына, Жоқ, ол көнбес қиындығы, тосқауылға, Густа сен менің сүйген жарым болсаң, Кеудеңді маған ұқсап тос дауылға (С. М.). Досты қалқалап, жұрт өсегіне қорғасын құяр, өш оғына көкірегін тосар жан сирек (АТ).*

КЕУСЕН [КЕПСЕН] СҰРАДЫ *к ө н е. Қырман айдағанда, немесе қырман көтергенде, қырман иесінен жұрттың салтты алымы. Бағығда бірен-саран кісі егін егіп, егер онысы шыға қалса, көңіл жетер дос-жарандары одан кеусен сұрайды екен (С. М.). Қызылы дайын болмай-ақ, «қызылға қыдыр дарысын! қырманға береке! қырманыңа қыдыр қонсын!» — деп қалта, дорбасын, шелегін көтеріп, кепсен сұрай жоқ-жітік ағайын жиылып келе бастайтын (АТ).*

КЕУІГЕ МАЛАЛ КЕЛДІ *диал. Сенімсіздік етті, сенбеді (Жамб., Сар.).*

КЕУІМ ТАРТТЫ *диал. Қараңғы түсті, қас қарайды. Қас қарайып, кеуім тартқан соң, үйге қайтамыз (Т. қор., Гв., Ақт., Қараб.).*

КЕУІМ УАҚЫТ *диал. Ала көлеңке, алагеуім (Ақт., Қараб.).*

КЕШ БАТТЫ *Күн батып, қараңғы түсті, ымырт үйірілді, көз байланды. Кеш бата кеңестің бар жағын шешкен ағайындар тарай берді. Абай да Өбешті ертіп, өз ауылдарына қайтты (М. Ә.). Өзінің артына бөктерген үлкен қоржынның екі басы өбден сықап толған соң, содан асқан нәрселерді Ызғұттының қойны-қонышына тыққызып алып, кеш бата әкесінің қасына қайтып кеп еді (М. Ә.).*

КЕШ БОЛСА, ҚОЙҒА САҚПАН ТАБЫЛАР *Керегінде не де болса кездесер, КЕШ ЖАРЫҚ! Қайырлы кеш болсын деген мағынада. («Кеш жарық!» дегенге дағдыда өзіл жауап — «Ешкің арық, қойың сарық»). Сатай соны айтқан кезде, көрші қостардың бірінен бір тықпа қара сақалды жігіт келді, отырғандарға: кеш жарық! — деді (С. С.).*

КЕШКІ ЗАУАЛ ШАҚ *Кешкі түнеріңкі кез, жарық атаулы жоғалып бара жатқан шақ, жарық пен қараңғылықтың өлі арасы. Кешкі зауал шақ. Ақырғы сәулесін жартас басында ойнатып, күн де батып барады (І. Е.).*

КЕШ ҚАЛДЫ *Кезінде үлгірмеді; уақытында, мезгілінде істемеді (шешпеді, айтпады...). (Бұл тіркес «Ерте туып, кеш қалдың» түрінде көбірек кездеседі). Керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «әй, еттеген-ай!, ұйтуым екен, бүйтуім екен» — деп өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның (Абай).*

КЕШУ АЙТЫСТЫ **○** **КЕШУ [КЕШІРІМ] СҰРАДЫ 1.** *Арыздассты. (Өлер алдындағы арыздасу туралы айтылады). 2. Кеш деп өгінді, аяғына жығылды. Ертеңіне барлық шаһар халқын шақырып алып, кешу сұрайды (ҚЕ).*

КИЕ ЖӨНЕЛДІ **○** **КИШ КЕТТІ** *Омыраулады; қосарлана сөйледі; сөзін бөліп, көлденеңнен кірсе кетті. Жылында өлең оқу қайдан шыққан жаңалық? — дей, Сапар кие жөнелді (М. И.). Өкелі-балалы Жұ-*

ман мен Мұхаметжан жарыса сөйлеп *киіп кетті* (М. Ә.). Ойда жоқ ауру *киіп кетпесе*, алдымнан қой өліп көрген емес,— деді шопан (С. М.).

КИЕСІ [АРУАҒЫ] АТТЫ [ҰРДЫ] діни. *Қарғысқа ұшырады*. Жан емен сайқалдықтың соңына ерген, Жалдыға жалбарынып күнін көрген, Анамның ақ сүтінің *киесі атсын* Шықпасам екі дайда күткен жерден (Н. Б.).

КИІКТІҢ АСЫҒЫНДАЙ *Кішкентай да, сүйкімді, оңғайлы*. *Киіктің асығындай* екен, қолайыңа жақса, қолыңа ал (АТ).

КӨБЕСІ СӨГІЛДІ 1. *Тігісі сегінеді*. *Көбесі сөгілген* жерін әр жерден бір іліп қойыпты (АТ). **2.** *Еріді*. Бұл кезде қыс бойы тоқы ойылмай, бітеуленіп жататын Сібір қарының *көбесі сөгіліпті* (Ә. Н.).

КӨБІК АУЫЗ *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме адам*. Шолпан оған білдірмей басын шайқады да: — Жоқ. Мен сөйлескенім жоқ. Сөйлесуге реті келмеді, үйінде ағайынды қос *көбік ауыз* отыр (Х. Е.). Мақтаншақ, *көбік ауыз* көкіме қыз, Түсіңнің жаңа білдім сары екенін (Айтас).

КӨБІК ҚАР Жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған еспе қар. Алғашқы *көбік қар* түсісімен, бір жетідей құсты алып шығып, үш киік алғыздым да, азулы аңға салуға жүрексіндім (Қ. Әб.). *Көбік қарда* түлкі ойнар, Арық атқа қамшы ойнар. Жыртық үйде тамшы ойнар (АӘ).

КӨБІК ӨКПЕ *Ештеңеге икемі жоқ, шаалағай, ісіп-кеппе адам*. Жақсы оқып, зектігін танытқаны, Жолдас түгіл молданы ақыртқаны. Піскен бас, *көбік өкпе* бай баласын, Таң қылды сөйлесе естен жаңылтқаны (С. Т.).

КӨГЕНДЕГЕН ҚОЙДАЙ 1. *Тізіп байланғандай*. Біз *көгендеген қойға* ұсап, мұрыңды тарта түсіп, Әйтелес үйінде надан молдадан надандық оқып отырмыз (Ғ. М.). **2.** *Сыпыра, түгелдей*. *Көгендеген қойдай* қырып салыпты (АТ).

КӨГЕН КӨЗ Өңкей қыршын, өрім жас, көгендегі төлдей жас. Төнеке: Қолымен жігіттерді көрсетіп: Міне, мен! Мына тұрған *көген көздің* бәрі мен! Жылап келген тағы мен, жылатушы тағы сен, Қыдырбай (М. Ә.). *Көген көзді* қосақтап, Қалай қиып береміз (Жамбыл).

КӨГЕН КӨЗДЕНДІ *Телмірді, байлаулы жандай қолға қарады*. Сатай Бұзаубаққа: Сен жазықсыз бүйтіп ұра берсең... қатыннан айрыласың, отырасың сонсоң *көген көзденіп* (С. С.).

КӨЗАЙЫМ БОЛДЫ *Жолаушылап кеткен, зарыға күтіп отырған адамы келіп қуанды, масайрады, көңілі тыншыды*. Балам, дені-қарның сау ма, Айнұр байғұсты әбден сағындырып едің, баласы келіп *көзайым болған* екен ғой,— деді Анарқұл (А. Х.).

КӨЗ АЙЫРМАДЫ [АЛМАДЫ, АУДАРМАДЫ] *Қадалып көп қарады*. Өздері шарбақ арасынан баспалап қарап, Әбеннің қарасынан *көз айырмаған* (М. Ә.). *Көзіңді айырмадың*—ау, жігіт, өзің арбалып қалғаннан саумысың (АТ). Абай үлкен столдың жанына қойған екі үлкен жастыққа көлденең түсіп, шынтақтап жатып, Есбергеннен *көз алмайды* (М. Ә.). Абайды көргелі үндемей ойланып қалған Тоғжан күлген жоқ, бірақ одан *көз алмай* тұр (М. Ә.). Қырық пышақпен қыржаңдап тұрған түлкі, О да — осал жау емес қыран паңға: Сегіз найза қолыңда, *көз аудармай*, Батыр да аял қылмайды ертең таңға (Абай).

КӨЗ АЛАРТЫСТЫ *Өштесті, жауласты, аңдысты*. Я көрсе қызарлық қылып, *көз алартыспақ* лайық па? (Абай).

КӨЗ АЛДАДЫ *Әшейін жұбата салды, немқұрайды іс істеді, көз болаушылық етті*. Шөкен бытыр Тоқабайды жалдап, үлкен мектептің қабырғасын қалатқан. Бұнысы әншейін *көз алдау* екен. Сол мектеп сол күйінде қалып қойды (Ғ. Мұс.). Бөрене емес, бөшке емес, *Көз алдаған* бір елес (Қ. А.).

КӨЗ АЛДЫНА КЕЛДІ [ЕЛЕСТЕДІ] КӨЗГЕ [КӨЗІНЕ] ЕЛЕСТЕДІ КӨЗ АЛДЫНАН КЕТПЕДІ [ӨТКІЗДІ] КӨЗ АЛДЫНДА ТҰРДЫ *Ойына алды, ойша елестетті*. Абайдың *көз алдына* Ойке деген жеңгесі де, Байтастың былтыр жаздағы әншіл, сауықшы жолдастары да толық *елестеді* (М. Ә.). Жеті-сегіз атты жақындағы кішкене қораға қарай келе жатыр, Райханның *көз алдына келді*, Асқар есіне түсті (М. Ә.). Абай жол бойында бар дүниені ұмытып, бір Тоғжанның елесін *көз алдына келтіріп*, нелер ыстық қиялға баты (М. Ә.). Кейін төсекте жатқанда, осы ұзақ тұрмыстың әр сәтін *көз алдынан* қайтадан *өткізіп*, қоштасарда қысқан Нияз қолының саусағына батқан ізін сезініп, мейірленіп жатады (Т. А.). Абайдың *көз алдынан* сол Тоғжанның жүзі *кетпеді* (М. Ә.). Бір қарағанда, кеуде жағы жуан, бөксе жағы жіңішкеуе көрініп, арыстанды *көзге елестеткендей* (Қ. Жұм.).

КӨЗ АЛДЫНДА *Көзін бақырайтып қойып, көз көріп отырып, жүзбе-жүз, бетпе-бет келіп*. Дуанның екі бастығы, Майыр мен Құнанбай, бұдан әрі сөйлессе, ұрысқа кететін түрі бар. Ол орынсыз. Алшынбай өз *көз алдында* бұған ырық беруге болмайды (М. Ә.). *Көз алдында* ғайып болды (АТ).

КӨЗ АСЫП КЕТТІ [АСЫРДЫ] *Көзден таса болды, таса етті*.— Ешқандай хабар жоқ. Жер түбіне айдап әкетті емес пе.— Иә, сабаз ер, ақыры ат жетпес, атан жетпес жерге *көз асып кетті* ғой. Жоқ болды ғой (Ә. Н.). «Қап, не қыласың! Алысқа *көз асырып* жіберу керек-ақ екен»,— деп екілене түсті де, кенет ол «әй, мейлі!»... деп ойлап, қолын бір сілтеді (Ә. Н.).

КӨЗ АШЫП, ЖҮРЕК ЖУАДЫ *Көңіліңді оятады, жүрегіңді тазартады.* Ойлану — ескек жылы жел, Көңілдің алтын күрегі. *Көз ашад, жүрек жуады, Бұлт қуа, тұман түреді (І. Ж.).*

КӨЗ АШҚЫЗБАДЫ [АШТЫРМАДЫ]
1. *Бет қаратпады.* Жер бетін, тау-тасты да кісі бойы қар басып, түтеген ақ шұнақ боран *көз аштырмай, сықырлаған қызыл аяз қалтыратып аяқ бастырмады (М. Е.).*
2. *Мазасын алды, дамыл бермеді, бас көтеруге жұрша бермеді; күн көрсетпеді.* Әкесі өлетіндей, анасы да, мынасы да ішкізуден *көз ашқызды ма* екен, түге! — деді Шәкір (М. И.).

КӨЗ АШПАДЫ *Құтыла алмады; арылмады.* Мінекей, келіп қалдым біраз жасқа, Құрбылар қатын алды менен басқа, Жалғанда *көз ашпадым* жалшылықтан, Ағарды меңнатпен сақал-шаш та! (С. М.). Оспан мен Смағұл алысу мен төбелесуден *көз ашпады (М. Ә.).*

КӨЗ ВАЙЛАДЫ *Алдап, арбады.* Түн, бұғау, алдау, арбау, дін, шарифат, Қан құйып, халық *көзін байлауменен (Жамбыл).*

КӨЗ БАЙЛАНДЫ *Ымырт жабылды, қас қарайды, қараңғы түсті.* Алғашқы топ келісімен, өзге қонақтар да іркілген жоқ. *Көз байланғанша он үйдің алтауы толып қалды (М. Ә.).* Оғым жауға тиіп жатыр ма, жоқ па, білмеймін. Ақырында оқ та бітті, *көз де байланып, түн қараңғылығы да түсе бастады (Ә. Ә.).*

КӨЗ БОЯУШЫ [БАЙЛАУШЫ] *Сықыршы, адамды алдаушы.* Тотан келіп, сәлем беріп амандасады. Жай-мәністерін түсініседі. Бұл адам *көз байлаушы* адам екен (ҚЕ). Жақсы көрсе молданы *Көз бояушы,* зұлым деп, Көпшілік неге қарғаған (Жамбыл).

КӨЗБЕН АТТЫ **○** **КӨЗ БҰҚАСЫН** **КӨРСЕТТІ** *Жақтырмай қарады, ала көзімен атты.* Бүтін көше бойы азан-қазан. Таяқ жесе де, Елена Павловна жылаған баланы уатып, алдында қарусыз елге қожандап тұрған Хитровты *көзімен атып тұр (Ә. Ш.).* Зорька бұрыштағы қара саулыққа да *көз бұқасын көрсеткен (Х. Е.).*

КӨЗБЕН ЖЕДІ **○** **КӨЗБЕН ІШП-ЖЕДІ** *Тесіле кеп қарады.* Папаның мекемесінде істейтін бір жылпостуа жігіт те, байқаймын, менде көңілі бар. Өр келген сайын қаймақ көрген мысықтай, мені *көзімен жеп* болады (Ө. Қан.).

КӨЗБЕН КӨРГЕН АНЫҚ, ҚҰЛАҚПЕН ЕСТІГЕН ТАНЫҚ *Естіген өтірік, көрген шын деген мағынада.* Өтірік пен шынның айырмасы ес емес пе? *Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық* емес пе? (ШС).

КӨЗБЕН ШОЛДЫ *Жапнай шолып қарап, бағдарлады.* *Көзбен шолып* егін орған алаңын, Өбіш пенен тұр басқарма қара мұрт (Т. Ж.).

КӨЗ БОЛДЫ 1. *Ие болды, бас-көз болды, басы-қасында жүрді, қарауылдады, қорыды.* Біздің малға *көз болатын* кісіміз жоқ деген сайын Еңліктің тақаты қалмайды (М. Ә.). 2. *Қарауыл болды.* (Жағымсыз мағынада). Немене, ұрлығына *көз болады* дедің бе? (АТ).

КӨЗ БОЯДЫ *Алдады, өтірік айтты.* Әлі көзі түгел жоғалып болмаған ескі адам мынадай момын колхозшының момындығы арқасында қаға берісте отырып *көз боял,* ескі қырсық мінездерін жасайды (М. Ә.). *Көз боял «рапорт» берген — зәлімдер ме? Подхалим, — екі жүзді тәлімдер ме? Өтірік цифр беріп өкіметке, — Колхоздың малын құртқан «мәлімдер ме?» (С. С.).*

КӨЗГЕ АЛМАДЫ *Елемеді, көзге ілмеді.* Шешесінің қайғысынан ба, әлде, жеке үйренгендіктен бе, біреуін адам екен деп *көзге алмады (С. Д.).*

КӨЗГЕ БАСЫЛДЫ *Көзге түсті, көзге ұрылды, ұшырады, көрінді.* Сонда да типтік қиядан Мұнар боп *көзге басылды (Ж. С.).*

КӨЗГЕ ЖЫЛШЫҢ, СЫРТҚА ҚЫЛПЫҢ КӨРІНДІ *Бояма бет, жағымсыз адам туралы айтылады.* *Көзге жылпың, сыртқа қылпың көрінген.* Күн көрісі емізікті емінген, Табылар ма, танылар ма қасыңнан Күн бұзылып, бұлт айналса көгіңнен (АӘ).

КӨЗГЕ ЖЫЛЫ [ЫСТЫҚ] КӨРІНДІ **○** **КӨЗІНЕ ЖЫЛЫ ҰШЫРАДЫ** **○** **КӨЗГЕ ОТТАЙ [ШОҚТАЙ] БАСЫЛДЫ [ҰШЫРАДЫ]** *Бұрыннан таныс, жақын кейіппен қуанышты кездесу туралы айтылады.* *Көзге жылы көрінген* өздеріңді сағындым (Жамбыл). Шешесінен қалған, *көзіне ыстық көрінген* аты болған соң, Көркемтай оны қорғаштап... кілтін өз қалтасына салып алатын болған (С. Д.). Алыстан тағы бір жаулық кіріп келеді екен. Мақпалдың *көзіне жылы ұшырағандай* болды (М. Ә.). Екі қара домалақ бала *көзіне оттай басылды (Ә. Н.).* Осы аста табақ көтеріп жүрген баяғы қашқан етігім анадайдан *көзіме оттай ұшырады (ҚЕ).* Жұмабек суретке қайта қарағанда, ұялы үлкен көзді, жұқа өңді қара торы қыз *көзіне шоқтай басылып, көңілі жылып қоя берді (Т. А.).*

КӨЗГЕ КӨРІНБЕДІ 1. *Істеген ісі, жақсылығы бағаланбады.* Алты ай жаз қылған жұмысы шалдың *көзіне көрінбей, іш құста* болды (АТ). 2. *Көзіне аз көрінді, қанағат қылмады.* Үйімде ішуді едім шекер мен бал, *Көзіме көрінбеген* осынша мал (АШ). Тоғай толған малы *көзіне көрінбей, масақ теретін* байқұс (АТ).

КӨЗГЕ КӨРІНДІ *Жұрт көзіне түсті, ауызға ілінді.* Бірден-бір ауысып болмай кезбе, Еңбек қыл елің үшін, *көрін көзге, Жатып ішер жалқаулар, қисық-қыңыр, Заң бойынша түзелмек түсіп көзге (Ш. Қош.).* Кемпірдің қызы сұлулығымен *көзге тез көрінді (АТ).*

КӨЗГЕ КҮЙІК БОЛДЫ *Көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді. Көзге күйік болып, бос сенделіп жүргеннен қиын болмас,— деді Асан (Т. А.). Қамар осындай әркімнің көзіне күйік болған қалпымен күннен-күнге құлпырып, он бес жасына жетті (С. Т.). Көзіне күйік болған күйші кетсе, Осымен қыз арманын тауыса ма? (І. Ж.).*

КӨЗГЕ ҚАҒЫС ЖЕР *Көрінбейтін қалтарыс жер. Бар өнерім қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін (ҚЕ).*

КӨЗГЕ ҚАМШЫ ТИГЕНДЕЙ [ТИДИ] *Соққы көрді, жасқау көрді. Қайғы болды күйгендей, Ол қуатым еді рас. Көзге қамшы тигендей, Шыр айналды артқы жас (Абай).*

КӨЗГЕ ҚОРАШ *Сырт кейіні келіссіз деген мағынада айтылады. Осы кеште Киров ауданының секретары көзге қораш кішілеу, арықша болса да, қатты өркештеніп, көтеріле сөйлеп отыр (М. Ә.). Көзге қораш бойым бар, Теңізден терең ойым бар (Д. Б.).*

КӨЗГЕ [КӨЗДЕН] САЛМАЙДЫ *Сыртқа теппеу мағынасында айтылып тұр. Жақсыны көзден салмаңыздар, Жақсыдан қапы қалмаңыздар, Өзі болған жігіттің Аяғынан шалмаңыздар (Д. Б.).*

КӨЗГЕ САП ЕТЕ ТҮСТІ *Бірден көріне кетті. Шын толқып, шын балқып, жүректен шыққан табиғи өлеңдер екені оқығанда көзге сап ете түседі (М. Қ.).*

КӨЗГЕ СҮЙЕЛІ БОЛДЫ **○** **КӨЗГЕ БІТКЕН [ШЫҚҚАН] СҮЙЕЛДЕЙ** *Жек көрінішті көрінді. Ержан жұмыс істеп жатқан адамдардың қасында көзге сүйел болып көп тұра алмады (Т. А.). Егер, бізде намыс болса, қолдан кеткен туды қалай да қайырып аламыз, не қасиетті еліміздің көзіне шыққан сүйел болмай, өзіміз жоғаламыз,— деді Сәденов (Ә. Ә.).*

КӨЗГЕ СЫНЫҚ КЕЛДІ [КӨРІНДІ] *Әдепті, тәртіпті болып көрінді. Керек іс бозбалаға талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез жақсы қылық. Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп, Сыртқа пысық, келеді көзге сынық (Абай).*

КӨЗГЕ ТОҒ *Көрер көзге мол, денелі. Содан шығар, осы көзге тоғ, көңілге сенімді, байсалды солдатқа қарайлай берді (Т. А.).*

КӨЗГЕ ТҮРТСЕ КӨРІНБЕЙТІН ҚАРАҢҒЫ **○** **КӨЗГЕ ТҮРТКІСІЗ ҚАРАҢҒЫ** **○** **КӨЗГЕ ТҮРТСЕ КӨРГІСІЗ ҚАРАҢҒЫ** **○** **КӨЗ ТҮРТКІСІЗ** *Тас түнек қараңғы, жеті қараңғы түн. Түн. Жаңбыр құйып тұр. Көзге түртсе көрмейтін қапқара түн (С. С.). Далада арба дыбысы, адам даусы естіледі. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы. Найзағай оқтын-оқтын жарқылдап қояды (Ғ. Мұс.). Түнерген асты да*

бұлт, үсті де бұлт, Көрінбес көз тұрткісіз айнала сырт (А. Т.).

КӨЗГЕ ТҮСКІШ *Өзіне назар аударғыш, байқалғыш; назарға ілінгіш. Көңілде жеке тұрған адамның көзге түскіш келетіні қандай, Сәуленің көзі есіктен кіргеннен Темірге түсті (Ә. Ә.).*

КӨЗГЕ ТҮСТІ [ШАЛЫНДЫ, ІЛІКТІ] **○** **КӨЗІ ШАЛДЫ** *1. Көрінді, көрініп қалды. Ербоз! Ербоз! Әй, жігіттер! Ербоз көздеріңе түспеді ме? (Ә. Н.). Жоқ қараушы осылай ой әбігеріне түсіп келе жатқанда, дәл Қоспан тұсында бір топ қараң-құраң етіп, алыстан көзге шалынды (С. Ад.). 2. Жақсы танылды. Әсіресе, бүгін қайратпен, ерлікпен көзге түскендер: Жігітекте — Абылғазы, Бөкеншіде — Марқабай (М. Ә.).*

КӨЗГЕ ҰРДЫ *1. Бетке басты. Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзген. Күндестігін қоздырып, Азапқа қалма езбеден (Абай). 2. Көзге әсем көрінді. Қалы кілем мың түрлі өрнек-болауымен көзге ұрды (АТ).*

КӨЗГЕ ШҰҒЫДЫ [ТҮРТТІ] *1. Бетіне шығғырып басты. Абай нені болса да көзге шұқып, басқа сабап айтады. Және соны ашулы қазы, өділ би түсінде қатты зекіп, зілмен айтады (М. Ә.). 2. Көзге күйік етті. Мал жияды мақтанып білдірмекке, Көзге шұқып, малменен күйдірмекке, Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлап, Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке (Абай). Келген кісімі сен болсаң, көзге тұрте бермеңіз (Ш. Ж.).*

КӨЗГЕ [КӨЗІНЕ] ІЛМЕДІ *Елемеді, місе тұтпады. Ол бұларды көзіне ілетін емес, шалқасынан жатқан күйі қалды (Ә. Ә.). Темір осында келіп, сені сұрастырып жүрген көрінеді. Сенен басқаны көзіне ілетін емес,— деді Перизат Сәулеге (Ә. Ә.).*

КӨЗДЕН БҰЛБҰЛ [БІР-БІР] ҰШТЫ *Қайтып оралып, екіншілей көрінбеуімен, оралмауымен арманға айналды; қайта оралмай, кездеспей, бір көру мұң болды. Найзақара — көшпеліліктен айрылсаң, ағайын, сапырулы қымыз көзден бір-бір ұшады (М. А.). Октябрь революциясынан бұрын біз сияқты кедей-кешіктің баласына білім алып, оқу көзден бұлбұл ұшатын еді (ХМ).*

КӨЗДЕН ҒАЙЫП [ТАСА] БОЛДЫ *Лезде, көзді ашып-жұмғанша жоқ болды. Кең дүниеге тегіс сәлем айтыңдар,— деп, партизандар қала берді. Темір мен Вера әп-сәтте көзден ғайып болды (Ә. Ә.). Он бесте қыз зарлады шашын жайып, Қарақат көз шарасын жаспен шайып, Аулақта жігіт салған эн жылады, Махаббат күнде болды көзден ғайып (Х. Е.).*

КӨЗДЕН ЖАСЫ БҰРШАҚТАДЫ *Егіліп жылады, көзден жасы парлады. Сол ағайды құшақтап, Көзден жасым бұршақтап. Егілдім де төгілдім, Тыя алмадым өзімді, Жия алмадым көзімді, Қуанғаннан бөгілдім (І. Ж.).*

КӨЗДЕН НҰР ТАЙДЫ *Жанары кеміді, аз болды, соқыр болды.* Қара арғымақ арыса, Қарға адым жер мұң болар. Есіл көзден нұр тайса, Бір көруге зар болар (Б. Қ.).

КӨЗДЕН ТАСА ҚЫЛМАДЫ [ЕКІ ЕЛІ ТАСА ҚЫЛМАДЫ] *Аяғын қия бастырмады, маңынан бір елі алысқа жібермеді; жігі бақылады.* Мен ол құзғынды көзімнен таса қылмаймын. Ол мені адастыра алмайды,— деді Зеленин (Т. А.). Кермеге қойды байлап Құлагерді, Маңайдан жан жүрмесін,— деді сері, *Көзінен неге таса қылсын Ақан, Іргені ат жақтағы түргіздірді (І. Ж.).* Жылбек орман жиегіне шығып, алдындағы шағын ғана деревняны бақылап, өткен-кеткеннің бәрін *көзден таса қылмай* аңдып отыр (Ә. Ш.). Қален Райды *көзінен таса қылмай* жүр еді (Ә. Н.).

КӨЗДІ АЛДЫ **○ КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛДЫ** 1. *Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртіп, көздің майын құртты.* Күлгенде *көзіңді алып* кірсіз тісі, Қайнамас оны көріп кімнің іші? Алмас қылыш жүзіндей аударылған, Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі (С. Т.). *Алғандай* екі *көздің жауын* бұрып, Жыммып, езу тартып, қойса күліп. А, дүние, ойнар ма едім, жиылғанда Бас қосып, бозбалалар дәурен сүріп (С. Т.). 2. *Қызықтырды, сүйкімді көрінді.* Оның үстіне биылығ көктемде еккен егіс те *көздің жауын алып* тұр. Ұлы науқанға қапысы жоқ қауырт қимыл керек (ІЖЖ). *Көздің жауын ала* құлпырған бұл кілемнің жібіндегі түйін сайын тоқушы шебердің талғампаздығы, көркемдікті танығыштығы, білгірлігі жатыр (ҚӘ).

КӨЗДІ АШЫП-ЖҰМҒАНША *Лездің арасында, қас пен көздің арасында, әпсәтте.* Өнер-білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды,— Айшылық алыс жерлерден *Көзді ашып-жұмғанша* Жылдам хабар алғызды (Ы. А.). *Көзді ашып-жұмғанша*, Асан машинаның астынан кесе-көлденең екі бөрене өткізіп, байлап тастады (Т. А.).

КӨЗДІ АШЫСЫМЕН **○ КӨЗІН АШҚАЛЫ** **○ КӨЗІН АШҚАННАН [АШҚАННАН БЕРІ]** 1. *Ұйқыдан тұрысымен, ояна салысымен.* Өзгені ақыл-ойға қондырады, Біле алмай, бір төңіріні болдырады. Талпып ұйқтап, *көзіңді ашысымен*, Талпынып тағы да ойлап зор қылады (Абай). 2. *Туғаннан, ес кіргеннен.* Аштан өліп, көштен қалмайтыны аян. Бірақ, *көзіңді ашқалы* ермек еткен кәсібіңнен қол үзіп кету қиын екен (О. С.). Есейіп өкесінің балықшы екенін әңгіме қылғанда, Эрика да өз өкесін әңгімелеп, *көз ашқаннан бері* балықшы,— деді (Ә. Н.).

КӨЗДІҢ ЖАСЫНДАЙ 1. *Тап-газа, мөл-мөлдір.* *Көздің жасындай* мөлдіреген түнгі шық... құлпырып, неше түрлі от шашып ойнайды (С. С.). 2. *Өте аз, болар-болмас, бір тамшы.* Қу сараң дәріні *көздің жасындай* ғана тамызды да қойды (АТ).

КӨЗДІ ЖҰМЫП ЖІБЕРЕДІ **○ КӨЗДІ ТАРС ЖҰМДЫ** *Алды-артына қарамай, нар тауекел етті.* Перизат, сен не айтқалы келесің?— деді Сәуле. Мұндайда *көзді жұмып жіберетін* әдетімен:— Темірді аға көрсең, мені жеңге көруіңді өтінгелі келдім,— деп Перизат ойындағысын айтып салды (Ә. Ә.). Енді ойлап қараса, жазса басу деген қандай оқай. Сезімге берілсең, *көзді тарс жұмып* алып, орға ешкім итермей-ақ, өзін-ақ барып қойып кетеді екенсің,— деді Бағила (М. И.).

КӨЗДІҢ БОЛАТЫН САЛДЫ диал. *Сұқтанды, көзін салтты.* Біреудің бір нәрсесіне қызығып, *көзіннің болатын салушы* болма! (Жамб., Луг.).

КӨЗДІҢ ЖАСЫН СЕЛ [КӨЛ] ЕТТІ *Ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.* Ажал, аштық, жауыздық Даланы кезіп құйындай, *Көздің жасын етті сел* (Жамбыл).

КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАДЫ **○ САРЫ МАЙДАЙ САҚТАДЫ** *Жоғалтады, берік қорғаштады.* Әрбір малды біз жаудан, жұттан *көздің қарашығындай сақтаймыз!*— деді Қалқаман (С. М.). Колхоздың малын *көздің қарашығындай сақтай* білетін адам бағуға тиісті (М. Т.). Кемпір сол қызды жігіті келгенше, *көздің қарашығындай сақтапты* (АТ). Ләззаттың ұзақ жыл үміт артып, алтын деп *көзінің қарашығындай сақтап* жүргені бақыр болды. Ендеше, о бастан-ақ алтын болмағаны ғой (Т. А.).

КӨЗДІҢ ҚҰРТЫ *Кісі ынтығы.* Ақ— *көздің құрты* ғой (М. Ә.). Білдірместен астыртын, Алдап едің *көз құртын*, Құр бояма қызыл бет (С. Т.). Қыз *көздің құрты* емес пе, осы ауылда қанша бойдақ болса, бәрінің қарайтыны жақында көшіп келген үйдің бой жеткен қызы (АТ).

КӨЗДІҢ ҚҰРТЫН ЖЕДІ *Қызықтырды, өзіне елікпіді.* Сыртта жіп кермеде қақтаған балықтар тұр. Алыстан жалтылдап, *көз құртын жеп*, қызықтырып барады (Ә. Н.).

КӨЗДІҢ [КӨЗ, КӨЗІНІҢ] ШЫРЫМЫН АЛДЫ **○ КӨЗІН ІЛДІРДІ** **○ КӨЗІ ІЛІНДІ** *Аздап мызғып, дем алды; көз іліп, тынықты.* («Шырым»— көне қыпшақ тілінде ұйқы деген сөз). Қазақтар үйде болмаған кезде Нұрғайын маған ептеп орысшалап қояды. Азырақ *көздің шырымын алып*, шай іштік (С. С.). Бұл түнде таң аппақ атқанша, Абай бір секунд та *көз ілген* жоқ. Күн шығарда ғана аздап мызғыды (М. Ә.). Ержан ұйқтап алмақ болып жатып еді, аз ғана *көзі ілінгеннен* кейін, ертеңгі дымқыл салқынға бойы тоңазып, оянып кетті (Т. А.).

КӨЗДІ ШЕЛ ҚАПТАДЫ *Надандық басғы, надан болды.* Танымассың, көрмесің, *Қаптаған соң көзді шел.* Имансыздық намазда— Қызылбастың салған жол (Абай). Тағдырмен адам кектесіп, *Қапта-*

ған соң көзді шел, Тайталаста тапталып, Қор болды-ау бейуақ момын ел (С. Б.).

КӨЗ ЖАЗБАДЫ 1. Қарасынан адасыл қалмады. Айқын, сен бізден көз жазбай, батысқа қарай бетте (Ө. Ө.). Бір ноқатын қалдырмай маған жеткізу үшін, оны аңдып, көз жазбады (М. А.). 2. Көз айырмай, тесіле, қадала қарады. Шіркін, біз үйден шығып кеткенше, қыздан көз жазбады, тесілді де отырды (АТ).

КӨЗ ЖАЗДЫРДЫ Адастырды, таптырмады, ізім-қайым жоқ болды. Сынаптай сусылдаған мына қара ешкілер құм төбеден бір асса, көз жаздырады (С. Б.).

КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛДЫ Ізінен адасты, қарасынан қол үзді, қапелімде айрылып қалды, жоғалтты. Ержан жаңағы өзі шырамытқан «ерекше» жауынгерден тағы да көз жазып қалды (Т. А.). Надя мен Тайман кинодан шыққан бетте өлгі үшеуінен оп-оңай көз жазды да қалды (З. Қ.).

КӨЗ ЖАНАРЫНЫҢ УЫТЫН ТӨКТИ КӨЗ СҰҒЫН ҚАДАДЫ *Телміре қарады; тесіле, сұқтана қарады.* Сіз сияқты жан ашырым болса, түбі менің халім жаман болмас,— деді Жұмабек көз жанарының уытын төгіп, қызға күлімсіреп қарап (Т. А.).

КӨЗ ЖАНАРЫ СУАЛДЫ КӨЗІНІҢ НҰРЫ ТАЙДЫ КӨЗІНІҢ НҰРЫ [ОТЫ] СӨНДІ [ӨШТІ] 1. Бұл жерде қартайды деген мағынада. Мен жыламай қайтейін, Сақал-мұртты қуарған, Көз жанары суалған (О. Ш.). 2. Өлім ісінді, өлімнің хабары келді, өлім алдында тұрды; өлімсіреді. Қозғалар халі жоқ. Баяу ғана бүйірі солқылдайды. Көзінің нұры сөніп, сұлық тұр (Т. А.). Көзінің нұры өшіп, өмірдің ақырғы сәті таянып келеді екен (АТ).

КӨЗ ЖАСЫ ЖІБЕРМЕГІР! қ а р ғ ы с. *Көрген азабы, азаппен төккен жасы жолыңда тұрсын, алдыңнан шықсын.* Жетімдердің жылаған көз жасы жібермегір, қатыгез. Неге жылатасың оларды (АТ).

КӨЗ [КӨЗІНІҢ] ЖАСЫ ҚАБЫЛ БОЛДЫ КӨЗ ЖАСЫН ИДІ [КӨРДІ] *Тілегіне жетті, тобасы қабыл болды.* Жан едім жұртқа зиянсыз, Қалдым жалғыз тоғайда. Көз жасым қабыл болмаса, Бибі, Фатима, Қадиша Жақсылық назар салмаса (МЗ). Тілекті төңірім берді ме, Көзімнің жасын көрді ме (МЗ).

КӨЗ ЖАСЫНА [КҮНӘСЫНА, ОБАЛЫНА] ҚАЛДЫ Қиянат жасады, кінәратын арқалады. Біздің «анау» да барамын деп еді, көз жасына қаларсың деп, жібермедім,— деді Раушан (Б. М.).— Алдағы ұрпақтың көз жасына қалмаймын десеңдер, соңына еріңдер— деді Ыбырай (М. А.). Тартып алды еріксіз Жүк артып нарыңды, Көз жасына қарамай, Жылатып кемпір, шалынды (Жамбыл).

КӨЗ ЖАСЫНА СУАРДЫ Өзін қайғымен ширатты. Сәуле: Мені кейде еркектен

бетер қатал дейді, жұрт. Мүмкін мен өзімді көз жасыма суарып, қатайған шығармын (Т. А.).

КӨЗ ЖАСЫН КӨЛ ҚЫЛДЫ КӨЗ ЖАСЫ КӨЛ [БҰЛАҚ] БОЛДЫ КӨЗІНІҢ ЖАСЫН КӨЛ ҚЫЛЫП БҰЛАДЫ КӨЗІНІҢ ЖАСЫН ТӨКТИ [БҰЛАЙДЫ] КӨЗІНІҢ ЖАСЫН КӨЛДЕЙ ТӨКТИ *Мұңзарға батып, ағыл-тегіл жылады.* Тез басып, демігіп келсем, өзеннің жағасында, бір тұп талдың түбінде көзінің жасын көл қылып, егіліп, зар жылап отырған Мүслимажан екен... (С. С.) Назгүл... дір-дір етіп, көзінің жасын көлдей төге берді (Ө. Ө.). Бекер, босқа, шешеке-ау, Көзіңнің жасын бұлама (ҚЖ). Кім тыңдайды қыз сорлы жылағанмен? Көздің жасын көл қылып бұлағанмен? Әлди-ай! Шыңырауға түскен соң, шығу қиын, Жалбарының тәңірден сұрағанмен! Әлди-ай! (С. С.). Мұны естіп әр жердегі биік таулар Көз жасы бұлақ болып, атқыш сулар. Түтінін шығаруға шарасы жоқ, Ішінде зілзалаңың оты қаулар (С. Т.). Мұның, зарың білем бірге. Бірге екеуміз жылайық. Қарық болсын жауыз дүние Көз жасымен бұлайық (Б. К.).

КӨЗ ЖАСЫН ТЫЙДЫ КӨЗ ЖАСЫ ТЫЙЫЛДЫ 1. *Жылағанын қойды.* Әкемнің көңілін тауып, көз жасын тыяйын деп, әкеме қалың малымды өзім айтамын дедім (ҚЕ). 2. *Жұбанды, жұбанышы болды, қайғыдан арылды.* Кемпір мен шал қайғыда еді, өткен жылы баласы аман-сау елге келіп, қарттардың көз жасы тыйылды (АТ).

КӨЗ ЖЕТЕР [ЖЕТЕТІН] ЖЕР КӨЗ КӨРІМ ЖЕР КӨЗ ШАЛЫМ ЖЕР х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын ара қашықтық, кісінің шолып көре алатын жері.* Темір тұн пердесі жаңа ғана көтеріле бастаған даланы көзімен шолып та келеді. Бадьяның маңында жүрген кісілерден басқа көз жететін жерде қыбыр еткен жан жоқ (Ө. Ө.). Жылбек тобы сирек ағаштың жиегіне шығып, сайды өрлеп, көз көрім жердегі орманға қарай жүрді (Ө. Ш.). Көз көрімде анда-санда ағаш араларында отырған киіз үйлер де көрінеді (С. С.). Арғымақтан туған қазанат, Шабуыл салсаң, нанғысыз, Қазанаттан туған қаз мойын, Күніне көз көрім жер шалғысыз (М. Ө.).

КӨЗ ЖЕТПЕЙДІ *Сенімді оймен қарамайды, ақылы иланбайды.* Аһ, не пайда, есіл сөзім етпесе, Ойдағыма оның көзі жетпесе, Мақсағымның бар жобасын жоғалтып, Суық түспен бір қайрылып, «Жоқ!» десе! (Б. К.).

КӨЗ ЖЕТПЕС 1. *Алыс, қиыр шет.* (Жай көзбен қарағанда ажыратуға болмайтын ара қашықтық). Көз жетпеске бұлбұл да ұшып кетті (Абай). 2. *Болжаусыз; танық емес нәрсе.* Ол күнде көз жетпесті көп көздеген, Түгел білім қайда екен деп іздеген. Жапа-жалғыз білімнен бак

шықпайды, Өлшеусіздің сыймасын бір сөзбенен (Абай).

КӨЗ ЖОҚ [КӨЗСІЗ] БАТЫР *Жүрек жұтқан, ер жүрек, батыр; анау-мынауды елең қылмайтын өте қайсар кісі.*

КӨЗ ЖҰМБАЙҒА САЛДЫ 1. *Тәуекел етті. Мұғалім шырағым, ләкин, сен оқыған, зиялы азаматсың ғой. Көз жұмбайға салып, қисық кетпесең жарар еді (С. О.). Көлбеңдеген ит пе, құс па? Көп тұруға уақыт қысқа, Көз жұмбайға көнген басым, Шықты дауыс, деді — ұста (В. М.). 2. Нем кеттіге басты. Берекесіз бала, істің итін шығарып, көз жұмбайға салып істейді (АТ).*

КӨЗ ЖҰМДЫ 1. *Нар тәуекелге басты. Қайда алып кетсең де, көз жұмып, соңынан еруге риза болар едім... (С. С.) 2. Өлді. Ажал жетіп, көз жұмылар күн болса, Суық жерге сен деп қана енермін (Ж. С.). Қызылбастың елінде, Венде болып жатырмын. Жазым болып көз жұмасам, Бетімді жабар кебін жоқ (ҚБ). Байқұс, қиналып жатып, жетінші күні дегенде көз жұмды (АТ). 3. Түк көрмедімге басты. Олай болса, ертең Ташмағамбетов «сені қайда көрдім?» деп, көзін жұмып шыға келсе, тұтылатын Нұрман (З. Ш.).*

КӨЗ ЖҮГІРТТІ [ЖІБЕРДІ] *Шолып қарады; шола іздеді; ой жіберді. О не, кәне? — деп Өтеш те қабаттаса бұтақтап бойлай, жартастың өне бойына көзін жүгіртті (С. Б.). Максим айналасына көз жүгірттіп тұр екен (Ө. Ә.). Көз жіберсем алысқа Көпті көрдім дегенім — Көп зарыққан ел екен, Шексіз дала дегенім — Ұлтарақтай жер екен (Жамбыл). Дәрібек айналаға көз жіберіп қарап тұр (С. О.). Бүгін таң алдында барлық өткен өміріме көз жүгірттім, — деді Ержан (Т. А.). Шоқанның артықшылығы сонда, — ол халық тұрмысына көз жіберді (М. А.).*

КӨЗ КӨРГЕН Бірін-бірі білетін, таныс адам. Аралары онша жақын болмаса да, Уәли қанша айтқанмен, көз көрген, ертеректен таныс адам еді (Т. А.).

КӨЗ КӨРМЕС, ҚҰЛАҚ ЕСТІМЕС ЖЕР **○ КӨЗ КӨРМЕС [КӨЗ ЖЕТКІСІЗ]** *ЖЕР Аяқ жетпейтін алыс-қиян, қиыр шет. Есіктегілер өстіп байыған деседі. Олар бірінікін жасырып, бірінікін көз көрмес, құлақ естімес жерге асырып тұрады екен (С. Төл.).*

КӨЗ [КӨЗІ] ҚАРАҚТЫ Білімді, оқыған адам, көкірегі сара. Соңғы екі жылда қолданып келген ем-домды ісетіп көріпті, көзі қарақты деген бір тәулікке де көрініпті, тамыр дәрі ішіпті (С. О.). Жантас Жүніске: Біз сені ермейді ғой дедік, көзі қарақты адамсың. Біздей надан емессің, басқа бір жарыққа шығып кетсең, күн көруің де оңай. Біздікі енді тар жол, тайғақ кешу ғой (М. Ә.).

КӨЗ ҚИЫҒЫМЕН [ҚҰЙРЫҒЫМЕН] ҚАРАДЫ *Бегіне тіктеп қарамай, қырын-*

дап, көзінің астымен қарады. Басын төмен салып, терең ойдың түбінен өзіне керегін теріп отырған Темірге Қазыбек көз қиығымен бір қарап алды (Ө. Ә.).

КӨЗ ҚИЫҒЫН [ҚЫРЫН] САЛДЫ [ТАСТАДЫ] ○ КӨЗ ТАСТАДЫ ○ КӨЗ ҚИЫҒЫ ТҮСТІ 1. *Көзінің ұшымен қарады; қарап қойды. Жолға қыз салды неге көз қиығын (Т. Ж.). Түрегеп тұрған Майыр Құнанбайға көз қиығын бір тастап байқап өтті (М. Ә.). Мен қойшыны байдың қызы, Мазақ етіп алмайды, Жанына оның жетіп барсаң, Көз қиығын салмайды (О. Ш.). Мұхаметжан тізесінде жатқан жазуына көз қиығын тастап отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді (М. Ә.). Өте-келді, Абай жаққа көз тастап қойып, мәні-жайын айтып отыр (М. Ә.). Мағыш... Әбіштің жүзіне көз тастады (М. Ә.). 2. Бас-көз болды; назарын салып жүрді. Айтқайсың жолдас жарыма, Жас бала қалды қолында. Көз қырын салар ерлер көп Еңбекші тап жолында (С. С.). Соған көз қырыңды көбірек сал (М. И.). Темір жолды бойлап жүргенде, бөлінген жері жоқ па екен деп ылғиына көз қырын сала жүру — бұлардың машықты ісі (С. О.).*

КӨЗ ҚИЫҒЫН ТІКТІ *Қырындай, тесіле қарады, көзін қиғаштай қадады. Төргі үйдің жартылай ашық қалған есігінен сығалап: «Бұл не істеп отыр екен» деген адамша, Тойтық көз қиығын Жақыпбекке тікті (М. И.).*

КӨЗ ҚҰАНЫШ *Көзі тоймас қызығы, көз рақат-мейірі. Ата-анаға көз құаныш, Алдына алған еркесі, Көкірегіне көп жұбаныш, Гүлденіп ой өлкесі (Абай).*

КӨЗ-ҚҰЛАҚ БОЛДЫ *Бас-көз болды, қарайласты, назар салды, көңіл бөлді. Жақын жерге барсам, Ержан да көз-құлақ болар (С. М.).*

КӨЗ ҚҰМАРЫ ҚАНДЫ *Қарап, көріп, құмардан шықты.*

КӨЗ ҚҰНЫ ҚАЛДЫ *диал. Әкесінің көз құны қалды (Жамб., Сар.).*

КӨЗ ҚҰРҒАТТЫ *Жылағанын қойды, жасын гыйды. Көз құрғатып екі қарт, Арсаланып сүйегі, Кемсең қағып иегі, Сүйеуім тыңда ер деді (Жамбыл).*

КӨЗ [КӨЗІН] ҚЫЗАРТТЫ ○ КӨЗІ ҚЫЗДЫ [ҚЫЗЫҚТЫ] *Құмартты, әуестене ынтықты. Қасеке, амансыз ба, жақсы күйде, Көз қызартпай қонақ бол біздің үйде (Ш. Қош.). Бірақ, балаңа сөлем айт, ендігі жерде Мезгілбайдың қарындасына көзін қызартса, сирағын сыңдырамын (ЛЖ). Баланың мына ойыншыққа көзі қызды білем, бере сал, тағы істеп аларсың (АТ).*

КӨЗ ҚЫЛДЫ 1. *Қыр көрсетіп, әдейі істеді, көрсін деп істеді (айтты). Құнанбай... дәл сол жиынға көз қылып, Төкежанға қалаға шап, — деді. Отряд әкеп, қырғын көрсін бұл тентек ел, — деп бұй-*

ырған-ды (М. Ә.). Қисық сержант әдейі көз қылғанын жасырмай, «тез қимылдаңдар» — деп, солдаттарына дауыстап қойды (Т. А.). 2. Қарауыл қойды, айғаққа қойды. Кемпір аңдаусыз болсын деп, жас баланы көз қылып қойды (АТ).

КӨЗ ҚЫРЫНА АЛДЫ Бақылады, назарынан таса етпеді. Басқалардан бұрын қарындасын көзінің қырына қаттырақ ал, суық қабақ астынан бағады да отырады (Ә. Н.).

КӨЗ ҚЫСПАЙЫ БАР Ымы-жымы бір. Миронов Есейдің иығына қолын салып, бетіне бетін тақап тұра қарап: «Білсемші, өзің біздің санинструктор қызбен көз қыспайың бар ма еді», — деп, әзілдей сөйледі (Ә. Н.).

КӨЗ МАЙЛАНДЫ Көз тойды, көз тұшынды. Жасауға үйге жиған көз байланды, Жібекке алтын, күміс, көз майланды. Қыдырып күйші көзі түскен кезде, Айдаһар алдындағы қызға айналды (І. Ж.).

КӨЗ МАЙЫН АҒЫЗДЫ [ТАУЫСТЫ]
1. Зарланып, өксікпен жылады. Жылайын, жырайын, Ағызып көз майын, Айтуға келгенде, Қалқама сөз дайын (Абай).
2. Қадалып, көп іс істеді. Ермектің көп шыбынның бірі емес, тінтінектеп, көз майын тауысып, бойына нәр жинап жүргенін Жұмабек кейінірек білді (Т. А.).

КӨЗ МӨЛШЕРМЕН [МӨЛШЕРІ] Шамамен, жалпы нобаймен; көз таразысымен. Екі ауылдың ара қашықтығын көз мөлшермен-ақ айтуға болар (АТ). Қу шал көз мөлшерімен-ақ баяғыдан шамалап отыр еді (АТ).

КӨЗ ОЙДЫМ Көздей ойдым-ойдым. Тек бір шалғайына бастырған көз ойдым бөз жамау сұр шекпенді аламыштап тұр (Ә. Н.). Ауыл жанындағы мұз айдын көз ойдым ойықтарға толы (АТ).

КӨЗ САЛДЫ [ТАСТАДЫ] Қарады; көзін тікті; көңілі бөлінді. Жарандар, тындай берсең, мінекей сөз, Маңдап Сейфүлмәлік салады көз, Жақындап тау басына шыққан шақта, Алдынан бір жолбарыс жолықты көз (ҒН).

КӨЗ СҮЗДІ Телмірді, жалынышпен қарады; тілемсектенді. Аулым жайлап отыр көк сеңгірді, Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем құрыды (Жамбыл). Жасымнан жетім едім көңлі сынық, Өнерім артық емес ондай ұлық, Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін, Харакетім — суретші, бояушылық (Абай). Сұлуды сылаңдаған көзде сүрме, Қашанда ұмыта алман жүр есімде. Іздейін рұқсат берсең атажаным, Көз сүзіп жылағанша әлде кімге (ҒН).

КӨЗ СҮРІНЕДІ 1. Тіпті көп, шексіз мол; көптігінен айыра алмай, көз жаңылысады. Тойға жиылған жұрттың көптігіне көз сүрінеді (АТ). 2. Әдемілігінен көз жаңылысады. Көз сүрініп үйге биік, Қа-

рай берем бейне ғашық (Т. Ә.). Қызға деген жасауға көз сүрінеді (АТ).

КӨЗСІЗ ЕРЛІК Хауіпті жол, қатерлі іске бастаған әрекет. Бала баста жақсы көрген албырт жүрек қыз көзінше қадірлі болып көріну үшін, Байтабанды кейде көзсіз ерлікке де жетектеген жоқ па? (І. Е.).

КӨЗСІЗ КӨБЕЛЕК От пен суға түсерін білмейтін адам жайлы айтылады. Сен деген қазір көзсіз көбелексің... өзіміздің түсінікті тілмен айтқанда — мас-сың, Араққа емес, сұлу қыздың буына массың (М. И.). Сорлы, көзсіз көбелек, өртенерсің, күйерсің (АТ).

КӨЗ ТАЛДЫ Діңкелеп шаршады. Көк тұман алдындағы келер заман, Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар, көп күнді айдап келе жатыр, Сипат жоқ, сурет те жоқ көзім талған (Абай). Қарайып қара көлде қамыс қалды, Ауылы ғашық жардың алыс қалды. Ауылы ғашық жардың алыс қалып, Сағынғаннан қараумен көзім талды (М. Сұл.).

КӨЗ ТАЛДЫРЫП, КӨҢІЛ ҚАЛДЫРДЫ Көп зарықтырды, көңілден кете жаздады. Амансың ба, Ақан... көз талдырып, көңіл қалдыра жаздап, әрең оралдың-ау, Ақан... (Ғ. М.).

КӨЗ ТАНЫС Жүз көрісіп жүретін жан. Әбдінің көз таныс, тамыр, дос дейтін сенімді үйлері осы затонда (М. Ә.). Екі жақ бүйірден шыққан екі банды бұл кезде Бекболды қоршап, тақап келіп еді. Бекбол бір-бір қарап алды. Бірақ, олардың ішінен көз танысты ұшырата алмады (М. Ә.). Ойлап ем бұндай сөзден сізді алыс деп, Ұят-ау жауаптассақ біз шалыс кеп, Қызыққан, таңдаған да жігітім жоқ, Не деймін, көрмей жатып көз таныс боп (М. Ә.).

КӨЗ ТАНДАЙДЫ Көзді қызықтырады. Етіндей жас баланың білегі бар, Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек талды, Тұрғандай толқын ұрып көз таңдайды (Абай).

КӨЗ ТАРТАДЫ [ТАРТТЫ] Көзге түседі, көзді алады, көңіл аударады. Дүние бай емес, не бары беті сүйекпен өрнектелген әдемі ағаш кереует, көздің жауын алатын сары ала сандық пен көнетоз болса да, көз тартатын ала сырмақ (Ә. Ә.). Балқия көз тартар көрікті болмағанмен, заманымыздағы қазақ қыздарының ішіндегі еркін мінездісі, өткірі болды (Т. А.). Құс кепті пері болып көкте қалқып, Ала-тау үстінде ұшсаң көз алартып. Іздесем мына қызды ойдан, қырдан, Көрінсе жерден бір күн көзім тартып (І. Ж.).

КӨЗ ТАСАЛАП Көзді ала беріп. Қайыспай, дәу бұрғысын тік ұстаған, Тіресіп, әлі тастап тұр Степан. Иығын көз тасалап қозғап қойып, Ақан да күдіретті бұл іске таң (Қ. Б.).

КӨЗ ТИГІШ *Сәл нәрсеге ауырып қалғыш.* (Бұл жерде кедергіге кезіккіш деген мағынада). Жаңа бастаманың жас ботадай көз тигіш, кінәмшілдігі бар. Сол жас ботаны аман өсіріп, жанпоз атан дәрежесіне жеткізу үшін көп күтім, еңбек қажет (Ғ. Мұс.).

КӨЗ ТИДІ [ӨТТІ] ○ ТІЛ-КӨЗ ТИДІ *Біреудің назары түсіп ауырды.* Құлагер қуанышпен қосып едім, Алдыңнан үмітпенен тосып едім, Жиылып арғын, найман қарағанда, Тіл мен көз тиер ме деп, шошып едім (Ғ. Ж.). «Ең болмағанда, көзі тимесе жарар еді» — деп қорықты жұрт (С. М.).

КӨЗ ТОҚТАТТЫ *Анықтап қарады, кідіріп қарады; көңілді алаң етті.* Беті бүркеулі күйде ешкімге көз тоқтатып, іркіліп қарай алмаған Мәкен (М. Ә.). Семен Степанович Нұрбайдың хатын алып оқи алмаса да, көз тоқтатып қарап өтті (Т. Н.).

КӨЗ ТҰТЫП ОТЫР *Аңдып, бағып отырды.* Тоқтамады кідіріп, Өте шықты қарғытып, Сөйлесе алмай Қамбарға Тағы да қалды айманда, Отырған сұлу көз тұтып (ҚамБ).

КӨЗ [КӨЗГЕ] ТҮРТКІ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] *Көзге шыққан сүйелдей болды, көзге көп түсті; шет қақпай қылды.* Бүкең-бүкең байым жүр, Сырғанап аяқ тайып жүр, Қайда барса көз түрткі, Күлкіні таза қойып жүр (Б. М.). Жалғыз баламды өгей екенің көз түрткісі еткім келмейді (АТ). Көл — өлік, қаз-қуы жоқ дауыстаған, Қалған құс — қарға, шөже, сауысқаннан. Көтеріп көтерімін көз түрткі боп, Арсыз жоқ азық-шөбін тауысқаннан (І. Ж.). Варлық Ырғызбай Дәркембайды содан бері көзге түрткі қыл, шетке қағып, қырына ала беретін (М. Ә.).

КӨЗ [КӨЗІН] ТІКТІ [ҚАДАДЫ] 1. *Қадала қарады, тесіле қарады.* Дәрмен әуелі азғантай бір үзіліс жасады. Жан-жақтан бұған көз тігіп отырған достар жүзін барлап шықты (М. Ә.). Нияз бен Отар аттарына мініп, көздерін қадап ауыл жаққа қарай жүрді (С. С.). Таңаттың көз тіккені — Шәбіктің жалғыз қызы Сәнім болды (Ғ. С.). Базаралыға ентелей түсіп, көзіне көз қадап, «осынымды, ұмытпа» дегендей етіп, Оразбай салмағы ауыр, мәні көп бір сөздер айтып кетті (М. Ә.). Адам ойы шарқ ұрып, Алысқа көзін қадады (М. Әл.). 2. *Тағдырына көз жіберді, ойлады.* Біз ауыл мәдениетін көтеруге, ауылдың келешегі жолында қызмет етуге жіберілген адамдармыз. Оның ертеңгі күніне көз тікпей отыра алмаймыз (М. И.).

КӨЗ ҰЙҚЫҒА КЕТКЕНДЕ, К...І БҰХАРҒА КЕТЕДІ ○ КӨЗ ҰЙҚЫДА, К...І БҰХАРДА *Ұйқтап жатқан кісі иштеңені аңғармайды деген мағынада.*

КӨЗ ҰШЫНА КЕТТІ *Алысқа ұзады, қашықтады.* Абай көз ұшына кетіп ұзап алып, Ылғи жапа-жалғыз шауып отырған (М. Ә.). Қозғалған отарба жүрісін бірте-бірте шашпандатып, демде алыстап, көз ұшынан ғайып болғанша, жолына телміре қарап мен тұрдым (М. И.).

КӨЗ ҰШЫНДА *Алыста, жырақта; көз жетер-жетпес жерде.* Көз ұшында бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз (Б. М.). Айдалған астың аты алыс жерге, Болар ма қыз қашқанды жақын жерге. Шықты шаң көз ұшында ақ шүйке боп, Құлдырап ат ойысты Құсақ көлге (І. Ж.). Сол кезде, әлгі ақтар келген жақтан көз ұшында шауып келе жатқан бір атты кісі көрінді (С. С.).

КӨЗ [КӨЗІ] ҮЙРЕНДІ *Қанық-танық болды.* Кейде, өсіресе, қара суықты күз айларында, шөптің гүлі ұшып, жапырағы солған мезетте, көзі үйренбеген тосын адам, қойдың не жеп қорек ететініне таң қалады (М. Е.). Үлкен қалаларға көзі үйренген адамға бұрынғыдан үйлері аласарып, аумағы кішірейіп кеткен тәрізді (Т. А.). Қабылданнан қорықпаңыз, үйге бір-екі кіргеніңізді көрсе, көзі үйреніп, ырылын қояды (АТ).

КӨЗ [КӨЗІ] ШАҒЫЛЫСТЫ *Тіктеп қарай алмады.* Шытқыл күнде ширьға аяңдаған топ, қара бурыл орманды кейін тастап, ақша қарына көз шағылыстырып, жазыққа шықты (Ж. Ж.).

КӨЗ ШАЛДЫ *Көріп қалды, көз қиығы түсіп кетті; байқады.* Раушан адамын түстей алмады, ерні қызарған бір әйелді ғана көзі шалып қалғандай болды (Б. М.).

КӨЗІ АҒАРДЫ [АҚТЫ] 1. *Ботадай боздап, зар жылады; еңірегенде етегі толды.* Вет-ауызма қарашы, Мендей көзің ағарсын, Жолдасыңды сабайсың, Жақсылық қайдан табарсың (ҚамБ). 2. *Соқыр болды.* Мұндай сұмдық болар ма? Ақ сұңқар құстың баласы, Қасқыр тартқан жемтікке Ағармай көзі қонар ма? (М. Ә.). Жыла, жас ойып көз ағарсын, Шыда, жаспен күнің тазарсын. Сыпыра кедей түсті соңыңа, Сірә, көріңді өзің қазарсың (Б. М.).

КӨЗІ АЙТТЫ *Не ойы барын қас-қабағынан (көз қарасынан) білдірді.* Кластарымыз сізге ұнамайды ғой деймін, шамасы,— деді Бану күле сөйлеп.— Оны қайдан білдіңіз? — деді Жақыпбек те күлімсіреп.— Вет пішініңіз, өсіресе көзіңіз айтып тұр (М. И.). Түріңнен білдім көңілің кеткендігін, Сипаты қыздың сарсаң өткендігін, Ішінде не барлығын көзің айтып, Сабырыңның білдіріп тұр кеткендігін (М. С.).

КӨЗІ АЛАҚАНДАЙ [ШАРАДАЙ, АТЫЗДАЙ, ШАҢЫРАҚТАЙ] БОЛДЫ ○ КӨЗІ ҰЯСЫНАН [ШАРАСЫНАН] ШЫҚТЫ *Не істерін білмей, қатты састы, үрейі*

ұшты. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді (ҚЕ).— Әй, инженер, тый мына қатыныңды. Өзің тағы партияның адамсың, арыз берсем, екі көзің алақандай болар, — деп жүлқына түсті Кермеқас (С. Ад.). Генералдың көзі шарадай болып кетті (І. Е.). Көзі атыздай боп, кемпірге шошына, жалт қарады (Ө. Н.). Қара көздері ұясынан шығып, біресе олай, біресе бұлай жүгіреді (Ж. Ж.). Қасымдағы жолдасын орыспа білмейді. Екі көзі шарасынан шығып, зөресі қалмай отыр (С. С.). Саламат көзі шаңырақтай болып кеткенді (Ғ. С.).

КӨЗІ АШЫҚ Білімді адам, тереңнен ойлайтын жан. Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауымнан шығып, көзі ашық адам болғанымды мен енді ұмытсам керек, — деді Абай (М. Ә.). Бұл ауылдағы көзі ашық деген екеуміз-ақ болғандықтан, Қамзаман сырлас, достас боп кеттім (С. М.). Көзі ашық, көкірегі ояу данышпандар, Оянысн, ұлға, қызға дауыстандар, Білімді, ойлы, миы апаларым, Востандық бірдей болсын қалыспандар (В. К.).

КӨЗІ АШЫЛДЫ **○ КӨЗ [КӨЗІН] АШТЫ** 1. *Көкірегін, санасын оятты; санасы оянды, өмірді білді, таныды.* Дәркембай-ай! Жоқшылық пен жалшылық ел ішін кеулеген ғой. Сенің көзіңді қыран көзіндей етіп сол ашқан екен. Өз көзің ашылумен бірге, менің де көзімді қоса ашып отырсың десем керек қой! — деді Абай Дәркембайға (М. Ә.). 2. *Сордан арылды, теңдікке, еркіндікке қолы жетті.* Чернышевский алпауыттар мен патшалық тәртібіне қарсы қайраулы қара балтаны ашудан сйлтесе ғана, көптің көзі ашылатынын айтқан екен (М. Ә.). Несін айтамыз, Абай аға! Үш-төрт жылдың ішінде ол балалардың өздері де өңкііп, зіңгіттей жігіт боп алды. Сонымен көзім ашылды ғой — деді Рахым (М. Ә.). Жыл сайын, ай сайын, кейде, тіпті, күн сайын көргеніміз бір теккі. *Көз ашылар бар ма сірә, бұл дерттен — деді Әбді Абайға (М. Ә.).* 3. *Бір нәрсенің тиегі ағытылды; жолы ашылды, қолайлы жағдай туды.* Пештің алдына жайғасып алған соң, әңгіме көзі ашылып, сөз де еркін шыға бастады (Ғ. М.). Сіздің ұсынысыңыз бағалы екендігіне шек келтіріп жатудың ешбір жөні жоқ. Бұл пікіріңіз көп ойдың көзін ашып салды, — деді Жақыпбек (М. И.). 4. *Сауаттанды, білім алды.* Бізге ең алдымен не керек? Білім жарығы керек. Өзіміз надан өтсек, ендігі нәсілімізді болса да тез оқытып, дүние танытып, көзім ашуымыз керек, — деді Абай (М. Ә.). Еліміз қараңғы, көзін ашатын мектеп жоқ (М. А.). Бірен-саран оқып, көзі ашылған әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш бұтынан шыға алмай отыр (В. М.).

КӨЗІ БАТТЫ [ЖОҒАЛДЫ, ЖОЙЫЛДЫ, ҚҰРЫДЫ] ○ КӨЗІН ЖОҒАЛТТЫ [ЖОЙДЫ, ҚҰРТТЫ] ○ ҚАРАСЫ БАТ-

ТЫ [ЖОҒАЛДЫ, ӨШТІ] *Біржолға құрылды; жоқ болды, жоқ етті, ініне су құйылды.* Кім дейсіз әр халықты тентіреткен? Әуелгі үш түрлі оқу түпке жеткен. Бұл үшеуі көзі батып көмілгенде, Кейінгі жалғыз мақсат көкке жеткен (С. Т.). Қызыл мола болысына қараған қан құйлы ұрының ауылы — Ақымбет ауылы бар. Жеті бірдей атымды алып барып, көрінеу көзін жоғалтты, — деді Дәркембай (М. Ә.). Кімі іні, үлкен аға, осы сөзім, Абайлап, ақыл салып, ойлашы өзің. Тартсам мен жарты тын тамағыма, Ризамын олда-білде жоғалт көзін (С. Т.). Егер де менен құтылғыларың келіп, мені қатыны өлген Боранбай баласына бермек болса, мен өзім-ақ көзімді жоғалтайын (С. С.). Құрт көзін, жоғалтыңдар ел шетінен, Күнәға батқан мұндар белшесінен (Ғ. Қ.). Егер айтқанды тыңдамайтын болсаң, тезінен қараңды батыр, ұқтың ба? (Ө. Ә.). Бомбалаушы самолеттердің қарасы жоғалысымен, фашистер артиллериясын ойната бастады (Ө. Ш.). Өкінішті күндер біржолата өтіп, қарасы өшті (Ғ. М.).

КӨЗІ БҰЛАУДАЙ [БІЛЕУДЕЙ, ДОБАЛДАЙ] ВОЛДЫ *Көзі, көз егі күп боп істі.* Көп жылап, көзі бұлаудай болған баланы жұбатыпсың (АТ).

КӨЗІ ЖАРҚ ЕТЕ ТҮСТІ *Жаны рақат тапты.* Бір тостак кымызды ішіп жіберіп еді, көзі жарқ ете түсті (АТ).

КӨЗІ ЖАУДЫРАДЫ [МӨЛДІРЕДІ] *Қиылып қарады.* (Көбіне күнәсыз, адал қарас туралы айтылады). Өшім осы «Шақпақ» тұсында Жалтыр станциясына барса, қасынан бір кішкентай бала қалмай, орала береді. Айтар сөзі жоқ, құр көзі жаудырап, бірдеме дәме етіп, ілес береді (М. Ә.).

КӨЗІ ЖАУТАҢДАДЫ *Телміре, мүсапірси қарады.* Қызының көзі жаутаңдап, әкесінен ғапу өтінгендей, үйде отыру айыбы өзінен емес екендігін білдіргісі келгендей (Б. М.).

КӨЗ ЖЕТПЕС [-ТЕЙ] 1. *Ұшы-қиыры жоқ, ұшан-теңіз, өте көп.* Көк ала тұлпар ат мініп, Көк ала желек көтеріп, Көкше келді жолменен, Көз жетпестей қолменен (Манас). Кең далаға көз жетпес Тұлпарымды ұшыртсам, Қалқашыма мойнымнан, Айрылмастай құштыртсам (С. С.). 2. *Пайымдап болмайды.* Азулысы алыптың Ашуланса тістеген; Айласына көз жетпес, Астына жанның түспеген (І. Ж.).

КӨЗІ ЖЕТТІ ○ КӨЗІН ЖЕТКІЗДІ 1. *Кәміл сенді; ақиқатына қанды.* Қарағым, Мұрат, Александр, осы қырағылық дегенді көп айтып едіңдер, текке айтпаған екенсіңдер ғой. Шыдай-шыдай келіп ем, көзім жетейін деді (М. Ә.). Мағрипадан ақша сұрап көрген өнері жоқ, бірақ... сұрай қалса, өзінің қалай да ала алатынына көзі кәміл жетті (З. Қ.). Сол күнге

жету өзімізге арман, көзімізді жеткізу саған да, маған да, бәрімізге де қарыз (Ә. Ә.). Сонда адалдығына көзін жеткізу ме? (З. Ш.). 2. *Анықтап айырып көрді, ажыратты, таныды.* Жассың ғой, шырағым, көзің жете ме, қарашы, анау мұнартқан қойнаудың бергі тұсын ала қара! (АТ).

КӨЗІ КӨЛ ЖАСҚА ТОЛДЫ *Қайғымен зар еңіреді.* Мүсәпір болып қаңғырып, *Көзім толды көл жасқа* (МЗ).

КӨЗІ КӨР [СОҚЫР] БОЛДЫ *Мүлде көрмейтін болды, өз болды.* Көретін көзім көр болды. Бір перзентке асық боп, Аққан жасым тыя алмай, Перзенттің дағы өтеді (АБ).

КӨЗІ ҚАНЫҚ *Жете білетін, білгір кісі.*— Осың дұрыс! — деп қоштады Темірхан.— Сонда қай заводқа бармақшысың? — Соны көзі қанық сендерден сұрағалы тұрған жоқпын ба? — деді Қалихайдар (ЛЖ).

КӨЗІ ҚАРАЙДЫ 1. *Қарны ашты, ашықты.* Әли қарны ашқанда, *Қарайып көзі* сасқанда, Отырған жоқ Әбіжан (І. Ж.). Таусылып *көзі қарайса* азықтүлік, Кеулесе неше жерден жанжалбүлік, Тіл шалып, ой болжамас шеберлікпен, Қозғаса бір капитан жөнін біліп (І. Ж.). 2. *Аңсары қатты ауды.* Әйел таба алмай, *көзі қарайып* жүрген жігіт түс көрген кісідей мез, әсіресе, үлбіреген сұлу қызбен қатарласып шіркеуге кіргенде, төбесі көкке жетті (Ә. Н.).

КӨЗІ ҚАРАҚАТТАЙ *Мөп-мөлдір, сүйкімді қара көз.* Ойырмай, жан сәулем, Ғалия, қабағың, Күндей аппақ тамағың, *Қарақаттай көзіңе* Құмарлана қарадым (С. М.).

КӨЗІ ҚАРАУЫТТЫ *Қатты шаршады, басы айналып, көзі көрмеді.* Абай жүрейін десе, *көзі қарауытып*, басы айналып құлап қалады (М. Ә.). Ілгері жүзерін, не кейін кетерін біле алмай, Раушан ағашқа жабысып тұрды да қойды. Бір сәтте басы айналып, *көзі қарауытып* кеткендей болды (Б. М.).

КӨЗІ ҚАРЫҚТЫ *Көзі шағылысып, қарай алмай қалды.* Қара жерге қар жауса, Нұрлы *көзі қарығар*, Туысқанын қорлаған Жалғыздықтан зарығар (ШС).

КӨЗІ ҚИДЫ *Дәті шыдады, қолы барды.* (Көбіне, екіншіше орай айтылады). Атаңа лағынет, Бекежан, Көрсетпе маған түсіңді, Бітіріңсің ісіңді, Қайтып *көзің қиды* екен Сол секілді мүсінді (ҚЖ). *Көзіңдей* құралайдың жәудіреген Көмді екен қандай адам *көзі қыыл* (ХӘ).

КӨЗІ ҚИМАДЫ 1. *Бергісі келмеді, іштей қызғанды.* — Мейлің, — деді Ақаш қолын сілтеп, өзі *көзі қимағандай* құсқа қарай берді (С. Баяз). 2. *Арұлаты жібермеді.* Қазар деген дарияға тастайын деп

келеді, тастайын десе, *көзі қимамай*, тастайын десе, алпыс табақ діллені қимайды (МЗ).

КӨЗ ІЛЕСПЕДІ *Шапшаң қимыл туралы айтылады.* Бір кезде құмай керіліп тұра қалған қасқырдың өкпе тұсынан зуылдап барып, оның баурынан сып етіп өткендей болды да, қайтқанына *көз ілеспей*, үстінен қарғып, бері өтті (А. Х.). Елемес қайланы ұрғанда *көз ілеспейді*, тістеніп, бар күшімен ұрады (С. Е.).

КӨЗІМЕН АТТЫ *Отты көзін қадады; тесіле, үңіле қарады.* Иә, заман сендердікі ғой, — деді Дербісәлі екі ұшты етіп. Содан кейін Мұратты *көзімен атып* жіберердей оқталып қалды (Т. А.). Қызының қылығын шешесі ұнапмай, бір шайды *көзімен ата* жүріп, зорға берді (Т. Н.).

КӨЗІМЕН [-НЕН] ТІЗДІ *Бұл жерде көптеп, лек-легімен деген мағынада.* Атаңа нәлет, Жәңгір хан, *көзінен тізіп* айдады-ау, Орынбор деген қалаға (Ш. Ж.). Ақ патшаны да, сол патшалық Россияның отарлық саясатын жүргізіп, бұқараны қанап жатқан «Жаңа зақунның» ұлықтары да — жандарал, майыр, князь, тілмаш, — бәрін де *көзінен тізді*. Солардың жемтіктесі — би, болыс, ауылнайларды аямаған Шортанбай олардың өзін де сілтейді (С. Тал.).

КӨЗІМНІҢ ҚАРАШЫҒЫН СУАЛДЫРДЫ *Зар илетті; жылай-жылай, көз жасым ада болды.* Басында екі бүйірін таянып, ақ шашын жайып, көрі, шандыр бетін жоса-жоса қылып тырнап тастаған шүйкімдей қара кемпір: Атаңа нәлет, хан Кене, Басыңа түссін ойран-ай! *Суалдырдың көзімнің қарашығын ойбай-ай!* — деп қарлыққан дауыспен зар еңіреді (І. Е.).

КӨЗІМНІҢ НҰРЫ [ШАМШЫРАҒЫ, ҚАРАШЫҒЫ] *Өте қымбатты, аса асыл мағынасында айтылады.* *Көзімнің нұры*, шырағым, Ашылмаған құрағым, Сен кеткен соң болар ма, Менің бір хасыл мұрадым? (ҒН).

КӨЗІН ШЕЛ [АҚ ШЕЛ] ҚАПТАДЫ 1. *Еш нәрсені көрмейтін болды.* (Көрсесе де, көргісі келмейтін, білсе де, білгісі келмейтін кісі туралы айтылады). *Көзіңді* кесір деген *шел қаптаған* ғой, болмаса, бауырыңның мүшкіл халін көрер едің (АТ). 2. *Надандық, білімсіздік жеңді.* Танымассың, көрмессің, *Қаптаған соң көзді шел*, Имансыздық эзелден Қызылбастан қалған жол (Абай). Тағдырмен адам кетесіп *Қаптаған соң көзді шел*. Тайталаста тапталып, Қор болды-ау бейуаз момын ел (С. Б.).

КӨЗІН АЛА БЕРЕ *Көрсетпей, назары басқа жаққа ауғанда.* Ол Ебейсіңге ырза болып, жұрттың *көзін ала бере*, оған жылы шыраймен күлімсіреп, басын ізеп қойды (Ә. Н.).

КӨЗІН АЛДАДЫ [АЛДЫ] *Сырттай шындықты айтқан болып, жалғандыққа жалтарды; алдап-сулады.* Айттым деп ол ойлады құдай сөзін, Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін. Түсіндірмей, сырнайша, құр әндет деп, Құдай қашан сайлапты оның өзін (С. Т.). Шалдың көзін алдап, істеген боп, құнжың-құнжың етті (АТ).

КӨЗІН АЙЫРМАДЫ [АЛМАДЫ, АУДАРМАДЫ] *Тесіле қарады.* Сөзінің өз тыңдаушысына әсер еткенін байқағандай, Тұрағұлдан көз алмай қарап отыр (М. Ә.).

КӨЗІН АППАҚ ҚЫЛДЫ *Алдап кетті, ізін таптырмай кетті, ұстатпады.* Шиырдан-шиырға соғып, із жоғалтып, қуғыншының көзін аппақ қылатын Есімбек сияқты жырындылар өміріне жымын білдірмейді (І. Ж.).

КӨЗІН АПА АЛМАДЫ 1. *Азаптан, бейнеттен, т. б. құтылмады.* Көне өмірдің азабынан көзін аша алмаған еңбекші халық біздің заманда ғана бақыт жолына түсті (АТ). 2. *Паңсып бітіп қалды, мандымсып болып қалды.* Байқұс, кеше ғана жаланып жүруші еді, күйеуі бастық болғанға көзін аша алмай қалыпты (АТ).

КӨЗІН АШПАҒЫР! қарғыс. *Жақсылық көрмегір деген мағынада.* Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр! — май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашыпты да кетіпті (ҚЕ).

КӨЗІН БАҚЫРАЙТЫП ҚОЙЫП *Көз алдында, көзінше, көзбе-көз.* —... Не деген сұмдық! Көзін бақырайтып қойып, біреудің жерін тартып алмақ (Ғ. Мұс.).

КӨЗІНДЕЙ КӨРДІ *Дәл өзіндей санап, қадірледі.* (Көзі көрген заты ретінде қымбат, қадірлі етіп санау жағдайында айтылады). Қарағым-ай, қаза тапқан жалғызымның аты еді, көзіндей көруші ем, — деді (Ж. Т.). Жалғызымның дүниесі еді, өзіндей болмаса да, көзіндей көріп жүр, өзгеге бере көрме (АТ).

КӨЗІНДЕ ҚАЛДЫ д и а л. *Көзге түсті, көрінді.* Тұзы көтеріліп, жұрттың көзінде қалды (Қ. орда, Арал).

КӨЗІНЕ АЙТТЫ *Өзгеге емес, тура өзіне айтты.* Саған айтсам, өкеннің өз көзіне айтқаным! Татуластық, табыстық деп екі кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? — деді Байдалы Абайға (М. Ә.).

КӨЗІНЕ БАСТЫ *Айып, мінін бетіне бағиға айтты.* Жиналыс соңында Қайдар сөйледі. Нұржанның бақайшағына дейін шағып, соңғы айдағы шөлкес мінезін көзіне басты (З. Ш.).

КӨЗІНЕ ҚАН ҚҰЙЫЛДЫ [ТОЛДЫ] *Қатты ызадан көзі қарауытты; жауықты. Қан құйылып көзіне, Тартылып алқым демікті. Желігіп те, демігіп, Екеуі жетіп келіпті* (Н. Б.). Қарамеңде: Ағай-

ын, көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа теуіп, бүгінгі сөзге осыныша түйіліп отырсың (М. Ә.).

КӨЗІНЕ ҚҰМ ҚҰЙЫЛДЫ *Өлді, көмілді* (АС). Бұл адам көз сүйегі, — деді ханға. Тоя ма адам көзі мың мен санға? Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе, тояр көзіне құм құйылғанда (Абай).

КӨЗІНЕН [КӨЗІНІҢ] СОРАСЫ АҚТЫ **○ КӨЗІНІҢ СОРАСЫ СОРҒАЛАДЫ** *Көзінен былшығы ағып, жасы төгіліп, бейберекеті кетті.* Орта жастардағы әйелдер, көзінен сорасы ағып, күпісіне қымтана түсіп, қымыз саудасын істеп тұр (Б. М.). Анау шал көзінен сорасы ағып, жылап сөйлеп, жап-жағына жалт-жалт қарап отырды. Бірақ, ол қанша зарласа да, қанша қараса да, даусын естіген құлақ жоқ (І. Ж.). Соқыр көзінің сорасы сорғалап, тұншығып келеді екен (ҚЕ).

КӨЗІНЕН ОТ ШАШТЫ **○ КӨЗІНЕ ОТ ҰРДЫ** *Ашу-ыза төкті, ызбар шашты. Көзінен отын шашып, деді ұлықтар, Ісім түссін, патшағар, сеніменен* (АЖ). Иә, сен не дейсің бұған, Комиссаров? Механик көзіне от ұрына қарады (М. Қ.).

КӨЗІНЕН ОТЫ ЖАНҒАН **○ КӨЗІНІҢ ОТЫ** *БАР* *Өткір, жігер-қайратқа толы, алғыр мағынасында.* Қыз абайлап қараса, қасындағысы үсті алба-жұлба, бет-аузы кір-кір, бірақ, көзінен оты жанған, орта бойлы жас жігіт (ҚЕ). Жетімдіктен өтіпсің, сонда да көзіңнің оты, талағыңның біті бар бала екенсің (ШС). Түсі жарқын, Бетінде нұр, Қос көзінен От жанып тұр Ақ сақалды бір адам (Ә. Т.).

КӨЗІНЕН ТАМШЫ ШЫҚПАЙДЫ *Бұл жерде ақын жылаумен жасы таусылды дегенді айтып отыр.* Жырлауға жыр, жылауға бір Тамшы шықпай көзінен (Б. К.).

КӨЗІНЕН ТАСА ҚЫЛМАДЫ *Көзден сырт болмады, жіті бақылады.* Қырда жүр қалың жылқы шұбатылған, Ықпайды қарлы құйын, сұрапылдан. Қылмайды көзден таса совхоз қарты Бойынан ерен еңбек буы атылған (ЛЖЖ).

КӨЗІНЕ ТОПЫРАҚ ШАШТЫ [САЛДЫ] 1. *Жамандық істеді.* (Көбіне, көзі жоқ кісі, не марқұм кісіге жасалған қиянатқа байланысты айтылады). Досыңның жақсылығын ұмытып, көзіне топырақ шашып жүрме (АТ). 2. *Көзіне істеген боп көрінді.* Күрегіңді бағырмай қалқып ал да, топырағыңды боратып шашып лақтыр. Сонда өзің де қиналмайсың, қарауылшының көзіне де топырақ шашасың (Т. А.).

КӨЗІНЕ ҰЙҚЫ ТЫҒЫЛДЫ [ТИРЕЛДІ] *Ұйқы қысып, кірпігі байлана бастады. Көзіне ұйқы тиреліп ат үстінде қалғып келе жатқанда, көде түбінде қонақтаған боз торғайлар дәл осылай аяқ астынан пыр ете қалатын* (Ә. Н.).

КӨЗІНЕ ІЛІНБЕДІ *Еш нәрсе көрінбеді, шалынбады.* Дала тастай қараңғы. Жел бұрынғысынан қатай түсіпті. «Мұзды қуып кетпесе қайтсін?» — деп ойлап, Еламан теңіз жаққа қарады. Қара түнектен көзіне ештеңе ілінбеді (Ө. Н.).

КӨЗІНЕ [ІЗІНЕ] ШӨП САЛДЫ *Жақын деген адамына қара пиғыл көрсетті.* (Бұл фраза ерлі-зайыпты жандардың арасындағы адалдық бұзылып, бірінің жасырын опасыздық жасауына орай айтылады). Өткен өміріне я жастық қылып, я мастық қылып, көзіне шөп салып көрген емеспін, — деді Раушан (Б. М.).

КӨЗІНЕ ІЛМЕДІ *Елемеді; өзіне теңгермеді.* Білгі бір абыр-сабырдың астында қалған Игілік мұны көзіне іле қоймағанына ренжи де алған жоқ (Ғ. М.). Өмір, өлім, не нәрсе ұжмақ, дозақ, Білмейді бақ күндеу мен табалауды. Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес. Байлық, бақыт дегенді көзіне ілмес (С. Т.). Биік ақырдан от жеп қалған дандайсыған жігіт екен, мына ауылдың «шүйке бас, шөп желке» қызын көзіне ілмес (АТ).

КӨЗІН ЖАСҚА ТОЛТЫРДЫ *Жылады, еңіреді (АС).* Не болса да өзімді Тапсырдым сізге налынып. Толтырып жасқа көзімді, Есірке деймін жалынып (Абай).

КӨЗІН КӨГЕРТТІ **○ КӨЗІНЕ КӨК [КӨК АЛА] ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТТІ** *Қорлады, азапқа түсірді.* Жұматай Өшімді тындауды былай қойып, даусын суытып, қатайып алып: — «А, келдің бе, ұры! Көрің қазылған, құлақтың баласы. Көзіңді көгертермін», — деп, беті шімірікпестен қарсы алды (М. Ө.). *Көзіңе көк шыбынды үймелетер.* Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп (Жамбыл). Бұл оқиға біраздан бергі көгеріңкі елдің жағасын түсірді. Болыстың көмегін көріп, көзіне көк ала шыбын үймелетіп, жүз елу кісісінен айрылып, Бірғайты елі ұлардай шулады (І. Ж.).

КӨЗІН ҚАРАЙТТЫ **1.** *Каталдық етті, түңілтті.* Сүгір менің қанымды қарайтқан жауым емес пе еді, көзімді қарайтқан сол ғой, — деп Айша зар еңіреді (М. Ө.). **2.** *Қарнын ашырды.* Күнімен тамақ бермей, мына сараң әйелің көзімді қарайтты (АТ).

КӨЗІН [КӨЗ] ҚЫСТЫ **1.** *Көзімен ишара етті, белгі берді; көзімен ымдады.* Пенька дода-дода шашын бір қолымен жөндеген боп Тамараға көзін қысты, тағы да қосымша сорпа құяйын ба дегендей ым қақты (Ө. Ш.). Төлеген үндемей қалды да, «айтушы болма» дегендей, Жұмажанға көзін қысты (М. Ғ.). **2.** *Блмы-жымы бір іс етті.* Е, бұлардың көз қысты шаруалары бар, бөлек жібере бер (АТ).

КӨЗІН [ТӨБЕСІН] ОЙДЫ [ТЕСТІ] *Қорлық көрсетті, сорлатты; басына әңгір таяқ ойнатты. Көзіңді ойып барады, Күнде тесіп төбесін, Ақсақалдан әл кетті, Бол-*

маса тәңірім демесін (Ш. Қ.). Ей, жұрттың көзін шығарып, төбесін ойып болдыңдар ғой, түге! (АТ).

КӨЗІН САТТЫ *Телмірді, тіленді.* Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемең — ол арлы адамның ісі (Абай). Босағада нашарлар, Одан әркім қашарлар, *Көзін сатып*, телміріп, Көсіп қылмай жасарлар, Бір екі, үш ай өтпестен, Жыл уағы жетпестен, Борыш басын басарлар (С. Т.).

КӨЗІН СҮЗДІ **1.** *Қысылып төмен қарады.* Қыз ұялып, көзін сүзді (АТ). **2.** *Телмірді; дәме етті.* Қайта-қайта көзін сүзіп сұқтанған Майлыаяқты елең қылмай, өзі қаужайды (Т. А.). Құнажын (сигыр) көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді (Мағал). Шар айнасын қолға алып, Сұңқардай көзі сүзіліп, Жыламай көңілі бұзылып (ҚамВ).

КӨЗІН ТАПТЫ *Істің ретін, орайын келгірді.* Майдаңда сіз... шалағай баласыз. Еш нәрсеңіз көзін таппай, кібіртіктей жүріп, жоқ жерде оқыс кетуіңіз де мүмкін, — деді Қаржас Медешбековке (Ө. Сат.).

КӨЗІН ТАРТЫП АЛДЫ *Бұл жерде жазушы кілт сескенді деген мағынада қолданып тұр.* Ақкемпір келініне бұрылып қарап еді, төсегінен жылан өткендей, тұла бойы тітіркен кетті. Екі елі аласа маңдай мен қалақ қара бетінде рақымның ізі жоқ екен. Ақкемпір көзін тартып алды (Ө. Н.).

КӨЗІН ІЗДЕДІ *Басын, ізін, табылар орнын қарастырды.* Сейфолла жылқыны аманында бағып, ұры алғанда, көзін іздеп табатын «жырынды жылқышы» атанды (С. Тал.).

КӨЗІНІҢ АҒЫ МЕН ҚАРАСЫ [ҚАРАСЫНДАЙ] ○ КӨЗДІҢ АҚ ПЕН ҚАРАШЫҒЫНДАЙ *Ең ардақтысы, әлпештеп өсірген таңдаулысындай, жақсы көрген сүйіктісіндей.* Ата-анам әлпештеген баласымын, *Көзінің ағы менен қарасымын*, Аға жоқ, бауыр да жоқ жалғыз басым, Кәрілер сүйеу көрген дарасымын (М. Ө.). Ана сорлының қайғысы қара тұман, іштен шыққан баласы — *көзінің ағы мен қарасы*: «Керманға» барса да, жоқ бармай... «шейіт» болса да, сорлы анаға оңай тимейді (С. С.). Нелер көздің ақ пен қарашығындай біреудің жалғызы талай үйде қайтыс боп жатыр (М. Ө.).

КӨЗІНІҢ [КӨЗ] АСТЫМЕН ҚАРАДЫ [БАҚТЫ] *Бетіне тіктеп қарамай, қабағының астымен қарады.* Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, қуланып көзін қысып: «Ондай да бар ма еді? — деп тоқтай қап, Жұманды көзінің астымен бағып отыр (М. Ө.). Күрең биеге қасашы Есім көз астымен қарады (М. Ө.).

КӨЗІНІҢ БАҒАРЫ ТОЙДЫ *Көңілі толды, көзінің жауы тойды.* Тамаша қылған

адамның, *Тойды көзінің баһары, Қисабы жоқ дүние, Қисапталық несіне* (ҚЖ).

КӨЗІН ШЕЛ БАСТЫ [ҚАПТАДЫ] ○ КӨЗІНЕ ШЕЛ БИТТИ ○ КӨЗІНІҢ ЕТІ ӨСТІ *Көкірек керді, менменсіді, ешкімді менсінбеді, өзімшілдікке салынды. Өз бақытымды қорғаймын. Көзінің еті өскен жігітке өз намысын қыздың қалай қорғайтынын көрсетемін — деді Күлше (М. И.). Өзге мінін көргіш әулиеге біз де бірдеңе айта алады екенбіз. Көзінің еті өскен өзімшілдікке соғ құрамын, әділет сотын құрамын,— деді Кәшкен (М. И.). Пролетариат әдебиетінің бұл сықылды жегістіктерін не тап дұшпаны көрмейді, не көзіне шел біткен оңшылдар көрмейді (С. М.). Кейбір бастықтар бір қадалса, қайтып іші жібімейді, сол пікірін өзгертпейді, нендей жақсылық істесең де көрмейді. Көзін шел басады (З. Ш.). Танымасың, көрмесің, Қаптаған соң көзді шел (Абай).*

КӨЗІНІҢ ЖАСЫ КЕППЕДІ [ҚҰРҒАМАДЫ] *Көп жылады, үсті-үстіне жылады. Көздерінің жасы келпей, өздері егілтегіл болып отырғанда, мазаларын алмай, жөндеріңе келіңдер! — дейді (ҚЕ). Көзінен жасы кеппеген, Кет десе де кетпеген (Ш. Қар.).*

КӨЗІНІҢ ҚҰРТЫН САЛЫП, СҰҒЫН ҚАДАП ОТЫР *Телміріп отыр, көз сүзіп, құлқыны құрып, сұқтанып отыр. Көзінің құртын салған қу тіленші, аш иттің к...ін сұқ ит жалаптының кері болып отыр ғой, болмаса, сен сұғынды қадарлық менде не көрдің, жазған (АТ).*

КӨЗІ [-Н] АҚҚЫР! [ШЫҚҚЫР!] ○ КӨЗІҢ ЖЕЛКЕҢНЕН ШЫҚҚЫР! [ЖЕЛКЕҢЕ БІТКІР] ○ КӨЗІҢ ТАС ТӨБЕНЕ ШЫҚҚЫР! [БІТКІР] *қ а р ғ ы с. Көзің ағып түсіп, көрмей қалғыр, көзің теріс бітсін деген мағынада. Ат қоса Ерейменге барғанымда, Бір сыншы көзі шыққыр көріп еді (А. Қор.). Көрмей, көзің аққыр, қарсы алдында тұр ғой. Ауалайсың да жүресің, ауалап қалғыр (АТ). Оралбике: [Лекерге]: — Көзің желкеңнен шыққыр, желкеңнен шықсын. Кеудеңе сайтан ұялағандай, саған не көріңді, ойбай! — деді (Қ. Қуан.).*

КӨЗІҢДІ АШ! *Оян, сергі, дүниеге жөн қара!* Азамат сестенбе, көзіңді аш, жүрме бос, Ұран сал, алға бас, Бірігіп тізе қос (С. С.).

КӨЗІҢЕ БАҚ [ҚАРА] *Алдыңды абайла, алдыңа қара, сақ бол. Иілтп, екі басын ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ (Абай). Алдындағы табақты төгесің, көзіңе қара! (АТ). Өшір, үніңді! Көзіңе қара! Маңдай алдында қасқып мықтының өзі тұр. Көрдің ғой,— деді Есен Ғаниға (М. И.).*

КӨЗІҢЕ ҚҰМ ҚҰЙЫЛСЫН! *қ а р ғ ы с. Өліп кет деген мағынада. Жиырмаға*

келгенше, Маған қолын бермеген, Тең құрбымдай көрмеген. Құм құйылсын көзіңе, Осы екен саған сыбаға (ҚЖ). Тіріде сыйласпаған туыс, көзіңе құм құйылсын. Өлгенде жылама (ШС).

КӨЗІҢ КӨРІП, ҚОЛЫҢ ҰСТАМАҒЫР! *қ а р ғ ы с. Өзіңе бұйырмасын; алдыңдағыңды ала алмағыр деген мағынада.*

КӨЗІҢІЗ ЖАМАНДЫҚ КӨРМЕСІНІ *тілек. Жамандыққа душар болма, кездеспе. Көкжалды сорып алып, біз кері қайттық. Содан кейін, көзіңіз жамандық көрмесін, қасқыр атаулы маңымызға да жоламай кетті (ҚЕ).*

КӨЗІҢ ОЙЫЛҒЫР! *қ а р ғ ы с. Көз жасың тыйылмай, көзің көр болсын. Ырылдатпа, ырылдатпашы, анау көзің ойылғыр жетімекті (М. Ә.).*

КӨЗІ ОЙНАҚШЫДЫ ҚҰМАРТЫП, ІШІНЖЕП ҚАРАДЫ. *Жас жігіт көзі ойнақшып, Раушан мен Деметкенге кезек-кезек қадалумен болды (В. М.).*

КӨЗІ ОТТАЙ [ШЫРАДАЙ] ЖАНДЫ [ЖАЙНАДЫ] *1. Көзі нұр шашты. Бұ шерің «ә» дегенде аттай салар, Жүгірсе жүйрік көзі оттай жанар. Ордаңа осы күйде кіріп барсам, Жақтырмас, ханымның да қаны нашар (Ш. Ж.). — Келді,— деді Шәкираның көзі оттай жайнап.— Жүріңдер, шығайық, шығайық. Камардиннің алақаны сол сөтте-ақ тершіп сала берді (ЛЖ). 2. Жаны кірді, рақатанды. Бір кесе қымыз ішіп еді, көзі шырадай жанды, маңдайдан тер бұрқ етті (АТ).*

КӨЗІ САҒАЛ ЕКЕН *Соқыр мағынасында айтылады.*

КӨЗІ СОҚЫР Сауатсыз, ештеңені сезбейтін, көрмейтін. Көзі соқыр, көңілі мұз, От жауса да жанбайды. Маған біткен қиын құз, Лаулап жанып қаулайды (І. Ж.).

КӨЗІ ТАЙДЫ 1. Назарын басқа жаққа аударды, көзін тасалады. *Бұл өңірдің балықшылары Федоровтан қорқатын. Еламан да кездескен жерде оған тура қарамай, көзін тайдырып өкететін (Ә. Н.). Аманның қабағы салыңқы, ауыр. Столында түтелеген қағаздар көп. Бәрі ауылдан түскен арыздар. Арыз сайын кемі бір қиянат ұрлық, не зорлық бар. Біреуді біреу көзі тайса, ұрлап, әлі жетпесе, зорлап жатқан тәрізді (Ғ. Мұс.). 2. Өлді, дүние салды; көзі жойылды.*

КӨЗІ ТОЙДЫ 1. Көңілі толды; құмары тарқайды. *(Адамның қайта-қайта қарай бергісі келетін кісісі, таңсық нәрсіне қатысты айтылады). Көргеннің көзі тойғандай, Топты ортадан ойғандай, Сәулетіңнің сағымы, Бұтағына шынардың Күнді әкеп іліп қойғандай (Д. Б.). Көріп, көзім тойды десем, аз болар, көз тоймас, артық бір жан екен (АТ). Жер астының жұмысын көріп, көзің тойған ғой, батыр! — деп, Әзімханға қарап күліп, қал-*

жыңдай қажады (С. С.). 2. *Қанағат етті.* Бұлар ылғи Қарымбайлар Жеуге көзі *тоймаған*, Қайыршыдан көп ұрласа: «Мал таптым» деп ойлаған (С. С.). *Тоя ма адам көзі мың мен санға.* Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда (Абай). Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме, Мұны бір өзге сөздің бірі деме. Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін, *Тоймас көзің* толар деп, қайғы жеме (Абай).

КӨЗІ ТҮЗДАЙ *Көзі көкпеңбек.* Қолтықтасқан бір әйел мен еркек бұлардың тұсынан өте беріп, таңырқаған адамдай тұра қалды. Тырнадай сорайған, мұрны имиген, *көзі тұздай* әйел екен (Б. М.).

КӨЗІН ТҮЗДАЙ ЕТТІ **КӨЗІ ТҮЗДАЙ** **ВОЛДЫ** *Күте-күте көзі көгерді.* Біз де келдік, күте-күте *көзіңіз тұздай* болған шығар ә? — деп күлді ол (Ж. Тәш.).

КӨЗІ ТҮНДЫ 1. *Сұқтанды, дүниеге қызықты.* Өзінің құлқыны үшін осы айтқаныңды істетпеймін деп анталап, қолымыздағы азын-аулаққа *көзі тұнып*, соны бөліп алуға асығады, — дейді кемпір (М. Ә.). 2. *Көзі қанығып, көңілі толды.* Біздің жатақхананың 68-бөлмесінде он қыз тұрады. Сіз осында кіре қалсаңыз, бөлме тазалығына *көзіңіз тұнады* (ЛЖ).

КӨЗІ ТҮСТІ **КӨЗ САЛДЫ** 1. *Назары ауды.* Мысалы, астындағы ат ол дағы ұшты, Ескендір де атының жалын құшты Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге Патшаның ат үстінде *көзі түсті* (Абай). Бөлекбас өз сөзіне өзі әлігіп, әлденені айтуға оңтайланып еді, Сәуленің отты көзіне *көзі түсіп* кетті де, жүрегі зырк етті (Ә. Ә.). Күймелі арба мінгізді. *Көзі түскен* бенденің жүрегін оттай күйгізді (ҚамБ). Абай әкесіне *көз салып* еді, Айғызға аса салқын қарап қалған екен (М. Ә.). Жорға ада болған соң, біздің атымызға *көз салар* (ҚЖ). 2. *Аңсары ауды, қызықты.* Жо, болмайды! Атыңа менің *көзім түсті!* — деп, бір жігітін түсіріп, торы атты шештіріп алды. Бұл Құсайынның жанына онан сайын батып кетті (І. Ж.).

КӨЗІ ТІРІ *Аман-есен, сау-саламат.* Кәмшат өліпті. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай аулына, Айғыздай *көзі тірі* шешесіне хабар да айтпапты (М. Ә.). Досболдың Хадисасын *көзі тірі* күнінде жалғыз інім Серікболға атастырып едім (М. А.).

КӨЗІ ТІРІСІНДЕ *Ажал жетіп өлмей тұрғанда. аман-сау күнінде.* Базаралы кеткен соң, сол Көркембай өлер шағында, ылдидан, орыс ішінен, Дәркембайға сәлем айтқан екен «*Көзім тіріде* бір көрісіп қалайық» — депті (М. Ә.). Хакима балаларымды жүдетпейін, *көзімнің тірісінде* тым құрыса біреуін қанаттандырып жіберейін дегенді... талмай армандайтын (М. И.). Сіздермен бірге *көзімнің тірісінде*

қабірімді тұрғызу үшін шақырып отырмын (КЕ). Қуанбасаң қамықпа, Менің *көзім тіріде* (ҚБ).

КӨЗІ ҰЙҚЫҒА БАРДЫ [КЕТТІ] *Жаңа ғана ұйқыға кірісті.* Байдың *көзі ұйқыға барды-ау* деген кезде Алдар орнынан тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, орнына тулақты салып қойды (КЕ).

КӨЗІ [ҰЙҚЫСЫ] ШАЙДАЙ **АШЫЛДЫ** *Сергіп сала берді.* Жол бойы қалғып келе жатқан бала, аты үркіп *көзі шайдай ашылып*, ұйқысы қашып кетті (АТ).

КӨЗІ ШАЛДЫ *Байқап, көріп қалды.* Арыстан туған батырды Құртқаның *көзі шалады* (ҚБ).

КӨЗІ ШАТЫНАДЫ *Көзі шарасынан шығып ашуланды, ызаланды.* Айшаның шашы тадданып, бетіне түскен. Екі *көзі* шарасынан шығып *шатынаған*, иегі дірдір етіп, тістері сақылдайды (М. Ә.). Сақыптың тістері ақсып, *көзі шатынап*. өз бетін өзі жұлқылап, сұлық түсіп жата кетті (К. О.). Бәрі ду күліп жіберді. Тәуке *көзі шатынай* бәріне сыпыра бір қарап өтті (Ғ. Мұс.).

КӨЗІ ШЫҚТЫ 1. *Соқыр болды, аз болды.* Жас кезінде таяқ тиіп, *көзі шыққан* еді (АТ). 2. *Үміті, жарығы сонді.* Сен бетіңді ары бұрсаң, *Шықты көзім*, болды көр. Жанды аларсың разы болсаң, Біздің орын қара жер (Абай). 3. *Бұл жерде бірге өсті, көріп өсті деген мағынада.* Қаршадайдан кетпен ұстадық, еңбекпен *көзіміз шықты* (АТ).

КӨЗ ІЛМЕДІ *Ұйқы көрмеді, ұйқтамады.* Көерер таңды *көз ілмей* атырды (АТ).

КӨЗІ ІЛІНДІ [ІЛІКТІ] *Ұйқыға кетті, ұйқтап кетті.* Таң алдында ғана *көзі ілініп*, аз тыным алды (АТ). Жылап жатып Қобыланды Ортасы түннің болғанда *Көз ілікті* ұйқыға (ҚБ).

КӨЙ-КӨЙ САЛДЫ *Дауыс шығарып жылады, зар иледі.* — Райым-ай... балапаным-ай, — деп, *көй-көй сала* өкіріп қоя берді де, теріс қарап жата кетті (Ә. Н.). Қара қатын *көй-көйін сап* қайтып келе жатқанды (Ә. Н.).

КӨЙЛЕГІНЕ СЫЙМАДЫ *Ісіп-кетті, бөсе мақтанды.* Алдаберген сопы төрде көлбеп жатыр. ... Жаман балықшылар, бесалты қап астық әкелдім деп, *көйлегіне сыймайды.* Қоңырат шаһарын шауып әкелгендей, түге — деп ішінен боқтап қояды (Ә. Н.).

КӨЙЛЕГІН КҮЙРЕК, ЖАНЫҢ БЕРІК БОЛСЫН! тілек. *Жаңа киім кигенде айтылады.* (Көйлегің тозса да, жаның тозбасын деген мағынада).

КӨЙЛЕК КӨК, ТАМАҚ ТОҚ *Не ішемін, не жеймін демейді, ауқатты, тұрмысы жақсы.* Алуаның күйеуі саудамен ауылдан базарға, жәрмеңкеге, ел аралауға жиі кетіп жүреді. Сонда бұл *көйлегі көк*,

тамағы тоқ, жалғыз келіншек тек отыра ма деп, шалдың әрбір соққысы мен сөгулерін ұдайы қостап отырған қазымыр, қартаң әйелдер аз болған жоқ (М. Ә.).

КӨК АЙЫЛ [ДОЛЫ] 1. *Ашушаң, ұрысқақ (әйел туралы).* Бір-бір көк айыл қатындарын қосып алады да, қаланың ішіне қара өрт шашады да жүреді (Ғ. М.). Тағдыр үкімі ерте көндірген өлшеусіз бейнеттің бәрінен де көк айыл долы әйелдің жазықсыз ұратын зәбірі жас жетімнің жанын жаралады (Ә. Н.). «Ұрысыңнан аулақ, сендей көк долы өз үйімде де бар. Бармақ түгіл, шоқынып кет» — деп, үйден шыға жөнелдім, — деді Күлзипа (Б. М.). **2.** *Күші ерен.* Ежелден құлаш мойын көк айылмын, Ылауға жеті күнге талмай тұғын. Болатпын екі жүзді жетем құрыш, Күйсеуін шапқан түйе танбай тұғын (Айтғыс). Болмайтын Батыраш бір көк айыл шал, Оның жігітіне жел қайысар Тентек, ер тұқымынан теріс азу, Алтайда адам пішінді аю шығар (І. Ж.).

КӨК АЛА Алуан түсті, әр қилы, әр тұқымдас. Көп жылқы көк алалы көлде жусар (ХӘ).

КӨК АЛА ЖАМШЫ ЖАМЫЛДЫ *Ертеде батыр киген киімді қастерлеп айтып тұр.* («Жамшы» — лыпа, киім-кешек. Қырғызда «жамынчы», кейде «киелі күш», «әруақ» мағынасында да айтылады). Тең, тең үшін, тең үшін, Көк кептер ұшар жем үшін. Көк ала жамшы жамылып, Ерлер жортад ел үшін (ХӘ).

КӨК АЛА КЕЛГІР! қ а р ғ ы с. («Көк ала» деген аурудың аты).

КӨК АЛА ҚОЙДАЙ [ТОРҒАЙДАЙ] ҚЫЛЫП СОЙДЫ [САВАДЫ] ○ КӨК АЛА ҚОЙДАЙ [КӨК ТЫРНАДАЙ] ҚЫЛДЫ *Қан-жоса етіп ұрып-соқты.* Оның ашуы қатты, к...ін көк ала қойдай, көк тырнадай қылып байғұсты сабап тастапты (АТ). Еңіреп шыққан сұлудың бег-аузы көк ала қойдай, басы қан-қан, ұзын, қою, жібектей қара шашы да талданып жұлынған. Арашалаушы жан болмаған (С. С.). Бұрын да аздап сезігі бар күйеуі, енді өбден көзі жеткесін, Ғалияны көк ала қойдай етіп сабап, бар киімін шешіп алып, тек ішкі көйлегімен көшеге қуып тастайды (А. Ж.). Сол күні Алдаберген сопы ақ тоқалды да көк ала торғайдай ғып сабап, төркін жұртына қуып жіберді (Ә. Н.).

КӨК АЛА [КӨКІМЕ] МЫЛЖЫҢ ○ КӨК АУЫЗ [ЕЗУ] ○ КӨК МЫЛЖЫҢ *Ез малта, лепірме, бөспе сөз кісі туралы айтылады.* Бұрын қуыршақ істегенде, ел ішінде атаққа шыққан көк ауыз келіннің модысы деп Зейнептің өзі талай сыландырып берген (Б. М.). Бұл бір ешкімге қианаты жоқ, ешкімге кесір-кесапаты тимейтін, бірақ, сонымен бірге, мандытып іс тындырмайтын, мәнді сөз айтпайтын көк мылжың, лепілдек (ҚӘ). Соның ішінен өзінің көк езу даурықпалығымен Хикерсон дейтін біреудің мақаласы көзге ерекше

түседі (Б. С.). *Көк ала мылжың, сабын езу кісіден аулақ жүр (АТ).*

КӨК АЯЗ [АЙЫЗ] Борсып көгерген, қатқыл; ишкі. Бізге түрменің беретін асы — сырты күйген, іші иленген, көк аяз, шикі, қап-қара қара нан мен қара су болды (С. С.). Қатыныңның бергені көк айыз нан, Тұқымыңды ұрайым жарымаған (АТ).

КӨК БАҚА 1. *Тырбиған арық (кісі).* Көк бақа арық әйелдің қан-сөлсіз кескіні қара сұр тастай қатып қапты. Қасы, кірпігі үйтіліп қалғандай, құр құйқасы шығып тұр (Ә. Н.). **2.** *Жылт етері жоқ арық ет.* Семіз мал бар дейсің бе, қазір бәрінің еті көк бақа ғой (АТ).

КӨК БОЙЛАДЫ 1. *Шыңға шапшып өсті.* Көк бойлап бақшаның да бөйтерегі, Секілді аспан менен жер тірегі (Т. Ж.). **2.** *Көкпен жүзді, көкте самғады.* Қанат қақты қырандар Боз ала таңмен бұлтта ойнап, Аққандай сансыз жұлдыздар Шарықтап ұшып көк бойлап (С. Б.).

КӨК ДАУЫЛ [-ДАЙ] 1. *Өте екпінді, мейлінше асқақ мағынасында.* Кей кезде көк дауылдай салып аттан, Ақындық айдынында дабыл қаққан (С. Мәу.). **2.** *Ашуы қатты, көк долы мағынасында.* Зәржан Қыпшақ Ыбырайдың қызы — көк дауыл бөйбішенің маза бермесін білгенсіп, бойдақ малдарды бөлек қарауылдау сылтауымен Майраның отауын ауылдан оқшау қондырады (А. Ж.).

КӨКЕЙДЕ [КӨКІРЕКТЕ] САЙРАП ТҰР *Айтылуға дайын, көңілдегі ой туралы айтылады.* Дегенмен, көкейде сайрап тұрған сан ойым, көп толғатқан, көңілімді алаң еткен жайларды басқалар да құптар деген, қолдар деген ниет мені ақтарыла сөйлеуге мәжбүр етті (М. Ә.).

КӨКЕЙ КЕСТІ [ТЕСТІ] Арманды, мүдделі, өте маңызды. Сонау жатақта отырған менің Дәркембайдай бір қартым бар. Ол қазынамдай қартым. Елдің шың шерін білдіретін көкей кесті күйді сол шертеді, — деді Абай (М. Ә.). Орта мектепті бітірген соң, қызыл әскер болу — біздің көкей тесті арманымыз. Сол шақ қашан келер екен деп, тағатымыз құрып әңгімелейміз (Б. С.).

КӨКЕЙІНЕ [КӨКІРЕККЕ, КӨҢІЛГЕ] ҚОНДЫ [ҚҰЙЫЛДЫ, ҰЯЛАДЫ] *Өте ұнады, миға қонып кетті, толық ұқты.* Жиылыстағы әйелдер баста еш нәрсе түсінбейтін секілденсе де, айта келе, әңгіме көкейлеріне қона бастады (Б. М.). Ол енді көкірекке қона кететін... лирикалық жыр болып туады (Ә. Т.). Қоляның сөзі көкейіне ұялап алды да, шықпай қойды (Т. Н.). Еңбек елдің жыршысы-ау, Жанымды бір жадырат, Көкейіме қондыра, Тәтті, тәтті әңгіме айт, Жаңа өмірді жыр қыла (І. Ж.). Көкейіме құйылды, Айтқанында жалған жоқ, Дәлдеп айтқан әр сөзің Досыңа шырын, жауға оқ (Н. Б.). Сөз жоқ, сенің айттып отырғаныңның көңілге қонатын жағы бар (М. И.).

КӨКЕЙІНЕ [КӨҢІЛІНЕ] САҚТАДЫ **○** ЖАДЫНДА **ҰСТАДЫ** **○** ОЙЫНА [КӨКЕЙІНЕ, КӨКІРЕГІНЕ] **ТОҚЫДЫ** [ТҮЙДІ] 1. *Санасына мықтап ену, әрдайым ұмытпайтындай болу мағынасында айтылады.* Бар ойды көкірекке тоқығандай, Лениннің дәл өзінен оқығандай (ПТө). Ол тәжірибесін ұмытпай, көкейіне сақтап, жас келіншек трактор тетігіне көп қинала қойған жоқ (С. Б.). Конференция болады. Комсомол жұмысының ойы мен қыры, бүгесі мен шігесі алақанға жайылады. Тек, ой жіберіп, айтылғандарды көкейіңе тоқи біл,— деді Есен (М. И.). 2. *Ойынан шығармады.* Отырмыз біз дәл осындай үйде бір. Жаны жарқын қария екен, сый көңіл, Өзі жасап, бастан өткен сан жылдың Көп сырларын көкейіне түйген бұл (Ғ. Қ.). Талайынан тамаша көңіліме түйдім сыр (С. М.). Қазіргі партизан отряды басшыларының іс-әрекеттерін іштей салғастырып, көңілге тоқуда (Ө. Қан.). Мен ол туралы айтылған сөздердің бәріне де құлағымды тігіп, көңіліме тоқып келем (Ө. Ә.).

КӨКЕЙІНЕН КЕТПЕДІ *Есінен шықпады, ылғи ойда тұтты.* Нұрлы дүние, шіркін дәурен, Ойлаймын ғой сені ылғи. Көкейімнен кетпей сәулесі, Көкірегімде толқиды күйі (Қ. А.). Сол бір кішкене Алочка көзден таса болғанмен, бірақ көкейімнен кетпей қойды (Ж. Ж.).

КӨКЕЙІН ТЕСТІ *Жан-тәнімен арман етті, тым құмартты.* Сенің де көкейіңді мал тесіп отыр ғой!— деді Айна (С. С.). Сондықтан, осы күйден, ұлы күштен, Көңіл шат, көкейге үні қона түскен. Жалғыз үн, жарық қобыз, Мольқбай шал, Тартар ма керек күйді— көкей тескен? (І. Ж.).

КӨК ЕСЕК *Көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қол жаулық адам.* Суық тас әкем тәні қара кесек, Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп. Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің, Жаны елік, жүрегі өлік, бір көк есек (І. Ж.).

КӨК ЕСЕКПЕН САУДА ЖОҚ *Ертеңімен ісі жоқ.* («Ертеңгі сауда — сауда, кешкі сауда — қауға», «... көк есектің саудасы ертеңгі сауда сияқты фразалар: өмір— сауда, оның ертесі жақсы,— дегенді мегзейді. Ал ақын бұл арада көк есек саудасындай тірлік саудасынан қалған көңілді айтып отыр). Ертеңгісің ойламас **Көк есекпен саудам жоқ.** Есепте жоқ ұдай мас, О да менен ауған жоқ (Б. Қ.).

КӨКЕСІН ТАНЫТТЫ *Көресіні көрсетті.* (Орайына қарай бұл тіркес «әкесін танытты», «тақсіретін тартқызды» сияқтылардың орнына жүреді). Қоңырқұлжа қанарлана қалды. Басынған екен өбден! **Көкелерін танытармын** мен әлі (І. Е.).

КӨК ЕТІКТІ *Бұл жерде басқалардан тәуір, өзгелерден арғық деген мағынада.* Көн етіктіге бармай, көк етікті жолықпай, үйде отырып қалды (АТ).

КӨККЕ АСТЫ *Бийке шарықтады, бийкте шарлады.* Жындымын ғой кейде қаным тасатын, Жерге сыймай, көңілім көкке асатын. Жолдасы жоқ, жерде жалғыз жетімдей, Жапан дала, жеті түн шерін басатын (Б. Қ.).

КӨКЖАЛ БӨРІ 1. *Үлкен, арпаң қасқыр.* Күндерде бір күн Кендебай аң аулай жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай **көкжал бөрі** бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен (Қ.Е). 2. *Қайсар, батыл.* Жігіттері шетінен кілең **көкжал бөрі**, мен атайын, сен тұрдың өздері екен (АТ).

КӨК [КЕР] ЖАЛҚАУ *Нағыз еріншек; шабан аяқ.* «Мен көргем жоқ, ондай досты... Тоқтай тұр, Нұрлан, кімнің көк жалқау екенін білерміз әлі... Асықпа!» (Н. Ғаб.).

КӨК ЖАМБАС 1. *Үсті сатала, тым жүдеу мағынасында.* Лай суға сүңгіп шыққан кісіге ұқсап сүмендеп, жылы, дымқыл қорадан шыққан **көк жамбас** қойша үсті-басымнан сасық су бұрқырап, жүгіріп қазарма қайдасың деп, салып келемін (С. С.). 2. *Қырық қуық, шымжың.* **Көк жамбасқа** көрпе жоқ (АТ). 3. *Берекесі кеткен, төсек тартып жатып қалған дәрменсіз қарт.* Інім көптен бері **көк жамбас** болып, тұралап қалған шалды күтті (АТ).

КӨК ЖАСЫҚ 1. *Асса, жылан қарағы жоқ арық ет туралы айтылып тұр.* Өзі қозы еті болып, өзі **көк жасық** болса, несіне қазан көтергесің (АТ). 2. *Мардымсыз, ештеңеге арзымайтын.* Соның нәтижесінде біздің балаларымыздың өмірін сұрқай-сүреңсіз бейнелейтін **көк жасық**, бір қайнауы ішінде дейтіндей нашар шығармалар жарық көріп жүр (Қ.Ә).

КӨК ЖЕЛКЕ 1. *Қарақұс, шүйде жалғасқан сырт мойын.* Шатырларынан атып атып шыққан солдаттар мылтықтарын алып, салт аттылармен айқасқанша, қайың сойыл ысылдап көп **көк желкеден** тиеді (І. Е.). 2. *Тіс қаққан, төзімді.* Талай соққыны көрген **көк желке** батырға қыз шоқпары шыбын шаққандай болған жоқ (АТ).

КӨК ЖЕЛКЕСІНДЕ *Дәл сыртын ала, өте жақын жерде.* Оның **көк желкесінде**... ағылшындар салған заводтың қара трубасы тұр (Ө. Ә.). Бұл жолы дауыс оның нағыз **көк желкесінде** тұрып сөйлегендей естілді (Х. Е.).

КӨК ЖЕЛКЕСІНЕ МІНДІ *Бағындырды, ырқына көндірді.* Байғұстың **көк желкесіне мініп алған** (АТ). Сығанақ, Сайрам, Яссы, Созақ, Отырар тәрізді мықты бекіністері бар қалаларды қолға түсірсен, **Әбілқайырдың көк желкесіне мініміз** (І. Е.).

КӨК ЖИЕК *Көтерілді Қараңғылық сөйілді, таң сыз берді.* Құбақандап бозара, **Көтерілді көк жиек,** Нұр сәулесі **көк жара** Берді аспанға таң қылап (І. Ж.).

КӨК ЖҰЛЫН *Шабысқа, жортуылға шыдамды тұлпар ат.* (Бұл жалқы есім түрінде де айтылады). Ертеден салса, кешке озған, Ылдидаң салса, төсте озған, Қой мойынды көк жұлын, Томаға көзді қасқа азбан, Көк жұлынды жетелеп (М. Ө.).

КӨК ЖҰЛЫН [ЖЕЛКЕ, ИЫҚ] БОЛДЫ *Әбден титықтап кетті.* Ата қонысынан айрылып, көк жұлын болып шұбырғанды да көрді бұл қазақ (Ө. Ө.). Ит жанды жау сонша өлермен, көк жұлын боп, дымы құрып жатса да, әлі кектен, жерден соққылап тұр оқпен ұрып (Д. Ө.). Аттары да сенделді. Көйлекке шейін сорғалап су өтті. Су болмаған тұқ қалмады. Екі министр әбден сүмірейіп, көк иық болды (С. С.). Шырағым, жүйрік атты көк иық болғанша міне берсең, жүгірмейді (Ғ. Мұс.). Жұмыстан көк жұлын болып, өлер болдым,— деді Темірбек насыбайды молырақ қып ерніне атып,— биыл құдайдың қысы да қағынып кетті... (ҚӨ).

КӨК ИТ [ТӨБЕТ] *Озбыр мағынасында айтылады.* Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, Көп ит жеңіп көк итті, күнде жемек. Ғадәлет пен мархамат — көп азығы, Қайда көрсен, болып бақ соған көмек (Абай). Майбасар да ілесе: «Өй, қуарған көк төбет,— деп, қамшы үйіріп кеп еді. Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды.— Я, мен көк ит болсам, сендер көп итсің!— Жабылдарсың, таларсың да, жерсің!» (М. Ө.).

КӨК КӘРІНЕ ҰШЫРА! [ҰРЫН!] қ а р ғ ы с. *Көк тәңірінің қаһары келсін, қаһаркәріне тап бол.* О, құдай, көктің кәріне ұшыра Жәңгір хан. Қорқау қасқырға жем болғыр, сұлтандар (Ө. Ө.).

КӨККЕ АТЫЛДЫ Аспанға шапшыды. Астында көкке атылған күрең аты Ойнақтай ойқастаған, өрге шапқан. Үш-төрт күн осы жерде түйіспек боп, Артына көз жібере хабар баққан (С. Мәу). Қанды көз қыран көкке атылып шықты да, төмен сорғалай жөнелді (АТ).

КӨККЕ АУЫЗ ІЛІКТІ [ТИДИ] *Жерге шөп шығып, тойынар шақ келді.* Қыстан азып шыққан мал аруақтай ербиіп, көкке ауыз іліккенше, төңіректе сынық шөп қалдырмай жайпайды (Х. Е.). Қыстан жүдеу шықса да, көкке аузы тиген соң, мал, жайлауға беттеген адам еліре бастапты (Ғ. Мұс.).

КӨККЕ БАҚТЫ [ҚАРАДЫ] к ө н е. *Тәңірге, құдайға құр босқа сеніп, емексіді.* Көкке бақтым «алла» деп, Тамаша етіп құдіретін. Рахматы оның онда көп, Бізге тұқ жоқ тиетін (Абай).

КӨККЕ ЖЕТТІ *Әуеледі, аспанмен таласты.* (Ақын шын құрметтеу, ардақтау, қасиет тұту мағынасында айтып тұр). Жолдастар-ау, бұл кекті өлім жүрекке у, Екпіндірек тізе қосып, көкті жу. «Шоқ! Шоқ!» деген жаудың үні құрысын, Көкке жегісін Ленин тіккен қызыл ту (С. С.).

КӨК КЕЛСІН! д и а л. қ а р ғ ы с. *Адамға, әрі малға айтылады* (Қ. орда Арал). (Тегі бұл: «Көк шешек келсін!» қарғысының бір варианты болуы мүмкін. Қырғызда: «Төбесу ачық көк урсун» деген сөз бар; мағынасы: антты орындамасам, «төбесі ашық аспан асын»; осындағы «көк» деген «көк тәңірісі», немесе «найзағай (жасыл) соққы» болуы да мүмкін; бәлкім, «көк келсінің» осыған қатысы да болуы ықтимал).

КӨККЕ КӨТЕРДІ [ЖЕТКІЗДІ] *Дәріп-теді, құрмет көрсетті, асыра мақтады.* Академиктің кішкене лабораториясы төңкерістен кейін жер жүзіндік мәні бар зор институтқа айналды. Большевиктер барлық жағдай жасап, академикті көкке көтерді (С. Е.). Жарықтық, нағыз «көріп кел» екен деп, жұрт бақаның «әулиелігін» көкке жеткізінгі (ҚЕ).

КӨККЕ КӨТЕРІЛДІ [ҰШТЫ] 1. *Жоғары шарықтады, аспанға ұшты.* Кең аспанның төңкерілген күмбезі, Ыстық тартты көрінгенде күн көзі, Көкке сайрап көтерілді бұлбұл құс, Білер ме едің мадақтады кімді өзі (Х. Ер). 2. *Елге даңқы жайылды, ауызға ілікті, мерейі асты, жұрт сыйлайтын кісі болды.* Кейде, көзіңнен тасалауға қимайтын Гүлжаһан сияқты аулы қарындастар мен бағыр бауырлар, ағалардың артта қалып бара жатқанына налисың. Кейде солардың көкке көтерілген даңқына шаттанасың (Ө. Ө.).

КӨККЕ ТОЙДЫ *Жазғытұрым кездегі пішен, шөпке аузы жарыды, аяғы ілінді.* Болыстың, отаршының, билердің бәрі — жуан, дүмді мырзалар жиналып отырып сөйлескендеріне қарап отырсаң, бәрі де көкке тойып, топтанып, топырақ шашып күжілдеген бұқалар төрізді (С. С.).

КӨК КӨБЕСІ СӨГІЛДІ *Найзағай қатты сатырлап, жалт-жулт ойнағанда айтылады.* Осы кезде манағы екі үлкен бұлт біріне-бірі тиісіп, қаруларын жарқылдата сайысып, көк көбесін сөгге, күркіресіп жатты (Қ. И.). Қорғасын бұлтқа көміліп, Тал түсте батты күз күні, Көбесі көктің сөгіліп, Кеткендей босап тізгіні (Ж. М.).

КӨК КӨКІРЕТІП, ЖЕР ТІТІРЕТТІ *Жерді бір уыс етті, әлегін аспанға шығарды.* Соғыс елдің еңсесін түсіріп, көк көкіретіп, жер тітіретті емес пе (АТ).

КӨК КҮМБЕЗ *Аспан әлемі.* Қазіргі аспан алтын жұлдыздармен сәнденген, биік, сәулетті көк күмбез төрізді. Көкке аркан бойы көтерілген жартылаған алтын ай сәулетті көк күмбездің алтын айшығы төрізді (С. С.).

КӨК ҚАРЫН *Арық.* Өңкей көк жасық, көк қарынды не істемексің? (АТ). Мына ши борбай, көк қарындарды қайтіп тойғызамын (АТ).

КӨК ҚАСҚА к ө н е. *Үлкен ас, тойға сойылар, құрбандыққа шалынар малдың*

ғаңдаулысы. Үлкен той алда болмақ, көк қасқаңды дайында (АТ).

КӨК ҚАСҚА АЙТТЫ *Ескі сенім бойынша, ірі тойға, құрбандыққа, т. б. мал атау, сою дәстүрі. Арада тағы да әлденеше көк қасқа айтып, күндіз-түні көл-көсір қып мал сойып, қалжыңға, күлкі-айғайға, ән-жырға бөленіп, ұзақ қызық көріп жатты (М. Ә.).*

КӨК МАЙДАН *Айдын шалқар (АС). Астында дария — көк майдан, Үстінде — сөуле, алтын күн. Қарашы, ол, бүлік, құдайдан Сұрайды дауыл күні-түн (Абай).*

КӨК МАЙСА **○** **КӨК [ОРАЙ]** **ШАЛҒЫН** *Шөбі мол, жайсаң жер. Таза ауа, көк орай шалғын, сыңсыған бай, бейбіт ел бізді айналдырды (С. С.). Жазды күн шілде болғанда, Көк орай шалғын, бейшешек Ұзарып өсіп, толғанда, Күркіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда (Абай).*

КӨК МАЛТА *Сөз құмар, көбік ауыз. — Мен ерлік істесем — даңғаз, әпербақан атандым, мырзалық істесем — ысырапқор болдым, тіл алғыш болсам — қорқақ деді, шешен-ақ едім — көк малта, мылжың деді (С. Тал.).*

КӨК [СОР] **МАҢДАЙ** *Сорлы адам, азап-сор арылмаған адам. Ойбай, қу көк маңдай, қашан ырысың тасып тұр еді (АТ).*

КӨК МИ [**КӨК МИЛЫҚ**] *Топас, айтқан сөз басына қонбайтын, ессіз. Ой, бір көк ми екенсің. Ал, мына қағазды қайтем. Қолды кім қояды, — деді Пикалов (М. Ә.). Е, шырағым! Өзімнің көк мильғым болмаса, тәуір-ақ орысша білетін жерге жібердің ғой, — деді Базаралы (М. Ә.).*

КӨК МОЙЫН 1. *Ығыры шыққан, қажыған. Жөнелді төреге еріп бәрі аттана, Біз де ердік, қаламыз ба бой сақтана. Көк мойын ат баспады үш аяқтап, Қөбімен жүргеннен соң көбік шаша (БатЖ).* 2. *Келіскен, көркем, сұлу. Өзім табам. Аманшылық боп, каникулға келсең, Қызылжардан қасыңа еріп шығам да, нендей көк мойын қыздардың бірінен соң бірін көрсетем (С. М.).*

КӨК НАЙЗА *диал. Қара бидай. Көк найзаның піскеніне көп болды ғой (Шығ. Қаз., Күр.).*

КӨК ОРДЫ *Жастай қыршынынан қиды, өмірден ерте алды. Көп жасамай, көк орган, Жарасы үлкен жас өлім. Күн шалған жерді тез орган, Күншіл дүние қас өлім (Абай).*

КӨК ӨРІМ **○** **КӨК ӨРІМ, КӨГЕН КӨЗ** *Бала кез, қыршын жас, қалаймаған. Гүлия солқылдаған көк өрім шыбықтай. Көк орайда балбыраған қызғалдақ гүліндей жайнаған әйел (С. С.). Интернатта оқып жүр Талай қазақ баласы — Жаңа өспірім, көк өрім, Бейне қолдың саласы (Абай). Ақыр заман боларда, Жер жүзін жеуір аларда, Жүз қатынға бір еркек Қа-*

лады екен деген сөз... Осынау сұмдық рас боп, Туған жерден топырақ Қалармысың бұйырмай, Көк өрім, өңшең көген көз (І. Ж.).

КӨКПАРЫ [**КӨКПАР** **ЛАҒЫ**] **БОЛДЫ** *Әркімнің жұлқуында жүрді, сүйретпесі болды. Тақымға салып сүйретіп. Болдым ба көкпар лағың (МЗ).*

КӨК САБАН **БОЛДЫ** *Дән алмады, басына түк шықпады. Осы Бағдад шаһарының патшасы мен менің қол астындағы елім егін салады, басақ, егіндері көк сабан болып кетеді де, басына дән бітпейді (ҚЕ).*

КӨК САҚАЛ *Орта жасқа жетіп, сақал-мұртына ақ кіре бастаған адам туралы айтылады. Мардандар да үйден жүгіре шықты. Шаңылдап жатқан Күркімбай деген көк сақал екен. Жұл сақал ел ішінде «саным көп, сойыл соғарым көп» деп ісініп жүретін, пәле құған шал еді (І. Ж.).*

КӨКСЕГЕН КҮНДІ КӨРДІ *Аңсаған мезгілге жетті. Көбелек-шыбын өрді Көк құндақ көлдер толып, Көксеген күнді көрді (І. Ж.).*

КӨК СЕРЕК [**СЕРЕК** **АТ**] *Қарапайым, мал қоритын итті қазақ «көк серек» дейді. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар. «Қасқырды» қырғыз екінші сөзбен «жапан көк серек» дейді. Осы түсті қазақ атқа да теңейді. «Көк серек» М. Әуезовтің қасқыр туралы әңгімесінің аты. Жеңсіз берен киіндің, Көк серек атты борбайлап, Қамалды бұздың айқайлап, Көне шыққан мүйізің? (ЕТ).*

КӨК СОҚҚАНИ **○** **КӨК СОҚҚЫРЫ** **○** **ТӘҢІР СОҚҚАНИ** [**СОҚҚЫР**] **○** **ҚҰДАЙ АТҚАНИ** [**АТҚЫР**] *қарғыс. «Алланың қанары тисін» деген мағынада. Жарайды, қойдым, қабағың түсіп кеткен екен. Сен көк соққан, қалжыңды да көтере алмай, ашуланып, маскара қыларсың, — деді Есенбек (М. И.). Әй, көк соққан! Женгенді сабатып қойып неге тұрсың? — деді Қайыр (С. Ад.).*

КӨК СОҚТА **БОЛДЫ** **○** **КӨК СОҚТАЛАНДЫ** *Қардың қатты еріп, қарлы су бола бастауы туралы айтылады. Биыл ерте кете бастаған қар Аягөзден Семейге шейін көк соқта боп, ақсақ ойылып, жүргіншілерді қатты бейнетке ұшыратты (М. Ә.). Бір-екі күн жылымықта көк соқталанып (қардың) беті жіпсіп еді, артынан аяз болып, қатырып тастады (ЛЖ). Атты жетектеп ішке кіргізіп, шапшаңдап доғара бастаған Марфа божының көк соқталанып қалғанын көрді (Х. Е.).*

КӨК СҮҢГІ *Бұрынғы батырлардың найза іспетті бес қаруының бірі. Тебінгілер терге шіріп, Мұқалды ұшы көк сүңгінің (Д. Ә.).*

КӨК ТАЙҒАҚ *Жауын-шашыннан, суықтан болған жылтыр сырғанақ. Жол ғана тайғақ емес, аяқ басар шөп те жауын суымен жылпылдап, көк тайғақ боп жа-*

тыр (М. Ә.). Алматыда қыста күннің бір жылып, бір сууы, әсіресе, жаяуға қиын. Жол көк тайғақ боп, аяқты аттап басу мұңға айналады (АТ).

КӨКТЕЙ КЕТЕЙІН! қ а р ғ ы с а н т. «Жастай өлейін осыны істесем» деген мағынада. Ау, шеше! Мен емес, мұны бұзған. Мен бұзсам, көктей кетейін! (АТ).

КӨКТЕЙ СОЛДЫ Қырышынынан қиылды, дүниеден ерте (жастай) кетті. —...Жаңағы жігіттің үш орамға да келетін түрі бар. Сендер шыр-шырт сынғанда, ол шіміркенбеді де. Баулыңдар, шыдаңдар! Шым-шымдай, бері тарта беріңдер! «Көктей солсын» деуге менің аузым бармайды, — деді Жандос Ермектайларға (Ғ. Мұс.).

КӨКТЕЙ СОЛҒЫР! **ӨКӨГЕРМЕЙ, КӨКТЕЙ СОЛ!** [-ҒЫР] қ а р ғ ы с. Қырышының қиылғыр деген мағынада. Көктей солғырлар-ай! Көк қауынды тектен-текке қиратып кетіпті-ау (АТ).

КӨКТЕН СҰРАҒАНЫ ЖЕРДЕН ТАБЫЛДЫ Алыстан, қиыннан іздегені аяқ астынан кезіге кетті. Е, жігітім, сенің тілегің болды, көктен сұрағаным жерден табылды (АТ).

КӨКТЕН ТҮСТІ ді н и. 1. Жоғарыдан (аспаннан) келді, тәңрі жіберді. Бәйеке, күнім қайда баяғыдай, Байлардың шетке шыққан саяғындай, Басыма пәле жауып тұр осы күнде, Құдіреттің көктен түскен таяғындай (Ш. Ж.). 2. Ойламаған жерден, тұтқиылдан пайда болды, күтпеген жерде келе қалды. Көктен түсті ме, жерден шықты ма, бұл пәле, қайдан тап бола кетті (АТ).

КӨКТЕП ӨТТІ Кесіп өтті, тура тартып өтті. Жамбыл қаласынан аудандарға жол тартсаңыз, өзгерген өлкені өз көзіңізбен көресіз. Асфальтты жол Жамбыл облысының көп жерлерін көктей өтіп, тура Ташкентке тартады (ЛЖ).

КӨК ТЕР БОЛДЫ Қара суға түсті. Өзі әкелген көмпитті тістеп, өзі әкелген шайға көк тер боп қанып алды (Ә. Н.).

КӨКТЕ ТҰРҒАН ЖҰЛДЫЗ Қол жетпес арман. Көкте тұрған жұлдызбын, Суда жүрген құндызбын, Хақтан белгі алғанмын, Нұрдан үлгі алғанмын, Таяғыңды қолға алып, Мені іздесең керек-ті (БЖ).

КӨК ТИЫН Түк те, дәнеңе де (ең болмаса, бір тиын да). Нұрғали күйіп-пісіп, Әлжанның құлақ етін сыбырлап, жеп тұр. Жын соқты ма өзіңді? Қалтаңда көк тиынның жоқ, көрінген малға саудаласасың, — деп (Ғ. Мұс.). Ол менің еңбегіме көк тиын төлеген жоқ (АТ). Аудан бардым, облыс бардым дейсің, — оның маған көк тиынға керек пе? (ЛЖ). Қап, тәңірі-ай, не дедің? Қызға тіпті болмапты Көк тиындық беделің (ЛЖ).

КӨК ТҰҚЫЛ Сақалын қырғанда, иек тұсы көгіс тартып қалатын адам туралы айтылады. Шөкеңнің сақалын қырған-қыр-

мағаны өмірі аңғарылмайтын көк тұқыл өңі де бұрынғысынан сынық (М. И.). Қардай аппақ, қатырма жағасы көк тұқыл боп қырылған иегінің салбыраған бос терісіне тіреліп, қатпарландыра көтеріп тұр. Жасы отыз бес-қырықтар шамасында болса керек (ЛЖ).

КӨК ТҮЙНЕК БОЛҒЫР! [КЕЛГІР, ШЫҚҚЫР!] **ӨК...ІНЕ КӨК ТҮЙНЕМЕ** [ТҰҚЫЛ] ШЫҚҚЫР! қ а р ғ ы с. Ауруға шалдыққыр деген мағынада. Балаларға айтылады. («Көк түйнек», «түйнеме» — ауру аты). Сен көк түйнек, неге кісі киімін киесің. Саған тігіліп пе еді? Еңбегіңмен алдың ба? — деді Мария Дунькаға (М. Ә.). Көк түйнек келгірлер, нанымды талап кетті-ау, талап кетті (Ш. Х.)

КӨКТІ КӨШРДІ Дабылы жер жарды, әлемді жаңғырықтырды. Күңіретті ойды, қырды өншең күлік, Арқаны дүбірлетті дүбір қылып. Көшіріп жерді, көкті келеді аттар, Керілген кең даланы бүлдіріп (І. Ж.). Дария беттегі болып жатқан аяқастың даусы көкті көшіріп кетті (С. Ай.).

КӨК ШЕШЕК КЕЛГІР! ұ р ы с-қ а р ғ ы с. («Шешек» — бөрте аурудың аты). Алда ғана көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау (КЕ). Жетпегір-ай, көк шешек келгір-ай, жүнімді шашып кетті-ау (АТ).

КӨК ШИҚЫЛДАҚ ЖОЛ ди а л. Әбден басылған жол, тапталған жол (Қ. орда, Арал).

КӨК ШЫБЫҚТАЙ ҚЫРҚЫЛАЙЫҚ Дауды бітіріп, бір қорытындыға келгенде айтылатын серт, ант.

КӨКІРЕГІ АШЫҚ Білімді, оқыған, сауатты адам туралы айтылады. Көкірегі ашық, Көпке ғашық, Анық менің құмарым (І. Ж.).

КӨКІРЕГІ БАЙЛАУЛЫ Алаңсыз беріле ден қою мағынасында. Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп керек: Әуелі көкірегі байлаулы, берік болмақ керек (Абай).

КӨКІРЕГІ ЖАУЛЫ ӨССІН к ө н е. Ер жүрек мағынасында, дұшпанға қаһарлы болсын деген ұғымда айтылған. Көкірегі жаулы өссін деп, Қашқан жауды құғыздым (АӘ).

КӨКІРЕГІ КӨЗДІ **Ө** **КӨКІРЕГІНІҢ** **КӨЗІ** **БАР** Көзі ашық, зерделі, сезімтал. Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар көкірегі болса көзді. Қадірін жақсы сөздің білер жанға, Таппай айтпа, оған да айтар кезді (Абай). Өлімхан оқы-маса дағы, көкірегінің көзі бар кісілердің бірі еді, майдан талқысы оны зор сыннан өткізіп, ішкі дүниесін бұрынғыдан да кеңіте түскенге ұқсайды (Ж. Ж.).

КӨКІРЕГІ ҚАРА [ҚАРАҒЫ] *Надан, сана-сезімі кем.* Асқар, асқар, асқар тау, Асқар таудың түбінде болар саясы. «Шариғаты» білмеген — Көкірегінің қарасы (ШС).

КӨКІРЕГІ ҚАРС АЙРЫЛДЫ *Уайымдады, қайғырды, қасірет шекті.* Таяуырақ тыңдағанда, ызыңнан көкіректі қарс айырған жасырын күйініш, ащы қасірет естіледі (С. С.). Мен білемін, шын махабатпен сүйген ғашығына қосыла алмай, сарғайып «уһ» дегенде, көкірегі қарс айрылып жүрген қазақ қызын (С. С.). Жалқаулығының үстіне, «өсекші», «ұры» деген ат байлағалы тұр бұл ел. Осы үш пәледен құтылсам дегенде, көкірегі қарс айрылады Бейсеннің (Ғ. Мұс.).

КӨКІРЕГІНЕ ҚОНДЫ *Ұқты, түсінді, зердесіне ұялады.* Ақылсызға сөз айтсаң, Көкірегің қонбас-ты, Рақымсызға сөз айтсаң, Не қылсаң да болмас-ты (БЖ).

КӨКІРЕГІНЕ НАН ПІСТІ *Кеудесін керді, мақтанды.* Мұрныңды неге шүйіресің? Әкем бастық деп, көкірегіңе нан піспесін. Мен ешкімге ақымды жібере қоймаспын, білдің бе? — деді Сапар Жарқынға (М. И.).

КӨКІРЕГІН КҮЙДІРДІ [ӨРТЕДІ] *Ішін удай ашытты, қайғыртты.* Қаншайымның алқына алған тынысы Қосымның көкірегің күйдіріп, жан сезімін апындай елітті (Ө. Қан.).

КӨКІРЕГІ НҰРҒА ТОЛДЫ *Ақылы асты, санасы артты.* Қара Бәйтк жеткен соң он жетіге, Қаріп пенен жесірге болдың қорған, Дабысыңды сыртыңнан естуші едік, Оқымай көкірегің нұрға толған (Ш. Қар.).

КӨКІРЕГІНДІ ҚҰДАЙ [ТӘҢІР] *БАСЫН!* қарғыс. *Озбырлық істеген кісіге айтылады.* Біздің көкірегімізді сен бассаң, сенің көкірегіңді құдай бассын! Осынша қорлап неғып едік, көк өгізі! (АТ).

КӨКІРЕГІ ТАЗА *Көңілі ашық, ниеті ақ.* Көкірегі таза болмаса, Көз тазасы не керек (ШС).

КӨКІРЕГІ ШЕРГЕ ТОЛДЫ *Уайымдады, қайғырды.* Көкірегі шерге толған Ақмолда ақ жамылып, тұмшаланып алған баланың қасына келіп, өңкілдеп жылай берді (С. Төл.).

КӨКІРЕК БІТТІ *Дандайсыды, өр көкірекпенді; «артықпын», «білемін» деген жалған жел пайда болды.* Содан кейбір оқуы шала әйелдерге көкірек бітіп, аяқ астынан шайпау мінез тауып ала қояды (Т. А.).

КӨКІРЕК КЕРДІ [КӨТЕРДІ, ҚАҚТЫ] **1.** *Мақтанды, жастанды, менменсіді.* Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге. Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге (Абай). Бірақ, менің аңғаруымша, ол өкпешіл офицер еді. Ал көкірегің көтергенде, ешкімге дес бермейтін (Б. Мом.). **2.** *Ес жиды, мақсатына жетті, еңсесін көтерді.* Октябрьде орнап жаңа өкімет, Жарлы, жалшы бір көтерген көкірек (С. Мәу.). **3.** *Бұл жерде ананың сүтін емді, ананың*

аймалауын, ана тәрбиесін көрді деген мағынада айтылып тұр. Ақылсыз ем анамды айқын көрмеген, Аузым жарып, ақ көкірегің кермеген (С. Д.).

КӨКІРЕК КӨЗІ АШЫЛДЫ *Сана-сезімі оялды, көңілі ашылды, зерделі болды.* Оның себебі, олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады (Абай).

КӨКІРЕКТЕ ҚАЯУ ЖОҚ *Көңілдің бетендігі, арамдығы жоқ, адал.* Барлағалы айтып ем, ей, ағеке-ау, Көкіректе қаяу жоқ, куэм — құдай (ҚКВС). Кей құрбы бүгін тату, ертең бату, Тілегі, жақындығы — бәрі сату. Көкірегіңде қаяу жоқ, қиянат жоқ, Қажымас, қайта айнымас қайран тату (Абай).

КӨКІРЕКТЕ САЙРАП ТҰР *Ойында түгел сақталған; көз алдынан кетпеген.* Жау хабарын елге естіруге екеуінің бірдей көкірегіңде сайрап келе жатқан Еңсебай мен Құлжатай, енді, қатарынан бұл түннің бірінші, ең алғаш суық сүреңін салып қоя берді (М. Ә.). Көкіректе сайрап тұй(р), тілді құдай байлап тұй(р) деген екен баяғыда, бір сақау шешеміз (АТ).

КӨК ІШЕК БОЛДЫ **1.** *Қара суды ішіп-ішіп, іші кепті.* Күнде берген көк көжеден көк ішек болып өлерміз (АТ). **2.** *Шексілесі қатты.* Бергені сол жұртыңның, Бөркекелді десеңші, Мәзбін соған, күлемін, Болғанымша көк ішек (І. Ж.).

КӨЛБЕК ҚАҚТЫ *Босқа көлбеңдей жүрді, көріністе дандайсып жүрді.* Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп, қағар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек (Абай).

КӨЛДЕНЕҢ ЖҮРГЕН [КЕЛГЕН] **КӨК АТТЫ** *Кез келген, кім көрінген.* Ертең келген соң, оқимын деген жеріне өз қолынан атарып тастайды. Айдаладағы көлденең жүрген көк аттыға баламды ертіп жібере алмаймын (С. М.). Жұрт жалазынан жасқанбаймын! Көлденең келген көк аттыға сынататын жайым жоқ (М. Ә.).

КӨЛДЕНЕҢ КІСІ *Былайғы жұрт, қатысы жоқ адам.* Ауыл адамдары: — «Бұнысы не лаң? Бұнысы не қиянат?» — деп елеуреп, Содыр болысқа сырттан жұдырық түйіп, шоғырланып жинала бастап еді, Көлен: — «Жау жоқта ер көбін кайтейін. Қойыңдар, әрі!» — деп ақырып, көлденең кісілердің көлгір сөзін тыйып тастады (Ө. Н.).

КӨЛДЕНЕҢ ҚОНАҚ *Туыстығы жоқ, күтпеген жерде келген мейман.* Көлденең қонақ Имамұса да дер кезінде жетті (С. Тал.).

КӨЛДЕНЕҢ ӨТКЕН КӨК АТТЫНЫ ЖІБЕРМЕДІ [ҚҰР ӨТКІЗБЕДІ] *Сайқалдық, жез өкшелік істеді.* Балауаның көңі-

лін суытамыз ба деген оймен: «Атбасардан қайтқан соң Ғалия күйеуі Біржаннан айрылысыпты. Содан кейін ол, бұзықтық әдетке салынып, көлденең кездескен көк аттыны құр өткізбейтін бопты»,— деген өсек таратты (С. М.).

КӨЛДЕНЕҢ СӨЗ Жағымсыз қауесет. Бар жайды көріп, біліп отырған сәуегей кісінің көлденең сөзді құлағына ілмейтін кейлін танытты (Ә. Н.). Ендеше, көлденең сөз былай қалсын, Қызықсыз, қысыр сөзге кім айналсын. Көңілін көркем таудың жайлауына Шығарып, сері салтаң кете барсын (І. Ж.).

КӨЛДЕНЕҢІНЕН КЕЗ БОЛДЫ [КЕЗДЕСЕ КЕТТІ] *Күтпеген жерден, аяқ астынан тап болды.* Әйтсе де, түсіну ұзаққа бармады, тағы бір оқиға көлденеңінен кез болып, оның қайта қабағы жабылды (М. И.).

КӨЛЕҢКЕ БАСЫН ҰЗАРТТЫ *Қараңғы түсті, көз байланды деген мағынада. Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса (Абай).*

КӨЛЕҢКЕДЕН ҚОРЫҚТЫ *Не болса, содан сескенді.* Ағайын момын еді..., көлеңкелерінен қорқатын еді (С. М.). Сендердің мені тас бауыр, қагіз, өз көлеңкесінен де қорқатын қоян жүрек, қорқақ, өз туысына да сенбейтін сорлы көріп отырғандарыңды сеземін (Ә. Ә.).

КӨЛ ИЕСІ ҚАМБАР *к ө н е. Киеліге табыну ретінде айтылады.* Аллаға әуел қарағым, Екінші пірге тапсырдым, *Көл иесі Қамбар*-ай, *Жол иесі Қамбар*-ай, *Қарағымға көз сал-ай (ҚЖ).*

КӨЛ-КӨСІР *Мол, өте көп.* Бір күні Тәңірберген Ебейсіннің *көл-көсір* дүниемен қалаға жүргелі жатқанын есітті (Ә. Н.).

КӨЛ ШАЙҚАДЫ *Дүниені көлбей басып, қызықтады.* «Кезінде көл шайқаған Әлима едім...». Құрысын, айтатын несі бар, қысқа өмір ит жыртқан қара терідей ырым-жырым боп өтті ғой. Кезінде қай қыз көл шайқамады дейсің (Ә. Н.).

КӨЛІНЕН ҚҰСЫ ҰШТЫ *Сәні, құты кетті деген мағынада айтылады. Құсы ұшып көлінен, Құты кетіп жерінен, Саба құрсақ билерден, Еңірген ерлерден Айрылып, адыра қалғанға (Ш. Б.).*

КӨМЕКЕЙДЕГІ КӨМЕСКІНІ БОЛЖАДЫ *Бір еудің ойындағысын, айтағын шамалады.* Сенің қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз, түбінде көмейдегі көмескіні болжайтын табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой (М. Ә.).

КӨМЕЙ ЖАПТЫ *диал. Судың құлағын, таралар басын бөгеді, жан-жаққа тарайтын жерін бекітті (Алм.: Шел., Еңб.).*

КӨМЕЙ [КӨМЕКЕЙ] СУЫРАДЫ *Тіл үйіреді.* (Дәмі өзгеше тағам туралы айтылып тұр). Әкелген тамағының дәмі өзгеше, көмей суырады, бұрынғы ішіп-жеп жүрген тамағына ұқсамайды (ШС).

КӨМЕЙ [КӨМЕКЕЙ] БҮЛКІЛДЕЙДІ **1.** *Өте шешен сөйлейді.* Омар орысша сөйлегенде, «көмейі бүлкілдейді» дейтін (С. С.). Арман сені де жақсы әзірлеген екен. *Көмекейің бүлкілдей берсін, шырағым.* Бірақ, айтқаным айтқан: я Телғарамен, я Абзаловпен бол! (Ә. Т.). **2.** *Бірдеңе айтқысы келді, дегісі келді.*— Мен білсем, сенің көмейіңде бірдеңе бүлкілдеп тұрған сияқты,— деді Сапар сөз бастап, ендігі әңгімеге өзі қозғаушы болмақ ойын байқатып қойып (А. Б.). **3.** *Бір еуден бірдеңе дәметті, құлқы шапты.* Бүлкілдеп тұрса көмейім, Мақұл демей, не дейін. Қағып сап едім екі жүзді, Бойым балқып, етім қызды (Ш. С.).

КӨМЕЙ ЖОҚ АҚЫН [ШЕШЕН] *Талмай айтатын, суырып салма ақын.* «Көмейі жоқ шешен» дегенді де естідік, «көмейі жоқ ақын» дегеннен құбылта алған болу керек (ЖЖ).

КӨМЕЙ КӨРІНДІ **○** **КӨМЕЙІН БАЙҚАДЫ** **○** **КӨМЕКЕЙІН КӨРДІ** **○** **КӨМЕКЕЙІ БЕЛГІЛІ** *Не дегісі келгені айтпай-ақ белгілі болды.* Дұрысырақ айтқанда, Қазақстан деңіз, көмейіңіз көрініп тұр,— деді Тарас (Ә. Қан.). Сендер бәрің жиналып, мені аластауға бекінген екенсіңдер! Осы үйде мен артық жан болсам, көзімді жоғалтайын,— деп Қалдыбай балаларының көмейін байқамақ боп, сөл кідірді (А. Б.). *Көмекейің белгілі, бала,—* деді ол,— тегі, өзің бұзылғалы жүрген бала-сың-ау деймін (С. М.).

КӨМЕЙ СУЫРЫЛДЫ **1.** *Тілі тіліне жұқпады, шешіліп сөйледі.* Ә деп, ауыз ашып еді, көмейі суырыла сөйлеп кетті жазғаным, мерейім сонда бір үстем болған (АТ). **2.** *Мейірлене сорып сүйді. Суырылсын көмейім.* Сүй, құшақта, Есім ауып өлейін (Б. К.).

КӨМЕЙІН БОСАТТЫ **○** **КӨМЕЙІНЕ БІРДЕМЕ ӨТКІЗДІ** **○** **КӨМЕЙІН БІТЕДІ** *Бетін сөзбен, парамен бері қаратты, аузын байлады.* Төрен не дейді? — деді бәрі жапырлап. Төренің көмейін босаттым білем. Тілін біліп сөйлесе, жылан да іннен шықпай ма? — деп тілмаш жігіт жымың-жымың етеді (А. Т.).— ... Менің үстімнен де жұрт арызды жаудырған сияқты. Сайлаушы қисайса, сайлатпай қоюы кәдік. Осының көмейіне бірдеме өткізіп қойсам қайтеді? — деді Жақып Шөкенге (Ғ. Мұс.). Қоспан нағашысының бір құнанын әперіп, Байсеркенің көмейін бітеді де, Жаңылды алып кетті (Т. А.).

КӨМЕЙІНДЕ БІРДЕҢЕ ТҰР *Бірдеңе айтқысы, дегісі келіп тұр, сөзі тілінің ұшына оралып тұр.* Көмейіңде бірдеңе тұр ғой,— деді Есенбек Жақыпбектің бетіне қарап (М. И.).

КӨМЕЙІНЕН БАЛ ТАМАДЫ *Әнді құйқылжытып, тамылжытып салатын және сөзге шешен адам туралы айтылады. Кейде шарлап кең даланы Бұлбұлындай даланың, Көмейімнен бал тамады, Баулап ән саламын (З. Қал.).*

КӨМЕЙІНЕ ТАС [ҚҰМ] ТЫҒЫЛДЫ [ҚҰЙЫЛДЫ, ТҮРДЫ] ○ КӨМЕЙІНЕ [ТАМАҒЫНА] КӨЛДЕНЕҢ ТҮРДЫ *Тамағына тұрды; үні өшті; жегені желкесінен шықты. Репродуктор атаулының көмейіне тас тығылғандай, қақала қалды да, көп кешіккен жоқ, қайтадан саңқылдап қоя берді (Ж. Т.). Қасқырбайды өлтірген Жантас емес, халық қарғысы. Кешегі набор кезінде ел-жұрттан жеген парасы кере болып, көмейіне көлденең тұрған ғой... (Ө. С.). Бұрын хан жоқта ханның орнына хан болып жүрген бас уәзір, хандыққа таласпай-ақ, өзі ұсынып тұрған соң, қалған уәзірдің көмейіне құм құйылды да, жас бала хан болды (Қ.Е.).*

КӨМЕЙІ ТҮСІНІКТІ *Құлқы, пікірі, ойы белгілі.—Сіздің де көмейіңіз енді түсінікті болды. Мұнығызды білгенде, энеугүні Тасболатов жолдастың өзіне бір-жолға жолыға келетін едім ғой. Сіз ғой менің обалыма қалған — деді Батырбай Көдірге (М. И.).*

КӨМЕЙІНЕ [КӨМЕКЕЙІНЕ] ТІРЕЛДІ *Айта алмай, бөгіліп қалды. Мұрат қызарып, сұрланып, көмейіне тірелген сөзін күрмеліп, әрең айтқанда, Айша оның жүзіне үрпие қарады (Т. А.). Бұлай болуы да мүмкін емес деген сөздер де Марианың көмекейіне тіреліп, айтылмай қалып қойды (Ж. Т.).*

КӨМЕЙІҢДІ АЙТ *Демек ойыңды, айтқалы тұрғаныңды білдір.—Сұлтанжан-ау...— деді Қалтылдақ шал.— Жә, жетер! Көлгірсімей, көмейіңді айтшы — деді Сұлтан (Т. А.).*

КӨМЕК БЕРДІ [БОЛДЫ] *Жәрдем істеді, қолғабыс тигізді. Кегеді оларды алса, дәулет бізден, Дәулеттің кетпейтұғын қамын ізден, Бұл жерден қідірместен Көбілге бар, Кімім бар көмек берер бөтен сізден (Т. I.). Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек. Ғадәлет пен мархамат — көп азығы, Қайда көрсең, болып бақ саған көмек (Абай).*

КӨМЕКЕЙІН СУЫРЫП АЛДЫ *Жақ аштырмай қойды, сөйлегенді. Әуелі жұрт жоқта кекті сөз айтып, қайнысының көмекейін суырып алды (АТ).*

КӨНЕК БАС *Үлкен бас. Уай, мына көнек бас немеге таяқ өтуші ме еді (АТ).*

КӨНЕККЕ ТАС САЛҒАНДАЙ *Тамақты көп жейтіндер жайында айтылады. Бұл шіркіннің қарны қандай еді, көнекке тас салғандай тартып жатыр (АТ).*

КӨНЕКТЕЙ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] **1. Күп боп ісіп кетті.** *Мейлі ұрсын мұрнына, мей-*

лі бетке, Шықшыты сынсын, тепсін көкірекке, Аузы көнектей боп, қан түкіріп, Тұрады жеңілгендер шығып шетке (Қ. Т.). Басы көнектей болғанша, ұйықтай береді (АТ). 2. Мақтанып ісіп-кепті. *Шырағым-ай біреудің буына осынша көнектей боласың, өзің болсаң, қайтер ең (АТ).*

КӨНЕКТІ СЫРТТАН СҰРАДЫ [САЛДЫ] *Сырғақтады, жоламады, жақындамады. (Дұрдараз болғанда айтылады). Көк соқсын, көк соққыр. Көнекті сырттан сұрап, бұртыңдауың жаман еді (Қ. Қуан.).*

КӨН ЕТІККЕ ҚҰРЫМ ШҰЛҒАУ *Әр нәрсе өзіне лайығымен, әркім өз теңімен. (Місе тұтпау, кеміту мағынасында айтылады). Ағаш атқа жіп құйысқан дегендей, ескі-құсқыңа не деуге болады: көн етікке құрым шұлғау, әр нәрсе өз орнымен (АТ).*

КӨН ЕТІКТІ *Кедей. Көн етікті деме-сен, Көпті бұзар сөзім бар (ШС).*

КӨНЕ [КӨРІ] ҚҰЛАҚ *Көп жасаған, көпті көрген, есіткені, көкірекке түйгені көп қарт. Елдің көне құлақ көриялары: «Бұл жидені Сыр бойына баяғыда Жидебай әкеліп еккен екен»,— деп сөз бастайды (ЛЖ).*

КӨН КӨҢІЛДІ *Тас бауыр, селт етіп, шіміркенер сезімі жоқ, қатыгез адам. Абай «сорлы бауырым, жазықсыз бауырым» деп, зар шегер болса да, мынадай іші дұшпандықтан қатып қалған көн көңілді жандардың алдында оны істесе, адасқаны (М. Ә.).*

КӨНТЕК АУЫЗ *Ерні дүрдиген кісі, дүрдік ауыз. Жақыптың көнтек ауыз, жуан бөксе әйелі ырдуан үстінде өгіз айдап келеді. Сыздық соның астыңғы жағына қарай береді. Астында бір бума жатыр (Ғ. Мұс.).*

КӨН ТУЛАҚ *Көнбіс, илеуге түскен. Абылай хан, алаш, ақ, Қанды бандә Анненков. Ел бір жатқан көн тулақ, Әйдәй түсті сабауға (I. Ж.).*

КӨНІ ЖІБІДІ *Тұла бойы жіпсіді, бо-сады. Жас малдың сорпасы байғұстың көнін жібітті білем, сел-сел боп, терлеп сала берді (АТ). Жібіді көні, жібіді — Дімкәс шешем кешегі, Сел-сел болды, терледі, Терге батты төсегі (I. Ж.).*

КӨНІ КЕПТІ *Шөлдеді, сусады. Ағады бұлдыр қағып, нұр балбырап, Еркелеп нұр көусарын қанып ішті Ежелгі көні кепкен қу топырақ (С. Кер.). Жанып тұрған оттай ыстық жазира шөлде көнің кеуіп, қуырдақтай қуырып, жан алқымға таянып, тамшы суға зар болып, көз шүңірейіп, кеңірдек үңірейіп, жүрегің сазарып, толықсисың (Ө. Т.).*

КӨНІҢ КЕПКІР! [ҚУРАҒЫР!] ○ КӨНІҢ КЕПКІР, КӨНІҢ КЕУІП БАРА МА *қ а р ғ ы с. Шөлден қаталап қалғыр деген мағынада. Шілденің күні ғой, кісі жемес,*

көңің кепкірдің эзер көні кеуіп қалса да! — деп қайтадан бұрынғы орнына барып жағқысы келді (М. Ө.). — *Көңің кепкірдің көні кеуіп қапты ғой — деп, Месіт қасына шөмішпен салып қалды (М. Ө.).*

КӨҢІЛ АЗДЫ *Бұл жерде жадап-жүдеу мағынасында айтылып тұр. Ат басына күн туса, Көксімдегі күй болар. Көңіл азып, тон тозса, Берген көйлек кез болар (Ш. Қ.).*

КӨҢІЛ АЙТТЫ *Өлген адам жайында жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айты. Аспанда күн күшігіп, күйді қатты, Өкіріп жел мен жер де жылап жатты. Ереймен бұлақтары көлге жылап, Серіге көл күрсініп, көңіл айтты (І. Ж.). — Бұл көңіл айту емес, табалау, — деді Досбол (М. А.).*

КӨҢІЛ АШАР *Еңсені көтерер, сергітер. Тамаша боп маужыраған көңіл ашар жарқын күннің кеші қара суық. Түні қатал. Аңқыған аядаы жел (М. Ө.). Көңіл ашар тотымсың, Жайнаған шоқ, отымсың. Кең дүниені көре алмай, Тар қапаста отырсың (С. Д.).*

КӨҢІЛ АШТЫ *Қуантты, сүйіндірді, көңіл көгерді. Ешкім жоқ, шер тарқатып, көңіл ашар, Жүректің күйіп-жанған дертін басар, Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым, Жүрек — от, көңіл — дария, халім нашар (С. С.). Жатасың қорыққандықтан, қазып көрді, Күлдірдің болмасты айтып, мендей ерді. Күлдіріп, көңіл ашқан ақын үшін, Азат қылдым деді де, қоя берді (С. Т.).*

КӨҢІЛ БЕРДІ [СЕНДІ] *Иланды, сенді; бой ұрды, ден қойды. Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ, көрсе қызар нәпсіге ерме! Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көңіл берме! (Абай). Жаз жіберіп, жан берген қара жерге, Рақметіне алланың көңіл сенер (Абай). Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз (Абай).*

КӨҢІЛ АУДАРДЫ [БӨЛДІ, БҰРДЫ, ҚОЙДЫ] *Назар, зер салды. Әбдірахман жаңа қозғалған еңбек жайындағы, еңбекші ел жайындағы сөздерге өзгеше көңіл бөліп, Абайдың соңғы сөзінің тұсында тың бір жайға ой тоқтатып еді (М. Ө.). Әйткенмен, өткен кезде орыстың және шетелдердің бірсыпыра ғалымдары ауыз әдебиетінің шығу жайына біраз көңіл аударып, әр түрлі пікірлер айтқанды (М. Ғ.). Көңіл бұрар, ой толқындар, я қуантып, я қайғырар, я сергітер, я қажытар, субъектінің рухани өміріне ұрық себер, жүрегіне ұялар, толғағына айналар нәрсенің бәрі де лирикаға айналар (Ө. Т.). Әр алуан үй мүліктерінің ішіндегі бір көңіл қоярлық нәрсе, ерте кездегі аяқ-табақтар (ҚССРТ). Жақсы сөз, жақын үміт төгтілікті Кемітер, көңіл қоймас, кекенкірер (Абай).*

КӨҢІЛ БІЛДІРДІ *Сыңайын танытты, ұстаған бағытын, ойын сездірді. Жаңа жылды қуанышпен қарсы ала отырып, жақсы тілек, жадырасқан көңіл білдірген (М. Ғ.). Ой, шіркін-ай, осы соғыстан аман-есен елге барсам, өзім ұнатқан қызға қосылмай-ақ, көңілімді білдірер едім (Қ. И.).*

КӨҢІЛГЕ АЛДЫ 1. *Өзіне мақсат етті, ниет етті. Уайым аз, үміт көп, Ет ауырмас бейнетке, «Бүгін-ертең жетем» деп, Көңілге алған дәулетке (Абай). 2. Өкпелеп қалды, ренжіп қалды. Жетім боп өскен неме ғой, қит еткенді көңіліне алады (АТ).*

КӨҢІЛГЕ [ОЙҒА] АУЫР АЛДЫ *Сөзді көтере алмады, ренжіді. Жақып жасы үлкен болса да, директордың танысын-біліспей жатып, «сен» деп сөйлегенін көңіліне ауыр алып қалды (М. И.). Ақбалтыр бұл сөзді көңіліне ауыр алды (З. Ш.).*

КӨҢІЛГЕ БЕКІТТІ *Есте сақтады, жадында ұстады. үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек (Абай).*

КӨҢІЛГЕ ДАҚ [ДЫҚ, КІРБІН, ҚАЯУ, ҚЫЛАУ] ТҮСТІ [ІЛІНДІ] **КӨҢІЛ ҚА-БАРДЫ** *Ренжіді, реніш тапты. Еламан мейлінше адал жан. Көңілге қылау түспесе дейді. Жарты көңілі бұрынғы әйелінде жүргенде, ол өзін жарымжан кісідей сезеді (Ө. Н.). Шырағым, бас иесі кетіп, көңілі қабарып жүрген жанбыз ғой. Әншейінде еленбес еді, қазір жоқ нәрседен көңілге кірбің іліне кетеді (АТ). Қыз көңіліне дақ тускелі көп болды; мұңданып жүргенін көрген жұрт сыртынан неше түрлі тон пішіп қояды (АТ). Туған жерге қайтып оралып, жақын-жаранда-рымен қауышқан қуанышы Қоспанға сондағы көңілге тускен дақты ұмыттырып жіберіп еді (Т. А.).*

КӨҢІЛГЕ ҚАРАДЫ **РАЙҒА ҚАРАДЫ** *Ренжіткісі келмеді, сыңайымен есептесті. Қатты ренжісе де, баланың көңіліне қарап, үндеген жоқ (АТ). А, тазша, әлі қарап тұрмын көңіліңе (ҚКВС). Баяғыдан райыңа қарап келдім, енді сынсам, оның да себебі бар шығар (АТ).*

КӨҢІЛГЕ ҚАЯУ АЛМАДЫ **КӨҢІЛДЕ ҚАЯУ ЖОҚ** *Ойында реніш, кірбің болмау мағынасында айтылады. Бір күні келіп өмірге, Екеуі бірге өсіпті. Қаяу жоқ бала көңілде, Қызықты бірге сүріпті (М. Ө.). Көңілге қаяу алмай, ренішсіз аттана гөр, шырағым (АТ).*

КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ *Ұнамды, ойдағыдай. Әкесі күліп сөйледі: Біп-рас, сөзің орынды. Көңілге тіпті қонымды. Иттің даусы қайнатып Жүрген менің сорымды (Ө. Т.).*

КӨҢІЛГЕ ҚУАТ [МЕДЕТ, МЕДЕУ] ҚЫЛДЫ [ТҰТТЫ, ЕТТІ] **КӨҢІЛГЕ ТОҚ САНАДЫ [ЖҰБАНЫШ ЕТТІ]** *Іштей сүйемел егу, арқа сүйер егу мағынасында айтылады. Оңалмай бойда жүрсе*

осы қыртың, Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың? Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық, Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың (Абай). Сондай кесел туысқан Қай жерінен болады Көңілге медеу, ол тыныс? Айтқан сөзге көнбейді, Өз тентегін көрмейді, Қазан бұзар бір қырыс (Абай). Көңіл жұбатар үлкен үміт бұлттан шыққан айдай, кейде, ол қуанып, дем беріп, қанат бітіріп қалғандай болады (М. Ә.). Сыырының биылғы бұзауы мен үш қарасы бар. Күреңбай ғана малын көптей көріп, көңілге тоқ санайды (С. М.). Осындай өжет қимыл, ерлік істердің күн санап көбейіп келе жатқанын генерал Панфилов көңіліне тоқ санайтын (Т. А.).

КӨҢІЛГЕ НҰР ҚҰЙЫЛДЫ [ҚҰЙДЫ] Шаттанды, бақытқа бөленді. Біздің азат анамыз Ана атанды өмірге, Біз бақытты баламыз Нұр құйылған көңілге (М. Х.).

КӨҢІЛГЕ САЛҚЫН, КӨЗГЕ ЖАТ Кісіге аса жаман әсер етер нәрсе туралы айтылады. Бір қарағаннан-ақ мола екендігі байқалады: көңілге салқын, көзге жат (В. М.).

КӨҢІЛГЕ ТҮСТІ Көз алдына елестеді, ойға келді. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әр нешік өз суретіменен көңілге түседі (Абай).

КӨҢІЛГЕ ТІК КЕЛДІ Ауыр тиді, қарсы келді. Ойымнан ой бөліп, Қозғады тамырды, Көңілге тік келіп, Кетірдің сабырды (Абай).

КӨҢІЛДЕГІ ЖЕРІНЕН ШЫҚТЫ Ойлағандай, біттегеніндей болды. Бөрібай кемпірдің көңілдегі жерінен бір-ақ шыққысы келіп, әдейі жерін айтпай, руын айтты (Т. А.).

КӨҢІЛДЕГІ ҚАРАНДЫ АШАДЫ Ойдағы арамдық, қайғы, уайымын тарадады.

КӨҢІЛДЕГІ КІРДІ ТАПТЫ Ойындағы сырды білді. Айтшы маған сырынды, Тірі болсам табамын Көңілдегі кіріңді (ҚЖ).

КӨҢІЛДЕГІ МҰҢДЫ АЙТЫН, КӨЗДЕГІ ЖАСТЫ ТЫЙДЫ Тоқтау айтты, жабыққанды жұбатты.

КӨҢІЛДЕ КӨЛЕҢКЕ ҚАЛМАДЫ Ойда күдік болмады. Тағы да қозы көш жер көштік. Жылқышы өлі ме, тірі ме, — көңілімізде көлеңке де қалған жоқ (Ғ. М.).

КӨҢІЛДЕН КӨҢІЛ СУ ШЕР Рухани сұхбаттасу мағынасында айтылады. Шырағым, көңілден көңіл су ішер дегендей, жақсы бейіл-ыққиласыннан ой сусынын бір қандырдым (АТ).

КӨҢІЛДЕН КІР [ДАҚ, ДЫҚ, КІРВІН, ҚАЯУ, ҚЫЛАУ] АРЫЛДЫ [АШЫЛДЫ, КЕТТІ] Көңілде жүрген өкпе-араздықтың, реніштің ізі өшті. Қарағым, сені көрген соң, көңілден кірім арылды (МЗ).

Көңілімде қалған кір жоқ, кетті сайтан (І. Ж.). Ойдағысын орындап, Көңілімде қалмай дақ. Жиырма беске жеткенде Сол жерде дүние салады (Н. Б.). Кімнің кірі жуса ашылады, көңілдің кірі қуса ашылады (АТ).

КӨҢІЛДЕРІ БІТІСТІ Біріне-бірінің көңілі толды, риза болысты. Бір-бірін түгел көрген соң, Көңілдері бітісті (МЗ).

КӨҢІЛДЕС БОЛДЫ 1. Ер адам мен әйелдің жасырын көңіл қосуы мағынасында. 2. Тату-тәтті болды. Жасынан көңілдес болып, тату құрбылығы жарасып өсіп еді (АТ).

КӨҢІЛДІ АЛАҢ ЕТТІ КӨҢІЛДІН ТЫНЫШЫН АЛДЫ Ой-көңілді бөлді. Дегенмен, көкейде сайрап тұрған сан ойым, көп толғантқан, көңілімді алаң еткен жайларды басқалар да құптар деген, қолдар деген ниет мені ақтарыла сөйлеуге мәжбүр етті (М. Ә.).

КӨҢІЛДІ ҚОЗҒАДЫ Ойды тербеді. Сөзі көңілді қозғап, сезімді шымшылап, ерекше күйге түсіруші еді (АТ).

КӨҢІЛДІН ЖАЙЛАУЫНАН [КӨК ЖАЙЛАУЫНАН] ЕЛ КЕТТІ КӨҢІЛДІН ЕЛ КӨШПІ КЕТКЕНДЕЙ БОЛДЫ. Ақын бұл жерде көңілдің құлазыған шағын айтып отыр. Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр талап, дөметкенге. Сол қасқырша алақтап түк таппадым, Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? (Абай). Ләззат көңілінен ел көшіп кеткендей құлазып, дел сал боп жүрді (Т. А.).

КӨҢІЛДІН КӨЛЕҢКЕСІ Көңіл күйі, көңілдің сазы, хошы. Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің, Тактысына билесін ол құлаққа (Абай).

КӨҢІЛДІН КҮНІ ӨШТІ Үміт үзілді қызығы таусылды. Қараңғы түнде қапалық, Жүректі басты, шықпас күн. Қолдан келген қайратым — Барымды айтып шыққан үн. Көңілімнің күні өшкен соң, Қайғылы қара болар түн (Абай). Жалтыр құздан құладым, Қолымнан кетіп сүйеніш. Көңілімнің күні өшкен соң, Жалғанда болмас жұбаныш (Абай).

КӨҢІЛ ҚҰСЫ Арман, қиял. Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта (Абай).

КӨҢІЛДІН ҚҰСЫ ҰШТЫ Ой, қиялдың құйқылжуы туралы айтылады. Түспей жүрмін төбеден, Көңілдің құсын ұшырып, Барымды базар етпесем: «Еттің, — дерсіңдер, — кісілік» (О. Шор.). Көңілдің құсы ұшқан дүр, Қон десең де қонбасты (БЖ).

КӨҢІЛДІН ҚҰШЫ [ЗАУҚЫ] ЖОҚ КӨҢІЛДІН ҰШҚАН ЖОҚ. Көңілдің еш нәрсеге зауқы жоқ. Татқан тамақ ақау татиды (АТ).

КӨҢІЛДІН СУАТЫ Көңіл мейірімі. Шырағым, менің көңілімнің суаты да, қуанышы да сенсің (АТ).

КӨҢІЛ ЖАЗДЫ 1. *Бой сергітті (серуендеді). Жүрші, қырға шығайық, бой көтеріп, көңіл жазайық (АТ). 2. Көңілде дық қалдырмады.* Енді, Құнанбай тым құрыса, Ұлжанмен арызласып, көңіл жазып кетпек (М. Ә.).

КӨҢІЛ ЖЕТЕР АҒАЙЫН [ЖОЛДАС] *Қадір білер деген мағынада.* Аманшылық болса, балам, ертең жүресің, бүгін көңіл жетер ағайынды шақырып, дәм таттырайық (АТ). Жаңа бір амалға көшті. Көңіл жетерлерін шақырып, үйіне қонақ етті (С. Сей.). Шоңмұрын: *Көңіл жетер* жерге сауын айттым (М. А.).

КӨҢІЛ ЖҰБАТАРЫ *Ойға медет тұтары, алданыш етері. Көңіл жұбаттар* алдағы үлкен үміт бұлттан шыққан айдай, кейде, ол қуанып, дәм беріп, қанат бітіріп қалғандай болады (М. Ә.).

КӨҢІЛ [-І] ЖҮЙРІК *Білгір, алғыр.* Базаралы мен Дәркембай, бірі үлкен, бірі жас болғанмен, екеуі бірдей ер, өр және көңілі жүйрік адамдар болғандықтан, кездесе, шұрқырасып табысады екен (М. Ә.). *Көңілі жүйрік* шал бірдеңені сөзіп қалғандай (Ә. Н.).

КӨҢІЛ ЖҮЙРІК ПЕ, КӨК ДӨНЕН ЖҮЙРІК ПЕ? *Ұшқыр қиял туралы айтылады.* Шырағым-ай, көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? Оймен күнде барып қайтар жерім көп (АТ).

КӨҢІЛ ЖЫРТПАДЫ *Ащы сөзге келмеді, бетін қақпады.* Алдау үшін көз жұмғанды «өлді» деп, *Көңілін жыртпай* шұғылаңды сенді деп, Нені көрсе, соған ерген балалық (С. Д.).

КӨҢІЛ ЖІБЕРДІ *Ықылас қойды, илтүпағ етті.* Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп, Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп. Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт, Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп (Абай).

КӨҢІЛ КӨГІНЕ ҮЙІРІЛГЕН *Ойға бекем жиналған.* Тек, көптен бері көңіл көгіне үйіріліп келген күдіктің бұлты айығып, үміт шұғыласы орын тепті (Ә. Ә.).

КӨҢІЛ КӨТЕРДІ [СЕРГІТТІ] ○ КӨҢІЛІН ДЕЛБЕДІ *Шаттанды, ойнап, күлді; қош-қошуақ етті.* Ертең кірпіш басуға кірісеміз. Возбалаларды көңілдендіру үшін, өзім де бірге істеспекпін. Демалыс уақыттарында, газет, кітап, өлең оқып, *көңілдерін көгерейін* (Б. М.). Балықшылар Райдың *көңілін делбеп*, бірінен соң бірі шақырып, қонақ қып сыйлауда (Ә. Н.).

КӨҢІЛ КҮЙІ *Ішкі сезім, ой дүниесі, зауы.* *Көңілдің күйі* тағы да Өмірсіз жанның алды ішін. Аударды өлең жағына, Нәпсінің сынған қайғысын (Абай). Түн түндігін түріп ашып, Түнекті сен серпесің. Алтын таңның нұрын шашып, *Көңіл күйін шертесің* (Ж. М.).

КӨҢІЛ КІРІ *Ойында жүрген өкпе, реніш.* (Өкпе, реніш түсініскеннен кейін тар-

қайды деген мағынада тұр). Жат етіпті пірлерін, Тарқатып *көңіл кірлерін* (МЗ). Құдай берген бұл достық — көннің бірі. Мұңдасқанда қалмайды *көңіл кірі*, Қолдан достық жасап ем болар-болмас, Ит мұрындай наданның жыртты бірі (Абай). Тірі жан көреді екен бірін-бірі Ауыздан айтса кетер *көңіл кірі* (МЗ).

КӨҢІЛ ҚАЗЫ, КӨЗ ТАРАЗЫ *Адал ниет, әділ іс мағынасында.* Ей, хазірет! Оғыңды кімге қадағалы келесің?... *Көңіл қазы, көз таразы,* жабысқан жала көп те, кінә жок еді ғой Ақәңда (Ғ. М.).

КӨҢІЛ ҚОС АЙТТЫ *диал. Кісісі қайтыс болған үй ішіне көңіл айтты; қайғы-қасіретіне жұбаныш айтып, ниеттес көңілін білдірді.* Балаңыз... Унгри түбіндегі ұрыста хабарсыз жоқ болды деп бастап, үй ішіне *көңіл қос айтты* (Қ. орда, Арал).

КӨҢІЛ ҚОСТЫ *Бірін-бірі ұнатып, қосылды; ерлі-зайыпты Золды.* Шұға мен Әбдірахманның *көңіл қосқан* қалпын естігенде, Күзіпа жылапты деп қатындар өсек қылып жүрді (Б. М.). Мен айттым *қосайын* деп *көңіл* саған, Жаныңды жәнума әпкел маған. Дюю деді, азырақ ойнайын, Жанымды әкелгенім болар жаман (ҒН).

КӨҢІЛМЕН ҚАРАМАДЫ *Ықыласын салып, назар қоймады.* Жанды тәнге бас ұрғыздық, Еш нәрсеге *көңілменен қарамадық*, Көзбен де жақсы қарамадық, Көңіл айтып тұрса, сенбедік (Абай).

КӨҢІЛ САЛМАДЫ *Көңілін бермеді; ықыласы аумады, ниеті болмады.* Сөзімде ей, патша, жоқ-ты жалған, Дююға өлсем дағы *көңіл салман* (ҒН).

КӨҢІЛ СҰРАДЫ *Аурудың, дертті кісінің жағдайын, халін білді.* Неше күндей ауырып жатқанымда, *көңілімді сұрауға* бір кісі жібермедіңіз, тым болмаса, жолдас ақым үшін, өзіңіз келіп халімді білмедіңіз, — деп өкпе айт, — деді (ҚЕ). Ұлжан әл үстінде жатқанда, Майбасар *көңілін сұрап* отырып, өрескел сөйлеп пе? (М. Ә.). — «Сапекеңнің бәйбішесі сырқат, *көңілін сұрайын»,* — деп шықты (Ғ. Мұс.).

КӨҢІЛ СҮЙЕР *Ең жақын дос, дос-жар, қалаулы кісі.* Он жеті — он сегіз жас — балалық пен жігіттіктің аралығы. Бұл кезде бала жігіт шын *көңіл сүйерін* өз жүрегімен таңдап ала да бермейді (Т. А.).

КӨҢІЛ ХОШЫ КЕТТІ [ЖОҚ] *Бей-жай болды; қуаныш жайты болмады.* Сұрады неше күндей Сағит досы, Кетіпті ғәйіш ғишрат *көңіл хошы.* Сұрады өлемін деп Сағит қанжар, Деді де көрсеткенің маған осы? (ҒН).

КӨҢІЛІ АЛА 1. *Әділетсіз ниет, надұрыс мінез туралы айтылады.* Ала қойды бөле кырыққан жүнге жарымайды — деп, бұл *ала көңіл* неме, айналдырған бес үйді алтыға бөліп қарайды (АТ). **2.** *Ойы он саңқа жүгірген.* «Түйе мінген қазақ төрт

ауыз өлең біледі» деген сияқты, *көңілі ала*, ұйқысы шала, батпандай арқалаған қойшы жүрегінің жарасын, көкірегінің шерін, жалшылық мұң-зарын ең далада жалғыз өзі баяулатып әнге қосатын (М. Е.).

КӨҢІЛІ АЛАҢ [ЕКІ] БОЛДЫ *Ойы бөлінді*. Өзім бас-көз болам, артыңа қарайлап, *көңілің екі болмасын*, Көкежан, — деп Жексен қарт бетін сипады (Т. А.). Бастайын бір кеңесті алып қалам, қашаннан бола жүрген *көңіл алаң*. Біреуін баян етсем бекер болмас, Іс өткен неше түрлі заманадан (М. С.).

КӨҢІЛІ АЛЫП ҰШТЫ *Жүрегі атша тұлады, тебіреніп кетті*. Қайын атасының уәделі күннен бұрын келгеніне қуанып, жас балаша *көңілі алып ұшып* барады (Ө. Н.). Кісідей арқалаған нақақ жала, Тағдырға тадбір таппай, қалма шала. *Құр көңіл алып ұшқан* ешбір болмас, Жоқ болсын, бір тозаңдай көңілде ала (А. Қор.).

КӨҢІЛІ АУДЫ [БӨЛІНДІ, КЕТТІ, ҚҰЛАДЫ] *Құштар болды, ықыласы түсті*. Жұрт әуес болған сұлудың *көңілі ауды* сыртынан Ер Қамбардың күшіне (ҚамБ). Қамбар айтты өзіне: *Сыған көңілім бөлініп*, Ұмытып кетсем жұртымды, Құдайдың — деді — ұрғаны (ҚамБ). Сандыбай үйшінің осы мақпал қараның үйірін қалауға да *көңілі кетті* (Ғ. М.). Елдің түрі көрінді Етек-жеңін жинаған. Шаруасына көрінед Көбінің *көңілі құлаған* (І. Ж.). Ол келіншекке бір кезде Тәңірберген ағанның *көңілі құлап*, ауаланып жүрген (Ө. Н.). Далада екі тышқан май тауыпты, Шығынсыз екеуі де жай тауыпты, Жанжалдасып бұл майды бөлісе алмай, Маймылға білдіруге *көңілі ауыпты* (С. Т.).

КӨҢІЛІ АШЫЛДЫ *Ойы сергіді, қуаныш тапты*. *Көңілім* қисса жазсам *ашылады*, Латафат фахри гүл шашылады. Қиссасын Сейфүлмәлік талап етіп, Жазуға көңіл қоштап асығады (ҒН).

КӨҢІЛІ БАР *Ұнатады, сүйеді*. Ойбай-ау, оның сенде *көңілі бар* (Т. А.). Қызыңның оқуға деген *көңілі бар* ма, жоқ па? Болмаса, жұрт сүйтедіге салып отырсың ба сен де (АТ).

КӨҢІЛІ БАСЫЛДЫ *Жайланды, іштей тебіренуі басылды*. Кірердегі лоблығын *көңілі басылып*, Айша енді өзін-өзі билеп алды (Т. А.). Кел сүйгенім қасыма, Сүй, мойныма асыла, Жас баладай жұбанған, Қалсын *көңіл басыла* (Б. К.).

КӨҢІЛІ БОСАДЫ [БҰЗЫЛДЫ] 1. *Қамықты, қобалжып, толқыды*. *Көңілі бос* көрінің Көкейлерін ұғынар. Көтермей жалынып, Көзден жасы құйылар (Жамбыл). Сыр суы *көңілі босап* сыңқылдаған, Аспанда қаз бенен қу қыңқылдаған. Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей, Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған (І. Ж.). 2. *Жылағысы келді*. Үйде отырғандардың

көңілі босап, көзіне жас алмағандары болмады (Қ. Тай.).

КӨҢІЛІ БҮТІН *Уайымы жоқ, төрт құбыласы тең кісі*. Шырағым, *көңілі бүтін* кісіге береке дариды (АТ).

КӨҢІЛІ БІЛДІ *Ойы сезді*. Екеңін періштелеу *көңілім білді*, Дем алғызбай, кеудеме келіп мінді, Қолында күрәсі бар, түсі суық, Жанымға бір шыбындай қысым қылды (Ш. Қ.).

КӨҢІЛІ ДАУАЛАМАДЫ *Жүрегі батпады, батылы бармады*. Бес жасар баланың батырлығын жалаңаш кездікке құлатып сынаиды ма екен кісі? Жазым болса қайтеді? ... Жоқ, баланың *көңілі дауаламас* (І. Е.).

КӨҢІЛІ ЕНЖАР [ҚАЯУ] *Уайым-қайғылы, жабырқақты*. Өлеңде менің сірә, нем бар еді. Сұм дәурен мен дегенде кемтар еді. Көрсетем қандай сиқын, қай тұрпатын Тілде тұсау, *көңілім енжар* еді (М. Ә.). Базарда біреу атты, біреу жаяу, Азы шат, көбі жүдеу, *көңілі қалау* (Д. Ә.).

КӨҢІЛІ ЖАБЫҚТЫ [ҚАМЫҚТЫ, ТАРЫҚТЫ, ҚАМЫРЫҚТЫ] © КӨҢІЛІНЕ ҚҰСА [УАЙЫМ] ТҮСТІ *Қайғырды, уайымдады*. Күз болды деп *көңілі жабығады*, Күз күні жанды-жансыз қамығады. Кетіріп әдемілік, көркемдікті, Желі де иттей ұлып жынданады (С. М.). Қазақтың келіспеген әдетінен *Көңіліне* бейшараның түскен *уайым* (М. С.). Сайрай бер, тілім, Сарғайған соң бұл дерттен. Бүгілді белім, Жар тайған соң әр серттен. *Қамырықты көңіл*, Қайтсе болар тоқпені (Абай).

КӨҢІЛІ ЖАЙ [ТОҚ] *Ойында алаңы жоқ*. Ішкені мас, жеген тоқ, Бай-кедейдің *көңілі жай* (ҚБ). Басымда бар алтын шоқ, Көкешім барда *көңілім тоқ* (ҚБ).

КӨҢІЛІ ЖАЙЛАНДЫ [ДАУАЛАНДЫ, КӨНШІДІ, БІТТІ, ТЫНДЫ, ОРНЫҚТЫ, САЯ ТАПТЫ, ОРЫНА ТҮСТІ, ТОЙДЫ, ДЕМДЕЛДІ] *Дегені болды, жаны жай тапты, іштей риза болды, ойындағысы болды*. Алып ұшқан, толқымалы *көңіл орнығып*, берік сенімге ие болды (М. И.). Жәнібек бас жауы Көк орда ханын жеңгеннен кейін, *көңілі азырақ сая тапты* (І. Е.). Жұрттың *көңілі тынды*, Екпіні қатты дауылдай Ерлігін әбден сынады (ҚамБ). Сансызбайды көрген соң, Жібектің *көңілі тояды* (ҚЖ). ... Аман Ақмолаға тек сүйсінумен, қызығумен болды. Кіріпші үй сыртынан қораш еді, ішіне енгенде, бұған да *көңілі тойып* қалды (Ғ. Мұс.). Оне бойдан сіркедей мін таппадым, Көрмеген жаным екен, *көңілім тойды* (ҚКВС). Кінген Ақбөпе де жігіт болып, Өңіне шырай біткен нұры толып. Әмірхан туыстарын таныстырып, Бәрі мез, қуанышта *көңілі толып* (И. Б.). Дұшпаннан құтылып, *Көңілдері жайланды*, Жөнелтуге Құртқаны Көктім аймақ ойланды (ҚБ). Сілке киініп тымақты, насыбайды Бір атасың *көңілің жайланғанда*. Таудан жиде тергендей ала

берсе, Бір жасайсың құмарың әр қанғанда (Абай). Сырым сөйлесе, шеттігіне іліндіріп сөйлейді-ау! Өрге айдамаса, көңілі көнши ме?— деді (М. Ө.). Шахтерлерге мереке, Серпе күрек сермесе, Көңілі көншіп жай табар, Көп қопарып терлесе (Қ. Ай.). Бір ұрмай, көңілі көншімейтін болғандықтан, Айдарбек құшырланып... Зейнепті желкеге қойып кеп қалды (Б. М.). Балаңды таратып, көңіліңді бір демдедің бе, мұғалім (Б. М.). Айым да сен Ғалия, күнім де— сен, Оң қабағым тартады, күлімдесең. Менің көңілім дауалансын Ғалия, Ауған түйе секілді бейімдесең (Б. Ш. Б.). Кейін қалған жас бала Күдер үзіп біздерден, Көңілі қашан жай табар (М. Ө.). Елес беріп, қонды түзде қарлығаш, Егіндерге босатты орын қалың тас. Соның үшін жас көңілі жай тауып, Бұл орыннан тұрды бір кез қарындас (Х. Ер.).

КӨҢІЛІ ЖАҚЫН 1. *Әйел мен еркектің арасындағы жақындық.* Хатшы бала мен Раушанның көңілі жақын деген рас па екен?— деп бір қатын Күлзипаға төне түсті (Б. М.). Ұшбыр таптап тұратын бір ұстаның менімен көңілі жақындау бір сұлу қызы бар еді (С. С.). 2. *Тату, сырлас көңіл.* Осында көңілі жақын бір ағайым бар. Сырласып тұрамыз (АТ). Жоқ еді бір туысқан аға-жеңгем, Көңілім жақын тартты сізге дем-дем (ҚКБС).

КӨҢІЛІ ЖАЛЫҚТЫ [ЗЕРІКТІ] *Көңілі қайт болды, көңілі мезі болды.* Қартайған адам көп екен, Кемпірден көңілі зеріккен (ҚамБ).

КӨҢІЛІ ЖАҢҒЫРДЫ *Масаттанды, шаттанды.* Білімдіден аяман сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім өңнің жайын, Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын (Абай).

КӨҢІЛІ ЖАРАСТЫ *Келісім тапты, ұнатты, тіл тапты.* Оның орнына келген кісімен көңілі жараспай жүр (Ө. Н.). Осында бір жігітпен көңілі жарасыпты (АТ).

КӨҢІЛІ ЖАРЫМ [ЖАРЫМЖАН] ① **КӨҢІЛІ СЫНЫҚ** *Қайғылы, жарым көңіл, мұңды жан.* Жасымынан жетім едім, көңілі сынық. Өнерім ондай емес артық ұлық (Абай). Бекежан, мен бір жанмын көңілі жарым, Жан қайда тыңдайтұғын қыздың зарын. Өз көңілің елемей ме, ескермей ме, Өркімде өзі ойлаған арман барын (Ғ. М.).

КӨҢІЛІ ЖАСЫДЫ *Мұңайды, қапаланды.* Жетімсіреп көңілі жасып, Тынысы тым тарылғандай (Ғ. О.). Көңілің жасып калыпты. Бұдан зорға кезіксең қайтер ең? (АТ).

КӨҢІЛІ ЖЕЛДЕЙ ЕСТІ *Шаттанып, масаттанды, масайрады.* Құнтуардың көңілі желдей есіп, серпіле сөйлеп кетті (С. О.).

КӨҢІЛІ ЖЕР [ЖЕРДЕЙ] БОЛДЫ *Тауы шағылды; қатты қаймығып, бегі қайтты.* Өттеген-ай! Өзім жиырма бестегі жігіттей едім, көңілімнің жердей болғанын қарашы (ШС). Сол күнде атасының

көзі көр болып, көңілі жер болып, Төлегенді сағынып, қасіретпен қан жұтып жатады екен (ҚЖ).

КӨҢІЛІ ЖҰБАНДЫ *Медеу қылды, алданыш етті.* Жесірдің қамын ойласаң, Жетімнің көңілі жұбанар, Екі мұңды бас қосса, Тарқатып шерін шығарар (Б. Ө.).

КӨҢІЛІ ЖҮДЕДІ 1. *Уайымдады, қатты мұңайды.* Соңғы күндері қыздың көңілі жүдеп жүр (АТ). 2. *Ренжіді, көңілі қалды.* Омар Колосовты білгір инженер, іскер басшы, шебер ұйымдастырушы деп жоғары бағалайтын, қазір оған да көңілі жүдеп қалды (Т. Н.).

КӨҢІЛІ ЖҮДЕП, ЖАНЫ ЖАДАДЫ *Өмірден торықты, жаны қажыды.* Көп жүрген көңілім жүдеп, жаным жадап, Жабьққам, жатырқағам, тартқам азап. Сонау күй жүрегімді тыншытпаған Пышағын кейде салып, кейде қадап (І. Ж.).

КӨҢІЛІ ЖЫЛЫДЫ [ЖІБІДІ, ИДІ] *Мейірі түсті; жүрегі елжіреді.* Жұмабек басын көтеріп алып, суретке қайта қарағанда, ұялы үлкен көзді, жұқа өңді, қараторы қыз көзіне шоқтай басылып, көңілі жылып қоя берді (Т. А.). Жалғызсыраған қиын кезінде жақын адамның көргендей, Панферовтың көңілі жібіп кетті (Т. А.). Шықты Рауза, Қош! қош! баура! Көрдіңдер ме сүйісің! Жаз-жаз заула, Жайлауда ауна, Қазақтың көңілі иісін (І. Ж.).

КӨҢІЛІ КЕЛСЕ *Қаласа, ықыласы болса.* Көңілі келсе, көлдей, Көңілі келмесе, шөлдей (Мәтел).

КӨҢІЛІ КЕРЕҢ [БІТЕУ] *Сезімсіз, сезім-түйсіксіз деген мағынада айтылады.* Ағат айтсам, гапу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан болар ма? Менің әкемің де сүйетін өлеңі бар (М. Ө.).

КӨҢІЛІ КӨКТЕ, БАСЫ ЖЕРДЕ *Менменсіген, өр көкірек.* Жаманның көңілі көкте, жерде басы, Алыс қой аңғарғанда екі арасы, Жақсының өзі кішік, ойы биік, Бірдей ме екеуінің мәртебесі (Жамбыл).

КӨҢІЛІ КӨТЕРІҢКІ *Көңілді, шат.* Ташкенттің түзу, кең көшесімен келе жатқан Сақаның көңілі тым көтеріңкі (З. Ш.). Ал, сайра, жас бұлбұлдар мұңды үнмен, Көңілің көтеріңкі көгілжімнен. Еркін таң маңайға жан көз тігіп жүр, Сайра өнмен, сайра күймен, сайра мұңмен (І. Ж.).

КӨҢІЛІ КҮПТІ *Ренішті; мұңды-шерлі.* Жолың болсын, жолбарсым, жортқанда, Өзіңнен өзге ойы жоқ, Жас тілеуін жат жолына сарып еткен, Көңілі күпті, көзі жасты Құртқаң да (М. Ө.).

КӨҢІЛІ ҚАЛДЫ [ҚАЙТТЫ, СУЫДЫ, СЫНДЫ, ЖҮДЕДІ] *Ренжіді, тауы шағылды.* Көңілім қайтты досан да, дұшпаннан да, Кім қалды алдамаған тірі жанда. Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім, Жалғыз-жарым болмаса анда-санда (Абай). Шимайлап бет-аузына әжім түскен, Қал-

ды ғой көргеннен соң көңіл қайтып, Молдеке деп жазыспыз күдер үзбе, Хабарың үзбе деген тиді бізге (М. Б.). Күтпеген жерден танысымың қаныпезер боп шыға келгені *көңілімді суытып* тастады (М. И.). Өмірден жіркеніп, *көңіл суып*, Қалғандай айналадан өзге туып, Жатады жанды көрмей жапан түзде, Көліне Бурабайдың кірін жуып (І. Ж.).— Жә — жә! Сендер құрлы пайдамды, намысымды білемін!— деді Мақамбетше. Ол қабағын шытқанда, өзгесінің *көңілі сынды* (Ғ. Мұс.). Раушан маңдайын тыржитып, сұрланып сала берді. Мөр баспаса, Бөкеннің *көңілі қалады*. Көңілі қалса, өзі томырық адам, көпке шейін араз болып, күйіп-песеді де жүреді (Б. М.).

КӨҢІЛІ ҚАРАЙДЫ *Ойы бұзылды, түңілді, торықты. Жақындап ажал тұрса да, Жанына қылыш ұрса да, Қалжырап көңілі қарайып, Үмітін қоймас адамзат* (Б. Қ.).

КӨҢІЛІ ҚАРАҒЫ ТАРТТЫ **○** **КӨҢІЛІ ҚАРАП БОЛДЫ** *Іш құса болды, қатты қамықты. Қараңғы тартып көңілі, Қыз Назымның ішіне Қапалығы сыймайды* (ҚамБ). Жүгірді Сағит жылап ханға қарап, Іштері қайғыменен алап-жалап. Ханға кеп естігенін мағлұм қылды, Аһ айлап, ханның *көңілі болды қарап* (ҒН).

КӨҢІЛІ ҚОРЫҚТЫ *Іштей шошыды, үрейленді. Ыңғайы жаман аурудың, Жаманнан көңілім қорықты, Артқы қалған жалғызға, Бір қасірет жолықты* (Ш. Қ.).

КӨҢІЛІ ҚҰЛАЗЫДЫ *Жалғызсырады; көңілі жетімсіреді. Бұл кезде қонақ, жолаушылар да сиреген. Шолпанның көңілі құлазып, жан-жаққа қаранып, далада жүр* (Ғ. Мұс.).

КӨҢІЛІ ҚҰШУАҚ БОЛДЫ *диал. Көңілі риза болды. Бәрің де сөз кезегін таптың деді, Болды деп көп құшуақ көңілім мұнан* (Жамб.: Шу, Луг.).

КӨҢІЛІ МҰЗДАДЫ *Тауалы қайтты, шошынды. Қоспанның да көңілі мұздап қоя берді* (Т. А.).

КӨҢІЛІН АҚҚА БЕРДІ [ҰЙЫТТЫ] **○** **КӨҢІЛІ АҚҚА ЖОРЫДЫ** *Адал ойлады; адалдыққа жорыды. Көктаймең келіп едім бір жыл желіп, Көңілімді сіздер үшін аққа беріп* (ҚЖБС). Осы дүниенің тірлік қамынан басқа, алдында ана дүние барын ара-тұра да болса ойлап, *көңілін аққа ұйытып*, тәубеге кеп тұрса, басыңдағы бір тұтам тірлікте күнаға бұншалық белшеңнен батпас едің ғой (Ө. Н.).

КӨҢІЛІН АЛДЫ *Райына қарайлады; көңілінен шықты. Жақсы білгенді жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жаурыннан бір қаққанға сатады* (Абай).

КӨҢІЛІН АЛДАДЫ [АЛДАНДЫРДЫ, АУЛАДЫ] *Көңілін тауып, қамқор болды; ойын бөліп, алаң етті. Мына баланың кө-*

ңілін алдандыра тұршы (АТ). Басымдағы беркімді Мұңды болған атама Өз қолыңнан бергейсің, *Көңілін аулап жүргейсің* (БЖ). Енді хан қырық жігітке бұйырды: барыңдар, сол күнгі баланы тауып алып келіңдер, жалғыз қызым Құралайды беремін, сөйтіп *көңілін ауламасам*, елімді ойран қылар — деді (МЗ). Диюдың *көңілін аула* мәз қылған боп, Өзіңнің ғұмырыңды аз қылған боп. Сен неге сұрадың деп ашуланса, Өп-өтірік жыла оған наз қылған боп (ҒН).

КӨҢІЛІН АУЫРТТЫ *Қатты қынжылты, ренжітті. Келместей түндегі ұйқы, баппастай ас, Тағдырға бас иген соң шын гауһар тас. Көп жазып, көңіліңізді ауыртпайын, Сонда да достың сыры досыңа паш* (С. Т.).

КӨҢІЛІН БАСТЫ **1.** *Көңілін тыншытты. Нағиманың да көңілі бұзылып: — Жылама, қарағым, көзіңнің жасы ағайынныңа болсын деп, баланы алдандырып, көңілін басып жұбатты* (С. Д.). **2.** *Желігін басты, бетін қайтарды, сесін қайырды. Ажуаға, қорлауға тілі орамды, Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан* (Абай). Ауылда едірендеген қымыз масты, Сескентіп, мынау думан *көңілін басты*. Кей балауан, кісі өлгендей, жер шұқылап, Жүрегі жігіттердің үрке қашты (І. Ж.). Жау *көңілін қылышпен басқан* жігіт, Батыр емей немене, асқан жігіт? (ШС).

КӨҢІЛІН БЕКІТТИ *Бір шешімге келді, бір тоқтамға тоқырады. Апырмау, мені неге қуады. Келіп отырған «төреге» бір нәрсе айтады деп ойлай ма? Ойлана келе, — «төреге» де айтып көрген теріс болмас еді деп, көңілімді бекітіп те едім* (Б. М.).

КӨҢІЛІН БИЛЕДІ *Өзін-өзі ұстады, өзін тез тежеді. Рай тіпті тіл қата алмай, ернін тістелей берді... Ақбала көңілін тез биледі* (Ө. Н.).

КӨҢІЛІНДЕ БІР ДЫҚ КЕТТІ *Өкпеназын ішіне сақтады; реніші ішінде кетті. Судыр Ахметің көңілінде бір дық кетті. Басқа кісі болса бір сөрі* (Ө. Н.).

КӨҢІЛІНДЕГІ ДІТІ *Ойындағы арманы, айтпақшы болған сыры. Дітіңді (көңіліңдегі) білтелемей, білдіре айтшы, Саласың қандай қолқа тегі маған* (Жамбыл). Қайта биікті шалған сағыммен *көңіл дітін* шарып та, шаншып та өтті (С. Бақ.).

КӨҢІЛІНЕ АҚТЫҚ САЛДЫ *диал. Көңіл жұбатып, көңілін аулады. Біз барып Ақанның көңіліне ақтық салып қайттық* (АТ).

КӨҢІЛІНЕ АЛДЫ **1.** *Ескерді, еледі. Алтынды ал да, көрсет жұртқа апарып, Менің сөзім шын болса, төңірі оңғарып. Сонау бақша ішінен табыламын, Егер менің іздесең, көңіліңе алып* (Абай). **2.** *Ренжіп қалды. Кейіс сөзді естіп, қамығып қалды, көңіліне алды* (АТ).

КӨҢІЛІНЕ АРАМДЫҚ ТҮЙДІ [ТҮС-ТІ] Қастық ойлады, жаман ойын ішінде сақтады. Билердің ақылы бұрын да көңіліне арамдық түсіп жүрген ханға ұнайды (ҚЕ).

КӨҢІЛІНЕ ДАҚ [КІР] САЛДЫ [ТҮС-ТІ] Ренжітті; күйікке ұшыратты. Бәғарыма шыдамай, Жылып шықты ырқыма. Бәрі де қорқып жүр екен Көңіліме салған дағына (ҚамБ). Жас көңіліне кір түсірді (АТ). Сандуғаш бақшада Сайрайды таңертең. Қандай жан, сәулем, дақ салды Көңіліңе сенің ақ еркем (Қән).

КӨҢІЛІНЕ ДІТ САҚТАДЫ Реніші ойынан кетпеді. Қанша іш тартса да, көңіліне діт сақтаған жас бала илікпей қойды (ЛЖЖ).

КӨҢІЛІНЕ ЖЕЛ БЕРДІ Рух, қайрат беріп, желінтті. Теңіздің бойы ноғайлы, Ел екен өскен жағасы. Жарлыны байға теңгерді, Көңіліне халықтың жел берді (ҚамБ).

КӨҢІЛІНЕ [КӨҢІЛГЕ] КЕЛДІ 1. Ауыр тиді, қатты батты. Көңіліңе келсе де айтайын, сондағы басшылық жұмысқа көңілім толмайды (М. И.). Ат жараттық, сән тараттық, Әуейлік күйлестік. Көңілге келер, кім жолар, кім көнер (Абай). 2. Ойына түсті, тіліне оралды. Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң, Тынар ма айтып өтпей қу қызыл тіл (Жамбыл).

КӨҢІЛІНЕ КІР САҚТАМАДЫ Кек тұтады. Ақыр аяғында ол, бар қазақтың түбі бір еді ғой, береке іздесең, дұғаң қабыл болсын десең, өзара қырғи қабақ болма, көңіліңе кір сақтама дегендей ақыл айтады (Ы. Д.).

КӨҢІЛІНЕ ҚАРАДЫ Ренжіткісі келмеді; көңілін жықпай, райына бейім болды. А, тазша, әлі қарап тұрмын көңіліңе (ҚКВС). Бұл күнге дейін шыдасам, айтпасам, көңіліңе қарап келгенім (АТ).

КӨҢІЛІНЕ ҚАРА ШАПТЫ Арам ой келді, қастандық ойлады. Сөйтіп жүргенде, ағаларының көңіліне қара шауып; «Бәріміз бір тудық, осы Асан бізден қалай артық болып жүр» деген пікірге келеді (ҚЕ).

КӨҢІЛІНЕ ТҮЙІН ТҮСТІ ○ **КӨҢІЛІНЕ ҚАЙҒЫ ТОЛДЫ** Жүрегіне дерт, құса ұялады; жүрегіне дерт байланды. Билеген Мысыр атты елі жиын, Көңіліне патшаның түсті түйін. Ата-ана, тату достар естен шықты, Адамға ғашық дерті қандай қиын (ҒН). Қатының жаман болса... Көңіліңе қайғы толар (ШС).

КӨҢІЛІНЕ ҰНАДЫ [ЖАҚТЫ, ҮЙЛЕСТІ] Жаратты, жақсы көрді, ойына сай келді, көңілінен шықты. Алдарында аянабай, Шыныменен сөйлесем, Көңіліне бектер ұнармын (Б. Ө.). Өзі бойдақ жігіт болған соң, көңіліне үйлескен бір бой жеткенге құдаласып, «аяқ шырмап» кетуде де

ниеті болады (ҚЕ). Толғау салып ішіме, Сол күнде-ақ жақтың көңіліме (Абай).

КӨҢІЛІН ЖЫҚТЫ [ЖЫРТТЫ, ҚАЙТАРДЫ, ҚАЛДЫРДЫ] 1. Сыңайына қарамай, бетін қайтарды. Алдау үшін көз жұмғанда «өлді» деп, Уансын деп ұшынғанда «берді» деп, Көңілін жыртып, шұдғығанды «сенді» деп, Нені көрсе соған ерген балалық (С. Д.). Бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым: өгізді өрге салма — қанатың талар, жаманға жүзіңді салма — сағың сынар (Ы. А.). Көзі тірісінде Федоров Шураны алақанына салып бақты. Ол бір-ақ рет Шураның көңілін қалдырды (Ө. Н.).

КӨҢІЛІН ҚИМАДЫ Сөзін жерге тастамады, меселін кайтармады. Алтыбақанға барғаным рас. Күлпаш, Маржандар қонақ, әрі құрбы, солар қиылған соң, көңілдерін қимай бардым да, аздан соң қайтып кеттім, — деді Шолпан (Ғ. Мұс.).

КӨҢІЛІН СУЫТТЫ Жабырқандырды, тауалын қайтарды. Не қылсаң да, көңіліңді енді суыт (ҚКВС). Е, баланың көңілі суып кетпесін (АТ).

КӨҢІЛІН ТАНЫДЫ [ТАПТЫ] 1. Ниет байқады. Сүйеу қарт оның көңілін таныса да, үндемеді (Ө. Н.). 2. Қалауын тапты, дегеннен шықты; көңілін риза етті; көңіл қалауын берді. Сүйінші десең Келмембет, Көңіліңді сенің табайын. Өлгеніңше өзіңді Тәрбиелеп бағайын (ҚамБ). Егер, осындай әбден тұтанды деген шағының өзінде баласы жыламсырай бастаса, дереу райдан қайтып, оның көңілін табуға асығатын (М. И.). Ер көңілін таппасақ, Үстіне ішкі жаппасақ! Ер мінезді бұл Жамбыл, Жұртқа жаман атайды (Жамбыл).

КӨҢІЛІН ТАР ҰСТАДЫ Ниеті, пейілі тарылды. Үш жүздің ортасында Қасқа көл бар, Әр жерде су ішетін басқа көл бар, Үш бөліп, енші қылып алысайық, Жер жетер, көңіліңді ұстама тар (ШС).

КӨҢІЛІН ТЫНДЫРДЫ Разы қылды; тілегін орындады. Мұңды, шерлі жоқ-жітік, Аңсап алдың кернепті. Бәрінің көңілін тындырып, Біреуін ала көрмепті (Абай).

КӨҢІЛІН ҰЙЫТТЫ Сөзіне сендірді, көндірді. Нұрбай көпірме сөзбен қолхозшылардың, жоғарғы орындардың көңілін ұйытып қойған екен (Т. Н.).

КӨҢІЛІН ҚҰШУАҚ ПА! [ҚҰШ ПА! ҚОШ ПА?] Көңілдімісің, денің сау жүрмісің? («Уақытың құш па?» «Кеулің қош па?» деген түрде де айтыла береді. Көңілділік, шаттық мағынасындағы «құш» — парсы сөзі, «уақ» — араб сөзі). Ата, қалай бүгін көңілің құшуақ па! (АТ).

КӨҢІЛІ ОЙСЫРАДЫ [ҚҰЛАЗЫДЫ, ҮҢІРЕЙІП ҚАЛДЫ] Жаны құлазыды; өкініште қалды. Аса қадірлі, қымбатты қазынадан айрылғанын жаңа сезгендей, Серәлі көңілі ойсырап барады (Т. А.) Үй іші аңғал-саңғал, көшкен ауылдың жүр-

тындай, көңілін құлазытып жіберді (Ә. Н.). Тереңінде сақтап жүрген соңғы бұйымын сыбырып алғандай, Ләззат көңілі үңірейін қауыды (Т. А.).

КӨҢІЛІ ӨСТІ [СЕРГІДІ, СУДАЙ ТАСЫДЫ, ТАСЫДЫ, ШАЛҚЫДЫ] *Шаттана рухтанды, еңсесі көтерілді, қатты қуанды.* Жеке топ ұл-қызбен кәрі Жүсіп, Алқаға мойын бұрды көзі түсіп, Шақыртты той бастайтын адамдарды, Менмендік қылығымен көңілі өсіп (И. Б.). Жігіттер мезмейрам, көңілдері өсіп, ұлы тойға жиылғандай ойын-сауық құрды (Қ. Тай.). Барлық үйлердің шал-кемпірлерін, жас-желеңін түгел жиып әкеліп, бірге тыңдаңдар. Олардың көңілі сергіп қалсын (М. Ә.). Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ, Көңілі судай тасып, оттай маздар (І. Ж.). Кедей ауылдың көңілі осы сарша тамыздағы сағымдай тасып құлпырып тұр (Ғ. Мұс.). Балваны жыққан Арғын шуылдап жүр, Аруақ қолдады деп көңілі тасып (І. Ж.). Түсімде мені жұбантып, жылы сөзбен сөйлесіп. Кетуші едің қуантып, Қалушы еді көңіл өсіп (Абай). Қараман қайраттанды көңілі тасып, Хош болып уақыты хадден асып (ҚамБ). Бетіне жан қаратпай, Көңілі өбден өседі (ҚБ). Жау жүре алмас десіпті, Көңілі сондай өсіпті (ҚБ).

КӨҢІЛІ [ТӨБЕТІ, БЫҚЫЛАСЫ] СОҒТЫ [ТАРТТЫ, ШАПТЫ] *Ынтық, ынтызар болу мағынасында айтылып тұр.* Көргеннің көз құмары ауып тұрған, Ойы тілеп, көңілі шауып тұрған. Өзіне деп жүлқынған жүрек күшін Сыртқа шашпай ақылмен тауып тұрған (С. Т.). Алыптың көңілі соқты етің жеуге, Сенің оған тілің жоқ пәлен деуге (С. Ә.).

КӨҢІЛІ СӨГІЛДІ *Аһ ұрды, қатты өкінді.* Осы әйелге істеген өзінің қаттылығына қиналып, көңілі сөгіліп бара жатты (Ә. Н.).

КӨҢІЛІ СУ СЕПКЕНДЕЙ БАСЫЛДЫ **КӨҢІЛІ САП БОЛДЫ** *Қуанышы ұзаққа бармады.* Жаңағы машинадан шыққан жігіт бұдан өң жағынан да, орамдылық жағынан да асып жатыр. Базардың үеден таюының бір себебі осыдан болар деп ойлады Бексұлтан. Қалай болғанмен де, оның көңілі су сепкендей басылды (Ж. Ж.). Балқияның сайқымазақ жігіттерді өткір қалжыңмен бетке ұрғандай тойтарып, жұртты ду күлдіргенін көріп, Көжектің көңілі су сепкендей басылды (Т. А.). Сонда бір көңілім сап болар, Жалғыз жатып күңіреніп, Қазаны ойлап толғаудан (Ш. Б.).

КӨҢІЛІ ТОЙМАДЫ *Қанағат қылмады, нысап етпеді.* Ескендір елде алмаған хан қоймады, Алған сайын көңілі бір тоймады. Араны барған сайын қатты ашылып, Жердің жүзін алуға ой ойлады (Абай). Бұған көңілің тоймаса, Алдыңа салып берейін Тоғайда жатқан малымды (МЗ).

КӨҢІЛІ ТОҚ *Беймарал, алаңы жоқ.* Басымда бар алтын шоқ, Көкешім барда

көңілім тоқ. Көкежан сені көрмесем, Басымнан өтер дүние боқ (ҚБ). Ғашықтықтан жанған от, Табылар деп көңілім тоқ... (ҒН).

КӨҢІЛІ ТОЛМАДЫ *Ойдағыдай болмады, көңілі қанағат таппады.* Баланың ісіне көңілі толмаған әке жұмысқа өзі кірісіп кетті (АТ).

КӨҢІЛІ ТОЛЫҒЫСТЫ *Бұл жерде кемеліне келген деген мағынада айтылып тұр.* Толығысқан көңілім, Басылмайды, қарағым, Тоғыз биден кек алмай (А. Аз.).

КӨҢІЛІ ТОРЫҚТЫ *Түңілді, күдер үзді.* Бетен елдің адамы Тынбаған соң арманы, Көңілі өбден торықты (Абай). Осы баласы отыздан асқанда көргелі отырған жалғыз үміті, жарық шырағындай санап жүр еді, қазір ол шырағы да жанбай жатып сөнгендей бол, көңілі қатты торығып келеді (Ә. Н.).

КӨҢІЛІ ТҮЗУ *Ықыласы дұрыс, ниеті мақұл.* Құдайменде жас жігіттің қара мұрты қиылған сұлу жүзіне таңдана қарады. Шынында, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды (Ә. Н.).

КӨҢІЛІ ТҮСТІ *Ықыласы аудды, ұнатты.* Оның сірадағы әдеті осы. Кейде көңілі түссе, қолын беретіні бар (Ә. Н.). Құрышбай Дәмешті «қызым» дейді. Көңілі түскен кісіге сыбырлап: «Досымның қызы» деп те қоятын (З. Ш.).

КӨҢІЛІ ТІРІ *Ақын бұл жерде саналы, сезімтал болуды айтып отыр* (АС). Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады (Абай).

КӨҢІЛІ ШАЙЛЫҚТЫ *Жиренді, үрейі ұшты, жүрегі түршікті.* Қодар мен Қамқаны нар түйеге мойындарынан қосақтап астырып өлтірген дәл сенің өз екең емес пе еді? Ел сұмдықтан тыйылсын, көріп көзі қансын, түңіліп көңілі шайлықсын деп істемеп пе еді (М. Ә.).

КӨҢІЛІ ХОШ БОЛДЫ **КӨҢІЛІ ХОШ [ҚҰП] АЛДЫ** **КӨҢІЛ ХОШЫ КЕЛДІ** **КӨҢІЛІНІҢ ХОШЫ ТҮСТІ** *Шатшадьман болды, риза болды.* Егер де дүниеден көше қалса, бұл батырдың көңілі хош болсын,— деді Ақжүніс (ЕТ). Елге келген соң, Ақша хан таранып, тыныштанып, көңілі хош болған соң, тағында отырып, хан үкім қылды (ЕТ). Ішіп, көңілімізді хош алып отырсақ депті (ҚЕ). Шіркін-ай, жан қиярлық болса досың, Келмей ме кемеліне көңіл хошың (Қ. Жұм.). Келіннің ісі түссе, көңілдің хошы түседі,— депті бір қайнағасы (АТ).

КӨҢІЛІ ШЕР [МҰН] БОЛДЫ *Уайым батты, қатты қамықты.* Көген көзді қосақтап қалай қиып берерміз? Көздің жасы моншақтап, Көңіл шер боп өлерміз (Жамбыл).

КӨП АУЗЫ ӘУЛИЕ [УӘЛІ] к ө н е . *Көптің, бірінің болмаса, бірінің айтқаны келеді деген мағынада.* Жұрт жиып Бағлан айтты: Елім-халқым, Ингенім қайымады, көңіл салқын. *Әулие көп аузы, не айтасындар, Барлар жан бар ма ішінде мұның парқын (І. Ж.).*

КӨП АШУЛАНЫП, УЫН К...ІНЕН ШЫҒАРДЫ *Ашу-ызасына шыдай алмады.*

КӨП БОЛСА *Мықтағанда, әрі кеткенде.* Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. *Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман, қолдарында сойылдары ғана бар (М. Ә.).*

КӨП ЖАСА! **○ КӨП ЖАСАҒЫР!** а л ғ ы с . *Өмірлі бол, өмірің ұлғайсын деген мағынада.* «Көп жаса, бақытты бол, үбірлі-шүбірлі бол!» — деп, балама бата бергені-ай сонда (ҚЕ). Ой, *көп жасағыр, ұмытпайтын жігіт екенсің, — деп Есенбек сылқ-сылқ күлді (М. И.).*

КӨП ИТ *Ақын бұл жерде ойсыз, соқыр көңіл иелерін айтып отыр.* Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, *Көп ит* жеңіп көк итті, күнде жемек. Ғадәлет пен мархамат — көп азығы, Қайда көрсең, болып бақ соған көмек (Абай). *Көк ит көп итті жеңбес (Мақал).*

КӨПКЕ ТОПЫРАҚ ШАШТЫ *Байбалам салып, көпшілікті айыптады; көпке қарсы шықты. Көпке топырақ шашасың ба, құдайдың салғанына көндік те отырдық (Б. М.).* Шәріпхан, дегенмен, ақылды жігіт қой, *көпке топырақ шаша алмайтының тез түсінді (Д. Е.).*

КӨПНЕН КӨРГЕН ҰЛЫ ТОЙ [СЕЛЕБЕ] *Көпшілікпен, жұртпен қатар басқа түскен іс, нәубет.* Күйіп бір күймей немене, Құр қызды дөлек, Сақтасын жалғыз қайғыдан, *Көпнен көрген селебе (Ш. Қ.).* Ендігі жұбаныш — жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, *көпнен көрген ұлы той, көпнен бірге болса, болады да деген сөзді жұбаныш қылады (Абай).*

КӨП СӨЙЛЕП КӨВІГІН САПЫРДЫ *Тынымсыз, жағы талмай мылжыңдады.*

КӨП ТҮКІРСЕ, КӨЛ БОЛАДЫ *Барлығы көмектесе, бас біріктірсе, береке болады деген мағынада.* Беттері Есенкелді қартқа бару, Жайды айтып істер іске ақыл алу, *Көл деген көп түкірсе дегендейін, Көп болып құтқаруға айла табу (Ж. С.).*

КӨПТІ КӨРГЕН Ұзақ өмір сүрген, көп жасаған, көп нәрсені басынан өткерген. Көпті көрген көне едің, Бұл сөзіме наныңыз, Қарар тапса көңілің, Үйіңе енді барыңыз (АБ). Үшеміз де көрі буын, *көпті көрген көне екенбіз (ҚЕ).* Бірақ, осы жалығу деген, әр нені көрем деген, *көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады (Абай).*

КӨП ТІЛЕГІ КӨЛ *Көптің тілегінде береке, қыдыр бар деген мағынада.*

КӨПТІҢ ДҮРМЕГІ *Көптің ауаны, жұрт сарыны, халықтың беті. Көптің дүрмегімен шауып келе жатқан Балван Шолақ бір кезде жан-жағына қараса, әркімдер айналасында басып озып кетіп бара жатыр (С. М.).*

КӨПТІРІП СӨЙЛЕДІ *Түймедейді түйедей етіп, өсіре айтты. Көптіріп сөйлеген сөзі болмаса, ісі өзір берекеленбей келе жатқан Берден көріне кете алмады, үндей алмай қалды (Ғ. М.).*

КӨП ҰЗАМАЙ *Көп уақыт өтпей, жақын арада. Көп ұзамай жаңағы обалардың деңгейіне де жетіп калып едік. Кенет жүре еткен мылтық даусы меңіреу далағы селк еткізді (Ә. Ә.).*

КӨПШІК ҚОЙДЫ *Қолпаштап көтермеледі, мадақтады; қолтығына су бүрікті, желіктірді.* Оларды бүгін осы өңірдегі ең жақсы, ең қадірлі, ең тамаша әжет жандар, — деп *көпшік қойып*, алдаусыратып, қолтықтан дем берген болатын (М. Ә.). Маған *көпшікті* қалыңырақ *қойып* жібердіңдер. Бірақ, мен бұл жолы алмай кетпейтін шығармын, — деді Жақыпбек (М. И.). *К... іне көпшік қойып*, өзін біраз мақтап, қыздырып алсаң, бар сырды ақтарып салады (АТ). Көтергені құрысын, *к...іме қол тыққан соң демекші, сыртқа даттап, көзге мақтап көпшік қойғанды тыйсың! (АТ).*

КӨП ІШІНДЕ ӨЛТІРЕДІ *Жұрт алдында ұлтқа қалдырады, беделінді түсіріп, масқара етеді.* Балақа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, Байқамай сөйлеген *көп ішінде өлтірер (Мақал).*

КӨР АЗАБЫ **○ КӨР АЗАБЫН ТАРТЫ** [КӨРДІ] *Ауыр бейнет; көресі бейнетті, сорды көріп болды.* Осы үйдің босағасын аттағалы, Шешеннің жоқ еді ғой шатпағаны, Деуші едім: *тартып* болдық *көр азабын*, Құдайдың бар ма еді әлі сақтағаны (Қ. Т.). Жаза? Қандай? Өліп пе? *Көр азабын көріп* пе? Қуң жазасы белгілі Құтылмаған өліп те (Б. М.). Жол азабы — *көр азабы* деп, қатты қиналды (АТ).

КӨР АУЗЫНДА *Өлім халінде, жаны хал үстінде.* Ұшыраған мұндай күйге сорлы Ақбөпе, Жазықсыз жаза тартқан мұңды Ақбөпе. Бақыты бір-ақ түнде күл боп ұшып, Күрмеліп *көр аузында* жатқан бөпе (И. Б.).

КӨР БАЛА **○ КӨР БАЛАЛЫҚ** **○ КӨР СОҒЫР** *Білімсіз, نادан, оңды-солын жөнді ажырата алмайтын адам туралы айтылады.* Мылқау әуелгі *көр бала* күнінде Жалмұқан, Сөрдәлінің қол шоқпары болса, жүре келе шындыққа көзі жеткен соң, өнер мен махаббатты, Ақан мен Ақтоқтыны қорғауына алады (Е. Ы.). Емес пе бір тұрлаусыз жас күн деген, *Жас жүрек албырт асау бас білмеген,*

Көр бала, көргені кім, көрсе ұнаған, Қобызды шалға, күйін мастірлеген (І. Ж.). Қорықпағанын, ықпағанын көрермін ондай көр соқырдың (М. Ө.).

КӨРГЕ БІРГЕ АЛА КЕТЕДІ [ТҮСЕДІ] *Тіс жарып ешкімге айтпайды, ішінде сақтайды. Қыз жайын кім біледі жақындаспай, Ой түкпірін ақтарып, сырын ашпай. Ішінде ит өлігі жатқан қыз көп, Көрге бірге түсетін бетін ашпай (С. Т.).*

КӨРГЕ КІРДІ [ТҮСТІ] 1. *Өлді, өмірі таусылды, дүниеден қайтты. Ахиретке қарап өлуін, көрге кіруін, шіруін, махшарда сұрауың — бәрі бірдей (Абай). Жауыздар өрем қапты, өшсін, өлсін. Құрталық қалдықтарын, көрге кірсін. Үстіне моласының қурай өспей, Моласын табанымыз таптап жүрсін (И. В.).* 2. *Қатты ұялды, жер болды. Жерге кіргір-ай, сен жетпегір үшін тірідей көрге кірдім ғой! (АТ).*

КӨРГЕ КІРСЕ ДЕ ҚОЙМАДЫ *Қайда барса да талғы. Қоймаймын көрге кірсе ондай құлды! Тап шапшаң таң атырмай! — деп ақырды. Қазақтың көрі күні бұрынғы өткен, Туғызған талай мұндай дарақыны! (І. Ж.). Жерге кірмек түгіл, көрге кірсе де қоймаймын ол шіріген жұмыртқаны (АТ).*

КӨРГЕНДІ ЖЕР *Жақсы ата-ана; жақсы тәрбие, жақсы үлгі берген ұя. (Бұл фраза қызға, келінге, әйелге қатысты ретте жақсы «төркін» дегеннің орнына жиірек жүреді). Жаман қатын көп ұйықтар, Оятсаң араз қоқандап... Көргенді жерден қыз алсаң, Атыңды ерттер жүгендеп (М. Сұл.). Келіннің төркіні көргенді жер болуы керек. Өте биязы, сынық мінезді екен (АТ).*

КӨРГЕН КӨРЕСІ *Басынан өткерген ауыр бейнет, азап. Бөкенші — Борсақтан шыққан жан күйер жақыным жоқ... Бұндағы туысым дейтінім — осы отырған қырық үйімнің барлығы. Атасы туыс емес, тірлігі туыс. Көрген көресі, кешкен соры менімен туысқандар өңшен, — дейді Дәркембай (М. Ө.).*

КӨРГЕН КҮН *Тіршілік, өмір. Мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? (Абай).*

КӨРГЕН КҮНІ ҚАРАН БОЛДЫ *Басына қиындық түсті, қорлық көрді, азап шекті. Әкесі өлгеннен кейін, оның көрген күні қаран бола бастайды (ҚЕ).*

КӨРГЕННЕН КӨЗ АҚЫ АЛДЫ [СҰРАДЫ] *Тіленшек, тілемсек кісі (көзге түскен кісіден құр қалмау мағынасында). Көргеннен көз ақы алатын не қылған баласың? («Балдырған»).*

КӨРГЕННІҢ ӘУЕСІ КЕТЕДІ *Қараған адамның аңсары ауады. Жұлдыздай болып жалтырап, Көргеннің кетер әуесі.*

Сүмбіле, салқыннан, Көрген соң кетер зәресі (М. Б.).

КӨРГЕННІҢ КӨЗІ ТОЙҒАНДАЙ *Мейірі қанып, ләззат алғандай. Көргеннің көзі тойғандай, Топты ортадан ойғандай. Бұтағына шынардың Күнді әкеп іліп қойғандай (Д. Б.).*

КӨРГЕН ТҮСТЕЙ *Аңсары ауған нәрсеге өкініш ретте айтылады. Шырағым-ай, тағы бір күн қонсаң болар еді. Сағынып көріскен кемпір-шалға бұл келіп-кетісің көрген түстей болайын деп отыр-ау (АТ). Жарқ еткі де жоқ болды, Көрген түстей сағымдай (З. Қ.).*

КӨРГЕ ТЫҚТЫ *Құртты, жойды. Қапқара туын жығайық, Тезірек көрге тығайық (Қ. А.).*

КӨРДЕ БАСЫ ҚАЛҒЫР! *қарғыс. Өлім келгір, қата қалғыр деген мағынада.*

КӨРДЕЙ ҚЫСТЫ *Қатты қыспаққа алды, қинады, жанды жағадан алды.*

КӨРДЕН ТІРІЛГЕН КӨРҚАП *Көрден шыққан өлік. Сен көрден тірілген көрқалпысың? — деп, шалдың өзіне дүрсе қоя беріпті (ҚЕ).*

КӨРДЕН ШЫҚҚАНДАЙ [ТҮРҒАНДАЙ] *Адам қарайтын сиқы жоқ, өңі қуқыл, жадау. Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал, Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен (Абай). Қатिला: Қағынды келгірдің қайсысы екен? Зәремді алғанын қарашы. Уһ! Сұмдық-ай, құдды көрден шыққан кісі сияқты (С. Сұбх.).*

КӨРЕ АЛМАДЫ *Күндеді, даттады, жамандады. Біздер мықты болғанға Достарымыз сүйсінсін, Даңқымызды жер жарған Көре алмаған күйінсін (С. Мәу.). Кешегі Төлегенді жамандаған, Көре алмаған көп дұшпан қасым екен (ҚЖ).*

КӨРЕЙІН ДЕ ӨЛЕЙІН *Зарығып сағынғанда, құмартқанда айтылады. Сағит сот сұрағына жауап берген шақ қана болмаса, соның да әредігін тауып, бар тергеу бойындағыдай «көрейін де өлейін» деген тәрізді Айсұлудан бет бұрмай қойды (М. Ө.).*

КӨРЕР КӨЗГЕ *Көзінің алдында, екі көзін бақырайтып қойып. Айшаның көрер көзге жар астында қалып бара жатқаны жанның бәрін безектетті (С. Е.).*

КӨРЕР ТАҢДЫ КӨЗІМЕН АТҚЫЗДЫ *Түні бойы көзін ілмеді; түн бойы кірлік қақпады, дамыл алмады. Бұрын таңның атқанын, күннің батқанын білмейтін Қамар бір ол жағына, бір бұл жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқызатын уақыттары да болып жүрді (С. Т.).*

КӨРЕ САЛДЫ *Көпе-көрнеу жала жаба қойды; кінәлы таныды. Түлкінің айтқаны рас, жұрт ақылсыз, Көре салды қасқырдан баяғы арсыз. Ант ұрғандық*

түлкі мен арыстанда, Ол болмаса не қылмақ қасқыр жалғыз (Абай).

КӨРЕСІНІ КӨРДІ [КӨРСЕТТІ] ○ КӨРІМДІ КӨРСЕТТІ *Не бәленің бәрін басынан кешірді, қорлық көріп, азап шекті. Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді (М. Ә.).* Абай бұл сөзге жауап бермей тұрып, тағы қандай көрген көресі, мұңдары барын сұрастырды (М. Ә.). Әй, бәлем, көресіні көрсетерміз. Енді құтылып кетсең, көрерміз,— деп, көруеншілер мен тазша да жетеді (ҚЕ). Түлен қуанғаннан секіріп-секіріп түседі. Менің мойныма алдап мінетін неме ғой... *көрімді көрсетейін* дейді ішінен (ҚЕ).

КӨРЕ ТҰРА *Білсе де, біле тұра. Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім, Түспеді ер жеткен соң уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім (Абай).*

КӨР ЖЫЛА, ЖЕР ЖЫЛА *Қалай зар илеп қайғырсаң да деген мағынада айтылады. Олай, былай қозғап көреді. Өлген адам тіріле ме? Көр жыла, жер жыла, ештеңе өнбейді (ҚЕ).*

КӨР [КӨН] КЕУДЕ ○ КӨКІРЕГІ БІТЕУ [САҢЫРАУ] ○ КӨР КӨКІРЕК *Ештеңенің мәніне түсінбейтін, сезімсіз адам, білімсіз, نادан.— Кілікпеңдер арсыздар! Дәркембайдың сөзі әкемнің құдай алдында топас жауап беретін сөзі. Нені ұғып, нені ойлаушы едіңдер көр кеуде сендер!— деді Абай Майбасар мен Төкежанға (М. Ә.). Ол «туған жерді» жамандап жүргендердің шайнап бермесе, жұта алмайтын, көкірегі бітеу, тайыз жандар екенін білді (Т. А.). Мәніке өзі «әлдеқашан біліп қойғыш» болғанмен, осындай шын сезімге топас, көн кеуде болатын. Сол Мәніке Қаражан қайғысына да қынжылып, қайысқан жоқ (М. Ә.). Көр көкірек, көр кеуделігің боямаса, адалдығың бар-ау, жазған (АТ).*

КӨРКІ ЕНДІ [КІРДІ] *Ажарланды, құлпырды. Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен. Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал Жалбадасар өзінің тұрғысымен (Абай).*

КӨР ҚАЗДЫ [КӨРІ ҚАЗЫЛДЫ]
1. *Арамдық жасады, жамандық істеді, қастандық қылды.* Ел еді бір кездерде шілдей тозған, Есіктен төрге қарап мойын созған. «Ерік» деп еміренгіп, елеуретіп, Күн бұрын кімдер екен көрін қазған (Б. М.).— *Поповтардың көрі қазылды.*— Рас па?— деп, Нұрыш қуанып кетті (Б. М.). 2. *Өзгеге дегенін өзіне істеді.* Мұны істеген елде жүрген әкімдер, Кетпекпіз біз оларға да «қазбай көр!» Жас біткенге ұран салды: «Аттан деп, Бір өлейік, бір көрейік, жүріңдер» (Б. М.).

КӨР ҚЫЛДЫ *Өне бойы қараңғылықта ұстады. Е, сіздер өздеріңіз тәуір көру*

үшін, біздің көзімізді әдейі көр қылмап па едіңіз,— деді Любовь (М. Ә.).

КӨРМЕС ТҮЙЕНІ ДЕ КӨРМЕС *Көз нәрсені әдейі байқамайды, көзге ілмейді. Көрмес түйені де көрмес* деген осы болса керек. Зоотехник шөп көп десе де, шөпке күпті болған қой жоқ (ЛЖЖ).

КӨРПЕ ҚИМЫЛДАТАР *ырым. көне. Күйеу тарапынан қыздың жеңгелеріне берілетін каде. Сен, Нұрым, қызбен таныс екенсің, ең болмаса, көрпе қимылдатарың өзің алып қал (Х. Е.).*

КӨРПЕНЕ ҚАРАЙ КӨСІЛ ○ КӨРПЕНІ БОЙҒА ШАҚТАП ЖАМЫЛ *Әліңе, шаша-шарқыңа қарап, әрекет қыл, жұмыс істе. Сендер көз алдарыңдағыны көре алмай жүріп, ертеңгі күнде, тіпті, одан да арғы болашақта нелерің бар осы. Көрпені бойларыңа шақтап жамылу керек емес пе?— деді Мырқал Мирон Павловичке (Ө. Ә.). Көрпене қарай көсіл деген ғой: қолда барды сарқа жұмсмай, тым көсіле бермейік те (АТ).*

КӨРПЕНЕҢ ҰЛҒАЙСЫН! *тілек. Үйлі-баранды бол, бала-шағаң көп болсын! Көсеген көгеріп, көрпең ұлғайсын! Үбірлі-шүбірлі бол, балам! (АТ).*

КӨРСЕ БАСАР *диал. Көргенін бас салып, иемдене кететін кісі. Көрсө басар адамдар көп (Жамб., Цу).*

КӨРСЕМ [ЕСІТSEM] БҰЙЫРМАСЫН! ○ ЕСІТSEM ҚҰЛАҒЫМ КЕРЕҢ БОЛСЫН! *Олда-білда көргенім, білгенім жоқ деген ант-су ішу мағынасында. Горчков мысқылдай күліп: Кенесары маған бірнеше мәртебе хат жазды. Бұндай есалаңды, көрсем бұйырмасын (І. Е.).*

КӨРСЕМ КӨЗІМ АҚСЫН! [ШЫҚСЫН] *қарғыс. Ешқашан көрген емеспін, көзіме түскен емес. Неге мені қыстайсың, көрсем көзім ақсын! (АТ).*

КӨРСЕ ҚЫЗАР *Көргеніне талғаусыз ұрынатын кісі. Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ, көрсө қызар нәпсіге ерме. Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көңіл берме (Абай).*

КӨР ТҰМАН *диал. Қалың тұман, Күн көр тұман, кісі адасып кетеді (Шымк., Түлк.).*

КӨРІК БЕРДІ *Ажар ендірді, түрлендірді. Жүрегіме әсер берді, Лирикалы жыр берді. Сезіміме күш, өлеңіме — Көрік берді, сыр берді (Ж. С.). Қара көк аспанға шимандай болып шыға келген жұлдыздар да осы үйге... көрік беріп тұр (Ғ. М.).*

КӨРІМ КӨРІНГІР! *диал. қарғыс. Пәле көрінгір! (Қ. орда, Арал; Гур.).*

КӨРІНГЕНГЕ КӨЗ СУЗДІ *Әркімге бір телмірді, әр нәрседен телміріп, дәме етті.*

Еңлік: Аз сөзіме көңіл бөл. *Көрінгенге көз сүзген* әлде қандай деме. Кебек: Шынымды айтсам, түсінер деп келем (М. Ә.).

КӨРИНГЕНГЕ КӨЗ ТҮРТКІ БОЛДЫ *Жаман атты болды, жек көрінішті болды. Ертең мына алған мал таусылған күні жазған кемпір көрінгенге көз түрткі болады, — деп ауыр күрсінді (С. Ад.).*

КӨРИНГЕНГЕ ҚОЛ СОЗДЫ *Әркімнен үміткер болды, жеңілтектік етті. Аш көзсің, жалмауызсың, тойымың жоқ, Болды деп мың алсаң да қойымың жоқ. Қызығып көрінгенге қол созасың, Болсын деп сөзіңде тек гіл қызыл шоқ (Б. К.).*

КӨРИНЕ КӨЗГЕ *Ашықтан-ашық, көзді бадырайтып қойып-ақ, Тепкісінде басқаның Қор боп, жүдеп барамыз. Көріне көзге азатқа Мәңгі қайтіп қаламыз, Ойыңды енді азат қыл, Қалсын былай балалық (С. Т.).* Иран халқының Советтерді көріне көзге жақсы көретініне мистер Горольд алғашқыда маңыз бере қоймады (М. Иб.).

КӨРІНДЕ ӨКІР! [ӨКІРГІР] **КӨРІН-НЕН ЖЫЛАН ШЫҚҚЫР!** қ а р ғ ы с. **1.** *Жазаңды тартқыр деген мағынада.* Не дейді, бұл пәлені қайдан айтты, Көрдің бе, шын асылдың беті қайтты. Бетіңе шіркеу болды сұмнай күйеу Шернияз көріңде өкір, өлсең етті (М. Ә.). Алтынай! Ай, Алтынай! Табыла ма бір қасық май. Пайпай, құдай-ай, Ай көріңде өкіргір наратшік-ай, Май табылса бақырға шыжғыр (І. Ж.). **2.** *Көріңде, молаңда тыныш жатпағыр, азал көргір. Көріңде өкіргір.* Алдар, ең божмаса, молаңның төбесін бір былғап кетейін деп, жүгіріп отырып Алдардың моласына барады (ҚЕ).

КӨРІП АЛАЙЫН *Шамаң келсе, әлің жетсе, менімен жағаласып көр деген мағынада.* Сенен келген құқайдың әлін көріп алайын, қолыңнан келсе аяма! (АТ).

КӨРІП КЕЛ к ө н е. *Айтқаны келетін, дәл табатын адам.* Бақа көріп кел әулие екен, жұрт ойнап айтам деп, ойлап айттып жүр екен (ҚЕ). Мынау нағыз көріп келіңнің өзі екен! — деседі (ҚЕ).

КӨСЕГЕН КӨГЕРМЕГІР! қ а р ғ ы с. *Өркенің өспесін, жақсылық көрме деген мағынада.*

КӨСЕГЕН КӨГЕРСІН! а л ғ ы с. *Өркенің өссін! Шырағым, көсегең көгерсін, өркенің өссін, көп жаса! (АТ).*

КӨСЕГЕСІ КӨГЕРДІ *Өркенден өсті, бағы ашылды.* («Көсеге» — екі босаға, табалдырық, маңдайша). *Көсегесі көгеріп, Кең өткелі бөл болды. Асты күміс, үсті ырыс, Таудан алтын, сайдан мыс Телегей теңіз көл болды (Жамбыл).* Өмір бойы жалшылықта жүрсе де, *көсегесі көгерген қойшы, жылқышы, түйеші жоқ (М. Ә.).*

КӨСЕМ ЖЕККЕН *Қос атқа бір атты көсем етіп жеккен.* Бір апта өткеннен кейін, Әлке Байдалы, Аққошқар Сайдалы боп, үш бозды көсем жеккен күмістеген қара пәуескемен, жасау артқан тоғыз нардан бір көш етіп, Кәнімжанды ырғалтып-жырғалтып Көкшетаудағы Қасым төренің ауылына ұзатқан (І. Е.).

КӨСЕУ ҰЗЫН БОЛСА, ҚОЛ КҮЙМЕЙ-ДІ *Арқа сүйер адам, жақын тұтар кісі туралы айтылады.*

КӨСТЕНДЕЙ БАСТЫ *Ордаң-ордаң етіп жүрді.* Мен оған (өкілге) қарамадым. Аяғымды кирза етікпен көстеңдей басып, машинаны итеріп жатырмын (С. Ш.).

К... АЙНАЛҒЫШ [АЙНАЛҒАН] *Тұрақсыз, сөзінің дайыны жоқ.* Қуаты қызық қызмет тойларының, Қос қыртысын кетірмес ойларының, Лап бергіш, к...айналғыш, қайта ойланғыш, Тиянақ оты сөнген бойларының (Абай).

К...ЕН ШЕГІ ЖАРЫЛА МА? К...ЕНІ ТҮСТІ **1.** *Несі кетеді деген мағынада.* **2.** *Қорықты, шошыды.* Сен шаба гөр зырқырап, Мен шабайын күркіреп. Үйде отырған Ұлтанның *К...ені түссін* бүлкілдеп (АБ).

К...ЕН ШЕГІҢ ҮЗІЛСІН қ а р ғ ы с.

КӨТЕРМЕ САУДА *Затты түгел қопара сатып алу мағынасында айтылады.* Қостанайдың осында республикалық көтерме сауда жәрмеңкесі аяқталды. Жәрмеңке екі күн бойы жұмыс істеген болатын (ЛЖ).

К...І [КҮЛМАНЫ] АШЫЛДЫ *Айыбы білініп, абыройы айрандай төгілді.* Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді (Абай). Көзі барлар ойының Күлер к...ін ашқанға (Абай). Біз жұмылып ұрлығын айтып отырсақ, күлманы ашылтып, масқара болып қалмай ма? (Б. М.).

К...І БОС Тұрақсыз, дәйексіз, қорқақ. Әуелде к...і бос көпір. Мықтыға не қып беттеймін? Жуанды қойып, жуасты Бірағана шеттеймін (Абай).

К...І КӨРІНДІ **К...ІН КӨРСЕТТІ** *Айыбы ашылды, сыры белгілі болды.* «Көрсеттік» деймін, ымдаймын, Кәдік қылар жерімді, Сөз көбейді, ұлғайды, Мақтанның к...і көрінді (Абай).

К...І ҚЫЗДЫ Делебесі қозды, көтерілді. Бұзақылар кім асса, мен соған керек боламын деп, к...ін қыздырып алып, өзін бір аз ғана азық қылайын дейді (Абай).

К...І МАЙЛЫ *Тұрмысы жақсы, күйлі.*

К...І ЖЕР ИСКЕМЕДІ *Сәл отыруға, дем алуға мұршасы болмады; сіңбіруге қолы тимеді.*

К...ІН БАСТЫ [ТИГІЗДІ] **КӨКСЕ БАСТЫ** *Отырды, аз ғана аялдап отырды.* Дьяков қасында тұрған орындыққа бөксе

басты (Ә. Н.). Көсені үйге кіргізбе, к...ін жерге тигізбе (Мақал).

К...ІНЕ [АРТЫНА] ҚАРАСЫН! ○ К...ІНЕ [АРТЫҢА] ҚАРА! Әлің білсін, шамасын байқасын. Егер, кешірмеген жақсы болса, Әлжан ертең оқуын бітіріп, қызметке тұрып келгенде, сізден кегін алар. Ұрғаныңыз үшін, тіпті, соттатып жібереді,— деді Таймас Қазанғапқа.— *К...іне қарасын!* Мырза оны тескен тау өткізіп жіберер,— деді Қазанғап (Ғ. Мұс.).

К...ІНЕН КҮН КӨРІНЕДІ *Тым жүдеу, өте арық адам, әрі мал туралы айтылады.*

К...ІНЕН ПЫСТЫ *Қатты қорыққан-дықтан, өзінен-өзі жым болды. Шуылдаған көп дұшпан к...інен қорқып пысады (АӘ).*

К...ІНЕН ІЛЕСІП [ЖҮРІП] ОТЫРДЫ *Көштің, жұрттың ең соңынан жүріп отырды.*

К...ІН ҚЫСТЫ *Жым болды. Жаман көзбен қарады Вадим сонда, Ертіп жүрген екеуге байды жолда. Көзіне шыдай алмай, к...ін қысып, Жым-жырт болып екеуі болды молда (Абай).*

К...ІНДІ КӨРЕМ ○ К...ІНЕ ҚАРА *Бір нәрсені істемесе шараң жоқ деген мағынада. К...інді көрем бейге бермей қойған, Тартылар өз табағың астан, тойдан. Шыдап көр қонысыңда тыныш отырып, Есемді ел шапсам да алмай қойман! (І. Ж.).*

К...ІНМЕН БАЛ АШПАЙ ОТЫР *Сәуегейлік істемей-ақ қой, білгірсінбей-ақ қой, ақылғөй болғансымай-ақ қой.*

К...І ТЕСІЛДІ *Көп отырудан ығыр болған кісі туралы айтылады.*

К...І ШӨМЕЙДІ *Діңкесі құрыды, тұралады. Ақылды жандар қамалап, Кептірді сонда ерінді. Арызшылар көбейді, Болыстың к...і шөмейді, Қайтсін байғұс демейді (Абай). Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең. Адалдыққа бар елдің зоры Бөкең. Ұры-қары көбейіп, к...ін шөмейтіп, Неге болды бар елдің қоры Бөкең (Абай).*

КӨШ АМАН БОЛСЫН! *ди ал. Жүзін артып болып, көшіп бара жатқанда айтылатын тілек (Жамб., Мойын.).*

КӨШ, БӘДІК, КӨШ БӘДІК *Бәдік айта, мал кеселі жазылады деген ескі сенім бойынша айтылатын фраза. Көш, Көш бәдік, көш бәдік темірге көш, Қып-қызыл екі беті семізге көш (АӘ).*

КӨШ БОЙЫ ○ КӨШ ЖӨНЕКЕЙ 1. *Жаңа қонысқа жеткенге дейін. Жолшыбай көш бойы жұрт қасында, Өзгемнен жұмыс жоқ, Атты теуіп, адамды Тістесе де сөгіс жоқ (Абай). Ел үркіп жүрген кезде күні-түні, Сары аяз көш жөнекей боран күні. Қар қауып, мұзға түскен, Жамбыл екем, Жұтынып суық ауа шыққан үні (Жамбыл).* 2. *Өлшем. Әлдеқайда, әжептеуір. Рас, біздің ауылымыз*

көңілдегідей кеңестеніп болған жоқ. Бірақ, баяғымен салыстырғанда ауылдағы еңбекші бұқара көш бойы ілгері кетті (С. М.).

КӨШЕГЕ СЫЙМАЙ ЖҮР *Ісіп-кеуіп, болып жүр. Қазір сотта болмашы ғана бір қызметте. Сонан келе нағыз сот өзі секілденіп көшеге сыймай жүреді (Ә. Н.).*

КӨШ ЖЕР *халықтық өлшем. Бір жерден екінші жерге көшіп қоныс аударудағы ұзақтық. Ат шапқан жер шамасы Екі көштей жер еді, Жүйрік сіңір созады, Тұяқтан жері тозады (Н. Б.). Басыңнан суық мұздай мөлдір бұлақ, Күрілдеп көбік шашып төмен құлап, Мың түрлі әнге қосқан сарындарың, Көш жерден құрыш қанып естір құлақ (С. С.).*

КӨШКЕ БЕРГЕН ТАЙЛАҒЫНДЫ ҚАЙТЫП АЛ! *Тым зілдене берме; ерегісең бергеніңді аларсың, білгеніңді істерсің деген мағынада. Араз болсаң қайтейін, көшке берген тайлағыңды қайтып ал (АТ).*

КӨШКЕ ІЛЕСТІ *Дұрмектен қалмады, көпшілікпен бірге болды. Куәсі ғасыр Жамбыл қарт, Көз салған дүние шегіне. Ұлы көшке ілесті. Тұлпар атпен тебіне (Жамбыл).*

КӨШ КӨЛІКТІ [КӨРІКТІ] БОЛСЫН! *тілек. Көш салтанатты, сәнді болсын! Бір бүйірден Жетібай сумаңдап жетіп келіп, әй-түйге қарамай, Күреңбайға ауыз салды:— Уа, Байеке, көш көлікті болсын! Қай жердегі жайлауыңа көшкелі жатырсың? (С. О.).*

КӨШ-ҚҰЛАШ ҚАШАДЫ *Ат-тонын аулақ салады. Оның үстіне аудандағылар да... атын атап, жөнін жөндеп жүрген жерден көш-құлаш қашады (Б. Қыд.).*

КӨШ ТАРТТЫ *Сапар шекті, жолға шықты. Асқар төбе бе еді, Белден көшкен ел еді. Көшті тартып келеді Бірнеше күн дегенде, Тоқтарбайдың жанына Отауды әкеп тігеді (ҚБ). Ақ маңдайы жарқылдап, Танадай көзі жалтылдап, Алтынды кебіс сартылдап, Көшті тартып барады Жібекті тапқан шешесі (ҚЖ).*

КӨШТЕН ҚАЛҒАН КҮШІКТЕЙ *Жұртта қаңғыған ит сияқты. Жуан ата о жарлар тігісінен сөгіле, Шынжыр балақ шонжарлар— Аласталып қалып тұр. Іштен түскен түсіктей Енді олардың жоқшысы, Көштен қалған күшіктей Көй-көй күйін салып тұр (І. Ж.).*

КӨШ ІЛГЕРІ *Анағұрлым алда; озат, әлдеқайда артық.— Өбден дұрыс айтасындар, Алматы былай тұрсын, Алматының айналасындағы колхоздардың өзі бізден көш ілгері (А. Х.).*

КҮӘЛІК АЙТТЫ ○ КҮӘЛІККЕ ЖҮРДІ 1. *Ескі дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің бетін ашу жорасы. («Куә-куә, куәдүрміз, куәлікке жүредүрміз» дегеннен басталатын ырым).* 2. *Айғақ болу, растау мағынасында.*

КҮДЕР [ҮМІТ] ҮЗДІ *Көңілі суыды, сенімін жоғалтты тілегі кесілді.* Сұлудан үзді күдерін Демелі болып тұрған көп (ҚамБ). Әрине, әрине, енді Айшаны ешкім ала алмайды ғой біздің қолдан! — деді Садуақас, — енді өздері де күдер үзген шығар (С. С.). Меңдіқара мырзадан Сұлу үзді күдерді. Қатыны бар шалдар да, Қатыны өлген жандар да Айттыра кісі жіберді (Н. Б.). Қарындас қалса жай табар Қатын қалса бай табар, Кейін қалған жас бала Күдер үзіп біздерден Көңілі қашан жай табар (М. Ө.). Көкала бие жылқыда Інім десе, берсін деп, Қобыланды мені жіберді. Береди деп биені, Үзбей отыр күдерді! (ҚБ).

КҮДЕРІ БЕЛ 1. *Біріне бірі сілемденіп, ұласып, жалғасып жатқан ұзыннан ұзақ қайқаң қырқа, асу, Сол теңіздің бетінде күдері белімен кесіп алғандай боп бөлек-бөлек боп орнаған көк биіктер көк кемелердей (М. Ө.). 2. Мықты, көнбіс, шыдамды.* Мініс аты ұзақ жолға күдері белдерден асуға қайқаңсыз шығар мініс аты. Күдері бел, күпшек сан, Үдере жортып желгендей (АӘ).

КҮДЕРІ ЖАЛ 1. *Тұтасып жатқан қалың белес. 2. Шүйдесі тұтасып, тік қалың біткен, семіз ат желкесі. Күдері жал, көк шоқтық, сала құлаш мойны бар (АӘ).*

КҮДІГІ БАР [КҮШТІ, КӨП, МОЛ] *Хауіп-қатерлі, кәдікті болу мағынасында айтылады. Жұрттың сенен күдігі бар, әйтеуір өзің адал болсаң болды (АТ).*

КҮДІГІ ҚОЮЛАНДЫ *Одан әрі күмәндана түсті. Күдігі өсті, көбейді.* Малдың ажары көңіліндегі күдігін қоюлата түсті (Т. А.).

КҮДІКТЕН АРЫЛДЫ **○** **КҮДІКТІҢ БҰЛТЫ АЙЫҚТЫ** *Шүбәсіз болды, сенімсіздік сейілді.* Тек көптен бері көңіл көгіне үйіріліп келген күдіктің бұлты айығып, үміт шұғыласы орын тепті (Ө. Ө.).

КҮЗЕМ АЛДЫ *Қой қырықты.* (Күздігүні қой жүнін кесіп, қиып алу мағынасында). Боқырауда күзем алып болған соң үлкен той болды (АТ).

КҮЗЕМ ЖҮН *Күзде қырыққан жүн.* Сонда орайы келіп қойлы ауылдарды араладым. Отар-отарда күзем жүн алу қызу жүріп жатты (ЛЖ).

КҮЗЕМ ҮСТІ *Күзде, күзгі жүнді қырыққан шақта.* Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын (М. Ө.).

КҮЗЕН БЕЛ *Нәзік, ашаң бел.* Оқшау-ырақ шетте манағы почталыон — ашаң жүзді жылтыр қара жігіт газетке көз салып тұр. Күзен бел, қапсағай. Кішкентай көзі мақаланы тесіп барады. Оқыған сайын жаны кіріп, жымындай күле бастады (Т. А.).

КҮЗЕР ЖОЛ *ди ал. Кең жол, даңғыл жол, үлкен жол.* Қазалыдан Жармолаға күзер жолмен баратынбыз (Қ. орда, Арал).

КҮЗЕР САЛДЫ *Мұздың үстіне шөпшалам төсеп, адам, көлік өтетін жол, өткел жасады.* Дарияға қызыл су жүріп, мұз сөгіле бастады. «Қызыл диханмен» қатысу қиындап тұр. Әр жерден күзер салып еді, одан жаяу болмаса, ат-көлік өте алмайды (ЛЖ).

КҮЙЕДЕЙ [ШЕГІРТКЕДЕЙ] ЖАЛАДЫ *Түк қалдырмай жойды, сытырып-сытырды.* Соғыс деген ажалды патша егіп канша халықты қыруда. Осыдан туған ұлы сойқан Тайбөріні күйедей жалағалы отыр (Ғ. С.). Ау, мына қоңыздар шегірткедей жалап барады ғой, апат қой, түк қоймас (АТ).

КҮЙЕ ЖАҚТЫ *Кінәсіз айып тақты.* Көз тігіп қарадың деп күйе жақпа. Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та. Ақылмен алды-артыңды шолып алмай, Қарны ашқан қасқырға ұсап қойға шаппа (С. Т.).

КҮЙЕК АЛДЫ *Қой, ешкіні шағылыстыру мағынасында айтылады.* (Қашырып жібермеу үшін қошқар мен текенің беліне кесе колденең байлайтын киізді «күйек» дейді). Алайда қойды бірінші, кейде бесінші, кейде оныншы апрельден бастап қоздату есебімен күйек аламыз (М. Т.). Күйек алу науқаны Аққұдықта өткізіледі (М. Е.).

КҮЙЕК АСТЫ *Астыртын, жасырын мағынасында.* Ат ауызға алынса, басы бүтін кететін. Ақша, бұл «күйек асты» көп жол тауып би, болыс, атқамінерлердің көмейіне жүріп жатқан (М. Ө.).

КҮЙЕУ АТТАНДЫРАР *көне. Күйеу қайындап бару, келудегі салт-жора (шашу, сыйлық).*

КҮЙЕУГЕ ТИДІ [ШЫҚТЫ] *Тұрмыс құрды, ерге шықты. Дәмешке бір атакты художник «Ақыл-ақыл деп өзің ақылдың құлы боп кеткен.. сорлысың ғой, ...ертең күйеуге тимей отырып қаласың!» — деп реніш те білдірген (З. Ш.).*

КҮЙЕУДЕН ШЫҚҚАН *Күйеуге бір тиіп, қайтып кеп, үйінде отырған әйел.* Жәкемнің үйінде қайтып келген қызы бар. Күйеуге шыққан деген аты болмаса үш-төрт ай отасты да ажырасты (АТ).

КҮЙЕУ ЕСІК АША КЕЛДІ *Күйеудің үйленген соң қыздың үйіне жол-жорамен алғаш рет келуі.*

КҮЙЕУ ЖОЛДАС *Қыз алуға барған жігіттің қасына еретін серігі.* Болыстың мырзасын қайына ертіп апаруға шыққан күйеу жолдастары келгенде екеуі де талып жатыр (М. Т.).

КҮЙЕУ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ, ҚҰДА МЫН ЖЫЛДЫҚ *Бұл жерде күйеу көп болғанда жүз жасайды, ал сүйек шатыс жек-*

жаттық ұрпақтан-ұрпаққа кетеді дегенді білдіреді.

КҮЙЕУ ЖІГІТ Атастырып қойған немесе үйленген бозбала. Күйеу жігіт-ау, бикеш өсіп қалды, қашан келесің, өрік-мейізің көп болсын келгеніңде,— деп жеңгелері әзілдей беретін (АТ).

КҮЙЕУ МҰҢЛЫҚ, БҰЗАУ МҰҢЛЫҚ к өне. *Күйеудің жолы тар, байлаулы бұзау сияқты деген мәнде.*

КҮЙЛІ ЖАСАДЫ диал. *Бай тұрды.* Ташауыздағылар *күйлі жасайды* (Түрікм.: Ашх., Таш., Тадж., Мары).

КҮЙСІЗ КӨЛІК *Арық мал туралы айтылады. Күйсіз көлік жүгірмес.*— Күйсіз жүгіретін көлік бар ма, Құнтсыз үйде түңлік бар ма,— деді Жанғозы Далабайдың үйсіз жадқы жігіт екенін қағытып... (А. Л.).

КҮЙСІЗ КҮЛІК диал. *Жүйрік ат.* (Бапсыз-ақ бәйгеде келетін ат туралы айтылған. «Күлік» — «жүйрік» мағынасында; «сайгүлік» немесе «сайгүдік» осыдан шыққан. Қырғыз тілінде «сай күлүк», «сай тулпар», «сай буудан» өте жүйрік мағынасында қолданылады). Е, мына аттың мүсіні келіскен екен, *күйсіз күлік қой; бабы да жоқ, бағалары да жоқ* (АТ).

КҮЙ ТАҢДАДЫ *Бап іздеді, күтім іздеді.* Өз үйінде қипаңдап, Кісі үйінде *күй таңдап.* Ақылы бар кісіні Айбаттайды, даттайды (Абай).

КҮЙІ БІРДІҢ КҮНІ БІР *Тұрмысы, жағдайы шамалас адамдардың көретіні де бірдей, мұңдас.* «Бөлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дей-дей болмадың ба? Енді біріңе бірің сүйеніс те, осы арада өлмес күніңді көр түге! *Күйі бірдің күні бір, ...берекеңнен айрылма!*— деп өсиет айтыпты Базаралы кедейлерге (М. Ә.).

КҮЙІ КЕТТІ [ТАЙДЫ] *Халі төмендеді, жағдайы болмады; бабы болмады.* Жаздығүні жапырақтың Бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, Күз болған соң *кетті күй* (Абай). Бұл тоқсан дәулетімде киім киді, Жалғыз кісі *кетірді* біздің *күйді* (ҚКВС). *Күйлері тайып бара жатқан соң, Мөңке екеуі былқылдақ жас тал кесіп қабадан тоқыды* (Ә. Н.). Мына құс пен тазының *күйі кетті*, бап та жоқ, бағым да жоқ (АТ).

КҮЙІК ТАРТТЫ [КӨТЕРДІ] *Қайғырды, қасіретін шекті.* Есіркегіш екенсің,— деді шілік.— Онша сорлы емесің, *тартпа күйік!* Сынбаймын, майыссам да, солқылдаймын, Желден маған келмейді еш кемшілік (Абай). Қапыда қан жоса болды. Қамшы тиген арқасы да дуылдап ашып барады. Күйініп *күйік тартып*, күңіреніп барады (Қ. Құт.). Еске мені алмадың, Соңымнан іздеп бармадың. Досыма бар деп айтпадың, Мен үшін *күйік тартпадың* (ҒН).

КҮЙІК ҮСТІНЕ КҮЙІК САЛДЫ *Қайғыға қайғы жамады, уайымға уайым қосты.* Бір күні Қамар өзіне өзі қайрат беріп, «Қой, бүйтіп *күйік үстіне күйік-жалқын салмайын*, өзімдікі, қабірге бірге түсетін *күйік кой*, енді тағы Ахметті күйдіріп, көрі әке-шешесінің обалына қалмайын. Бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой, сонда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге болады?»,— деп ойлады (С. Т.).

КҮЙІН ҚАШЫРДЫ *Берекесін кетірді, мазасын алды.* Балалар шулап, бақырды, Ынтасы — даусын білдірмек. Қонақтың *күйін қашырды*, Васты ауыртты көп дүрмек (Абай).

КҮЙІНЕ КЕЛДІ *Бабына келді.* Неше фасыл, неше бап Біздің сөздің тарауы, Кетеді ұзап бұтақтап, Жүйріктер мінген озбай ма, *Күйіне келсе* жарауы. Ақ иық бүркіт мұз балақ, Қаңтарда қарсы желге ұшар, Қабақтан түспей қырауы (Н. Н.).

КҮЙІП [ӨРТЕНІП] КЕТКІР! қарғыс. *Жанып, құрып кет.* Жұзтайлақ: *Күйіп кеткірдің зілдісін...* Тілімді қайырайын деп пе едің? (М. Ә.).

КҮЙІП КЕТТІ 1. *Зая кетті; ұтылды, ұпайы босқа күйді.* Бір жылғы еңбегім босқа *күйіп кетті* (АТ). Бытық бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғысы келіп, оңай *күйіп кетіп* отыр (Ғ. М.). 2. *Ызланды, қатты ашуланды.* Тоқтамаймын, ау мен неге тоқтаймын!— деді қалтылдақ шал *күйіп кетіп*,— Анау Нағима деген қызыл көз пәлесін соңыма салып қойды (Т. А.).

КҮЙІС ҚАЙЫРДЫ *Қой, ешкі, сиыр, түйе малыңда болатын ас қорыту процесінің бір түрі.* Қораның ық жағында *күйіс қайырып* жатқан бір табын сиыр ауаны қақыратқан мотор үнінен шошып, өре түрегелді (СҚ).

КҮЙІС ҚАЙЫРҒАН ТҮЙЕДЕЙ *Жегенін қайта қорытқан түйедей.* Жаңыл енді *күйіс қайырған түйедей* өткен бақытын көз алдында қайта елестетіп өмір сүрді (Т. А.).

КҮЙІСІ КЕЛМЕДІ диал. *Жағдайы келмеді, жайы келмеді* (Тау., Қош.).

КҮЙІСІМІЗ КЕТЕ МЕ? диал. *Жағдайымыз болмай ма? Мазамыз кете ме?* Біз онда көшіп барсақ, *күйісіміз кете ме* деп ойлаймыз (Сем., Абай).

КҮЛІ БОЛМАСА, БҰЛ БОЛСЫН! *Не болса, ол болсын деп енжар қарау.* Бұрынғы бейбіт өмірде ыстық-суықтан сақтайтын сырт қабыршағын соғыс жыртып өтіп, мұның да жүрегіне жетті. Енді ол төңірегінің бәрін *күл болмаса, бұл болсын* деп қарай алмады (Т. А.).

КҮЛГЕ АУНАҒАН ТҮЙЕДЕЙ **○** **КҮЛГЕ ШӨККЕН ТҮЙЕДЕЙ 1.** *Үсті-басы шаң-*

шаң, ұйпалақ-ұйпалақ. *Күлге аунаған түйеше*, Бейне қара күйеше, Күресінге жатқандай, «Халім мынау көргін! деп, Көкелер-ау, өлдім» деп Көрингенге айтқандай (І. Ж.). 2. *Омадай боп отыр*. Кемпір үндемеді. Осындайда бала-шағаға сыр алдырмай, сыртын суық ұстап, сазарып отыратын текаппар мінезі болушы еді. Қазір де ағаш қереует үстінде *күлге шөккен түйе*-ді боп бөксе жағын көрпемен қымтап аң, өңін бермей отыр (Ә. Н.).

КҮЛГЕ ШӨККЕН КӘРІ БУРА *Қаруы қайтқан, қуаты тайған.* — Е—е, *Күлге шөккен кәрі бура* болдық қой (Ә. Н.).

КҮЛЕ КІРІП, КҮҢІРЕНЕ ШЫҒАДЫ *Арам ниетін білдірмей, екі жүзділік етеді.* (Араз кісі, қас дұшпанның әрекеті туралы айтылады). *Күле кіріп* бұл жерге әдеппенен. *Күңірене шықпасын* әдетпенен. Аға көрдім өмірде, іні көрдім, Қайсысынан көңілім дәме етпеген (Қ. А.). Мен *өмірімді күле кіріп, күңірене шығатын* жөдігөйлердің құшағынан гөрі, адал достарымның табанында өткізгенді артық көремін, — деді Ноян (Ә. Ә.).

КҮЛКІ БАҚТЫ **○ КҮЛКІ КҮЙЛЕДІ** **○ КҮЛКІГЕ САЛЫНДЫ** *Тамашаға салынды, сауық-сайран құрды; күлкі, қызық құды, ойын-күлкінің соңына түсті.* Жастықта бір күлгенің бір қаралық, *Күлкі баққан* бір көрер бейшаралық. Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, Ең болмаса, еңбекпен мал табалық (Абай). Бұлай болғанда, *күлкіге салынған* кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек (Абай). Той болса, тон киелік, жүр баралық, Бірімізді біріміз аударалық. Ат арықтар, тон тозар қадір кетер, *Күлкіні* онша *күйлеп*, шуламалық (Абай).

КҮЛКІ БОЛДЫ **○ КҮЛКІГЕ ҚАЛДЫ** *Мазақ болды; келекеге айналды. Күлкі боп* көргенге, Құрбыға кәдірсіз. Ас қылып бергенге Шыдамас сабырсыз (Абай). Ол сөзге тез килікпесе, әкесі тағы да *күлкі болғалы* тұр (Ә. Ә.).

КҮЛКІ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] **○ КҮЛКІГЕ АЙНАЛДЫРДЫ** [ШАПТЫРДЫ] *Келеке-мазақ етті; ұятқа қалдырып, абыройын түсірді.* Алдаберген соны өзінің сауалын балықшы жігіттің қиқарланып, *күлкіге шалтырып* отырғанын ұнатпады (Ә. Н.). Сонан соң кетті шығып қасқыр, түлкі (Шағудан қасқырдың көп алған мүлкі). Жануар қызыл аяқ қайда жүрдің? Деп түлкі: Қасекенді *қылды күлкі* (С. Д.). Атаңнан қалған байтақ ел Бүлдірер деп қорқамын. Қанікейдей көрікті қыз, Тінікейдей текті қыз *Күлкі егер* деп қорқамын (ҚБ).

КҮЛКІНІҢ ЕРНІ КЕЗЕРДІ *Уайым-қайғы басып күлкіден айрылды, мұң-шерге батты.* Шырайды қайғы жасырмай, *Күлкінің ерні кезермес.* Шыдасаң есті қашырмай, Құлдатып, қор қып жібермес (Абай).

19—160

КҮЛІ ҚЫЛДЫ **○ КҮЛ-ТАЛҚАН ЕТТІ** [БОЛДЫ] **○ КҮЛІ КӨККЕ** [АСПАҢҒА] **ҰШТЫ** *Быт-шытын шығарды, талқандады, құртты.* Әбішті алып *күл қылды*, Қызылды гүлді жасылдан. Тым болмаса қызмет қып, Өткізбедім қасымнан (Абай). *Күлін көкке ұшырып*, Таптайық шауып тамырын (Жамбыл). Халқымның Ұлы Октябрь ұлы күні, *Ұшқан күн* патша, байдың *көкке күлі*, Дәуірлеп дәуіріміз барған сайын, Келеміз кесіп өтіп кедергіні (Қ. Ай.). Кім сарғайтты, налыты, Айт, жасыма, жасқанба, Дауыл менен жауыздың *ұшқан күлі аспанға* (І. Ж.).

КҮЛІМЕЙ КҮМРЕН БОЛҒЫР [ҚАЛІ] **○ КҮЛКІҢ КӨМІР БОЛҒЫР!** *қарғыс. Күлудің, орнына бір бәлеге душар бол.*

КҮЛТЕЛЕНГЕН ЖІБЕКТЕЙ *Сүйкімді толқын шашақтай.* Жалың сұлу, Гүлсары ат, *Күлтеленген жібектей* (МЗ). Жалыннан сенің болайын *күлтеленген жібектей*, Омырауыңнан болайын, Оралып жатқан түбектей (ЕТ).

КҮЛТЕЛЕНІП ЖҮРДІ *диал. Әдеміленіп жүрді, жарастылықты жүрді.* Анау әйелдің *күлтеленіп жүріп* бара жатқанын қарашы (Қ. орда, Қарм.).

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ КЕҢЕС *Жии-жиі болған жиын туралы айтылады.* (Қазақ аңыз-әңгімесінде: «Тәукехан қазақтың басын жиып, Күлтөбенің басында кеңес құрып, атақты жеті жарғысын» тізген екен деген аңыз бар. Бұл фраза бергін келе жалпылық мәнге ие болды). Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», өз Тәуке ханның *Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «жеті жарғысын»* білмек керек (Абай).

КҮЛ ШАНШЫ 1. *Артынан табалап «шоқ-шоқ» деді.* Көк айыл әйелі сөзін тыңдамай кеткен қызының артынан *күл шашып*, бүлініп жатыр дейді (АТ). 2. *Болымсыз әрекет етті.* Қызылдарға осынша күшпен Колчак түк істей алмағанда, есалаң сорлы-ау, сен *күл шашып* не бітіресің? (Ә. Н.).

КҮЛ ШЫҚҚАН АДАМДАЙ *Күл ауруына шалынған кісідей.* (Жалғыз қалуға, дүйім жұрттан бөлектенуге байланысты айтылады).— Ау!.. Ау, қатын-ау! *Күл шыққан адамдай* жалғыз үй көшкен ырымға жаманды (Ә. Н.).— Ол кім өзі, *күл шыққан кісідей* жалғыз үй отырған? — деді Төңірберген (Ә. Н.).

КҮЛ ШЫҚҚЫР! *қарғыс. Күл ауруы келгір! Күл шыққыр,* қу шешек! *Күлімді* шашып, қақпағымды ашып сонша басынды-ау (АТ).

КҮЛІМ КӨЗ *Әсем езу тартқан, жүзі жайдары.* ...Менің досым сен болсаң, Оймақ ауыз *күлім көз.* Мен кеткенде сен қалма (Қән).

КҮЛІМ [КҮЛІМЕН] ҚАҚТЫ *Жымың-жымың өтті, күлімсіреді. Еркежан әкесінің иығында тұрып күлім қақты. Оның күлімдеген шырайынан әр нәрсені де ұғуға болатын. (Ғ. С.). Біріне-бірі иін тіресе, күлім қағып қарасып, екеуі бір сүлгінің екі шетімен сүртісті (Ө. Қан). Күлмең қағып қасқайып, Салынып ап мақтанға (Абай).*

КҮЛІМСІ ИІС **○ ҚОҢЫРСЫҒАН ИІС** *Қолқаға ұрар қолаңса жағымсыз иіс. Кептірмей жиған шөп қызып кетіп күлімсі иісі шығады (АТ).*

КҮЛІНДІ СУЫРАРМЫН! *Отың басына ойран салармын. Күліңді суырып, ошағыңа ойран салмасам көр де тұр (АТ).*

КҮЛІН ШАШЫЛМАСЫН, ТҮНДІГІН АШЫЛМАСЫН [ТӨҢІРЕГІН ЖАНШЫЛМАСЫН] *қ а р ғ ы с. Балаң болмасын, малың болмасын! деген мағынада.*

КҮЛІ СӨНДІ *Бәрі де су сепкендей басылды, қызық қалмады, көңілі құлазыды. Бозбалаға сауық ем, Сауығым кетіп, күл сөнді... Алмай ма құдай шешенді! (Ш. Қ.).*

КҮЛІСТІК АТТЫ *д и а л. Кемсінді, күлді, мазақтады. Біреуді біреу күлістік атудың керегі не? (Қос., Жан.).*

КҮМІС КӨМЕЙ *Шешен, тілінен бал тамған. Оңтүстіктің жез таңдай күміс көмей ақындарының айтысы болады деген хабар бұл өңірге тез тарады (ЛЖ).*

КҮН АЙЫҚТЫ *Күн райы жөнделді, жылы бастады. Бүгін күн айығып кетті. Терістік желі де бағытын өзгертіп оңтүстікке ауысып бәсеңсі бастады (С. Ш.).*

КҮН АЛДЫ *д и а л. Демалысқа, еңбек күн демалысына шықты (Шығ. Қаз., Больш.).*

КҮН АРАТПА *д и а л. Күн ара. Ол өзі күн аратпа базарға барып тұрады (Ақт., Ойыл).*

КҮН АРТЫНАН КҮН ӨТТІ **○ КҮН-ДЕРДЕН КҮН, ЖЫЛДАРДАН ЖЫЛ ӨТТІ** *Көп уақыт өтті. Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жыл өтеді. Екі қыз өсіп, бой жетеді (ҚЕ). Күндерден күн, жылдардан жыл өтіп, бір күні Қаншайым жүкті болып, туар халетке келді (МЗ).*

КҮНӨҒА БАТТЫ *д і н и. 1. «Алла» алдында жазықты болды. 2. Қылмыс жасады, ұят іс істеді. Не айтсаң да болмайды, Тек кунға багасың. Енді айтар сөзім жоқ, Зар заманның аяғы (Д. Б.).*

КҮНӨДАН АУЗЫН САҚТАДЫ *д і н и. «Тәңір» алдында айыпты сөзді сөйлемеді. Күндан аузын сақтаса, Әулие демей не дейді, Жақынына бұрылмай, Тура сөзін айтқан соң (Д. Б.).*

КҮНӨНІ КЕШТІ *Айыбына кешірім жасады. Ағаш үй от жаққаным қобылан пеш, Құдай-ау, ғауу етіп, күнәмды кеш!*

Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым, Байлаулы арқандағы қолымды шеш (Б. Қож.).

КҮНӨНІ САТЫП АЛДЫ *Өзіне-өзі қылмыс тілеп алды. Таяндық енді өлімге, Алты табан көріңе Сатып алған күнәңның кешуі болмас күнінде (Ш. Қ.).*

КҮН БАЙЫДЫ *Күн батты. (Тілімізде «киелі» зат, қимыл-әрекетті немесе тұрпайы сөзді тікелей айтпау, яғни эвфемизм жолымен сынық сөйлеу дағдысы бар: баланы — «күл шашар», шешек, қызылшаны — «әулие» деу, мал таусылды дегенді — «мал байыды», өлді дегенді — «дүние салды» деу осындағы «күн байыды» тіркесіне іспеттес). Күн байыды, енді қайтайық, қыздар, жүріңдер (АТ).*

КҮН БАТҚАНША *Күн ұясына кіргенше. Бір кептірмей терімді, Күн батқанша шабамын, Әрлі-берлі далпылдап (Абай).*

КҮН БАТТЫ **○ КҮН ҰЯСЫНА КІРДІ [ҚОНДЫ]** **○ КҮН ШАТЫРЫНА КІРДІ** *Кеш болды. Күн де батты, бір жерге Әзім жатты, Күн батқан соң жан-жағы салдыр қақты. Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар, Сонда да біраз жатып ұйықтап қапты (Абай). Маяны жаялығына орап, Жамал күн ұясына қона тағы жылжыды (Ө. Ш.). Қызыл арай, сары алтын шатырына Күннің кешке кіргенін көрді көзім (Абай).*

КҮН БАТЫП, ҚАС ҚАРАЙДЫ *Кеш болып, іңір қараңғысы түсті. Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді, қопа бітетін емес. Күн батып, қас қарайып түн болды (ҚЕ).*

КҮН БОЙЫ **○ КҮН ҰЗАҚ [ҰЗАҚҚА, ҰЗЫН]** *Ертеден қара кешке дейін. Күннің шығуы мен батуына дейін жалбыр шашты орыс Раушанды столға отырғызып қойып, түсіріп аламын деп күн ұзаққа қағазды шимайлаған (Б. М.). Жер алыс болмаса да, Құнанбай күн ұзын ат үстінде жүріп, кешке ғана қайтты (М. Ә.). Күн ұзын тулап Малқар жуасып қалған екен, ыршыған жоқ. Ішінен қынжылса да, сыртынан қуанғанысып жатыр (Ғ. Мұс.). Өзі алмайды, қыранға алдырмайды. Күні бойы шабады бос салақтап (Абай). Күн бойы күтемін, Келер деп хабарың. Қайғырмай не етемін, Бізде жоқ назарың (Абай).*

КҮН БОЛМАДЫ [ЖОҚ] *Ерік болмады; тыныштық болмады. Жапарды, дейді: ескермей қатуланды, Ірітіп ел арасын ылаң салды. Біздерге ауыз ашар күн болған жоқ, Сүйтті де саясатты бұзып алды (І. Ж.). Міңді айтарлық тіл де жоқ, Сын айтқанға күн де жоқ. Ел атандық, болдық қор (І. Ж.).*

КҮН БІР ЖАУСА, ТЕРЕК ЕКІ ЖАУАДЫ *Сорға сор ұласып, үсті-үстіне бейнет азап көрді. Мың асқанға бір тосқан деген. Күн бір жауса, терек екі жауып... Онсыз да елдің жылауы, дерті аз бош*

тұрған жоқ бұл күнде, көзге шұқымасаңдар етті тым құрымаса (М. Ә.).

КҮН БІТТІ *Ажал жетті, өмірі таусылды. Ассыз, сусыз, дерт жеңіп, Өзі де әбден жүдепті. Тоғыз миллион санарда, Ажал жетті, күн бітті* (Абай).

КҮНГЕ КӨННЕН ҚАТЫРҒАН САБАДАЙ БОП *Қаңсып кепкен терідей боп.* (Ақын бұл жерде сүйкімсіздікті, қарттықты айтып отыр). Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған, Төгерішті... көрген күндес қатыннан, Қойнына алып Қожағұл шал жататын, *Сабадай боп күнге көннен қатырған* (І. Ж.).

КҮН ДЕМЕЙ, ТҮН ДЕМЕЙ *Дамылсыз; үнемі, ылғи.* Комитеттің қару-жарақ асынған жігітері *күн демей, түн демей* автомобильге мініп алып, қаланың көшелерін аралап жүрді (С. С.). Шаруа маусымы келгенде *күн демей, түн демей* бәрі де белсене жұмыс істейді (АТ).

КҮН ДЕ ӨТЕР, АЙЛАР ӨТЕР, ЖЫЛ ӨТЕР *Уақыт, мезгіл, жас — бәрі де мәңгі емес деген мағынада айтылады.* Зар жылдар да, булығар да — от жанар, Жылай, жоқтай көр басыңа көп барар. *Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер,* Тағы өргенер, үміт үзер... тоқталар (Б. К.).

КҮНДЕРДЕ БІР КҮН **КҮНДЕРДІҢ КҮНІНДЕ** **КҮНДЕРДІҢ КҮНІ БОЛҒАНДА** *Көп күннің бірінде; түбінде. Күндердің күнінде* сүйеу болатын жерлерді әдейі ашқам жоқ, деді Аманбай (М. Ә.). ...*Күндердің күнінде* жаман айтпай — жақсы жоқ, Мақыштың қызын алып, онымен қас-қабағың жараспай жүрсе, осыны алуыма құрғырлардың сөзі қамшы болып еді деп, өкінбесіңе жақсы деді (М. Ә.).

КҮНДЕС ҚАТЫН *көне. Бір кісінің бірнеше қатыны бір-біріне «күндес» болады.* (Қатын үстіне қатын алуды қырғызша «күнү үстүне алу» дейді; «күндес» — қырғызша «күндөш») *Күндес қатындар...* сотқар етіп, асыраған балалар жетім балаға жекіп, жер тезектей тепкілеп әрқайсысы бір сабай берген (Қ. Әб.).

КҮНДЕС ТАЛАСТЫРДЫ *диалект. Күндес болды, бақ таластырды.* Екі болыс өзара *күндес таластыратын* еді (Шығ. Қаз., Бөльш.).

КҮНДЕСТІҢ КҮЛІ КҮНДЕС *көне. Күйеуі ортақ әйелдердің өшпенділігі туралы айтылады.* Абай осыны аңғарып анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып: «Балам үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. «Күндестің күлі күндес» дегенді сен білмей-ақ қой деді (М. Ә.).

КҮНДІЗ БАЛАСЫНДА *Күні бойы ертеңнен қара кешке дейінгі аралықта.* (Осы жерде жазушы «түн баласына немесе түн баласында» деген тұлғаға сәйкестіре қолданып отыр). Қоналқы жерде бө-

гелгені болмаса, түстікке аялдамай *күндіз баласында* үнемі суыт жүріп отырған топ Қарқаралыдан шыққанша жетінші күн дегенде Шыңғыс тауының батыс жақ тұмсығына кеп ілікті (М. Ә.).

КҮНДІЗ КҮЛКІ, ТҮНДЕ ҰЙҚЫ БҰЗЫЛДЫ [КӨРМЕДІ] *Ешбір тыным таппады, жаны саябырламады. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көре алмастан* өлдік біз, Ертенді-кеш шалпылдап, Жан тынышын бөлдік біз (Б. К.).

КҮНДІК ЖЕР *халықтық өлшем. Таңертеңнен кешке дейін жүріп өтер жер.* Аңға шықса далақтап шауып, айғайлап шулап, аңды *күндік жерден* үркітіп жібереді (Ғ. М.).

КҮНЕЛТЕ АЛМАДЫ **КҮН КӨРЕ АЛМАДЫ** *Жеткілікті азық-ауқат таба алмады.* Үйінде отырып *күнелте алмайтын* болған соң, үш бала әкесінен рұқсат алып, алыс жерден кәсіп іздеуге шықпақшы болады (КЕ).

КҮН ЕКІНДІГЕ ТАЯДЫ [КЕШКІРДІ] *Кешкіріп қалды, кеш батты.* Осындай шым-шытырық ойда келе жатқан Есіркеген *күннің екіндіге таяп* қалғанын жаңа аңғарды (І. Е.). *Күн кешкіріп,* ымырт жабылар кезде теке келіп тоқтай қалды (КЕ).

КҮН ЕҢКЕЙДІ *Түс ауып күн кешкірді (күн бесіндіктен асты). Күн еңкейіп бара жатты.* Сол кезде тысқа шыққан Оспан өз қыстауының айналасында, қорықта қатпай жайылып жүрген өңіңе ертеулі аттарды көрді (М. Ә.). Жанай колхоз басқармасына келгенде, *күн еңкейіп* батуға барып қалған болатын (С. Б.).

КҮН ЖАЙЛАТТЫ *көне. Сиқырмен жауын жаудырды.* (Ескі наным бойынша сиқырмен жауын-шашын шақырып, дауыл тұрғызатын дағды болған). Адам қалмай жиянға жұрт кетіпті, Ала тайға, жігіттер, тіл бітіпті. *Күн жайлатып* бір амал таба көр деп, Қозыкеш сол жерде үйретіпті (ҚКВС).

КҮН ЖАЛАДЫ *Ыстық аптап ұрды.* Қайта бу боп, тағы су боп, Кетті тамшы домалап, Тағы келіп қонды егінге, Шөлдеп тұрған *күн жалап* (С. Б.).

КҮН ЖАУҒАНДА *Қиын-қыстау жағдайда, басқа күн түскенде.* Әркімде-ақ бар ғой туысқан, Қайсысы жауды қуысқан. *Күн жауғанда* қойныңда, Күн ашықта мойныңда (Абай).

КҮН ЖАУДЫ *Жауын құйылды.* Көкала бұлт сөгіліп, *Күн жауады* кей шақта, Өне бойың егіліп, Жас ағады аулақта. *Жауған күнмен* жаңғырып, Жер көгеріп күш алар. Аққан жасқа қаңғырып Бас ауырып, іш жанар (Абай).

КҮН ЖАУМАЙ СУ БОЛДЫ *Жайшылықта, қиындық іс түспей-ақ берекесі кетті, өз-өзінен ұнжырғасы түсті.* Неге екені белгісіз, Олжайдың ұнжырғасы

бұрынғыдан бетер түсіп кетіпті. Сәуле оның күн жаумай су болып тұрған түсін ұнатпаса да, жылы шыраймен қарсы алды (Ө. Ө.). *Күн жаумай су боп*, жел тұрмай майысып, суық түспей қалтырап берекесі қашып жүрген бір байғұс (АТ).

КҮН ЖЕБЕЛЕДІ д и а л. *Күн өткізді*. Олар да күн жебелеп жүрген балалар (Жамб., Қор.).

КҮН ЖЕТТИ *Уақыт келді, мезгілі болды*. Жібек қамқа кисең де Жараспайтын күн жетер (ШС). Толқын шашып от шалып, Ақша беттен нұр кетті. Жас шағының жазынан Айрылатын күн жетті (С. Мәу.).

КҮН КЕСТІ *Кесікті уақыт белгіледі*. Орманды өлкем қарт анам, Жауда қалған мекенім, *Күн кеспеймін*, мен барам, Барамын даңғыл жолменен (Қ. А.).

КҮН КӨК ЖИЕКТЕН КӨТЕРІЛДІ *Күннің көмкеріле көтерілуі мағынасында*. Бұл кезде күн де көк жиектен көтеріле бастады (АТ).

КҮН КӨРГІШ *Тіршілік тауқыметі*. Айранбайдың Кемелбаймен туысы бірге, Кемелбайдың күн көргіштігі жақсы (Б. М.).

КҮН КӨРДІ **○ КҮН КЕШТІ** [КЕШПР-ДІ] *Тіршілік етті, өмір сүрді, күнелтті*. Ат үстінде күн көрмей, Апаршылық шөл көрмей, Өзегі талып ет жемей, Ерлердің ісі бігер ме? (М. Ө.). Ерте кездегі жұмысшылар көмірді қол бұранмен шығарып, елге азық-түлікке айырбастап күн көріпті (Ғ. Мұс.). Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Саңдалменен күн кешкен түспе ізіме (Абай). Жап-жас бейбақ үй толы жанның арасына кеп, ауыр бейнеттің үстіне баяшпая күн кешті (Ғ. М.). Мал сырлас, аттың сыры маған мәлім, Жырым — жылқы, жүйрік ат — сылған әнім. Аспан асты, жер жүзі кең сахара, *Күн көріп* атам қазақ келген мәлім (І. Ж.).

КҮН КӨРСЕТПЕДІ **○ К...ІНЕ ТҮСТІ** *Қыспаққа салды, қинады; біреудің соғына түсіп өшікті, қыр соғына қалмады*. Оларға байдың соңғы алған әйелі күн көрсетпейді (М. Ғ.).

КҮН КӨРІС *Тұрмыс, тіршілік жайы*. Әлде, күйбең күн көріспен жүрем деп, қол тимеді, кешіріңдер дейін бе? (Ғ. О.). Үй екі бөлмелі ғана, күн көрісі төмен (С. М.).

КҮН КӨРІСІНЕН АЙРЫЛДЫ *Тірлік етіп отырғанынан айрылды*. Кенесары желтоқсанның басында сарбаздарын өзі басқарып келіп, Жаппас руын шапты. Сан кедей алдындағы күн көрісінен айрылып, сан бейшара қан жылады (І. Е.).

КҮН ҚАБАҒЫ *Күн райы; ауа райы*. Күн қабағын ол да ұнатпай, түнерген бұлты аспанға қайта-қайта қарап тұрды (Ө. Н.). *Күн қабағы* жабылмай тұрып, астықты жинап алайық (АТ).

КҮН ҚАБАҒЫН БАҚТЫ *Ауа райын аңдады*. Қысы-жазы далада, мал соңында жүріп, күн қабағын бағып өскен малшы жігіт бүгін аса мазасыз (Ө. Н.).

КҮН ҚАҚТЫ **БОЛДЫ** *Ауаның ыссы табына куйді*. Шөп төсектен шығысып Денең тастай шираған *Күн қағып*, жел жеп, отқа ысып, Бейнеттен күш жинаған (І. Ж.). Ертеден кешке шейін далада күн қақты боп қарайып бітіпті (АТ).

КҮН ҚҰРҒАТПАЙ *Араға күн салмай, күн сайын*. Күн құрғатпай жапан даланы кезіп, шаршап-шалдығып кешке жақын қара лашыққа қайта ораламыз (С. О.). *Күн құрғатпай* келіп жүрді де, бір күні тарс тыйылды (АТ).

КҮННЕН ҚЫЗ **ТУДЫРДЫ** *Аңыз-жырларға тән тіркес*. Айдан ұлды тудырып, *Күннен қызды тудырып*, Хан Зайтунға берсін ол (БЖ).

КҮННІҢ ҚАЛАЙ ӨТКЕНІН БІЛМЕДІ *Уақыттың тез озғаны туралы айтылады*. Біріміздің қабағымызға біріміз қарап, күннің қалай өткенін білмей қалатын болсақ қайтеді, — деді (ҚЕ).

КҮН ӨТКІЗДІ *Күнелтті, өмір кешті*, Жарық қол, қара табан, жалақ ерін, Толтырған кеудесіне қайғы-шерін. Жеті атасы құлдықта күн өткізген, Кірме деп, кемітетін ата тегін (С. Т.). Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек. Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжыңмен күн өткізбек (Абай).

КҮН ӨТТІ [ТИДІ] **○ КҮН СОҚТЫ** **БОЛДЫ** *Күннің ыстығы (аптабы) ұрды*. Құлық бие құлыны Табанынан тас батса, Маңдайынан күн өтсе. Алты күнге жарамас (ҚЕ). Үйге бар да, дем ал! Сыртқа шықпа, күн тиеді, мен қазір келем (З. Қ.). *Күн соқты болғың* келмесе, киімді қалың ки, көйлекшең кісі ыстыққа тез ұшады, қалың киінсең әрі күн өтпейді, әрі денең салқын болады (С. М.).

КҮН ӨТТІ [ОЗДЫ] *Уақыттың жылжып кетуі, мезгілден кешеуілдеу мағынасында*. Ол күн озған сайын оқшау қалып бара жатқан төрізденді (М. И.). Емін-еркін ер жетті. Күйеуге бермей күн өтті (ҚамБ).

КҮН САЛА ҚАРАДЫ д и а л. *Қолды көлегейлеп қарады*. Жақын, алыс албырқа күн сала қарады (Шығ. Қаз.: Үр., Мақ.).

КҮН САНАП *Күннен-күнге, бірте-бірте*. Сөтжанның бұзаулары да торпақ деген есейген атқа ие болып, мүйіздерінің тұқылы көрініп күн санап үлкейе, өсе берді (С. Б.). Оның сағынышы мынадай жардайда күн санап ұлға түсті (Қ. Қ.).

КҮН СҮЙІП, ЖЕЛ ҮРГЕН *Ыстыққа күйген, аңызға тотыққан*. Енді ол бида орамалмен күн сүйіп, жел үріп қатпар-

ланған күсті маңдайынан сорғалаған терін сыпыра сүртті (І. Е.).

КҮН ТАБЫЛДЫ *Мезгілі жетті. Сіздерге күн табылар, Бұрынғыдай боларсыз (БЖ).*

КҮН ТӘРТІБІНЕ ҚОЙДЫ [ТӘРТІБІ-НЕН ТҮСІРМЕДІ] *Белгілі бір мәселені ойласу, шешу үшін талқылауға ұсынды. Кітап шығару мәселесін жиылыстың күн тәртібіне қойды (АТ).*

КҮН ТИМЕГЕН, ЖЕЛ ТИМЕГЕН *Әлпештеген, ардақтаған. Дешуі еді, күн тимеген, жел тимеген, Қасында әлде біреу бар ма Жібек? (Ғ. М.).*

КҮН ТИМЕС 1. *Мал құйрығының асты.— Е, екі!... ит жалаған шылапшын беті!...Ақ байталдың күн тимесінің жүні! — деді. Жігіттер тағы да дуылдасып күлісті (С. С.). 2. Ақсаусақ; қара жұмыс істемейтін кісі.*

КҮН ТӨБЕДЕН АУДЫ [КЕТТІ] *Түс ауды. Күн төбеден ауғанда Түзеді буырыл шабысты (ҚБ). Күн төбеден ауған кез болғандықтан, асханада кісі аз екен (М. Гум.). Күн төбеден кеткен кезі сәл тайып, Екі-үш сырқат күн шуаққа марқайып, Әлдеқандай әңгімені шертеді, Зембілінде шолақ жатыр жантайып (Ә. А.).*

КҮН [КҮНІ] ТУДЫ 1. *Көксеген мезеті жетті, дер кезеңі келді. Көзіңді ашып қара! Мен құлақ кесті күнің емеспін. Күнім туар болса, осының үшін көзіңді ақитып тұрып ағызармын бәлем! (М. Ә.). Ал қазақ күнің туды қарманатын, қарманбай ел емес пе ең арланатын. Қорғаушы еңбегінді совегің тұр, Ол емес жаудан қорқып қорғанатын (АӘ). 2. Басына қиыншылық түсті, істі болды. Мәлік иығын қысып, таңырқап Раушанның кішірек жұқа танауының әдемі дірілінен көз алмайды. Күн тумасын басына қайтеміз жамандық тілеп. Мәліктің осы сөзін Нұрлан да қостады (З. Ш.).*

КҮН-ТҮН ҚАТТЫ *Аялдамай ұзақ сапар жүрді, еш дамылдамады. Ділдені артып молықты, Күн-түн қатып жүргенде Мінген аты зорықты, Ит жүгіртіп, құс салып Жүрген Қамбарға жолықты (ҚамБ). Жігіттер алпыс ділдәны алып, күн-түн қатып, сыдыртып барса, керуендер көшуге қамданып жатыр екен (ҚЕ).*

КҮН [-І] ҮШІН *Тіршілік қамы үшін. Күні үшін сөзін сөйлеп, сойылын соғып жүр ғой (АТ).*

КҮН ШАЛМАДЫ *Ақын бұл жерде қас сұлуды айтып тұр. Сөйлесе сөзі әдепті ем мағыналы. Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. Жұп-жұмыр ақ торғындай мойны бар Үлбіреген тамағын күн шалмайды (Абай).*

КҮНШЕ БАТ! *қ а р ғ ы с. Құрып кет. Күнше баттып, суша сіңіп жоғалғыр! (АТ).*

КҮН ШЫҚПАЙЫН ДЕСЕ ДЕ, ТАҢ ҚОЙМАЙДЫ *Болуға тиіс нәрсе еріксіз болады. Қыс қанша қатты болса да, мезгілі келген соң еріксіз босаңси түсті, күн шықпаймын десе де, таң қоймайды деп, көктем жақындағаны ғой (АТ).*

КҮН ШІЛГІР *Күн ыстық, шілденің аңызға күні. Шаң көкке өртенгендей шумақталды, Ат терге шомылғандай суды ақтарды. Күн шілгір, адам, айуан судан кеуіп, Түтігіп талай аттар құлап қалды (І. Ж.).*

КҮНШІЛ ДҮНИЕ *Ақын бұл жерде өмірдің опасыздығын көре алмас жанға теңеп отыр. Көп жасамай көк орған, Жарасы үлкен жас өлім. Күн шалған жерді тез орған, Күншіл дүние қас өлім (Абай).*

КҮНШІЛІК ЕТТІ *Күндеді, іш тарлық істеді. Оны естіген патша санаттары күншілік етеді (ҚЕ).*

КҮНІ БАТТЫ *Уақыты өтті. Не пайда күнің шығар, күнің батар. Бай қызы нар жетектер қатар-қатар. Мен сорға қара күндер көп туғызды. Қайғыға шыдай алмай жылап жатар (М. С.).*

КҮНІ [КҮН] БҰРЫН [ІЛГЕРІ] *Алдын ала, бұрынырақта. Әмірхан сездірмеді ішкі сырын. Келіскен Ақбөпемен күні бұрын. Естіді ел шетіне келісімен, Келеді деп Ақбөпенің күйеуі ұрын (И. В.). Дұшпан солдаттары бұл блиндаждарда екі-екіден тұратыны күн ілгері белгілі еді (Ж. Ж.). Өзінің күн ілгері қамын қылып жиып қойған жігіттерін қару-жарақ асындырып, үкімет және халық мекемелерінің бәріне қарауыл қойды (С. С.). Күн бұрын еңсесі түсіп неғып кетті (М. Ә.).*

КҮНІ БҮГІН *Дәл қазір, нақ осы кезде. Біз күні бүгінге шейін көп тереңдемей лиро-эпостардың қатарында атап келдік (Қ. Жұм.). Күні бүгінге дейін оған ауылын жайлаудан көшіргенін де айтқан жоқ (Ғ. М.).*

КҮНІ БЕРТЕҢ *Жуық арада, жақында. Күні ертең құдалар келген кезде. Бұл қалпында көрсетем не бетіммен, Масқаралап жүрмесін бәрімізді, Айттым, қойдым, құтылдым міндетімнен (Қ. А.).*

КҮНІ ЖОҚ 1. *Көргені азап, қиыншылық. Сөзінің жөні жоқ, Ақылсыз томырық, Қатынның күні жоқ — Қамшы мен жұдырық (Абай). 2. Онсыз тіршілігі жоқ, тіршілік сәні жоқ. Сенсіз күнім жоқ қой, мұны өзің де білесің (АТ).*

КҮНІ КЕШЕ *Жақында ғана, бұдан аз ғана бұрын. Тек мен емен бұл сырды талай айтқан Күні кеше өз атаң Абай да айтқан, Тағы қайта айтамын тағы, тағы! Болғаннан соң не кенде құдай атқан (Қ. А.). Капитан Скорицов күні кеше ғана Долгушовтан көрген зәбірін айтып, қатты ширығып кетті (Ә. Н.).*

КҮНІ КӨКТЕ ЖҮЗСІН Бағы жансын, жолы болсын, дегеніне жетсін; бақыты ашылсын, күні тусын. Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге боламын. Тек соның күні көкте жүзсін, соның ғана сәулесі жарқырай түссін (І. Е.).

КҮНІ ҚАРАДЫ [ТҮСТІ] ○ КҮНІН САЛДЫ Біреуге тәуелді болды, ісі түсті. Бай, құдай күнімді саған қаратып, қойынды баққалы отырмын (ҚЕ). Мына шіркін қайтеді деп, Раушан азырақ шегіншектесе де, онсыз Мариямды таба алмайтын болған соң, күні түскен адамның қалпын істеп жігіттен алыстауды қойды (В. М.). Құдай күнімді оларға салмасын деді шешем (С. М.).

КҮНІ ҚАРАҢ Халі мүшкіл, ауыр күн, өте қиын жағдай. Күншілдің күні қараң (Мақал). Өсіресе ақтан, бізге күн қараң, Демеді олар, бұл сәбиің, бұл — балаң. Осы ма деп, большевиктер ауылы Қырды, кетті — қаңырады шұбалаң (Ғ. Қ.). Саған түскен күн қараң (АТ).

КҮНІ ҚҰРЫДЫ Амалы таусылды, дымы құрыды; күні бітті. Бізге қайбір бауыры бітіп барады дейсің. Күні құрығасын амалсыздан келіп жатыр (Ә. Н.).

КҮН ІЛІНДІ д и а л. Күн ұзарды (Орал, Жән.).

КҮНІН ЖОҚТАДЫ Өткенін көкседі, аңсады. Монтөкең осыны айтып қалды тоқтап, Күрсініп қатты деммен күнін жоқтап, Бір жігіт босағадан түрегеліп, Сөйледі биге қарап сөзді нықтап (И. Б.).

КҮНІН ТАР ҚЫЛДЫ Қиындық көрсетті, екі аяғын бір етікке тықты. Тоқтат сөзді осыдан! Кеш те босат орынды. Енді қайта бөгелсең, Тар қылармын күніңді (М. Ә.).

КҮНІ ӨТТІ [СОЛДЫ] 1. Уақыты бітті, өлер күні жетті, өмірі таусылды. Қайғылы қысқа өмір күнім өтіп, Жан мен тән айырылысар уақыт жетіп, Не сырмен, қандай күймен айтқанымды, Кім білер қалғанда сен өзім кетіп (С. С.). Тау кезіп, тасқа өрмелеп жалғызымның күні өтеді (Ғ. М.). **2.** Бағы тайды. Баянның осы күнде күні солды (ҚКБС).

КҮНІ ТОЛДЫ [ЖЕТТІ] Мезгілі, уақыты болды. Шарықтап аспан әлемін, Жаймақшы көкке қанатын. Күні жетіп толды құс, Тоятын түзден алатын (С. Б.). Шартты, келіскен күні толды. Ертең есеп айырыспақ (АТ).

КҮНҒ ЕТТІ Жақтырмаған пиғылмен наразы сөз айтты. Бәрін бүлдіріп жүрген осылардың өздері, — деп қысылып отырған Қарсақ бір күнң етті де жым болды (Ә. Ә.). Не қыласыз сезіңізді қор қылып, бірдеңе түсінетін адам болса, оқуды тастап, біреудің есігін күзетіп отырар ма еді? — деп күнң етті (М. И.).

КҮН [КҮПТЕЙ] БОП ІСПІ КЕТТІ Торсып ісініп кетуді айтады. («Күп» де-

ген о баста — үлкен астау, бөшке; «күп» дегенмен «күбі» түбірлес болуы керек. Қырғызша: «Күпчөк болуп ішіп кетті» десе, қазақта «Күпшек санды күренді Табияға жаратқан» (Бұқар) деген бар). Гүлнардың күп боп іскен жаралы аяғы күпсектей боп кетіпті (С. М.).

КҮПТІ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] 1. Тамақты көп жегеннен мазасызданып жайы кетті. Кекірігі азып күпті болған шонжарлар кекірісіп, желінісіп шай үстінің әңгімесіне кірді (Ғ. С.). **2.** Зарықтырды, көңілін күдікті алаңға толтырды. Кебек: Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңлігімнің жолына, Келші жаным, күпті қылмай, сертіңменен келдің бе? (М. Ә.).

КҮПТІ КӨҢІЛ Күмәнді, күдікті көңіл. Бірақ мына қараңғы түн, күпті көңіл айнала дүниені үрейге толтырып тұр (Ә. Н.).

КҮПІР БОЛДЫ діни. Діннен шықты, күнәға батты. Надандарға бой бермей, Шын сөзбенен өлсеңіз. Аят, хадис емес қой, Күпір болдың демес қой, Қанша қарсы келсеңіз (Абай).

КҮРЕКҢЕ БОҚ ТАБЫЛАР Қайратың болса далада қалмайсың, екі қолға бір жұмыс табылады деген мағынада. Одан да сөзді қойып колхозға көшеміз. Күрекке боқ табылмайды деп қорқасың ба? (Т. А.). Күрекке бәс табылар-ау, көңілге бап табылса (АТ).

КҮРЕҢ ҚАБАҚ БОЛДЫ (ҚАБАҚ-ТАСТЫ) Ұрысты, ренжісті. Сонымен іштей күрең қабақтау болып жүргенде жақсылық Ақөзектің өзге елімен бірге Әбіштің қарсысына шығып қалды (М. Ә.). Екеуі күрең қабақтасып қалды (АТ).

КҮРЕП АЛДЫ Молшылыққа тап болды. Ақшаны күреп алды (АТ).

КҮРЕ ТАМЫРЫН АДЫРАЙТЫ Қызараңдады, қызбалық көрсетті. Біз тұқ білмейміз, біз де білмейміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда өлер-тірілерімізді білмей күре тамырымызды адырайтып кетеміз (Абай).

КҮРКЕСІ ЖАМАН д и а л. Ниеті бұзық, арам пиғылды. Күркесі жаман адам (Гур., Маң.).

КҮРКІРЕУІ КҮШТІ, ЖАУАРЫ АЗ ○ КҮРКІРЕУІ БАР ДА, ЖАУАРЫ ЖОҚ Дарылдақ, берекесіз кісі, екпіндетіп жүретін, ісінде береке жоқ кісі. Күркіреуі бар да жауары жоқ, түнеруі бар да, тамары жоқ кісі ғой (АТ).

КҮРТІК ҚАР Қалың қар, омбы қар. Сары, Кәрібай, Жамақ үшеуі Сарының шомының ық жағындағы күрткі қарға отырып кеңеске кірді (Б. М.). Қарағай маңайы биік күрткі қар екен (С. М.).

КҮС БІЛЕК ○ КҮС ҚОЛ Бұл жерде: жұмысшы, еңбекші мағынасында. Алыста-

ғы қалада Тапқа, сапқа тартылды. Бір жағы — өңшең ақ білек, Бір жағы — өншене күс білек (І. Ж.). Күрес, тартыс алып күшпен қызады, Ескі өмірді күсті қолдар бұзады. Көрі дүние түрленеді, жайнайды, Көне тартқан жүзіне нұр ойнайды (Ж. С.).

КҮСТӘНӘ ҚЫЛДЫ д и а л. *Жазғырды.* Біз оны кеше күстәнә қып едік (Қ. орда, Арал).

КҮШ АЛДЫ **○** **КҮШ ЕНДІ** [КІРДІ] 1. *Әлденді, нәрленді.* Жауған күнмен жаңғырып, Жер көгеріп күш алар. Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырып, іш жанар (Абай). 2. *Бел алды.* Жан бізді жас күнімде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік (Абай). Отырысып үйіңде Өз өзіңнен күш кіріп Босқа-ақ түсіп қаларсың Біреу кетсе үшкіріп (Абай).

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС [ТЫҢДАМАЙДЫ] *Күш өз дегенін істейді.* Е, күш атасын тыңдар ма! Бұл өңірдің бұдан асқан ері жоқ (М. Ә.). *Күш атасын танымас* (Мақал).

КҮШӘЛӘСІН ЖЕДІ д и а л. *Талқ жеді, көресісін көрді* (Шығ. Қаз., Больш.).

КҮШ БОЛДЫ **○** **КҮШКЕ ТҮСТІ** *Қиыншылыққа түсті, орындап шығу мұң болды.* Ұйқы, тамақ қалды дым-ақ, Керегі жоқ іс болып: Жай жатпағым, Тыныш таппағым, күш болып (Абай).

КҮШКЕ МІНДІ *Қайратқа мінді, күшейді.* Орыс байының ұзап кеткенін көрді ме, енді Құлтума күшке мінді: Мені жаратқан жалғыз құдай қарашекпеннің байы емес еді ғой. Бұл қай қорлағаның (Ә. Н.).

КҮШ КӨРСЕТТІ [АЙТТЫ] *Мықтылық жасады, тізе бағырды, өктемдік етті.* Балаға сонша неге күш көрсетесің, сөзің құрып, тілің байланып қалды ма? (АТ). Зор кеуде адамзаттың айласына, Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін. Екі есуім көпіріп, айқайласам, Шың құтырсам, шың тасты тербеткенмін (Абай). Ел аулақта күш айтуған топқа танған, Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр (Абай).

КҮШ САЛДЫ *Аянбай еңбек етті.* 1876 жылдары айдалып келген орыс интеллигенттерінің күш салуымен Өскеменде тұңғыш рет қазақ балаларына арналған мектеп интернат ашылады (СҚ).

КҮШ ТҮСІРДІ *Салмақ салды.* Егер жұмыс нервіге үлкен күш түсіретін болса, ұзағырақ ұйықтауға да болады (М. Ис.).

КҮШІН САРЫП ЕТТІ *Күшін тауысты, тамамдады:* («Сарф» — араб тілінде жұмсау, шығару). Ақырғы күштерімді сарып қылып, Мен құзар биікке талай-талай өрледім (Жамбыл).

КҮШІН САТТЫ *Қызметін бұлдады.* Бай алады кезінде көп берем деп, Жетпей тұрған жерінде тек берем деп. Би мен бо-

лыс алады күшін сатып, Мен қазақтан кегінді өперем деп (Абай).

КҮШ СЫНАСТЫ [ТАЛАСТЫРДЫ] *Бәсекелесті, салғыласғы.* Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың баққан жылқың Баста ми, қолда малға талас қылған, *Күш сынасқан* күндестік бұзды-ау шырқын (Абай). Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалақтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр (Абай).

КҮШТІНІҢ АРТЫ [К. . .] **ТИІРМЕН ТАРТАДЫ** *Күш дегенін қылады, қолынан келгенін істейді.* — Үмітсіз тек шайтан ғана, Көне хан. Әлі де болса Орынборменен тіл табу керек, — деді Таймас. — Мен тіл таппаймын деп жүрмін бе? Тіл тапқысы келмейтін өздері емес пе? — *Күштінің арты тиірмен тартады*, тіл табу біздің жақтан болу керек (І. Е.). — Мәниді өлтірді ме, қайтті? — деп сурадым. — Жоқ, оны өлтіргелі жатқанда, Шотай деген ағайынымыз барып, тартып алып қашып кетіп, бұрынғы берген жеріне солар ұзатты. «Күштінің к. . . і тиірмен тартады» емес пе? — деп, ақсақал төмен қарап бір күлімсіреп қойды (С. Т.).

КҮШКІ ИТТЕЙ ҮРДІ *Ақын бұл жерде қолынан еш нәрсе келмесе де жарбаңдап жармаса беруді айтып отыр.* Мал мен бақтың дұшпаны Кеселді пысық көбейді, *Күшік иттей үріп жүр*, Кісіден кеммін демейді (Абай).

КҮШКІ КҮЙЕУ *Үйленіп ата-енесінің қолына кірген жігіт туралы айтылады.* «Жақыпбек оңбаған адам болып шықты. Сені де ұмытты. Вануға үйленіп, Ақықтың қолына күшік күйеу болып шығып алды» деген сияқты үлкен-үлкен жансыз хабарлар барды (М. И.).

КІБІРТІН КЕЛДІ д и а л. *Кібіртіктеді, тоқталды, айта алмады.* Сөзге оның кібіртің келіп қалғаны со ғой (Қ. орда, Арал).

КІМ БІЛСІН **○** **КІМ БІЛСІНГЕ БАСТЫ** *Білмеймін, қайдам. Кім білсін, сол ма таратқан, Түскендей көкпен жапырақ. Таңертең кейде барақтан Табылар қағаз бір парақ (ЛЖ).* Бала кім білсінге басты да, сол бетінен қайтқан жоқ (АТ).

КІМ ДЕ БОЛСА 1. *Әркім-ақ.* Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі, *Кім де болса* тұрғысын көксемек-ті. Мезгілі өткен, дәуренді қуалаған Неғылсын бір қартайған қу сүйекті? (Абай). 2. *Кім болса, ол болсын.* Шал байғұс айғайлайды аттан салып, Айырып алған жан жоқ оны барып. *Кім де болса* бір ерлік қылайын деп, Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып (Абай).

КІМДІ КӨГЕРТЕДІ **○** **КІМДІ ЖАРЫЛҚАЙДЫ** *Кімге жақсылық жасап жарытады.* Мұндай қатындардан туған ұл қайдан батыр болады? *Кімді көгертеді?* Расымен төре тұқымы бақа-шайнаға айналғалы барама? (І. Е.).

КІМНІҢ БАСЫ КІМНІҢ ҚАНЖЫҒА-СЫНДА ЖҮР? *Ешкім ешкімге бағынышты емес, ешкім ешкімнен қорықпайды деген мағынада.* «Ой, тәңір-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?» — деп бұлғақтап, немесе: «...Әйтеуір бір өлім бар ма?» деп қалшылдайтұғын кісі көп қой (Абай).

КІМНІҢ ТАРЫСЫ ПІССЕ, СОНЫҢ ТАУЫҒЫ *Өзінде ерік жоқ, көрінгеннің шылауында жүретін адам туралы айтылады.* Қойшы, сол немені кімнің тарысы піссе, соның тауығы емес пе? (АТ).

КІМНІҢ ШІКӘРАСЫСЫҢ? *Сенімен кім санасушы еді, кімге дәрісің, сенің қолыңнан не келеді деген мағынада.* Қырыққа келген таз қатын кімнің шікәрасы?! Тағы, мен өзім жылқы мінезді адаммын. Өз кісім болмаса біреудің ардақтысына да иіш көрген емеспін, иитін түрім жоқ (Ө. Қан.).

КІНӘ АУДАРДЫ **КІНӘ ҚОЙДЫ** *Кінә тақты, айыптады.* Япырай, ғибратың тисін, кінә аудармай сабайсың, жаның күйсін (ҚКВС). Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма (Абай). Инеш Женияға сөл бұрылып салқын ғана езу тартып кінә қоя сөйледі (С. Ш.). Торғайымды бермеске кінә қылдың, Кінәні біле тұра неге қылдың (ҚКВС).

КІНӘҒА БАТТЫ *Айыпты болды.* Қайырылсам қызмет қылып халқыма, Сонымен зор кінәға батам ба, Ондық өнер, өнер жинар күш болса, Құр тілменен жоқты барды шатам ба (С. Д.).

КІНӘСЫН КЕШТІ [САЛАУАТ ҚЫЛДЫ] *Айыбын кешірді.* Бірақ бір тапсыратын ісім бар, соны орнына келтірсе, бұрынғы кінәсын салауат қылып, қызымды беріп, күйеу қыламын! — депті (ҚЕ). Азар болса, күзетшілер ұйықтап қалып қазынаны ұрлатқан шығар. Не де болса, тазша, сенің үшін күзетшілердің кінәсын кештім (ҚЕ).

КІНӘСЫН МОЙНЫНА АЛДЫ *Айыбын мойындады.*

КІНӘСЫН ӨТЕДІ *Айыбын іспен жуды, ақтап шықты.* Кластардың еденін жуам деп қолы тимеп еді, өз кінәсын өтемек болып дереу іске кірісті (М. И.).

КІНДІГІ БІР 1. *Бір анадан туған. Кіндігің бір ме еді? Кет, әрі сықсымай! — деп Айтолқын Женттің бетінен ала түсті (Б. М.). 2. Бірігіп тізе қосқан, пікірлес адамдар.* Бүгін Оразбайдың ... шашбауын көтеріп отырған ер рудың жуандары бұл есептерін ұмытқан емес. Олар Оразбайдың айғайымен өздерінің кіндігі бір екенін жете біледі (М. Ә.).

КІНДІГІНЕН ЖАРАДЫ *Бабына келді, бауырын тартып суыды.* Атыңды көкке қаратып, Кіндігінен жаратып. Жата бергін, сұлтаным (ҚБ). Жамандатқыр Тарлау ат Құйрығын құстай тарады, Кіндігінен жарады, Шекесінен қарады (ҚБ). Ардақтаулы тұлпарлар Басы көкке қараған. Кіндігінен жараған, Ардақтап барып сейістер Құйрық жалын тараған (Н. Б.). Кіндігімнен жарайын, Төрт айшылық жеріне Шадыра ханның еліне Үш күнде алып байрайын (Бат. Ж.).

КІНДІК КЕСЕР *Жас баланың кіндігін кескен адамға беретін сыйлық.* Келесі жылы Сәкен туғанда Жадыра жерден көтеріп алып кіндігін кесті. Сонда да Сейфулла мен Жамал онша жібі қоймады. Кіндік кесердің кәдесіне де жарытпады (С. Тал.).

КІНДІК КЕСІП, КІР ЖУҒАН ЖЕР **КІР ЖУЫП, КІНДІК КЕСКЕН ЖЕР.** *Туған жер, ата мекен.* Көрмей жүріп көп жылдан, Болсын деп жол жоралғым. Кіндік кесіп кір жуған Оралға биыл оралдым (Т. Ж.). Жұрт гуілдеп әбден көтерілген «Германияға, Керманға барып өлгенше, өзіміздің кір жуып, кіндік кескен жерімізде өлгеніміз жақсы», — деседі (С. С.). Балталы, Бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол, Кірім жуып, кіндігім кескен жерім, Ойнап-күліп ер жеткен жер, аман бол (ҚКВС). Байтабын бертін келе осы Кенесары тобына қосылғаннан бері ғана өзінің туған халқына, кір жуып, кіндік кесіп өскен жеріне қандай хауіп туғанын анық білді (І. Е.).

КІНДІК ТАМЫР *Негізгі өзегі.* Қалуеннің кіндік тамыры топыраққа терең бойлап енеді, одан жан-жаққа бүйір тамырлар тарайды (Бот).

КІНДІКТЕН ЖАЛҒЫЗ *Ата-анадан өзі ғана, өзінен басқа бауырлас туысы жоқ, жалғыз басты.* Сегізбек кіндіктен жалғыз. Бертін келе әке-шешесі де дүние салды (М. Сат.).

КІНДІК ШЕШЕ *Жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел.* Сонда өзіңіз жақсы көретін мына Дарылдақ қайнаға мен Сәкенімнің кіндік шешесі Зырылдауық жеңгей де отқа май құймас па екен? Аумалы-төкпелі адамдар ғой, — деді Жамал (С. Тал.).

КІР АЙНАЛДЫРМАДЫ *диалект. Шаң жуытпады.* Қандай әдепті, үстіне кір айналдырмайды (Қ. орда, Арал).

КІРБЕҢ АЙНАЛДЫ *диалект. Хауіпте болды, жаманшылыққа ұрынды.* Оған кірбең айналса, оны көремін (Қ. орда, Арал).

КІРБІҢ ҚАҚТЫ [ТАРТТЫ] *Ренжіді, мұңайды; көңілі жұтады, көңілінің қошы болмады.* Қыз көңілінің сәл нәрседен кірбің қағып, жабығып, жүдеп қалатын кездері де аз болмайды (ҚӘ). Талайдан кірбің тартқан көңілді, жабығып кеткен қабақты селт еткізіп қуанып ашқан, асыл кеңес болғанды (М. Ә.).

КІРГЕН КІСІ ШЫҚҚЫСЫЗ **○** **КІРСЕ ШЫҚҚЫСЫЗ** *Сән-салтанаты, жиһаз-мүлкі көз тартатын, көздің жауын алатын әдемі. Мейманханаға кірген кісі шыққысыз, жалғанның жаннаты екен (ШС).*

КІРЕ БЕРІС *Басталар жер, бір жерге кіретін жер. Ұқыпты терезелері, кіре басқышы — бәрі де бұл вагон үйді өзгеше жаңа тірліктің ең алғашқы кесек ұрығы, қызық бір ұйытқысы сияқты көрсетеді (М. Ә.). Бір топ сауыншы сиыр қораның кіре берісінде өзара даурыға сөйлесіп, әлдекімге жабыла шүйлігіп жатты (М. И.).*

КІРЕ ТАРТТЫ [ТАСЫДЫ] *Жалға, серікке жүк тасыды. Қожанасыр жарлы болған адам екен. Бір күні жаяу кіре тасып кәсіп қылып, тамақ асырамақ болады (ҚЕ). Бұлардың арғы аталары кіре тарттын түйекештер еді (АТ).*

КІР ЖУЫТПАДЫ [ЖҰҚТЫРМАДЫ] *Жаман ат келтірмеді, ұлтқа қалдырмады; қорғады. Шамалап сөйлеп, сөз тыңда, Қызыл тілім шалқыма. Ішке сақтап шірітпей, Бір азырақ леп шығар, Мирас қалсын халқыма; Аса келіп қимылдап, Қадағын пұтқа есептеп, Кір жұқтырма қалпыма (Н. Н.).*

КІР КЕЛТІРДІ *Басын қаралады, қорлады; жаман атқа қалдырды. Қыз басына кір келтіріп Зина да ондайға жолай қоймас (Т. Н.). ... Сәуле құдалықтың құлы болатын адам емес. Қасір оны жұрттың бәрі үлгі көреді, қызының сондай болуын арман етеді. Сен баяғы Қазыбектігіңе басып, оның беделіне кір келтіріп алып жүрме. Менің айтарым осы ғана, — деді Тайман Қазыбекке (Ә. Ә.).*

КІРІПГІ ЗОРҒА ҚИМЫЛДАЙДЫ **○** **КІРІПГІ ҚИМЫЛДАП ЖАТЫР** *Әл үстінде; өлім алдында жатыр. Келсе, Шойықұлақтың кірлігі ғана зорға қимылдайды, болар-болмас қана демін алып жатыр екен (ҚЕ). Сергей Сергеевтің кірлігі әрең қимылдап, бір шыбындай жанынан күдер үзіп жатты (С. Ад.). Айнаға қараса, хан қызы кірлігі ғана қимылдайды, әл үстінде жатыр екен дейді (ҚЕ).*

КІРІПГІНЕ МҰЗ ҚАТТЫ **○** **КІРІПГІНЕ МҰЗ ТОНДЫ** *Ұзақ жүргіншіліктен жол азабын тартты. Қарамандай батырдың Қабағына қар қатты, Кірлігіне мұз қатты. Қазанның есітіп хабарын, Ұйқы көрмей тун қатты (ҚБ).*

КІРІПГІНЕН ҚЫРАУ ТАМҒАН *Ашулы, қаһарлы. Қабағынан қар жауып, кірлігінен қырау тамған батырлар қайда? (АТ).*

КІРІПДЕЙ [КІРІПШЕ] **ЖИЫРЫЛДЫ** *Жақтырмады, тыжырынды. Асан сен бәрімізден кірлідей жиырылып, өзінді өзің қинап жүрсің, — деді Вану (Т. А.). — Жаман да болса балам ғой. Кетемін Бәкібайға, елге барамын, — деді Құренбай. — Япыр-ай! — деді Нұртай, кірліше жиырылып, — мына сөз қайдан (С. Т.).*

КІРПІК АСТЫНАН КӨЗ ТАСТАДЫ *Ұрлана қарады. Гауһардың кірпік астынан көз тастап, өзін бақылап отырғанын сезіп қалды Серәлі (Т. А.).*

КІРПІК ҚАҚҚАНША *Лезде, жылдам. Қонақ кірпік қаққанша табақты тазалап, тағы да ет сұрай бастайды (ҚЕ).*

КІРПІК ҚАҚПАДЫ [ІЛМЕДІ] **○** **КІРПІК ҚАҚПАЙ ҰЙЫП** **○** **КІРПІК ҚАҚПАСТАН ӨТКІЗДІ** [ҚАРАДЫ] *1. Ұйықтамады, көз жұмады. Бала кірпік қақпай, көрер таңды көзбен атқызды (С. О.). Көз алдымда жауған оқтар, Кірпік қақпай атқан таңдар, Суық аяз... төнген хауіп Арыстандар — партизандар (Ж. С.). 2. Көз айырмай қарады, тыңдады. Айрылды күйші есінен қызды көріп, Кірпігін қақпай қалды көзі төніп. «Адамның арғымағы осы шығар, Пендеге бітеді екен мұнша көрік?» (І. Ж.). Лейтенант та ертеқ тыңдаған баладай кірпік қақпай ұйып қалды (Т. А.).*

КІРПІК ҚАҚТЫРМАДЫ *Қозғалтпады, тапжылтпады, қимылдатпады. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз (Абай).*

КІРУГЕ [КІРЕРГЕ] **ЖЕР** [КӨР, ТЕСІК] **ТАППАДЫ** *Қатты ұялды, ұялғаннан не істерін білмеді, жұрттың бетіне қарай алмады. Жарқынның беті ду-ду етіп өңі де бұзылып жүре берді. Қасына келген Байсалға тура қарамай, қырындап кетті де, кірерге жер таба алмай састы (М. И.). Ләззат үлкен күйзеліске ұшырады. Тұла бойын жириніш жайлап, күйелі денесін жұрт көзіне көрсетуге қорқып, кірерге жер таппай жүр (Т. А.).*

КІР ШАЛІМАС *Тап-таза, кіршіксіз. Қара көз, имек қас, Қараса, жан тоймас. Аузың бал, қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас (Абай).*

КІРШІК ЖОҚ *Аппақ. Қыз сипатын қарасаң, Ақ төнінде кіршік жоқ (ҚЖ).*

КІРШІК ШАЛДЫ *Арына ақау түсті. Адамға жарасымды мінезіңнен, адал пейіліңнен айрылма. Азырақ кіршік шалған болса, тазарарсың (ЛЖ).*

КІРПТАР БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Тұтқын болды; тәуелді, міндетті етті; басына қиыншылық түсті. («Гриптар» — парсы тілінде — тұтқын, қолға түскен, қамалған құл). Жау жеңіледі. Кірптар болған мал-жанды қазактар айырып алады (С. М.). Сен ағашта піскен алма, Қазір едің, алмадым. Құп кірптар қылды алла, Әлде мені қарғадың (Абай). Себепсіз кірптар қып айдағаны; Қор етіп қол-аяқты байлағаны Тіл шіркін, шідерінің бауы үзіліп, Отыр ғой осы бүгін сайрағалы (Қ. Т.). [Сансызбай] Жібектен жауап алып кел деп бір сөз айтты: «Жау жағадан алғанда, Кірптар қылып бөлеге Кетпейін тастап сені, аға!» (ҚЖ). Патша құдай не қылдым? Диюге болдым кірптар, Он бір жылдай болдым зар (ҒН).*

КІРПІТАР ЕМЕС *Тәуелді емес; жалыншыты емес.* Әрі айттым, бері айттым, жалыншып та көрдім. «Ешкімге кірпітар емеспін» деп көнбей қойды (АТ).

КІРІСІ ЖҰМСАП ЕГІЛДІ *Жүйесі босады.* Түзелді бүгін желісім, *Егілді жұмсап кірісім* (КЕ).

КІСІ [ЖҰРТ] АЯҒЫ БАСЫЛДЫ 1. *Кісілердің келіп-кетуі тоқталды.* Айтқанға көнбегенің осының нең? Күйеуің, келеді деп тосып отыр. *Басылды кісі аяғы* опыртопыр, Бәлсініп бүгін бармай қойғанменен, Ертең-ақ Күйек молда некеңді оқыр (С. Т.). 2. *Беймезгіл уақыт болды; кешкірді.* *Кісі аяғы басылғансын,* Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды (Ә. Н.).

КІСІ БЕТІНЕ ҚАРАМАДЫ *Ұялды, қысылды; назарын төмен салды.* Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы, итігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта көзің *кісі бетіне қарамақ* түгіл, еш нәрсені көрмейді (Абай).

КІСІ БЕТІНЕ КҮЛІП ҚАРАП КӨРМЕГЕН 1. *Әдепті, ибалы, жеңілтек мінезге салынбаған, салмақты.* ... *Күліп кісі бетіне қарап көрмеген,* ибалы, атақты асыл Қамарымыз... қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шынын жаны ғана бар еді (С. Т.). 2. *Өмірі қабағы ашылмайтын, мінезі тұйық адам туралы да айтылады.* Қолынан жарты күлше жұртқа қайыр бермеген, *кісі бетіне күліп қарап көрмеген* дозақы ғой бұл (АТ).

КІСІ БОЙЫ ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМ. *Кісінің бойындай биіктік, тереңдік, ұзындық жөнінде айтылады.* *Кісі бойы* керует Алтын тақтың үстінен Қояндай ырғып түседі (ҚЖ). Өзеннің сонау көмейінен осы кемерге дейін тереңдігі *кісі бойы* ор қазамыз да, төбесін бөренемен жабамыз (Ә. Ә.).

КІСІДЕГІНІҢ КІЛТІ АСПАНДА *Біреуге ісі түскенде айтылады.* Соншама күш өз қолымда болар ма еді, — деп зығырданым қайнады. Лаж жоқ, «*кісідегінің кілті аспанда*» деген осы (Б. М.).

КІСІДЕГІНІҢ КІНДІГІ ТАРТЫҚ *Кісіден алу қиын; «кісі киімі кіршең, кісі малы тершең» деген мақалдың мағынасына саяды.* *Кісідегінің кіндігі тартық,* — деп, шабан да болса шолақ шауқарым жақсы, ертең қабағы қатынқы, жүні жығылықты болса, жылқышы атаң қараспанды басына үйер (АТ).

КІСІ ЕЛІНДЕ СҰЛТАН БОЛҒАНША, ӨЗ ЕЛІНДЕ ҰЛТАН БОЛ *Өзіңнің туған ұяңда бол, соған қызмет ет деген мағынадағы мақал.* — ... Орта жүздің жағасы Шәкен жығылса қазақта жығылмаған не қалды? Пісіріп жесе де өз еліңнен кетпе, бауырым. «*Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол,*» дейді Әбен Шәкенге жылап отырып (Ғ. Мұс.).

КІСІ ЕСІГІНДЕ ӨТТІ *к ө н е.* *Жалшылықта жүрді, басқа біреу үшін жұмыс істеді.* Туған әкең Томай өмір бойы *кісі есігінде өтті,* — деді Сәмет әңгімесінде (С. О.).

КІСІ ЖҰТЫП ҚОЙҒАНДАЙ *Сұп-сүйкімді, өте әдемі, келісті.* Ақ Мәни десе, ақ Мәни, *кісі жұтып қойғандай* сұлу еді. Әлі әңгімедегі қыздай. Бұл екеуінің де сөрттері қатты болса керек (С. Т.).

КІСІ ҚОЛЫНА ҚАРАДЫ *Өз бетімен күн көре алмай, басқаның жәрдеміне сүйенді; тіленді, сұрамсақтанды.* Есберген ұсақ алып сатар «*кісі қолына қараған*» дейтін қала саудагері екен (М. Ә.).

КІСІ САЛДЫ *Араға адам жүргізді; басқа біреуді жұмсады.* Сөйлесті құдасына *кісі салып,* Отырмыз бір суық сөз хабарланып, Егер де Көпбай ойы адал болса, Тез берсін келінімді малын алып (И. Б.). Оларды босату туралы *кісі салып* көріп едік, Иван қаһарын тігіп маңайына жолатпады (А. Л.).

КІСІ ТІЛІНЕ ЕРДІ *Біреудің еліктіргеніне сенді, жетегінде кетті, айтқанына көнді.* *Кісі тіліне ермеске,* Қазақшылыққа енбеске, Аштан өлсем адамға Намысымды бермеске... Көміл уағда етілді, — дедім (С. Т.).

КІСІ ҮЙІ *Бөтен үй.* Өз үйінде қипаңдап, *Кісі үйінде* күй таңдап. Ақылы бар кісіні Айбаттайды, даттайды (Абай).

КІТАП АШТЫ *д і н и.* *Сәуегейлік етті.* (Кітапқа қарап кісінің тағдырын, жағдайын айту). ... Әкем баламның өміріне *кітап ашып* бер... деп шаһардегі барлық бақсы-балгерді жиып алып сұрапты (КЕ). Сиқыршы болған кітаппен Шешесі мұның бар еді. *Кітап ашып,* бал салып, Төңірекке көз салып... Келгендерін біледі (ҚБ).

КІТАП ҰСТАДЫ *д і н и.* 1. *Құран оқыды.* Нәпсіге ерген молдамыз, Кітапты жақсы білмейді, *Кітап ұстап* айтқан соң, Жалған сөзі шынмен тең (Д. Б.). 2. *Қолына құран алып ант берді,* шынын айтты. Адалдығын білдірем деп *кітап ұстапты* (АТ).

КІШІ БЕСІН *Күн төбеден ауып кешкірген кез.* Көк қия құм төгілген жыныс жартас, Болмай-ақ *кіші бесін* күні батқан (Қ. Қуан.). Тек мойындары ырғайдай, биттері торғайдай болғанда, *кіші бесін* кезінде бір қалың қопа камысқа жетті (КЕ).

КІШІ ДӘРЕТ СЫНДЫРДЫ *Түзге отырды.* Ойылған жер шетінде, Жұрт көзінде бұл тұрды, Снарядқа бұрылып, *Кіші дәрет* сындырды (ҚӘ).

КІШІ ПЕЙІЛ *Мінезі сынық, сыпайы, инабатты.* («Пейіл» — араб сөзі, мінез, қылық мағынасында). Барабанға сілейе қарап, өзімен өзі болып тұрған көк тұқыл, аласа қарт ашық, *кіші пейіл* адам екен (Ғ. Мұс.). *Кіші пейіл,* ақ ниет, сөртке берік, жолда қалмас дос қані? (АТ).

К

ҚАБАҒЫ АШЫЛДЫ [ЖАЗЫЛДЫ, ЖАРҚЫЛДАДЫ, КӨТЕРІЛДІ] *Ашық-жарқындық байқалды, көңілі жадырады. Үйдегі еркектер түгелімен қабақтары ашылып, қоса күлісті. Әбішпен бас изесіп, жамырай сөйлесті (М. Ә.). Жанды ма өшкен шырағым? Ашылсаңшы қабағым, Өлгенім тіріліп келіп тұр, Жарылсаңшы, жүрегім (ҚЖ). Кемпір шайды жалғыз сімірді. Және ішкен сайын маңдайы жіпсіп, әлгідей емес, қабағы да жазыла түсті (М. И.). Әзімбай салқын сызды қабағын ашқан жоқ (М. Ә.). Бірақ, мылқау табиғат бізге деген ашулы қабағын жазбады (Ә. С.). Колхоз қалмай жиылып, Қызыл-жасыл киініп, Тойға келді түзеп бой. Қабақтары жарқылдап, Дауыстары саңқылдап, Қуанбаған жоқ-ақ сой (І. Ж.). Сейіттен бұл хабарды алған соң, әйелдердің қабағы көтерілді (С. Ш.).*

ҚАБАҒЫ ЖАБЫЛДЫ [ҚАРС ЖАБЫЛДЫ, ТҮЙІЛДІ, ТҮНЕРДІ] ○ ҚАБАҒЫН ЖАПТЫ [ТҮЙДІ, ТАСТАЙ ТҮЙДІ, ТҮКСИТТІ, ҚАРС ЖАПТЫ] *Ызаланды, ызалы ашуға мінді; ашумен тас түйін боп алды. Қабағы қарс жабылып, өзінің қойған сұрағына шешім іздеп, ой теңізіне бір-жолата сүнгіді (І. Е.). Айша қабағын жауып томсарып, сөзге де кіріспей, қанға да кіріспей жалғыз отыр (С. С.). Сейітқалы қабағын қарс жауып, жан-жағына қарады да, қойшыларды сөге бастады (Ғ. Мұс.). Шығанақ түйілген қабағын әлі жазған жоқ (Ғ. Мұс.). Жанәлі түсін суытып, қабағын түйді (С. С.). Ауру келін қабағын тастай түйіп, екі кішкентай баласын күпінің өңіріне тығып, құшақтап қысып отыр (М. Ә.). Сүгір жаңағы Айша жауабынан кейін қабағын қасқырдай тісі ақсия, қабағы тастай түйіле кеп: — Бар жауабың осы ма, жоқ жөнге келемісің?— деді (М. Ә.). Өлекең әлгіде қабағын түкситіп келіп, мектеп үйіне төлейтін ақшанды бүгіннен қалдырмай төле,— деп зығыр етіп кетті (Б. М.).*

ҚАБАҒЫ КЕЛІСПЕДІ *Көзқарасы, ниет-пиғылы жақсы болмады, ұнамады.*

Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспеген. Қырына ала берген болатын (М. Ә.).

ҚАБАҒЫ [ҚАБАҒЫН] КІРБІН ТАРТЫ [ШАЛДЫ] *Ренжіді, көңілі жабықты, жабырқады. Әлгіде қабағы кірбің тартып, түсі қашқандай көңілсіз келе жатқан жас жігіт сәттің арасында-ақ құлпыра жайнап шыға келген екен (Ғ. С.). Мен қалай жолықтым, солай қабағын кірбің шалып, аяқ астынан өзгереді (М. И.).*

ҚАБАҒЫ ҚАЛЫҢ Түсі суықтау, жүзі ызалы. *Қабағы қалың сол бала, Тіпті шұнақ ку бала, Шұбар ат мініп келеді. Сол шұбардың дүбірі Құлағына келеді (АБ).*

ҚАБАҒЫ ҚАТТЫ [КІРТИДІ] *Шаршап-шалдықты, қажыды, ренжіді. Айша да томсарып отыр. Оның гүлдей солған жүзі, мұздай қатқан қабағы, терең қайғылы көзі бір ноқатқа қадалып қалған секілді (С. С.). Арта отырған екі жігіт әрі ыстықтан таңдайлары кеуіп, әрі машина соғып мазалары кеткен соң, маңдайларын тыжырынып, қабақтары кіртііп қалыпты (ЛЖ). Ол, ол болсын, ол болсын, Жеке басың қол болсын, Түн ұйқысы калғандай Қабақтарың қатыңқы, Тыңшы болып жүргендей Атыңның жалы жатыңқы, Қара шекпен қынамал Атусыз оғы құрулы, Қалмақтарға ұқсайсың, Сұраймың,— дейді — жол болсын (ҚамБ). Атың сенің жараулы, Бүкеңдетіп желдің бе? Қабағың сенің қатулы. Түн ұйқыңды бөлдің бе? (АБ). Өзіміздің жаңағы, Жігіттер емес сияқты Бәрінің қату қабағы, Бола қатты жинақты (Қ. А.). Ұзақ түнді әр алуан ой үстінде ұйқысыз өткізіп ерте тұрған жас келіншектің қабағы қатулы (С. Тал.). Әлі түнеріп келе жатқан Жүністің қату қабағы зарлауықтың өзінен бұрын жеткен үнінен шайдай ашылып кетті (Х. Е.).*

ҚАБАҒЫНА ҚАРАДЫ *Райын байқады (күтіп бақты); жайын білді, хал-жайын аңғарды. Арманым, ауруым жүрегімде, Қоспадым сені сүйген біреуіңе, Кім*

қарар қабағына, жан ашыр кім, Көресің бәрің дағы жүре-жүре (І. Ж.).

ҚАБАҒЫНА ҚЫРАУ ҚАТТЫ *Түнжырады, түнерді деген мағынада. Қабағына қырау қатқан, бетінде жылдылықтың нышаны жоқ, тас түйін біреу (АТ).*

ҚАБАҒЫНАН ҚАР [ҚАН] ЖАУҒАНДАЙ [ЖАУЫП ОТЫР] *Қатты ашуланып қаһарланды, кектенді. Қабағынан қар жауып, Әлмеғамбет Сәлім жатқан жеріне барып жетті (Қ. Жұм.). Қайғысына ортақтасқан болып, қабағынан қан жауа отырып, Кассель де, басқалар да Павелды арбап бақты (Ә. Ә.). Қабағынан қар жауып, Кірпігіне мұз тоңып, Жауырыны жазық, мойны ұзын, Атарына қолы ұзын (ЕТ). Бұрын да талай рет келіп, шық жуытпай кеткен Қожанасырды «енді тұзағыма түстің бе» дегендей, қаһарлы хан қалың қабағынан қар жауғандай сәл тұнжырап отырады (ҚБ).*

ҚАБАҒЫНАН ОҚ ТӨГІЛДІ *Ақын бұл жерде жанары от шашып, ұшқын атты деген мағынада қолданып отыр. Көрінер жұтқан түйін тамағынан, Сүзіліп оқ төгілер қабағынан. Дарига, айтып-айтпай неге керек Кеткен соң құзыр өтіп заманынан (А. Қор).*

ҚАБАҒЫНАН ТАНЫДЫ [ТҮСІНДІ] *Райынан білді, жүзіне қарап сезе қойды. Қабағынан танытын әдеті бойынша Ажар біліп тұр, Ақылбектен қажығандық та, қарны ашқандық та сезіледі (Ж. Ж.). Кейін шешесінің қабағынан күндегі дағдылы ажарын танып, бөгелместен жұмыстарына жөнелген (М. Ә.). Әжесінің ішкі күйін қабағынан түсіне қоятын Юрий: «Әже, неге жылайсың» деген ишаратпен мұңайып, мойнды (С. В.).*

ҚАБАҒЫН АНДЫДЫ [БАҚТЫ] *Қасқабағына барлай қарады. Қабағымды аңди бер, белгіні дәл байқарсың, — деді Шернияз (М. Ә.). Абай басында үндемей барлап, жұрттың қабағын бақты (М. Ә.).*

ҚАБАҒЫН АУЗЫНА ТҮСІРДІ *Ашуланды, ренжіп, тұнжырады. Егер кітап деп, тіпті қоймай, жалынып жылап, тынышын ала берсек, қабағын аузына түсіріп... 20 тиынды бір қарадан артық көріп, ызбарланып, көзін аларта қарап, зәремізді ұшырады (С. Т.).*

ҚАБАҒЫН КЕРДІ *Кербезденді. Білезігі жарқырап, Қабағын сәндеп кереді. Жай қимылдан манаурап, Байға қымыз береді (С. С.).*

ҚАБАҒЫН ҚЫРАУ ШАЛДЫ *Қас-кірпігіне ақ түсті. Ақ сақалды тарайды Қырау шалған қабағын. Балаларға қарайды, Төңкеріп көз жанарын (С. Мәу.). Қабағын қырау шалмаған, әлі тың (АТ).*

ҚАБАҒЫН ТЫРЖИТТЫ [КІРЖИТТИ, ШЫТТЫ, ТҮЙДІ] *Жақтырмаған кейіп білдірді. Әйел Малбағардың оғ сөзін ұнатпағандай, аздап қабағын тыржитты да, са-*

мауырды далаға алып шықты (С. М.). Осының ақыры неге соғар екен, ә?... — деп күбірледі, Төлеген қабағын кіржитіп (Ө. Қан.). Қарашаш кейде Абайға қабақ шытып қарайды да, жаны ашиды (М. Ә.). Елизавета Сергеевна қабақ шыта тұрып, сабағына оралды (М. И.). Бола ма қайғырмасқа қабақ шытып, қолынан кеткеннен соң мал мен күші (РД).

ҚАБАҒЫНЫҢ АСТЫМЕН ҚАРАДЫ *Білдермей көз тастады. Мүсілім еңкейіп еденнен алып жатып, қабағының астымен көз қиығын тастап еді, Ақмарал да шаншыла қарап отыр екен, көз қарастары түйісіп қалды (З. Ш.).*

ҚАБАҒЫ САЛБЫРАДЫ [САЛЫНДЫ, СЫНДЫ] **○** **ҚАБАҒЫН САЛДЫ** *Көңілсізденді, көңілі жабырқады; қамықты, Ләйла мен Ғабдолла екеуінің де қабақтары салбырап, көңілдері толқып, күннен-күн жүдеп барады (С. Шәр.). Жүздері мұңайған, қабақтары салынған (С. Төл.). Мақатайдың қабағы сынып, еріндері салпия қалды, не дәмі, не беделі өтпеді (Ғ. Мұс.). Бір күні Кулкеев мақтаншақ келіннің үйіне барса, қабағын салып көңілсіз отыр екен (Қ. Әб.).*

ҚАБАҒЫ САЛЫҚ [САЛЫҢҚЫ, ЖАБЫҢҚЫ, ТҮЙІЛІҢКІ, ҚАТУЛЫ, ҚАТЫҢҚЫ] *Көңілінің қошы жоқ, ренішті. Ақ бәтестен ақ денең Ыстаған бейне қара көн, Қабағың салық, жоқ елең, Ойнамайсың баламен (І. Ж.). Қабағы түйіліңкі, сүйінбейді, Алла бөлек жаратқан түрін дейді. Жығарма сегіз жасында ажым түскен, Көк тамырда қан ойнап, дірілдейді (Абай).*

ҚАБАҒЫ ТАРТТЫ *Ескі ырым бойынша, қуанышқа, не ренішке жору ретінде айтылады. Қабағым жыбыр-жыбыр, жыбыр тартад, Жаным-ау, бүгін мені кім қуантад? Сағындым түн ұйқымды төрт бөлемін, Бергей деп қарағам абырой-бақ (Б. М.). Қабағым неге тартады, Тірі болса Сансызбай Ер жетер уақыты боп еді. Біздей ғарып мүскінді Қандай болып отыр деп, Неге бір іздеп келмеді (ҚЖ.). Осы күнде, Токтар шал, Оң қабағым тартады, Қуантамасың, құдай-ай! Осы күні, Токтар шал, Аузы құрғыр тартады, Жалғызымды сүйгендей! (ҚБ).*

ҚАБАҒЫ ТЫРЫСҚАН *Кейіні келіспеген; көңілсіз. Үш жүз елу жасқа келген, ыстық ішкен, сұйық тышқан, қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, кенеп дамбалы к...іне қатқан, өзін туғаннан құдай атқан, бір жақсылық көрмеген, тілеуін құдай бермеген, бір мыстан кемпір бар еді (МВ). Земпов орта бойлы, тығыршық денелі сары жігіт. Шикіл қабағы тырысқан, бет ажары түсіңкі (Т. А.).*

ҚАБАҚ БІЛДІРДІ *Сыңайын байқатты, аңғартты, сездірді. Көкітайға жолдастары әлі күліп келе жатыр. Ербол оған жаны ашығандай қабақ білдірсе де, жігітті қостай алмады (М. Ә.).*

ҚАБАҚ [ҚАС] ҚАҚҚАНША [ҚАҚ-ҚАНДАЙ] *Өте тез, лезде. Қабағыңды қаққанша жарқ етті де, сарт етті. Бірінің жанды еңбегі, Бірі күшін сарт етті (Д. Б.). Осы кештің қалай шапшаң өткенін сезбей де қалыппын, қабақ қаққандай лезде өткен сияқты (М. Ә.).*

ҚАБАҚ ҚАҚПАЙ [ҚАҚТЫРМАЙ] *Лезде, әп-сәтте. Қабақ қақпай қадалып ұмтылған Базаралы, енді тебініп кеп жирен айғырлы жылқышы мен Әзімбайдың екі арасынан ағындап кіре берді (М. Ә.). Мен де ондай жайды қабақ қақтырмай сезетін көртамыш емеспін бе (С. Б.).*

ҚАБАҚ ҚАҚТЫ *Ишарат білдірді. Бәкіштің арғы атасы шынжыр балақ, Аймағы аузын ашпас қақса қабақ. Әкесі Айдай қыздың қоңсы қонып, Осында мал күзетіп тапқан тамақ (Д. Е.).*

ҚАБАҚПЕН ИМЕНДІРДІ *Бетін қайырды, тайсалдырды, салқын жүз көрсетті. Үйіңе тату құрбың келсе кіріп, Сазданбасын қабақпен имендіріп. Ері сүйген кісіні о да сүйіп, Қызмет қылсын көңілі таза жүріп (Абай).*

ҚАБАҚПЕН [ҚАБАҒЫН] ТАНИДЫ *Бірін-бірі көз қарасынан түсінеді; сыр мінез екенін білдірді. Бір қаланың базары. Жексен, Асқарлар тымақтарын баса киген, халыққа араласып жүр. Әр жерден бірін-бірі қабақпен таниды (М. Ә.). Сәбира күйеуінің қабағын жақсы таниды (Т. А.).*

ҚАБАҚ ТАНЫҒЫШ *Кісінің ыңғайын байқағыш адам туралы айтылады. Көкбай әдеттегі ауыз баққыш, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды (М. Ә.).*

ҚАБАҚ ШЫТЫСТЫ *Жүз шайысты, ұрсысты, ренжісті. Басында осы тиірмен мен тоғанды Андрей екеуіміз салғанбыз. Ол — кірме, өзі орыс. Сонда да әлі бір қабақ шытысқан емеспіз,— деді Ақан (Ғ. Мұс.). Содан бері жұбайыммен қабақ шытысқан жан емеспін (З. Ш.).*

ҚАБА САҚАЛ *Бетті қаптап кеткен қалың сақал. Жер қылаң құлаға мінген түйе жүн шекпен киіп, төсін жалаңаштап ашып алған қаба қара сақалды, төртбақ— Құлжатай да бүгін бөлек (М. Ә.). Қаба сақал қарт Иван Қою мұртын ширатып, Қыран құстай шарқ ұрған Орындықтан тұрды атып (С. Мәу.).*

ҚАБЫЛ АЛДЫ *Құрметтеп қарсы алды. Қарт махараджа бұл күндерде ауру екен. Бізді төсегінде жатқан қалпында қабыл алды (М. Ә.). Әйгерім орнынан тік тұрып қабыл алды (М. Ә.).*

ҚАБЫЛ БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Құпталды; орындалды, жүзеге асты. Қабыл болмай алдымнан Ешкім сіре кеткен жоқ, Сөзімнің келсе қайымы (Б. Ә.). Уайым епте — деді ғашық жарым, Сен үшін қабыл болып қылған зарым. Қосылдым*

құдай оңдал қуана бер, Еш кезде дұшпаныңа кетпес арың (РД). Зар етсе бөндесі, Бермей ме алласы. Төн саулық қалқама, қабыл боп көз жасы (Абай). Жаным-төнім, тілегім — бәрі сізде, Онан басқа еш нәрсе жоқ кой бізде. Бір құдай тілегімді қабыл етіп, Жақсылық нұр жауғызсын, жұртым сізге (С. Т.). Адалды сатсаң арамға, құдай қабыл етер ме? Қыз сүйеді мені деп, Оған көңіл көтерме (Абай).

ҚАБЫЛҒА АЛЫНБАДЫ *Тыңдалмады, құпталмады. Ыстық-суық басылып, Сүйтесүйте айтқаның Алынбай қалар қабылға (ШС).*

ҚАБЫЛ КӨРДІ *Мақұлдады, дұрыс деп білді, ұнатты, қалады. Патша баланы қабыл көріп, уәзірлікке алады (ҚЕ). Қабыл көрсең, көңілім жай, Тастап кетсең, апырмай! Ит қор адам болар ма, Бұл жалғанда сорлыңдай (Абай). «Құп» деді, оны арыстан қабыл көрді, Қасқырға «жақсы бақ» деп жарлық берді (Абай).*

ҚАБЫРҒАДАН ҚАН АҚҚАН, ТОЛАРСАҚҚА МҰЗ ҚАТҚАН *Қырғын ұрыс, қиын-қыстау кезеңдегі қиыншылықтар туралы айтылады.*

ҚАБЫРҒАДАН ҚАН КЕШТІ *Қырғын соғысқа тап болды, басына қиыншылық күн туды. Қабырғадан қан кешсе, Қастасқан жаудан қашпаған (А. Т.). Қабырғадан қанды кешпей Қанды майдан атана ма?! Қарсыласқан жауын кеспей, Қас батырлар жата ала ма?! (М. Х.).*

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ҚАНАТ *Қолдаушысы, сүйеніші. Қабырғада қанатым, Артымдағы құйрығым (ҚЖ). Іні — қабырғадағы қанат. Қыз — маңдайдағы құндыз (АТ).*

ҚАБЫРҒАЛЫ БИ *Беделді, ықпалы күшті, аты шулы би. Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім (М. Ә.).*

ҚАБЫРҒАМЕН [ҚАБЫРҒАСЫМЕН] КЕҢЕСТІ [АҚЫЛДАСТЫ] *Жақын кісілерімен келісті, ақылдасты; өз-өзімен ойласты. («Қабырға» дегенге дос-жар әйел, жан ашыр туысқан кісілер жатады. Қырғыз тілінде де: «Кеңешчин болбосо қабырғаменен кеңеш» деген фраза бар. Мұның да мағынасы қазақ тіліндегідей). Көп басшыны ұстап отыру және оған қыруар қаржыны шығын етудің жөні бар ма? Біздіңше, бұл да қабырғамен кеңесуге мәжбүр егерлік шаруаның бірі болса керек (ЛЖ). Біздің Марияға айтарымыз, адаспа, сабаңа түс. Жолдас-жораң, қабырғамен ақылдас, әлі де кеш емес демекпіз (ЛЖ). Не ітесе де өзінің бұрынғы машықты сақтығына бағып, алдын ала аңысын аңдып, қабырғасына кеңесіп істеп жүр (Ә. Н.).*

ҚАБЫРҒАНЫ ҚАУСАТТЫ **Ө** **ҚАБЫРҒАСЫН КҮЙРЕТТІ** *Жанға батты, қатты күйзелтті. Қырқысқан қанды майданда өлім аз ба өкінер? Бірақ, осылардың ішінде кей өлімдер қабырғаңды қаусатып-ақ жібереді (Ә. С.). Айтыста біздің ақын қар-*

сыласының қабырғасын күйретіп жіберді (АТ).

ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСТЫ [МАЙЫСТЫ] **⊙** **ҚАБЫРҒАСЫНА БАТТЫ** *Жанына батты, қатты қиналды; ойысты.* Генералдың реніші бәріміздің де қабырғамызға батты. Күрт көңілсіздік басты (Б. Мом.). Тұрағұлға ақылшы ағаның алғашқы айтқан ауыр сөзі қабырғасына қатты батты, есінен шықпастай болған (С. Бақ.). Халықтың қымбат мұрасы, Ғасырлар сақтап қалынған, Бақыттың бейбіт ұясы, Бабалар бізге қалдырған. Қас қылса соған жау жылан, *Қайыспас қалай қабырғаң?* (Н. В.). Генерал команда пунктінде отырып, ұрыстың барысын аңдады. Бірақ та жағдайдың аса ауыр екені анық. Әр полктың да қабырғасы қайысып бара жатқан сияқты (Т. А.).

ҚАБЫРҒАЛЫ ҚАЛЫҢ ЕЛІ *Күшті, көп халық.* Қазақ деген қабырғалы қалың ел ғой (ШС).

ҚАБЫРҒАСЫ ҚАҚЫРАДЫ [СӨГІЛДІ] 1. *Берекесі кетті, быт-шыт болды.* Адал ниетті адамның миын уландыратын буржуазиялық идеология қазіргі Америка империализмінің өз саясатын іске асырудағы негізгі қаруының бірі. Бірақ тоқыраған бұл саясат қабырғасынан қақырай бастаған империализмнің жігін жамауға септігін тигізер емес (СҚ). 2. *Қатты қайғырды, мейлінше, қинала қайғырды.* Тобықтының арысы шығармын... менің өлімім Тобықты баласының қабырғасын сөгілдірер деуші едім (М. Ә.).

ҚАБЫРҒАСЫ ҚАТҚАН ЖОҚ [ҚАТПАҒАН] *Ер жетіп, буыны бекімеді, есеймеді.* Естемес тағы сөйлейді: «Қой шырағым, жасың ғой, Қабырғаң сенің қатқан жоқ, Омырқаң өсіп жеткен жоқ, Барғанмен кезек келмес-ті» (ҚБ). *Қабырғасы қатпаған балапанымды соншалық алысқа оқуға жіберіп зарықтырғаның-ай* (В. С.). Бесік табы кетпеген, *Қабырғасы қатпаған.* Екі бірдей қос жетім Жүре алмадық алысқа (А. Аз.).

ҚАБЫРҒАСЫНА ҚОЛЫ БАТПАДЫ 1. *Ешкімнің тісі батпады.* Байқашы өзіңді өзің: кімнің қолы батар екен қабырғаңа? (Ғ. М.). 2. *Семіз.* Қабырғасына қол батпайтындай екен жануардың (АТ).

ҚАБЫРҒАСЫНАН КҮН КӨРІНЕДІ *Арыған, жүдеген, инеге шаншым еті жоқ мал туралы айтылады.* Жануардың қабырғасынан күн көрінеді, тұяғы тұяғына сүрінеді (АТ).

ҚАБІР ҚҰШТЫ 1. *Өлді, дүние салды.* Жырдан аппақ, тізіп қанат, Көкте болса ұшайын, Жерде болса, кеуіп солса, Салқын қабір құшайын (Б. К.). 2. *Моласын құшақтап, зар жылады, жоқтады.* Қабір құшты, зар еңіреді не шара (АТ).

ҚАҒА БЕРІС ШЕТТЕУ, БҰРЫЛЫС, ТАСАЛАУ *жер. Ауыл үлкен жолдан қаға беріс* (АТ).

ҚАҒА БЕРІСТЕ 1. *Бір реті келіп қалғанда.* Мұнымен қашаннан бері таныс едің? — деді Құдайменде қаға берісте (Ә. Н.). 2. *Бір бұрылыста.* Бұлтаңы көп бір қаға берісте кездесе кетті (АТ).

ҚАҒАЖУ КӨРДІ ШЕТТЕТТІ, ШЕТ ҚАҚПАЙҒА ТҮСТІ. Бұрын бұл бұлақ басында теректей еркін суарылып, жарық пен жемнен қағажу көрмей өскендігі көрініп тұрған адам (Ғ. Мұс.).

ҚАҒАНАҒЫ ҚАРҚ, САҒАНАҒЫ САРҚ *Уайымсыз, мәз-мейрам, көл-көсір молшылықта.* Қорлық көріп жатыр-ау! — деп тыным алмай қалаға жетсем, ол болса, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ! — деп көп көргенінен артық та сөздер айтатын (М. Ә.).

ҚАҒАНАҒЫН ҚАҚ ЖАРЫП ШЫҚТЫ *Өзінің қанасынан шыққан баласы, өзі туған бала туралы айтылады.* Қағанағын қақ жарып шыққан жалғыз ескө түскенде, сорлы ананың көкірегі қарс айрылып, жүрегі елжіреп, көзінен жас шықты (Қ. Тай.).

ҚАҒЫНАН ЖЕРІДІ СУЫНДЫ, БЕЗІНДІ, *бойын аулақ салды.* Тұлпардың өз тұяғы өзіне май, қағынан жылқышы ата жерімейді (Айттыс). Әр түрлі себептермен бірекі жылдан бері Мұрат қағынан жеріп жүр еді. Әлде, сол суыған көңілді осы Айша жылытты ма? Өзгенің орнын басты ма, — деп те ойлады Мұрат (Т. А.).

ҚАҒЫНДЫ КЕЛГІР! *қарғыс.* *Көбіне балаларға айтылады.* («Қағынды» — өкпені талаураутып кететін ауру). Әй, қағынды келгір, қу жетім, мынау екен ғой, — деп Зырылдауық жеңгей қашағанды қуып келе жатқан Сейфолланы оқты көзімен атты (С. Тал.).

ҚАҒЫП ҚОЙҒАН ҚАЗЫҚТАЙ **⊙** **ҚАЗЫҚТАЙ ҚАҚИДЫ** *Тіп-тік тұру, қақшып қалу мағынасында.* Ескі алдында ол кісі қағып қойған қазықтай тұрып қалды (АТ). Әр жерден ін аузында қазықтай қақиып, саршұнақ шықылдайды (Т. А.).

ҚАДАЛҒАН ЖЕРІНЕН ҚАН АЛАДЫ *Айтқанын істеппей қоймайды, қайтсе де орындағанды.* Көрші алмастыру ойынында қадалған жерден қан алатын, кенедей жабысқақ жігіттер қыздарды салып Көжекті қанша сұратса да, ән салып, өнерін көрсететін Балқия оны бермей қоятын (Т. А.). Өзімбай мысқылдай түсіп: — Ақпалын да айтар, жан жіп те байлар, қадалғаннан қан алмай неғып қалсын, Есекең! — деп, маңындағы жуан содырдың бәрін ду күлдірді (М. Ә.).

ҚАДАМ БАСТЫ *Бір нәрсеге бет бұрды, бір істі бастамақ болды.* Деп салып бір сұмдыққа басты қадам, Тайынбай, жиренбей лас, күнәдан (Ғ. Қ.).

ҚАДАМЫ ҚҰТТЫ [ҚАЙЫРЛЫ] БОЛДЫ *Жолы болды, келісі қуаныш әкелді.*

Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгені жақсы сөздеріңмен ем өкелгендей болдыңдар. *Қадамы құтты қонақ болыңдар.*— деді Ұлжан (М. Ә.).

ҚАДАМЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ○ ҚАДАМЫҢА НҰР ЖАУСЫН! ○ ҚАДАМЫҢА ГҮЛ БІТСІН! алғыс. *Ісің сәтті басталсын, келуің бақыт әкелсін деген мағынада.*— Ал, құрылысшы жолдас, алғашқы қадамның құтты болсын!— деп құттықтағанда төбем көкке аз-ақ тимей қалған. Ол мені ағаш шабуға өзі баулып үйретті,— дейді (Н. Ғ.).

ҚАДАМЫ ҰЛҒАЙДЫ Өрісі кеңейді, өресі өсті. Халық ішін аралап, Өнерді өлшеп шамалап, Ұлғайса деймін қадамым (М. Сұл.).

ҚАДАМЫ ТАЙДЫ *Мерт болды, өлді; сәтсіздікке ұшырады. Қадамның тайды, шырағым, Тағдырды құдай тез беріп (АӘ).*

ҚАДІР АЛЛА ҚҰДАЙ діни. *Сүйеніш алла тағала деген мәндегі жалбарыну.* Балама менің рақым қыл, қадір алла құдайым (ҚЖ).

ҚАДІРДІҢ ЖҮЗІ ШАШЫЛДЫ *Беделі түсті, абыройсыздықта қалды.* Келесі жыл болғанда, Қадірдің жүзі шашылып, Ыстық-суық басылып, Сүйте-сүйте айтқаның Алынбай қалар қабылға (ШС).

ҚАДІР ТҮНГЕ ЖОЛЫҒАР *Тілегі қабыл болу ұғымында айтылады.* Жарыменен екеуі Жатып тілек тілесе, Қадір түнге жолығар (Шайыр).

ҚАДІР ТҮНІ діни. *Ислам дінінің түсіндіруінде жұмақтың есігі ашылып, пенделерінің тілеген тілегі қабыл болатын түн.* «Метеор» дегенді қазақ бұрын білмеген. Оны «Аққан жұлдызға» санайды. Жерге жақын ұшқан метеор жанасқан тұсын жарқыратып жібереді. Оны қазақтар «қадір түні» дейді. Ислам дінінің түсіндіруінше, сондай түнде жұмақтың есігі ашылады да, адам не тілесе сонысы қабыл болады (С. М.).

ҚАДІР ТҮНІНДЕЙ КҮТТІ *Бір нәрсені зарыға күтті.* Сүлекең өзінің баяу қимылымен мұртын сылап, сақалын тарап, жауап қайтарғанша, жұрттың қадір түніндей күткен Есқали да шықты (Қ. Жұм.).

ҚАДІРІ АСТЫ [АРТТЫ, КҮШЕЙДІ] *Сый-құрметі өсті, молайды; бедел-мерейі өсті.* Қадірің асқан Қарлыға, Қайда кеттің, қайда кеттің, қимасым? Ұқтым ғой мен, жана ұқтым ғой, Неге кеттің, не деп кеттің? (М. Ә.). Иттің қадірі күннен күнге күшейіп, енді ханның барлық бақыты осы итке байланысты болды (ҚЕ).

ҚАДІРІ КЕТТІ [ТҮСТІ] ○ СЫЙЫ КЕТТІ [ТҮСТІ] *Сый-құрметтестік жойылды. сый-бағасы қалмады, бедел-құрметі қалмады.* Той болса, тон киелік, жүр баралық, Бірімізді біріміз аударалық. Ат

арықтап, Тон тозар қадір кетер, Күлкінің онша күйлеп, шуламалық (Абай). Ақылдасар дос көбейсе, қадірім кетіп қалады деп, бір оңбаған жауапты үйренеді (Абай). Кейінірек Торсанға қарсылар күш алып, Торсанның ел ішінде де, өкімет алдында да қадірі түсе бастады (С. М.).

ҚАДІР ТҰТТЫ ○ ҚАДІРІН БІЛДІ ○ ҚАДІРІНЕ ЖЕТТІ *Сыйлап, құрмет көрсетті; ардақтап, бағалай алды; жақсылығын бағалай алды; қасиетін түсінді.* Баяғыңды білмейтін мына ендігі бозбала қаусаған шал деп, қадір тұтар ма? (АТ). Босаттыр қалыңдығын Шернияздың, Өзгелер бола бәрсін өңшең азғын. Жарың кеп жақсы қызмет еткені үшін, Босайсың қадірін біл Шернияздың (М. Ә.). Шүйгініне сонылап, Шынарыңа түнедім, Қош, аман бол, құрметті ел, Қадіріңді білемін (Жамбыл). Михрабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас ғүзіріме, Жетпедім, не жасырамын, Гауһарымның қадіріне (Абай).

ҚАДІРІ ӨТТІ *Әбден зарықтыра сағындырды; зәрулігі өтті.* Туған жерім, мекенім, Өтті маған қадірің, Жаралы жаным жабығып, Алысқа сарықты сабырым (Қ. А.). Досымның бұл жағдайда қадірі өтті (АТ).

ҚАЖАРЫН МҰҚАТТЫ *Қорлады, меселін қайырды.* Шеше, мұнша мұқаттың қажарымды Мен білгенмін-ді аллаға жазарымды. Енді бұлай болған соң кеткенім, Құлдан көрермін ажалымды (ҚКВС).

ҚАЖЕТ ӘПЕРДІ *Зәрулігін өтеді.* қарызға қаражат тауып берді. Сексен сомды біреуден қажет әперіп, зорға құтылып еді (Б. М.).

ҚАЖЕТІНЕ АСТЫ [ЖАРАДЫ] ○ ҚАЖЕТІН ӨТЕДІ *Пайдаға асты, керегіне жарады; мұстажына жаратты, кәдесіне асырды...* Тап қазір осы аптен соғысқа ендіріп жіберсе, сөз жоқ бір қажетке асар едім-ау деп ойлады (Б. С.). Менен алмаса, менен көріп ағаш өсіргендерден алып, қажетін өтейтін болды. Ұзақ сапарға жұмсайтын қымбатты уақытын басқа керегіне жұмсайтын болды (Ө. Т.).

ҚАЗА БОЛДЫ [ТАПТЫ] ○ ҚАЗАҒА ДУШАР БОЛДЫ ○ ҚАЗАҒА ҰРЫНДЫ [ҰШЫРАДЫ] *Өлді, дүниеден қайтты, қайтыс болды.* Алуаның әкесі мал соңында жүріп өкпесінен суық өтіп қатты ауырды да, қаза болды (М. Ә.). Бұл торың жүйрік болса құтыларсың, Немесе қуғыншыңа тұтыларсың, Найзасы жеткен жерде қаза болып, Мұны біл, кара жерге жұтыларсың (М. С.). Атандық ұлығының қонысына, Елді сорған борсықтай болысына. Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып, Көксеген азаттықтың соғысында (Жамбыл). [Оның]... орны толмас қазаға душар болғанын ет жүрек бірден сезді (С. Ш.). Автоматчиктердің жақсы досы, майдандас бауыры Төлеген ауыр қазаға ұшыра-

ды (М. Ғ.). 1937 жылы автомобиль апатынан Кравченконың әкесі қазаға ұшырады (Ө. Қан.). Қазаға ұрынған қарашекпен (Абай).

ҚАЗА ЖЕТТІ *Өлер шақ келді, ажал жетті, дәмі таусылды.* Жаман айтпай, жақсы жоқ, қаза жетіп сол жақта жер болсам, ақтық рет «Ақісім» деп, былайша құшақтаспай, жер қойнына қалай енем (Ғ. С.). Дәптерде өз ахуалын баян еткен, Өлеңге шебер екен болмай кеткен. Ғашықтық саудасына дүшар болып, Ақырда сол саудадан қаза жеткен (М. С.).

ҚАЗА ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН! тілек. *Өлгенге көңіл айтқанда қолданылады. (Өлімнің артынан жақсылық болсын деген мағынада).*

ҚАЗАН АСПА ОШАҚ. Ақсақал қазан аспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, әңгіме бастайтын (М. Ә.).

ҚАЗАН АСТЫ [КӨТЕРДІ] *Ас, тамақ дайындауға кірісті.* Ошақты оттың үстіне тігіп, Жанғаным қазан асты (ЛЖ). *Қазан көтеруге суың жетуші ме еді? (М. Ә.).* Ұлыстың ұлы күні әрбір үйде жеке асылып, қазан көтерілген, құрт көже асылған (М. Ғ.).

ҚАЗАН АУЗЫ ЖОҒАРЫ *Бір ыңғайы болар, «құдайдың» берер несібесі, жеткізер ризығы бар шығар, берері таусылған жоқ шығар деген мағынада.* Шырағым келін, қазан аузы жоғары деген, суыңды әкеле бер, қонақтың несібесіне бір нәрсе табылар (АТ).

ҚАЗАНҒЫДЫ АСЫП, ОТЫНЫҒЫДЫ ЖАҒЫП ОТЫРҒАНДА [ЖҮРГЕНДЕ] *Айтқанынан шықпайды, айтқанын екі етпейді, мойынсұнды.*

ҚАЗАН БҰЗАР ○ ҚАЗАН БҰЗАР ҚЫРЫС ○ ҚАЗАН БҰЗАР ҮЙ ТЕНТЕК *Көптің ішіндегі бір тентек.* Қазан бұзар бір қырыс, Сондай кесел туысқан, Қай жеріне болады, Көңілге медеу, ол тыныс (Абай). Ол ел де біздің ел сияқты шығар, ол елде де біздің ел сияқты, жақсылығымен қатар, қазан бұзар тентегі бар шығар (С. М.). Қазан бұзар, үй тентек толып жатыр, Қайратымды бар дұшпан, алыс білсін (ҚКВС).

ҚАЗАННЫҢ ҚҰЛАҒЫН ҚАҒЫП ҚОЙҒАН АТ О БАСТА ҚОЙЫЛҒАН ЕСІМ. Азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған атым аталмай, Қарабала атанушы едім (Қ. Жұм.).

ҚАЗАН ҰРДЫ [СОҚТЫ] *Суық шалды, суық ұрды.* Алпыс жасқа келгенде Қатынымды өлтіріп Қазан ұрған гүлдей ғып (МЗ). Беті ашылған әйел қазан ұрған қауындай, жолама қара күйеге (С. Ад.). Сен бір гүл аман тұрған қазан ұрмай, Тездікпен сола көрме бақта тұрмай. Көруге жамалыңды жиһаттамын, Басқаға хор да болса мойын бұрмай (Ә. Тәң.).

Дәмелі сол қаралы хабардан бері қазан соққан көк егіндей келеге келе алмай-ақ қойды (Ө. Қан.).

ҚАЗАН ҮСТІНЕН ТАМАҚҚА ШАҚЫРДЫ *Арнап аспаған тамаққа шақыру туралы айтылады.* Қатындар мұны көрсе, қазан үстінен тамаққа шақырып: — Кел, кел, Жаңыл. Ауыз ти. Құдай оңғарса, сенің үйіңе де тойға барармыз, — деп қам көңілін жұбатады (Т. А.).

ҚАЗАНЫ КӨТЕРДІ *Өлімнің бар ығыншығының мойнына алды; өлімді өз қолымен атқарды.* Қалған орта шаруа және көбінесе кедей ауылдар бар қазаны көтерді (М. Ә.).

ҚАЗАНЫНА АС САЛДЫ *Асырады, сақтады.* Ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме? (Абай). Баласы өсті де, қазанына ас салды (АТ).

ҚАЗАНЫНА ҚАСПАҚ ҚАТҚАН ○ ҚАЗАНЫНЫҢ ҚАСПАҒЫ БЕС ЕЛІ *Салақ, тазалығы жоқ деген мағынада.*

ҚАЗАНЫҢ ҚАҚ АЙРЫЛҒЫР! қарғыс. *Қазаныңа ақ түспесін!*

ҚАЗАНЫҢ ҚАҚ БӨЛІНГІР! қарғыс. *Қазан-ошағың талқан болсын!*

ҚАЗАНЫ ОЙЛАДЫ *Өлімді еске алды.* Сонда көңілім сан болар, Жалғыз жатып күніреніп, Қазаны ойлап толғаудан (Ш. Б.).

ҚАЗАНЫ СУҒА КЕТТІ *диал. Қонақ асы бермеу.* Ол үйдің қазаны суға кеткен (Шымк., Арыс).

ҚАЗАҒА ШАБЫЛСЫН! қарғыс. *Қимағаның жаманатыңды хабарлаушың болсын деген мағынада.* (Қаза болған кісіні естірту үшін сол кісінің өз атымен хабарға, немесе ас, шаязасына шабылсын деген ұғымнан шыққан). Қимадың ғой, өзіңмен бірге өпкелерсің, лайым, қара атың қазаға шабылсын! (АТ).

ҚАЗАҒА [ҚАЗАСЫНА] ШАПТЫ *Ажалына көрінді.* Үйірден жалғыз қаларсың, Кеудеңнен шығып шыбын жан. Жүрегіңді жұлып жем етер, Қазаға шапқан ол айуан (Ш. Б.).

ҚАЗ БАУЫР *Көкте шоғырланған ақ боз бұл туралы айтылып тұр.* (Бұлттың түрі). Қаз бауыр бұлттар маңғанда, Орманға жазда барғанда, Арманда мені, арманда! Ошаға, жалғыз қалғанда, Есіңе мені алғайсың! (Б. Ғ.).

ҚАЗДАЙ ҚАЛҚЫДЫ *Сап түзеп ұшты; емин-еркін жүрді.* Луганский мен Бигелдинов бастаған ұшқыштар қаздай қалқып Днепрге бет алды (С. Бақ.). Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден, Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген. Қызықтың айдынынан құлаш ұрып, Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген (І. Ж.).

ҚАЗДАҢ ҚАҚТЫ *Қақаңдап жүрді.* Жып-жылы табанымды суық қарға, Тік

ҚАЙ ЖАРАСЫНА ТАРТАДЫ **○ ҚАЙ КЕРЕГІНЕ ЖАРАТАДЫ** *Не қажетін өтейді.* (Місе тұтпау мағынасында айтылып тұр). Аттың төбеліндей жалаңаш сені алдыма өңгерейін бе, артыма бектерейін бе, *қай жарам тартайын* (ШС). *Қай керегіме жаратай, қай жоғымды өтейін, менің керегім мен жоғым мұнымен бітсе, жоғымның қай қасиеті қалмақшы* (АТ).

ҚАЙМАҒЫ БҰЗЫЛМАДЫ [ШАЙ-ҚАЛМАДЫ] 1. *Ешбір шашау шықпады, ауыз бірлікте болды. Қаймағы бұзылмаған қалың елді, Аздырмақ берекесін алып енді. Қайдағы қаңғыбасты қамқор санап, Ендігі осы ғана қалып еді* (Ғ. Қ.). Айдарлының қоңына ұсақ-түйек, көрші-қолаңның тісі батпай, жаугершіліктен бүлініп, *қаймағы шайқалмай, сауда-саттық жүргізіп, мыңғырып байып алыпты* (Т. А.) 2. *Бұл жерде жақсылықтан арылма деген мағынада.* Биғайша, Айғаным, Малға толсын аймағың, Шайқалмасын ырысың *Бұзылмасын қаймағың* (Қ. А.).

ҚАЙМАҚ АУЫЗ Сүйкімді, жұқа ауыз. Бөліңнен түзу, күйлі қоңы. Бұл өнер өмірінің ақыр соңы. Әлі де есі шыққан ер қызығар *Қара көз, қаймақ ауыз, сұлу өңі* (БЖ).

ҚАЙМАҚ ЕРІН Жұқа ерін. Қатыны *қаймақ ерін* екен, ұрысқақ біреу боп жүрмесе не қылсын (АТ).

ҚАЙНАҒАН ҚАЗАН БАУЫРЫҢА ТӨГІЛГІР! қ а р ғ ы с. *Жұрттың ырысына асқан қазаның төгіліп, соған күйің өлгір, т. б. мағынада.* Колхоздың құрт қайналып жатқан кемпірлері:— Алғаның ас болмағыр! — депті, — «Қайнаған қазан бауырыңа төгілгір!» — депті... Сол Андасбаев жақында Қырымнан қайтқан (С. Төл.).

ҚАЙРАН [ТАҢ] ҚАЛДЫ [БОЛДЫ] *Таңданды, таңырқады.* Аяғына салғаны Оқтығы таза күдерді, Көрген жан *қайран қалады* Тиегі күміс шідерді (ҚамБ). Шатырдың алдында, айналасында, қырық сұлу қыз ұйықтап жатыр екен. Бірінен-бірі асқан сұлу екен. Хасен *қайран болып тұрады* (С. С.).

ҚАЙРАП САЛДЫ *Араға сөз жүгіртіп, біреуге-біреуді шағыстырды; айдап салды.* Бір атымды шалғылап өлтірдіңдер. Шыдадым. Сен онымен тоқтамай, есігімде жүрген ұры Тоқабайды өзіме *қайрап салдың*,— деді Шөкен (Ғ. Мұс.).

ҚАЙРАТ [ҚУАТ] БЕРДІ Жігерлендірді, күш-қуат берді, демеді. Бір күні өзіне-өзі *қайрат беріп*: «Қой, бүйтіп күйік үстіне күйік-жалқын салмайын; өзімдікі қабірге бірге түсетін күйік қой, енді, тағы Ахметті күйдіріп, көрі әке-шешесінің обалына қалмайын»,— деді (С. Т.). Қазақтың сөзі *қайрат беріп*, Сағит көз жасын сүртіп, берген бір сомын алды (С. М.).

ҚАЙРАТ [КҮШ-ҚУАТ] БІТТІ Жігерленді, бойына күш-қуат енді. Жылбек: Мен ең алдымен коммунистпен, тірідей өз еркіммен жаудың қолына түспеймін, бас имеймін,— деп өзіне-өзі серт берді де, бойына жаңа *қайрат бітіп*, жігерленіп орнынан тұрды (Ә. Ш.).

ҚАЙРАТ ЕТТІ **○ ҚАЙРАТ [ҚАҒАР] КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ]** *Қарсылық білдірді, айбат шекті.* Жылы менен суықтың бәрін көріп, Қайран көңіл қайыспай *қайрат етті* (Абай). «Мені басынамысың» дегендей, Балуан Шолаққа *қайрат көрсетпек* боп, айғыр астанға тік шапшыды (С. М.). Оқ аз. Жастық алып өлуге ғана жетерлік. Егер де екі, жә үш, ... тіпті, төртеу болса да, ештеп *қайрат қылып* бағар едім,— деді Әбдірахман (Х. Е.). Қалшып бірнеше заман *қайрат қылған*, табан тіресіп атысқан Орынборға осы күнде большевиктер қанаттарын жайып қонып қалды (С. С.).

ҚАЙРАТ ЖИНАДЫ [ШАҚЫРДЫ] *Әлденді, бойына күш-қуат алды.* Жұмысшы, жарлы, батырақ, Бұғаудан босап ашынған. *Қайратын жинап*, қан төгіп, Алысқан жауын қашырған (С. В.). Күн осы, бізден хабар күткен ауыл, Күйзелме, *қайрат жина* ана, бауыр. Бізге де теңдік тиер күн тілейміз, Құтқар деп өгейліктен мынау ауыр (С. В.). Жөкең айтты: «Бұл күйінде кім қалмаған, Белділердің білегі кімді алмаған. Соның бірі Құбылай отанымен, *Қайрат шақыр*, қалжырап, қайғырма оған (И. Б.). Қамбар да қайтпай ұмтылып, Бар *қайратын шақырды*. Құйрығынан көтеріп, Қырық қадам жерден асырды (ҚамБ).

ҚАЙРАТЫ [КҮШ] АСТЫ [БОЙЫНА СЫЙМАДЫ, ТАСЫДЫ] *Күш-қуаты тасыды, артты; бойына күш бітті.* Күндей шалқып күлгенім Қуатымның тасқаны. Құлшынып білек жүргенім *Қайратымның асқаны* (Қ. А.). Ләйла *қайраты* ішіне *сыймай*, үйдің шаруасына араласты, қолына тиген жұмыстарды істегенде қолы-қолына жұқпай жылдам істейтін болды (С. Шәр.). Енді бала алшаңдап, *Қайраты тасып* қалшылдап, Қойға шапқан бөрідей Жан-жағына ырсылдап (АБ).

ҚАЙРАТЫ [ҚУАТЫ, КҮШ] ҚАЙТТЫ *Әлсіреді, күші кеміді.* Кәрі дейсің: жасынан мыңның ішінен бұлғақтап, бөпеніп өскен, әлі *қайраты қайтқан* кісі емес, әзер болса, қырықтың ішінде шығар (С. Т.). Азаматтар күрескен, Талай жыл баймен тірескен. Езді ғой байлар кеудесін, *Қайраты қайтып* көніп тұр (С. С.).

ҚАЙРАТЫ ҚАЙЫМАДЫ д и а л. *Күші қайтпады, қажымды.* Ақ жеген адамның 50—70 жасқа дейін *қайраты қайымайды* (Сем., Ақс.).

ҚАЙРАТЫ ҚАРА ТАСТАЙ *Күшті, қарулы адам туралы айтылады.* Бұлақ па мынау күйі сылдыр етті, Барады жүректені жуып дертті. Егіліп қайыршақ-

тай, жұмсардым ба, *Қайратым қара тастай* қайда кетті? (І. Ж.).

ҚАЙРАТЫНА [ҚАЙРАТҚА] МІНДІ **○ ҚАЙРАТЫНЫ ВОЙЫНА ЖИДЫ** **○ ҚАЙРАТЫН ҚАЙРАДЫ** *Белін бекем буынды, күш-қуат алды; қайраттанды, өзіне-өзі күш берді. Қайратына мінгенде қабақ түйіп, Ол суыққа тоңа ма күнге күйіп, Қанай қалың боранда мал ішінде, Сайсаланы бекітіп салған үйін (С. Ә.). Ақбөпе, мен дем алам, сен дем алма. Азалқа өзіңді-өзің енді салма. Ұмытпа, өмір бойы жырла мені, қайғырма, қайратқа мін, қажып-талма (И. Б.). Жасыл қылыштың жарқ еткеніне дейін бар қайратын бойына жиып, буыны бір дір етпеген ана, енді аяғын әрең сүйреп келеді (Ғ. М.). Жегідей ерді ой жеңіп, Түн асқан сайын жүдетті, Қайратын қайрап, қажырын Жүдеген сайын үдетті (Д. Б.).*

ҚАЙРАТЫ СЕЛГЕ КЕТТИ *Күш-қуатын сарп етіп, босқа әуре болды. Мүйіз-дескен сиырдай, Байлассаң бас жіп жетер ме? Еңбегің еш, тұзың сор, Қайратың селге кетер ме? (Д. Б.).*

ҚАЙРАУЫ ЖЕТКЕН *Бабына келе өткірленген; шыңдалып бабына келген. Үлкен-кіші ақының Бәрі сөз боп терілді. Қайрауы жеткен қатты би Қайрылып негісін көңілді (Абай). Қайрауы жеткен не асыл, Жүзінен сынып кетілген. Бұрынғы өткен сан нұсқада, Не жақсы келіп өтілген, Өлместен кім жетілген? (М. Сұл.).*

ҚАЙСЫ БІРІН АЙТАЙЫН *Толып жатыр, айтарым көп деген мағынада айтылады. Ай, қайтейін, қайтейін, Қайсы бірін айтайын, Кешегі өткен Төлеген Айтқан бір сөзі көп еді (ҚЖ).*

ҚАЙТАР ЖОЛЫ КЕСІЛДІ *Қайрылмастай болып қиылды. Бір шешімге келмей қайтпайды. Тәнеке, ой жігіттер, бірдемеге байлайық. Біз ғой, не де болса, қайтар жолды кескен кісіміз. Әйтеуір, түбін күткен адамбыз (М. Ә.).*

ҚАЙТ БОЛМАДЫ *диал. Айтылған сөзді екі етпеді, айтқаны орындалды. Қуекең айтса, қайт болмайды (Түрікм.: Красновод., Небид, Ашх., Таш.).*

ҚАЙТҚАН [ҚАЛҒАН] КӨҢІЛ — ШЫҚҚАН ЖАН *Қатты ренжігенде, біреуге көңілі қалғанда, өкпелегенде айтылады. Ғалия қайтқан көңіл — шыққан жан деп мойырылмаған (С. М.). Сенсің өскен татудан қайтқан көңіл — шыққан жан, енді қайтып оралман (АТ).*

ҚАЙТПАС ЖОЛҒА САПАР ШЕКТИ *1. Дүниеден өтті, қайтыс болды, дүние салды. Қайтпас жолға сапар шекті құлыным. Үзіліп кетті омыртқамда жұлыным (АӘ). 2. Өте хауіпті, қатерлі жолға аттанды. Қайтпас жолға сапар шегіп барамын, топырақ бұйырған жерде қаламын (АТ).*

ҚАЙТЫС БОЛДЫ *Өлді, дүниеден қайтты. Индияны бағындырып, патшалы-*

ғының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабур өзі төрт жылдан кейін қайтыс болады (М. Ә.).

ҚАЙШЫ КЕЛДІ *Бір-біріне сай болмады; пікірлері, көзқарастары бір-біріне қарама-қарсы болды. Оның теориясы мен тәжірибесі бір-біріне қайшы келіп, барған сайын басы қатты (Ж. Т.). Белгісіз бір бұлдыр сөзім Мүкәрамаға: «Қалай да, сенің ағаң тілегіңе қайшы келді» — деп тұрғандай (Х. Е.).*

ҚАЙ ШЫРАҒЫНА КӨЛЕНКЕ БОЛЫП ЕДІ **○ ҚАЙ ШЫРАҒЫН КӨЛЕГЕЙЛЕП ЕДІ** *Кімге кесірі тиді, неге зияны болды. Бірақ хан дәл бұл сәтте өзінің Махмед-қожаның баласына істегенін есіне түсірмеді. Бәсе, үш жасар нәресте Махмед-қожаның ұлы Әбілқайыр ханның несіне бүлдіріп еді? Қай шырағына көлеңке болып еді! (І. Е.). Қалқам-ау, қай шырағыңды көлегейлеп, қай шоғыңды сөндірдім? (АТ).*

ҚАЙЫҒЫ ЖЕЛГЕ ӨРЛЕДІ **○ ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАДЫ** *Бағы жүрді, дегені болды. Үлкен ала көзі алаң-құлаң етіп, жұлынып сөйлеп отыр. — Қайығым желге өрлеп тұрғанда, о тәйірі, неден тайынайын. Тартынбадым (Ә. Н.).*

ҚАЙЫҚТАЙ ЖҮЗДІ *Емін-еркін есіле деген мағынада. Қазы, сұңқар баршаға, Дарияда жүзген қайықтай, Жақсылар топта сөйлейді Ғақылы мол болған соң (Д. Б.).*

ҚАЙЫМ БОЛДЫ **○ ТҰРМЫСҚА ҚАЙЫМ БОЛДЫ** *Тұрмысқа икемденді, өмірдің тегігін білді. (Мұндағы «қайым» сөзі қырғыздың «қайым айтыш», қазақтың «қайым өлең» дегендегі «қайым» сөзімен байланысты болу керек. Екі, не бірнеше кісі өлең айтысқанда, бірі бастап, екіншісі қостап, аяғын жалғастырып, ұйқастырып, жалғастыра қуалап кетуді қырғызша «қайым айтышуу» дейді. Қазақтың «қайым өлеңі» де осы іспеттес).*

ҚАЙЫМ ҚЫЛДЫ *Басына қара түнек орнатты. Қайым қылып заманын, Хандардың бұзған қамалын, Ұранға шыққан Ағатай, Бірге туған Есіркеп, Әруакты бабасы (Ы. Ш.).*

ҚАЙЫМ ӨЛЕҢ *Ұйқасын қуалай айта-тын айтыс өлең. Шоқан халықтың поэзияда ең көп тараған түрлер деп жыр, жоқтау өлең, қайым өлең, кара өлеңді жеке-жеке алып сипаттайды (Қ. Жұм.).*

ҚАЙЫН АТА *Күйеу үшін қалыңдығының әкесі, әйелі үшін күйеуінің әкесі. Жұмағұл мен Қадидшаны қайын атасы Қондыбай қатын-баласымен түгел жығылып келіп, қырға қарай шығарып салды (М. Ә.). Жанәбіл қыр басында жел етіп дегі көп жер үйлердің бірінде қайын атасы Жұмабаймен бір тұратын (Ғ. Мұс.).*

ҚАЙЫН ВИКЕ *Күйеу үшін қалыңдығының бірге туған апалары, не ағайым-*

дарының қалыңдық — қыздан үлкен қызы. Ыбырайым қожаның табысы әйелінің, онымен бірге тұратын қайын бикесінің тамақтарына да жеткен емес (С. Ай.).

ҚАЙЫН ЕНЕ *Күйеу үшін қалыңдығының шешесі, қалыңдық үшін күйеуінің шешесі.* Бір кезде келін атанып, Сәлем бердік іліп. *Қайын ененің* бетіне Қарсы айта алмай бұйғып, Мәсісін тартып майысып, Шұлғауын қағып жиылып (Ай. Т.).

ҚАЙЫН ЖҰРТ *Күйеу үшін қалыңдықтың туған елі, қалыңдық үшін күйеудің туған елі.* Таңертең ханның баласы далаға шықса, әкесінің және қайын жұртының шаһары түгелімен көтеріліп орнатылған екен (И. Б.).

ҚАЙЫН СІҢЛІ *Қалыңдық үшін күйеуінің қарындасы, сол елдің күйеуінен кіші қызы.* Зейнеп қайын сіңлісін мәпелеп-ақ отыр емес пе (ҚӘ). Тез, деді де күйеуін Тартты жұмыс жолына *Қайын сіңлімменен*, Ата менен ененің Қала бердім қолында (ЛЖ).

ҚАЙЫР БЕРДІ *к ө н е.* *Қайыршыға, не қарип-қасерге зат, немесе ақша берді.* Қайыршы білем ғой, қайыр беріп жібер тездірек (АТ).

ҚАЙЫР КЕТТІ *Мейірімі жоғалды.* Ерден қайыр кетпесе, Өлтірмейді есікте Өлшеп берген нәсіпке (Ш. Қ.). Мал араға түспесе, Құр қайтқаннан не пайда, Байдан қайыр кеткен соң, Мал да кетер, не пайда (Б. Қ.).

ҚАЙЫР ҚЫЛДЫ *Жақсылық істеді, қол ұшын берді.* Әй, достарым, жігіттерім, Болмасқа болысушы болма, Қолыңнан келсе қыл қайыр, Кісіден алушы болма (Ы. А.).

ҚАЙЫРЛЫ БОЛДЫ **○** **ҚАЙЫРЫ ТИДІ** *Пайдасы, көмегі тиді, мейірлі болды.* Бәрімізге ай ортақ, *Қайырлы болса*, бай ортақ, Жақсы болса, би ортақ, Көп жасаған көне ортақ (Ш. Ж.). *Қайыры* көпке тимеген, Әкімдікпен билеген (Жамбыл). Тамырың қашса, тары ек, Келер жылы тағы ек. Тамырың келер қасыңа, *Қайыры тиер* басыңа (Мақал).

ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН! *тілек.* 1. *Ұзағынан сүйіндірсін!* Келдіңіздер ме? *Қайырлы болсын!* — деп, мектеп директоры... көптеген жоғарғы класс оқушыларын қарсы алды (М. Е.). Әбіштің үйленуін естіген тұста Павлов қысқа ғана түрде *қайырлы болсын* айтып, Абайдың сөзін бөлмей тыңдай берді (М. Ә.). 2. *Өлімнің арғы жақсы болсын!* Шырағым, шешеннің үйіне кіріп, *қайырлы болсын* айт. Сені келеді деп күтіп отырған шығар (АТ).

ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! *Кеш жарық!* деген сияқты тілек-амандасу. (Тура мағынасы — кеште жаманшылық көрме). *Қайырлы кеш,* — деді бір-біріне биязы ілтитап-пен көз тастап (ЛЖ).

ҚАЙЫРЛЫ САПАР! *Жолың болсын деген игі тілек.* «Аман бол!» — деп бәрі де Бата беріп, созды қол. *Қайырлы сапар* болсын жол! Қамбар айтты: «Женгелер, Бәрің тегіс ырза бол!» (ҚамБ).

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ! *Таңертеңгі амандасу.* (Тура мағынасы — таңда жамандық көрме). «*Қайырлы таң* жолдастар! Соңғы хабар...» дегенде Асау аттай ойқастап, Сыймайды сезім денеме (ЛЖ).

ҚАЙЫР СҰРАДЫ [ТІЛЕДІ] *Садаға жинады; сұрамсақтыққа салынды.* Дәмеш: «Еркек болып тусам, ең арғысы біреудің есігінде жүрсем де, *қайыр сұрасам* да, әке-шешемді мұндай қысылшаң күйге түсірмес едім!» деп еңіреп-еңіреп алды (Б. М.). *Қайыр сұрап*, тамақ асырағандары да бар, жез өкше болып кеткендері толып жатыр (С. Шәр.). Қасында жолдастары ақсақ, соқыр *Қайыр тілеп* шауып жүр опыр-топыр (Абай). Қобыз бен домбыра алып топта сарнап, Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап. Әр елден өлеңменен *қайыр тілеп*, Кетірген сөз кәдірін жұртты шарлап (Абай).

ҚАЙЫР-ШАПАҒАТТЫ *Рақымды, ешкімнің көңілін жықпайтын.* Тапсырдым сені аллаға Іздеп келгін ағанды Екінші және тапсырдым *Қайыр-шапағатты* үлкен бабама (ҚЖ).

ҚАЙЫР ЖОҚ *Үміт етпе, үміт жоқ.* Одан *қайыр жоқ*, сол кеткені кеткен (АТ).

ҚАЙЫРЫ ЖОҚ *к ө н е.* *Рақымсыздық, өзгеге жақсылығы жоқ деген мағынада.* *Қайыры жоқ*, ешкімге пайдасы жоқ адамның не керегі бар (АТ). Мал бақтырар пайдаға, зекетсіз мал айдама. *Қайыры жоқ* ас сақтап, Дәнді хорын шайнама (Ш. Қ.).

ҚАЙЫРЫН БЕРСІН! *тілек.* *Өлім-қазаның арты игілікті болсын, соңы той болсын деген мағынада қолданылады.* Біріне «*қайырын берсін*», біріне, «*қайырлы болсын*» айтып, алыс-жақын ағайынның қағылған-соғылған өкпе-назы болса ұшықтай қайтқан (Ғ. М.).

ҚАЙЫРЫН ТІЛЕДІ *Соңын күтті, ақырын бақты.* Ей, Орманбет! Сен бізге Қасқа кәлді беріңіз, Қасқа көл рас сізге жақынырақ жеріңіз, Бардан пайда, жоқтан залал деген, Не берсе, *қайырын тілеп* көріңіз (ШС).

ҚАЙЫРЫП САЛДЫ *Құсты бабына келтіріп, аң аулады.* *Қайырып салған* көк құсы, Көтеріле бергенде, Қаз сыпырса жарқылдап (Абай).

ҚАЙЫРЫ ҰЗАҚ БОЛСЫН **○** **ҚАЙЫРЫ БІРГЕ БОЛСЫН!** *Ұзағынан сүйіндірсін; қуанышы, жақсылығы өмірлі болсын, бірге болсын.* Тек *қайыры ұзақ болсын!* Қуаныш үстіне қуаныш қат-қабат! — дейді (М. Ә.). *Қайыры бірге болсын*, қарағым! — деп қана қоя салды (М. Ә.).

ҚАЙЫСПАС ҚАЙСАР *Табанды, төзімді, шыдамды.* Большевиктік мінез дегеніміз — алмастай таза, *қайыспас қайсар* болу деген сөз (СҚ).

ҚАЙЫСТАЙ ҚАТТЫ *Берік, әбден иі қанып, пісіп жетілді; бабына келіп жаралды.* Тақыр кедейдің баласы еді, арқасына әлдінің таяғы талай тиген, сонда да *қайыстай қатып*, көнбіс болып есті (О. С.). Астында *қайыстай қатып*, әбден бабына түскен сүлік қара аты бар болатын (АТ).

ҚАҚ АЙЫРДЫ [ЖАРДЫ, БӨЛДІ, ТІЛДІ] *Екіге (ортасынан) бөлді, ортасынан кесті.* Шашын төбесінен *қақ айырып*, [Зада] бір бұрым етіп қана өретін (С. III). Көрегеннің сілтеуімен Мерген садағын атып жібереді. Қызға тигізбей, алып қарақұсты *қақ айырады* (М. Ғ.). Жаман тарелкені уатты, пышақты жегесінен сындырды, гауһар тасты *қақ жарды* (ҚЕ). Аман мен Құлпаш жалаңақ қорықты *қақ жара жүріп*, жан-жақты тегіс көріп келеді (Ғ. Мұс.). Белуарын *қақ тіліп* құлаш ұрып, Өне барды рельс кесте тігіп (И. В.).

ҚАҚАП ТҮР *Бұл жердегі мағына: өте қатты аязды болып тұр.* Биыл күз басынан реңі жаман болған қатал жыл, қыс аяғы тақап келсе де, ызғары қайтпай, қатты аязды боп *қақап тұр* (М. Ә.). Егер, жолда аз да болса шөбі бар жер кездесе, қандай қатты боран *қақап тұрса* да, бәйге жирен айғыр талжылмай қарды теуіп тұрып алушы еді (М. Ә.).

ҚАҚАС ҚАЛДЫ *Үлес тимей (есе тимей), қақпай көріп, шет қалды.* Барды осыларға беріп, бүгін үлестен де *қақас қалды*. Бізге де олжа түссін деп, тым құрыса мезірет жасады ма? — деп Жиренше сөз бастады (М. Ә.). Көп жоқшылығымыздың өзiре ең ауыры — жарық жоқтығы, білім-өнерден *қақас қалғандығымыз* ғой — деді Әбіш (М. Ә.).

ҚАҚ БАС *Баласыз жалғыз қалған, соқа басты қарт кісіге айтылады.* («Қақ» монғол тілінде «жалғыз» деген мағына береді. Тегі, осындағы «қақ» сыңары қазақ тіліндегі «қу» (қураған) деген ұғым беретін «қақ» сөзінен гөрі, монғол тіліндегі «жалғызға» жақын тұр). Әжібай деді: «Отырма оттап үріп! Қақ басың жүрген жерің бөрі бүлік! Алмақ түгіл, тастаймын екеуін де...» — деді де кетіп қалды атқа мініп (С. Т.). Жоқ, *қақ бас*, өмір деген жел емес-ті, Қуарын қалған ұғым бұл бір ескі. Өмірдің не екенін білер едік, Егер де дүлей неме болсаң есті (Қ. А.).

ҚАҚ ЖАРТЫ [ЖАРЫМ] *Затты тең екіге бөлгенде, соның бір жағы.* Қарағандының *қақ жарты* көмірін беретін Верхняя Мариана дейтін пласты бар. Оның биіктігі сегіз метр (Ә. Ә.). Ол әйелді ең алдымен адамзаттың *қақ жарымы* деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады (М. Ә.).

ҚАҚҚАНДА ҚАНЫН, СОҚҚАНДА ЖАНЫН АЛДЫ **○** **ҚАҚҚАНДА ҚАНЫН, СОҚҚАНДА** [СЫҚҚАНДА] **СӨЛІН АЛДЫ** *Қатты қысып ұстады; жанын көзіне көрсетті.* Ең алдымен бас найып (үзiр) етіп Тұрфан қаласынан шыққан Темір деген ұйғырды белгіледі. Бұл ұйғыр ханға жаға білді де, өзгелердің *қаққанда қанын, соққанда сөлін алды* (І. Е.).

ҚАҚҚЫ КӨРДІ *Жапа шекті; қағажу көрді.* Кейін өлең үстінде Базаралыдан кеудеге соққандай *қаққы көріп* қалған жерде тақыс ақын Әріп қолма-қол құбылды (М. Ә.). Қан базар шашылдың ба гүл жайнаған, Өсіп ек *қаққы көрмей* шаужайлаған. Шабынды олжасы боп құлын-тайдан Тұғыр боп кетеміз бе жау жайлаған (М. Ә.).

ҚАҚ МАҢДАЙ 1. *Дәл маңдай.* Кемпір баланы көріп, артына сұрланып қарап ақырған кезде, бала *қақ маңдайдағы* жалғыз көзден басып қалады (ҚЕ). **2.** *Алдыңғы жақ.* Біздің бір снаряд алдыңғы танктың *қақ маңдай* алдына барып тиіп жарылады (Б. Мом.).

ҚАҚ [ТАП] ОРТАСЫ *Дәл, бел ортасы.* Қожанасырдан сұрапты-мыс дейді: — Жердің *қақ ортасы* қайда? — деп. Сонда жарықтық Қожекең ойланбай-ақ: «Мына менің аяғымның асты жердің *қақ ортасы*, ал бұған сенбесең, өлшей ғой өзің, — депті (АТ). Кейін шегінген машинаның алдыңғы дөңгелегі жаңағы төбелесте машина астына талып құлап түскен Арманның ұзын денесін *тап ортасынан*, іші тұсынан, басып өтіп кетті (М. Ә.).

ҚАҚПАНҒА ТҮСТІ *Торға түсті, ұсталды, қолға түсті.* Бірақ, Бүркіт оған көнсе! Көрмей тұрмын ба, қызылға алдап, *қақпанына түсірмек* екенін. Байқа, Бүркіт, бұл жолы жеңілсең, мәңгі жеңілгенің (С. М.).

ҚАҚПАН ҚҰРДЫ *Біреуге жаманшылық ойлады, алдын кес-кестеді, тосқауыл болды.* Арамың сол, Вежей маған *қақпан құрғанын* қойсын, біреудің сыртын бетке ұстап жүріп маған арнап оқ атқанын қойсын, — деді Құнанбай (М. Ә.).

ҚАҚПАНЫНА ІЛІНДІ *Құрған торына шырмалды.* Сен сонда *қақпаныма ілінерсің*, Ілінсең меніменен бірігерсің. Табылып көңілдегі бар арманың, Ләпсіңіз қарар тауып сүйсінерсің (М. Б.).

ҚАҚПАНЫҢ ҚАНДЫ АУЗЫН БАСТЫ *Қолға мықтап түсті.* Әддіңнен, Манат сұлу, асып жүрме, Мен жақын тартсам сені қашып жүрме. Айласы қарт кісінің көп болады, *Қақпанның қанды аузын басып* жүрме (М. Б.).

ҚАҚТАП БІЛУ *диалект. Көп білу, тең, жан-жақты білу* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАҚТАП САУДЫ *Түк қалдырмай, жебеп сауып алды.* Жазғыз сиыр, *қақтап сауған* соң, бұзауы қағылып жүр (АТ).

ҚАҚ ТӨР *Дәл төр; төр ортасы, төрдің өзінде. Қақ төрде қазықтай боп отыр ғой, күйеу деген немеде сыпайылық болмаушы ма еді? (АТ).*

ҚАҚ ШЕКЕ *Дәл шеке. Иса шоқпармен қақ шекесінен салып қалғанда, қасқыр қойды тастай беріп, барынша «гүр» етіп, Исаға қарай тап берді. Бірақ, қан қақ шекесінен саулап қоя берсе де, бұл қорқау тың екен (М. Ә.).*

ҚАҚЫРЫҒЫ ҚАН ТАТЫДЫ, ТҮКІРІГІ ЖЫН ТАТЫДЫ *Аузы элем сасып сусанды, аузы аңызды, қатты шөлдеді. Қақырығы қан татып, түкірігі жын татып шөлдеуменен зорықты (АӘ).*

ҚАЛАМ АҚЫ *Авторға басылып шыққан еңбегі үшін берілетін төлем. Мына очерктен құтқар. Сен жақсылап жөндеп бермесең, мен өзім келістіре алатын емеспін. Қалам ақысы сенікі,— деді Далдабаев (М. И.).*

ҚАЛАМ ҚАБАҚ *Көрікті қабақ. Жұмақтың шарап кәусар қауасында, Сен едің шапшып тұрған інжі шабақ. Әуелден көңілім қойдым сені арнап, Нәзік бел, қиғаш қасты, қалам қабақ (А. Қор).*

ҚАЛАМ ҚАС *Жіңішке қас, қиғаш қас; сұлу қыз. Айттым сәлем қалам қас, Саған құрбан мал мен бас. Сарғыннан сені ойлап, Келер көзге ыстық жас (Абай). Қалам қасы әлдеқалай дір етті, Көңіл құсым үрке ұшып, дүр етті (АӘ).*

ҚАЛАМЫ АТТАЙ ЖЕЛЕДІ **○** **ҚАЛАМЫ ЖҮЙРІК** **○** **ҚАЛАМЫНЫҢ ЖЕЛІ** **○** **ҚАЛАМЫ БАР** *Жазғыш, шығарма шебері туралы айтылады. Бізде бұрын: Мырқымбайдың арбасына мініп алып, кеңестің Мырқымбаймен егін салатын шаруа десе, қаламы аттай желетін Вейімбет бар еді (С. М.). Сапарғали мен Құат сөзге шешен, қаламы жүйрік, тілге бай ақындар (Е. Ы.). Қазақстанның ойдағы, қырдағы қаламының желі бар, кедейшіл жазушыларының есебі алынып, оларға газет-журналдар арқылы ақыл-кеңес беріліп отырылсын (С. М.). Рамазанның қаламының желі бар, соғыс алдында әкесінің өмірінен повесть жазып жүрді (Т. Ы.).*

ҚАЛАМЫ БАС БІЛЕДІ *Жаза біледі, сауатты шығарма жазады. Саяси білімі жоқ қазақ еңбекшілерінен әуелгі кезде қаламы бас білетіндер аз шықты (С. М.).*

ҚАЛАМЫ ӨТКІР *Тілі өткір, тілі дәл, шыншыл. Мәселен, Есмағамбет Ысмайылов пен Жұмағали Саин. Бұл екеуі де ойланап жазған өлеңдерінде ақындығы бар, қаламдары өткір, есуге мүмкіншілігі бар жастар (С. М.).*

ҚАЛАМЫ ТӨСЕЛДІ *Жазуға шеберленді. Прозада қаламы төселіп болған Биғаға «Қызыл жалау» деген романын бітіріп еді (ҚӘ).*

ҚАЛАУЫН ТАПСА, ҚАР ЖАНАР **[ҚАР ҮСТІНЕ ОТ ЖАНАР]** *Рет-ыңғайын,*

жол-жөнін келтірсе, орнына келмейтін, қалауындай болмайтын іс жоқ деген мағынада. Бақытты адам қаласа, Қар үстіне от жанар, Бақытсыз адам қаласа, Құрғақ үйден су тамар (ШС). Е, шырағым, қалауын тапса, қар жанар, жаманды түйе үстінде ит қабар дейді (АТ).

ҚАЛБАҒАЙ ОЙНАТТЫ *Оп-оңай, жеп-жеңіл тартып кетті. Козлода қоқиып отырған Бәкібай шірене шалқып, делбені сірестіре қағып қалғанда, ауыздығымен алысып, тыпыршып тұрған қос ат тарантасы қалбағай ойнатып ала жөнелді (С. О.).*

ҚАЛБЫРҒА ҚҰЙҒАН СЫНАП СЫҚЫЛДЫ *Қолда тұрмайтын, ұстауға көнбейтін нәрсе, я адам туралы. Қалбырға құйған сынап сықылды қолды-аяқта тұрмайтын бір жылпостың өзі ғой (АТ).*

ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН САРҚЫТЫ *Әр нәрсенің шардымсыз қалдығы, жұқанасы, Баяғы көңілдің қалған-құтқан сарқыты ғой. Осыған риза бол, жаным (АТ).*

ҚАЛЖА ЖЕДІ *Әйел босанғаннан кейін жас сорпа-су ішіп әлденді деген мағынада. Тақсыр, Жиренше үйде, жаңа ғана жас босанып, қалжа жеп жатыр еді, тысқа шығуға халі жоқ (ШС).*

ҚАЛЖАҚ [ҚЫЛЖАҚ] БАС *Әжуашыл, біреуді мысқылдауға әуес адам. Еш нәрсеге құнтың жоқ, көрінгенмен күрдас болып жүретін қалжақ бастың дәл өзі болып келесің (С. М.). Кеселді жалқау қылжақ бас, Әзір тамақ әзір ас, сыртың пысық, ішің нас, Артын ойлап ұялмас (Абай).*

ҚАЛЖЫҢ ҚЫЛДЫ *Әзіл етті, жеңіл сықақтады. Бар ойы өлең айтып, ән салалық. Біреуді қалжың қылып қолға алалық. Қызды ауылға қырындап үйір болса, Кеңліне зор қуаныш бір бадалық (Абай).*

ҚАЛЖАҚША БАЙЛАУЛЫ *Аттарды қосақтап байлау туралы айтылады. (Бірінің тізгінін екіншісінің құйысқанына байлайды деген мағынада).*

ҚАЛПАҚТАЙ [МҰРТТАЙ] ҰШТЫ **[ТҮСТІ]** **1.** *Құлап тусті, кенет жалп ете қалды. Немістер оқ жеткендері қалпақтай ұшып, құлаған жерінде тұра алмай қалып жатыр (Б. Мом.). Аты бір нәрседен белең алып, жалт бергенде, Шермектің ебедейсіз тақымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшақтай, аттан қалпақтай ұшқан секілді болды (Б. М.).* **2.** *Ауырып жығылды. Ұшынды білем, тойдан келді де, мұрттай ұшты. Содан көп жатты (АТ).*

ҚАЛТА АҚТАРАР *көне. Келіннің, не күйеудің қалтасынан күміс ақша, т. б. алу ырымы.*

ҚАЛП АЙТТЫ *Өгірік айтты, жалған айтты. Халық айтса, қалп айтпайды (Мақал). Ұста бар деп осы жерде халық айтады, О неге сонша мұны қалп айтады. Қышқаш пенен балғаны қолға берсе, Еркек түгіл, әйел де мұны жалпайтады (АӘ).*

ҚАЛТАЛЫ КІСІ **○ ҚАЛТАСЫ** **ҚАЛЫҢ** *Ақшасы көп, дүние-мүлкі мол кісі туралы айтылады.* Бұл Қайменде мен Тәңірбергеннің ағасы — Алдаберген. *Қалтасы қалыңдаған* бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында жер соғып қалды (Ә. Н.). Көп ұзамай тентек Шодырдың промсолынан дәмесі бар *қалталы кісілер* ойдан-қырдан ағыла бастады (Ә. Н.).

ҚАЛТАСЫ ЖҰҚАРДЫ [КӨТЕРМЕДІ, ҚАҒЫЛДЫ] **○ ҚАЛТАСЫНЫҢ ТҮБІ ТАЯЗДАНДЫ** *Қаражаты азайды, жағдайы келмеді.* Көбі орыс көпестері, оның бірі Ақсақ Жагор. *Қалтасы жұқарып* қалса да, Федоров өлгесін, еңсесін көтеріп, есін жия бастаған (Ә. Н.). Шіркін, біздің, Мырзекен, Кингіні түзбен ұрса екен. *Қағылғанын қалтасы* Үйде жеңгей білсе екен (Қ. А.). Қалада тұруға *қалтасы көтермеді* де, ауылға кеткен (АТ). Ондай шығынды (Түркісбіті салуды) патша үкіметінің *қалтасы көтере* алмады (С. М.). Қазір оның *қалтасының түбі саяз* боп, қолы қысқарған кезіне душар боп отырсыз ғой, болмаса, дүние бетіне қарамайтын кісі (АТ).

ҚАЛТАСЫНА СЕНДІ *Байлығына, ақшасына сүйенді. Қалтасына сенген* Қыли мырза Ақтамақтың күлім көзінен дөме етіп, қылыштан тартғынар түрі жоқ (Ғ. Мұс.). Олардың ортасына *қалтасына сеніп* барғаны болмаса, бұл ойынды жақсы білмейтін еді (АТ).

ҚАЛТАСЫНЫҢ ТҮБІ ТЕСІК *Байлық, дүние, ақша құтаймайды.* Қошқарбай әкем аты Шашубаймын, Болсам да малға кедей әнге баймын, Күніне мыңды беріп, жүзді алсам да, *Қалтамның түбі тесік* байымаймын (Ш. Қош.).

ҚАЛТ ЕТКЕНДЕ *Жұмыстан босай қалғанда, қолы босаң шақта.* Шырағым, *қолың қалт еткенде* кіріп тұрсаң етті. Келсеңдер, атаң бір көтеріліп қалады (АТ).

ҚАЛТ ЕТПЕДІ *Ешқандай қозғалмады, тыпыр етпеді.* Қарақ қақпай қабақты, Қайда келед қуған қол? *Қалт етпей* бақ жан-жақтан Жеткен кезде маған айт (М. Ә.). Қыбырсыз тынған жиын әр сөйлеушінің аузынан шыққан әрбір сөзін не өте сынағандай, не аса мән-мағына бергендей, *қалт еткізбей* ұқыпты тыңдап отыр (М. Ә.).

ҚАЛТ-ҚҰЛТ ЕТТІ *Әрең-әрең күн көрді.* Оған ауыз жарымас, Соңдадағы ар қылмас, *Қалт-құлт етіп* жүргені, Қысы-жазы қарны аш (Жамбыл). Дүбірлетті есікті бай да болмай, Аз кешікті, ашуға жан табылмай. Бір жалшы келді есікке *қалт-құлт етіп*, Жылы орнын тастамақ кімге оңай (Абай).

ҚАЛШ-ҚАЛШ [ҚАЛТ-ҚАЛТ] **ЕТТІ** *Қалтырап дірілдеді, дір-дір етті.* Не істерін де, не дерін де білмей, *қали-қали етіп*, иегі-іегіне тимей жүр (Ә. Ә.). Қамалап айғырды ұстадық. Айғыр *қали-қали ете-*

ді (С. С.). Мен көрдім сынық қанат көбекті, О да білер өмірді іздемекті. Күн шуақта жылынар *қалт-қалт етіп*, Одан гибрат алар жан бір бөлек-ті (Абай).

ҚАЛЫ КІЛЕМ *Жақсы түкті кілем.* («Ғалы» — парсы тілінде кілем. Бұрын қалы кілем, қара нар бастаған сыйлық тарту деген салт болған). *Қалы кілем*, қара нар Жарасады сапарға (М. Ә.). Сырт көзден сескеніп, Кәдірбай бір-екі *қалы кілемді* кілетке тықтырып қойғанын кейін білдім (Б. Тоғ.). Шынында да, сарайдан кем емес еді бұл үй. Іші тола *қалы кілем*, жылтырақ қаңытырмен қапталған сандықтар екен (Ә. Нұр.).

ҚАЛЫҢ БЕРДІ *к ө н е. Қалыңдықтың туысқандарына күйеу жағының беретін төлемі.* Бұрымнан айырылған Жамбылға әкесі *қалың беріп*, Момын атты қызды айттырады (С. М.).

ҚАЛЫҢ БҰҚАРА *Қара халық, көпшілік.* Қалған *қалың бұқара* қаны қарайған ханнан іргесін аулақ салып, өз қоныстарына тарады (І. Е.).

ҚАЛЫҢДЫҒЫНЫҢ ҚОЛЫН ҰСТАТТЫ *с а л т. Қызды жігіттің қолына берді.* Қазақ дәстүрін (қыздың жеңгелері) мүлтіксіз орындап, «күйеу балаға» *қалыңдығының қолын ұстатып*, аларын алып кетіп қалды (І. Е.).

ҚАЛЫҢДЫҚ ОЙНАДЫ *с а л т. Айттырған қызына күйеудің келіп ойнап-күліп жүруін айтады.* Әлқисса, Төлеген үш ай *қалыңдық ойнап*, бір күні еліне қайтпақ болып, аттарын байлап қойып, таңнан жүреміз деп отырған күні, Жібек түс көреді (ҚЖ).

ҚАЛЫҢ ЕЛ *Көп халық, дүйім жұрт.* («Ақтабан шұбырынды» тұсында ел мұңын былай шаққан). Қош-аман бол, Сарыарқа өскен жерім, Қайтқан қаздай *қалың ел* көшкен жерім, Тізе қосып бар қазақ ел бола алмай, Ит пен құсқа жем болып өшкен жерім (І. Е.).

ҚАЛЫҢ ҚАЗАҚ *Бүкіл (көп) қазақ.* Сөзін тіпті бөтеннен бастады. Мен кеше бір түс көрдім... Біз, *қалың қазақ*, осы арадан босып Балқаш барып, Қамал аралында қыс өткізіп, одан Меркені алған екенбіз (І. Е.). Басқалардай *қалың қазақтың* бақыт шыңына көтерілген кезі — совет заманы (АТ).

ҚАЛЫҢ ҚОЛ *Мол сарпаз, көп әскер.* (Ескі жырларда «қалың қазақ елі», «қалың қалмақ», «қалың ноғай» деген түрде кездесіп отырады. Сол сияқты «қалың тоғай», «қалың жылқы» сияқты тіркестерде де келеді. Бөріңде де көп, мол дегенді білдіреді). Қарауыл төрт жағынан түгел қойып, *Қалың қол* ат түйіскен қатарласып. Мысы да қылды бақыр терең сайда, Қозының, құлыныменен етін асып (И. Б.).

ҚАЛЫҢ МАЛ *к ө н е. Қыздың ағайын-туысқанына құдалық үшін күйеу тара-*

пынан төленетін мал (зат). Өзім аламын деп, қыздың бағын байлап отырғаны болмаса, қалың малын да түгендемей, ұрын да келе алмай, өз әйелінен аса да алмай, шырмалып жүр екен (М. Ө.).

ҚАЛЫҢ СОР *Ауыр азап, қорлық. Оқып жүрмін жиылып, қаласында Орынбор, Күндікте жүрген әйел ең, Арылмаған қалың сор* (Ш. Й.).

ҚАЛЫҢ ШАТ *Нү тоғайлы тау саласы, қойнауы. Атының басын бұрып ап, Зарлық бала киікті ұстамаққа қуа берді. Киік қашты тауды өрлеп қалың шатқа* (МЗ).

ҚАЛЫС АДАМ [АҒАЙЫН] *Ара ағайын; жамағайын, бейғарап жұрт. («Қалыш» — парсы тілінде, дос, жолдас). Бақшаға барғанда, бақшадан қайтып келе жатқанда, жолшыбай қалыс адамдардан да бізге жолығушылар көп болды* (С. С.).

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ [БОЛДЫ] *Екі жаққа бірдей болды. Менің парталас жолдасымсың. Мен саған нем кетті қарай алмаймын, қалыс қала алмаймын сенен! — деді* (З. Қ.).

ҚАМА БӨРІК *диал. Кәмшат бөрік* (Гур., Маң.).

ҚАМАЛ БҰЗДЫ 1. *Қоршау, бекініс бұзды, жаудың шебін қиратты. Найманның ту басшысы, Байжігіт, ер Қабанбай, Беті қайтпай қабындап, Талай бұзған қамалды* (Д. Б.). 2. *Қиындықты жеңді. Соныға малды жайып күзетіндер, Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды, Ит жегенше, Қондыбай, Қанай жесін, Құр жібер мына ант ұрған көрі шалды* (Абай).

ҚАМ ЖАСАДЫ [ЖЕДІ, ҚЫЛДЫ, ЕТ-ТІ] *Әзірлік қылды, қамданды; бітуін ойлады. Бұғанасы жаңадан бекіген жас әдебиет өрнекті жолға түсіп, келелі әдебиетке айналуға қам жасап, қорлану керек болды* (М. Қ.). Өзінің қол ілгері қамын қылып жиып қойған жігіттерін қару-жарақ асындырып, үкімет және халық мекемелерінің бөріне қарауыл қойды (С. С.). МТС директоры Жомартовқа тракторлардың көпшілігін колхоздарға жетістіруге қам етпегені үшін сөгіс жарияланды (Ақт., Байғ.).

ҚАМ КӨҢІЛ *Ренішті, өкпелі, қайғылы көңіл. Оқыт бізді, әкейай! Қам көңілім болсын жәй, Надандықтан құтқарып, Қуанта көр, құдай-ай!* (С. Т.).

ҚАМҚА ТОН *Қымбатты жібектен істелген сырт киім. Құлпырып тұрған бәйпешек, құрай болар, солған соң. Хандар киген қамқа тон Шүберек болар, тозған соң* (Б. Қ.).

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ *Жеткілікті дайындап берді. Ескі өшіп, жаңаға орын беруге тиіс, ал жаңаның онан әрі дамуын қамтамасыз ету керек* (ЛЖ).

ҚАМШЫ БОП ТИДІ *Жанына ауыр (қатты) батты. Темірғалидың сөзі отырғандарға қамшы боп тиді* (З. Ш.).

ҚАМШЫ БОЛДЫ *Түрткі болды, итермеледі. Абай сөзі ашылысуға қамшы болды. Сол жайларды аңғарып отырған Төкежан Абайдың бағанадан бергі тергеуіне ырза емес болатын* (М. Ө.). Төзімі жұқарып зорға тұрған колхозшының біріне Ахметтің сөзі қамшы болып кетті (Т. Н.).

ҚАМШЫДАЙ ҚАТТЫ 1. *Қаншырдай қатып арықтады, ашықты, жүдеді. Тізеден сазда, іш жоқ, бауыр жоқ, қамшыдай қатып қалған қайран мал, қырылуға тұр* (Ғ. М.). 2. *Бапталды. Қамшыдай қатырып жаратқан өңшең жүйріктері белдеуде тұратын* (АТ).

ҚАМШЫ ЖЕДІ [КӨРДІ] *Ұрылды, таяқ астына алынды; таяқ жеді, соққы көрді. Кет әрі, енді менен қамшы жерсің, Үрзіген анау байың тыным берсін. Бетімнен алдырушы сен ғой, — Мамаң, Тұра тұр бұл бәйгеден атым келсін* (М. Ө.). Жаманнан жесең бір қамшы. Ол сүйегіңе жетпес пе? (ШС). Білек көріп бектерден, Тенкі көріп байлардан, Қамшы көріп билерден Қалың қауым иленген (Жамбыл).

ҚАМШЫ ЖҰМСАДЫ ○ ҚАМШЫНЫҢ АСТЫНА АЛДЫ ○ ҚАМШЫ ОЙНАТТЫ *Басы-көзіне қарамай сабады, сілейте ұрды; зорлық жасады. Иван Михайловичтің оғы біткенін сезген жуан оны бас салып екі қолын артына байлап үлгірді де, жуан қырлы қамшының астына алды* (Ө. Ш.). Қыздарды шайтан деп ойлаған Құбекем иманын үйіріп кел, кішкене қыздарды қамшының астына алады (С. М.). Бұлар да елге түрлі салық салды. Бұлардың әскері де қалың бұқараның басына қамшы ойнатты (С. С.). Болған соң бастан ынтық оңала ма? Оңдайлар бір қисаймай тіл ала ма? Дәйт десе, қорс етеді қыңырланып, Ақылы қамшы жұмсау қолда ғана (И. Б.).

ҚАМШЫ КЕСТІ ШАБАН *Аяғын баспайтын, тым қырсау. Наталья аң ұмтылса, қашып құтылар еді, астына мінгені есек және қамшы кесті шабан есек* (С. М.).

ҚАМШЫЛАР ЖАҚ *Оң жағы деген мағынада. (Мініс көліктің «сол жағы», «мінер жағы», «оң жағы» «қамшылар жағы» болады). Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркенші қамшылар жағына қисая бастаған* (ЛЖ).

ҚАМШЫ САЛМАДЫ *Қамшы тигізбей жүріп отырды. Қайтарда тізгініңді тежеп отыр, Тақымды қамшы салмай безеп отыр. Бол да отыр бірдің соңы ызақ оба, Тек қана бір мөлшерді көзде де отыр* (І. Ж.).

ҚАМШЫ САЛДЫРДЫ *Болдырды, шаршады. Ерболдың жетекке аты бар-ды. Өз аты намаздыгер шағында қамшы салдырып, белі босаңсы берген* (М. Ө.).

ҚАМШЫ САЛЫМ ЖЕР *х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Өте жақын, тым жақын жер. Ей, шырағым, қамшы салым келмейтін*

жерге атты осынша терлетіп, ақ көбік еткенің нең! (АТ).

ҚАМШЫСЫН АЛЫП КЕЛУГЕ [БЕРУГЕ] ЖАРАМАДЫ *Шірік, болжыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі мағынасында.* (Көбіне балаға байланысты айтылады). Баламның қамшысын алып беруге жармайтын немелер, жоғал! (АТ).

ҚАМШЫСЫНАН ҚАН СОҒАЛАҒАН *Қаныпезер, жауыз, зорлығы, билігі жүріп тұрған.* Аққан жас, жосыған қанды есептесең, өтеуі үрім-бұтағыңа кетеді. *Қамшыңнан қан соғалап тұрып, кімге жөн айтпақсың!* (Ғ. М.). Ол жылдары қамшысынан қан соғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды (Ғ. М.).

ҚАМШЫСЫН ҮЙРЕДІ ДЕ ОТЫРАДЫ *көне. Ақырып, «бір шыбықпен айдайтын», зорлықшыл, озбыр кісі.*

ҚАМШЫ СІЛТЕСІП КЕЛДІ *Егесіп келді, «сені ме!» деп кіжіністі.* Жаз бойы Құлан өтпес пен Құдайменденің кең шырына сыйыса алмай, күнде қамшы сілтесіп келген екі байдың аядай жерге арка тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты (Ғ. М.).

ҚАМШЫ ТИГІЗБЕДІ *Қамшы салдырмай жүретін жүйрік ат туралы айтылады.* Балуан Шолақ атының кекіліне үкі, құйрығына шолпы тақты, мінгенде денесіне қамшы тигізбеді (С. М.). Жануар, баяғы торы аттың тұқымы ғой, осы төске жеткенше қамшы тигізбеді (АТ).

ҚАМШЫ ҮЙРДІ *Қорқытты, хауіп төндірді, күш көрсетті.* Жыртқыш андай анталап, Абайсыз Томға шүйілді: Көздері тегіс қанталап, Қамшысын ажал үйірді (М. Р.). Ұлықтың урядник-стражниктері сайлау үстінде орындарынан қозғалған кісілерді жазғырып, қамшы үйіріп мазалай беруші еді (М. Ә.).

ҚАМЫН ЖЕДІ [ОЙЛАДЫ] *Қамқорына алды, жағдайын ойластырды.* Тураушының жаманы Ағарғанын қағып жер, Тураушының жақсысы Жан жағының қамын жер (ШС). Атадан жақсы ұл туса, Елінің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, Елінің малын жейді (Мақал). Қалайда қашқанына жетіп зейлі, Деді де күліп қарқ-қарқ «Қашса мейлі», Ұрдырып барабанды барып сол күн, Алудың шаш шаһарын қамын жейді (РД). Сүйір тілі сағаттың Көрсетіп тұр екіні, Отыр ойлап ел қамын Партияның өкілі (С. Мәу.). Шын жаның ашыса, Нұржанды құтқарып алудың қамын ойла,— деді Қалампыр Ғалияға (С. М.).

ҚАМЫРЫ АШЫДЫ *диал. Жаны ашыды.* Адамның қамыры ашитын жағдайлар көп кездеседі (Жамб., Шу).

ҚАМЫС ҚҰЛАҚ *Қиған қамыстай сүйір құлақ (ат).* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ (Абай).

ҚАМЫТ АЯҚ *Талтақ аяқ.* (Тізе тұсы бір-бірінен қашықтап барып біткен аяқ). Ералын күдістеу, қамыт аяқ, ортадан төменірек бойы бар, отыздан аса жасы бар жігіт (Ғ. Мұс.).

ҚАНАТ БЕРДІ *Жігерлендірді, шабыт берді.* Ойласам жыр жазуға қалам тартып, Ойыма ең алдымен келесің сен. Желпінбей, шабыттанбай қалам қайтіп, Жырыма ұшқыр қанат бересің сен (Ж. М.).

ҚАНАТ БОЛДЫ *Серік, сүйеу етті.* Жалғызымда қуат боп, Жаяуымда қанат боп, Пана болған бір кезде, Ер Төстігім — ең кенжем О да болсын сенікі (ҚЕ).

ҚАНАТ БІТТІ *Қарқын алды, шабыттанды; демеп, шабыт берді.* Халқының әнін Абай өзінің мұңдасы етеді. Ойына, азаматтық еңбегіне қанат бітіретін сенімді серігі есепті санайды (М. Ә.). Ұмтылдың, сүйсіне кеп бастың жерді. Қолтықтан қанат біткен секілденді. Қалауға жаңа дүние ірге тасын, Құлшына келіп сонда түрдік жеңді (Қ. А.).

ҚАНАТ ЖАЙДЫ *Етек алды, өрледі, дамыды, үреді.* Россия көлемінде күш алып, қанат жайып, өрлеп өсіп келе жатқан өндіріс капиталы ол кезде базар іздеп жалақтайтын (М. Ә.).

ҚАНАТ ҚАҚТЫ [СЕРМЕДІ] *Талпынды, алға ұмтылды.* Сар дала сан ғасырдан келе жатқан, Аялап алақанға алдың мені, Жазында жаңа дүние қанат қаққан, Көгінде ұпсыншы бір жанның лебі (С. Мәу.). Кейде қиял қияға ұрып, Көкке қанат қағамын. Кейде бойды ыза буып, Шалқып оттай жанамын (З. Қал.).

ҚАНАТЫ БҮТІН СҰҢҚАР ЖОҚ, ТҰЯҒЫ БҮТІН ТҰЛПАР ЖОҚ *Мінсіз, кемістіксіз ешбір нәрсе болмайды деген мағынада.* Бұ дүниенің жүзінде Қанаты бүтін сұңқар жоқ, Тұяғы бүтін тұлпар жоқ (ҚЖ).

ҚАНАТЫ [ҚАНАТЫНАН] ҚАЙРЫЛДЫ *○ ҚАНАТЫ СЫНДЫ ○ ҚАНАТЫНАН ҚАЙРЫЛЫП, ҚАРАЛЫ БОЛДЫ ○ ҚАНАТЫ СЫНЫП, ҚАБЫРҒАСЫ СӨГІЛДІ* *Ең жақын (аяулы) сүйеніш-таянышынан айрылды.* (Бұл фраза «топшысынан үзілді», немесе «топшысынан сынды» деген түрде де айтылады). *Қайрылып сенің қалды ма? Топшыңнан тиіп қанатың. Қанатынан қайрылған, Жалғызынан айрылған, Қайғысы көп атама, Сабыр қыл деп айта көр (БЖ).* Балдағы алтын ақ болат Салайын десем қын да жоқ. Қанатынан айрылып, Ит алған қуда сын да жоқ (М. Ә.). Талауға түскен ұрыдай, Ат-тонынан айрылған, Қанатынан қайрылған, Жасыған жездей майрылған (Жамбыл).

ҚАНАТЫНДА ҚИЯҒЫ *Аяулысы, ең ардақтысы. Қанатында қияғым, Табаным да тұяғым, Алдыңнан шығып Сансызбай Көкешім менің Төлеген Көрдің бе десе не дейсің (ҚЖ).*

ҚАНАТТЫҒА ҚАҚТЫРЫП, ТҰМ-СЫҚТЫҒА ШОҚЫТПАДЫ *Еш жәбір-жапа көрсеттірмеді, қиянат жасатпады, қорғаштады.* Ғазиза жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп алақанына салған баласы. Еш уақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес (М. Ә.).

ҚАНАТЫМЕН ҰШЫП, ҚҰЙРЫҒЫ-МЕН ҚОНДЫ *Сүйемелдейтін жақындары, аға-іні, баласы бар кісіні айтады.* Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады деген ғой, біреуі қанатын болса, біреуі құйрығын болар, қабатыңа ала жүр (АТ).

ҚАНАТЫН ЖАЗДЫ 1. *Белгілі болды, танылды, ауызға ілінді.* Шығып жүр зиялылар оқта-текте, Бола алмай ұйытқы да жатқа, көпке, Жас сұңғақ жазым болды Уәлиханов, Қанатын жаза беріп төңірекке (Қ. Т.). 2. *Қамқорлыққа, қанатының астына алды.* Балапан басып шығарған тауықтай төңірегіндегі жетімектерге қанатын жазып, абай боп жүретін (АТ).

ҚАНАТЫН ҚИДЫ [КЕСТІ, ҚЫРЫҚ-ТЫ] *Сорлатты, сорын қайнатты, қадамын, өрісін қысқартты.* Сорлының ұрлап қара атын, Жазықсыз қиып қанатын, Жапанда жаяу қалдырып, Жайым жоқ қарғыс алатын (Жамбыл). *Қанаттарын кессең де, Сұңқар қарға болмас-ты (БЖ).* Нияздың үйін қырып, қанатын қырқам ба деп отыр ғой, — деді Жұматай (М. Ә.). Жұртқа жайған сөздерін есітіп таныдым, қанатын қырықпай көз ашылмас, — деді Жиренше (М. Ә.).

ҚАНАТЫН ҚОМДАДЫ *Ұшатын құсша икемденді, түйіле ұмтылды.* Үйретіп ақыл не керек, Көңіліне барып қонбаса? Лашын ұшпай қалмайды, Қос қанатын қамдаса (М. Сұл.). Бірақ, бұлар қаншалық қоразданып, қанатын қомдап келгенмен, Вақтығұл сасқан жоқ-ты (М. Ә.).

ҚАН БАЗАР *Шаршы топ, адамның ығы-жығы толған жері.* Көзінен жасын ағызып, Қан базарда қақты зар. Жүз ділда байға қарыз бар, Соны бер де, Ұлымды ал (Қ. Әб.). Қазекең келген кез — шахтаның ішінің қан базардай қызған кезі еді (Ә. Ә.).

ҚАН БАСТЫ *Бұл жерде қырғын-жойқын өлім мағынасында.* Зұлым фашист абжыландай арбасып, Бейбіт елге бәле тілеп жармасып. Озырлықпен салды келіп ойранды, Даламызды кетті сел боп қан басып (АӘ).

ҚАН БЕРДІ *Жандандырды; жаңа өмір орнатты.* Меңіреу, мылқау далаға, Мүлгіген сай-салаға Қала салып жан берген, Жол жүргізіп қан берген (Қ. А.).

ҚАНҒА БАТТЫ ○ ҚАН [ЖОСА] **БОЛДЫ** ○ ҚАНҒА БОЯЛДЫ *Қып-қызыл қан болды, мерт болды.* Өз ара жанжалдасып қанға батқан, Ішінде түрлі пітіне толып жатқан. Басқаны өз қарнынан ойламайды, Мал берсе, ары түгіл жанын сатқан (С. Т.). Біреуі — көк, біреуі — жер

тағысы Адам үшін батысып қызыл қанға. Қар — ашпақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай). Ғебenniң үйінде соққыға жығылып қан жоса болған Айша мен Мұқа, Әбен үшеуі қапты (М. Ә.). Жаны сүйген жары да өлді, Жау қолында қанға батып, Жалғыз ұлын тағы енді кім, Жұбатады алдарқатып (А. Жұм.).

ҚАНҒА ЖЕРІК *Қан құйлы, қан құмар, қара ниет.* Қан сорғыш қара жылан қалды өліп, Бір бала кезі келген кетті көміп, Ақыры өз түбіне өзі жетті Қашаннан қара ниетті қанға жерік (Ө. Т.). Ақбөрте кетті құнтып, Садақтан тартқан оқтай боп Қанға сусап қалмақ тұр, обатұғын оптай боп (Д. Б.).

ҚАНҒА ТОЯТТАДЫ [ТОЙДЫ] *Қанын ішіп құмардан шықты, өлексе жеді.* Елу басы — құзғын, старшин — қанға тояттаған қаршыға, он басылар — күйкентай. Әркім әліне қарай жүгіреді (М. Ә.).

ҚАНДАЙ ЗАМАН КҮН БОЛДЫ ○ **ӘЛДЕҚАНДАЙ КҮН [ЗАМАН] БОЛДЫ** *Басқа түскен қиын-қыстау тірлік мағынасында.* Атасының аты кім болар, Анасының аты кім болар, Сұрап келгін, жеңеше, Қандай заман күн болар (ҚЖ). Алдымызда әлдеқандай заман бар, Қаты құшып, құшақтайын белиңнен (Қән).

ҚАНДЫ АЙҚАС *Қан төгіс ұрыс.* Тағы да тұрды күтіп алдан жорық, Ұлыды ақ бандылар алған торып. Қанды айқас, қатал күндер өге берді, Кейбіреу қалды арманда өліп (О. Ш.). Басталды қанды айқастың кереметі, Сілкінді дүниенің қиыр шегі. Тіксісіп қалдың қатып бір орында, Жаудың да осы арада жарылды өті (Қ. А.).

ҚАНДЫ АУЫЗ 1. *Жауыз, қаскүнем; жыртқыш.* Мен алыссам, келешектің жорығын іздеп талпынам ғой. Бірақ, қанды ауыз қасқыр өзін жейтін жолбарыс барын ойлай ма, — деді Абай (М. Ә.). 2. *Мылтық, қару.* Тасада мерген кезенген Қанды ауызға жолығар (АӘ).

ҚАНДЫ БАЛАҚ 1. *Зорлықшыл, озбыр адам туралы айтылады.* Қара бұлт жармық басып ел түндігін, Жортқанда аңсаған жұрт еркіндігін. Патшаның қанды балақ жендеттері Төндіріп даламызға өртің, зілін (Қ. Б.). 2. *Қыран құс.* Қанды балақ бүркіті тұғырда жұтынып отыр екен (АТ).

ҚАНДЫ БАЛАҚ ҚАРАҚШЫ [ҚОР-ҚАУ, ҰРЫ] *Қан төгіп, ұрлық ететін кісі.* Бұл кісі — белгілі Нұржанның жалғыз Мұқатай мырза. Қазір онша бай емес, Байдан бірақ кем де емес. Қанды балақ ұры емес, Ұрлықтан құр да емес (Ғ. Мұс.).

ҚАНДЫ БАСЫҢ БЕРІ ТАРТ! *Қолыма ілін, «қармағыма түс» деген мағынада айтылады.* (Бұл фразаны, көбіне, жол тосқан жортуылшы, аңшы, мерген, т. б. айтады). Қанды басың бері тарт! — деді

Балуан аңға айтатын сөзін оған айтып, тұра ұмтылды (С. М.).

ҚАНДЫ КӨБІК ЖҰТҚЫЗДЫ *Ойран салды, қырып-жойды.* Қасарысқан жауына, *Қанды көбік жұтқызбай,* Халыққа тентек атанбай, Ерлердің ісі бігер ме (М. Ө.).

ҚАНДЫ КӨЗ 1. *Қыран құс туралы айтылады.* Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда, «Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар» деп, *Қанды көз қайқаң қағып шықса* аспанға (Абай). 2. *Қара ниет, зорлық-зомбылық.* «Түркістан уәләһетін алу — Дешті Қыпшақ еліне сауда-саттық жолын ашу ғана емес, әділеттік үшін күресу, өз жерімізді, өз қалаларымызды қайтып алу және тілектес Моғолстанды *қанды көз* Әбілқайырдан қорғау (І. Е.).

ҚАНДЫ КӨЙЛЕК ЖОЛДАС *Айрылмас, жайдандас дос.* Кешегі сұрапыл Ұлы Отан соғысындағы қарулас, *қанды көйлек достарым,* қан төккен жерлерім, қаза тапқан серіктерім көз алдыма елестейді (Қ. Қай.). Қаражігіт атының басын бұрды, Түспек боп *қанды көйлек жолдасына* (Қ. Жұм.).

ҚАНДЫ КӨЙЛЕК ЖАУ [ҚАРАҚШЫ] *Жақын адамын өлтірген дұшпан. Қанды көйлек жауыңның айтағына еріп, өзіңді қапқан күйіңін қайтерсің* (Ә. Н.).

ҚАНДЫ ҚАЛПАҚ КИДІ *Көрместей боп араздасғы.* (Бұл жерде бірінің басын бірі жарып, қан төгісуге дейін барған дау-жанжал, ұрыс-керіс туралы айтылып тұр). Қарағай бойы қар жауса, *Жұтамайды* сауысқан, *Қанды қалпақ кисе* де, *Шыдамайды* туысқан (ШС).

ҚАНДЫ ҚАНМЕН ЖУДЫ *Өлген кісісі үшін кісі өлтіріп, кек алды.* Бұл *қанды қанмен жуу,* қанды кек емес, халық үкімі (Қ. Жұм.). Шуағым! О бауырым, Шуағым! Өлем, жаным, жолыңда, *Қанды қанмен жуамын.* Жоям, дұшпан, жоямын. Шық! Шық! (М. Ө.).

ҚАНДЫ ҚОЛ *Кісі өлтірген өш мағынасында. Қанды қол* мен арақ ішкен ауыз жиреніші барабар-ақ шығар (Ғ. Мұс.). *Қанды қол* залым әлде басқа біреуді өлтіріп, генералша киіндіріп, табытқа салып қойған жоқ па екен деп шүбәланды (Қ. Ө.).

ҚАНДЫ МОЙЫН *Күнәкар, қылмысты.* — Е, керей! Азған арғын, уақ, найман! Сендерде ненің буы қоқырайған? Өлді деп Қарауылдың бір жылқысы, Ұрыны *қанды мойын* таптың қайдан? (І. Ж.). *Қанды мойын* айыпкер боп, түгел Жігітек боп тізе бүгетін боп тұр (М. Ө.).

ҚАНДЫ ТЫРНАҚ [ШЕНГЕЛ] *ҚАРА ЖАУ* *Қан құйлы дұшпан, ескі жау.* Мұғалім (жан-жағына кезек басын изеп) қош, қош, жарықтығым. Түн еді, меңіреу

қара түн еді, үміт қарлығаштары! *Қанды тырнақ қара жау,* темір бұғау шырмады ғой тағы! (М. Ө.).

ҚАНДЫ [ҚАН] ШЕЛЕК ○ **ҚАН ШЕЛЕК,** **КӨК ТАҚЫМ** *Қанды балақ ұры, әйгілі «бау кеспе», «сары тоқым» ұры, қанды балақ қарақшы.* Офицер қарсы алдында Қарабаймен, Қан құмар қара табан *қанды шелек* (Ғ. Малд.).— Қайсы? Анау ма? — Сол.— Ә, *қан шелек.* Көрген екен ғой (Ә. Н.).

ҚАН ЖАЛАДЫ¹ *Таяқ жеді, сабалды, аузы-басы даладай қан болды.* Сыздық келіп, екеуі қосылып, менің аузы-басымды *қан жалатты.*— деді Жақып (Ғ. Мұс.).

ҚАН ЖАЛАДЫ² *Өлтіріп, кегі қайтты.* Өзің кел, Гудзар баба, шықпады еліңі Атымның тартып тұрмын мықтап белін.— Шіреніп «шық шапшаң» деп тұрып алды, *Қан жалап* қайтпаймын деп алмай телім (РД).

ҚАН ЖАУҒЫР! қарғыс. *Қан бол, қанға бат деген мағынада.* (Бұл тіркестің қарғыс мағынасы солғындап, жай қынжылу одағайы ретінде де айтыла береді). Шырағым, айналайын, барма балам, Сіздерге Баянды айтқан қандай адам? Ойында жоқ нәрсені ойға салып, Баламды бір *қан жауғыр* қылған алаң (ҚҰБС). *Қан жауғыр,* баланың қай жылағаны есте тұратын еді (Ғ. М.).

ҚАН ЖАУДЫРДЫ 1. *Зар илетті, азап шектірді.* Ханның бірі Абылай Аш бөрідей жалақтап, Қарсы болған кісінің *Қан жаудырған* басына (Жамбыл). 2. *Түйіле қарады.* Қабағын *қан жаудыра* түйді Кавказ, Ашынған қарт атадай күйді Кавказ (З. Қал.).

ҚАН ЖАУСА *ДА Қандай хауіп-қатер төнсе де. Қан жауса да,* қажуды білмейтін ғажап жігіт еді (Т. А.).

ҚАН ЖОҚ, СӨЛ ЖОҚ *Боп-боз, өңі жоқ, түсі жоқ.* Өзі жоқта Ақбөкенді Наурызбайдың алғанын Байтабан естіген тәрізді. Бетінде *қан жоқ, сөл жоқ,* тістеніп алған (І. Е.).

ҚАН-СӨЛДЕН АЙРЫЛДЫ *Әбден жудеді, түсі бұзылды.* Абайдың жүзі *қан-сөлден айрылып,* наукастан тұрғандай (М. Ө.).

ҚАН ЖҰТҚЫР! қарғыс. *Жамандық көргір деген мағынада.* Ей, *қан жұтқыр* бұзық, жайыңа жүр (АТ).

ҚАН ЖҰТТЫ 1. *Құса болды, қатты қайғырды.* Қайғыменен *қан жұтқан* қасіретті кеудесіне толған запыранды бір лықсытып: «Ақтар аямайды, балам»,— дейді (С. О.). Сарыарқа асқар бел еді, Қайғыға төзді, ширады, Сарыарқа емес қалың ел, *Қан жұтты* зарлап жылдады (Б. М.). 2. *Өлді.* Қас дұшпан *қан жұтты* (АТ).

ҚАН ЖҮРЕК *Ыстық жүрек; қамыққан көңіл. Қан жүрегім қайғылы-шу, Қайрыла кет сен маған (Абай).*

ҚАНЖЫҒАҒА БАЙЛАДЫ **○** ҚАНЖЫҒАСЫНДА КЕТТІ 1. *Олжалады, сыйға берді. Көкпаршылардың қанжығаға байлағаны ғой деп, тартыла-тартыла, сілікпесі шыққан серкені тастай берді (АТ).* 2. *Ықпалында кетті; шылауында кетті. Кезінде сендей қыздың нешеуі қошемет үшін-ақ қанжығаға байланатын (АТ). Командир әр солдаттың қанжығасына байлана алмайды (Б. Мом.). Сен деп есіменен айрылғаным жоқ, білдің бе? Қанжығаңда кетейін бе? (М. Ә.). Жаңағы бір маскүнемнің бар абыройдан бір-ақ айрылып, қатынының қанжығасында кеткені (З. Қ.).*

ҚАНЖЫҒАҒА ҚАНДЫ БАСТЫ БАЙЛАДЫ *Жауды жеңді, жауыздан кек алды. Тыншу болмас қалың қайрат қайнамай, Қанжығаға қанды басты байламай, Қара жүрек, қара қошқыл қанменен, Үш тосарлы, қанды ауызды майламай (І. Ж.).*

ҚАНЖЫҒАДА ЖҮРДІ 1. *Бұндағы мағына: жанында бірге болды, қасында жүрді. Бала шіркін қашанға дейін қанжығаңда жүреді дейсің (С. Ш.).* 2. *Тәуелді болды, ықпалында болды. Әкесінің сөзін екі етпейтін, қанжығада жүретін бала еді (АТ).*

ҚАНЖЫҒАДАН ҚАН КЕШТІ *Азарты, сергелдең күндерді өткізді. Қазақ қазақ болғалы, қанжығадан қан кешкен, қонысынан ел кешкен талай жаугершілік-ті де көрді (Ә. Ә.).*

ҚАНЖЫҒАДА КӨРІСТІ *Қысылталаң, егесті жерде жолықты. Жақсы,— деді ол түрегеліп,— қанжығада көріскеніміздің, алды осы болсын (С. М.).*

ҚАНЖЫҒАЛАС ВОЛДЫ *Бірге болды, алыс-берістігі бар үзеңгілес болды. Асабаның ақсақалы — Сүйеу қарт, Есболдың көп жыл қанжығалас болған қадырман жолдасы, бір жағынан сүйек тістескен құдандалы жекжат (Ә. Н.).*

ҚАНЖЫҒА МАЙЛАНДЫ [ҚАНДАНДЫ] **○** ҚАНЖЫҒА ҚАНДАНДЫ, АУЗЫ МАЙЛАНДЫ **○** ҚАНЖЫҒА ҚАНДАНЫП, МЫЛТЫҚ МАЙЛАНДЫ *Олжалы болды. (Аңшының сөтті сапары туралы айтылады). Үш қоштың бар адамы бүгін мынау арқардың өзі келіп өлгенін соншалық жақсы ырым көрісті. Бүгін қанжыға майланайын деп тұр екен десті (М. Ә.). Ауылдың алдыңғы Балажарма бойын бір оралып қайтса, бітіп жатыр, қанжығасын қандап оралады (Н. С.).*

ҚАНЖЫҒАҢ ҚАН БОЛСЫН **○** ҚАНЖЫҒАҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! *алғыс. Бұл жерде жауға өктем болу, дұшпанды жеңіп шығу мағынасында. Заманында тұған ер болсаң, жауға барғанда қанжығаң қан болсын,— деді Арыстан (Ғ. С.). Қанжығам құтты болсын деп, Байдалы ба-*

тыр дабылды, Қара қасқа тұлпарға Арпа-бидай асатты (ҚамБ).

ҚАНЖЫҒАСЫН ҚАНДАДЫ *Жауды ойсырата жеңді, қырды. Жер қайысқан қолменен Талай жерді шарладым, Қалың елдің қамы үшін қанжығамды қандадым (О. Ш.).*

ҚАН ЖЫЛАДЫ *Зар қақсады, зар иледі. Қан жылатқан халықты, қарғыс тисін, хан саған (М. Ә.). Айтарын айтса да, өз сөзіне өзі күйіп, Ләйләнің іші қан жылады (С. Шәр.).*

ҚАН ЖЫЛЫМ 1. *Болар-болмас жылы. Мына суың қан жылым ғой (АТ).* 2. *Бұл жерде бірқалыпты, өзгеріссіз деген мағынада айтылып тұр. Мінезінде еш өзгеріс болған жоқ. Әдхам қайнап тасығанда, Ізбасар қан жылым қалыңда қала берді. Жас та болса — ауыр (Ғ. Мұс.).*

ҚАНЖЫНЫ АРАЛАСҚАН *ке кесің. 1. Сүйек шатыс, қарым-қатынасты, алыс-берісі бар. Сендердің қан-жындарың ертеден араласқан екен ғой (С. М.).* 2. *Арам ниеттес. Қан-жыны араласып қалған неме ғой. Қия алмады (С. Т.).*

ҚАНЖЫНЫН ТӨКТИ *Аузына келгенін айтты, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты. Қысқасын айтқанда,— іріген ауыздан лақылдап шығып, қан-жынын төгіп, таза дегені былғайтын шіріген сөздер (С. Төл.).*

ҚАН КЕШТІ *Кескілесіп соғысты, арпалысты. Сен соғыста қан кешкенде, олар елде сенің қамың үшін миллиондардың бірі болып, жан аямай еңбек етті (М. И.). Адам бар ісі бейне даладағы аң, Аң етіп, надан етіп байлаған заң, Қан кешіп қабырғадан қара күнде, Ат арты күң болмап па еді Айман-Шолпан (І. Ж.).*

ҚАН КӨБЕЛЕК ОЙНАДЫ **○** ШЫР АЙНАЛДЫ **○** ШЫР КӨБЕЛЕК АЙНАЛДЫ 1. *Үйіріге айналып жүрді. Қақтығамақтыға Раушан мен Дәмәткен де кірді. Алдыңғы үй кең зал екен, залдың іші иін тірескен адам. Қан көбелек ойнағандай, екеу-үшеуден қолтықтасып, үйдің ішін шыр көбелек айналып жүр (Б. М.).* 2. *Зырылдап дөңгеледі. Тиірменнің қанатындай шыр көбелек айналды (АТ).*

ҚАН КӨТЕРДІ *Іліп ала жөнелді, ауыздан-ауызға, тез таратып жіберді. Деген боп «батыр», «батыр» қан көтеріп, Қажытты, құлағымды сол сасытты,— деді Әлібек (М. Ә.). Оңаша алып сөйлескен Бекет деген бір сөзуар Кесе Қодарға әрнені шарлап кеп: «Ел аузына кім қақпақ болады? Қан көтеріп әкетіпті»,— деді (М. Ә.).*

ҚАН ҚАЗА КӨТЕРДІ *Жақыны өлді. (Қазаға ұшырағаны бар үй туралы айтылып тұр). Үкім айтылған жоқ. Бірақ, үкім айтылып қалған соң қайту да жоқ. Мен сол үшін баласы мен бауыры өлген, қан қаза көрген, бүгін қан жылап отырған*

...сорлы әйелдер өгінішін әкеп отырмын ғой сізге (М. Ә.).

ҚАН ҚАҚСАДЫ *Қатты солқылдап, жанға бата ауырды, зар илетті. Қимылдаса қан қақсап сынған аяқ, Бір сүйек бар сүйекті сырқыратты (Қ. Жұм.). Әбдірахманның тұл бойы мидан өткендей қан қақсап кетті де, бір мезет сол жағы тұтас ұйып қалған сияқтанды (Х. Е.). Тіпті, бір ит шикан екен, шімірікпеді, бедірейіп тұрды да алды. Мен қан қақсап, таңды таңға ұрумен болдым (Қ. Тай.).*

ҚАН ҚАҚСАТТЫ *Зар жылатты, зар еңіретті. Өткен қыста осы Мыңжасар тағы бір жазықсыз ауылдарды қан қақсатқан екен (М. Ә.). Бағила мен Салиқа ит пен мысықтай. Бағила ызаланып, өршелене тап берсе, Салиқа оны жанды жерінен бір-ақ тістеп, қан қақсағады (Т. А.).*

ҚАН ҚҰЙЛЫ [ҚҰМАР] ○ ҚАН ШЕР *Жауыз; кәззәп-ұры. Барып жатыр бәрі де Жүйрік пенен жорғалар, Соның бәрі көмегім Қан құмарды жеңуге (Жамбыл). Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қан ішер ояз, қан ішер ұлыққа әлекті салар едік, — деді (М. Ә.). Алатау, алыс Нарын жерім еді, Ел-жұртым аманында белім еді, Қаптаған қан ішерге қарсы бар деп, Отаным ақ бұйрығын беріп еді (М. Ә.). Еңсебай анда-санда: «Бөлем Тобықтының қан құйлысы тек көзге көрініп кел», — деп жүреді (М. Ә.).*

ҚАН ҚҰСТЫ [ҚҰСТЫРДЫ] 1. *Ауыр дертке шалдықты. Бағана жеген құйрығын ә дегенде-ақ тастады. Сүйте-сүйте Қараман Кесектеп қанды құсады (АБ).* 2. *Азап тартқызды; ішкен-жегенін желкесінен шығарды, сығып алды. «Құнанбай мені айып деп отырған жоқ. Қандай айламен қан құстырсаң деп, соны ойлап отыр», — деді Балағаз (М. Ә.). Бұл толқынды тойтармай, Қан құстырып қайтармай, Қалар болсам, бар жорық Бекер болар, мезгіл жетті байқардай (М. Ә.).*

ҚАН ҚЫЛДЫ *Қырды, жойды, қиратты. Қара жүзді хан-сұлтан, Қайтіп жауап айтарсың Қара ордаңды қан қылсам, — деді Бекет (М. Ә.). Қаланың аузын қан қылды. Қақпаның аузын шаң қылды (АБ).*

ҚАН МАЙДАН *Қиян-кескі ұрыс; қызу айқас, тартыс. Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға. Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы, Адам үшін батысып қызыл қанға (Абай). Осы күні, ескі дүниенің негіздері қаусап құлауға солқылдап тұрған мезгілде, осындай қан майданда үн жоқ, түн жоқ жай жатуға болмайды (С. С.). Бірге жүрген жолдасымды, Жапан түзде жерледім, Тағы, тағы толып жатыр, Қан майданда көргенім (С. М.).*

ҚАННЕН ҚАПЕРСІЗ *Ештеңемен ісі жоқ, алаңсыз; аңдаусыз, бейқам. («Қапер» — ес, сана мағынасында; «қаперім-*

де жоқ», қырғызша «қапарымда жоқ» дейді). Надя қаннен қаперсіз, ашық, сыңғыр даусымен жайдары күліп, достарымен әңгімелесіп барады (З. Қ.). Қаннен қаперсіз сайға қарай аяңдап бара жатқан Ботакөз, арғынан біреу тап беріп ұстай алғанда, селк ете түсіп, қатты қысқан құшақтан сытылып шығуға жанталасты (С. М.).

ҚАН САСЫДЫ [САСЫТТЫ] *Қырылды. (Малды сойып, аңды қыруда да, адамды қыруда да айтылады). Әкемнің осындай аңшылығынан біздің үй үнемі қан сасыды да жатты (С. М.). Мергендер дамыл алмай киікті атқан, Ауылды қан сасытып топырлатқан. Киікті ойлай ма екен таусылар деп, Азайып бірте-бірте келе жатқан (С. С.). Омархан әскерлері жеңілген елді қанға бояп, екі жүзге таяу адамды дарға тартқан. Сайрам жерін қан сасытқан (І. Е.).*

ҚАН СӘСКЕ *Ұлы сәске, күн түске талу шақ. Қан сәске. Күн бұлыңғыр. Қыршық қар қыламықтайды. Жел ұйтқып, әр тұстан бір шығады (Т. А.).*

ҚАН СИДІ [СИГІЗДІ] *Азар да, безер болды; зыр қаққызды, зар қаққтырды. «Қызыл отау» байларға бүйідей тиіп келе жатса керек. Нұржан Мақатайы қан сиіп отыр (Ғ. Мұс.).*

ҚАН СОҚТА *Қаны аралас ет. Мықтыбай қан соқтаға семірген кәрі қорқау қасқыр емес пе? (М. А.).*

ҚАН СОҚТА БОЛДЫ *Қызылға кенелді, батты. Қыпшақ та түгел жиды болыс, биін, Ескене кетірді деп елдің күйін. Ту бие, ту асауды ұстап сойып, Қан соқта жаңа болды үлкен жиын (И. Б.).*

ҚАН СОНАР *Бірінші жауған қардағы аңшылық. («Сонар» — алғашқы жауған қар, оны «сонар қар» деп те айтады). Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тас-тан түлкі табылар аңдығанға, Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет, Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға (Абай). Біреудің аң аулауға, қан сонарға шығайын деп тұрғанда, әкесі (атасы) өледі. Атасын естірткен кісіге: «Атан болса, сойылар, атам өлсе, қойылар, мұндай қан сонар күнде қайдан табылар» — депті (АӘ).*

ҚАН СОРҒЫШ *Қанаушы, кісі еңбегімен күн көруші. Қан сорғыш қара жылан қалды өліп, Бір бала кезі келген кетті көміп. Аққыры өз түбіне өзі жетті, Қашаннан қара ниетті қанға жерік (Ө. Т.).*

ҚАН СОРДЫ ○ ҚАНЫН СҮЛІКТЕЙ *СОРДЫ* *Әбден қанады; ақырет берді, қорлады. Жер емессің, жалмауысың мені емген, Күш-қуатты, қанды сорған денемнен, Тілегіме айырбастап тілегін, Шын тұрмысқа улы қанжар кезенген!.. (В. К.). Асканның көп жұмысы баланың қанын сүліктей сорып, құлағынан тартып тұрғызғандай тұралататын (Қ. Әб.). Борсық*

қысып жанымды, *Сүліктей сорып қанымды* (Т. Ж.).

ҚАН СОРПА БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] © **ҚАН СОРПАСЫ ШЫҚТЫ** *Әбден әбгерленді; қиналды; қатты терледі.* Күн бата берген кезде, атты қан сорпа қып Қарашоқыға жетті (М. Ә.). Аудандық қаладан шығып, Асқар мен Асан асығып келеді. Аттары қан сорпа боп, танау қаққан күйде ауылға кеп түсті (М. Ә.). Осыдан кейін бір жұма қан сорпасы шығып, оларды дала жұмысына әзірлейді (ЛЖЖ). Қатты шабыстан аттың қан сорпасы шығыпты (АТ).

ҚАН ТАЛАПАЙ ҚЫЛДЫ © ТУ-ТАЛАҚАЙ ЕТТІ *Түс-тұсқа талап әкетті.* Балық бүгін де басып қалған болу керек. Өне, көрдіңдер ме, шағалалар қан талапай қып жатыр (Ә. Н.).

ҚАН ТАРТТЫ *Ажал-өлім шақырды.* Ажал жетсе, жігіттер амал болмас, Қан тартып тұр, Қозыкем оянбайды (ҚКБС). Қан тартқандай ұсынса бес қаруы, Бір топ әскер шыға келді бір сайдан (Қ. Жұм.).

ҚАН ТӨКТИ © ҚАНЫН СУДАЙ АҒЫЗДЫ [ТӨКТИ, ШАШТЫ, ЖОСЫЛТТЫ] *Қырып-жойды, өлтірді; қырғынға ұшыратты.* Ұзақ жылғы қуған арман, мұраттың, Тек ғұмыры болғаны ма аз-ақ күн? Қан төксе де жыламаймын деп еді, О, жасаған, елді неге боздаттың (Ғ. Қ.). Бақыты үшін туған елдің, Дәл бүгінгі жасыл белдің, Жаудың қанын судай шашқан, Екпіндей дауыл желдің (Ә. С.). «Ай-ай тазша, ай тазша! Атаңа нәлет, қу тазша! Басыңды құдай кесермін, Қаныңды судай шашармын!» — деп жүр екен (ҚЕ). Дұшпандық қылған зальмының Қанын судай шашайын (МЭ). Қылышын қанға боята, Найзасын тасқа қайрата, Жауының қанын жосылғып, Тасқын судай бората (Жамбыл).

ҚАН ТҮКІРДІ *Қан құсу, жаны қиналу мағынасында айтылып тұр.* Әлсіреген қажырлы ер Жау оғының көбінен Қан түкіріп жығылды, Тиген соң оқ дөбінен (С. С.).

ҚАН ҰРТТАДЫ *Өлтірді.* Абылай әскерімен жүріп кетті, Жылыдай қан ұрттауға бұрып бетті, Жол жүріп бірнеше күн шеру тартып, Қалмаққа бейбіт жатқан келіп жетті (С. С.). Ә, пұлын пұштап, бұйымын қан ұрттап сататын әйгілі Шамун шайих нағыз мұсылман ғой (Ш. Х.).

ҚАН ШЕҢГЕЛДІ САЛДЫ *Түйіліп келіп, өлім тырнағын жайды; өлім уысына алды.* Қобыланды, Кесір Қазан келдің бе?... Қан шеңгелді салдың ба? Жазығы жоқ, жаулық жоқ, Иен жатқан еліме? (М. Ә.).

ҚАНШЫРДАЙ ҚАТТЫ 1. *Арып жүдеді, иеліктей қатты.* Жігіттер жаз бойы көргенде, не көрді? Ашыққан баланы

көрді. Қаншырдай қатқан пеше мен жеңгені, қатын-қалашты көрді (М. Ә.). Оның әйелі қаншырдай қатқан, сөл жоқ (Ғ. С.). 2. *Суып жарады.* Ай бойы суыған жүйрік қазір қаншырдай қатып, жарап тұр (АТ).

ҚАНЫ БҰЗЫҚ [ҚАРА] *Үнемі жамандық ойлайтын арам адам туралы айтылады.* Баурыңа тартқан, Сырынды айтқан, Сырласың сырт айналар. Ол қаны бұзық ұры-қар Қапысын тауып сені алар (Абай). Отарбай үйіне жаңағы бар қаны бұзық сойқандар жиылып, Сармолланы сыртынан құрттып-жойып жатыр дейді (М. Ә.). «Ей залым», — деді Әбікеш қаның қара, Сені де балам бар деп тапты ма ана. Шықпай ма шаян басып қабырыңнан, Дүреден ақ төніме түскен жара (Ж. С.). Қаны қара сұмырай Қатты басты белінді, Үн шығармай тұншықтың, Шығара алмай шерінді (Жамбыл).

ҚАНЫ БІР *Бір кісіден, туысы жақын кісіден, бір халықтан шыққан адам.* Сүтеке, Қазақбайдың баласысың, қаның бір; ... не білдің? Ай! (С. М.).

ҚАНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕДІ [ТАМБАДЫ] *Қолға түспей, қадірі артты.* Биылғы қыста Семей қаласында шетімізден әнші, ақын боп атақ алып қайтпадық па! Қалада қыз ұзатылса, келін түссе, осы біздің бірде-бірімізді қолға түсіріп, өз мәжілістерінің шырайын ашуға сонша құштар болды! Тіпті қанымыз жерге тиген жоқ (М. Ә.). Ол андағайлап көрініп тұрған — мұнай айыру заводының трубалары. Бұл шығаратын өнімінің қаны жерге тамбайды (ЛЖЖ).

ҚАНЫ КЕПТІ [КЕУІП ОТЫР] *Қаңсыт шөлдеді.* Қаным кеуіп шөлдеп барамын. Күндіз шөлдеп, өлер халге жетемін де, түнде шық түсісімен шөптің шығын жалап, жан шақырамын (Ә. Ә.). Шөлдеген түні бойы қаны кеуіп, Боз тұлпар тықыршыды жерді теуіп (Ә. Қ.).

ҚАНЫ ҚАЙНАДЫ *Ызаланды, қатты күйінді.* Кемпір қаны қайнап, тағы ақырып, қазанда тұрған ыстық шөмішті жұлып алып кеп Марқабайдың жалаң бас, бақырдай басына шүйде тұсынан беріп кетті (М. Ә.). Қасіретгі қара толқын қайғы көріп, Қан қайнап әзер шықтым ішім күйіп, Білмеймін ол не нәрсе тұрған зарлап, Қулардай құрт жинапты халықты алдан (С. Т.).

ҚАНЫ [ҚАНЫНА] ҚАРАЙДЫ *Ашуызаға бұлықты, түңіле ыза болды.* Абай сонша қабынып, қанына қарайғандай, отқа түсермендей боп келген екен (М. Ә.). Елден су сұрап ала алмаған бақаның қаны қарайып, әудем жердегі құдыққа сүйретіліп, намазшамда әрең ілігеді ғой (ЛЖЖ). Біреудің қолында өлгендей боп қаныма қарайып жүрмін (М. Ә.). Қайысар деген үмітпен болыстың бетіне қарай бердім. Қараған сайын, оның қаны қарая түскенін көрдім (Ә. Ә.).

ҚАНЫ ҚАС *Қарсы, өштес; жау. Масғұтовтың байларға қаны қас (С. М.). Сол десе, әйтеуір, қаны қас, атын есітсе-ақ, тыржия қалады (АТ).*

ҚАНЫ ҚАТЫП АЛҒАН *Ашуға булығып, ыза кернеді. Бір жан тырп етпеді. Бибіжамал балаларын бауырына қысып, балықшылардың арасында тапжылмай тұр. Көлен қаны қатып алған. Үн жоқ (Ә. Н.).*

ҚАНЫ ҚАШТЫ 1. *Қуарды, өңі бозғылт тартты. Көгеріп жатыр балуан қаны қашып, Көргеннің бәрі аясты жаны ашып, Балуаны жыққан арғын шуылдап жүр; — Аруақ қолдады, — деп, көңілі тасып (І. Ж.). Тұрмыс езген дал қылып, Қаны қашқан өңінен. Солқылдай басы қаңғырып, Сорғалап жасы төгілген (С. Мәу.). 2. Өңі бұзылып, үрейленді. Далаға шыққан Қаншайым, Сөзге келді қырық жігіт. Мына сөзді есітіп, Қаншайым қаны қашады (БатЖ.).*

ҚАНЫ ҚЫЗДЫ *Делебесі қозды. Қызба жігіт Шапай кейде еседі, Кедей десе мерейі үстем еседі. Қаны қызып, жігерленіп от болып, Вай тежетпес жұрттың айтқан өсегі (Б. М.). Мейрам ашып ештеме айтқан жоқ. Ардақ аты қанын қыздырып жіберсе де, тасыған іш терең арнадан аспады (Ғ. Мұс.).*

ҚАНЫ МОЙНЫҢДА КЕТТІ *Біреуді жазықсыз өлтірді, кісінің обалына қалды. Нақақ бір кісіні өлтіріп едім. Соның қаны мойнымда кетіп барады деп жылайды (ҚЕ).*

ҚАНЫНА СІҢДІ *Үйреншікті болды, әдегіне айналды. Батырлық, ерлік, жерін, елін қорғау қанына мықтап сіңген дәстүр болғанымен, қазақ халқы бұл заманның соғысын көрген емес (М. Ваз.). Қанына сіңген әдегі ғой, қайтіп қойсын (АТ).*

ҚАНЫНА ТАРТТЫ *Шыққан тегіне бұрды. Көрі қыран көре алмағанды жас қыран іледі Тек айтарым: қанына тартпанның қары сынсын дейді қазақ (І. Е.).*

ҚАНЫНА ҰРЫҚ ЕКТИ *Бойына жақсылық сіңірді. Жолын қыл! — деп баламның, Қарт атаң жасын төкпей ме? Қарт тілеуі қабыл боп, Қанына ұрық екпей ме? (Д. Б.).*

ҚАНЫН ЖҮКТЕДІ *Біреуді жазықсыз өлтіріп, обалына қалды. Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын — деді (ҚЕ). Ол өмірге біреудің қанын жүктеп барып, төңірі алдында қара бет болмасын, не де болса шынын айтсын (ҚЕ). Қозыкең әр өнерді бастайды енді, Көңіліне жамандықты қоспайды енді. Нетейін қанын жүктеп осы иттің деп, Анадай жер лақтырып тастайды енді (ҚКБС).*

ҚАНЫН КЕШТІ *Өлімге бұйырмады. Сонда уәзір: Бір қасық қанымды кешсеңіз айтамын — дейді (ҚЕ).*

ҚАНЫН ҚАҚ ҚЫЛДЫ *Әбден езді. Сөкілді ат төбелі алпауыттар Сорғанын қанын қақ қып халықтардың, Ол түгіл орыстың өз бұқарасы Еріксіз талау көріп тартыққанын (Ү. К.).*

ҚАНЫН ҚИДЫ *Өлімге басын тікті. Ішіңнен шықты айғайлап Аманкелді еріңіз, Қанын қиып халық үшін, Аттанды жауға белсеніп (О. Ш.).*

ҚАНЫН ҚЫЗДЫРДЫ *Еліктірді, елігіп әкетті; намысын қоздырды. Шұбыртпалы Ағыбай батыр жайындағы аңыздар көдім-гідей қанын қыздырып, қиялына от тастайтын (І. Е.).*

ҚАНЫН ТОРСЫҚҚА БАЙЛАДЫ [ҚҰЙДЫ] *Ештеңеден тайынбады. Курнос Иванның жігіттері мылтықтан қорықты ма, әлде, оның дәл қазір қамыс арасынан қанын торсыққа байлап шыққан суық түрін таныды ма, әйтеуір, ауылға кірмей, сырттан торуылдап жүрген-ді (Ә. Н.). Қазір бұның да көңілі қарайып, қанын торсыққа құйып алған шағы (Ә. Н.).*

ҚАНЫН ҰРТТАДЫ [ШТІ] *Жалмады, өлтірді, басын жұтты. Сопысынсын, хақ десін, хакты ұмытсын, Әділетсіз бір жастың басын жұтсын. Қайнап тұрған қанымды ішкенменен, Қаңсыған, қатқан ішін не жылытсын (Абай).*

ҚАНЫН ІШНЕ ТАРТТЫ *Ызаланып, жарылып кете жаздады; кегі, қатты ызасы келді, Оразбай мен Сәмен топтан оңаша шыққанда қандарын ішіне тартып, қатты қорланып, үлкен кекті ашумен сыр түйісті (М. Ә.). Шабдар офицердің көзі Максимнен басқаны көретін емес, қанын ішіне тартып, қылышын сілтегелі тұр (Ә. Ә.).*

ҚАҢҒЫ БАС *Қайда болса, сонда жүре беретін қыдырма адам. — Үйге сол екеуі тағы келе ме? — деп баж ете түсті. — Қаңғы бас екен түге өзері! — деп теріс айналып кетті (С. Төл.).*

ҚАҢҒЫРТЫП ЖІБЕРДІ *Қуып, сандалтып жіберді; тентіретті. Атаңа нәлет, тоғыз би! Қаңғыртып бізді жіберді-ау, Дүние малды көре алмай (А. Аз.).*

ҚАҢҚУ СӨЗ *Орынсыз айтылған пікір, жаңсақ сөз, өсек. Төлеген қаңқу сөзді құлаққа ілмей, түн қатып үйіне кетті (ЛЖ).*

ҚАҢТАРДАҒЫ БУРАДАЙ *Ашулы, қанһарлы деген мағынада айтылады. Қаңтардағы бурадай Екеуінің еттерінен Жеуге дайын турамай, Қалш-қалш етіп біреу тұр (І. Ж.).*

ҚАҢТАРДА ҚАТҚАН МҰЗДАЙ *Сіреспен, өте суық көңіл мағынасында. «Ә, Ағыбайдың Жамантайға деген бітпес өші бар деуші еді, рас екен. Үнінде қаңтарда қатқан мұздай бір мызғымас зіл жатырау!» (І. Е.).*

ҚАҢЫРЫҒЫ ТҮТЕДІ *Аңқасы кепті. Қаңырығы түтеп, тұрасы таусылған шер-*

менде шал жапан түзде шөліркеп, мұрнынан аққан маңқасын сорып, сусындайды (ҚЕ).

ҚАҢЫРЫҒЫ ТҮТЕП ЖҰР диал. *Тарығып жүр, кемшілікте жүр* (Алм., Шел.).

ҚАПА БОЛДЫ¹ [ШЕКТІ] *Уайымдады, қайғырды, ойы самарқауланды. Жалғызынан айрылған сорлы әкем қайғымен қала боп, о дүниеге сапар шегіпті* (Ө. Ө.). Не шара айтқан сөзім ем болмаса, Сұңқармен сұқсыр үйрек тең болмаса, Сен үшін мұнша *қапа болмас* та едім, Алды-артым бәрі қысқа, кем болмаса (С. Т.). Сұйылып бара жатыр соңғы сөзің, Сен үшін талай *қапа шеккен* едім (Айтғыс).

ҚАПА БОЛДЫ² *Ауа қапырықтанды, ауа ауырлап, дем алуға мүмкіндік болмады тынысты тарылтты. Үйдің іші қапа болуынан ба, әлде қызына сөйлеуінен бе, басымнан сорғалаған тер аяғымнан бір-ақ шықты* (С. М.).

ҚАПА ҚЫЛДЫ *Уайымға түсірді, қайғыға батырды. Жас өспірім замандас қапа қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды, Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ серменде өңкей жынды* (Абай).

ҚАПАС БОЛДЫ *Абақты, түрме болды. Әлі де өзге күнде алдыма шығары жоқ. Бірақ, күйім жадау болған соң, өз үйім өзіме қапас болды* (М. Ө.).

ҚАП, ӨТТЕГЕН-АЙ! *Өкініш, санын соғып қалу мағынасында айтылады.* («Қап», «өттеген-ай» сөздерінің орны ауысып та қолданылады; «Қап, сені ме!» сияқты тіркес жиі ұшырайды). Бір сараң кісі үйіне келген жол-жөнекей қонаққа: «Дем ауыз ти дейін десем, *қап, өттеген-ай*, май жоқ, ұн болса, біреуден қазан сұрап, саған тамақ дайындар ем»,— депті (АТ).

ҚАПЕРІНДЕ ЖОҚ *Ойында жоқ. Белімен байланып салбыраған бұрғышының қаперінде хауіп жоқ* (Ғ. С.).

ҚАПЕРІНЕ АЛМАДЫ [КІРМЕДІ, КІРІП ТЕ ШЫҚПАДЫ] *Хауіптенбеді; алаңдамады, мән бермеді.* Мұның аяғы бір пөлеге апарып соғар-ау деген ой оның қаперіне де кіріп шықпады (ҚӨ). Жұрттың дүрлігіп жүргені оның қаперіне кіріп те шықпайды. Әй осы, тау қозғалса, қозғалмас жер ауырлық-ай (АТ). Пеш пысына-тып қанша зықасын алса да, Таянның жүзінде иненің жасуындай да ренжіс жоқ. Үйдің тарлығы, тұрмыстың шалалығы — сондайдың бірде-бірі оның қаперіне де кірмейді (М. И.).

ҚАП ЕТКЕНДЕ диал. *Алғаш, алдында. Мен оның ойын қап еткенде-ақ түсіндім* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАПИЯ ЖЕРДЕ СӨЗ ТАПҚАН *Қиын мезетте, табан астында жауап айтқан. Қысылшаң кезде уәж тапқан, Қараңғыда жол тапқан, Қапия жерде сөз тапқан* (АӨ).

ҚАПСАҒАЙ ДЕНЕЛІ *Үлкен, екі иығына екі кісі жінгендей, ірі тұрғалы. Ұзын бойлы, қапсағай денелі, елуден асып кеткен қыпшақ батыры Дулатұлы Иманнан Жоламан өткен жылы ақ патшаға қарсы Ор мен Ұлытау ортасындағы Арғын, Қыпшақ, Алшын, Жағалбайлы, Жапнас руларының көп ауылының ереуіл көтергенін естіді* (І. Е.).

ҚАП САЛДЫ *Қайыршыланды, садаға сұрады. Кешегі елдің бір байын Бір түнде қалай мұнша алу? Ояна келсе, дап-дайын Қайыршы болу, қап салу* (Абай).

ҚАПАТІ БІЛДІ диал. *Жақсы білді, терең білді. Естабай ақын рулар тарихын қаптал білегін кісі* (Сем.: Абай, Ақс.).

ҚАПАТALДАЙ ШАУЫП СӨЙЛЕДІ [ЖАРЫСА СӨЙЛЕДІ] *Күліге, қосарласа сөзге, әңгімеге араласты. Қапталдай шауып, жарыса сөйлеп көлденеңдей берді* (АТ).

ҚАПАТALДА ҚALДЫ *Жарыса, бір жақ жанынан зымырай қалып жатты. Машина айналаны дөңгелетіп, Келеді ойдан орғып, дөңнен өтіп, Қапталда қалып жатыр жазғы дала, Көк ала көбелегі көлбең етіп* (Ө. А.).

ҚАПАТAL КӨПШІЛІК *Былайғы жұртшылық, қалыс қалың жұрт. Қаптал көпшілік Танақөзді ауыл Советтің төр ағасы етіп сайлады,— деп естіртті Теміржан* (Ғ. Мұс.).

ҚАПАТAL ШАПАН *Қалың киім үстіне киетін аумақты киім. Көкбайдың мынадай сары аяз, сақылдаған қыс күндерінде елтірі ішік, бояулы тон, күпі, қаптал шапан, саптаманы тастағаны қызық* (М. Ө.).

ҚАПАТALЫНА AЛДЫ диал. *Қарауына алды. Өркім өз қапталына алу үшін тырысады ғой* (Қ. орда, Арал.).

ҚАПАТALЫНА ЕРМЕЙДІ [КЕЛМЕЙДІ] *Соңына да ілесе алмайды, шаңына да ілесе алмайды. Шапқан сайын өрлейді, Құланын жайып сермейді. Қатар ұшқан қаз бен қу Қапталына ермейді* (БЖ).

ҚАП ТАУЫ **○ ҚОЙҚАПТЫҢ ТАУЫ** *көне. Алыстық, тылсым күш өлшемі, биіктік өлшем-межесі болған мекен-жай.* («Қап» — араб сөзі, ұшы-қиыры жоқ, бүкіл әлемді орап алатын тау деген ұғымды береді). Хасен ел-жұртын, мал-мүлкін тастап, қаңғырып ғашығын іздеген... Неше ай, неше күн михнат шеріп, жол жүріп, *Қап тауынан* асып, бір бәйтеректің түбіне келіп, тынығып жапқан (С. С.). Басынан *Қап тауының* қора қылдым, Бігер деп бес мың жылқы, жора қылдым, Топаң су тау басына дамыл бермей, Қылмасқа енді қора тоба қылдым (ҚЕ). Кеудесінің кеңдігі *Қойқаптың тауы* сыйғандай (АӨ).

ҚАП ТАУЫНДАЙ *Молдық, үлкендік өлшемі. Бойында Қарағанды сан ғасырға Жетеді Қап тауындай мол мұрасы, Дегенде Қарағанды немістердің Үрпип тік тұра-*

ды төбе шашы (Е. К.). *Қап тауындай* байлыққа қап та бұйым болып па? (АТ).

ҚАП ТҮБІНЕ ЖАТПАҒАН **○ ҚАП ТҮБІНЕ СЫЙМАҒАН** **○ ҚАБЫН ЖАРЫП ШЫҚТЫ** *Өткір, тесіп шығар, тек жатпас. Қап түбіне сыймаған* Таза болат мен едім (ШС). Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай... *Жатпайды* асыл пышақ *қап түбінде*, *Шықтың* ба *қабын жарып* ырысым-ай (Ш. Ж.). Асыл пышақ *қап түбінде жатпас* (Мақал).

ҚАПЫ **[ҚАПЫЛ]** **БОЛДЫ** **○ ҚАПЫ [ҚАПЫДА]** **ҚАЛДЫ** **[КЕТТІ]** **○ ҚАПЫДА** **ӨТТІ** *Аңдаусыздық, қажсыздық өкініші туралы айтылады.* Бұ-дағы қанжардайын айқаспай ма, Оныңа болмаймын деп шайқаспай ма, *Қапы болды*, білмеді аямасын, Сезгенде бір кісімен шайқаспай ма (А. А. Қ.). *Қапыда өткен* дүние-ай, Халқымның көрген қорлығы, Хандардың өткен зорлығы (М. Ө.). Сілтер семсер бар болса, қалай сілтесең де *қапы кеттім* дейтін күнім емес, тек сол ғана! — деп тоқтады (М. Ө.). Хаттарым — достар көңілде, майдаңдас, өмірлес, Ол ол ма, не бар бүкпелеп, *Қапыда кетсең* — өлімдес (М. Әл.). Өлем деген ойда жоқ, Күнәсы бар да, тәубе жоқ. *Қапы қалған* жиырма бес (Б. Ө.). Қайтты ма көңіл бетімнен, Яки бір *қапыл қалды* ма? Өткен күнге өкінбек, Гәм үміт жоқ алдымда (Абай). Қылышпенен өлтірсем, қиқаладың дерсің сен, Найзаменен өлтірсем, миқаладың дерсің сен. Садақпенен өлтірсем, *қапыл қалдым* дерсің сен, Мылтықпенен өлтірсем, жазым қалдым дерсің сен (ҚБ).

ҚАПЫ ЖІБЕРМЕДІ *Көз жазбады, көз алмай қарады, мүлт жібермеді, аңдыды.* Күләнда солдаттарға қосылып алда бара жатса да, кейінірек келе жатқан Ержанның бар қимылын *қапы жібермеді* (Т. А.). Жазушы деген өмір бойы сахнада жүретін адам. *Жұрт көзі оның әр адымын қапы жібермейді* (Т. А.).

ҚАПЫСЫН **[ҚАПЫЛЫСЫН]** **ТАПТЫ** **○ ҚАПЫСЫЗ** **СӘТІН** **БАҚТЫ** *Аңсыз сәтін, кезеңді шағын, қолайлы тұсын дәл басты, талты; байқатпай, орайын келтірді.* Нанды жағалай оұрап жүріпті. Ешкімнен нан шықпалты. Сонсоң, бір мұжыққа біздің екі жолдас *қапысын тауып* кім екенін айтыпты (С. С.). Түнде күзет күшті көрмеді. *Қапысын тауып* күндіз бұзу көрек (Ғ. Мұс.). Тәңірберген тыйып тастады: — Жә, жетісетін ештеңе жоқ, аулың өлі қатерде. Менің тілімді алсаң, болыс аға, жау басшысыз қалды. Енді қолда бар жігіттерді тез қаруландырып, *қапылысын тауып*, бұйқыт соғу керек (Ә. Н.).

ҚАПЫЛ ЖОҚ *Өкініш жоқ.* Қартайып өлсе, *қапыл жоқ* (Мақал).

ҚАРА АЗЫҚ *Ет-майдан басқа тамақ.* «Асыра сілтеуден» азайып қалған мал басын қалпына келтіру үшін, әр тұяқты есеңке алып, «тышқан мұрнын қанатуға» тыйым салынған қазақтың үйреншікті еті

тісіне тие қоймаса да, *қара азығы* мен ағарғаны молайып, ел еңсесін көтеріп қалған кез (Т. А.). Ағарған жоқ, *Қара азық* емге жоқ. Балық бірде болса, бірде болмай қалады (Ә. Н.).

ҚАРА АСПАН АЙНАЛЫП ТҮСКІРІ **қ а р ғ ы с.** *Басыңа қара күн тусың!*

ҚАРААСПАНДЫ ЖАУҒА [СУҒА] **АЛДЫРДЫ** **○ ҚАРААСПАНДЫ ЖАУДЫРДЫ** **[ТӨНДІРДІ, ТӨҢКЕРДІ]** *Уайым-қайғыны, хауіп-қатерді асқындыра айтты.* Бұл от қайтып бықсымасын десең, *жаудыра* бер *қарааспанды* мынаның төбесіне! Ұшыр зәресіні! Сонда сенің қасыңда ойнайды (М. Й.).

ҚАРАБАЙДАЙ ҚАНЫПЕЗЕР **[САРАҢ]** *Мейірімі жоқ, сараң адам туралы айтылады.*

ҚАРА БАЙЛАДЫ **[ТІКТІ]** *к ө н е.* *Кісісі өлген үйдің (ауылдың) қайғы-қасірет белгісі (қара тама, қара киім т. б.) туралы айтылады.* Махамбет қашып барып Анарыға Қамады Құрайышты Хұт тауында. Тас тиіп, омырылып екі тісі Қамза өліп, *қара байлап* тұрғанында (Қ. Өб.). Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен өкеп *қара тікті* (М. Ө.).

ҚАРА БАЙЫР **1.** *Күш көлік аты.* **2.** *Арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан.*

ҚАРА БАҚЫР *Жезден, мыстан жасалған тыын-тебен.* Молдекесі, шәкіртіңе батаңды берші, — деп, келген сайын әжем 5 тындық *қара бақырды* бармағына қыспай жіберген емес (Б. М.).

ҚАРА [АЛБАСТЫ] БАСҚАН *Оңбаған, ісі қырсыққан.* *Қара басқан*, қаңғыған Қас надан неңі ұға алсын. Көкірегінде оты бар Құлағын ойлы ер салсын (Абай).

ҚАРА БАСТЫҢ ҚАМЫН ЖЕДІ *Өзінің ғана пайдасын көздеді, өзінен оңгенің қамын ойламады.* Ыбырай: *Қара басым үшін қам жемеймін* (М. А.).

ҚАРА [ҚАРАҚАН] БАСЫ **1.** *Соқа, жеке басы; тек өзі, өзі ғана.* *Қара басы* бұл мәселені өзге түсінді (АТ). **2.** *Жай бұқара, қарапайым халық мағынасында.* Өлкенің көркі тал болар, Өзеннің көркі жар болар, Жігіттің көркі мал болар. Малың болса, қарағым, *Қара басың* хан болар (ҚЖ).

ҚАРА [ҚАРАҚАН, ҚАРАҚАН ҚАРА] БАСЫҢА КӨРІНГІР **қ а р ғ ы с.** *Бәле өз басыңа ғана келсін, өзгеден бөлек келсін!*

ҚАРА БАУЫР *Без бүйрек, қаскөй жан; қайырымсыз, қатыгез адам.* Берді бастаған өзге бригадалар да, Аяжандар да тегіс жиылған еді. «Әттең, қандай *қара бауыр* екен?», «Әттең, осы дұшпанды қолға берсе-ау», — десті (М. Ө.).

ҚАРА БЕТ [ЖҮЗ] *Ұятсыз, арсыз; бетпақ; қаныпезер.* Рақымсыз қара бетінде, Зұлымдық, зорлық ниетінде, Адамдық жылы шырай жоқ (Жамбыл). Бұзаубақ ызаланып, долданып, буынып сөйлей алмады. Келіншегіне тісін қайрап, даусын күшпен ақырын шығарып құшырланды:— *Қара бет!... Гуля жәбірленіп:— «Мен теріп келейін»* деп болмай кеткен өзі. Мен іс қылып отырып қалдым. Әйтпесе ерінді деймісің!... (С. С.). Үлкенге сәлемің жоқ, Амаңның жоқ күн туды не басыңа жүзі қара (Жамбыл).

ҚАРА БОЛДЫ *Ес болды, бас-көз болды.* Балам тым жас болса да, үйге бас-көз қара болып отырды (АТ).

ҚАРА БОРАНДАТТЫ *Ызғар шашты.* «Мұқаттым» деп, «қара жерге отырттым» деп, қара борандатып Оразбай, Жиреншелер кеткенде де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай селт етіп шіміріккен жоқ (М. Ә.). Көзің жеткен сұмдығың болса, ашып ай! Әйтпесе, қара борандатпа!— деді Мырқал (Ә. Ә.).

ҚАРА БОРБАЙ *к ө н е.* *Бейнетқор шаруа адамы.* (Ертеде жарлы-жақыбайды да осылай атаған). Қайымы келіп тұрғанда, құрығына түспей жүрген қас жауы — Кәлен мен қара борбай балықшыларды тізесінің астына салып, бір-бір мытып алу еді (Ә. Н.). Қара борбай егіншіміз кәдімгі Тік мүйіз де қалжырады, арыды (Д. Ә.).

ҚАРА БҰҚАРА [ҚАУЫМ, ХАЛЫҚ] *к ө н е.* *Қанаушы тапқа қарама-қарсы тұрған еңбекшілер, көпшілік жұрт.* Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп құдайға жазып...жүр (Абай).

ҚАРА [АДАЛ ҚАРА] БІТПЕГЕН *Тақыр кедей, маңдайында, есізінде адалға қарасы жоқ.* Шүкібай шал — әкесі, заты Керей, Адал қара бітпеген тұлдыр кедей. Сарыбасын оқытуға былтыр берген, Жалшы боп пайда тапсын бұл да демей (С. Т.).

ҚАРАДАН ҚАРАП ЖҮРІП [ОТЫРЫП] *Тектен-текке, құр-босқа, әшейін-ақ.* Япыр-ау, қарадан қарап жүріп қалай жанжалдасасыздар? Екеуіңіздің араңызда ешбір ілік-жілік жоқ қой,— деді Әлжан Тәукеңе (Ғ. Мұс.). Менің де өзіңдей шешем бар. Ол кісі де кейде қарадан қарап отырып көзіне жас алады (М. И.).

ҚАРАДАН ТУДЫ *к ө н е.* *Қара бұқара ішінен шықты, тумысында ақсүйек емес.* Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ, хандық қара басында, қарадан туып хан болғансың, атаңда хандық жоқ,— дейді (ҚЕ).

ҚАРА ДАУЫЛ *Екпінді, суық, ызғарлы жел.* Сонымен Әлім мен Садық екеуі әлі де қақап тұрған аяз, қатты қара дауыл астында кейін қарай жол жағалап, жаяу тартып кетті (М. Ә.).

ҚАРА ДАУЫНА БАСТЫ **○ ҚАРА ДАУЫН ҚОЗҒАДЫ** *Ескі әдетіне басты, көне сарынға салды.* Артынан Сырбай сопы-молдалардың тіксініп қалған ажарын көрді де, «осы қазақтың қара дүрсініне салып-ақ сөйлейінші» деп, өзінің өр кеуде қара дауына басты (М. Ә.). Шырағым, қара дауыңды қозғамай қоя тұршы! Мұндағы жұрттың сенен басқа да шаруасы ба-сынан асып жатыр (АТ).

ҚАРА ДҮРСІНГЕ БАСТЫ [САЛДЫ] *Бұл жерде дәрекілік, оқар мінез көрсетті деген мағынада.* Оның [Сәуленің] қабағынан ызғар шашу себебі де күйеуінің кесірі екенін Қадиха енді білді, бірақ, оны елей қоймай, қара дүрсінге басып қолын бір сермеді (Ә. Ә.).

ҚАРА ЕСЕККЕ ТЕРІС МІНГІЗДІ *Өсекке таңды, атына кір келтірді.* Әкеде абырой, қызында ар қалдырмайды мына жұрт! Қара есекке теріс мінгізеді (Ғ. М.).

ҚАРА ЕТ *Нансыз, басқа қосымшасыз таза ет.* Біркімбайдың үйі қамырлық ұн таба алмай, қонақтарға қара еттің өзін берді (АТ).

ҚАРА ЕТІ ЖЫРТЫЛДЫ *Денесі ауырды, көтергпей қалды.* Көптен көлікке мінбей, сүйегі қатып кеткен кісі кешеден бергі жүрісті ауырлап, қара еті жыртылып қалған екен (Ә. Н.).

ҚАРА ЖАҢБЫР *Нәсерлі қалың жауын.* Қара жаңбыр төлеп құйып, базардағы киімі жүкаларды еріксіз қалаға айдады (С. М.).

ҚАРА ЖАПТЫ *Жала жапты, жамандық таңды.* Сүйіншік сұлтан туған шешесінің қылығын алғашқы еегінде сенбеген-мыс... Сен менің анама қара жауып отырсың, жарып өлтірем деп қанжарын ала ұмтылған-мыс (І. Е.).

ҚАРА ЖАРЫС *Жай жарыс, бәйгесіз жарыс.* Бәйгеге қосар аттарды жұрт алдымен қара жарысқа салатын (АТ).

ҚАРА ЖАУ *Қас дұшпан.* Түн еді, меңіреу қара түн еді, үміт қарлығаштары! Қанды тырнақ қара жау, темір бұғау шырмады ғой тағы! (М. Ә.).

ҚАРА ЖАЯУ *Көліксіз.* Жау әкеткен малға Кәлен қиналмайды, асыз, қара жаяу қалғаны ғана оның жанына батты (Ә. Н.).

ҚАРА ЖАЯУ ЕМЕС *Құр алақан емес.* Сені ұмытпай жүргенін қарасаңызшы. Тегі қара жаяу емес қой,— деп көтеріп қойды Жадыра (С. С.).

ҚАРА ЖЕЛ *Жауын-шашынсыз азынап соққан өкпек жел.* Ауыл сырты тозған сары жұрт болса да, бай ауыл қарашаның қатты суық қара желіне жоңын төсеп, күзекті тақырлап жеп бітіргенше көшпей, тырысып отыр (М. Ә.).

ҚАРА ЖЕР *Жер беті бейнеленіп айтылып тұр.* Қара жерге қағатын, Қарсы

алдынан шыққан жау Ықтыра алмаған, жықпаған, Қызықтап белін буынған Атадан артық туылған (Б. К.).

ҚАРА ЖЕР БОЛДЫ 1. *Тапталды, тыптыл болды.* Кешегі гүл бақша орны қара жер болды да қалды (АТ). Күні өткен бәйтерек, Желмен құлар әлсіреп, Іріп-шіріп жатумен, О да қара жер болар (Ш. Б.).
2. *Қатты ұятқа қалды.* Үйіне әлдекімді неге әкеледі десе, не деймін? Мен қара жер болмаймын ба? — деп еді (М. Ә.).

ҚАРА ЖЕРГЕ ОТЫРТТЫ Ұятқа қалдырды, масқара етті. Сен бір өзің емес, бәрімізді қара жерге отырттайын депсің (М. Ә.). «Мұқаттым» деп, «қара жерге отырттым», — деп қара борандатып, Оразбай, Жиреншелер кеткенмен де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай селт етіп шіміріккен жоқ (М. Ә.).

ҚАРА ЖЕРДІҢ ҚЫРТЫСЫН ҚАҚ АЙЫРДЫ *Күш-қайрат жасады, маңдай терін төгіп бейнеттенді.* Қыртысын қара жердің қақ айырып, Еңбекті арман етіп енді көрдің, Бізді күт осы жерден үш күннен соң, Жүзiкті тауып алған бермек едім (ҚЕ).

ҚАРА ЖЕР ТӨСЕК БОЛДЫ 1. *Басына қиыншылық түсті, зәбір-жапа шекті, жаны күйзелді.* Сұрасаң руымды Қаракесек, Досымнан дұшпаным көп қылған есек. Үстінде құс мамықтың жатушы едім, Бұл күнде қу қара жер болды төсек (Қән).
2. *О дүниеге кетті, молаға түсті.* Неше жыл ауру азабын көріп, сал боп жатып еді, енді қара жер біржола төсек болды (АТ).

ҚАРА ЖЕРДІҢ ТАЛЫСЫ *Жер қойны.* Өлмесе, қайда кетті Бұрынғының кәрісі? Жер жүзін жұтса да тоймады Қара жердің талысы (ШС).

ҚАРА ЖЕРМЕН ТЕҢ БОЛДЫ *Қадірсіз, елеусіз, сыйсыз болды.* Тең құрбымнан кем үшін, Қара бір жермен тең үшін. Түлкі жортпас төменнен, Түнде жорттым мал үшін (В. В. Р.).

ҚАРА ЖОЛ *Үлкен даңғыл жол.* Иесіз жатқан «Бүрлі» өзенін өрлей, қара жолдың шаңын аспанға шығара бұрқылдатып пар ат жеккен үш кісі келе жатты (Ә. Ә.). Қара жол ма дегенім Шұбырынды із болды. Ала жаздай нәр татпай Іздегенім қыз болды (Қән).

ҚАРА ЖОН *Еті, денесі тығыршықтай толғы, әрі мықты, төзімді деген мағынада қолданылады.* Сатай: «Дәметкендікі май емес, қайрат қой, Қара жон балуан адам ғой, Денең толды деп кінәлама! — деп, Аяжанмен қосылып ойнап-күле бастады (М. Ә.). Бастарын шұлғи тастап тұрған мәстекі, жуан сіңірлі төртбақ қара жон аттар да ешкімнен олқымын демейді (М. Ә.).

ҚАРА ЖҰМЫС *Көбіне дене (қол) еңбегі туралы айтылады.* Жер ортада жасым тұр, Бұрыл тартқан шашым тұр, Шамам жоқ қара жұмысқа (Д. Ә.).

ҚАРА ЖҰРТ 1. *Көпшілік, бұқара халық.* Қара жұрт қарап көріп сөзге нанбас, Ант етемін жалғаннан жан таба алмас. Өзі алданып, өзгеден соққы жеген Және өзі біреуді алдай алмас (Абай). Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен (Абай).
2. *Ескі қоныс; байырғы мекен.* Атам қазақтың бағы мекен қара жұрты осы Қаратау бопты деседі (АТ).

ҚАРА ЖҮНДІ ҚАРҒА *Түкке тұрғысыз бейшара деген мағынада айтылып тұр.* Асқар, түсінікті болды сіздің де достығыңыз! Қанатына алмақшы болып жүрген қыран ба деуші едім, қара жүнді қарға екенсің ғой! (І. Е.).

ҚАРА ЖҮРЕГІ **ҚАҚ АЙРЫЛДЫ** *Қатты құсаға шалдықты, қасірет шекті.* Қайғымен қарс ұрып, қара жүрегі қақ айрылып отырған қаралы жан қабағына қарауға да қаймығасын (АТ).

ҚАРА ЖҮРЕК *Рақымы жоқ, қан құйлы адам.* Дүлей топастар, көздеріне қан құйылған қара жүректерге апат келмей құтылу жоқ, — деді Ажар (Ш. Х.). Доллар иесі қара жүрек ағылшын ит жаннан айырылам деп қорықты-ау деймін, үш күндей жұмысшылар арасына келе алмады (Ж. С.).

ҚАРА ЖҮРiС *Шаппай жүріп отырған аяңды ұзақ жүріс.* («Қалмақы жүріс, желіс» — ұзақ желе жорту). Таңертең шықсақ, жарау ат болса, қалмақы жүріспен ауылға түске дейін-ақ жетеміз, қара жүріске салсақ кешігеміз (АТ).

ҚАРАЙҒАН ЖҰРТ *Барлық ел, түгел халық.*

ҚАРАЙҒАНЫН ҚҰРВАН ҚЫЛДЫ [АЯМАДЫ] *Барын, бәрін жолына берді.* Біреу сөз ынабаты бастап отыр, Сірә, бір игілікті қостап отыр. Халық үшін қарайғанын құрбан қылып, «Кел ер» деп, дос-жаранға қақсап отыр (С. Д.).

ҚАРАЙЫП ҚАЛДЫ *Тосаңсып, тосырқап қалды; үйреншікті дағдыдан айрылып қалды; икемсізденді.* Оқиын десем, қарайып қалғандықтан ба, мойын жар бермейді (АТ).

ҚАРА КЕСЕК *ЕТ* *Майсыз ет.* Аюдың етін асып, кешкі тамақ жедік. Дәмі жылқының қара кесек етіндей болады екен (В. Мом.).

✓ **ҚАРА КИДІ** [ЖАМЫЛДЫ, САЛДЫ] *Дүние салған, өлген кісіге байланысты айтылады: қайғыра жоқтады, қаралы болды.* Ай арудай қара киген Бұлтқа оранды бұйығып, Жаулар төнді жауынгерге «Қолға түс» деп бұйырып (С. Мәу.). Қара жамылған ел қайғы үстінде-ақ ерінің орнын толтырып тастады (Ғ. Мұс.).

Ол кешеден бері қарасын басына салып, еңіреп жылаумен жүр (Ә. Н.). Ақ сыр-мақты қазақтың ескі ғұрпында ...қара жамылып жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін болған (С. Қ.). Сол кезде пешем бір жылдай басына қара салып, әкесін жоқтап, зарлаған екен (С. М.).

ҚАРА КӨБЕЙТТИ Санын арттырды; қолынан келері болмаса да көпшілікке қосылып жүрді. Құр қара көбейтпей, әрі жастардың жолына тосқауыл болмай, жөнімді білуім керек пе, қалай? — деді Күдері (М. И.).

ҚАРА КӨЖЕ Қатықсыз ас, нәрсіз тамақ мағынасында. Қатықсыз қара көже ішсем де, соның қазылы қазанына көз салған емеспін (АТ).

ҚАРА КӨЗ Сұлу қыз, жас әйел туралы айтылады. Жастықтағы өткен күндердің талай кезеңдерінде кез болған, өзіне ұнаған сұлу қыздар, қырдың киігінше ойнаған қара көз келіншектер есіне түсіп, олармен араласып, қиялмен неше түрлі жұмыстар жасады (С. С.). Қара көз, имек қас, қараса жан тоймас (Абай).

ҚАРА КӨЛЕҢКЕ Апақ-сапақ; қараңғылық түсіп, төңірек, айнала көмескі тартқан мезгіл. Қара көлеңкеде көз жазып қалармыз, тез барып аттарыңды әкеп арқандаңдар (ЛЖ). Күн едәуір көтеріліп қалған кез болса да, терезесі терістік жақтағы тапал үйдің іші қара көлеңке, бұрыштары қарауытып, күңгірт көрінеді (М. И.).

ҚАРА КӨҢІЛ 1. Ниеті арам, аяр кісі. Ел кісілері қара көңіл биге — Кеңгірбайға ерген соң, ар жағында не қалды, айтыңдаршы (М. Ә.). Қара көңіл адалға сене алмайды, Ақты қара қашанда жеңе алмайды. Өмір бойы тілеген бір тілегін, Махмұт бүгін жауға бере алмайды (С. Т.). 2. Қам көңіл жан. Сайра да зарла, қызыл тіл, Қара көңілім оянсын. Жыласын, көзден жас ақсын, Омырауым боялсын (Абай).

ҚАРА КӨРІМ [КӨРДІМ, КӨРІНІМ, ҚҰРЫМ] ЖЕР Көз ұшы жетпейтін қашықтық, алыс, жырақ. (Жақын жер мағынасында да айтылады). Қара су қара көрім жерге апарады (Мақал).

ҚАРА КӨРСЕТТІ 1. Жырақтан көзге түсіп отырды. Көп жылқыны әрең аударып-төңкеріп, Сарысу, Шу өзендерін сағалап, қозғалыстың артқы көшіндей алыстан қара көрсетіп отырды (Ғ. М.). 2. Бой көрсетті. Жүр, қара көрсетіп қайтсаң нең кетеді, — дедім (АТ).

ҚАРА КӨРІНДІ Бірдеңенің қарасы байқалды, қараңдал көзге түсті. Ақжүніс олай-бұлай қарады да: «Ешбір нәрсе көрінбейді. Бірақ алдыңғы жағымызда емескі бір-екі қара көрінеді!» — деді (ЕТ). Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде, артымыздан жұлындай болып бір қара көрінді (Ғ. М.).

ҚАРА КҮН Әбден жан қиналған, қиыншылық тускен кез. Қоспанның азығы таусылды. Бүгін таңертең қоржынын ақтарғанда, қатып қалған тоқаш пен ортан жіліктің басы табылды. Екіге бөліп жартысын «қара күнге» қалдырды (Т. А.).

ҚАРА КҮН ТУДЫ Қиын-қыстау кез болды; жаман шақ келді. Түн жолдасы байғыздың басына бір кезде қара күн туады (С. М.).

ҚАРА КҮШ Дүлей қайрат, мылқау күш. Ол өзінің қара күші, зілі сияқты болатын осындай бір Майбасардың жүруін мақұл көрді (М. Ә.). Алып күш, аюдай қолбақ қаққан қара күші, кәрі күшпен майысқан епті жастық күшінің алысуын көрсететін би (М. Ә.). Қазір сіздердің жабайлығыңызбен пайдаланып, сіздерді бассыздық жолына салып тұр. Қара күш жұмсауға азығырп тұр (С. С.). Болды сонда көп ұрыс, Жаба алмады тағы да, Құр салған маған қара күш, Шығып кеттім мен сонда, Оңалмай тұр біздің іс (Ж. М. Б.). Зорлықшы зорлықтан қаза табады. Ал, бірақ, бүгін олар қара күшке салып, қол қайратын етер болса, сенің де қолың қайратсыз емес, менің елім (М. Ә.).

ҚАРА КҮШКЕ САЛДЫ Әдіс-айласыз жай күшке, дене қайратына салды. Қара күшке салса, баяғыда-ақ жығып салар еді, балуанның мысын құртып жүрген күрес ережесі (АТ).

ҚАРА ҚАҒАЗ Қаралы хат. Ойбай-ау, тіпті қара қағаз алғандар да отырған жоқ па. Саған не болған сонша (Т. А.).

ҚАРА ҚАЗАН БАЙ Кедейден байыған жан; қатардағы кісілерден шыққан бай. Жылқыбай жуырда ғана байыған қара қазан бай, қайырымы тек қаймығатын кісісіне тиетін (Ғ. Мұс.).

ҚАРА ҚАЗАН БҰРЫН ПІСЕ МЕ, ҚАРА ҚАТЫН БҰРЫН ТАБА МА? көне. Толғатқан әйелге ырым ретінде айтылады. (Бұл кей жерде айтылады).

ҚАРА ҚАЗАН, САРЫ БАЛАНЫҢ ҚАМЫ Бала-шаға, өмірі өксімеуін, от басы амандығын қорғаштау мағынасында. Қара қазан, сары бала Қамы үшін қылыш сермедік (М. Ә.). Қара қазан, сары баланың қамы үшін сонау алты айшылық жонда жатқан арқа қазақтарының осы Алатауға астық іздеп шұбырған ақшомшыларының кезерген еріндері, кейіпсіз түстері көз алдыға келеді (Ә. Ә.).

ҚАРА ҚАЙЫС БОЛДЫ [БОП ҚАТ-ТЫ] Қаңсыған сірідей сіресті. Анадан туып, көзін тырнап ашқаннан бері өмір теперішін көп көрген, әбден қара қайыс болып қатыр қалған күсті білектер бірінен-бірі ажырамады (С. Тал).

ҚАРА ҚАЛМАДЫ Тұқым-тұқият қалмады.

ҚАРА ҚАМШЫ *Қара күш иесі, қаһарлы, өктем адам.* Науан хазірет, Ақанның немере ағасы, *қара қамшы* адам (Ғ. М.).

ҚАРА ҚАНАТ БОЛДЫ *Өздігінен жетілді, толысты.* Ақсұңқар торға шырмалса, Ұяда қалған балапан *Қара қанат болғанда* Дуадақ ілмес деменіз (ШС). Кешегі қызыл борбай бала, бүгін *қара қанат болды* (АТ).

ҚАРА ҚАН БОП ҚАТТЫ *Жүрегіне кек боп байланды.* ...Сол «шанырақ салығы» үшін жалғыз түйелерін шабармандарына алдыртып, жас ботасын боздатқан Жамантай сұлтанға деген өшпенділік оң үш жасар баласының жүрегіне *қара қан боп қатқан* (І. Е.).

ҚАРА ҚАПТАЛ 1. *Бұл жердегі мағына: жылқының желдік астына келетін қабырға тұсы.* Еңбегі жанып, егіні аттың *қара қапталынан* болып шыққан (С. Д.). 2. *Бұл жердегі мағына: жылқының ер қажандан болған жауыр-жарасы.* Сол үйде бір көрі тарғыл сиыр мен қыстай *қара қаптал* боп шыққан жаман сары аттан басқа мал бар ма? (С. М.).

ҚАРА ҚАРЫН 1. *Жылқының іш ауруы.* 2. *Шьеттей бала-шаға.* Шьеттей *қара қарын* күні не болар екен деуші ем (АТ).

ҚАРА ҚАСҚА КЕДЕЙ *Тым жарлы, кембағал.* *Қара қасқа кедей* де, апыншылар да, алба-жұлба қайыршылар да екіндіден қас қарайғанша Вайдұрдының шайханасынан шықпайды (ҚӨ). Сөмпек өзі *қара қасқа кедей* болғанымен, Мырзабекті кімнен де болса кем қылып өсірген жоқты (С. М.).

ҚАРАҚАТ КӨЗДІ ○ ҚАРАҚАТТАЙ КӨЗ *Аса сұлу жүзді әйел мағынасында.* (Кей түркі тілдерінде «қат» өздігінен тұрып «қарақат» жемісін білдіреді. Бұл жерде көз әсемдігі сөз болып отыр). Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, *қарақат көзді* Көмшат, қазір сатқак ұрғандай арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты (М. Ә.). Дарға асылар ер ме едің, *Қарақаттай көздерің*, Қызыл гәуһар жүзде-рің, Бал-шекердей сөздерің (БЖ).

ҚАРА ҚАТҚАҚ БОЛДЫ *Жердің әбден құрғап, кеуіп кетпей, тоңазып жатқан кезі.* *Қара қатқақ болған* бектерді дүбірлетіп, тасырлата басып, қалың қол Жігітекке қарай тартты (М. Ә.).

ҚАРА ҚҰЙЫН *Шапшаң, дүркірей, аяқ астынан.* О заманнан бері кең сахарда бір күндік, екі күндік жердегі дұшпанына *қара құйын* шабуыл жасап үйреніп қалған қазақ жігіттері бар өнерді жаудың төбесінен түсуге, қазақ тәсілімен қарсы тараптың атын айдап алып, қара жаяу қалдыруға жұмсады (ЛЖ).

ҚАРА ҚҰЛАҚ 1. *Қатерлі, тағы айуанат туралы айтылады.* (Қасқырды «қасқыр» деп атамай, «қара құлақ» деп атайды. Басқа да жыртқыш аңды тілдегі «та-

бу» тәртібі бойынша осы тіркеспен атайды). 2. *Тыңшы, салпаң құлақ.* Оның үстіне Бизалов полкіне жіберген тыңшысы Төлебай деген жас жігіт арқылы және сұлтан-правительдердің аулындағы *қара құлақтарының* жеткізуі бойынша, бұл жоспардың қалай орындалып жатқаны, сұлтан-правительдер қанша адам жинағанын, қай кезде аттанысқа шықпағы — бәріне қанық болып отырған (І. Е.).

ҚАРА ҚҰЛАҚ БОЛДЫ 1. *Едәуір жетіліп қалған төл мағынасында айтылады.* *Қара құлақ боп* қалған құлындар желіге байланған екен (АТ). 2. *Есейді, ер жетті.* Ақтықта Қамар туып *қара құлақ* Болғанша, қыз ба, ұл ма, деп ешкім сұрап Көрмеген, қарт Түсіпті қадірлеп жұрт Түсірмей көңіліне ақау аяп-жұбап (С. Б.). Өзі біразға келген екен. *Қара құлақ* болып қалған екен ғой (Ә. Н.).

ҚАРА ҚҰРТТАЙ [ҚҰРТША] ҚАПТАДЫ [ҚЫБЫРЛАДЫ...] *Быжынай түсіп, топтала ұмтылды.* Жау танкілері қазқатар болып жосып келеді. Артында *қара құрттай жыбырлаған* жау солдаттары (Ә. Ш.). *Қара құртша жыбырлап*, жер қайысқан кісі (М. Ә.). Әлдене уақытта жезтырнақтар *қара құрттай қыбырлап* келе жатыр (ҚЕ). *Қара құрттай қаптаған* Қызылбастың қалың қолы Созақ жұртына ойран салады (Т. А.). Айнала *қара құрттай қаптаған* малға көзі түсіп, көңілі тоймай, есік алдына текемет жайғзып Өсербай тұр (Қ. Тай.).

ҚАРА ҚҰРЫМ ○ ҚАРА ҚҰРЫҚ ○ ҚАРА ҚҰРЫМДАЙ *Өте көп, жер қайысқан.* Сөзге ене алмаған жігіт-желең, кәрі-құртаңдар — өз алдына бір топ. Тымық күнде түгіні биіктей ұшқан ас үйдің алдындағы жер ошақ маңы да *қара құрық* (Ғ. Мұс). *Қара құрық* қалың жылқыдан қалай аңдысақ та, күн ара бір жылқыны қасқыр жеп кететін болды (ҚЕ). Еламан жаңа байқады: 68-разъездің бет алдында *қара құрымдай* қаптаған жау шебіне еңкілдеп келіп қалған екен (Ә. Н.).

ҚАРА ҚҰРЫМ *Ескі, қара қошқыл киіз.* Осы сайда ауылдардан оқшау апарып тіккен *қара құрым* үй бар. Сол үйдің түндігі күндіз-түні жабулы (Ғ. Мұс.).

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН ○ ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚЫРЫҚҚА БӨЛГЕН *Тең таразы, әділдік туралы айтылады.* Аманым ақ сүтіндей ақ еді. Қарайта ма деп қорқам. *Қара қылды қақ жарғандай* әділ еді, бұза ма деп қорқам (Ғ. Мұс.). Жұрттың Сәулені күшті әкім ғана емес, ғалым, ғалым ғана емес, *қара қылды қақ жаратын* әділ дейтіні қайда? (Ә. Ә.). Жылағанды күлдірген, Әділдігін білдірген, Әділдікке келгенде, *Қара қылды қақ жарған* (Жамбыл). Ақылды *қара қылды қырыққа бөлмек*, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. Таразы да, қазы да өз бойында, Нанданның сүйенгені көп пен дүрмек (Абай).

ҚАРАЛТЫМДАП ҚАЛДЫ д и а л. *Қарайып қалды. Мен соңғы хабарларды білмей, қаралтымдап қалдым* (Шығ. Қаз. Вольш.).

ҚАРАЛЫ АТ *Өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат.* Қара көктің жалқұйрығы қара ғой. *Қаралы ат* осы болсын. Көшкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін (М. Ә.).

ҚАРАЛЫ ДАУЫС *к ө н е.* *Өлген кісінің артын күткен азалы жақындары айта-тын жоқтау.* Екі қыз бөліне салысымен, мына көлденеңнен қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, *қаралы*, мұнды *дауыс* айта жөнелген (М. Ә.).

ҚАРАЛЫ ЕР-ТҰРМАН *к ө н е.* *Өлген кісінің азалы ат әбзелі.* Қаралы ат осы болсын. Көшкенде ерімнің *қаралы ер-тұрманы* осыған ерттелсін, тұлдаған киімдері осы жандарға жабылсын,— деді (М. Ә.).

ҚАРАЛЫ БОЛДЫ *Үлкен қайғылы күйге түсті.* Ата-ананың қадірін Балалы болып байқадым, Ағайынның қадірін *Қаралы болып* байқадым, Жан ашырдың қадірін Жаралы болып байқадым (ШС).

ҚАРАЛЫ КҮН *Марқұмды азалау уақыты, жоқтау мезеті.* Халық басына *қаралы күн* туғанда, азамат атқа мінді (АТ). Осы *қаралы күндері* екі қыз оң жақта отырып, ертеңгілікте, түс шағында, бесінде жоқтау айтатын (АТ).

ҚАРАЛЫ ҚАТЫН *к ө н е.* *Күйеуі өліп, аза тұтқан тұл әйел.* («Қаралы қатын» деген атақ ескілік уақытта бір жылға дейін созылған. Бір жылға дейін қаралы болумен байланысты дәстүрді: қара жамылу, көшкенде күйеуінің киімін, ертоқымын, т. б. атына теріс жабу, теріс ерттеу сияқтылар да болған). Жас келін күйеуі өліп, қара жамылып, *қаралы қатын* атанып бір жылдан артық отырды. Жылы өте, күйеуінің асын берген соң да, қара орамалын тастамай жүр еді, абысын-ажын, үлкен кісілер жиылып келіп: «Келін шырағым, күйеуің қайтыс болғалы жылдан артық уақыт болды, асын беріп, артын күттің, саған ел риза. Енді қара киімдеріңді таста»,— деп, киімдерін тастатқызды, ырым қып ас-су ішісті (АТ).

ҚАРА МАЛ *Сыыр малы (кей жерде жылқыдан басқа ірі қара) туралы айтылады.* Сыыр басы бар көрінеді. Әр ауылдан өрген ірі *қара мал* тобы бақташысыз, бетімен бытырай жайылып бел асты (Ғ. Мұс.). Айдауға жарайтын қой атаулыны, *қара малды* түгелімен Ақшоқыға, алыстағы Жидебайға, Шыңғысқа алып қашып, шұбыртып жөнелді (М. Ә.).

ҚАРА МЕН ТӨРЕ *к ө н е.* *Қарасүйек, ақсүйек қауымдары.* Алтын тұғыр үстінде, Назым отыр қонақтап, Ақ тұйғындай еріккен. *Қара мен төре* таласып, Форымына қарасып, Алдынан өтті көріктен (ҚамБ).

ҚАРА МЫСЫҚ ӨТТИ *Салттық ұғым, ырым. Кісілер арасында ала ауыздық пайда болды, біреу от тастады.* (Жолға шыққан адамның алдынан қара мысық өтсе, «жолы болмайды» деген ескі сенімнен келіп шыққан). Бұлардың арасынан *қара мысық өткен.* Қара мысық боп жүрген біреу бар (АТ). Содан ба, әлде арадан басқа біреулер *қара мысық* боп жүріп өтті ме, «жүгері мәселесі» ұмыт болса да, Иван Митрофанович Қасболатқа оң қабағын онша бере қойған емес (Т. А.).

ҚАРА НАР, ҚАЛЫ КІЛЕМ *к ө н е.* *Ескі уақыттағы байлық-салтанаттың, көрсетер сый-құрметтің, берілер айып-таралғының бас белгі-зағы.* («Қалы» сөзі құнды кілем ұғымын білдіреді). *Қалы кілем, қара нар, Тайтұяқ жамбы және бар, Дабылдарын бөктеріп...* (ҚамБ). *Қалы кілем, қара нарға* балап, Біржанның жеткіншектері тағы бір өн қалап келіпті (Қ. Жұм.). *Қалы кілем, қара нар* Жарасады қатарға, Қаумалаған қарындас Қазақта бар да, менде жоқ, Арызымды айтарға (М. Ә.).

ҚАРА НИЕТ [ПЕЙІЛ] *Арамдық, залымдық, жаманшылық ой.* Әке, қара қасқа кедей болсам да, *қара ниет* болмастын деуші ең. Жамандық сенің жатың. Қасиетің сол еді...— деп үні бұзылып, тоқырап қалды (М. Ә.). Кербоз, күні ертен-ақ жазықсыз жетімнің жүрегін жалмаған *қара ниет* қылмысың ұл-қызыңның бетіне таңба болып басылар (Ш. Х.).

ҚАРА НӨПІР **○** **ҚАРА НӨПІР ҚОЛ** *к ө н е.* *Көп қол, әскер, қауым.* Көліктің жоқтығы, ит жаяулық анау *қара нөпір* боп, айбар шегіп жай бастырып келе жатқан ат көлікті, аспапты дұшпан алдында бұлардың ажарын жауынгер ажар ете алмай тұр (М. Ә.). Қорған басында тұрған Қоңырқұлжа мен Қарапұшыққа Ақмоланы қоршаған мынау *қара нөпір қол* бес мың емес, бес жүз мың адамдай боп көрінді (І. Е.).

ҚАРА НӨСЕР *Шелектеп құйған жауын.* Жігіттің екпіні қаптаған *қара дауылдай*, Күркіреп жауған көктемде *қара нөсер* жауындай (В. Ә.).

ҚАРАҢА ЖАЙЫЛСЫН *қ а р ғ ы с.* *Қаралы киімің болсын.* Сексенге келген Кеңгірбай, Ішің толды параға. Парадан алған көп мақпал, Өлгенде жайылсын *қараңа* (В. В. Р.).

ҚАРАҢ БАТСЫН **○** **ҚАРАҢ БАТҚЫР** **○** **ҚАРАҢ ҚАЛҒЫР!** [ӨШКІР! СУАЛҒЫР!] **○** **ИЕСІЗ ҚАЛҒЫР!** *қ а р ғ ы с.* *Жоғал, құры деген мағынада.* — «Қойшы қайда? Уа, қараң балсын, қойшы!» деген жуан дауыс шаңқ етіп, адамның жүрегін зу еткізе түсірді (Б. М.). *Қараң қалсын, қараң қалғыр!*— деп Несіпбай барлық үлкен денесі, өн бойымен бір үлкен дағдарыс белгісін білдіріп, жалаң бас басын сол қолымен сүйеп мелшіп қалды (М. Ә.). Әпкет, мынау *қараң өшкірді!*— деп Бай-

далы қатынына бұйрық етіп үйден айдап шықты (М. Ә.).

ҚАРАҢҒЫ АДАМ *Оқымаған кісі.* Осы аяттар алладан келді деген соң, қайсыбір қараңғы адамдар оған нанған, сөйтіп малын да, жанын да алла жолына жұмсаған (ЛЖ).

ҚАРАҢҒЫДА ҚАРСАҚТЫҢ ІЗІНЕН ЖАҢЫЛМАЙДЫ *Барлағыш, ізшіл.* Қос тазыны қосағымен алып, аңға шықтым. Екеуі де қараңғыда қарсақ ізінен жаңылмайтын еді (АТ).

ҚАРАҢҒЫ ҚАБІРІ НҰР БОЛСЫН! тілек. *Жатқан жері жаннат болсын.* (Кісісі өлген адамға көңіл айтуда қолданылады). Қайғырар бұған туыс, дос, Жетесі жаман жуыспас. *Қараңғы қабірі нұр болсын* Шырылдап өткен қыршын жас (ШС).

ҚАРАҢҒЫНЫ ҚАРМАЛАДЫ *Бағытсыз, бардарсыз іс істеді.* Істің болар қайыры, Бастасаңыз алдалап, Оқымаған жүреді *Қараңғыны қармалап* (Ы. А.).

ҚАРАҢҒЫ ТҮНДІ ҚАҚ ЖАРДЫ *Түн ішінде жасытып жүруді айтып отыр.* *Қараңғы түнді қақ жарып* шұбалған жолды қара айғыр дүрсілдегіп, ысылдай, танауынан дем атып, бізді сүйреп алып жөнелді (С. С.).

ҚАРАҢ ҚАЛДЫ *Қаңырап бос қалды, иесіз қалды.* Ол жыр еске салады, Ұлы сенің әніңді, Айлы түнде ай дала Алыс қалған асықты, Адыра қалған жастықты, *Қараң қалды* айнала (І. Ж.).

ҚАРА ОРМАН *Барлық мүлік, сайман, дәулет.*

ҚАРА ОРНЫНАН АЙРЫЛҒАН *Туған жерін, ата қонысын қолдан шығарып алған.* «Қазақ пен ноғай бөлінгенде айтылған «Жылау, жылау, жылау күй» жырындағы «қара орнынан айрылған», Торғай мен Ор бойынан Қаратау маңына, Арыс пен Вадам өзендерінің тоғысқан жеріндегі Қараспан тауына көшіп келген, қазақтың атан жлік, арқар мүйіз батырларының бірі (І. Е.).

ҚАРА ОТ *Мал жейтін, жусан тәрізді жабайы өсімдікті шөп.*

ҚАРА ӨЗЕК ШАҚ *Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген кезі.* Бұл жақтағы елдің қыстан қаусап, жұтап шығып, ашығып жатқан қара өзек шағында келесің (С. С.). Қыстан бордақыға байлап, жазғытұрғы қара өзек шаққа сақтап отырған семіз бір қойым бар еді (Ғ. Мұс.).

ҚАРА ӨРТТЕЙ ҚАПТАДЫ *Құйындағы, астан-кестен бол түтетіп кетті.* Еснейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқының бетін кейін бұрсаңыздар екен (Ғ. М.).

ҚАРАПАЙЫМ СӨЗ *Бұл жердегі мағына: күнделікті ауызекі тіл.* Бұрын қа-

зақтың қарапайым сөзінен алып қоя салған аттарды икемге көндіру оңай еді (ҚӘ).

ҚАРАПАЙЫМ ЖАЛПАҚ ТІЛ *Жұртқа жатық, түсінікті ауызекі тіл.* Айтар ойыңды барлығымызға бірдей жатық, қарапайым жалпақ тілмен сөйлесеңші, жаркын-ным (АТ).

ҚАРА ПӘЛЕ БАСТЫ *Албасты ұрды деген мағынада.* Молданың үйін қара пәле басқандай, қонақтар да, молда да бірімен-бірі іштей арбасып үндеспейді (ҚЕ).

ҚАРАР БЕТІ ЖОҚ *Ұятты, айыпты, кінәлы; қарауға беті шыдамайды.* Бау қарағай бүрленіп бітер тауға, Он бес жігіт аттандық қалмақ жауға, Саған қарар жеңеше бетіміз жоқ, Жаңғызыңды алдырып келдік жауға (В. В. Р.).

ҚАРАСАН КЕЛГІР! *Сыырга айтылатын қарғыс.* Өк, құрып кеткір! *Қарасан келгір, қышынба!* Сөйгелді ме алып тұрған қысымға? Дәл басып тұр тұяғыңды аудармай, Балығыңның төбесінің тұсына (І. Ж.).

ҚАРА СИРАҚ *көне. Тақыр кедей; жарлы-жақыбай.* Сан тимеген сасықтың баласы кіммен үзеңгі теңдестірмек, қара сирақ?! (ҚӘ). Өңшең қара сирақ бір өзен бойына жиылып жатақ болыпты, егін салуды кәсіп қылыпты (АТ).

ҚАРА СИРАҚ [ҚАРА БОРБАЙ] БАЛА *Әлі ұлғайып жетпеген жас жеткіншек.* Осыдан он шақты жыл бұрын қара сирақ бала едік. Ер жеттік, оң мен солымызды анық аңғара бастадық (ЛЖ). *Қара сирақ баласы* Соңынан жылап ереді. Титықтап тезек арқалап, Бала мен әйел келеді (С. С.). Баяғыда бала кезімізде Сыр бойындағы ауылға келгенде, балаларына: «Егіншінің баласы қара борбай, Өкең салған тарыңды жеді торғай» — деп мазақтап өлең айтушы едік. Ай, білместік-ай (АТ).

ҚАРА СОРПАСЫН ҰРТТАТҚЫР! *қарғыс. Қазасына асылған тағамды жесін! Қазасын көрсетсін! Құдай-ау, Төлеужанның қара сорпасын ұртта!* (М. Ә.).

ҚАРА СӨЗ 1. *Бұл жердегі мағына: ауызекі халық сөзі.* Бейімбет өлеңнен гөрі қара сөзге шебер. Қара сөздің техникасын қазақ жазушыларының біразында Бейімбеттен жақсы білетін кісі жоқ (С. М.). 2. *Өткір, шешен сөз.* Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алысын деп бермедім. Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа қара сөзге дес бермедім (Абай).

ҚАРА СӨЗДІ ҚАМШЫ ҚЫЛДЫ *Тапқыр сөйлеуді көздеу мағынасында айтылып тұр.* Біреулер қара сөзді қамшы қылып, Қуды мініп, құланды құрықтап жүр. Қайсысын маған соның еп көресіз Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз (Жамбыл).

ҚАРА СУ 1. *Тек қана су, жай ғана судың өзі. Қайғысыз қара суға семіреді (Мақал). Қара су қара көрім жерге апарды (Мақал). Бізге түрменің беретін асы—сырты күйген, іші иленген, көк аяз шикі қап-қара нан мен қара су болды (С. С.). 2. Ақпайтын су, көлшік, тоған, тұма суы.*

ҚАРА СУДАН ҚАЙМАҚ АЛАДЫ ӘБЖІЛ, ЖЫЛЛОС, ҚУ КІСІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ.

ҚАРА СУЫҚ Жер қара кездегі жаңбырсыз ызғарлы жел. Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен, Көңілсіз қара суық қырда жүрсен. Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң, Үйде ит жоқ, тышқан аулап қайда жүрсен (Абай).

ҚАРАСЫ КӨРІНДІ ○ ҚАРАСЫН КӨРДІ *Көзге түсті, нобайы көзге шалынды, сырт тұлғасын көріп қалды.* Лиза орман құстарының әуеніне салып ұсықырып еді, әлгі сыбдыр шыққан жақтан төрт адамның қарасы көрінді (А. Л.). *Қарасы көрінгеннен барып қарсы, Асықтай қалды айқасып тұрған алшы, Мәз етіп қала халқын қуантуға, Шаңдатып шапқылаумен барды жаршы (Т. І.). Сәске түстен асқанда кемпірдің қарасын көреді (ҚЕ).*

ҚАРАСЫНАН ҮРІКТІ Жоқтан сескенді, босқа қорықты; алыстан көрінгеннен, көзге шалынғаннан қорықты. Жақындап қалған жаудың күш-құрамын анықтап біле алмай, мыналар құр әншейін қарасынан үркіп жатқан сияқты (Ө. Н.).

ҚАРАСЫН КӨРСЕТПЕДІ 1. *Ілестірмей кетті, жеткізбеді.* Көкбоз еті қызыған соң, қуғыншыларға қарасын көрсетпей кетті (АТ). *Қарасын көрсетпестен кетті киік, Көңіліне бәрінің де салып күйік. Зал, саған жетермін деп тұра құды, Қашатын болса аяғы жерге тиіп (Т. І.). 2. Зым-зия жоқ болды, көрінбей қойды.* Артынан ешкім келе қоймады, тұтқыншылар құлыпқа бір салған соң, қарасын көрсетпей кетті (Ғ. Мұс.). Даланы жалғыз аралап, *Көрсетпей жанға қараңды. Тығылып жатсаң қолхоздың Шөмелесін паналап (Қ. А.).* Сенің анаң мен едім Менің балам сен едің. Бір көрсетпей қараңды, Ғайыптың құсы сен болып, Қай тарапқа жөнөдің? (ҚБ).

ҚАРАСЫ ӨШСІН ○ ҚАРАСЫН ӨШІР *Құрысын, көзі жоғалсын.* Ол кірешілердің әрқайсысын саусағымен нұсқап, «осылар кірсін, ал ананың қарасы өшсін» дегендей саудагерді көрсетті де, қолын алысқа сілтеп тастады (Қ. И.). «Жанымды жағама келтіріп, мені қысқан осы жалмауыз, қарасын өшір, достым» — деп, қасқырға баян етті (ҚЕ). — Өзіңіз азық-түлік дүкенінде тұрып, ағау кереге лайық сөз айтасыз. Сөзіңіздің қолаңсасы бар екен, қарғам. Сауда гигиенасын білу керек, — деп Мимырт есікті тарс жапты да, қарасын өшірді (О. Ә.).

ҚАРАСЫН ҮЗБЕДІ *Қарасынан көз жазбады, көзден таса болмады.* Мектептен шыққаннан-ақ Сапардан қарасын үзбей,

біресе ілгері, біресе алысырақтап қатарласып Жарқын жүрді де отырды (М. И.). Сонымен бұл төрт тұлпар ұзап кетті, Төрт бала барған сайын қузап кетті. *Қара үзіп қала берді өзге бала, Қалғанды қорлық теуіп, ыза ап кетті (І. Ж.).* Ақылбайдың астындағы бүкіштеу келген бір топырыш торы бие еді, тауға тырмысқанда мысық сияқты, егер артына абайламаса, Балуан мен Розадан қарасын үзіп кететін (С. М.). Сөйтіп, Бизанов алдындағы қарасы әлі үзіле қоймаған жауын қуып жетуді ұйғарды (І. Е.).

ҚАРАСЫ СУАЛДЫ Үміті өшті, зар жылады. Екі бірдей байынан тең айрылып, Енді қараң суалып қалғаның ба? (ҚКВС).

ҚАРА ТАБАН *к ө н е. Еңбегін сатып кун көрген жарлы, кедей.* Алақаны көн боп катқан, *Қара табан* батырақ, Еңбектеніп бейнет тартқан, Сендегі ақыл ақыл-ақ! (Б. М.). Өз жазуына қарағанда, әрі ескі, әрі есті қызметкер! *Қара табан* кедей (С. Төл.).

ҚАРА ТАБАН БОЛДЫ *Ер жету, ұлғаю мағынасында айтылып тұр.* Олай болса, тоқтату мүмкін емес. Бар, шырағым, рұқсат бердім сізге. *Қара табан* болғанда қарашығың, Шақырамын кел сонда біздікіне (Жамбыл).

ҚАРА ТАЛАҚ КЕЛГІР! *қ а р ғ ы с. Қара талақ ауруына кезігу мағынасында.*

ҚАРА ТАНЫДЫ *Хат білді, сауатғы ашылды.* Әуелгі кезде заводқа мүлде сауатсыз келіп, ликбез арқылы ғана *қара тани* бастаған Медетбек, жұмыс үстінде жүріп қорғасын тазартудың бар технологиясына жетіліп алды (Ә. Сат.). Өзіме оқу оқытады, *Қара танып*, хат жазам, Әлеуметтің ұлы боп Ауылды бағам, басқарам (І. Ж.).

ҚАРА ТАРТТЫ *Назарға алып, алаңдады.* Бізді *қара тартып* ұпса, айналсоқтар еді. Өзі түстікке асыққандай, самғап ұшып барады-ау (М. Ә.). Даңғыл жолды қимай *қара тарта* берген жирен қасқаны күшпен бұрып, жолаушы, енді, осы тал арасымен өтетін оқайы көп, кедір-бұдырлы, ойлы-қырлы жолмен жүрді (Ж. Ж.).

ҚАРА ТАСТЫ БАЛҚЫТҚАН *Тас көңілді ерітті, елжіретті.* Менің немді тексердің, Тезек төре, Сарандарды балқытқан мен Сүйінбай, *Қара тасты балқытқан* мен Сүйінбай, Мейман келіп көрмеп пе еді сізге мұндай (С. А.).

ҚАРА ТАЯҚ *к ө н е. Қалада оқыған адамға ергерек кезде қойылған кекесін ат.* Сенің қара таяқ ағаң биыл елге келе ме екен? (АТ).

ҚАРА ТЕР БОЛДЫ ○ ҚАРА ТЕРГЕ БОЯЛДЫ [САБЫЛДЫ, ТҮСТІ, ШОМЫЛДЫ] 1. *Қара суға түсіп терлеп-тепшіді, селсел болды.* Андрей *қара тер* боп пысынап бара жатқасын, сырмақ күртесін сыпы-

рып тастап, жел өтінде желең бешпентпен қалды (Ә. Н.). Артынан қиқу таянса, *Қара терге боялса*, Алдынан найза бойы жар келсе, *Жабыдайын жалтандап Жануар түсер жерін қарамас* (ЕТ). Әне-міне дегенше, оқтаудай жұп-жұмыр күрең қасқасын *қара терге сабылтып* Бәкібай тура Сәмет екеуімізге жетіп келді (С. О.). Дөңбектей семіз Күнту бір-ақ уыс болып бүрісіп кетті. Күндіз-түні ұйқы, тамақтан айрылды. Ағыл-тегіл *қара терге түсіп*, үлкен көзі алақтап, қаны қашып қуара берді (М. Ә.). 2. *Бекер әуре-сарсаңға түсті*. Сендердің бастарыңды Аман мүжіп тынады. Қит етсе, Шәкенді көлденең тартасыңдар. Сендер енді Аманға еріп, *қара тер болып жүрсіндер* (Ғ. Мұс.).

ҚАРА ТҰМАН 1. *Судың қалың буланып, жер бетін түгін іспеттес қаптауы мағынасында*. Айнала *қара тұман* көп-қою, бағдар алып болмайды (АТ). 2. *Өксіген өмір, қызығы жоқ тіршілік*. Айғаным: Хан артында *қара тұман* қалды, *қара тұман* ортасында мен қалдым, — дейді (ШС).

ҚАРА ТҰТТЫ *Арқа сүйеді, тірек қылды, мият тұтты*. Шешем: «ізіне ерген не інісі, не сіңлісі жоқ, сосын сені *қара тұтады* ғой, қайтсін» — деп отыратын (Н. С.). Ал мынау екі мұғалиман — Мәдина Мүсілімовна, Саида Шәріповна, — сенің жайыңды уайым етеді. Соларға барып жүр. Бұ не, бұл? *Қара тұтқан* дұрыс, ол бірақ көңілде, іште болсын, — деді Әсия (М. Ә.).

ҚАРА ТҰҢАҚ 1. *Өсіп-жетілген, туар мезгілі таянған іштегі төл*. *Қара тұяқ* қарында жатпас (Мақал). 2. *Төлдің аяқтанып кетуі*. Алған қозымыз түп-түгел *қара тұяқтанып* алды. Әр жүзіне 155-тен айналды (АТ).

ҚАРА ТҮЙНЕК *Мал ауруы*. (Шектің түйілген жері әдетте қарайып кететіндіктен мұны «қара түйнек» дейді).

ҚАРА ТҮНДІ ҚАҚ ЖАРДЫ *Қараңғы уақтағы шаңқылдаған дыбыс туралы айтылып тұр*. — Не дейсің? Қалайша? — деген біреуінің даусы *қара түнді қажарып*, қалың орманды жаңғыртып жіберді (Ә. Ә.).

ҚАРА ТҮНЕК 1. *Көзге еш нәрсе көрінбейтін, қап-қара, көзге тұртсе көргісіз қараңғы*. Жер мен көктің жапсарында сонау алыстағы *қара түнектің* ішінде нажағай жарқылдайды, күріл естіледі (Ғ. Мұс.). 2. *Өмір соңқысы, тіршілік азабы*. Жаңа ғана өмірмен қоштасып, өлімге басын байлаған Ержан енді сол *қара түнектің* ішінен үміт етті (Ә. Ә.).

ҚАРА [САРЫ] УАЙЫМ БАСТЫ [ТҮС-ТІ] *Қайғырды, қалың қайғыға шомды*. Қамаудағы жұрттың айрылған есі бірге-бірге кірді. Оқиғаны әңгіме қылып жатырмын, *қара уайым* қара пәлеше *басты* (С. С.). Көңілі жабығып, *сары уайым басып* жүр (АТ). Шырағым, *қара уайымға*

түспе, көңіліңді қарайтар, *сары уайымға түспе*, жүзіңді сарғайтар (АТ).

ҚАРА ҮЗІП ҚАЛДЫ *Көз жазып қалды*. Шекер Сайраннан *қара үзіп қалғанына* қатты қамығып тұр еді. Сәуленің соңғы сөзінен бәрін түсінді (Ә. Ә.). Әлі де бірінен-бірі *қара үзіп қалмай*, жылжи беру шарт (М. Ә.).

ҚАРА ҮЗДІ ○ **ҚАРА ҮЗІП ШЫҚТЫ** *Озып кетті, топтың алдына түсті*. Сол бетінде асқындай, тасқындай, айнала тұрған жұртты шұлата сүйсіндіріп, бар жорғадан жарым кварталдай *қара үзіп шықты* (М. Ә.).

ҚАРА ҮЙ 1. *Ескі киіз үй*. 2. *Киіз үй*.

ҚАРА ҮЙЛІ ○ **ҚАРАША ЛАШЫҚ** *Күй-тұрмысы нашар, шаруа-жайы кем мағынасында*. Қарасудың бойындағы *қара үйлі* кедейлер қарық болыпты да қалыпты (ҚЕ). Киіз үйден бөтен, шоқшита тігілген *қараша лашықтар* мен ақ шатырлар көрінеді (І. Е.).

ҚАРА ШАҢЫРАҚ *Үлкен үй; тәрбие алған, ұшып шыққан ұя*. Менің үйім осы ауылдың үлкен үйі. Сол *қара шаңырағының* құруға айналып отырғаны мынау (М. Ә.). *Қара шаңыраққа* берген құдайдың бақытын біреуге қиям деп рас айтып отырсың ба? (С. М.).

ҚАРА ШАПАН *Жібектен басқа матадан тігілген сырт киім*.

ҚАРА ШАРУА [ШЕКПЕН] *көне*. *Қара жұмыспен күн көретін қарапайым жұрт*. (Осы күні әдеби тілде «шаруа» делініп жүр. «Қара» сөзі жеке тұрып та «жай», «қатардағы» деген ұғым білдіреді. «Қара шаруа», «қара шекпен» дегендер белгілі бір тарихи дәуірде туып, қазір историзмге айналып кетті). Бейнетқорлардың мойны босайтын күн туды. Бұл төңкерісті басқарушы жұмыскерлер мен *қара шаруа* өкімшілігі — Халық Комиссарлары Советі (С. С.). Қазақ елінің көпшілігі *қара шаруа*, оның көпшілігі — кейдей мен орғаша (С. М.).

ҚАРАША ТАУДЫ ҚАР АЛДЫ, АЛА ШОҚЫРДЫ СУ АЛДЫ *Бұл жерде шаштың ағаруы, көзден жас ағуы жұмбақталып отыр*. Бір судың бойын жағалап келе жатса, бір шал балық аулап тұр екен. Хан келіп шалға айтты: *Қараша тауың қалай? Қараша тауды қар алды ғой; Ала шоқырың аман ба? Ала шоқырды су алды ғой; Екеуімен қалайсың? Екеуден төртеуің; Алыспен қалайсың? Алыспен жақынмын, — депті («Айқап»)*.

ҚАРАША ҮЙ *Кедей үйі*.

ҚАРАША ҮЙ, ҚАМ КӨҢІЛ *көне*. *Жоқ-жітік, жүдеу өмір туралы айтылады*. Жабайы, жүдеу, аң өмір. *Қараша үйлер, қам көңіл*, Еңбегінде өнім жоқ (І. Ж.).

ҚАРА ШАПЫ ЖАЙЫЛСЫН! *қарғыс*. *Қазалы болсын деген мағынада*.

(Әйелге арнап айтылған). Мұны саған сыр қылып айтқан кісі, қара шашы жайылысын мендей болып (ҚЖБС).

ҚАРА ШЕШЕКТЕЙ ЖАЙЫЛДЫ Барынша бойды билеп алған деген ұғымда. Жеке меншіктік пиғыл қалай қара шешектей жайлап алған оны (Б. Қыд.).

ҚАРАШЫ [ҚАРАША] ТАРТТЫ көне. Қанаушы тап озбырларының қарауындағы кедей адамдар, еңбекшілер. Әйелі жақсы болғанның Ері дәулетке молығар, Қарашы тартып қасына, Қазынаға жолығар (ШС).

ҚАРБАЛАСТЫ ЖҮРІС Қысылшаң, асығыс жүріс. Енді аңғарса, сол машинадан түсіріп, бір-екі кісі көмектесіп әкеле жатқан қатаң ауру қарбаласты жүрісі байқалды (М. Ә.).

ҚАРБЫТЫП [ҚАРЫП] АСАДЫ [ЖЕДІ] Ауыз толтырып, қомағайлана асап жеді. Ал мынау облыстан біздің сізге әкелген дәмміз. Осыны, мына сары майды қарбытып жеп, хал жиып ал (М. Ә.). Е, Еламан...— деді Курнос Иван: ол бірақ астан басын алған жоқ, Еламанға басын ізеп қойып, қалған балықты қарпыч асай берді (Ә. Н.). Сай басындағы үйге Ерғали арқан бойы-ақ озып келсе де, Мәмбеттің айтқан бір-бір тостаған құртын да, қарпыч жейтін қойдың салқын етін де дастарқанға қойып үлгірткен екен (Х. Е.).

ҚАРҒА АДЫМ халықтық өлшем. Өте жақын деген мағынада. Тегі, сіз осы жоннан қарға адым жер шықпайтын болғансыз ба? — деп жігіт күле амандасты (ЛЖ). Қарға адым жер аттапайысы келіпті. Маңайлатар емес (С. С.). Мен борыш алып па едім қол жеткенде, Алғам жоқ па жоқтықтың зары өткенде? «Қарға адым жер мұң болған» кездерді аңдып, Албастыдай баспай ма әл кеткенде (С. Т.). Күн шілдеде шіл адым, Қаңтарда қарға адым ұзаяды (АТ).

ҚАРҒА БОЙЛЫ Кішкентай, қаршадай. Қаршадай қарға бойлы қара бала, Тұр жалғыз ойлы көзбен қарап алға (Т. Ж.).

ҚАРҒА-ЖАРҒА ҰШЫРАДЫ Апатқа кез болды, шығып болды. Қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарғажарға ұшырауына көнеді (Абай).

ҚАРҒА ЖҮНДІ КАТТАС, ҮЙРЕК ЖҮНДІ ОТТАС Әкішелес бауыр, туматуыс. Онан әрі өткенде, Малға таман жеткенде, Қарға жүнді қаттасым, Үйрек жүнді оттасым, Таласып емшек еміскен... (ҚЖ).

ҚАРҒА-ҚҰЗҒЫН ЖЕДІ ҚАРҒА-ҚҰЗҒЫН, ШЫБЫНҒА ШҰҚЫТТЫ Өлігін қорлады, көмусіз қалдырды; өлігі далада қалды. Қарға-құзғын жемесін, Жасыра кеткін жүзімді, Замандас едім жан аға

(ҚЖ). Қарға-құзғын, шыбынға Шұқытармын көзіңді (ҚЖ).

ҚАРҒА ТАМЫРЛЫ Іліс-шатысты, туысқандық қарым-қатысты. Қарға тамыр ел едік кашаннан-ақ, Жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ. Ел аруағын сыйламас есер қыздар, Жеңіл сөйлеп орынсыз шошаңдаған (Жамбыл).

ҚАРҒЫ БАУ Құда түскенде қалың мал сыртында құлақ моншақ есебінде берілетін мал. Жақып, Жиренше, Оспан, Ғабитхан болып Бекей ауылына барып құда түсіп қайтқан. Соның артынан жаңағы Оспан малы, әрі қарғы бау, әрі қалың есебінде шоқ беріліп еді (М. Ә.). «Мал ал» деп тығыздайды керей келіп, Жүз қойды қарғы бауға қойған беріп. Әжібай ешкімнен мал алмақ емес, Баласы ер жеткенше ақылы еніп (С. Т.).

ҚАРҒЫЛЫ ҚАРА ТӨБЕТ [ТАЗЫ] Итаршы, қол шоқпар, біреудің шашбауын көтеруші. Байғұс бастықтың қарғылы қара төбеті. Иесінің иегін бағып өскен ит те терде отырады, сен де ол да жоқ (АТ).

ҚАРҒЫС АЙТТЫ Нағылет айтты. Бар дүниеден қуылып шыққан, құлазыған жалғыздың жүрегі мен барлық басы аман, малы түгел, жаны рақаттағы болыс сияқтыларға мың рет лағынет оқып, қарғыс айтты (М. Ә.).

ҚАРҒЫС АЛДЫ ҚАРҒЫС [-Ы] ТИДІ [АТТЫ] ҚАРҒЫСЫНА ҚАЛДЫ [ҰШЫРАДЫ] Біреудің нағылет сөзін естіді; жамандық тілегіне тап болды. Сорлының ұрлап қара атын, Жазықсыз қиып қанатын, Жапанда жаяу қалдырып, Жайым жоқ қарғыс алатын (Жамбыл). Қайда барсаң онбайсың, Ұшырарсың қарғысқа (Д. Б.). Қан жылатқан халықты Қарғыс тисін хан саған (М. Ә.). Қара жерді жамандама, Қайтып сонда барарсың. Қауым елді жамандама, Қарғысына қаларсың (Мақал). Қарғысы атын халықтың Жарылғамай маркамат. Қамыс үйін үстіне Көк түтінін бықсытып Пісірді етін арсалап. Күл қылып желге ұшырды Жапырағын жаңқалап (Н. Б.).

ҚАРҒЫСЫ ҚАРА ТАСҚА! Қара тілегі далаға кетсін.

ҚАРҒЫСЫ ҚАРА БАСЫНА КӨРІНСІН! Тілеген жамандығы өзіне келсін.

ҚАРҒЫ ТАҚТЫ [БАЙЛАДЫ] Жаман лауазым берді. (Бұл жерде ит мойнына тағатын белгі бейнелене айтылып отыр). Хан ием, Оспан қожа жүзі қараны алып келдік. Әбілқайыр сәл ойланyp қалды. «Жүзі қара!» Оның жүзінің қара екенін бұл қайдан біледі? Хан солай қараған соң, бұ да солай қарап тұр ғой. Әйтсе де, осы менің шешімім дұрыс па? Тұтқыннан абайсызда айырылып қалғаны үшін кешегі серігіме бүгін мұндай қарғы тағуым жөн бе? (І. Е.). Патша кірді қойынға, Тезек төре жол беріп Қарғы тақты мойынға (Жамбыл).

ҚАРДАЙ ТОЗДЫРДЫ *Быт-шытын шығарды, тас-талқан етті. Ескек желдей есе айдай, Жауды қардай тоздыра, Күрес майдан, күш қандай, Қимылдады сол ауыл (I. Ж.).*

ҚАРДАН КЕБІС, МҮЗДАН ҚҰРСАУ *Қатты тарығу, үлкен көмтарлыққа ұшырау туралы айтылады.*

ҚАР ҚҰШАҚТАП, МҮЗ СҮЙДІ **○** ҚАР ТӨСЕНІП, МҮЗ ЖАСТАНДЫ *Қыс көзі қырауда түзде болды, ауыр азап көрді деген мағынада.— Аязды суық боранда, Қалшылдап өстің сүмсіп, Таңды атырдың қораңда, Қар құшақтап, мұз сүйіп (I. Ж.). Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсеп, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады (M. Ә.).*

ҚАРМАҚҚА ТҮСТІ [ІЛІНДІ] *Ұсталды, тұтылды. Кісі отына күйіп-жанып піспеген, Зұлымдардың қармағына туспеген. Отанынан өмірі адас кетпеген, Туған елдің қадірінен не білсін (Мақ.). Ілініп жауыздардың қармағына, Туғалы көрмегенді көріп тұрмыз. Дей алмай өз еркіңді өзімдікі, Тізгіңді босқа тегін беріп тұрмыз (B. Берд.).*

ҚАРМАҚҚА ШАНШАР [ШАНШЫМ] *ЕТІ ЖОҚ Өте жүдеу, арық. Бірінде адам төрізді өң жоқ. Беттерінде, бар денелерінде қармаққа шаншым ет қалмаған (C. C.). Қара басы Ақкеңже Күннен күнге жүдеді. Ажар кетіп, өң кетті, Бәйбіше сабап меңдетті, Қармаққа шаншар еті жоқ, Жылапты күнде еңіретті (H. B.).*

ҚАРМАҚ ҚҰРДЫ *Біреуге тосқауыл жасады, кесе-көлденең тұрды. Қатал тағдыр құрды саған қармағын, Иығына артар ауыр салмағын (Ж. С.). Алқына ыстық демі жиі шығып, Сырласқан шырмау сөзбен құрды қармақ (Ж. Ә.).*

ҚАРМАҚТЫ ТЕРЕҢГЕ ТАСТАДЫ *Алыстан қармады, іздеді, барын сала қамтыды. Отырды Дәурен қадалып, Тереңге тастап қармағын, Қолына қалам, хат алып, Төккендей тілек, арманын (A. Ш.).*

ҚАРНЫ АШТЫ 1. *Тамақ ішкісі келді, жүрегі сазды, жүрегі қарайды. Қарны ашқан қаралы үйге жүгіреді (Мақал). Қарны да әбден ашады, Ішеріне шай да жоқ, Қайтерін білмей сасады, Осындайлар қайда жоқ (Абай). Қазанның сыртына қарап қарным ашып отыр — деді Дәрмен (M. Ә.). 2. Көңілі толмады, разы болмады. Қылған ісіңе қарным ашып отыр, шырағым! Сенен күткенім бұл емес болатын (AT).*

ҚАРНЫ ЖЕРГЕ ТИЕДІ **○** ҚАРНЫ ЖЕР СЫЗАДЫ [ТІРЕЙДІ] *Іші үлкен, қарны жер қабатын мал туралы айтылады. Қарны жерге тиеді, Құртқа сұлу күймеден Қарғып түсіп биені Маңдайынан сүйеді (ҚБ). Үйірдің ұйтқысы — қарны жер сызып, салмақпен жортқан қос қара биені мойындай қайырып, құлағын жымитқан*

күйі жалын жерге төсеп, жирен қасқа айғыр келеді (X. Б.).

ҚАРНЫ ҚАБЫСТЫ *Ашықты. Мақсұт кешеден бері аш, қарны қабысып, бүйірі шаншады, су сорған денесі құрысып, жаны кетіп, тастай болып, аяз аймалағандай қатып қапты (B. Ш.).*

ҚАРНЫ ҚАМПИДЫ 1. *Іші кепті. Жас баланың ішетін асында Д витамині жеткіліксіз болса, олардың аяғы қисайып, қарны қампиып мешел ауруына айналады (Т. Дар.). 2. Бүйірі шықты, тойынды. Ашаршылықтан өз басыңды ала қашып, қарын қампитқаннан гөрі, өзгенің жайын ойлағаның жөн еді,— деді (Ж. А.). 3. Ісіп кепті, мақтанды. Өзім деп, мен ғана деп қарны қампияды да жүреді (AT).*

ҚАРНЫ ҚАМПИҒАН, БҰТЫ ТЫРТИҒАН *Тым арық, өте жүдеу. Өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында ақ тісі жоқ, бір асам еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің (ҚБ).*

ҚАРНЫНА ЖҰҚ БОЛМАДЫ *Жұмырына жұқ болмады, аузы жарымады. Бір көлдің суы қарныма жұқ болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттаймын (ҚБ).*

ҚАРНЫНАН ҚАҚТАЛДЫ *Отқа ұсталды. Ожау айтар: «Қазанға қапталдым»,— деп, Қазан айтар: «қарнымнан қақталдым» — деп, Жүгіріп от айнала шәйнек тұрар, «Қылмысым не, құдайға жақпадым» — деп (Ш. Ж.).*

ҚАРНЫҢА ҚАРА ПЫШАҚ КІРГІР [ҚАДАЛҒЫР!] *қ а р ғ ы с. Көбіне, артық ауқат ішіп қойғанда, я бала «қарным ашты» деп қыңқылдап мазалай бергенде айтылады.*

ҚАРНЫ СЫЗДАДЫ [ШЕҢБІРЕК АТТЫ] *Шамадан тыс көп ішті; көп жегеннен іші ауырды. Қымызды көбірек ішіп жіберсем керек, қарным сыздап жүре алмай жүрмін (C. M.). Суға тойған жылқылар біртіндеп шыға бастады. Мама, жалпақ қара бие жай басып, қарны шеңбірек атып, ыңқылдап тартты желіге (Ғ. Мұс.).*

ҚАРСАҚ ЖОРТПАС ҚАЛЫН [ҚАРА АДЫР, ҚАРА ЖОН] *Аң жүрмес мекен. Шу жануар, шу дейді, Ескен желдей гулейді, Қарсақ жортпас қалыңнан Қарғып өтіп барады (MЗ). Қарсақ жортпас қара адыр Қарамай неге шабасың (Абай).*

ҚАРС ҰРДЫ **○** АҢ ҰРДЫ *Ауыр өкініште қалды; қайғырды; оынды.*

ҚАРСЫ АЙТТЫ [КЕЛДІ] *Келіспейтін жауап қайырды, бетіне келді. Албырт жан алдында отыр анасының, Жөні жоқ қарсы айтып таласудың... (ҚӘ). Қарсы келген жан болса, Құтылмайды соғылмай. Құр сүлдесі қалғанша, Қара терге шомылды-ай (Жамбыл).*

ҚАРСЫ АЛДЫ *Күтті; алдынан шығып тосты. Бір таныс кісіміз келгендей,*

тобымыз көбейгеніне іштей қуанып, келген адамды жылы шыраймен *қарсы алдық* (Ә. Ә.). Алпысқа келмесең де, елуді еңсеріп келесіз. Таутан болса, оқыған жас, алыстан келді, алдынан шығып *қарсы алыңыз* (Ж. Т.).

ҚАРСЫ ҚҰДА *Екі жақты қыз берісіп, қыз алысқан жекжат.* Тоқтаман таудың, тастың таңсығына, Тартайын әңгіменің дәл шынына. Бұғыда Балта дейтін маңғаз манап, Саурықпен бола қапты *қарсы құда* (І. Ж.).

ҚАРТАҢ ТАРТТЫ *Жасы ұлғайып, жер ортасы жастан асқан адам туралы айтылады. Қартаң тартқан адамнан от азаймақ, От азайса, әр істің бәрі тайғақ.* Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып, Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ (Абай).

ҚАРУ ҚЫЛДЫ *Қарсы тұрып қуш көрсетті. Қару қып қарсы тұрған қарт қыранды Қан ішер қаптап келген қасқыр банды Шапқылап өлтіріпті, сүйегі үйде, Жерлеуге тұрмыз күтіп келер таңды (С. Б.).* Алақоз келіп, қырғыздың батырын найзамен шанышқан екен, найзасы өтпей, еш *қару қыла* алмайды (ҚЕ).

ҚАРУ МАЛЫ ӨЗІНДЕ *Қайырған, қаруына қайтарған малы өз қолында.*

ҚАРУЫ ҚАЙТТЫ *Жауабы қайтты; есесі берілді.* Қандай ақын *қайтарар қаруымды*, Желді күнгі дауылдай сарынымды. Өртіне көңіліңнің су сепкендей, Бір басамын, Нүрік-ау, жалыныңды (Жамбыл).

ҚАРШАДАЙ [ҚАРҒАДАЙ] БАЛА *Жап-жас, кіп-кішкентай бала. Қаршадай баласына шейін ұлы болудың жөніне жете біліп тұр (М. Ә.).* Осы жұрт неге жөніне жүрмейді екен, *қаршадай баланы* өсек етіп, шешесіне жамандаудан бір мезгіл ұялсайшы (В. С.).

ҚАРАШҒА КӨЗДІ *Өткір жанарлы. Манадан үн қатпай, кім сөйлесе, соның аузына ғана қарап, есік жақта отырған қаршыға көзді, қара мұртты ақ сұр жігіт әлденеге бекінді де, арыстандай атып тұрды (Ә. Ә.).*

ҚАРШЫҒАНЫ ҚАЙЫРДЫ *Қаршығаны баптады, күйіне келтірді. Қаршығаны қайырма, Қалыңға сала батпаса, Мөргенге мылтық кезегіңе, Атқан оғы айнымай, Түтінін үзбей атпаса (Д. В.).*

ҚАРЫҒЫ БАСЫЛДЫ *Желігі, алқынуы тыйылып, жайланды. Шіркіннің ерін-ай!—деді біреуі оны кекетіп. Ана жігіттің қарығы басылып қалғандай болды (С. М.).* Айбарша атынан түсті де, *қарығын бастыр*, аттарды аяңдатып кел,—деді (С. М.).

ҚАРЫЗЫН ӨТЕДІ *Борышын қайтарды, міндетін атқарды. Біраз жұмыс істеп, қарызын өтеп келді (АТ).*

ҚАРЫЗЫНДЫ КЕШІ *діни. Өлер адаммен ақтық арыздасуда айтылатын тілек.*

ҚАРЫҚ БОЛДЫ *Жарып қалды, молшылыққа кенелді, маз болды. Күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады (Абай).* Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ кетер, Өз күлкіңе өзің *қарық болма* бекер. Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер (Абай). Анда-санда қолға қоян түсе қалса, қатын әлдеқандай бір соғым сойғандай, көжесіне қатық қып *қарық боп* қалады,—дейді Қалжан (Қ. Тай.).

ҚАРЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Молшылыққа белшесінен батырды, кенелтті, жарылқанды. Бүгін қандай болсам, ертең де, өмір бойы да сондай болармын. Сені қарық қылатын қызығым жоқ!—деді Ғазиза (М. Ә.).* Сонан кейін, қаладан әкелген базарлығын үлестіріп беріп, үй ішін *қарық қып* тастады (Ә. Н.). Жанардың жанған жалыны Жердің жүзін жарық етер, Жарылқар жалшы, жарлыны, Жаңа жұрт жасар *қарық етер* (І. Ж.).

ҚАРЫМТАСЫ[-Н] ҚАЙТТЫ [ҚАЙТАРДЫ] *Еруіне қаруы қайтты, тигізген көмегі өтелді; есесін берді. Қарымтасы қайтпаған соң, аға мен інінің ағайыншылығы да қожырай бастапты (ШС).*

ҚАРЫНБАЙДАЙ САРАҢ *Асқан сараң.* (Діни әдебиет бойынша, Қарынбай Мұсаның заманында болыпты-мыс. Бұрынғы уақыт байлық Қарынбайдан аспаған деген де аңыз болған. Арабтың «Харун» сөзіне қазақтың «бай» сөзі қосылған деген жорамал бар. Сол діни сенім бойынша, қайыр-садақа бермегені үшін жер жұтыпты-мыс). *Қарынбайдай сараңдар* толып жатыр, Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт (Жамбыл).

ҚАРЫН БӨЛЕ *Туысқан апалы-сіңлілі кісілердің балалары бір-біріне «қарын бөле» болып есептеледі. Сұрай, сұрай келе, қойнындағы қатыны қарын бөле болып шығыпты (АТ).*

ҚАРЫН ҰЙҚЫСЫН ҰЙҚТАДЫ *Жас сәбидің алғашқы дүниеге келген күндері ұйықтайтын ұйқысы. Мен қозғалмай, көзімді ашпай қойған соң: Япырмай, ғажап екен бұнысы!—деді Балқаш,— қарын ұйқысын ұйқтағандай болып жатыр екен (С. М.).*

ҚАРЫН ШАШЫ АЛЫНБАҒАН *Тым жас, сары ауыз деген мағынада. (Әдетте, сәбидің іште шыққан шашын алғанда (қырқынан шығарғанда), кемпір-кепек жиылып кіші-гірім тойшық, ырым жасайды. Осыдан келіп «қарын шашы алынбаған» деген фраза шыққан). Ендеше, сал шеңгелді батырына, Алынбай қарын шашы тегі асыпты (М. Ә.).*

ҚАРЫС АТТАМ ЖЕР х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Ең жақын қашықтық; ұлғарақтай ғана жер, Қақпа жанындағы фонарь жарығы да қозғылт тартып, тек қарыс аттам жерге төгіліп жатыр (Х. Е.). Жұматай ғана жалғыз атыс сала берді. Қарыс аттам жерге шегінуге болмайды (Ғ. С.).*

ҚАРЫС АТТАМ ШЫҚПАДЫ *Ешқайда бармады. Оқу басталуына әлі бір жеті қалса да, Қасым жатақханадан қарыс аттам шықпады (Ө. Қан.).*

ҚАРЫС ЖЕР МҰҢ БОЛДЫ *Жақын жер жеткізбес қиынға айналды. Қартайғандықтың белгісі, балам, қарыс жер мұң болып, осы таудың астындағы баламның үйіне жете алмай отырмын (ЛЖ).*

ҚАРЫС СҮЙЕМ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Бас бармақ пен сұқ қолдың аралығы. Емшегі қарыс сүйем, бұты толған сүт қой жарықтықтың (Ғ. Мұс.). Сүйір ұш, қарыс сүйем қанды пышақ, Қудаласа қапсырғандай жанды пышақ. Сілтеген жанталаса шал қолымен, Сыр етіп әлденені шалды пышақ (С. В.).*

ҚАСА АҚЫМАҚ [ЖАМАН] *Нағыз нақұрыс. есуас. Қаса ақымақ жақсының сөзін бөлер (МЗ). Қаса жаман болмаса, қадіріңді таңыр еді (АТ).*

ҚАСАҢ МИ *Ақылға келмейтін, уәжге көнбейтін толас жан. Адам тілге түсінуге тиіс, жеке бір қасаң ми, қатып қалған адамдар болады. Ондайлар сирек, тап солардың бабын қалай табуды өзім де білмеймін (Ғ. С.).*

ҚАСАПШЫНЫҢ ИТІНДЕЙ [ПЫШАҒЫНДАЙ] ЖАЛАҢДАДЫ [ЖАЛАҚТАДЫ] *Сұғанақтыққа салынды, өңмендеді. Қасапшының итіндей жалаңдаған жеңдеттер шалды ортаға алып, буындырып өлтіріп, ортасынан екі бөліп, қақпа салып, есегіне теңдеп жіберер (ҚЕ).*

ҚАС АРУ [СҰЛҰ] *Асқан әдемі әйел. Алғаным Әлі ағаның қызы еді, Қас арудың өзі еді («Шайыр»). Қас жүйрікте сын болмас, Қас сұлуда мін болмас (Мақал). Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға, Қара шапшын көтеріп екі шынтақ, О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда (Абай).*

ҚАСА СОРЛЫ *Әбден сорлаған, нағыз бишара. Ойбай салды, білді де, Қаса сорлы болғанын. Төңіректі шарлады, Ұрыны табар айла жоқ (Абай).*

ҚАС ӘДІЛЕТ *Нағыз шындық, нағыз дұрыстық. Қас әділетке — өтірік, сұмдық жау (Ғ. С.).*

ҚАС [ҚАСА] БАТЫР *Нағыз ер жүрек. Тілдің өрен шешені — Тайталасқан дауда өсер, Қайратты туған қас батыр Қаптаған селді қанда өсер (Қ. Әб.). Жан бармайтын Тілеудің үйіне Ғалия өскен соң, қас батыр, қайран жақсы дегендей, қаланың мырза-шоралары қаптап кетті (С. М.).*

ҚАС БЕДЕУ *Бұл жерде асқан жүйрік мағынасында айтылып тұр. Жаңа тұқым тұлпарлар. Он күн шапсаң талмайды, Қас бедеудей қарысып, Ауыздығын шайнайды (АӘ).*

ҚАС БОЛДЫ *Дұшпан болды, қатты араздасты. Сөйлес деген мейманға, Сөз қатқанша кешікпе, Халықпенен қас болып, Оңбас түске өшікпе (Ш. Қ.).*

ҚАС ДҰШПАН [ЖАУ] *Барып тұрған жау, ата жау. Байқайсың ба? — Ахмет жуық тұрған екі колхозшыны бүйірінен түртіп күбірледі, — қабырғасы бір кайыспайды. Кәдірлігі қас дұшпанның қылығы (Т. Н.). Ұлы жолдың үстінде қара ниетті қас жаудың қолынан қыршыны қиылған жас жанның қазасына азыланғандай, таутас діріл қаға күңіреніп кетті (Ө. Ә.).*

ҚАС ЖАҚСЫ *Нағыз кісі, нағыз ізгі жан. Қас жақсының белгісі аз айтар да, көп тыңдар (Мақал).*

ҚАС ЖҮЗІ ҚАРА *Нағыз беті жоқ сойқан; ұрысқақ, бетпақ. Үй басы бір-бір молда болар, Қас жүзі қара сонда болар (ШС). Шешесі ұятсыздан жүзі қара туады, Қос жүзі қарадан қас жүзі қара туады (АТ).*

ҚАСИЕТ ҚОНДЫ *Бақыты асты. Шоқтығы шыққан шүйделі, Қасиет қонған киелі. Жау десе жайнап желігіп, Қамал бұзған ер өткен (Н. Байм.).*

ҚАСИЕТ ТҰТТЫ *Қадірледі, жоғары бағалады. Қасиет тұтып, ойға ұмтыл, Қан қайнап, қуат егілсін! Онан гөрі еңбек қыл, Ұлы сусын төгілсін (Абай).*

ҚАСИЕТІ КЕТТІ *Қадірі түсті. Қасиет кетті төреден, Ғаділдік кетті билерден, Абырой кетті әкімнен (Ш. Қ.).*

ҚАСИЕТІН ТӨКТІ *Абыройын кетірді, беделін түсірді. Көзі барлар ойының Күлер к...ін ашқанға. Қасиетін бойының Бекер төгіп шашқанға (Абай).*

ҚАС [ҚУ] КЕДЕЙ **○** **ТАҚЫР [ҚУ ТАҚЫР] КЕДЕЙ** т а р и х и. *Барып тұрған, сіңірі шыққан жарлы. (Өктем тап өкілінің сөлекеттеуінен туған фраза). Сыбырлап сөйлеп жатыр Әсем саған, Қимайды-ау, әке-шешем мені саған. Үйінде тұлдыры жоқ қу кедейге Қызымды берем бе деп көңілі жаман (С. Кер.). Елінде мендей шоның биі бар ма? Кедейдің айуан малдан күйі бар ма? Аузына ақ тимеген қу кедейлік Алтыннан бақтырулы үйі бар ма? (АШ). Төрттен бір тағы аламыз құшырынан, Тазарсын тары, бидай ұшығынан, Адалға қарасы жоқ қас кедей де Құтылмас біздің ханның қысымынан (Н. А.).*

ҚАСҚА АЙҒЫРДЫҢ БАЛАСЫ ҚАСҚА ТУМАСА ДА, ТӨБЕЛІ ТУАДЫ *Жақсыдан жақсы туады, дәл өзіндей болмаса да, жетеабыл туады деген мағынадағы нақыл сөз. Әкем тірі болды, ағам ірі болды, Сондықтан билік құра алмаған баласымын, — дейді. «Қасқа айғырдың баласы қасқа ту-*

маса да, төбел туады», — деген осы екен-ау — депті (ШС).

ҚАС-ҚАБАҒЫНА ҚАРАДЫ **○** **ҚАС-ҚАБАҒЫН БАЙҚАДЫ** [БАКТЫ] Райына қарады, көңілін аулады; назарын бақты. Ауылға жүретін күні әжем мені оңаша шақырып алып: «Шырағым, жалғыз қалып барасың, өзінді күте біл. Қасеннің қасы мен қабағына қара. Қасен адамның періштесі. Қасен сені сүйеді, — деді (Б. М.). Осы үлкендердің бұйрығын күтіп, қас-қабағына қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол бар (М. Ә.). Бұрын ол Раушан үшін сыпайы жас жігіт болатын. Қыздың қас пен қабағын бағып, көзі дөңгелене мөлдіреп, терең қарайтын (Т. А.). Ақан оның айтқанын екі қылмай, бұлжытпай орындайды. Райханның қасы мен қабағына қарайды (З. Ш.). Достың бар мінезі анасына тартқан. Күні ұзын теңіз үстінде боп, үйге кейде ерте, кейде кеш келгенде, есіктен кіре бере, анасының қасы мен қабағына қарайды (Ә. Н.).

ҚАС-ҚАБАҒЫНАН ТАНЫДЫ Жүзінен ұқты; қараған сыңайынан сезе қойды; ойынан шықты. Күн райын бағып өскен шаруадай, әкесінің ыңғайын қас-қабағынан тани қоятын (АТ).

ҚАС ҚАҒЫМДА **○** **ҚАС ҚАҚҚАНША** х а л ы қ т ы қ ә л ш е м. Лезде, көзді ашып-жұмғанша. Қас қаққанша, неше түрлі ой басына кіріп-шығып, Хамит орыстың көзіне қадала қарады (С. С.). Қас қаққанша болмай, мен де: — Батальон... деп дауыстадым (Б. Мом.).

ҚАС ҚАҚҚАНДАЙ Сәт, бір сәт, сәл ғана. Миронов сұп-сұр болып демін жұтып, қас қаққандай қимылсыз сіресіп тұрды да, жерге жансыз құлап түсті (Ә. Н.).

ҚАС ҚАҚПАДЫ 1. Қыбыр етпеді, орнынан қозғалмады, көз алмады. Пәршитті қылышпенен басқа ұрды, Қалшып қас қақпастан қарап тұрды. Ұрғанмен өтпейтұғын қанжар қылыш Болат еді дулығасы неше түрлі (Т. І.). 2. Құлақ салды, ықылас қойды. Базаралы әлі күнге үнсіз жүрген. Бірақ, соның орайына күні бойы тек айналадағы жұрттың үнін қас қақпай тыңдаумен болған (М. Ә.).

ҚАС ҚАҒЫСТЫ Ымдады, белгі берді, мезгеп нұсқады. Мұқаш пен мырза Шапен старшиналар Ояздың табағына тағам салып, Тақсырға қалай етсек ұнаймыз деп, Біріне отыр қасын бірі қағып (Т. Ж.).

ҚАСҚАЛДАҚТЫҢ ҚАНЫНДАЙ Аздығынан (сирек ұшырасар тапшылығынан) қадір тұтылатын затқа айтылады. Жақсы көріп жанындай Тракторын баптаған, Қасқалдақтың қанындай Қасық майын сақтаған (Жамбыл). Балым бәйбіше Салқаш Сарымен екеуі қасқалдақтың қанындай етіп құйып, шай ішуге кірісті (Х. Е.).

ҚАСҚА МЕН ЖАЙСАҢ к ө н е. Елдің әкім-жақсылары, ығай мен сығай. Осын-

ша жұрттың ортасынан Аумады жанға назары, Жердің жүзін шаңдатты Жиылған қоршап адамы, Қасқа мен жайсаң, бектердің Таусылды ақыл-амалы (ҚамБ). Қасқа мен жайсаңдардың мәжілісін талқандап, көп жөніне кетті. Үйде қызыл қанға боялып оқыған жігіт жатыр (Ғ. Мұс.).

ҚАС ҚАРАЙДЫ **○** **ҚАС ҚАРАЙЫП**, **ЫМЫРТ ЖАБЫЛДЫ** **○** **ЫМЫРТ ЖАВЫЛЫП**, **ҚАС ҚАРАЙДЫ** Кешқұрым қараңғы түсу мезеті туралы айтылады. Жақыпбек сол күні ымырт жабылып, қас қарайғанша колхозды ауылды аралаумен болды (Ғ. Мұс.). Мұраттар барлауға шыққанда әбден қас қарайды. Соғыстың гүрлі бәсең тарғып, алыстан барады (Т. А.). Қас қарайып, ымырт жабылған кезде баяғы алты аққу Кендебайдың төбесінен алты айналып ұшып, жақындап келеді (ҚЕ).

ҚАС ҚЫЛҒАНДА [-И] Жорта, әдейі істегендей. Ой, көк түйкен келгірдің жаңбыры! Енді, қарашы, қас қылғандай бір тамбай, аспан айналып жерге түсіп барады (Б. Қыл.).

ҚАС ҚЫЛДЫ Дұшпандық істеді; зарар келтірді. Ерлікпенен алданып, өзіме-өзім қас қылдым (АӘ). Қос боз ат келіп қалды ылды түсіп, Таласып, кезек озып, желдей есіп. Күреңге әлде біреу қас қылды ма? Бекер-ақ жіберіпсіз оны қосып (И. Б.).

ҚАС ҚЫРАН Шын қыран, нағыз қыран. Қас қыранды қақтарда сал (АТ).

ҚАСҚЫРДАЙ АНТАЛАДЫ Жапа-тармағай, ашқарақтана дүрсе ұмтылды. Қасқырдай анталаған жау. Жадыраған жаз күні көк ала түтінге булығып, мүлгіген қалың орман қаралы арудай шағын жайып, жер де, аспан да гүрс-гүрс етеді (СҚ).

ҚАСҚЫРДЫҢ АРТҚЫ СИРАҒЫНДАЙ ЖЕК КӨРДІ д и а л. Иттің етінен де жек көрді. Біреуге бір нәрсе десең, қасқырдың артқы сирағындай жек көреді (Жамб., ШУ).

ҚАСҚЫР ЖҮРЕКТІ Беті ештеңеден қайтпайтын бағыл, қайсар, жүрек жұтқан. Қазақтың «жүректісі» айтқанына тұрғыш, бойын жамандықтан тез жиып алғыш, көптің сонынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жаран жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз (Абай).

ҚАСҚЫР ТАРТТЫ Қасқырдың малды майып етуі туралы айтылады. Өзге ат дәмсіз болды ма, жабағы неге сойғансыңдар? — деді Қазанғап жылқышыларға. Қасқыр тартып кеткен соң, сойып алдық — деді Баубек (Ғ. Мұс.). Қасқыр тартып қан шықса, Жаман ит жұлып жей берер Алды-артына қарамас (Д. В.).

ҚАСҚЫР ШАПҚАН ҚОЙДАЙ БОЛДЫ Тоз-тозы шықты, быт-шыт болды. Қасқыр шапқан қойдайын Быт-шыт қылып ара-

сын, Қанат сілтеп самғайын Құртуға жау қарасын (Жамбыл).

ҚАСҚЫР ТИДІ [ШАПТЫ] *Бөрінің, ит-құстың малға маза бермеуі туралы айтылады.* Малшылардың қойларына қасқыр шауып, жылқыларын ұры алып, маза бермейді (ҚЕ).

ҚАС МАҢҒАЗ *Нағыз кербез, паң.* Адасқанның алды жөн, арты соқпақ, Оларға жөн, арамның сөзін ұқпақ, *Қас маңғаз* малға бөккен кісімініп, Өсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай). Әрі-бері көсіліп, шіреніп, қақырынып, ешкімді елемеген секілденіп, мал біткен *қас маңғаз* екендігін білдіріп болып, біраздан соң:— Е, молдеке, мына бір баламызды, ойын ойнап, киімін жұртқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын,— дейді (С. Т.).

ҚАС [ҚАСА] НАДАН *Тым топас, топастың өзі.* Қара басқан қаңғыған, *Қас надан* нені ұға алсын, Көкірегінде оты бар Құлағын ойлы ер салсын (Абай). Өзі екен қара жүрек *қас наданның*, Қасқырдай көрі қорқау, қанға таңсық (С. Ад.). Қарны тоқ, *қаса надан* ұқлас сөзді, Сөзді ұғар көкірегі болса көзді, Қадірін жақсы сөздің білер жанға Тапшай айтпа оған да айтар кезді (Абай).

ҚАС ПЕН КӨЗДІҢ [ҚАБАҚТЫҢ] АРАСЫНДА *халықтық өлшем.* *Лезде, тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша.*— А—а... Ойпырма-ай, *қас пен көздің арасында* соқыр боп қала жаздадым (З. Қ.). Көңілшек басшылардың көңіл жықпас ниетіне жұртшылықтың қанағаттанбағанын сезген Ырысалды *қас пен қабактың арасында* жан адамға із-түзін білдірмей, табанын жалтыратып отырды (КТ). Басқа бәле тілден деген, Әбікен *қас пен көздің арасында* «қулак» болып, Шұбартаудан Семейге қайтады. Обкомға келеді (С. Төл.).

ҚАС [ҚАСКӨЙ] ТАҒДЫР *Әзелден жолына, тілегіне қарсы келген жазмыш.* *Қас тағдырдай* қасарысқан шөлейт жон, Өзінің жат қылығына мақтанғып (Қ. А.). *Қас тағдырдың* қиқаңына көнбейміз, Ел намысын кескілеспей бермейміз (Қ. А.).

ҚАСТАНДЫҚ [ҚАСТЫҚ] ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ] *Жаманшылық істеді.* Ал, ел еңбегін сүліктей сорып келген байлар, қожа-молдалар колхоз құрылысына *қастандық жасауға* тырысып бақты (М. Ғ.). Мамелов *қастандық жасады* деген пікір бастан-аяқ ойдан шығарылған (М. И.). Мен саған енді қайтып *қастық қылмаймын*,— дейді қасқыр (ҚЕ).

ҚАСТЕРІН ТІКТИ *Қастық ойлады, өшікті.* Ол саған *қастерін тигіп* жүр. Түрмешілер Өмірге өзгеше *қастерін тигіп* қалып еді (Орал: Жым., Чап.).

ҚАС ТҰТТЫ *Жауым деп есептеді.* Бақ құсы ұшып баоынан, Бас бармағын шай-

нады. *Қас тұтам* деп қарттарды, Бола алмады пайдалы (Т. І.).

ҚАСТЫҚ [ҚАСТАНДЫҚ] ОЙЛАДЫ *Біреуге зиян істегісі келді; орға жықты, жаулық қылды.* Халыққа *қастық ойласа*, Қара тас басар кеудесін (Жамбыл). Саған *қастандық ойлап* жүрсе, өз обалы өзіне (АТ). Саған *қастық ойлағанның* арқасына алты қотыр шықсын, Желкесіне жеті қотыр шықсын, Шаңырағы шарт етіп, шабына кеп қадалсын, Босағасы борт етіп, борбайына қадалсын (АӘ).

ҚАСЫҚ ҚАН ҚАЛҒАНША *Жан-тәнін аямай, ақырғы демі біткенше, өмірінің ең ақырғы сағатына дейін.* Қалғанша *қасық қаным* қару алып, Қорған боп тұрам, баурым, тұрағыңа (Ү. К.). Кеңес үкіметінің жұмысына *қасық қаным қалғанша* дайынмын деп белсенділік көрсететіні де бар (Б. М.).

ҚАСЫҚ ҚАНЫ ЖОҚ *Беті құп-қу, сұрланып кеткен.* Өзіміздің жауынгерді аударып басын сүйейтбөрсем, бетінде *қасық қаны жоқ* (Б. Мом.).

ҚАСЫҚ [-ТАЙ] ҚАНЫН ҚИДЫ *Өлтірмеді, тірі қалдырды, жанын қиды.* Ағатайлар-ай *қиыңдар қасықтай қанымды!* Не айтқандарыңды істейін,— деп Тілеген жылап қоя берді (С. М.). Өкем менің жас жанымды, *қасықтай қанымды* бір сағатқа қиысың...— деп рұқсат сұрайды (ҚЕ).

ҚАСЫҚТАЙ ҚАР, ТОВЫҚТАЙ ТОҢ ҚАЛМАЙДЫ *Қыс белгісінен дәнеңе қалмады деген мағынада.* Биыл қыс көп созылған жоқ, көктем ерте түсіп, *қасықтай қар, тобықтай тоң* қалдырмады (АТ).

ҚАСЫҚТАП [ТЫРНАҚТАП, ТІРНЕКТЕП] ЖИДЫ *Аз-аздан тырбанып жиды.* Тәубе қылмай жасымда, Қанша бала болады, Қиямет түн басымда, *Қасықтап жиған* көп малым Қалды менің артымда (Ш. Қ.).

ҚАСЫҚТАП ЖИҒАНЫН ШӨМШІТЕП ТӨКТИ [ШАШТЫ] *Аздап болса да, еңбекпен ұзақ жиғанды көл-көсір етіп, тез құртты.* *Қасықтап жинап, шөміштеп төккен* (Мақал).

ҚАСЫМХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ *көне.* *Ел арасындағы қалыптасып кеткен жол-жора.* Кеңгірбай, Қараменде, Құнанбайдың айтуларынан жазылып алынған «*Қасымханның қасқа жолы*» ... дейтін орта ғасырдағы қазақ қауымының жұртшылық заңдарымен орыс ғалымдарын таныстырмакшы болады (М. Ө.).

ҚАСЫН ТҮЙДІ *Түнгерді, түнжырады.* Тұманның бозғылт бұлты бүркіп жасын, Түнжырап табиғат та *түйген қасын*, Толқынның шеруіне құлак тосып, Бір терең ой үстінде келеді ақын (Ө. С.).

ҚАСЫН ТІКТИ *Қастықпен көз тікті.* Жанталасқан жауың бар, *Қасын тіккен* ол саған (Жамбыл).

ҚАСІРЕТ [ҚАЙҒЫ, УАЙЫМ] БАСТЫ [ТАПТЫ, ТАРТТЫ, ШЕКТИ] © ҚАСІРЕТ-

КЕ [ҚАЙҒЫҒА, УАЙЫМҒА] БАТТЫ ○ ҚҰСА ТАРТТЫ [ШЕКТІ] ○ ҚАСІРЕТПЕН ҚАН ЖҰТТЫ [ҚҰСТЫ] *Қайғы азабына түсті.* Айшаның қабағы ауыр қайғымен түйіліп, еңсесін *қасірет басқан* сияқты еді (С. С.). Шаттансам, *қасірет тартсам*, жүдеп-арып, Еріксіз шығушы едің көкірек жарып, Табиғат өзгелерден өзгеше боп, Жат туған бұл дүниеге мен бір ғаріп (С. С.). Жоқтады өксіп күллі елі, Нар досын, Ұлын, басшысын. *Қасірет шеккен* біледі, Көз жасы құрғыр ащысын (Ж. М.). Көп талып қайғыланба жатқаныңа *Қасіретін* сұм тұрмыстың *тапқаныңа*, Адам-ақ, мысалында, ауру-тұзақ Кім түспес жауыз тұрмыс қақпанына (Ш. И.). Онан кейін маған ендігі жарық дүниенің керегі жоқ деп, *қасіретпен қан құсып* жатыр (ҚЕ).

КАТА [КАТЕ] БАСТЫ *Қателесті, жаңылысты, аяғын шалыс, жаза басты.* Суреттеймін деп, әлгі Атнабаров оңбаған ойдан көп қосып жіберіп еді. *Қата басып* бүлдірген болдық қой (М. И.). Осиптің ойыны оңай емес. Сөл аз ғана *қате басса*, ол минутында жанын алуға ажал аңдып тұр (С. Шәр.).

ҚАТАЛАП ҚАЛДЫ *Қатты шөлдеді, сусады.* Манағы көк серкені тұтас жұтам деп *қаталап қалдың* ба, мен саған су емес, керенді ішкізермін (Ә. С.).

ҚАТАЛ БОЛДЫ [ТИДІ] *Мейірімсіз болды, аяушылық жасамады, қаһары қатты болды.* Жауға *қатал болайық*, Халық қаһарын салайық, Көгермей басын өзгілеп, Улы тісін қағайық (Жамбыл). Сөз айтты, суытып жүз, сұнбай мойын, Қол жинап, жау боларлық білдірді ойын. Қосылып Хақан менен Кей-Қысырау, Халқына *қатал титп*, көрсетті «ойын» (РД).

ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫ *Терезесі тең болды; топқа кірді.* Мұның ішінде Ерғалидың тіршілігіне тілектес, Ерғали арқылы *қатарға қосылып* келе жатқан талай пысықтар да бар (Б. М.). Жарыққа шығып, міне, енді, *Қатарға* келіп *қосылып*, Кезек келді сөз сөйлер (Ай. Т.).

ҚАТАРДЫ БҰЗДЫ 1. *Сиқын алды, саптан шықты.* Мынау жарастықты, *қатарды бұзбай*, кейін тұра тұр, жаным (АТ). 2. *Бірлікті бұзды.* Жақыннан жатқа баруға, Көптен жалғыз қалуға, *Бұзғалы* тұрмыз *қатарды*, Терезесіз, түндіксіз Білсекші көрде жатарды (Ә. Тәң.).

ҚАТАР ӨСКЕН *Жасы шамалас, замандас.* *Қатар өскен* құрбысы, қазақ әдетін құса — жеңгесі, неге Демешті қызықтамайды (З. Ш.). — Мен ол кісіні соғыстан бұрын білетінмін: көрші ауылдың жігіті де, *қатар өсті*. Мен сегізінші класста оқығанда, ол ауыл Советтің хатшысы болатын (З. Ш.).

ҚАТАРЫ ӨСТІ *Саны артты, көбейді.* *Қатарымыз* күнде өсіп, Қамалымыз бекінген. Дүние тұр тілдесіп Москвамен (С. Мәу.).

ҚАТ БОЛДЫ *Мұқтаж болды, зәру болды.* Сатушы ауданда жатып алды. Дүниенің ең арзаны сіріңкеге *қат боп* отырмыз (К. О.).

ҚАТЕР [ХАУИП] ТӨНДІ [ТУДЫ] *Қиыншылық жағдайға тап болды.* Жануардың иығынан ер түспеді. Тортөбел де аунасын, біраз шалсын. Бірақ, менің бағым бар, — *қатер туса*, Арашалап алатын досым барсың (С. М.).

ҚАТЕРІНЕ АЛДЫ *Есіне түсірді, ойына алды.* Ол осы сөтте үлкен жанды әйелдің уақ әйелдік сезімінен де алыс тұрмайтынын *қатеріне алды* (І. Е.).

ҚАТЕРІҢ [ҚАПЕРІҢ] ЖАН БОЛСЫН *Қам желе, иманың кәміл болсын, имандай сен.* («Қатер» — араб сөзі: хауіп, кәдік, қорқу мағынасында. Ауызекі тілде «қатерің жанбасын» түрінде де айтылады). Шырағым, *қатерің жан болсын*, Өзіңдей көр. Бір атты бағып берерміз (АТ).

ҚАТҚАН ҚАБАҚ *Қана шеккен күй, хал-жағдай туралы айтылады.* Сағым басып сарылған Қай күйде екен сары бел. *Қабағы қатқан* алыста Қай күйде екен қайғылы ел (С. Б.). *Қатқан қабақ*, ызғар көз, Кекесін күлкі, шаншу сөз, Жақынның да болса, жаннан без (АӘ).

ҚАТТАП АЙДАУ д и а л. *Топтап, регретімен айдау.* Колхоз малын бес *қаттап айдау* керек (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАТШӨП ҚЫЛДЫ д и а л. *Несие алды.* Ешкі еті қымбат емес, өзіміз *қатшөп қылып* алып жедік (Қ. Орда, Арал).

ҚАТТЫ КЕЛДІ *Ашуланды, ұрысты.* Төлеу ана жолы киім тұсындағы реніштен кейін қарындасына *қатты келе* алмай, жүзі тайып, жасқаншақтай беретінді (Ә. Н.).

ҚАТТЫ КІСІ 1. *Мінезі қатал кісі.* Томырық *қатты кісі*, иіле қояр ма? (АТ). 2. *Сараң кісі.* Қолынан қайыр бермес *қатты кісі* (АТ).

ҚАТТЫ СӨЗ *Жанға батар тік сөз.* Бексұлтанның жасы үлкендігін сыйлап, бір жағынан *қатты сөз* айтуға қаймыққан да секілді (Ғ. С.).

ҚАТЫМ ОҚЫДЫ [ТҮСІРДІ, ҚЫЛДЫ] ○ ҚҰРАН ТҮСІРДІ к ө н е. *Өлген кісіге арнап, құранды бастан-аяқ оқып шықты.* («Қатым» — араб сөзі: бітіру, түгесу мағынасында). Келсе балам басыма, *қатым қылсын* артыма. Жетімдікке көндірді Жұдырықтай жасында (Ш. Қ.).

ҚАТЫН АЛДЫ *Үйленді, әйел алды.* Қайын бардық, *Қатын алдық*, Енші тиді аз ғана (Абай). Мұстапа — бойдақ, кедей біраз тұрған, Кәсібін күннен күнге тәңрі оңғарған. Аздан соң *қатын алып*, үй салғызып, Шаһарда сенімдінің бірі болған (Абай).

ҚАТЫН-БАЛАҢ ШУЛАП ҚАЛҒЫРІ қ а р ғ ы с. *Әйел, бала-шағаң жетім-жесір*

болсын! Тағы бір ылаң! Жұлының үзілсін, Мекеш! Көктей сол, Мекеш! Құдай бұл қандай пәле! Қатын-балаң шулап қалғыр, шулатты ма? (Ғ. Мұс.).

ҚАТЫН-БАЛАСЫ ЗАРЛАДЫ Бала-шағасы, үрім-бұтақ, зәузаты жылап қалды, қайғыға батты. Қатын-балаң зарласын. Басыңа қиын іс түссе, Қасыңа ешкім бармасын (ҚЖ).

ҚАТЫННЫҢ ҚЫРЫҚ ЖАНЫ БАР Шыдамды, қабырғасы қайыспайды деген мағынада айтылады.

ҚАТЫН ӨЛДІ — ҚАМШЫНЫҢ САБЫ СЫНДЫ Ескі салт бойынша, әйелдің өлгені ұстаған қамшының сабы сынғанындай-ақ реніш-салмақ туғызады, көп қайғырма деген ұғымдағы көңіл айту. — Қатыны өлген қандай болады? — Әй, менің Қарашым өлген бола ма? — деп Жиренше қатты күйініп, қамшысын таянғанда, қамшының сабы орғасынан шарт кетіпті. «Қатын өлді — қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен (ШС).

ҚАТЫН ӨСЕК Алып қашты лақап сөз. Кейде көпке жанасы жоқ, жә біреудің жайын ертегілейді, кейде көзі жетпеген бір қатын өсекті қойып қалады (С. Д.). Еріккен немелер, ерігіп жүреді де, қатын өсектің отына май құйып, біз сияқтыларды тамыздық еткісі келеді, — деді Қазыбек (Ө. Ә.).

ҚАТЫНЫ [ӘЙЕЛІ] КҮМӘНДІ к ө н е. Әйелі екі қабат, аяғы ауыр. Менің дағы әйелім күмәнді еді (ҚКВС).

ҚАУ БОЛДЫ д и а л. 1. Қауым болды. Ілгеріде олар бір қау болған (Қ. орда, Арал). 2. Қоршады, алдын орап жібермеді. Дүйсебай шабандоз мәреге қарай атты қанша бұрса да, көлденең көпшілік алдына қау болып, өткізбей-ақ қойды (АТ).

ҚАУҒА БАС Келіссіз үлкен бас. Қатты ұйқытап кетіпін, — деді қауға бас қазақ өкіл. — Мен де, — деді қасындағысы (І. Ж.).

ҚАУҒА СҮТТІ БОЛСЫН Құдықтан су алып, малды суарып тұрған кісіге айтылатын тілек.

ҚАУҒА ТИГЕН ӨРТТЕЙ Тым екпінді, қайсар, алғыр кісі туралы айтылады. («Қау» — құрғақ, тұтанғыш өсімдік). Қауға тиген өрттей жайнап барады ғой мына пәле (АТ).

ҚАУЕСЕТ ХАБАР Суық сөз, алып қашпа әңгіме. Ханның тоқал алуы жұртқа бөлендей қауесет хабар емес, бірақ, осы суық сөзден Байтабын біреу қойнына жылан салып жібергендей ыршып түсіп, өзінен-өзі сенделіп барып, жер бауырлап жатып алды (І. Е.).

ҚАУҚАРЫ КЕТТІ [КЕМІДІ, ҚАЙТТЫ] © ҚАУҚАРЫНАН АЙРЫЛДЫ Әлсіреді, күш-қуаты кеміді. Е, бұл бала сыйлы сөзбен сазайымды тарттыруға қарады, —

деп Алдаберген қауқарынан айрылып, жанында жатқан ақ жастыққа жантая кетті (Ө. Н.).

ҚАУЫМ [ҚОҒАМ] БОЛДЫ Бірікті, бас қосып тірлік етті. Ар жағында молланың үлкені жатыр, сол кісіні оята қойыңыз, бәріміз қауым болсақ болайық (ҚЕ). Келіні епті болар, қызы қылықты болар, ағайыны қоғам болар (ШС).

ҚАУЫМ ҚЫЛДЫ д и а л. Ұйғарым, бәтуа жасады. Бәріміз шаш алдырамыз деп әлгілер қауым қылады (Жамб., Шу).

ҚАУЫС ТҰРДЫ д и а л. Жұқа мұз қатты. Қыста шелек бетіне қауыс тұрды (Қ. орда, Арал).

ҚАҒАРҒА МІНДІ © **ҚАҒАР КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ, ТІКТІ, ТӨКТІ, ШАПШТЫ, КЕЛДІ]** Қатты ашуланды, терісіне сыймады. Кешке Нұрлан нағашым үйге келген соң, мен оған мұңымды шақтым. Нағашым қаһарына мінді де, Бөкенді үйден қуып шықты (Ө. С.). Көтеріп дар ағашты Барғу жүрді, Күл-күл ғып кездескенді басын ұрды. Келмеді қасы түгіл, маңына да, Қаһарды көрсеткен соң осы түрлі (РД). Қаһары келген соң, бүйтіп жатқанша бір-жолата өлейін деп, белін қолымен басып қалғанда, бел омыртқасы сырт етіп орнына түсіп кетті (ЕТ). Аспан қаһарының барлығын жерге төгіп болған соң, күн жадырап, шайдай ашылды (Б. Мом.). Көзінен ұшқын өрттей лапылдаған, Жауына қаһар тигіп қатуланған. Отан үшін шайқасқан ауыр күнде, Төксе де өлім хаупі жасымаған (М. Х.). Қаһарын шашып ерлерім Қанына жауды боятқан. Жауыздың қазып көрлерін, Жалғаннан көзін жоғалтқан (Н. В.). Жолбарыстай ыңыранып Қараман қылды қаһарын, Айдаһардай ысықырып Бетіне жайды заһарын (ҚамВ).

ҚАҒАРЫНА КЕЗІКТІ [ТАП БОЛДЫ, ҰШЫРАДЫ, ІЛІКТІ] Ашуға, кернеген ызаға душар болды. Бір түнде екі күнә еткен жасын, Қалайша енді иесі қарғамасын, Кәрінің қаһарына қатты ұшырап, Періште жер бетіне түсті жылап (Ө. Т.).

ҚАШАҚ СИБІР Бірнеше рет қашқан сиыр.

ҚАШАНҒЫ ЖАРАМАЗАН [ЖАРАПАЗАН] АЙТАМЫЗ ДА ЖҮРЕМІЗІ Қашанғы жалынып-жалбарынып, тілек тілеп жүре беремін деген мағынада қолданылады. (Ауыз бекіту, ораза тұту кезеңінде болатын діни салтанат келіп шыққан). Молдаға балаларыңды оқыт, — деп оған қақсағанмен көнбеді. Қашанғы жарамазан айтамыз да жүреміз (АТ).

ҚАШПАҒАН ҚАРА ҚАШАРДЫҢ [СИБІРДЫҢ] УЫЗЫНА ҚАРАТТЫ © **ҚАШПАҒАН ҚАШАРДЫҢ УЫЗЫ** Қолдан келмейтін іске дәмелендірді; бос сөзбен емексітті. Жай әншейін екеуіміз қашпаған қара қашардың уызына мас болған Есбалақтың әсеріне ұқсап тұрмыз (Ө. Ә.).

КАЯУ [ҚАМ] КӨҢІЛ *Қайғы-қасіреті мол, сынық көңіл.* Жолыққан аяулы атқа, ардақты ерге, Неткен жан шыдай алар мұндай шерге. Қашаннан қаяу көңіл сері Ақанға, Қайғырған сияқтанды көк пен жер де (І. Ж.).

КАЯУ САЛДЫ [ТҮСІРДІ] *Көңілді қалдырды, ренжітті.* Осы бір көңілсіз күйкі көріністер жолаушы жанын жүдетіп, көңіліне қаяу салады, біркелкі реңсіз, сұрғылт даладан мезі болған жолаушы көз сүйсінер, көкірекке демеу болар бірдеңе іздейді, бірақ, төңіректен тірлік нышаны білінбейді, сұршықсыз сұр дала (Ә. Нұр.).

ҚИВЫЖЫҚ [ҚИПАҚ] ҚАҚТЫ *Қыпылдады, қуыстанды.* Сабан сыбдырласа да, дір етіп секемденіп қарайды. Қашан ала жөнелер екен деп қивыжық қағып отырмын (Б. С.).

ҚИҒАШ КЕЛДІ *Сәйкеспеді, теріс келді; қарсы болды.* Естіген тәубе қылды жайын, Молдаға қиғаш келсең ол да қиын. Кешегі хор қызындай бүлдіршінге Жынды ғып жегізіпті есек миын (С. Кер.). Мұндай нәрсе халықтың мүддесіне қиғаш келеді, халық ұғымымен үйлеспейді (М. Ғ.).

ҚИҒАШ ҚАС *Сұлу қыз.* Құдайдан жатсам-тұрсам мен тілеймін Пендеңе жолықтыр деп қиғаш қасты (АӘ).

ҚИҒАШ СӨЗ *Қарсы, қыңыр айтылған пікір.* Қиғаш сөз топ ішінде не керек деп, Арыстан түсе берді арасына (АШ). Жұрттың сөзі «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған бармауға тиісті екендігі. Көңілдеріне қиғаш сөз айтқанды дұшпан біледі. Жұрт әбден көтерілген (С. С.).

ҚИҒЫЛЫҚ [ШАТАҚ, ҚИҚАҢ] САЛДЫ [ШЫҒАРДЫ] *Ылаң салды, айтқанға көңісі келмеді; дау туғызды.* Еліңіз бүлінді, мырза. Көп ауыл сол анадағы Аманның хаты бойынша, «Танақөзді ауылнай, Ізбасарды болыс сайлаймыз!» — деп қиғылықты салып жатыр, — деді Байбол (Ғ. Мұс.). Кер езу келіп, кетемін деп шатақ салды (АТ). Шырағым, осы жолы шатақ шығармашы, бәле іздеген жұрт басқа жаққа бұрып өкетер (АТ). Бесір келіп налоқа есеп алды, Қараш «тегін болмас» деп уайымдады, «Ел жайлауға шыққанша айдадың» деп, Папашител Қарашқа қиқаң салды (І. Ж.). Подрядчик қиқаң шығарса, болыс оны түсіріп тастап, басқа біреуді береді (Ғ. М.).

ҚИҒЫР ҚЫЛЫШ *Өте өткір, ұстараның жүзіндей қылыш туралы айтылады.* Жалғыз өркеш нар беріп, Қиғыр қылыш, найза өткір, Сатып алды арзан деп, Көбелі сауыт сайманды (Ы. Ш.).

ҚИҚУ САЛДЫ **ҚИҚУҒА БАСТЫ** *Дабыл қақты, шулады, аттанға басты.* Жылқысында жүрген қандай сақ құлағы болса да, біз қиқу салып тиіп кеткенге шейін, дабырымызды, сарынымызды аңғармай қалатын бір сәт боп тұр! — деді

(М. Ә.). Арттағылар бұл кезде қиқуға басып еді (Б. С.).

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ЗАМАН БОЛДЫ, ҚАРАҒАЙ БАСЫН ШОРТАН ШАЛДЫ *Ел басына туған қиыншылық кез туралы айтылады.* Тар жол, тайғақ кешу, қиын-қыстау заман болды. Қилы-қилы заман болды, қарағай басын шортан шалды демеңді ме Шортанбай, Қарамұраттарға белгілі тұрған шенді мен көре алмадым, — деді Баужан (Ғ. Мұс.).

ҚИМАСЫ ҚЫШЫДЫ *Бүйрегі бұрды; жаны ашыды.* (Араласпайтын орны жоқ, реті жоқ жерде кіріскенде айтылады). Айдалып кеткен байға сенің қимаң неге қышиды (М. Ә.). Ол жас жігітке жарық ерні түріліп, тісін ақситып күліп: Қимаң қышымасын! Үндеме! — деді (Ә. Н.). Мен айтсам, Ерқанның тыққан малын айтам, оған қимаң қышымасын, — деді Дүйсенбай (Б. М.).

ҚИМЫЛДАП ҚАЛДЫ *Қолынан келгенді істеп бақты.* (Бұл жерде қарсыласып, қыр көрсетті деген мағынада айтылып тұр). Сондықтан, қазір халқымның уақтанбай тұрған, жолбарыстай қажырлы кезінде армансыз қимылдап қалуым керек (І. Е.).

ҚИМЫЛЫН АНДЫДЫ [БАҚТЫ] *Биреудің іс-әрекетін бақты.* Кешке жақын Уәли келді. Әшейіндегі сабырлы, сыпайы, сызылып тұратын, көз астымен кісінің қимылын аңдып, өзін өккілеу ұстайтын Уәли емес (Т. А.).

ҚИМЫЛДАҒАН ҚЫР АСАДЫ *Қарап отырмағаның ісі бітеді. Қимылдаған қыр асады* деп, жалғыз да болса өндіріп тастапты (АТ).

ҚИРА КЕЗІКТІ *д и а л.* Қыңыр, қисық. Ол бір қира кезікті адам емес пе (Шығ. Қаз., Вольш.).

ҚИСАБЫНА КӨЗ ЖЕТПЕЙДІ **ҚИСАП ЖОҚ** *Ұшан-теңіз көп, өте мол, есепсіз.* Шалқыған Жаныбек пен Тұрсын, Қанай, Ит-құсты Нұрмағамбет, Досан, Жанай, Солардың қисабына көз жетпейді, Ол түгіл бір Шақандай болсаң қалай (Айтыс). Қаланың халі сұмдық. Сеңдей соқтыққан халық. «Сауданы» жұрт ашық сөйлеп тұр. Ақша іздеген халықта қисап жоқ (С. С.). Әскерлердің бойларына асынып келген қаруларынан басқа, атпен тасып әкелген қаруларының да қисабы жоқ (С. М.).

ҚИСАЙЫП ҚАЛДЫ **1.** *Қыңырланды.* Қолчакқа докпад алып бара жатқан офицер Бекболаттың большевик адамы екенін білген соң-ақ, түсі суып, жөнді жауап бермей қисайып қалған (С. Шәр.). **2.** *Өліп қалды.* Шалдың кемпірі қисайып қалыпты, байқұс (АТ).

ҚИСЫҚ ТӨС *Нар түйе мен інгеннің будандасуынан туған.*

ҚИСЫНЫ [ҚИЮЫ] КЕЛДІ [ТАБЫЛДЫ] *Ыңғайы, реті, сәті түсті.* Балағаздар

кірісті шеткі отауға, Құсанда ой жоқ оларды бағалауға, Қисыны кеп кездесе сөз жүзінде, Бөрі дайын мазактап табалауға (И. В.). Ендігі еңбегі ауыр кара жұмысқа ұсап барады. Сөзден сөз талғап, қисынын келтіре алмай діңкесі құрыды (Т. А.). Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған. Қиуадан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған (Абай).

ҚИСЫНЫ КЕТТІ [ҚАШТЫ] Берекесі, жәні жоқ деген мағынада. Қылығы кеткен ел бағып, Қисыны кеткен сөз бағып, Ендігі атқа мінгендер Күнде ертеңге тоймайды (Абай). Жанған жаным жана берсін, обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын (С. Т.).

ҚИТ [ҚЫБЫР, ҚИП, ТЫРП] ЕТКЕН Аяғын қыя басқан; бір нәрсе деген, ләм-мим деген. Бояма белсенділігің де жоқ емес еді. Қит еткен жанға найза лақтырасың, арғы-бергіні қазбалай, үрім-бұтақ, зауаттарын, өткен-кеткенін қопаратының да бар (С. Төл.). Қарасаң аққан сенді бас айналар, Біз өттік түн ішінде опыр-топыр. Оралған андай болдық мықты торға, Қит етіп бұрылу жоқ оң мен солға (М. С.). Ақыры өмірлік жолдасы болмаққа келіскесін, оның дегеніне көнуің, қит етпеуің керек еді ғой (Ә. Н.).

ҚИЫЛА ҚАРАДЫ Тілек ете, мәлие көз тастады. Сіз түземесеңіз, мезі боламыз дегенді аңғартып, Күдері Елизавета Сергеевнаға қиыла қарап, лебіз күтті (М. И.).

ҚИЫНДАП ҚАЛДЫ д и а л. Қиналып қалды. Өзің қиындап қалма, қалқам! (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚИЫН ҚУАНУ д и а л. Қатты қуану, бар көңілмен қуану (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢ [ШАҚ, ІС, ТҰРМЫС, ӨМІР] Ауыр жағдай, сәт. Жастар өмір талқысын, өмірдің қиын-қыстау кезеңімен, қилы-қилы қалтарысын көре, басынан кешіре, күресе жүріп өседі, шынығады, кемеліне келеді (ЛЖ). Жібектен жауап алмағы Қиын-қыстау іс еді (ҚЖ).

ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРДЫ Орайын келтіріп, үйлестірді. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы, Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы (Абай).

ҚИЫН ТИДІ Жеңіл болмады, қиналды. Ондағы біздің адамдар, Сендердей емес, баландар. Қиын тиді оларға, Аз кісі-ақ қайтып санарға (Абай).

ҚИЫС КЕТПЕДІ Өкшелей соңынан қалмады. Алдыңғы машиналардың ізінен сүйем қиыс кетпей, соның өзінде де қары қалындау жерде отырып қала жаздап, бір «Победа» жетті (Ә. Нұр.).

ҚИЫРДЫҢ ҚЫЛАҢЫНДАЙ ТАП БОЛДЫ д и а л. Ойда жоқта, көктен түскендей тәп болды (Гур., Маң.).

ҚИЫР [ҚИЯН] ШЕТ Ең шалғай, ең алыс жер. Табылды өкпелеуші сонда етке; Лақтырды талай кісі етті бетке; «Ол баста қонақ тойғыз алмасың бар, Неге айттың, ас берем деп қиыр шетке?» (С. Т.).

ҚИЮЫ КЕТТІ [ҚАШТЫ] 1. Ескірді, жұжылды, кенеуі кетті. Немістердің барлық үлгідегі машиналары қиюы кеткен кебеже сияқты (Ә. Н.). Ендігі үй бастығы Бөжеков «саясатын» өзгерте кірісті, қиюы кеткен есік, әйнексіз терезе, қоқыған қора сол бойында қала берді (С. Ад.). 2. Сәті түспеді, орайы келмеді, үйлеспеді, берекесі кетті. Ерлі-зайыптылардың арасының қиюы қашты да, келісімі, жарастығы болмады (Т. А.).

ҚИЯ АЛМАЙДЫ Тастай алмады; қол үзе алмады; айрылмады. Туған жерді қия алмай, Тентекті жеңіп, тыя алмай, Әлі отырмыз ұялмай (Абай). Шыбын жанды қия алмады (АТ).

ҚИЯ БАСПАДЫ Аттап ешқайда шықпады, ешқайда бармады. Айтқанымнан қайтпаймын! Осы қыстаудан қия баспаймын! — депті Байсал (М. Ә.). Ол бос болса, үй маңынан тірі жанды қия бастырып өткізбейді (Б. С.).

ҚИЯ БАСТЫРМАДЫ Ұзатпады, бұлгартпады, бұра аттатпады. Астындағы горы қия бастырған жоқ (АТ).

ҚИЯҒА КӨЗ САЛДЫ ○ **ҚИЯДАН КӨРДІ [ШАЛДЫ] Алысқа қарады, алдын болжады.** Асыл ердің баласы Жауды көрсе шыдамай, Көзін салар қияға. Ермін деген жігітті Кеңшілікте сынама (М. Ә.). Қырағы көз қиядан шалып қалды (АТ).

ҚИЯҚ МҰРТ Жіңішкелеу, әдемі мұрт. Қияқ мұрт, сұрша денесі шағын, жұқа, жасы елуге келіп қалған, өткір кездіктей жылмаңдаған кісі көрінеді (Ғ. Мұс.).

ҚИЯЛҒА БАТТЫ [ШОМДЫ] ○ ҚИЯЛ ШЫРМАДЫ Ойға түсті. Абай жол бойында бар дүниені ұмытып, бір Тоғжанның елесін көз алдына келтіріп, нелер ыстық қиялға батты (М. Ә.).

ҚИЯМЕТ ҚАЙЫМ ○ ҚИЯМЕТ КҮНІ д и н и. 1. Ақыр заман. Қиямет қайым болғанда, әуелі өзін көрмексің! Өтірік айтқан сөзіңнің, Арнасын сонда таба алмай (Д. Б.). Қиямет күні болғанда. Көрсем сонда көргеймін (БЖ). Шырағым, қиямет күні қоңсыдан деген, көршіңмен көңілің жақын болсын деп еді (АТ). 2. Басқа түскен қиын жағдай, ауыр күн. Уа, зорға айналды. Астан-кестен қиямет қайымға екі-ақ елі қалды. Ауылдың жүрегі тас төбесінде (Қ. Тай.).

ҚИЯНАТ ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ, ІСТЕДІ] Әділетсіздік істеді. Исаға Қасымның малын берерде жұрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа» — деген (М. Ә.). Бұл жетімге қиянат жасайтындай, не күн туды (АТ).

ҚИЯННЫҢ ҚИЫНЫНДА *Алыста, қол жетпес жерде. Қиянның қиынында тұрсаңдағы, Қираштап қанатымды қонамдағы... (І. Ж.).*

ҚИЯПАТ ІС [ЖҰМЫС, ҚЫЛЫҚ...] *Қиын; оңайға, оңай ішемге түспейтін. Ал зеңбіректі оқтап, білтесіне от беріп атудың өзі қаншама уақыт алар бір қияпат іс (І. Е.).*

ҚОҒАЛЫ КӨЛДІҢ ҚҰРАҒЫ *Бұл жерде мейлінше жайдары, жұмсақ, жайлы ұғымында айтылып тұр. Жас желектей жайқалған Қыз Жібектің дидары — Қоғалы көлдің құрағы (ҚЖ).*

ҚОЗҒАУ [ТОЛҒАУ] САЛДЫ *Ой түсірді, түрткі болды. Абайжан, менің әнім саған жақсы қозғау салды деуші ең. Сен болсаң, әндегі біздің өзіміз байқамай, елемей жүрген түкпірді апасың (М. Ә.). Мусиннің кейінгі әрекеттері, ол туралы сигналдар да деканға үлкен қозғау салды (З. Қ.). Әуелде кіріп түсіме, Ортақтасып өміріме, Толғау салып ішіме, Сол күні-ақ жақтың көңіліме (Абай).*

ҚОЗДАҒАН ҚОЙДАЙ МАҢЫРАДЫ *Зарлады, еңіреді. Бөйбіше барды аңырап, Қоздаған қойдай маңырап, Қазына аузын ашқалы, Таратты алтын, күмістен Қалғанынша мысқалы (АБ).*

ҚОЗЫДАЙ КӨГЕНДЕДІ *Шетінен тізді, танауынан тізді. Үйелмелі-сүйелмелі балаларын қозыдай көгендеп үйіне тастап, өзі отын-суға кетті (АТ).*

ҚОЗЫДАЙ МАҢЫРАП ТАБЫСТЫ *Шұрқырасып жолықты. Анасыменен балалар қозыдай маңырап табысты (МЗ).*

ҚОЗЫ ЖАУЫРЫН ЖЕБЕ [ҚҰ ЖЕБЕ] *○ ҚОЗЫ ЖАУЫРЫН ОҚ* *к ө не. Садақтың оғы. Толғамалап қолыңа ал Қозы жауырын жебені (ҚЖ). Алты қырлы ақ мылтық, Ата алмасам, маған серт. Қозы жауырын құ жебе, Тарта алмасам, маған серт! (ЕТ). Қозы жауырын оқ алмай, Атқан оғы жоғалмай, Балдағы алтын құрыш болат, Балдағынан қанға боялмай (М. Ә.).*

ҚОЗЫ КӨГЕНІНДЕЙ ЖЕР *«Арқан бойы», «желі бойы» деген сияқты халықтық өлшем. Үйден қозы көгеніндей жер ұзап шыға берді де, «осы ештеңе ұмытқан жоқпын ба?»— деп ойлап аттың басын тартып тұра қалды (Ә. Н.).*

ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯНДАЙ *Бірінбірі өте жақсы көретін адамдар, немесе ерлі-зайыптылар, сертке берік ғашықтар туралы айтылады. Қозы Көрпеш — Баяндай Бір молада өлсем-ай (Ә. Найм.).*

ҚОЗЫ КӨШ ЖЕР *х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Қозы өрісіндей қашықтық. Ұлжан аулы және соның қасында Абай аулы Вайқошкарда. Осыдан қозы көш жерде болатын (М. Ә.). Қолын ұзақ жайып, тілеу тілеп қалған ақ бас әкесін Аман қозы көш жер ұзағанша көріп бара жатты (Ғ. Мұс.).*

ҚОЗЫ ҚҰЙРЫҚ ҚЫЛДЫ *Діңжесін құртты, сілелетті. Ваяулап, бәсеңдеді соғыс шуы, Бұрқырап тау көбелеп шаң қуғаны, Беседі тозғындаған қашқан шеркес, Қылады қозы құйрық оны қуып (І. Ж.).*

ҚОЙ АСЫҒЫН ҚОЛЫҢА АЛ [ҚОЙ АСЫҒЫ ДЕМЕГІН] ҚОЛАЙЫҢА ЖАҚСА, САҚА ҚОЙ *Жасына қарамай, ақылына, қабілетіне қара; ыңғайы келсе, көңіліңнен шықса. Болмаса, қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой. Жақпаса, билігінді өзің айт (М. Ә.). Қой асығы демегін, қолайыңа жақса, сақа қой деп, кімнің кімі барында ма мәселе, әлде кімнің кімінде ме? (АТ).*

ҚОЙ АУЗЫНАН ШӨП АЛМАЙДЫ ○ ҚОЙДАЙ ЖУАС ○ ҚОЙДАН ҚОҢЫР ○ ҚОЙДАН ҚОҢЫР, ЖЫЛҚЫДАН ТОРЫ ○ ҚОЙ МІНЕЗ *Момын; жуас адам. Қой аузынан шөп алмас, Қоңырқай момын мен болам (Н. Б.). Ол өзі қой аузынан шөп алмайтын момын екен, еш уақытта да бір адамға: «Сені ме!» деген қатты сөз айтпапты (ҚЕ). Құдайға шүкір, қойдан жуас, момақан ғана еліміз бар (Б. М.). Қаруын тартып алсаң, немістер қойдан да жуас болады екен (Ә. Ә.). Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең, Адалдыққа бар елдің зоры Бөкең (Абай). Жасаң сенің — қойдан қоңыр мінезің, Әлдекімге артық болдың бір өзің. Өмірге сен өгей болып туғансың, Туған күні-ақ жаспен бетті жуғансың (С. Б.). Дауылдат! Дауыл, дабыл қақ! Ұшықта! Шалқыт, ұшыршы! Ұшқыр, ұшта, Дамылдат, Ойдағы жерге түсірші! Ойда бар Білем... Бейбіт ел; Онда бар, Білем... Қой мінез Ертерек сонда жетелік (І. Ж.).*

ҚОЙ БАСТЫ *Киіз басқанда істелетін салт, ырым. (Ойынның түрі: киізді домалатып барған үй қалайда сый тартуы керек). Қазақтың халықтық «киіз басу» биі, «қой басты» ойыны, т. б. еңбектің өзіне тән ерекшелігіне байланысты өз кезінде туған салт-дәстүрлері болды (С. Қ.).*

ҚОЙ БАСЫНДАЙ ДІЛДА *Алыс-беріске жұмсалатын алтын. Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, қой басындай ділда алайын, сонан соң екеуіміз қашайық (ҚЕ).*

ҚОЙ БОҒЫНДАЙ ҚОРҒАСЫН *Мылтықтың оғы. Төлеген сынды мырзаның Қанын судай пашады, Қой боғындай қорғасын Ажал болып жабысты (ҚЖ).*

ҚОЙ БОЛДЫ ○ ҚОЙ БОЛДЫҒА САЛДЫ [АЙНАЛДЫ] *Басын бастап, аяғын сыыр құйымшақтандырып жіберді, созбұйдаға салды. Өнер тұтса, жақсы ғой. Өсе келе қой болды боп жүрмесе — деді Жақия (М. И.). Сенің аспирантураң да қой болды болып кетті (Т. Н.). Тасболат қызыл қыпш оңайлықпен сенің қолыңа түсе қояр, піркін! — деді сол шетте отырған біреу Біләлді кекетпай, — көрерміз, сәндік іздеп жүргенде, осы шаруаның аяғы қой болды-ға айналады, әлі (С. О.).*

ҚОЙҒА КЕЛГЕН ЕШКІДЕЙ БОЛДЫ д и а л. *Жағырқады, жағ көрді.* Бірінің тіліне бірі түсінбеген соң, *қойға келген ешкідей* болады дағы (Гур., Ман.).

ҚОЙҒА ШАПҚАН ҚАСҚЫРДАЙ *Қырып-жойып, тас-талқан қылу туралы айтылады.* Түнде *қойға шапқан қасқырдай*, ол әдетте Орта Азия хандарының бөтен елге жорыққа кеткен кезін аңдып тұратын (І. Е.).

ҚОЙДАЙ БӨРІКТІРДІ *У-шу, азан-казан еткенде, дүрліктіре зобалаң салғанда айтылады.* Бала-шағаны қасқыр тиген *қойдай бөріктіріп* қуа жөнелген несі (АТ).

ҚОЙДАЙ ЖУСАТТЫ *Дегенінше жағқызып-тұрғызып биледі.* Жан біткен еріп соңынан, Он сан алаш баласын, *Жусатып қойдай* өргізіп, Жұмсап жүрсің қолыңнан (В. Қ.).

ҚОЙДАЙ ҚЫРДЫ *Қан-жоса етті, жайратып салды.* Лапылдатып жүрегінде өшпенділік Кегімен әділеттік жауды бұрып, Жүреді алға қарай жауынгерлер, Кесапат немістерді *қойдай қырып* (Қ. Сат.). Он жеті күнде қалмақ ханның әскерін *қойдай қырып*, өзін өлтіріп, елін көндіріп, Шын-темірге қаратып, елге келеді (ҚЕ).

ҚОЙДАЙ ӨРГІЗІП, ҚОЗЫДАЙ КӨГЕНДЕДІ *Дегеніне көндіріп ұстады.*

ҚОЙДАЙ ӨРДІ *Қаптады; шұбатыла, лек-легімен жөнелді.* Байғұстың үсті құжынаған бит екен, көйлегін шешіп еді, *қойдай өріп* кетті (ҚЕ). Біздің елде борсық, түлкі дегенің *қойдай өреді* (АТ).

ҚОЙДАЙ ТОҒЫТТЫ *Үйіріп айдап салды.* Еділ, Жайық суына Жауын *қойдай тоғытып*, Ор текедей орғытып, Жауды жеңбей тынбады (Жамбыл). Сарқырап жатқан өзенге *Тоғытты қойдай* немісті (Қ. А.).

ҚОЙДАЙ ШУЛАДЫ *Қайғы-зарға бағып, азан-казан болды.* Жолдастарыңыз артыңда *Қойдай шулап* қалмасын (БЖ).

ҚОЙ КӨЗ [-ДІ] *Қоңыр көз.* Алыстағы сонау Арқада, айналасын марқа таулар қоршаған боз даланың шығыс жақ жиегіндей сары молалы бұлақ. Сол молалы бұлақ басындағы күмбезді тамның ішіне жерленген менің *қой көзді*, шексіз мұңды, шерлі анам! (Ә. К.). Әдемі иілген қара қасын сәнмен керіп, ұзын кірпігі көлегейлеген дөңгелекше *қой көзін* келіншек жаққа тігіпті (Ә. Кек.).

ҚОЙ КҮЙЕКТЕН [ҚОШҚАРДАН] **ШЫҚТЫ** *Қой ұрықтанды.* Межелі уақытта *қойдың* бәрі *күйектен шығып* болды (АТ).

ҚОЙ МОЙЫНДЫ *Қойдың мойны сияқты.* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, *Қой мойынды*, қоян жақ, бөкен қабақ. Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ (Абай).

ҚОЙНЫ-ҚОЛТЫҒЫНА [ҚОНЫШЫНА] **КІРДІ** **○** **ҚОЛТЫҒЫНА** **КІРДІ** *Жа-*

ғымпазданды. Көшіп келмей жатып, Төңірбергеннің *қойны-қонышына кіріп* алған (Ә. Н.). Жымылып жүріп, бастықтың *қолтығына кіріп* алды. Оған сөз айтып көр енді (АТ).

ҚОЙНЫ-ҚОНЫШЫНА ТЫҚТЫ *Барлық қалта-құлғасын лық толтырды.* Абай өзінің артына бектерген үлкен қоржынның екі басы әбден сықап толған соң, содан асқан нәрселерді Бізғұттының *қойны-қонышына тыққызып* алып, кеш бата әкесінің қасына қайта кеп еді (М. Ә.).

ҚОЙНЫНА БАРДЫ [КІРДІ, ЕНДІ] *Әйелдің төсегіне барды, жақындасып қойды.* «Алуаның *қойнына бардым.* Талай жыл көнбей жүруші еді. Соңғы күндер мойның қайырдым...» деген Қоңқайдың мақтанған сөзін Жанұзаққа жеткізді (М. Ә.). Қайдан білдің, Жібек-ау, Іздеп келген Төлеген, Мал беріп сені алмасын, Әлі *қойыныңа енбесін* (ҚЖ).

ҚОЙНЫНА ЖЫЛАН САЛЫП ЖІБЕРГЕНДЕЙ ЫРШЫДЫ [ҚОРЫҚТЫ, ШОШЫДЫ] *Шоршып түсті, қатғы тіксінді.* Осы суық сөзден Байтабын біреу *қойнына жылан салып жібергендей ыршып* түсті (І. Е.).

ҚОЙНЫНАН КІРЕДІ, ҚОНЫШЫНАН ШЫҒАДЫ *Бұл жерде тым еркін қимылды білдіріп тұр.* Төр алдына бара бергенінде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі екі жеңінен кіреді, *қойныңнан шығады, қойныңнан кіреді, қонышыңнан шығады* (ҚЕ).

ҚОЙНЫНА ТАС ТЫҚТЫ *Арамдық ойлады, қастық ойлады.* Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары. Біріне-бірі қастыққа *Қойнына тыққан тастары* (Абай).

ҚОЙНЫН АШТЫ *Жақын тартты, құшақ жайып қарсы алды.* Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға *қойнын ашып*, малын шашып жүр (Абай). Машина жақындаған сайын, қала да *қойнын ашып*, көшелері кеңі берді (З. Ш.).

ҚОЙНЫНДА ТАСЫ **ВАР** *Өші бар, кегі бар.* (Ойы арам кісі туралы айтылады).

ҚОЙ ТҰЯҚ ЖАМБЫ *Қой тұяғындай құйылған күміс, қазына-мүлік.* «Бесік жамбы», «ат бас жамбы», «қос бас жамбы», «тай тұяқ жамбы», «қой тұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды (С. Қ.).

ҚОЙ ТІС *Уақ тіс.* Жақып насыбайын алып атты, түкірігін ұсақ *қой тістерінің* арасынан жібергенде, жіп-жіңішке боп созылып, есік пен төрдей жерге кетті (Ғ. Мұс.).

ҚОЙ ҮСТІНЕ ВОЗ ТОРҒАЙ ЖҰМЫРТ-ҚАЛАДЫ [ҰЯЛАДЫ] *Тыныштық, бейбіт заман орнады.* Асан қайғы желмаға мініп, жиһан кезіп, «Жер ұйық» дейтін ну орманды, көк орай шалғынды, сулы жер,

қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді (ҚЕ).

ҚОЙША ЖУСАП ТЫҢДАДЫ *Именіп, жасқана құлақ тұрді... Бұрынғы ұлықтардың сөзін олар қорыққанынан қойша жусап тыңдайтын (АТ).*

ҚОЙЫҢҒА ШАЙТАН КІРДІ *Алдамшыға ерді, эзәзілдің жетегінде кетті. Шайтан кірсе қойыңға, Қылыш жетер мойыңға (БЖ).*

ҚОЙЫ ТАУҒА ЖАЙЫЛЫП ЖАТТЫ *диал. Шаруасы сай, тұрмысы жақсы. Шақидың қойы тауға жайылып жатқан адам (Түрікм.: Ашх., Таш., Көне Ұр., Тахта, Тедж.).*

ҚОЙ ШІНДЕГІ МАРҚА *Өте жарамды, ерекше арғыш деген мағынада. Қой ішінде марқа-ды, Омырау толған алқа-ды. Қайын енем атғын айтайын, Алпыс жасар Қамқа-ды (ҚЖ).*

ҚОҚАН-ЛОҚЫ ЖАСАДЫ [КӨРСЕТ-ТІ] *Жорға үрейін алды, зәресін кетірді, сырттай шошытты. Оның қоқан-лоқы жасауынан именбеймін (АТ). Қордабай таласты. Қоқан-лоқымен ықтырам ба деп, Балуанға әр пәлесінің шетін шығарып еді, оған ығысқан Балуан жоқ (С. М.).*

ҚОЛАҚПАНДАЙ ҮЛКЕН *Еңгезердей, сойдауыттай. Нұрғали орнынан буыны дірілдей тұрды. Комиссияның алдына барғанда өңі қу шүберектей еді, қолақпандай үлкен болса да, құр сүлдері тұрғанын Ергали сезсе керек (Ғ. Мұс.).*

ҚОЛ АЛДЫ [АЛЫСТЫ, КАҒЫСТЫ] *Келісті, уәделесті, сертесті. Айып менде екен. Жесір сендердікі, қалың мал беріп, қарғы бау жеген, құдай десіп қол алысқан құда екендерің де рас (Ш. Х.). Алла хақы деген соң, амал да жоқ, Барайын деп уәде етіп қол қағысты (Абай).*

ҚОЛ АЛЫСЫП, ТӨС СОҒЫСЫП ДОС БОЛДЫ *Алғтасып, айырылмастай жолдас болды. Сонымен бұл екеуі [Жандыбатыр мен дәу екеуі] қол алысып, төс соғысып дос болады (ҚЕ).*

ҚОЛАМТА МІНЕЗ *Ашық-жарқындығы жоқ түйық мінез. Ыстық-суығы жоқ қоламта мінез жалықтыратын да болар (Т. А.).*

ҚОЛАМТАСЫН БЫҚСЫТТЫ [ҚОЗДАТТЫ] *Бір нәрсенің шетін шығарып, сөз тұртпек жасады. Олардың кейбір теоретиктері алашорда автономиясын құруын ойлап, ұлтшылдықтың қоламтасын қоздатты (М. Баз.).*

ҚОЛАҢ ШАШ **ҚОЛАҢ ҚАРА ШАШ** **ҚОҢЫР ҚОЛАҢ ШАШ** **ҚОЛАҢ ҚАРА БҰЙРА ШАШ** *Қою қара шаш. Қоңыр қолаң шашты, жаудыраған бота көзді Лида дейтін қыз жұрттың бәрінен мықты болды (Т. А.). Әбіш, әсіресе, Мағыштың қолаң қара бұйра шашын, білектей бұрымын ашқанды тілейді (М. Ә.).*

Ай жүзіне қыс ызғар, жаз шаң тимей, Алшаң басқан ардақталып жан тимей, Қолаң шашты, қиғаш қасты бота көз, Алма мойын, аршын төсті жар сүймей (В. К.).

ҚОЛ АРТТЫ 1. *Ниет етті, мақсат қылды. Мен ғылымның, яғни пәннің көп ғасырлар бойы адам баласы жиған қазынасына қол артамын деп сапар шектім (М. Ә.).* 2. *Арқа сүйеді, таяныш, медеу тұтты. Шәкен мен Малқарға қол артқан соң, кімнен жасқансын ол,— деді Жақып (Ғ. Мұс.).*

ҚОЛ АСТЫНДА *Қарамағында; билігінде. Тарғын Ақша ханның қол астына келіп қызмет істеді (ЕТ). Өкеңнің қол астына қараған халық аз ба? Қарқаралыда күні-түні басып жатқан қара нөкер ел көне... Сондағы еңбек үшін ақы алмай ма? Текке істей ме? (М. Ә.).*

ҚОЛ БАЙЛАУ БОЛДЫ **ҚОЛ БАЙЛАДЫ** *Кедергі жасады, бөгет болды. Көктем кешеуілдеп келді біздің жаққа. Мұның өзі жұмысты барлық участоктарда бірдей бастап кетуге қол байлау болды (ЛЖ).*

ҚОЛ БАЛА *«Барып кел, алып келге» жұмсалатын кісі. (Көбіне, бала туралы айтылады). Бүкір арбакеш алғашында өзінің не істеп жүргенін аңғармай, мол ақшаға қызығып, «барып кел», «алып кел» дегенге қол баладай жүгіріп тыным таппаған (К. Т.). Копилкин оны оқуға берген жоқ, қол бала есебінде ұстап, өз саудасына көмекші етті (Т. А.). Енді мұны отау тігіп, қыз әперіп, қол бала қыл да, жылқыға сал,— дейді (ҚЕ).*

ҚОЛ БАСТАДЫ *Сарбаз ертті. Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім (М. Ә.). Менің сұрап отырғаным: найза алып жауға шапқан, ту көтеріп қол бастаған қазақ қызы,— деді жауынгер (С. М.). Ел бастап, жөн алайын деген ұл екенсің, Қол бастап, жау алайын деген ұл екенсің (ШС).*

ҚОЛ БАСЫНДАЙ *халықтық өлшем. Жұдырықтай. Үлкен қарын майдан қол басындай ғана кесіп берді (АТ). Қаран қалғыр-ай, ертеңнен кешке шейін қол басындай-ақ жіп иіріпті (АТ).*

ҚОЛ БАТПАҒАН АЛМАСЫ *Бой жеткен қыз туралы айтылып тұр. Сұлуы бұл заманның тек жатпаған, Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, Алмасы өкпе болар қол батпаған (Абай).*

ҚОЛ БЕРДІ [ТАПСЫРДЫ] *көне. Ишан (пір), тәуіп, т. б. жолын құды, ұстаған жолына тусті, бас иді. Астыңа мінген ерің жоқ, Қол берген мықты пірің жоқ. Не басыңа күн туды, Бір жаныңда тыным жоқ (Жамбыл). Ия, мен Мекенге барып, қажыға қол тапсырып қайтқам жоқ па?— деді Асқар (З. Ш.). Бұл Жүніс әрі қажы, әрі пірге қол беруге таяу болса да, өз білігімен жүретін бір беткей кісі (Х. Е.).*

ҚОЛ БОЛДЫ Сарбаз, топ болды. Қол болмай, жол болмайды деп мал алуды Сәттің өзі бастаған екен (М. Ә.). Қарындас кетіп күндікте, Құл боп бауыр айдалған, Шығысқа барып қол болған (Жамбыл).

ҚОЛ БҰЛҒАДЫ Қоштасып қалды; шақырды. Таңертең керуен қозғалды, Алтын астық жүк алып, Қол бұлғап сол қыз қалды, Жас шофер кетті қуанып (Ә. А.). Алыстан көрінген кісіге қол бұлғап тұр екен (АТ).

ҚОЛҒА АЛДЫ 1. Басып алды, қолға түсірді, тұтқындады. Біздің Петровты қаралап соққан телеграммамызды Петров біліп қойған екен. Сол туралы ..бәрі сөйлесіп, түн ішінде бізді қолға алуға шақырған екен (С. С.). 2. Іске кірісті. Жақа, біздің балалар қолға алса, іс осылай тез бітеді,— деді Байсал (М. И.). Қар тоқтатуды жедел қолға алуымыз керек,— деді Әукен (ЖЖ). 3. Әзілдеді, қырына алды. Оспан ақырын ғана езу тартып күліп, Әйгерім мен Ерболды қолға алды. (М. Ә.). Тәкежанның, әсіресе, біреуді қолға алып қағытып, мысқыл-ажуа қып отырмаса, бойына ас батпайтын (М. Ә.).

ҚОЛҒАБЫС ТИГІЗДІ [ЕТТІ, ЖАСАДЫ, ҚЫЛДЫ] Жәрдем берді, көмектесті. Ыскерлігіңді көрсетіп, Мәдениет үйіне осындай қолғабыс жасап жібермесең болмас — деді Дайрабай Шапағатқа (Ғ. С.). Артектен келгеннен бері колхоз жұмысына қолғабыс тигізді (С. Б.).

ҚОЛҒА КЕТТІ Тұтқын болды. Асқа, тойға баратұғын Жаны асығып жас жігіт. Қолға кетті жауға бір күн, Тірі адамның ісі үміт (Абай).

ҚОЛҒА ҚАРАДЫ 1. Кіріптар, тәуелді болды. «Құл болмас, сатып алмай» дегендейін, Қиын ғой жүрт болуың қолға қарап. Бұлайша кетіп кейін тұрғаныңа, Дос күліп, дұшпандарың жүр талабап (С. Д.). Жетім балаларына ас тауып бере алмай жүрген сүмелек сарының қолына қарағаннан гөрі ендігі жерге талап қып, өзінің табан ақы, маңдай терімен тапқан табысын тірлігіне талшық еткеніне не жетсін (Ә. Н.). 2. Қорадағы шөпті қорек етті. (Малға айтылады). Бұл елдің шөбі таусылды дегені қашан! Малының қолға қарағаны қашан (С. Шәр.).

ҚОЛҒА ТОҚ БОЛСЫН Берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш болса да, қолға тоқ болсын (Мақал).

ҚОЛҒА ТҮСТІ 1. Ұсталды, тұтқындалды. «Жеті түнде мына күймен қолға түсем, алдымен ұры деп ұрады ғой»,— деп ойлады Сәми (Х. Е.). Жаулықтың аяуы жоқ, істеді істі, Көп сорлы тұтқын болып қолға түсті. Құбылай соңғы үнімен шақырғанда Еркежан жүлкі босап барып құшты (И. В.). 2. Тап болды, табылды. Көптен бері кездеспей, зәру боп жүрген затым, бүгін ойда жоқта қолға түспесі бар ма (АТ).

ҚОЛҒА ҮЙРЕНДІ Қолда ұстап күтуге көндікті. Балапанды әуелі сылап-сипап қолға үйретеді (С. Қ.). Қазір қолға үйреніп келеді, жемге келіп жүр, бұрынғыдай анадайдан осықу жоқ (АТ).

ҚОЛДАН-ҚОЛҒА ТҮСІРМЕДІ Қастерледі, күтті, аяғын жерге тигізбеді. Ишанның Нұрымнан қашан босауын андысып тұрған қазақтар ишанды қайдан еліне қайтарсын: қолдан-қолға түсірмей ала кеп жөнелді (С. Т.).

ҚОЛДАН ҰШҚАН 1. Аяқтандырған, адам еткен. Өзіміздің қолдан ұшқан бала еді, жетіліп қайтып келгені, оралғаны қандай ганибет болған (АТ). 2. Бұл жердегі мағына: қаза тапқан, қайтыс болған. Жылама, Мағыш, жылама, Алладан өлім тілеме. Қолдан ұшқан ақ сұңқар Қайтып келіп қонбайды (Абай).

ҚОЛДАН ШЫҒАРДЫ Қарамағынан кетті; уысынан кетті. Қашан үйлі, балашағалы болғанша, сені қолдан шығармаймын деп жүрмін. Бұған қалай қарайсың?— деді Шолпан (Ғ. Мұс.). Жылады сорлы халық малын айтып, Кеткен соң қолдан шығып келмес қайтып, Дейді де еңрейді, егіледі, Қайғының күндіз-түні күйін тартып (Жамбыл).

ҚОЛДЫ-АЯҚҚА ТИГІЗБЕДІ Қағып ала жөнелді, іліп ала жөнелді. Әйелдердің бәрі бірдей қызу саудаға түспейтін. Іштерінде аса сқуларың қолды-аяққа тигізбей Токио буржуалары бір минут тұрғызбайтын (С. Е.).

ҚОЛДЫ-АЯҚҚА ТҰРМАДЫ Тықыршып шыдамады, зыр қақты. Шырылдап шыдай алмай отқа төніп, Тұрмады қолды-аяққа піскенсе ас (Д. Ә.). Теңіз тентегінің тепкісіне кездескен кемелер қолды-аяққа тұрмай, дөңбекшіп, ауыр жүк тиеген теңіз аралы да теңселе қалды (Ә. С.). Шіркіннің тас түйнегі-ай, қолды-аяққа бір тұрмайтын тым пысық екен (АТ).

ҚОЛДЫ-АЯҚТЫ БАЛА [-ДАЙ] ○ ҚОЛДЫ-АЯҚТАЙ БАЛА Ып-ықшам, тіл алғыш. Қолды-аяқты баладай, Қарасақ шағын тұлғасын. Жастарға туған ағалай, Елуге кепті бұл Қасым (С. Мәу.). Оның шапшаңдығы қолды-аяқты баладай оқшау бөлініп тұрады (М. Ә.). Тезек теріп келгенге несі кетеді қолды-аяқты баланың (С. С.). Қолды-аяқтай балаң тұр, жүгірте салмайсың ба, келер едім ғой (АТ).

ҚОЛДЫ БОЛДЫ Із-түзсіз жоғалды; ұрланды. Атпалдай тоғыз жылқы қолды боп отырғанда, бір күн алатын төртті-бесті түлкінді артық санадың ба, бұның не?— деді Оспанқұл (М. Ә.).

ҚОЛДЫ БОЛҒЫР! қ а р ғ ы с. Ұры-қапы алып кеткір.

ҚОЛДЫҢ САЛАСЫНДАЙ Ірі-ірі бір-келсі, сайдың тасындай. Төбеге қолдың саласындай қылып ағаш қиыпты, әр ағаштың екі басына тіреу қойып, қабырғаға

жапсыра тіреп тастаған (Ғ. Мұс.). *Қолдың саласындай* жасыл ағаштардың жапырақтары да сыбдырламайды (С. О.).

ҚОЛ ЕМЕС *Лайығы жоқ; келіспейді, иіні келмейді.* Өзің сүйген өнерді қол емес деп кім айтады? (АТ).

ҚОЛ ЖАЙДЫ 1. *Тіленді, сұрамсақтанды.* Жылдар өтіп кетіпті, Жатыр быт-шыт сол қайық. Көрдім жүрген жігітті, Көрінгенге қол жайып (С. Мәу.). **2.** *Бата қылып, бет сипады.* Судыр Ахмет секілділер Еламанды әлдеқашан жерлеп қойды, ас артынан құран оқып, қол жайып, тие берсін айтып жүр (Ә. Н.). Онда қол жайып, бата бергендер де, дұға қылғандар да бар (АТ).

ҚОЛ ЖАЛҒАДЫ 1. *Қол ұшын берді, көмектесті.* **2.** *Алып берді.*— Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші,— дейді Ерназар (ҚЕ).

ҚОЛ ЖАУЛЫҚ *Біреудің шашбауын көтеріп, ырқына жүру, қол шоқпар болу мағынасында.* Шырағым, не болса соған жұмсай берегін мен сенің қол жаулығың емеспін (АТ). Бір жылға созылып келе жатқан осы гөй-гөй Қарабұтақтағылардың құлағын сарсытқан екен, аудандық қызметке жіберілгендер Қыстаубаевтың қол жаулығы бола алмаймыз деп аяқ баспайтын болыпты (С. Төл.). Байсақалдың бар ұрпағы жұмсайды. «Онда барып кел, мұнда барып келдің» ол қол жаулығы болды (С. М.). *Қол жаулығы* болып, майлай болып кетіпті (АТ).

ҚОЛ ЖИДЫ *Әскер топтады, нөкер жасақтады.* Оразбайдың көктемде қол жиып, Көкен елін шапқаны Өзімқан төреге ұнайды екен (М. Ә.). Абылай орда қылған Көкше тауын, Аударған қонысынан талай жауын. Бір жылы жаздығүні қалмақ елін Шаппақ боп қол жиыпты айтып сауын (С. С.).

ҚОЛ ЖЕТТІ [ҚОЛЫ ЖЕТТІ] *Көздегені орындалды, айтқаны болды.* Кой әрі, қылымсымай, Түрбектей жігітке қолдарың жете берсе жаман болмас (М. И.). Былтыр ол «би болсам» деп арман етті. Сойыс қып, елге шауып, ақша төкті. Біреудің арқасында беделді боп, би болды. Жез знакке қолы жетті (С. Т.).

ҚОЛ ЖЕТПЕС *Қолға түсе қоймас; тым қымбат, аса бағалы.* Мен-дағы көп есітгім жастың назын, Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың. «Боламынмен» жүргенде болат қайтып, Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім (Абай). Шешеге де тартпаған бір мінезі, Күлімдеп күн сәулесі жарқын жүзі. Көктен түскен гәуһардай көзді ұялтқан, Қол жетпес күн сұлудың нағыз өзі (С. Т.).

ҚОЛ ЖУДЫ БОЛДЫ *Жұрдай болды, дәнеңе қалмады, түк қалмады.* Жұтқа төтеп бергенге не жетсін. Қол жуды болмаған әбден абзал (АТ).

ҚОЛ ЖҰМЫС *диал. Қара жұмыс.* Оның сауаты жоқ, қол жұмыстың адамьы (Шығ. Қаз., Болыш.).

ҚОЛ ЖҰМСАДЫ *Күш көрсетті.* Тобықты қол жұмсаса, сен де қайрат егер қауқарың бар жұртсың. Қай қастығына болса да, алысың қарсы тұр (М. Ә.). Аман екеуі, тіпті, қатты ойнайды. Жеңіліп бара жатса, Нұрғали қол жұмсайды (Ғ. Мұс.).

ҚОЛ ЖҮРДІ *Сәті, орайы келді; жолы болды.* Тәржіме орысшадан еттім көбін, Оп-оңай келмесе де маған тегін. Жазғаным қалам жөнге көнгенінше, Қол жүріп осыған-ақ келіп едім (Б. Өт.).

ҚОЛ КЕСЕР *Мал сойғаны үшін алатын сыбаға.* Ділдәбек «қол кесерім» деп санның шақпақ егінен пышақты салды да, жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды (Ғ. Мұс.).

ҚОЛ КӨРДІ *Дұрыс деп есептеді, мақұл көрді, құптады.* Айранбай өзі қатын сөзін малданбаған соң, басқалардың да малданбауын қол көреді (Б. М.). Күн батып, қас қарайғанша Зейнептің қозғалғаны көрінбеген соң, далада тұра беруді қол көрмей, Айдарбек үйге кірді (Б. М.).

ҚОЛ КӨТЕРДІ 1. *Бағынды, тізе бүкті.* Дұшпанын пролетариат соқты қолын, Сұм жаулар қол көтерді шыдай алмай. Келгенін бет қаратпай Қиыр Шығыс, Сырт дұшпан бір басылды содан былай (И. Б.). **2.** *Күш көрсету, қарсылық ету мағынасында айтылады.*— Енді ұратын болсаң, Советке айтып жапқызып қоям,— дейді маған. Содан қорқып, қол көтеруді қойдық (Ғ. Мұс.). Ізбасар ұстай алды қолынан. Жақыптың ағайындары үш-төрт жігіт орындарынан дүрдие тұрысты. Тоқабай қол көтерсе-ақ, бас салғалы тұр (Ғ. Мұс.).

ҚОЛ ҚАЙЫР *Жеңіл-желпі садаға, болмашы көмек.* Жалғыз мұраң сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние біртінде, Көмілмейді кебінмен (Жамбыл).

ҚОЛҚАМА ҚОЛ САЛМА *Таңдамалы малыма тиге, бермесімді сұрама.*

ҚОЛ ҚАНАТ БОЛДЫ *Қолды-аяқтай, арқа сүйер, көмекші болды.* (Көбіне, жас кісі туралы айтылады). Қазір сойталдай жігіт, ер жетті, қол қанат болды,— деді ол орақ мұртын ширатып (С. Ш.). Әнуарбек сегіз жасқа жеткенде, әке-шешесіне қол қанат болып, малға қарап, су әкеліп, от жағуға жарай бастапты (ҚЕ).

ҚОЛҚАҢДЫ АЛ! *Қалағаныңды, көңіліңдегіні ал.* Із тастамай, құр қампаймай. тура келдің, жаным сүйеді осыны! Бердім, ала бер қолқаңды! (Ғ. М.).

ҚОЛҚАҢДЫ ҚҰРТ ЖЕСІН! *қарғыс.* Тіленіп, сұқтанып, ішуді, жеуді қалап, өбектеп тұрған кісіге айтылады. Баланың сыбағасына қарап қалдың ба, қолқаңды құрт жегірі! (АТ).

ҚОЛҚАР АСЫҚ *Арқардың (құлжаның) асығы.* («Қолқар асық» сақа орнына

жүреді, қой асығынан бір жарым, не екі есе ірі келеді; киік асығы (шүкейт) қой асығынан екі есе кіші келеді, оны дағдылы асық ойынына көп салмайды; онымен құмарпаздар кей өңірде «төрт шүкейт» атты ойын ойнайды; топайды да, ешкі асығы (ешкімекті де) ойынға араластырмайды).

ҚОЛҚА САЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] Қимас, қымбатты затын қалады, сұрады. (Бұл фраза ерекше таңдау, талғау мағынасында жұмсалады). Қызылордалықтардың ішінде өлең айтатын жас жігіт, жас келіншектер болса да, шеттен келген қонақ деп, сыйлап, қолқа қыла қойған ешкім болмап еді (Ә. Н.). Қалай істейміз, ойла-сайық, пікіріңді айт деп Семен қолқа салғандай болды (Т. Н.). Тоғжан бұдан жауап тілеп отырғандай. Айтпаса, одан айырылып, Абай өмірден де қол үзетін сияқты. Қарманып тағы ойлайды. Өлеңі... Тоғжаны қолқа еткен өлеңі есіне түспей, тағы қинайды (М. Ә.).

ҚОЛҚАСЫН АТТЫ Танауын жарды, қолқасынан етті. Кенет, далада өскен кісі дағдыланбаған бір жаман күлімсі иіс қолқасын атып жіберді (Ә. Н.).

ҚОЛҚАСЫН СУЫРЫП ӘКЕТКЕНДЕЙ Жанына қатты бату туралы айтылады. Бауырынан баласын алғанда, бейне қолқасын суырып әкеткендей соңынан безек қағып, маңырай жүгіреді (Т. А.).

ҚОЛҚАСЫ ҮЗІЛДІ Ындыны құрды, жүрегі елжіреді, өлердей обектеп кетті. Темірлайды елірткен Осы шалдың арқасы, Темірғай десе ол шалдың Үзіледі қолқасы (С. М.).

ҚОЛ ҚОЙДЫ 1. Қағазды растады. (Бұл фраза машықтанған тәсілімен өз фамилиясының ізін түсіруі туралы айтылады). Жаңағыдай топтардың бірге жазған, қол қойған, бармақ басқан, таңбалар салған приговор қағаздары бір-ақ күн бойында «Әзімова Мәкеннің ісін» толықтыра берді (М. Ә.). **2. Бір жұмысқа кірісті, іспен тастауға бел байлады.** Қаз-қатар тұра қалған жұрт егінді баулауға қол қойды (С. М.). Екеуі де қанжарға қолды қойды, Аянбасқа бекітіп алады ойды. Біза менен суырған улы қанжар Не қылса біреуінің басын жойды (А. А. Қ.). **3. Тәңгі болды, риза болды.** Қол қойдым осы қыздың данасына, Көздеріңмен көрмесей нанасың ба? Алдап айтқан сөзіне аңқау басым Аңдамай бардым жетіп қыз қасына (Ә. Найм.).

ҚОЛ ҚУАТТЫ БОЛСЫН! Шөп шауып, орақ ору тәрізді жұмыс үстінде айтылатын тілек.

ҚОЛ ҚУСЫРДЫ 1. Бағынды, еріксіз көнді. Бар мақлұқ жалғандағы жан-жануар «Құлдық» деп құдіретіне өзі толар. Арыстан — аң патшасы өміріммен Алдымда алдиярлап қол қусырар (Б. К.). **2. Қадыр тұтты.** Замандас пен жас ұрпақтың жа-

рамсыз мінездерін рақымсыз пышақтайтын Абай, таза жандарға қолын қусырып, басын иеді (Ә. Т.).

ҚОЛ ҚУСЫРЫП ОТЫР Еш нәрсе істемей, жайбарақат отыр. Жайықтың суын бұру іске асқанша, қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды (С. Бак.). Өрекетсіз қол қусырып отырсаң, өлік те бізге кешірім бермес деймін (К. Т.).

ҚОЛ САЛДЫ 1. Іске кірісті. Өміріне бетіне дақ түспеген Ақбұйраттың алдындағы қара топырақ кең жазыққа бірінші рет «Қосшы» мүшелері қол салды (Ғ. Мұс.). **2. Қуш көрсетті, азаптады.** Айуандығы асқан жауыздар Жазықсыз елге қол салып, Қатын-бала қырылды (Жамбыл). **3. көне.** Бұл жерде «әйелді оятты» деген мағынада. Түнде ел жатып қалғасын, тұсыңнан кеп жігіт қол салатын (Т. А.). **4. Қол қойды.** д и а л. Сен документке қол салдың ба? (Шығ. Қаз., Болыш.).

ҚОЛ СОЗДЫ Бірдеңе ұмтылды, талпынды; дәмеғой болды. Арманмен келеді адам бұл өмірге, Тағдырды табындырып бір жеңуге. Алдына қойып алып алтын мақсат, Бақытты қол созады күндеріне (С. Мәу.). Атанайдың қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі қорланып, Құрбанды өлтіртпей, ашуы тарқайтын болмады (С. Т.).

ҚОЛ СОЗЫМ [ҰСЫНЫМ] ЖЕР х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Ең жақын жер; ұсынса, қол жететін жер. Өне бір қол созым жерде көрінген ақша бұлтты Дәмештің қолымен ұстай алғысы көп құмартады (З. Ш.). Алматыда, Москвадан алыста тұратын маған Кремль жұлдыздары тіпті жақын сияқтанады: арамсыз қол ұсыным жерден аспайтындай (С. Сей.). Бағай тоғайының кей жерлері тереңдігі кісі бойы, қол ұсыным (С. Д.).

ҚОЛ СОҚТЫ Қол шапалақтады, алақан ұрды. Қол соғумен айкайға қайырылмаған еншіні бір көруге ынтыққан жұрт, аяғымен еденді тепкілесті (Қ. Ж.).

ҚОЛ СҰҚТЫ Талан-таражға салды, ұрлады. Жалғыз сен бе десем, халық әніне қолын сұғатындар Алматының өзінен де табылад десейші (М. И.). Сұлтанның көпшіліктің дүниесіне қол сұғып, озбырлық жасауға жаны қас (К. О.).

ҚОЛ ТЕРІСІ СОЙЫЛДЫ Бейнет шекті, азаптанды. Көп қасірет көрдім мен Табандарым ойылып, Қол терілерім сойылып (БЖ).

ҚОЛ ТИГІЗБЕДІ [ТИГІЗГЕН ЖОҚ] **1. Ұрып-соғып ренжіткен жоқ, шәй дескен жоқ.** Сенің малайың емес, Шәкеннің малайымын. Сен түгіл, Шәкен де әлі қол тигізген жоқ. Дәндеме төбет,— деді Таймас (Ғ. Мұс.). **2. Зар қақсап ауырды.** Белдің шаншуы кейде екі санға да, шек пен кіндік түбіне де, дәреттік ағзаларға да шабады. Мұндайда беліне қол тигізбейді (Е. О.).

ҚОЛ ТИМЕДІ 1. *Жұмыс басты болды. Күнделікті істен қолы тимеді (АТ). Қайт-сін қолы тимепті (Абай). 2. Ұстамады.* (Жылқы малы туралы айтылса, басына жүген-құрық ілінбеді деген ұғымда келеді). Мынау тұлданған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. *Қол тимей* семіріп барып, жыл асқан соң, иесінің асына сойылады (М. Ә.). Арызыма менің құлақ сал, Ақылың болса аңғар-ау, Ақ төсімнің үстінде *Қол тимеген* мал бар-ау (ҚамБ).

ҚОЛ ТОҚПАҚТАЙ *Кішкентай ғана, шағын ғана. Өзі қол тоқпақтай бола тұра, әйелді биік бойлы, семіз денелі адамнан алған (С. М.). Балалар қос қолдап ерөң көтеретін ауыр балғаны қамшыдай ойнатып, еһ! еһ! деп керіле темір соғып жатқан денесі қол тоқпақтай ғана кішкентай кем нек адам Өскембаидың тап өзі (Б. С.).*

ҚОЛ ТУМА 1. *Өз қолында өскен, асыранды.* Бұл түйе — колхоздың өсірген қол тумасы (АТ). **2.** *Өз қолымен орнатқан, жасаған.* Қилы да қилы заманнан, Қиуа, қиын шамадан, Елестен өрге өзгеріс Октябрь біздің қол тума (І. Ж.). Күй ата-сының бұл қол тумасы да тыңдаушылары бір серпілтіп тастады (Қ. Т.).

ҚОЛ ТҰЗАҚ ОЙНАДЫ *Саусақтардың басын шалып ойнайтын ойын түрі. Ағаларымыз үйге келгенде, бізбен қол тұзақ ойнайды, сонда біз қолдарын тұзаққа түсіріп берейік (КЕ).*

ҚОЛТЫҒЫНА АЛДЫ ДЕМЕДІ, сүйемелдеді, қорғаштады. Өкіметі Советтің Жалшы менен кедейді *Қолтығына ап қорғайды, Мені сорлы демейді (С. С.).*

ҚОЛТЫҒЫНА КІРДІ *Паналады, қорғаланды, ығына кірді.* Табақтас Ықшылбай мен Жапар қалды. Орнына Жарқынбай боп жаңаланды. Түлкідей Ықшекеннің бұлаңы бар, Жақындап қолтығына кіріп алды (І. Ж.). Жақып тек өзінің пысықтығымен Шөкен мырзаның қолтығына кіріп алып, біреу мен біреуді, бір ел мен бір елді атыстырып жүреді (Ғ. Мұс.).

ҚОЛТЫҒЫНАН ДЕМЕДІ *Сүйемелдеді, көтермеледі.* Барған екем Кремльге, Қайтып осы жортуылдан, Достар мені кірер жерде, *Демеп қойды қолтығымнан (А. Т.).*

ҚОЛТЫҒЫНДА КЕТТІ *Шылауында кетті, қармағына түсті, ілінді.* Не ғып қана бұл Айсұлу осы күнге дейін осындағы көп жауапты қызметкерлердің біреуінің көзіне ілінбей, тағы біреуінің қолтығында кетпей жүр екен, — дейді Әсел (М. Ә.).

ҚОЛТЫҚҚА СУ [ДЫМ] БҮРІКТІ *Желкітінді, қайрады, жел берді; шағыстырды, біреуге айдап салды.* Құтыртқанның кім екенін көрдің ғой. Шымбайына батқан соң, сырын айтқанын көрмеймісің? *Қолтығына дым бүріккен* Бөжей, — деді Құнанбай (М. Ә.). Иманбек қанша ұшып-қонса, сіздер де оның қолтығына сонша су бүрікіп, талмаусыратпай, алақанға аман-есен қондырып отырдыңыздар (С. Төл.).

ҚОЛТЫҚ СҮЙЕР *Күйеу қайнына келгенде және келін жаңа келгенде берілетін кәде.* Бет апар біккен соң, келіншекті отауға кіргізіп, қолтығынан сүйеген, ілесіп келген әйелдерге *қолтық сүйерін* береді (АТ).

ҚОЛ ҰСТАСТЫ *Бірікті, тізе қосты.* Бұл колхоздың ерендері Еңбекте қол ұстасқан. Қазақ, татар көрші елі Біте қайнап ұштасқан (М. Х.). 1916 жылғы бұл көтеріліс Жетісуды мекендеген қазақ, қырғыз, ұйғыр, дүнген еңбекшілерінің қол ұстасып, азаттық үшін күрескен халықтар қозғалысына айналды (К. Ә.).

ҚОЛ ҰСТАТАУ [ҰСТАУ] *Қалыңдық пен күйеуді алғаш кездестіргенде күйеу жағынан алынатын кәде.* Той бітті, кеш те жетті қол ұстатар, Кәде көп, ырымы бар, шаш сипатар. Болғанда түн ортасы қызды қамап, Сыпылдап сөйлеп жатыр жас қатындар (С. Т.). Шай ішіп, жинаған жұрт дастарқанды, Жолдасын олжа алғандар төсек салды, Күйеуге қыздың қолын ұстатуға Жетелеп жеңгелері алып барды (О. Ш.). Асының артынан екі жеңге ақырын күлісіп кеп, Абай мен Ділденің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірі ұстаттырды. ... *Қол ұстату, шаш сипату* деген атақты ырымдар осы (М. Ә.).

ҚОЛ ҰРДЫ *Қолға алды, істемек болды.* Мұнда үлкен жанрға қол ұрғаннан кейін, жазушының үлкен, не ұзақ жолға шыққандай ентікпей, қабынбай, сабырмен майдалап жүруі орынды көрінеді (М. Баз.).

ҚОЛ ҰШЫН БЕРДІ [ТИГІЗДІ] *Қолға быс етті, көмек көрсетті, жәрдемдесті.* Отауының орны сол: Тәрбие-тәлім еліңе Болсын отау, отырсын. Қабаржыма, қалың қол *Бергелі* гүр қол ұшын (І. Ж.). Сендер болсаңдар мынау, осындайда дұрыстап қол ұшын да *бермейсіңдер!* — деп тағы да Сұлтанбековті жазғыра сөйледі (М. И.). Қоғам жұмысына қол ұшын да *тигізбейді* (З. Қ.).

ҚОЛ ҮЗДІ *Сырт қалды, тыс қалды, тастап кетті.* Қысқасы, Қарашыған ен далада жатқан, дүниеден қол үзген бір жарты арал болмай, бір кезде қасқыры ұлып жататын Берілі төбенің аудан болған кезіне дейін де әннің, айтыстың болып тұратын жері болады (А. Ж.). Осылардың бәрінен қол үзіп, өзімді-өзім осы қу ауылдың тұзағына түсуге не үшін қолымды мен байлап берем? (І. Ж.).

ҚОЛ ҮЗДІК *Қол ақысы.* (Бұл фраза, көбіне, соғым, я бір мал сойып, етін боршалап бергенде, жүн түткісіп, сабасын көмек еткенде, үй мүлкі, я киім пішіп-кесіп бергенде қолданылады).

ҚОЛ ШОҚПАР ВОЛДЫ [ЕТТІ...] *Сойылын соқты, жоғын жоқтады.*

ҚОЛЫ АЛДЫНА СЫЙМАДЫ **○** **ҚОЛЫН ҚАЙДА ҚОЯРЫН БІЛМЕДІ** *Жұмыссыздықтан не істерін білмеді.* Мырзаның

әйелі қазан басына бармайды. «Ас басындағылар байқамаған ғой»,— деді Жақып. «Сонда ол әйел не істейді, қолы алдына қалай сыяды»,— деді Айша (Ғ. Мұс.). Жұмыстан арқасы бос бала екі қолын қайда қоярын білмей, зерігеді де, жалқаулыққа салынады (ХМ).

ҚОЛЫ АШЫҚ [ЖАЗЫҚ] Береген, мырза, сақы адам. Әсіма қолы ашықтығынан үстіндегі көйлегін шешіп беретін. Бірақ, осы мінезнен өзі кейін соққы жейтін. Мінезі кішіпейіл, қолы ашық, көрікті, бай әйелдің жақсы атағын маңындағы ел көтере-көтере сыртқа жайып жіберген (Ғ. Мұс.). Көрші-қолаң, ашты, малшылардың... маңына үйірлуіне қарағанда, қолы жазық екені, би тоқал бола бастағаны байқалады (Ғ. Мұс.).

ҚОЛЫ АШЫЛДЫ Ештеңесін аямай жұмсады. Кісінің кісілігі сыналатын жерде қолы ашылып, барын аямай тістесіп ұстап отырған аз ғана дәулетті лақ еткізіп төге салатын жомарт еді (Ә. Н.).

ҚОЛЫ БОСАДЫ [ТИДІ, ҚАЛТ ЕТТІ] Бос уақыты болды. Қол босап, сөл тыным, тыныштық алар кез болса, Сейіт Абайдың әнін қоңырлатып үн қосып айта береді (М. Ә.). Қолы босап кетсе, машинасын әурелейтін Федя қолына шүберек алып, машинаның капотын сүрткілеп жатыр (Т. А.).

ҚОЛЫ ЖҮЙРІК Епті, икемді деген мағынада. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің, түбі жақсы күйші сен боларсың (Т. А.).

ҚОЛЫ КЕСІЛДІ Қолы байланды. Балам, қызын алсаң, шалдың қолы кесіліп, отырып қалмай ма? (АТ). Бізімді жоғалтып, еш нәрсе істей алмай, қолым кесіліп отырғаны (АТ).

ҚОЛЫ ҚАРАП ОТЫРМАДЫ Тынымсыз жұмыс істеді. Әйтеуір, кешке дейін қолы қарап отырмайды, іс табылады (Т. А.).

ҚОЛЫ ҚОЛЫНА ЖҰҚПАДЫ [ТИМЕДІ] Жұмысты шалшаң істейтін кісі туралы айтылады. Мына бір талдырмаш денелі, қара торы жігіттің қимылына қараңызшы, неткен пысықтық, қолы қолына жұқпайды (ЛЖ). Шіркіннің қолы қолына тимей, жып-жып еткізіп тұр (АТ).

ҚОЛЫ ҚҰТАЙМАДЫ 1. Берекесі болмады, байлық жиылмады. Қанша тапса да, қолы құтаймады, алдына мал салмады (АТ). 2. Қолына баласы тұрмады. Қанша бала тусам да, қолым құтаймады (Ә. Н.).

ҚОЛЫ ҚЫСҚА Кедей, жарлы; қалтасы жұқа. Ол қолының қысқалығымен ғана қотанға сыйып жүрген кемпір. Егер, ауқатты адамның қатыны болса, ел билеген бәйбішенің біреуі осы болар еді (С. М.). Талпынып қол сермедім ұшқан құсқа; Болса да жетер ме деп қолым қысқа (С. Т.).

ҚОЛЫМЕН КҮЛ КӨСЕДІ Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетін тартты. Ыңырсып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын, Қолымменен күл көсеп Байдың оты жаққаным (О. Ш.).

ҚОЛЫМЕН ІСТЕГЕНДІ МОЙНЫМЕН КӨТЕРДІ Өз күнәсын өзі көтеріп, жұртқа ауыртпалығын салмады. Қайтесің енді. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің деген осы (М. Ә.).

ҚОЛЫНА ҚОНДЫ [ҚОНДЫРДЫ, ТҮСІРДІ] 1. Оралды, оралып келді. Бақыт та үйреткен құс сияқты, бір кетсе, қолына қайтып қонбағы екіталай (АТ). 2. Әйел етіп алды. Зорға деп қолына түсірген сұлудың айтқанын хан екі етпеді, баруға рұқсат берді (ҚЕ).

ҚОЛЫНАН БОҚ ТА КЕЛМЕЙДІ Ештеңе істер дәрмені (қауқары) жоқ деген мағынада. Сол жаманның қолынан боқ та келмейді. Тек, сіз екі ортада ұятқа қаларсыз (АТ).

ҚОЛЫНАН ЕКІ КЕЛСЕ, БІРІН ҚЫЛСЫН ○ ҚОЛЫНАН БІР КЕЛСЕ, ЕКІ ҚЫЛСЫН Қолынан келгенін аямасын, тіреп тұрған аспанын тастап жіберсін, тауы болса құлата салсын. Аман бұдан әрі тұрмады. Қолыңнан екі келсе, бірін қыл дегенді аңғартқан соң, топты жарып, еркін басып шығып кетті (Ғ. Мұс.).

ҚОЛЫНАН КЕЛГЕН ҚОНЫШЫНАН БАСАДЫ Жалғанды жаллағынан басады, ойлағанын істейді. Қолынан келген қонышынан басады (Мақал). Олар бірінкіні жасырып, бірінкіні көз көрмес, құлақ естімес жерге асырып тұрады екен. Қолынан келеді, қонышынан басады (С. Төл.).

ҚОЛЫНАН КЕЛГЕНШЕ Мүмкіндігінше, шамасынша, өз әлімше. Оның қарауына бөлінген бір топ инженермен қатар, Медетбек те қолынан келгенінше көмектесіп жүр (Ә. Сат.).

ҚОЛЫНАН КЕЛМЕДІ ○ ҚОЛЫНАН ТҮК [ДӘНЕМЕ, ДӨНЕҢЕ, ЕШТЕМЕ] КЕЛМЕДІ Ештеңе істей алмады; ештеңеге ебі болмады. Менің әкем Ыбырайым қожаны қиянқес, қолынан түк келмейтін жалқау деп атаушы еді (Ж. С.).

ҚОЛЫНАН ҚОЙ ЖАРЫСЫ КЕЛМЕДІ Ешбір іске қыры жоқ, ебі жоқ, сұлбыр мағынасында айтылады. Ойласам сендей жанды қай жан алған, Мен едім атағына көрмей қанған. Қолынан қой жарысы келмейтұғын, Жамандар құрметі кем құмарланған (Ә. Тәң.).

ҚОЛЫНАН НАМЫС БЕРМЕДІ Жеңілмеді; нағыз қайсарлық көрсетті. Тайма расуыл жолынан, Берме намыс қолыңнан, Опасыз болып жақыңға, Қарарсыз болып халқыңа, Мұңайтпай жауды кетпеңіз, Ит өлімнен ақыр да (Ш. В.).

ҚОЛЫНАН СОЙЫЛ ТҮСПЕЙТІН КІСІ Көздегені ұрыс-төбелес, жүрген жері жан-

жал болатын кісі туралы кекесін түрде айтылады.

ҚОЛЫНА ТҮКІРІП ОТЫРҒАН Сақдай сай отырған. ... Шыңғыс пен Жанәділ ереуілге көтерілген Тыналы-Қарпық, Темеш болыстарына дейін барыпты, бұнда ат құйрығын шарт түйіп, қолына түкіріп отырған қалың жұртты көріп, әрі қарай жүруге хауіптеніп, кейін қайтыпты (І. Е.).

ҚОЛЫН БІРАҚ СІЛТЕДІ «Мейлі», «қойшы», «жоқ!» сияқты сөздердің (лажсыз келісім, я қарсылық білдірудің) қимылмен берілуі. Токал шешеге Арқа сұлтандарының сыйлығынан ештеңе тарта алмайтынына ренжіп қалған хан қолын бір-ақ сілтеді (І. Е.).

ҚОЛЫНДА ӨЛЕЙІН! Ешбір аянбай, «не өлім, не өмір» деген ұғымда айтылады. Жүніс, уа қайдасың, Қарсақ Борсақ, Олжай-Қарсақ шыға ғой олай болса! Өлейін мен мұның қолында (М. Ө.). Сені беріп, жұртқа не бетіммен қараймын, иттердің қолында өлейін деп кемпір шеше далаға жүгіре шығыпты (АТ).

ҚОЛЫН ЖЫЛЫ СУҒА МАЛДЫ [МАЛЫП ОТЫР] Тұрмыстың рақатына батты, жаны рақат талғы, қамсыз-қайғысыз жүрді. Ғанидың көзін ашқалы көргені атананың жылы құшағы болды. Осы жылы құшақта ол өзінің он сегіз жасын, ауыл адамының сөзімен айтсақ, екі қолын жылы суға малумен өткізді (М. И.). Бала деп соны айт, екі бірдей кемпірді ана тұтып, қолын жылы суға малып отыр (АТ).

ҚОЛЫНАН ЖҰМСАДЫ Бұл жерде өз ойындағысын істетті деген мағынада айтылып тұр. Жусатып тағы өргізіп, жұмсап бір тұрсын қолынан... Ақтан болды-ау күніңіз Арсы менен күрсіге, Тайталасты үніңіз (Б. Қ.).

ҚОЛЫН ҚАҚПАДЫ Жолына тосқауыл болмады, айтқанын істеді. Бір іске байлағаннан соң, шығынынан қашуға бола ма, азды-көпті малым бар, мен қолыңды қақтайын, мынау мынаған керек деп жұмса да, жұмысты бітіріп бер,— деді Кәрібай (Б. Мом.).

ҚОЛЫН ҚОЛ, БҰТЫН БҰТ ҚЫЛДЫ Борша-боршасын шығарды. Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн-жүнін шығарып талап тастайды (ҚЕ).

ҚОЛЫН КЕШ [МЕЗГІЛІНЕН КЕШ] СЕРМЕДІ Мезегі өтті, кешеуілдеді, кешікті. Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім, Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім (Абай).

ҚОЛЫН ШЫҒАРДЫ Қатты ашуланғанда, ыза болғанда бас бармақты екі саусақтың арасынан көрсетіп, мынау да жоқ, мынаны да істей алмайсың, қолыңнан түкте келмейді деген сияқты мағыналарды аңғарту ишараты. Мәһ, шығады!— деп

өкем маған қолын шығарды (С. М.). Кемпір: Мә! Мынаны аларсың!— деп жігітке қолын шығарыпты (АТ).

ҚОЛЫНЫҢ «ЖИЕНДІГІ» БАР **ҚОЛЫНЫҢ ЖЫМЫСҚЫСЫ БАР** **ҚОЛЫ СҰҒАНАҚ** **ҚОЛЫНЫҢ СҰҒАНАҚТЫҒЫ БАР** Суық қол кісі, ұрлыққа бейім адам туралы айтылады. Директордың үйі көшіп келгелі Түнқатар, маскүнемдігі үшін жұмыстан шығарылған, ептеп қолының «жиендігі» бар, дудар бас Костинді сонда ертіп барып, есігінің алдына бөлек беседка жасатып жүретінді (С. Ад.).— Е, бәсе, Мұхтар екенің рас болса, ұрлықсыз жүрмесек керек еді,— деп [Бекем] аспазшымыздың қолының жымысқысын да ескертіп өтті (ЛЖ). Қолы сұғанақтың қолындағы сиырынан да айрылып қалды (ҚӨ).

ҚОЛЫ ТАЛДЫ Қары шаршады, әлсіреді. Қорғасындай құйылтар, қызыл тілім зарласа, Азырақ мен де желейін, Домбыра күйден төгейін, Қағуға қолым талмаса (Б. Қож.).

ҚОЛЫ ТАР Сараң, қатты, берері жоқ кісі. Қайдам, келіннің дастарқанын әлі көрмедік, қолы тар емес пе, шырағым,— деп, бір жағы әзілге сап күліп қойыпты (АТ).

ҚОЛЫ ТАРЛЫҚ Жоқшылық, тапшылық. Уайым — ер қорғаны, есі барлық, Қиыны бұл дүниенің — қолы тарлық. «Еһе-еһеге» елірме, бозбалалар, Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық (Абай).

ҚОЛЫ ТҮСІНДІ ди а л. Қолы үйренді. Әбден қолы түсінген, аудармай ұрады (Қ. орда, Арал).

ҚОЛЫ ҰЗАРДЫ Байыды, етек-жеңі кеңейді. Марковпен құда болғалы, Федоровтың дәулеті судай тасыды, қысқа қолы ұзарды (Ө. Н.).

ҚОЛЫ ҰЗЫН Не істеймін десе де, қолынан келетін кісі туралы айтылады. (Бұл жерде бай, дәулетті, өрісі кең адам ұғымын беріп тұр). Құнанбайда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды (М. Ө.).

ҚОЛЫ ШЫҚТЫ [ЖҮРДІ] Ұтты. (Карта ойыны туралы айтылады). Осы ұтып алады әлі! Мұның қолы шығып жүрген адам (Ғ. М.).

ҚОЛЫ ІЛІНДІ Шап берді, ұстады. Өттең, жалына қолым бір ілінсе (Б. С.).

ҚОМ АЛДЫ [ЖАСАДЫ] ҚОҢ БІТТІ [ЖИДЫ] Семірді, оңалды, ет алды. (Көбінесе, түйе және басқа ірі малға айтылады). Қоспақ өркеш сары атан Қом жасамас майдан соң (Б. Қ.). Жаз жайлайтын аттардың бұл кезде еттері ояздап болған. Енді, қыс суығына шейін қоң жиып алсын деп, оларды біржола қоя беріп еді (М. Ө.). Осыдан бірер ай бұрын түйеміз арық еді, қазір қоң бігіп, семірейін деді (АТ).

ҚОНАҒУАР [ҚОНАҚЖАЙ] АДАМ *Дастарқаны мол, жомарт кісі.* Карповтың аңғаруында Керімқұлдың өзі ғана емес, әйелі де меймандос, *қонағуар адам* тәрізденді, Карповтың әйелімен де сөйлесті (М. Ә.). Екеуі де меймандос, *қонақжай*, барын қонаққа беретін, дастарқандары кең, қолдары ашық адамдар (С. М.).

ҚОНАҒЫМ ӨЗ ҮЙІНДІ ДЕ ОЙЛАЙ *ОТЫР* *Өзіңнің әл-шаманды байқа, өзіңді ескер; өз халіңді, шама-шарқыңды еске ала отыр деген мағынада.* *Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр*, — демекші, өзің кісіге көрсете алмайтын құрметіңді кісіден күтудің, ол болмаса, өкпелеудің артық екенін айтыпты (АТ).

ҚОНАҒЫН АТҚАРДЫ *Мейман күтті.* *Жаназа, қаза күндерінде қонағым атқару үшін Жаңаылға тай, қой сияқты сойыс берді* (М. Ә.).

ҚОНАҚ АСЫ *Мейманға әзірленген тамақ.* Әубәкір мен кемпір іштерінен қынжыла-қынжыла батасыз қонақтың *қонақ асысын* дайындауға кірісті (Қ. Тай.). *Қонақ асы* бермесе, Ат шапанға ілік боп, Параны көздеп би кетті (Д. В.).

ҚОНАҚ КӘДЕ *Үй иесінің, ауылдың көрсеткен сый-құрметіне лайық еруіне қаруы етіп, қонақтың өз өнерін көрсету салты.* Біздің бұл жақта *қонақ кәде* деген болады, — деді Ақмарал жадырай күліп. — Әуелі үй иесі ауылдың алты ауызын айтады. Сонан соң, қонақ өзінің өнерін төгеді (Ә. Сат.).

ҚОНАҚ КӘДЕ [КӘДЕСІН] ІСТЕДІ [ҚЫЛДЫ] *Жатар мезгілде, төсек салынар шақта қонақ орнынан тұрып, жай босатып, сыртқа шығатын салтын жасады.* Аман *қонақ кәде істеп* тысқа шықты. Маржан қонағына төсек сала бастады (Ғ. Мұс.).

ҚОНАҚ ҚОЙДАН ЖУАС *Мейман барына ырза деген ұғымда.* *Қонақ қойдан жуас*, май берсе де жей береді (Мақал). *Қонақ қойдан жуас* деген, қонағым! Артық қылық көрсете көрме, ұятқа қалдырып, — депті (АТ).

ҚОНАРЫН САЙ, КӨШЕРІН [ҰШАРЫН] ЖЕЛІ ВІЛЕДІ *Қайда барары, не істері белгісіз, өзінде ерік жоқ адам туралы айтылады.* Шалабай осы кезде арғы жақтан келіп Мұқатайдікіне дем алатын көрінеді. Мұқатайдан бір аттанып кеткен соң, *қонарын сай, көшерін жел білсе керек* (Ғ. Мұс.).

ҚОНЫС АУДАРДЫ *Басқа жерге көшті, бөтен жаққа кетті.* Он-он бес ауылдан қалған екі-үш ауылдың ғана жұрнағы көрінеді. Оның өзі *қоныс аудары* бір табан қыстауға такала, Ащылы өзекке келіп қонған (Ғ. Мұс.). Абылай орда қылған Көкше тауын, *Аударған қонысынан* талай жауын, Бір жылы жаздығүні қалмақ елін Шаппақ боп қол жиыпты айтып сауын (С. С.).

ҚОНЫС БАЙСАЛДЫ [ЖАЙЛЫ, ҚҰТТЫ, ҚАЙЫРЛЫ, ӨРІСТІ] ВОЛСЫН! *Жаңа жұртқа көшіп келгенде айтылатын тілек.* *Қоныстарың қайырлы болсын, шырағым, жақсы келдіңдер ғой.* Өзіміз мүлде мәз болып қалдық, — деді Омар Жақыпқа (Б. М.). Басына ақ жаулық салған бір қартаңдау әйел келіп, тіпті, «*Тың қонысың құтты болсын!*» — деп орысша сөйлеп, Павленконың қолын қысты (С. Ш.).

ҚОНЫС ҚЫЛДЫ *Мекен етті, бір жерді жайлағ қонды.* Әкесі Жұмағұл бай болған болыс, Алтайдың бір саласын қылып *қоныс*, Қажыға Тасболатпен бірге барған, Басталған содан барып құда болыс (С. Т.).

ҚОНЫС ТАПТЫ [ТЕПТІ] *Тұрақтады, сая тапты, мекендеді.* Көрсеткендей әлемге, Өмірге қайта туғанын, *Қоныс тауып* бар жерде, Тапқанын өмір думанын (С. Б.). Біз бір кезде қалың елдің ортасынан жалғыз атқа өріс таба алмай, қара басымызға *қоныс таба* алмай қашып келгенбіз (А. Л.). Кең алқапқа колхозды ауылдың төрт түлік малы да келіп *қоныс тепті* (С. Бақ.).

ҚОНЫШЫНА [ЖҰЛЫҒЫНА] ТЕҢ-ГЕРМЕДІ *Адам ғұрлы көрмеді, менсінбеді.* Аман ел аумай жатқан қонысында, *Жетеді менмендікке* сонысы да. Қарада өр көкірек болмай ма екен? Төрені *теңгермейтін қонышына* (І. Ж.).

ҚОҢ БІТІРМЕДІ 1. *Кедейліктен шығармады.* Күшің барда қарашаларыңа *қоң бітірмей*, шеңгеліңде сығып ұстағайсың (Ә. Н.). 2. *Семіртпеді, шыр байлағтады.* Жазымен мініп, жалғыз атыма *қоң бітірмеді*, жайлаудан тұралап келді (АТ).

ҚОҢ ЕТІНЕН ЕТ КЕСТІ **○ ҚОҢ ЕТІН КЕСІП [ОЙЫП] БЕРДІ** *Өте жақсы көрді, жанын аямады.* Жолдастарына қадірлі, өйткені, жолдасына *қоң етін ойып бергендей*, өтірікке жоқ бір сөзді жігіт сөйлегенде даусы дөнен қошқардың маңырағанына ұқсайды (С. С.). Жолдасыңа *қоң етіңді ойып беруден* тартынбайтын батылсың да, жомартсың (Б. С.). Шын доспын деген соң, *қоң етіңді кесіп бердің* ғой (АТ).

ҚОҢҚАҚ [ҚОҢҚА] МҰРЫН *Үлкен құс мұрын.* Беті қып-қызыл, *мұрны қоңқақ*, бұғағы бұқаның әуесіндей салбырайды, қарны бұлтып кетіпті (Ә. Ш.).

ҚОҢСЫ ҚОНДЫ *к ө н е.* 1. *Кедей ауылдың бай ауылды сағалап отыруы туралы айтылады.* Қара қасқа атты Қамбарды еліміз деп, Тоқсан үйлі тобырлар сіңгені анық. Белдісіне найманның *қоңсы қонып*, Талай таяқ өмірден жегені анық (И. В.). 2. *Кей жерде ауыл-үй болып көрші отыруы мағынасында айтылады.* Бәріміз де Бағаналының баласы болғанымызбен, олармен атамыз бөлегірек қой. *Қоңсы болып* қасына барып қонсам, біреуі де «кет» демес еді (С. Шәр.).

ҚОҢ ТОРҒАЙ *Тым жұдеу, күйсіз.* Бұл ауыл да күлкі дегенді ұмытты. Тоң-торыс, *қоң торғай* тіршілік (Р. Сұл.). Бұл өңір-

дің балықшылары жылдағыдан гөрі биыл *қоң торғай*, бас тоқсан түссе де, жылылық күннің аяғы тұманға айналып, Ұлы теңіз ұстаса қоймады (Ә. Н.).

ҚОҢЫ ЖЫҒЫЛМАДЫ [ҚИСАЙМАДЫ] *Арықтамады, ашықпады*. Теңіз жағасындағы қалың қамысқа канша малды айдап жіберсең де, ығы жетеді. Қамыстың сабағын қажаса да, жан созып, қыстан *қоңы жығылмай* шығатынын айтып, үй иесін еліттіріп қойды (Ә. Н.).

ҚОҢЫЗ ТЕРГІЗДІ *Қорлады, азап шектірді; тентіретіл жіберді*. Жазығым болса, *қоңыз тергізерсің*, қазықсыз болсам, зәрің шашқанмен, түк қыла алмайсың (М. Ә.).

ҚОҢЫ ҚАЛЫҢ *Бұл жерде төтеп беру, көнтерілік жөнінде айтылып тұр*. Е, сорлым-ай! — деп, басын ізеді Алдаберген. — Сенің тілің зәрлі ғой. Бірақ, есінде болсын, менің *қоңым қалың*. Шыбынның шаққаны құрлы көрем бе екен сөзінді (Ә. Н.).

ҚОҢЫЛТАЯҚ [ҚОҢЫЛТАҚ] *КИДИ* *Етік, мәсі, пима, т. б. шұғлау шұлғанбай, аяғына еш нәрсені орамай киді*. Терезеден Ахия шықты. Есік пен терезенің айырмасы шамалы — екеуі де аңқиып ашық жатыр. Ахия көйлек, дамбалшаң, етіктің *қоңылтаяқ кие* салыпты (Ғ. Мұс.).

ҚОҢЫРАУДАЙ **СЫЛДЫРАЙДЫ** [ЗЫҒЫРАЙДЫ] *Жағымды, әдемі үн туралы айтылады*. Күлкі әрбір цехта, бригадада, көгерген парктерде де, әдеміленген пәтерлерде де *қоңыраудай сылдырайды* (С. Е.).

ҚОҢЫРАУ ТАҚТЫ *Сән-салтанат туралы айтылып тұр*. Масаты кілем жамылған, Алтыннан *қоңырау тағылған*, Дабысы жерді жарады (Жамбыл). Қалды ауыл қараңғы боп ай батқандай, Зарығып күйін-бейсің бұған не ғып, Жайқалып қызғалдақтай шықты көші Алтыннан неше түрлі *қоңырау тағып* (ҚамБ.).

ҚОҢЫР [САМАЛ] **ЖЕЛ** *Біркелкі жайлы салқын леп*. («Қоңыр» компоненті басқа да кейбір сөзге қосылып, тиянақты тіркес құрамына енеді. Ыңғайына қарай «орташа» деген ұғымды білдіреді. Мәселен, «қоңыр салқын», «қоңыр көлеңке», «қоңыр кеш», «қоңыр күз», «қоңыр дауыс» сияқты тіркестер тиісінше: ақпан-қаңтар салқыны емес, қара көлеңке емес, ымырт жабылған, қас қарайған кеш емес, тым ызғарлы күз емес, ышқынған қатты дауыс емес; сол тәрізді «қоңыр жел», «қоңыр леп» деген суық жел емес, суық леп емес, жайлы самал леп. Ал «қоңыр бел» деген тым үлкен бел емес, «біркелкі кіші-гірімдеу бел»). Бір кезде ауыл қасында, Болатын жасыл төбешік, Төбенің ылғи басында Тұратын *қоңыр жел* есіп (С. Ж.). Сұлу ән, тамылжыған күй, екпінді би табиғаттың осы тіл жетіп айта алмастай әсем шағын нұрландыра түскендей. Бал *қоңыр самал* еседі, өмір самалы (Е. Ә.).

ҚОҢЫР КЕШ *Кешқұрым, жаңа қара көлеңке түсе бастаған мезет*. Үй ішінде көлеңке қоюланып, *қоңыр кештің* майда лебінен терезе шілтері ақырын ғана сілкініп қояды (М. Ә.). Оңаша тыныштықта, *қоңыр кеште* бұрын естілмеген нәзік, терең мұң қалқып тұр (М. Ә.).

ҚОҢЫР КӨРДІ *Кем тұтты, олқы санады*. Татулықты, тыныштықты *Қоңыр көрер*, кем көрер. Ұрлық пен қулықты Қызық көрер, өңі енер (Абай).

ҚОҢЫР КҮЗ *Ығар, суығы жоқ біркелкі жайлы күз*. Міне, дәл осындай өзгеше өнімі бар, жемісі мол *қоңыр күзде*, тағы бір шаңқай түсте ойда жоқ өзгеше суық хабар жетті (М. Ә.). Күн шақырайса да, дене қыздыра алмайды. Жанға жайлы *қоңыр күз*. «Қатал қыс келеді, қамдан» — деп тұрған сияқты (Ғ. Мұс.).

ҚОҢЫР САЛҚЫН [ШАҚ, СӘТ, ЖЕЛ] *Ығарсыз сәт, мезгіл*. Жазғы *қоңыр салқын*, таңертеңгілік тамылжып келеді (ҚӘ).

ҚОҢЫР САЛҚЫН ҚАБАҚ *Ренішті суық жүз, рай*.

ҚОҢЫР САЛҚЫН [ҚАБАҚПЕН ҚАРАДЫ] *Бар ықыласы құламай, бейтарап қарау туралы айтылады*. Осы әдегі бойынша, героймыз Әсимаға да *қоңыр салқын қармай*, оның ішкі дүниесіне үділе, зер сала отырды (М. И.).

ҚОҢЫ [ЕТІ] **ТАЙДЫ** [ТҮСТІ, ҚИСАЙДЫ] *Еті қашты, арықтады*. Қанша семіргеніне қарамай, қыс аяғында жылқының *қоңы түсіп* кетті (АТ).

ҚОПА ҚАРДАЙ **ЕТТІ** [ҚЫЛДЫ] *Үлкен әңгімеге айналдырды*. — Е, сиыр өкірсе өкіре береді. Шұбатылған екі шал өздері үркітіп алды, онан басқа дөнеме де жоқ... Мұны *қопа қардай* сөз қылуларының өзі... — деп Рамазан күмілжіді де, сұпсұр болып кетті (Ғ. М.).

ҚОРАБАЛЫ КІСІ *Көне. Қоры ата-бабасынан үзілмеген деген мағынада айтылған*. (Кәрі құлақ шалдар бұны бай мағынасында да қолданады). *Қорабалы кісімісін* тұрсын ғой, дегенмен саған күнім түспес-ау (АТ).

ҚОР АДАМ *Өмірдің тепкісіне, езгісіне түскен, кемсіту көрген жан*. Дүниеде *қор адам* мен болармын деп түңіліпті де, өзін өмірдің тастандысындай жардан құлатыпты (АТ).

ҚОРАЛЫ БАЛА [ЖҰРТ] *Шуеттей жан*. Мына *қоралы баланы* қалай бағамын деп, ойбайлай беріпті әйелі (ҚЕ). О, несі! *Қоралы жұрт* отырып қорадан қой алдырыптының керін жасап (АТ).

ҚОРАЛЫ ҚОЙ *Қыруар көп қой*. Мысықтың соңынан жүріп келе жатқан жолаушылар жер қайысқан *қоралы қойға*... кездеседі (ҚЕ).

ҚОРАМСАҚҚА ҚОЛ САЛДЫ *көне. Жау жарағын кезенді*. Бұл сөзді айтып

Телеген Қорамсаққа қол салды, Бір салғанда мол салды (ҚЖ).

ҚОРАСАНҒА ҚОЙ АЙТТЫ көне. Жалының-жалбарынды, қайыр-садақа атады (Жырларда кездеседі). Әулиеге ат айттып, Қорасанға қой айттып, Артынан қуып келіпті, Өлгенде көрген шешесі (ҚЖ).

ҚОРАШ КӨРІНДІ Көңілге олқы, көзге шағын, кіші көрінді. Көзге қораш көрінгенмен, мінезге бай адам (АТ). Столдың жанында сілейіп тұрған қыз көзіне тым қораш көрінген секілді (С. Сар.). Айбаршаның бұл үйі өзгеге қораш көрінгенмен, өзіне сарайдай (А. Х.).

ҚОР БОЛДЫ Азап көрді, сорлап қалды; азапқа батты. Құдай салды жүрекке, Жалғанда бітпес жараны. Көре алмай қор бол қалған соң, Кете ме іштен арманы (Абай). Сол қыз барған жерінде де оңбады, барғаннан науқасқа айналып, ақырында қор болып өлді,— деді Күлзипа (Б. М.).

ҚОРҒАН БОЛДЫ Пана болды; саясына алды. Осы үйдегі үлкен-кіші сенің жайыңа бәрі де қанық. Сені көріп, саған қорған болуға асығып отыр,— деп Ләйлаңы айналдыра үйіріп барады (С. Шәр.).

ҚОРДАЛЫ АУЫЛ [ЕЛ, ҮЙ] Малға бай, дәулетті жұрт. Құт дарыған қордалы аулының сүбелі атасының баласымын... Қашанғы келін болайын (М. Ә.).

ҚОРДЫҢ ҚЫЗЫНДАЙ Діни сенім бойынша, ұжмақтағы (пейіштегі) ең сұлу қыз. Бас жағымда ертегіде айтылатын қордың қызындай қаздаған бойы бар бір сұлу отыр (Ж. Ж.). Лизочка, кандай көріктісіз. Сіздей қордың қызы, атақты адамның қызы осындай далаға келе ме,— деді Кулебакин (С. Е.).

ҚОРЕК ЕТТІ [АЛДЫ, ҚЫЛДЫ] Нәр татты, талшық етті. Ең аяғы көктемнің әсем күнінен қорек алып гүлдеп келе жатқан гүл-бәйшешек, ағаштар да Назымның көз алдына тіршілікті елестетті (М. И.). Орман ішіне апарып атыңды сой да, етін алып кел. Соны қорек қылып жата берерміз,— деді (ҚЕ). Тоңазыған жол азықтарың мұздай олырын, қанттай қаршылда-тып шайнап қорек етіп жатыр (Б. Мом.). Бірнеше күн шөптің тамырын қорек етіп жүріп, өлдім-ау дегенде бір бұлаққа жетіпті (АТ).

ҚОР ЕТЕ ТҮСТІ Әп-сәтте қорылдап, көзі ұйқыға кетті. Сақи бешпетін шешіп үстіне жамылды... кеше түстен бері ұйқы көрмеген көзін жұмып еді, лезде қор ете түсті (Ғ. С.).

ҚОР ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] 1. Қадірін түсіріп, рәсуа жасады. Есіл өмірді ескерусіз, басқа жарамсыз қылықпен қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малын сатып алуға таба алмайды (Абай). Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті, Сен есірге, тыныш ұйықтат, бақ сөзі-

ме (Абай). 2. Мазақ етті. Қор етуге құдіреттен Жүрегіме түсті өрт (Абай).

ҚОРЖЫН МАЙЛАНДЫ диалект. Балық ауға көп түсті (Тур., Маң.).

ҚОРЖЫННЫҢ [ҚАПТЫҢ] ТҮБІ ҚАҒЫЛДЫ Қоры таусылды, сарқылды. Сол жылы болған жұттан көп үйдің қоржынының түбі қағылып еді-ау (АТ).

ҚОРҚЫТ АТАМ ҚОБЫЗЫНДАЙ Зар илеу, сарнау мағынасында айтылады. Нандықтай жартасты соқ, қалсын жартас қаңсылап! Қорқыт атам қобызындай, Талмай тартып күйінді (Ғ. М.).

ҚОРҚЫТ [-ТЫҢ] КӨРІ Жаманшылық, сәтсіздік деген мағынада. Сондағы қошта-суымның екі ауызы қазір де есімде: Сен де аман бол, Сарысу, Қаратауым, Жеңе алмадым, Қоқанда кетті дауым. Қорқыт көрі алдымда қазулы екен, Ақырында, мінекей, жеңді жауым (І. Е.). Алдында қазулы Қорқыттың көрі, артында қуалаған бейнеттің соры деп түңілген екен сол шақта (ҚЕ).

ҚОРЛЫҒЫНА ТӨЗБЕДІ [ШЫДАМАДЫ] Істеген зорлығына көнбеді. Түлкінің қорлығына шыдай алмай, шал бір күні екінші жерге көшем деп, дүние-мүлкін арқалап жолға шығысты (ҚЕ).

ҚОРЛЫҒЫ ӨТТІ [ҚОРЛЫҚ КӨРДІ] Бізасы өтті, тізесі батты. Кәлен ағеке-ай, қорлығы өтті-ау мыналардың. Мынадан кейінгі тірлігі құрысын да!— деді Рай (Ә. Н.). Жалынды жалғыз апам шешем менен, Айрылып қаламыз деп тағы сенен. Алданыш ізін біліп қалайын деп Қорлығы өтіп барад өңменімнен (И. Б.). Өнеугүні жақсы сөзбен сұрап келгенімде, қорлық көрсетіп, өзімді ұрғандай қылып жіберді (С. Шәр.).

ҚОРЛЫҚПЕН ӨЛДІ Өмірі азаппен өтті, рақат көрмеді. Атаңа лағынет алпыс ит, Жанын өзі берсін деп, Қорлықпенен өлсін деп, Анталап келіп тұрады (ҚЖ).

ҚОР ТҮТТІ Кем көрді; төмен санады. Менсінбеуші ем نادанды, Ақылсыз деп қор тұтты. Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып (Абай). Бар адамға қор тұтып, Бір адамға зор тұтып. Төреге берген қазы бар, Арам өлген малмен төң (ШС).

ҚОРЫҚТЫҚ ҚҰЙДЫ көне. Қызған темірге, тасқа, т. б. сұйық затты кенет шаж еткізе құйды (шошыған балаға істелген ем-дом). Тағы қорықтық құю ма, қара малдың өкпесімен қағып көшіру ме, жыңға орау, қырық аяқ сумен ұшықтау... не керек, әйтеуір, осылар секілді «қасиетті» қазақ емдерінен қалғаны бар ма екен? (С. Т.).

ҚОСАҒЫНАН АЙЫРДЫ Серігінен ажыратты, зайыбын жоғалтты. Алланың хикметіне жүрмін көніп, Зар болдым жанған шырақ отым сөніп, Құдайым айырған

соң қосағымнан, Отырмын жау қалмаққа пенде болып (ҚЖЖ).

ҚОСАҒЫҢ [ЖҰБЫҢ] АЖЫРАМАСЫН
 ○ ҚОСАҒЫҢ [ЖАЗЫЛМАСЫН] ○
 ҚОСАҒЫҢМЕН ҚОСА АҒАР! (Жаңа үйленген жастарға айтылады). Тату-тәтті ұзақ өмір сүр. Қосағың жазылмасын, шырақтарым! (АТ).

ҚОС БЕЛГІ КІСІ Аты бар, зағы жоқ, құр селтiп жүрген адам туралы айтылады. Ол сенің не қажетіңе керек, әншейін, бір жүрген қос белгі кісі ғой (АТ).

ҚОС КІНДІК Малда, көбіне, бұзауда болатын ауру. Құлжұмырдың бойында он жеті түрлі өнер бар: айғыр, бұқа пішеді, бұзаудың қылауын, қос кіндігін, қойдың көн тақасын емдейді (Ғ. Мұс.).

ҚОС ТІКТІ Кіші-гірім үй, күрке орнатты. Асу салған тас бұзып, Тарбағатай белінен, Қол қондырған қос тігіп Борлы деген көлінен (Б. Қ.). Бұлақ басына кішкентай қос тігіп, күн қағар жасады (АТ).

ҚОС УЫС Екі қолдың алыс толған деген мағынадағы өлшем. Қос уыс ділда берді Вадимге шал, Сенің ортақ малың деп мендегі мал. Шешілісіп сырласып отыралық, Әр түрлі қымбат баға ішкілік ал (Абай).

ҚОС ҮРЕЙ БОЛДЫ Қатты қорықты. Жұрт онсыз да қос үрей боп отырғанда, мына хабар қатты тиіпті (АТ).

ҚОСЫ АУҒАН д и а л. Жесір. Қосы ауған әйел (Гур., Маң.).

ҚОСЫН ЖЕКТІ Бұл жерде біреудің қызметін істеді, соның қызметіндегі адамға айналды деген мағынада. Малы кеткен жігіттің досы кетті, Діні дағы малменен қосыла өтті. Жалғыз қойын құрттауға ерінгендер, Жаудан жаман қиынның қосын жекті (М. Сұл.).

ҚОШ АЙТЫСТЫ 1. Алыс сапарға аттанарда бір-біріне ізгі тілек тіледі (қоштасты). Досжан бала-шағасымен қош айтысып, қалаға жүріп кетті (АТ). Бақтығұл кешке ымырт жабыла құдайға тапсырдым деп қош айтысып... тауға қарай тартып берген (М. Ә.). 2. Ақтық рет арыздасты (соңғы рет тілек білдірді). Бір кезде тіршілікпен қош айтысып, Мезгілсіз өлімге де басты байлап, Кетсем де қараша үйге қайта оралдым, Ызалы дұшпанымға тісім қайрап (Ж. С.).

ҚОШ АЛДЫ Кутті, қарсы алды. Тағы бір жыл тарихта өтіп кетті, Тағы батыр бір жасап өмір шекті. Атар таңды әр күнгі келіп қош ап, Алдан сұлу көргендей жігіттікті (Ж. М.).

ҚОШ АЛУШЫ Қошеметпен кутуші. Құзғын тамағымыз үшін біріміз жалшы, біріміз — қош алушымыз (Абай).

ҚОШ БОЛДЫ Риза болды, көңілі толды. Көркіне көңілім қош болып, Балқашты айтсам, мақтанам (ХА).

ҚОШЕМЕТ КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] ○ ҚОШ ТҮТТЫ 1. Шашбауын көтерді; сый-құрмет жасады; құрметтеді. Қайсыбір істі болған кісілердің Нығметке қошемет көрсетіп, жалшылдап жатқанын көргенде, Судыр Ахмет жарылып кете жаздады (Ө. Н.). Біреуің қошемет қылсаңдар, ерсеңдер, теріс батамды беремін, Төлегеннің кететінін білсеңдер, ұстап беріңдер, — деді (ҚЖЖ). Өлік шыққан үйді туысқандары бас-басына қонаққа шақырып, қошемет етіп, қайғысын жеңілдеуге тырысатын дәстүр бар (В. С.). Құрбыдай қош тұттым Жасың мен көріңді. Жоқтамай ұмыттым Ақыл мен нәріңді (Абай).

ҚОШ КЕЛДІҢ! Зәуі түсіп келдің, сәтті келдің. (Көбіне, сырттан келген кісіге, қонаққа, т. б. айтылады). Қош келдің, құттықтаймын, Бірінші май, Жүрекке жылы тиіп, көңілге жай (ХА). Қош келдіңіз, құтты қонағымыз болыңыз (АТ).

ҚОШ КӨРДІ Мақұлдады, құптады. Бүгін орындамаған соң, қош көргені деп Тайман Сашаны қоштады (З. Қ.). Аптығып асау інің келді ақсақал, Тау-тасқа, адамзатқа салып жанжал. Дем алайын деп келдім, аш қойынды, Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал (Абай).

ҚОШҚАР ТҰМСЫҚ [МҰРЫН] Дөң мұрын, қоңқақ мұрын. Шәрипа кереует тұсындағы кілемнен жоғарырақ ілінген суреттен шықшыттары шығыңқылау, қошқар мұрын, қысық көз жігіт бейнесінен көз айырмай көп тұрды (Ө. Қ.).

ҚОЯН ЖҮРЕК Қорқақ, ынжық. Ел болуға алдымен білік керек, Бір сөзді, бір ауызды, намыс керек. Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің, Алты ауыз азған болсаң қоян жүрек (С. Т.). Өз көлеңкесінен қорқақтың қоян жүрек қорқақтар қалшыламақ түгіл, қаңбақ болып кетсе де мейлі (Ө. Ә.).

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ АРАЛАС Өте тығыз, мидай араласты деген мағынада. Ел жұмылған майданнан қалмай шетте, Аралас қоян-қолтық еріп көпке, Аттанса өнер-білім командирі, Инженер, профессор, педагог те (С. М.). Ыза кернеп, кек қайнап, Түтеген оқ байқалмай, Тоқтамасқа серттеніп, Жаудың бетін қайтармай, Көтеріп сойыл, қада ағаш Жауға шауып жалаңаш Ерегіскен екі жақ, Қоян-қолтық аралас (Н. Б.).

ҚОЯННЫҢ ЖЫМЫНДАЙ ЖОЛ Ирек, жықпылға тартуы көп сүрлеу. Орман ішіндегі қоянның жымындай жалғыз аяқ жол ирелеңдеп, ұзарып кеткен сияқты (АТ).

ҚОЯНШЫҒЫ ҰСТАДЫ Бұл жердегі мағына: долданды; қырсығып қалды. («Қояншық» — естен адастыратын ұстамалы ауру). Доһы боран ішін тартып, бірден-бірге асқына түсті. Бейне бір аяқ астынан қояншығы ұстағандай үдеп, құтырынып кетті (В. С.).

ҚОЯР ДА ҚОЙМАДЫ Жалынып-жалпайды; өзгереді. Баяғыда атамыз жарық-

тық Қарақожадан қояр да қоймай жүріп, қалау қылып ат беріп алған екен (С. Т.). Өгей шешесі қамыр илеп жатқанда, бір дөңгелектік қамырды Жаппарбек қояр да қоймай сұрап алған (С. Б.). Оны қояр да қоймай күштеп алып келдік (АТ).

ҚҰАҚЫ АДАМ *Әзілқой, қалжыңбас кісі. Тігіншінің құақы адам* екенін біліп, Нұрмы да оның ыңғайына көше салды (Х. Е.).

ҚҰАНЫШЫ ҚОЙНЫНА СЫЙМАДЫ *Қатты сүйінді, қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады. Апаң ақшаны уысына мықтап ұстаған күйі қуанышы қойнына сыймай, үйіне жеткенше асықты* (А. Х.).

ҚҰАРҒАН АҚ ШҮБЕРЕКТЕЙ *Сұпсұр, қан-сөлсіз. Оның қорыққаны сонша, беті қуарған ақ шүберектей болып кетті* (АТ).

ҚҰ АУЫЗ *Өсекші жылпос адам. Ақаның осылай деп өктергенің, «Құламан озар жылқы жоқ» — дегенің, Жеткізді Батырашқа бір құ ауыз. «Құлаға бектерлер Көк» — дегенің* (І. Ж.).

ҚҰ АЯҚ *Зымиян, залым. Міне, Мәсенит сол бұсық құ аяқтарды менің соңыма салды* (С. С.). Бір күні далада аң аулап жүркенде, оған құ аяқ кемпір кез болады (КЕ).

ҚҰ АЯҚ АТ *Өте жұрдек жылқы туралы айтылады. Алдыңғы ағы не жорға, не құ аяқ желісті болуы керек* (Ғ. М.).

ҚҰ БАС *Жалғыз басты, баласы жоқ кісі. (Көбіне, көрі шал-кемпір туралы айтылады. Кей өңірде «көрілік келді» дегенді «қу бас жақтанды» дейді). Жерге кірсең де қоймасын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергенше, қу бас қып, сорлы ғып неге қоймадың* (М. Ә.). Ертең қозым келгенде, Серкем қайда дегенде, Мен сияқты қу бас шал Не деп жауап береді (АБ).

ҚҰ БАСТАН ҚҰЫРДАҚ ЕТ АЛДЫ *Екі басынан ұстап, ортасынан тістейтін сараң туралы да, арам ниетті адам туралы да айтылады. Және қу бастан қуырдақ ет алады* дейтін қан сүлік Әбділда болатын (М. Ә.).

ҚҰ БАУЫР *Туысы, жақын адам. (Кекесін мағынада айтылып тұр). Қу бауыр деген қиын ғой, жаман да болса жақын еді* (АТ).

ҚҰ БОРБАЙ *Қушиған, сымпиған, келісімсіз. Осындай сйдаң жігіт елде мол-ақ, Бәрі де шаруаға келеді олақ. Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп, Бар өнері қу борбай, сымпыс шолақ* (Абай).

ҚҰҒЫН КӨРДІ ○ ҚҰҒЫНҒА ҰШЫРАДЫ [САЛДЫ] *Қудалау, соңына түсу мағынасында. Ғаниды құғынға салды. Жақындарының кенесімен, сонда Ғани Қазалы сыртындағы ауылды уақытша паналаған* (Ж. А.). Патша әкімдері Жаяу Мұсаны, Құрманғазыны құғынға ұшыратқан

(Е. Ы.). О заманда құғынға ұшыраған жақсы жандар бұл өлкеге көп келіпті (АТ). Қуғын көрген, қаңғырған, Қараңғыда жылт еткен, Жаман күнде жау құған Сәлем, сонау ағайға (І. Ж.).

ҚҰ ДАЛА [МЕДИЕН, МЕКЕН] ○ ҚҰЛА ДАЛА ○ ҚҰ ДАЛА, ҚҰБА МЕКЕН ○ ҚҰЛА ДҮЗ ДАЛА ○ ҚҰЛАЗЫҒАН ДАЛА [ДҮЗ] ○ ҚҰЛАН ДАЛА ○ ҚҰЛАН ЖОРТПАС, ҚҰЛАДЫН [ҚҰС] ҰШПАС ДАЛА ○ ҚҰР МЕДИЕН *Мекенсіз жапан түз, сары дала. Ел зары намысы бар ердің зары, Пана бол тентіретпе құ далаға — деді қыздар* (М. Ә.). Қу дала құлазиды ел кеткен соң, Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң (Айтты). Шөл ғасырдың қу медиен құла дүзінен бұлар заманға, жарқын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан ақын болатын (М. Ә.). Құлазыған құла далада тастан қалаған жалғыз мавзолей ғана тұр (С. Мәу.). Ат қарғуды қойып, бет алды құла дүзге кесіле шапты (С. М.). Атам заманнан бергі алабота мен көрі қау өртеніп, орнына көк орай шалғын, бөйішешек өспесе, құлан дала құлпырмайды (Ж. Т.). Сондағы шұбырған даласы осынау жатқан, бір кезде құлан жортпас, құладын ұшпас шөл дала атаған Балқаш пен Алатаудың арасы еді (Ә. Ә.). Ал мен бе, үйде Қамқа шешем, мына Еңліктің апасы баруын бар десе де, «Ей, таба алмайсың ғой, ессіз тау, құ дала, құр медиенде қанғып өлесің ғой» деп етегімнен қанша тартса да, «Әй, тәйір-ай, жіберші былай! Жапал аған таппайтын жердің жықпылы жоқ!» дедім де, атты «шу» деп борбайға бір-ақ салып құйықтыра жөнеліп ем (М. Ә.). Жас Федоров өзі судай шашып жүрген ақшаның ана жақта өкесіне қандай қиындықпен түсіп жатқанын білмейді. Енді байқаса, өкесі аяғы жетпейтін алыста қу дала, құба мекенде, жабайы халық арасында айлап-жылдап күн кешіпті (Ә. Н.).

ҚҰ ЗАМАН *Бұзылған, кері кеткен дәуір. Оған Қотан қарт не айтпақ? Қыпшақтың ерлігіне қандай мін тақпақ? Шапқыншылықты, ерлікті мұрат көрген мына қу заманда жұрт оның ойына түсінер ме?* (І. Е.).

ҚҰ ЖАҚ *Әзілқой, қалжыңбас, сөзуар. Жантас әкілді қу жақ балалар сол мезетте-ақ атыңды тоғыз саққа жүгіртіп, төлкек ете бастайды* (Б. С.).

ҚҰ ЖАНЫ ҚҰЫРДАҚ БОЛДЫ *Күйіпті, жаны қалмады. Кенеттен болған сөтсіз іске күйіп-пісіп, қу жаны қуырдақ болмасы бар ма!* (АТ).

ҚҰ ЖЕТИМ т а р и х и. *Панасыз (туыс, жақыннан жұрдай) бала. нағыз жетім. Қу жетім, бұл қылығың жөн бе еді деп, Сенен менің көңілім кем бе еді деп* (ҚКБС).

ҚҰ ҚАНЖЫҒА ○ СОР ЖОЛДЫ, ҚҰ ҚАНЖЫҒА *Жолы болмайтын, қырсыққа шалдыққыш. Қу қанжыға жүйріктің То-*

пырыштан несі артық? Көктемесе жаңбыр боп, Қайырсыз жаздан қыс артық (Н. Н.).

ҚУ ҚАШТАЛ Қарыңған бұзық, сұм кісі. Талайды көрген қу қаптал ғой (АТ).

ҚУ [ҚАСҚА, ҚЫҢЫР, СЫҒЫР, ШҰНАҚ] ҚҰДАЙ ○ ҚУРАП ҚАЛҒАН ҚУ ҚҰДАЙ Қатты күйзелгенде, ашу-ыза кернегенде айтылатын кейіс сөз. Кәкіш кемпірдің сөз салты сол: ...Бұзауы еміп, сүті тасып кетсе де, аяғы сүрініп кетсе де, «қу құдай!», «шұнақ құдай!» деп жатқаны (АТ). Жалғызымды жардан ұшырған қу құдайға не жаздым! (АТ).

ҚУ ҚОНЫС т а р и х и. Құтсыз, бақыты жанбаған, ырысы бұйырмаған мекен. Қош, қу қоныс. Бұйырмаған топырақ (І. Ж.). Осы қу қоныс дейсің ғой, атам жатқан жер дейсің ғой (АТ).

ҚУҚЫЛ ТАРТТЫ Қаны қашып сазарды. Мәкіштің екі көзі қызарып, өңі қуқыл тартқанын көрді де, жылағанын білді (М. Ә.). Бір сәтте қаны қашып, қуқыл тартып кеткен адамдар бір-біріне қарап, сәл дағдарып қалды (Ә. Н.).

ҚУЛЫҒЫН АСЫРДЫ Алдап кетті, айласы басым түсті. Екі жас қосылып мақсаттарына жетті, Дүрімбай қулық асыра алмай, бұл жерде де шоңқайып қалды (С. Шәр.). Сірі жанды Қыстаубаев Оңай қулық асырып жүр. Сері деген атын жайып Қылмыстарын жасырып жүр (М. Р.).

ҚУЛЫҚ БИЕ Жас (бірінші рет) құлын-даған бие. Алты аяқты ала атын Қулық бие құлыны, Табанынан тас батса Алты күнге жарамас (ҚЕ). Қулық бие құлыншыл (Мақал).

ҚУЛЫҚҚА ТҮСТІ Алдап-арбауына ілікті, алданып қалды. Түленнің бір қулыққа түскісі келіп тұрғанын Алдардың іші сезе қалады (ҚЕ).

ҚУЛЫҒЫ КӨГЕН [БАСЫНАН] АСПАДЫ Жәй шәлсем мінез, сасық сөз мағынасында. Түбіне найза бойламайды деген Рамбердінің де қулығы көген басынан асқан кезі болмапты (Ә. Н.).

ҚУЛЫҚ САҚТАДЫ [САУДЫ] Арамдық ойлады, пәле құды (АС). Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзің сен, өзіңді алып шығар Еңбегің мен ақылың екі жақтап (Абай). Аяңт ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып, тіленген малы құрсын. Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тіл мен қулық сауған заңы құрсын (Абай).

ҚУ МАЗАР ○ ҚУРАҒАН ҚУ МАЗАР Бейіт, қабір тәрізді, ың-шыңсыз. Баласыз үй — қу мазар (Мақал).

ҚУ [СОР] МАНДАЙ ○ КУ ШҰНАҚ Жазған сорлы, азабы арылмаған сорлы деген мағынадағы кейіс сөз. Беу, әйелдер сонда да Пыш-пыштады, туғандай, Шолжаңдатып жүргенін Қарашы деп қу маң-

дай (Қ. Мұқ.). Сорлап қалдың-ау, сор маңдай, жазған сорлы! (АТ). Қуарған! Мұқан! Қолыңды әкел, қу шұнақ! Қош, құрыған аруақ! Қош, қу қоныс. Бұйырмаған топырақ (І. Ж.).

ҚУ МОЙЫН Ұзын, арық мойын. (Кейде ауыс мағынада да айтылады). Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал, Кір көйлек, қамыт күпі, шидем шалбар. Сары үрпек, көңілжім көз, өңі жүдеу. Қу мойын, аш қабырға, аңғал-саңғал (С. Т.).

ҚУ МҰРТ Селдір мұрт. Шүйке шал, аузы ұрадай опырылған. Су мұрын, қу мұрт, ұрты шұқырайған. Боз бура бір күндегі тасқа шөгіп, Шал отыр қу қайыңда мықырайған (І. Ж.).

ҚУ МҮЙІЗ КІСІ 1. Көпті білетін, жағдайға қанық, кәнігі пысық. Қолхоз құрылғалы бірге жасап келе жатқан қу мүйіз ескі кісі (М. Ә.). 2. Әкімшіл, мансапқор қу. Сібірдегі үкіметтердің ең зоры — алдымен Омбы үкіметі бағынбады. Ақтың қу мүйіздері орынға таласып, өзді-өздері сүзгісті (С. С.).

ҚУ[-ДЫ] МІНПІ, ҚҰЛАН[-ДЫ] ҚҰРЫҚТАДЫ Өте епшіл, әбжіл адам туралы айтылады. Вреулер қара сөзді қамшы қылып, Қуды мініп, құланды құрықтап жүр, Қайсысын маған соның еп көрерсіз, Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз (Жамбыл).

ҚУРАЙДЫҢ [КӨЛДЕНЕҢ ШӨПТІҢ] БАСЫН СЫНДЫРМАДЫ Дәнеңе істемеді, екі қолын қусырып отырды. Бізде жыл бойына бір құрайдың басын сындырмай, сессия таянғанда, әйтеуір, «стипендиядан қағылып қалмайын» деп, екі-үш күннің ішінде бәрін біліп алатын студенттер де бар (ІЖЖ).

ҚУ СИРАҚ [ТҰЯҚ] Бұл жерде қыдырымпаз мағынасында айтылып тұр. Онсыз да кітап бетін ашпайтын қу сирақтарға мынау енді рақат болды (Б. С.).

ҚУ СҮЙЕК Қаусаған, дәрменсіз адам туралы айтылады. Қайырлы таң болсын! — деп үйге әуелі әскери адам, оның соңынан қу сүйек арық әйел және Сережа кірді (Б. С.). Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі, Кім де болса тұрғысын көксемекті, Мезгілі өткен дәуренді қуалаған Негылсын бір қартайған қу сүйекті (Абай).

ҚУ ТАБАН Ел кезгіш, көп жүретін қыдырымпаз. Бұл қу табандардың да баспайтын жерлері болмайды-ау, әйтеуір (Ш. Х.).

ҚУ ТАҚЫМ 1. Мініс атқа жарымайтын кісі туралы айтылады. Өзі бір ат құтаймас қу тақым (АТ). 2. Тақымдасып, тарғысып жүретін пысық, қу адам. Бұл жүрістің түбі бір жанжалға соғарын сезінген қу тақымдар Игіліктің тобына өздері қосылып, елден елге шығарып салып қайтысты (Ғ. М.). 3. Әйелге жарымайтын еркек. Қу тақым қайным-ау, тізеңді құшып, та-

қымыңды қысып жата бересің бе?— депті (АТ).

ҚУ ТАМАҚ *Ишер ас; аш өзек, нәпсі.* Қу тамақ көп болса, семіред, Жоқ болса— қақ сүйек кеміред. Кешегі үретін жауына Жанасып жүгіртіп телміред (С. С.). Тоқтық не дегізбейді, аштық не жегізбейді деп, бәрі қу тамақтың қамы ғой (АТ).

ҚУ ТАҢДАЙ *Сөзшең адам туралы мысқыл ретінде айтылады. Уа, қу таңдай жалайыр! Менен асқан еліңде Бар ма, сіре, бір шайыр (Жамбыл).*

ҚУ ТОЛАҒАЙ БАСТАНБАЙ тарихи. Ақын бұл жерде «басқа күн тумай, тарығып-зарықпай» дегенді айтып тұр. («Толағай» монғолша — бас деген мағынада). Тұн қатып, жүріп, түс қашпай, Тебіңгі теріс тағынбай, Темір қазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме (М. Ө.).

ҚУТЫҢ ҚАҚТЫ *Қулана күлімдеді, қу нәпсімен телмендей жымыды.*— Деді де Даужанға Қутың қаға қарады. Бірақ оған Раушанның Жылымады қабағы (Ө. Т.).

ҚУ ТІЗЕ[СІН] ҚҰШАҚТАДЫ *Әйелсіз, бала-шағасыз кісі туралы айтылады.* Қыруар мал, ұшан-теңіз дүниені бергеніңді қайтейін, қу бас шал қылып, қу тіземді құшақтатып қойғаныңды қайтейін (М. Ө.). Уай, қартайғанда қу тізені құшақтағаның зары өтіп отыр дейсің бе, қу көңілдің тамыршысы болмай, жетімденіп отыр емессің бе?— депті (АТ).

ҚУ ТІЛДІ СЫҚАҚШЫЛ, ӘЗІЛҚОЙ. Бірер жетінің ішінде Қарасай қаласына орнынан алынған қызметкерлер толды. Қаланың қу тілділері оларға «азбандар» деп ат қойды (В. М.). Қиялданбай жүрмейтін албырт Земцовты қу тілдінің ішіндегі ең аз сөйлейтін Бондаренко ылғи қағытып отырады (Т. А.).

ҚУЫРДАҚТЫҢ ӘКЕСІН ТҮЙЕ СОЙҒАНДА [СОЙҒАН СОҢ] КӨРЕРСІҢ *Бұл, бұл ма, мұның зоры алда деген мағынада.* Тіптен, тегі, дұрыс айттың, інім... Сендер ме, сендер қуырдақтың әкесін өлі түйе сойғанда көрерсіңдер (М. И.).

ҚУЫС БАС *Ақылсыз деген ұғымда айтылады.* Неменге абыржып отырсың, қуыс бас-ау! Өз ойыңша шеш! Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол деген бар ғой (АТ).

ҚУЫС КЕУДЕ *Бос, дәрменсіз, қолынан ештеңе келмейтін деген мағынада.* Өзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді болғанмен, қуыс кеуде қорқақтың бірі болатын (М. Ө.).

ҚУЫС ҮЙ *Үй аты бар жай.* (Жақсы үй, жаман үй,— бәрі бір деген ұғымда). Қуыс үйден құр шықпа деген сөз бар, шырағым,— деді Жаңыл, ағаң болса, бұндай ішпес ең, шай да болса, дәм тат (С. М.). Түндегіден қалған бірер жұтым сол екеуі-

не бұйырғаны ғой. Қуыс үйден құр шықпа деген деп қылқ еткізді (С. Төл.).

ҚУЫС ЫДЫС *Бұл жерде бос, босап қалған, жарым көңіл деген мағынада.* Бұл (сезім, сана) болмаған жан күйі — толқынсыз, ырғақсыз, ішіне не құйса да талғамайтын қуыс ыдыс (М. И.).

ҚҰБА ЖОН [БЕЛ] *Біркелкі, орташа, ұзын-ырға дөңес, қырқа жал.* Күн салқындау еді. Көсілген ойлы-қырлы, елсіз, жымжырт құба жондармен жүріп отырып, бір көлденең жатқан биік жонға шыға келдік (С. С.). Жайлау болып отырған осы ұшан-теңіз құба жонда соқа суыратын жер жоқ (Ғ. Мұс.). Құлдан жортпас қу жапан Жан біткендей жаңарды. Құба белде құлпырған Қуанам көріп қаламды (ХА).

ҚҰБА ЖОНДАТТЫ *Ұзын сонарлатты, орағытып сөйледі.* Абайға келгенде де алғашқы сөзді Бегеш бастады. Ол өзінің алыстан орағытқан үйреншікті құба жондағып келетін шенендігін Абайдың алдында да іріккен жоқ (М. Ө.).

ҚҰБА ҚАЛМАҚ ЗАМАНЫ тарихи. Қалмақ пен қазақ шабысқан кез. «Құба қалмақ заманы» деп атанған заманда қалмақ пен қазақтың ел шабысқан даулары бітістіруде Қазыбек үш рет билік айтқан екен (В. А.).

ҚҰБА ТӨБЕЛІ БОЛДЫ *Көптің бірі болды, орта қолды күйге түсті.* Өншейінде, ауылда көптің бірі боп, құба төбел бол жүретін аға-жеңгесі Қасеңдер келгенде, қоқиланып, айбаттанып кететін (М. Ө.).

ҚҰБЫЛАҒА БАС БЕРДІ [ҚОЙДЫ] *к ө н е.* Бетін күннің батысына қарай түзеді. (Діни сенім бойынша, бетін Мекеге — «қасиетті» мекенге қарай бұрды). Құбылаға бас беріп, Екі көзге жас беріп, Байбөрі хаққа налынды (АБ). Құбылаға қарай бас қойып, Мінажат айтып аллаға, Сөздеге басын салады (ҚЖ).

ҚҰБЫЛАҒА БЕТ АЛДЫ [ҚОЙДЫ] *Күннің батысына қарай жүрді.* Құбылаға бет алған. Жауды жеңіп жаншуға Батысқа ұмтыл, ерлерім, Жерді түгел аршуға (Жамбыл). Жаздай жайлап, елдің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып құбылаға бет қойып келе жатырмыз (В. М.).

ҚҰБЫЛАҒА ҚАРАП КҮН ӨТКІЗДІ *Бұл жердегі мағына: бекер, жұмыссыз өмір өткізді.*— Сонда қалай, балам, біз секілді көрілер енді үйде қол қусырып отырып, құбылаға қарап күн өткізбек пе (О. С.).

ҚҰДА ВОЛУҒА [ТҮСУҒЕ] КЕЛДІ **○** **ҚҰДА ДЕСНЕК** **○** **ҚҰДАЛАП КЕЛДІ** тарихи. Қыз алысып, жекжат болды. Күлпейменді әкесі малға саққан, Құдай деп, құда болып бата айтқан. Әрі малды көбейту мал үстіне, Әрі би боламын деп қарғыс атқан (С. Т.).

ҚҰДАЙ АБЫРОЙ БЕРДІ д і н и. *Иіні келіп, сәтін түсірді. Құдай абырой берді, сәл кешіккенде, суға кетіп қалатын еді (АТ).*

ҚҰДАЙ АЙДАДЫ д і н и. *Өздігінен келді. Түрегел, барайық, сен қағаздарын кәр. Бұл құдай айдап келген олжа ғой. Бізге не қылады (С. С.).*

ҚҰДАЙ АҚЫ [АҚЫНА] д і н и. *Қарғанып, шын айтамын деген мағынада. Мендегі жалғыз тілек, Баршағұлді аулыма келтіріп бір берсеңдер. Құдай ақы өзімнің орнымды берер ем (Ғ. С.). Құдай ақы, рас, тұра алмай жатырмын,— деді ол (Б. Мом.).*

ҚҰДАЙ АЛДЫ д і н и. *О дүниеге әкетті; құрды. Өзі жаратқан пендесін құдайдың өзі алды, жылама, күпірлік етпе! (АТ). Көзінді өле-өлгенше бір ашпассың, мырзаңды Жиенқұлдай құдай алмай (Қ. Жұм.).*

ҚҰДАЙ АРТЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН БЕРСІН! д і н и. *Өлген кісінің үй ішіне ескіше көңіл айтудың түрі. Құдай арғының жақсылығын берсін, шырағым. Құдай берем десе, баласы жоқ па, үмітсіздік шайтанның ісі (АТ).*

ҚҰДАЙ АТҚАН [АТТЫ] д і н и. *Ант ұрған, оңбаған деген мағынадағы кейіс сөз. Түү, құдай атқан екен ғой!— деп Жарасов ыршып түскендей болды (М. Ә.). Соқыр қариды құдай атты. Маған қас ойлағаны үшін, «Кәләм шариф» ұрды,— деп сүйсініп қалды (М. Ә.). Тек мен емен бұл сырды талай айтқан, Күні кеше өз атаң Абай да айтқан. Тағы қайта айтамын, тағы, тағы! Болғаннан соң не кеше құдай атқан (Қ. А.). Құдай атқан қу молда, Берекеңді ұшырып, Кетірейін пұстыңды (Жамбыл).*

ҚҰДАЙ АТЫМЕН АНТ ШІТІ д і н и. *Қарғанып, серт берді. Ол ханның сықағын естіп, бұл хан әбден ыза болып: «Құдай атымен ант ішемін, осы істерді істеген қу кім болса да, кінәсін көшемін, маған келіп мәлім болсын»— дейді (ҚЕ).*

ҚҰДАЙ БАСҚА САЛДЫ д і н и. *Тағдырдың ісіне, амалсыз шараға мойын ұсынды. Мен сырғымды сізге айтайын, Құдай басқа салған соң, Сізге айтпай қайтейін (ҚЖ).*

ҚҰДАЙ [ҚҰДАЙ БАСҚА] САЛМАСЫН! д і н и. *Тәңір басқа жазбасын, дұшар етпесін. Құдай басқа салмасын, сен секілді Желмен жерге тығылып, жар сүзбекті (Абай).*

ҚҰДАЙ БЕРГЕН «Жасаған ие» жарылқаған, тәңір берген. Міндім де жасыл қоныз сона құдым, Басынан мұнар төбе сағым будым. Дәулеттің құдай берген арқасында Қанменен көйлегімнің кірін жудым (ҚЕ).

ҚҰДАЙ БЕРДІ [БЕРСЕ] д і н и. *Жолы, дегені, ойлағаны болды. Аз уақытта Ербол*

қайта кеп, Абайды қолынан алып сыбырлап: *Құдай берді!* Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз!— деді (М. Ә.). Бәрінен бұрын Көжекпен көп қалжыңдасатын Бөрібайдың құдайы беріп қалды (Т. А.).

ҚҰДАЙ БЕТІН КӨРСЕТПЕСІН! д і н и. *Көрмегенім сол болсын, жолата көрме. Оның зұлымдығы әркімнің-ақ шымбайына батты, құдай оның бетін көрсетпесін (АТ).*

ҚҰДАЙ БҰЙЫРТПАСЫН! қ а р ғ ы с. *Жақсылық көрмесін, тәңір жарылқама-сын.*

ҚҰДАЙ БҰЙЫРТСА д і н и. *Нәсіп айдаса, тәңір жазса. Біздер құдай бұйыртса, сол жыланды өлтіріп, бұл қызды және қаланың адамдарын бұл жыланнан құтқарып аламыз (ҚЕ).*

ҚҰДАЙ БІЛСІН Негәйбіл, белгісіз. Оның келер, келмесін құдай білсін (АТ).

ҚҰДАЙ БІР, ПАЙҒАМБАР ХАҚ д і н и. *Діни ұғым бойынша, зиянды сенімді ұағыздаушының «алла деген біреу, пайғамбардың барлығы шын» деген өтірік қағидасы.*

ҚҰДАЙҒА АҚ САРЫ БАСЫН АЙТТЫ [АТАДЫ] д і н и. *Тәңірді атап мал садаға берді. (Ауырған кісінің айығуына, не сапар шегіп кеткен адамның есен-аман оралуына, т. б. құрбандыққа мал атау ұғымын білдіреді). Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап түн ұйқысын төрт бөліп, құдайына ақ сары басын айтады... Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау,— деді (М. Ә.).*

ҚҰДАЙҒА ЖАЛБАРЫНДЫ [ЖАЛЫНДЫ] ○ КҰДАЙҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕГТІ] д і н и. *Аллаға жалбарынып, рақымын тіледі. Құдайға құлшылық етуден не береке табасың? (АТ).*

ҚҰДАЙҒА СЫЙЫНДЫ д і н и. *«Жаратқан иенің» қолдап, қуат беруін тіледі. Құр, тек, құдайға сыйынғанша, екі қолыңа, қуатыңа сыйынсаң нетті, жазған (АТ).*

ҚҰДАЙҒА ТАПСЫРДЫ д і н и. *Тәңірдің бір өзінің қарауына тапсырды, аруаққа тапсырды. (Есен-аман болуға тілек білдірді). Төлеген сонда сөйледі: «Мен Жайықтан қайтқанша, Жүзінді есен көргенше, Ата-анамды, мал-жанды Тапсырдым алла, құдайға» (ҚЖ).*

ҚҰДАЙДАН МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛЫП СҰРАП [ТІЛЕП] АЛДЫ ○ ҚҰДАЙДАН ТІЛЕП [СҰРАП] АЛДЫ д і н и. *Құдайға мал, жан атап жүріп тапты. Жамал қыз ед, қыздың шолпан жұлдызы ед, Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед. Бұршақ салып тілеп алған құдайдан, Есекеңнің ұл қып сүйген бір қызы ед (І. Ж.).*

ҚҰДАЙДАН ҚАЙТСЫН! д і н и. *Қайыры тәңірден қайтсын. (Қылған жақсылығыңның есесін құдай қайырсын деген мағынадағы айтылар тілек). Бізден қайтар*

демеймін, ылайымда құдайдан қайтсын (С. М.).

ҚҰДАЙДАН СҰРАП АЛҒАН ЖАЛҒЫЗЫ д і н и. *Әлпештеген сүйіктісі*. Біреу ашу үстінде тентек ұлына «қарғайын десең жалғызым, қарағайын десең жалмауызым» деген екен. *Құдайдан сұрап алған жалғызына* дәнеңе дей алмағаны ғой (АТ).

ҚҰДАЙДЫ ҚҰЛАҒЫНАН ҰСТАДЫ *Масайрады, көкіді*. Я, ол құдайды құлағынан ұстадым деп жүр ғой (Қ. Ж.).

ҚҰДАЙДЫҢ ЗАРЫН ҚЫЛДЫ [ҚҰДАЙҒА ЗАР ЕТТІ] д і н и. *Безек қақты, шыр-шыр етті, азар да безер болды, зар иледі*. Шыдай-шыдай келіп ем, көзім жетейін деді ғой. Осы тұқымды екпейік деп, *құдайдың зарын қылмап па ем?* — деді Сәрсек (М.Ә.). Ақжәулық шырағым, *құдайдың зарын қылдым*, ал бүгін Лекердің огородын жеп қойса, ертең менікін сырапыл қылады (Қ. Қуан.).

ҚҰДАЙДЫҢ КЕНЖЕ ҰЛЫНДАЙ *Құдайдың өзі мұра еткендей*. Ерке *құдайдың кенже ұлындай* боп, қара жер мен көк теңізді қоса билеп отыр (Ә. Н.).

ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЗАНЫНА СИМЕ! *Қырманды былғам, қырманды балағаттама деген мағынада айтылады.*

ҚҰДАЙДЫҢ [ҚҰДАНЫҢ] ҚҰДІРЕТІ д і н и. *Алланың әмірі, тәңірдің күші сияқты діни ұғымды білдіреді*. *Құданың құдіреті*, сендер бір жайсыз уақытта келгендеріңді қарашы. Басқа уақыт табылмағандай, нағыз қауырт уақытында кеңсе шақыра қойыпты, — деді Төлеубаев (М. И.).

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЛАҒЫ СҮЙСІНСІН ДЕП *Істеген ісі ұнасын, қылығы жақсын деп, жұмысы көңілге қонсын, риза болсын деп.*

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰТТЫ КҮНІ *Күн сайын, әр күні, күнде*. Бәстестен хат келмегенді құдайдың құтты күні почтаға барам, кей күні әлденеше рет барам, бірақ хат жоқ (С. М.).

ҚҰДАЙДЫҢ АЛА ТАНАСЫН ҰРЛАП-ПЫН БА? кей і с. *Тәңірге не жазыппын, еш кінәм жоқ деген мағынада.*

ҚҰДАЙДЫҢ САЛҒАНЫН КӨРДІ д і н и. *Пешенесіне жазғаны болды*. — Балам, бекем бол! *Құдайдың салғанын көрерсің*, — деп, қызын жұбатпақ боп отырып, көңілшек шал қосыла жылады (Ә. Н.).

ҚҰДАЙ ЖАРЫЛҚАДЫ [ИДІ, ОҢДАДЫ] ○ ҚҰДАЙ ЖАРЫЛҚАП [ИІП, ОҢДАП, ҚАЛАП] д і н и. *Жолы болды, ісі оңға басты; сәті түсті*. Сыздықтың құдайы жарылқады, Әбен болып қарнын қампита, ауын салақтата, қойқаң-қойқаң жүреді (Ғ. Мұс.). *Жарылқап* не береді *құдай* маған, Жақсы боп қайта тумас анау жамаң. Менің барлық тілегім жалғыз сенсің, Вақытты өмір бергей де тәңірім саған (С. Т.).

Ыңыранып отырып алады, Әр алуан қырға салады... Ақыры *құдай жарылқап*, Қалталарын толтырып алады (Жамбыл). Бас иіп айдынына ауыл-аймақ, Қоясын қоғамыңды жіпсіз байлап, *Құдай иіп* құлқынға түсе қалсаң, Есілдей есіп, шалқып, алақайлап! (С. Т.).

ҚҰДАЙ КЕШСІНІ д і н и. *Аллам жазғырмасын, тәңірім кешірсін*. Асылық болса, *құдай кешірсін* (АТ).

ҚҰДАЙ ҚАЛАСА [ҚҰДАЙ ҚОССА] д і н и. *Алла сүйсе, сәті түссе, жол болса*. «*Құдай қаласа*, бай-мырзаның бір сөйгүлігі біздің тақымға түскен шығар» деп ойлап, Судыр Ахмет мұртынан күліп қойды (Ә. Н.). Кетермін *құдай қосса* қызыңды алып, Бола бер бұл сөзіңнің ізінде анық. Деген соң Мәһрабтың көңілі тасып, Көркейіп кетті жүзі қызылданып (Т. І.).

ҚҰДАЙ ҚҰЛҚЫН АЛДЫ д і н и. *Пейілін тарылтты, аранын ашты, аш көз етті*. Ағайын жоқ нәрседен егер бұртың, Оның да алған жоқ па *құдай құлқын*. Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сыпырылды байлығың, баққан жылқың (Абай).

ҚҰДАЙ ҚҰЛЫМ ДЕСЕ, ПАЙҒАМВАР ҰМБЕТІМ ДЕМЕСКЕ К...І БАР МА! д і н и. *Мықты, күштінің өзі қолдаса, басқалар ізет етпекке лажы жоқ деген мағынада.*

ҚҰДАЙ САҚТАСЫН д і н и. *Алла жар болсын*. *Құдайдың өзі сақтасын*, адам жүрер жер емес екен (АТ). Демеймін мені мақтасын, Я жақсын, я жақпасын. Сүйтсе де мұндай сыншыдан *Құдайым* бізді сақтасын (Абай).

ҚҰДАЙ САЛДЫ, МЕН КӨНДІМ *Басқа туған күн болса, өз мойныммен көтерем; тәңірім жазса, өз пешенем деп білем*. Сен екеуміз атқа жүруге мықты болушы ек. Бірақ, данғыл қара жол болса, бетті түзеп қойып, әйтеуір, «*құдай салды, мен көндім*» деген ұзақ-сонар, қара жортуылға тәуір едік, — деп Ербол қалжың айтты (М. Ә.).

ҚҰДАЙ СҮЙЕР ҚЫЛЫҒЫ ЖОҚ *Қылығы теріс, мінезі шәлкестеу адам жайлы айтылады*. Рас айтасыз, Абай, бұ қаланың Есберген, Кәріпжандай саудагерлерінің де *құдай сүйер қылығы жоқ*. Қырдың момын керуені кездесе, «құдайға қарайық» деп біз де тұрмаймыз — деп қалжың айтқан (М. Ә.).

ҚҰДАЙ [ҚҰДАЙ ТАҒАЛА] ... МҮСІР-КЕДІ [ЕСІРКЕДІ] д і н и. *Жаны ашыды, аяды, жар болды*. Ел қамын ойлар артымда тұяғым жоқ па деп қынжылатын едім. *Құдай тағала мүсіркеген* екен. Мұныца да шүкір (І. Е.). Сен мені есіркесен, балам, сені *құдай есіркесін*, құдайдан қайтсын жақсылығың! (АТ).

ҚҰДАЙ ТАБАДЫ *Тәңір жазғырады*. Момынның есебін қу табады, құдың есебін *құдай табады* (Мақал).

ҚҰДАЙ ТАПСЫН! д і н и. «*Жасаған ие*» жазаларыңды берсін! Осы отырған қалың би, сендерді құдай тапсын (М. Ә.).

ҚҰДАЙ ТАС ТӨБЕҢНЕН ҰРҒЫР! ☉
ҚҰДАЙ ҰРҒЫР! [ЖАЗАНДЫ БЕРГІР,
ЖҮЗІН КӨРМЕГІР, СІЛЕГІР, ҚАРҒА-
ҒЫР!] қ а р ғ ы с. Алланың қаһарына
ұшырағыр, тәңір атқыр! Шық, көрінбе кө-
зіме, қуарған. Құдай төбеңнен ұрғыр! Тек
төбеңнен құдай ұрсын. Айуан, шошқа!—
деп айдап шықты (М. Ә.). Бай қартайса,
малына берер шылбыр, Мал өмірді жаң-
ғыртпас, құдай ұрғыр. Біреудің қызын
алып, малға сатып, Баяғыны іздеген қан-
дай құрғыр (Абай). Дәл Абайлар кіре бер-
генде, Байдалы бір кішкене қара пұшық
қызды май құйрықтан шапалақпен ұрып:
«Құдай сілегір, кетші былай, құдай сіле-
гір! Тыныштық бермедің ғой сен-ақ!»—
деп, жылатқан бойыңда, итеріп тастады
(М. Ә.). Құдайдың жүзін көрмегір, мынау
кім өзі екіреңдеген!— деп Қамқа қаны
қайнап, қатты ашуланды (М. Ә.).

ҚҰДАЙ [ТӘҢІР] ТІЛЕУІҢ БЕРСІН!
д і н и. Мақсатыңа жет, ойыңдағың орын-
далсын, жолың болсын деген мағынадағы
алғыс. Мынау аяз қойды ғана қинап тұр-
ған жоқ. Өстіп, міне, өзімізді де арқадан
бүріп, бүрсеңдетіп тұр. Көздарыңнан кел-
се, құдай тілеуің берсін, осы бүгін оралың-
дар (М. Ә.).

ҚҰДАЙ ТІЛЕУІҢДІ БЕРМЕСІН! қ а р ғ ы с.
Үмітің ақталмасын деген мағынада.

ҚҰДАЙ ҰРДЫ Қырсық шалды, тәңір
атты. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып,
үйренгенін қойса, құдай ұрады (Абай).
Жалған дүние сырғанақ, Шыныңменен
айрылсам, Жалғызым, тезірек келмесең,
Мені бір құдай ұрғаны-ай! (ҚБ). Осыған
көңілді бөлініп, Ұмытып кетсем жұртым-
ды, Құдайдың мені ұрғаны (ҚамБ).

ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚ Жол-жәнекей түс-
кен қонақ, кездейсоқ келіп қалған жолау-
шы. Мен білмейтін байың жоқ, Қайыры
жоқ малынан, Зекеті жоқ жанынан Бай-
дың несін мақтайсың? Құдайы қонақ кел-
меген, Бір аяқ ас бермеген, Бөтен түгіл,
өздері Мал рақатын көрмеген (Н. Б.).

ҚҰДАЙЫ ҚЫЛДЫ д і н и. Құрбандық-
қа мал шалды, садақаға мал, дүние атады.
Ақ Айман әлде айла, ақыл тапты, Көңі-
лімді алпыс күнге жабырқатты. Айманға
аман-есен жолықтырса, Шалар ем құдайы
кыл қара ала атты (АШ).

ҚҰДАЙЫҢ ҰМЫТТЫ Асқақтады, кеу-
десіне нан пісірді, көкіді. Асқан екен Құ-
нанбай баласы. Құдайың ұмытқан мына
Құнанбайлар. Ит болайық, енді қыбырла-
масақ!— деп Оразбай қанын ішіне тартып
сөйледі (М. Ә.).

ҚҰДАЯ ТОБА [ТӘУБА] д і н и. Түңі-
луде, не ашу үстінде, не көңілі жай тап-
қанда айтылады. Сен күшік не деп отпан
тұрсың, а!— Құдая тәуба! Қанден қатты
састы, Құты қашты (С. С.).

ҚҰДЫҚҚА ҚҰЛАН ҚҰЛАСА, ҚҰР-
БАҚА ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАЙДЫ Бағы
тайғанды кім көрінген басынады деген ма-
ғынада. Сенің есеңге неге көтерілмейді,
Жалмұқан?... Неге ықтай бересің? Құдық-
қа құлан құласа, құрбақа құлағында ой-
найтынын білмейтін бе едің! (Ғ. М.).

ҚҰДІРЕТІН КӨРСЕТТІ Күшін көрсетті
деген мағынада. Сөздер көп айтатын, біз
білетін, Дұшпанның ішін өртеп күйдіретін.
Сол сөздер бірі бүгін аралап жүр, Көрсет-
тің жер шарына күдіретін (Т. Жоб.).

ҚҰДІРЕТТІ КҮШ Ақын бұл жерде өте
зор күш, алып күшті айтып тұр. Жаралан-
ған жанымнан қан тыйылар. Күдіретті
күш кеудеме кеп құйылар, Аттанармын
жағасынан Еділдің, Айқастарда жау жел-
кесі қиылар (С. Мәу.).

ҚҰДІРЕТІ КЕЛДІ Күші жетті, билігі
жүрді, қолынан келді. Па, шіркін, күдіре-
тім бұған келсе, Мұқтаж боп қалар еді бұл
да менше. Жел, қымыз, жұлдыз, шуақ, от,
су болсаң, Бұл менен айрылар ма ед өмі-
рімше (І. Ж.).

ҚҰЗЫР ҚЫЛДЫ Тілек етті, көксей
өгінді. Бұлтқа аралас құзда тұрып, Ту-ту
алыс биікте Қолқа салдым құзыр қылып,
Жөн білгі бір жігітке (Ғ. О.).

ҚҰЙҚАЛЫ [ҚҰНАРЛЫ, ШҰРАЙЛЫ]
ЖЕР Оты мол, малға жайлы, егінге лайық
жер. (Анықталғыш сөз ретінде, «жерден»
басқа «алқап», «өңір», «маңа», «жайлау»,
«қыстау» сияқты сөздер жиі ұшырайды:
шұрайлы өңір, құйқалы алқап, құнарлы
жайлау). Тал-төрегі болсын және тау қайы-
ңы — қисықша қызыл қайың болсын —
барлығы да көктеп, жайнап тұр. Бұл ара
бір құйқалы, жақсы қыстау еді (М. Ә.). Бұл
(Қостанайдың шығыс-теріскейі) өте құнар-
лы жер, тек қана топырақты қыртысының
қалыңдығы жарты метрдей (С. М.). Бер-
кімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз
сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы
еді (Б. М.).

ҚҰЙҚА ТАМЫРЫ [ТӨБЕ ҚҰЙҚАСЫ]
ШЫМЫРЛАДЫ Қатты әсер етті; қатты
қорықты, шошыды. Анда-санда тас еденді
тықырлатып, кілттерін сылдырлатып, тұт-
қындардың құйқа тамырын шымырлатып,
ұзын ауыз үйді жағалап кілтшілер өтеді
(С. С.). Жақсылықтың аяғын шағып ала
ма деген хауіп түсіп, төбе құйқасы шы-
мырлаған Жақия жыланды қанжармен
сыпыра қағып жіберді (Ғ. С.).

ҚҰЙМА ҚҰЛАҚ Зерек, айтылған сөзді
жадында ұстай білетін адам. Аманның
бұйығы, ұялшақ мінездері жөнді байқал-
майды. Құйма құлақ, зерек жігіт мектеп-
тен тыс, өз тұсынан оқып та, ой, білімін
бірталай кеңейтіп алған (Ғ. Мұс.). Ақпа
құлаққа айтсаң, ағып кетер, Құйма құлақ-
қа айтсаң, құйып алар (Мақал).

ҚҰЙРЫҒЫ ЖЕРГЕ ТИМЕДІ ☉ К...І
ЖЕР ИСКЕМЕДІ Зыр жүгіріп, дамыл
таппады. (Қолы тимеу мағынасында айты-

лады. Шайханашы өзбектерге түсіп, палау, кеуап, піскен ет, қымыз, шай беріп, келген-кеткенді күтіп, *құйрығы жерге тимеді* (С. Шәр.).

ҚҰЙРЫҒЫНА ҚЫЛ БАТПАДЫ *Жай таба алмады, тыпырши берді.* Оспанның да *құйрығына қыл батпай*, Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп... анау үйден мынау үйге кезекпе-кезек жүгіре берді (С. Т.).

ҚҰЙРЫҒЫНА [К...ІНЕ] ҚЫСТЫРМАДЫ [ІЛМЕДІ] *Менсінбеді, елемеді, бит шаққандай көрмеді.*

ҚҰЙРЫҒЫН ҚЫСТЫ *Тыным тапты; жым болды.* Қорқаудай қысып *құйрығын*, Қашқандай неміс барлығы (Н. В.). Шаршаған жанға күн ұзап, Құтылу, сірә, мұң болды. Нан тастап еді бір үзім, *Құйрығын қысты* — жым болды (Ш. С.).

ҚҰЙРЫҒЫН МАЙЛАДЫ *Қолға жаңадан түскен атқа ырым ретінде сый көрсету салты.* Айғырды 300 сомға Нығметжан алды. Сатып алған жылқының *құйрығын майлау* әдеті бар (С. М.). Торы ат сатып алдым, саудасында болған кісілер енді *құйрығын майла* дескен соң, бір саба қымыз сыйладым. Жұрт: Тақымына құт болсын, құйысқаны берік болсын! — деп тілек айтты (АТ).

ҚҰЙРЫҒЫН СЫРТКА САЛДЫ *Тайқып шыға келу, дүрбараздық білдіріп, томсару мағынасында.* Тобықтының биі *құйрығын сыртқа саларда*, майталманым деп бетіне сені ұстайды деуші еді. Сенің қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз... (М. Ә.). Достардың, бірақ көбі келмей қалған, Қырын қарап, *құйрықты сыртқа салған.* Келген достың бәрінің жүні жығық, Баяғы күріл де жоқ дүниені алған (С. Т.).

ҚҰЙРЫҒЫН ҰСТАТПАДЫ [ШАЛДЫРМАДЫ] *Құлықпен қолға түспеді, тұлкі бұлғаққа салды.* Ол тақау дегелі жылдан асты, әлі тақалып болмапты. Шорқақ, аңғал жігітке зымиян қыз тұлкіше *құйрығын шалдырып* жүрсе керек (Ғ. Мұс.). Тұлкідей бұлғақтап, бір жотадан бір жотаға жортып, әлі *құйрығын ұстатар емес* (Б. Мом.).

ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗ СЕКІЛДІ *Жарқ етіп көзге түскен, ел назарына іліккен адам туралы айтылады.* *Құйрықты жұлдыз секілді*, Туды да көп тұрмады. Көрген, білген өкінді, Мін тағар жан болмады (Абай).

ҚҰЙРЫҚ ТІСТЕП [ТІСТЕСІП] КЕЛДІ *Қатар жарыса, бірінің-бірі ізін баса жетті.* Жер бетін қағып ұшқан құстай шүйгіп, Адақтап барған сайын шықты жүйрік. Төртеудің мың үш жүзден мойны озып, Құлагер келе жатты *тістеп құйрық* (І. Ж.).

ҚҰЙЫМШАҒЫНАН МАЙЫ ШЫҚҚАН *Май басқан, өте семіз.* *Құйымшағынан майы шыққан* өгіздер, жегуге әзірлен-

ген аттар, әлекедей жаланған жігіттер (Ғ. М.).

ҚҰЙЫМШАҒЫ [ҚҰЙЫМШАҒЫ] ТЕСІЛДІ [ОЙЫЛДЫ...] *Арт жағы қажалды, жара пайда болды.* Ала жаздай атқа жайдақ мініп, *құйымшағы тесілді*, к...і жауыр болды (АТ).

ҚҰЙЫНДАЙ ҰШТЫ [ЗАУЛАДЫ] *Жылдамдығына көз ілеспеді.* Көзге елестеп жырақтап, Даусы өтіп құлақтан, Көрінеді тізбек көш, Жел *құйындай заулаққан* (С. М.).

ҚҰЙЫП ҚОЙҒАНДАЙ *Шап-шақ, артық-кемі жоқ, дәлме-дәл мағынасында.* Мың километрдей жалаң аяқ жүрген едім, мына бәтеңке менің аяғыма *құйып қойғандай* екен — деп, Жылбек киіп алды (Ә. Ш.). Қайырдың киімі жарасымды, бойына *құйып қойғандай.* Маңдайы кере қарыс, келісті-ақ жігіт (З. Ш.).

ҚҰЙЫСҚАНҒА ҚЫСТЫРЫЛДЫ **○** **ҚҰЙЫСҚАНҒА ҚЫСТЫРЫЛҒАН БОҚТАЙ [БОҚҚА ҰСАП]** *Жөнсіз, ретсіз килігу туралы айтылады.* Сен оның *құйысқанына қыстырылып*, қадірдің кетірме, — деді Абзал (Ә. Ә.). Саған не жоқ, *құйысқанға қыстырылған боққа ұсап*, жайыңа отыр (АТ).

ҚҰЙЫСҚАНЫ БЕРІК [МЫҚТЫ] *көне. 1. Мал-жан аман.* (Балгерлердің қолданатын сөзі). 2. *Сүйенерлік жақындары бар кісі туралы да айтылады.* Жұрағат-туғандары мол, арқа сүйер адам, дос-жанандары көп, *құйысқаны мықты* кісі (АТ).

ҚҰЛАҒАН ШАҢЫРАҒЫН ҚАЙТА КӨТЕРДІ *Қайтадан оғау тігіп, түтін түтетті.* Әсіресе, көз көрген кісілер Еламанның *құлаған шаңырағын қайта көтеріп*, өз алдына үй боп жатқанына мәз (Ә. Н.).

ҚҰЛАҒЫ ЕЛЕҢ ЕТТІ *Оқыс құлақ тікті.* Садықов! — деді командир Осипов естілер-естілмес үнмен ғана. Әлімбайдың *құлағы елең ете қалды* (С. Сей.). Әйткенмен, қандай әнді естісем де, *құлағым елең ете түседі*, құмарлана тындаймын (А. Л.).

ҚҰЛАҒЫМ СЕНДЕ *Тыңдап тұрмын, сөйлей бер деген мағынада.* Ой, маған аландама, *құлағым сенде*, сөзіңді мүдірмей айта бер (АТ).

ҚҰЛАҒЫ МҮКІС [МҮКІС ТАРТТЫ] ○ **ҚҰЛАҒЫНЫҢ МҮКІСІ БАР** *Құлағы нашар еститін кісі туралы айтылады.* *Құлағы көптен мүкіс тартқан* көрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды (М. Ә.).

ҚҰЛАҒЫНА АЛТЫН СЫРҒА *Сен тыңдамай-ақ қой, есітпей-ақ қой.* (Бұл фраза өзіл ретінде көрініше мағынада да қолданыла береді). Келіннің *құлағына алтын сырға*, берер шайын ертерек берсін (АТ).

ҚҰЛАҒЫНА ЖАҚТЫ [ҚОНДЫ, ҰНАП КЕТТІ] *Айтқаны ұнады, көңілінен шықты.* Тоқабай тоқталықырап қалды. Жол

бойы көңілі талай жамандыққа ауытқыған Сапардың «Аманды күт» дегені құлағына жағып кетті (Ғ. Мұс.). Өз дітінен шыққан соң, оның сөзі құлағына қонды (АТ).

ҚҰЛАҒЫНА КІРМЕДІ [КІРІП ТЕ ШЫҚПАДЫ, ІЛМЕДІ] **○ ҚҰЛАК АСПАДЫ** [ҚОЙМАДЫ] **○ ҚҰЛАҒЫНАН АҒЫП КЕТТІ...** *Ұқпады, елемеңді, тыңдамады. Құлағына кірмеді, Ағайынның айтқаны, Мұны айтқанның бәріне, Жасы менен көріге Ішіне жиды өкпені (Д. Б.). Жаманға айтқан ақылын, Кітаптан көрген нақылын, Құлағына кірмейді, Аса соққан желмен тең (Д. Б.). «Тәкаппар», «менмен» деп өзіне таққан талай атақты есітті; бірақ, Ақбала бұның бірін құлағына ілмеді (Ә. Н.). Ел, тіпті, сасып үрейленген. «Қорықпа» деп ақыл айтсаң да, құлақтарына кірмейді (С. С.). Жақыптың құлағы әңгімеде, көзі желі басында: қонақтарға союға апара жатқан торы құнанның шыңғырғанына сүйсініп, елең-елең етеді. Сірә, Аман сөзі оның құлағынан ағып кеткен болар (Ғ. Мұс.). Өсек сөзге құлақ аспады. Әркімді анкетасына қарап бағаламай, ісіне, қабілетіне қарап бағалады, соның нәтижесінде жазықсыз қызметтен шыққан қабілетті адамдар арамызға қайтып келді (С. Ш.).*

ҚҰЛАҒЫНА ҚҰЙДЫ *Тәптіштей айтып түсіндірді, мына сіңірді. Боқай, әйтеуір, сұрақтарға жауап беріп тұр. Құлағына Тоқабай құйған сөздер ағып кетсе керек. Жамантікке дау айтар емес, сот алдында «Жәкем» дейді (Ғ. Мұс.). Аманға ұстазының таныс үні әдеттегідей жай, қоңыр естілсе де, шапшаң әсер етіп, бір сөзін шашау шығармастан құлағына құйып алып келе жатыр еді (Ғ. Мұс.).*

ҚҰЛАҒЫН АЛДЫ *д и а л. Хабарын білді, хабардар болды. Дәрігерлер осында келеді деген құлағын бүгін алдың (Гур., Маң.).*

ҚҰЛАҒЫНА [ЕКІ ҚҰЛАҒЫНАН] КҮН КӨРІНЕДІ *1. Кедей адам туралы айтылады. 2. Жүдеді, арықтады.*

ҚҰЛАҒЫНА САЛДЫ *Әдейі аңғартты, ескертті. Тек, бір ғана нәрсені құлағыңызға сала кетейін. Мектеп колхоздың өгей баласы емес. Ол сіз қаласаңыз да, қаламасаңыз да өмір сүреді (М. І.).*

ҚҰЛАҒЫН БҰРАДЫ *Үгіттеп, айтқанына көндірді, мақұл дегізді. Ел атынан иек көтеріп, құдай атымен ант бекітетін қожаның құлағын бұрап жүр ғой, бұл мерезі деп Жұмабек төре ойлайды (Ғ. М.). Қалай, бала, Омекең құлағыңды бұрамай ма?— деп Қалыбай күліп сұрайды (Б. М.).*

ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАЙДЫ *Ат минуте шебер кісі, шабандоз кісі туралы айтылады. Менің қызым бар, өздеріңдей оқыған бала. Бірақ, сен сияқты ер үстінде отыра алмайды емес, тіпті аттың құлағында ойнайды асауды үйретеді (Ж. Ж.). Айсұлу аяғын үзеңгіге мықтап тіреп алып, аттың*

құлағында ойнайтын шабандоз жігітше сілтейді (А. Б.).

ҚҰЛАҒЫН САТТЫ *Тыңдағаны үшін ақы сұрады. Ақы беріп тыңдатқан Сөз көкейге қонар ма? Құлағын сатқан тәңірі атқан, Оңдырар ма, оңар ма (Абай).*

ҚҰЛАҒЫН ТҮРДІ [САЛДЫ, ТОСТЫ, ТІКТІ, ҚОЙДЫ] *Көңіл қойып тыңдады, зейін қойды, елеңдеді, елегізі тыңдады, құлағына құйып алды. Манадан бері елеусіз тыңдаған кеңеске Балқаштың құлағы түріле қалды (С. М.). Жер даусы ең далада шықты қатты, Түн, дала, ел төсекте тыңдап жатты. Сол үнді мен тыңдадым құлақ түріп, Қуанды қарт жүрегім алас ұрып (Жамбыл). «Бұл не тым-тырыс» дегендей ошақ басындағы Тайбек құлағын тіге қалды да, ептеп келіп есіктен тыңдады (Ғ. Мұс.). Өлген адам тірілмес, Әркімге келер бір кезек. Құлағың сал да, тыңдай қал, Қалағаның сөз болса, Сөйлемей қалар деп не едің Біздің тұқым елгезек (Ш. Ж.). Омардың үзілді де ой тізбегі, Екі адым енді Ілгері жүргізбеді, Үздігіп қараңғыға құлақ тосты, Әйелдің даусы шыққан үйді іздеді (Ғ. Т.). Шолпан тиінді бос жіберіп, тағы біраз ойнады. Мауқы басылған соң, ана жақтағылардың әңгімесіне құлақ қойды (Ғ. Мұс.).*

ҚҰЛАҒЫН ШУЛАТТЫ *Сырттан сөз етті. Көбіне, өсек айту туралы айтылады. Айтып отырған адамның арамызда жоқ қой, неменеге құлағын шулатамыз (АТ).*

ҚҰЛАҒЫНЫҢ ЕТІН [ҚҰРЫШЫН, ҚҰРТЫН, КҰРТ ЕТІН] **ЖЕДІ** **○ ҚҰЛАҒЫН ҚАТЫРДЫ** *Мазасын алды, қыңқылдап сөйлей берді, құлаққа маза бермеді. Шеше-ау, Бақа шешейдің өзі құтырар білем, бір тостаған қымызын ішіп болғанша, құлағымың етін жеп болады (В. М.). Мына қатыны түскір, күбі шауып бер деп, құлағымның құрышың жеп болғаны,— деп, қалтылдақ шал белін жазып, жөнімен бетін сүртіп қойды (Т. А.). Қас қылғандай, қызмет те бүгін көбейіп кетті. Таң атқалы дамыл болсайшы. Анасы бір келеді, мынасы бір келеді. Қайта-қайта шылдырлап, телефон да бір жағынан құлақтың етін жейді (М. И.).*

ҚҰЛАҒЫНЫҢ ТЕСІГІ БАР МА, ЖОҚ ПА?! *Кереңбісің деген мағынада айтылады.*

ҚҰЛАҒЫ ТАРС [ТАС, ТАС БОП] **БІТТІ** *Түк ести алмайтын керең туралы айтылады. Құлағы тас бітіп, жағы қарысып қалғандай жуық маңда үн қататын түрі жоқ (С. М.). Дьяковтың ұрыс кезінде тас боп бітіп қалған құлағы... есіте бастады (Ә. Н.).*

ҚҰЛАҒЫ ТЕРІС **БІТКЕН** *Тыңдамайтын, елең қылмайтын кісі туралы айтылады. Құлағы теріс біткен неменеге айтқанша, жарға айтқан жақсы (АТ).*

ҚҰЛАҒЫ ТЕСІК [ҚҰЛАҒЫ ТҮРІК] *АДАМ д и а л. Әр нәрседен хабары бар*

адам. Құлағың түрік, тармағың көп қой, айта отырсаңшы біздей үй күшіктерге,— дейді Мағаш (Ғ. Мус.).

ҚҰЛАҒЫ ҮЙРЕНДІ [ЖАТТЫҚТЫ] *Ести-ести еті үйренді, айтқанға көндігіп кетті.* Үш күннен бері гүрілі естіле бастаған зеңбірек үніне ел құлағы әлі үйренген де жоқ (Ғ. М.). Терең ордың бірінен-біріне өтіп, командалық пунктке таяндық, құлақ жаттырған. ет үйренген күндегі сарын (Ө. С.).

ҚҰЛАҒЫ ШАЛДЫ **○ ҚҰЛАҒЫНА ШАЛЫНДЫ** *Естіп қалды, емес естіді.* Сонан Раушанның сөзін жас жігіттің құлағы шалып қалды, аядай жерде тұрып қарады: «Сіздерге кім керек еді?»— деді (Б. М.).

ҚҰЛАЙ БЕРМЕДІ [ҚОЙМАДЫ] *Беріле қоймады; ырқына кете бермей, қайраттанды, берік болды.* Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме, Қызық келсе, қызықта, оңғаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан шын асыл тастай көрме (Абай).

ҚҰЛАҚ АШ ДИАЛ. Зейін сал. Қарағым, сен менің бұл сөзіме құлақ аш! (Қос., Об.).

ҚҰЛАҚ ЕСТІМЕС, КӨЗ КӨРМЕС ЖЕР [ІС, ҚЫЛЫҚ, Әңгіме...] *Бұрынды-соңды болып көрмеген, болмаған, кездестірмеген.* Сені құлақ естімес, көз көрмес жерге жіберуін ешкім құптаған жоқ (АТ). Мынауың құлақ естімес, көз көрмес қылық екен (АТ).

ҚҰЛАҚ КЕСТІ ҚҰЛ [ҚҰҢ] *көне. Басыбайлы құл, меншікті малай.* Ұлболсын Күреңбайды онша шет көре қоймаса да, құлақ кесті құл атанған жоқ-жітікке басын байлағысы келмей, ретім келмейді деп меселін қайтарып тастаған (С. О.).

ҚҰЛАҚ ҚАҒЫС ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Айтар ойдың ұшын шығарды, ойын шет пұшпақтағып ескертті.* Ертенгі шайды бізден ішерсіздер, ақылдасатын шаруа бар еді,— деп құлақ қағыс қылды (Ө. Н.). Сол бала не істеп жүр деп, өткенде құлақ қағыс етіп еді, елемен ем (АТ).

ҚҰЛАҚҚА ЖЫЛЫ ТИДІ *Жағымды естіді, ұнады.* Қараңғыда ажары, киген киімі көрінбейді. Шыққан даусы, сөйлеген сөзі құлаққа жылы тиеді — деді Жақия (С. Шәр.). Қарайды үнсіз ол-дағы, Қалтырап жанған шыраққа. Жауабы кенет сондағы Тиеді жылы құлаққа (Ғ. О.).

ҚҰЛАҚ ҚАҚПАДЫ *Ауыз ашапды, селт етпеді, ешбір сөз сөйлемеді.* Құлақ қақпай сілтідей тынған жиын ортасында ақты-бозды төкпе ақын домбыраны сирек қағып, жосып отыр (М. Ә.). Саған сөз бергенім жоқ, отыр!— деп еді, барлаушы құлақ қақпай отыра берді де, кенет қолын көтеріп, қайта түрегелді (Ө. Н.).

ҚҰЛАҚҚА ҚҰЛАҚ, ТҰЯҚҚА ТҰЯҚ *көне. Жоқ малдың орны толу мағына-*

сында. (Ескі заманда барымта, т. б. түрде қолды болған мал орнына мал алу, сабын түгелдей алу салтынан келіп шыққан). Міне, биыл екі жыл болды, талай рет кісі салдық, берер емес. Бүгінде құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ ал дейтінді шығарды (ШС).

ҚҰЛАҚҚА СІҢДІ *Құлағына құйылды, жеткізе айтылды.* Ұғар кеуде болса, құлаққа сіңерлік болды, ойланба (АТ).

ҚҰЛАҚҚА СІҢГЕН СӨЗ *Үйреншікті, баяғыдан айтылып келе жатқан дағдылы, машықты сөз.* Өлеңнің сөзі Мағаш пен Дәрмен айта беретін күндегі көптің құлағына сіңген сөз болма екен? Кейде айшықты сөз әлдеқайда алыстан келіп, осылай таңырқатып та кетуі керек — деді Көкітай (М. Ә.).

ҚҰЛАҚҚА ТИДІ *Естілді, хабарланды, жетті.* Құлаққа көп тиген Мақталған кеңесі. Басынан өзгеше Бітіпті денесі (Абай).

ҚҰЛАҚҚА ТҮРПІДЕЙ ТИДІ *Құлаққа жағымсыз, өрескел естілді.* «Тамағына тас тықтым» деп, удай-удай сөз айтып, сені өз ішінен масқаралап Жолдасбек кетті. Есітер құлаққа түрпідей тиетін сөз-ау, Қамалбек! (С. Төл.).

ҚҰЛАҚҚА ҰРҒАН ТАНАДАЙ *Тып-тыныш, жым-жырт.* Қалың қауым құлаққа ұрған танадай жым бола қалғанда, орнымнан ыршып түрегеліп, сөзімді бастап жібердім (С. О.). Танк құлаққа ұрған танадай есеңгіреп, сырт айналып, кілт тоқтап қалды (Б. Мом.).

ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫ ҚАНДЫ **○ ҚҰЛАҒЫ ҚАНДЫ** **○ ҚҰЛАҒЫНЫҢ ШЕРІ ТАРҚАДЫ** *Әбден естіп мейірленді, айызы қанды, тыңдап құлардан шықты.* Осының бәрі [Қарақатынның айқайы] күнде есіте бергесін, еті өліп, құлағы қанған әңгіме сияқты (Ө. Н.). Әп-әсем шықты. Құлақ құрышын қандыра төгілді. Әрбір тыңдаушы өзі салып отырғандай егіліп, балқып кетті (С. Бақ.).

ҚҰЛАҚ СҮЙІНІШІ [ШҮЙІНІШІ] *Қуаныш хабарға алғашқы берілген сыйлық.* Анық хабаршыға сақтағаныңды, атағаныңды берерсің, маған есіткен құлақ шүйіншімді бер (АТ).

ҚҰЛАҚТАС ВОЛДЫ *Хабарлас болды.* Бай бастас болады, Батыр қындас болады, Би құлақтас болады (ШС).

ҚҰЛАҚ ТОСТЫ [ТҮРДІ] *Аңысын аңдады; зейін салды; тыңдады: дерек, хабар күтті.* Көп болды жолыққалы, алыс досым, Үніңе мен де талай құлақ тостым. Есте ме Тынық мұхит жағасында Тұрған шақ бір көтеріп жеңіс тосын? (К. Ұ.).

ҚҰЛАҚТЫ ЖАРДЫ **○ ҚҰЛАҚТАН ӨТТІ** **○ ҚҰЛАҚ ТҰНДЫРДЫ [БІТІРДІ]** *Қатты шыққан, оқыс естілген дыбыс туралы айтылады.* Паровоздардың өкірген даусы мен вагондардың гүрсілі құлақты тұндырып жіберді (С. М.). Ат дүбірі құла-

ғымды жарады. Арқаның иісі мұрнымды жарады (ШС). Алды-артына кетеді, Қосылмайды әндері, Құлағынан өгеді Құр айғай салған сөздері (Абай).

ҚҰЛАҚТЫ САРСЫТТЫ [САСЫТТЫ] *Мезі қылды, айта-айта жалықтырды.*— Ол өзіне байланысты. Құлаққа жағар дәмді сөз бар да, құлақты сарсытар татымсыз сөз бар. Сенікі соның қайсысы екенін естіп көреміз (М. И.). Осында «Қали білімді», «Қали білгір» деп құлағымды сасытушы еді (АӘ).

ҚҰЛАН БҮЛКІЛГЕ [БҮЛКЕККЕ] *БАСТЫ Жорта жөнелді, сау желіске салды.* Елемес атының жүрісін кенет іркіп, құлан бүлкекке басты. Мен де ыңғайына бағып, атымның тізгінін тежеп ұстап, қатарласа жүріп келемін (С. О.).

ҚҰЛАНДАЙ АПШЫ ДАУЫСТЫ *Айбарлы, үнді деген мағынада. (Ауыз әдебиетіне тән балама). Құландай ашқы дауыстым!* Құлжадай айбар мүйіздім! Қырмызыдай ажарлым! Хиуадай базарлым! Теңіздей терең ақылдым (М. Ә.).

ҚҰЛАННЫҢ ҚАСЫНУЫНА [ҚАСУЫНА] МЫЛТЫҚТЫҢ БАСУЫ [БАСУЫ ДӘЛ КЕЛДІ] *Істің орайы келгенде; сәті түскенде деген мағынада айтылады. Құланның қасуына мылтықтың басуы — деп біз келсек, жұрт та өре атқа мініп үлгірген екен (АТ). Құланның қасуына мылтықтың басуы дәл келіп тұр, бала! Біз келгенде, қыз әкесінің үйде болмауы жақсы ырым деп күліп қойды (АТ).*

ҚҰЛАН ТАЗА *Кіршіксіз, адал деген мағынада. Шырағым, бұл жолы құлан тазамын, күдік ойлай көрме (АТ).*

ҚҰЛАН ТАЗА АРЫЛДЫ [ЖАЗЫЛДЫ] *Әбден айықты, ауру-сырқаудан мүлде ақаусыз жазылып кетті.* Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлан таза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезініп еді (М. Ә.). Қыз баяғы ауруынан құлан таза жазылып кеткен (АТ).

ҚҰЛАШ ЖАЗДЫ [ЖАЙДЫ] *Өріс алды, кең тарады.* Қор құйылды далаға, Миллион-миллион сомалар. Жазды құлаш жаңа өмір — Социалдық шаруалар (І. Ж.). Еңбекпен қанаттас өнер думаны құлаш жайып, дала түні қызыққа бөлгенді (С. В.).

ҚҰЛАШ СЕРМЕДІ [СОЗДЫ, ҰРДЫ] *Талпынды, ұмтылды.* Қыз шіркін, тантықтығы міне осындай, Кім байқаар ер қадірін, сөз қосылмай, Жай тастап құлашымды кең созамын, Сен түгіл атаңнан да бір шошынбай (Б. Қож.). Ғылымға ұрып құлашын, Шын тұлпардай көсілді (О. Ш.).

ҚҰЛАШ СОЗЫМ *х а л ы қ т ы қ ө л ш е м.* Қол ұзындығындай шама. Ер үстінде қыбыр етпей, екі көзін көк аттың құлаш созым мойнының ұшында қылтылдаған қамыс құлағына қадап қалған (Ә. Н.).

ҚҰЛДАЙ ІСТЕП, БИДЕЙ ПШТІ *Бұл жерде аса еңбекқор адам туралы, ерінбей еңбек етіп, тіленбей ас ішкен адам туралы айтылып тұр. Көлхозда белсене еңбек атқару керек қой. Құлдай істеп, бидей іш демей ме аталарымыз (С. М.).*

ҚҰЛДИ ҚАҚТЫ *Зырқырады, зыр жүгірді.* Кезінде Апрасиятты көзі шалған, Қолына Барзу дереу қылыш алған. Қорыққаннан құлди қағып қашуменен, Құтылды неше саптан өтіп арман (РД).

ҚҰЛДЫҒЫҢ КЕТЕЙІН! *Құрбаның, құлын болайын деген мағынада. Құлдығың кетейін, қарағым, онда! Ал, қалай бітіресің бұл жұмысты (С. М.).*

ҚҰЛДЫҚҚА САЛДЫ *Тәуелді етіп, езгіге түсірді.* Сондықтан да олар сендерді басыбайлы құлдыққа салмақ (Ә. Ә.).

ҚҰЛДЫҚ ҚЫЛДЫ *Жалынып-жалбарынды, алдында бас иді, аяғына жығылды.* Құдай!— деді Нағима.— Құдай! Қанша құлдық қып жалбарынсам да... ғибадатыңды ігесем де, әлі бір тілегімді қабылдап көрген жоқсың (Б. М.). Сондықтан салып құлақ сөзін тыңдап, Ойым жоқ,— деді — сені менің қырмақ. Қуанып құлдық қылып қолын сүйіп, Тартуға қызыл алтын берді бір қап (РД).

ҚҰЛДЫҚ ҰРДЫ *Бағынып, тізе бүкті, алдында құрдай жорғалады.* Өңкей жыңды байқамай айтыпсыз деп, Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарынды (Абай). Құлдық ұрды халайық — Әмірін бөтен демейік, Сізден өмір болған сон, Ризалықпен көнейік. Қашып кеткен Нарқызды Сіз үшін іздеп көрейік (Н. В.). Бұл құлдық ұрып, бәйек болушыларға Бұжаң тек аузын жыбырлатып қана амандақан болды, сөйтті де, ата қазға ұқсап қоқиланып, жан-жағына қарады (ҚӘ).

ҚҰЛҚЫН ҚҰМАР **○** **ҚҰЛҚЫННЫҢ ҚҰЛЫ** *Аш көз, қара басының қамын күйлеткен адам деген мағынада.* Мінезі әулиедей, ел айтатын, Құлқынға құл болуды білмейді ақын. Жаны әзір сүйгені үшін құрбандыққа, Бүкпесіз жүрек сырын айтар жұртқа (Ә. Т.).

ҚҰЛҚЫНЫ ЖАМАН **1.** *Ындыны бұзық.* Құлқынны жаманға қыз қосып жіберген өзіңнен көр (АТ). **2.** *Ашқарақ, қомаған.*

ҚҰЛҚЫНЫ ҚҰРЫДЫ **1.** *Ындыны ауды.* Босатпас алдын табақтың, Арақ десе жымыңдар, Құлқынны құрып қылмыңдар, Ішпесе басы ауырап (Жамбыл).

ҚҰЛҚЫНЫҢА ҚҰМ ҚҰЙЫЛСЫН! ○ ТАМАҒЫҢА ТАС ТЫҒЫЛСЫН! *қ а р ғ ы с.* Ындының құрысын; тамағың бітелсін деген мағынада. Бізден дәмелетеді-ау, ұлмағырлар, құлқыныңа құм құйылғыр (АТ).

ҚҰЛҚЫНЫНА ТЫҚТЫ *Пара берді, үнін өшірді, аузын алды деген мағынада.* Кедейлер шабылды. Оларға жәрдем қы-

лар, болысар кісі жоқ. Бар малын құлқынына тықты (С. С.).

ҚҰЛҚЫНЫ ҚҰРҒЫР *Нәпсісі «бар болғыр» деген мағынада. Құлқыны құрғырдың байқамай жеп қоя беретінін де сөз қылды (З. Ш.).*

ҚҰЛҚЫ СҮЙМЕДІ *Жақтырмады, ұнатпады; көңілі қаламады. Нәрсеңнің көз алдында бәрі жауым. Інінді алтындасаң, құлқым сүймес. Басқа жоқ, онан өзге айтар дауым (С. Т.).*

ҚҰЛШЫНА КІРІСТІ *Белсене, ынтышынтысымен ат салысты. Нағыз іске құлшына кірісіп, жастар халықтық шабуылдың алдыңғы шебінде келеді (ЛЖ).*

ҚҰЛШЫЛЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *діни. Сыйынды, рақымына бас иді, мойын сұнды. Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма?— депті (Абай). Жүрсем де қай орында, қайсы жақта, Тұрсам да құлшылық қып жалғыз хаққа, Шықпайтын катерімнен жалғыз ойым, Құрбы мен топ жиындық жүрген шақта (Б. Өт.).*

ҚҰЛЫНДА [ҒЫ] ДАУСЫ ШЫҚТЫ [ҚҰРАҚҚА ШЫҚТЫ] *Жан даусы шықты; жан даусымен айқайлады, шыңғырды. Тек қана бір топ дуылдады, Карғадай жемтіктегі шуылдады. Шықырап Ақан отыр ат басында, Шығарып шерлі даусын құлындағы (І. Ж.). Қамар сорлының құлындағы даусы құраққа шықса да: «Бишара-ау, дертіңе шипа берсін, саған кім болса да қастық қылып отырған жоқ қой»,— деуден басқа бақсыға қой деуші кісі жоқ еді (С. Т.). Жау қабақ жігіт те айбалтасын үйге сүйей сала, жүгіріп келіп келіншекті ұстап, екеулен сүйрегенде, келіншектің құлында даусы шықты (С. С.).*

ҚҰЛЫНДАҒЫ САҚАУ, ҚҰНАНДАҒЫ ТІСТЕУІН АЙТТЫ *Дәнеңе қалдырмай, түп-тұғынымен айтты, бар кінәні артып, теріп, үйіп-төкті. Құлындағы сақау, құнандағы тістеуін айтып, қолдан келсе, Тобықтыны жырым-жырым қылып әкетпек болды (М. Ө.). Даудың қарасын көбейтем деп, құлындағы сақау, құнандағы тістеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз (М. Ө.).*

ҚҰЛЫНДАЙ ОЙНАП ШЫҒА КЕЛДІ *Құлан таза айығып, сергіп кетті. Жер қарайып, көктем шыға аузы аққа тиген ауыл балалары құлындай ойнап шыға келетін еді (АТ).*

ҚҰЛЫН-ТАЙДАЙ АЙҚАСТЫ [ТЕБІСТІ, КҮН КЕШТІ, БІРГЕ ӨСТІ, КҮЛІП-ОЙНАДЫ] *Жұбын жазбай, бірге жүріп шаттанды, қызықтады. (Көбіне, жастық шаққа орай айтылады). Сағыныш бар дүниеде, жұбаныш бар, Көңілді көтеретін қуаныш бар. Құлын-тайдай айқасып ойын салып, Кептерше, сүйеніскен дем алыс бар (Абай). Құлын-тайдай күліп-ойнай, Қол ұстасып күн кештік (Б. К.). Құлын-тайдай ойнас-*

қан оң жақ қайда, жар-жар-ау (Айтыс). Алғы күн ашсын жастың бешенесін, Көгертсін көп алғысы көсегесін. Қос шыбық, балғын жастар баддан тату, Айқасып құлын-тайдай өсе берсін (І. Ж.).

ҚҰМАЛАҚ АШТЫ [САЛДЫ, ТАРТЫ] *к ө н е. Жорамалдады, сәуегейлік жасады. Олар күнде құмалақ салып, бал ашады (С. Төл.).*

ҚҰМАР [ҚҰШТАР] **БОЛДЫ** *Ынтасы ауды, ықыласы, көңілі кетті. Әйгерімге құмар болып аттанғаны Ерболға айқын еді (М. Ө.). Бай Жиреншенің бұрын атын естіп, бір көруге құмар болып жүреді екен (ШС). Сендер әрдайым қой етіне құштар болсаңдар, құдай әмірі бойынша, енді, біз қасқыр етіне құштар болдық,— деді теке (ҚЕ). Құштар болған Зейнепке Қызыл бөрік Ақылбек, Тоқалдыққа сұратып, Жаушы салған неше рет (Қ. Әб.). Үйіне біраз күн барма, сонсоң өзі де сені көруге құштар болады (З. Ш.).*

ҚҰМАРДАН ШЫҚТЫ **○ ҚҰМАРЫ** **ТАРҚАДЫ** [ҚАНДЫ] **○ ҚҰМАРЫН** [МАУҚЫН] **БАСТЫ** **○ ҚҰРЫШЫ** [ҚҰШЫРЫ] **ҚАНДЫ** [ТАРҚАДЫ] *Көңілі жай тапты, мейірленді. Батырлық қанын ішкен бұлағынан, Қайратың көк құрыштай суарылған. Жай күнде жас баладай жан екенсің, Көргенде шықтым сені құмарымнан (С. Мәу). Оның соңғы күрестеріне құрышы қанып отырғанда, екінші бір анкета, өзгеше бір өмірбаян пайда бола кетті (С. Төл.). Бойына басып жасырған, Жер байлығын шығарды. Ен байлықты іс істеп, Тарқаттым мен де құмарды (Ү. К.). Қаншама асыр салып ойнасақ та, құмарымыз бір қанбады. Ойнай бердік әйтеуір (А. Ш.). Сілке киіп тымақты, насыбайды Бір атасың көңілің жайланғанда. Таудан жиде тергендей ала берсе, Бір жасайсың құмарың әр қанғанда (Абай).*

ҚҰМАР ҚЫЛДЫ *Жанына от салды, ынтықтырды. Қамаудың хан ауылы қыр жағында, Аңқытып ақ орданың бір жағында. Күйші отыр домбыраны дүбірлетіп, Құмар қып тартқан күйдің ырғағына (І. Ж.). Қара сабаның жанды құмар қылатын мас иісі аңқыған сары қымызы (С. С.).*

ҚҰМҒА СІҢГЕН СУДАЙ *Еңбегі далаға кету, зая болу мағынасында. Үзілген үміт құмға сіңген судай ғайып болды. Жігер оты қайта лауды (СҚ).*

ҚҰМДЫ СУДАЙ САПЫРДЫ *Аянбай күш жұмсады деген мағынада. Қайрат қозса, құмды судай сапырдың, Таудай істі түк көрместен жапырдың, Аламын деп алтын айды аспаннан, Арыстандай айбап шегіп атылдың (Б. К.).*

ҚҰМ ЖІЛІК БОЛДЫ *Арыды, жүдеді. Жазымен күн астында істеп құм жілік бол, балтыр еті кеткен жігіттер жүдеу көрінді (АТ).*

ҚҰМ ҚАТА *Ерге көктемде тіске ілінер-ілінбес көк шөпке жайылғанда ішке топырақ кетуден болатын жылқы ауруы.*

ҚҰМЫРСҚА БЕЛІ *Жіңішке қынай бел, қыпша бел, өте нәзік, үзіліп тұрған бел, Аққудай көлде жүзген көлеңдеген, Оң жақта былқылдаған бай баласы. Бұралған тал шыбықтай құмырсқа бел Он бес пен он алтыға келген жасы (М. С.).*

ҚҰМЫРСҚАДАЙ ҚАЙНАДЫ [ҚҰЖЫНАДЫ, ҚАПТАДЫ, ҚЫБЫРЛАДЫ] **ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ИЛЕУІНДЕЙ ҚҰЖЫНАДЫ** [ЖЫБЫРЛАДЫ] *Толып кетті, өріп кетті. Адамның құмырсқадай қайнап, ыры-жығы болып жатқан жері екен (С. Шәр.). Жетісудай жер бар ма — елдің көркі, Құмырсқадай қайнаған қол, түлкі. (Қән). Құмырсқаның илеуіндегі жыбырлаған алаңдар, көшелер (С. Е.). Кетіп бара жатқандарды ұзатуға, келе жатқандарды қарсы алуға жиналған жұрт құмырсқадай қыбырлайды (С. Шәр.). Қара жер қайысқандай қалың жиын, Қыбырлап құмырсқадай жүрді қаусап (І. Ж.). Құжынап құмырсқадай сала-сала, Мұнда жоқ катын-қалаш, бала-шаға. Ояздың төртібімен иірілді жұрт, Бодам ем тақсырлаған жақ аша ма? (І. Ж.). Біз үй тігісімен, құмырсқадай қаптап іспен көмді де тастады (Ж. С.).*

ҚҰНАЖЫН КӨЗІН СҮЗБЕСЕ, БҰҚА БҰЙДАСЫН [ЖІВІН] *ҮЗБЕЙДІ* *Бекерден-бекер, себепсіз түйспейді, орынсыз өздігінен ұрынбайды. (Қыз, я әйел жігітке өзі түйскенде өзіл ретінде айтқылады).*

ҚҰНАН ҚЫМЫЗ *Үш күн тұрып ашыған қымыз. Тай қымыз, құнан қымыз, денен қымыз Тең-теңдеп қара нарға сабаны артқан (Н. А.).*

ҚҰНАН ШАПТЫРЫМ *х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Сегіз-он километр шамасындағы алыстық. Күймелердің өзі құнан шаптырым жерге үздік-создық созылған (М. Ә.). Ақшоқыдан осы ауылдар қонып жатқан қоныс құнан шаптырымдай жер еді (М. Ә.).*

ҚҰНАНЫН ҚҰДАЙЫНДАЙ, ТАЙЫН ТӨҢІРСІНДЕЙ КӨРЕДІ *Түймедейді түйедей деп есептейтін сараң адам туралы айтылады.*

ҚҰНЖЫҢ ҚАҚТЫ *Зыр жүгіре, іске әліңше кірісті. Құлдар құнжың қақты, Күндер ыржың қақты. Алашты айдап, ақты қуды, Дала елінің бақыты туды (І. Ж.).*

ҚҰН СҰРАДЫ *Өлген адам үшін билік кесімі белгілеген төлем талап етті. Қодар, Қодар дегенің кім-ді, сірә, Құлдан өлсем, жатайын, құным сұрама (ҚКБС).*

ҚҰНСЫЗ КЕТТІ *д и а л. Ерге өзі шығып кетті (Орын., Дом.).*

ҚҰНТ ҚЫЛМАДЫ *Ескермеді, салақсытты. Қолдан келсе, есепші болған жақ-*

сы-ақ қой, мен құнт қылмай, құр қалып жүрмін (М. Ә.).

ҚҰНЫ БІР ТИЫН *Түкке тұрмайтын, құнсыз, баға-қасиеті жоқ. Кім дос? Сен бе? Сендей достың құны бір тиын (М. И.).*

ҚҰНЫ ЖОҚ Теңдесі жоқ, бағасы жоқ, өте қадірлі деген мағынада.

ҚҰНЫ КЕТТІ [ТҮСТІ] *Қадірі түсті, бөделі төмендеді. Бұрынғыдай емес, дос ара-сында құны кетті (АТ).*

ҚҰНЫН АЛДЫ 1. *Ақысын өтетті. Мердігерші жігіт ақтын даулап, еңбегінің құнын алды (АТ). 2. к ө н е. Кегін қайтарды. (Құн алудың бірнеше түрі болған: бүтін құн — 1000 қой, жарты құн 500 қой болған. Ол — қанның төлеуі). Кегімен Әмірханың құнын алап, Қарғысты қапмен атам, қапмен ұрған, Арманнан шығатұғын кезім осы, Жігіттер мама керді әкел маған (И. Б.).*

ҚҰНЫН КЕСТІ *Бағасын белгіледі; кесімін айтты. Біз барғанша, қаланың адамдары бүлінген егінді қарап, өлшеп, құнын кесіп қойған екен (С. Шәр.).*

ҚҰНЫН ТАРТТЫ [ТАРТҚЫЗДЫ] *Өлім, я мәртіккен мүше үшін кесімді мөлшерде төлем төлетті. Қыс болса, бір жағыңды қылып қорық, Тақақтап, атқа мініп жорытқан торып, Жазатайым аяқты енді бассам, Тартқызды кісі құнын, қанын сорып (С. Т.). Қолың сынық екі ұрым, басың жарық. Мұнан да құн тартқызған жөн емес пе? (АЖ).*

ҚҰНЫ ПЕРЕН БОЛДЫ *Қатты күйіп-пісті. Жақанды биыл менің қолымнан алсаң, өле-өлгенше ырзалығым жоқ, — деп құны перен болды да отырды (Қ. Тай.).*

ҚҰП АЛДЫ [КӨРДІ] *Мақұлдады, құптап, айтқанын лайық деп білді. Жарқынның сұрағын құп алып, ойлана жауап беруге кірісе бастап еді, Әйткен киіп кетті (М. И.). Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың, Айтсаң да, ұлдасынан шыға алмайсың Сен білмейді екен деп айтпасын ба, Неге мұнша сіресіп құп алмайсың (Абай). Нәндандар былшылдайды, құп алмайды. Үлкен жанның қиялын ұға алмайды (Абай). Шұбар болса, Оразбай оған, әсіресе, қадала қарап қалғанда, ақырын ғана, болар болмас қана бас иеді. «Мақұл, құп көрдім!» дегенді аузы айтпаса да, аңғары танытып отыр (М. Ә.).*

ҚҰРАҚ ҰШТЫ *Тік тұрып қызмет етті, асты-үстіне түсіп бәйек болды. Кейбір жағымталсыған көрілер «қарадан хан тудың» деп көпе-көрінеу қошемет, жорғалық та істейді. Құнанбай аттанып кеткенге шейін мұндай ауылдар құрақ ұшып күтеді (М. Ә.). Наталья Дәметкеңді реңжітіп алармын дейді де, інісіне оншалық құрақ ұша қоймайды (С. М.).*

ҚҰРАЛАЙ БАСТАҒАН КИІК ОҢБАЙДЫ *к ө н е. Көш басшысы жоқ, бала-шаға билеген елдің берекесі болмайды деген ма-*

ғынада. Құралай бастаған киік оңбайды, — депті ғой баяғы кісілер. Соның кері кеп жүрмегей (АТ).

ҚҰРАЛАЙДЫ КӨЗГЕ АТҚАН Атқан оғы бос кетпейтін асқан мерген. Өзі құралайды көзден атады дейтін мерген, атқан оғы мүлт кетіп көрген емес (С. М.). Қасқа атты Қамбардай, Аш қылмайтын аң барда, Құралайды көзге атар Мерген болар ма екенсің (С. С.).

ҚҰРАЛАЙ КӨЗ Бұл жерде сүйкімді, әдемі көз деген мағынада айтылып тұр. Алатаудың екі жағын жайлаған, Құралай көз қыздарымыз тең өсіп, Ұлдарымыз ат жалында ойнаған (О. Ш.). Құралай көз, қолаң шаш, Алма мойын, қиғаш қас, Сүйген сәулем — Қарлығаш (ХӘ).

ҚҰР АЛАҚАН [ҚОЛ] Дәнеңесіз, ештемесі жоқ деген мағынада. Сыйлыққа әкелетін еш нәрсем болмай, құр алақан келдім (С. М.). Лермонтов болмағанмен, біздің Ақан, Кісі ме ед ақындықтан құр алақан? Ортасын олқы көрген бұл да дара, Имеген иттерге бас сері, дарқан (І. Ж.). Аштықтан талдықсып жатқан адамға құр қол барғанымыз болмас, — деді Есей (Ә. Н.).

ҚҰРАН СӨЗІНДЕЙ Діни ұғым бойынша қасиетті сөз, «пайғамбар сөзі», «кітап сөзі» деп те айтылады. (Кей уақыт «құдай сөзі» деген де ұшырайды). Дәл осы кезде Алтыншаш пен Күміс келіп сөз бөлініп кетті, бірақ Ганстің айтқандары Есіркегеннің жүрегінде құран сөзіндей жатталып қалды (І. Е.).

ҚҰР АТ Ұзақ уақыт мінілмеген семіз ат. Күзге қарсы асықпай, баппен жаратып мінген құр аттар жиі пысқырып, жіті басып келеді (М. Ә.).

ҚҰР АУЫЗ КЕТТІ Дәм татпады, ештеңе ішпеді. Қуыс үйден құр кетпе деп, құр ауыз кетпе, мына талқаннан ауыз ти (АТ).

ҚҰРБАН БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ] Жанын қиды, пида етті; сабақа қылды. Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп, Адырнасын ала өгіздей мөңірепкен, Атқан оғы Еділ — Жайық тең өткен (М. Ә.). Бұйрықты орындау жолында құрбан болсақ та, ризамыз (Ә. Ә.). «Бар байлық — бір жанымның садағасы» дейтін ежелгі салтымен жүрегін майданның тірегі етіп, барын намыс жолына құрбан етіп отырған еліме қарап мақтанамын (Ә. Ә.). Қу мал талайды тас бауыр қылып, талайды зарлатып, талайды құрбан қылды ғой (С. С.).

ҚҰРБАН [ҚҰРМАН] ШАЛДЫ д и н и. Аруаққа атап мал сойды. Олар аруаққа құрбан шалып, бұрынғы аталар құрметіне ас беріп отырған (ҚССРТ). Қырып жеп түсте бір қой, кеште бір қой, Күніне екі малдан құрбан шалад (І. Ж.).

ҚҰРҒАҚ ҚАСЫҚ... Бұл жерде еш нәрсе бермесе де жылы көңіл білдіру туралы айтылады. Қайтеді енді, құрғақ қасық

болса да жылы шыраймен беріп баурына тартады дағы (Т. А.).

ҚҰРҒАҚ ҰӘДЕДЕН ҚҰЫРДАҚ ҚҰЫРДЫ Құр сөзбен бәрін үйіп-төкті. Біздің одақтастарымыз «екінші майдан ашамыз» деп құрғақ үәдеден құырдақ құырды (Е. Ә.).

ҚҰРДАЙ [ҚҰЛДАЙ] ЖОРҒАЛАДЫ Аяғынан тік тұрып, қорқып, именіп қызмет қылды. Күнту Ырғызбайлар келісімен ақ алдарында құрдай жорғалады (М. Ә.). Шеттен келген молда бар, Құран-кітап онда бар. Жіберме деп қатынды, Ол да құрдай жорғалар (Жамбыл). Оның қасында құлдай жорғалап, қолындағы желпінішегімен атаманның бетін қайта-қайта желпіп отыр (Ә. Ә.).

ҚҰР ДАЛАҒА КЕТТІ Бостан-босқа еңбек етті, істеген ісі зая кетті. Істеген жақсылығың құр далаға кетсе, өкінбеске не шара (АТ).

ҚҰРДЫМ ЖҰТТЫ Тұңғыыққа батып жоқ болды. — Әй, шырағым-ай, соның несібін сұрай берерсің: Бұл теңіздің балығын құрдым жұтып жатыр ғой (Ә. Н.).

ҚҰР КӨКІРЕККЕ [КЕУДЕГЕ] САЛДЫ Бостан-бос омыраулады, күш көрсетпек болды. Құр кеудеге салғаны болмаса, құлақ елертіп, құрыш қандыраы жоқ жан екен (АТ).

ҚҰР КҮЙДІ Жазықсыз жазаланды, босқа азап шекті. Жан жарым, жақын досың, жан сүйгенің Жас жанын киды таппақ болып емін, Құп білем, жанын үшін жанған отна Жазықсыз оның дағы құр күйгенін (В. К.).

ҚҰР ҚАЛДЫ Еш нәрседен үлес ала алмады, бос қалды. Сорлы Көкбай қор болды-ау, Осыншадан құр қалып (Абай). Есепші болған жақсы-ақ екен. Мен құнт қылмай құр қалып жүрмін (М. Ә.).

ҚҰР ҚАЛТА Ақшасыз, қаражатсыз. Ұзақ сапарға қалаға істі болып бара жатқанда адам құр қалта қалай барады (Ғ. Мұс.).

ҚҰР НАН СОҒАР Жалқаулыққа салынған, арам тамақ адам. Көлденең шөп басын сындырмайды, құр нан соғарды несіне ұстап отыр екен (АТ).

ҚҰРСАҒЫ АУЫРДЫ д и а л. Жаны ашыды, бүйірі бұрды. Ата-енем тозақта жатыр деп, оның кішкене құрсағы ауыра бастады (Жамб., Мойын.).

ҚҰРСАҚ КӨТЕРДІ **○**КҰРСАҚТЫ БОЛДЫ Бойына бала бітті, екі қабат болды. Балсары Ахметтен үш-төрт құрсақ көтерді, бәрі де қыз болды (С. М.). Арада алты жыл өтті. Соңынан еріп келген екі бала ер жетіп қалды. Ұлбосын әлі құрсақ көтерген жоқ (Ә. Ә.). Сөйтіп жүргенде бұдан екі жыл бұрын Балқия құрсақты болып, Көжекке шекесі торсықтай бір ұл тауып берді (Т. А.).

ҚҰРСАҚ ШАШУ *Ұзақ уақыт бала көтермей, не баласы тоқтамай жүрген әйелге екі қабат болғанда жасалатын жоралғысы.* Әр жерден халқы келді де, Құтты болсын деді де, Құрсақ шашу жеді де, Қайтадан халқы тараған (АБ). Ауыл-үйден құрсақ шашу шашылды. Көп жыл бойы көні кепкен тақырда, Алқап үстін көгал-көрпе жасырды (Т. Шоп.).

ҚҰР СҮЙЕГІ [ҚҰР СҮЛДЕРІ] ҚАЛДЫ *Әбден арықтап, жүдеді, қалқиған денесі қалды.* Бізден бетер Таңсықтың ашыққаны батты, сап-сары болып қатып, құр сүйегі қалды (Б. М.). Жалғыздық түсіп басына Батырбек сонда қамықты, Сырты бүтін, іші түтін Құр сүлдері қалыпты (Н. В.).

ҚҰР ТАСТАМАДЫ *Бос қалдырмады.* Өз қайратына сеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды (Абай).

ҚҰРТ ЖЕГЕН ҚҰБА СӨҢКЕЛ СЕКІЛДЕНДІ *Ақын бұл жерде қайғыдан күйрей, езіле бүк түсуді айтып отыр.* Құланың қайғысынан қатып-сеніп, Қурай боп екі-үш айда қалған шөгіп, Құлауға құйын соқса оп-оңай тұр, Құрт жеген құба сөңкел секілденіп (І. Ж.).

ҚҰР ТҰЛЫПҚА МӨҢІРЕГЕН СЫЫРДАЙ ВОЛДЫ *Алдамшы, жалған нәрсеге иланды, нанды.* Елде егер жүрсең келмей, ұмытпассың, Сүйгенге сырттан кір сөз жуытпассың. Тұлыпқа мөңіреген сыырдай боп, Көрүмен сүйген жарың мауық бассын (С. Т.).

ҚҰРТЫ БАР СӨЗ *диалект. Қулығы, астары бар сөз.* Дүкебайдың мына айтқаны құрты бар сөз екен (Сем., Шұб.).

ҚҰР ШЫБЫНЫ [ЖАНЫ] ҒАНА БАР *Кірпігі әзер қимылдайды, әбден жүдеп-жабаған.* ... Асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра, сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді (С. Т.).

ҚҰРЫҒЫ ЖЕТКЕН ЖЕР *Қарамағына алған, қол астындағы жер.* Әйелдердің бостандық еркін қорғадық, қалың малды құрығымыз жеткен жерде алғызбайтын болдық (С. С.).

ҚҰРЫҒЫНАН КЕТКЕН [ҚҰТЫЛҒАН] ЖОҚ *Құтыла алмады, сытылып кетпеді.* Жұртқа жаққан ер жігіт қылығынан, Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан, Анталаған дұшпан қамаса да, Сырдың суы келмейді жұлығымнан (Б. Ш. В.).

ҚҰРЫҒЫНА ТҮСТІ [ІЛІНДІ] Тұтылып қалды, ұсталды. Ие, қазақ даласында ғұрыптық құрығына ілінбеген қыздар кем-гекем шығар (Ш. Х.). Қайымы келіп тұрғанда құрығына түспей жүрген қас жауы Кәлен мен қара борбай балықшыларды тізесінің астына салып бір-бір мытып алу еді (Ә. Н.).

ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН *Әмір-билігі күшті, жұмсар қолы көп.* Бір үйде тұрғандарыңды біреу біліп қойса, бәле болар, уәзірдің құрығы ұзын, Шаһарлардың бірін қалдырмай іздетіп жатыр — деді (С. Шер.).

ҚҰРЫҚ ӘКЕТТІ [АЛДЫ] Ырық бермей кетті, бой бермеді, бұра тартты. Жақын бола берсін. Сен үшеуің болатком құрамына өтсең, ол сендерден құрық әкете алмайды. Әкетіп баратса, мойнын сындырамыз, өз обалы өзіне (Ғ. Мұс.). Сөзі өтпейтінін аңғарған өжем бұрынғыдай бейпіл тіліне ерік бермей: «Құрық алып кеттің-ау, қу тоқал!» — деп, кіжінетін де қоятын (С. М.).

ҚҰРЫҚ БАСЫ [БОЙЫ] *халықтық өлшем.* Құрықтың ұзындығындай жер. Соңында құрық басы жерде қолына құман ұстаған Маржан бар (ЛЖ). Бірақ, соның бәрінде де ана ат та қосақтана бұрын, бұрылған жағына жалт беріп, құрық бойындай алдында тер шыға бастаған сауыры бұлтылдады да отырды (Ә. Н.).

ҚҰРЫҚ БЕРДІ *Еркіне жіберді.* Құрық бердің ұрыға, момынды алдың қырыңа (Д. Б.). Олардың еркіншілігіне өзі құрық беріп, Қасымның бишаралығын ашық арамдықпен қақпай қылып та қояды (М. Ә.).

ҚҰРЫҚ КӨРМЕГЕН Ұсталмаған жылқы. (Бұл жерде беті қайтпаған деген мағынада айтылып тұр). Сәндібаланың құрық көрмеген асау жүрегіне бірінші рет дақ салған сәті еске түсті (Ж. А.).

ҚҰРЫҚҚА СЫРЫҚ ЖАЛҒАДЫ *Өтірік-шынын араластыра сөзін көбейтіп, көпірте сөйледі, алып қашпа өсек айтты.* Құрыққа сырық жалғап, не де болса Сәмет екеумізді бір жәйлі ғып кетем деп айтады деген сыбыс бар (С. О.). Құрыққа сырық жалғап, түймедейді түйедей қылып жүретін сенің қатының — деді (Қ. Қуан.).

ҚҰРЫҚ САЛДЫ [ТАСТАДЫ] *Өзіне иемденді, тұзаққа түсірді.* Неше қызға құрық салдық, бірі ұнаған жоқ деп көкіді (АТ).

ҚҰРЫМ КИІЗ *Жұпыны деген ұғымда айтылады.* (Көне түркі тілінде қара күйені «құрым» деген. Ескірген, немесе қара күйе басқан киізді қазақтың «құрым киіз» деуі осыдан қалған). Бұл ауыл малды ауылдардан қалпы сұрқы бөлек... үйлерінің барлығы да шетінен құрым киізді, жүдеу, жыртық қара үйлер, қоңыр үйлер (М. Ә.).

ҚҰРЫМ ШАЙ *Қою шығарылған, қан қызыл шай.* Ауа айналып жерге түскен ыстықта, шіркін, құрым шайға бір қанар ма еді, — деді Есім (СҚ).

ҚҰРЫП ҚАЛҒЫР! *қарғыс.* Қараң өшкір, жоғалғыр деген мағынада. Ойбай, құрып қалғыр, өне бір көрші қыздың қолында дөңгеленіп, секіртіп ойнайтын резекке добы бар екен (ЛЖ).

ҚҰРЫСЫ ЖАЗЫЛДЫ [ТАРҚАДЫ] ○
ҚҰРЫС-ТЫРЫСЫ ТАРАДЫ *Ашуы басылды, жадырады; бойы сергіді.* Әбекен мен Тәукенің құрысы жазылыпты, дауыстары естіледі (Ғ. Мұс.). Қарттың бағанадан бергі құрысы тарқап сөйлегеніне Тұрағұл іштей қуанып қалды (С. Бақ.). Шапшаң, жұлқына тебінген тобық пен толарсақтың құрыстырысы тарап, денең ширап сала береді (С. Төл.).

ҚҰСА [ҚҰСТА] БОЛДЫ ○ ШІ [ҚҰСА] **ҚҰСТА БОЛДЫ** *Сары ұайымға салынып, дертке батты, қайғырды.* «Сөйлемеші — несі? Мен оның тілсіз құлы болғаным ба? Мен де осының өзіндей адам емеспін бе?» деп, ішімен құса болушы ем (Б. Мом.). Бір перзенттің зарынан ойынкүлкі, сауық-серуеннен безіп, құса болып, адыра қалғыр ақ сарайда нарша шөгіп отырып қалыпты (Т. А.). Бірнеше күннен бері жұмыссыз, амалсыз құста боп отырған адамдар жаппай іске кірісіпті (М. Ә.). Үш бірдей арысы — үш ұлынан тегіс айрылған соң, қалың құста басып, қатты шөгіп кетіп еді (М. Ә.). Найманның ең жақсысы батыр Барақ *Іш құста болып* өткен түк қыла алмай (Айтыс).

ҚҰС ҚАНАТЫ КҮЙГЕНДЕЙ *Күннің әбден қайнап тұрған кезі, аспан айналып жерге түскендей.* Ол Судыр Ахмет пен Тәңібергенге, өзіне, осы бар әлемге лағнет қарғысын айтып, байдан да, байлықтан да безіп, талақ дегісі келді. Мойнына бұршақ сап, құс қанаты күйгендей, осы ыстықта жазықсыз жас сәбиін... жетім лағын іздеп кеткісі келді (Ә. Н.).

ҚҰСҚЫЗЫП АЛДЫ *Аласысын еріксіз, күшпен қайтарып алды.* Еламан сыпайлықты қойып, жағадан ала кетті. «Бір тоқтының пұлын әкел!» — деп қозғалтпай тұрып, түп-түгел құсқызып алды (Ә. Н.).

ҚҰС САЛДЫ ○ ҚҰС САЛЫП, ИТ ЖҮГІРТТІ *Саятшылық құрды.* Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң, Суретін көре алмассың, көп бақдасаң. Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын, Біле алмассың, құс салып, дәм татпасаң (Абай). Көкіректе жамандық еш ниет жоқ, Аң болады кеңесің құс салғанда (Абай). Шәңгерей ит жүгіртіп, құс салуға, саятшылық өнеріне де әуес екен (З. А.).

ҚҰС ТАҢДАЙЛАП КЕСТІ *Жұқалап, жіңішкеlep турады, тілді.* Нанды құс таңдай етіп әдемі турайды (АТ).

ҚҰС ТІЛ *Кішкене, жіңішке.* Нанды құс тіл етіп тура (АТ).

ҚҰСЫҢ ҚАЙЫРЛЫ [ҚҰС ҚҰТТЫ] **БОЛСЫН!** *Келіншек түскен үйдің адамдарына айтылатын ізгі тілек, құттықтау.* — Енді, не дегенмен құсы қайырлы болсын! ... Осы өзіміздің араның бір қызын неге алмайды деп едім мен, қайырлы болсын енді, құдайдың жазуы осы да! — деді (С. С.).

ҚҰСТАЙ ҰШТЫ *Жүрісіне көз ілеспеді, зымтырады.* Құстай ұшып, құйындай ұйытқып келе жатса, жаюлар да қарақшыға жақындап қалған екен (ҚЕ). «Бала» деген бір сөз жүрекке демеу, денеге жел беріп шаршағанда, елетпей, құстай ұшып, құйындай төтеп келемін (Ж. Ж.). Балдуан Шолақтың бағы ел үстінде құстай ұшты (С. М.).

ҚҰС ҰЙҚЫ *Сәл ғана көз ілдіру мағынасында.* Бәлі, құс ұйқы екен ғой, бұл кісі мүлдем (М. Ә.).

ҚҰТ-БЕРЕКЕ КӨШТІ [КЕТТІ, ҚАШТЫ] ○ ҚҰТЫ КЕТТІ, ҚҰТЫ [ҚҰТ-БЕРЕКЕСІ] ҚАШТЫ [КЕТТІ] 1. *Байлығы-бақыты кетті, бірлік-ынтымағы кетті.* Елге үлгі айтар ерің болмаса, Құт-берекең көшкені емес пе (ШС). Құтаны ұшып көлінен, құты кетіп жерінен (ШС). 2. *Зәресі ұшты, қорықты.* Жау алдында жауынгерлердің құт-берекесі кетсе, командирден не пайда? Оның құны бір тиын (СҚ). Жаңбырбай мен Жоламан сөлем беріп кіріп келгенде, Ыбырайдың құты қаша бастады (Ә. Ә.). Әбділданың құты қашып қалтырап кетті (С. С.).

ҚҰТ БІТТІ [ҚОНДЫ, ДАРЫДЫ] *Береке-бақ орнады.* Құт қонды, колхозым Қуанышты енді көр (М. Ә.). Зәуеде жастар талабы асып, осы аймаққа құт дари қалса, оның жолына бөгет болу жақсы қылық емес (Ғ. С.). Құт бітейін десе, Құлының оңды туады (ШС).

ҚҰТ ҚАРА БАСЫ *диалект. Жалғыз өзі, қарақан басы.* Ол өзінің құт қара басын ғана ойлайды (Түрікм: Красновод., Небид., Ашх., Таш.).

ҚҰТПАН АЙҒЫРДАЙ АЗЫНАДЫ ○ **ҚҰТПАН ТӨБЕТТЕЙ ӘУШІЛДЕДІ** *Қорғаштап, жаңайлатпады деген мағынада.* Ертенгі күні құтпан айғырдай ел шетін торып, азынап шыға келеді әлі-ақ! — деп, босалаңдау ғана лекіте күлді де, — Мөңке, жә, мен кетейін, — деп түрегелді (Ә. Н.).

ҚҰТТЫ БОЛДЫ *Ырыс әкелді, ақжолтай болды.* Тақымы жетімектің құтты болып, Құлагер қосқан сайын бәйгі алатын (І. Ж.).

ҚҰТТЫ БОЛСЫН! *Жақсы іске айтылатын ізгі ниет.* Мінекей, Жаңа жылдың ашып бетін, Москва айтып жатыр құтты болсын (Т. Ә.).

ҚҰТТЫ ЖЕРІНЕ [ҚОНЫСЫНА, ОРЫНҒА] ҚОНДЫРДЫ *Күйеуге берді, ұзатты.* Әке-шешемнің қолынан аттандырып, құтты жеріне қондыратын баласы едім. Керек десе, ақ батасын алмай да кетіп барам (М. Ә.). Күлжадиша, екең сені құтты орынға қондырды деп естідім бе, бақытты бол, — деді Қаби (Ж. Мұз.). Қара қатынның да қағанағы қарқ. Қызына үй ішін ұстап-тұтудың ретін, бай күтіп, бала бағудың жолын үйретіп жүр. — Құтты жеріне қондырдым. Еркек кісі алыста да қыршын жас! Көре қал, Мөңке әлі де бір әйелді қартайтады (Ә. Н.).

ҚҰТТЫ МЕКЕН [ҚОНЫС] *Бақыт орнаған тұрақ, жайлы мекен.* Партия жайып алға картаны, Нұсқап отыр Абай өскен арқаны. Сонда, сендік құтты мекен, жас ұрпақ, Өзің өскен сол өлкеде жасыл бақ (ПТӨ).

ҚҰТЫ КЕТТИ **○ ЖЫҒАСЫ ҚИСАЙДЫ** *Жолы болмады, сәтсіздікке ұшырады.* Қанша қиындық көріп, азап шексе де, жығасы да қисайған жоқ (АТ).

ҚҰТЫН АЛДЫ Берекесін кетірді, үрейін ұшырды. Кеңестің көлеңкесі құтын алып, Бақытын, малын, тағын бүтін алып, Жер бөліс, конфискенің күшіменен Аластап қуылған-ды түтін салып (Б. М.). *Құтын алса дұшпанның, Дос-жаранды тыңдаған (Жамбыл).*

ҚҰТЫРҒАН БУРАДАЙ ЗІРКІЛДЕДІ *Қауланды, қаһарланды.* Бірақ, Көпекбай ашуланғанда құтырған бурадай зіркілдеп, керемет қайраттанып кегеді (Б. С.).

ҚҰТЫРҒАН ИТТІҢ ҚҰЛАҒЫН ЖЕДІҢ БЕ? ○ ҚҰТЫРҒАН ҚАСҚЫРДЫҢ КӨЗІН ОЙЫП ЖЕДІҢ БЕ? ○ ҚҰТЫРҒАН ҚҰДЫҚТАН СУ ШТІҢ БЕ? ○ ЖЫНДЫ ҚОЙДЫҢ МИЫН ЖЕДІҢ БЕ? Есің дұрыс па деген мағынада ерсі, сөлекет мінез көрсеткен кісіге айтылады. Сен пәле болдың ғой, құтырған иттің құлағын жедің бе? (АТ).

ҚҰТЫРҒАН ҚАСҚЫР ТИГЕНДЕЙ БОЛДЫ *Жын тигендей дүрілкігі.* Таңертең, я түнде бір ауылға жердің астынан шыға келгендей жетіп, құтырған қасқыр тигендей қатын-баласын шу еткізе түскізеді (С. С.).

ҚҰТЫ ШАЙҚАЛДЫ Берекесі кетті, бірліктен айрылды. Мамырды бұзып, Қалқамаң тап бүгінгідей ағайын құтын шайқағанда. Әнет бабам не қып еді?— дейді Жиренше Керімге (М. Ә.).

ҚҰШАҒЫНА ТАРТТЫ Өзіне жақын құтты. Сырын бүркен қымтылып жүрген жігітті ашық құшағына тартып, райынан қайтаруды көзdedі (Н. Ғаб.).

ҚҰШАҒЫН АШТЫ [ЖАЙЫП ҚАРСЫ АЛДЫ] *Шын ықыласы түсіп, кең пейілмен қарсы алды.* Сұңқардың лаулаған от үстін алып, Ну орман ортасына түсті барып. Тұған жер баласына риза боп, Құшағын аша берді құшырланып (С. Мәу.). Еркін жақын келгенде, Болат оны жайдары жүзімен құшағын жая қарсы алды (А. Вайж.). Мылтық ұстаған қолын көкке сермеп: «Ана!» деп ол Балқияға қарай құшақ жайып ұмтылды (Б. С.).

ҚҰШАҒЫН ЖАЗБАДЫ Айрылмады; тату-тәтті, бірге болды. Жастайынан ол екеуі құшағын жазбай бірге өсті (АТ). Көзінің тірісінде шешесі көкейіне қондыра берген болу керек, бала менен құшағын жазбай-ақ қойды (Ж. Ж.).

ҚҰШАҚТАСЫП КӨРІСТІ *Зар болды; зар боп табысты.* Тақымың толмай отыр

ғой. Асықпа. Бұған әлі құшақтасып көрісерсің (ЛЖ).

ҚҰШ КӨҢІЛ Көңілді, жайдары. Екі асыл жарасады дүр тасындай, Көпестің сөзің майда торқасындай. Құш көңіл, шіркін жауап бала екенсің, Салмағы әр сөзіңнің қорғасындай (М. Сұл.).

ҚҰШЫРЫНА ЖОЛЫҚТЫ [ҰШЫРАДЫ] **○ ҚҰШЫРЫ ҰРДЫ** *Қаһарына (кәріне) шалынды, «обалы» ұрды.* Солардың құшырына жолығарсың, Сен қызын Қарабайдың неғыласың (ҚКБС). Нанды ысырап етпе, балам! Құшырына ұшырарсың! (АТ).

ҚЫБЫ [АЙЫЗЫ] ҚАНДЫ *Жаны жай таба, айызы қана риза боп кетті.* Найзаңың дәл тигенін біліп, қыбым қанып, қағазға қол қойдым (С. С.). Қас жауының тірлей тұтқында кеткенін естігенде, фон Рубинштейн қыбы қанып, бір түрлі қуанып қалғандай боп еді (Ә. Н.).

ҚЫБЫН ТАПТЫ Есебин, амалын тапты, ретін келтірді. Сапар көлімгідей жуасыды. Жолдастарының ыңғайына жығылуға, қыбын тауып солармен араласуға ниет қойды (М. И.). Ақтоқты тұлғасы — шыншайдай тым нәзік, қыбын таппаған адам сындырып алатын тұлға (С. Ш.).

ҚЫБЫН ТАПТЫРМАДЫ [ШАЛДЫРМАДЫ] *Амал-айласын асырып ұстамады.* Сүйтіп қанша тоссаң да, қыбын шалдырмай өгеді (Ә. Н.).

ҚЫБЫР ЕТКЕН ЖАН ЖОҚ *Ешкім, жан баласы көрінбейді.* Колхоз деревнясы жым-жырт. Қыбыр еткен жан жоқ (М. И.). Қайнар қыстағы жым-жырт, бейсеует қыбыр еткен жан жоқ (Ж. Т.).

ҚЫБЫР [ТЫРП] ЕТПЕДІ *Қозғалмады.* Бұл не істер екен дегендей, бар ынталарын сала қараған оқушылар қыбыр етпей қатып қалды (М. И.). Қара түнде қара баспаса, Ертісті арылы-берлілі кезген қайықшыны қашан көрдің? Енді қыбыр етер жайым жоқ (М. Ә.).

ҚЫДЫР ДАРЫҒАН *көне. Құт қонған, ырысы тасыған кісі туралы айтылады.* Жайлауға кеше қонған Тасболат бай, Дарыған қыдыр оған, дәулеті сай. Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап, Жатқаны қор-қор ұйықтап, көңілі жай (С. Т.).

ҚЫЖЫЛЫ [ҚЫЖЫЛ-КЕГІ] БАР *Өші, кегі бар.* Мәжікеннің Тоқсанбайға қыжылы бар. Вылтыр Нұртай қилып сұраған екен, Тоқсанбай қызын Мәжікенге бермепті (С. О.).

ҚЫЗ АЙТТЫРДЫ *көне. Қызға құда түсті, атастырды, қызды алмақ болып уәде байласты.* «Қыз айттыру» деген бұрынғы уақытта болған нәрсе. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді (Ы. А.). Әжібайға бес жасында-ақ қыз айттырып, мал беріліп қойылған (С. Т.).

ҚЫЗ АЛАРЫ Жеке, арнаулы сыбаға. (Әдетте, үйленбеген жігітке той-томалаққа тартар сый аяқ). Мырза ағаның қыз аларын беріңдер деп бір жеңгесі күле қарады (АТ).

ҚЫЗАРА ВӨРТТІ Қаны бетіне атты. Әбеннің екі езуі екі құлағында, қызара бертіп қонақ күтісіп жүр (Ғ. Мұс.). Оң жақ шетте қымыз сапырып отырған Ажар бәйбіше. Оған тау, қымызға қызара бертіп отырған Жанғазы байдың өзі (А. Л.).

ҚЫЗ ЕМШЕКЕНДІ Бұл жерде сүйкімді, көрікті деген мағынада айтылып тұр.— Алыңыздар, алыңыздар,— деді ол езу тартып күлген болып, ана екеуінің ортасында тұрған шыны тұрғауыштағы қыз емшектегі сүйірлене піскен жүзімді меңзей (І. Е.). Қыз емшекті сүйір тау, Одан да өгіп жөнелді (ҚБ).

ҚЫЗАРГАННЫҢ [ҚЫЗДЫРМАНЫҢ] ҚЫЗЫЛ ТІЛІ Өсек сөз, айдап сал сөз. Қызарғанның қызыл тілі Сүйгеніңнен кетірет (ШС). Ашуыңның арынын бас та, аяндап ақылыңа түсі! Ара-тұра өкпе-панаң болса да, кегің жоқ еді. Қыздырманың қызыл тіліне ерме, Күреңбай, — деді Нұртай (С. О.).

ҚЫЗБА БАС [БАСТЫҚ] Жел өкпе, албырт. Бір нәрсені ұнатса, Қайта ойлан-нып қарамас. Мақтанып жұртты шулатса, Құмары сол қызба бас (Абай). Бойыңа сіңіп өрт болған Қызба бастық жасында. Қызылшыл, семіз, жас қымыз Бір үлкен борыш басында (Абай).

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ Қызды жөнсіз ешқайда шығармау туралы айтылады. Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю (Мақал).

ҚЫЗҒАЛДАҚ [ШЕПЕК] АТТЫ Гүл жайнады, құлпырды. Бектер қызғалдақ атып, гүл шапып, көк майса шөбі тіресіп, міне, тұр (М. Ә.).

ҚЫЗҒАНҒАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ИТКЕ БҰЙЫРСЫН! [ЖЕМ БОЛСЫН!] Маған бермегенің, қимағаның өзіңе де болмай, өзге біреуге болсын деген мағынада. Мен білгенді сен біле бермейтінсің-ді. Басыңнан ұшқан бақты менен қызғансаң, қызыл итке болар жем (Ғ. Мұс.). Қызыңа бермей қызғанғаның қызыл итке бұйырсын, к...іңе тық (АТ).

ҚЫЗҒЫШТАЙ БОЛДЫ Жан-тәнімен қамқор болды. Жұрттыма қорған болсам деп, қызғыштай болған есіл ер (М. Ә.).

ҚЫЗҒЫШТАЙ ҚОРЫДЫ Ештеңені жуытпады, қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады, көзінің қарашығындай сақтады. Гүлнапыс апай қызғыштай қорыл, баласын ақтауға тырысады (Ш. Х.). Сафоновтың ол қызды не үшін қызғыштай қоритғынын білем, ал саған не жоқ, — деді Мырқал (Ә. Ә.).

ҚЫЗДАЙ АЛҒАН ӘЙЕЛІ Қыз кезінде алған жұбайы. Әйгерімді алғаш атас-

тырған күйеуі жастай өліпті де, кейін қайын ағаға ұйғарған екен. Ол мосқал адам және бұрын қыздай алған әйелі бар (М. Ә.).

ҚЫЗДА ҚЫРЫҚ ЕСЕККЕ ЖҮК БОЛАТЫН АЙЛА БАР ○ **ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ ҚЫРЫҚ ЕСЕККЕ ЖҮК** Қыз айлалы, қу, қылығы, назы көп деген мағынада. Өлде... қызда қырық есекке жүк болатын айла бар дейтін еді, айдалап жүр ме екен? (Ғ. М.).

ҚЫЗДАН ТУҒАН ҚИЫҚСЫЗ ○ **ҚЫЗДАН ТУҒАНДА ҚИЫҚ ЖОҚ** Жат емес. Қыздан туған қиықсыз Деген бір сөз бар мақалдан. Бақытты ерге тап болды, Халінде күйсіз тақалған (Ғ. Ш.). Еспенбеттің шешесі Ер Қосайға немере, Қиық жоқ қыздан туғанға, Оны бөген көрер ме? (Д. Б.).

ҚЫЗДЫҢ ЖИҒАН ЖҮГІНДЕЙ Қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы. Алатауым әсемденген Қыздың жиған жүгіндей (Қән.).

ҚЫЗ ҚАШАР к ө н е. Қызды қашыруға себеп болған кісілерге күйеудің беретін сыйлығы. Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына күйеу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс, бұл кәде «қыз қашар» деп аталады (Ы. А.).

ҚЫЗ ҚУУ Той-думандарда жүйрік атқа мінген қызды жігітке құдыру ойыны. Тойда ат шабу, балуан күресу, қыз қуу сияқты ұлт ойындары болады (С. М.). Сайысқа түсу, көкпар тарту, жерден теңге алу, қыз қуу ойындары кімнің етін қыздырмаған (М. Е.).

ҚЫЗМЕТКЕ ШЕКТІ д и а л. Жұмысқа орналастырды. Балам әртістің оқуын бітіріп, енді қызметке шегейін деп жүргенде, әскерге алып кетті (Жамб., Қор.).

ҚЫЗМЕТ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] Күтті, құрмет көрсетті. Қаршыға жайлап төсек салып беріп, мен сіздерге қызмет егейін деп шығып бара жатыр еді (ҚЖ). Әбішті алып күл қылдың, Қызылды гүлді жасылды, Тым болмаса, қызмет қып, Өткізбедім қасымнан (Абай).

ҚЫЗ МІНЕЗДІ Мінезі жайлы, сызылып тұратын жас бала, я жігіт туралы айтылады. Естемес екі аяқтың арғымағы, қыз мінезді, сұлу, шешен... Бұл енді арғымақтың арғымағы (І. Ж.).

ҚЫЗ ОЙНАҚ Жастардың әр түрлі ойын-сауығы, көңіл көгеруі. Аманға бұрынғыдай бөйге бозға мініп аңшылық етуге, түндерде алты бақан теуіп, қыз ойнақтарды құр өткізбеуге уақыт қалмаған сияқты (Ғ. Мұс.). Осы ауылда қыз ойнақ бар деген соң, сізге еріп келіп едім (С. Төл.).

ҚЫЗ ОЯТУ ескі салт. Түнде қыздың қойнына бару. Возбалашылықты басынан талай өткізген сары қарын бәйбішесі... екі қызының ортасына жиен бала-

сын жатқызған. *Қыз ояту* — ол күнде дағдылы әдет (І. Е.).

ҚЫЗ ТАЛАҚ *Боқтау* сөз. Қасиеті асқан ел алад, Қылдығы асқан қыз алад, Қасиет, қылық білмеген *Қыз талақтар* нені алад (М. Ә.).

ҚЫЗ ТАНЫСУ *Қыздың ұзатыларда туған-туысқандарын қыдырып, төркіндеуі.* Қыздың туған-туысқандарымен қоштасуын қазақта «*қыз танысу*» деп атайды (ҚССРТ).

ҚЫЗ ТЕКЕ 1. *Үнемі қыздармен қосылып ойнайтын ер балаға, еркекше киінетін қыз балаға қойылған ат, теңеу ат.* Осының *қыз теке* ме деймін. Кейде үстіне еркекше киім киіп далаға шыға келгенде, еркек бала ма деп ойлап қаласың (С. М.). 2. *Гермафродит (қос жынысты адам).*

ҚЫЗ ҰЗАТТЫ *Қызды күйеуге берді, қызды барар жеріне шығарып салды.* Осы қалада *қыз ұзатылса*, келін түссе... Абайдың сөзі, әндері көп жерде-ақ айтыла, атала жүретін (М. Ә.). Еріксіз малға сатып, ел асып бара жатқан *қыз ұзатылар* алдында ай бойы ағайын-тумамен қоштасып, сыңсыды (А. Ж.).

ҚЫЗЫҒЫНА БАТТЫ [БӨКТИ, ТҮСТІ] *Тамашалап ләззат алды; рақатына бөленді.* Тайыншаға пәтер алып жатқаным-ай, Өнердің *қызығына батқаным-ай*, Қазақта ата малын меней сатпас, Тұяғын елу сомнан сатқаным-ай (Б. Ш. Б.). Үсті-бастары су-су, жеңінің аузына мұз қатқан, өздері бірақ, шаршағанын сезетін емес, көп балықтың *қызығына түсіп*, қауқылдасып жатыр (Ә. Н.). Көкпардың *қызығына түсіп*, бөркімнің қашан, қайда қалғанын да білмеймін (АТ).

ҚЫЗЫҒЫН КӨРДІ 1. *Игілігін, рақатын көрді, пайдасын тамашалады.* Жақынның да, жардың да, асықтың да, — бәрінің де *қызығын көріп* бісек (Абай). *Көре* алмай қалдым қалқамның Дәл екі жыл *қызығын* (Абай). Обал жоқ осы байларға Мал *қызығын көрмеген* (Абай). Халқым тыңдап, мен сөйлеп, Басылмаған қызығым, Қызыл тілді сайратып, Халқым көрген *қызығын* (Б. Ә.). Аузын ашып, қонақтап, тісін қайрап, О да талас қылады шыбын жанға. *Қызық көрер* көңілді болса аңшылар Шабар жерін қарамас жығылғанға (Абай). Сенің өмірің гүлденіп тұр, Есігін тап, *көр қызық* (Абай). Кайтіп *қызық көремін* Әуре-сарсаң күнімнен (Абай).

ҚЫЗЫҒЫН ҰРЛАДЫ *Жақсы қасиетін алдыртты.* (Ақын бұл жерде адамның жаманшылыққа бас ұрып, жақсы қасиет, адамгершіліктен айрылуын айтады). Малға сат, пайдаға сат қылығыңды, Блайла ылай оймен тұнығыңды, Сонда өмірден алдамшы бола алмассың. Ол білдірмей *ұрламақ қызығыңды* (Абай).

ҚЫЗЫЛ АРАЙ *Күн шапағы (таңертеңгі және кешкі мезгілге қатысты айтылады).* Адам тіктеп көре алмаған күннің кө-

зін, Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін. *Қызыл арай*, сары алтын шатырына Күннің кешке кіргенін көрді көзім (Абай). *Қызыл арай*, ақ күміс, алтын бергек, Қызықты ертегіге көтерілмек (Абай).

ҚЫЗЫЛ [КӨБИК] АУЫЗ [ЕЗУ] *Көп сөйлейтін, мылжың. Қызыл езулер ауыздықталмаса, бір жарға ұрындырмай тоқтар түрі жоқ* (Ғ. Мұс.). Көзім әбден жетті, көктей солмаса, ырық бермейтін *қызыл езудің* өзі (Ғ. Мұс.). Естісе, әкең азбан қырына алар, Басыма арылмастай пәле салар. Тамақтың құлқы болған *қызыл ауыз* Аласысың өшігер, иттей талар (С. Т.). *Қызыл ауыз* не айтпайды, солардың сөзіне көңіл аударып жүрген мен жоқ (К. О.).

ҚЫЗЫЛ ГҮЛ *Ақын бұл жерде сұлу, жас қызды бейнелеп отыр* (АС). Ол жас ағаш, бір *қызыл гүл*, Жапырағы жаңғырар. Сорлы Онегин, жолды өзің біл, Қай тарапқа қаңғырар (Абай).

ҚЫЗЫЛ ЖОН ҚЫП САБАДЫ *Көк ала қойдай егіп соқты, арқасынан қанын шығарып ұрды.* Қордабай жалмандап, Ғалияның үйінен шықпаған соң, Балуан оны бір күні *қызыл жон қып сабады* да, айдап шықты (С. М.).

ҚЫЗЫЛ ИЕК БОЛДЫ *Бұл жерде кәріліктен тістері түсіп қалды деген мағынада.* Жалғанды жалпағынан басып өтіп, Жасарып қайта туып, алдым бекіп. Қаусаған отыз тісім қайта шықты, Болғанда *қызыл иек*, әлім кегіп (Жамбыл).

ҚЫЗЫЛ КЕҢІРДЕКТЕСТІ ○ **ҚЫЗЫЛ ӨҢЕШ** [КЕҢІРДЕК] *БОЛДЫ* *Таласып дауласты, керілdesti, жанжалдасып керісті.* Жанар екеуіміз осы арада кәдімгідей *қызыл кеңірдек болып қалдық* (Б. С.). Түнімен жан терге түсіп, ағаларымен талай *қызыл кеңірдекtesip*, өзер-мөзер, әйтеуір ертеңінде еш нерсе жоқ, тым-тырыс кетті де қойды (С. Т.). Біреулер жақсылап, біреулер жамандап дегендей. Әркімдер-ақ ол туралы керілdestip, *қызыл өңеш боп жүр* (С. М.).

ҚЫЗЫЛ КӨЗ ПӘЛЕ *Барып тұрған пәлеқор, жалақор.* Өмірде менен аяған қастығы болмаған қырсық жауым, *қызыл көз пәлем* сен бе өдің, соңымда сұғын қадап жүрген (М. Ә.). Менің білетінім — Кәлен *қызыл көз пәле*. Өзіңнің тыныштығыңды ойласаң, онымен қайта тату бол (Ә. Н.).

ҚЫЗЫЛ КӨРГЕН ҚҰЗҒЫНДАЙ [ҚАРҒАДАЙ, БҮРКІТТЕЙ] *Аш көз, ашқараң, қомағай деген мағынада.* Қызыл көрген *құзғындай* үймелеп, сендерге не болды! Қағаз көрмегендей өліп барасыңдар ғой, түге (С. О.). *Қызыл көрген қарғайдай* Шапты офицер ентелеп, Ақ маралдай аруды, Ер үстіне өңгермек (З. Қал.). Қайдан пайда болғаны белгісіз, *қызыл көрген бүркіттей* қарап, Сәуленің қақпасында біреу тұр (Ә. Ә.).

ҚЫЗЫЛ КӨРМЕДІ [ТІСТЕМЕДІ] *Ұзақ уақыт ет жемеді, «қыр құлақ болды».* Ет

бізге арам боп па? Ала жаздай қызыл тіс-тегеміз жоқ (С. М.).

ҚЫЗЫЛ К...ЕН БОЛДЫ *Жұмыс істеп (әсіресе, айқайлап әбден титықтаған) шаршап-шалдыққан кісіге айтылады.* Сонша қызыл к...ен болғанға айқайлап не болды. Жау шауып жатқан жоқ, өрт алып баратқан жоқ. Жұрттан ұят болды ғой (АТ).

ҚЫЗЫЛ ҚАНҒА БАТТЫ [БОЯЛДЫ] *Бірін-бірі аямады, өлген-тірілгеніне қарамай төбелесті, аузы-басын даладай қылды. Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға. Біреуі көк, біреуі жер тағысы, Адам үшін бағысып қызыл қанға (Абай). Қасқа мен жайсаңдардың мәжілісін талқандап, көп жөніне кетті. Үйде қызыл қанға боялып оқыған жігіт жатыр (Ғ. Мұс.).*

ҚЫЗЫЛ ҚАРЫН ЖАС БАЛА *Ес біліп, етек жаппаған, буыны қатпаған, ер жетпеген бала.* Адал еңбек, маңдай тері, қызыл қарын жас баланың көз сүзіп отырған егіні күл-талқан болып жоғалып барады (М. Ә.). Не деп отырғанымды түсініп отырсыз. Мұндағы жұрт қызыл қарын жас бала емес. Өлмесін білетін болды,— деді Абай (М. Ә.).

ҚЫЗЫЛ ҚАРЫН, БҰТЫ ШЫТ *көне. От басында елеусіз жүрген, бағып-қағуы кем ойын балалары туралы айтылады.* Қара қи қалап от жанса, Жылынар бала жыбыршып, Бүрсеңнен жазылар Қызыл қарын, бұты шыт (І. Ж.).

ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН *Қан майдан.* Күлөнданың орнына Раушан өзі сұранып шықты. Ана жақта жұрт қызыл қырғында жүргенде, тыныштық жерден орын таба алмады (Т. А.).

ҚЫЗЫЛ ҚЫРМАН ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Қырып салды, қызыл жоса қан қып кетті.* Алдияр олай болса, жаным құрбан, Бекетті мен ұстайын ханды қыран. Сен емес менің дағы қас дұшпаным Етейін барлық елім қызыл қырман (М. Ә.).

ҚЫЗЫЛ МАЙ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ЕТ-ТІ] 1. *Ат алқынып, қан сорпасы шықты.* Көптен мінілмеген семіз атты бірден қинай мінсе, қызыл май болады. Осы күндерде қалың майлы құр аттарын салқын-салқын кездерде міне бастады. Аяңмен жүріп, қызыл май қылмай, жиі-жиі суытып, оқта-текте таң асырып жүрген (М. Ә.). 2. *Босқа әуреленді, арам тер болды.* Желдібай бір байдан ақы даулап алды екен деп, осында қызыл май болудың не керегі бар? (С. О.).

ҚЫЗЫЛ ӨНЕШ *Даукес, сөзуар.* (Бұл жерде суырылып сөйлейтін деген кекесін мағынада). Талай ділмарлар суырылып шықты, талай қызыл өңеш, бұлбұл тілдер сайрады, бірақ еш шешімге келе алмаған (І. Е.).

ҚЫЗЫЛ СИРАҚ [КЕДЕЙ] *Сіңірі шыққан жарлы.* Мінген атым — Түрксіб, Ту тұтнім бұлықсып, Қуанам, келем ауылға,

Қызыл сирақ кедей жок, Қара лашық, жер үй жоқ, Қырық найзалы жауында (І. Ж.).

ҚЫЗЫЛ СӨЗ *Құр, бос сөз; тиянағы, байлауы жоқ сөз; ойсыз жылғыр сөз.* Бөйге алмайтын жүйрік көп, қызыл сөзді сүйрік көп (АТ).

ҚЫЗЫЛ СӨЗДЕН БАЛ ЖАҚТЫ *Әсіреледі, асыра мақтады.* Нұрқасым [Сәулеге]: Ол әрбір болмашы нәрсенің сыртына қызыл сөзден бал жағып береді (Т. А.).

ҚЫЗЫЛ СУДАЙ ЖҮРДІ *Қолынан келгенін істеді; еркін, баса-көкет әмір жүргізді.* Мына отырғандар совет заманында да соны істеді. Өрқайсысы бір болыстың, рудың үстінен қызыл судай жүргендер (Ғ. Мұс.).

ҚЫЗЫЛ ТАБАН БОЛДЫ *Табанынан таусылды, көп жүріс көрді.* «Аруақ» деп, «алдалап!» Кетті шұбап, күңірене, ...Қызыл табан болды үркіп (І. Ж.).

ҚЫЗЫЛ ТАНАУ БОЛДЫ 1. *Барынша елерді, желікті, өректіп асығыс-үсігіс қимылдады.* Бір топ фриц қызыл танау Сирияда жатыр үйіп. Тартпақ ертең майданға анау, Маруся ішке тұрды түйіп (С. Б.). Қараса төрт ерді алып барады Алау, Рүстемге көріп оны түсті қаяу. Жібер деп жаның барда айқайлады, Болма,— деп бекер дүре, қызыл танау (РД).

ҚЫЗЫЛ ТҰМСЫҚ БОЛДЫ *Олжаға кенелді, олжаны қымсықтады.* Бір құлжаны атып ап, қызыл тұмсық боп жатыр (АТ).

ҚЫЗЫЛ ТІЛ ШЕШЕН, ОРАМДЫ, ЖҮЙРІК ТІЛ. Сайра да, зарла қызыл тіл, Қара көңлім оянсын (Абай). Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл (Абай). Қазаққа қызыл тілге дес бермегеніңмен, Базеке, сен де бұ жолғы дауды маған бер (М. Ә.). Қызыл тіл сөз сөйлесем безерілген. Заманы жылдан-жылға шөгерілген. Әр жерде алқа көрсем тұра алмаймын, Осындай қызыл тілге шеберімнен (Ш. Ж.).

ҚЫЗЫЛ ТІЛІН БЕЗЕДІ *Тілі мен жағына сүйене, суырыла, сүйреңдеп сөйледі.* Құрбандықсыз төңкеріс болмайды,— деп ол көдуілгідей қызыл тілін безеп, жеңінен сидиып шығып кете беретін білегі жас баланың білегіндей қолын былғап сөйлей бастағанды (Ә. Н.).

ҚЫЗЫЛ ШАҚА ШЫР ЕТІП, ЖАҢА ТУҒАН БАЛА; ҚҰС БАЛАПАНЫ. Қолымда ұядағы қызыл шақа балапандай ауыздарын ашып шиеттей төрт бала отыр (Ә. Н.). Бұл облыстағы ас ішетін, киім киетін бар жанның қызыл шақа балапандай сізге қарап аузын ашып отырғанын жақсы білеміз (С. Ад.).

ҚЫЗЫЛ ШАҚА ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Тыптықыр етіп жүнін жұлып, қырқып алды.* Гревки — Ғалиев жолдастың ешкіні қылшықтауға ұсынған, ешкіні қып-қызыл қызыл шақа ететін темір тарақтары (С. Төл.). Кезерген ерні жарылып, Қызыл шақа көн

жара. Көйлексіз төні жалаңаш, Күнге піскен қап-қара (С. С.).

ҚЫЗЫЛ ШЕКЕ БОЛДЫ *Аянбай жұдырықтасты, әбден төбелесті. Қызыл шеке болып төбелесіп жатқан кісі секілді дүңгір-дүңгір етеді. Нұрымның «Маһ-моһ! Неге, неге?» деп жұлмалап тартқан дыбысы естіледі (С. Т.). Күніне талай бастан кешетін қызыл шеке төбелестің тууына бұл да бір себеп (Б. С.).*

ҚЫЗЫЛ ШҰНАҚ АЯЗ *Бетті қарып жіберетін шытырлақ аяз. Күн қызыл шұнақ аяз, қар қалың, жер беті аппақ (Ғ. Мұс.). Таң жаңа ғана сарғайып, бозарып атып келе жатқан мезгіл... Қызыл шұнақ аяз (С. С.).*

ҚЫЗЫЛ ШЫРАЙЛЫ *Бетінен қаны тамған өңді. Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, каракат көзді Кәмшат қазір сатқақ ұрғандай арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты (М. Ә.). Бетінен нұры тамған қызыл шырайлы Қаржастың реңі ештеп құқыл тартқан тәрізді (Ә. Сат.).*

ҚЫЗЫЛЫМ ҚЫРДА, ЖАСЫЛЫМ ЖАРДА [ОЙДА] *Жиналып бітпеген, қырмандалып, бастырылмаған егін туралы айтылады.*

ҚЫЗЫЛЫНА ТОЙДЫ *Жаңа сойған арық мал етіне кенелді. Кедейлерді жем қылып, Қызылына тойысты. Тентіретіп жарлыны, Телмеңдетіп қойысты (Жамбыл).*

ҚЫЗЫЛЫҢ ҚЫРДАЙ БОЛСЫН! ○ ҚЫРМАН ТАСЫСЫН! *тілек-бағата. Астыққа береке құтайсын деген мағынада. (Қырман алғанда, жиын-терін кезінде, астық тазаланып жатқанда айтылады).*

ҚЫЗЫЛ ІҢІР *Кешке таман ымырт жабылып, қас қарая бастаған мезгіл. Есілбай мен Сүгір молданың маңайын қызыл іңірден-ақ аңдытып қойған еді (Ғ. М.). Таңертең тұрғыш шомын үйсе, шаршап келіп Раушанның оң тізесін баса отырып, терлеп шай ішсе, қызыл іңірден жатып ұйқысын қандырса, одан артық қызық нәрсе бар деп Бәкен ойлады ма екен (Б. М.).*

ҚЫЗЫР ДАРЫСЫН! *диал. Астығың мол болсын деген мағынадағы ізгі тілек (Т. қор., Панф.).*

ҚЫЛАҢ БЕРДІ [ЕТТІ] *Байқала бастады; қарауытып көзге түсе бастады. (Бұл фраза «таң қылаң берді» дегенде елең-алаң мезгіл болды, таң құлан иектенді, таң сыз берді мағынасында айтылады). Оңтүстік жақ дөңестегі қырман басына үйілген астық маялары да қылаң беріп, көзге шалынды (М. И.). Бір кезде әлденендей бір бейне шоқ теректің шетінен қылаң ете қалды. Мен төзіп отыра алмадым, нысанаға байладым да, шаппаны басып жібердім (Ә. С.).*

ҚЫЛАҢ [ҚЫЛМАҢ] ҚАҚТЫ ЖЫМЫҢДАДЫ, *қуақыланды; сылаңдады. Өстіп жүргенде, «Мал келдіге — дәл келді» бо-*

лып жігіт іздеп, қылаң қаққан біреуге кез бола келіпті (Б. Қыл.). Кешіктіңіз, — деп қылмаң қақты бой жеткен Сағитты есік ашып қарсы алып жатып (Қ. Қ.). Құшақтап «көңіл қосты» бақша барсам, Көшемен желе жортып қақшандасам. Қыздармен гармонь тартса серуендесіп, Бүкеңдеп қылмаң қағып ақсандасам (І. Ж.).

ҚЫЛ АРҚАН *Бұл жерде «бұғау», «өлім» деген мағынада айтылып тұр. ... Осы күндері тағы да қатты ойға кеткен. Орынбор бастықтарының айтқанына көну — сегіз жыл қан төгіп алысып, ақырында мойнын қыл арқанға өзі әкеліп ұсынумен тең (І. Е.).*

ҚЫЛ АРҚАН АШ ТАМАҚТАН ТҮСТІ *Бұғалық мықтап түсті деген мағынада айтылып тұр. Бұл бекіністер салынып бітуі — қыл арқан аш тамақтан түсті дегенімен бірдей (І. Е.).*

ҚЫЛАҢ САҚАЛ *Ақ шалған сақал. Баса айттырды бай төбет, Көп «сұңқарға» сыңар құш. Қылаң сақал шандыр шал Күйеу болды күркілдеп, Жиіркеніп ең жылан құш (І. Ж.).*

ҚЫЛАУ ЖҰҚПАДЫ [ТҮСІРМЕДІ] *Дақ түсірмеді, шық түсірмеді, нұқсан келтірмеді. Осы арада да ол ара ағайынның өкпесі мен кінәсына Құдайменде ағасын ұстап беріп, өз бойына қылау жұқтырмай бара жатты (Ә. Н.). Мұрат қақтан да өз қатарының алдында болуға, істеген ісіне қылау түсірмеуге барын салады (Т. А.).*

ҚЫЛАУ САЛМАЙ [ҚЫЛАУЫН АЛМАЙ] ОЙ ТАБАТЫН *Шалдырмай шығатын істің көзін таба білетін іскер. Жасың жас болғанмен, «жастық жалын, кәрілік күл» деген, Мағаш шырақ, Қырқында қылау салмай ой табатын, жол табатын жас болады (М. Ә.).*

ҚЫЛАУ ШАЛДЫ *Шашына ақ түсе бастады. Хакима қызына бұрылды. Балам, маған қарашы. Елуге жетпей қылау шалған мына шаштың ағарған әрбір талын есіңе алшы (М. И.).*

ҚЫЛАУЫ ТҮСПЕГЕН *Қайрауы жетпеген, жетілмеген, өткір тартпаған (жас). Қылауы түспеген жассыңдар, бапкер ұстаз керек сендерге (АТ).*

ҚЫЛАУЫ ТҮСПЕГЕН ҚҰДА *көне. Жаңа құда. — Күйеужан, тым қатты кетпеңіз... себебі болған шығар... Қылауы түспеген құданы кім тез жібере қоюшы еді! — деп, Мүсіреп Есенейдің күткен жауабын да, қалжыңын да қосақтап жіберді (Ғ. М.).*

ҚЫЛ БҰРАУ САЛДЫ *Осы жерде жанын қинады деген мағынада. Халқын сағып, жауына болысар адам жомарт па екен, тақымына қыл бұрау салып, дүреге жықса да, су жолын көрсетпейді (Т. А.). Биені жығып, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салып тақымын бұрайды (ҚЕ).*

ҚЫЛҒА ІЛІНІП ТҰР **○ ҚЫЛ ҮСТІН-ДЕ ТҰР** [ЖҮР] *Халі мүшкіл күйге түсті, хауіпті жағдайда тұр. Жанды ал есіңе, Тұрсын қылға ілініп, Тон жабамын үстіңе, Жатасың мәңгі жылынып (Қ. А.). Колчактың тағдыры қылға ғана ілініп тұр (С. М.). Мұны екеуі де жақсы біледі, қазір екеуі де қыл үстінде, күтуде сияқты (Ғ. М.).*

ҚЫЛҒЫП ҚОЙДЫ [ЖІБЕРДІ, САЛДЫ] *Жеп қойды, жұтып жіберді. (Бұл жерде пара жеді, олжа түсірді деген мағынада). Тексерушің де құлқыны жаман пенде екен, бүгін бір сиырды қылғып салды (АТ).*

ҚЫЛДАЙ БӨЛДІ *Тең етіп бөлді. Жақыпбек студенттік тұрмысты, жатақхананы аңсады. Бар ма, қылдай бөліп жейсің, Жоқ па, опық жемейсің (М. И.). Қазынадан нанды өте аз қылып, екі күнде бір береді. Нанды қылдай қылып жолдастар бөліп жейді (С. С.).*

ҚЫЛДАН ТАЙДЫ *Қате басты, жаңылды, әділдіктен кетті. Қылдан тайсам, ерегісетіңді білемін, осыған жеткенің жеткен-ақ. Бірақ, көріп алдым,— деді Жантас (М. Ә.).*

ҚЫЛДЫ АЙРАН ҒЫП КҮНЕЛТТИ *ди а л. Өзімен-өзі күн көрді, өз шаруасымен тұрды. Бұрын қылды айран ғып күнелтіп келдік (Жамб., Шу).*

ҚЫЛ ЖҰТТЫ *Арамдық жасады, біреудің зағына қол сұқты. Қандай азапта жүрсем де, кісі мүлкінен тал шайнап, қыл жұтқан күнім жоқ еді (С. М.).*

ҚЫЛ КӨПР **○ ҚЫЛ КӨПР, ТАС ТАРАЗЫ** 1. *Діни ұғымда ақыр заман, қилмет-қайым деген мағынада айтылады. (Өлген адамды о дүниеде өткізетін өткел бар, қыл көпір бар деп уағыздағаннан шыққан). 2. Қиыншылық, тар кезең. Жаны қыл көпірдің үстінде жүрген адамда өтірік болмайды (С. М.). Мынадай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне, ел-жұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын (М. Ә.).*

ҚЫЛ ҚИМЫЛДАТПАДЫ *Түк істемеді. Қазақтың еркегін білесің, үйге келсе, қыл қимылдатпайды (Т. А.).*

ҚЫЛ ҚҰЙРЫҚ ҚЫЛДЫ *Қару-жарақ берді, құрал-сайманын сайлады. Қыл құйрық қылып құтыртып қойғанын көрмейсің бе? (АТ).*

ҚЫЛ МОЙЫНҒА ТАҚАДЫ *Өлім халіне келтірді, өлердегі жерге жеткізіп қойды. Қыл мойынға тақағанша төзіп келдік, өлерде бір тұяқ серпу болмайтын ба еді, неге басына бересің сен,— деді (АТ).*

ҚЫЛ ӨТПЕЙДІ **○ АРАЛАРЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕЙДІ** *Балдай тату, ынтымағы бір, достығы берік. Қыл өтпестей төттілікті бір ашуға сатпайық (М. Ә.). Сырбай мен Деметкен араларынан қыл өтпестей тату (С. М.). Аман мен екеуінің арасынан қыл*

өтпейді қазір (Ғ. Мұс.). Зоя да денесін аулақ салмай, жігітті күлкімен, лапылдаған жалынмен қарсы алды. Араларынан қыл өтпестей, бір-біріне жабыса қалыпты (Ж. Ж.).

ҚЫЛП ЕТЕ ТҮСТІ *Сезіктенді, секем алды. Ақ сұр аттың үстіндегі жалпақ бет кара жігіттің жүрегі қылп ете түсті (С. С.).*

ҚЫЛП [ҚЫЛТ] ЕТКІЗБЕДІ 1. *Тап бастырмады, қозғалтпады. Кете берейін десем, ит қылп еткізер емес (Ә. Ә.). Қылп еткізбей бағып көр (Абай). 2. Айна-қатесіз, дәл тапғы. Есдәулетов бар сенімді сөзіңің ішінде солқылдақ бір сөйлемді қоса қыстырғанын Карпов қылп еткізбей анық таныды (М. Ә.).*

ҚЫЛТ ЕТТІ¹ *Көзге шалынып қалды. Құлаған аттың тасасына тығылып, Шалабай атыса берді, құғыншылар өзекте, қашқың қырда, бірін-бірі төбесі қылт етсе, басып салады (Ғ. Мұс.). Бүгінгі жауыннан кейін әр үйде бір әйел босанғандай, бәрі Сыздық үйінің сыртындағы жазыққа жиналып, мәре-сәре болып тұрғанда, қора тасасынан Әбен қылт ете түсті (Ғ. Мұс.).*

ҚЫЛТ ЕТТІ² *Араз бола салды; бұртылып бұрыла салды. Қазақтың қайсысының бар санасы, қылт етерде дап-дайын бір жаласы (Абай). Қылт етпеген көңілдің көшуі жоқ, Жүрегінде жатады өкпе-сызы (Абай).*

ҚЫЛТ ЕТКІЗБЕС *Сезімтал, аңдағыш. Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар, Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар (Абай).*

ҚЫЛША МОЙЫН ТАЛША *Өзің біл, не істесең де көгерем деген мағынада айтылады. Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жуғызам ба? Жоқ, қылша мойным талша деп, бас ием бе? (М. Ә.). Тырнақтай жазығым болса, қылша мойным талша демес пе еді (С. О.).*

ҚЫЛ ШАЙНАП, ДӘН ЖҰТПАДЫ *Жаманшылық іс етпеді. Сол жүрісінде Бекберген қыл шайнап, дән жұтқан жоқ, обалы неге керек, ол дүниеге кетті ғой, мақтағаным емес, шынының өзі осы (Б. М.).*

ҚЫЛШЫҒЫ ҚИСАЙМАДЫ *Ештеңесі шығын болмады, дәнеңесі кетпеді деген мағынада. Ауылдың бейлі биыл кең, Ұйткені мал-жан дін аман, Қисаймай шықты қылшығы Қысыңнан да қысаған (І. Ж.).*

ҚЫЛШЫҒЫ ҚҰЛАМАДЫ *Жалы жатып, қоңы түспеді. Өлі қылшығы құламаған, бусанып көрмеген семіз жылқы, сараң байдың қалың шоғыры, шетінен үркек, асау болатын (М. Ә.).*

ҚЫЛШЫЛДАҒАН ЖІГІТ [АЗАМАТ] *Әбден жетіп, кемеліне келген жас жігіт. Қылшылдап тұрған жас жігіт еңбекке неге белсене араласпай жүр екен? (АТ). Весжылдықтың балғасын қолына алды бәрі*

де, Қылышылдаған азамат жасы түгіл, кәрі де (Ш. Қош.).

ҚЫЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЛШЫҒЫН ТАНЫДЫ *Біреудің мінез-құлқындағы кем-кейтігін анық білді. Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығның қылышығын танитуғын кісіден қашық жүреугыны қалай? (Абай).*

ҚЫЛЫШТАЙ [ҚЫЛЫШТЫҢ ЖҮЗІНДЕЙ] *ҚЫЛШЫЛДАҒАН Қайрат-күші тасыған, өткір, қайсар деген мағынада. Қылыштай қылышылдаған жас кезім еді. Онда айқаса кеткенде, он жігіт түк емес еді (АТ).*

ҚЫЛЫШТЫҢ ЖҮЗІ, НАЙЗАНЫҢ ҰШЫМЕН *Күш көрсету, күшпен бітіру туралы айтылады. ... Кейде тіпті қатты қақтығысып, бөсеке-таласын қан майданда қылыштың жүзі, найзаның ұшымен шешетіні секілді, күндес әйелдер де бірін-бірі аямайды... (Ә. Н.).*

ҚЫЛЫШЫНАН ҚАН ТАМЫП ТҮР *к ө н е. Қаһарына мініп, «қан көкесп» тұр. Халықтың көзінше дарға асыпты. Асқызыпты анау Казанцев, Оның қолы қатты. Қылышынан қан тамып тұр (М. Ә.). Сыдыр ағзам қылышынан қан тамызып, күллі Иран мемлекетін бір ізден өргізіп тұр (С. Шәр.).*

ҚЫМЫЗ МҰРЫНДЫҚ *Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы.*

ҚЫНАДАЙ ҚЫРДЫ *Шетінен өлтірді, жойып жіберді. Жауыздықты әділдік жеңбей қоймас, Жауыз жаулар жеңілді демі құрып. «Жауды аяған жеңілер», дұшпандарды Қиратып, қынадай ғып салды қырып (Қ. А.).*

ҚЫНАЛЫ БАРМАҚ, ЖЕЗ ТЫРНАҒЫ ҚАНҒА БОЯЛДЫ *Бетін тіліп, қан ағызып зар иледі, қан жылады; жоқтап, құса боп, қанды жаспен бетін жуды. Мырза солқ-солқ жылады, Мұқан іштен ыңыранды. Ұлжан талды, жынданды, Аңырады, бастады, Алып бетті тастады, Жылау, жоқтау, қарғанды: «Қара бір шашым жаяйын, Жаяйын да жияйын, Қыналы бармақ, жез тырнақ Күн өтті қанға бояйын» (І. Ж.). Қыналы бармақ, жез тырнақ күнінде қанға бояйын (АӘ).*

ҚЫҢҚ [ҚЫҢ] ЕТПЕДІ [ДЕМЕДІ] *Тырып етпеді, төзді, үндемеді. Кәлен от басына тыныш, қатын-балаға кең, мейібан кісі. Үйде отырғанда үстіне келі түйсең де, қыңқ етпейді (Ә. Н.). Бір ауыз сөзі жоқ. Қыңқ деместен кеткені қалай (М. Ә.). Патша ағзам үш жүз сом түгіл, бүкіл қазақты босқа неге алмайды? Қыңқ десем, жаным шықсын. Тек Құдайменді тұқымына көлеңкесінен орын берсе болғаны! (І. Е.).*

ҚЫҢЫР ТАРТТЫ *Жөнге жүрмеді, бұра, теріске қарай тартты. Ел сөзіне кірсе де, қыңыр тартып, Айтқанына келтіріп талай жыққан. Атасы көп, өзі бай, жанды*

жақтап, Бқтиярсыз Құсан ғой ол сондықтан (И. Б.).

ҚЫҢЫР ҚАРАДЫ *Жақтырмады, ұнатпады. ... Алғашқыда үндемей жүрсе де, ұйымдар көбейе бастаған соң, қыңыр қарайтын болды (С. Шәр.).*

ҚЫП-ҚЫЗЫЛ ПӘЛЕ *Нағыз шатаң, дау-жанжал. Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр, Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр. Қыс қыстауың қып-қызыл ол бір пәле, Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр (Абай).*

ҚЫПША [ҚЫМША, ҚЫНАЙ, ҚЫНАМА] *БЕЛ Жіңішке талма бел, құшырсақа бел. Жібектей шашы оралған, Қыпша бөлі бұралған, Еркесі қырдың бұралған, Сағындым мен сәулемді (С. С.). Қыр мұрынды, қыпша бел, Сұңғақ, сұлу тал бойы (С. Б.).*

ҚЫПЫ ҚАНДЫ *д и а л. Құмары тарқанды, құмардан шықты. Нүрекең әңгімеден қыпыңды қандырап (Гур., Маң.).*

ҚЫРАҒЫ КӨЗ *Тез байқап қалатын, барлағыш адам. Қырағы көз, «Қалғып кетті!» дегізбе, Жау тұмсығын шепке жақын енгізбе! (С. С.).*

ҚЫРАН ЖАПҚАНДАЙ ҚЫЛДЫ *Жау тигендей астан-кестенін шығарып, қырғи тигендей етті. Олар елден қыран жапқандай жауап ала бастады (Ғ. С.). Мына тентек жұртты қыран жапқандай қылды-ау (АТ).*

ҚЫРАН [ҚИЯН-] КЕСКІ *Қырқыс; қатты ұрыс-керіс. Жолдасбайға таласып, қыран кескі қырқысып бір көрейік (Қ. Қуан.).*

ҚЫРАН ҚҰС *Бүркіт, сұңқар, қаршыға тектес жыртқыш құстардың қырымнаншалар қырағылығын, қиыннан ілер алымын білдіретін ортақ аты. Бүркітші тау басында, қарушы ойда, Іздің бетін түзетіп аңдығанда, Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда (Абай). Қаршыға бұл кезде сол құстардың астына көсіліп барып, еркін жетті... Абай:— Қайран қыран! Не деген бап!— деп құсты бір мақтап,— аңшының, саятшының шебері өзің екенсің!— деп, Шәкені екі мақтады (М. Ә.).*

Құс салып, саятшылық құру ертеден бар. «Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген бір қызық ісім екен сұм жалғанда»— деп Абай айтқандай, аңшылық, әсіресе, құс салу қазақтың бір сүйікті қызықшыл кәсібі болған. Бұл өнер ері құс жайы поэзиясында көп жырланып, көп-көп айшықты сөз келісімдері жасалған.

Қыран құстардан БҮРКІТ САЛУ қазақтың барлық жеріне де тараған. Өзге құстардай емес бүркітке лақап ат беріп, тұқымын құалай тергеп отыру салты болған. М. Әуезов «Абай жолында» осындай бүркіттер санатында *Жанбауыр Шөгел* тұқымы *Қарашолақты, Қарашегірді* атап, олардың аң алысын тамаша суреттеген. Бүркітті **АҚ ИЫҚ (Ақ иық бүркіт төмендер, Екі қанат талғанда), АҚ ИЫҚ МҰЗ**

БАЛАҚ (Ақ иық мұз балақпын жерге түспес — Айтыс), КӨК ТАБАН ШӨГЕЛІ, КӨК БҮРКІТ, т. б. түрінде әсерлеп аталған. Мекеніне қарай СУ БҮРКІТ, ДАЛА БҮРКІТ, ТАУ БҮРКІТ деп атаған. Бүркітті жасына қарай: БАЛАПАН ҚҮС (бір жас), ҚАН ТҮБІР (екі жас), ТІРНЕК ТҮЛЕК (үш жас), ТАС ТҮЛЕК (төрт жас), МҰЗ БАЛАҚ (бес жас), КӨК ТҮБІР (алты жас), ҚАНА (жеті жас), ЖАНА (сегіз жас), МАЙ ТҮБІТ (тоғыз жас), БАРҚЫН (он жас), БАРШЫН ТҮЛЕК (он бір жас), ШӨГЕЛІ (он екі жас)... түрінде жиырма жасқа дейін аталған.

Қыран құстардан аңшылықта көбіне, БҮРКІТ, СҰҢҚАР (АҚ ШӨҮЛІ, АҚ ТҮЙҒЫН, ЛАШЫН, не АҚ СҰҢҚАР) ҚАРШЫҒА мен ҚЫРҒИ сияқты құстарды ұстаған. Салтанатқа, атаққа сұңқар ұстаған; қаршығаны қаз-үйрек, дуадақ сияқты құстарға, қырғиды көбіне бөлене сияқты тік ұшатын құстарға салған. Бүркітті түлкіге, қоянға (кейде қасқырға да) салған.

Құс салу, саятшылыққа орай қалыптасқан жеке сөздер, сөз тіркестері мол. Күйіне келтіру, желілдіруге орай: ТҮЛЕТУ, БАПТАУ, ШЫРҒА ТАРТУ, ЖЕМГЕ ҮЙРЕТУ, ҚАЙЫРУ (үш түлек, төрт түлек; Қыран бүркіт не алмайды салса баптап, — Абай). БАБЫ ТАЙДЫ, КҮЙІ ҚАЙТЫ, ҚАЙЫРУЫ КЕЛМЕДІ сияқты сөздер, күту, жем беруге орай: КӨК СОҚТА, ҚАН СОҚТА, ҚЫЗЫЛ, ТАРТПА, САРЫ БӨРТПЕ, АҚ ЖЕМ, ТОЯТ, т. б. сөздер, құстың заттарынан: БӨЛЕУ, БЫРҒАҚ, ТҮҒЫР, ТОМАҒА, БАЛАҚ БАУ, ЖЕМ БАУ, т. б. атаулар жасалған. Саятшылар көп кісі боп аңшылыққа — САЛ БУРЫНҒА шығатын болған. (Бұл өңірдің аңшылары күздің осы шағында, сондай аңшылық жолына, «сал бурынға» аттанушы еді. — М. Ә.). Аңға шығу мезгілі — қардың жаңа жауған кезіне орай болып, оны ҚАН СОНАР, КЕЛТЕ СОНАР (таңға жақын жауған қар) деп атаған. Аңға шығар кезде: ҚАНЖЫҒА МАЙЛАНСЫН! ҮЙІРІМЕН ҮШ ТОҒЫЗ! ҚАНДЫ БАСЫН ҚАРАТА БЕРСІН! — деген сияқты ырым-тілектер айтатын болған. Аңға шыққан кісілерге орай: ТОМАҒА ТАРТТЫ, ҚАҒУ, ҚАҒУШЫ (Томағасын тартқанда бір қырымнан, — Абай; Бүркітші тау басында, қағушы ойда. — Абай; Тау басында бүркітін алып Тұрғанбай жеткенше, Баймағанбет қорым тасты қағуға кіріспей, бір орында жым-жырт шыдап, Қарашолақтың томағасы тартылғанын тосып тұр екен — М. Ә.) сияқты сөздер жасалған. Бүркітшіге еріп қызық қуған кісілерді ҚЫЗЫЛШЫ деп айтқан (Қолдарында бүркіті жоқ екі қызылшы (Абай мен Ербол) Тұрғанбайды өздерінің ашуландырып алғанын үндемей білісіп, кінәларын мойындарына алды. — М. Ә.).

Қыран құстарды әрекетіне, мінезіне, бітімге қарай бөліп, олар туралы көптеген ұғымдар туғызған. БҮРКІТТІ алғырлығына қоса құдірет күш несі, құс патшасы деп біліп, күштіліктің баламасы ретінде атаса, СҰҢҚАРДЫ салтанатқа, атаққа ұс-

тап, бекзадалықтың, паңдықтың, өрліктің, сұлулықтың баламасы ретінде атаған. ҚАРШЫҒА, ҚЫРҒИ шапшаңдықтың, ішкі ұйыттың молдығын білдіретін балама ретінде қолданылған: Бүркіттен қыран құс болмас, Ваулуы жеппей бөрі алмас. *Бидайықтан алғыр құс болмас, Бұйырмаса екеу түгіл, бірді алмас, Сұңқардан сұлу құс болмас, Қауырсыны қатпай ұша алмас* (Ш. Ж.). Жерге қонбай ұша алмас, Көк еркесі қыран да (Д. Б.). *Ақ сұңқар құстың асылы Айдыннан таңдап қу алған* (М. Ә.). *Құладын құстың құлы еді, Тышқан жеп жүнін түледі* (АӘ). Қалайылаған қасты орданың сырығы, *Бидайықтың көл жайлаған асылы* (Ш. Т.). Таудағы *тарлан шұбар* біз едік (М. Ә.). *Ақ сұңқар құстың сойымын* (М. Ә.). *Ителгі көзін төңкеріп, Ат к...іне міндіріп* (М. Ә.). Далада *сұңқар түлесе, Жүніне қарға жолар ма?* (М. Ә.). Сен бір жүрген *Тұрымтай, Тұйғын* болып ілемін (С. А.). Ажалы жеткен қарғасың *Бүркітпенен* ойнаған (С. А.). Жалтарғанды жазғызбай, *Қыран* шалған қояндай, Бұлтылдаған жиырма бес (Б. Ә.). Қырымнан қиқу таянса, *Көк бүркіттей* түйіліп, Лашын құстай шүйіліп (Б. Ә.). Қарақұс жемін басып жейді, *Ақ сұңқар* жемін шашып жейді (Мақал). *Тұрымтай* көз тұндырады. *Қаршыға* қазан қайнатады (Мақал). Тұғырына саңғыған *сұңқар* оңбас (Мақал). *Бүркіт* қартайса, тышқаншыл болар (Мақал), т. б.

ҚЫРАН-ТОПАН КҮЛДІ ○ ҚЫРАН ЖАПҚАНДАЙ КҮЛДІ ○ ҚЫРАН КҮЛКІ БОЛДЫ *У да шу, қатғы күлді, жаппай күлді.* (Мұндағы «қыран» деген «қыран жапқандай қылдыда» келетін «қыранмен» түбірлес: жаппай, тегіс, түгел мағынасында айтылып тұр). Байсейіт бұл келеке-мазақ өлеңді айтқанда, күлмей, төсін керіп, қоқырайып «өртісше» айтады. Біз *қыран күлкі боламыз* (С. С.). Әр сөзіне жұрт *қыран-топан* боп *күліп*, ду-ду етіп, үйді бастарына көтерісті (АТ).

ҚЫРАУ ШАЛДЫ [ТҮСТІ] *Ағара бастады деген мағынада айтылады.* Зайыбы Биғайшаның шашын да *қырау шалған*, ол — қадірлі ана (Н. Ғаб.). Мен осы жерге келгенде, сақа жігіт едім. Енді, міне, самайыма *қырау түсіп*, алпысқа да аяқ бастым (З. Ш.). Ата, мына таудың басына *қырау түскелі* қанша болды? — депті (ҚЕ).

ҚЫРБАЙ БОЛДЫ ○ ҚЫРБАЙ [ҚЫРҒИ] ҚАБАҚ БОЛДЫ ○ ҚЫРЫН ҚАБАҚ БОЛДЫ *Бір-бірімен араз, ала көз болды.* Қаратаймен *қырбай болғандықтан*, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей (М. Ә.). Баймен екеуіміз өбден *қырғи қабақ болып* алдық ((С. К.). Ағасының баласы «сот» болғалы, бұл екеуі айрықша *қырғи қабақтау* (Ә. Н.). Анда-санда *қырын қабақ* боп кейіскенде де, Алматың өзі бүгінгідей бұзылмайтын еді (З. Ш.). *Қырын қабақ* көршінің енді қоржынын тезірек бөктертіп, іргесін аулақтатқан жөн шығар, — деп Әбдірахман

Әйтиев көзінің астымен Яковлевке қарап қояды (Х. Е.).

ҚЫРҒИ ТИГЕНДЕЙ БОЛДЫ *Дурлікті, берекесі кетті.* Арғы бетте тұрған паром ішіне қырғи тигендей у-шу болды да қалды (С. Ад.).

ҚЫРҒЫНҒА ҰШЫРАДЫ **○ ҚЫРҒЫН ТАПТЫ** *Опат болды.* Қырғынға ұшыраған жау есін тез жинап, соққы беруші армияны қоршау қамына кіріскен (С. М.). Жасынан билік айтқан майталманға, Ылайық Олжабайдың бір ұлы еді. Ауылы қырғын тауып, қызы олжа боп, Ұлы өлсе Олжабайдың құруы еді (І. Ж.).

ҚЫР КӨРСЕТТІ *Айбат қылды, доң жасады.* Даурығып қарсы жақ та қобырасты, Балуанын шешіндіріп дабырласты, «Тез шығар, балуаныңды!» — деген дауыс, Атойлап, қыр көрсетіп, жамырасты (І. Ж.).

ҚЫР КҮЙЕК *Қой-ешік тоқтап кеткен, теке, қошқарға күйек байланған шақ.* (Бұл кез жаңаша сәуір айына келеді). «Айдың тоғамы» деген не? Қыр күйек неден қойылған? Абай осыларды да сұрасырып, көп қызық әңгімелер есітті (М. Ә.).

ҚЫР КҮЙЕККЕ КЕЗІКТІ [СОҒЫЛДЫ] *Бұл жерде өмір тежеумен, тәк-тәкпен, бетке қағумен өтті деген мағынада.* Бойымнан арылғанда балалық шақ, Қызыққа кірісетін нағыз уақ, Соғылып балғын өмір қыр күйекпен, Қырауды ерітпеді қазан шуақ (ХА).

ҚЫРҚАР КӨБЕЙСІНІ *Қой қырқып жатқанда айтылатын тілек.*

ҚЫР [КҰР] ҚҰЛАҚ БОЛДЫ *Көптен қызыл көрмеген, жас ет жемеген, сорпа ішпеген, ағарған татпаған кісі ауырғанда айтылады.*

ҚЫРҚЫЛЖЫҢ ТҮЛКІДЕЙ *Сұм, айлакер, қу, алдамшы.* Бірақ, қыз қырқылжың түлкідей болғанда, мен, шынымды айтайын, айласызбын (М. Ә.).

ҚЫРҚЫНАН ШЫҚТЫ *Жаңа туған баланы қырық күн болған соң, қырық құмалақ қосып, қырық қасық шілде суға шомылдыратын ырым-салт.* (Бұл жоралғыны әйелдер атқарады). Балам қырқынан шығып, қарын шашы алынғалы ұйқысы тынышталды (АТ).

ҚЫРҚЫН БЕРДІ *Өлген кісіге арнап қырық күннен кейін ас берді.* Шешемнің қырқын беріп жатқанда, көкемнің жанына байлаған жалғыз құласы жамандатып өлді (Ғ. Мұс.).

ҚЫРҚЫН МІНСЕ, ҚЫР АРТЫЛМАС *Ұзаққа бармайтын, ештеңеге жарамайтын, төбе аспас.* Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың, Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың? Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық, Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқын (Абай). Қырқын мінсе, қыр артылмай тұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір

мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? (Абай).

ҚЫРМАН ҚАНДАДЫ *к ө н е.* Бұрынғы уақытта егін орылып болып, қырманға саларда мал сойып, тіл-көзден, жат көзден аман болсын деп «қырман қандау» ырымын жасаған.

ҚЫРМАНЫҢА ҚЫДЫР ДАРЫСЫН! *Астық берекелі болсын деген мағынада айтылатын тілек.*

ҚЫРМА САҚАЛ *Көк тұқыл етіп сақалын алып тастаған адам туралы айтылады.* Қарағандыны зерттеуге келген партияның бастығы Торбашов дейтін қырма сақалды, бетіне әжім түскен қартаңдау кісі екен (Ә. Ә.).

ҚЫРМА ТАЗ *Жылқы мен сиырдың түгі, кісінің шашы тегіс түсіп қалатын ауру.* Қырма тазға, көбінесе, ірі қара мен жылқылар шалдыққыш келеді (АТ). Қырма тазға қырық теңге, ойма тазға он теңге (АТ).

ҚЫР [ҚЫРЛЫ] МҰРЫН *Әдеміше мұрын.* Әбдірахмандікіне Әбіл деген бір жалтаң көз, қыр мұрын, қара жігіт келді (С. С.). Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз, ал қызыл бет, тіл байлайды (Абай). Қоңырқай жүзді, көтеріңкі қырлы мұрынды, ұзын қолаң шашты жап-жас әйел атын Құндыз деді (М. Ә.).

ҚЫРМЫЗЫДАЙ АЖАРЛЫ *Өте сұлу, әдемі.* Құландай ащы дауыстым! Құлжадай айбар мүйіздім! Қырмыздай ажарлым! Хиуадай базарлым! Теңіздей терең ақылдым! (М. Ә.).

ҚЫРМЫЗЫ ҚЫЗЫЛ ЖІБЕК ВОЗБА *ЛА* *Ақын бұл жерде ажар-көркі, өң-ажары келісті жас туралы айтып отыр.* («Қырмызы» араб тілінде қызыл күрең шұға). Қырмызы қызыл жібек бозбалалар Оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе (Абай).

ҚЫРШУЫН АҢДЫДЫ *Қимылын бақты, көз жазбай қарап отырды.* Қыршуын аңдып жатқан банды сұмырай, Дәл көздеп Сленновты қалды басып (С. В.).

ҚЫР СОҢЫНАН ҚАЛМАДЫ **○ ҚЫР СОҢЫНА ТҮСТІ** **○ ҚЫР СОҢЫНА** **ШЫРАҚ АЛЫП ТҮСТІ** *Тас кенеше жабысып, айрылмады; ізіне қаскөй ниетпен түсіп алды.* Сыыр көрсе, қыр соңынан қалмайды. Түйе көрсе, жүндейді. Малда тіл жоқ, не десе де көне береді (С. Төл.). Жеті атасының құны бардай қыр соңына шырақ алып түсті, жұрттың бәріне жамандап бітті (АТ).

ҚЫРСЫҚ ШАЛДЫ [ТИДІ] *Кесірге ұшырады, бәлеге тап болды.* Соны айтып Ұлан жаққа Сәмен кетті, Сорлыны қырсық шалып тентіретті, Ер Сәмен сол бейнетпен жүре тұрсын, Айтайын хан қызынан соңғы ретті (Ә. Найм.).

ҚЫРШАҢҚЫ СӨЗ [ТІЛ] **○ ҚОТЫР ТІЛ** *Біреуге тиісе, біреуді қағыта айтыла-*

тын сөз. Тоқаштан ол үшін ақы алған жоқ қой, осындай қыршаңқы сөздер ауызға қайдан ілінеді екен (З. Ш.).

ҚЫРШЫН ЖАС [ЖАН] ○ ӨРІМДЕЙ ЖАС *Уызы арылмаған жап-жас, балаң. Жау сырын жете білместен, жүздеген қыршын жастарды арзан өлімге айдай жаздаптын (Ө. Ө.). Бұрынғы қорлық қорлық па. Кескіленді кемпір, шал, Қыршын жастар қиылды, Жаңа еспірім шыбық, тал (Н. В.).*

ҚЫРШЫН [ҚЫРШЫНЫНАН] КЕТТИ [ӨЛДІ, ҚИЫЛДЫ] *Дүниеден жастай, ерте қайтты. Бірнеше сабаздар қыршын кетті, олардың ерлігі ел құлағына жетіп те жатқан шығар (Б. Мом.). Қызғаншақ қыс келді де, Сілтеді суық қанжарын. Жас жігіт қыршын өлді де, Қалдырып кетті жан жарын (Ө. Т.). Соғыс болған соң, құрбандықсыз бола ма? Талай боздақ қыршынынан қиылды (Т. Ы.).*

ҚЫРШЫНЫҢНАН ҚИЫЛҒЫР! қ а р ғ ы с. *«Жастайыңнан өлгір» деген мағынада айтылады. («Қыршын» — жас шыбық, өрім тал мағынасындағы сөз). — Қыршыныңнан қиылғыр, Тестік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, ай далада төнтіреп өлген сегіз ағаңның қуарған сүйегін тауып аласаң болмай ма? — дейді кемпір (ҚЕ). Талансын жауға малы, дауға басы! Қиылсын қырық буыннан қыршын жасы! Осының бәрін қылған Оспан ағам Жібермес, құдай білер көздің жасы! (С. Т.).*

ҚЫРЫ ЖОҚ *Икемсіз, епсіз. Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ. Өтірік, өсек мақтанға Ағып тұрса бейне су (Абай).*

ҚЫРЫ ЖЫҒЫЛДЫ *Күйі тайды. Қамысқа тығылған халықтай емес, эзір бұлардың қыры жығыла қоймапты (Ө. Н.).*

ҚЫРЫ [ҚЫРЫН] КЕТТИ [ҚЫРЫН АЛДЫ] *Шаруасы қырсыққа шапты, берекесі қашты, ісі сәтсіз болды. Қыры кеткеннің иті қырын жүгіреді (Мақал). Түу, қырымның кеткені-ай! — деді ... өзіне-өзі кейіп, өкінішін үй ішінен жасырмай (ҚӘ). Жол болмайын дегенде, бәрінің қырын кететін әдеті ғой (Ғ. С.).*

ҚЫРЫҚ АЯҚ СУ *Бұл жерде ақын нәсер жауынды әсірелеп айтып отыр. Мұрыны Мұзбалақтың көкте мүлгіп, Ақтасты аспанға әдей тірелгендей. Қар кете қарлы аланы қақ айыра, Қаптағай қаптай көшед Бүйенді өрлей. Түйірлі бұршақ нәсер ұшықтайды, «Ши ұшық», «қырық аяқ су» жібергендей (І. Ж.).*

ҚЫРЫҚ БІР ШӨПТІҢ БАСЫ БОЛСАҢ, АҚ БАСТЫ ҚАРА ҚОЙДЫҢ ҚҰМАЛАҒЫ БОЛСАҢ, АҚ СӨЙЛЕ! *к ө н е. Жоллаушының сапарын, аман-есендігін, не бір оқиға барысын, я болмаса, жоғалған мал-мүлкіті болжау үшін құмалақшылар, балгер, бақсылар, тәуіптер құмалақ ашады. Бұл фраза сондайда құмалаққа сыйыну ретінде айтылады.*

ҚЫРЫҚ ЖАМАУ 1. *Тозығы жеткен ескі киім, бұйым туралы айтылады. Қырық жамалуы түйе жүн күпінің қалтасынан бір конверт алып, маған ұсынды (Ө. С.). Таймас туды, туды да есті, Қырық жамалу қарама үйде. Күзді, қысты бастан кешті, Кейде кепе-палаш үйде (Т. Ж.). 2. Назалы, ренішті. Жүрегім менің қырық жамалу Қиянатшыл дүниеден (Абай). Қам көңілдің қапысын табатын сен, Қырық жамалу жанымды жазатын да сен (Ш. Х.).*

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚЫРҒЫН БОЛСА ДА ○ ҚЫРЫҚ КҮН ҚЫРҒЫН, МЫҢ КҮН СҮРГІН БОЛСА ДА *Қандай қиын-қыстау жағдай болса да. Қырық жыл қырғын болса да, сенің өтетіңді білемін. Бірақ, сен Нұрлан үшін күйесін, қашан айттың деме (Ө. Ө.). Бұл жолда қырық күн қырғын, мың күн сүргін, Иықта жатты жүгі талай жылдың, Сол күн бір ескерткіші сықылданып, Қағазда қалды ізі езгі жырдың (О. Ш.).*

ҚЫРЫҚ ЖІЛІК БОЛҒЫР! қ а р ғ ы с. *Сойылғыр деген мағынада. (Көбіне, қара малға айтылады). Ой, қырық жілік болғыр! Қайдан қаңғырып келіп едің, егінді жапырып тастапты ғой (АТ).*

ҚЫРЫҚ КҮН ШІЛДЕ [САРША ТАМЫЗ] *Жаздың нағыз ыстық кезі (шілден кейін күннің ыстығы қайта бастайды). Жаз болса, жердің жүзі жайнап тұрған, Өн шырқап бұлбұл құстар сайрап тұрған. Болғанда қырық күн шілде, сарша тамыз, Ыстық боп жердің жүзі қайнап тұрған (Қән). Бадам кедей, Бадам кедей! Майлыны ағызасың адам демей, Қырық күн шілде кезінде тасың құрттап, Жатар ең дәрет суға шамаң келмей (М. Сұл.).*

ҚЫРЫҚ КЕМПІРДІҢ ҚЫЛАУЫНАН ЖИЫЛҒАН *ди а л. Қырық ру, әр түрлі (Шығ. Қаз., Больш.).*

ҚЫРЫҚ ҚАВАТТАНЫП ОТЫРДЫ *Ренжіп, кейін, қырыстаныл-құрыстаныл отырды. Жолшыбай, соңыра қызды алып барғанында, қырық қабаттанып отырса, тағы қиын-ау деген ойға да келдім (Ө. Ө.).*

ҚЫРЫҚ ҚАЗАННЫҢ ҚҰЛАҒЫН ТІСТЕДІ *Қыдырымпаз кісі туралы айтылады. Бұл бір қырық қазанның құлағын тістеп қалған бір сорлы, таң атқаннан күн батқанға дейін естіп қарғанды да жүреді (АТ).*

ҚЫРЫҚ ҚҰБЫЛДЫ *Сөзінде тұрмай, бәтуасызданды, сан алуан күйге түсті. Оның қырық құбылып отыратын әдеті емес пе? (АТ). Осы бір кішкене сырық сағымға шомылып, кейде... толқынмен алысқан түйелі адамға ұқсап, қырық құбылып, ертегідей ғажап сұлу көрінген (З. Қ.). Татьяна әнін шырқағанда, Әйгерімнің даусы қырық құбылды... даусы аса әсем, шарықтап шықты (М. Ө.).*

ҚЫРЫҚ ҚҰРАУ [ҚҰРАҚ] 1. *Тозығы жеткен, ескі жамалу-жасқаулы. Осы кезде алыстан шырқаған әнді ести түсіп, Есби-*

көнің қызы Сақыш жыртық жабу үстінде *қырық құрау* болған ескі көйлегінің тізесін жамай отырғып, үн сала алмай, қысылып жылайды (М. Ә.). 2. *Бір тектес емес, ойдан-қырдан құралған*. Олар Әмір жинаған шаруалар және байлар мен құлақтың құйрықтары, молдалар, қысқасы *қырық құрау* топ еді (С. Ай.). Қала осылайша безенген. Ың-жың көпшілік. Ұлт-ұлттан жиналған *қырық құрақ* көпшілік (Ғ. Мұс.).

ҚЫРЫҚ [ҚЫР] ПЫШАҚ БОЛДЫ *Таласып-тартысты, араздасып, ала ауыз болды*. Түскен жан сондай күйге сұм жалғанда, Ескіден енді ойлансақ, тегін жан ба? Қыдыр жан қырық кісімен *қырық пышақ боп*, Ел таппай өте берген неге арманда? (І. Ж.). Әй, сол үйді қойшы, *қырық пышақ болады* да жатады (АТ).

ҚЫРЫҚ [ҚЫР] ПЫШАҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Біреуді-біреуге айдап салды, араздастырды*. Өзге егіз болғанда, құдай жеке, Алдына ата-анаң ол бір Меке, Қырық үйліні *қырық пышақ қылып* едің, Өз асың да бұзылды-ау Өскен-еке (М. Ә.). Ыбырай мен Жаппас «Қоңыр» аулын *қырық пышақ қып* қырылыстырып мүддесіне бір жетті (Б. М.).

ҚЫРЫҚ САҚҚА ЖҮГІРТТІ *Сан түрлі құбылтты*. Кейін әлі айтқанын жұрттың көзінше *қырық саққа жүгіртіп*, өзіңді ажуа етіп береді (Н. Ваян.). Пәленше айттыны қырық құбылтып, *қырық саққа жүгіртіп* жеткізер жел өкпе зуылдақтар бар емес пе (АТ).

ҚЫРЫҚ СІДІК Ойнастан туған бала. Ертенді-кеш құдайдан бір жалырақ етінді адалынан бер,— деп тілеп едің. Құдайым [бала] берсе де, *қырық сідік* қып беретін болды ғой!— деді Ұмсындық (Қ. Тай.).

ҚЫРЫҚ ТЕСІК Сау-тамтығы жоқ. Демекұлдың әкесі Таңсық деген кісінің *қырық тесік*, ырымға бір бүтін жері жоқ кішкене ғана қара лашық үйі болады екен (С. Е.).

ҚЫРЫҚТЫҢ ҚЫЛАУЫНАН 1. Өзгеше жаратылған; көп асылдың сынығы. Секілді тұрпаттары сайып қыран, Сарқылып дара шыққан жүзден, мыңнан. Түрлі елдің түстерінде кескіні бар, *Қырықтың құралғандай қылауынан* (Ғ. О.). 2. «*Қырық тежірдің қылауынан*» деген тіркес жеңіл мінезді әйел туралы айтылады.

ҚЫРЫҚ ҮЙДІҢ ҚЫЛАУЫНАН Сүйегі сынған адамға қырық үйден ас әкеліп беру ырымы туралы айтылады.

ҚЫРЫМНАН КӨРДІ [ІЗДЕДІ] *Алыстан, көз ұшынан байқады; жердің тубінен іздеді*. Байқасам, біздің осы қазақтікі Болады жеңіл мінез қыз, жігіті. Биязы, толық ақыл, із баққаны аз, *Қырымнан көретұғын* көзі жігі (Ғ. Из.). Өзің білмесең, білгендерден үйрен, *Қырымнан іздеп* барсаң да Жалғыз ауыз білімді (ШС).

ҚЫРЫНА [ҚАҒАРЫНА] АЛДЫ Ө *ҚАҒАРЫН ТІКТІ* *Жаман ниетпен қысым көрсетті*. Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспеген. *Қырына ала берген* (М. Ә.). Ұлық қай ауылға сияз құрса, сол ауылды *қағарына алған* (М. Ә.).

ҚЫРЫН КЕЛДІ *Қарсы келді, қиқарлық етті, теріс қарады*. Түзу кел қысық-қыңыр, *қырын келмей*, Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей, Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей (Абай). Жан бұзбаған сөздерін, *Қырын келген* кісіге Тіккен олар көздерін (Жамбыл).

ҚЫРЫН ҚАБАҚ ЖАСАДЫ *Араздастырды, жауықтырды*. Өрбітіп есек сөзді өз бетімен, *Жасады* талайларды *қырын қабақ* (Т. Ж.).

ҚЫРЫН [ҚЫРЫС] ҚАРАДЫ *Ұнатпады*. Достардың, бірақ, көбі келмей қалған, *Қырын қарап* құйрықты сыртқа салған, Келген достың көбінің жүні жығық, Баяғы күріл де жоқ, дүниені алған (С. Т.). Ұлжанның, әсіресе, қамығатыны мына келе жатқан Бөжейдің асына да Құнанбай биыл қалыпта *қырыс қарап*, шырай беретін емес (М. Ә.).

ҚЫРЫН ОТЫРДЫ *Бетін басқа жаққа бұрып, бүйірін бере отырды*. Тек Қайырбаев қана Біләловқа да, басқаларға да *қырын отырған* бойында екі жақтың да сөздерін зер сала тыңдап, алғашқы қылығынан өзгерместен қалды (Ө. Нұр.).

ҚЫРЫН [САҒЫН] СЫНДЫРДЫ Ө *ҚЫРЫ [САҒЫ] СЫНДЫ Ө ЖҮНІ ЖЫҒЫЛДЫ* *Беті қайтып, көңілі төмен болды, көңілі басылды, жүдеп қалды*. Әуелі сиырды әкелдіріп, одан шөпке жұмсап жібергеніміз екеуінің де *қырын сындырып*, көпшілікке бір жығып бергендей болды (Ғ. М.). Сатан сенің не ойың бар дегендей, Есжанға қарады. Есжан алғашқыдай емес, *қыры сынып* қалыпты (Ғ. Мұс.). Мүсілім әлгіндей ә десе, мә деп өзінің мінез білдіргеніне іштей өкінгендей *қыры сынып* қапты, татуласпақшы (З. Ш.).

ҚЫРЫС СӨЙЛЕДІ *Қисық жауап берді*. Мұнысына риза болып кеткен Сейіт кешеден бері мұнымен *қырыс сөйлесіп* жүргенін жуа жауап берді (Ғ. М.).

ҚЫРЫС МОЙЫН *Кесірлі, кеспапат*. Аяғын кердең басқан дөң жауырын, *қырыс мойын* жаңағы кісі (Б. Қыд.).

ҚЫРЫСЫ ЖАЗЫЛДЫ *Ашуы тарады, көңілі жадырады*.— Е, ит сабаса қайтеді екен? Қатын мен итті қазақтың қай еркегі сабамаған дейсің?— деп Кәлен күліп, Құдайменденің *қырысы* осы бір әзілмен оңай жазылып кетердей көрді (Ө. Н.).

ҚЫС БОЙЫ *Ұзақ қысқа, қыстай*. Талтаяқ қазір осында жұмыскерлердің бірлі-жарымды қой-ешкісін бағып жүргені де, Мұсақайдың *қыс бойы* осындағы жұмыс-

керлерден ұрлап-жарып жегендерін төлеп жүргені де рас еді (Ғ. М.).

ҚЫСҚА ЖІП КҮРМЕҮГЕ КЕЛМЕЙ- ДІ **○ ҚЫСҚА ЖІП БАЙЛАУҒА КЕЛСЕ ДЕ КҮРМЕҮГЕ КЕЛМЕЙДІ** *Жоқтың көп нәрсеге ерік бермейді деген мағынада. Жанталасып жүріп тапқан ақшаң, мұқта- жыңның біріне жетсе, біріне жетпейді. Қысқа жіп күрмеуге келе ме? (С. С.). Шы- рағым, қысқа жіп байлауға келсе де, күр- меуге келмейді деп, шолақ шауқардың құйрығындай серпуге келмес шаруа күйі- міз бар (АТ).*

ҚЫСҚА КҮНДЕ ҚЫРЫҚ ЖЕРГЕ ҚОЙМА ҚОЙДЫ *Қайта-қайта бәле туар айла-шарға тұзағын құрды. (Бұл жерде неше түрлі қулық-сұмдық ойлау бейнеле- ніп тұр). Ант ішіп күнде берген жаны құр- сын, Арын сатып тіленген малы құрсын. Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын (Абай).*

ҚЫСҚА КҮНДЕ ҚЫРЫҚ ӨЛДІ *Қайта- қайта қорлық көре беру, ұятқа қала беру туралы айтылып тұр.— Құдіреті жүріп тұрған кісілер оған қойды ма,— деп, ол деміккендей боп тоқтады да, қысқа күнде қырық өле бересін, тым болмаса, бірін өлтіріп, жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы,— деді (Ө. Н.).*

ҚЫСҚА КҮНДЕ ҚЫРЫҚ ШАПТЫ *Қайта-қайта қоқаңдап мазасын алды. Егер Кене шын қазақ елінің қамын ойла- са, маңайындағы қазақ руларын қысқа күнде қырық рет шауып неге маза берме- ді? (С. М.).*

ҚЫСҚА ҚОЛ [ҚОЛЫ ҚЫСҚА] *Жетіс- пеушілік, жоқтық, кедейлік туралы айты- лады. Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа, Ас берер ауылды іздеп жүрдің босқа (Абай). Бар малынан айрылып Елсізде жылап, та- рықты, Туысқансыз, туғансыз Қысқа қол- ды бишара Қайғыменен жабықты (Н. Б.).*

ҚЫСҚА ТАҢДА ҚЫРЫҚ ТҮРДЫ *Ұзақты түнге тыным алмады, қысқа түн- ді қайта-қайта тұрып өткізді. Қысқа таңда қырық тұрып емізген ана мейірі ғана шар- шаудан құтқарса керек (АТ).*

ҚЫС ҚЫЛШЫЛДАП ТҮР *Қыс қатты болып, қақап тұр. Ақпан мен қаңтар — қыстың қылшылдап тұрған кезі еді (С. С.).*

ҚЫСПАҚҚА АЛДЫ [САЛДЫ] *Қиын- шылыққа ұшыратты, қысым көрсетті. Ақ- тың қосыны қызыл ту көтеріп Танабайдың аулына түсті. Азық-түлік, киім-кешектерді қолмен ала бастады. Жақсы ат қарап, жылқы табынын іздеп, ауылдағы қатын- баласын қыспаққа алды (С. С.). 22 октябрь күні немістер Лысенконың батальонын тар қыспаққа салып, айнала қоршап алды (Б. Мом.).*

ҚЫСПАҚҚА ТҮСТІ *Қысым көрді, қи- налды. Қылып пен мылтықтың қыспағы-*

на түсіп есі шыққан Әубәкір солдаттардың күлгенін естіді (Қ. Тай.). Бұл аздай оның үстіне көңілсіз әңгіме әке мен шешеге жетіп, байғұс, басы қыспаққа түсті (М. И.).

ҚЫСТАН ШЫҚТЫ *Жазғытұрым кезге ілінді, суықтан, бораннан аман қалды. (Кө- біне, малға қатысты айтылады). Сөйтіп, түлкі қу қыстан шығады (ҚЕ). Арық-тұрақ та ілініп қыстан шықса, көкке аузы тиген соң, жетіліп кетер еді (АТ).*

ҚЫСТЫҢ [ҚЫС] КӨЗІ ҚЫРАУ [-ДА] *Қатты суық, аяз. Сопы ағасының екі қара атын алған жау алыста емес, қыстың көзі қырауда алыс жерден ұры келмейді (Ө. Н.). Қыс көзі қырау деген емес пе, кеше- гі боранның сықрылаған аязы бері қа- раған жоқ әлі (ЛЖ).*

ҚЫС ЫЗҒАР, ЖАЗ ШАҢ ТИМЕДІ *Қиыншылық көрмеді, жаны қиналмады. Қыс ызғар, жаз шаң тимес, Алатаудың аруы ем, Қараның қаны — бекзат ем. Сол басымнан күн өтті (І. Ж.).*

ҚЫСЫЛТАЯҢ КҮН ТУДЫ *Қысылшаң заман, хауіпті шақ туды, ауыртпалық түс- ті. Қысылтаяң күн туса, бірігіп кетерлік- тей жағдай жасады (І. Е.).*

ҚЫСЫМ БЕРДІ [КӨРСЕТТІ, ҚЫЛДЫ, САЛДЫ] **○ ҚЫСПАҚҚА АЛДЫ [САЛ- ДЫ]** **○ ҚЫСЫМҒА ТҮСІРДІ** *Жазалады, азапқа салды; қиыншылық, таршылық көрсетті. Байлап қойып бұраулап, Сілкіле- ді сұрауға ап, Қысым берді, қинады: «Қымет ет, бізде бол!» (Ө. Т.). Мәnten бірінші бөлмеге кірісімен, Макалкин қар- сы түрегеліп балағаттап, боқтап, біраз сабап, қысым қылып сәкі астына жатқы- зыпты (С. С.). Сел күшіндей сол күшім. Салсын ханға тар қысым. Өз дарының қы- зығын Өзі көрсін жақсылап, Сал мойнына қарғысын (М. Ө.).*

ҚЫСЫМ КӨРДІ [ТҮСТІ] *Жаны қинал- ды, азап көрді. Бала көп қысым көріп, дарға тартылар мезгілде шынын айтты (ҚЕ).*

ҚЫСЫР ӨҢГІМЕ [КЕҢЕС, СӨЗ] *Бере- кесіз, түйінсіз, еріккеннен айтылатын бос сөз. Аңдығаны қысыр әңгіме, пыш-пыш, сыбыр, қыбыр-жыбыр (С. Т.). Қарт пен Тұрағұл арасындағы қысыр сөз жолды қысқарта түскендей, алыстағы от жақын- дай түсті (С. Вақ.). Енді сөз бітіп, жұрт қысыр кеңеске кететін тәрізді. Абайлар іске асығып, тұрып кетісті (М. Ө.). Вас қос- қанда қысыр сөзбен уақыт алдырғанша, орталықтан келген мына жігіт те тұр, ша- руашылықтарының жайын сөйлеңдер (Б. М.).*

ҚЫСЫР БҰЛТ *Жаумайтын көшпелі бұлт. Көп ұзамай көк жүзін кілегей қы- сыр бұлт шарбылады (Ө. Н.).*

ҚЫТЫҒЫ БАСЫЛДЫ *Жуасыды, бас- тықты; үйренді. Биелердің желіні жаншы- лып, қытығы басылып жуасып қалған (Ғ. Мұс.). Кеш байланған қара құлақ құ-*

лындардың, құлық биелердің қытығы әлі басыла қойған жоқ (Ғ. Мұс.). Әуелі оңашада қытығын бас, Дәл саған қарсы болсын қай туғаны (Ж. Ө.).

ҚЫТЫҒЫНА [ҚЫШУЫНА] ТИДІ *Ашуын келтірді, намысына тиді, шабына түртті. Құрдас жігіттер бірі-бірінің қытығына тие өзіндесіп отыр екен (АТ). Өзі бір келіскен аса үлкен аю екен деп Жарқұмар сөзінің аяғында әдейі Жөнгүдейдің қышуына тие сөйледі (С. Б.).*

ҚЫТЫҒЫН ТАПТЫ *Тілін, көңіл қалауын дұрыс тапты. Алатаудан арындап Асқан судай құлатпай, Қыбыршыған көңілдің Қытығын таппай сұратпай (Жамбыл).*

ҚЫШЫҒАН ЖЕРІН ТАУЫП ҚАСЫДЫ *Дөп түсті, дйттегенінен шықты. Көптің ойы — мың, сенің ойың — бір. Мың ойдың бір ой қышыған жерін табу оңай емес. Менің баяндамадан қашқалақтап отырғаным да сондықтан, — деді Сырбай (С. М.).*

ҚЫШЫҒАН ЖЕРІНЕ ТИДІ [ТИП КЕТТІ] *Жараның аузын ашты; ызасын, ашуын туғызған жайды айтып қалды; көңіліне түйіп қалғанды қозғап жіберді. Шырағым, иттің қышыған жеріне тиіп кеттің-ау, өзі де ұрынарға қара таппай отыр еді, ит ашуын тырнадан алады деп, саған тарпа бас салғаны сол. Ренжи көрме!? (АТ). Тулап кетті ғой, қышыған жеріне тидің білем (АТ).*

ЛАҒЫНЕТ АЙТТЫ [ЖАУДЫРДЫ, ОҚЫДЫ] Қарғыс айтты, сөге қарғады. Тек соңғы күндерде Сармолла десе тұтана жөнелетін белгілі халфе, қари, мәзін қысқа ғана бір-бір ауыз сөзбен Сармоллаға *лағынет айтысты* (М. Ә.). Құлазыған жалғыздың жүрегімен барлық басы аман, жаны рақаттағы болыс сияқтыларға мың рет *лағынет оқып*, қарғыс айтты (М. Ә.). Барлығы басын ұстап, шегін тартты, Көргенде бұл сияқты ғаламатты, Таптаған адам арын аяғына, *Жаудырды* Гитлерге *лағынетті* (Қ. Сат.).

ЛАҒЫНЕТ ҚАМЫТЫН КИДИ [ІЛДІ] Қарғыс атты, ел қарғысына, наласына ұшырады. Қарғағаны Қалқаман ба еді, сол елдің? Жоқ, Көкенай еді. Сол Көкенай ел қарғысын алып, *лағынет қамытын киіп еді* (М. Ә.). Өне бойы мойынға *іліп*, *Лағынеттің қамытын*, Жүре бермей іріп-шіріп, Біл езегін жауың кім? (Б. М.).

ЛАҒЫНЕТ ТИСІНІ [АТСЫН, БОЛҒЫР] қарғыс. *Ел наласы ұрсын деген мағынада*. Жақсылық көрме *Лағынет атсын* сені (З. Ш.). Сырым: *Лағынет болғыр* адамның малы. *Лағынет болғыр*, сары бота! (М. Ә.).

ЛАЖ ЖАСАЙ АЛМАДЫ, ЛАЖ [-ЫН] ТАППАДЫ **ЛАЖЫ ҚАЛМАДЫ [ҚҰРЫДЫ, ТАУСЫЛДЫ]** *Амалын-шарасын таппады, ретін, орайын келтіре алмады*. Шофер киімдерін шешіп тастап, суға түсіп, машинаның моторын ері-бері шұқылап көріп, ешбір *лаж жасай алмады* (А. Х.). Мысы құрыған Баймұрат басқа *лаж таппай*: Әй, қан жауғыр-ай, аял— деп үш теңгелікті лақтырып тастады (М. И.). Видігісін өзің біл, тура айтпауға *лажым қалмады*,— деді Василий (Н. Ғаб.). Ақсақалдардың, байлардың алды толқыған терең су, арты найза сияқты болды. *Лаждары құрқып*, тез елге шықпақ болып күңіреніп тарқады (С. С.). Бар *лажы таусылғандай*, бала көзі жаутандап әкеге қарайды, тұйықтан шығар жол күтіп телміре қарайды (М. И.).

ЛАЖЫН ТАПТЫ *Амалын тапты; орайын, ретін келтірді, қисынын тапты*. *Лажын тап* надандықтан безудің! Бәрекелді әне сонда адамдық. Надандыққа су беретін бұлақтар Жалқаулық пен кәдігүнгі сараңдық (С. Д.).

ЛАҚАП СӨЗ [ӘНГІМЕ] *Ел арасына тарап кеткен өтірік-шыны белгісіз әңгіме, қаңқу сөз, қауесет*. Жұрт арасында жүрген *лақап сөз* кімнің көрегін өтер еді (АТ).

ЛАҚ ЕТКІЗДІ [ЕТТІ] 1. *Ақтарып төге салды*. Жүзге жуық зеңбірек снарядын төртінші ротаның үстіне *лақ еткізіп* ақтара салды (Т. А.). 2. *Барын алдына жайып салды, ойындағысын айтып салды*. Осы оқиғаны алдына бірден *лақ еткізіп* төге салмай, біртіндеп таныстырғым келеді (С. М.).

ЛАҢ САЛДЫ *Дүниені бүлдірді, насырға шаптырды*. Сол ауыр шақ басымнан қазір ғана өткендей боп, ащы күй өзегімді жарып, *лаңға салып тұр* (М. И.). Оң екі жыл бойы адамзатты шулатып дүниеге *лаң салған* фашизмнің қара түнек ордасы... (Қ. И.).

ЛАҢ ТИГЕНДЕЙ *Бәле келгендей*. Ол о жар Оспанның дүмпуіне шыдай алмай, құдасының сәлемі жеткен сәтте *лаң тигендей* үйін жығып, асығыс жөнеп кетті (Ә. Н.).

ЛАҢ ТҮСТІ *Бүліншілік кірді*. Ағайын арасына *лаң түскелі* отыр,— деп, барын айтқан (М. Ә.).

ЛАП БЕРДІ [ЕТТІ, КОЙДЫ, ҰРДЫ] 1. *Лезде тұтанды, жанды; бұрқ етті*. Оқ үстіне оқ жауып, самолеті *лап берген* от құшағында қалды (Ғ. М.). Құрап тұрған қамысқа сіріңкенің отын жел үрлеп қалғанда, жалын *лап ете* түсті (С. М.). Ашуы бұрқ ете түсті. Жақыпбек *лап еткен* ашуын дереу кейінге сырып, аптықпай, алқынбай, байыппен сөйледі (М. И.). 2. *Тура ұмтылды, бас салды, легімен қаптап кетті*. Атқан оқтан тайынбай Сарбаздар қарсы *лап қойды*, Құралданған солдатқа Сойыл-

мен соққы от қойды (Н. Б.). Аяғы бұраң қағып бота маймақ, Айтпақтың күреңі өтті: «Төлебайлап», «Шормандап» көр Шораяқ бурыл өтті, Лап ұрып, қозып кетті жұрт айғайлап (І. Ж.).

ЛАУАЗЫМЫН КӨККЕ ШАҚЫРТТЫ Бұл жерде даңқын қорлап, әшкереледі, аяғын аспаннан келтірді деген мағынада. Өздеріндей хандардың, Қарны жуан билердің Атаңдай даусын ақыртып, Лауазымын көкке шақыртып, Басын кесем деп едім (М. Ө.).

ЛӘЗЗАТ АЛДЫ [ТАПТЫ] ○ ЛӘЗЗАТЫН ТАТТЫ Құмары қанды, рақаттанды, қызығын көрді. Әуелі көзді көрсін деп беріпті, Егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік? (Абай). Көздегі көркем аққудай. Көгінде жүзді алтын ай, Шын бір ләззат тапқандай, Жүректің бүгін шалқуы-ай (Т. Ж.). Болашақ уақыттың, ең болмаса, бір минуты оған өлімнен де күшті бақыттың ләззатын ақтық рет татуға мүмкіндік беретін еді (С. Е.).

ЛӘ ИЛӘҢА ЕЛЛӘ АЛЛА діни. Мұсылманның құдайға құлшылық ету ишараты, бұл араб фразасы: «Бір алладан басқа құдай жоқ» деген ұғымды білдіреді. «Лә иләһа еллә алла!» — деп, Ашып едім бұл өмірдің есігін... (Ғ. М.).

ЛӘЙЛІ МЕН МӘЖНҮНДЕЙ Бір-біріне ғашық деген мағынада айтылады. (Араб жұртының белгілі лирозпосының қаһармандары. Осы тәрізді, қазақ, т. б. халықтардың Қозы Көрпеш пен Баян сұлу сияқты, Қыз Жібек пен Төлеген сияқты деген теңеулер де кездесіп отырады). Қарағым қасың қара қаламдайын, Мен кімге сен тұрғанда алаңдайын? Ләйліге ғашық болған біз бір Мәжнүн, Ертеде Қозы Көрпеш, Баяндайын (ХӨ).

ЛӘЙІМ АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН! Біреуге ризалық ретінде айтылатын алғыс. (Бұл фразаның алдынан, кей уақыт артынан «аузыңа май» тәрізді тіркес те қосыла айтыла береді). Түс деген сандырақ емес пе, қайтесіз соны еске түсіріп... Қалсын пәлекет сол бетімен түс болып.— Ләйім айтқаның келсін... Бірақ, қорыққанмен жан қала ма, түсімді аяқтайын, шешуін сосын айтарсыңдар (І. Е.).

ЛӘЙЛІШ ОТЫР Жағасы жайлауға кетіп, мас болып отыр. (Мез-мейрам сөзінің теріс мағынасы да келеді). «Шорманның Оқасы» деп шапты анталап, Бір үйді қырғыз алды — Шабдан манап; Оязы Қараөткелдің Измаилов Бір үйде ләйліп отыр ішіп арақ (І. Ж.).

ЛЕБИЗІН ШАПТЫ Жақсы сөзін таратты. Жұртқа ынтымақ тілеген лебиз шашыпсың. Осы бетіңнен таңба, балам (АТ).

ЛЕП БЕРДІ Қуаттандырды, әлдендірді; желіктірді. Өмір жастар жалыныңдай Құйқылжыта ән қоса, Тамылжытып бұл-бұлдай Леп береді жанымға (А. Х.). Қасқа бедеудің тізгінін біраз босатып леп берді де, сыдырта жөнелді (М. Ө.).

ЛЕПЕС ҚЫЛДЫ Лебизін білдірді, игі тілек, жақсы ниет білдірді. Секілді олар қысқа, жарты тұтам, Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам. Аз өмірді ақындық жолға бердім. Лепес қыл түкірген соң молда Мұқан (С. Т.).

ЛЕПЕСІ ҚАБЫЛ БОЛДЫ Дегені қабыл, айтқаны ем болды, айтқаны келді. Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі қыдыр деп еді, лепесі қабыл болмас па екен?» — деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып, жүгіріп, үшкіртіп жүруші еді (С. Т.).

ЛЫҚ ТОЙДЫ Аузы-мұрнынан шыққанша жеді. Аллаға шүкір, лық тойдык, ләген түбін жаламай кеттік (Ғ. М.).

ЛЫПА БОЛМАДЫ Қамзау, пана болмады. Көңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке лыпа бола ма? (М. Ө.).

ЛЫПА ҚЫЛДЫ Лекер етті, бой тасасы етті, жамылыш қылды. Арестант шекпенін қайғылы денесіне лыпа қыл кетіп бара жатқан жалғыз азамат Абай көзінен қимас жас шығарды (М. Ө.).

ЛЫПА ТАППАДЫ Лекері қалмады, қорғаныш таппады. Бір мезет Қамбардың Әшіммен де жолығысқысы кеп лоблыды да, одан пана етерлік лыпа таппады (К. О.).

ЛЫП БЕРДІ [ЕТТІ] Тез қимылдады, көз ілеспей қозғалды. Лып беріп түйенің алдын орағытып өткен Құрбан қамшысын үйіре ұмтылды (Р. Р.). Есік тез ашылды да, талдырмаш қара торы қыз, лып етіп ішке кіріп, әлдекімнен жасырынғандай есікті жалп еткізіп жауып алды (Т. А.). Лезде екпін пайда болды. Лып етіп лезде жел тұрды. Тұншықтырып келе жатқан қалың маса тым-тырағай жөнелді (Ғ. Мұс.).

ЛЫПЫЛ ҚАҚТЫ Лыпылдап қолды-аяққа тұрмады, қыл үстінде тұр. Әлі де лыпыл қағып жүйткіп жүрген Баймағамбет қора жақты да тегіс шарлап келді (М. Ө.). Әр үйдің тасасынан, әр бұтаның түбінен жау шыға келетіндей лыпыл қағып сақ тұр (Т. А.).

МАЗА БЕРМЕДІ ○ **МАЗАСЫН** [Тынышын] **АЛДЫ** [КЕТІРДІ] *Тыныштық көрсетпеді, көңілді алаң қылды; ығыр етті. Қалай бұзамыз, күзетші сақиюп тұр, самолет төбемізден төніп маза бермейді* (Ғ. Мұс.). Байдың малын баққандай, Құлаққа *маза бермедің*, Дауылпаз дауыл қаққандай (Жамбыл). Қандала түнде талап, күндіз бүрге, *Бермейді* мұңкіп *маза* сасық түрме. Түрмеден түзге қарай полиция айдап, Тысқары шығарып сағат бірде (С. Кер.). Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып, Аязбенен қызарып ажарланды. Бұлттай қасы жауып екі көзін, Басын сілкісе, қар жауып, *мазаңды алды* (Абай). Біреумен қойынты-мыс уәде етіп, Қалты-мыс бала молда сонда кетіп. Ден алыс та, жақын да таба қылып, *Мазамды алып* еді дүңк-дүңк етіп (С. Т.). Жаннан көрдім жалған, нақақ жаланы, Жігерсіз деп құр *мазамды алады*. Жылы жүзін, жұмсақ сөзін көрсетпей, Тағдыр шіркін карамай-ақ барады (Б. К.). Қайда жүрсе де, *маза бермей* к...і не ши жүгіртіп, оның төзімін тауысты (АТ).

МАЗА КЕТТІ ○ **МАЗА КӨРМЕДІ** ○ **МАЗАСЫН КЕТТІ** ○ **МАЗАСЫНАН АЙРЫЛДЫ** *Тыныштық қашты, кетті (таппады); береке қашты, көңіл тыныштығы қашып, ығыры шықты. Зиян шекпей қалмасың ондай істен, Мал кетер, маза кетер, ар бұйырмас* (Абай). Сөзіңіз сыпайы екен Құсан мырза, Шақырған құрметіңе әркім ырза. Еліңнің бозбаласы бассыз екен, Үймелей үйді басып *кетті маза* (И. Б.). Жалын-дап, жанын өртеп сарылған күй, Қылқылдап қызға қатты жалынған күй, Ерте-кеш *маза көрмей*, маза бермей, Аһылап арманыңда жарылған күй (І. Ж.). Сүйген қызым жылқышы, аты Жібек, Ойлай-ойлай сол қызды кеттім жүдеп, Көргенімше Жібекті тыным таппай, *Мазасынан айрылды* қайран жүрек (М. Бес.).

МАЗАҚ БОЛДЫ ○ **МАЗАҚҚА ҚАЛДЫ** *Күлкілі халге ұшырады. Қанденге бір ит көздей боп, Деді:— Өліңді білсеңші, Пілмен ұрысар сыйқың жоқ, Мазақ бол-*

май, қой, көнші! (Абай). Бір күн тойса тамағың, Тасқын судай тасасың. Қарның ашса бір түске, Салбырайып солғандай... *Қаласың сүйтіп мазаққа* (Д. Б.).

МАЗАҚ[ҚЫЛЖАҚ] ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Келемеж етті, келекеледі, ажуа-тәлкекке түсірді. Масқаралап мені тағдыр Қылды мазақ не шара? Менің үшін сен жауап бер, Менде сөз жоқ бишара* (Абай). Әке-еке, өзіңізбен бір жүрмесек, Ноғайдың бозбаласы, *мазақ қылар* (ҚКБС).

МАЗАР [ЖОЛ] БАСЫП КЕЛДІ *д и а л. Алыс жерден келді. Берден мазар басып келді* ғой, ауқатқа шақырылады (Қ. орда, Жан.).

МАЗАСЫ БОЛМАДЫ 1. *Көңіл хошы болмады, зауқы түспеді, еш нәрсеге кеулі шаппады; сіркесі су көтермеді. Мына кісінің мазасы болмады* ғой, кетейін (Ғ. Мұс.). *Мазасы болмай* келе жатқан Өлібекті қызы тағы мазалады (Ғ. Мұс.). 2. *Көңілдегідей жақсы болмады. Тамақтың мазасы болмай* отыр (Жамб., Луг.).

МАЗА ТАПТЫ 1. *Тынышталды. Тау бүркіт қылығына жаза тапты, Азырақ момын аңдар маза тапты. Лақтырған терліктей боп көлге күмпіп, Қан-қан боп, қан құмар ер қаза тапты* (С. С.). 2. *Береке тапты. Бұл жанжалға араласып, не маза табамыз* дедік те, қайта айналып соғармыз деп атымызға міндік,— деді Науқыш (С. Шәр.).

МАЙ БАСТЫ ○ **МАЙҒА БӨКТИ** *Майланып кетті, қатты семірді. Ойлады, ойланғанның бәрін етті, Күніне уыс-уыс дән де септі. Май басып бар денесі семірген соң, Тауығы біржолата тумай кетті* (Ө. Т.). Қаратаз іркіт құйған мөстей, *майға бөгіп* лақылдап тұрған денесін шайқап, ырқ-ырқ күлді (Ө. Н.).

МАЙҒА ЖЫҚТЫ *Қолдағы бар дәмдісін беріп сыйлады, майлы етке тойғызды. Нұрым да барын аяп қалмай, «Ас та, төк!»— деп, келгенді ақ майға жығып жіберіп жатыр* (С. Т.).

МАЙДА БИКЕГЕ САЛДЫ *Маймөңкеледі, жігін жатқызды.* Құсайынды көрген соң, қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай майда бикеге салып, бұл піркінің дәм татқан құдыққа түкіргеніне өкпелегендігін айтқанда, «Оны енді Құсайын араласқан соң тастадым» деген (І. Ж.).

МАЙДАЙ ЖАҚТЫ *Жанына жайлы келді, қатты ұнады, көңіліне қонды.* *Майдай жағып барады-ау! Көңіл жарасын қуғандай! Май сылаудай дәрім мынау! Дәрмен ғой!...*— деп Вазаралы ынтыға тыңдап отыр (М. Ә.).

МАЙДАЙ ЖҰҒАДЫ **○** **МАЙДАЙ ЖҰҒЫП, СУДАЙ СІҢЕДІ** *Войына сіңіп, құтайып кетеді деген мағынада.* Алып үйренген кісі ғой, майдай жұғады (АТ).

МАЙДА ҚОЛМЕН ҰСТАДЫ *Жақсы, ықыласты, жағымды көңілмен күтті.* Сынық көңілім көп кешер, *Майда қолмен ұстасаң.* Көңілге түрлі ой түсер, Әр тереңге нұсқасаң (Абай).

МАЙДАНҒА ТҮСТІ *Күреске, айқасқа бел шешіп кірді.* Суарған семсер сияқты, *Жастықта жатпа, жайраңда.* Найзағай алтын қияқты, *Майданға түсіп* маймаңда (Б. К.).

МАЙДА ШУАҚ **○** **МАЙДА ШУАҚ ЖЫЛЫ КҮН** *Қыс, күз мезгілінің желсіз күн шуақты кезі.* Қыстың аяқ кезі. Қарлы таудың арасы. *Күн майда шуақ жылы* (І. Е.).

МАЙҚАНА КӨРМЕГЕН *Үлгі, тәртіп, жиын-топ отырысын көрмеген, дәнеңе көрмеген.* (Бұл фразаны сыр қазақтары қолданады). *Майқана көрмеген* әзілге жоқ (АТ).

МАЙЛЫ КҮЙЕДЕЙ [**МАЙЛЫ ҚАРА КҮЙЕДЕЙ**] **ЖАБЫСТЫ** **○** **МАЙЛЫ ШЕКТЕЙ АЙНАЛДЫРДЫ** *Іші-бауырына ене жылылданп, айрылмай қалды, қыр соңынан қалмады.* Есіңде болсын, әйел затына батыл болмай, ештеңе өндірмейсің. Жасқанбасаң, өзіңді еркін ұстап, *майлы күйедей жабыса* түссең ғана дегеніңе жетесің (М. И.). Қатпар беті бір қара «Қатыным» деп не боп. Айырылмастық өлсе де *Майлы қара күйе* боп (Б. М.).

МАЙЛЫ ҚАСЫҚТАЙ **БОЛДЫ** *Мәймөңкелесті, жалбақтасты деген мағынада.* Әзірге екі арамыз *майлы қасықтай* болып, бірге оқып келеміз (Ғ. С.).

МАЙЛЫ ҚОЛТЫҚ, САЛПЫ ЕТЕК *Кір, лас, олақ әйел туралы айтылады.*

МАЙМАҢ ҚАҚТЫ *Құрдай жорғалап, айтқанның бәрін істеді, жағымпазданды.* Өмірге өзімен бірге келіп, бірге өсіп келе жатқан сол кәрі досына жағымпаздыққа тағы да бас иіп, жаңа ғана өштесіп отырған Мырқалдың алдында қайтадан *маймаң қақты* (Ә. Ә.).

МАЙТАЛМАН БОЛАДЫ *Арам болады.* Мал иесіне тартпаса, *майталман бола-*

ды дегендей, иті үреген, аты тебеген, сиыры сүзеген боп келуін қарашы! (АТ).

МАЙ ТОҢҒЫСЫЗ *Аса суық емес, қоңыр салқын деген мағынада.* Күздің қоңыр бір күні, *Май тоңғысыз* жып-жылы, Қырман жиын болғанда, Көлхоз «Талап» қамбасы (І. Ж.). Жаңа жылдың басына шейін *май тоңғысыз* болып тұрған ауа райы, қыс ортасы ауа қағынады (С. М.).

МАЙ ШЕЛПЕК ЕТТІ [**ҚЫЛДЫ, БОЛДЫ**] *Әркім жем етті деген мағынада.*

МАЙЫН АҒЫЗДЫ [**ТАМЫЗДЫ**] **МАШЫНА** [**МАШЫҒЫНА, НӘШІНЕ**] **КЕЛТІРДІ** *Келістіріп айтты, шебер сөйледі.* Ақ көңіл *ағызайық* әннің *майын*, Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын. Астынан алты қырдың шыққан даусым, Жетсе екен құлағына қалқатайдың (Қән.). *Талай майын тамызып*, Түрлі сырды ағызып, Алдың өзін жазғанды (Б. К.). Түү, ит-ай! Сонша ұмытпай жүрер ме бөріні!... Әңгіменің *майын тамызды* (С. С.). Жүгері өсірудің агротехникасын қолмен қойғандай етіп, *майын тамыза* айта алатын жас әйелдің өмір мәселесіне келгенде де биік ойлы екенін көресің (С. Бақ.).

МАЙЫН МІНДІ *Күш-көлікті біреуден уақытша сұрап алып пайдаланды.* Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының *майын* мініп алып, тамақ асырап, болмаса, сөз аңдып, құлық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар (Абай). Маған бір жақсы ат беріңіз, *майын* мінем де, басын қайырам (Ғ. Мұс.).

МАЙЫП [**МЕРТ**] **БОЛДЫ** *Жазатайым мергікті, оқыста жарақаттанды.*— Мәті Дәуленге, Оспанға соқтыққан өзің емеспісің? «Ау, жарқыным, олар дүмбі адамдар, соқтықпа, мерт боларсың!» дегенде, тіл алдың ба? (С. М.).

МАЙЫП [**МЕРТ**] **ЕТТІ** [**ҚЫЛДЫ**] *Жазым етті, кем-кетік жасады.* Бәйбішесіне жаны ашыған бай үйден жүгіре шығып: «Ұстаңдар да, бауыздандар мына жайрағырды, тағы біреуді *майып етіп* жүрер, қайдасыңдар, түге!»— деп айқайлады (А. Х.). Аңшы құстар аңсыраған кезде көрінген құсқа, аяқғы аңға ұмтылып, талпынып, қанатын *майып қылады* (К. Әб.). Мына Төлеутаев деген зымиян адам. Ол екеумізді де *мерт етеді* (М. И.).— Шыдашы! Сабыр етші, жаным! Ол *мерт қылады*. Сені, не өзін мерт қылады. Екеуін де құдай көрсетпесін маған (Ғ. Мұс.).

МАҚПАЛ ҚАРА ЖЫЛТЫРАҒАН, МАҚПАЛ МАТА *сияқты әдемі қара түс.* (Көбіне жылқыға айтылады). Үш құлынды ұстап қалды. Соның ең кішісі — күміс жүн, *мақпал қара*, үріп ауызға салғандай сүйкімді, мінсіз сұлу (Ғ. Мұс.). Үйірі қысырақтың *мақпал қара*, Шашыңды күндіз жу да, түнде тара. Алыстан ат аямай келгенімде, Ей,

Мақпал, қырындамай бермен қара (А. Қор).

МАҚСАТҚА [МАҚСҰТҚА] ЖЕТТІ Ойлағанына, дегеніне жетті, ойы орындалды, тілегені болды, арманы болды. Меніңше, жолдастар, бұл комбайнның сол музейдегі комбайндардан айырмасы аз. Рас, бұл жолдастар біраз өзгерістер кіргізбек болған. Бірақ, ол мақсаттарына жете алмаған (Ә. Ә.). Сілкінеді қолда тұрып кетейін деп, Ойлаған мақсұттыма жетейін деп. Жолдан шыққан залым мен дұшпандарды Қаһар қылып дегеніме жетейін деп (М. Қал.).

МАҚТАҒАНҒА К...І ТЕГЕНЕДЕЙ [КЕРСЕНДЕЙ, КӨНЕКТЕЙ, ШЕЛЕКТЕЙ] БОЛДЫ Көтермелегенге ісіп-кебінді, беркі қара қазандай болды.

МАҚТАМЕН БАУЫЗДАДЫ Қалжыңды уәж сөзбен мысын құрта жер-жебіріне жетті, әбден ұялтты. Мақтамен бауыздадың, күйеу бала, — деп күрсінді Бейсен, — дұрыс, дұрыс. Баймағамбет ақылды, біз ақымақ. Сен ақылды, біз ақылсыз (Ғ. Мұс.).

МАҚТАН КӨЙЛЕДІ Мақтан құмарлық жасады, мақтануды машық қылды. Керек іс бозбалаға талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық. Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп, Сыртқа пысық, келеді көзге сынық (Абай).

МАҚТАН ҚУДЫ [ІЗДЕДІ] Дәріптеуді сүйді, мақтаншақтыққа салынды. Өзінді сенгіштікпен әуре етпе, Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе, Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе? (Абай). Мақтан құма, керек қу, Ойсыздарға қосылма. Қойында ақша, қолда қой, Күзетке оңай, шошынба! (Абай). Пайданы көрсен, бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма. Мініңді ұрлап жасырып, Майданға түспей бейге алма (Абай). Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді (Абай).

МАҚТАННЫҢ ҚҰЛЫ Мақтаншақтық жеңген кісі. Мен мақтанның құлы емес, Шын ақылға зорлық жоқ. Антұрған көп пұл емес, Өлім барда қорлық жоқ (Абай).

МАҚТАУ ӨЛЕҢ Біреуді мақтап айта-тын өлең-жыр. Қобыз бен домбыра алып топта сарнап, Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап. Әр елден өлеңменен қайыр тілеп, Кетірген сөз кәдірін жұртты шарлап (Абай).

МАҚҰЛ БОЛДЫ Дұрыс келді, ұнады. Ақылы жоқ кісіге ақыл болдың, Дүниенің бәріне мақұл болдың. Құдай берген иманды бір кісінің, Медресе мен мешітке жақын болдың (Ш. Қар.).

МАҚШАР КҮНІ діни. Қиын-қыстау кез. (Дінің айтуынша, өлген кісіден жауап алатын күн деген ұғымнан шыққан). Мақшар күні болғанда, Сауал сұрай келгенде, Жауап таппай тұрғанда, Тар лахатқа кірген соң (Д. Б.).

МАЛ АЙТТЫ Құдай жолына мал атап, құрбандық шалды. «Бас басына би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шыылбырды бердік саған (Абай).

МАЛ БАЗАРЛЫ БОЛСЫН Базарға са-туға апара жатқан малдың нарқы, құны көтерілді боп тез өтсін деген тұрғыда айтылатын тілек.

МАЛ БАСҚА БІТЕДІ Бас аманда байлық құтайды деген мағынада айтылып тұр. — Бәсеке, мал жануар басқа бітер, Қына шөп секілді ол тасқа бітер. Үйіңнен ит жаланып шықпайтұғын, Өзіңдей жатып ішер насқа бітер (Ш. Құл.).

МАЛ БОЛМАЙДЫ ○ К...ІНЕ МАЙ ҚҰЙСА ДА, МАЛ БОЛМАЙДЫ Не істесең де, оңалмайды; лажы жоқ деген мағынада. Ауру тым асқыншып кетсе, тұқай түгіл, бақайшақ та шіріп түседі. Мұндай қой мал болмайды (М. Е.). Паразит құрты ұзақ жайлаған саулықтардан туған қозылардың мал болуы да қиын, сүті тартылатындықтан, қозысын жарытпайды (М. Е.). Мұнымен мал болмайсың, шиканыңның аузына темекі тарт, — деді біреу (Қ. Тай.).

МАЛ БІТТІ ○ МАЛҒА БӨКТІ Дәулеті асты, байыды. Қайырсыз итке мал бітсе, Аңқаң құрып келгенде, Саумал бермес ішгерге (Б. Қ.). Маған бітсе осы мал, Жанымды неге қыстар ем? Мың теңгені бір сомдай Қызығыма ұстар ем (Абай). Адақанның алды — жөн, арты—соқпақ, Оларға жөн арамның сөзін ұпқақ, Қас маңғаз, малға бөккен кісімісің, Өсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай).

МАЛДАС [МОЛДАС] ҚҰРДЫ [ҚҰРЫП ОТЫРДЫ] Тізені алшайта бүгіп, аяғын айқастыра, астына ала отырды. Тақат басын көтеріп, малдас құрып отырды (Ғ. С.). Сонсоң малдасын құрып төрге отырып алды да, Көсеубайды қасына шақырды (С. Ад.). Құшбегіне қарсы, дастарқанның бергі жағында, малдастарын құрып Құшбегіне қарай қалған Есенгелді мен Саржан (І. Е.).

МАЛДЫҚТАН КЕТТІ Мал болудан қалды. Мынаны көрдің бе, малдықтан кетті, Тақ түбіне жетті. Ыстық қойып, лоңқаға шаптырып, Өкпесінен әрі әбден өтіпті (І. Ж.).

МАЛДЫНЫҢ БЕТІ ЖАРЫҚ Әлауқаты бар кісінің жүзі жарқын, сөзі өтімді деген мағынада. «Малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды дейді (Абай).

МАЛДЫҢ [ЖІГІТТІҢ, ИТТІҢ] СЫРТТАНЫ Ең жақсылы, ең ардақтысы, қасиеттісі. («Сырттан» о баста айуанаттың аты болған. Бұл сөздің мифтік мағынасы: «иттің патшасы», иттің сақ құлақ, қабаған, алғыр, күштісі). Түгі бар жүрегіңде кере қарыс, Жасынан кеудесінде жанған на-

мыс, Ер болды Аманкелді айдыны асқан, Жігіттің бір сырттаны, жас жолбарыс (О. Ш.). Иттің сырттаны, құмайы ит ала қаздан туады дедің сен (А. Х.).

МАЛДЫ ТӨКТИ Бұл жерде барын шашып пара берді деген мағынада. Артық дәулет біткендер! Старшын, болыс болам деп, Ысырап қылып малды төкпеңдер (Ш. Қ.).

МАЛ ЖАНДЫ [ҚҰМАР] 1. Дүниеқор, дүние қоңыз. Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі. Мал құмар көңілі — бек соқыр, Бүркіттен кем бе жем жесі? (Абай). Қара сұр адам еді, тапал бойлы, Мал жанды, баққа құмар, арам ойлы. Не көрік, не сымбат жоқ, қара көжек, Не сүйді, қыздың көзі неге тойды! (С. Т.). 2. Мал сүйгіш. Мал құмар қазақтың кәріжасы бұл кезде далада. Жылқыны өріске жөнелтіп, өрістен қайтқан өзге малды қарсы алып, — өбігер (Ғ. Мұс.).

МАЛ КӨРМЕГІР! қарғыс. Малсыз қал. Мал көрмегір біреулер, жануардың өбден ыңыршағын шығарыпты (Қ. Сат.).

МАЛ ҚОЛДА, ЖАН ҰЯДА Әзірге төрт құбыласы тең, уайым-қайғысы жоқ. Мал қолда, жан ұяда тұрған шақта, Тұрады айтқан сөзің жарасып-ай. Немене айтып-айтпай, төңір деген, Дүние бастан өтіп барасың-ай (Ш. Ж.).

МАЛ ҚУДЫ Пайда табудың, дүние табудың соңына түсті. Дайым барымтамен мал құмар, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырқыспақпен күні кешіп өскен (Абай). Талаптың ішінде адам баласы, көбінесе, басына көдір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр (Абай).

МАЛ ҚҰЛАҒЫ САҢЫРАУ 1. Ешкім де естімесін, «жабулы қазан жабуымен» қалсын деген мағынада. Мал құлағы саңырау, ести көрме, төңір-ау (АТ). 2. диалект. Мал естімесін (Орал, Жән.). (Малды сою, т. б. жағдай әңгіме етілгенде, мал естісе, «еті қашады», «берекесі кетеді» деп ұғып, әуелі осы фразаны айтып алу салт болған).

МАЛМА ТЫМАҚ Иі түскен, ынжық тартқан кісі туралы. Еснейдің қолына қарап бағыныпты болып, малма тымақтанып ынта-жігерінен айрылып бара жатқан еректе жек көреді (Ғ. М.).

МАЛМЕН КӨЗІН АПШТЫ [КӨЗІ ШЫҚТЫ] Мал жағдайын жақсы біліп өсті; кішкентайынан мал көріп өсті. Менің шопандық жұмысым атадан қалған мұра есепті, ата-бабам да, өз әкем де далада өсіп, малмен көзін ашқан жандар (ЛЖ).

МАЛ СІЛЕКЕЙ АЛДЫ к ө н е. Қолдан шығып бара жатқан малдың аузына орамал салып, сілекей алу дәстүрі. Бейсекең

торы бестіден орамалмен мал сілекей алды да, тізгінін Қабыштың қолына ұстата сап теріс айналып кетті (ӨМ).

МАЛ СІЛЕКЕЙ ҚАЛДЫ к ө н е. Қолында бұрынғы малдан азын-аулақ қана тұяқ қалды. Он бес кісі құралмен Малын қуып алыпты, Бір сиыр, бір нар, жалғыз ат Мал сілекей қалыпты (Н. В.).

МАЛ СІЛЕКЕЙ ҚАЙТТЫ Даумен өндіріп алынған, не жоғалып табылған малдың басы толық болмай қайтқаны туралы айтылады.

МАЛ ТАЙДЫ Басынан бақ-дәулеті ұшты, жарлылық күйге түсті, кедейленді. Әлпештеген ата-ене Қарғаятын күн болар. Қартайғанда жабығып, Мал таятын күн болар (Ы. А.).

МАЛ ТАПТЫ Өздігінен бейнет қылып дүние жиды. Орынды іске жүріп ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып мал таппаған, Қасиетті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекерге бұлғақтаған (Абай).

МАЛТАСЫН [АҚ МАЛТАСЫН] ЕЗДІ [ЕЗІП КЕТТІ] Бет алды аузына келгенін сөйледі, мылжыңдады, лағып кетті. Жап-жас басыңмен осынша көк мылжың болармысың, шырақ! Малтаңды езбей, маған тоқ етерін айт (АТ).

МАЛ ШАПТЫ Малын орынсыз жұмсады, шығынға батты. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз (Абай).

МАЛЫМНЫҢ ҚҰТЫ [БАСЫ] к ө н е. «Қасиетті» жануар, малдың ұйтқысы. Маламының құты еді Торы айғыр, сатпаймын (АТ).

МАЛЫНА ҚҰРЫҚ, БАСЫНА СЫРЫҚ ОЙНАТТЫ Зорлық-зомбылық көрді; тежеу, қағажу көрді. Малаңа құрық, басыңа сырық ойнатса, шыдамдылық — ездік тағы (Ғ. Мұс.).

МАМЫР АСЫП БАЙ БОЛДЫ Шалқыған дәулетке кенелді. Мамыр асып бай болдың, несібенді жұрттан тіледің (Д. В.).

МАНСАП ҚОНДЫ Дәреже, атаққа ие болды. Бұлардың зар тартқаны Ләйлі — Мәжнүн, Ізденіп ақырында мансап қонған. Зияда, Хорлығайын, Фархад — Шырын, Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан (М. Б.).

МАНСҰҚ [МӨНСҰҚ] ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] Жамандыққа балады; жоққа шығарды. Өмірінде құт орнаған байдан артық, Ақылсыз болып жүрсе тамаққа тоқ, Білімпаздан жаңадан форым шықты, Бұрынғы ата ұрпын қылып мәнсұқ (А. Қор.).

МАҢДАЙ АЛДЫ Алдыңғы қатардағы, үлгілі, озат. Ешкім еш жерде атап айтпаса да, әркім-ақ мұны қазақ студенттерінің маңдай алдысы деген пікірде болды (Т. А.). Қабдығалидың колхоздың маңдай алды балықшысы атанып жүргені де осы еңбектің жемісі ғой (ЛЖ).

МАҢДАЙҒА [МАҢДАЙЫНА] ЖАЗДЫ Тағдыры осылай болды, бақ-талайына осы түсті; тағдырдың дегені. Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір, соған қарсы бір де болса, қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да арман емес. *Маңдайымызға жазғанын көріп аламыз (М. Ә.). Қаламайын, жан ата, Сұлуды да, малды да, Маңдайыма жазған бар Бақытым менің алдымда (Д. Б.). Бар болып байлар кімді асырайды. Өркімнің жазған алла маңдайынан (Б. Қож.).*

МАҢДАЙҒА ТИДІ Тақсіретін тартты, қиыншылығын көрді. — Жоқ, жолдастар,— деді ол әңгімеге араласа кетіп,— бұл істі жылы жауып қоюға болмайды. Өткен жаздағы құрғақшылық маңдайға тимеді ме? (ЛЖ).

МАҢДАЙДАҒЫ БАЙ БОЛДЫ к ө н е. Жұрттың алдына түскен бай болды. Құдай жолын қуған деп Ешен сені сыйладым. Маңдайдағы бай болдың, Нәпсіңді неге тыймадың (Д. Б.).

МАҢДАЙ ТЕР АДАЛ еңбек, сіңген бейнет. Аяқталғанын таныдым Заманнан бергі сарсыған Табан ет, маңдай терімнің (Жамбыл). Жол бойында қазыңды боп, Кездеспеді сортаң, татыр, Топырағында менің де көп Маңдайымның тері жатыр (Х. Ер.). Шырағым, мұның бәрі бейнет адамының маңдай тері (АТ).

МАҢДАЙ ТЕРІМЕН ТАПТЫ **МАҢДАЙ ТЕРІН СЫПЫРДЫ [ТӨКТИ]** Аянбай еңбектенді, ерінбей-жалықпай жұмыс істеді, бар күш-жігерін салды, бейнеті сіңді. Мына жігіттер-ақ айтсын,— деп Көлен Мөңке мен Досты күелікке тарта сөйледі,— осы күні маңдай теріммен тапқан адал кәсібімді қалжалап жүрмін (Ә. Н.). Сирағымнан су кешіп, өз қолымнан себілген еді. Маңдай терім төгілген еді. Күрішім ұсталып, еңбегім еш болып, қабырғам менің сөгілген еді (С. Төл.).

МАҢДАЙЫ АШЫҚ 1. Бақыты жанған. Олар бірнеше жерлерде талаушылардың үстінен шығып қалып, маңдайы ашық кейбір бақытты адамдардың жиған дүниелігі өзіне қалуына себеп болды (С. С.). 2. Бұл фраза құмалақ салып, бал ашқанда жолаушы кеткен кісіге де жолы жақсы, сау-саламат деген мағынада айтылады. Ортасы тақ түсті, маңдайы ашық, екі құлағы түрік, елден хабар күтеді. Бүйірі тоқ — қоржыны тоқ. Құйысқаны, босағасы көтеріңкі — жолға шығады (АТ).

МАҢДАЙЫ АШЫЛДЫ [ЖАРЫЛДЫ] Бағы жанды, бақытты болды.— Әйгерім, Кәкітай, Ербол, Ваймағамбет!... Мына қонақтарың болса, Семейдің қалың қала, мол жиындарында бәйгеге түсіп, төселіп келгендер, маңдайы ашылғандар көрінеді,— деді Абай (М. Ә.). Асанов: Шын ба, өй, жігіттер!? Еркек өзіміз десеңдерші. Жә, бұл қайсысың, сондай маңдайы жарылып, алдан кеп тұрған қайсысың (М. Ә.).

МАҢДАЙЫ КҮНГЕ КҮЙДІ Азап шекті, қиналды. Маңдайың күнге күйген соң, Табаның жерге тиген соң (Д. Б.).

МАҢДАЙЫНА БЕРГЕН Бұл жерде бағы жанған деген мағынада. Ортақ ед оның қойы ағайынға Үлесіп жеп жатушы ед маңдайында... Жігіт ед құдай берген маңдайына, Мен емес, жұрт мақтаған Исатайды, Қайырын қайыр демей қалайын ба? (Ш. Ж.).

МАҢДАЙЫНА БІТТІ Бұл жерде бар болғаны, қолындағы бары деген мағынада. Атын лауға міндік, мынау елден қайырамыз,— деді Шөгел.— Лауға басқа ат тауып берейік. Бұл біреудің маңдайына біткен жалғыз аты. Жүйрік атты бекер қинағансыз,— деді Аман (Ғ. Мұс.).

МАҢДАЙЫНАН СИПАДЫ Мүсіркеп алушылық етті; жаны ашып, қамқорына алды. Ей, шырағым, ұмыттың-ау, осы елге келгенде маңдайыңнан сипап, баурына тартқан кім екенін (АТ).

МАҢДАЙЫНАН ШЕРТПЕДІ [ШЕРТ-КІЗБЕДІ] Бетінен қақпады, еркін жіберді, қолын тигізбеді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай дегендей, маңдайынан шерткізбей өсіріп еді (АТ).

МАҢДАЙЫНАН ШЕРТПІП ЖҮРІП АЛДЫ [ТАҢДАДЫ] Таңдап жүріп ішінен ең жақсысын алды. Көп сұлудың ішінен маңдайынан шертіп жүріп алған жеңген бұл, осал болушы ма еді! (АТ).

МАҢДАЙЫНА СЫЙМАДЫ Бұйырмады, тұрақтата алмады. Торы ат маңдайыма сыймады, ұры әкетті (АТ).

МАҢДАЙЫН КҮН ШАЛМАДЫ **МАҢДАЙЫНА КҮН ТИМЕДІ** Басына қиындық түспеді. Айдар бұл ерке сұлудың бетін жел қақпауын, маңдайын күн шалмауын тілейтін (З. Қ.).

МАҢДАЙЫНЫҢ БАҒЫ БАР [БЕС ЕЛІ] **МАҢДАЙЫНЫҢ БЕС ЕЛІ БАҒЫ БАР** **МАҢДАЙЫНЫҢ ҒЫРЫСЫ БЕС ЕЛІ [КЕРЕ ҚАРЫС]** Бақытты, ғырысы тасыған деген мағынада. Мен Ұлы жүздің белгілі сарысымын, Бақтыбайдың маңдайдағы дәрісімін. Маңдайымның бағы бар, Таңдайымның дағы бар (ШС).

МАҢДАЙЫНЫҢ АРЫЛМАҒАН [БЕС ЕЛІ, БЕС БАТПАН, КЕРЕ ҚАРЫС] СОРЫ БАР **МАҢДАЙЫНЫҢ СОРЫ БЕС БАТПАН [БЕС ЕЛІ, КЕРЕ ҚАРЫС]** Әбден бақытсыз, «қырық» қырсық жабысқан сор қасқа. Көп жыл жүрдім бұзау, қозы соңында, Маңдайымнан арылмаған сорым да, Күл шығарып, тезек теріп, су тасып, Жауыз байдың күні болдық қолында (Ш. И.). Ал, Лениннің тура маған, мендей маңдайының соры кере қарыс қу кедейлерге хат жазғанын айтсайшы (Ж. Төш.).

МАҢДАЙЫҢНАН ЖАРЫЛҚАСЫН! тілек-бата. Жолың болсын, ісің оңарылсын, бақытты бол деген мағынада. Мұ-

қаң да шын жүректің төкті жасын, Аялап алақанмен қыздың басын, «Кетсең де жүрек бірге, қайғы ортақ». Тілегім: «*Маңдайыңнан жарылқасын!*» (С. Т.).

МАҢДАЙЫ ТАСҚА ТИДІ **○** **МАҢДАЙЫН ЖАРҒА СОҚТЫ** *Беті қайтты, тауы шағылды; қиыншылыққа тап болды. Бәсе, ойламағансың. Қиыншылық келген күні маңдайың тасқа тиіп отырған сәттің өзінде алдағыны ойлау былай тұрсын, бүгіннің өзін ойлап отырған жоқсың,— деді Жарасов Алтаевқа (М. Ө.).*

МАҢДАЙЫ ТЕРЛЕП КӨРМЕДІ *Шын-туайтпап жұмыс істемеді; бейнет көрмеді. Сенің дүниеге келгелі маңдайың терлеп жұмыс істегеніңді көрмедім (ҚЕ).*

МАҢЛАЙ ҚАРА *ди а л. Сор маңдай, сорлы, байқұс (Қ. орда, Арал).*

МАҢЫ ЖІБЕРМЕДІ *ди а л. Жаңылмады, қателеспеді (Гур., Маң).*

МАРҒАУ [МӨРҒАУ] КЕТТІ *Алысқа, көз көрмеске кетті, келмеске кетті. Маған десе, мәрғау кетіңіз, Керектігің соншалық, Мұнда бір жан бөгейін деп ойламас (М. Ө.). Нетесің босқа сұрап Сарыбайды, Сұрасаң Сарыбайды мәрғау кеткен (ҚКБС).*

МАРЖАНДАЙ ТІЗІЛГЕН *Мейлінше сүйкімді, қатар түзген. Маржандай тізілген жас өспірім қыздар бар екен (ШС).*

МАР ҚАСҚА *Нағыз мықты. Құдай дес бергенде, сол әйелі мар қасқа бір ұл тапты! (Ғ. М.). Сегіз қырлы, бір сырлы деген мықты мар қасқа, бағлан жігіт болса керек (Т. А.).*

МАРТУ БАСҚЫР *қ а р ғ ы с. Әйелдерге айтылады. («Марту» — шаман дінінде екі қабат әйелді босандырмай қинайтын «жын»).*

МАСАТЫДАЙ ҚҰЛПЫРДЫ *Гүл-гүл жайнады, түрленді. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай).*

МАСА [ШЫБЫН] ШАҚҚАН ҚҰРЛЫ БОЛМАДЫ [КӨРМЕДІ] *Tiңгі елең қылмады, назар да аудармады, міз бақпады. Тәуір ат, тәуір соқаны қалай көбейту керек, тым болмағанда, қалай тәуір қылып ұстау керек, бұл жағын ешкім маса шаққандай елең қылмайды (Ғ. М.). Шыбын шаққан құрлы көрмейді (АТ).*

МАС БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Асып-тасты, менмендік күйге түсті, масанды. Мегежіндер ұл тумас, Қайын болмас қабанда. Балам бар деп мас болма, Өзіңнің болсын аяңда (Д. Б.). Ойын ойнап, айт пен тойлап, Жастыққа болма мас, інім (Ш. И.). Ажал келсе жатқызар, Маңдайдан басқан ұйқыдай. Бендені дәулет мас қылар Қырауды кешкен жылқыдай (М. Сұл.).*

МАСҚАРАСЫ ШЫҚТЫ **○** **МАСҚАРА БОЛДЫ** *Қатты ұятқа қалды; жұрт бетіне қарай алмай, ишкере болды. Назым: Қорқамын. Жақсы дайындала алмаған сияқ-*

тымын, Жібек: Бөріміздің де жүрегіміз май ішкендей. Кім білсін, масқара боламыз ба... (М. И.).— Масқара бопты. Әне, отыз қой мен ешкінің желіні тілініп қапты!— деді Дәметкен (М. Ө.). Үйшінің үскісіндей өткір тілім, Өрді-ойды білмей шауып қасқарасың. Хан жамандап, қаныңды төгіп алып, Шығарма, қызыл тілім, масқарасын (Ш. Ж.).

МАСТЫҚ КІРДІ *Масаттанды, есерленді. Басы айналды қарғаның Сұмның айтқан сөзіне, Қуанғаннан бөртініп, Бір мастық кірді өзіне (Абай).*

МАСЫЛ БОЛДЫ *Бейнет, ауыртпалығын біреудің мойнына салды, кісі есебінен күнелтті. Анасы шығып кетті. Ләззат жалғыз. Ұзақ жыл масыл болып, қапырық бөлмеге жіпсіз байлап, әбден қажытқан сары ауруын ақыры сілкіп тастады (Т. А.). Маған масыл болғанмен, ақ көңіл жақсы адам еді, бишара,— деді Қадиша Олжайды нұсқап (Ө. Ө.).*

МАТ БОЛЫП ҚАЛДЫ **○** **МАТ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ]** *ди а л. Ұятқа қалу, ұятты болу деген мағынада айтылады. Сөз білмейсің, жұдырықтай қыздан мат болып қалдың (Шымк., Арыс). Пәленшеге мат болып қалма,— деді Есеналы (Қ. орда, Арал). Манат қыз, сен қаштың да, таппадым ба ат, Күнімде ат таппаған, қылсаңшы мат. Келейін ерді сүйсең, құранды ермен, Үстіне көпшік салып қабат-қабат (М. Б.). Қаттылықтан не пайда, Жақсылығың басыңнан Артылмаған дегізіп, Түбі сегіс айттырар. Досыңнан көп дұшпанға Көп ішінде мат қылар (Жамб., Шу). Мақтансаң, мат боларсың (Мақал).*

МАУҚЫ БАСЫЛДЫ **○** **МАУҚЫН БАСТЫ** *Құмары қанды, көңілі көншіді. Айдынды Баян, көл Баян, Аяңда тудым мен бір кез, Басылсын мауқым сағынған, Суыңнан ләззат берші тез! (Ж. С.). Тиінді бос жіберіп, тағы біраз ойнады. Мауқы басылған соң, ана жақтағылардың әңгімесіне құлақ қойды (Ғ. Мұс.). Үлбіреген Ботакөзді аймалап, бауырына басып, сүйіп, иіскеп, біраздан кейін мауқын басты (С. М.). Зарлап, боздаған бозінген ботасына қосылып, мауқын басады (ҚЕ).*

МАУ ТАРТАДЫ *Бой жетеді, балиғатқа толады. Қыз он беске келгенде мау тартады, Әке менен шешеге жау тартады (АӘ).*

МАУЫҚҚАН МЫСЫҚТАЙ *Бұл жерде қызыққа, сезімге мас болу, есеңгіреу ұғымында айтылып тұр. Мауыққан мысықтай көзі тұманданып, ал қызыл бүрте ерні кеуірсінп кеткен (І. Е.).*

МАШЫҚ БОЛДЫ *Әбден жаттықты, дағдыланды, тәсілін білді. Деген бар: «Артық тумас, бала атадан», Жүрсің ғой сен де соның ізін басып. Бұл сөзді, Жүсіп, сізге еттім хабар, Әдейі көңіліңе болсын машық! (Айттыс).*

МӘЖБҮР ҚЫЛДЫ [ЕТТИ] *Еріксіз көндірді, міндеттеді.* Дегенмен, көкейде сайрап тұрған сан ойым, көп толғантқан, көңілдімді алаң еткен жайларды басқалар да құптап деген, қолдар деген ниет мені ақтарыла сөйлеуге *мәжбүр қылды* (М. Ә.). «Өлмек парыз,— деп айтар,— тумақ сүндет, Мойынға ораза, намаз,— дейді, міндет». Алымдар орындауды *мәжбүр етер*, Адамға Мұхамбетке болған үмбет (М. Сұл.).

МӘЗ [МӘЗ-МЕЙРАМ] **БОЛДЫ** *Шат болды; қуанып қалды.* Халқынның сырғын өзін білесің де, Ісіне күйесің де, күлесің де, Қаласың кейде кейіп, кейде *мәз боп*, Әйтеуір сол халықты сүйесің де (І. Ж.). Ағашқа қонып қаранып, Қанатын, жүнін таранып *Болмақшы* еді, *мәз-мейрам*, Дейтін емес қу қайдан, Жем іздеген бір түлкі Кездей келді сорына (Абай).

МӘЙЕГІ АУЗЫНАН [АУЗЫ-МҰРНЫ-НАН] **ШЫҒЫП ОТЫР** [ТҰР] 1. *Семіздік туралы да, қатты масайрау туралы да айтылады.* Исполком бастығының өзі бай баласы деген. Болса болар, *мәйегі аузынан шығып тұр* екен (Ғ. Мұс.). Жұрттың бәрі тізіліп орындықта отыр... Бірақ өзгеден бөлек бір-ақ кісі жерде... Екі ініне екі кісі мінгендей, ұзын бойлы, толық. *Мәйегі аузынан шыққан* манаптай (С. С.). 2. *Кей жерлерде екі қабат әйел туралы айтылады.*

МӘЛІК КЕЛГІР! қ а р ғ ы с. *Түйеде болатын ауру. Мәлік келгір*, шыбындап қырылып қалғыр (М. Ә.).

МӘЛІМ [МАҒЛҰМ] **БОЛДЫ** *Белгілі болды, анықталды.* Талақ етіп бұл ғаламды, *Болды мәлім* кеткенің, Кінесі жоқ жас адамды Қатты соққан не еткенің? (Абай). Ғұзыр қып қалыбыңды тұт назарға, Ақ қағаз төштит етпе хат жазарға, Адамның оңашада бәрі білгіш, Түскен соң *мағлұм болар* сөз базарға (Ә. Тәң.).

МӘЛІМІ ЖОҚ д и а л. *Белгілі емес, анық емес.* Қоя тұр, әлі *мәлімі жоқ* қой (Қ. орда, Арал).

МӘМИ [МӘБИ] **АУЫЗ Ашық ауыз, аңқау, ынжық.**— Сөйтіп,... ұлдарын қоя бердің бе?— дедім.— Ие... Тигем жоқ...— деді. Мен ашуланып, Байсейітке:— *Мәми ауыз!*— дедім (С. С.).

МӘМІЛЕГЕ КЕЛДІ ◉ **МӘМІЛЕМЕН БИТІСТІ** *Уәжге келіп пәтуаласты, бірімен-бірі түсіністі.* *Мәмілемен* іс бітер, Бас қосып қалса көп есті. Жақсының жолы — жарық күн, Жаманың жолы — көмескі (М. Сұл.).

МӘМІЛЕ ҒЫП АЛДЫ д и а л. *Қарызға алды, келісіп алды, уәде ғып алды.* Біраз уақыт *мәміле ғып ала* тұралық (Жамб., Шу).

МӘРЕ-СӘРЕ БОЛДЫ *Емін-еркін, қуана асыр-тасыр болу мағынасында.* Өзен жағасына келсе, Оспан, Смағұл бастаған көп кішілеу балалар салқын, мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, *мәре-сәре боп* жатыр екен (М. Ә.).

МӘРТЕБЕЛІ [МӘРЕЙЛІ] **БОЛ!** ◉ **МӘРТЕБЕҢ** [МӘРЕЙІҢ] **ӨССІН** [ЖОҒАРЫЛАСЫН]! а л ғ ы с. *Қадірің (абырой-беделің) арға түссін, дәрежең биік болсын.*

МӘРТЕБЕСІ [МӘРЕЙІ] **АСТЫ** [ӨСТІ, ҮСТЕМ БОЛДЫ] *Беделі күшейді, абыройы артты.* Нұри біреумен біреуді таныстырып, біреу арқылы екіншісінің мүддесін өтеп, реті келмей тұрған істі қыбын тауып, жымдастырып жібереді. Ал, мұндай қолға алған ісін жемісті аяқтап шықса, *мәртебесі өсіп*, рақаттанатын (М. И.). Ұлтпен ұлт бірлесіп, *Мәртебесі* күнде өсіп, Зор қуаныш мол табыс, Мол дәулетке жырғады (Ү. К.). Сал майданға, мені сал! *Жау мерейін асырып*, бөгелетін жер емес! (М. Ә.). Сүйерім де, сүйенерім де, тірегім де, жүрегім де сенсін, менің құдіретті Социалистік Отаным! Ендеше, сенің *мерейің үстем бола берсін!* (С. Сей.). Мен сөйлемей, кім сөйлер, Тұрғанда өсіп *мерейім!* Ере алмаған заманға, Ағанды ақын демеімін (Қ. Т.).

МӘ САҒАН [МӘССАҒАН] **БЕЗГЕЛДЕК** *Кенеттен болған қылық, не күтпеген бір хабарға кекесіндеу, таңдану мағынасында айтылатын одағай сөз.* *Мә саған безгелдек!* Демек, шектес вагонда біреу болған. Бізді сол бөліп қалдырған ғой... (Қ. Наз.).

МӘСЕЛЕНІ БҮЙІРІНЕН ҚОЙДЫ *Бұл жерде турасынан, тікесінен деген мағынада.* Ыза боп көне күйдің күйігінен, Бөлініп кеткем өскен үйірімнен. Шындықты шыңнан іздеп шыққан жолға, *Қойғам да мәселені бүйірінен* (І. Ж.).

МӘСЛИХАТ ҚҰРДЫ *Кеңесті, бас қосып әңгімелесті.* Бір тышқан бір түйені жетеледі, Електеп түйе байғұс кете берді. Түйені тышқан байғұс жетелеп ап, *Мәслихат құрған* екен екеуі енді (М. Б.).

МӘТЕЛ **БОЛДЫ** д и а л. *Мұқтаж болды.* Көлік болмай, қияндыға жету *мәтел болып тұр* (Түрікм.: Красновод., Небид., Жед., Ашх.).

МӘТЕЛІ ҚЫЛДЫ д и а л. *Кесел жасады.* Жұмысқа *мәтел қылма* (Гур., Маң.).

МӘУЛЕТ БЕРДІ *Қажетке асыруға мөлшерлі, мерзімді уақыт берді.* Білгенге, денсаушылық — дәмді дәулет, Мал-дүние, бақ-дәреже — жалған сәулет. «Өмірге тойдым» деген ешбір жан жоқ, Кеңшілік аларманы берсе *мәулет* (О. Шор.).

МӘУІРТІ БИТТІ [ӨТТІ] д и а л. *Уақыты, дәурені, бұрынғы дер кезі жоқ деген мағынада.* *Мәуірті өтіп* кеткен кезін көріп отырсың, ол жасында аса кербез болатын (АТ).

МӘШІНЕ ҚОНДЫ д и а л. *Бабына келді.* Шайды *мәшіне қондырып* ішеді (Түрікм.: Красновод., Ашх., Небид., Таш., Тедж.).

МЕДЕТ БЕРЕ КӨР *Сүйеу, қорғау мағынасындағы тілек.* Жалғызымның тілегі болғай, *медет бере көр* (АТ). Апырмау,

бұл сұмдықтың мәні қалай? Ханзада қамырықты неден олай? Ақсарбас айттым, алла, қақ пәледен! *Медет бер*, мен сыйыным пірлер талай (І. Ж.).

МЕДЕТ СҰРАДЫ *Сүйеніш тіледі, жәрдем тугті.* Батыр таудан құлады, Алладан *медет сұрады*, Издегені жау еді, Жапанда жалғыз келеді (БатЖ).

МЕДЕУ ЕТТІ [КӨРДІ, ҚЫЛДЫ] *Сүйеніш, тірек қылды, арқа тұтты, көңілге тоқ санады.* Оқытарсың молдаға оны, Үйретерсің әр нені. *Медеу етіп* ой соны, Жаны тыныштық көрмеді (Абай). Енді аңғарып жүрміз, Мағрипша саған деген берік көңілден жаңылар емес. Былтырғы маған айтқан жалғыз ауыз сөзіңді *медеу етіп* қалыпты ғой (М. Ә.). Кей кезде жан-жағына көз салды, Жүрісін бөгеңкіреп аз кідіріп, Жай ғана баулатып ән қозғайды, Қамыққан көңіліне *медеу қылып* (Ж. С.). Ардақ әкесінің бұл мінездерін ұнатпаса да, көп ішінде, өз қасында болғанын *медеу қылды* (Ғ. Мұс.).

МЕЗІ БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Ығыр болды, ер қашты болды (етті).* Абай Оспанның тентектігінен *мезі болушы* еді (М. Ә.). Асқар, сені Қақаң шақырады, — деді Бүркітбай кіріп, Асқардың өзі де сөзден *мезі боп* қашқалы отырғанда (С. М.). «Осы жұрт не біліп би-болыс дегенде безек қағады екен» деп жүрген Шәбіктің өзі де *мезі болды* (Ғ. С.). Түйсіксіз, мінгірмен оқылғандықтан, оның сабағы ішті пыстырып, Жақыпбекті де, балаларды да әбден зеріктіріп, *мезі етіп* жіберді (М. И.). Ылғи байбаламдап, қырам да, жоям деп Жұман бай ағайындарын да *мезі қылып* еді (Ғ. М.).

МЕЗІРЕТ ЖАСАДЫ [ҚЫЛДЫ] *Белгі берді, ишара етті.* Абайдың қасында отырған Мағаш ат шабарға, «ол сәлемді айта бер!» дегендей *мезірет жасаса* да, Бегдалы: — Абай аға, өзіңізге ауызба-ауыз оңаша айт деген Шәкеңнің сәлемі бар еді! — деді (М. Ә.).

МЕЙМАНАСЫ АСТЫ *Асып-тасыды, көңілі өсіп масаттанды.* Ұлғайып қартаяды жастан адам, Әуелі қартаяды бастан адам. Жеткенін кәріліктің ескермейді, Көңілі өсіп, *мейманасы асқан* адам (Ш. Құл.). Сығыр-ау, өз тіліңнен болдың қотыр, Сақина тілеп алып сау басыңа. Жігіттің *мейманасы асып* кетсе, Ақырда түспей қалмас таубасына (Б. Ш. Б.).

МЕЙЗДЕЙ ҚАТҚАН *Бұл жердегі мағына: бабына келіп жараған.* Сұлудың астында баласы мен екеуінің арасындағы жалғыз көк аты. Көк ат — бәйге аты, мүшелі, сұлу жылқы. Өзі *мейіздей қатып* жараған, тек, сәл еті жұқалау, бір шабар ғана еті бар (С. С.).

МЕЙІЛІ [ТӘБЕТІ] СОҚТЫ [ШАПТЫ, ТАРТТЫ] *Көңілі, зауқы келді.* Баланың тамаққа *мейілі соқпай* отыр (АТ).

МЕЙІР КЕТТІ к ө н е. *Пейілі тарылды, қайырым жасамады, жақсылық қылмады.*

Мейір кетті пендеден. Сүйтіп ердің алдынан Ақыл сұрасаң азбассың, Көпті көрген көнеден (Ш. Қ.).

МЕЙІРІ ҚАНДЫ *Құмардан шықты, рақаттанды.* Тобымның тартам тартысын, Жарлының жыртам жыртасын, Мешеудің *мейірін қандырам* (І. Ж.). Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар, Қамаржан сені ойласам ішім жанар. Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең, Ішкендей кәусар суын *мейірім қанар* (С. Т.).

МЕЙІРІ [МЕЙІРІМІ] ТҮСТІ *Көңілі, ықыласы ауды.* — Түсінбейтін адам деуге болмас... Бірақ, мектепке *мейірі* оңайлықпен түсе қоймайтын бір әдегі бар (М. И.). Тауып айтқан сөзіңе Селт етім де, серпілдім, *Мейірім түсті* өзіңе, Бата берсем деп тұрмын (Жамбыл). Мен-дағы жүргенім жоқ малдан күсіп, Айттым, балам, басыңа *мейірім түсіп* (Абай).

МЕКЕДЕН ТАС КӨТЕРІП ӘКЕЛГЕНДЕЙ к е к е с і н. *Үлкен бір жұмыс бітіргендей.* Немене, *Мекеден тас көтеріп әкелгендей*, мардымси, шіреніп жатқаның қалай? (АТ).

МЕКЕНІ САЙЛАУЛЫ *Бұл жерде ақын «о дүниені» (дүние салуды) сөз етіп отыр.* («Сайлаулы мекен» деп отырғаны — не ұжмақ-пейіш, не дозақ). Арқадан қылдым жайлауды, Әркімнен алдым байлауды. Қиямет күн болғанда, Қандай жерде *мекенім* Мен ғарыптың *сайлаулы*? (Ш. Қ.).

МЕКЕРЛІК ҚЫЛДЫ *Арамдық, жәдігөйлік істеді.* («Мекар» — араб сөзі, құлық, сұмдық). Ол шіркін, *мекерлік қылды*, жігіт қой деуші ем, қара жүз екен (АТ).

МЕЛДЕК АТТЫ д и а л. *Шамадан тыс тойды.* Су ішіп тұрған ғой деймін, *мелдегі атып* тұр ғой (Жамб., Луг.).

МЕН ДЕ БІРЕУДІҢ АТҚАН ОҒЫ *Жөн-жосығына қарамай, біреудің шылауында жүрген, дегеніне көнбісті адам туралы айтылады.* Ол да біреудің атқан оғы, мен де біреудің атқан оғы. Бізден не сұрайсыз (АТ).

МЕНДІК... ТЕЗЕК ТАБЫЛАР к е к е с і н. *Маған да бір бұйырғаны бар шығар деген мағынада.* Шырағым, несіне тарынасың, *мендік тезек табылар* (АТ).

МЕН ҚАЛАЙҒА САЛЫНБАДЫ *Мақтануға бой ұрмады, дандайсымады* (АС). Қайратпен кіріп, жалынбай, Ақылмен тауып айланың, «*Мен қалайға*» салынбай, Жылы жүзбен жайнасын (Абай).

МЕН — МЕНДҮРМІН, МЕНДҮРМІН «*Белгілі, аты шыққан*» деген ұғымда айтылады. (Ескі әдебиетте кездесетін тіркес). *Мен — мендүрмін, мендүрмін*, Мен ешкімнен кемдүрмін (АӘ).

МЕНМЕН КЕУДЕ *Өр көкірек, өр мінез.* Нән, жуан, *менмен кеуде*, намыс ері, Суық қол Батыраштың жібергені. Жалт етті

жайдың оты жүрегінен, Кек қайнап, мұз құйылып жүре берді (І. Ж.).

МЕНИҢ ДЕ ҚОЛЫМА ҚАРҒА ТЫШАР к е к е с і н. *Маған да дүние бігер, сенің де маған күнің түсер деген мағынада. Мениң де қолыма қарға тышар, тұра тұр бәлем* (АТ).

МЕНИҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫМДЫ КӨРМЕСЕҢ, КӨЗІҢНЕН ШЫҚСЫН! қ а р ғ ы с. *Істеген игілігімді білмесең, оңба деген мағынада.*

МЕНИҢ ҚОЛЫМ ЕМЕС, БИБИ-БӨТИ-МАНЫҢ [ВИБАТПАНЫҢ] ҚОЛЫ д і н и. *Толғатып жатқан әйелге айтылатын тілек сөз. Жарықтық әжемнің «Мениң қолым емес, Вибатпаның қолы» деп, осы ауылда қарнын сипаламаған келіні қалды ма екен* (АТ).

МЕНДУАНА ЖЕГЕННЕН САУМЫСЫҢ **○ ЖЫНДЫ БОЛДЫҢ БА?** *Есің дұрыс па?* (Парсыша «мендуана» — кісіні есіретін қара дән). *Ей, бала! Мендуана жегеннен саумысың өзің, неғып есеңгіреп жүрсің?* (АТ).

МЕНІРЕУ ДАЛА *Елсіз жер, мылқау (қу) дала.* Сондай ұлыған қарлы дауыл астында, елсіз *меңіреу дала*, Абайдың өзі туып-өскен сахарасы болса да, қазірде соншалық мейірсіз, қатал, өгей анадай (М. Ә.).

МЕСЕЛІ ҚАЙТТЫ [ҚАЙТ БОЛДЫ] *Тауалы шағылды, көңілі қалды.* Мына жаманды байым бар деп отырады дейсің бе, осының өзі жігітшілікпен құр емес шығар деп қыңыр жақтағандардың талайының *меселі қайт болды* (В. М.).— *Жоқ, уәдені бер. Ердің құнын, нардың пұлын сұрамаймын... Жасыраарым жоқ, осыдан меселімді қайтарсаң, бұл үйдің табалдырығын аттауым екіталай...—* деді Танакөз Жылқыбайға (Ғ. Мұс.). Ұлбосын Күренбайды онша шет көре қоймаса да, құлақ кесті құл атанған жоқ-жітікке басын байлағысы келмей, ретім келмейді деп *меселін қайтарып* тастаған (С. О.).

МИ БАТПАҚҚА БАТТЫ *Жамандыққа ұрынды.* Тілі жақын, ісі қас, Не сөйлесең ұнатпақ. Сондай досқа ерем деп, *Батарсың миға бір батпақ* (ШС).

МИДАЙ ДАЛА [ЖАЗЫҚ] *Біркелкі құла дүз.* («Мидай», «ай», «қу», «жапан», «сар(ы)», «құлазыған», т. б. «далаға» анықтауыш болған жерде, олар бір-біріне синоним ретінде жиі ұшырайды. Бағзы уақыт «қу дала», «құлазыған (қу) дала» тіркесі тіршіліксіз, тақыр жазық мағынасында, «жапан дала», «ай дала», «сар(ы) дала» кең, ең жазық мағынасында көбірек қолданылады). *Жетті-ау, әйтеуір, бір станцияға! Мидай дала, пана жоқ* (С. Төл.). Тұнжыраған қалың ақ қарды сызып, поезд Күншығыс Сібірге қарай дүрсілдеп жүгіре берді, жүгіре берді. Таусылмайтын терізді жүріс. Ұшы-қыры жоқ, қаптаған қайыңды *мидай дала* (С. С.).— Әй, мынау

не дейді? Осы ел тегіс біледі. Былтыр қыста мына Көзаралдан келе жатқан. Мұз үсті *мидай жазық...* (Т. А.).

МИ ЖЕТТІ *Ақыл жетті, білді.* (Бұл жерде қолдан келу, игеру ұғымы айтылып тұр). Алло! Алло!— деген не? Кім сөйледі, шырағым, Мынау темір көмейде? *Жетер* ме екен, балам, *ми?*— *Деп* сұрады анау шал, Қасында тұр бір бала (І. Ж.).

МИ КЕПТІРДІ *Бас қатырды, әуре қылды* (АС). Пайдасыз ғылымменен *ми кептірсе*, Дос-жарға мақтан етіп, бұлдан көрер. Жақсы сөз, жақын үміт, тәттілікті Кемітер көңіл қоймас, кекеңкірер (Абай).

МИ ҚАЙНАР [ҚАЙНАТАР] *Аспан айналып жерге түскендей ыстық туралы айтылады.*— *Мені айдатып, тағы бір үзік жақсын дейсің ғой!*— деп, Таймас қаркылдап күле, атып тұрды орнынан.— *Биенің сауыны болды, ағытайын, құлын ұшып кетер. Күн бүгін нағыз ми қайнар,*— деді Тоқбайға (Ғ. Мұс.).

МИ ТОЛМАДЫ *Ақыл-ойы жетілмеді* (АС). Сол қуат жетпеген, *ми толмаған* ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ер жеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз? (Абай).

МИЫ АЛМАЙТЫН АДАМ д и а л. *Еш нәрсеге түсінбейтін есуастау, ақыл-есі орнында емес адам.* Мениң немерем *миы алмайтын* бала болып қалған еді (Сем.: Көк., Ақс., Абай).

МИЫ АШЫДЫ [ҚАТТЫ] **○ МИҒҰЛА БОЛДЫ** *Мең-зең сенделді, басы қаңғырды.* Болмаса, соғысайық, еліңді жи, Мен сенен келгенім жоқ алуға сый. Қайтамын қонысыма, қысқасын айт, Әр сөзді айта бермей *ашытып ми* (РД). Бүгінгі күн асауларға нұқта кілтіп, тоң мойынның сынған күні сияқты, сондықтан іштегі барлық қарсылық неше түрлі еппен, айламен болса да жол тауып, өз дегенін істеу керек болып отыр, көптің *миын қатырып* отырған сол мәселе (М. Ә.).

МИҒЫНАН [МҰРТЫНАН, МҰРТ АСТЫНАН] КҮЛДІ *Езу тарта жымыды.* («Миық» басқа сөздермен қосылып айтылмайды, мұның о бастағы мағынасы — «мұрт»). Түнеріп тұл айнала, күн де баты, Қараңғылық пердесі жерді жапты. Генерал мез, *күледі миығынан*, Түскендей бір батпан зіл иығынан (С. Сей.).— *Күйің жақсы ғой деймін, Қалықбай, ә?*— деді бір кезде Тілеулес *миығынан күліп*:— Шаруа күйің қалай?— Шаруа деп, не шаруаны сұрайсыз. Жазатайым қатынымнан айрылдым (Ғ. С.). Бөжей мұның ішкі сырын білмеп еді. «Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы» деп мырс етіп *мұрт астынан күліп*

қойды (М. Ә.). Мұны естіп ишекең де мұртынан күліп: «Инша алла, қара кітапқа қарап аруақ жар болса, бірдеңе қылармыз...» — деп Нұрымның танауын күн бұрын шелектей қып делдіткіп қойды (С. Т.). Сары бала — Бапсалды Тағы олжа болды деп, Мұртынан күліпті. «Бес жүз сом ақша берсең» деп, Сен жағына шығам деп, Айтқаным тұрам деп, Бес жүз теңге ақшасын Тағы да алдап қағады (Н. В.).

МИЫ [МИЫНА] ЖЕТТІ ○ МИЫНА ҚОНДЫ Ақылы алды; түсінерліктей, ұғынарлықтай болды. Осы істің қыртыс-қатпарына миың жете ме? (АТ). — Бәсе, солай ма екен! Қонды ма миыңа? (Т. А.).

МИЫ ШЫҚТЫ Жер батпақтанып, былжырап кетті. Жанбыр жауып, жол біткеннің миы шықты (ЛЖ).

МИЯТ БОЛДЫ ○ МИЯТҚА ШАҚЫРДЫ д и а л. Болысты, жақтады. Мият болды, мияттың түбі ұят болды (Жамб., Шу).

МИЯТ ТҰТТЫ д и а л. Арқа сүйеді, мөдет тұтты. Армиядағы балам хат жазғанда, сіздерге көмектесетін інім бар ғой деп, кіші баланы мият тұтады (Алм., Жамб., Шел.).

МОЖАБАЙ БОЛДЫ д и а л. Қажыды, шаршады (Гур., Маң.).

МОЙНЫ АСТЫНАН КЕЛДІ [АСТЫНА ТҮСТІ] Оңбай, ойсырай жеңілді, сәтсіздікке ұшырады. Кейінгі кесік те осы куәліктен [Абайдың куәлігінен] аттап өте алмады. Ақыры, Арқаттағы шербапшайда Тобықтының Оразбай бай бастаған бар жуаны мойны астынан келіп жығылды (М. Ә.). Тұрғынбайына қосып, Абайды да, бәрін де мойнын астынан келтіріп қаңбақтай ұшырайың! — деді (М. Ә.).

МОЙНЫ БОСАДЫ Арқа-басы кеңіді. Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп көрісіп, құшақтасып, Шаруа қуған жастардың мойны босап, Сыбырласып, сырласып, мауқын басып (Абай).

МОЙНЫ ЖАР БЕРМЕДІ Жалқаулығы ұстады, ерінді, кежесі кейін тарғып, жұмысқа беттемеді. «Қызылжар» колхозында жұмысқа мойны жар бермейтін адам жоқ дей алмаймын (Ж. Т.). ... Мен сіздерге бірдеңе айтайын, балалар былай тұрсын, осы күнгі ауыл жастарының бар ғой, жұмысқа көбінің мойындары жар бермейді, бәрінің де әкім болғысы кеп тұрады, — деді Күдері (М. И.).

МОЙНЫ ҚАТТЫ Іске, т. б. икемі, бейімділігі жойылды. Жастықта... бірер қызықты қуғанда-ақ, мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жаппай қалады екен (Абай).

МОЙНЫ ҚАШЫҚ Арасы алшақ, алыс. — Дуаннан мойны қашық елді елеп мұғалім жібергеніне, мектеп ашып бергеніне дән ризамыз, соны жаз! (С. О.). Дәуке, осынша не қылды пейлің қашып? Арқада жатыр едім мойным қашық. Атағың

Алатаудай болғаннан соң, Құмар боп келіп едім болып ғашық (Ш. Қар.).

МОЙНЫМЕН КӨТЕРДІ Бәріне төзді, көнді, шыдады. Ол жас шағында ескі ауылдағы әділетсіздік, озбырлық ту тіккен, әлді-әлсізді жұлып жеп жатқан, «тастаған шоқпар құлға тиген» заманның кедейге деген ауыр сыбағасын басынан кешіріп, мойнымен көтереді (Қ. Ә.). Қолмен істеген нәрсесін мойнымен көтеруге жарамау ер адам үшін неткен пасықтық (Б. С.).

МОЙНЫНА АЛА ҚАП [ҚОРЖЫН] САЛДЫ ○ МОЙНЫНА ҚОРЖЫН ІЛДІ Тентіреу, қайыршылау мағынасында. — Біздің мойнымызға ала қап салғың келіп еді, мақсатыңа жеттің, Божыбай (ШС). Үстіне шекпен кигізіп, Ақ таяғын таятты, Мойнына қоржын ілгізіп, Елден тамақ сұратты (Ш. Қ.).

МОЙНЫНА АЛДЫ 1. Айып-кінәсын мойындады. Үнілеп, өзі-дағы уайым жеп, Ісінен өткендегі ұялып кеп, Айыбын ақырында мойнына алды, «Менен де мал жақсы», — деп, — жейтұғын шөп (Т. І.). **2. Міндетті болды.** Үй жұмысын ол өз мойнына алып, қалғандарымыз басқа шаруамен айналыстық (АТ).

МОЙНЫНА АРҚАН САЛДЫ Күштеп көндірді. Салбыраған таз күйеу, Келіп жатыр қойныңа, Теңсіңбесең сен оны, Салар арқан мойныңа (М. Қал.).

МОЙНЫНА АРТТЫ Міндеттеді, мәжбүр етті. Ғайнимен соңғы жолығу, соңғы хабар, осы ауыр салмақты менің өзі сыңғалы тұрған мойныма тағы артты, мені өмір тасқынының мұздай суық құшағына итере түсті (Ж. С.). Мен қайтейін қиғаш қара қасыңды, Әурелікке салдың менің басымды. Тастап кетсең жаным сүйген Мария, Мойныңа артам көзден аққан жасымды (Қән).

МОЙНЫНА БҮРШАҚ САЛДЫ [САЛЫП ТІЛЕДІ] көне. Жалына тіледі, жалбарынды. Оны көріп қыз Назым Жүгіріп, жайып құшағын, Қолына алып келеді Алмас мойын пышағын. Мойнынан алған сықылды Бұрынғы салған бұршағын (ҚамБ). Күлпаштың жайын Әдхам ұзақ айтып өтті. Аман құныға тыңдады. Бала-сыз кемпір-шалдың мойнына бұршақ салып, төңірден сұрап алған жалғыз қызы шолжың да, сұлу да, есті де көрінеді (Ғ. Мұс.). Олай болса, алла тағала, жолыңа ақ сары бас айтып, мойныма бұршақ салып тілеймін. Қаһарыңды өзге балаларымнан аулақ ет! (І. Е.).

МОЙНЫНА ЕР ЕРТТЕМЕЙ МІНДІ Әбден басынып алды, басына шықты, билеп алды. Сексен жасқа келген соң, амалым жоқ, Мойныма ер ерттемей мініп алды. Сексен асып, тоқсанға келгенімде, Қарға-құзғынның іліп жеген жемтігіндей Шеңгелдеп аяғымнан бүріп алды (С. А.).

МОЙНЫНА ҚИЫП САЛДЫ Бұл жерде еріксіз, нақақтан міндеттеу туралы айты-

лып тұр. Осы екі аттың жаласын Құдай-менде Кәленнен көріп, күшпен мойнына қыпы салған-ды (Ә. Н.).

МОЙНЫНА ҚОЙДЫ [САЛДЫ] *Шынын айтқызды, істеген ісін «мен едім» деуге мәжбүр етті.* Нұрғалиды болыстық атқом ағасы шақыртып алып, кінәсын мойнына қойып, басқа жерге аудармақшы болды. Екі күннен кейін Ержан ұсталып, қылмысы мойнына қойылып, ауданға айдалды (Б. М.). Урядник пәлені мойныма мөлдіретіп сала берді. Мен ақтығымды айттып, безектей бердім (С. С.).

МОЙНЫНА ҚҰРЫҚ ТҮСТІ 1. *Біреуге кіріптар болды; еркінен айрылды.* Жекенге басын сақтап, қалар тұрып, Ерсілік айтқан сөзден кетпес іріп. Шұрқырап шыбын жанын бірге салар, *Мойныңа* бір дұшпаннан түссе құрық (А. Қор.). 2. кекесін. *Басы бос емес; үйленді; ерге шықты.* Ол жігіт жаңада ғана үйленіп, *мойнына құрық түсті* (АТ).

МОЙНЫНА ҚҰРЫМ ІЛДІ *Қорлады, көпке масқара етті.* Ол итке кигіз арнап құл киімді, Күйе жақ, *мойнына іл құрымды.* Әкеліп Қарашашты үш айналдыр! Мықтап тақ мойнына шылбырыңды (І. Ж.). Айбынды ата-аруақтар, *Мойныңа ілді құрымды.* Басына қара күн туып, Күн емес, айсыз түн туып, Бәйбіше кесті тұлымын (Б. М.).

МОЙНЫНА МІНІП АЛДЫ 1. *Басынды; басқа, шыққа шығып алды.* Сөйсекелерге бір жағын төлеп, тағы бірдемелерін түгел жеткізе алмай қалса болды, құл қылып, аяғына жіп тағады да қояды. Бұрынғыдан бетер *мойнына мініп*, малдана түседі (М. Ә.). *Жасырмай-ақ қояйын, Сыртына теуіп алыпты, Түк біткенін өзінің. Мойнына мініп алғы* дейді Шөмекей мен Жетіру Құлақ қақпас өзінің (М. Ә.). Ұстап заңды қолына Халықтың *мініп мойнына*, Бай, мырза, шора алды бел (Жамбыл). 2. *Біреудің арқасында күн көрді, масыл болды.* Е, бұл ит, ана кемпір-шалдың *мойнына мініп алды*, тірнектеп жиғанын құртатын болды (АТ).

МОЙНЫНАН ЖАЛЫ КЕТТІ *Арықтады, арыды. Жалы кетсе мойнынан, Аргымақ ат шаба алмас, Ерден туған жампозға Арыса кіре сала алмас* (Ш. Ж.).

МОЙНЫНА СУ КЕТТІ [ҚҰЙЫЛДЫ] *Еңсесі түсті, жүні жығылды.* Бөлекбас басқалардан да бетер күйінде. Тіпті жақтырмаған кісісін ішінен сыбайтын едетін де істей алған жоқ, *мойнына су кеткендей сөлбірейіп кетті* (Ә. Ә.). «Дүйсен ұрланған малын өзі іздеп баруға қорқып, Жақыпқа келгені ғой. [Жақып] Жер-жебіріне жетіп, жерден алып, жерге салды. Аяғында *мойнына су құйылып:* «Өзіңнен басқа сенерім жоқ» деген соң, әлгі иттің малын іздеп кеткені ғой...» — дейді кемпір (М. Ә.). *Су құйылып мойнына*, Не қыларын біле алмай, *Жас төгіліп қойнына*, Қозғалды жұртқан жылай (І. Ж.).

МОЙНЫНА ТАУ ТЕСІП ІЛДІ *Ауыр азап шектірді, қинады, қиын іс істетті.* Бір тау тесіп *мойнымызға ілсе* дағы, Он бір аға, үндемей қайталық сол (ҚКБС).

МОЙНЫНА ТҮСТІ [МІНДІ] *Айыпкер, жауапкер болды.* Қылмыс жасаушыға бір мың сом *мойнына мініпті* (АТ). Бірақ, прокурор телефоны Сағиттың *мойнына түсетін жаза құрығын* тоқтатып қалды (М. Ә.).

МОЙНЫН БҰРАДЫ [ҚАЙЫРДЫ] *Ырыққа көндіріп, дегенін істетті.* «Талай жылдан қонбей жүретін Алуаның соңғы күндер *мойнын қайырдым.* Не қыласың, бір тояттадым», — деген Қоңқайдың сөзін біреулер Жанұзаққа жеткізеді (М. Ә.). Бір жапырағым қалғанша қуа берем! Болысқа хат жазып беріңіз, Аманның *мойнын бұраушы* табылады, — деді (Ғ. Мұс.).

МОЙНЫН БҰРДЫ *Көңіл бөлді, қарайлады.* Құрбының теуір болсын өз мінезі, Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі. Сен оған *мойын бұрып* сөз айтқанда, Қатының да болмасын оның көзі (Абай). Арыстан Шолпанға: Қарағым, құлдық ұрдым бұл сөзіңе, Ендеше, *мойныңды бұр*, бері қарашы! — дейді (М. Ә.). Мұрат батальон сапқа тұрып, Бірінші Алматы станциясына кетіп бара жатқанда, үйіне соғып, әйелімен, баласымен қоштасып шықты. Содан кейін-ақ *мойнын бұруға* мұршасы болмады (Т. А.).

МОЙНЫН СОЗДЫ *Бұл жерде ұмтылды деген мағынада. ...Қол жетпейтінге мойнымызды создық* («Айқап»).

МОЙНЫН ШІНЕ ТЫҚТЫ **○** **МОЙНЫ ТҮСТІ** *Ұнжырғасы түсті; берекесі кетті.* Байқұстың *мойны ішіне тығылып*, жүн жеп, жабағы тышып кетіпті (АТ). *Түсті мойын*, Толды қойын, Ақты сел. Мен паң едім, Вейғам едім, Еш нәрседен қайғысыз, Тез дерттендім, Кейде өргендім, Кейде мұз (Абай).

МОЙНЫНМЕН КӨТЕР *Қандай қыншылық болса да өзің төз.* Қолыңмен істегенді *мойныңмен көтер* (Мақал).

МОЙНЫ ОЗДЫ *Алдыңғы қатарда болды, беделі асғы деген мағынада.* Жайындай өрге жүзген қадамдысың, Өр жерден атағың бар хабарлысың, Дулатта *мойны озған* жігіт дейді, Алпысбай, Мәңке менен аманбысың? (Жамбыл).

МОЙНЫ БЫҒАЙДАЙ *Ұзын тұра, тіптік.* Жолдың езуіндегі жусанды анда-санда бір қауып, жұлып алады да, *мойны ырғайдай*, жүнделген қара қайыс, көсеу құйрық қара атан изеңдей аяндайды (С. Тал.).

МОЙНЫ БЫҒАЙДАЙ, БИТІ ТОРҒАЙДАЙ [СИРАҒЫ ШИДЕЙ] *Азып-тозған, жүдеп-жадаған кісі туралы айтылады.* Той үстіне тұк таба алмай сандалып, *мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып*, азып-тозып, ханның екі баласы келеді (ҚЕ).

МОЙЫНДЫ ҚАШЫҚҚА [СЫРТҚА] САЛЫП КЕТТІ *Сырттап, алыстап, ырық бермей кетті.* Әсіресе, қоныс аралары ұзарып, жайлау-жайлаудан қайтысатын кез келген соң: «Ұрылар ұрлықты әдейі істеп отыр. *Мойынды қашыққа салып кетеміз* деп осылай етті»,— дескен Құнанбайлар (М. Ә.).

МОЙЫН ҚОЙДЫ [ҰСЫНДЫ, СҰНДЫ] *Бірқына жүрді, айтқанына көнді, бағынды.* Жүйрік тіл, терең ой, Сол күнде қайда едің? Ғашыққа *мойын қой*, Жеңілдің, жеңілдің (Абай). Бағынып барлығы да, *қойды мойын*, Бұраңдап, білдірмеді бөтен ойын. Көрсетіп кеңшілікті Кей-Қысырау, Отырды оларға енді ашып қойын (Т. І.). Жігіт амалсыз *мойнын сұнып*, Надяны орнына әкеп отырғызды (З. Қ.). Жан болмай қыбыр еткен сол әлемде, Жым болып арна-қобыз үнін басты. Мария дем алады азар-азар, Алдына *мойын сұнды* иіп басты (І. Ж.).

МОЙЫН САЛДЫ¹ *Алдына барып қиылып сұрады, өгінді.* Осынша *мойын салып* тілесе де, Құрып қалғыр жеңгесі жібермеді (ҚЖБС).

МОЙЫН САЛДЫ² *Назар аударды, көңіл бөлді.* Мендей ғаріп кез болса, *Мойын салсын*, ойлансын. Қабыл көрсе сөзімді, Кім таныса, сол алсын (Абай).

МОЙЫН СЕРІК ВОЛДЫ *Бірігіп, ортақтасып жұмыс істеді.* («Мойын серік» — көлік-құралын біріктіре жұмыс істеу, мұны кей өңірде «түйсік» деп те атаған). Елге қыстай: «Қосшыға еніңдер, егін-пішен кезінде *мойын серік* болыңдар»,— деп маза бермесе, енді оны іс жүзінде өзі көрсете бастады (Ғ. Мұс.). Жаңағылар — кедей комитетіне ұйымдасқан кедейлер. Машинаны несиеге бөліп-бөліп төлеуге алып барады. Жеке алуға ақшасы, жеке жүргізуге көлігі жетпейді. Сондықтан бірлесіп, *мойын серік* болып жүргізді (Ғ. Мұс.).

МОЙЫНТАУЛЫҚ ҚЫЛДЫ *Өлгермендік жасады.* (Алғанын қайтармай, сіңіріп кету мағынасында; бұл тіркес кей жерде кездеседі). Кезінде қарыз деп алып, енді, міне, *мойынтаулық қылып* бермей жүр (АТ).

МОНТАҢ ҚАҚТЫ *Құрдай жорғалады.* Домбыра лапылдапты, жалындапты, Жалынып, қызға жылап *монтаң қақты* (І. Ж.).

МОНШАҚТАП ТЕРЛЕДІ ○ **ТЕР** **МОНШАҚТАДЫ** ○ **ТЕР** **ОДАН** **ДА**, **БҰДАН** **ДА** **КЕТТІ** *Қара суға түскендей ағып терледі.* Егін-жай болып өтелмек *Моншақтап* тамған *тер* ізі. Төсінде орман мекендеп, Жайнамақ осы жер жүзі (С. Мәу.). Ол Саммәнің *тер моншақтап* тұрған секпіл бетіне, бірде ой өрнектелген, бірде күлімдеген көк көзіне көз астымен қарады (Қ. Наж.).

МҰЗ **АРҚАЛАП**, **КҮЛ** **ТӨКТІ** *Бар қиыншылықты көтерді, бейнетіне көнді.* Келіп үйге кірерсің, Шын қорлықты көрерсің. *Мұз арқалап, күл төгіп*, Амалың жоқ көнерсің (М. Қал.).

МҰЗ **БАЛАҚ** ○ **МҰЗДЫ** **БАЛАҚ**, **ҚАНДЫ** **КӨЗ** *Қыран бүркіт, ақ ырық алғыр құс.* Ақ ырық *мұз балақтың* жерге түспес, Кең қолтық арғымақтың алқымы іспес (Айтыс). Алатаудың қия шатқалынан көтерілген *мұз балақ* қыран, тау бүркіті Алматы төбесін көп айналып ұшты (С. Бак.). Аспанда жүріп шалқытқан, Бөктерлеп тауды қалқытқан, *Мұзды балақ, қанды көз*, Аң көрмей қанат қақпаған, Балапанын ұшқанда, Ұяда баулып сақтаған (Б. Ә.).

МҰЗ **ВОЛДЫ** *Бұл жерде өмірден торығып, жабығу сөз болып отыр.* Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма? Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма? Махаббат, гадауатпен майдаидасқан, Қайран менің жүрегім *мұз болмай ма?* (Абай).

МҰЗҒА [САЗҒА] **ОТЫРҒЫЗДЫ** [ОТЫРҒЫЗЫП КЕТТІ] *Жер соқтырып кетті; алдап кетті.*— Байтөбет ит түбіме жетті,— деді Алатай шын көңілден кейіп,— дауыға көмектесем деп, іш майымды сорып та болды. *Жауыз* талайды осылай тақыр *мұзға отырғызды* дейтін еді, мен де отырдым (С. М.).

МҰЗДАЙ **КИІНДІ** *Судай жаңа киім киді.*— Сені әскерше *мұздай киіндіреміз.* Өзімізбен бірге алып кетеміз, тілмаш боласың, бізді елмен тілдестіресің,— деді командир (С. О.). Міне, қазір Жамбыл қонағының қасында отыр. Ордендерін тағып, *мұздай киініп алған.* Мәліктің қолын ұстап, оқтын-оқтын құшақтап қояды (СҚ).

МҰЗДАЙ **ҚАРУЛАНДЫ** ○ **МҰЗДАЙ** **ТЕМІР** [КӨК ТЕМІР] **ҚҰРСАНДЫ** *Барлық қаруын түгел асынды.* Бастарындағы сеңсең бөріктері қазандай, мойындарында кілең көк темір алдаспан, қолдарында көк темір найза. *Мұздай қаруланған*, түстері де суық, жүрістері де суыт (І. Е.). Абыржымай, ақырын Теңселеді қара орман, *Мұздай темір құрсанып*, Түн қатады партизан (Ж. С.). Буырқанып, бұрсанып, *Мұздай темір құрсанып*, Алып келді шұбарды, Мойнына тағып тұмарды (АБ). Бұйырды, ертең Көкім елші кетті, Құсанның ауылына келіп жетті, *Құрсанған көк темірмен* он қалмақты Көргенде ауылдың да есі кетті (Н. В.).

МҰЗ **ЖҮРЕК** *Суыған, өмірден торыққан.* Өлі бойға жан жүгірді, Қайратым құрыш болды, нан. *Мұз жүрегім* май сықылды Еріп, от боп күйді жан (Абай).

МҰЗ [МҰЗДАЙ] **ҚАРА** **КӨК** **Дін** **аман**, **есен-сау.**— Аман-сау барып жеткіндер ме?— деп сұрады.— Серік *мұздай қара көк*,— деп, оң қалтасын ақтара бастады (Ж. Т.).

МҰЗ **ҚАРА** **КӨК** **ВОЛДЫ** *Аурудан жазылды, айықты мағынасында.* (Көбіне, мысқыл ретінде айтылады).

МҰҚИЯТ **ВОЛДЫ** *Сақ, пысық, берік болды.* Шырағым, өзіңе-өзің берік, *мұқият бол* (АТ).

МҰҚТАЖ БОЛДЫ *Зару болды, тапшылық, жоқшылық көрді.* Мінер ат, киер киімнен *Мұқтаж болған* жігіттің Шықпайды ешбір шырайы (Б. Ө.).

МҰҚЫМ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ *Күллі қазақ жұрты.* (Бұл тіркес ақынның өзі құрастырған сөз айшығы). *Мұқым қазақ баласы* Тегіс ақыл сұрапты (Абай).

МҰЛТЫМ БАР *Қаптыда қалдым, қателестім. Мұлтым бар,* қайта атайын деп шаңқылдақ сары бала сақасына жүгірді (АТ).

МҰНАР КҮН *Бұл жерде ауырғпалық басқан жайсыз шақ туралы айтылып тұр.* Мұнар да, мұнар, *мұнар күн* Бұлттан шыққан шұбар күн. Буыршын мұзға тайған күн... Бұндай ерді кескен күн (М. Ө.).

МҰНАР ТҮНДЫ *Тұман басты. Мұнар түнеп,* бұлт көшкен Асқар белге ұқсайды. Кенетінен ду етсе, Тас қопарып, тау бұзған Аққан селге ұқсайды (Д. Б.).

МҰНДАЙ К... ҚАЙДАН БІТТИ САҒАН *Орынсыз бағылдықы көрсеткенге айтылатын кейіс сөз.*

МҰНДАР ҚУ БАС *Бұл жерде ақын халық мұңына қарсы тұрған, соқа бастың қамын ойлаған қаныпезер кісіні айтып тұр.* Па, шіркін! Исатайдай сабаз тумас, Қас итсің, қасыңа да адам жұымас. Ел ұстап жұрт билейтін қылығың жоқ, Хан емес, қас қатынсың, *мұндар қу бас* (М. Ө.).

МҰҢ АШАР *Мұңын айтар, сырын шертер.* Сырласары, *Мұң ашары* Менің үшiн кім екен (Б. К.).

МҰҢ МЕН ЗАРЫН [ШЕРІН] ТАРҚАТЫ **○** **МҰҢ ШАҚТЫ [МҰҢЫН ТАРҚАТЫ]** *Көрген қиыншылығын, қайғы-қасіретін айтып, көңілдегі шерін кетірді. Мұңым шағын жылаймын.* Көзімнің жасын бұлаймын (АӨ).— *Жоқ, Қазеке? Мен сенімді жоғалтқан жоқпын. Жоғалтқанымды тапқан жанмын. Мен сізге мұңымды шаққалы, мұңымды емес, адал жүрегімнің арызын айтқалы келдім,—* деді Темір (Ө. Ө.). Сондай түнде ұйқылы-ою жатқанда, Шыға алмастай терең ойға батқанда, Қашан атар екен деп таң таңырқап, *Жатқанымда* көзді тігіп аспанға Естілді бір төтті дауыс тамылжып, Байқағанға ұқсайды *мұң шаққанға* (Б. К.). «Түрегел, қызым, сөйле!»— деп, Мен айтайын сөзімді, *Тарқатайын мұңымды.* Не қылайын сөзге бой тежеп (А. Аз.).

МҰРАДЫ МҰҢ БОЛДЫ *диал. Мұратына жетті, дегеніне жетті* (Орал: Чап., Жым.).

МҰРА ҚЫЛДЫ *Атадан балаға мирас болып қалды.* Бөжейдің өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жер — осы Тоқпамбет қыстауы (М. Ө.).

МҰРАПАҒА ЖЕТТІ *диал. Мақсағқа, мұратқа жетті.* Жұрмағамбет ойлаған мұрапасына жетті (Ақт., Ырғ.).

МҰРАТЫҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН *алғыс. Тілегің орындалсын! Ойлаған мұратың қабыл болсын,* шырағым. Өркенің өссін! (АТ).

МҰРАТЫ ҚАСЫЛ [АСЫЛ] БОЛДЫ *Ойлағаны, көңіліндегі орындалды, мақсаты орындалды.* Бұл сөзді сынамаққа сұрадыңыз, Шешейін қасыл болса мұрадыңыз, Сырттағы тамам сөзді есітуші, Екі үзгір түрмедегі құлағыңыз (Ө. Найм.).

МҰРАТЫНА ЖЕТТІ **○** **МҰРАТ ТАПТЫ** *Мақсаты орындалды, тілегені болды, арманы орындалды.* «Мұратқа жетсем, Тептегіс етсем»— Көңілім тілеп қоймайды (С. С.). Күшікбай батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен деп, бағанағы көрі әңгімесін тоқтатушы еді (М. Ө.). Дүние қуған көңлім Нәпсіменен қартайған, Хақ диуанға асықтай *Мұрат тапқан* құдайдан (Ш. Б.).

МҰРАТЫН ЕШ БЕРМЕСІН! *қарғыс. Тілегің еш орындалмасын деген мағынада.*

МҰРАТЫ ТАУЛАП ОТЫРДЫ *диал. Қуанып отырды, көңілденіп отырды* (Гур., Маң.).

МҰРНЫ ҚАНАП ЖАТҚАН ЖОҚ *Қиналатындай, зорығатындай іс істеген жоқ.* Мұнда мұрны қанап жатқан жоқ. Аз күн қара көрсеткені мақұл (АТ).

МҰРНЫМДЫ [ҚҰЛАҒЫМДЫ] КЕСІП БЕРЕЙІН *Дәл осылай болуына шек-күмән-нұм жоқ деген кекесін мағынада айтылады.* Жексен Болатқа сұрланып тұрып:— Ертең бұның, балалар, сонда қып-қызыл күшік таппаса, мен мұрнымды кесіп берейін,— дейді (М. Ө.).— Өзің науқастан амансың ба? Шәкеннің іші ағарса, Жақыптың іші ағарар, мына мұрнымды шорт кесіп берейін (Ғ. Мұс.).

МҰРНЫНА ИСІ КЕЛМЕДІ *Ештеңеден хабары жоқ, дәнеңе білмеді.* Қазақтың мықты ұстаған бұл бір ісі, Ойлайды келмес жоқ деп байдың күші. Надан бай өнер, ғылым қайдан білсін, Өмірінде келмесе егер *мұрнына исі* (Б. Өт.).

МҰРНЫНАН ЕСЕК ҚҰРТ ТҮСІП ҚАПТЫ *кекесін. Байыды.* (Өбден болып, паңданып отыр деген мысқыл).

МҰРНЫНАН СОРАСЫ АҚТЫ *кекесін. Бұл жерде елеусіз жап-жас мағынасында.* Міне, енді «жаман Мұқаңның» бір кездегі мұрнынан сорасы аққан жетім Сәбиті «Киркрай» аталатын үкіметтің мүшесі болды! (С. М.).

МҰРНЫНАН ТІЗДІ *кекесін. Ештеңені қалдырмай қамтыды, тізбектеді.* Отырған кісілерді мұрнынан тізіп санап шықты (АТ).

МҰРНЫНАН ШАНШЫЛЫП ЖҮР **○** **МҰРНЫНАН СУ КЕТІП ЖҮР** *Жұмыстан бір сәт босамады, қолы тимеді.* Егер қатар

лақтаған жалқы ешкі болмай қалса, онда емізiк беру, аңдып отырып кезек емізу Мұслиман мұрнынан шанышылдырды (С. Б.). Байқұсты қайтсiн, өзiнiң де мұрнына су кетiп жүр (АТ).

МҰРНЫН ЖАРДЫ *Иісі кеудені атты, ісі аңқыды.* Мiнген атың қара-ды, Бауырынан жарады. Шыныңды айтшы, шырағым? Жөргектегі іісің *Мұрнымды жарып* барады (АБ). Оң жақта анда-санда жанап өткен бұрымнан қош ііс аңқып, *мұрынды жарады* (М. И.), «Жарықтық, осы Талдыбек жер шұрайы ғой», — деді Ахмет аңқып *мұрын жарып* бара жатқан кер жусан ісімен құшырлана дем алып (Ө. Н.). Күн ыстық шөлдеп келгеміз. Сұп-суық сары уыз қымыз. Шөлдеген кісіні аңсатарлық қымыздың қышқыл қызықты ісі *мұрынды жарып*, кеудені атады (С. С.).

МҰРНЫН КӨККЕ КӨТЕРДІ [ШҮЙІРДІ] **МҰРНЫН ШҮЙІРДІ** [ШҮЙІРЕ ҚАРАДЫ] *Паңсыды, өзін басқадан артық санады, тәкаппарланды.* Сонда бұл *мұрын көкке көтереді.* Адамсып маңғазданып жөтеледі (Ы. А.). Бай сонда *көтермес* пе *мұрын көкке*, Етер ме көтердің деп оларға өкпе, Аурусыз «актүп» деп құр жөтелеп, Паңдықты байқаппас па төңірекке (С. Т.). *Көтерер* надан байлар *мұрын көкке*, Артықсып, қоразданып тектен-текке. Еркіне жібермесең және болмас, Айтқанмен ақылы таяз, өтпейді өкпе (Б. Өт.). *Мұрынды* неге *шүйіресің?* Әкем бастық деп көкірегіңе нан піспесің. Мен ешкімге ақымды жібере қоймаспын, білдің бе? — деді (М. И.). — Бірталай жазушыларымыз оқиғалардың уақыт елегінен екшеліп өтуін күтіп, келелі, кесек туындыларды кемелді күнде береміз деп, әдебиеттің «ұшқыр кавалериясы» — шағын жанрларға *мұрын шүйіре* қарайды (ҚӨ).

МҰРНЫН ТЕСКЕН ТАЙЛАҚТАЙ [ӨГІЗДЕЙ] **МҰРЫНДЫҚТАҒАН ТҮЙЕДЕЙ** кекесін. *Көңіш, ырыққа ергіш, жуас.* — Кетсеңші енді, Махмұт, кетіп қал! Мынау тұрғансын, сені оңдырмайды. — Жоқ, саспаңыздар. *Мұрын тескен тайлақтай* жуасытып берем сендерге бұл аюды (Д. Ө.). Жалғыз көз қарасының өзімен-ақ, Ғалияның оны [Балуанды] арбап, қуатын да, қайратын да, сана-сөзімін де *мұрындықтаған түйедей* жетегіне алғанын абайламай отырмысың, — деді отырғандардың біреуі (С. М.).

МҰРНЫНЫҢ АСТЫН КӨРМЕЙДІ *Ештеңені сезбейді, түсінбейді.* «Мен де тудым атадан, Арғықсың ба сен менен?» Деп шықпай ма кей надан, *Мұрнының астын көрмеген* (М. Сұл.).

МҰРНЫҢ ЖЫЛДЫҢ ИСІ КЕЛДІ МЕ? кекесін. *Көп ұйықтаған керенау кісіге айтылады.*

МҰРСАТ БЕРДІ *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады.* Бұрала біткен емендей, Қисық туған сорлы ағаң, Хан сөзіне сенгенім, Он күн *мұрсат бергенім* (М. Ө.).

МҰРТТАЙ ТҮСТІ [ҰШТЫ] **ҚАЛПАҚТАЙ ҰШТЫ** [ҰШЫП ТҮСТІ] 1. *Жалпегіп, баудай құлады; кенет сылқ жығылды.* Қараңғыда жолдағы тасқа сүрініп, *мұрттай ұшты* (АТ). Төстік оған шыдамай, табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, *мұрттай ұшырды* (ҚЕ). Оқ жұмсамай ұмтылды, Алмақшы болып офицер, Қаражанның атына, Жақындап қолы тимей-ақ *Мұрттай ұшты* қапыда (Н. Б.). 2. *Ауырып қалды.* Сейілдiң дiм-кәс әйелi бар екен. Бiр күнде топ баланың ішінен отқа ұшқандай үш бірдей баласы *мұрттай түскенде*, ол ес-түстен айрылып, ыстық істеп беруге де жарамай қалыпты (М. Ө.).

МҰРТЫ КЕТІЛМЕДІ [СЫНБАДЫ, ШАҒЫЛМАДЫ] *Кемімеді, азаймады, орта түспеді; ештеңесі кетпеді.* Мөлдіреп, жаудырап ағып жатқан көк қасқа бұраң су анау. Соны бөктер. Әлі қылшығы құрамаған. Бір тал шептің *мұрты сынбаған* деген осы-ақ (М. Ө.). Қанша қомағайланып жегенімізбен, мол құырдақтың *мұрты сынар* түрі жоқ (С. М.). Панферов Карпов полкындағы қиындықты өз көзімен көріп қайтып еді. Алғы шеп сиреп, таусылып барады... Тек осы тылға, штабқа келгенде ғана дивизияның *мұрты* да *шағылмаған* сияқты көрінеді (Т. А.). Бұл жердің оты қыстың екі айына *мұрты шағылмай* жетеді, шауып алған шөбіңмен бірдей (Т. А.). Қанша да болса көпсінбей, қылғып жұтып алады да, баяғы осыдан жүз мың, он мың жыл бұрынғы меңіреу күйінде өз бойыңдағы бір тасының *мұрты шағылмастан* бедірейеді де тұрады бұл заңғар (Ө. Н.).

МҰРТЫНА ҰСТАРА ТИДІ өзіл. *Ер жеткен, есейген, азамат болған.* Содан кейінгі *мұртына ұстара тиген* уақыттан бері қарай соғысқа дейінгі он жылы бір төбе (Ж. Т.).

МҰРТЫНА ҰСТАРА ТИМЕГЕН **МҰРТЫ ҰСТАРА КӨРМЕГЕН** **ҰСТАРАСЫЗ ӨСКЕН МҰРТ** *Тежеусіз, тыюсыз, еркін кеткен.* (Бұл бағзы уақыт бозбалала сықпақ ретінде айтылады). *Мұрты ұстара көрмеген*, тілі ұстаз тыюын білмеген (АТ).

МҰРТЫН БАЛТА КЕСПЕЙДІ [ШАП-ПАЙДЫ] өзіл. *Ісі орнықты, шаруасы сай, дүниесі түгел.* [Жандос Ізбасарға:] Япырау-ау, жатақтағы он шақты үйдің мектеп салуға шамасы келе ме? — деді. — Келеді. Қазір олардың *мұртын балта кеспейді*. Үй саны жиырмадан асты. Артель болуға айналды (Ғ. Мұс.). ...Үлкен мұз аралына орналасып, қамыс қосымызды қайта тіккенімізге екі-үш күн болғанды. Мынау мұз аралында біздің *мұртымызды балта кеспейді* (Ө. С.). Алматыға келгенімізге бақандай қырық күн болшыты. Содан бері кітап жаттамай, мен шалды айға бата оқыды дейсің бе? Қазір менің *мұртымды балта шаппайды* (ЛЖ).

МҰРТЫН БАСТЫ *Сақал-мұртын түзеді.* Соғыс әуресі кейінгі күндері... *мұртын*

басуға мұршасын келтірмегені сезіледі (Б. Мом.).

МҮРТЫН МАЙЛАДЫ 1. *Аузын алды, құр алақан қалдырмады.* 2. *Ішіп, жеді.* Қой құйрығын соратын жерге жіберсең, сенің де *мұртың майланып* қалар еді,— деді Бақтыбай (С. Ад.).

МҮРТЫН СЫНДЫРДЫ *Шегінен азайтты, кемітті, біртіндеп тасып бігірді.* Жота-жота боп үйілген күртіктердің *мұртын сындыруға* бір кісі мен ат түгіл, ондаған кісі мен ондаған аттың шамасы келер емес (С. М.).

МҮРТЫН ШАҚТЫРМАДЫ д и а л. *Тигізбеді, қол сұқтырмады.* Колхоздың шөбін күні-түні бағып, *мұртын шақтырғанымыз жоқ* (Шымк., Арыс).

МҮРТЫНЫҢ АСТЫНА ЖАСЫРДЫ *Бұл жерде іштей сықақ етті деген мағынада.* Игіне дейін өзін сенен артық сезіп, мысқылын *мұртының астына жасырып* жүретінін қайтерсің (Ө. Н.).

МҮРША [ШАМА, ХАЛ] ЖОҚ *Мүмкіндік жоқ, амалы жоқ.*— Өлмей жүрміз-ау, әйтеуір. Ел жатқан соң, үйге барып, жинап беруге де *мұршам жоқ.* Табалдырықтан аттай бере, мұрттай ұшып жығылам (М. Ө.). Аман мен әйел де солардың қасына паналады. Аяқтары шылқылдаған су. Оны ескеруге *мұрша жоқ* (Ғ. Мұс.).

МҮРШАСЫ [ШАМАСЫ, ХАЛІ] КЕЛМЕДІ *Мүмкіндігі, жағдайы болмады, күші келмеді.* (Мұның болымды түрі қолданылмайды). Содан кейін балапандарына жем іздеп алысқа кетіп, бір айда бір-ақ қатынап, *мұршасы келмей* жүреді екен (ҚЕ). ...Сөйтіп жүріп «ақыр заманның» келгенін бір-ақ біліп қалармыз да, ағайын қайта табысуға *мұршаң да келмес* әлі (Ғ. М.).

МҮРЫНҒА СҰҚҚАНДАЙ ЕКЕН д и а л. *Үйлесімді, жақсы.* Үстіңдегі киімің *мұрынға сұққандай* екен! (Ақт., Бірғ.).

МҮРЫНДЫҚ БОЛДЫ *Дәнекер, себепкер, ұйтқы болды.* Тегінде, клуб киноленганы айналдыра беретін орын ғана емес. Мәдениет жаршысы, барша жақсылықтың *мұрындығы болу* керек қой (ЛЖ). Республика жастарына *мұрындық болып* мұндай игі істі бастаған соң, оның барлық қиындықтарын да жеңуге тура келді (ЛЖ).

МҮРЫНДЫҚ КӨРДІ д и а л. *Сылғау етті, болмайтын нәрсені себеп етті, кедергі етті.* Әр нәрсені *мұрындық көріп*, тіршілік етпеу ғой сенікі (Алм., Жам.).

МҰСАЛЛАМ БОЛДЫ д и а л. *Кенді, нанды.* Мен, шырағым, сіздің сөзіңізге мүлдем *мұсаллам болдым* (Қос., Аман.).

МҮДДЕСІНЕН ШЫҚТЫ *Арман-тілегінен, ойынан шықты.* Осынау шоқша сақал, шегір көз, ақсары адамның ел *мүддесінен шығу* арқылы жетпек болған

жеке басының мақсаты да бар екенін аңғармаған (І. Е.).

МҮЙІЗ ШАЙҚАДЫ д и а л. *Қорқытты, ренжітті.* *Мүйіз шайқамай*, тыныш отыр (Орал, Қаз.).

МҮЙІЗ ШЫҚТЫ [ШЫҚПАЙДЫ] *Қарық болды, кенелді, дегені орындалды, жетісті.* (Кекесін мағынада). Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең, *Мүйіз шығар* қатынның тіліне ерсең. Тіпті оңбасың өзіңе-өзің мез боп, Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең (Абай). Бес жасыңда, Қарт Қожақ, Жас шыбықтан жай тарттың, Жалғыз шиден оқ аттың, Атқан оғың жоғалттың, Кәні *шыққан мүйізің?* (ЕТ). Ай, Қазы би, Қазы би, Көзіңді сал пайдазиянға-ай. *Шыға қалмас мүйізің*, Кетені қуып қияға-ай (Ш. Ж.).

МҮЙІЗІ ҚАРАҒАЙДАЙ *Жарамды, мықты, зор, нағыздың өзі, қасиеті мол, дәрежесі жоғары.* Сол-ақ екен ақсақалдар бәрі маған үрпісіп: — Сен қайда оқығансың? *Мүйізі қарағайдай* жуан молда да, қызыл молда да басқа үйде отыр-ақ куәлерден сұратып оқи беретін деп, ал келіп дуылдасты (С. Т.).

МҮЙІЗІНЕ ІЛДІ *Шет қақпайлады, сыйыстырмады, күн көрсеппеді.* [Мырқалға] Жоға! — деді, Абзал есікті нұсқап... Русаков мені *мүйізіне іле* алса, іле берсін. Сен оған қыстырылып қадіріңді кетірме. Онымен ұзаққа бара алмайсың (Ө. Ө.).

МҮЛТ КЕТТІ [КЕТПЕДІ] *Дәл тигізе алмады, жаза тиді, шалыс басты.* Фашистер қараңғыны қанша жақсы көрсе де, ай бетіне шымылдық құра алмапты. Көздеген нысана алдында мезгегенің *мүлт кетер* емес (Ғ. М.). Бар күшім ойнар төбенде. Атқан оғым *мүлт кетпес* (Қ. Қуан.). *Мүлт кеткен* жерін енді көрген Н. Афанасьев үндеген жоқ. Кетіп бара жатқан Бөкірге ұзақ қарап қалды (ЛЖ).

МҮҢКІР БОЛДЫ *Сенбеді, қарсы болды.* Бұлардың көбі — иманның жеті шартынан, бір алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі *мүңкір болып*, тахқиқлай алмағандар (Абай).

МҮРДЕМ КЕТ [КЕТКІРІ] ○ **МҮРДЕМ ҚАТ!** қ а р ғ ы с. *Өл де қал, мола жайың болсын, соған барғыр деген мағынада.* Сайтанды әкет аулақ, біздің діннен, *Мүрдем кет*, сол сиқырлы қызықменен (Қ. В.). — Уәй, Оразбай, не дауың бар? Шын жақсы болсаң, саған айтылған сөз емес. Ал жаман болсаң, жаңағы сөзден өзінді-өзің танысаң, өз обалың өзіңе!... *Мүрдем қат!* — деп, Оспан сақылдай күлгенді (М. Ө.).

МҮРДЕМ КЕТТІ *Өлді, жан тапсырды, жойылды.* Мендей екенізді бір жыл болмастан ұмытқаныңыз ұятсыздық емес пе? Өлде мені *мүрдем кетті* деп пе едіңіз (Ө. Ө.). Үйіріп-үйіріп лақтырып жібер.

Екінші рет бұл жөнде айту түгіл, сыр бердің бар ғой, *мүрдем кетірем* (С. М.).

МУРИТ БОЛДЫ д і н и. *Ишан, молдаға қол берді, шәкірт болды*. Ореке, сөз бастайын, жолың қисаң, *Мурит боп* ең ғой пірге сен Зейнолла ишан, Жаңа тағы өңкеңдеп қол тапсырдың, Шұлғыған ақ сәлделі бұл қай ишан (А. Қор.).

МҮСӘПІР БОЛДЫ [БОП ҚАЛДЫ] *Кіріптарлық күйге түсті, өмірден таршылық көрді, бейшара күйге түсті*. Менің сыбағамды берсең де қондыршы, кім біледі, менің екі құлыным да осындай *мүсәпір болып* жүрген шығар,— деді (И. Б.). Байқұс атакем көзінен айырылып *мүсәпір боп* қайтты ғой. Есіл атакемай, ендігі күні не болар екен!? (АТ).

МҮСӘТ ЕТТІ д и а л. *Қанағат қылды, місе тұтты*. Аязды аясынбай *мүсәт ету* керек (Гур., Маң.).

МҮШЕ АЛДЫ¹ *Сыбағаға ие болды*. *Мүше алып* мерекесін көргеннен соң, Қол жайып ақсақалдар бата берді. Мырзаға қош айтысып атқа мініп, Адамдар жер ортасы қайтады енді (М. С.).

МҮШЕ АЛДЫ² д и а л. *Жерден күміс алды*. *Мүше алуға* жақсы ат керек. *Мүше алу ойыны* бірте-бірте қала бастады (Қ. орда, Сыр.; Жам.; Шығ. Қаз., Күр.).

МҮШЕ БЕРДІ 1. *Мүшелі сүйекті табақ тартты*. Көрі күйеу сынап жүрер, *мүшесін беріп* табақ тартыңдар, күйеу табағын қоса апарыңдар (АТ). 2. *Сыйлық тартты*. Тойдың үстіне кез келді деп, маған он сом *мүше берді*. *Мүшесін алып* жүріп кеттім,— деді Уәли (Б. М.).

МҮШЕДЕН КЕЛГЕН ТАЙ *Жарыста, тай жарыста* жүлде алған. Сирек қой, шіркін Қас тұлпар құрыш тұяқты, Адамның жөні өзімен. *Мүшеден келген тайлардың* Дәметіп жүрміз кезінен. Ат болар тұқым Белгілі құлын кезінен (З. Шүк.).

МҮШЕЛ ЖАС ҮЛКЕН *Ескі жыл санау дағдысы бойынша 12 жас (бір мүшел) үлкен*. Осы жігіттің өзінен *мүшел жас* үлкен екенін білді. Басына ақ жаулық түсісімен, бакытсыз болған талай құрбы қыздарды көрсе де... ол өзінің келешегінен қорықпады (ЛЖ).

МҮШЕЛ КЕЛДІ *Ескіше жыл қайыруда он үш жасқа толғасын әрі қарай он екі жылды үстемелеп қосып отыру туралы айтылады (25, 37, 49, 61, 73...)*. Алпыс бір *мүшел келді* мерттей болып, Өтпедің сол *мүшелден* серттей болып. Кешегі дулап жүрген ер Құлеке, Су тиген сөне қалдың өрттей болып (Ш. Құл.).

МҮШЕСІНЕН БУЫНДЫ *Мықынынан, белінен буынды*. Бір аршопке шапаны сондай шап-шақ, *Мүшесінен буынып*, басады алшақ. Қарсы алдына жымырып келтірем деп, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ (Абай).

МҮШЕСІ СОЛДЫ *Арыды, жүдеді, егі қайтты*. Белгісі керіліктің кеудең толар, Жетел мен түрлі қақырық пайда болар. Жасыңда қандай толық болсаң дағы, Белгісі керіліктің — *мүшең солар* (Ш. Құл.).

МҮШКІЛ ХАЛІ *Үмітсіз жағдай*.— Сен қорғанның ішінде *мүшкіл халде* жатқан жеріңнен осы үйге алып келдім...— дейді қыз (ҚЕ).

МЫЗҒЫП АЛДЫ *Көз ілдірді, азғана ұйықтады*. Үнсіз отырған Абайдың басы зеңіп, пысынай түсіп, ұйқысы келді. Сонымен ас піскенше *мызғып алмақ* болып, жантайып, жатып қалды. Ербол да ұйқыға кеткен еді (М. Ә.).

МЫҚТЫЛЫҚ ЕТТІ *Күш көрсетті, кеуде қақты*. Сонда тұрып әскерлер:— Барамыз,— деді,— аттанып, Бәрі де *егіп мықтылық*, Тұрды солай мақтанып (БатЖ).

МЫҢ АСҚАНҒА БІР ТОСҚАН *Менменсіген, көкірек керген кісі де тобасына бір келеді деген мағынада*. *Мың асқанға бір тосқан* деген. Күн бір жауса, терек екі жауып... Онсыз да елдің жылауы, дерті аз боп тұрған жоқ бұл күнде. Мынадай қан жылап тұрған күнде көзге шұқыма-сандар етті, тым құрса (М. Ә.).— Вазым, не керек! Ер кеудеде «кек» деген өлексе боп шіріп кетсе, сол қорлық та! Тұяқ серпер күнім болса, сол осы-ақ! *Мың асқанға бір тосқанның* шағы кеп тұрған сәтім осы-ақ!... — деп тоқтады Жиренше (М. Ә.).

МЫҢ БАСЫ к ө н е. *Ескі уақтағы сарбаздар бастығы*. *Мың басы*, бектері бар алты-жеті, Өзінен басқаныкін жөн көрмеген. Ұлдары өр көкірек батырсымақ, Басқаға менменсініп жол бермеген (И. Б.).

МЫҢ БОЛҒЫР а л ғ ы с - т і л е к. Өзі бір *мың болғыр* екен! Не деген ниеті жақсы адам! (АТ).

МЫҢҒА БАЛАДЫ *Көпке, қылбатқа теңеді, қадірледі*. Батырды айтсам ел шауып алған талап, Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап, Өншейін күн өткізбек әңгімеге Тыңдар едің бір сөзін *мыңға балап* (Абай).

МЫҢҒА ЖАЛҒЫЗ БОЛМАЙТЫН *Батыр, ер (жау) жүрек*. Арыстанбыз алыс-сақ алмай қоймайтын, Аш бөріміз ағыз-сақ қанға тоймайтын, Қолда қуат, бойда сымбат, жүректе от, Жас періміз *мыңға жалғыз болмайтын* (Б. К.).

МЫҢҒЫРҒАН МАЛІ *Өте көп, қаптаған түлік*. Майда шуақ, жылы жаз Ұлы Совет елінде, Ел ырысы — құт, байлық Береген мырза жерімде, *Мыңғырған мал* жайылған Байшешекті белімде (Н. В.).

МЫҢ ДА БІР АЛҒЫС [РАҚМЕТ] *Көп-көп рақмет*. Осындай ұл-қыз өсірген ата-анаға *мың да бір алғыс* (АТ).— Сендерге *мың да бір рақмет*. Ақ қар, көк мұзда қысылып келген, толып жатқан жаңа жұртқа өз мекен-жайларыңды бер-

дің. Өздерің қысыла, қымтырыла отыруға шыдадыңдар... — деді Сандыбай колхозшыларға (М. Ө.).

МЫҢ ДА БІР ЕМ [ДАУА, ЗӘРУ] *Іздесе таптырмайтын шипа; ең керектісі, қажеттісі деген мағынада. Бүркіттің қоясын мұсатыр әрі құстыруға, әрі ішін тазалауға мың да бір ем (С. Қ.). Қозғалған дертке, Өршіген тартке, Мың да бір дауа жазды шөп (Б. К.). Қазір қалада не көп, фотоаппарат көп, соның жабдығы көп: Елде біздің мың да бір зәруіміз сол заттар (ЛЖ).*

МЫҢ КҮН СЫНБАҒАН ШӨЛМЕК БІР КҮН СЫНАР *Ақын бұл жерде жасаған жамандық ақыр бір күн алдына келеді, жазасын тартады деп отыр. (Арамдық қайткенде де бір күн білінбей қалмас). Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық, қылдым деп қағар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек (Абай).*

МЫҢҚ ЕТПЕДІ *Қозғалмады, мызғымас. «Нүридың тәуір-ақ отырған екенбіз» деуі Шәкірге «осымен аяқтайық» деген құлақ қағысы еді. Бірақ, Шәкір мыңқ етпеді (М. И.).*

МЫҢ ҚҰБЫЛДЫ *Сан алуан түрге түсті. Қиядан шалынған бұлыңғыр сағым өзінің алыс үмітіндей мың құбылды (Р. Тоқ.). Ой шіркін, еп-сөтте мың құбылды-ау! Сенің атың осы Мыңқұбыл болсын! — депті (АТ).*

МЫҢ МӘРТЕБЕ [ҚАЙТАРА] *Бірнеше рет, қайта-қайта. Бәрекелде... Бір Абай емес, енді міне бәріміз айталық. Осы қылғаныңа исі Үйсін, Дулат, мұқым тегі Ұлы жүз баласы мың мәртебе алғыс айттық саған (М. Ө.). Ілтипат маған жан деп еткеніңе Ішімнен мың қайтара алғыс бердім (С. Д.).*

МЫҢНАН БІРЕУ [БІРІ] *Көптен біреу, көптен жеке-дара, өте сирек. Қуанбақтық пен бақ — мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...і ашпайтұғын ақылы бойында қалады (Абай).*

МЫҢНАН ШЫҚҚАН, ЖҮЗДЕН ОЗҒАН *Көптен озған жүйрік, шешен. Саңлақ ед, шыққан мыңнан, озған жүзден. Көп сұлу көзін сүзген, күнді өткізген. Қызықтың айдынына құлаш ұрып, Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген (І. Ж.).*

МЫҢ САН *Көптеген, толып жатқан деген мағынада. Тірі болсам айдармын, Әлі-ақ мың санды да; Тірі болсам құшармын. Аққудайын ыранған, Өкішесіне қаранған, Аймандай аппақ панды да (Д. Б.).*

МЫҢ ТҮРЛІ *Сан алуан. Біреуді өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек (Абай).*

МЫҢ ТҮРЛІ КҮЙГЕ САЛДЫ *Құбылты, құйқылжытты. Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып, Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып, Мың түрлі күйге салып толқындады. Маңайда жан біткенді таңырқатып (Абай).*

МЫРҒАМ ЖЕР *диал. Малға қолайлы жер, отты жер (Гур., Маң.).*

МЫРЗА ЖЕЛ *диал. Ақырын соққан жел. Мырза жел соғып тұр, бидайды ұшыртып бітіріңдер (Қос., Аман.).*

МЫРС ЕТТІ *Кекете күлді. — Сол құлынды бүгін олар жер ме екен, біз жер ме екенбіз өзі? — деп мырс етіп күліп қойды (М. Ө.). Бөлекбас қабырғадағы суретке қарап еді, Сәуле ақырын мырс етті. Оның неге күлгенін толық сезбесе де, Бөлекбас өз-өзінен қуыстанып, қыбыжықтай бастады (Ө. Ө.).*

МЫСТАН [ЖАЛМАУЫЗ] КЕМПІР *Ертегілердегі кейіпкер, зальмдық иесі. Басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, к...і киіз бір мыстан кемпір келді (АБ). Мыстан кемпір сықылды. Екі беті құнысқан Қан майданнан қағыс боп, Өбдіғанапар жылысқан (О. Ш.). Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге: — Ат басындай алтын берейін, қоя бер, — дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді (ҚЕ).*

МЫСЫ БАСТЫ [ЖЕҢДІ] ӨСҰСЫ БАСТЫ *Біреуден қаймықты, тайсалды, үндей алмады; аруағы басты. Айтқанын тыңдай бергеннен басқа хал жоқ, мысы басып тұрады. Ал мен ғой, бұрынғыдай емес, манағы бір елес боп көрінген алып тұлғалы әйелдің мысы басқандай, бір түрлі именіп, жасқанып қалған сияқтымын (Ө. Сат.). Әлде ел аузына ілінген жас батырдың мысы жеңді ме, бие сауымындай мезгіл алысқаннан кейін Байтабын жығылғанды (І. Е.).*

МЫСЫҚ БОП ТЫҢДАДЫ *Қорқып, бұғып, үрейленіп тыңдады; құлақ түрді. Бір дауыс осы таңда саңқылдаған, Мысық боп бұл дауысты жан тыңдаған. Иіріп бір шыбықпен жүр Қарашап, Астында ақбоз атпен жарқылдаған (І. Ж.).*

МЫСЫҚ КӨМБЕ ҚЫЛЫҚ [МІНЕЗ] *МЫСЫҚ ҚЫЛЫҒЫ* *Көңірсігіп, бықытып жүрер, пыш-пыш әңгімесі бар, сасық құлығы бар кісі туралы айтылады. Осының мысық көмбе мінезі құрысын! Бір нәрсені көңірсітеді де жүреді (АТ). Мысықтан басқаның қылығы жататын ба еді, жетті де жаманат! (Ғ. М.).*

МЫСЫҚ КӨМБЕСІ ЖОҚ *Бүгери, бұқпантайы жоқ, ақ көңіл деген мағынада. Асқар ашық, айқын жазады. Жасырар-бүгери, мысық көмбесі жоқ жазушы (Ғ. М.).*

МЫСЫҚ ТІЛЕУ *Арамдық, жамандық ойлау мағынасында. Зоридаш шошып: Ах, — деді. Ертеңіне Зоридаш өлі бала*

туды. Кемпір: — *Мысық тілеу жетті ғой түбіне қайтейін!*— деп, маңдайын тоқпақтады (Т. Ө.).

МЫСЫ [МЫСЫМ] ҚҰРЫДЫ *Амалы таусылды. Жас қатғын, баласы жоқ, заты қазақ, Мүлкіне өзі ие өлген байдың. Қызығып оған Әжібай дүниесі үшін, Алуға жұмсап еді айла-күшін; Екенін дүниесі үшін о да біліп, Әжібайдың, тимей, бірақ, құртты мысын (С. Т.). Қаскүнем жер астына қалды бұғып, Барады жануар ат әлі құрып. Бұрылмас бауыздасаң басы қатты, Талды ма шіркін жігіт мысы құрып (Ғ. Қ.).*

МЫСЫ ШЫҚТЫ д и а л. *Аты шықты.* Осы колхозда істегеннен бері Жанайдың мысы шыққан жігіт емес (Қ. орда, Жал.).

МЫШТАЙ БОЛДЫ *Жуасыды, жым болды.* Бұрын балаларынан мұндай сөзді естіп көрмеген Ақмарал әуелі *мыштай боп* сасып қалды. Алақтап қызына қарады (З. Ш.).

МІГЕРСІЗ ӨМІР д и а л. *Қасірет-қайғысыз заман.* Сен тек тірліктің бұнымен таусылмасын, түннің артында күн барын, аралас жүретін және бір жарық күн кеп жер бетінде ертең тағы *мігерсіз өмір* басталатынына сенесің (Ө. Н.).

МІЗ БАҚПАДЫ [ҚАҚПАДЫ, ЕТПЕДІ] *Бүлк еткен жоқ, бедірейді де қалды, шыдап бақты.* Қаланың да, даланың да мырзаларынан, кемде-кем... Бірақ бұлардың біреуіне де әкесі *міз баққан* жоқ. Әкесінің тулап алысқа бара алмайтынын айқын аңғарып, іштей мырс-мырс күліп жатқан Сатай оңайлықпен берілмеді. Ол *міз бақпай* бұрынғысынан бетер бедірейді (М. И.). Арынғазы бұған да *міз бақпағасын* Саша секем алып, оның алдына еңкейіп еді, мұрны ғана пысылдайды (З. Қ.).

МІНӘЖӘТ ҚЫЛДЫ д и а л. *Сұрады, тіледі. Мінәжат қыл намаз оқып отырсың ба?*— деді (Жамб., Шу).

МІНӘСІП [МІНӘСӘР] КӨРМЕДІ д и а л. *Орынды, лайық, жөн демеді.* (Шығ. Қаз., Больш.). Баламен тілге келісіп жатуды бойына *мінәсәр көрмеді* (АТ).

МІНЕЗ ШЫҒАРДЫ *Оқыс қылық көрсетті.* Аздан кейін Мөңке тағы да аяқ астынан *мінез шығарып*, Еламанды тақымынан басып қойып, көрдің бе, бала! Азуы пышақтай, арқасы ошақтай ағаларың, эне, анау үйірге түскісі кеп жүр,— деп босаңдау ғана лекітіп күлді де,— жә, мен кетейін,— деп түрегелді (Ө. Н.).

МІНЕЗІ АУЫР *Салмақты, байыпты деген мағынада.* Әлжан өзі жаратылысында салмақты, *мінезі ауыр* адам. Ақмолада біраз оқып келіп, председатель сайланғаннан бері ой басып, салмақтана түсіпті (Ғ. Мұс.). Жақсы кісі ақылымен тәуір болады, *Мінезі қорғасындай ауыр* болады (ШС).

МІНЕЗІ КЕЛДІ д и а л. *Ашуланды, ашу қысты.* Үй иесінің *мінезі келіп* отырғанда қонақта не жай болмақ (Гур., Маң.).

МІНЕЗІ МАЙДАЙ [СЫНЫҚ, ТЕКТІ] *Әдепті, ізетті, көргенді, биазы деген мағынада. Сынық мінез, кең пейіл басшыларым, Көрдің ғой істі алға бастырғанын (Айтыс). Мінезі шалдың-дағы текті* дейді, Сөзіне әбден көзі жетті дейді (ҚҚБС).

МІНЕЗІ ШАЙПАУ [ШӘЛКЕС] *Ұрысқақ, сыйымсыз деген мағынада айтылады.* Бұл өлеңде үй ішінің көңілсіз түйпегі, *мінезі шайпау* әйелдің жағымсыз қылықтары суреттеледі (Т. Ө.).— *Үсті-басыма не болыпты?*— деді *мінезі шәлкес* Батырбай шамданып.— Сіз көңіліңізге алмаңыз, Жауынбаев жолдас, жағаңыз кір, әрі галстук байламапсыз! Бұл қалпыңызбен класка кіру қолайсыз ғой,— деді Жақыпбек (М. И.).

МІН ТАҚТЫ *Кінәлады, айыптады, кемшілік тапты.* Сонда да інім *мін тақты*, Менен көріп барлығын.— Тап,— деп,— қызық кітапты, Қиғылықты салды інім (М. Әл.). Көп ішінде аз болсаң, Өр неме түсер ойыңа. Ел ішінде жоқ болсаң, *Мін тағылар* бойыңа (Ш. Қ.).

МІНІН БЕТІНЕ БАСТЫ *Айыбын, кемістігін көзіне айтты.* Не айтқысы келсе де, ол бетіне айтатын. Көлгірсу, жалтақтау дегенді білмейтін, өсекшінің *мінін тура бетіне басатын* (С. М.).

МІНІН ЖАСЫРДЫ [ҰРЛАДЫ] *Кемшілігін бүркемеледі.* Майданға түспей бейге алма, *мініңді ұрлап жасырып* (Абай). Жақсы сөйлер шешіліп, Бастағы *мінін жасырмай*. Кіші пейіл, әдепті, Басынан сөзді асырмай (М. Сұл.).

МІНИСКЕР ӘЙЕЛ *Шебер, өнерпаз әйел.* Күнтай сымбаттылығы мен сұлулығының үстіне, он саусағынан өнері тамған *миніскер*, ас-суға қылап *әйел* болып шығады (С. М.).

МІРГЕ ӨТПЕДІ *Ештеңеге жараматы.* Мысал сөз алтын айдар, жібек деген, Қыз едің сөз қадірін білед деген. Сөзімді гауһар деген қош алмасаң, Сен де бір тесік тассың *мірге өтпеген* (М. Б.).

МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ *Қадалған жерін тіліп түсетін, өткір. ...Сөзі мірдің оғындай, келешекке тартқан жолы күндей жарқырап «Жұмысшылар жолы» газетінен әр сөзі жауға оқша борады (Ө. Ө.).*

МІСЕ ҚЫЛДЫ [ТҰТТЫ] *Табылғанын, азды қанағат етті.* Бір үйінен шалап, бірінен ірімшіктің сары суын, шалабын ішсе де тоқмейіл болпты. Барын *місе қып* көп мұңдар шергісіпті (М. Ө.). Астында жыландай жарау ұзын құла, қарында ырғайдай сойыл. Бұлаң құйрық жүрісті *місе тұтпай*, ара-тұра тектіп-тектіп алады (Ғ. Мұс.).

Н

НАБЫТ [НАМЫТ] БОЛДЫ диал. 1. *Ысырап болды.* Күршіт қар жауғанша ормаса *набыт болады* (Қ. орда; Жамб., Шу; Алм., Кег.). 2. *Апат болды, қырылып кетті.* Шамамыз келмей қалса, өзіміз *набыт боп* кетерміз депті. Кеше қарақұйрық қуамын деп бір машина адам *набыт боп* кетіпті ғой (Ақт., Ойыл). Бұйрық шыққан соң алмай қоймайды. Қарсы келсе, ел *набыт болады* (Б. М.).

НАДАН КЕУДЕ *Көңілі соқыр, топас адам.* *Надан кеуде* — көр кеуде (АТ).

НАЗА БОЛДЫ *Ренжіді, көңілі қалды; өкпеледі.* Қараман құрдас өкпелеп, Көрмеймін деп жер тепкілеп, *Наза боп* қайтып жөнелді (ҚБ). Мылтық арқалаған мергеннің түрі, сәркесінің томар қаққан дауысы жалпы жаратылыстың жайына *наза болғандай* (І. Ж.). Баянға сөйлесе алмай *наза болды* (ҚКБС).

НАЗ АЙТТЫ *Еркеледі, өкпелеген болды.* Кейде ұлым отырады көп ойынның азайтып, «Бүгін бір де айналайын» демедің деп *наз айтып* (Б. К.).

НАЗАР АУДАРДЫ [САЛДЫ] *Көңіл бөлді.* Жақыпбек әр түрлі балаларға кездесті. Олардың кейбірі бұған жатырқап *назар аударса*, енді біреулері тандана қарайды (М. И.). Балалардың айналадағы өмір тіршілігін байқап, түрлі құбылыстарды талдап үйренуіне айрықша *назар аударылады* (ХМ). Қарамады *назар сап*, Еш бенденің түсіне, Қалағаны келмесе, Басқаменен ісі не? (ҚамБ). Жомарт: Уа, тілің бұлбұл екен ғой, тілесең күшің дүлдүл ғой, ақыным. Ендеше, мына төтті жеңгең екеуімізге *назарың сал*, пана бол (М. Ә.). Махаббат базарыңа мақшұғында Құзырдан құрмет күткен мен бір ғаріп. Жүзіме *назар салып* қарағанда, Еміреніп жан қозғалар от таралып (А. Қор.).

НАЗАР ТҰТПАЙДЫ диал. *Көз салмайды, көзге ілмейді, көңіл бөлмейді.* Өзі әдемі, үй жұмысын да, түз жұмысын да

бітіреді, басқаны *назар тұтпайды* (Жамб., Луг.).

НАЗАРЫ БӘС [ПӘС] БОЛДЫ диал. *Жүзі төмен тартып, көңілі қалды.* Содан кейін Жұманның *назары пәс болып* қапты (Жамб., Шу).

НАЗАРЫ ҚАЙТТЫ *Көңілі қалды.* Бір күнде кетті базарым, Алладан *қайтты назарым* (АӘ).

НАЗАРЫ ТҮСТІ *Көз қыры аудды.* Қобыландыдай батырдың Құртқадан қайтты азары, Бурылға *түсті назары* (ҚБ).

НАЗ БЕДЕУ *Көрікті, келісті, әсем жүрісті жарау бие.* (Кей жағдайда «бедеу» деген «ат» сөзімен де тіркесіп, жүйрік, ұшқыр мағынасын білдіреді). Қабағы қалың ер жігіт Жалғыз оққа жолығып, Жолықса кеуілі торығып, Астындағы *наз бедеу* Аясы толмай зорығып, Сағағында жапанда Сары шыбын үймелеп, Халық үшін туған қайратты ер Нешеуінің кеудесі... Құба жонда қалған жоқ (Б. Ә.).

НАЗ КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Қылық байқатты, еркеледі; еркелей қолқа салды.* Жуынып беті-қолын қайта жүрді, Нағызсып, *наз көрсетіп* неше түрлі. Теңселіп, «теңім анық екен-ау» деп, Ішіне шатырының келіп кірді (Т. І.). Батыр жанына келгенде, *Наз қылса* да, қорықса да, Құртқа сынды сұлуың Төмен қарап жер шұқып, Өксіп жылап қамықты (ҚБ). Қыздардың қылдай белі бұралады, Қызықпай көрген қайтіп тұра алады?! *Наз қылып* бір-бірінен бет сүртуге, Орамал, сүлгіменен сұранады (Т. І.). Жарқ-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз, Құс қатарлап байлаған қанжығаға. Қыз бұраңдап жабысып, *қылады наз...* (Абай).

НАЗЫ БАР *Ерке қылығы бар.* Құртқа деген қызы бар, Жұртына жайған *назы бар* (ҚБ).

НАЙЗА ВОЙЫ *халықтық өлшем.* *Биіктік, тереңдік, ұзындық, қалың-*

дық өлшемі ретінде қолданылады. Күн найза бойы көтерілместен бай келіп, жаман жер төсекте жатқан Райқанды тұрғызды (М. Ә.). Дәуренді қолынан босатып еді, ол қараңғыда томпаңдай жүгіріп, найза бойы алға шығып кетті (Ж. Ж.). Найза бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, Қанды көйлек кісе де, Қиыспайды туысқан (Мақал).

НАЙЗАҒА [СҮҢГІГЕ] ЖАУ МІНДІРГЕН ЕР Жауын найзамен түйреген, асқан ер. Найзасының ұшына жау мінгізген Еменәлі Керейде ер Жабайды айт (Тәтіқара). Сүңгіге жауын міндірген. Ер көңілін тындырған (АӘ).

НАЙЗАМДЫ ӘПЕР 1. Ұрысқақ, жеңілек кісі. 2. Алып қашпа ат.

НАЙЗАНЫҢ ҰШЫМЕН, БІЛЕКТІҢ КҮШІМЕН Күшпен, зорлықпен. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен болуды, жұрт болуды ойлаңдар (ШС).

НАЙЗАСЫН ЖАУҒА ТІРЕДІ Қарсы тұрды, жауға шапты. Уа, сен, Қанжығалы Бөгенбай, Тоқымы кеспес ұры едің. Түн қатып және жүр едің, Қабанбайдан бұрын найзаңды Қай жерде жауға тіредің? (Б. Қ.).

НАЙЗАСЫ ТИЕДІ Бұл жерде таяғы (соққысы) тиеді деген ұғымда айтылып тұр. Елінде жақсы көп болса, пайдасы тиер, Содырлы сотқар көп болса, найзасы тиер (ШС).

НАЙЗА ҰСТАДЫ Ер болды; қолына қару алды. Найза ұстар деуші едім, Сағағын жезбен қынатып, Жеңсіз берен түймелеп, Кіреуке киер деуші едім (Д. В.).

НАЙЗА ҰШЫНДА ОТЫРҒАНДАЙ Хауіп үстінде тұрған кісі туралы айтылады. Бірақ, найза ұшында отырғандай, суық сезім айығар емес, жан-жағына қарана береді (Ә. Ш.).

НАҚАҚ ЖАЛА Жазықсыз жабылған айып-кінә. Жаннан көрдім жалған нақақ жаланы, «Жігерсіз» деп құр мазамды алады. Жылы жүзін, жұмсақ сөзін көрсетпей, Тағдыр шіркін қарамай-ақ барады (Б. К.).

НАҚАҚТАН [НАҚАҚТАН-НАҚАҚ] АЗАП [ҚОРЛЫҚ] КӨРДІ [КҮЙІП КЕТ-ТІ] Құр босқа, бекерге қосақ арасында кетті; бекерден-бекер жазалы болды. Үшінші тілеу тілеңіз Пәледен нақақ күймеске (ШС). О, азамат жасқанбаңыз. Біздің заң нақақтан ешкімді күйдірмейді. Біз әділдігін айтамыз... (Н. Ғаб.). Адасам, жаңылсам, басқадан жақын жолдасым ғой, маған бет алды бұртып ашуланғанша, ақылын айтса қайтеді? Нақақ күйіп бара жатсам, мені қорғаса қайтеді? — деп, ішімнен мықтап ренжідім... (Б. М.). Нақақтан-нақақ шашылып, төгіліп, қорлық көріп, ...қырдың қалашылары жатыр (С. С.)

НАҚА-РАҚА ЕТІП ЖИНАДЫ диалаг. Төкпей-шапшай жинады. Қылча піскен кезде нақа-рақа етіп жинап аламыз (Жамб., Шу).

НАҚ СҮЙЕРІ Жақсы көргені, сүйіктісі, жан жары. Торғын шөлің басында, Нақ сүйерің қасында, Ақ сары аттай айқа-сып Күнде ойна-ай ашына (Ғ. М.). Бекініс әбден әзір болғанда, хан қырық әйелінің ішінен үлкен бөйбішесі мен нақ сүйер жас тоқалын алып тау басындағы ордасына көшеді (С. О.).

НАҚЫШЫНА КЕЛТІРІП СӨЙЛЕДІ Көркемдеп, мәнерлеп айтып берді. Ыбырайым сөзді нақышына келтіре сөйледі (З. Ш.).

НАЛА БОЛДЫ ○ НАЛА ҚЫЛДЫ ○ НАЛЫС ҚЫЛДЫ Қапа-қайғыда болды, қапа-реніш етті. Сексені ақылдасты болып нала, Жарамас бұлай жүру үлкен аға. Жакында ел бар болса баралық деп, Салады тұлпарларға алтын таға (БатЖ). Жабысты ақыр пәле боп, Аспаннан келді аяғым. Өзіме өзім нала боп, Есіме түсер баяғым (Ш. С.). Жалғыз кетті жас бала, Бір құдайға жалбарып, Қылады күнде көп нала, Бағымды құдай ашқыл деп (БатЖ). Налыс қылып құдайға Көзінің жасын төгеді (АБ).

НАМАЗҒА ҰЙЫҒАНДАЙ ТЫҢДАДЫ Селт етпей ұйып тыңады; ықылас қоя құлағын салды. Күлдірлеп қоңыраудай, күй сыңқылдап, Бота күй маймақ қақты үн былқылдап. Қорадай салбырасып хан, қарасы, Намазға ұйығандай отыр тыңдап (І. Ж.).

НАМАЗЫ ҚАЗА БОЛДЫ көне. 1. Намаздың оқылатын уақыты өтіп кетті. Ғайбаттың жаман екенін Біле тұра айта-сыз. Күн шыққан соң намаздың қаза бо-ларын, Біле тұра жатасыз (Ш. Қ.). 2. Бір нәрсесі кетті ме, бір нәрсе боп қала ма деген мағынада. Бізбен бірге жүрсең намазың қаза болар ма еді, немене? (АТ).

НАМЫС [-ЫН, ЖЫРТЫСЫН] ЖЫРТ-ТЫ [ЖОҚТАДЫ] Арын қорғады; есе-ке-гін, ар-кегін іздеді. Бір жақтағы Матай қызының намысын жыртып, жөн-жосы-ғын білмейтін жат біреумен араңдасудың саған да орны жоқ (М. Ә.). Оразекең ел намысын жоқтап Көкшенің жаңағы еліне сөз салыпты (М. Ә.). Итбайға ілік-шатыс, я соның намысын жыртыған кейбір бай-лардың жылқысын да барымталап, Аман-тайдың қолына бес мыңға жақын жылқы түскен (С. М.).

НАМЫС КӨРДІ Ар, ұят деп есептеді; өзіне мін санады. Мұғалімдердің соңынан салпақтағанды намыс көргендей, Тоқмол-да бір кезде орағытып, оза бастады (Б. С.).

НАМЫСҚА ТИДІ Ар-ұятына тиді. Батыр қайта шабады, Намысқа тиіп ар-ласа. Қараңғыда түсірер, Алдын әкеп жарласа (М. Сұл.). Құдайменде намысына тиетін әңгіме жөнінде сөйлескісі келмей,

торы атты тебініп қап, желе жөнелді (Ә. Н.).

НАМЫСҚА ШАПТЫ **○** **НАМЫС ҚУДЫ** *Есе-кег іздеді.* Қызығы кеткен ел бағып, Қисыны кеткен сөз бағып, Ендігі атқа мінгендер, Күнде ертеңге талмайды. Бас қосылса арысқа, Кім шабады *намысқа?* Жатқа қарар беті жоқ, Жалынбай тұрар к...і жоқ (Абай). Жоқ, *шаптым намысыма*, жеткіз Ақтоқтыға, енді көтермеймін еркелігін (Ғ. М.). Жалғыз үйлі Арынның тобы ысты, *Намыс қуып* ыстылар жанын қысты, Тұлпар тобын табатын заң бар десіп, Бақан алып барлығы ізге түсті (С. Кер.).

НАМЫС ҚЫЛДЫ [ШАҚЫРДЫ] **○** **НАМЫСЫ ҚОЗДЫ** 1. *Өзінен-өзі қорланды; қайратына мінді.* Ел жайлауы Арысты, Батырлар қылды *намысты.* Әуелі төуір сөйлесіп, Артынан шайтан жабысты (ҚБ). Батырлар апырақтап, зорланысып, Қамалды қалың әскер қорланысып. Өрлігін кербез шыңның енді байқап, Үндемей хан да тұрды зор *намыс қып* (С. С.). Соның емін таба алмай, Ой алысқа үңілген. Жеңілгенді *намыс қып*, Аш бөліңіз бүгілген (Жамбыл). Себебімен өлеңнің, Сіздерменен кез келдім. Талай елді таныс қып, Әуелі жүрдім *намыс қып*, Өнермен елді көзгемін (М. Сұл.). 2. *Шамданып ашу шақырды.* Сен қыз, осы білгіштіңді қоямысың,— деп, Сәдірбек бұл жерде *намыс шақырды* (С. Б.).

НАМЫС ҚЫСТЫ [БУДЫ] *Ұяттан қорланды; арланып қорланды.* Әрине, қыста да жер өзгереді,— деді Жалғас *намыс қысып*, қызарақтап (С. Ваяз.). Жігітті *намыс қысып*, ішінен булығып келеді. Қара торы жүзі күрөңденіп кетті. Ет-жеңді беті балбырап, төмен түсіп бара жатқандай көрінді (Ж. Ж.).

НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ **○** **НАМЫС БЕРМЕДІ** *Есе-кегін жібермеді.* Тайма Расул жолыңнан, *Берме намыс қолыңнан*, Опасыз болып жақынға, Қарарсыз болып халқыңа, Мұқатпай жауды кетпеңіз, Ит өліммен ақырда (Ш. Қ.). Жасым бар жетпіс бесте, жылым барыс, Азуым бай дегенде алты қарыс. Жасымнан қас қылғанға қас болдым да, *Бермедім* адамшылық, *қолдан намыс* (Ш. Қош.). Елінен Айбас сері іздеп шықты, Дұшпанға неге *намыс берейін* деп (ҚКВС). Сырттан келген дұшпанға *намысымды бермеді* (ҚБ). Жайықтың бойы қамысты, *бермейміз* деп *намысты*, Екі батыр екпінмен жағаласып қалысты (ҚБ).

НАМЫСЫН ЖІБЕРМЕДІ [ҚОРҒАДЫ] *Есе-кегін бермеді.* Ұрыға жібермедім мен *намысты* Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі (Абай). Балдуан Шолақ серіктерінің *намысын қорғаймын* деп зор екі жан-жалға килікті (С. М.).

НАМЫСЫН ҚОЗДЫРДЫ [ҚЫЗДЫРДЫ, ОЯТТЫ, ШҰҚЫДЫ] *Арын туртті, ар-ұжданына, шабына тиерлік зрекет етті.*

Намысыңды қоздырып, талабыңды ұлғайтпаса бұл жаныңа қастық етпейтін достың айтар ащы шындығы төрізді (Ғ. С.). Абайды Оразбайдың сабағанын естігенде, Тобықтының өз іші емес, алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, *намысы қозады* (М. Ә.). Малқар сияқты нәннің қолындағы келінін айырып алу, Малқармен қоса, бүкіл сол рудың *намысын қоздырады* (Ғ. Мұс.). Есек те ых! ых! деп иығына шұқи бергенде, бір мөңкуші еді ғой,— деп Кәлен балықшылардың *намысын оятпақ* болса да, бұйығы жігіттер ондай ерлікке баспады (Ә. Н.). «Өлермен болсаң отқа түс»,— деп шаптан тұртіп, *намысыңды шұқып* отырып алды ғой (Ә. Н.).

НАНДАЙ ІЛЕДІ *Табанына салды, езіп-жаншыды.* Жауды нандай *ілемей*, Ер құмардан шығар ма! (АӘ).

НАН СОҒАР *Қолынан ештеңе келмейтін, жұмысқа қыры жоқ, жалқау.* Беріп кет теңдімің оу дүниеге, *Нан соғар*, мені осынша жамандадың (І. Ж.).

НАНЫМЫ ЖОҚ *Шын сөзі жоқ, сендірері жоқ.* Сыйымсыз болды алашқа, Барымтасын тыя алмай. *Нанымы жоқ*, анты бар, Ел нұсқасы кетті ғой, Елмін деген салты бар (Абай).

НАНЫН ТАУЫП ЖЕДІ **○** **НАН ТАПТЫ** *Күнін көрді, тамағын асырады.* Ұрлық қолдан келмейді, Ат үстінен соғыс қып, *Жемесем тауып нанымды* (ҚамБ). Ынсапсызға не керек Істің ақ пен қарасы. *Нан таппаймыз* демейді, Вүлінсе елдің арасы (Абай).

НАНЫ ТАУСЫЛДЫ *Бұйырған ырызығы, тағар дәмі бітті; тағдыры бітті, ажалы келді.* Құлым десең, құдая... Тағдырымды бітіріп, *Тауыс* менің *нанымды!* Осы таңнан өткізбе, Күн шығуға жеткізбе! (ҚБ).

НАРАЗЫ БОЛДЫ *Ренжіді; қарсы тұрды.* *Наразы болдым* сақамды бермеген соң (ҚКВС).

НАР АТАНДАЙ **○** **НАР ЕДІ** **○** **НАРҒА ЖҮГІН САЛҒЫСЫЗ** *Өте күшті, өте ірі, қайратты деген мағынада.* *Нар атандай* Әбіжан, Құшағына ап жалма-жан Әлиді ақырын уатты:— Қой, жігітім, босама! Босар жер ме осы ара?— Дөп беріп тұр қуатты (І. Ж.). Қарағым менің *нар еді*, Іздегені ар еді. Белгісіз айтып, берейін, Жаурынының үстінде Дөңгелек қалы бар еді (АБ). Нареке, жұртым сүйген *нарым едің*, Жасыңнан жыр суына қанып едің. Атанып ақындардың атайманы, Тайқымай талай топты жарып едің (АЖ). Айырдан туған жамбоз бар, *Нарға жүгін салғысыз.* Аруанадан туған мая бар, Асылын айуан десең нанғысыз (М. Ә.).

НАР БУРАДАЙ ШАБЫНДЫ *Қатты айбат көрсетті; ашумен шырышық атты.* Беті оттай кабынып, Омырауын көгеріп, *Нар бурадай шабынды* (ҚамБ).

НАР КЕСКЕН *Асыл, өткір қылыш; жүзі қайқы асыл семсер.* Көріңдің хордай болып жұмақтағы, Өткірсің нар кескендей қынаптағы. Сөзіңді ешбір жанға ұстатпайсың, Қалбырға құйып қойған сынаптағы (А. Қор.). Найманда екі жүзді нар кескенмін, Мойныңды қимақ үшін қойған сақтап (Айтыс).

НАРЛЫҚ КӨРСЕТТІ *Шыдамдылық жасады, төзімділік байқатты.* Балуан Шолақты ойлап іштен жүдеген Ғалия, нарлық көрсетіп, сыртын жүдетпеді; баяғы ойыны — ойын, сауығы — сауық (С. М.).

НАР ТӘУЕКЕЛ! *Қиын-қыстау жағдайды көре тұра іске көз жұмып кірісуде айтылады.* Тәуекел еттім. Нар тәуекел, бұл жолға мән-ақ барамын (АТ). Нар тәуекел, құлаш ұрдым қиынға, Қайрат шіркін алып шықса қиын ба? Бұл сапарда сүрініп те қалармын, Сонда, досым мені айыпқа бұйырма (Қ. А.).

НАРТТАЙ ЖАЙНАДЫ [ҚЫЗАРДЫ, ЖАНДЫ] *Алабұрттып құлпырды, балбұл жанды.* Көңілімде нұр сәуле, Жүзім нартай жайнайды, Кәрілік жоқ өңімде. Осының бәрін әперген Ұлы Ленин көсемім (Н. Б.). Оспан екі беті нартай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоқтай қадалып, сазарып тұрып алды (М. Ә.). Мұрттың ширатып қойып, жүзі нартай жанып отырған Қартбай әне. Тік маңдайға жарасқан қою қара қасы өр мінезін көрсетеді (Т. А.).

НАС БАСҚАНДЫ БИТ БАСҚАН *Сапа, былғаныш, өзін-өзі күтіп жүрмейтін адам туралы айтылады.* Нас басқанды бит басқан, міне, сұлу жұрт асқан (С. Т.).

НАСИХАТ ШАШЫП КЕТТІ *Артыққа ақыл сөз қалдырып кетті.* Ағайын менен туғанға, Бала менен қатынға *Насихат шашып кетейін* Аз ғана сөзді артыма (Ш. Қ.).

НАСЫРҒА ШАПТЫ [АЙНАЛДЫ] *1. Асқынды.* (Ауру, дерт туралы). Үбайдың дерті *насырға шауып*, қожадан қожа, әулиеден әулие қалмады (Ғ. С.). *2. Ис қындады.* Шайханаңыз өсек-жаланың ордасына айналған. Жұрт арасына іріткі салғаныңыз үшін, сізді салық түгіл, жауапқа да тартамыз. Байдұрды *насырға шапқанын* біле қойып, не істерін білмей, жұрттан көмек іздеу жаутаң қақты (ҚӘ).

НАУАДАЙ АҒЫЗДЫ [ҚҰЙДЫ] *Табысқа шаш етектең батты.* Дүйім бейнеткеш бір жылдың ішінде астықты *науадай ағызды* (ДЖ).

НАУАЗА ҚЫП АЛДЫ *ди а л.* Сағып алды. Ілеге сауда қылып барып едік, Бір жүз қой *науаза қып алып* едік. Бұрын заңын көрмеген ел болғасын, Көшіне назарымыз салып едік (Жамб., Қор.).

НАУРЫЗДАҒЫ ШАБЫНҒАН [БҰР-ҚЫЛДАҒАН] *БҰРА ТӘРІЗДІ Ашуға, кекке мінген деген мағынада.* Ақ патшаға

қарсы желіккен қазақ *наурыздағы шабынған бұра тәрізді*, мауқын баспай, бетінен қайтпайды (І. Е.).

НАУРЫЗДАМА ҚЫЛДЫ *Жаңа жыл кіргенде болатын мерекеге, ұлыстың ұлы күніне той қылды.* Ол күнде наурыз (21 март) деген бір жазғытұрым мейрамы болып, *наурыздама қыламыз* деп, той-тамаша қылады екен (Абай).

НАУШАРУАНДАЙ ӘДІЛ *Ешкімге қиянаты жоқ, қара қылды қақ бөлген әділ, ара қалыс төреші.* (Наушаруан — Иранның VI ғасырда жасаған билеушісі Хосрав I Ануширванның кейінгі дәуір әдебиетіндегі — араб, парсы, шағатай әдеби шығармаларында Атымтай жомарт сияқты дәрежеде — аңызға айналған, әділдік өлшемі ретінде бейнеленетін дара тұлға. Атақты «Қабус-намеде» (XI ғ. жазылған). Наушаруанның (Нуширван әділдің) сөзі деп 55 өсиет сөз берілген [«Өзіңді әділ деп танысын десен, қолыңнан келгенше қарауыңдағы жұртыңның тұрмысын жақсартуға тырыс», «Достарыңмен жаулықта болғанды неге дос тұтасың?», «Шындық жанға ащы тисе де, оны тыңдамақ керек», «Өзіңді қызметіңе лайық бағаласын десен, өзге жұртты сен де бағала», «Сен туралы жұрт жақсы сөз айтсын десен, жұрт туралы өзің де жақсы сөз айт» т. б.]. Нуширван әділ осы өсиет сөздерімен қазақ әдебиетіне келген). Жамандыққа — жақсылық, Көктемеген Еділді айт. Қара қылды қақ жарған, *Наушаруандай әділді* айт (Б. Қ.).

НАШАР КІСІ [БАЛА] *ди а л.* Әйел бала, қыз бала.

НАШЫНА [НӘШИНЕ] *КЕЛТІРДІ* *Сөзді баптап сазын, мәнерін таба айтты.* Қыз тұрды кермаралдай керіп қасын, Сөйлесе *келтіретін сөздің ناشын.* Сыланған тоғы құстай Масаты қыз, Көзінің күйеуді естіп төкті жасын (О. Ш.). Диктор Сәген жуан даусын *нәшине келтіре* соңғы хабарларды оқи бастады (М. И.).

НӘЗІК ЖАН *Әйел бала, қыз бала; әлсіз кісі.* Өлкемнің маған да ортақ күз, көктемі, Төбемде қалықтайды жүз кептері. Қонақ деп, *нәзік жан* деп қарамаңдар, Жаралған жат жұрттыққа қыз деп мені (А. Бақт.).

НӘЗІЛІ ТҮСТІ *ди а л.* Назары төмен болды. Неге екені белгісіз, оның *нәзілі түскен* (Шығ. Қаз., Больш.).

НӘЗІМ ҚЫЛДЫ *ди а л.* Мақтан қылды, мақтанды. Әрқайсысың өзді-өзіңді *нәзім қылып* маған өнерлеріңді көрсетіңдер! (Жамб., Мер.).

НӘЗІР ҚЫЛДЫ *Діни ұғым бойынша біреуге берілетін (ақшалай не заттай) садақа.* Садақа *нәзір қылады.* Патша қызы Күнекей, Бір баланың тілеуін, Ғашықтықпен тіледі (БатЖ.).

НӘЙМІТ ҚАЛДЫ *ди а л.* Құр қалды, бос қалды. Өтеген оларға: — Сендер *нәй-*

міт қалмаңдар,— деп бір-екі қарадан үлестіріп береді (Жамб., Қор.).

НӘЙІМ-НӘЙІМ БАУЫРСАҚ *Балалар ойынында айтылатын сөз. Нәйім, нәйім бауырсақ, Ағын суға шомылсақ (І. Ж.).*

НӘЛЕТ АЙТТЫ Қарғады, балағаттады. Өзің айтшы қайтерімді. Неге көресің деп, досқа нәлет айтуға бола ма? (М. И.). Осы оймен Сейіт біраз болып әлек, Денені жалғастырған сынып бөлек; Жаратқан ұрғашыны «тәңіріге» Кей күндер жылап жүріп айтты нәлет (С. М.).

НӘЛЕТ КЕЛТІРДІ Қарғыс тигізді. Аладды сатып параға, Болыстың арам жағына. Рухына нәлет келтірдің, Қабың менен сабыңа (Д. Б.).

НӘЛЕТ ҚАМЫТЫН КИДІ Қарғыспен таңылған бейнет иесі болды. Есін білгелі кизен нәлет қамыт ол бейшараның да мойнынан түскен жоқ (С. М.).

НӘПСІГЕ ЕРДІ Тесік тамақтың, аш көз тілектің, құмартпа тән тілегінің пендесі болды. Нәпсіге ерген молдаңыз, Кітапты жақсы білмейді. Кітап ұстап айтқан соң, Жалған сөзі шынмен тең (Д. Б.). Жердің көркі, хоры — жас гүлінің, Мезгіл жайнай сынып солғанын, Нәпсіге еріп, қымбат құнын білмей, Құмартпа құрбан болғанын (Б. К.).

НӘПСІНІҢ [ҚҰЛҚЫННЫҢ] ҚҰЛЫ *Аш көз тілектің пендесі. Қарау адам — нәпсінің құлы (Мақал).*

НӘПСІСІ ҚАРАП ТАПТЫ *Аш көз көңіл тойынды. Нәпсім қарар таптың ба? Дүниеге тоймайтын, Бір шыны шай іше алмай (Ш. Қ.).*

НӘПСІСІН ТЫЙДЫ **○** **НӘПСІСІН ЖЕҢДІ** *Көрінгенге қызықпай барға қанағат етті, көрсе қызарлыққа салынбады, құлқынын тыйды. Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең! Іші тар көре алмастың біреуі сен, Ондай кісі бұл жерге келмейді тең (Абай). Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп пәле шығарған кісі мықты ата-натұғыны несі? (Абай). Жақанның тұл қатыны байға тимек, Баласын қимай біраз шыдаса да. Кете алмай жүрсе-дағы орнын қиып, Жас кісі қалай тұрсын нәпсі тыйып? (С. Т.).*

НӘПСІСІ СОҚТЫ [ТАРТТЫ, ШАПТЫ] *Тәбеті ашылды; көңлі ауды. Нәпсіңіз соққан тамақты таңдаңыз!— деді Асқар менюді Айшаның алдына сырғытып (З. Ш.).*

НӘР АЛДЫ *Күш, қуат алды, рухани жігер алды. Сенімен мен, барлық адам советтік, Сол бір достық жүрегінен нәр алып, Әр сағатта, әр минутта шаттықпен, Сүйсінеміз келбетіне кадалып (Ж. С.). Лениннің күннен нұрлы, күннен жарық Даналық қуатынан біз нәр алып, Толқытып жеңіс туын батыр қолда, Барамыз ғасырларға дабыл қағып (Д. Ә.).*

НӘРКЕС КӨЗ Қарақаттай мөлдір көз. Зеңгір көк, мұзарт таулы даланы нен, Жалт еткен, шолып өткен жанарымен, Тізілген нәркес көздер, нәзік сөздер Табиғат талантының қаламымен (С. Мәу.).

НӘР СЫЗБАДЫ [ТАТПАДЫ] ○ ДЫМ ТАТПАДЫ *Аузына ас салмады, ештеңе ішіп-жемеді. (Нәр — парсы тілінде тамақ деген сөз). Бермеді шөлдегенде бір кесе сүт, Нәр сызбай екі дүние суынды үміт. Деуші еді сонда бұған назар қойшы, Әр іске шыдамды бол, ақырын күт (С. Кер.). Екі күнге жақын нәр татпаған аш өзек, астың исі шыға бастаған кезде, тіпті ашығып, жүрек төмен тартқан сияқтанады (С. М.). Бұлардың нәр татпағанына алтыншы күн болып барады (М. Ғ.).*

НӘСІЛСІЗ ИТ! *кейіс сөз. Қасиетсіз, тексіз деген мағынада.— Мені қатынсыз, қарындасыңды байсыз қалады деп қорқасың ба? Әй, нәсілсіз ит! (Ә. Н.).*

НӘСІП [ДӘМ, ТҮЗ] АЙДАДЫ [ТАРТТЫ] **1.** *Жолы болып бұйырды, сәті түсті. Төлеген сонда сөйлейді:— Мінгенде атым аламын, Сенен туған баламын. Көңіліме түсіп бір қиял, Сапар шегіп барамын. Алла нәсіп айдаса, Бір сұлу қызды аламын ... (ҚЖ). 2. Бұйырған ас тартты.* Осынша жерден бізді осы жаққа нәсіп айдаған екен, жеңіздер (АТ).

НӘСІП АЙЛА *Бұйырға көр деген тілек сөз. Мен үшін шіркін көңлің тербеді ме? Болсайшы жаным пида гүл бетіңе. Я көрім, нәсіп айла қалқажанды, Мақбуыш жар ғашық деген құрметіне (А. Қор.).*

НӘСІП БОЛСА *Бұйырса, тағдыр жазса. Әскерге топ аттырып, керней қойды, «Алам,— деп,— Назым қызды болса нәсіп (ҚамБ). Қылмады құдай душар деп налыпсыз, Асылық жаман сөзге сіз барыпсыз. Көгерсің нәсіп болса бақытыңыздан, Ақылдан орта жаста құр қалыпсыз (М. Б.). Уақытында талай мырзалар Шұғаны айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды (Б. М.).*

НӘСІП ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Бұйыртты. Біреуге бір көргеннен ғашық қылдың, Ажарсыз бір наданға нәсіп қылдың. Көңілің бір қалауын тұс келтірмей, Ағуға көзім жасын ашық қылдың (М. С.). Әзелде төңірі оған нәсіп еткен, Тағдырды пәнде бар ма бұзып кеткен? Жесірін жатқа бермес намысы қатты, Табыннан құтыламын не себептен (М. С.).*

НӘУБЕТ КЕЛДІ *көне. Тағдырдың бұйрықты өліміне ұшырады. Иманы жолдас болсын балаң өлсе, Балаң түгіл өзің де өліп кетерсің нәубет келсе, Ұлы жүзді билеген Тезек едің, Алып қалсаң болмай ма шамаң келсе? (С. А.). Алпыстың алтауында Албан өлді, Шуласып Сарыбайды жерге көмді. Қатарлас тең құрбының бәрі*

кетіп, Ойласам енді маған *нәубет келді* (С. А.).

НЕ ӘКЕҢНІҢ ҚҰНЫ [КӨЗ ҚҰНЫ] БАР? *Ала алмай жүрген кегің, кеткен есең бар ма еді деген мағынада. ... Қалқа анада Шалабайды жатқызып қойып сойғанда... «Тәукенің жалғыз шолағында не әкеңнің құны бар?» — деп сойышты (Ғ. Мұс.). Көптен қолыма түспей жүр едің, жақсы кез келдің-ау. Мені осынша кедей қылғандай не әкеңнің құны бар еді? — деп Тайман Мырқалды көк қарының тұсынан тартып-тартып жіберді (Ә. Ә.).*

НЕ БЕТІМЕН БАРАДЫ ○ НЕ БЕТІН АЙТАДЫ *Ұялмай-қызармай кісі бетіне қалай қарайды; қандай уәжді сөз айтады деген мағынада. (Біреуге бір нәрседен ұяты болғанда айтылады). Күні ертең құдалар келген кезде, Бұл қалпында барамын не бетіммен? Масқаралап жүрмесін бәрімізді, Айттым, қойдым, құтылым міндетімнен (Қ. А.). Не бетімді айтайын жұрт шуылдар, Осы ісің басымызға емес пе ар? (С. Т.). Сенің мынауың менің «Көшкенде жүк артамын сары атаңа, айтамын не бетімді Ойке апама?!» деген өлеңім сияқты болды-ау! — деді (М. Ә.). Қашан көрсең аяғыңа оралғы болып, кезегеңнен кейін тартады да жүреді. Ел-жұртқа не бетімізді айтамыз! (Ә. Сат.).*

НЕ БОЛСА ДА *Тәуекел деп бел байлау, өзіне-өзі демеу беру ретінде айтылар сөз. Не болса да өзімді, Тапсырдым сізге налынып, Толтырып жасқа көзімді, Есірке деймін жалынып (Абай).*

НЕГЕ ДӘРІ? *Неменеге қажет, неге тұлға? Жапалақ, құс болғанмен, неге дәрі, Жаманның кісілікке бар ма сөні? Жаманға айтқан сөзің еш қонбайды, Ағады құлағынан сөздің бәрі (Б. Ш. Б.).*

НЕГІЗГЕ [ТЕГІНЕ, КӨГІНЕ] ТАРТАДЫ *көне. Ескі сенім бойынша түбіне, ата-бабасына ұқсайды-мыс. Жаманнан жақсы туса, Жақсыдан жаман туса, Тартпай қоймас негізге (Б. Қ.). Ат жақсысы қартады, негізіне тартады (Мақал).*

НЕГІЗІ ЖАРЫМАҒАН *к ө н е. Тегі нашар; ата-бабасынан түк көрмеген. Негізі жарымаған неме еді, қолыңа не ұстата қояр дейсің? (АТ).*

НЕГІЗІ ТОЙДЫ *Жарыды, байлыққа батты. Жалғыз сиыры бар болса, Соғымына сояды. Қағаздатып бұзауын, Ноғайына қояды. Кедейге салып шығынды, Негізі байдың тояды (Ш. Қ.).*

НЕ ДЕСЕҢ, О ДЕ ○ НЕ ДЕСЕ, ҮЙ ДЕСІН ○ НЕ ҚЫЛСА, О ҚЫЛСЫН *Қалай айтсаң, олай айт, не деп айтсаң да еркін. Қолынан келгенін істесін, өзі білсін. Не десең, о де, мен Қалқаны жаман кісі дей алмаймын. Рас, байларға өш-ті (Ғ. Мұс.). Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян ете отырып: — Осы да жүрек мұңын жеткізе білген тіл-ау! Шыны керек те,*

Пушкиндей ақынды қазақ баласы ... әлі көрген жоқсың... *не десең, үй де!* — деп, ойлана сөйлеп отыр (М. Ә.).

НЕ ЖАЗДЫМ? НЕ ЖАЗЫП ҚАЛДЫМ? *Қандай кінәмен жақпай қалдым деген мағынада. Жауға пенде қылғандай Мен тәңірге не жаздым? (ҚБ). Қайда барсаң, кім айтар, Дұрыс деп қылған ісінді, Қобыланды, саған не жаздым? (ҚБ). — Ну, сөйлеме, собақа, тұр жылдам! — деп урядник теуіп-теуіп қалды. — Құдай-ау, мен не жазып едім? — деппін, әбден енді өлгенімнен (С. С.). Шер шыдатпай, саған арнап, Бар ойымды жазып ем. Бейне іштен ренжіп қарғап, Жүргендей не жазып ем? (Б. К.).*

НЕ ЖОРЫҚ *Басқаныкі басқа, саған не жоқ деген мағынада. Жұрт айтса мейлі, ал оған не жорық? (АТ).*

НЕКЕГЕ ОТЫРДЫ *Ер мен әйелдің отасын куәландырды. (Неке қағазын алуға байланысты туған (жаңа) тіркес). Айым-торы жігіттің қашан қайтатынын айтып, өзімен ақ некеге отырмақ ойын білдіріп жазған жерлерін іштен оқыды да, сызыла басып, қайын сіңлісінің қасына келді (Ө. Қ.).*

НЕКЕ ҚИЯР *Ерлі-зайыпты боп тұрмыс құрған кісілердің некесін қиғанда алатын (беретін) зат (мал, ақша). Молда-екең неке қиярымды берсін деп жатыр. Не атап едіңдер? (АТ).*

НЕКЕЛЕП АЛДЫ *Некесін қиғызып, жол-жоралғысымен, салт-дәстүрін жасап үйленді деген мағынада. Біз таласып бармаймыз, Қыз-келіншек, бойжеткен Некелеп алған жарыңа (ҚамБ). Балаларын жат елдік етпеймін деп келінін некелеп алытты дейді (АТ).*

НЕКЕ СУЫН ШІТІ *к ө н е. Үйленген кісілердің некесі берік болуы үшін бір табақтан су беру салты туралы айтылады. Неке суын іш десе, ішпеймін деп қарсыласқан да Ақтоқты жоқ (С. Ш.).*

НЕКЕСІН БҰЗДЫ ○ АҚ НЕКЕСІН АРАМ ҚЫЛДЫ *Неке адалдығына қиянат іс қылды.*

НЕКЕСІН ҚИДЫ [ОҚЫДЫ] *к ө н е. Ерлі-зайыпты боп тұрмыс құрмақ болғандардың бас қосуын шариғат жолымен, ескі салт жолымен куәландырды. (Көбіне бұл фраза әйелге қатысты айтылады). Молда-екең неке қиса еркін сұрап, Төгер еді мөлдір жасын көзден жылап. Егіліп жүректегі сырын төксе, Тұра алмас қандай қатты адам шыдап (С. Т.). Қобыландыдай батырға Құртқа сынды сұлудың Осы жерде қиды некесін (ҚБ). Бұл елдің қайда молдасы? Қарлығадай сұлудың Некесін қисын — десіпті (ҚБ). Асыққаныңыз не, жақсы келдіңіз, мал алдыралық, жеңіз! Болмаса, мына даяр ет бар семіз. Егіліп, жегіліп барады, Келіннің некесін оқып беріңіз (І. Ж.).*

НЕ ҚАРА БАСТЫ [КӨРІНДІ?] *Жаман қылықты істеуге не себеп болды; сонша өзіңе не көрінді; басыңа не күн туды? Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не қара басты, көк төбет! (С. О.). Абай үндемей, арқарды айнала қарап шығып: — Бұны не қара басып жүр? Соқырдан сау ма өзі? Әлде можа боп, алжыған арқар ма? — деп еді (М. Ә.). Жанәлі құшырланып: — Түрін иттің баласының, не қара көрінді екен бұған! — деді тағы да (С. С.). — Кім білсін. Ондай жыны болмаушы еді. Мал аман. Бас түгел. Не қара көрінгенін қайдам (С. Берд.).*

НЕМ КЕТЕДІ [НЕМҚҰРАЙДЫ] ҚАРАДЫ *Ат үсті, қалай болса солай. Көңілісіз, селқос, жеңіл-желпі қарады. Мекемелердегі бұрынғы қызметкерлердің бәрі-ақ істерін тастап шықты. Істегендерін не әдейі теріс істейтін болды, не нем кетеді қылатын болды (С. С.). Мирон өліп бара жатса да, еңбек адамын еркелеткен сөзді естіп қуанады. Ол дәм-тұзы таусылған адамның немқұрайдылығын істемеді (С. Е.). Пішен жинауға ат үсті, немқұрайды ғана башшылық етуді бүтіндей тоқтату керек (С. Е.).*

НЕ ӨТКІЗГЕНІҢ БАР ЕДІ ○ НЕ ӨТЕ КЕТКЕНІҢ БАР ЕДІ ○ БІР НӘРСЕ ӨТКІЗГЕНІҢ [ӨТКІЗІП ҚОЙҒАНЫҢ] БАР МА? *Орынсыз міндет я өкпе арғып, я болмаса біреудің орынсыз сұрау, қалауы, тілемсектенуіне орай айтылады. Шырағым, бір нәрсе өткізіп қойған кісіне міндет қылатының қалай? Бес бересі, алты аласым жоқ еді ғой сенімен! (АТ).*

НЕ ПАЙДА? *Не қайыр, пайдасы не, не түседі? Абиыр, атақ сол жаңда. Кімді көп жүрт мақтаса, Ол мақтаудан не пайда? Көп мақтауын таппаса (Абай).*

НЕСИЕГЕ ҚАРАТТЫ *Қарыздар болды, бермегіш болғанын кейінге қалдырды.*

НЕСІБЕСІНЕ БЕРГЕН *Маңдайына біткен. Ертеңнен қара кешке зыр жүгіріп тыным таппайды. Құдай бұл келінді Көкіш кемпірдің несібесіне берген (АТ).*

НЕСІБЕСІН ЖАТТАН ТІЛЕДІ *Өз маңдайына бұйырар ырызығын сырттан іздеді. Алмаған жауың қоймадың, Алғаныменен тоймадың, Несібеңді жаттан тіледің (Б. Қ.).*

НЕСІБЕСІ СУАЛДЫ ○ НЕСІБЕСІ ТАҢДЫР БОЛЫП СУАЛДЫ *Ырыс, байлық, бірлік тайды, таусылды. Сендер атқа мінген соң, Тандыр болып суалды, Шалқар көлдей несібем (Д. В.).*

НЕСІБЕ[-СІН] ТЕРДІ *Өз бақ-талайын, бұйырған ырысын іздеді, қармады. Қанша күн өтіп кетті мұныменен, Мен тердім несібемді жүріп елден. Жетпейді бұйырмаса пенде, сіре, Қол созып көрінгенге жүгіргенмен (Айттыс).*

НЕСІ ҚҰРАДЫ *Несі кетеді, ештеңе де етпейді деген мағынада айтылады. Жал-*

ғыз лақ ойнаса, Таудың несі құрады. Тау құласа көтеріп, Көк лақ қайдан тұрады (Айттыс).

НЕ ТІЛ БАР ○ НЕ ТІЛ АЙТАСЫҢ? *Қандай жаңалық хабар бар?*

НЕ ҮМІТ, НЕ ҚАЙЫР! *Неңдей ілгері сенім арғып, неңдей жақсылық күтерсің деген мағынада. От басы, ошақ қасындағы осы немелерден не үміт, не қайыр (АТ).*

НЕ ШАРА *Амал жоқ. Масқаралап мені тағдыр, Қылды мазақ, не шара, Менің үшін сен жауап бер, Менде сөз жоқ бишара (Абай).*

НЕСЕ АЛУАН [КИЛЫ] *Әр түрлі, сан түрлі. Бірін кіргізіп, бірін шығардың ба, сайқал! Сұм салдақы! Бұзық қар! — деген неше алуан жат сөздерді айтып, Қанай Алуаның жанын тағы да жаралай, жазалай келген (М. Ә.). Неше қилы заман өтті, неше қилы адам өтті (АТ).*

НИЕТ БІЛДІРДІ ○ НИЕТ ҚЫЛДЫ [ЕГ-ТІ] *Көңілін, ықыласын аңғартты, танытты. Мырзахан кемпірге: «Тынығып аттаныңыз, келіңіз бос қайырмас» деген ниет білдірді (К. О.). Қажыға ниет қылад бармақ болып, Ағайынды аулайды қармақ болып, Қажыға барып, атанып қажы, әпенді, Жөнеледі көп сауап алмақ болып (М. Қал.). Мінеки Һарун келді өз еліне, Бастады көріп елін жан сүйіне, Түбінен терезенің дауыс етті, Кіруге ниет етіп өз үйіне (Ш. В.).*

НИЕТИ АҚ ○ НИЕТИ ЖАҚСЫ [ТҮЗУ, ДҰРЫС...] *Көңілі, ойы, ықыласы адал, дi-ті түзу. Адуын Ысқақ босаңсығанның бір-азын қарғып-қарпып алды. Бүкпесі, қалтқысы жоқ, тілі ұзын, ниеті ақ, екпінді, ескі шахтердің мінезі мәлім (Ғ. Мұс.). Жақсылар жолдан азар ма, Ниеті жақсы болған соң (Д. В.). Әзімқан төре осыдан әрі Абай сөзін тыңдағанды тоқтатып қойды. Ол — қазақтың... кемел ақыны! — деп Бұқарды өзінің дәл бүгінгі жаншыл..., ниеті түзу ақын етіп көтеріп, сөйлеп кетті (М. Ә.).*

НИЕТИ АУДЫ 1. *Ықыласы түсті. Селонның дәулетті тұрғындарының ішінде Сабыржанға ниеті ауып, жылы шырай білдіре жақындасқаны Мақлаков болатын (Қ. И.). 2. Ойы кетті, көңілі кетті. Осы қызға ниетің ауып жүр-ау, бала! Байқа, жақсылық болсын арты тек, — деді (АТ).*

НИЕТИ ЖАМАН [ҚАРА] ○ ҚАРА [ЖАМАН] *НИЕТ Көңілі бұзық, арам ой, сұм көңіл (адам). Мақұл сөзін бос көріп, Тентек сөзін қош көріп, Жамандармен іс қылып, Ниеті жаман болған соң (Д. В.). Сөзімді оқыған ел тыңдасын да, Мін бар ма артық-ауыс тұлғасында, Қан құмар, қара ниет залымдарға Кіріптар еш пендесін қылмасын да (С. М.). Қан сорғыш қара жылан қалды өліп, Ақыры өз түбіне өзі жетті. Қашаннан қара ниет қаңға жерік (Ө. Т.).*

НИЕТИ ЖОЛДАС БОЛДЫ д и а л. *Ние-ти қабыл болды, ойлағаны болды. Сау бол, ниегің жолдасың болсын* (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тежж., Ашх.).

НИЕТИҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН! ☉ **НИЕТИ-ЖЕ ЖЕТ!** алғыс. *Ойың, ние-тықылас қойғаның, көңіліңе алғаның орнына кел-сін деген мағынада. Той істеймін дейсің. Ние-тің қабыл болсын, балам! Ойдағы-қыр-дағы ағайын-жекжатты шақыртсаң мына көрінді бір көтеріп тастағаның! Ние-тіңе жет* (АТ).

НОБАЙЫ КЕЛМЕГЕН *Жөн-жобасы келіспеген; сиықсыз. Нобайы келмеген* неме-екен, не тындыра қояр дейсің? (АТ).

НОБАЙЫН САЛДЫ *Ұзын-ыргасын келтірді, жобасын қалады.*

НОБАЙЫ ТҮЗУ *Жарамды, жөн-жоба-сы келіскен. Труба түбіндегі жапырақ тас үй мөхцех. Бұл әншейін келешегіне қарай қойылған ат. Әйтпесе нобайы түзу бір ме-ханизм жоқ* (Ғ. Мұс.).

НОҚТАҒА БАСЫ КЕРІЛДІ *Жуасыды, арын-алқыны басылды. Сөз көбейді, ұлғай-ды, Мақтанның к...і көрінді. Қазақты же-ген қайратты «ер» Ұрынды да берінді. Өрлі-бері тартысып, Ісі арамы жеңілді. Алқыны күшті асаулар, Ноқтаға басы ке-рiлдi* (Абай).

НОҚТАҒА КӨНДІ *Жуасыды, мойын ұсынды. Сүйеу қарг келінінің өздеріне қа-раған жігіттердің ішінен ноқтаға толық көнген біреудің етегінен ұстағанын тәуір көретін* (Ә. Н.).

НОҚТА КИМЕГЕН [ТИМЕГЕН] 1. *Ба-сына жүген, құрық ілмеген асау. Басына ноқта кимеген, Алты жасар асауды, Ұстап міндім далада* (С. С.). 2. *Біреуге айттырыл-маған (қыз бала). Баяғыда қыз көргенде есік көрмеген бе екен, ноқта кимеген бе екен?*— деп сұрайтын (АТ).

НОҚТАЛЫ БАСҚА БІР ӨЛІМ *Тағдыр байлауындағы жанға бір қаза, бірақ, әзір-ге тәуекел деген мағынада. Жалаңаш болып жауға шап, Ажалдан бұрын өлер ме? Ноқталы басқа бір өлім, Өлмей де адам жүре ме? (Ш. Қ.). Ноқталы басқа бір өлім, Орданды талқан қылармын* (М. Ө.).

НОҚТА САЛДЫ [ТҮСТІ] *Басын байла-ды, кіріптар қылды. Басыңа ұстап алып ноқта салса, Ісінді биге беріп, сотқа салса, Көрер ең сонда кімнен, жазған жігіт, Жа-ныңды билер алып отқа салса (Айтыс). Туғам мен де сол бір шақта, Бақытсыздық болған үстем. Жетімдік ит салып ноқта, Мойныма кеп, міне түскен* (Ә. О.). Е! Е-е!— деді келіншекті аяғаны белгісіз.— Райға да ноқта түсті. Құрығы ұзын ғой бұлар-дың! Құрығы ұзын ғой! (Ә. Н.).

НӨКЕР ЖИДЫ *Үзеңгі серік, қол топ-тады. Жинап болып нөкерін, Жарқылда-*

ды ол қырандай. Батыр барлық халықпен Ақылдасты ұрандай (Жамбыл).

НУ ОРМАН [ТОҒАЙ, ҚАРАҒАЙ] *Қа-лың орман, ит тұмсығы өтпейтін қалың то-ғай. Оның атын бүгін осы ну орманда естіді. Мана соның мынаны аңсап салған бір әні есіме түсіп еді, өзімнің жаралы екенімді де ұмытып кетіппін* (Ә. Ә.). *Ну орманның қала жақ беті қысқы көрпесін қалың жамылған жазық дала, бүгін бетіне қорасан шыққандай шүп-шұбар* (Ғ. М.). *Жаңғыртып ердің даққын тұрды айтып, Ну тоғай, долы өзен, жартастар да* (А. Л.). *Ұйқысы келіп маужырап, Жамбасқа ауды алтын ай, Ақырын ғана ызыңдап, Ән са-лад ну қарағай* (Қ. А.).

НУҚ ПАЙҒАМБАРДЫҢ КЕМЕСІНДЕЙ *д і н и. Бұл жерде қатер дариясында қалу деген мағынада. Адам баласының келеше-гі тұйыққа тіреліп, топан су ортасында Нұқ пайғамбардың кемесіндегі бір талшық іздеп тұра ма?* (Ә. Н.).

НУҚСАН КЕЛТІРДІ *Кесірін тигізді. Жердің айналуын айтудан басқа тәңіріге нұқсан келтіретін сөзге молда жоламайды екен* (С. М.). *Өзге Құнанбай атаулының бұл сағаттардағы «сағым сынды», «бағы-ма нұқсан келді» деген беймаза байбала-мын Абай түсінсе де, өз бойына дарытпа-ған* (М. Ә.).

НҰП БОЛДЫ *д и а л. Толды, болды. О кісі заманында нұп болған еді* (Жамб., ШУ).

НҰР ЖАЙНАДЫ *Құлтырды, жарқыра-ды, шешек ата түрленді. Қақтаған ақ кү-містей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Жіңішке қара қасы сы-зып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды* (Абай).

НҰР ЖАУДЫ *Басына бақыт қонды; құт-береке болды. Ап жыландай тығылып, Өлең келді алқымнан, Көп дулаттың бала-сы, Басыңа сенің нұр жауып, Қыдыр бол-дың халқыңнан* (Ш. Қар.).

НҰР ЖАУСЫН! *Бақытты бол деген мағынадағы бата, алғыс-тілек. Шырағым, бет алдыңнан нұр жаусын, басқан жеріңе гүл бітсін, келген жеріңе құт-береке дары-сын, аумин!*— депті (АТ).

НҰРЛЫ АҚЫЛ *Зердесі терең ой-та-ным. Осыны оқып, ойлай бер болсаң зерек. Еңбекті сат, ар сатып, неге керек? Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті: Білстік қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* (Абай).

НҰРЛЫ СӨЗ *Жақсы, ақылды сөз. Жай-ына біреу кез келсе, Белгілі жұмыс, сор қайнар. Қуаты күшті нұрлы сөз, Қуатын білген абайлар* (Абай).

НҰР ҮСТІНЕ *НҰР Тіпті жақсы, өте та-маша, жақсылық үстіне жақсылық. Әде-биет объектісі — ең алдымен адам ғой. Ал адамды сол өлкенің ерекшелігімен ең-бек үстінде көрсетсе, нұр үстіне нұр болар еді* (Қ. Қ.).

НҰР ШАШТЫ *Сәулеленді, жайнады; шұғыласына бөледі.* Айткүл тіпті көтеріліп кетті, көбінесе күлімсіреп *нұр шашып* тұрған қара көздері бұл жолы суық ызғар, ашулы ұшқын шашты (Ж. Ж.).

НҰРЫ ТАЙМАДЫ *Жанары әлі қайтпады.* Қалампыр жеңгей кешегідей емес, шалының бетінен алмай, қызыл жүзі құлпырып, *нұры таймаған* көзі де күлімдеп отыр, ағынан жарылып ашыла сөйледі (Ғ. С.).

НҰСҚА ҚЫЛДЫ *Үлгі етті; өнеге тұтты.* *Нұсқа қып* айтсам кейінге, Ақынның солар бірі еді. Қай қазақтан ақын боп Өткендерден ірі еді? (М. Сұл.).

НҰСҚАСЫ КЕТТІ *Бұрынғы қалпы, берекесі қашты.* Нанымы жоқ, анты бар, Ел *нұсқасы кетті* ғой, Елмін деген салты бар. Әлі күнге уайым Қылған жан жоқ, ұялмай (Абай).

НҮКТЕ ҚОЙДЫ *Бітірді, істі аяқтап шықты, тамамдады.* Кеше ғана көптен бері жазып жүрген пьесасын аяқтап, ақырғы *нүктесін қойған* болатын (А. Б.).

НЫСАНАҒА АЛДЫ *Көздеді, бір нәрсеге қарай бағыттады; меңзеді.* Осы жігерлі жыр өлімді де жеңетін ұлы күш сияқты естілді құлаққа. Менің көз алдымда жасыл жалын жамылған «Варяг» кораблі, жау кемесін зеңбірек *нысанасына алған* Михаил Иванович тұрды (Ә. С.). Бұршақ бірден-бірге асқына түсті. Әдейі бізді *нысана* етіп *алғандай* қою қара бұлт шыр айналып төбемізден кетпейді (Б. С.). Олардың тіптен айрылатын реті де жоқ қой, шеше. Соңғы кезде арзан қол сұмдар табылып жүрген жоқ па, ерлі-зайыштың ортасына түсетін, — деп әлдекімді *нысанаға алып*, көздей сөйлейді (З. Ш.).

НЫСАНАҒА ШАНШЫЛМА *Біреудің көздері жеріне айналма.* Жуасты мін де, айран іш, Жоқ немеге шатылма, Ұры залым, құларға *Нысанаға шаншылма* (Абай).

НЫСАП БЕРЕ ГӨР *Қанағат, тойымшылық бер деген мағынадағы тілек.* Хажы заманы түгілі бірге туған ағасын түзей алмай: «Бишараға *нысап*, тауыпқы *бере гөр*», — деп құдайына жалбарынады (Ғ. Мұс.).

НЫСАП ЖОҚ *Қанағат жоқ, тойымсыз.* Көзін алып шерінің, *Нысабы жоқ* перінің. Жерге түскен миды алды, Жеп сонымен сыйланды (Ө. Т.). Расында жездесі тажалдау, *нысап жоқ* (З. Ш.).

НЫСАП ТҰТТЫ *Қанағат етті.* Ей, ғапыл, иман демек — шынға нанбақ, Шындықты *нысап тұтып* көңілге алмақ. Жүректі адалдыққа анық байлап, Тартынып арамдықтан таза қалмақ (Ө. Тәң.).

НЫСПЫ [НЫСПЫСЫМЕН] *Жоқ Түк жоқ, дәнеме жоқ, атымен жоқ, тып-тыпыл.* Сақал-мұрт дегеннен *ныспы жоқ*, тек иек астында селдір ғана сақалсымағы бар (І. Е.). Дүние-мүлік деген тіпті *ныспысымен жоқ* (І. Е.).

НЫШАН БОЛСЫН *Белгі болсын; белгі-көзі болсын.* Өксікті жігіт қыз қолынан сақина алып, «Сақинаң — *нышан болсын*, серігім — құсаң болсын!» — деп аттанған екен (АТ).

НЫШАН БІЛДІРДІ [БЕРДІ, КӨРСЕТТІ] *Ниет байқатты; белгі берді.* Партбюро секретары аса бір ризалық *нышан білдіріп*, оған ұзақ қарап қалды (С. Ш.). Мына тұрған Ұлжан мен Асанның аузынан кешірім *нышанын білдірер* жалғыз сөз естісе болғаны бұның да беті қайтқалы тұр еді (А. Б.). Біздіңше, мұнда біраз жаңалықтар *нышан бере* бастаған (М. Баз.).

НІЛДЕЙ БҰЗЫЛДЫ *Аяқ астынан айнып қалды, қалпын тез арада өзгертті.* — Қарашты қоса шақырып едім, өз қонағым бар деп, келмей қалды, — деді. Қараштың есімін естігенде Елеусіз *нілдей бұзылды* (Т. Ә.). Тез ұмытып, тез жойып, *Бұзылмаңдар нілдей* боп. Бастайын және термеден. Көпшілік айт деп ұнаса, Тоқталайын мен неден? (М. Сұл.).

ОБАДАЙ [ОБЫРДАЙ] ОПТЫ ООВЫР-ДАЙ ОПЫРДЫ Түк қалдырмай сыпырып-сыйырды; жалмауыздай жалмады. Бүгін бәріңді бірдей обадай обамын деп қаһарын төгіп отыр (Ғ. С.).

ОБАЛ ВОЛДЫ Күнә, жәбір, қиянат болды. Ғашықты жардан бөлсе де, Талай жан жолда өлсе де, Жасты, қанды көрсе де, Обал болды демейді (С. С.).

ОБАЛ [-Ы] ЖОҚ 1. Өзіне керегі, тілегені сол еді, сыбағасын алсын деген мағынада. Өзіне өзі сөйлейді, Сөйлегенде не дейді: Обал жоқ осы байларға Мал қызығын көрмеген, Жақсы төсек, жақсы ас жоқ, Жан қадірін білмеген (Абай). 2. Сұрауы жоқ, келер күнә, айып жоқ. Өлсе обалы жоқ, аяма тіміскі немені! (АТ).

ОБАЛЫ ЖІБЕРМЕГІР! қ а р ғ ы с. Қарғыс атсын. Жібермесін обалы жеңешемнің, Оны тастап қазаққа не деп келдің (Айтыс).

ОБАЛЫ ҚАНША О ОБАЛЫ НЕ КЕРЕК [НЕШІК] Орынсыз кінәлап қайтесің, жамандайтын рет жоқ; бекер жазғырып керегі не; қанша дегенмен. Қояр да қоймай Шағырды үйге алып бардым. «Сағадат, қонақ қабылда!». Обалы не керек, жарым онша ұнатқан жоқ. Шағырмен, тіпті, салқын сәлемдесті,— дейді Зейін (Ә. С.).— Обалы не керек, колхозды жақсы басқарды. Соғыстың ауыр жылдарынан колхозды үлкен абыроймен алып өтті (С. Бақ.). Обалы қанша, қойманы Салған-ақ екен сорлылар. Сырттағы соғыс ойнағы, Қамалға мұндай не қылар (Қ. А.). Обалы нешік, Шәріпхан аз күннің ішінде көп жұмыстар істеп тастады. Бұрынғы бастықтың төңірегіне жиналған жарамсақтар қызметтен қуылады (С. Ш.).

ОБАЛЫ ҚЫРЫҚ [ҚЫРЫҚ БІР] ЖЫЛ-ҚЫҒА Ұзағылған, қалың малға сатылған қыз туралы аянышты өкінішпен айтылып тұр. Кесте бір тіктім күлөпара, Айтарым жар-жар сыңсыма. Өкеңнің тәуір баласы, Обалың қырық бір жылқыға (В. В. Р.).

ОБАЛЫ МОЙНЫҢА Біреуге жасаған

күнә, қиянатың өз басыңа деген мағынада. Мына аттың обалы мойныңа шырағым. Осынша зорықтыра шауып не көрінді. Жау шапқандай алды-артыңа қарамай тартыпсың,— деп кейіпті (АТ). Обалым мойныңа, кетсең жазбай, Гауһармын тесілмеген, тұрған ойбай. Ғашықтық ойлағанда оңай емес, Байпаңдап барды алдына бала қаздай (Т. І.).

ОБАЛЫНА ҚАЛДЫ Жазықсыз жапа шектірді, қиянат жасады; көз жасына қалды. Елі, жұртым қайда жүр, Обалыма қала ма? Ақылдасып бұл жерге Үлкен, кіші жиналды, Қыздың зары тыңдалды (ҚамБ). Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын (С. Т.). Орта жолда болдырып өліп қалар, Мұның мен обалына қалмаймын-ай. Қарагер-ау, жөніңді айтшы маған, Айтсаңшы қайдан келген сорлы едің-ай! (С. А.).

ОБАЛЫН КӨТЕРДІ Күнәсына қалды, күнәсын арқалады. Өзгенің обалын көтергенше, өз қабырғамды сөгіп-ақ берейін (Б. Аман.).

ОБАЛЫҢ БІР ҚҰДАЙҒА Осы күйге түскеніңді құдайдан көр деген мағынада. Құдай басқа салмасын, сен секілді, Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті. Обалың бір құдайға, байғұс, сенің, Қақтырып қойған мұнша бос сөлтекті (Абай).

ОБАЛЫ ӨЗІНЕ О ӨЗ ОБАЛЫ ӨЗІНЕ Осы азап-сорды, бейнетті тапқан өзі, соның жаза-тақсіретін өзі тартсын, өзінен көрсін. Ұятты болдық, ұят-ты, қор қылды бұл елді. Бұзық ел, соны өзім әдейі сізге ауызба-ауыз айтайын деп келдім. Несін айтасыз?— Болыс. Ендеше несі бар? Обалы өзіне! (М. Ә.). Бағы келген жігіттің, Көңілі соғып жоғары, Жамандықтан қалды ол. Өзіне, дейді, обалы (М. Сұл.).

О БАСТА [БАСТАН] Әуелгі кезде, әуелден, ежелден, бастапқы кезден. Қобышы ол — «Қорамжанның» күйін тартқан, Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан. Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз, О баста сырнайлатқан, күміс жапқан (І. Ж.).

О ДҮНИЕГЕ САПАР ШЕКТИ **○** БҰЛ ДҮНИЕДЕН САПАР ШЕКТИ **○** МЕКЕГЕ КЕТТИ [АТТАНДЫ] *Қайтыс болды, өлді.* Жалғзынан айрылған сорлы әкем қайғымен қапа боп *о дүниеге сапар шегіпті* де, осы күнгі бір тоқтының құнына сатылып кеткен мен тірі қалыпмын,— деді қарт (Ә. Ә.). Бүгін шаңқай түсте сол жатқан ауру күйінен бір сәт айықпастан, маған бір тіл қатпастан шешем байғұс *бұл дүниеден сапар шекті* (Ж. С.).

О ЗАМАН ДА, БҰ ЗАМАН *Бұрын-соңды.* Әрине, арашашы ұрған қолды ұстайды. Тұрған қолды несіне ұстайды? *О заман да, бұ заман* арашашыны ұрған бар ма? (Ғ. Мұс.).— *О заман да, бұ заман* адамға адам нан бергенін көрсек те, қан бергенін көрмеді ек,— деп қарттар жағы жағаларын ұстады (ЛЖ).

ОЗА КӨШПІ, КЕҢ ЖАЙЛАДЫ *Арқаны кеңге салып, емін-еркін дәурен сүрді.* Басқа дәурен тұрғанда, Біздер-дағы, Байеке, *Оза көшіп, кең жайлап*, Еркімен еркін жатқан ел едік (М. Ә.).

ОЙ АУДЫ *Көңілі әр қайда бөлінді.* Бір үміт, бір хауіп, Көңілге жол тауып. Кірген соң сөз қиын, Әр неге *ой ауып* (Абай).

ОЙБАЙ САЛДЫ *Айқайлап жылады, байбайлады.* Бала *ойбайды салып*, ағалап, ары-бері жүгіреді (ҚЕ). Шыбын жан қандай шырғанды, Ұлтанқұл *салды ойбайды* (АБ). Өлгенін Төлегеннің білгеннен соң *Айқайлап* осы тойда *ойбай салды* (ҚЖ). Ол егін жақтағы белге баса бере, бар сумдықты көріп жібергенде, жалғыз өзі *ойбайды сал* зар қақты (М. Ә.). Ертең кемпір үйге кірді, Бала жазым болғанын іші білді. Зар ұрды, *ойбай салды*, не бітірсін, Тұра тұр, өзге жайын сұрама енді (Абай).

ОЙ БАСТЫ *Қалың ойға қалды, ой азабына, ой тұртпегіне түсті.* Соңғы кезде баланы бір түрлі *ой басып жүр.* Сергітер бір амал тапшы! (АТ).

ОЙ БАУЫРЫМ! *Жақын адамы қазаға ұшырағанда «ой бауырымдап» дауыс айтып, жылап келеді.* Кіргіннің келе жатыр жалғыз өзі, Мұз болды көкірегі көріп көзі. Құлады *«ой бауырым»* деп ат үстінен, Болмады онан басқа айтар сөзі (Т. І.).

ОЙҒА АЛДЫ [САЛДЫ] *Еске түсірді, есіне оралтты.* Көктемнің бір кешінде, Баласын ана *ойға алды.* Терезеге көз тіге, Қарай-қарай толғанды (С. Маш.). Қайда барсаң, *Ойыңа алсаң*, Қор болмассың, жұртыңды (С. Д.). Жолдастар еркін жүрген онда қалып, Мені де ойлайтын-ды *ойына алып* (Б. К.). Бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені *ойына салып*, сүйтсең, бек боласың, бүйтсең, көп боласың дейді (Абай).

ОЙҒА БАТТЫ [ВОЙЛАДЫ, ТҮСТІ, ШОМДЫ, ҚАЛДЫ, КЕТТІ...] *Ұзақ ой ойлады, неше түрлі қиял жетегінде болды.* Қазір оңаша үйде, осы халде *ойға*

батып отыр Ардақ (Ғ. Мұс.). *Ойға батып* түнімен, Қорқып жүрек шошынған. Ұзақ оймен, қайғымен Көз ілмедім, атты таң (С. Маш.). Қаным қызып, күйіп-жанып жас жаным, Осылардан басымды алып қашамын. Жан көрінбес, үні келмес алыста, Жан-тәнімен терсең *ойға батамын* (Б. К.). *Ойға бойлап*, тар үйде үлкен іс жасап отырған кең жігіттің қабілеті көрінеді (Ғ. Мұс.). Мақпал Әкімбай туралы *ойға қалды* (Ә. Қ.). *Ойға түстім*, толғандым, Өз мінімді қолға алдым. Мінезіме көз салдым, Төксеруге ойландым (Абай). Көшеде *ойға шомыл* жалғыз жүруді жаратамын ғой мен, Күлше-ау!... Кешір бауырым (М. И.). Босқа сарылып отырмайын деп Есенгелді қалың *ойға шомыла*, қалтасынан тәспігін шығарып, сыртылдаттып тарта бастады (І. Е.). Ойланып *ойға кеттім* жүз жылғы өткен, Тон қабаттап, кигенім шидем шекпен. Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар, Жырым балақ матамен әдіптеткен (Абай).

ОЙҒА ҚОНЫМДЫ *Көңілге, ақылға сыятың; түсінікті.* Сабақ *ойға қонымды*, әсерлі болып өту үшін қандай пәнде болсын көрнекі құралды пайдаланып отырудың пайдасы зор (ХМ).

ОЙҒА ОЛАҚ [ТАПШЫ] *Топас, ойға шорқақ, ойлауға жоқ; ақылы аз, ақылы келте.* Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас. Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надаңдар бәйра ала алмас. Қиналма бекер тіл мен жақ, Көңілісіз құлақ *ойға олақ* (Абай).

ОЙҒА САЛДЫ *Ойланып қарады, пікір таразысына өлшеді.* Кім біледі, кез болса артағылар, *Ойға салып* оқыр да, сөзін сынар. Көзін салып, ойланып кейбір сөзін «Рас-ау» деп мағынасын олдағы ұғар (Абай).

ОЙҒА ОРАЛДЫ [ТҮСТІ] *Еске түсті.* Өмірде *ойға түсіп* кем-кетігін, Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің (Абай). Әншейінде еленбейтін көп жайлар көңілге қаяу түссе, қай-қайдан ұрандасқандай *ойға оралады* екен (АТ).

ОЙДА ДЫМ ЖОҚ *Алаңсыз, қайғысыз.* *Ойда дым жоқ*, еркін жүрген шағында, Шын сүйіскен махаббатың тағында, Тағдырда жоқ түрлі әсер тап беріп, Махаббатты алса сүйреп ағыңға (Б. К.).

ОЙДА ЖОҚ ЖЕРДЕН **○** **ОЙДА ЖОҚТА** **○** **ОЙЛАМАҒАН ЖЕРДЕН** *Аяқ астынан, кутпеген жерден, тосыннан.* Көп зеңбіректің *ойда жоқ жерден* борай соққан қаһарлы оғы жау құралдарын жайратып, жау командасын естен тандырды (М. Ә.). *Ойда жоқ жерде* олжаға кездескенімді қара,— деді Баранов екі алақанын рахаттана сипалап (Ә. Ә.). Ол кейде *ойламаған жерден* жаңағы Керімбек Жанаевтардың арызы түрінде де жотасын көрсетіп жүреді (М. Ә.). Мәлімсіз тағдырымыз — жалғыз хақта, Бөлінді *ойда жоқта*, жастық шақта Өлгенше менің көңілім жал-

ғыз сенде, Жүрсең де сен ол жақта, мен бұл жақта (С. С.).

ОЙДАЙ ЕҢБЕК диал. Қыруар жұмыс. «Чкалов» колхозы 10 гектарлық бөгет суын нашар бөгеңдіктен айрылып қалды, ойдай еңбек зірә болды (Ақт., Байғ.).

ОЙДАН БАЗ КЕШТІ Көңілден түңілді. Жырла да зарла, көңілім, Сел болып жасың төгілсін. Естіген ойдан баз кешіп, Қамығып шындап егілсін (Б. К.).

ОЙДАН КЕТПЕДІ [ШЫҚПАДЫ] Ұмытпай есінде қалды, есінде сақталды. Сағыныш зарын білдірмей, Жүруші едім ішімнен. Қылығың, қалқам кетер ме, Жалғанда менің ойымнан? (Абай).

ОЙДАН ШЫҒАРДЫ Өзі ойлап құрасырды. Өкемнің ойдан шығарған әңгімелері менің санамадан берік орын алды (С. Ай.).

ОЙДАН ШЫҚТЫ 1 Ұмыт болды. Дүние ойдан шығады, Өзімді өзім ұмытып. Көңілім әнді ұғады, Жүрегім бойды жылытып (Абай).

ОЙДАН ШЫҚТЫ 2 Көңілдегідей болды. Бұл өзі ойдан шыққан іс болды. Шіркін көңіл қалауы қалтқысыз болса, бәрі «мен мұңдалаусыз-ақ» біте береді емес пе? (АТ).

ОЙДЫ ҚОЗҒАДЫ Көңілді тербетті, ойды тұрткіледі. Келісімді тәтті ой, әр шеберлік Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік, Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай, Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік (Абай).

ОЙ ЖЕЛКЕ Жал тұсы биік, желкесі ойқы. Шоқлардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ. Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ (Абай).

ОЙ ЖҮГІРТТІ ○ **ОЙ ЖІБЕРДІ** Әр жайға ойша барлау, шолу жасады. Ой жіберіп көрейін, Көңілді қозғап шамалы, Алдымдағы жақсылар, Осындай кезім келгенде, Тартынбай айтып өлеңін, Ақынның әнге салады (М. Сұл.). Теректерге асыла, Шықты ол таудың басына. Ой жүгіртіп, көз салды, Құздың қия тасына (С. Мәу.). Ой жіберіп қарасаң, Менің осы түсіме. Лашынның ісі ұсайды, Адамзаттың ісіне (С. С.).

ОЙ КӨЗІМЕН ТЫҢДАДЫ Зейінмен, ақылға сала құлақ қойды. Өмірдің алды—ыстық, арты — суық, Алды — ойын, арт жағы — мұңға жуық. Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық (Абай).

ОЙ КІРГЕЛІ Ақылға ие болғалы, ақыл қонғалы. Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме! (Абай).

ОЙ ҚЫЛДЫ [ОЙЛАДЫ] Қадам қойды, іс істеді, ниет етті. (Бұл жерде жаман, қара ниет іс қылуға бет алды деген мағынада). Құсақтың осы қылта мойынында, Аттардың шауып отыр жолы мұнда; Кек кернеп жасырынып тұрды біреу, Бір жаман осы өзекте ой қылуға (І. Ж.). Тойыңыз құтты болсын, той қылған қыз! Күйеуге кетейін деп ой қылған қыз (Айтыс). Ескендір елде алмаған хан қоймады, Алған сайын көңілі бір тоймады. Араны барған сайын қатты ашылып, Жердің жүзін алуға ой ойлады (Абай).

ОЙЛАҒАНЫ БОЛДЫ Ойына алғаны орындалды. Атаңа нәлет хан ұлы-ай! Тілегін сұрап алған соң, Ойлағаны болған соң, Патшаға хабар салдырды (М. Ө.).

ОЙМАҚ АУЫЗ Сүйкімді ауыз туралы айтылады, Бір ағашта бүлдірген, Қыз бен жігіт бір жүрген. Оймақ ауыз, күлім көз, Ішімді оттай күйдірген (Қән). Қыздың бота көзі өзінің қарауына тұрарлық бір нәрсеге түскендей жайраңдап, ойнақтап, оймақ аузына күлімсіреу пайда болады (С. Е.).

ОЙМЕН ТОН ПІШТІ Сыртынан шешім айтты. Кеңшілік сүгін ішем деп Ойменен тон пішем деп (Д. Б.).

ОЙНАҚ ҚАҚТЫ 1. Бұл жерде үйіріле соғып, үйіріле ойнап деген мағынада. Кавказға бір қап-қара бұлт мінді, Естіп тұрған кісідей тау күңірөнді. Жер-дүниені шақ, тұман қабат басып, Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді (Абай). 2. Қолды-аяққа тұрмады. 3. Жайдары, ойнақы қылық көрсетті.

ОЙНАҚ САЛДЫ Секірді, асыр салды. Жақыннан үрке қашып, трактордың даңғырынан орғып секіріп, безіп жөнелген асау тағылар ойнақ сап кетеді (М. Ө.). Жаз жайнатып, күн күлдіріп, Біз лагерьге барамыз, Асыл жібек гүл үстінде Аунап ойнақ саламыз (Ж. С.).

ОЙНАП АЙТТЫ Қалжыңдап айтты; жеңіл ойға жеңгізіп, бекерге шығара, әзілдеп айтты. Бақа көріпкел әулие екен, жұрт ойнап айтам деп, ойнап айтып жүр екен (ҚЕ).

ОЙ ӨЛКЕСІ Ой дүниесі; тәтті сезім. Ата-анаға көз қуаныш, Алдына алған еркесі, Көкірегіне көп жұбаныш, Гүлденіп ой өлкесі, Еркелік кетті, Ер жетті, не бітті? (Абай).

ОЙРАН-АСЫР БОЛДЫ ○ **ОЙРАН БОЛДЫ** ○ **ОЙРАНЫ ШЫҚТЫ** Астан-кестені шықты; қирады, бүлінді. Өстіп ой дүниесі ойран-асыр болып тұрған сержанттың құлағына рота командирінің ұрыс басқару ұясынан таныс даусы талып естілді (Ж. Т.). Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді (Абай). Сөкпе, қалса сөзімнің шалалары, Кітапта жазған орыс даналары, Бұрын неше соғыста ойран болған, Көрінді Дағыстанның қалалары (А. А. Қ.). Ой-

раны шығып жау қалды, Жер теңселіп, дірілдеп (С. В.). Шығарып кетті ойранын, Ойнақтай түсіп жасылдай (С. В.).

ОЙРАН-БОТҚАСЫН [ОЙРАН-ТОПЫРЫН] ШЫҒАРДЫ **○** ОЙРАН-ТОПЫР ҚЫЛДЫ **○** ОЙРАН САЛДЫ [ЕГТІ, ҚЫЛДЫ] *Тас-талқанын шығарды, бүлдірді, күл-талқан етті. Сүттей ұйыған колхоз, шалқыған дәулет еді. Ілезде ойран-ботқасын шығарды (Ғ. Мұс.). Тарт, ордасын ойран ет, Тап еліңді Аламан! Сен батырдан ұзама! (М. Ә.). Ойран салып қарайық, Болса да көк тас шыдамды. Жазалаушы әскерге, Ұстап тауып беріңдер, Адам болса күмәнді (Н. Б.). Өңкей тағы жылқы ауылды ойран-топыр қылып кете жаздайды (ҚЕ).*

ОЙ САЛДЫ [ТҮСІРДІ, ТАСТАДЫ] *Әр түрлі ой оралтты, әр түрлі пікір ұялатты. Тамырды солқылдаттып, ойды қозғап, Жүректі тебіренгіп, ішті жылтар. Қайғылы, мұңды, өнерлі, шерлі жанға, Ой салар, ойын түргер, жыбыршытар (І. Ж.). Көп түсірген ой маған, Алтын оттай жайнаған (Қ. А.). Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Өнді сүйсең, менше сүй (Абай). Әр жайға өздігімен, кейде өз бетімен тың ойлар айтқыш Жандос қазір жаңа бір ой тастады (М. Ә.).*

ОЙСЫЗ ҚҰЛАҚ *Надан, еш нәрсеге түсінбейтін топас кісі. Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды (Абай).*

ОЙ ТАППАДЫ *Ойлы, пікірлі адам бола алмады. Орынды іске жүріп, ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған. Қасиетті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекерге бұлғақтаған (Абай). Қызмет қылып мал таппай, Ғылым оқып ой таппай, Құр үйінде жатады, Ел қыдырып ас ішіп, Еркек арын сатады (Абай).*

ОЙ ТОҚТАТТЫ 1. *Ер жетті, ақылы толысты. Есім кірді, ой тоқтаттым ер желе, Өзгерді де өмірге көзқарасым. Болғандықтан шығар өзім әлде әке, Анашымды енді білем бағасын (Б. Ы.). 2. Тұрақты пікірге, бір тоқтамға келді, зер салды, назар аударды. Жұрт ары толқып, бері толқып көшеуге ой тоқтатып, пәтуа жасапты (АТ).*

ОЙ ТУДЫ [КЕЛДІ, ТҮСТІ] *Жаңа пікір келді, сана-сезімі, ойы оянды. Күн артынан күн туар, Бір күн дамыл еткізбес. Ой артынан ой туар, Желге мінсен, жеткізбес (Абай). Сынық көңілім көп кешер, Майда қолмен ұстасаң. Көңілге түрлі ой келер, Әр тереңге нұсқасаң (Абай). Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді (Абай).*

ОЙ ТҮБІНЕ ЖЕТПЕДІ *Көп ойланды, ой ұшығын ұстай алмады. Ойланамын, ой түбіне жетпеймін, Ойдан ұзап қадам шетке кетпеймін. Өзім көріп, сүйем сені демесе, Өле-өлгенше ойды риза етпеймін*

(Б. К.). Отыз күн ойланып, қырық күн толғанған хан, ақыры бір күні ой түбіне де жетті (ҚЕ).

ОЙ ТҮКПІРІН АҚТАРДЫ *Түпкі ой-мүддесін жайып салды, сырын шертті, айтылмаған сөз қалмады. Қыз жайын кім біледі жақындаспай, Ой түкпірін ақтарып, сырын ашпай. Ішінде ит өліп жатқан қыз көп, Көрге бірге түсетін бетін ашпай (С. Т.).*

ОЙЫ БАСҚА [БӨЛЕК] *Өзге пікірде, жұрттан, жұрт ұйғарған пәтуаластықтан шет кетер пікірде. Ойы басқа болмаса жиынға неге келмеді (АТ). Не жазыпты, талқылайық дегені — білейік, не бар екен дегендік емес, ол шығармада не жазылғандығын бұрын да білетін. Ойы басқа, кітаптың шығуын кешеуілдеуі, жұртқа солай ету керек екен деген жолбике пікір туғызу (АТ).*

ОЙЫ БҰЗЫЛДЫ 1. *Айныды. Баянның бұзылмайды ойы* дейді, Тал шыбықтай бұралған бойы дейді (ҚКВС). 2. *Көңілі жамандыққа ауды.*

ОЙЫ ОНҒА, САНАСЫ САНҒА БӨЛІНДІ *Не істерін білмей дел-сал болды, басы қатты. Дүниенің барлық таршылығын ойлағанда, ойымыз онға, санамыз санға бөлінеді. Ағайындардың осы қорлығын ойлағанда осы жерде де өле қалғым келеді, — дейді (М. Ә.). Түбі болар. Бірақ қашан болар? Ел шыдай ма? Менің ойым онға, санам санға бөлінеді осыны ойлай (М. Ә.).*

ОЙЫНА АЛМАДЫ *Есіне түсіріп ескермеді. Көп салқын бірін-бірі ойына алмас, Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас. Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай, Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас (Абай).*

ОЙЫНА КЕЛГЕНІН ҚЫЛДЫ [ІСТЕДІ] *Ойына не келсе соны істеді; толғау, тежелу дегенді білмей, ақылға салып жатпай іс істеді. Бекерге жұрт баласын қырып жүрсің, Ойыңа келгеніңді қылып жүрсің (АБ).*

ОЙЫНА КІРІП ШЫҚПАДЫ *Елең қылмады, істің жайын ойлап басын ауыртпады. Оған таңның атқаны, күннің батқаны, бүгінгі таңның әсері оның ойына да кіріп шыққан жоқ (С. Д.).*

ОЙЫНАН ШЫҚПАДЫ *Көңіліндегідей болмады, дегеніндей болмады.*

ОЙЫН БАЛАСЫ *Алты-жеті, бес-он жас арасындағы ойыннан басқа алаңы жоқ бала.*

ОЙЫН БОЛДЫ *Ермек болды, ермегіне айналды. Қойшылар көріп күлісіп, Ұстап алды қарғаны. Бір жіпті берік бек байлап, Аяғына жалады. Балаларға ойын боп, Қор болып сүйтіп қалғаны (Абай).*

ОЙЫН БӨЛДІ *Көңілін аударды*. Ағай, мен үйге келдім,— деген Мұраттың сөзі Тілегеннің ойын бөліп жіберді (М. И.).

ОЙЫНДА ҚАЛДЫ *Жадында, көңілінде сақталды, ұмытылмады*. Адамның сол қызықты нәрсесін іздеген кез өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады (Абай).

ОЙЫН КӨТЕРМЕДІ *Қалжыңдағанға, әзілге түсінбей ашу шақырды, өкпеледі*. Ойын көтермейді екенсің, құрдас болып нең бар еді.— Жоқ, қайнаға мен ойнап тұрған жоқпын,— деді уәкіл Кәрімбайға (С. М.).

ОЙЫН ОНҒА, САНАСЫН САН САҚКА ЖҮГІРТТІ *Әр түрлі қиялға түсірді, ойға қалдырды*. Тап осындай балық мол ауланатын кезде қылым қабының толып шықпауы Әзімбайдың қабырғасына баты. Ойын онға, санасын сан саққа жүгіртті (ЛЖ).

ОЙЫН САЛДЫ 1. *Асыр салды*. Адамзат сайран етер көңілі жай, Секіріп ойын салар құлын мен тай. Қой маңырап, сиыр мөңіреп шат болады, Тасиды күркіресіп өзен мен сай (Ы. А.). 2. *Ұрыс салды, соғысты*. Сүйіп мінген тарланға Басты келіп дойырды. Тарлан салды мойынды, Толып жатқан қалмаққа Тарғын салды ойынды (ЕТ).

ОЙЫН ТЕРБЕТТІ *Көңілін аялады, сезімін оятты, жүрегін қозғады*. Жетіп қалып Еспенбет, Қолыңда соның ер жегкен, Он төрт жасқа келгенде, Еспенбеттей еріңнің Туған ел ойын тербеткен (Д. В.).

ОЙЫНШЫҚ БОЛДЫ *Мазағы болды, келемежіне түсті*. Хан еріксе, қара халық ханның ойыншығы болады (Мақал).

ОЙЫНЫ КЕЛЕДІ *Қылжақтап, әзілдегісі келген кісіге айтылады*. Ақ семсерді қолыңа ал, Маңдайын жарып, басын шап, Жерге түссін мойыны, Келеді кіммен ойыны? Қызға таңсық мырзаның Қылышпенен көңілін тап (ҚамВ).

ОЙЫНЫҢ ОСЫЛСЫН, ОЙЫНЫН ОСЫЛҒЫР! *қарғыс*. Ойынға салынған кісіге (жобіне балаға) айтылатын кейіс. Ойының осылсын, жетпегір! Малдың астын бір күремпесің ғой, ойының осылғыр! — деп жатыр (АТ). Мына сұлу мұртты тамырларың болса да, бүгін басқа үйге жаткыс. Өзі бір сумакай ғой, ойының осылғыр! (Ғ. Мұс.).

О, КӨК ТІГІЛГІР! *қарғыс*. Өлім келгір деген мағынада.— О, көк тігілгір! О, қара байланғыр! Иесіз қалғырдың мүлкі, түге! Тап жаңа ғана тап-тұйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім. Баласы құрғырлар-ау жүретін жолға қойған (Ә. Н.).

ОҚАЛЫ КИІМ КИДІ *көне*. Шен алды, сәнденді деген мағынада. (Ақын бұл жерде оқалы (әскери) киімді киюді мақ-

сат етпеуді айтып отыр). Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге. Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге (Абай).

ОҚАЛЫ ТОН *көне*. Оқа-түйме тағылған, сыйға берілген тон. Мез болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға. Күнде жақсы бола ма, Бір қылығы жаққанға? Оқалы тон тола ма, Ар-ұятын сатқанға (Абай).

ОҚ АТТЫ *Қастандық жасады, қарсы болды*. Арамың сол, Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын. Біреудің бетін сыртқа ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсың! — деді (М. Ә.).

ОҚ АТЫМ [ЖЕТЕР] ЖЕР © ОҚ БОЙЫ *Халықтық өлшем*. Өте жақын, тым талу жер; оқ жетер қашықтық; садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы. Мамия оқ атым жерге бауырымен жорғалап барды (ЛЖ). Оқ бойы жерге келіп сөлем берді, Қосшыға атын тастап қарсы жүрді, Қол беріп Келденбайға амандасты, Көретін күн болды-ау деп сіздей ерді (И. В.). Күндіз аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған (М. Ә.). Оқ жететін жерге жақындамады (Ә. Н.).

ОҚ ЖЫЛАН 1. *Шөлейт жерде болатын, қимылы шапшаң жылан*. 2. *Сұрқия, жауыз*. Қарлығаш Күнікейге: Үңдіі өшір, оқ жылан, Жас тілеуін жалмаған! Өзіндей деп ойлап па ең, Өктегенге өзеуреп, аярлықтан талмаған... (М. Ә.).

ОҚ ЖЫЛАНДАЙ КӨРДІ [КӨРІНДІ] *Ұнатпады, жек көрді, тітіркене қарады*.

ОҚ ЖЫЛАНДАЙ БЫСҚЫРДЫ *Айбат шекті, зәрін шашты, кәр төкті, ашуын шақырды*. Бұрын сынықтан сылтау тауып оқ жыландай ысқыра келетін Нұртай бұл күнде Күреңбаймен шүйіркелесе сөйлесті болды (С. О.). Патша келіп қараса, Оқ жыландай ысқырып, Ор текедей пысқырып, Жігіттерді бұтына Қысып-қысып тыштырып (МЗ).

ОҚҚА БАЙЛАДЫ © ОҚҚА БАЙЛАНЫДЫ *Ажалға нысана етті, өлімге басын тікті*. Көп жүрген қара жолмен қадам бассаң, Кім саған зорлық етер талаптынып, Отқа күйі, оққа байлан, адалды тап; Киген тәж, мінген тағың болсын сол-ақ (Үш. ғас. ж.).

ОҚҚА ҰШТЫ *Оқ тиіп өлді, оқтан ажал тапты*. Ақтенгек оққа ұшқан соң көше жөнелдік. Сиқымбайдан жеңілсек кайда барамыз? (Ғ. Мұс.). Бір атқанда сарбаздың, Бесеуі бірден оққа ұшып, Өліп кетті құр текке (О. Ш.).

ОҚ ӨТТІ *Ақын бұл жерде органың, танымаған, қадір-қасиетін білмеген көптің көрсеткен жапасын айтып отыр*. Мен жаралы жолбарыспын, Жұрттың атқан оғы өтіп, Сен өсірке, сорлы жаспын, Шың сөзіме рақым етіп (Абай).

ОҚТАЙ АТЫЛДЫ *Тік, тез қарсы шапшыды. Бір жолбарыс оқтай атылып келіп, қызды жарып жіберді (ҚЕ).*

ОҚТАЙ ҚАДАДЫ [ҚАДАЛДЫ] **О** ОҚТЫ КӨЗІМЕН АТТЫ [ҚАРАДЫ] **О**
1. *Зәрлі, қаһарлы жузбен қарады. Оқтай қадап, тұрды қарап, Өлім көрдім көзінен (Б. К.).* 2. *Шаншудай, зәрдей тиді.* Мырза бір аяғын көсіле салып, маған қарап күлімсіреген болды. Күлкісінің өзі маған *оқтай қадалды (Б. М.).* Жақсылық есіктен кіріп келгенде Әбіш пен Құрман бір жерде отыр екен, болымсыз күбір етіп, сөлем берді. Екі бай өңдері сұрланып, *оқты көздерімен атты (М. Ә.).* Маша ашулана, қаһарын төге, оны *отты көзімен бір атты да, есікке қарай жүрді (Ә. Н.).*

ОҚТАЙ ТҮЗУ *Түп-түзу.* Қалаға лезде келіп кірген торы жорға атты кашаба шана... ағынын бәсеңдетпей соқтырып келеді. Содан көлденеңдеп тағы да *оқтай түзу кең созылған Сельский көшемен Никольский шіркеуіне қарай тартты (М. Ә.).*

ОҚТАУДАЙ БОП ЖАРАҒАН *Қаншырдай қатып, әбден бабына келген (ат).* Енді міне мынау сар даланы кезіп келе жатқан үш салт аттының ортасындағы ақ құба жігіт осы Есіркеген. Астында *оқтаудай боп жараған күзен күрең (І. Е.).*

ОҚ ТИГЕН ҰЗАК КӨЗДЕНДІ *Мүсәпір күй... түсті. Оқ тиген ұзақ көзденіп, Ұшырап күйге кезбелік (Д. Б.).*

ОҚ ТІСТЕСТІ *Ант егісті, сертгесті.* Екі батыр ай далада кездесіп, бірін-бірі ала алмаған соң, бізге не жептеді десіпті де *оқ тістесіпті.* Ол заманда анттың үлкені *оқ тістесу* болыпты ғой (АТ).

ОҚ ШАШТЫ *Оқ жаудырды.* Менменсінген дұшпанның Көңілін басқың келе ме? Майдаңда шаңды боратып, Өрттен шыққан ұшқындай, *Оқты шашқың* келе ме? (Д. Б.).

ОҚЫРАЛАҒАН [СӘЙГЕЛ, ОҚЫРА ТИГЕН, ОҚАЛАҚ КЕЛГЕН] *СЫЫРДАЙ Ойран-топырын, астан-кестенін шығарғандай қылды деген мағынада.* Көптен бері Жәнібек пен Керей осы рулардың сөзін сөйлеп, сойылын соғып өздеріне баурап жүр. Азғантай мүлт кетсең, *оқыралаған сыырдай* мәңки тулап жұртты бөліп әкеткелі тұр (І. Е.). Әкімдер көрсе, *сәйгел тиген сыырдай* қып қуып кетіп жүрмей ме? — деді Құрышпай қасындағы жігітке сөз тастап (З. Ш.).

ОҚЫСТЫҚ БОЛДЫ [КЕТТІ, ӨТТІ] *Жаңсақ болды, қате кетті.* Хан әлде бұ Дулатқа кекті ме екен? Бір хабар жамандаған жетті ме екен? Қатыннан, не баладан, не малшыдан Білместік, бір *оқыстық өтті* ме екен? (І. Ж.).

ОҚЫС ІС ҚЫЛДЫ *Ойда жоқ, кісі ойына келе бермейтін, жұрт лайық көре бермейтін іс істеді.* Бұл бір оқыс іс болды. Атам балаларынан шығады. Жылда

бір оқыс іс қылмаса, көңілдері көншімейді (АТ).

ОЛАЙ-БҰЛАЙ БОЛЫП КЕТСЕ 1. *Қолайсыз жағдайға тап бола қалса.* Шырағым, *олай-бұлай боп кетсем*, хабарсыз қалмаңдар (АТ). 2. *Қайтыс болған күнде.*— Егер жаман айтпай, жақсы жоқ, шешем *олай-бұлай боп кетсе*, Шәріп жауап береді ғой, ә? Қалай дейсің? (М. И.).— ...Мен *олай-бұлай болып кетсем*, сендердің орындарыңа басқа біреу жоқтау айта ма,— деді ол (С. Ад.). *Олай-бұлай боп кетсем*, Асыл туған Жібекті Еш жаманға қор қылмай, Өзің бір алып сүйгейсің (ҚЖ).

ОЛ БӘЙБІШЕДЕН, БІЗ ТОҚАЛДАН ТУЫПШЫЗ БА? *Есе, сыбаға, үлес тимегенде «кем болатындай біз кім едік, ол кім еді?» деген мағынада айтылады.* Бәріміздің баққанымыз бір совхоздың малы, олар *бәйбішеден, біз тоқалдан туыпшыз ба, сыбағалы үлесіміз тимейтіндей!* (АТ).

ОЛДА БІЛДӨ [ОЛЛА БЫЛЛӨ] қарғану. *«Құдай біледі», «құдай ақы» деген мағынада.* Мына дастан жалын-ау... Ал, мынаның несі мақтайд жаным-ау? Іші де жоқ, сырты да жоқ, аты бар, Мұндай қызға, *олда білдө* жаным жау (Х. Ер.). *Олла біллө*, мен өз көзіммен көрдім, құдай үшін, мұны ешкімге әзір айта көрмеңіз,— деді Сайдақ (Ә. Ә.).

ОЛЖА БОЛДЫ *Пайдаланды, пайда етті, өз пайдасына алды.* Алтыншы тілек тілеңіз, Алпыс басты ақ орда, Ардақтанған аяулың Күнінде біреуге Тегіннен-тегін *олжа болмасқа (Б. Қ.).* Қараша Абылайға келген екен, Екеуі сертке тағам жеген екен, Рұқсатсыз үйіне кісі кірсе, Ат тоны *олжа болсын* деген екен (С. А.).

ОЛЖАҒА БАЙЫДЫ [КЕНЕЛДІ, ҚАРЫҚ БОЛДЫ, БАТТЫ] **О** ОЛЖАҒА БЕЛШЕСІНЕН [ШАШ ЕТЕКТЕН] БАТТЫ *Байлыққа (пайдаға) қарық болды да қалды.* Ызғытын малды шығарып, Қобыланды батыр келеді. Қияттың жаман әскері, Көп *олжаға кенелді (ҚБ).* Магрицкий қоғамдық мал азығын оңды-солды шашқан. Жөке меншігінде көп мал ұстап, оны мемлекет есебінен бақтырып, оңай *олжаға шаш етектен* батып отырған (СҚ).

ОЛЖА ҚЫЛДЫ *Пайдаланды; пайдаланып кетті.* Шырағым, *олжа қылғаның* кімнің малы? Жетім-жесірдің көз жасы. Мұныңмен сен кім болғаныңды сезінермісің (АТ).

ОЛЖАНЫ ОРТАҒА САЛДЫ *Қолға түскен пайданы, тағысты бөлісті.* Бес сыбанның ұлына, *Ортаға салды олжасын.* Жүз тайлақтан есептеп, Біреуін де алмады (Д. Б.).

ОЛЖА САЛДЫ *Вәйгеден озып, күресте жығып, айтыста жеңіп, тіккен бәйгесін алып берді; соғыста жеңіп дұшпанның мал-мүлкіне ие етті.* Атығай-Қарауылға *олжа салған*, Бөта тірсек, қыз сағақ сан-

дал керім (А. Қор.). Қобыланды елге барғанда, Қаланы өзім алдым дер, Олжаны өзім салдым дер (ҚБ).

ОЛЖА ТҮСІРДІ *Пайда келтірді.* Бір қараны екі-үш рет аударып сатып біраз олжа түсіріпті (АТ).

ОМАҚА АСТЫ **○** **ОМАҚАСА** [ОМАҚАТА] **ҚҰЛАДЫ** [ҰШТЫ, ЖЫҒЫЛДЫ] **○** **К...І КӨКТЕН КЕЛДІ** *Мойнын астына ала құлады, жер сүзе жығылды; аяғы аспаннан келіп, шалқасынан түсті.* Он шақты мылтық қатарынан гүрс ете түсті. Құла қасқа омақаға құлады (С. М.). *Жығылды* жерге ол ат омақаса, Жаныштап жерге иесін, үстің баса, Қызыл қан қылыш бояп құлақ тұнар, Маңайда өлік ұлып ыңыранса (І. Ж.). Кісі алатын қабан төбетті қапқалы келген жерінде Оспан қара тұмсығынан самса тартып, жалғыз шертіп, омақа асырып, талдырып түсіргені бар (М. Ә.).

ОМАЛЫП ОТЫРДЫ *Еш нәрсеге араласпай, тапжылмай бір орында отырды; шаруаға араласпай отырды.* Төрде омалып отырғандардың кейпі бұлардан бөлек (Ғ. Мұс.).

ОМЫРАУҒА АЛДЫ [САЛДЫ] **○** **ОМЫРАУ ЖАСАДЫ** *Тықсырды, кие жөнелді, кеудеге салды, күш көрсетті.* Бобров енді ес жигызбай, оларды омырауға алып, киіп кеткісі келді (Ә. Н.). Бөкенді сынаушы да, мінеуші де көп болды. Қарсы тұрып омырауға салып сүйреп шығып, сөзін айтқан Самат қана болды (ЛЖ). ...Осы фронттағы шабуылдарының ең мықты деген ұрынғыш тобы сол. Ол әлі де омырау жасап келеді (М. Ә.).

ОМЫРАУЫ ЖАСҚА МАЛЫНДЫ [БОЯЛДЫ] *Қайғыға батты, егіреді.* Омырауы жасқа малынып, Көрінген құсқа жалынып, Баласына зар-күйін, Қайнаған іште бар күйін Жеткіз деп жылап тапсырды (ҚЕ).

ОМЫРАУЫН АШТЫ *Бейіл білдірді, кел деп қарсы алды.* Ебейсін осынша ықылас білдіре шұрқырасып жатқан кісілерге омырауын аша қоймады (Ә. Н.).

ОМЫРТҚАНЫҢ ПИИДЕГІ ЖҰЛЫНЫМ *Соншалық қастерлеп бағып, қорғаштап сақтаған қымбатым деген мағынада.* Құлагер, қолда өсірген құлыным-ай! Ішінде омыртқамның жулыным-ай! Жың ба екен, сайтан ба екен қаза болғыр, Қанды қол қастықпенен ұруын-ай! (І. Ж.).

ОМЫРТҚАСЫ ТҮЗУ ЖІГІТ *ди а л. Білімді, ақылды, көрнекті, іскер жігіт* (Гур., Мақ., Қарағ., Ұлы.).

ОНДАЙ-ОНДАЙ ХАН ҚЫЗЫНДА ДА БОЛАДЫ *Кемшіліксіз адам жоқ, кемшілік кімде болса да болады.* Ержанға Мұраттың мінезі қатты батты. Егер Мұрат оған қатты сөз айтса, қиналмас еді. Әскер өмірі Ержанды ондайға үйреткен. *Ондай-ондай хан қызында да болады,* Ержан сөгіс те алып көрген (Т. А.).

ОНДАЙ К...ТІ [ОҒАН, САҒАН] КІМ БЕРДІ? *Ондай күш қайдан келді, ондай ерлікті саған кім берді?*

ОН ЕКІ ДЕ БІР ГҮЛІ АШЫЛМАҒАН *Қыршың жас; шынайы таза, ұяты бегінде тұрған именшек, ибалы жас.* Ол екі жүзді Ескендірдің он екі де бір гүлі ашылмаған жастығы мен аңқаулығын пайдаланып, оп-оңай қолға түсіру үшін екі мың сомның материалын тығып қойып, түрмеге отырғыза жаздағанын біліп күйзелді (ЛЖ).

ОН ЕКІ ДЕ БІР НҰСҚА ЖОҚ 1. *Әлі басы да құралмаған, ізі салынбаған, ешбір белгісі жоқ.*— Мен не айта аламын? Түк айтуыма болмайды. Өйткені жаңаша оқытарлық бізде жағдай, он екі де бір нұсқа жоқ. Тым құрыса мектеп жанында учас-ток болса екен-ау...— деді (М. И.). **2. Сау-тамтығы қалмаған.** Есіл ер-тұрман, он екі де бір нұсқасы жоқ, тозып бігіпті (АТ).

ОН ЕКІ ҚҰРСАУ ЖЕЗ АЙЫР [МЫЛ-ТЫҚ] *Ер қаруы.* Он екі құрсау жез айыр Қара мылтық жұмсаған Бұ жиынның ішінде қара Найман Жақан бар (Шайыр...).

ОН ЕКІ МҮШЕ *Дене бітімі, бар тұлғасы, тұтас дене.* Тазының тірсегі майысып жерге тиеді, он екі мүшесінде бір мүкіс жоқ еді,— дейді Қалжан (Қ. Тай.). Он екі мүшең саудырап, Екі көзің жаудырап, Әлі-ақ өтіп кетерміз, Еріп кеткен тоңмен тең (Д. В.).

ОН ЕКІ САҚҚА [ӘР САҚҚА, НЕШЕ САҚҚА] *Әр қилы, неше түрлі құбылты деген мағынада.* Оның ұзын құлақтан естіген бұралық сөзі Төтөев Әбікен жолдасты алты ай әуреледі. Он екі саққа жүгіртті (С. Төл.). Соңғы хабарды естіген соң, бармақ шайналып, ыза қайнап, жүрек лүпілдей бастады. Жолдастар әрбір хабарды неше түрлі саққа жүгіртіп, талқыға салады (С. С.). Әр жаққа бір сілтеп билер мен ақсақалдарға айтқаннан не түседі? Біреуіне айтсаң, біреуіне сілтейді... Сөз тек бос шығасы. Бірін-бірі жебедемең, неше саққа ұрады да, шаң қаптырады (М. Ә.). Абай қазіргі үнсіз сәтте бұл жиынның ішінде жүз түрлі түйін жатқанын аңғарды. Осы топтың неше саққа құбылып, арбаса аңдысып, құйқылжып отырғанын байқады (М. Ә.).

ОН ЕКІ ТҰТАМ [ОҚ] *х а л ы қ т ы қ е л ш е м. Көбіне садақ оғының өлшем-теңеуі.*

ОН ҚОЛЫНАН ӨНЕРІ ТАМҒАН **○** **ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН** [ӨНЕРІ ТӨГІЛГЕН] **○** **БАРМАҒЫНАН ӨНЕРІ ТАМҒАН** **○** **ОН ҚОЛЫ ОН КІСІ, ҚАРА БАСЫ БІР КІСІ** *Өте шебер.* Сақау шебер болатын. Он қолынан өнер тамады. Сыңған машиналарды жамайды, қолынан көк арба істеп шығарады (С. М.). Онда он саусағынан өнері тамған бір шебер ағаштан ат жасап, әр түрлі құралдармен жаб-

дықтайды (М. Ғ.). *Он саусағынан өнері төгілген бір жан кырмада елден кетіп, қырыққа шығарында кеп отыр (К. О.).*

ОН САЛСА БІР ВАСПАЙДЫ **○ К...I АУЫР Жүріс-тұрысқа, іске бейімі жоқ, жатып ішер жалқау деген мағынада.**

ОН САН *Өте көп, қырық рудан құралған, түрлі-түрлі. Жан біткен еріп соңынан, Он сан алаш баласын Жусатып қойдай өргізіп, Жұмсап бір жүрсін қолыңнан (Б. Қ.).*

ОН САН НОҒАЙ *Күллі ноғай тайпалары деген мағынада айтылады. (Ескілік уақытта «сан» сөзі ірі ру немесе тайпа ел, дуан мағынасында да айтылған, «тоғыз сан торғауыт», «он сан оймауыт» дегендер де солай). Орманбеттен аттанған он сан ноғай, Біреуінің ақылы он сан қолдай (ҚҚБС). Орманбет би өлгенде, Он сан ноғай бүлгенде, Саназар батыр жауынан Жаралы болып келгенде (АӘ). Он сан ноғай оймауыт, Тоғыз саңды торғауыт Барабан соғып, шың қағып (ЕТ).*

ОН САУСАҒЫНДАЙ **БІЛЕДІ** *Бәрін түгел жыға таниды; жетік біледі. Қарауындағы адамдарын он саусағындай білетін Назаренко көп ойланған жоқ.— Қазір бізде басы артық кісі жоқ. Қырман күзетіндегі екеңе барып айт, бір-екі күн сендерге көмектессің,— деді (Ө. Ө.). Сайып кеп айтатынымыз — аналық бас қарайтын шопан бригадасының отарының дұрыс құрылуы, әрбір қойдың сыннан өтуі, оның әрқайсысын түнде шошып оянса да өзінің он саусағындай шопанның танып білуі (М. Е.).*

ОН СЕГІЗ МЫҢ ӘЛЕМ **[ҒАЛАМ]** *Жер жүзі, барлық әлем. Жаратушы құдайым, Өзіңді тілге алайын. Алымдар айтқан кітапта, Он сегіз мың әлемнің Біледі дейді әл-жайын (М. Сұл.). Он сегіз мың ғаламды жаратысың, Мекен-мекеніне таратысың (БЖ). Көңілін ханымыздың сұраймыз деп, Ғаламнан он сегіз мың жан аттанған. Қасқайып қабақтары қарашыңның Той қылып ойда-қырда санаталған (Ш. Ж.). Он сегіз мың бұл ғаламның, Бар тынысы күнде тұр. Мен сықылды сорлы адамның Бқтияры сенде тұр (Абай).*

ОН ТӨРТІНШІ АЙДАЙ **[БОП]** *Толған айдай жарқырап көзге түсер сұлулық. Он төртінші айдай боп Түседі кімнің көзіне (ҚЖ). Он төртінші айдай боп Түседі кімнің қасына? (ҚамБ).*

ОНШАДАН МҰНША ЖҮРІП *Жүріп жүріп кеп; өзім болғалы, пәлен уақыт. Оншадан мұнша жүріп ауырып та көрген жоқ едім (К. О.).*

ОНЫСЫЗ ДА ШЫҒАЙЫН ДЕП ТҰРҒАН КӨЗ ЕДІ ДЕГЕНДЕЙ *Онысыз да бүлінейін деп тұрған, жығылғанға жұдырық деген сияқты ұғымда айтылып тұр. Оның үстіне «онысыз да шығайын деп тұрған көз еді» дегендей арадағы жүріп*

жатқан бітімнің күрт тоқтатылып, Орынбор әскери губернаторы Обручевтің Кенесарыға қатал ұсыныс етуіне тағы да бір қанды оқиға себеп болды (І. Е.).

ОҢ БАТАСЫН АЛДЫ **[БЕРДІ]** *Ақ тілегін берді, жолының болуын тіледі. Базарбайдың теріс батасы да оған аз бөгет болмайды. Базарбайдың оң батасын алған Сансызбай мұрат-мақсатына жетсе, теріс батасын алған Төлеген мерт болады (М. Ә.). Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда (М. Ә.).*

ОҢҒА ВАСПАДЫ 1. *Жөнге жүрмеді, теріске тартты... Обалымыз қиыны жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұршына болсын (С. Т.). 2. Ісі оңғарылмады, жолы болмады. Шаруасы құрғыр бір рет оңға баспай-ақ қойды, қырсық иектеуін қоймады (АТ).*

ОҢҒА **[ЖӨНГЕ]** **КЕЛДІ** *Сәті түсті. Биыл шаруа оңға кеп тұр. Жүз қойдан жүз елу қозы алдық (АТ). Ашынын сөз сөйлейтін келдің оңға, Есірдің әдеп қылсам сен соныма. Шашы ұзын, ақылы келте әйелсің ғой, Сын тағып кеп сөйледің ат-тоныма (М. Б.).*

ОҢ ЖАҒЫНА ҚОНДЫРДЫ *Панасына, қамқорына алды. Бұзықты құрап ел етіп, Қондырдың оң жағына. Ұрыңа елді торытып, Өтірік дауды қорытып, Бүлдіре бер тағы да! (Д. Б.).*

ОҢ ЖАҒЫҢМЕН **[АЯҒЫҢМЕН]** **ТҰРҒАН ЕКЕНСІҢ** *Ойлап келген ісінің сәті түсіп, жолы оңғарылған кісі туралы айтылады.*

ОҢ ЖАҚ *Салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайды. Керімбала — бұл күнде осы үйдегі Тобықты қызының ішінде оң жақта ең көп отырғаны. Бірақ ауылдың, ата-ананың, өзінің де қадір-қасиетін кетіретін жаманатын шықпаған (М. Ә.). Бұрынғыдай дәуренім болмақ қайда? Құлынтайдай ойнаған оң жақ қайда? (Айтғыс).*

ОҢ ЖАҚТАН АЙЫ, СОЛ ЖАҚТАН КҮНІ ТУДЫ *Бақыты жанды, жолы ашылды, дәурені келді. Теңдік тиер бізге де күн келер ме? Бізден соңғы еркін күнді көрер ме? «Адам болмай, осы көрім жансын» деп, Надандықтың жаққан оты сөнер ме?! Оңнан айым, күнім туып сол жақтан, Алашыма айнадай сәуле берер ме? (Б. К.).*

ОҢ ЖАҚТЫҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРДІ *Бой жеткен қыз екісінің үйінде отырып, оң жақта өткізер қызықты күйтеді. Баяғыда, күйеуіне көңілі толмаған қыз оң жақтың қызығын көріп қалуға тырысатын (АТ).*

ОҢ ЖОЛ *Дұрыс бағыт. Ал мені, сия малып оң қолыңа, Тілесек мен сілтейін*

оң жолыңа. Қолыңда жолдасың — мен, қылышың — мен, Ой алла! Қайран қалам қорқуыңа (М. Қал.).

ОҢ КӨЗІ *Сенімді адамы, көмекші, көз болар жан ашыры.* Барам ертең горкомға, Шахтердің оң көзіне, Айтпағанда қорқам ба: Секретарьдың өзіне (Қ. Мұқ.).

ОҢ КӨЗІМЕН ҚАРАДЫ **О** ОҢ ҚАРАДЫ 1. *Шын пейілмен, ықыласпен күтті, бақты.* Қыса берсе малшыны, жұмысқа көңіл салар ма, Баққан байдың малына, Оң көзімен қарар ма? (С. С.). 2. *Дұрыс, жөн пейіл білдірді.* Мейлі теріске тартпай таршылық етпей, оң көзімен қарап баға берсе болды, басқа тілерім жоқ (АТ). Базаралы жұттың бұл өңірдің еліне аса қатты тиетін бір себебі Құнанбайдан деп білетін. Жол бойы көріп келеді. Құнанбай оң қараған жуан ауылдар Ырғызбай ішіне малдарын айдап апарып, сонда жан сақтап жатыр (М. Ә.).

ОҢ ҚАБАҒЫН БЕРДІ *Жылы шырай, жақсы көңіл білдірді.* Өшіндегі бір жанға жүзі жылымай, безеріп алатын қаттылығынан қайтып, қазір көбінесе күйеуіне оң қабағын бере бастады (Ә. Н.).

ОҢҚАЙ АСЫҚ *Қойдың оң аяғындағы асық. Шігесін ішке алып ұстағанда бас бармаққа тәйке жағы келеді.* Ол бір оңқай асыққа Ойып құйып қорғасын, Сақа жасап асықпай, Істеуде өз жұмысын (Т. Ж.).

ОҢҚАЙ АСЫҚТАЙ ЖЫЛДАМ *Епті, оралымға бейім, ыңғайлы.* Айыбы таз демең, мырза екен, Секілді оңқай асық жылдам екен (Айтғыс).

ОҢ ҚАРАМАДЫ *Жақтырмады, жек көрді, көңілі қаламады.* Бұрын Қаражан Абайды жақтырмағанда «Төкежанға оң қарамайды» деп кінә қоюшы еді (М. Ә.).

ОҢ ҚОЛЫ БОЛДЫ *Сойыл соғары, жақтаушысы болды, сенімді көмекшісі болды.* Елдегі талас-тартыстар кезінде Жарасбайдың қасында оң қолы болып жүретін серігі — Қоқыш бар (М. Ә.). Ібіш Махамбетшенің оң қолы болғанда, бұл — сол қолы, Үшеуі түйдей құрдас болатын (Ғ. Мұс.).

ОҢ МЕН СОЛЫН АЙЫРДЫ [ТАНЫДЫ, БЫЛДЫ, АҢҒАРДЫ] **О** ОҢ ҚОЛ, СОЛ ҚОЛЫН ТАНЫДЫ *Ер жетіп, есейді, жақсы мен жаманды ажырата білді.* Түнерген бұл түрілді де, сол уақытта шықты күн, Қаралы тун қанды туын арпалыста жықты күн. Шыққан күннің шұғыласы жарқыратты жолымды, Содан бері айырдым мен оңым менен солымды (С. Мәу.). Оңдаған бала жастан менің жолым, Білмедім бұл дүниенің оң мен солын, Бойыма осы күшім қалай сыйған, Кілтті жұлып алды шолақ қолым (Б. Ш. В.). Ертең ер жетіп, оң қол, сол қолын танығаннан кейін, қайда барам десе де еркі (С. М.).

ОҢ МЕН СОЛЫНА ҚАРАДЫ *Өмірге, төңірегіне абайлай назар салды. Қара оң*

мен солыңа, Түспей қазған орына. Жаса дұшпан сорына, Тілектеспін соныңа (Қ. А.).

ОПА БЕРМЕЙДІ [ҚЫЛМАЙДЫ, КӨРМЕЙДІ, ТАППАЙДЫ] *көне. Құт болмас, жақсылық, ізгі-рақым істемейді деген мағынада.* Кісі малын ала алмаймыз, Дербісәліге опа бермеген мал бізге де опа бермес деп тұрып алды (Т. А.). Жеткен де, жетпегенде де өкініште, Ұстағанмен бос қалған ерегісте. Екеуі де көрмейді одан опа, Ұқсайды таң алдында көрген түске (С. Т.). Ер едің тұлпар кетпес тақымыңнан, Қатты бұзар кетіп ең ақылыңнан Тірі сынап секілді жұрт қозғалды. Кім опа көрер дейсің жақынынан? (Ә. Төң.). Осы күні өткен өмірінен безініп жүр. Желіден кесіп мал алды. Онысы жетімдікі ме? Әлде жалғыздікі, әлде әлсіздікі ме? Малына мал қосқан Құдаймендеден не опа тапты? (Ә. Н.).

ОПАСЫ ЖОҚ ДҮНИЕ **О** ОПАСЫЗ ЖАЛҒАН [ДҮНИЕ, ДҮНИЕ БОҚ] *көне. Ескі сенім бойынша турлау, тұрғысы жоқ өмір; пәни жалған.* Келе жатыр мырзалар, Қоңыр қаздай ырғалар. Бәйшешектеп түрленген, Опасы жоқ дүниеден (ҚамВ). Көшірмей ме жаратқан, Бенденің болса қатасы. Құйрықсыз қу дүние Ешкімге жоқ опасы (АВ). Ойлағанға осындай, Опасыз жеңіл дүние. Теңізден шыққан құрдымдай Жетпеді ешкім түбіне (ҚамВ). Және де қайтып беріп мал мен мүлкін, Құттықтап келді бектер дүркін-дүркін. Бірде олай, бірде бұлай болып тұрған, Опасыз дүниеге келер күлкің (Т. І.). Өкінгенмен пайда жоқ, Құдайым басқа салғансын. Мезгілді уақыт болғанда, Опасыз мынау жалғанда (М. Ә.). Дерексіз қалдым арада, Уай, дариға, не ойлайын, Опасыз өткен дүние боқ (МЗ).

ОПАТ БОЛДЫ *Дүние салды, өлді.* Учительі жаңада опат болып, Бейсенді қайғы басқан дым-ақ мығым (С. Т.). Ақылы артық арыстаным, Озып еді байтақтан. Үзілсе арқау жалғаран, Достың опат болған соң (А. А.).

ОПЫҚ ЖЕДІ [КӨРДІ] *Өкінді, санын соқты.* Кеш ойланып, кеш ақылға келу өмірден үнемі опық жеп жүретін адамдардың әдеті секілді... (Ж. С.). Алданып опық жедім айтқан сөртке, Ғафу ет, кінәсына еткен кездің, Болмаса кездейсоқта кіріспеспіз, Қош бол сен, қош мәңгілік қара көзім (З. Қал.).

ОПЫНЫ ҚАШТЫ *диал. Урейі ұшты.* Опыны қашып сөйлей алмай тұр (Қос., Жан.).

ОРАЗАСЫН АШПАДЫ *Таңертеңгі асын ішпеді; нәр таппады.* Азанғы оразасын ашпай бұл да жеткен екен-ау (О. С.). Мың жылқылы байыңа пысқыра ма, Оразасын үйінен ашқан жігіт (ШС).

ОРАЗА ТҮТТІ [ҰСТАДЫ] *діни. Ауыз бекітті. Ғылымсыз оқыған намаз,*

тұтқан ораза, қылған каж, ешбір ғибадат орнына бармайды (Абай). Енді ниет еттіңіз таһарат алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз заһиринан қалып сыр ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? (Абай).

ОРАЗДЫНЫҢ БАЛАСЫ ОН ҮШІНДЕ **БАСПЫН ДЕР** *Береке-ынтымақты жұрттың ұлы жас болса да ел басқарған азамат болады деген мағынада.* (Береке-бірлігі жоқ елдің баласы сақалы шықса да жас болады деген ұғымда).

ОРАЗДЫНЫҢ ҰЛЫ, ЖИЫРЛЫНЫҢ ҚЫЗЫ **О ОРАЗДЫНЫҢ ОН ҰЛЫ, ЖИЫРЛЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗЫ** *к ө н е. Ескілік уақта өсер ұрпаққа өмір бағасын беруден келіп туған нақыл сөз. «Оразды» — бақытты, құт-берекелі деген мағынада; «жиырлы» — құтсыз, қырсық шалған деген ұғымда. Жел, жел есер, жел есер. Жел астына қарасам, Қоға менен тал өсер. Ораздының ұлы өсер, Жиырлының қызы өсер (Ш. Т.). Ораздының он ұлы ойын салып жүргенде, Жиырлының жалғызы Атқан оғын таба алмай, Жер сабалап қалған күн (Ш. Т.).*

ОРАЙЫ БОЛДЫ [КЕЛДІ, ТАВЫЛДЫ] *Сәгі түсті, реті келді. Амал не? Басқа адамның орайы болмаған соң, сол бес тұяқтың бағып-қағуын өздеріңіз сырттан көрген ақсақалға жүктеп едік (М. Е.). Орайы келсе солардың тап ортасынан ұшырамын. Жатқан жерін көрсететін атой белгі со да (М. Ә.). Сөзді ылғи сол бастайды, мен қостаймын, осындай шақтардың бірінде, Көксала деген адырлы, көк ойпатты жайлаудың үстімен кетіп бара жатқанымызда, бір орайы келіп, айтар сөзімді күні бұрын әбден сайлап алып, оған сұрақ бергенім бар (Ж. Ж.). Ол үшін амал жоқ, саған да, маған да кінә жоқ. Бірақ басқа оқудың және де орайын таппадың ба? (М. Ә.).*

ОРАҚ АУЫЗ [АУЫЗДЫ] О ОТ АУЫЗ [АУЫЗДЫ] О ОТ ТІСТІ [ТІЛДІ], ОРАҚ АУЫЗДЫ [ТІСТІ] *Өткір, өктем тілді, адуын мінезді; тілді кісі. Балаларын шұбырта бөйбіше кірді. Бес ұлдың буына піскен адуын, орақ ауыз әйел шалына соқтыға кірді (Ғ. Мұс.). Расын айтсақ, қарапайым қолхозшы әйелдер ішіндегі талай-талай от тілді, орақ ауызды, әзіл-қалжыңды шебер айтатын әйелдерді көп көргенбіз (С. Вақ.). Өтірік жар салынды, Аман молда бас болды, От тісті, орақ ауыз Майда тілге алынды (Н. Б.). Мінезі, көргені, білімі, жасы әр қилы от ауыз екі жалшы ойындарын әлі қоймапты (Ғ. Мұс.). Көп кешікпей пәк жүзінде қызғылт нұры ойнап үлбіреген уыздай жас қызы мен келінін ертіп от ауызды адуын кемпір кеп қосылды бұларға (ЛЖ). Құрманғазы: «Қайран от ауызды, орақ тісті ақыным-ай!» — деп, сол арада «Исатай мен Махамбет, Өкіне ме екен «өлдім» деп!» — деген жолдармен, басталатын елеңін жайлап термелеп айтып келіп,*

аяғында бір күй тартып жіберген екен дейді (А. Ж.).

ОРАҚҚА БЕРЕКЕ! *Егін орып жатқанда айтылатын тілек. (Егіннің түсімі мол болсын деген мағынада).*

ОРАҚ МҰРЫН [ТҰМСЫҚ] *Ортасы дөңестеніп имектеу келген үлкен мұрын. Сақалы сұйық, орақ мұрын, сары шұбар, тапал Шөгел қырықтың жетеуіне шықса да, құрдасы Малқардан әлдеқайда жас, отыздың жетеуіндегі Жақыпшен шамалас (Ғ. Мұс.). Басқарманың тапсыруымен шофер' жігіт Ораз Ғалияны осы үйге ертіп әкеліп, басына мол жаулық тартқан орақ мұрын сары кемпірдің қолына берді (Т. А.). Екі ұрты суалған, бет сүйектері шодырая шыққан, орақ тұмсық, шүңірек көз Дәулеткелді көселеу қалпымен еріксіз өз жүзіне кез тоқтаттыратын бөлек бейнелі адам (М. Ә.).*

ОРАҚ ТҮСТІ Шөп шабу, егін ору науқаны басталды. *Сендерде қалай, арғы ауылда пішенге орақ түсіпті.— Е, олар, жылда сол. Егінге де оларда орақ ерте түседі (АТ).*

ОРАЛҒЫСЫ БОЛСЫН! *тілек. Жоғалған нәрсенің өтеуі, кеткен нәрсенің қайтуы болсын деген мағынада.*

ОРАП АЛҒАНДАЙ *Алдын орап озып кетердей күшті. Анау-мынау жігітіңнен олқы соғатын қыздар емес.— Кей жігітті орап алғандай,— деп жауынгерлер әр жерден көтеріп әкетті (Т. А.).*

ОРҒА ЖЫҚТЫ *Мерт қылды, сәтсіздікке ұшыратты, жаманшылыққа тап етті. Тапқан екенсің арзан достықты, өзіңмен тұрмай, Сейтенді де қоса орға жыққың келеді, ә? — деді Жарқын телсініп (М. И.).*

ОРҒА ҚҰЛАДЫ *Сәтсіздікке ұшырады. «Оқыған сыпалар» боқтауға да шебер, сөуге де шебер, мақтауға да шебер. Дұшпанына ор қазуға да шебер, орға құлауға да шебер (С. С.). «О, тоба!»... Адамның аяғы бір тайса, әдеті, тәлтіректтей береді, сөйтіп бір күні орға құлайды (З. Ш.).*

ОРДА БОЛДЫ *Асық ойынында айтылатын сөз. Шеңбер жасап, ішіне кеней асықтарды тігіп, көбіне реттеп қалап үйіп қоюды айтады.*

ОРДА БҮЗДЫ 1. *Хан ордасын, үйін, хан-сұлтан аулын, үйін шалты; ерлік көрсетті. Шабатұрын қылыштай Жылтың еткен жиырма бес! Жиырма бестен өткен соң, Орда бұзған отыз бес (Ш. Ж.). 2.* *Асық ойынында айтылады. (Шеңбер сызып, оның ішіне кеней асықтарды реттеп қалап, Орда сияқты төбешіктеп жасайды да, оны белгілі қашықтықтан сақасы бұрын алшы тұрған бала атып бұзады, осыны «орда бұзу» деп атайды).*

ОРДАЛЫ ЖЫЛАН *Бір мекенге жиылған үйірлі жылан. Ордалы жыланға ти-ме, «киесі» ұрады (АТ).*

ОРДАЛЫ ҚҰЛАН *Құланның үйірі. Далада жатқан жайылып Бұғы, киік құрыды. Ордалы құлан обығып, Көбейіп кетті шығыны (ҚамБ).*

ОР ҚАЗДЫ *Біреуге бәле-жала ойлады, жаманшылық іс істеді. Езді ғой кәрі шандыр тилегінді, Васқаның хан болғанда қыз баласы. Қазады бес жасыңнан атаң орды, Қарайды малы көпке оңды-солды (С. Т.). Вақ-күндестікпен Аман қанша ор қазса да, Шәкенді құлата алмады (Ғ. Мұс.).*

ОРНЫ БӨЛЕК *Орны ерекше, жөні басқа. Орны бөлек ойласаң, Әлдилеп сүйген балаңнан (Б. Ө.).*

ОРНЫ БІТКЕН ЕСКІ ЖАРА Қасіреті, *күйісі басылған ескі дерт.*

ОРНЫМА ЕГІН [ПИЯЗ] ЕКСІН *Кеу-кеулеп қуып еді, менің орнымды меншіктеп көре қойсын деген мағынада. Орныма егін ексең, мен кетейін, Кіжінген дұшпандарым, тісін қайрап. Жақынға керегім де бар-ақ шығар, Өкінер, көмгеннен соң, әбден жайлап (Ә. Тәң.). Ал орныма пияз ексін ауылнай, болыс. Кеттім! Күнім туса көрермін, бәлем! Өттегене-ай, бұныңды білсем, сол күндерде бірінді жастана жатпас па едім! (Ғ. Мұс.).*

ОРНЫНА КЕЛДІ *Өз қалпына түсті, орнына түсті. Дүниенің оңға бұрды теріс бетін, Жұмыскер билік алды, жесір-жетім, Отыз жыл Оңғарбайға малай болған, Орнына жаңа келді шыққан есім (Д. Е.). Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде еш нәрсе менсіз кәмәлатқа жетпейді, әуелі, ғылым, өзіңді білуге ерінбей, жалықпай ізденіп, үйреніп орнына келтірмек — менің ісім (Абай).*

ОРНЫНА ҚОЙДЫ *Алған нәрсесінің төлеуі ретінде, басына бас есебінде т. б. ретпен берді. Бір қора қойды қасқырға жегізіп, өз малын орнына қойыпты жазған (АТ).*

ОРНЫНА ҚУЫС [ЖАЛҒЫЗ] ҚУРАЙ *Қолынан ештеңе келмейді, бары да, жоғы да бір деген мағынада. — Жәуетей, несіне жабыса бересің сөйлеп? Кебектің дәурені кеткен, оның елге керегі жоқ. Оның орнына қуыс құрай. Қашпаймын мен, осы жерде тосып алам Найманды! (М. Ә.). — Кетсең кет, сенің орныңа жалғыз құрай, — деп Қарсақ ілінсе кетті (Ә. Ә.).*

ОРНЫНАН АЛДЫ [АЛЫНДЫ] Қыз-мегінен түсірді. *Біздің басқарманың Мағиламен жүрісі бар екен. Еңбеккүнін үш есе артық жазғызыпты. Аудан біліп қалып, Жолдасбайды тегі орнынан ала керек (Қ. Қуан.). Бюро қаулысы бойынша бүгіннен ай жарым ғана бұрын сол үлкен қорғасын заводның директоры орнынан алыныпты (М. Ә.).*

ОРНЫНАН ТҮРҒЫСЫЗ ЕТТІ *Қатты ұялтты, масқара етті. Егер қазір Садақ көзіне көрінсе, «үлкен» демей, «аға» демей айыбын бетке айтып, орнынан түрғысыз егердей (Д. Ә.).*

ОРНЫНА ТҮСТІ 1. *Қалпына келді. 2. к ө н е. Әйел өліп, екінші әйел алғанда айтылады.*

ОРНЫН БАСТЫ [ҚҰЛАТПАДЫ, ҰСТАДАДЫ] *Үйіне, шаңырағына ие болды. Әуелгі кезде майданға кеткендердің орнын басамыз деген дүрмекпен келгендердің жарайтындары қалып, жарамайтындары басқа жұмыстарға ауысып әбден іріктелген (Ә. Сат.). Құлакер, екең — тұлпар, шешең — сұңқар, Соғып ең дөненінде сегіз арқар. Сен өлсең орның басар кербесті бар, Болады құдай қосса о да тұлпар (А. Қор.). Өлсем орнымды басын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді (Абай). Еламанның орнын құлатпай, баласын бағып, өз алдына үй боп, түгін түтетіп отырғанын мақтаныш көретін (Ә. Н.). Орнын ұстай тұрарға, Артыңда тұяқ қалмаған. Пиялай кескен қолымнан, Сұңқарым қашып кеткен соң (А. Аз.).*

ОРНЫН СИПАП [СИПАЛАП] ҚАЛДЫ *Таба алмай қалды, орнында жоқ болып шықты, кездестіре алмады; жоғалтты. Ойымда түк те жоқ, Науаға жем салдырып екі атты қораға байлап қойған едім. Ертеңісін ала көлеңкеде тұрсам орнын сипап қалдым, — деді Сәмет (С. О.). Енді бізде қарайлайтын нәрсесі қалмады, бір күні орнын сипалап қалармыз (С. Т.). Орысша сабақты Яков учительден алып жүруші едім, ол кісі жаздығүні Қазанға көшіп кетіпті. Орнын сипалап қалдым (Д. Ә.).*

ОРНЫ ҮНІРЕЙІП ТҮРДЫ *Орны ойсырап, жоқтатып тұрды; өзі жоқтығы білініп тұрды. Пәтеріне келе жатып Мұқарам өзінен-өзі күліп жіберді. Ерекше көзіне түсетін бұл екі адамның жоқтығы оған өзгеше — орны үңірейіп тұрғандай көрінді (Х. Е.). Күндіз алаң болып еш нәрсе ойламағанмен, қанша шаршап келсе де, ұзақ түнге дөңбекшіп, күрсіне береді. Оң жағында Қоспанкың орны үңірейіп тұр (Т. А.).*

ОРТА ВОЙЛЫ *Аласа я ұзын емес, орташа тұрықты кісі. Ол екі қолын артына ұстап, ерсілі-қарсылы жүрген бұйра шашты, қырма сақалды, орта бойлы, толықтау келген майорға қарап отырды (Ә. Ш.). Көш алдына қараса, Бір қыз кетіп барады, Орта бойлы дембелше, Алтынды камзол жейдеше (ҚЖ).*

ОРТАҒА АЛДЫ *Қаумалады, кеу-кеуледі. Кешкісін атайдың үйіне бара қап ем, осы ауылдың бар шалы сонда екен, «Кешегі қылығың не?» деп ортаға алды-ай кеп (АТ).*

ОРТАҒА САЛДЫ *Көптің енші-үлесіне айналдырды. Асқан шеберлер деп танылған көптеген зергерлеріміз өз тәжірибелерін ортаға салды, талапты жастарға үлгі-өнеге көрсетті (С. Қ.). Өздерінің бай тәжірибесін ортаға салып, сүйікті Отаны үшін*

қажымай еңбек ететіндіктерін айта келіп, шопандарды жарысқа шақырды (М. Е.).

ОРТАҒЫ КӨП 1. Еншілесі, серіктесі көп. Күндізгі астың ортағы көп (Мақал)
2. Тату, сырлас достасы көп (адам).

ОРТА ЖАСТА Жасы 40—50-лер шамасында. Аузында алла, басында сәлде, тіпті жоғары қарамайды, көп сөйлеспейді, орта жаста, етженді адам екен (Ғ. Мұс.). Тамақ алып келген адам орта жаста ұзын бойлы толық, ақ құба, ұзын шашын майлап тараған, мұрты екі құлағына жетеді, сақалын қырған (С. Шәр.).

ОРТА ЖОЛДА ҚАЛДЫ Шаңына ілесе алмады. Шіркін, Ақжаулық қыз күнінде қандай болды екен? Не деген ән, не деген дауыс, артистерің орта жолда қалды (Қ. Қуан.).

ОРТА ҚОЛДЫ Орташа, онша көңілден шыға бермейтін. Екіншісі — ерніне томпита насыбайын салған, ала кездеу, қою қасты, шоқша сақалды, арықша жігіт. Кімі орта қолды. Осы ауылдың қонақ күтуші ағайындарының бірі — Дүйсен болатын (М. Ә.).

ОРТАН ҚОЛДАЙ Мынау деген мықты, жарамды. Сонымен, Құнанбай жүріп кетті. Көлігін, жылы шанасын, жол азығын, қос аттарын шетінен ортан қолдай қып сайлап алды (М. Ә.). Ортан қолдай төрт ұлы болды — шетінен қасқыр (Б. М.).

ОРТА [-ЛАРЫҢ] ТОЛСЫН! Жылы молая, көбейе берсін деген ізгі тілек. (Көбіне сырттап, шеттен келген кісі айтады. Бұл сөзге жауап ретінде отырған көптің ішінен біреу: «Сенімен (өзіңмен) бірге толсын!» — дейді). Үйге екі қазақ кіріп келді. — Орта толсын! — деді, анда-санда ақ күміс аралаған қара бұйра сақалды, ала көз, орта бойлы адам. Көз қарасы кедей ауылдың сүзеген бұқасынан аумайды (С. С.). — Орталарың толсын-ау, қадірмен жеңгейлерім. Өздерің бір ауқым болып жиналып, үлкен іске кіріскен жайларың бар-ау, шамасы, — деді, калжыңын араластыра, Кенжебекпен бір келген Есім (А. Х.).

ОР ТЕКЕДЕЙ ПЫСҚЫРДЫ Бұл жерде сескентті деген мағынада. Патша келіп қараса, Оқ жыландай ысқырып, Ор текедей пысқырып, Жігіттерді бұтына Қысып-қысып тыштырып (МЗ).

ОРЫҢҒА ТАЛАСТЫ Сый-құрмет, атақ үшін бәсекелесті, айтысты, қызмет орнына ала көз болды. Жолдас болсаң жақсымен, Қолың жетер қырымға. Топқа кірсең әркімнен, Таласарсың орынға (Ш. Қ.).

ОРЫНДЫ ЖЕРІНДЕ Жөн болған жағдайда, ретті сәтінде. Орынды жерінде еркелетіңіз, қарсы емеспіз, ал орынсыз жерінде тежеп тастап отырыңыз (М. И.).

ОРЫН ТЕПТІ Мекендеді. Мұның бәрі маған бала кездерімнен таныс, сонау алыста, ескі қалада сеніп жоқ болған

құбылыстар ғой, соғыспен бірге блиндаждан уақытша орын тепкенін көрмейсің бе? (Ж. С.). Оның бір қойнауына орын тепкен Әлия Молдағұлова атындағы колхозға барсаң, талай тарихқа куә боларсың (ЛЖ).

ОСЫ ДҮНИЕДЕ Мына жарық дүниеде, жер басып тірі жүрген шақта. Егер де екі дүние кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса... (Абай).

ОСЫ ЖОЛЫ Осы кезекте, осы ыңғайда. Осы жолы дауын жауып, жауын аяғына салып берсе, Жақыпқа одан үлкен қолқа керек емес, тамырына өле-өлгенше ырза (Ғ. Мұс.).

ОСЫ КҮН [КҮНДЕ] Қазіргі кезде, бұл заманда. Осы күн өмірімің Ешбір жоқ қызығы, Жаралы көңілімің Жазылмай сызығы (Абай). Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма? Жемеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар. Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ, Біреуден біреу алып елге тарар (Абай).

ОСЫП-ОСЫП ЖІБЕРДІ Қатты соқты, аямады. — Жүзік кімде? — деп сұрайды даяшы жігіт әркімге төніп барып. «Жүзік пәленшеде» десе-ақ болды шиыршықтап есіп алған шүберек белбеуін көстентетіп аты аталған адамның алақанын осып-осып жібереді (С. О.).

ОСЫРҒАН СИЫРДАЙ ҚЫЛДЫ Әбден ұялтты, масқаралады. Кешегі жаптым жала, жақтым күйеге салынған адамды барша кісі осырған сиырдай етті (АТ).

ОТ АҒАСЫ Шаңырақ иесі, жасы үлкен ер адам туралы айтылады.

ОТ АЛА КЕЛГЕН КІСІДЕЙ Асыға-үсіге жүрген адам туралы айтылады. Кел, отырсайшы, от ала келген кісідей тік тұрмай, — деп жатыр шешем де бір жағынан (АТ).

ОТ АЛҒАЛЫ ТҰР Бәле іздеуге, бүлдіруге дайын тұр. Ой, ол ұрымен ұстасып қайтесің. Ол ұры от алғалы тұрған қара мылтық емес пе (Ө. Н.).

ОТ АЛЫП ОРАҚҚА ТҮСТІ Ештеңеден тайынбады, көре тұра қарсы барды. Омар енді көптің талқысын көрген соң, қайтерін білмей, от алып ораққа түспесі бар ма? (С. Т.).

ОТАСА АЛМАДЫ 1. Ерлі-зайыпты кісілер бірлесіп тұрмыс құра алмау мағынасында айтылады. 2. Ынтымақты отыра алмауға да байланысты айтылады. Отаса алмай жауласып, Қайда көшті лашық, Бай аулынан бөліне? Ақ үй неге сасулы, Қалды қазан асулы, Қалды құлын желіде (Т. Ж.).

ОТАУҒА САЛДЫ көне. Екі жасты кездестірді. (Бұрынғы кезде тойы болған қызды ұзатардан бұрын арнаулы үйде оны күйеумен кездестіру салты болған. Бұл салт о баста қыздың адалдығын білдіру, күйеуіне «аманатын» бүтін жеткізу

ден туған). Есіктің алды құмдақты, Құмдақтан қоян зымдапты. Атасы басқа жау жеңген, Отауға салып тыңдапты (В. В. Р.).

ОТАУ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! көне. Баласына енші беріп, бөлек үй тұрғызғанда айтылатын тілек.

ОТАУ ТІКТІ **○** **ОТАУЫ ТҮСТІ** 1. Өз алдына жеке шаңырақ болды. «Майасар мырза болса, сен де мырза» — деп астына ат мінгізіп, үстіне отау тікті (А. Х.). Жалшы жастар басына отау тігіп, астына ат мініп, екі бұзаулы сиыр айдап, байдан кетті (Ғ. Мұс.). 2. Өз алдына ел, жұрт болды.

ОТ БАСАР [СУҒА ТҮСЕР] ЖАЙЫМ Жоқ Қарадай жүріп күйер, бекерге бәлеге ұрынар кісі емеспін.

ОТ БАСЫ **○** **ОТ БАСЫ, ОШАҚ ҚАСЫ** Үй-іші, әйел, бала-шаға ортасы. Дөмежанның тамағын қылғындыра тартып алған орамалы дөңгелек жүзін бұрынғыдан да шағындау етіп көрсетіп, от басы, ошақ қасының жұпыны бір келіншегіне ұқсата қойған (ҚӘ).

ОТ БАСЫҢДА ОТЫР Үйкүшік болып, күйбің шаруамен айналысты. От басында немереге, ас басында келінге, мал басында малшыға, «әй, әй» деп отырып өлетін байбай шал боп өтсем, не мұратқа жетер ем?! Бұл сапар менің ендігі қалған тірлігімнің мұраты, — деді (М. Ә.). Сапар [Сәулеге]: Сен әйел боп от басында отыра алмассың (Т. А.).

ОТ БАСЫҢНАН ӨРТ ШЫҚСЫН! қарғыс. Үй-ішің ойран болғыр, бүліншілік келгір деген мағынада.

ОТ БАСЫП АЛДЫ Оқыс кетті, жаңсақ кетті. Қызу қанды Саржан абайсызда от басып алғанын түсінді (І. Е.).

ОТ БЕРДІ [ҚОЙДЫ, САЛДЫ] Желік, жігер берді. Қыздырманың қызыл тіліне еріп, от беріп, ошақ бастырып тұрғанын сезбелті (АТ). Нұрлы дүние, от бердің сен, Көкірегімде мәңгі лаулар, Бердің қуат, бір сілкінсем, Арқама орнар асқар таулар (Қ. А.).

ОТ БОП ЖАНДЫ [КҮЙДІ] Катты толқып тебіренді. Ет жүрек өртенді, От боп жанып, Жалын шалып ішіме (Абай). Өлі бойға қан жүгірді, Қайратым құрыш болды нан, Мұз жүрегім май сықылды Еріп, от боп күйді жан (Абай).

ОТ ЕДІ Барынша әділ, қатал деген мағынада. От еді ол кезде елдің әдет-ғұрпы, Әркімнің түзу болса ниет, құлқы. Түскенмен жанған отқа жанбаушы еді. Ет, кірпік, қас, шаш, сақал, мұрты (Т. І.).

ОТ ЖАҒЫП, КҮЛ ШЫҒАРДЫ **○** **ОТ ЖАҒЫП, СУ ТАСЫДЫ** Тынбастан үй-ішінің күйкі жұмысымен айналысты. Жоқ, шырағым, айта көрме. От жағып,

күл шығарып жүрсін дейсің ғой. Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді (С. Ш.).

ОТ ЖҮРЕК Қайсар, қайтпас. Уайс сұлтан өзі секілді кілең от жүрек жігіттерді жинап алып, Моғолстанның шетінде, Қашқарияда біраз уақыт аламандық құрып жүрді де, Түркстанға келген (І. Е.).

ОТ КЕШПІ, МҰЗ ТӨСЕНДІ Өмірдің ащысын көп көрді. Талайдың малын бақтым, талайдың тасын шаптым... От кештім, мұз төсендім... (Ә. Т.).

ОТҚА ИТЕРМЕДІ 1. Бәлеге тұртпектемеді. 2. диал. Жерге тастамады. Сіздің ақылыңызды отқа итермейді (Жамб., Шу).

ОТҚА КҮЙМЕДІ Жамандыққа душар болмады, қиын-қыстау тарлықтан аман қалды. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, Жанған отқа күймессің»... (Абай).

ОТҚА ҚАРАДЫ [ҚАРАП ОТЫР] **○** **ОТҚА ҚАРАП, СУҒА СҮРІНДІ** Кедейлену, шаруасы күйреу мағынасында. — Не жазығым бар? Отқа қарап қалғанымыз ба?! — деп зарлады (Ғ. Мұс.). Бәрі сыпырылып шығып кетті қолымнан. Қазір отқа қарап отырған жайым бар. Жұмыс істей алмаймын (Ғ. Мұс.). Ауқатты ағаң, бай балаң бар, інің де отқа қарап отырған жоқ, соларды неге сұрамайсың... (ШС).

ОТҚА ҚОЙДЫ Көлік малын жемге, шөпке жіберді. Аттарды отқа қойып жүрген Сайдақ та қайта оралған еді (Ә. Ә.).

ОТҚА [МАЙ] ҚҰЯР [САЛАР] көне. Жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны бірінші алтағанда берер ырым-сыбаға, жол-жорасы. (Келіннің қайын атасының үйіне бірінші рет келгенде жасайтын ырымын «отқа май құю», «отқа салар» дейді). Жырынды жігіт еді қуқыл Оспан, Жүйрік тіл, өткір сөздің алдын тосқан. Өңгертіп отқа құяр берді Оспанға, Сол болды күйеу қосшы оған қосқан (С. Кер.).

ОТҚА МАЙ ҚҰЙДЫ Дау-дамайлы жайды өршіте түсті, жел берді. Темір аға! Салғаннан ашық айтайын, менің екі басты бір-ақ түрлі жауым бар, солардың отына май құймай ашық айтуыңызды өтінемін (Ә. Ә.). Өше қалған әңгімені Күдері де өршіткісі келмеді. Бірақ, Тойтық сөніп бара жатқан отқа қайтадан май құйып, өршітіп жіберді (М. И.).

ОТҚА ОРАЛЫП, СУҒА СҮРІНБЕ Жоқ бәлеге ұрына көрме, ұрынбас нәрсеге ұрынба. Көбелектей көңілмен отқа оралып, суға сүрінбегейсің! (АТ).

ОТҚА ТАБЫНДЫ [ШОҚЫНДЫ] көне. Отты құдай тұтынып сыйынды. Сөйтсе де бұрыннан бақсы-балгерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты (Абай).

Көзінді аш, есіңді жи, енді ойнама, Мені сен өз діндесің деп ойлама! Мен отқа шоқынамын, дініме көн, Менде бардың бәрінен хауіп ойлама (Абай).

ОТҚА ТҮСТІ ○ ОТҚА, СУҒА ТҮСТІ Қандай іске болса да барды; жанын аямады. Желөкпелеу мақтаншақ байларды сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін киіп, тәуір атын мініп алып, қатардың бір құрметіне жетіп жүре береді (Абай). Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек, «Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп, Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес (С. Т.). Жігіттің бозбас күнінде сұлу қызы құрғыр кісіні отқа да, суға да түсірмей ме?... (С. С.).

ОТ ОРНЫНДАЙ Бұл жердегі мағына: аумақты, көлемді. От орнындай аумағы, Бекен қарттың күрегі. Ауыз үйде ілулі Көптен бері тұр еді (Ғ. О.). Басқан ізін қарасаң, Көрінед оттың орнындай. Аузы үлкен ошақтай, Азу тісі пышақтай (АБ).

ОТПЕН [ОТЫМЕН] КІРІП, КҮЛІМЕН [КҮЛІМЕН] ШЫҚТЫ к ө н е. Бар үй бейнетін, түз бейнетін арқалады; барлық ауыр салмақты көтерді. — Е — е — е —! Тоқал, жалшы дегендер отпен кіріп, күлмен шығатын еді-ау! (Ғ. Мұс.). Не тапты — отпен кіріп, күлмен шықты? Зыр қатты, көре алған жоқ тыныштықты. Сан рет өкесіне сыр білдірмей, Көзінің мөлдіретіп жасын сықты (Қ. Т.). —...Тілеуің құрғырлар, тым құрса осы отырған елу үйдің кім екенін ойласа етті. Бірі болмаса, бірінің босағасында шірігендер еді ғой. Ата-бабасымен отымен кіріп, күлмен шыққандар еді, — деп Дәркембай тағы мұңға кетті (М. Ә.).

ОТ ПЕН СУҒА ТҮСІРДІ Бұл жерде техника табысы дәріптеліп тұр. Адамды күстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты. От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді (Ы. А.).

ОТ САЛДЫ [ЖАҚТЫ, ТАСТАДЫ, ШЫҒАРДЫ] Шағыстырды, айдап салды, араздастырды. Неше рет екеуіміздің арамызға от салып, сенің қоныс аударып, көшіп кетуіне олар себеп болып еді (ҚЕ). Таутан мен Есеннің арасына от сала алатын біреу керек (Ж. Т.). Ағайын арасында аз үйлі Керей болғанмен, Айнабай деген бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып, тұтандырып жүретін бір қызыл көз пәле (Б. М.). Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық дөседі қырық үзір (ҚЕ). Тіпті ол төбелеске Мұқаш айыпты емес. Өшіретте тұрғанда от тастап кеткен Майасар болатын (А. Х.). Жуандардың өз арасынан от шығармақ болатын (М. Ә.).

ОТТАЙ ЖАНДЫ Еліре, жандана түсті. Олар екеу бұл жалғыз, Қарсы келіп қалады көздері оттай жанады, Тоғысып қайта келгенде (БЖ).

ОТТАЙ ОРАҚШЫ, ЖАУДАЙ ҚАРАҚШЫ Сұрқия, зұлым.

ОТТАМАЙ ОТЫР! кейіс сөз. Был-шылдап, не болса соны соғып сөйлемей отыр, аузыңа келгенді соқпай (сөйлемей) жайыңа отыр, тек отыр! Е бала, мұнда үлкен-кіші жұрт бар, далада тұрған жоқсың, не болса соны соғып оттамай отыр! (АТ).

ОТТАН АЛЫП, СУҒА САЛЫП Бұл жерде немқұрайды дайындалған тамақ туралы айтылып тұр. Қайбір оңдыратын еді, оттан алып, суға салып әкеле салған, шикілі-пісілі бір нәрсе (АТ).

ОТ ТҮТАТТЫ [ҮРЛЕДІ, ЖАҚТЫ]
1. Араларына жік салды, араздық тудырды. — Ел едік тыныш жатқан тату-төтті, Желігіп өңкей кірме, от тұтатты, Айтыңдар пегуасын ара ағайын, Болмайық жатжалаға жаманатты (С. О.). 2. Бір нәрсе-нің алғашқы бастамасы болды. Біздің алдымызда тұрған мәселе — пролетариат, кеңес поэзиясы. Менімше, бұл поэзияның қазақ әдебиетінде отын алғашқы тұтатқан өлең — Сөкениің «Жолдастары» мен «Жас қазақ марсельезасы» деген өлеңдері (С. М.).

ОТЫ КӨЗ Жанарлы, өткір көз. Ылғи жүріс болған соң, жейтін шөбі, ішегін суы нашар болған, алты ай мінсе арымайтын отты көз күрең аттың қабағы қатып жүдеді (С. С.). Бөлекбас өз сөзіне өзі елігіп, әлде нені айтуға оңтайланып еді, Сәуленің отты көзіне көзі түсіп кетті де, жүрегі зырқ етті (Ә. Ә.).

ОТЫҒЫ ТАБЫНА ҚАҚТАНДЫ ○ ОТҚА ҚАҚТАНДЫ Қыздырынды, жылынды. («Тап» — парсы гүлінде — қызу, жылу деген мағынада). — Шіркін, мына отқа қақтанар ма еді? — деп қояды Байжекең (Ғ. М.).

ОТТЫ ШАЛА Ақын бұл жерде араны бүлдірер өсек-аяң, бәле-жала дегенді мезгеп отыр. Кетті бірлік, Сөнді өрлік, Енді кімге беттемек? Елің — ала, Отты шала, Тайса аяғың кім көмбек? (Абай).

ОТЫ БЕТІНЕ АТЫП [ШЫҒЫП] ТҰР Алаулап жанып, құлпырып тұр. — Ау, оның Өлібидің кіші қызы болды ғой? — Сол айналайын ауыл қызы боп, сызылып жатпайды. Оты бетіне шығып, жарқылдап тұрған бала (Ә. Н.).

ОТЫ ЖАНБАҒАН [ТҰТАНБАҒАН]
1. Үйленіп, үйлі-баранды болып, ошақ көтермеген; шаңырағы тұрмаған. 2. Ісі ілгері баспаған, талабы кері кеткен.

ОТЫЗ КҮН ОЙЫН ҚЫЛДЫ ○ ОТЫЗ КҮН ОЙЫН, ҚЫРЫҚ ТҮН [КҮН] ТОЙЫН ҚЫЛДЫ к ө н е. Той-думан жасады. Енді айталық төтесін Отыз күн ұдай ойын қыл, Қырық түн ұдай тойын қыл, Құралайды Зарлыққа Молдалар қиды некесін (МЗ).

ОТЫ ҚАШТЫ Жері жұтады, шөбі таусылды. ... Ал, ол жерде жылқыны совхоз жеріне жаюға рұқсат сұралыпты. Өзге жерлердің оты қашты депті (М. Ә.). Қозы

сы бөлінген саулықтарды он күн бойы шөбі құрай бастаған, оты қашқан өрістерге жаю керек (С. Төл.).

ОТЫНА КҮЙДІ *Азабына түсті.* Талай шабуылда қаза көрген, азап шеккен талай кедей жылқышы, нелер сіңірі шыққан кедейдің «сойыл соғар» деп атанып, Оразбайдың отына күйіп жатқан мұңын Абай айтып кетті (М. Ә.).

ОТЫН ЖАСТЫҚ, ҚҰМ ҚҰНДАҚ *Бұл жерде ақын өмір ауыртпалығын айтып отыр.* Болатын дүние сарсаң туған шақта, Өскемін отын жастық, құм құндақта, Жер теуіп темір өкпем балға болған, Иленген тікеп, шеңгел бұл құшақта (І. Ж.).

ОТЫН ОТТАП, СУЫН СУЛАДЫ **○** *ОТЫН ОТТАП, СУЫН ШІТІ* *Біреудің жерін мекендеді; бас паналады, арқа сүйеп күнелтті.* Кәне, Еріш мырза, Торғайдың отын оттап, суын ішуің жетті. Жаның барда иманыңды үйір... (Ш. Х.).

ОТЫН ӨШІРДІ *Ошағын ойрандап, берекесін кетірді; жігерін құм қылды.* Тен-тіреп тауда ұдайы, таста қаңғып, Оты өшкен, бойында жоқ жас құмарлық. Басар жер, барар тауы — Бурабай боп, Бейшара бағып өткен басты мал қып (І. Ж.).

ОТЫННЫҢ БАСЫ ОЙНАҚТЫ БОЛСЫН, ҚОРАҢНЫҢ ШІ ТОРПАҚТЫ БОЛСЫН! алғыс. *От басың бала-шағалы, қораң төлді болсын деген мағынада.*

ОТЫ ӨРЕ ЖАНБАЙДЫ *Ілгері баспайды деген мағынада.* Араз болса ағайын оты өре жанбайды (Мақал).

ОТЫРА [ИТЕРІП] ТАРТПА СӨЗ *Кіржік кісінің сөзі туралы айтылады.*

ОТЫРҒАН ОРНЫҢ ОРМАН БОЛСЫН! алғыс. *Нү тоғай, шалғынды жерді мекенде, жер ұйықта тіршілік жаса деген мағынада.*

ОТЫР К...ІМ ОН АЙ... тұрпайы. *Тапжылмай, бадалып ұзақ отыру мағынасында.*

ОТЫРМАЙ ОМАЛ! қарғыс. *Тіл алмаған, көп отырған кісіге (балаға) айтылады* [Мұндағы «омал» деген сөз «омақта», «омақаса» дегенде келетін «ома» мен түбірлес болуы керек. «Омал» — өліп кет, жер құш, бадал деген мағынада).

ОТЫРСАМ ОПАҚ, ТҰРСАМ СОПАҚ **ДЕЙДІ, ҚАТТЫ ЖҮРСЕМ ҚҰ [ҚАЗДЫ] АЯҚ** **ДЕЙДІ, АҚЫРЫН ЖҮРСЕМ ШҮ [МАЛ, МАЛМА] АЯҚ** **ДЕЙДІ, СӨЙЛЕСЕМ ТАҚ-ТАҚ** **ДЕЙДІ, СӨЙЛЕМЕСЕМ АҚЫМАҚ** **ДЕЙДІ, ЖОҒАРЫ ҚАРАСАМ ШАҒЫРАШ** **ДЕЙДІ, ТӨМЕН ҚАРАСАМ СУЗБЕ КӨЗ** **ДЕЙДІ...** с ы қ а қ. *Кемітіп-мінен*

бітті; жүріс-тұрысымды жақтырмады; қалай етсем де мін таба берді. Отырса опақ, тұрса сопақ деп, Зәуренің жүрісі де, қылығы да жақпайды екен (С. М.). Күн озған сайын Жамалдың отырғаны опақ, тұрғаны сопақ көріне береді (Қ. Тай.).

ОТЫРТЫП КЕТТІ *Құлық-айласын асырып, жер соқтыра алдады.* Қу тілменен құтыртып, Кегер бір күн отыртып, Қызмет қылған кісісін Құрытуға таяйды (Абай). ... Сапты аяққа маған ас құяды да, сабынан олар қарауыл қарайды. Ералин отыртып кетті ғой! Мөрді қолыма бергенмен, маңайымды Аманның адамдарымен қоршап қойды, — дейді Жақып Ермеқбайға (Ғ. Мұс.).

ОШАҒЫН ТАЛҚАНДАДЫ *Қирағты, ойран салды.* — Қылмысты болғанда, немістердің өздері сияқты бөтеннің үйіне баса-көктеп кіріп, ошағын талқандағамыз жоқ, — дейді Болатбек (Ж. Ж.).

ОШАҒЫНЫҢ БАСЫ АМАН **○** **ОТ БАСЫ, ОШАҒЫНЫҢ БҰТЫ АМАН** **к ө н е.** *Үй-іші, ауыл-аймағы есен-сау.*

ОШАҚ БОЛҒЫР! **○** **ОТАҚ КЕЛГІР!** қ а р ғ ы с. *Сыыр малына айтылады. Көк өгіз, ошақ болғыр! Сүйкенбе, өк! Мүйізінді нық қадап тұр икемдеп (І. Ж.).*

ОШАҚ САЛДЫ **○** **ЖАР САЛДЫ** **д и а л.** *Көпшілік болып қолға алды.* Ел-жұртты жинап, ошақ салып Күнкейдің өлгіні су түбінен шығарып алып көмген (Ғ. С.).

ОШАҚТЫҢ ҮШ БҰТЫ ДЕП ОТЫР **○** **ОШАҚТЫҢ ҮШ БҰТЫНАН ТІЛЕДІ** [СҰРАДЫ] **к ө н е.** *От басы, өз үй-ішінің, бала-шағаның амандығын тіледі, қамын жеді.* Ошақтың үш бұты деп отырады. Оранып от басында бөстегіне (Н. Н.).

ОШАҚТЫҢ ҮШ БҰТЫНА БЕРСІН! **к ө н е.** *Үй-ішінің тілеуіне, несібесіне бұйырсын деген мағынада.*

ОШАҚТЫҢ ҮШ БҰТЫНАН ШЫҚПАДЫ *Үй шаруашылығынан ұзамады.* Бірен-саран оқып, көзі ашылған әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш бұтынан шыға алмай отыр (Б. М.).

ОШАРЫЛЫП ҚАЛДЫ **қ а р ғ ы с.** *Орнынан тұра алмай, отырған күйінде отырып қал!* Ойбай-ай, ошарылып қалғыр-ай, жамбасың сынды ма, тұрсаң нетті, мал бар-ау десең нетті! (АТ).

ОШАРЫЛЫП ҚАЛДЫ [ОТЫР] *Тұра алмады.* Е байғұс-ай де, бөлінен айырылып ошарылып қалты де!

ОЯЗДАП ҚАЛДЫ **○** **ОЯЗ ТАРТТЫ** *Етінен арылып арықтап қалды.* Атың анада бит домалайтындай еді, ояздап қалты, жүріс қатты боп жүр ме қалай? (АТ).

ӨБЕК БОЛДЫ *Айналып-толғанып, жатып жастық, иіліп төсек боп құрмет көрсетті.* Ай, жарықтық әжем-ай, келсек болды асты-үстімізге түсіп өбек болады да қалады (АТ).

ӨГЕЙ АНА [ШЕШЕ] *Баланың тумаған шешесі.* (Бұрынғы шешеден қалған балаға соңғы шеше «өгей шеше» не «өгей ана» болады). Анадан туып едік бір ұл, бір қыз, Алпыс өгей анамыз дұшпандықпен Бізге жәбір қылыпты тындаңыз сіз (МЗ).

ӨГЕЙ АТА [ӨГЕЙ ӘКЕ] *Баланың тумаған атасы [әкесі].* (Бұрынғы әкеден қалған балаға соңғы әке «өгей әке» не «өгей ата» болады). *Өгей атаның* шын жүрегінен шыққан осынау бір сөзді естіген сайын Назгүл өзінің жетімдігін... ұмытты (Ө. Ә.).

ӨГЕЙ БАЛА [ҚЫЗ, ҰЛ] *Өзінен тумаған бала.* Астың да жылы-жұмсағын әуелі өгей баланың аузына тосады. Әшімге тіпті ықыласы басқа (Ө. Н.).

ӨГЕЙЛЕП [ӨГЕЙСП] *ҚАЛДЫ Жатыр қап қалды.*

ӨГЕЙЛІК [ӨГЕЙ ӨМІР] КӨРДІ *Тұрмыстан, ортадан тұрткі, жатырқау көрді.* Бірақ, о жақта да өгейлік көретін сыңайымыз бар (Т. А.). Мына өмірден өгейлік көрдім. Өзгеге рақат өмір — маған өгей өмір, жар сүйіп, бала сүйіп, бала қызығын көрмедім, — деп зар тартады (АТ).

ӨГІЗ АЯҢ Шабан жүріс; баяу қарқынды іс. Ауылдан шыққалы өгіз аяң жүрістен аспаған екі жолаушы тұс ауғанша көз көрім жерге де жете алмапты (АТ). Завхоз шоттың жүздікте тұрған тасын жайлап жылжытып, ежелгі өгіз аяңына кірісті. Керек болса, мына өгіз аяңмен келе жатқан бригаданы буксирге де алады олар, — деп өзін кекетіп отырған Есеналыны бір соғып өтті ол (Ж. Т.).

ӨГІЗДЕЙ БОЛЫП АП *Үп-үлкен, дандардай бола тұра деген мағынада.* — Жарайсың, Бектас! — деп, мұғалім мені ризашылықпен мақтайды да, Жанбосынға қа-

райды. Көрдің бе ананы. Ал сен өгіздей болып ап, мыңқ-мыңқ етіп тұрсың. Ұялмайсың ба? (Б. С.).

ӨГІЗДЕЙ [ӨГІЗШЕ] ӨКІРДІ *Қатты айқайлап дауыс шығарды, бақырып жылады.* Патша қазақтан солдатқа аларда: «Ой, алда-ай! Ой, құдай-ай, бұл не деген заман болды! Алда-ай! «Ақ сарыбас!», Ой, алда-ай, «боз қасқа...!» деп, қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған (С. С.).

ӨГІЗДЕЙ ӨҢКИГЕН *Денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей.* Өш алғанына көңілі көншігендей, танауын шүйіріп, ыржия күлді күйеу. *Өгіздей өңкиген* неме, — деді қыз ақырын (С. О.).

ӨГІЗ ОЛЖА *Мол олжа.* Өңгеге өгіз олжа тигенде *Әкеңе тана олжа тиді* (ЕК).

ӨГІЗ ТЕРІСІ ТАЛЫС *Үлкен, ауқымды.* (Бұл жерде ақын аумақты ел-жұрттың баламасы ретінде алып отыр). Мен арғын деген арыспын, Азуы кере қарыспын, Сен бұзау терісі шөншіксің, Мен өгіз терісі талыспын (Б. Қ.).

ӨЗ АЙҒАҒЫ ӨЗІНДЕ *Күзгері, айыптаушысы өзінен-өзі білініп тұр.* (Бұл жерде қылған ұрлығыңды екі атың айтып тұр деген мағынада). Қарақалпақ, Түрікпенді, Бермейсің еш адамға қорып тұрып, Кедейдің жалғыз атын қоймадың торып тұрып, *Өз айғағың өзіңде,* көрініп тұр ғой, төре, Екі қарагер құдайға неден жазды? Келісің екеуін де зорықтырып (С. А.).

ӨЗ АЛДЫНА ЖЕКЕ, ДЕРБЕС. Былтыр дәл осы уақытта *өз алдына* түтін түтетіп, күйеуімен екеуі: «Құдай қаласа, ендігі жылы қара сиырдың қара торпағы тұмса бұзаулайды», — деп отырған еді (Ғ. Мұс.). Егер барлыққа келтірмегі бір *өз алдына* сипат болса, алла тағаланың сипаты өзіңдей қадім, һәм әдеби болады (Абай).

ӨЗ АЯҒЫНА МІНДІ [ТҰРДЫ] *Өзімен-өзі болып, жетіліп кетті.* Биыл әйел өперіп, еншісін беріп, белек шығарды. Сонда да болса ол *өз аяғына мініп* кете алмай, сый-

лы қарттың абыройын сыртынан азық қып, ел арасында қақпай-соқпаймен күн көріп жүр (Ә. Н.).

ӨЗ АЯҒЫНАН КЕЛГЕН к ө н е. *Көбіне әйелге айтылады.* (Құда түсіп алмаған, «кездейсоқ» деген ұғымда әйелді кеміте айтудан келіп шыққан).

ӨЗ АЯҒЫНАН ІЗДЕП БАРМАДЫ *Өзі іздеп бармады; өздігінен барғысы келмеді.* Мюлгаузен оған *өз аяғынан іздеп барғысы* келмеді (Ә. Н.).

ӨЗ БАСЫНА КЕЛТІРДІ *Біреуге істегені өз алдынан шықты.* Жүйесіз қылған зорлығын *өз басына келтірді* (АБ).

ӨЗ БАСЫНА ӨЗІ ЖАУ *Өзіне өзі залал, кесір жасау мағынасында айтылады.* Момындардың басы сау, Жаманды байқап қарасаң, Күндердің күні болғанда, *Өз басына өзі жау* (М. Ә.).

ӨЗ БАСЫН КҮЙТЕДІ [ҚАЙТТАДЫ] **ӨЗ ЖАНЫН КҮТТІ** *Өзінің ғана қамын ойлады.* Қатын-бала, мал-мүлікпен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Әркім *өз басын қайттады* (Ә. Н.).

ӨЗ БЕТІМЕН *Өзіңше, жеке, өз шешімімен.* Сармолла тегі өз үйінде бір топ балаларды, жастау шәкірттерді *өз бетімен* оқытып жүрген бір ұстаз екен (М. Ә.). Бірақ Сібірде тағы да әлденеше ақтардың үкіметтері жасалып, *өз беттерімен* әрекет қылып жатты (С. С.). Шалдың *өз бетімен* істеген ісіне намыстанған Қаратай ызаланып, оның ұзын сақалынан ұстай алады (ҚЕ).

ӨЗ БИЛІГІ ӨЗІНДЕ *Ешкімге тәуелсіз, ерікті.* Сені ғана қаңбақтай ұйтқытып тағдыр қуалап жүр. Ал берекелі адамның *өз билігі өзінде.* Өзі өмірін өзі басқарады (Т. А.).

ӨЗ БІЛГЕНІ ӨЗІНЕ *Әркімнің білім шарқы әр басқа, біреудің біреуге ақылының қажеті жоқ деген мағынада.* Біреу ақыл айтса: «*Өз білгенің өзіңе, өз білгенім өзіме*»,— дейміз (Абай).

ӨЗГЕГЕ [БАСҚАҒА] **НЕ ЖОРЫҚ** *Бұл солай болғанда, басқа адам не істемейді?*— Жаман Баймырзаның мына қимылын қарай көр, жасаған!.. бұған да намыс бітіп, тұтқындағы кісіні іздейтін болған соң, *өзгеге не жорық* (С. М.).

ӨЗ ДЕГЕНІ БОЛДЫ *Айтқанын істеді, ойындағы дітінен шықты.* Кешегі кеткен әкекем, Ерлігі оның сұрасаң, Ер Әлиден кем емес. *Өз дегені болмаса*, Пенденің тілін алмаған (А. Аз.).

ӨЗЕГІН ТІЛДІ [ӨРТЕДІ] **ӨЗЕГІ ӨРТЕНДІ** **ӨЗЕГІНЕ ӨРТ ТҮСТІ** 1. *Қолқаны ашылты.* Бір жағы қопарылып жатқан ұңгірге қараса болғаны, балқыған қорғасын *өзегін тіліп* өткендей болады (Қ. И.). 2. *Күйінді, қатты қайғырды, қалаланды.* Айтар сөзін бітірмей жар, Қарай берді жасы іркіліп, Кеткендей-ақ қайғы-қасірет, *Жар өзегін тіліп-тіліп* (Қ. А.). Баланың қатты

қайғысы, *Өзегіңді өртеп* жанатын (ШС). Жыра да, зарла, көңілім, Иенің талсын еркесін. Еріксіз оны ойлатып, *Өзегін* үзіп ертесін (Б. К.). Қайнаған жүректің, *өргенген өзектің*, еңіреген-өксіген жанның зары жұртты жинады. Жұртты еріксіз босатты. Еріксіз тыңдатты (С. С.).

ӨЗЕГІ ТАЛДЫ [ҚАРАЙДЫ, ҮЗІЛДІ] *Қарны ашты, тамақ жегісі келді.* *Өзегі талып* ет жемей, Ер төсектен безінбей (М. Ә.). *Өзек талып*, Басы айналып, Көзден ұшты тілім нан, Сағат сайын Дүре дайын, Қиналуда шыбын жан (З. Қал.). Өзен жағалағанның *өзегі талмайды* (Мақал).

ӨЗЕГІ ҮЗІЛДІ *Өлердей жақсы көрді.* *Өзегі үзіліп*, үстіне түседі де тұрады (АТ).

ӨЗЕК [ЖҮРЕК] **ЖАЛҒАДЫ** *Болар болмас тамақ ішті.* Өліктерін қойысып, ауылдан шығысымен түні бойы ұйқы көрмеген Есіркегендер бір сайға түсіп, аттарын тұсап, отқа жіберіп, өздері қоржындарындағы азын-аулақ астарымен *өзек жалғап*, күн түс болғанша ұйқтап, тынығып алды (І. Е.).

ӨЗЕКТЕП СОҚҚАН СОМ ТЕМІР *Мықты, мызғымас берік ұғымдында айтылады.* *Өзектеп соққан сом темір*, Есігіме шыңжыр болған жұрт (АӘ).

ӨЗЕКТІ ЖАНҒА БІР ӨЛІМ **ӨЗЕКТІ ЖАНҒА ӨЛІМ АҚ** *Екі өлмек жоқ, жан иесіне бір қаза бары ақиқат деген мағынада.* Мен кеткенмен тек кетпен, Сізден артық табармын. Ашуыма көп тисең, *Өзекті жанға бір өлім*, Ордаңды талқан ғып шабармын (М. Ә.). Жалғыздан қалған қозыны Қайтіп ұстап береміз, *Өзекті жанға өлім ақ*, Біз де бір күн өлеміз (АБ).

ӨЗ КҮЛШЕСІНЕ КҮЛ ТАРТТЫ *Өз қамын ойлады, өзіне тартты, Әркім өз күлшесіне күл тартқан заман* (Ә. Н.).

ӨЗ КҮНІН ӨЗІ КӨРДІ *Еңбегімен тіршілік етті, ешкімге масыл болмады.* Қазір олар *өз күнін өзі көріп*, тапса ішіп, таппаса аш халге жетті (Ә. Н.).

ӨЗ ҚОЛЫН [САУСАҒЫН] **ӨЗІ КЕСПЕДІ** *Басқа шара болмады; жақыны үшін шыр-пыры шықты.* Ал енді, бұл екеуі жоғарғы істен, Сыртқа шашпай, іш ара ренжіскен. Көер қылық Өжібайда болмаса да, *Өз қолын кеспей* Байбол күйіп-піскен (С. Т.). Өзің болсаң жұртты қалай қиясың, өз туысыңды қалай қиясың? Өзіме ермеген ауылдарды шапқанымда, мен де арам шөптерді отап жүрмін деген ойдамын. Бірақ *өз саусағыңды* өзің тегіс кесе аласың ба? (І. Е.).

ӨЗ ҚОЛЫ ӨЗ АУЗЫНА ЖЕТТІ 1. *Тұрмысы түзелді, шаруасын оңдады.* Жақсылықтың шаруасы жыл санап артып, *өз қолы өз аузына жеткен* соң, маңындағы көршілерінің кем-кегіне қарайласып, солардың көпшілігін өзіне дос қылып алды (М. Ә.). 2. *Буыны бекіп ер жетті, азамат болды, есейді.* Жылды қуып жыл осылай

өтіп жатты, он алтыдан он жетіге қарады, өз қолы өз аузына жетті дегенде Мақажан Сейфоллаға қалыңдық айттырды (С. Тал.).

ӨЗ ҚОТЫРЫН ӨЗІ ҚАСЫДЫ кекесін. *Әркім жеке-дара бас қамымен әрекеттену мағынасында.* Оқытушының халін оқытушылар ғана түзмейді, әркім өз қотырын өзі қасу керек! (С. Д.).

ӨЗ ОБАЛЫ ӨЗІНЕ *Оған сол керек еді, өзінен көрсін, басқаға өкпелемесін.* «Сәлем бағдында айтар сөзіміз: үшбу хатты апарушы Жақып ініміз ағайыннан жөбір көріп сізге кетті. Бұл хақында қандай хукім етсеңіз де, біз ризамыз. Ағайын тентек. Өтілдім, енді өз обалы өзіне (Ғ. Мұс.).

ӨЗ ТАБАҒЫН ӨЗІНЕ ТАРТТЫ *Біреуге істегенін өзіне біреу істеді.* Енді сен несіне торсаңдайсың. Өзіңнен көр. Ол болса өз табағыңды өзіңе тартты (АТ).

ӨЗ ТІЗГІНІ ӨЗ ҚОЛЫНА ТИДІ **ӨЗ ТІЗГІНІН ӨЗ ҚОЛЫНА АЛДЫ** *Еркін болды, өзіне-өзі қожа болды; бостандық алды. тәуелсіз болды.* ...Қазақтың өз тізгіні өз қолына тиді. Пай, пай, ақ қашып, қызыл қуған сонау бір күндерде дүние сапырылысты-ау!... деді Мақаш (Ғ. Мұс.).

ӨЗ ҮЙІМ, ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ **ӨЗ ҮЙІМ, КЕҢ САРАЙДАЙ ВОЗ ҮЙІМ** *Әркімге мекені, тұрағы қымбат деген мағынада.* Жиренше шешен хан ордасынан үйіне келіп, күркесінен аяғы, көрпесінен сирағы шығып жатып, «айқай өз үйім, кең сарайдай боз үйім», — дейді екен (ҚҰЕ). Тянь-шань, Гималай, Памир сияқты асқарлармен салыстырғанда, шынында да тау емес, тақия дөңдер ғана. Бірақ өз үйім, өлең төсегім дегендей, бұл—менің туған жерім (Ж. Ж.).

ӨЗІ БЕРЕКЕЛІ АС БОЛДЫ, СІРӨ, ҚЫДЫР К...ІН МАЛЫП АЛҒАН ШЫҒАР *көне, тұрпайы. Мол ет, көп тамақ туралы мысқыл ретінде айтылады.*

ӨЗІ БИ, ӨЗІ ҚОЖА **[ХАН]** *көне. Толық ерікті, не істесе де еркі деген мағынада.* Өзі әкелген кәмпітті тістеп, өзі әкелген ақ құйрық шайға көк тер боп қанып алды. Сөйтіп, қатын-баланың арасында бетінен қағатын, алдына шығатын бір жан жоқ; өзі би, өзі хан боп, сұңқылдап сөйлеп, шалқып отыр (Ә. Н.).

ӨЗІ БОЛҒАН *Өзінше өсіп жетілген, өзінше өсіп азамат болып кемеліне келген.* Бәйбішесі сыбанның, Жарасқұл деген атадан, Өзі болған жігіттен Сұрама кім деп ата-анаң (Д. Б.).

ӨЗІ ИЛЕЙТІН ТЕРІНІҢ ПҰШПАҒЫ *Түбінде өзі істейтін жұмыс.* Осындай кемістікке біз де кінәліміз. Ертең өзіміз илейтін терінің пұшпағы болған соң араласу керек еді (ЛЖ).

ӨЗІ КИМЕС КИІМІН КИГІЗДІ, ӨЗІ МІНБЕС ЖҮЙІРІГІН МІНГІЗДІ **ӨЗІ ІШПЕС АСЫН ІШКІЗДІ** *Тумаса да туғаннан артық күтті; еш нәрсесін аямады.*

ӨЗІМ ДЕГЕН *Іштей жақын, пайда-қайыры тиер адам мағынасында.* Қорықпа, Қорықпай-ақ қой, мен өзім деген адамды қорғай білемін (Т. А.).

ӨЗІМ [ӨЗІМДІКІ] ДЕГЕНДЕ ӨГІЗ ҚАРА КҮШІ БАР *Өзі үшін, өзіне келгенде жанын аямайды, бар қайратын салады деген мағынада.* Әрқайсысы өзін-өзі дәй санайтын, өзім дегенде өгіз қара күші бар әр рудың би, батырларын бір ханға бағындыру оңай болып па? (І. Е.). *Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, өзгенікі дегенде болар-болмас ісім бар (Мақал).*

ӨЗІМЕ ЖОҚ *К...ен БОҒЫМЕН ПІССІН* **ӨҮЛ БОЛМАСА, КҮЛ БОЛСЫН** *Не болса о болсын. Қолымдағы көзірім қарғаның мәткесі еді. Оны көзірдің тұзымен бастың, Үл болмаса, күл болсын, уақ көзірімді тағы жүрем, өзіме жоқ к...ен боғымен піссін (АТ).*

ӨЗІМЕН КЕТСІНІ **ӨЗ БАСЫМЕН КЕТСІН!** **ӨЗ ҚАРА БАСЫНА КӨРІНСІН!** *қарғыс. Бәледен аулақ, бар замандық соның өзіне болсын, өзімен бірге кетсін деген мағынада.*

ӨЗІМЕН КЕТТІ *Бетімен лақты.* Сен бе, сен, тас жүрек сұмсың, Өзіңмен кетіп жүрсін, Құдайдың да тамағы тоқ екен. Қасқырға келетін бәле де жоқ екен (С. С.).

ӨЗІМЕН-ӨЗІ БОЛДЫ *Ешкіммен ісі болмады, жеке бөлек болды.* Мекеш ілби аяңдап, өзімен-өзі болып өзекке түсіп кетті (Ғ. Мұс.). Өртеніп от жүрегім жанса лаулап, Қыңқ етіп білдірместен жұртқа жарлап. Өзіммен-өзім болам не болсам да, Ешкімнің ақысы жоқ, жүрсін аулақ! (Б. К.).

ӨЗІМ ӨЗ БОЛҒАЛЫ *Тұғалы бері, ес білгелі бері.* Аз өмірде көп ауырған жан емен. Өзім өз болып екі-ақ ауырғанымды білемін. Оның да бірі — шіқан (Қ. Тай.).

ӨЗІН БІРДЕМЕ ТҮРТІП ЖҮР *Бір жағдайға душар болғалы жүр. Өзіңді тағы бірдеме түртіп жүр ғой, сірә...* — «Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қылжуыр байлатады» деген осы! — деп Жақып пен Байбол екі жақтап күстәналады (Ғ. Мұс.).

ӨЗІНЕ АЗ *Өз қылғаны өзіне, оған бар жаза атаулы да кемдік етеді.* Күтемін сізден қайта хат, Қуандырып дертім жаз. Ол болмаса, шыныңды айт, Кіне өзімде, өзіме аз (Абай). Айтты — көндім, Алды — бердім, Енді өкіндім — өзіме аз (Абай).

ӨЗІНЕ ҚАРАП ТОН ІШТІ *Жұртты, бар нәрсені өзімен өлшеді, өз ойындағысын жұртқа теліді, өзін жұртқа өлшем қылды.* Шырағым, өзіңе қарап тон піше көрме, жұрттың бәрі сенің өлшеміңе сыя бермес (АТ).

ӨЗІНЕН [ӨЗ-ӨЗІНЕН] ҚҰЫСТАНДЫ *Секем алды, сезіктенді.* Ол мырзаның үйіндегі жас жеңгесінің де қыбын тауып, күлкіден езу жидырмайтын. Тек мана құдық

басындағы зекуден секем алып, *өзінен-өзі қуыстанып*, жеңгесіне беттемей қалыпты (Ғ. Мұс.). Бөлекбас қабырғадағы суретке қарап еді, Сәуле ақырын мырс етті. Оның неге күлгенін толық сезбесе де, Бөлекбас *өз-өзінен қуыстанып*, қыбыжықтай бастады (Ә. Ә.).

ӨЗІНЕН ӨЗІ ҚЫЗҒАНДЫ *Өзіне іш тарлық етті, өзіне қимады. Өзімнен-өзім қызғанып*, Азын-аулақ жиғаным, Өзіме де бұйырмай (Д. В.).

ӨЗІНЕ ӨЗІ КЕЛЕ АЛМАДЫ *Ес жия алмады.* «Бурабайға барамыз» деген жақсы хабар отряд жиынынан бері *өзіне-өзі келе алмай*, көңілі жүдеп жүрген Жарқынды да қуантты (М. И.). Ақбала мең-зең. Күйеуі кеткесін көпке дейін *өзіне-өзі келе алмай*, ыстық басын босағаға сүйеп, тұрып қалды (Ә. Н.). Біраз уақытқа дейін *өзіне-өзі келе алмай*, мәңгірумен жатты (Б. С.).

ӨЗІНЕ-ӨЗІ СЕНІМДІ *Өз күшіне өзі сенді.* Айдасаң алыс жерімді, Алсаң ащы терімді, *Өзіне-өзі сенімді.* Тоаят төс, салпы ерінді. Топтан торай бермейтін, Тұлпар аттай қунақпын (Д. В.). *Өзіңе-өзің сенімді бол.* Диқанның сенімнен айрылғаны — өнімнен айрылғаны (Ы. Ж.).

ӨЗІН ҚОЯРҒА ЖЕР ТАПШАДЫ **Ө** **ЕПІ ЖЕРГЕ** [ЖЕР БЕТІНЕ] **СЫЙМАДЫ** **Ө** **ӨЗІН ҚАЙДА ҚОЯРЫН БІЛМЕДІ** *Дел-сал боп не істерін білмеді; торықты; іші пысты.* Баласын түстік армияға шығарып салған күні сорлы әке *жер бетіне сыймады* (Ә. Н.).

ӨЗІН-ӨЗІ БІЛЕДІ 1. *Ешкімге тәуелсіз болмай, өзінше билік құрды.* Әуелден *өзін-өзі билеп*, азаттықпен жүрген халық бір-отала біреуге бағынбақты ауыр көріпті (Абай). 2. *Ұстамдылық көрсетті.* Өзін ерең ұстады. Қанша ашу-ызаға булықса да, *өзін-өзі биледі* (АТ).

ӨЗІН-ӨЗІ ҚАМШЫЛАДЫ *Өзіне-өзі дем берді, желік берді.* *Өзін-өзі қамшылап* қызынып сөйлеп келе жатқанда, «оның бәрін біз білеміз, жоқ, сіз бізге мынаны айтыңыз» деген өктем дауыс шыққанда, Цицерон болса да тілі күрмеліп қалады-ау (Т. А.).

ӨЗІН ҰСТАЙ АЛМАДЫ *Еркін билеуге шамасы келмеді; жеңілтектік жасады.* Көңілінде соңыра ұрыс үстінде *өзін ұстай алмай* жұртқа күлкі боп жүрем бе деген жауіп болатын (Ә. Н.).

ӨЗІНІКІН КӨЗДЕДІ *Бас пайдасын іздеу мағынасында.* Құдайға мақұл ісің жоқ. Біреудікін іздедің, *Өзіңдікін көздедің*, (Ш. Қ.).

ӨЗІҢ БІЛМЕ, БІЛГЕННІҢ ТІЛІН АЛМА! *қарғыс.* *Басқа кісінің ақылына көнбейтін, қырсық кісі туралы айтылады.* Қарғыстың зілдісі — *өзің білме, білгеннің тілін алма* деген (АТ).

ӨЗІҢНІҢ БОЙЫҢ БІЛСІН *ди а л.* *Өзің біл, өз ақылыңа, ойыңа салып көр* (Шығ. Қаз., Болыш.).

ӨЗІ ТОЙСА ДА, КӨЗІ ТОЙМАЙДЫ *Қанағатсыз, аш көз.* Шық бермес Шығайбай... заманның деген сараң байы, *өзі тойса да, көзі тоймайтын* бай екен (ҚЕ).

ӨКПЕ [ӨКПЕ ҚАЛДЫҚ] **АЙТТЫ** [АРТТЫ, ҚЫЛДЫ] *Наразылық көрсетті, реніш білдірді.* Әрине, машинаға қаршы емеспін, Орынсыз *өкпе айтағын* заршы емеспін. «Машина бізге жау» деп, қате пікір, Зиянды үгіт айтар жаршы емеспін (С. С.). Қыс ортасынан бері хабарласпағаны үшін *өкпемді айттым* (С. М.). — Не болды, Айсұлу, саған? Айтып күйдірсең етті. Маған ренжіп жүрсің бе? Әлде басқа біреу... — дей берген Асанның сөзін Айсұлу шыдамай, бөліп жіберді. — Сенен басқа кімге *өкпе арта* аламын (А. Б.). *Өкпе қылған* ел үшін, Жауда кеткен көк үшін, Қазақтың абырой арына Сарып қылған бар күшін (Б. Қ.).

ӨКПЕ-БАУЫР, ЖАЛЫ БАР *Әлі де күші бар, бір шабардай күйі бар.* Мойның барлай қараса, *Өкпе-бауыр жалы бар.* Аяғын барлай қараса, Болар болмас әлі бар... Әлі де ойын салады, Қос тізгінін созады... Шаршады Тарлан десек те, Жер басқаннан озады (ЕТ).

ӨКПЕ СЫЗЫ *Көңілдегі қаяуы, реніші.* Сенімі жоқ шерменде сырды бұзды, Анық таза көрмеймін досымызды. Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ, Жүрегінде жатады *өкпе сызы* (Абай). Биік қырлы мұрнын көтере сөйлеп, Алшынбай есікке қарап отырып: Баймұрын өзі де тыржыңдап, *өкпе сызын* білдіргендей... — дегенде, Құнанбай басын тез көтеріп ап, Алшынбайға бұрылды (М. Ә.).

ӨКПЕСІ АЛҚЫМЫНА [АУЗЫНА] **ТҮҒЫЛДЫ** **Ө** **ӨКПЕСІ АЛҚЫНДЫ** [КҮЙДІ, ҚАБЫНДЫ, ӨШТІ] *Демікті, тынысы тарылды.* Вану кішкентай тоқтаса, қапталдан соққан толқын қайықты жағаға шығарып тастайтын болғасын, *өкпесі алқымына тығылып*, әлі құрып бара жатса да, тырбынып жүріп келеді (Т. А.). Қожақ әрі-бері жүгіргесін *өкпесі алқынып аузына тығылды.* *Өкпесі* аздап алқынған ол бауырына биік тал ескен биік жарға домалап құлады (С. М.). Шаршаған ұзақ сапарда, Үзілді шаруа, жығылды. Рауандап таң атарда, *Өкпе ауызға тығылды* (Ж. Сыз.). Базаралының сонымен қатар бұл күнде нашарлап кеткен жүрегі қаға түсіп, *өкпесі аузына тығылғандай.* Аса қатты демігіп тістенумен қиналып тұр (М. Ә.). Оқ-найза, тұс-тұсынан тигеннен соң, Құлады ақырында *өкпесі өшіп* (Т. I.). Маңдай тері бұршақтап келеді, *өкпесі* де *өшіп* болған (Ә. С.).

ӨКПЕСІ ЖОҚ *Реніші, көңіл қаяуы жоқ.* Өзіме жөн, өзгеге бұзық істерім, Өзім көндім — өзім нені істедім. Өзгелерге еш *өкпем жоқ*, ішпесе, Өзіме адал ажал ғой ішкенім (Б. Қ.).

ӨКПЕСІ ЖҮРМЕДІ *Реніші өтпеді.* Бала күнінен қатар өскен, ерке Раушан емес пе,

нені айтам, неге жанын қинаймын десе де өркі бар. Раушанға өкпесі жүрмейді Нұрланның (З. Ш.).

ӨКПЕСІ ҚАРА ҚАЗАНДАЙ *Реніші таудай, көңілі қатты қалу мағынасында.* Демелінің Бағдауғ мен бригадирге деген өкпесі қара қазандай (Ө. Қан.).

ӨКПЕСІН АЛА ЖҮГІРДІ 1. *Ренішін, көңіл қалуын айтты.* Мен Ділдаға көрініп, балалардың бетінен иіскеп қайтпасаң, Алшынбай қызы ертең-ақ гүжілдеп, өкпесін ала жүгіреді (М. Ә.). 2. *Асығып-аптықты, жылдамдатып қимыл жасады.* Өртке күйіп жағқан өз жолдасын көргендер өкпесін ала жүгіргенмен еш нәрсе істей алмады (ЛЖ).

ӨКПЕСІН АУЗЫНА ТІСТЕП АЙТЫСТЫ *Қатты айтысты.*

ӨКПЕСІН ҚОЛЫНА АЛЫП ЖЕТТІ [ЖҮГІРДІ] *Бар пәрменінше жүгірді, асыға-үсіге жүгіріп жетті.* Жүгірді Әбікеш те дөдек қағып, Жан дәрмен, екі өкпесін қолына алып (Ж. С.).

ӨКШЕ ТҰС Қаптал жақ; сырт жақ. Баранов аттың зарын да, көзінің жасын да елеген жоқ. Бишікпен сабалал суға түсірді де, өкпе тұсынан атып келіп жіберді (Ә. Ә.). Елизавета Сергеевнаның сабағынан алған жақсы әсерден осындай ойлар туындап, әрі қызыға, әрі сүйсіне тыңдай қалған Жақыпбекті дәл өкпе тұсынан шыққан бір сыбыр селт еткізді (М. И.).

ӨКСІГІН БАСА АЛМАДЫ *Жылауын (солғыны) тоқтата алмады.* Құшағын патша жазбады, Құмар қанып ұлынан Өксігін жатыр баса алмай (МЗ). Өксігін жаңа басты бала. Жадырап сөйлей бастады. Тіпті жазықсыз көрінеді. Құдай мен кітап өздері шатастырады (Ғ. Мұс.).

ӨКСІК-[ТІ] БОЛДЫ *Қапалы болды; шерлі болды.* Баянды өксік болған уатайын (ҚКВС). Жалғыз қызыңды күйеуге бердің деп өксікті болып жүр деп ең (АТ).

ӨКСІП ЖЫЛАДЫ *Қапалана егілді, тағдырына шағынды.* Мұндай тұрпайылыққа Ғазиза, бір жағынан қорланып, ызаланып, өксіп жылап... Жақыпты сол минутте барлық жас жүрегімен өлердей жек көрді (М. Ә.). Қу бауырымды қия алмадым, Өксіп жылап өгілдім мен. Ең болмаса жарық жерге, Көмнңдер деп еміндім мен (А. Жұм.). Бекежанның бұ сөзі мұңлы болған Жібектің Өкпесінен енді ұрады Өксіп-өксіп жылады (ҚЖ).

ӨКСІП КЕЛІП ЖЕТТІ *Армандай аңсап кел, сағына аңсап кеп табысты.* Атасына қош айтып Еспенбет ердің кеткені, Туған ел, туған жеріңе Өксіп келіп жеткені (Д. Б.).

ӨКТЕМДІК ЖАСАДЫ *Күш көрсетті, зорлық қылды.* Біздің маймыл тәріздес ата-тегіміз құралдармен — таяқпен және таспен өздерінің қолдарын ұзартып, күшін асырғандай болды. Соны аркасында олар

басқа жануарларға өктемдік жасап, оларды қорқытатын болған (ЖБ),

ӨКТЕМ КЕЛДІ **Ө** **ӨКТЕМ[-ДІК]** **ҚЫЛДЫ** *Күш көрсете асқақ келді.* Жайнатып жайлауымды көктем келді, Сыр бойын сілкіндіре өктем келді, Малшыны аяғынан тік тұрғызып, Біреуге артпа деді өкпенді енді (Н. Сұл.).

ӨКШЕЛЕП ҚУДЫ *Ізбе-із, қалмай қуды.* Жеткізер ме өткен күн, өмірді қусам өкшелеп. Тақты күндер мойнына, Қалампыр-маржан текшелеп. Еңіреп жүрген ерлерді, Ерендер қашан ескерде (АБ). Дұшпан жуыр маңда бойын жия алмады. Діңкесі құрып, өкшелей қууға дәрмені болмай қалды-ау деймін (Б. Мом.).

ӨКШЕСІ ЖЕРГЕ ТИМЕЙДІ *Тым тез, шапшаң жүгірді; дамыл таппады.* Айдаң салдым жылқымды төпсең жерге, Сіздей адам табылмас ексем жерге. Намаздігер, намазшам арасында, Асыққаннан тимейді өкшем жерге (Қән.). Ертеңнен қара кешке жұмыста болып, өкшесі жерге тиіп, бір тыным алмайды (АТ).

ӨКШЕСІН АЛДЫРДЫ *Шаршап-шалдықты, болдырды.* Туған еді бізді анамыз балғын ғып, Жорықтарда өкшемізді алдырды (М. Әл.).

ӨКШЕСІН БАСТЫ *Жасы шамалас, жасы таяу адамдар туралы айтылады.*— Қайрат қай жылғысыз?— деймін мен.— Пәлі, мен сіздің өкшеңізді басып жүрген болармын (ҚӘ).

ӨКШЕСІНЕ ҚАРАНДЫ *Сәнденді, бой түзеді.* Өкшесіне қаранған Ай маңдай аппақ паңды да, Тірі жүрсем мінермін, Арқар таң күпшек санды да (Д. Б.).

ӨКШЕСІН ЖАЛТЫРАТТЫ **Ө** **ӨКШЕСІН КӨРСЕТІП, ТАБАНЫН ЖАЛТЫРАТТЫ** *Тайып тұрды, көзін жоғалтты.* Жанталасқан мұңдар жау, Қолына алып өкпесін, Жалтырағып өкшесін, Келген қанды ізімен, Өлігін баса қашатын (А. Т.). Жау барлық майданға өкшесін көрсетіп, табанын жалтыратты (Е. Ә.).

ӨКШЕСІН ЖЕРГЕ ТИГІЗБЕДІ 1. *Аяғының ұшымен жүрді.* Биындап биші башпайлар, Тигізбей жерге өкшені, Шешіліп кетіп «шашбаулар» Тербелді алма төстегі (Д. Ә.). 2. *Жаяу жүргізбеді, көтермеледі.* Өкшеңді жерге тигізбей, Жалпылдап жаяу жүргізбей, Топшысы берік қыранмын, Сұңқар етіп ұшырды (Н. Б.).

ӨКШЕСІН ОТҚА БАСТЫРДЫ *Жазалады.* (Бұл жерде ақын жауды жазалады деген мағынада айтып отыр). «Уралап» ұран шақырды, Айбаттанып акырып, Өне-міне дегенше, Самурайды састырды, Өкшесін отқа бастырып, Сансыз өкер, құралмен (Н. Б.).

ӨКШЕ [ТАБАН] ТІРЕДІ 1. *Берік бекіп қарсы тұрды.* Ол бақ үшін тіреп өкше, Жау жасағын шапқан шөпше, Қанын, жанын аямастан, Қайрат еткен ер ерекше

(С. Д.). 2. Бір жерге тұрақтап мекен қылды.

ӨКІЛ АТА [ӨКЕ] к ө н е. 1. Қыз алысатын ауылдың баласын бес-он күн үйіне жатқызып, сыйлық беріп аттандырған кісіні бұрынғы уақытта «өкіл ата» деп атаған, өкіл атаға бұл жігіт «өкіл күйеу», ал қыз «өкіл қыз» болып есептелген. Қалыңдық ұзатыларда, сол өкіл атаның үйінде қонақта болады. Мұны «мұрындық ата» деп те атаған. («Өкіл» — араб сөзі, ол бастағы мағынасы: сенімді, елші). Өзіне Әлібекті күйеу қылып, Қылады Көтібарды өкіл ата (АИП). 2. Есейген кезде бірі бала тұтынып, бірі әке тұтынған кісілерді де «өкіл ата», «өкіл әке», «өкіл бала» деп атаған. Ақсақал маған ас беріп тойындырды, үйіне әкеліп бала қылып алды, мен оған өкіл бала болдым, ол маған өкіл ата болды (ҚЕ). Өзінің өкіл әкесі болған тілмаш Шәймерден мен мына революционер Әлжанов екеуінің арасы да ел көшкендей (С. Тал.).

ӨКІЛ БАЛА к ө н е. Есейген кезде бала орнына тұтынған (жігіт, бала). Сонсын ақсақал маған ас беріп тойындырды, үйіне әкеліп бала қылып алды. Мен оған өкіл бала болдым, ол маған өкіл ата болды (ҚЕ).

ӨКІЛ КҮЙЕУ к ө н е. 1. Қыз әкесіне емес, қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіт «өкіл күйеу» болады. Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма? Алысқан асын жөндеп іше ала ма? Алушы өкіл күйеу болар сізге, Жазғанын біз көрерміз пешенеге (М. Ә.). 2. Жасы үлкен кісі мен жасы кіші кісі арасында болатын тамырлық. Сенің әкең Мамай ішінде Жамантаймен кеңілде болып жүріп, өкіл күйеу болғанда, екі жүз қой киіп киген. — Өкіл күйеуі қалай? — Өкіл күйеуі, шын күйеу емес, тамыр есепті нәрсе. — Онда «тамыр» деп неге атамайды? — Тамыр құрбылас кісінің арасында болады. Ал, жасы үлкен кісімен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады (М. Ә.).

ӨКІМ ҚЫЛДЫ Бұйырды, өктемдік қылды. Бір баланың жоғынан зорлық қылды маңайым. Өкім қыла сөйлейді Баласы көп ағайын (АВ).

ӨЛГЕНДЕ КӨРГЕН Өліп-талып, зарығып жүріп көрген, тапқан. Қорасанға қой айтып, Шыбын жанға жан айтып, Артынан қуып келіпті Өлгенде көрген шешесі (ҚЖ).

ӨЛГЕН ЖЕРІ ОСЫ Қатты ұятқа қалды деген мағынада. ...Қалың қолға қарсы шапқанда мұндай қысылмаушы едім. Өлген жерім осы болды-ау! (І. Е.). Жанбота, осы ма еді өлген жерім, Көкшетау боқтығына көмген жерің. Кісісін бір болыстың біреу сабан, Бар ма еді статъяда көрген жерің? (Б. Қож.).

ӨЛГЕН АРТЫҚ [ЖАҚСЫ] Ұятқа қалғанша, масқара болғанша, жер басып жүрмегеннің өзі мақұл деген мағы-

нада. Ай, Дәке, осы ма еді бергеніңіз, Ақынды осы ма еді көргеніңіз!? Дәукемнің бергенінен ұялғаннан, Бөрінен артық боп тұр өлгеніміз (Ш. Қар.).

ӨЛГЕН-ТІРІЛГЕНІН [ӨЛЕР-ТІРІЛЕРІН] БІЛМЕДІ ӨЛГЕН-ТІРІЛГЕНІНЕ ҚАРАМАДЫ 1. Жан-тәнін салды, жанын аямады. Сен ертерек неге оралмадың, осы мал десе өлген-тірілгеніңді білмей кетесің-ау! (М. Е.). Дүйсенбайдікі адал еңбек. Дүйсенбай біреуге малайлыққа жүрсе, кісі жұмысы екен деп алапал көрген бенде емес. Өлген-тірілгеніне қарамай істейді. Бір өзі екі жігіттің жұмысын атқарады (Б. М.). 2. Көзсіз өр кеуделік етті, парықтамай жан ұшырды. Біз түк білмейміз, біз де білмейміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда өлер-тірілерімізді білмей күре тамырымызды адырайтып кетеміз (Абай).

ӨЛГЕНШЕ [ӨЛЕРДЕЙ] ЖАҚСЫ КӨРДІ Емірене, сүйсіне қарады, жолына құрбан болардай сүйді, қадір тұтты. Өлгенше жақсы көретін досы жүріп кетті дегенде ол қатты күйінді (АТ).

ӨЛГЕНІ ТІРІЛІП, ӨШКЕНІ ЖАНДЫ [ЖАНҒАНДАЙ БОЛДЫ, ЖАНҒАНДАЙ ҚУАНДЫ] Үміт үзген жоғы табылып, қуанышқа бөленді, маз-мейрам болды. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанды, шуылдасты да қалды. «Соқыр тауыққа бәрі бидай», тек хат ішінде «Қамар — Ахмет» деген сөз болған соң-ақ құдай берді, ақты-қарасын ақтару қайда, шыдамын ба? (С. Т.). Өлгенім тіріліп, өшкенім жанар күн бар екен ғой, әлі де... Кел, келші, ер жеңгем, Мәрзия (Ғ. М.).

ӨЛ ДЕ МАҒАН кейіс. Ол болмаса, бұл болсын, одан арман деген мағынада. Айшаның кенет есіне түсті. — Бар болғыр, қор бейшара, әке болып ігілік көрсеткен күнің бар ма еді? Қақтыққан сорлы дейімау, өл де маған, нең бар еді?! — дейді (М. Ә.).

ӨЛ ДЕСЕҢ ӨЛІП, ТІРІЛ ДЕСЕҢ ТІРІЛЕЙІН Не десең де айтқаныңды істейін деген мағынада. Жұмажан: Келсе болды, шарт, мен аянбайын, өл десең өліп, тіріл десең тірелейін, сөзім сол-ақ. Немене енді? (М. Ә.).

ӨЛДІМ-ТАЛДЫМ ДЕГЕНДЕ Зорға, зрең-зрең дегенде. — Сонымен, өлдім-талдым дегенде, құлағыма Япошканың даусы шалына кетті (С. М.). Қарғалар жеректі қоймай шарлап, ақыры өлдім-талдым дегенде бір жерден адам тірілетін шөпті тауып алып, қасқырға алып кеп береді (ҚЕ). Өлдім-талдым дегенде Қыл көпірге ілінді. Қыл үстінен қылтылдап, Ұшты молда, жүгірді (І. Ж.).

ӨЛЕ ЖАЗДАДЫ 1. Жаны қалмай бәйек болды (АС). Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтуғыны қалай? (Абай). 2. Шыдамсызданды, тағаты таусылды

(АС). Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап, Талтайып қақтана алмай өле жаздап. Кемпір-шалы бар болса қандай қиын, Бір жағынан қысқанда о да азынап (Абай).

ӨЛЕ ЖЕГЕНШЕ *Өзіне қарай тарта бермей деген мағынада. Өле жегенше, бөле же (Мақал).*

ӨЛЕҢДІ ЖЕРГЕ ӨРТ ҚОЙДЫ *Жүрген жерін, тыныш жұртты у-шу қылатын па-туасыз, берекесіз адам туралы айтылады. Өлеңді жерге өрт қойып, белеңді жерге жел тұрғызып жүретін құйтырқы мінезі әлі қалмапты (АТ).*

ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІН АЙТТЫ *Қарғанып-сіленді, таусыла, қиыла сөйледі. Қожа Насыр өлердегі сөзін айтып, қазанды зорға сұрап алды (ҚЕ). Раушан Бөкеннің бетінен шопылдатып сүйді де, өлердегі сөзін айтып жылады (Б. М.).*

ӨЛЕРДЕЙ ҚОРҚАДЫ *Зәресі қалмай-ды; қатты қорқады. Жазған балам, күштіктен өлердей қорыққаның не, қасқыр кездесе қайтер ең?! (АТ).*

ӨЛЕР ЖЕРІН БІЛМЕЙДІ \odot *ӨЛЕРІН БІЛМЕДІ Абайламай, ойламай әрекет етті; арандар жерін байқамады. Мынау қайнаған не деген өлерін білмейтін ақ көз еді (М. Ә.).*

ӨЛЕРМЕНДІК ҚЫЛДЫ [ЕТТІ, ЖАСАДЫ] \odot *К...ЕН ЗОРЛЫҚ ЖАСАДЫ 1. Өз дегенін істемек болды; қара күшке салып біреуге қысым көрсетті. Анау қызыл көз пәлең менікі деп өлермендік қып отырып алды емес пе?! (АТ). 2. Өлген-тірілгеніне қарамады. Немістер... негізгі бағытынан бет бұрмай, өлермендік қылып, омыраулай берді (Б. Мом.).*

ӨЛЕРІНЕ КЕЛДІ [ТАЯНДЫ] *Қартайып, дүниеден қайтар шаққа жетті. Өлеріне келгенде, Жан мұндар енді сескенді, Ескендір өткен дүниеден, Жибырма тоғыз жасында, Перзент қалмай артында (Ш. Қ.). Білсін бір сүннет, фарызды, Қазақтан алдым қарызды. Өлеріме таялып, Жұртыма айттым арызды (Ш. Қ.)*

ӨЛЕРІНЕ КӨРІНДІ *Дүние салған кісінің ақтық (соңғы) әрекеті, қылығы туралы айтылады. Байғұс шалым екі күн бұрын, қозыларды қырқып тастап, терлеп-тепшіп шай ішіп еді, өлеріне көрінген екен ғой! (АТ).*

ӨЛЕТҰҒЫН ТАМЫРДАЙ ІШКЕ ТАРТЫ *Көне е. Кері кетті, қадамы өре баспады. (Көне заманның мүшкіл халі айтылып отыр). Шілдедегі дариядай кептің, қазақ, Бар пайдаңды бір қысқа төктің, қазақ. Өлетуғын тамырдай ішке тартып, Қашан сыртқа тартады лептің, қазақ (М. Сұл.).*

ӨЛМЕГЕНГЕ ҚАРА ЖЕР *Қатты ұялу, кенет қысылу мағынасында айтылады. Жердің үстімен барып, жердің астымен қайттым, Өлмегенге қара жер. Жер тесік*

болса кіріп кетер ем, Сағымды сындырды бұл бала (АТ).

ӨЛМЕГЕНГЕ ӨЛІ БАЛЫҚ *Себеппен себеп болды; «жарылқайын» десе қиыннан қисынын келтіреді екен деген мағынада. Қасқырдың тамағынан алып қаптып, Алғаным құрсын, өзім талып қаптып Жольғар өлмегенге өлі балық, Үстіме кірекеш келіп қапты (К. Ә.).*

ӨЛМЕ, ӨЛСЕҢ ҚАЙТЫП КЕЛМЕ *қ а р ғ ы с. Әзіл-оспақ түрінде айтылады.*

ӨЛМЕСЕҢ ЖЕР ҚАП \odot *ӨЛМЕСЕҢ ҚҰМ ҚАП \odot ӨЛМЕСЕҢ ОМА [ОМЫРА, ОМЫРАМ, ӨМЕ, ӨМІРЕ, ӨМІРЕМ, ӨМІРЕН, ӨРЕМ] ҚАП! Өліп кет, жерге кір деген мағынада. Өзім деп, сенерім деп, қанат тұтып, қатарыма алғаным сенбісің?... Сендер: «Керей-найман әделет таппай, әрекет тапса, өлмесе ома қапсын» десең, мен оларды елім деймін...— деді Абай (М. Ә.). Мен қазақтың ата жерінде тудым, осы ата жерінде өлемін! Халқыман қашып тапқан қызықтың маған керегі жоқ. Мейлің. Онда өлмесең өрем қап!— деді Әкпар үніне суық ызғар беріп (І. Е.).*

ӨЛМЕС [ӨЛМЕСІНІҢ] КҮНІН КӨРДІ \odot *ӨЛМЕМЕН ӨТБІР Үйгіп-бүйгіп тіршілік етті. Лагердегі адамдардың тамақпен қамтамасыз етілу жағы оған белгілі— өлместің күнін көріп жүретінін білетін (Қ. И.) Лажсыз сүрген бұл өмір— Қайғылы қапас форымда. Өлмешінің күні ғой— Төбесі ашық қорымда (Үш ғас. ж.). Ш. Уәлиханов жалшы болған тапты өз еңбегінің барлық табысын қожасына сыпырып беріп, өзі тек өлмешінің күнін көретіндер, сөйтiп «мәңгі еңбектенуге» мәжбүр болғандар деп білді (М. Ел.).*

ӨЛМЕС КҮНІНДІ КӨР *Тіршілік қамыңды же, өз бетіңмен әрекет ет. «Бөлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дей-дей болмадың ба? Енді біріңе-бірің сүйеніс те, осы арада өлмес күніңді көр, түге! ...— депті Базаралы (М. Ә.).*

ӨЛСЕ ДЕ АЙРЫЛМАЙДЫ *Қолынан шығармайды, ешкімге бермейді. — Бүгінге шейін шыдап келдім, енді шыдай алмаймын... Мысалы, мен сендей жігіттің, мысалы, сенің етегіңді ұстасам, өлсем де айрылмас едім.— дейді Гүлия Әзімханға (С. С.).*

ӨЛУГЕ БАҚЫЛ *көне. Өлім алдындағы ризалық ету мағынасында. Туарға біз бақыл жан, Өлерге біз бақыл жан. Бозжігітім болмаса, Ешкімнің жүзін көрмеспін (БЖ).*

ӨЛШЕУ ҚЫЛДЫ *Ақыл таразысына сап салыстырды, салмақтай теңдеп көрді. Осы жалған дүниеден, Шешен де өткен не бұлбұл, Көсем де өткен не дүлдүл, Сөз мәнісін білсеңіз Ақыл-мизан, Өлшеу қыл. Егер түзу көрінсе, Мейлің таста, мейлің күл (Абай).*

ӨЛШЕУЛІ КҮНІ БІТТІ [ЖЕТТІ] көне. *Діни сенім бойынша о баста ұйғарылған өмір сүру мерзім күні бітті.* Өлтіріп Ибраһимді Жүсіп кетті, Тағдырдағы өлшеулі күні бітті. Екі күнде кездескен біреу көріп, Өлгенін Ибраһимнің мәлімдепті (А. А. Қ.).

ӨЛІ АРА *Жаңа ай мен ескі айдың аралық шағын «өлі ара» деп атайды.* Ай кешігіп туатын өлі араға таянып еді (С. Б.). Өлі ара кезінде Ай Жер мен Күннің аралығында болады да, Жерге Айдың қараңғы жағы қарап тұрады, бұл кезде Ай атымен көрінбейді (Х. Ө.).

ӨЛІ АРУАҚ көне. *Діни ұғымда өлген ата-бабаның рухы деген мағынада.* «Құнанбайды елге қайтартпаймыз, айда-тамыз, үстінен арызды айдап, су түбіне біржолата кетіреміз. Бөжей кегін аламыз! Өлі аруақ қарғысын мұның басына жеткізіміз!» деген ызғар, қайрат күшті (М. Ө.). Судыр Ахмет Ақбалаға да: «Шырағым, тие берсін де! Өлі аруақ артында қалған адамнан дұға дәмәтеді»,— деп зарлап отырып, бір-екі рет тие берсін айтқызып еді... (Ә. Н.).

ӨЛІ БОЙ *Тіршіліктен түңіліп суыған «құр» сүлде туралы айтылады.* Өлі бойға қан жүгірді, Қайратым құрыш болды нан. Мұз жүрегім май секілді, Еріп, от боп күйді жан (Абай).

ӨЛІ БОЛЫП КӨРДЕ ЖОҚ, ТІРІ БОЛЫП ТӨРДЕ ЖОҚ *Санатта, есепте жоқ.* Өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ, мендей бейбақ беңде жоқ. Жүрегің жарған досым деп, Есіркер көңіл сенде жоқ (АӘ).

ӨЛІ БҰЙЫМ [ДҮНИЕ] *Үйдегі байлық (киім-кешек, киіз-текемет, тең мата, кілем, ыдыс-аяқ т. б.).* Аяқты малды былай қойғанда, басып қойған өлі бұйымы көп дейді ғой (АТ).

ӨЛІ ЕТ 1. *Ескі (сүр) ет.* (Қонақ келместен бұрын сойылған малдың еті). Ол келген қонағына мал соймай, өлі ет асып берді. Төртінші күні де қой соймақ еді, «қанын ішеміз бе оның, осы үйдегі өлі ет жетеді», деп Шыңғыс рұқсат етпеді (С. М.). 2. *Жараның я ат жауырының жаны кеткен, өлген бөлегі.* Әй мына ат жауыры өлі ет байлап қапты ғой, обалдағы (АТ).

ӨЛІ ЖАН **○** **ТІРІ ӨЛІК** *Тірліктен үміт үзген, түңілген, өлімге мойын ұсынған жан, кісі мағынасында.* Мен — өлі жан, ешкімді талғамаймын, Рақымсыз билеріңді қарғамаймын. Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ, Разымын деп жалған сөз жалғамаймын (Абай).

ӨЛІ ЖАРА *Бирнес ескі кек.* Бұл бір шемен болған өлі жара, сәл кірбің болса шыға келері хақ (АТ).

ӨЛІ ЖҮН *Қойдың көктемде қырқылған жүні, өзге малдың көктемде түлеп түсер жүні.* ♦ Бұдан бөлек жүннің мы-

надай түрлері бар: Күзем жүн, жабағы жүн (Көбіне киіз, байпақ, қалпақ, күпі т. б. бұйым жасалады. Ал көрпе жасауға болмайды, себебі тірі қылшық жүні көрпенің тысына шығып кетеді. Тірі қылшық жүні көрпе сыртына шықпаса үшін тай қазанға қарып алады да көрпе жасай береді). Шет пұшпақ жүн (Әр жерде ілініп, қотанда қалған жүн. Бұдан көбіне жіп-шу жасалады). Шуда жүн, түбіт жүн (Бұлардан тоқыма киім-кешек жасалады). Киіз сапалы болу үшін қой жүнін ғана пайдалану қажет. Өлі жүн киіздің сапасын кетіреді (М. Е.). Жарлылардың баласы, Ақыл-есі болмаса, Қорбиып тұрған бір байғұс Өлі жүнді таймен тең (Д. Б.).

ӨЛІМ АУЗЫНАН ҚАЛДЫ [АЛЫП ҚАЛДЫ] *Ажалдан аман-есен қалды; ажалдан алып қалды.*— Мен,— деді қарт даусын зыңқ еткізіп,— бес рет өлім аузынан қалдым. Оның қызғылықтығы «бес батыр туралы ертектен» де, «бес қыздың жырынан да» кем емес (Ә. Ө.). Үш күн, үш түн жапа-жалғыз адасып, өлім аузынан қалып ем,— деді Хадиша (М. Ө.). Өлгі Кеттебекті өлім аузынан алып қалған Көсеубекті төбесіне көтеріпті (ҚЕ).

ӨЛІМ АУЗЫНДА [ҮСТІНДЕ] ЖАТТЫ *Науқастың халі нашарлады, қиындады; хал үстінде жатты.* Бүгін өлім аузында жатқан Дөркембай осы жайды есіне текке алмады (М. Ө.). Қазіргі кезде өлім үстінде жатқан адамдарды тірілтетін әдістер қолданыла бастады (А. Д.).

ӨЛІМ БОЛДЫ *Ұят, масқара болды.* Жақсыға өлім сол болар, Уағдасында тұрмаса, Жігіт көмел бітер-ді, Төңрім өзі берген соң (Д. Б.). Мал-мүлікті ысырап қылғанымыз өлім болды (ҚЕ).

ӨЛІМГЕ БЕЛ [БАС] БАЙЛАДЫ **○** **ӨЛІМГЕ БАС ТІКТІ** *Тәуекелге кірісті, бас кетсе де аянбады.* Отан үшін өлімге, Белді байлап бас тігіп, Жапанда жанын тапсырып, Жалындап жанып жас жігіт (С. Мәу.). Жан ашыр жоқ, жаралы болған жерінде. Жолбарыстай күңірен де, жат көрін де. Ыстық қанды, жас жанды қидағы, Басты тігіп, белді байла өлімге (Б. Қ.). Сондықтан хауіп төнген күндерінде, Бір сен үшін өлімге бас байлағам! (Ж. С.).

ӨЛІМГЕ КӨЗІ ҚИМАДЫ *Өлтіруге аяп қолы бармады, жанына ара түсті.* Тағы да құдай ұрды деп, Қалмады қорқып иманын. Қанша кінәм асса да, Өлімге мені қимадың (ҚамБ). Жаутаң көз киік лағын өлімге көзі қимайды, Сарқып сабыр, шыдамын Аштық жанды қинайды (АТ).

ӨЛІ МЕН ТІРІНІҢ АРАСЫНДА **○** **ӨЛІМ АУЗЫНДА** *Әл үстінде, ажал алдында, жаны қыл үстінде.* Уайымның көбі... Абаймен байланысты. Өлген Мағаш пен бүгін өлі мен тірінің арасындағы Абай екеуін бірдей Дәрмен жарадар жанымен мүсіркеп, есіркей толғанады (М. Ө.).

ӨЛІМ ЖЕТТІ ☉ **ОПАТ КЕЛДІ** Қырылды, өлді. Қоян жылы жаумады көкпен жаңбыр, Қабағы шаруалардың болды салбыр. Қыстыгүні болғанда қар тынбады, Айуанға өлім жетті аштан әрбір (М. Сұл.).

ӨЛІМНЕН ҰЯТ КҮШТІ Абыройсыз қалғаннан да ажал артық деген мағынада.— Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа ел көрмеген жаза керек! — деп Құнанбай байлауын айтты (М. Ә.).

ӨЛІМ ТҮРТТІ Ажал айдады, өлімге бастады. Сені бір өлім түртті тұрған шығар, келі — деп, дәу атынан түседі (ҚЕ).

ӨЛІМШІ БОЛДЫ Соққыға оңбай жығылды; өлер халге келді. Келді де ете берді опыр-топыр, Боп қалды бірі мерткі, бірі соқыр. Өлімші болғандары өлгенімен, Үйіліп аяқ асты болды көпір (Т. І.).

ӨЛІМШІ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] Тигығына жеткізе сабап, сойып салды; соққыға жықты, өлер халге келгіре ұрды. Сағит пен Айсұлу екеуі машинаға мінгелі келе жатқанда, бауыры оянады да, төбелес салады. Сағиттың мұрнын қанатып, өлімші қып сояды...— дейді Саматов Мұқитқа (М. Ә.).

ӨЛІМІН САТТЫ Арын-ұятын сатты. Ондай жерде, әсіресе, осы бір өндірісегі сорайған, бір көзі соқыр, сүдісіз, арық қара кісі ар-ұятты жиып қойып, ойына алған іске өзеленіп өлімін сата кірісіп кететін (Ә. Н.).

ӨЛІП КЕТЕ ЖАЗДАДЫ ☉ **ӨЛІП ТІРІЛДІ** 1. Сұғанақтанды, пайда үшін жанын берермен болды. Кезі келгенде бір өшімді алайын деді білем: — Жұрттың еркегі пайда дегенде өліп кете жаздайды; бұған керекті төрелік, ертең екі мөшкел мен шолақ аттан айрылған күні жайың білінер,— деді (Б. М.). 2. Жан-тәнін салды. Жалпы бұқараның баспасөзге көзқарастары өте көңілді. Бірен-саран газеттер, жаңа шыққан кітаптар қолдарына тисе, оқып өліп кете жаздайды (С. С.). 3. Қатты ұялды. Қатты ұрысты, өліп кете жаздадым, жер жарық болмады кірерге (АТ). 4. Өбек болды. Асты-үстіне түсіп өліп кете жаздайды, баласын өліп тіріліп аймапал жатқаны (АТ). Бұл қанша күйіп-жанса да, қыз оған бұрынғыдай өліп тірілген жоқ (Ә. Н.).

ӨЛІП КЕТЕЙІН! қарғану. Не бол десең, сол болайын, ажал алсын! Олда білді, өліп кетейін, көргенім жоқ (АТ).

ӨЛІ СҮЙЕК Дене бітімі ебедейсіз, оралымсыз, епсіз кісі. Сүйдірген сені маған теріс аяқ, Бір-бірі саусағыңның жуан таяқ. Өлі сүйек, өлексе, өлімтік қып, Құдайым саған берген аямай-ақ (С. Т.).

ӨЛІ СЫБАҒА Еңбексіз тиген, еңбек сіңбеген үлес. Сүйеу қартты сыйлайтын жұрт Итжемес жұмыс істемесе де, оны үлестен қалдырмай, қыс бойы өлі сыбаға бөліп көп еді (Ә. Н.).

28—160

ӨЛІ [ТЫШҚАН] **ТИДІ** Жылқыда болатын ауру. Бөкеннің боз жорғасына өлі тиіп аунақшып жатыр деген, соған аят оқуға кеткен шығар (Қ. Кем.). Жүйрікке тышқан тиді жүгірмейді, Домбыра таңқұтқ етіп күйі білмейді. Не пышық, не мысық боп, не күшік боп, Мұңқылдап шөуілдейді, мәуілдейді (І. Ж.).

ӨМІР БАҚИ [БОЙЫ] 1. Мәңгі. Тұмсығы жұмыр жердің қатқан мұзы, Тылсым боп өмір бақи жатқан мұзы, Тылсымның ашып-жарып ашты сырны, Елімнің алып туған ұлы, қызы (Жамбыл). 2. Үнемі, әрқашан. «Мынау бір өмір бақи именбей басып келе жатқан алаңсыз, маңғаз болар» деп ойлады Добрушкин (Т. А.).

ӨМІР БЕРДІ Жаратты, дүниеге келтірді (АС). Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді бетіңе ақыретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар? (Абай). Ғаріптікке көз жетті, Алғаннан оң серікті. Өмірін берген құдайым, Ажалын да беріпті (Абай).

ӨМІРГЕ БОЙЛАДЫ Өмірге үңіле қарады, өмірді тереңдеп түсінді, білді. Жомарт Баймақанға: — «Желдей ерікті» желдіктеп мінген жұртшылық бар. Сандалма! Өмірге бойла.— деді (Ғ. Мұс.).

ӨМІРГЕ ЕЗ БОЛДЫ Дүние илеуіне түсті. Салқына сылдыр сергіте алмай жүрегін, Дауыл айқай алды жастың жүрегін. Өмірге қор, өмірге ез боп жас Жамал, Ұялады жүрегіне тірі өлім (І. Ж.).

ӨМІРГЕ ЖЕТКЕН КҮН Бұл жерде келешегі жойылды мағынасында. Есінде ме, ел ерлері, өткен күн, Ұрпағыңның өміріне жеткен күн. Кесік құлақ, тілік табан талайсыз, Жарыңды күң, жаныңды құл еткен күн? (Б. К.).

ӨМІРДЕН ТЕПКИ ЖЕДІ Тұрмыстан соққы көрді, дүниеден азап шекті. Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ, Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ. Қайта-қайта оқысам бір дұғаны, Сеніп қалған жүреkte жанады шоқ (Абай).

ӨМІР-ЖАСЫҢ ҰЗАҚ БОЛСЫН! алғы с. Көп жаса деген мағынада. Қызмет қылдырған соң он екі жыл, Ойланып, «Өз еліне барсын»,— деп бұл.— Рахмет, өмір-жасың ұзақ болсын, Әр қашан жадымда-сың, еттім,— деп, ұл (Т. І.).

ӨМІР ЗАЙҒЫ [ЗАЯ] **ӨТТІ** [БОЛДЫ] Өмірі бос, тектен-текке кетті. Қаптаса, қамаласа қалың қайғы, Көрсетіп жарым жылдай жалғыз айды. Болмаса күндіз күлкің, түнде ұйқың, Кім айтар өтті екен деп өмір зайғы (Б. К.).

ӨМІР КЕШТІ [СҮРДІ] Тіршілік етті. Туған елді көксөдім, Жат елде арман ескенім, Ылайық па, жан ата, Іргелі елім тұрғанда Жат елде өмір кешкенім (Д. Б.). Жұмабек енді байқаса көңілді, дархан өмір сүрдім дегені даңғаз, бейпіл өткен күндер сияқты (Т. А.).

ӨМІРІ ӨТТІ *Тірліктегі күні берекесіз, бос өмір сүрді.* Қорқытпайды қар мен мұз, Өзге нәрсе қорқытты. Ойсыз, доссыз, бақытсыз, Жыбырлақпен өмір өтті (Абай). Жау қорсаңдап бұртайып, Дос құбылып, әуре егер. Кімді тентек, кімде айып Тексе-ре алмай өмір өтер (Абай). Құм теңізден тынбай соққан боранның, Ішінде жапырақтың гүл бұтақтың, Күндері еске түсед тұрған шақтың, Қамалып бұл клетке тұтқын болып, Өмірі өткені ғой мен бейбақтың (Б. К.).

ӨМІР СЕРІК *Жұбай, жар, ерлі-зайыпты.* Жақан қарт өзінің өмір серігі Әлишасымен осы шатқалды жалғыз үй қыстағалы, міне, оныншы қыс (М. Т.). Менің саған қосылып өмір серік болғанымға бес жыл болды (ҚЕ).

ӨМІР ТАУҚЫМЕТІН КӨП КӨРГЕН *Тұрмыстың соққысына талай ұшыраған, өмірдің зардабын көп тартқан.* Оспан өмірдің тауқыметін көп көрген қарт, анау-мынауға елп егері жоқ (АТ).

ӨМІР ТОНЫН КИГІЗДІ *Ақын бұл жерде адам көңілінің сергіп, жаңарып, селт етіп тіршілік құшағына кірген сәтін, жаңарған көңіл-күй қалпын айтып отыр.* Бір күйгізіп, сүйгізіп, Ескі өмірді тіргізер. Өмір тонын кигізіп, Жоқты бар ғып жүргізер (Абай).

ӨМІР ШАМЫ СӨНДІ *Өлім сағағы жетті, тіршілік оты өшті.* Өлместей өмір кешкенмен, Ажал желі келмей ме? Маздай жанған шағында-ақ Өмір шамы сөнбей ме? Дараланбай тән шіркін Қара орынға кірмей ме? (АӘ).

ӨМІРІ КІСІ ЕСІГІНДЕ ӨТТІ *Жалшылықпен күн кешті.* Өмірім отын тасумен, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті (ҚЕ).

ӨМІРІН [КӨРГЕН КҮНІН] ИТКЕ БЕРСІН [БЕРМЕСІН!] *Көрген күні күн емес.* Ой, шырағым-ай, оның өмірін итке берсін де. Артынан ерген туысқанды қарақтаған соң не қасиет қалады? (М. Ә.).

ӨМІРІН САРЫП ӨТТІ [ҚЫЛДЫ] *Жан аямай қызмет етті.* Өне шын ниетімен орнын тауып, бір алланың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылдыңдар...» (Абай). Туған жер! Туған жер! — деді Қуат бауырын төсеп жатқан күйі, — төс түйсіп ант етем саған. Сен үшін өмірімді сарып етуге, сені жұмаққа жеткізуге ант етем... (Ғ. С.).

ӨМІРІ ӨКСІДІ *Құса-қайғыда өмір өтті.* Жауыздардың уақытында Жебір-жесір жетім ек. Малын бағып байлардың, Өміріміз өксіп өтіп ек (ХА). Жас басымнан жалшылықта жүріп, тесік өкпе боп өстім, қырыққа келгенше кісі есігінде өмірім өксіді, — дейді Сәрсенбай (С. О.).

ӨН [-Е] БОЙЫ! ☉ ТҰЛА БОЙЫ 1. *Бүкіл бой-тәні, күллі, тұтас денесі.* Көк ала

бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шақта. Өне бойың егіліп, Жас ағады аулақта (Абай). Өне бойың кеткен басып қан мен жара, Ақ көйлек өрім-өрім, пәра-пәра. Жарадан сау қалған тән жұлдыз-жұлдыз. Күмістей шағылып тұр кей арада (И. Б.). Мәс-саған! Күні бойы немді ойлағам? Неменеге киналғам Мұндайда бос әурешілік болады екен ғой... Мынау ой Ғанидың өн бойын мұздатып жіберді (М. И.). Күн сайын қыза шауып баса өрлеген, Өн бойың намыс десе күш кернеген (Ш. Қош.). 2. *Тұтасымен.* Қалың егін өн бойы. Торғай жердің асылы (О. Ш.).

ӨН [-Е] БОЙЫ² *Әр уақыт, әр кезде.* Не істейін, айтып? Өне бойы алдымды орай береді осы кісі (АТ).

ӨНЕГЕ [ТӘЛІМ, ҮЛГІ] АЛДЫ [ТҰТ-ТЫ] *Үйренді, нұсқа алды.* Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ (Абай). Насима кіші пейіл, әрі көңілді Жадыраны барлық жағынан өзіне өнеге тұтатын (Қ. Қ.).

ӨНЕР БАСТАДЫ *Жаңа бір әдет-мінез көрсетті.* Сен мені не етесің? Мені тастап, өнер бастап жайыңа Және алдап, арбап, Өз бетіңмен сен кетесің Абай).

ӨНЕР ТАПТЫ *Өнерге ие болды.* Мен, Шолақ, он сегізде өнер тапқан, Үкілеп Ақбоз атқа тұмар таққан. Басымда пұшпақ бөрік, шекемде үкі, Үстіме кидім жібек шымқай ақтан (Б. Ш. Б.).

ӨҢ АЛДЫ *Белгілі бір түске енді.* Ағаш сапты темір қалам Көп ұсталып көне өң алған (С. Б.).

ӨҢ [ӨҢІН] АЛДЫРМАДЫ [БЕРМЕДІ] 1. *Сыр бермеді.* Долгушов Ивановты дәл қасынан көргенде, аздап ынғайсызданса да, сырт өңін алдырмады (Ә. Н.). 2. *Реңін, жүз болуын, шырай-жөркін бермеді, көркін сақтады.* Қанша бейнет көрсе де өңін алдырмайтын баяғы қалпында жүретін кісі (АТ).

ӨҢ БЕРДІ *Сән берді.* Жазға жақсы киінер қыз-келіншек, Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек. Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл, Тастағы үнін қосар байғыз, көкек (Абай). Алабы Алатаудың кең жер еді, Жетісу өлкесіне өң береді. Орныққан аймағына әлеуметі, Осылар пайдаланып мөңгереді (АЖ).

ӨҢЕШІ ҚЫЗАРДЫ ☉ ӨҢЕШІН СОЗДЫ *Өзеуреді, дауыс көгерді, құр айқайға басты.* Шаңғайлық болысы пысық келеді... сөздерін ұзарта келеді, өңешін қызарта келеді (Жамбыл). Береміз деп қалмаққа Қызартып жатыр өңешті... (ҚамБ). Жарысқа тіккен бәйгі озғандікі, Ем болмас өңешін құр созғандікі. Талайда, талап үшін талап та жоқ, Әлсіреп, келіп бағы тозғандікі (С. Д.). Жаман сөйлер лепіріп, Орамалын желпініп, Соза түсіп өңешті (М. Сұл.).

ӨҢЕШІН ЖІБІТТІ *Сусын, арақ-шарап ішті.* Біз қамалған школдың бір бөлмесінде бізді қарауылдайтын [ақтардың] солдаттар болды. Солдаттың уақ бастықтары самогонмен өңештерін жібітіп алған соң қаланы аралап кетті (С. С.). Қараңғыда отырғың келмейді екен, тезірек барып, монтерлердің өңешін жібіт, — дейді колхозшылар (ЛЖ).

ӨҢЕШІ ҮЗІЛГЕНШЕ БАҚЫРДЫ **Ө** К...ЕНІ ТҮСКЕН АЮДАЙ АҚЫРДЫ *Ашу үстінде ешкімге бой бермейтін дүлей кісі туралы айтылады.*

ӨҢ ЖОҚ, ТҮС ЖОҚ 1. *Ажар-көркі қашқан, бетінде қан-сөл жоқ, көркі құқыл тартқан, сүреңсіз, көріксіз.* Қазақтың күзгі даласы, *Өң жоқ, түс жоқ* сұлайды, Ауылға тағы қарашы! Кім тоңып қазір жылайды? (С. С.). 2. *Қорыққан, үрейі ұшқан.* Бәрі де төмен қараған күйі, *өң жоқ, түс жоқ* айнала отырысты (ҚЕ). Іңірде хазірет намаз бөлмесінде оңаша, құран аударып отыр еді. Қасқырдан қашып тығылғандай, *өң жоқ, түс жоқ* Сейтжапар кіріп келді (Д. Ә.).

ӨҢКЕЙ БОҚТАШАҚ *Қыр аспас, үй күшік, болымсыз жандар.* (Көбіне ұсақ бала-шаға деген ұғымда да жұмсалады). *Өңкей боқташақ* би-болыстарды ығыстыра сөйле (Ғ. М.).

ӨҢ [-І] КІРДІ [ЕНДІ] **Ө** **РЕНІ [ТҮСІ]** **КІРДІ** 1. *Оңалды.* Киенкі болған жылқы оттан қалмағанымен, *өңі кірмей, жүдеу тартады* (Х. А.). 2. *Әдеміленді, көрік пайда болды; өзгеше түрге енді.* Қуатты электр станция іске қосылғаннан бергі үш аптада қалаға өзгеше *өң кірді* (ЛЖ). 3. *Ажарланды, бетіне қан жүгірді.* (Адамға айтылады). Кенеттен *өңі кірді* жас баладай, *Жүгірді түсе сала атқа қарай* (И. Б.). 4. *Түсі жылып сала берді.* Татулықты, тыныштықты Қоңыр көрер, кем көрер. Ұрлық пенен қулықты Қызық көрер, *өңі енер* (Абай).

ӨҢМЕННЕН ӨТТІ *Айтылған сөз қатты тиді; сұқтана қадалды.* («Өңмен» дегеннің о бастағы мағынасы — кеуде, көкірек. Татар тілінде аттың кеудесін «оңған» дейді. Қазақтың «өңменнен итерді» дегені осыған мағына жағынан жуық келеді). Қыз сөзі *өңменнен өтіп* кетсе керек, сақалы қаулап өсіп, көне тартқан Көпбергенов атын борбайлап-борбайлап жіберіп, топтан шыға қия алысқа тарта жөнеледі (С. Төл.). «Өлемде сөзден күшігі не бар екен? Сөз *өңменіңнен өтеді* ғой» деген Қарағайдың тағы бір тапқыр сөзі Абайдың есіне түсті (М. Ә.). Тіктеп қарағанда көзі *өңменіңнен өтеді.* Көз ілестейтін шапшаңдықпен бақы Жәмидің бас жағына шарта жүгініп отыра қалды (С. О.).

ӨҢ МЕН ТҮСТЕЙ **Ө** **ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ АРАСЫНДА** **Ө** **ТҮС КӨРГЕНДЕЙ** *Бір сәттік елестей, сағымдай.* Бір сәтте толқып аққан дария да жалт етіп елес беріп қалады. Адамдардың көлеңкесін көрген-

деймін. Бірақ еш нәрсені анықтап ажырата алмаймын. *Өң мен түстің арасындай сағым елес* (Т. А.).

ӨҢІ [РЕНІ, ТҮРІ] БҰЗЫЛДЫ [ҚАШТЫ, ҚУАРДЫ, ҚУҚЫЛ ТАРТТЫ] *Бет әлпеті өзгерді; бет-әлпеті үрейден, қорқыныштан сұп-сұр, құп-қу боп өзгерді.* Осы жарық терең ойға шомған Дөмешті де сөргітті, жан-жағына қараса, қатар отырған жолаушылардың да *өңі бұзылып, күбірлеп, анасына сыйынып, енді бірі — алақтап терезеге қайта-қайта қарай берді* (З. Ш.). *Өңі бұзылып, сұп-сұр* болып кетті. Не істерін білмей дағдарып отырып, хатты қырық бөлек етіп жыртып тастауға да оқталды (А. Б.). Лейтенантты санитарлар носилкаға салғанда, оның *өңі шүберектей қуарып, иығынан дем алып жатты* (Б. Мом.). Ғашық боп сырттан үзіліп, Қыз жоқта маған айтасың. Ол барда *өңің бұзылып, Үндемей үйге қайтасың* (М. Әл.). Сөйлесер күндіз болса, жұрмес қашып; Сонда әдепсіз сөз кетсе, араласып: «Ал ендеше мен кеттім» деп жөнелер, Дәрмен жоқ отырғызар иық басып, Әжібай қала берер *қашып өңі* (С. Т.).

ӨҢІ ЕКЕНІН, ТҮСІ ЕКЕНІН БІЛМЕДІ *Есі-түсінен жаңылды. Өңім екенін, түсім екенін біле алмай, ақырын жан-жағыма қарасам, қарағайда жабысып бір бала тұр.* Баланы көргенде, жүрегім елжіреп сала берді, қолымдағы наған да түсіп кетті (Ә. Ә.).

ӨҢІ ЕНДІ **Ө** **ӨҢІ [РЕНІ, ТҮРІ], ТҮСІ ЖІБІДІ [ЖЫЛЫДЫ]** *Ашулы райдан қайтып, жылы шырай берді, жүзі жұмсарды.* Райхан ашулана сөйлей кеп қозыны көтеріп алып бауырына басады... Болат жас шабан мен бұған қарап ойланады. Босақдайды. *Өңі жылыды.* Келесі бір қозыны өзі орап әкеледі (М. Ә.). Бану күйеуіне көз тастады, Асанның *өңі жібітін* емес. Ыстық пен суықтан қара кошқыл тартқан балықшының жүзі қолдан күйған мүсіндей қатып қалыпты (Т. А.). Сен қызықсың, Зина, — Омар *өңі жібіңкіреп, күлімсірей* сөйледі (Т. Н.). Бір кезде ақырын тықылдап есік қағылды. Жұмабек «шертуің нәзік, сіре, қыз саусағы боларсың», — деп үміттенді. — Кіріңіз, — деді ол дауысы жұмсарып; *өңі де жылып* қоя берді (Т. А.). Сұлтанның *өңі жібімей, қалтылдақ* шалға суық қарады: — Не деп көңірісітіп отырсың. Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма! (Т. А.).

ӨҢІ [РЕНІ] КЕТТІ [ТАЙДЫ, ТҮСТІ] *Әрі, сыны түсіп, көріксізденді; солғындады.* Жағар үй, кьер киім болмаған соң Тозғындап ақша беттің *өңі кеткен.* Екенің айтқан сертін орындауға, Данадың азғанменен көңлі кеткен (Қ. Жапс.). Балқия отызға әлі жетпеген жас болса да, *өңінің тайғандығы* сондай... (Ә. Ә.)

ӨҢІ ҚОРАШ *Тұлға бітімі шағын; түрі өңсіз.* Найманнан шыққан Сары Шуаш деген кісі шешен болыпты. Бірақ *өңі қораш, қортықтау* кісі екен (ШС).

ӨҢІН АЙНАЛДЫРДЫ *Істі, сөзді теріс түсіндірді, өзгертпін айтты, теріс баяндады. Жас өседі, жарлы байды ғой,— деді Нұрым сасып, белгілі мақалдың өңін айналдырып (Х. Е.).* Осындайды кім тарататынын, қайдан еститінін, қалай ары жетіп, өңін айналдырып жіберетінін адам баласы жаралғанынан бері ешкім білмейді де, не авторы да табылған емес, не біреуі «мен едім осыны таратқан» деп және мойнына алмаған (З. Ш.).

ӨҢІ [РЕҢІ, ТҮРІ, ТҮСІ] САЛҚЫН [СУЫҚ, СУСТЫ] **○** ҚАБАҒЫ ҚАТУ *Ашулы. Бүгін өңің салқындау ма, балам? Біреу бірдеме деді ме? (АТ). Мана баяндаманы оқып шыққаннан кейін Иван Митрофанович шақырып алды. Кіріп келсем, өңі суық (Т. А.).*

ӨҢІ [РЕҢІ] СЫНЫҚ *Жүзі жүдеу, солғын. Ат-көлік аман ба, шырақ? Олжалы деп есіттім, қайырлы болсын. Өңің сынық қой, көзің қарыққан ба, ұйқыңікі ме? (Ғ. Мұс.).*

ӨҢІ ТҮТҚЫШТАЙ КҮЙДІ *Жүзі ашудан, ызадан қап-қара болды. Түтқыштай өңі күйіп қап-қара боп, Батыраш басқа сөзді баптаған жоқ. «Батырып Батырашқа жіберді-ау»— деп, Тым-тырыс үндемеді, тыңдаған топ (І. Ж.).*

ӨРБІН ШЫҚТЫ 1. *Өрледі, жоғары өрледі. Әуелі көрілік көп түсімді алды, Онан соң ауыздағы тісімді алды. Өрге шықсам беліме өрбін шығып, Түзге түссем, тіземнен күшімді алды (С. А.).* 2. *Қаптап кетті. Бір кесек тасты көтеріп қалсақ, оның астынан бірқатар күрт-құмырсқа өрбін шыға келеді (Х. Ә.).*

ӨРДІ-ОЙДЫ БІЛМЕЙДІ *Кедергі, тосқауылды елемейді. Үйшінің үскісіндей өткір тілім, Өрді-ойды білмей шауып қасқарасың. Хан жамандап қаныңды төгіп алып, Шығарма, қызыл тілім, масқарасын (Ш. Ж.).*

ӨРЕЛІ СӨЗ *Көп жайды топшылап барып айтылған, көп жайды аңғара түйіп барып айтылған ақылды сөз. Сен дұрыс сөз айттың, Әбіш... Жоқ-жітік жатақ туралы айтқаныңның бәрі де жай сөз емес. Өнімді, өрелі сөз. Бірақ осыны ойша айттың ба, жоқ, жатақ жайын білгендіктен айттың ба?— деп сұрады Абай (М. Ә.).*

ӨРЕН [ЕРЕН] *ЕР Асқан ер жүрек батыр. Үш жыл болды келгелі, Ақбөрте бесті шығады. Өрен ер мен тұлпарды Кім жасырып тығады? (Д. В.).*

ӨРЕН [ЕРЕН] ЖҮЙРІК *Өте асқан жүйрік. Қалай дегенмен де Құлагердей ерен жүйрік Ақаннан басқа бір адамда да болмайды (А. Ж.).*

ӨРЕСКЕЛ [ӨРЕСКІ] ІС [МІНЕЗ] *Жөнге, жораға сыймас ерсілік; жанға батыр, жан қинар, жұрт туршйгер жай, қылық. Келмембеттей батырдың Құлағын кесіп құнтитып, Іс қылып едің өрескі (ҚамБ).*

ӨРЕСІ ЖЕТПЕДІ *Білім, дәрежесі, шама-шарқы деңгейлемеді. Олар «Сұлушаптың» етек жағындағы салпыншақ кемшіліктерді қармады да, жағасынан ұстауға өресі жетпеді (М. Қ.).*

ӨРЕСІ БИІК [ЖОҒАРЫ, ТӨМЕН] *Ақыл-ойы, шалымы өте жоғары. Өресі биік жандар көп (АТ). Ардақты жанға ие болуға мұның әлі өресі жетпейді! (З. Ш.).*

ӨРЕСІ ЖҮРДІ *диал. Беделді болды. Совет үкіметі орнаған соң менің өрем жүре бастады (Қос., Жан.).*

ӨРЕ ТҮРЕГЕЛДІ 1. *Аяғынан тік тұрды, орындарынан ұшып тұрды. Құнанбайдың көп ауыл, көп жігіттері осылайша өре түрегелген кездерді өзінде, дәл осы Ырғызбай ішінен тағы да бес жылқы жоқ болды (М. Ә.). Енді спектакль аяқталуға жақындаған сәтте залдың тең жартысы өре түрегелді. Қарап тұрсаң, баяғы сол жастар (ЛЖ). 2. Қарсы тұрды; қарсылық жасады. Бір қылт етер жаңа пікір айтылса, өре түрегелетіндеріңіз не? (АТ).*

ӨР ЖҮРЕК *Бағыл; асқақ, қайсар деген мағынада. Өзінен-өзі ақ боран бұрқыратып тұрған эпикаға субьектінің ыстық қаны, өр жүрегі араласқанда социализм жырының ерекше шырай, көрік тапқанын көреміз (Ө. Т.). Бала сую, жар құшудан, Шаруадан мен аулақ. Дамыл таппай от жұтудан, Өр жүрегім жүр лаулап (Б. К.).*

ӨРКЕН ЖАЙДЫ 1. *Көгерді, бұтақ жайды. Тым тамаша бақша көркем, Көздің нұрын қандырғандай. Жаншп еңбек, жайып өркен, Жайқалып тұр балдырғандай (З. Қал.).* 2. *Өсіп-өрбиді; көбейді. Екі-үш үй кірме еді әуелде, қазір өркен жайып, қанаттанып келеді (АТ).*

ӨРКЕНІҢ ӨССІН! *алғыс. Үрім-бұтақты бол деген мағынада.— Уа, өркенің өссін, Әншібегім! Біздің көңілімізді көтерсең, сенің көңіліңді құдай көтерсін!— деп тіссіз иегін шошаңдата сөйлейді (М. Ә.). Тоқабайдың әйелі Шолпанға: Өркенің өссін, қарағым! Қосағымнен қоса ағар деп, алғыс жаудырып жатыр (Ғ. Мұс.).*

ӨР КЕУДЕ [КЕУДЕЛІ, КӨКІРЕК, КӨҢІЛ] **○** ӨР МІНЕЗ *Асқақ; бір бет, менмен; тәкаппар, намысы зор. Сүрінсек, сұры қашып, сыны кетіп, Анамыз өсірген жөк үл біретіп. Намыстың отын жағып кеудемізге, Өсірді өр кеуделі жігіт етіп (М. Әл.). Қасындағы тоқпақ мұрын, айран көз жігіт өр кеуде болар, қасқырша арқасына сала жөнелген ғой,— деп іштей бір жобалап қойды да, Аман тергей бастады (Ғ. Мұс.). Мен екі көзімді қыздан айырмай қадала қарап тұрмын, байлық буына піскен қатал, ерке қыз не айтар, әкесінің қуанышын қайталап ма, болмаса өр көкірек өзімшілдігіне бағып мін тағар ма? (Ж. С.). Ал Сейітпен оның өзіндей өр көңілді әйелі Қатша болса, бұлар өбден титықтап, тұралап қалғанынша «береріміз жоқ, ішеріміз таусылды?!» деп сыр бермейтін (М. Ә.).*

Шешенсіп сөйлеу әдетінде жоқ, шындықты төтесінен тура айтып салатын өр мінезді бала (С. Тал.). Сабаздың кең кеудесін көрдім өзім, Сүйемін серілігін, өр мінезін. Күшімді таудай менің әні тербен, Қасына жас күнімнен ердім өзім (Қ. Б.).

ӨРМЕК ЖҮГІРТТІ *Алаша, басқұр т. б. тоқу үшін жіп жүгіртті, керді.* Отыз қатын ойнақтап *Өрмегін* тездеп жүгіртті (ҚамБ).

ӨРМЕКТИҢ ЖҮЗІ АУҒАНДА *Жарым-жартысынан асқанда.* XIX ғасырдың екінші жартысына қарай *өрмектің жүзі ауғанда*, феодализмнің іргесі ыдырап ауыл бүтіндігі қожырай бастады. Россияда 1861 жылы болған өзгерістің лебі Сарыарқаға да жетеді (С. Тал.).

ӨРНЕК ЖАЙЫЛДЫ *Үлгі сөз тарады, жақсы үлгі-дәстүр тарады.* Жеті ғалам астында Даусың кетті алысқа Өзіңнен *өрнек жайылды* Жақынға, туған, қалысқа (Ш. Қ.).

ӨРНЕК САЛДЫ *Нақыштады, әшекейледі, бедерлеп безеді.* (Ақын бұл жерде «өрнек» сөзімен көркем тілдің айшықты үлгілерін мезгеп айтып отыр). Өткірдің жүзі, Кестенге бізі, *Өрнегін* сендей сала алмас. Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар баһра ала алмас. Қиналма бекер тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ — ойға олақ (Абай).

ӨРНЕКСІЗ ТІГІП БАТТАДЫ *Бұл жерде ақын тіл нақышын, әшекейін келтірмей өлең құрады деген мағынада айтып тұр.* Жыршының аты жыршы ма, Өркімнен өлең жаттаса? Сөз — жібек жіп, жыр — кесте, Айшығы айқын көрінбес, *Өрнексіз тігіп баттаса* (Д. В.).

ӨРІМДЕЙ ЖАС [ЖАС ӨРІМ] ○ ӨРІМ ТАЛ *Жас өркен, гүл жайнаған жеткіншек, жас түлек.* Майысып солқ-солқ еткен *өрім талмын*, Жас алма пісіп тұрған шекер, балмын (С. Т.). Мынау отырған Төлеген Досов. Әлі аузынан ана сүтінің дәмі қайтпаған *өрімдей жас* жігіт (С. Бақ.).

ӨРІС АЛДЫ *Кеңейді, құлаш жайды, етек жайды, көбейе түсті.* Біздің елімізде соңғы 20—25 жылдың ішінде туберкулезге қарсы егу жұмысы кең *өріс алу*да (С. Көш.). Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы көшпелі қазақ елінің негізгі кәсібі мал өсіру болды, өсіресе, қой шаруашылығы кең *өріс алды* (М. Е.).

ӨРІС БЕРМЕДІ *Мүмкіндік бермеді, қақпайлады, тартпақтады.* Өзіміз де ермейік, *өріс те бермейік*,— деп Нұрбай Ахметпен кешірісіп сөйлесіп, сөз байласады (Т. Н.).

ӨРІСІ КЕҢ 1. *Алымды, білімі терең.* Өрісі кең өге алымды жігіт (АТ). **2.** *Қарым-қатынас жасайтын адамы көп.* Ағайын-жекжаты жер-жерде бар, *өрісі кең* кісі (АТ).

ӨРІСІНДІ ӨРТ АЛҒЫР, ЖАЙЛАУЫҢ ДЫ ЖАУ АЛҒЫР! қ а р ғ ы с. *Жамандық*

айнала шырмасын, жау жағадан, бөрі етекпеннің керін көр деген мағынада.

ӨРІСІ ТАР *Білімі-парасаты таяз, ақылы аз.* Өрісі тар быжық адамның батырсынғаны күлкі болатын (Ш. Х.). Сол Естай менмін. Бұрынғы бастықпен сыйыса алмадым, сіздердей емес, *өрісі тар* еді,— деп Естай әзірлеп әкелген «көпшігін» қоя бастап еді (Ж. Ж.).

ӨСЕК БАҚТЫ [ҚУДЫ] *Іздегені өсек-алаң, алып-қашты, сытсың әңгіме болды; жаманат қауесет, сырт ғайбат сөз таратты; жұртты шағыстыруды күйттеді.* Өсек болды *баққаным*, Момынға құрған қақпаным; Өсекші — төңір дұшпаны, Күнәмді қалай ақтадым (Д. Б.). Аяғы мен табағын қойған жуып, Сүймендеп сөз сөйлемес *өсек қуып*. Бір сөзді екі сөз ғып еш айтпайды Көбейсін ұрыс-жанжал қайдан туып (А. Қор.).

ӨСЕК БАСТЫ БОЛДЫ *Қаңқу сөзге, жаманатқа іліккіш деген мағынада.* Өсек басты болады, Қыздың жасы толғаны (ШС).

ӨСЕК ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] ○ ӨСЕККЕ САЛДЫ [ТАҢДЫ] *Сыртынан айбат-қиянат сөз таратты; жаман ат тағып сөз етті.* Оларға өшіккен соң қуып жетер, Жеңіліп, жеткенменен, өліп кетер. Жіберіп жалғыз өзін өлтірді-ау деп, Ел біткен ертелі-кеш *өсек етер* (Т. І.). *Өсекке салмаңдар*, Ойымды, жарымды. Өлшеуге алмаңдар, Ойым бек тарылды (Абай). Құрсын, екеумізді *өсекке тағып* қойыпты (Қ. Қуан.).

ӨСЕК ЖҮРГІЗДІ [ТАСЫДЫ] ○ ӨСЕКТІ ЖҮНДЕЙ САБАДЫ *Ағайынның, екі кісінің, тағу-достың арасына от жағар, ушықтырар, араздыққа апарар, жауықтырар сөз жүгіртті.* Дүрімбай Бүркітбай мен Бекболаттың арасында, қыз бен жігіттің де, екі құданың арасында да *өсек жүргізіп* байқап еді, онысынан іс шықпады (С. Шәр.). Жамантайдың баласы Көжек деген, Өркімге *өсек тасып* безектеген. Досын келіп досына жамандайды, Шіркінде ес болсайшы севед деген (Абай). Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап, Бұларды керек қылмас ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен *өсекті жүндей сабап* (Абай).

ӨСЕККЕ ҚАЛДЫ [ТАҢЫЛДЫ] ○ Қ... ІНЕ ПАЛА БАЙЛАНДЫ *Алып-қашпа сөзге ілінді; арғынан лақап, жаман сөз ерді.* Екі ортада *өсекке қалып*, жаман ат таңылған сен болдың, нағыздың өзі сырт қалды (АТ).

ӨСПЕЙ ӨНДІРШЕГІН ҮЗІЛГІР! қ а р ғ ы с. *Қыршын кет, жастай кет; өсіп береке таптырмасың, одан да өл де қал деген мағынада.*

ӨСІМГЕ БЕРДІ *Көбейтіп, еселеп қайтаруды шарт етіп берді.* Үйші: Тапқан малымның бір бөлігімен борышымды өтеймін, бір бөлігін *өсімге беремін*,— депті (Ы. А.).

ӨТЕ АЛМАДЫ *Айтқанынан аттап кете алмады.* Бізді патша жіберді, Сізге келдік патшаның Бұйрығынан өте алмай. Сізді патша шақырды, Ақ жүзіңді көргелі (МЗ).

ӨТЕУІ ЖОҚ АРМАН *Орындалмас тілек, үміт.* Жатсам түстен, тұрсам естен шығармасым өтеуі жоқ көп арман! (Ғ. М.).

ӨТЕУІ ҚАЙТТЫ *Төлеуі орнына келді.* Сонда сыйға тартқан жүз жылқы мен күміс ер-тұрмаңды ақ арғымақтың өтеуі қайтар еді ғой (Ә. Н.).

ӨТ ЖІГІТ *Батыл, жүрек жұтқан жігіт.* Өр кеуде өт жігіттер болушы еді, жанып келіп, кесіп түсуші еді,— деді (АТ).

ӨТКЕЛЕКТЕН ӨТТІ *Кешу я тар кезеңнен өтті.* Құзды мекен еткенмен, Өткелектен өткенмен, Қарауыл салып өргенмен, Сақтанса да мергеннен, Ажалды оқтан құтылмас Сақтанғанмен бұлан да (Д. Б.).

ӨТКЕН ӨМІР *Бұл жерде ақын кісінің басынан өткерген қызығы, әрекеті туралы айтып отыр.* Ғашықтық іздеп тантыма, Аз күн әуре несі іс. Өзіңнің қара артыңа, Өткен өмір — бейне түс (Абай).

ӨТКІР ТІЛ [-ДІ] *Кесіп түсер тура сөзді кісі; бет-жүзі деп иба етіп жатпас тура айтар тіл.* Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма? Махаббат, ғадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? (Абай). Дүйсен деген өткір тілді аксақал өзі тойға бармай, Айшуақтарға: «Барыңдар, барыңдар, ақ майды ағызып жіберсе көрерсіңдер!» — деген еді (С. С.).

ӨТІ [ӨТІМЕН] ЖАРЫЛДЫ *Қағанағы қарс айрылды, қатты ашуланды.* Өкпеңменен қабынба, Өтіңменен жарылма, Басына мұнша көтерген Жұртыңа жаулық сағынба (Б. К.).

ӨТІМІ ЖОҚ [АЗ] 1. *Беделі жүре бермейді, салмағы жүрмейді.* Ағайынға өтімнің жоқ, болмаса бір айтқаныңды екі айтқызып кісіңді бос қайыра ма еді (АТ). 2. *Құнсыз, арзан.* (Зат туралы). Өтімсіз жоқ затты несіне базарға әкелдің? (АТ).

ӨТІН АЛЫП АУЗЫНА ҚҰЙДЫ *Жанын шығара қатты қыспаққа алды.* — Өттен, Мыржақыптың барын білмедім, өтін алып аузына құятын едім,— деді Тоқыр (Ш. Х.).

ӨТІН ЖАРА ЖАЛЫНДЫ *Әбден таусыла тілек айтты.* Өтімді жара жалының өтінгенім осы ма?! (АТ).

ӨТІРІК БОЛСА, ЖАНЫ ШЫҚСЫН *Бұл жерде жалған айтса, өмірем қапсын деген мағынада айтылып тұр.* Өтірік болса, жаны шықсын, жұрттың айтуына қарағанда, Алдарды аңдып шайтанмен екі жыл жатыпты (ҚЕ).

ӨТІРІККЕ СҮТТЕЙ ҰЙЫДЫ *Жалған сөзге бас шұлғи сенді, үйіріліп түсті.* Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәелелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, шаруасы судай ақса да, соны ұқпай кетпейтұғыны қалай? (Абай).

ӨТІРІКПЕН АУЫЗДАНДЫРҒАН *Жалған айту бойына туа сіңген.* Өзіңді өтірікпен ауыздандырған ғой шешен шамасы, бір шын сөзі жоқ осынша суайт болармысың (АТ).

ӨТІРІК СӨЗ ЖАНҒА БАЙЛАУ БОЛМАЙДЫ *Жалған айту абырой әпермейді деген мағынада.* Өтірік сөз жанға байлау болмайтыны өзінше, өтірікті тыңдаудың өзі күне (АТ).

ӨТІРІКТІҢ ҚҰЙРЫҒЫ БІР-АҚ ТҰТАМ ○ ӨТІРІК ӨРГЕ ВАСПАЙДЫ ○ ӨТІРІК СӨЗ ӨРИССІЗ *Жалған ұзаққа бармайды, қанша тігісін жатқызса да, арғы тез ашылады.* Бірлігі қара басынан артылмас, халық жайын, қауым жайын өз тоқтығынан кейін ойлайтын білгірліктің құйрығы да өтіріктің құйрығындай бір тұтам (Ә. Т.).

ӨТІРІКТІ СУДАЙ САПЫРДЫ [СЫҚ-ПЫРТТЫ] *Жалған сөзді есе сөйледі, құйқылжытып айтты.* Енді олар (Батыстың сәуегейлері) бұрынғыдай шала болжам айтуларын қойып, халқымыздың табысына жала жабатынды шығарды. Олар өтірікті судай сапырып, бір-бірінен асып түсуге тырысады (ЛЖ).

ӨТІРІКТІ ШЫНДАЙ ҚЫЛДЫ ○ АҚ-САҚТЫ ТЫНДАЙ, ӨТІРІКТІ ШЫНДАЙ ҚЫЛДЫ ○ ӨТІРІКТІ ШЫНДАЙ, ШЫНДЫ ҚҰДАЙ ҰРҒАНДАЙ ҚЫЛДЫ *Жалған сөзге сендірді, иландырды; жалған әңгімені судай сапырды.* Алдар қойын-қонышқа кіреді де, өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай қылып соғып, бүкіл ауылды аузына қаратып алады (ҚЕ).

ӨШ [-ТІ] БОЛДЫ *Жауықты, қасықты, қастасты.* Екі жақсы қосылса, Өлгенінше дос болады. Екі жаман қосылса, Өлгенінше өш болады (Мақал).

ӨШ КЕТТІ *Есе-кегі қайтпай қалды.* Ажалда өшім кетті — аларым көп! Несіне жүрмін енді — алаңым жоқ? (Ж. Ө.). Айтқаны онда отырып болды осы: — Нұзардың Апрасияпқа кетіп өші. Күйініп күні-түні гөй-гөй тартып, Көңілінің болмай жүр ед көптен қошы (РД).

ӨШІН АЛДЫ [ЖІБЕРМЕДІ, ҚАЙТАРДЫ] *Кеткен есе-кегін алды.* Сол кезде Күшікбай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген уақтың бір батыры жауының жанын ауыртып болып, белдеуде байлаулы тұрған Қызылбесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті (М. Ә.).

П

ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНА КЕЛГЕН КІСІ **○** **ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНДА** діни. *Шашына ақ кіріп қартаю бастаған кісі; жасы алпыстан асқан кісі.* (Діни әдебиетте Мұхаммед пайғамбар 63 жасқа келіп өлген, ал осы жас мұсылмандарда «киелі» болып есептеледі. Осы наным «пайғамбар жасына келді», «пайғамбар жасынан асты» деген жас өлшемін туғызған). *Пайғамбар жасындағы түрі мынау.* Бала кезінде қандай болды екен? Анасы сорлы ошаққа түсіріп, отқа құлатып алмай, қалай өсірді екен десейші (Ә. Н.).

ПАЙҒАМБАРДЫҢ [АЛЛАНЫҢ] ЖОЛЫНДАМЫЗ діни. *Пайғамбар ұстаған дін жолында; мұсылманшылық шарттарын бұзбай, дін ұйғарған жөнмен жүрді деген мағынада.* Алланың, пайғамбардың жолындамыз, Ынтамызды бұзбастық иманымыз. Пайда, мақтан әуесқой — шайтан ісі, Қәні, біздің нәпсіні тыйғанымыз? (Абай).

ПАЙДАҒА АСТЫ *Қажетке жарады, іске татыды.* Күші көп, теңіз құшқан мол Днепр, Өлшеусіз пайдаға асты ер Днепр, Зулатып электрдің машинасын, Тұрмысқа социалды, сол Днепр (И. В.).

ПАЙДА КӨРДІ [ТАПТЫ, ҚЫЛДЫ] *Олжа тапты, түсім түсті.* — Жоқ... жо-жок, атамаңыз. Қайдағы зиян, қайта таудай пайда көрдім, — деді Орекең (М. Сәр.). Көп пайда көрдік. Ал қазір ілгері алшақтап кетті. Енді біріктірудің пайдасынан залалы молырақ, — деп парторг істің жөнін түсіндірді (Н. Ғаб.). Нұртай беркін алшысынан киіп, шаш етектен пайда тапты (С. О.). Шүкібай шал — әкесі, заты керей, Адал қара бітпеген тұлдыр кедей. Сарыбасын оқытуға былтыр берген, Жалшы боп пайда тапсын бұл да демей (С. Т.). Кейбіреулері пайда табам деп кетсе, бірсыпырасы көптің бұйыруымен кетті (С. Шәр.). Болыстықтан пайда қыл Шығынды алсаң, жаман ба? (Абай). Қарайғанды қармайды, Көрінгенді пайда қыл (Қ. Қуан.).

ПАЙДА ҚЫЛДЫ *Жаратты.* Басына ыңыршақ жастанып, Қойшыменен қолаңда Жатады екен бас салып, Құдай пайда қылған соң, Анаңның біттің қарнына (Ш. Қар.).

ПАЙДАСЫ ТИДІ *Жақсылығы болды.* Жақсы болса азамат Еліне тиер пайдасы (ШС).

ПАЙЫМ ҚЫЛДЫ *Аңғарды, түсініп түйді.* Біреу ұғар бұл сөзді, біреу ұқпас. Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар (Абай).

ПАЙЫМЫ АЗ *Аңғарымы (алымы) жоқ; істің мән-жайын түсінбейді; зейінсіз; келер-кетерді білмес, парықсыз.* Мақтағанмен жарамас, Пайымы аз, кем есті. Тентек бір-ақ аттайды Белес пенен дөңесті (М. Сұл.).

ПАНА[-СЫ] БОЛДЫ **○** **ПАНАСЫ ТИДІ** *Қорғаныш, қамқоры болды; қолтығына алды.* Жетімге пана болған, ініге аға болған, тонға жаға болған жақсым еді ғой (АТ). Еждиһатсыз, михнатсыз, Табылмас ғылым сарасы. Аз білгенін көпсінесе, Көп қазаққа епсінесе, Кімге тиер панасы? (Абай).

ПАНА ҚЫЛДЫ *Арқа сүйеу етті, қорғаныш тапты.* Бірақ ашық даладан көрі қоралар қасқырға айбар қылуға қорған сияқты болды. Айша мен шабдар ат қораны арқа сүйеу пана қылды (С. С.).

ПАҢ ДҮНИЕ [ДҮНИЯ] *Үлкен, ырық бермес өмір.* Сұңқардай шалықтаған тас ұяның Болжаған жер қиянын ер қиялым, Мерт болған арыстандай айға шапшып, Қайғылы қайтып болған шер қиялым, Жер жебір, жермен жексен болайын — деп Сен тұрсың кезеңінде паң дүнианың (Ш. Б.).

ПАҢ КІСІ *Менмен, тәкаппар, көңілі ірі адам.* Өзі паң кісі екен (АТ).

ПАРА БЕРДІ **○** **ПАРАҒА САТЫП АЛДЫ** *Аузын алу үшін жасырын жолмен мол дүние, зат берді; аузына барын ты-*

ғып, өз жағына қаратып алды. Алады сатып параға, Болыстың арам жағына. Рухына нәлет келтірдің, Қабың менен сабыңа (Д. Б.). Өз малын шығындап, итше еркелеп ұлыққа пара беріп, болыс болады (С. Тал.).

ПАРА ЖЕДІ Жемқорлыққа салынды, қызмет дәрежесін пайдаланып жұртты ырқына көндіріп ақшалай, заттай алым алды. Билер, пара жемендер. Жалғанды жолдас демендер, Ахирет қамын іздендер, Жалған бетті кезбеңдер (Ш. Қ.).

ПАРАНЫ КӨЗДЕДІ Жемқорлықпен пайда табу жолына түсті. Арам дауға келгенде, Жел жетпейтін күлік боп, Қонақасы бермесе, Ат-шапанға ілік боп, Параны көздеп би кетті (Д. Б.).

ПАРА-ПАРАСЫ ШЫҚТЫ Жыртылды, жұлым-жұлым болды. Екеуінің де пара-парасы шықты (С. С.). Құрбан алдырар да, шалдырар да емес... Сейіттің үстіндегі іш киімдерінің пара-парасын шығарды (ЛЖ).

ПАР КЕЛДІ Теңесті; сай келді; үйлесе кетті. Шошқа өсімтал да, оның ет-май өнімі де мол. Бұл жағынан, ешбір түлік онымен пар келу өз алдына, шеңдесе алмайды (М. Е.). Мен Біржан болғалы талай заман, Пар келмеген еш өнші тіпті маған. Бір сұлу қыз найманда бар дегенмен, Бек мұқтаж бір көруге болдым саған (Б. Қож.).

ПАРҚЫ АСПАН МЕН ЖЕРДЕЙ Айырмасы өте алшақ. Айтқан сөзің бармайды, көңіліне наданның. Аспан-жердей парқы бар, Деп айтады адамның (М. Сұл.).

ПАРҚЫ ҮЛІНБЕЙДІ Айырмасы көрінбейді, бағасы байқалмайды. Көрсетілген нұсқада әр түрлі іс, Білмегің өз шаманды әбден дұрыс. Жамандарға парқы білінбейді, Арзан, қымбат бағасы, алтын мен мыс (М. Сұл.).

ПАРҚЫНА ЖЕТПЕДІ ○ ПАРЫҚ ҚЫЛМАДЫ Мәңісіне түсінбеді, байыбына бармады; мән бермеді, бағалай алмады. «Жарайсың!» — деп, «шөберем» Батасын берді сарқыла Күншілдер тұр күлісіп, Жете алмайтын парқына (Д. Б.). Тыныш жүрген адамның бөрі момын. Ақымақ адам парық қылмас бары жоғын (МЗ). Шаһар ішінде баз біреу ырымды парық қылмайды (ҚЕ).

ПАРГИЯ БОЛДЫ [ЖИДЫ] к өне. Жік-жікке бөлінді; жақпас адамдардан топ жиды. Болды да паргия, Ел іші жарылды. Әуремін мен тыя Дауың мен шарыңды (Абай). Өз басын өз ісіндей таласпенен кісі көбейтеміз деп паргия жигандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді (Абай). Паргия жиып, мал сойса, Баға оқисың, жейсің бас. Басалқы сөз сенде жоқ, Айтқан сөзің: «малың паш» (Абай).

ПАРЫҚ АЙЫРДЫ [ЕТТІ] Бір нәрсені айыра, бағалай білді; жақсы-жаманды бағасын ажыратты. Айырған, асыл сәулем,

сөздің парқын, Байқаған жаман, жақсы кісі парқын (А. Қор.). Зат біліп парық айырсаң, мен де сендік, Көргем жүк ығылыңда қазір кемдік. Сізден соң басқа қызық керек емес, Егерде осы жолы кетсе теңдік (Ә. Тән.). Жаратқан өзі жар болса, Тәңірі берген жігіттің. Өтеді күні мұратпен Ләззатын сөздің парық етіп, Түсініп тыңдар құлақпен (Б. Ө.).

ПАТИҚА АЛДЫ ді ни. Рұқсат бағасын алды. Өмірімнің ұзақ еместігі өзіме аян болып жүр. Сол себептен патиқа алу үшін... көзімнің тірісінде қабырымды тұрғызу үшін шақырып отырмын (ҚЕ).

ПАТШАЛЫҚТАН КЕШТІ Патша болудан бас тартты. Түлкі қағып алып жеді. Сонда маймыл ойлап тұрып: «Патшалықтан кештім! Пәледен аяғымды құтқар!» — деп түлікіні сөкті (ҚЕ).

ПАШ [МӘШҮР] БОЛДЫ [ЕТТІ] Жария етті, білдірді, әйгіледі. («Паш» — парсы сөзі; белгілі болды, айқындалды мағынасында). Ұлы Октябрьдің күнінің Он екінші тойында, Паш егейін бір істі Көптен жүрген ойымда (С. С.). Осы кезде домбыраны Мұқа алды да, үй ішін тегіс елең еткізіп, сергітердей боп, шырқап кетті. Ерекше таза, күшті, мөлдір ұн, анық өнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр (М. Ө.). Безродный барлық совхоз жұртшылығы атынан кең үнмен, үлкен сеніммен сол үедің 20-шы майға дейін бір жарым ай ішінде алдағы үлкен міндет — пар айдау жоспарын жоғарғы сапада орындап шығу туралы паш қылды да, серт етті (М. Ө.). Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Торжанның келері мен кетерін паш етеді (М. Ө.).

ПӘЛЕГЕ [БӘЛЕГЕ] ЖОЛЫҚТЫ [ҚАЛДЫ] Басын шатаққа, дауға, қырсыққа ұрындырды, салды. Сауды-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып, Бір пәлеге жолықтың шырқау барып, Ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың ба ірге аударып? (Абай). Берсең қалар оларда несі ардың? Бермесең сендағы ит бірге болдың, Не өзің ит, немесе бар елң ит, Дауасыз бір пәлеге міне, қалдың (Абай).

ПӘЛЕДЕН [БӘЛЕДЕН] МАШАЙЫҚ [ТА] ҚАШҚАН ○ ПӘЛЕЛІ [БӘЛЕЛІ] ЖЕРДІ ВАСПА ○ ПӘЛЕЛІ ЖЕРГЕ ВАРМАҚ СҰҚПА Басқа кесірі, қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр деген мағынада. Айта көрме, пәледен машайық қашылты дейді. Сын айтқанда, оны достық деп түсіне білетін адамға айтқан жақсы (С. Бақ.). Бәлелі жерге бармағыңды сұқпа, бармағыңды сұқсаң тырнағың қалар (Мақал).

ПӘЛЕДЕН [БӘЛЕДЕН] САҚТАДЫ Жамандықтан қорғады; кесір-шатақтан аман алып қалды. Е, жігіттер, азбассыз, Менің тілімді алаңсыз. Құдай сақтар пәледен Хайыр, зекет берсеңіз (Д. Б.).

ПӘЛЕ [ЖАЛА, БӘЛЕ] ЖАПТЫ [САЛДЫ] *Ақтан-ақ күйдірді, жамандық жасады.* Бірақ патша саған пәле жабады,— деді (КЕ). Ырғызбайдың сотқарлары Вазаралыны тұра атамаса да, қасында отырған іні-көршісі Әбдіні қадап айтып «ұры» деп, «айыпкерім» деп пәле салып, жала жауып отыр (М. Ә.).

ПӘЛЕ [БӘЛЕ] ЖАУҒЫЗДЫ [ЖАУДЫРДЫ] ○ ПӘЛЕНІ [ПӘЛЕНІҢ ОТЫН] ӨРГІЗДІ ○ ПӘЛЕНІ ЖҮНДЕЙ САВАДЫ ○ ПӘЛЕНІ ТОҒЫТТЫ [ҚОЙДАЙ ТОҒЫТТЫ] *Жамандықты үйіп-төкті, жауыздық, өштік өргін өршітті.* Нұртай тергеуде кім көрінгенді былғап жатса керек. Көбінесе, Сәметке тісі қайраулы дейді. Оған мың түрлі пәле жауғыздықты (С. О.). Дұрыс бастар башы жоқ, Әділетке шөдетті. Тауға өсек жүргізіп, Пәленің отын өргізді (Д. Б.).

ПӘЛЕ ЖУЫТПАДЫ *Жамандықтан қорғаштады, жамандықты маңайлатпады.* Қарағайға қойған байлап, Және жұмбақ әдемі; Мал айтқан ел: «А, құдайлап, жуытпа деп пәлені» (Ғ. О.).

ПӘЛЕҚОР [ЖАНЖАЛ] КӨЗ[-ДІ] *Жаласы дайын дауқес, «көргенге көз дауы дайын кісі».* Бірақ Жұматайдың өзін кім дерсің? Сіз деуге бұл өнгезердей үлкен бойлы, әдемі қара мұртты, ашушаң, бұлтиған пәлеқор көзді, кекірдей кісі (М. Ә.).

ПӘЛЕЛІ СӨЗ *Жамандыққа, дау-дамайға толы әңгіме.* Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтпекке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?! (Абай).

ПӘЛЕ [БӘЛЕ] ШАҚЫРДЫ [ШЫҒАРДЫ, ОЯТТЫ, ІЗДЕДІ] *Жамандық-жауыздықты туғызды, қабындырды, туртпектеді.* Әз тұтуға, Сыйласуға Қалмады жан бір татыр. Сыпыра батыр, Пәле шақыр, Болды ақыр тап-тақыр (Абай). Я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп елге жайып жүріп, айтып ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді (Абай). Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне бірі пәле іздейді (Абай). Тілін алып бармасаң жұмысына, Жазғытұрғы бурадай адырайған, Сөзі түгіл, ойынан шыға алмасаң, Жүріп пәле іздейді әлдеқайдан (А. Қор.).

ПӘНІДІҢ ЖҮЗІ *Бұл дүниеде.* («Пәни» деген о баста — өзгермелі, құбылмалы, опасыз деген мағынада айтылған). Арыстан еді-ау Исатай! Бұл пәнидің жүзінде, Арыстан онан кім өткен (М. Ә.).

ПӘРМЕНЕ [ПӘРУАНА] БОЛДЫ 1. *Өліп-құшты; көбелек боп үстіне түсті, жанын пида қылды, айналып-үйірілді.* Қай қазақты көрсем де, бәласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?

(Абай). Қай жаққа кетті ата-ана, алақан-да өсірген. Пәруана болып айналып, Бала үшін өкпе тесілген (Б. Қож.).

ПӘРМЕН ЕТТІ *Бұйырды, жарлық етті.* Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен, Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен. Бір малы шаруаның екеу болып, Қыстаудан ел шығады алуан-алуан. Күлісіп, құшақтасып өзіл етер, Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған (Ы. А.).

ПӘРМЕНІ КҮШТІ ҚҰДАЙ-АЙ *д і н и.* *Құдіреті күшті жаратқан деген мағынада.* («Пәрмен» — араб сөзі; жарлық, бұйрық мағынасында). Пәрмені күшті құдай-ай, өзің есіркеп, рахметіңді төкпесең мына пендеңнің күні қараң! (АТ).

ПӘРУАРДІГЕР ЖАР БОЛДЫ *д і н и.* *«Жаратқанның», «жасағанның» өзі қолдады.* Пәруардігер жар болса, Алыс жолға барамын (ҚЖ).

ПӘТУА ЖОҚ *Тыянақсыз, берекесіз деген мағынада.* Әлде бұл аят күшін жойды ма? Міне, осы тұрғыдан қарағанда да құран сөзінде пәтуа жоқ. Бір ізді екі басып, түлкінің шырыныша шатастырады (М. Тоғ.).

ПӘТУАҒА КЕЛДІ *Келісімге келісті, тоқтамға келді.* Азала жиында сыбағалы бастарын мұжысып отырып келелі әңгімелер айтысты; әлгі үш арыс елдің игі ақсақалдары Қорыспайдың асына тоғыз дуан ел шақырылсын деген пәтуаға келді (С. Тал.).

ПӘТУАЛЫ БЫРЫМДЫ *Берекелі жоралғы.* Ескіден қалған бұрынғы, Пәтуалы ырымды, Адастастай даңғыл жол (Д. В.).

ПЕДИЯ АЛДЫ *д і н и.* *Өлген кісінің жаназасын шығарғанда молданың алатын алымы.* Молда емессің, соқырсың, Зікір айтып зарлаған. Жаназа оқып өлгенге, Педия алып жалмаған (Жамбыл).

ПЕЙІЛ [-ІН, БЕЙІЛІН] ВІЛДІРДІ *Ниет аңғартты, ықылас-ниетін көрсетті.* Жүргіншінің бәріне бірдей пейілін білдіріп, сонау бір заманда «Жаңа мырза» деген даңққа ие болуы да рас (КЕ).

ПЕЙІЛІ [БЕЙІЛІ] БҰЗЫҚ [ЖАМАН] *Ниеті жаман, арам ниетті, мысық тілеу кісі.* Түзелер еді бұл заман, Пейілі бұзық пендені, Кетсе астынан жер тартып (Б. Ә.). Қаршығаңды сала бер, ақын Қабан! Көкше қоян көрінсе пейілің жаман, Маған десең қоянның тыңына алдыр Әлі шүкір құдайға басым аман! (АӘ).

ПЕЙІЛІНЕН [ПИҒЫЛЫНАН] БОЛДЫ [ТАПТЫ] 1. *Арам, қара ниет ісі үшін сазаың тартты.* Гүлбаршын қызын ап қашып, Алпамыс қыран теңінен, Қарамаңға кез болып, Тапқандай болды пейілінен (АБ). Жаман-жақсы әр істі Пейілінен адам табады. Парасатты ер жігіт Жақсыдан ыбырат алады (М. Сұл.). 2 *Өзіне-өзі істеді.* Өзі қылған өкінібес, Күнінде содан тартарсың. Сіз біл деген бала жоқ, Өз пиғылыңнан табасың (Д. В.).

ПЕЙІЛІН КЕҢ [КЕҢГЕ] САЛДЫ
1. *Таршылық, сараңдық етпеді.* Құдай иіп бүгін бәйбішең пейілін кеңге сап қатты ғой! (АТ). 2. *Кеңшілік, кешірімшілдік етті.* Қабағыңды жөнге сал, пейіліңді кеңге сал, кешірімшіл бол! (АТ).

ПЕЙІЛІН ТОЙҒЫЗЫП ҚОЙҒАН *Сұғанақтығы жоқ; жамандыққа бармайтын адал ниет.* Құдай пейілін тойғызып қойған бір жан екен, болмаса зығырдай нәрсеге ортақшыл көп емес пе? (АТ).

ПЕЙІЛІ [БЕЙІЛІ] ТАР [ТАРЫЛДЫ]
Біреуге байлықты, жақсылықты қимайтын, біреудегіні көре алмайтын қызғаншақ кісі. Енесінен айырып, Жас ботаны қылдың зар. Екі жерде зарлатқан Кемпір мен шалдың пейілі тар (ҚЕ). Ұраным менің Қарасай мен Сүйінбай, Өлеңді Қарасайлай айтамын-ай. Сәлемге келген кісінің атын алып, Неден пейілің тарылды, әйтеген-ай (С. А.).

ПЕЙІЛІ ТАРТПАЙ [ШАППАЙ] ОТЫР
Көңілі соқпай отыр, тәбеті тартпай отыр. («Пейіл» — араб сөзі, шабыт, қалау деген мағынада). Өзім де білмеймін, әйтеуір пейілім тартпай отыр (АТ).

ПЕНДЕ [БЕНДЕ] БОЛДЫ *Бейшара, мүсәпір халге түсті.* Құдайым айырған соң қосағымнан Отырмын... пенде болып (ҚЖ). Сенің буың жақиқатқа пенде болды, Молдалар сені көрсе, есі шығып, Сатты халықты, іздегені сенде болды (М. Қал.).

ПЕНДЕШІЛІК ЖАСАДЫ *к ө н е.* *Әрбір адамға тән қылық, көбіне осал қылық деген мағынада.* («Құдайдың пендесінде» болатын мүсәпірлік іс істеу деген діни ұғымнан келіп шыққан). Оның қолынан келер не бар дейсің, әйтеуір бір пендешілік жасайды да (АТ).

ПЕРДЕСІ ЖЫРТЫЛМАҒАН *Ұяң, әдепті кісі мағынасында.* Неге ертіп бардың ду-дуы көп жиынға, әлі пердесі жыртылмаған баланы (АТ).

ПЕРІ СОҚҚАН [ТИГЕН] *д і н и.* *Жын ұрған есуа, текте.* Өсекші тіл тұрар ма сырдан шашпай, Абыройын әркімнің сөйлеп ашпай. «Хан күйеуі ақылсыз, бір есалаң, Пері соққан жан екен!» — десті, жастай (Б. М.). «Әй, бері кел, тоқта!» — деп, «Пері соққан жоқ па?» — деп, Тұрады Манас кідіріп, Батырсынған Тұғырық (Манас).

ПЕРІШТЕНІҢ ҚҰЛАҒЫНА ШАЛЫНСЫН *д і н и* *тілек.* *Айтқаның келсін деген мағынада.* Періштенің құлағына шалынсын, шырағым. Аузыңа май, астыңа тай, — деді (АТ).

ПЕШЕНЕДЕН КӨРДІ *к ө н е.* *Тағдырдың жазғанын көрді.* Әр не болса Зарлықхан Пешенеден көреді, Пірлері медет береді (МЗ).

ПЕШЕНЕСІНЕ ЖАЗБАҒАН *Маңдайына бұйырмаған.* («Пешене» — парсыша маңдай). Асылы, адал кәсіп маған кәсіп емес

екен. *Пешенеме жазылған болды.* Торы аттан енді күдер үз (Ә. Н.).

ПИДА ҚЫЛДЫ *Құрбан етті.* Толқынның жүрегінің хаттай таныр, Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр. Жар көңіліне бір жанын пида қылып, Білместігің бар болса, қылар сабыр (Абай).

ПҰШАЙМАН БОЛДЫ [ЖЕДІ] ○ ПҰШМАН ЖЕДІ *Қала болды, жасыды; қатты мұңайды, қатты өкінді.* («Пұшайман» — парсыша қайғы-қасірет мағынасында). Бақсының зікірі мен сілікпесінен Жәми өліп кете қоймас. Сәметпен тағы да кеңсейік. Не керек, пұшайман болдым (С. О.). Өлтірген кісі пұшайман болып бек өкінді (БЖ). Атқа салдым пыстанды, Мен кеткен соң атажан, Ақыры жерсің пұшманды (АБ).

ПҰШПАҒЫ [ӨКШЕСІ] ҚАНАМАҒАН [ҚАНАП КӨРМЕГЕН] *Бала таппаған, бала көтермеген (әйел).* Ұмсындық болса, қосылғанымызға он жеті жыл боп қалды, пұшпағы қанап көрген жоқ (Қ. Т.). Он бес жыл отасқанда әйелінің өкшесі қанап көрмеді (Т. А.).

ПЫРАҚ МІНДІ ○ ПЫРАҚТЫ ДҮЛДҮЛІН МІНДІ ○ ДҮЛДҮЛІМЕН ҰШТЫ ○ ПЫРАҚТЫҢ ЖЕЛІ ЖЕТПЕСІН МІНДІ [МІНІП ҰШТЫ] *д і н и.* *Пырақ-періштелер.* (Бұл жерде періште ат, періштелер мініп жүретін ат мағынасында). Ақ жүзіді көргенше Аман болғың, Мұңлығым. Шөлдің тарттым жырағын, Шілтендер мінер пырағын Және айналып келгенше (МЗ). Бар қызығын, бар ләззатын Маған берер жұмақтың. Ұшармын, ішіп шербетін, Дүлдүлімен пырақтың (Б. К.). Мың түрлі жеміс жедім, шарап іштім, Бар бағын араладым, суға түстім. Тау мен тас далалықты еркін кезіп, Пырақтың жел жетпесін мініп ұштым (Б. К.).

ПЫС ЕТЕРІ ЖОҚ *д и а л.* *Үрерге игі, сығарға биті жоқ* (Гур., Маң.).

ПЫСҚЫРЫП ТА ҚАРАМАДЫ *Менсінбеді, тәкаппарлық етті, паңданды.* Салбаттың бір де қызы саған пысқырып та қарамаған екен (К. О.).

ПЫШАҚ КЕСКЕНДЕЙ ○ ПЫШАҚ КЕСКЕНДЕЙ ҮЗІЛДІ [ТОҚТАДЫ, ТЫЙЫЛДЫ] ○ ПЫШАҚ КЕСТІ ТЫНДЫ *Бірден, кілт, кенеттен шорт тоқтады.* Өткенмен ғана өлшемеңіз. Келешекпен де өлшеніз. *Пышақ кескендей* сөз шорт үзілді (Ғ. Мұс.). Ән талмаусырап барып, *пышақ кескендей* үзіле қалды да, қас қаққанша бұлқынып шыға келіп, аспан кеңістігіне қайта шарықтап кетті (Ә. О.). Көңіл де айдай ашық. Манағы қарбалас қимыл *пышақ кесті тынған* (ЛЖ).

ПЫШАҚА ЖАРАЙТЫНЫ [ТАТИТЫНЫ, ҰСТАЙТЫНЫ, ҰСТАРЫ, ІШНЕРІ] *Семізі, союға болатыны.* Сайлау деген елге бір бүлік болды, Парланып әкімдер

пұлға толды. Іріктеп көріктісін пұлға са-
тып, *Пышаққа жарайтынын* қырып болды
(Үш ғас. ж.).

**ПЫШАҚҚА ТҮСКІР [ІЛІНГІР!] ○ ТЕ-
РІҢ ЖАЙЫЛҒЫР!** қ а р ғ ы с. *Сойылғыр*
деген мағынада. Жирен атқа зекірмак тү-
гіл, бақырсам да тілге келетін ниеті жоқ.
Егескенге егесетін менде де бір сайтан бар.
«Қап *пышаққа ілінгір* иттің ғана ма-
лы...»,— деп, оны қалай еткенде де
мінбей тынбауға бел байладым (Б. С.).

**ПЫШАҚҚА ҰСТАДЫ [ТОСТЫ, ҰСТА-
ДЫ]** *Сойды; бауыздады.* Түйе етін қазақ
кем жейді, оны *пышаққа ұстауға* қимай-
ды (Ғ. С.).

**ПЫШАҚ ҚЫРЫ [СЫРТЫ, ҚЫРЫН-
ДАЙ, СЫРТЫНДАЙ]** х а л ы қ т ы қ ө л-
ш е м. *Жұқа; бір еліден едәуір аз деген*
мағынада. (Бұл өлшем көбіне жылқы ма-
лының қазысын, ет сырты май шамасын
т. с. с. айтуға қолданылады. Осы тәрізді
СЕРЕ ҚАЗЫ, БІР, ЕКІ..., БЕС ЕЛІ ҚАЗЫ
деп те айтылады. Бес елі қазыны кейде
ТАБАН ЕЛІ ҚАЗЫ деп те атайды. Мұнда-
ғы «табан» сөзі монғолдың *таби* — «бес»
деген сөзімен сәйкес). *Пышақ қыры* қазы-
сы жоқ жылқыны неге сойғансыңдар?
(АТ). Жау қолынан босап шыққан тұтқын-
ның *пышақ қырындай* жұқа ерніне шат-
тық оты ойнады, солғын жүзіне таң сәуле-
сі ұялағандай көрінді (Ә. Ш.). Ойбай, құ-
даларым, қатып қалған миыма үлгілерің
пышақ сырты сіңген жоқ (ҚЕ). Бірақ, Бә-
тінш әпкесі онысын жақтырмағандай өз
бойын жоғары тұтып, Гүлнардан *пышақ*
сырты ерде тұрғандай болады (Т. С.). Сен
бізге *пышақ сыртындай* ғана бір тілім бе-
ресің. Қалғанын ана күнгідей тағы да
базарға жөнелтпек шығарсың (Ә. Ә.). Көк-
тем күні қылт етіп қыстың берген барлық
сыйлығы — *пышақ сыртындай* қар ерісі-
мен сол аз ғана ылғалдың өзіне көбеңси
қалған бетпақ даланың беті де бөріте қа-
лады ғой (Ә. К.).

**ПЫШАҚ ҰШЫНАН [ҮСТІНЕН] АУЫЗ
ТИДІ** *Жайғасып отырып жұртпен бірге*
жемей, табаққа салуға дайындап жатқан
тамақтан жүре жеп кетті. Өте асығыспын
деп қазан үстінен *пышақ ұшынан ауыз*
тиді де, жүріп кетті (АТ).

ПЫШАҚ ҮСТІНЕН ҮЛЕСТІ *Қолма-
қол, табан астында иеленіп әкетті.* Көлең-
кеңізден қорқады екенсіз ғой... Жасасақ
цехтың өзінен-ақ жұрт сұраған бағамызды
беріп, қолма-қол, *пышақ үстінен үлесіп*
әкетпей ме?— дейді бас инженер Сычев-
скийге (СҚ).

ПЫШ-ПЫШ ДЕДІ *Уақ-түйекті айтып,*
өсектеді. Тиянақсыз, байлаусыз байқұс
қылпың, Не түсер құр күлкіден жыртың-
жыртың, Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?
(Абай).

**ПІРГЕ АРҚА БЕРДІ [АРҚАСЫН
СҮЙЕДІ]** ○ **ПІРДІ МӘДЕУ ТҰТТЫ** д і н и.
*Жебеушісіне сыйынып, соларды қуат көр-
ді.* Анаң сенің зар болды Қайдасың, қал-
қам, Мұңлығым, *Сүйедім пірге арқамды.*
Жүрген жерім дарқанды (МЗ).

ПІРГЕ ҚОЛ БЕРДІ [ТАПСЫРДЫ] д і н и.
Бұл жерде ишан патиқасын алып,
жолын құды деген мағынада. Ел жайын
біліп қансаңыз, Айтайын, құлақ салса-
ңыз: Кейбіреулер дүрсіп жүр, Жер тәңі-
рісіп көр мағыз. Кейбіреуі — законшік,
Оңдырмасып, берсе арыз. Кейбірі *пірге*
қол берген, Іші залым, сырты абыз (Абай).
Жұрттың тегеуірінімен әкеңіз *пірге қол*
тапсырыпты, сонда «ағузоны» да, «әлхам-
ды» да жылы жауып қойып, «енді има-
нымды тілеймін»—дей беріпті ғой (С. Тал.).

ПІРДІҢ СӨЗІН ТҰТЫНДЫ д і н и. *Әу-
лие-әнбиенің уағызына бас ұрды.*

ПІРЛЕРГЕ СЫЙЫНДЫ д і н и. *Әулие-
періштелерге жалынып-жалбарынды.* Ба-
ғымды алла ашқын деп, *Пірлеріне сыйын-
ды* (ҚЖ).

ПІР ТҰТТЫ *Бұл жерде ақын мейлінше*
*құрмет ету, бас иіп, өзіне үлгі ету мағына-
сында қолданып отыр.* Қазақта ақын бар
ма Сүйінбайдай? Сөздері таудан тасқын
құйылғандай. Білмеймін қайда барын
күшті аруақтың, *Пір тұттым* Сүйкемді
сыйынғандай (Ә. Т.).

ПІРІН ЖАТ ЕТТІ д і н и. *Әулиеге, пір-
ге сыйынды.* Естісең, айтшы қарағым, Ер-
телі-кеш уақытта *Жат етемін пірімді*
(ҚЖ).

ПІСТЕ МҰРЫН *Кішкене, қыр мұрын.*
Жібектей талдап өрген қолаң шашы, Ақ-
құдай суда жүзген көрсең формы. Мар-
жандай отыз тісі, *пісте мұрын,* Кең маң-
дай, қасы қара, өткір көзді (О. Ш.).

ПІТІР АЛДЫ [БЕРДІ] *Ораза кезінде*
*малдың санына қарай молда алатын ме-
шіт алымы.* Қасен молда бір жағынан ел-
дің балаларын оқытады, жұма сайын
жұртты мешітке жинап, имамдық құрады,
қайыр-садақа, *пітір,* құшыр жинап алады
(С. О.).

ПІШПЕ ҚАЙЫРЛЫ ВОЛСЫН д и а л.
*Сундетке отырғызған баланық туған-туыс-
қандарына айтылатын тілек* (Целин., Ер.).

ПІШТІРІП ЖІБЕРДІ б е й п і л. *Сөйлеу*
тілінде көресісін көрсетті, жаза берді деген
мағынада айтылады.

ПІШНІ КЕТТІ *Әрі түсті, форымы өз-
герді.* Бір жаман көрілікте түссе тісің,
Ауыздан опырайып кетер *пішін.* Жасында
оймақ ауыз сұлулардың, Өзгертіп бұл кө-
рілік алар түсін (Ш. Құл.).

РАЗЫ [РИЗА, ЫРЗА] **БОЛДЫ** **○** **РИЗА ТАПТЫ** *Көңілі тойды; көңілі құп алды.* Бұл шал бөтен шал емес, қыдыр еді, Ебін тауып даруға кезі келді. Сөзіне, ақылына, қылығына *Разы болғаннан* соң, бата берді (Абай). Имансызға бейіш жоқ, Имандының көңілі тоқ. *Разы болар* құдайға. Қажылықты қылған соң (Д. Б.). Дәулет кетіп біреуден, Біреуге жаңа қонады. Нала болып біреулер, Біреулер *риза болады* (М. Сұл.). Жылқыға бала барғансын, Баурап малын алғансын, Тоқсан құл мен Естеміс *Риза тауып* қалғансын (ҚБ).

РАЙ БЕРМЕДІ *Жылы қабақ көрсетпеді; ыңғай бермеді.* Жоғал деп екінші рет ақырды бай, Сұрланып әйелі де *бермеді рай.* Қаңғыртқан сен қазақты біз емеспіз, Кет!— деді үйімізден шақылдамай (О. Ш.).

РАЙДАН ҚАЙТТЫ *Ашулы бетінен қайтып, сабыр сабасына түсті, қаһарынан қайтты.* Қой, *райдан* енді *қайт!* Екеуің де... Пышағыңды кейін тарт! Тыңда, артыңды байымдап! (І. Ж.). Қырандардан бата алып, Қабатына ердің бе? *Райдан қайтқан* кісідей Мойныңды хаққа бердің бе? (АБ).

РАҚАТҚА [РАҚАТ ҚҰШАҒЫНА] **БАТТЫ** [БӨЛЕНДІ] **○** **РАҚАТ ТАПТЫ** *Жан тыныштығына, жан қызығына бөленді, жаны жайлана тынышды; қызық дәурен сүрді.* Жаздың жайлы тымық кештерінде, манаураған далада бейғам ауылдың үсті *рақатқа бағып* тыныштала қалды (Х. Е.). Бұл қалай, сіз жүз жасап отырсыз ғой десе, оның бәрі есеп емес, өмірде он рет *рақатқа бағып*, қызық көрдім, он жасадым деп соны айтамын десе керек (Ж. Ж.). Немене, келгенімді жақтырмадың? Лебіңнен кенет *рақат таптым.* Келші бір... қоя тұршы, сөзді тыңда, Ақтаев шын сырының айтты бәрін (Қ. Б.).

РАҚАТ ІЗДЕДІ *Жан тыныштығын, жан саясын көкседі.* Ғылым оқып білгенше, Тыным, тыныштық таппаған. Дүниені кезіп көргенше, *Рақат іздеп жатпаған* (Абай).

РАҚЫМ АЙЛАДЫ *Мерейі түсті, көңілі жібіді.* Наз етіп ғашықтығым айтылған соң, Көңіл аусын көз жасыма *рақым айлап*, Михнатты ауыр жүктер мойныма алып, Бір жанды құрбандыққа тұрмын сайлап (Ә. Тәң.).

РАҚЫМ АЙТТЫ *Жаны ашыр тілек білдірді.* Өсиетті мен айттым. Әркім оқып көрсеңіз. Үмітім бар сіздерден, Дұға қылып қойсаңыз, *Рақым айтып* біздерге (Д. Б.).

РАҚЫМ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] **○** **РАҚЫМЫ** [РАҚЫМШЫЛЫҒЫ] **ТҮСТІ** [КЕЛДІ] *Мейірімі түсіп, жан ашырлық етті.* Мен жаралы жолбарыспын, Жұрттың атқан оғы өтіп, Сен есірке, сорлы жасып, Шын сөзіме *рақым етіп* (Абай). Білесің, сен зерек, Мен пендеңе Болды деме, Кел, қарас, Ешкім сөгіс Айтпас, *Рақым қылсаң*, кел ертерек! (Абай). Жетімдер мұндай қорлық көріп жылаған соң, жасағанның сол жетімдерге *рақым түсіп*, мен тірілдім,—дейді (ҚЕ). *Рақым түсті* басына, Көзден аққан жасына (АБ). Бұл сөзіне кемпірдің, Енді бала сенеді. Көз жасына жылаған *Рақым келеді* (АБ). Менің *рақымшылығым түсіп*, сендердің биліктеріңді өздеріңе бердім. Енді менен бұйымдарыңды сұраңдар (КЕ). Сан кісі мұңайсын, Сабырмен шыдайсың, Күйемін, жанамын, Еш *рақым қылмайсың* (Абай).

РАҚЫМ ШАҚАТ [ШАПХАТ] **ЖОҚ** *Мейірім, қайырым, бейіл жоқ.* Кешегі жүрген жан досым Айырып оны алдың сен, *Рақым шақат* сенде жоқ (БЖ).

РАҚЫМЫНАН ҮМІТТІ *Қайырымынан дәмеленді.* Жалаңаш елден шыққан бір сорлымын, Жалғыз-ақ *үміттімін рақымшымнан.* Басымды алар болсаң, жылдам алшы. Ызғырық өтіп барады табанымнан (Ш. Ж.).

РАУШАН БОЛДЫ *Гүл-гүл жайнады.* Мал дүниенің опасы, Иман жанның сапасы, Аузындағы иманың *Раушан болған* нұрмен тең (Д. Б.).

РӘСУА БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] ○ РӘСУА-СЫ ШЫҚТЫ *Ысырап етті, берекесі кетті, текке, босқа шашылды.*— Бидайымызды таптамайық, бүлдіріп алсақ жаман болады. Босқа *рәсуа болады*. Сен басын сындырып алма, менің ізіммен жүр. Бір бидайды сындырсақ, әжем жібермейді ендігері!— деді Асан Үсенге (М. Ә.).— ... Жерге түсіп сынып, тапталып жатқан бидай бастарының қалғаны бар. Бірақ оны жиып алып болмайды. Әуелі пісіп жетпеген көк бидай. Екінші — топыраққа тапталып текке *рәсуа боп* қалған (М. Ә.). Бекерден бекер құйқалы адырларды аяусыз айғыздап, *рәсуа қылдық* қой,— деп өршелене түсті (Т. Ә.). Түлкіден де қағылып, қасқырды сорға түсіріп, мүлде *рәсуамыз шығып қайттық* (С. Б.).

РИЗАЛЫҚ АЛДЫ *Ықтиярлығын, келісімін алды*. Ақсақал, іс қыласыз ойланбастан, **Жаннан қорқып қашпаушы ек**, қара тастан. Құдай сүймей бұл істі, бізге сал-

ды, Қолын шеш, *ризалық ал*, мына жастан (Абай).

РИЗЫҚ АСТЫ діни. *Бұйрықты дәмі*. Бір тәңіріден басқа да еркіндік жоқ, Барша жанның *ризалық асын* тәңірі берер (МЗ).

РИЯ ЖАСАДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Сырттан көңіл жықпастық қалып көрсетті*. Ұнатпаса да *рия жасап* үндемеді (АТ).

РИЯ ТОНЫ *Қолдан жасалған сыпайылық, жасанды мінез қалпы*. Малға басым имеске, *Рия тонын* кимеске. Кісі құрметін сүймеске, Өз ісіме тимеске, Кісі тіліне ермеске, Кәміл уағда етілді — дедім (С. Т.).

РУХЫН КӨТЕРДІ *Жігерлендірді, әруақтандырды*. Екі алып күрес аренасына шығып, дәстүр бойынша қол алысқан кезде, орысша, қазақша, татарша құттықтау сөздер бұлардың *рухын көтеріп*, жігерлендіре түсті (М. Тан.).

САБАҚ АЛДЫ *Үйренді, тәлім алды.* Сол басшысын жоғалтқан, Тоңар мұздап сан жүрек? *Сабақ алған, оқыған, Сарнар жырын жеткіншек* (Ғ. О.). Шоқан ұлы орыс халқының азатшыл демократиялық жолдағы әдебиеті мен философиясынан *сабақ алды* (М. А.).

САБАҚ БОЛДЫ *Қорытынды шығарарлық ойға келді, ескерерлік ой салды.* Бұл оқиға Ғабдоллаға үлкен *сабақ болды*, түнімен ұйқтамай, ойланып шықты, таң біліне көзі ілінді (С. Шәр.). Орнымнан алынуым мен үшін *сабақ та болды* (Ш. Х.).

САБАҚТЫ ЖІБІ ҚАЛМАДЫ *Іліп алар түгі қалмады, дүние-мүліктің бәрінен айрылды.* — Жок, иесі Тәңірберген. *Сабақты жібі қалмасын.* Қазір... осы қазір апарып бер (Ә. Н.).

САБАҚТЫ ЖІП АЛМАДЫ *Зәредей зат, бұйым алмады, меншіктенбеді.* Өз басым *сабақты жіп, тіпті, алмаймын.* Шырағым, көңілім тойды сізді көріп (ҚКВС).

САБАҚТЫ ИНЕ СӘТІМЕН *Орайы келіп, зәуі түскен іске айтылады.*

САБАН ТОЙ *Егінді орып, бастырып болғаннан кейін өткізілетін мереке.* Әдегі Дағыстанның болған салты, Жылында — егістен соң барлық халқы, Жиналып бір тамаша өткізеді, *Сабан той* аталатын мұның аты (И. Б.).

САБАП ЖҮРЕ БЕРДІ **САЛЫП ҰРДЫ** **ДА ОТЫРДЫ** *Аялсыз, тынымсыз қатты жүрді де отырды.* Соны айтты да шал *сабап жүре берді*. Бір өзен жатыр екен соны өрледі, Өзенді өрлегеннен бір айырылмай, Дәл бесінде ұшыртып тауға келді (Абай). Екі атты кісі мынау кең жазықта күн бойы *салып ұрды да отырды* (АТ).

САБАСЫНА КЕЛДІ [ТҮСТІ] 1. *Су бұрынғы қалпына келіп, арнасына толды.* 2. *Ашуы, ызасы басылып, саябыр қалыпқа келді.* Тасқыны басылып, ызғары қайтсын, ашуы *сабасына келсін* (М. Ә.). Аздан кейін ду басылып, жұрт *сабасына түсіпті* де, үлкендете сөйлепті (ҚЕ).

САБАСЫНА ҚАРАЙ ПІСПЕГІ, МҰРТЫНА ҚАРАЙ ІСКЕГІ *Бірі-біріне ұқсас, мінездес, сайма-сай келеді деген мағынада.*

САБАСЫНАН ШЫҚТЫ **САБАСЫНА СЫЙМАДЫ** 1. *Су ернеуінен, арна қалпынан шығып, асып кетті; тасыды.* 2. *Ашу, ыза кернеді, шектен асып кетті.* Шынында да Жұмабек бұрын едәуір «сілтеп» жүрген кезінде кей кештерде *сабасынан шығып*, оғаш мінез, дөкір қылықтар көрсетіп алатын (Т. А.). — Лейтенант Қайсаров маған қорлық істеді. Қайсаров атын атағаннан-ақ *сабасынан шыққан* Уәли сөйлеген сайын өршелене түсті (Т. А.). Даламыз да, қаламыз да, көшелер де толы қуаныш. Шалқар шаттық *сабасына сыймай* тасып төгіліп жатты (Ә. И.).

САБАТ ЖЕР *Саялы салқын, сазды шалғын.* Алғанға ақылыңды айт айнымаған, Шаң болмас *сабат жердің* ордасындай. Ашудың арты — ашық өткіншідей, Түнеріп жаумай тынбас бұрқасындай (О. Шор.).

САБЫНДАЙ [САБЫНША, НІЛДЕЙ] **БҰЗЫЛДЫ** *Тез айныды, күрт өзгерді.* Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Сағымдай құбылып, *сабындай бұзылып* іріп-шіріп өте барады да (М. Ә.). Мен Мұратпен біраздан бері жолдаспын. Мысалы, сенімен көңілдегімді жасырмай сөйлесем... Ал Мұрат болса, кейде тым жақсы да, кейде титтей нәрседен *сабындай бұзылады* (Т. А.).

САБЫР ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] **САБЫР** [ШЫДАМ] **СУЫН ҚАУҒАЛАДЫ** *Шыдам-төзім білдірді; асығыстық жасамады.* Жалғызың зарлап тұрғанда, Саспай, *сабыр қылғаның*, Жалғызда мейір жоқ деген, Мейіріңнің жоқтығы (АБ). Қайыры болсын халқыңа, *Сабыр қыл*, ойла келмесін. Қарияң келіп жырлап тұр, Еңбегі сіңген ер үшін Батырың өтті Бөгенбай (Б. Қ.). Құбылып тұрған қызыл гүл, Қуарса, кетер мәнері. *Сабыр қылсаң* жетерсің, Құданың болса бергені (Ш. Қ.). Көзіме жас бер жы-

лайын, Шыдам бер, сабыр қылайын (Абай). Атуға мылтығымды ыңғайландым, Шу етті атсаң біліп қалады деп, *Сабыр етіп* атпадым, тілін алдым (Д. Е.). Күйдірді түскен ұшқын ғашық майын, Ауданы үлкейеді сағат сайын. Жалыны көпке бармас басылар деп, Ол отқа сабыр суын қауғалайын (М. С.).

САБЫР СУЫ САРҚЫЛДЫ [ТАУСЫЛДЫ, ТҮТЕСІЛДІ] © САБЫРЫ БІТТІ [КЕТТІ, ҚАЛМАДЫ, ТАУСЫЛДЫ] *Шыдам-тезімі құрыды. От сөнбей түгесілді сабыр суы, Қауғаға көтерілді ғашық туы. Ішімде қатты жанып, қайнатқан соң, Ақылдың көзін шалды нәпсі буы (М. С.). Түріңнен білдім көңілің кеткендігін, Сипаты қыздың сарсаң еткендігін, Ішінде не барлығын көзің айтып, Сабырыңның білдіріп тұр біткендігін (М. С.). Күлгенде отыз тісі қатарланған, Адамның сабыры қалмас оны көрген. Ақ екен ақ інжуден отыз тісі. Сәдеп пен қымбат пұлға шеттен келген (М. С.). Таластың суын жалдады; Ақ күмбезге жеткенше Бір сабыры қалмады. Суды кешіп өтті де, Ақ күмбезге жетті де (Манас). Әбігерлік басып, өзімен-өзі болып жүр. Ашуланып жүрген жоқ, әлденеге сабыры кеткендей (М. Ғ.). Ойымнан ой бөліп, Қозғалдың тамырды. Көңілге тік келіп, Кетірдің сабырды (Абай).*

САБЫР ТАЯҒЫНА ТАЯНДЫ *Шыдамды таяныш, сүйеніш етті. Әркімнің ішкі сыры аллаға аян, Сабырдың таяғына мықтап таян (М. С.).*

САБЫР ТҮБІ — САРЫ АЛТЫН *Шыдам-тағат арты жақсылық; шыдам аяғы игілік. Сап, сап, көңілім, сап, көңілім! Сабыр түбі — сары алтын. Сабыр қылсаң, жайыңды Білер ме екен бекзатым? (Абай). «Сары алтын сабыр түбі» деген, қалқам, Сырыңды ешбір жанға шешпе деген. Алтынды жел қайығың табылмаса, Тұңғыық Ніл дариясын кешпе деген (А. Қор.). Тарығып келген екенсің, шырағым. Сабыр ет. Сабыр түбі — сары алтын, сарғая жетерсің мұратқа. Рас, шыдамның да шегі бар Шектен де асқан шығар, сонда от алып, қамысқа кіргенмен, не табарсың?.. (Ғ. Мұс.).*

САБЫРЫ МОЙЫМАДЫ *Шыдам-тағаты таусылмады; тағат қып шыдады. Мұстапаның сабыры сонда да мойыр емес. Ойын аяқталған соң ғана әйеліне күлімсірей жауап қайырды (Ғ. Мұс.).*

САБЫС БОЛДЫ *диал. Әбігерленді, әрлі-берлі сапырылысып жүрді. Ол сабыс болып жүрді (Қост., Жан.).*

САБЫҚ ҚҰЛАҚ *диал. Салпаң құлақ. Мынау бір сабық құлақ бала екен (Қ. орда, Арал).*

САҒАҒЫНАН ҮЗІЛГЕН *Әсем, сұлу деген мағынада. Түгі қама құндыздай, Көзі шолпан жұлдыздай, Тұлпарымды мақтайын Сымбатына тоқтайын: Сағағынан үзілген, Жал құйрығы сүзілген Кірпи-*

гі қарыс төгілген (Н. Б.). Домбыраның сабы да қатты ағаштан жасалыпты, өзі жөне де ерен ұзын, құлағына қарай бірте-бірте жіңішкерген арғымақ аттың мойнындай сағағынан үзіліп тұр (Ғ. С.).

САҒАТЫ БІТТІ [ЖЕТТІ] *[Өмірі таусылды; тірліктегі мерзімді, өлшеулі күні жетті, өлді. Сағатың бітіп сап қылар, Жалынсақ пұрса бермейді. Ай, беклерім, өлшеулі біткен дем болса (Б. Ө.).— Рай-Райжан! ...Елаға... Сірә, менің сүректі сағатым жеткен шығар (Ө. Н.).*

САҒЫМДАЙ ҚҰБЫЛДЫ *Әр түрлі күйге түсті, өзгерді, сан саққа құбылды. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп өте барады да (М. Ө.).*

САҒЫМ ҚУДЫ ҚОЛ ЖЕТПЕС *нәрсеге ұмтылды, алдамшы нәрсеге қол созды. Қайным, сағым қуып барасың. Тоқта. Мен мына Байсейіттің үйінен шықтым (Ғ. Мұс.). Өзіңді сенгіштіктен әуре етпе, Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе. Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып, Салпылдап сағым құған бойыңа еп пе? (Абай).*

САДАҒА БОЛДЫ *Құрбаны болды. Көзі түсті балаға, Бірден жылап екеуі Баладан болды садаға (ҚБ).*

САДАҒА[-СЫ] КЕТ [КЕТКІРІ] *қарғы с. «Алтын көрсе періште жолдан шығарды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылысып, өзінің көрсе қызар сұмдығын қостағалы айтқаны (Абай). Шешеден садаға кет! Жоғал үйімнің маңынан, көріпбе көзіме!.. Осы қалада басқа қатын құрып қалды ма? Нең бар еді, менің келінімде (М. И.).*

САДАҒАСЫ [САДАҒАҢ] БОЛАЙЫН [КЕТЕЙІН] *Құрбаның болайын, шыбындай жаным сенің жолыңда болсын деген мағынада. Жүзтайлақ: Сәулем, жалғыз тілегім, Не тілесең садағаң болайын өлтіртпе! (М. Ө.). О, садағаң кетейін! Шешенің есі-дерті бір келін емес пе? (Қ. Сат.). — Мен бәрін де тыңдап отырмын. Ой, жарықтығың құранның бәрін жатқа соғады ау... Сөзінің шірінін айтсаңызшы, кейде балқытып ұйқаттып жібереді. Әй, садағасы кетейін Асқар-ай, ондай бауырмал, ондай көпшіл жігіт дүниеде сирек шығар! (С. М.). Ұлпанжан, садағаң кетейін, айыбы құрсын, өкеңе байлағаным болсын (Ғ. М.). Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін (Абай).*

САҒЫ СЫНДЫ [ҚАЙТТЫ] © ТАУЫ ҚАЙТТЫ [ШАҒЫЛДЫ] *Беті қайтты, мойнып қалды; көңілі қайт болды. Иесі Батыраш бір кеппе кеуде, Үркөппе, томырық мінез, намыс берме, Осы аста сағы сынып, бағы тайса, Ол өзін дап-дайын тұр өлдім деуге (І. Ж.). Мына жотасы көрінген екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз: біреуін ұстасаң — елдің сағы сынады, бірін ұста-*

саң — зықысы кетеді (М. Ә.). Бұл шайқаста сағы қайтқан жау бөлімдері кейін шегініп барды да, тың күш қосып, екінші бір шепке лап қойды (Ә. Ш.).

САДАҚАҒА ШЫҒАРДЫ *Керектен, есептен, санаттан шығарып, қатарға қоспай қойды.* Бұл ел оны баяғыда-ақ садақаға шығарған, шіріген бір жұмыртқа деп қойған (АТ).

САДАҚ СЫРТТЫ КҮПШЕК САН *Домбыт жарау, сол тұлғалы ат. Шыға алмасың ұмтылып, Шығам деген өріңе! Садақ сыртты күпшек сан* Тобышақ атты жайламай (Д. Б.).

САДАҚТАН ТАРТҚАН ОҚТАЙ *Түп-түзу, түп-тура, тіп-тік.* Ақ бөрте кетті күп-тиып, Садақтан тартқан оқтай боп. Қанға сусап... түр, Обатұғын оптай боп (Д. Б.).

САЗАЙЫН [САВАСЫН] БЕРДІ [ТАРТ-ҚЫЗДЫ] *Жазалады, көресісін көрсетті.* Жиналған жұрт Айтжанға «Алмашы дейді мазамды!» Не қылдың, бөлем, деп итер, *Берерміз* дейді *сазаңды!* (С. С.). Енді олар жау солдаттарының — сидиған бидайықтардың *сазайын беріп*, турап өтпек (Б. С.). Кез келсе қайғы қат-қабат, Қаңғыртпай қоймас адамды. Қасиетсіз туған — ол да жат, Күңкілдеп *берер сазаңды* (Абай). ... Күреңбай риясыз көңілден (Нұртайға) бір сөз айтып қалды: — Сізден бағы асқан кім бар бұл елде? Жау деген не сізге? Тыйым салмайсыз ба? *Сазайын тартқызбайсыз* ба? (С. О.). Бұлар бүлдіруші зиянкестер еді, осыдан соң ұзамай-ақ, әшкереленіп *сазайын тартты* (Ғ. С.). Ақын: Сен Тотыға шүйіле берме, Мұрат. Тоты (Мұраттың құлағына): Шыққан соң *сазаңды тартарсың* (М. И.).

САЗҒА ОТЫРҒЫЗДЫ *Жер соқтырып кетті.* Менің де алдымда толған телеграмма. Бұлар бізді *сазға отырғызады* (С. Ад.).

САЙБАҒЫСТАП ҰСТАДЫ *диал. Сындырмай ұстады, таза ұстады.* Қарағым-ау қазанды *сайбағыстап ұстасаңшы?* (Қ. орда, Арал).

САЙДА САНЫ [ҚҰМДА ІЗІ] ЖОҚ *1. Үшті-күйді жоқ, дерексіз. 2. Берекесіз, елеусіз, есепте жоқ. Сайда саны, құмда ізі жоқ әлдекімдерге сонша әлек болғаны несі осы Абайдың? «Бояушы, бояушы» деп, сақалын бояп барады-ау, осы, — деп, Сәмен болыс тістене түсіп, қатты ызаланып отыр (М. Ә.). Төкежан Абайға ашуланып: — Сен осы сайда саны, құмда ізі жоқ қайдағы бір құнсыздарды «ел», «жұрт», «көп» дегенді қашан қоясың? (М. Ә.).*

САЙДА САНЫН, ҚҰМДА ІЗІН ҚАЛДЫРМАДЫ *Түк қалдырмай, орнын сипарлық етіп жоқ етті, құртты, жойды. Қалдырмай сайда санын, құмда ізін,* Талқанда, жер дүниеден жоғалсын сұм (Жамбыл).

САЙДАУЫТТАЙ [САЙДАУЫЛДАЙ] КІСІ [ЖІГІТ] ○ САЙДЫҢ ТАСЫНДАЙ

Күшті, жарамды, сақадай сай, іріктелген деген мағынада. Сол қаланың іргесінен сардар басы сұлтан Санжардың *сайдауыттай жігіттері* жауға ұмтылған, — дейді Мұзафар да қыза түсіп (С. Мәу.). Еріткен есепсіз көп дивизиясы, Сақадай солдаттары *сайдың тасы* Бастаған батыр қолды Әлібидің, Қырықтың ортасынан асқан жасы (О. Ш.). Ана сүті аузынан кетпеген он жасар баланың сөзі *сайдың тасындай* кесек жатыр (С. О.).

САЙ КЕЛДІ Тура, дәл, ұқсас, бірдей соғып жатыр, тең келді. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі — бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне *сай келген* (М. Ә.). Жігіттің қол күші мен бой қайратына, икемі мен орамдылығына аты да *сай келсе*, өнердің шыңын сонда ғана көресің! (М. Е.).

САЙЛАП АЛДЫ 1. *Әзірледі, даярлады.* Әр ауыл екі-үш кең шаананы көк шөпке толтырып сықап алысты. Жол жүретін ер-азамат, әлуетті әйелдер болса азықтарың, киімдерің *сайлап алды* (М. Ә.). **2.** *Таңдап, іріктеп алды.* Жігіттерді *сайлап алып*, түнделетіп жүріп кетті (АТ).

САЙРАН ЕТТІ [ҚҰРДЫ, ҚЫЛДЫ, САЛДЫ] *Қызық-думанға батты, ойын-сауықпен жүрді.* Жігітке *сайран етіп* жүрген артық, Жігіттік бір кеткен соң, келмес қайтып. Дүниеде үйде жатып, босқа өлгенше, Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық (Б. Қож.). Ал, дүние, өтеріңді біліп едім, Білдірмей серілікпен жүріп едім, Бұл күнде арық қойдан бағам кейін, Үш жүзді *сайран қылған* Біржан едім (Б. Қож.). Енді (Дайыр) кешелер жәрменкеден қайтып келе сала Мәкеннің «Абай» аулы жастарының ортасында көптен сауық етіп, *сайран салып* жүргенін естиді (М. Ә.).—... Мырза жоқта екеуің бір үйде оңаша жатасың. Мырза «күзетшім» — десе, қызыл тоқал «шұнағым» — дейді. *Сал сайран!*! — деді Тоқбай Таймасқа (Ғ. Мұс.).

САЙРАН ЖЕР ○ ЕСІЛ ЕЛ, САЙРАН ЖЕР *Қызығы, тамашасы мол, аяулы мекен-жұрт деген мағынада.*

САЙ СҮЙЕГІ СЫРҚЫРАДЫ [ШЫМЫРЛАДЫ] 1. *Тұла бойы ауырды.* Ең жаманы, тоңған денеге таяқ тез батады екен, содан *сай сүйегім сырқырайды* (Ғ. Мұс.). **2.** *Тұла бойы тігіреді; жүйені босатты.* Көз салсаң әнің көркіне, Ән Жамалдың еркінде, *Сай сүйегің сырқырар*, Шырқаса Жамал желпіне (Қ. Ай.). Мынадай қорлықты көрсеткенше, жанымды қинамай, біржолата өлтіріңдер, қаным сұраусыз болсын. Болмаса, қолымды босатыңыз өзім өлейін! — деп, мұсылман адамның *сай сүйегі сырқырағандай*, зарлап кеп жалынды еді, оны қазақ қайдан қабылдасын? (С. Т.). Мақұлбайдың артына белгі тастамай көк балдырғандай арманда кеткен жайларын, Әйгерімнің ендігі қосып алған қаралы әні егілте сездіреді. *Сай сүйекті*

шымырлатып, барлық көзден жас ағыза тебіrentіп еді (М. Ә.).

САЙТАН [ШАЙТАН] КІСІ 1. *Мінезі тұрақсыз, берекесіз. Қойшы, соны! Шайтан кісі, оп-оңай бұлт бере салады (АТ).*
2. *Біреудің жынын қағып алатын өткір. Мен қазақпын, қара көз сайтан қызбын, Сөйлей қалсам тілімнен бал тамғыздым (Ж. М.).*

САЙТАНЫН [ШАЙТАНЫН] ҚАҚТЫ [БАСТЫ] *Жуасытты, желігін тыйды. Төре сайтан болғанда көп періште Бір сайтанды қаққандай пері емес пе? Жазықсыз жегенің ұрлық еті, Бұл жегенің боқпенен тең емес пе? (С. А.).* Келіп қалған жүйеге Сөз мәнісін байқады. Басында қазақ тасса да, *Басылған екен сайтаны (ҚамБ).* «Қайран» да «қайран» айтары, Қалтылдап қауға сақалы, *Басылған желік сайтаны,* Баяғы бейпіл мақалы (Ж. М.).

САЙТАНЫ [ШАЙТАНЫ] ҰСТАДЫ *Жыны қозды, ашуы келді. Сен жоқ жерде қатығынды сонша меншіктеніп, сені Балуан Шолақтың сонша басынғанына сайтаным ұстап кетті (С. М.).* Осыны Мақтым айтады, Ойланып басын шайқады. *Ұстап отыр сайтаны. Тезірек істі бітірген, Бүгін-ертең қайталы (ҚамБ).*

САЙЫҢҒА ШАПТЫ *Думанды, дүбірлі жарысқа түсті деген мағынада. Шабаны жүйрік тұлпар боп, Сайыңға шауып шаңдатты (Д. Б.).*

САЙЫП [ТҮПТЕП] КЕЛГЕНДЕ *Қорыға айтқанда. Пайдалы еңбек деп біз, сайып келгенде адам тұрмысын жақсартатын еңбекті айтамыз (М. Ел.).*

САЙЫП ҚЫРАН *Беті қайтпайтын батыр. Бауыржан, Балташ, Мадияр Салалы сайдың тасындай, Нар кескен аямас асылдай, Сайып қыран ерлер бар (Н. Байм.).*

САЙЫСҚА ТҮСПЕГЕН **○** **КӨКПАРҒА ТҮСПЕГЕН** **○** **КӨКПАР ШАППАҒАН, ДОДАҒА ТҮСПЕГЕН** *Тартысқа, айтысқа түсіп, күш сынаспаған.*

САҚАДАЙ САЙ [ТҮРДЫ] **○** **САҚАДАЙ САЙЛАНДЫ** *Іріктеліп дайын тұрды; қамсыз боп дайындық жасады. Күреңбай елең-алаңнан тұрып, сақадай сайланып алды да, сынық мүйіз қара ала сиырға бас жіп тағып, оның қызыл қасқа бұзауын қасына әкеп қойды (С. О.).* Абдығалар Шоңқа қаңтарсы күнде қалтырап, көрі аруақты тербеткенге елді ұйытып, ер-азаматты сақадай сайлап жүр екен десе, бос қалтырау ма еді? (Ш. Х.). «Күт, асыкпа, жақындасын, Өткізбейміз, дейді саспа!» *Сақадай сай жиырма лашын Не сөйлесін онан басқа (Д. Ә.).*

САҚАЛДЫ БАСЫМЕН **○** **САҚАЛЫ САПСИЫП** *Үлкен басымен, дал-дардай боп, үлкен басын кішірейтіп. Алып-қашты есек-өгірікші деген осындайдан шыға-*

ды-ау. Бала емес, сақалды бастарымен сонша үркітпесе несі кетеді екен? (М. Ә.). Асқаржан, ерініп жүрмін және сақалым сапсиып оқып отыруға ұялдым (С. М.).

САҚАЛДЫ ҚОЛДАН БЕРДІ *Үп-үлкен басымен ұятқа қалар, намыс келтірер, еседен қағылар іс еткенде айтылады. Әй, бәріміз сапсиып, бізге ақыл салар деп отырғанда, істі бітіріп қойыпты, не керек, сақалды қолдан бердік! (АТ).*

САҚАЛДЫ ҚУ [ҚҰЛ] ЖАРЫТПАС *Кекесін. Кәнігі кісінің жылпос әрекеті туралы айтылады. Сақалды құл жарытпас сенің иегіңе біткен бес тал қылшығыңнан кімге пайда бар? — деді Есенбек Күдеріге (М. И.).*

САҚАЛ СИПАП ҚАЛДЫ *Алданып, құр алақан отырып қалды. Әулие, әулие деп әукесі түсіп еді, әулиесі атын мініп кетіп, сақалын сипап қапты (АТ).*

САҚАЛЫН ЖҰЛДЫ *Күйіп-пісіп ашыланды; өзін жерлеі күйіп-пісті. Саған ақылдасқан мен де ақымақ деп, онан жаман сақалын жұлды (С. Т.).* Жақсылардың баласы, Жаман болса, жараңдар, *Сақалын жұлып жылайды, Әбден ыза болған соң (Д. Б.).* Жануар, жаз жайладым, күз жайладым, Сыртғына қызды ауылдың көп жайладым. Құлагер мерт болды деп естігенде, *Жұлдым да сақалымды ойбайладым (А. Қор.).*

САҚАЛЫН САТТЫ [БҰЛДАДЫ] *Қарттығын, жасы үлкендігін, сақалының ағын көлденең тартты. Бұлдайсың жөнсіз жерге сақалыңды, Сөйтіп-ақ жүре бермей жайларыңа (С. Т.).* Сақалын сатқан көріден, Еңбегін сатқан бала артық, Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық (Абай).

САҚАЛЫ ӨРТЕНДІ *Үлкен басы ұятқа қалды. Жолықпайды, беті күйіп, сақалы өртеніп отыр онсыз да, — деді (АТ).*

САҚАЛЫ ШЫҒЫП ЖАТ **БОЛДЫ** *Өсіп, ер жетіп, өзімен-өзі болу мағынасында. Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала Сақалы шығып жат болмай (М. Ә.).*

САҚИНАСЫ БАР *Ұстамалы бас ауруы бар. Сақинасы бар кісідей неге тырыса қалдың (АТ).*

САҚ ҚҰЛАҚ *Сыбысты есігіш, сезімтал сезгіш (ит). Қозының жамырағанын Байторының сақ құлағы бағана сезген. Жас баласы «ұйқысы қаңбай ерте кетіп, далада ұйқтап қалып жамыратты ма, не тайдан жығылып қалды ма» деп жатыр еді (М. Ә.).* Саптаяқ бұны қостап: ... «Соның жылқысында жүрген қандай сақ құлағы болса да, біз қиқу салып тиіп кеткенге шейін дабырымызды аңдамай қалатын бір сөт боп тұр». — деді (М. Ә.).

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ *Абайлап жүрген абзал деген мағынада.* «Бөжей өзі шоши ма? Не болмаса, сақтықта қорлық жоқ дей ме? Әйтеуір, кеше кешке бара жан күйер ағайынын шақырып, арызда-сып жатыр дегенді есітік» — депті (М. Ә.).

САҚЫ АУДЫ *диалект. Көңілі қалады; барғысы келді.* Сағынған соң сақым ауып саған келдім (Жамб., Шу).

САЛА ҚҰЛАШ *халықтық өлшем.* *Негізінен ұзындық өлшемі — құлаш созым, екі қол саласындай.* Өгіздерді санаса сексен екен, бәрі де атан түйедей, сала құлаш мүйізді, өңкиген жануарлар (С. М.). Қос құлағы құрақтай, Тұяғы құрыш болаттай, Сала құлаш мойыны, Жібек баулы қынаптай, Тістерінің бедері Тісеп қойған қайрақтай (Н. Б.).

САЛҒАН БЕТГЕН [ЖЕРДЕН] *Шу дегеннен, «а» дегеннен, бірден.* Оразбай Дайырдың хабарын естігенде, жың бұған бақсыдай бүлінді. *Салған жерден* ауызға алып, қиянаттап, айыптап сөйлегені жалғыз Абай болды (М. Ә.). Ақанның інісі Ақжан да алып денелі, бірақ қара торы, шағын сақалды судыраған кісі көрінеді. *Салған жерден* үйіріте, қазбалы амандасып, Аманды әңгімеге тартып барады (Ғ. Мұс.). Бұл тойға шақырумен келіп едің, Нешеуді менен бұрын жеңіп едің? Атымды *салған жерден* «Тәбия» деп, Сен өзің мені қайдан көріп едің (Айтыс).

САЛДАҚЫ ҚАР! *қарғыс.* Бұл екі сөздің әрқайсысы (салдақы, қар) «жезөкше» әйел мағынасында: бірақ ауызекі тілде сөздің салтына айналып кеткен, ұрыс-керісте талғаусыз қолдана береді. Қыз болмай қызыл итке мінгескір, салдақы қар, көрсетейін тойды, тойшысын көк шұнақтың (АТ).

САЛДЫРАП ҚАЛДЫ *Шаршап, талып, дәрменсіз болды.* Кешегі қатты жұмыстан кейін қолым салдырап қалты (АТ).

САЛДЫР САЛАҚ *Істі қалай болса, солай істей салатын берекесіз, ұқыпсыз.* Болмасын бай ұлындай салдыр салақ Жүр едім қайтеғін деп сені сабап. Сенсіз де доп ойынға бала жетер, Бүгіннен қалмай барып оқы сабақ (Б. М.).

САЛИҚАЛЫ ҚЫЗ БОЛДЫ *Ер жеткен, естияр, ой тоқтатқан қыз боп өсті.* Өспей кеткір сұм басым, Он төртіме келгенде, Салиқалы қыз болдым, Жібектей шашын талдаған (А. Аз.).

САЛҚЫН АМАНДАСТЫ *Селқос қана сәлемдесті.* Ол бұған әуелі анықтап қадала қарап таныды да, бірақ зорға ғана бас иіп салқын амандасып қалғандай тез бұрылып кеткенді (М. Ә.).

САЛҚЫН ҚАНДЫ *1. Қызбалығы жоқ, байсалды.* Өмір деген жазғы тұрғы жаңа бұл, Бүгін тұман, ертең болмақ ол жарық. Үмітті боп тез құтылып кетуге, шыдамды бол салқын қанмен қарсы алып (Ш. И.).

2. Нем кетті, селқос деген мағынада. Тағы бір қынжыларлық жай — әрбір шығарма туралы өз ойын орағытып, баспалап айтатын сыншылардың мақалалары салқын қанды, битарап сезіммен жазылады (Е. Ы.).

САЛҚЫН ҚАРАДЫ *Ренішті, жылы шырайсыз жүзбен назар салды; жақтырмады, немқұрайдылық көрсетті...* Соңғы сөзінің тұсында Жандос пен Карповқа салқындау қарап, қою қасты қабақтарын түйе түсіп сөз тастаған (М. Ә.). Жамандық жақсылыққа қарар салқын, Долығы тез басылып, қайтар қарқын. Ұлыққа қошаметшіл құл сықылды, Қатерге аяқ баспас, көрмей артын (Абай). — ...Атаананың көсібін қадірлемеу, өз мекенің колхозға көмектеспеу, колхоз тіршілігіне салқын қарау — қатты өкіндіретін іс екен, балалар, — деді Жақыпбек (М. И.).

САЛҚЫН ОЙЛЫ ҚЫЗУҚЫЗБАСЫЗ, *байыпты деген мағынада.* Арманның өлімі жөнінде өзі тәрбиелеген жастарға ұстаз ғана емес, апа, ана төрізді үлкен кең жүзді, бурыл шашты, салқын ойлы, сарғыш көзі бар мұғалима Мәдина соңғы сөзді, Әсияны түсіне отырып сөйледі (М. Ә.).

САЛҚЫН САЛДЫ *диалект. Кесірі тиді.* Үлкен қызы науқастанып жатыр екен, салқын салды ма қалай? (Қ. орда, Арал).

САЛҚЫН СӨЙЛЕДІ *Реніш сызын айтты деген мағынада.* Ол (Әсия) әуелі үнсіз күйде Айсұлуды құшып қысып отырды да, ақырын бой жиып, салқын сөйледі (М. Ә.).

САЛҚЫН ТАРТТЫ *Суынды, көңілі қалды, көңілі қабарды.* Айнығыш ер тартса салқын, Вал сұрасаң береді у. Қазымырлап сөздің артын... Қасиетпен бетті жу (Абай). Шолпанға қиял құсы кетті заулап, Құйылды көмекейден өлең саулап, Серігі жас дәуреннің ыстық үміт Жүрегін салқын тартқан алды баурап (С. О.).

САЛҚЫНЫ ТИДІ *діни. Кесірі жұқты, бір нәрсенің назары түсті, шалығы тиді.* Барлық перілер оның басына жайылып, кітапқа қарасын: «Адамзаттың салқыны тиген екен», — депті де, бұғып жатқан уәзірді тауып алып, патшасына алып барады (ҚЕ).

САЛҚЫ ТӨСТІ *Омырауы алға шығыңқы.* Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы, жотасы болса күшті. Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай).

САЛМАҒЫ БАТТЫ [ТҮСТІ] *Ауырлық қылды, зияны тиді.* Жер мен көкке өзге түр кіргізген, Бар дүниеге бағып салмағы, Жанды-жансыз затқа бас игізген, Жауыз күздің жалғыз зардабы (Б. К.). Ертең жесірінен айрылып, барымтаға түсетін болса, салмақ маған түседі (С. М.). Ерінбей сөйле, қызыл тіл, Ешкімге түспес

салмағың, Қолымдағы домбырам Өзімнің әбзел сайманым (М. Сұл.).

САЛМАҚ АРТТЫ [САЛДЫ, ТАСТАДЫ] *Біреуге я сеніммен міндет жүктегенде, я бір істің мойынмен көтерер ауырлығын аудара тастағанда айтылады.* Банудың талабы міне, осындай қиыншылықтан туып отыр. Елизавета Сергеевна бұл жайында сіз не айтасыз? — деп Жақыпбек өзі шеше алмай төжірибелі мұғалімге салмақ артты (М. И.). «Шеттен келген біреу маған ақыл үйретіп, салмақ сала ма» деген оңай, ойсыз, ұшқары, сыртқы мінезге мінді (М. Ә.).— Ең әуелі мақсат еткенім, сенің не дейтініңді білу! Айт, не айтсаң мынауыңа! — деп тағы да салмақ тастап Есентай тоқтап қалды. Абай іркілген жоқ (М. Ә.).

САЛМАҚТЫ КӨТЕРДІ *Ауыртпалыққа, қиыншылыққа төтеп берді.* Елге келген салмақты Жақсы жүрер көтеріп, Табытын қағып шай ішіп, Тентек жүрер жөтеліп (М. Сұл.).

САЛПАҢ ҚҰЛАҚ 1. *Тыңшы, «жансыз».* Сен өз ішімізді де байқа. Мүмкін өз адамдарымыздың ішінде салпаң құлақ болып жүрмесін (Ә. Ш.). **2.** *Түк білмес, ештеңемен ісі жоқ жуас.* Болбыраған бір салпаң құлақ екен байғұс (АТ).

САЛПЫ ЕТЕК *Салақ әйел.* «Қайным, ондай салпы етекті қайтесің (Ә. Н.). Қырықтан асқанша қыз таңдап, аяғында бір салпы етекке кездесейін деп жүрмісің (Ғ. М.).

САЛПЫЛ ҚАҚТЫ *Салпақтап күн кешті. Салпыл қақты, түн қатты, «Мал-мал!» деді, мал тапты, Байыған сайын күтім жоқ, Бейлі кетті, ант атты (Абай).*

САЛ-САЛ БОЛДЫ *Буыны құрып, бойы босады.* Мұбада болса ол бір кез, Тамаша қылса иузмә-иуз, Кетіп қуат, йумылып көз, Бойың сал-сал бола ниге? (Абай).

САЛ САМАЛ *Бұл жерде ақын «Жас теректің жапырағы жамырайды соқса жел» дегендей мағынада әдемі, жанға жайлы самалмен астасқан сезімі туралы айтып отыр.* Қаласың кірсең бір жасап, Тұра алмас бақтар сыр бүгіп. Сал самал әнін шырқаса-ақ Шыға бір келер дүрлігіп (Т. Айб.).

САЛТАНАТ ҚҰРДЫ *Жарастықты сән түзеді.* Некерлерін ертіп, салтанат құрып серуенге шықса, қапелімде зауқы соқпай қалып, жары жолдан кейін қайтады екен (Т. А.).

САЛТ АТТЫ [БАСТЫ], САБАУ ҚАМШЫЛЫ 1. *Жалғыз басты (кісі). Салт атты сабау қамшылы* бір балаға Күнікейді беріп жіберу жөн емес (ҚЕ). Ия, қиын екені рас, бірақ қазір жағдай солай. Бәрімізге де оңай емес қой, жолдас Шөжебаев,— деді генерал.— Әрине, кімге оңай болсын. Бірақ біздер әйтеуір салт басты, сабау қамшы дегендей..., деп Көжек аз мүдіріп

қалды (Т. А.). **2.** *Малы жоқ, жарлы-жақыбай.* Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыс бере білу — мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді (Абай).

САЛ ТОРЫ *Кербез, сұлу торы ат деген мағынада.* Сылантып сал торыны мінген қандай? Сай құлдап, жарды күтіп жүрген қандай? Бір сайға торышаны байлап тастап, Артына ақбоз үйдің келген қандай? (І. Ж.).

САЛТЫНА ТҮСТІ *Кемеліне кеп, бағырлық салтын жасады.* Қобыландының тілегін бүкіл Қыпшақ тіледі. Қайыры көп халқына, Енді түсіп салтына, Таулар күйіп, тас жанған Алты жаста баланың Елбеңдеген зарпынан (ҚБ).

САЛЫ СУҒА КЕТТІ *Еңсесі түсті, мойнына су құйылды, түңілді.* Бар махаббатын түнде жылап тауысқандай Күмістен де күдер үзген, әкеге де қарсы сөз айтар дәрмені жоқ, қазіргі тұрысы қажырсыз, салы суға кеткен адамның кейпі еді (І. Е.). Күйеу-құдалар да, Айшаның туған-туысқан, әке-шешесі де, барлық жақындары да салдары суға кеткендей болып тұрды (С. С.). Салы суға кетіп, Жанрозин жолдас тағы да ауыл советке жол тартты (С. Төл.).

САМАЙЫНА АҚ КІРДІ [ТҮСТІ] © САМАЙЫН АҚ [ҚЫРАУ, ВОЗ ҚЫРАУ] *ШАЛДЫ Кәрілік белгі берді; ауыр бейнет табын түсірді.* Абайдың қазір самайына ақ кіре түскен... Соған қадала, ойлана қарап отырып, Павловтың сұрағаны: «Қалай, Ибрагим Құнанбаевші? Қазір тірлік қалай, көңіл қалай?» — деген (М. Ә.).

САМАЛАДАЙ БОЛЫП КӨРІНДІ [ЖАРҚЫРАДЫ] *Анық көрінді.* (Көбіне түнгі мезгілдегі жарыққа байланысты айтылады). Таулардың ай сәулесі түсіп тұрған беттері жарқырап, самаладай болып анық көрінеді (М. Ә.). Сонау-сонау белестегі қырман басында қараңдаған адамдар таң сәулесімен оның көзіне самаладай болып көрінді (М. И.). Жалдың орта тұсында самаладай жарқырап биік өскен жуан-жуан ақ қайындар қарағайдай түзу (Ғ. М.).

САМАЛАДАЙ ЖАРЫҚ *Сүттей жарық.* Міне, енді электрлі шахта, ертегілерде айтылатын, іші самаладай жарық кең алтын сарай сияқты... (С. М.). Айнала үлкен терезелері бар, самаладай жарық ресторанның зырлап қалып жатқан дала көрінісі бұрынғыдан да әсем (С. Ш.).

САМАЛЫ ОҢАЛДЫ [ОҢЫНАН ТҰРДЫ] *Жолы жақсарды, түзелді, жолы оңғарылды.* Кетпесін деп бап өліп, Аруақтар тұрды қозғалып. Жатқаны жалғыз болмаса, Самалы қалды оңалып (АБ). Алла тағала жар болып, Оңынан тұрсын самалың (АБ).

САМАРҚАУ ТАРТТЫ *Көңілсіздік басты. Самарқау тартыл отыр, ешнәрсеге зауқы жоқ (АТ).*

САМ ЖАМЫРАДЫ *Ымырт түсіп, жарық қаша, бығырай тарады. Жазыла есінен жапан қыр, Маужырап сұлап, балбырап, Даладан, таудан көшті нұр, Салбырап, сам жамырап (І. Ж.). Күннің куәсі боп қалмау үшін, Күн батып, сам жамырап, сәуле сөнді (І. Ж.).*

САМПЫЛДАП ҚОЯ БЕРДІ *Дауыстап сөйлеп кеп кетті. Жолаушылар Рудныйдың автостанциясына жетіп автобустан түсіп жатқанда, қуатты репродуктор сампылдап қоя берді. Кеншілер қаласы тына қалды (Ә. И.).*

САМСАҒАН САРЫ [САН] ҚОЛ *Иін тірескен топ, қалың әскер. Сонда өзгеміз неше рет іркіліп, жүрексініп қалғанда, самсаған сары қолға, айнымастан түйғынша түйіліп, үш кіріп, үш шықты дейді (М. Ә.). Қамар әкесінің: Ойбай, кісі! Қарағым, Қамар! — деген асығып шыққан жан даусын естіп төбесіне мұзды су құя салғандай, атып тұра келсе, бейбақ, бишара не көзімен көрсін: көз алды самсаған сары қол (С. Т.). Сан қолдан озып келген көк тұлпарды, Көрген соң Шынтемір хан сасады енді (ҚЕ).*

САНАҚҚА ӨТТІ \odot САНҒА ІЛІНДІ *Есепте жүрді, есепке қосылды. Жарасар ер кемде-кем, Егес болса қабатқа, Әншейінде әркім-ақ Өтіп жүрер санаққа. Баяны жоқ дүние-ай, Бітсейші дәулет талапқа (М. Сұл.). Жазуға кезек келді өнерлі ерге Жасарып, санға іліндік көнергенде. Тартыпбай, жастай жайнап, жадырай бер, Жасқанып, көңілім сіре, төмендеме! (ІТТ).*

САНАҚҚА САЛМАДЫ *диал. Есепке алып, ескермеді. Бұрын оның не дегенін санаққа салмаушы едік (Шығ. Қаз., Болыш).*

САНАМЕН САРҒАЙДЫ *Қайғылы ой азабына түсті. Төлегенді сағынып, Санаменен сарғайып, Қайғыменен қан жұтып, Іше алмадым асымды (ҚЖ).*

САНАНЫҢ КӨЗІ АШЫЛДЫ *Түсініспайымге кеңейді, ақыл-зердесі оялды. Әлемге толса көкірек, Ашылар көзі санының, Құлақ салсаң, жақсылар, Азырақ сөзді жазамын (М. Сұл.).*

САНҒА [САНАТҚА] АЛМАДЫ [ҚОСЫЛМАДЫ] *Ескермеді, есепке кірмеді. «Таңданбақтан біреулер, Санға алмады» дегенің — Оқымаған надандар. Ғылымның пұлын білсін бе? Пікір етіп шамалап (Айттыс). Бұрынғы кезде шеткері Қалып санға қосылмай, Жүрген қазақ елі едім. Мені де сен тенеңің (Жамбыл).*

САНДА БАР ДА, САНАТТА ЖОҚ *Есепте болғанымен еске алынбайды деген мағынада. Бір жолы Ырысалды оңай түсер олжа бар ма екен деп жүргенде, көзіне «Қазақстан» мал оғарының сатушысы*

түсе кетті. Сол сол-ақ екен, осы санда бар да санатта жоқ екеудің еңбек ақысы әр айда Ырысалдының қалтасына келіп құйыла берді (КТ).

САНДАЛМАМЕН КҮН КЕШТІ *Ақын бұл жерде өмірінің сергелдең, күйкі тіршілікпен зая болғанын айтып отыр. Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйқтат, бақ сөзіме! (Абай).*

САН ТИМЕСКЕ САН ТИДІ *Атақ, дәреже, құрметке ие болу мағынасында айтылады. Сан тимеске сан тиді, таба-таба нан тиді (Мақал).*

САНЫН СОҚТЫ [ҰРДЫ] *Қатты өкінді; алданып, опық жеді. Қынжылды, көп ойланды Бектас тұрып, «Қап...» деді басын шайқап, санын ұрып. Дерт болды-ау Әмірханға жазылмайтын, Қайратын қажытады-ау, оймен құрып (И. В.). Қара іздерін қардағы Қалған қоян жымы деп, Қарғабайдың алданып, Санын соққан күні көп (С. Мәу.). Судыр Ахмет сыртқа шығып, жұлдызға қарап, санын бір-ақ соқты: — Алда құдай-ай! Таң атып қапты-ау (Ә. Н.).*

САҢЛАУЫ БОЛСА *Сана сезімі, түйсігі болса. Еркек болсын, әйел болсын, саңлауы болмаса құр адам сиқы болғанмен, әркімге бір жем болар («Айқап»).*

САҢЫРАУ ҚАЙҒЫ *Естен кетпес, емі жоқ уайым (АС). (Ақын бұл жерде өзін іштей жеген жан қасіреті туралы айтып отыр). Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген, Еркелік пен достықты ауру көрген. Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты Күнде көріп, тұла бойы жиіркенген (Абай).*

САП АЛТЫН *Таза алтын; бір кесек тұтас алтын. («Сап» — араб тілінде таза, мөлдір, айқын деген мағынада).*

САПАР ШЕКТІ [ҚЫЛДЫ, САЛДЫ]
 1. *Жолға шықты; ел аралады. Көк ала шатыр нарменен, Мың ханшалар, пұлменен, Он піркәшік, құлменен, Сапар қылсаң бір жерге (Ш. К.). Өбікен Қоңыратқа сапар шегеді. Ең әуелі Қарағандыдан шығып Балқашқа келеді (С. Төл.). Вильгельм, өңіне қарашы, менімше бұл осы қалпында ұзақ сапар шеге алмайды (Қ. И.).*
 2. *Бұл жерде көңіл ауаныңды басқа жаққа бұр деген мағынада. Молда-еке, ізде өзіңнің қатарыңды, Сала бер басқа жаққа сапарыңды. Байы өлген әйел болса, сізге лайық, Көрген қыз қайтіп тиісін сақалыңды? Қыз алар қымбат баға пұлын болса, Түзетіп киер едің шапаныңды (М. В.).*

САПАРЫН ОҢДАДЫ *көне. Жолы болды, талабы оңғарылды. Шын тілеуім, шөберем, Сапарыңды оңдасын, Ғайып ерен қырық шілтен Әулие жар боп қолдасын! Танып апсын, қарағым, Өмірлік бөртең, жолдасың (Д. В.).*

САП БАСЫЛДЫ [БОЛДЫ, ТҮЙЫЛДЫ] *Тез тыйылды, қоя қойды, таусылды.* Залда жұрттың дабырласқан үндері *сап тыйылды* да, шам атаулы бірте-бірте сөне берді (ЛЖ). Өлгі бір жүрек түкпірін қыжылдатып ала сапыран күйге түсірген өкініш те *сап басылғандай* (ЛЖ). Көбікті таққа отырып, сыртқа қол сілтеп: — Өшір қоңырау үндерін! — деді. Қоңырау *сап болды* (М. Ө.). Онда да таң алдында теңіз жақтан салқын самал соғып, сыңсыған масалар *сап болды* (Ө. Н.). Сыртта сылдырлаған тарантас пен дүрсілдеген ат аяғының дыбысы *сап болып* қалды (ЛЖ). Балаға бір жолбарыс тап болыпты, Сүт сыймай емшегіне қап болыпты. Исініп емізген соң ол баланы, Сарқылып сүттің бәрі *сап болыпты* (Т. І.).

САП ЕТЕ ҚАЛДЫ [ТҮСТІ] *Ойға түсе кетті; кенеттен тап болды.* Тұйғынбек ойланып отыр... Түтіктің іші салқындау болғандықтан будың бір бөлегі суға айнамай ма деген ой технолоғқа *сап ете қалды* (ЛЖ). Басыма бір ой *сап ете түсті*. Мен ауылдан Түркстанға бет алып шығардың азғана алдында біздің елдің шегін басып, қастарында бір әйел бар, қару-жарақты он екі орыс, беті «Балқаш» болып өгіп кетті деп еді (С. С.). Зейнелдің тұрған аулына найзағай оғындай суық хабар *сап ете қалды* (ЛЖ). — Түү, шайтан, шоштыттың ғой! Кәрі жыннан жаңа ғана құтылып едім. Бала жың қайдан *сап ете қалдың!* деді Әлжан Таймасқа (Ғ. Мұс.).

САП КҮМІС *Бір өңкей таза күміс.* Көлбай-жанбай дегенге, асыл сүйек, Бір төңірден мен жүрмін тілек тілеп, Форымын шідерімнің сұрасаңыз, *Сап күмістен балағы, алтын тиек* (Б. Қож.).

САП ҚЫЛДЫ *Бітірді, түгесті, тауысты.* Мен ерте тұрып, кеш жатып, баулауын да үлгірте орган соң, дестеге жуық бидайды екі күнде *сап қылдым* (Ғ. О.).

САП СОҚҚАНДАЙ *Әбден жүдеді деген мағынада.* Қамаудағы жұрт *сап соққандай жүдеді* (С. С.).

САП ТҮЗЕДІ *Шеп жасап, қатар құрды.* Ағыбай мен Наурызбай Жыңғылды шатқалдың ішінде тығылып жатты да, күн батып қараңғылана бастаған кезде *сап түзеді* (І. Е.).

САПТЫ АЯҚТАН АС ҚҰЙЫП, САБЫНАН ҚАРАУЫЛ ҚАРАДЫ *Тым секешіл, жоқ жерден жау іздеді.* (Сұмдығы-қулығы бар іс-әрекет, мінез туралы да айтылады). *Сапты аяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын* болсаң, мен билік айтпаймын (М. Ө.). — ... *Сапты аяққа маған ас құяды* да, *сабынан олар қарауыл қарайды*. Ералин отыртып кетті ғой! Мөрді қолыма бергенмен, маңайымды Аманның адамдарымен қоршап қойды... — дейді Жақып Ермекбайға (Ғ. Мұс.).

САРАЙЫ [ШКІ САРАЙЫ] **САУ** *Асқазаны, ас ішуі жақсы.* ...Бәрінің де асың-

ды ішем... Шөженің көмейіне тас тығылып қала қоймас енді бұл бес-он күнде... Сол *сарайым сау* болса, жаңағы үн бергеніңді тегіс мұрныңнан тізіп тұрып, бір күн түстік, бір күн қонақ асы жеймін... — деді Шөже жырау (М. Ө.). — Ойбай, бәлімау, осына бір келіннен-ақ өлер болдым, мені ылғи кептіреді де жүреді. Ойбай, бәлімау-ай, *сарайым сау*, қарағым, тек бәлімау, бәлімау, — деді Олжай Сәулеге (Ө. Ө.).

САРАЛАП АЙТТЫ *Жік-жіктен, айқындап айтып берді.* *Саралап айтқан* нұсқа сөз, Құлақ салып тыңда көп. Жақсыларға болсам кез, Айтушы ем сөзді иба боп (М. Сұл.).

САРАПҚА САЛДЫ [ТҮСТІ] *Жұрт талқысына алынды, таразыға тартылды.* Жақып бай әкесінің өлімі үстінде біреулерге қосылып, біреулерді жамандасып, *сарапқа салып* отыруды лайықсыз көрді (М. Ө.). Нұрбүбі екеуін де баса түсіп: «Табыстарыңды *сарапқа салмай-ақ* қойыңдар. Алматыға Айсұлу барса, әкесідей дос-жар ағасы Жәкең өзі де не істерді біледі...» — деді (М. Ө.). Ағыл, ғылым, бақыт — үшеуі бір-бірінен артықшылығын салыстырып таласып *сарапқа түсілті* (ҚЕ).

САРА ТІЛДІ *Екі жара, тік кесіп түсті.* Жендеттер әзірейілдің саусағындай, Еш-бірі мізер емес бейлі жібіп, Аластап қараша үйді ұшықтатып, Сонымен киіздерді *сара тіліп* (І. Ж.).

САРА ТІЛІК *Уақ малдың құлағына салынатын айқын, түзу тілік ен.* («Сара жол», «сара басылық» дегендегі «сара» осы сөзбен (сара тілік) төркіндес. Қазақ тілінде ен таңбаның тағы да мынадай түрлері бар: ойық ен, тілік ен).

САРБАЛАҚТАНЫП ШІСТІ *Түп жақ жапырағы енді-енді сарғайып келе жатқан егін туралы айтылады.* Анау-мынау бәкене жылқы жіберсе, арқа жоны көрінбей сүңгіп кететін егін *сарбалақтанып* пісе бастады (Ө. Қал.).

САР [САРЫ] ДАЛА [ЖАЗЫҚ, ЖАПАҢ] **○** **МИДАЙ ДАЛА** *Ұшы-қиырсыз, теп-тегіс дала.* Абай: *Сар дала* сарылған ел, Арман — алыс, өмір — шақ, Сенсең жалғыз өтерім бел. Барарым сен, етпе жат! Етпесін ойла! Жау айла! Абайла! (М. Ө.). Көсілген *сар жазықта* сағым самғап, жол берді Әмірханға қойнын ашып. Соқпаққа соқыр сорпа түсіп алып, Жіберді жетек атқа қамшы басып (И. В.). Сандалды *сар далада* су таба алмай, Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай (Абай).

САР [САУ] ЖЕЛДІ **○** **САР ЖЕЛІСКЕ САЛДЫ** *Бірқалыппен көсіле шапты, желе жортты.* Талдырып, талмаусытып, тамылжытып, Орғытып, орағытып, баса өрлетіп, Самғатып, сақылдатып, *сар желгізіп* Ұрытып, өршелентіп, бәсеңдетіп (І. Ж.). Ұдай-ұдай сәлем де ақ Мәниге, Сағынғанда зор болдым бір көруге; Екі ортада Сары бел, сары жон бар, Өттең, ат шыдамайды, *сар желуге* (С. Т.). Кәлен бейне

айдалада ат үстінде сар желіп бара жатып ән салғандай, өзінің асқақ зор дауысымен шырқай жөнелді (Ә. Н.).

САР ЖЕЛІС *Аттың бірқалыппен кесіле шабуы.* Күрең төбелдің сар желісі еді. Омыраудан соққан салқын жел күреңнің белін көтеріп, желігін арттыра түсті (М. Ә.). Сергек жезмойын сезе қалды, құлағын қайшылап, ауыздығын қаршылдата шайнап ала жөнелді, сар желіске салды (С. Тал.).

САР [САРЫ] ЖОЛ *Қашық, ұзақ жол; талтаурын болған жол.* «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені — бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз (Абай).

САРҚЫРАМАНЫҢ [ЖАЛТЫРАМАНЫҢ] АР ЖАҒЫНДА, СЫЛДЫРАМАНЫҢ БЕР ЖАҒЫНДА МАҢЫРАМАНЫ ҰЛЫМА ЖЕП ЖАТЫР *Судың ол жақ бетінде, қамыстың бер жақ бетінде қойды қасқыр жеп жатыр.*

САРСАҢ КЕСЕК *Әбигер-әуре, азап шегу.* Сонау он алтыншы жылы айдалып кеткеннен бері сарсаң кесек боп, оның көрмегені жоқ еді (Ж. Тәш.).

САРСАҢ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] ○ САРСАҢ БОЛДЫ ○ ӘУРЕ-САРСАҢҒА ТҮСТІ *Әуреге салды, тентіретіп қойды.* Тілі күйгір кім еді мұндай қылған, Сарсаң қылған кім еді жоғалтайын (ҚКБС). От басында Қозыкем өзі сұм-ды, Шоқ төректі барды да мекен қылды. Мұндай сарсаң егерін білер болсам, Баяғыда-ақ қырмас па едім мұндар құлды (ҚКБС). Сарсаң болды Қозыке үйден кетіп, Он екі айлық, қырық күншілік жерге жетіп (ҚКБС). Баяғы орнына келсе Мұңлық жоқ екен. Қайда екенін біле алмай Зарлықтың жоқтап жылағаны: Көзден аққан қанды жас, Сарсаң болды ғазиз бас (МЗ). Өзіме өзім қатты айтайыншы. Мен желіктім. Сөйтіп бір жел сөзге еліктім. Содан бері сарсаңға түскен жайым бар (ЛЖ).

САРСЫЛЫП ОТЫРДЫ *Қиналып, сарылып ұзақ отырды.* Сарықасқа елінің қыздары Шораяқтың Омарына балдыздық әдетпен «жезде» деп ойнап, оған жұмбақ айтқызыған өздері оны шеше алмай, сарсылып көп отырды (Айтғыс).

САРША ТАМЫЗ *Жаз ортасында келетін жыл мезгілі, жазғы шілде.* (Ақын бұл жерде адам өмірінің сарша тамыз — от боп жанар жас шағын айтып отыр). Жаздың алды — жас өмірім солады. Сарша тамыз — от жүрегім тоңады. Көкірегімді кернеп кейде шыдатпай, Бірдеме деп сөйлегендей соғады (Б. К.).

САРЫ АЛА ЕТЕК САРПЫЛТАҢ *Бұл жерде күнделікті күйбің тіршілік ыңғайымен сарытап болды деген мағынада.* Дала қызы табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? Кең дала, көк дала... сары дала... сағым. Төрт түлік

мал... соғым. Қысы-жазы киіз үй. Ұзақ түндей өзгерісі жоқ өмір. Сары ала етек сарпылтаңға көндігіп кеткен қазақ әйелі (Ғ. М.).

САРЫ АЛТЫНДАЙ [МАЙДАЙ] САҚТАДЫ *Мейлінше қадір тұтып, қастерлей кутті.* Қанды көйлек жолдасты Сары алтындай сақтадым (ШС).

САРЫ ТӨСЕК [АУРУ] *Ұзақ төсек тартып ауырды деген мағынада.* Нұрбүбі мен Айсұлу екеуінің де қайғысы кейде құпия, тереңдеп ішке түсіп кеткен ұзақ сары ауру зәр ішкендей аяусыз қатал қасірет болғанды (М. Ә.). Айнала анталаған қайын, абысын көзі де бар. Қайғылы, қара қабақ жігіт отыр. Қос қанаты қайрылған, сары аурудан тұрғандай, салбырап, жүдеген Көрімбала бар... Екеуі де үнсіз, бейшара бопты... (М. Ә.). Сар төсек боп, жайдақ жердегі құрым шоқытқа желімделіп жапсырғандай боп жатқан Байторы өзінің ауруын бір қарғайды (М. Ә.).

САРЫ АУЫЗ [ЕЗУ] *Өте жас, жетілмеген, бесік табы белінен кетпеген.*

САРЫ АЯЗ *Ұзаққа созылған қатты суық, шытырман райлы күн.* ... Жау тылы. Ноябрьдың сықырлаған сары аязы да аяқты аттаған сайын сықыр-сықыр етіп, сені жау қолына өзім ұстап берем деп тұрғандай (КТ).

САРЫ БЕЛ *Кең, ұзақ-сонар созылған жон.* Сары белден сарғайып таң атады (Қән.). Елде жақсы болмаса, Өртеніп кеткен қаумен тең; Жақсы ағаң болса, Алдында сары белмен тең (Д. Б.).

САРЫ ЖАМБАС БОЛДЫ ○ САЛ БӨКСЕ БОЛДЫ *Ешқайда шықпай, ұзақ жатып алды.* Биыл қыс үйден шықпай сары жамбас боп жатып алғанына таңданды (Ә. Н.).

САРЫ [ҚҰБА] ЖОН *Ұзын-ұрға дөңес, қырқа жал.* Екеуін жүріп барып кейін тастап, Сары жон соққан тауып тастақ, Түйіле түйіп қабақ ұмтылысты, Тастауға жолбарыстай жұлқып-жасқап (РД).

САРЫ ЖҰРТ *Ескі, көне қоныс орны; қалың ел мекен-жайы.* Айналайын Қазықұрт, Төңірегің сары жұрт (АӘ). Саудайы-ай сауды алмадың-ау сырқауды алып, Бір пәлеге жолықтың шырқау барып, Ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың ба ірге аударып? (Абай).

САРЫ ЖҰРТ БОЛДЫ ○ САРЫ ЖҰРТ ҚЫЛЫП ТАСТАДЫ *Жер-суды тоздырды, шаңын шығарды; шөбі таусылып, тақырланды, ескірді.* Төкежанның ауыл сырты тозған, сары жұрт болса да, бай ауыл қарашаның қатты суық қара желіне жонын төсеп, күзекті тақырлап жеп бітіргенше көшпей тырысып отыр (М. Ә.). Дала құаң; шөп құрап, сидаң тартқан, ел табаны аумап ұзағырақ отырып қалған жайлау, бұл шақта сары жұрт боп, шаңдағы

шығып жатыр (Ә. Н.). Жайлауына мақтанба, Жазыла көшер жерің жоқ, Жетірудың арасы, Күзеуіңе мақтанба, Адай, Таз көшіп қайтқанда, *Сары жұрт қылып тастаған Қояндының даласы* (М. М.).

САРЫ ЖІЛІК *Сарыгидір орта жастағы кісі*. Гүл ұсынып, құшақтасып, сүйісіп жүргендердің ішінде ірі қызметкердің *сары жілік*, жуан қарын бәйбішесі де бар (К. Т.).

САРЫКІДІР [САРЫ ҚАРЫН] ӘЙЕЛ *Орта жасқа келген кексе әйел*. Мен болсам жер ортасынан астым, қатын да *сарыгидір* болды (С. М.). *Сарыгидір* Бірысжан денелі, қара етті, *сары қарын* болған қоңыр әйел. Мол тұлғасына қарағанда, басына секірсең де мыңқ етпейтін сияқты (Ғ. Мұс.). Әңгіме тыңдап отырғанға ұқсамайды. Қолдарында аяғы, топатайы бар. Үлкендердің үстіне басып енуден именетін жас та емес, *сары қарын әйелдер* (Ғ. Мұс.).

САРЫ ҚАРЫН БАЛА **○** **САР [-Ы] МОЙЫН БАЛА** *Шиттей жас бала*. Мал сенің өзіңе... кесер келлеңе керек. Қала берді, ана үпірлі-шүпірлі *сары қарын балаларыңа* керек (Ә. Н.). *Сар мойын балаларың* шапқылап жүр ме? (АТ).

САРЫЛА КҮТТІ *Ұзақ тосты*. Нешеме күндер мен түндер *сарыла күтіп* басымда отырған, минут санап бері қарауымды күткен сестра қуанып кетті (Ж. Ж.).

САРЫП ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Сарқа жұмсады*. Мұндағы оқуды бітіріпсің. Шешең болса жесір болғалы, сендерді асырап өсірем дегелі көп жыл, жас өмірін, бар өмірін *сарып етті*,— деді Әсел (М. Ә.).— Мен сіз айтқандардың бәріне де түсінемін. Мен бұл жолға барымды саламын. Керек болса өмірімді *сарып етуге* де өзірмін,— деді Жақыпбек Елизавета Сергеевнаға (М. И.). Бұл сөзге ерегесіп ашынған соң, Аяғы өтіріктің шын болмай ма. Теректің бір мың сомын *сарып қылсам*, Бір жерің Манат сұлу дым болмай ма (Айтыс). Эне шын ниетімен орын тауып, бір алланың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп, малдарыңды, өмірлеріңді *сарып қылдыңдар*» (Абай).

САРЫ СҮРГІН, ҚУ ҚЫРҒЫН *Аласапыран кез, талау-таргыс, айдауға түскен шақ; елдің берекесі кеткен кез*.

САРЫ ТАБАН *Еңбек, бейнетке құрыштай шыныққан*. Шамның қызғылт жарығы *сары табан* байырғы жұмыскердің аяғын тез басуына қарай теңселіп, сонымен бірге қарттықтың да хабарын бере кібіртік қағып келеді (Ғ. М.).

САРЫ ТАБАН ҚАР *Із түсіп тапталған, ысқаяқ жылтыр тартқан қар*. Жеңіл шана *сары табан қарды* төс темірімен сыр-сыр тіліп, ағызып келеді (Ә. Н.).

САРЫ ТАП БОЛДЫ *Ысылды, қатып-семді*. Ақ сары ат дом болып, ішін тартқан, *Сары тап боп* жақсы жараған (М. Ә.).

САРЫ ТОҚЫМ [СІРІ ТАҚЫМ] ҰРЫ *Тіс қаққан кәнігі ұры*. Ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, *сары тоқым ұры* болған — ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын (М. Ә.).

САРЫ ТОРА ШАҚ *Тоқтасқан кез*. Кейін отыз бен қырықтың аралығына ілігіп, еркек ықыласына ынтызар болған *сары тора шағында* құдайдан сен ондай әйелдердің жүрегіне шоқ түспегей деп тіле (Ә. Н.).

САРЫ ТІС *Көпті көрген жер орталы жасқа келген адам мағынасында*. Елін енді ұрлыққа баулыған *сары тіс* би қыыннан бірдемені қисындырғандай сағалын сипап қораздана түсті (Ғ. Мұс.).

САРЫ ТІС САҚА АЙҒЫР *Әккі, кексе жылқы*. Тек мама биелер мен *сары тіс сақа айғырлар* күн райы бұзылғанын басқа жылқылардан бұрын сезді (Ә. Н.).

САРЫ УАЙЫМ *Тұңғыық қайғы-қасірет*. Дейтұғын құлағымда қылдың күйі, Күрсініп кеуде керіп жиі-жиі, Ер жастық, сыз босаға, *сары уайым*. Ендеше маған түннің тартқан сыйы (Ж. С.). Разия бұл төңкеріліп, теңселіп бара жатқан тұрмысқа қынжыла қарап: «Япыр-ау!» Не болып барады!— деп, *сары уайыммен* сарылатын болды (ҚЕ). *Сары уайымға* салынба! (АТ).

САРЫ ІЗІНЕ ШӨП САЛДЫ *Жамандық істеді, көзіне шөп салды*. Осы кісіге не қылдым, *сары ізіме шөп салып* қыр соңымнан қалмайтындай (АТ).

САСЫҚ БАЙ *К ө н е*. *Ішін-жеуді ғана билетін, сараң, мал құмар бай адам*. (Еңбекшілерді сүліктей сарған байларды шіріген бай, мыңғырған бай, шонжар бай, үлкен бай, қордалы бай, ордалы бай, т. б. түрге бөліп те атаған). Өңкей *сасық байларың* сен мақтаған Қолдарынан түк келмей жүр өмірде (Жамбыл).

САСЫҚ ҚУЛЫҚ *Жатып атар, алдамшы қылық, жымысқы мінез*. Ала аяқ Елеместің бас пайдасына жарарлық *сасық қулығы* бар. Онысы қулық емес, сұмдық (ҚӘ).

САСЫҚ ОЙ [НИЕТ] *Арам пиғыл, пікір*. Е, ел жақсысын көре алмас *сасық ойлы* біреу шығар (АТ).

САСЫҚ СӨЗ *Бықсық әңгіме*. *Соның көңірсізген сасық сөзін* кім тыңдар дейсің? (АТ).

САСЫП ҚАЛДЫ *Ыңғайсызданды; абыржып, берекесізденіп қалды*. Тосыннан төре жарлық қылғаннан соң, Бұл Шерің жауап таппай *сасып қалды*. Хан мақтап бөрекелді дегеннен соң, Бұл Шерің тағы да өсіп тасып қалды (Ш. Ж.).

САТҚАҚ ҰРҒАНДАЙ БОЛДЫ *Қатты ұрынып, жүдеп қалды.* Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат қазір *сатқақ ұрғандай* арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты (М. Ә.).

САУАБЫН АЛДЫ *к ө н е.* *Жақсылық, қайырымдылық көрсетіп, алғысына бөленді деген мағынада.* («Сауап» — араб сөзі, дұрыс деген мағынада. Бұл тіркестің о баста жақсылық жасасаң о дүниеде қайырымды қайтады-мыс деген діни ұғымы болған. Осыдан келіп «сауап тіледі», «сауап болды», «сауапқа батты», «сауабына қалды», «сауап жасады» сияқты тіркестер пайда болған. Қазіргі қазақ тілінде бұл тіркестердің діни мағынасы ұмытылып барады). Сол айдаһарды өлтіріп, жас балапандардың *сауабын алғын* дейді хан (ҚЕ). Атаңның ақ ниетті құрметі үшін, Ықласпен дейтін шығар *сауап алам.* Болмаса, бір диуана кімге дәрі? Асасын эзәілдік тұтқан адам... (Айтыс). Таң атып, ел тұратын уақыт болды. Дио жыңға сыбырлады: — Жасты жасқа қосып, *сауабын алдың* (МБТ). Сенен мал дәме ететін кісі жоқ. Шалабай ұшығын сездірсек болмайды. Ал маған асқан дәулет — осы баланың *сауабына қалу* (Ғ. С.).

САУАЛ СҰРАДЫ *Тергеді, сұрау қойды.* (Бұл жерде діни ұғымда айтылып тұр). Махшар күні болғанда, *Сауал сұрай* келгенде, Жауап таппай тұрғанда, Тар лахатқа кірген соң (Д. В.).

САУАР КӨБЕЙСІН *тілек.* *Сауын үстінде айтылады: сүт мол болсын деген мағынада.*

САУАТ АШТЫ *Хат таныды.* Бәрі де ықылас қойып тындап отыр. Ішінде *сауатын ашқан* біреуі жоқ, сонда да кітаптың әрбір сөзін қалт жібермейді (І. О.).

САУАТЫ АШЫЛДЫ *Танымы, білімі, түсінігі кеңіді.* Шаршап келген шығар. Мазасын неге алдың? — деді Бәтима ері Ақанға. — Абай сөзі шаршағанға — қуат, сауатсызға — сауат емес пе? — деді Ақан. — Абайды оқумен *сауатың ашылса*, ашылатын болып еді ғой, — деді Бәтима (Ғ. Мұс.).

САУ БАСЫНАН ДАУ КЕТПЕДІ *к ө н е.* *Жазықсыз кісінің жанжал-шатаққа душар болуы туралы айтылады.* Су шықпас қазғанменен тау басынан Қазақтың *дау кетпейді сау басынан.* Жолдасы сыр айтқан жау боп шықса, Ер жігіт жаңылды тәубасынан... (А. Қор.).

САУ БАСЫНА САҚИНА ТІЛЕДІ **©** **САУ БАСЫН САУДАҒА САЛДЫ** *Өзіне-өзі істеді, ауру, азап сұрап алды; өзін-өзі дауға іліктірді, әлек тілеп алды.* Жиын ішіндегі тілді-ауызды шешендер Алтай аулының адамдарымен сөйлесіп, арылып шықты. Олардың жауабы: «Біз Жақсылықтың бұл жұмысын білмейміз. Мынау елдің береке бірлігінің үстінде *сау басымызға сақина тілейік* деген ниетіміз жоқ»

(М. Ә.). Бодан *сау басына сақина тілеп* алып, енді содан құтылатын жол іздеуде (Б. С.). *Сау басыңды саудаға салып* не бар, қырмандағы жұмыс сен болмасаң иесіз қалар ма еді, — деді Тасболат тілімен шаншып (З. Қ.).

САУ БОЛ *тілек қос тасу.* *Аман-есен жүр.* Ал айналайын, *сау бол!* Жамандық көрме (АТ).

САУҒА САЛДЫ *Бәйгеден олжа алып берді.* Дегендей: шешен — дауға, батыр — жауға, Жүйрікті — бәйгеге, — деп бағалауда. «Дүлдүлі Көкшегаудың келді», десті Топ жарған, талай елге *салған сауға* (І. Ж.).

САУҒА СҰРАДЫ *к ө н е.* 1. *Өз басына азаттық сұрады.* Батыр ашу шақырды, Шық үйден деп сұм шалға, Айбаттанып ақырды. Ақырғанға шыдамай Баймағамбет сасады. *Сауға сұрап* басына Жалынып есік ашады (О. Ш.). Ақ сордан сүртілмеген жақтан ылай, Қаны бар шекесінен аққан жылай: Жылқышы *сауға сұрап* «бабасының» Алдына домалады аттан құлай (Х. Ер.). 2. *Олжа сұрады.* Өзіне біткен дүниесін *сауға сұрап* жинаған (АӘ).

САУДАҒА САЛДЫ *Сөз қылды, әңгіме етті.* (Бұл жерде ұнамсыз мағынада). Қарлыға Біршімбайға: *Саудаға* мені *салғанша* Кескілескен жауыңа Сауғаға берсең болмас па? Қай сорлылығың қор еткен? (М. Ә.). Қосқанда өз қолыңмен екі жасты, *Саудаға салмайтын* ең бүйтіп басты. Зынданға салғаныңмен шығып Бишан, Тал түсте етпеңді ме аяқ асты! — дейді Пәрен Апрасияңа (Т. І.).

САУДАЙЫ АДАМ *Есерсоқ.* («Саудайы» — парсы тілінде жыңды деген мағынада).

САУДАҒЫЗ ҚҰШАТ [ҚҰЛАТ] БОЛСЫН **©** **САУДАҒЫЗ ЖАНСЫН!** *тілек.* *Пайдаңыз шаш етектен болсын деген мағынада.*

САУДАСЫ БІТТІ [ШЕШІЛДІ] *Ісі бітті, тағдыры шешілді; жайын тапты.* Қайсысына апарса да, енді біріміздің *саудамыз біткені* ғой десіп отырып, жолдастар әңгімені қойып отырған еді, — деді (С. С.). Неменеге бос сөзді сөйлей бересің, мұның *саудасы* алдақашан *бітті емес пе?* (АТ) Хакимаға бірдеңе болғанын анадай жерде жүрген атасы да аңғарып, аяғын жеделдете басып келді де, жыланды салып, оның *саудасын* біржола *бітірген* соң басып, немересіне бұрылды (М. Й.).

САУДЫРАҒАН ЖЕЗ *Ақын бұл жерде бағасыз сөзді жезге балап айтып отыр.* Самародный сары алтын, Саудасыз берсен, алмайды, *Саудыраған жезіне* (Абай).

САУ ЕТТІ *Бірден, тұтқиылдан үстіне келе (түсе) қалды.* Он тоғызыншы жылдың аяқ шенінде бір топ қызыл әскер біздің ауылға *сау ете* қалды. Ақ түйенің қарны жарылды. Көктен тілегеніміз жерден табы-

лып, жарылқап қалдық (С. О.). 1961 жыл болатын, мен Ақтоғай деген жерде мал төлдетіп жатқамын. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» дегендей совхоз басшылары сау ете қалды (ЛЖ). Мақамбет қатты састы. Қос атпен кейін қалған ағайындарына кісі шаптырды. Бастығы Мекеш болып, сайдың тасындай отыз жігіт сау ете түсті (Ғ. Мұс.).

САУҚЫМ САЛДЫ Қатты дуылдасып, әңгіме құрды. Подносқа бөтелкемен арақ толды, Бір-екі жақсы рюмке дайын болды. Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып, Алысты пияланы оңды-солды (Абай).

САУ СИЫРДЫҢ БОҒЫ [ЖАПАСЫ] ЕМЕС к е к е с і н. Бір бәлесі, сұмдығы бар, тегін адам емес деген мағынада. Бәрі де сау сиырдың, боғы емес, ...үшеуі де бірдей. Бәрінің де ұрлығы бірдей (Ғ. М.).

САУ ТАМТЫҒЫ ЖОҚ **САУ ТАМТЫҒЫ ҚАЛМАДЫ** *Алба-жұлбасы, дал-далы шыққан; бүтін жері қалмаған, бытшыт болып қираған.* Үстіндегі киімінің сау тамтығы жоқ, жалба-жұлба он екі жасар тазша баладан хан қатты жиіркеніпті (ҚЕ). Ағраби дауыс шыққан жаққа қарай келсе, өне бойы қан болып, бүтін денесінде сау тамтығы жоқ Мархуманы көреді (ҚӨ). Алдыңғы күні осы деревняны алғанда, ана бір үйге, анау қисайып тұр ғой, — деп, Бондаренко төбесіндегі тақтайы құрап, оңып кеткен төрт терезелі кішкене үйді нұсқады. — Он шақты гранат лақтырдық. Үйдің сау тамтығы қалмады... — деді Кусковқа (Т. А.).

САУ ШЫҚТЫ *Бұл жерде жаладан аман қалды деген мағынада.* Сұлтан Сиық деп келгенде, Ел ішінде ел дегенім Қарсы өзіме жау шықты Жылқыдан кете сау шықты (Ш. Ж.).

САУЫҒЫ КЕТТІ *Қызығы, той-думаны басына көшті.* Бозбалаға сауық ем, Сауығым кетіп, күл сөнді. Жұрттан асқан, көсемді, Алмай ма құдай шешенді (Ш. Қ.).

САУЫҚ ҚҰРДЫ **САУЫҚ-САЙРАН ҚҰРДЫ** [САЛДЫ] *Қызықты думан жасады, көңіл көтерді.* ... Көңілденіп, жайраңдады, әр түрлі сауық құрып, сайрандады (Н. А.). Бірақ енді дәл Абайдың өзі болмаса, Асылбек пен Ерболдар жөне, әсіресе, Қуандық, Қарашаштар да басқа ермек іздей бастаған. Олар: «Отауға барайық!» Азырақ сауық құрып, көңіл сергітейік» дескен (М. Ә.). Арғынның алты табын алты ай кезіп, Салғаным сауық-сайран тарлан шүйіп, Сұлудың жұрт мақтаған бәрін көрдім, Кейі аласа келеді, кейі биік (Ш. Ж.).

САУЫН АЙТТЫ *Ас, той хабарын таратты.* Атаусыз атақты адам қалу ұят, Үлкен қып, ас бер деген сөзге көнді. Қонған соң, жүз үй тігіп, Марқа көлге, Қалдырмай сауын айтты маңдағы елге (С. Т.). Мал семіз, халық шат, Аман шығып сол қыстан, Келесі жаз болғанда, Көп дәулетке көңіл мас... Күзінде өлген Жарылғас

Осы байдың асына Сауын айтты халыққа Бермек болды жиын-ас (Н. Б.). Ас өзiрлiгi ойдағыдай жүріп жатыр. Бес болыс Керей-Уаққа түгел сауын айтылды (Ғ. М.).

САУЫН АЛДЫ **САУЫН САУДЫ** *Біреудің сауын малын уақытша алды* (Бұрынғы уақытта кедей, әлсіз шаруа күйлі кісіден уақытша сүтін пайдалануға келісіммен сауын мал алатын болған). Ердің күйін сұрама, Жұрттан сауын сауған соң. Малдың күйін сұрама, Қонысынан ауған соң (АӘ).

САУЫРДАН СИПАДЫ *Жайбарақат, жанына бағырмай-ақ шығарып салды.* Отыратын болсаң мөлшерлі жер беріп, кететін болсаң, «жол болсын» деп, сауырдан сипап қоя беретін шығар («Айқап»).

САУЫРЫНА ҚАҚ ТҰРАДЫ *Сауыры кең; жотасы келісті жылқы туралы айтылады.* Атымның қақ тұрады сауырына, Қос тепкі салып келем бауырына. Қолынан шай құйдырып ішейік деп, Келеміз Айтпай сұлу ауылына (Б. Қож.).

САУЫРЫН АЛҒЫЗДЫ *Бет қайтарар, жасқантар тәк-тәк көрді; теперіш, соққы көрді.* Құтырар бұл Борсақ, Қарсақ, сауырын алғызайын деген екен, бір шайнап тастамаса болмас тегі осыны, бөлемді (М. Ә.).

САУЫРЫНА ҚАМШЫ ТИДІ *Ақын бұл жерде өмір, тұрмыс қысымшылығын айтып отыр.* Мен ақ сұңқардан туған құмаймын, Бір сұңқарға жұбаймын. Сауырыма қамшы тигенде, Шаппай неғып шыдаймын (М. Ә.).

САУЫРЫНАН БАСЫП ЖҮРІП ТАҢДАДЫ [ТАҢДАП АЛДЫ] *Ең жарамды, маңдай алдысын талғап, іріктеп алды деген мағынада.* ... Осы шөлдегі үш ауданның ішінен ең жақсы деген қызын сауырынан басып жүріп, таңдап тұрып алмайсың ба, — деді Әсел Сағитқа (М. Ә.).

САУЫСҚАНДАЙ САҚТЫҒЫ, ЖҰМЫРТҚАДАЙ АҚТЫҒЫ *Халық жырларына тән теңеу: өте сезімтал, сергек, және сұлу деген ұғымда.* Сауысқандай сақтығы, Жұмыртқадай ақтығы, Желбіреген желегі, Жаңа түсіп келеді. Сегізінен бір дара, Ақылы асқан ол — дана, Кіші келінім — Кенжекей О да болсын сенікі (ҚЕ).

САЯ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Пана, арка сүйер болды; ығын, беделін пана тұтты.* Қайдан сая болды? Біңқылдап, күрсілдеп мазаны алып бітті тіпті (С. Ш.).

САЯБЫР ТАПТЫ *Тынышты, тынышталды.* Композитор жас қазақ, Қиялы талпай саябыр. «Бейбіт көктем» деп атап, Жазыпты енін жаңа бір (М. Әл.). Іштегі ауыр жараның аузын ашсаң жаның саябыр тауып, көңілден күрмеу, бойдан сырқау кетеді (Ш. Х.).

САЯҚ ЖҮРДІ *Жұртқа қосылмай бөлек, жеке-дара жүрді.* Саяқ жүрсең, таяқ жерсің (Мақал). Сөйледі Әзім-дағы аян-

бай-ақ, Мен ғаріп бейшарамын жүрген саяқ (Абай).

САЯСЫ ЖОҚ ДАРАҚҚА БҮЛБҮЛ ҚОНБАЙДЫ *Пайдасы, панасы, ығы жоқ жанға ешкім үйір болмайды деген мағынада.* Қызығы бұ дүниенің тіршілікпен, Саясы жоқ дараққа бұлбұл қонбас (МЗ).

САЯ ТАПТЫ *Жан рақатын көрді; жаны жай тапты.* Саясыз жайлаудың жан-жануары көлге тығылып қана сая табады (Ғ. М.). Сары ала сорпа, сары қымызды ас қылған мал иелері де таза ауада бой жазып жан рақаты сая тапқандай (М. Е.).

САЯТ КЕШТІ *Дәурен сүрді, өмір сүрді.* Ер Мамайдың алдында, Саят кештім өкінбен («Шайыр...»).

САЯТ [САЯТТЫҚ] ҚҰРДЫ *Құспен аң аулады, құс ілдірді.* Құс салып, саяттық құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар... жеке-жеке-ақ ғылыми-этнографиялық толайым еңбектерге пара-пар (Қ. Сәт.).

САЯТТАН ҚАШТЫ *Аң аулаудан құсы қашты.* (Бұл жерде ақын қолынан бақыт құсы кетуді айтып отыр. Бұл фраза кейде шабыт, ақындық өнердің тоқырауына да балама болады). Тұғырым тұл, тұйғын қашты саяттан. Өзегімде секілді бір от жатқан (Мақ.).

СӘЖДЕГЕ БАС ҰРДЫ [БАСЫ ТИДІ, БАСЫН САЛДЫ, БАСЫН ҚОЙДЫ] **СӘЖДЕГЕ ЖАТТЫ** **СӘЖДЕ ҚЫЛДЫ** **ДІНИ.** *Құлшылық етті; намазға кірісті.* Құбылаға қарай бас қойып, Мынажат айтып аллаға, Сәждеге басын салады (БЖ). Көрілер сәждеге басын қойды; кемпірлер мойныға бұршақ салды (Х. Е.). Аталықтай ақсақал сәждеге жатып зарланды (Д. В.).

СӘЛДЕСІНЕ ШОҚ ТҮСКЕН **МОЛДАДАЙ** *Арамза қулығы әшкере болған кісидей. Сәлдесіне шоқ түскен молдадай шоршып түскені несі? (АТ).*

СӘЛЕМ БЕРДІ *Амандасты, саулық сұрасты. Сәлем бердік, жарандар! — деді (С. Бақ.).*

СӘЛЕМДЕМЕ [СӘЛЕМ-САУҚЫТ] БЕРДІ [ЖІБЕРДІ] *Көңіл ықыласы, белгісі ретінде сыйға әр түрлі зат-бұйым жіберді.* — Онда оған берейін, — деп, — сәлемдеме, Кейқысырау қазынаға кірді келе. Арттырып алтын, тауһар, үш жүз нарға, Өзі де Рүстеммен шығып ере (Т. І.).

СӘЛЕМДІ ӨЛІК АЛМАДЫ *Берген сәлемді ілтипат етпеді.*

СӘЛЕМІ ТҮЗУ *Ниеті дұрыс, көңіл ілтипаты жақсы.* Атамқұл сол жолы көп уақытын бөліп, ерлі-зайыпты малшыларды табыстырып кеткен. Содан бері Әлімқожаның сәлемі түзу (ҚӨ).

СӘН ҚҰРДЫ [ТҮЗЕДІ] *Салтанат қылды.* Кегеді екен жас Бекей, Құсбегілік сән құрып (С. В.).

СӘНІ БОЛМАДЫ [КЕТТІ] *Қызығы, жайы, қасиеті болмады; берекесі қалмады.* Көк алалы көп жылқы, Оның да сәні болмайды, Шамырқанған тал түсте Шалқып жатқан көлден соң (Б. Ө.). Адырадыр, адыр тау, Адыра қалар елден соң. Елдің сәні болмайды, Қолайлы қоныс жерден соң (Б. Ө.). Жаздың сәні кетер ме, Тауда гүлдер солмаса? Ағаш сұлу көрінбес, Сыртында қабық болмаса (М. Сұл.). Ағайынның аразы Елдің сәнін кетіреді, Абысынның аразы Ауыл сәнін кетіреді (Б. Қ.). Бұқар деген көріңіз Соғыссаң кетер сәніңіз, Бізден бұрын өтіпті Өзіреті Әліңіз (Б. Қ.).

СӘНІНЕ КЕЛІЕ АЛМАДЫ *Қалпына орала алмады; тұрмысы, өмірі орныға алмады.* Керуенім кетті мәріге, Мәріден кетті өріге, Қамқорым менің кеткен соң, Артында қалған қос жетім Келе алмай жүр сәніне (А. Аз.).

СӘТ САҒАТ *Қолайлы келген шақ; оңтайлы кез.* Сәт сағаты жеткенде, Көсем жарлық еткенде, Жаудың тілі байланар (АЖ).

СӘТ [-ТІ] САПАР! *тілек. Жолың болсын деген мағынада.* Темірбекке: — Сәт сапар! — деп Лиза қол ұсынды (Т. Ж.). — Көпір дайын, Сәтті сапар! Бөгелме, тез жүгіңді апар! — Деді жігіт жолын беріп, Ойы Еділге жөнелді еріп (Ө. С.).

СӘТІ ТҮСТІ *Реті келді, орайы келді.* Жәмиляны әне аламын, міне аламын деп жүргенде, сәті түспей-ақ қойды (Қ. Қуан.). Бір қайықта Сұлтан, Қалтылдақ шал, Назар. — Сәті түсіп, осы шамадан жоспарды бір көтеріп тастасам, — деп арман етеді Сұлтан (Т. А.).

СӘУЕГЕЙЛІК ЕТТІ [ЖАСАДЫ, ҚҰРДЫ, ҚЫЛДЫ] *«Әулиелік» етті; білгірсіді.* Шынынды айтшы, дәл осы жолғы жорамалым да теріс пе? — деді Байсал Бануға. — Бұл жолы сәуегейлік еттің — деді Бану. Мұндай майданнан алыста туған, оңай сәуегейлік жасайтын өлеңдер ешкімге де пайда бермейтін еді (Ө. Т.). Тегі, олар «Мәліктің шаруасы бітті, ертең комиссияның қорытындысымен орнынан алады» деп сәуегейлік құрып отырғанын, кітақтаған пішінінен-ақ сезеді Нұрлан! (З. Ш.). Сендер әнеугүні Балқыбекке трактор жүрмейді деп те сәуегейлік қылғансыңдар (М. Ө.).

СӘУІР БОЛМАЙ, ТӘУІР БОЛМАЙДЫ *Көктем шықпай жан-жануар көкке тойынбайды деген мағынада.* (Апрель айын сәуір, көкек деп те атайды. Осы тәрізді ай аттарының мынадай баламасы бар: қаңтар — январь, ақпан — февраль, наурыз — март, көкек — апрель, мамыр — май, маусым — июнь, шілде — июль, тамыз — август, қыр күйек — сентябрь, қазан — октябрь, желтоқсан — декабрь. Осы ай аттарына қатысты ескі дағдыдан қалған мынадай тұрақты тіркестер бар: ақпан-тоқпан (қаңтар) соқты; қаңтарда

қыз ұзатпайды; наурыздама қылды (берді); мамырға жығылды (құстар жұмыртқа сала бастады); қырық күн шілде; шілде түсті; шілде шықты; күйекке түсті; қазан болды (ұрды) т. б. Ал жыл құсының жылы жақтан қайтқан соңғы күндерін немесе күз айындағы жылы жаққа ұшып бара жатқан кезін құс к...і деп атайды).

СЕГІЗ БЕЙІШ [ЖҰМАҚ, ҰЖМАҚ, ҰШПАҚ] діни. «*Күнәсіз жандар о дүниеде мекен ететін жай, онда барғандар хор қыздарын, аруларын сүйеді-міс*. Көз сипатын қарасаң *Сегіз бейіш* ішінде Хорлардың жаққан шырағы (ҚЖ). Жолшора өзің атың, әкең Қамай, Параны бұрап жеңің елден талай. Алдында *сегіз жұмақ, отыз тозақ*, Барарың қайсысына екі талай (ШС).

СЕГІЗ КЕССЕ, СІРКЕДЕЙ ҚАН ШЫҚПАЙДЫ *Безеріп қалған, жібін-імейтін қатыгез кісі туралы айтылады. Сегіз кессе, сіркедей қан шықпайтын* топас әкенің сорақы қылығына ішім күйеді: «Асықпай тұра тұр, Тоқсанбай, қыбыңды бір табармыз»,— деп сырттан кіжінемін (С. О.).

СЕГІЗ ҚИЫР ШАРТАРАП *Күллі әлем. Сегіз қиыр шартарап* Төрт құбыланды түгел қып, Төрінде жатып салмақтан (Б. Қ.). Сегізінші тілек тілеңіз! *Сегіз қиыр шартарап*, Жер тұлданып тұрмасқа (Б. Қ.).

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР [СЕКСЕН] СЫРЛЫ *Өнері мол, байсалды жақсы адам. Сегіз қырлы, бір сырлы* Ер жігітке айналдым (Д. Ә.). Уа, сол елде Жомарт деген жігіт болыпты... Той-думанның сәні, әнші-күйші, серілігі және бар. *Сегіз қырлы, бір сырлы* деген сияқты марқасқа, бағлан жігіт болса керек,— дейді Дәукен (Т. А.). Жатық сөз жақсы мінез, жайдары ашық, Жағымды, жан жадыратқан қайран ғашық. *Сегіз қыр, сексен сырмен* шыраға тартсаң, Түсіне алмас айтқанына кейбір жасық (А. Қор.). Ал «*сегіз қырлы, бір сырлы*» өнерпаздың орны мен тағлымы, әрине өзгеше. Біз Кенен Әзірбаевтың жыршылық репертуары, айтқыштығы туралы сөз қозғаймыз (Р. Б.).

СЕЗІК [СЕКЕМ] АЛДЫ [ПАЙДА] БОЛДЫ, ТУҒЫЗДЫ *Күдіктенді; хауіптенді, күмәнданды*. Скориковтың көңілі ешқандай *сезік алған* жоқ, ұялшақ бала мінезі болар деп ойлады (Ә. Н.). Әлденеден *сезік алып*, алда тұрған айқасқа әзірленгендей ителгі де жүнін жығып, екі қанатын салбыратып жымып келеді (С. В.). Бірге кеткен үш кісінің көңілдері қаяу, қабақтары кірбің тартып, бір *сезік пайда болды* (ҚЕ). Ушаков Рязановтың хатын сыдырып бір оқып шыққанда, үлкен *сезік туғызғандай* ешнәрсені аңдамап еді (Ғ. М.). Төрт банды үндемей тұрып барып, аттардың ар жағына шығып, азғана кездесе қалды. Бекбол ол жерден де Сәтбек көзінің бағып тұрғанын сезіп, *секем алдырмас* үшін қыбыр етпеді (М. Ә.). Арын-

ғазы бұған да міз бақпағанын Саша *секем алып*, оның алдына еңкейіп еді, мұрны ғана пысылдайды (З. Қ.).

СЕЛ [СЕЛ-СЕЛ] БОЛДЫ *Жан терге түсті; қара суға түсіп терледі*. Шырағым, белден шойырылып қап ем, құм бұлауға түсіп, *сел-сел бол* терлеп, әжептәуір бері қарадым (АТ).

СЕЛДЕЙ [СЕНДЕЙ] ҚАПТАДЫ *Жапыра жөнелді*. Ат тұяғының дүбірлі әлгіден де гөрі үдеп, қаһарлы қол *селдей қаптап*, етекке құлады (Ә. Н.).

СЕЛК [СЕЛТ] ЕТТІ *Шошып қалды; түршікті*. Танақөз де жиіркеншек-ақ болатын. Поселкеге ене бергенде, май тұмсықтың бірі қорс етіп еді, ол *селк етті* (Ғ. Мұс.). Әсем әннің әуенінен еліккен мен аузымды ашып отыра беріппін. Жұмат келіп «Елубай, енді сенің кезеңің» дегенде шошып оянғандай *селк ете* түстім (Е. Ә.). Шалынды, бір күн құлаққа, Гүрс еткен мылтық дауысы. *Селт ете қалды* кең далам, Селк ете қалды тау іші (Жамбыл). Райқан *селт етеді*, тітіркенеді. Көзін жұмып, бойы сіресіп, қыңыр қайратпен құшырланып қалғандай болады (М. Ә.). «Мұқаттым» — деп, «қара жерге отырттым» — деп қара борандатып, Оразбай, Жиреншелер кеткеннен де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай, *селт етіп* шіміріккен жоқ (М. Ә.).

СЕЛТЕК [СЕЛТЕН] ҚАҚТЫ *Ұшып қонды; кісіміп жортақы мінез көрсетті*. Бай сөйледі, Бір бейілді Елде жақсы қалмады. Елдегі еркек, Босқа *селтек Қағып* елін қармады (Абай). Байға *селтең қақтыңдар*, Шыдады әзер қу жаным. Ал, Кәдірбай құлақ сал! Жамбыл сөзін тыңдап қал (Жамбыл).

СЕЛТ ЕТПЕДІ *Ешбір белгі білімбеді, міз бақпады, селк етпеді*. Ой, сабаз-ай, қанша айтсаң да бір *селт етпейді*, мелшиіп отыра береді. (АТ). Сіз түзде қан жұтып жүргенде, мен үйде май жұтып отырдым ба? Бәріне түсінем, бірақ қолымнан не келеді?! Құдай ақы, сіз кеткелі көңілім бір *селт етті* ме екен,— деді Шолпан (Ғ. Мұс.).

СЕМІЗ СӨЗ *Асқынған сөз*, Бай аузында *семіз сөз* (Мақал).

СЕНГЕН ҚОЙЫМ СЕН БОЛСАҢ [СЕН БЕ ЕДІН] *Үміт етіп сенген адамы ойлаған жерінен шықпай, көңілі қалғанда айтылады*. — *Сенген қойым сен болсаң*, күйсегенің құрысын! Ақмоладан оқып келгенде, одан «қосшы болыс» атағанда жылпос Жақыпқа бір ауыз сөз айта алмадың,— деді Тәуке Әлжанға (Ғ. Мұс.).— Елді бұлдіріп, жарға жығайын деп пе едің? — *Сенген қойым сен бе едің?* Ел деп не қыласыз сіз? Еліңіз кім екені танылды ғой (М. Ә.).

СЕНЕН АЯҒАНЫМДЫ ИТ ЖЕСІН *Саған бермегенім өзіме де бұйырмасын*,

аясам арам болсын деген мағынада. Келінжан, сенен аяғанды ит жесін, шыныменен жоқ боп тұр ғой (АТ).

СЕНЕН КЕЛГЕН КЕРДІ КӨРЕРМІН Қоқайыңды, қиянат, күшіңді кезінде көріп алармын деген мағынада. — Ә, залым! Сазайыңды берейін... Сенен келген керді кейін көрермін (Ә. Н.).

СЕН ТҰР, МЕН АТАЙЫННЫҢ ӨЗИ Бұл жерде келсең кел, әзір жауап кісі деген мағынада. Біздің Сәттігүл сен тұр, мен атайынның ақыны емес. Бірақ ойлап шығарса, сөз бедерін текшелей біледі екен, — депті Қашаған ақын (ҚӘ).

СЕНІ КІМНІҢ СҰСЫ БАСЫП ОТЫР? Неліктен берекең кегіп отыр, неге абыр-жисың деген мағынада. (Мұндағы «сұсы» деген «сұсты», «пысы» түрінде де айтыла береді).

СЕНІҢ ТАБАНЫҢА КІРГЕН ШӨГІР [ШӨҢГЕ, ТІКЕН] МЕНІҢ МАҢДАЙЫМА ҚАДАЛСЫН [КІРСІН] Сен тартар тауқымет азапты мен-ақ көтерейін деген мағынада. Сенің табаныңа кірген шөгір біздің маңдайымызға қадалсын деген еріміз сен емеспісің (М. Ә.).

СЕН СОҚҚАН БАЛЫҚТАЙ БОЛДЫ [СЕНДЕЛДІ] Есеңгіреп, сандалып қалды; әлсіреп дымы бітті; не істерін білмеді. Сең соққан балықтай сенделген ояз қасындағыларға ақылдасып еді (С. М.). Халықтың жауы — би, болыс, Пайдасына сатылған, Бас сақтайтын пана жоқ, Параға берер қара жоқ, Құтылатын жөн таппай. Тарығып бір күн шатылған. Сең соққан балық секілді, Мең-зең болды байтақ ел, Болыс, биден ақырған (Н. Б.).

СЕРКЕСІНЕН АЙРЫЛДЫ Ардақтысынан, бастаушы азаматынан айрылды. Айттып-айтпай немене? Исатайды өлтіріп, Серкесінен айрылып, Сергелдең болған біздің ел! (М. Ә.).

СЕРПІНІ СЕГІЗ БОЛДЫ **ҚАҚЫРҒАНЫ ҚАЙЫМ АЛТЫН, ТҮКІРГЕНІ ТҮЙМЕ АЛТЫН БОЛДЫ** диал. *Беделі артты, айтқаны болды, дәуірі жүрді. Серпіні сегіз болып, үкімі жүрген адам. Бұрын бізде серпіні сегіз болғандар бірнеше болатын* (Сем., Үр.).

СЕРТ [УАҒДА, УӘДЕ] БАЙЛАСТЫ [БЕРДІ, ЕТТІ] **УӘДЕ ҰСТАДЫ** Айнымасқа сөз байласты; келісім-ант жасасты. Әке-шеше, аға-туыстары Мағрипаның жіпсіз тұсалғандай болғанына қысылатын болса керек... Ал Мағышқа осы жазда үміт беріп серт байласып кетпесең, ұзақ қинауға салған боларсың,... — деді Дәрмен (М. Ә.). Ет берсем сен мендік бол деп берем деп, Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп. Кім көп берсе, мен соған серт берем деп (Абай). Алла хақы деген соң амал да жоқ, Барайын деп уәде етіп қол қағысты (Абай). Барайын биыл қашып қысқа дедің, Бекітіп бір уәде ұста дедің (Айтты), Хан қалай бөледі, соған бәріміз де риза

болалық деп уағда етісті (ҚЕ). Берем деп уағда қылмайды. Сонда да қауымды қоймайды (Д. Б.).

СЕРТ [УӘДЕ] БҰЗЫЛДЫ **СЕРТТЕН [УӘДЕДЕН, УАҒДАДАН] ТАЙДЫ [ТАНДЫ, ШЫҚТЫ, ЖЫЛЫСТЫ]** **УАҒДАСЫНДА [УӘДЕСІНДЕ] ТҰРМАДЫ** **УӘДЕНІ АТТАДЫ** *Келісімде тұрмады, сөзден айныды, өз сөзін аяқ асты қылды.* Сен аттың жөнсіз оқ, Тәңірі — қазы, Тас таразы, Тентекті сұрамас деп қалма, серт бұзғанның Біл, Орны — шоқ (Абай). Деген соң, біз қартайдық, біз қартайдық. Белгісі қартайғанның серттен тайдық (Б. Қож.). Хан қызын беремін деген уәдесінде тұрмады (ЕТ). Қыз уәдесінен танып кетсе, тірі масқара болдық (С. М.) *Уағдадан жылысты, Буыршындай тістесті, Жамандықты іздесті, Бірін бірі күндесті* (Б. Қ.). Мырза деген Ибраһим Ат берем деп, бермеді, *Уағдасында тұрмады* (С. Д.).

СЕРТКЕ [УӘДЕГЕ] ЖЕТТІ **УӘДЕГЕ ТОҚТАСТЫ** **УӘДЕДЕН [УАҒДАДАН] ЖЫЛЖЫМАДЫ [ШЫҚТЫ]** **УӘДЕДЕ ТҰРДЫ** *Келісімде тұрды, сөзін бұзбады.* Сол күндегі жандардан Қодар епті. Уағыда қылған сертіне анық жетті (ҚКБС). Салдырап аяқ-қол, жетпей сертке Ішім дертке тез толды (Абай). Сәуле бір мінезді, сайқал емес алдауыш. Серттен қайтпас тура сөзді, жылан емес арбауыш (С. С.). *Уәдеге бір айтылған тоқсасылық, Қунап достарымыз бір қуансын* (А. Қор.). Шыға алмай талпынамын төрде тұрып, Бііктен миуа алыстың ойда тұрып. *Уәдеден күйсе жаны жылжымасын, Анықтап кейін қалмай жолда тұрып* (А. Қор.). Ол айтқан уәдесінен шығу түгіл, Әкімнің ең соңында еңбегін жеп (Т. І.).

СЕРУЕН ҚҰРДЫ [САЛДЫ] *Сайрандады, қыдырды.* Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық бәріміз, Бейсенбіде биге ұласты әніміз (М. Әл.). Алматының қарағай, қайыңға бөленген көшесінде, таудан тасырлап аққан бал бұлақтарының бойында серуен салып көп жүрдің сен, достым (С. Мәу.).

СЕС АЛДЫ *Хауіптенді, сезіктенді; кек байлады.* Құшбегі өзінің ағат сөйлеп қалғанын бірден аңғарды. Тек сұлтандар сес алып кетпесін деп бұрынғысынан да бетер күлімсірей түсті (І. Е.).

СЕС БЕРДІ *Белгі жасады.* Кузьменко «болмайды» дегендей бас шайқап, аяғымен сес берді (Қ. Т.).

СЕС КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Қоқан-лоқы жасады, доқ қылды.* — Шығамын, нар тәуекел, тағы барам, Жықсам — алам, жықпасам тағы қалам! Болмастан өкіректеп ол тұрғанда, *Сесімді көрсетейін* мен де бәлем (І. Ж.). Үйреніп қалған ескілік Үйінен шыға қашпайды, Айқасып, үрей, сес қылып, Созғылап біраз тастайды (Ғ. Қ.).

СЕСПЕЙ ҚАТТЫ *Тұяқ серіптеді, бірден өліп кетті.* Күшік жүгіріп барып, бір түйенің аяғын тістейін дегенде, түйе мұны дәлдеп тұрып, басқа теуіп қалыпты, күшік сол арада *сеспей қатыпты* (ҚЕ). Қасқыр қарды астынан кеуліп келіп, басын жаңа қылтита бергенде, Сыздық күректің қырымен қара тұмсықтан періп жіберді. Қасқыр табанда *сеспей қатты* (Ғ. Мұс.).

СЕСІ ҚАЙТТЫ **○** **СЕСІН ҚАЙЫРДЫ** *Айбат-домбығын, арынын басты, мысын құртты.* Ханның *сесін қайырып*, Елдің жаудан айырып, Алмадың қалай кегінді? (Жамбыл).

СИҚЫ КЕТТІ *Берекесі ұшты, Не қыласың құр мақтап, Өңкей ақымақ есекті.* Елдің *сиқын кетірген* Кесіп қып өтірік-өсекті (Жамбыл). *Сиқы кетіп* сұрланып, Қансыз қатып қалды өң. Туған жерде тыныстап, Көзімді аштым, алып дем (С. Мәу.).

СИҚЫН АЛДЫ *Берекесін кетірді.* Мынау қара суық жұрттың *сиқын алып* бітті (АТ).

СИПАЙ ҚАМШЫЛАДЫ *Сөзді жанға батырмай айтты, ептеп қана емеурін білдірді.* Қарт *сипай қамшылай* отырып, көп әңгіме айтып тастады (АТ).

СИПАЙ САЛДЫ *Немжұрайды, келеркеттісіз айтты.* — Қайдан білейін, — деп, Жәуке сөзінің аяғын *сипай салды* (С. О.).

СИРАҒЫ ШЫҚҚАН КЕДЕЙ *көне. Маңдайында түгі жоқ, тап-тақыр жарлы.* Шегінен *сирағы шыққан кедей*, өжет, тектері де бар. Атақты-атақты батырлары да, шешен ділмарлары да болған (Ғ. С.).

СИБЫРДАЙ МҮЙІЗДЕСТІ *Өзара қырылысты, тұртпектесті.* *Мүйіздескен сиырдай* Вайласақ бас жіп жетер ме? Еңбегің еш, тұзы сор, Қайратың селге кетер ме? (Д. Б.).

СИБЫРДЫҢ БҮЙРЕГІНДЕЙ БЫТЫРАДЫ *Бет-бетіне, жан-жаққа тарап кетті; басы қосылмады, берекесі кетті.* Жүр, анда! *Сыырдың бүйрегіндей бытырауға* айналған екенбіз, тек арты қайырлы болсын! (С. М.).

СИБЫРДЫҢ ЖАПАСЫ *Сыырдың нәжисі.* (Сыырдың көпкен жапасын «тезек» дейді; қойдың, ешкінің, түйенің нәжисін «құмалақ» дейді, жылқының кеуіп үйіліп жатқан боғын «құмақ», одан ірірегін «қара құмақ» дейді, құстың нәжисін «құстың саңғыры» дейді, ертедегі түркі тілінде «құстың саңы» деп атаған; осыдан «құс саңғыды» деген тіркес келіп шыққан).

СИБЫРДЫҢ ЖОРҒАСЫ **СЕКІЛДЕНДІ** *кекесін.* *Еп қуып, майда жүріске салды.* *Сыырдың жорғасы секілденіп*, қартайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын (Абай).

СИБЫР ҚҰЙЫМШАҚТАТТЫ *Аяқсыз қалдырып, берекесіз етті, соңы сұйылып кетті.* Матайдың сөзінің басы таудай болса да, аяғы *сиыр құйымшақтап* келіп, қылдай болып кетті (М. Ә.). Сағиттың жыртықштығы әуелде осындай қатты түршігіп ызаланған комсомол секретарының екпінді сөзі мінезімен басталса да, кейін, тағы бірнеше күндер өткен соң, әлденеден бөсеңсіп, *сиыр құйымшақтанып* сұйыла берді (М. Ә.).

СИБЫРМА ҚҰЙРЫҚ *диал. Өтірік шығарып салма, жалғартпа сөз.* Қазақтың *сиырма құйрық* дегені болды ғой (Қ. орда, Арал).

СИБЫР МІНЕЗ *Сүйкімсіз қылық.* (Көрінген нәрсеге орынсыз соқтыққанда айтылады). Ағаттық ісімізді білмедік пе? Көңілін бір нәрседен кірледік пе? Сықылды *сиыр мінез* жаман елміз, Орданың бір жеріне сүйкендік пе? (І. Ж.).

СИБЫР ТЕКТЕС *Жөн сөйлемейтін, қисық, қыңыр.* Өзі *сиыр тектес* бір жан, жөнмен жүргенін көрген емеспін (АТ).

СИБЫР СӘСКЕ [ТҮС] *халықтық уақыт өлшемі.* *Үлкен сәске, күн қызған шақ.* Қызылордадан қымсына-қымтырыла түнгі сағат екіде поезға отырарсың. Тиген орынға төсек салып, бырдай болып ұйқтап қаларсың. Күн шыға Шиелі, күн көтеріле Түркістан, *сиыр түсте* Арыс келесің (І. Ж.). Күн *сиыр түс* болғанда қарамы мың жарымдай қойды қаптатайп айдап келе жатқан жастау қойшы көлденең кезікті (І. Ж.). *Сыыр сәске* кезі еді, ер-азаматынан айрылғалы отырған ауылдың әбігері басылмаған (Ә. Н.).

СОЗ [СӨЗ] **БҮЙДАҒА** [БИДАҒА] **САЛДЫ** *«Әне-міне» сөзбен, құрғақ уәдемен кейінге кешіктіре берді, сиыр құйымшақтандырды.* Ол бұл мәселе жөнінде алғашқы күндері жұмған аузын да ашқан жоқ. Жүре келе істі *сөз бұйдаға салды* (СҚ). Арта қалып, *сөз бұйдаға салып* келе жатқан совхоздар өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, сапа мен жылдамдықты арттырса, көршілес совхоздың көмегімен қиындықтан құтылар еді (ЛЖ).— Ертең Елемес менімен тілдессін...— депті Жәми.— Қап, мына қыздың қорлығынай,— деді Елемес қынжылып,— осы уаққа шейін *сөз бұйдаға салып*, жаны шығарға таянғанда есіне түскен екен... (С. М.). Көзі тірісінде *сөз бидаға салды*, енді ақша керек болса, көріме кір дегендей өле қалыпты ғой (Қ. Ж.).

СОҒЫМ ШҮЙГІН БОЛСЫН! *тілек. Сойған малыңның еті майлы, дәмді болсын деген мағынада.*

СОҒЫС [СОЙҚАН] **САЛДЫ** *Бүлік шығарды.* Сол жерде майдан тартып батыр Сәмен, Аянбай бір күн, бір түн *соғыс салды*. Найза мен садақ тартып, қылыш шауып, Бөгеді қан майданда қалың жауды (Ә. Найм.). Қозғады жау батыр ерді,

Жауға сойқан салғалы, Қалыңдығы қала берді, Жатыр еді алғалы (Абай).

СОЙЫЛ СОҒАР 1. *Шашбауын көтерер; сөзін сөйлер. Атқа мініп, сойыл соғар азамат балам болса...* (М. Ә.). 2. *Ұр да жық, қолжаулық.* Ауыл шабу жай ұрының жұмысы емес. Артына қол шокпар, сойыл соғарды ертіп алған мықтының, әкім-әміршінің жұмысы (М. Ә.).

СОЙЫЛЫН СОҚТЫ *Сөзін сөйледі, жақтасты.*

СОЙЫП ҚАПТАҒАНДАЙ *Дәл өзі, айнымаған, аузынан түскендей.*

СОҚА [СОПА] БАСЫ **◎ СОПАЙҒАН СОҚА** *БАСЫ Жалғыз қара басы.* Жорға Нұрым беретін қалың малынан бір тиын да қалдырмастан құтылып, осы боқырау артынан Қамардың соқа басына разы болатындығын білдірді (С. Т.).— Қазақ ұғымында әлі күнге болатком құрамы жоқ, болыстың соқа басын ғана біледі, бұл — дәл қазір біздің пайдамыз,— деді Ералин Қасенге (Ғ. Мұс.). Екіншіден, бастығымыздың өмірбаяны жоқ. Тек сопа басы ғана бар (С. Төл.).

СОҚҚЫ БЕРДІ *Бетін қайтарды, тойтарды, бас көтерместей етті.* Кейде жуан содырлар ортасы Абайдың өз басына да жала жауып, қастық арнап, соққы беруді талап етеді (М. Ә.). Өлтіре соққы беріңдер, Ескіліктің шірік салтына, Тұншыққан тұнжыр түнектен Көштің бүгін көркейіп, Жаңа өмірге талпына (АЖ). Нұрпейіс Қиыр Шығыстағы Совет Армиясының жапон соғыс құмарларына өлтіре соққы берген даңқты ерлігін жырлайды (Е. Ы.).

СОҚҚЫ [ТАЯҚ] ЖЕДІ **◎ СОҚҚЫ КӨРДІ** *Зорлық көрді, тойтарис алды.* Бірге туған мен ағаңнан, Шын досыңмын, кем емес. Соққы жедім сұм заманнан, Бір жылы сөз емес (Абай).

СОҚПА ДЕРТ *Кездейсоқ қайғы, күйік* (АС). Әйел өлмес соқпа дерттен, Сауыға алмас сынған ер. Мен — көмірмін қалған өрттен, Енді рұқсат бізге бер (Абай).

СОҚПАҚ ЖОЛ *Жалғыз аяқ сүрлеу.* (Жолдың бұдан да басқа мынадай түрлері бар: ақ жол, даңғыл жол, қой жол, қара жол, сар(ы) жол, соқыр жол, қасқа жол, жалғыз аяқ жол, сара жол, табан жол... т. б.). *Соқпақ жол* тым тар болатын, мен сәл кейіндедім, ол ілгері озыңқырап кетті, мен артынан ілесе бердім (ЛЖ). Нұрқат Сәденов жазған арызды тексеруге өлкеден комиссия келді ауданға, естідің бе? — деді директор көлге қарай баратын үй арасының соқпақ жолына түсіп (З. Ш.).

СОҚПАҚ САЛДЫ *Бір іске бастама болды, қадам тартты.* Дискуссияның бастапқы соқпағын салған... мақаласының теориялық тегінің солқылдақ екеніне тоқтаңқырау себебін сондықтан (ҚӘ).

СОҚЫРҒА ТАЯҚ ҰСТАТҚАНДАЙ **◎ ТАЙҒА ТАҢБА БАСҚАНДАЙ** *Өте анық,*

айқын; өте ұғымды. Әкемнің қандай ретпен бай болып, қандай мінезбен ел билеп тұрғандығын сол кітап соқырға таяқ ұстатқандай көз алдыма әкеліп көрсетіп еді,— деді Қамбар (С. М.).

СОҚЫРДЫҢ ТІЛЕГЕНІ ЕКІ КӨЗІ *Әркімнің көксеміні өз мұқтажы деген мағынада.* Е, -е, сөз жүйесін жаяу боранда да жат жолдағы жатырқағыш жолаушы — тракторшыны бастап келе жатқан соқыр жол осы (М. Ә.). Кемпір оған үлкен жол жоқ, тек бір соқыр соқпақ, жалғыз аяқ жолмен баратынын айтты (ҚЕ). 2. *Қарадүрсін беймәлім бағыт.* Көзі ашық емес жандардан қандай айқын жол қалар еді, соқыр көкірек бастаған соқыр жол тез-ақ соқыр соқпаққа айналған (АТ).

СОҚЫР ЖОЛ [СОҚПАҚ] 1. *Қайда барары, тірелер жері белгісіз, сүрлеу.* Бұларды бастап келе жатқан бірер машинаның ескі сүрлеуі ғана... Кешке де, таңғы елең-алаңда да, қазіргі жаяу боранда да жат жолдағы жатырқағыш жолаушы — тракторшыны бастап келе жатқан соқыр жол осы (М. Ә.). Кемпір оған үлкен жол жоқ, тек бір соқыр соқпақ, жалғыз аяқ жолмен баратынын айтты (ҚЕ). 2. *Қарадүрсін беймәлім бағыт.* Көзі ашық емес жандардан қандай айқын жол қалар еді, соқыр көкірек бастаған соқыр жол тез-ақ соқыр соқпаққа айналған (АТ).

СОҚЫР КЕУДЕ *Оқымаған қараңғы адам.* Оқу жоқ, көз орны бар, кеуде соқыр. Көргенді, естігенді ми жоқ тоқыр (С. Т.).

СОҚЫР КӨРГЕНІНЕН ЖАЗБАС *Ұстағанынан айрылмайды деген мағынада.* (Қыныр, топас адамдарға айтылады). «Соқыр көргенінен жазбас дегендей» соқыр басшылар мені қауқитып бетке ұстап жүргенде, ақырын жүріп, мығым басқан талайлар менен озып кетіпті. Соны білдім, дейді Кәкібай (ЛЖ).

СОҚЫР СЕЗІМ *Ақыл таразысына түспеген, ақыл билігінен шығып кеткен көңіл күй.* Бірер минут бұрын Сыздықтың басына келген салқын ой енді аласұрып құтыртқан ыстық, соқыр сезімге жол беріп, жоғала бастады (М. Ә.).

СОҚЫР СЕНІМ *Білім, ғылымға сүйенбеген, қараңғы дүние таным.* Діни соқыр сенімдер еңбекші адамды алдады (М. А.). Мен өскен сайын жұлдызға қарап бал ашу, ырым ету сияқты әр түрлі соқыр сенімдердің күннен күнге өрісі тарылып, құдайға сенушілердің саны азайып келеді (Х. Ә.).

СОҚЫР ТАУЫҚҚА БӘРІ БИДАЙ [ТАРЫ] *Білмегенге бәрі бірдей; білмегенге жылтырақтың бәрі алтын; білмегенге ақ-қарасы бәрі бір деген мағынада.* Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып, шуылдасты да қалды. «Соқыр тауыққа бәрі бидай», тек хат ішінде «Қамар — Ахмет» деген сөз болған соң-ақ, құдай берді, ақты-қарасын ақтару қайда... шыдасын ба? (С. Т.).

СОҚЫР ТЕКЕ *Біреуінің көзін орамалмен таңып, қалғандары оны түртетін, ал көзі таңылған бала өзін түрткен баланың қолмен қармалап іздейтін ойын түрі.*

(Балалардың, жастардың ел арасында жиі кездесетін мынадай ойындары бар: лаулау; ақ сүйек, балтам тап, сақина салу, көрші-көрші, ойбай таяк, асық ату, қазан доп, шілдік ату (ойнау), тоғыз құмалақ, мәлике тоғай, орамал тастау, қайт-қайт, орда доп, қыз доп, тоғай асық, бес тас, шекем тас, қашна доп, қой басты, қыз қуу, кемпір өлді... т. б.). Ойнамап па ек онымен тоғай асық, *Соқыр теке*, ақ сүйек шапқыласып, Ойында бізге зорлық қылғаннан соң, Ойнамай жүрмеп пе едік онан қашып (С. Т.). Жолшыбай Раузаға белестегі, Ойнаған бала көзі елестеді, Ойнаса *соқыр теке*, сан жылатып Кететін сол Бейсекеш емес пе еді? (Т. Ж.). Сол арадан өзіміздің жігіттер тауып алды мені. Жарамды байлап, *соқыр теке* ойнайтындай етіп екі көзімді таңып генералға алып келді олар (Ә. Нұр.).

СОҚЫР ТЕКЕ ОЙНАУДЫҢ НЕ КЕРЕГІ [ҚАЖЕТІ] БАР *Алдарқатып, бүкпелеудің қажеті қанша?* («Соқыр теке» ойынынан алынған). Шырағым-ай, *соқыр теке ойнаудың не керегі бар*, ашығынан келейікші (АТ).

СОҚЫР [КӨК, БІР, ЖАРТЫ, БЕС] ТИЫН БЕРМЕЙДІ [ТАТЫРМАЙДЫ] *Түк бермейді.* (Көбіне сараң, қатаң адамға айтылады). Бұл итке *соқыр тиын берілмесін*,— деп бұйырып кетіпті Герберг залым (М. Ә.). Шынында да Әлекең байдың үйі бар тігінін Ерекеңе тіккізіп алып, *соқыр тиын* ақша бере білмейді екен,— дейді мұғалім (Б. М.).

СОҚЫР [КӨК, БІР, ЖАРТЫ] ТИЫНҒА АРЗЫМАЙДЫ **С** СОҚЫР [КӨК, БІР, ЖАРТЫ] ТИЫНҒА ДА КЕРЕГІ ЖОҚ *Түкке керек емес, татымы жоқ.* Мәселенки, телеграф пен радионы иемденіп отырған осы күнгі қазаққа «ұзын құлақ» не керек? *Соқыр тиынға керегі жоқ* (С. О.).

СОЛ БОЙДА [МЕЗЕТТЕ, СӘТТЕ] **С** ТАВАН АСТЫҢДА *Қолма-қол, лезде.* Жықпылдан бір қылт етті де, *сол бойда жоқ болды* (АТ).

СОЛЫҒЫН БАСТЫ *Ентіккенін қойды, өксігін тыйды. Басып алып солығын сәл өкпенің, Жөнелді қайта шауып кетпенін* (Ә. Т.). Қалампыр мен Қаныш өлі екендігін де, тірі екендігін де білмей меңзең болып, *солықтарын баса алмай жылап қала берді* (Б. М.).

СОЛЫП ҚАЛДЫ *Бұл жерде бұрынғыдай болмай қалды, жастық мезгілі өтті деген мағынада айтылып тұр.* Отыз жыл соған дағы болып қапты. Байқасам, көрілік те торып қатты, Біріндеп тұтқын қылып алғаннан соң, Жастық та күзгі гүлдей солып қапты (К. Рай.).

СОМАДАЙ [ДАРДАЙ, СОҚТАДАЙ, СОҚТАНДАЙ, ЕҢГЕЗЕРДЕЙ] БОЛЫП *Үл-үлкен, деп-дау бола тұрып.*— Елдің сендей баласы мал тауып, бір үйлі жанды асырап жүр, ал сен *сомадай болсаң* да, тірші-

лікке бой сұнатын түрің жоқ,— деп (Айтуарды анасының) жазғырғаны бар (С. Бай.).

СОМАДАЙ [ДАРДАЙ, СОҚТАДАЙ, СОҚТАНДАЙ, ЕҢГЕЗЕРДЕЙ] ЖІГІТ *Ірі, қапсағай денелі бозбала.* (Есейген деген мағынада да қолданылады) Өз ішінен: «Шешең мен қарындасың ғана емес, *сомадай жігітсің*, әйелің мен балаң да бар шығар»,— деп ойлайды (Ж. Ж.). Ғалия мен Асылбек барғанда, жастық орнына бастарына сырға бешпент жасанған... *сомадай төрт жігіт қорылға басып, ұйқтап жатты* (Ж. Ж.).

СОМ АЛТЫН *Тұтас құйған кесек алтын.* Тұлпардан туған Көкжорға ат... Екі көзі жалтырап, Өмілдірік *сом алтын* Омырауда алқылдап (ҚЖ).

СОМДАП СОҚТЫ *Тұтас құйды.* (Бұл жерде өмір адамды шыңдап, шынықтырады деген мағынада). Ерсіліктен ұялсын деп қызарып, Өмір өзі үрлер кейде ыза қып, Кіші болсаң *сомдап соғып* өсіріп, Кеседі екен кетсең кейде ұзарып (Е. Иб.).

СОМ ЖҮРЕК *Зор көңіл. Сом жүректе бір жара* (ЕК).

СОНАР ҚАР *Жаңа жауған қар. Сонар қардың* үстінде жортқан тышқан құрлы із қалдырғам жоқ әлі. Сонда да бұлдіргіш, бұзық,— деп айыптады деді Аман (Ғ. Мұс.).

СОНА [МАСА, ШЫБЫН] ШАҚҚАН *Ғұрлы көрмеді [ВОЛМАДЫ] Мән бермеді, елемеді.* Өрт жыланша ирелен қайтады, Аяғымен кейде Борис таптады. Жалын үйтіп жатсадағы сирағын, *Шыбын шаққан ғұрлы* оған болмады (А. Х.).

СОҢЫНАН КҮЛ ШАШТЫ *Құтылғанына қуанды.* Түу бәлекет десті жұрт. Сол бәлекет бел асты, «Күң» *соңынан күл шашты* (І. Ж.).

СОҢЫНАН СӨЗ ЕРДІ *Өсекке ілінді; артынан өсек-аяң, тарады.*— Сенің қарындасыңды қайтем. *Соңынан сөз ерген* қыздың керегі қанша?— деді (Ә. Н.).

СОҢЫНА ТҮСТІ [СОҢЫНАН ҚАЛМАДЫ] **С** СОҢЫНА ШЫРАҚ АЛЫП ТҮСТІ **С** СОҢЫНА СҰҒЫН ҚАДАП ТҮСТІ **С** ҚЫР СОҢЫНАН ҚАЛМАДЫ *Аңдыды, ізін аңдыды, ізін бақты.* Осы күні Мөнке қажып жүр... Тәңірберген *соңына сұғын қадап түсіп алды* (Ә. Н.). ... *Соңына сонша түсіп, «ескі атқамінер» әкелерінің әдетінше жан-жақтан «қаралау қағаз» жинап, телеграмм соққанда, шын аттарын жасырып, «Кашарский» деп қол қояды* (С. С.). Бәлсініп отырғам жоқ, Амаңды аяп кеттім,— деді Таймас. Аяғандығы қалтыраңқы шыққан үнінен де байқалып тұр. Біздің жылпос Жақаң *соңына түсіп жүріп, мықтап-ақ салған* екен әуреге (Ғ. Мұс.). Әлиасқаров кеткеннен кейін Қасболаттың *соңына шырақ алып түскен* осы Жаппасбай емес пе еді? (Т. А.). *Соңыма* енді ол *шырақ алып түсті* (Ғ. Мұс.).

СОПАЙЫП БАРДЫ *Жеке басы, соқа басы барды, құр қол барды. Сопайып барсаң қу басың, Ақтамберді, Қабанбай Өкпелеп мені сөкпей ме? (Д. Б.).*

СОПЫ БОЛА ҚАЛДЫ *кекесін. Түк жазығы жоқ, тап-таза адам болғансыды.— Ей, Сыдық, көзіңді жұмып, өлгеннің етігін сатып, одан қалса ораздан пітір жинап, жиналған ақшаны өз-өзің бөлісе алмай, қырық пышақ болып қырқысатын сендер емес пе? Бүгін қайдан сопы бола қалдың? — деді Нұрыш (ЛЖ).*

СОП АЙДАДЫ [ТАРТТЫ, ТҮРТТИ] *Көресі азабы итермеледі. Анапайым-ай, сор айдап әкелді ме?— деді, артымдағы қыз (Ғ. М.). Көрім, тегі, жол сор тұрткен молда екенсің (М. Ә.). Жол біліп, жөн сілтері жоқ, бір сор тұртіп жүр, не қыласыз (М. Ә.). О баста-ақ осы сор тартқан ғой, болмаса балалар: «Ата, қона кетіңіз, жеті түнде түртінектеп жүресіз бе!»— деп жалынып еді (АТ).*

СОРАП БОЛДЫ *Бітті, түгесілді, тау-сылды. Ақ су тез-ақ сорап болды, шұнақ шыны аяқтар шылдыр қағып кісінесті де, пұшық самауырға еріп, ауыз үйге шығып кетті (Ғ. М.).*

СОРАП-СОРАП ТАРТТЫ *Сораптап ішті. Жақып бастаған жиын үлкен сары самауырды жаңа ортаға алысып, шайды сорап-сорап тартып жатыр (М. Ә.).*

СОРҒА АЙНАЛДЫ *Басынан бақыты ауды. Бағым бар деп мақтанба, Сорға айналса қайтесің (ШС).*

СОРҒА БІТКЕН ○ СОРҒА БІТКЕН *КӨКІРЕК Азап үшін жаралған, азап шеккен адам деген мағынада. ... Өмірге өгей еді, кеміс еді; Сонда да сорға біткен ұясында, Көктейгін гүл секілді жершіл еді (Д. Ә.). Басы қатты сұм жүрегің, Тоқтата алмай кетті де. Сорға біткен көкірегің Сендіре алмай өтті де (Абай).*

СОРЛЫ БАС ○ СОП МАҢДАЙ *Бақытсыз кәріп жан; бақытсыз адам. Осы таудан аса алмай, Күлмес ханға жете алмай, Қалғанын ба сор басым. Жылап бала торықты, Әбден шаршап зорықты (МЗ). Дал болған әуре-сарсаң мен сор маңдай. Тасташы мені оңаша құрбыласым. Дерт қосып жүрегіме қайғы салмай (Ж. С.). Сол бір дертке ем қонбай, Жаны жара, тәні ауру Гималай сорлы, сор маңдай (І. Ж.).*

СОРЛЫНЫҢ ЗАРЫ АРЛЫҒА *КЕЗДЕСКЕЙ Көмексіз, бейшара кісінің жұңы жұрт құлағына іліксін деген мағынада. Сорлының зары арлығы кездескей деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен... (Ғ. М.).*

СОРПАҒА ШЫҒАРЫ *мысқыл. Бетке шығар, алға ұстар жақсысы; беделдісі. Қалада ой мен қырдың, ылди мен өрдің сорпаға шығарының бәрі жиылып, бір жұмадан бері үлкен келелі жарыс, айтыс-тартыс бар,— дейді Әбді (М. Ә.). Бөген емес, құрметті, елеулі қонақтар. Қазақ болған*

да қандай. Аз елдің сорпаға шығар төрелері (Қ. Тай.). Екінші сөз мынау: мына уалаяттың сорпаға шығарының бәрі қазір Ойылда, Жаншақ да Ойылға қашып кетті... (Х. Е.).

СОРПАЛЫҒЫ БАР *Орташа еті, сорпаға шығар жылтырағы бар, жілігі татырлық мал, құс туралы айтылады. Пышақ тигізген жоқ, сорпалық еті бар Көкаяқты әкем көз алдымызда арам өлтірді (Ж. Ж.).*

СОРПАНЫ ҚЫДЫРТТЫ *Қонаққа сорпа ұсынды.*

СОРПАСЫ АРАЛАСПАҒАН *Жақындығы, туыстығы, барып-келісі жоқ. Ұлан Адам-Атаның аржағында болмаса, оның бержағында хан тұқымына да, би тұқымына да сорпасы араласпаған Артықбайдың қызы (Ғ. М.).*

СОРЫ АРЫЛМАҒАН [АШЫЛМАҒАН] *СОРЛЫ БЕЙБАҚ Бағы жанбаған, бақытсыз. Батырым, сені мен менің ғана басым болса бірәрі, (жеректегі баласын көрсетіп), мына сорлыны қайтеміз! Сори ашылмаған сорлы бейбақ осы болмай ма? (М. Ә.).*

СОРЫ ҚАЙНАДЫ ○ СОРЫ ҚАЙНАП *ҚАЛДЫ ○ СОРЫ СОРПАДАЙ [СОПАҚ АСТАУДАЙ, САҚАРДАЙ] ҚАЙНАДЫ ○ СОРЫ ҚАЙНАП, СОРПАСЫ ТӨГІЛДІ *Бақытсыздық тап болды, қасіретке ұшырады; қасіретке салды. О, көгермегір, сорлының тағы сорын қайнатқан екенсің ғой (Т. А.). Пірлерден тиіп бір хабар Тайбырыл атпен желер ме? Сори қайнаған мен сордың Жаратқан Жапар құдайым Көзімнің жасын көрер ме? (ҚБ). Сори қайнап ел кезіп келе жатқанда, бір жез шудалы боз тайлақты бір қасқыр қуып келеді екен (ҚЕ). Сол шешесі де көп тұрмай, Жақып марқұмның соңынан қаза болды. Сөйтіп Марданның сори ерте қайнады (І. Ж.). Әйелің жақсы болса атың байлар, Жаман болса шапылдап отынға айдар. Жұбайың шайпау мінез болып шықса, Қатарыңнан қаймығып, сорың қайнар (К. Ә.). Елге келдім... Не керек, ауыз аққа, тұмсық қызылға тиіп қарық болдым да қалдым. Сонымен жүргенде бір жарым ай толды. Енді сори қайнап, сорпа төгілуге айналды. Қайтайын десем қимаймын, кешіксем жұмыстан шығуым мүмкін (Қ. Тай.). Әйелің оқып алып өзіңмен ит жығыс түсіп, «е!» десен, ме!» деп отырса, сорың қайнап, сорпаң төгілді де, күнің қараң болды де! (Қ. Тай.).**

СОРЫ [СОРЫҢ] ҚҰРҒЫР! *Реніш үстінде айтылатын кейіс сөз. Әйел «О, сорың құрғыр, бейбақ» деп ернін бір тамсанды (С. М.). Бәсе, сорың құрғырды сөйтіп сор тұртіп жүр ғой (М. Ә.).*

СОРЫ БЕС ЕЛІ ○ СОРЫ СОПАҚ АСТАУДАЙ *Тартар тауқымет азабы мол деген мағынада. Кім ілген шкафты да, оның құнын әлі де үш ай төлеу керек қой, асхана гарнитурын да, диванды да алып қояды, сосын қайтадан сорым сопақ астау-*

дай боп, жаңғыздан-жаңғыз қаңырап қаламын (ЛЖ).

СОТҚА АЙНАЛДЫ **◎** **СОТҚА ТАРТЫЛДЫ** Қылмысты, істі болып тергеуге түсті. Қатты қысым қылған соң, Басым сотқа айнала. Кірлі болып түскен соң, Көрген күнім не болар (Абай).

СӨГЕ ЖАМАНДАЙ КӨРМЕҢІЗ [ЖАМАНДАМАҢЫЗ] Айып етпеңіз, барға қанағат, жоққа салауат етіңіз деген мағынада. Қысқа жіп күрмеуге келмейтін күйіміз бар. Сөге жамандай көрмеңіз, ағасы! (АТ).

СӨЗ АҢҒАРДЫ [АҢДАДЫ, ТАНЫДЫ] Әңгіменің төркінін, ой-астарын пайымдай білді. Адамға кеңес не керек, Бұл сөзімді аңғарса, Біразырақ сөйледім, Төңірім біраз берген соң (Д. Б.). Тәрбие етіп сыйлайды, Түсінген қазақ баласы. Бұрынғы өткен хандардың, Бұл сөзімді аңғарғын, Ойран боп өтті қаласы (М. Сұл.).

СӨЗ АҢДЫДЫ [БАҚТЫ, ҚУДЫ] **◎** **АУЫЗ БАҚТЫ** 1. Бұл жердегі мағына: сөз қапысын жібермеді. Қали үндемей қалды. Бірақ жағалай отырған өншең сөз баққан жел аяқтар емес пел... «Таудағы түлкіні табындағы тазы алды,— деген-ау, Мағаш баладан оңай сүріңді-ау!» деп қалжың етті (М. Ә.). 2. Өсек-аяң, бәле іздеді. Өтірік жақын бола қап, Күлімсіреп сөз бақпақ (ШС). Бір бөлеге жолығар, Орнын таппай сөз құған (М. Сұл.). Жол құған қазынаға жолығар, сөз құған бөлеге жолығар (Мақал).

СӨЗ АРАСЫНДА [ҰРЫНЫСЫНДА] Әңгіменің барысында, иінді орайында. Абайға келгенде де алғашқы сөзді Бегеш бастады. Ол сөзінің арасында Абайдың білімді, жақсы екенін бір қосты (М. Ә.).

СӨЗ АТАСЫ **◎** **АТАЛЫ СӨЗ** Ақылды, мәнді сөз, сөз асылы. Сөз атасы — құлақ, жол атасы — тұяқ (Мақал). Аталы сөзге арсыз жауап қайтарады (Мақал).

СӨЗ АША АЛМАДЫ Ойындағы сырын ешкімге жария ете алмады. Ем таба алмай, От жалындай Толды қайғы кеудеге. Сырласа алмай, Сөз аша алмай бендеге (Абай).

СӨЗ АЯҒЫ ЖЕРГЕ ТИДІ Сөз тиянақ тапты. Сөз аяғы жерге тиіп, байға дегенін істеткен соң, Орлов бастатқан екі артель келіп жұмысқа түсті (І. Ж.).

СӨЗ АЯҒЫ ҚҰРДЫМ Сөзді тірелер жеріне жеткізбеді, түлкі бұлаңға салды деген мағынада. Екі Мүсіреп кезек-кезек киіп кетіп, сөз аяғын құрдымға апарып жоғалта бергенін көрдің бе!... (Ғ. М.).

СӨЗ ӘЛПЕТІ [СИҚЫ, СЫҢАЙЫ] Ауыз ләмі, сөз ыңғайы. Мына жіберген кісінің сөз әлпеті жаман. Айтқаны рас болса, дүние бір шайқалар-ақ (АТ).

СӨЗ БАЙЛАДЫ [ПІСТІ] Уәде жасады, мәміле етті. Құдай жазса, сізден артық кімге береміз. Шыдай тұрыңыз,— деп,

Омар келуге сөз байлады (С. Т.). Бекбол Александрмен бірге конституцияны да, сайлау заңын да мықтап талқылап, ұғынып шықпаққа сөз байласқан. Екі дос та бұны, әсіресе ұлы, зор міндет деп біліседі (М. Ә.). Орыс, қазақ жолдастармен сөйлесіп, сөз пісті (С. С.).

СӨЗ БАСТАДЫ Тұңғыш (бірден) әңгіме қозғады. Көк дауылдай боратып, Сөз бастаңдар келелі (Жамбыл). Бір бастау оңай, шабатын жерде жау бар, көш бастау оңай, қонатын жерде су бар. Бөрінен де шаршы топта сөз бастау қиын, адам шешімін таппас дау бар (ШС).

СӨЗБЕН СЫБАДЫ [СОҚТЫ, ІРЕДІ, СОЙЫП САЛДЫ] Жер-жебіріне жетті, шымбайына батыра сөйледі. Горбатов сөзге шыққанда, Еркінді сөзбен сойып салар деп ойлаған еді бірқатар адамдар (Ғ. Мұс.). Ерте тұрып дірдеген мен жүргенде, қаныпезер бай ұрсады сөзбен сыбап (К. Ә.). Аш бөрідей қаңғырған ақын келсе, Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сыбап (Жамбыл).

СӨЗБЕН ШАЛДЫ Уәжбен тиісті, соқтықты. Айбас келіп, Қодарды сөзбен шалды, Қодар батыр шоқпарын жұлып алды (ҚЖВС).

СӨЗ БЕРДІ Уәде берді; уәде-серт байласты. Колхоз шопандары биыл әрбір жүз саулықтан 110 қозы алып, әр қойдан 3,5 килограмнан жүн қырқуға сөз берілті (КТ). Бөз орнына сөз беріп, Құда тамыр дос кетті (Абай).

СӨЗ БЕРМЕДІ 1. Езеулеп кезекке қарамай, сөйлей берді. Әй мыжымам-ай, сөз бермей жалғыз шапқан! (АТ). 2. Уәде байласпады. Осы жақсылықтың қаруы қайтар бір нәрсе дер деп ойлан еді, жаңа бастың мырзасың сөз бермеді (АТ).

СӨЗ БОЛДЫ **◎** **СӨЗГЕ ҚАЛДЫ [ІЛІК-ТІ]** Әңгіме-лақап болды; өсекке таңылды. Алтын басың жез болып, Бір жаманға кез болып, Ел аузында сөз болып, Көңілің ауру, денің сау... (Айтыс).

СӨЗГЕ АЗДЫ Өтірікке иланды; ықпалына ықты. Дүниеде сөзге азбайтын пән-де бар ма... (ШС).

СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРДЫ Әңгімеге алаң етті, әңгімемен алдаусыратты. Жұмабек сөзге айналдырып қыздың қолын ұзағырақ ұстап қалды (Т. А.).

СӨЗГЕ БАТЫР, ІСКЕ ПАҚЫР Құрғақ сөзге әуес кісі туралы айтылады.

СӨЗГЕ ЖЫҒЫЛДЫ Қисынды уәжден тұқырып қалды. Мардан, Мәмбет осы сөзге таласып қалды. Мардан бір нәрсені дәлелдеп Мәмбетті сөзге жығуға дайындалған оймен Мәмбеттен сұрады:— Сен айтшы, осы менің сыртқы пішінім қандай (І. Ж.). Бай сөзден жығылып, үйіне қайтып кетіпті (ҚЕ).

СӨЗГЕ [ТІЛІГЕ КЕЛДІ] 1. Сөйлесті; әңгімелесті, мәміле тапты. Баланың күйіне

түсініп, кісі көзін ашып, *сөзге* сонда келеді (ҚЕ). Жас қызбен бір-екі ауыз *сөзге* де келіп, тіл қатысқан. Оның көркіне таң қалып кеткен (І. Е.). 2. *Қарсыласып, кейіс сөз айтысты*. Е, жер-көкке сыйғызбай, қылау шалдырмай мақтайтын ағайыңмен *сөзге келіп* қапсың ғой (АТ).

СӨЗГЕ КЕЛІМЕДІ *Қарсы жауап айтпады, ләм-мим деп ауыз ашпады*. Ниязбек сіздің даусыңызды естігенде біраз *сөзге келмей* неге зыта жөнелді? (Қ. Қ.). Шапыраш *сөзге келмей* шыға жөнелді. Ашуы басылмаған Айтуар долыра ытқып, есікке ұмтылды (Д. Ә.).

СӨЗГЕ КІРІСПЕ *Ешкімнің ісіне араласпа деген мағынада*.

СӨЗГЕ ҚАЛДЫ *Өсекке ілінді, жаман атты болды*.

СӨЗГЕ ҚАРАМАДЫ *Тыңдамады, санаспады*. Сұңқарым қашты қолымнан, *Қарамайсың сөзге, ұялмай?* Аса бір қорлық көрмесе, Қонысын кісі қияр ма-ай! (Ш. Ж.).

СӨЗГЕ ҚОНАҚ БЕРМЕДІ *Басқаның сөзін тыңдамай, бой бермей, өзі сөйлей берді*. *Сөзге қонақ бермейтін* екенің алдын орай алмай, Қошқарбай ұзақ сілейіп тұрып қалды (Ғ. Мұс.).

СӨЗГЕ ҚҰЛАҚ ҚОЙДЫ [САЛДЫ, АСТЫ] *Айтқанды тыңдады*. *Сөзіңе құлақ қойдым*, түлкі шырақ, Мақтауға сенің тілің ұста тым-ақ (Ө. Т.). Азырқанды білемін, ақсақал шал, Тентегінің *сөзіне құлағың сал!* (Абай). Бірақ қыз *сөзіне құлақ қоймай*, теректің түбіне келіп, дем алып, атын ұстап, ұйқыға кетеді (ҚЕ). Өз дегенім болмаса, Өзгенің тілін алмаған. Кісі ақылы қонбаған Қанша айта да болмадым, *Сөзіне құлақ салмадым* (М. Ә.).

СӨЗГЕ МАЙ ҚҰЙДЫ [ТАМЫЗДЫ] *Әңгімені қыздырды, өршітті*. Механизаторлар кеу-кеулеп, Мишенин мен Жиннотиннің егес *сөздеріне май құя* түсті. Екі дос бірін-бірі жарысқа шақырды да, іске шұғыл кірісіп кетті (ЛЖ).

СӨЗГЕ ТҮСПЕДІ *Уәжге көнбеді, айтқанға келіспеді*. Айтқан *сөзге түспеген* Жаман емей немене. Сұрағанды бермеген Сараң емей немене (Б. Қ.).

СӨЗГЕ ТЫЛ КЕЛДІ *Есін жиды; сөйлеуге шамасы келді*. Кешқұрым ғана шалдың *сөзге тілі келді* (АТ). Төлегеннің тілдері Осы *сөзге келеді...* (ҚЖ).

СӨЗГЕ ҰЙЫДЫ *Шын ыңыласы ауа тыңдады, ден қойды*. Жиылған көп халайық, *Сөзіне ұйыл* тамсанып... (Жамбыл).

СӨЗГЕ [ТІЛГЕ] ШОРҚАҚ *Келістіріп сөйлей алмайтын, ойын еркін айта алмайтын кісі*. *Сөзге шорқақ* болдым, сол себепті кейде менің әзілдерім қолайсыз естілетін (ЛЖ).

СӨЗДЕН АЛЖЫДЫ [АЛЖАСТЫ] *Не болса соны, қисынсыз бірдеңені айта бере-*

тін болды. Кәрілік қартайғанда көзден келер, Белгісі *алжығанның сөзден* келер. Сыртылдап буындарың ебі кетіп, Белгісі аяқ жақта тезден келер (Ш. Құл.).

СӨЗДЕН [ТІЛДЕН] ҚАЛДЫ **◎** **ТІЛІ БАЙЛАҢДЫ** *Сөйлей алмады деген мағынада*. Байғұс шал *сөзден қалыпты*, үнсіз жатыр (АТ).

СӨЗДЕН СӨЗ ТУДЫ *Әңгіме бір-біріне ұласты, айтар ой ойға жалғасты*. Қонаққа жүр деп құрметпен, Қондырып мейман қылады. *Сөздерінен сөз туып*, Таң атып, күн шығады (О. Ш.).

СӨЗДЕРІ ЖАРАСПАДЫ *Әңгімелері үйлеспеді*. Шай үстінде де *сөздері жараспады* (Ө. Н.).

СӨЗДІ АРҚАЛАНДЫ *Біреудің айтқанын малданды; дегенін сүйлеу тұтты*. Жұмағұл құдай ұрған, сол *сөзді арқаланып*, жаңа менімен ілесе шауып келіп, әлгі Дәркембайдың қойын қуып жүр!— деді Ербол (М. Ә.).

СӨЗДІ ЖҮНДЕЙ САБАДЫ *Көп сөйледі, бөстi*.— Бізде шөп жеткілікті, одан қорқыныш жоқ. Гәп басқа жағында,— деп *сөзді жүндей сабап* отыр (ЛЖ).

СӨЗДІҢ ҚЫСҚАСЫ *Ток етері; сөздің турасы*. Ендігі *сөздің қысқасы*, Айтушы ердің ұстасы, Сығалап атқан ақ перен Қалаған жерден ұрады (ҚЖ).

СӨЗДІҢ МАЙЫН ТАМЫЗДЫ *Әдемі, қисынын келтіре, қызықты, жағымды етіп сөйледі*. Иван өз жауабында *сөздің майын тамызып*, төптіштей жазып келіп, сөзінің соңында: «Ал Сақан, менімен жарысқа түсуге қалайсың»,— деген сыңай танытыпты (М. Сат.).

СӨЗДІҢ ПАРҚЫН АЙЫРДЫ *Әңгіменің төркінін, мағынасын таныды, түсінді, ұқты*. *Айырған*, асыл сәулем, *сөздің парқын*, Байқаған жаман, жақсы кісі нарқын, Таста асыл, гауһар дейін адам үшін, Нәсілің таза туған зат шырағым (А. Қор.).

СӨЗДІҢ САЛТЫ [СІРӘСІ] *Сөздің жөні; сөз сарыны, ыңғайы; сөздің астарлы мәні*.

СӨЗДІҢ СОЗАҢЫН САБАҚТАДЫ **◎** **СӨЗІН САБАҚТАДЫ** *Әңгімесін ұзата жалғастырды*. Жамайын көңіл жарығын, *Сабақтап сөздің созаңын!* Қай кезде де теріс емес, Аршыса көңіл тозаңын (О. Шор.). Мен таңырқап ойланып қалдым. Жәкем күліп, *сөзін сабақтап* берді (ҚӘ).

СӨЗДІҢ ТӨРКІНІ *Айтар әңгіменің түп мәні, түбегейлі жері*.— Ал, халайық, бала міндегінен құтылды. Ендігі сөз өздеріңіздікі. Бірақ түбінде *сөз төркіні* кімде екенін ұмытпаңыздар (Ғ. О.).

СӨЗДІҢ ТІГІСІН ЖАТҚЫЗДЫ *Айтылып қалған сөздің салмағын жұмсартып, жуып-шайып айтты*. Ол өткен жолы жаң-

сақ айтқан сөзінің тигісін жатқызамын деп келіпті (АТ).

СӨЗ ЕКІ БОЛМАСЫН! *Айтылған серт, уәде, келісім бұзылмасын.* Шырақ, күні түсіп отыр деме, сөз екі болып жүрмесін (АТ).

СӨЗ ЕСТІДІ *Бұл жердегі мағына: біреудің тілі тиді; сөгіс алды.* Нұржан мен Ақаннан таяқ жеді, жиналыста жұрттан сөз естіді, ең ақыры, қаңғыбас Мақыш екеш Мақышқа да күлкі болды (З. Ш.).

СӨЗ ЕТТІ 1. *Әңгімеледі, баяндады.* Әрқайсысы өзінің мамандығын сөз етті. Сақтап кейін төзімін, Біреуі алды кезекті (С. Мәу.). **2.** *Өсектеді.* Жұрт екеуінді сөз етіп жүр дейді ғой (АТ).

СӨЗ ЕТІНЕН ӨТІП, СҮЙЕГІНЕ ЖЕТТІ *Сөз арына, ұятына тиді; жанына қатты батты.*— Сіз қыр көрсетіп отырсыз ба? Кімге көрсетіп отырсыз. Қайда отырғаныңды ұмытпаңыз, Жақ ашшы, көне! Малқар жым болды. Аман айғайсыз, жәй сөйлесе де, сөзі етінен өтіп, сүйегіне жетті (Ғ. Мұс.).

СӨЗ ЖАРЫСТЫРДЫ [ТАЛАСТЫРДЫ] *Айтқанын құптамады, қарсы жауап қайтарды.* Сөз жарыстырып, ой таластырып отыр. Төрезадан күн түскен шағын бөлме жып-жылы, жап-жаңа (Ғ. Мұс.). Нұржан артық сөйлегенін сезді ме, сөз таластырмады (З. Ш.). Жақия бұдан әрі сөз таластырмай, алғашқы сұрағына қайрылды (М. И.).

СӨЗ ЖЕЛІСІ *Түптен тартылған түйін-түйін, сала-сала ой тармағы.* Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ (М. Ә.).

СӨЗ ЖОҚ *Даусыз.* Сен майданда жауды қыра білгеніңмен, егін оруды менен артық білмейсің. Сөз жоқ, егер менің тілімді алмасаң, ертеңгі күні екінесің, ойлан, дейді... Нұркен (ЛЖЖ).

СӨЗ ЖҮЗІНДЕ *Істе емес, сөз түрінде.* Қисыны кеп кездесе сөз жүзінде, Бәрі дайын мазақтап табалауға (И. Б.).

СӨЗ ЖҮЙЕСІН ТАПТЫ *Қисын-қиюы келтіріліп, орынмен айтылды.* Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады (Мақал).

СӨЗ КЕЛТІРДІ [ТИГІЗДІ] © СӨЗГЕ ҚАЛДЫРДЫ *Жаманатқа ілінді, жексұрын болды.* Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек? Адалдық, арамдықты кім теңгермек? Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ, Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек (Абай).

СӨЗ [СӨЗІ] КӨКЕЙГЕ ҚОНДЫ *Айтқаны көңілге ұлады.* Ақы беріп тыңдатқан. Сөз көкейге қонар ма? Құлағын сатқан төңірі атқан, Оңдырар ма, оңар ма (Абай).

СӨЗ КӨТЕРДІ *Мұндағы мағына: әңгіме туғызды, қауесет таратты.* Сен жайлы «досың» сөз көтеріп жүрген сияқты ма қалай? (АТ). Онан әрі сөз көтеруге, дау шығаруға бармады (А. Т.).

СӨЗ [БІР АУЫЗ СӨЗ] КӨТЕРЕ АЛМАДЫ *Қалжыңға, әзілге ашуланып қалды.* Сөз көтере алмайтының бар, әзіл ненді алған (АТ).

СӨЗ ҚАЙЫРМАДЫ 1. *Жауап қатпады* (АС). Өзі ұлыққа, кәдір жоққа Қарамай өз халқына. Сөз қайырмай, Жөнді айырмай, Жұртқа шабар талпына (Абай). **2.** *Айтқанына қарсы келмеді.*

СӨЗ ҚАЛМАДЫ [АРТЫЛМАДЫ] *Тегіс айтылды; кезегін, есесін жібермеді.* Тауда дулат күйзеліп қозғалмады. Өз азығы өзіне аз болмады. Ысты, ошақты, жалайыр, бас таңбалы, Ерегіссе дулаттан сөз қалмады (М. Сұл.).

СӨЗ [ТІЛ] ҚАТПАДЫ [ҚАТА АЛМАДЫ] © БІР АУЫЗ СӨЗ ҚАТПАДЫ [АЙТПАДЫ] © ЖҰМҒАН АУЫЗЫН АШПАДЫ] © ЛӘМ [ЛӘМ-МИМ] ДЕМЕДІ *Үндемеді, сөйлемеді.* Өзімен аталас болса да, жол бойы Қодар артындағы Жетпіске де бір ауыз тіл қатқан жоқ (М. Ә.). Сүйікті ер білген сырын сыртыңа жаймас, Артынан бір ауыз сөз айттып күлмес (Абай). Бірақ сөгіс есітіп қалармын деп қорқып, бұл туралы жұмған аузың ашпады (Б. М.). Басқа бір кісі бір ауыз сөз айтқан жоқ, Құнанбай да мұнан әрі ләм деген жоқ (М. Ә.). Жігіттер сені көріп дәм тата алмас, Қасіретіңнен алдыңда сөз қата алмас, Жігітте еркек туған мен болмасам, Қасыңа жаман батып бір жата алмас (А. Қор.).

СӨЗ ҚАШЫРТПАДЫ *Шашау сөз шығармады, алып-қашты өсекке ерік бермеді.* Бүлікті шай үстінде Тәңірберген сөз қашыртпады (Ә. Н.).

СӨЗ ҚОЗҒАДЫ *Әңгіме етті, әңгіме бастады* (АС). Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған, Хұснизән мен иманды білді ойлаған. Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай, Сыртың қанша жуса да, іші оңбаған (Абай). Жайғасып болған соң, Қунтуар Досан мен Қырмызыны, Демеліні өз қасына шақырып алып, той жайынан сөз қозғады (С. О.).

СӨЗ ҚОНВАДЫ [ДАРЫМАДЫ] *Ұқпады, түсінбеді; зердесіне бармады.*— Түк те білмейсің. Білсең бүйдемес едің ғой,— деп генерал сөз қонбай қойған баласына ренжіп, қолын сілкіп қалды да, кең бөлмені кезіп жүріп кетті (Ә. Н.).

СӨЗ ҚЫДЫРТТЫ [ТАСТАДЫ] *Өсек-аяң таратты.* Сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан, Антын, арын саудалап... (Абай). Абай үшін ең қадірлі бір мінезі — еш уақытта Баймағамбет адам мен адам арасына сөз тасып, біреуге біреуді ренжітерлік сыбыр айтып көрген емес (М. Ә.).

СӨЗ САЛДЫ 1. *Араға адам жүргізіп, ниет, көңілін сездірді.* Тәкежанға қайта-қайта кісі салып, одан құдалық сұрап отыр... Соның «қарғы бауына, жүз құр ат беремін» деп, сөз салыпты,— дейді Мағаш Әбішке (М. Ә.). Мәсен нерәңжік сол қыз-

ға сөз салып жүргенін қыздың өзі маған бірде айтқаны бар еді (С. С.). Жұмабек қалай болғанда да Розаға сөз салатынын білді, бірақ көңілдегі бар сезімін жеткізіп айтатын сөз таба алмай қиналды (А. Т.). 2. *Ойланды, сөз түсті* (АС). Сонда ақын белін буынып, Алды-артына қаранар. Дүние кірін жуынып, Көрініп ойға сөз салар (Абай).

СӨЗ САПТАДЫ *Жүйелен сөйледі. Құл болмас, құны кетпес кішіліктен, Білімді терең ойлап сөзін саптар* (А. Қор.).

СӨЗ САПТАУЫ [САПТАСЫ] *Айтар ойы, емеуіріні деген мағынада. Ең алдымен мұның сөз саптасы өзгеше* (М. Ғ.). Ақмаралдың қимылы мен сөз саптауындағы кейбір тартынулар, оның жасқаншақтығынан, немесе көр балалығынан емес, бойына терең ұялаған әдептілігі мен биязылығынан шығып жатқан нәрсе болса керек (Ө. Сат.).

СӨЗ САТТЫ **○** **СӨЗ БҰЛДАДЫ** *Сөзін бір керегі үшін өткізді, сөзін параға берді. Жұрттың бәрі сөз сағқан, Сатып алып не керек? Екі сөзді тәңірі атқан — Шыр айналған дөңгелек. Сатып алма, сөз сатса, Ол асылды аңдамас* (Абай).

СӨЗ ТАНЫДЫ *Сөз білді, сөз парқын айырды. Шортанбай Дулат пенен Бұхар жырау, Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау. Өттең, дүние-ай сөз таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде көрінеу тұрау! (Абай) Ветен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол — ақынның білімсіз бишарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы* (Абай).

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ *Иінін тауып, деп сөйлегенге қарсылық жоқ деген мағынада.* — Алған азаттығыңызға таққан байғазы болсын, — деп, Аман белбеуді қыздың беліне әкеліп байлады. — *Сөз тапқанға қолқа жоқ* — деді де, басын бір шайқап жүріп кетті зергер (Ғ. Мұс.).

СӨЗ ТАППАДЫ *Лайық сөз аузына түспеді. Біреу білер жер келсе, Сөз таба алмас қалтылдап, Қалжыңға келер шорқақтау, Жауға келер қорқақтау* (Абай). Ағатай, сағындым, Есен сау көрмекке. *Сөз таппай аңырдым, Оқыңыз ермекке* (Абай).

СӨЗ ТАРТТЫ *Білгісі келіп, сөзге салды. Сейілдің «быыл амалсыздан Қасеннің торына түсіп қалдым» дегені бар еді. Сол жайын Абай сөз тартып сұрағанда, ол тағы бір байдың қала жатағына істеп отырған жемтік қиянатын айтты* (М. Ө.). *Дайрабай сөз тартады* жанасалап, Өзімді түк білмейтін бала санап, Білмеймін өкесінің құны бар ма, Бетіме көп қарайды тамашалап (С. О.).

СӨЗ ТАСТАДЫ *Айтар ойының сықайын байқатты. Айтылған сөздің бар сырын бұлжытпай таныған жүйрік, зерек Жиренше енді Өріптің жүзіне сөл ғана сығырая қарап, ақырын ғана сылқ-сылқ*

күлді. Оқта-текте бір сөз тастап, шым-шымдап тіл қатады (М. Ө.).

СӨЗ ТІЗГІНІН БЕРДІ *Емін-еркін сөйлеуге ерік берді. Қасболаттың көп жылдық тәжірибесі — бұдан әрі іркіліп, сөз тізгінін басшыға беріп, оның бар дәлелін, ескертпе ақылын құлағына құя тыңдап, шегіну керектігін айтты* (Т. А.).

СӨЗ ҰСТАР *Алдымен сөйлер, әңгіме бастар, билік-айтыс келесінде айтысушы жақтың атынан, ел атынан сөйлейтін кісі деген мағынада. Сөз ұстап келе жатқан басшысы кім екен?* (М. Ө.). Осы бүгін Райдікіне Түбектегі ауылдан қадірлі қария — Есбол келді. Кезінде ел арасының сөзін ұстаған кісі (Ө. Н.).

СӨЗ ШЫҒАРДЫ *Әңгіме бастады; бір әңгіме ұшын созбақтап бастады. Бір күні түнде отырғанда Мәмбеттің шешесі Келдіғұлдың қатыны туралы сөз шығарды* (І. Ж.).

СӨЗІ АЯҚ АСТЫ БОЛДЫ [ДАЛАҒА КЕТТІ, ЖЕРДЕ ҚАЛДЫ, ЗАЯ БОЛДЫ] *Айтқанын ешкім елемеді, дегені іске аспады. Не дейсің, Арыстанмен кім таласты? Сөзімен Жетірудың кім санасты? Сенің алмағың қайсысы еді бұнысының, Сен бе едің сөзі болған аяқ асты?* (М. Ө.). Тірлікте бірлік ізде жанға сая, Ұқпасқа айтқак сөзің болар зая (ШС). Тана көз ұзап кетті. Жылқыбайдың көп сөзі далаға кетті. Өзімен қалсын балаға, Кетпесе сөзім далаға (Ш. Қ.). Өзі жәрмеңкені жарып жүрген көпестің даверныйы, Қарқаралының төресі, ел ішінде де, қалада да сөзі жерде қалмайтын еді (І. Ж.).

СӨЗІ БАТТЫ *Біреудің дегені өтіп кетті, жанға тиді.*

СӨЗІ [ОЙЫ] БІР ЖЕРДЕН ШЫҚТЫ *Айтқандары үйлесе кетті, бір пікір айтты. Екеуіңіздің сөздеріңіз тұп-тура бір жерден шығып отыр* (Т. А.).

СӨЗІ [АУЗЫ] ДУАЛЫ **○** **АУЗЫНЫҢ [СӨЗІНІҢ] ДУАСЫ** **БАР** *көне. Айтқаны келетін, беделді деген мағынада. (Болымсыз тұлғада да айтылады). Ақылы жоқ басқа адырайған көз бітеді, дуасы жоқ ауызға сылдыраған сөз бітеді* (Мақал).

СӨЗІ ЕКІ ҰШТЫ *Байламы жоқ, бұл тартпалы, тиянақсыз.*

СӨЗІ ЖАРАСТЫ *Айтқаны орынды, әңгімесі үйлесті. Екі би, айтқан сөзің жарасады. Еншіге еркімдер-ақ таласады. Бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, Айтқандарың қиянатқа жанасады* (ШС).

СӨЗІ ЖЕТПЕДІ *Айтқанынан береке шықпау мағынасында. Секілді Шәмси-Қамар, Дақтар-Бану, Затыңды жанға арам мендей тану. Заты жоқ жасықтықтың нысанасы, Адамға айтқан сөзің жетпей қалу* (А. Қор.).

СӨЗІ ҚАЛДЫ *Кейінгіге өсиеті сақталу мағынасында.*

СӨЗІ ҚАМШЫ БОЛДЫ *Айтқаны тұртікі болды, әсер етті.* Бекеннің әлгі сөзі қамшы болып, енді өнер институтына түсіп, білім жетілдіруге аңсары ауды Нариманның (ЛЖ).

СӨЗІ ҚОЮ ШЫҚТЫ *Айтқаны маңызды, мәнді болды.* Әзірге сөздері қою шығып жатқан жоқ (Т. А.).

СӨЗІ [ТІЛІ] ҚЫРШАҢҚЫ *Тілі ащы, қисық сөйлейтін адам туралы айтылады.* Жұлындырып ежелден отыратын, Мұның сөзі қыршаңқы түйе қотыр (Жамбыл).

СӨЗ ЛӘМІ *Әңгіме ыңғайы, емеуіріні.* — Жә, кеттік! — деді Кәлен мыналардың сөз ләмін жақтырмай (Ә. Н.).

СӨЗІ МАЙДА *Сыпайы, әдепті сөйлейді деген мағынада.*

СӨЗІМ СӨЗ *Айтқаным екі болмайды, бар айтарым осы, айтылған тұжырымымнан қайтпаймын деген мағынада.*

СӨЗІ [ТІЛІ] МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ *Тауып сөйлеу, тіке айту мағынасында.* Өзінің сөйлеген сөзі мірдің оғындай (ЛЖ). Ол сауатты адам. Жазған хатының әрбір сөзі мірдің оғындай (С. Төл.).

СӨЗІН [ТІЛІН] АЛДЫ 1. *Айтқанына көнді, дегенімен жүрді.* Қабыл көріп жас қаның, Сөзін алсаң басқаның, Оны не деп айтайың?! (Б. К.). **2.** *Уәдесін алды.* Қазір мақұл деген сөзін алып қал (АТ).

СӨЗІН БИТ ШАҚҚАНДАЙ КӨРМЕДІ *Айтқанын тіпті елеусіз қалдырды.*

СӨЗІН БҰЛДАДЫ *Айттар әңгімесін құндады. Сөзімді бұлдап несіне, Войымды балап керейін.* Атасы негіс жел сөзден Басбасына жетерлік, Еншіңді неге бермейін (Б. Ө.).

СӨЗІНДЕ БАЙЛАУ [ПӘТУА, ТИЯНАҚ] ЖОҚ **СӨЗІНІ БАЙЛАУЫ [БАЯНЫ, ПӘТУАСЫ, МӨРІ] ЖОҚ** *Сөзінде береке жоқ, айтқанында тұрмайтын шалағай кісі туралы айтылады.*

СӨЗІНДЕ [СӨЗІМЕН] ТҰРДЫ **СӨЗІНЕ ЖЕТТІ** **СӨЗІНЕН ШЫҚТЫ** **БІР СӨЗДІ БОЛДЫ** *Айтқанын орындады; айтқанынан қайтпады.* Қалмасын апам ренжіп. — Вилемін оны өзім де, — Уәде ме? — Әбден уәде. — Тұра біл жігіт сөзіңде (ПТӘ).

СӨЗІН ЖЕРГЕ ТАСТАМАДЫ **СӨЗІН ТАСТАМАДЫ [ЖЫҚПАДЫ, ҚИМАДЫ]** *Дегенін екі еткісі келмеді, айтқанын қабыл алды.* Тұрлаусыздан сөз ұқпа, Аузы оның епті деп. Нашардан шыққан жақсының Сөзін жерге тастама, Атасы нашар етті деп (Д. Б.). Басқа адамның орайы болмаған соң, бес тұяқтың бағып-қағуын өздеріңіз көрген ақсақалға жүктеп едік, ол да қатты қиналғанды, бірақ сөз жыққан жоқ, қоғам малы емес пе? Іске кірісті. (М. Е.). Нағашы апасының сөзін жыққысы келмеді ме..., Есіркеген әйтеуір Зейнеп-

тің қолын қақпаған, дегеніне көне берген (І. Е.).

СӨЗІН ЖҰТТЫ 1. *Сөзін кілт тоқтатып, артын айтпай қойды.* Қоспаң сөзін жұтып, баладай аузын ашып, Қосболатқа «мұның қалай» дегендей таңырқап қарап қалды (Т. А.). **2.** *Уәдесінен тайды; мәймәңкеледі, жалғанға шығарды.* Шырақ, сөзіңді жұтпа, мақұл деп уәде бердің, айтқаныңда тұр (АТ).

СӨЗІН ЖІБЕРМЕДІ *Уәжден жеңілмеді, сөзден есесін бермеді.* Ұстаған жерін қарашы. Ұқсамасаң, тума. Өзің Арыстаннан аумай қалыпсың. Ол да кісіге сөзін жіберіп көрген емес қой, — Дербісәлі күлкіден оқыс тыйылып, ауыр күрсініп байсалды сөйлеп кетті (Т. А.).

СӨЗІН ЕКІ ЕТКІЗБЕДІ [ЕКІ ЕТПЕДІ, ЕКІ АЙТҚЫЗБАДЫ] *Бірден-ақ көнді, лыпылдап дегенін істеді.*

СӨЗІН ӨТКІЗДІ *Айтқанын істетті, тілін алдырды.* Құртқа сынды сұлуың, Айтса сөзін өткізді (ҚБ).

СӨЗІН СӨЙЛЕДІ 1. *Біреуді жақтап, соның дегенін қостады.* Егер әкем үйде болса, мұндай қинала қоймас едім, қалай болғанда да менің сөзімді сөйлер еді (Б. Тұр.). **2.** *Айтарын айтып болды.*

СӨЗІН ТҮШТЕДІ *Әңгімені саяр жеріне жеткізді, түп мәнін аша айтты.* — Оны қайтесің. Онан да, Тәңірбергенжан, әуелі жаңағы сөзіңді түптеші. Мүмкін, мен түсінбей жүрген шығармын (Ә. Н.).

СӨЗІН ТІРІЛТТІ *Растан құптады, әңгімесін жандандырды.* Аманбай аяғын жия түсіп, Жұманның сөзін тірілтейін дегендей: «Бәрін айт та бірін айт, кінің бәрі мұғалімдерде» — деді (Б. М.).

СӨЗІНІҢ БОЯУЫ ОҢДЫ [КЕТТІ] *Мәңсіз, әсерсіз сөйледі.* Талай толғанып, екшеп алған дәлелдерінің салмағы жоғалып, айтамын деген сөзінің бояуы оңып кеткен сияқты болды (Т. А.).

СӨЗІНІҢ БІР КІЛТИПАНЫ БАР *Сөзінің бір астары, сыры бар.*

СӨЗІНІҢ [АЙТҚАНЫНЫҢ, ДЕГЕНІНІҢ...] **ЖАНЫ БАР** *Айтқаны дұрыс деген мағынада.* (Бұл фраза «сөз» дегенге синоним болатын сөздермен өзгеріп келе береді). Мені сізге жұмсаған жоқ, естігеннен кейін өзім әдейі келдім. Сөзінің жаны бар, сіз не Мәриямға, не Ольгаға істетіңіз, осы ауруды солар ғана емдей алады, — деді Халидаш (ЛЖ). — Бригада жігіттері бір адамның баласындай, — дейді Ф. Мақун. Оның сөзінің жаны бар. Мәселен, Федордың мамандық алуына көмектескен кім? Бригада коллективі (ЛЖ).

СӨЗІНІҢ ТӨРКІНІ ЖАМАН *Түпкі ойы теріс, пікірі жаман.* Масақбай сонша қасармас па еді, қайтер еді, егер прокурордың аузынан төркіні жамандау бір сөздің иісі шықпаса (С. М.).

СӨЗІНІҢ УЫТЫ БАР *Тілі өткір, сөзі мәнді. Жамбыл балам, тіліңнің түйірі, сөзіңнің уыты бар екен. Біреуден бата алсаң қайтеді,— деді (С. Б.).*

СӨЗІҢ АУЗЫҢДА *Айтар ойыңды тежей тұр, сәл тұра тұр.*

СӨЗІҢЕ ҚАРАУЫЛ ҚОЙ [БӘЙЕК БОЛ] *Айтқаныңа сақ бол, байқап сөйле. Тентек болма балаға, Безер болма келінге, Қадірің кетер еліңе, Қарауыл қой сөзіңе (Ш. Б.).*

СӨЗІ ӨТПЕДІ *Айтқанын жұрт қабыл алмады; айтқанын істете алмады; қолқагілегін орындамады. Аздың да ісі бітер ме, Көптің де ісі жетер ме? Көп ішінде бір жалғыз. Сөйлесе, сөзі өтер ме? (Б. Қ.).*

СӨЗІ СӨЗ-АҚ БОЛДЫ *Айтқаны көңілге қонды, әбден ұнады.*

СӨЗІ СҮЙЕКТЕН ӨТТІ *Жер-жебіріне жетті, тілі тиді.*

СӨЗІ ТҮЙЕДЕН ТҮСКІНДЕЙ **○ СӨЗІ ІРІ** *Дөрекі, ерсі, сөйлейтін адамға айтылады. Жаманның сөзі түйеден түскендей (Мақал). ... Иісін білмейтін жаман адам, Жанға ортақ кіммін демес жүрсе тірі. «Пәленшенің баласы пәленмін» дег., Аузынан шыққан сөзі қандай ірі (А. Қор.).*

СУАЛ, СУАЛҒЫР! *қ а р ғ ы с. Тып-тыйпыл болып, құрып кет!*

СУ АЯҒЫ ҚҰРДЫМ [ДЕСЕЙШІ]
1. *Жер түбі. Көңілді мың мен санға балаймын, Венденің ілігіне жарамаймын, Су аяғы құрдымнан қашып жүрген Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын (ҚКБС).*
2. *Аяғы, ақыры сұйылды деген мағынада. Қысқасы не керек, еңбеккүні әжептәуір дерлік ауыз толғырып айтарлық еді, ақыр аяғында «су аяғы құрдым» дегендей анау болды, мынау болды, быт болды, ақырында үш метр шыт болды — деп «жөн айттып», тоқтау айтып Телмағамбетті сылдыр сөзбен шығарып салмақ болды (С. Төл.).*

СУ БАСЫ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН *д и а л. Су мол болсын! Диқанға береке, су басы жоғары болсын! (Қ. орда, Арал).*

СУҒА ДА БАТТЫ, ОТҚА ДА ЖАНДЫ *Көрмегені болған жоқ; барлық қиыншылықты басынан өткізді. Суға да батты, отқа да жанды, бірақ тірі қалды, құрып кетпеді (І. Е.).*

СУҒА КЕТКЕН ТАЛ ҚАРМАЙДЫ *Амалы құрыған адам нені болса да көмек тұтады деген мағынада. Тетігі табылмаған, тынымы жоқ, Далбаса болашақтан ұғымы жоқ. Дегендей «Суға кеткен тал қармайды», Біреудің жазатайым шығыны боп (Қ. Т.).*

СУҒА САЛСА БАТПАЙДЫ, ОТҚА САЛСА ЖАНБАЙДЫ *Қиын-қыстау, төтенше жайсыз жағдайдың бәріне төтеп беретін адам туралы айтылады. Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын, ке-*

сіп алса қан шықпас белгілі Қалабай елдің жуаны деді... (Ғ. Мұс.).

СУДАЙ АҒЫЛДЫ *Мұндағы мағына: көп, мольнан келді. Қамарға хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жырттып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен жөбедей жерге енгізіп, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді (С. Т.).*

СУДАЙ АҚТЫ [БОЛДЫ] 1. *Көп шығын болды, көп төгілді, Мыңдаған ат тұяғы ақ бидайлы алқапты, мәуелі бау-бақты таптап жанышты, халық қаны судай ақты, бүкіл бір ел жоқ болуға айналды (ҚЭ).* 2. *Мүдірмеді. Вағытымыз «Красинке» қыстағы. Ферма бастығы қазақша судай ағып тұрған Николай Авиловтың әңгімесі де таусылар емес. Ал, Нілдіден оқыған екеуі орысшаны шала білетін еді. Спастан оқығаны орысшаға едәуір жетік, тіпті судай болағын (С. С.).*

СУДАЙ [СУ] ЖАҢА **○** **ИНЕ-ЖІПТЕН ЖАҢА ШЫҚҚАН** *Жап-жаңа. («Судай (су) жаңа» — ұсталмаған, жұмсалмаған соны нәрсе атаулының бәріне де қолданылады; ал «ине-жіптен жаңа шыққан» деген тіркес киім-кешек сияқты дүние туралы айтылады). Олар судай жаңа тракторлардың руліне отыра берді (ЛЖ). Атақты шопанның бұрыл шашында, су жаңа шевиот костюмінде электр нұры ойнайды (С. О.).*

СУДАЙ САПЫРДЫ [ТӘГІП ШАЙҚАДЫ, ШАШТЫ] 1. *Оңды-солды жапыра сөйледі. Оразбай: Ей,... ақ-қараны судай сапырасың. Бірақ, кірісер жеріңе кіріспейсің, бұл араға қилікпе (М. Ә.).* 2. *Рәсуа етті, алды-артына қарамай жұмсады. Сандық толы сары алтын, Сапырып судай шашқан күн (М. Ә.). Қалмақтың сүйтіп дәулетін, Судай төгіп шайқады (ҚамБ).*

СУДАЙ СУЫҚ, ОТТАЙ ТЕНТЕК *Ожар, бір беткей кісі туралы айтылады.*

СУДАЙ СІҢІП, ТАСТАЙ БАТТЫ *Жым-жылас құрыды. Қожаның күдігі дәл келді. Ардақты айттырып келген ешкім болмады. Салық төбесін қайтып көрсетпей, судай сіңіп, тастай батып алған (О. Б.).*

СУДАН СУҒА ШҮЙГІДІ *Еркін қызыққа кенелді. Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек; Бұл үйректей болыңыз, Судан суға шүйгумен, Келден көлге қоныңыз (Б. Қ.).*

СУДАН ТҰНЫҚ, СҮТТЕН АППАҚ *Адал, ешбір күнәсы жоқ. Сөйтіп жүріп сопы боп құдай ұрып, Таспық тартып мүлгисін тұнған тұрып. Бойында ат тартпайтын арамдық бар, Сүттен аппақ бола-сың, судан тұнық (Ә. Тәң.).*

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР *Не болса да жөнімен, ысырапсыз жұмсау керек деген мағынада айтылады. Екі шығындалсаң, екі жұмыс істесең, екі қайырып еңбек ақы төлесен қайдан жетсін. Судың*

да сұрауы бар демекші, бұл да бір күн маңдайға тиіп жүрмесе жарар еді (ЛЖ).

СУ [СУДАЙ] ЖОРҒА ⊙ СУ ТӨГІЛ-
МЕС [САУЫРДАН СУ ТӨГІЛМЕС] ЖОР-
ҒА 1. Жон-бөксесіне су құйып қойса да,
төгілмейтін жайлы айдама, нағыз жорға
ат. Соң жақ артқы аяғы ақ бақай, маң-
дайында төбелі бар, су төгілмейтін қара
жорға тұр ғой міне! (Ғ. М.). Жорганың
бірнеше түрі болады: соның біріншісі —
нағыз жорға, яғни су жорға, оны төрт
аяғы тең жорға дейді (Т. Әл.). 2. Тілге
жүйрік, шешен. Возбала жиынында өлең-
нен бейгені шаппай алатын да Нұрым,
жақсылардың тобында жырдан ермек өре-
тін су жорға да сол (Х. Е.). Бұл күнде көң-
лім ауыр қорғасыннан, Өткіздім жігіттікті
мен басымнан, Сауырдан су төгілмес боз
жорға едім, Тарлан тартса танбайтын
жорғасынан (Ш. Құл.). Қазақтың сусыл-
даған ділмары су төгілмес жорғасы, қы-
зыл тілден май тамызғаны неме керек
(М. Ә.).

СУ ЖҰҚПАС ⊙ ҚАРА СУДАН ҚАЙ-
МАҚ АЛАДЫ Барып тұрған ала аяқ,
жылтос, сұайт, жұттайм. Жалпы бұлар-
дың тұқымы, су жұқпас, баянсыз, ысқаяқ
ретінде екі болыс елге түгел мәлім-ді
(Т. Ә.). Қымс етсе шабатын, Қарсақтың
ізін табатын, Қадыр, Шұыт, Жайнағы Су
жұқпас қу қайдағы (Манас).

СУ ЖҰҚПАС ШЕШЕН Сөзден мүдір-
мейтін, ділмар. Япырай, өзім-өз болғалы
дәл осындай су жұқпас шешен адамды
көрген жоқ едім (Б. С.).

СУ ЖҮРЕК ⊙ ҚОЯН ЖҮРЕК Қорқақ.
Бақсының «дәрегісіз кісілерді шолып ке-
леді, мұныкі керемет күшті және үйірлі
жын» — деп жұртты қорқытып, су жүрек
қылып қойғандығы сонша, қашан кеш
болды жарықсыз, серіксіз қандай әулие-
мін деп жүрген кісілер болса да далаға
шыға алмады (С. Т.).

СУ ИЕСІ СҮЛЕЙМЕН ⊙ СУ СҮЛЕЙМЕ-
НІ ⊙ СУ ПАТШАСЫ СҮЛЕЙМЕН діни.
Ескі сенім бойынша су пайғамбары деген
ұғымда. Алысқа барып, түнде суға түс-
пес болар, су иесі Сүлеймен суға тартып
кетеді (АТ).

СУҚАНЫ ҚАШТЫ [ҰШТЫ] Зәре-құ-
ты, урейі кетті. Қас пен көздің арасында
қыздардың суқанын қашырып, қораға
қасқыр түскендей етерлік олардың қан-
дай сиқыры бар (ЛЖ).

СУҚАНЫ СҮЙМЕДІ Жаны жек көрді.
Әмір орындықты Жүсіптің қасына әкеп,
жайлана отырды да, сөзін сабақтады.
Жүсіптің суқаны сүймесе де тістеніп, ерік-
сіз мойын сұнды (З. Ш.). Бірақ қараптан-
қарап отырып, Бәтіманы суқаным сүй-
мейтінін сезінем (ҚӘ).

СУ ҚАРА КӨК ТАНДЫ Ақталып,
өзін арашалап, мойындамай қойды. Аман
енді желкеме тінбін алды. «Шыныңды
айт!» — деп зірк-зірк етеді. Ештеме шы-

ғара алмап еді, «Мәкенге ақ мөр беріп-
сің» — деп қысты. Су қара көк тана бер-
дім, — дейді Байбол (Ғ. Мұс.).

СУ ҚАРАҒҒЫ Екі көзі бірдей көр-
мейтін соқыр. Ол жаңа арада екі көзінен
айрылған су қараңғы еді (М. Ә.).

СУ ҚҰЙДЫ Басқа бір кісіге (қонаққа
т. б.) ізет ретінде қолын шаюға көмек
етті. Келген қонақтың қолына, балам, су
құй, тамақ өзір (АТ).

СУ ҚҰЙДЫ ӨТІРІКШІ Тым суайт сү-
ғанақ.

СУМАҢ ҚАҚТЫ Аузы-аузына жұқ-
пады, тез сойледі. Аулақта жайғастырып
айтсаң-дағы, Құлағынан кетеді судай
ағып. Ұрысуға болдырмайды үш күн сал-
май, Сөйлесе, ілестірмес сумаң қағып
(А. Қор.).

СУ МҰРЫН Болбыр, сылбыр адам
туралы айтылады. Атақты қара төбел би-
нің өзі екеніне Аман күмәнданған жоқ.
Ал оның үстінде күпісін айналдырып
киіп, жарбиған су мұрын, көк сақалдың
Таласбай екеніне сене алмай, салған жер-
ден: «Кім боласың, ақсақал?» — деді
(Ғ. Мұс.).

СУСАМЫР БОЛҒЫР! қарғыс. Су-
сап ауыратын кеселге душар болғыр де-
ген мағынада.

СУСАМЫР БОЛДЫ Таңдайы кепті,
қаны кепті, көні кепті, шөлдеді.

СУ СЕПКЕНДЕЙ БАСЫЛДЫ [ТЫН-
ДЫ, САП БОЛДЫ] Лезде тынышталды,
тына қалды. Күнтуардың кеудесінде ашу
оты қылақ етті де, ақылаға жеңдіріп, су
сепкендей басыла қалды (С. О.). Олардың
көзіне найзадай қадалған Нияздың қа-
нарлы көзі оның қайнаған қастық отын
су сепкендей басты (С. С.). Сол кісіге де-
ген наз аралас, балалық қалтқысыз бал-
ғын сезімім де су сепкендей сап болды
(Ғ. О.). Басылып гүйдесіп үйдің іші, Бәрі
де су сепкендей тына қалды (Ж. С.).

СУ СҮЙЕКТЕНІП ҚАЛДЫ Күздігүні
судың суып, жаңа ғана қата бастауы ту-
ралы айтылады.

СУ ТАҒИДЫ Дәмі жоқ, татуы жоқ.
Басқа тамақ жоқтықтан жеген біздің асы-
мыз жемей жатып қарынды ашырады, өзі
су тағиды (С. М.).

СУ ТЕГІН Өте арзан. Мынау елу тиын.
Мынау отыз бес тиын. Су тегін емес пе?
Бәрі баяғы тверской. Сүйегі терідей —
дейді Андрей (Ғ. Мұс.).

СУ ТИГЕН ӨРТТЕЙ СӨНДІ Бұл жерде
тез келген өлім-қаза туралы айтылып
тұр. Алпыс бір мүшел келді мерттей бо-
лып, Өтпенің сол мүшелден серттей болып,
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке Су тиген,
сөне қалдың өрттей болып (Ш. Құл.).

СУ ТИГІЗБЕДІ ⊙ ШАҢ ЖҰҚТЫР-
МАДЫ Сөз келтірмеді, қорғады, ақта-

ды.— Көбеңің не? Көзір Құдайменде болысының көкке сермеген құрығы айға түсіп тұрған кез,— деп Судыр Ахмет Қаратазға бұ жерден де *су тигізбей*, аман алып шықты (Ә. Н.). Әйтеуір, сол кісіге *шаң жұқтырмайсың ғой* (АТ).

СУ ТӨККІСІЗ ЖОРҒА БОЛДЫ *Жұп-жұмсақ мінез көрсетіп, құрдай жорғалады, бәйек болды* (АС). Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап, *Су төккісіз жорға боп шал жылмаңдап*, Отыз құл мынау тек жан емес қой деп, Әлінше қызметінде жүр тырбаңдап (Абай).

СУ ТҮБІНЕ БАТЫРДЫ [ЖІБЕРДІ, КЕТІРДІ] *Келмеске кетірді, құртты, жойды*. Мұрат ендеше сені оп-оңай *су түбіне батыра* салады деме, сен құрай емессің (М. Ә.). Содан бері Әбілқайыр өзіне жақсылық істеген, талай қиын-қыстау қатерлі өткелдерден алып шыққан, бірақ артынан сәл мұлт басқан талай серіктерін оп-оңай *су түбіне жіберді* емес пе? (І. Е.). *Су түбіне кетті* ғой, қарманып қалайын дегендей оймен көзімді ашып салсам, тор бие шаңа-манасымен қарғып та үлгірген екен (Ә. С.).

СУ ШЫҚТЫ МА? *Бір орында отыра алмай, әр жерге қонаңдай берген я бір мекенінен көше берген кісіге айтылады*. Немене орныңнан *су шықты ма?* (Ә. К.).

СУЫ БАСҚА [БӨЛЕК] АДАМ д и а л. *Танымайтын, басқа жердің кісісі. Суы басқа жігіттер келді* (Гур., Маң.). Ана жігіттердің *суы бөлек* қой, ет піскен кезде оларды да шақыр! (Қ. орда, Арал).

СУЫҒЫНА ТОҢЫП, ЫСТЫҒЫНА КҮЙДІ *Барлық азабын басынан кешірді; бар бейнетін арқалап, бағып-күтті*.

СУЫ ҚАТТЫ Діні берік, шілуі жоқ, қатыгез. Көпті көрген жырынды Айдар жаңа бастықғың *суы қатты* екенін алдақашан сезген (Ғ. Мұс.). Шоқыттың *суы қатты* мінезін білетін Садақ енді қайтып кісі жіберменгі (Д. Ә.).

СУЫҚ [САЛҚЫН] АЖАР [ЖҮЗ, ҚАБАҚ, ТҮС] *Ренішті, кейісті пішін, зәрлі бет; жатырқап, жатсына қараған пішін*. Жолдасарым да ұйқыдан шошып оянғандай шошынысып, жалт-жұлт қарасты, Бәрі де *суық жүзбен* таңырқасып қалды (С. С.). Даусын көтер сөйлегенін, бір адамға *суық жүз* көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген емес (Ғ. М.). Еламанның өңіне бұрын болмаған *суық ажар* пайда болыпты (Ә. Н.). Жас Әміре Хасеннің *суық түсі* мен шаңқылдай шыққан ащы даусынан үрейленіңкіреп тұр еді (Қ. Ж.). Бұл кеште жаңағыдай дөкір мінезді, дүңк етпе тұрпайы сөзді Сағит *салқын ажармен* жеңгесін дарытпады (М. Ә.). Біздің мына ала бөтен жүрісімізді ұнатпады-ау деймін, маманның *қас-қабағы салқын* еді. Сұлтаны соны аңдады ма, түспеді (В. С.). Келіспес араңызға *салқын қабақ*, Салқын болсаң әркімге

болдың тамақ, Жел бергенде желіккөз жел буазға; Қанжығалы биеге үлкен сабақ (С. Т.). Қозғаған жас қуатын мәуелі жаз, Мақұлық қыбырлаған бәрі де мәз. Әр жерінен ажалдың кісі шығып, *Суық түспен* қарайды кәрі Кавказ (А. А. Қ.). *Суық түсті* әжем әкемнің төсегіне барып отырды да, сезімі толқыған кескінмен тұнжырай қап, аздан кейін ауыр жүрсініп: — Балам, сенен бір тілегім бар! — деді (С. М.).

СУЫҚ ЖҮРІС *Біреумен көңілдес болу*. (Бұл тіркес, көбіне, еркек пен әйел арасындағы ұрлық сыр туралы айтылады; бағзы уақыт ұры-қары туралы да қолданылған). Нұржан майданда жүргенде Күнипаның *суық жүрісі* болған екен деп әңгіме ететін (ҚӘ). Он алты-он жеті жасар уыздай екі жас қыздың *суық жүрісті* бейтаныс топ жігіттің қастарына қорықпай келгендеріне... таң қалған (І. Е.).

СУЫҚ [КӨЗБЕН] ҚАРАДЫ [ҚАРСЫ АЛДЫ] ⊙ СУЫҚ ҚАБАҚ КӨРСЕТТІ *Жақтырмады, жақтырмай салқын жүз-десті*. Қыз жауап қайыра алмады. Аман ұялғаннан қып-қызыл болып, Таймасқа *суық көзбен қарап* қойып еді, ол бұған қасақана қарамады (Ғ. Мұс.). Әлиасқаров та *суық қабақ көрсеткен* жоқ, бірақ сабырлы қарсы алды (Т. А.). Абай өзі қорықтың шетінде бір қыратқа таман шығып тұр еді. Жат жолаушыға *суық қарады* (М. Ә.).

СУЫҚҚА ҰШТЫ *Үсік шалды, суыққа ұрынды, үсіді*.—...Қойдың арығы, *суықтан ұшқаны* болса, арамза қоздап қалатыны болса,— бұлардың бөріне де баспана табамыз...— деді Жарасов (М. Ә.).

СУЫҚ ҚАПТЫ *Суық қысты. аяз қарыды*. Еламан салқын амандасты. Соған артық тілге келмей, *суық қапқан* киімі сықырлап, есік алдында теріс қарап тұрып шешіне бастады (Ә. Н.).

СУЫҚ ҚОЛЫН СҰҚТЫ *Талан-таражға салды, ұрлап-жырлады*. Мемлекет атынан бірі жарлық беріп, бірі билік шығартып, тапа-тал түсте колхозды үшеулеп тонады, оның банктегі қазынасына үшеулеп *суық қолдарын сұқты* (С. Төл.). Біздің Ұлы Отанға Сұқтырмаймыз *суық қол* (А. Т.).

СУЫҚ СОРДЫ *Суық шалып, түрі қашты*. Жер қарада *суық сорып*, боп-боз болып, серейіп қатқан қылыш балықтай немес еліктері жазық дала бегінен айқындалып ап-анық көрінеді (Ә. Н.).

СУЫҚ СӨЗ [ХАВАР, СЫБЫС] *Жағымсыз, жаман хабар; алып қаштысы бар хауіпті әңгіме*. «Енді ешкім тірі қалмайды» деген сөз түрменің бөлмесінен күңкілдеп тарауда. *Суық сөз* қара жылайдай асығып сыбырлауда (С. С.). Бірақ соған орай Тобықтыдан келген *суық сөзді* бір серке емес, Көкеннің көп елі естіген де, осы көктемде дағдыдан тыс бірқалыпқа келген (М. Ә.). Осы күннің ертеңінде *суық*

сыбыс анық боп, Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті (М. Ә.). Отыз бір, он тоғызды алады деген *Суық хабар* халықты бұлқындырды (Жамбыл).

СУЫҚ СЫР *Жаман ниет, түйген зілі мол, бүркеулі жай.* Осы сөзді Шұбар мен Ерболдан жолдай отырып, Төкежан анық *суық сыр* ашты: Ағайын арасына лаң түскелі отыр. Дәл осы жерде ұғыспасақ, Құнанбай ортасы бүлінгені (М. Ә.).

СУЫҚ ТАРТТЫ *Көңілі жығылмады, салқын карады.* Қай қазақты көрсем де баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ер жеткен соң *суық тартатұғыны* қалай? (Абай).

СУЫҚ ҮН [ДАУЫС] *Ашулы, қатты шыққан дауыс; қаралы үн.* Осы кезде Абай мен анасының құлағына ерекше бір жат, *суық үн* естілді. Біреу: — Ойбай, бауыр-ем! — деп ат қойып келе жатыр (М. Ә.).

СУЫҚ ҰСТАДЫ [ШАЛДЫ, ТИДІ, ӨТ-ТІ] *Салқын тиді.* — Ақмоладан осы киіммен келдің бе? — деді Танакөз Нұрғалиға. — Жоқ, — деді Нұрғали, — қазақы киімдері пәтерде. Мынау қала киімі ғой. *Суық ұстап* қалмасын. Тым жеңіл екен деді Танакөз (Ғ. Мұс.). Ой, жарықтық-ай, жас өкпесін *суық шалды-ау*, — деп Алдар көкем көк бұйра қозыны қойнына салып жіберді (С. Ад.). Көрінбей қырау басып екі көзі, Дірілдеп *суық өтіп* тоңып өзі, Түсіріп жерге отынын отырды да, Нала боп бейшараның айтқан сөзі (С. К.).

СУЫ КҰРЫДЫ диал. *Мысы құрыды, амалы таусылды.* Солай болмай *суы құрыды* (Шығ. Қаз., Болыш.).

СУЫН СҮТ ҚЫЛЫП ҚАЙНАТТЫ к ө н е. *Зорлық көрсетті, өктемдік қылды.*

СУЫН СҮТ ҚЫП АЛДЫ к ө н е. *Ақысын арғығымен алды.* Мына деддал саудагерде түк қанағат жоқ екен, *суын сүт қып алды* (АТ).

СУЫН ТАПТЫ *Бабын келтірді, көңілдегідей етті.* Алтын жерде жатпайды, Жаман ұста *суын таппайды* (Мақал).

СУЫН ІШКЕН ҚҰДЫҚҚА ТҮКІРМЕ *Жақсылыққа жамандық істеме.* Сонда әлгі адам: — Балам *суын ішкен құдыққа түкірме*, ертеңгі асты тастама, оң қолың ұрыс бастаса, сол қолың арашаны болсын, — деп еді (ҚЕ).

СУЫҢ СҮТТІ [ШҮЙГІН] БОЛСЫН! *Егін суарғанда айтылатын тілек.*

СУЫН [СУЫСЫП] КЕТТІ 1. *Ыстық қалыптан салқындап, мұздап кетті.* (Көбіне, ас-ауқат туралы айтылады). 2. *Екі ара дұрдараз болу мағынасында.* Бір жыл бойы хабарласпаймыз, арамыз *суып кетті* (АТ).

СУЫРДЫҢ АЙҒЫРЫНДАЙ ШАҢ-ҚЫЛДАДЫ *Ащы тұрпайы дауыс туралы айтылады.*

СУЫРПАҚҚА ЖАНЖАЛДАСТЫ *Болар-болмас нәрсеге керісіп таласты.* Оязға Оқас кеп тұр маң-маң басып, «Беріңіз бәйгемді!» — деп баяндасып. Тоғызды түйе басты үлесті жұрт, Таласып *суырпаққа жанжалдасып* (І. Ж.).

СУЫРЫЛА СӨЙЛЕДІ *Ағылып, жеткізе, ойын еркін айтты.* Әрқайсысы қысқа амандасып, біраз сұлық отырған соң *суырыла сөйлеп* кетті (Ғ. Мұс.). Өтеді желдей есіп, жұртты аралап, Шығат та Мавзолейге жұртқа қарап, *Сөйлейді суырылып*, бір-бір талдап, Міндегін ел қорғаудың қолмен санап (Жамбыл).

СУЫРЫЛЫП ШЫҚТЫ [ШЫҒА КЕЛ-ДІ] *Топтан ерекше бөлініп шықты.* *Суырылып шығып* ұзын сирақ Өтен сөйледі (Т. Сұл.). Қызыл әскерлерді қарсы алып тұрған бір топ адамның ішінен *суырылып шыға келдім* де, тақылдап орысша сөйлей бастадым (С. О.). Өу баста-ақ *суырылып шығып*, жұрт көзіне түскен екі комсомолмыздың осы орнын суытпай, білекке білек қоссақ... (ЛЖ).

СУЫРЫП САЛМА *Табан астында қолма-қол өлең шығаратын адам.* Қазақтың ауыз әдебиетінің қазынасын жасаушылар — жыраулар, жыршылар, *суырып салма* ақындар (ҚССРТ). Осындай үлкен ауыр жиында мынадай *суырып салма* сөз және аразды табыстыратын бітім, жамау сөз Абайға бір алуан қызық сияқты көрінді (М. Ә.).

СУЫСЫП КЕТТІ *Көңілдері қалып, аралары алшақтады.* Бір түндік астында бірге тұрғанмен, бүйте берсе келешекте жат болып *суысып кетулері* мүмкін еді (Ә. Н.). Менің осы тентектігіме өкпелеген қыздың әке-шешесі жақын боп жүрген біздің үймен біржола араздасып, *суысып кеткен* (С. М.).

СУЫТ ЖҮРДІ *Асығыс, тоқтаусыз беймезгіл жүрді.* Әбіштің Мағрипмен көрісуі қажет екенін Дәрмен Өтегелдіге онай ұғындырды. Осымен әуелі Өтегелді *суыт жүріп* ноғай аулына барды (М. Ә.).

СУ ІШСЕМ ДЕ, СУАН ІШСЕМ ДЕ **○** **СУ ІШСЕМ ДЕ, У ІШСЕМ ДЕ,** *Не де болса, қандай қиын-қыстау жағдай болса да. Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге боламын* (І. Е.).

СУ ІШТІ *Егіндік, шабындық, т. б. жерге ылғал (су) жіберу мағынасында.* (Құнарлы нәтиже болу үшін істелетін әрекет). Егініміз шөлікпен тұр еді, дер кезінде *су ішіп*, біздің де көңіліміз жайланды (АТ).

СҰҒАНАҚ [АШ, СҰҚ] КӨЗ *Сұқтана қарайтын тіміскі адам мағынасында.* Баранов *сұғанақ* көзін барлай жіберіп, жан-жағын бір шолып алды да, демін ауыр алып қиналып келе жатқан Қирсановтың бетіне үңілді (Ә. Ә.). Артымда жоқ еді ана көкірегі, Лапылдаған қайта тартар отты лебі. *Сұқ көзбен, суық сөзбен* тұрт-

кілеген, Жүрегім тастай қатып кетіп еді (Ғ. О.).

СҰҒЫН ҚАДАДЫ [САЛДЫ] *Телміре қарады, сұқтанды; қызғана, көз тікті.* Айкыз бенен Қалиқа бір тостаған қымыз жұтқызса, «құлқының құрғыр деп» *сұғын қадап* тұрып, әрін қоса жұтқызады...— дейді Бүркітбай Баймағамбетке (М. Ә.). Жүз қараға екі жүз кісі *сұғын қадап* жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма? (Абай).

СҰЙЫЛЫП КЕТТІ *Нәтижесіз, бейберекет болу мағынасында.* Су аяғы құрдым дегендейін, бастаған тірлігің *сұйылып кетіпті* ғой (АТ).

СҰҚБАТЫНА КЕЛТІРДІ 1. *Келісті кейіпке түсірді.* 2. *Бұл жерде жанын көзіне көрсетті.* Бір жерлерге келгенде, Ұстап алып кемпірді, *Сұқбагына келтірді* (АБ).

СҰҚ КӨЗГЕ ҰШЫРАДЫ *көне.* *Көзі өтті.* Жұрттың *сұқ көзіне ұшырап*, өсудің есесіне орнынан алынып, өзінен төмендерге жалынып қызмет сұрап жүрмек пе? (Т. А.).

СҰЛАП ЖАТТЫ [ТҮСТІ] *Ұзынынан серейі құлады.* Қара нар *сұлап жатыр.* Нарды қоршап бір взводтай солдат тұр. Солдаттардың еріндері жарық-жарық, беттері күнге күйіп қап-қара боп, әбден тотыққан (Ө. Қ.).

СҰЛҚ ЖЫҒЫЛДЫ [ТҮСТІ] *Жалпая бірден құлады, жалпасынан түсті.*

СҰЛУ ТОРАТ БОЛДЫ *диал.* *Сыпайы болды, әдепті болды, тыныш болды.* Жиналыста бейпіл сөйлеп, бос сөздерді айтқанша *сұлу торат болған* жөн (Орын., Дом.).

СҰЛЫҚ ОТЫРДЫ **○** **СҰЛЫҚ [ТҮСІП] ЖАТТЫ** *Үн-түнсіз, ештеңені елең қылмай, селқос күйге түсті.* Әрқайсысымен қысқа амандасып, біраз *сұлық отырған* соң суырылып сөйлеп кетті (Ғ. Мұс.). Үн жоқ Сейіт тірі көмілген көрінен достас адамдары суырып алғанда біраз талықсып *сұлық түсіп* жатып, аздан соң ес жиған (М. Ә.). Нұржан үйдің төбесіне жайбарақат қарап сол күйі *сұлық жатыр* (ҚӘ).

СҰМ [ЖАЛҒАН] ДҮНИЕ **○** **ПӘНИ ЖАЛҒАН [ДҮНИЕ]** *Опасыз алдамшы өмір.* *Сұм дүние* тонап жатыр, ісің бар ма? Баяғы күш, баяғы түсің бар ма? Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір. Желігіл жерге тықпас кісің бар ма? (Абай). Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген Бір қызық ісім екен *сұм жалғанда* (Абай).

СҰМДЫҚ БОЛДЫ *Бәлекет іс, ересен оқиға, жайсыз іс болды.* Күнтудың болыс болып шығуы Құнанбай балаларына ойда жоқ *сұмдық болды* (М. Ә.). Әкем Бөрібай шал айтты: — Балам,— деді Бір *сұмдық болған* екен саған,— деді. Жөніңді қайтып келіп білдіріп қайт, Тағы да болды-ау қиын заман,— деді (БатЖ).

СҰМ ЖҮРЕК *Мұңға толы, шер жұтқан жүрек.* Басы қаты *сұм жүрегін* Тоқтата алмай кетті де. Сорға біткен көкірегің Сендіре алмай өтті де (Абай). Бенде көрген бір қызықтың Бәрін көрген *сұм жүрек* Айныған соң, Сен жолықтың, Айтып-айтпай не керек (Абай).

СҰМ ЗАМАН *көне.* *Қайғы-қасіреті, азабы көп дәуір.* Бірге туған мен ағаңнан, Шын досыңмын кем емес. Соққы жедім *сұм заманнан*, Бір жылы сөз ем емес (Абай).

СҰМ ТІЛДІ *Жалған сөзді, улы сөзді.* Ұрыңнан асырдың *Сұм тілді* қарыңды. Жасырдым, жасырдым, Енді айттым зарымды (Абай).

СҰҒҒЫЛА ҚЫЗ *Құлығы, қылығы асқан қыз.* Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қыз болу керек. Әлде *сұғғыла* қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?... (Ғ. М.).

СҰҢҚАР ҚАРҒА БОЛМАЙДЫ *Бұл жерде жақсыны қанша кемігіп, мін тақса да, жаман болмайды деген мағынада.* Қанаттарын кессең де, *Сұңқар қарға болмас-ты* (БЖ).

СҰПЫ [СҰПЫНЫ] КЕТТІ *диал.* *Мәні, мәнісі, ұсқыны кетті.* Қазір бұл жұмыстың *сұпы кетіп* қалды (Тау., Қош.).

СҰРАҒАНҒА ТІЛЕГЕН **○** **ІЗДЕГЕНГЕ СҰРАҒАН** *Дөп келді, сәті түсті, құланың қасынуына мылтықтың басуы дәл келді.* Ташкентке бет алып қызыл вагонды ұзыннан ұзаққа созылған поезд тап болып, «*сұрағанға тілеген*» деп бұлар қуанып еді (Ж. А.).

СҰРАУ [СҰРАҚ] АЛДЫ *көне.* *Жауап алып, тергеді* (АС). Адам баласынан махшарда *сұрау алатұғын* қылып жаратқандығында һәм ғадалат, һәм махабат бар (Абай). Отырған сұрақшы мен ханы қалмақ, Бас ұрдың Ежен ханға заңы тайғақ. «Арқалық қайсысың» — деп түрегелді, Алдына тік тұрғызып *алды сұрақ* (АрБ).

СҰРАУ БЕРДІ *Жауаптасты, тексерді, кінәласты* (АС). Жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда *сұрау бермейтұғын* қылып, бұлардың һөммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан (Абай).

СҰРАУ САЛДЫ *Іздеді, хабар-дерезін сұрады.* Келеміз елімізден біз жолаушы. Бет алып шыққан жерім Көк бояушы. Үйірін қысырақтың жауға алдырып, Келеміз *сұрау салып* біз сұраушы (ҚЖ). Ұры мен Асқар артынан келеді. Жолдағы елден *сұрау салып*, қуып келсе, кетіп бара жатқанын жолдағылар айтысады (М. Ә.).

СҰРАУСЫЗ ӨЛДІ көне. *Бұндағы мағына: соңынан іздер адамы болмай, кегі алынбай қалды. Зорлықта мал, қорлықта ел,— Бүйткенше жұтсын қара жер, Кек алмаған ер-қатын, Сұраусыз өліп қалғалы (Б. К.).*

СҰРАУЫН ТАПТЫ *Тілін тапты (АС).* «Сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ» деген — ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. *Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аңқан терден сұрау керек қой (Абай).*

СҰРҒЫЛТ ТАРТТЫ *Қараңғылық басты, кешкірді (АС).* Күңгірт көңілім сырласар *Сұрғылт тартқан* бейуаққа, Төмен қарап мұңдасар, Ой жіберіп әр жаққа (Абай).

СҰР ЖЕБЕ көне. *Бұрынғы өткен бағырлардың өткір, жылмақай садақ оғы. Көп оғының ішінен сұр жебе деген оқ алды (ЕТ).* Садағына *сұр жебені* салдырған, Садағының кірісін сары алтынға малдырған (М. Ө.).

СҰР ЗАМАН көне. *Қатыгез шақ, ауыр уақыт. Күй сол ма ол күндегі бұлдай тұғын, Сазы ма сұр заманның тыңдай тұғын. Басып па ед Алатауды ауыр бұлт, Уайымы орынды ма ед улайтұғын (І. Ж.).*

СҰР КЕДЕЙ **○** **СҰРЫ ЖОҚ КЕДЕЙ** көне. *Қу тақыр жарлы-жақыбай.*

СҰРҚИЯ ТІЛ *Аздырушы, әзезіл сөз (АС).* Жұрт біледі, күледі *Сұрқия тілдің* жаманын, Қошеметшілердің амалын (Абай).

СҰРҚЫ [ҰСҚЫНЫ] ЖАМАН **○** **СҰРЫ ЖОҚ** *Түрі үрейлі; жүзі адам көргісіз, келісіз. («Сура» парсыша — нышан, түр). Қайрат қалың, күш мығым, Жазда қамтып қыстығын. Мен мұз болсам сен жалын, Тым-ақ жаман ұсқының (І. Ж.). Пішіні үрген қуықтай, Дене толған тұлыптай, Дерт алғандай сұры жоқ (І. Ж.).*

СҰРЫ [СҮДІНІ] КЕТТІ [ҚАШТЫ] **○** **СҰРЫН [СҰРҚЫН] АЛДЫ** *Сиқы кету; жүз-өңі бұзылуы; құты қашу мағынасында. Қара жер күрең тартып шалқып жанып, Көк орман көрінеді жалқынданып. Соғыстың сойқанынан сұры кеткен Астында майдан жері жатыр қалып (С. Мәу.). Жиналып тұрған ақсақалдардың, байлардың сұрлары кетті. Өңдері қашты, бәрі дағдарды. Жандары мұрындарының ұшына келді (С. С.). Көк пен жерден сұр кетті, Кемпір-шалдан түр кетті, Жастығы жылдың — жаз өтті, Қарасаң да сүзіліп (С. С.). Шөлдеген аттардың да сүдіні қашып, мыңқишып кеткен (Ө. Н.). Сырттан қыз сілкінгендей беріп сыртын, Талайдың айдынымен алған сұрқын (І. Ж.). Болсаң да жаннан сұлу жаста бұрын, Салатын көрген адам көздің қырын. Қайран жас, қара шаш пен қалам қастың, Өзгертіп бұл көрілік алар сұрын (Ш. Құл.).*

СҰС КӨРСЕТТІ *Именгер пиғыл білдірді, қатулана қарады. Аға сұлтанға ол бірден «қазақ даласында болып жатқан бүліншілікке сен де айыптысың» дегендей сұс көрсетті (І. Е.).*

СҰСТЫ [СҰСЫ, ПЫСЫ] БАСТЫ *Қайрат-сесі тұқыртып жасқантып тастады. Он екі күн болғанда Болдырды деді жануар, Аруағы қашты көпірдің, Сұсы басты батырдың (ЕТ).*

СҰХБАТ ҚЫЛДЫ *Әңгімелесті, пікірлесті (АС).* Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. Арзан, жалған күлмейтін, шын күлгерлік, Ер табылса, жарайды қылса *сұхбат* (Абай).

СҰБЕ БИ көне. *Басты би, белді би. Хан сөзі бітісімен, Қыпшақтың сұбе биінің бірі, топ жарған шешен Құба би: — Қара бетпін, ағайың,— деді. Ашу үстінде алулы ұлынды өлтіріп, елге қарар емес, жерге қарар жайым бар. Кессең бас, алсаң жан мінекей, құнын беруге дайымын (І. Е.).*

СҰБЕЛІ АТА [АУЫЛ] көне. *Қабырғалы, ірі ру, күшті, жуан ата, ықпалды ауыл.*

СҰБЕСІН СӨКТІ *Қиратты, быт-шыт етіп талқандады. Мүлт кетпес нар кескендей өткір тілмен Қаусата жау сүбесін сөкпеді ме? (Қ. Жұм.).*

СҰЗКЕТЕН ТҰРҒАНДАЙ *Құр сүлдесі қалып, қатты жүдеген адам туралы айтылады. Мал берген жақтың: «Қыз риза болмаса, бір түнде алып қашамыз» деген сөздерін естіп, қыз бек қатты қайғырады, сүзектен тұрғандай халге келеді («Айқап»).*

СҰЗІП АЛҒАН *Асылын, қадірлісін екшеп іріктеген мағынасында. Ойлама ондай ақын азады деп, Болады жазғанынан жазары көп. Өмірдің тереңінен сүзіп алған, Қымбатына өткізер базары көп (С. М.).*

СҰЗІП ӨТТІ [ШЫҚТЫ] *Түк қалдырмай көзден өткізді, барлап өтті. Сен үшеуің араларыңды алшағырақ ұстап, қорғанды сүзіп өтесіңдер (А. Х.). Жәнібек соңғы екі-үш күннен бері Ожарға шығуға асығулы болатын. Өйткені кереге тасты кешегі күнге шейін Бекбол екеуі бір жұмадай сүзіп шыққан (М. Ө.).*

СҮЙЕГІ АСЫЛ көне. *Шыққан тегі, тұқымы мысты деген ұғымда. Сүйегі асыл дүр еді, Құдайдың өзі біледі. Он төртінші айдай боп, Түседі кімнің қасына (ҚамБ).*

СҮЙЕГІ АУЫР *Өте салмақты. Сүйегі ауыр кісі ғой, анау-мынауға қозғала қоярма екен? (АТ).*

СҮЙЕГІ БАЛҚЫДЫ *Жан жүйесі босады. Ойласам балқып сүйегім, Жолығар заман бар ма екен, Ойдағы шырын сүйерім? (М. Б.).*

СҮЙЕГІ ЖАМАН к ө н е. *Тегі нашар.* (Ескі заманда үстем таптың бұқара халық адамына, «ақсүйекке» жатпайтын еңбекшіге кеміте қойған лауазымы). Білгендердің айтқаны Көкірегіне кірмейді, Өз пайдасын білмейді, *Сүйегі жаман* болған соң (Д. Б.).

СҮЙЕГІ ЖАСЫДЫ 1. *Өзінен өзі қажыды, мұқалды.* Жорға мініп бәрі де жігіт болды, Соны көріп *сүйегім жасыды* (ҚӘ). 2. *Бегі қайтты* (АС). Сүйсіне алмадым, сүймедім, *Сүйегім жасып*, сор қалың... (Абай).

СҮЙЕГІ ЖАСЫҚ *Бос; ынжық.*

СҮЙЕГІ ҚЫЗДЫ *Елікті, намысы қозды, намысқа шапты.* Сонда да мені көріп басқа білімпаздардың *сүйектері қызар* («Айқап»).

СҮЙЕГІ МЕНІКІ, ЕТІ СЕНІКІ к ө н е. *Бала менікі болғаныммен, сенің қол астыңда, не істесең де еріктісің деген мағынада.* Қазақ баяғыда баласын молдаға оқуға бергенде «*сүйегі менікі, еті сенікі*» деп беруші еді (Т. А.).

СҮЙЕГІНЕ [ҚАНЫНА, ҚАНҒА, СҮЙЕККЕ] *СІҢГЕН Табиғаты соған дағдыланып әдетіне айналған; бойына сіңген.* Туғаннан бері ата мұрасындай болып, *сүйегіне сіңіп*, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? (С. Т.). Ғасырлар бойы *сүйегіне сіңген* әдет-ғұрыпты аз күнде қалай жеңесің? (С. М.). Жалқау деген жаман ат, *Сүйегіне сіңген* бе, қағазға тамған сиядай (Қ. Қуан).

СҮЙЕГІН ЖУДЫ ☉ **СҮЙЕГІНЕ КІРДІ** [ТҮСТІ] к ө н е. *Өлген кісіні арулады.* Біраздан кейін өлген адамдай болып көзін жұмып жатыпты. Сонан соң досы бір қазанға суды қайнатып: «*Сүйегін өзім жуамын*»,— депті (ҚЕ). Шырағым-ау, мен қайдан білейін, қай жерінен тигенін. Жұуға *сүйегіне кірген* адам айтады ғой, қазір (Х. Е.).

СҮЙЕГІН [СҮЙЕК] **ҚОРЛАДЫ** к ө н е. *Ата-тегіне намыс келтіретін, қорлық болатын іс етті.* Жазасын тартқан жоқ па Медғат ағаң, Не қылды қарындасың ойла саған. *Қорлаған өз сүйегін* тіпті оңбайды, Туысқа мейірімсіз боп қарамаған (М. А. Қ.). Мен бұл қызымның... кеткеніне риза емеспін, Ол қара кісі еді... *Сүйек қорлап* қара кісімен кетті (ЕТ).

СҮЙЕГІН ӘЗЕР СҮЙРЕТТІ *Жүйкеледі, болдырды.* Жаңыл... іштей бұлқынса да *сүйегін әзер сүйретіп* келген қартқа сөз айтуға батпады (Т. А.).

СҮЙЕГІН ШЫҒАРДЫ *Өлікті, өлген кісіні жерлеуге алып жүрді.* *Сүйегі шықса* ағайдың дәл осы үйден, Айтшы өзің, ұялмас па ең, күйінбес пе ең? (Ө. С.).

СҮЙЕГІН ШЫҚҚЫР! қ а р ғ ы с. *Өлігің шықсын, өл деген мағынада.*

СҮЙЕГІ САЛ ВОЛДЫ 1. *Мешел болды.* Мендей ғарип құлыңның Ал ұсындым, қолын ал *Сүйегім* менің *болды сал*, Қуат кетіп тәнімнен (МЗ). 2. *Діңкеледі, болдырды.*

СҮЙЕГІ САУДЫРАҒАН [ШЫҚҚАН] *Әбден қартайған, арық адам туралы айтылады.* *Саудыраған сүйегі* Сексендегі кәрі шал, Қабарын көп түйеді Сықылданып сұм ажал (Қ. А.). Латыш шал *сүйегі шыққан* арық денесі селкілдеп, шиқ-шиқ күлді (Ө. Н.).

СҮЙЕК БЕРМЕС *Қомағай, обыр;* «*сүйекті екі жағынан ұстап, ортасынан тістеген*» сараң. Оларша — жердің белі, таудың құзы, Ата ұлы арыстандай кер ауызды. Біздіңше — хат білмейтін бір қатты шал, Жуан ит *сүйек бермес*, жалмауызы (І. Ж.).

СҮЙЕК ЖАҚЫН БОЛДЫ ☉ **СҮЙЕК БОЛДЫ** *Жекжат болды, құдандалы болды.* Тірідей көзіне құн алу арына ауыр болар, құдалықпен құдай атын айтып, *сүйек болсын* (С. Б.). Баласын сол жылы туған ырым қылып, Ат қойған «Қажыбай» деп атандырып, Ақырда Жұмағұлмен құда болған, *Сүйек жақын болайық* десіп жүріп (С. Т.).

СҮЙЕК ЖАҢҒЫРТТЫ *Бұрыннан құдандалы болып келе жатқан кісілер қыз берісіп, жекжаттықты қайтадан жаңалады.* «Әуелден бас түйскен жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады, қайтадан *сүйек жаңғыртайық*, Амантайға баласын берсін» депті,— деді Қайша Демешке (М. Ә.).

СҮЙЕККЕ БІТКЕН ҚЫЛЫҚ [МІНЕЗ] *Ежелгі, туа біткен қасиет.* Мұны ол әдейілеп қылымсу ретінде, немесе, кісінің назарын аударайын деген сәнгеілікпен істеп жүрген жоқ. Өзінің *сүйегіне біткен* табиғи тұлғасына жарасымды қимыл (Ө. Сат.).

СҮЙЕККЕ ТАҢБА ВОЛДЫ [САЛДЫ, ҚЫЛДЫ] к ө н е. 1. *Тұтас бір әулеттің, тұтас бір ата ұрпақтың арына дақ түсірді деген мағынада айтылады.* Тумаға есім қойып мал табуды *сүйекке таңба* санаған Дәрмен бұған да жауап айтып жалтартқан (Т. Ә.). Біреудің тілі тиіп қалса, қолы тиіп *сүйегімізге таңба* болып қала ма деп өтірік араз болып жүр едім (ШС). Қабарғына қар қатты, Кірігіне мұз қатты, Қананың естіп хабарын, Ұйқы көрмей түн қатты. Ноғайлыны алды деп, *Сүйекке таңба салды* деп (ҚБ). 2. *Үлкен арнамысқа тиді, мін болды.* Сол кекшілдігі *сүйегіне* өмір бойы өшпейтін *таңба* салып ала жаздаған жерінен құтқарып қалып еді (Т. А.).

СҮЙЕК ҚАС д и а л. *Тұқымымен, жегі атасынан бері қас, өштес.* *Сүйек қас* болған адам екен (Жамб., ШУ).

СҮЙЕК САҚТАР ТЕК ВОЛМАС *Ұрпақтан ұрпаққа ауысарлық кек.* Жаман адам белгісі — *Сүйек сақтар тек болмас.*

Жақсы адамның белгісі — Ашуы бар, кек болмас (ШС).

СҮЙЕК ТАМЫР *Ежелден жақын берік дос. Сүйек тамыр сүйенісіп күн көреді, Ауыз тамыр айтысып артығын алады* (Мақал).

СҮЙЕК ТАСТАДЫ *Бұл жерде дүние беріп алдандырды деген мағынада айтылып тұр. Мырзаға бақ, дәулет біткенмен, басқа жарлы, өзі төмен әрі аз атадан шыққан. Сондықтан, бір Мақашты сүйек тастап, көңілін аулайды да, жүзді ықтырып ұстайды* (Ғ. Мұс.).

СҮЙЕКТЕН ӨТТИ **СҮЙЕКТИ СЫР-ҚЫРАТТЫ** **СҮЙЕККЕ ТИДІ** *Жанына қатты бағты, жанды ауыртты. Петр Денисов сөзін зорға ұстады, сөз сүйектен өтсе де шыдады* (Ө. Н.). Түгі шығып білектен, Жаны бір тулап жүректен, Неше бір құрдас айтса да, Қараманның бұл сөзі *Өтіп кетті сүйектен* (ҚБ). Үйде отырған Алшы-оразға *Өтті* сөзі *сүйектен*, Алшыораз да ер еді Талайларды жүдеткен (ҚамБ) Жана жылдың башысы ол, Мен ескінің арты едім. Арман деген ащы сол, *Сүйекке тиді*, қарт едім (Абай).

СҮЙЕКТИ ЖАРҒАН *Ар-ұятын қорлаған. Надан жұртта жауыз жоқ па, Сүйек жарған сөз тиер* (В. К.).

СҮЙЕК ТІСТЕГЕН ИТ *Күйеуді келене қылу, мысқыл етуден туған әзіл сөз.*

СҮЙЕК ТІСТЕСКЕН *Алыс-берісі бар, баталасқан. Асабаның ақсақалы — Сүйеу қарт, Есболдың көп жыл қанжығалас болған қадірмен жолдасы, бір жағынан, сүйекті тістескен құдандалы жеқжат* (Ө. Н.).

СҮЙЕК ШАТЫС *Қыз алып, қыз берген қарсы құдалар; құдандалы жеқжат. Шынында да ол кісі жеңге, бұл оған қайын сіңді болатын, өздерінің сүйек шатыс жайлары бар* (Х. Ер.).

СҮЙЕУ ҚЫЛДЫ *Медет тұтты, арқа сүйеді. Жалпылама жай айтпа, Ер жақсысын сынамай. Жаманды сүйеу қылсаңыз, Қаласың одан шыға алмай* (М. Сұл.).

СҮЙРЕТКІГЕ [СҮЙРЕТПЕГЕ] САЛДЫ **СҮЙРЕП КЕЛЕДІ** *Созыл, созбаққа салып келеді.— Шырағым, ішіңе сақта, Қотыраш жалақымнан қалған бір тоқтыңы үш жылдан бері сүйреп келеді* (Ғ. Мұс.). ...*Сүйреткіге салуы осыған байланысты емесін кім біліпті?..* (С. М.).— *Әйтсе де айтқан уәдеңіз бар еді, күні бүгінге дейін сүйретпеге салып келесіз — деді жылқышы* (С. Жүніс.).

СҮЛДЕРІ [СҮЛДЕСІ] ҚҰРЫДЫ [ҚАЛДЫ] **СҮЛДЕРІН [СҮЛДЕСІН] СҮЙРЕТТІ** *Әбден титықтап шаршайды, сілесі қатты. Ғазиза аздан соң жылаудан тыйылып, сүлдері құрып, аяғын зорға басып жүріп келіп, үлкен үйге кіріп жатып қалды* (М. Ә.). Менің отарымның құдығы болды. Ал, Қасымның отары тек қарға

қарады. Бұл өзі бір пысық жан еді, күзде қойы өте қоңды болатын, қыста да жақсы бақты. Бірақ көктемде сол қойлардың *құр сүлдесі* ғана қалды (ЛЖК). Көзі бұлаудай боп ісінген әйел *сүлдесін сүйретіп*, өзін орнынан тұрғызған Шоқанға ойсыз қарады (С. Бақ.). Мақагон дастарқан басына кешігіңкіреп, өзгеміз тамаққа біраз қаужалып қалған кезде келді. Халі өлі де өте нашар екендігі *сүлдесін* өрең *сүйреткен* денесінен де, алқам-салқам бет-аузынан да көрініп тұр (С. М.).

СҮЛЕЙМЕННІҢ ЖҮЗІГІНДЕЙ *д і н и. Сүлейменнің жүзігінің істемейтін нәрсесі жоқ деген қауесеттен туған ескі сенім. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар* (ҚЕ).

СҮЛІКТЕЙ [СҮЛІКШЕ, ТАС КЕНЕДЕЙ, ТАС КЕНЕШЕ] ЖАБЫСТЫ [ҚАДАЛДЫ] *Қыр соңынан қалмай жабысып алды; өлермендікпен қадалды да қалды. Кенет бір күшті қол сүліктей жабысқан жиренішті денені бойынан жұлып алды* (Т. А.). Жігіттің бойы қыздан сәл тапалдау еді, мойны жетпей, оның алқымына *сүлікше қадалды* (З. Ш.).

СҮЛІКТЕЙ [СҮЛІКШЕ] СОРДЫ **СҮЛІКТЕЙ СОРДЫ** *Құныға қанады, алусыз жеді деген мағынада. Бай, патша, би, болыстар Сүліктей сорып ел қанын* (ХӘ).

СҮМБІДЕЙ [СҮМБІДЕЙ БОП] ЖАРАДЫ *Бабына келе қатып суыды. Тұлпардан туған көк жорға Көзі оттай жанады, Сымға тартқан күмістей, Сүмбідей болып жарады* (ҚЖК).

СҮМБІДЕЙ СҮЛІУ *Өте келісті, мүшелі. Аттар сүмбідей сұлу, баурынан жараған, қуса жететін, қашса құғылатын жүйріктер* (Қ. Қай.). Кең қолтық, апай төсі, шелек танау, *Сүмбідей* сырты сұлу, іші жарлау, Шоқ кекіл, алақан көз, қақтыр қабақ, Тамыры тілерсектің тарау-тарау (Д. Е.).

СҮМЕҢ ҚАҚТЫ *Телміре тентіреді. Күн ұзын ел қыдырып сүмең қағып, Өтірік пен өсекке судай ағып. Екі табақ ет жесең еліресің, Жерден алтын тапқандай масаттанып* (Ә. Төң.).

СҮНДЕТКЕ ОТЫРҒЫЗДЫ *д і н и. Баланы кестірді.*

СҮР БОЙДАҚ *Көбіне ұзақ уақыт үйленбеген жігітке айтылады. Кемел қатулана түсіп,— бұл Қарсақ сүр бойдақтың ауыз үйде отырған қызда дәмесі бар* (Ә. Ә.).

СҮРЕН САЛДЫ *Бүлік салды, сойқандады. («Сүрен» деген ертеде әскерлердің шабуыл жасаудағы ұраны мағынасында да, аламан-тасыр, азан-қазан, айқай мағынасында да қолданылған). Шықты ақырын алдынан Шағанға қарсы Айдос ер, Салмаққа бір сүренді* (С. Б.). Ұрыны ұста!— деп сүрен салған айқайы шықты (М. Иб.).

СҮР КЕДЕЙ көне. *Қашаннан дәнеңе бітпеген, жарлы-жақыбай.* Қазір ауру, Әлжан деген сүр кедей бар. Сыздық деген көбең кедей бар. Нұрғали, Ізбасар деген орташалар бар,— деді Аман (Ғ. Мұс.).— Әй, қойсаңдаршы ауыл арасындағы быжықтыжыңды. Бай емес, би емес, неше атасынан бері сүр кедей. Өзі — жөн білетін пысық жігіт (Ғ. Мұс.).

СҮРІНГЕНГЕ ЖЫҒЫЛҒАН [БАЙҒҰС-ҚА БЕЙШАРА] КҮЛЕДІ Өзіне қарамай өзгегі келеке етеді.

СҮТ АҚЫ Күйеу баланың енесіне (қыздың шешесіне) тартатын сыйы.

СҮТ КЕНЖЕ Ең кіші бала. Қарт әжесі Өгешті «сүт кенжем» деп емшегінен ерте айырып, өзінің бауырына басып өсіріп еді (Ә. Н.).

СҮТКЕ ТИГЕН КҮШІКТЕЙ БОЛДЫ Қақ-соқ көріп, жүні жығылып қалды, сүмірейіп қалды. Батырақ, кедей, орташа Тілекке қарай беттеді. Сүтке тиген күшіктей Бай, молдалар шеттеді (С. М.). Жік-жапар боп, жалынып шақырғанда келмей сүтке тиген күшіктей боп бұралқыланып жегіп бару өлім емес пе?! (М. И.). Сабыр қутындап жүрегін Ниязбектің сүтке тиген күшіктей мына ұсқынын көріп, бір сәт аяп кетті (Қ. Қ.).

СҮТ КӨП, КӨМІР АЗ көне. Мал аман, молшылық дарысын деген тілек. «Өлген аруаққа арнадық» деп шырақ жаққан секілді жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып «Сүт көп, көмір аз» деген секілді (Абай).

СҮТПЕН ЕНГЕН [ЕМГЕН, КІРГЕН] МІНЕЗ [САЛТ...] **СҮТПЕН ЕНІП, СҮЙЕККЕ СІНГЕН ӨДЕТ [САЛТ]** Қанға сіңген, қалыптасқан мінез, қылық, дағды. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, анадың сүтіменен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген (Абай). Сының әдісін осылай түсіну осы күнге дейін көп сыншымыздың сүтпен еніп, сүйегіне сіңген әдеті болып келеді (М. Қ.). Сүтпен кірген мінездің шынымен ақ сүйекпен кеткені (Ә. Ә.).

СҮТ ПІСІРІМ УАҚЫТ х а л ы қ т ы қ өлшем. Ширек сағат шамасы. Жігіт қыздан қара үзбей тұр, қыз қозғалатын емес, сүт пісірімнен астам уақыт өтті (Ә. Н.).

СҮТ ТАЙЛАҚ Енесінен айрылмаған тайлақ. (Күтімі күшті, еті тәтті бота-тайлақ). Құнның басы атаң, ең аяғы сүт тайлақ болады екен (АТ).

СҮТ ТАҢДЫРЫ СУАЛДЫ Әбден қуарып, құрдым болды. Онда да сүт тандыры суалып, астық тамыры қуарып тұрған жоқ екен (Ә. Ә.).

СҮТТЕЙ ЖАРЫҚ Күндізгідей ашық, таза. Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлде қандай өзгеше «танды» сезеді (М. Ә.).

СҮТТЕЙ [АЙРАНДАЙ] ҰЙЫДЫ Қалтқысыз сенді, шын иланды, шын беріле, ықыласы түсе қалды. Сол аруақ мұны тауып жатқан. Әне, оларды соқты ма? Тағы қарап тұр, Ахметті де соғады. Зиратқа түнетіп, шырақ жағып, құрмалдық союға керек деп, жүзі жүз түрлі ем айтып жатушы еді. Міне, бұлардың қайсысына болса да Нұрым сүттей ұйып: «Пәле, пәле, тіпті жөні бар, аруақ асыға ма, саса ма? Біз ұмытсақ та, жарықтықтар жебеп, желеп жүреді ғой» деп арқасы шымырлап кететін (С. Т.).

СҮТТЕН АҚ, СУДАН ТАЗА **СҮТТЕЙ АҚ, СУДАЙ ТАЗА** Кіршіксіз таза; қылмыстан мүлдем пәк, кінәдан аулақ. Не түрлі, бәрін істеп бұзықтықтың, Ал енді кісісі кім жазғыратын? Демейік шайтанды да сүттей алпақ, Әйтсе де бұл туралы айтқаны хақ (С. Д.). Жақыпбек саған не кылды? Сүттей ақ, судай таза адамды балағаттауға ұялсайшы,— деді Сағила ері Батырбайға (М. И.).

СҮТ ҮСТІНДЕ ҚАЙМАҚ БОЛДЫ Қағажу көрмей, бұла боп өсті. Көз салып біздің күйге бойлаймысың? Әлі де тірімін деп ойлаймысың? Ерке қыз, сүт үстінде қаймақ болған, Үйдегі желігінді қоймаймысың (М. Ә.).

СҮТІН АҚТАДЫ Еңбегін өтеді, сенімнен шықты. Қайраттанып халқыма Сөз айтып жүрмін күпілдеп, «Құдай қосса, жұртымның Ақтармын осы жол сүтін»— деп (Абай). Он жетісінде бірдеңе болып, қағар-құрбысынан қара үзін қалмай, мал табатын болса, ақ сүттің сонда ақталғаны саналар еді (ЛЖ). Нұрсұлтан ата күші мен ана сүтін қалай ақтағанын қазір бүкіл еліміз біледі (Ғ. М.).

СЫБАҒАДАН ҚҰР ҚАЛДЫ **СЫБАҒА СОРПАСЫ ТӨГІЛДІ** д и а л. Тьер, тиесілі үлесін ала алмады. Қартаның соңына түсіп, ата дәулетін шайқадым, көп сыбағамнан құр қалдым. Жол менікі. Қимасандар, көрдегі Нұрша бір аунап түседі (Ғ. Мұс.). Қынжылма, сыбаға сорпаң төгілгендей ішзат жоқ (Түрікм. Ашх.).

СЫБАҒАСЫН АЛДЫ [БЕРДІ, ЖЕДІ] **СЫБАҒА ТАРТЫЛДЫ** **СЫБАҒАСЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ** 1. Еншісіне, үлесіне ие болды. Сыр түйіні ақиқат, Ақиқат шындық көпке ортақ. Одан алар сыбаға — Әр кісіге жеке тақ (І. Ж.). 2. Сазайын тартты, жазасын алды. Ал жеңілдік жасаушылар нақтылы орындарда отырған дәл жауапты адамдар ғой. Өз орнымен, өз сыбағасын олар да алу керек (М. Ә.). Анталаған жау Совет Армиясының тегеурініне шыдай алмай, кері шегінді, Москва түбінде мықтап сыбағасын алды (С. Мәу.). Сабыр ет, қалқажан,— деді Мүкіш.— Мен білетін Махмұт болса, Есдәулеттің сыбағасын береді. Қара да тұр! (Д. Ә.). Біркімбайдың да, бітістіруші дуалы ауыздың да сыбағасы қайтарылады (Т. Ә.).

СЫБАЙ-САЛТАҢ ЖҮРДІ [КЕТТІ, КЕЛДІ] Салт басы, жеке өзі жүрді. Оқуға ба-

ратын балалары болғасын үйінен қозғамай, Арал теңізіне сыбай-салтаң кеткенін жөн көрді (Ә. Н.).

СЫБАП АЛДЫ *Бұндағы мағына: төпеп боқтап алды.* Жаппас бұдан әрі қарсыласудан ештеңенің өнбейтінін сезді білем, қазақша әдемілеп бізді бір сыбап алды да, вагоннан секіріп түсті (З. Ш.). Шақырды бір былдырап зәңгілерін, Арабша сыбап алды бар білерін.— Рақымсыз сен төкаппар Медғат залым,— Деді,— міне болды ғой өлер жерің (М. А. Қ.).

СЫБЫРЛАП СӨЙЛЕГЕНДІ ҚҰДАЙ ЕСТІМЕЙ МЕ *Кекесін. Мәлім болмайтын, жұрт білмейтін еш нәрсе жоқ деген мағынада.* Сыбырлап сөйлегенді құдай естимей ме, орыс солдатын кеңеген Қоқанда да күш жоғы өзіңізге аян (І. Е.).

СЫҒАЙ [СІЛЕЙЕ, СЫЛҚИЯ] ТОЙДЫ *Аузы-мұрнынан шыққанша жеді.* Түс әлетінде тары көжеге сығай бір тойып кекіріп отырғаны (Б. М.). Алдына көп басын иіп, Бөденені түлкі сүйіп:— Сілейе бір тойдың — деді, Құйрығына койдың — деді (Ө. Т.).

СЫҒЫМДАП ҰСТАДЫ Қатаң, қысып ұстады. Бөле бала, жас болса да жұртты сығымдап ұстайды (АТ).

СЫҒЫР [ШҮНАҚ] ҚҰДАЙ Кейіс сөз. Ойбай-ау, желігіп нең бар еді, сорлы болған сор маңдай! Шүнақ құдай, көрсетейін дегенің осы ма еді! (Қ. И.).

СЫЗДАНЫП ТҰРДЫ Паңданып, кербезденді. Аз уақыт сызданып тұрады да, жас мырза атын қамшылап шаба жөнеледі (Ж. А.).

СЫЙ АЯҚ Құрмет ретінде ұсынылған, кезектен тыс тартылған үстеме (көбіне сұйық) тағам. Іш-іштің астына алып, Әлиша құйған сый аяқты да ішпеді (М. Т.).

СЫЙҒА СЫЙ, СЫРАҒА БАЛ *Алмақтың бермегі бар, әр нәрсенің өзіне лайық еруіне қаруы болар деген мағынада.* Сыйға-сый, сыраға бал емес пе? Ендеше, туған өңірдің тамашалаушысы ғана болмай жайнатушысы да болу керек қой (ЛЖ).

СЫЙҒА ТАРТТЫ Құрметпен тарту жасады. Жатырмын сыйға тартып немереме, Асылын туған жердің топырағына (Т. Ә.).

СЫЙ-СЫПАТ [СЫЙ-СИЯПАТ] КӨРСЕТТІ *Аса жоғары құрметпен күтті.*

СЫЙЫ ӨТТІ Қадірі, беделі жүрді (АС). Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ (Абай).

СЫЛЫБЫР АЯҢ Жай, баяу жүріс. Салт адам атын байлап, бүркітін жерге қондырып, көзіне шалынған үш кісіге сылбыр аялмен жақындады (С. М.).

СЫЛДЫР КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАНДАЙ *Сөзге жүйрік жан туралы айтылады.*

СЫЛДЫР СУ *Бұл жерде қатығы жоқ, татымсыз ас туралы айтылады.* Сіздің мына кеспездің бір түйірі жоқ, сылдыр су ғой (АТ).

СЫЛҚ ЕТТІ **СЫЛҚ ЕТЕ ТҮСТІ** [ҚҰЛАП ТҮСТІ] *Есеңгіреп талып түсті, күрт құлады.* Ойнақы тазы қасқырдың аузына түспейді, өз аузын тағы босатпайды. Осы кезде Аман келіп, қара тұмсықтан дәлдеп бір ұрып еді, қасқыр сылқ ете түсті (Ғ. Мұс.). Алуа қара шашының түбінен жылжып аққан, төгіліп аққан қанымен қатар өзі де төгілгендей сылқ құлап түсті (М. Ә.). Хакім жерден топырақ алып барды, Бір уыстап сүйекке паша салды. Ана басы сылқ етіп жерге түсіп, Сүйек басы жоғары шығып қалды (Абай).

СЫЛҚЫМ СЕРІ *Кербез, сал адам туралы айтылады.* Жас шағында қалада орысша оқыған, бұл кезде ел мырзасы болып, ән түзейтін, өлең жазатын сылқым серілеу жігіттің өзі осы (М. Ә.).

СЫЛТАУ ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Болмашы нәрсені желеу, тиек ету туралы айтылады.* Ауыр жұмыс кез болса, Араздығы сөз болса, Араз кісі болғансып, Сылтау етер берді (Абай). Қаймығып оған қарсы жан шықпады, Әр жігіт әр нәрсесін сылтау қылып (Ж. С.).

СЫЛТАУ ІЗДЕДІ **СЫНЫҚТАН СЫЛТАУ ІЗДЕДІ** **СЫНЫҚҚА [СЫНЫҚТАН] СЫЛТАУ ТАПТЫ** *Келіспеуге, бөлінуге т. б. желеу, болмашы себеп ойластырды.* Араздыққа сылтау іздеме, көңіл суыса сылтау өзі іздеп табады (АТ). Бұрын сынықтан сылтау тауып, оқ жыландай ықыра келетін Нұртай бұл күнде Күренбаймен шүйіркелесе сөйлесетін (С. О.). Әдеттегі тату-тәтті тұратын көршілеріміз аяқ астынан теріс мінез шығаратынды тауыпты. Олар сыныққа сылтау іздеп, талай қисынсыз сөздерді қиыстырып айтатын болыпты (ЛЖ). «Суға кеткен тал қармайды» деген ғой, сыныққа сылтау іздемей амал бар ма (С. Т.).

СЫМПИЫП ШЫҒА КЕЛДІ *Барын алдырып, құр алақан қалды.* Кешке қарай Сұраған бір қабат киіммен сымпиып шыға келді (С. М.).

СЫНА БОЛДЫ *Екі араға жік сала қыстырылды, килікті.* Оның үстіне Айдаболдың болысы Көбеев Мұса мен ояздың арасындағы осы бір өңгімені пайдаланып, екі ортаға сына болып кіреді (А. Ж.).

СЫНАДАЙ СЫҒЫЛЫСТЫ *Қысылып-қылтғырылды.* Біз вагон үстінен түсе қалдық та составты аралап жүріп, әрең дегенде бір вагонға сынадай сығылысып кірдік (С. М.).

СЫНАПТАЙ БҰЗЫЛДЫ [СУСЫДЫ, ҚҰБЫЛДЫ] *Тез бұзылды, жылдам айнып өзгере қалды.* Бүгін тек қас пен көздің арасында сынаптай бұзылды да жоқ болды (З. Қ.). Жыырма бес бар ма маңайда, Жай-қалған жасыл құрақтай. Отыз кеттің алыс-

тап, *Толықсыған сынаптай* (Д. Б.). Бұланға деген сұлу: Жалынбаймын, Қорласан дауыл күнгі жалындаймын. Жібекті ұстай алмай жүн еткенге, *Сынаптай сырғып* кетсем, табылмаймын (Ғ. Малд.).

СЫНҒА АЛДЫ **○** **СЫН ТАҚТЫ** *Сынап-мінеді, мінін айтты.*

СЫНҒА САЛДЫ **○** **СЫННАН ӨТТИ** *Сынап, байқап көрді.* Комбайнды таулы жерде *сынға салу* деген айта қаларлық нәрсе (Т. Н.). Еркек киімін киіп, дарбазаның алдында тұрып келген-кеткенді сынап, *сынынан өткен* жанға тиемін деп атасынан рұқсат алған екен (ШС).

СЫН САҒАТТА *Қысылтаяң шақта, ауыр күн туғанда.* (Бұл тілімізде жаңадан жасалған тіркес. Орыс тілінің игілікті ықпалымен жасалған лингвистикалық «калька» тілімізде едәуір. «Балық та емес, ет те емес», «Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады», т. б. Бұлардың басым көпшілігі мақал-мәтел тобына жатады). *Сын сағатта* өршімеген махаббат па? (СҚ).

СЫНЫ ҚАШТЫ [КЕТТИ] *Көркі сиықсыз тартты.* Ызғарын қысқы боран ұқса құлақ, Кешкі аяз көр қылғандай дір қалтырап. Сып-сидан, *сыны қашқан* бір бұтақта, Желпілдеп дірілдейді жалғыз жапырақ (Б. К.). Сырлы аяқтың сыры кетсе де *сыны кетпейді* — деп, жақсы жеңешем баз қалпы (АТ).

СЫНЫҚ [ЖҮЗДІ] ЖАН *Мұңды, қайғылы, жабырқаңғы кісі* (АС). Мен — *сынық жан*, жамағанмен Түзеле алман түрленіп. Теңің емес, біл, саған мен Не қыласың кірленіп (Абай). *Сынық жүзді*, күн қақты жадау әйелдер, шырқыраған баласына қарауға да мұршасы жоқ (Ғ. М.).

СЫНЫҚ ИНЕ, СЫДЫРЫМ ТАСПА БЕРМЕЙДІ *Өте сараң, өлермен пайдакүнем.* Жақын ағайындары мыңғырған бай бола тұра, *сынық ине, сыдырым таспа бермейді* оған (ҚЕ).

СЫНЫҚ [ЖАН] КІСІ *Сыпайы, кіші пейіл адам.* Ағай қызметіне шексіз адал, жұртқа мінезімен жағатын *сынық*, инабатты жан (Б. С.).

СЫНЫҚ ҚАРЫС [СҮЙЕМ] *өлшем. Сұқ я ортан қолдың екі буыны бүгіліп барып өлшенеді.* Мен оны зорға таныдым. Оң бетінде жараның орны *сынық қарыс* қызара айшықтанған тыртығы түрін өзгертіпті (Б. Мом.). Саусақтың *сынық сүйем* салалары, Бөлектен бұлшық етін екі қары. Шүйделі, жауырынды, орта бойлы, Ұйқасқан барлық келбет бұдан әрі (И. В.).

СЫНЫҚ СӨЗ *Сыпайы, мүләйім сөз.* Жыршы боп арымзада сайраған тіл, Сыпайы *сынық сөзбен* сыйлаған тіл (Қ. Ай.).

СЫНЫҚТАН БАСҚАНЫҢ [БӨТЕННІҢ] БӘРІ ЖҰҒАДЫ *Еліктегіш, әуестенгіш мінез жайында айтылады.* Бұлар көнбей қалса, *сынықтан бөтеннің бәрі жұға-*

ды, өзге рулар да олардан үлгі алуы мүмкін (І. Е.).

СЫНАЙ [ЫҢҒАЙ] БІЛДІРДІ [БЕРДІ, КӨРСЕТТІ, ТАНЫТТЫ] **○** **СЫҢАЙЫ БАЙ-ҚАЛДЫ** *Бір істі құптарлық көңіл байқағу, ниет білдіру мағынасында.* Үй иесі *ыңғай бермегесін* жас қонақтың мазасы кетіп, қипақтап, *ыңғайсызданып* отырды... (Ә. Н.). Оның үстіне қыздың әке-шешесі бұған *ыңғай беретін...* (Ә. Н.). Қален үндемеді. Ол тек басын шайқап, бұл қисыны кем хабарға сенбес *ыңғай көрсетті* (Х. Е.). Сидан жігіт Нұрланды жылы жүзбен қарсы алып, «құлағым сізде?» дегендей *ыңғай білдіріп*, бетіне үңілді (З. Ш.). Осы тұста, енді ғана ес жигандай, бар демін ішіне жиып алып, қатты қымсынған *ыңғай көрсетті* (Б. Төж.). Бүгін кешқұрым Жүгенбай бұзау тісін саптай отырып, Қамқордан көп нәрселерді білгісі келген *ыңғай танытты* (Қ. О.). Шалының *сыңайын байқағансын*, кемпір ұшып түрегеп, оның қолынан қамшыны оп-оңай жұлып алды да, түрүлі тұрған есіктен сыртқа қарай лақтырып жіберді (Ә. Н.).

СЫҢАР ЕЗУ [ЖАҚ] *Бұра тартушы бір бет мінез туралы айтылады.* Ауыздығымен алысып, басын тұқырта, кекшите көтеріп тізгін бермес ат болады, мына кісі тап сондай *сыңар езу* (АТ).

СЫҢАР ҚҰРТТЫ БӨЛІП ЖЕДІ **○** **СЫҢАР ҚҰРТТЫҢ ЖАРТЫСЫН БЕРДІ** *Өмір тіршілігін, ыстық-суығын бірге көру туралы айтылады.* Бұрын да осы *үйге сыңар құрттың жартысын беріп* отыр едік қой... (Т. А.).

СЫҢСЫҒАН [ҚАЛЫҢ] ЕЛ [ҚОЛ, НАЙЗА, ОРМАН...] *Өте көп, самсаған жұрт (ел, қол, орман, найза).* Кең далада асты құмайт, айдын шалқар көл жатыр. Көлді жағалай *сыңсыған қалың ел* отыр. Ел ұйқтаған. Дүние тып-тыныш (Ғ. Мұс.). Әйтсе де белдесіп келгенде қаптаған сойыл, *сыңсыған найза* қоя ма, тұн ортасы аумай Акмола бекінісінің әскері жеңілді (І. Е.). Асанқайғы айтқан: «Бейбақ дала» — қуарған, қу дала, талтақ. Көк орай шалғыны да жоқ. *Сыңсыған орманы* да жоқ. Бетбақ дала жым-жылмағай (С. С.).

СЫПСЫҢ СӨЗ *Алып қашпа, өсек, сыбыр-күбір.* Сәлима ауылға келгеннен кейін «әлі дүниеге келмеген баланы дәрімен шіртпек пе» деген *сыпсың сөздер* көбейіп кеткен соң дәрігерге көрінуді де қойған (С. Мел.).

СЫПТАЙ БОЛДЫ *Жіп-жіңішке, жылжинақы, түп-тузу.* Тастады шаптан шешіп, шолпы қалды, Құдиярдың сырт киімін буып алды. Ақырын *сыптай болып* тысқа шығып, Әуелі жан-жағына көзін салды (И. В.). Бешпет, шалбарыңды да *сыптай ғып* тарылтып, тыраштансаң да, сен әлі шіп-шикі баласың — деп кекегіп, өз бойына жақын тартуға қомсынатын сияқты (Ә. Н.).

СЫШЫР [СЫПЫРА] АЛҒЫР! қарғыс. *Қара малда болатын індет.* Өк, көк өгіз! *Сыпыр алғыр, сүйкенбе!* Неткен қасқой, мойнын жерге үйкеуге, Сүйкенем деп өзі бос жерді қиратып, Осынша елді дозаққа құлатып үйте ме? (І. Ж.).

СЫПЫРАНЫҢ ШІНДЕ ОТЫРДЫ *Мол дәулеттің ішінде отыру мағынасында айтылады.* Жайсаң жер, мыңғырған мал ортасында, *сыпыра ішінде отырмыз* ғой (АТ).

СЫРҒА БЕРІК *Құпия шашпайтын адам туралы айтылады.* *Сырға берік сыр-базым, Ашуын таппас қиынсың.* Бірақ жалған, қайтейін, Мезгілсіз келіп дүниеге (Д. Б.). Ана суайттың сырбаздап берген тағамына сатылмай, оның жайсыз сұрағына інім үн қатпапты, *сырға берік* мінезінен айнымапты (АТ).

СЫРДАҢ ТАРТТЫ *Қашқалақтады, сырт тартты, сырғақтады* (АС). Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек, Қызықты ертегіге көтерілмек. Ақсақалдың, әкенің, білімдінің Сөзінен *сырдаң тарттып*, тез жиренбек (Абай).

СЫРДЫҢ СУЫ СИРАҒЫНАН [ЖҰЛЫҒЫНАН] КЕЛМЕЙДІ *Елең қылмау, мән бермеу, менсінбеу мағынасында.*— Демек, әлгі қыз аңқау, тым момын көрінуден қорқып, оған бәрі де пішту, *сырдың суы сирағынан келмейді* дегендей түр көрсеткен екен ғой... (ЛЖ). *Сыр суы сирағынан, қоқан лоққы қорыққанынан қорықпаймын* (ЛЖ). Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан, Сілтегенім кеткен жоқ құрығынан. *Сырдың суы келмейді жұлығынан* (Б. Ш. Б.).

СЫР МІНЕЗ **○ СЫР БІЛГІ** *Жақсы таныс, мұңдас кісілер туралы айтылады.* Өйткені ол малға *сыр мінез* қазақ халқының ұғымына тез жетіп, көкейіне бірден конатынды (М. Е.). Шешілмеген бір жұмбағының мағынасын тапқандай. Онысы Қасболат. *Сыр мінез* болып жүріп сырын алдырмаған бір жан. Сонау арасат кезде сол үшін басын оққа байлаған солдатын сатып кеткен жоқ па еді? (Т. А.). *Сыр білгі* досыммен шүйіркелесіп, көп әңгімелестік (АТ).

СЫРТ АЙНАЛДЫ [БЕРДІ] **○ СЫРТЫН БЕРДІ [ТОСТАДЫ, СУЫҚ ҰСТАДЫ] *Теріс қарады, араз болды, қашқалақтады.* Бұрыл сақал бай шалбарының ала жіп бауын шұбатып, дәл бір дәретке отырғалы жүрген кісідей магазин ішінде жалтаңдап бүкшендей берді. Жаңағылардың сәлемін алмай, күңкілдеп, наразы болып, *сырт айналы* барады (М. Ә.). Дос алады бермесең, бұлт берем деп, Жауыңа қосылуға *сырт берем* деп, Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем деп (Абай). Жеріңді жеп ал да, енді *сыртыңды беріп*, күжірей келіп... Жоқ, жарықтығым, қиқақты қой да, жүр, қазір**

Мен саған адал жүрегіммен келіп едім. Сен маған *сыртыңды беріп* отырсың-ау (Ә. Н.). Кемпір үндемеді. Осындайда балашағаға сыр алдырмай, *сыртын суық ұстап*, сазарып отыратын төкаппар мінезі болушы еді (Ә. Н.). Мына Тәңірберген ит екен. Өз ісін орайына келтіріп алғасын, маған *сыртын тосып* шыға келді (Ә. Н.).

СЫРТ ТАРТТЫ [АЛДЫ] *Сықайын байқады, ойын білді.* Ойын-сауықта қатар отырғанда ақырын *сырт тартып* көргісі келіп Көжек талай оқталды (Т. А.). Түзге шықсам өзіммен бірге шығып, Қасыма жолдас болып, жүріп алды. Ағайынды кісідей бірге қонып, Со шіркін күннен күнге *сырымды алды* (С. А.).

СЫРТ КӨЗ *Өзге жұрт, бөгде кісі.* Өз ауылына баруға бел байлаған соң Абай екі-үш күннен бері көп асығып, көп дегбірсіденген. *Сырт көзден* жасырса да, Әйгерімді қатты сағынып, көп қобалжушы еді (М. Ә.).

СЫРТҚА ТЕПТІ *Шеттетті, алыстатты.* Ойыншылардың кейбіреуін іш тартып, кейбіреуін *сыртқа тебу* сияқты мінездер көпті көрген мамандар үшін кешірімсіз (ЛЖ). Жалғыз басты шал ғой, Жәутікті *сыртқа теппейік*, қолда жүре берсін (К. О.).

СЫРТТАН [СЫРТЫНАН] ТОН ПШТІ *Анық-танығына көзі жетпей құр долбарлады деген мағынада.* Бастығын ертең келеді дейсіз, а...— деді Ақмарал біраз отырып.— Ол кісі мені біле ме екен, жоқ, әлде сізге ұқсап «Сөзге сараң шығар-ау» деп *сырттан тон пішіп* келе ме? (Ә. Сат.).

СЫРТЫ АҒЫ, ПШ ТӘТТІ *Сырттай қатал, тік болғанмен, түбін ойлағанда пайдасы мол кісі (мінез, сөз т. б.) туралы айтылады.*

СЫРТЫ БҮТІН, ПШ ТҮТІН *Көңілі жарым, іш құса.* Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің *сырты бүтін, іші түтін* (Абай). Күйеуі Күләйімнің теңі емес, Теңі түгіл тұзу қарар адам да емес, Сұлудың *сырты бүтін, іші түтін*, Мұқаңнан басқа сырды адам білмес (С. Т.).

СЫРТЫМЕН ЖЫЛТЫРАДЫ *Көлгірсіді, арам ойын сездірмеуге тырысты.* Шұбар Абайға *сыртымен* ғана жылтыраған болып, ішкі есеп, айла-тәсіл, ниет, мақсат та мүлде басқада болатын (М. Ә.).

СЫРТЫНАН СЕМІРДІ *Сырттай маз болды, сырттай малданды.* Алыстағы жұрт *сыртынан семіріп*, құр дақпыртқа табынып жүріпті (Ә. Н.).

СЫРТЫНА ШЫҒАРМАДЫ *Сыр бермей іште сақтады; ішінен тынды.* *Сыртына шығармаса* да, Омарбектің баланың сөзі сияқты сөзіне Көкен ішінен кейіп ыза болғандай болды (Қ. Тай.).

СЫРТ ШЕРТТІ *Көңіл құпиясын айтты.* Қазақтың аяулы ғалымдарының бірі, марқұм Мыңбаев менімен ұзақ сөйлесіп, біраз *сырт шерткен* еді (Б. Ж.).

СЫРЫ АШЫЛДЫ [БАЙҚАЛДЫ] *Жасырын ой-қылығы білініп қалды. Енді бұл сырын ашуға Абайдан тағы ұялып отыр (М. Ә.). Көп іздедім күздің сырын ашқанша Сөйлегенше сол бір гүлдің өзине (Ж. Ә.). Қолындағы гүлін берген кезде көзқарасынан ішкі жан дүниені бірден тартар сыры байқалды (К. О.).*

СЫРЫҚ ОЙНАТЫП, СЫРМАҒЫН ЖҮНДЕЙ ТҮТТІ *Шауып алды, ойрандады. Бері көш десе, әрі көшкен ауылдардың басына хан нөкерлері сырық ойнатып, сырмағын жүндей түтті емес пе? Қаншама мал барымталанып алынды! Қаншама ел ата мекен жерін тастап, жаңа қонысқа қонды (І. Е.).*

СЫРЫН САРЫҚТЫ *Сырын түгел айтып берді. Батаңды бер, жан ата, Шөберең сырын сарқады, Егер бата бермесең, Шөберең шердің құлы боп, Күн санап дерті артады (Д. Б.).*

СЫТЫЛЫП ШЫҚТЫ *Жылыстап барып, құтылып кетті. Сол абыржудың ішінен сытылып шығып, қаланың батыс шетіндегі өз үйіне Дәулет тым суыт келді (Қ. Ж.).*

СІДЕТ ЕТГІ [ҚЫЛДЫ] *Міндет, сылтау қылды. Жақындық, туысқандығын сідет қылып, Қоңқай, Қанайдың үйіне қысы-жазы ергелі-кеш келе беруге жолы ашық еді. «Қызды ұзақ ұстап көп сөйлесіпті» десе, ер нәрседен секем алып отырған Сыбан оны да бір сідет етуі мүмкін (М. Ә.).*

СІДІГІ БІР, ЖАТЫРЫ БАСҚА *кекесін. Әкесі бір, аналары басқа балалар туралы айтылады.*

СІДІГІН БЕТІНЕ ШАШҚАН *кейіс. Тез ашуланғыш, орынсыз ашу көрсететін адам туралы айтылады.*

СІДІГІНЕ ТАРТҚАН *кекесін. Әкесіне тартқан деген мағынада айтылады.*

СІДІК ШАПТЫРЫМ ЖЕР *өлшем. Тийп тұрған, өге жақын қашықтық. Сыздық кетісімен Танақөз Әбекен мен Тәукені бидайша қуырды: — Несіне еркек болып жүрсіндер? Сен сідік шаптырым жерден күні ұзын бір арба шөп әкеліп төккен жоқсың (Ғ. Мұс.).*

СІЗ-БІЗ БОЛДЫ *Тату-тәтті ынтымақта тұрды деген мағынада айтылады. Қойшы әрі! Пәлен жылдан бері түтін түтетіп, сіз-біз болып отырған ағайын-ауылды қиып, қайда бармақшысыңдар,— деді (ЛЖ).*

СІЛЕЙТІП САЛДЫ 1. *Қатты сынады. Ол қате басқан қызметкерлерді сілейтіп салып, артынан ұмытып кететін (ЛЖ). 2. Таяққа жықты. Сасып қалған ұлықтар мылтықтарын ата алмады, жігіттер бәрін де сілейтіп салды. Пристав өліп қалған шығар (ҚӘ).*

СІЛЕЙІП ҚАЛДЫ [ТҰРДЫ, ҚАТЫП ҚАЛДЫ] *Бір орнынан қозғалмай, қаңшып тұрып қалды. Тоғжан есіктен шы-*

ғар жерде бір сәтке көз қиығын тастағанда, Абайдың тапжылмай, сілейіп тұрып қалғанын көрді (М. Ә.). Майор Жүсіпов аздан соң басын көтеріп, есік алдында сілейіп тұрған Кузьменкоға сүзіле қарады, бас ізеп креслоны нұсқады (К. Т.). Қараңғы тартқан үйдің ішінде үні өшіп, талғандай жым-жырт боп істі тастап, ешбір қарсылықсыз, қимылсыз сұлық сілейіп қалған Алуаны құшақтап қысып, сүйе-сүйе берген (М. Ә.). Болдырып қалған аттай неге сілейіп тұрсың, Серкебай? Күн жаумай су болып саған не көрінді, антұрған (С. О.).

СІЛЕСІ ҚАТТЫ [ҚҰРЫДЫ] *Әбден шаршап болдырды, қажыды; дәрмен, қуаты бітті (Л. Будагов «сіле» деген сөзді орыс тілінен келген болар дейді. Бұл шүбелі нәрсе. Қазақ тілінде ертеден келе жатқан «ішек-сілем қатты», «төпсінген ердің, терлеген аттың сілесіне қалма» тіркестеріндегі «сіленің» кірме сөз болуы тым-ақ неғайбыл). Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан, Қолға түсер сілесі әбден қатып. Жаны аяулыға, жақсыға қосамын деп, Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып (Абай). Ұзын аяқ Мұса есіктен кірмей жатып «араша» деместен-ақ сілесі қатқан бойларында екі даңғой бірін-бірі қоя беріп құлай-құлай кетісті (М. Ә.). Әлгінің сөзіне шыдай алмай, сол жерде жаттым да төбелестім, жараланбаған жеріміз де қалмады, қып-қызыл ала қанға боялды, ақырында мен де, ол да сілеміз құрып, екеуміз де төбелесті қойып, бір-бірімізден насыбай атысып, жөн-жөнімізге кете бердік (ҚӘ).*

СІЛКІНІП ЖАБАҒЫ ТАЙ БЕСТІ АТ БОЛАР *Жас өсер, жарлы байыр деген мағынада айтылады.*

СІЛТІГЕ САЛҒАН СҮЙЕКТЕЙ *Сөлін сығып алды, ақ жем сілікпе етті. (Бұл жерде тонау мағынасында). Басының күнде ел тонап, Қаныңды сорып сүліктей. Сілтiге салған сүйектей Қойып еді қуартып, Семдіріп еді суалтып, Тойдыруға құлқының Еңбегіңді жеп еді (Н. Б.).*

СІЛТІДЕЙ ТЫНДЫ [ТҰНДЫ] *Тым-тырыс болды. Ұмтылмай алға, толқымай, Ашыққан жүдеу жұмышы, Дауылсыз көктің қалындай, Сілтiдей тұнып тарасты (Ғ. Қ.). Есіткен жұрттың бірысырасы жағаларын ұстасып, сілтiдей тұнып отырған көрінеді... (Б. М.).*

СІЛКІПЕСІН ШЫҒАРДЫ *Қатты қыспаққа алды. Не керек, сол жиналыста сілікпемді шығарды. Бармай-ақ қоятын жиналыс екен (ЛЖ).*

СІЛІМТІГІ ШЫҚТЫ *Көнегөз болды, тамтығы қалмады. Мұндағы мағына: бойбой болып жыртылды. Қасапшының бешпеті секілденіп бұл шинельдер соғысқа жөнелтуге дайындаған талай ротаның қолынан өтіп, еңін жойып, сілімтігі шығып әбден сарғайып біткен (Қ. Наж.).*

СІҢБІРУГЕ ҚОЛ ТИМЕДІ ☉ **СІҢБИРУГЕ МҰРШАСЫ [МҰРСАСЫ] БОЛМАДЫ** *Жұмыс басты болды; әддісі болмады. Бөлек-бөлек бригад, өзді-өзінің қоқысы бар. Сіңбіруге мұрса жоқ, тосып ал! (І. Ж.). Уақыт қайда, сіңбіруге қол тимейді,— деді Сырбай (С. М.). Оған ең жақын «сіңбіруге қолы тимейтін» қазақтар жер жыртып, шөп шабатындар, сөйтіп жүріп ертеңнің қамын қоса ойлайтындар (Ә. Т.).*

СІҢІРІ ҚАТҚАН [ШЫҚҚАН] *Әбден арықтап біткен; кедей. Сиырың арық екен сіңірі қатқан, Сорыма ауырып тұр, қарғыс атқан! (Жамбыл). Сол оймен өрі аш, өрі ауру, сіңірі шыққан Мендіқарасын арқалап, вагонды жағалады (А. Т.). Ол сіңірі шыққан кедей бола тұрса да, өзгеге жалынбай, қысы-жазы өз еңбегімен, мергендігімен күнелтті (Ф. Д.).*

СІРГЕ МӨЛДІРЕТЕР *д и а л. Күзді күні бие ағытарда ең ақырғы ішетін сүт. Сірге мөлдіретерге шейін екі ай бар (Қараған. обл., Ұлытау).*

СІРЕУ ҚАР *Тізеден келер тұтас қар. Өткен қыста бұйратқа сіреу қар түскен (Ә. Н.).*

СІРКЕ ЖАУЫН *Майдалап жауған жаңбыр. Болар-болмас сіркіреп өткен сірке жауын бу боп ұшып үлгірді (Ә. Н.).*

СІРКЕСІ СУ КӨТЕРМЕДІ *Ештеңені көңілі жақтырмады, ештеңеге зауқы болмады. Сіркем су көтермей, ықылым жоқ (Жамбыл). Агрономның сіркесі су көтермей отыр еді, телефон шылдыры оның одан сайын жынын келтірді (ЛЖ).*

Т

ТАБА ВОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] ○ ТАБА-СЫНА ҚАЛДЫ *Келеке-мазағына қалды.* Кімге қарсы қару көгергенімізді ойламай неліктен досқа күлкі, дұшпанға *таба болу* жолына түстік? Жоқ, бұл тәубеге кеш келу емес (Х. Е.). Өзгерді сүйген қыз да, амалы не? *Болды* ғой жігіт басы *таба* мүлде. Ақан тез тоқталды да бір бұрышта, Хат жазды қызға кінә таға міне (Қ. В.). Көзіңді аш, көңіліңді ала қылмай, Кетсең де өкпеледім бала қылмай. Сыртынан өлеңменен шақырайын, Біржанға өзімді-өзім *таба қылмай* (Айтыс).

ТАБАҚ ТАРТТЫ 1. *Табаққа салып тамақ әкелді.* Дастарқан жайылып, қонақтарға *табақ тартылды* (С. К.). 2. *Кәделі сыбағасын (құдаға жамбас, күйеуге төс, қызға асықты жілік т. б.) берді, сыйлады.*

ТАБАҚТАС ВОЛДЫ 1. *Дастарқандас болды, қонақта бірге болды.* Кемелбайдың қатынымен Раушан Тасқараның тойында әлдеқалай *табақтас болып*, етке таласқандықтан араздасқан (В. М.). 2. *Жемтіктесі болды.*

ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАМАДЫ *Үйіне келмей, кірмей қойды.* Әбдібек қарт әне бір күні қисынсыз келе қалған ашу үстінде Қалдыбай есігін қатты жауып, енді қайтып бұл *табалдырықты аттамасын* деген сертін ала кетсе де, кейіннен ауыр ойға қалған болатын (А. В.).

ТАБАЛДЫРЫҒЫН ТОЗДЫРДЫ *Қайта-қайта бара берді.* Жамап жасқап әйтеуір жекізуге жақын қалып ек. Бір күні әлгі ескілерін тағы бермей қойды. Тағы директордың *табалдырығын тоздыру* басталды (ЛЖ).

ТАБАН АҚЫ [ЕТ] МАҢДАЙ ТЕРІ *Адал еңбегі, жатпай-тұрмай істеген бейнегі.* Ақталғанын танымыз, Заманнан бергі сарсыған *Табан ет, маңдай терімің* (Жамбыл). Мен саған жолдағам жоқ, тоқтығымнан. *Табан егі, маңдай терім* сұрағанда, Қарайсың ұстағандай шоқтығымнан (Ш. Қош.).

ТАБАН АҢДЫСТЫ *Бірін-бірі арбады, жауласумен болды, ізін бақты.* Хан баласы ақсүйек, Ежелден *табан аңдысқан*, Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім (М. Ө.).

ТАБАН АУДАРМАДЫ [ТАЙМАДЫ]
1. *Тапжылмады, қозғалмады, тырп етпеді.* Осы кезде қонақ үйге жетіп қалған Жиренше атын тастай беріп, тазы итін мойнынан ұстап тұра қалған, бірақ, жетісегіз сары ала құтыра шығып, «гүр-гүр» етіп кеп, қоршап алды. Үйге де кіргізбей, *табан аудармай* қойған еді (М. Ө.).
2. *Қасқылып, төтеп берді.* Жүрек қобалжымай, *табан таймай*, қасқылып тұрып салысуға шыдастық (М. Ө.).

ТАБАҢДАҒЫ ТҰЯҚ *Сүйеніш, көмекші тірек.* Қанатымда қияғым, *Табанымда тұяғым.* Алдыңнан шығып Сансызбай: «Көкешім менің Төлеген Көрдің бел!» — десе не дейсін? (ҚЖ).

ТАБАҢДАП ТҰРЫП ҚАЛДЫ 1. *Аяғын баспай қойды.* Шаршаған қойлар бір тастың түбіне ұйлығып, *табандап тұрып қалды* (К. О.). 2. *Өз дегенінен қайтпай тұрып алды.*

ТАБАН ЕЛІ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м . *Табан қалыңдығындай; қобіне жылқы қазысының өлшемі ретінде қолданылады.* Мәмбетпен екеуміз бір пәтерде тұрамыз. *Табан елі* қазы түсетін биелер базарда он үш, он үш жарым сом (І. Ж.).

ТАБАН ЖОЛ ○ АЯҚ ЖОЛ *Жалғыз аяқ жол.* Таң атты. Жарманы кесіп өтетін *табан жол* көзге айқын шалынды (Н. С.).

ТАБАН ЖОЛЫН КӨРМЕДІ *Аяғының астын көрмеді.* (Қартайып, көз жанары суалған кісі туралы айтылады). Өсекең жарықтық соңғы күндері *табан жолын көрмей* қалды (АТ).

ТАБАН ҚАРЫС ө л ш е м . *Кере қарыс.* Сыыр атан өгіздей болса керек. Емізігі *табан қарыс* еді дейді (С. М.).

ТАВАН ТІРЕДІ 1. *Тоқтамға, шешімге келді; негіз етті.* Ендеше, менің табан тіреген ойым мынау: бір күн туышпын, бір күн өліпшің, қашан өзім өлгенше, кім менімен жауласса, соны бауыздаймын да жүрем (С. М.). 2. *Орнықты, жайғасты.* Аяғымызды нық басып, табан тіреп тұрғанымызға міне үшінші жылға айналды (ЛЖ). Соғыста бір жерге табан тіреп арпалысып қалған дұшпанды орнынан қозғау қиын (Б. Мом.).

ТАВАН ТІРЕСТІ *Қайсарлық көрсетті, арпалысты, қайтпады.* Сол күні көшелерде табан тірескен қатты ұрыс болды (ЛЖ). Жаудың тірі күшін там-тұмдап құртуды көздеген біздің әскерлер атыс сала шегініп келіп, Джуксите қаласына жетерде тоқтап, табан тіресе қалған-ды (Ә. Н.).

ТАВАНЫ АЛТЫ ҚАРЫС *Табанды, байсалды, жұмысқа төзімді кісі.*

ТАВАНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕДІ 1. *Әлпештелген, жалу жүріп көрмеген, бұла болып өскен деген мағынада.* Назымның жайын айтайын, Табаны жерге тимеген, Маңдайы күнге күймеген, Күймеден басқа нәрсеге, Жорға да болса, мінбеген (ҚамБ). 2. *Зулады, ызғыды.* Құбылып бұрыл гүледі, Табаны жерге тимеді, Тіктеп тиген тұяғы Көлденең жатқан көк тасты Саз балшықтай иледі (ҚБ).

ТАВАНЫ КҮЙГЕН **○** **ТАҢДАЙЫНА ТИГЕН** *Бір жайдың ызасы, зары қатты өткен; жанына тиер ызасы бар іс болған.* Бірақ қарызға батайын десе, бұрынғы қарыздары табанын күйдірген төрізді (С. М.).

ТАВАНЫ КҮРЕКТЕЙ *Толық, аттай деген мағынада.* Арада табаны күректей бір ай өтті (С. Бақ.).

ТАВАНЫ ҚЫЗДЫ *Шабыты келді.* Көрейін мен де толғанып, Көлгенінше шаманың, Дүбірге қызған жүйріктей Қызып тұр әзір табаным (М. Сұл.).

ТАВАНЫНА КІРГЕН ШӨГІР [ТІКЕН, ШӨҢГЕ] **МАНДАЙЫМА ҚАДАЛСЫН!** [КІРСІН!] *Ең жақын, жақсы көретін адамына жақсылық тілеу, қорғау мағынасында, оған келген ауырлық, т. б. маған келсін деген түрде айтылады.* Хадисаның табанына кірген шөгір маңдайыма қадалсын! (М. А.).

ТАВАНЫНАН ЖАРЫЛҒАН Жарамды ит; таймас жорға. Жамбыл Мағашпен енді танысып амандасты да, торы жорға аттың бүгінгі өнерін өз көзімен көрген жайын айтты. Табанынан жарылған жануар-ай, — деп қолын, жұдырығын түйе созып, көрсетіп — айызымды қандырды-ау! — деді (М. Ә.).

ТАВАНЫНАН САРСЫЛДЫ [ТАУСЫЛДЫ, ТОЗДЫ] *Титықтады, босқа сандалды, зуре болды.* Уәли үйге дабырлай кірді: — О, батырлар, мында екенсіңдер ғой. Мен табанымнан сарсылып жүрсем (Т. А.). Әнеугүні Николай Иванович кө-

мекке тағы адам қоспақ болғанда, одан бас тартты. Енді, міне, табанынан таусылып, шарқ ұрғанымен қарманары жоқ. Әзірге бәрі де бұдырсыз тайғақ, құр тұспал. Ол да сағым секілді (С. Сар.). Табаныңнан тосасың, Құр жүгіріп, тарпылдап (Абай). Сенің Сабанбаевыңды күтемін деп-ақ табанымнан сарсылып болдым ғой, жетер енді (М. И.).

ТАВАНЫН ЖАЛАДЫ *көне. Жалынып-жаллайды, құлдық ұрды.* Мейлің маған десе, табан жала! Ол аттың ерін ап, мойның, арқасын изетпамен қағып, сыпырып, сұлы салған жәшікке апарып байлады (З. Ш.). Сенің табаныңды жалаған тілді көбірек көретін болып жүрмін. Ал сен ондайлардан жиіркенудің орнына рақаттанып, «көрдің бе, байыңның қандай құдай екенін?» дегендей, көзіңнің қиығын маған былай паңдана тастайсың (Ә. Ә.).

ТАВАНЫН ЖАЛТЫРАТТЫ *Тайып тұрды, кегіп отырды.* Көңілшек басшылардың көңіл жықпас ниетіне жұртшылықтың қанағаттанбағанын сезген Ырысалды қас пен қабактың арасында жан адамға із-түзін білдірмей, табанын жалтыратып отырды (КТ). Әлде помещик қайтып келмей, табан жалтыратып зыттын ба? (З. Ш.).

ТАВАНЫН ТАЙДЫРДЫ **○** **К...КЕ БІР-АҚ ТЕПТІ** *Қуды.* (Бұл жерде орнынан алды деген мағынада айтылып тұр). Жазу жағын маған жібер... Бұның алдындағы екі басқарманы құртқан мен едім ғой. [Ол кісінің] де табанын тайдырған менмін, — деді Назар (Т. А.).

ТАВАНЫН ТІЛДІ *Бұл жердегі мағына: рақымсыз болды, аямады.* (Бұл фраза «табанын тіліп, құл етіп» дегеннен қалған). Табанын тіліп, жұмысқа сал (М. А.).

ТАВАНЫН ТІЛШ, ТҰЗ ҚҰЙДЫ *Ауыр жазаның бір түрі.* Сыбызғыны кім, істеді десе, табаныңды тіліп, тұз құйса да айтпа. (АБ).

ТАВАНЫН ҮШ ТАРТЫП ЖЕДІ *Тарығып зарықты, жүдеп-жадады.*

ТАВАНЫҢНАН САП, ТАВАНЫҢНАН БҰДЫР] **ЖОҚ** **○** **ТАВАНЫҢНЫҢ БҮРІ КЕТЕ БАСТАДЫ** [КЕТТІ] 1. *Тұрақсыз, айтқанында тұрмайтын жалтақ, табансыз.* Әй, табаныңыздың бүрі жоқ-ау. Айтайын дегеніңіз басқа еді, оны да айта алмадыңыз, ә? — деді Абзал Мырқалға (Ә. Ә.). Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса, өзі қапыл болсын (М. Ә.). 2. *Күш-қайраттан айрылды.* Бұл не қорқақтығы ма, әлде көрліктің алды боп, табанының бүрі кете бастағаны ма? (І. Е.).

ТАВАНЫНЫҢ БҮРІ [ТАВАНЫНДА САПҚЫР] **○** **ТАВАНЫҢНАН ТАУСЫЛ, ТАВАНЫҢНАН ТАУСЫЛҒЫР!** *қ а р ғ ы с.* «Бармасаң, бадал» деген мағынада. (Көбіне тілазар балаға айтылады. «Сап бол-

ды» деп бірдеңенің бітуін, түгесілуін айтады. Мұның «өлді» деген де мағынасы бар).

ТАБАНЫ ТАЙДЫ 1. *Өлді*. Ерінбей қожан сөйлесін, Опасыз мына жалғаннан Кеткенше *тайыл табаны* (Ш. Қ.). 2. *Тұрақсыздық білдірді*. Жасанысқан жау көрдім, Белсеніскен дау көрдім, Үрікпедім де саспадым, Бірі өтірік болмасын, *Табаным тайыл* қашпадым (ШС).

ТАБАНЫН АЛДЫРДЫ **○** **ТАБАНЫ ТИДІ** [ТАСҚА ТИДІ] **○** **ТАБАНЫ ОЙЫЛДЫ** [ТЕСІЛДІ] *Өмір тауқыметін тартты; қажыды*. Көп қасіретті көрдім мен, *Табандарым ойылып* (БЖ). Солардың жұмысын *табаным тесіліп* талай істесем де, жарытып ақы бермеді, ауыз толарлық тамақ та бермеді (ҚЕ). Мен тауда ойнаған карт марал, *Табаным тасқа тиер* деп, Сақсынып шыққан қиядан (М. Ө.). *Табаны тиіп* жастың орта жолда, Жеті айда Петербургке жетті зорға (О. Ш.). Маңдайы күнге күйеді, *Табаны тасқа тиеді* (АБ). Енді бұрынғыдай түзге жорта беруге өзім де жарай алмаймын. Көп жортқан кәрі қасқырдай енді *табаным тиіп* жатуға айналдым (І. Ж.).

ТАБАСЫ ҚАНДЫ *Біреудің сәтсіз ісіне, оқыс қылығына қуанды*. (Біреуге мазақ болды деген мағынада «...табасына қалды» деп те айтылады). Әкем мен шешем өлген соң, *қанғаны сол ма табаның?* Қас ақымақ болмасаң, Өлімге неге күлесің, Қайдан білдің, тоғыз би, Бола-рып неден қазаңның? (А. Аз.).

ТАБИҒАТЫ ҚАЛАМАДЫ *Жаны жек көрді; жаны сүймеді; көңілі соқпады*. Бірге туған жақындығы болса да, *табиғаты қаламады* ма, Қадыржанға онша жуыспады (Т. А.).

ТАБЫЛҒАН АҚЫЛ *Орынды айтылған сөз*. Сондықтан да оны күшінің сыртына тақсам қайтеді? «*Табылған ақыл!*» — деді кенет өзіне-өзі (Е. Д.).

ТАҒА ТИМЕДІ *Адам баспаған деген мағынада*. Өткізген *таға тимей* сан ғасырды, Білмейсің сонда мұны кім жасырды. Көсемім, Компартия бастауымен, Сібірдің мына бізге сыры ашылды (ПТ).

ТАҒАТ ҚЫЛМАДЫ [ТАБА АЛМАДЫ, ТАШАПДЫ, ТҮТПАДЫ] **○** **ТАҒАТЫ** [ШЫДАМЫ] **БИТІ** [ЖЕТПЕДІ, ҚАЛМАДЫ, ТАУСЫЛДЫ, ТОЗДЫ] **○** **ДӘЙЕК** [САБЫР] **ТАШПАДЫ** [ТҮТПАДЫ] *Саябырсыздық, дегбірсіздік туралы айтылады*. Абай науқасының үшінші күнінде тыныштық, *тағат таба алмай*, тынысы бітіп, жанталасып, өне бойы оттай күйіп жатты (М. Ө.). Жақып *тағат тұтып* отыра алмады. Пальтосын кие салып далаға шықты (Т. А.). ... Оғарбек үндеген жоқ. Үндеуге *тағаты да жетпеді*. Байжан кездесу кеші өтегін күні бұған қатыспай қалуды бір ойлады. Бірақ *тағаты жетпеді* (Н. Ғаб.). Башшылары кеткен соң, *тағат*

алмай, Жиналған жұрт дағдарып жанталасты (Жамбыл).

ТАҒАТЫ [ШЫДАМЫ] **ЖОҚ** *Төзімсіз, мінезі «күйдім-пістім»*. Кінәратсыз ақ көңіл жансың, Нүреке, бірақ *шыдамың жоқ* (Ө. К.).

ТАҒДЫР АРАЗ *Әуелден-ақ бұйырмған, бір болуға қоспаған* (АС). Бұл кінә емес, әншейін наз, Сағынамын, айтамын. Досың-ақпын, *тағдыр араз*, Толғанамын, қайтемін (Абай).

ТАҒДЫРДЫҢ ЖАЗҒАНЫ [САЛҒАНЫ] діни. *Пешенесінен көру, маңдайына жазғанды көру мағынасында*. Кермей пенде қоймайды, Жаратқан ие алланың *Тағдырда жазған* бұйрығын (ҚЖ). Егер де Ақбота таппаса, онда *тағдырдың жазғаны* — үсідік далада (З. Ш.). Ақбала, қасыңа кеп тағзым құрдым, Мен едім тірліктегі сенің құрбың, Жетпейді қанша созсам саған қолым, *Тағдырдың* ауыр екен *салған* жолы (Айттыс). *Тағдыр салған* шарасыздыққа көніп, бұл дүниедегі ең бір жақсы көретін әйел жаныңда қол созымайды жерде жатып та қозғала алмады (Ө. Н.). Білмейді бастарына келмеген жан, Атына махаббаттың мінбеген жан. *Тағдырда* осылайша *жазған* болса, Бар ма екен құдіретке көнбеген жан (М. С.).

ТАҒДЫРДЫҢ УЫН **ШІТІ** *Тұрмыстың ауыртпалығын, қайғы-қасіретін көп тартты*. Қайтейін сорға тағы жаңылыстым, Қапыда жөні басқа жолға түстім. Асығыс албырт көңіл ағат кетіп, *Тағдырдың* бал орнына уын іштім (Б. К.).

ТАҒДЫР ЖЕТТІ діни. *Ажалы жетті, күні бітті*.

ТАҒДЫРСЫЗ ТӘВДІЛ **БОЛМАС** **○** **ТАҒДЫРҒА ТӘВДІЛ** **ЖОҚ** *Жазмышқа шара жоқ. Тағдырсыз тәбділ болмас* — деген сөз бар, Жылайды кез келтірмей өзіне пар. Гүлдейін балбыраған уақыты өтіп, Тигені ақырында бір ақсақ шал (С. К.). Боямасыз ақ көңіл, Кірлетпей кетті жүректі, Ойламаған өлімнен Жасқанамын демепті. *Тағдырға тәбділ* бола ма, Сабырлық қылсақ керек-ті (Абай). Сақта дүйміз, қайтеміз, Ілінген жалғыз тіректі, *Тағдырына тәбділ жоқ*, Тәуба қылсақ керек-ті (Абай).

ТАҒДЫРЫН ҚОЛЫНА **АЛДЫ** **○** **ТАҒДЫРЫН ҚОСТЫ** *Болашағын, өмір жолын өз білігіне алды*. (Ізгі жазмыш, бостандықты дәріптеу мағынасында айтылып тұр). Жарқырап Ұлы Октябрь алтын таңы, Бұқарам өз *тағдырын қолына алды* (К. Ө.). Тағы да өстім, мінеки, тағы да өстім, *Тағдырымды*, бөбегім, саған *қостым* (Х. Ер.).

ТАҒДЫРЫ ШЕШІЛДІ *Мәселе анықталды, шешімін тапты*. Бұйрық халықтың, Отанның атынан беріледі. Сөйтп, ол орындаушының *тағдырын шешеді* (Б. Мом.). Тайқы мен Үлкен айналада қол

соқты да, аялуы Аяштың тағдыры осылай шешілді (А. Х.).

ТАҒЫМ ЕТТІ [ЖАСАДЫ, КӨРСЕТТІ] *Иіліп ізет, құрмет, қошемет білдірді.* Сәлем бердік, Салауат аға,— деп Күмісбек мылтық ұстаған қолын төсіне қойып тағым жасады (Ғ. С.). Жайнақов өз қолын кеудесіне қойып, басын иіп тағым жасады (З. Ш.). Сондықтан қыз Күнікей тұра келді, Батырды Дотан сынды көзі көрді. Күнікей тұра келіп тағым қылды, Құдай тілеп бергенін енді білді (БатЖ).

ТАҒЫМ АЙТТЫ *Үлгі, уағыз сөз үйретті.* Ел ішіне сау келсең, тағлым айтпас ер ме едің (Абай).

ТАҒЫМ ТҰТТЫ [АЛДЫ] *Ісін, мінезін, ақыл-парасатын өнеге етті.* Қазірдей көктем емес, Ол да күзде. Албырт шақ, Дүние де кең де бізге. Ақылын ағалардың Тағлым тұттық, Ар-ұят ұялаған кеудемізге... (Қ. Б.). Шеркестің тағлым алар ұстазы осылар, өнеге қандай (С. Вақ.).

ТАЗА АРУЛАДЫ [АРУЛАП КӨМДІ, ҚОЙДЫ] *Сүйегін (марқұмның денесін) құрметтеп жерледі.* Сен мына туысқандарымды жөндеп таза арулап көм, сонан кейін саған некеленіп тиейін (ҚЕ).

ТАЗ КЕБІН КИДІ **ТАЗ ҚАЛПИНА КӨШТІ [ТҮСТІ, КЕЛДІ]** *Баяғы жағдайына, күйіне түсті, бұрынғы қайталанды.* Көзден аққан ыстық жас Қойынға талай төгілді. Қайта кимесем игі еді Баяғы таз кебінді (БатЖ). Екі-үш күннен соң Иса мен Қадияның сезім дегенді білмейтін, көн болған көңілдері бұрынғы таз қалпына келіп еді (М. Ә.).

ТАЗЫ ҚУҒАН ҚОЯНДАЙ *Қатты қорқып, абыржып, сасқалақтады.* Тазы қуған қояндай алқынып-жетеліп, өн бойынан бұй бұрқырап, қарауытып, сұрланып жылқышы кіріп келді (Қ. Тай.).

ТАЙҒА ДА, ТАНАҒА ДА ЖЕТТІ *д и а л. Жұрттың бәріне, тайлы-таяғына түгел жетті.* Ахметтің аулаған балығы тайға да, танаға да жетті (Гур., Маң.).

ТАЙҒА ТАҢБА БАСҚАНДАЙ **ТАСҚА БАСҚАН ТАҢБАДАЙ** **ТАСҚА БАСЫЛЫП ҚАЛҒАНДАЙ** *Өте анық, бадырайған, беп-белгілі.* Жауапкердің барлық сыры да, шыны да тайға таңба басқандай айқындалған еді (Қ. Әб.). Содан бері талмай, Желдей зулап өтіпті, Тасқа басқан таңбадай, Іздерін тастап кетіпті (С. О.). Сананың мың тоғыз жүз он сегізі, Жаз өтіп салқын түсті қыстың көзі. Алты жүз әскерімен Әли келді, Басқандай тасқа таңба тарихта ізі (О. Ш.). Сол күнгі көріністер Қоспанның көкірегінде тасқа басылып қалғандай әлі күнге дейін көз алдында тұр (Т. А.).

ТАЙДАЙ ТАЛ ТҮСТЕ *Тапа-тал түсте.*

ТАЙ ҚАЗАН *Ірі мал еті сыйып кетерліктей үлкен қазан.* (Бұл жерде үлкен жетістік, ірі олжа мағынасында). Табыс-

тың тай қазаны бұдан кейінгі жылдарда да орта түскен жоқ (Т. См.). Жарайсыңдар, жерлестерім! Ақ олимпиаданың нағыз ерлері болыңдар. Сендердің Инсбургтегі табыстарың, тай қазаны толтырған жеңістерің көңілге қуаныш өкеледі (ЛЖ).

ТАЙ-ҚҰЛЫНДАЙ ТЕБИСТІ *Асыр салып, бірге ойнап өсті.* Көп қызыққа батысқан, Тай-құлындай тебіскен, Асық ойнап алысқан (ҚЖ). Өзіңмен бірге туысқан, Тай-құлындай тебіскен, Бірге туып, бірге өскен, Кіндігімді бір кескен, Мен сорды кімге тапсырдың (ҚБ).

ТАЙҚЫ МАҢДАЙ БОЛДЫ *Сорлады, азапта қалды.*

ТАЙ ҚЫМЫЗ ҚҰЙҒАН СҮТІ *жаңа тараған екінші күнгі қымыз.* Тай қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, Тең-теңдеп қара нарға сабаны артқан (Н. А.).

ТАЙЛАҚҚА АРТҚАН ТЕНДЕЙ *Бұл көбіне шамбадан, мөлшерден артық затты әлі келмейтін жанға көтертуге орай айтылады.*

ТАЙЛЫ-ТАЯҒЫ БОЛЫП **ТАЙЛЫ-ТАЯҒЫ ҚАЛМАДЫ [ҚАЛМАЙ ЖИНАЛДЫ]** *Үлкен-кіші, бала-шаға, ауыл-аймақ бірі қалмады.* Отыз үйлі көшек боп тайлы-таяғымыз қалмай өмір бойы оның жалшылығында келеміз (С. М.). Қайнады Қаратауда қалың жайлау, Жанжалсыз, барымтасыз тұрмайды сау. Қалмайды тайлы-таяқ айқаң шықса, Әдегі бүлік іздеп күнде тыңсау (И. Б.). Мектебімізде үлкен жиын болды. Тайлы-таяғымыз қалмай, мұғалімдеріміз де, өзіміз де теріс жиналдык (ЛЖ).

ТАЙПАЛҒАН ЖОРҒА *Үстінде су шайқалмас, төрт аяғы тең жорға.* Тайғақ жолда тайпалған жорға артын боратып, алдын желдетіп, сынапша ағып келеді (Ғ. Мұс.). Тайпалған қаты жорға өзге жүргіншінің бәрін сар желдіріп келеді (М. Ә.).

ТАЙ ТЕРІ *Тай терісімен тыстаған көрпеше.* Ақшал төсек алдына жайылған тай тері көрпеге шалқая отырған соң, маған да отыр деп иек қақты (Ғ. О.). Оразбай бір шынтақтай, бір ытқып отыра қалып, біресе теңдеп, астындағы тай терісінен жылжи шығып кетеді (М. Ә.).

ТАЙ ТҰЯҚ *Тайдың тұяғына ұқсас, тұтас бір кесек күміс.* «Жамбы», «тай тұяқ», «қой тұяқ», «атан тұяқ» аталатын алтын мен күмістің жентектерін Рафаилов керуені қоржындап жиыды (С. М.).

ТАЙ ШАПТЫРЫН ЖЕР *Халық еткілей келетін қашықтық.* Алпыс-жетпіс кісі орнынан тұрғыза алмайтын Жандыбатырды тай шаптырымдай жерден-ақ жыланның демі орнынан қозғалтып қояды (ҚЕ). Алапқа алқа-қотан отырды жан, Жері жоқ ине шаншар адам тұрған, Жаяулап тай шаптырым жерге келді, Алыста аттар қалды байластырған (І. Ж.).

ТАЙЫП ТҮРДЫ [ОТЫРДЫ] Қашып кетті, қарасын жоғалтты. Жеме-жемге келгенде, «Өлмесең тұр»,— деп... бізді ұстап беріп, өзің тайып тұрмақ екенсің ғой (Ә. Н.). Ал қоқандықтар бар істерін бір түнде істеп, тайып отырады (І. Е.).

ТАҚА [ТІПТІ, ТЫМ] БОЛМАЙ БАРА ЖАТСА Жөні келмесе, сәті түспесе, амалы құрыса. Қоңырқұлжа ырқылдай күлді.— Тақа болмай қара жатса «адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деп қатыныңды алдыңа тартып, мойныңды ұсына берерсің (І. Е.).

ТАҚИЯДА ТАМТЫҒЫ ҚАЛМАДЫ Бар мал-мүліктен айрылды, барынан жүрдай болды. Шонжар байдың ауқымына түскен жарлы-жақыбайдың тақияда тамтығы қалмады емес пе (АТ).

ТАҚИЯҢА ТАР КЕЛЕ МЕ? [БОЛМАС, КЕЛМЕС, КЕЛІП ОТЫР МА?] Бір нәрсені азырқап, қомсынған адамға осы да жетер деген ұғымда айтылады. — Уа, жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе? Қайтеді істі берсек жол келеге, Маманның өз аулынан, өз қолынан, Алмастай не кесір бар неменеде? Күйеу боп екеуің де жасап алсаң, Жаным-ау тақияңа тар келе ме? (М. Ә.).— Еркек құрып қалып па?.. Байболды шоңқитса, Жақып шоңқитады. Жақыптың болыстыққа дәмесі бар,— десеңді.— Ауылнайлық тақиясына тар болмас (Ғ. Мұс.).

ТАҚҚА МІНДІ [ОТЫРДЫ] к ө н е. Патша болды, хан сайланды деген мағынада.

ТАҚСІРЕТІН ТАРТТЫ 1. Азабын, күйігін көрді, қиындыққа душар болды. Ол осы кемшілігінің тақсиретін тартты-ақ жүр (М. И.). Дұшпаның болса оңбасын, Тақсирет тартсын лайым. Шадыман, шат боп өмір сүр, Жаныңнан аулақ уайым (Қ. А.). Қайғың болса тарттып тақсиретін. Ғұмыр болса көрейін пек суретін (Т. Айб.). **2.** Кесір-кесапаттықтың зардабын тартты. Нанды аяқ асты етпе, оның тақсиретін тартасың (АТ).

ТАҚТА БЕДЕУ Пұшпағы қанамаған, бала көрмеген деген мағынада айтылады. Тыңдамасқа айтқан сөз ірия. Келмеске жылаған көз ірия. Тақта бедеуге бөз ірия (ШС).

ТАҚТА БОЛДЫ Дән байлады, түгелінен бас алды. Жақында ғана тегіс бас алған тары тақта болып, масақ-тұмсықтары дән ала бастаған (Ж. А.).

ТАҚТАЙ СОҚТЫ БОЛДЫ Ағаш орындыққа отыра-отыра қажыды, ығыр болды деген мағынада. Содан соң, әрі тақтай соқты болып, түскі шұбаттан қағылып тыпыршып отырған (А. Сұл.).

ТАҚТАН КЕТТІ [ҚҰЛАДЫ, ТАЙДЫ, ТҮСТІ] к ө н е. Паишалықтан, хандықтан түсті. Әділдіктен адасқан, Патша тақтан кеткенде, Қан қақсатқан халықты Хан-

дарға ажал жеткенде (Д. Әл.). Патша тақтан құлаған хабар қазақ даласына тез тарады (Ә. Н.). Буржуазия-пандардың іштеріне тептік біз, Оларды тақтан құлағып, Ит шанаға жеткіз біз (С. С.). Өз атаң сенің Айшуақ, Жайма-шуақ, жай шуақ, Алтын тақтан тайыпты (ШС). Патша тақтан түсіпті! Түскенінің мәнісі:— Көп бұқара қысыпты! Болды теңдік! Туысқандық! (І. Ж.).

ТАҚЫМҒА АЛДЫ Қатты састырды, әбден қысты. Қара бала сыртқа бір шығып кеткенде, Сүлекең Тілек пен Қуанышты тақымға алды (Қ. Жұм.).

ТАҚЫМҒА БАСТЫ 1. Мініп жүрді. Тақымға басқан жалғыз ат өне бойы лауға жегілген соң, ыңыршағы айналып, қотыр болды (Б. М.).— Ия, солдаттар айналдыра ма?— Айналдырғанды қой, тура «қазынаға аламыз» дейді. Заң бар ғой, ат-айғырды еріксіз алатын. Әсіресе, мына сияқты ақ табан керді тақымына басуды қай хакім жек көреді дейсіз (Х. Е.). Өз тақымына басатын бір ат берсең, одан басқа шаруашылық тілегім жоқ (С. М.). **2. Өңгерді.** Көкпарда бір шабандоз жігіт серкені тақымға басып алды да кетті (АТ).

ТАҚЫМ ЖАЗДЫ Шапты, жүрді деген мағынада айтылады. Жарысқанда артта қалуға намыстанғаным ба, өлде салт атты жатырқап қалдым ба, біраз жер тақым жазғаннан кейін, мен атымның басын іркіп, аяңға түсірдім (С. М.).

ТАҚЫМ ҚАҚҚЫЗБАДЫ Жүрдек, қамшы салдырмайтын ат туралы айтылады. Жүрісі жайлы, тақым қаққызбайды (АТ).

ТАҚЫМ САЛДЫ Атқа мінді. [Жолаушы] атының ерін алмай-ақ, ұзын шылбырмен оттатып отыр екен. Саржапты көрісімен, жалма-жан атының ауыздығын салып, айылын тартып, тақым салды (Ж. Т.).

ТАҚЫМ[-Ы] ТОЛАРЫ ЖОҚ Көңіл толып, көңіл риза болар кісі жоқ. Әрине, әр рудан шыққан алуан-алуан қол бастар батыр, топ жарар шешен бар, бірақ бар рудың тақымы толар, ақылы мен ерлігіне бас ұрар бірде-бір көсемі жоқ (І. Е.).

ТАҚЫМЫ ЖАРЫМАҒАН к ө н е. Әйелі тұрақтамаған деген мағынада.

ТАҚЫМЫ [АТҚА...] ЖАРЫМАДЫ Мініп жүрер келігі болмады. Тақымым атқа жарымай, Езілген кедей болғанмен (АЖ).

ТАҚЫМЫ КЕППЕС ҰРЫ Бау кеспе ұры. Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай, Тақымы кеппес ұры едің, Түн қатып жөне жүр едің, Қабанбайдан бұрын найзаңды Қай жерде жауға тіредің (Б. Қ.).

ТАҚЫМЫНА АТ ТИДІ Астына ат бітті. Қара жаяу боп сорлап жүрген жастар тақымына ат тигесін есіріп кетіпті (Ә. Н.).

ТАҚЫМЫ ТАРТТЫ Халықтық ырым-жоралғыны білдіретін сөз. («Ат бітеді», «әйелге біреу кездеседі» деген ұғымда). Миығынан бір күліп, Назымның тартты

тақымы. Жөнеліп Қамбар барады, Шаңғытып жерді тұяғы, Тұлпардың шығып тасыры (ҚамБ). Осы күнде, Тоқтар шал, Оң қабағым тартады. Қуантамысың, құдай-ай! Осы күні, Тоқтар шал, Аузы құрғыр тартады, Жалғызымды сүйгендей! Иіні құрғыр тартады, Қараспан тауға ел қонып, Еруге қамқа кигендей! Осы күні, Тоқтар шал, Тақымы құрғыр тартады, Қарасан тауын жағалап Қалың Қыпшақ ел көшіп, Сұр жорғаны мінгендей (ҚБ).

ТАҚЫМЫ ТОЛМАДЫ Менсінбеді, місе тұтпады. Бұл түрі балықшыларға тақымы толмай, өздерімен ауылдас болуға да қомсыншып, сырт орай берген салқын пейіл секілді (Ә. Н.).

ТАҚЫРҒА [ТАҚЫР ЖЕРГЕ] ОТЫРҒЫЗДЫ ○ ТАҚЫР МҰЗҒА ОТЫРДЫ Жер соқтырды, алдап кетті, алданып қалды. Мына ақ дүлей ауданды тақырға отырғызып кетейін деп тұр. Жапан далада қорақора қойлар ғыпып жүр. Біразы қырылып та қалған шығар (Т. А.). Тақыр мұзға отырдың ба?—деп табалады Ғалияны Қордабай да, басқа өштер де (С. М.).

ТАҚЫР ЖЕРДЕН ШӨП ШЫҒАРҒАН кекесін. Қу, айлакер адам туралы айтылады.

ТАҚЫР ЖЕТИМ Жан ашыр ешкімі жоқ, нағыз жетім. Титан әке-шешеден, тұған-туысқаннан жұрдай, тақыр жетімнің өзі (Ә. С.).

ТАҚЫР КЕДЕЙ Маңдайында түгі жоқ жарлы. Ел байлығы өзімде, Тіл байлығы сөзімде, Малы жоқ тақыр кедей деп, Өтірік жала жаппағын (Жамбыл).

ТАҚЫРЛАП АЙТТЫ диал. Түгел айтты, қалдырмай айтты (Қ. орда, Арал).

ТАЛАБЫН ЖЕР ҚЫЛДЫ ○ ТАЛАБЫН МҰҚАТТЫ Көңілін басып тастады, бетін қайтарды. Ырғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйлейді: «Байлауын байлады. Енді, түге, жат жиынның алдында жас балаларымның жақсы талабын жер қылмаңдар!»—деді (М. Ә.). Адастырып азапқа салса, Талапты мұқап сенімді алса, Арман мінсіз бе? (ШС).

ТАЛАБЫ ТАЙ ЖЕГЕНДЕЙ [ТАЙ ЖЕГЕН БӨРІДЕЙ] Шабыты шалқып, талабы тасқындай, жұттынып тұрған кісіге айтылады. Алыстан іздеп келген нән екенсің, Өнерге шыдамаған жан екенсің. Көрелік, жақын болсаң әуसेледі Талабың тай жегендей бала екенсің (С. А.).

ТАЛАБЫ ТАУДАЙ Үміті зор, қабілетті. Бұл бұрынғы Темір емес, танып тұрмын талабы таудай,—деді Қазыбек бәйбішесі Баянға (Ә. Ә.).

ТАЛАҒЫ ЖАБЫСТЫ кекесін. Ымы-жымы бір кісілер туралы айтылады. Осы үйге күніне бір келмесең, ас батпайтын болды ғой саған. Талағың жабысып қалып па еді? (Т. А.). Серішлің қара мы-

на бейбақтың. Онымен талағың қашан жабысып қап жүр?! (Ә. Қан.).

ТАЛАҒЫНЫҢ [ТАЛАҒЫНДА] БИТІ БАР Пысық, талапты, ширақ. Жиын-тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды «талағында биті бар», «аузының желі бар» жігіттің бәрі — өнер көретін (С. С.).

ТАЛАҒЫ ТАРС АЙРЫЛДЫ [ЖАРЫЛДЫ, КЕТТІ] Бұлан-талан боп ашуланды. Соншама Әлжаппар Қодар келді, Жатқанын Қозыкеңнің көзі көрді. Талағы тарс айрылып мұндар құлдың, Кісіге жиындағы хабар берді (ҚКБС). Жер жарған кедей тобы күй жырласа, Талағы тарс жарылар байлар көріп (Қан.).

ТАЛАЙ [ОН ЕКІ] САҚҒА ЖҮГІРТТІ Әр түрлі ой талқысына салды, құбылта сойледі. Көркемөнер мұраты жөніндегі пікір таласы ертедегі антика заманында туған да, осы кезге дейін созылып келе жатыр. Бұл ұғымды талай саққа жүгіртті, әр кезде толып жатқан топшылаулар айтылып келді (М. Қ.).

ТАЛАЙЫҢ [БАҚ-ТАЛАЙЫҢ] ӨССІНІ алғы с. Вақытың жансын, алдың жарқын болсын!

ТАЛАҚ ЕТТІ [БОЛДЫ, ТАСТАДЫ] көне. 1. Еркек некесін бұзды, зайыбынан айырылысты. Алғалы отырған қызды күйеуі талақ етіп тастап кетіпті (М. Ә.). Қанат енді үйіне кірейін десе, Айкүмістен ұялатын түрі бар. Қанша айтса да, Айкүмісті талақ етіп, үлесін беріп, іргесін аулақ салған жоқ (Ғ. С.). Саудагердің қызы сол күйінде талақ тасталып, әкесінен алатын пайда үлесі, соның еншісі болып қала берді (МБТ). 2. Дүниеден, өмірден, тіршіліктен безді. Талақ етіп бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің, Кінәсі жоқ жас адамды Қатты соққан неткенің (Абай). Істеген жақсылығың ұмытылмай, Көретін де жүзіңді күнге жеттім. Мә, қанжар, ал кегіңді, ант еткенсің, Сен үшін жас өмірімді талақ еттім (И. Б.).

ТАЛАҚ ҚАҒАЗ [ХАТ] көне. Некенің бұзылуын растайтын куәлік. Аз күннен кейін Ғалия Біржаннан талақ қағаз алды (С. М.). Балаң да, бау-бақшаң да өзіңе, ел жақсысын жиып, талақ хағымды бере ғой,—деді (МБТ).

ТАЛАҚША ЖАБЫСТЫ Қыр соңынан қалмады. «Бума соңық. Енді сенімді адамдарына тыққаны ғой» деген оймен Сыздық көшті тастап жолдан бұрылғанда Жақып қоса бұрылды. Талақша жабысып сөйлескісі келіп барады (Ғ. Мұс.).

ТАЛАН-ТАРАЖҒА ТҮСТІ [ҰШЫРАДЫ] ○ ТАЛАПАЙҒА ТҮСТІ [САЛДЫ] ○ ТАЛАУҒА ТҮСТІ Кім көрінгеннің қолында талауда кетті. Салған күннен-ақ ағаштасы талан-таражға түсе бастады, осыны да арыз етіп айттық (А. Х.).—Бауырларым-ай, сендер бұл талапайға бүгін түстіңдер ғой. Менің жем болғаныма үш түн

болды, — деп тағы бір жолаушы әңгіме бастады (ЛЖ). Қызыңды өзің бердің деп, Шауып алып кетіпті. Батырбектегі көріпті, *Талапайға салыпты* (Н. В.). *Талауға түскен* ұрыдай, Ат-тонынан айрылған, Қанатынан қайрылған, Жасыған жездей майрылған (Айтыс).

ТАЛАНЫНА БІТКЕН НЕСІБЕ к ө н е. *Бұйырған дәм-түз*. Тауыққа шашқан тарыдай *таланына біткен* там-тұм *несібесін* теріп жеп, осы дүниеде о да тірлік көшіп жүр (Ә. Н.).

ТАЛАНЫНА ТАП КЕЛДІ *Бағына кез болды*. *Тап келген таланына* тыныш түнді Көрдім мен елесіндей бостандықтың (Қ. Ж.).

ТАЛАНЫ ТАСТАЙ *Бұл жерде бақытсыз деген мағынада*. Не қылса да бағы жанбайтын *таланы тастай* халық (Ә. Н.).

ТАЛАПТЫҢ ТҰЛПАРЫН МІНДІ *Ақын бұл жерде талаптанып ізденуді бейнелеп отыр* (АС). *Талаптың мініп тұлпарын*, Тас қияға өрледің. Бір ғылым еді іңкөрің, Әр қияға сермедің (Абай).

ТАЛ [ТҰЛА] БОЙЫ *Күллі, тұтас денесі*. *Тал бойымнан* мін тапсаң, бір табасың, Өйте берме үнемі, ей үмітсіз (Жамбыл). Жиналған жұрт оның *тал бойынан* мін тапқан жоқ (С. М.). *Тал бойың*, сындар белің, сұлу сыртың, Сыбайлас қандай болса мінез-құлқың, Алланың артық туған ардақтысы, Болған жоқ, болмас тағы сендей сылқым (Б. К.). Осы аталған, немесе *тал бойы*, бұраң бел, ши бел, сүмбіл шаш, қолаң шаш, қалам қас, қиғаш қас деген тіркестер көркем ой, түсініктің өзгеше ұлттық бітім-сипатымен де, сөздердің жасалу ерекшелігімен де қызықты (З. А.).

ТАЛҚАН БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] ○ ТАЛҚАНЫ ШЫҚТЫ *Қирады, быт-шыт қылды, астан-кестен бүлінді*. — «Мен де сені күтемін, — деді Ажар, — Егер де ойда жоқта жетпесе ажал. Сендікпін, мейлі дүние талқан болсын, Бұл серттен деме енді мені азат!» (С. М.). Жүрегі қара тас болған, Жығылып жау ордасы, *Талқаны шығып* құлады (Т. Ж.). Ашуыма көп тісең, Өзекті жанға бір өлім, Орданды *талқан қып* шабармын (М. Ә.). Мен саған не қылайын адай болсаң, Үйіңнен шай берсейші, олай болсаң! Жылқыңның өлімтігі иттен де көп, Жылқыңды неге өлтірдің құдай болсаң? Тарыдай *талқаныңды шығарған* екен, Құдаймен аз ғана күн сыбай болсаң! (ШС).

ТАЛҚЫҒА САЛДЫ ○ ТАЛҚЫНЫҢ ТЕЗІНЕ ТҮСТІ *Көпшілік сынына түсірді*. Болат қаланың жоспарын қағазға түсіріп, отряд жиналысының *талқысына салмақ* (С. О.). Едірейіп жүрмегін, Жан көрінбей көзіңе. Кімдер *түсіп шықпаған Талқының* түзу тезіне? (М. Сұл.).

ТАЛҚЫ ШАЙ ди а л. *Қантсыз ішкен шай* (Гур., Маң.).

ТАЛМАУ ЖЕРІ *Өкпе тұсы, жанды жер*. Өзіне құлашты қос қолдап сермеп, құлақ шекесінен қатты қойғалы тұрған Арманды *талмау жерінен* қойып-қойып жібергенде, Арманның тынысы тарылып, екі қолы да сылқ төмен түсіп кетті (М. Ә.).

ТАЛМА [ТАЛ] ТҮС ○ ТАПА [ТАПАЙ, ТАЙДАЙ] ТАЛ ТҮС ○ ШАҢҚАЙ ТҮС *Күннің тас төбеге келген тұсы*. Төлеген Жібектің көшіне күн шыға ілесіп, Жібекпен Жиренбай отауында *талма-тал түс* шағында жолғады (М. Ә.). *Талма тал түс* болғанда, Күнге қарап жусаған Құлаша атты көреді (БағЖ). *Тал түсте* бағанағы кірме деген Есікке кіріп кетті, бар ма шараң (Абай). *Талма түстің* шағында, Төсіңнен соққан майда леп, Бұрқанған от жағында Мені іздеген қайда деп (С. М.). Базар күні еркектердің ауылда болмайтынын білген біреулер ғой. *Тапайдың тал түсінде* қызымызды тартып екетті-ау (ҚЕ). ... *Тайдай тал түсте* бір машина қаустаны базарға сатып тұрған жерінде село Советінің депутаты С. Жаңбыршинді көріп, тайып тұрды (КТ). Бұл не деген бейбастақ. Есіктің қақ алдына, *тапа-тал түсте* сүйсініп тұрған мыналар, — деді Сақи кемпір (ЛЖ). — Уә, тоқта түге! *Тапа-тал түсте* шабатындай аулымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл кім? Елмісіңдер, жаумысыңдар?! — дейді Ақсуат би Сырым бастаған топқа (Б. А.).

ТАЛШЫҚ ЕТТІ [БОЛДЫ] ○ ТАЛҒА-ЖАУ ҚЫЛДЫ ○ ТАЛМАУ ҚЫЛДЫ *Аздап қорек, үнем етті*. Азғана ауылдардың қыс *талшық ететін*, иек астындағы болымсыз ши қорықтарына қой мен түйе, сиыр жайылып кеп, тұмсық салды (М. Ә.). Азын-аулақ іліккен балықты *талшық қып* күнелтеді екен (ҚЕ). *Талмау қылар* тағам жоқ, Кең дүние тар болып, Қамығып тұрды Қаныкей, Мұңдасарға зар болып (Манас). «Біз есін жиса, бейшараға *талшық болсын* деп, жалғыз таба нанымызды сындырып қойнына тығып кеттік», — депті келіншек (Т. А.).

ТАЛЫҚСЫП [ТАЛЫП] КЕТТІ [ҚАЛДЫ] *Есінен танды, әлсіреді*. Жабай сұлық жатыр, есеңгіреп *талықсып кеткен* сияқты (Ғ. М.). Әбдірахман *талықсып кеткен* кезде, мұны арттағы екі жауынгердің бірі ұстай қалды (Х. Е.). Ер Кулагин *қапты талып*, Жанын қинап жатыр жара. Санбат тез кетті алып, Санитарка Шолпан бала (Д. Ә.). Шапақ Қапияның қақ басына бір салды. Қапия *талып кетіп*, көзін екінші ашқанда, өзі қозы көгеннің қасында жатқанын сезді (Ғ. С.).

ТАЛЫП [ТАЛМАУРАП] ЕСТІЛДІ [ЖЕТТІ] ○ ТАЛМАУСЫРАЙ ШЫҚТЫ *Әрең, әлсіз естілді, үні әлсіз шықты*. Алыстан жер жыртқан трактордың дауысы *талып естілді* (А. Н.). Сырттан күннің күркірегені *талып естілді* (С. Сар.). Еркіндік, алыстағы төңкерістің құлаққа *талып жеткен* үні еді (Қ. Жұм.). Әлі де байқамас еді, тек бұларды арт жақтарынан *талмаусырай*

шыққан мылтық дауыстары тоқтатты (І. Е.). Аңсағыш арман ілгері кетті, Қайтадан жел де ұйқыға батты. Сол кезде үн таллаурап жетті, Жалп егіп арман қанатын қақты (Ә. Т.).

ТАМАҒЫ КЕБЕРІСТІ [КЕПСІДІ] Аузы құрғады, таңдайы кепті. Көріп отырған жәбір-жапасына өзіне өзінің жаны ашығандай көзі жасаурап, *тамағы кеберсіп*, аузына сөз түспеді (М. Ә.). Шілде кезі еді, күн ыстық, *Тамақ кепсіп* шөлдеді (С. Мағ.).

ТАМАҒЫНАН АС ӨТПЕДІ ○ ТАМАҚ-ҚА ЗАУҚЫ ЖОҚ ○ ТАМАҚТАН ҚАЛДЫ ○ ТӨБЕТІ ЖОҚ [ШАПШАЙДЫ] *Ас батпады, ішуге көңілі соқпады.* Үшеуі үнсіз отырып, біраз тамақ ішіпті. Әнуарбектің *тамағынан ас өтпей*, өзі жататын үйге барыпты (ҚЕ). Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, *тамақтан қалатұғыны* да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады (Абай).

ТАМАҒЫҢА ТАС ТЫҒЫЛСЫН! қарғыс. *Оны жегенше, қақалып қалсын, өңсінде тұрып қалсын деген мағынада.* «Егінің пісті» дегеніңіз молдалық қой, Шекер апа! Ондай табыспен күнелткенше, *тамағыма тас тығылсын!* (Д. Ә.).

ТАМАҒЫ [ЕМШЕГІ] ІСТІ көне. *Дәмеленді, емексіп қалды.*

ТАМАҚ АҢДЫДЫ Қыдырып, асы бар, асы пісер үйді күзетті. Мінер атын, киімін ып-ышнам қып, Сымбаттанып, сымпып *тамақ аңдып*, Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан Ант ұрғанға қосылмай, кел, кет қағып (Абай).

ТАМАҚ АСЫРАДЫ [ТАПТЫ] Өлмес күн көрді; аш қалмау қамымен іс етті. Бәрі жоқшылықтың лаңы — *тамақ асыраудың* жабдығы ғой, — деді Айдарбек (Б. М.). Ата бағытынан, мал-дәулетінен айрылып, ендігі мақсаты аштан өлмей *тамақ асырау* болып отырған Жайлыбайға ауылнай мықты кесір болды (Б. М.). Құрт-құмырсқа да *тамағын тауып* жүр. Біз де табармыз (Ғ. Мұс.).

ТАМАҚ КЕНЕДІ [ҚЫРДЫ] Тамағын қырнай жетелді, үнін түзеді. Ахметбек домбыраның құлағын бұрап, *тамағын* бірер *кене*п алып ән салды (Б. М.). Бірдеме тыйым саларда қиды өтірік жетеліп, *тамағын қыратыны* болушы еді (Ғ. М.).

ТАМАҚ ТОҚ, КӨЙЛЕК КӨК Тұрмысы жақсы деген мағынада айтылады.

ТАМАША [ҚЫЛДЫ, ЕТТІ, КӨРДІ] Қызықтап қарады, сүйсінді; қуаныш етті. Ертең ортаға алып, *тамаша етіңіз*, — деп, жаманды ас үйге жіберді (ҚЕ). Балалар оны *тамаша көріп* шулап қоя берді (М. И.). Мықтылығын шерінің, *Тамаша қылды* ел көріп. Суығын қойып жатқанша, Қара қасқа тұлпардың Қақтаруын жазды да, Байлады мейіз — жем беріп (ҚамВ). Баласы барған соң, хан қатты қуанып, өзінің әйелін дарға тартырып, той жасап, *тамаша қылыпты* (ҚЕ)

ТАМТЫҒЫ ҚАЛМАДЫ [ЖОҚ] Дәнеңе қалмады, түк қалмады. Жұмыс істейсің, жаңа киіміңнің *тамтығы қалмайды* ғой (Ж. Ж.). Алты зеңбірек бірдей іске кіріссе, танктердің *тамтығы да қалмайды* (Б. Мом.). Екі бетте *тамтық жоқ*, Бұршақ ұрған жайлаудай (Жамбыл). Екі бетте *тамтық жоқ*, құдай ұрған, Қазып алған құрайдың орынындай (Айтис).

ТАМҰҚ БОЛДЫ Азап, қиыншылық көрді деген мағынада айтылады. Нашарға білім орны жабық болды, Надандықта көрген күн *тамұқ болды* (С. М.).

ТАМҰҚҚА [ТАМҰҚ ОТЫНА] ЖАНДЫ [ТҮСТІ] діни. кекесін. *Жаны азапқа түсті, қиналды, қорлық көрді.* Әйт, шүү ала атым, Жайым жоқ баратын. Молда айтқан *тамұққа* Мен болсам *жанатын* (Б. М.). Әке-шешем де, басқалар да баланы арашалауға тиісті емес, өйткені, олардың ұғымында, молданың шыбығы тиген жер о дүниеде *тамұққа* түссе, отқа күймейді (С. М.).

ТАМЫР БОЛДЫ Көңілдес, сыйлас болды. Бұл етікті жаңа күнінде Тәжи біреуден *тамыр болып* қалап алып, төрт-бес жыл киіп тоздырған соң, байға жүрерде Сатанға жаматтырып берген (І. Ж.). Сонда Қаршыға айтты: — Шырағым, менің екі жорғаны алғаным рас, мен оны сізді көрсетуге алғаным жоқ. Төлегеннің жолластарына *тамыр болып* алдым, — деді (ҚЖ).

ТАМЫР ЖАЙДЫ Кең таралды, кең қанат жайды. Төңкерісі жұмыскер солдат және қара шаруалар Советінің орнамаған жері жоқ, Россияның әр бұрышында *тамырын жайды* (С. С.).

ТАМЫРЫМЕН ҚҰРЫП КЕТТІ Жойылды, тып-тылп болды. Төрт тіреудің бәрінен асып туған, Ең үлкені осы еді дәу Сыпатай. Құдай тоқтатпаған толқынды тоқтатам деп *Тамырыңмен құрып кетіп* жүрмегін-ай (С. А.).

ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАПТЫ ○ ТАМЫРЫН КЕСТІ [ҚИДЫ, ҚЫРЫҚТЫ] Бір-жолата көзін жойды. (Іске, әрекетке, топ адамға, адамдар жігіне орай айтылады). Демек, мұның *тамырына балта шабу* керек (З. Қ.). Міне, соларға жол бермеу керек, бар *тамырын қиып* тастау керек (Н. Ғаб.). Байлардың ғана *тамырын қырқумен* іс бітпеді, кейде өз бойындағы аялулықты, үйреніп қалған қимасыңды қырқуға тура келді (Т. А.).

ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРДІ Жан, қуат бітті; нәрленді. Мәңгі өшпейтін қасиетті Ильич шамы баланың баласына жарық нұр себетініне Жүсіп кәміл сенімді. Бар нәрсе *тамырына қан жүгіріп* жан біткендей (М. Қ.).

ТАМЫРЫН БАСТЫ [БАСЫП БАЙҚАДЫ] ○ ТАМЫРЫН БАСЫП [ТАРТЫП, ҰСТАП] КӨРДІ Жайлап пікір, сыр тартты, ойын, көңілін, т. б. білмек болды. Әлде бұнысы екі жүзділік пе? Жоқ, әкем оның

адамы емес,— дей келіп, Аман әкесінің тамырын басып байқады (Ғ. Мұс.). Оңаша бөлмеге кіргеннен кейін Асқар Сарбасты кеңеске ұйытпақ болып, тамырын тартып көріп еді, ажары өте сырғақ екен (С. М.). Бұрын да әйелдердің тамырын көп ұстаған Нұржанов бұ жолы да Райханның жүрек соғысын бұлжытпай аңғарды (З. Ш.).

ТАМЫРЫ СУАЛДЫ [ҚУАРДЫ] Арықтап, жүдеп, қаны қашты. Ауылдан шықты Байекең, Зылихан алмақ боп, Қаны ішіне тартылып, Тамырлары суалған (О. Ш.).

ТАНАБЫ ТАРТЫЛДЫ Суы азайды, суы қайтты. Шалқып жатқан Сырдарияның танабы тартылып, суы жартысынан көп төмендеп кетті (Ы. Ж.).

ТАНА КӨЗ Мөлдіреп, жайнап тұратын көз. Малқар біреумен алысқандай ентігіп, терін сүргіп отырғанда Балқия енді. Әжімсіз ақ жүзінде, жайнаған тана көзінде сезік бар. Күйеуіне есіктен кіре қадаған көзін, жай жүріп келіп, жайласа отырып жатқанда да алған жоқ (Ғ. Мұс.).

ТАНАУ ҚАҚТЫ **○ ТАНАУЫ ДЕЛДИДИ [ҚУСЫРЫЛДЫ, ТАРЫЛДЫ] Елеріп, ашу шақырып шыға келді; булығып ыза-кегі бетіне шықты.** Қасен бұл жерде бияздана алмаспын дегендей боп танау қағып: — Бұл — қазақ қызметкеріне жағдай бермегендік. Сырғытудың әдісі,— деді (М. Ә.). Махамбеттің қолында тобылғы сапты сары ала қамшы, ашуланғаны сонша, кең танауы делдіп, демінген ұзын сақалы желп-желп етеді. Қамшымен бір тартқан сайын ұрыға бір сұрақ қояды (Ғ. Мұс.). Келгеннен-ақ көзі ежірейіп, танауы қусырылып айқай салды (А. Т.).

ТАНАУЫ ЖЕЛБІРЕДІ Көңілі шалқыды, масаттанды. Тақымына ат тиген соң, есі шығып кетті. Танауы желбіреді, көзі оттай жанды (ЛЖ).

ТАНАУЫМЕН КӨК ТІРЕДІ **○ ТАНАУЫН КӨККЕ КӨТЕРДІ [ШҮЙІРДІ] Өз-өзіне сыймай, ешкімді менсінбей дандайсыды, мақтанды.** Бұрын терісіне сыймай, екі иығынан дем алған бай да, бармақ басқан болыс та, тілін безеген шешен билер де, танауымен көк тіреген төре де, түкірігі жерге түспейтін сылқым мырза да осындай үлгі, мәдениет көрген жоқ (М. Е.). Оң аяғын алға тастап, екі қолын кеудесіне қусырып, танауын көтере, желпініп сөйлейді (К. Тоқ.). Киоск бір күні ашылса, екінші күні жабық тұрды. Танауын шүйірген Ысқақов өзі құдай, өзі қожа (ЛЖ).

ТАНАУЫНАН [МҰРНЫНАН] ТІЗДІ **○ КӨЗІНЕН ТІЗДІ Шетінен түгендеді, ешкімді қалдырмады.** Шөженің көмейіне тас тығылып қала қоймас енді бұл бес-он күнде... Сол сарайым сау болса, жаңағы үн бергеніңді тегіс жұрныңнан тізіп тұрып, бір күн түстік, бір күн қонақ асы жеймін...— деді Шөже жырау (М. Ә.).

ТАНДЫР БОЛДЫ [БОЛЫП СУАЛДЫ] **○ ТАНДЫРЫ СУАЛДЫ [ТАРТЫЛ-**

ДЫ] Кейіп кетті, тартылып қалды. Тамыры талып, тандыры суалып қалмау үшін жерге нәр болып, әр беріп жатыр осы алып (Т. Аман.).— Дұрыс емес, мүлде дұрыс емес. Әр сиырдан жазда күніне қанша сүт алынса, қыста, тіпті аязды-боранды үскірік күндерде де сонша литр сүт саууға болады. Жаз айында сүтті болған сиырдың қыс айында тандыры тартылып қала ма? Жоқ. Бақ оңдап, сүтті қалай алар екенсіз (Н. Ғаб.).

ТАНДЫРЫ [ТАҢДАЙЫ] КЕПТІ **○ ТАҢДАЙЫ ТАҢДАЙЫНА ЖАБАҒЫСТЫ Шөлдеді, дымы құрыды, судан қаңсыды.** Кіпкіті алып, қаласына қайтарда, шаршаған ат шөлдеп тандыры кеуіп, алғын қия басуға жарамады. Күн шығыған ыстық. Жеке біткен жалғыз ағашқа тап келіп, саясына отырып дем алатын патша (МВТ). Аптап ыстықта жанға сая боларлық тыныштық іздегенмен тапшайсың. Тандыры кепкен жер бір тамшы суға зар (ЛЖ). Қансыраған жанталас түні өтті, Сәлім әлсіз, көзінің нұры кетті. Жібітетін таңдайын тамшы су жоқ, кезерді ерін, таңдайы кеуіп кетті (Қ. Жұм.).

ТАНТЫП ОТЫР Не болса соны, аузына келгенін айту мағынасында. Дөп күйші отырушы ед ертегі айтып, Зары да Бозингеннің күйін тартып. Егіліп ертегісін естуші едік, Отыр деп кім байқаған шалды тантып (І. Ж.).— Бапта да саған жегелей тиіп едім ғой. Сол жеңгелік жолым — жол... Енді өзім аяқтандырам. Мөңке шошына басын көтерді.— Не тантып отырсың? (Ә. Н.).

ТАҢ АСТЫ [АСЫРДЫ] Атты суытты, баптап күтті; ат таң атқанша қаңтарулы тұрды. Бір жігіт үлкен үйдің белдеуінде әлі ертоқымы алынбай, таң асып тұрған Базаралының семіз көк атын шешіп, алып келді (М. Ә.). Шанаға салар алдында терін алып, таң асырып баптап беретін кісі керек боп жүр еді, Федоров Еламаннан кісі тауып беруін сұрады (Ә. Н.).

ТАҢ АТА **○ ТАҢ АЛАҒЕУІМДЕ** **○ ТАҢ БЕЛДЕУЛЕНІП АТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНДА** **○ ТАҢ БОЗАРҒАНДА** **○ ТАҢ СЫЗ [САЗ] БЕРГЕНДЕ** **○ ТАҢ БІЛІНЕР-БІЛІНБЕСТЕ [БІЛІНЕРДЕ, БІЛІНЕ]** **○ ТАҢ САЗАРЫП АТҚАНДА [САЗАРҒАНДА, САРҒАЙҒАНДА, СІБІРЛЕЙ]** **○ ТАҢ ҚҰЛАН ИЕКТЕНГЕНДЕ** **○ ТАҢ ҚЫЛАН БЕРГЕНДЕ** **○ ТАҢ СӨРІДЕ** **○ ҚҰЛҚЫН СӨРІ-ДЕ] Таң бозамықтана бастаған сәт.** Бұл заттарды жұма сайы, таң ата, елең-алаңда айдаһар келіп жұтады (КЕ). Оңтүстіктің жазғы түні қандай қысқа, әбден қалжыраған солдаттар бірер сағат ұйықтап түрегелсе, таң да бозара атып келе жатыр екен (І. Е.). Таң біліне берген кезде бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады (КЕ). Атқанда құлан иек жаздың таңы. Шығыста тұрса жалғыз таң шолпаны (З. Қал.). Таң сылаңдап шығыстан, Құлан иек кезі еді. Арайланып алыстан, Нұрлы сәуле келеді (З. Қал.). Бұ-

лар ымырт жабыла ерте жатып, таң қылаңдай бере ерте тұрып, өзгеше ынталы қарекет соңында (М. Ә.). Жақыпбек бүгін тіпті ерте оянып, жібек пижамасын кие салып тысқа шықса, таң жаңа ғана сыз беріп келеді екен (М. Шам.). Жақа, аттарыңды жемдеп дайын тұр, таң сарғая кетейік, — деді Ыбырай (М. А.). Маңдайының терін бір сыпырып жан-жағына караса, таң да сарғайып атып қалыпты (ҚЕ). Таң сәриде өз бұтағын тауып қонған, өзі туып өскен ұясының жанында өскен гүлдерге арнап отырып шіміркене жырлаған ән құмары құмыр бұлбұлдай болатын-ды (М. Ә.).

ТАҢБАДАЙ БАСЫЛДЫ *Ал-айқын боп көзге түсті. Оның түр-түсі Ләззат көңіліне таңбадай басылды* (Т. А.).

ТАҢБА САЛДЫ 1. *Таңбалады, белгі ұрды.* Қойды бірнеше әдіспен құлағына таңба салу, сырға тағу, мүйізін күйдіріп таңба салу, құлағына ең салу арқылы белгілейді (Р. Әбу.). **2.** *Ар-ұятқа қалдырды, сүйекке мін болды.*

ТАҢДАЙ [ТАҢДАЙЫН] ҚАҚТЫ [ҚАҒЫСТЫ] *Таңданды, таңырқады, қайран қалды.* Мен ішімнен ойлаңқырап: таң болып тұрдым. Әлде мұның өтірік болып, семіз қойын беруі де құлық па екен? — деген ой да келіп кетті (С. С.). Баймағамбет пен Мұқа таңдай қағып, бас шайқасып, Базаралыға соншалық алғыс арнаған көңілмен мақтау айтысты (М. Ә.).

ТАҢДАҒЫ ТАҢҚЫ ҚҰЙРЫҚТАН ҚАЗІРГІ ӨКШЕ-БАУЫР АРТЫҚ *өзіл. Қолға түспейтін (ертеңгі) сыйлы дүниеден қолда бардың өзі жақсы деген мағынада айтылады.*

ТАҢДАЙДЫ ЖҰЛЫП БАРАДЫ *Тіл үйірер тәтті екен деген мағынада.* Қымыз болғаныңа, шіркін! Таңдайды жұлып барады ғой тіптен! (Ә. Т.).

ТАҢДАЙЫНАН БАЛ ТАМДЫ *Өнері асқан әнші және шешен адам туралы айтылады.* Осы топ ішінде таңдайынан бал тамған әнші, өнерлі жастар да бар (М. Ә.). Таңды жырмен қарсы алған, Жарқын үнмен жар салған, Бұтақта отыр бір бұлбұл Таңдайынан бал тамған (Т. Шоп.).

ТАҢДАЙЫНАН ЖАРЫЛҒАН *диал. Шешен, жез таңдай.* Ақтан, Сырымдар таңдайынан жарылған биліктің иелері болыпты (Түрікм.: Небид., Красновод.).

ТАҢДАЙЫНА ТАТЫДЫ 1. *Ұнады. жақты. 2.* *Бір жайдан зығы көріп, запыста болды.* Сын десе қашайын деп пе едіңіз, мұғалім? Сын дегеннің таңдайыңызға татығаны бар ма еді әлде? (М. Ә.).

ТАҢДАЙЫН ЖІБИТТІ *Аздап сусын ішті. Жібітетін таңдайын тамшы су жоқ, Кезерді ерін, таңдайы кеуіп кетті* (Қ. Жұм.).

ТАҢДАЙЫНЫҢ СУЫН ЖҰТТЫ *Тамсана таңырқады.* Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып, Тамсандым таңдайымның суын жұтып, Толқытып, толықсытып, емі-

рентіп, Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық (І. Ж.).

ТАҢДАЙЫ ТАҚЫЛДАДЫ *Тақ-тақ сөйледі.* Құран оқып қабылдап, Түгін қоймай талдайды, Таңдайлары тақылдап, Пидиясын санайды (А. Т.).

ТАҢДАЙЫ ТҰШЫДЫ *Дәмді тамақ туралы айтылады.*

ТАҢДА МАҚШАР БОЛҒАНДА *диал. «Ақыр заман», «қияметтің күні» туғанда деген мағынада айтылады.* Сірә құлақ салмайсың, Менің айтқан сөзіме. Таңда мақшар болғанда, Таласармын бөзіңе (ШС).

ТАҢДЫ КӨЗБЕН АТҚЫЗДЫ **○** **ТАҢДЫ ТАҢҒА ҰРДЫ** *Түн баласына ұйықтамады.* Алдында әлдилеген үш айлық қызы Үміті бар жас ана Шәрипа тағдыр қосқан қосағын ойлап, сағынышпен, қорқынышты үрейін баса алмай, талай таңдарды көзінен атқызды (Ө. Қан.). Көп ауылдар түн бойы қотандарын күзетіп, ауыл-ауылдың шеттеріне үзбестен лапылдағып отыр жағып отырып, айқайлаумен таңды таңға ұратын (М. Ә.).

ТАҢЕРТЕҢНЕН АРАМ АЛҒАНЫМ. ЖОҚ *диал. Тыным алмау, тынықпау мағынасында.*

ТАҢ ЖАРДЫ *диал. Таң сыз берді, таң атты.* Сарыжұлдыз таң жарып келе жатқанда туады (Гур., Ман.).

ТАҢ КӨРСЕТПЕДІ *диал. Күн көрсетпеді.* Жас күнімізде басқа балаларға біздің көшемізде тұратын балалар таң көрсетпеуші еді (Гур., Шу.).

ТАҢНЫҢ АҚ ТАҢДАҚ СӘУЛЕСІ **○** **ТАҢ ШАПАҒЫ** **○** **ТАҢ АРАЙЫ** *Күн шықты.* Түн-түнек қайтты, Ақ таңдақ таңның сәулесі. Ынтықты, мұңайысты, Тоқтады, тынды әуресі (І. Ж.).

ТАҢСЫҚ БОЛДЫ [ЕТТІ, КӨРДІ] **1.** *Аңсары ауды, зәру болды.* Балаға таңсық болып жүрген байғұс, Үйіне алып келіп қылды тойды (АБ). **2.** *Қызықты, қызық көрді, әуестенді.* Алғашқы көргенде елеңдеп үркіге айналған жылқы (қасқырдың) ойнағанын таңсық қарап тұрады (С. М.).

ТАҢ ШАПАҒЫНДАЙ *Таң нұрындай.* Жоқ, — деп, келіншек секретарьдан осы арада ғана көзін тайдырып екетті. Бірақ ол көзін тайдырғанымен, таң шапағындай боп, қызара бастаған жүзін жасыра алмайды (Ө. Нұр.).

ТАҢЫН АЙЫРДЫ *Бұл жерде титығына жетті, түбіне жетті деген мағынада.* «У жесең, руыңмен же», аттыға ерген жаяудай етіп, таңыңды айырған аталастан без (М. Ә.).

ТАҢЫ АТТЫ **○** **ТАҢЫ АТЫП, КҮНІ ШЫҚТЫ** *Арманына жету, дегені орындалу мағынасында.* Құтылу я жеңуге хатқа жүрсе, Даяр тұтар біреуге қазақ жаны, Хакімдері осындай надан болса, Милеттің

қалайшадан атсын таңы (М. Қал.). Ақын Өрікбай мен Шырыңқұлдің көрген азабы мен жас қыздың бірнеше жыл бай мен бәйбіше қолында жылап-еңіреп өскенін кезек әңгімелеп, ақырында олардың да таңы атып, күні шыққанын баяндайды (М. Ваз.).

ТАҢЫ АТЫП, ТАУЫҒЫ ШАҚЫРАДЫ *Ешкімге тәуелді болмай-ақ күн көру, өмір сүру мағынасында айтылады.* (Бұл тіркес болымсыз «сыз» жұрнағымен келген формадан кейін ұшырайды). Әдірәм қал! Сенсіз де колхоздың таңы атып, тауығы шақырады (Ә. Т.).

ТАҢЫНАН ЖАРЫЛДЫ *Семіз шығып, ақтарылып түсті.* Шоңбай төрт-бес дөнен қой ұйткізіп еді. Бәрі де таңынан жарылып, майы ағып, дөңкиіп-дөңкиіп қалды (Т. Ә.).

ТАП БАСТЫ *Дәл тапты, дөп түсті.* Советтік радио өзінің туған күнінен бастап-ақ еңбекші халықтың көкейіндегісін тап басып айтатындығымен жан сүйсіндіре келеді (СҚ).

ТАП БЕРДІ [ЕТТІ] *Кенеттен ұмтылды, бірден ұрыңды (АС).* Біз де әркімді байқаймыз, Тап бергеннен тайқаймыз. Сіздей асыл кез болса, Қайтіп басты шайқаймыз (Абай). Көз алмай қарауда. Алдынан елестер өтіп жатыр. Танытпау үшін орамалмен бетін жапқан не бөркін тістеп бүркеген, сойылдарын көтере «бас көзінді!» деп тап берді бес-алты ұры (Ғ. Мұс.). Тап етті, шап етті, Ап кетті қу түлкі: Ант ұрған, сол тұрған Жерінде бол күлкі (Абай).

ТАП БОЛДЫ [КЕЛДІ] *Кенеттен кез болды, кездесе кетті.* Тағы бір «әулие» тап болып, молдамыздың төбесі көкке қыл елі ғана жетпей қалды (Ғ. С.). Тап келді бұл бір сауда жиырма үште, Ғашықтық қатты батты енді күшке. Віреудің жесіріне не қайла бар, Бармас па ем дауым болса жүгініске (М. С.).

ТАПЖЫЛМАЙ КҮТТІ *Ұзақ, сарыла госты.* Көлдегі үйректерді тапжылмай күтіп, аңдып жүрдім де, бір сәтте жүз сегізін атып түсірдім деген бос сөзіне құрдас жолдасы: «К...інің жүні ағарғанша өтірік айтуыңды қоймадың-ау» — деді (АТ).

ТАПҚАН-ТАЯНҒАНЫ АУЗЫНДА **○** ТАПҚАН-ТАЯНҒАНЫ АУЗЫНА ТОСТЫ *Барын, бар тамағын берді. Тапқан-таянғанын Арыстанның аузына тосады (Д. Д.).*

ТАПҚАНЫ ТАМАҒЫНА, ЖҰТҚАНЫ ЖҰМЫРЫНА ЖЕТПЕЙДІ **○** ТАПҚАНЫ ТАМАҒЫНАН, ЖҰТҚАНЫ ЖҰМЫРЫНАН АРТЫЛМАЙДЫ *Табысы ішкен-жегеннен артпайды. Ол ақшаны табушы мына малайлардың тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырынан артылмайды (Ғ. Мұс.).*

ТАПШЫ БОЛДЫ *Жетіспеді.* Қазақ топырағы қашанда талантқа тапшы болып көрмепті. Біз білетін тарихта қазақ

өнерінің бұлағы таяз тартқан кезең болды дегенді естіген де, көрген де емеспіз (ҚӘ). Алайда, 1961 жылы Талас өзенінде су тапшы болды да, көлдерге су құйылмады (К. К.).

ТАПШЫЛЫҚ КӨРДІ [ТАРТТЫ] *Бір нәрседен жетіспеушілік, кемтарлық көрді деген мағынада.* Алғашқы жүйелі оқуды рабфагынан алған, жастық шағымның ішінде өткізген Орынборды аңсап барсам, қанаушы тапты жою науқаны бізден бұрынырақ басталып, қалалық маңдағы науқанға қарсылық ретінде базарға азық-түлік түсірмей, ас-су жағынан Орынбор қатты тапшылық көріп тұр екен (С. М.).

ТАРАЗ ҚЫЗ *Тал бойлы талдырмаш қыз.*

ТАРАЗЫҒА САЛДЫ [ТАРТТЫ] *Өлшеп салмақтады; ой өлшеміне берді, талғам-таңдауына берді.* Әкесі төрт жылдағы табыстарын таразыға тартса, Есейді аударып басып кететіндей (Ә. Н.). Мұндай шешімге келген Жәнібек ең алдымен өз ойын Керей балалары мен өз балаларының таразысына салмақ болды (І. Е.).

ТАРАЗЫДАН ЖЕДІ *Кем өлшеді, ала қолдық жасады.* Біздің завхоз таразыдан жеу дегенді білмейді (АТ).

ТАРАЗЫ ҚҰРДЫ *д і н и.* «О дүниеге» кеткен кісінің сауал-күнәсы өлшемге салынады-мыс деген ұғымда айтылады.

ТАРАЗЫСЫ ТЕҢ *Шамалас, дәрежелес.* Адамдардың таразысы тең-ді дейді (ҚКБС).

ТАРАЗЫ ТАСЫ [ТАРАЗЫСЫ] **БА-СЫМ** *БОЛДЫ* *Күші, салмағы, абыройы артық болды деген мағынада.*

ТАРАМЫСЫНА ІЛІНДІ *Сүйегі саудырап, қатты жүдеп, құр сүлдесін сүйретті. Тарамысына ілініп отырған өлмеді кемпір-шалдарға дейін ояз кеңсесіне қарай ағыла бастады (Ә. Ә.).* Өлім аузында тарамысына ілініп тұрған жас жанға екі неміс төне түсті (М. И.).

ТАР ЕСІК, ТАР БОСАҒА *Бөгет, қиын-қыстау жер (орын) деген мағынада.* Алыстағы, құмдағы екіталай күйдегі малды ойласаң, ең алдымен, осы арада бар күштіңді буып қалар «тар есік, тар босаға» дегендей, дәл осы тас қамауда аңдып бағып отыру бірнеше тракторшыларға тапсырылған (М. Ә.).

ТАР ЖЕРДЕ ҚОЛ СОЗДЫ *Қиыншылық күн туғанда, таршылыққа тап болғанда көмек берді.* Битке өкпелеп, тонын отқа салмас. Туысыңыз, тар жерде қол созған ағаңыз, айырылысып, жауға жем боп қайтесіздер (З. Ш.).

ТАР ЖЕР [ЖОЛ] **ТАЙҒАҚ** **КЕШУ** **○** **ТАР СОҚПАҚ** *Азабы, ауыртпалығы көп өмір сапары.* Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жоқ, Йілтп екі басын ұстаған хақ (Абай). Жасыққандар барма деп, Жа-

дыратып кетуге, *Тар жол, тайғақ кешуде*, Өзі көзімен көріп жүр (А. Т.). Құрметлу зайғы ғұмырдан Ұйқыда көрген түс артық, *Тар жерде, тайғақ кешуде* Ерлердің қылған күші артық (Н. Н.).

ТАР ЗАМАН [КЕЗЕҢ] *Аласапыран дәуір, қиын-қыстау шақ*. Тұрғанда басып тар заман Баршасын қазақ аулының Дүниеге келді ұлы адам, Бауырында Шыңғыс тауының (М. Р.). Шырағым Үбі, — деді Айс... Өзің ат жалын тартып мінгелі тар кезең, тайғақ өткелдерден аман келе жатыр едік (Қ. Жұм.).

ТАРИХТЫҢ ЖАҢА БЕТІН СЫЗДЫ *Жаңа өмір жасады; жаңа тарихи дәуірді құра бастады*. Сайрандап жауды алған ел шебін бұзып, Думандап тойдай тобын, дүкен қызып, Қартасын қара жердің қайта жасап, *Тарихтың жаңа бетін* жатты сызып (І. Ж.).

ТАР КЕҮДЕ *Талпынысы, ой өрісі төмен кісі мағынасында*.

ТАР ҚАПАС [ҚЫСПАҚ] **○ ТАР ӨТКЕЛ** **○ ТАС ҚАЛАУ** *Қиын-қыстау кез мағынасында*. Үніңді естіп, көрмесем дә жүзіңді, Көркем сурет көкірегіме сызылды. *Тар қапаста* сен жатқанда қиналып, Талай моншақ кірпігімнен үзілді (ЖА). Ер ұрпағы елдердің, Жаулармен талай сайысқан, *Тар қапаста* тарыққан (ҚӨ). Майдандасым, білетін сен едің ғой тар *қыспақта*, Сызды жер, сасық үйдің лас ауасын Көп жұтып ажал күткен қырсық шақта (Қ. Б.). Десті олар «буынамыз белді тас қып, Қайтпаймыз қамаласа өлім, аштық. Осынау тар өткелден алып шығар Тілейміз өзің бол деп, бізге бастық» (С. М.). Оқығаны көңіліне берік ұялап отырады да, жаңағыдай формулаларға тірелгенде Самат тас қалауға түскендей қиналады (Т. Н.).

ТАРЛАН ТАРТТЫ *Жасы ұлғайды, егде кісі болды. Тарлан тартып қалыпсың, Азуыңнан шалыпсың. Буыныңды бекітіп Аяғыңды дәл басқын (Жамбыл). Тырнақтай мені болған соң, Тарлан тартып оңған соң, Түгіне кір қонған соң, Мінсіз, меңсіз, кіршіксіз, Шаңқан болмай қылаң ба? (Д. Б.).*

ТАРЛЫҚ ҚЫЛДЫ [ІСТЕДІ, ЖАСАДЫ] *Қызғаныш білдірді; іші тарлық істеді. Өзін-өзі ұстап тұра алмады, іштей Айтжанға тарлық жасады (З. Ш.).*

ТАРПА БАС САЛДЫ *Дүрсе қоя берді, ұрса жөнелді. Бұрын да терісіне сыймай отырған әке баласына төне тарпа бас салды (АТ).*

ТАРПАҢ ТАЙДАЙ ҚЫЛТЫЛДАП *Асау тайдай бұлт егкіш мінез туралы айтылады. Өкпеншілін қайтерсің! Тарпаң тайдай қылтылдап. Пәтуасын қайтерсің?! Тазы ит қуған қояндай, Қаққанша қабақ бұлтылдап (Д. Б.).*

ТАРС ЕСІНЕН [ЖАДЫНАН] **ШЫҚТЫ** *Мүлде ұмытты. Жолшыбай Әсия мен ұста-*

ға Миталдың өлімін әйеліне айтыңдар демек еді, тарт есінен шығып кетіпті (Қ. И.).

ТАРТУ ТАРТТЫ **○ ТАРТУ-ТАРАЛҒЫ** **ТАРТТЫ** *Сый берді, сый-сияпат көрсетті. Оқыған бозбалалар, құлағың сал, Алдыңа тарту тарттым қадари хал, Ақының тал жібектен шөл тоқыды, Кеңдігін ғафу илә қабыл ғып ал (М. С.).*

ТАРТТЫРЫП ЖІБЕРДІ *Еркек малды пішітіру мағынасында айтылады.*

ТАРЫҒЫП ҚАЛДЫ *Мұқтаждыққа, кемтарлыққа ұшырады. Азамат балалары болғанмен, қысқа жіп күрмеуге келмей, ішімдік-киімдікпен кейде тарығып қалса да, Ұлберген ол тілегінен еш уақытта жаңылмайтын еді (С. М.).*

ТАСАТТЫҚ ВЕРДІ *діни. Әулие, тәңірге арнап мал сойып, құрбандық шалды.*

ТАСБАҚА ЖҮРІС *Тым баяу қимыл, әрекет. Сол тасбақа жүрісіндей мимырт өтіп жатқан уақыт (С. Бер.).*

ТАСБАҚАНЫҢ АУЗЫНАН ШӨП АЛҒАН АДАМ *диалект. Өте айпалы, тапқыр, епті адам (Тур., Маң.).*

ТАС БАУЫР [БҮЙРЕК] *Мейірімсіз, туыстық сезімсіз; ешкімге жаны ашымас, басы ауырмас. Қу мал талайды тас бауыр қылып, талайды зарлатып, талайды құрбан қылды ғой! (С. С.). Тас бауыр әке-шешен, тас бауыр туған-туысқаның малға сатып, өмір бойы жылап жүргенше, өз бетіңмен қаңғып, Қошқарбайдың келіні құсап өлген жақсы! — деді Айпа ішінен (С. С.). Кешегі қара суықта ығы жоқ мидай жазық даланы күн-түн қашып көшкендері, онан тас бүйрек Ебейсінен көрген зәбірлері ұмыт боп, есінен шығып кеткен (Ө. Н.).*

ТАС БЕКІДІ **○ ТАС БЕКІТТІ** *Мықтап бекінді. Ішкі сарайымдағы бұған дейін тас бекіп келген әлдебір күміс есік белгісіз жұмбақ сиқырмен ашылып кетіп, соның ар жағынан аппақ, ақ көмар нұр саулап құйыла бергендей (Р. Т.). Үйдің сыртына шығар есіктері тас бекітіледі (С. М.). Түнде әкесі жататын үйге жатып, Есікті Әжібай келіп тықырлатар, Ішінен тас бекітіп, дыбыс бермес, «Ашар» — деп төсәтсе таң кеп атар (С. Т.).*

ТАС БОЛДЫ *Қатты сараңдық етті; мейірімсіздік қылды. Алса да аяншақтау кедей сорлы, Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны. Жас бала, кемпір-шалын теңіретпей, Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы (Абай).*

ТАС БОРАН *Суырып соққан қатты боран. Неше күн тас боранда белін шешпей, Жүреді жігерленіп Баймұғаным, Қозы мен қой өсімін көргің келсе, «Изобильный» совхозына келгін, шалым (Айттыс).*

ТАС [ТАРС] БҮРКЕНДІ *Бас-аяғын түгел қылтап, тұмшаланды. Ләззат тас бүркеніп жатып қалды. «Ана қыз оны мендей жақсы көрмейді. Мен бар ықыласыммен... Ал, егер Нияздың маған деген ықыласы болмаса ше?» — дейді ішінен (Т. А.). Қызын тосып, біразға дейін ұйқатамай отырған кемпір: «Е, бүгін де сонда қонып қалған ғой», — деген оймен жылтырап қана тұрған май шамды сөндірді де, тас бүркеніп жатып қалды. Күн ұзаққа үй шаруасымен күйбеңдеп жүрген кемпір қатты ұйқыға кірісті (Ә. Т.). Кейде ол тарс бүркеніп жатып қалады екен де, іле-шала атып тұрып шыға жөнеледі екен (С. Төл.).*

ТАС БІТКІРІ *Керең болғыр деген мағынадағы қарғыс.*

ТАС БІТШ ҚАЛДЫ *Түк естімей қалды. — Ауданнан хабаршы келді. Мына тас біткір құлағым есітті ғой, есітті — деді қара шал (Н. С.). Оның құлағы тас бітіп қалған. Тіпті айқайды да естімейді (Н. Ор.).*

ТАС ЕМШЕГІН ИІТТІ [ТАСЫТТЫ, ЖІБІТТІ] **○** ТАР ҚҰРСАҒЫН КЕҢІТТІ *Мейірін түсірді, еміренді. Тас емшегін иіттік Табиғаттың тас керең. Қол ұстасып еңбекте, Көртайған шал жаспенен (О. Ш.). Тасытып тас емшекті тандыр болған, Бота боп, нар інгенді идірген күй (І. Ж.).*

ТАС ЖҮРЕК 1. *Қатыгез, мейірімсіз. Жүрегі тас, Адамға қас, Жаны-тәні бір доллар (З. Қал.).* 2. *Қорықпайтын, жау жүрек.*

ТАС КЕПІЛ *диалект. Қатты, берік жасалған уәде, келісім. Осымен сөз тас кепіл болып бекісін (Алм., Кер.).*

ТАС КЕРЕҢ [ҚҰЛАҚ] *Түк естімейтін саңырау. Сәлем бердім, бұрынғыдай жауап қатқан жоқ, құлағы тас керең болған жандай тырп етпестен түнеріп отыра берді (Ж. С.). Жас ана жесір, жас бала жетім қалды. Күйеуінің жылын бергеннен кейін ағайын-туған қаумалап, құрық сала берген соң, жесір әйел тас құлақ саңырау шалға тиді (Ә. Н.).*

ТАС КӨҢІЛ [МЕЙІР] *Бауырмалдығы жоқ, мейірімсіз. Мінезі ауыр қыздың сабыры көп, Білмеймін қашанғыша жүрерін тек. Ол қыздың тас көңілін жұмсап-паққа, Жігітке артық өнер керектісі (М. С.).*

ТАСҚА БАСЫЛДЫ *көне. Типографиялық әдіспен басылып шықты, жарық көрді. Бір жігіт маған тасқа басылған екі-үш қағазды өкеп берді (С. К.).*

ТАС ҚИЯҒА ӨРЛЕДІ *Үлкен іске, өнер биігіне ұмтылды. Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің. Бір ғылым еді іңкәрің, Әр қиыңа сермедің (Абай).*

ТАСҚЫН СУДАЙ *Бұл жерде бір сәтте шалқын қанасынан асып шыға келеді деген мағынада. Бір күн тойса тамағың,*

Тасқын судай тасасың, Қарның ашса бір түске, Солбырайып солғандай... Қаласың сүйтіп мазақпа-ай (Д. Б.).

ТАС ҚЫП БАЙЛАДЫ 1. *Шешілместей етіп шиеледі. Айшаның арпалысып, алысқанғына қарамастан Сүгір алып ұрып, жонын тізерлеп отырып, екі қолын сындыра артына қайырды да, әдейі тыстан беліне қыстыра келген шылбырмен тас қып байлап тастады (М. Ә.).* 2. *Мықтап бекітті. Тоғанды тас қып байлап келдім (АТ).*

ТАС ЛАҚТЫРДЫ *Дұшпандық істеді, қастық жасады деген мағынада. Ақан аға, тас лақтырар топтың барын кеш ойлашыпшы, амал не? (Ғ. М.).*

ТАС МАҢДАЙ *Сорлы, бақытсыз. Жұтайын уды жасқанбай, Демімді бірден бітірсе, Талабы сәтсіз тас маңдай, Қайғыдан сөйтіп құтылсын (Т. Шоп.).*

ТАС ӨЛІМ *Қатыгез, мейірімсіз қаза. Артына белгі қалдырмай, Бауыры қатты тас өлім. Жыламаймын десе де, Шыдарлық па осы өлім? (Абай).*

ТАСПА БЕЛ *Жіңішке бел. Маржан көп ұлдың ішінде ерке тотай болып өскен жалғыз қызға ұқсамайды. Мінезі жібектей, денесі қақтаған қайыңдай, таспа бел, сұрша, тасқа салсаң тайынбас (Ғ. Мұс.).*

ТАС САЛДЫ *Шар салды, дауыс берді. Міне, халық, таразының екі табағына екі спискені сал, кандидаттарын жеке-жеке өлше, адамшылығың, ақылың, намысың қайсысын қалайды, соған тасыңды сал (С. С.).*

ТАСТАЙ БАТЫП, СУДАЙ СІНДІ 1. *Бойына жұқты, пайдаланып кетті. Ойпырмай, бай мен бекке ұрлықтан тапқан мал тастай батып, судай сіңеді (АТ).* 2. *Мейлінше араласып кетті. Ертең мен мынау қараңғы елдің ортасына тастай батып, судай сіңіп кетермін. Сол кезде большевиктерді жақтаймын (Ә. Ә.).*

ТАСТАЙ БЕРІК **○** ТАС ТҮЙІН **○** ТАСТАЙ БЕРІК, ТАСПАДАЙ ТҮЙІНГЕН *Өте мықты, аса берік, құрыштай. Мұндай жағдайда, егер, шын тастай берік, таспадай түйінген әскер болмаса, шапқыншылардың қаһарына шыдау оңайға түспейтін (І. Е.).*

ТАСТАЙ ҚАРАҢҒЫ **○** ТҮРТ ТЕ ҚАШ ҚАРАҢҒЫ *Көзге тұртса көргісіз, түнек. Жарқынның көзі кітапта болса, ойы басқада болып, алаңдай берді. Содан соң сабақтың бәрін жийіп қойды да, тысқа шықты. Тастай қараңғы айсыз түн тіршіліктің бәрін бауырына басып алышты (М. И.).*

ТАСТАЙ ҚАТТЫ *Бұл жерде үн шығармады деген мағынада айтылып тұр. Кей-кейде өнге шырқап өлең айтты, Кей-кейде томсырайып тастай қатты. Қылғандай қайыңды қос, тасты төсек, Аһлап, ағаштағы бастай қатты (І. Ж.).*

ТАСТАЙ ТҮЙІЛДІ [ТҮЙІНДІ] ○ ТАС ТҮЙІН БОЛДЫ *Өте берік тоғталды; өте жинақы бірікті.* «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген отты ұран мен тастай түйілген халқымыздың қимылы еске түседі (М. И.). Қара керей, матайдан Өншен саңлақ жпылды. Қаншырдай қаптып тұлпарлар, Ерлер тастай түйінді (Д. Б.). Айқындар жаудың бетін қайтарған кезде лап бергелі тас түйін болып тұр (І. Е.).

ТАС-ТАЛАУЫ СЫРТЫНДА *Ештеңені жасырмайтын, сыр бүкпейтін ашық, аңқылдақ кісі туралы айтылады.*

ТАСТАЯҚТАЙ ҚАҒЫСТЫРДЫ [СОҒЫСТЫРДЫ] *Бірін-біріне шағыстырды, айдап салды.*

ТАС ТӨБЕ *Дәл төбе.* Көміліп күн нұрына күлте жалы, Тігіліп тас төбеде қос құлағы. Осықырып таудың тағы тарланындай, Не саңдақ жылқының жүр арғымағы (А. Т.). Күн тас төбеге келді (АТ).

ТАС ТӨБЕДЕН ТАЙМАЙ ШЫҚ! *к ө н е.* *Бақсылар сарынында айтылатын дағдылы «уағыз» сөз.* Митау қонышынан пышағын алып, жалақтатып: «Ал, ей, бүйі, бүйі шық, Біліп келдім жиі шық, Қамбар келді қалмай шық, Тас төбеден таймай шық, шық-ай, шық», — деп абжыланша ысқыра жөнелді (ҚӘ).

ТАС ТҮЛЕК *Төрт жасар қыран.* Тас түлек мұз балақпын қияда өскен, Сорғалап талай тайғақ мұзға түскен, Қиядан қызыл түлкі қылт еткенде, Қыр аспай қиялап кеп іліп түскен (А. Қор.).

ТАС ТҮССЕ ТАЛАЙЫНАН *к ө н е.* *Пешенеге жазғаны болады, бағынан көреді деген мағынада.* Бақ түссе маңдайымнан, тас түссе талайымнан (Мақал).

ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАДЫ *Бағы жанып, абырой, мерей көтерілді; жолы, ісі оңғарылды.* Туғызып көмір кенін, алтын кенін, Айналтып машиналар дөңгелегін. Отаның өрге тасын домалатып, Жасартып, жайнатады туған елін (Ай. Т.).

ТАТА БОЛДЫ *ди а л.* *Басы қатты.* Ол есебін шығара алмай, басы тата болды (Қос., Жан.).

ТАТЫП АЛМАДЫ *ди а л.* *Түк білмеді.* Ваяғыдағы туыстарыңды татып алмайсың ғой (Гур., Маң.).

ТАТЫП КЕТТІ *Кермек дәмі шығып кетті; ақауланды.* Раушан шөлдеп отыр еді, қымыз деген соң дәлбесі қозып ерніне тигізіп еді, ауызы кермек татып кетті (В. М.).

ТАУАНЫ ТАР *Апшысы қуырыңқы, ашушаң кісі туралы.* Ей, Үмбет, ақындықпен арындадың, Жорғадай жолға түскен ағындадың, Ант ұрған әзіл сөзге ыза болып, Тауаны тар адамдай тарынбағын (Жамбыл).

ТАУАП ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] 1. *Діни орында, немесе дін өкіліне барып табынды, құлшылық етіп жалбарынды.* Бұрын мұсылмандардың Мекеге барып тауап қылағанындай, немесе бар христиан әлемінің Иерусалимге құдайы жол тартқанындай, Бенареске барлық Индияның діндар жандары әулие қала санап тауап қылып келеді (М. Ә.). 2. *Қадір тұғын, алдына барып тағзым етті, атақ, даңқына бас иді.* Жанып тұрған жаугерінің оты сөнбей, Жалыны жарқылдаған аспанға өрлей, Қасыңнан өтпес керуен бұрылып кеп, Тауап қып қоныш кетпей, я түстенбей (Ә. Т.). Тауап етіп қайтуға Жамбыл келді алыстан (Жамбыл). Түрлі елдер өкілдері төжік халқының данышпан шайыры Әбдірахман Жәמידің аруағына тауап етті (Р. Б.). Біздің елден Шұғыл, Орынбек, мен үшеуміз болатынбыз бай-молда тауап етіп қайтқан, — деді Жүсіп Қаленге (Х. Е.).

ТАУДАҒЫ ТАРЛАН ШҮБАРМЫН *Ел мүддесін көксеген ермін деген мағынада.* Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп жемсеген, Таудағы тарлан шұбар біз едік, Исатайдың барында, Қара қазан, сары бала Қамы үшін қылыш сермедік (М. Ә.).

ТАУДА ЖҮРІП, ТАСТА ӨСКЕН *Ел халқынан бөлек жүріп ауыр өмір кешкен деген мағынада.* Тауда жүріп, таста өскен, Ағайыннан басқа өскен, Ордабай күлмей, кім күлсін (ШС).

ТАУДАЙ ТАЛАП [ҮМІТ] *Мұратқа жетуге деген зор ынта-ықылас.* Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін (Мақал). Байғұстың талабы таудай, көжесінің қатығы жоқ (АТ). Олардың бойы әркез темір үзетін құрыш қайратқа, жүрегі таудай талапқа толы (ЛЖ). Жас мұраты, білім, төлім-талабы, Таудай болсын оңалуға алабы. Жас қанжары — жүректегі жігері, Өнер-оқу — жастық қару-жарағы (І. Ж.).

ТАУ КҮЙІП, ТАС ЖАНСА *да Қандай қиыншылық болса да.* Екеуіміздің достығымызды ешкім айыра алмас, тау күйіп, тас жанса да, аштан өлсек те тамақ жағына таласпайық (ҚЕ).

ТАУҚЫМЕТІ МОЙНЫНДА ○ ТАУҚЫМЕТІН АРҚАЛАДЫ [КӨТЕРДІ, ТАРТЫ] *Басына түскен ауыртпалық пен азаптың бейнетін тартты; міндеті, ауыртпалығы мойнында.* — Барлық дүниенің тауқыметін арқалап қалған жас балам анау, — деді кемпір (М. Ә.). Тауқыметімді көтермесе, борсақ, қарсағым неге бопты? Ей Жүніс, сен неге айтпайсың? Жоқтаған қарсағымның бірі сен емес пе ең? (М. Ә.). Өзі жоқта бар қиындық басына түсіп, тар дүниенің тауқыметін тартып жүрген, бірақ соның біріне сыр бермей, шыдаммен төзіп келген әйелін Кәлен шын көңілімен аяп жатыр (Ә. Н.).

ТАУҚЫМЕТІ ӨТТІ [ӨТІП-АҚ БОЛДЫ] *Бейнегі, ауырлығы шаршатты, қажытты.*

ТАУСЫЛЫП [ТАУСЫЛА] АЙТТЫ [СӨЙЛЕДІ] *Жалынып-жалбарынды; ақырғы сөз, ақырғы тілегін айтты. Қанша таусылып айтса да, қатты бетінен қайтпай сұп-сұр боп алған баласын иегінен ұстап, жүзін өзіне қарай бұрды (Ә. Н.).*

ТАУЫ [ТАУАНЫ] ҚАЙТТЫ [ШАҒЫЛДЫ] *Сағын сындырып, бетін қайтарды; үміт-тілегі кесілді. «Тастүлек болса да дөмін атам!» — деген талайлардың тауы шағылған екен (Ғ. Мұс.). Төрт-бес жылдай алысып, Мына тұрған Исекем, Ханның бір тауын қайтарған (М. Ө.). Ұлықтардан тауаны осылай шағылған Ғалияны, үйіне келсе, Балуанның дұшпандары табалады (С. М.). Жүйріктің жайы көрінер Алқалы дуда шабыстан, Тауым қайтып көрген жоқ Жақын менен алыстан. Алқалы топта айтыссам, Бергемін жоқ намыстан (Н. Б.). Ар жақтан тауаны қайтып, бар пәлені бастарынан атқарып келе жатқан Дондағұл мен бірнеше саудагерді ортаға алған Оразбайлар паром жүріп кеткенше, солардан жайдың бәрін білді (М. Ө.).*

ТАУЫП АЙТТЫ *Дөп сөйледі, орынды айтты. Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын,— Ендеше тауып айттың, же, шырағым. Ақыл, дәулет әуелден өзіңде екен, Әміріңмен артылсын, жаным, бағың! (Абай).*

ТАЯҚ АСТЫНДА ЖҮРДІ ҚОРЛЫҚПЕН *өмір сүрді. Ана Судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде сүйредеп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ (Ә. Н.).*

ТАЯҚ ЖЕДІ [ТИДІ] 1. *Ұрыста сойыл, соққының астына түсті. 2.* *Өмір соққысын көрді; ұрыс, сөгіс есітті, бегі қайтты. «Қош енді, қалдың кейін, Құлагерім, Тұрмадың жығылғаннан, жылап едім. Жалғанда саяқ жүріп, таяқ жедім, Көретін күнім шығар бұл да менің (І. Ж.). Мен Бұзаубаққа енді бара алмаймын. Екі күннің бірінде сөгіс естіп, таяқ жеп отырғанда, мен оның несіне қызығамын (С. С.). Ергалиға таяқтың ашық тигені жалпы жиылыстың үстінде болды (Б. М.).*

ТАЯҚҚА ЖЫҚТЫ *Ұрып-соғып тастады.*

ТАЯҚ [ШЫВЫҚ, ШЫВЫН, ШЫРПЫ] ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ *Елең қылмады, есепке алмады, көзге ілмеді. Толағайды ашу қысты, Келе қал деп болсаң күшті. Құйрығынан алды барып, Таяқ құрлы көрмей тіпті. Жолбарысты дөңгелетті, Ойнағандай шыр айналып (Ә. Т.).*

ТАЯҚ ТАСТАМ [СЫТЕМ] ЖЕР **○** **ТАЯҚ БОЙЫ ЖЕР** *ұзындық өлшемі. Өте жақын, тиіп тұр деген мағынада.*

ТАЯҚ ТАСТАР [ШАНШАР] ЖЕР **ЖОҚ** *Бос орын жоқ. Қаптаған танк, зеңбірек, Тастар жер жоқ таяқты (Қ. А.).*

ТӘЖІКЕЛЕСІП ОТЫР **○** **ТӘЖІКЕ [ТӘЛКЕК, ТӘЛТЕК] ЕТТІ [ҚЫЛДЫ]** *Ажуа-әзілге салды; күлкі-мазаққа айналдырды деген мағынада. Жалма-жан түскі тамақтарын ішті, самауыры жоқтары барына жүгіріп барды. Тәжікелесіп отырып дем алды (Ғ. М.). Мені тәжіке қылайын дедің бе? (АТ). Соңынан сұрап бақса, әдейі ажуалап, тәлтек ету үшін жасаған қулығы екен (Т. Б.). Қали үндемей қалды. Бірақ жағалай отырған өңшең сөз баққан жел аяқтар емес пе! Біреу анадай жерде Қалиды тәлтек қып отыр (М. Ө.).*

ТӘЖІМ [ТАҒЫМ] ҚЫЛДЫ *Құрметпен ізет етті. Тағзым қып алдым-дағы ашып көрдім, Суретті көрдім-дағы көңіл бөлдім. Мәнісін екеуінен мен сұрадым, Жалғанда табармын ба мұны дедім (ҒН).*

ТӘЖІ СОЛДЫ *Бақыты ұшты, қызығы сөнді. Қар, боран қаптап соғып тағдыр залым, Гүлденіп жарқыраған солды тәжім. Жалғыздық, жабырқарлық тұрмыс түрі, Тек күтем өмірімнің ақыр шағын (Б. Қ.).*

ТӘН ЖЫРТТЫ *Бұл жерде қыз абыройы туралы айтылып тұр. Пәрда ашып, бағасыз тән жыртықанымша, Әнипейін жәй жүруді жөн көріп ем. Бұлардан көңіл суып, қызық тозып, Таза жүрек нәпсімді менгеріп ем. Нәпсіме жүрегімді сұлтан қылып, Тоқтатып өз бойыма дем беріп ем (Ә. Тән.).*

ТӘННЕН ШЫҚТЫ *диалект. Есте қалмады; бойда сақталмады. Қырғыздың өлеңін көп білуші ем, бәрі тәннен шығып кетіпті (Жамб., Шу).*

ТӘН-ТӘН БОЛДЫ *диалект. Дал болды, бас қатты. Не ісерін білмей, тән-тән болып отыр (Тур., Маң.).*

ТӘНТІ БОЛДЫ [ТҮРДЫ] *Дән риза болды. Даубеков Күлейменовтың... өлеңдеріне, уәждарына, ділмарлығына тәнті болыпты (С. Төл.).*

ТӘНІН АСЫРАДЫ [БАҚТЫ] *Тән қажетін күйттеді. Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар, Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар. Ар мен ұят ойланбай тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар (Абай).*

ТӘНІ ӨРТЕНДІ [КҮЙДІ, ЖАНДЫ] *Құштарлығы артты, уайымдады, қайғы-мұңға батты. Неге мұндай жалындайсың, жанасың, Жанды қинап, тәнді өртеп барасың (Қ. А.).*

ТӘНІ ТОЗДЫ Қартайды. Тәнім тозды, қартайдым, Жүз жасадым демедім. Мен де ұстадым балғаны, Тісіңні деп еліме, Қартайсам да көмегім (ХА).

ТӘНІРДЕН ТАП *қарғыс. Жазанды құдай берсін деген мағынада.*

ТӘРБИЕ АЛДЫ [КӨРДІ] *Үлгі-өнеге алды; тәрбиеленді. Өйткені ол большевиктер партиясының тәрбиесін ала біле-*

тін адам (Ө. Ө.). Елде отырып, Европа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелінен мәдениетті кісінің халінде болған (М. Ө.). Әжесі ес білмейтінде қайтыс болып, ана тәрбиесін көрген Насима (Қ. Қ.). Сырымды жаннан жасырман, Бола алман надан, әңгүдік. Тәрбие көрмей жасынан, Босқа өткен өмір, қой, күйік (Ғ. О.).

ТӘРКІ ДҮНИЕ БОЛДЫ **○ ТӘРК ЕТТІ** д і н и. *Дүниеден безді, дүниені талақ етті.* Бенделіктің күмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып, һу деп тарихатқа кірсе, дүние ойран болса керек (Абай). Он сегізде атандым шолақ деу деп, Бұл дүниені ойлаймын шолақ-ау деп. Бұл дүниенің бар малын тәрк етпеймін, Ақыр бір күн артымда қалар-ау деп (В. Ш. Б.).

ТӘСБІҚ ТАРТТЫ [АУДАРДЫ, САЛДЫ] *Діни адамның моншақ іспеттес тастарын санай отырып, құдайға, пайғамбарға жалбарынуы, тілек тілеуі.*

ТӘТТІ СӨЗ *Көңілге жағымды әңгіме.* Айлап-жылдап үйренсе — тәтті сөзге құлағың, Естімессің, ұқпассың — біреудің мұңын жылауын (ШЖ).

ТӘТТІ СӨЗДІҢ ДӘМІН [ҚАДІРІН] **КЕЛТІРДІ** *Айтатын ретін білмей сөздің құнын түсірді деген мағынада.*

ТӘТТІ ТІЛ *Жанды еріткен жақсы сөз, әңгіме.* Һүрдің қыздарының тәтті тілін қимай, өзіне еріп кеткенімді өзім де білмей қалдым (ҚЕ).

ТӘТТІ ҰЙҚЫ *Рақаттанып ұйықтағанда айтылады.* Дәрігерге келген бала осыларды көріп, қуаныш сезіміне бөленіп, тәтті ұйқыға кетті (С. Төл.). Қара ниет Бөктергі, Жыбыр-жыбыр етеді, Қатты ұйқысын аңғарды, Айдан сұлу қыз Нарқыз Тәтті ұйқыға барған-ды, Қайран сұлу қапыда Қолға түссе, арман-ды (Н. Б.).

ТӘУ АЙЫРДЫ д і н и. *Кітап көгеріп, бата берді деген мағынада.* Сол үшін алайын дегендіктен де ме, шешесі молдаға тәу айырғанда: «Тентек болса, ұрып-ұрып қой, еті сенікі, сүйегі менікі», — деді (Б. М.).

ТӘУБЕГЕ [ТОБАҒА] **КЕЛДІ** **○ ТӘУБЕ** [ТОБА] **ҚЫЛДЫ** д і н и. *Асылық қылмады, астамшылық етпеді, шүкіршілік білдірді.* Бес ауыз сөз айттым деп, Мақтандың, тілім, сен неге? Қой, көкіме, тәубе қыл, Асылық қылма неге (Ш. Қ.). Енді бүгінгі күн тәубеге келіп, өткендегіден безіп отырмын (ҚЕ). Құлпырған күлте жібек құйрығын-ай! Сымпипып топтан озған жүйрігін-ай, Түбіне Ерейменнің айдап келіп, Құданың қарай қойшы бұйрығын-ай! Мал бітер басы есенге деген сөз бар, Өзімнің тәубе қылдым тірлігіме-ай! (А. Қор.).

ТӘУБЕСІ [ТОБАСЫ] **ҚАБЫЛ БОЛДЫ** д і н и. *Тілегі орындалды.* Перзентке өлсе құрбан боп, Қаншайымның тәубесі Сіре

да қабыл болмаса, Айналайын құдайым (МЗ). Тоқсан үйлі тобырдың Қабыл болып тәубесі, Сақтады құдай батырды (ҚамБ).

ТӘУБЕСІНЕН [ТОБАСЫНАН] **ЖАЗДЫ** [ЖАҢЫЛДЫ] **○ ТӘУБЕСІН** [ТОБАСЫН] **ҰМЫТТЫ** д і н и. 1. *Құдайын есінен шығарды; жолдан шықты.* Білген кісі азар ма? Тәубесінен жазар ма? (Д. Б.). Су шықпас қазғанменен тау басынан, Қазақтың дау кетпейді сау басынан. Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса, Ер жігіт жаңылады тәубесінен (А. Қор.). Тәубеңді, ант ұрған таз, жаңыласың, Қой енді бөстегінді жамыласың (ҚКБС). Байғұс-ау, тәубесінен жаңылғандай не болды сонша (Ө. Ө.). Айныса айни берсін сөз бергенде, Ат майын кім мінбейді кез келгенде. Құдайым бір тәубесін жаңылтпаса, Жоқ еді ондай мінің бір көргенде (Айттыс). 2. *Өзінің шама-шарқын білмеді, байқай алмады деген мағынада.* Кейбіреу тәубесін ұмытып, ретсіз қылық жасайды (АТ).

ТӘУБЕСІНЕ КЕЛТІРДІ [ТҮСІРДІ] **○ ТӘУБЕСІН ЕСІНЕ КЕЛТІРДІ** [ТҮСІРДІ] д і н и. *Құдайын есіне алдырды; тәңірісін білетін етті; райға келтірді.* Әділ мырза, ер болып, Әлемге жайған өрнекті, Тәубесін еске түсіріп, Тентекті тыйып жерлепті (Абай). Жаңадағы Оразбай ауылы біздің әкемізге қарсы арымнас жаулықтың бір көзі есепті. Өзіңдей бөлеге, зұлымдыққа тойым жоқ. Төкежан сияқтыны жауласа, бір сөрі. «Оның бір қос жылқысын қырғызып, тәубесіне түсірдік» — деп біледі. Ендігі есі-дерті «өшім-қасым» деп, ағамды жауламақ, — деді Мағам Әбішке (М. Ө.).

ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БАЙЛАДЫ [БУДЫ] **○ ТӘУЕКЕЛ ҚЫЛДЫ** **○ ТӘУЕКЕЛГЕ САЛДЫ** **○ ТӘУЕКЕЛДІҢ КЕМЕСІНЕ МІНДІ** *Қиындықты мойынға алып, неге де болса көнді.* Ажал жетпей жан шықпас, Тәуекелге бел байлап, Пешенемді сынадым (ҚамБ). Жұмабек мұны тәуекелге бел буып, көз жұмып жіберіп істеген жоқ. Әңгіме құр ежеттікте емес. Ол өзінің қайратына, бүкіл ротаны басқаруға құдіреті жететініне сеніп істеді (С. Сей.). Ер Өзім тәуекел қып жаннан күсіп, Арқаннан ұстады да, кетті түсіп (Абай).

ТӘУЕКЕЛІҢ ТАМ БОЛСА д и а л. *Ойлағаның берік, нық болса.*

ТӘУЕЛЖИ ҚАЛЫПТЫ д и а л. *Момақансып қалыпты, момын болып қалыпты* (Қос., Жан.).

ТЕБІНГІДЕН ТЕР, ҚАВЫРҒАДАН ҚАН ЖАУДЫРДЫ *Ойран салды, ойсыратып кетті.* Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша деп, бас ием бе? (М. Ө.).

ТЕБІНГІ ТЕРГЕ ШІРІМЕЙ *Ат сабылып, сарсылып сапар шекпей. Тебінгі терге шірімей,* Алты малта а болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай, Ерлердің ісі бітер ме? (М. Ө.).

ТЕГЕУРІНІ БАТТЫ Соққысы қатты тиді. Қасарысқан қас дұшпан *Тегеурін батпай* тырп етпес (Қ. Қуан).

ТЕГЕУРІНІНЕ ШЫДАМАДЫ Қарқынды соққыға, қатты күшке төтеп бере алмады. Балуан Шолақ сүзгенде, қалың қарағай есік екпінді күштің *тегеурініне шыдамай*, орта тақтайлары омырылып, шалқасынан түсті (С. М.).

ТЕГЕУРІНІ ТӨРТ ЕЛІ Соғар тепкісі өте берік деген мағынада. (Қыран құсқа айтылады). *Тегеуріні төрт елі*, Аспаннан түскен тас түлек, Жерге түссе тек кетпес (ШС).

ТЕГІ ЖАМАН **○ КӨГІ ЖАМАН** Ата-бабасы, туысы нашар деген мағынада.

ТЕГІН АЙТТЫ диал. Жай, қалжыңдап айтты. Сенің шының ба, жоқ тегін айтамысың (Шығ. Қаз., Больш.).

ТЕГІН [ТЕК] БОЛМАС [ЕМЕС] Жай емес; көптің бірі емес. Балуанның түртұрғасына көзі түскен ол: Мынау ма? «Бұл тегін болмас!» — деп ойлап, кейін сырғыды (С. М.). Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап, Су төккісіз жорға боп шал жылмаңдап. Отыз құл мынау тек жан емес қой деп, Әлінше қызметінде жүр тырбаңдап (Абай).

ТЕЗГЕ САЛДЫ Жонге келтірді, түзеді. Қараша торғай қаз болмас, Шағала келмей, жаз болмас, Шаңқан болмай, боз болмас, Іштен қыңыр туғанды *Тезге салсаң*, түзелмес (Б. Қ.).

ТЕЗІ ҚАТТЫ Сыны қатал, аяу білмейтін. Бір дегеннен бас еркінен айрылып, *тезі қатты* бір өмірдің ағынына түсіп, табанын жерге тигізбей дедектетіп ала жөнелді (Ә. Н.).

ТЕКЕНІ ӨКЕ [ЖЕЗДЕ], ЕШКІНІ ПЕШЕ [АПА] ЕТІП [ЕТІП ОТЫР, ДЕП] Жарамсақтанды, жағымпазданды деген мағынада. (Малды бағып-қағуды сүйетін малсақ адам туралы да айтылады).

ТЕКЕ САҚАЛ Иекке ғана біткен шоқша сақал. Екеудің пысығы — Сәлменмен бірге Бақтығұлды сабап кететін *теке сақал*, бітік көз сары Әзберген еді (М. Ә.).

ТЕКЕ САСЫДЫ Бұл жерде жасы келгенше үйленбеген адам туралы айтылып тұр. Рас, бізге бозбала болады ашық, Ашық жайын біле ме заты пасық. Сары майдан дәмектен кеудең құрсын, Жел жағымда жұрмеші *теке сасып* (К. Ә.).

ТЕКЕ ТІРЕС Қатты ерегіскенде айтылады. Осындай *теке тіреспен* Өз ара мүйіздісіпті. Не қылысын қысыр күрестен, Кім берсін даяр несіпті? (Ж. М.).

ТЕК ЖҮРСЕҢ, ТОҚ ЖҮРЕСІҢ Өз жайыңмен жүрсен, ұтылмайсың деген мағынада.

ТЕКТІ ЖЕР көне. Байлығы, билігі атадан балаға қалып келе жатқан ел, ауыл

мағынасында айтылады. Не қылса да, олар да осал болмады ғой. *Текті жерден шыққан шығар?* (Ә. Н.).

ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ Көп, мол деген мағынада. Көп өмірім қалған жоқ. Зарлаған аш-арықтың қырғынын көрерім қалды ма? Жетім-жесір, қарып-қасердің *телегей теңіз* жасын көрерім қалды ма? (М. Ә.).

ТЕЛ ЕМДІ Бұл жерде таршылық көрмеді деген мағынада айтылып тұр. Еркін өсіп ер жеткен, Ерекше туған көбекпін, Ен дәулеттің ішінде Еркін жүріп, *тел емдім* (Д. Б.).

ТЕЛ ЖҮРЕК Дәл жүрек мағынасында. Тебіңнің астынан, *Тел жүректің* тұсынан, Сырлы жебе айқасса, Сыр білдірме, жүйрігім (Шайыр).

ТЕЛ ҚОЗЫДАЙ [ҚОЗЫДАЙ ВОП ӨС-ТИ] **○ ТЕЛ ӨСТІ** Жұл жазбай бірге өмір сүрді. Қасқыр, қабылан, жолбарыс *Тел өсіп* жатқан жер екен. Күн батысы көп түбек Жан-жағы көп хөл екен (Қ. Жапс.). Балжанды жанымдай жақсы көруші едім. Жалғызымның көзі еді ғой бұл. *Тел қозыдай* жұп жазбай жүрген қайран күндерің! (М. Им.).

ТЕЛІМ АЛДЫ Үлес, сыбаға алды. Иесіз қалған дүниеге Кімдер ие болған жоқ. Ортаға түскен олжадан Кімдер *телім алған* жоқ (Б. Ә.).

ТЕМІРДЕН ТҮЙМЕ ТҮЙЕДІ Өте шебер, ұста. Соның бірі Ковалок мехцехта істейді. Адамның шебері! *Темірден түйме түйеді*, Жанәбіл содан көріп токарь болғалы жүр (Ғ. Мұс.).

ТЕМІР ЕТІКТЕН ТЕНГЕДЕЙ, ТЕМІР ТАЯҚТАН ТЕБЕНДЕЙ ҚАЛҒАНДА Арып-ашып әбден болдырғанда, титығы жеткенде. (Ертегі-аңыздарда жиі кездесетін дәстүрлі қолданыс).

ТЕМІРДІ ҚЫЗУЫНДА СОҚ Әр нәрсені өз уақытында істе. Шын сейістер ат қояр, Желіде тұрған құлыңға. Ұрмақ тиіс балғаны *Темірдің қызу шағында!* (О. Шор.).

ТЕМІР КИГЕН Сауыт киіп, сайман асынған. Жарлық пашты, қол жүрді суды өрлей, Шаһарына жеткенше дамыл көрмей. Көкпеңбек *темір киген* өңкей батыр, Тарттырып жөнеледі сырнай-жерней (Абай).

ТЕМІР КӨЗДІ САРАЙ Бұл жерде ақын абақтыны айтып отыр. Өзі залым зақуншік Танып алды талайды. Көрмей тұрып құсамын *Темір көзді сарайды* (Абай).

ТЕМІР ҚАЗЫҒЫ БОЛДЫ Бұл жерде үлкен нысана, арманы болды деген ұғымда айтылып тұр. Ойға мырза, образға бай, бос сөзге сараң кітап — ең үлкен арман. Әдебиет осыны күтеді, оқушы соны күтеді. Бел астында ма, белдер астында ма, ол арман барлық қалам ұстағанның «*Темір қазығы*» болары да даусыз (Ғ. М.).

ТЕМІР ҚАЗЫҚ ЖАСТАҢДЫ Бұл жерде хауіп-қатерге басын тигізіп, мақсатына

жеткенше деген мағынада. Тебінгі теріс тағынбай, Темір қазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме? (М. Ө.).

ТЕМІР ТҰЛПАР Трактор. Қыс бойы тынымсыз еңбек етіп, уақыттарының көпшілігін шеберханаларда өткізген комсомол мүшелері бәйгеге қосар темір тұлпарларын ерте бастан жаратып қойған (Ж. Жол.).

ТЕНТЕК СУ Арақ-шарап туралы айтылып тұр. Тентек су құйылғанша, қомағайларымыз қазы мен қартаны жымдастыра бірді-екілі асап та жібердік (Қ. Жұм.).

ТЕНДІК БЕРМЕДІ Есе бермей, жеңіп кетті. Қазақ жолына жүгінсе, Жүніс теңдік бермейді. Заң жолы ұзақ, жеткенше көзіне көк шыбын үймелетеді (Ғ. Мұс.).

ТЕҢЕЛІП КЕТТІ Жетілді, қатарға қосылды. Тойынған қара құс аз күнде-ақ теңеліп кетеді (ҚЕ).

ТЕҢ КЕЛМЕДІ Пара-пар түспеді; дәрежесі маңайламады; лайық, сәйкес емес. Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең! Іші тар, көре алмастың біреуі — сен, Ондай кісі бұл жерге келмейді тең (Абай).

ТЕҢ КӨРДІ Ала-құласыз, бәрін бір тегіс, бірдей бағалады. Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз, Жаманды жақсыменен тең көріңіз. Ала қой қорыққаннан өзі азар, Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз (Абай).

ТЕҢ ҚҰРБЫ Жасы қатар, замандас. Алпыстың алтауында Албан өлді, Шуласып Сарыбайды жерге көмді. Қатарлас тең құрбының бәрі кетіп, Ойласам енді маған нәубет келді (С. А.).

ТЕҢ ТҮСТІ Бірдей болды, қалыспады. Раушандар жұмысқа еркекпен тең түсетін әйелдер (Б. М.).

ТЕҢІН АҚТАРДЫ диал. Сырын ақтарды (Гур., Маң.).

ТЕҢІН ТАПТЫ Өзіне лайықты адамға кез болды. Мына шолақ дүниеде Ер өлмейді дер едім, Тапса теңін тайласқан, Еменнен найза сайласқан, Кіжініп кекті жауына Азу тісін қайрасқан (Б. Ө.).

ТЕПЕРІШ КӨРДІ ○ ТЕПКІ ЖЕДІ [КӨРДІ] ○ ТЕПКІНІҢ АСТЫҢДА ҚАЛДЫ Соққы көрді, азап шекті. Қиын жерде қысталаң сөзін өгті, Көш-жөнекей теперіш көрсетермін (ҚКБС). Өмірден тепкі жесем, жазығым жоқ, Еш нәрсеге көңілім болмаса тоқ. Қайта-қайта оқысам бір дұғаны, Сөніп қалған жүректе жанады шоқ (Абай). Олар баласына ара түскен анасын балағаттап, тепкінің астына алыпты (С. О.).

ТЕПСЕҢ ЖЕР Қыратты жердің тегістеу алаңшығы. Айдап салдым жылқымды тепсең жерге, жеңеше-ай, Сендей адам табылмас ексем жерге, жеңеше-ай (ХӨ).

ТЕПСЕ ТЕМІР ҮЗЕДІ [СЫНДЫРАДЫ] Мықты, мығым, берік. Олардың совхозын-

да тепсе темір үзетін жігерлі жігіттер көп (ЛЖ).

ТЕРЕЗЕСІ ТЕҢ [САЙ] Дәрежесі, атағы, даңқы, беделі қатарлас. Айтарым бұл байыңның қызы ұнаса, Ардақтап мен өземін елден аса, Теңімің, терезем сай, тұғыр етем, Түлкісін тояттаймын белден баса (М. Ө.). Би болсаң, би шығарсың Алтайыңа, Тілімді, терезем тең, тартайын ба? Көңіңді бөктермесем, атым сенікі, Шапса да өкең мініп байталыңа! (І. Ж.). Тобықтының шаңырақ түйесіне мініп келген құлы емес найман, терезем тең елмін (М. Ө.).

ТЕРЕҢ БІЛДІ Жете бойлап барып таныды. Олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларыңа ақсақалдарының айтуымен ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен (Абай).

ТЕРЕҢГЕ СҮҢГІДІ Қиыншылыққа баты деген мағынада айтылып тұр. Ел тереңге сүңгіді, Қармайтұғын қалмай тал, Серпілер күн болар ма, Елге түскен ауыр хал (Д. Б.).

ТЕР ТӨКТІ Бұл жерде еңбек етті деген мағынада. Жоғарыда өзіміз өңгімелеген «Павлодар» совхозындағы сәулетті клубты салған — жастардың өздері. Өздері тер төкті, рақатын көріп отырған да өздері (ЛЖ).

ТЕРІН АЛДЫ Баптады. (Атты жарату үшін әдейі шауып, терін алу мағынасында). Шанаға салар алдында терін алып, таң асырып, баптап беретін кісі керек болып жүр еді, Федоров Еламаннан бір кісі тауып беруін сұрады (Ә. Н.).

ТЕРІН КЕПТІРМЕДІ Дамыл таппады, тыным көріп жай жатпады. Бір кептірмей терімді, Күн батқанша шабамын, Әрлі-бері далпылдап (Абай).

ТЕРІН САТТЫ Күшін, қайратын еңбекке жұмсады. Пайда деп, мал деп туар ендігі жас, Еңбекпен терін сатып түзден жимас. Мәліш сауда сықылды күлкі сатып, Алса қоймас, араны тағы тоймас (Абай).

ТЕРІС АЗУ Қырсық, қыңыр кісі туралы айтылады. Мынау бір теріс азу болмаса еді,— деді Олжабек ішінен (Ғ. Мұс.). Бұрын орталарынан Кеңгірбайдай теріс азу мықты биі шыққан ел (М. Ө.).

ТЕРІС АЙНАЛДЫ [АЙНАЛЫП КЕТТІ] Бетін бұрып, сырттады, қарсы болды. Бір сөзге келмей, теріс айналып шыға келер қылт етпе бала (АТ).

ТЕРІС БАТА көне. Қарғыс, лағынет. Теріс бата, осылайша қатты сөзбен, Тамам боп ақырында сөз басылды. Кетпеді Һарун даусы жақсы, жаман, Түбінен тереңнің біраз заман (Ш. Б.).

ТЕРІС ҚАБАҚ БІЛДІРДІ ○ ТЕРІС КӨЗБЕН ҚАРАДЫ ○ ТЕРІС КӨРДІ [ҚАРАДЫ] Жаратпай, ұнатпай қарады; оң

қарамады. Жаңа оқу, ескі оқу деген талас жоқ, ешкімге де теріс көзбен қарамайды («Айқап»). Ноғайбай мырза шіренген, Домбыра алған бұл кім? — деп, Теріс көзбен қарады (К. Ә.). Абай анық теріс көріп, үнсіз ғана бас шайқады (М. Ә.). Болмашыға теріс қабақ білдіре салады. Көңіл тоқтамы тұрақты емес (АТ).

ТЕРІС СЕРМЕДІ Теріс жолға салды. Сортаң жерге қақ тұрып, Су ішуге келмейтін, Сараң байға бақ тұрып, Қолынан қайыр бермейтін, Қырғиғандар бек болды, Елді теріс сермейтін (Д. В.).

ТЕРІСІ КЕҢ [КЕҢ КІСІ] Етек-жеңі мол, ақ пейіл адам.

ТЕРІСІН БІТЕУ СОЙДЫ Қатал болды, аямады, рақымсыз болды. Айбынды Орақ, ай Орақ, Қарт бурадай қарлы Орақ, Ұрысқан жауын ойды Орақ, Терісін бітеу сойды Орақ (Н. В.).

ТЕРІСІНЕ СЫЙМАДЫ Қатты ашуланды, долданды, булығы, жарыла ашуланды. Болыс терісіне сыймай жарылып кеткелі тұр (С. К.).

ТЕРІСІН ТАСПА-ТАСПА ҚЫЛДЫ Ұрып, етінің тілім-тілімін шығарды. Теріңді таспа-таспа қылып, қатты жазамен өлтірермін — деді (БЖ).

ТЕРІСІН ТЕСПЕЙ СОРДЫ Арамдықпен жеп қойған кісі туралы айтылады.

ТЕРІСІ ТАР 1. Ашуланшақ, беттен ала түсетін жеңіл мінезді (кісі). 2. Біреудің болғанын көре алмайтын (кісі).

ТЕРІСІ ТАРЫЛДЫ [ТАРЫЛЫП КЕЛЕДІ] Бізасы келді, ашуланды. Айтқожаның құлығы сені елірткен, Бір дем салса, күшкітей соғына ерткен. Менің терім тарылып келе жатыр, Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен (Абай).

ТЕРІ ТАРАМЫСЫНА ІЛІНДІ Мейлінше арықтап, жүдеді. Дәл осы күндерде Мағаштың науқасы да оны меңдеп, жеңіп болған еді. «Қатты әлсіреп, тері тарамысына ғана ілініп қалды. Бой ұсынып кетті» деген ажал лебіндей суық хабар оның әр тараптағы жақындарына, туыстарына түгел жеткен (М. Ә.). Өлімші боп зорға жетті... Аты болса, о да тері тарамысына ілініп жүз рет болдырып, зорға жеткен (М. Ә.).

ТЕСКЕН ТАУ ӨТІП КЕТТІ 1. көне. Айдалып кетті, жер аударылды, алыс жерге айдалды. Тескен тау өтіп кетсем де, мен оның көзіне айтам (АТ). 2. Өте алысқа, қиян шетке кетті. Бұл маңға сыймайтын болған соң, Балуан тескен тау өтіп кетті. — десті біреулер (С. М.). Тескен тау өтіп кетпесем, тыныш қоятын емессіңдер! — деді Бұзаубақ (С. С.).

ТЕСІК МОНШАҚ ЖЕРДЕ ҚАЛМАС 1. Асыл зат жерде жатып қалмайды, керексіз боп қалып қоймайды деген мағынада. Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?

Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар. Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ. Біреуден біреу алып, елге тарар (Абай). 2. Көбіне қыз орнын табады, теңін табады деген мағынада қолданылады.

ТЕСІК ӨКІПЕ Қиыншылықты көп көрген, көнбіс, кедей кісі. Наданды өркім жейді, нандай илеп, Жыртқыш ілген үйректей тірі жүндеп, Өгей бала секілді тесік өкпе, Жалғанда теңдік көрмей, жаны күймек (С. Т.).

ТЕТІГІ АУЗЫНДАҒЫ КІСІ диал. Ақ көңіл. Көдірдің тетігі аузындағы кісі ғой (Қос., Жан.).

ТИЕГІ АҒЫТЫЛДЫ Бұл жерде түйіні шешілді, беті айқындалды деген мағынада. Екі-үш күннен бергі жанын қинаған күйзелістің тиегі ағытылып кеткенде көпке дейін өксігін баса алмады (Т. А.).

ТИЕК БОЛДЫ Дәнекер, сүйеу болды, дем берді. Ал, елге келген жанын талай тамаша бейнені табады. Талантқа тиек болатын талай адамдармен кездеседі (Ә. Н.).

ТИПЫЛ ҚЫЛДЫ Жоқ қылып жіберді. Шарықтап көкте жүргенде, Жауға келіп төнгенде, Типыл қылар бомбамен, Сазаыларын бергенде, Самолеттің төсіне Тиді бір оқ оқыстан (Н. В.).

ТИТЫҒЫ КЕТТІ [ҚҰРЫДЫ] ○ ТИТЫҒЫНА ЖЕТТІ Әлі әбден құрыды, шамасы қалмады, күші бітті. Құтылам деп қақпаннан олай-бұлай бұлқынды, Титығы кетіп залымның Тілерсегі қырқылды (О. Ш.). Әлі жетпей алысып, Дөңгеленді өмірі, Титығы құрып әлсіреп, Тақалғанда өлуге Оғын ұстатып бекінді (С. Кер.). Күнде тонау, шабыстан Ел титығы құрыды. Мал мен жаннан түнілді, Жер мен судан қуылды (Жамбыл).

ТИП АЛДЫ Шауып алды. Нұрлан болыстың елу жылқысын Тұрлыбай тал түсте тиіп алып, теңдік бермей кетті (Ғ. Мұс.).

ТИП КЕТТІ диал. Жолығып кетті. Мен сізге тиіп кетейін деп келіп ем (Қос., Жан.).

ТИСЕРГЕ [ҰРЫНАРҒА, ҰРЫНУҒА] ҚАРА ТАППАДЫ Кімге соқтығарын білмеді; біреуге тиісуге ілік іздеді. Таңертеңнен бері тиісерге қара таппай жүрмін (АТ). Ұрынуға қара таба алмай жүрген өңкей есектер. Солай екен деп қоя қою қайда? (С. Т.). Ереден бері ұрынарға қара таба алмай, іші пысып зерігіп отырғандай, бірден бұларға тиісті (Ә. Н.). Ін аузындағы егеуқұйрық тышқанша жылытындап, көзі ойнақшып, ұрынуға қара таба алмай, аузындағы насыбайын іргеге шырт-шырт түкіре береді (С. О.).

ТИЯНАҚҚА КЕЛДІ ○ ТИЯНАҚ ТАПТЫ 1. Бір байламға, шешімге тоқтады. Не де болса, бір тиянаққа келіп, бастаған көмкеріп, ал, халайық, ендігі төре-

шісі өздерің болыңдар деп, жұртшылық талқысына ұсынған (Б. С.). Мұрат та басын әурешілікке салмас деп, ол көңіліне тиянақ тауып жүрді (Т. Н.). Осылай жазылған шығарма «Тартыстағы» талаптың қаншалық тиянақ талқанын жарқыратып көрсетеді (М. Қ.). 2. *Орын тепті, тұрақтады.* Жасғай кезіп-кезіп, осы соңғы жылдары ғана тиянақ тауып, ауылда тұрып қалды (АТ).

ТОБАН АЯҚТАНДЫ Жай қимылдады деген мағынада айтылып тұр. Алдымызға шай келді. Май келді. Әбден сазартып, жай келді. Әншейінде сыпылдақ Күләйім бұл жолы тобан аяқтанып жүр (ЛЖ).

ТОБЫН ЖАЗБАДЫ Бірлікте болды. Сол жолымен келеді еркін басып, Ерікті ел еңбекте жазбай тобын (Ә. С.).

ТОВЫРШЫҒЫ ТҮСТІ Таянышы, тірегі тайды. Қартайғанда мал кетсе, Әл-ауқаты бітеді. Басынан дәулет кетеді, Тобыршығы түскен соң (Д. В.).

ТОҒЫЗ ТҰРЫП, ТОҚСАН ТОЛҒАНДЫ ○ ТОҒЫЗ ТОЛҒАНЫП [ТҰРЫП], ТОҚСАН ОЙЛАНДЫ Тебірене ойланды, жан-жақты қарастырды.

ТОҒЫЗ АЙЫП ТАРТТЫ Айыптың ең үлкенін төледі. Қорғадты мұны халық, азарлады, Әркім-ақ тұс-тұсынан бажаңдады: «Кесілсін ердің құны Құлагерге! Тарғатын тоғыз айып сазаң барды!» (І. Ж.).

ТОҒЫЗ [ТОҚСАН] ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ [ТОРАУЫ, ТОҒАМЫ] Сан жолдың түйіскен, көп жолдың ұласып, тоғысқан жері. Қостанайдың қобаны Қотарыла құйылды. Тоғыз жолдың торабы Тоғысты да түйілді (С. Мәу.). Тоқсан жолдың торабы, Аймағымды орады, Осыған көңіл толады, Айшылық жолға бір түсте Алып жетіп барады (Н. Б.).

ТОҒЫЗ КӨЗДІ КІРЕУКЕ Эпостың жырларда кездесетін батырлар киімінің бір түрі.

ТОҒЫЗ ҚАТЫННЫҢ ТОЛҒАҒЫ ҚАТАР КЕЛДІ Қат-қабат шаруаға килікті, жұмыс басты болды деген мағынада. Тоғыз қатынның толғағы қатар келіпті ғой бүгін (АТ).

ТОҒЫЗ ҚЫРЛЫ, ТОҚСАН [БІР] СЫРЛЫ Өте тапқыр, өнері мол, икем-орамы ерекше ақылды кісі туралы айтылады. Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді (С. Т.).

ТОҒЫЗЫН ТОНДЫҚҚА КЕЛТІРІП ПІТІ д и а л. Шамадан тыс көп ішті (арақ-шарапты). Тоғызын тондыққа келтіріп ішетін еді, әзір қойды (Түрікм.: Красновод., Бекд., Қулы, Қиян.).

ТОҒЫН ШАЙҚАДЫ 1. Шырқын алды, берекесін қашырды. Кейбір Теміртас сы-

қылды қазан бұзарлар момын шаруаның тоғын шайқап, үрейлендіріп қояды (С. М.). 2. Қан-жынын араластырды. Бағымда тұрған атты міне шауып, тоғын шайқады (АТ).

ТОЗАҚТАН ҚҰТҚАРДЫ д и н и. Азап, қиыншылықтан азат етті. Ұжмаққа тұра бастайтын Ел серкесі көсемге, Құтқаратын тозақтан, Шарғатқа, шешенге (Д. В.).

ТОЗ-ТОЗ БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] ○ ТОЗ-ТОЗЫН ШЫҒАРДЫ ○ ТОЗ-ТОЗЫ ШЫҚТЫ ○ ТОРҒАЙДАЙ ТОЗДЫ Жан-жаққа бет-бетімен бытырап, қаңғып, тентіреп кетті. Қыдырбаев келе қалды да, Қарасайдың асты-үстіне шыққан сияқты болды. Рақымға көтеріп тіккендердің көбі доптай домалап, тоз-тоз боп кетті (Б. М.). Сұм патша тоз-тоз қылып есіл елді, Талай қыршын өмірді текке қиды (К. Ә.). Қойлар бөлініп кетуі мүмкін, мына айнала, жортып жүрген қасқырлар тоз-тозын шығарады (ЛЖ). Айдауға кеткен Балағаз үйінің жетім-жесір болған бала-шағасы торғайдай тозып жүргенін де жасырмаған (М. Ә.).

ТОЗЫҒЫ ЖЕТТІ [АСТЫ] Әбден ескірді, көнерді. Істеушілердің ұялатын-ұялмайтынын білмейтін, тозығы асқан соң, уақыты жеткен соң, айтпай болмайды (Қ. Қуан.). Үстінде тозығы жеткен ескі пальтосы бар (Б. М.).

ТОЙ БАСТАДЫ Жиын-тойды ән-өлеңмен бастау салғы. (Қыз ұзату тойында ұзатылатын қыздың тұсына келіп, дәстүр бойынша бір жігіт өлең айтағын болған. Бұл «той бастау» деп аталған). Бір ақын той бастады домбыра алып, Тыңдады жиналған жұрт құлақ салып, Байлығын Медетбайдың баян етіп Тастады біраз жерге алып барып (М. С.). Бастайын тойдың басын той қылған қыз, Тойына бұқа, тана сойғызған қыз (Айтыс).

ТОЙ БАСТАР Той бастаған кісіге берілетін кәде-сый.

ТОЙҒАН ҚОЗЫДАЙ Өте әдепті, артық қылығы жоқ, жуас. Тойған қозыдай моп-момақан (АТ).

ТОЙДА БИЛЕП, ТОРҚА КИГЕН Жай біреу емес, өнерлі деген мағынада айтылып тұр. Мен қарапайым ешкі емеспін, Тойда билеп, торқа киген ешкімін (ҚЕ).

ТОЙДАН ТОВЫҚТАЙ Тойдан аз да болса сыбаға тусін деген мағынада.

ТОЙ ДЕСЕ, ҚУ БАС ДОМАЛАЙДЫ Елдің тойға деген құмарлығын, кәрі-жас түгел аттанатынын білдіру үшін айтылады. Уа, жарандар, құлақ сал, Шөмекейдің тойы бар. Той десе, қу бас домалар, Қыз-бозбала құжаңдар (М. Ә.).

ТОЙДЫҢ БОЛҒАНЫНАН БОЛАДЫ-СЫ [БОЛАДЫ ДЕГЕНІ] ҚЫЗЫҚ Қуанышты жағдайдың болғанынан гөрі дайындық кезеңі қызық деген мағынада

ТОЙЫҢ [ТОЙ] ТОЙҒА ҰЛАССЫН *Той артынан той болсын деген мағынада той жасаушы кісіге айтылатын құттықтау, тілек.*

ТОҚАЛ ЕШКІДЕЙ ҚЫЛДЫ *Жатсынып, жатырқап, бөтенсіп, жамансып, бәрі түртпекке алды деген мағынада. Жазғанды сонша іліп-қағып, тоқал ешкідей қылдыңдар-ау (АТ).*

ТОҚАЛ ҮЙ *Кішкене, жаппа үй. Қаламұш көшенің екі бетіндегі алшақ салынған тоқал үйлердің ортасымен колхоз басқармасына келе жатыр (Т. А.).*

ТОҚ ЕТЕРІ ҚЫСҚАСЫ, ТҰЖЫРЫМЫ. *Тоқ етерін айтты, не керек? Шөп жиюсыз жатыр. Қайтарып бер адамдарымызды. Тойғарина мықты болса, өнерін өзі істеп көрсетсін (М. И.).*

ТОҚМЕЙІЛ ТАРТТЫ *Көңілі орнықты деген мағынада.*

ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІҢ ТОВЫҚТАЙ ТҮЙІНІ БАР **○** **ТОҚСАН ОЙДЫҢ ТҮЙІНІ** *Тоқ етері, тұжырымы бар әңгіменің тоқтар жері. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар (Мақал). Күдері сол бір әңгімеден кейін тағы да көп ойланып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін іздеді. Ол түйін — коллективті тыңдай біл (М. И.). Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, әрбір кештен жастар көңіл гүлдерін ашып, мәдениетті дем алуға тиіс (ЛЖЖ).*

ТОҚСАН БАУЛЫ АҚ КӨБЕ *Эпостық жырларда кездесетін батыр киетін сауыт.*

ТОҚТАСЫП ҚАЛДЫ *Жасы жетті, қартайды. Ол қазірде тоқтасып қалды, бет терісі қырғыстанып, бұрынғы сұп-сұр, сиықсыз өңі мейлінше алапестенген (Ғ. С.).*

ТОҚТАУ АЙТТЫ [САЛДЫ] *Жұбатты, көңілін басты. Ұялып жылағанда үезір мен бек, Тоқтаты тоқтау айтып жалынып көп, «Рүстемді осы жылы өлтірмесек, Несіне жүрміз,— десіп — еркекпіз деп» (Т. І.). Кеше арыстай ұлы Әбен өліп, Сейфулла мен Жамал күйзеліп, қан жұтып отырғанда, бұларға көңіл айтқан, тоқтау салған жан болмады (С. Тал.).*

ТОҚТЫҚ ТАРТТЫ *Жас баланың ернін пырылдатып ойнауы. (Ескі наным бойынша баланың, нәрестенің тоқтық тартуын елдің тоқшылығына, жақсы ырымға жорыған).*

ТОҚТЫ ҚЫСЫР ҚАЛМАЙТЫН ЖЕР *Оты-суы мол, берекелі жер. Тоқты қысыр қалмайтын жер екен (ШС).*

ТОҚЫЛДАҚТЫҢ ТӘУБЕСІ *Тиянақсыз ант, бос уәде, шығарып салма сөз.*

ТОҚЫМЫ КЕШПЕС *Дамылсыз жортуылшы. Сен Қанжығалы Бегенбай, тоқымы кеппес ұры едің (Б. Қ.). Жолдасым жас кезінде жортуылда көп жүріп, жеті қараңғы түнде адаспайтын, тоқымы кеппес жортуылшы болыпты (Х. Ә.).*

ТОҚЫМ ҚАҒАР [ҚАҒАР ЖАСАДЫ] *к ө н е. Жол жүретін кісіге жолы болуын тілеп, жұртқа беру үшін жасайтын тамақ. Ертең ұлы дүбірге мені аттандырып, тоқым қағарын сен жасарсың,— деді Сәкен (С. Тал.). Жолға тұңғыш шыққан баласына кәрі әже тоқым қағар жасады (АТ).*

ТОҚЫП БІЛГЕН *Көңілге түйген. Қазаққа қандай қыз бар оқып жүрген, Жандыны жансызбенен тоқып білген? Дем айтар: «Ана біреу маржа бопты», Оқыған талапкері болса көрген (Б. К.).*

ТОЛАРСАҚТАН СУ [ҚАН] КЕШТІ *Қиыншылық күнді басынан өткізді, ауыр жағдайға төзді. Толарсағынан су кешкен, ұйқысы қашқан ерлер жүріп келе жатып қалғып кетеді. Кейбіреулері мас адамдай теңселіп барып, сүрінгенде ғана көзін ашып алады (Ә. Ш.).*

ТОЛАС ТАППАДЫ *Бәсеңсімеді, толас-тамады. Түн бойы толас таппай сабалап жауған жауын таң сыз бере ерең басылды (С. Сей.).*

ТОЛҒАҒЫ ЖЕТТІ **1.** *Екі қабат әйелдің айы-күні толды, босанар уақыты болды. 2. Кезеңі, уақыты шамасы болды; сәті, орайы келді.*

ТОЛҒАЙДЫ ДА, САРНАЙДЫ **○** **САРНАЙДЫ ДА, ЗАРЛАЙДЫ** *Ескі әдебиетте кездесетін тіркес. Қайғы, қасірет, зар еңіреу мағынасында айтылады.*

ТОЛҒАН ТҰЛЫПТАЙ *Күжірейген, дөңкиген кісі. Адам ба осы, мал ма осы? Не мақұлық? Аң ба осы? Адам деуге гүрі жоқ, Пішіні үрген қуықтай, Дене толған тұлыптай, Дерт алғандай сұры жоқ (І. Ж.).*

ТОЛҒАП ТАРТТЫ [ТАРТЫП ҚАЛДЫ] *Садақты кере тартып атты. Садақты қолға алады, Толғап тартып қалады (ҚЖЖ).*

ТОЛҒАУ САЛДЫ *Қатты тебірентті, ойға қалдырды. Әуелде кірдің түсіме, Ортақтасып өміріме. Толғау салып ішіме, Сол түнде-ақ жақтың көңіліме (Абай).*

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ *Бұл жерде ақын тілдің таңғажайып құдіреті туралы айтып отыр. Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл (Абай).*

ТОЛҒАУ ТОЛҒАДЫ *Жыр шертті. Арғымақ жақсы ат мініп, Жеке шығып елімнен, Толықсып толғау толғамас, Іштегі қызған басылды-ау (М. Ә.).*

ТОЛҚЫН ҰРДЫ *Құбылып-құлпырып сүйкімді көрінеді деген мағынада. Етіндей жас баланың білегі бар, Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек талды, Торғындай толқын ұрып көз таңдайды (Абай).*

ТОЛҚЫП ОТЫРДЫ *диал. Толып, иін тіресе отырды. Киіз үй толқып отырған халық екен (Шығ. Қаз., Больш.).*

ТОЛЫНЫ ШАЙҚАП ТӨККЕН *Бүліншілік салған, ырысты кетірген. Елді судай*

сапырып, Белшесінен батырған. Шілдеде мұзды қатырған, *Толыны төгіп шайқаған* (Д. Б.).

ТОМАҒА ТҰЙЫҚ *Томсарып, көпшіліктен шеттеп жүретін, сөзге араласпайтын кісі туралы айтылады.* (Құстың басына кигізетін тұйықталып істелген затты «томаға» дейді. Томағаны қыран құс кез келген қараға дамылсыз талпына бермеу үшін кигізеді. Томағаны қыран (қара көзді) құсқа салады, қаршығаға (шегір көзге) салмайды. «Томаға тұйық» деген фраза осы сөзбен байланысты шығуы ықтимал. Бұрын жиында тартынбай, кең отырып бұйырушы еді, қазір *томаға тұйық* бұйрықпен сөйлесуге қалғандай екен (Ғ. М.).

ТОМПАҢ ҚАҚТЫ *Томпаңдады, асты-үстіне түсті; бәйек болды.* Әлгілер «тілші» деген соң, *томпаң қағып*, төсегін салып, тапырақтап қалады (ЛЖ).

ТОМП [ТОП] ЕТКІЗДІ *Оп-оңай жыға салды деген мағынада.* Шайда да шара таппай тұрды жерден, Тұрғаннан Кей-қысырау тұтып белден. Ақырып, айналдырып төбесінен, Тымақтай *томп еткізіп* жерге берген (Т. І.). Сырттай тұр ем. Артымнан екі-үшеуі келіп, көтеріп ала жөнелді. Қарасам, өзіміздің тракторшылар. Топтың ортасына апарып *томп еткізді* (ЛЖ).

ТОН ЖАМЫЛДЫ **ТОНЫН АЙНАЛДЫРЫП КИДІ** *Арал, бұзық ниетін бүркемеледі, адал адам сияқты болып көрінді деген мағынада.* Осы біздің ішімізде қан ішерлердің тыңшысы *тон жамылып* жүр ме деген ой келе береді. Кім де болса, өте тәжірибелі, мұндайдың талайын басынан кешірген адам (Ә. Ш.). Естерінде болсын, мәжілісте кілең кедейлер болу керек, байлардың бұл уақытқа шейін *тонын айналдырып киіп* арамызға кіріп, алдауы жеткен (Б. М.).

ТОННЫҢ ШІКІ БАУЫНДАЙ *Өте жақын, өз адамындай.* Біреулерді *тонның ішкі бауындай* көріп, жақын тартады Ахмет (Т. Н.).

ТОН ПІШТІ *Сырттай жобамен солай болар деген болжау айтты.* Деді ол сүйсің, құшсын, жасын сықсын, Иланба ант-су ішсін, тұлан тұтсын, *Тон пішіп* мен өзімше, ізін бақсам, Осы ғой — тілейтіні қызғаныштың (М. Әл.).

ТОНЫ КЕЛТЕ [ҚЫСҚА] *Кедей, кемтар.* Қожаш та Серғазыдан сыр жасырған жоқ, Ғайшаны көргеннен ғашық болып, айттырайын десе, *тонынқы келтелігіне* жазып жүргендігіне дейін айтып қамығыңқырады (С. К.).

ТОНЫНА СЫЙМАЙДЫ *Өте мақтаншақ деген мағынада.* (Кейде «шапанына сыймай отыр» деп те айтады).

ТОНЫ ТОЗБАЙДЫ, АТЫ АЗБАЙДЫ *Аш-жалаңаш болмайды, қатардан қалмайды.* Адал еңбек ет, еңбегің зая болмайды. *Тоның тозбайды, атың азбайды* (КЕ).

ТОҢ МОЙЫН **ТОҢ-ТОРЫС** *Ырыққа көнбес, томырық мінезді кісі туралы.* Жәңілүі үшін оның дәрменсіз, *тоң мойын* болуының керегі жоқ (М. Қ.). Әйтеуір, *тоң мойындық* мінезің көк ат пен менің сорым-дағы. Тым болмаса қасыңдағы жасауылға жалынсаң неғылады (І. Ж.). Қайсыбір адамның тым жақсы ісін *тоң-торыс* мінездері жоққа шығарады (АТ).

ТОҢ МОЙЫН МІНЕЗ, ТОМЫРЫҚ СӨЗ *Жат мінез, ерсі қылық, дөрекі сөз.* Сені ұзатар тойыма *тоң мойын мінез, томырық сөздер* араласпауы керек (Ә. Т.).

ТОҢ СИРАҚ БОЛЫП ОТЫРМЫН *Отын болмай, тоңып отырмын.*

ТОҢ-ТОРЫС КЕТТІ *Қырын қабақ, ерсі мінез көрсетті.* Жөнімде жұмысыңыз болмасын, өз жөніңізді біліңіз, — деп Маржанкүл әдейі *тоң-торыс кетті.* Екеуінің арасы алыстай берді (Ж. Ж.).

ТОПАЛАҢҒА САЛДЫ *Опыр-топырға араластырып жіберді.* Бұл сөздеріңді хан я ханның уәзірлері естісе, мынау болып жатқан *топалаңға салып* жібереді (КЕ).

ТОПАЛАҢ КЕЛГІРІ *Қойға айтылатын қарғыс.* («Топалаң» — қойда болатын, қой малын қыратын ауру). Әй жүгермек, қайтар, ана *топалаң келгірлерді!* (АТ).

ТОПАЛАҢЫ ШЫҚТЫ *Опыр-топыр қырғын болды.* Таң атқанша *топалаңы шығып*, бірін-бірі қырумен болды да, таң ата түріктер қашты (МБТ).

ТОПАН СУ *Ескі діни ұғым бойынша «жер жүзін сел басу» мағынасында айтылады.* («Топан» — парсы сөзі, тасқын, сел). Әне, *топан суы* дүние жүзін қаптап, сыр әлемді ағызып, жердің жеті қабат астына түсірген (З. Ш.).

ТОП БАСЫ *Қауым басшысы деген мағынада.* Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі ол заманда ел басы, *топ басы* деген кісілер болады екен. Көш-қоңды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен (Абай).

ТОП ЖАРҒАН ШЕШЕН **ТОПТАН** **ОЗҒАН** **ДІЛМАР** *Өрен жүйрік сөз шебері.* Кедейден де талай *топ жарған шешен*, қол бастаған батыр, ел ұстаған билер шыққан, — деді жылпос Жақып (Ғ. Мұс.). Исатай *ділмар* еді *топтан озған*, Нар еді бәйтерекке басын созған. Кешегі Исатайдың арқасында Ие еді ен дәулетке басыбайлы (Ш. Ж.).

ТОП ЖАРДЫ **ТОПТАН** **ОЗДЫ** *Жұрттан асты, елден ерек шықты.* Жасынан *топты жарып* сері жүрген, Жұлде алып әнші, ақын серігімен, Күресте құдіретті Сымекенді, Кереку, Баянауыл бәрі білген (Қ. Б.).

ТОП ЖАСАДЫ [ЖИДЫ, ҚҰРДЫ] *Ниеттес, пікірлес, жақтас кісілерді ұйымдастырды, шоғырлады деген мағынада.* Сырттансынбақ, құсынбақ, өршеленбек,

Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек. Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ, Өзімен-өзі бір күн болмай ма әлек? (Абай). Жоқ деп едің керегің, *Топ жиыл* ең бір бөлек. Кезек келер демедің, Ендігі керек қай керек (Абай).

ТОПҚА САЛДЫ *Көптің талқысына жіберді.*

ТОПСАСЫ БОСАДЫ *Көңілі, иі жібіді.* Сәуле бұл сөзді елжірей, егіле айтып еді, Мырқалдың топсасы лезде босай қалды (Ө. Ә.).

ТОПТАН ТОРАЙ ШАЛДЫРМАС [БЕРМЕЙТІН] *Дес бермейтін өрен жүйрік деген мағынада.* Қас шешеннің белгісі *Топтан торай шалдырмас* (ШС).

ТОПЫРАҒЫ АУЫР *Салмақты, сабырлы деген мағынада.* Қысқасы, Хамит топырағы ауыр адамдардың сапына жататынды (Қ. Жұм.).

ТОПЫРАҒЫ ЖЕҢІЛ ☉ **ТҰЗЫ ЖЕҢІЛ** *Сөзге, атаққа іліккіш кісі туралы.*

ТОПЫРАҒЫҒЫ ЖЕРІҢҢЕН БҰЙЫРТСЫН! [ЖАЗСЫН!] *Өз жеріңде, туған еліңде дүние сал деген мағынада айтылады.* Уа, Қозыбай, дәм-тұзыңды елден жазсын, *Топырағыңды жеріңнен жазсын!* (ШС).

ТОПЫРАҒЫ ТОРҚА БОЛСЫН! д і н и. *Жатқан жері жақсы болсын деген мағынада дүние салған адамға айтылады.* Тыңда мұны құлақ сап, Артық туған үздік-ақ. *Топырағы торқа боп, Жарылқасын жалғыз хақ* (ШС).

ТОПЫРАҚ БҰЙЫРДЫ *Жерленді деген мағынада.* (Бұл көбіне белгілі бір жерде дүниеден қайтты деген ұғымда қолданылады). Жаңа ашылған жауқазын, Қапыда етті жау жазым. Көктемей жатып қиылды, Жат жерден *топырақ бұйырды* (М. Әл.).

ТОПЫРАҚ САЛЫСТЫ *Көмісті.* «Әлде қайтеді» деген хауіппен *топырақ салыспақ* боп, Жәутік бастаған үлкендер тобы жұптарын жазбай Қосай үйінің маңынан ұзамаған (Қ. О.).

ТОПЫРАШ-ТОПАС КҮШЕГЕН *Бұл жерде қуат, қайрат қылары жоқ, озары жоқ, жаман-жәутік деген мағынада.* Төрдегі өңшең отырған *Топыраш-топас күшеген*, Жау айдынбас күшінен, Ел түңілген ісінен (Д. Б.).

ТОРҒАЙ ШЫРЫЛДАҒАНДА *Таң алдында, құс сайрағанда.*

ТОРҒА ТҮСТІ *Еркінен айрылды, кіріптар болды, қамауға алынды.* Ас емес жегендері қыздың дерті, Қыз сорлы *торға түсті* болмады еркі (Д. Е.). Баулыған балапандай құсым едің, Дәм айдап түзден

торға түсіп едің, Құрт жесе қызыл шешек, не амал бар, Тағдырдан жаңа түлеп ұшып едің (Ө. Тәң.).

ТОР ЕТІНЕН АРЫЛДЫ *Жүдеді, арықтады, таралды.* Қайғыменен қан жұтып, Ақкенже байғұс торықты, *Тор етінен арылып*, Өлер халге жолықты, Жайнаған сұлу ажары Топырақтай болыпты (Н. Б.).

ТОР ЖАСАДЫ [ҚҰРДЫ] *Қастықпен тосқауыл, кедергі, бөгет болды.* Рас сөзге ор қазып, *тор жасамақ* не деген нысап, құры өзімшілдік, Әрбір өзімшілдік — әрбір адамды бұзатын фиғыл (Абай).

ТОРҚАЛЫ ТОЙ, ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМДЕ* к ө н е. *Бұл фраза қазақтың бір қуанышы, бір қайғы дегенде, ағайынның ат салысып, тұтас ауыл, рулы ел болып ұрандасып, баталасып, сол қуаныш пен қайғыны бірге атқару салтын білдіреді.* (Торқалы той да, топырақты өлім де ағайынға үлкен шығын, көп салық салады. «Ағайын бір өлі, бір тіріде» дегені содан. Өйткені торқалы той, топырақты өлім үстінде қазақтың бар салт-ырымдары аталатын, жасалатын болған. Барша ырым-салт, жол-жора осы екеуінен шығып, осы екеуіне оралып отырған). Біреудің ағайыны *торқалы той, топырақты өлімде*, адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлық десе, табыла қоятыны қалай? (Абай). Әншейінде қаншалық қиянқескі араз боп жүрсе де, «*торқалы той, топырақты өлім дегенге*» келгенде, араздық ұмытыла тұратын (М. Ә.).

I. Торқалы той. *Үлкен той-мереке.* Бұрынғы кезде жасау-жабдығы, тарту-таралғысы, жол-жоралғысы, сый-сияпаты мол, ойын-сауық тамашасы үлкен тойларды осылай атаған (Торқалы тойдың сылтауы бұрынғы кезде көбіне сырт жауды, шапқыншы жауды жеңу салтанаты, жаудан байырғы ата-мекенді босатып, туған жұртқа қайта келу, айрылсақ елдің қайта табысу қуанышы, таңдап қыз айттырып, қыз беру салты болған. Мұның бәрінде, «той тондынікі, ас аттынікі», «тойға барсаң тойып бар» — деген мақалдарынан көрінетіндей, торқалы той жасанған, салтанаттың жиыны болған, өрелі мен өнерлінің, бардың, тондының жиыны болған. Қазіргі кезде бұл фраза «ұлы жиын», «ұлы мереке», «ұлы той» — деген фразалармен қатар жұмсалады. Яғни қалың қауымның ортақ қуаныш тойы, Ұлы Октябрь мейрамы, I Май мейрамы, 9 Май жеңіс күні сияқты ұлы салтанат күнінің баламасы ретінде келе береді). Бұрын бұл фраза торқалы топыр той деп те айтылған. Торқалы топыр тойында, Топ бас қосқан ойында, Қасқа-жайсаң алдында Топ жиынды дулаттым (Д. Б.). Оразбек пен Жұбаныш, Торқалы тойға шақырмай, Мен сендерге нағылдым? Жігіттерде әдеп жоқ (Қ. Ә.). Туған жердің әр қызығы тар-

* «Торқалы той, топырақты өлімде» фразасына қатысты материалды Қ. Өмірлиев дайындады.

тады. Жүргім келеді тойларында торқалы. Керекулік ағайындар ортаңа, Келдім жетіп өлеңдетіп мен тағы (Қ. Ы.). Торқалы той, Тұмарлы жүйрік (Мақал).

Аты бар тойлар не тойшықтар, кіші-гірім жиындар:

Балаға байланысты тойлар: **◆** күрсақ той (әйелі екі қабат болғанда жасалады); шілде күзет (бала туғанда жүрек жарды қуанышпен жасалатын тойшық жиын); шілдехана той (бала қырқынан шыққанда қырық қасық шілде суымен жуып, қарын шашынан бір тал кесіп, ырым жасайды, осыған той қылады); бесікке салар; бесікке салар той (баланы бесікке бөлеу, бесікке жатқызу тойы); тұсау кесер той (бала жүре бастағанда «жығылмайтын, сүрінбейтін болсын» деген ырыммен жасалады); сүндет тойы; атқа мінер, тізгіні ілер тойы. Бұлардың бәрін қосып ұл тойы деп те атаған.

Кейінгі кезде шыққан **◆** мектепке бару тойы; мектеп бітіру тойы; әскерге шақырылу тойы; әскерден оралу тойы деген жаңа тойлар бар.

Ырым-салт жиындары: Тоқым қағар; бастаңғы. Мұны көбіне тоқым қағарып жасады (қылды); бастаңғы берді (қылды) түрінде айтады.

◆ Мүшел той Еңбекте, өнерде, ғылымда аты шығып, әйгілі болған азаматтардың 50, 60, 70, 80... жасқа келгенін атап оту тойы.

◆ Үйлену тойы Қыз бен жігіттің қосылу құрметіне жасалған ойын-сауықты жиын-тамаша.

Үйлену тойының алдында болатын көне ырым-салт, жол-жоралғы, жиын-тойлар; оларға қатысты сөз тіркестері:

Қыз көріп (қарап) жүр Жігіттің өзі қарап, қыз іздеп, таңдап жүргенде айтылады. Қыз көретін жігітті біз көрелік (АӘ).

Қыз жаратпай (жақтырмай) жүр Қыз қарап, ұнатпай, лайықты қыз, жар таппай жүргенде айтылады. Төлеген сонда он екі жасқа келді. Қыз іздеп аралады тамам елді. Он алты жасқа дейін қыз жаратпай. Ат жетер аралауы тамам елді (ҚЖ).

Қыз айттырып жүр (келді) Қыз іздеп қызды ауылды я қызы бар бір үйді діттеп келгенде айтылады. Үлкен атам үйіне келген қонақтар кім екен? — Нағашыларынан білем, қыз айттырып келіпті. — Кімнің қызын? (АТ).

Жаушыға жүрді Қызға сырттай ен тағып, айттыруға кісі жібергенде айтылады.

Қарғы бау Қыз айттыра барғанда жаушы апаратын сый.

Шеге шапан Мақұл-мақұлға келген соң жаушыға кигізетін шапан.

Қыз айттырды; қалыңдық айттырды Ұл мен қыздың әкелері «мақұл-мақұлға» келгенде, баталасқанда айтылады. — Саған қалыңдық айттырдың! — дегенде, ол басында ұқпай қалып, қайта сұрап: — Қалыңдық деген не? Қатын ба? — деді (М. Ә.).

Айттырған күйеу Қалыңдығы белгілі болған соң, баталасып қойған соң, жігітке таңылатын жанама ат. Сол сияқты айттырған күйеу Тоғжанда да бар (М. Ә.).

Айттырған қыз; айттырып қойған, айттырып қойған жері бар, қалыңдық; басы байлаулы; басы ноқталы Күйеуі белгілі болған соң, баталасып қойған соң, қызға таңылатын жанама ат.

Құда түсті; құда болды Қыз айттырып «мақұл-мақұлға» келген соң, арнаулы дайындықпен жол жасап барып баталасуды не айттыра барып жасаған баталасуды айтады. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай келіп құда түсіп, Ділдені Абайға айттырған уақытта... Алшынбай аулы күміс тартқан (М. Ә.). Бай мен бай құда болса арасында жорға жүреді, кедей мен кедей құда болса арасында дорба жүреді, бай мен кедей құда болса бір-біріне зорға жүреді (Мақал).

Киіт Құда түсіп, қалың мал мөлшері белгіленіп, бата жасалған соң, қыз әкесінің ұл жағынан келген бас құдаға сыйы. Ділдені Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты — тай тұяқ (М. Ә.). Қыздың әкесі жүз қой киіт береді (Ә. А. Д.); Киіт кигізді. Киіт сыйға қосып киіт шапан жабады.

Бата аяқ, сырға тағар Құда түсе келгенде ұлдың әкесі жіберетін сый мал. Ұлдың атасы бата аяқ деп бір түйе, бір жылқы жібереді. Оны алып барған адамдарына ат, шапан жауып жібереді (Ә. А. Д.).

Кесімді бата Қалың малдың мөлшерін, тойға қосарын, ырым-салт, жол үшін беретінін атап-атап айтатын баталасу.

Кесімсіз бата Қалың малдың мөлшерін жалпы нобайлап айтып баталасу.

Қырық жеті 1. Қалың мал. 2. Қызды қалың малға балап осылай атаған. Ат ұстар ма? Қырық жеті ме? (АТ).

Бас жақсы 1. Қалыңдыққа арнап жасалған сәукеле. Бай кісілер бас жақсы үшін 500—600 сом береді (Ы. А.). 2. Қалың малдың малмен төленетін алдыңғы тобы. Бас жақсы — тоғыз түйе, төрт құлынды бие, төрт құнан, төрт байтал, жеті тай, бір ту бие (Х. К.).

Жанама жақсы. Қалың малдың орта тобы Таңдаумен аталатын я бір ат, я бір түйе (Х. К.).

Аяқ жақсы Қалың малдың соңғы тобы. Аяқ жақсы — бір түйе, бір ат, бір сиыр, қару (Х. К.). [Жей жерде бұл үш жақсы тоғыз түйе, сегіз құлынды бие; он үш бойдақ жылқы түрінде болған (Ә. А. Д.).]

Өлі-тірісін берді Тірісі — қалың малдың аяқты мал түрі, өлісі — жыртқыс, жасау сияқты қымбат бұйымдар. Өлі-тірісін берген соң өлі күйеу жата ма? (Мақал).

Қайындап барды Айттырғаннан кейін күйеудің қалыңдығына алғаш баруын айтады. Ал осы барыста басшы үлкендерді қайындата барды дейді.

Ұрын барды (келді) **○** Жасырын барды (келді) Күйеудің алғаш қайындап баруын осылай атаған (Бастапқы кезде күйеу қа-

лындығы аулына әйгіленбей, ұрланып, жасырынып баратын болған. «Ұрын барды» деген содан қалған. Кейін салтанат құрып, ашық келу де осылай аталып кеткен. Екеуі ер жеткен соң, күйеу қайнына барады екі жігіт ертіп, бұл сапарды жасырын барғаны деп айтады (Ә. А. Д.).

Ауыл айбанасы Күйеудің ұрын барғанда қалыңдық ата-анасына апаратын сыйы. Ауылдың айбанасы деп атасының үйіне бір түйе апарып береді (Ә. А. Д.).

Еңтікпесін берді Күйеу ұрын келгенде жеңгелердің алдынан жүгіріп шығып алатын алғашқы ырым сыйы. Күйеудің келгенін біліп, қыз-қатындар жүгіріп күйеу алдына келіп, еңтікке бер деп жанжал қып, 20—30 кез мата шыт алады (А. Ә. Д.).

Қалыңдық ойнады Ұрын келіп бегін ашқан күйеу қалыңдығына келіп, ойнап-күліп жүруге ерікті болған, қыз бен жігіт бір төсекте жата беретін болған. Осы салтты «қалыңдық ойнады» деп атаған.

Жеңгелікке жүрді, жеңгетай болды Күйеу қалыңдық ойнауға келгенде күйеу мен қалыңдықты жасырын жолықтыратын сенімді жеңгесі болған, оны жеңгетай деп, ал оның арада жүруін жоғарыдағыша атаған, әр келген сайын күйеудің жеңгетайға беретін сыйын жеңгелік деп атаған.

Есік көре келу, жыртқыс сала келу; қол ұстау; күйеуге есік аштырды; есік аша келді; қоржынын апарды Ескі салтта күйеу жағы қалыңдықтың жасау жабдығын үлкен тойдан көп бұрын, тіпті бір жыл бұрын апарып, күйеуді қалыңдық еліне көрсетіп, көп ырым-салттардан өтіп қайтатын болған. Сол барысты осылай атаған. Онан соң күйеуге есік аштырады. Мұның мағынасы күйеу бірнеше адам жолдас ертіп қайнына келеді (Ә. А. Д.). Абайдың бұл келісі: Ұрын келу деп, жыртқыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады (М. Ә.).

◆ **Кіші той Күйеу есік аша келгенде қайын жұрт жағы жасайтын тойды осылай атаған. Кейде мұны ұрын той, қоржын той деп те айтады. Онан соң күйеуге есік аштырады, мұның мағынасы күйеу бірнеше адам жолдас ертіп қайнына келеді. Бір түйеге күріш, өрік, мейізнен артып, тойға соятұғын мал ап келеді... кіші той деген той қылады (Ә. А. Д.).**

Ілу сый Күйеу есік аша келгенде әкелетін қалың малдың басы, Қыз әкесі берген киіт сыйдың қарымтасы, қаруы. Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді. Баратын қарамалды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды (М. Ә.).

Жыртқыс сый; жыртқыс мата Күйеу есік аша келгенде қалыңдық жағындағы жол алатын кісілерге арнап әкелген шапан, көйлек орнына өтетін маталар.

Жасау сый; жасау мата Келіннің көрпесек, киім-кешегіне деп әкелінетін мата. Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртқыстың бұл-матасының өзі екі үлкен

атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған (М. Ә.).

Күйеу жолы Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет. Бұған тәжім ету де жатқан (Күйеу жолын жасамаған орауда: «Әкең күйеу болмап па еді, шешен келіншек боп түспеп пе еді?!»— деп үлкендер жағы кейіп тастау әдеті болған). Басқа үкі тағу— бар күйеудің әдеті. Қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын (М. Ә.). Әйтеуір қай жерде тәжім ету керек, қай уақытта тұру керек, қай уақытта тымақты көзден алып, кең отыруға болады, бәрін өзің айтшы отыр!— деп өтініп тұр (М. Ә.).

Неке қнар; Неке оқу; Неке суы Ескі салтта бұл бір-біріне жар болуға ризалық беру, жұптыққа адалдық, айнамастық серт ету, бұған көптің куәлігі (Қазіргі заманда мұның орнына ЗАГС сияқты мәдени мекемеде, «Неке сарайы» сияқты қоғамдық-мәдени орында жас жұбайлардың некеге тіркелу, некеге отыру салтанаты өтеді).

Қол ұстату; Шаш сипату Күйеу мен қалыңдықтың бір-біріне жар болуға ризалығы болған соң, күйеу тарапынан қалыңдыққа жасалатын ризалық көңіл білдіруі, құрмет көрсетуі ізеті. Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы (М. Ә.).

Қол ұстатар; Шаш сипатар Қол ұстату, шаш сипату ырымдарын жасауға көмектескен жеңгенің алар сыйы.

Қыз қашар Қыз «қашырған» кісілерге, оны табу тартысы өткен үйге берілетін сый Күндізгі той өтіп, кешкілік үлкендер ерте «жатып қалып», қыз-келіншектер қалыңдықты көрші ауылға апарып «жасырып» қояды. Ол ауылда бір үй арнай дайындалады. Бұл топта жүркендер екі жақ боп (күйеу жақ, қалыңдық жақ) бөлінеді. Өлгі үйге қалыңдық жағы қызды жасырып отырады, күйеу жағы іздеп барып табады. Екі жақ тартыс ойын жасайды. Күйеу жақ жеңіп, қалыңдықты жеңгенің қолына береді. Өлгі үй иесіне күйеу бір ат, я жақсы қымбат шапан береді, оны қыз қашар деп атайды (Ы. А.).

Отқа май құяр Ырым-салт. Қыз әкесі үйінің оң жақ іргесіне күйеуге арнап қымбат матадан тігілген төсек салып, шымылдық құрып қояды. Күйеу табалдырықтан аттап кіргенде үш рет тәжім өтеді. Табада тұрған шоққа қолына ұстатқан темір ожаудан майды құяды. Бір кемпір сұқ қолын әуелі шоққа қарсылап, одан өзінің маңдайына, кеудесіне сұқ қолын басады. Бұдан соң күйеуді төсекке отырғызады. Өзге жұрт шығып кетіп, жеңгесі тамақ береді (Ы. А.).

Кемпір өлді Екі жастың қосылуына келергі болған «кемпір өлді-өлді» деп есептеліп алынатын жол; бақан салды Күйеу жатқан үйдің тұңлігін тұргені үшін алынатын жол; ит ырылдар Күйеуге өш итті «қуған» үшін алынатын сый; Мойын тас-

тар *Күйеу жатқан үйге үй түтінді болмасын деп түңліктен қойдың мойнын жіпке байлап түсіріп ырым жасап алатын сый; Төсек салар; Көрпе қимылдатар; Қыз құшақтатар. Ұрын келгенде қалыңдық пен күйеуді төсекке бір жатқызғаны үшін алынатын сый; арқа жатар Күйеу мен қалыңдық жатқанда бір жеңгесі қалыңдық қасында «жатқан» болады, соның кетуі үшін берілетін алым сый.*

◆ *Үлкен той, қыз ұзатар той Күйеу есік көре келіп кеткен соң араға біраз уақыт салып, қалыңдықты алып кетуге келгенде берілетін той. Мұнан соң бір жылдан кейін, яки көп я аз уақытта екі тарапының шамасына қарап, үлкен той болады, ұзатар той деп айтады. Айналасы екі күн, үш күншілік жердегі елді шақырып той қылады (Ә. А. Д.).*

Той малы Үлкен тойға жұмсалар мал-мүліктің күйеу әкелетін бөлегі (Бұл аяқты мал, ақша, өлі бұйым, тәтті, жеміс т. б. түрінде болады, аяқты малды сойыс малы деп бөлек атаған). Бұл тойға күйеу қайын атасының салған той малы уәғиры керек-жарақ нәрселер ап келеді; бай болса, күйеу той малға жүз тілде бір түйе ақ киіз, екі қап мейіз, нан, өрік ап келеді, батадан қалған қалың мал болса оны қисаптап бергей (Ә. А. Д.).

Отау үй; қыз жасауы; қыз енші Қыз әкесінің ұзатылған қызына тіккен үйі, көрпе-төсек, киім-кешек, үй жабдығы, еншіге берген малы. Қызына беретұғын отау үйін тігеді, бес қанатты, алты қанатты қып, үй-ішін өбден жасауға толтырады, кілемге, шәйі көрпе, мамық жастық, пұшпақ ішіктер, сыртына қамқап барқыт ұстаған құндыз жүргізген әрқайсы үш тоғыздан, үйінің баулары жібектен өрген, қиын жұмыспен болған, терме тоқымнан болған, ең құрғанда екі мың, үш мың сомдық қаражат қылады (Ә. А. Д.). Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне, мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына разы болмайды (ҚБ).

Сүт ақы Күйеу баланың қайын енесіне беретін сыйы. Күйеу қайын енесіне қалыңдығының сүт ақысы үшін жақсы бір түйе және жанама жақсы береді (БІ. А.).

Танысын жүр Қалыңдықтың туған-туысқандарымен қоштасу үшін үйлеріне кіріп шығуын осылай ұтайды. Той өткен соң қалыңдық қасында ертіп жүрген қыз-келіншектермен ауыл ағалап, туған-туысқандарының үйіне кіріп, танысады. Ол туыстар, таныстар әрқайсы кілем, шапан сыйлайды (БІ. А.).

Той бастар Жар-жар өлең айту алдында қалыңдықты, күйеуді, олардың туыстарын мақтап, екі жастың ендігі жұптық өміріне жол болсын айтып, бақыт тілеу түріндегі жыр. Әрі осы той бастар жыр айтқан ақынға берілетін сый. Бір ақын той бастады домбыра алып, тыңдаған жиылған жұрт құлақ салып, Байлығын

Медетбайдың баян етті, Тастады біраз жерге алып барып (М. С.).

Аужар айту; аужар өлең Ұзатылып бара жатқан қызды жаңа жұрт, жаңа адамдар ортасына, күйеу ата-анасы мен туыстарына жақындату, оларды кім деп атауға ниетін бұрып, тілін икемдеу мәнді үгіт жыр (Бұл өлең «той бастар» айтылған соң басталады).

Сыңсу өлең: сыңсыма жыр; сыңсу айту Ұзатылып бара жатқан қыздың жат жұрттық күйді жатырқап, туған жұртты қимай, шерленіп, жылап айтатын мұң өлеңі, қоштасу өлең (Аужар өлең де, сыңсу өлең де о баста малға сатылған қыздың, теңіне бармаған қыздың әлсіз қарсылығы, өксікті өкпесі іспетті туған). Жылады қыз, жырлады. Ағытты о да арманды. Кейіді, күйді, қорланды, Тудым деп неге қарғанды. Ата-ананы қарғады. Қаңғыттың деп қарғанды. Сүйткен қызды шал алды. Қыз үйінде мал қалды (І. Ж.).

Жұбату өлең Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсыма өлең айтқанда қалыңдықтың көңілін жұбату үшін, ұзатылу сияқты салт-дәстүрге иланту үшін айтылатын, жаңа жұртта жақсы келін атанудың қажеттігін айтатын әрі үгіт, әрі өсиет мәнді өлең.

Жолын қылды (берді) Жол алды Ұзатылатын қыздың тойында той бастар өлең айтқан ақынға берілетін кәделі сый.

Отауға салды. Той тарқаған кешіне таң ата қызды күйеу қасына апаратын салтты осылай атаған. Есіктің алды құмдақты, жар-жар-ау! Құмдақтан қоян зымдапты, жар-жар-ау! Атасы басқа жау жеңген, жар-жар-ау! Отауға салып тыңдапты, жар-жар-ау! (Айтыс).

Қыз ұзатты Той жасап, жол жасап, қыз берді.

Ұзатып әкелді Күйеу жолын жасап барып, той жасатып әкелді.

Қыз көші Ұзатылып бара жатқан қыздың жасау-жабдықты көші. (Оз ауылының шетінен шыққанша осылай аталады).

Келіншек көші Ұзатып алып бара жатқан қыз көші оз аулы шетіне шыққан соң осылай аталады.

Арқан керді Келіншек көші алдынан жолдағы ауыл кісілері, тамақ, сусын алып шығып, арқан кереді, қыз шешесі күміс білезік-сақина, орамал, жыртыс т. б. жол жасайды. Осы салтты айтады.

Келін түсті Ұзатып алып келген келінге айтылады. Ақ жарылып, күн туып, күнде қызық болсын!— дер. Келін түсіп, ұл туып, үйге бала толсын!— дер (Б. Ө.).

Келін түсуге орай жасалатын жол; ырымға байланысты туған фразалар: Жүрек жарды, шашу шашу, бет ашу, бет ашар, қолтық ұстар, босаға аттар, сәлем салу, отқа май құю, от әулие, май әулие (отқа май құйғанда ырым жасап жүрген кемпірдің отқа сыйынып айтатын сөзі), көрімдік беру т. б.

Күйеу болу, келін болу, күйеуге тию жолы негізінде жаңа туыс табады, жаңа туыстық атулар қалыптасады: Қайын

ата, қайын ене, қайын бике, балдыз, қайын сіңді, қайын аға, қайын жұрт (Жігіттің үш жұрты бар: бірі — өз жұрты, бірі — нағашы жұрты, бірі — қайын жұрты. Жігіттің өз жұрты — күншіл, нағашы жұрты — сыншыл, қайын жұрты — міншіл (ШС), қайын іні; қайын, төркін жұрт, мырзаға, бикеш, абысын-ажын, күндес, бәйбіше, тоқал, жеен, бөле, бажа т. б.

II. Топырақты өлім; топырақ салған өлім *Барлық жолы жасалатын, ағайын аза тұтып, арулап қойып, топырақ салатын үлкен қаза.* (Өлімге қатысты, өлімге өзге жұрттың қатысы, «топырақ» сөзі ұғымына орай қалыптасқан алуан тіркестер бар: «топырақ салды», «топырақ салмаған», «топырақ бұйырған», «топырақ бұйырмаған», «топырақ салу бұйырды», «терең қазып, теңкілеп көмген», «жүзін жасырды», «жүзі жасырылмай қалды», «ай далада қалды», «ит пен құсқа жем болды», «көмусіз қалды», «кебірсіз, көмусіз өлім» т. б. Қазақ ұғымында «топырақ салмау», «топырақ салудан сырт қалу» үлкен қылмыс, үлкен айып, әрі кіне. Үлкен кісі қаза болғанда әр атаның баласынан бір-бір кісі топырақ салып, сол қазаға ортақ екенін, өлген кісіге ниеті ақ, пиғылы таза екенін білдіретін болған. Топырақты өлім үстінде көп араздық ұмытылатын болған. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп ынтымақ тауып отырған. Бірақ, керісінше, араздықпен қоса жүрген қатты қаталдық, тас бауыр жүрек те болған. Ол адамдарды, ағайынды өлімде де алалаған. Тірідегі кеңіл таразысымен өлшеген. Өлген кісінің айтуымен не артында қалған кісілердің ұйғаруымен қазада, қазаны күтуде, топырақ салуда сырт қалдырып, өш алу я жазалау салттары болған). Барлық Шыңғыс сыртындағы ұшы-қыры жоқ ен өлке, кең сала, мол жайлау, құйқалы адыр, қалың таулардан жұрт ағылды. Аңыраған ел, жер қайысқан қалың топыр боп кеп, бірнеше күн жыласып, аза салып болды да, ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды. Сүйтіп бұл жайлауға қоймай, Шыңғысты қайта асырып, қыстауының үстіне апарып, Тоқпамбетке қойды. Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айнала-сы болды (М. Ө.).

Өлу мағынасында қолданылатын тіркестер: қаза болды, көз жұмды, қайтыс болды, дүние салды, о дүниеге аттанды, сапар шекті, ақырет сапарға жөнелді, жан төсілім қылды, жаны шықты, шыбыны ұшты, ақырғы демі бітті, т. б. (Бұлардың едәуірі осы сөздікте берілген).

◆ Өлім үсті және марқұмды жөнелтуге байланысты тіркестер: дауыс айтты, негіл айтты, өлімді күтті, құран оқыды, тие берсін айтты, сүйегіне кірді, ақ жуды, арулап жуды, ақырет киім киізді, кебін киізді, жаназаға (пидияға) мал байлады (Пидиясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті.— М. Ө.). азаға салғаным (қосқаным), аруағына арнағаным (атаға-

ным), жаназасын шығарды, жырттыс берді, жырттыс жыртты т. б.

Топырақ салды; жатқан жерің торқа болсын! Жаның жаннаттан болсын! Өлген кісі қабіріне ақ ниетін білдіріп топырақ салу, өлікке тілек айту салтына байланысты.

Өліктің артын күту Өлген кісіге аза тұту, мал сойып, жұрт жып «*тие берсін*» айтып бата оқу, аза салты т. б.

◆ Өлімнің артын күтуге қатысты фразалар: жетісі (қырқы, жылы) болды, жетісін берді, қырқын берді, жылын берді, ас берді.

Қара тігу; қаралы ту тігу Өлген кісіге тігілген үйдің оң жақ белдеуіне найзаға кісінің жасына қарай ақ, көк, қара ту байлау. Байдалы өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті. Қара дегені — ұзын найзаның басына тігілген ту (М. Ө.).

Ат тұлдады; тұлдаған ат (киім); тұл ат; тұл киім (тұл тақия, тұл тұмақ, тұл ішік). Өлген кісінің мінген аты, киген киімі, жетім, иесіз қалды деген ұғыммен, иесінің артын бірге күтеседі деген ұғыммен жасалатын салт.

Тұл жырттыс Жылы толып, асы берілген соң кәде-жолымен үлестірілетін қымбат киім-кешек.

Қаралы тең Өлген кісінің тұл мүлкін салған, тұл жырттыс салған тең.

Қаралы ер-тұрман. Өлген кісінің көзі тірісінде атқа салған ер-тұрманын осылай атаған. Жануар-ай, иең кетіп тұл қалдың-ғой, сен бейбақ! — деп, жақындап келді де, күрең аттың кекілін шорт кесті. Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды. Қара көк атқа да соны істеді. Мынау тұлдаған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады. Көшкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін, тұлданған киімдер осы жануарға жабылсын!» — деді (М. Ө.).

Тұл қалды; жесір қалды Иесіз қалды, ешкімнің ұстауына, тиюіне тыйым салынып, аза тұтып, артын күтіп қалды деген мағынада. Қатын жесір тұл қалды-ау (М. Ө.).

Қаралы қатын, тұл қатын. Ері қайтыс болып, аза тұтып артын күтіп отырған әйел.

Қаралы қыз Әкесі қайтыс болып, артын күтіп, аза тұтып отырған қыз.

Қаралы жесір; қаралы қалыңдық Айттырып қойған, тойын жасап алғалы жүрген қалыңдықтың күйеу жігіті өлсе, осылай атады.

Қаралы әйелге байланысты қара салды, қара жамылды, шашын жайды, бетін жыртты сияқты фразалар бар.

Қаралы ұй; қаралы ауыл Азаматы қайтыс боп, аза тұтып отырған ауыл.

Қарасын алды; қарасын тастады Ері өліп қара жамылған әйелдің тартқан қара-

лы орамалын жыл болып, асы өткен соң алу салты.

Қара жықты Жылы толып, асы берілген соң, қаралы туды құлатағын салтқа байланысты. Жаңағы қараны жыққан Байсал, септі бұзған Сүйіндік енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы — үшеуі де кейін «жол» алады (М. Ө.).

Өлімге байланысты қаза жырлары: **◆ Естіруге жыры Өлімді қаза болған кісінің туыстарына жанамалап, орағытып, тұспалдап барып айтатын сөз.**

Жылау айту. Дауыс айту Қайтыс болған кісінің әйелі, қыздары, жақын-жуық аталас кісілердің қыз-қатындары дауыстап, қосылып жылауы, сөзбен қайғылы көңілдерін, өксігін жеткізуі.

Жоқтау айты. Жоқтау сөз (жыр) айты Қайтыс болған кісінің әйелі мен қызы жоқтау жыр айты (Мұнда өлген кісінің жеке қасиеттері, қоғамдық қызметі термеленіп мақталады).

Жұбату сөз. Тоқтау сөз Кісісі өліп дауыс айтып отырған қаралы жандарға басу айту: «қазаға шүкірлік ет», «жұрттың бәрі өледі», «ажал ортақ», «өлімнен ешкім құтылмайды», «құдайдың мұнысына шүкір, көз алдында кетті, өзін жөнелтіп отырсын» т. б. деген сөздермен келеді.

Көңіл айту, көңіл айту жыры Кісісі қайтыс болған үйге кіріп, ниеттестігін, қазаға ортақтығын, бәріне де ауыр тиген өлім болғанын айтып «болғанға болаттай бол» — деп қуат бере айтылатын сөз.

Сауын айтты Өлген кісіге жылы болып, берілетін астың кезін, болатын жерін, сипатын, яғни ат жарыс, балуан күрес т. б. салт-жиын болатынын айтып кісі жіберді.

◆ Ас беру Өлген кісінің артын күту салтының соңғы ең үлкен жолын жасап, мол жиын, топыр топқа тамақ беріп, қызық көрсету сияқты салтанатты жиын («Ас аттыңікі, той тондыңікі» дегенінен көрінетіндей, астың қызығы ат жарыс т. с. с.). Ас өлік үшін ғана емес, әсіресе тірілер үшін керек. Олар өлімді сылтау етіп өздерінің абыройын, атағын, мақтанын, айдынын да асырады. Сондықтан асты кім болса сол жасамайды, тек жуан, бай, құдыреті күштілер ғана жасайды... Анығында Бөжейдің асы бір Тобықты емес, тіпті бұл өңір, бұл атырапта талайдан болмаған ас делінді (М. Ө.).

Аста (тойда) болатын жарыс, сауықтар: **◆ Ат шабыс, ат бәйге, балуан күрес, ат сайыс, ат тартыс, аударыспақ, көмбе алу, теңге алу, көкпар тарту, лақ көкпар, серке көкпар, тана көкпар, айналма көкпар** (Екі жақ та бір ғана белгіленген жерге апарып көкпар тастау түрі), **мәре көкпар** (Екі жақ кең жазықтың екі шетінен мәрелі жер белгілеп, серкені ортаға тастайды, серкені әр екі жақ өз мәресіне апарып салады), **алып қашпай көкпар** (Серкені алып қашып, жеткізбей құтылып кету түрі), **жорға жарыс, тай (құнан, дөнен) жарыс, атан жарыс, жамбы ату, балуан күрес** т. б.

Бәйге беру, бәйге тігу, салым айту, олжа салу, телім алу, тоғыз тарту Астағы жарысқа берілетін сыйға қатысты фразалар.

Тоғыздар: бас тоғыз, орта тоғыз, аяқ тоғыз, Алдыңғы бәйге түйе бастатқан тоғыз, екінші бәйге жамбы бастатқан тоғыз (М. Ө.).

Маңдай мал Бас тоғыздың бас малы.

Тоқал тоғыз Тоғыздың маңдай малсыз түрі.

ТОРСАҢ ҚАҚТЫ Бұртиып, ерсі мінез көрсетті. Айғаным бұндайда бір ауыз сөз айтып, торсаң қақпаса, қонаққа барғанда ішкен асы бойына жұқпайтындай көреді (А. Б.).

ТОЯТ БЕРДІ [ЕТТІ, ЖЕГІЗДІ] Ләззатқа кенелтті, мейір қандырды; Десеңіз уәде қылмай мен еңірейін, Бара-бар қысап қылып теңгерейін. Ғашықтан тоят беріп қолыма алып, Жесеңіз махаббаттан жем берейін (А. Қор.). Мен бір сұңқар шүйілген, Сүйіктім сен бір жектейсің. Мейірімді қандырып, Түсіңнен тоят еткесің (М. Б.). Қақиқат шын ғашық жар депізіп ең, Әуелден тілің ұшын емізіп ең. Ақырда сөз аяғы қайыр болсын, Дегендей көміл тоят жегізіп ең (А. Қор.).

ТОЯТ ТӨС, САЛПЫ ЕРІН Бұл жерде жарау, жүйрік ат туралы айтылып отыр. Айдасаң алыс жерімді, Алсаң ашы терімді, Тоят төс, салпы ерінді, Топтан торай бермейтін, Тұлпар аттай қунақпын (Д. Б.).

ТОЯТТЫ АЛЫСТАН ТІЛЕДІ Бұл жерде ақын нағыз батыр алыстағы жауын мұқатады деп отыр. Жан серігі Бөртені дүниеге неге сатады?! Тірі болса Еспенбет Алыстан тілеп тояттын, Түзден дәмді татады (Д. Б.).

ТОЯТЫ ҚАНДЫ Құмары қанды, қызыққа тойды. Тояты оның қанған соң, Ақ сұңқардай түлеген (А.Ө.).

ТӨБЕ БИ к ө н е. Үлкен би. (Ұлы жинда билер алқасында билік айтушы кісі), Асыл ағаң төбе би болды, қайырлы болсын! Өзіне де, халыққа да хабар айт! — деді (М. Ө.).

ТӨБЕГЕ ЖАЙ ТҮСКЕНДЕЙ [СОҚ-ҚАНДАЙ, ҰРҒАНДАЙ] © ТӨБЕДЕН ТҮСКЕНДЕЙ Кенеттен, ойламаған жерден ыңғайсыз жайға ұшырағанда айтылады. Оқытушы Сәрсенмен қоштаспай жүріп кетті. Ал, Сәрсен болса, төбесіне нақ жай түскендей күлкісінен тез тыйылды (С. Бақ.). Бұрын құлағы үйренбеген сұмдық сөз, төбеден жай түскендей ұрып кеткендіктен, Есеннің бұл құбылысты барлауға мұршасы келмеді (М. И.). Ғайнидің төбесінен жай соққандай болды (С. С.). Дәурен ағай өткен жылы бір сөзінде баласына төбеден түскендей «жоқ» деп қалғанды. Жоқ, сен менен гөрі білгіштеу геолог боласың (З. Қ.).

ТӨБЕГЕ ОЙНАДЫ **◎** ТӨБЕСІНЕ ҚАМШЫ [ӘНГІР ТАЯҚ] ОЙНАТТЫ **◎** ТӨБЕСІН ТЕСТІ **◎** ТӨБЕСІНЕ ШЫҚТЫ *Басылып алды; қорлады; зорлық көрсетті.* Енді, міне, желек астында желігін жасыра алмай, күнде-күнде өнін шырқап, *төбеме ойнап отыр,*— деді Ділда Абайға (М. Ә.). Осы кештегі Борсақ қайдан жуан шықтың *төбеме ойнап* (М. Ә.). Көзіңді ойып барады, *Күнде тесіп төбесін,* Ақсақалдан әл кетті, Болмаса төңірім демесін (Ш. Қ.).

ТӨБЕ КӨРСЕТТІ *Бір келіп көрініп қайтты.* Дүниесі құрсын, қарағым, тым болмаса дос-дұшпанымызға *төбеңді* бір *көрсетіп* қайт! — деп отырып алды (І. Ж.).

ТӨБЕЛ ТАЗ *Төбе тұсы таз болған кісіге айтылады. Төбел тазға төрт теңге, Айна тазға алты теңге, Қырма тазға қырық теңге, Ойма тазға он теңге, Сал к... іңді керсенге, Сиса да бер бес теңге, Симаса да бер бес теңге* (МЗ).

ТӨБЕММЕН ЖЕР ҚАЗСАМ ДА ТАБАМЫН *Қайтсем де табамын.*

ТӨБЕҢДІ КӨРМЕГІР! *Көбіне әзіл-оспақ ретінде айтылатын қарғыс.— Төбеңді көрмегір,* Қожанасыр, сенің басқан ізіңе шөп шықпайтын болды ғой (ЛЖ).

ТӨБЕҢНЕН ЖОРТ *Азап-бейнет көр, біреудің қыспағына түс деген мағынадағы қарғыс. Ой, төбеңнен жорт,* жағыңа жылан жұмыртқаласын, білдің бе (Қ. Қуан.).

ТӨБЕҢНЕН [ТАС ТӨБЕННЕН] ҰРҒЫР! **◎** ҚҰДАЙ ТӨБЕҢНЕН [ТАС ТӨБЕҢНЕН] ҰРСЫН! *қ а р ғ ы с. Оңба, «құдайдың» қатары соқсын* Солақ екен, сауыншы әйелдің бәрі де әр жерден «Сығыр шұнақ, мынаны да тіліп кетіпті». *Төбеңнен ұрғыр,* қандай жау екен... (М. Ә.).

ТӨБЕСІ КӨККЕ ЕКІ-АҚ ЕЛІ ЖЕТПЕДІ [ТИМЕЙ ҚАЛДЫ] **◎** ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТТІ [ТИДІ] **◎** ТӨБЕСІН КӨККЕ ЖЕТКІЗДІ [ТИГІЗДІ] *Қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты.* Нұржан аупаратком хатшысының кабинетінен *төбесі көкке екі-ақ елі жетпей* шықты (З. Ш.). *Төбем көкке жегілі,* Есімнен шығып кетіпті, Жаяу жүрген мың күнім (С. Кер.). Оған Оспанның да, естіген Нұрым күйеудің *төбесі көкке жеткендей* болды (С. Т.). Вагонға астындағы қызыл күрең, Ағзып құйып тұрсаң көктен төмен. Лықылдап демде вагон толған сайын, *Тигендей* қуанамын *көкке төбем* (Ай. Т.). Жақсы болып ер жетсе Балапаны-бөпесі, Бағы ашылып анасы, *Көкке тиер төбесі* (С. С.). «Шұға шақырды» деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. *Төбем көкке тиердей* болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде кілемнің іргесін түргізіп Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты (Б. М.). Есенсіз бе, Ақан аға! *Төбем көкке аз-ақ тимей қалды* ғой. Жүрегім жарылғалы тұрғандай (Ғ. М.). Шаттанып бала шашырап, *Төбесін көкке тидірді.* Әкесінің барлығын Тап сол жерде білдірді (АБ). Адамға қа-

нат бітіріп, *төбесін көкке жеткізген* де осы жылқы (М. Е.).

ТӨБЕСІНЕ ҚҰЙ ҚАЗДЫ [ҚҰДЫҚ ҚАЗДЫ] *Азапқа салды, қинады; тынышын алды. Төбеңнен құй қазып жатса,* отырғанмен тыныштық табылмайды (М. Ә.). Сапар басын кекшітіп: Сенсің!— деді. Жарқын одан тайсалмай, мен не қылдым, *төбеңе құй қаздым* ба? — деді Сапар (М. И.).

ТӨБЕСІНЕН [ҮСТІНЕН] ТҮСТІ *Дәл тапты, дәл үстінен шықты.* Сұлманның оспақ сөзі шындықтың *төбесінен түскен* болу керек (Б. С.).

ТӨБЕСІНЕН ТІК ТҰРДЫ [ТІК ТҰРЫП КҮТТІ] **◎** ТӨБЕСІНЕ КӨТЕРДІ *Бар бейілімен жүгіріп жүріп күтті, қатты сыйлады, құрметтеді; мадақтады.* Бала айтты: «Өзің біл» деп бұл сөзіне, Шал қуанды тирген соң ерік өзіне. *Төбесінен тік тұрып* қылды қызмет, Титтей шәрғез келмейді мінезіне (Абай). Бас жарылса бөрік ішінде, ішегің шықпайды... дауласпай, *төбелеріңнен тік тұрып күтіңдер* (М. Ә.). *Төбесіне көтерген* Өз ақының, өз ұлын, Бақың деген ең үлкен Халқым екен өзімнің (Ғ. Қ.). Жамбылды *төбесіне көтеріп,* ардақтап, әлемге танытқан — ұлы совет халқы (Қ. А.).

ТӨБЕСІ ТЕСІК *Өзге тілді түсініп қалатындай хабары бар деген мағынада.* Мынауыңның *төбесі тесік* қой,— деді Қанатбай Сергейдің созған қолын қос қолдап алып жатып (Ж. Тәш.).

ТӨБЕ ШАШЫН [ҚҰЙҚАСЫН] ҰРПИТТІ [ШЫМЫРЛАТТЫ] **◎** ТӨБЕ ШАШЫ [ҚҰЙҚАСЫ] ТІК ТҰРДЫ [ШЫМЫРЛАДЫ] **◎** ТӨБЕСІНЕН СУЫҚ СУ ҚҰЙЫП ЖІБЕРГЕНДЕЙ БОЛДЫ *Шошытты, қорқытты, үрейлендірді; шошыды, тұла бойы түршікті, зәресі ұшты.* Осындай тың тұсында осы атыраптағы қазақтың бар әйелінің *төбе шашын ұрпиткендей,* жан жүрегің түршіктіргендей қатал жаза керек болды (М. Ә.). Мына сөзді естігенде *төбесінен суық су құйып жібергендей* болды (С. Б.). Ауылға мұғалым келеді, мектеп ашады деген хабарды естігенде, ескішіл Нұртайдың *төбе шашы тік тұрды* (С. О.). Адам атын жамылған бұл азғынның хайуандық қылмысын естіген жұрттың *төбе шашын тік тұрғызды* (КТ). Самолеттің гүрлі бірде алыстап кетеді, енді бір сәтте *төбе құйқаны шымырлатып* жақындай берді (Т. А.). *Төбе құйқасы,* өн бойы *шымыр-шымыр етіп* тітіркеніп көзін ашады (М. И.).

ТӨЗІМ [ШЫДАМ] ЕТТІ [ТАПТЫ] *Өзін-өзі ұстап сабыр тұтты.* Қара көзің, *Етіп төзім* Қарағанды қандыра (Б. К.). Ер жүрегім, *Етпей төзім,* Өксіп-өксіп төгем жас, Бар ма екен ол, Қайда екен ол, Нендей түрде жүр екен (Б. К.). Штукин оның шектен шыққан бұл әделсіздігіне *де шыдам тапты* (Ә. Н.).

ТӨЗІМІ [ШЫДАМЫ] ТАУСЫЛДЫ **○** ШЫДАМ ЖАНЫН ЖАЛЫҚТЫРДЫ *Өзін-өзі ұстай алмайтындай, сабыры жетпейтіндей күйге түсті. Жайылатын көгіс дәрі түтіні де Петр Денисовтың көзін ғана талдырған жоқ, шыдам жанын да жалықтырды (Ә. Н.).*

ТӨМЕН ЕТЕКТІ [ТӨМЕН ҚОЛ] ҚАТЫН *к ө н е. Елеусіз, нашар әйел мағынасында. (Күйреген ескі заманда әйелді қорлау ретінде айтылған). Және ұрса-соқса да, төмен етекті әйелдің еркексіз күні жоқ қой деп ойлады (Ә. Н.).*

ТӨМЕН ҚОЛ *Сапасы нашар нәрсе.*

ТӨМЕН САНАДЫ *Кемітті, өзінен кем есептеді.*

ТӨРДЕН ОРЫН АЛДЫ *Өзгеден сыйлы болды. Бәрі де шын ықыласпен құттықтамақ, Кеңілді қызық жазды көзбен көрген. Халінше алға жылжып жан иесі, Ойы бар орын алсам деген төрден (Б. К.).*

ТӨРЕЛІГІНЕ КӨНБЕДІ *Билігіне тоқтамады.*

ТӨРЕЛІК АЙТТЫ [БЕРДІ] **○ ТӨРЕСІН** *БЕРДІ Ақыл айтып, кеңес берді, кесім айтты. Сүйте жүріп, екі баласына ыстық асты әкеліп қоя отырып, аналық бір төрелік айтты (М. Ә.). Не деп төре берсең де, Нендей түрде көрсең де, Билік жалғыз өзіңде (Б. К.).*

ТӨРЕҢЕ ҚҰЛДЫҚ *Берген билігіңе ризамын деген мағынада. Е-е, сөз жүйесін тапса, мал иесін табады-дағы. Олай болса, соқырдың тілегені екі көзі, төреңе құлдық, шырағым, дегенің болсын (М. Ә.).*

ТӨРЕСІНЕН ЖАҢЫЛДЫ *Әділдіктен айрылды. Еңесі биік кең сарай Мерттік болар бүлген соң, Төрде отырған қарт бабаң Төресін жаңылар малдан соң (Б. Қ.).*

ТӨРКІНІН КӨБЕЛЕДІ *Төркінін жан тартты, пана тұтты.*

ТӨРКІНІ ТАБЫЛЫП, ҚҮЛМЕТІ АШЫЛДЫ *Себеп-сыры анықталып, әшкерә болды. Ал, жолдастар! Аптықпай, саспай өзді-өзіңнің жұмысыңа барыңдар. Мұндай-мұндай қиыншылықтар болатын. бірақ бәрінің де төркіні табылып, құлметі ашылатын (М. Ә.).*

ТӨРТ АРЫСТЫҢ БАЛАСЫ *к ө н е. Бүкіл ел деген мағынада. Сауын айтып жиылған, Төрт арыстың баласы. Бақалас пен Көксала Халыққа толды арасы (Д. В.).*

ТӨРТ АЯҒЫНАН ТІК ТҰРҒЫЗДЫ *Қалпына, орнына келгірді; істі жандандырды. Қаз-қаз басқан шаруашылықты төрт аяғынан тік тұрғызып, нығайтқан да осы Бөкең (Ә. Ә.).*

ТӨРТ АЯҒЫ ТЕҢ [ТЕҢСЕЛІГЕН] ЖОРҒА *1. Жақсы жорғалайтын ат туралы айтылады. 2. Төгілге жырлайтын ақын туралы айтылады. Өрім өрген өлеңнен Үзеңгілес ақындар, Төрт аяғым тең жор-*

ға, Ұмытпас мені ғасырлар, Қол ұстасып халықпен Жасасқан бірге жасым бар (Н. Б.). Ақсақал қожа да бар, молда да бар. Теңселген төрт аяғы жорға да бар. «Топ асы — хақ қазынасы бай ғана емес», Келсе орын арылмаған сорға да бар (М. С.). Сарыарқаға келген соң, Төрт аяқты жорғасың, Жәдігөй, жауғаш атанып, Осынша жиған мүліктен Не көреді қу басың (Ш. Қ.).

ТӨРТ АЯҚТАН [АЯҚТАП] АҚСАДЫ *Бар ауыртпалық түсіп, қатты қиналды, туралап қалды. Момынға жапса жаланы, Құлық-сұмдық табады. Арқасы елдің жауыр боп, Жеңіл жүгі ауыр боп, Төрт аяқтап ақсады (Д. В.).*

ТӨРТ АЯҚТЫ ЕКЕНСІҢ! *карғыс. Қу, зымьстан, әккі деген мағынада.*

ТӨРТ КӨЗІ ТҮГЕЛ *Бәрі көз алдында, тұтас. Балаларым мен келіндерім, сендер де жым-жырт, момын жүріп күтіндер! Болмаса мынау ағайынның төрт көзі түгел отыр ғой міне, «өл» де маған (М. Ә.).*

ТӨРТ ҚҰБЫЛА [ҚҰБЫЛАСЫ] ТҮГЕЛДЕНДІ [САЙ, ТЕҢ] **○ ТӨРТ ЖАҒЫ** *ҚҰБЫЛА [ҚЫБЫЛА] Болып-толды; қанағаны қарқ, сағанағы сарқ күйге жетті. Төрт құбылам түгелденді, енді аяйтын еш нәрсе жоқ,— деді Көкек титімдей ғана көйлек тігіп құттықтап келген қағынға, үстіндегі күзен ішігін шешіп беріп жатып (Т. А.). Осындай кітабы бар байды көрдім, Дәулеті, қасиеті, шені де бар, Түп-түгел төрт құбыласы сайды көрдім (С. Т.). Опық жеменіз, жеңгесі. Төрт құбыласы сай, үлгілі кітапхана жасаймыз,— деді Байсал (М. И.). Бір сырдың, сөгіз қырдың бәрі өзінде, төрт құбылаң тең жаралған дидар шәріп (Ә. Тәң.).*

ТӨРТ ТАБАҢДАДЫ [ТАҒАҢДАДЫ] *Екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалды. Мысықтай жерге төрт табандап дік ете түстім де, жантая құлай беріп, тағы бір-екі аунап, домалап кеттім (З. Ш.). Маңдайынан түгі бұйра, маңқиған, Семіздіктен төрт тағандап жалпыған (А. Т.).*

ТӨРТ ТАҒАНЫ ҚИМЫЛДАДЫ *Зорға қозғалды; әлсіреді. Төрт мүшесі тең болмай, қарулы күш жақтағаны, Қылыш қайрап, зеңбірек оқтағаны. Жұлын жота жан жері берік қолда, Жеңе алмас құр қимылдап төрт тағаны (С. Т.).*

ТӨРТ ТҰРМАНЫ ТҮГЕЛ САЙ *Жау жабдығы, керек-жарағы түгел. Сағынам, ауызға алсам Исатайды, Ер тумас ел жағынан ондай жайлы. Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген, Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы (Ш. Ж.).*

ТӨРТ ТҮЛІГІ САЙ *БОЛДЫ* *Малға байыды. (Төрт түлік малы бар), Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты (ҚЕ). Жасында байдың малын бағып, ішер ас, киер киімге жарымаған Бекеннің қазір төрт түлігі сай (ЛЖ).*

ТӨРТ ТҮЛІК * Түйе, жылқы, қой, сиыр малын қосып төрт түлік деп атайды. Түйе мен жылқы, қой, сиыр, *Төрт түлік* малды құрадың (АӘ). Байбөрі деген бар екен, Байбөрі малға бай екен, *Төрт түлігі* сай екен, Бір перзентке зар екен (АБ). ♦ Төрт түлікті жеке-жеке атағанда **түйе малы, жылқы малы, қой малы [ешкі малы], сиыр малы** дейді. Әрі бұлардың сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды ойсыл қара, қамбар ата, жылқышы ата, шопан ата, шекшек ата, зеңгі баба деп атаған. Ал бұлардың бәрін қосып аяқты мал деп атайды. *Аяқты малға* есеп жоқ, Айдалып барып жайылар (ҚЖ). Төрт түлікті кейде жұп [аша, айыр] тұяқ, тақ [тік] тұяқ деп те атайды. Төрт түлік малды оның «иесі», «киесі» бар деп нанып, оларға жалбарынатын, киелі ақ нар, киелі ақ боз айғыр, киелі көк қошқар, киелі көк бұқа деп ат қою салты болған. Малымның құты деп, еркек малдан белгілі бір айырды, бура немесе лөкті, қошқарды қастерлеген де салт болған. Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Ұзақ сапар, қиын асу бел, барар бағыты бағдарсыз жолды төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен деп суреттесе, түйенің ауыр мінезін тыныштықтың, бейбіт тірлік қалпына балап, оның мінезінде көрініп қалар «жеңілдікті» жамандыққа жорып, түйе ойнақтаса, жұт болады деп бағалаған, күштілікті — нар жолында жүк қалмас; атан жілік жігіт деп, сұлулықты — бота көзді боз жігіт, бота көз ару деп суреттеген.

Түйе малы тұқымына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Әуелі бір өркешті, қос өркешті болып бөлінеді. Қос өркештілерді: айыр өркеш, айыр түйе, айыр өркеш түйе дейді. Айыр түйе өркешінің арасы кеңдігіне әрі өркеш айырының биік-аласалығына қарай үш түрлі: таза айыр Түйенің бұл тұқымы екі таза айырдан не айыр мен қоспақ түйеден туады. Таза айыр — Азу тісі қаладай, Екі өркеші баладай (АӘ). Қоспақ өркеш Өркешінің ұшы ғана айыр болады. Түйенің бұл тұқымы нар мен айырдан туады. (Қоспақ қазақта тегі таза емес деген ұғымда жиі қолданылады). Мырза қоспақ; жөн, жонбай Екі өркешінің арасы алшақ болғанмен, өркеш ұшы шошайып, шоқтықтанбай келеді. Нар түйе [нар] Бір өркешті түйе. Бұлардың тегі лөк [лөк түйе]. Қазақстанның кейбір жерінде түйенің бұл түрін жалпы атпен мая дейді. Ұрғашысын аруана дейді, ал Қазақстанның біраз жері мая деп нар түйенің ұрғашысын ғана атайды. Төзімділігіне, жүйріктігіне қарай қазақ ауыз әдебиетінде жел мая атанған түйе тұқымы осы. Атақты Асан қайғының: «Жел мая мініп жер шалсам»,— дегенде-

гісі осы түйе тұқымы. Ал аруана түйе сүтті, таза тұқым. Оны аруана не аруана мая деп те атаған. Аруанадан туған мая бар Асылын айған десе нағғысыз (М. Ө.).

Нардың енді бір түрін бір туған не бір тума деп атайды. Түйенің бұл түрі лөк пен таза айыр түйеден туады: аруана мен таза айыр бура екеуінен бір тума туады, бір туманың ұрғашысына айыр бура шөккенде көбіне мырза қоспақ туады, ал нар бура мен айыр інгеннен нар болып туса, бір туған дейді, егер айыр боп туса жампоз дейді. Қара нар Бір тума. (Қазақтың өлең-жырларында қайрат-күш иесі, төзімділік иесі ретінде көп айтылады). Қабырғасын сөксе де, Қайыспас қара нар-ды деп (М. Ө.). Қалы кілем, қара нар Жарасады қатарға (М. Ө.). Ал бір тума нарға лөк шөксе, не аруанаға жөн шөксе, қылағай туады.

Түйе малының аттары: Атан Айыр түйенің ақтасы. Атанға тартсаң ауырмын, Батпанға тартсаң бастырман (АӘ). Маңмаң басқан сары атан, Маңғыстап шығар өріске (М. Ө.). Атандай даусын ақыртып, Басын бір кессем деп едім (М. Ө.). Інген айыр Түйенің бес жасқа толғаны. Інген еңіресе, боту бозлар (МҚ). Атанша Айыр түйенің бес жасқа дейінгі ақтасы; Інгенше Інгеннің бес жасқа дейінгісі. Мінгенде атың жиренше, бикем, жар-жар-ау, Артқы түйен інгенше, бикем, жар-жар-ау. Нарша Нардың бес жасқа дейінгісі; тайлақ, тайлақ түйе, нар тайлақ Түйенің екі жастағысы. (Қазақта «Жез бұйдалы нар тайлақ» — деп көбіне бой жегіп келе жатқан аруды айтқан). Жатып қалған қара нар, Оны білген бар ма екен? Жез бұйдалы сары інген, Оны білген бар ма екен? Жез бұйдалы нар тайлақ, Оны көрген бар ма екен? — Жатып қалған қара нар, Ол екеңіз болмасын, Жез бұйдалы сары інген, Ол пешенің болмасын. Жез бұйдалы нар тайлақ, Ол өзіңіз болмасын? (Жұмбақ өлең). Тайлақ түйедей тайраңдады Ерсі мінезге, ептейсіз қимылға қарата айтады. Бота Түйенің бір жасқа дейінгісі. Түйе сүйер баласын боташым деп, Жаудыраған көзіңнен «тоташым» деп (АӘ). Бура Таза айырдың келеге түсетін еркегі. Кенжекей құба інгенді бураға шөгереді (ҚЕ). Жатқан жері даладай, Азу тісі қаладай, Екі өркеші баладай, Қаршылдаған бурасы, Жалбыраған шудасы (АӘ). Нар бура Қоспақ не бір туманың келеге түсетін еркегі. Төсінде бар қос анар, Нар бураның санындай, Оймақ ауыз, құмар көз, Іздеген ерге табылды-ай (ҚЖ). Лөк Нардың таза тұқымды бурасы. Қас үлектен туған катепті, Қара нар керек біздің бұл іске (М. Ө.). Буыршын Жас бура. Буыршын мұзға тайған күн, Бура атаңа шөккен күн (М. Ө.). Бурадан кескен аз-

* «Төрт түлік» жайлы материалды Қ. Өмірәлиев дайындаған. Түйе малын тұқымына қарай жіктеу, оның атаулары Ғ. Себелевтің «Түйе және оның өзбелі туралы қазақша атаулар» (СССР ҒА Қаз. ф. хабарлары, 1944, № 1) деген макаласынан алынды.

банға *Буыршын* басып шөге алмас (АӘ). *Нар Бір туманың басы мен ұрғашысына ортақ ат.* (Сол себепті де нар мая, нар бура деп айта береді).

Түйе малының түсі: Түйе түске бай емес. Түйені қызыл нар, сары атан, сары інген, боз інген, құба інген, қара нар, ақ түйе т. б. деп түстейді.

Түйе малында болатын қимыл-әрекеттің атауы: Боздады, ботадай боздады, ботасы өлген түйедей боздады; бақырды, бақырауық сары атан; көрі түйедей бақырауық; күркіреді, күркіреуік, жараған бурадай күркірег; тісін қайрады, шабынды. Қара бура аузынан ақ көбікті бүрқ-бүрқ шашып, *тісін қайрап*, басын өркешіне ұрғылап, *сур-сур етіп*, артқы аяғын талтайта, бөксесін шөмейте, тірсегін бүгіп, кеудесін көтеріп алып, бұғы мен екі жанын құйрығымен ұрғылап, айбат шегіп, шабынып тұрып алды (АТ). Тулады, ойнақтады, тайраңдады. Түйе ойнағтаса жұт болады (Мақал). Жарады. Жараған бура сырттанып, қырыққан теке бұттанып (АӘ). Бошалады. Боз інгені құрысын, *Бошалап* қашып кетіпті (АӘ).. Бір күні ертемен тұрса Құба інген жоқ, *«Бошалап* кетпесе игі еді» деп Кенжекейдің жүрегі су ете қалады (ҚЕ). Тартынды, тартыншақ, итінді, итіншек. Алдыңғы түйең *итіншек*, Басқа соқпа келіншек, Артқы түйең *тартыншақ*, К...ке соқпа келіншек (АӘ).

Түйе малында болатын ауру түрлері: Қатпа. Қатпа болған түйедей, Киеңкі болған биедей (Ш. Қ.). Қышыма, қотыр, ақшелек, сары су т. б.

Түйе малына айтылатын кейіс сөз: Ақ шелек келгір, қатпа келгір! Қышыма келгір! Тәу жайылғыр! Соылғыр! Жайрағыр! Тау басында ақ терек, Қыздар тағар мойнына, Қалампыр, маржан текшелеп. Айдасам жөнге жүрмейсің, Иесіз қалған ақ шелек! Сенің бірің қалмағыр, Ешкім сені алмағыр, Айдасам жөнге жүрмейсің Иесіз қалған жайрағыр! Арай жаным, арай! (АБ).

Түйе малынан алынатын өнім: Жүн шуда Түйенің өркеш үстіндегі, тізеден жоғары жердегі, мойнының астындағы ұзын қылшықты жүні. Маң-маң, маң басқан, Шудалары шаң басқан, Төрт аяғын тең басқан Екі өркешін қом басқан, Түйе басын үйінді (АӘ). Боздақ Түйе түлеген соң шыққан жаңа жүн. (Жас бала тоңғанда жақ жүні үрпип кетуіне орай боздағы шықты, боздағы шығып жаурады дейді). Түйе малының сүті: Қымыран, шұбат.

Түйе малына қатысты заттар: Қом [жазы немесе жады, шом], ком ағаш [жазы ағаш немесе жады ағаш], ашамай, [айыл, айылқұр], ноқта, [бұйда немесе бида], мұрындық [мұрындық тығырығы] т. б.

Түйе малының тобына, өрісіне қатысты сөз: Келе Түйенің тобы; Матау Түйенің өріс орны. Оған риза болмасаң, матау толған түйем бар, Соған түгел ие бол, Қоя бер мені пешетай (ҚЕ).

Төрт түлік малдың ішінде қай халықтың болса да құрмет тұтқандарының бірі — жылқы малы. Халық аузында ер қанаты — ат деген нақыл сөз жиі кездеседі. Өлең-жырларында ақындар жылқы малын құрметтеп сөйлеген: Мен қазанаттан туған қаз мойын (М. Ө.). Белгілі қаз мойынды қара көкінін, Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын (Б. Қож.). Құлын-тайдай ойнаған оң жақ қайда? (АӘ). Тай-құлындай тебіскен, Асық ойнап алысқан (ҚЖ). Алпыс жасар сорлы анам, Алдыңнан шығып жануар, «Құлыным менің Төлеген, көрдің бе» десе не дейсің (ҚЖ).

Жылқы малы тұқымына, жүрісі тұрқына, т. б. қарай бірнеше түрге бөлінеді: Арғымақ, Арғымақ жабы көрінер — Аса шауып бұласа; Арғымақ сені сақтадым бір күніме керек деп (М. Ө.). Арғымаққа айдай таға қақтырып, Еділдің көкше мұзынан, Шауып өтсең таяр ма? (М. Ө.). Қазанат. Арғымақтан туған қазанат, Күніне көз көрім жер шалғысыз (М. Ө.); Астыңдағы Шұбардың, Басын кесіп тастай көр, Қазанат тауып берейін (АБ). Жабы. Тауға біткен аңдызым, Суға біткен жалбызым, Жабыны жауға мінгендей, Нешеу едің жалғызым (АБ). Тобышақ. Тобышақ атты баптады (АӘ). Екі түкей. Екі түкей торыш ат, лауға қоса алады (АӘ). Текежаумыт; бедеу ат. Бедеу аттың бестісі-ай, Адамның азбас естісі-ай (АБ). Қазақы ат; қарабайыр. Арғымақ пен қазақы аттан туады. (Жабыны қазақы ат деу де бар.). Қазақтың атам заманнан өсіретін жылқысы «қазақы» аталатын — жабы. Арғы түбі, «монғолдық» аталатын бойы аласалау келетін қазақы жылқылар бертін келе асылдандырылып, денесі ірі, төзімді, мықты бола бастады. Қазақы жылқылардың ең мақтаулы түрлері: жүірік пен жорға (С. М.). Қанында шығысың мен бағысың жоқ, Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ, Қашаннан қазағымның қол тумасы, Арабтың дүлдүлінің қатысы жоқ. Манғұлдың мес аты емес тұқырыңған, Бұл таза швед, шотлан тұқымынан, Жануар шапса жүірік, мінесе берік, Озбайды жүгіргенде жылқы мұнан (І. Ж.). Пырақ. Мифтік аңызда ұшатын ат, қанатты ат. (Қазақ ауыз әдебиетінде пырақ көбіне «жүйірік», «тұлпар» дегеннің баламасы болып келеді). Дүлдүл. («Дүлдүл» о баста Тайбурыл деген сияқты Мұхаммед пайғамбардың ақ қашырының аты болыпты-мыс, бертін келе сол діни ұғым бойынша, дүлдүл Әлінің аты болып суреттеледі).

Жылқы малының аттары: Қыл құйрық, жүнт. (Бұлар жылқының ілгері-кейінді әрі ауыспалы атаулары). (Жүнт — ертеректе айтылған, қазір «жұнтай» боп семірді» деген фразда ғана сақталған. Ескі он екі мүшел жыл календарында «жунд жылы» деп жыл атына төрт түліктен «қой», «уд» [сыыр] малымен қатар осы «жүнт» кірген). Қыдыра жалды қыл құйрық. Жылқы, ат деген мағынада. Қыдыра жалды қыл құйрық Сенен озбас деп

едім, Екі аяқты, бір басты Менен озбас деп едім (ҚБ). Ат *Мініс көлігі есебіндегі жылқы малы*. «Ат тұяғын тай басар», «Алып анадан, ат биеден туады», «Ер қанаты ат», «Аттың жалы, атанның қомында» (Мақал); *Атқа* салдым терлікті, Дүшпанға қылдым ерлікті (АБ); Сонда Кенжекей өкесінің берген еншісіне, мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына разы болмайды: — Әкем маған жылқыдан тандатсын, Шалқұйрық атты берсін... Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім (ҚЕ); Қабағы қалың сол бала, Тіпті шұнақ қу бала, Шұбар ат мінip келеді (АБ). Қазақ шабыс атын: Жүйрік тұлпар, күлік [осыдан сайгүлік, сайгүлік], саңлақ, бөйге ат деп, кейде жанама атпен: түйғын, көк түйғын, құмай, арда, арда күрең деп атаған, ал салтанатқа мінетін атты: жорға ат, су жорға, төкпе жорға, айдама жорға, шайқалған жорға деп атаған. Жай мініс атын: мініс ат, аяқ ылау, жетек ат, қосақ ат, түп ат, көсем ат, нар ат деп, ал жорықта алып жүретін атты ереуіл ат деп атаған.

Аттар жасына қарай былай бөлінеді: Жас ат, гексе ат, сақа ат, сар кідір ат, сары тісті ат, кәрі ат, т. б.

Эпос және тарихи жырларда жүйрік аттардың кей уақыт лақап аты (жалқы есімі) болған. Мысалы: Ер-Төстіктің Шалқұйрық аты, Көрұғлының Қыраты, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбұрылы, Қамбардың Қарақасқасы, Ер Тарғынның Тарланы, Төлегеннің Көкбозы, Көбіккінің Ақмоншағы, Қараманның Сандалкөгі, Исатайдың Ақтабаны, Кендебайдың Керкұласы т. б.

Жылқы малының еркегін мініске, ұзақ жола, жортуылға берік болу үшін көбіне ақтатып, ақта қылып қояды Жуандап мойыны өссін деп, Бір байталға жіберді. Бестісінде үйретті. Жібек арқан құлаштап, Таралып бойы өссін деп, Ұзын байлап сүйретті. Алты жаста ақтатты, Өзіне өлшеп Бурылдың Артынан тұрман қақтатты (ҚБ); Сен құлында емдің, тайда емдін, Құнан жаста арда емдін. Дөнен жаста үйреттім, Алты қабат ала арқан, Жібектен өріп сүйреттім! Бес жасына келгенде Бел қызығын көрсін деп, Бес бедеуге салдырдым. Алты жаста *ақтаттым* (ЕТ).

Жүйрік аттардың дене бітімін суреттеу арқылы жасалған өрнекті сөз айшықтары бар. Олар: құйрығы — қынантан шыққан қанжардай, жалы — күлтеленген жібектей, шықшыты — оралып жатқан түбектей, құлағы — көлге біккен құрақтай, қабағы — қара албасты қабақты, бауыздауы — піскен алма сағақты, көзі — тырықтан шыққан шырақтай, танауы — тығынын алған шелектей, омырауы — Еділден шыққан аңғардай, сүбелігі — тастан соққан қорғандай, жамбасы — ұста соққан сандалдай, тұяғы — от орнындай (ЕТ) Қалбыр өкпе, сом [кетпен, шара] тұяқ, сом аяқ, быртық бакай, болат тұяқ,

тәует бас, қамыс құлақ, құлан жал, қаншыр мойын, бұлан мойын, қой жұтқыншақ, ит өндіршек, қоян жон, құс тошпы, түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншек, жемая тілерсек, салбыр тірсек, серке сан, бөкен сан, талыс танау, қақпан бел, үңгір сағақ, сапты аяқтай ерінді, салпы ерін, сала сүйек (І. Ж.); Қой мойын, қоян жақ, бөкен қабақ, ой желке, теке мұрын, салқы төс, тақыр бақай, жұмыр тұяқ, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ етті, бота тірсек (Абай); Ойық желке, кекшіл бас, құлжа мойын наз бедеу (Б. Ө.); Күдері бел, күшшек сан (Б. Ө.).

Айғыр. Жылқының үйірге түсетін еркегі. Тістеуік айғыр секілді. Үйірінді сұйылтып, Тай-құнанды қуғансың (Д. Б.); Сәуірік айғыр секілді, азынаған айғырдың үйірін көр, Менменсіген жігіттің өз үйін көр; Жаман айғыр енесіне тап берер. Бие. Құлындайтын жылқының бес жасқа толғаны. (Биені мама бие, құлынды бие, құлық бие, кексе бие тағы басқа түрде айта береді); Байтал. Жылқының екі жастан бес жасқа дейінгі ұрғашысы. (Байталды құнажын байтал, дөнежін байтал деп айырады). Байталсың қапелімшіл бір жел қуық (Айтыс). Бесті — жылқының бес жастағысы; дөнен — жылқының төрт жастағысы; құнан жылқының үш жастағысы; тай — жылқының екі жасары; жабағы — жылқының бір жасқа толмағаны, құлын жүні түспеген, тай шықпаған кезі, құлын — жылқының бір жасқа дейінгі, жабағы жүні көтерілгенге дейінгі баласы.

Жылқы баласының өсуіне орай тай шықты, құнан шықты, дөнен шықты, бесті шықты, ат болды деп айтады. Құртқаның баққан Бурылы Жасқа толып тай шықты Жалтырап маңдай ай шықты. Тайдан құнан бұл шықты... Құннанан шығып дөненді, Бестісінде үйретті (ҚБ).

Жылқы малының жасына қарай байқалатын мінезін ұқсатылып барып жасалған фразалар бар: құлындай құлдырап; құлында даусы шықты; ат болар тай саяққа үйір; бесті айғырдай азынап т. б.

Жылқы малында болатын құбылыстарды білдіретін сөз тіркестері: Тоқтап кетті, құрсақтанды, құлын салды. Құрсағы жуан боз бие, Құлын салмас демеңіз, Құлым туған құлаша, Құрсақтанбас демеңіз (Б. Қ.). Айғырға салды, айғыр шапты, үйірсек. Жасыңнан үйірсек деп естүші едім, Шауысын өш айғырдың енесіне (Ө. Төн.); Үйірге түсті; үйірін қуды [сұйылтты]; құлағын біздей қадады; бүйірінен жарады; кекілінен қарады; қанжырдай қатып жарады; ішін тартты; сүмбідей жарады; суытуы түсті; мейіздей қатып жарады; шаңына ілестірмеді; аса шапты; ақ бөкендей ойнады; топ жарған; сауға салған; қанаттыны қаққан; аузымен құс тістеген; бөйге бермес т. б.

Жылқы малы не адамның ара қатынасын білдіретін сөз тіркестері: Ат салысты; ат қойды; аттан салды; ат ұста-

ды; ат ұстар; ат ұстатар; ат байлар; ат құйрығын кесісті; ат сауырын берді; ат құлағы теңесті; ат басын тіреді; ат басын бір кезеңге теңесті; жылқыға жау тигендей; ат сабылтты; ат құрғатпады; ат айдады; ат қосты; ат тартты; ат қайтты; құйрық тістесіп келді т. б.

Жылқы малына тән кейбір қимыл-әрекеттерге қатысты сөздер: Оқыранды, кісінеді, шұркырасты, нискелесті, қасысты, тістесті, тебісті, жусады, үйзедеді, оскырды, үрікті, тулады, тарпыды, шапты, жорты, желді, аялдады, қарғыды, секірді.

Жылқы малын саууға байланысты тіркестер: Бүкпе салу (Алдыңғы қамшылар жақ аяғын мойын жіпке бүге байлайды); күрде салу (Тебеген асау биені сауарда мойын жіпке қамшылар жақ не мінер жақ артқы аяғын тірсегінен іліп қояды).

Жылқы малын ұстауға, бас білдіруге байланысты тіркестер: Бұғалық [құрық] салу (Ұзын арқанның басын тұзақтап, не ұзын құрыққа тұзақты жіпті іле байлап, мойнына тастайды); қыл бұрау салу (Тақымына я үстіңгі ерніне тұзақты жіп салып бұрайды).

Жылқы малының жалқұйрығын күзеуге байланысты тіркестер: Тай күзеу, құнан күзеу, бордақы күзеу (Тайдың құйрық түбінен құндыздық қылын қалдырып, мандайынан кекіл жалын қалдырып күзейді, құйрығы ұшынан шыбын қағар құйрық қылын қалдырады, құнанның құйрығына тимей тек жалын күзеп, кекіл жалын, кекіл қағарын әрі шоқтығына жақын, мінерде ұстар тұсынан бір топ жалын қалдырып күзейді, ал бордақыны күзегенде тоқалдап күзейді).

Жылқы малында болатын түстер: Боз. Боз шапса, боз озбай ма буырылдан, Мен шапсам жер танабы қуырылған (Айттыс); Ақ боз ат, ала ат, алаша ат. Алаша аттың басы деп, Қалмақы ердің қасы деп, Қақ жүректің тұсы деп (ЕТ); Шаққан, қылаң, қара ат, қара кер, қызқара, қара құла, сары ат. Тақсыр-ау, бұл бергенің сары ат екен, Аузында бір тісі жоқ кәрі ат екен (С. А.); Сары сұр, қызыл ат, жирен ат, құла, құла кер, баран, құла жирен. Құла жирен ат мінген, құйрығын шарт түйген (М. Ө.); Бурыл, күрен ат, кер ат, кер торы, сұр ат, торы ат, шұбар ат, шауқар ат, қырат, көк ат, қара көк, бөрте, ақ бөрте, тобылғы меңді торы ат, ақ құла, ақ сұр т. б.

Төрт түліктің бірі — сиыр малы жайлы да тілімізде жеке атаулар мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер де едәуір: Сиырдың сүті тілінде; сиыр алсаң танып ал, танымасаң тарғыл ал; Сиыр бақтым дегенге сідан қақтым десеңші.

Жаман сиыр өрешіл деп; құдай сүзеген сиырға мүйіз бермейді деген; сиыр сипағанды білмейді деп; сиыр мінез — мінезі теріс, шадыр кісілер туралы. Сиыр бүйректеніп — ынтымақсыз, бөлек болу туралы. Мүйіздекен сиырдай — жанжалгесті, өзара қастасу туралы.

Сиыр — осы түліктің жалпылық аты, әрі үш жастан асқанын, бұзаулайтынын да осылай атайды, көбіне сауынды сиыр деп те айта береді.

Сиыр малын жасына қарай: бұзау. (Бір жасқа дейінгі); торпақ, тана. (Бір жастан асқаны). Кей жерде тана деп тек ұрғашысын атайды. Оңтүстік жағында «тана» сөзі, «тай» сөзі еркек тай, ұрғашы тай іспетті келеді де, еркек тана, ұрғашы тана, тана бұқа түрінде айтыла береді. Баспақ. (Күзге қарайғы бұзауды кей жерде осылай атайды). Тайынша. (Екі жасқа келгені); құнажын (Екі жастан асқаны, төл беретіні). Екі жастан асқан еркегін, тарттырылса өгіз, тарттырылмаса бұқа дейді. Өгізге туған күн бұзауға да туады деген осыдан. Өгіздей боп. (Үп-үлкен бола тұрып); өгіз сияқты. (Бас-көзге қарамай, киіп-жарып жүре беретін кісіге айтылады); өгіз кара күші бар. (Күшті, қарулы деген мағынада); өгіздей өкірді. (Үлкен кісінің қайғы-құсада қатты жылауы); өгіз олжа, өгіз сыбаға. (Үлкен, мол сыбаға). Өзгеге өгіз олжа тигенде, әкеме бұзау олжа тиетін ер ме еді. (В. В. Р.). Өгізді өрге салсаң, қанатың талады. (Қинамау, қиынға салмау туралы). Сол сияқты бұқаға салды, бұқадан шықты, тоқтап кетті, бопалады, бұзаулады сияқты сөздер қолданылады.

Сиыр малына айтылатын қарғыс, кейіс сөздер: Сшыра алғыр! Қарасан келгір! Ошақ болғыр! Оқыра тигір! т. б.

Төрт түліктің бірі — қой малы. Қой жуастықтың, момындықтың, бейбіт жағдайдың баламасы ретінде алынып, тілде осы мағыналарды білдіретін көп-көп сөз тіркестері жасалған: Қой баласын сүйеді қоңырым деп, Еш нәрсені білмеген момыным деп (АӘ). Осыдан келіп, адам момынын: қойдан қоңыр, жылқыдан торы; қой аузынан шөп алмайды деп айтады. Ал қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған; қойы өрісте түнеген; жағып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жұрт деп бейбіт өмірді, берекелі елді, құт мекенді айтқан. Адамдардың сағынып табысуын — қойдай маңырап шуылдап, қозыдай маңырап дуылдап; қойдай маңырап, қозыдай жамырап деп, қалың момын жұрттың тұйыққа тіреліп, сасқан шағын — ұйлыққан қойдай қамалды деп суреттеген.

Қойды жасына, еркек-ұрғашысына қарай: Ұрғашы қей. (Төлдейтін қой); саулық қой. (Сауылатын, көбіне бес жастан асқан қой); дөнен қой. (Төрт жастағы қой); құнан қой. (Үш жастағы қой); ісек қой. (Екі жастағы еркек қой); тұсақ. (Екінші көктемге шыққан, былтырғы қозы). Кебе, кебе қозы, көпей, көреш, көрпелдес, көбе, көбеген. (Ерте туған қозы). Байдың ұлы көрпелдес, шұбалаңқы тартады, Айдап жүрген малдан соң (Б. Қ.); Базарбайдың Төлеген, Ерте туған көбеген (ҚЖ). Осылармен қабат бағлан, марқа қозы, сырбаз қозы — «жетілген, «піскен» деген мағынада. Бал татыған бағланның

езіліп етін шайнауы (Д. В.). Қозы. (Қой төлінің туғаннан тоқты болғанға дейінгі жалды аты). Қозым, қоныр қозым, қошақаным десе, тату балаларды егіз қозыдай дейді.

Еркек қой немесе азбан деп те айта береді. Ал қойға жіберетін еркегін қошқар деп атайды. Қазақта қошқарға қатысты: қошқар болар қозының маңдай жағы дөң болар деп болар бала жасынан дегенді білдірсе, екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды деп екі мықты сыйғысып, бір отыра алмайды дегенге мезгейді.

Күйекке байланысты тіркестер: Қошқар жіберді; қошқар салды; қошқар қойды; қой қашты; қойға қошқар жіберді; күйек байлады; күйек алды; күйектен құтылды. Үш ай тоқсан болғанда Құтылар қошқар күйектен (ҚБ); күйек кез. (Қошқарды қойға күйекпен жіберген кез, мұнда әрі қойдың күйлегенін білдіреді). Ал ауыс мөңдегі күйек асты жақын жасырын, жұрт көзінше жорта адалсып жүріп көңіл-дес болу деген мағынаны білдіреді.

Төрт түлікте қоймен қосылып айтылатын мал — ешкі. Оны шекшек ата баласы деп те атаған. Қарағай мүйіз серкелі. Шүйде жалды желкелі, Шекшек ата баласы Ешкі бассын үйінді (АӘ). Ешкіге қатысты мынадай сөз тіркестері бар. Ешкі баққан зыр қағар; есі кеткен ешкі жиар; тоқал ешкі қой бұзар; ешкісі өреген, түйесі кетеген; ешкі [теке] «бақ-бақ»; ешкі еті жел немесе теке сасиды; сасық теке; түйені жел қозғаса, ешкіні көктен көр. Ешкінің серкесін мал баққан жұрт қатты құрметтейді: серкесіз қой болмайды деп қоралы қойға басшы ретінде серке қояды да, оны көсем серке дейді. Ай мүйізді ақ серке қойды бастар жар-жар-ау (АӘ).

Қой мен ешкіге қатысты ауруларға орай: Кебенек келгір [қатқыр]! Топалаң келгір [тигір] т. б. қарғыс мәнді фразалар жасалған. Төрт түлік малға қатысты шақыру, кею мәнді бір алуан одағай сөздер бар: Тәк-тәк қашқалақтаған жылқы малын тоқтатуға, ұстауға орай айтылады. Анасын танып Тайбурыл Теректегі шылбырын Үзіп ала жөнелді. Ат қашқасын «тәк-тәк!» деп Қобыланды батыр жүгірді (ҚБ).

Жылқы малын ұстарда құр-құр, құру-құру десе, жем я тұз дорбаға жылқыны шақырарда моһ-моһ дейді. Сыыр малын ау-нау [хау] деп, қой малын пұшайт-пұшайт, пұшай-пұшай, құрай-құрай деп, ешкі малын шөре-шөре, шөрей-шөрей деп шақырады. Көрі Құлтай жете алмай, Жүгіреді шөрелеп, Қайда кетіп барасын Иесіз қалған кебенек, Шөрей, жаным шөрей (АБ). Түйе малын көс-көс, көйіс-көйіс деп шақырады, сауу үстінде идіру үшін де осылай дейді. Кей жерлерде моһ-моһ сөзімен де түйені шақырады. Сол сияқты итті кө, күш-күш дейді. Жылқы, түйе малын айдағанда шүү! Айт шүү! дейді. Айт жануар, шүү! деді, Құбылып Бурыл гүледі (ҚБ). Ауыз әдебиетінде түйе малын айдағанда арай, арай деу кездеседі. Байбөрі-

нің кетті ме, Пірлерінің киесі. Айдасам жөнге жүрмейсін Адыра қалған Алпамыстың түйесі Арай, жаным, арай, арай! (АБ). Сыырға өк! Өгізге соп! — десе, қойға рит [үрит]; қош! қош-қош! деп, ешкіге шек! шек! деп, итке кет, тұр, жоғал дейді.

Түйе малынан бураны інгенге шөгергенде, екі бураны ұрыстырарда келе-келе десе, айғырға (кей жерде бураға) құрайт-құрайт, кырит-кырит! дейді. Малды сүзсіз тірерде: қошқарға үрит [рит], соқ-соқ! бұқаға күж-күж! дейді. Ал итке бас-бас! айт, айдақ! һайт, айтақ, айтақ! дейді. Осы одағай сөздерден келіп, біреуді біреуге айдап салу мағынасында: айтаққа еріп, айтаққа мез болып, айтаққа елеріп, айтаққа үріп, жұртты айтақтап деген, сол сияқты үрит, соқ-соқ, үрит, соқ-соққа салып деген фразалар жасалған.

ТӨРІНЕН КӨРІ ЖУЫҚ *Қартайып, өлімге талу; бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. Төрінен көрі жуық әкеңді қабырына тонап кіргізбекпісің? Масқарасын әлемге шашып, ит жемі қып өлтірмек ешің бар ғой, сірә! — деді Абай Оспанға (М. Ә).*

ТӨС АРШЫНДЫ СҰЛУ *Мүсіні әдемі қыз, әйел.*

ТӨСЕГІМЕН КӨТЕРДІ *Келін боп түсе, екі қабат болды. Қарашап түскен жылы төсегімен көтеріп ұл туады (Н. Б.).*

ТӨСЕГІН БЫЛҒАДЫ *Зиналық (бұзықтық) істеді деген мағынада.*

ТӨСЕГІНЕН АЙРЫЛҒАН *Жаны тыныш жатпаған, жұрт қамы үшін ұйқы бөлген. Тағ табаны төрт елі Атам жүрер жер екен, Төсегінен айрылған Атам жүрер жер екен (ШС).*

ТӨСЕК БОЛЫП ЖАТЫР *Жерге шашылып, рәсуа болған астық, жеміс, т. б. жайлы айтылады.*

ТӨСЕК ЖАДЫ *Әйел жанды, үй күшік. (Кей жерде «жады бас» түрінде де айтылады). Төсек жады мырзалар, Ала баспақ байлының (Д. В.).*

ТӨСЕК ЖАҢҒЫРТТЫ *Әйелі өліп, екінші әйел алған кісіге айтылады. (Кейде әйелінен айырасып, басқа әйел алған адамға да айтылады). Әлгі, бұрынғының мақалы бар емес пе: «Кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырады; байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырады» деген (С. С.).*

ТӨСЕК ТАРТТЫ [ТАРТЫП ЖАТЫР] *Сырқап меңдеп жатып қалды; қатты ауырды, науқастанып жатыр. Науқас шалдығып, төсек тартып қалғанында, Байғабылмен қазақшылық жолымен сөйлесіп, ақымды сұрап едім, күстаналап ұрсып тастады (С. О.). Содан бері алты жыл Жезқазғандағы қалалық ауруханада төсек тартып жағырмын, қол-аяғым қимылға келе алмай-ақ қойды (ҚӘ). Күндерде*

бір күні шал қатты ауырып, төсек тартып жатып алды (ҚЕ).

ТӨСЕКТЕ БАСЫ ҚОСЫЛДЫ **○** **ТӨСЕКТЕ БАСЫ, ТӨСКЕЙДЕ МАЛЫ ҚОСЫЛДЫ** *Ағайын-туысты, ынтымағы, бірлігі бар, қонысы ортақ жұрт болды. Керек десе, түтіниміз бір ұшқан, Төскейде мал, төсекте бас қосылып, Жанымыз да, қанымыз да туысқан (О. Ш.). Түрікмен төскейде малың, төсекте басың қосылған бауырың емес пе еді (Ә. Н.).*

ТӨСЕКТЕН БЕЗІНДІ **1. Жар көңілінен суынды. 2. Жортуылды күндер туып, ұйқысын қашырды.** Ат үстінен күн көрмей, Ашаршылық шөл көрмей, Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей, Ерлердің ісі бігер ме? (М. Ә.).

ТӨС ҚАҒЫСТЫ **○** **ТӨСКЕ ТӨС ТИГІЗДІ** **○** **ТӨСІН АШТЫ** [ТҮЙІСТІРДІ] **1. Дос болды.** Шыңқожамен табысып, Уағада сөз алысып, Толтаймен төс қағысып, Аянт суынан ақ ішіп (Манас). **2. Құшақтасы;** көрісті. Қанат әлі де үнсіз болатын. Жұматай досымен төсін түйістіріп көрісіп болғанда барып, ол көзінің жасын сүртті (Ғ. С.).

ТӨС ТАБАНДАП ЖАТЫР *Бауырын төсеп, етпегінен жатыр.* Лабасы төрде жатыр төс табандап, Шоңқиып, малды ауылдың төбегіндей (І. Ж.).

ТӨС ТАБАНДЫ БИ *Ықпалы, тегеуріні күшті, табанды би.* Ырғасқанға шыдаса, төс табанды би сонда болады ғой. Өзінің толайым нұсқасы бітімшіл, дәнекершіл болғандай (М. Ә.).

ТӨС ТАБАНЫ ЖЕРГЕ ТИДІ *Әбден жүкеледі, шаршап-шалдықты.*

ТӨТЕСІНЕН [ТУРА] **САЛДЫ** [ТАРТТЫ] *Тіке, жол қысқарға жүрді.* Табиғат көрінісіне елтпй аз тұрған қыздар селого төтесінен салмай, өзен бойын жағалап кетті (Қ. Қ.).

ТУ БАЙЛАДЫ [КӨТЕРДІ] **○** **ТУ ҰСТАП, ТҰЛПАР ЖАРАТТЫ** **○** **ТУ ТІКТІ** **○** **ТУ ТІГІП, ТҰЛПАР МІНДІ** **1. Ерлік жорыққа елді көтерді, қол бастады.** Ер Қабанбай ту байлап, Арқартаң атты борбайлап, Ақтамберді айқайлап, Қалмаққа кірді желіге (Д. Б.). Қара тастың астынан су көтерген, Су түскен мұнарды бу көтерген. Туған жанның бәрі де өлмей тұрса, Бұрынғы батыр кайда ту көтерген (Ш. Құл.). *Ту ұстап, тұлпар жаратпай, Алдынан топ таратпай, Жай отындай оқ атпай, Анадан тудым дегенмен, Вастамас ел ұлан ба? (Д. Б.). Атандым Балуан Шолақ бала күннен, Ту ұстап, ерлік етіп тұлпар мінген.* Ешкімге опасы жоқ жалған дүние, Өтті ғой талай-талай кемеңгерден (В. Ш. В.). **2. Жогын жоқтады, намысын қорғады.** Туын тікті сыбанның, Ақтамберді батырды, Ауылдан шығып ат қойып, Ардақтап ұран шақырды (Д. В.). Қу дауысты Құттыбай Қазақ туын көтер-

ді, Даналықпен айырды, Келері мен кертді (Д. В.).

ТУ БАСТА *Әуелден, бұрыннан, қашаннан.* Нұри Ғалиға ту баста жақсылық істеуді ұйғарғанда, оның бірінші сенген адамы да осы Шәкір еді (М. И.). Оқымсыздық ту бастан менің табиғатымда жоқ. Оған менің ақылым да, қабілетім де, төзімділігім де жетпейді (М. И.).

ТУ БИЕ *Қысыр қалған жылқы.* Малшы қазақтар мал базарына жиылған. Құр ат, ту бие, құр өгіз, тік өркеш түйе, тегене құйрық қой — бәрі бар (Ғ. Мұс.). Бергізіп ханымдарға ошапа жай, Келтіріп етіп қойды керегін сай. Сойдырып ту бие мен бағлан қозы, Жегізді бұл келгеннің бәріне май (Т. І.).

ТУҒАН АЙ *Жаңа көрінген ай.* Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды. Жіңішке қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды (Абай).

ТУҒАН АЙДАЙ *Аса сұлу, көрікті, ару жан туралы айтылады.*

ТУҒАН ЕЛ — ТОРҒЫН БЕСІК **○** **ТУҒАН ЖЕР** *Отан, өз елі, кіндік кесіп, туып өскен жер.* Туған елім, қалдың-ау торғын бесік, Үйден кетіп ашам-ау бөтен есік, жар-жар («Бозінген»). *Туған жерді қия алмай, Тентекті жеңіп тия алмай, Әлі отырмыз ұялмай, Таба алмадық өңге елді (Абай) Ендігіге не сұрау бұл жалғанда? Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда. Өлген мола, туған жер жібермейді, Әйтпесе тұрмас едім осы маңда (Абай).*

ТУҒАН КҮН **1. Басына түскен қиыншылық.** Сыыр мен қойға туған күн маралға да туды (СҚ). **2. Жақсылық күн.**

ТУДЫ БІТТІ, КӨРМЕДІ *Өмірінде көрмеді, туғалы көрмеді.*

ТУ ЖЕР **○** **ТУСЫРАП ЖАТҚАН ЕН** **ДАЛА** *Көптен айдалып, жырттылып егін салынбаған жер.* Талай жылғы ту жер биылғы қалың жаңбырда керемет көрсетті (Ғ. Мұс.). Талай жыл, талай ғасырлар бойы тусырап жатқан ен далаға алғаш шабуыл басталғаннан бері тоғыз жыл өтті (ЛЖ).

ТУ ҚОЙ *Қысыр қалған, төлдемеген қой.* Тыста, есік алдында, Тәуке бір ту қойды мүшелеп бұзып тастапты (Ғ. Мұс.).

ТУЛАҚТАЙ СҮЙРЕТТІ *Қиыншылық көрсетті, азаптады, қорлады; күш көрсетті, қоған-лоқы жасады.* Ел-жұртымды күйреткен, Найзаға ерді түйреген, Тулақтай терін сүйреткен, Не қылған жау! Нендей жан? (Б. К.).

ТУЛАК ШАЛУ *Күзем алғанда шашылатын шашу.*

ТУМАЙ, ТУА ШӨККІРІ *қарғыс. Неге тудың екенсің деген мағынада.*

ТУМАСА ДА ТУҒАНДАЙ *Жат болса да өз баласындай.* Қалқам, жылағанмен өлген адам келмейді! Маған да оңай тиіп отырған жоқ. Қайтейін, амал бар ма? *Тумаса да туғандай* еді. Енді жылама, басыңды көтер, тамақ іш, — деп тамақ ішкізеді (ҚЕ).

ТУМЫШ АТ *Арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан.*

ТУРА [ТҮЗУ] ЖОЛҒА САЛДЫ *Дұрыс бағыт берді.* Би мен бектің сәні жоқ, Елін қорғай алмаса, *Тура жолға салмаса*, Ыстығына күймесе, Суығына тоқбаса (Д. В.).

ТУРА [ТҮЗУ] СӨЗ *Шын, әділ сөз.* Жүйріктікпен шалқымай, *тура сөзді* жақтаған. Бала айтса да хақ сөзді, Бұрылмастан тоқтаған (Абай). Өнерсіздің қылығы — *Тура сөзін* айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге, Аз ақшаға жалданып, Өнбес іске алданып, Жол таба алмай жүруге (Абай). Әбілет басқан елерме, Сөзге жуық келер ме? *Түзу сөзге* сенер ме, Түзелмесін білген ез (Абай).

ТУРАСЫН АЙТТЫ *Шынын, анығын баяндады.* Ал Күдері ағамыз, тікелей өз биіміз не деді дейсің ғой! Білмегің осы ма, Жәмеке? *Турасын айтайын* (Ғ. С.).

ТУРА ТІЛДІ *Шыншыл, әділін айтатын* кісі. *Тура тілді* кісіні дейміз орыс, Жиренді жылмаңдықты демес бұрыс. Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай, Амандықты жоғалтар ақыр бұл іс (Абай).

ТУСАҢ ТУ! *Анадан тұсаң осылай артық, асып ту деген мағынада.* Арғыннан туған ардагерім-ай!... *тұсаң ту!* (М. Ә.).

ТУ СЫРТТЫ *Арт жағы, арқа тұсы.* Өзіме ой тастаған қартты өсіме қайта түсіріп, отырғандардың арасына қарап едім, ол менің *ту сыртымда* отыр екен (Ә. Ә.). *Ту сыртынан* келіп қалған күшті аңғармаған дұшпан қатты састы (Т. А.). Мырқал *ту сыртынан* кіріп келген Абзал мен Сафроновты байқаған жоқ, Мирон Павлович тепсіне жетіп келді (Ә. Ә.). Құнанбай сол уақытта сыртынан тұрып кеп, Майырдың *ту сыртынан* құшақтап, қос қолын сыртынан топшыдан қайырып тұра қалды (М. Ә.). Қазылған ор, атылған оққа қарамастан, майдан шебін бұзып өтіп, жаудың *ту сыртына* шығып алдық (Ә. Ә.).

ТУ СЫРТЫНАН ӨТКЕНДЕЙ *Тесіп өткендей деген мағынада* айтылып тұр. Сәл шегір тартқан өткір, қырағы көзі қарағанда адамның *ту сыртынан өткендей* (І. Е.).

ТУ ШӨП *Мал тісі тимеген бітік шөп.* Туғалы тіс тимеген *ту шөбі* бар, Шай шымылдық, жасыл құрақ, Қалың біткен *ту құрақ*, Кейде аққулар жасырынад, Шымылдыққа судырақ (С. С.).

ТУЫ ЖЫҒЫЛМАДЫ *Жеңілмеді, алған бетінен қайтпады.* Жайнаған *туың жығылмай*, Жасқанып жаудан бұрылмай, Жау

жүрек жомарт құбылмай, Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай).

ТУЫН ЖЫҚТЫ [ҚҰЛАТТЫ] *Биліктен айырды, жеңді.* Таң қалды естіген жан нелер мықты, Сабаздың әр пікірі *тура шықты.* Кедей мен жұмыскерді қолына алып, Патша мен алпауыттың *туын жықты* (Ә. Тәң.).

ТУЫРЛЫҒЫН ТІЛДІ ○ *ТУЫРЛЫҒЫН ТІЛЕДІ, ТІЛІП ТОҚЫМ ЕТЕДІ* *Көбіне ескі әдебиетте кездесетін теңеу: тас-талқанын шығару, шаңырағын ортасына түсіру мағынасында айтылады.* Өзін әлпештеп өсірген үйіне, ұясына өрт салған, *туырлығын тілген*, қазанын тепкен қара бетке кім жылы қарайды? (Ә. Т.). *Туырлығың тілмесем, Тіліп тоқым етпесем* (М. Ә.).

ТУЫСПАЙ КЕТКІР! *Бірге тумай қалғыр деген мағынада.* *Туыспай кеткір* алты аға, Бармысың тойда қайдасың? (ҚЖ).

ТҰҒЫРЫНА ҚОНДЫРДЫ *Құтты орық тауып берді.* Өзі баулыған түлек еді, енді соны *тұғырға қондырыпты* (АТ).

ТҰҒЫРДАН ТАЙДЫ [ТҮСТІ] *Қайраттан қайтты, қадірі кетті.* *Тұғырдан* өзің тайсаң, ізіңді басатын шынарың болсын (ШС). Сақал-шашым ағарғанша *тұғырымнан тайғаным* жоқ (М. Ә.).

ТҰҒЫРДАН ҰШТЫ *О дүниеге кетті деген мағынада.* Ақ сұңқар *тұғырдан ұшты*, Кәусардың суын ішті (ШС).

ТҰЗАҒЫ ҚЫРСЫҚТЫ *Жолы болмады; айласы іске аспас болды.* Молдеке, саятшы — сіз, тұзағың — біз, Біз сіздей үй сынықтан ұзап жүрміз. Жасыңыз орта жерге келген екен, *Қырсыққан* кезі шығар *тұзағыңыз* (М. В.).

ТҰЗАҚ ҮЗГЕН ○ *ТҰЗАҚ ҮЗГЕН АЛА АЯҚ* *Ала бөген бұзық, зұлым адам туралы айтылады.*

ТҰЗАҚҚА ТҮСТІ [ТҮСІРДІ] *Қолға түсті, ұсталды.* Бұрын да талай рет келіп, шық жуытпай кеткен Қожанасырды «енді *тұзағыма түстің бе»* дегендей, қаһарлы хан қалың қабағынан қар жауғандай сәл тұнжырап отырады (ҚЕ).

ТҰЗАҚ ҚҰРДЫ [САЛДЫ] *Пәле ойлады, айла, амал жасады.* Дөп Асқап бұқараны бірлестіріп, Өзіне көпшілікті алды бұрып, Өшікті содан бастап Жүсіп оған, Асқапты жоғалтуға *тұзақ құрып* (І. В.). Құлағын тап, *Тұзағын сап*, Аяқтан ап, Сүрінді ат, Кейде жұқа тағасы (С. С.).

ТҰЗ АРАМЫ *Іші тар, қара жүрек, тас бауыр, сенімді ақтамаған кісі.*

ТҰЗДАС-ДӘМДЕС БОЛДЫ *Бірге жүріп, бірге тұрды.* Адамның күні адаммен, Әбеке, айтқаның орынды. Қанша жыл *тұздас-дәмдес* болып жүріп, бір ауыртпалығыңды көтермесек, біздің неміз адам, — деді Ысмағұлов (СҚ).

ТҰЗ-ДӘМ АЙДАДЫ *Кездесуге жазды.* Айтып бер ат-жөніңді, жұртың қайда? Кездестік *тұз-дәм айдап* осы жайда (Т. І.).

ТҰЗ-ДӘМІ ЖАРАСПАДЫ *Тату-тәтті тұра алмады; көп отаспай, ажырасып кетті.* Жігітім екеуіміздің *тұз-дәміміздің өзі жараспай* барады-ау, қит етсе керіске шабатын боп алдық (М. И.). Екеуінің *тұз-дәмі жараса қоймады*, қайсысы кінәлы екенін білмедік, келін төркініне кетті (АТ).

ТҰЗ-ДӘМІ БІТТІ *Өмірі таусылды.* Айрылатын жетті ғой күн, Амал бар ма, жан жарым! Бір көрермін, я елермін, *Бізкен* болса *тұз-дәмім* (Б. К.).

ТҰЗ КӨЗ *Көк көз.* Қиықтау селеу мұрты қатты ширатылған, *тұз көзі* шатынай қарады (З. Ш.). Сарбас көнтек ауыз, домалақ мұрын, *тұз көз*, танал бойлы, талдырмаш сары жігіт екен (С. М.).

ТҰЗ ТАТТЫ *Дәм ауыз тиді, ас ішті.* *Тапқан тұзға* қас қылған жігіт оңбас (МЗ).

ТҰЗЫН АҚТАДЫ *Өзіне еткен еңбегін, борышын өтеді.* Жасым жүзге келгенше, Елім *тұзын ақтармын.* Жаса, Қазақстаным, Аса берсін бақтарың (Қ. Ә.). Жаман емес, *тұзын ақтай* ма деген үміт бар. Осы бір жаңа келгендер киіп кетіп жүрмесе,— деді Рақым күлімсіреп Әлішерге (Б. М.).

ТҰЗЫНА ТЫШТЫ *Өзіне жасаған жақсы ниетін ақтамады, жамандыққа барды.* Дәм-тұз дегенмен есептесу жоқ, *тұзына тышты* деген осы да!— деп, қара бұжыр сұрлана, шырайын өзгертіп, қарсы сөйлеген жас жігітке кіжінген пішін көрсетті (Б. М.).

ТҰЗЫН КӨТЕРДІ *Жолын қылды.* *Тұзымды* құдай көтерсе, Мұнда жоқ сенің тең қарын (ҚЖ).

ТҰЗЫН ТАТТЫ *Тамағын жеп, асын ішті.* Құлақ салар адам бар ма, жарандар, Менің бұл айтқан кебіме. *Тұзын татып...* Дұшпандықты ойладым, Қайда барып оңамын (МЗ).

ТҰЙЫҚҚА ТІРЕЛДІ [КИЛІКТІ] *Істер амалы калмады, шарасыздыққа ұшырады.* *Тұйыққа* бүгін киліктім, Кім су себер іштегі Түтеніп жанған жалынға (А. Аз.).

ТҰҒЫЛДАНЫП ОТЫР *Түк қалмады, дәнеңесіз, тып-типыл болды.*

ТҰҒЫМ ЖАЛҒАДЫ **○** **ТҰҒЫМ ҚУАЛАДЫ** *Атадан балаға дарыды, ұрпақтан ұрпаққа кетті.* (Бұл фраза ұрық қуалау я билігі баладан балаға ауысу мағынасында да келе береді). Бір табы Жұрат дейтін ел атасы, Жайлауы Үлкен тауда жая тасы. Билеген нәсіл қуып, *тұғым жалғап*, Халқына қадірлі еді ханның басы (Ә. Найм.). Әсіресе, ұнататын мамандығым — дәрігер болу. Жас кезімде дәрігерлік тек *тұғым қуалайтын* қызмет деп ойлаушы едім (ЛЖ).

ТҰҒЫМ-ТҰҒИЯНЫН [-ТҰҒИЯНЫН] **ҚАЗБАЛАДЫ** **○** **К...ІН ҚАЗБАЛАДЫ** *Түп төркінін, мән-жайын сөз етті.*

ТҰҒЫМ-ТҰҒИЯНЫН [ТҰҒЫМ-ТҰҒИЯТЫНАН] **ТҰК ҚАЛДЫРМАДЫ** [ТҰК ҚАЛДЫРМАЙ **БОҚТАДЫ**] **○** **ТҰҚ-** [ТҰҚЫМ] **ТҰҒИЯНЫН ҚАЛДЫРМАЙ** **БОҚТАДЫ** *Үрім-бұтағының бәрін балағатады.* Майбасар балаға ақырып ұрсып, *тұғым-тұяғынан түк қалдырмай боқтап*, аттың бауырына алып сабап жүр (М. Ә.). Жауынгерлер олардың *тұқ-тұғиянын қалдырмай боқтап*, өзді-өзінің орнына барып отырып жатты (Ө. Н.).

ТҰҒЫМЫ **ҚҰРЫДЫ** **○** **ТҰҒЫМЫН ҚҰРТТЫ** [ҚОЙМАДЫ, ҚЫРДЫ] **○** **ТҰҚ-ТҰҒИЯНЫМЕН ҚҰРТТЫ** *Үрім-бұтағынан ештеңе қалмады, жойылып кетті.* Алдыңа арым жібермен, Үш таңбалы Майлыбай, *Тұғымым* бітіп *қырылмай* (Ш. Ж.). А, тақсыр, жақсы да өтер, жаман да өтер. Дүниеден жүйрік те өтер, шабан да өтер. Сәлемге келген кісінің атын алып, Ұры төре, бүйте берсен, *тұғымның құрып* кетер (С. А.). Атаға нәлет, қу бұрттан, Алымды күреп алайық, *Тұғым қоймай* бұл жұрттан, Түгел қырып салайық (Манас). Түбіме жетіп, *тұғымымды құртайын* деп жүр екенсің,— деп, өзіне дүрсе қоя беріп, ұмтылған соң, өзер қашып құтылды (С. Т.). Тәңірбергендер *тұқ-тұғиянымызды құртпақ* боп жер түбіне айдатса да, темір торды талқандап келе бердік-ау (Ө. Н.). *Тұғымын* сөйтіп *қырды* жауыздардың, Қан сорғыш, қаны қара бұ бақ құмардың (Ө. Тәң.).

ТҰҒЫМЫНА ЖЕТТІ *Өте ұзаққа созылды, балаға мирас болды.* Менің *тұғымымнан тұғымыма жетті*-ау сенің тозағай, жолың болмағыр Майбасар!— деп негі кемсеңдеп жылап жатты Байторы (М. Ә.).

ТҰҒЫМЫҢ ҚҰРҒЫР! қ а р ғ ы с. *Үрім-бұтағың, ұрпағың жойылғыр деген мағынада.* Әй, *тұғымның құрғыр*, омай, о несі екен, қайта-қайта шулап! Ал, жеп қоярсың!— деді Шәлтік (М. Ә.).

ТҰҒЫМЫҢ ТАСТАҚҚА ЖАЙЫЛМАҒЫР! қ а р ғ ы с. *Үрім-бұтағың болмағыр, өсіп-өнбегің деген мағынада.*

ТҰҒЫМЫҢ ТҮПТЕСІН, ҚАТЫНЫҢ ЖҮКТЕСІН! *«Тұғымның түптесін» деген «үбірлі-шүбірлі бол» деген мағынада қолданылады.* (Бұл фразалар құрдас, замандас кісілердің өзілі ретінде айтылады).

ТҰҒЫРТЫП ҰСТАДЫ *Уысынан шығармады, ерікке жібермеді, тізгіндеп тәктөктеп ұстады.* Үй ішін *тұғыртып ұстайтын*, келін-кешіктің пын-пышын бықсытпай өшіріп отыратын үлкен күш осы қара кемпірде (АТ).

ТҰЛА БОЙЫ АЛЫП ҰШТЫ *Өне бойын қуаныш кернеді.* Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын, Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын. Көңілімді көкке ұшырмай дауалатшы, *Алып ұшып* барады *тұла бойым* (С. Т.).

ТҰЛА БОЙЫ ИДІ *Еміренді, мейірленді.* Боз інген зар-күйін күңіретіп, желе берді. Ауылға таянып, ботаның қарасын көргенде, *тұла бойы иіп, түйенің жүйесі босап жылағаны* (ҚЕ).

ТҰЛА БОЙЫ ҚАЛТЫРАП КЕТТІ [ҚҰРЫСТАДЫ, ТҮРШІКТІ, ТІТІРКЕНДІ, ШЫМЫРЛАДЫ, ШІМІРКЕНДІ] **○ ТҰЛА БОЙЫ ТІК ТҮРДЫ** 1. *Қатты қорықты, сескенді.* Иманым тітіркенгендей болып, *тұла бойым қалтырап кетті* (С. Т.). Ақын көзі көреген ғой, осы тұрғанда іші-сыртымды түгел көріп, көңіл түскірімнің де түкпірінде не жатқанын біліп тұрғандай сезініп, *тұла бойым аздап құрыстай бастады.* Қарауға адамның батылы баратын емес, *тұла бойың түршігеді* (С. М.). Мал-мүліктің кеткені, сот кескен айып баты. Долданып өз сақалын өзі бытырлатып жүлғанда, *тұла бойым тік тұрды* (Ғ. Мұс.). Қош келіңсің, Әбішжан!— деген сан тілеулес жүректерден шыққан ыстық сөз Әбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының *тұла бойын шымырлатқандай* (М. Ә.). 2. *Сәл тоңыл, салұын леп сезді; жаурап тоңды.* Енді аңғарса, Шыңғыс жақтан асықпай соққан салқын самал *тұла бойын шіміркендіріп*, өзгеше бір тыныш рақатқа, қоңыр салқын майда бір лепке оранғандай екен (М. Ә.).

ТҰЛА [ТҰЛ] БОЙЫ ТҰҢҒЫШЫ *Бірінші баласы.* Шынымен-ақ осы орманда қалғанымыз ба?— деп, *тұла бойы тұңғышы* Маясын бауырына қысып ауыр күрсінді, сөбидің жас иісіне рақаттанып, қуат алды (Ә. Ш.).

ТҰЛАН ТҰТТЫ *Ашуланды, бұрқанталқан болды.* Жәмила өз-өзіне сөйлеген боп тулан тұтып жүрді (М. Ә.). Сапарбектің шешесі Биқасап нешеме күндер (Дүрияға) бұлан-талан болып, *тулан тұтты* (Ж. Ж.).

ТҰЛ ӘЙЕЛ [ҚАТЫН] *Жесір қалған әйел.* Бір кезде бас иесінен қалып, *тұл әйел*, *тұл жетім* болған үй бұл күнде жетілген (АТ). Абайды айнымас дағдылары бойынша, ескі достары *тұл қатын* Дәмежан, қайықшы Сейілдер қонаққа шақырған (М. Ә.).

ТҰЛ БОЛДЫ [ҚАЛДЫ] *Иесіз, қожасыз қалды.* (Әйел, мал, мүлік туралы қатар айтыла береді). Тірлікте жан қиысқан жақындарың, Қабырға қап-қараңғы тастап кетер. Өлген соң өлексесің көз жұмылып, *Тұл қалмақ* дүние, сарай, тұрған пәтер (Ә. Тәң.). Не ғаріптік десеңіз, Бүгін менің басымда, Жетім болып ұал қалды, Жесір қатын *тұл қалды* (Ш. Қ.). Жаралы ол да қарлығаш, Қаралы хабар, қанды хат, *Қалды* ғой *тұл боп* қарындас, Жаңбырлы көзі жаудырап (С. Мәу.).

ТҰЛҒА БОЛДЫ *Қорғаныш, таяныш, сүйеніш болды.* Батыр *тұлға бола* алмай, Елдің түгі жығылды, Үш бөліңді көп дулат (Жамбыл). Бөген туған бала едің, Жұртқа *тұлға болғандай*, Сол себеп сені тежеймін (ҚамБ).

ТҰЛ ДЕНЕ *Иесі, жоқтары, қамқоры жоқ деген мағынада.* Ал келіп көр Рудакиді — жансыз жатыр *тұл денесі* (ШЖ).

ТҰЛДЫР ДА ЖОҚ *Дәнеме, түк жоқ.* Менде сауулы сиыр он бес-ақ. Шәкеннің іші майлы. Менің ішімде *тұлдыр да жоқ* (Ғ. Мұс.).

ТҰЛДЫР [ТҰЛ] ЖЕТИМ *Әке-шешесі жоқ, жалғыз. Тұлдыр жетіммін*, өкемді де, шешемді де фашистер кескілеп өлтірген,— деді Миша (С. О.).

ТҰЛДЫР СӨЗ *Дәмі жоқ, құр әншейін бос әңгіме.* «Мен сендерге жамандық тілемеймін» дегеннен басқасы *тұлдыр сөз*, байламсыз сөз (Ғ. М.).

ТҰЛ ҚАЛҒЫР! *Байсыз қал деген мағынада айтылады.* (Бұл қарғысты көбіне әйелдер қолданады. Байы өліп, жесір қалған қатынды түркі тілдерінде «тұл қатын» дейді; «тұлданды» немесе «тұлданып ашуланды», «тұлға отыру» сияқтылар да «тұлдың» негізгі мағынасынан шыққан. «Тұл қалды» деген тіркес әйелдерге ғана емес, иесінен айрылған басқа заттарға да қолданылады). Жануар-ай, иең кетіп *тұл қалдың* ғой, сен бейбақ!— деп, күрең аттың кекілін төрт кесті (М. Ә.).

ТҰЛПАР ЖЕЛІДЕН ТАНЫЛАДЫ *Тұлпар болар ат құлымынан белгілі деген мағынада.* Топтан таңдап алғаны Ақ бөртедей тай болды. *Танылар тұлпар желіден*, Ер танылар бесіктен (Д. Б.).

ТҰЛЫПҚА МӨНІРЕДІ [ҚАРАДЫ] *Алданыш етті, жұбанды.* (Бос алданып, көңіл жұбанышына сену туралы айтылады).

ТҰЛЫПТЫ МІСЕ ҚЫЛҒАНДАЙ *Әдетте сиырдың бұзауы, түйенің богасы өлгенде терісіне шөп тығып, тұлпыттап қойып, сауар кезде көрсетеді, сиыр я інген сол тұлпытты иіскеп те ииді; ал ақын бұл жерде елдің ер емес, ез болған басыңдарын тірі өлік деп тұлпытқа балап, осыларды да місе тұтып, бар деп көңіл иіп жүр-ау деген мағынада айтып отыр.* Бұзауы өлген сиырдай, Сауыны иіп Дулат жүр, *Місе қылып тұлпытты* (Д. Б.).

ТҰМСА ТҮЙЕ *Боталамаған.*

ТҰМСЫҒЫ БАТПАДЫ *Кіре алмады.* Магазин іші кең, у-шу көпшілік, (Әлжандардың) *тұмсығы батар емес.* Біреуді-біреу баса көктей, кимелей барады сатушыға (Ғ. Мұс.).

ТҰМСЫҒЫН САЛДЫ *Қасқырдың малға тиюі, қораға шабуы туралы я жемқор кісінің ел ортағына қол салуы туралы айтылады.* Қыспен бірге *тұмсығын салды* қасқыр, Малшыларым, қор қылма итке малды (Абай).

ТҰМСЫҚТЫҒА ШОҚЫТТЫРМАЙ, ҚАНАТТЫҒА ҚАҚТЫРМАДЫ *Ешкімге тигізбеді, қызғыштай қорғады.* Ой, бақытты туған інілер-ай! *Тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай* өсіретін за-

манға кез болған соң, тыныстың неден тарылатынын жөңді білмейсіңдер ғой, — деді Түсіп (Ә. Ә.).

ТҰМСЫҚ ТҮЙІСТІРДІ *Жақындасып шүйіркелесті. Біз білеміз бе? Жең ұшынан жалғасып, Тұмсық түйістіре бере ұғысып қоймай ма, түге! (М. Ә.).*

ТҰМЫЛДЫРЫҚ ТАҚҚАН БҰЗАУДАЙ (Бұзаудың тұмсығына енесін ембеу үшін салып қойған заттан шыққан).

ТҰНЫҒЫН САПЫРДЫ *Бүлдірді, ынтымағын бұзды. Толыңды елім шайқады, Тұнығыңды сапырды (Д. Б.).*

ТҰНЫҚ КӨҢІЛ *Таза көңіл. Лайланбаған тұнық көңіл буырқана толқыды (Ғ. Мұс.).*

ТҰНЫП ТҰР *Бітік, бітік өскен. Тың даланың биылығы көркі де сондай өзгеше. Байтақ алқаптарда тұнып тұрған бітік егін теңіздей толқын атады (ҚӘ).*

ТҰҢҒИЫҚҚА БАТТЫ 1. *Құрдымға кетті. (Бұл жерде келешегі жоқ деген мағынада айтылып тұр). Сонда Тұрсынбайдың жағаға жүзіп бара жатқан кемеден ұстамай, тұңғиыққа батып бара жатқан кемеден ұстауы керек пе? (Қ. И.). 2. Ойға батты.*

ТҰРАҒЫН ЖҰМАҚТАН ЖАЗСЫН! *д и н и. Қайырлы болсын, о дүниесі жайлы болсын! Төлегендей ағаның Жұмақтан жазсын тұрағын (ҚЖС).*

ТҰРАЛАТЫП КЕТТІ *Титықтағып, кейдейлендірді. Мамырдың кесек қары Сыбанды да тұралатып кеткен. Осы Қадырбайдың өз айналасы да қазір «тақ-тұқтың» үстінде (М. Ә.).*

ТҰРАСЫ ТАУСЫЛДЫ *Болдырды. Қақырығы түтеп, тұрасы таусылған шерменде шал жапан түзде шөліккеп құлады (ҚБ).*

ТҰРҒЫСЫН КӨКСЕДІ *Қатар-теңін армандады, Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі, Кім де болса тұрғысын көксемекті. Мезгілі өткен дәуренді қуалаған, Неғылсын бір қартайған қу сүйекті (Абай).*

ТҰРЛАУ ЖОҚ *Дәйексіз, тұрлаусыз, тұрақсыз. Түпкілік тұрлау сенде жоқ, Бір түнеп кеттің қонақтап (ШС).*

ТҰРЛАУ ҚЫЛА АЛМАДЫ *Еш нәрсеге тұрақтай алмады; баянды ете алмады. Жас өспірім замандас қапа қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды. Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ, серменде өңкей жынды (Абай).*

ТҰРЛАУСЫЗ ӨСКЕН ҚҰЛАН *Еркін жүрген деген мағынада айтылады.*

ТҰРМЫСҚА ШЫҚТЫ *Күйеуге тиді. Айшаның шешесі ел ішінде өскен кезінде оқи алмай, тұрмысқа шыққасын, күйеуінің көмегімен хат таныған адам еді (Т. А.).*

ТҰРМЫСТЫҢ КІЛТІН БҰРАДЫ *Өмірде билік, үстемдік жүргізді. Тұрмыстың*

кілтін бұраған, Миллионның басын құраған. Сол түрдің терең сырын айт! Бәрін айт та, бірін айт, Коллективтің жырын айт (Б. М.).

ТҰРМЫС ЕТТІ [ЖАСАДЫ, ҚҰРДЫ, ШЕКТІ] *Бірге тіршілік қылды, бірге семья құрып, өмір кешті. Болған жан сүйгенімен тұрмыс шекпес, Қан жауып, өрт алса да, сертке жетпес. Шыбынын шүберекке түйіп алып, Өткелсіз талай қиын, қыстауды өтпек (Ж. С.).*

ТҰРЫСАТЫН ЖЕРІҢДІ АЙТ! *Тоқтамыңды айт, қай келісімге келесің деген мағынада. Сен темір болсаң, біз — көмір, Еріткелі келгенбіз... Танымайтын жат елге Танысқалы келгенбіз, Танысуға келмесең, Шабысқалы келгенбіз; Сен қабылан болсаң мен арыстан, Алысқалы келгенбіз, Жаңа үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз. Берсең жөңдеп бітімді айт, Не тұрысатын жеріңді айт! (ШС).*

ТҰСАУ КЕСЕР 1. *Жас баланың тұсауын кесерде жасалатын жиын-той. 2. Жастарға өнер жолында сәт сапар тілеу мағынасында да айтылады.*

ТҰСАУ САЛДЫ *Бұғаулады. Тіліңе тыйым, қолыңа тұсау салдым (М. Ә.).*

ТҰСАУЫ КЕҢІДІ *Еркі қолына тиді, өрісі ұзайды. Жаңыл Дөрменнің қолына көшкенде, Рақымның қалаға барып, қалауынша мұсылманша не орысша оқуына тұсауы кеңіді, алды ашылатын болады деген (М. Ә.).*

ТҰСАУЫН КЕСТІ 1. *Жас баланың алғаш жүре бастаған кезінде жасалатын ырым. Басыңда тұсауыңды кеспеген екен ғой сенің, — деді Нұржан (С. Ад.). 2. Рұқсат етті, өмірге жолдама берді.*

ТҰС КЕЛДІ 1. *Қатарласты. Мана алыстан мұнартып көрінген «Роза Люксембург» жолаушылар пароходы енді тұспа-тұс келді (Қ. М.). 2. Кез келді. Маған, сорым шығар, осы неме тұс келді (АТ).*

ТҰТАНА ТҮСТІ *Ашулана түсті, күйіне түсті. Сармолла қып-қызыл боп тұтана түсті (М. Ә.).*

ТҰТҚА БОЛДЫ *Тірек, таяныш, қуат болды. Ол ауыр бір күрсінді де, қатарында келе жатқан баланы оң қолымен құшақтай түсіп: «басыма төнген өлімді серпіп тастап, өміріме тұтқа болған Сергейім осы», — деді (Ә. Ә.).*

ТҰТТАЙ ЖАЛАҒАШ **○** **ТҰЛАН КИІМІ ЖОҚ** **○** **ТЫР ЖАЛАҒАШ** *Үстінде лынасы жоқ; анадан туғандай. Тұттай жалағаш едік, кооперативке бидай беруге уәделесіп, жақын арада киініп алдық (Ғ. М.).*

ТҰЩЫ ТӨНГЕ [ЕТКЕ] ТИГЕН АЩЫ **ТАЯҚ** *Жазықсыз жанға көрсеткен азап. Тұщы тәнге тиген ащы таяқ жас жетімді өлерін білмес өжет қып өсіре берді (Ә. Н.). Тезегін теріп, бұзауын бақсам да, бай зе-*

кіді. *Тұщы етіме ащы таяқтар, жас жаны-ма шаншу сөздер беріш болып байланды* (Ғ. Мұс.).

ТҰҰЦЫ ҰЙҚЫ *Жайлы, тыныш, алаңсыз тәтті ұйқы*. Адам дертті болмай ма құса тартып, *Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып* (Абай).

ТҰҰҒЫНАН ТІК БАСҚАН СЕГІЗ, ШІМЕН ОН АЛТЫ *Сегіз буаз қара туралы айтылып тұр*. Халық аузында ескілікте дау үстінде: «мен саған қалың мал деп, *тұяғынан тік басқан сегіз, ішімен он алты қара бердім*» — депті бір құда екінші құдаға (АТ).

ТҰҰҒЫН ТАСҚА СОҚТЫ *Қиыншылыққа тап болды. Тасқа соғып тұяғын, Табанынан майырылды* (ҚЖЖ).

ТҰҰЯҚ КЕСТІ БОЛДЫ д и а л. *Мал жайылып тозған жер*. Бұл жер *тұяқ кесті болып* қалған жер (Орал.: Чап., Жым.).

ТҰҰЯҚ [ТҰҰЖЫМ] ҚАЛДЫ *Ұрпақ қалды*. Асылдан қалған *тұяғым*, Билерден қорлық көрген соң, Шыдамай шықтым намысқа (А. Аз.). Өзіңнен басқа ешкімің жоқ. Ең болмаса артында *тұяғың да қалмады* (Х. Е.).

ТҰҰЯҚ СЕРІППЕДІ 1. *Қыбыр етуге шамасы келмеді*. Сәдеріндей өзге майдандардың да *тұяқ серіппей*, жым-жырт жатқанына батарея зеңбірекшілері ренжіп, ыза болған жоқ (Ә. Н.). 2. *Табан астында өлді, бірден өліп кетті*. Жау қансырап сүйретіліп барып, өзінің күшіктеген үңгіріне ене беріп омақаса жығылды, *тұяқ серпуге шамасы келмеді* (Е. Ә.).

ТҰҰЯҚСЫЗ ӨТТІ *Баласы болмады, ұрпақсыз кетті*. Екеуінен бала жоқ, *Тұяқсыз өгіп* кетем деп, Арманым сол, япыр-ай! (Манас).

ТҰҰЯҚ ТИМЕДІ *Мал баспады, аяқ асты болмады*. Кейбір шет көшелердің шөптеріне *тұяқ тимей*, жайқала шалғын боп тұрады. Көше бойларында адам сирек кездеседі (С. М.).

ТҰҰЫ АРАМ ЖЫЛЫМ *Айла құған залым адам*.

ТҰҰЫ БІРГЕ ТҰТШЕЙДІ; ТҰҰЫ БӨЛЕК ЖІКТЕЙДІ көне. *Тегі бірдің алалауы жоқ, тегі бөлектің ортақтасуы жоқ деген мағынада*.

ТҰҰЫНЕ [ТҰҰКЕ] ЖЕТТІ *Құртты, мерт қылды*. Осы ашқарақтық ол бейшараның *түбіне жеткен* шығар (Ә. С.). Тышқан өлер деген бар, Бұл соғыста Гитлер Өз *түбіне жетеді*, Айуанданған солдатты Құрып түгел бітеді, Соғыс бұлты елімің Үстінен ауып кетеді, Бүкіл әлем асығып, Біздің елдің жеңуін Шын ниетпен күтеді (Н. Б.).

ТҰҰЫН КӨЗДЕДІ [ОЙЛАДЫ] *Ақырғы нәтижесін есепке алды, кейін не боларын пайымдады*. Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме. Қызық келсе қызықпа, оңаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де, *түбін көзде*, Со-

нан тапқан шын асыл, тастай көрме (Абай). Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, *Түбін ойлап*, уайым жеп айтқанмын (Абай).

ТҰҰЫН ТҰСІРДІ *Аяғына дейін жеткізе істеді*. Бірақ Ермек ойға алған ісіне *түбін түсіргенше* үңілетін, бір беткей өлермен (Т. А.).

ТҰҰЫР СӨЗ *Негізгі ой, қорытынды пікір*. Ағайын жолымен бітесейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ *түбір сөзді* түйінді қылғанымыздың лайығы жоқ (М. Ә.).

ТҰҰЫ ТҰСКЕН ШЕЛЕКТЕЙ *Аңырайып қалған, кең*. Танауыңа болайын, *Түбі түскен шелектей* (ЕТ).

ТҰҰЫ ШИКІ 1. *Өтірік, жалған*. Ол жұрттың зардабын жойып, шаруашылықты көтердім деп жоғарыдан мақтау алып жатқанда, сіз оның *түбі шикі*, істі басқаша қолға алу керек дейсіз (Т. А.). Сол сөзіңнің *түбі шикі* емес пе? (Ә. Н.). 2. *Тегі жат, күдікті жан*.

ТҰҰЫ СӨЗДІҢ ТҰҰЫ БІР, ТҰҰЫ АТАСЫ МАЙҚЫ БИ... көне. *Шешендік дәстүрдің негізі әріден, ежелден басталады деген мағынада*. «Түгел сөздің *түбі бір, түп атасы Майқы би*» деген мақал болған (Абай). «Асан ата, кәдімгі ел құлағы, ел көзі Асан қайғы келе жатыр» деген хабар дүңк ете қалды. Сөйткенше болған жоқ «*түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы бидің*» алтыншы ұрпағы, ел кезген Асан ата ауыл сыртынан кеп, салнап құлақ Ақсирақ жүрдегінің үстінен түсті (І. Е.).

ТҰҰЫМЕН ЖАЛМАЙДЫ *Обырлық, қомағайлық туралы айтылып тұр*. Ант ауғандай күн болса, Амалдайсың, алдайсың, Басшы қылып бағынса, *Түгіменен жалмайсың* (С. Д.).

ТҰҰЫН БЕТІНЕ ШАШТЫ **○** **ТҰҰЫН СЫРТЫНА ТЕПТІ** **○** **ТҰҰЫ СЫРТЫНА ШЫҚТЫ** *Ашу шақырды, түтікті, түнерді, қаһарланды*. Шырытыз Көлменді бәрі айбатпен алғысы кеп, *түгін бетіне шашып түтігіп* отырды да: — Осы сен мен жөнінде бірдеңе дейтін көрінесің ғой? — деді (Ә. Н.). Ағайын, көзіңе қан толып, *түгіңді сыртқа теуіп*, бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың (М. Ә.).

ТҰҰЫНЕ ТОЗАҢ ТИГІЗБЕДІ *Шаң жуытпай күтті. Түгіне тозаң тигізбей, жібек көбіңге орап, жібек ноқтамен жетелеп келеді екен* (ҚЕ).

ТҰҰЫН ҚАЛДЫРМАДЫ 1. *Жер-жебіріне жетті*. Мені қатты сынады. *Түгімді қалдырған жоқ* — деді Серәлі (Т. А.). 2. *Еш нәрсе қалдырмай алып кетті, тонап кетті*.

ТҰҰЫН ТАРТСА, МАЙЫ ШЫҒАДЫ *Өте семіз мал не құнарлы жер туралы айтылады*. Несін айта бересің, *түгін тартсаң, майы шыққан жер* екен бұл ара (Т. А.). Мал жатыр, көл айнала шұрқыраған, *Май шығып, түгін тартса*, тусыраған (М. Е.).

Мен Қарағандыны мыңғырған малдың, жайқалған алтын дәннің, түгін тартсаң, майы шығатын ең дәулеттің өлкесі дер едім (ЛЖ). Келбеттің жері жазық, шөбі шалғын, Түгінен майы шығады семіз малдың, Тас құдық, мұз бұлағы ағып жатады, Сылдырап табаныңда биік жардың (С. Т.).

ТҮГІН ТӨКТИ Жүнін тастады, түледі. Құлан қайда семірсе, Сол жерге түгін төгеді. Бұлт қайда орнаса, Береке сонда шөгеді (Мақал).

ТҮУ ДЕГЕН ТҮКІРІГІ ЖЕРГЕ ТҮСПЕДІ *Билігі жүріп тұрды, беделі күшті болды.* Сәуле Москвадан келген кезде Мырқалдың туу деген түкірігі жерге түспей, Мырзаке аталып тұрған кезі болатын (Ө. Ә.).

ТҮУ ДЕГЕН ТҮКІРІК ЖЕРГЕ ТҮСПЕЙДІ **ТҮТЕГЕН [АҚ ТҮТЕК] БОРАН** *Қатты аязды, қар суырған бұрқасын туралы айтылады. Туу деген түкірік жерге түспейтін* әйдік бұрқасында сақадай бес кісі үйге кіріп келді (М. Қ.). Кемпірдің жалғыз баласы қыстығүні ақ түтек боранда ығыш кеткен азғана малын іздеп жүріп, үсіп өліпті (Ө. Н.).

ТҮЗГЕ ОТЫРДЫ *Дәрет сындырды.* Төсекте жатып керіліп, Түзге отырса ерініп, Аяғын бұған қойға ұсап, Мойнын ұсынып беріліп, Қол созбайды азатқа (Д. Б.).

ТҮЗГЕ ШЫҚТЫ 1. *Жолаушы жүрді, ел аралады.* Ақан түзге шыққанда сәнді кісі екен. Аты, ат-тұрманы, киген киімі қаланың олай-бұлай байсымағынан кейін емес (Ғ. Мұс.). **2.** *Сыртқа шықты, дәретке отырды.*

ТҮЗ ҒАЙЫП ЕРЕНДЕР *Қыр қыдыры.* Түз ғайып ерендер Атымды қойған Зарлық хан (МЗ).

ТҮЗДЕ ЖҮРДІ *Сыртта жүрді.* Үйде қыз осыны ойласа, Түзде жүріп шалдағы, Арманы қызға ұласа, Тоғайлы қырды ойлады (Т. Ж.).

ТҮЗДЕН ТОЯТ ІЗДЕДІ *Жемін сырттан, бөтен жұрттан қарастырды.* Ел білерлік ісің жоқ, Дегдар емес будансың... Айналаңды торисың, Түзден тоят іздемей, Өлексені қорисың! (Д. Б.).

ТҮЗЕЛЕ АЛМАДЫ *Дерттен оңалмады, айға алмады.* Мен бұрылып түзеле алман, Қайтейін дедің сорлыңды. Атам-анам қара жер Сен аша бер қойныңды (Абай).

ТҮЙДЕЙ ЖАСТЫ [ҚҰРБЫ, ҚҰРДАС] *Жасы бір құрбы; бір жыл туған төл.* Екеуі түйдей жасты бір жылғы төл еді, қатар жүрістері жарасып тұратын (АТ). Екінші кісі — Мамайдан шыққан, Ақылбайдың өзімен түйдей құрдас бала жігіт Мамырқаз (М. Ә.).

ТҮЙДЕК-ТҮЙДЕГІМЕН ТАСТАДЫ *Бірінен соң бірін ағыта айтты.* Шашубай айтқан сайын қызып, қызған сайын өлеңді әңдетте түйдек-түйдегімен тастады (Ғ. Мұс.).

ТҮЙЕ БАС ҚЫЛДЫ **ТҮЙЕ БАСҚА САЛДЫ** *Бәрі жиналып астына басты; түйе бас әдісімен кеудесін басын тастады.* Тентек десе бәрің жабылып, түйе бас қылдыңдар! — деді әжесі күліп (Ө. Ә.). Ей бала, сен бұларға білгірлік мінез көрсетпе, өзінді түйе басқа салып жіберсе, күнің қараң болуы оп-оңай (АТ).

ТҮЙЕДЕН ТҮСКЕНДЕЙ ҚЫП АЙТТЫ *Дәрекі, орынсыз сөз айтты.* Кейінгі кезде Раушаннан алшақтап бара жатқан сияқты еді, жуырда келіп, екі ұрыстың арасында түйеден түскендей: «сүйемін» — деді (Т. А.). Ержан Байсарының жұмыр тұлғасына, әдеміше, кішкене дөңгелек жүзіне қарап аз тұрды. Содан кейін түйеден түскендей: — Әйелің бар ма? — деп сұрады (Т. А.).

ТҮЙЕ ЖОЛЫ ЖІНШІКЕ *Жоғалған нәрсе, мал тез табылмады деген мағынада.*

ТҮЙЕ КЕКІРІК *Қатты тойып кеткенде, еріксіз өрескел шығатын кекірік.* Жиялған көп күшіген өрбір тұстан, Қалмастан қарға, құзғын түгел ұшқан. Тояттап қазы, қарта, түйе кекірік, Қып-қызыл билер жатыр қымыз құсқан (І. Ж.).

ТҮЙЕ ҚОМЫНДА ЖҮРІП *Күй таңдамайды деген мағынада.* Театр сурет өнеріндегі белгілі жағдайды керек ететін емес, ән-күйдің ат жалында, түйе қомында жүріп те дами беретін ерекшелігі де біздің халықтық музыкамыздың ұзақ ғасырлар бойы сақталып келуіне себеп болды (А. Ж.).

ТҮЙЕ ҚОТЫР СӨЗ *Біреуге тигізіп, біреуді қағытып, іліп, қажай айтылатын сөз.* Жұлындырып ежелден отыратын, Мұның сөзі қыршаңқы түйе қотыр (Жамбыл).

ТҮЙЕ МҰРЫНДЫҚ БЕР! *салт.* Ұзатылып келе жатқан қыздан бұйым сұрағанда айтылады. Баяғыда ұзатылып келе жатқан қыздың алдынан шығып қалған бір түйелі кісі, түйесінен түсе қап, мұрындықты бұйдасын көріп, «жол тосар түйе мұрындығымды бер» — депті-міс, содан осы ырым-салт қалыпта (АТ).

ТҮЙЕНІҢ БАСЫ *Өзі өсірген түйелердің ең үлкені, бірінші біткен малы.* Құба інген түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен (ҚЕ).

ТҮЙЕНІҢ ТАНИТЫНЫ ЖАПЫРАҚ *Билетіні бір-ақ нәрсе деген мағынада.* (Түйе шөп тәттісін таңдамайды. Ауызға оңай түсетін, әрі көмейін толтыратын жапырақты теріп жейді. Бұл фраза түйенің осы қасиетінен шығуы ықтимал). *Түйенің танитыны жапырақ* деп, мен десе дүрсе қоя беретін әдетің ғой сенің, — деді Күдері Есенбекке (М. И.).

ТҮЙЕНІҢ ТҰЯҒЫ ТҮСЕТІН ЖЕР *Өте алыс жер.* — Ата, көп жүріп түйенің тұяғы түсетін жер екен, осы жолға өзіңіз бару жөн екен, — депті (ҚЕ).

ТҮЙЕНІ ТҮГІМЕН [ТҮГІМЕН ЖҰТТЫ] **○ ТҮЙЕНІ ТҮГІМЕН, ВИЕНІ БҮГІМЕН [БҮГІМЕН ЖҰТТЫ]** *Жұртты ойсырата жеген, параны көп алған ретте айтылады. Түйені түгімен жұтқан дәуір Жалаңдап дүниеге ашқан аран (Ғ. Малд.). Түйені түгімен, виені бүгімен жұтты дейсің. Анығына көзің жете ме? Біреуді орынсыз кінәлама! (АТ).*

ТҮЙЕ ӨРКЕШТЕНІП ЖАТЫР [КЕЛГЕН] *Түйенің өркеші тәрізді қырат. Алтынемел асуындағы түйе өркеш қоңыр шоңыларға иегін сүйеп, Матайдың нар биігіне алтын сәулесін шашып күн шығып келе жатты (С. Бақ.).*

ТҮЙЕ ТАЙДЫ ОЙНАДЫ *Қыз бен жігіт ойыны туралы айтылады.*

ТҮЙЕ ТАЙЛЫ *Бір жағына еңіс. Жатаған үстелдерден айырмасы сол, оның бір жақ басына көтеріңкі түйе тайлы қылып төрт бұрышты сопақша тақтай шегелеткен (С. С.).*

ТҮЙЕ ТАУЫҚ АДАМ *диалект. Дөрекі, қыңыр кісі. Өзің бір айтқанға көнбейтін түйе тауық адам екенсің (Ақт., Ойыл).*

ТҮЙЕ ҮСТІНЕН ИТ ҚАПТЫ [СИРАҚ ҮЙТТІ] *Икемсіз, еңсіз, болбыр кісі туралы айтылады. Күн жаумай су болып, түйенің үстінен ит қапқан келеңсіз жігіт мұңын айтады (Т. А.). Жақсы туған баланың Атасы жаман болса да, Төрде отырып сый табар. Жаман туған баланың Атасы жақсы болса да, Түйе үстінен ит қабар (ШС).*

ТҮЙМЕДЕЙДІ ТҮЙЕДЕЙ ҚЫЛДЫ *Кішкентай мінді, болар-болмас айыпты үлкен етіп өсіріп көрсетті. Ағайын ел араздыққа сылтау таба алмай, үлкен етіп түймедейді түйедей қылып, өсек, сыбырға... белшесінен батқан екен (М. Ә.). Қарсы жағының қылып еткенін қойдай тоғытып, дүние пәлені орнатады, не жүрген жерінде «ұлтшылдық» түтін бықсытып, түймедей нәрсені түйедей қылып, «ел көшті, жау жетті» деп аспанның астын жаңғырықтырады (С. Д.).*

ТҮЙСІК БОЛДЫ *диалект. 1. Белгілі бір шаруаны ортақтасып істеді. (Бұл тіркес Қазақстанның оңтүстік өлкесінде жер айдау т. б. шаруашылық жағдаятына байланысты екі адамның бірлесіп, мойын серік болып жұмыс істеуі туралы айтылады). Менің өгізім бар, сенің атың бар, әуелі менің жерімді түйсік болып айдап алайық (АТ). Бұрын егістік жерді түйсік болып айдап, өнімін бөліп алатын едік (Орын., Дом.). диалект. 2. Кесір болды, бөгет болды. (Шығ. Қаз., Болыш.).*

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕ *Негізгі, жауапты мәселе. Ол жыны жетіжылдықтың екінші жылының қысында Қазақстан көлемінде болған мал шаруасының түйінді мәселелеріне арнай шұғылданатын зор жауапты жиылыс еді (М. Ә.).*

ТҮЙІНДІ СӨЗ *Бұл жерде дау шешімі деген мағынада айтылып тұр. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын, жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ (М. Ә.).*

ТҮККЕ ТҮРМАЙДЫ **○ К... СҮРТҮГЕ ЖАРАМАЙДЫ** *Іске алғысыз, ештеңеге жармайды.*

ТҮКСПІН САЛДЫ *Қабағын салып, ызғар шашты. Мұңды, жылмаң пішінін Кезек киіп, ел жиып. Болыс болса, түсінің Түксігін салар тырсыып (Абай).*

ТҮЛЕГЕНДЕ ТҮК ҚАЛАДЫ *Жақсыдан бір белгі, із қалады деген мағынада. Байкеке, құтты болсын кеңесіңіз, Исатай ішке кетті егесіңіз. Ақ сұңқар түлегенде түк қалады, Бұл да бір қалған түгім демесеңіз (Ш. Ж.).*

ТҮЛЕН АТА, ТҮРТЕ КӨР! *Мал жоғалғанда айтылатын тілек.*

ТҮЛЕН ТҮРТТІ *Шайтан түртпін бір бәлеге ұрындырғалы тұр. Ешкіні түлен түртерінде шопанның таяғына сүйкелер (Мақал). Осыны түлен түртті ғой, құдай тағала. Жапанда жалғыз құрай болмас пана (Жамбыл). Жеті ру сөз шығардың бойыңа ерсі, Құтыртқан мына бөздің буын көрші. Түлен түртпін бара ма, қайда кеттің? Қанеки, білгеніңді тағы терші (М. Ә.).*

ТҮЛЕП САЛА ВЕРДІ *Көңілдене кетті, қуанды, жадырап кетті. Шырағым, бір думан үшін туған жан еді, үйге келсе, түлеп сала беретін,— деп, өже самауырдың қасындағы төрт бүктеп төселген көрпешенің үстіне әрең отырды да, столдың бүркеуін алды (Ә. Сат.).*

ТҮЛЕТЕ АЛМАДЫ *Жетілге, жаңа күйге түсіре алмады. Бүкіл қазақ түгіл, өз ұрпағымды төлден түлете алмайды екенмін, қалай Үш жүзге хан болмақпын?! (І. Е.).*

ТҮЛКІ БҰЛАҒА [БҰЛТАҚҚА] САЛДЫ [ТҮСТІ] **○ ТҮЛКІ ҚҰЛЫҚҚА БАСТЫ [САЛДЫ, ТАРТТЫ]** *Жалғартпа құлыққа басты. Сақалым ұзын болса да, текенің ақылындай ақылым жоқ, әйтпесе табан жолымды білер ем ғой: жаздым, жаңылдым,— деп Байтұрды түлкі бұлағға түсті (ҚӘ). Қаладан кеше келгенін өкесіне айтпай түлкі бұлтаққа салып жасырып көрді (АТ).*

ТҮЛКІ ЖОРТПАС ТҮЛЕЙ *Қалың, ну орман. Түлкі жортпас түлейден Төтелеп өтіп барады (МЗ).*

ТҮЛКІ ҚҰЙРЫҚТАНДЫРДЫ *Бұлаң құйрыққа салды. Бір кісінің сауалына тура жауап бермей, сөз арасына сөз салып, түлкі құйрықтандырып бұлтарып кете береді (Ә. Н.).*

ТҮН АСТЫ *Бір түн өтті. Ақ жайлау мен Сандық тас — Атамның қонған қонысы. Түн асса, тұтам түгі өскен, Басылмайтын сонысы (Д. В.).*

ТҮН БАЛАСЫНДА [БОЙЫ] ○ ҰЗАҚ ТҮН ○ ҰЗАҚТЫ ТҮНДЕ *Күннің батуынан таңның атуына дейін.* Дөңбекшіп алдын ойлап аласұрып, Кірпік қақпай өткізді түн баласын (Қ. Жұм.). Алды-салды көп болатын кезде, ер азамат түн баласында жылқыны барлап, ат үстінде болады (М. Ә.). Таң сәриден киініп, Отырсаң да түн бойы, қыс ызғары көктемдей, Тоңар емен жыл бойы (Ж. Сыз.). Болмады көріп калуға, Есітіп біраз сөзіңді. Шыдар ем бір ай жатуға, Ұзақ түн жұмбай көзімді. Қызықтан қашып бұл жерге, Көңіліңіз суып келіпсіз. Мәнісін сұрап білуге, Тіл-десе алмай еріксіз (Абай).

ТҮН ЖАМЫЛДЫ [ЖОРТТЫ, КЕЗДІ] ○ ТҮН ҚАТТЫ *Түнделетін жүрді; ұзақты түн ояу отырды.* Жарау атын сабылтып, түн жамылып алыстан Қанат келер еді (Ғ. С.). Сол кезде түн жортқан Осиповтың алдыңғы саптары да көзге түсіп, адырая қалды (Ж. А.). Түн кезіп қатқан қабақ бұл неткен жан, Қолменен шебін тартқан неше мың сан (Ү. К.). Аттануға түн қата, Жорыққа Айдос жиылды (С. Б.). Түн қатқан бір жолаушыдай, Қағады әйнек бейуақыт (Қ. А.). Иә, сен Қанжығалы Бөгембай, Тақымы кеппес ұры едің, Түн қаттып және жүр едің, Қабанбайдан бұрын найзанды Қай жерде жауға тіредің (Б. Қ.). Түн қатқан күйеу талқыға салынғандай бір жарым айдай қыңыратқып жүріп тауір болды (Қ. Тай). Отырмын түнді жамылып, Ауылда ояу мен ғана. Самалын шайқап сапырып, Кереді төсін кең дала (Т. Айб.).

ТҮН КЕШТІ *Ұзақ түндерді басынан өткерді.* Жалғыз өзі ойланып, Талай ұзақ түн кешкен (С. Мәу.).

ТҮН КҮЗЕТТІ ○ ТҮН ҰЙҚЫСЫ БҰЗЫЛДЫ [ҰЙҚЫСЫН ТӨРТ БӨЛДІ] *Түнді ұйықтамай өткізді.* Бұл кім? — дедім. Айдын суды омырып, Маған қарай тұрды сұлу бұрылып: — Жапан түзде түн күзетіп отырған Өзің кімсің? — деді маған қыз тұрып (Б. К.). Түн болса-ақ қатын-қалаш, кемпір-шал топ-тобымен әр үйге жиналып, түн күзетеді (С. О.). Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсө қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың (Абай). Түн ұйқысын төрт бөліп кірпік қақпай, Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын (Ы. А.). Құлагер құлыныңнан маған біттің, Төрт бөліп түн ұйқымды баптап, күттім. Жылқыны қыл құйрықты елде көргін, Қандай жан шекесінен қайып өттің (І. Ж.).

ТҮН ТҮНДІГІ ТҮРІЛДІ *Таң қылаң берді, түн қараңғылығы сейілді.* Сөнді жұлдыз шоқтайын, түн түндігі түрілді, Шалқып жанған оттайын Атты қырда жазғы таң (І. Ж.).

ТҮНІ ТУДЫ *Басына жамандық келді, қыыншылыққа кездесті, қара түн басты.* Күні туып бір топтың, Қуанышы шын

асты, Түні туып бір топтың, Үстін кейіс, мұң басты (Д. Б.).

ТҮНДІКТІ ОҢЫНАН АШТЫ *Дұрыс тілек, жақсы ниет туралы айтылады.* Қайғысыз қазан асыпсың, Қазанның түзе қайқысын. Оңынан түндік ашыпсың, Ошағың түзе ойқысын (І. Ж.).

ТҮП ЕТЕГІНЕН [ТҮП ЕТЕКТЕН] ҰСТАДЫ [БАЙЛАНДЫ] *Мықтап ұстады, айрылмастай болды; қыр соңынан қалмады.* Кім алса да, осы кісі тауып береді. Таба алмаса, жасырғаны. Осы кісінің түп етегінен ұстап айрылма (ҚЕ). Бір қызмет қылайын деп ойланып, Бұл туралы шын ниетті бойға алып. Жайраң қағып шықса-дағы, мұқтаждық Жібермеді түп етектен байланып (Б. М.).

ТҮП ЖОҚ *Шек жоқ, есебі жоқ.* — Ол заңғардың тәсілінде түп жоқ қой (Ә. Н.).

ТҮП ИЕСІ *О баста жаратушы.* Мекен берген, халық қылған, ол лә мөкан, Түп иесін ойламай бола ма екен? Және оған қайтпақсыз оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен? (Абай).

ТҮП ҚАЗЫҚ *Тірек, негіз; бас ие.* Сонымен отырған үйдің түп қазығы — осы Дәмежанның өзі (М. Ә.).

ТҮП ҚҰДА *Бас құда.*

ТҮП ТАМЫРЫ *Арғы түбі, негізі, басы.* Бұл сөздің түп тамыры білместікте, надандықта жатыр (АТ).

ТҮП ТАМЫРЫМЕН ЖОЙДЫ ○ ТҮП ТАМЫРЫНА БАЛГА ШАПТЫ *Біржола тып-типыл етіп құртты.* Бұл қайшылық тек советтік дәуірде ғана түп тамырымен жойылып, қайтпас сапар шекті (М. Е.). Біз бұл секілді сұмдықтың қайдан шыққанын анықтап, түп тамырына балла шабамыз (Б. С.).

ТҮПТЕН ТАРТТЫ *Арыдан бастады.* Қадаған талай жерден сақтаушы бар, Бері қарай менен де тартып түптен (С. Кер.).

ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ *Шынтуайтқа, шындығына, анығына келгенде.* Алшынбай өзі ұлық болып көрмесе де, түптеп келгенде, старшынды, тіпті, кейде аға сұлтанды да сайлаушының ең мықтысы болатын (М. Ә.).

ТҮРЕ ҚУДЫ *Өкшелеп, соңына түсті.* Кебек жаудың сегізін түре қуып кеткен (М. Ә.).

ТҮР КІРГІЗДІ *Өң берді, көріктендірді.* Түр кіргізді далама Шексіз тақта көп егін (Жамбыл).

ТҮРПІДЕЙ ТИДІ *Өте қатты батты; шаншудай қадалды, ауыр тиді.* Япырай, сөзім саған түрпідей тиді-ау: Ділда байғұстың не жазығы бар еді? (М. Ә.).

ТҮРТКІ БОЛДЫ *Айтып, ескеріп, қозғаушы болды.* Ал «Қазақ әдебиетін» таратуды міндетіне алып түрткі боп отыр-

ған облыста да, ауданда да арнаулы ешкім жоқ (ҚӘ).

ТҮРТ САЙТАН *Бір бәле шықса екен деген дәмеде болды; бір бәле туса деп түрткіледі, айтақтады.* Сөз құмар, бәле құмар Баймұрындар аз ба? Соның бәрі аға сұлтандық қолымыздан мүлдем кетті деп жүрген жоқ. Ылғи әр кезеңнен баспа қып, «*түрт сайтаныммен*» жүр (М. Ә.). Бір бай мен бір батыр, Бір ісек, бір қошқар, Бір теке, бір серке. Жекпе-жек, жекпе-жек! *Түрт сайтан*, түрт, Үрит соқ-соқ, Үрит соқ-соқ (М. Ә.).

ТҮРІ ЖАТ *Өзгеден бөлекше, әдеттегіден басқаша.* Таңғажайып бұл қалай хат, Мағынасы — алыс, өзі жас? Сөзі орамды, әрі *түрі жат*, Және әдепті және рас (Абай). Ісіндің, көбіндің, Сонда да не пайда, *Түрі жат* өгіздің, Сен қайда, ол қайда? (Абай).

ТҮРІК ҚҰЛАҚ **○** **ҚҰЛАҒЫ ТҮРІК** *Сақ болу, хабардар болу мағынасында.* Асанбай бастыққа: — *Құлағың түрік*, жаның серке болсын! — деді (С. Бақ.).

ТҮРІКЕННІҢ ТӨРІНДЕ [ТҮЙІНДЕ] *Қиыр алыста, жырақ жерде, қиын жерде.* Жұмажан: Енді өзің айтшы, сол істе дегенінді, шорт! *Түрікпеннің төрінде* болса да, бір көрейін (М. Ә.).

ТҮС АТ диал. *Қалың малдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат.* Түс атқа ең аяулы жорға, жүйрігін таңдап алады (Жамб., Мойын.).

ТҮС БОЯДЫ **○** **ТҮСІН БОЯДЫ** [БОЯП КӨРСЕТТІ] *Өңін өзгертті; басқаша көрсетті, бұзып көрсетті.* Бірақ, біздің басқаларға *түсіміді бояп көрсетіп* отырған өзімізден шыққан шығармалар (С. С.).

ТҮС ЖОРЫДЫ *Көрген түске болжам айтты, Әке-шешей мұны естіп қатты қорқып, жан-жақтан түс жоригын сәуегей адам іздейді (ҚЕ).*

ТҮСКЕ ЕНДІ [КІРДІ] *Ұйқыда жатып көрді.* Өуелде *кірдің түсіме*, Ортақтасып өміріме. Толғау салып ішіме, Сол күнде-ақ жақтың көңіліме (Абай).

ТҮС ТОҚТАТЫП ҚАРАДЫ *Анықтап қарады, бет-жүзін барлады.* Меңі бар оң бетінде кім еді деп, Ойланып *түс тоқтатып қарады* ол. Есіне тұрып-тұрып сонда түсті, Баяғы мойын берген қойшы Назар (С. Кер.).

ТҮС ТҮЛКІНІҢ БОҒЫ *Түске мән беруге, елеуге тұрмайды, түске не кірмейді деген мағынада.* Төлеген сонда сөйледі: Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау, *Түс түлкінің боғы-ды* (ҚЖ).

ТҮСТІК ЖЕДІ *Түстенді, түскі тамақты ішті.* Қанша жалынса да, Аман Таласбайдікіне жата алмады. *Түстік жеген* соң аттанбақ болды (Ғ. Мұс.).

ТҮС ШАЙЫСТЫ *Қатты сөзге келісті, ренжісті, ұрсысты.* Мына жайлауда бөлінбеген бір белдің көдесі үшін *түс шайысу*

тіпті жол емес! — деп тоқтады (М. Ә.). Онда мақала жазу түгіл, ес білгелі бір адаммен *түс шайысқан* емес (З. Ш.).

ТҮСІ БҰЗЫЛДЫ [ҚАШТЫ, СУЫДЫ] *Өңі өзгерді, бет-бейнесі құбылды деген мағынада.* Мынау сөз Омардың маңдайына тоқпақпен ұрғандай жайсыз тиді. Қайтерін білмей, *түсі бұзылып* кетіп, бір жеріне біз тығып алғандай ыршып-ыршып түсті (С. Т.). Әліптің *түсі қашып*, көзі шарасынан шыға жаздады (С. Е.). Беделі күнінде сұрай барсаң, «Қолда жоқ» деп тұрады *түсін бұзып* (ШС). Жанәлі *түсін суытып*, қабағын түйді (С. С.).

ТҮСІ ЖЫЛЫ *Жарқын жүзді. Түсі жылы* баладай ақ жарқын көздері адал екенін аңғартады (ЛЖ).

ТҮСІ ЖІВІМЕДІ *Мейірі түспеді, жылы жүз білдірмеді.* Кәленнің мына мінезіне көбі ыраза боп, сүйсініп қалды. Тек Еламанның *түсі жібімеді* (Ө. Н.).

ТҮСІ ИГІДЕН [ЖАҚСЫДАН] **ТҮНІЛМЕ** *Жүзі жылы, келбеті келген адамнан күдер үзбе. Түсі игіден түңілме, ісі игіден түңілме (АТ).*

ТҮСІ КЕТТІ [ҚАШТЫ] **○** **ТҮСІН АЛДЫ** [АЛДЫРДЫ] *Өңі, реңі тайды, қуарды, бұзылды.* Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай. Қайыршы шал-кемпірдей *түсі кетіп* Жапырағынан айрылған ағаш, құрай (Абай). Өуелі көрілік кеп *түсімді алды*, Онан соң аузымдағы тісімді алды. Өрге шықсам беліме өрбіп шығып, Түзге түссем тіземнен күшімді алды (С. А.).

ТҮСІ КІРДІ *Бетіне қан жүгірді, өңі кірді; көңілденді.* Баланың түсі кірді баяғыдай, Ер жігіт айтқан сөзден танады ма-ай, Жеті жыл сапар жүріп ата жолда, Ел көрді тірлікпен аяғында-ай (БатЖ).

ТҮСІН БЕРМЕДІ *Жылы шырай көрсетпеді.* — Бану, маған бер! — деп арқаға жабысты. Бану *түсін бермеді.* Тиме! — деді (Т. А.).

ТҮСІН БИЛЕДІ *Жүз-шырайын ішкі сезімге жеңдірмей ұстады.* Жасынан *түсін билеп*, сыр бермеген, Демеленсе, күндесе, білдірмеген. Нанасың, не айтса да, амалың жоқ, Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген (Абай).

ТҮСІ СУЫҚ *Жүзі қорқынышты, жан түршігерлік, реңі үрейлі.* Ажалдың оғы келгенде, Қорғаны болмас көбенің, *Түсі суық* келеді Төрт қырлы көк жебенің (Д. Б.). Урядник үйінде түрегеп жүр екен. Бешпентшең, жалаң бас, үсті-басы саусылдаған шен. Қанға тойған ит сияқты, *түсі суық* бір ит еді (С. С.).

ТҮТІН БАСЫ *Әрбір үй (семья) сайын.* 1852 жылы Қоқан феодалдарының біреуі, арғын, керей руларының қазақтарына Қоқан ханы үшін 65 мың қой, *түтін басы* салығы есебіне 1150 қой алған (ҚССРТ).

ТҮТІН ТҮТЕТТИ *Өз алдына үй болып отыр. Шолпан ауылға келгеннен кейін әркімнің есігінде жүрген жетім бауырларының басын қосып, өз алдына түтін түтетеді (Ғ. М.).*

ТҮТІНІ БІР ЖЕРДЕН ШЫҚТЫ *Бірікті; тату болды. Сырдақ Сәулеге түтініміз бір жерден шықсын,— деді (Т. А.).*

ТҮТІНІ ТҮЗУ ЕКЕН *Тілегі дұрыс екен, кең пейілді, ақ көңіл екен.*

ТҮТІП ЖЕДІ [ЖЕП ҚОЙДЫ] 1. *Қыспаққа алды, бүрді.* Басқарманы бағана езің түтіп жеген жоқсың ба? Сен оның жұмысындағы кемшілігін айттың. Мен оның қылмыстарын білем (Т. А.). 2. *Талан-тараж етті.*

ТЫҒЫНЫ АҒЫТЫЛДЫ *Қарқындады, үдей түсті. Желдің тығыны қайтадан ағытылып кеткендей, қалыңдап жауған жапалақ қарды түтіп ала жөнелді (Т. А.).*

ТЫЗ ЕТЕ ТҮСТІ [ЕТТІ] **○** **ТЫЗ ЕТЕ ҚАЛДЫ** 1. *Бір нәрсенің шым еткізіп, қатты тістеуі, шағып алуы.* Теміртас шешініп болып, тағы бірдемелерді ойлап отыр еді, бір сона дәл жауырынан кеп қадалып, етін тыз еткізіп тістеп алған соң, жауырынын алақанымен бір соғып қалды да, гүп беріп суға сүңгіп кетті (С. М.). 2. *Шамданып, тез ашу шақыра қойды.*

ТЫҒЫНЫ САЛДЫ 1. *Тежеді, бөгеді, тыйды.* Бірдемеге тыйым саларда бидің өтірік жетеліп, тамағын қыратыны болушы еді (Ғ. М.). 2. *Рұқсат етпеді.* Ол, ол ма, діни мектептің тыйым салғанына қарамастан, Абай сонымен қабат орыстың бастауыш мектебінде де оқиды (М. Қ.).

ТЫҒЫР ТАЯҢ **○** **ТАҒЫР ТАЯҢ ШАҚ** *Тығыз таяң, қысталаң мезгіл, түртпегі асықтыра келген қарбалас кез. Тығыр таянда аяққа оралып, мынау да мезі етті (АТ).*

ТЫҒЫР ТАЯНДЫ **○** **К...КЕ ТЫҒЫР ТАЯНДЫ** *Бір хауіп көрінді, қатер төнді.* Енді бармаса үлкен тығыр таянатынын біліп, Раушан шарасыз кетіп, содан келгені еді (Б. М.).

ТЫҒЫРШЫҚ АТТЫ *Тытыршыды; шыр көбелек айналып орнында тұрмады.* Енді біразда бәрі де тығыршық атқан, жер тарпыған, шыр айнала елеңдеген жүйріктеріне міне-міне сарт-сұрт аттаныса берді (М. Ә.).

ТЫМСАЛ ҚЫЛДЫ *Нұсқалап, үлгілеп сөз айтты.* Біреу жиһан кезеді, Наклиқат тымсал қыл. Төмендегі айтқан сөз Майлы ақынның сөзі еді (М. Сұл.).

ТЫМ-ТЫРАҚАЙ ҚАШТЫ *Жан-жаққа, без-бетіне жапа-тармағай қашты.* Қыздар бақырып, бетін басып, тым-тырақай қаша жөнелді (З. Ш.).

ТЫНА ҚАЛДЫ **○** **ТЫН БОЛДЫ** *Тынышталды; жым-жырт болды.* Қабырғада ілулі тұрған репродуктор тырсылдады да,

отырған үшеуі де тына қалды (М. И.). Тыңдаңдар, айтайын,— дейді Қажымұқан.— Ал, тыңдалық,— деп қоршағандар тын бола қалысқан (С. М.).

ТЫН АЛДЫ *Тынықты, тыныстады.* Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тын алды. Асылбек, Әлібектер жатуға кетті (М. Ә.).

ТЫНЫМ [ТЫНЫШТЫҚ] ТАППАДЫ [АЛМАДЫ, КӨРМЕДІ] **○** **ДАМЫЛ АЛМАДЫ** *Тізе бүкпеді, жарғақ құлағы жастыққа тимеді, тыныштық көрмеді.* («Тыным», «тыныш», «тыныс алу», «тыныс тартылу» деген терізді сөздердің түбірі — «тын». «Жолда екі рет дем алдым», немесе «екі рет тыныс алдым» дегенді қырғызша «екі тынып келдім» дейді, «тындырымды» сияқты сөздің түбірі де осы «тын»). Ымырт жабылғаннан бері тыным алмай жүріп, жұртты жиғандары кеуілдене, сонан сөз басталған еді (М. Ә.). Генерал Разумов бұл күндері тыным көрген жоқ, құрама командирлерін ергіп жүріп, басқа да көп-көп әскер бөлімдерін аралап шықты (Ә. Н.). Ғылым оқып білгенше, Тыным, тыныштығы таппаған (Абай).

ТЫНЫС АЛДЫ *Дем алды.* Абай бұрылып қарап, бері келе жатқандардың кім екенін білді. Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі Ұлжан екен (М. Ә.).

ТЫНЫШ ҚҰЛАҒЫМ **○** **АШ ҚҰЛАҚТАН ТЫНЫШ ҚҰЛАҚ** *Жайбарақат, ешкімге қатыссыз болу мағынасында. Аш тамағым, тыныш құлағым (Мақал).*

ТЫҢ ТҰЯҚ *Әлді, әлі де қуатты.* Сасып қалдым, күн тығыз, Жүрек кетті дүпілдеп, Тың тұяқ күнім сөйтсе де, Қарбандадым өкімдеп (Абай).

ТЫҢ ТЫҢДАДЫ *Құлақ сап дыбыс тыңдады.* Сергек, жіті қозғалысты Жағыпар да машинадан атқып түсіп тың тыңдап тұр еді. Екі жақтан екеуі бір сәтте: Үн шығады! — деді (М. Ә.).

ТЫРАЙТА САЛДЫ 1. *Оп-оңай құла-тып тастады.* 2. *Орнынан, қызметінен түсірді.* Сайлаубектің әкесі Мақаш би еді, бидің жолына түсті, халықпен істесе алмады. Сайлау шыққан кезде Малқар оны тырайта салды (Ғ. Мұс.).

ТЫРАҢ АСТЫ [ЕТТІ] *Сылқ құлады, қылжия кетті.* Иса тағы да тұмсығын меззеп қара шоқпарды сілтеп кеп қалғанда, бұл бәрі де тыраң асты (М. Ә.). Қайыр тыраң етіп омақаса құлады (З. Ш.).

ТЫРҚЫ ЖАЗЫЛДЫ *Тырысып-құрысқан жаман мінезінің сазайын тартты.* Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың, Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың? Қай жеріңнен көңілге қуат қылдың, Қыр артылмас болған соң, міңсе қырқың? (Абай).

ТЫРНАҒЫ БАТТЫ [ҚАТТЫ БАТТЫ] **○** **ОТЫРНАҒЫН БАТЫРДЫ** 1. *Аяусыз қыс-*

ты, езіп-жаншыды, үстемдік қылды, қысымға ұшыратты. Жақыннан келген жау тырнағын қатты батырып еді (М. А.).
2. *Жаралы етті; аямады.* Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем. Тірі қалдым, өлмей әрең, Қатты батты тырнағың (Абай).

ТЫРНАҒЫНА АЛМАДЫ *Түкке жаратпады; менсінбеді.* Сені неғылсын, қалыңдығының тырнағына да алмайды (АТ).

ТЫРНАҒЫНАН ШЫҒА АЛМАДЫ *Азабынан құтыла алмады.* Совет өкіметі болмаса, біз сияқтылар өмірі мұқтаждықтың тырнағынан шыға алар ма едік,— деді (С. С.).

ТЫРНАҒЫНА ТҮСТІ [ІЛІКТІ] *Қармағына ілінді, тұтылды.* Басқан ізін білдірмей жүрегін айлалы, епті Төңірберген де татар байының тырнағына түсіп қалатындай-ақ, оның алдында етек-жеңін жиып отыратын еді (Ө. Н.).

ТЫРНАҒЫ ІЛІКТІ *Бір нәрсеге қолы жетті.* Өзінің өлермендігінің арқасында соңғы кезде сот кеңсесіне тырнағы ілікті. Қазір сотта болмашы ғана бір қызметте, сонан келе нағыз сот өзі құсап көшеге сыймай жүреді (Ө. Н.). *Тырнағы ілігер* жұмыс іздеп, ауданның азғана мекемесін адақтап шықты (Т. А.).

ТЫРНАҚ АЛДЫ *Ең алғашқы табыс немесе жазған еңбек.* Бұл кітап — авторлардың коллектив болып, бірлесіп көлемді еңбек жасаудағы тұңғыш тырнақ алды тәжірибесі (ҚҚТ).

ТЫРНАҚ АСТЫНАН КІР ІЗДЕДІ *Бәле іздеді, жаманшылық құды.* Бұл жөнінде педагогикалық советте қызметтес коллектив мүшелері мен достардың орынды пікірі, жолдастық сынына қалай қарадыңыз? Бәрі де сіз үшін «тырнақ астынан кір іздеушілер» болып көрінді де тұрды (СҚ).

ТЫРС ЕТКЕН ЖАН [ТІРІ ПЕНДЕ] *ЖОҚ* 1. *Ешкім жоқ, қыбыр еткен адам жоқ.*— Жібек же... не... ше, итің қабады!— деп айқайладым. *Тырс еткен тірі пенде жоқ.* Ауылды жадаулық басқан (Л. Қ.).
2. *Ләм-мим деген кісі болмады, бәрі үнсіз қалды.* Енді не істе дейсіңдер? — деген сұраққа *тырс еткен жан жоқ* (АТ).

ТЫРТЫҢ ЕТТІ *Жалбақтады, жағымсақтанды.* Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсө қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың (Абай).

ТЫШҚАҚ ЛАҚ *ЖОҚ* *Мал атаулыдан жұрдай, еш нәрсе жоқ деген мағынада айтылады.*

ТЫШҚАҚ ТИДІ *Іш ауру келді.* Оның суын ішкен мал *Тышқақ тиіп* аспас бөл, Көл деп оны кім жайлар, Суы құрсын, ол — бір шөл (Абай).

ТЫШҚАН МҰРНЫН ҚАНАТПАДЫ *Мал соймады.* (Бұл жерде өте сараң кісі туралы айтылып тұр). Қонақ қонса үйіңе *Тышқан мұрнын қанатып*, Тышқақ лақ соймайсың (Айттыс).

ТЫШҚАН ІНІНЕ КІРЕ АЛМАЙ ЖҰРП, ҚҰЙРЫҒЫНА ҚАЛЖУЫР БАЙЛАЙДЫ *кекесін.* Шамасына қарамай, қолынан келмейтін іс істейді деген мағынада.

ТИГЕРГЕ [ТИГЕР] ТҰЯҚ ҚАЛМАДЫ [ҚАЛДЫРМАДЫ] 1. *Малдан жұрдай болды, дәнеңесі қалмады.* (Бұл фраза малы жоқ кісі, «ақ сирақ» кедей туралы айтылады). 2. *Түгін қалдырмады.* Абылғазы жолдастарына осы малды қазір тигерге тұяқ қалдырмай, тік көтере алып кетеміз,— деді (М. Ә.). Биыл төртінші жыл, елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тигерге тұяқ қалдырмай айдап әкетті (ҚБ).

ТИГІСІН ЖАТҚЫЗА АЙТТЫ [СӨЙЛЕДІ] ⊙ ТИГІСІН ЖАТҚЫЗДЫ *Ерсі, жайсыз жайды жұмсартып жуып-шаю туралы айтылады.* Өйтіп, мәймөңкелеп тигісін жатқызбай-ақ қой (АТ). «Тигістің» мынадай түрлері бар: көктеп тікті (әр жерден бір іліп сирек тигу), тепшіп тікті (инені заттан шығармай, ине бойы тигіске толғанша іліп отырып тигу), қайып тікті (бұл көбіне етік, мәсі, кебіс тіккенде қолданылады, екі жіпті ерсілі-қарсылы өткізіп отырып тигу), бүріп [бүгін] тікті (тігілген заттың тигістен сырт тұратын шетін тигістің ішіне жіберіп тигу). Тигуге қатысты мынадай сөз үлгілері жасалған: *пішуі келсе де тигісі келмепті; пішкен ұста ма, тіккен ұста ма; көктей білмеген септей білмейді*, т. б.

ТИЗГІН БЕРДІ ⊙ ТИЗГІНДІ БОСАТТЫ [ЖІБЕРДІ] *Ерік берді, ырық берді.* Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса, үй кетер, Жатқа тизгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер (Б. Қ.). Қайрат деген қыран бар, Қайғыға тизгін бермейтін. Қайғы деген жылан бар, Өзекті шағып өртейтін (ШС). Кедей баласы екен. Мінезі тұйық екен. *Тизгін бермес* бойлауы емес екен (Б. М.). Елді судай сапырған, Белшесінен батырған, Шілдеде мұзды қатырған, Толыны төгіп шайқаған, *Берілді тизгін ылаңғал* (Д. Б.). Өзінен артықшылығын не күштілігін сезген адамын іштей жек көретін әдеті барды. Басынан тизгінді босатып алмай, қатты ұстағысы келеді (Т. А.). Есіңде бар ма бір қасқыр Тал түсте шапты қойыңа. *Жібердің аттың тизгінін* Қорқыныш алмай ойыңа (Ж. М.).

ТИЗГІНГЕ ЖАБЫСТЫ *Билікті өз қолына алғысы келді, ел билеуге тырысты.* Кедей атын жамылып, қулар тизгінге тағы жабысты (Б. М.).

ТИЗГІНДЕП ҰСТАДЫ *Еркіне жібермеді.* Қырық бес шықтың кезеңге Маң-маң басқан бұла аттай. Елу қондың ауыл үйі, *Тизгіндеп ұстап* құлақты-ай (Д. В.).

ТІЗГІН КӨШТІ [ТИДІ, ҰСТАДЫ] ©
ТІЗГІНІН ӨЗ ҚОЛЫНА АЛДЫ *Билік тиді, ерік өз қолына келді.* Берейін жастар батамды, Сендерге *тізгін көшкен* күн. Кәрілер бесік тербетіп, Жастар гүлдеп өскен күн (ПТ). Қолына бір мекеменің *тізгіні тисе*, көкірегіне нан пісіп, тасыраңдап, есі шығып кететін кейбір жігіттер де болады (Ы. Ж.). Облыстың майданында *Тізгінді* нық ұстайсың, Әр ұяға, комсомолға Жеңу жолын нұсқайсың (С. Е.). ...Ағаларым Сүйеу қартпен қырғи қабақ екен деп, мен қалай қырын қарамақпын. Бұру болса бір сәрі, жол үсті, жасы үлкен кісіге сөлем беріп шықсақ, біздің ат-тонымызды шешіп алмас», — деген оймен осы арада *тізгінін өз қолына анық алғандай* еді (Ә. Н.).

ТІЗГІН САЛМАДЫ *Ерік бермеді.* Мамыр асып бай болып, Байсал тауып жортқан жұрт. Ханға *тізгін салмады*, Хан жарлығын алмады (Б. Қ.).

ТІЗГІН ТАРТАР БЕР! *Алып қашып алған қызға айтылады.*

ТІЗГІН ТАРТТЫ [ТАРТА СӨЙЛЕДІ]
Байқап, абайлап, аспай сөйледі. Тізгініңді тарта сөйле — деп, оның Әділбай қарт шалғайынан сілкеді (А. Т.).

ТІЗГІН ҰШЫМҒАН КЕЛДІ *ди а л. Асығыс келді, тез келді.* Суық хабарды естіген соң, Жиналы *тізгін ұшымен келді* (Сем., Үрж.).

ТІЗГІНІН БЕРДІ *Еркін, тағдырын қолына ұстатты.* Кімде-кім бостандыққа болса жерік, «Бұл халық үшін» деп іздесе ерік, Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса, *Тізгінін бермейтұғын* кім бар сеніп (С. Т.).

ТІЗГІНІНЕН АЙРЫЛДЫ *Билігінен, еркінен айрылды.* Жақыпбек бастап жүрген осы жұмыстар педагогикадан алыс жатқан, кісі күрлерік сөлекет іс болып көрініп, Күдері өзінің *тізгінінен айрылып* қалғанына ашына өкінгендей болады (М. И.).

ТІЗГІНІН ЖИДЫ *Аяғын тартты, қарқынын басты, арынын тоқтатты.* Болмасты болдырудан ұялмайсың, Анығын біле тұрып қия алмайсың. Бірінен-бірі туып арманыңның, Шын ісің — *тізгініңді жия* алмайсың (Б. Қ.). Ректор шын осы болса, тап жамандық үшін шақырмаған шығар деген бір ой келді де, оным асылық болып кете ме деп, *тізгінімді* тез *жия* қойдым (Қ. Жұм.).

ТІЗЕ БАТЫРДЫ [КӨРСЕТТІ] ©
ТІЗЕ АЛДЫ [САЛДЫ] *Күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады. Тізесін батырған* залымнан Күн туды — біз теңдік алайық (ҚӘн). Әйде, қазір телефон соқ. Сенің бұйрығың қайда жатыр екен, тексер — деп, директорымызды *тізеге алып* барады (І. Ж.). Бұл жеке шаруаға *тізе көрсеткендік* — деп Мұқыш бұрадай бұрқылдады (Б. М.). Менмен-шілікпен біреуге біреу *тізе көрсететін* дүние ең соңғы демін алу да (С. С.).

ТІЗЕ БҮГІП, ҚОЛ ҚҰСЫРАР ЖАЙЫ
ЖОҚ *Бағынбайды, жалбарынбайды.*

ТІЗЕ БҮКТІ *Жеңілді; мойындап, бас иді.* Қанды мойын айыпкер түгел жігіттер боп *тізе бүгетін* боп тұр (М. Ә.). Алдағы сыры жұмбақ істің түйіні де парторгтың айтқанындай болып шешілді. Қоршаудағы неміс дивизиясы *тізе бүкті* (Ә. Н.).

ТІЗЕДЕН ҚАН КЕШТІ *Үлкен қырғын майдан, сұрапыл соғыс туралы айтылады.* Қыршынын қып жасылдай, Келсе қарсы қайдан да, Шүберекке жан түйіп, *Қан кешіп* жүр *тізеден*. Жүрген жоқ босқа сайрандап, «Отан!» деп жауға ат қойса, Өткір кескін жайдан да (Н. Б.).

ТІЗЕДЕН СУҒА, БЕЛДЕН ТАУБА! *Суға кеткенде және терең судан өтерде де айтылады.*

ТІЗЕ ЖАЗБАДЫ [АЙЫРМАДЫ] *Жұбы ажырамады, қатары бытырамады.* Қалбағай қалған жылқышылардың тобын маңына тартып алып, ел кісісі артта қалғанын біліп, енді *тізені жазбайық* деп, тосқауылға бөгеледіп қалған топқа артына ерген шоғырымен тұтас келіп араласып кетті (М. Ә.). Осы *тізе айрылмас* еле-өлгенше дос болайық, қолыңды әкел, — деді Қасен Аманға (Ғ. Мұс.).

ТІЗЕ ҚАТАР ОТЫРДЫ *Тізелерін бүгіп, қаз-қатар отырды.* Ойнаушылар әдет-тегідей *тізе қатар отыра* кетті (АТ).

ТІЗЕ ҚОСТЫ *Бірікті, ұйымшылдық көрсетті.* Жігіттер бар жетілген, Орыс, қазақ *тізе қосып*, Ұйым болып бекінген (Жамбыл). Азамат, жүнжіме, жүрме бос, Қол ұстас, бірігіп *тізе қос* (С. С.).

ТІЗЕСІ ЖЫЛЫП ҚАЛДЫ *Бұл көбіне қарт кісінің жас әйелмен көңіл қосуына орай айтылады.* Жас қатын аз өмірге жаңа тауып, Жақсы боп қалып едім *тізе жылып*. Міндет қып жастығыңды жол үстінде, Бұл сөзің маған салған бүліншілік (Айтғыс).

ТІЗЕСІН БҮКПЕДІ 1. *Тынымсыз жұмыс істеді, еңбек етті.* Баласы кемпіршадды асырайын деп жазы-қысы *тізесін бүкпейді* (С. М.). 2. *Жығылмады.*

ТІЗЕСІН КЕМІРДІ *Шыдамсызданды.* Бір мезгілде жүлқынып, *тізесін кеміріп*, баланың тұлпары алдынан шықты (ҚӘ).

ТІЗЕСІН ҚҰШАҚТАДЫ *Төсекте жалғыз жату мағынасында айтылады.* Жортамын көк бөреді тун өткізбей, Жақындат көңілің болса, тілеткізбей, *Құшақтап* қу *тіземді* жата алмаймын, Барасың құмарыма бір жеткізбей (Айтғыс).

ТІЗЕСІН ӨТКІЗДІ *Зорлық, күш көрсетті.* Бірақ өлге *тізесін өткізіп* қалған әкімдер жігіттерді солдатқа зорлықпен алмақ, бай мен болыс қарусыз елді жендетше қырғынға салмақ болады (Р. Б.).

ТІКЕНЕГІ СЫРТЫНА ШЫҚТЫ *Жаңадан босанған әйел туралы айтылады.*

(Бұл фразаны Қызылорда төңірегіннің қазақтарынан ұшыраттық).

ТІКЕНЕКТЕН ШОШЫП, ШОҚ БАСТЫ Бір бәледен қашам деп, екінші бәлеге ұрынды. Әскерім Сырға дейін шегінді. Өзім Сығанаққа қаштым. Жауымнан көп төлеумен эзер құтылдым. Сосын ғой Дешті Қыпшақтың басты рулары арғын мен қыпшаққа арқа сүйемек болғаным... Одан не шықты? Тікенектен шошып, шоқ басты деген осы емес пе? (І. Е.).

ТІК КӨТЕРІЛДІ Бірі қалмай бәрі өре тұрды, бәрі жабыла шықты. Қаракесек, Қуандық, Сүйіндікті бір өзі күйзелткен қанды балақ, енді бүкіл Сиқымбайды тік көтере бізге қарсы шықпақ (Ғ. Мұс.). Сапар отырған қалың ауыл тік көтеріле кеткен (Ғ. Мұс.).

ТІК СӨЗДІ Бетің бар, жүзің бар демей ойын, көңілге келгенін тура айтатын кісі туралы айтылады.

ТІК ТҰРДЫ [ТҰРЫП КҮТТІ] Барынша қызмет етті, жақсылап күтті. Құсекеңнің өзі ас әзірлеп, тік тұрып, «құрметті» қонақтарының алдында қызмет қылған (С. С.). Пар-парымен неше түрлі тамақ даярлап, қонақ жайлықтарын көрсетіп тік тұрып күтті (ШС).

ТІЛ АЗАР Айтқанға көнбейтін, тіл алмайтын. Қой дедім ғой мен сендерге. Неғылған тіл азар баласыңдар (М. И.).

ТІЛ АЛҒЫШ Жұмсағанға жүгіріп бара беретін, айтқан жұмысты екі еттірмей қалтқысыз орындайтын елгезек (адам).

ТІЛ АЛДЫ 1. Ақылын алды, айтқанды істеді. Әбдірахманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты, «мені олжамнан қақты» деп, байдың тырысып отырғаны сол екен (Б. М.). Шыдайық, тілімді алсаң қорғаланбай, Досқа күлкі, дұшпанға табаланбай (С. Т.). Жүрегім шын елжіреп жаным сүймес, Жек көрер өмір бітіп кеткенімше. Тілімді алмады деп, сөкпе жеңеше, Болайын мен разы өле-өлгенше (С. Т.). 2. Жұмсағанға барды.

ТІЛ-АУЗЫМ ТАСҚА [ТАСҚА БОЛСЫН]! © ТІЛІМ [КӨЗІМ] ТАСҚА [ТАСҚА БОЛСЫН]! көне. Көз сұғым, тіл сұғым өтіп кетпесін деген мағынада. Сыбағаң осы! — деді ертіп апарған жігіт Валуан Шолаққа, — тіл-аузымыз тасқа (С. М.). Сендер болыс қоям дейсіңдер, оныңа пысықратын емес қой. Тілім тасқа, болысың тұрсын, ояздың арнасына сыя қоймас (Ғ. Мұс.). Жағың қарыссын, тілің тасқа болсын — деп бәйбіше астындағы нанын лақтырады (ҚЕ). Тілім тасқа, көзім тасқа! Болып тұр екенсіз, қарашығым (Ғ. Мұс.).

ТІЛ АШАР көне. Баланы молдаға бергенде төлейтін алымның бір түрі. Әкем қалтасынан алды да, қанша екенін білмеймін, тіл ашар деп молдекеңнің бармағына қыстырды (Қ. Қуан.).

ТІЛ ӘКЕЛДІ 1. Сыр білу үшін жау адамын ұстап әкелді. 2. Жаңалық хабар жеткізді.

ТІЛ БАЙЛАЙДЫ 1. Қатты тебірену, таңғажайып сүйсіну мағынасында. Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды (Абай). Кейде шындық екеш шындықты айтуда жеңер ақырғы нәтиже не болмақ, сол алға тартылады: қолдан жасалған «қасыңды» мұқату мен ортақ іске келер кесел таразыға түскенде «шындық» дегеннің тілі байланып я кесілсе рауа (ҚӘ). Бас айналып, көз тұнып, Тіл байланып, сөз тынып, Ентелейміз қылғынып, Алда бар білем бір құдық (Ө. Т.). 2. Үндемей қалды.

ТІЛ БЕРДІ Хабар берді, жауап қайтарды. Жіберді мені сізге бер деп хабар, Сіздерге жай қалмады көлбек қағар. Не екенін ашуының көріп тұрсың, Тезірек тіл бермесей, аулық шабар (І. Ж.).

ТІЛ БІТТІ 1. Адамша сөзге келді. Жылан Бапы жеріне, Жер астының еліне Шыға келген мезгілде, Тіл бітіп саған, Шалқұйрық, Жөн білдірдің еріңе (ҚЕ). 2. Сөйлеп кетті. Ауру балаға үш ай дегенде тіл бітіп, анасын сұрапты (АТ). Рақия кешке шейін төсекте жатып алды. Қабыш Есенович келгенде ғана басын көтеріп, тілге келді. 3. Тілі шықты. (Ұнатпағанда қолданылады). Жігітім, өзіңе тіл бітіп қалыпты, ненің желігі? (АТ).

ТІЛГЕ АЛДЫ көне. Ауызға алды, айтты; атын жалбарынып ауызға алды. Жаратушы құдайым, Өзіңді тілге алайын. Алымдар айтқан кітапта, Он сегіз мың әлемнің Біледі дейді әл-жайын (Ш. Қ.).

ТІЛГЕ БАР ДА, ДІНГЕ ЖОҚ Әншейін сөз жүзінде болмаса, көңілде солай емес деген мағынада. Ағайыннан жақсы нәрсе жоқ, Тілге бар да, дінге жоқ (ШС).

ТІЛГЕ ЕРДІ [АЗДЫ] Азғырғанға елікте, тура жолдан тайды. Екінші тілек тілеңіз, Адам тіліне азбасқа (ШС). Олар Есеновпен қатар соның қайын ағасы, совхоздың полеводы болып істейтін Сыпатаевты қоса жамандайды. Директор Есенов соның тіліне ереді (М. Ә.). Қартаң бай қатты сақ бол, тілге көнсең, Мүйіз шығар қатыныңның тіліне ерсең, Тіпті оңбассың өзіңе-өзің мээ боп, Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең (Абай). Хат жазатын Мұса жазған, Өн табылар өнерпаздан. Құрбысымен тату жүріп, Шағымшының тіліне азған (Ж. М. Б.).

ТІЛГЕ ЖҮЙРІК Сөзге шешен, шебер. Бекбол бұрын тілге жүйрік болса, енді өздігімен газет, кітап оқитын да боп алған (М. Ә.). Кей жақсының мінезі Еділ менен Жайықтай, Ағып кетіп сөйлейді Тілі жүйрік болған соң (Д. Б.).

ТІЛГЕ КЕЛМЕДІ 1. Бір ауыз сөз айтпады, бірден кірісіп кетті. Тілге келмей ұрады өңмендесіп (А. Қор.). 2. Сөйлей алмай өліп кетті. Әйелдің ынырсыған дыбысы ан-

да-санда зорға шығады. Бірақ *тілге келмеді* (Е. О.).

ТІЛГЕ КӨНДІ [ТОҚТАДЫ] *Айтқанды істеді, сөз тыңдады; айтқанды орындады.* Қартаң бай, қатты сақ бол, *тілге көнсең*, Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең, Тіпті оңбассың өзіңе-өзің мез боп, Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең (Абай). Ол тек осы бар өмір үшін жанталасқан жағаласта жау қатарының *тілге тоқтап*, ілгері аттамай тұра-тұра қалғанын көріп:— Бауырлар, бізге өтіңдер!— деп қайта айқайлады (Ә. Н.).

ТІЛГЕН ТАСПАДАЙ *Білеу-білеу, бадырайған.* Қызыл бет қазақ шашын осы бір-екі күннің жүзінде ғана сыпырып тастағандай екен — жуан *тілген таспадай* көгілдір тамырлар ақ құйқаны айқыш-үйкіш шандып апты (А. Сұл.).

ТІЛГЕ ТИЕК ЕТТІ [БОЛДЫ, ТАПТЫ] ⊙ ТІЛІНЕ ТИЕК, СӨЗІНЕ ТІРЕК ЕТТІ [БОЛДЫ...] *Аузына ала сөйледі, сөзіне сүйеніш, ойына таяныш жасады.* Демек, Сүлеймен төрені тек *тілге тиек еткені* болмаса, одан күтерлік ештеңе қалмағанын, оның өткендегі үлгі бастықтардың күңгірт көлеңкесі ғана екенін қарт жырау жақсы түсінеді. Жырау Барак пен Кеңесбайға мін тағып шенегенде *тіліне тиек, сөзіне тірек ететіні*: сендердің арғы аталарың дегдар еді, олардың кезінде заман да тұзу, заң да әділ, сондықтан адамгершілік те мол болатынды, ал мынау азған шақта сендерде енді не қасиет қалды, құрып болдыңдар ғой деген тәрізді бірінғай қорытындыға келеді (Ы. Д.). *Тілге тиек тауып* сөйлегенге не жетсін (Гур., Маң.).

ТІЛГЕ ҰСТА *Сөзге шебер, шешен.* Шәңгерей творчествосының бір құнды жағы — ол *тілге ұста* ақын. Келісі, ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орынды қолдана біледі (З. А.).

ТІЛДЕП ЖІБЕРДІ *Ұрысты, балағаттады.*

ТІЛДІ БАЙЛАДЫ *Сөз айтуға мұршасын келтірмеді, жақ аштырмады.* Құсқұрттың қозғап көңілін, Қайғылы *тілді байласын.* Қаз, бұлбұл, аққу қоссын үн, Сарғалдақ бірге сайрасын (Б. К.).

ТІЛДІҢ МАЙЫН АҒЫЗДЫ [ТАМЫЗДЫ] *Сөзге шебер, шешен кісі туралы айтылады.* Мен едім Қажығалы Асаубайдың, Айт десе, *ағызатын тілдің майын* (ШС). Олар мәдениетті, сабырлы адамдарды сыйлайды, *тілдің майын ағызып*, ойы мен бойын жағалап аралап өтсең, түү сона, Лондон қаласымен де жалғастыра салады (С. Төл.). *Май тамызса тілінен*, Еш адамға сенбеске, Өз ақылмнан басқаға, Не көрсем де көнбеске, Көміл уағда етілді (С. Т.).

ТІЛДІ СУЫРЫП ӘКЕТТІ *Өге дәмді тағам туралы айтылады.* Ішінде сорпаның кесек-кесек майлы еті бар. Алғаш үркек-теп, дәмін алып ұрттағанмен, бірте-бірте *тілімді суырып әкетті* (Б. С.).

ТІЛЕГІ ҚОСЫЛДЫ *Арманы бір жерден шықты; тілек-ниеті орындалды.* Екі жастың білегі айқасып, *тілектері қосылғанын* қарсы алғандай болды (Д. Ә.).

ТІЛЕГІН БЕРДІ [ОРЫНДАДЫ] *Дегені болды, айтқанын істеді.* Екі көзді сел алып, Жылай, жылай шөл алып, Тілек тілеп зарласам, *Тілегімді берер ме?* (ҚЕ). Қолдан келгенше, *тілектерін орындап* та жатырмыз (М. И.). *Тілекті тәңір бермеді.* Өздеріңдей хандарды, Осылай бір қылсам деп едім (М. Ә.).

ТІЛЕГІН [ТІЛЕУІН, ТІЛЕУ] ТІЛЕДІ *Біреудің қамын жеді; өмірін-жүрімін сұрады.* Ел *тілегін тілеген* Ер азбайды батадан. Нағашысы Уақта Ер Қосайдай ер өткен (Д. Б.). Көп шөбере ішінде Ерекше *тілеп тілеуін.* Құдайға күнде жылаймын (Д. Б.). Ажының жақсы-ақ қызы едім, Жетістірем деп алды. *Тілеуін түзден тілесе*, Баста мені неге алды? Сол желіккеннен желігіп, Жынды сары жоғалды (Абай). Бағың өскенше *тілеуіңді* ел де *тілейді*, өзін де *тілейсің*, бағың өскен соң өзін ғана *тілейсің* (Абай). Боз көделі белестің бетінде ақ боз аттан түсіп, қолын ұзақ жайып *тілеу тілеп* қалған ақ бас өкесін Аман қозы көш жер ұзағанша көріп бара жатты (Ғ. Мұс.).

ТІЛЕГІҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН! ⊙ ТІЛЕГІ-НЕ ЖЕТ! а л ғ ы с. *Дегенің, ойыңа алғаның болсын.* Не тілесен, *тілегің қабыл болсын!* (Д. Е.).

ТІЛЕГІ ТҮЗУ *Ниеті дұрыс.* Бүгін жұма күн еді. *Тілегі түзу* екен марқұмның. Бүгіннен қалдырмай жерлелік (ҚЕ).

ТІЛЕГІ [ҮМІТІ] ҮЗІЛДІ *Солай болса-ау деген арман, ойы болмай қалды.* Бұл дүниеде олар да бар шығар... деген әлсіз бір үмітті талшық етіп, *тілегі үзілмей* кетіп барады (Ә. Н.).

ТІЛЕК АЙТТЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Өзінің арман-мүддесін білдірді, өтінді.* Алдияр! Алдыңызға *тілек айтам*, Көңілімде қалған кір жоқ, кетті сайтан. Тілегім мың қайтара бір-ақ тілек, Басыма бостандық бер елге қайтам (І. Ж.). Қақпаға жапсырған жарнаманы халайық оқып бер деп *тілек еткесін* оқып бердім (Х. Е.).

ТІЛЕУ ҚОСТЫ *Үміт артып, біреудің аман я дәрежелі, бақытты, т. б. болуына тілектес болды; ниеттес көңілде болды.* Ортақтық, тыныштық, достық қой, Оның қадірін кім білер? Әркімге-ақ *тілеу қостық* қой (Абай).

ТІЛЕУІ КЕСІЛГІР! [ҚҰРҒЫР!] *Жеңіл, әзілді кейіс реңкте айтылады.* (Қарғыс мағынасы да бар). Шоңқа Жарасовпен бірге қой ішін аралап шықты да: «*Тілеуі құрғыр*, не қылған мал екенін, жаныңды ап калатын осы, осыны кеміріп өлсеңші!»— деп тұрып кейбірінің тұмсығына иіскетіп, арпаны аузына да тығатын (М. Ә.).

ТІЛЕУІ [ҮМІТІ] КЕСІЛДІ *Тілегіне жете алмады.* Іздеп көріндер, азаматтар. *Ті-*

леуім кесілді менің деп тұрмын,— деді Өжібай Жарасовтарға (М. Ө.).

ТІЛЕУІ [ТІЛЕГІ] ҚАБЫЛ БОЛДЫ *Солай болса екен-ау деген тілегі орындалды. «Жолын қыл!» деп баламның, Қарт атаң жасын төкпей ме? Қарт тілеуі қабыл боп, Қанына ұрық екпей ме? (Д. Б.). Бұл айтқан қабыл болмас тілегіңіз, Елдегі жақсы адамның бірі едіңіз. Тіл алсаң, молда маған жақындама, Жарылар жазым болып жүрегіңіз (М. Б.).*

ТІЛЕУІҢ ҚҰРСЫН! Ө ТІЛЕУІҢ КЕСІЛСІН! қ а р ғ ы с. *Жұртқа, біреуге деген ниеті, пиғылы жаман кісіге айтылады.*

ТІЛ-ЖАҒЫНА [ТІЛ МЕН ЖАҒЫНА] СҮЙЕНДІ *Қақсай берді, көп сөйледі. Сен де тіл-жағына сүйеніп, ұрынба бос (М. Ө.). Со жақтан тіл-жағына сүйенген біреудің саңқылдаған даусы құлақты жарып барады (Ө. Н.).*

ТІЛ ЖЕТКІСІЗ *Тілмен айтып суреттеп шыққысыз. Ағаштың, гүл-бәйшешек, аңқыған иіс, Құдіретті ауазданған ерте мен кеш. Жазғанда тіл жеткісіз түрлі сырлар, Ардақтап, айналдырмайды ойыңды еш (Б. К.). Бар жерде де құр алыс, Барша жұртқа қуаныш, Тіл жеткісіз қызық еді (Б. К.).*

ТІЛ ЖЕТПЕЙДІ *Сөзбен айта алмайтын. (Бұл жерде өлең иесі ақыл-сана, сезім дүниесін ең алдымен ана тілінде айқын айта алады дегенді айтып отыр). Ана тілше жүрекке бойлап терең, Ана тілше қиюлап тербеу өлең. Тіл жетпейтін адамның жан сезімін, Жан бітіріп суреттеп, зерлеп берем (І. Жар.). Деген соң сұлу Зәйкүл, сұлу Зәйкүл, Айтуға сымбатыңды жетпейді тіл. Басымды тау мен тасқа ұрсам-дағы, Ешбір іс ретінде келмей-ақ жүр (Б. М.).*

ТІЛ КЕСТІ *Сөзін тыйды, сөйлетпей тастады.*

ТІЛ-КӨЗДЕН ҚАҚАС БОЛСЫН! [САҚТАСЫН!] к ө н е. *Тілден, көзден сақта; біреудің көзі өтпесін. Түңлікбай: «Көрші хақы — төңір хақысы» деген, баламның атын, молдеке, өзіңіз қойыңыз,— деді Шұлаубайға.— Бәрекедлі!— деді көршісі, текеметің шетін көтеріп, бір түкіріп тастап.— Балаң тіл-көзден қақас болып, көп жасасын... Балаңның аты Түкірік болсын (Б. Е.). Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше, Мал айтып амаңдыға әлденеше. Сақта деп тілден-көзден сиыныпты, Су ішсе, қыраға кетсе, шөбін жесе (І. Ж.).*

ТІЛ ҚАҒЫСТЫ *Сөзбен іліп-қағып айтысты. Талайы бозбаланың болған ғашық, Уай шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп, Егер де Қамарменен тіл қағысса, Құдай ұрып, жым болар қара басып (С. Т.).*

ТІЛ ҚАЙЫРДЫ *Қарсы сөз айтты. Тамақ үшін таяқ жең, Ол не десе, көндік біз. Тіл қайырсақ тірі сойды, Болдық оған жемтік біз (Б. К.).*

ТІЛ ҚАЛПА *Тіл алмайтын бала туралы айтылады.*

ТІЛ ҚАТТЫ *Бірдеңе деді, сөйледі. Анда-санда ыңырсып, тіл қатып жатты соққыға жығылғандар (Ғ. Мұс.). Абай бұл кезде жаңағы қонақтармен тіл қатыса отырған. Олар Абайдың туыстары болып шықты (М. Ө.). Алмас әлденеден сезіктеніп, өз бөлмесіне кіргенше тіл қатпады (З. Қ.). Өзім іздеген ерсі болар және әйел басыммен не деп тіл қатам оған (С. М.).*

ТІЛ СЫНДЫРДЫ *Оқу үйретті, сауатын ашты. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бесалты ауыл «балалардың тілін сындыру» үшін молда жалдапты (Ғ. М.).*

ТІЛСІЗ ЖАУ *Табиғат апаты от пен су туралы айтылады. Өртті менің апам: «Тілсіз жау» — дейді (М. Сүн.).*

ТІЛ ТАПТЫ 1. *Қисымын келтірді, жөнін тапты. Тілін таппағанды тірі жұтады (АТ). 2. Ұғысты, түсіністі, сөздері жарасты.*

ТІЛ ТАРПАДЫ [ТАРТПАЙ КЕТТІ] *Табан астында тілге келмей дүние салды. Жігіттер жағы жеңіл жараланды. Ал, екі қабат ана тіл тартпай кеткен (ІЖ).*

ТІЛ ТАРТТЫ Ө ТІЛ ТАРТЫП, СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРДЫ *Ниетін білмек боп сөзге, әңгімеге алаң етті. Қадалып жабыспағанмен, жанаса келіп, тіл тартып, сөзге айналдырды (Т. А.).*

ТІЛ ТИГІЗДІ *Балағаттады. Онысын азсынған адамға зекіп, тіл тигізеді (Т. А.). Анасына тартқан мінезсіз Балкүміс жегім кемпірге тіл тигізіп, жаралы жанын тырнап тастай ма деп қорқады (Ө. Н.).*

ТІЛ [ТІЛ МЕН КӨЗ] ТИДІ *Біреудің тіл-көзі тиді, сұғы өтті. Құлагер, қуанышпен қосып едім, Алдыңнан үмітпенен тосып едім, Жиылып арғын, найман қарағанда, Тіл мен көз тиер ме деп шошып едім (І. Ж.).*

ТІЛ ҰСТАРТТЫ *Сөз өнеріне жетілдірді, шешендікке баулыды; сөзді жөнге түсірді; үлгілі өлең-сөз жасады. Мақсатым— тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ (Абай).*

ТІЛ ҰШЫНА АЛМАДЫ *ди а л. Ауызға алмады. Ол бұрынғылардың бәрін тіл ұшына алмады (Қ. орда, Қарм.).*

ТІЛ ХАТ *Хабар-сөз, сәлем хат. Сап, сап, көңілім, сап, көңілім, Сабыр түбі — сары алтын. Сабыр қылсаң, жайыңды Білер ме екен бекзатым? Көңіл аулап сөз айтар, Арадағы тіл хатым (Абай).*

ТІЛ ШЕШІЛДІ *Сөзге ерік берілді, еркін сөйлейтін болды. Көтеріліп зіл тастап, мөмын көңіл, Жел айдаған қаңбақтай болдым жеңіл, Ел өзгеріп, байлаулы тіл ше-*

шіліп, Жолды-жолсыз папалам ағыл-тегіл (Б. К.).

ТІЛІ АУЗЫНА СЫЙМАДЫ **○** **ТІЛІ ТАҢДАЙҒА ЖАБЫСТЫ** *Қатты аңқап шөлдеді, сусады. Тілі аузына сыймай шөлдеп келген Ұлжан салқын сары кымыздың бір кесесін сіміріп алып, үй іргесіндегі өзенге кетті (Ж. Т.). Күн шыжғырған жапанда Таңдайға тіл жабысқан. Қалың пұшпақ қашанда, Қабақ шытпай қарысқан (Ғ. О.).*

ТІЛІ АШЫ *Сөзді жанға батырып айта-тын ұлы тілді (кісі).* Ақылы кімнің бар болса, Демек мұның тілі ашты. Айтыңызшы, болсаңыз здравомыслящий, Ақыл етпей ме ағасы? (Абай). **Тілінің аштысын қарай гөр!** (М. А.). Ашынды адамның тілі ашты болады деді Тоқабай (Ғ. Мұс.).

ТІЛІ БАЙЛАНДЫ **○** **ТІЛДЕН ҚАЛДЫ** **○** **ТІЛ-ЖАҒЫ** **○** **БАЙЛАНДЫ** **○** **ТІЛІ КҮРМЕЛДІ** **1.** *Қорыққаннан, науқастан, еріксіздіктен, т. б. сөйлей алмай қалды.* Тілім бар деп мақтанба, Тіл байланса қайтесің (ШС). Басымды кесіп алғанша, Қашан тілден қалғанша, Гүлесін сөздің көрігі, Тоқсан толқын толқытын, Сөйле тілдің ерігі (Ү. К.).

ТІЛІ [ТІЛІМЕН] ВИДАЙ ҚУЫРДЫ *Апшыны қуырды; сөзбен түйреді.*

ТІЛІ ЖЕТЕДІ *Сөзбен жеткізе айтып бере алады.* Сен үлкен бақыт, жарастық, ашықтық өміріне жаралғансың!— десе болар еді. **Тілі жетер еді** (М. Ә.).

ТІЛІ ЖОҚ *Сөзі жоқ; үнсіз көнген (кісі), үні шықпас (жан).* Өттең дүние-ай ымдасқанмен үні жоқ, О да жұмбақ ашып айтар дымы жоқ, Қолым қысқа, қанатым жоқ, сақаумын, Мұңым шағып сөйлесер де тілім жоқ (Б. К.). **2.** *Мылқау.*

ТІЛІ КЕЛМЕДІ **1.** *Ештеңе дей алмады; тілі бармады, айта алмады.* Қызарып қыз отырды түк үндемей, Не «болсын», не «болмасын» бірі жеңбей. Отырып ойлап-ойлап: «Болсын» деді, Айтуға өзі сөзді тілі келмей (І. Ж.). **2.** *Өзге тілді дұрыстап айта алмайды.*

ТІЛІ ҚЫСҚА **1.** *Сөзге олақ, шешен емес. Тілің қысқа, ебің аз, топассың деп сөкпе (М. Ә.).* **2.** *Еркі жоқ.* Бұл елге мен келін болам, сол үшін де тілім қысқарып тұр (АТ).

ТІЛІ ҚЫШЫДЫ *Сөйлегісі келді, сөйлеуге құштар болды.* Сөзуар Ахмет Райдың мұңды жүзіне мысқылдап қарады. Қызынан айрылып қалған жігітті кекеткісі кеп, тілі қышып отыр (Ө. Н.). Ұзақ уақыт үндемей жүргендіктен, тілің қышып бара жатса, жиналыста сөйле (ЛЖ).

ТІЛІ МАЙДА *Майда сөзді, тілі жұмсақ.* Мінезі де бір түрлі Ушақовтың, Тілі майда, жайдары (Қ. Мұқ.).

ТІЛІ МЕН ЖАҒЫНА СҮЙЕНДІ *Сөзді желеу етті, әр нәрсені бір сылтау етіп қыл-*

жақтады. Қабдолла, сен тілің мен жағыңа сүйенбей, кесімді уәденді айт! (С. О.). *Тіл мен жағына сүйенген баламау!* Тіл тамақ емес, тезірек қазан көтер (АТ).

ТІЛІМЕН ҚҰС ҰСТАҒАН *Бұл жерде тәтті сөз, шығарыл салма әңгіме мағынасында.* Асылы үлкен ақындық үшін үлкен азаматтық, ерлік керек. Онсыз жерде тілімен құс ұстаған тәтті сөзден елге келер пайда жоқ (Ғ. Б.).

ТІЛІМ МҰРНЫМА ЖЕТПЕЙ КЕТСІН **○** **ҚОЛЫМ К...ІМЕ ЖЕТПЕЙ КЕТСІН** *Әзіл-оспақ ретінде өтірік қарғану.*

ТІЛІМНІҢ ҰШЫНДА ТҮР *Есімнен шығып, аузыма түспей тұр; білуші ем, көрмейсің бе, ауызға түспей тұрғанын деген мағынада.* Ал, тыңдасаңыз айта қойыңызшы, мен жаңа не айттым? Сен бе? Сен әлі... әлгі... әлгі кім, тілімнің ұшында тұрғанын қарашы, сен әлгі кім туралы айттың ғой (Қ. Сат.).

ТІЛІМ СӨЗДЕН, ТІЗЕМ ЖАУДАН СҮРІНГЕН **ЖОҚ** *Тілім мүдіріп, жаудан жеңіліп көргенім жоқ.*

ТІЛІ МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ **○** **ТІЛІ ӨТКІР [ЗӘРДЕЙ, УДАЙ]** **1.** *Тілі шаян шаққандай ашты.* Өзінің тілі мірдің оғындай. Молда ұрса, өршелене түседі (Қ. Әб.). Түрін қарашы, көрден шыққандай, тілін қарашы, мірдің оғындай, — деді Шөкен (Ғ. Мұс.). **2.** *Тілі тіліп түсер, дегенін жеріне жеткізе дәл, тура айта алатын адам.* Үйшінің үскісіндей өткір тілім, Өрді-ойды білмей шауып қасқарасын. Хан жамандап қаныңды төгіп алып, Шығарма, қызыл тілім, масқарасын (Ш. Ж.). Ақ Айша атанған көрікті, мінезді, тілі орамды Айша ендігі бақытын бала деп білді (Ғ. Мұс.). Салика Ләззат терізді сөзге сараң болғанмен, тілі удай. Шағып алады (Т. А.).

ТІЛІН БАЙЛАДЫ *Бұл жерде кесе-көлдөнеңдеп, сөйлетпей қойды деген мағынада.* Бұлардың ерқайсысын бір-бір жапырақ қағазбен ноқтапала, тілдерін байлап қойдық қой, еріктеріне жіберсек, сөздің не шұрайлысын естір едік (І. О.).

ТІЛІН БЕЗЕДІ *Тілі мен жағына сүйенді деген мағынада.* Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап (Абай). Қызыл тілін безеген, Найзасын тасқа егеген. Алды-артынды буамын, Сені асырмай кезеңнен (Жамбыл).

ТІЛІН БІЛДІ **1.** *Ұғыса алды; тіл тауып сөйлесе алды.* **2.** *Тетігін білді.* Бүгінгі күні әр алуан техниканың тілін білу — басты талап (ЛЖ).

ТІЛІНЕ БҰҒАУ ТҮСТІ [САЛДЫ] **○** **ТІЛІН КЕСТІ** **○** **ТІЛІН ТІСТЕТТІ** *Сөйлетпей қойды; ойына, пікіріне тыйым салды.* Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне, Бұғаулар екі аяғын түбінде (ШЖ).

ТІЛІНЕН БАЛ ТАМҒАН **○** **ТІЛІНЕН ШЫРАСЫ ТАМДЫ** *Тілі майдай; тілінен май (бал) тамды; тілі тәтті. Тілдерінен бал*

тамған, Жорға, жүйрік май тамған Шешен де өтті дүниеден (Жамбыл). Құдай деген мүһминнің Аузынан кетпес тобасы. Иман-ны бардың белгілі — *Тілінен тамар шыра-сы* (Ш. Қ.).

ТІЛІНЕ СӨЗ ВЕРДІ *Сөйлейтін тіл бітір-ді, тіл берді.* Оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуіне ұқтырарлық *тіліне сөз беріп* жаратпақтығы махаббат емес пе? (Абай).

ТІЛІН КӘЛИМАҒА КЕЛТІРДІ діни. *Өлер алдында айтылатын сөз.* Судыр Ахмет *тілін кәлимаға келтіруге* жарамады (Ә. Н.).

ТІЛІН КЕСТІ *Сөзін тыйды, сөйлетпей тастады.* Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің *тілін кесер* едім (Абай).

ТІЛІН ҚАЙЫРДЫ *Айтқанын істемей, сөзін қайтарды.* Қатын-бала *тіліңді қайыр-ған* соң, Отырып от басында ойбайлай-сың (ШС).

ТІЛІН ҚЫШЫТТЫ *Шабына тиіп, сөй-леуге игермеледі, мәжбүр етті, ызасын келтіріп сөйлеуге түртпектеді.* Иә, *тілімді қышыта* берме, сен қатын (Ә. Н.).

ТІЛІН СҰҒЫП АЛДЫ *Тілін тигізді, түйрей сөйледі.*

ТІЛІН ТАРТПАДЫ *Жасқанбай сөйле-ді, тартынбай айтты; бет бақтырмай ба-жалақтады.* Бестеректен шыққан Сәніпбай Бендеден *тілін тартпаған.* Сөйлескен кісі жағынған, Қорыққан кісі бағынған (Жамбыл).

ТІЛІН ТІСКЕ ЖАНЫҒАН *Тілін босқа безеген.* Көрмедім шын еркекті жол таны-ған, Жаһил көп *тілін тіске құр жаныған.* Қандай нәрсе екенінен хабары жоқ, Не пысық сауал қылсаң иманыңнан (Ә. Тәң.).

ТІЛІН ШАЙНАДЫ *Сөйлеуге мұршасы болмады; сөйлей алмай қалды.* Сарбаздар сайлап мініп өңкей саңлақ, Зеңбірек күрс-күрс атқан, гу-гу сайғақ. Күйшінің басы айналып кетті осылай, Қалтырап, қалды сорлы *тілін шайнап* (І. Ж.).

ТІЛІН ШЫҒАРДЫ *Бір нәрсені айтуға мәжбүр етті.* Сол күндері Райхан «Өлеңті-нің суына түсіп ал» десе, дайын ол — Ақан. Сол махаббат оты ақыры еркін алып, *тілін шығарды* (З. Ш.).

ТІЛІНІҢ БІЗІ БАР *Тілі ащы адам ту-ралы айтылады.*

ТІЛІНІҢ ЕБІ БАР *Сөзге шебер, шешен.* *Тілінің ебі бар* бір кісіні дереу шақырып алды... (Ә. Н.).

ТІЛІНІҢ ҚОТЫРЫ [ШИҚАНЫ, ҚЫР-ШАҢҚЫСЫ] *БАР Біреуді кекетіп-мұқа-тып сөйлейтін, сөзін астарлап айтатын кі-сі туралы айтылады.*

ТІЛІНІҢ ТИЕГІ АҒЫТЫЛДЫ *Сөзінде шек болмады.* Сен дегенде ағаңның *тілі-нің тиегі ағытылып* кетеді (Ә. Н.).

ТІЛІНІҢ ҰШЫНА АЛМАДЫ *Айтпа-ды, еске алған жоқ.* Ақбаланың бір әдеті: қанша қиындық көрсе де, кісіге шағын-байтын. Өзінің жоқ-жітік жайын ол қазір де *тілінің ұшына алмады* (Ә. Н.). Сүйеу қарттың ыңғайына карап үйренген үй іші Ақбаланы *тілінің ұшына алмады* (Ә. Н.).

ТІЛІҢДІ ТАРТ! [ТҮЙ!] *Сөйлеме, анау-мынау сөзге бармай, абайлап, алды-ар-тыңа қарап сөйле, аузыңа келгенді айта берме.* Олай деме, ақын қыз, *тіліңді тарт.* Толып жатыр аулында сақалды қарт. Тү-генбай, Түгелбайдың, Изенбайдың, Сыпы-рып жақсы болса сақалын сат (Айттыс).

ТІЛІҢДІ ТӘҢІР КЕССІН! ☉ **ТІЛІҢ КЕ-СІЛСІН!** қарғыс. *Бұл көбіне бет-жүзге қарамай* турасын өткір тілмен айтып са-латын кісіге бір жағынан ренжи, бір жа-ғынан риза бола отырып айтылатын сөз. Тақсыр, еркек адам бала таппаса, еркек қой қоздаушы ма еді? — дейді Қарашап сұлу. Сонда хан сөзге жығылып: «Ой, *тіліңді тәңір кессін!* — деген екен (КЕ). Ағай артық-кем тілге келе алмады. Қап-қара боп түтігіп, ызаға булығып, «ой *тілің кесілсін,* тілің кесілгір», — деп кете барды (ЛЖ).

ТІЛІҢЕ ТЕРІСКЕН [ШИҚАН, КҮЙ-ДІРГІ, ТЕМІРЕТКІ] ШЫҚСЫН! ☉ **ТІЛІҢЕ ТІКЕНЕК КІРСІН!** [ШОҚ ТҮССІН!] қар-ғыс. *Тілі ащы кісіге айтылады.* (Ескі әдетте «тіліме теріскен шықты» деген кісі-ге жеті арам, жеті адал мақұлықтың ұят жерін атап, соның ішінде таныс бір кісіні атап, пәленшенің «к...іне шықсын!» деп айтатын құрбы-құрдастардың өзілі бол-ған). — Тфәй-тфәй, *тіліңе теріскен шық-сын* сенін! Не деп отырсың. Молаға қа-шатыйндай келіннен қорыққаның сонша? (Ә. Әл.). Сумаңдама, *тіліңе күүдіргі шық-қыр* Әне, директордың өзі келе жатыр (С. Ад.).

ТІЛІ ТИДІ *Жаман сөзбен балағаттады; қатты сөзі өтті.* Ыбырай асып кетті! Қа-зақтың игі жақсысына *тілі тиіп,* сөзі өтіп кетті. Оразбай сол үшін, көп үшін намыс қылды, — десетін атқамінерлер (М. Ә.). Не дейді! Тіл алмадың ба? Әлде *тілің тиді* ме? — деді Шолпан (Ғ. Мұс). Амал қан-ша, дәрігерлерге *тіл тигізгенмен* өлген ба-ла тірілер ме, ең болмағанда бірер сағат-қа тірілсе, қай дәрігердің қолынан қайтыс болғанын білер едік деп тұр (С. Төл.). Бі-реудің *тілі тимей* ме, Қартайған атаң Ба-зарбай Сенің үшін күймей ме (ҚЖ).

ТІЛІ ШАЛДЫ *Тілі жетіп, айтып бере алды; жеткізе айта білді.* Таусылып көз қарайса азық-түлік, Кеулесе неше жерден жанжал, бүлік, *Тіл шалып,* ой болжамас шеберлікпен, Қозғаса бір капитан жөнін біліп (І. Ж.).

ТІЛІ ШЫҚТЫ 1. *Сәби алғаш сөйлей бастағанда айтылады.* Кеше туған жас бала Төртке жасы жегеді, *Тілі шығып, былдырлап, Үйін базар етеді* (Н. Б.). **2.** *Қарсы сөйлейтін болды, қарсыласты.* Шәкір Жұпарды өденге лақтырып ұрды. Бағила қатты күйзеліп, жан даусы шықты. Мұның енді қызына да *тіл шыққан*, — деді Шәкір (М. И.). Дәл осы жақында, екі жұмадай бұрын *тілі шыға* бастаған шайпау мінезді тоқалға Сырбай алғашқы рет ақырып, қорқытпақ боп қамшы сілтей беріп еді (М. Ә.).

ТІРЕУ БОЛДЫ *Медеу, сүйеу болды.* Ата-енен қартайса, *Тіреу болар* бұл оқу, Қартайғанда мал тайса, *Сүйеу болар* бұл оқу (Ы. А.).

ТІРЛІК БОЛМАДЫ *Өмір жоқ, тіршілігі бітті.* Енді *тірлік болмас-ты*, Ажалдан ешкім қалмас-ты (БЖ).

ТІРНЕКТЕП [ТЫРНАҚТАП] ЖИДЫ *Аз-аздап, ептеп-септеп басын құрады.* *Тірнектеп жиған* мал кетті. Сен де бөтен емес едің. Бірақ түп қазық сенде емес қой. Саған өкпе жоқ, — деді Дербісәлі Мұратқа (Т. А.).

ТІРШІЛІГІҢ ҚҰРЫСЫН! *Бүйтіп тіршілік еткенше, тірі жүрмей-ақ қой.* Осы көк майсаға бір аунамай, өмір бойы тікенең арқалаған *тіршілігің құрысын!* — депті көмейі бүлкілдеп бақа (ҚЕ).

ТІРІ АРУАҚ діни. 1. *Өлген адам сияқты.* Өндерінде бір тамшы қан қалмай, екеуі де *тірі аруаққа ұқсап кетіпті* (Ә. Ә.). 2. *Дәрменсіз адам туралы айтылып тұр.* Босағ деймін! Құдай үшін босатындар! — деп үйдің ортасында мелшиіп отырып алған *тірі аруақ* қинала дыбыс шығарды (С. О.).

ТІРІДЕЙ ЖЕДІ [ЖЕП ҚОЙДЫ] *Қатты ұрысты; қатты ұрсып, ұялты.* Шал баласын *тірідей жеп қойды.* Өлмеген соры, бала үйден сүлдесін сүйрете шықты (АТ).

ТІРІДЕЙ ЖЕРГЕ КІРДІ **○** **ТІРІДЕЙ МАСҚАРА БОЛДЫ** **○** **ТІРІДЕЙ ӨЛДІ** *Қатты ұялды, өлердей ұялды.* Сөзі жетпейтінін білген ақылды жігіт бүкпелі ой есебі күтпеген қызметін өткізіп, жұрт алдында әлгі ұстаны *тірідей жерге кіргізе* ұялтыпты (АТ). Малқар болыс *тірідей өліп* қайтты. Сені жұрт бұрын: «Момын, өнерсіз», десе, енді: «өжет, есті бала, түбінде ел осыған үйіріледі» дей бастады, — деді Әлжан Аманға (Ғ. Мұс.).

ТІРІ ЕТКЕНДІ ҚҰР ЕТПЕДІ діни *Жан бергенді құр тастамады, ризығын берді.* Қолыма қалам алып салдым нұсқа, Жайылар жария сөз бөтен нұсқа. *Тірі еткенді құр етпен* деген алла, Өзі нәсіп береді ұшқан құсқа (МЗ).

ТІРІ ЖАНҒА КӨРІНБЕДІ *Ешкімнің көзіне туспеді.* Қыз екен! Ақ тамағын сүйер ме еді, Алпыс жыл асығына күйер

ме еді! *Көрінбей тірі жанға* жүру үшін, Құс кебін перілердің киер ме еді (І. Ж.).

ТІРІ ЖАНҒА ТЕНДІК БЕРМЕДІ *Ешкімге есесін жібермеді.* Мен, Шолақ ажал жетіп өлгенім жоқ, *Теңдікті тірі жанға бергенім жоқ.* Аузымнан мен шолақпын деп сөз шыққан соң, Кеткенін қайда кіріп білгенім жоқ (В. Ш. Б.).

ТІРІ ЖАНДЫ ЖОЛАТПАДЫ *Ешкімді жақындатпады.* Көкжан батырдың тұлпары маңайына *тірі жанды жолатпайды* (ҚЕ).

ТІРІ ЖАН ЖОҚ *Ешкім, еш адам жоқ.* Енді осы арада, мына орманның ішінде, *тірі жан жоқ* сияқты (ҚӨ).

ТІРІ ЖАННАН ҚАЙМЫҚПАДЫ *Ешкімнен қорықпады.* *Қаймығып тірі жаннан* қорықпаған, Сірә, өзінен мықтыға жолықпаған. Өз бойына өз күші сенімді боп, Ойламас жазалар деп ұлық маған (А. А. Қ.).

ТІРІ ЖАН, ТІСТІ БАҚА *Әйтеуір талпынып, ұмтылып жатыр деген мағынада.* (Көбіне жаңа туған бала туралы айтылады, ептеп-септеп күнелтіп жүрген кісі туралы да айтыла береді).

ТІРІ ЖЕТІМ *Әке-шешесінен тірі айрылған балаға айтылады.* *Тірі жетім* боп отыр ғой, — деп мүсіркеп қойды (Ә. Н.). *Тірі жетімегім-ай,* мезгілсіз қайда қаңғып жүр екенсің? — деді Балқия (Ә. Ә.).

ТІРІ КҮН *Жақсы тұрмыс, бейбіт өмір деген мағынада айтылып тұр.* «Мен» емеспін, мен де көптің бірімін, Мендейлердің міне қостық бірлігін. «Мен» құралып «біз» боп шықпай күреске, «Мен» тудырман бұқарама *тірі күн* (І. Ж.).

ТІРІ ҚЫЗЫҚ *Әбден тамаша.* Біз онда Шолпан жақтамыз! Бірақ қатын ауылнай бола ала ма? — Бола алмаса, өзінен көрсін.— Ей, мынау *тірі қызық* екен (Ғ. Мұс.).

ТІРІ ӨЛІК *Құр сүлдесі қалған.* Тұтқындардың сүйектеріне терілері жабысып кеуіп қалған. Қан жоқ. Көздері үңірейіш ішіне кіріп, тұз тәрізді қатып қалған. *Тірі өлік* тәрізді (С. С.).

ТІРІ СӨЗ *Жанға нәр, қуат берер, иландырар, шипа болар жанды сөз.* Ішінде бір қуаты барға ұқсайды, *Тірі сөздің* жаны — сол, айрылмайды. Қасиетті напасы желдей есіп, Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды (Абай).

ТІС ЖАРДЫ 1. *Жас баланың тісі жаңадан шыға бастаған кезі, тісі шықты.* 2. *Шындықтың, құпия сырдың шетін жай шығарып айтып қойды.* Дүйсенбековпен ұрлық істейді бас салып, Бегімбеттің баласы редактор, Үндемейді екен *тіс жарып* (С. Төл.).

ТІС ЖАРМАДЫ **○** **ТІС ЖАРЫП СӨЗ [ТІЛ] ҚАТПАДЫ** **○** **ТІС ЖАРЫП СӨЗ АЙТПАДЫ** *Үн-түнсіз қалды; үндемеді, ләм-мим демеді.* Құлатты *тіс жармастан*

тұмсыққа ұрып, Азғынды адам деген атан жұрдай (І. М.). Тәңірбергенге қатын үстіне қашып кеткенін есіткенде, қатыгез шал қатты ширығып: «Шіріген жұмыртқа. Ана жатырынан ұшынып туған қыз. Сайқал!» — деп түйді де, тыйылды. Содан бері бір жанға *тіс жарып тіл қатпай*, өз күйігіне өзі өртеніп, булығып қалғанды (Ө. Н.).

ТІСКЕ БАСТЫ [СЫЗДЫҚ ЕТТІ] *Үнем деп, тіс тиерлік алданыш етіп азық жасады.* Тек бұрын ауыл адамдары қыстың беті қалай бұрылады деп, сатып алған азын-аулақ астығын кебеже, абдыраға тыққыштап, көрі-құртаң малды *тіске сыздық етіп*, қалтырап отырушы еді (А. Н.).

ТІС ҚАҚҚАН 1. *Тәжірибесі мол, ысылған. Тіс қақпаған қыз бала, Мұндай сұмдық оған жат. Өкініп, өксіп тұр жылап (Д. Ә.). Ақбас білімді, тіс қаққан адам болғанмен, қазақ арасына жақадан келген (М. Ә.). 2. Әккі қу. Шығаннан шыққан тіс қаққан, жырынды жан (ЛЖ).*

ТІСТЕГЕННИҢ АУЗЫНДА, ҰСТАҒАННЫҢ ҚОЛЫНДА [ҚОЛЫНДА КЕТТІ] ○ ҰСТАҒАННЫҢ ҚОЛЫНДА, ТІСТЕГЕННИҢ АУЗЫНДА КЕТТІ *Кім болса сол алып кетті, кез келген жем етті, талады. Жақып тірі тұрғанда кімнен кем, кімнен қор едім? — деп кемпір аһ ұрып алып, ендігіні айтсаңшы, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп отырған, — деп үнсіз қылайды (М. Ә.). Сіздің «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетеміз бе, қайтеміз дейтініңізді біліп, басқа келмей тұрғанда-ақ айтқамыз (С. С.).*

ТІСТЕН ШЫҒАРМАДЫ *Ешкімге айтады, ләм-мим деп аузынан шығармады. Сақтай, жалынамын, тісіңізден шығара көрмеңіз (Ә. Ә.). Мырзакерді сабадым, арқанын турадым. Түнде барып құдығын арамдап кеттім. Тістеріңнен шығарма, — дейді Тәуке (Ғ. Мұс.).*

ТІС ТИМЕГЕН *Мал жемеген. Тіс тимеген шөбіне Сартауқұмның, Сұрлақпен сызып тұр Ақырақай да (С. Кер.).*

ТІС-ТЫРНАҒЫМЕН ЖАБЫСТЫ *Жата жармасты, өлердей жабысты. Өгірік айттып, ұятсыздық қылса да, тырмысып, тіс тырнағымен жабысып көрді (М. Ә.).*

ТІСТІ БАҚАДАЙ ЖАБЫСТЫ *Қыр соңынан қалмау мағынасында айтылады. («Тісті бақа» бақаның суда жүретін жабысқыш түрі).*

ТІСТІГЕ ЕСЕ ТИДІ *Күштіге, азулыға кезек келді.*

ТІСТІ ТІСКЕ ҚОЙДЫ *Қиын-қыстау жағдайға тап болды, тарығып қиыншылыққа ұшырады. Ел өзінің осы кездегі аштыққа шыдауын, «тісті тіске қойып отырған шақ» деп атайды (М. Ә.). Бесе «елдің тісін-тісіне қоятын» шағы болушы еді ғой, жайшылықтың өзінде құрылғам кез ғой (М. Ә.).*

ТІС ШҰҚЫР КЫЛТАНАҚ ЖОҚ *Шөп шықпаған тақыр. Тіс шұқыр қылтанақ жоқ, тұяқ күйген, Шаңытқан, күлі шыққан жерді көрдім. Адамға берер сусын көусары жоқ, Нөрі жоқ қара шалшық көлді көрдім (Н. Б.).*

ТІСІ БАТПАДЫ *Батылы бармады, күші жетпеді. Начальникке тісі батпаған соң, Тоқабайға төкті зәрін: — Сен ғой, өтбекет болып жүрген! Сыыр әне, ала бер! — деді Таласбайға (Ғ. Мұс.).*

ТІСІН ҚАЙРАДЫ *Ыза болды, кектенді. Магистрлар яки анархистер жолдарына бөгет бола берген Қарби комитетінің жігіттеріне көздерін алартып, тістерін қайрап жүрді (С. С.).*

ТІСІН ТІСІНЕ ҚОЙЫП САҚТАДЫ

1. Біреуге арнап, тәтті дәмін өзіне қимай сақтады.
2. Аманатты берік сақтады.
3. Сыртқа сыр шығармады.

ТІСІН БАРДА ТАС ШАЙНА ○ ТІСІН БАРДА ЫСҚЫРЫП ҚАЛ *Қайратың барда көріп қал; қолыңнан келіп тұрғанда дегеніңді істеп қал. Енді сен де аянба, Тісің барда ысқырып қал! (Ғ. М.).*

ТІСІ САРЫ ҚАЙРАҚ *Әбден қартайған деген мағынада айтылады. — Иса-ау, мұның не? — Ала бие. — Өзі буаз ба? — Өңі жас, Тісін аш! — Тісі сары қайрақ, Бір қу қақбас (І. Ж.).*

ТІСІ ТІСІНЕ ТИМЕДІ *Қатты тоңды, қалтырап кетті. Асан үстінен су сорғалап дірілдеп, тісі-тісіне тимей сақ-сақ етеді. Мұз алыстап барады (Т. А.).*

ТІСІ ШЫҒЫП КЕЛЕДІ *Ширап, пысық бола бастады, өз ісіне өзі мұқият бола бастады. Біздің командирдің тісі шығып келеді, байқайсың ба? — деді Максим Бондаренкоға (Т. А.).*

ТІСІ ШЫҚҚАН *Есейген, ысылған, қу, есебі бар. Сын мен өзара сынды тісі шыққан оқушылар өз қолдарына алды (ХМ).*

У

УА, ДАРИҒА! Арман, өкінішті білдіруде айтылатын одағай сөз. Тартса да, домбырамды бергенім жоқ, Есерді поштабайдай көргенім жоқ. Қамшымен топ ішінде ұрып еді, Намыстан, *уа, дариға*, өлгенім жоқ (Б. Қож.).

УАЙЫМ ЖЕДІ Қамын ойлады, қайғырды. Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап уайым жеп айтқанмын (Абай).

УАҚАЙ СӨЗ диал. *Ұсақ-түйек* сөз. Есмағамбет осындай *уақай сөзді* айтып отыратын еді (Қос., Аман).

УАҚЫТТЫҢ ІСІ ҚИЫН діни. *Уақыт еш нәрсемен санаспайды, күтпейді деген мағынада. Уақыттың ісі қиын-ды*, Уақытымыз жеткен соң, Айтып-айтпай немене, Мезгіліміз өткен соң? (Б. Қ.).

УАҚЫТЫ БІТТІ [ЖЕТТІ, ОЗДЫ, ТОЛДЫ] *Мезгілі келді, күні асты, мезеті бітті*. Атым бір мінген қара кер, Шабуыл салсам, шығар тер. *Уақыты* мұның біткен соң, Тозығы жетпей төгілді, Өңірге салған алтын зер (А. Аз.). Уақыттың ісі қиынды, *Уақытымыз жеткен* соң, Айтып-айтпай немене, Мезгіліміз өткен соң? (Б. Қ.). Ау құрбым-ау, бұл қиссаны оқып көрдің, Ойлашы, не түсіндің нені білдің? Бірғалай *уақытың озды*, көзің талды, Шамалы онан қанша пайда қылдың? (М. С.). Дәл *уақыты жеткенде*, Талайдың гүлі құрайды. Расулды алған бұл өлім Кімнен жөнді сұрайды (Абай).

УАСЫЛ АЙЛАДЫ *Тілек қабыл болды*. Әр уақыт рақымы жоқ қатты құдай. Іздемдім қалқажанды нәпсі тыймай. Мақбубаға *уасыл айла*, я көрім деп, Зарландым жалғыз жүріп, *уа дариға-ай!* (А. Қор.).

УӘДЕГЕ КҮПТІ БОЛДЫ *Бос сөзге қарық болды*. Қорыта айтқанда, олар құрғақ уәдеге күпті болып отырғанда, басқалардың жаңа мәдени ошақтан дәме еткеніне жөн болсын деп те қаласыз (ЛЖ).

УӘДЕЛІ КҮН *Шарттасқан, келісілген мерзім* (АС). Болған соң *уәделі күн*, жауын жауды, Судан ішкен жыңды боп, ақылы ауды. Күні-түні шуласып таласады, Ұмытты тамақ жеу мен және ұйықтауды (Абай).

У ДА ШУ [У-ШУ] БОЛДЫ *Айқай-қиқу шықты, жамырап шуласты*. Келсем, десант он километр жерге түскен екен, ел *у да шу*,— дейді Русаков (Ә. Ә.). Ертеміне балықшылар аулы *у-шу болды* да қалды. Төңірберген бір топ жігітпен сайлашып кеп, таң алдында Ақбаланы алып кашыпты (Ә. Н.).

У ЖЕГЕН БУРЫЛ БӨРІ ПОРЫМДАНДЫ *Ыза кернеп аласұрды*. Дауысы зеңбіректей жерді жарып, Алмасты аспаһани қолына алып, Ширығып шыдамы жоқ тұр ханыша, *У жеген бурыл бөрі порымданып* (І. Ж.).

У ЖҰТТЫ ☉ У ЖҰТҚАНДАЙ БОЛДЫ *Қатты қайғырды, іші шерге толып, уайым жеді*. Бірақ осы сөз әр уақытта жылтыңдап шыға бересің-ау,— деп ішімен пысып, өз-өзімнен *у жұтқандай болдым* (АТ).

УЛЫ СӨЗ [ТІЛ] ☉ У ТІЛ ☉ У ТІЛДІ *Көңілге қатты тиер, жанға батар сөз*. Шын жүректен айтылса, Балдан төтті улы сөз. Сұм тілектен айтылса, Тастан қатты *улы сөз* (Ә. К.). Мысалы, ол... ел билеуші пысықтарды өлтіре шенеп, олардың панысық мінездерін, сұрқия қылықтарын, арамдық әрекеттерін *улы тілмен* қатты мінейді (Ы. Д.). Тәуке мен Әбеннің Жақыппен аралары шатақ. Әншейінде *у тілді* Жақып, қазір зығырданы қайнаса да, аузын баға қалған (Ғ. Мұс.).

УЛЫ СУСЫН ТӨГІЛСІН *Ақын бұл жерде терлеп-тепшіп еңбек ет дегенді айтып тұр*. Қасиет тұтып, ойға ұмтыл, Қан қайнап, қуат егілсін! Онан көрі еңбек қыл, *Улы сусын төгілсін* (Абай).

УЛЫ ТІЛМЕН УЛАТТЫ *Ащы, өткір сөзбен оңдырмай әшкере етті*. Халыққа

емес сыйымды, Парақор, баспақ биіңді, Ел бүлдіргіш бегіңді, Улы тілмен улағтым (Д. Б.).

УЫҒЫН ҚАДАСЫП, ШАҢЫРАҒЫН КӨТЕРІСТІ Белгілі бір ортақ іске белсене қатысты деген мағынада. Осы күнгі өзім алғаш уығын қадасып, шаңырағын көтеріскен «КазЦИК» совхозы қазір жан-жақты дамыған шаруашылыққа айналды (ЛЖ).

УЫЗДАЙ [УЫЗ, УЫЛЖЫҒАН] ЖАС [ЖАН] Жастық табы бетінде үлбіреген жегкіншек. Қайғыдан ба, арақтан ба?! Екеуі удай мас. Қастарында бір тұтқын қыз — Жаңа өспірім уыз жас (Ө. Т.). Өмір жемісін әлі жөндеп татып та үлгірмеген уыздай жас жігіт мүгедек болып қалса ше? (ЛЖ). Уыз жанды шөлетіпті улы зар, Көңіл кірін жырмен жусам қан қызар. Дей жүрермін, қонбаса да қолыма, Көкірегімде сөнбейтұғын жұлдыз бар (Ө. К.).

УЫЗ ҚЫМЫЗ Жазғытұрым кездегі алғашқы тәтті қымыз. Ассалаумәләйкем, Тәке, — деді Әлжан. — Әліксәлем. Малжан аман ба? Болыс деген анау Жақып сияқты тұздық ет жеп, уыз қымыз ішіп жатпас па жайлауда, — деді Тәуке (Ғ. Мұс.).

УЫЗЫ АРЫЛМАҒАН Бақ-дәулеті үзілмеген. Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сөждеге тимеген бір жауыз еді (С. Т.). Он екі баулы өзбекте Әзімбай еді қара көк, Арылмаған уызы, Сабада пісер қымызы, Арғы атасы Асылбек, Осыншаның біреуін Тал бойына көрмейді еп (ҚамБ).

УЫЗЫНДА ЖАРЫМАДЫ О бастан ас ішіп бүйірі шықпады. (Бұл жерде негізі оңбады деген ұғымда). Сіздерді қонаққа шақырған Нұрша уызына жарымаған жатақ еді (Т. Ө.). Өз теңінің ішінде Асырып дәурен сүргізді, Уызында жарыған, Ерте туған бағландай, Толықсытып жүргізді (ҚамБ).

УЫН ШЫҒАРДЫ Бұл жерде қайғы-шерін, өксігін тарқатты деген мағынада. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңіліндегі уын шығара жаздаушы еді (С. Т.).

УЫН ІШТІ Азабын шекті, қайғысын тартты. Ол бір өлеңінде тар өмірдің уын ішкен қойшының қара түнек күндерін көзге былай елестетеді (М. Е.).

УЫСҚА ТҮСТІ Қолға ілікті, «қармаққа» түсті. Хат жазған комсомолецтердің айтқаны рас болды. Құсайын қара мұрттың және оның сыбайластарының уысына түскен екен (Ш. Ө.). Мәлік деген уысқа

түспейтін, ауызға бір салғанда жарылмайтын жаңғақ болып шықты (З. Ш.).

УЫСТЫ ҚҰЛАҚ Бұрынғы уақыт егін екпеген адамның егін еккендерден астық жиюын «уысты құлақ» деп атаған.

УЫСЫНА АЛДЫ **УЫСЫНДА ҰСТАДЫ** **УЫСЫНАН ШЫҒАРМАДЫ [ШЫҒАРМАЙ ҰСТАДЫ]** Еркіне жібермей, қатал ұстады. Біразын ашса алақаныңда, жұмса жұдырығыңда сығымдап уысынан шығармады. Сырттап кетуге ерік бермей, біразын шыжымдап тартып ұстады (АТ). Қайыр да тәжірибенің аздығынан қателік жасады. Салғаннан уысынан шығармай, сығымдап ұстауы керек еді, енді Дәмешті бағындыру қиын (З. Ш.). Абай Төкежан мен Ысқақты өкпелетті. Айла-сын, абыройын өткізіп Оспан үйінің мүлкін, мұрасын өз уысынан шығармай басып қалды, — деп Әзімбай баян етті Оразбайларға (М. Ө.).

УЫСЫНАН КЕТПЕДІ **УЫСЫНДА БОЛДЫ [ТҰРДЫ]** **УЫСТАП ОТЫРДЫ** Билігінен, өкімінен, қарауынан шықпады. Бір атақ жұрт ұстаған Мәді сұлтан, Қарашы қара қазақ болған ұлтан. Шұбар төс, шынжыр балақ тұқымыңнан, Кеткен жоқ бар мұсылман уысыңнан (Ш. Ж.). Құдай біледі, айтқанына көніп, айдауына жүрмегесін, ендігі жерде уысынан шығармай, тізгіндеп ұстап отыру үшін мына комиссарды әдейі жіберіп отыр (Ө. Н.). — Ау, мынау да бүліншілердің бірі ме? — Пристав Матвей Степановичтің уысында тұрған полицейді енді ғана көрсе керек, мырс етіп күлген болды (Ө. С.). Өзге жұрт болса бірден орындар еді, ал мына Дошевский сынаптай сусып уысында тұрмай, әбден зықысын шығарды (Т. А.).

УЫСЫНАН ШЫҚТЫ Қолынан, билігінен кетті. Ел билеуден дәмесі бар ол түгіл, өзіміздің уысымыздан шығып кетті ел. Орнынан жұлып алып, отырғызу керек. Емі сол ғана — деді Сайлаубек (Ғ. Мұс.).

УЫСЫНА СЫЙДЫ Барлығы билігінде, қарауында болды. Бүкіл ауыл соның уысына сыйып отыр емес пе? (АТ).

УЫСЫНДА СЫҒЫЛДЫ Билігінде, өкімінде, қарауында қорлық көрді. Неше жылдар залымның Уысында сығылды, Өзек талған кезінде Бетімізден ашылды Мәңгі қара шымылдық (ХА).

У ШКЕНДЕЙ АҒ ҰРДЫ [БОЛДЫ] Дерттен іші әлем-жәлем күйіп-жанды. Сөз бірге, ақын үйлес, мінез тату, Тұрады сені көріп көңіл тасып. Махаббат бізде болмай, жатта болса, Аһ ұрам у ішкендей ішім ашып (Ө. Тәң.).

Ү

ҰҒЫМ ЖАСАДЫ ди а л. *Ұғынды, қорытынды шығарды. Мұндай пікірді әлі де талқыға салып, толық ұғым жасау керек (Ақт., Байғ.).*

ҰЗАҒЫНАН ЖАРЫЛҚАСЫН! [СҮЙ-ІНДІРСІН!] алғы с. *Жақсылығың көпке созылсын, мәңгі жақсылық болсын! Е, байғұс, көңілің өмірінде бір көтерілген екен, ұзағынан жарылқасын! — деді Қа-зыбек (Ә. Ә.).*

ҰЗАҚ [ҰЗЫН] СОНАР *Созылған, бір-біріне ұласқан. Әйтеуір, «құдай салды, мен көндім» деген ұзақ сонар, қара жортуылға тәуір едік — дейді, Ербол қалжың айтты Абайға (М. Ә.).*

ҰЗАҚ [ҰЗЫН] СОНАРҒА САЛДЫ [ТҮСТІ] *Таусылмас сөзбұйдаға салды. Бұл жердегі мағына: әңгімеге кірісті. Бәрібай Ержанға ұйқта десе де, әңгімеге құмартқан түрі бар, ұзын сонарға түсіп барады (Т. А.).*

ҰЗАҚТАЙ ШУЛАДЫ *Берекесі жоқ іс-ті, әңгімені пәтуасыз күйттеді. Ақыл кіргенде орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз!... Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық (Абай).*

ҰЗАҚТАН ЖЕМ ІЛДІ *Таятты алыс-тан іздеді; өз төңірегінен жырақ ізденді.*

ҰЗАТЫП ЖІБЕРДІ [САЛДЫ] *Біраз жерге шығарып салды. Карпов әлі күліп, сүйсініп отыр еді. Тұра берген Жәкеңнің қолын ұзақ сілкіп қысты да, күлген бой-да Жәкеңді ныққа қағып, есігінен шыққанша өзі бірге жүріп ұзатып салды (М. Ә.).*

ҰЗЫН АРҚАН [АРҚАУ], КЕҢ ТҮ-САУ *Арқасын кеңге салу, жайбарақат-тыққа тусу мағынасында. Қызмет ара-сында сыйбай-салтаңның реті болмаған соң, жайланып сөйлесетін уақыт табар-мыз деп аса құлқы да соқпай, ұзын ар-*

қау, кең тұсаумен жүрген (М. Ә.). Игілік би ақынды ұзын арқан, кең тұсаумен ма-ңайынан ұзатпай, өрелеп ұстайды (Ғ. М.).

ҰЗЫНДА [ҰЗЫННАН] ӨШТІ, ҚЫС-ҚАДА [ҚЫСҚАДАН] КЕКТІ *Бұрын-соң-ды кеткен ақы, бұрыннан ала көз болу мағынасында. Ағайын, ұзында өшті, қыс-қада кекті емессің, бітім сұрап кісі сал-сам, бақайыңнан келтірмейсің (М. Ә.). Мақаштың үлкен баласы назалана сөйле-ді: — Ау, ағайын, неге үндемейсің? Ұзыннан өшті, қысқадан кекті емес едік қой (Ғ. Мұс.).*

ҰЗЫНДАҒЫ ӨШІН, ҚЫСҚАДАҒЫ **КЕГІН АЛДЫ** *Бұрынды-соңды кеткен есе-сін, жаулықтың қарымтасын қайтарды. Керала дейтін кедей жігіт сонымен бір жарым ай бойы тоғай ішінде қашып жү-ріп, бір бай емес, атыраптағы талай бай-лардың үйлерін өртеп, шегінен банкрот қылыпты. Ұзындағы өшінің, қысқадағы кегінің бәрін алыпты (М. Ә.).*

ҰЗЫН ЕЛДІҢ ҮЙІРІНЕ, ҚЫСҚА ЕЛ-ДІҢ ҚИЫРЫНА КЕТТІ *Көпке жария бол-ды. Өзі сыйынған болысының көзінше тепкілеп көк атты тартып алғаның ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына кет-ті,— деді Әлжан (Ғ. Мұс.).*

ҰЗЫН ЕТЕК *көне. Әйел, қатын-қалаш деген мағынада айтылады. Нұржан осынша құмартып соңынан қалмағанға мен сені ерге — ер, серіге — сері қатын екен десем, сен де ұзын етектің бірі екен-сің ғой, тәйірі (С. М.).*

ҰЗЫН ЖОЛДЫ ҚЫСҚАРТТЫ *Алыс жолды әңгімемен, әңгіме алаңымен жақын етті.*

ҰЗЫН ҚҰЛАҚ **○** **ҰЗЫН ҚҰЛАҚТАН** **ЕСІТКЕН ӘҢГІМЕ [СӨЗ, ХАВАР]** *Әркім-нің айтқан лақап сөздері.*

ҰЗЫН ҚҰЛАҚТЫҢ АЙТУЫНА ҚА-РАҒАНДА *Алып-қашпа сөзге көңіл бөл-генде.— Бір үйдегі он адамнан екеу, он*

жеті адамнан біреу ғана тірі қалды ғой.— дейді ұзын құлақтың айтуына қарағанда (Ө. Әл.).

ҰЙҚЫ ҚАШТЫ [ҚАЛДЫ, ШАЙҚАЛДЫ, БҰЗЫЛДЫ] *Тынышы қашты, бейбіт-қалпы бұзылды, қайғы мазасыз етті.* Егер саған түн сырлы күй тыңдаса, Мазаласа жүрегің, *ұйқың қашса*, Мен де солай төсекте дөңбекшімін, Оян, сәулем, мені ойла, ұйқыңды аш та (З. Шүк.). Мұнысы — енді: «Сенің кесіріңнен *ұйқым қалды*» — деген сөзді мұқаммен айтқаны (Б. М.). Өзім де тарихи жануармын, жалқау. Далада жалқау аяндасам да, қазақ тарихының *ұйқысын бұзбай*, арқамнан түсіріп алмай, атын жоғары ұстадым (М. Е.).

ҰЙҚЫСЫ СЕРГЕК *Өте сақ ұйқтайтын, сәл сыбдырға оянып кететін кісіге айтылады.*

ҰЙҚЫСЫ ШАЙДАЙ АШЫЛДЫ *Ұйқысы бірден тарап кетті.* Түн жабығын көтере сығалаған таң сәулесі қандай сұлу! — деді Аман. *Ұйқысы шайдай ашылды* (Ғ. Мұс.). Бұған шешім іздеп, әуре боп несі бар, егер де соңғы бір-екі уақиға түнгі *ұйқысын шайдай ашып*, күндіз директор кабинетінің әр бұрышынан сығалап, мазасын кетірмесе? (З. Ш.).

ҰЙҚЫ-ТҰЙҚЫ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ, ШЫҚТЫ] *Астан-кестені шықты; қоқсып, қобырап қалды.* Түн ортасында тым-тырыс жатқан жон жаңғырығын кетті. Қаперсіз келе жатқан жау бытырай жөнелген жылқымен бытырап, *ұйқы-тұйқы болды* (С. С.). Тіпті ырзалығын да сұраған бенде жоқ. Майбасар бұйырыпты да, шабармандар кеп, жұлып-жұлып, *ұйқы-тұйқы қып* баспаналарын әкетіпті, — деді Абылғазы Абайға (М. Ә.). Бір аунағанда-ақ *ұйқы-тұйқысы шыққан* төсектің үстінде майлы бояу мен сурет салған холст жатқан (Т. А.).

ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН ЖҮРЕК *Алаңсыз, тыныш, жайбарақат көңіл.* *Ұйықтап жатқан жүректі* ән оятар, Үніңіз төтті оралған мәні оятар, Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап, Жас балаша көңілді жақсы уағар (Абай).

ҰЙЫҚТАП КЕТТІ *Дүние салды.* Қарт баба өсиетін, ақтық сөзін айтып болды да, *ұйықтап кетті* (АТ).

ҰЙЫП ҚАЛДЫ [ТЫҢДАДЫ] *Еліге, беріле тыңдады.* Дәулетиярдың сөзіне *ұйып қалған* жұрт осы арада қайта көтеріліп, әркімнің-ақ делебесі қозып бара жатты (Т. А.).

ҰЙЫТҚЫ БОЛДЫ *Бас-көз болды, басы-қасында жүріп, жетекшілік, басшылық етті.* Міне, осы істердің беріне комсомол ұйымы тікелей араласып, *ұйытқы болып* келеді (ЛЖ).

ҰЙЫТҚЫСЫН БҰЗДЫ [ШАЙҚАДЫ] *Береке, бірлігін кетірді; шырқын, бірлігін қашырды.* Сөз сөйлене келе *Жақсылық-*

тың қылығы кісі өліміндей қылмысты жұмыс болып саналуға айналды. Ел *ұйытқысын бұзып*, орысқа шапқаны үшін не жаза істесе де рауа десті (М. Ә.). Қара шығын алымны Бай, кедейге бірдей боп, Шақыраққа салығы, Ел *ұйытқысы шайқалып*, Дәулет судай аққаны (Д. В.).

ҰҚСАМАСАҢ ТУМАҒЫР! *Айнымай қалған, аузынан түскендей деген мағынада.* *Ұқсамасаң тумағыр!* Жаман әкеңе тартып сен де томғырың болайын деген екенсің (АТ). Ой, *ұқсамасаң тумағыр!* «Ұры Тобықты, ұры Тобықты!» — деп Керей, Уақ зар қағайды. Қаршайдай баласына шейін ұры болудың жөнін жете біліп тұр. Зар қақпай қайтсын Керей, Уақ! — деп, өзі де күлді (М. Ә.).

ҰЛАРДАЙ ШУЛАДЫ *Қым-қуыт боп жылады; зар еңірдеді.* Айналадағы жарлы-сорлының бәрін *ұлардай шулатып* жатқан алым мен «қара шығын» пәлесін бұл Жігіттектің кедей аулы да естіп жатқан (М. Ә.). Айтылған күні кедей ауылдың қыз, бозбаласы *ұлардай шулап*, Қалқаманның қара лашығы алдына жиналды (Ө. Нұр.).

ҰЛТАН БОЛДЫ *Аяқ асты болды; құлы, қызметшісі болды.* Бір атаң жұрт ұстаған Мәді сұлтан, Қарашы қара қазақ болған ұлтан. Шұбар төс, шынжыр балақ тұқымыңнан, Кеткен жоқ бар мұсылман уысыңнан (Ш. Ж.).

ҰЛ ТАП *к ө н е.* *Әйелге айтылатын бата-тілек.*

ҰЛТАРАҚТАЙ ЖЕР *Азғантай, болмашы жер.* Касеке-ау, бізге *ұлтарақтай* ғана жер тиді ғой, шекараны сәл кеңейтсеңіз қайтеді? — деп жалалыңы Бекет (С. Ад.). Қатын, енеки *ұлтарақтай жерде* жалғыз арпалысып жүр (М. Ә.).

ҰЛЫ БЕСІН *Түс ауып бара жатқан кез.*

ҰЛЫҚ БОЛСАҢ, КІШК БОЛ *Неғұрлым ірі (ұлы) болсаң, соғұрлым кіші пейіл бол.* Бағың құтты болсын, баянды болсын, қарағым, — деді Бәтима, — бара алмай, ұятты едім. Өзің келдің-ау! «*Ұлық болсаң, кішік бол*» деген осы (Ғ. Мұс.).

ҰЛЫҚ ТҰТТЫ *Дәрежесі жоғары; биік санады.* Күтемін күндіз-түні тіке тұрып, Алдына қол құсырып, құлдық ұрып. Құрметтеп Апрасияптан артықшалап, Ертекеш отырамын *тұттып ұлық* (РД).

ҰЛЫҢ ҰРЫМҒА [ҰРЫМҒЕ], ҚЫЗЫҢ ҚЫРЫМҒА [ҚЫТАЙҒА] ШҰБЫРСЫН! **[КЕТСІН, ЗЫТСЫН]** *қарғыс.* *Ұрім-бұтағың бытырап, тоз-тоз болсын деген мағынада.* (Егер «ұрым» сөзін «Қырым» тәрізді топоним десек, онда «Ұрім» немесе «Ұрым» (Византияны осылай атаған) сөзіне шұбырсын, кетсін, зытсын сөздері қабаттаса айтылса, қарғыс ұғымын білдіреді. Ал «ұрым» немесе «үрім» — ұрпақ, үрім-бұтақ мағынасындағы сөз десек, «ұлық ессе — ұрлағыңа, тұқымыңа; қы-

зың өссе — шетке, алысқа» деген мағына пайда болады, яғни шұбырсын, кетсін, зытсын сөздері қосылып айтылмаған жерде бұл фраза тілімізде жақсы мағынада қолданылады. Басқаша айтқанда, «Ұлыңды ұяға қондыр, қызыңды қияға қондыр» деген тіркеспен мәндес келеді). Қысқасы, бір кездегі айбынды елдің дұшпандары талан-таражын шығарып, ұлын ұрымға, қызын қырымға шұбыртады (І. Е.). Енді алдап шақырып алып, ақ патшаға ұстап бермек. *Ұлыңды үрімге, қызыңды қытайға зытырмақ* (Б. Аман).

ҰЛЫ ОЙДА, ҚЫЗЫ ҚЫРДА *Бытырап, тарап кеткен деген мағынада айтылады.*

ҰЛЫ СӘСКЕ *Күн көтеріліп, түс мезгіліне таянған шақ.* Ер Шолақ, өнер қылар осындайда, Жігіттен өнер шықпас жүрген жайға. Таң атып, ұлы сәске болған кезде, Түсірдім әрең айдап терең сайға (Б. Ш. Б.). Кіші сәскеге дейін қызы тұрмайтын, ұлы сәскеге дейін ұлы тұрмайтын, тұрған соң жүре тыңдайтын, шөп басын сындырмайтын, бір істі тындырмайтын үй екен (АӘ).

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ *к өне. Салтанатты, мерекелі ұлы күн деген мағынада айтылады.* (Ескі жазба ескерткіштерде «халық» деген сөздің орнына «ұлыс» сөзі қолданылған. Әлішер Науаидың шығармаларында, кейбір сөздіктерде, «Бабурамеде», т. б. ескерткіштерде «ұлыс» сөзі халық мағынасында қолданылады). Ол күнде Наурыз деген бір жағатыұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін ұлыстың ұлы күні дейді екен (Абай). «Жаңа жыл келді, ырзық келді» деп көктемде мереке — Наурызды жадыраған жайдарылықпен қарсы алады. Сондықтан да бұл күн құрметті, адам үшін игілікті күн болып есептелген. Қазақ халқы оны ұлыстың ұлы күні деп атаған (М. Е.).

ҰЛЫ ТҮС *Шаңқай түс, тал түс. Ұлы түске ұрынбай, Түн қатып жүріп, түс қашпай, Тебінгі теріс тағынбай, Темір қазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бігер ме* (М. Ө.).

ҰМСЫНДАЙ [МҮСІНДЕЙ] БОЛЫП, ШІРКІН-АЙ, ӨНДІР ЕДІ *ди а л. Сұлу, сымбатты кісі туралы айтылады.*

ҰНДАЙ ИЛЕДІ *Әбден көндіріп алды, еркін биледі. Мына бір тентекті ұндай илеп көндіріпті* (АТ).

ҰПАЙЫ ТҮГЕЛ *Есесін жіберген жоқ, өз есебі өзінде. Қоңырқұжа Байболатқа берген қалың малына үш тоғыз айыбын қосып алды да, ұпайым түгел* дегендей, көкіректегі ызаны ішке түйіп қала берді (І. Е.).

ҰРАН-СҮРЕН САЛДЫ **○** **ҰРАН ТАС-ТАДЫ [ШАҚЫРДЫ, ШАШТЫ]** *Ұрандап айғайлады, дабыл қақты, жар салды. Ахмет хан қалмақты рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, — жан алушы болды дегеннің орнына... Со-*

нан соң хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп, *ұран-сүрен салыңыз* деп бұйырады... (Абай). Ер жігіт *ұран тастағанда*, Үн қоспай кім қалады бастамаға. Әркімнің мақсаты да осы емес пе, Теңделу маяк болған жақсы адамға (Х. Қ.). Қарсыласып екі топ, Іріктеді батырды, Қалмақ соғып барабан, Қазақ *ұран шақырды* (Д. Б.). Кеңестің іздегені азаттық тең, Адамдық ықтиярын қылмақшы кең, Ескеріп, есепке алып, *ұран шашып*, Дәл мұндай ілгеріде болып па ең? (Ә. Тәң.).

ҰР ДА ЖЫҚ *Әнер бақан, әумесер; қара куш иесі. Бірі қырт, бірі дарақы мақтаншақ, бірі ұр да жық даңғой атанғанда, осындай көп жиын үсінде масайып, оспадарлық қыламы деп, сондай атақ алатын! — деді (М. Ө.). Кәлен Құдаймендені қақ бастан тартып жіберді де, сырт жағынан келіп қалған жігіттерге жалт қарады. Олар осы ауылдың кіл өңшең қарулы, ұр да жық жігіттері екен (Ә. Н.).*

ҰРТ ЖІГІТ **○** **ҰРТТЫ АДАМ** *Мінезі томырық, бір бет адам туралы айтылады. Асқар ұртты адам* (Сем.: Ақс., Көкп., Абай). Манадан үнсіз отырған Сайлаубек бұл сөзден кейін шарт сынды: — Шақырып кел Аманды, — деп, күж етті Байболға. Сөзге олақ, *ұрт жігіт* болатын (Ғ. Мұс.).

ҰРТАП ШИП, ШАЙҚАП ТӨКТИ *Бұл жерде ішіп-жем мен төгіп-шашып жүруді айтып отыр. Рас, стилиягтар туралы кекесін өлендер кітапта кездеседі. Бірақ кейбір авторлар жұмыссыз кезбелік пен мода қууды бір ұғым деп қарайтын сияқты. Содан барып, кезбенің азып-тозған түрін көрсетудің орнына, ұрттап ішіп, шайқап төгушілік миссиясын артығырақ суреттейді. Бұл шындыққа сәйкес келмейді (ЛЖ).*

ҰРТЫ МЕН МҰРТЫ БІРДЕЙ МАЙ **ВОЛДЫ** *Әбден ішіп-жем, ықылылық атты, аузы-басы майланды. Алпыстай ауыз жаппай ашылып, үш жүздей салалы саусақ етті сығымдап, сорпасын тамшылатып, ұрты мен мұрты бірдей май болған топшыларды көресіз* (С. Төл.).

ҰРТЫН АЛЫП, МҰРТЫНА ЖАЛҒАДЫ *Жетпегенді еппен, құлықпен жалғастырғанда айтылады.*

ҰРТЫН КӨПТІРДІ *Менменсіді, кеудесін жерді. Кетере берме бұғынды, Көптіре берме ұртыңды. Күндердің күні болғанда Өзіңнен мықты жолықса, Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді* (М. Ө.).

ҰРТЫ СОЛДЫ [СУАЛДЫ] *Жүдеді, әбден арыды. Сағитқа тілеулестердің бірі — анау отырған ашақ, арық жүзді, бет сүйегі шомайған, ұрты солған, үшкірлеу мұрны жылтырай сойдыған Бейсен (М. Ө.). Құдағи жүр тырысып, екі ұрты суалып (К. Ө.). Жетібай қас-қабағын жиырып, ұрты суалып, танып, бет алды сөйлеп тұр (С. О.).*

ҰРУ-БАРУ БОЛДЫ Түсіністі. Бұл бала өкеуміз ұру-бару болдық (АТ).

ҰРШЫҚТАЙ [ИІРДІ] ҮЙІРДІ *Дөңгелентіп ала жөнелді.* (Мұндағы мағына — жұртты қаратты, игеріп алды). Асан шұғыл бұрылып, жүгіре басып жиекте тұрған машинаға келді. Қимылы сәлекет. Жұртты ұршықтай үйіріп, киіп-жарып барады (Т. А.). Ақтамақ қанша ашықпын, әзілшілмін, маңайласқан еркекті ұршықша иірем десе де, бұл сөзімен жақын отырған қонағын алыстатып алды (Ғ. Мұс.). Жүріс-тұрысында балаларға тән ерекше бір шапшаңдық, ойнақылық бар осы қыз өзінің ұршықша үйірілген шапшаң қимылынан ұялғанын, дереу төмен қарай қойды (М. И.).

ҰРЫҒА ҚҰРЫҚ БЕРДІ *Қарақшыны қолдап, дем берді. Құрық бердің ұрыға.* Момынды алдың қырыңа, Малсыздарды таптадың, Малдыларды жақтадың (Д. Б.).

ҰРЫ КЕПШЕ ҚАУ БӨРІК *Дегенін істетіп зорлықшы, барымташы туралы айтылып тұр.* Мына қыздың қайыны ұры кепше қау бөрік... еді, айтқанға көнбейді. Өкеңнің тірнектен жиған аз дәулетіне кесір қыласың ғой, түгел қалдырмай шауып әкеледі (С. В.).

ҰРЫН КЕЛДІ [ҰРЫН БАРДЫ] ○ *ҰРЫН ЖІБЕРДІ* к ө н е. *Айттырған қызға тойдан бұрын күйеудің жеңгелеріне деген сыйлықтарын алып, қыздың аулына жасырын келу (бару, жіберу) мағынасында.* (Мұны кей жерлер «ірге көру» деп те атайды). Қайныма қарға мініп ұрын бардым, Құрбыдан өзім қатар бұрын бардым. Айғырын шегірткенің ұстап мініп, Алдында қайын атамның қырындадым (ҚБ). Ұрын келген күйеу қайда, Жесір қайда тіл өтпес? Жендетгі көрсет көзіме, Желіккен басты кім кеспесі (Ақтанберді). Бұл тараптағы қазақтың Алшынбайдан үлкен аруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе ұрын жіберу осал қам емес. Мал-дүниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек (М. Ә.).

ҰРЫНЫҢ АРТЫ ҚҰЫС ○ ҰРЫНЫҢ К...І ҚҰЫС *Қылмысты адам сезікті болады, бетінен шіркеуі кетпейді.* Болмаса ұрының арты қуыс деп, өзім сезіктеніп отырмын ба? (Б. Тұр.).

ҰСҚЫНЫҢ ҚҰРҒЫР! қарғыс. *Сұры, тұрпаты келіспеген кісіге айтылады.*

ҰСТАҒАННЫҢ ҚОЛЫНДА, ТІСТЕГЕННІҢ АУЗЫНА *Кім көрінгеннің иелігінде.*

ҰСТАҒАННЫҢ ҚОЛЫНДА, ТІСТЕГЕННІҢ АУЗЫНДА КЕТКІР! қарғыс. *Кім көрінгеннің, кім болса соның жемі бол!*

ҰСТА КӨРГЕН БАЛА *Тәлім-тәрбие көрген бала (Шығ. Қаз., Зай.).*

ҰСТАРАНЫҢ ЖҮЗІНДЕ ОТЫР *Өте қиын, қысылтаяң жағдайда қалу туралы*

айтылады. Ұстараның жүзінде отырған Ләззат мұның қандай күлкі екеніне түсіне алмай, жүрегі алып ұшып барады (Т. А.).

ҰТЫРЛАСЫП СӨЙЛЕСТІ диал. *Кезектесіп сөйлесті.* Ой, қарақтарым, ұтырласып сөйлессеңдерші! (Қ. орда, Арал).

ҰТЫРЛЫ ЖЕРІН ТАПТЫ [КҮТТІ, ТОСТЫ] *Қолайлы кезін, ұтымды сәтін пайдаланды.* Иван Митрофановичтің соңғы жылдағы пайда болған мінезі — сөйлеп тұрған шешеннің сөзін еңкейіп, құлақ түре тыңдап отырады да, ұтырлы жерін тауып арасына кіріп кетеді (Т. А.).

ҰШАН ДАРИЯ [-ТЕҢІЗ] *Көз жеткісіз, ұшы-қыры жоқ, орасан көп.* Батысым — байтақ Украина, Гүлденген бақша, гүлімсің. Солтүстік — ұлы мұхитым, Ұшан дария шегімсің (Жамбыл). Ұшан теңіз қалың қар, Жерді басып жабады. Шұнақ аяз жалаңаш Екі санын сабады (С. С.). Соғыста жеңетіндігімізге сенімділігін Жұбан Молдағалиев: «Жеңеміз, жеңіс — совет адам аты. Біздерміз — азат егер адамзатты. Сенемін ұлы дана — партияға, Халқыма ұшан теңіз мол қайратты», — деп жазды (С. М.).

ҰШАҢДЫ САЙЛА *Сыйға лайықты сый қайтар деген мағынада айтылады.* Біреудің төсін жесең, Өзіңнің ұшаңды сайла (Мақал).

ҰШАР БАСЫ *Таудың, шоқының ең биік төбесі, шыңы.* Бөктер қуып, Шұчыге беттеп, терістікте орларын жолға түспей, жорықшылар әдейі төтелеп, поселкенің батыс жағындағы көк төбенің ұшар басына қарай тіке тартты (М. И.). Таудың ұшар басы мен оған жалғас жатқан жықпыл-жыраларында қар бар. Етегі көк жасыл, тоғай болса керек. Белдеулік тұсын қалың тұман орап алған (Ө. Қан.).

ҰШАРҒА ҚАНАТ ЖОҚ *Аңсау, тағат таппай күту мағынасында айтылады.* Қуаныштың шегі жоқ, Енді мұны тезірек өлге жеткізгенше Майсада ұшарға қанат жоқ (А. Х.).

ҰШАР КӨЛІ, ҚОНАР КӨГІ ТАРЫЛДЫ *Бұл жерде мекен еткен жері тарылды деген мағынада айтылып тұр.* Ұшар көлін, қонар көгін тарылтқан бір жағдай, ол — дәл хандық жерінің ортасында, Торғай өзені мен Ұлытауда, патша үкіметінің үлкен бекіністер сала бастағаны еді (І. Е.).

ҰШАРЫМДЫ [ҰШАРЫН] ЖЕЛ, ҚОНАРЫМДЫ [ҚОНАРЫН] САЙ БІЛСІН [БІЛЕДІ] *Белгілі тұрағы жоқ, басы ауған жаққа босып жүру мағынасында.* Қайда барып, қайда жүгерімді өркім білмейді. Дұрыс айтасың, — деп Бөрібай басын көтеріп алды. Қаңбақта ерік жоқ. Ұшарымды жел білсін, қонарымды сай білсін — дейді (Т. А.).

ҰШҚАН ҚҰС, ЖҮГІРГЕН АҢ ҚЫБЫР *еткен жан-жануар. Бұл кемпірдің қарамағындағы жерден ұшқан құс, жүгірген аң өте алмайтын (ҚЕ).*

ҰШҚЫННАН ӨРТ ШЫҒАДЫ *Болмашы нәрседен зор шатақ туады деген мағынада. Ұшқыннан өрт шығатынын мен баяғыда білгем! Өзің ғой, болмай жүріп, өршітіп алған,— деді Ораз (М. И.).*

ҰШҚЫНЫ ТИЕДІ *Бұл жерде кесір шарпуы іліп келеді деген мағынада. Жақындасаң, ұшқының тимей қалмас, Жаманның кесапаты — жайнаған шоқ (А. Қор.).*

ҰШТЫҒЫ ТҮГІЛ, ПҰШТЫҒЫ ДА ЖОҚ *Ештеңесі де жоқ, аты түгіл, заты да жоқ.*

ҰШТЫ-КҮЙЛІ [ҰШТЫ-КҮЙІМ] ЖОҒАЛЫП КЕТТИ *Зым-зия құрып кетті, қас пен көздің арасында жоқ болды. Бізде жаздыгүні жүз елу ат болды. Осы күні жүзге жетпейді. Осы қалғанның қырқы қара қаптал, қырқы жауыр, қалғаны көтерем, өзгесінің ұшғы-күйлі орны жоқ (Ғ. М.). Жәמידің жай жапсарын біліп келуге Бәкібайды жібердік. Тез барып келе қояйын деп кеткен. Бәкібай ұшты-күйлі жоғалды (С. О.).*

ҰШЫҒЫНА ШЫҒА АЛМАДЫ *Шегішегіне, санына жетпеді; аяқтай, түптей, барлай алмады. Күреңбай Нұртайдың кейінгі кездегі оқыс өзгерген осы құбылмалы мінезіне ой жүгіртіп еді, бірақ оның да ұшығына шыға алмады (С. О.).*

ҰШЫ-ҚИЫРЫ ЖОҚ *Шегі, шамасы. аумағы көз болжамсыз. Олардан асқан соң, ұшы-қиыры жоқ, шұбалған құба жондар, шөбі сұйық, шалқыған қиырсыз, бетпақ далалар (С. С.).*

ҰШЫП-ҚОНДЫ **○ К...І ҚОНЫС ТАППАДЫ** *Байыз таппай, тұрақтамай жүрген кісі туралы айтылады.*

ҰЯ БӨРІКТЕУ КІСІ *Тарғыншақтау, именшектеу, орташа ғана деген мағынада. Ерінің үйде жоғына қарамастан, әйелі қо-*

нақтарды жақсы күтеді. Сонда Қазыбек «әйелі мұндай, мұның ері қандай екен?»— деп тамашалап, жүре қоймай отырғанда, үйіне ері келеді. Қараса, ері ұя бөріктеу ғана кісі екен (ШС).

ҰЯЛЫ БӨРІДЕЙ **○ ҰЯЛЫ [КӨКЖАЛ] ҚАСҚЫР** *Бірге, тобымен жүрген, тізе қосқан, алып соғар, дырдай деген мағынада айтылады. Ағыбай тез ашуланса да, тез қайтты.— Жә, қышымаған жерімді қасымай, жайыңа отыр! Ал қотан аңдыған ұялы бөрідей тізе қосып қайда бара жатырсыңдар? (І. Е.).*

ҰЯСЫН БҰЗДЫ 1. *Әйелді ерінен ажыратты, біреудің семьялық тұрмысына бүлік салды. «Күйеуінен айрылысыпты» деген сөзге Балуан тіпті елегізді. Біреудің ұясын бұзып, енді не болсаң, ол бол деуім ерлігіме сыя ма? (С. М.). 2. Бірлігін, ынтымақтығын бұзды. Алыс-жақын қазақтың бөрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып. Мал мен бақтың кесемін ұя бұзар. Паруардигер жаратқан несібін жан қып (Абай).*

ҰЯТҚА ҚАЛДЫ **○ ҰЯТ АРҚАЛАДЫ** **○ ҰЯТТАН АТТАДЫ** *Өз атына кір келтірді; ұятты жиып қойды. Жаман жігіт жолдасын жауға алғызар, өзін ұятқа қалғызар (Ө. Т.). Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан, Қорлыққа көндім бұл құрлы, Байқалар халім бұл хаттан (Абай).*

ҰЯТТАН АТТАП КЕТЕ АЛМАДЫ *Арнамысты сақтады.— Дәулетті қиып кете алмай жүр-ау онда?— Жо-жоқ! Қазақы дәстүр, ұяттан аттап кете алмай жүр. Нөзік әйел түгіл, тепсе темір үзетін шақта олардан асып болдық па?— деді Аман Таймасқа (Ғ. Мұс.).*

ҰЯТ ТИДІ *Ұят болды, ұят келтірді. Мұның өзі оларға ұят тиді (Қ. орда, Арал).*

ҰЯТТЫ ШҮБЕРЕККЕ ТҮЙДІ *Арнамысқа нұқсан келер істен шімірікпеді. Біраздан соң күйеу-құдалар аттарына мінді, мал алып қайтатын ауыл адамдары да ұятты шүберекке түйіп, Айшаның шешесі Салиқаман бөрі аттарына мінді (С. С.).*

ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ БОЛ! бата-тілек. *Бала-шағаң мол болсын, үрім-бұтағың мол болсын!*

ҮДДЕСІНЕН [ҮДДАСЫНАН] ШЫҚТЫ *Бұл жерде мақсатты, мағыналы жерден шығу мағынасында. Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың, Айтсаң да үддасынан шыға алмайсың, Сен білмейді екен деп айтпасың ба, Неге мұнша сіресіп құп алмайсың? (Абай). Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық, шеберліктің үддесінен шығарлық қисыны бар (Абай).*

ҮДЕРЕ КӨШТІ [ТАРТЫП КӨШТІ] *Белгілі бір қонысқа аз тоқтап, түгел қопарыла көшті. (Кейде тынымсыз көшу мағынасын да білдіреді). Тау селіндей күңірене, Қыр желіне ескетей, Көшкен елдей үдере Келді дауыс алыстан... (І. Ж.). Қошқардың түспей күйегі, Айғырдан бөліп биені, Үдере тартып көшкенсің (Д. В.).*

ҮЗЕҢГІ БАУЫ АЛТЫ ҚАБАТ ЕКЕН *Тәкаппар, әр көкірек, менменшіл кісі туралы айтылады.*

ҮЗЕҢГІ [ҮЗЕҢГІЛЕС] ДОС [ЖОЛДАС] *Ұзақ мерзім істес болған, тұрғылас, сырлас кісі туралы айтылады. Бірге жол жүріп, ыстық-суықты бірге көрген құрбы.—[Ол] жақсы генерал. Өзім де онымен көптен бері үзеңгілес доспын (Ә. Н.). Олар — оның ұстазы Мәлік, үзеңгілес жолдасы Балтабек (В. Мом.).*

ҮЗЕҢГІ ҚАҒЫСЫП КЕЛЕДІ *Қаз-қатар жүру мағынасында айтылып тұр. Мынау үш ауданың екеуі (мақта тапсыру жөнінен) кезек озысып, тайталаспен анық үзеңгі қағысып келеді (М. Ә.).*

ҮЗІЛІШ КЕТТІ *Өлді, жан тәсілім қылды. Қазір Абай Шұбар мен Ысқақтан бөлініп, Баймағамбет екеуі боп, Әбіштің қаралы отауының сыртына кеп, жаңа аттан түскенде, Мағыш үзіліп кетті (М. Ә.). Үлкен, өткір кеппен жүзі Алуаның басына терең батып, дегенін істеген екен. Сол арада өліп, үзіліп кетті (М. Ә.).*

ҮЗІП-ЖҰЛЫП БАРА ЖАТҚАН *Бүлініп, бұзылып, қираған. Өзір әкесін жұбату үшін ғана айтпайды. Өзінің көңіл сенімі солай, мегдетіп, үзіп-жұлып бара жатқан еш нәрсе жоқ сияқты (М. Ә.).*

ҮЙГЕ ТҮСТІ *диал. Түрмеге түсті, абақтыға жабылып қалды. Біз ағайынды үшеуіміз де үйге түсіп қалдық (Қ. орда, Арал).*

ҮЙДЕН АТТАП ШЫҚПАЙДЫ *Босағадан қия басып, сыртқа, қарыс жерге бармайды. Селби кілемін тоқып бітіруге жақындады. Ол үйден аттап шықпайды, қонаққа шақырған жерге бармайды (ЛЖ).*

ҮЙДІ [ҮЙ-ШІН] БАСЫНА КӨТЕРДІ *Даурығып кетті. Балықшылар үйді басына көтеріп, өлі дуылдап жатыр (Ә. Н.).*

ҮЙ ЖОҚ, КҮЙ ЖОҚ **○** **ҮЙСІЗ, КҮЙСІЗ ЖҮРДІ** *Баспанасыз, күтім-күйі болмаған кісі туралы айтылады. Балаға барған екен жалдануға, Жалдайтын бай шықпайды мұны алуға. Мұндайдан «үй жоқ, күй жоқ» қорқады әр кез, Қиын деп қаша қалса тауып алуға (Б. Өт.).*

ҮЙ ЖОЛДАС *Жан серік. Шырақтар, ынталарың «менікінде», Төн құмарын іздейсің күні-түнде, Әділеттік, арлылық, махаббатпен. Үй жолдасың қабірден әрі өткенде (Абай).*

ҮЙ КҮШІК 1. *Үйден қарға адым шықпайтын, үнемі үйде жүретін кісі. Құлағың түрік, тармағың көп қой, айта отырсаңшы біздей үй күшіктерге,— дейді Мақаш (Ғ. Мұс.). 2. Игаршы мағынасында. Неше жылдан еңбекші тапты құлданып, әлсіз, мешеу елді отарланып келген азуы алты қарыс капиталды, капиталдың қол жаулығы — патшаны, патшаның үй күшігі төрелерді жермен-жекпен қылған Октябрь оңға келді (С. М.).*

ҮЙ КІСІСІ *Үй-жайға ие әйел туралы айтылады.*

ҮЙМЕ-ЖҮЙМЕ БОЛДЫ *Бір жерге оыр-топыр боп топталып жиналды. Қыстау түрлері әлі де баяғыдай үйме-жүйме болғанмен, отырықшылыққа бейімделіп қалып еді (Ғ. М.). Лап қойған халық есік алдына үйме-жүйме, ұмар-жұмар боп барса да, алдынан жер жарылғандай аңтарылып тұра қалды (Ө. Н.).*

ҮЙРЕКТЕЙ ЖҮЗДІ, ҚАЗДАЙ ҚАЛҚЫДЫ *Өмірдің қызығын көрді, емін-еркін шаттықта өмір сүрді. Рақат өмірде қаздай қалқып, үйректің жүзіп жүрміз, міне (ЛЖ).*

ҮЙРЕК ҰШЫП, ҚАЗ ҚОНДЫ *Мол сулы жер туралы, еркін өмір жайында айтылады. Құлазыған далаға, Құладын тұрмас байласаң, Айдын шалқар көл болса, Үйрек ұшып, қаз қонар (Б. Ө.).*

ҮЙРЕНШІК ИТТЕЙ ЖҰМСАДЫ *Қол бала қылды, дамыл бермеді. Азғын, құзғын адамды үйреншік иттей жұмсаған. Жасуындай иненің Жарық тапса қол салған (Жамбыл).*

ҮЙРЕНІСКЕН ЖАУ «Ет өлді» болған, ежелгі дұшпан. Үйреніскен жау атыспаққа жақсы (Мақал).

ҮЙРЕНІСКЕН ИТ *кекесін. Ежелден бірін-бірі білетін қатар адам деген мағынада. Е, бұлар сыр мінез үйреніскен ит емес пе? (АТ).*

ҮЙРЕНІСКЕН ҰЯ *Етене болған шаңырақ, өскен, туған үй. Қанікей: Ажар мен сен жер қып кеткен елден кеп отырмын. Үйреніскен ұясын аяр бар ма, жоқ па, жауабын айтсын,— дейді (М. Ө.).*

ҮЙ ТІКТИ *диалект. Үйге ие болды, орналасты. Ол үй тіге салды (Орын., Дом.).*

ҮЙТІП ЖЕДІ [ЖІБЕРДІ] *Талап, жеп қоя жаздады; жанын жаппарға таяды, әлек-шәлегін шығарды. Жәукенің қолынан келсе, алдымен осы Сержанның ұрпағын үйтіп жер еді-ау (М. Б.). Ұстап ал да, үйтіп же! (М. Ө.). Ә, арман әрі, көп шуылдақ, жынымды келтірмей! Үйтіп жіберерсің сен мені! (М. Ө.).*

ҮЙІНДЕ ШЫМЫЛДЫҒЫҢ ЖЕЛБІРЕП ТҰР МА? *Үйінде жас келіншегің күтіп отыр ма деген мағынада асығып-аптыққан кісіге айтылатын әзіл.*

ҮЙІҢ КҮЙГІР! *қарғыс. Отаның бұзылғыр деген мағынада. Түу! Мынаның бәрі іркілдеген ісік екен ғой. Алда үйің күйгір-ай? Түу! Ойбай-ай! Құдай-ай! Обал-ай, ит-ай! (І. Ж.).*

ҮЙІҢНЕН ИТ ЖАЛАНЫП ШЫҚПАЙДЫ *Барып тұрған сараң, ешкімге түк бермейтін адам туралы айтылады. Бәсеке, мал-жануар басқа бітер, Қына шөп секілді ол тасқа бітер. Үйіңнен ит жаланып шықпайтұғын, Өзіңдей жатып ішер насқа бітер (Ш. Құл.).*

ҮЙІҢНЕН ҮРКШ ШЫҚҚЫР! *қарғыс. Қуғын, түрткі-түртпек көргір!*

ҮЙІҢНІҢ ТӨБЕСІНЕН КҮЙКЕНТАЙ ЕВЕЛЕКТЕГІР! *қарғыс. Кім-көрінген басынып, әркім мазақ еткір!*

ҮЙІР АЙҒЫРЫ *Үйірдегі биелерге ие айғыр.*

ҮЙІР БОЛДЫ 1. *Бауыр басып, үйреніп кетті; төңірегінен айналсоқтап шықпай қойды. Жамбасың үйір боп кетер, Жастығы қатты төсекке. Қаншама жақсы сөз айтсаң, Алмайды оны есепке (М. Сұл.). 2. Құмартты, қызық көрді. Шөңгерей өлең сөзге жас кезінен үйір болса керек (З. А.).*

ҮЙІРГЕ ҚОСЫЛДЫ *Адам қатарына келді; қатарға, тобына ілінді. Құр шулаудан не өнеді,— деп, Махамбетшеге қарады. Болар іс болды, аға. Дереу көшпідер. Жалғыз қалам. Мынаны адам етіп, үйіріне қосам (Ғ. Мұс.). Врачтардың айтуынша, суға тұншыққаннан оның өтіне зақым келді ме деген хауіп бар, оның үстіне, мұздай суға сүңгіп шыққандықтан, өкпесі бөртіп ісінген, сондықтан сырқаттың үйірге қосылар-қосылмасы екіталай (С. М.).*

ҮЙІРГЕ ТҮСТІ [ТҮСКІСІ КЕЛДІ] *Бұл жерде дау-дамай, талас-тартысқа араласу туралы айтылып тұр. Аздан кейін Мөңке тағы да аяқ астынан мінез шығарып, Еламанды тақымынан басып қойып,— көрдің бе, бала! Азуы пышақтай, арқасы ошақтай ағаларың, өне, анау. Үйірге түскісі кеп жүр. Ертеңгі күні құтпан айғырдай, ел шетін торып, азынап шыға келер әлі-ақ! — деп босаңдау ғана лекіте күлді де,— жә, мен кетейін,— деп түрегелді (Ө. Н.). Бұрынғы жуандар ел ішінде әлі де болса үйірге түсіп айғырлық істеп жүргенде, бір есептен оларға ара-тұра осылай тізесін батырып қойып отыратын біреулердің де өз арасында болғаны дұрыс шығар-ау (Ө. Н.).*

ҮЙІРДЕН АЙРЫЛДЫ *Өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады, адасты, өз тобынан кетті. Егіл де тегіл екі көз, Жу жалынды күйдірген, Азына, азына, азына, Айрылған соң үйірден (І. Ж.).*

ҮЙІРДЕН ШЫҚПАДЫ *Қауымның айтықанын істеді, көпшілік топтың ойынан, ұйғарымынан шықты. Қанша айтқанмен, естияр бала емес пе, тулап-тулап үйірден шықпай қойды (АТ).*

ҮЙІР ҚЫЛДЫ 1. *Әуес етті. Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйірене келе өзі іздегендей болғанша (Абай). 2. Бойына жақын тартты. Ит еркелеп үйренсе, ауыз жалар, Сөз көп қой қыз балаға қиқаңдаған, Жаманды жақсы көрме, үйір қылма, Зарар бар жылы сөзде бипаңдаған (А. Қор.).*

ҮЙІРСЕК АТТАЙ *Бір үйге я ауылға келе бергіш кісі туралы айтылады. Үйірсек аттай бүрсендеп ауылдан шықпай қойды (АТ).*

ҮЙІРІМЕН ҮШ ТОҒЫЗ *Олжа көбей-сін деген мағынада* (АС). Құсы да, иесі де қораздана, Алпыс екі айлалы түлкі алғанда, «*Үйірімен үш тоғыз*» деп жымыңдап, Жасы үлкендер жанына байланғанда, Сілке киіп тымақты, насыбайды, Бір атасың көңілің жайланғанда (Абай).

ҮЙІРІН СҮЙЫЛТТЫ *Айнала-төңірегіндегілерді мүйіздеп сыйғызбады, маңына жолатпады.* Тістеуік айғыр секілді, *Үйіріңді сүйылтып,* Тай-құнанды қуғансың (Д. В.).

ҮЙІРІН ТАПТЫ *Өзі өскен ортаға қосылды.* Адақсанның айыбы жоқ, қайтып *үйірін тапқан* соң (Мақал).

ҮЙІРІП АЛДЫ [ӘКЕТТІ] *Басын айналдырды, сөзге еліктерді, дөңгелетіп ала жөнелді.* Қызды тезірек *үйіріп алу* жігіттіктің, тіпті ерліктің белгісі саналатын (Т. А.).

ҮЙІ СЫНЫҚ *Әйелі жоқ еркек туралы айтылады.* Саласың «не пайда?» — деп бойыңды алыс, Ілмесем ұмтылғанда маған намыс, Молдаңды *үйі сынық* деп кемітесің, Әр жерде болып жүрсе қызға таныс (М. Б.). Әрине, тағдыр жазса, құдай салар, Мойныңды құдай салса, бұрай салар, Өкене бір жарым қыз құнын берсем, *Үйі сынық* күйеу де ұнай салар (М. В.).

ҮЙІ ТҮСТІ *Үйленді деген мағынада.*

ҮКІМ АЙТТЫ [ЖҮРГІЗДІ, ҚЫЛДЫ] *Билік сөзін, шешімін жариялады, бұйрық етті.* Онан соң, өзіне қараған бүтін ел-жұртын жиды да, *үкім айтты* (ЕТ). Күнікейді аламын деп *үкім қылған,* Еш қайрат қыла алмады жиялған көп (БЖ). Елге келген соң таранып, тыныштанып, көңілі қош болған соң, тағында отырып хан *үкім қылды:* «Сод жауды бұзып алған батырды тауып, маған алып келіңіз!» — деп (ЕТ).

ҮКІМІ ЖҮРДІ *Айтқаны болды, дегені орындалды.* Тағы айтам, тыңдайды деп айтам: *үкімің жүріп* тұрғанда, халық ішінде бұғалығыңнан шығып жүрген ана Кәлен, Еламан, Сүйеу шалдарды шеңгеліңде сығып ұста (Ә. Н.).

ҮЛДЕ МЕН БҮЛДЕГЕ БӨЛЕНДІ [ОРАНДЫ, КИІНДІ, МАЛЫНДЫ] *Не кием, не ішемін демеді, ырысқа кенелді, төрт түлігі сай болды.* Домбыраны қолға алып, Жыр жырладым, сайрадым. *Үлде менен бүлдеге Киінгендей* секілді, Он екі одақ — Ұлы Отан, Жүрегі бір аймағым (Н. В.). Поселка іші қыз-келіншек. Көңілді жігіттер әзілдейді. Сыңғырлаған күлкі. Міне, *үлде мен бүлдеге малынған* бір топ қатын — сары тіс сақа қатындар (А. Т.).

ҮЛКЕН ЕСЕППЕН ЖАСАДЫ *Белгілі бір пікірмен істелді, алдына зор мақсат қойды.* Игілік осы үйді *үлкен есеппен жасатып* еді. Сонау Еділ бойындағы Санды-

бай үйшіге он құлынды бие беріп үйдің сүйегін жасатты (Ғ. М.).

ҮЛКЕН ҮЙ* *к ө н е.* *Үлкен ата, кәрі әже отырған үй* (Бөйбіше отырған үйді де «үлкен үй» деп атаған). Әпкеме айтайыншы, — деп тағы бір жас қатын жеңге де *үлкен үйге* (Зере отырған үйге) қарай ұмтылған (М. Ә.). Тоғжан жатқан үйді ойша іздеді. Сүйіндіктің *үлкен үйіне* жақын тұрған кішілеу ақ үй бар (М. Ә.); *кіші үй деп тоқал (кіші әйелі) отырған үйді атаған.* Сүйіндіктің үлкен үйіне жақын тұрған кішілеу ақ үй бар... содан әрі алты қанат үй тұр. *Кіші үй* сол болуға лайық (М. Ә.). Үлкен үйдікі ортада, *кіші үйдікі* қалтада (Мақал). Үлкен үйдегі күлсе, *кіші үйдегі* ыржиар (Мақал); *отау үй ержеткен баланың үйленіп, өз алдына түтін түтеткен үйі.* Оны келіннің *отауы,* келіннің *отау үйі.* Үлкен [кіші] *отау* түрінде де атай берген.

Тілімізде үйдің бұдан басқа мынадай түрлері бар: *қараша үй — дәулеті шағын кісінің не үлкен үйге қызмет істейтін кедей-кепшік, көрші-қолаң үйі.* Қарның апша, *қараша үйіңе* шап (Мақал); *қара үй* *көбіне қазан-ошақ, ас-ауқат тұратын үйді [шошаланы] осылай атаған.* (Дәулеті шағын кісілер де жылдың күз, қыс айларында осындай үйлерін тігіп отыратын болған); *боз үй дәулеті орта қол кісілер үйі; қоңыр үй.* *Дәулетті кісілердің күзге қарай тігіп отыратын үйі.* (Кейін осы «қоңыр үйі» «қара үйге» айналып отырған). Абай мен Әйгерімнің бұл кезде тіккен үйлері «қоңыр үй» деп аталады (М. Ә.).

Бұрынғы кезде үлкен үй иесі дәрежелі я атақты кісі болса, ондайда үлкен үйді ақ орда, алыс [тоқсан] басты ақ орда деп те атаған. *Тоқсан басты ақ орда* тонамай не болмасам (АӘ); ақ *отау — атақ дәрежелі кісінің «кіші үйі; немесе баласына тіктірген отау үйі; ақ ауыл — қараша үйлі ауылдан бөлек, оқшау отыратын шымқай ақ үйлі бай ауыл.* Ақ ауылдың сөні жоқ... Тарққан желі болмаса (Д. В.).

Дәулетке, шаруа жайына қарап тігілетін өзге де үй түрлері бар: *жарты [қара] лашық — кереге қанаты екі-үштен аспайтын, қысқа уық, тар шаңырақты үй; жолым үй — керегесіз, кіші-гірім шаңыраққа сырық тіреп, сыртын тек үзікпен жапқан үй.*

Қазақ осы үйлердің бәрін бір атаумен киіз үй деп атаған. Киіз үй және оның жабдығы, іпкі жасауына қатысты сөздер қазақтың ауызша поэзиясында, мақал-мәтелдерінде, жұмбақтарында жиі ұшырайды. Осылардан тілімізде сан алуан тұрақты тіркестер жасалған: Өкеңнің бір атасы Қоянжырық, Босаға маңдайша мен табалдырық, Кереге алты қанат, алтын уық, Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық (Ш. Ж.) — деп, арнау өлең түрінде де келеді.

* «Үлкен үй» туралы материалды Қ. Өмірәлиев дайындаған.

Киіз үйдің, ағаш жабдығын үйдің сүйегі деп атаған: есік (есік көрген; есік тосдырды; есік көрсетті; есігі жабылып қалды); босаға (босаға аттар; босаға көрсетті; босағада тік тұрма; босағасын борлатқан, т. б.); табалдырық (табалдырықтан аттап шықпаған; табалдырықтан арғыны көрмеген; табалдырықты баспа, т. б.); жақтау [таяныш] ағаш; сықырлауық, иткірмес; маңдайша (маңдайшасын борлатқан, т. б.); топса (топсаң босап жүрау; топсаң май құй, т. б.); кереге (Керегеңді көртпесем, Көртпін отын етпесем.— М. Ө.; Әр жерде керегеге таңылса да.— Абай); керегенің қанаты: төрт [бес, алты, сегіз, тоғыз, он, он екі] қанат; керегенің басы (басында керегенің үрген қарын, Көтердім палуандықпен соның бәрін.— ҚЕ); керегенің құлағы, керегенің қасы (Қалайылаған қасты орданың сырығы.— Шалкиіз); керегенің көзі [тор көз, жел көз]; керегенің сағанағы (жан шабағы). (Сағанағы сарқ, қағанағы қарқ.— АӘ; Сағанағың сарт етіп, сан етіңе қадалсын.— АӘ); керегенің аяғы (жетпіс кемпір жер тістеп жатыр.— Жұмбақ); керегенің көгі (Қызжібектің беттерін Кереге көгі жырады.— ҚЖ). Керегенің — күміс шапқан кереге, сүйекті [сүйек қаптырған] кереге, калайылаған [қорғасындаған] кереге деген түрлері болады. Уық (алтын уық, күміс уық, сүйекті уық; уықтың қаламы); шаңырақ (шаңырақ көтерді; шаңырағың ортаңа түсір, т. б.); күлдіреуіш.

Киіз үйдің киіз жабдығы: түңдік, түндік Түндігі ұлы сөскеге дейін ашылмаған үйдің кісісін өліге санаймын,— депті байғыз (ҚЕ); Түндігің ашымай қалсын! (Қарғыс); Түтікпенен су берген, Түндікпенен күн көрген (ҚБ); үзік, үйдің үзігі Уықтың үстінен жабылатын киіз. Үзіксіз үй болмас (Мақал); туырлық керегенің сыртынан тұтылатын, ұсталатын киіз. Туырлықсыз тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма? — (М. Ө.); Алты қанат бір үй бер, Шіі болсын сымдаған, Туырлығы болсын тұлдаған (Айттыс); Туырлығың кескілеп, Тоқым етсем деп едім (М. Ө.). Киіз есік Іш жағы тоқылған жез ши, сырты өрнек салынған ақ киіз; дөдеге үзіктің етегіне (сырттан) тігіп (іліп) қояды, ені сүйем я қарыстай, кейде қарыс сүйем, ұзындығы бір кезге жуық болады, жұқа шаңқан ақ киіз, шеті мақпалмен әдіптеледі я бояулы жіппен өрнектей тігіледі, бетіне мақпалдан қошқар мүйіз, т. б. өрнек қапалады, дөдегеге найза, қылыш т. б. іліп, салып қояды. Шаншулы найза ілулі, Әшекейлі дөдеге, Алтын сапты селебе (Д. Б.); үзік сән Үзіктің басына өрнектеп, әшекейлеп бастыра жапсыратық кіші-гірім төрт бұрышты, үшкілді келетін киіз.

Киіз үйдің арқан-жібі, таңғышы, түңдік бау: Түңдіктің төрт бұрышынан төрт бау жіп байланады. (Үй үстінде төрт шыбық, Төртеуі де тең шыбық (Жұмбақ): Түңдігіміңіз төрт бауы — Бас бауымды жар-жар-ау! (Айттыс); үзік бау Үзіктің етек, әрі жан бауы, жан бау жібі белдеуге

байланады, кей жібі туырлықтың бас я орта тұсынан жиеттеліп, тігілген арнаулы тілік тесіктен өткізіліп керегеге байланады; туырлық бау Керегенің басына, әрі аяғына байланатын бау, жіп; бас арқан Керегенің басын тартып байлайтын арқан, мұны бояулы жүннен ала арқан түрінде еседі; белдеу арқан [жіп] Үйдің сыртынан үзіктің етегін ала орай байланатын жіп. Бастырық арқан Үйдің үзік үстін ала айқастыра бастырып, екі ұшын үйдің іргесінен екі үш адым жерге қағылған жел қазыққа байлап қояды. Тегеріш Керегенің басын ала, әрі уықтың етек жағын ала тартып, есіктің оң, сол босаға ағашына байланатын жалпақ құр, ені қарыс сүйем болады, әр түрлі аймыш, мүйіз, құс тіл, құс тұмсық, құс тырнақ салынып, өрнектеп тоқылады; басқұр Тегеріш үлгісінде тоқылады, үзіктің үстінен, әрі үзіктің асты, уықтың үстінен сәндікке қиғаштай аймыштап, айқұштап жүргізіп қояды. Басқұрдың бас айналар термесіне, қасының таң қаламын көрмесіне (АӘ); таңғыш Өрнектеп тоқылған құр, ені сүйем, сынық сүйем болады, мұнымен екі керегенің айқасқан жақтау көзін, сағанақ шабағын қосып байлайды; уық таңғыш Жел бау үлгілес құр, етегі, орта тұсы, уыққа байланған жері шашақты болады, уықтың орта тұсынан (уыққа өткізіп) байлап, сәндікке салбыратып іліп қояды, саны төртеу болады; жел бау Шаңырақтың оң, сол жағына салбыратып іліп байлайтын, өрнектеп тоқылған құр, әр тұсына жіп шашақ жапсырып тігілген болады, ұзындығы үйдің биіктігіне қарайлас болады, қатты жел я дауыл тұрғанда, құйын келгенде екі басын байлап, үстіне теңдерді үйіп қояды; уық бау Уықтың тесігінен өткізіп қойған, әр түрлі бояулы жіп, ұзындығы бір кез, бір қол шамалас, мұнымен уықты керегенің басына байлайды; керме жіп Шаңырақты көтергенде екі жағынан байлап, бақанмен қосып ұстап әрі кере тартып тұратын жіп.

Киіз үйдің тіреу ағаштары, байлау қазықтары: сырық Оттың басынан, үйдің ортасынан қадап, ұшын шаңырақтан шығарып қоятын тіреу ағаш, сырықты өрнектеп бояп қояды; бақан Шаңырақты көтеретін, үзікті саумалап уық бойымен көтеріп, жабуға пайдаланатын ұзын, басы ашалы ағаш. Домалақ сонда толғатты, Сырық, бақан орнатты (Жамбыл); адал бақан Көбіне, арша ағашынан бұтағын зат ілуге лайықтап кесіп жасайды, сол босаға жақтан қадап, басын уыққа байлап қояды, бел ортадан жіп керіп, керегеге байлайды да, шимен орап қояды, ши ішінде саба, т. б. ыдыс-аяқ тұрады; жел қазық Үйдің сыртында желдің тұратын ыңғайына қарай қағылатын қазық, оған жел арқанды байлайды; төр қазық Төздегі бір кереге екі жағынан осы қазықтарға байланады, әдетте, керегені бұлай байлау төр есікке пайдаланатын, екі не үш үйді тіркестіре тізетін жағдайға байланысты.

Киіз үйдің шиі: жез ши *Туырлық пен керегелі арасынан келтіріп, үйді белдеулей қоршап қояды, ши қамыстан әр түрлі өрнек салып тоқиды; өре ши Құрт, ірімшік, т. б. жайып келтіреді.*

Киіз үйдің орын, мекен мәнді атаулары: төр, ірге, түндік, түтік. *Түтікпенен су берген, Түндікпенен күн көрген (ҚБ); жабық Және де ашты жабықты, Жабықтан көзін салыпты (ҚБ); жансар.*

Киіз үйді тігу, жығу, т. б. әрекетке байланысты етістік тіркесті сөз: үй [шаңырақ] көтерді; үй бастырды; үй жықты; үй тікті; уық қаламдады; уық қадады; кереге жайды [жиды]; кереге көктеді; түндік [түңлік] ашты; ірге түрді.

Үлкен үйдің не отау үйдің жасауы, енші заттары: текемет, тұс киіз [құндызды тұс киіз, мақпал тұс киіз, манат тұс киіз]; сырмақ [оюлы сырмақ]; кілем, түкті [қалы, жібек, таз] кілем; алаша: таз [тақыр, тықыр] алаша, бұқары алаша, терме алаша; көрпе: шайы [батсайы, атылас, жібек, торғын] көрпе; көрпеше, түшек, құс түшек, жүн түшек; жастық: бас жастық, шынтақ жастық; бөстек, тайтері, тулақ; шымылдық Ал шымылдық ішінде Ару сүйдім, өкінген (АӘ).

Төсек ағаш: сырлы [сүйекті] төсек [ағаш]; жүк аяқ: сырлы [сүйекті] жүк аяқ; сырлы [сүйекті] кебеже; бесік; құс тұғыр; абдыра, сандық; сырлы [сүйекті, темір] сандық; шарайна.

ҮЛШЕК ҚАР *Мамық қар.* Сонда... Сонда мына үлшек қар өзінің қалайша қарыспа қасат қарға айналып кеткенін сезбей де қалады... Өмірдің үйретуі осылай, бәлкім (Семей таңы).

ҮМІТ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ, АРТТЫ] *Күдерін үзбеді, дәме қылды.* («Үміт» — парсы сөзі, дәме деген мағынада. «Үміт» деген сөз «үз» дегеннен басқа «қыл», «жоқ», «бар», сияқты бірер сөздермен ғана жанаспаса алады). Жәйі мәлім шошқаның, Түрткенінен жасқанба, Бір ғалымнан басқаның Кеселі көп асқанға. Одан үміт кім қылар, Жол табар деп сасқанда (Абай). *Үміт қыл* маған қарайсың, Көңілге медеу санайсың, Балалыққа жарасам, Аталыққа жарайсың (С. Т.). Бүгін жігіттер 1500, 10 000 мезрлік кашықтықтарда күш сынасады. Әлгі үміт аргатын төртеудің тырмысып көрер бекегі осы (ЛЖ). Жаңа ғана өмірмен қош айтысып, өлімге басын байлаған Ержан енді сол қара түнектің ішінен үміт етті (Ә. Ә.).

ҮМІТСІЗДІККЕ САЛЫНДЫ [ҮМІТ ҮЗДІ] **○** *ҮМІТ СӨНДІ* *Күдер үзе түңілді; болады-ау деген ойынан шықпады.* Күн райының мұндай жағдайы шалға өкініш болғанмен, ол үмітсіздікке де салынған жоқ (С. М.). Мінгізді бедеу атын да, кигізді қамқа тонын да, Бермесек деп бұл қызды, Үздік деп жаннан үмітті (ҚБ). Мен де үмітімді үзбеймін, — Купционов ішінен: Сүйкімдіңді жаманатқа қимайсың-ау әлі» деп ойлайды. Бірақ, ақылмен

саралап қарасақ, күдер үзбеске амал жоқ. Өте қиын (Т. А.). Жаңылдың үмітің сөндіріп алам ба деп қорқып еді (Т. А.).

ҮМІТСІЗ ШАЙТАН **○** *ҮМІТСІЗ ШАЙТАН ІСІ Сенбеушілік, күдер үзу пендеге лайық емес деген мағынада айтылады. Үмітсіз тек шайтан ғана... Әлі де болса Орынбормен тіл табу керек, — деді Таймас (І. Е.).*

ҮМІТІН ҰСТАДЫ *Бұл жерде күдерін үзбей, тілектес болған деген мағынада.* Еламан қарағым, сен де тұзақтан босанып келген құстайсың. Туған жеріңе қанатың талып кеп отырсың. Сен кеткенде артыңда үмітіңді ұстап қалған үйің бар (Ә. Н.).

ҮН БЕРДІ *Хабарлады; үндеу тастады; тілек қосты, қостады.* Үн беріп Нарындағы жігіттерге, Болмайды деп қолға енді құрал алмай, Көтерген көтеріліс туын бастап, Күшін бір не де болса сынағандай (Т. Ж.). Батыр қимылын қостаған көп әр жерден үн беріп жатты (АТ).

ҮНДЕМЕГЕН ҮЙДЕЙ ПӘЛЕДЕН ҚҰТЫЛАДЫ *Ешкімге тиіспей тыныш жүрген тиімді деген мағынада. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады», «Тек жүрсен, тоқ жүресің» дегендерді білесің бе? — деп ақылдарын айтып, аяшулық білдіреді кейбір оқушылар (ЛЖ).*

ҮНЕМ БОЛМАДЫ *Ақын бұл жерде ұсақ құлыққа салынуды бейнелейді (АС). Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан, Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан. Екі көңіл арасы — жылшылық жер, Оны қайтіп қосады ол ант атқан? (Абай).*

ҮНЕМ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ] *Қорек етті, асауқатына жаратты; еппен сақтап жеткізді. Жентті жеті атанға жүктеуші еді, Мейманды шашып-төгіп күт деуші еді, Үкінің ащы нанын үнем қылып, Қалтылдап сіздікіңше бұйтпеуші еді (Ш. Ж.).*

ҮН ЖОҚ, ТҮН ЖОҚ *Еш дыбыс шығармастан, түк білдірместен, тым-тырыс. Жым-жырт тыныш: үн жоқ, түн жоқ көшелерде даңқылдақ (Б. К.).*

ҮНЖОРҒАСЫ [ҮНЖЫРҒАСЫ] ТҮСТІ **○** *К...ІНЕН СУ КЕТТІ* *көне. Сәтсіздікке ұшырап, еңсесі түсті.*

ҮН ҚАТТЫ *Дыбыс берді, сөйледі. Жүктің арғы баурында жатқан жырттық шекпенге ораған, шеке тамырлары көгерген екі кішкене бала қыңқылдап үн қатты (М. Ә.).*

ҮН ҚОСТЫ [САЛДЫ] 1. *Бірге жыласы, бірге дауыс шығарып, үн қатысты.* «Қайран қоныс, қайран жер!» — деп үн қосып жылаған жұрттың даусына күніренген дала да даусын қосты (С. М.). 2. *Бастама іске тілектестігін білдірді.* Мал санын арттыру ұранына үн қосып, өз тілектерін білдірген хаттар көп болды (АТ).

ҮНІ БІТТІ 1. *Таңдайы кеуіп, даусы қарлығып, дыбысы шықпай қалды. Шаң қауып, желді жұттып, шөліркеген, Қаңсы-*

тып, құрғап таңдай, күн де жеген, Қалжырап келе жатты үні бітіп, Ат қағып, шөл мендетіп, шабу жеңген (І. Ж.).
2. Сөйлеуден қалды, үндей алмады.

ҮНІ [ДЫБЫСЫ] КӨК [ЖЕР] ЖАРДЫ Атағы шартарапқа жайылды. Күш тарап төрт тарапқа бір арнадан, Көк жарып совхоз үні ұрандаған (Айтыс).

ҮНІНДІ ӨШІРІ кейіс. Даусыңды шығарма, сөйлеме. Ой, қан жауғыр, ақша дегені несі? Өшір үніңді, — деп зекіді Баймұрат баласына (М. И.).

ҮНІҢ [ДЫМЫҢ] ШІНДЕ БОЛСЫН! Айтпа, тіс жарып сөйлеме, сыр шаппа. Үнің ішінде болсын, шырағым. Мұндай пәлені көрдім дегеннің өзі күнә (АТ).

ҮНІ ӨШТІ 1. Жым-жырт болды. Кездейсоқ кездескен бір даңғойдың қаһарынан қорқып, аңғырт жолаушының үні өшіп, к...інен дем алды (АТ). 2. Өлді, құрылды. Барамын көмілдікке таман көшіп, Өнім тұрсын, түсіме елестемес, Бір күн топырақ болам деп үнім өшіп (С. Т.).

ҮНІ ШЫҚПАДЫ 1. Ләм-мим демеді, сөз қатпады. Ғабдолла мұны естіп үні шықпай, тілін тістеп, жұмысына жүре берді (С. Шәр). 2. Көмексіз болу, мусәпір болу мағынасында. Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас (Мақал).

ҮРДІС ЖҮРДІ Тез, шапшаң жүрді. Осылай болса, әр отар үрдіс жүреді. Күн жылынып қалды. Қар жұқара малдың жүрісі жеңілдеді (М. Ә.).

ҮРЕРГЕ ИТІ, СЫҒАРҒА БИТІ ЖОҚ Ішерге асы, кьерге киімі жоқ деген мағынада. Үрерге иті, сығарға биті жоқ кедей еді аталары, заман жетілтті ғой, шырағым, бұған шүкір (АТ).

ҮР ЖАҢА Су жаңа, ине-жіптен жаңа шыққан деген мағынада айтылады.

ҮРИТ СОҚ, СОҚ! Екі қошқарды сүзсіз тірерде айтылады. Қошқарлар қарап жатпады, Біраз тынығып алғасын, Күйленіп қарнын салғасын, Сүзсізгі-ай кеп, Үрит, соқ, соқ! (ЛЖ).

ҮРКІН ЕЛІ көне. Тыныштығы кетіп, жер ауған ел. Іле басы — қас, күндес, Өткел таппай үркін ел, Кетті суға талай көш; Төзғындады ел, тозды жұрт (І. Ж.).

ҮРПЕК БАС[-ТАН] Таң алагеуім шақ, елең-алаң, таң құлан иектенген кез. Таң атқан, үрпек бас шақ, алаң-елең, Көрінді орман, көлдер, ой, қыр, белең. Оянып ұйқысынан бозша торғай, Үрпін қаранады етіп елең (С. С.). Тау түбінде тіктіріп алтын туды, Маманды үрпек бастан шауып алды (АШ).

ҮРІККЕН ҚОЙДАЙ ҚАМАЛДЫ Үйме-жүйме болды, топтана опыр-топыр болды. Кеткенін білмеді ешкім оның қайда, Кеудесі күл-күл болып қалды ол жайда, Әскері екі жүз мың үркікен қойдай, Қамалып қала берді терең сайда (Т. І.).

ҮРІККЕН ТҮЙЕ КӨЗДЕНДІ Екі көзі шатынап шарасынан шықты, ежірейді. Үріккен түйе көзденіп, алақтап тұрған жігіттерге екі жағындағы екі қызыл тудың тобынан екі қазақ жігіті ұмтылды (І. Ж.).

ҮРІМ-БҰТАҚ Бала-шаға, ұрпақ, туған-туысқан... Жапалда көп ұрпақ та жоқ-ты. Бұрын екі баласы Бүбітай мен өзі ғана еді. Ата-ана, үрім-бұтақ дегеннен ешкімі жоқ, бір атадан жалғыз қалған (А. Б.).

ҮРІП АУЫЗҒА САЛҒАНДАЙ Аса әдемі, сүп-сүйкімді. Үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай (Б. М.). Ұзын сөздің қысқасы, қасы-көзі қиылған, үріп ауызға салғандай осы Күлән жеңген құсым болып түсті, алақаныма қона кетті (С. О.). Демек, сырт көрінісі алшысынан тұрған асықтай, үріп ауызға салған қасықтай (С. Төл.).

ҮСТЕМ БОЛДЫ Басым болды, өзіне қаратты. Біздің келінге сол жақтан бір жіңішке лақап хабар кепті. Ол жерде Борсақ үстем боп, содан қол арасында жік туатын түрі бар дейді (М. Ә.).

ҮСТІ-БАСЫ БҮТІН Жетерлік табысы бар. Қарны тоқ, көйлегі көк, үсті-басы бүтін (АТ).

ҮСТІ-БАСЫ МАЛМАНДАЙ [СУ] Тұла бойы, бар киімі су-су. Кей тұсқа келгенде суды кешіп отырады. Ондайда дөңбек толқын түйіп қап, ұшырып түсіре жаздайды, үсті-басы малмандай (М. А.). Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Жер ми балшық. Толарсақтан бапқа кешіп келеміз. Үсті-басымыз малмандай (Ө. Қан.).

ҮСТІНЕ ҚОНА ТҮСТІ Тарпа бас салды. Айша күрт құлап түсті. Талып түскендей болды. Қасен пышағын жоғары көтерген күйде үстіне қона түсті (М. Ә.).

ҮСТІНЕН ҚАРАДЫ Бәрінен жоғары билік етті. Вайқап сөйле, Төйтеке. Бұл кісі — ояздық соттың үстінен қарайтын бастықтардың ішінде бастықтардың бастығы (Қ. Қуан.).

ҮСТІНЕН ҚҰС ҰШЫРЫП, АСТЫНАН ИТ ЖҮГІРТТІ Неше түрлі зорлық-зомбылық жасау, бәле қуу мағынасында. Бұрын патша заманында төреге, бай-манапқа қарсы дегендер болса, үстінен құс ұшыртып, астынан ит жүгіртіп сотты қып, әлекке салатын (ЛЖ).

ҮСТІНЕ ТҮСЕ КЕТЕДІ [ТҮСІП БАРАДЫ, ТҮСІП КЕТЕ ЖАЗДАЙДЫ, ТҮСТІ ДЕ ҚАЛДЫ] 1. Іші-бауыры елжіреді, айналып-толғанды. Дәукеңнің жүрегін аяныш қысып жіберді. Жаралы жанға қол қатуға қаймыққандай, үстіне түсіп қалбақтай берді (Т. А.). Үйге «сот» іні келсе, Судыр Ахмет соның отырған жағына шығып: «Қабенжан!...» — деп өбектеп, үстіне түсе кетеді (Ә. Н.). 2. Ашқарақтанып, өбектеп барады.

ҮСТІНЕ ШЫҒЫП КЕТЕДІ д и а л. Бір болжалды өлшеммен асып кетеді. Әйелдер

дің бостон киімі мың сомның үстіне шығып кетеді (Ақт., Ойыл).

ҮШ КҮНДІК ПӘНИ Қысқа өмір, өтпелі, өмір. *Үш күндік бұл пәниге* келген пенде, Байлама күрегіңді пейіл берме (ШЖ).

ҮШ ҚАЙНАСА [ҚАЙНАТСА] СОРПА-СЫ ҚОСЫЛМАЙДЫ Бірімен-бірі жуыспайды, байланыспайды, мүлде бөлек. Жоқ, мен айттым, жарықтығым, енді басымды отқа салма, сенімен менің енді *үш қайнаса сорпам қосылмайтын* болған! — деп Айша таймай қасарып тұрып алды (М. Ә.).

ҮШ МҮЙІЗ БОЛДЫ *Үш топқа бөлінді, үш топ құрды.* (Өскери шеп құрудың бір түрі). Қамбар батыр майсары етіп қыпшақ, арғын жігіттерін, маймене етіп үйсін, дулат және өзге ру сойылшыларын тұрғызды. Өздері, Шыңғыс ұрпақтары, төленгіттермен орта шепті алды. Келе жатқан жауға осылай *үш мүйіз боп* қарсы шабуды ұйғарды (І. Е.).

ҮШ ТОҒЫЗ [АЙЫБЫ, СЫЙЛЫҒЫ] *Әрқайсысы тоғыздан тұратын үш топ сыйлық (айыл).* Байболатқа берген қалың малына *үш тоғыз айыбын* қосып алды да, ұпайым түгел дегендей көкіректегі ызаны ішке түйіп қала берді (І. Е.).

ҮШ ҰЙҚТАСА ОЙДА ЖОҚ [ОЙҒА КІРМЕДІ] ☉ ҮШ ҰЙҚТАСА ТҮСІНЕ [ОЙЫНА] ЕНБЕГЕН [КІРМЕГЕН] *Солай болады деп мүлде күтпеген, ойламаған.* Аты жоқ құс болады көкек деген, Алдында терезенің секектеген, *Ойымда үш ұйқтасам бар ма* менің Айрылып сені, сәулем, кетед деген (Б. Қож.). Сәскеде Көлқайнарға кеп Жұман аулының жанындағы адырға кіре берсем, бір төбенің басында *үш ұйқтасаң түсіңе кірмес* бір қызық топ тұр (М. Ә.). Ойымда жоқ, *үш ұйқтасам түске еніп...*, Оғырғанбыз қос басында түстеніп, Бір салт атты шыға берді белеске — Қасым ағам! Жүгіріп кеп «түс» — дедік (Ө. А.).

Ф

ФӘНИДІҢ ЖҮЗІНДЕ к ө н е. *Өмірде, тіршілікте, дүниеде.* Көк шыбығың қанды ауыздай жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай! Бұл *фәнидің жүзінде*, Арыстан одан кім өткен (М. Ө.).

ФӘНИ ЖАЛҒАН [ДҮНИЕ] к ө н е. *Опасыз, тұрақсыз өмір.* Сондағы сөз болатындар: баяғы бұрыннан айтылып келе жатқан өмір мен өлім, *фәни дүние*, адамның жер бетіндегі әрекеті, ағайын-қарындас, жолдас-жора, дос-дұшпан арасындағы қарым-қатынас ер жігіттің ел алдындағы қызметі, ақындық өнер, тағысын-тағылар (Ы. Д.).

ФЕРҒАУЫН БОЛЫП КЕТСЕН ДЕ Бұрынғы уақыттағы ауызекі тілде қандай күшті болсаң да деген ұғымда айтылады. (Ферғауын араб тілінде қатал, рақымсыз деген мағынада).

ФИДА [ПИДА] ҚЫЛДЫ Құрбан етті, жанын салды, аянбады. Ақыл, ғылым екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді... Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі таифа әр екісі өздеріне бір түрлі нәпсісін *фида қылушылар деп* (Абай).

X

ХАБАР АЛДЫ *Бұл жерде нышаны біліну мағынасында. Сексеннен алған хабардың, Бізғары тұр шыдатпай, Көргім келмек тоқсанды, Келіндерге сынатпай* (Д. Б.).

ХАБАРДАР БОЛДЫ *Істің мән-жайынан, жай-жапсарынан қанық болу мағынасында* (АС). Жолдасы Аристотель ақылы мол, Лақтырған сүйекті алады сол. Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте, Көзіне көрсетейін, хабардар бол» (Абай).

ХАБАР САЛДЫ [САЛДЫРДЫ] *Білдірді, белгі берді, хабар жіберді. Айттырып әрбір жақсы салды хабар, Күні-түні келіп жатыр қызға шабар. Ұнатпай ешбірін де жігіттердің, Жөнелтті жауап бермей, не амал бар* (С. К.).

ХАҚ ДИДАРЫН КӨРДІ *көне. Діни сенім бойынша алла тағаланың шапағат, рақымын көру мағынасында айтылып тұр. Хақ дидарын көресің, Ақырет қамын қылғаның, Өлшеулі күнің жеткен соң, Бұйрық дәмің біткен соң* (Ш. Қ.).

ХАҚҚА ЖАРАДЫ *көне. Тәңіріге ісі жақты. Хақиқат туралықпен атақ алған, Қызметі Ғали, Жөнөп хаққа жарап, Арналған тап өзіне бір тіл бітіп, Сөйлейді сонда қалам маған қарап* (М. Қал.).

ХАҚҚА ТАЛСЫРДЫ *көне. Тәңіріге аманат етті. Шала-жансар жанымды, Адыра қалған малымды, Жас уыздай жарымды, Жалғыз хаққа тапсырдым* (Б. К.).

ХАҚ ТАРАЛА *көне. Құдай, тәңірінің лауазымы. Қаж болса біздің қазақ болды дейді, Көкірегі иманмен толды дейді, Басқадан сұрамай-ақ хақ тағала, Рақаттан ашар бұған жолды дейді* (М. Қал.).

ХАҚТЫҢ ЖАЗУЫ *көне. Бұйрықты іс, алланың жазмышы деген мағынада. Келмес, келмес, енді көнбес, «Кел» дегенге көзсіз ер, Хақтың жазуы солай, Тағдырға кім өкпелер* (Б. К.).

ХАҚЫН ЖЕДІ *Еңбегін пайдаланып кетті, еңбегіне қиянат жасады. (Бұл сөз-*

дің өдеби тіліміздегі айтылуы мен жазылуы «ақы»; ертеректегі баламасын әдейі келтіріп отырмыз). Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші, Біреудің хақын жемес жақсы кісі, Тақтағы хан, таптағы биді еңкейткен, Хан ата, қалай екен малдың күші (Ш. Құл.).

ХАЛ ҮСТІНДЕ *Өлім алдында жатқан кісі туралы айтылады.*

ХАЛЫҚ АДАМЫ БОЛДЫ *Ел қамын жеген ер, көпшіліктің қалаулы кісісі болды. Қайсарлықтың белгісі, Бетімнен дейді қайтпаймын, Бұл сияқты баланы, Болар деп халық адамы, Қалайша енді мақтаймын?* (М. Сұл.).

ХАЛЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ *Көпшілік қауым ұнатпайтын, жағымсыз адам туралы айтылады. Халыққа емес сыйымды, Паракор баспақ биңді, Ел бүлдіргіш бегінді, Әперіп сөзбен кегінді — Улы тілмен улаттым* (Д. Б.).

ХАЛЫҚ ҮСТІНДЕГІ АДАМ *Біреудің еңбегімен күн көретін адам. Осы арада Кәлен сап ете қалды. Ол Курнос Иванға қарап, бірақ ана шонжарларға, анық естірте дауыстап: — Алудың есебін сен үйретпей-ақ қой. Халық үстіндегі адам қағып та, соғып та жей береді, — деді* (Ә. Н.).

ХАЛІ БІТТІ *Амалы құрыды, шарасы таусылды, діңкеледі* (АС). Хор болды жаным, Сенсіз де менің күнім, Бек бітті халім, Тағдырдан келген зұлым (Абай).

ХАЛІ МҮШКІЛ *Жағдайы тым ауыр, күйі нашар, жаман күйге душар болды. («Мүшкіл» — араб сөзі: қиыншылық, қиын-қыстау; «хал» деген де араб сөзі: күш, қуат). Енді жиектегі саяз сулар суалып, бұл балықтардың халі мүшкілге айналды* (ЛЖЖ).

ХАН БОЛСЫН, ҚАРА БОЛСЫН *көне. Кім болса, ол болсын. Хан болсын, қара болсын, еркек адамға тек еркектік жағынан ғана қарайтын Зейнеп... хан екен деп қаймықпады* (І. Е.).

ХАНҒА СӘЛЕМ БЕРМЕЙДІ *Шаруасы түгел; мұрғын балға кеспейді.* (Хан екеш ханға да пысырмайсың деген мағынада). Науқанды төкпей-шаппай жинап алсақ, *Бермейсің ханға сәлем бар дүрмекте* (І. Ж.).

ХАН ЕКІ АЙТПАЙДЫ **○ ХАН ЖАРЛЫҒЫ ЕКІ БОЛМАЙДЫ** *к ө н е.* *Хан айтса, орындатпай қоймайды, хан айтқанын орындатады, екі сөйлемейді деген мағынада айтылады.* Оған жайраңдай қарап: — Шын айтасың ба? — деді. — Шыным. *Хан екі айтпайды* (І. Е.).

ХАН КӨКІРЕК АДАМ *к ө н е.* *Өте тәкаппар адам туралы айтылған.*

ХАН КӨТЕРДІ *к ө н е.* 1. *Хан сайлады* (АС). Әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «Хан» деген үлкен биіктің басында ақ киізге Шыңғысты отырғызып *хан көтерген* дейді (Абай). 2. *Қатты сыйлап, құрметтеді.* Енді, міне, сол Шұбар да Оразбай, Өзімбайлар *хан көтергіп* жатқан қазақ төресіне амандаса келіп танысып табысқанды (М. Ә.).

ХАННАН-[ҚАННЕН-] ҚАПЕРСІЗ *Алаңсыз, ойында дәнеңе жоқ, бейқам.*

**ХАННЫҢ ҚАРА ӨГІЗІН СОЙЫП АЛ-
ФАННАН ЖАМАН НЕ БАР** *к ө н е.* *Өктем таптың алусыз, қаныпезер қылығы туралы айтылады.* (Ескі заманда ханның малын барымталаған кісі, немесе рулы ел оны әлденеше есе етіп төлеуге мәжбүр болған, ал барымташы кісіні хан үкімімен масқаралап, құртып жіберу дәстүрі болған).

ХАННЫҢ МІНЕЗІ... [МІНЕЗІНДЕЙ] *Тұрақсыз, тиянақсыз, жексұрын қылық, мінез-құлық туралы айтылады.*

ХАН СЫРТЫНАН ЖҰДЫРЫҚ *Сырттан айбат, қонан-лоқы қыр көрсету деген мағынада.* Тура сөз қуғаннан соң балаламай, Сыпайы сөйле, ақыным, қараламай, *Хан сыртынан жұдырық соқпа, Сөке,* Аймағын ауданымның араламай (Н. А.).

**ХАН ТӘҢІРІНІҢ БИГІНЕ ШАНШЫЛ-
ДЫ** *Бұл жерде ең биік белеске көтерілді деген ұғымда.* («Хан тәңірі» атты биік шың бейнелене айтылып тұр). Үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінде көш жерден көрінер биікке шаншылған әдебиет туы ғасырдың соңғы ширегінде «Хан тәңірінің» ең биік қырқасына апарып *шаншылар* деп сенесің (Ғ. М.).

ХАН ТҮЛЕНДІ *Қайғырды, налыды, қатты қиналды.* Келіп едім, хан Тезек, көрейін деп, Пайғамбардың сәлемін берейін деп, Аттандырған екі ұрың жылқы ап келмей, *Хан түленіп* тұрмысың өлейін деп (С. А.).

ХАРАП БОЛДЫ *Қараң болды, тозғындады.* Құдайым ақыл берген оған қалап, Абыройын өз басына жүрген балап, Көбісі сорлы қыздың ондай болған, Жоғалтып жаста-ақ абырой болар *харап* (М. С.).

ХАС МҰСЫЛМАН *к ө н е.* *Нағыз ислам дінін ұстаған адам.* *Хас мұсылман* адамдар, Тақ намазын қылады, Абыз демеі, не дейміз, Шалы орнынан тұрған соң (Д. Б.).

ХАСІЛ БОЛДЫ *к ө н е.* *Тілегі орындалды.* (Көбіне «тілек» сөзімен сабақтаса айтылады).

ХАТ БІЛДІ [ТАНЫДЫ] *Сауат ашылды, жаза білді, қара таныды.* Қыстай оқып мен *хат таныдым*,— деді Дәмеш (Б. М.).

ХАТҚА ЖҮЙРІК *Жазуға шебер, тез жазғыш, тез оқығыш.* Мәкен *хатқа жүйрік*, Абай сөздерін жаттап өскен (М. Ә.). Қарқаралы басында жалғыз арша, *Хатқа жүйрік* сол қалқа мұсылманша (ҚӘН.).

ХАТЫМ ҚЫЛДЫ [ТҮСІРДІ] *д і н и.* *Өлген адамның орнына барып жаназа шығарды, өлген кісіге иман айтып, құран оқыды.* Келсе балам басыма, *Хатым қылсын* артыма, Жетімдікке көндірді, Жұмырықтай жасында (Ш. Қ.).

ХАТЫНА ІЛІНДІРДІ *Үкіміне кезіктірді, қырына кезіктірді.* Қарақтарым, қойғыза көріндер енді, ұлықтың теріс *хатына іліндіре* көрме, қуатым, көкетайым,— деп Ділда жылайды (М. Ә.).

ХАУАС СӘЛИМ *Жақсы сипат* (АС). Махаббат — әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер — әуелі *хауас сәлим* нәм тән саулық (Абай).

ХИУАДАЙ БАЗАРЛЫ *Жүрген жері той-думан, көңілді кісі туралы айтылады.* Қырмыздай ажарлым, *Хиуадай базарлым!* Теңіздей терең ақылдым! Тебіренбес ауыр мінездім (М. Ә.).

ХОШ АЙЛАДЫ *Құптады, мақұлдады.* Көңілін бір бәденің *айласа хош*, Дүшпан сөзі аяқсыз қалады бос, Күшің жетсе бір қос тік, әр шөһерге, Деген нақыл жауда да болсын бір дос (Н. Н.).

ХОШ КЕЛДІ *Дер кезінде, көңілді уақытта, пейілдің дарқан шағында қонақ болды.* *Хош келіңіз* ауылға, Ақын інім, Әбділда, Бір жағында Қараөзек, Қыр жағында он ділда (А. Т.).

ХОШ-ЕСЕН БОЛ *Сау-саламат бол.* Ахау, бикем жар-жар, Алма мойын, ақ сұңқар, *Хош-есен бол*, құрбым-ай, Құрбылықпен жүрдім жай! (ҚӘН.).

ХОШ УАҚЫТСЫДЫ *Көңілді көрінген болды, жайдарыланып көрінген болды.* *Хош уақытсып* сөйлейді шал барқылдап, Қол қусырып Өзім тұр сөзін тыңдап, Асын жеп қолын жуып болғаннан соң, Әпкел деп ішкілікті қойды ымдап (Абай)

ХҰТБАСЫН ОҚЫДЫ *д і н и.* *Аяттық, бес уақыт намаздың бір түрі.* Молда «ғалым» жөн табады, Сенен жауап алу қайда, Зорлап оқыр *хұтбасын*, Алым-жемге көп пайда (М. Қал.).

Ш

ШАБАЛАҢ ЕТТИ *Шыжбыңдады, шаптығып қарсы сөз сөйледі. Ей, ана үзілген қамытыңды бері әкел — деді. Жолақ бешпентті әйел шабалаң еге түсті...* (І. Ж.).

ШАБАН-ШАЛАЙ АДАМ **© ШАБАН-ШАЛАҒАЙ КЕМТАРЛАР** диал. *Шама-шарқы аз адам, ат-көліксіз адам; кедей-кембағалдар. Қайдан барсаң шабан-шалай адам ғой* (Шығ. Қаз., Вольш.).

ШАБАР КӨБЕЙСІНІ тілек. *Бәйгеге ат қосқанда, ат жарысында айтылады.*

ШАБДАР СӘСКЕ *Күндізгі сағаттың он-он бір жарым кезі* (Қ. орда, Арал).

ШАБУЫЛ САЛДЫ Атой берді. *Атым бір мінген қара кер, Шабуыл салсам, шығар тер, Уақыты мұның біткен соң, Тозығы жетпей төгілді, Өңірге салған алтын зер* (А. Аз.).

ШАБУЫН ТАПНАЙ КЕТІЛДІ *Ұстауын, жұмсауын білмей мұқалды. Мен бір қара балта едім, Шабуын таппай кетілдім, Қайраса тағы жетілдім* (М. Ө.).

ШАВЫНА ОТ САЛДЫ [ОТ САЛА СӨЙЛЕДІ] © ШАВЫНА [ШАМЫНА] **ТИДІ [ТҮРТТІ]** *Туисті, түртпектеді; егесе, намысына тиді.* Маған оның сөздерінде астар, кекесін, зәр бар тәрізденді. Оларын түсіндім. Бірақ ұқпаған кескінмен, шабына от сала сөйледім (Қ. Жұм.). Бір сыласын тапқанша, кемді күн қамыс арасына тығыла тұрғаның мақұл болар, — деп, Еламан шамына тимей ақырын ғана ескертті (Ә. Н.). Әншейінде түйенің басындай іс атқарып жүрген Нәсірлер «ақмағамбеттің» ашуы шапқа тиген соң, подыра тиген сыбырдай моңкімес пе? (Ғ. С.). «Шапқа түрте-түрте барып, ақыры бір күн өлермен бол да, отқа түс, соныңды көрмей тоқтамаймын!» — дегені ғой мұнысы деді Байдалы (М. Ө.). Абай бұл арада өзіне арналатын ендігі қастықты, өсіресе шапқа түргіп, шырықтырып алғанын аңдаған жоқ еді (М. Ө.).

ШАВЫНА ШОҚ ТҮСТІ *Шымбайына бағатын түрткі болды. Е, Нұржан бас-*

тық, шабыңа шоқ түсті ме? Саған со керек, құдайыңды ұмытып кеттің! (З. Ш.).

ШАБЫС ҚОСТЫ *Шабысын үдетті. Тұяғы қызды шұбардың, Бір күн тамаң жол жүрді, Нақ намазшам болғанда, Үдеп бір шабыс қосады* (С. С.).

ШАБЫТ БЕРДІ *Қуат берді, жігерлендірді, бабына келгірді, демеді.* Пегас жер тарпығанда, оның тұяғы тескен жерден ақындарға шабыт беретін муза бұлағы пайда болыпты деген аңыз да қалдырды (Ө. Нұр.).

ШАҒЫЛ КҮН *Салқын күн.* («Шағыл» — араб тілінде жарқыраған, жалтырауық). *Күннің шағылы жоқ, құр көлемді, түсі суық, сұр бұлттан сүңгіп шығып, жарық қана түсіреді* (Қ. Тай.).

ШАДЫМАН ЖҰРТ *Көңілді, қуанышты ел. Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысын, Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысын, Баласың бақытты елге, түс майданға, Халқыңның қайратысың, ақылысың* (І. Ж.).

ШАЙДАЙ АШЫҚ [АШЫЛДЫ] *Бұл фраза 1) «күн», «аспан» деген сөздермен тіркесіп келіп, бұлтсыз аспан (күн) дегенді білдіреді; 2) «көңіл», «ұйқы» деген сөздермен тіркесіп келіп, «көңілін жадыратты», «ұйқысын сергітіп жіберді» дегенді білдіреді.*

ШАЙДЫ БОРЛАДЫ диал. *Шайды бозартты.* (Шайға аздап қуырылған ұн қосып жіберу).

ШАЙ КЕСІЛДІ *Шайдың ағарып кетуі, шайдың қызылы азайып, сұйылды.* Еркем, шайың кесіліп қалыпты ғой, енді демдеп әкелген аққұманнан құярсың — деп сыбырлады да, сыртқа шығып кетті (Ә. Н.).

ШАЙ ҚАЙНАТЫМ УАҚЫТ АРАСЫНДА [ШИҢДЕ] *Уақыт өлшемі, бір шай қайнар мезгіл.* Дәркембай да бұл сөздерді түгел қостады. Сонымен, енді бір шай қайнаттым ішінде айтқанындай, отыз құр ат

кедей үйлерінің босаға-босағасына кеп байланып қалды (М. Ә.). Құнанбайдың тығыз берген бұйрығы бойынша, бір *шай қайнатым арасында* жүз елудей жігіт атқа мінді (М. Ә.).

ШАЙҚАП ӨТТИ **○ ШАЙҚАП ТӨГІП, ҮРІП ШІТІ** Дүниенің беті-жүзіне қарамай төгіп өтті; ішкені алдында, ішпегені артында болды. Қарасың десе, Ғайша бұрқан-талқан, Ақ десең, ақтарылып қағады арсаң, Карта ойнар, арақтан да қағып тастар, Дүниені *шайқап өтем*, қалың қалтам (Д. Е.). Адамға мал мен мансап жолдас емес, Байлықпен *шайқап төгіп, ішсең үріп*, Қазына, бастан байлық арылғанда, Алғандай қолдың кірін сумен жуып (А. Қор.).

ШАЙНАП БЕРГЕН АС БОЛМАС [БЕРСЕН ДЕ АС БОЛМАЙДЫ] *Есі кірген адамның аузына сөз салғанмен, өзі білмесе, ештеңе өнбейді деген мағынада.* Жетесінде болмаса, *шайнап берсең де ас болмайды*, Маржаным,— деді Бетима бәйбіше (Ғ. Мұс.).

ШАЙПАУ МІНЕЗДІ **○ ШАЙПАУ ТІЛДІ** *Мінезі шатақ, тілі ащы, жұртты айбаттап жүретін шәлкес адим туралы айтылады.* Дәл осы жақында, екі жұмадай бұрын тілі шыға бастаған *шайпау мінезді* тоқалға... алғашқы рет ақырып, қорқытпақ боп қамшы сілтей беріп еді (М. Ә.).

ШАЙПАУ СӨЗ Асыра айтылған әңгіме, тиісе, кесірлене айтылған сөз. Перінің қызы Бекторы *Шайпау сөзің* қой Торы (ҚЕ). Бір жақсысы, Қауша апайдың айтар сөзінде көк жоқ. Қайсыбір ауыл адамдары ананың *шайпау сөзін* естігісі келіп, кейде әдейі соқтығағыны да бар (ЛЖ).

ШАЙ-СУЫН АЛА ЖҮГІРДІ *Шын пейілімен қызмет етті, күтті.* Сәбираға өзін «жерлес, ағайындас адаммын» деп таныстырып қойған. Ол *шай-суын ала жүгірді* (Т. А.).

ШАЙТАН КІРДІ *Ниеті бұзылды, арамдық ойлады.* Тағдыр бітпей, тәбділ болмас ажалды. *Шайтан кірмей* бенде жолдан азар ма? Раушанбекті арқан бойлап жетектеп. Сатайын деп алып шықты базарға («Көрұғлы»).

ШАЙТАН ТҮРТКІРІ қарғыс. *Бір бәлеге жолыққыр?; қырсық шалып, ісің оңбағыр!* (Орал., Чап.).

ШАҚ ЕТТІ *Бұрқ етіп беттен алды, қарсы сөйледі.* Құман жатыр күл болып домаланып, *Шақ етер* қайда десең, айқай салып. Құйғаны ақшыл шама құманына, Шаймен дәрет аласың тазаланып (Б. Өт.).

ШАҚ КЕЛДІ 1. *Тең, пара-пар келді, тең түсті* (АС). Бұл салқын, төтті суға қаныңыздар, *Шақ келер* маған жан жоқ наныңыздар. Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп, Талқан қылып, шаһарын алыңыздар (Абай). 2. *Дәл келді.* Мына киім маған *шақ келеді* екен (АТ).

ШАҚ ОТЫР [СЫЙЫП ОТЫР] *Зордан, әрең отыр.* Үйіміз тар, өзіміз *шақ отырмыз*...— дейді шал, күрсініп (ҚЕ). Атылып толқын тік құлап, Арнасына *шақ сыйды*, Бұлтқа тілін сұққылап, Айдаһарша шапшиды (Б. Аман.).

ШАҚПАҚ ЕТТІ *Кесек-кесек, бұлшық етті* (АС). Ұршығы төмен біткен, *шақпақ етті*, Өзі санды, дөңгелек келсе к...ті, Сырты қысқа, бауыры жазық келіп, Арты талтақ, ұмасы үлпершекті (Абай).

ШАҚПАҚ САЛДЫ [ҰРДЫ] *диал. Қарбыз-қауынды тесіп көру.* Балалар қарбыздың піскен-піспегенін байқау үшін *шақпақ салыпты* (Ақт., Бұр.). Құлағыңмен тыңдап не айырсын, *шақпақ ұрып* қара (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Кеңеур., Тахта., Таш.).

ШАҚПА ТІЛДІ *Сөзбен кісіні шағып алатын адам туралы айтылады.* *Шақпа тілді* елде көп, Сөйлейді олар қалай деп? Ұзын бойлы Пернебек, Атанысты «Сорай» деп (М. Әл.).

ШАҚ ТҰР *Зорға ілініп, әрең тұр.*

ШАҚШАДАЙ БАСЫ ШАРАДАЙ БОЛДЫ **○ ШАРАДАЙ БАСЫ ШАҚШАДАЙ БОЛДЫ** *Миы ашыды; не істерін білмей, дел-сал, миқата болды.* Көненің көргені көп. Даудың қилы-қилысы алдына келеді. *Шақшадай басың шарадай болады* (С. Төл.).

ШАЛА БАЙЛЫҚ *Болмашы олжаны көп көру, қара дүрсін қомағайлық.* «Бір тойған — шала байлық» деген қазақ, Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей? (Абай).

ШАЛА БАЙЫДЫ *Болар-болмас олжа түскенге мээ болу мағынасында.* Алшағыр бүгін итине түлкі алғызып, үй ішінің *шала байып*, ақ жарқын, көңілді отырған күні еді (Ғ. М.).

ШАЛА БҮЛІНДІ [ШАБЫЛДЫ] **○ ШАЛҚАСЫНАН ТҮСТІ** *Бұрқан-тарқан болды; әбігерге түсті.* Батырбай *шала бүлініп* үйіне кетті. Олай ойлап, бұлай ойлап көрсе де, жылы орнын суытқысы келмеді (М. И.). Жақыпбекті *шала бүліндірген* оқиға былай болған еді (М. И.). Атты мініп кетті дегенді есітіп, шал шарт-бұрт боп *шалқасынан түсе* ашуланды (АТ).

ШАЛА-ЖАНСАР *Әлі мен тірінің арасында деген мағынада.* Сәуле келген кезде маңағыдай емес, ұрысқа шыққан әйелдер де Сайранға көмектесіп, Шекерді *шала-жансар* күйінде аршып алып еді (Ә. Ә.).

ШАЛА ОҚУ *Үстірт, жарым-жартылай білгенсіп деген мағынада.* Шала оқудан не жарыдық, Қалғаннан соң құр надан (Абай).

ШАЛА ПҰШЫҚ АЙТТЫ *диал. Шала-рала, шет-жағасын ғана айтты.* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАЛБАР БЕТ *Бет терісі әжім-әжім, қатпар-қатпар адам туралы айтылады.*

Шалбар бет қараны көрсен, бұл Арыстанбайдың Мұқышы деген (Б. М.).

ШАЛҚАЯ БЕРДІ *Көнбеді.* Сатушы еңкейгенде, алушының *шалқая беретін* әдеті ғой (АТ).

ШАЛҚЫП ЖАТҚАН 1. *Мол, жайылып жатқан.* Қаратауда жүргенде, Сарыарқаның наны үшін, *Шалқып жатқан* малы үшін, Бері таман ауып ем (Ш. Қ.). 2. *Еркін масайрап өскен.* Тоты құстай керіліп, *Шалқып жатқан* қыз едім, Тап болдым дүлей қалысқа (А. Аз.).

ШАЛЫҒЫ [ШАРПУЫ] ТИДІ [ШАЛДЫ] *Ықпалы, әсері болды.* Сынның *шалығы тиген* біреулер сенің бөліміңнен шыққан бір материал жайында ұнатпаған пікірін білдіре қалса, ... онда біздің редактор сол күні қалайда редакцияға соғады (Ө. Сат.). Олар қандай ауру екенін анықтай алмағанда, оған *жын-шайтанның шарпуы тиген* деген қорытынды жасап, оны қуып шығаруды ойластырды (С. Сұбх.).

ШАЛЫС БАСТЫ *Қателесті, адасты, жаңылды (АС).* Асау жүрек аяғын *шалыс басқан*, Жерін тауып артыққа сөз болмай ма? (Абай).

ШАМАДАН ТЫС [ТЫСҚАРЫ] *Белгілі мөлшерден артық.* Адам көп талап қылған құмырсқадай, Керініп қанша ауыр іс оған оңай, *Шамадан тысқары* істі қолына алып, Тастайтын орта жолда билей алмай (Б. Өт.).

ШАМ АЛДЫ [КӨРДІ] *Көңіліне алды; шамданды.* Ұрыны ұры дегенге неге жатып тұрып ашудандың, *шам алдың?* (АТ).

ШАМАСЫ КЕЛДІ *Әлі келгенінше, мүмкіндігі болғанынша деген мағынада.* Көрейін мен де толғанып, *Келгенінше шаманың.* Дүбірге қызған жүйріктей, Қызып тұр өзір табаным (М. Сұл.).

ШАМ ЖАМЫРАДЫ *Күн ұясына кіріп, қас қарайды. Шам жамырай* бастағаны ма, жоқ батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көк жиектің үстінде сарғыш мұнар бар (М. Ө.).

ШАМ-ШЫРАҒЫ ӨШТІ *Үміті ақталмады.* Жақсыдан жаман туса, *Шам-шырағың өшкені* емес пе (АТ).

ШАМ-ШЫРАҚТАЙ ЖАЙНАДЫ *Жайнаң қақты.* Жабыққанды дерт білмес, Басқан қайғы серпілмес, *Шам-шырақтай жайнамай*, Ер деп атақ алмайсың, Алмас семсер асынбай, Кезенген жауды қашырмай (Д. Б.).

ШАНШУ БОЛЫП ҚАДАЛДЫ **○ ШАНШУДАЙ ҚАДАЛДЫ [ҚАДАЛА КЕТТІ]** *Өңменінен өтті, өте жайсыз тиді.* Аманға айтылған жаман сөздер оған *шаншу* боп қадалды (Ғ. Мұс.). Тәрбиешісі оңбағанда шакірті қайдан оқсын, «Бер, берден» басқаны біле ме бұлар,— деді председатель Байсалға. Председательдің мына сөзі Жақыпбекке *шаншудай қадала кетті* (М. И.).

ШАНШЫЛА ҚАРАДЫ *Тесіле көз тікті.* Карпов Есдәулетовке ойына келген сұрағын берген жоқ. Бірақ оның орнына облисполком бастығы Ақан Сұлтанов сәл қылылау қоңыр көздерін жылт еткізіп *шаншыла қарады* (М. Ө.).

ШАҢ БАСАР АЛДЫ *көне. Салық алды.* (Бұрынғы уақытта ауылдың сыртынан біреу мал айдап өтсе, «шаң басар аламыз» деп мал айдаушылардан уақтық мал не басқа төлем алып қалу салты мағынасында).

ШАҢ БЕРДІ *Белгі берді, байқалды.* Бөжейдің «арызы» деген «аяспау» деген сияқты, әр жерден *шаң беріп* жатқан жайдың бәрі сол дүмпудің белгісі (М. Ө.).

ШАҢ ЖУЫТПАДЫ [ТИГІЗБЕДІ] *Қорғаштады, кір келтірмеді.* Жауынбаевқа *шаң жуытпай*, ауданмен де қайта-қайта сөйлесіп, содан бері барын салып қорғай жүр (М. И.). Серікбайды Төкежан біздің көзімізге көрсететін емес. *Шаң тигізетін* емес (М. Ө.).

ШАҢ ЖҰҚПАЙДЫ [ІЛЕСПЕЙДІ] 1. *Жүйрік, шешен. Шаң жұқпас* шашасына саңлақ едім (Жамбыл). 2. *Сөз келмейді, кесірі тимейді.* Өз ойынша бұл бәрібір бір орында, *Шаң жұға ма* Айболовтың барында (Х. Ер.).

ШАҢ ТАСТАДЫ *Белгі білдірді.* Солар Абайға Рақышты жақсылап айтып барсын деген есеппен, *шаң тастап* жүр (М. Ө.).

ШАҢЫНА ЕРЕ АЛМАДЫ [ІЛЕСПЕДІ, ІЛЕСПЕМЕДІ] *Маңдай алды болды, озды, үздік шықты.* Жетімдіктің белінен, Асып өтер ме екенсің! Жарық сәуле көре алмай, Ел *шаңына ере алмай*, Сол бойы кетер ме екенсің (Д. Б.). Білімді болғанда қазақ баласы шөніне келмейді, *шаңына ілеспейді* деп айтады дейді Оразбай төре туралы (М. Ө.).

ШАҢЫРАҒЫНА АТ ОЙНАТТЫ [ҚОБЫЗ ОЙНАТТЫ, ҚОБЫЗ ТАРТТЫ] **○ ШАҢЫРАҒЫН ҚИРАТЫП, ТҮНДІГІН ТІЛДІ [ОРТАСЫНА ТҮСІРДІ]** **○ ШАҢЫН АСПАНҒА ШЫҒАРДЫ.** *Астан-кестеңін шығара ойрандады, әлек салды; қым-қуығ. у да шу етті.* Байлардың мал-мүлкің тартып аламыз; *шаңырағына қобыз ойнатамыз...* шұрайлы қонысқа қала саламыз...— деп отырмыз деді Сәмет (С. О.). Ескі заман болса, бұл хабар жетісімен-ақ, қайын жұртың сойылын сүйретіп, қалың қолмен келіп қалар еді де, дүмді неме *шаңырағына қобыз ойнатып* зықынды шығарар еді (С. М.). «Расымен-ақ біреу осы нәрестеге де қол көтерер ме екен? Кімнің бұл *шаңырағын қиратып, түндігін тіліп еді*» — деді ол ішінен (І. Е.). Есімбек —бай, мен — кедей, келінін тартып алсам, ертеңгі күні *шаңымды аспанға шығарады* (Б. М.).

ШАҢЫРАҒЫҢ БИІК БОЛСЫН! *Үй көтергенде, үй тіккенде, үй боп бөлініп шыққанда айтылатын тілек.*

ШАҢЫРАҒЫ ОРТАСЫНА ТҮСТІ *Отауы бұзылды, от басының берекесі кетті, үй-орманы ыдырады; жойылды, қирады.* Енді Ақанда үй бар ма? Бәрі адыра қалды. *Шаңырағы ортасына түсті* (З. Ш.). «Кешегі тұрысатын жерін айтсын, болмаса, аулының үстіне барып, *шаңырағын ортасына түсіреміз*» деген уәде бойынша Ырғызбай қолы сіресіп қаптап, жай бастырып келіп қалды (М. Ә.). Думан-күлкі енді-енді қыза бастағанда тыста шартта-шұрт жанжал шықты. «Тоқсанбайдың *шаңырағын ортасына түсірмесем, көресін*» деп біреу аласұрып кіжініп жүр (С. О.).

ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ **○** **ҮЙЛІ-БАРАНДЫ БОЛДЫ** *Өз алдына үй болды.* Жеңіс жылы Әбілез үйленіп, *шаңырақ көтерді.* Миякүл екеуін еңбек табыстырды (ҚӘ).

ШАҢЫРАҚҚА [ТӨБЕНЕ] ҚАРА *Өз үйің емес, біреудің үйі, тыныш отыр, жай отыр, абайлап қой деген мағынада.*

ШАҢЫРАҚ САЛЫҒЫ *к ө н е.* *Әр үй сайын, түгінге түсетін алым.* Қара шығын алымы, Бай, кедейге бірдей боп, *Шаңыраққа салығы.* Ел ұйтқысы шайқалып, Дәулет судай аққаны (Д. Б.).

ШАПАҒАТ [ШАРАПАТ] БОЛДЫ **[ТИДІ]** *Жақсылық етті, көмек қылды.* Тірідей қорлық көрген соң, Бір *шалағат болар* деп, Үміт етіп келіп ем, *Жаяу* іздеп ханымды (А. Аз.).

ШАПАҚ АТСЫН! *диал. Өлім арғы қайырлы болсын* (Жамб., Шу).

ШАПАҚ ШАШТЫ *Арайын төкті. Шапақ шашып нұрлы күн, Аймалап мені тұр бүгін* (Қән).

ШАПАН [ШЕКПЕН] ЖАПТЫ [КИДІ] *к ө н е.* 1. *Сыйлады.* Хан қазақ феодалдарының өкілдеріне шапан жауып, арғымақ мінгізіп, қару-жарақ сыйлады (ҚССРТ). 2. *Айып тартты.* Сыздықты *Жақыптың* аяғына жық, үстіне *шапан жапсын!* Оның жасы кіші, қолы тиді (Ғ. Мұс.).

ШАП БЕРДІ *Тарпа бас салып, тұра ұмтылды.* Сол-ақ екен, Сейіт Қорабайдың ұзын, тығыз қара сақалынан *шап беріп* ұстай алып: — Мә, Қорабай сен болсаң! — деп, шойындай жұдырығымен ауыздан қойып-қойып жіберді (М. Ә.). *Жақыбай* тышқанға бас салған мысықша атылып келіп, Нұртайдың қолын *шап беріп* ұстай алды (С. О.).

ШАП ЕТЕ ТҮСТІ [ЕТТІ, ЕТЕ ҚАЛДЫ] *Бір сөзге келмей тыз етіп ашуланды; тап берді.* Дәмешсіз «төре» боласыз ба? — деймін, онда нең бар? — деп бай мен бәйбіше *шап еге қалды* (Б. М.). Оның сабырсызданып, Күдеріге *шап еге түскенін* ұнатпады ма, әуелі директорды тыңдап алғысы келді ме, қалай, Керей: Сіз сабыр етіңіз — деп қойды (М. И.). — Ой, тілеуің құрысын, өл де маған... Секездеген ал-

басты, — деп Мақпал жағаласып көп *шап етіп*, лақтың мыкынынан ұстай алды (М. Ә.). Жауынбаев жолдас сөзіне жауап беретін болар, — деді Мамырәлі. Батырбай оған тағы да *шап етті* (М. И.).

ШАПҚАН АТТАЙ ЖЕЛІККЕН ДАУ-ЖАНЖАЛ *Бұл жерде ел ішін ала-құйын-датқан, елірмеге дем болған ерегіс, егес айтылып тұр.* Сыза тапса еккені қауын болды, *Жайылған* ел топтанып ауыл болды, *Шапқан аттай* желіккен дау мен жанжал, Заманымыз осындай дауыл болды (М. Сұл.).

ШАПША-ШАП КЕЛДІ *Бетпе-бет ұшырасты.* Енді бір азғантай аял болса, бұлар да тегіс атқа мініп алатын сияқты. Онда қарсылық *шаппа-шап* келген соғысқа айналмақ (М. Ә.).

ШАРА БАР МА **○** **ШАРА [ШАРАСЫ] ЖОҚ** *Басқа амал-айла қалмады деген мағынада.* «Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаны шыға ма? Шыбын ғұрлы көрген кісі жоқ; бір айдай далақтап, титығына жетіп бара жатқан соң, *шарасы бар ма?* (С. Т.). Кеше сен, бүгін мен болсам — дүние кезек емес пе, көнбеске сенің де *шараң жоқ!* (Ғ. Мұс.).

ШАР АЙНАСЫ ШАЛҚАСЫНАН **ЕКЕН** *Кесірлі, кесапатты адам туралы айтылады.*

ШАРА ҚОЛДАНДЫ [ҚЫЛДЫ] *Туісті жолын тапты, амал істеді. Шара қолдану керек, уақытты, қаржыны босқа шашуға болмайды ғой,* — деді Рахмет (С. Е.).

ШАРАНАСЫ КЕППЕГЕН [ТАЗАРМАҒАН] *Ес білмейтін жас нәресте, ернінен енесінің сүті кеппеген.* Мен ата, сен немере! Бауырындағы *шаранасы кеппеген* шырқырап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар! (М. Ә.). — *Шаранаңнан тазармай* жатып не бетіңмен келдің деймін?! (С. Ш.).

ШАРАСЫНАН АСТЫ [ШЫҚТЫ] *Шамадан артып кетті; асқынып кетті, ерекше болды.* Төнеке: Ей, Қыдырбай, жылаған мен жаны күйген бүгін көп тұрған! Біз қу жанды шүберекке түйіп көп тұрмыз, білдің бе? Сен де *шараңнан аса* берме! (М. Ә.). Жарасбайға биылғы жыл қай жағынан болса да шарасынан шыққан жыл болып тұр (М. Ә.).

ШАРАСЫНА ТҮСТІ *Қалпына, сабағына келді, саябыр тапты.* Енді біразда Абай жаңағы ызалы қалпын басып, *шарасына түскен* шақта қағаз, қарындаш ұстай отырып: осы жаңағыларға айтқан дауымның кейбірін мен қағазға түсірсем керек, — деді (М. Ә.).

ШАР БОЛАТ *Құрыш; алмас қару.* Қобыланды [Шуаққа] Асық жар — жалын, біз — болат, Жалын шалса *шар болат*, Шымырай жетер күйіне, Ер серігім, ырза бол (М. Ә.).

ШАР БОЛАТ ШОҚТА ЖАТЫП ШЫҢДАЛАДЫ *Әбден бабына келіп ширады.*

нығыздалды, нығайды деген мағынада. (Шар болат шоқта жатып балбырап балқиды. Шоктай қызарып, алау жалынға оралғанда балкер теміршілер суға батырып шыңдайды). Шар болат шоқта жатып шыңдалады деген осы (ҚӘ).

ШАРҒА ҰСТАҒАН ҚАРА БАЛТА Бұл жерде қайрауы жеткен, бапталған қару-жарақ бейнеленіп отыр. Мен бір шарға ұстаған қара балта едім, Шабуын таппай кетілдім, Қайраса тағы жетілдім (М. Ә.).

ШАР ЕТТІ ○ **ШАР ЕТЕ ҚАЛДЫ** Ба-жылдап жылады. Ересектеу бала қасындағы екі кішкентай баланың бірін табанын қытықтап, сықылық аттырып қойды да, екіншісін санынан бұрап үзіп алды. Ол жылан шаққандай шар етті (Ә. Н.).

ШАРИҒАТ ЖОЛЫН ТҮТТІ дін и. Дін (ислам) қағидаларын сақтау мағынасында айтылып тұр. Бізғары дейді дозақтың Қысқы суық амалды. Шариғат жолын берік тұтсаң, Тайдырмас отқа табанды (Ш. Қ.).

ШАРИҒАТҚА СЫЙМАДЫ ○ **ШАРИҒАТ БҮЗДІ** дін и. Ислам ережесіне сай келмеді деген мағынада айтылып тұр. Бұйрықсыз бәрі харам Шариғатқа сыймаса, Жер тырнамай қор болмас, Жетекшіден айрылса (Ш. Қ.). Қорған салып биік қылса, Көңліменен еп қылса, Құдай жақсы көрер ме, Шариғатты бұзған соң (Д. В.).

ШАР ҚОЙ Ірі, кексе қой, қартамыш қой.

ШАРҚ ҰРДЫ [ШАР ҚЫЛДЫ] Дауғаза болды, алас ұрды. («Шарқ» — парсы сөзі: айнала, жаң-жақ деген мағынада). Ол күлім көз жұрттың бәрін шақырса да, өзі іздегенін таба алмай, шарқ ұрады (Ғ. Мұс.). Шарқ ұрып жаным түсіп сергелдеңге, Бірде ыстық, бірде салқын тартып дене, Бұрқ етіп қайнап шыққан қызу қанмен, Көзге жас тығылып тұр, тамбай жерге (Б. К.). Өмір бойы өзім түскен азапқа ол түспесін деп аржағын салыстырып шарқ ұрып келіп, көзінің жасын төге-мөге мынау бір хатты Ахметке жазып беріп жіберді (С. Т.).

ШАРЛАП ӨТТІ [ШЫҚТЫ] 1. Кезіп шықты. Кең алқапты алты күнде шарлап өтті (АТ). 2. Тексеріп өтті. Бұдан жиырма жыл, отыз жыл, тіпті елу-алпыс жыл бұрынғы кей уездердің, облыстардың есеп-санақтарын да шарлап өттім, — деді Карпов (М. Ә.).

ШАР САЛДЫ көне. Дауыс берді, сайлау тасын салды. Жиреншенің бұнысы, елубасылар шар салған күнде, мұрты ғана емес, бүтінімен кисайып отырған ұлық, тас қағыстырмасын деп паралап жатқан әрекеті (М. Ә.). Ол кісіге жолығайық дегеніміз-ақ, біз осындағы қазақ жүкшілеріміз, Өзіміз толып жатқан жұмысшы бармыз. Жұрт шар салуға дуыл-

дап жүр. Осы біз шарымызды кімге саламыз? — деді (І. Ж.).

ШАРТА [ШАРТ] ЖҮГІНДІ *Тізе бүгіп отырды.* («Шарта» — парсы сөзі: жедел, шапшаң мағынасында). Тәрде отырған кісінің үстінде қоңыр күпі, жағасы түлкінің пұшпағы. Басында ескілеу, кірлеу түлкі тымсақ. Өзі шарта жүгініп отыр (С. С.). Тіктеп қарағанда көзі өңменіңнен өтеді. Көз ілеспейтін шапшаңдықпен Жә-мидің бас жағына шарта жүгініп отыра қалды (С. О.). Үйдегі кісілер шарт жүгініп отыр екен (АТ).

ШАР ТАРАП *Жан-жақ, әр жақ.* («шар — төрт, «тарап» — жақ, екеуі де парсы сөзі). Дариға, о дариға, сондай кезде, Самғайды шар тарапқа қиял кезбе, Адаспас, алып түсер ақыл керек, Түйінін тоқсан ойдың тапшы ілезде (Қ. А.). Жәу-көнің ойы шар тарапқа жүгіріп өткен-кеткенді шолумен болды (Б. М.).

ШАР [ШАУ] ТАРТҚАН 1. Егде, мосқал болған. Ділда бұл кезде шар тартқан, бетінің ажымы көбейіп, сүйек-сүйегі біліне бастаған (М. Ә.). Бұрын да тынысы алқымна тығылып, шар тартқан адам төсегінің алдына төніп, өзін-өзі жұлып жеп отырған сияқты (К. О.). Күреңбай бертін келе, жасы елуден асып, шар тартып, сақал-шашына ауыр бейнеттің қалың қыраулары түсе бастағанда Нарғайдың ачы тілі қит етсе Күреңбайдың жүрегіне тікендей қадала кететін (С. О.). Біреуінікі бұйраллау мол болғанда, екіншісінікі жайылма, ұзын сақал. Жатқаңдар жас емес, шау тартқан кісілер (М. Ә.). 2. Самарқаулану, жалқаулану мағынасында (АС). Аспаса ақыл қайраттан, Тереңге бармас үстірттер, Қартыңның ойы шар тартқан, Өдеті жеңіп күңгірттер (Абай).

ШАРТ БУЫНДЫ *Тас түйін байлады.* Үстінде ақ тері тон, белін көкіректің тұсынан шарт буынып алған, тонның тысы жоқ, бидай шүберегі алба-жұлба (Ә. Н.).

ШАРТ ЖҰМДЫ *Қатты қысты, тас қыл жұмды.* Енді көрдім. Үлкен кесіртке ешкінің артқы аяғын құйрығымен тұсап еміп жатыр екен. Тіпті рақатқа батқаны сонша, жіпсіген көздерін шарт жұмып алыпты (ІІЖ). Жұдырығын шарт жұмып, қайраттанып тұр екен (АТ).

ШАРТ КИІНДІ *Белін буынып, жинақы киініп алды.* Дәл шаңқай түс кезінде, Құнанбай шарт киініп, Байсал, Майбасарды ертіп тысқа шығып, барлық елге: Ал, ағайын, мін енді тегіс аттарыңа! — деп айғайлап... (М. Ә.).

ШАРТ ҚОЙДЫ [ҚЫЛДЫ] *Өзіне міндет етті, талап қойды; үзде жасады.* Көңіліменен құса кетті деп, Өзіне сұлу шарт қойды, Және туған сәбиге, Алданыш деп ат қойды (Н. Б.). Құдай тағаланың жолы деген жолы ниһаятсыз болды. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді (Абай).

ШАРТ СЫНДЫ 1. *Бірден морт үзілді.* Боз ағаштан биік мен едім, Бұлтқа жетпей *шарт сынбан*, Ел құтқарар ер едім Жандаспай ақыры бір тынбан (М. Ө.).
2. *Сөз көгере алмады, екі сөзге келмеді.* Манадан бері өзер шыдап отыр еді, бұл сіз тараптан келген түртпек дегенде *Бөкең шарт сынды*, бұлқан-талқан боп шыға келді (АТ).

ШАРУА БАҚҚАН [ҚУҒАН, ҚЫЛҒАН] *Іс істеп, тірлік еткен, қызмет қылған.* Бірақ соған қарамастан *шаруа баққан* жұрт бұл көктемеге дән риза. Егін мен шөптің мол шығатын құт көктемі деп атап жүр (Б. С.). Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып, *Шаруа қуған* жастардың мойны босап, Сыбырласып, сырласып, мауқын басып (Абай). Сыпырмас үйдің ішін, киіз қағып, Еш уақыт *шаруа қылмас* отын жағып. Тазалық үй ішінде болмаған соң, Бойында қадір баға қалар нағып (А. Қар.).

ШАРУА ҚҮЙЗЕЛДІ *Күн көрісі, тіршілігі қиындады.* Бас кетіп ізеліп, *Шаруа күйзеліп*, Мейірімсіз күн еді, Әлсіздер қалтылдап (І. Ж.).

ШАРУА СОЛҒА АЙНАЛДЫ *Оңға баспайтын, сәтсіз жұмыс туралы айтылады.* *Шаруаң солға айналғанда*, Мінген атың табан болады, Асыраған итің жаман болады (ШС).

ШАРУАСЫ БІТТІ 1. *Бұл жерде сорлады, соры қайнады деген кекесін мағынада айтылып тұр.*— Сен де ғашық болыпсың ғой. *Шаруаң біткен екен*,— деді (Т. А.).
2. *Іс-әрекеті аяқталды.* Барған *шаруам бітті* (АТ).

ШАРУАСЫ ТҮГЕЛІ *Есебі, ойына алған ісі орнында.* Өзінің *шаруасы түгел* болған соң, өзгемен ісі жоқ ұсақ есеп кісілер болады (АТ).

ШАРШЫ ТОП *Дүйім жұрт, көп халайық.* Осы отырған *шаршы топтың* ішінде аруағының намысына қызбайтын бірде бір жан бар ма? ... Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса тайғанасын (М. Ө.). Теңдік таразысы құрылған осы *шаршы топта* да Боқай байының бетіне тура қарай алмайды, атын толық атай алмады,— дейді Таймас,— бірақ, бұл оның кінәсі емес (Ғ. Мұс.).

ШАРШЫ ТӨС *Тік қиялы беткей.* Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім, Шалдықпай *шаршы төске* самғап едім, Құмайдай, жұрт аңдымай қияға ұшып, Алатын тойтымды таңдан едім (Жамбыл).

ШАТАҚ БОЛДЫ *Жанжал, дау шықты.* Екеу болса, біреу *шатақ болды*, Законмен жөн сұрамақ атақ болды, Құмды қыстап, тау жайлап, Сыр күзейтін, Мал басының бәрі де жатақ болды (М. Сұл.).

ШАТ БОЛДЫ *Қуанды, масайрады.* Адамзат сайран егер көңілі жай, Секіріп ойын салар құлын мен тай, Қой маңы-

рап, сиыр мөңіреп *шат болады*, Тасиды күркіресіп өзен мен сай (Ы. А.).

ШАТ КҮЛКІ *Көңілді, қуанышты ойын-сауық.* Сонда да болса жолаушылар арасынан *шат күлкі* арылған жоқ (Ы. Ж.).

ШАТ ӨМІР *Қуанышты тіршілік.* Көрейін деп сәулетін бір, Келіп едім сағының Алматым тұр *шат өмірдің*, Шам-шырағы жағылып (Ш. С.).

ШАТПАЙ ОТЫР *Бүлдірмей, көкімей отыр.* *Шатпай отыр*, үрмей отыр, Бірдемені көрдің бе, мәжнүн? (Б. М.).

ШАТПАҚҚА ТҮСТІ *Басын бәлеге шатты.* Сырбай болса, кітапша сөйлейтін молдалармен өздерінше жауаптасамын деп жаңағыдай *шатпаққа түсіп* еді (М. Ө.).

ШАРЫҚҚА АТТЫ *Биікке шықты, шыңға заулады.* Шыдады сорлы жалғыз ер, Мұндай ауыр күйікке, *Шарыққа атты* тік заулап, Күйікпен кетті биікке (С. С.).

ШАРЫ ШЫҚТЫ *Көңілдегісі болды, жеңіл шықты.* Бір сом қайыр дін үшін қылмаған бай, Ысырап қылып ағызар сайлардан май, *Шары шығып* дегені болып кетсе, Зираттан өткендей-ақ көңілі жай (М. Қал.).

ШАУЫП АЛДЫ *Басып, жаулап алды.* Орыстың Кубрин сияқты байларын қолма-қол *шауып алғанда*, қазақ байларына неге тимеді екен? — деді Хасен (Ғ. Мұс.). Шектіні Ер Әлібек *шауып алды*, Айманның Көтібардан кегін алды (АШ).

ШАШ АҒАРДЫ 1. *Қартайды.* Отыздарда жасымыз, Жасықпыз ба осы біз, Келіншектер күлгендей, *Ағарыпты шашымыз* (С. Мәу.).
2. *Қажыды.* Учетчиктердің берген мәліметінің былығын арши-арши *шаш ағарды*,— деді Айдар (Ғ. Мұс.).

ШАШАҚ [ШЕШЕК] АТТЫ [ЖАРДЫ] *Гүлдеді, құлпырды.* Өлген ана жанында Еңбектейді жас бала, *Шашақ атқан* шағында Бұл не деген масқара (Қ. А.). Жапырақ алақанын күнге жая, Жайқалды нәсер құйып жасыл ая, Миуасы жұпар шашып, *шашақ атып*, Бауырында көлеңкеден үсті сая (АЖ). Оралған шашың жібек, қасың барқыт, Сымбатың *шашақ жарған* өрім талдай. Көмірдей оты жанған екі көзің, Бұраң бел, қырлы мұрын, жазық маңдай (С. С.). Қауызын жарып, *шешек атып* келе жатқан гүлдей боп, талдырмаш бойлы қыздың өдемі мүсіні әшейіндегі өзінің анық ажарын тауып, айқындала түсті (Н. Н.). Май туса, гүлдер *шешек атса* жазда, Тоғайда бұлбұл, көлде аққу, қаз да. Сайраса, біз жастар да нақ солардай, Бақытқа бөленеміз сауық назға (Қөн). *Шешек жарған* гүл дейсің бе, жапырақ жайған терек дейсің бе, әлде аңның суреті ме, заттың бейнесі ме, мейлі оған бәрібір қолымен қойғандай ғып сұлқитады да қояды (Н. С.).

ШАШ АЛ ДЕСЕ ВАС АЛАДЫ *Әнер бақан, ұр да жық кісі мағынасында.*

Табы бөтен, түсі әкім, Іші дұшпан, ісі әкім, Белсенді атты топ шыққан; *Шаш ал десе бас алған*, Талай сұмдық жасалған, Бүлдіргіштер көп шыққан (І. Ж.). Ондайлар (шолақ белсенділер) — *шаш ал десе, бас алған*, айқайға, зорлыққа сүйенгендер... (ҚӘ).

ШАШАСЫНА ШАҢ ЖҰҚПАЙДЫ [ШАЛДЫРМАЙДЫ] *Жүйрік, шабысқа жүйрік; сөзге жүйрік, саңлақ. Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім, Шалдықпай шаршы төске самғап едім, Құмайдай жұрт аңдымай, қияға ұшып, Алатын тоятымды таңдап едім (Жамбыл). Жүйрікті шаң жұқпаған шашасына, Жасырды-ау тоң топырақ тасасына! Жиналып дос-жараны келсе де оның, Жанарын жалғыз сөтке аша алсын ба? (Т. Шоп.). Ауданым Шиелілік Бестал совет, Колхоздың мүшесімін «Үлгілінің», Еңбегін ерлерімнің жырлап өгер, Шашасын шаң шалмайтын дүлділімін (ХА).*

ШАШАУ ЖАТТЫ *Бөлек, бақылаусыз болды. Шашырап шыққан қандар көп, Шашау жатқан малдар көп, Қайсы бірін айтайын, Айта берсем сөздер көп (Б. Қ.).*

ШАШАУ ЖІБЕРМЕДІ [ШЫҒАРМАДЫ]. *Қаға берісте қалдырмады; шетке шашыратпады. Көпті көрген құйма құлақ әйел еркектердің сөзін шашау жіберместен көңіліне тоқып болса керек (Ғ. Мұс.). Бір адам бүлк етпеді. Тосын келушінің бір сөзін шашау шығармады, құлақтарын төсей телміре қалыпты аузына (Ғ. Мұс.). Қашан осы істің себебі анықталып, беті ашылғанша бір адам сыртқа шашау шықпасын (А. Х.). Мүсірәлі қолым қайтып кетеді деп, соқыр тиын да шашау шығармай, пұлдың бәрін тақымдап, көрпенің астына басып алды (Т. Ә.).*

ШАШБАУЫН КӨТЕРДІ [КӨТЕРІП ЖҰР, КӨТЕРІП КЕЛДІ] *Виреуге жағымпаздық етті, қошеметтеді. Бөжей: «Ажарым өптейтін болса, шашбауыңды несіне көтердім?» деп өкпелеп қалды (М. Ә.). Үйде сирек болам. Өмірімнің көбі байдың үйінде өтті. Ел қыдырып, Амандықтың шашбауын көтеріп, сауық құрумен өтті (Б. М.).*

ШАШ ЕТЕКТЕН *Қыруар, көп, мол. Дүлей боранның шаш етектен зиянға батыратын қаһарынан сақтануымыз керек (АТ).*

ШАШ ЕТЕКТЕН ОЛЖАҒА БАТТЫ ○ ШАШ ЕТЕКТЕН ПАЙДА ТАПТЫ [КЕЛТІРДІ, ТҮСІРДІ] *Молшылыққа батты, табысқа қарық болды. Дәптеріме қарасам бірсыпыра ойлар жазылып қалыпты. Егер соларды баспа бетінде сөзбен жеткізе алсам, бұл сапарда олжаға шаш етектен батқаным да (Ғ. Мұс.). Колхоз кәсібі биылтым оңды. Осы отырған Рабигалар биыл шаш етектен олжаға батпақ (Б. М.). Нартай бөркін алшысынан киіп, шаш етектен пайда тапты (С. О.). Совхоз директоры*

Гусевке тың жер бейне шаш етектен пайда келтіретін товар тәрізді (ҚӘ).

ШАШ ЖЕТПЕДІ ○ ШАШТАН КӨП *Ұшан-теңіз, өте мол мағынасында. Басқа дәлелді былай қойайын, оны тере берсем шашың да жетпес. Дәл бүгін сөзіңнен талай сұмдықты табуға болады... деді Мырқал (Ө. Ә.). Арман ғой сонауға алыс жетелейтін, Сыршыл етіп өзгеден жекелейтін, Қарызым туған елге шашымнан көп, Қақым жоқ, тірлікте оны өтемейтін (М. Айт.).*

ШАШ СИПАР *к ө н е. Қалыңдықты ең алғаш рет күйеу жігітке ертіп әкеліп таныстыру мағынасында. Той бітті, кеш те жетті қол ұстатар, Көде көп, ырымы бар, шаш сипатар, Болғанда түн ортасы, қызды қамап, Сыпылдап сөйлеп отыр жас катындар (С. Т.). «Қол ұстатар», «шаш сипар», «қыз көрсетер» — ырымын берген соң, құрсын өңгең (Б. М.).*

ШАШУ ШАШТЫ *Жаңа түскен келін, жас нәресте т. б. қуанышты жайға байланысты ырым (байғазының түрі). Отаудың есігіне таянған кезде бір кексе әйел Динаның алдына, басына шашу шашты (С. Бақ). Келіп, өз қолынан шашу шашты және тойды өзі басқарысты (Ж. Ж.).*

ШАШЫН ЖАЙДЫ *к ө н е. Ескі дағды бойынша әйелдің қаралы болуының белгісі. Жеңгең түн ортасында шашын жайып, дауыс қылып келді (Ғ. Мұс.). Он бесте қыз зарлады шашын жайып, Қарақат көз шарасын жаспен шайып, Аулақта жігіт салған ән жылады — Махаббат күнде болды көзден ғайып (Х. Ер.).*

ШАШЫН ЖАЙЫЛҒЫР *қ а р ғ ы с. Жағын-жанашырың өліп аза тұтқыр деген мағынада.*

ШАШЫРАТҚЫ БЕРДІ *к ө н е. Мал қашқанда бұрынғы уақыт арнайы тамақ немесе басқа бір нәрсені ырым етіп береді, соны «шашыратқы» дейді. Қораматау жесе, тоқты қашар, Шашыратқы бермесе, боқты қашар (Мақал).*

ШАЯН КЕЗДІ *Жексұрын адам туралы айтылады. Кегі бітпес заманның, Атыңзатың құрымай, Азғынысың адамның, Шаян кезді сұмырай (Қ. А.).*

ШӘЛКЕМ-ШАЛЫС КЕЛДІ ○ ШӘРГЕЗ КЕЛДІ *Қайшы болу, қарама-қарсы болу туралы айтылады. Бәйтен Әшімге Шырағым шәлкем-шалыс келуді қоймадың-ау — деді (М. И.). Ең алдымен қояң шарттарымыз бар. Бәлкім, сізге шәлкем-шалыс келуді де ықтимал (ЛЖ). Бала айтты: — Өзің біл! — деп, бұл сөзіне, Шал қуанды тиген соң ерік өзіне. Төбесінен тік тұрып қылды қызмет, Титтей шәргез келмейді мінезіне (Абай).*

ШӘУ БОЛДЫ [ТАРТТЫ] 1. *Байлық орнап, молшылыққа ие болды. Темірдің зайыбы едің, ханымы едің, Байлыққа шәу боп малтып қалып едің, Сен де бір*

ат шығарсаң деген оймен, Бір мешіт өзіңе арнап салып едің (Р. Нұр.). 2. *Семірді, голды. Құсы шәу болыпты* (АТ). Әбекең далаға беттеді. Дем алысқа шыққалы *шәу тартып* кеткен бойын жазып керілді де, сыртқа шықты (ЛЖ).

ШЕГЕ АТ *Бұрынғы уақыт құда түскенде «шеге ат» деп құдандалы кісінің берген малын айтқан.*

ШЕГІНЕН АСА АЛМАДЫ *Шамадан шығады. Екпіні желдей есілген, Төрт аяғы кесілген, Ажалдың құрған шебінен, Аса алмайды шегінен, Қыр тағысы құлан да* (Д. В.).

ШЕГІРТКЕНІҢ АЙҒЫРЫНДАЙ *Кіп-кішкене болып алып, қыдырдап ақылсынағын адам туралы айтылады. Шегірткенің айғырындай* пікіреңдеп-ақ болды осы немен (АТ).

ШЕЖІРЕ БОЛДЫ *Бұл жерде көпті көрген кісі мағынасында. Көп жасаған көнемін..., Шегіре боп талайға Мен талайдан келемін... Тарих дейтін шал болам* (І. Ж.).

ШЕКЕДЕН ШЫҚТЫ *Бұл жерде аса суық су туралы айтылып тұр. Таудың мұздай суы шекеннен шығады, жілігінді сырқыратады* (Қ. Ә.).

ШЕКЕМ БОЛДЫ *диал. Сақтанды, сақ болды. Асылбек, сенің сөзіңнің түрі жақсы емес, біреуді кеміте, кекете сөйлейсің, сенен шекем болу керек қой* (Қост., Тоб.).

ШЕКЕМ ҚОРАЗДАНДЫ *диал. Шікірейді, мардымсыды. Сен шекем қоразданба!* (Шығ. Қаз., Вольш.).

ШЕКЕНЕЛЕП ҚҰЙДЫ *диал. Аздап құйды, шақтап құйды. Жанторсыққа қымсыды шекенелеп құйды* (Жамб., Шу).

ШЕКЕСІ ҚЫЗБАДЫ *Бұндағы мағына: маз таппады. Жамылып ішігінді шекем қызбас, Қайтейін басы бүтін бермесенің* (Ш. Ж.).

ШЕКЕСІ ҚЫЗДЫ *Егесуге дайын тұрған кісі туралы айтылады. Шекесі қызып алған солдаттар, оны тыңдамады... (Ә. Н.). Мас болып, шекесі қызды* (АТ).

ШЕКЕСІНЕ ТИДІ *Беті қайтты; шық етіп жүрекке тиді. Бір ұрттап дәмін көргеннің өзінде шық етіп шекемізге тиді* (Б. Қыд.).

ШЕКЕСІНЕН ҚАРАДЫ *Паңданды, менсінбеді. Солардың ескі-құсқыларын киіп шыққанда сөнденіп, шекесінен қарап жүреді* (Ғ. Мұс.).

ШЕКЕСІНЕН ШЕРТІП ЖҮРІП ТАҢДАЙДЫ *Ең жақсысын қалайды. Ендігі жұрт шекесінен шертіп жүріп сапалының сапалысын таңдайды* (Ғ. С.).

ШЕККІ ЕМЕС *Қате болмас, дұрыс; жаман емес, сөлекеттігі жоқ. («Шеккі» — парсы сөзі: бұрыс мағынасында). Атың*

шеккі емес екен, бір додаға еркін жарайды (АТ).

ШЕККІ КӨРМЕДІ *Теріс таппады, тәуір деп есептеді. Жақсылыққа балаған сөз жанына жайлы тиетін Әділ әйелінің сөзін шеккі көрген жоқ* (Ғ. О.).

ШЕК ҚОЙДЫ *Белгілі бір меже қойды. Сұлтандардың, старшиналар мен ру басыларының праволарына да белгілі бір дәрежеде шек қойылды* (М. Ел.). Қарапайым сөздер мен әдеби сөздердің арасына шек қою қиын (ҚҚТ).

ШЕК-СІЛЕСІ ҚАТЫП КҮЛДІ *Өте қаты, шегі түйіле күлді.*

ШЕКТЕН АСТЫ [ШЫҚТЫ] *Асқынды, шамадан тыс кетті. Баймұратовтың ісін шектен асқан бейбастық, қайтып білінсе, ешбір тәзіп болмайтын қылық деп біліңдер* (М. И.). Сүтменгінің сотқарлығы, шектен асқан озбырлығы туралы осы әңгімелер Ғаниға тағы ой салды (Ж. А.). Қыз-келіншек, қыршын жас, Айтуға да тіл бармас, *Шектен шыққан* айуандық. Еткен ісін жауыздың (Қ. Әб.).

ШЕК ШЫҚҚАН *Оғаш кеткен, оңашаланған. Болмас,— деп ең соңында салысты шек, Шек шыққан* қылды уәде қақпауға иек, Кижюге бару шегі шыққаннан соң, Бәрі де болып риза көрмеді жек (Т. І.).

ШЕЛ БАСТЫ [ҚАПТАДЫ] 1. *Көрініп тұрған нәрсені көрмеді, көргісі келмеді. Кейбір бастықтар бір қадалса, қайтып іші жібімейді, сол пікірін өзгертпейді, нендей жақсылық істесең де көрмейді. Көзін шел басады* (З. Ш.). Азған екен ауылым, тозған екен әрім, *Көзімді шел басыпты, көкірегімді кір шалыпты...* (С. Бақ.). 2. *Соқыр болды. Көп жұртым естімеймін сөзіңді енді, Тең құрбым сіре көрмен жүзіңді енді, Сарыбай кеткенінде жыламаған, Шешеке шел қаптасын көзіңді енді* (ҚКВС). 3. *Надан болды. Танымассын, көрмесің, Қаптаған соң көзді шел, Имансыздық намазда — қызылбастың салған жол* (Абай).

ШЕЛ БЫТПЕДІ [ЖҰҚПАДЫ] *Дәулет қонбады, шаруасы оңбады. Есбол қария да Еламанның сөзін қостағандай, кеудесіне түскен басын ізеп қойып: — Я, осы кездегі ел жақсысы деп жүргендердің пиғылы бұзылып болған. Ойдай, заман-ай! — деп, тақия киген ақ құйқа басын түңіле ізеді. Сонан кейін өзіне-өзі күбірлегендей боп, — шер жұтқан ел анау! Бойына шел жұқпай, сорға батқан. Сорлы елге содыр басы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой, не кылса да — деді* (Ә. Н.).

ШЕМЕН БОП БАЙЛАНДЫ [ҚАТТЫ] *Тастай болып жабысты, түйілді. Зымырап күндер өте берді. Ішіне шемен боп байланған қайғы шерін сыртқа шығара алмай жүре берді Маржан* (С. О.). «Адастым!» — деген мұздай суық жамаң ой Нұржанның кеудесіне шемен болып байланды (Б. С.). Ал, ана, ғазиз ана ұмыта алмайды бала-

сын. Оның жүрегіне *шемен* болып қатқан қайғы мұзы ешқашан жібір ме? (М. И.).

ШЕН АЛЫП, ШЕКПЕН КИДИ **○ ШЕН-ДИ ШЕКПЕН ЖАПТЫ** *Мұндағы мағына: атаққа, билік-мансапқа ие болды. Тіпті сол патша отаршылығына мойын ұсынып, шен алып, шекпен киген сұлтан тұқымдарының кейбіреулері Кенесарыға қосылып көткендей болған (І. Е.). Мәз болады болысын, Арқаға ұлық қаққанға... Шенді шекпен жапқанға (Абай).*

ШЕН ҚҰМАР [ҚҰМАРЛЫҚ] *Мансапқор; билік-атаққа әуес мағынасында. Шен құмар, мансапқор топтың әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара мінезі де осы: күрессе жығылады, ойнаса ұтылады, қалжыңдасса жеңіледі (Ғ. М.). Николайдың неше сайлауында би болып келген Саңдыбай да енді «шен құмарлықты» тастап, үлкен, жұрт аузына қарайтын ақсақал болды (І. Ж.).*

ШЕН ТАҚТЫ *көне. Дәреже, билікке ие болды. Қалқам Шоқан-ай, құс қадірін білетін оқымысты адамды жаңа көрдімау, сары ала тон киіп, шен таққанын, шаш қойғанын болмаса нағыз қаззақ екенсің ғой (С. Бақ.) Яки мақсат тілмаш боп жем табу ма? Жылтыратып сар түйме, шен тауға, Кеміре-кеміре жыртылған жырық дорба, Бақалардан қалғанын сен қауға (С. Т.).*

ШЕН ТИМЕСКЕ ШЕН ТИДИ *Кім болса сол билік етті деген мағынада айтылып тұр. «Енеңді...— деді ақи көз жігіт ішінен,— шен тимеске шен тиюін!» (Ә. Н.).*

ШЕНИНЕ ЖУЫТПАДЫ [КЕЛМЕДІ] *Маңына жолатпады, маңайлатпады, өзінен аулақ ұстады. («Шен» дегеннің о бастағы мағынасы — бүйір, маң). Ылайық ақылға қылықтарың, Іңкәр қып сол ғой мені құрытқанын, Аулыңда айналсоқтап төрт күн жаттым, Сонда да шеніңе бір жуытпадың (М. В.). Ешбір төре еріксіз, Шеніне оның келмеген, Ерік пенен намысқа, Ат сауырын бермеген (Жамбыл). Өз жанындай сүйікті көрем сері, Өсімтал барлық малдың ұйтқы кері. Әлпештеп колхоз бағын өсіреді, Шеніңе келе алмайды ұры, бөрі (ХА).*

ШЕҢБЕР АТТЫ *Бұл фраза көбіне «қарны» сөзімен тіркесіп, қатты тойды деген мағынада қолданылады. Сәрі асты шеңбер атып үйренген кінәмші құрсақ майлы ас қарпымай қыңқылын тыймастай көрінді (А. Сұл.).*

ШЕҢГЕЛ САЛДЫ *Зорлықпен қол салды, ауыз салды. Тәкежан сұмдық бастап, кемпір-шал мен қызыл қарын жас баланың талшығына да шеңгел салды (М. Ә.). Салғанымен шеңгелін, Ағылшындар батыстан, Басын имес теп-тегің, Бой көтерер Пакистан (С. Мәу.).*

ШЕҢГЕЛІНЕ ІЛІНДІ [ІЛІКТІ] *Қармағына түсті. Жауыздың қара жүзін көріп,*

тағы да шеңгеліне ілінген екенсің ғой!— деді (М. Ә.).

ШЕҢГЕЛІ ТОЛМАДЫ *Олқы көрді, қорашсынды. Тайсойғанның құмында, Тай өгізге жүк артып, Бұқпақтап жүрген сендей жаман берішке, Толмайды менің шеңгелім (ШС).*

ШЕП БҰЗДЫ *Қарулы топты быт-шыт қылды, жауды жеңді. Жатса-тұрса Еспенбет Тұлпар мінсем деуші еді, Қару-сайман асынып, Шепті бұзсам деуші еді (Д. В.). Жеңіс туы толқындап, Астында ойнап ақ сұр ат, Шеру шепіп шеп бұзыл, Кеп тұрғандай Еренбек (Ж. Т.).*

ШЕП ҚҰРДЫ [САЛДЫ, ТАРТТЫ] *Қарсы сап түзеді. Батыр деме батырды, Шеп құрған жауға шаппаса, Төре деме төрені, Ел тілегін таппаса (Д. В.). Қызыл әскер шеп құрып, оқты оқпен қарсылас, қып-қызыл оттың астында бытырлатып атқылап жатып алды (С. С.). Самсаған қол, қалың кісі қанатты жайып жіберіп, шеп тартып, сар желіп келеді (І. Ж.). Жар басындағы жер қазбаларға арқасын бере иықтасып, шеп тартып тұр еді. Құғыншылар да ар жағынан селдей қаптап ағызып келген беті бұларға лап берді (Ә. Н.).*

ШЕР [-ЛІ] БОЛДЫ **○ ШЕР ЖҰТТЫ** **○ ШЕР-ШЕМЕНГЕ ТОЛДЫ** *Қайғы-мұң басты. Керілген қас, кірпігің атқан оқтай, Ішіме қайғы салдың жанған шоқтай. Шер болып еш жібімес менің кеудем, Қасіреттен жұмарланып жатыр доптай (А. Қор.). Есбол кәрия... өзіне-өзі күбірлегендей боп: — Шер жұтқан ел анау! Бойына шел жұқпай сорға батқан. Сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой, не қылса да,— деді (Ә. Н.).*

ШЕР КӨКІРЕК *Уайымды, қайғылы кісі, мұңды жан. Бөрі өліп жолдасымның, жалғыз қалдым, Боп жүрген шер көкірек серік едім (Айтыс).*

ШЕРМЕНДЕ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] **1.** *Масқара етті. Ханның баласы, досы Қыран қарақшыға бір ауыз сөз айта алмай, шерменде болып, қала берген екен (И. В.).* **2.** *Әуре-сарсаңға түсті. Шытырманға келгенде, Болмау үшін шерменде, «Мәйек» болып жиылдық (І. Ж.). Бастаған әрбір жолға, тағдыр дейді, Шерменде еш бендеңді қылма, дейді (АӘ).*

ШЕР ТАРҚАТТЫ **○ ШЕРІН БАСТЫ** **[ҚОЗҒАДЫ, ШЕРТТІ, ШЫҒАРДЫ]** *Қайғысын шығарды, мұңын шақты. Ешкім жоқ шер тарқатып көңіл ашар, Жүректің күйіп-жанған дергін басар, Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым, Жүрек—от, көңіл—дария, халім нашар (С. С.). Түнде бағлан қозының жас егін жей отырып, Дәулет Асаға жүректе құса боп қатқан бір шерін тарқатты (З. Ш.). Жаным-жаным, Гүлөндамын, періштем бол, кел бері. Жүрегімнің басып шерін қарашығым сүй мені (В. К.). Жамандап бірдеме деп айтып салсам, Түтуте мен сорлыны*

бас саларсың, Шыдамай шерін қозғап, шынын айтса, Қылышпен алтын сапты басты аларсың (Ш. Ж.). Ән болып Көк-шетаудың күңдіренгені, Сөз болып жат мінезі, шерткен шері, Кетіпті елдің аузы әуезе қып: «Жын құшып, жалғыз жүрген Ақан сері» (І. Ж.). Адам болса, кеуліңде, Бөлмей қалмас бір арман, Екі мұңлы бас қосса, Іштегі шерін шығарған (Б. Ө.).

ШЕРТЕР КҮЙ, ШЫҒАР МҰҢ *Айтар арыз, көңілдегі сыр. Осында бол, Марзия. Шертер күй, шығар мұңың жоқ емес, Бір жетерміз шаршы топқа!* (Ғ. М.).

ШЕРТПЕК АЛДЫ *Ойыннан ұтылған адамның маңдайына шертіп «қарыз» қайыратын ойын түрі. Қай-қайсысын көзі шалып қалса-ақ болды, шақырып ап, шекесінен бір-бір шертпек алады* (Ө. Қалд.).

ШЕРТУІНЕ КЕЛМЕЙДІ *Күші тең емес кісі туралы айтылады. Мына сиқырмен сен ешкімнің шертуіне келмейсің* (АТ).

ШЕРУ ҚОЛ *Жорыққа аттанған қалың қол (әскер). Қалың шеру қол қандай, Жалғыз үйге қойылды ат, Жер қайыса ұрандай, Қақырық қан тағыған* (І. Ж.).

ШЕРУ ТАРТТЫ *Жорық жасады, сап құрып келе жатты. Манастар шеру тартып келе жатқанда, бұлардың алдынан бой бермей тулап жатқан Орхон өзені кездеседі* (М. Ғ.). Шығыстан шеру тартқан Шыңғыс немересі де қара құрым қолын қайтарып өтті (Х. Е.).

ШЕТ ЖАҒАСЫН [**ШЕТ-ПҰШПАҚ-ТАП**] **АЙТТЫ** **ШЕТИН КӨРСЕТТИ** [**ШЫҒАРДЫ**] *Ептеп сездірді, жеткізді... Жиналыста не болды, кімді қарады, оны Ақан айтпады. Бұрын шет жағасын ептеп айттып, ұзын ырғасымен таныстыратын* (З. Ш.). Жаңалыққа жаңалық ұласты, Мақжан да тұтқиыл бір жаңалықтың шетін көрсетті (С. Ал.). Еламан тілін тістеп тоқтай қалды. Абайламай көңілдегі қорқыныштың шетін шығарып алып, қипақтап қысыла бастады (Ө. Н.).

ШЕТ [ШЕТТЕ] ЖҮРДІ [**ҚАЛДЫ**] **ШЕТКЕ ШЫҚТЫ** *Топқа қосылмады, өзінше болды; жырақ болды. «Білім» деп соңғы бір кезде, Станоктан шет жүрдің, Болсаң да одан қол үзбе, Деген сөзден бет бұрдың* (Ж. М.). Ішінде от пен судың бір күші жоқ. Атаған, мұның атын сымтрамай, Поезда біз жүріпміз отыз сөтке, Келмеген қазақ ұлы шығып шетке (М. С.). Өзің шетке шығарғаннан бізге ауыссаңшы? — деп іліп-қағып, өзін әбден иықтап алып еді (Ө. Н.). Қамбар жолдас жастарды тәрбиелеуден шет қалып көрген жоқ (К. О.). Әдебиетке сол уақытқа дейін шетте қалып келе жатқан жұмыскерлер табы да ортақ бола бастады (С. С.). Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты, Қырық үзгір шетте қалды (КЕ).

ШЕТКЕ ҚАҚТЫ **ШЕТКЕ ШЫҚҚАН САЯҚТАЙ ЕТТІ** **ШЕТ ҚАҚПАЙ БОЛДЫ** [**ҚЫЛДЫ**] *Сыртқа тепті, сырттатты,*

қағажу көрсетті. Күлше: Менің де білгім, бақытты өмір сүргім, жақсы адам болғым келеді, Жібек, сол үшін де әрекет етем. Не пиғылым жақпайды сендерге, неге шетке қағасыңдар?! (М. И.). Осы үлкен өмірдің толқынына кеп кеткенде, ағымға ілесе алмай шетке қағылып қала ма? Бұл ортаға үйренбеген жас көңіл қобалжиды,— дейді (Н. Ғаб.). Байеке, күнім қайда баяғыдай, Байлардың шетке шыққан саяғындай, Басыма пәле жауып тұр осы күн, Құдіреттің көкпен түскен таяғындай (Ш. Ж.). Протоков Шоқанмен төбелеспек болып еді, бірақ басқалар ара түсіп, оны шет қақпай қылды (С. Б.). Екі жылдан кейін асырап алған шешесі ұл табады да, Ғабдолланы шет қақпай қыла бастайлы (С. М.).

ШЕТ КӨРДІ *Жат санады, ұнатпады. Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп, Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп, Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен, Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп (Абай). Ұлбосын Күреңбайды онша шет көре қоймаса да, құлақ кесті құл атанған жоқ-жітікке басын байлағысы келмей, ретім келмейді,— деп меселін қайтарып тастаған* (Б. М.).

ШЕТИН ЖОЛ *Алмағайыбы, қатері көп жол. Бірақ бұл жол — бек шетін, бек нәзік жол* (Абай).

ШЕТИН КЕЛЕДІ *Шыдамсыз, нәзік, алжуаз болады. Алғашқы туған күндері бота түрлі ауруларға өте шетін келеді де, аса жақсы күтімді керек етеді* (И. Жұм.).

ШЕШЕК ШЫҚҚЫР! *қ а р ғ ы с. Қорасан шығып өлгір деген мағынада. Ойбай, көзім-ай, шығып кетті-ау, ойбай, шешек шыққыр жалмауыздар-ай! — деп бақырған дауыстан менің зәрем зәр түбіне кетті* (Ө. К.). Бұл қу шешек шыққырлардың біреуі де ойбанған ғой (ЛЖ).

ШЕШУИН ТАПТЫ *Ретін, жөнін келтірді. Шаршы топта сөз бастау қиын, Шешуін адам таппас дау бар* (ШС).

ШЕШІЛЕ АЛМАДЫ [**ҚОЙМАДЫ**] *Жадырамады жарытымды сөйлей алмады. Қаратаз ашуланса көпке дейін шешіле алмай, күрмелген жіптей түйіле береді* (Ө. Н.).

ШЕШІЛЕ ТҮСТІ [**СӨЙЛЕДІ**] *Ағытыла суырыла сөйлеп кетті. Енді Абайдан жаңағы сөзді есіткен соң (Базаралы) шешіле түсті* (М. Ө.). Салқын ойлы, сарғыш көзі бар мұғалима Мәдина соңғы сөзді Әсияны түсіне отырып, шешіліп сөйледі (М. Ө.).

ШЕШІНГЕН СУДАН ТАЙЫНБАЙДЫ *Тәуекелге бел буып, батыл кірісер сәтте айтылады. Бәйтен. Тоқтат, Қали!... Шешінген судан тайынбайды... Әңгіме әлі біткен жоқ (М. И.). Өзің осы екеуін текке атаған жоқсың, тауып ұстадың ғой, бала шырақ. Шешінген судан тайынбас дейтін жалаңаш батырың осылар. «Дәңдібай мен Дәркембай болмаса, жатақтың мүлде сор-*

лағаны да » — деп далаға шыға бере бұл жөндегі сөзді тұжырды [Қарекә] (М. Ә.).

ШИ БОРБАЙ [БҰЛ] Жүдеу, терісі егіне жабысқан жас бала жөнінде айтылады, Ши борбай бала-шаға мен шал-кемпір көлеңкеге шығып алып, қара жолдан көз алмай қадалып отырады (ЛЖ). Балаларда береке қалмады. Шетінен жүдеу, ши борбай, боп-боз (Ғ. С.).

ШИЕ ЖЕГЕНДЕЙ ҚЫЛДЫ Тұмсығын бузды. (Қызыл ала қан етіп ұру мағынасында). Тұқымыңды ұрайын, аузы-басыңды шиі жегендей қып-қызыл қылайын ба? — деп Иса молда тізесінің астындағы камшысын алып Сағиттың жолдасына қарай тұра ұмтылды (С. С.).

ШИЕ ҚЫЗЫЛ Аса қызыл, қан қызыл. Шиі қызыл, үлбіреген гүл ерні оймақтай боп, жаңды ерте тал шыбықтай назданып, мына құшаққа келсе бір қазір (ЛЖ).

ШИЕЛЕП ВАЙЛАДЫ Жіптің екі басын шалып тартуды бірегер рет қайталайтын байлаудың бір түрі (Бұдан басқа «қауықбау шалып байлады», «күрмең байлады» сықылды байлаудың бірнеше түрлері бар). Шырағым шиілеп байлама, шешуге қиын болады (АТ).

ШИЕЛІ ТҮЙІНДІ ШЕШТІ Шатасқан істің жүйесін тапты. Е—е—е, Ыбыш қажы, Ыбыш қажы, қауқарың сенің шыбыш қажы! Шендігінді қайтейін, шиелі түйінді шешпесе. Ақ пейілдің кімге дәрі, ез еліңе өтпесе (Ғ. Мұс.).

ШИЕНДЕП ШЫҚТЫ Жоңышқаның суық күзде қайта көктеуін айтады. (Бұлай кейде оңтүстік өңірде айтылады).

ШИЕТТЕЙ БАЛАЛАР Үйелмелі-сүйелмелі. өрімдей жас (Бұл, көбіне, жоқ-жітік үйдің балаларына айтылады. Киімсіз дегенді «шиеттей жалаңаш» дейді).

ШИ ЖҮГІРТТІ Араға от салды. Менің жүрегімді Қайыржанның өзі де біледі. Бір пелесі, арамызға ши жүгіртпін жүргендер де бар (З. Ш.). Құлағын мақтамен бітеп алса да, тыйылар емес, біреуі болмаса, біреуі сөз арасында ши жүгіртпін іліп етеді (З. Ш.).

ШИКІ ӨКПЕ Жас бала (перзент) жөнінде айтылады. Күңіреңген бәйбіше де қоңыр қазша! Бермес пе еді бір шикі өкпе не жазса! Ұйлыққан үндей алмай отырған жұрт, Шеттегі түре келді жетім тазша (І. Ж.).

ШИҚАН ШЫҚҚЫР! қ а р ғ ы с. Жара, сыздауық басқыр деген мағынада К...інен шиқан шыққыр, малға қарамай омалып отыра береді (АТ).

ШИ МОЙЫН Қылқима, арық адам туралы айтылады. Жәшігінде көмпит көп, дүниеқор, ши мойын, — деп мазақтады. Бұл балалар арасына жайылып кетті (С. Б.).

ШИПАЛЫ БОЛДЫ ШИПАСЫ ТИДІ Себі, пайдасы тиді. Төреден шыққан сұлу әйелдің «ер жанды», «еркек құмар» салтына еті үйреніп кеткен сұлтандар, егер ел билеу, мансап сақтау тілектеріне шипасы тиер болса, қатын, қыздарының үй арасындағы бозбалашылығына мән бермейтін, көргенін көрмегендей боп, жауырды жаба тоқып жүре беретін (І. Е.).

ШИРЕГІНЕ КЕЛМЕЙДІ Теңесе алмады, маңайлай алмады. (Парсы тілінде «ширек» — төрттен бір). Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ғып жорғалатуға келгенде, Шымырбай да, Сана да Сарқыздың ширегіне келмей айдалада қалады (В. Тіл.).

ШИ ШЫҒАРДЫ [ШЫҚТЫ] 1. Берекесіздік туды. Бұрын облыс көлемінде әжептәуір абыройлы боп жүрген, шаруасы мығым саналатын аудан еді. Енді күннен-күнге ши шығып келеді (Т. А.). 2. Қыңыр қылық байқалды. Үш шәкірттен ши шығып, коллективтен жырылып отыр, көргендерін айтпайды (М. И.).

ШИЫРШЫҚ АТТЫ ШИРЫҒА ТҮСТІ 1. Қайрат-жігер көрсетті, қатуланды. Бұл өзін рухани марқайтумен бірге жастық жалынды сөндіруге, ... табиғат берген қуат-жігерді сабасынан орта түсірмей, үнемі жетілдіріп, шыыршық атқызуға... қиындықтан асып түсіп, ыстық-суыққа бірдей талмай шапқан көп еңбектің арқасында келген шын сыбаға еді (М. И.). Қарттың түсі тағы өзгерді. Бұл жолы қарт қатуланып, шыыршық атты (СҚ). Нұрлан Тайманов! — деп Темір онан сайын ширға түсті (Ә. Ә.). 2. Тыпыршыды, жулқынды. Тізігіннің сәл босауы мұң екен, оңсыз да үркіп, шыыршық атып тұрған торы жалт берді де, қоқ құлағын жымыш шаба жөнелді (Ә. Н.).

ШОЙ [ШОЙЫН] ҚАРА Қап-қара, дәу қара. Арнылдаған паровоз, Қайратты қайсар қара өгіз! Тарбық танау, шой қара! Жөдімгі біздің «Жоққабай» (І. Ж.).

ШОҚҚА ОТЫРҒЫЗДЫ Масқара қылды, бетін аймандай етті. Баяғыда бір ғұлама молданы жоқ-жұқана, кедей-кешіктің бірі тамам жұрттың алдында бір ауыз сөзбен ғана сілейге соғып, шоққа отырғызып кетіпті деген аңыз елге тараған екен (С. Тел.).

ШОҚПАР САПТАЙДЫ көне. Бұл жердегі мағына: «Жан сыртынан жұдырлық» деген сияқты сырттай айбат көрсетеді. Құдайдан өсте қорықпайды, Ұлы шоқпар саптайды, Алжыған көрі қақпас деп, Келіні тұстан боқтайды (Ш. Қ.).

ШОҚПАРЫН БАСЫНА ОЙНАТТЫ Зорлық жасады, азаптады. Хиуа, Қоқан, Россия ақ патшасы, қазақ сұлтаны — төртеуі төрт жақтан қанды шоқпарларын басына ойнатқан сорлы халқының құрып кетуге таяу тұрған тағдырын ойлағанда, Есіркеген өзін-өзі ұстай алмай, талықсып, үстінен құлап кете жаздайды (І. Е.).

ШОҚТЫҒЫ АСТЫ **○ ШОҚТЫҒЫ КӨ-ТЕРІЛДІ** *Бұл жердегі мағына: масайрады, мерей үстем болды. Оқас тұр шоқтығы асыл жеңген болып, Ояз тұр үңірейіп шылым сорып; Сөйлейді біреу аяп, біреу қажап, Жаралы жіліншікке шаншу болып (І. Ж.). Аманжанның мынау хаттағы сөзін естігенде, шоқтығым бір көтерілді (АТ).*

ШОҚША САҚАЛ *Егінде бір шөкім ғана сақалы бар адам туралы айтылады. Жасы елуге келіп қалған көрінеді, сонда да шоқша сақалына әлі ақ енбепті (Ғ. Мұс.).*

ШОҚЫНЫП КЕТТІ *к ө н е. Күпір болды. Келмеймін,— деді,— Шоқынып кетсем де, енді молданың алдын көре алман! — деп өкіріп қоя берді (Б. М.).*

ШОЛАҚ ДҮНИЕ *Тез, өте шығар қысқа өмір. Шабарына келгенде, қашаған құған жүйріктей Оңды, терісті ораған. Мына шолақ дүниедегі Неше ерлер өткен жоқ Тұлпар мініп ту алған (Б. Ө.).*

ШОЛПАН [ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ] ТУА *Таң алдындағы мезгіл.*

ШОНДАНАҒЫНА ШОЙЫН ҚАПТА-ҒАНДАЙ СІРЕСТІ *Белін жаза алмады; белі сіресіп қатып қалды. Пай-пай, бел шіркін-ай! Сәл еңкейсең болғаны, шонданағыңа шойын қаптағандай сіресесің де қаласың (Ө. Т.).*

ШОПАҚ ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ *Түкке тұрғысыз етті, елмеді. Бақ, дәулет, ақыл бірден қонған Абайға бой бермеген бұл қазақ бізді шопақ құрлы көре ме? — деді Аман Жұмабекке (Ғ. Мұс.). Аяғымның ұшы қолдауына сәл тиіп кетсе еліктей орғи жөнеледі. Мені шопақ құрлы көрмей ала-ала жөнеледі (С. О.).*

ШОР АЯҚ КҮҢ *Ежелгі күн, өмірін күңдікпен өткізген әйел. (Жұмысқа төзімді, өте қайратты бейнет кісісін кейде «ежелгі шор аяқ» деп айтады. Бұл сөз де сол «шор аяқ күн» дегенге байланысты, қырғысша құлды «чор» дейді; күс басқан табанды бұл тілде «чор таман» дейді).*

ШОРТ КЕСТІ *Кенет тыйып тастады. Тілдеген тілді шорт кесем қайтеді (К. Т.). Өмір жібі тозған. Мүлде шіріген, Үзілер ме шорт кесіліп түбінен (Ж. С.). Тоқабай сөзді шорт кесті. Селдір сақалы дір-дір етті (Ғ. Мұс.).*

ШОРТ [ШАРТ] ТҮЙДІ *1. Жалын, құйрығын келте байлады; Құла жирен ат мінген Құйрық-жалын шарт түйген (ҚБ). 2. Сөзді кілт үзді, күрт байлам жасады. Өлігі Ораз: Сенің орныңа малды мен бағар деймісің. Орныңа кісі іздеп жүрер жайым жоқ.— деп, сөз түйінін шорт түйді (ЛЖ).*

ШОТ МАҢДАЙ *Қабағы тіс, еңкіш адам туралы айтылады. Мәдібектің жасы кіші ат қосшысы Сүйіндік деген шот маң-*

дай, ала көз, қара жігіт қостың қара бақырымен барып су әкелді (С. С.).

ШОШҚА ТАҒАЛАДЫҢ БА? *ке к е с і н. Бітірген, көзге көрінер жұмысың жоқ, не істедің деген мағынада.*

ШӨБІҢ ЖАПЫРЫЛМАСЫН! *Малсыз, тып-тыпыл бол деген мағынада. «Шөбің жапырылмасын!» дейді, Мені «кедей бол» дегенің ғой, бұл қарғыс емес. Халқым бай болса, бір менің кедейлігім кемшілік емес (ШС).*

ШӨБІ ТҮСТІ *к ө н е. Бақ-талайы табылу, несібесіне бұйырғаны болу деген мағынада. Мөңкеңің Балкүміске шөбі түскенін жаратпай қалса керек (Ө. Н.). Саған шөбіңді түсіріп, кездескеніме мың шүкір (АТ).*

ШӨГІП КЕТТІ [ҚАЛДЫ] *Жадап-жүдеп, аласарып кетті. Құланың қайғысынан қатып-семіп, Құдай боп екі-үш айда қалған шөгіп. Құлауға құйын соқса оп-оңай тұр, Құрт жеген құба соққал секілденіп (І. Ж.).*

ШӨЛ ҚАРСАҚ БОЛДЫ *д и а л. Шөл-деді, сусады. Малымыз су іше алмай, кештен бері шөл қарсақ болды (Гур., Маң.).*

ШӨЛМЕК МЫҢ КҮН СЫНБАС, БІР КҮН СЫҒАР *Аяғыңды абайлап бас, оңды өмір сүр, ақты-қараның бір сәтте-ақ үзілер шегі бар деген мағынада айтылады. Шөлмек күнде сынбайды, бір-ақ сынады. Сол түні де бір шөлмек сынды. Жұрттан аулақ дөңгеленген қараған түбінде даланың өжет қызы батырдың бір тілегін орындады (І. Е.). Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек (Абай).*

ШӨЛ ТАРТТЫ *Қуанданды; сусады. Адамзат нәр ауасын судай жұтар, Шөл тартқан айуандарша құмарланып, Жетпеген үлкендікке жас балалар, Жүгірер ойлап-қырға құмарланып (Ы. А.).*

ШӨМІШТЕН ҚЫСТЫ *Тамақ беруде сараңдық істеу мағынасында. Марфуға-жандігі дұрыс. Дәмдісін аямай, алдымызға жайып, сыйлап отыр. Шөміштен қысса қайтер едің,— деді бәйбіше (Ғ. Мұс.).*

ШӨҢГЕ БОЛДЫ *Бұндағы мағына: қу тұқыл, қызықсыз өмір. Сексен бестен өткен соң, Тоқсан беске кеткен соң, Шөңге болар түсіңіз, Жылап тұрар ішіңіз (Ш. Ж.).*

ШӨҢГЕ САУСАҚ *Бұл жерде шөңгеше қатты балар тегеуірілді саусақ. Шөңге саусақ біреуі сап-салқын шүберекпен, жібек-ау шамасы, көзін танды (А. Сұл.).*

ШӨП ЖЕЛКЕ *ке к е с і н. Жас қыз туралы айтылып тұр. (Көбіне менсінбей, кемсіте айтылатын орайда қолданылады). Алып қашса, құдайға шүкір, ауылдағы бір шөп желке азайды. Соған бола осынша шу көтерудің керегі қанша (ҚӨ).*

ШӨРЕ-ШӨРЕ ВОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] Әрісәрі күйге түсті. Екі ортада шөре-шөре боп өлетін болдық қой (АТ).

ШУДА ЖІПТЕЙ [ЖІПШЕ] СОЗЫЛДЫ Сылбыр, баяу әрекет мағынасында. Шуда жіпше созылған бұл байғұстың тамағы қашан пісер екен? (АТ). Бірақ Қоңырқұлжа келгенше де шуда жіптей созылған ұзақ екі-үш күн бар алдында (І. Е.).

ШУ ДЕГЕННЕН [ДЕГЕНДЕ] ○ Э ДЕГЕНДЕ [-АҚ] ○ ДЕГЕННЕН [-АҚ] О бастан-ақ, салғаннан, бірден. Шу дегенде көрінер сұлу артық. Көбі көпшіл келеді ондай қаншық (Абай). Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрттыңым бермей (Абай). Шу дегеннен: «Сұр бет деймін, ендіше сұр бет деймін. Бір бетіңнен бір бетің кір бет деймін, Өлеңіңді айтар болсаң, жөніңмен айт. Тұсымнан міндірлемей тұр кет деймін» деп алқымынан ала түсті (С. Төл.).

ШУ ҚАРА ҚҰЙРЫҚ ДЕП кекесін. «Сені қай жерде көрдім?», «Қош-сау бол!» деп ытқи жөнелу мағынасында. Бағып-қағып өсірген соң, бір күні шу қара құйрық деп өз жөніне кетіп отыру-ау (ІЖ).

ШУБАЛАҢҚЫ ТАРТТЫ Жайбарақат, енжар болу мағынасында. Байдың ұлы көрпелдес, Шубалаңқы тартады, Айдап жүрген малдан соң (Б. Қ.).

ШҰБАР ТӨС, ШЫНЖЫР БАЛАҚ [ШЫНЖЫР БАЛАҚ, ШҰБАР ТӨС] кенесі. Ежелден халықты қанаған хан-төре, бай-манап, би-болыс т. б. туралы айтылады. Бір атаң жұрт ұстаған Мәді Сұлтан, Қарашы қара қазақ болған ұлтан, Шұбар төс, шынжыр балақ тұқымыңнан, Кеткен жоқ бар мұсылман уысыңнан (Ш. Ж.). Шынжыр балақ, шұбар төсім екенсің, әмісе әбүйірің асып, алапатың қандай болсын (М. Ә.). Ахмет секілді қорықтау атаның баласы шынжыр балақ, шұбар төс Омарларға қол созды деген хабар — қазақ ішінде таңырқанбайтын әңгіме емес (С. Т.). Шұбар төс, азулы ата, шынжыр балақ, Батырған азу тісін елді талап. «Толықсып» бесенесі бестен болып, Байыған еңбегі жоқ жұртты қанап (Ж. Сыз.).

ШҰНАҚ [ШЫҢЫЛТЫР, ШЫТЫРЛАҚ] АЯЗ ○ ШҰНАҚ ҚАҚҚАН [ҚЫЗЫЛ ШҰНАҚ] АЯЗ Қатты ызғарлы суық, бет қаратпайтын үскірік. Білімнің ең алғашқы жүгі маған, Кос кітап қойыныма тығып алған, Сескенбей жүгіргенді мектебіме қызыл күн, шұнақ аяз, шыны қардан (Ғ. Қ.). Қызылда қыстың күні шұнақ қаққан, Аязда түкпірің түспей қатқан. Жабұлап Самарканның жібегімен, Жабылы жануарды солай баққан (І. Ж.). Күн қызыл шұнақ аяз, қар қалың, жер беті аппақ (Ғ. Мұс.).

ШҰНАҚ ҚАР! Қыз, әйелге айтылатын кейіс сөз. (Кейде наз ретінде айтылады).

Шақырып жақын жеңгесін, Орданы теріс жинады, Түс қайтуға жеткізбей, Бір ұршықтай жібекті, Иіріп бер деп қинады, «Өкпелер, деп, — Шұнақ қар», Назымның сөзін сыйлады (ҚамБ).

ШҰНАҚ ҚҰДАЙ Налу, күйінде тәңірге тіл тигізе айтылатын кейіс сөз. Айдауға көнбейтін ешкіге ашуланып, әлгі қазақ, «алда шұнақ құдай-ай» деп жіберіпті (С. Төл.).

ШҰРАЙЛЫ ҚОНЫС [ӨРІС] ○ ШҮЙГІН БЕЛІ [ЖЕР] Суы-шөбі мол сүбелі жер. («Шұрай» дегеннің о бастағы мағынасы — «бөксе жақ»; малдың шатын, шатындағы жұқа терісін қырғызша «жука чурай» дейді; қазының ең майлы, тәтті ұшың қазақ «шұрай» деген). ...Қосшы мүшелерінің жиналысынан шықтым. Жер бөлісіп, соған керкілдесіп жатырмыз. Шұрайлы жерді «Қосшы» мүшелеріне берілік десем, біреулер әлі шәутен тұқымына тартып, қиқандайды, деді Ақан (Ғ. Мұс.). Барқыттай шүйгін белдерім, Көтерем үзсе қуанам (Жамбыл). Бәрі бар; өрік, мейіз, құрма ағашы — Әмірі сондай күшті Бақшагердің. Егіні: бидай, арпа, тары, сұлы — Көркі ғой бақшадағы шүйгін жердің (Н. Б.).

ШҰРҚАН САЛДЫ Әлекке түсірді, шырқын бұзды. Жаланда жаяу қалдырып, Жайым жоқ қарғыс алатын, Ел арасын егер қып, Ойым жоқ шұрқан салатын (Жамбыл).

ШҰРҚА ТЕСІК Бүтін жері жоқ, қаптан тесік. Траншей маңы електей шұрқат тесік (Т. А.).

ШҮЙДЕСІН КӨРСЕТТІ Теріс бұрылды.

ШҮЙ ЖЕЛКЕ Шүйдесін қыртыс-қыртыс май басқан семіз адам туралы айтылады. Ірге күңгірт көлеңке. Бұрылды солай шүй желке (І. Ж.).

ШҮЙКЕ БАС кекесін. Көбіне қыз-келіншекке айтар оспақ сөз. Аманжан, самауыр қой. «Шүйке бас ал» — десем, болмайсың. Қартайғанда мен қонақ күтіп қанша оңдырам? — деді Аманның шешесі (Ғ. Мұс.). Бір шүйке басты біздің балаға тауып берсеңізші, тамыр? (АТ).

ШҮЙКЕ ЖҮН Шумақ, бір орам жүн.

ШҮЙКЕ КЕМПІР Өзі арық, дене тұрқы шағын кісі туралы айтылады. Жетпіс жасар кішкентай шүйке кемпірдің қайратына сіз көлденеңнен көз тастап қараңызшы (Б. С.).

ШҮЙЛІГЕ ТҮСТІ ○ ШҮЙІЛЕ ҚАРАДЫ Төну, қадалу, шұқшия көңіл бөлу мағынасында. Дәмелі енді серік қызына да осы тұрғыдан шүйліге түсті (Ө. Қан.). Жақсыбайға жеппей жол үстінде жүргіншілер көрінді. Жүргіншілерді айыра тануға болмаса да, Абылаев шүйіле қарады (Х. Е.).

ШҮЙІГІН ҮЗДІ диал. *Мейірін қандырды. Мал құздан құлаған мөлдір бұлақтан ғана ішіп, шүйігін үзеді* (Сем., Ұр.).

ШҮЙІРКЕЛЕСЕ КЕТТІ ○ **ШҮЙІРКЕЛЕСІП АМАНДАСТЫ** [СӨЙЛЕСТІ] *Өз ара әңгімеге кірісті, сырласа жай-күй сұрасты. Шешем екеуі салғаннан тіл табысып шүйіркелесе кетті, қыздың несімен ұнай қалғанына таңым бар. Келсе жаны қалмайды; «қарағым-қарағым» деп еркелеткен жылы сөздер аузынан түспейді* (Х. Е.). *Қожақметпен ол шүйіркелесіп амандасып жатыр* (С. М.). Олар Азаматпен *шүйіркелесіп сөйлеседі*. «Бізді бөтенсіменіз, қонаққа келіп тұрыңыз!» — деп, әйелдердің қонаққа шақыратыны да болады (В. М.).

ШҮКІРАНА [ШҮКІР, ШҮКІРЛІК] **ЕТТІ** [ҚЫЛДЫ] көне. *Тәубе қылды, іштей ризалық етті. Нұрбүбі Айсұлуға қарады да, сәл жымпып, қызының нұрына іштей шүкірана етті* де, өзі де тамашалап қалғандай болды (М. Ә.). «Өлгенде имансыз құл жолда қалған, Мен — Ғазрайыл пенденің жанын алған. *Шүкір қыл* иман айттып, Шортанбайым, Құдайдан жетті бұйрық, келді саған (Ш. Қ.). Қазіргі қалған қанаты, сыңар қанаты, жалғызы — қызы да, ұлы да өзі болған, бар болғаны Айсұлу кітапқа қарағанда сыртқа шығарып сыр білдірмей, сөз етпей Нұрбүбі іштен шүкірлік етеді (М. Ә.). Бір жеп алып, *шүкірлік қылайын* деп аллаға, Тұмсығында ірімшік, Ойланьш қарап тұр еді, Бір қу түлкі сорына Жақын жерде жүр еді (Абай).

ШҮЛЕН ЕТТІ *Бұл жерде молынан бөле игеру мағынасында. Шөлді шүлен етіп жатқан үш аудан сан мыңдаған ер-әйелдің, мектеп балаларының, сансыз көп жастардың және үлкендердің селдей мол күшімен мақта теру жорығында* (М. Ә.).

ШҮЛЕН ТАРАТТЫ [ТАРҚАТТЫ] *Мырзалық етіп, дүние, малды үлестірді. Жұрттың бәріне шүлен тарқататындай алдыңда малың жоқ емес қой* деп әзіл айтты (АТ).

ШҮМЕКТЕП ҚҰЙДЫ *Қатты жауды, сорғалаға жауды. Зауылдатып келіп қалған жауын Аманды үйден шығармай басты. Әуелі екпіндете бүрке келді де, құйып кетті. Шүмектеп құйып тұр* (Ғ. Мұс.).

ШҮҢІРЕК [ШҮҢЕЙТ] **КӨЗ** *Көз ұясы терең, көзі ішке қарай кірбиген кісі туралы айтылады. Бірақ сұлу болмаса да Дәулеткәлдінің жаңағы жүзінде, жар қабағының астында жылтырап көрінген кішке не шүңірек көздері кісіге сондай тартымды, сүйкімді* (М. Ә.). *Теке жаумыт, салпы ерін, тесік құлақ, шүңейт көз, жүнді қабақ, шүйде желке, бөлек бас, жаурынында он ұрының шоқпары ойнағандай қапталдығы кең, демімен бір тайпа елді жұтып жіберердей ыдысы мол алып қой* (К. О.).

ШҮПІРЛЕСІП ЖАТТЫ *Үйме-жүйме болды. Сол қауызға шомылып, Бір топ қыз-келіншек шүпірлесіп жатыр* (А. Т.).

ШЫБЖЫҢ ЕТТІ [ҚАҚТЫ] ○ **ШЫБЖЫҢ-ШЫБЖЫҢ ЕТТІ** *Ұшып-қонды, тыпырышып күйіп-пісті. Ұлбике бәйбіше үйінде отыра алмай шыбжың қағып, өз-өзінен бүлінді. Ауыл адамдары Ұлбикенің осы күйін сөзгендей бірде-бірі бұл үйге бас сұға білмеді* (Б. М.).

ШЫБЫҒЫ ШЫРПЫЛМАЙ, ҚЫЛАУЫНА ҚЫЛ ТҮСПЕЙ ТҰР *Бағы өрлеп тұр.*

ШЫБАЙҒ КЕСІСТІ диал. *Уәделесті. Жем босатайық деп шыбық кесіседі* олар (Жамб., Шу).

ШЫБЫҚ МАЙЫ *Жылқы малының қоны туралы айтылады. Ат орасан семіз. Шыбық майы жеңді білектей, жалының жүгендігіне дейін қол батпайды* (Ғ. Мұс.).

ШЫБЫН [ШАҚҚАН] **ҒҰРЛЫ** [ҒҰРЫМ] **КӨРМЕДІ** *Түк те сескенбеді; түк те елемеді, мексінбеді. Сынаспақ болған дұшпанды, Шыбын құрлы көрмеген* (Жамбыл). — *Апырым-ай! Мына бақсыға ерегісуін қарашы! Ишанды да шыбын ғұрлы көрген жоқ* еді. Құдай бірдеңе берер, үндеме десіп, Қамарды онан арман қымтап байлай түсті (С. Т.). Е, сорлы-ай! — деп басын изеді. Сенің тілің зәрлі ғой. Бірақ есінде болсын, менің қоңым қалың. Шыбынның шаққаны ғұрлы көрем бе екен сөзіңді (Ә. Н.).

ШЫБЫН ЖАН көне. *Өмір, тірлік мағынасында. (Діни ұғым бойынша кісі өлгенде «жан» шыбын тәрізді ұшып кетеді-міс). Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға, Көре тұра қалады қашқан түлкі, Құтылмасын білген соң құр қашқанда, Аузын ашып, қоқақтап тісін қайрап, Ол да талас қылады шыбын жанға* (Абай). Байдың сөзін есітіп, Қарала атты көсілтіп, Қайта шапты балаға «Қалағаныңды берді» деп, Шыбын жанын құрбан қып (ҚамБ).

ШЫБЫННЫҢ ҰШҚАНЫ **БІЛІНІП** **ТҰРАДЫ** *Құлаққа ұрған танадай, тып-тыныш, ың-жиыңсыз. Ол жұртты қызықтыра, баурай сөйледі: залда шыбынның ұшқаны білініп тұрады* (АТ). Біз отырған бөлмеде шыбынның ұшқаны білінетін өте тәртіпті тыныштық болды (Б. Тұр.).

ШЫБЫН ӨЛІМІ **ҒҰРЛЫ** **КӨРМЕДІ** *Қаныпезер, адамды ит құрлы да көрмеу мағынасында. Әбілқайыр миығынан күлді. Жайшылықта шыбын өлімі құрлы көрмейтін* әлгі бір қара қазаққа айтылмақ өлім үкімі мынан шықпай қойғанына күлді (І. Е.).

ШЫБЫНЫ ҰШТЫ *Зәре-құты кетті. Сілкініп қаһарлы қыз түрегелді, Шаңқ етіп, жатқан елді ду көтерді. Күйшінің шыбыны ұшты қалып-қалып етті, Шығарып самайынан шып-шып терді* (І. Ж.).

ШЫБЫШ ҚҰЛАҚ СУ диал. *Аз су. Шыбыш құлақ су тақтаға тез жүрмейді (Шығ. Қаз., Болыш).*

ШЫҒАНҒА ШЫҚТЫ [ШЫҒЫП КЕТ-ТІ] *Бір нәрсенің шегінен асып кетті. Ұзын сонарға салды. Ең болмаса, былыша шыдашы, Күреңбай! Нұртай осыны айтып тыныстап алды да, дәм-тұз, тілек-бата, ата-баба, салт-сана турасынан сөз қозғап, шығанға шығып кетті (С. О.).*

ШЫҒАНДА БІРЕУ *Ілуде біреу.*

ШЫҒАННАН ШЫҚҚАН *Елден ерекше, айрықша. («Шыған» — қырғызша «чыған» — маңдай алды, үздік деген мағынада; «асқан шешен» дегенді қырғызша «чыгаан чечен» дейді). Ең алдымен, шығаннан шыққан қашаған, атпасаң ұстатпайды, екінші бұғалыққа бойлауық, он жігіт тартып тоқтата алмайды (С. М.). Бір келіншек бар осында, өзі Қараөткелден келген дейді. Кескіні онша шығаннан шыққан сұлу емес (С. М.).*

ШЫҒА ОЙЛАДЫ *Байыбына барды, алды-арғын салмақтады. Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек Өнерсіздің қылығы өле көрмек, Шыға ойламай, шығандап қылқы қылмай, Еріншек ездiгiнен көпке көнбек (Абай).*

ШЫҒАРДА [ШЫҒАРҒА] **ЖАНЫ** **БАСҚА** *Үлкен дос болу, жанындай жақсы көру мағынасында. Аман әбден түңілді. Кездескен сайын Шолпанға Шәкеннен айрылысуды айтады. Ол, босаудың орнына, бекіне түседі. Сөйте тұра, шығарда жаны басқа Аманнан (Ғ. Мұс.).*

ШЫҒАРЫП САЛДЫ *Бұл жердегі мағына: алдап-сулап жөнелтті. Алты атпен кетті, көздерің көрді ғой, мені сынайсыңдар ма? — деп жайын айтқан кісіше мақта пілтелеп, Кәкен інісін шығарып салуға тырысты (С. Тал.).*

ШЫҒАРЫП САЛМА ЖАУАП [СӨЗ] *Алдаспыратып айта салған әңгіме, жүрдім-бардым айтыла салған сөз. Дегенмен, бітіреміз ғой, — деді Жарықбасов, Бірақ ол қалай бітіретінін айта алмайды. Біз оның жай әншейін шығарып салма жауап екенін білдік (ЛЖ). Шығарып салма сөз бе деп, Қарт отыр әлі ұғынбай. Бірақ та Әлімді ол ерек, Сыйлайтын еді ұлындай (Ш. Мұқ.).*

ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ **БАСШЫ** *Шығынға иесінің өзі себепкер деген мағынада (Зат я мал иесінің салақтығынан жоғалғанда айтылады). «Шығасыға иесі басшы» болғаны ма? Аузын жиғаны сол-ақ екен. Нәсер шын бұршақ, мұз бұршаққа айналып сала берді (М. Ә.).*

ШЫҒЫНҒА [БЕЛШЕСІНЕН] **БАТТЫ** [ҰШЫРАДЫ] *Зиян шекті, қарызданды. Бұл нең десе біреуге, Жоқ нәрсені шатады, Құтылам деп ісінен, Бәрін көріп кісіден, Шығынға әбден батады (Абай). Шығынға белшесінен әбден батып, Сұм-сұр-*

қия, қу, білгіш атанбаққа, Құдай құмар қылыпты қалжыратып (Абай). Республикамыздың оңтүстік облыстарындағы кейбір жеке шаруашылықтар да кара күйден едәуір шығынға ұшырауда (Ж. Жиен.). Бұған, көбінесе, жас мал душар болатын да, оның ішінде арық-тұрақтары көтерілмей, көп шығынға ұшырайтын (Х. А.).

ШЫДАС БЕРМЕДІ **ТӨТЕП** **БЕРЕ** **АЛМАДЫ** *Төзбеді, ықты, жеңілді. Не парлар түсті базар жетектеліп, Шашылды ақша көшеге етектеліп, Елдегі бұл сайлаудың билігіне, Ешкім шыдас берместей төтеп келіп (И. Б.).*

ШЫЖ-ВЫЖЫ ШЫҚТЫ *Күйін-ністі, қатты ашуланды. Баяғыдан бері өлмегенде, енді өлмес-ті! — деп Айшаның шыж-быжы шықты (Б. М.).*

ШЫЖЫМДАП **ЖЕТКІЗДІ** *Жайлап, бірте-біртепеліп айтып берді. Болған істі орағыта шыжымдап отырып жеткізді (АТ).*

ШЫҚ **БЕРМЕС** **ШЫҒАЙБАЙ** **ШЫҚ** **ТАТЫРМАС** *Өте сараң кісі туралы айтылады. (Ертеде «чығай» түркі тілдерінде кедей, әрі сараң мағынасында айтылған; «шық» атала көже мағынасын білдірген. «Шығайбай» — ауыз әдебиетте сараң бейнесіндегі кісі аты). Жер еңбексіз, еріншекке шық бермес Шығайбай терізді қатты, түк бермейді. Жер өңбеккерге елжіреген ас, еріншекке — тас (Ө. Т.).*

ШЫҚ ЖУЫТПАДЫ *Қорғаштады, сөз келтіргісі келмеді. Мұныңыз орынсыз. Мұныңыз тіптен күнә, — деп қалды қыш заводы кәсіподақ комитетінің председателі жұмысына шық жуытпай (ЛЖ).*

ШЫҚҚАН **МҮЙІЗІН** **ҚАЙСЫ** **ШЫҚҚАН** **МҮЙІЗІНДІ** **КӨРСЕТШІ** *кекесі н. Не мұратқа жетгің, не пайда таптың деген мағынада. Қай шаһарды алмадым? Хорезм, Самарқанд, Икра-түп, Бұқар, Сығанақ, қазақтың жеке ұлысы болып жүрген Махмед-қожа хан, ағалы-інілі Ахмед-Махмұд, Мұстафа хандарды жеңіп Есіл, Тобыл, Нұра бойын өзіме қараттым... Бірақ сонда шыққан қандай мүйізім бар? (И. Е.).*

ШЫҚПАҒАН ШЫБЫН **ЖАН** *Өлмегені құрысын, тірі болғаны құрысын деген мағынада. Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік, Өмірдің қызығынан күдер үздік. Жылы жүрек суынды, жара түсті, Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай).*

ШЫЛАУЫНДА **БОЛДЫ** [ЖҮРДІ, КЕТТІ] *Жетегінде жүрді, қол шоқпар болды. Торғайдың оқығандары, Қостанайдың, Оралдың «Алашшыл» оқығандары қосылып, Орынбор қаласындағы «Қазақ» газетінің шылауында болды (С. С.). Байқаған молда «мұның өмірлік ісі — біреудің шашпауын көтеріп, соның шылауында жүру болар» деп қорытынды шығарды (Б. М.). Ақан [Қамашқа] бекер шамданасың. Көлеңке емессің, әрине. Ал бірақ Алатау қойын зерттеуде әлдекім-*

дердің шылауында кеткеніңді бекер дей алмайсың (М. И.).

ШЫЛБЫР БЕРДІ *Билік берді* (АС). «Қой асығын қолыңа ал, Қолайыңа жақса, сақа кой», «Бас-басына би болсаң, манар тауға сыймассың. Басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймесің» деп, мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін бір *шылбырды бердік* саған дейді екен (Абай).

ШЫЛБЫР ТАСТАРЛЫҚ ЖЕР *Жап-жақын қашықтық туралы айтылады.* Сұлу доктор таныс емес пе? — деді Өзмұратов *шылбыр тастарлық жерде тұрып қалған Сөлменге өлденені сырласар адамша қабақ түйіп* (ЛЖ).

ШЫЛБЫР ҰШЫН СҰРАДЫ *Көмек, жәрдем тіледі.* Неге сасады? Өзі жақсы болса, елдің одан басқа несі бар? Өзі жаман болса, елде оның несі бар? *Шылбыр ұшын сұраған шығар, бердіңіз бе?* — деді Сапар Мақашқа (Ғ. Мұс.).

ШЫЛБЫРЫНА ЖАРМАСТЫ *Шаужайынан алды.*— Уау, мұнығыз не сіздің? Баса көктеп не болды? Бүркіт Үсен атының *шылбырына жармасты* (ҚӨ).

ШЫЛБЫРЫНА ОРАЛДЫ *Бұл жердегі мағына: күту, қызмет көрсету.* Өштіби Сағындыққа: ...Келгенде атыңызды суарып, *шылбырыңа оралғаннан* басқа жазығым не? (Ш. Х.).

ШЫЛҚИЯ ТОЙДЫ *Кеңірдектен шыққанша жеді.* Шалқыған жалын, будақтаған түтінге қарамастан, қарағанды толтыра түседі қазандыққа. Өйткені қазанда ет жатыр. Пешті салып беріп, *шылқия* бір тоймақшы (Ғ. Мұс.).

ШЫМБАЙЫНА БАТТЫ *Жанына багты, қатты қиналды.* Шолпанымнан қалған жалғыз ұрпақ сен едің. Әкеңе амал жоқ, әйтпесе *шымбайына батып-ақ* тұр дегенде кемпірдің нұры тайған көзінен жас тамып кетті (Ғ. Мұс.). Ақбаланың қиналғаны Еламанның *шымбайына қаттырақ батып*, қуанышты шақтарында да, әйелінің қабағына қарап күле алмайтын (Ә. Н.).

ШЫМША БАТЫП КЕТТІ *Жым-жылас жоғалып кету мағынасында айтылады.*

ШЫМ-ШЫМДАП СӨЙЛЕДІ *Суыртпақтап, қыбын тауып айтты. Сөйлесе сөзді шым-шымдап, Сұлу тұрар керіліп, Кербез тұрар қылтындап* (М. Сұл.).

ШЫМ-ШЫМ ШЫМАЛАҚ *көне. Кей өңірде туа алмай жатқан малдан төлді тартып түсіргенде айтылады.*

ШЫМ-ШЫМ, ШЫМЫР-АЙ, ШҰБАР АТТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ-АЙ, ЖАНУАРДЫҢ ЖҮЙРІГІ-АЙ! 1. *Бие құлындап жатқанда айтылады.* 2. *Балалар ойынында қолданылады.*

ШЫМЫЛДЫҒЫҢ ЖЕЛЫРЕП [ЖЕЛ-КІЛДЕП, ЖЕЛШІЛДЕП] ТҰР МА? *к е к е с і н. Қайда асығасың, үйіңде нақ жас*

келіншегің күтіп тұр ма деген мағынада айтылады.

ШЫМЫЛДЫҚ БАЙЛАР *көне. Құда, құдағилардан алынағын кәде.*

ШЫМЫР ЕТТІ *Сескенді, денесі тұр-шікті.* Жәнібектің жүрегі осы сәтте ғана *шымыр еге* түсті (ЛЖ).

ШЫНАШАҚ ЕЛІ *халықтық өлшем.* *Шынашақ сырты.* Әрине, олардың ішінде өмірінде қалыңдығы *шынашақ елі* повесть оқып көрмеген азаматтардың да кездесетінін жасыруға болмайды (ЛЖ). Бар болғаны *шынашақ елі* қазы шықты (АТ).

ШЫНАШАҚҚА ТҰРМАЙДЫ *Түкке аспайды.* Айналайын Михаил, сіз қам-қоршымызсыз, Анау Атаман сіздің бір *шынашағыңызға тұрмайды* (Ә. С.).

ШЫНЖЫРЛЫ ШЕН, ШҰБАР ТОН *Асыл бұйым, қымбат киім деген мағынада айтылады.* Қабыр қазды, ақтарды, Алынды тең, түйіншек. Алтын, асыл, күміс көп, Алды тауып тыққанды, *Шынжырлы шен, шұбар тон* (І. Ж.).

ШЫНЫ ТҰЛПАР *Шынайы жүйрік, сәйгулік-саңлақ.* Қатарға мінсең қайыспас, Қас қара нар мен едім. Шабуыл, шапса, шаршамас, *Шыны тұлпар* мен едім (ШС).

ШЫҢЫНА ЖЕТТІ *Титығына тиді, қажытып тастады.* Біз келердің алдында ғана тұтқындарға бұрынғыларынан гөрі тәуірлеп ас бере бастаған екен. Бірақ *шыңына жеткен* аштардың көбі мал болмай жатыр (С. С.).

ШЫП-ШЫРҒАСЫ ШЫҚПАДЫ *Кемтарлық көрмей, бірлікте болды.* Новосельская машина-трактор станциясы орнағанда келген маман кадрлар *шып-шырғасы шықпай* осы күнде совхозымызда жұмыс істеп жүр (С. О.).

ШЫРАҒЫ ӨШТІ [СӨНДІ] *Үміті үзілді* (АС). Ол жүректің жалынын басар бірақ, Өлсе, көрде батырған су топырақ. Өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп, Таппаған сорлы адамнан *сөнер шырақ* (Абай).

ШЫРАЙ БЕРДІ [БІЛДІРДІ] *Ыңғай көрсетті, айтқанын істеуге ыңғай байқатты.* Оның сөзін қостап, енді ғана тіл қатып, *шырай беріп*, бұл да: — Рас, құрбылар,— деді Абай (М. Ә.). Кәлен Досқа *шырай бермей*, ашулы жүзін сырт салып, суық томсарып отырған қалпынан қозғалмады (Ә. Н.). Бізге көрсеткен інілік құрметіңе рақмет, қарағым! — деп, Тұрай бейбіл, *шырай білдірді* (М. Ә.).

ШЫР АЙНАЛДЫ 1. *Теріс қарап кетті, бетін әрі бұрды.* Қасында жолдастары — ақсақ, соқыр, Қайыр тілеп шауып жүр опыр-топыр. Палицын бай есікке келіп еді, *Шыр айналды* күнк етіп әлгі бұкір (Абай). 2. *Табансыз болды, тұрақсызданды* (АС). Жұрттың бәрі сөз саққан,

Сатып алып не керек? Екі сөзді тәңірі атқан, *Шыр айналған* дөңгелек (Абай). Қайғы болды, күйгендей, Ол қуатым еді рас. Көзге қамшы тигендей, *Шыр айналды* артқы жас (Абай).

ШЫРАЙЫН ЖЫЛЫТТЫ *Ықыласы түсті, көңілденді* (АС). Ол жесін, ол жұтсын, *Шырайын жылытсын*. Ақшаны аяма, *Ұйқыны тыншытсын* (Абай).

ШЫРАЙЫ ТҮЗЕЛДІ *Райы тәуірленді. Шырайың бұрынғыдан түзелген* соң, Мен байғұс қолдағысын бермей қайтсін, Тимес деп бұрын былай сыйлап тұрмын (С. Т.).

ШЫРАҚ БОЛДЫ д и а л. *Тәуір болды, жақсы болды. Жылдағыға қарағанда бұлар биыл шырақ болды* (Қ. орда, Арал).

ШЫРАҚ КӨРМЕДІ *Көзі ашылмады, жақсылық көрмеді* (Бұл жерде баласы жоқтығы айтылып тұр). Шөже: Әй, Балта, білмеймісің нағыз ұлды? Сенің шешең есіктегі қара күңді, Қара күң шырақ көрмей жүрген шақта, Атаңыз Қаракесек сонда туды (Айтқыс).

ШЫР БІТПЕДІ 1. *Жүдеді, арықтады.* Арық сұр жаздай жайлап *шыр бітпеген*, Кісідей өрт сөңдіріп тұр бітпеген. Қабақты жанап өтсе ыржаңдайды, Бақытын соныменен өрбітпеген (Ә. Тәң.). **2.** *Маңдайында үрерге иті жоқ тақыр кедей болды.* Тапқан-таянғанын жазғытұры эке-шешесіне әкеп беріп кетеді, сөйтіп Ұйтқыбекке де *шыр біте* бастады (С. Тал.).

ШЫРҒАЛАҢҒА ТҮСТІ *Әуре-сарсаңға ұшырады.* Өмірдің қатал заңының бұралаңынан шыға алмай, басы *шырғалаңға түскен* кейіпкерлер тағдырына шын қиналасың (С. Жүніс.).

ШЫРҒАСЫ БЕРІК [**МЫҚТЫ**] *Күші басым, бұғауы мықты.* Үш дұшпанның қайсысының бізге салғалы тұрған *шырғасы берік*, ең алдымен соны үзу керек (І. Е.).

ШЫРҒА ТАРТТЫ 1. *Аң-құстарын алдамшыпен, далбаймен шақырды.* (Кей жерлерде далбайды «шырға» дейді). **2.** *Біреуді алдап үйіріп алды, епке келтірді.* Сен *шырға тартарсың* ғой солай... қаттылық деген қалның болушы еді, әлде машығым деп соның тартамысың? (М. Ә.).

ШЫРДАЙ ҚЫЛДЫ д и а л. *Бас қатырды, бас ауыртты.* Ол келсе, сенің де басыңды *шырдай қылады* (Орал, Жым.).

ШЫР ЕТІП ЖЕРГЕ ТҮСКЕЛІ *Нәресте боп дүниеге келгелі. Шыр етіп жерге түскелі* бір жылы қабақ, аялы алақан көрмеген (АТ).

ШЫР ЖОҚ *Арық, көгерем.* (Бұл фраза сойса еті жасық, майы жоқ мал туралы айтылады).

ШЫР ЖҰҚТЫРДЫ *Оңалды, қоң бітті.* Қоспан оны аяп кетіп, «шырағым, жазда біздің ауылға келіп *шыр жұқтырып* кетсең қайтеді» деп айтысы келді (Т. А.).

ШЫРҚАУ БИІК *Өте жоғары биіктік.* Қанаттың рақатына дір-дір қағып, далаңның боз торғайы *шырқау биікте* сайрап тұрады (С. Бақ.).

ШЫРҚ [**ШЫРЫШ**] **БҰЗДЫ** [**ШЫҒАРДЫ**] *Берекені кетірді, елдің сәнін, мәмесін бұзды, зықысын шығарды.* Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың. Баста ми, қолда малға талас қылған, Күш сынасқан күндестік *бұзды-ау шырқын* (Абай). Түндік жабулы. Қараңғы үйге таңның көгілдір сәулесі босаға саңылауларынан, *киіз* жыртқытарынан ене бастады. Осы кездегі тәтті ұйқының *шырқын бұзып*, Сапар ақсақал отыр (Ғ. Мұс.). Ылғи кедейміз ғой, *шырыш бұзатын* бір жалқау бар еді. Әрі-бері түзелер деп қарадық та, болмағасын шығарып жібердік (Ғ. М.). Сенің *шырқынды шығарды-ау* (Көкш., Көк.). Сол заманда-ақ надандар *шырыш бұзған*. Жалғанның дәмін бұзып хауіп қылғызған (Абай).

ШЫРҚ ИІРДІ *Берекесін алып, апшысын қуырды.* Білемін, хан Бәйеке, нарлығыңды, Келсе — көң, қайтпас-қайсар тарлығыңды. Баласын алты алаштың *шырқ иіріп*, Ел билеп, жұрт сұраған хандығыңды (Ш. Ж.).

ШЫРМАУ САЛЫНДЫ *Басы байланды, еркінен айырылды.* Бұл кезде аяғыма *шырмау салынды* (Ә. С.).

ШЫРМАУ СӨЗ *Алдаусыратып айтылған тұзақты әңгіме.* Алқына ыстық демі жиі шығып, Сырласқан *шырмау сөзбен* құрды қармақ (ЛЖЖ).

ШЫРТ ЕТЕ ҚАЛДЫ *Ашуланды, табан астында тұлады.* Осы жоқ жерде *шырт ете қалғаны* несі, мінезі құрсын! (АТ).

ШЫРТ ЕТПЕ *Ашушаң, ызақор.* Биге шақырып келгендердің бірін де жуытқаным жоқ. Войыма бітпеген бір *шырт етпе* мінезбен қолымды бір сілтеп қайтарып жатырмын,— дейді Ақмарал (Ә. Сат.).

ШЫРТ ҰЙҚЫ *Қатты ұйқы деген мағынада айтылады.* (Мұндағы «шырт» деген еліктеу сөз болу керек. «Жым-жылас дыбыс жоқ» дегенді қырғызша «шырт еткен шыбыш жоқ» дейді. Қырғыз тіліндегі «шырт» дегенді К. К. Юдахин дыбысқа еліктеп шыққан сөз дейді). Қала *шырт ұйқыда*, ұйқыда болғанда, оянбайтын ұйқыда екен (С. С.). Бұл кезде, үй іші *шырт ұйқыда* жатқанды. Дос шошып оянып, басын үрейлене жұлып алды (Ә. Н.).

ШЫР-ШЫР ЕТТІ *Баж-баж етіп жылады, шарылдап қолды-аяқта тұрмады.* Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала, дәл бір от басып алғандай *шыр-шыр етеді* (М. Ә.).

ШЫРЫШТАЙ БОЛЫП ОТЫРДЫ д и а л. *Топталып жиылып отырды.* Жұрт *шырыштай болып отыр* екен (Жамб., Шу).

ШЫТЫНАЙ ҚАЛДЫ *Ашуланды. Мерхайырдың жұқа беті шытынай қалды. Ол әлденеге денесі түршігіп кеткендей, Мәмбет пен әкесіне кезек қарады (АТ).*

ШЫТЫНА ҚАРАДЫ *Жақтырмай назар салды. Сөйлеуші бар ма? — деп көпке қарап, қадала сұрап еді, онысын Бобров жақтырмай қап, Ивановқа шытына қарады (Ә. Н.).*

ШЫТЫРМАН ОЙ *Бас қатырарлық қым-қуыт ой. Ат екпіні манадан бері басқан қапырық ыстықты, шытырман ойды серпіп тастап, жадырап кетті көңіл (Ғ. Мұс.).*

ШІЛ [-ДІҢ] БОҒЫНДАЙ БЫТЫРАДЫ [**ТОЗДЫ**] *Тоз-тоз боп бет-бетіне кетті. Бағзы уақытта бұл шіркіндер шіл боғындай бытырап еді, бүгін ынтымақты ұмытқан (АТ).*

ШІЛГІР ЫСТЫҚ *Аптап аңызға. Шыңғыстау Сарыарқада самал биік, Шілдеде шілгір ыстық салқын тиіп, Ерте-кеш қоңыр салқын жұмсақ лебі, Жаз болса аймалайды бетің сүйіп (ПТ).*

ШІЛДЕДЕ МҮЗ ҚАТЫРҒАН *Ызғары қатты, қаһарлы адам туралы айтылады. Елді судай сапырған, Белшесінен батырған, Шілдеде мұзды қатырған, Толыны төгіп шайғаған, Берілді тізгін ылаңға (Д. В.).*

ШІЛДЕХАНА КҮЗЕТТІ *Жаңа босанған әйелдің үйінде таң атқанша ойынсауық құрды. Есімі уайым емес деп, Қуандық біз балаға; Атын қойып «Кеңес» деп. Шілдехана күзетіп, Қош айтысып Нұршайға Қалған едік кетісіп (І. Ж.).*

ШІЛТЕННІҢ ШЫЛАУЫ ТИДІ *д і н и. Желп-жебеді; батасы тиді. Бала берсе тезінен, Пірлердің бітсе демінен, Шілтеннің тиіп шылауы Артылып туса өзімнен (Ақтамберді).*

ШІМІРІККЕН ЖОҚ *Бетік тыржитпады, жиіркенбеді; беті бұлк етпеді, ұялмады; сескенген жоқ. Шынтас тіл қатпай, Жанарға сынай қарап, бағып тұр. Жанар шіміріккен жоқ — несі Сәрсен. Шынтасты алғаш көргендей қыздың еңінде үрей мен тақырқау аралас (Т. А.).*

ШІРКЕУ КЕЛТІРДІ *Атына кір келтірді, ұятқа қалдырды. — Құдай риза, біз риза, ұлымның атына шіркеу келтірмей жыл отырды, — деді, — жас жан еді, обалына қалмайын, ерге шықсын (І. Е.).*

ШІРІГЕН ЖҰМЫРТҚА *Қылығына қарай ата-ана, елден кеткен кісіге, теріс бата алған балаға айтылады. Найманның ішінде шіріген жұмыртқа бар, білемін (М. Ә.).*

Ы

ЫҒАЙ МЕН СЫҒАЙ *Өңкей бетке ұстар мықтылар.* Матай қолын бастап келе жатқан өңшең ығай мен сығай, көкжал бөрі дәл жортуыл басы, он бес батырға жалғыз өзі майдан берген (М. Ә.). Осы күннің ығайы мен сығайы жиналған екен (АТ).

ЫҒЫНА КӨШТІ [КӨНДІ] **○** **ЫҒЫНАН ШЫҒА АЛМАДЫ** *Дегенімен, ыңғайымен жүрді, айтқанын істеді, сөзін сөйледі.* Сол жиналыста қалай босаң тартқанымды білмеймін. Жұрттың ығына көше бастапшы, байқасам (ЛЖ). Басқасын былай қойғанда, қайсыбір кедейлердің өздері сол байлардың ығынан шыға алмай жүрген болатын (М. Жақ.).

ЫҒЫН ЕСТІ *Бұл жерде сүйемелдеді, қолтықтан алды, көмектесті деген мағынада.* Сәламет Достан, Сәруар тірі жүрсең, Жылатпа жетімдердің ығын есіп, Сендер де көзін алған көбелектей, Қалдыңдар қайғы суын белден кешіп (О. Шор.).

ЫҒЫР БОЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] **○** **ЫҒЫРЫ ШЫҚТЫ** *Береке-тынышы кетті; ер қашты болды.* Артында ботасы қалған ба еді, екі күннің бірінде Отырарға тартады да тұрады. Әбден ығырымыз шықты... (ЛЖ). Бірақ, әйтеуір, кеше ел шауып ығыр қып отырған Құнанбай өз ықтиярынсыз дуанға шақыртылып кетіп отыр (М. Ә.). Сөкен әлі түйілген қалпында. Бейсеке сөзі — ертеден оның ойын ығыр еткен, күйзелткен сөздер (Ғ. Мұс.).

ЫЗА БАСТЫ [БОЛДЫ, КЕРНЕДІ, ҚЫСТЫ] *Ашуға булықты, күйіп-жанды.* Баладан қорыққанына Жұмабай ұяды да, ыза да болды (М. Ә.). Қыз қолынан шап етіп ол ұстады, Ыза кернеп, ашу буып қыстады, Өне, менің ұлы астанам, — Москва, — деп Молчалин трактатын нұсқады (А. Х.). Жүрегімді аянып пен ыза қысты. Сирағы тігулі шитімнің бетін түзеп, көк жалды қарауылға ала бергенде, ақ қаншық та серігінің жанына келіп жетті де, жалмажан жұмсақ уыз етке бұл да қилікті (Ә. К.). Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығады тілімнен (Абай).

ЫЗА ЕТТІ [ҚЫЛДЫ] *Ашындырды, кижіндірді.* Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс Ыза қылды қолыма бір тигізбей (Абай). Дәркембай бастаған жатақ быыл емес, жылда Әзімбайды ыза қылатын (М. Ә.). Ашуланба қызарып, Арамдыққа жорыма! Өздерің ғой ыза қыл, Кектейсің бе соны да (Д. Ә.).

ЫЗАСЫ КЕЛДІ [ҚАЙНАДЫ] *Ашуы қозды, жыны ұстады.* Оңаша шымылдық ішінде сымбатты да сұлу қызға тіл қатуға шамасы келмей, мысы құрып, еңсесі езілген пасық та ез, адамдық мүсіні болмаса бір ісі де жоқ күйеу жігітке ызаң келсе, күнәсіз қыздың өршіл мінезіне әрі аянышпен, әрі қызыға қарайсың (ЛЖ). Германия фашистерінің жүгенсіздік ісіне өздерінің ызасы қайнайтындығын білдірді (Ақт., Байғ.).

ЫЗАСЫ ӨТТІ *Қорлығы өтті, қылығы жанына тиіп болды.* Бұлар қашып кеткен соң, Бірдей мініп екі атты, Ызасы әбден өткен соң, Жігіт жиып жабдықтап, Ғали мінген атына (І. Ж.).

ЫЗА ШЕКТІ *Қорлық көрді, азап шекті, тақсыретін тартты.* Байлықтан ыза шектім ақырында, Бір түйір нан болмады жақынымда (ҚЕ).

ЫЗА ШЫҚТЫ *Өкініш, қайғы-реніш туды.* Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен, Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығарды тілімнен (Абай).

ЫЗҒАР ШАШТЫ *Қаһар төкті, ашуланып бетінен оты шықты.* Солдат айналдағы тірлікті түгел ұмытқандай, Ызғарын шаша ұмтылды да, жауына түйіле түсті (А. Т.).

ЫЗҒАРЫ ҚАТТЫ [СУЫҚ] *Қаһары күшті.* Айтысқанмен жеңбейсің, Тыңда, төрем сыйыңмен, Таудың басы бадалды, Ызғары қатты хан тақсыр (Ү. К.). Ызғары суық қаңтардай, маңына ешкім келмеген (АЖ).

ЫЗҒЫП ЖАТҚАН *Мыңғырған, өте көп.* Жердің көркі кірмейді, Қара құрт-

тай қаптаған, Иірсең еріп жатпаған, Ызғып жатқан малдан соң (Б. Ө.).

ЫҚЫЛАС САЛДЫ *Көңіл бөлді, көңіл аударды. Ықылас, назарың сал Фәрда тартып, Уақымда көңіл құсы тудың арттып, Ләйлінің Мәжнүні секілденіп, Дос еткен мен ғаріпті нұрын шарпып (Ө. Тәң.).*

ЫҚЫЛАСЫ [ЫНТАСЫ] АУДЫ [ҚҰЛАДЫ, ТҮСТІ] **ЫНТА ҚОЙДЫ** *Жақсы көріп, көңілі ауды, мейірімі түсті.—* Менің саған ықыласым түсті, сондықтан өлтірмедім!... дейді Қарлығайым (ҚЕ). Еламан айдауға кеткелі, қызына айрықша ықыласы құлады. Еламанның орнын құлатпай, баласын бағып, өз алдына үй боп, түтін түтетіп отырғанын мақтаныш көретін (Ө. Н.).

ЫҚЫЛЫҚ АТТЫ 1. *Өмірінің соңғы минутында жатқан кісінің жанталасып ыңқылдауы. Ойбай өлді бауырым, үзілді деп, Кәрібайдың бәрі ұйлықты үстің басып, Ықылық атып, қара қан құсып жатыр, аузын ашып (И. Б.).* 2. *Кеңірдегіне келгенше ішіп, жеп тойды. Сәкен үйіне қонақты өте сирек шақыратын, егер шақырса, ықылық ата тойдырмай шығармайтын (С. М.).*

ЫҚЫЛЫМ [БІР ЫҚЫЛЫМ] ЗАМАН *Есте жоқ ерте дәуір. Кемел ақын келтірер сөздің түрін, Оған да заман өткен бір ықылым (ҚКБС).*

ЫМ-ЖЫМЫ БІР *Әрекеттес, бұқпантай ісі бір. Өген ауылдардың адамдары көре алмайды, өйткені бір жерде бүрісіп бұғып отырған үш-төрт үйлі ым-жымы бір ауыл мен екінші сондай ауылдың арасы талай жер болады (С. С.).*

ЫМ ҚАҚТЫ *Ишара етті, белгі білдірді. Қисайып тыңдап отырған менен именіп, қатын солдатты түрткі қалып, «байқа» дегендей ым қақты (С. С.).* Осыған келгенде Сәтбек қайта жауап қатпастан өз жолдастарына қарап шетке қарай ым қақты (М. Ө.).

ЫМЫРАҒА КЕЛДІ *Пәтуаласты, келісті. Екі жақ боп әрең ымыраға келді-ау әйтеуір (АТ).*

ЫМЫРТ ЖАВЫЛДЫ [ҮЙІРІЛДІ] *Қараңғы түсті, көз байланды. Бер жақтағы осындай жүрістерін аяқтап болған соң ғана, ымырт жабыла бергенде, Абайлардың шанасы Дәмежан қорасының алдына кеп тоқтағанды (М. Ө.).* Ымырт үйіріле бастағанда алқынып Маштай келді (Т. А.).

ЫНДЫНЫ АШЫЛДЫ *Құлқыны құрып ашқарақтанды; араны ашылды. Қарт софы екі інісінің нысапсыздығына шошынады. Құдайменде ырзық несібеге шүкірлік етіп, тәубе қылып отырудың орнына күн санап ындыны ашылып барады (Ө. Н.).*

ЫНДЫНЫ ЖАРЫМАҒАН *Тойып, бүйірі шығып көрмеген. Өзінің ындының жарымаған ба, неге қазан көтермейсің, бір асым етінді неге аяйсың? (АТ).*

ЫНДЫНЫ [ІНДІНІ] КЕПТІ [ҚҰРЫДЫ] *Сусап қалды, қаталады. (Салы суға кетіп, көңілі болмай отыр дегенді қырғызша «ындыны ечту» немесе «ындыны сууду» дейді. «Індің» дегеннің о бастағы мағынасы — көңіл, зауық). Көңілім тоқ емес, ындыным кеуіп қалған тәрізді, сіміре бергім келеді (Ж. С.).* Ауылдың күйлеріне ұйып, ындыны кепкен құм дүлейге сырт етіп жаңбыр сіркіреп өткендей, өткінші ғана рақат сөз егері де болатын (Қ. Шаң.). *Ындыны құрып қалған ба, басыңды көтерсейші,—* деп, Шөкен оны [Қайыржанды] екі иығынан қос қолдап қыздан ажыратып алды (Р. Ө.).

ЫНЖЫҚ ТУДЫ *Болымсыз, батылдығы жоқ, сөзін тіктеп айта алмайтын кісі туралы айтылады. Әкесі көпес, оның үстіне, байдың ынжық туған баласына айтқанын істетіп, бел асып алған Маржан болыс-биліктен айрылған Жаңаберген күйіпті деп сасқалақтай қоя ма? (Ж. Мұз.).*

ЫНТЫҒЫН ҚҰРТТЫ *Құмарын асырды, ғашық болды. Қараөткелде, Ғалия сен емес пе ең, Бұл Арқаның шортаны мен емес пе ем? Құралай көз, сүмбіл шаш, Ғалияжан, Ынтығымды құртқан сен емес пе ең? (Б. Ш. Б.).*

ЫНТЫЗАР ЕТТІ *Сағындырды, ынтықтырды. Бәтестей қызды бірден ынтызар етегер қылық актер бойында тым аз екен (ҚӨ).*

ЫНТЫҚ [ЫНТЫЗАР] БОЛДЫ *Құмартты, көруге зарықты. Артық туған Қобылан нар, Қызыл бастың жұртына, Онша болдың ынтызар (ҚБ).* Аң таппасаң атарға мылтық болса, Алданар ең сүйкелер сылтық болса. Саба орнатқан үйлердің сабасы жоқ, Көңілің аңсап кымызға ынтық болса (Б. Қож.).

ЫНТЫМАҒЫ АРТТЫ [ЖАРАСТЫ] **ЫНТЫМАҚ ҚОСТЫ.** *Сөзі, ісі, тұз-дәмі жарасты; ауыз бірлігі күшейді. Ынтымағы жарасқан осы ұяның абыройына да, мақтанышына да Маржан апай ортақ (ЛЖ).* Үш жүзге бөлініп, өзара жіктесе, жұлқыса жүретін қазақ жұрты осы араға келіп, ынтымағын қосқан тәрізді (Ғ. Мұс.).

ЫНТЫМАҚҚА КЕЛТІРДІ *Ауыз біршілікке көндірді. Қоңиып сондай болып келсе-дағы, Кедейді келтіре алмады ынтымаққа. Әуелі келген беті дұрыс еді, Ақыры ауып кетті байлар жаққа (Ж. М. Б.).*

ЫҢҒАЙЫ КЕЛДІ *Орайы табылды, реті түсті. Ыңғайы келгенде қарақұстан кіндік темірмен салып жіберуге Шауыпкел қолын көтерді де, тату өскен құрбысын қимады (С. М.).*

ЫҢҒАЙЫ КЕЛМЕДІ *Икемі, ебі жоқ, оралымы жоқ.*

ЫҢҒАЙЫНА КӨНДІ [КӨШТІ] *Дегенін істеді, айтқанымен жүрді. Қырқаның астына, ықтасынға түскен қойлар илеген қай-*

ыстай ыңғайына көніп алды (Т. А.). Қарсы жауап катпай Хакім баланың ыңғайына көшті (Х. Е.).

ЫҢ ЖОҚ, ШЫҢ ЖОҚ Дау-дамайсыз, у-шусыз. Бір жағынан кеймін. Басында бізге Кәдірбай емес, Балжан неге туысқан болмады екен? Онда ың да, шың да жоқ, бөлек үй құрап отырар едік. Әкпесі мен інісінің бірге тұрғаны ерсі емес қой (ЛЖ).

ЫҢҒ ЕТПЕДІ Үн шығармады, қабақ шытпады. Көңілді ықыласпенен хаққа қойып, Міну шарт тәуекелдің кемесіне. Кей сабаз тәуекелге бел байласа, Оқ тисе де ыңғ етпес денесіне (А. Қор).

ЫҢҒЫЛ-СЫҢҒЫЛЫ БАР Ауру-сырқаулы. Көптен бері ыңғыл-сыңғылы бар. Шал баласы үйленгеннен кейін кешікпей дүние салды (ҚӘ).

ЫҢҒЫТЫП АЛДЫ Бұл жерде ішіп қойды, сіміріп салды деген мағынада. Көптен бері қойып жүрген арақты закускасыз-ақ біраз ыңғытып алдым (С. М.).

ЫҢЫРШАҒЫ АЙНАЛҒАН КЕДЕЙ к ө н е. Түгі жоқ, тесік өкпе жарлы.

ЫҢЫРШАҒЫ АЙНАЛҒАНША ○ К...ЕН ШЕГІ ҮЗІЛГЕНШЕ Әбден шаршап болдырғанша, титықтағанша.

ЫҢЫРШАҒЫ АЙНАЛЫП КЕТТІ ○ **ЫҢЫРШАҒЫ ШЫҚТЫ** Арықтап, жүдеп кетті.

ЫҢЫРШАҒЫҢ АЙНАЛҒЫР! ○ К...ЕК БОЛҒЫР! карғыс. Жүдеп-жада!

ЫРЖАЛАҢ [ЫРЖАҢ] ҚАҚТЫ ○ **ЫРЖАҢ-ЫРЖАҢ ЕТТІ** Берекесіз, мағынасыз, орынсыз бос ыржақтап күлді.— Ой, осы сенің жоқ жерден ойының келіп тұрады екен. Ойының осылғыр,— деп, ыржалаң қағып тұр (Б. Тіл.). Олардың жоқ ойында малын бақпақ, Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ, Жалғыз атыр терлетіп, ел қыдырып, Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ (Абай). Мана көшеде екі бикеш мені көріп ыржаң-ыржаң етіп еді, е бәсе, осыған күлген екен ғой (ЛЖ).

ЫРҚЫНА ЖІБЕРМЕДІ [ҚОЙМАДЫ, ЖЫҚТЫ] Уысында ұстады, бетімен кетірмеді, дегеніне көндірді. Қаден Төлеубайды ырқына жібермей оқшау шығарып әкетті де, оңаша қыспаққа алып еді, сыр айтқыза алмады (Н. Ғ.). Ол аспазды үнемі үгіттей жүріп, кеше кешке өз ырқына жыққан болатынды (Ж. Т.). Сағатты ырқына қоймай, балуан қолдарымен [Данияр] жауырын тұсынан қапсыра ұстады (Р. Ә.).

ЫРҚЫНА КӨНДІ ○ **ЫРҚЫНАН ШЫҚПАДЫ** ○ **ЫРҚЫНДА [ЫРҚЫМЕН] ЖҮРДІ** Айтқанымен, ыңғайымен жүріп тұратын болды. Виздің әкеміз болса, өз әйелінің ырқына көнген, момын кісі! — деп бір қойды [Әзімбай] (М. Ә.). Мектеп директоры да папамның ырқынан шыға

алмады (Ө. Қ.). *Бірқында жүргенде* машықтың, Қорықтым ба тоқтауға, асықтым. Аңғармай өткенін уақыттың, Аз ғана шаршаппын, тасыппын (Ә. Т.).

ЫРШЫП КЕТТІ [ТҮСТІ] Сезіктеніп, шошып кетті.

ЫРЫҚ БЕРМЕДІ Айтқанына, ыңғайына жүрмеді. Дәрменнің байырғы текірегіне ырық бермей, басы қатты асаудай алып қаша жөнелді (Т. Ә.). Жылқыға түсіп алған соң, Бөсейт Бошай ағаның, Бір көнбеді ырқына (Ш. Қар.).

ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢ ВОЛДЫ Ұрысып келісті, береке-бірлік қашты. Шала жөндеп, жұмыс уақытында ырың-жырың болып жатпайық (Т. Н.). Арамызда бір кикілжің, ырың-жырың болды деп жүз шайысып, бет жыртысып қайтеміз (Б. Т.).

ЫРЫМҒА ЖОҚ ○ **ЫРЫМҒА ЕШТЕҢЕ ЖОҚ [ҚАЛМАДЫ]** ○ **ЫРЫМҒА ҚАЛМАДЫ.** Түк жоқ, түп-түгел жойылды.

ЫРЫС ҚОНДЫ Бақ орнады. Ілгері басқан адамға іркілместен ырыс қонар (ШС).

ЫРЫСЫ БЕС ЕЛІ Бақ-құты, несібесі мол.

ЫРЫСЫ ҚАЙТТЫ [КЕТТІ] Берекебайлығы шайқалды. Ырысы қайтқан жұртының, Көзінің жасын көрмеді (АӘ). Тазаласа қыздары, «Елден ұят болар» деп, Сыпыртпайды әкесі, «Ырыс кетіп қалар» деп (Ш. С.).

ЫСТЫҒЫНА КҮЙІП, СУЫҒЫНА ТӨҢДІ ○ **ЫСТЫҚ-СУЫҒЫНА БІРДЕЙ ТӨЗДІ [КӨНДІ]** Жақсы-жаман күнінде бірге болды; асты-үстіне түсіп бар қуаныш-қайғысына бірге ортақтасты; қиын-қыстау шақпен қуанышты күнді бірдей мойнына алды. Бұл күнге дейін ыстығына күйіп, суығына тоңды, бұл болса жетіліп алып тайып кетпек (АТ). Соғыстың аты соғыс. Ол ешкімді де аямайды. Тек оның ыстық-суығына бірдей төзе білген адам ғана оған төтеп бере алады (СҚ).

ЫСТЫҚ ВОЛДЫ Жақын, іш тартты. Әрине, немере өз туған баласынан ыстық болады деген бар (М. Сүн.).

ЫСТЫҚ ЖАС Сағынышты, өксік жас. Айттым сәлем қалам қас, Саған құрбан мал мен бас. Сағынғаннан сені ойлап, Келер көзден ыстық жас (Абай). Елжіреген, күйінген жүрек менің де барлық жантөнімді билеп алып кетті. Көзіме ыстық жас келді (С. С.).

ЫСТЫҚ ЖҮРЕК Албырт жас, жалынды жүрек. Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, Ойға тойма, қызықты қиялдан күс, Қарашы өз бойыңда түгел ме екен, Ыстық жүрек, оң-шырай, қуат пен күш (Абай).

ЫСТЫҚ КӨРДІ ○ **ЫСТЫҚ КӨРІНДІ [ТАРТТЫ]** Қатты ұнады, көзге оттай басылды, жақын сезілді. Осыған көзім жетіп, көңілім нанып тұрса да, сылдыр бұ-

лақтың жанындағы қоңырауымды ерекше ыстық көремін (ЛЖ). Бәрі де таныс, бәрі де ыстық көрінеді (Р. Т.). Жанайға «Уайдайдың» өзі ыстық көрінді. Әннің әуені ертіп әкетті (Т. Ә.). Қылығында жоқ оғат, Қарап тойман жүз кабат. *Ыстық тартып барасың Бір сағаттан бір сағат* (Абай).

ЫСТЫҚ ҚАНДЫ ЖАН *Қызба кісі туралы айтылады.* Айтматовтың шығармаларының сұлу поэзиясын, романтикалық асқақ серпін қаһармандарын ойшыл әрі нәзік сезімді, *ыстық қанды* жандар етіп бейнелеу арқылы көрсеткен екен театр коллективі (ҚӘ).

ЫСТЫҚ ҚОНЫС *Жүрекке сондайлық жақын.* Қадірлі, қасиетті, көзге көрінсе от боп басылар туған, өскен мекен, ата жұрт. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған құрбы балалармен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір *ыстық қоныс* осы болатын (М. Ә.).

ЫСТЫҚ СЕЗІМ *Бұл жерде сағынған көңіл, іштей толқу айтылып тұр.* Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке беддеріне соншалық бір туысқандық *ыстық сезіммен*, кешіріммен де қарайды (М. Ә.).

ЫСТЫҚ СӨЗ *Тәтті, көңіл жалыны шартпұымен туған сөз.* Ақылыңа сөзің сай, Сіз жалын шоқ, біз бір май, *Ыстық сөзің* кірді ішке, Май тұра ма шыжымай (Абай).

ЫСТЫҚ-СУЫҚТЫ КӨРГЕН *Дүниенің бар қиыншылығын бастан кешкен, ащы-тұщының дәмін татқан.*

ЫСТЫҚ ІШПЕДІ *Жылы-жұмсақ ас татпады.* Екі жұмадай *ыстық ішпеген*, қатып қалған таба нан сексеуіл кеміргендей талшығы болып, ішер сусыны қара су да болмай, қоймен бірге қар асап күндер кешсе де, малды тастамаған адамдарды қалай атау керек,— деді Карпов (М. Ә.).

ЫСЫРАП БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] *Төзіліп-шашылды, бей-берекет рәсуа болды, ұстағанның қолында кетті.* Малды тежеп бақпаса, жайылым *ысырап болып* қалады (АТ). Артық дәулет біткендер, Старшын, болыс болам деп, *Ысырап қылып*, малды төкпеңдер (Ш. Қ.). Бір сом қайыр дін үшін қылмаған бай, *Ысырап қылып* ағызар сайлардан май. Шары шығып, дегені болып кетсе, Сираттан өткендей-ақ көңілі жай (М. Қал.).

ІЗ [ІЗІН] АҢДЫДЫ [БАҚТЫ, КЕСТІ, ШАЛДЫ] **○** ІЗІНЕН ҚАЛМАДЫ *Соңына түсті, жолын тосты, торыды.* Әңгіме осылардың *ізін аңду*, сауда орнынан көзін жою жайындағы тоқтамға тірелді (С. Ад.). Сылаң етіп жолықса қайтқан *ізі*, Сағадан сымпың қағып, *із шалғанда*, Бүркітші тау басында, қағушы ойда, *Іздің бетін түзетіп* андағанда (Абай).

ІЗДЕГЕНГЕ СҰРАҒАН *Бір-біріне сай-ма-сай, лайық.* Өз аулының жас жігіттері де шетінен ат үсті төбелеске мойымайтын, «*Іздегенге сұраған*» дейтін Қожақан сияқтылар еді (М. Ә.).

ІЗЕТ [ІЛТИПАТ] ЕТТІ [КӨРСЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Ибалық жасап, әдеп сақтап, құрмет білдірді.* Қуанып Апрасият бұған өте, Жаздады өз-өзінен ұшып кете. Ол (Сартақ) болса, ордаға алып келіндер,— деді — Қалмастан қарсы барып *ізет ете* (РД). Олардың бәрі жеңгейге бас иіп *ізет*, құрмет көрсеге амандасты (А. Х.).

ІЗ [ІЗІН] ЖАСЫРДЫ [ЖОҒАЛТТЫ] **○** ІЗ-ТҮЗ ҚАЛДЫРМАДЫ *Қылмысты істің, ұрлықтың айғағын таптырмайтын етті.* Тапа-тал түсте *із жасыру* енді — патша ұлығының дәстүрі ме деймін (М. А.). Байлар да мал қызығын біле алмай жүр, Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр, Сабылтып күнде ұрлатып, *із жоғалтып*, Ызаменен ыржиып күле алмай жүр (Абай).

ІЗ ҚАЛДЫ 1. *Соңында жұрагер боларлық тұяқ бар, перзенгі бар.* 2. *Істеген ісінен белгі қалды.* Салыстырсам кем емес, *Ізі қалды* жырының. Аплагон өтті дүниеден, Әлемнің білген ілімін (М. Сұл.).

ІЗ САЛДЫ *Нұсқасын түсірді; шимайлады.* Басында ертегі еді мұның өзі. Осындай қып біреудің айтқан сөзі. Қисса қып, шығаруға лайық көріп, Жүсіпбектің бұл да бір салған *ізі* (ҚЖ).

ІЗ ТАРТТЫ *Сапарға шықты.* Көптен бері *із тартып*, жол жүргелі отырғаным бүгін ғана (АТ).

ІЗ ТАСТАДЫ *Ізін адастырды; ізін адастыру үшін бөлек бағытқа жүрді; ісін ауыстырды.* *Із тастай* орғыта қашып, Жиырма бес шақырымдай жер жүріп, түнде теңізге құладым (Ғ. М.).

ІЗ-ТҮЗІ ЖОҚ *Ұшты-күйлі жоқ болды, зым-зия ғайып болды; дерексіз кетті.*

ІЗІН АЛА [САЛА] БАРДЫ [ЖҮРДІ, КЕЛДІ] **○** ІЗІНЕ ТҮСТІ *Ілесе жүріп отырды; соңына түсті, құды.* Аңдыған кемпір қызының *ізін ала* үйге кірді (АТ). Жасырын қызмет қылған соның бәрі, Іздеген азаматтықты мақсаттары. *Ізіне түсіп* жүріп ұстап алып, Сибирьге жер аударды сонан әрі (Ә. Тәң.). Көлен ілгері озып кеткен көп қалашының *ізіне түсіп*, түйесін тайраңдатып желе жөнелді (Ә. Н.).

ІЗІН ШЫҒАРЫП АЛДЫ *Барымталап алды.* (Көбіне жылқы малы туралы айтылады).

ІЗІ СУЫМАДЫ *Болғанына ұзақ уақыт өтпеді, бір сәт өтпеді, дер кезінде іске кірісті.* Жарас: [Айманға] Жылы *ізін суытпай* осы шудың, Жіберме, етегінен ұста құдың (М. Ә.). Бірақ алдыңғы қонақтың *ізі суымай* тұрып, тағы бір топтың дүрмектеліп келіп қалатыны сияқты, Ләззат бір еңбегін бітіріп, тынығып сергімей жатып, басына жаңа ойлар орала бастады (Т. А.).

ІЗІ СУЫП КЕТТІ *Болған іске ұзақ уақыт өтіп, көмескі тартты.*

ІЗІ ТІКТЕЛДІ диал. *Орны толды.* Егер хауіпсіздендірілсе малдың қандай қаздан болсын өлгенмен, оның *ізі тіктеледі* (Ақт., Байғ.).

ІЛГЕРІ БАСҚАН АЯҒЫ КЕЙІН КЕТТІ *Ісі оңалмады, ісін қырсық шалды.*

ІЛГЕРІ БАСҚАННЫҢ ИТІ ОТТАЙДЫ *Бағы жүріп, дәулеті асқан кісінің барлық ісі сәтті болады, бар дүниесінің оралымы кеп тұрады.*

ІЛҮДЕ БІРЕУ *Некен-саяқ, анда-санда, оқта-текте, мыңда бір.* Біздің ортамызда

жөн сөзге тоқтамайтын *ілуде біреу-ақ шығар*, бәлкі болмас та (ҚӘ).

ІЛІК БОЛДЫ **○** **ІЛІК-ШАТЫС БОЛДЫ** *Құда-жегжат, барып-келісті кісілер болады; ілік-шаттыстығы ат-шапанға жүрді. Қонақасы бермесе, Ат-шапанға ілік боп, Параны көздеп би кетті (Д. Б.).*

ІЛІК ТАҚТЫ *Кінә қойды, айыптады. Оның абыржығанын түсінсе де түсінбеуге тырысты. Ол енді ілік таға сөйледі (Х. Е.).*

ІЛІК ІЗДЕДІ *Ілінісе кетер шатақ іздеді, құды. Ашу әбден қозса керек, ілік іздеп әрқайсысын бір сүзе қарайды (Ғ. Мұс.).*

ІЛІНШІ-САЛЫНДЫ [-САЛЫНЫП ЖҮР] *Жұртқа әзер ілесіп, өзін зорға сүйретіп жүр. Жеңгей, ілініп-салынып жүрген бір-бір-жарым жігітсымақтарыңды бездіріп аларсың, ерегісті қойып, қимылдасаң қайтеді? — деді Шекер Көкімаға (Ә. Ә.).*

ІЛІНІСЕ КЕТТІ *Байланыса кетті, жан-жалдасты, шағасты, ұрсысты. Кетсең кет, сенің орнына жалғыз құрай, — деп, Қарсақ Жайсақовпен ілінісе кетті (Ә. Ә.).*

ІЛІП АЛАР [-ЛЫҚ] **○** **ІСКЕ АСАР** [ЖАРАП, ТАТЫП] *Көзге түсерлік, кәдеге жарарлық. Үй ішінде айтарлық Іліп алар бұйым жоқ. Сілкіп салар төсеніш, Бүтін жаға киім жоқ (С. С.). Ішіндегі іліп алары, іске жарары, көңіл бөлері, көз түсері, тіл үйіреті менің әкем Жетібай (Д. Е.). Үйіміздегі бірден-бір іліп алар, іске татыр мүлкімізден біз солай айрылдық (Б. С.). Өздеріне қарасты екі-үш үйдің іске асар лыпасын жиып алды да, көрші ауылдың астықшыларына ілесіп, Қоңыратқа жүріп кетті (Ә. Н.). Алып жүруге мүмкіндігі жоқ мол ыдысты... Өлтидің Маржама есімді келіні қора ішіне шығарған да, балтамен уатып іске жарағысыз сынығын тастап кеткен (С. М.).*

ІЛІП ӘКЕТТІ *Қағып әкетті; бөгелмей жалғастырып әкетті. Өленді алдымен іліп әкеткен Ақылбай болды (М. Ә.).*

ІЛІП КЕТТІ **○** **ІЛІП ҚАҚТЫ** 1. *Ұрлап кетті, қымқырып алып кетті.* 2. *Сөзбен шалып өтті, қағытты, кекетті.* Тіркеуіштің бюллетеньді беріп жатқандағы бар айтқаны: Галошыңды киіп кет, біреу-міреу іліп кетпесін, — деу ғана болды (Ә. Сат.). Бұл жолы бала жігіт аңдып бақты, Қараны өшкіртірді іліп қақты. Өктем ғып жұлқыуына бой берместен, Сіресіп орынында тастай қатты (Ж. С.).

ІЛІП-ҚАҚПАЙ [БІР ҚАҚПАЙ] **КІСІ** **○** **БІР АТАРЫ** [ЖАТЫП АТАРЫ] **БАР** *Кіші-гірім қу тілді, азырақ ілме әзіл, сөз арасында аяқтан шалып қалар ажуа-қалжыңы бар кісі.*

ІН ҚАЗДЫ *Жаманшылық ой ойлады, арамдық етті. Үндемей жүріп, іргемізден ін қазбақшы екенсің. Жараспайды ғой бұл балам (С. Ад.).*

ІННЕН ШЫҚҚАН СУЫРДАЙ *Ұсқыны кетіп, сүйретіліп тұрған кісіге айтылады. Іннен шыққан суырдай боп, қамалған адамдар бірінен соң бірі погребтен сүйретіліп шыға бастады (С. М.).*

ІНІНЕ СУ ҚҰЙДЫ *Құртты, жойды; құды. Ал енді, жыпылдақтардың індеріне су құйылды. Дос сүйінді, дұшпан күйінді (С. Т.). Әшім кеше барып бар қастықты өз көзімен көріп, Жұматай ініне су құйып келген екен. Жол бойы зығыры қайнап өртене кеткен еді (М. Ә.).*

ІҢКӘР БОЛДЫ [БОЛМАДЫ] *Құмар болды, көруге зарықты, сағынды, екі көзі төрт болды. Жүзіңді жүз көрсем де мейірім қана, Көрмекке көңілім және іңкәр бола, Ойлаған дәйім сізді қиялменен, Болып жүр көкірегім сураhana (М. Б.). Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас, Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас. Кей жаман мал бітті деп өкім болад, Халық та сол жаманға іңкәр болмас (А. Қор.).*

ІҢКӘР ҚЫЛДЫ *Зарықтырды, сағындырды, құмар қылды. Лайық ақылына қылықтарың, Іңкәр қып сол ғой мені құрытқаның. Аулыңда айналсоқтап төрт күн жаттым, Сонда да шеніңе бір жуытпадың (М. Б.).*

ІҢІР ТҮСТІ *Ақшам жамырап, ел орынға отыратын мезгіл болды. Іңір түсіп, қараңғы болып қалғанын Аяш тысқа шыққасын білді (А. Х.).*

ІРБІТ ШАПТЫ *Базарға, жәрмеңкеге барып, дүниені мол етіп әкелген кісіге айтылады. Сен не ірбіт шапқансың ба? Дүние қалмапты ғой? (АТ).*

ІРГЕ АЛДЫРМАДЫ *Шебін бұздырмады, нық тұрды. Қазіргідей түтеп келе жатқан дүлей дауылға ірге алдырмай, шеп құрып тұтасын алып, бір кісідей бірігіп қимылдауға шақырды (Ә. Н.).*

ІРГЕ АУДАРДЫ 1. *Отырған жерінен басқа қонысқа көшті. мекен-тұрағын ауыстырды. Қазір қыстаудан шығып, жақын жерге ірге аударып көшіп қонған Мағаш аулында жаңадан тізілген киіз үйлер өте көп (М. Ә.). Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың. Ата қонысынан іргесін аудардың. Ел-жұртын шұбырттың (М. Ә.).* 2. *Бұл жерде әйелді қонысқа, мекен орынға балап, бұрынғы әйелін — сары жұрт деп, соған қайта оралуды — ірге аудару деп отыр. Саудайы-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып. Бір пәлеге жолықтың шырқау барып, Ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың ба ірге аударып? (Абай).*

ІРГЕ БАҚТЫ *Біреудің үйінің сыртынан қырындады, есігін аңдыды. Күзетіп үйден шықпай күйеу аңдып, Кей уақыт тыста жатты ірге бағып. Тіктірді ақ киізден бітеу төсек, Бір жаққа кете ме деп түнде қаңғып (Б. А.).*

ІРГЕ БАСАР *Күйеу жігіттің ұрын келуінде жеңгелер тарапынан алынатын ырым.*

ІРГЕ БЕРМЕДІ *Бірыққа көнбеді, өз айтқанын, өз дегенін істеді.* Ол артынан сөйлейді, бірақ сөйлесе ірге бермей, өзгерді іле сөйлегіш, мысқылшыл (М. Ә.).

ІРГЕЛІ ЕЛ *Белді ауыл; қабырғалы, береке-бірлікті жұрт.* Өзінің де іргелі ел, жуан ата баласы екенін сездіре, сыздана сөйлейді (М. Ә.). Лайық па, жан ата, *Іргелі елім* тұрғанда, Жат елде өмір кешкенім (Д. Б.).

ІРГЕСІ БЕРІК *Босағасы мықты, белді.* Тұрушы ең қай уақытта орын беріп, Бәріміз қалып едік ата көріп. Бәріміз атаң найман баласымыз, Ежелден халық едік *ірге берік* (Айтыс).

ІРГЕСІ БҰЗЫЛМАСЫН [СӨГІЛМЕСІН] *Ел қоныстан кетіп, бытырамасын.* Киіз туырлықты қазақтың іргесі бұзылмасын деп бай-манаптың жырын жырлап, жыртасын жыртқан батагөйінің бірісіз (Ш. Х.).

ІРГЕСІН АУЛАҚ [БӨЛЕК] САЛДЫ *Жоламады, алыс жүрді; бөлек жайлап, бөлек өрісте жүрді.* Баласы босағандар кәдуілгідей бөлектеніп, *іргесін аулаққа салып*, жүре сөйлеседі (Ғ. М.). Тағы осы жиын ішінде, өздерінің бұл жерде болуымен Абайды таң қалдырған, Жігіттектің екі атқамінері — Бейсембі, Әбділда отыр... Базаралы айдалып кеткелі өзге Тобықтыдан *іргесін аулақ сала* отырған адамдар тәрізді (М. Ә.). Дұрыс айтасыз, хан ием. Күз келері көктемнен мәлім, Көк ордадан *іргеңді бөлек салғаннан-ақ* түбі бір ұлы айқастың болары хақ еді ғой (І. Е.).

ІРГЕСІН АШЫП АЛДЫ *Бөлінді, өзара келісіп бөлектенді.* Сен іргеңді Мөңкеден әлдеқашан ашып алған жоқ емессің бе? (Ә. Н.).

ІРГЕСІН КӨТЕРДІ *Кетірді, құды, көшіріп жіберді.*

ІРГЕСІ СӨГІЛДІ *Қабырғасы қақырады; бірлігі кетті, күйреді, жойылды.* Бүгін болмаса, ертең бұл қара түнек ескіліктің *іргесі* қаусап сөгіліп, бірте-бірте талқандалатыны пьесадаң сезіліп отырады (ЛЖ).

ІРГЕСІ ТИМЕГЕН ЖЕР *Бұрын-соңды болып, қонып көрмеген ел.* Үздік-үздік ескі сурлеумен бұрын *іргесі тимеген жерге*, әсіресе болмаған елге беттеп барады (Ғ. Мұс.).

ІРГЕ ТЕПТІ *Тұрақтап мекендеді, түпкілікті орнықты.* Осы топтың алдында «Түркістан» атты ессіз жонға келіп *ірге* тебе бастаған совхоздың тыңда отырған бірінші бороздасы тартыла жөнелді (М. Ә.). Мектеп ашамыз. Жаңа қонысқа *ірге тебеміз* дегендерің дұрыс, ағайын!... (С. О.).

ІРГЕ ТАСЫН ҚАЛАДЫ **○** ІРГЕСІН ҚАЛАДЫ *Іргесін, негізін тұрғызды, ізін салды.* Соғыс коммунизмі мен жаңа экономикалық саясатты (НЭП) басынан өткізген кулактардың астыртын әрекетіне амалсыздан уақытша көніп келген совет өкіметі ендігі жерде социалистік қоғамның *ірге тасын қалауға* бетпе-бет кірісті (М. Баз.). Комсомол комитетінің секретары бастаған бір топ жас комсомолецтер тағы да бір игілікті істің *іргесін қалады* (ЛЖ).

ІРЕП [ІРЕМЕЙ] СОЙДЫ 1. *Әбден балағаттады, жер-жебіріне жетті.* 2. *Қатты састырды.* Мұндай көпшіліктің ортасына түскен сөзде тоқтау бола ма — бірі *іреп*, бірі *сойды* (І. Ж.). Бишанның бір-ақ өзі қырды, жойды, «Сені ме» дегендерді *іреп сойды*. Ұстап ап Кәрсүйізді Барзу балуан «Тұра тұр, өлтірем» деп байлап қойды (РД).

ІРГЕН АУЫЗДАН ШІРГЕН СӨЗ ШЫҒАДЫ *Мәдениетсіз адамның сөзі де жаман, сөлекет болады деген мағынада.* Сәуле Шалтайға жалт қарады. Естіп отырсыз ба, *ірген ауыздан шіріген сөздің* қалай шығатынын? (Ә. Ә.). *Ірген ауыздан шіріген сөз шығады* деп, осы жаман-ақ қайдағыны тауып айтады (АТ).

ІРІТКІ САЛДЫ *Жұрт арасының шырқын бұзды, берекесін кетірді.* Бай менен бек, қожа, молда, Түнде сумаң қағып жүр. Олар қазып жаңа жолға, Елге *іріткі салып* жүр (Ө. Т.).— Садуақас деген атқамінер қуымыз бар еді, сол кедейлердің арасына *іріткі салуға* кірісті. Жұртты үйіне жинап алып: «Аргельден шығыңдар, тараңдар» деп ақыл беріп жатыр,— деді Жақсыбай жүгіріп келіп (Б. М.).

ІС ЖҮЗІНДЕ *Шын мәнінде, іс үстінде, жұмыстың барысында.* «Жаңарған» қазақ комитеті өзінің кім екенін тезінен-ақ *іс жүзінде* көрсете бастады (С. С.).

ІСКЕ АЛҒЫСЫЗ *Түкке тұрғысыз, жарамсыз.* Міне қызық, бері қара, *Іске алғысыз* ескі ара, Қолынан оның өткені, Құлпырып-жайнап кеткені (Қ. А.).

ІСКЕ АРАЛАСТЫ *Жұмыс, қызмет істеді.* Аурудан айықпай жатып *іске араласып* кетті (АТ).

ІСКЕ АСПАДЫ *Кәдеге жарамады, пайдаға аспады.* Мақаласын әрең жаздырып аламыз, біразы жазбайды, біразының жазғаны *іске аспайды* (С. М.). *Іске аспай* бақ-дәулеттің қалуы оңай, Басыңнан бағы тайған шағыңызда (Б. А.).

ІСКЕ ҚОСТЫ *Жұмыс істетті, жұмысқа қосылды.* Оның не той екенін білесіздер ме? Фабрикамыздың *іске қосылған* тойы, Федор мырза екеуміздің туған күнімізге арналған той болады ол (Ғ. С.). Зерттеу ісіне мамандығы болса да, басқа *іске қосылып* жүрген адамдар бар көрінеді (Ғ. С.).

ІСКЕ МҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ *Бар жұмысқа бастаушы болды.* Бұл *іске мұрын-*

дың болушы да, оны ұйымдастырушы да Жібек (Қ. Жұм.).

ІСКЕ СӘТ! *«Істің сәті болсын, істің орайы келсін!» деген мағынада.*

ІСКЕ ТАРТТЫ д и а л. *Жауапқа тартты.* Жоғарыда істеген қылмыстары үшін оны іске тартты (Қ. орда, Арал).

ІСМЕР АДАМ *Қолының ебі бар шебер адам.* Мәкен өнерлі, ісмер адам, кесте мен оюға әсіресе шебер екен (М. Ә.).

ІС [ІСІ] НАСЫРҒА АЙНАЛДЫ [**НАСЫРҒА ШАПТЫ**] *Жұмыстың ыңғайы жамандыққа қарай бет алып, оның оңғарылуы қиынға айналғанда айтылады.* Міне, Жақыпбектің үміті тұл болып, іс насырға шауып отыр (М. И.). Еламан істің насырға шауып бара жатқанын байқады (Ә. Н.).

ІСТЕГЕН ІСІ ДАЛАҒА КЕТТІ *Бар қызметі зал болды, босқа бейнет етті.* Теңім үлгі алмады, Аузымдағы желімнен, *Істеген ісім кетті далаға,* Қашан өтіп шығам деп. Қайғырамын мен-дағы, Жайықтан арғы далаға (М. Ә.).

ІСТЕМЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ *Әбден көресіні көрсетіп еді, енді осы қалды ма деген мағынада айтылады.*

ІСТЕН ШЫҚТЫ *Бүлінді, кәдеге аспай қалды.* Осы қатердің өтінде жүріп, сонда біздің бар тындырғанымыз — алты жолдың бірін ғана істен шығару болды (Б. Мом.) Майдан атты жанды алып машинаның бұл да бір мүшесі еді, енді істен шыққасын лақтырып тастаған сияқты (Т. А.).

ІСТЕС БОЛДЫ *Қызметтес, кәсіптес болды.* Әуелі бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді (Абай). Бұл екеуі Омардың көптен бері істес болып келе жатқан адамдары еді (Ғ. М.). Қожайын бұл араға анда-санда бір келіп кетеді, түпкілікті істес болатын осы тұрғанның өзі (Ғ. С.).

ІС ТЫНДЫРДЫ *Бір шаруаны бігірді.* Барлауға барып ертемен, Қайта оралсаң есен-сау, *Іс тындырып* келсең сен, Сірә де, достар, тым жақсы-ау (Қ. А.).

ІСТІ БОЛДЫ *Қылмыс жасап айыпталып, жазаға іліккелі жүрген кісі туралы айтылады.* Айрықша алып қаштысы көп ел іші оны сот деп деріптеп, істі болған кісілер Нағыметтің шалғайына оралды (Ә. Н.).

ІСТІ ЖАПТЫ [**ЖЫМ-ЖЫЛАС ЖАПТЫ**] *Қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын етіп қорытынды шығарды.* (Көбіне ұнамсыз мағынада қолданылады). Сол Қозыбағаров Атбасарда әлі тергеуші екен ғой. Кейін білсем, қаны шығып тұрған бай баласы екен. Бәсе Нұрбайдың ісін жым-жылас жауып жібергені тегін емес қой (С. О.).

ІСТІҢ КӨЗІН [ҚЫБЫН] БІЛДІ [**ТАПТЫ**] *Жұмыстың орындалу тетігін, жүйе-жүйесін, орай-ижемін тауып істеді.* Тек істің көзін тауып, жақсы ұйымдастыра білсе, колхоз осы маңның өзнен де мол жемшөпті дайындаған болар еді (ЛЖ).

ІСІ БОЛМАДЫ [**ЖОҚ**] *Көңілі аумады, еш нәрсемен шаруасы болмады, мән бермеді.* Қонақ сол шылым тартқан күйі, ұзақ уақыт әлденені ойлап отыра берді. Оразбек ісі де болған жоқ (Х. Е.). Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда, *Ісі жоқ* теріс пе, оң ба? Тіленіп, телміріп ізденер, тиын ба яки бір сом ба? (Абай).

ІСІ ЖЕМІСТІ БОЛСЫН! *Шаруасы оңға бассын деген мағынада айтылатын тілек.* Мен бұған шын көңіліммен алғыс айтамын! Өркенің өссін, *ісің жемісті болсын* деп бағамды берем,— деді (Б. М.).

ІСІ МАҚҰЛ БОЛДЫ *Жұрт ұнатқан іс туралы айтылады.* *Ісің мақұл болса да,* Бақ қонып, халық жетекшісі? Дәулет болмас тапқан мал, Есебін тауып құрамай (М. Сұл.).

ІСІН БІТІРДІ [**ТЫНДЫРДЫ**] 1. *Шаруаны орындап тастады.* Ойшыл ойлағанша, тентек ісін бітірер (Мақал). 2. *Жоқ етті, құртты.*

ІСІНЕ МЫҒЫМ *Шаруасын тындырымды істейтін адам туралы айтылады.* Иван Гайдай — бригада жетекшісі. Аз сөйлейтін адам. *Ісіне мығым,* маман кенші (ЛЖ).

ІСІНЕН ТҮҢІЛДІ *Істеген әрекетінен көңілі қалды.* Тәрдегі өңшең отырған, топыраш-топас күшіген. Жау айдынбас күшінен, Ел түңілген ісінен (Д. В.).

ІСІҢ ИГІЛІКТІ БОЛСЫН! *Ісің оңынан келсін; олжалы бол!*

ІСІ ӨНДІ *Жұмысы жақсы бітті, шаруасы ілгеріледі.* Егер ісім өңсін десең, ретін тап (Абай).

ІСІ ӨРГЕ ВАСПАДЫ ⊙ **ІСІ ТЕРІСКЕ АЙНАЛДЫ** ⊙ **ІСІ К...ІНЕН КЕРІ КЕТТІ** *Жұмысының сәті болмады, кесір-кедергі көп болды.*

ІСІ ТҮСКЕНДЕ — **МҮСӘПІР, ІСІ БІТКЕНДЕ** — **КІСӘПІР** *Ісі түскенде ғана танып, тауып, басқа уақытта керек етпейді деген мағынада.* *Ісі біткенде* — *кісәпір* болатын мінез менен табыла қоймаса керек, Арман (Ә. Т.).

ІСІ ТҮСТІ *Біреуге жүзін салды, кіріп-тар болды, тәуелді болды, біреумен еріксіз байланысты болды.* Бір күн болмаса, бір күнде *ісім түсе* ме деп, ауылға жалтақ көз болып жүретін кедей-кепшік, аз ата ендігі салмақты қыл мойынмен көтеріп жатыр (М. Ә.). Жықа, аулымыздың арасында ауыл жоқ, жазы-қысы көрші, тату-тәтті ағайын едік. Сізге бір *ісім түсіп* келдім (Ғ. Мұс.). Жүз таныстығың болмаса, сенімен онша сырлас болған, я *ісім түскен* кісі емессің (С. М.). Ханның *ісі*

қараға түседі, батырдың ісі балаға түседі (Мақал).

III АРАЗ БОЛДЫ *Сыртқа шығармай, араздасты; араздығын ішінен тынып сақтады.*

ШЕГІНІҢ ҚЫРЫНДЫСЫНА ДЕЙІН [ШЕЙІН] АҚТАРДЫ [АҚТАРЫП АЙТЫ] ○ ШЕК-ҚАРНЫҢ АҚТАРДЫ [ТҮГЕЛ АҚТАРДЫ] *Көңілдегісін тук қалдыр, май түгел айтты, бар шынын айтты.* Есберген... өз сырларын, бар ауыр бейнет шындарын оңаша үйде ірікпестен айтып отыр. *Ішек қырындысына дейін ақтарып айтқан шығармын деп ойлады (М. Ә.).* Масақбай, *ішегінің қырындысына дейін ақтарғанмен, ел жартымды ештеңе айтпады (С. М.).* Бір шешеден туған ұяласым, қазіргі дұшпаным, Байназар байдың құйыршығы, тап мына тұрған Балтабек. Сөйле, *ақтар ішек-қарныңды (М. Ә.).*

ШЕГІН ҮЗІЛГІР! қарғыс. *Қатты жылаған балаға айтылады.*

ШЕГІ ҮЗІЛГЕН ІШІНЕН ЖАЛҒАСАДЫ *Ашыққан-тарыққан жұрт жалғасын күн көреді, ептеп-септеп күнелтеді деген мағынада айтылады.*

ШЕК-ҚАРНЫ АРАЛАС [АРАЛАС-ТЫ] *Етене жақын қарым-қатынаста боп бару-келуі, алу-беруі, сый-құрметі мол кісілерге айтылады.* Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, *ішек-қарны араласқан* дейтін жақындардың өздері (М. Ә.).

ШЕК-ҚАРНЫНА ШЕЙІН ШАҚТЫ *Ата-баба, үрім-бұтақ, тұқым-туяғына дейін айтты берді.* Жайық бойында екі-үш ара судан бері тұратын Савелийдің баласы Кердері әулетін ата-атаға бөліп, *ішек-қарнына шейін шағып бергенде, отырған жұрт аңырып қалды (З. Жақ.).*

ШЕК-ҚАРНЫҢ УДАЙ ЖАЛАДЫ ○ ШЕК-ҚАРНЫ УДАЙ АШЫДЫ ○ ІШІ АШЫДЫ [УДАЙ АШЫДЫ] *Бір қымбат нәрсесі жоғалып, бүлініп, аяулы кісісі кетіп, қаза боп, не күйттеген шаруасы орнына келместей жағдайға кездесіп қалғанда адам басында болатын күйініш сәті.* Нелер жыландай суық ойлар сумаңдап, бірі кіріп, бірі шығып, *ішек-қарнын удай жалады (З. Ш.).* Өзім қоймада қаншама кітаптар жатқанын көріп, *ішім удай ашыған болатын (ҚӘ).* Невельден айрылып қалғанына *іші удай ашыған* фашистер қайта-қайта тиісіп, тыным бермей тұрған (Ә. Ж.). Сырт көзге көңілді, дүниені парық қылмайтын жан болып көрінгенмен, *ішім удай ашып, мазасыз өрі өкінішті ой жегідей жеп жатқан еді (ЛЖ).*

ШЕК-СІЛЕСІ ҚАТҚАНША КҮЛДІ ○ ІШІН ТАРТТЫ [ТАРТЫП КҮЛДІ] *Өте қатты, тежеусіз, қалтқысыз, көзінен жас ағып, іші-қарны сірескенше күлді.* Қозының басы емесін біліп алды, Мырс етіп *ішін тартып күліп алды.* Тастап кетсем бұл таныш тағы іздер деп, Қуанып жерден басты жұлып алды (ҚКБС).

ШЕКТЕЙ ШҰБАТЫЛҒАН *Өте ұзақ, ұшы-қыры жоқ. Благонравовтың... мына бір ішектей шұбатылған әңгімесі де жанына тие бастады (Ә. Н.).*

III ЖАРАСЫ *Жанды азапқа салар дерт.* Намысұлы: Сен қыз, не сұмдық айтқалы келесің, қайда, әлді ме? Бұл сыртқы жара, сен *іш жарасын* әкеліп тұрсың. Айт, жаныңның барында (М. Ә.).

ШІКЕ БАЙЛАНДЫ *Көңілінде шемен боп сақталды.* Қарсысына шыққан ру басыларды Құнанбай үлкен тартыстың аяғында жеңіп шықса да, сондағы *ішке байлаған* мұз аналардың көбінің есінен кетпеген (М. Ә.).

ШІКЕ [ІШІНЕ] КІРДІ [ЕНДІ] 1. *Тіл тауып жақындасты.* Бірде ашады, бірде аяр Шөгел қай елге келсе де, кіммен сөйлессе де *ішке кіре біледі (Ғ. Мұс.).* Жұп-жұмсақ, бып-биязы *ішке кіріп, Жайтаңдап жан күйдірген көзі қандай (С. Т.).* Мейрімді, ақ жарқын сырлас жолдас тәрізді *ішіне еніп барады (Ғ. Мұс.).* Ол ебін тауып кісінің *ішіне кіріп, ақыры байқаусыз қатырып кетуді де* Копиякиннен үйренді (Т. А.). 2. *Көкейге қонды, ұнады.* Ақылына сөзің сай, Сіз жалын шоқ, біз бір май. Ыстық сөзің *кірді ішке, Май тұра ма шыжымай (Абай).* Мұны жаздым ойланyp, Ойда бардан толғанып, *Кірсе ішіңе оқи бер, Возбалалар қолға алып (Абай).*

ШІКЕН АСЫ БОЙЫНА БАТПАЙДЫ [ТАРАМАЙДЫ] *Көңілі көншімейді, қанағат таппайды.* Өсек айтпаса... *ішкен асы бойына тарамайды (М. Дүй.).* Ол біреумен біреуді қағыстырып, қажастырып отырмаса, *ішкен асы бойына батпайды (М. Ә.).*

ШІКЕН АСЫН ЖЕРГЕ ҚОЯДЫ ○ ШІКЕН АСЫ ТАМАҒЫНАН ӨТПЕЙДІ *Бұл жерде бәйек болды, көңілі алаңдады деген мағынада.* Рас, бала дегенде *ішкен асын жерге қояды,*— деп Таймас қостап қояды (Ғ. Мұс.). Болат — комсомол мүшесі, класс старостасы. Қоғамдық жұмыс десе, *ішкен асын жерге қояды (ЛЖ).*

ШІКЕН-ЖЕГЕНІН МҰРНЫНАН ШЫҒАРДЫ 1. *Асықтырды.* 2. *Жегенін сығып алды.*

ШІКЕН-ЖЕГЕНІҢ БОЙЫҢА ҚҰТ БОЛСЫН! а л ғ ы с. *Алғаның ас болсын деген мағынада.*

ШІКЕНІ АЛДЫНДА, ІШПЕГЕНІ АРТЫНДА *Не ішіп, не жеймін демеяді, тұрмысы жақсы, шаруасы күйлі — бәрі сай.* Гүлжан мол дүниеге кенелді де қалды, Өзі би, өзі қожа, *Ішкені алдында, ішпегені артында, қолын қағып жатқан адам жоқ (ЛЖ).*

ШІКЕНІ ІРІҢ [ЗӘР], ЖЕГЕНІ ЖЕЛІМ ○ ШІКЕНІ ЗӘР, ЖЕГЕНІ ЖЕЛІМ ЕТТІ *Қақ-соқтыға салып, күн көрсетпеді, көзге тұртпек қылды.* Бұл кездегі менің көрген күнім құрсын. *Ішкенің ірің, жегенің же-*

лім дегендей еш нәрсені тіс жарып айта алмайтын құса боласың да жүресің (Ө. Сат.).

ІШКЕ [ШІНЕ] ТҮЙДІ *Ойына тоқыды, бір пікірге келді; іште сақтады.* Абай Әбіштен Дәрмен сырын білген де, *ішіне түйген* тәрізді (М. Ә.). Дегенін жайы осылай күйдің тілі, Мөрген қыз ширатып көп *ішке түйді*. Келгенде осы араға бекіне алмай, Саба қыз құтылғандай-ақ сылқ-сылқ күлді (І. Ж.). Ауылға қайырып көп қойды, *Ішіне түйіп* бір сырды (Қ. Мұқ.).

ІШКІ ДҮНИЕСІ ӨЗГЕРДІ 1. *Мінез-құлқы, сыры өзгерді. 2. Ой әлемі, мәдени танымы өзгерді.* Көркем әдебиет жағдайының өзгеруімен өзгеріп отырса, сол көркем әдебиетті туғызушы ақын-жазушының *ішкі дүниесі де өзгермек* (С. М.).

ІШКІ ЕСЕП **○** **ІШ ҚАЛТА [ҚАЛТАСЫ БАР]** *Өз көңіліндегі сыр, ешкімге жарил елпеген сыр, шама.* Осындай *ішкі есептермен* Шұбар қонақ еткен (М. Ә.). Білу оңай ма? Ең аңқау пенденің көңілінде кемі бір *іш қалта бар*. Қарт дүниенің есепсіз көп қоймасы бар. Соларды шарқ ұрып іздейді (Ғ. Мұс.).

ІШКІЛІККЕ САЛЫНДЫ *Арақ-шарап ішкіш болды.*

ІШКІ ӨЗЕГІ ВОРДАЙ ҮГІЛІП, ҚАНТАЙ ЕРІДІ *Егілді, уайым жеді, іші елжіреді.* «Атың кім?» деп сұрадым. «Аман-дүй Болатбаев» дегенде менің *ішкі өзегім бордай үгіліп, қантай еріп жүре берді* деді Болатбек (Ж. Ж.).

ІШКІ САРАЙ 1. *Адамның ішек-қарын, іш мүшелері.* Адамның *ішкі сарайын* бұлшық ет пен тері қоршап тұрады (Е. О.). **2.** *Көңіл-күй, жағдай, сыр.* Ауылдың бір шетінде тұратын үйіне дейін Ольганы шығарып салдым. Жол бойы Ольганың *ішкі сарайына* барлау жасаған болдым (Ж. Ж.). Мүсілім... тағы да қайта-қайта өзінің *ішкі сарайының* тізімін... алды (З. Ш.).

ІШКІ САРАЙЫ АШЫҚ [ТҮЗУ] *Көңілінде қаяу жоқ, ешкімге арамдық ойламайды, ақжарқын.* Қайда барса да ақ жарқын, адал көңіл. *Ішкі сарайы ашық, пейілі таза* жаңдар (Т. А.). Осының аңсайтын кезінің өзі-ақ жарасып тұратын еді елге. *Ішкі сарайы әлі түзу* екен, сірә... (Ғ. М.).

ІШ [ШІ] ҚАЗАНДАЙ [ҚЫЗ-ҚЫЗ] ҚАЙНАДЫ [ҚАЙНАЙДЫ] *Ыза көрнеп, ашу қысты, кіжінді деген мағынада.*

ІШ ҚАЙНАЙДЫ *Құмары артты, Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.* Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі, Сықылды қолмен тізген *іш қайнайды* (Абай).

ІШ ҚҰСА [ҚҰСТА] **БОЛДЫ** *Уайыммен, сағынышпен сарғайып, қасірет шекті.* Бейшара Жәми әке-шешесінің сөзінен шыға алмай, *іш құса боп, ит қорлықпен*

күн өткізуде (С. О.). Дәл бір өз әйелім бетенге тиіп кеткендей, ыза көрнеп *іш құса болып*, тұнжырап келе жаттым (Ж. Ж.).

ІШ МЕРЕЗ ПАСЫҚ, КӨҢІЛІ ҚАРА, ҚҰЛҚЫ АРАМ, АДАМҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ОЙЛАМАЙТЫН КҮНШІЛ (АДАМ). Шырынқұлдың қырын қараған теріс мінезін көрген жоқ. Қанша *іш мерез* зұлым болса да, бірде болмаса, бірде арам ойын сездірмеуі тіпті мүмкін емес (С. О.). Жақынмы да жаным сүймес, Жақтырмаймын қылығын. О да *іш мерез* маған емес, Бірақ сезем бұзығын (Ө. Т.).

ІШ МЕРЕЗДЕНДІ *Арамдық қылды, ашылып сыр шашпады.* Тоқсанбайдың *іш мерезденіп*, жер-су өзгерісте қарсы құпия өсек таратқаны айқындалды (Ж. А.). *Іш мерездене* ағайындар келді (Қ. Әб.).

ІШ МЫЛТЫҚПЕН АТТЫ *Жақтырмай, көзімен ішіп-жеп қарады.* Алдыңа құм салған түкіргішін қойып жатқан қосағы шыдай алмады. Жөн сұрады. Шалдың қысыр сөзі қалмайтын әдеті, әуелі кемпірін *іш мылтықпен ата* қараған (ҚӘ).

ІШПЕЙ-ЖЕМЕЙ БАЙ [МӨЗ] БОЛДЫ [ТОЙДЫ] *Қарадай, жайдан-жай жүріп болып-толды.* Бай болады кейбіреу *ішпей-жемей*, Варар едім бағыңа болсам кедей. Ел ішінде орынсыз жарлы болып, Неге болдың осынша малдан өгей (Айтыс).

ІШПЕЙ-ЖЕМЕЙ КӨҢІЛІ ТОЛДЫ [РИЗА БОЛДЫ] *Қарадай отырып, көңілі көнші тұшынды.* Өзіңдей Ақбаланы қарашы! Жүріс-тұрысына *ішпей-жемей ырза боласың*, деп Ақбаланы бұның бетіне салық қып баса беретін (Ө. Н.).

ІШПЕСЕҢ ІШІНДЕ КЕТСІН [ШҮСІЗ ҚАЛ] **○ ІШПЕСЕҢ АТАУЫҢДЫ [АТАУ КЕРЕНДІ]** **ІШ ҚАРҒЫС.** *Көбіне тамаққа өкпелеген балаға кейіп айтатын сөз.* («Атау», «атау кер» өлім алдындағы кісіге ақырғы демі бітіп бара жатқанда беретін ақтық дәм).

ІШ ПІКІРІН БІЛДІРДІ *Көңілін, ойын, көңілге түйгенін сездірді, аңғартты.* Кей-қауыс Сұһраптың сөзіп сырын, Қамданып қалайын деп онан бұрын. Суданды Маруменен шақырып ап, *Білдіріп* бастан-аяқ *іш пікірін* (Т. І.).

ІШСЕ [ІШП] ТАМАҚҚА, КІСЕ [КІИП] КІИМГЕ ЖАРЫМАДЫ *Тұрмысы оңалмады, тапқаны тамағына жетпеді.* Ел кедейлерінің көрген күні анау. Өмірі *ішсе тамаққа, кісе киімге жарымай*, байдың борышына, атқа мінердің жеміне жеткізе алмай таусылып жүргені (І. Ж.).

ІШСЕ ІШІНЕ, ЖЕСЕ ЖАЙЫНА *Дені сап-сау, аяқты аяғымен, табақты табағымен.*

ІШ ТАРЛЫҚ ЖАСАДЫ [КӨРСЕТТІ, ҚЫЛДЫ] *Қызғанды, қолындағысын біреуге беруге қимады.* Қораптан қолтықтап әкелетін шөпті ешкім елемейтін, ол үшін ферма меңгерушісі *іш тарлық жасамайтын*, жаман атты болғысы келмейтін

(Ж. Мұз.). Мына келіншектің бақытына кейбір құрбылары *іш тарлық көрсетегін* (ЛЖ).

III ТАРТТЫ *Жақын тұтты, бүйрегі бұрды, жақтады, қолдады.* Әжібай құдасымен кешке таман, Отыр ед көңілдегі бітіп алаң: «Білмеймін бізден сізді *іш тарта* ма, Деді — үйге тұқ қалдырар емес балаң» (С. Т.). Әлгіндей сөздерінен кейін Мақпал титтайынан бірге өскен жандай құрбысын қатты аяп кетті, жас жүрегі *іш тарта* елжіреп қоя берді (Ө. Қан.). Балығы көп жерге запрет сап, қызғыштай қорып жүретін қатал қорықшысы, бұл күнде ол мүлде өзгерген, бұрынғыдай қазақ жігіттеріне *іш тартқансып* жымыңдап, сыртымен алдап тұрмайды (Ө. Н.).

III ТАСТАДЫ *Төлдің мезгілсіз өлі тууы туралы айтылады.* Былтыр жылқымыздың қорасы болмай, биеміздің көбі *іш тастап* кеткен жоқ па? Енді биыл «Талалтың көргенін аудан да көрмейді» — деді Абдрахман (І. Ж.). Егер қой арық, күйсіз болса, егіз түгіл сыңар өзін көтеріп жүре алмай *іш тастайды* (ҚӘ).

III ТЕЙ ҚАТЫП ҚАЛДЫ *Өзін-өзі іштен тас түйін етіп бекіді.* Ақбала ұстамды болатын. Бұрын қандай жағдайда да оның құдай берген төкаппар, ақ жүзі жұрт алдында шімірікпей, қара қасын керіп тастап, байсалды бір қалпынан жазбаушы еді, осы жолы да ол өзін-өзі ұстағысы кеп *іштей қатып қалды* (Ө. Н.).

III ТЕЙ [III ТЕН] ІРІТТИ *Арасына кіріп алып бүлдірді.* Ол бой тасалы жүрсе де, колхозды *іштей ірітуде* (А. Х.).

III ТЕ ҚАЛДЫ *Анасының құрсағында жатқанда әкесінен қалған, айрылған бала туралы айтылады.* Кешегі ел ауғанда, Ел табаны тайғанда, *Іште қалған* жетімді, Мен қызыңа ұсаймын (АБ). Кетерде солдат жарының, *Ішінде қалған* ана жыл. Көкемді айтпай танырмын, Дег бір сәби бала тұр (С. Мәу.).

III ТЕН ҚАРА [ҚЫҢЫР] ТУҒАН *Мінезі шәлкес, өз дегені болмаса, ешкімнің айтқанына көнбес.* Сабындаса ағармас *Іштен туған қарамын* (ҚБ). Қараша торғай қаз болмас, Шағала келмей жаз болмас. Шаңқан болмай боз болмас, *Іштен қыңыр туғанды*, Тезге салсаң түзелмес (Б. Қ.).

III ТЕН [III ТЕЙ] ТЫНДЫ [ТАУСЫЛДЫ] *Қайғысын ешкімге білдірмеді; өзімен-өзі болып, сыр жармай қайғырды, күйінді.* Өттік талай дар түбінен, Жыламай-ақ *іштен тынып*, Талай құрбан қабірінен, Аруағына тағзым қылып (Қ. Шаң.). Ит жеген *ішінен таусылар* (Мақал). Шарасыз ауыр халге амал таппасын анық білді де, *ішінен тынып* шегіп қалды (Ө. Н.). Мысқыл аралас сөздерді түйдек-түйдегімен естігенде менің тұла бойым шымырлап, қаным қайнады, бірақ *іштей тынып* отыра беремін (Ж. С.).

III ТЕН ШАЛДЫ *Жасырын, іште жүріп қастық әрекет етті. Іштен шалудың* орайын ойлап еді, одан іс шықпаған соң, ашық жаулыққа барды (Ш. Х.).

III ТЕН ШЫҚҚАН ШҰБАР ЖЫЛАН *Қанша дегенмен, «жаман» дегенмен өз қарнынан шыққан, өзінен туған перзент деген мағынада.* ...Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім, Тентек ел талқысына тастап кеттім, Болсам да *шұбар жылан іштен шыққан*, Қарғамас, сілемес деп сеніп кеттім (М. Ө.).

III ТІ ЖАЛАДЫ *Бұл жерде өзегін өртеді, ішін күйдіріп барады деген мағынада.* Қараған сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш бұлдырланып, *ішті жалап* бара жатқан сияқты болды (В. М.).

III ТІ [ЖЕГІДЕЙ] ЖЕДІ [ЖЕМІРДІ] *Мазаны алды, қабырғаны қайыстырды, күйзелтті.* Күн ұзын кезіп, қамқор сөзін тыңдатар жан таппады. Бүгін емес, көптен бері *іштегі жегідей кеміріп* жүрген бар жараның өзіне барып соқты (М. Ө.). Түсін енді түйсініп отыр. «Арман» дегені Бөжейдің өз *ішін жеп* болған (М. Ө.).

III ЦАЙ ДЕМЕДІ ○ III ЦАЙ ДЕП КӨРМЕДІ ○ III ЦАЙ ДЕСКЕН ЕМЕС *Ешқашан бір-бірімен түс шайысып, ренжісіп, сөзге келісіп көрген емес.* Бұрын *ішцай деп* көрмеген екеуі соңынан желігі басылып, қандары суыған соң, бір-бірінен сұрады (ЛЖ). Осыныша жасқа келгелі біріне бірі *ішцай дескен емес* (АТ).

III АЛАЙ-ТҮЛЕЙ [БОЛДЫ] *Көңілі қобалжыды; көңілі толқып алабұртты.* Сырты сау, бірақ *іші алай-түлей* ме деймін... — деді Шәке (М. Ө.).

III АЛАУ-ЖАЛАУ [ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ] БОЛДЫ *Қызғанды, іштарлық жасады, іші күйді. Іші алау-жалау болып қызықса да, сыртына шығарғысы келмей отырған* Рызановқа Ушаков ызаланып кетті (Ғ. М.).

III — АЛТЫН, СЫРТЫ — КҮМІС
1. *Терең мағыналы, мазмұнды әңгіме, сөз, өлең.* Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, Сонда да солардың бар таңдамасы, *Іші — алтын, сырты — күміс* сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы (Абай)
2. *Мінезі жақсы, ақылды адам.*

III АРАМ *Пиғылы жаман, көңілі қара.* Ал сенейін, сенейін, Айтқаныңа көнейін. Шалма ораған сопының, *Ішін арам* демейін (Абай).

III АУЫРДЫ *Өкінді, іші ашыды.* Ол атты алған соң *ішім ауырып* қалды (АТ).

III [УДАЙ] АШЫДЫ ○ К...І [УДАЙ] АШЫДЫ *Қатты күйінді.* Сөзге бірге, ақыл үйлес, мінез тату, Тұрады сені көріп көңіл тасып. Махаббат бізде болмай, жатта болса. Аһ ұрам у ішкендей *ішім ашып* (Ө. Төк.). *Ішің ашыса* тұз жала (АТ).

III-БАУЫРЫ [III] ЕЛЖІРЕДІ [УЫЛЖЫДЫ] ○ III ЕГІЛДІ *Жаны ери*

жақсы көрді; мейірі түсе жақсы көрді. «Есен-сау бол, жаным!» деп ұстасып қол, Дегенде: «Берсін алла амандық жол»... *Елжіреп іші-бауырым,* есім шығып, Сол кезде дей беріпші: «Хош бол, хош бол!» (С. С.). *Іші елжіреп* көзіне жас келді (Б. М.). Көбік қарды толарсағынан кешіп бара жатқан даладағы бұл жалғыз қараға Шолпанның *іші елжіреп* кетті (Ғ. Мұс.). Толтырған қанды жасқа екі көзін, Аядым *ішім еріп* оның өзін (С. Т.). Ақыл айтсаң біреуге *ішің еріп*, егіліп, Ұялмас, ақы тілеуге, Бермесен қалар түңіліп (Абай).

ІІІ-БАУЫРЫ ҚАТТЫ Әлі бітті; дәрмені құрып, сілейді. Іші-бауыры қатып, әбден әлі бітіп, қалжыраған соң бүк түсіп қана жатыр еді (С. Д.).

ІІІ-БАУЫРЫНА КІРДІ Жылы сөзі, жақсы мінезімен баурап алды, өзіне жақын тартты, жылы сөйлеп өзіне қаратты. Қара қатын жаны ашығансып, жымыңдап *іші-бауырына кіріп* отырып, қайда кісі жаны түршіккендей жаманшылықты шақыра келді (Ә. Н.).

ІІІ-БАУЫРЫ ӨРГЕНДІ **ІІІ ЖАНДЫ [ОТТАЙ ЖАНДЫ, КҮЙДІ] Қатты қапаланды, қайғыдан өргенді.** Нәредниктің мына ызасы, мына қорлығы удай болып, *іші-бауырымды өртеп*, күйдіріп кетті (С. С.). Шыққан күнмен жаңғырып, Жер көгеріп күш алар. Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырар, *іш жанар* (Абай). Ғашықтық жаман өрт екен, *Жандырды* менің *ішімді*, Көрсетер ме екен құдайым, Сүйікті сіздей кісімді (М. Б.).

ІІІ БҰРДЫ Біреуді жақтады; біреуге жан ашырлық жасады, біреуге бүйрегі тартты. Сотқа байланысты сөзіңді айт, — деп айғайлап қалды, жобасы Мауытбаеуқа *іші бұрып* отырған біреу залдың кейінгі жағынан (С. М.).

ІІІ БҮЛК ЕТТІ **К...І БҮЛК ЕТТІ [ҚЫЛПЫЛДАДЫ] Бірдемеден сезіктенген кісі туралы айтылады.**

ІІІ БІЛДІ [СЕЗДІ] Өзі ғана түсінді, көңілі сезді, шамалады. Хакім, сен, қарағым, пәленше қайда, қай жерде жүр, не істеп жүр деп сұрама. Мұндай жұмысты адамның *іші* ғана *біліп* қойғаны жақсы (Х. Е.). Көрсетпеді адамға, Пердесін ашып беттерін, Өзімбай *іші біліп* жүр, Назымның жасы жеткенін (ҚамБ). Ұзамай болатының *ішім сезді* (С. Т.). Өзімхан да Гүлкеңге ұнайтын. Ұнайтынын Өзімханның да *іші сезетін* (С. С.).

ІІІ ЖАРАУ, ЖОНЫ ҚЫРАУ Қоңы жоғары, күйлі, семіз. Екі шопанды тыңдай жүріп Жарасов үнемі ақырын қозғалып, қойды аралап еді. Бұл буаз қойлар емес, тоқты екен, *іштері жарау, жондары қырау* (М. Ә.).

ІІІ ЖАРЫЛА ЖАЗДАДЫ *Бұл жерде қатты қызғанды деген мағынада айтылып тұр.* Өзге аға сұлтаңдар қызғанғаннан *іштері жарыла жаздаған* (І. Е.).

ІІІ ЖАРЫЛЫП БАРАДЫ *Іші пысып, қатты жалығу туралы айтылады.* Кеше ғана қаладан, у-шу балалар арасынан келген Ғанидың *іші жарылып барады* (Ж. А.).

ІІІ ЖАУ БОЛДЫ Жасырын қысастық ойлады. Алашқа *іші жау боп*, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе, өкірмек. Бір-екі жолы болған кісі көрсе, Құдай сүйіп жаратқан осы демек (Абай).

ІІІ ЖЫЛЫДЫ [ЖІВІДІ] Жақсылыққа көңілі құлады, мейірленді. Ішім жылып сала берді. Шынымды айтсам, адамдардың бір-біріне қамқорлығын тұңғыш сезінген жерім осы ара (ЛЖ). Жан деп білем, *іші жылып*, Өзерттеген санатын, Алып келіп, мойында іліп, Лағынеттік қамытын (В. М.).

ІІІ ИТ ЖАЛАҒАНДАЙ БОЛДЫ **ІІІ ҰЛЫДЫ Қарны ашып, өзегі талды.** Боранмен алысып жан ұшырып жүріп, уақыттың қалай өткенін сезбей де қалды. Жел тынды, тіршілік саябырланды. Қарны ашып, *іші ит жалағандай* бола бастағанын сезе бастады (ЛЖ). Ас ішемін деп шығып асханаға бара алмай қалғандықтан ба, әйтеуір жігіттің *іші ұлып* отырған (Т. Н.).

ІІІ ИТ ЖЫРТҚАНДАЙ **ІІІ ИТ ТЫРНАҒАНДАЙ ҚИНАЛДЫ** *Іші әлем-жәлем, удай ашыды.* Еламан бұл жолы да қас қылғандай тіл қатпай сазарып алды; осы отырғанда *іші ит жыртқандай*, мына жас жігіт пен Ақбаланың қыз кезінен бері үзіле алмай келе жатқан көңіл жақындығын біледі (Ә. Н.). Жұмабек ертеңгісін тұрып, өзінің кешегісін ойлағанда, *ішін ит тырнағандай* қиналып, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайды (Т. А.).

ІІІ КЕБЕДІ Біреуге тіл қатпаса аузы қисаяды, сөйлемей, бірдеңе істемей отыра алмайды, ішіне сыймайды. Есенғай әуелі сөзге сарай, онан соң айтпаса, неғылса біреуді біреуге соқтықтыра, өшіктіре, қиян-кескі қиталастыра сөйлемесе *іші кебетіндей* болатын (М. Ә.).

ІІІ ҚАЛАМАДЫ Жақтырмады, ұнатпады. Бұрынғы жағдайда балықшылар бұған қуанар еді: ал бүгін мұз қатқанын Еламанның *іші қаламады*; орыс байы әй-шәйге қаратпай ашық теңізге айдап шыға ма, қайтеді деген күдікпен көңілі күпті (Ә. Н.).

ІІІ ҚАТУ Ашулы, өкпелі, ренішті. Сырты тату, *іші қату*, Харып жасап, нүкте жоқ. Алдағыш болсаң ас даяр, Алдаған кісі қасқаяр (І. Ж.).

ІІІ ҚИМАДЫ [ҚИМАЙ ТҰР] Қолынан шығарғысы келмеді; аяды; айрылыса алмады. Аузы айтса да батырдың *іші қимай* тұр еді. Қобыланды сонда сөйледі (ҚБ).

ІІІ ҚОРЫҚТЫ Тайсалды, сескенді, сезіктенді. Қарағым, Күнікейжан, ақылың артық. Жүруші ем қу қалмақтан *ішім*

қорқып. Ер Дайын өзін айтқан іздеп келді, Біле бер ендігісін ақыл тоқып (Д. В.).

III ҚҰРЫЛМАЙТЫН, ПЫШАҒЫ СУРЫЛМАЙТЫН Бұл жерде аш-жалаңаш елді, жалаңқай шүйгін оты жоқ жерді айтып тұр. Баланың іші құрылмайтын, жігіттің пышағы сурылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын жер екен (IIIС).

III ҚЫЖ-ҚЫЖ ҚАЙНАДЫ *Ішін күйдіре құмартқызды.* Торшолақ бала жақындап, құшақтайын деп еді, келіншек бетін бұрып, сырт айналып кетті. Келіншектің бұл қылығы онсыз да ынтық боп жүрген жігіттің ішін қыж-қыж қайнатты (Ә. Н.).

III МАЙЛЫ **○ К...I МАЙЛЫ** *Тұрмысы жақсы, күйлі.* Шөкенді бүгін шауып алса да, түгі кетпейді. Ол былтырдан бері сатынып, тағынып болған. *Іші майлы...* дейді Жылқыбай (Ғ. Мұс.). Сыртын сайлы болғанша, *Ішің майлы* болсын (Мақал).

III МҰЗДАДЫ *Қатты шошыды, ұнатпай қалды, тігіркенді, ренжіді, өкпеледі.* Ауы жаман қатын анасына тіл тигізіп, ренжітіп тастады ма деп қорқады. Осы қазір де ол әйелінің қабағынан айыға қоймаған ашу ізін көріп, *іші мұздап* қоя берді (Ә. Н.). Әуелгі бір әңгімені Шұбар айтты. Соңғы алты-жеті жыл ғана бойында оның *ішін* Абайға қатты мұздатқан істер бар екен. Соны айтады (М. Ә.).

III МЫҚТЫ *Өз есебі өзінде, арамдығы күшті.* Жайма-шуақ сұм шалдың *іші мықты*, Алғашқы ішкен Әзімге тез-ақ шықты. Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп, Жәдігөй стаканға дәру тықты (Абай).

IIIН АҚТАРДЫ [АШТЫ] *Бар сырын айтты, көңілдегі арман-мұңын жайып салды, мұңын шақты.* Шын жолдасын сыпайы сырттан мақтар, Әуелі шын жолдасын *ішін ақтар*, Көзің жоқта сыртыңнан көмек болып, Біреуге жамандарға ұят сақтар (А. Қор.). Шешейден өзгеге *ішін ақтармаған*. Бүгін де нешеу кірді қатпарлы адам. Жореке... Сыртқы дабыл бөгет болып, Әзірге құпиялар басталмаған (Ә. С.).

IIIН АЛДЫРМАДЫ *Ойын сездірмеді, сыр бермеді.* Жас Рошаль бір мырс етті де, *ішін алдырмай* отырып қалды (Ә. Н.).

IIIНДЕ ИТ [МЫСЫҚ] ӨЛІП ЖАТЫР *Еш сырын шашпады, оның пікірі ішінде, ойында не барын ешкім білмейді. Ішінде ит өліп жатса да Қасен бұл жігітке келгендегі алғашқы маскасын бұзбастан:—Жарайды, енді бұйрығы болар,— деп шығып кетті (М. Ә.).*

IIIНЕ [ШКЕ] БҮКТІ [САҚТАДЫ, ЖИДЫ] **○ IIIНЕН ШЫҒАРМАДЫ** *Сыр сақтады, тіс жармады.* Үндемей бүкір жерді арғы шеттен, От жалындай сол байға көзін тіккен. Жай отындай жарқылдап, қарауы өзге, Бізасы қозғалған ба *ішке бүккен?* (Абай). Бірақ аз күлетін мінезге ауыр, сырға тұйық, сөзге сараң Айжан махаббатын да *ішке бүкті* (З. Қ.).

Ішіне сақтап құлығын, Жақындап барып барлады (Абай). *Ішіне жиды* өкпені (Д. В.).

IIIНЕ ЕЛ ҚОНДЫ *Ас ішіп жүрек жалғады, тамақтанды; тамақ ішіп, жылаңның басы қайтты.* Жолы болған Сапар *ішіне ел қондырып* алған соң үйден шығып, досы Сетендіге қарай бет алды (М. И.). Бұған дейін біраз қаужалап, *ішімізге ел қондырып* алудан ба, әлде қорқыныштан ба, енді қайтып жерге отырған да жоқпыз, ас та татқан жоқпыз (С. М.).

IIIНЕ КІРСЕ ШЫҚҚЫСЫЗ *Сән-салтанатты, құлпырып жайнап тұр, өте әдемі, көркем.* *Ішіне кірсең шыққысыз:* оң жақта болскей керует, масаты кілем, ақ сәмаурын, ала сандық, шай көрпе, құс жастық, тігін машина, қос ауыз мылтық, радиоқабылдағыш, будильник сағаты (М. Е.).

IIIНЕ КІРІП-ШЫҚТЫ *Көңілдегі бар сырын, ойын білді.* Бәйтек Сабанбаевқа,— Мен қай жерлесімнің *ішіне кіріп-шығып-пын*, қайдан білейін,— деді (М. И.).

IIIНЕ ҚОНБАДЫ *Миына кірмеді, ұқпады, еш қызыққа зауқы соқпады, көңілі қаламады.* Ол тілге едік оңтайлы, Қаріпсіз біліп сондайды. Біліп-ақ ұғып қоюшы ек, Енді *ішіме қонбайды* (Абай).

IIIНЕ ҚЫЛ [ШЫНАШАҚ] АЙНАЛМАЙДЫ *Өте іші тар, қызғаншақ, көре алмас кісіге айтылады. Ішіне қыл айналмайтын* аяр адамнан не жақсылық күтуге болады (АТ). *Ішіне шынашақ айналмас* шырғт етпенің өзі (АТ).

IIIНЕН ЖАЙЛАДЫ *Бауырына кіріп алып, зұлымдық жасады, сездірмей аяқтан шалып, қастандық жасады.* Құтыра тұрыңдар бөлем, *ішіңнен жайлармын*, астыңнан қырыққанымды көрерсің (М. Ә.).

IIIНЕН КҮЛДІ *Сыртқа білдірмей ажуалады, мысқылдады, келекеледі, мазақтанды.* Әлімхан қара шұбар, қара сақалдың қыз-келіншектерге телміре қараған көзіне қарап, *ішінен күлгендей* болып отырды (С. С.).

IIIНЕН КІРІП, СЫРТЫНА ШЫҚТЫ *Жағынды, өзіне бұрып алды, жағымпазданды.* Мәметті айналып-үйіріліп, *ішінен кіріп, сыртынан шығады.* Мәмбет екеуі келіп пароходқа тұра қалысты (І. Ж.).

IIIНЕН ШІРІДІ [БЫҚСЫП ШІРІДІ] *Іші жамандыққа толды; іші жаман оймен уланды; іші шірік ойға толды.* Егер тілін алсаңыз, Бірі қалмас кісіден. Егер тілін алмасаң, *Бықсып шіріп ішінен* (Абай).

IIIНЕ СЫЙМАДЫ *Айтқысы келді де тұрды, сыр сақтай алмады.* Әкем айтпаған ақылды айттың. Өзім ит болғанда, нәсілім адам ғой, *ішіме сыймай* барады. Боз биенді Серкебай екеуміз Жүністің өз үйіне апарып сойып бергеніміз (Ғ. Мұс.).

IIIНЕ ТАРТТЫ *Бауырына алды, өзіне жақын етті.*

ІШНЕ ТОЛҒАУ САЛДЫ *Ойға қалдырды, тебіrentiп, көңілін шарықтатты. Әуелде кірдің түсіме, Ортақтасып өміріме. Толғау салып ішіме, Сол күнде жақтың көңіліме* (Абай).

ІШН ИТТЕЙ КЕМІРДІ *Жегідей жеді, мазасын алды. Біріне бірі ұласқан жаман ойлар Қасболаттың ішін иттей кеміреді* (Т. А.).

ІШН КЕПТІРДІ *Қарғап сіледі, әбден жамандап сөз қылды. Екі келіншек бет шымшысып алып әңгімені соғып отыр. Тиіспеген, сөз қылмаған адамы қалмады, тіпті қой аузынан шөп алмас Өлімнің де ішін кептірді, жерден алып жерге салды* (АТ).

ІШН ОТ ҚЫЛДЫ *Қайғыға салды, ішіне ғашық отын түсірді. Ғашықтық түсті басқа, етті алаң, Бермеді көркем сабыр хақ тағалам. Бү сауда есімді алып, ішімді от қыл, Күйдіріп өртеген соң алдым қалам* (М. С.).

ІШН СЕЗДІ *Сырын білді, ойын түсінді. Ералин Отардың ішін сезетін, қазір көріне қарсылыққа кездескен соң, ойланyp қалды: «Не істеу керек!»* (Ғ. Мұс.).

ІШН ТАРТТЫ *Таңырқады, қатты таң болды. Болған боран болды да тына қалды. Құдай қайдан тазшаны ұра қалды. Айдар келіп тазшаға таянған соң, ішін тартып сол жерде тұра қалды* (ҚКБС).

ІШН ТЫРНАДЫ *Қатты өкіне, өзегі өргене ашынды. Екі жылдай жолдас болған сырласым, Айрылғандық біздің ішті тырнасын. Өтіп кеткен екі жылға қайырлы, Құп білемін екі өмірдің тұрмасын* (С. Д.).

ІШН ҰРАЙЫН! *бейпіл. Не болса, ол болсын, қажет емес т. б. мағынада айтылатын кейіс мәнді тіркес. Ол байлықтың ішін ұрайың! Мен өзім үшін жинаймын! Тіпті өзіме, өзіме де қымаймын, — дейді Жылқыбай* (Ғ. Мұс.).

ІШНДІ ЖЫЛАН ЖАЙЛАП ОТЫР МА? *Тоймадың ба, көнің кепті ме, жалмауызың ба?*

ІШНЕ АРЫСТАН ОЙНАП БАРА МА? *Тыпырышып, тыныштық таппай жүрген бала туралы айтылады.*

ІШН КЕПКІР *қ а р ғ ы с. Мес болғыр, қаталап қалғыр деген мағынада. Мырза сыңылықтап күліп жіберді. Оны бәрі қостады. Ішің кепкір, Әбен, кебер ішің! Қайда екен ол балық* (Ғ. Мұс.).

ІШН КҮЙСЕ, ТҰЗ ЖАЛА *Шоқ-шоқ, саған сол керек!* (Біреудің болғанын көре алмайтын кісіге айтатын табалау түрдегі сөзі).

ІШН ТОЛҒЫР! *қ а р ғ ы с. Оңбағыр, ойының осылғыр мәнді тіркес. Ойыны әлі қанбаған, не қылған ішің толғыр ед* (М. Ә.).

ІШН ӨЛГЕН, СЫРТЫ [ҚҰР ДЕНЕСІ]

САУ ҚҰР СҮЛДЕСІ ҒАНА ЖҰР, КӨҢІЛІ БАСЫЛҒАН, ӨМІРДЕН ТҮҢІЛГЕН, СЫРТЫ БҮТІН, ІШІ ТҮТІН, ІШІНЕН ТЫҢҒАН. *Бәрін сыпырып алып, бір көйлекпен қалдырса да, елден айырмаса екен. Ішім өлі, сыртым сау, Құр сүлдерім жүр, — деді Шолпан Шәкенге* (Ғ. Мұс.). *Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау, Бүгінгі дос — ертең жау, Мен не қылдым, апырым-ау* (Абай). *Ішім өлген, құр денем сау, Босқа үрейім жүр менің, Жарамайды бекер алдау, Теңің емес мен сенің* (Абай).

ІШН ӨЛДІ [ӨЛІК] *Көңілі селт етпеді; ішкі дүниесі құлазып қалды. Өзіме-өзім ыза болғаннан ба? Яки, бөтен бір себептен бе? Еш білмеймін, сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты* (Абай).

ІШН ӨТТІ **○** *К...ІНЕН ЖЫЛМАЙ АҚТЫ АС СІЦІРЕ АЛМАДЫ, БОЙЫНА АС ТҰРМАДЫ.*

ІШН ТОЙМАДЫ *Қанағат тұтпады, бүйірі шықпады, жеп жарымайды. Сен бір бүркіт мен торғай, Қанымды ішің тоймайсың. Өлтіргенде үкім ғып, Не шығар деп ойлайсың* (Ү. К.).

ІШН ПЫСТЫ [ТОЛДЫ, ТОЛЫП БАРАДЫ] *Әбден зерікті, жалықты. (Кейде ұзақ отырса, демалыссыз жұмыстан жалыққанда да айтылады). Алыстағы қыр елінде кең сахарада өскен Аман бұл көрініске қапелімде қызықса да, біраздан соң жалығып, іші пысқандай, кеудесі тарылғандай болды* (Ғ. Мұс.). *Әбден іші пысқан Өбітайдың аз да болса шүйіркелесіп, көңілін көтереді Катя* (С. О.). *Қайдағы бір іш пыстырар мезі ырғақтар түсе береді саусағының астына* (Т. А.). *Қапасқа қамалған қыран секілді Сәлім де жан-жағына қаранумен болды. Құлаққа ұрған танадай жым-жырт, қыбыр еткен тірі жанның бәрі түзде жүр. Сөйлесерге бір кісі болсайшы, жарылып іші толып барады* (ЛЖЖ).

ІШН СУЫДЫ *Көңілі қалды, ренжіді; ұнатпады, жақтырмады. Кетеді таң атқан соң өсек қуып, Көрмеген тазалықтан бұрын туып. Тыстан келсек, от сөнген, ұй қараңғы, Кетеді көргеннен соң ішің суып* (А. Қор.). *Сен Әубәкірдің күйеуі, Мұстафа қажының баласы емесісің? — деді. Сарыбаланың іші суып сала берді* (Ғ. Мұс.).

ІШН ТАР *Қызғаншақ, біреудің болғанын көре алмайтын күншіл. Іші тар, көре алмастың біреуі сен, Ондай кісі бұл жерге келмейді тең* (Абай). *Әлі күнге анасының сырғана түсініп болмай жүр; анасын іші тар сараң көретін* (Ә. Н.).

ІШН ТҮТІН, СЫРТЫ БҮТІН *Қайғылы, уайымды, шерлі. Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің сырты бүтін, іші түтін* (Абай). *Ауыл іші көкшіл түтін, Түрі жаман, жаным, күтін. Ер азамат ен-жар жүдеу, Іші түтін, сырты бүтін* (Б. М.).

ІШН ІШНЕ КІРДІ [ҚАВЫСТЫ, СҰҒЫЛДЫ] *Аштықтан бұралды деген мағынада.*

Я

Я БОЛМАСА [БІР] *Не болмаса, яки немесе* (АС). Мен жаспын, білесің бе Жастықты сен? Не қызықты үміт бар ойға келген! Көріп пе ең, *я болмаса* ұмыттың ба, Іштегі отты достық пен қастық деген? (Абай). Естілген нәрсені ұмытпастыққа терт түрлі себеп бар «Ой кеселдері: уай

ымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік *я бір* қайғыға салыну, *я бір* нәрсеге құмарлық пайда болу секілді... (Абай).

Я, СӘТ *Бір істі бастар алдында айтылады, Я, сәт, әумин!* Айтқаның ақ болсын! (М. Ә.).

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақ тіл білімінде, тюркологияда, фразеологияның жалпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда, сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері-кейінді жазылған сөздіктерде, мақалаларда иллюстрация материалы дәрежесінде ғана қолданылып келді. Тіпті жалпы тюркологияда елеулі орын алатын бұрынғы сөздіктерде де идиомдық¹ және басқа тұрақты сөз тіркестері тым сирек кездеседі. Тек соңғы кезде ғана қайсыбір түркі тілдерінде осы салада еңбектер туа бастады. Фразеологизмдер — тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктері бар.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан-салалы тізбек, қалыптасқан сөз топтарын жинау, бір ізге түсірудің мәні өзінен өзі түсінікті.

Тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы Сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы фразеология деп атау әбден орынды. Бұл саладағы ғылыми топшылауларды 1944 жылы айтқан болатынбыз².

Елімізге есімдері мәшһүр ориенталист ғалымдар — М. О. Әуезов, С. Е. Малов, Н. В. Юшманов кезінде осы мәселе жөнінде өте құнды пікірлер білдірген еді.

Қазақ тілі фразеологиясы — дербес пән

Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар; оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәрізді ярустары яғни тараулары бар. Фразеологизмдер бұрынды-соңды еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін жоғарыда атадық. Соның өзінде де екі тілді сөздіктерде иллюстрация ретінде сөз болды. Басқаша айтқанда, біз ұсынып отырған «Қазақ

¹ «Газета», «минута» дегенді «газет», «минут» түрінде қабылдағанмыз сияқты «идиома» сөзі тілімізде «идиом» болып қалыптасып кетті. Бұл еңбекте идиом сөзі өн бойы «фразеологиялық түйдек» (орысша «фразеологическое сращение») мағынасында қолданылады. Кейбір ауытқу (мысалдарда келетін, контекст ауанына қарай бағзы уақыт бірер фактілер) осы мақалада өз алдына сөз болады. Идиомды да, одан басқа да фразеология аясына енетін тізбектерді де фразеологизм түрінде атау ғылыми дағдыға айналды. Мұны ФЕ түрінде қысқартып («фразеологиялық единица» деген толық атауынан алынған тұрпатта) қолдана береміз.

² Осы жайындағы еңбектеріміздің тізімін Ш. Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты (I бөлім — 1965 ж., II бөлім — 1970 ж., III бөлім — 1977 ж., Алматы) кітабының «Лексикология мен лексикография» тарауларын қараңыз.

тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбектегі¹ қыруар фактілердің кейбірі оқулықтарда т. б. мысал ретінде ғана жол-жөнекей айтылып келді. Революциядан бұрынғы, революциядан кейінгі қырқыншы жылдарға дейін тиянақты сөз топтары тіпті тюркология көлемінде де зерттеушілердің арнаулы теориялық объектісі болған жоқ-ты. Кейінгі 10—15 жыл ішінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары жан-жақты тексеріліп, тың ойлар ғылыми жұртшылық талқысына түсуде. Бұдан тысқары құрылымы бөлек өзге тілдер жайында келелі концепциялар кездеседі. Өсіресе славян (ең алдымен орыс), герман, роман тілдері бойынша бұл саладан Отан ғалымдарының бағалы теориялық пайымдаулары, айтыс пікірлері көптеп кездеседі². Шет ел зерттеушілерінің де бірқыдыру мақалалары бар. Бұл тарапта негізгі приоритет совет ғалымдарына тән екенін арнай атағанмыз жөн. Дегенмен, барлық мәселе әбден үзілді-кесілді шешілді деу қиын. Әр автордың пікір сайысына бөлек тоқталудың нақ қазір қажеті жоқ. Бұл жолы талай жылдарды артқа салып, қазақ тілінің бай фактілерін негізге алып, өзге де ғұламалардың шалымды топшылауларын ескере отырып, фразеологизмдер (ықшамдап айтқанда ФЕ категориясы) өз алдына терезесі тең лингвистика саласы екенін баса атағанмыз мақұл.

Шу дегенде айтармыз: фразеологияның сыр-сипатын сөз еткенде оның тіл ярустарына, тілдің құранды бөлшектеріне мүлде қатысы жоқ деп ешкім де айта алмайды. Тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін (релеванттық қасиетін) бір-ақ ауыз сөзбен түйгенде мынадай жайт аңғарылады: 1) *мағына тұтастығы* (белгілі бір ФЕ-нің ішіндегі сөздер бастапқы мағынасынан түгел немесе ішінара жартылай айрылып қалады да, шоғыр тіркес бір тұтас мағына береді); 2) *тіркес тиянақтылығы* (белгілі бір ФЕ-нің ішіндегі сөздер бір-бірімен жымдаса байланысады, олардың орын тәртібі нық келеді, барлық жағдайда дерлік бір шоқ тіркесу өз қалпын сақтайды); 3) *қолдану тиянақтылығы* (белгілі бір ФЕ әрдайым айна-қатесіз, өлеңдегі қайырма тәрізді бұлжымай қайталана қолданылады). Сонымен өзімізге дейінгі барлық зерттеулерді және өзіміздің бұрынды-соңды ізденістерімізді шөла, қорыта, әрі тұжырымдай келіп, біз фразеологизмдерді танып-білудің жоғарыдағыдай негізгі үш принципін, яки үш критерийін қолдаймыз.

Әдетте зерттеушілер тарапынан бұл аталған критерийлердің бірін — басты, шешуші, екіншісін — көмекші не қосымша, үшінші біреуін — қосалқы, не шешуші емес деген тәрізді саралау, салмақтау талабы кездеседі. Алайда бұл тәрізді пайымдаулардың дұрыс-бұрысын атап жатпай-ақ өзіміз басшылыққа алатын, негізгі, басты принцип аталған үш критерийдің тұтастығын атаймыз. Осы үш критерийді бір-бірінен жырып алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана ФЕ-нің ерекше белгілерін тани аламыз. Яғни үш тұрғыны жүйелі түрге салып, фразеологияның басы ашық, дербес объектісін анықтаймыз. Сонда ғана ФЕ-нің тілдегі көрінісін жүйелей аламыз. Демек, біздіңше, фразеологияны тіл білімі саласындағы дербес пән деп тани білудің өзі осы аталған заңдылықты қаншалықты мойындауға байланысты болмақ.

Тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық ФЕ-нің басты, негізгі белгісі дегенде, бұл қасиеттерді өз дәрежесінде, өзге күйде тілдің басқа элементтерінен де табуға болады. Мәселен, тілдегі ең кішкене бөлшек фонема, буын болсын, немесе морфема мен түбір, оның негізгі, туынды түрлері болсын өзінің тұрғылық тұтастығын, тұрақтылығын сақтайды. Сөйлемнің әр алуан типтерін алсақ, олар да өз құрылымының ерекшелігіне, шегі мен мөлшеріне, солардың тұрақтылығы мен тұтастығына қарай бір-бірінен дараланып тұрады. Бұл тұрғыдан қарағанда тұтастық, тұрақтылық қасиеттер тек ФЕ емес, көптеген тілдік категорияларға ортақ тәрізді, яки тұтастық, тұрақтылық, тиянақтылық сипат алған нәрселердің бәрі бірдей ФЕ бола алмағанымен, ФЕ үшін сол қасиеттердің болуы міндетті. Өйтсе де біз бұл жерде сөз етіп

¹ 1944 ж. қорғалған «Қазақ тілінің тиянақты сөз тіркестері» атты докторлық диссертациямызда идиома және басқа фразеологизмдер жайында өз шама-шарқымызбен топшылау жасағанбыз. Сол кездегі еңбектің ұзын-ырға желісін осы жолы да пайдалануды теріс көрмедік. Біздің зерттеулеріміздің азды-көпті бағасы отандық филология саласындағы бірқыдыру әдебиетте айтылған. Қараңыз: Л. И. Ройзензон, Е. А. Малиновский, А. Д. Хаяутин. Очерки истории становления фразеологии как лингвистической дисциплины. Самарканд, 1975, с. 67—70; А. Н. Кононов «Совет Одағындағы түркі тіл білімі қазіргі кезеңде (Қорытындылар және проблемалар)», «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы», 1977 ж., № 1, 9—20-б. Ә. Т. Қайдаров, «Сөз ұстаз туралы», «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары» (Тіл мен әдебиет сериясы), 1977, № 1, 63—69-б.

² Материалы к общей биографии по фразеологии. Сост. Ройзензон Л. И., Беклер М. А. — В кн.: Вопросы фразеологии. Ташкент, 1965; Материалы к общей библиографии по вопросам фразеологии. Сост. Ройзензон Л. И., Бушуй А. М. Под ред. М. М. Копыленко. Самарканд, 1970; Библиографический указатель литературы по вопросам фразеологии, вып. III, Сост. Ройзензон Л. И., Бушуй А. М., Ройзензон С. И. под ред. М. М. Копыленко. Самарканд, 1974. Библиографический указатель литературы по вопросам фразеологии. Вып. IV. Сост. Бушуй А. М. Самарканд, 1976.

отырған заңдылықтың өз ерекшелігі бар. Жоғарыда аталған үш критерийді түгел қамтитын тұтастық пен тұрақтылық кез келген сөз элементінен немесе сөйлемнен табыла бермейді. Ал, ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса, немесе біреуі ғана болып екеуі болмаса, ешбір лексикалық-грамматикалық тұлға ФЕ дәрежесіне көтеріле алмайды. Ал, ФЕ категориясын алатын болсақ, ол аталмыш үш белгінің, яғни жоғарыдағы үш критерийдің үшеуіне бірдей ие, үш қасиеттің үшеуі бір-бірінен ажырамай, іштей өзектесіп жатады. Міне, осыған орай ФЕ де тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен тіл ішінде өмір сүреді, өз заңдылықтарын берік тұтынады.

Осы аталған басты үш белгіге, яки үш критерийге сүйене, немесе, тіпті, табан тірей отырып, бүкіл қазақ тілінің құрамындағы ФЕ құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөлеміз. Оның біріншісі фразеологиялық түйдектер (шартты түрде: ф. түйдек), екіншісі фразеологиялық тіркестер (ф. тіркес) деп аталады. Бұл топтарды дәстүрлі термин атауларына сай түсіндіретін болсақ, ф. түйдекке идиом сипатындағы фразеологизмдерді жатқызамыз.

Сонымен, ф. түйдекке (идиом) мына тәрізді фразеологизмдер жатады: *Жаны күйді, ит арқасы қиянда, талағының биті бар, жүрегінің түгі бар, жүрек жұтқан* т. б. Бұл типтегі ФЕ компоненттері әуел бастағы негізгі лексикалық мағынасынан айрылып, бәрі жиылып бір ұғымды түйдегімен бір-ақ білдіреді.

Ф. тіркестер өз ішінен екіге бөлінеді:

а) түйін тіркес (түйін т.) Бұл әуел бастағы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан туған фразеологизм. Басқаша айтқанда ФЕ сыңарларының о бастағы мағынасы мүлде жойылмағанмен, көмескіленген. Бұған мынадай фразеологизмдер жатады: *ерінен ене сүті кеппеген; пышақ кескендей тыйылды; өкшесін (табанын) жалтыратты* т. б.

ә) түйіс тіркес (түйіс т.) Бұл да әуел бастағы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан туған. Бірақ ФЕ сыңарларының бастапқы мағынасы бұнда көмескіленбей, әнтек солғындап айтылады. Түйіс т. мысалдары мыналар: *құмырсқадай құжынаған, орган қолдай, көзді ашып-жұмғанша, асқар тау, қыпша бел* т. б.

Төменде ф. түйдек (идиом) және ф. тіркес (идиом емес фразалар) категориялары толығырақ түсіндіріледі.

Сайып келгенде айтарымыз, қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) — тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-усақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән — *фразеология*.

ФЕ-нің варианты мен синонимі мәселесі туралы да айта кеткен жөн. ФЕ-нің варианты екі түрлі: а) фонетикалық вариант: *ұнжырғасы түсті — енжорғасы, өнжорғасы түсті* т. б., ә) лексикалық вариант: *көз шырымын алды — көз іліндірді; кек алды — өш алды* т. б. Мұндағы дыбыс ерекшелігі үлкен түсінікті керек етпейді: мағыналық, сөз қолдану тәсілі, стилистика жағынан мұның сөйлеу процесіне тигізер ешбір ықпалы жоқ. Ал, лексикалық варианттардың бір-бірінен әнтек болса да ерекшелігі байқалады: осы іспеттес *құдай иіп* дегенді *алла (тәңір) иіп* деп айту дағдылы емес. Бұл жердегі сөз қолдану тәсілінде аздап болса да сыр бар, бірақ айтарлықтай семантикалық алшақтық байқалмайды. Бұл тәрізді құбылысты ФЕ-нің синонимдік тұлғасы деп те атауға болады.

Ал, белгілі бір фразеологиялық синонимдер деген мәселе вариант ұғымынан түбегейлі бөлек. Варианттарда қалайда ең кемі бір компонент ортақтаса қолданылса, синонимдес фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды: ФЕ-лердің (синонимдердің) мағыналық жуықтығы болғанымен, тұрпат жуықтығы болмайды. Бұған мысал: *он қолынан өнері тамған/бит қабығынан (терісінен) биялай тоқыған/ағаштан түйін түйген*, т. б. Осындағы синонимдердің бірде-бір ортақ сыңары жоқ. Демек, бұлар — синонимдес фразеологизмдер.

Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі — халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы ФЕ-лер әлеуметтік, шаруашылық, діни, т. б. факторлар ауанымен пайда болған. Олардың құрылым жағынан қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатыны тәрізді ФЕ-нің мағына тұрғысынан саралануында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болудың себептері өзінен-өзі түсінікті. Өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына лайық туып жатады. Бұл тақылеттес талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер тіл қорынан мықтап орын теуіп, әрдайым жұртшылық кәдесін өтеп отырады. Сөздікте сол фразеологизмдер мүмкін қадарынша мол қамтылған. Екінші сөзбен айтқанда, әр қилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи-әлеуметтік, экономикалық, діни т. б.) сәйкес туған фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға, т. б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар. Тозығы жеткен заманның талай нышанын байқататын тіл фактілері аз емес. Соның бірі — әйел теңдігі мәселесіне қатысты. Ескі салт-сана бойынша ерге шыққан әйел өзінің қайын жұрты адамдарын өз атымен тура атай

алмағаны белгілі. Соның салдарынан су екеш судың, қамыстың, бөрінің, қайрақтың, пышақтың бәрі де күйеуінің жақындарына, руластарына қатысы болғандықтан, өз ныстымен атауға тыйым салынған. Ескі салттың осы тәрізді көріністерін озат ойлы орыс ғалымдары ерте уақыттан-ақ атап көрсеткен. Мәселен, көне заманның бір куәгері тәрізді мына мысал талайдан бері ауыздан ауызға тарап келеді: «Салдырамаңның (сарқырамаңның) ары жағында, сылдырамаңның бері жағында, маңырамаңы ұлыма жеп жатыр. Жаныманы білемеге білеп алып келе қойыңыз»¹. Әрі күйкі, әрі күлкі көрінетін осы іспеттес суреттерді еске алғанда қайын жұртының атын атай алмаған әйел зағының тапқырлығына қайран қаласың. Мыналарға көңіл бөлейікші: қамшы — жылқыайдар, жылқы — туар, ақ (түс) — шаңқан, қара (түс) — баран, сары (түс) — шикіл, көп — жөнеу, қоян — қалқан құлақ, тышқан — жорғалауық, қалтесер, алты — бестен бірі артық. Қазақ әйелі сонау өткендегі буалдыр тірлігінде атын атауға хақы жоқ, сыйлас, аруақты саналатын адамдарды аты теріс, атам аттас немесе атамның адасы деп қана атайтын болған.

Фразеологизмдердің түп-төркіні тым еріге кетеді. Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынған шағында-ақ талай-талай заттарды киелі санап, оларға ездерінше лақап ат қойған. Тілімізде сол ежелгі дәуірден келе жатқан қамбар ата (жылқышы ата), шек-шек ата, зеңгі баба, ойсыл қара, шопан ата тәрізді тіркестер бар. Олар ескі наным-сенім бойынша төрт түлік малдың сақтаушысы, қорғаны, мифологиялық «иесі» болыпты-мыс. Күні бүгінге дейін сақталып жеткен отқа май құю; от ана, май ана, жарылқа! тәрізді фразеологизмдер ислам діні таралмастан көп бұрын қалыптасқан, шаманизм түсінігінен туған тіркестер.

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған толып жатқан тіркестер бар. Олардың бірқыдыруы жазба әдебиет, хиссалар арқылы, екіншілері — сауда-саттыққа байланысты, үшіншілері — дін таратушылардың уағызымен, тағы біреулері екі елдің күн көріс тіршілігіндегі ортақ ой-сана, дәстүр тауқыметімен, түрліше ықпалдарға сай туып орнығады. Мәселен, қазақ арасына таралған Атымғайдай жомарт бол; Наушаруандай әділ бол; Аплатондай ақылды; бұланның үлкен ақ болмас; Бұландай үлкен тау болмас; барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау; ұлың ұрымға, қызың қырымға т. б. фразаларда өңге жұрттардың өткендегі мәншүр адамдары, шет елдің топоним, этноним атаулары сақталып қалған. Сол бөгде жұрттардың салт-сана, әдет-ғұрпын, ел билеу, әкімшілік қалпын қабылдауға байланысты енген толып жатқан фразеологизмдер бар. Мәселен, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде қазақ арасындағы тоғыз санына байланысты ырым-кәде, тарту-таралғы, айып-жазаның көбі монғол елінің мәдени тіршілігінен ауысқан делінген. Осыдан келіп тілімізде бір тоғыз, үш тоғыз, бас тоғыз, аяқ тоғыз секілді фразалар келіп шыққан деседі².

Көп мағыналық (полисемия) пен омонимия құбылыстары әдетте жеке сөздердің төңірегінде көзге айқын байқалады. Ал, фразеологизмдерге келгенде бұл құбылыстар өзгеше реңкке түседі. Полисемия құбылысы әредік ф. тіркестер арасында байқалып қалады. Ф. түйдектеріне келсек, олар омонимия құбылыстарын мүлдем бойына дарытпайды, тіпті, полисемия құбылыстарының өзі де ф. түйдектері аясында кездесіп жарымайды.

Омонимия құбылысын тануда түрлі көзқарастар бар. Зерттеушілердің басым көпшілігі мағына алшақтығын негізге алады да, сөз (лексема), тіркес (фразама) төркінін екінші орынға қояды. Біздің ойымызша, омоним болу үшін тек айтылуы бірдей келген тұлғалар ғана емес, жеке сөздердің де, фраземалардың да түп төркіні бөлек болуы қажет. Мәселен, аузын ашты тіркесінің, «сөйлей бастады», «таң қалды» деген мағыналарынан басқа, ораза күні «кешкі ас алдынан дәм татты» деген діни мағынасы да бар. Ол алғашқы мағыналардан алшақ, кереғар жатыр. Осы тұрғыдан қарасақ, фр. тіркестер ішінде омонимия табылмайды емес. Көптеген авторлардың омонимия ретінде қарастыратын құбылысының өзі осындай жарыса туған екі мағынаның ең алшақ типі. Бірақ жоғарыда айтқандай, бұл тіркестердің түп төркіні біреу-ақ. Сондықтан осы типтес жақындықты омонимия деп қарамай, полисемия деп білген жөн тәрізді. Әйтсе де, бұның өзі әлі де ойлана зерттей түсуді керек ететін мәселе.

Ф. тіркес аясындағы полисемияның өзін де біз бір текті құбылыс деп қарамаймыз. Біздің байқауымызша белгілі бір фразаға төн көп мағыналық екі түрлі жолмен жасалатын сияқты. Оның бірі — жалғаса туатын мағына да, екіншісі — жарыса туатын мағына. Мысалы, Ақ иық тіркесі «мүз балақ қыран» мағынасын береді, одан «асыл адам», «ер жігіт» мағынасы жалғаса туады. Ал, енді Айыл-турманын тартты деген тіркес біріншіден «қамданды, жиналды» деген

¹ Осы мысалды тұңғыш рет А. Н. Самойлович өзінің «Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины» («Живая старина», XXIV, 1915, 161—168 стр.) деген мақаласында келтірген.

² Бұл жөнінде «Тауарих хамса шарқи» атты Халидұғлы Құрбанғалидың кітабын қараңыз (Қазан, 1910).

мағынаны білдірсе, сонымен жарыса, «ашу қысты», «тас түйін болды» деген де мағына туады*.

Сонымен барабар кәйбір жағдайларда жалғаспалы мағына мен жарыспалы мағына белгілі бір сәттерде тоғысып, одан қиылысқан тағы бір туынды мағына пайда болуы мүмкін. ФЕ-нің дені зат пен құбылысқа ат қойып, айдар таға айтудан туатыны мәлім. Өйткені белгілі бір ФЕ-ні қолданғанда сөйлеуші тек өз көзқарасын білдіруді мақсат тұтады; ол бір нәрсеге қуанса да, қынжылса да, қорықса да, т. б. ерекше жағдайға ұшыраса да, өз талғамы бойынша сөйлейді. Осылайша ойды айқын да дәл айту қажеттігіне байланысты ФЕ, әсіресе ф. т ү й д е к, мағыналық жағынан сұрыпталып, екі ұшты ұғым тудырмайтындай болып сіріленеді. Осыдан келіп омонимия мен полисемияға бастайтын жол, өріс қысқарады.

Өйткенмен біздің бұл жердегі әңгімелеп отырғанымыз мәселенің таза теориялық жағы**.

Фразеология ерекшеліктерінен тілдің бойында бар талай заңдылықтарды, тек ф. тіркес емес, жалпы тілімізге, сөздерге де тән ереже-қағидаларды шет-пұшпақтап болса да ескеретініміз хақ.

Соның бірі — п л е о н а з м құбылысы. Бұл тұрғыдағы сөз қолданысқа тән нәрсе — белгілі бір ұғымды әр алуан мәндес атаулармен қайталап түсіндіру. Мәселен, *беті-жүзіне қармай* деген фразеодағы «бет» пен «жүз» бір-біріне дублет, мәндес сөздер. ФЕ аясында бұл тәрізді плеонастикалық құбылыстар әредік болса да кездеседі.

Фразеологизм құрамында сол сияқты эллипсистік тұжырымдар да болады. Бұл құбылыс бойынша тіркес құрамында қайталанып айтылуға тиісті элементтердің біреуі түсіп қалып отырады. Мысалы: *Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар — Ай десе — аузы, күн десе — көзі бар*.

Сөзді қай түрде болса да белгілі бір грамматикалық тұлғада неше саққа жүгіртіп, құбылта қолдана береміз. Арнаулы модель түрінде қосымшаларды жүйелеп қосуда сөздің ФЕ-ден айырмасын біле аламыз. Ал, ФЕ-ні қалай болса, солай еркін тіркес тәрізді түрлі трансформацияға салып, грамматикалық модельмен мағыналық варианттарды тоғыстыру тым қиын. Тек ф. тіркес тобынан ілуде бір ауытқу кездесуі мүмкін. Рас, көркем әдебиетте, оның ауызша, жазбаша түрлерінде, халық тіліндегі белгілі бір фразеологизмді сөз ұлғайтып, немесе ықшамдап, өлең өлшеміне не көркем текке ұластыра өріп қолдану сәттері болып тұрады. Теория саласында бұл типтегі фразеологизмдерді п е р и ф р а з а (п а р а ф р а з а) деп атайды. Алайда бұл секілді саналы әрекет жолымен болған өзгерістер арасына бөгде сөздер емес, *дистант* құбылыс деп аталады. Мысалы: Шай қамзол, құндыз бөрік кигенменен, *Бес батпан десең болар беттің кірі* (С. Торайғыров); Шіркін-ай, Еменалы екеуіңнің *жұлдыздарың* қай жерде шақыраймысың *қарсы* қарасып тұрғаның көрер ме едім бір (Ғ. Мүсірепов). Сонымен бірге ФЕ үлгілерінің контактылы, яки жігі ажырамаған қалпы да зерттеу объектісі бола алады.

ФЕ-лер өзінің сыртқы тұрпаты жағынан еркін тіркестерге ұқсайды; мәселен, атрибутты тіркестердегі (анықтауыш — анықталғыш) соңғы компонент өзінің негізгі мағынасын сақтап, тиынақты келетін болса, анықтауыш компонент ауыспалы мағынада жұмсалады: *асқар тау, сұмбіл шаш, қолаң шаш, қынай бел, қыпша бел*; демек, адъективті тіркестердің (сын есімді, сан есімді, сан есім мен сынға айналған зат есімді, немесе сын есім, сан есімнен кейін жасалған туынды өзге есімді тіркестер) анықтауыш компоненті осы ізбен жасалатындығы күмән тудырмайды: *сасық бай, егіз қозылы, екі жүзді, бір қайнағым (шай)*, т. б.

Шілде түскенде, түн баласына, таң сыз бергенде тәрізді адвербиалды (үстеу) тіркестер де жоғарыдағыдай бір сыңары (алғашқысы) негізгі мағынада жұмсалып, кейінгі компоненті (компоненттері) туынды мағынада тұрады.

* Фразеология саласында бұл күндері көптеген терминдер қолданылады. Олардың ішінде сәтті, икемді атаулармен қабат тіркес табиғатына сай келе бермейтіндері де жоқ емес. Мәселенің осы жағын ескере отырып, біз ФЕ-нің мағыналарын жіктегенде тура (прямое), ауыс (переносное) мағына дегеннен гөрі негізгі (основное), туынды (производное) мағына деп атағанды мақұлдаймыз. Егер осы еңбектің ішінде тура, ауыс, деп қолданылған жайттар кездесе қалса, оларды да оқырман жұртшылық «негізгі», «туынды» ретінде қабылдауды өтінеміз.

** Алайда, тәжірибеде, яки Сөздікті түзуде біз араб цифрымен белгілеп, шартты түрде кейбір «омоним» тіркестерді беруге тиіс болдық. Бұндағы мақсат сөздікті пайдалануды жеңілдету үшін арақідік кездесетін, сырттай ұқсас, бірақ мағына жағынан алшақтығы бар тіркестерді саралап көрсету болды. Дәл осы жердегі тырнақша ішіндегі сөзіміз, шынтуайтпап келгенде омоним бола алмауы да мүмкін. Мысалы: ҚАПА БОЛДЫ¹ *Уайымдады, қайғырды, ойы самарқауланды. ҚАПА БОЛДЫ² Ауа қалырықтанды, ауа ауырлап, дем алуға мүмкіндік болмады, тынысты тарылтты.*

Есім+етістік тіркестері де осы іспеттес, яғни есім компонент негізгі мағынада тұрса, етістік компонент туынды мағынада жұмсалады: *көзі ілінді, табаны тайды, ақылынан адасты*, т. б.

Қалған ф. тіркестердің бәрі де осы тәсілмен жасалады деуге болады. Бағзы бір уақытта стильдік қызметіне орай, мақал-мәтел ішіндегі кемінде екі компонентті ФЕ өзара не түйін не түйіс тіркес үлгісімен жасалады. Бұл тәрізді тіркестердің өзге синтаксистік тәсілдермен жұмсалағын типтері де жоқ емес.

Мақал-мәтелдер бір ұғымды тікелей емес, тұспалдап білдіреді. *Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас; туған елдің қадірін шетте жүрсең білерсең* деген мақалдар Отанды дәріптеп тұр. Осында мақал құрамындағы жеке сөздің берер мағынасы сөз болып отырған жоқ, түгел бір мақалдың тұтас мәні сөз болып тұр. Кейбір зерттеушілер мақалдың жеке сөздері референттік қасиетке ие бола алмайды дегенді айтады. Керісінше, мақал компоненттері референттік қасиетке ие бола алады деген де пікір бар. Қалай да мақал-мәтел тікелей фразеология объектісіне жатпайды. Себебі, біріншіден, белгілі бір мақал ішіндегі компоненттердің бірқыдыруы фразеологизмге (негізінен түйіс тіркеске) сай келеді. Мәселен, *жүргенге (жүрген аяққа) жергем ілінеді* дегеннің соңғы екі сыңары фразеологиялық тіркес заңы бойынша қиысып тұр. Екіншіден, тар мағынадағы фразеология шеңберінен шеттеу тұрса да, оқырман жұртшылық үшін қажет болар деген ниетпен мағынасы күңгірттеу біраз мақал-мәтелдерді Сөздікке енгізуді жөн көрдік*.

Фразеология пәнінде ФЕ-нің варианттары мен синонимдері жөнінде түрлі түсініктер бар. Қазақ тілі фактілеріне жүгінсек, бұл екі түрлі құбылыстың басы ашық, біріне бірі соқпайтын тәрізді. Ф. тіркесінің варианттары өзара жақын, іштей өзектесіп жатады, айырмасы тіркес жүйесіндегі бір, немесе бірнеше компоненттері өзге сөздермен алма-кезек ауысып жатады. Мысалы: *өш алды — кек алды; тыныс алды — дем алды; ығыр етті — ығыр болды, ығыр қылды; ашуына тиді — шамына тиді, намысына тиді* т. б. Біз бұл жерде ф. варианттарды тек лексика тұрғысынан ғана сөз етіп отырмыз.

ФЕ-нің синонимдерінде, жоғарыда ескерткеніміздей, мынадай айырым белгіні байқаймыз: синонимдер арасында жалпы мағына жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни, синонимдес фразеологизмдердің компоненттері еш уақыт екі рет қайталанбайды (*он қолынан өнері тамады — ағаштан түйін түйеді — бит қабығынан биілай тоқиды*).

Фразеологизмдер ішкі мән-мағынасына қарай қолданылу барысында өзінің стильдік өңін өзгертіп отырады. Яғни, фразеологизмнен тыс өзге сөздердің ФЕ-ге әсері болмайды емес. Мәселен, *қол көтерді; (өз) табағын тартты; басы айналды* тәрізділердің мағыналары өзге еркін тіркестердің ауанына қарай айқындалады. Тіркестердің мұндай мағынасын тәуелді мағына дейміз. Себебі бұлар өздігінен тұрып белгілі бір тиянақты мағынаны білдіре алмайды. *«Мен жиналыста Досжанды қолдан қол көтердім»* деген сөйлемді өзгертіп,... *қарсы қол көтердім* деп те айтуға болады. Сол сияқты, *басы айналды* тіркесі де ситуацияға қарай әр контексте әр түрлі мағынада жұмсала береді, *Ал көсегең көгерсін; шалқар көл; жолың болсын; бас белбеу; үлтеп кетті; жеті* (қараңғы) *түн* сияқты ФЕ-лер өздігінен дара тұрып та негізгі мағынаны айқын аңғартады. Тіркестердің осындай мағынасын тәуелсіз мағына деуге болады.

Фразеологизмдер өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әр қилы субъективтік, ситуативтік контекст қоршауында мағына-мазмұны жағынан жетіле, шыңдала түседі. Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Фольклор мен қазіргі бай, көп жанрлы совет көркем әдебиетінің фразеологизмдерді кәдеге жаратуудағы кереғар айырмасы да осы кең тынысты творчестволық қолданысқа байланысты. Киген киімнің, мініс аттың да күтімі әр басқа болғаны сияқты, сөз айшықтарын, соның ішінде фразеологизмдерді де өз орайы, өз қыбын тауып, ақтан тигізе сөйлеуде үлкен мән жатыр. Ауыз әдебиеті, көбіне, жыр, өлең түрінде келіп, тиянақты сөз тіркестері қыспақта қалады, шектеулі бір қоршауда ғана жұмсалады, немесе ауызекі тілдің ықшам сөйлемдерімен тұйықталып қалады. Осы алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі. Бұл ретте көркем қара сөз саласында С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Бегалин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, І. Есенберлин т. б., өленді туындыларға келгенде І. Жансүгіров, А. Тоқмағамбетов, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов, И. Байзақов, Т. Жароков, X. Ергалиев, Ә. Сәрсенбаев, С. Мәуленов, Қ. Мырзалиев т.б. ерекше атауға болады. Көркем сөз шеберлерінің, жалпы алғанда қалам иелерінің, оның ішінде кейінгі жылдары қаулап өсіп, әдебиет әлемінде бой көрсетіп жүрген жас жазушылардың өзіміз сүйсініп оқитын шығармалары, жазба әдебиетіміздің атасы—Абай туындылары біз үшін тұрақты сөз тіркестерін күреп алатын кеннің көзіндей болды.

* Әрине кез келген мақал-мәтел емес, Сөздік ауқымына сай келетіндерін енгіздік. Ал, афоризмдер, күрделі атаулар (соның ішінде мекеме, ұйым аттары т. б.) сөздікке тікелей объект болған жоқ.

Сол жазушы көрігінен қорытылып, сындарланып шыққан фразеологизмдерді біз еңбегіміздің негізгі тілдік документі, табан тірер дерегі ретінде пайдаландық. Шынайы көркем шығарма тілдің объективтік заңдарын тану үшін де, жазушының өзіне тән жеке қол таңбасын білу үшін де мейлінше қажет екенін есте тұттық.

Осы зерттеу үстінде біз ана тіліміздің ұзақ уақыт бойы жиналған, сұрыпталған, бай да қызықты фактілерін пайдаланумен қатар, кейінгі 10—15 жыл ішінде жарық көрген ғылыми еңбектер де назардан тыс қалған жоқ¹.

Сөздікке одағай, еліктеуіш сөздер қатысқан тіркестер енгізілмеді. Оның себебі: аталған сөз таптары табиғаты белек, фразеологизм заңдарына бой ұсына бермейді, бірді-екілі болмаса, ФЕ мағынасынан жырақ тұрады.

Біз бұл жерде фразеологияға қатысты теориялық мәселелердің бәрін қамтыдық демейміз. Өз алдына зерттеу объектісі боларлық, басы ашылмаған, әлі де тереңірек тексеріп, тәптіштей түсетін нәрселер бір шоғыр. Сондай проблемалық мәселелердің бірі — калька тәсілімен жасалған фразеологизмдер.

Қазіргі кезеңдегі шарықтаған мәдени қарым-қатынастарға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты аударма проблемасы өріс алып отырғаны мәлім. Халықтар арасындағы осындай тілдік байланыстардың нәтижесінде фразеологизмдер де сөзбе-сөз, немесе калька жолымен аударылып, бір тілден екінші тілге ену үстінде. Жаңа қоғамдық қатынастардан туған тиянақты сөз тіркестері — фразеология ғана емес, фразеография тұрғысынан да игерілетін объектінің бірі. Бұл істі біз келешектің кезек күттірмейтін зерттеу тақырыбы деп білеміз.

ФЕ саласында әрі практикалық, әрі теориялық мақсаттарды ұштастыра зерттеуді керек ететін қомақты да зәру проблема — стилистика болмақ. Бұның мәнісі мынада. Тиянақты сөз тізбектері мен еркін тіркестердің әлі де болса ара салмағын жан-жақты қарастырудың стилистика үшін де маңызы зор. Біз сөз етіп отырған пән мен стилистиканың қауышар проблемалары аз емес. Басқасын былай қойғанның өзінде фразема, лексема ұғымдарының ара қатынасын ажырата білуде де мән жатыр. Көп жағдайда стилистика мен фразеология сөздің тікелей мағынасынан гөрі бейнелі мәндеріне басым көңіл бөледі. Сондықтан осы екеуінің межесін ажырату әбден қажет. Сөздің тура немесе негізгі мағынасы фразеологизмнің семантикасын ашып бере алмайды. Мәселен, ФЕ-ні зерттеуші үшін *ат үсті* деген тіркестің «неің үсті?» деген негізгі мағынасы емес, «қалай?» деген сұраққа жауап болатын туынды мағынасы керек. Осы тұрғыдан келгенде біздің алдымызда фразеологизмдерді танып, білудің әрі синхронды (қазіргі қалпында), әрі диахронды (тарихи қалыпта) зерттеу мақсаттары тұрғаны байқалады. Сол сияқты стилистика мәселесімен орайласа өз шешімін табуға тиісті міндеттер қатарына фразеологизм ішіндегі сөздердің өз ара тіркесу заңдылықтары, тұтас тіркестің сөйлем жүйесіндегі үйлесімі, нақты бір контексте фразеологизмнің бір орамды, екі орамды болып, не одан да көп орам қоршауында келуі, осыған сай ФЕ-нің қолданылу тәсілдері, контекст ыңғайына сәйкес фразеологизмнің стильдік реңкінде болатын нәзік құбылыстар жатады.

¹ Фразеологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеуді бұл күндері тілшілер қауымы мықтап қолға алып отыр. Бұл салада, әсіресе, Москва, Ленинград ғалымдары елеулі де нәтижелі табыстарға жетті десек, артық емес. Түркі тілді республикалардағы лингвист ғалымдардың фразеология пәнін өрісету талабының өзі бір төбе. Бұлай дегенде біз «Самарқанд мектебі» атанып жүрген ғалымдар тобының алымды еңбегін, өнімді істерін ерекше атамақпыз. Самарқанд университетінің жанынан Л. И. Ройзензонның т. б. басқаруымен «Фразеология мәселелері» атты көп сериялы жинақ үздіксіз шығып тұрады.

Қырғыз тілінің лексикасын зерттеу ісі белгілі ғалым К. К. Юдахин еңбектері арқылы көзге айқын шалынады. Сол секілді, өзбек ғалымы Ш. Рахматуллаев, түрікмен ғалымы К. Бабаев, татар ғалымдары Г. Х. Ахатов, Г. Х. Ахунжанов, азербайжан тілі бойынша Г. А. Байрамов, түрік тілі бойынша Р. Р. Юсипова жариялаған еңбектердің құндылығын да арнай атаған мақұл. Фразеологияның жалпы теориясына қатысты М. Т. Тагиев, С. Н. Муратов ізденістері де ғылымға соны пікір, тың топшылаулар әкелді. Башқұрт тілі фразеологизмдерін Дж. Ғ. Киекбаев, Х. Г. Юсупов т. б. зерттеді. Әсіресе, З. Г. Ураксиннің 1975 жылы орыс тілінде жарық көрген «Башқұрт тілінің фразеологиясы» атты кітабы өзге түркі тілдері үшін де пайдасы мол еңбек. Өзге мәселелерге байланысты фразеология тарауынан пайдалы пікір айтушылар тобына Ә. Наджиб, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Сағындықов, С. Талжанов сияқты ғалымдар жатады. Тиянақты тіркес категориясын тікелей зерттеп, құнды еңбек шығарып жүрген шәкірттер бар. Бұл ретте ең алдымен Ә. Қайдаров, сонан соң Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбанов, Ә. Айтбаев, Р. Сәрсенбаев, Ә. Ибатов және С. Төлекова, К. Дүйсетаева, т. б. зерттеушілердің есімдерін арнай атағанымыз мақұл.

Шетел ғалымдары ішінен тіліміздегі алғыс, қарғыс, әвфемизм туралы мақалалар жазған доктор, профессор И. Лауде-Циртаугас есімін де ілтiпатпен атай кеткен жөн.

ФЕ стилистикасына қатысты тағы бір қызық жайт,— туыстас тілдерде тең қолданылатын белгілі бір тіркестің мағыналық бірлігі мен даралығы. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдерінде бірдей түр-тұлғада қолданылатын *сайдың тасындай* («сай ташындай») деген тіркес қазақ ұғымында «ірі, таңдаулы» деген болса, қырғызша: «сансыз көп, мол» деген ретте қолданылады. Бұндай құбылыстар, әрине, тек бір тіл аумағындағы стилистика мақсаты үшін қажет те болмас, бірақ жалпы тюркология аспектісінен қарасақ, тіл тарихынан талай-талай сырлар шертетіні сөзсіз.

Түйінді бір топ міндет тарихи фразеологияға ұштасады. Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланыстыра тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын толық біле аламыз. Ол түсінікті де. Тіркес этимологиясын ашу үстінде өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың басы ашылмақ. Құрылымы бір немесе құрылымы бөлек тілдердің ортақ және айырма қасиеттеріне ұластыра, жүйелі талдау фразеологизм үшін де мейлінше қажет. Басқасын былай қойғанда, бірнеше тілге ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл. Фразеология саласында басы ашылмаған, тіпті, күн тәртібіне қойылысының өзі принциптік тұрғыдан шешілмеген мәселе — антонимия. Жеке сөз, лексема көлемінде айдан анық көрінетін осы құбылыс тиянақты сөз тіркесі аясында көмескіленіп айқын аңғарылмайды. Әйтсе де фразеологизмдер табиғатында сырт тұрпаты жағынан да, «ішкі» ұғымы жағынан да қарсы мағына (поляризация) сипатындағы тіркестердің бары анық. Мысалы: 1) күні туды — басына күн туды; 2) қанды көйлек жолдас — қанды көйлек жау (қарақшы); 3) қабағы ашылды (жадырады) — қабағы жабылды (түсті); 4) ақ жүрек — қара жүрек т. б.

Алайда бұл да танылып жетпеген категория. Фразеологизмдер ішінде өз ара қарсы мағына беретін сыңарлардың бары анық болса да, олардың типтері әлі де тереңірек зерттеуді, тексеруді қажет етеді.

Фольклор, жазба әдебиет, ауызекі сөйлеу тіліндегі діни, диалекталды, кәсіби т. б. фразеологизмдердің туу себептерін, олардың тіл даму процесіндегі түрліше стилистикалық эволюцияға душар болуын, соның ішінде мағына жағынан мотивациялы, немесе демотивациялы болып келуін, тіркес компоненттерінің дыбыс үйлесімін, сыпайы, сынық мәндегі (эвфемизм) ФЕ-ні тұрпайы, анайы (дисфемизм) түрде қолдануды, фразеологизмдер сөздігін жасаудың принциптерін, т. б. бүгін таңда қолға алуға тиісті көкей кесті міндеттеріміз екенін баса айтқымыз келеді.

Фразеологизмдерді көңілдегідей тексеру үшін түрлі методтарды (экспериментальдық, математикалық, т. б.) орынды пайдалануға тиістіміз. ФЕ-лердің сөйлеу процесінде жиі (актив), сирек (пассив) түрде келуін, квантитатив сырын ашу да бұл тәсілдер өбден қажет.

Фразеологизмдерді мағына жағынан классификациялау — ең қиын мәселелердің бірі. Қиындық нақты бір тілдегі сөз тудырушы тәсілдердің бірі болып табылатын осы категорияның өзіндік ерекшелігінен келіп шығады. Не қилы нәзік туынды мағыналардың әр қырын фразеологизмдер белгілі бір тізбекпен білдіре алатынын жоғарыда атап өттік. Осы айтылған алуан сырлы қасиет, өзіндік ерекшеліктері өз ара біте қайнасып, берік табиғи бірлікте тұрады. Мысалы, ұзын арқау, кең тұсау деген тұрақты тізбек «әуре-сарсаң» мағынасында да, «туған-туысқаны, дос-жараны көп адам» мағынасында да (әсіресе, деривация жолымен, сөз тудырушы -лы аффиксі жалғанып: ұзын арқау, кең тұсаулы болып келсе) қолданыла береді. Тілі байланды деген фразеологизм «ауру-сырқаудың салдарынан тілі сөйлеуге келмей қалды» деген мағынаны білдірумен қатар, басқаша мән беріп айтатын болсақ, «үні шықпады», «аузына құм құйылды» дегендердің орнына да жүретіні белгілі. Керісінше, тонның ішкі бауындай, арасынан қыл өтпейді сияқты ФЕ-лердің «өте жақын» мағынада, бірінің қызметін бірі атқара беретінін де білеміз. Ол ол ма, тіпті тұлғасы мен құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайтын ФЕ-лердің өзі де кейде бір ғана ұғымды білдіре алады. Мысалы: мылжың, «бос сөзді» деген ұғымды — аузымен орақ ору, тілі мен жағына сүйену, тілі ұзын дей аламыз; «бейпіл ауыз», «кекесін сөзді» деген ұғымды — сөзінің қотыры бар, тілінің қыршаңқысы (шиқаны) бар, тілінің бұдыры бар, қара тілді, көк езу дегуге болады. Ф. түйдек және басқа ф. тіркестердің едәуір бөлегін мағына жағынан топтастыру — тым қиын мәселе болғанмен, ол шешуге болмайтын тұйық жұмыс емес. Түрлі сыртқы факторлар, діни, ескі әдет-ғұрып, төрт түлік мал, мінез-құлық, т. б. өмір ағымына, ой-санаға сай фразеологизмдерді семантика, стиль, қолдану тәсілдері жақтарынан бажайлап талдау жасау — барлық филологтардың бас парызы.

Фразеологизм және сөз

Фразеологизмдерге тән белгілердің сөзге ойысар жағы да, одан оқшау кетер жағы да бар. Тілдегі әр түрлі типтес құбылыстардың өзара бұндай жалпылық айырма жақтарын қысқаша жоғарыда атап кеттік. Фразеология теориясында осы жөнінде, негізінде, екі түрлі пайымдау бар: а) кейбір зерттеушілер ФЕ мен сөз мағына жағынан бір-біріне балама (эквивалент) бола алады дегенді айтады; б) ФЕ мен сөздің екеуі — екі бөлек дүние, кей ретте мағына жуықтығы болғанмен, бұлардың арасына теңдестік белгісін қоюға болмайтынын ескертеді. ФЕ-ге тиісті белгілердің ешқайсысы да сөз категориясынан толық түрде ұшырамайды; керісінше, сөз бойындағы қасиеттердің ешбірі де толығынан ФЕ саласынан кездеспейді. Басқаша айтқанда, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы тәрізділер — ФЕ-нің еншісіндегі белгілер. Олай болса, «лезде» деген *көзді ашып-жұмғанша*, «қорықты» деген *жүрегі ұшты* болып ФЕ мен сөз іліктес келуін қалай түсінеміз? Көп жағдайда осы іспеттес мағына «сәйкестігі» байқалып отырады. Солай бола тұра бұл «сәйкестік» толық балама бола алмайды: «лезде», «қорықты» сөздерінде ФЕ-лерге тән экспрессив ең жоқ. Сол сияқты сырттай, жай тіркес іспеттес болып көрінген *сүмбіл шаш* дегенді «қара шаш», *асқар тау* дегенді «биік тау», *қыпша бел* дегенді «жіңішке бел» деп, теңдей түсер құбылыс екен деуге болмайды. Осындағы тырнақшамен қоршалған сөздер еркін тіркеске жатады, демек «қара», «биік», «жіңішке» дегендер *сүмбіл*, *асқар*, *қыпшаларға* толық балама (эквивалент) болып тұрған жоқ. Сондықтан курсивпен көрсетілген тіркестерді фразеологизмдер деп есептеу керек. Екіншіден, бұл ФЕ ішіне енген компоненттерде өз ара дағдылы, тіркес тиянақтылығы анық көрініп тұр: *сүмбіл*, *асқар*, *қыпша* кез келген сөзге жанаса бермейді. Ал бұларға «сәйкестерді» еңге қыруар сөздердің көгеніне байлай беруге әбден болады.

ФЕ-нің әр қилы басқа (үш, одан да көп компонентті) типтерінің қайсыбірі болса да жеке сөз табиғатынан тыс тұрады. Келтірген мысалдан да, ұлан-ғайыр өзге фактілерден де туар басты қорытынды: «сөз» дегенді көптеген зерттеушілер бүтін бітімді (цельнооформленный), «фразеологизм» дегенді бөлек бітімді (раздельнооформленный) деп есептейді. Осы концепцияны қазақ тілі фактілері де құптады.

Жеке сөз өздігінен барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды міндет емес (басқаша айтқанда, сөздің бұл жөнде факультатив қабілеті бар да, бірақ оның әрдайым сырттай көрінуі басты шарт емес). Ал, фразеологизмнің бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынада жұмсалуды — өн бойы кездесер қағида. ФЕ (ф. түйдек те, ф. тіркес те) туынды мағынаны білдіреді де, сөз түбір мағынаны білдіреді. Осыдан шығатын тағы бір түйін: ФЕ мен сөз бір-біріне баламалық байланыста емес, жанамалық қатыста болады деген топшылауды қолдаймыз. Яғни белгілі бір ФЕ-нің ішіндегі сөздердің бірде-бірі дербес мағынаның референті бола алмайды. Басқаша айтқанда ФЕ құрамындағы белгілі бір компонент дербес мағынаны білдіре алмайды. Ал, жеке сөз өзінің референттік қасиетін сақтамауы мүмкін емес. Осыдан келіп, біраз ғалымдар ФЕ-нің мағынасын фразеологиялық мағына деп, сөз, еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына деп атауды лайық көреді. Бұған келтірер үлкен дәлел: ФЕ тікелей мағынада емес, туынды мағынада ғана жұмсалады. Біздің ойымызша, сөз бен ФЕ-нің, ФЕ мен мақал-мәтелдің, ФЕ мен еркін тіркестің «синтаксистік қызметі» дегеніміз тәрізді олардың өзара «лексикалық ерекшелігі» деп те айтуға әбден болатын сияқты. Сондықтан терминді дәл осы тұста құбылғаннан ұтарымыз аз.

ФЕ кей жағдайда анда-санда қос сөзге, біріккен сөзге айналып кетуі де мүмкін. Мұның басты екі себебі бар: біріншіден, толық компоненттер десемантизацияға ұшырайды (мыс.: *қара+пайым=қарапайым*, *кеш+құрым=кешқұрым*, *баса+көктеу=баса-көктеу*, *ада+жұда=ада-жұда*), екіншіден, бір тұтас акцентуацияға ие болады (мыс.: *ара+салмақ=арасалмақ*, *бір+тектілік=біртектілік*, *бір+сыдырғы=бірсыдырғы*, *арқа+басы=арқа-басы*). Осының салдарынан баз уақыт кей ФФ универбация жолымен өзінің бастапқы тұрқынан да айрылып қалады (мәселен, *алла разы болсын* дегенді өзгертіп, *алдыразы болсын* тұлғасында айта береміз; еркін тіркес негізінде жасалған «қыстың күні», «алып кет», «алып кел» дегендер «қысты күні», «әкет», «әкел» болуына назар аударыңыз).

Сөзді бөле қарау дегенді бөліп тастау деп түсінбесек керек. Өйткені кей фразеологизмдердің ішіндегі сөздер өз лексикалық мағынасынан ыңғайына қарай бірде түгел, бірде жартылай, әнтек айрылып қалады дедік. Түрлі ярус құбылыстары бір-біріне жанамалы түрде (изоморфизм ретінде) қолданылады. Демек, изоморфизмді құбылыс фразеологизмдердің өз ішінен емес, бөлек ярустан кездесіп отырады. Бұлай етпеген күнде сөз бен фразеологизмнің релеванттық, бас белгісін жоққа шығарамыз. Жоғарыда айтқан жанамалы қатысты баламалы байланыспен шатастырып аламыз. Бұл екеуінің фразеологизм мен сөздің семантикасында да, стилистикалық, синонимдік табиғатында да (сырт тұлға жағындағы айырма екі бастан түсінікті) елеулі ерекшеліктер бар. Мынаған тағы бір көңіл бөлекші: *аузын ашпады* деген

«үндемеді» ғана емес, «мүлде үндемеді»; *мыңғырған мал* — «көп мал» ғана емес, «мейлінше көп мал»; *қас дүшпан* — «үлкен жау» ғана емес, «қан құйлы жау»; *құлан жорғас*, *құс ұшлас дала* — жай ғана «дала» емес, «құлазыған құ дала» мәнінде айтылып тұр. Сол сияқты мына мысалға да құлақ түріңізші: *ұлың ұяға, қызың қияға; жүзіктің көзінен өгер сұлу; ай десе аузы, күн десе көзі бар; құралайды көзге атқан; төбеңнен құй қаздым ба; тоғыз (тоқсан) жолдың торабы; көсегең көгеріп, өркенің өссін; аламы жылқы, ақтылы қой*, т. б. Осы фразеологизмдер тиісінше «үрім-бұтақты бол», «сұлу», «мерген», «азап бердім бе», «күллі жолдың түйіні», «барлық мал» сияқты мағыналар ФЕ-лердің берер ұғымына түгел сәйкес деуге болмайды. Олай болса, барлығын (сөзді де, сөз емес единицаларды да) үйіп-төгіп, бір өлшеммен өлшеп, бір желіге тіркей салуға болмайды. ФЕ-лерді алып келіп сөзге телу, демек, еркін тіркес үйіріне айдап салу, тілдің құрылыс материалы деп тануға да болмайды.

Қазақ т. б. түркі тілдерінде етістіктің аналитикалық түрлері өте көп. Бұлардың едәуірі есім сөз бен көмекші етістіктен тұрады. Мұндағы басы ашық мәселе: егер есім+етістік үлгісінде келген тіркес туынды, яғни экспрессив мәнде келсе, фразеологизм болады да, тікелей мәнде келсе, ФЕ шеңберінен тыс тұрады. «Елін сағынды», «көзі көрмеді», «жүрегі қысылды» дегендер еркін тіркес тобына жатады да, «ел биледі», «көзі тиді», «жүрегі қыжынады» сияқтылар тиянақты тіркеске енеді. Сол сияқты «шәкірт болды», «жария етті» деген тікелей, «адам болды», «паш етті» — туынды мәнде жұмсалып тұр. Сайып келгенде, фразеологизм өз алдына дербес пәннің (фразеологияның) қарауына енеді де, сөз бөлек салалардың (лексикология мен грамматиканың) қарауында болады. Еркін тіркес сыңарлары өз ара меңгеру, қабысу, қиысу, т. б. жолымен байланысады. Сырттай қарағанда ФЕ сыңарларының байланысу жолы туралы да осыны айтуға болады. Синтаксистік амал-тәсілдер тұрақты, еркін тізбектерге ортақ жол. Дегенмен фразеологизмдердің жеке сөзге жуықтығын тек шарт-шамамен ғана бағдарлау жөн.

Фразеологизм және мақал-мәтел

Тілдегі мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркесіне жатады. Бірақ, барынша тар ұғымда алынатын ФЕ-лер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырым бар. Мақал мен мәтел ФЕ-ден өзінің сөз қолданыс, мағыналық жағынан ерекшеленіп тұрады. Ішкі мазмұны, сыртқы түрі жағынан яғни өздерінің семантикасы, грамматикалық құрылысы жағынан мақал-мәтелдің ФЕ-ден елеулі айырмашылығы бар. ФЕ-ге кейбір ұқсастықтары бола тұрса да, мақал-мәтел сөз салтаудың дербес түрі болып есептеледі. Демек, олардың өздеріне тән лексика-семантикалық, грамматика-стильдік ерекше (релеванттық) белгілері бар. Сол ФЕ-лердің бір саласы — ф. түйдекке тән белгілерді қысқаша былай тұжырымдауға болады: ф. түйдек, жоғарыда айтқандай, құрамындағы элементтері іштей кірігіп, жеке компоненттердің семантикасына тікелей қатысы жоқ, тұтасқан бір шоқ мағына береді; ф. түйдектің едәуір бөлегі, көбіне, екі-үш элементтен тұрады; ф. түйдек акцентуация жағынан біркелкі келеді. Бұл топтағы ФЕ-лердің басым көпшілігі, әсіресе екі компоненттісі, интонациялық бірлікте болады да бір-ақ екпінге бағынады.

Белгілі бір фразеологизмнің (көбіне, ф. тіркестің) мағынасы сыртқы тұлғаға мүлдем қалыс деуге болмайды. ФЕ мен мақал-мәтел бір-бірінен өздерінің мазмұны жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да сараланып тұрады. Мазмұны жағынан мақал мен мәтел атаулының дені игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипатында болатыны мәлім. Мақал-мәтел нақылға, жөн сілтеуге ойысса, ФЕ-лер тек атауыш — бейнелеу мәнде келеді. Осы себепті де, мақал мен мәтел синтаксистік жағынан ФЕ-ге қарағанда анағұрлым күрделі. Мақал-мәтел қаншалықты ауыс мағынада қолданылғанмен, құрамындағы сөздері өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан айрылып қалу қасиеті бөлек. Осы ерекшелігіне байланысты тіл процесінде ФЕ мен мақал-мәтел әр түрлі тәсілде қолданылады. Бірер иллюстрация: «өте тез, шапшаңдықты» білдіретін *қас пен көздің арасында* деген ФЕ акцентуациясы жағынан екі ритмдік (ырғақтық) топқа бөлінеді: *қас пен көздің//арасында* немесе *қас пен//көздің арасында*.

Құрамындағы жеке бөлшектері өзгеше бір лексика-грамматикалық параллелизм түрінде келген ФЕ де осы қатарға қосылады. *Сүтпен еніп, сүйекке сіңген* деген тіркесте мағына тұтастығын бұзбайтын жарыспалы екі топ бар: а) *сүтпен еніп*, ә) *сүйекке сіңіп*. Параллель топтар өз ішінен тағы да құрама элементтерге бөлінген. Солардың жетекшісі екі топ компоненттерінің грамматикалық тұлғалары біркелкі келіп, әрбір параллель топтың акцентуациялық-ритмикалық дербестігі сақталған.

ФЕ құрамындағы сөздердің санына келетін болсақ, олардың бұл ретте тым шектеулі екенін (мақал-мәтелдермен салыстырғанда) ерекше атап өту қажет.

Тонның ішкі бауындай («ашына, жақын»), *ауыз жаласу* («ниеттес»), *бос белбеу* («тоғышар» немесе «икемсіз, салақ»), *ашық ауыз* («аңғал, аңқау»), *ашық қол* («мырза, жомарт»), *жұлдызы қарсы* («өш, араз»), *санын соғып қалу* немесе *бармағын*

тістеу («өкіну»), *салы суға кету* («еңсесі түсу») тәрізді ФЕ-лер ең көп айтылатын типке жатады. Бұдан біз фразеологизмдер екі немесе үш компоненттен құралатындығын көріп отырмыз. Ал мақал мен мәтелдердің бәрі бірдей бұл іспеттес болып келе бермейді. Мәтел өзінің құрамы жағынан мақалдан гөрі ФЕ-ге жуық тұрады. Мәтелдің бұл ерекшелігі, сірә, оның мағынасына байланысты болу керек. Едәуір зерттеушілердің пікірінше, мәтел белгілі бір ұғымды меңзеп атаса, мақал сол ұғымның өзін тікелей білдіреді. Орыс халқы «мәтел — гүл, мақал — жеміс» деп, тауып айтқан. Мақал-мәтелде ұғымнан гөрі кесек ой басым жатады. Сондықтан да бұлар сырт тұрқы жағынан сөйлем түрінде келеді деген концепцияны қолдау орынды¹. Мақал-мәтелдің ішінара ортақ, айырым қасиеттерін, тұлға, мағыналық классификациясын, дыбыс үйлесімдерін, оларда кездесетін қайсыбір сөздердің төркінін, өзге тілдер әсерімен жасалғандарын, әдеби тіл жүйесіндегі орнын, т. б. үңіле зерттеу де, — басты міндеттердің бірі. ФЕ-лер мен мақал-мәтелдердің ара қатынасы жайында мыналарды да айтуға болар еді. Фразеологизмдердің (ең алдымен ф. түйдектердің) басқа құбылыстарға қарағанда, оқшау ерекшелігі бар екендігін ескеруіміз керек. Бірнеше сөздің тобы ФЕ болу үшін өзгеше бір тілдік ситуация қажет тәрізді. Бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударып алынуда тиісті (лингвистикалық калька) сөздерді еске алмағанда, ФЕ әсіресе ф. түйдек мақал-мәтел, жұмбақ сияқты тезбе-тез жасала қоятын құбылыс емес. Өйткені, мәселен, идиомның (ф. түйдектің) шеңберіне енген сөз десемантизацияға ұшырап, өзінің тікелей мағынасынан айырмалы үшін, белгілі бір мерзімдік, әрі тіл дәстүріне лайық ерекше шарт керек сияқты. Әр тілдің өзіне тән ФЕ-лері болу үшін бұдан басқа сол тілге ие халықтың салт-сана, өдет-ғұрып, тұрмыс-күйі, мәдени дәрежесі де негізгі орын тебе алатындығы өзінен-өзі белгілі. Тілдің қат-қабат өзге салаларына ортақ осы факторлардың сөйлеу процесінде әр қырынан аңғарылуы — қызық мәселе.

Кейбір мақал-мәтелді заманның ағымына қарай өзгертіп айту, я тыңнан жаңа мақал шығару сөздердің идиом болуынан анағұрлым оңай. Заманның нақтылы бір тілегіне сай шыққан мақалдар толып жатыр. Бұған мысал ретінде қазақ әдебиетінің кеменгері Абайдың, тағы басқа ой иелерінің мақал болып кеткен нақыл сөздерінен көптеп мысал келтіруге болады. Бұл — әркімге де белгілі нәрсе. Тек мынаны атап кетейік: *Әдет — әдет емес, жөн әдет* деген мақал түркі тілдерінде араб жазуынан жаңа латын жазуына көшкерде жиі қолданыла бастады. Бұдан келіп, біз ФЕ-лер заманнан тыс, әлеуметтік ортадан тыс, бейтарап жасала береді дегелі отырғанымыз жоқ. Мақал тәрізді тізбектер — «кешегі» күннің жемісі, бұлар түгелімен берілгенде шыққан мұра дегіміз де келіп отырған жоқ. Қазақ тілі өз алдына дербес тіл болғаннан бері қарай келе жатқан мақал-мәтел өте көп. Мақал-мәтелдер сан жағынан да, сапасы, көркемдігі, тапқырлығы жағынан да бір ғажайып құбылыс екені әркімге аян. Біздің айтайық дегеніміз: сөздер белгілі бір лингвистикалық дәстүрге ие болып, фразеологиялық дәрежеге жету үшін, ол сөздер сол белгілі фразеологизмге тән қасиетке ие болуы керек. Белгілі топтағы сөздер, басқа тізбектерге қарағанда, басынан көп уақыт, біраз дәуірді өткізіп барып қана ФЕ дәрежесіне келе алады. Мекен, мезгіл факторы көп құбылысқа ортақ екені рас. Сол ортақ қасиет тілдің ерек бір ішкі заңдарына ұласа барып, ФЕ категориясы пайда болары хақ.

ФЕ-нің кей типтері үшін сөздің туынды мағынада қолданылуы ғана емес, сөздің «абстрактыланып» десемантизацияға ұшырауы шарт. Бірақ, ол (компонент сөз) формант (қосымша) дәрежесінен, әрине, алшақ тұрады. «Қас пен көздің арасында қайда кетіп қалды» дегендегі *қас пен көздің арасында* деген — фразеологизм. Ал, «сен көзіңді ашып, жұмып тұрғанда жұрт барар жеріне жетіп қалды» дегендегі *көзіңді ашып, жұмып тұрғанда* дәл осы контексте фразеологизм бола алмайды. Немесе: «Матайдың сөзінің басы таудай болса да, аяғы сыыр құйымшақтанып келіп, қылдай болып кетті» (М. Әуезов, «Еңлік-Кебек») дегендегі *сыыр құйымшақтанып* деген де — фразеологизм. *Түйе үстінен сирақ үйтті; тулен тұртіп отыр; қара қылды қық жарып (қара қылды қырық тілін); сыр суы сирағынан (сыр суы жұлығынан), төбеңнен құй қазып отырғаным жоқ* сияқты сөз тізбектері де ФЕ болып есептеледі.

Бұл фразеологизмдердің қай-қайсысын болса да ертеден келе жатқан, ғасырлар бойы осы қалпында ауызекі тілде айтылып, біртіндеп келе әдеби тілімізге (жалпы жазба әдебиетке) де еніп, ұрпақтан ұрпаққа көшкен, туында мағынада қолданылатын айрықша сөз топтары деп түсінуіміз керек. Оларды дәуір-дәуірге бөліп топтастыру қандай қиын болса, қолма-қол ФЕ жасай салу, тыңнан мұндай жаңа сөз тізбектерін туғызу да сондай қиын. Сондықтан «мына фразеологизм XV не XIX ғасырда шыққан, пәлен идиомдарды ана жазушы шығарған, мына біреулері — осы заманның жемісі» — деп айтуға тіпті де болмайды.

Қорыта келгенде, мақал мен мәтелдің өздеріне тән айырым белгілері болады, сондықтан да олар тіл жүйесінен өзіне сай орын тебеді.

¹ Бұл жөнде біз В. П. Жуковтың пікірін қолдаймыз. Ол автордың «Словарь русских пословиц и поговорок» (М., 1967) атты кітабын қараңыз. Сөз орайы келгенде айта кетелік: осы тақылетті қазақша паремологиялық сөздік жасаудың толғағы жеткен мәселе екенін ескерте өтеміз.

Мақал-мәтел мен ФЕ-лерді сырттай жақындастыратын белгілер де бар дедік. Мақал-мәтелдің ФЕ-ге ұқсастығы ең алдымен компоненттер тұрақтылығынан көрінеді: мақал-мәтел компоненттерінің де орнын ауыстыруға әсте болмайды. Едәуір зерттеушілер осы жағдайды еске ала отырып, мақал-мәтелді тіпті фразеология аясына енгізуді мақұл кереді. Бұл концепцияны қостауға болмайды.

Бір көңіл аударарлық нәрсе — мақал мен мәтел синтаксистік жағынан болсын, морфологиялық жағынан болсын, сол баз баяғы бір қалпында құбылмай, өзгеріссіз қолданылады. Айталық, есім, етістік тұлғасындағы: *көп білсең де, көптен артық білмейсің; жаман туғаның болғанша, жақсы жолдасың болсын* тәріздес мақалдар айтылудағы синтаксистік, стилистикалық түс-таңбасына (атап айтқанда «де» етістігімен келетіндігіне) байланысты тілде ешбір өзгеріссіз, штамп түрінде қолданылады. Тар мағынадағы фразеологиялық единицалар (ФЕ-лер) бұл ережеден ауытқып кетеді. Мәселен, есім мен етістіктен жасалған ФЕ-лердегі жеке сөздерді түрлендіруге әбден болады. Мұндайда тіркестегі сөздер контекстің әуенімен морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Демек, оларға әр алуан қосымшалар (жалғау, жұрнақтар) жалғап, құбылта беруге болады. Мысалы, *беті қайтып қалды, жүрек жалғап алды* деген ФЕ-лерге түрлі тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғап, тұлғаларын өзгерте айтуға болады (*бетім қайтып қалды, жүрегін жалғап алды* т. б.).

Фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркес

Қазақ тілінде, барлық басқа тілдердегі сияқты, ф. түйдек емес (идиом емес) фразеологизмдер орасан көп. Бұлар да идиом секілді орын тәртібі жағынан тұрақты. Бірақ, мағынаның тасалану, тасаланбауы, яғни құрамындағы сөздері өзінің тура мағынасын сақтауы, сақтамауы жағынан ф. түйдектің ф. тіркестен елеулі айырмасы бар. Олар жайында қысқаша жоғарыда айтылды.

Бұл екеуі де белгілі сөз тізбектері: түйдек тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, түйдек ішіндегі компоненттер өзінің бастапқы лексикалық формасы мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сырт сиқын ғана сақтайды. Сөйтіп, оның компоненттері ширала келе, негізгі бір кесек, фразеологиялық единица болады. Синтаксистік қызметі де — бір тұтас: көбіне дерлік, сөйлемнің нақтылы бір ғана мүшесі дәрежесінде жұмсалады. Ф. түйдектің беретін мағынасы оның жеке сыңарларынан шығатын мағынамен байланыспауына бірер мысал: *қабырғамен кеңес; жүрек жалғады; қырғи қабақ болды; тонның ішкі бауындай. Қабырғамен кеңес* дегеннің мағынасы «қабырға», «кеңес» деген сөздердің тікелей мағынасынан туып отырған жоқ (мұның беретін ұғымы «ойлан», «асықпай-саспай ойлан»), не болмаса *жүрек жалғады* (мағынасы «азын-аулақ ас ауыз тию», «жеңіл-желпі тамақ ішіп алу»); *қырғи қабақ болды* (мұның мағынасы «араздасу», «өкпелесу», «қырын қарау»); *тонның ішкі бауындай* («өте тату», «жең ұшынан жалғасқан», «әкей-үкей»). Осындағы келтірілген әрбір түйдек сыңарлары тұтасып барып қана, өзара бір шоқ жаңа мағына туғызып тұр. Түйдек ішіндегі элементтеріне қарай талдау жасап, бірін екіншісінен жырып алуға болмайды.

Ал, ф. тіркес ішіндегі сөздер негізгі мағынасынан жарым-жартылай ғана айрылып қалады. Мысалы: *белін қынай буынды, ата жолын құды, егіліп жылады, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала.*

Сөздердің ф. түйдек тобы болсын, ф. тіркес тобы болсын, екеуіне де ортақ қасиет — тиянақтылық. Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға, белгілі тәртіпке ие болуы шарт; компоненттер бөтен сөздерге жанаспай, олардан бойын аулақ салып, өзінің арнаулы сөздерімен үйірлес келеді. Демек, «егіліп» дегенді «жылады» дегеннің алдына қоюға болады, «қынай» деген сөз «буынды» деген сөзбен жанаса алады. Сол сықылды *қырғи қабақ болды, қырық пышақ болды, ақ түйенің қарны жарылды, жауырды жаба тоқыды, менің сағым сынды* деген тізбектердегі компоненттер де осы сипаттас. Өсіресе, соңғы екі ФЕ-нің компоненттері өзара тығыз байланысты: «тоқы» деген етістік тек осы тізбектегі сөздермен ғана («жауырды жаба тоқыды») жанаса алады; *сағым сынды* дегендегі «сақ» сөзі де «сынды» етістігімен ғана жанаса алады.

Ф. түйдек пен ф. тіркеске тілдегі қолданылу сәтіне қарай бағзы уақыт бірінші орнына бірі жүріп, ауысып отырады. Бұл екеуінің кей ретте шегін белгілеп, ажыратып алудың өзі қиын. Мәселен: *күлін көкке ұшырды, жермен-жеркесен болды, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды, салы суға кетіп отыр, санын соғып қалды (бармағын шайнап қалды), төбе шашы тік тұрды* деген тізбектердің бәрі де бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынаға ие болып тұр. Мұндағы *жермен-жеркесен болды* дегендегі «жеркесен» сөзі парсы тілінде «бірдей», «тегіс» деген мағынаны білдіреді, яғни «жер бетімен бірдей етті» («көзін жоғалтты, құртты») деген мағынаны беріп тұр. *Санын соғып қалды* деген тізбектің мағынасы да метафоралық мағына («өкінді, күйінді, қапыда қалды»); *жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды* деген екінші — жанама, туынды мағына беріп тұр. Сол сықылды *салы суға кетіп отыр* дегенді де

басқа мағынада қолданып отырмыз. Егер де бұл сөздерді «салының суға кетуі» мағынасында тікелей түсінсек, ФЕ бола алмайды.

ФЕ-лерді сөздердің қалыс лексикада жеке тұрғандағы мағынасымен түсінетін болсақ, бұлар қарапайым сөз болып кетеді, не мағынасыз, мәнсіз, бірдеңе болып шығады. Айталық, *қол көтерді* деген сөзді ыңғайына қарай (контекстегі қолданылуына қарай) тікелей мағынасында да, туынды мағынасында да айтуға болады. «Біз жол-жөнекей өтіп бара жатқан машинаға қол көтердік» десек, мұндағы *қол көтердік* өзінің тікелей мағынасында айтылып тұр; *біз оны жақтап қол көтердік* десек, мұндағы тізбек жанама мағынада айтылып тұр. Ал *жүрек жалғап алайық, мойнына су құйылып отыр, бетіне қара күйе жағылды, бит ішегіне қан құйып отыр, бір тарының қауызына сыйғызды, бүйрегі бұрды, су жүрек, сары ізіне шөп салып отыр* деген тізбектерді сөздердің тура мағынасымен айтып отырғанымыз жоқ. Сол себептен бұл тізбектерді құрап тұрған жеке элементтердің мағынасы осы тұрған қалпында дербес референттік мағына бола алмайды. Сондықтан екі немесе бірнеше сөздің түйісіп келіп, ф. түйдек болуы үшін, ол компоненттердің өзара байланысынан туатын мағынадан мүлдем басқа айтылуы керек. Сөйтіп, ф. түйдек пен ф. тіркестің өз ара айырмасы бұл екеуінің құрамындағы компоненттерінің дара қолданылған күйдегі негізгі (тікелей) мағынасынан айрылу, айрылмау дәрежесінен көрінеді.

Егерде ф. түйдек, ф. тіркес сөздер «трансформация» өзгерістері нәтижесінде пайда болады десек, осыдан туар тағы бір ерекшелікті байқаймыз. Ол — ФЕ-лерді өзге (құрылымы бөлек) тілге аудару мәселесі. Бұл жөндегі практикада белгілі бір сөйлем ішіндегі сөздің алдымен лексикалық мағынасын есте тұтамыз. Осы тұрғыдан пайымдасақ, балама (эквивалент) деген мән теңдес (адекват) дегеннің ара салмағын ажырата қарау мақұл. Мәселен, «палец о палец не ударить» сияқтыны *екі қолын құсырып отыру* деп аударуды әркім-ақ қолдайтын болар. Осы ізбен «слона-то не приметили» дегенді *көрмес пілді де көрмес демей көрмес түйені де көрмес* деген анағұрлым ұтымды емес пе? Олай болса, «делать из мухи слона» дегенді *түймедейді түйдей ету* десек, кім күмән келтіреді?

Сөздің қысқасы, бұл жайлы проблемалар қыруар. Филологтардың назарынан тыс қалмайтын мәселе — осы аудару принциптері мен практикасы. Қорыта айтқанда, тиянақты тізбек әрдайым фразеологизм бола бермейді, ал фразеологизм тиянақты тізбек болмасқа шарасы жоқ.

Фразеологизмнің кейбір стильдік ерекшеліктері

Қазақ тіліндегі сан алуан тізбектер нақты қолдану ретіне қарай бірде фразеологизм, бірде еркін тіркес реңкінде келе береді. Мысалы, *көз қырын салды* деген тіркесті сөз ішінде, *ауық-ауық көз қырын салып қойып отырды* дейтін болсақ, еркін тіркес болады да, балама *көз қырыңды сала жүр* десек, тұрақты тіркес боп шығады. Сол сияқты *бармағын тістеді* дегеннің тура мағынасы «саусақты ауызға салып тістеді» болса, ауыс мағынасы — «қатты өкінді», «опық жеді»; *мұзға отырып қалды* дегендердің де беретін негізгі, тура мағыналарынан басқа, «алданып қалды», «құр алақан қалды» деген сияқты ауыс мағыналары бар.

Еркін тіркестер үнемі экспрессив мағына бере бермейді. Белгілі бір тізбектің әрбір мүшесі кез келген басқа бір сөзбен емін-еркін жалғаса келе, әр алуан лексика-грамматикалық тұлғаларға ие болады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес сөйлеу процесінде қатаң меже дегенді білмейді. Өз маңындағы басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, лексика-семантикалық және стилистикалық тұрғыдан жаңғырып отырады. Тұрақты тіркес ішіндегі сөздер бұлайша «еркін» қимылдай алмайды; сөздің лексика-грамматикалық өрісі «табиғаты жалқы» тіркеске тәуелді болады. Сөз тізбектері өзгеше бір лексика-грамматикалық «калыпқа» түсіп, осы тұлғада тұрып қана белгілі бір семантика-стилистикалық қызмет атқарады. Алайда семантика-стилистикалық жағы «жіліктің майлы басы» екен деп тұжырым жасауға болмайды. Тұрақты сөз тіркесінің грамматикалық тұлғасы мен дыбысталу жағына мән бермеу әбестік болар еді. Бұлардың бәрі де өз ара бір-бірімен байланысқан, бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайтын құбылыстар.

Қоғам, тіл иесі — халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді. Сөзді, сөйлемді орынды қолдануды ұнатады. Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады. Мол тіл қазынасының бір алуаны — фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын сөз еткенде, ең алдымен олардың стилистикалық қызметі көзге түседі. Бұл түсінікті де. Некен-саяқ кездесер бірді-екілі фразеологизмдерді есептегенде, тиянақты тізбектердің бәрі дерлік өзгеше стиль қызметін атқарады десек, қателеспейміз.

Біз сөз етіп отырған фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі ролі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі, көп жағдайда осы стильге ойысып отырады. Осының нәтижесінде сөз, сөз тіркестері, сөйлем өрісі кеңейіп отырады. Сөйлеушінің айтпақ болған ойы айқындалып отырады. Тыңдаушы мен оқырман қауымға жатық та түсі-

нікті болу үшін фразеологизмді сөйлеуші не жазушы стиль жағынан әр саққа жүгіртіп, шебер қолдануға тырысады.

ФЕ-лердің сан салалы типтерін орынды қолданғанда ғана сөйлем сазына, тіл жүйесіне, сөйлеу практикасына нұқсан келмейтін болады. Мысқыл-кекесін болсын, налу-жабырқау болсын, алғыс-қарғыс, т. б. болсын,— бәрі де фразеологизмдерді шебер қолданудан келіп шығатын құбылыстар. Әзіл-оспақ, ойнақы қалжың тұсында кей фразеологизмді тұспалдап, екі ұшты мән беру де әредік кездесіп қалады. Мәселен, (пәленшенің) *құлағына алтын сырға* тіркесін оңтайына қарай олай да, былай да қолдана беруге болады: мұның «есітпей-ақ қойсын», «тыңдамай-ақ қойсын» деген мағынасына қайшы келер жайт та кездесіп қалады. Құрдас кісілер: «Мен саған бір әңгіме айтпақ болып келдім, келіншегіңнің *құлағына алтын сырға*» дегенді мысқыл ретінде керісінше де қолдана береді.

Стильдік функцияда аса ойнақы мәнде қолданатын үлкен бір арна,— ол синонимдер. Бұл қасиет мақал-мәтелдерден де жиі кездеседі. Ауыз әдебиетінде *астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп* (аяғымен жер тіреп, маңдайымен көк тіреп) сияқты әсірелеу әркімге-ақ мәлім. Сол сияқты, *ашуы жауған қардай, шөккен нардай* немесе *ақылы балқаш, ашуы дүлей*. ФЕ саласынан «жырақ жер, қиыр шет» ұғымын *ит өлген жер, ит арқасы қиян, ит жеккен (жер), көз көрмес, құлақ естімес жер*; «парақор», «жалмауызды» *аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жалмады немесе түйені түгімен жұтты*; «татулықты» *арасы майлы қасықтай (арасынан қыл отпейді)* немесе *тонның ішкі бауындай*; «өр көкірек адамды» *деміне (кеудесіне) нан пісіріп, көзін шел басып, аяғын алашаң басып* деп айта береміз. Ой жүгіртіп қарасаңыз әр синонимді фразеологизмнің аздап болса да өз бояу-сыры бар. Синонимнің теориясында бұл мәселенің басы ашық: түгелімен бір-біріне жүз процент сәйкес келер синонимдер жоқ есебі. Дәлме-дәл сәйкестікті көздесек, синонимия дегеннің тілге еш қажеті де болмас еді.

Фразеологизмді стильдік тұрғыдан пайдаланудың бір ұшығы сөзді мәнерлеп сөйлеуге байланысып жатыр. Тілде сирек кездесетін, көнерген сөздің өзін де баз уақыт құйқылжыта, қыбын таба қолдану да осы стильдік тәсілге апарып соғады. *Аузын айға білеген* деген әсірелеудің, *атау-кереңді іш* деген қарғыстың, *ұлық болсаң, кішің бол* тәрізді нақылдың, *жұмыртқадан жүн қырыққан (қу бастан қуырдақ ет алған немесе иттен де бір сүйек қарыздар)* деген кекесіннің сыр-сипаты стильдік функцияда жатыр. Стиль өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дүние десе де болады. Бір қызығы: фразеологизмнің денін көркем шығарма (соның ішінде фельетонда) жиі қолдану кездейсоқ емес. Тура мағыналы ғылыми әдебиетте мұндай сөз қолданыс үрдісі атымен жоқ десе де болады. Ажуа, мысқыл бар жерге стильдік әдіс әмпей-жәмпей үйлесе кетеді. Аналогия, сырт пішінді де өз орнында стильдік тәсіл мән-мәнісімен икемдеп те жібереді, «өзінің өзгеріссіз күйінде» дегенді жағымды мән бере *қаз қалпында* десе, күйкі, жағымсыз мән бергісі келсе, *таз қалпында* деп, оп-оңай антоним жасау дағдысы да жоқ емес.

Осы тұста айта кетер тағы бір жайт бар. Сөз тізбегіндегі сөздердің дағдылы орын тәртібін бұзғаннан стиль үшін келер-кетер зиян жоқ деген пікір — жаңсақ пікір. Неге десеңіз, тіл традициясындай мықты орныққан құбылысты коммуникатив әлемінен табу тым-ақ қиын. Қиын емес-ау мүмкін емес. Дегенмен, бірер фразеологизмдерде инверсия құбылысы қолданылады, ФЕ компоненттерінің орын тәртібіне өзгеріс енгізіледі. Бұл жағдай неден келіп шыққан? Мұның лингвистикалық «себебі» де жоқ емес, ол — десемантизация деп ойлаймыз. Сөз мағынасы күңгірттенсе немесе басқа мағынаға көшіп кетсе, орын тәртібін өзгерткеннен мағына ойсырамаса, неге «трансформация» жасамаймыз деген ой туады¹. Совет тұсында өркендеп өскен кен

¹ Қазақ әдеби тілінің орфографиясы, стилі, аударма принципі, терминология, тіл мәдениеті туралы газет, журналдарда ауық-ауық айтыс мақалалар шығып тұрады. Бұл жақсы дәстүр. Осыған байланысты кей фразеологизмдер де әредік сөз болып тұрады. Бұл да теріс емес. Математикада екіні үшке қоссаң да бес, үшті екіге қоссаң да бес болады. Лингвистикада бұл ереже кей жағдайда бұзылып та кетеді: «минус» пен «плюстің» басы қосыла қалса, соңғысы басым шығады; *жаман мен жақсыны* екпін, ырғағын тұтастыра айтсаңыз «тым жақсы» болып кетуі ғажап емес. Ал өзге еркін тіркеске келсеңіз сөз басқа: *ол кеше келді — кеше ол келді, ол театрға барды — театрға ол барды*. Осы жерде орнын ауыстырудың лексикалық мағынаға тиер шаруы жоқ, бірақ логикалық екпінге нұқсан келіп тұр (инверсия логикалық екпінді өзгертіп тұр).

Логикалық екпін табиғаты бөлек тиянақты тіркестерге, кейбір мақал-мәтелге зейін қоялықшы: *арқа еті арша, борбай еті борша; мойны ырмайдай, биті торғайдай; ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жұтады*, т. б. Әр тіркестің жарыспалы сыңарларын бұрын қой, соң қой,— одан «логикалық» желіге нұқсан келмеуі мүмкін. Бірақ, оларды (сыңарларды) ауыстырғанда егіз өлмегенмен арба сынуы кедік. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ тәртіпке қол сұққанда табар пайдамыз жоқ. Жұтқан жұтамас деп, «аяқты жалмады» не, «шанақты жалмады» не деп, құйқылжытудан ұтарымыз жоқ. Сол сияқты *барар жер, басар*

өрісті ана тіліміздің, әдебиет, мәдениетіміздің тағдыры туралы келелі пікір айтқан кісілерге әркім де риза. Бұл жерде айтысқа түсу орынсыз. Тек фразеологияның бір «уақ» мәселесіне ат үсті болса да жолай соғып кеткіміз келеді. Бәлкім, оның стилистикаға қатысы да болар.

Тиянақты тіркестің өн бойы тілдегі, сөйлеудегі өз еншісіне тиер меншік қасиеті — стильдік ерекшелік деп әлденеше рет айттық. Әрбір фразеологизмнің қолдану әлпетін, күллі стильдік қызметтерін толық документация негізінде сипаттап шығу — келешектің жұмысы. Фразеологизмдердің біреу стильдік қызметін атаудағы көздеген мақсат жалғыз-ақ: стилистика тіл салаларының (ярустарының) баршасын орынды пайдалануды көздейді, сөз бен сөз тіркестері стиль амалы арқылы екшеліп отырады, көп жанрлы әдебиетіміздің, дамыған әдеби тіліміздің жан-жақты өрбуіне көркем сөз шеберлерінің қосары көп. Жанрлардың шырдалу сыры да көп жағдайда, осы стильге ұштасып жатады. Әрбір әдеби тілдің ікемді қабілеті, көркемдік қасиетін білудің бас белгісі, эталоны — осы стильдік ерекшеліктерге тәуелді. Көркем, ғылыми, т. б. стильдердің саралануы лексика, фразеология, грамматика, фонетика нормалары орнығуына, ұлт әдеби тілінің шың мәңдегі мұқалмас қатынас құралы болуына дауғыл жол ашады. Сондықтан да жазба әдебиетіміздің, оның ауызекі баламаларының, неше қилы ситуацияда қолданылу жай-жапсарына құлақ түре отыру, үңіле зерттеу баршамыздың борышымыз. Фразеологиялық байлықтың бұл ретте тигізер себі бар. Бұл байлықты негізгі лексикалық қорға жатқызамыз ба, жоқ лексикалық құрамға жатқызамыз ба деген схоластикалық айтыс-тартыстан гөрі нақтылы фактілер негізінде қонымды қорытынды, теориялық талдау жасау анағұрлым ұтымды. Бірақ бұған қарап, фразеологизмдер негізгі сөздік қорға енді, әрі олардың бірі қалмай, қазіргі тіліміздің грамматикалық ережелеріне дәл келеді деуге өсте болмайды. Бұл мәселе фразеологиялық түйдек, тіркестердің тілде қаншалықты жиі сирек қолданылуына, өмірлік маңызына, жалпы халықтық сипатына, т. б. қарай жеке-жеке анықтала шешілуі тиіс.

Нақты бір тұрақты сөз қолданыс тәсілі, фразеологиялық мағына томаға-тұйық бөліне қаралмай, өз ара байланысты зерттелгені мақұл. Басқа құбылысты да ескере отырған жөн.

Фразеологизм және көнерген сөздер

Қазіргі тіліміздің нормасы тұрғысынан қарағанда фразеологизмдердің құрамында бірқыдыру лексикалық, грамматикалық архаизмдер кездеседі. Мысалы: *шопан ата, ойсыл қара* т. б. төрт тұлқ малдың жоғарыда көрсетілген мифтік лақаптары; сол сияқты *қатеріңіз жан болсын* немесе *қатер жан болыңыз* (ауызекі тілде *қатеріңіз жанбасын*) деген фразеологизм — «алаң болмаңыз, көңіліңізге еш нәрсе алмаңыз»; *кежегеі кейін тартты* — «тыңдамады», «қырсықты», «мойны жар бермеді»; *күйсіз күлік жүгірмес* — «күйі жоқ жүйрік шаба алмас». Осы фразеологиялық тізбектердегі «шопан», «ойсыл», «жан болсын» немесе «жанбасын», «кежеге», «күлік» сияқтылар — көнерген сөздер. Олар көнеленіп, лексикалық архаизмге айналып бара жатыр.

Ал, бұл тәрізді ерекшелік грамматикадан да кездеседі. Мысалы: *береген қолым алаған; обыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі*. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін (*жореген кісі, сүзеген бұқа, тебеген ат, қашаған бие*, т. б. салыстырыңыз); *-а + -ған* (*алаған, береген*), *-с + ді* (*бүледі*) форманттарының бұл жерде атқарып тұрған қызметі грамматиканың қазіргі нормаларына сәйкес емес; түркі тілдерінде *-а + -ған* тұлғасы — есімшенің көнеленген көрсеткіші екендігі белгілі; ал, *-с + ді* болып біткен тұлға — үшінші жақтың жіктік жалғауы. Соңғы тұлға қазақ тілінің осы күнгі нормасына әбден сай келе тұра, «бұл» деген өлі лексемаға ерекше тәсілмен тіркелген. Әдетте «бұл» сөзі етіс жұрнақтарының бірін араға салып барып қолданылады (қараңыз: *бұл-дiр-е-дi; бұл-iн-е-дi*, т. б.). Бұл сияқты ерекшелік М. Қашқаридың сөздігінен анық байқалады: *ол жәріг түзді* — «ол жерін түзуледі» (II, 16); *жағырлығ ат*

тауы қалмады (бармаған жерім, баспаған тауым жоқ) деген тіркестің жайы да солай. Дағдылы тіл құбылысын (біз осы тиянақты тізбектерге жанасқан мәселені айтып отырмыз) қажет-мұқтажсыз тайғанақтатпау керек. Мұндағы бір хауіп: көрінген кісі өз ырқымен құбылға берсе, тіл қадірі болмайды. «Таспен жапалақты ұрса да, жапалақпен тасты ұрса да жапалақ өлері» хақ. Солай екен деп, *аузы-мұрны қисаймай* дегенді, мұрын байғұстың не жазығы бар деп, *мұрын-аузы қисаймай* десек не болар еді! «Логика» дегенді қуасқ, «жата қалып төбелесті» дегенге де мін қоя аламыз: жатқаннан кейін қалай төбелеспек, ал төбелесетін болса, неге жатады? Осы әуенмен кете барсақ, *эйелі ұл тапқандай қуанды* дегенді «қыз тапқандай...» деп неге айтпаймыз деген де ой туады, *құлаққа ұрған танадай* дегенді неге талмау, жанды жерін атай «түмсыққа ұрған танадай» демейміз. Бір жас автор жаңылыс айтты ма, жаңсақ айтты ма, оны «құдай» білсін, *қызығштай қорыды* дегенді *қырғидай қорыды* депті. О заман да бұ заман қырғидың қорығанын есіткен адамның құлағы керең болар; қырғидың кәсібі — қыру. Мұндай бойлауық мінезге, әрине, тыйым салу керек.

чыжды — «жауыр ат шыжбыңдады» (II, 16); *қөј төләді* — «қой төлдеді» (III, 286); *ол атығ кішәді* — «ол атын кісендеді» (байлады) (III, 283); *ол jāйлағда кузәді* — «ол жайлауда күздеді» (күзді жайлауда өткізді) (III, 281), т. б. Демек, жоғарғы фразеологизмдегі «бүледі» — кене форма екендігі шүбә тудырмайды.

Бұл тәрізді грамматикалық архаизмдерді өңге жанама қатысы бар құбылыстарға қарап түсіне алудың қажеттігін көп авторлар атап кеткен-ді. Демек, архаизмдерді фразеологизмдердің бір белгісі деп түсінуге болмайды. ФЕ-дегі архаизмдерді басты өлшем етсек, басқа еркін тіркестерде кездесетін архаизмдер туралы не айтуға болар еді? Бұларда да өлі, өнімсіз жұрнақтармен барабар, белгілі дәрежеде өзге де кене көріністер байқалады. Мынаған қараңыз: сөз тудырушы өнімсіз *-ман (мен)* жұрнағы *аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп* деген мақалда да, *өлермен кісі* дейтін еркін тіркесте де көрініп тұр. Әйтсе де ФЕ-лерде кездесетін көнеленген сөздер саны жағынан оншалықты көп емес.

Фразеологизм мен мақалдардағы архаизмге тағы да бірер мысал: а) ф р а з е о л о г и з м д е р : *кежегесі кейін тартып; кедейдің жеті қаңтары болады* (бұл идиом түріндегі мақал); *жанын жегідей жеп...*; *еметайы (емешесі) езілді (құрды); жеті ата, жеті мұстан (пұстан); күйсіз күлік; мәселім (мәселдем) қайтып қалды* т. б. ә) ма қ а л д а р : *алтың қоран (қорен) болса — берді құдай, қатының қоран (қорен) болса — ұрды құдай; иттің аузына түскен сүйек соқпа болады; киікті құралай бұлдірер, елді дүрегей бұлдірер; ел қадірін білмеген — зонталақ, көл қадірін білмеген — дуадақ; бағырбан сауға, мергеннен сыралғы; ерді кепенек ішінде таниды; екі тентек қосылса, саудай болар, екі мақұл қосылса, таудай болар*, т. б.

Сирек ұшырайтын сөздерді немесе түсінігі кем сөздерді архаизм деп есептеуге болмайды. Көнеленіп, тілден шығып қалғандарды ғана архаизм деу керек. Архаизмдер орнына көбіне, басқа сөздер алынып, жалпыға түсінікті, жатық сөздер қолданылып отырады. Мәселен, жоғарыда көрсетілген «қоран» (қорен) деудің орнына «қомағай» деген сөз жұмсалатыны белгілі. «Ұры» мағынасындағы *қары* қазақ тілінде: «ұры-қары» деген қос сөзде де, *қасқиған қардан туады, салты ерін нардан туады* сияқты тізбекте де кездеседі. Сол сықылды, *...жаман адам жақсы болмас қанша қыдыр барыса да, жақсы адам жаман болмас қанша тұрып қарыса да* дегендегі *қары* етістігі де архаизм болып есептеледі. Ал «кіші» деген сөздің мәтелде келетін «*кішік*» түрін де (*ұлығ болсаң, кішік бол*) кене сөздердің алғашқы тобына жатқызуға болады. Архаизм сөздер мен тізбектердің орнына үнемі жаңа сөз алынуы да шарт емес.

Мақал, мәтелдердің құрамында лексикалық жағын былай қойғанда, кейде грамматикалық форма жағынан да көнеленген, осы күнгі тілдің нормасына қайшы келетін сөздер де ұшырайды (мұндайда түбір сөздің өзі өлі көнеленбегенімен, оның грамматикалық формасының көне түрде кездесуі мүмкін). Мәселен, «кәрі» немесе «қарт» деген сөз осы күнгі тілде бар сөз, бұл әрине, архаизм емес. Ал *жақсы сыналумен жариды, жаман сыналумен қариды* немесе *ат жақсысы қарады, негізіне тартады* дегендегі «қариды», «қартады» формалары — кене формалар. Осы күнгі грамматикалық норма бойынша «қартаяды», «көртеяді» түрінде айтылуға керек еді.

Ал бұл сияқты қолдану тәсілі ерекшелену құбылысқа тағы бір мысал: *мезгілсіз шақырған қораздың басын жұлмақ керек; ителгі етік боқтайды, қаршыға қазан қайнатады: бір сиыр тоғай боқтамас, тоғай оны жоқтамас*. Мұндағы «жұлмақ», «боқтайды», «боқтамас» дегендер тілімізде бар форма бола тұрып, өзгеше қолданысқа кезігіп тұр.

Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы

Өз бетімен жеке қолданылмайтын, фразеологиялық тізбек ішінде ғана кездесетін кейбір сөз, тұлғалар жайында ескертіп өттік. Бұл жерде «жеке қолданылмайды» дегенді шартты түрде түсіну қажет. Өйткені, олар тарихи тұрғыдан қарағанда жалпы тіл қорында бола тұрса да, қазіргі жағдайда белгілі бір тіркесте ғана ұшырауын ескертіп отырмыз. Бұндай құбылысты тиянақты тізбектің өзге тарауларынан да байқаймыз. Қос сөзден де, біріккен сөзден де бұл бой көрсетіп қалады: *бала-шаға, некен-саяқ, үрім-бұтақ, қарақат*, т. б.¹ Осындағы «шаға», «некен», «үрім», «қат» компоненттерінің төркіні тюркология әлемінде әлдеқаша-ақ ашылған: «шаға» (осыдан келіп «қызыл шақа», едәуір түркі тілдерінде бұл «бала» мағынасында), «некен» (моңғолша «бір» мағынасында), «үрім» (бұл жерде «ұрпақ»), «қат» (кей түркі тілдерінде осы қалпында тұрып-ақ «қарақат» мағынасын

¹ Қос сөз туралы біздің мақалаларымызды қараңыз: «ҚазГУ-дың ғылыми еңбектері», 1946 ж., т. XI; «ҚазССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия», 1950, № 82; Ұйғыр тілі фактілері негізінде қос сөздер Ә. Т. Қайдаров кітабында жан-жақты зерттелген («Парные слова в совр. уйгурском языке». Алма-Ата, 1958). Р. А. Аганин. Повторы и однородные парные сочетания в современном турецком языке. М., 1959, т. 6.

білдіреді). ФЕ жүйесінен мына мысалға көңіл бөлейік: *жауырды жаба тоқыды* («біреудің мінін елемеді»); *сағы сынды, жүрегі шайлықты* («беті қайты, екінші қайтып беттемеді»); *көз шырымын алды* («біраз ұйықтап алды»); *ол түн баласына ұйқы көрмеді* («ол түн бойы ұйқы көрмеді») дегендегі «тоқы», «сақ», «шайлық», «шырым», «бала» сөздері әдеби тілде басқа сөз тізбектері ішінде айтылмайды десе де болады. Бұлармен бара-бар қазіргі тілде мағынасы өзге синонимдес сөздер де айтыла береді: *көз шырымын алу* — «көзін ілдіріп алу», «ұйықтап алу»; осындағы «шырым» көне қыпшақ тілінде «ұйқы» сөзінің орнына жүрген.

Фразеологизмдердің ерекшелігіне байланысты, мынадай тағы бір сұрақ туады: ФЕ-лерге тән семантикалық өзгешеліктің мәнісі неде? Бұл мәселе жайлы толық тоқтам басқа тілдердің фактілерін қамтудан келіп шығады. Жалпылай айтқанда, ФЕ-лердің (соның ішінде идиома) мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда өз құрамындағы компоненттерге апарары даусыз. Бұл тұжырым тосын көрінуі де мүмкін, бірақ басқаша түсінік, топшылауға жол жоқ. Фразеологиялық мағына тіл жүйесінен саяқ кетер дүние емес. Оның сырын, жасалу тәркінін сол эрегіректегі тіл құбылыстарының өзінен іздеу ләзім. Айталық, *қас пен көздің арасында* («көзді ашып-жұмғанша»), *ит терісін басына қаптады* («дымын қалдырмай сөкті»), *аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты* («көк долы, тым ұрысқак, айтпаған сөзі жоқ»), *жүрек жалғады* («өзек талмастай ғана болып тамақтанды»), *жұлдызы қарсы болды* («өшікті, араз болды»), *ақ түйенің қарны жарылды* («жарық боп қалды») деген сияқты сөз қолданыстардың туу себебін тілдің өз ішкі заңдарынан, қала берді экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек. Ф. тіркес сыр тым-ақ айқын. Ф. түйдек мағынасының төркінін тану анағұрлым қиын. Жоғарыдағы бірінші тізбек уақыттың мөлшері көздің ашылып-жұмылуымен немесе қас пен көздің ара қашықтығымен салыстырылып отыр. Басқа тізбектер де осы сияқты: жағымсыздық символы «ит» сөзі арбанан арысындай өзгелерді тұтастыра ұстап тұр; «жүрек» сөзі *жүрек жалғау* деген тізбектің ұйтқысы болып тұр. *Жұлдызы қарсы* деген тіркестің шығуы «аспан әлемінде әр адамның меншікті жұлдызы болмақ керек» дейтін ескі наным-түсінікке жетектеуі ықтимал. *Күн көрсетпеу* мағынасы бүкіл тіршіліктің тетігі «күнмен» заңды ассоциацияланған; ал *ақ түйенің қарны жарылды* дейтін ФЕ халықтың тұрмыс-салт ерекшелігіне сәйкесіп жатыр. Өйткені, түйе (әсіресе ақ түйе) өте сирек сойылатын мал, оның сойылуы үлкен оқиға, онда өрі орасан молшылықтың, «ырыстың» белгісі тәрізді сыр жатыр.

ФЕ-лердің (демек идиомдардың да) бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Хронологиялық жалғас болсын, болмасын, туынды мағына яғни ф. мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген. Осыдан келіп, идиомдардың және басқа да тұрақты тізбектердің тілде өмір сүруі — олардың экспрессив қызмет атқаруына тікелей байланысты деген қорытынды туады.

Осы тұста айтар тағы бір жайт бар. Туынды мән-мағына негізгі ұғымнан келіп шығуының түрлі жолы бар. Бірде тізбек ішіндегі сөздің семантикасы өзге қолданысқа еніп, тасалана өзгерсе, бірде сол нақтылы ФЕ-нің өзінде тұрып-ақ қосымша арқылы (деривация түрде) өзгеріп отырады; ал кей уақыт белгілі бір мағына екінші бір ұғымға қарсыма-қарсы келуінен барып туындайды.

Осыларға мысал келтірейік. *Жүрек жалғады* мен *жүрегі сазды* т. б. дегендегі «жүрек» түрлі қолданыста тұрып, бөлек мәнге ие болып тұр; *іші тар* дегенді *іші тарлық* десек адъектив тұлға субстантив түрге енеді; *сәуегей адам* дегендегі алғашқы сөзді *сәуегейлік* десек, өзге компонент шыға келеді (*сәуегейлік істеді* т. б.); *ақ жүрек* дегеннің берер мағынасы *қара жүрек* ұғымына қайшы келіп тұр (мұны, бір есептен, аналитикалық жол десе де болады); *абыройын көтерді* — *абыройын төкті* деген де солай.

ФЕ-лердің қыруар тобы жуық мағына аумағында болып, синонимия категориясы өрістейтіні әркімге-ақ белгілі. Ф. мағына мен жеке сөздің лексикалық мағынасы тығыз байланыста болуын осы тұста да (варианттар және синонимдес фразеологизмдерден) анық аңғарамыз. *Арасына от жақты* — *арасын ұшықтырды*; *азуы кере қарыс* — *азуы алты қарыс*; *иманы кәміл болды* — *иманы жолдас болды*; *саба-сына келді* — *сабасына түсті*; *өшін алды* — *кегін алды*; *жүрек жалғады* — *өзек жалғады*; *байтақ дала* — *ен дала* т. б. ұлан-ғайыр тіркестер едәуір күнгірт дүниенің бет пердесін ашады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес пен тиянақты тізбек әлмисақтан, ежелден іргесі бөлек емес, қат-қабаттасып жатқан тіл даму процесінде олар бертінде дифференциацияланған құбылыстар деп түсіну жөн.

Қанша жалынып-жалбарынып, тізе бүгіп, айналып-толғанса да, құдайдан қайырым болмаған соң халық *қу құдай*, *сығыр құдай*, *шұнақ құдай* эпитетін табуы да заңды. Керек десек, *ол құдайдың құлағынан да ұстап алады*.

Ал, ФЕ-дегі синонимия торабы да атам заманғы еркін тіркестен шаң білдіріп қалады. Оған да бірер мысал келтірейік: *тайға таңба басқандай* — *соқырға таяқ*

ұстатқандай; аузын аңқитып кетті — мұзға отырғызып кетті — сақал сипатып кетті (мұндағы «кетті» деген көмекші етістігі синонимика жүйесіне нұқсан келтірмейді). Осы жердегі әр синонимнің зат есім, етістік компоненттерінің жеке лексикалық мағынаға өсте тарихи немесе диахроникалық қатысы жоқ деуге болмайды.

Жоғарыда баян етілген жайттан туар тағы бір түйін бар: тілімізде фразеологиялық единицадан (ф. түйдек пен ф. тіркестен) бөлек те тиянақты тіркестер бар. Осылардың байланысу жолын, айырма жігін әлі де толық тану керек. Фразеолог, лексикологтар бірлесе ынтымақты жұмыс істесе ғана нәтижелі қорытындыға келе аламыз. Мұнымен біздің айтпақ болып отырғанымыз: фразеологиялық мағына тарихи төркіні ретінен лексикалық мағынамен астас келеді, іштей өзектесіп жатады. Солай бола тұра, фразеология объектісі басы ашық мәселе, лексикологияның да ең-таңбасы бөлек.

Халықтың тұрмыс күйіне байланысты фразеологизмдердің, одан басқа да толып жатқан тізбектердің фактілерін молынан келтіруге болады. Тек «түйе» малына, соның ішінде *нарға* байланысты ФЕ-лерге көз жүгіртейікші. Асыл қылышты қазақ *нар* кескен десе, күштілік, мықтылықты айтқысы келсе, *нар жолында жүк қалмас* дейді, немесе *нардай екен, жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер* дейді. Ерлік, қайсарлық, батылдықты да кейде осыған байланыстырып, *нар тәуекел, жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді; жығылсаң, нардан жығыл* дейді. «Қымбат» ұғымын білдіргіміз келсе: *ердің құны, нардың пұлы; қара нар, қалы кілем* деп келеміз. *Қабырғалы қара нар қабырғасын кессе, бақ етпес* деген мақал шыдамдылық, төзімділікті білдірсе, *ашуы жауған қардай, шөккен нардай* деген тізбек үлкен ашу, қаһарлану ұғымын білдіреді. *Түйе жисаң, нардан жи, сиыр жисаң, тарлан жи; арыстанға темір шыңжырдың ауырлығы жоқ, жүк тартпаған түйенің нарлығы жоқ* деген мақалдар нардың асыл, бағалы мал екендігінен туған болса, *қасқыған қардан туады, салпы ерін нардан туады; нар баласы қырымға, ит баласы жырымға* деген мақалдар адамның сыпайы, маңғаздығын нарға балаудан пайда болған. Бір нәрсенің ірілігін, биіктігін кейде нарға теңеп айту да бар. Қамыстың ең ірі, ең биігін *нар қамыс* деп айту осыдан шықса керек. Нар қамыс дегендегі «нар» сөзі парсы тілінен ауысқан болу керек деген де пікір бар. Бірақ бұл тілде ол «түйе» мағынасында жұмсалмаған. Қазақ өз тіршілігінің ауанымен бұл сөзді нарға бағыштап, бұрып қолданған болу керек.

Метафоралық мағынада қолданылатын жоғарыда көрсетілген мақал-мәтелдердің, тізбектердің қай-қайсысы болса да өмірде кездесетін жайттардың бір көрінісі. Осы сияқты төрт түлік малдың басқа түріне байланысты жасалған сөз тізбектері жөнінде де көп мысал келтіруге болады. Бақытты өмір, молшылықты қоймен де, түйемен де байланыстырудан қазақ *қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, ақ түйенің қарны жарылды* сияқты идиоматикалық тізбектер жасалған. Қойдан жуас мал болмайды. Сондықтан, момын, жуас кісі туралы *қой аузынан шөп алмас* дейді.

Малдың түрлі қасиеттерін, бойында бар өзгешеліктерін ала бөтен бөліп алып, бірде *сөзі түйеден түскендей* немесе *түйе үстінен сирақ ұйтіп* деп, кісінің оңтайсыздығын түйенің сөлекет епсіздігімен салыстырып, бірде *сиырдың бүйрегіндей былғарады* деп, жан-жаққа тарап, берекесі кетуін сиыр бүйрегімен салыстырамыз. Сол сияқты, кісіге тән қылық — мінезді жылқы малымен, не жылқыға жуық нәрсемен үйлестіреміз. *Қанжығадан қан, тебінгіден тер кешіп* деген жауынгерлікті білдірсе, *жылқы мінез* деген біріне-бірі үйірсектікті, жуықтастықты білдіреді (бұл тізбек басқа мағыналарда да айтыла беретін сықылды); ал ер жетіп, адам бола бастаған кезін *ат жалын тартып мінгелі* деуге де болады. Шығаннан шыққан ұрыны қазақ *сары тоқым ұры* немесе *бау кеспе ұры*, т. б. дейді. *Кежегесі кері тартып; үзеңгі жолдас; құйрық тістесіп; өрен жүйрік; ат үсті қарады; бірде бие, бірде түйе; ер қашты болды; жауырды жаба тоқыды; ерін бауырына алып (тулады, ашуланды)* сияқтылар да — жылқы малымен байланысты шыққан тізбектер.

Халықтың ескі әдетін, бұрынғы салтын білдіретін де толып жатқан фразеологизмдер бар. Біреуге жарамсақтану, қоштау мағынасында айтылатын *шашбауын көтерді, жұрттысын жұртты, сойылын соқты* сияқты тізбектердегі «шашбау», «жұрттыс», «сойыл» дегендер қазақтың ескі дәстүрінде болған дүние екені белгілі.

Фразеологизмнің дыбыс үйлесімі

Фразеологиялық тізбектерді тұрақтандыра түсетін белгілердің бірі — олардың ұйқасқа құрылуы. Мысалы, *ақай жоқ, тоқай жоқ; ай дер ажа, қой дер қожа жоқ; үлде мен бұлдеге оранып* сияқтылар ұйқас негізінде жасалған. Бұл сияқты ұйқасып келетін фразеологиялық тізбектердің саны аз емес.

Фразеологизмдердің ішінде, әсіресе, аллитерация тәсілі жиі ұшырасады. Бір ғана «с» дыбысынан басталатын компоненттерге мысал келтірейік: *сай-сүйегі сырқырады; сайда саны, құмда ізі жоқ; салы суға кетіп отыр; самсаған сары қол; сан соқты; сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарады; сары майдай сақтады; сары ізіне шөп салып отыр; сауға сұрады; сойылын соқты;*

соры сорпадай қайнады; сыр суы сирағынан; сіркесі су көтермейді; сүрен салды; сүтпен еніп, сүйегіне сіңген; сүттен екі, судан таза, т. б.

Міне, осы фразеологизмдердің жасалуында дыбыстық үндестік (эвфония) анық аңғарылып тұр. Айталық, *соры қайнады* деген тіркестегі «соры» сөзі «көже», не «быламықты» керек етпей, «сорпа» сөзін таңдап тұр. Күнделікті «сорпа қайнады» тіркесінің айтылар реті жоқ, *Сыр суы сирағынан* деген де солай.

Енді «т» дыбысына мысал келтірейік: *табан таймай; табан тіреді; табан тірескен; табанымнан таусылдым; табаныңнан таусылғыр!; тайлы-таяғы қалмай жиналды; тайға таңба басқандай; талағы тарс айрылды; талағы тарс кетті; тас-талқанын шығарды; тас түссе талайымнан, бақ түссе маңдайымнан; тасы тасып сөйледі; тақсиретін тартты; тақымы толмады, т. б.*

Өзге дауыссыздардың әуендестігіне құрылған фразеологизмдер де тілімізде бір шоғыр: *қас-қабағына қарады; қырғи қабақ, қырық пышақ; белді бекем буды; без бүйрек; жанын жегідей жеді, т. б.*

Ассонанс жолымен келетін тізбектер де баршылық: *атқан таңдай* (сұлу); *көзге біткен сүйелдей; көз сүзді; мал құлағы саңырау; маңдайы ашылды; тілі мірдің оғындай* сықылдылар не біркелкі жіңішке сөздерден, не біркелкі жуан сөздерден келіп тұр (*тілі мірдің, оғындай* немесе *сөзі мірдің, оғындай* дегеннің соңғы компоненті ғана оқшау тұр).

Әдеби тілде де, ауызекі тілде де бір тізбек кей уақыт түрлі дыбыстық вариациямен келіп отырады. Мәселен, «Балуан Шолақта» С. Мұқанов: «...Бір бейнетке шыдамай, осынша ұнжырғасы түсіп, осы азғаны несі?» — десе, Ғ. Мүсірепов өзінің «Қос шалқарында» — «Балалар, қабақтарың салбырамасын, өн жорғаларың түспесін» — дейді. (Кітапта «ең жорға» делінген). Газет-журналдарда «о: жорғасы түсіп...» деген де кездеседі (СҚ, 28. XI. 1943).

Ауызекі тілде «өн жорғасы түсіп» деген вариация да ұшырайды. Бұлар — фонетикалық вариациялар: е, о, ө, ә, ұ, ү дыбыстары бір-бірімен ауыса береді, бірақ бұдан сөздің мағынасы ойсырамайды. Сол сияқты *өлмесең оба қап*, не *өлмесең өмірем қап* дегеннің қосымша тағы алты түрін келтіруге болады: «өрем» түрінде де (*өлмесең өрем қап*), «үрем» түрінде де (*өлмесең үрем қап*), «өрең» түрінде де (*өлмесең өрең қап*), «омыра» түрінде де (*өлмесең омыра қап*), «өміре» түрінде де (*өлмесең өміре қап*), «өме» түрінде де (*өлмесең өме қап*) айтыла береді. Осы көрсетілген түрлерді оқыған, оқымаған кісілер де, жас та, көрі де айта береді. Бұлардың тұрақты бір ғана түрін байқай алмадық; «ома», «өмірем», т. б. орнына «құм» (*өлмесең құм қап*); «жер» (*өлмесең жер қап*); «тас» (*өлмесең тас қап*) деген вариант та бар. Соңғылар лексикалық вариантқа жатады. Сол сықылды *иттің ұлы итақай* деп те, *иттің құлы итақай* деп те айтылады. Не болмаса, *тауы қайтып қалды, пешенеден белгілі* (*бешенеден белгілі*) деген тізбектердің мынадай варианттары бар: *тауы шағылып қалды* (*тауалы шағылып қалды*), *мәселі қайтып қалды*; «бешенеден» немесе «пешенеден» деудің орнына, ауызша тілде де, әдеби тілде де «бес ене» (*бес енеден белгілі*) деген форма айтыла береді. Осындай параллель түрлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Қашанда болса халық аузындағы форма дұрыс болып есептелуге тиіс. Егер халық бір-екі түрін ғана емес, әлденеше түрін қолданатын болса, оның мынасы дұрыс, мынасы бұрыс демеі, тек олардың бірінің жиі, бірінің сирек қолданылуын ғана көрсетуге болады. Әрі-беріден соң, мұның өзі де даулы, өйткені бұлардың есебін жүргізіп, санын алған ешкім жоқ. *Иттің құлы итақай* деген форма тым сирек айтылады. Қазақ ұғымында «итақай» — иттің ең нашары, ең жаманы; «ит» сөзіне қосылып тұрған «а+қай» көне жұрнақ; «бала» сөзіне «қай» дегенді қосып, «балақай» дейміз; «ботақан» дегендегі «қан» жұрнағының орнына «қай» жұрнағын жалғап «ботақай» деп те айта береміз. Бұл жұрнақтың қосылатын сөздері тым сирек; «итақай» сөзінің «нашар ит» мағынасында ғана болмай, о баста «иттің баласы, иттің күшігі» мағынасында болуы да мүмкін. Мұндағы «ұлы» сөзі бұл тізбекте метафоралық мағынаға ие болып тұр. *Иттің ұлы итақай* дегендегі «ұлы» бастапқы тұлға болу керек. Бірақ бұдан «құлы» (*иттің құлы итақай*) вариант емес деуге болмайды. С. Мұқановтан: «Елі бай екен. Он мыңдаған қой, мыңдаған түйе *иттің құлы итақайдан* өреді екен» дегенді кездестіреміз.

Ал енді *бес енеден белгілі* (*пешенеден белгілі, бешенеден белгілі*) деген де — халық аузында бар тізбек. Ауызша тілде де, әдеби тілде де бұлар бірінің орнына бірі ауысып жүре береді. Иран тілдерінде «тағдыр» мағынасында «пешене» деген сөз бар; *сенің пешенеңе жазған* (қырғызша *бешенеңе сызған, не бешенеңе жазған*) деген тіркес көп жерде кездеседі; «пешене» дегеннің «бес ене» болып қолданылуы халық этимологиясының жемісі болар деп ойлаймыз.

Тауым қайтып қалды дегендегі «тау» сөзінің орнына «тауал» дегенді алуға болады. Кей жерден «тау» сөзінің орнына «мәселі» деген сөзді кездестіресіз. Бұл үшеуінің көбірек айтылатыны — «тау», о бастағы мағынасы — «жігер, қуат»; «тауал» сол «тау» дегеннен өзгертілген бе, жоқ басқа ма,— неғайбیل. С. Мұқанов: «Ұлықтардан *тауалы* осылай *шағылған* Ғалияның үйіне келсе, Балуанның дұшпандары табалады» дейді.

Жоғарыда айтылған дыбыс өзгерістеріне тәптіштей тоқтауымыздың бір-ақ себебі бар: тілімізде осы іспеттес жарыса қатар айтылатын тұлғалар аз емес; ол фразеологизм саласынан басқа жерлерде де жиі ұшырайды. Әдеби тілімізде осы мәселе өз шешімін табуы керек.

Өз алдына оқшау мәселе екпінге байланысты. «Дыбыс үйлесімі» дегенге акцентуация да, интонация да жанамалап барып, орағыта ұштасады. Тіл-тілдің фразеологиясы жайлы ғылыми әдебиетте кей авторлар ФЕ компоненттерінің дербес екпін болуы керек деген пікірді айтады. Қазақ және басқа түркі тілдерінің фактілері бұл концепцияға қайшы келеді. ФЕ компоненттерінің жеке-дара екпінге ие болуы міндет емес. Керісінше, екі-үш компонентті (әсіресе, ықшам буындары) негізгі бір-ақ екпін, яғни фразалық екпін немесе тіркес екпін¹ қойнауына сыйып кетеді. Екпін жағынан көп жағдайда ФЕ-нің еркін тіркестен ала бөтен айырмасы байқалмайды: *айдын көл, асқар бел, шүйгін шөп* дегеннің «үлкен көл», «биік бел», «көк шөптерден» айырмасы жоқ. «Қараторғай» («Қараторғай» әні), «қара торғай» (бұл өңірде сан қилы торғай бар: боз торғай, қара торғай, т. б.); «қаламқас» («қарлығаш» мағынасындағы күс), «қалам қас» («қығаш қас, оймақ ауыз» сияқты эпитет); «бесжылдық» жоспар, «бес жылдық» өмір тақылеті төркіндес сөздер екпін жағынан бірдей. Қос сөз (ата-баба, бала-шаға), «су әкел», «бара кет», т. б. синтагмалар мен осы типтес ФЭ-лердің табиғаты біркелкі деп білеміз. ФЕ-нің ерекшелігі дауыс ырғағы (интонация) және пауза жағынан аңғарылуы мүмкін. Ашық интонация (восходящая интонация), тұйық интонация (нисходящая интонация), сұраулы, лепті т. б. интонация тұрғысынан ФЕ өзгешеліктерін эксперимент арқылы тексеру — бүгін таңдағы міндет. Бұл мәселе туралы ер тәуекел долбардан, ұшқалақ пікірден бас тартамыз. Барды бар, жоқты жоқ деу абзал. Объективті түрде (инструмент, техника көмегіне сүйеніп) тындырымды шешімін алысқа сілтемей-ақ, бәлкім, жуыр арада тездету керек болар.

Фразеологизмдегі калька

Халық мәдени, т. б. байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілден іргесін аулақ салған бірде-бір тіл болмайды. Сол сияқты өзге тілден сөз ауыспайтын бірде-бір тіл болмайды. Көрі тарихқа сұңғи түсіп, әрі барған сайын тіл мен тілдің қарым-қатыс байланысы солғындай түсуі, бергі заманға келген сайын оның күшейіп, ұлғая түсуін байқаймыз. Қазіргі қарыштап өскен өмір талабына сай орыс тілінен келген қау-қабат сөздер, тізбек тіркестер қыруар. Осылардың бір бөлігі — калька ізімен алынғандар. Кальканың кірме сөзден басты айырмасы — оның сырт синатында емес, ішкі «дүние» — мән-мағынасында жатыр. Кальканы сөз еткенде, оның лексикалық формасына емес, көбіне лексикалық мағынасына көңіл қоямыз. Демек, лексикалық кірме емес, семантикалық ауысу бел алып жатады. *Бесжылдық жоспар, екпінді* десек, «пяти-летний план», «ударник» сөздері ойымызға сап ете түседі. Сондай-ақ *балық та емес, ет те емес* десек, «ни рыба, ни мясо» тіркесі шыға келеді. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектері болсын, көптеген орыс т. б. тілдердегі көркем шығармалар болсын, — бар-баршасынан калька ізімен алынған фразеологизмдер жиі кездесіп отырады. Орыс тіліндегі «ни богу свечка (свеча), ни черту кочерга» *құдайға шырақ, шайтанға көсеу емес* түрінде алынуын мақұлдау керек. Бұлардың орынды алынған жорғалары да бар, ішінара кейбір сәтсіз қабылданған жортақылары да бар.

Тіліміздегі дәл баламаны іздеудің орнына, бағзы уақыт «таза» калька жағына түсу дағдысы да бой көрсетіп қалады. Бұған бір ғана мысал аламыз: «слона-то не приметили» дегенді *көрмес пілді де көрмес* деп жүрміз; *көрмес түйені де көрмес* десек, анағұрлым жатық емес пе? Лингвистикалық калька түрінде алынған кей тіркестер ертеден-ақ кездеседі: *тасбақа аяң* немесе *тасбақа жүріс* — орыс тіліндегі «черепаший шаг» дегеннен аударылған болуы мүмкін. *Мұрнын (танауын) көкке көтерді* де солай сықылды; бұл орыс тіліндегі «задирать нос» дегеннен алынса керек; *сағы сынды* дегеннің сөзбе-сөз мағынасы — «бұтағы сынды». Бұл тіркес иран тілінен аударылған да, *сақ* (бұтақ) деген сөз сол күйінде алынған. Осы сөз *шақ* түрінде кей жерде ағаштың бұтағы деген мағынада қолданылады.

Калька ізімен алынған сөз қолданысты, мысқылдаған жасанды тіркесті, өрине, бұл топқа қоспау керек. Орыс тілі арқылы ауысқан: *бұл номерің өтпейді* (такой номер не пройдет) деп сөйлеген, өзі орысшаны шала білетін, сөйте тұра білгірсінген біреуді аса мәшһүр жазушымыз осылайша сөз салпағаны үшін өзінің бір шығарма-

¹ Бұл жайында осы еңбек авторының «Қазақ тілінің екпін категориясы» және В. Н. Зиновьевтің «Қазақ тілінің ритмика-мелодиялық құрылымы» атты мақалаларын қараңыз «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия», Алматы, 1948, № 77).

сында барынша ажуа еткен. Орыс тілінен қазақшаға аударылған әдебиеттен тағы бір мысал: *молодец против овец, а против молодца — и сам овца* дегенді қойға шапқан батырың, батыр көрсе, қой болар деп қазақшылап жүрміз. Бір тілдің өзіне ғана тән, басқа тілге аударуға келмейтін кей тізбектерді калька ретімен алмасқа, әрине, лаж жоқ. Ал мағына жағынан эквивалент тізбекті үнемі лингвистикалық калька жолымен ала берудің әдеби тіл үшін пайдасы аз. Осы тұрғыдан қарағанда, *ни рыба, ни мясо* дегеннің қырғыз тілінде *чала өлтүргөн жыландай* деп, ал *молодец против овец, а против молодца — и сам овца* дегенді *үйдө баатыр, жоода жок* деп алынуы қазақшадан гөрі тиімдірек сияқты. Өйткені, қырғыз тіліндегі балама халыққа түсінікті, жатық. *Үйдө батыр, жауға жоқ, үйдө шешен, дауға жоқ* деген мақал қазақта да бар. Ізденіп, мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін түсінікті ету — сөз жоқ, керек іс. Ал фразеологизмдерді аудару, не оларға балама іздеу мәселесі — аударма тіліне қатысты өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс, барынша күрделі де қажет мәселе.

Осында аталған орысша мысалдардың аудармасын калька жолымен қабылдауды кей еңбекте дұрыс деп тапқан күннің өзінде, ауызекі тілде (бәлкім, көркем әдебиетте) халық тілі баламасына да кеңшілік бергеніміз мақұл. Мәселен, *волчок бояться — в лес не ходит* дегенді *қасқырдан қорыққан тоғайға бармас* түрінде де, басқа ретте *шегірткеден қорыққан егін етпес* түрінде де аударуға әбден болады.

Фразеологизм және синонимия

Тұрақты тіркестердің бірсыпырасы плеоназм (синонимдер тіркесуінің лексика-стильдік тәсілі) негізінде жасалады. Мұндай тіркестердің мағынасы күшейіп, бүкіл сөйлеу тұрқын экспрессивтендіреді. Бұл кезде синоним компоненттерінің бірі семантика жағынан солғындап, негізгі мәні көмескіленіп кетеді. Мәселен жоғарыда ескерткеніміздей араб тілінде «ақырын ескен жел» деген мағына беретін «самал» сөзі өзінің қазақша синонимі «жел» деген сөзбен бірігіп, «самал жел» болып айтылады. *Сәске түс* дегендегі «сәске» сөзінің иран тілінде беретін мағынасы да қазақ тіліндегі «түс» сөзімен бірдей; *әуел бастан* деген тіркестегі «әуел» араб тілінің «алғашқы, бірінші» мағынасындағы сөзі. Ал «бас» сөзі оның қазақша синонимі. *Қас дұшпан, тәңірі жасаған, көк аспан, құр бекер, құмай тазы* (түрікменде «құмай» — тұқымы таза тазы), *төрт шарияр, батыр ноян* т. б. бір сыңары өзге тілден кірген тіркестер туралы да осыны айту керек. Мұндай синонимдік жұп тіркес қазақ тілінде, әсіресе, қос сөзді тіркестерде молырақ байқалады. Мысалы: *тоқты-торым, бала-шаға, үрім-бұтақ, жігіт-желең, ас-ауқат, аман-есен*. Сол сияқты екі сөзінің екеуі де қазақша синонимдес тізбектер де бар. Мәселен, *жас ұлан, жас жеткіншек, жас өспірім*, т. б.

Тілдің өсіп көркеюі үшін, бай әдеби тіл боп жетілуі үшін синонимика категориясының айрықша маңызы берімізге мәлім. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер, жұмбақ, идиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап айтудан туады. Сол сықылды, тілдегі синонимді сөздер, синонимді тізбектер де негізгі бір ойды құбылтып айтудан пайда болған. Синонимді сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды түрлі жолмен білдіріп, ойды бедерлеп, арнаулы бір затты, не арнаулы бір құбылысты әр тұстан сипаттайды. Синонимдердің көпшілігі бір-біріне мағына жағынан абсолют түрде сай келе бермейтінін айттық. Синонимді ФЕ-лер мен жеке синоним сөздер арасында көзге түсер бір айырма бар. Синонимді сөздердегі мағына жақындығы ФЕ-дегі мағына жуықтығынан әлдеқайда күштірек. Дегенмен абсолют синонимдер жеке сөздерде де тым сирек кездеседі. Қазақ тіліндегі синонимдерге бірер мысал: 1) *ас-ауқат — тамақ...*; 2) *аман-есен — сау-саламат...*; 3) *жалғыз — жалқы — сыңар — дара — бір — жеке...*; 4) *дұшпан — жау — қас — өш...*; 5) *үнемі — ылғи — әрқашан — әрдайым — әр уақыт — аман — әмісе — дәйім*; 6) *орғалық — кіндік — астана — орда...*; 7) *әдейі — жорға — қасақана...*; 8) *аласа — бақа — тапал — тәпелтек — тәпек — қортық — мықыр — пәкене (бәкене)*; 9) *меймандос — берген — қолы ашық — сақы — жомарт — қонақжай...*; 10) *ынтық — ынтызар — құмар — таңсық — жерік (аңсау — көксеу, т. б.)...*; 11) *тосыннан — кенеттен — қапелімде — бірден — күтпеген жерден — жүпелдемде* (кейінгісі диалектизм сөз); 12) *еңгезердей — алпамсадай — сайдауыттай — соқтауылдай — дөйдей — талыстай — соқтандай — дыңдай — дардай — сомадай — нәңдей — дырау — дөкей...*; 13) *менсінбеу — місе тұтпау (місе қылмау, місе етпеу) — көңілі толмау — саны толмау — тақымы толмау...*; 14) *күдік — шубә — күмән — алмағайып — неғайбіл — белгісіз — екіталай — екі ұшты...*; 15) *тәңірі — жасаған — ие — жаратушы — құдай — алла...*; 16) *бүлдіршіндей — мұнтаздай — жүзіктің көзінен өткендей — үріп ауызға салғандай...*; 17) *кексе — мосқал — тіс қаққан — сары кідір — сары қарын — жер орта* т. б. Өз ара мағына жуықтығы болғанмен, синонимдерді кез келген жерде бірінің орнына бірін қойып айтуға бола бермейтін де жайы бар; олардың стилистикалық, фразеологиялық айырмасы тілде айқын көрініп отырады. Мәселен, *ас иесімен тәтті* дегендегі «ас» сөзінің орнына «тамақ» немесе «ауқат» дегенді қойып айтуға болмайды;

есен барып, сау қайтсам дегендегі «есен», «сау» сөздерінің орнын ауыстырып, *сау барып, есен қайтсам* деген түрде айтуды дағдылы норма деуге де болмайды. Сол сықылды *ежелгі дұшпан ел болмас* дегенді де осы қалпында айтуға дағдыланғанбыз. Дәл осындағы «дұшпан» дегеннің орнына «қас» немесе «жау» дегенді қойып айтсақ, тіркес құлаққа тосын естілер еді. Сол сықылды, керісінше, *ежелгі қас сүйгенмен, дос болмас, ежелгі дос ұрса да, қас болмас* деген мақалдағы «қастың» орнына «дұшпан» не «жау» дегендерді қойып айтқаннан мағына ойсырамағанмен, бұлай айту тілге жеңіл, жатық болып шықпас еді.

Синонимдер құрамы жағынан әр алуан. Мәселен, бір ғана синонимдік қатардың өзінде басқа тілден енген сөздер де, диалектизмдер де ұшырай береді. Мәселен, «көк аспан» дегендегі «көк» — төл сөзіміз; оның синонимі «аспан» иран тілдерінен келген; «құдай», «алла», «әрдайым», «әр уақыт» секілділер де парсы, араб тілдерінен ауысқан. «Бекер» (*бекерден-бекер*), «босқа» (*құр босқа*) сияқты сөздердің синонимі «аққұла» сөзі, көбіне, солтүстікте, «аласаның» синонимі «бақа», «жомарттың» синонимі «сақы», көбіне, оңтүстікте қолданылады.

Қазақ тіліндегі кейбір проклитикалық, энклитикалық көмекші элементтер де синоним тобын жасай алады: *ең — өте — тым — тіпті — аса — жұда — бек; сияқты — сықылды — секілді — тәрізді* тағы басқалар. Мұндағы кейбір сыңарлар диалектілер негізінде жасалып, кейбірі басқа тілден ауысқан: «жұда» дегенді көбіне өзбекке жуық, «бек» дегенді көбіне татарға жуық жерлер қолданады; «тәрізді» деген иран тілдерінен ауысқан. Бұлар да стилистикалық функциясы жағынан үнемі біркелкі келе бермейді. «Бек жақсы» дегендегі «бек» сөзін «қымбат» дегеннің алдына қойып айту әлі де норма емес. «Жұданы» «ада» сөзінен кейін қойып «ада-жұда» деп, сол сияқты «өте-мөте» деп қосарлауға болады, ал басқа проклитикалардан бұл жолмен сөз құрауға болмайды. Синонимді фразеологизмдер де кісінің ойын түрлі жақтан сипаттап, түрлі стилистикалық ажар беріп отырады. Бірер мысал келтірейік. Орысша *на верху блаженства, из рога изобилия* деген тәрізді фразаны ретіне қарай, әлденеше жолмен айтуға болады: *бірде қағанағы қарқ, сағанағы сарқ; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс десек, бірде қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған; ақ түйенің қарны жарылды* деп, енді бірде халық аузындағыдай мысқыл мәнде *мұрнынан есек құрты түсіп отыр; ит басына іркіт төгіледі* деуге де болады.

Орысша *когда рассвет забрезжил, перед рассветом* сияқты тізбектерді *таң атқанда; таң алагеуімде; таң себелеп атқанда; таң сыз бергенде; таң сібірлей; таң қылаңдағанда; таң құлан иектенгенде* деп айтуға болады.

Осы көрсетілген синонимді үш топтың сыңарлары өз ара алғанда бір-біріне абсолют тең емес. Әр синоним өз орнында сөзді мәнерлеп, эмоциялық рең беріп отырады. Жоғарыдағы *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* деген үстемдікті білдірсе, *мұрнынан есек құрты түсіп отыр* деген мысқыл мағынада айтылады. Сондай-ақ, тоқшылық, молшылық жыл кей уақыт әзіл ретінде *ит май жемейтін жыл* делінеді. *Он саусағынан өнері тамған [төгілген]* дегеннің синонимі *бит қабығынан биылай тоқиды* деген ФЕ-де жоқтан бар жасайды, болмашы нәрсені кәдеге жаратады деген тәрізді де нәзік мән бар. Жоқтан өзгеге мін тағып, жата-жармасуды білдіретін *құмырсқадан қио таба алмай; тырнақ астынан кір тауып [ізден]* деген тізбектердің де (қырғызша: *жумурткадан кыр таап*) өз ара стильдік қызметінде айырма бар. Синонимдік форма жағы өзінен-өзі белгілі: *бірде он саусақ..., он қол* десе, бірде тек: *қол..., бармақ, бес аспан*, т. б. түрінде келе береді.

Синонимдер бірімен-бірі қатар тұрып та қолданылады. Мұндайда алдыңғысы кейінгісін әсірелеп, анықтап, стильдік бояуын қанықтырып тұрады. Сөзді айрықша мәнерлеп, экспрессивтік ажар беру — осы тақылетестердің бас белгісі. Мұндай топтар плеонастикалық синтагма болады дедік: «ежелгі» мен «ескі» қосылып, *оның ежелгі ескі досы келді* деген түрде; «жас» пен «ұлан» қосылып: *жас ұланды тәрбиелеу* деген сықылды түрде; «құр» мен «бекер» қосылып, *құр бекер неге келдің?* деген түрде айтылады. Осы үлгіде тілімізде: *айдын шалқар (жол), жеке дара. ақыр аяғына (дейін)* сияқты плеоназм жолымен жасалған толып жатқан фразеологизмдер бар.

Бұл жолмен жасалған тұрақты тіркестің арасына, әсіресе, өлең-жырларда, басқа сөздер түскеннен (дистант ретінде келгеннен) сөздің стильдік эмоциясы кемімейді. Мысалы: *Батырым Мәлік беренім, Жүйрігім озған өренім, Халық сүйген қалаулым, Жырымды саған төгемін!* — деген өлеңде «өрен» мен «жүйрік» дистант ретінде келіп тұр.

Кейбір синонимді сөздер о бастағы мағынасы толық сақталмауы салдарынан, тілдегі «үйренішті» қызметі жағынан басқашалау қолданылады. Асыл тұқымды тазы дегенді *қазақ құмай тазы* дейді; тазыны «құмай» деп атаудың сыры да түсінікті. Сол сияқты *алақанның аясына салып* дегендегі *ая* да өзге тілде «алақан» мағынасында бола тұрса да, қазақтың қазіргі ұғымында «алақанның аумағы» мағынасында қолданылады. Жоғарыда аталған «қарақат» та солай: осыдан *қарақаттай көзі* деген тізбек шыққан («қат» деген алтай тілінде жеміс мағынасында қолданылады). Тілімізде *ноян батыр* немесе *батыр ноян* деген тіркес бар (қырғыз эпосында «нойон» деген — «батыр, ер» мағынасында). Сайып келгенде, жеке сөздер мен ФЕ-дегі синоним-

дердің мағынасы, стиль ерекшелігінде өз ара ортақ қасиет те, айырма (релеванттық) белгілер де бар. Тіл жүйесіндегі олардың өз орындарын таба қолданудың мәні үлкен.

Фразеологизм және ұйытқы сөздер

Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер өлденеше ФЕ-лерде қайталанып отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл. Мәселен, *тіл, жүрек, көз, ауыз, табан, қол, бас, ақ, қара, тас, ат, ит, жер, жегі* т. б. сөздер осындай ұйытқы сөздер қатарына жатады.

Тіл сөзімен келетін фразеологизмдер: *тіл қатты* — сөйледі, сөйлей бастады; *тілі аузына сыймады* — мықтап шөлдеді; *тіл тигізді* — біреудің жанына бататын сөз айтты, сөкті (тілдеді); *сөйлеуге тілі келмеді* — сөйлей алмады; *тіл алды* — тыңдады, айтқанды істеді; *тіл алғыш* — елгезек, айтқанды тыңдағыш, орындағыш; *тілі байланды* немесе *тілі күрмелді* — сөйлеу қабілетінен айрылды; *тілі шыға бастады* — бала алғаш рет сөйлей бастады. (Контекске қарай *тілі шыға бастады* деген ФЕ бірден сөйлеп қоя берді деген мағынаны да береді); *тілден қалды* — сөйлеу қабілеті жойылды; *тілге келді* — өзара сөйлесе (келісімге келе) бастады; *тілдің майын тамызды* — тыңдаушысын ұйыта сөйледі; *тіліңді тарт* — сөзіңді тигізбей сөйле (*ол тілін тартпады* — ол қаймықпай сөйледі); *тіл қысқа* — ойындағысын жеткізіп айтып бере алмады деген мағынаны білдіреді (*тілі жетпеді* дегеннің мағынасы да осымен бірдей); *тілі мірдің оғындай* — өткір тілді, тілмар (сөзуар дегенмен салыстырыңыз); *тіл мен жағына сүйенді* — мылжыңдап көп сөйледі, бос сөз айтты; *тіл ашар* немесе *тіл сындыру* — ескі өмірдегі бала оқытатын молдаға берілетін пара (алым). (Бұның басқа да берер мағынасы бар); *тіл берді* — жол сілтеді, (*ақыл беру* дегенмен салыстырыңыз); *не тіл бар?* — қандай жаңалық бар?; *тілі келмеді* — жөндеп айта алмады, сөзді бұзып сөйледі; *тілге жуырк* — сөзге шешен (*тілге шебер, тілге ұста, тілі шалғыр* дегендердің мағыналары да осыған ойысады); *тіліңе түйнеме шыққыр* — тайталасып сөз бермеген, жағымсыз сөз айтқан адамға айтылатын қарғыс; *қызыл тіл* — шешендік (өнер алды — *қызыл тіл*); *буынсыз [сүйексіз] тіл* — шешен, сөзшең; *тілсіз тіл* — үн қатпау; *тілі ұзын* — тілі содырлы; *тілі ащы* — шағып сөйлейтін адам; (техниканың) *тілін білді* — техниканы меңгерді; (біреудің) *тіліне ерді* — біреудің ықпалында болды; *тілінің қотыры (қыршаңқысы) бар* — мысқылдап, біреуді шаншып сөйлейтін адам туралы айтылады; *тілінің бұдыры бар* — бұл да осы сияқты; *тілімнің ұшында тұр* — айтар нәрсем есіме түспей тұр; *тілі өтті* — көз тиді; *тіліңнен тапқыр, тіліңнен тартқыр* немесе *тілің түбіңе жетсін (тартар — тілінен тартар* деген мәтелмен салыстырыңыз); *тілін безеді* немесе *тілін жебеді* — басқаларға сөз бермеу мағынасында; *тәтті тіл* — қызықты тіл, сүйкімді тіл (көбінесе жас бала туралы айтылады); *тілдесе алмады* — сөйлеудің реті келмеді; *тіл ширатты* — сөйлеуге жаттықтырды; *қара тілді кісі* — сөзін ірікпей айтатын, түйреп сөйлейтін кісі. Сонымен бірге *тіл* сөзі қатысып жасалған біраз мақалдар бар: *сүйреңдеген жаман тіл сүйгеніңен айыраар; қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес; тілде тиек жоқ, ауызда жиек жоқ*. Мағынасы жағынан бұған *орақ ауыз, от тілді* дейтін мәтел ұқсас келеді, т. б.

Ит сөзімен келетін фразеологизмдер: *ит өлген жер* — өте алыс жер (*ит арқасы қиянда* дегенмен салыстырыңыз); *ит басына іркіт төгіледі* — ағыл-тегіл молшылық; *ит тұмсығы өтпейтін тоғай* — ну орман, қалың ағаш; *ілгері басқанның иті оттайды* — «баю», ісі оңға басу, т. б.

Жүрек ұйытқы болуына мысал: *жүрегі дауаламайды; жүрегі жылыды; жүрегі тас төбесіне шықты; жүрегі қайтты; жүрегі айныды; жүрегі қарайды; жүрегі сазды; жүрегін жалғады; жүрегі шайылды; жүрегінің түгі бар*, т. б.

Көз дегенге мысал: *бұл кісінің көзі ашылмады; көз болды; көз сал; көрінгенге көз сүзген неме; балаға біреудің көзі тиген болар; көз шырымын алайық; оның көзі ілініп кетті; көздің құрты; көзге шыққан сүйелдей; көзден бір-бір ұшты [көзден бүлбүл ұшты]; көзі жетпеді; көзіне шоп салды*, т. б.

Ауыз сөзіне мысал: *аузым пісті [күйді]; аузына тас салды; аузыңмен орақ ормай отыр; аузымен құс тістеген (ат); аузымен құс ұстап отыр; аузын ұстады; аузынан мәйегі шығып тұр; аузынан түскендей; аузының желі бар; аузы желдей еседі; аузының салуы [салымы] бар; ауыз бастырық; ауыз жаласты*, т. б.

Бұлардың мағыналарын Сөздіктен қараңыз.

Сол сияқты *қара, ақ, тас*, т. б. бірқыдыру сөздермен келетін ФЕ-лер де баршылық.

Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің мәні зор. Бірде дене мүшелеріне (соматикалық принципке) байланысты, бірде төрт түлік мал, егін т. б. шаруашылыққа, флора, фаунаға байланысты алуан түрлі фразеологизмдерге арнай көңіл бөлу керек-ақ. Осыған орай тағы бір ескерер жайт: фразеогрфияның принциптері мен техника, методикасын жасаудың маңызы да зор. Белгілі бір кітаптың немесе қазақ көркем сөз шебері — ірі жазушының арнай конкорданция сөздігін жасау мезгілі де жетті.

Фразеологизмдерге кейбір сан есімдер де ұйытқы бола алады

Тұрақты сөз тізбектерінің біраз бөлігі (ФЕ-лер, мақал-мәтелдер, т. б.) *жеті, үш, тоғыз, қырық* сияқты бірқыдыру сан есімдердің төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, *жеті ғылым тілін біледі* [жеті ғаламның тілін біледі], *қырық ру* дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір «көп» деген ұғым бар*.

Бұл сияқты сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті жоғарыдағы *тіл, жүрек* т. б. типтес емес. Өйткені бұл *үш, жеті, тоғыз, қырық* сөздері өзінің сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры белегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ, бертін келе бұл ұғым-түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деуге болады. Айталық, *ит* сөзінің алыстыққа тікелей қатысы болмаса да, *ит арқасы қиянда* дегеннің алыстық ұғым баламасы болғаны сияқты, *жеті атасынан түк көрмеген* дегенде *жеті* сөзі де, уақыт, мезгілдің шартты көрсеткішіне айналған. Немесе *жеті басты жалмауыз, жұт жеті ағайынды* дегендегі *жеті* сөзі де жалпы көптік ұғымына айналып кеткен. Демек, бұл сандар біршама сан мағынасын сақтай отырып, өзге ұғымға да икемденіп, екі түрлі қасиетке ие болған. Өзге сандардан гөрі *жеті* санының жұмсалу өрісі кеңірек.

Жеті негізінде жасалған нақыл сөз, тақпақ, мақал т. б. фразеологизмдер едәуір. Бұларда көне дәуір салт-санасының ізі сақталған.

Қай елдің болса да өмірінде, ескі салтында бақсылық, балгерлік болғаны әркімге аян. Сол бақсылық, діни ұғым қалдықтары қазақта да болды. Қазақ құмалақ ашқанда, *Жетіскенге беретін жеті әліп* деп келеді. Бұл жерде «әліп» басында «білу, тану» деген мағынаны білдірген. Өйткені, қырғыз тілінде ол «арып» деген нұсқада қазір де қолданылады. Қырғызша айлакер құды *қырық бір арыбы бар* деуі де осыдан. Құмалақ аша білетін қарттардың сөзіне қарағанда, құмалақтың «жеті әліп» боп келуі «маңдайы» ашылған, «бақыт» қонған, «қыдыр» дарыған кісінің белгісі болады-мыс. Мұндағы «жетіскен» деген мағына құмалақтың «жеті әліп» боп келуіне итермеші болып тұр. Балгердің «сәуегейлігіне» шын құлай сенетін адам жетіскенге беретін жеті әліпті құмалаққа тізе бүгуі даусыз. Мұндай сенім-нанымға ұйыған жұртың *жеті қабат жер, жеті қабат көк [аспан]* дегенді шығарып алуына да таңырқауға болмайды. Бұл фразеологизмдер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабар беріп тұр. Жерді ұстап тұрған «көк өгіздің мүйізі» деп білген халық өзінің ойын жетімен байланыстыруы бұл сан есімнің халықтың атам заманғы өмірінен, идеологиясынан аздап болса да дерек бола алатындығын көрсетеді. Осыған қарағанда, *Жеті қарақшы* (көне түркі тілінде *Жетіген*), қырғызша *Жети аркар* жұлдызын ала-бөле *жеті* санымен байланыстыра атауы, бұл санның, бөлкім, «киелі» екендігін көрсетсе керек. *Жеті* жұлдызды жеті қарақшыға балаған болар, көзіне бадырайып, көрініп тұрған затты өзінің атымен атаған болар, мұнда ешқандай «киелі» қасиет жоқ дейік. Олай болса, сан есебіне келетін өңге жұлдыздар неге басқаша аталған? Жұлдыздардың бірін *Темірқазық, Үркер, Шолпан* десе, бірін *Есекқырған, Ақбозат, Көкбозат* дейміз. Көзге көрінген баданадай нәрсені өз атымен атады делік, ал енді көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге *жеті тун* немесе *жеті қараңғы тун* дейді. Осы сөзден барып жасалған *жеті қараңғы тунде* [*жеті тунде*] *неғып жүрсің?* Немесе *жеті қараңғы тунде қайда барасың?*, *Жеті қарақшыны таныған жеті тунде адаспас* деген тәрізділер өте жиі кездесіп отырады. Діни ұғым, магиялық сананың *жеті* сөзіне байланысты екендігін *жеті бүзірік* [*мүдірік*] *әулие* (мұндағы «бүзірік» — зор, ірі деген мағынада) немесе *жеті шәріп* деген тіркестер де көрсетіп тұр. *Жеті шәріп* деп жүргендері мыналар: 1. *Мәке* [*Меке*] *шәріп*; 2. *Мәдина шәріп*; 3. *Бұхар шәріп*; 4. *Шам шәріп*; 5. *Қатым шәріп*; 6. *Құддыс шәріп* [*Мысыр шәріп*]; 7. *Кәлем шәріп*. Дін иелерінің: «Кәлем шәріп мұсылманға бұйырған, ол аспаннан арнай түскен жеті кітаптың бірі» деп жүруінде негіз жоқ. Осы «жетінің» ислам дінімен, Мұхамбет пайғамбармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын дінді уағыздаушылар біле ме екен? *Кәлем шәріп* «аспаннан түспестен» бұрын, Мұхамбет пайғамбар тумастан әлденеше ғасыр бұрын «жеті» санымен ұласқан ұғым-нанымның сырын «молдекемдер» білмесе керек.

«Әлмисақтан бері мұсылманбыз» деген ұғым бұқара халық үшін түсініксіз дүние. Грек халқындағы *жеті әлемет* («семь чудес света») талай пайғамбардың белінен басып өткен, талай әулие-әнбиелерді өзінен кейін туғызған. Ол аты шулы жеті әлемет (алыптар) мыналар: Египет (Мысыр) пирамидасы, Вавилондағы Семирамида бақша-

* Автор өзінің ертеректе осы жайлы жазылған мақаласында («Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, филолог. сериясы», 4-шығуы, 1946) бұл сан есімдерге байланысты мифтік түсініктің де ұшығы барлығын айтқан-ды. Бұлардың өзге де туу себептерін жан-жақты қарастырып, өмір шындығына жанасар жағын баса айтқан тиімді.

сы, Эфестегі Артемида храмы, Зевс статуясы, Галикарнастағы Мавзолей, Колосс Родосский, Фарос. Бұл жеті алып (жеті әлемет) неше буын ұрпақтардан қалып барып, элемент әйгілі «күш» болып, сол жеті ұғымымен ұласып жатуы да — осы санның ел-елде айрықша мәні болғандығының дәлелі сықылды. Осыдан барып, ұлы зәулім, сәулетті үйлерді орыс тілінде «восьмое чудо света» деп келуі, немесе өнердің соңғы табысын «чудо современной техники» деп келуі жоғарғы «жеті әлеметтің» әсерінен шыққан екендігі орыс ғалымдарына әлдеқашаннан белгілі.

Жеті санының ой-санадан мықтап орын алғаны сондай, бір нәрсені шығаннан шыққан күш деп білсе, адам түйілерлік етіп, *жеті* санын қосып, қазақ ат қойып, айдар тағып алады; жалмауыздың, айдаһардың ең зорын қазақ *жеті басты жалмауыз*, *жеті басты айдаһар* [*жеті басты аждаһа*] дейді.

Бұл санға байланысты көзқарас халық арасында қалыптасып, салт, заң болып кеткен. Оған бір мысал: жеті атадан әрі ғана қыз алысу заңы. Араға жеті атаны салып, құда түсу әдеті ғасырлар бойы сақталып келген. Бұл дәстүр-салтты ислам дінін қабылдаған елдер кейін шариғатқа тура келтіріп алған; сөйтіп, *жеті* сөзі пайғамбардың хадісіне де шарпуын тигізген. Бергін келе алыс-жақындықтың өлшемі де осы *жетімен* өлшеніп, ең болмағанда, әр рудың адамы жеті атасын — бергі шежіресін білуге міндетті болған. Осыдан барып, *жеті атасын білмеген мұрт* (не *жеті атасын білмеген кәпір*) деген сөз қалған.

Көп нәрсені осы өлшеммен өлшеп, осы үлгімен пішіп дағдылануда сыр жатыр. Ежелден кедей, тұқым-тұқиятынан бері қарай дөнеңе көрмеген жарлы болса, оны *жеті атасынан тұқ көрмеген* дейді. Ес біліп, ат жалын тартып мініп, адам болғаннан бері қарай көргені қорлық болса, *жеті жасынан көргені қорлық* деп келеді. Үрім-бұтағынан бері қарай келе жатқан байлық, батырлық, ақындықты қазақ: *жеті атасынан қара көк* («шынжыр балақ, шұбар төс бай-манал, шонжар») десе, енді бір жерде *жеті атадан бері негізі тойған; батырлық, байлық жеті атасынан келген* деп келеді. Ата-бабасынан бері қарай ақындық дарыған кісіні *жеті атасынан бері ақындық қонған* дейді.

Тағы да қайталап айтарымыз: осындағы *жеті* деген сөз 7 сан есімімен лексикалық мағына жағынан, әрине, адекватты емес, «о баста», «ежелден», «қашаннан», «арғы аталарынан бері қарай» деген мезгілдік ұғымды беріп тұр. Екінші сөзбен айтқанда, ең алғашқы тікелей мағына орнына басқа бір ұғым пайда болып отыр: алғашқыдағы шекті сан, бергін келе «шексіз» немесе шартты, әйтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып тұр. Бұл тәрізді құбылмалы, өзгермелілікті тілдің лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз. Көп тілді білетін, көп халықтың әдет-ғұрпын білетін (полиглот) кісіні халық *жеті ғылымның тілін біледі* деп келеді; мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында емес, «ел», «жұрт» мағынасында (бұл сөз тілімізге араб тілі арқылы келген «ықылым» түріндегі грек сөзі).

Тілімізде *жеті атамнан мұндай пәлені көргенім жоқ (жеті ата, жеті мұстанымда мұндайды көргенім жоқ)* деген сөз бар. Біреуді түгін қалдырмай, үрім-бұтақтан бері қарай сыбап, балағаттағысы келсе, қазақ — «жеті ата», «жеті мұстыдан» немесе «жетпіс жеті атадан» келеді.

Жеті сөзі бір топ мақал-мәтелдермен ұласып жатыр: *жетіге келгенше, жерден таяқ жейді; алып алты, жеп жеті болмайсың; жетімнің құрсағы жеті қабат* [*жетімнің жеті қарны болады*]; *кедейдің жеті қаңтары бар* («... кесірі бар» деген мағынада), т. б.

Баланың жерден таяқ жеуі *жетімен* байланысын, байланыспасын, негізгі өлшем осы санмен келуі де кездейсоқ емес сияқты. Баланың сана-сезімін, естияр болуын, аяқ баса бастауын жеті жастан бері қарай есептеуде, әрине, өмір шындығы бар. *Алып алты, жеп жеті болмайсың* дегендегі *жеті болмайсың* дегеннің («кемеліне келу, баю») сықылды мағынасы бар. Бұл санды негізгі шек деп есептегенде («көп», «мол» деп қарағанымызда), *жеп жеті болмайсың* деген тіркестің қазіргі тіліміздегі семантикалық ролі бізге түсінікті болу керек. Қалың мал мөлшері кей жерде *қырық жеті, он жеті, отыз жеті* болып өлшенген. Біреудің әйелі қыз туса, кейде *қырық жеті құтты болсын* деу дағдысы болған (сондай-ақ *қырық жылқылы болыпсың, құтты болсын* сияқты сөз саптау көбірек айтылады). Мұндағы бір ескертетін нәрсе, малдың жалпы мөлшері жоғарыдай, жетіге бітіп келсе де, құдандалы кісілердің алыс-берісінде сан мөлшерінен асып түсу немесе ол межеден кем түсу бола береді. Осыған қарағанда, *жеті* сөзінің тікелей лексикалық мағынасы дәл осы жерде сақталып тұрған жоқ. Әйтеуір осыны «ырым» еткені болмаса, үнемі *жетіні* тәптіштеп, қалың малды беруде сол *жетіге* жеткізу шарт емес. Бұл да болса *жеті* санының жай шартты ұғым ғана болғанын көрсетсе керек.

Жеті бағзы уақыт өмірдің басқа салаларынан да орын тепкен. Аңшылық, ит жүгірту, құс салуға қағысты: *ит — жеті қазының бірі* (*ит жеті қазының біріне қосылған*) деп келеді. Ол жеті қазына мыналар: 1) жүйрік тазы, 2) қыран бүркіт, 3) перен [берен] мылтық, 4) сұлу қыз немесе сұлу әйел, 5) жүйрік ат, 6) ер жігіт, 7) ілім-білім. Әрине, халық аузында жеті қазына жайында бұдан басқа да түсініктер жоқ емес.

Жеті, бір жағынан, жақсылық затпен, өмірге керек өнер, кәсіппен, ізгілік қасиетке байланысып жатса, екінші жағынан, шаруаны күйзелтіп, елдің дамылын алып, кей кезде ала сапыран бүліншілікке, ашаршылыққа әкеп соқтыратын жұтқа да қатысты. Қазақ: *жұт жеті ағайынды* — дейді. Қыс қатты боп, суықтан, бораннан мал қырылса да — жұт, жауын-шашын болмай, егін шықпай қалса да — жұт, малға індет ауруы келсе де — жұт. Осы жұттың қай-қайсысы болса да, өзімен бірге ірілі-уақ басқа жұтты ала келетіні, бір жұт екінші жұтты шақыра келетіні — белгілі. Жұттың толып жатқан зардабы болады. Сондықтан бір жұтқа іліктес басқа жұттардың да шығуын «жеті ағайынды» деу орынсыз емес. Жұттың осы «ағайындарын» (сыңарларын) халық мыналар деп ұғады: 1. Құрғақшылық (егін шықпау, шөп қуару); 2. Мал жұтау (қыс қатты болу, қар қалың жауу, індет болу); 3. Оба (домалатпай); 4. Өрт кету; 5. Соғыс (бейбіт елге басқыншылық жасау); 6. Сел кету; 7. Жер сілкіну, т. б.

Сөйтіп, *жеті* сөзімен келетін діни ұғымды фразеологизмдерді де, сол ұғымнан шыққан сарқыншақ (реликт) есебінде күнделікті тіршілікте ұшырайтын басқа ФЕ-лерді тізіп, санын көбейте беруге болады.

Өлген кісіге жеті күннен кейін құран оқып, *жетісін беру*, *жеті тамуқ* (жеті тозақ), *жеті мыстан* (*мыстан кемпір*) дегендерді былай қойғанда, ертегілерде, батырлар жырларында, өлеңдерде, топонимикалық терминологияда *жетіге* ұштасқан сөздер толып жатыр. ХХ ғасырдың бас шенінде өмір сүрген Абыл ақын бір сөзінде былай дейді: *Арғымақ атқа сын болмас, Қиған қамыс құлақсыз, Азаматта сын болмас, Арты болса тұяқсыз. Жеті арнада сын болмас, Аяғы болса тұрақсыз*. Ертегілерде *жеті дариядан өтті* деген тәрізді тіркестер кездесіп отырады. Бұрынғы ақындардың өлеңдерінде: *Әптиекке жеті әліп, Той дегенде барамын домбыра алып*, — деген сөз топтары осы *жетіге* байланысты түсініктен туған болу керек. Халық аузында *жеті насырым жерге кіріп; бетімнің суы бес төгіліп* деген ФЕ бар. Бұл — «қатты ұялып, тым қысылып» деген мағынада; «насыр» — өте ірі, тым үлкен деген мағынада; *бұл жұмыс насырға шапты* деген де «жұмыс үлкен шатаққа айналады» деген ұғымды беріп тұр. Мұндағы ФЕ: *баруын барсам да, жеті насырым жерге кіріп, бетімнің суы бес төгіліп, зорға бардым* тақылеттес сөйлемдерде келеді.

Жәңгір ханның баласы Тәуке ханның (1680—1718) қазақтың сол кездегі ескі әдет, кәдесін мемлекет тілегіне сай етіп, шаруашылық пен саясаттың жаңа ағымына үйлестіріп алған заңы «Тәукенің Жеті жарғы(сы)» деп аталған.

Біздің пікірімізше, Тәуке хан мән оның билері Төле би, Қазыбек билердің ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, ескі кәделерін жинастыра келіп, соның ішіндегі ең маңыздысын, басты-бастысын, елді билеуге керек жақтарын алып, өзінің жаңа заңдарын «Жеті жарғы» деп атауы да қызық. Дәл бұл жерде де, *жеті* өз мағынасында айтылып тұрған жоқ. «Киелі» сан ретінде қолданылып, «негізгі», «басты-басты» деген ұғымды білдіріп тұр.

Әрине, «жеті» дегенге әрдайым дін, немесе миф,¹ тотем арқау болды деген пікірлер бар. Бірақ, біздің топшылауымызша кей жағдайда мәселенің осы ұшығы шынық өмірден елес беруі шүбәсіз.

Түркі тілдерінің біразында *жеті* (*йеді, йети...*) сөзі «апта» дегеннің орнына жүреді. Қазақтың өзінде де *жетісіне бір рет, жетісін беру* сияқтылар оның «апта» орнына жүруін көрсетеді. Осыған қарағанда парсының «апта» (және осы мағынадағы арабтың «жұма») сөзінен бұрын түркі тілдерінде «неделя» мағынасында «жеті» қолданылған шығар деген болжам айтуға болады.

Мұсылман дініндегілер аптаның жеті күнін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) иран тілдері бойынша атайды. Ал, одан бұрын не деген екен? Бұл сураққа, әзірінше, үзілді-кесілді жауабымыз жоқ. Жай бағдар-болжау түрінде мынаны айтуға болады: а) Олар *бірінші, екінші...* күн деген тәрізді ізбен айтылуы ықтимал. Айталық, орхон жазуларында *ілкi күн* (ілкi күн өлтүртім — Моғ., Хал; *ең ілкi күн* Тоғы балында сүнүсдіміз, — КТБ. 44), екінші күн (екінші күн қоп өлүртім, — Моғ., Хал) деген тіркестер бар. Бұлар аптаның жүйесімен айтылған «бірінші күн», «екінші күн» бе, әлде болған оқиғаның «алғашқы күні», «екінші күні» деген орайда айтылатын жай күн ретін атау ма, ол жағы көмескі. Бағзы уақыт сан есімнен тыс сөз де араласа айтылуы да мүмкін, б) ай есебімен сөйлеу дағдысы да ойланарлық мәселе (*айдың бір..., екі жаңасы*, т. б.), в) *бүгін* (*бұл + күн*), *ертең*, *бүгінгі*, *кеше*, *алдыңкүні*, *арғы күні*, т. б. сияқты атаулар да назар аударарлық проблема. Мәселен, ұйғыр тілінде алғашқы бес күн *бүгін, этә, өгүн, индин, чиндин* түрінде айтылуы, қырғыздарда: *мурдаағы күндүн арқы күну* (төрт күн бұрын), *кечәэки күндүн арқы күну* (алдыңкүні) түрінде айтылуы көңіл бөлерлік мәселе.

Үш сан есімімен келетін фразеологизмдер де ескі салтқа қатысты. «Ешбір басы бірікпейді» деген мағынада *үш қайнатса сорпасы қосылмайды*; «ешбір ойына

¹ Чернышев В. И. О стержневых именных числительных в русском и казахском языках. «Известия АН КазССР. Серия филологическая», вып. 4, 1946.

жіріп-шықпаған» деген мағынада *үш ұйықтаса түсіне енбеген* деп келеміз. *Ер кезегі үшке дейін* деген мақал да бар. Ертегілерде: *Біреудің үш баласы болыпты* немесе *хан үш қайтара сұрпаты* сияқты фразеологизмдер жиі кездесетіні белгілі.

«Жан алу», «жан беру» сияқты дәстүр көп елдерде болған. Бұл әдет қазақта да болды. Ертеде «жан беруге» тура келсе, дүние салған ардақты бір кісінің мола-сына барып, одан үш рет айналып, «жалған айтсам осы кісінің аруағы ұрсын» деп қарғанған. Мұндайда жан беруші айыпқа тартылған кісі емес, ол кісінің үш ата алыстығы бар жақын туысы болуы шарт болған. Туыстығы үш атаға жеткен кісінің сөзі әшкереленіп, жаман қылығы жұртқа аян, сенімсіз болса ғана, айыпқа тартылған кісінің басқа туысы (бірақ үш атадан бері болмау керек) жан беретін болған*.

Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін, бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге төлейтін сыйлығының, кейде айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды.

Қазақтың өте бір сүйіп ойнайтын ойыны «Тоғыз құмалақты» алсақ, оның ойын тәртібінде «ұту» («айып алу»), («ұтылу», «айып тарту», «айып төлеу») мағынасы бар. Өзінің тура мағынасында айтылып тұрған *тоғыз* санының қасиетін діни ұғымға апару, әрине, әбестік болар еді.

Тоғызбен байланысты сыйлық тарту, айып беру көп елдерде бар. Мәселен, қырғызда *төө баштаған тоғуз* немесе *ат баштаған тоғуз* деген тіркес бар (*төө баштаған тоғуздан калың берген* деп келеді).

Тоғыз туралы сенім, ырым-салт монғол халқында өзгеше орын тепкен. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту «бір тоғыз», не «үш тоғыз» болған. «Бабурина-мед» түркі елдеріндегі бұл салт, әдеттер сол монғолдан ауысып келген деген бір айтылады.

Қ. Халидов өзінің белгілі «Тауарих қамса» деген кітабында түркі, монғол халықтарының «тоғыз» ұғымына байланысты мынадай пікір айтады: а) монғол, қалмақтардың ескі сенімі, діни ұғымы бойынша аспан *тоғыз қабат* болады, құдай соның ең жоғарғы тоғызыншы қабатында тұрады, солай болғаннан кейін «бас патша» (құдай) сықылды одан төменгі «жер патшасы» (хан) да сол жолмен, сол тәртіппен орын тебуге тиісті. («*Бас падишаһ хаки кидин бүйлә фиғил садир ол дисе падишаһ мажасинің тәртібі дәхи у тағлимә муафік тоғыз болмақ лазим*») дегенді келтіреді; ә) тоғызға байланысты заңның (әдет-ғұрыптан орын теуіп, біреуге сыйлық беру, біреуді жазалау, т. б.) Шыңғыс ханнан басталатынын көрсетеді; б) «хан» деген атақ тоғыз атадан бері осы лауазым сақталып келе жатқан кісіге ғана телінген, соның салдарынан Әмір Темірге хан атағы берілмеген дейді. Әмір Темір көп жерді өзіне қаратып, қанша көп елге үстемдік жүргізсе де, (қаншама елді қан қақса да,— *І. К.*) жоғарғы «тоғыз ата» деген негізгі қағидаға сай келмегеннен кейін, ол «хан» делінбей, «мырзашаһ» деп аталынған дейді; в) «тоғыз» жайындағы дәстүр мен ұғым ертеде Россияға да шарпын тигізіп, кей халықтарда қарадан хан сайланатын болса, ол кісі осы дәрежеде алдымен тоғыз жыл қызмет істеуге міндетті болған дегенді айтады.

Қырық сан есімімен келетін фразеологизмдер ескі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен де орын тепкен: *қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда; баланың қырықнан шығуы; өлген кісінің қырықын беру*, т. б. Түркі елдерінің біразында көз тиген баланы *қырық ожау*, не *қырық қасық сумен шомылдырды*, ертегілерде *қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады, ханның қырық уәзірі болыпты, қырық күн жол жүріпті* деген ФЕ-лер жиі айтылған. Сойылған мал етінің борша-күн боршасын шығарып, жілік-жілігімен бөлуді *қырық жілік* дейді. Әйелдер ірі қараға қаһары түсіп, кейінде *ой, қырық жілік болғыр!* деп қарғайды. Қазақ фольклорында *қырық сан қалмақ (қырық сан қара қалмақ)* деген сөз бар. Мұндағы *қырық сан* деген, *тоқсан екі баулы өзбек* деген сықылды ру санын көрсеткен болу керек.

Қырықтың діни ұғымы басқа елдерде де бар. Мәселен Стамбул түркіінде біреуге қырық санымен келетін ақшадай қайыр-садақа беру бар (бұл туралы *бер қырықы — кедар қорқу* деген сөз бар, «қырыққа толтырып ақша берсең, қорқыныш болмас» деген мағынада). Ислам дінін қабыл еткен халықтардың бәрінде де өлген кісінің қырықын беру (мәселен, татарларда бұл салтты *қырқын оздырмақ* дейді) ырымы бар.

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын *бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен. Мақал, мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның да «әншейін» сан емес, бір кезде «киелі» мөлшер екендігін көрсетеді. Қазақ *қырық күн шілде* деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Үш ай жаздың ыстығы осы *қырықпен* біте қоймағанмен, ол сан бұл жерде негізгі бір өлшем болып тұр. Бағзы уақыт қыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы «қырық» санымен

* Осы салт жөнінде мына еңбекті қараңыз: *Ильминский И. И.* Материалы к изучению киргизского языка. Спб., 1861.

өлшеу салты болған. Қырықтың айрықша бір өлшем болатындығына жоғарғы көрсетілгендерден бөлек, мына мысалдарды да келтіруге болады: *жақсы ата жаман балаға қырық жылдық азық; қырық жамау немесе қырық құрау* — әбден тозығы жеткен; *қыз қырық жанды; қырық пышақ болды* — араздасты, қызыл өнеш болып төбелесті. Сонымен *қырықпен* келетін сөздер өте көп. Солардың басты-бастысын ғана көрсетіп өттік.

Түркі тілдерінің сан есімдері туралы бұрынды-соңды жазылған еңбектерде бұл сандардың қолданылуы жайында толық пікір айтылған емес. Тек, Қазан қаласында шыққан Н. И. Золотницкий деген кісінің «Корневой чувашско-русский словарь» (1875 ж.) атты еңбегінде *жеті* және *тоғыздың* сеніммен байланысты ролі жайында азын-аулақ мәлімет бар. Ал Галеви *жеті* санын «жет» (йет) деген сөзден шықты деседі. Демек, сөздің ең алғашқы түрі «йатті» емес, «йатт» болған тәрізді*. Бұл сан о баста шекті, тиянақты сан болғанын еркімдер де айтады. Бірақ *жетінің* формасын анықтап, үзілді-кесілді пікір келтірген ешкім жоқ.

Жеті, қырық, үш, тоғыз тәрізді сөздердің тіліміздің қазіргі сатысындағы қолданылу тәртібін, осы күнгі семантикасын, стилистикалық функциясын тексерудің өзі де ол сөздердің этимологиясын білуге жол ашады. *Жеті*, т. б. сияқты сөздердің осы күнгі лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы ол сөздердің өткен тарихына айғақ бола алады. Біз *жетінің, жет*, не *же* деген етістіктен шығу, шықпауын ойластыратын мәселе деп қараймыз. Әңгіменің түйіні бұл сөздің және осыған тетелес басқа сандардың тіл-тілде атқаратын функциясында жатыр. Сондықтан біз оны көбінесе осы жағынан сөз қылдық.

Фразеологизмнің кейбір грамматикалық көрінісі

Грамматика тұрғысынан қарағанда, жалпы фразеологизмдер синтаксистік (кей жағдайда морфологиялық) тұтастығын сақтап, басқа еркін тіркестер тобынан да, қалыпты сөйлем түрлерінен де бөлектеніп тұрады. Қазақ тілі фразеологизм жүйесі де бұл ереженің дұрыстығын ешбір дау тумастай дәлелдейді. (Бұған біз жоғарыда толығырақ тоқталғанбыз).

Фразеологизмнің грамматикалық ерекшеліктері қазақ тілінің жалғамалы (агглютинатив) сипатымен астасып жатыр. Яғни грамматикалық өзгерістер фразеологизмдердің синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық (синтаксистік) тәсілмен де жасалуынан келіп шығады. Мұның өзі есім+есім, есім+етістік (әрі бұлардың күрделі түрі) тізбектердің қай-қайсысына да ортақ норма.

Фразеологизмдер контекстің әуеніне қарай өзгеру я өзгермеуі жағынан екі топқа бөлінеді: бір алуан фразеологизмдер контекстің аясында ешқандай өзгеріске ұшырамай, өзінің дербес формасын сақтап отырса, бірқыдыру фразеологизмдер (контекстің әуеніне қарай өзге сөздермен қатынасқа түсіп) форма жағынан өзгеріп, қосымша, сүйемел сөз тіркестіру арқылы барып қолданылады. Айталық, *қолы ашық, ерні салпы, қол созым, жеті тінде*, т. б. тізбектер барлық контекст аясында дәл осы қалпында келеді де отырады. Ал, *ала аяқ қу* деген сөз қолданысты *ала аяғы; ала аяқтың өзі, ала аяқ қуы* деп те айтуға болады. Немесе *әкесін танытты, жанын көзіне көрсетті* деген тізбектің соңғы компонентін *әкесін танытайын, жанын көзіне көрсетейін/әкесін танытшы, жанын көзіне көрсетші/әкесін таныта көр* түрінде де өзгертіп қолдана береміз. Ал, *ешкімнің ала жібін аттаған емес* — дегенді *ешкімнің ала жібін аттаған емессіз [емеспін], ешкімнің ала жібін аттаған жоқ еді [жоқ едім]* түрінде құбылта беруге болады.

ФЕ-лерді сырт сиқына қарап, яғни белгілі бір қосымшаларды бойына дарыту қалпына қарап, синтаксистік қызметі мен фразеологизмнің мағынасынан бойды аулақ сала талдасақ, формаль тұрғыдан еркін тіркесте болатын барлық белгілерді табуға болады. Олай болған күнде форма мен мазмұнды жорта алшақ қараған болар едік, ішінара оларды бірлікте қарамай, бөліп тастау жолына, жасанды тәсілге сүйенген болар едік. Шолудың бас шенінде («Қазақ тілі фразеологиясы — дербес пән» деген тақырыпта) атрибутив немесе адъектив, адвербиал, т. б. түрде келген ФЕ-лер қысқаша сөз етілген. Бұл сипатты тіркестердің басым көпшілігі лексикалық мағынасы жағынан еркін тіркес табиғатына жуық келеді: екі-үш компонентті тіркестің бірі қалайда негізгі мағынасын сақтап отырады. Осы айтылғандарды арқа сүйер критерий етіп, фразеологизмдерді синтаксистік қатынасына қарай мына топтарға бөлуге болар еді:

* Форма жағынан қазақ тілінде өзгеше қолданылып жүрген сан есім — бесті. Осындағы *-ті* жұрнақ; бұл сөз көбіне беске шыққан жылқы малына арнайы айтылады: *бесті ат* немесе тек *бесті* дей саламыз. Басқа сан есімге бұл жұрнақ қосылып субстантивтеніп *бесті* сықылды белгілі бір зат мағынасы жасалуын байқай алмадық. Қазақ тілінің жинақтау сан есімдерін жасаушы *-ау(-еу)* аффиксінің бірден жетіге дейін ғана қосылуы қызық құбылыс. Татар, т. б. кейбір тілдерде «онау» тұлғасы да бар.

а) бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды* т. б. Мұндай ФЕ-лердің бірінші сыңары үнемі тәуелдіктің III жағында тұрады да, етістік сыңары ашық райда келеді. Ал морфологиялық жағынан бұлар зат есім+етістік тіркес;

ә) анықтауыш пен анықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *еңкейген шал, еңбектеген бала; сұқ көз, ақ жүрек* т. б.;

б) пысықтауыш пен пысықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *күле қарады; күле кіріп, күңірене шықты* т. б.

в) тура және жанама толықтауыш пен толықталатын (не «баяндауыш») «сипатты» фразеологизмдер: *алшысын қуырды, сазайын тартты; намысқа шалты, саба-сына түсті* т. б.

Сырт тұрпатына қарап, соңғы тіркес екі мүшелі деп айтуға болмайды. Олай болатын себебі — бұлар идиомды тізбек.

Әрине, ФЕ-лер осы түрде екі компонентті немесе екі «мүшелі» ғана болып келмейді, күрделі, яғни тұтас сөйлем болып та келе береді. Мысалы: *аспан айналып жерге түседі* деген тізбек эллипсистік тәсілде қолданудың және етістіктің ашық райда тұруының нәтижесінде өз алдына дербес сөйлем болып тұр. Егер *аспан айналған ыстық* немесе *аспан айналып жерге түскен ыстық* деп қолдансақ, *аспан айналған* немесе *аспан айналып жерге түскен* десек, ФЕ-нің бұл компоненті *ыстық* деген сөздің анықтауышы болып кетеді. *Аузым пісіп [пісіп отыр]* дейтін тізбек те — өз алдына бір сөйлем. Ал осы тіркес: *аузым пісіп, одан ештеңе сұрамай қойдым* деген сөйлем ішінде келгенде, құрмалас сөйлемнің бір жай сөйлемі емес, пысықтауыш мүшесінің қызметін атқарып тұр. *Аузы піскен адам* деген ФЕ-нің ішінде бұл тіркес анықтауыш орнында тұр. *Асығы алшысынан түсіп отыр; аузы тұшып қалды; бетінен оты шықты* немесе мағынасы осыған жақын *беттің арын белбеуе түйді; беттің суын бес төкті; көзі жетпеді* деген сияқты көптеген тіркестер де осы сипатта өзгеріске түсе береді.

Фразеологизмдерді сөз таптарына қарай классификациялау да ең негізгі мәселелердің бірі. Бір ескертетін жай: бұл тізбектердің ішінде мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды. Сөз таптары жаңы мектеп грамматикаларында айтылатын қағидаларды фразеологизмдерге қалай болса солай қолдана берудің жөні жоқ. Олар зат есім, етістік, үстеу, т. б. сөз таптарымен тең мағыналы емес. Себебі, фразеологизмдердің тұлғасы мен семантикасы жеке сөз табына барабар келмейді. Белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын ғана фразеологизмдер бар, ал ф. түйдек (идиом) болса, ол белгілі бір сөз табының қызметінен мүлдем алшақ жатады. Бұған мынадай мысал келтіруге болады. Зат есімге жуықтайтындары: *көк өрім, бау кеспе, без бүйрек, кесекті аю, көк ми*; етістікке жуықтайтыны: *аузын ұстап қалды, ала жіп аттамады, ала көз болды, арқа сүйеді, атой берді, аузымен орақ орды, бармағын тістеді*; үстеуге жуықтайтындары: *көзге шыққан сүйелдей, қас пен көздің арасында*; сын есімге жуықтайтындары: *бармағынан бал тамған, екеуінің жұлдызы ыстық, ит жанды* (соңғы тіркес, көбінесе, өзiл-оспак түрінде «төзімді» дегеннің орнына айтылады), т. б.

Фразеологизмнің құрам сипаты, компоненттерінің байланысу түрлері

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзінің құрамы жағынан қаншалықты әр алуан болып келсе, компоненттерінің байланыс сипаты жағынан да соншалықты әр тарап болып келеді.

Фразеологизмнің қандай болсын, қазіргі күйінде грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да бір тұтас қолданылады. Оларды синтаксистік, семантикалық ерекшеліктеріне, жеке сөз табы, сөздердің мағыналық жігі жағынан тек соларға ұқсас белгілер тұрғысынан ғана қарауға болады. Өйткені фразеологизмдер жеке тұрғанда сөйлем сипатында болып (сол себепті сөйлем мүшелері де болып) келеді де, контекст аясында бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Айталық, *жанын қармады, жанын жеді* тіркестеріндегі «жанын» тұлғасы осы қалпында толықтауыш пен баяндауыш қызметінде (*жанын+жеді*) тұрған сияқты, ал, *қайғы жанын жеді* десек, бұлар *қайғы+жанын жеді* түрінде екі мүше жігіне бөлінебек. Немесе, *жай тапты* тіркесі: *алатынын алып+жай тапты//жаны <+> жай тапты//алатынын алып+жаны <+> жай тапты* болып түрлене береді. Соның бәрінде *қайтті?* деген сұраққа тұтас күйінде жауап береді. Ал, *намысқа шалты* деген де сондай: *намысқа* — «толықтауыш», *шалты* — «баяндауыш» іспетті. Сөйтіп, форма көрінісі ғана емес, мағына бірлігі де негізге алынады.

Сыртқы тұрпаты жағынан өзіне тән ерекшелігімен көзге түсер бір шоғыр тізбектер — параллельді фразеологизмдер.

Бұлар — өзгеше бір копуляция жолымен салаласа тіркескен фразеологизмдер. Бұл топтағы тізбектерде, әсіресе олардың ішіндегі *ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ* типтес тіркестердің параллель компоненттері өзара тең тұрып тоғысады, жарыса жұп құрайды. Бұл параллельдер грамматикалық жағынан да, семантикалық

жағынан да терезесі тең тұр. *Ақай жоқ, тоқай жоқ; айрандай аптап, күбідей пісіп* [күптеп] секілді параллельдер де, сондай-ақ осы соңғы мағынаны білдіріп, *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* болып келетін фразалар да ұзын арқау, кең тұсау; *ұзында өшті, қысқада кекті емес; алалы жылқы, ақтылы қой* немесе *қоралаған қой, қоспаған жылқы; аты кіріп, күні шығып* сияқты тіркестердің бәрі де жоғарыдағы айтылғандай, екі сыңары жарыса қолданылады.

Детерминация жолымен ықпалдаса тіркесу қос сөзді фразеологизмдерге тән бірден-бір негізгі тәсіл. Алайда копуляция, детерминация тәсілдері фразадан басқа құбылыстарда да кездеседі. Мәселен, *аяқ-табақ, ата-баба, қысы-жазы, анда-санда* тәрізді қос сөздер копуляция жолымен жасалса, *бала-шаға, қатын-қалаш, қыз-қырқыны* т. б. детерминация жолымен жасалған. Өйткені соңғы типтегі қос сөздердің бір компоненті тіліміздің күні бүгінгі тұрғысынан мағыналы болса, екінші компонент десемантизацияланып кеткен. Оның (екінші сыңардың) қос сөз ішінде сақталуы жоғарыдағы мысалдардың мағынасына ұйтқы — алғашқы сөздің ықпалымен болып отыр.

Қос сөз бірімен-бірі жымдасып, бірінен-бірін ажыратуға болмайтын арнаулы сөз тобы. Ол өзінің алғашқы, не соңғы компонентімен қатар тұрса ғана қос сөз болады; *бұзау-торпақ, жол-жөнекей, ұшы-қиыры* түрінде сызықшамен жазылады. Бірақ, қазақ тілі фактілерін толығырақ қамтып, пайымдап қарасақ, тілімізде бірі-бірінен айтылуға келмейтін тиянақты сөздердің неше алуан түрлері бар. Олар мағына, тұлға жағынан нағыз қос сөз сипатты бола тұра, мағыналық бірлік жағынан, компоненттерінің құрамы жағынан өңге қос сөздерден оқшаулау. Мәселен, қазақ, қырғыз тілдерінде *үлде, бүлде* деген сөздер әрдайым қатар жүреді, бірін екіншісінен бөліп алып айтуға болмайды. Сол сияқты *некен-саяқ, жол-жөнекей, тоқты-торым* дегендегі *некен, торым, жөнекей* деген компоненттерді де өзінің сыңарынан бөліп айтуға болмайды. Бірақ бұлардың арасына «мен» жалғаулығын қойып, «некен мен саяқ» түрінде айтуға есте болмайды. Ал қос сөзді фразаларда осы тәрізді дөңкер жалғаулық болады. Айталық, *ақай жоқ, тоқай жоқ* деген тізбектің мағынасын анықтап тұрған — *жоқ* деген сөз; *жоқ* екі рет қайталанып, ФЕ-ге стильдік өң беріп тұр. *Үн жоқ, түн жоқ; қан жоқ, сөл жоқ* дегендер де осындай.

Осылардың бір модельмен жасалғанын мынадан байқауға болады: *із-түзі жоқ//із-түзсіз//із жоқ, түз жоқ (жым-жылас) жоғалды*.

Егер *ай-шайсыз кіріп келді* дегендегі *ай-шай* қос сөзін *ай жоқ, шай жоқ кіріп келді* деген фразеологизммен салыстырсақ, бір кезде *ақай жоқ, тоқай жоқ* дегенді де *ақай-тоқайсыз түрінде* тілде қолдануы толық мүмкін. Сол сияқты *үн-түнсіз — үн жоқ, түн жоқ; қан-сөлсіз — қан жоқ, сөл жоқ* дегеннен де мұны анық көреміз. Тегінде параллельді ФЕ-лер әуелде осы қос сөздің өзінен күрделене келіп, жасалуы ықтимал.

«Жетісіп, молшылыққа қол ілігіп, байлыққа белшесінен батып» деген сөздердің синонимі — *айрандай аптап, күбідей пісіп*; «мыңғырған мал» (үйір-үйір жылқы, қоралы қой) дегенді фольклорда *алалы жылқы, ақтылы қой* деп айту бар. Не болмаса «мандайы ашылған», «қыдыр дарыған», «бақ қонған», «тасы өрге домаланған» деген ФЕ-лердің қос сөзбен келетін баламасы — *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс*.

Жалаң қос сөздерге қарағанда, параллельді фразеологизмдер, көбінесе, метафоралық мағынада айтылады. Бұларды ауызекі тілімізден, қазақтың бай фольклорынан, шебер жазушыларымыздың тілінен жиі кездестіруге болады. Мәселен, «Еңлік — Кебек» пьесасында: «*Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар*» тәрізді тіркес көп ұшырайды. Осындағы *әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып* деген де параллельді фразеологизм. Бұндағы компоненттер тұлға жағынан да біркелкі келіп отырады (*Әулие-ге ат айт-ып//қорасан-ға қой айт-ып*).

Бұлардың қос сөз болу себебі тек форма жағынан біркелкі келгендігі ғана емес. Негізгі шарт — қосарланған екі сөздің бірінен-бірінің жігі ажырамауы. Сөз тізбегі екі сөзден жасалуы да мүмкін, екі-екі сөзден (жүп қос сөзден) жасалуы да, екі жүп сөйлемнен жасалуы да мүмкін. Бірақ мұндай фразалардағы сөздер екі салаға бөлініп, параллельденіп, тұлға жағынан үйлесіп, қиысып отырады. *Әй дер ажа, қой дер қожа жоқ* деген осы айтылғанға толық дәлел болады. Бұл екі жай сөйлемнен құралған: біріншісі — *әй дер ажа жоқ*, екіншісі — *қой дер қожа жоқ*; мұндағы *дер* дегенді (есімшенің келер шағын) есімшенің басқа түрлерімен де (*дейтін, деген*) ауыстыруға болады; *жоқ* деген сөзді бір-ақ рет айтуға да болады. Бұдан өрине, ФЕ-нің ішіндегі сөйлемдердің мәні кемімейді.

Буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды деген фразаны алсақ, алғашқы күрделі компонент — *буырқанды, бұрсанды*, кейінгі компонент — *мұздай темір құрсанды*. Алғашқы компоненті тұлғалас екі етістіктің жедел өткен шағы, түбірі — *буырқан, бұрсан*. Кейінгі компонент үш сөзден жасалған, олардың түбірлері — *мұз, темір, құрсан*. Бұл ФЕ осы өлеңді түрінде ғана қалыптасып кеткен. Мұны қара сөзге айналдырып, *мұздай темір құрсанып, буырқанды* десек, стиль жағына нұқсан келетіндігі сөзсіз.

Сайып келгенде айтарымыз: дағдылы қос сөз бен (дефис арқылы жазылатын) параллельді ФЕ-нің (үтір, не жалғаулықпен келетін) аралығында мағыналық жуықтық жоқ емес. Алайда бұл екеуі құрылымы жағынан екі басқа категория. Олардың негізгі пунктуациялық белгісі: а) сызықша (дефис): *тәлім-тәрбие, бала-шаға, үйме-жүйме* т. б.; ә) үтір: *ұзын арқан, кең тұсау; тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып* т. б.

Үтірмен жазылатын параллельді ФЕ-лер грамматикалық жағынан төрт салаға бөлінеді (бұл ретте біз әр компоненттің соңғы сөзін еске алдық):

1. Зат есім тұлғасында келетіндері: *алалы жылқы, ақтылы қой; ұзын арқан, кең тұсау; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс;*

2. «Жоқ» сөзімен келетін параллель ФЕ-лер: *ақай жоқ, тоқай (ноқай) жоқ; қан жоқ, сөл жоқ; үн жоқ, түн жоқ; әй дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ;*

3. Есім жұрнақтары арқылы келетіндер: *ұзында өшті, қысқада кекті; бір сырлы, сегіз қырлы;*

4. Етістік тұлғасымен келетіндер: *айрандай аптап, күбідей пісіп; басы ауырып, балтыры сыздап; апы кіріп, күпі шығып; әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып (немесе әулиеге ат айттым, қорасанға қой айттым); тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып (немесе тебінгіден тер жауды, қабырғадан қан жауды).*

Параллель фразеологизмдерді осы тұрғыда топқа бөлудің өзі де шартты нәрсе. Өйткені, бұлардың едәуірі синтаксис жағынан (компоненттердің орны жағынан) анағұрлым тиянақты. Мәселен, *ұзында өшті, қысқада кекті* деген параллельді ФЕ-нің екі қанатын ауыстырып өзгертуге болмайды (*қысқада кекті, ұзында өшті* деген түрде қолданылмайды). Бірақ, мұның ішіндегі жеке сөздердің тұлғасын құбылтып айтуға келе береді: *ұзында өшіміз, қысқада кегіміз жоқ; ұзында өшім (-із), қысқада кегім (-із) жоқ; ұзында өштімін, қысқада кектімін.* Ал, *ұзын арқан, кең тұсау* сияқты есім тұлғалы ФЕ-лер синтаксис жағынан да, морфология жағынан да тұрақты; яғни бұл сөздердің орнын ауыстыруға, сөздерді осы қалпынан басқа түрге салып, еркін өзгеріске түсіре беруге келмейтіні жоғарыда әлденеше рет ескерілді. Мәселен, *ақай жоқ, тоқай жоқ* сияқты ФЕ-ні ешбір өзгертуге болмайды. Ол сөйлем ішінде басқа сөздерден интонациясы арқылы оқшау тұрады.

Параллель ФЕ-лердің лексикалық, стильдік мағынасы мына түрде даралана айқындалады.

Мысалы, *алалы жылқы, ақтылы қой* дегеннің орнын ауыстырып, *ақтылы жылқы, алалы қой* деуге болмайды. Неге десеңіз, қой малы түске бай емес, ал жылқыны бірде *торы, күрең, шабдар, боз, сұр, қара құла деп*, бірде *торы төбел, күрең төбел, қара кер, құла кер*, т. б. түстеп айта береді. *Алалы жылқы* деген осы тәрізді түстердің бәрін қамтитын сөз. Екіншіден, *ақ (ақтылы)* деген сөз жылқыға, атқа тікелей жанасып, анықтауыш бола алмайды. Қазақ *ақ ат* демейді, *боз ат* дейді; *ақ* дегенді *ат* деген сөзге анықтауыш етеміз десек, *ақ* дегенді *боз* деген сөздің алдына қойып, *ақ боз ат* деп қана айтамыз. Сөйтіп, *алалы жылқы* деген «барлық жылқы», үйір-үйір жылқы», *ақтылы қой* деген «барлық қой», «мыңғыраған қой» деген мағынаны беріп тұр.

Жоғарғы тізбектегі үйлесімді, ұйқасты келіп тұрған анықтауыштар (*алалы, ақтылы*) ФЕ-ге жан беріп, бейнелі түрге түсіріп тұр. Осы күнгі қолданылуында бұл жалпы «төрт түлік мал» ұғымын білдіреді: *Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме, иесі ұйықтап жатқан соң* (М. Ө.).

Алты аласым, бес бересім жоқ дегендегі *ал, бер* түбірлерінен жасалған туынды есімдер тәуелденіп тұр.

Қазақ тілінде *аласы, бересі* деген сөздердегі *-асы, -есі* жұрнағы — көне жұрнақ. Ол *көресіні көрдім* дегендегі *көресі* сияқты бірді-екілі сөзде ғана ұшырайды; етістіктің түбіріне жалғанып барып, зат есім тудырады. Татар тілінде бұл жұрнақ жиі ұшырайды (*ұйықтасым келми, қарасым келди*).

Апы кіріп, күпі шықты деген ФЕ тілімізде тек көсемшенің өткен шағы түрінде ғана ұшырайды. Этимологиясы жағынан, «апы» сөзі көне түркі тіліндегі «абы» (жасырыну, тығылу мәнде) сөзімен бір сияқты, ал «күпі» сөзі көне түрік тіліндегі «күпкі» сөзіне жақын келеді. Сонда «жасырынып кіріп, киініп шықты//қысылып кіріп, қымтырып шықты» деген мағынаға жуықтайды.

Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. *Ақ, қара* деген сөздер көп мағыналы: *аққа аузымыз жарыды; көздің ағы мен қарасындай сақтады; көзге ақ түсті; ақпан тигізіп, ойын дәл айтты* дегендегі *ақ* сөзі туынды мағынада айтылып тұр. Сол сияқты *қара* деген де жанама мағынада айтылады: *төре мен қара; қара бассын [қара албасты бассын]; алыстан қара көрінеді; қара бастың қамын ойлау; қара жаяу; қара жүрек*, т. б. Бұл жердегі *ақ, қара* деген сөздер мағынасы жағынан «қара болсаң қалмайды, ақ болсаң дауламайды» немесе «ақ, қарасын ажырат» деген орамдағы *ақ, қара* дегенмен жуықтас. Бұлар сөзін ақтан тигізіп, қара қылды қақ жарған шешендікпен байланысты айтылған болу керек.

Ақай жоқ, тоқай жоқ дегендегі *ақай* мен *тоқай* сөзі осы ФЕ-ден басқа жерде кездеспейді. Бұл ФЕ осы қалыптасқан тиянақты түрінен екінші бір түрге ауыспайды, оларға ешбір қосымша қосып өзгертуге де болмайды, сөз орнын ауыстыруға да бол-

майды. Оның тағы бір ерекшелігі, өзімен мағынасы жуық басқа сөздермен қатар келіп, стиль жағынан олардан бұрын да, соң да тұра алады. Мысалы: *Бірден кіріп келе, ақай жоқ, тоқай жоқ, ұрыс шығарғаның не?, немесе Ақай жоқ, тоқай жоқ, бірден кіріп келе, ұрыс шығарғаның не?*

«Дәнеңесі, түгі кеткен жоқ, қабырғасы қайысып, жанына батқан жоқ» сияқты мән беретін басы ауырып, балтыры сыздаған жоқ деген ФЕ ішіндегі *бас*, *балтыр* сөздерін морфологиялық жақтан құбылта беруге болады. *Балтыр* басқа түркі тілдерінде де бар. Бұл сөз кей тілде «қара бұқара», «қара халық» мағынасында қолданылады; кей тілде *жуан балтыр* дегенді *қаба балтыр* дейді, *шегірткенің аяғы* дегенді *чегірткенің балдыры* дейді. Қазақ тілінде *бұған басым ауырып*, *балтырым сыздаған жоқ*; немесе *оның бұл қылығына ешкімнің басы ауырып*, *балтыры сыздаған жоқ*; *бұдан басым ауырып...* деп те айтыла береді.

Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып («бұрқылдап ашулану, ыза кернеу, мұздай темірге, сауытқа, құралға орану»). Бұл ФЕ эпоста жиі кездеседі: *...Қатуланып, қаттанып, Буырқанып, бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тамып, Ар жақ пенен бер жаққа, Найзасын ұстап бармаққа* (ҚБ).

Қырғыз тілінде *бет бугун чыгарып буурканат* деген сөз бар. Мұндағы *бууркан* мен қазақ тіліндегі *буырқан* дегендердің түбірі бір болса керек. Тілімізде *бұрқылдап*, *ашуланып отырған* немесе *бұрқан-талқан болып*, *сөзге құлақ қоймай*, *ашуланып ала жөнелді* деген сөздер бар.

Қазақ тіліндегі *құрсану* мен алтай тіліндегі *курчано* дегендердің мағынасы «буыну, орану, қоршану», осы сөзден «белдік» мағынасында айтылатын ескі шағатай, татар тілдеріндегі *қоршақ* (*қоршамақ*), алтай тіліндегі *қорчақ*, басқа түркі тіліндегі *қоршақ* сөздері келіп шыққан *құрсан қоршан* деген сөздердің осы мағынасындағы түрі басқа түркі тілдерінде де ертеден бар.

Әулие ат айтып, **қорасанға қой айтып** деген фраза да осы күйінде қолданылады, тек *айтып//айтты* түрінде ғана өзгеріске түседі. Діни ұғым бойынша кісінің ауру болуы тағдырдан болады деген түсініктен кейбір аурулар «әулие», «қорасан» болып аталып кеткен. Балаға *әулие* ауруы шықса, ол үймен қатынаспау, далаға от шығармау, аурудың атын («әулие» деп) көп атай бермеу — сол ескі нанымның салдары. *Қорасан* шешек ауруының бір түрі. Осы күнгі қазақ тілінде *қорасан* («... қорасанға қой айту» дегеннен басқа жерлерде) ауру мағынасында ғана айтылады. Ал *«әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар»* дегенге қарағанда, *қорасан* о да бір әулиенің аты деп ұғынуымызға болады. Бұл жердегі «әулиеге деп атты атау, қорасанға деп қойды атау» сөз тізбегінің аллитерация ретінде келуіне байланысты болу керек.

Әй дер ажа [жоқ], **қой дер қожа жоқ** деген ФЕ контексте осы қалпында қолданылады. «Ажа» түркі халықтарының ерте дәуірінде билеп-төстеуші деген ұғымда айтылған. Шағатай тілінде *ажы* деген «аға» мағынасын, ұйғыр тілінде *ача* «туысқан апа» мағынасын, қырғыз тілінде *ажа* деген «үлкен кісі» (отарасы) мағынасын білдіреді. Жоғарыдағы мысалдардың қайсысын алсаңыз да, оларда үлкендік (жасы үлкендік, жолы үлкендік) мағына бар.

Демек, *ажа* (*ажы*, *ача*) сөзі өзінің алғашқы тікелей мағынасын өзгертіп, «үлкендік» мағынасын алған. Айталық, М. Әуезов Найман мен Тобықты билерінің айтысын келтіріп, былай дейді: *«Алалы жылқы, ақтылы койын жосылтып алдың, ата қонысынан іргесін аудардың, ел-жұрттын шұбырттың. Бүгінде іргеңді Ханыңғысқа орнатып отырсың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде, әй дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Енді, міне, шарпуыңды Матайдан асырып, Найманға тигізіп отырсың»* («Еңлік — Кебек»). Осындағы *әй дер ажа*, *қой дер қожа* сөзі де тияр, қой дер кісі, үлкен кісі болған жоқ деген мағынада айтылып тұр.

* * *

Фразеологизм сөйлеу процесінде, демек, белгілі бір сөйлем ішінде құлпыра кететіні белгілі. Өз алдына сөйлем тұлғасында келетін ФЕ-де белгілі бір ситуацияға байланысады да, өзінен бұрын я соң көмкеріп тұрған сөздер мағына жағынан ФЕ-ге икемделіп, ыңғайланып тұрады. Ал тұтас сөйлемнің бөлшегі ретінде (яғни мүшесі ретінде) кездесетін ФЕ-де өзін қоршап тұрған еркін тіркеске тұрғыласып, мағына жағынан да, синтаксистік байланыс жағынан да жымдасып жатады*. Мәселенің мәні

* Бұл жөнінде З. Г. Ураксиннің жоғарыда аты аталған еңбегінде («Фразеологиялық единицалардың тіркесуі», IV тарау) толық айтылған. Башқұрт тілінің көптеген фактілеріне сүйене отырып, автор бір қанатты, екі қанатты, үш қанатты оралымы бар (одноместное, двухместное, трехместное окружение) фразеологизмдер деп, үш топқа бөледі. Бұл ретте М. Т. Тагиевтің, В. Л. Архангельскийдің, А. В. Куниннің зерттеулеріне автор жақсы баға береді. Біздің айтарымыз: қазақ және басқа түркі тілдерінің фактілері де осы айтылмыш топшылауды жалпы алғанда мақұлдай алады деуге болады.

мынада деп білеміз: белгілі бір ФЕ-нің мән-мәнісі, қызметі, тұлғалық белгісі түгел контекст аумағында тұрып айқындалады; сондықтан ФЕ-нің тіл, сөйлеу жүйесіндегі орнын толық тану үшін бұның да (дистрибуциялық талдаудың да), варнация, т. б. құрылымдық (структуралық) әдістердің де келтіретін пайдасы зор. Басқаша айтқанда, фразеологизмнің контекстегі көрінісін білу үшін оған (ФЕ-ге) арқа сүйер оралымның (еркін тіркестердің) типтерін табу қажет. Өз алдына мұндай көлемді тақырыпқа бұл жолы толық тоқтау мүмкін емес. З. Г. Ураксиннің* өзінен бірер үлгі келтірейік. Бұл автор башқұрт тіліндегі мынадай мысалдарды бір қанатты оралымы бар ФЕ-ге жатқызады: *Нүрдәулет мулла малайы тигәс ил кем — алланың қашқа тәкәһе түгәлдер бит* («Нүрдәулет молланың баласы болғанмен, ол немен — алланың қасқа текесі емес қой?», немесе қазақша «Нүрдәулет молданың баласы болса болсын, ол — құдайдың кенже баласы емес шығар?»); *Қара йөрәк!* Яуыз көбәхәт һин! Безгә қарап қаның икән, ә уның битен йыумаған байдә икәнәнмин әллә қасиет белә инем. («Ай, оңбағанай, ал мен оның бетсіз, ұятсыз екенін әлдеқашаннан білемін»). *Айт тигәнгә* тайт итеп тора («Айтқаныңды екі етпей дайын тұрады» деген мағынада; қазақша «әйт дегенге шәйт дейді» немесе «әйт дегенге тәйт дейді» сияқтылардың мағынасы башқұрт тіліндегіден өзгешерек). Зат есім, сын есім, етістік негізінде жасалған ФЕ-лер, — дейді бұл автор, — бір қанатты оралымға ие болады да, үстеу негізіндегілер тек көп қанаттыларға жатады. Оралым дегеннің өзін «жанама оралым», «тікелей оралым» деп, екіге бөледі. Мәселен, Кузыйкүрпәс, үткән көндөрән искә төшөрөп, *балауыз һығып та алады* («Қозы Көрпеш өткен күндерін еске түсіріп, егіле жылап алды»). Осындағы «егіле жылап алды» дегенге алдымен субъект (яғни «Қозы Көрпеш» сөзі) қажет болып тұр; бұл — тікелей оралым; сөйлемдегі өңге сөздер («өткен күндерін еске түсіріп») жанама оралым құрып тұр.

Екі қанатты оралымы бар ФЕ-ге мынадай мысалдарды жатқызады: һин мине әзем иткән Әлми ағайына *тел тейзәрәһең* («сен мені адам еткен Әлми ағайыма *тіл тигізіп* отырсың»); әйзә йыйыштырмаудың *қулың тей мәгәндән* гәнә түгел инде («үйді жықтырмауың *қолың тимегендіктен* ғана емес қой»).

Осында, автордың пікірінше, субъект (яғни тәуелсіз) оралым да, объект (яғни тәуелді) оралым да бар.

Үш қанатты оралымы бар ФЕ-ге мынаны жатқызады: Кемде канат астыңа алғаныңды беләм... Бының өсөн һинең *башыңдан һыйпамастар* («Кімді қанатыңның астына алғаныңды білемін... Бұның үшін сенің басыңнан сипамайтын болар»; Қазақша «...арқаңнан қақпайтын болар» деп келеді); Беләм, һинең һағынғаның, *дүрт күз менән* мине көткәһең («Мені сағынғаныңды, екі көзің төрт болып күткеніңді білемін»).

Осында оралымның тәуелсіз түрі де, екі арналы тәуелді түрі де бар.

Белгілі бір фразеологизмді көмкере қоршап тұрған үш тәсілдес оралымды тіл (язык), сөйлеу (речь) тұрғысынан жетер жеріне жеткізе байымдай талдау — ғылым мұқтажынан туған мәселе. Бұл оралым типтері үшеу ме, әлде одан көп пе, — мұны да жүре бара зейінді зерттеу негізінде тағы бір қадағалап қарастырған жөн. Бір есептен, ФЕ-нің өзге еркін құбылысты өзіне семантикалық бағындыруымен қатар, оның бағынуын да ескере отырған абзал. Ой салмағы — ой екпіні мен ырғақ — әуез мәселесі де шет пұшпақтап болса да сол оралымға ойысады деп ойлаймыз. Фразеологиялық құбылыс — ең алдымен сөйлеу машығынан туындайтын категория. Олай болса, жалаң «контекст» аясынан аса түсіп те пайымдағанымыз теріс болмайтын сияқты. Контекст тізгінін босаңсытпау лазым. Сонымен барабар тізгінді тым тежей тартудың пайдасы аз. Басқаша айтқанда контекст мәнін асыра бағалаудың да, кем тұтудың да тиер пайдасы жоқ.

Тіл білімінің басқа ярустары — салалары (фонетика, морфология, синтаксис т. б.) сияқты фразеологияның да терезесі тең дербес пәнге айналуына кәміл сенеміз. Осы жолда (казак тілі фразеологизмдерін жетер жеріне жеткізе зерттеуде) олқыны толғыру, көм-кетікті түзеу жас буынның үлесі болмақ.

* Бұл автордың жоғарыда аталған еңбегін қараңыз. Башқұрт тіліндегі мысалдар да сол еңбектен алынды.

ЕН-ТАҢБА ТУРАЛЫ*

Ен мен таңба өте көне дәуірдің мұрасы. Бұл екі белгіні қолдануға, әрі тілде олардың атын тұтынуға орай көп-көп тұрақты сөз тіркестері қалыптасты. Ен мен таңбаның сурет үлгісінің де, олардың атауларының да, осы атаулар қатысып жасалған тұрақты тіркестердің де тіл тарихы үшін, халық тарихы үшін берер дерегі өте мол. Бір ғана таңбасыз тай, еңсіз қой деген фразада қанша сыр жатыр. Мұнда ен мен таңба салуға дейінгі дәуір — «мал-мүлік ру-тайпаның ортақ меншігі болған дәуір» деген ұғым бар. Ол дәуірді суреттегенде қазақтар: «Алаш-алаш болғанда, ала тай ат болғанда. Таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда» (ҚСЭ, 1 т., 217-б.) деп бастайтын. Ал берегіректе бұл екі сөз қатысқан фраза жаугершіліксіз күнді танытқан: «Таңбасыз жатқан тайыңды Таңбалар деп қорқамын, Еңсіз жатқан қойыңа Ен салар деп қорқамын» («Қобыланды батыр» жыры) — деген жолдар «мал-мүлікке біреу ие болар, бүліншілік заман туар-ау» деген күдікті, хауіпті ойды аңғартады.


Таңбаның шығу тарихы, ен салуға қатысты мәселелер өз алдына сөз болатын жай. Біз қазірше, таңба жайындағы көне деректердің сілем-іздерін, таңбалардың сурет-көріністерін, олардың күрделі атауларын берумен шектелеміз.

Түркі халықтарының ен-таңба салу дәстүрі тым көне дәуірден келе жатыр. Тарихы біздің жыл санауымыздан арыға кететін тас бетіндегі таңбаларды атамағанда, жазуға түскен таңбалар сонау VI—XI ғасыр ескерткіштерінде де кездеседі. «Күлтегін» ескерткішінде «Он оқ оғлым түргіс қағанта Макрач тамғачы келті» (КТ—53) — дегеннен көрінетіндей, сол заманда-ақ «тамға» — мөр, «тамғачы» — мөр ұстаушы дегенді білдірген. Енисей жазуларында «жердікі тамқалы жылқы» (Е—26) — деп келуіне қарағанда, ежелгі түріктер таңбаны жылқыға өте ертеде салған сияқты.

Демек, VIII ғасырға дейінгі жерде-ақ «тамға» сөзі әрі малға, мүлікке салынатын таңба-белгі аты, әрі қағандардың мөрінің аты ретінде жұмсалған.

Біз төменде түркі халықтарының әр дәуірдегі таңбаларынан үлгі беріп отырмыз:

I. VIII—X ғасырдағы орхон-енисей жазбаларында кездесетін таңбалар:



* «Таңба» сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде, сондай-ақ қазақ тілінің кейбір аймақтарында да «тамға» болып айтылады. Ғылыми әдебиеттегі берілісі «тамға». Әйтсе де біз қазақ әдеби тілінің нормасын сақтап, «таңба» түрінде алып отырмыз.

IIa ʾ ʾʾ ʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ

ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ

IIb ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ

ʾʾ ʾʾ ʾʾ ʾʾ ʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ

ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾʾ ʾʾʾ

ʾʾ ʾʾ ʾʾʾ

III ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ ʾ

ʾ ʾ ʾ

II. М. Қашқаридің «Дивану лұғат-ит түрк» атты кітабында (XI ғ.) берілген Оғуз тайпаларының «малға салатын таңбалары»:

ʾ ʾʾʾ ʾ ʾ ʾ ʾ

ʾʾ ʾʾ ʾʾʾ ʾʾʾ ʾ ʾʾʾ






















ʾʾʾ ʾ ʾʾ ʾʾ ʾ ʾʾ

ʾʾʾ ʾ ʾʾ

III. «Ахуал Чыңыз хан...» деген шежіредегі тайпа (не тайпа орнында аталатын кісі) аттары, олардың таңбасы, ұраны






№	Тайпа не тайпа орнында аталатын кісі аттары	Таңба суреті	Таңба аты	Ұраны
1	Боданжар оғлы Қыжат	Х	ашамай тамға	Аружан
2	Қоңырат би оғлы Саңлы	О, 3	ай тамға	Қоңырат
3	Үйшін Майқы би	Ш, Ц	сірге тамға	Салауат
4	Мың садақлы Ордач би	∟	қос қабырға тамға	Алач
5	Қыпчақ би	Ж	тарақ тамға	Тоқсаба
6	Керейт би	⊕ Ⓜ	көз тамға	Ар беру
7	Борчын би	└	жағалбай тамға	Ақтоған
8		└	ырғақ тамға	
9		γ, γ̄	сынлы сенек тамға	Ақтайлақ
10		γ, γ̄, γ̄̄	қујушқан тамға	Бай қоңырат
11		z	һамза тамға	
12	Қыжат	⚡	серу тамға	Тайлақ
13		ω, ω̄	чөмүч тамға	Арнау
14		□	үй тамға	Барлас
15	Темур қутлуг би	└	йарым тарақ	Табан





1	2	3	4
18	Жағалбайлы	T (Г.) T (Л.)	<i>балта таңба не шеккіш таңба</i>
19	Жалайыр	m m (Г.)	<i>тарақ таңба</i>
20	Жаныс	v (Г.)	
21	Жаппас	Z, Ç, 4 (Г.) I, L, S (А.) N (Л.) = (К.)	
22	Жүй	T	<i>шеккіш таңба</i>
23	Исық//Ысық	x (Г.) y, o, ^ (К.) o, v, = (А.)	
24	Керей	+ (Л.) B (Н.)	<i>ашамай таңба бесік таңба</i>
25	Керейт	// (Г.) + (Л.) ^ (С. А.)	<i>қос көсеу таңба</i>
26	Кердері	o (Л.)	
27	Кете	+, x (К.)	
28	Қаңлы	I (Г.) S (Н.)	<i>көсеу таңба (Г.) шылбыр таңба (Н.)</i>
29	Қаракесек	L (Л.) S (Г.) S (С. А.)	<i>қазан құлақ таңба</i>
30	Қаракерей	p (Н., Г.) T (С. А.)	
31	Қара сақал	v, T (А.) ^ (С. А.)	
32	Қоңырат	L (Г.)	<i>босаға таңба (Г.)</i>
33	Құралас	o (Г.)	
34	Қызылқұрт	v (К.) v, I, Y, (А.)	
35	Қыпшақ	I (Л., Н.) // (Г.)	<i>көсеу таңба // әліп таңба</i>

1	2	3	4
36	Масқар	 (Л.) (А.) (Х.) (К.)	
37	Матай	 (Н.) (С. А.)	
38	Мансар	 (Г.)	
39	Найман	 (Л.)	
40	Оңтамғалы табын	 (Г.) (С. А.)	
41	Ошақты	 (Г.)	тұмар таңба (Г.)
42	Рамадан	 (Г.)	шөміш таңба (Г.)
43	Садыр	 (Н.)	
44	Самбет	 (Г.)	
45	Санғыл	 (Г.)	босаға таңба (Г.).
46	Сарыжомарт	 (Н.)	ай таңба
47	Сары үйсін	 (Г.)	
48	Суан	 (Г.)	
49	Сунақ	 (Г.) (С. А.)	қылыш таңба (Г.)
50	Сиқым	 (Г.) (С. А.)	кезең таңба (Г.).
51	Сіргелі	 («Ахуал») (Г.)  (Г.) (А.)	сірге таңба күрей таңба (Г.)
52	Табын	 (Л.) (Г.) (К.)	сенек таңба тостаған таңба (Г.)
53	Таздар	 (Л.) (К.) (С. А.)	
54	Тама	 (Л.) (К.)	
55	Тарақты	 (Г.)	тарақ таңба (Г.)

1	2	3	4
56	Телеу	+1 (Г.) ^ (Г.)	балға таңба (Г.) шылбыр таңба (Г.)
57	Теріс тамғалы табын	o (Г.)	шөміш таңба
58	Төртқара	+ ^ (Г.) v (Ж.)	
59	Тілік	(Г.)	көсеу таңба (Г.)
60	Уақ	^ (Ж.) f (Г.) x (Н.) f (С. А.)	
61	Шанышқылы	^ (Г.)	қол таңба (Г.)
62	Шапырашты	^ (Г.) ^ (А.)	ай таңба
63	Шекті	^ (Ж.) ^ (Г.) h, x, y (С. А.)	
64	Шеркеш	^ (Ж.) ^ (К.) ^ (Г.)	
65	Шөмекей	^ (Ж.) ^ (Г.) ^ (С. А.)	
66	Шымыр	^ (Г.) ^ (С. А.)	
67	Шынқожа	o (Г.)	
68	Ысты	(Г.)	көсеу таңба

V. Малдың құлағына, мұрнына салатын ен және оның аты

 тілік ен
 солақ ен
 ой ен//
 ойық ен
 құмырсқа ен

 кез ен
 сырға ен
 ойма ен
 кесік ен

VI. Ноғай немесе Ақ ноғай (Ан), Қара ноғай (Қн) құрамындағы қазақта бар тайпалар, олардың таңбалары

№	Ру-тайпа аттары	Таңба суреті	Таңба аты
1	Қаңлы	У	ай таңба (Қн)
	Ырғақлы қаңлы	У, Ү	қаңлы таңба (Ан) ырғақ таңба
2	Керейт	Х, Ғ, Ғ	қылыш таңба (Қн)
		Ә, Ә'	
		Ғ	
		Ф	
3	Қоңырат	Х	құйысқан таңба қоңырат таңба
		Ғ	
4	Қыпшақ	У, Ү	қос ай таңба дал таңба
		Ғ	
5	Найман Тарақты найман Қылыш найман Бағаналы найман	Ғ, Х	шеккіш таңба тарақ таңба қылыш таңба бағана таңба
		М	
		Ғ	
		Ү	
6	Үйсін	==	екі әліп таңба не сүрме таңба

Ойық ен. Шегінен оя кесіп алатын ен. Ойма ен. Ортасын тесе ойып кесіп алатын ен («Ойма тазаға он теңге» деген фраза да осы сипаттас). Кез ен. Тіктеу түрде айыр етіп кесіп алатын ен. [«Айыр» демей, «кез» деу тілдік ерекшелік. «Кез» сөзі «кезең тамға» «бақан кез» (таңба аты) тіркестерінде, құйрығы қайңшы, айыр келетін *Кезқұйрық* (қаршыға тұқымдас) деген құс атында кездеседі. Айыр өркештенген жол асар төбені де «кезең» дейді]. Кесік ен. Құлақтың үш жағын шорт кесіп алатын ен. Тілік ен. Құлақтың ұшын сұғынта тіліп қана қоятын ен. Сырға ен. Тілік ен мен ойма еннің қосылған түрі.

ӘДБИЕТТЕР: М. Қашқари. *Дивану лугат-ит түрк.* т. I. Ташкент; («Ахуал») «Жизнь Джингиз-хана и Аксак-Тимура. Казань, 1822; (Л.) Лезин. А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих Орд и степей. Ч. III. Спб., 1832; (К.) Казанцев И. Описание киргиз-кайсацк. Спб., 1867; (Г.) Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т. I. Ташкент, 1889; (А.) Аристов. Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Спб., 1897; Семенов Н. Туземцы Северо-Восточного Кавказа. Спб., 1895; Баснаков Н. А. Ногайский язык и его диалекты. Л., 1940; (С. А.) Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; (Р. Р. К.) Кызыласов Р. Р. Новая датировка памятников енисейской письменности.— «Советская археология». М., 1960, № 3; (Х.) Харузин А. Киргизы букеевской орды... Вып. 1, 2. М., 1889 г., 1891; (Н.) Н. И. Гродеков келтірген Ниязов шежіресінен.

АЙ САНАУ ДӘСТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ

Халықтың жылды Айға бөліп санау салтын *ай санау* деп атайды. Ай санаудың ілгері-кейінді жасалған бірнеше түрі бар. Олар:

1. Маусым ай. Ертедегі түркі халықтарында жылды айға бөлу, айға бөліп санау болған. Бірақ жылды айға бөліп санау оларда қазіргіден өзгеше үлгіде келеді. М. Қашқари бұл жайында мынадай дерек айтады: «Көшпелі түріктер әрі мұсылман болмаған түріктер айды төрт маусымға бөліп атайды. Жылдың өтуін содан біледі. Мәселен, наурыздан (жаңа күн) кейінгі алғашқы көктем айды *أغلاق آی* «оғлақ ај», одан соң *ألم اغلاق آی* «улуғ оғлақ ај» дейді. Бұдан кейінгісін *ألم آی* «улуғ ај» дейді. Себебі — бұл ай жаздың ортасында болып, осы кезде сүт және жер несібесі көл-көсір болады...» (МҚ. ДЛТ, I, 332-б.). Қазақтарда *көктем айы*, *жаз айы*, *күз айы*, *қыс айы* деп бөліп айту бар. Айды бұлай бөлуде ай санаудың осы көне ізі бар сияқты.

Айды маусымдап бөлу әрі шөптің шығуы, пісуі, құрауы сияқты құбылыстарға, сол сияқты ауа райының жылуы, ысуы, салқын тартуы, сууы сияқты құбылыстарға да байланысты болған. Айды санаудың осы ізі қайсыбір түркі халықтарында сақталған: алтайлар июль айын — *Йайдың* (жаздың) *айы*, майды — *Кічкінек үзү ай* (кіші ыстық ай), июнь айын — *Йен үзү ай* (үлкен ыстық ай), октябрьді — *Улу үргөн*, ноябрьді — *Күчу үргөн* десе, қырғыздар август айын — *Баш оона*, сентябрь айын — *Аяқ оона* дейді. Чулум мен Бараба татарлары июнь айын — *Кішіг ігіз ай*, июль айын — *Улуғ ай*, ноябрьді — *Кішу сууқ ай*, декабрьді — *Улуу сууқ ай* дейді. Немесе куман қыпшақтарында *Ілкі йаз ай*, *Топ ай*, *Соңғы йаз ай*, *Күз ай*, *Орта күз ай*, *Соңғы күз ай* деп атау болған.

2. Сан ай. Ай санаудың бұл түрі де түрік халықтарында көне дәуірде қолданылған. Мұнда ай аты реттік санмен келеді: ілкі ај, екінті ај, үчінч ај, төртүнч ај, бісінч ај, (...), онунч ај, бір жегірімінч ај, екі жегірімінч ај.

Ай санаудың бұл түрі VIII ғасыр жазба ескерткіштерінде бар. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішінде: «Күл тігін қон жылқа жіті жігірмікә учды [...] бічін жылқа жітінч ај жеті отузқа қоп алқады(м)ыз» — Күл тегін қой жылы он жеті жасында өлді [...] мешін жылы жетінші айдың жиырма жетісінде бәрін (жасап) алқадық (КТ—53) — десе, «Мойн Чур» ескерткішінде: «Бір жегірімінч ај секіз жегірмікә јолуқдым» — он бірінші айдың он сегізінде жолықтым [МЧ—25] — деп келеді.

Ай санаудың бұл түрі ұйғырларда сақталған. Ал, якуттарда жылдың басқы төрт айы мен соңғы екі айы басқаша аталады да, тек бәсінжі — олуңју (бесіншіден оныншыға дейін) айлар сан аймен аталады.

Көне түріктерде *ілкі айдың* бірінші күні [парсыша *نوروز* *ноуруз*: жаңа жылдың бірінші күні — жаңа күн (22 март)] — *Ұлыстың ұлы күні* деп аталған. Және осы жайындағы ырым-нанымдары тілімізде бір топ фраза аясында сақталып қалған: *Ұлыс күні қазақ толса, ол жылы ақ мол болар*; *Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жылы олжалы жыл болар*; *Ұлыс күні құтты болсын, төрт түлік сүтті болсын*; *Ұлыс күні береке берсін, жамандық жерге енсін*; *Ұлыс күні кәрі-жас, құшақтасып көріскен*. *Жаңа ағытқан қозыдай, жамырасып өріскен*. *Шалдар бата беріскен* (С. С. 156-б.). Ал кейін бұл салттың орнына «наурыздама» деген салт енген. Осы күн туралы Абай: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады» (Шығ. II, 22-б.) —

десе, белгілі жазушы С. Мұқанов бұл жөнінде былай дейді: «Наурыздамада» жұрт қысқы соғымның шекесін асып, бір-бірін қонаққа шақырып, қарындағы майды бастайтын. Үлкендер «жылдың жерге түскен кезі осы уақ» дейтін («Өмір мектебі», I, 20-б.).

3. Жұлдыз ай. Ай санаудың бұл жүйесі «Күннің өз орбитасында кездесетін 12 зодиактік шоқжұлдызының ерқайсысын жүріп өтетін уақыты» (ҚСЭ, I, 158-б.) негізінде жасалған. Жұлдыз айдың аттары әр халықта әр түрлі. Егер арабтарда *Хамал, Сәуір, Жауза, Саратан, Өсет, Сүмбіле, Мизан, Ақырап, Қауыс, Жәді, Дәлу, Хұт* түрінде келсе, көне түрік халықтарында *Қозы, Уд, Ерентүз, Қучық, Арслан, Бұғдай башы, Үлгу, Чадан, Ја, Оғлақ, Көнек, Балық* түрінде келеді.

XI ғасыр ескерткіші «Құтадғу біліг» дастанында бұл жұлдыздар жайлы былай дейді:

Қозы жазқы жұлдуз баса Уд келіп
Еран түз, Қучық бірла сынчу жүріп
Көр Арслан біла қошны Бұғдай башы
Баса Үлгу болды Чадан, Ја еші
Јана келді Оғлақ, Көнек нам Балық,
Булар тоғды ерса жаруды қалық
Үчі жазқы жұлдуз үчі јайқы біл
Үчі күзкі жұлдуз үчі қышқы біл (ҚБН, 82-б).

№ 1 КЕСТЕ

Ай календары

Ай аттары			Зодиак шоқжұлдыз аттары		
Орысша	Қазақша	Арабша	Арабша	Көне түріктерде («Құтадғу біліг»)	Орысша
I. Март	Наурыз	Мұһаррам محرم	Хамал حمل	Қозы قوزى	Овен
II. Апрель	Көкек	Сафар صفر	Сәуір ثور	Уд اود	Телец
III. Май	Мамыр	Раби I ربيع الاول	Жауза جوزا	Ерентүз ارن توز	Близнецы
IV. Июнь	Маусым	Раби II ربيع الثانى	Саратан سرطان	Қучық قچق	Рак
V. Июль	Шілде	Жумада I جمادى الاول	Өсет اسد	Арслан ارسلان	Лев
VI. Август	Тамыз	Жумада II جمادى الاخرة	Сүмбіле سنبلة	Бұғдай башы بغداى باشى	Дева
VII. Сентябрь	Қыркүйек	Ражаб رجب	Мизан ميزان	Үлгу الكو	Весы
VIII. Октябрь	Қазан	Шабан شعبان	Ақырап عقرب	Чадан چاذن	Скорпион
IX. Ноябрь	Қараша	Рамадан رمضان	Қауыс قوس	Ја يا	Стрелец
X. Декабрь	Желтоқсан	Шаввал شوال	Жәді جدى	Оғлақ اغلاق	Козерог
XI. Январь	Қаңтар	Зу-л-када ذوالقعدة	Дәлу دلو	Көнек كنك	Водолей
XII. Февраль	Ақпан	Зу-л-хижжа ذوالحجة	Хұт حوت	Балық بلق	Рыба

Демек, Ай аты болған бұл 12 жұлдыз аты түрік халықтарында 12 мүшел жыл атаулары жасалған дәуірде-ақ туса керек (қараңыз: «Жыл қайыру жайында»).

Жұлдыз, айдың орысша аттары: *Овен, Телец, Близнецы, Рак, Лев, Дева, Весы, Скорпион, Стрелец, Козерог, Водолей, Рыба* түрінде келеді (№ 1 кестеге қараңыз).

Хамал (не *Амал*) айының, көне түрікше *Қозы* айының 1-күні — 22 март. Яғни қазіргі ай календары бойынша 22 март — наурыз айының 1-күні, жаңа жылдың бас күні (№ 2 кестеге қараңыз).

Орысша, қазақша,

Орысша ай календары			Қазақша ай календары		Арабша ай календары
№/№	Бір жыл ішіндегі рет тәртібі	Қазақша ай календары мен сәйкес тәртібі	Орысша ай календарымен сәйкесуі		
I.	Январь 31 күн	Март III	Наурыз (Ұлыс күн) I	22.III—21.IV	Мухаррам
II.	Февраль 28	Апрель IV	Көкек II	22.IV—22.V	Сафар
III.	Март 31	Май V	Мамыр III	23.V—21.VI	Раби' ал-аввал
IV.	Апрель 30	Июнь VI	Маусым IV	22.VI—21.VII	Раби' ас-сәни
V.	Май 31	Июль VII	Шілде V	22.VII—20.VIII	Жумада ал-аввал
VI.	Июнь 30	Август VIII	Тамыз VI	21.VIII—19.IX	Жумада ас-сәни
VII.	Июль 31	Сентябрь IX	Қыркүйек VII	20.IX—19.X	Ражаб
VIII.	Август 31	Октябрь X	Қазан VIII	20.X—18.XI	Ша'бан
IX.	Сентябрь 30	Ноябрь XI	Қараша IX	19.XI—18.XII	Рамадан
X.	Октябрь 31	Декабрь XII	Желтоқсан X	19.XII—17.I	Шаввал
XI.	Ноябрь 30	Январь I	Қаңтар XI	18.I—16.II	Зу-л-қа'да
XII.	Декабрь 31	Февраль II	Ақпан XII	17.II—18.III	Зу-л-хиджа

Март айының аяқ шенінде жаңа жыл басталуы табиғат құбылысының үлкен бір кезеңімен тұстас келеді; осы аралықта күн мен түн теңеледі де, түн қысқарып, күн ұзая бастайды.

4. **Ай тоғамы.** Жыл уақытын айға бөлудің бұл жүйесі Ай мен Үркердің тоғысуы негізінде жасалған. Тоғыс — «Айдың Үркермен екі рет тоғысу аралығындағы уақыт» (ҚСЭ, I, 159-б.).

Ай тоғамы үш күнге созылады: бірінші күнін *тоғам* дейді; екінші күнін *ауыл үй қонды* дейді; үшінші күнді *өріп шықты* дейді. Мұны тілімізде *ай тоғады, ай тоғамы, Үркер мен Ай тоғысты* дейді. Эпос жырларында батырлар айқасын «Үркер мен Айдай тоғысты» деп суреттеу де бар.

Тоғыстар: *бір тоғыс, үш тоғыс, бес тоғыс* т. б. түрінде келеді. «Тоғыс таққа тоғайды» деу осыдан. Шаруа ұғымында Ақпанда келетін *Ақрап Қамбардың тоғысы* ең ауыр тоғыс, *Білмесең білдірем, білсең бүлдірем* деген тоғысы осы. *Жеті тоғыста жер босайды* деген тоғыс *Наурыз айында, Бес тоғыс болмай белгілі жаз болмайды* деген тоғыс *Көкек айында* болады.

Қазақстанның көп жерінде тоғыстың есепті аты (сан аты) түгел айтыла бермейді. Ал Шу қазақтарында ай аты мен тоғыс есебі қатар сақталған. Олар: *Тоғыз тоғыз//екі ағайынды; Жеті тоғыз//наурыз; Бес тоғыс//Көкек; Үш тоғыс//Мамыр; Бір тоғыс//Маусым; Жиырма үш тоғыс//Саратан; Жиырма бір тоғыс//Чілде; Он тоғыз тоғыс//Тамыз; Он жеті тоғыс//Қыркүйек; Он бес тоғыс//Мизам; Он үш тоғыс//Қарашақауыс; Бір тоғыс//Қаңтар.*

5. **Қазақша ай санау.** Ай санаудың бұл жүйесі «Қазақша ай аттары» деп аталып, зодиак шоқжұлдыздар атының баламасы ретінде қолданылатын ай санау түрінің орнына енген. Қазақша ай аттары мыналар: *Наурыз, Көкек, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Қыркүйек, Қазан, Қараша, Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан* (Қазақ ССР тарихы, I, 206-б.).

Қазақша ай аттары Қазақстанның әр жерінде әр түрлі айтылады. Егер Шоқан Уәлиханов жазып алған деректе *Науырзум* — февраль, *Отамалы* — март, *Шаршатамыз* — июль айы болып келсе, бір жерлерде (Қазақстанның шығысында, оңтүстігі мен батысында) айдың *Қыркүйек* аты аталмай, оның орнына *Мизам* (<*Мизан*) ай аты (зодиак жұлдызы аты) айтылады. *Хут* (не *Ут*) айын Қазақстанның шығысында *Бірдің айы*, ал *Хамал* айын *Көкек* деп атайды (Ай аттарын атаудағы бұл ерекшеліктер № 3 кестеге көрсетілді).

Қазақтар негізгі планеталардың бәрін ертеде-ақ білген. Жұлдызды әуе картасын жасаған. «Жұлдызды әуе картасын қазақтар, әдетте, қазақ өмірінде маңызды

роль атқарған Темірқазық жұлдызымен ашады» (Қазақ ССР тарихы, I, 1957, 205-б.). Астрономиялық, метеорологиялық танымдары да осылардың әуе кеңістігіндегі бағытын есептеу негізінде қалыптасқан. Оларды атаулары да бөлек боп келеді. Мысалы, Юпитер жұлдызын көне түріктер *Қара күш* десе, бертінде *Есек қырған* деп атаған; ал Марсты көне дәуірде қызылдығына қарап *Бақыр соқум* десе, бертінде *Қызыл жұлдыз* атаған; Сириус-Сүмбіле жұлдызы *Жарық жұлдыз* деп, Меркурий

№ 2 КЕСТЕ

арабша ай аттары

Арабша ай календарының орысша ай календарының күн (*число*), ай, аптаның күнімен сәйкес келуі

1396 1976—1977	1397 1977—1978	1398 1978—1979	1399 1979—1980	1400 1980—1981
10.VI.3	30.V.1	19.V.4	8.V.1	27.IV.6
10.VII.5	29.VI.3	18.VI.6	7.VI.3	27.V.1
8.VIII.6	28.VII.4	17.VII.7	6.VII.4	25.VI.2
7.IX.1	27.VIII.6	16.VIII.2	5.VIII.6	25.VII.4
6.X.2	25.IX.7	14.IX.3	3.IX.7	23.VIII.5
5.XI.4	25.X.2	14.X.5	3.X.2	22.IX.7
4.XII.5	23.XI.3	12.XI.6	1.XI.3	21.X.1
3.I.7	23.XII.4	12.XII.1	1.XII.5	20.XI.3
1.II.1	21.I.6	10.I.2	30.XII.6	18.XII.14
2.III.3	20.II.7	9.II.4	29.I.1	17.I.6
31.III.4	21.III.1	10.III.5	27.II.2	15.II.7
30.IV.6	20.IV.3	9.IV.7	28.III.4	17.III.2

жұлдызы *Таң жұлдызы* немесе *Кіші Шолпан* деп аталған. Мизан немесе Орион шоқ-жұлдызы *Арқар/Үш арқар/Таразы/Шідер жұлдыз* деп, ал, көне түріктерде *Ерен түз* деп аталған. Сол сияқты орысша «Полярная звезда» деп аталатын жұлдызды аспан әлемі соның төңірегінде, үстінде айналып отыратындығына қарап, көне түріктер *Темур қазуңуқ* деп атаған. Әрі *Үлкер (Үркер), Жетіген (Жетіқарақшы)* сияқты көп-көп сырға ие жұлдыз аттарын да атаған. Қазақта бұлармен қабат *Ақбозат, Көкбозат* сияқты жұлдыз аттары да өте ертеде аталған.

Қазақтың есепшілері, тәжірибелі қарттар *Жетіқарақшы* мен *Үркерге* қарап түннің қай мезгілі екенін, *Үркерге* қарап жылдың қай мезгілі екенін айыратын болған. *Үркер* қыс мезгілінде батпай тұратындығына қарап *Үркерлі айдың бәрі қыс* деген календарь-анықтама жасаса, *Үркер* іргеге (жерге) жақындаса, көктемнің шығу белгісі деп қарап: *Үркер жағқанша, жамбасқа келген соң, жаз болмай несі қалды* — дейді; *Үркер батқанда, Үркер суға батты, Үркер жерге батты* — дейді; егер суға батса, сол ай жауын-шашынды болады, егер жерге батса, сол ай құрғақ болады — дейді. Қазақтың *Үркер жерге түспей, жер қызбайды* — дегені жазғы шілденің түсуімен орайлас келеді. *Үркер «жерге түскен соң»* (яғни *Үркер көрінбей*) «қырық күн аял қылады», бұл мезгілді қазақ *қырық күн шілде* деп атайды.

Тіпті көне заманда *Үркер* тобына әскер тобын ұқсатып, *Үлкер черік* (*Үркер шерік*) *айласы* (МҚ, ДЛТ, I, 121-б.) — деп те атаған. Мұнда әскер әр тараптан топ-топ боп, лек-легімен ат қоятын болған. Қазіргі тіліміздегі ереуілдеп бір топ боп шыға келген я ерекше бөлініп дара, оқшау шыққан топты суреттегенде *Үркердей боп шыға келді* деп айтылатын фразаның төркіні осында жатса керек.

Ал, *Таразы* (Орион шоқжұлдызы) жұлдызының шығуы — июль айының аяғы — ыстықтың басылған кезін аңғартады. Бұл тұсты *Таразы туса, таң суиды* — дейді. Егін — бидай, тұры осы кезде піседі.

Шілденің өтуі Сүмбіле жұлдызының тууына қарайлас келеді. Бұл тұсты қазақтар *Сүмбіле туса, су суиды* — деп, балаларға көлге, өзенге шомылуға тыйым салады.

Күннің ұзау мерзімін жұлдыздарға қарап айға бөліп есептеу де бар, мысалы: *Күн Шілдеде шіл адым (Тоқсанда торғай адым), Қаңтарда қарға адым, Ақпанда ат адым ұзады* — дейді.

Қазақтың ай аттарының дені табиғаттың, шаруашылықтың сол кезеңдегі жайына байланысты туған сияқты. Мысалы, *Қыркүйек* қошқар мен текеге күйек байлайтын шаққа орай айтылған. Кейде қазақтар бұл айды *Күйек айы* деп те айтады.

Ай аттары					
Шығыс қазақтарында ¹	Жетісу қазақтарында ²	Көкпетау қазақтарында ³	Ақтөбе, Гурьев ай аттарында ⁴	Қазақша ай аттарының ортақ үлгісі ⁵	Орысша
I. Көкек	Көкек	Отамалы	Амал//Наурыз	Наурыз	Март
II. Мамыр	Мамыр	Сәуір//Саратан ⁴	Сәуір	Көкек	Апрель
III. Маусым	Маусым	Көкек	Саратан	Мамыр	Май
IV. Шілде	Саратан	Шілде	Зауза	Маусым	Июнь
V. Тамыз	Шілде	Тамыз//Сарша-тамыз ⁴	Әсет	Шілде	Июль
VI. Мизам	Тамыз	Қыркүйек	Мизам	Тамыз	Август
VII. Қазан	Қыркүйек	Қазан	Сүмбіле	Қыркүйек	Сентябрь
VIII. Қараша	Мизам	Қараша	Ақрап	Қазан	Октябрь
IX. Желтоқсан	Қараша-қауыс	Желтоқсан	Қауыс	Қараша	Ноябрь
X. Қаңтар	Қаңтар	Қаңтар	Жеді//Құралай	Желтоқсан	Декабрь
XI. Ақпан	Ақпан	Ақпан	Дәлу	Қаңтар	Январь
XII. Бірдің айы	Наурыз	Наурыз	Үш құт	Ақпан	Февраль

«Күйек алу» октябрьдің соңғы он күні мен ноябрь айының алғашқы жиырма күні аралығы. Оңтүстік өңірінде осы мезгілде келетін қаршыға тектес құсты *Қыркүйек* деп айтады (көп аялдамай, бес-он күнде өтіп кететін көшпелі құс). Ал август айының аяғы мен сентябрь айының басы *күзем айы*. Декабрь айын *соғым айы* дейді. Демек, *Қазан айы* да осылар сипаттас. *Қазан атауы*,— *Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан* деген мақалдан көрінетіндей және оңтүстік қазақтарында сентябрьде төгілген жапырақты *Қазан жапырақ* деп атайтынынан, күз басында үсік шалған көгерішті *Қазан ұрды* дейтінінен көрінетіндей,— жер беті құрап, жапырақтар түсе бастаған шаққа келеді. Ал солтүстік қазақтары күзгі салқын кезде болатын қатты желді *Қазанның қара дауылы* деп атайды. Қазан ұрып қуарған қара жерге бірінші жауған қарды *Қарашаның қары* дейді. Қазақ қыстың үш айын қосып барып, *үш ай тоқсан* деп атап, *қыс түсті/тоқсан түсті* түрінде айта береді. Осыған қарағанда *Желтоқсан* әуелде қыстың үш айының да аты болуы ықтимал. Ал, *Қаңтар* айында киік текесі өз тобындағы ешкілерін иіріп, қаңтарып қойып қашырады. Қазақстанның көп жерінде *Қаңтар* декабрь айына келеді (№ 3 кестені қараңыз), 20 декабрьде күн қысқаруы тоқтайды да, төрт күндей (20—23 декабрь) сол қалпын сақтап тұрады. Күн қысқаруының тоқырауы — күн қаңтарылуы деп те ойлауға болатын сияқты.

Қазақтар осы тоқыраудан кейінгі күндерді *қаңтар ауды*, *қаңтар ауып қалды* — деп атайды.

Сол сияқты қазақта ертеде дінге байланысты өткізілетін салтты да ай аты ретінде қолдану болған. Мысалы, құрбан мейрамы айын *Құрбан айы*, *Айт айы*, ал осы екеуінің аралығындағы айды *Ара айы* (*Арайы*) деген.

Қазақта жылдың күз және көктем айын, осы айлардағы ауа райын есептеуде жыл құстарының кетіп-келуін есепке алу, ескеру сияқты да салт бар. Айталық, Шығыс қазақтары мен Жетісу (жалпы оңтүстік) қазақтарында *Хамал* айы *Көкек* айы болып келсе, солтүстік қазақтарында *Зауза* айы *Көкек* айы болып келеді. Бұл ауа райының жылуына, осы жылуға орай көкек құсының Қазақстанның әр жеріне бірте-бірте ауысуына қатысты болуы да мүмкін. Сол сияқты ерте көктемде жауатын қарларды жыл құстарының келуіне орайластырып *құс қанаты*, *құс қанаты қары*

¹ Әуезов М. қолжазбаларынан;

² Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говорлары.

³ Мұқанов С. Менің мектептерім, 1-кітап, 40-б.

⁴ Уәлиханов Ш. Шығармалары, I т., 117-б.

⁵ Қазақ ССР тарихы, I т., 1957, 206-б.

дөп, нәуірзек қары, тырна қары, дегелек қары, көк қарғаның қары, көк қарғаның суығы деп атайды. Көк қарғаның суығы ең соңғы суық, ол апрель айының 20-ларына келеді. Оңтүстік қазақтарында көк қарға келмей қой қырықпау салты бар. Ертегілерде пәлен кісі көк қарға келмей ешкісін қырқып, көк қарға суығында қырып алыпты деп келетін сюжеттер де кездеседі.

Ал Қазақстанның батыс жағы декабрьдің аяғы мен январьдың алғашқы жартысын Құралайдың айы деп айтады. Осы кезде киік төлдейді. Осы кездегі суықты Құралайдың суығы (желі)— дейді.

Қазақша Ай аттарына тән осы сияқты ерекшеліктер өзге түркі халықтарының ай аттарында да кездеседі.

Айталық, көршілес жатқанына қарамай, қырғыздар мен қазақтарда ай аттары бөлек-бөлек. Тек шығыс қазақтарында айтылатын Бірдің айы (февраль) мен қырғыздарда бар Бірдің аяы (февраль) атау жағынан да, қазіргі календарға сәйкестігі жағынан да дәлме-дәл келеді. Бірақ қырғыздардағы Тоғустун аяы (октябрь), Жәтінің аяы (ноябрь), Бештің аяы (декабрь), Уштун аяы (январь), Бірдің аяы (февраль) түрінде келетін сан айлар (В. В. Радлов пен К. К. Юдахин сөздігі бойынша) атау жағынан да, қазіргі ортақ календармен сәйкестігі жағынан да бөлек. Керісінше, қырғыздың қазіргі ғылыми әдебиеттері келтіретін кейбір деректерде қазақ пен қырғыздың тоғыс ай аттарында бір ізділік бар: январь — Тоғыз тоғыс (Шу қазақтарында) — Тоғуз тогоол (қырғыздарда), февраль — Жеті тоғыс (Шу қаз.) — Жети тогоол (қырғ.), март — Бес тоғыс (қазақтарда) — Беш тогоол (қырғ.), апрель — Үш тоғыс (қаз.) — Үш тогоол (қырғ.). Радлов вариантынан гөрі тогоол (тоғыс) айлы осы жүйе кейбір ай аттарында тіпті алтай, шор, якут, сағайларда бар ай санау жүйесімен де сәйкес келеді: август — Атыржақ ыйа (айғыр үйірге түсер ай. — якутта) — Куран сыбырыжын (киік текесінің тобына түсер айы. — алтайда) — Жалған куран (қырғызда); сентябрь — Сығын сыбырыжын (марал бұқасының тобына түсер айы — алтайда) — Чын куран (қырғызда; «куран» қырғызша еліктің еркегі, текесі), ноябрь — Қулжа ай (қырғызда), декабрь — Куран ай (алтайда; «куран» алтайда киік текесі), декабрь — Теке ай (қырғызда), январь — Кочмар ай (арқар қошқарының тобына түсер айы — алтайда). Немесе алтайда сентябрь айы Сығын сыбырыжын (марал не бұғы бұқасының тобына түсер айы) деп аталса, қырғызда октябрь айы Бұғу айы аталады*.

Айдың өзі туралы да наным-түсінік, ырым-салт көп. Мысалы, Өткен айға сүйінбе, өміріңнің орағы; Туған ай тураған етпен тең деп, Айды уақыт өлшемі, жас өлшемі ретінде қолданған. Ал, жаңа Ай туып, орағы шалқалай жатса, өзіне жайлы, шаруаға жайсыз болады екен — дейді де, орағы жамбастай, я тік боп келсе, өзіне жайсыз, шаруаға жайлы болады екен — дейді.

Түрік халықтарында Айды орысша «число» есебінде тұтыну салтына орай қалыптасқан сөз, сөз тіркестері өте мол. Бір айдың үшін Айдың нешесі? (Айдың өткен нешесі, Ай қараңғы кешесі. — ҚЖ.) — деп сұрап барып, бөліп отырған.

Туған айды жаңа ай деп, өткен айды ескі ай деп айтқан. Және Ай көрдім — алман көрдім, балғыдай заман көрдім; Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа — деп сыйынып, бата қылатын болған.

Жаңа ай деп айдың алғашқы күнін ғана айтпаған. Айдың бір жаңасы; Айдың екі (үш, төрт, бес) жаңасы — деп санап, әр айдың алғашқы он бес күні жаңа ай болып есептелген. Егер VIII ғасырда жазылған көне түркі ескерткішінде «төртүнч ая тоғуз жаңықа» [МЧ—15] — деп келетінін ескерсек, ай санаудың бұл түрі, әрі жаңа ай күндері туралы ұғым өте көне дәуірден сақталып жеткен. Айдың бірінші күнін екінші түрде ай басы, айдың бас күні — деп, айдың жартысын ай ортасы//айдың орта шені, ай орталап қалды, айдың соңын ай ақыры//айдың ақырғы күні — деп, әрі ай бітті, айдың бітуі — деп айтқан.

Ескі ай бітіп, жаңа ай басталған кезде Ай бір-екі күн көрінбейді: Айдың көрінбейтін осы шамасын өлі ара деп атаған. Ал осы өлі ара жауын-шашынды болса, жаңа ай шаруаға жайсыз болады деген түсініктері болған.

Айдың өзіне қатысты да көп сөз тіркестері бар. Жаңа Айдың көрінуін Ай туды//жаңа Ай туды//Ай көрінді — деп, Айдың жалпы түнге қарай шығуын Ай отырып қалды//Ай отырып туды//Ай отырып туып қалды; Ай туды («Ай туа жүріп кетейік» — дегенде), Ай кешігіп туды, Ай қараңғы, Ай қараңғысы боп қалды — деп, Ай аспанда тұрған шақты Айлы түн, Ай жарық, Ай сүттей, Ай сүттей жарық — деп айтады. Айдың он бес жаңасына жақындауын Ай талайын деп қалды, Айдың қызыл толымы — деп, айдың он бесін Ай толды — деп, айдың он алтысына

* Ескерту: қырғызша ай санау жүйесінің толық түрі мынадай: март — Жалған куран (Бір варианты: Беш тогоол), апрель — Чын куран (Уч тогоол), май — Бугу (Бір тогоол), июнь — Кулжа (Баш оона), июль — Теке (Аяқ оона), август — Баш оона (Жалған куран), сентябрь — Аяқ оона (Чын куран), октябрь — Тоғуздуң айы (Бугу), ноябрь — Жетинин айы (Кулжа), декабрь — Бештин айы (Теке), январь — Уштун айы (Тоғуз тогоол), февраль — Бирдин айы (Жети тогоол).

қарай өгуін *Айдың қара толуы, Ай қайта бастады* — деп, айдың соңғы кезін *Ай кішірейді, Ай кішірейіп қалды* — деп айтады. Айдың жер жиегінен төмен түсуін *Ай батты* — дейді. Айдың туып келе жатуына орай *Ай саңы, Ай саң берді* — дейді. Айдың Жермен тұтас келуіне орай Жердің Айды көлеңкелеуін *Ай тұтылды* дейді. *Ай қораланып туды, Ай құлақтанып туды* дегендерге сай: *Ай қораланса, арысыңды (арбаңды), күн қораланса, күрегіңді сайла* — деген де сенім бар. Мәнісі — Күн мен Айдың төңірегі мұнартып, қызыл қоршауланып тұрса, ауа райы бұзылады дегенді білдіреді.

Аймен байланысты мезгіл ұзақтығы, шартты мерзім өлшемі, ұзақтықтың мезгілмен өлшемі дегенді білдіретін сөздер де көп: *Айшылықты алты аттады; Ай жүрді, жыл жүрді (Ай жүреді, жыл жүреді*. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінді.— ҚҰ); *Айдан ай өтті; Айы күні толды//Айы күні (күніне) жетіп отыр; Айы бітті («Айы біткен айда өлер, күні біткен күнде өлер»); Алты айлық бала* — баланың туғаннан кейінгі мерзім өлшемі, ері іште жатқандағы мерзім өлшемі («Қатынымның ішінде жеті айлық бала қалып барады. Ұл туса, атын Жәдігер қойындар.— АБ), т. 6.

Қазақта Айға байланысты қалыптасқан ырым-нағымдар көп: *Ай бастырық* (Түнде далада ұйықтаған кісінің ұйқыда тұншығып қалуы); *Ай шалық//Ай шалықтап қалды//Бала шалықтап қалды* (Жас балаға Ай сәулесі түссе, шошып, түнде ұйқтай алмай қойғанда айтады); *Ай шалық тиді//Ай шалық болды* (Түнде ұйқылы көзбен төсегінен тұрып жүру ауруы). Ал бейбіт күн, зобалаңсыз шақты, осындай кезде өздігінен бүліне қалған жай болса, *Айдың аманында, Айдың аманында не болды (онысы несі?)*— дейді. Айды төңір тұту, ал бертін келе киелі тұтыну нағыммен: *Айға қарама, Ай қарамасын, Айға қарап отырма, Айды қолыңмен көрсетпе* т. б. деп келетін, ал Ай тоғамына байланысты: *Ай тоғамында көшпе; Ай тоғамында сапарға шықпа, Ай тоғамында үй тікпе (жаңа үй іргесін қалама), Ай тоғамында қыз ұзатпа (келін түсірме, баланы сүндетке отырғызба), Ай тоғамында желі тартпа* т. б.— деп келетін тыю сөздері болған.

Керісінше, Айды жақсылыққа ырым етіп, Айды қолдаушы тұтынып: *Айы оңынан туыпты, Айы оңынан келіпті («Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын соңыңнан»)*,— десе, сұлулық нышаны ретінде Айға балап: *ай маңдай; ай қабақ; қасы жаңа туған айдай; Ай мен Күндей, әмбеге бірдей; толған айдай; он төртінші айдай («Он төртінші айдай боп, Түседі кімнің көзіне.— ҚҰЖ.)* — дейді. Ал Айға балап, қыздарының атын *Айман, Айсұлу, Айтолқын, Айтолды, Толғанай, Айкерім, Айгүл, Айзада, Айқыз, Айкөз, Айбике, Айкүміс* — деп қойған. Екінің бірі оңай қолға түсіре бермес, иелене бермес жанды я бір істі аспандағы Айға ұқсатып: *Айға қол созған, не Аспандағы айды алақанына салып отыр* — дейді.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ ЖАЙЛЫ

Жыл қайыру — уақытты (өткен оқиға мерзімін, кісінің жасын т. б.) «он екі мүшел жыл» жүйесімен есептеу. Уақыт мөлшерін «он екі мүшел жыл» жүйесімен есептеу шығыс халықтарында ежелден бар. Олар № 4 кестеде берілген үлгіде келеді.

Уақыттың «күн», «түн», «тәулік», «апта», «ай», «тоқсан», «жыл», «ғасыр» деген сияқты кесігін адамның он екі мүшесі сияқты «мүше» («бөлік») деп алудан қалыптасқан бұл санау жүйесін белгілі бір аралық қашықтықты «метр» деп алып, осы метрді екі есе етіп (екі метрді бір қосып) «сажын» түрінде атауға немесе «бір қол» өлшемін «екі қол» етіп, «құлаш» түрінде атауға ұқсатуға болады.

«Он екі мүшел жыл» бір бүтін болғандықтан, әрбір жыл іштей саналмай, сандық ретпен аталмай, хайуан атымен аталады да, «он екі жылдың» реті осы он екі хайуанның орналасу тәртібінен шығады.

Жыл аты болған бұл хайуандар жыл санаудың осы жүйесі бар халықтардың бәрінде де бір негіздес. Тек қайсыбір атаулары ғана өзгеше боп келеді. Жыл атауларындағы мұндай айырмашылық түркі халықтарының өз ішінде де кездеседі: қазақтарда «Ұлу» аталған жыл ұйғырларда «Балық» аталады. Мұндай өзгешеліктер, әдетте, мағынасы көмескі тартқан атауларға тән. Айталық, «Ұлуды» бір халық «аждаһа» деп, екінші бір халық «балық» деп, үшінші біреулері «крокодил» деп, әр түрлі ұғынады. Ал $Уд > Уй // Сығыр > Сыыр // Ухэр, Јунд // Жылқы // Ат$ түрінде келу түркі-монғол тілдерінің тарихына, бір кездегі диалектілік ерекшеліктеріне тән нәрсе.

Түркі халықтарында жыл санаудың бұл «он екі мүшел жыл» жүйесі қай дәуірде туған дегенде жауап бере қою қиын. Бірақ, қалай дегенде де, өзге көршілес халықтарда осы жүйенің өте ертеде болған тарихи дерегі бізді түркі халқының арғы көне дәуіріне қарай жетелей түседі.

XI ғасырда жазылған «Дивану лугат ит-түрк» («Түрк сөздерінің жинағы») деген кітапта атақты тюрколог Махмуд Қашқари төмендегідей қызық дерек келтірген. Бір ескертетін жай, бұл дерек сол дәуірдің (XI ғасырдың) өзінде де тарихи аңызға айналып үлгірген.

Түріктер он екі түрлі хайуан атын он екі жылға ат етіп қойған. [Адамның] тууы, соғыс тарихы және басқаларды [басқа да оқиғаларды, жайларды], міне, осы жылдардың айналып келуімен есептейді. Бұның [бұлай санаудың] шығу себебі мынадай: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгері болып өткен соғысты [соғыс тәсілін] үйренбекші болған, бірақ сол ұрыс болып өткен жылды дәл анықтауда жаңылысқан. Осыдан кейін бұл жайды [қаған] жұртымен кеңеседі де, былай дейді: «Біз бұл тарихты анықтауда қаншалық жаңылысқан болсақ, бізден кейінгілер де соншалық жаңылысады. Олай болса, біз енді он екі айға және аспандағы он екі шоқжұлдызға [зодиак] негіздеп, он екі жылға ат қоюмыз керек, бізден кейін жыл есебі осы жылдардың айналып келуіне қарап есептелсін және мұның өзі мәңгі бір ескерткіш болып қалсын», — дейді.

«... Қаған ауға шықты және адамдарға жабайы хайуандарды Іле дариясына қарай қууды бұйырды. Бұл өзі өте үлкен су. Адамдар ау қылып хайуандарды суға қарай айдай бастады, сол кезде он екі хайуан судан өтті. Он екі жылды, міне, осы хайуандардың атымен атады. Ең алдымен судан өткен хайуан *سحجان* *Сычған* болды. Сол себептен жыл басы соның атымен аталды. Сол сөзге жыл қосып *Сычған жылы* деп атады. Одан кейінгі өткендер төмендегі тәртіпте болды. Және олардың әрқайсысы бір жыл үшін есім-ат болды: *Уд жылы, Барс жылы. Тавышқан жылы, Нек*

жылы, *Жылан жылы, Жунд жылы, Қој жылы, Бічін жылы, Тақағу жылы, Ыт жылы, Тоңуз жылы.* Тоңузға жеткен соң, есеп және Тышқаннан басталады [...]. Түріктер бұл жылдардың әрқайсысында бірер керемет бар деп біледі: мәселен, оларша *Сыыр жылы* болса — ұрыс көп болады, өйткені сиыр бір-бірімен сүзисетін хайуан. *Тауық*

№ 4 КЕСТЕ

Түркі және монғол халықтарына «он екі мүшел жыл» аттары

	Көне түрік ескерткіш-терінде		Қазақта	Ұйғырда	Түрікменде	Монғолда
	VIIIғ.	XI ғ.				
I.	Куску	Сычған	Тышқан	Чачқан	Сычқан	Хулгана
II.	Уд	Уд	Сыыр	Уй	Сығыр	Ухэр
III.	Барс	Барс	Барыс	Барс	Барс	Бар
IV.	Табышқан	Тавышған	Қоян	Тошқан	Тавшан	Туулай
V.	Нек//Лу	Нек	Ұлу	Белік	Лув	Луу
VI.	жылан	жылан	Жылан	Йылан	Йылан	Могой
VII.	жунд	жунд	Жылқы	Ат	Йылқы	Морин
VIII.	Қон	Қој	Қой	Қой	Гоюн	Хонин
IX.	Бічін	Бічін	Мешін	Маймун	Бижин	Вичин
X.	Тақығу	Тақағу	Тауық	Тоху	Тақық	Тахиа
XI.	Ыт	Ыт	Ит	Ит	Ит	Нохой
XII.	Лағзын	Тоңуз	Доңыз	Тоңуз	Доңуз	Гахай

жылы кірсе, азық-түлік көбейеді, бірақ адамдарда бейнет көп болады. Өйткені тауықтың тамағы дән болып, оны тауып жеу үшін бар нәрсені түрткілеп жүреді. *Нек* [Ұлу] *жылы* кірсе, егіншілік болады, дақыл көп болады, өйткені ол суда тіршілік етеді. *Доңуз жылы* кірсе, суық қатты, қар көп болады, әрі бөлекет көп болады. Осыған ұқсас әр жылға бірер болжам айтады (МҚ. I. 330—332-б.).

Махмуд Қашқари XI ғасырда келтіретін осы «он екі мүшел жыл» жүйесін біз VIII ғасырда, дәлірек айтқанда, 734 жылы жазылған «Күл тігін» ескерткіші мен сол кезеңде жазылған өзге де ескерткіштерден кездестіреміз: «Күл тігін Қой жылға жіті жегірімкә учды», «бітіг таш Бічін жылға» [КТ. 53-д.] жасалды; «Қаңым қаған Ыт жыл онынч ај алты отузқа уча барды. Лағзын жыл бисінч ај жіті отузқа жоғ ертүртім» — Әкем қаған Ит жылы оныншы айдың жиырма алтысы күні өлді, Тоңыз жылы бесінші айдың жиырма жетісі күні жерледік (БҚ. 10-б.).

Бұған қарағанда, жыл санаудың «он екі мүшел жыл» жүйесін алу, оны декреттеу мерзімі (егер «Күл тігін» ескерткішіндегі жоғарғы деректі таяныш, негіз өтсек) VIII ғасырдан бұрын, ең берісі Түрік қағанатының құрылу дәуіріне — VI ғасырға барады.

Егер Орхон жазбаларында кездесетін «Бір түман артықы жеті биң сүг» — он жеті мың әскерін (БҚ. ХА, I), «Биң јунт, түман қон» — мың жылқы, он мың қой (МЧ. 49), «Сүсі алты бың өрміс» — әскері алты мың екен (Тон. 16) — деп келетін күрделі санау жүйесін ескерсек, ақырында, «он ујғур, тоқуз оғуз үзә јүз жыл олуруп» — он уйғур, тоғыз оғызды жүз жыл билеп отырды (МЧ. 2), «Түрк қыбчақ еліг жыл олурмыс» — Түрк-қыпчақ елу жыл билеп отырған екен (МЧ. 4), «Мың жыллық түман күнлік бітігімін» — мың жылдық он мың күндік [осынша уақытқа кетер деген мағынада] сөзімді [жазған сөзімді] (МЧ. 26) — деп келетін жылға байланысты күрделі жыл санау жүйесін ескерсек, көне түркі халықтары уақыт мөлшерін «он екі мүшел жыл» жүйесінен бөлек жолмен де анықтап отырған. Уақытты есептеудің, жыл есебін (летосчисление) жүргізудің бұл жүйесі өзінің жасалу мерзімі жағынан (егер қазіргі европаша және хижраша жыл санаудың декреттелу тарихын ескерсек) түрік халқының VIII ғасырдан арғы жердегі Қағанат болып құрылу кезеңдерінің біріне, Қағанат тарихында елеулі оқиғаларға мұрындық болған қағандардың бірінің таққа отырған, билік жүргізген жылдары қарсаңына барып тірелсе керек. Мұндай елеулі кезең дегенде әуелі сяньбилердің, кейін жужандардың езгісінде болып, бұл езгіден VI ғасырдың бас кезінде күреспен құтылып, өз алдына ел болған (530—535 жылдар шамасы) кезең, немесе Түркі қағанатын құрып, оның бірінші қағаны болған Түмен-Ел ханның таққа отырған жылы (552) ойға оралады. Тегінде түріктердің бұл жыл санауын кейін, арабтар жаулап алған соң, хижраша жыл санау жүйесі ауыстырса керек. Ал қарапайым халық өз арасында, тар көлемде, күнделікті өмірге өте қажет «он екі мүшел жыл» жүйесін сақтап қалған. Егер кезеңдегі ірі-ірі оқиға сол болған жылымен қоса аталып, қисынды құрылған сөз аясында халық жадында — тілінде жазусыз шежіреге айналған. Бұл дәстүр бергі заманға дейін келді. Мұны ұлы ақын Абайдың өзінен де көреміз.

Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген мақаласында былай дейді: «Шыңғыс аламандыққа аттанып, әскер тартып шыққанда [...] қазақтың соғысқа жарарлық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылып [...], Әуелі Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң, Азияның төріне шейін еріп барса керек. Себебі қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені — бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз» (Шығ., II том, 223-б.). Анығы да солай. Өйткені Шыңғыс қолы 1221 жылы (Жылан жылы) Отырарды т. б. қалаларды алып, 1222 жылы (Жылқы жылы), 1223 жылы (Қой жылы), Абай айтқандай, «Азияның тереңіне шейін» барып қайтқан.

Қазақта кісінің жасын есептеуде негізінен «он екі мүшел жылды» қолданған.

Кісінің жасын есептегенде «Тышқаннан — Тышқан 13 деп», бірінші мүшелді (сәби шақ мүшелі) 13 жас деп есептейді де, екінші мүшел (ер жету мүшелі) 25 жас; үшінші мүшел (жігіттік мүшел) 37 жас; төртінші мүшел (орта жас мүшелі) 49 жас; бесінші мүшел (ақ сақалдық мүшелі) 61 жас; алтыншы мүшел (қартаң тартқан шақтың мүшелі) 73 жас, — бұл Абай айтқан «Қартаң тартқан адамнан от азаймақ, От азайса, әр істің бәрі тайғақ», — деген кезең; жетінші мүшел (кәрілік мүшелі) 85 жас... деп есептеген. Мұның сыртында «бір мүшел», «екі мүшел», «үш мүшел» т. б. деп те, «үш мүшелден екі жас кіші», «бес мүшелден екі жас үлкен» деп те есептейтін болған. Кішілікті я үлкендікті де мүшелмен «бір мүшел кіші», «екі мүшел үлкен» («Кімде-кім үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанменен қатын емес». — Абай) — деп айыртатын болған.

Жас сұрасқанда, әуелі «Жылың не?» деп, жылын сұрап алып, кісінің түр-түсіне қарап отырып, жас шамасын мөлшерлейді. Айталық, орта жасқа келген кісінің жылы Сиыр болса, жас сұрап отырған кез 1977 жыл болса, төрт мүшелді 49 жас деп бір есептеп алады да, келесі жылды қосып, «Барыс — 50, Қоян — 51, Ұлу — 52, Жылан — 53, Сіз биыл 53-ке шығыпсыз», — дейді.

Уақытты «он екі мүшел жылмен» есептеу қазір салтта жоқ. Тіпті кісі жасын мүшелдеп есептеу де салттан қалып барады. Ол тек көне көз қарт-қариялар бар ауылдарда ғана кездеседі. Бірақ көне тарихты сөз қылғанда, — ондағы бір елеулі оқиғаның «он екі мүшел жылдың» қайсысына тура келетінін білу сияқты зәрулік кездесіп қап отырады. Міне, осындай қажеттілікке көмек үшін № 5 кесте берілді.

Өткен бір жылдың қай мүшел жыл екенін білудің ең оңай, әрі қолайлы жолы бар: сол жылды (мысалы 1969 жылды) 12-ге бөліп (1969:12=?), бөлгенде бөлінбей қалған қалдық санға (1969:12=1) 9-ды қосу керек (1+9=10), осы қосынды сан (10 саны) «он екі мүшел жылдың» рет санын (10-шы қатардағы Тауық жылын) білдіреді. Ал, егер қалдық санға 9-ды қосқанда, қосынды 12 саннан асып кетсе, онда сол саннан 12-ні алып тастау керек, осындағы қалдық сан мүшел жылдың ретін көрсетеді.

Қазақтың көне жазба әдебиетінде, жазба шежірелерінде жыл есебі хижра (арабша жыл есебі) бойынша беріліп отырған.

Біздің жыл санауымызша (григориан календары бойынша) 622 жыл арабша (хижра бойынша) 1-жыл болып есептеледі. Бұл жылы — григориан календары есебімен 622 жылдың июль айының 16-сына қараған түні (сенбі күніне қараған түні) Мұхаммед Мекеден Мәдинаға көшкен. Міне, осы күннен хижра календары басталады (*хижрат* арабша — «елінен ауу, туған жерінен ауу, ауғын болу» деген сөз).

Хижра бойынша қабылданған жыл басы григориан календарымен жылдың орта тұсынан басталатындықтан, хижраның бір жылы григориан календарьлық жылының екі жылын жартылай қамтиды. Мұның сыртында хижрада әрбір 30 жылдың 11 жылы 355 күннен, 19 жыл 354 күннен саналатындықтан, григориан жылы күн санынан 11 күні кем болғандықтан, араб жылының басы жылжи береді. Мысалы, григориан календарында 10 июль 1976 жыл мен 10 апрель 1977 жыл арасы хижра бойынша 1396 жыл болады. Ал 1396 жылдың 1 мухаррамы 1976 жылдың 10 июніне, 1397 жылдың 1 мухаррамы 1977 жылдың 30 мамына келеді (№ 2 және № 5 кестелерді қараңыз).

Хижра мен біздің календарымыздың сәйкес жылын білгіміз келсе, мына есеп үлгісін пайдалануға да болады:

1. Хижраның біздің жыл санауымызға сәйкес жылын шығару үшін, мысалы, хижраға 1397 жыл болса:

$$x - \frac{x}{33} + 622 \quad 1397 - \frac{1397}{33} + 622 = 1977 \text{ ж.}$$

2. Егер біздің жыл санауымызға негіздеп хижраның сәйкес жылын шығарғымыз келсе, мысалы, 1977 жылдың хижрада нешінші жыл екенін білгіміз келсе:

$$x - 622 + \frac{x - 622}{32} \quad 1977 - 622 + \frac{1977 - 622}{32} = 1397 \text{ ж.}$$

**Хижра (I) және григориан (II) календарының
мүшел жылдарға сәйкес кестесі**

Мүшел жыл аттары	Жыл: 532 жыл мен 627								
	I	II	I	II	I	II	I	II	I
1. Тышқан жылы	—	532	—	544	—	556	—	568	—
2. Сныр »	—	533	—	545	—	557	—	569	—
3. Барыс »	—	534	—	546	—	558	—	570	—
4. Қоян »	—	535	—	547	—	559	—	571	—
5. Ұлу »	—	536	—	548	—	560	—	572	—
6. Жылан »	—	537	—	549	—	561	—	573	—
7. Жылқы »	—	538	—	550	—	562	—	574	—
8. Қой »	—	539	—	551	—	563	—	575	—
9. Мешін »	—	540	—	552	—	564	—	576	—
10. Тауық »	—	541	—	553	—	565	—	577	—
11. Ит »	—	542	—	554	—	566	—	578	—
12. Доңыз »	—	543	—	555	—	567	—	579	—

Мүшел жыл аттары	1456—1468 ж.		1900—1978 жыл арасы				
	I	II	I	II	I	II	I
1. Тышқан жылы	861	1456—57	1318	1900—1901	1330	1911—1912	1342
2. Сныр »	862	1457—58	1319	1901—1902	1331	1912—1913	1343
3. Барыс »	863	1458—59	1320	1902—1903	1332	1913—1914	1344
4. Қоян »	864	1459—60	1321	1903—1904	1333	1914—1915	1345
5. Ұлу »	865	1460—61	1322	1904—1905	1334	1915—1916	1346
6. Жылан »	866	1461—62	1323	1905—1906	1335	1916—1917	1347
7. Жылқы »	867	1462—63	1324	1906—1907	1336	1917—1918	1348
8. Қой »	868	1463—64	1325	1907—1908	1337	1918—1919	1349
9. Мешін »	869	1464—65	1326	1908	1338	1919—1920	1350
10. Тауық »	870	1465—66	1327	1909	1339	1920—1921	1351
11. Ит »	871	1466—67	1328	1910	1340	1921—1922	1352
12. Доңыз »	872	1467—68	1329	1911	1341	1922—1923	1353

Немесе: 1. 1977 жыл деп алсақ, осы саннан 622 санды алу керек.

2. Қалған қалдықты 32-ге бөлу керек.

3. Бөлуден шыққан санды қалған қалдыққа қосу керек.

Мысалы: 1977 жыл десек:

1. $1977 - 622 = 1355$

2. $1355 : 32 = 42,14$

3. $1355 + 42 = 1397$

Демек, біздіңше 1977 жыл хижра бойынша 1397 жыл болады.

* * *

Әдебиет: [МҚ,ДЛТ]—*М. Қашқари*. Дивану лұғат-ит турк. Тошкент, I—III т.; [КТ]—«Күлтiгiн»; [Тон]—«Тонуқуқ» ескерткiшi. *Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1950; [МЧ]—«Моин чур»; [БҚ]—«Бiлге қаған» (Могиян хан) ескерткiшi.—*Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.—Л., 1959; [ҚБН]—*Юсуф Баласағуни*. Құтадғу бiлiг. Тошкент, 1972; [ҚСЭ]—Қазақ совет энциклопедиясы. Т. 1, 3, 5, 8; Қазақ ССР тарихы, I т. 1957; *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч., I т., 1961. *Орбели И. А.* Синхронические таблицы хиджры и европейского летоисчисления. М.—Л., 1961; (ЛММА)—*М. Әуезовтің әдеби мемуарлық музейі*, п. № 29, 8—10, 159—161-б.; *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиетi. («Ескiлiктегi мейрам тақырыпта айтылған өлең-жырлар»). VI т., 156-б.; *Мұқанов С.* Өмiр мектебi. 1-кiтап, 40-б.; *Нақысбеков О.* Қазақ тiлiнiң ауыспалы говорлары. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1975; *Мырзахметов М.* Жыл қайырудың жайы.—«Лениншiл жас», 23 март, 1975; *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий. Т. I., ч. 1; *Пекарский Э. К.* Словарь якутского языка. Т. III. *Юдахин К. К.* Киргизско-русский словарь, М., 1966.

* [«Ен-Таңба», «Ай санау», «Жыл қайыру» материалын, календарь кестелерiн дайындаған — Құлмат Өмiрәлиев].

ЖЫЛ АРАСЫ							724—726		1069—1081 ж.	
II	I	II	I	II	I	II	I	II	I	II
580	—	592	—	604	—	616	106	724—725	462	1069—10
581	—	593	—	605	—	617	107	725	463	1070—71
582	—	594	—	606	—	618	108	726	464	1071—72
583	—	595	—	607	—	619	109	727	465	1072—73
584	—	596	—	608	—	620	110	728	466	1073—74
585	—	597	—	609	—	621	111	729	467	1074—75
586	—	598	—	610	—	622	112	730	468	1075—76
587	—	599	—	611	—	623	113	731	469	1076—77
588	—	600	—	612	—	624	114	732	470	1077—78
589	—	601	—	613	—	625	115	733	471	1078—79
590	—	602	—	614	—	626	116	734	472	1079—80
591	—	603	—	615	—	627	117	735—786	473	1080—81

1900—1978 жыл арасы

II	I	II	I	II	I	II	I	II
1923—1924	1354	1935—1936	1367	1947—1948	1379	1959—1960	1391	1971—1972
1924—1925	1355	1936—1937	1368	1948—1949	1380	1960—1961	1392	1972—1973
1925—1926	1356	1937—1938	1369	1949—1950	1381	1961—1962	1393	1973—1974
1926—1927	1357	1938—1939	1370	1950—1951	1382	1962—1963	1394	1974—1975
1927—1928	1358	1939—1940	1371	1951—1952	1383	1963—1964	1395	1975—1976
	1359	1940						
1928—1929	1360	1941	1372	1952—1953	1384	1964—1965	1396	1976—1977
1929—1930	1361	1942	1373	1953—1954	1385	1965—1966	1397	1977—1978
1930—1931	1362	1943	1374	1954—1955	1386	1966—1967		
1931—1932	1363	1943—1944	1375	1955—1956	1387	1967—1968		
1932—1933	1364	1944—1945	1376	1956—1957	1388	1968—1969		
1933—1934	1365	1945—1946	1377	1957—1958	1389	1969—1970		
1934—1935	1366	1946—1947	1378	1958—1959	1390	1970—1971		

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

1. КИТАПТАРЫНАН СӨЙЛЕМ-ТЕКСТ АЛЫНҒАН АВТОРЛАР АТЫ-ЖӨНІНІҢ ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

Абай — А. Құнанбаев
А. А.— Ақжүрекұлы
А. Аз.— А. Азаматқызы
А. А. Қ.— Ақылбай Абайұлы Құнанбаев
А. Байж.— А. Байжанов
А. Байт.— А. Байтанов
А. Б.— А. Байтанаев
А. Бақт.— А. Бақтыгереева
А. Бис.— А. Бисенова
А. Д.— А. Даиров
А. Е.— А. Елеманов
А. Ж.— А. Жұбанов
А. Жұм.— А. Жұмағалиев
А. Жол.— А. Жолдасбеков
Ай. Т.— Айманкүл Тәжібаева
Ақтамберді
А. Қор.— Ақан сері Қорамсаұлы
А. Л.— А. Лекеров
А. Маш.— А. Машанов
А. Н.— А. Нұрманов
А. Сат.— А. Сатаев
Асан қайғы
А. Сей.— А. Сейдімбеков
А. Сұл.— А. Сүлейменов
А. Ш.— А. Шамкенов
А. Т.— А. Тоқмағамбетов
А. Х.— А. Хангелдин

Ә. А. Д.— Ә. А. Дибаяев
Ә. Айм.— Ә. Айманов
Ә. А.— Ә. Ахметов
Ә. Ә.— Ә. Әбішев
Ә. Әл.— Ә. Әлімжанов
Ә. Б.— Ә. Баймұрзин
Ә. Байт.— Ә. Байтанаев
Ә. Д.— Ә. Дүйсенбиев
Ә. Ж.— Ә. Жәмшіев
Ә. И.— Ә. Ибрагимов
Ә. К.— Ә. Көшімов
Ә. Көп.— Ә. Көпбаев
Әкім.— М. Әкімжанов
Ә. Кек.— Ә. Кекілбаев
Ә. Қ.— Ә. Қанафин
Ә. Қал.— Ә. Қалмырзаев
Ә. Қалд.— Ә. Қалдыбаев
Ә. М.— Ә. Марғұлан
Ә. Найм.— Ә. Найманбаев
Ә. Н.— Ә. Нұрпейісов

Ә. Нұр.— Ә. Нұршайықов
Ә. Нұрл.— Ә. Нұрлыбеков
Ә. О.— Ә. Оңалбаев
Ә. С.— Ә. Сәрсенбаев
Ә. Сар.— Ә. Сараев
Ә. Сат.— Ә. Сатыбалдиев
Ә. Тар.— Ә. Тарази
Ә. Тәң.— Ә. Тәңірбергенов
Ә. Т.— Ә. Тәжібаев
Ә. Ш.— Ә. Шәріпов

Б. А.— Б. Адамбаев
Б. Аман.— Б. Аманшин
Б. Әбд.— Б. Әбдіразақов
Б. Б.— Б. Бұлқышев
Б. Бер.— Б. Беркімбаев
Б. Берд.— Б. Берденов
Б. Ж.— Б. Жүнісов
Б. Е.— Б. Ержанов
Б. И.— Б. Исаев
Б. К.— Б. Күлеев
Б. Керб.— Б. Кербабаев
Б. Кен.— Б. Кенжебаев
Б. Қож.— Біржан Қожағұлұлы
Б. Қ.— Бұхар Қалқаманұлы
Б. Қыд.— Б. Қыдырбекұлы
Б. М.— Б. Майлин
Б. Мом.— Б. Момышұлы
Б. Ө.— Базар Өтемісов
Б. Өт.— Б. Өтетілеуов
Б. Сах.— Б. Сахариев
Б. С.— Б. Соқпақбаев
Б. Тәж.— Б. Тәжібаев
Б. Тоқ.— Б. Тоқтаров
Б. Тіл.— Б. Тілегенов
Б. Т.— Б. Тұрсынов
Б. Тұр.— Б. Тұрсынбаев
Б. Тоғ.— Б. Тоғысбаев
Б. Ш.— Б. Шалабаев
Б. Ш. В.— Балуан Шолақ Баймырзаұлы
Б. Ы.— Б. Ысқақов
Б. І.— Б. Ілиясов
Б. Із.— Б. Ізтөлін

В. В. Р.— В. В. Радлов

Ғ. Қ.— Ғ. Қайырбеков
Ғ. Ж.— Ғ. Жұмабаев

Ғ. Құрм.— Ғ. Құрманғалиев
 Ғ. Қас.— Ғ. Қасенов
 Ғ. М.— Ғ. Мүсірепов
 Ғ. Малд.— Ғ. Малдыбаев
 Ғ. Мүс.— Ғ. Мұстафин
 Ғ. О.— Ғ. Орманов
 Ғ. С.— Ғ. Сланов

Д. Ә.— Д. Әбілев
 Д. Әл.— Д. Әлімбаев
 Д. Б.— Дулат Бабатайұлы
 Д. Д.— Д. Досжанов
 Д. Е.— Д. Еркімбаев
 Досқожа

Е. Айт.— Е. Айтмағанбетов
 Е. Ә.— Е. Әукебаев
 Е. Б.— Е. Бердин
 Е. Д.— Е. Домбаев
 Е. К.— Е. Көшекөв
 Е. Қ.— Е. Қандөков
 Е. О.— Е. Оразақов
 Е. Иб.— Е. Ибрагимов
 Е. Ө.— Е. Өмірзақов
 Е. Ы.— Е. Ысмайылов

Ж. А.— Ж. Арыстанов
 Ж. Алт.— Ж. Алтайбаев
 Жамбыл — Жамбыл Жабаев
 Ж. Б.— Ж. Байтанұлы
 Ж. Бек.— Ж. Бектұров
 Ж. Ж.— Ж. Жұмақанов
 Ж. Жиен.— Ж. Жиенбаев
 Ж. Жол.— Ж. Жолмұқанов
 Ж. Мүз.— Ж. Мұзаларов
 Ж. М. Б.— Жаяу Мұса Байжанұлы
 Ж. М.— Ж. Молдағалиев
 Ж. Мол.— Жайсаңбек Молдағалиев
 Ж. Ө.— Ж. Өмірбеков
 Ж. С.— Ж. Саин
 Ж. Сыз.— Ж. Сыздықов
 Ж. Т.— Ж. Тілеков
 Ж. Тәш.— Ж. Тәшенов
 Ж. Ш.— Ж. Шаяхметов

З. А.— З. Ахметов
 З. Жақ.— З. Жақсылықов
 З. И.— З. Иманбаев
 З. Қ.— З. Қабдолов
 З. Қал.— З. Қалауова
 З. Ш.— З. Шашкин
 З. Шүк.— З. Шүкіров

И. Б.— И. Байзақов
 И. Ж.— И. Жылқайдаров
 И. Жұм.— И. Жұмағұлов
 И. М.— И. Матақов

К. Ә.— К. Әзірбаев
 К. Ж. Е.— Кете Жүсіп Ешниязов
 К. К.— К. Күленов
 К. О.— К. Оразалин
 К. Рай.— К. Райбаев
 К. Т.— К. Тоқаев
 К. С.— К. Смаилов

Қ. А.— Қ. Аманжолов
 Қ. Ай.— Қ. Айнабекұлы
 Қ. Әб.— Қ. Әбдіқадыров

Қ. Ә.— Қ. Әміров
 Қ. Б.— Қ. Бекхожин
 Қ. Ж.— Қ. Жармағамбетов
 Қ. Жапс.— Қ. Жапсарбаев
 Қ. Жұм.— Қ. Жұмалиев
 Қ. И.— Қ. Исабаев
 Қ. Кем.— Қ. Кемеңгеров
 Қ. К.— Қ. Көпішев
 Қ. Қ.— Қ. Қамбаров
 Қ. Қай.— Қ. Қайенов
 Қ. Қуан.— Қ. Қуанышбаев
 Қ. Құрм.— Қ. Құрманғалиев
 Қ. Құт.— Қ. Құттыбаев
 Қ. Мұқ.— Қ. Мұқышев
 Қ. Мұқам.— Қ. Мұқамбетжанов
 Қ. Мүс.— Қ. Мүсірепов
 Қ. М.— Қ. Мырзалиев
 Қ. Мыр.— Қ. Мырзабеков
 Қ. Н.— Қ. Нарымбетов
 Қ. Наж.— Қ. Нажми
 Қ. Най.— Қ. Найманбаев
 Қ. Сер.— Қ. Серікбаев
 Қ. С.— Қ. Сүлейменов
 Қ. Сат.— Қ. Сатыбалдин
 Қ. Сәр.— Қ. Сәрсекеев
 Қ. Сәт.— Қ. Сәтбаев
 Қ. Т.— Қ. Тоғұзақов
 Қ. Тай.— Қ. Тайшықов
 Қ. Тас.— Қ. Тасболатов
 Қ. Таст.— Қ. Тастанбеков
 Қ. Тер.— Қ. Терібаев
 Қ. Ұ.— Қ. Ұябаев
 Қ. Шаң.— Қ. Шаңғытбаев
 Қ. Ш.— Қ. Шоңғаров
 Қ. Ы.— Қ. Ыдырысов

Л. Қ.— Л. Құрманбаева

Мақтұмқұлы
 М. А.— М. Ақынжанов
 М. Айт.— М. Айтқожина
 М. А. Қ. [Мағауия]— Мағауия Абайұлы
 Құнанбаев
 М. Ә.— М. Әуезов
 М. Әл.— М. Әлімбаев
 М. Әм.— М. Әмірғалин
 М. Б.— Мұсабай Байзақов
 М. Баз.— М. Базарбаев
 М. Бес.— М. Бестібаев
 М. Гум.— М. Гумеров
 М. Ғ.— М. Ғабдуллин
 М. Д.— М. Дүзенов
 М. Дүй.— М. Дүйсенов
 М. Е.— М. Ермеков
 М. Ел.— М. Елеусізов
 М. Жан.— М. Жанасаева
 М. Жақ.— М. Жақыпов
 М. И.— М. Иманжанов
 М. Иб.— М. Ибрагимов
 М. Ис.— М. Исанбаев
 М. К.— М. Көпеев
 М. Қ.— М. Қаратаев
 М. Қайр.— М. Қайрақбаев
 М. Қал.— М. Қалтаев
 М. Қожа.— Мәделқожа
 М. Қож.— Мәуліқожа
 М. М.— Мұрат Мөңкеұлы
 М. Мақ.— М. Мақатаев
 М. Маш.— М. Машақов

М. Ө. — Махамбет Өтемісов
М. Р. — М. Рәшев
М. С. — М. Сералин
М. Сат. — М. Сағыбалдиев
М. Сәр. — М. Сәрсекеев
М. Сұл. — Майлықожа Сұлтанқожаұлы
М. Сүн. — М. Сүндетов
М. Т. — М. Тиесов
М. Тан. — М. Танекеев
М. Тоғ. — М. Тоғжігітов
М. Х. — М. Хакімжанова
М. Шам. — М. Шамкенов
М. Ш. — М. Шаханов

Н. А. — Н. Ахметбеков
Н. Б. — Нұрпейіс Байғанин
Н. Баян. — Н. Баяндин
Н. Байм. — Н. Баймұратов
Н. Байс. — Н. Байсеркеев
Н. Ғ. [Н. Ғаб.] — Н. Ғабдуллин
Н. Н. — Нұржан Наушабаев
Н. О. — Н. Оразов
Н. Ор. — Н. Оразбеков
Н. С. — Н. Сералиев
Н. Сұл. — Н. Сүлейменов
Н. Т. — Нысанбек Төреқұлов
Н. Ш. — Н. Шәкенов

О. Ө. — О. Өзбекіров
О. Б. — О. Бекеев
О. Ж. — О. Жәутіков
О. М. — О. Малқаров
О. С. — О. Сәрсенбаев
О. Сей. — О. Сейтенов
О. Ш. — Омар Шипин
О. Шор. — Омар Шораяқов
Ө. Қан. [Ө. Қ.] — Ө. Қанахин

Ө. Т. — Ө. Тұрманжанов

Р. Ө. — Р. Өбутәліпов
Р. Өбу. — Р. Өбуғалиев
Р. Б. — Р. Бердібаев
Р. Н. — Р. Нұрғалиев
Р. Нұр. — Р. Нұрпейісов
Р. Нияз. — Р. Ниязбеков
Р. Р. — Р. Райымқұлов
Р. С. — Р. Сағымбеков
Р. Сұл. — Р. Сүлейменов
Р. Т. — Р. Тоқтаров

С. А. — Сүйінбай Аронұлы
С. Ад. — С. Адамбеков
С. Ай. — С. Айни
С. Ақт. — С. Ақтаев
С. Ақ. — С. Аққошқаров
С. Ал. — С. Алдабергенов
С. Ө. — С. Өлімбетов
С. Баяз. — С. Баязитов
С. Б. — С. Бегалин
С. Бай. — С. Байжанов
С. Берд. [С. Бер.] — С. Бердіқұлов
С. Бақ. — С. Бақбергенов
С. Бат. — С. Батақов
С. Дай. — С. Дайрабаев
С. Д. — С. Дөненгәев
С. Дайыр. — С. Дайырбеков
С. Е. — С. Ерубаяев
С. Есім. — С. Есімбеков

С. Ж. — С. Жиенбаев
С. Жан. — С. Жанбаев
С. Жүніс. — С. Жүнісбеков
С. К. — С. Көбеев
С. Кер. — Саяділ Керімбеков
С. Керм. — С. Керімбаев
С. Қ. — С. Қасиманов
С. Көш. — С. Көшербаев
С. М. — С. Мұқанов
С. Маш. — С. Машақов
С. Мәд. — С. Мәделов
С. Мәу. — С. Мәуленов
С. Мел. — С. Мелдешов
С. О. — С. Омаров
Э. Ос. — С. Оспанов
С. С. — С. Сейфуллин
С. Сар. — С. Сарғасқаев
С. Сей. — С. Сейітов
С. Субх. — С. Субханбердин
С. Тал. — С. Талжанов
С. Т. — С. Торайғыров
С. Төл. — С. Төлешов
С. Ш. — С. Шәймерденов
С. Шәк. — С. Шәкебаев
С. Шәр. — С. Шәріпов

Т. А. — Т. Ахтанов
Т. Айб. — Т. Айбергенов
Т. Аман. — Т. Аманбеков
Т. Б. — Т. Бердияров
Т. Ө. — Т. Өлімқұлов
Т. Өл. — Т. Өліширов
Тәтіқара

Т. Дар. — Т. Дарқанбаев
Т. Ж. — Т. Жароков
Т. Жоб. — Т. Жобаев
Т. К. — Т. Көбдіков
Т. Қ. — Т. Қалмырзаев
Т. М. — Т. Молдағалиев
Т. Н. — Т. Нұртазин
Т. С. — Т. Сыздықбеков
Т. См. — Т. Смағұлов
Т. Сұл. — Т. Сұлтанбеков
Т. Ш. — Т. Шақанов
Т. Ы. — Т. Ыдырысов
Т. Шоп. — Т. Шопашев
Т. І. — Т. Ізтілеуов

Ү. К. — Ү. Кәрібаев

Х. А. — Х. Арғынбаев
Х. Ө. — Х. Өбішев
Х. Ер. — Х. Ерғалиев
Х. Е. — Х. Есенжанов
Х. Қ. — Х. Қыдыров

Ф. Д. — Ф. Дінісламов
Ф. О. — Ф. Оразаев

Ш. А. — Ш. Айтматов
Ш. Өб. — Ш. Өбенов
Ш. Ө. — Ш. Өзбекіров
Ш. Б. — Шәңгерей Бөкеев
Ш. Д. — Ш. Дәрмағамбетов
Ш. Ж. — Шернияз Жарылғасұлы
Ш. И. — Ш. Иманбаева
Ш. Қар. — Шеже Қаржаубайұлы
Ш. Қ. [Шортанбай] — Шортанбай Қанай-
ұлы
Ш. Қош. — Шашубай Қошқарбайұлы

Ш. Құл. — Шал Құлекеұлы.
 Ш. М. — Ш. Мұртазаев
 Ш. Мұқ. — Ш. Мұқаметжанов
 Ш. Ө. — Ш. Өтепов
 Ш. С. — Ш. Смаханұлы
 Ш. Т. — Шалкиіз Тілемісұлы
 Ш. Х. — Ш. Хұсайынов

Ы. А. — Ы. Алтынсарин

Ы. Д. — Ы. Дүйсенбаев
 Ы. Ж. — Ы. Жақаев
 Ы. Ш. [Ғ. Ш.] — Ы. Шөреков

І. Жар. — І. Жарылғапов
 І. Ж. — І. Жансүгіров
 І. Е. — І. Есенберлин
 І. М. — І. Мәмбетов

І. О. — І. Омаров

2. ЖЕКЕ КІТАПТАР, ОЛАРДЫҢ ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

АБ — Алпамыс батыр. Алматы, 1967.
 Адам және химия. Алматы, 1964.
 АЖ — Ақын жырлары, Алматы, 1959.
 Айтыс. 1—3 т. Алматы, 1965—1966.
 АрБ — Арқалық батыр. «Батырлар жыры», 2-т. Алматы, 1961.
 АШ — Айман-Шолпан. Алматы, 1957.
 Әдеби мұра. Алматы, 1970.
 БатЖ — Батырлар жыры. 1—3 т. Алматы, 1959, 1961, 1964.
 БЖ — Боз жігіт, Қазан, 1910.
 Бозинген — Бозинген (Монголия қазақтарының өлең-жырлары). Алматы, 1971.
 Бот. — Ботаника. Алматы, 1967.
 В. В. Р. — Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, ч. III. Киргизские наречия. Спб., 1870.
 ҒН — Ғашық-наме (Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары). Алматы, 1976.
 Даст. — Дастандар (Октябрь революциясына дейінгі қазақ ақындарының дастандары). Алматы, 1960.
 ЕК — Ер Көкше. «Батырлар жыры», 2-т. Алматы, 1961.
 ЕрТ — Ер Тарғын. «Батырлар жыры», 1-т. Алматы, 1959.
 Жақсы үгіт. Қазан, 1908.
 ЖБ — Жалпы биология. Алматы, 1973.
 Көрұғлы — Көрұғлы [Көрұғлы және оның ұрпақтары туралы дастандар]. Алматы, 1973.
 ҚамБ — Қамбар батыр. Алматы, 1957.
 Көн — Қазақ өндері. 1—3 т. Алматы, 1968.
 ҚБ — Қобыланды батыр. Алматы, 1957.
 ҚЕ — Қазақ ертегілері. 1—3 т. Алматы, 1957, 1962, 1964.
 ҚЖ — Қыз Жібек. Алматы, 1963.

ҚКВС — Қозы Көрпеш — Баян сұлу. Алматы, 1959.
 ҚСКЭ — Қазақ совет композиторларының әні. 3-т. Алматы, 1968.
 ҚССРТ — Қазақ ССР тарихы. 1-т. Алматы, 1957.
 Манас. 1-китеп. Фрунзе, 1959.
 МБТ — Мың бір түн. Аударған Қ. Әбдіқадыров. I—IV кітап. Алматы, 1949—1955.
 МЗ — Мұңлық — Зарлық. Алматы, 1967.
 Мухаб. — Мухаббат-наме.
 ОМ — Орақ-Мамай. Березин И. Н. «Турецкая хрестоматия...» т., 3. Казан — Спб., 1890.
 ПТ — Пернедегі термелер. Қазақ совет халық ақындарының шығармалары. Алматы, 1965.
 ПТӘ — Партия туралы ән. Алматы, 1968.
 РД — Рүстем-Дастан. Алматы, 1961.
 СССР Конст. — СССР Конституциясы. Алматы, 1950.
 СЭ — Саяси экономика (Марксизм-ленинизм негіздері мектептеріне арналған оқулық). Алматы, 1973.
 Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965.
 ХА — Халық ақындары (Өлеңдер жинағы). Алматы, 1953.
 ХӘ — Халық өндері.
 Шайыр — Ғабдолла Мұштақ (Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары). Орынбор, 1911.
 ШЖ — Шығыс жұлдыздары. Алматы, 1973.
 ШС — Шешендік сөздер. Алматы, 1967.
 XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962.
 XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1963.

3. ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕР, ОЛАРДЫҢ ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

АС — Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.
 Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, т., 1—2. Спб., 1869.
 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.
 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1—2 т. Алматы, 1959, 1961.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1 т., А—Ә; 2 т., Б—Г. Алматы, 1974, 1976.
 Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т., I—IV. Спб., 1893—1911.
 Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь Кыргызча-орусча сөздүк. Москва, 1965.

4. ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ АТТАРЫ, ОЛАРДЫҢ ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

Айқап — «Айқап» журналы (1911 — 1915).	«Жұмысшы» — «Жұмысшы» газеті, Қызылорда — Алматы, 1928—1930.
ӘЖИ — «Әдебиет және искусство» журналы.	КТ — «Коммунизм таңы» газеті, Алматы обл.
ӘМ — «Әдебиет майданы» журналы.	ҚӘ — «Қазақ әдебиеті» газеті.
Балдырған — «Балдырған» журналы.	ЛЖ — «Лениншіл жас» газеті.
«Жетісу» — «Жетісу» газеті, Алматы обл.	СҚ — «Социалистік Қазақстан» газеті.
Жұлдыз — «Жұлдыз» журналы.	СТ — «Семей таңы» газеті, Семей обл.
	ХМ — «Халық мұғалімі» газеті.

СӨЗ ТІЗБЕ

- Абай** 9
абайла- 9
абдыра 550
абжыландай 9
абьыр 9
абүйыр 9
абызсын- 9
Абылай 9
абылхаят 9
абырой 9, 10, 40, 356
абысын-ажын 510
аға 10, 84, 159, 180, 224, 421, 510
ағайынды 10
ағала- 34
ағар- 10, 259, 352, 561
ағат 10
ағаттық 10
ағаш 10, 86, 238, 515, 549, 550
ағыл-тегіл 10
ағын 11
ағыт- 224, 529, 236
ада 11
адал 11, 33, 91, 158, 322, 549
адалдық 11, 52
адам 11, 12, 26, 32, 60, 69, 73, 96, 128, 142, 153, 155, 156, 159, 171, 182, 185
адамдай 289
адамзат 11
адамша 47
адамшылық 12
адас- 12, 28, 168, 204
адым 330
адыр 13, 331
адыра 13, 234
адырайт- 294
адырам 13
ажа 17
ажал 12, 13, 99
ажалды 13
ажалсыз 13
ажар 13, 14, 113, 472
ажарлы 376
ажуа 14
ажым 81
ажыра- 159, 176, 352
аз * 15, 427, 438, 439, 478
аз- 16, 81, 154, 161, 204, 246, 247, 465, 505,
- 532
аза 14, 15, 510
азала- 14
азалы 14
азамат 33, 37, 96, 232, 373
азан 14
азан-қазан 15
азап 14, 15, 37, 109, 152, 180, 282, 402
азар 532
азат 15, 282
азбан 128, 518
азғын 84
азғыр- 15
азиз 86
азу 15, 27, 248, 501
азық 15, 28, 204, 321
азына- 367, 516
азып-тозып 16
ай 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 26, 30, 35, 38, 53, 65, 102, 107
ай шылау сөз 33, 104, 142, 169, 441, 543, 571
ай қаратпа сөз 16, 17, 18, 72
айбана 508
айбар 16
айбат 16, 150
айғай 61
айғақ 16, 425
айғыр 16, 175, 333, 455, 473, 514, 516, 547, 565
айғырдай 367, 516
айда- 13, 17, 51, 99, 129, 137, 144, 195, 212, 237, 336, 356, 405, 463, 517, 521
айдай 16, 17, 117, 417, 519
айдақ 518
айдақта- 17
айдам 132
айдама 516
айдан-айлар 16
айдар 17, 38, 59, 193
айдарлы 17
айдаһар 37
айдаһардай 17
айдын 18
айдынды 18
ай-күн 18, 21
айқай 18

* *Аз, ас, ат, т. б.* омоним және көп мағышалы сөздер техникалық себептермен есім мен етістікке ғана жіктеліп берілді.

- айқай (одағай сөз) 18
 айқай-сүрен 18
 айқара 18
 айқас 314
 айқас- 363
 айқын 16
 айла 18, 19, 369, 405
 айла- 36, 444, 539, 555
 айла-шара 18
 айлалы 37
 айлас 18
 аймақ 19
 аймандай 19, 117
 айна 559
 айнадай 19
 айна-қате 19
 айна-қатесіз 19
 айнал- 19, 21, 42, 53, 54, 94, 101, 146, 150,
 152, 156, 197, 285, 289, 296, 305, 316,
 321, 340, 384, 404, 436, 464, 465, 481,
 505, 534, 561, 571, 576, 581, 586
 айнала 19
 айналайын 19, 50
 айналма 511
 айналшық 19
 айны- 59, 214
 айран 19, 373
 айран-асыр 19
 айрандай 9, 10, 19, 478
 айт 21
 айт- 11, 14, 20, 21, 25, 28, 33, 36, 40, 51,
 52, 54, 57, 63, 65, 70, 71, 86, 89, 90,
 105, 107, 108, 114, 143, 150, 158, 176,
 179, 182, 191, 204, 206, 207, 208, 228,
 232, 234, 235, 250, 251, 259, 262, 269,
 273, 274, 275, 276, 286, 295, 305, 307,
 310, 330, 331, 337, 351, 352, 356, 363,
 381, 382, 385, 401, 405, 406, 407, 412,
 428, 431, 444, 453, 457, 467, 469, 487,
 489, 498, 504, 509, 510, 511, 513, 517,
 520, 523, 525, 530, 533, 537, 541, 548,
 555, 557, 565, 582
 айт (одағай сөз) 513
 айтақ 20, 518
 айтақта- 518
 айтқысыз 11
 айттыр- 368, 507
 айтұлы 21
 айт-үйт 21
 айттыс- 429
 ай-шай 21
 айшық 21
 айшықты 21
 айшылық 21, 143
 айыз 22, 266, 368
 айық- 287, 290
 айыл 22, 159, 178, 266, 515
 айыққұр 515
 айыл-тұрман 22
 айып 12, 21, 22, 61, 503, 552
 айып-анжы 22
 айып-шам 22
 айыр 19, 416, 514
 айыр- 10, 11, 20, 22, 28, 51, 58, 82, 112,
 145, 157, 165, 167, 168, 169, 170, 197,
 215, 222, 237, 252, 262, 271, 292, 304,
 309, 315, 318, 323, 327, 337, 351, 383,
 418, 431, 440, 460, 466, 489, 493, 499,
 518, 531, 547
 айырма 22
 ақ 10, 11, 23, 26, 63, 91
 ақ (сын есім) 14, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26,
 27, 35, 40, 51, 66, 68, 92, 102, 120, 261,
 263, 279, 341, 353, 356, 375, 377, 386,
 406, 407, 426, 451, 463, 478, 493, 504,
 510, 514, 515, 516, 517, 548
 ақ- 9, 10, 11, 20, 66, 67, 79, 134, 188, 209,
 210, 258, 259, 264, 284, 301, 360, 384,
 395, 374, 375, 404, 470, 502, 525, 533
 ақ (шылау сөз) 20, 21, 46, 132, 348, 438,
 470, 485, 497, 512, 568, 587
 ақай 22
 ақау 22, 44, 69
 аққұла 25
 Ақмоншақ 516
 ақпа 25
 ақпан 25
 ақпар 25
 ақса- 513
 ақсақ 25, 438
 ақсақал 56
 ақсарбас 25
 ақсүйек 26
 ақта 516
 ақта- 26, 41, 145, 478, 516, 521
 Ақтабан 516
 ақтай 30
 ақтан 26
 ақтар- 27, 63, 310, 413, 501, 582, 586
 ақты 27
 ақтық 27, 124, 279, 457
 ақты-қара 27
 ақтылы 27, 32
 ақша 27
 ақша 27
 ақшам 27, 43
 ақшелек 515
 ақы 11, 30, 252, 283, 310, 356, 478, 484,
 509
 ақыл 9, 27, 28, 29, 169, 408, 486
 ақылдас- 301
 ақыл-ес 28
 ақымақ 29, 333, 424
 ақын 174, 272
 ақыр 29, 226
 ақыр- 75, 435
 ақырғы 510
 ақырет 29, 510
 ақыры 29, 30
 ақырын 424
 ал: ал ендік, ал шымылдық 35, 39
 ал: ал кәнекей 37
 ал- 9, 22, 28, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 38, 39,
 40, 42, 43, 44, 46, 47, 48, 49, 54, 58,
 60, 61, 63, 65, 66, 67, 70, 74, 75,
 76, 78, 79, 81, 88, 89, 94, 95, 96, 99,
 101, 103, 104, 106, 110, 113, 114, 117,
 118, 119, 121, 122, 123, 125, 126, 127,
 129, 131, 135, 137, 140, 142, 143, 144,
 145, 151, 153, 156, 157, 158, 160, 162,
 166, 167, 171, 173, 174, 175, 178, 182,
 186, 189, 191, 192, 193, 197, 199, 204,
 207, 209, 210, 211, 212, 214, 217, 222,
 223, 226, 229, 231, 234, 236, 240, 241,
 242, 244, 245, 247, 250, 252, 253, 255,
 258, 261, 262, 263, 273, 274, 275, 277,
 279, 283, 285, 286, 287, 290, 291, 294,
 295, 296, 301, 302, 309, 312, 313, 319,

- 320, 321, 328, 329, 330, 331, 332, 336,
339, 340, 342, 343, 344, 346, 348, 351,
352, 353, 356, 357, 360, 364, 366, 367,
368, 369, 372, 376, 377, 378, 379, 382,
383, 386, 387, 389, 391, 392, 393, 398,
404, 405, 406, 409, 411, 413, 416, 417,
419, 420, 421, 422, 423, 425, 427, 428,
429, 432, 434, 437, 438, 440, 441, 443,
445, 446, 448, 452, 456, 457, 458, 459,
460, 461, 463, 465, 467, 469, 471, 472,
473, 474, 475, 479, 480, 481, 486, 487,
488, 493, 495, 500, 501, 502, 509, 510,
511, 513, 516, 517, 518, 523, 525, 526,
529, 530, 531, 532, 534, 536, 540, 541,
543, 545, 548, 554, 555, 557, 558, 561,
563, 564, 565, 574, 576, 578, 579, 580,
586
- ала 10, 12, 30, 31, 32, 33, 37, 81, 120, 129,
160, 172, 263, 266, 276, 329, 357, 392,
454, 517
- алабырт 30
алағай-былағай 30
алаған 112
алағаншық 30
алағыз- 30
алай-түлей 23, 584
алакеуім 492
алақан 31, 73, 365
алақандай 53, 85, 259
алақаншық 30
алалы 32, 52
аламан 32
алаң 32, 89, 275, 277
алаңғасар 32
алапат 32
алар- 32, 252
алас 32
аласа 114
алас-алас 32
аласы 37
Алатау 52
алау 33
алау-далау 33
алау-жалау 33, 584
алаш 33, 37
алаша 517, 550
албасты 33, 321, 516
албарлы 32
албырт 33
алғы-бергі 33
алғыс 23, 33, 398
алғыш 180, 532
алда: *алда ғана көк шешек-ай...* 33
алда- 33, 252, 262, 279
ал-дал 33
алдамшы 33
алдияр 34
алды 12, 34, 35, 49, 91, 94, 107, 114, 158,
168, 177, 252, 346, 386, 425, 530, 582
алды-арты 34
алдымен 85
алжас- 466
алжы- 466
алқа 26
алқа-қотан 35
алқам-салқам 35
алқым 28, 35, 180, 428
алқын- 180, 428
алқын-жұлқын 35
- алла 12, 24, 35, 36, 54, 189, 303, 382, 439
алма 36, 37, 342, 516
алмағайып 36
алма-кезек 36
алмас 37
алмас- 179
алпамсадай 37
алпыс 29, 37, 548
алтайы 37
алты 15, 21, 29, 30, 37, 38, 39, 63, 71, 113,
190, 485, 546, 548
алтын 18, 38, 39, 58, 92, 99, 137, 359, 447,
452, 460, 463, 548, 584
алтындай 454
алтынды 38
алтын-күміс 38
алуан 407
алушы 352
алшақ 39
алшаң 39
алшаңда- 39
алшы 39, 54
алшылы 39
алым 25
алым-берім 39
алып-жұлып 39
алыс 21, 39, 40, 57, 75, 76, 78, 114, 198,
511
алыс- 40, 54, 70
алыста- 45
амал 18, 19, 40
амал-айла 40
амалшы 52
аман 18, 40, 58, 95, 99, 154, 159, 286, 424
аманат 40
амандас- 40, 450, 569
амандық 40
аман-есен 40
аман-жаман 40
Америка 40
ана 11, 40, 41, 210, 218, 425
аналықтай 56
анау-мынау 41
анда- 41
аннан-саннан 75
ант 41, 42, 356
антала- 41, 334
ант-имандай 42
анық 16, 27, 42, 253
анық-қанық 42
аң 12, 42, 207, 545
аң: *аң болды* 42
аңғал 42, 105
аңғар- 165, 418, 465
аңғардай 516
аңғырт 42
аңда- 43, 76, 78, 161, 465
аңды- 42, 47, 300, 338, 376, 484, 491, 579
аңқа 42
аңқай 63
аңқау 42, 105
аңқы- 236
аңқылда- 107
аңла- 42
аңса- 42, 74
аңсар 42
аң-таң 42, 139
аңыз 42
аңызак 42

аңыр- 42
аңырқа- 42
аңысын 43
апа 10, 137, 500
апай 43
апак-сапақ 43
апалақта- 43
апалаң-топалаң 43
апәпи-бопәпи 43
апар- 179, 508
апат 43
апқа-сапқа 43
Аплатон 29
Аплатондай 29
апшақ 43, 63, 262, 470
ап-сап 43
апта- 19, 38, 53
апталық 43
аптап 43
аптұщы 37
аптық 43
апшы- 43
апы 43
апыл-ташыл 43
апыр-топыр 44
ар 12, 26, 39, 46, 47, 51, 52, 55, 117
ар: *ар жақ* 37, 46, 454
ара 16, 25, 44, 45, 148, 156, 157, 158, 198,
335, 373, 432, 435, 465, 556
арадай 44, 92
араз 44, 486, 582
араздық 95
арай 38, 370, 493
арай-арай 518
арақ 36
арала- 160
аралас 71, 352, 582
аралас- 120, 144, 316, 464, 580, 582
арам 13, 26, 44, 45, 110, 239, 406, 493, 524
арамда- 44
арамдық 44, 280
арамза 44
арамы 520
аран 13, 45, 584
арандай 67
арасат 45
аратпа 290
араша 45
арашала- 46, 102
арашашы 45
арба- 61
арғы 46
арғы-бергі 46
арғымақ 515
арда 46, 516
ардақ 46
ар жақ-бер жақ 26
арзан 46
арзы- 463
арқа 41, 46, 47, 49, 173, 193, 198, 236, 238,
443, 509
арқа-бас 46
арқа-етек 46, 47
арқала- 394, 466, 497, 545
арқан 30, 47, 165, 372, 392, 509, 541, 549
арқан-жіп 549
арқар 56
арқау 47, 48, 541
арла- 51, 55

арлы 464
арман 48, 438
арманда 48
арна 48
арна- 510
арпадай 48
арса 47
арса-арса 48
арсақ 48
арт: *арт қылды* 49
арт- 78, 87, 108, 129, 142, 149, 234, 303,
342, 376, 392, 428, 451, 467, 487, 494,
550, 575
артқы 20, 49, 334
артпа 234
арты 12, 16, 34, 35, 48, 49, 73, 97, 126, 219,
234, 286, 295, 356, 510, 544, 582
артық 49, 99, 430, 493
артым 234
ару 51, 333, 514
аруақ 49, 50, 51, 63, 252, 432, 510, 537
аруақ-құдай 50
аруақтан- 50
аруақты 50
аруана 514
арула- 22, 24, 57, 481, 510
ар-ұят 51
арша 47
аршы- 51, 102
аршын 37, 51
аршынды 518
ары 56
ары- 57, 63, 506
арыз 149, 182
арыздас- 51
арық 51
арыл- 51, 275, 287, 362, 387, 464, 540
арып-аш- 51
арып-тал- 51
арыс 37, 49, 51, 513
арыстан 51, 166, 587
арыстандай 51, 72
ас 33, 38, 44, 52, 54, 55, 64, 70, 81, 122,
130, 197, 217, 218, 239, 244, 304, 349,
398, 427, 453, 491, 510, 511, 557, 582,
ас- 9, 12, 18, 21, 28, 29, 48, 49, 52, 54, 55,
82, 87, 98, 101, 110, 123, 142, 146, 177,
183, 201, 212, 242, 250, 252, 267, 303,
304, 306, 338, 354, 386, 389, 390, 416,
439, 445, 466, 492, 503, 516, 526, 563,
567, 579, 580
аса 52
аса- 48, 52, 330
асан 52
асар 52
асарын: *асарын асады* 52
асау 52, 95
асаулан- 95
асқақта- 52
асқар 52, 53
асқардай 32
аспа 234, 304
аспан 17, 22, 37, 38, 40, 53, 54, 75, 77, 85,
125, 201, 289, 298, 321, 440, 558
аспанда- 28, 49
аспандай 45
аспап 113
ас-су 54
астамшылық 54

астана 54
 астан-кестен 54
 астапыр-алда 54
 астар 54
 астас- 53
 астаудай 464
 асты 37, 54, 69, 72, 78, 123, 136, 180, 198,
 199, 209, 210, 234, 263, 287, 297, 300,
 312, 342, 391, 392, 396, 397, 463, 468,
 498, 501, 518, 530, 551
 асты-үсті 54, 143
 асу 9, 54
 асулы 54
 асафаһани 54
 асы: *асы болды* 54
 асық 54, 55, 172, 252, 340, 344, 418, 463
 асық- 13, 184
 асықтай 38, 237, 418
 асыл 55, 395, 475
 асылық 54
 асым 132, 170
 асыр 55
 асыра- 55, 491, 498
 ат 10, 14, 18, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64,
 86, 89, 107, 108, 164, 175, 176, 179,
 213, 218, 234, 269, 304, 353, 365, 390,
 463, 482, 488, 505, 507, 510, 511, 515,
 516, 517, 520, 528, 558, 563, 571
 ат- 10, 13, 20, 21, 31, 39, 40, 41, 50, 57, 59,
 60, 63, 66, 84, 144, 175, 179, 189, 192,
 223, 252, 253, 261, 268, 269, 283, 290,
 326, 330, 331, 345, 356, 365, 369, 381,
 390, 414, 415, 423, 460, 492, 493, 494,
 529, 559, 561, 564, 566, 575, 579, 583
 ата 11, 46, 55, 57, 110, 111, 176, 202, 208,
 220, 295, 305, 307, 351, 425, 430, 465,
 475, 510, 514, 518, 524, 526
 ата- 56, 57, 62, 81, 176, 194, 356, 510, 514
 ата-баба 55
 атақ 55, 56, 62, 176, 179
 аталы 56, 465
 аталықтай 56
 атам: *атам заман* 56
 атан 56, 58, 61, 514, 515
 атандай 403
 атанша 514
 атастыр- 57
 ат-атақ 57
 атау 583
 атау-кере 57, 248
 атаулы 11, 62, 207
 атаусыз 57
 атжалмандай 58
 ат-көлік 58
 атқар- 349
 атой 60
 атта- 21, 29, 30, 50, 51, 90, 124, 145, 172,
 239, 460, 509, 545, 546
 аттай 60, 213, 214, 310, 484, 547, 559
 аттам 132, 332, 333
 аттан- 18, 61, 287, 411, 510, 516
 ат-тон 61
 атты 70, 176, 179, 194, 271, 451
 ат-шаған 61
 аты-жөні 62
 атыздай 158, 259
 атылас 550
 атым 132, 414
 атымды 62

Атымтай 62
 Атымтайдай 62
 ау 64, 70
 ау- 28, 29, 42, 60, 63, 84, 88, 99, 109, 113,
 116, 161, 168, 198, 277, 293, 352, 407,
 411, 437, 450, 574
 ауа 53
 ауалан- 63
 ауғын 26
 аудар- 63, 165, 190, 198, 211, 213, 252,
 262, 274, 296, 349, 401, 484, 499, 579
 аударыспақ 511
 аужай 63
 аужал 63
 аужар 63, 509
 аузы-аузына 64
 аузы-басы 64
 аузы-мұрны 65, 68, 389
 ауқат 69
 ауқатты 69
 аула 12
 аула- 279
 аулақ 69, 118, 122, 180, 580
 аумалы-төкпелі 69
 ауна- 288
 ауру 69, 70, 454
 аусыл 70
 ауыз 13, 17, 21, 22, 29, 30, 31, 33, 34, 41,
 49, 51, 52, 57, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69,
 70, 71, 85, 109, 132, 137, 150, 156, 157,
 159, 160, 164, 166, 168, 176, 178, 179,
 180, 181, 184, 188, 195, 204, 210, 214,
 244, 246, 248, 252, 262, 266, 268, 273,
 282, 300, 304, 306, 309, 316, 340, 353,
 365, 370, 389, 412, 419, 426, 428, 429,
 432, 438, 443, 454, 467, 470, 494, 495,
 502, 504, 516, 517, 535, 538, 544, 551,
 580
 ауызба-ауыз 70
 ауызда- 70
 ауыздай 70
 ауыздан- 438
 ауызды 70, 132, 195, 419
 ауыздық 70
 ауызекі 70
 ауық 132
 ауыл 69, 71, 72, 129, 178, 351, 508, 510,
 548
 ауыл-аймақ 71
 ауылдас 86
 ауыр 49, 64, 72, 75, 172, 197, 198, 274, 400,
 417, 475, 506
 ауыр- 67, 72, 95, 99, 112, 172, 184, 279,
 365, 584
 ауырла- 75, 122, 211
 ауырлық 72
 ауыртпалық 72
 ауыс- 77, 90, 93
 ауыт 72
 ау-һау 518
 аш 30, 52, 72, 73, 74, 94, 372, 473
 аш- 13, 18, 24, 27, 31, 35, 36, 40, 45, 49, 64,
 67, 68, 73, 74, 87, 88, 92, 102, 114, 116,
 151, 168, 169, 170, 174, 188, 206, 210,
 224, 250, 253, 255, 260, 264, 265, 271,
 274, 275, 277, 285, 286, 287, 290, 298,
 299, 313, 331, 341, 347, 361, 363, 368,
 386, 387, 395, 416, 418, 452, 456, 464,
 465, 467, 482, 508, 509, 513, 519, 527,

- 529, 532, 542, 550, 556, 575, 580, 586
аша 19, 30, 72, 514
ашамай 515
ашаң 72
ашар-ашпастан 70
аш-арық 72
ашқарақ 73
ашқарақтан- 73
ашпа-жалап 73
ашу 29, 35, 74, 170, 236
ашу-жанжал 74
ашулан- 282
ашу-ыза 74
ашы- 99, 184, 391, 582, 584
ашық 16, 35, 53, 54, 64, 74, 99, 168, 212,
260, 270, 347, 387, 556, 583
ашып-жұмғанша 255
ашы 74, 75, 188, 362, 481, 523, 535
аю 75, 249
аюдай 75, 435
ая 31, 73
ая- 75, 94, 181, 323, 459
аядай 78
аяз 47, 78, 266, 372, 454, 568
аяздай 46
аяқ 12, 30, 50, 51, 53, 55, 58, 68, 75, 76, 77,
78, 79, 81, 97, 98, 100, 102, 104, 132,
156, 159, 163, 177, 178, 195, 198, 204,
208, 211, 214, 237, 250, 298, 313, 353,
377, 417, 424, 425, 426, 453, 465, 468,
470, 479, 484, 507, 511, 513, 516, 520,
549, 550, 567, 678
аяқ-қол 79
аяқсыз 79
аяқта- 513
аяқ-табақ 79
аяқтай 516
аяқтан- 79, 503
аяқты 70, 156, 513
аял 79
аяла- 31, 186
аялда- 517
аян 79, 83, 425
аяныш 79
аяң 135, 479
аяңда- 52
аят 79, 235
аh 72, 331, 540
- әбес 10, 80
әбестік 10
әбзел 164
әбігер 32, 80
әбілет 33
әбілхаят 9
әдді 82, 83
әдеп 80
әдет 478
әділ 80, 404
әділет 80, 333
әдіре 13
әдірем 13
әже 17
әжеп 80
әжет 81
әжім 81
әз 81
әзәзіл 44
- әзәзілдей 81
әзел 81
әзіз 81
әзер 81, 476
әзіл 81
әзір 81, 93
әзірейіл 81
әзірет 81
Әзірет Әлі 81
әй 17, 81
әйгілі 62, 202
әйел 38, 75, 81, 337, 369, 400, 455, 522
әйелдей 89
әйт 81
әй-шәй 86
әке 81, 82, 355, 406, 425, 430, 500
әкей-үкей 81
әкел- 390, 509, 532
әкет- 10, 66, 67, 345, 366, 533, 548, 579
әккі 82
әл 82, 83
әл-дәрмен 82
әлде 82
әлдеқандай 82, 314
әлдекім 82
әлден 82
әл-дирман 82
әлей 82
әлек 75, 82, 83, 90, 101
әлек-шәлек 83
әлекей-шәлекей 83
әлекедей 82
әлем 16, 19, 83, 417
әлем-жәлем 584
әлем-тапырық 83
әлеңкідей 82
әлеумет 16
әл-күш 83
әлмисақ 56, 83
әлпет 113, 465
әлпеште- 83
әлтек-тәлтек 83
әлім: *әлім жетті* 83
әлім-берім 83
әлімсақ 56, 83
әліп 83
әмбе 19
әмпай-жанпай 43
әмпей-жәмпей 84
әмпейлес 84
әмір 35, 84
әміркен 84
ән 9, 84
әнбие 212
әнгелсәк 84
әншейін 84
әнімен: *әнімен құлады* 84
әні-міне 84
әңгіме 39, 84, 130, 147, 361, 379, 381, 541
әңгіме-дүкен 84, 151
әңгімелі 84
әңгір 84, 101, 512
әңкі-тәңкі 84, 99
әпер- 243, 303, 402
әпер: *әпер бақан* 84
әпкей-үпкей 81
әр 84, 85, 416
әр-берден 84

әрбір 85
 әрең 85
 әркім 85
 әрмен 56
 әруақ 50, 55
 әрі 85, 250
 әрі-сәрі 85
 әсер 85
 әскер 507
 әсіре 85
 әттең 85
 әттеген-ай 320
 әу 85
 әудем 85, 132
 әужал 63
 әуе 53, 85, 283
 әуез 85
 әуезе 85
 әуел 85
 әуелі 85, 146
 әуен 85, 86
 әуес 86
 әуке 86
 әулекі 72, 86
 әулие 86, 202, 282, 509
 әуілде- 367
 әуре 82, 86, 212, 237
 әуре-сарсаң 82, 86, 454
 әуселе 86
 әшкере 86
 әш-пүш 84, 86

ба 40, 53, 59, 357, 415, 567
 баба 87, 220, 514
 бабай 87
 баға 51
 бағана 87
 бағзы 88
 бағлан 87, 517
 бадал- 94
 бадана 88
 бадырақ 88
 бадыраң 88
 баз 88, 89, 412
 базар 81, 88, 94, 314
 базарлы 385, 555
 базына 89
 базыналық 89
 баж 88
 бажа 510
 бажай 88
 бай 89, 147, 324, 386, 387, 455, 583
 байбалам 89
 байғазы 89
 байғұс 89, 478
 байқа- 9, 63, 93, 272, 334, 480, 482, 491
 байқұтан 239
 байла- 15, 28, 57, 77, 83, 88, 89, 95, 100,
 110, 119, 124, 167, 205, 225, 237, 253,
 316, 319, 321, 330, 342, 365, 379, 414,
 432, 437, 460, 496, 499, 510, 517, 518,
 519, 527, 530, 532, 533, 535, 563, 566,
 571, 582
 байлам 89
 байлау 89, 342, 438, 469
 байлаулы 89, 270, 507
 байлаушы 253
 байлық 70, 89, 90, 162
 байпақ 90, 557

байсалды 175, 349
 байсалдылық 122
 байтақ 90, 162
 байтал 90, 516
 байталды 175
 байтерек 120
 Байтолла 90
 байшөпек 90
 Байшұбар 516
 байы- 290, 415, 557
 байым: *байым қылды* 90
 байып 90
 бақ 35, 36, 87, 88, 90, 91, 98, 165, 263,
 387
 бақ- 28, 44, 63, 68, 70, 71, 83, 87, 93, 102,
 114, 120, 140, 143, 159, 181, 264, 268,
 289, 292, 300, 321, 334, 338, 400, 437,
 465, 498, 517, 518, 561, 578, 579
 бақа 30, 239, 266, 537
 бақадай 68, 538
 бақай 90, 185, 516
 бақайшақ 90
 бақан 11, 30, 37, 84, 90, 508, 549
 бақауыл 52
 бақ-бақ 518
 бақ-дәулет 90
 бақи 90, 140, 151, 433
 бақсы 91, 92
 бақсыдай 222, 223
 бақ-талай 88, 489
 бақты 88
 бақыл 91, 147, 431
 бақылда- 246
 бақылдас- 91
 бақыр 89, 91, 321
 бақыр- 435, 515
 бақырай- 262
 бақырауық 515
 бақыт 87, 88, 90, 91
 бақытты 91
 бал 10, 91, 92, 94, 286, 335, 371, 479, 493
 бала 12, 32, 37, 46, 49, 81, 91, 92, 110, 120,
 123, 125, 172, 181, 182, 209, 218, 282,
 291, 324, 327, 332, 333, 342, 343, 350,
 371, 395, 398, 404, 413, 419, 425, 430,
 455, 513, 518, 527, 544, 566
 бала- 122, 185
 баладай 92
 балағат 92
 балақ 67, 91, 177, 247, 314, 375, 394, 568
 балалық 91, 283
 балалап 92, 190, 375
 балаша 92
 бала-шаға 92
 балғадай 15
 балдақ 92
 балдама 92
 балды 92
 балдыз 510
 баллиға 92
 балқан 92, 93
 балқаш 29
 балқы- 106, 122, 328, 475
 балта 16, 92, 93, 396, 491, 527, 560
 балтам 463
 балтыр 93, 99
 балуан 93, 511
 бал-шекердей 93
 балшық 93

- балыға 92
 балық 93, 431
 балықтай 460
 бап 87, 93, 375
 бапта- 375
 бар 17, 39, 40, 48, 57, 68, 69, 77, 81, 85,
 93, 94, 103, 112, 114, 118, 134, 143,
 144, 167, 170, 174, 179, 184, 187, 203,
 216, 239, 243, 258, 262, 277, 287, 294,
 310, 337, 341, 348, 357, 359, 360, 366,
 369, 387, 395, 401, 406, 407, 427, 449,
 452, 463, 468, 469, 470, 489, 504, 507,
 517, 532, 536, 538, 555, 559, 575, 579,
 583
 бар- 14, 21, 64, 79, 90, 93, 94, 96, 105, 125,
 152, 164, 180, 193, 197, 212, 218, 219,
 240, 265, 273, 305, 339, 341, 406, 426,
 464, 488, 493, 507, 544, 546, 551, 578,
 585, 586, 587
 барабан 93
 баран 93, 517
 барқадар 93
 барқын 375
 бармақ 92, 94, 374, 416, 440
 баршын 81, 375
 барымта 94
 бас 10, 12, 34, 36, 51, 54, 56, 57, 58, 61,
 76, 88, 89, 90, 91, 94, 95, 96, 97, 98,
 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106,
 120, 123, 129, 132, 134, 141, 145,
 146, 147, 148, 153, 156, 157, 164,
 169, 174, 178, 191, 196, 200, 219,
 227, 237, 238, 239, 243, 247, 272,
 273, 278, 283, 289, 306, 309, 310,
 314, 316, 319, 330, 335, 337, 338,
 340, 341, 342, 353, 354, 355, 356,
 367, 369, 375, 377, 385, 386, 395, 398,
 408, 416, 419, 422, 424, 426, 427, 449,
 456, 458, 462, 464, 470, 495, 503, 505,
 507, 511, 516, 517, 518, 519, 525, 528,
 544, 546, 549, 550, 551, 557, 561, 566,
 568
 бас- 12, 15, 18, 21, 31, 33, 39, 43, 49, 50,
 51, 59, 68, 74, 76, 77, 78, 79, 81, 83,
 84, 92, 93, 94, 97, 99, 106, 112, 115,
 117, 123, 127, 128, 159, 170, 174, 178,
 188, 192, 194, 197, 224, 228, 235, 247,
 251, 253, 261, 263, 271, 277, 279, 281,
 284, 285, 292, 295, 296, 298, 302, 305,
 309, 314, 321, 322, 327, 329, 332, 333,
 338, 339, 340, 347, 362, 363, 379, 383,
 388, 396, 399, 400, 404, 406, 411, 417,
 420, 422, 429, 432, 440, 449, 453, 457,
 460, 462, 463, 475, 487, 488, 491, 493,
 494, 498, 524, 526, 532, 537, 550, 558,
 564, 574, 578, 580, 581
 бас-аяқ 95
 бас-бас 518
 баса-көкте- 94
 бас-көз 96
 басқа 16, 57, 62, 90, 132, 158, 163, 184,
 228, 413, 426, 472, 482, 540
 басқар- 33
 басқұр 549
 баспақ 517
 баспақшы 97
 баста 85, 519
 баста- 160, 161, 204, 211, 342, 364, 410,
 434, 465, 485, 503, 509
 бастан 85, 156, 355, 410
 бастаңғы 507
 бастас 89, 105
 бастау 245
 бастаушы 204
 басты 37, 38, 91, 156, 171, 178, 202, 210,
 377, 437, 451, 463, 548
 бастық 369
 бастылық 171
 бастырық 70, 549
 басшы 570
 басшылық 182
 басы-көзі 100
 басым 49, 94, 494
 басыр 104
 бат- 21, 22, 46, 52, 53, 54, 57, 90, 92, 93,
 104, 105, 112, 122, 154, 186, 217, 223,
 239, 251, 259, 289, 290, 293, 296, 302,
 305, 314, 326, 336, 342, 359, 370, 371,
 391, 415, 444, 450, 468, 470, 472, 496,
 500, 522, 523, 529, 538, 562, 570, 571,
 582
 бата 23, 104, 105, 417, 501, 507
 Батма 119
 батпақ 391
 батпан 37, 105, 118, 387
 батпандай 105
 батсайы 550
 батта 437
 батти- 105
 батық 105
 батыл 105
 батылдық 125
 батыр 42, 89, 105, 194, 250, 333, 465
 батыр- 94, 177, 531
 бау 106, 119, 330, 375, 505, 507, 546, 549
 баудай 105
 баулы 504
 баулы- 163, 223
 баура- 106, 181
 бау-шарбақ 71
 бауызда- 385
 бауыздау 106
 бауыр 40, 58, 79, 99, 106, 107, 132, 166,
 170, 191, 306, 321, 411, 495
 бауырла- 106, 198
 бауырсақ 405
 бауырымда- 106
 бахым 107
 баһар 107, 263
 башай 107
 бая 107
 баяғы 107
 баян 107
 баяндай 340
 бәддуга 107
 бәдік 107, 286
 бәйбіше 56, 415, 510
 бәйге 95, 99, 107, 108, 511, 516
 бәйгелі 63
 бәйек 108, 470
 бәйіт 108
 бәлден- 108
 бәле 72, 96, 100, 101, 108, 440, 441
 бәлекет 108
 бәлелі 440
 бәрекелді 105
 бәрі 108, 125, 462, 480
 бес 108, 132, 401

бәсе 108, 155
бәсең 10
бә 72, 167, 199, 368, 459
бәбеу 108
бәдел 108
бәдеу 109, 401, 488, 515, 516
бәз 44, 109
бәз- 26, 46, 51, 109, 160, 183, 519
бәзбен 109
бәзгелдек 389
бәзе- 371, 535
бәзекте- 109
бәзер 23
бәйбақ 109, 464
бәй-жай 109
бәйқадыр 109
бәйне 109, 152
бәйпіл 109
бәйрат 109
бәйшара 478
бәйіл 23, 45, 109, 110, 441, 442
бәйілді 132
бәйім 110
бәйіш 110, 210, 459
бек 110, 327
бекбике 111
бекем 110
бекі- 64, 122, 126, 127, 166, 274, 279, 495
бел 9, 52, 72, 110, 111, 112, 113, 129, 130,
154, 171, 209, 287, 355, 364, 374, 432,
454, 496, 499, 516, 531, 568
белбеу 38, 110, 124
белгі 17, 49, 97, 111, 352
белгілі 109, 111, 113, 202, 272
белгісіз 111
белдеу 549
белдеулен- 492
белді 111
белдік 209
белсенді 10
белуар 112
белше 415
белшесінен 112, 570
бенде 442
бер- 9, 11, 14, 20, 22, 26, 28, 30, 41, 45,
47, 49, 52, 54, 60, 66, 68, 70, 74, 79,
82, 84, 85, 87, 89, 90, 91, 95, 100, 102,
104, 108, 109, 111, 112, 113, 117, 120,
123, 125, 129, 141, 142, 143, 144, 148,
149, 153, 161, 162, 165, 166, 167, 179,
181, 187, 189, 191, 194, 195, 198, 199,
203, 204, 207, 211, 212, 213, 216, 217,
218, 221, 222, 228, 230, 231, 233, 234,
245, 261, 273, 274, 279, 280, 284, 286,
306, 308, 311, 313, 314, 342, 346, 347,
349, 355, 356, 358, 361, 366, 372, 375,
376, 379, 381, 382, 383, 387, 389, 392,
395, 396, 398, 403, 407, 409, 416, 417,
418, 422, 424, 433, 434, 437, 439, 443,
444, 446, 448, 449, 452, 454, 458, 460,
462, 463, 465, 466, 468, 474, 476, 478,
480, 481, 492, 494, 495, 501, 506, 507,
508, 509, 510, 511, 513, 516, 517, 525,
526, 528, 530, 531, 532, 533, 535, 537,
544, 550, 554, 556, 557, 558, 559, 562,
570, 571, 576, 580
береген 112
береке 112, 113, 419
берекелі 427

берен 92, 113
бересі 37
бермен 116
бері 56, 83, 85, 87, 116, 202, 254, 314
берік 42, 64, 69, 106, 124, 146, 154, 187,
265, 359, 481, 496, 572, 580
беріс: *кіре беріс, қаға беріс* 297, 302
беріш 216
бес 37, 113, 118, 129, 132, 157, 165, 203,
304, 387, 443, 463, 464, 576
бесенеден 113
бесті 113, 482, 516
бесік 38, 41, 113, 164, 507, 519, 550
бесіктей 93
бесін 113, 298, 542
бет 14, 19, 27, 36, 81, 89, 112, 113, 114,
115, 116, 117, 118, 119, 125, 130, 132,
160, 195, 203, 213, 235, 246, 298, 322,
355, 356, 385, 406, 423, 426, 428, 450,
482, 495, 509, 510, 524, 557
бет-аузы 114
бетеге 114
бет-жүз 114, 118
беткей 132
беттет- 181
бетті 72, 90, 157
би 84, 89, 119, 157, 301, 427, 475, 511,
519, 524
Бибатпа 119
Бибибатпа 119, 391
Бибісара 119
Бибі Батпа, Бибі Қадима, Бибі Фатима
119
Бибі-Бәтима 391
бида 461, 515
бидай 24, 119, 462, 535
бидайша 119
бидарқа 119
бидей 362
бие 16, 98, 109, 113, 133, 354, 516, 519,
526
бизар 119
бике 307, 384, 510
бикеш 510
биле- 74, 119, 122, 123, 160, 279, 428, 503,
528
билік 84, 119, 426
бит 91, 119, 120, 393, 404, 469, 489, 551
биттей 119
биялай 119
биік 52, 114, 120, 163, 436, 555, 558, 572
бодам 120
бодан 120
боз 21, 120, 125, 163, 206, 341, 427, 451,
514, 515, 517, 548
боза 120
бозамық 120
бозар- 135, 492
бозбала 376
бозда- 120, 125, 218, 515
боздақ 117, 120, 515
бой 14, 55, 82, 95, 120, 121, 122, 123, 151,
251, 274, 284, 306, 307, 428, 432, 582
бойда 463
бойдақ 477
бойла- 44, 266, 411, 433
бойлы 230, 330, 420
бойы 47, 58, 140, 174, 191, 196, 286, 290,
366, 378, 401, 414, 433, 434, 490, 498,

- 521, 522, 527
 боқ 120, 123, 152, 237, 294, 340, 347, 359,
 418, 427, 457, 527, 573
 боқ-сідік 120
 боқта- 520
 боқтай 359
 боқташақ 123, 435
 бол- 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19,
 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30,
 32, 33, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44,
 45, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 57, 59,
 62, 63, 64, 66, 69, 70, 72, 73, 77, 78,
 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 88, 89,
 90, 91, 92, 93, 95, 96, 99, 100, 103,
 105, 106, 107, 109, 110, 111, 115, 117,
 119, 120, 123, 124, 125, 126, 128, 129,
 130, 131, 133, 134, 135, 136, 137, 139,
 141, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150,
 152, 153, 155, 156, 157, 158, 159, 160,
 161, 163, 165, 166, 167, 168, 171, 172,
 173, 175, 176, 178, 179, 184, 185, 190,
 191, 193, 194, 195, 197, 198, 199, 201,
 203, 204, 205, 206, 207, 209, 211, 214,
 215, 216, 221, 223, 224, 226, 227, 228,
 229, 230, 233, 235, 236, 238, 239, 240,
 242, 243, 244, 245, 246, 248, 249, 252,
 253, 254, 256, 258, 259, 261, 265, 268,
 270, 271, 272, 273, 274, 275, 277, 278,
 279, 281, 282, 283, 285, 286, 288, 289,
 290, 291, 292, 294, 295, 297, 298, 301,
 302, 303, 304, 306, 307, 308, 312, 313,
 314, 316, 318, 320, 321, 322, 323, 324,
 325, 326, 327, 328, 331, 332, 333, 334,
 336, 337, 339, 340, 341, 342, 343, 344,
 345, 346, 349, 351, 352, 353, 355, 360,
 361, 363, 364, 365, 366, 367, 369, 370,
 371, 372, 375, 376, 377, 378, 381, 382,
 383, 384, 385, 386, 387, 388, 389, 390,
 391, 392, 394, 395, 397, 398, 399, 401,
 402, 403, 405, 406, 407, 408, 409, 410,
 412, 413, 414, 415, 416, 417, 418, 419,
 422, 424, 425, 426, 427, 429, 432, 433,
 437, 438, 439, 440, 441, 442, 443, 444,
 446, 447, 449, 450, 451, 452, 453, 454,
 455, 456, 457, 458, 459, 460, 463, 467,
 468, 469, 470, 471, 472, 473, 474, 476,
 477, 478, 479, 480, 482, 483, 484, 486,
 487, 488, 489, 490, 491, 492, 493, 494,
 495, 497, 499, 500, 503, 505, 510, 512,
 513, 514, 516, 517, 518, 520, 522, 523,
 524, 526, 527, 532, 533, 534, 537, 539,
 540, 542, 543, 544, 546, 547, 551, 552,
 553, 554, 555, 557, 558, 559, 561, 562,
 563, 564, 565, 566, 567, 568, 570, 572,
 574, 576, 577, 579, 580, 581, 582, 583,
 584, 585, 588
 болат 123, 254, 516, 559
 болбыра- 234
 болжа- 272
 болым 124
 болымсыз 124
 болыстық 124
 бопса 105
 бор 124, 583
 боран 23, 495, 525
 борандат- 322
 борандық 133
 борасын 194
 борбай 47, 322, 327, 858, 566
 борбас 120
 бордай 120, 124, 583
 бордақы 517
 боржа 124
 борла- 556
 борсық 130
 борша 47, 124
 бос 100, 124, 125, 126, 204, 285
 бос- 224, 277, 291
 боса- 37, 46, 55, 100, 123, 127, 182, 190,
 198, 213, 224, 272, 277, 347, 392, 506,
 530
 босаға 124, 509, 548
 босқа 125
 босғау 224
 бота 125, 514, 515, 516
 ботадай 125, 515
 ботала- 125
 бота-тайлақ 71
 ботқа 120
 бошала- 217, 515
 боя- 253, 314, 328, 371, 374, 416, 527
 бояу 123, 469
 бояушы 253
 бөбек 92
 бөгенайла- 125
 бөгөуіл 125
 бөдене 125
 бөже- 125
 бөз 67, 125
 бөк- 90, 370, 383, 385
 бөкен 23, 125, 516
 бөкендей 516
 бөксе 285, 454
 бөл- 31, 79, 160, 162, 197, 224, 273, 277,
 308, 325, 379, 414, 480, 527
 бөле 332, 510
 бөле- 91, 142, 444
 бөлек 30, 130, 163, 207, 413, 420, 472,
 524, 580
 бөлеу 375
 бөліс- 125
 бөрі 125, 126, 239, 267, 539
 бөрідей 72, 489, 545
 бөрік 37, 96, 125, 312, 544
 бөрік- 126
 бөрт- 369
 бөрте 517, 545
 бөртпе 375
 бөтен 30, 126, 160, 480
 бөстек 550
 бу 126, 127, 128
 бу- 65, 74, 110, 111, 126, 165, 190, 211,
 222, 398, 403, 499, 560
 буаз 126, 195
 булық- 74
 бура 45, 126, 289, 404, 514
 бурадай 126, 188, 319, 368, 403, 515
 бурыл 126, 517, 539
 буулы 126
 буын 126, 127, 190, 242
 буынсыз 126
 буыршын 514
 бұғақ 127
 бұғалық 127, 517
 бұғана 127
 бұғау 127, 535
 бұдыр 485
 бұз- 42, 56, 95, 110, 112, 127, 145, 181,

- 154, 170, 171, 245, 291, 304, 306, 312,
336, 406, 409, 413, 419, 435, 446, 460,
479, 518, 528, 542, 545, 560, 564, 572,
580
- бұзау 84, 127, 287, 305, 517
бұзаудай 89, 523
бұзаула- 517
бұзық 318, 441
бұйда 237, 364, 515
бұйдала- 127
бұйкыт 128
бұйра 342
бұйрық 12, 23, 35, 84, 128, 232
бұйрықты 23
бұйым 128, 432
бұйым-боқша 128
бұйымтай 128
бұйыр- 128, 144, 284, 356, 369, 506, 510
бұқ- 73, 112
бұқа 128, 253, 364, 514, 517
бұқара 311
бұқары 550
бұқта 210
бұл 128, 288, 394, 411
бұла 128
бұла- 256
бұлақ 256
бұлан 516
бұлан-талан 128
бұлаң 128, 526
бұлау 219
бұлаудай 259
бұлбұл 128, 137, 254, 458
бұлға- 343
бұлғыр 128
бұлда- 449, 468, 469
бұлды 129
бұлдыр 125, 129
бұлжыт 129
бұлқан-талқан 129
бұлсыз 129
бұлт 54, 101, 129, 246, 287, 379
бұлтақ 526
бұлттай 191
бұлық 129
бұлықсы 125
бұр- 57, 102, 114, 117, 119, 130, 274, 393,
585
бұра- 236, 243, 360, 393, 523
бұралқы 129
бұраң 129
бұратана 129
бұрау 129, 372, 517
бұрқ 129
бұрқан-тарқан 129
бұрқасын 194
бұрқ-сарқ 129
бұрқылда- 126, 404
бұрқыра- 126
бұршақ 392
бұршақта- 254
бұрыл- 179
бұрын 13, 129, 237, 293, 324, 375
бұрыс 114
бұрыш 152
бұрышты 143
бұт 78, 129, 130, 177, 331, 348, 371, 424,
566
бұта 129
- бұтақ 130
бүге-шіге 130
бүгімен 119
бүзірік 202
бүйен 130
бүйрек 109, 130, 192, 461, 495
бүйректен- 517
бүйі 130
бүйідей 130
бүйір 73, 130, 389, 516
бүк 39, 130, 526, 531, 586
бүкпе 517
бүкең 130
бүкір 130
бүлде: *үлде мен бүлде* 548
бүлдір- 32
бүлдіргі 131, 160
бүлдіргіш 160
бүлк 114, 116, 130, 131, 215, 585
бүлкек 362
бүлкіл 362
бүлкілде- 272
бүлік 131
бүлін- 32, 131, 222, 557
бүр 485
бүр- 47
бүрке- 496
бүркіт 136, 374, 375
бүркіттей 370
бүрдіктір- 130
бүрсең 131
бүрік- 67, 153, 346
бүріс- 130
бүтін 99, 100, 106, 137, 157, 277, 313,
481, 551, 587
бүтінде- 239
бықпырт 130, 131
бықсы- 46, 342, 586
бықы- 131
былай 131
былға- 518
былқ 131, 172
былш 115, 116, 131
бырдай 131
быртық 516
бытпылдык 125, 305
быт-шыт 131
бытыра- 461, 573
біз 415, 536
біздеі 516
біл- 13, 20, 22, 34, 40, 57, 75, 79, 83, 87,
95, 97, 113, 117, 123, 131, 147, 152,
162, 165, 166, 167, 173, 183, 202, 204,
207, 208, 219, 221, 222, 239, 241, 274,
277, 292, 295, 300, 303, 309, 310, 320,
346, 349, 356, 407, 409, 417, 418, 426,
428, 430, 431, 435, 436, 440, 441, 492,
501, 504, 517, 535, 544, 555, 569, 571,
581, 583, 585
біле- 15
білек 23, 93, 131, 294, 402
білем 133
білеудей 131, 149, 259
білгі 481
білда: *олда білдә* 415
біллә: *олла біллә* 415
білтеле- 168
білім 29, 132
білінер-білінбес 492

- бір 17, 18, 32, 54, 60, 66, 76, 84, 85, 88,
107, 108, 119, 122, 125, 131, 132, 133,
134, 135, 136, 137, 149, 152, 156, 157,
158, 159, 165, 212, 226, 230, 254, 279,
287, 290, 291, 296, 305, 307, 318, 341,
347, 348, 356, 364, 377, 398, 399, 407,
408, 410, 416, 417, 426, 438, 443, 459,
463, 467, 468, 469, 480, 482, 485, 503,
514, 517, 518, 524, 529, 567, 570, 575,
578, 579, 588
- біре 133, 283, 308, 363, 524
- бірегей 133
- бірдей 19, 543, 576
- бірдеме 272, 427
- бірдім: *бірдім болды* 133
- біреу 88, 133, 390
- бірлік 70
- бірнеше 85
- бірік- 97
- бірін-бірі 137
- біт- 10, 40, 43, 57, 106, 121, 122, 130,
132, 133, 146, 148, 164, 170, 177, 181,
195, 202, 206, 250, 254, 263, 271, 272,
275, 277, 291, 303, 305, 306, 313, 322,
348, 349, 360, 361, 367, 385, 387, 389,
395, 420, 432, 447, 456, 464, 476, 486,
490, 496, 507, 510, 516, 519, 521, 532,
539, 550, 554, 561, 563, 572, 581
- біте 199
- бітеу 130, 137, 278, 284, 502
- бітім 148
- гауһар 137, 138
- гәу 243
- гәр- 409
- гүл 138, 206, 303, 370, 416
- гүлдей 138
- ғажайып 139
- ғажап 139
- ғазиз 81
- ғазырет 139
- ғайып 139, 254, 525
- ғалам 202, 417
- ғана 33, 366
- ғау 139
- ғапыл 139
- ғарасат 139
- ғарып 139
- ғаріпшілік 101
- ғасылық 139
- ғашық 139, 140
- ғибадат 140
- ғибрат 140
- ғилман 140
- ғұмыр 140
- ғұрлы 463, 569
- ғұрым 569
- ғылым 140, 202
- да (*жалғаулық шылау*) 15, 38, 48, 53, 54,
55, 65, 84, 91, 96, 103, 123, 129, 133,
136, 152, 175, 179, 189, 199, 213, 219,
294, 305, 315, 337, 352, 377, 385, 394,
398, 399, 406, 411, 416, 417, 428, 446,
452, 463, 470, 487, 497, 504, 512, 520,
522, 532, 539, 543, 545
- дабыл 141, 226
- дабыра 141
- дабыс 141
- дағ 141
- дағара 55
- дай 156
- дай-дай 156
- дайымшылық 141
- дақ 141, 216, 274, 275, 280,
- дақпырт 196
- дал 99, 141
- дала 16, 90, 141, 162, 163, 175, 183, 353,
365, 375, 391, 453, 468, 510, 519, 531
- даладай 141
- далбаса 141, 181
- далбасала- 181
- далдың-дүлдің 142
- дали- 142
- дамыл 142, 529
- даналық 27
- даң 99, 142
- даңғаз 142
- даңғыл 142
- даңқ 55, 62, 142, 333
- дап-дардай 142
- дар 142
- дарақ 458
- дарақы 142
- дардай 142, 463
- дарига 142, 539
- дария 143, 202
- дару 68
- дары- 90, 112, 121, 122, 149, 150, 367,
368, 372, 376, 467
- дастарқан 55, 143
- дат 143, 179
- дау 34, 143, 202, 456
- дауа 69, 143, 148, 399
- дауала- 215, 277
- дау-жанжал 559
- даусыз 49
- дауыл 266, 322
- дауылдай 266
- дауыс 74, 143, 144, 182, 326, 363, 473,
510, 511, 516
- дауысты 362
- деде 144
- дәйек 144, 486
- дал 144, 362
- дәлдек 144
- дәм 52, 144, 145, 152, 405, 499
- дәмдес 144
- дәмдес-түздас 144
- дәмді 144
- дәме 144, 167
- дәм-түз 144, 145, 152
- дән 145, 373
- дәндән 145
- дәнекер 145
- дәнеме 347
- дәнеңе 347
- дәнік- 145
- дәрһаһ 145
- дәрет 145, 298
- дәркүмән 145
- дәрмен 145, 146, 148
- дәрі 146, 406
- дәріп 146
- дәс 146
- дәт 20, 146
- дәу 146, 202
- дәулет 90, 146, 162

- дәурен 102, 146
дәуір 146, 147
дәуіт 147
де (*жалғаулық шылау*) 23, 82, 93, 103,
119, 146, 171, 172, 283, 284, 291, 293,
295, 349, 379, 390, 391, 416, 430, 431,
473, 551, 553, 557
де- 17, 20, 21, 23, 36, 56, 62, 80, 81, 83,
84, 85, 86, 96, 108, 114, 118, 133, 147,
167, 168, 182, 189, 194, 203, 212, 236,
238, 239, 245, 291, 293, 313, 340, 346,
355, 357, 374, 406, 417, 419, 424, 426,
427, 443, 463, 467, 469, 470, 500, 503,
514, 517, 518, 525, 561, 568, 584
дегбір 147
дегішпе 147
дедек 147
дедекте- 147
дейін 90, 130, 147, 164, 166, 239, 582
делбе- 276
делдал 147
делди- 492
делебе 148
дел-сал 85
дем 32, 148, 240, 510
дембел 148
дембелше 148
демде- 277
деме- 50
демесін 36
ден 148
дене 148, 522, 587
денелі 148, 320
дер 148
дерт 148, 149, 173, 181, 216, 217, 461
дертті 148
дес 149
дестеле- 149
дидар 23, 149, 150, 554
дидарлы 175
дихан 149
добалдай 149, 259
дода 144, 449
дозақ 149
доқ 149
долдан- 149
долы 266
дом 149
домала- 307, 497, 503
домалақ 149
доп 12, 463
дорба 149
дос 20, 149, 151, 342, 546
дос-дұшпан 149
деде 549
дөнежін 516
дөнен 150, 276, 516, 517
дөң 150, 518
дөңгелек 150, 152
дөп 150
ду 116, 128, 150
дуа 150, 468
дуалы 64, 150, 468
дуан 202
дуана 150
дуасыз 150
душар 100, 150, 303
дуылда- 517
дұға 150
дұғай 150
дұрыс 407
дұспан 202
дұшпан 55, 149, 151, 155, 333
дүбір 151
дүз 151, 353
дүйім 151
дүкен 151
дүлдүл 442, 515
дүлей 29, 151
дүние 18, 85, 127, 151, 152, 156, 157, 169,
177, 190, 247, 293, 411, 421, 432, 439,
474, 499, 510, 553, 567, 583
дүниелік 123
дүния 72, 439
дүңк 152
дүр 66
дүрараз 152
дүре 152
дүрмек 153, 282
дүррі 153
дүрсе 153
дүрсілде- 214
дүрсін 322
дыбыс 153, 550
дыбысты 153
дығыр 153
дық 153, 274, 275, 279
дым 153, 346, 405, 411
дымақ: *дымағын шық па?* 153
дымкыл 153
дырду 153
дігер 153
дікең 153
ділгір 153
ділгірлік 154
ділдә 340
ділмар 505
дін 107, 154, 530
діңке 153, 154
дір 215
дірдек 154
діт 279, 280
е 155, 166
ебелек 155
ебелекте- 547
ебеп 155
егде 155
егес 155, 164
егеу 164
егжей-тегжей 130
егіз 149, 155, 158, 518
егіл- 124, 155, 298, 584
егін 420
еді- 81, 84, 120, 162, 305, 307, 403, 407,
422, 459, 543, 581
Еділ 516
еже 155
ежелгі 155
ежел-рожыл 156
ез 156, 433
ез- 106, 162, 164, 170, 386
езу 68, 132, 156, 157, 266, 370, 480
ек- 319, 420
екен- 20, 38, 84, 89, 93, 134, 187, 246, 264,
397, 417, 435, 513, 514, 529, 546, 559
екпінде 11
ексе 156
екшек 156

- екі 20, 29, 37, 41, 84, 85, 100, 118, 133,
134, 135, 143, 156, 157, 158, 159, 162,
164, 198, 220, 240, 255, 277, 290, 305,
347, 360, 386, 443, 462, 467, 468, 469,
489, 512, 515, 518, 555
- екілен- 158
екінді 291
екіталай 101
ел 12, 62, 70, 90, 106, 129, 131, 136, 155,
159, 160, 161, 162, 166, 169, 178, 193,
194, 197, 202, 275, 298, 302, 311, 351,
448, 480, 516, 519, 541, 551, 580, 586
- елдік 160
елегіз- 30
елек 159
елең 161, 359
елер- 518
елес 161
елесте- 252
еләулі 161
елеусіз 161
ел-жұрт 161
елжіре- 170, 171, 215, 584
әлдә 381
әлсіз 161
әлу 161, 164
әлі 66, 70, 118, 133, 157, 255, 304, 387,
443, 464, 484, 500, 514, 571, 576
- әлік- 20
әм 24, 147, 148, 162, 399
әм- 11, 26, 41, 46, 84, 163, 174, 478, 500
әмес- 12, 41, 63, 100, 133, 139, 156, 159,
160, 162, 167, 173, 250, 298, 321, 344,
391, 457, 500, 563, 584
- әмесе 162
әметай 162
әмеурін 162, 165
әменше 162
әмешек 162
әмшек 40, 41, 120, 162, 218, 491, 496
әмшектен- 369
әмін- 162
әміс 162
ән 162, 163, 285, 519
ән- 110, 194, 284, 295, 341, 435, 478, 528,
552, 582
- әнді 28
әндік: *ал әндік* 35
әне 41, 56, 162, 308, 510, 516
әнжар 162, 277
әнтікпе 508
әнші 162, 163, 509
әңбек 11, 163, 412
әңбеккүн 163
әңгезердей 142, 463
әңкей- 113, 291
әңкілде- 163
әңсе 163, 164, 240
әңіс 164
әп 155, 164, 536
әпсек 157
әпті 64
әр 20, 21, 63, 142, 164, 165, 166, 169, 210,
238, 250, 392, 402, 436, 515
әр- 15, 20, 152, 153, 196, 298, 320, 405,
463, 532, 558
- әрек 160
әрекше 160
әрек 139, 436, 525
- әресек 164
әреуіл 164, 516
әрке 165
әркек 38, 164, 165, 518
әркекте- 165
әркін 165
әрлік 24, 165, 258
әрмек 165
әрні-әрніне 64
әрсі 166
әрте 166, 233
әртең 166, 293
әртте- 392
әр-тұрман 326, 510
әру 166
әрулі 166
әрулік 166
әрі- 122, 184, 215, 583
әрік 85, 98, 102, 165, 166
әрін 41, 54, 63, 68, 133, 163, 165, 289, 306,
511, 516
әрін- 166
әрінді 516
әс 28, 29, 166, 167, 168, 169, 170, 495,
493, 518
әс- 17, 53, 69, 170, 195, 223, 278, 490, 574
әсе 30, 39, 167, 168, 538
әсек 167, 249, 267, 321, 369, 395
Әсекқырған 167
әсен 100, 106
әсеп 132, 133, 152, 155, 167, 548, 583
әсепте- 12
Әскендір 168
әскі 56, 168, 169, 188, 420
әссіз 16
әс-түс 168, 170
әсті 66, 82, 162, 253, 257, 284, 361, 467,
479, 541
әстірту 511
әсіз 188
әсік 133, 151, 168, 169, 89, 191, 247, 287,
298, 434, 494, 508, 548, 549
әсіл 169, 448
әсім 62, 448
Әсімхан 169
әсіне-13
әсірке- 188, 357
ет 47, 60, 137, 170, 171, 172, 239, 250,
264, 323, 331, 349, 350, 353, 369, 432,
467, 484, 506, 518, 523
ет- 11, 12, 14, 15, 17, 20, 23, 28, 32, 36,
41, 42, 43, 44, 47, 48, 49, 53, 54, 68,
75, 78, 79, 80, 81, 86, 88, 94, 101, 106,
107, 109, 114, 115, 116, 117, 118, 119,
120, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 139,
140, 141, 142, 143, 144, 146, 147, 150,
152, 161, 165, 172, 179, 180, 189, 190,
194, 196, 197, 200, 201, 212, 215, 216,
220, 223, 224, 226, 227, 230, 231, 233,
234, 237, 242, 254, 255, 259, 269, 265,
274, 275, 289, 293, 294, 301, 306, 311,
312, 318, 319, 321, 332, 339, 343, 345,
346, 347, 351, 356, 357, 359, 360, 361,
363, 365, 368, 369, 371, 373, 374, 378,
381, 382, 383, 384, 386, 388, 389, 390,
398, 399, 400, 402, 405, 407, 413, 420,
431, 433, 434, 437, 440, 441, 442, 443,
444, 445, 446, 448, 452, 453, 455, 456,
458, 459, 460, 467, 469, 476, 479, 482,

- 487, 489, 490, 493, 494, 497, 498, 499,
500, 503, 504, 505, 511, 512, 520, 523,
529, 530, 533, 537, 538, 550, 556, 557,
559, 560, 565, 569, 571, 572, 574, 575,
576, 578, 582, 585
- етек 23, 157, 159, 164, 166, 167, 170, 171,
178, 247, 384, 415, 451, 454, 527, 541,
562
- етек-жең 47, 171
етекті 513
ет-женді 171
етпе: *шырт етпе* 572
етпетінен 172
етік 156, 172, 273
етікті 267, 273
еш 163, 172, 395
ешкі 172, 238, 500, 514, 518
ешкідей 341, 504
ешкім 12, 34, 132
ештеме 347
ештеңе 39, 576
- жабағы 214, 432, 482, 516
жабу 180
жабулы 173
жабы 173, 515
жабыдайын 173
жабық- 173, 188, 277
жабыңқы 173, 300
жабырқау 173
жабыс- 73, 197, 384, 477, 489, 492, 530,
534, 538
жаға 29, 38, 134, 158, 173, 186, 193, 211,
265,
жағалас- 192
жағыз-: *жағызып еміз* 174
жады 234, 267, 495
жада-: *жаны жадады* 278
жады 174, 515
жаз 174, 175, 263, 379, 462
жаз- 27, 36, 46, 81, 106, 107, 111, 112,
121, 123, 144, 174, 175, 176, 189, 209,
234, 250, 256, 276, 299, 313, 352, 362,
367, 368, 378, 387, 406, 442, 486, 488,
499, 503, 506, 523, 529, 531
- жаза 174, 358
жазаба 174
жазған 89, 174
жазда- 185, 190, 198, 199, 215, 430, 433,
551, 585
жаздай 30, 174
жазмыш 175
жазу 554
жазы 515
жазық 31, 175, 347, 391, 453
жазықсыз 175
жазым 174
жай 93, 175, 176, 198, 277, 422, 437, 510,
511, 531, 583
жай- 31, 55, 62, 63, 160, 171, 176, 185,
229, 240, 313, 326, 329, 330, 342, 344,
362, 368, 442, 491, 517, 521, 550, 562
- жайдақ 175
жайқын 175
жайла- 162, 185, 218, 277, 291, 411, 586,
587
жайлау 162, 173, 175, 275, 437
жайлы 175, 176, 349
жайма-шуақта- 175
жайна- 138, 264, 404, 408, 558
- жайнақ 175
жайра- 175
жайраң 175
жайсаң 334
жайым 176
жақ 29, 37, 46, 99, 156, 174, 196, 227, 312,
353, 417, 453, 480, 513, 515, 516, 518,
534, 535
жақ- 44, 108, 117, 133, 176, 186, 189, 280,
287, 304, 340, 359, 371, 384, 422, 423
жаққұрт 176
жақсы 19, 94, 132, 172, 175, 176, 177, 179,
184, 186, 232, 247, 333, 407, 430, 507,
528
жақсы-жаман 176
жақсылық 177, 356, 391
жақта- 157
жақтау 549
жақты 58, 134
жақтық 72
жақтыр- 507
жақұт 137
жақын 10, 135, 170, 171, 177, 192, 278,
476, 518
жақында- 18, 21
жақыт 173
жал 58, 60, 61, 177, 178, 179, 204, 287,
393, 428, 516
жала 108, 177, 402, 440
жала- 71, 73, 82, 92, 119, 218, 287, 291,
315, 485, 547, 582, 584, 585, 587
- Жалайыр 177
жалақ 177
жалақта- 333
жалаң 177
жалаңаш 523
жалаңда- 82, 333
жалбарын- 177, 189, 356
жалға- 197, 217, 344, 366, 521, 543
жалған 151, 177, 178, 418, 474, 553
жалғас- 582
жалғыз 136, 178, 182, 185, 188, 189, 296,
357, 398, 412, 420
- жалда- 186
жалды 515
жалқау 267
жал-құйрық 178
жалма- 103, 244, 524
жалмауыз 399
жалш 178
жалпақ 178, 327
жалпы 247
жалт 179
жалтақ 178
жал-тамыр 179
жалтаңда- 173
жалтыра- 429, 485
жалтырама 454
жалық- 278, 513
жалын 66, 179
жалын- 177, 189, 356, 438
жама 179
жамағайын 39
жамал 179
жаман 64, 177, 180, 202, 239, 294, 333,
362, 407, 441, 469, 475, 476, 500, 516,
517, 555
жаманда- 465
жамандық 174, 187, 251, 264

- жамау 377
жамбар 180
жамбас 180, 267, 454
жамбаста 134
жамбы 197, 341
Жамбыл 9, 266, 284
жамыл 18, 101, 323, 505, 510
жамыра 27, 452, 558
жан 12, 13, 34, 35, 75, 81, 115, 117, 168,
169, 170, 174, 180, 181, 182, 183, 184,
185, 186, 187, 188, 191, 192, 265, 278,
336, 337, 353, 366, 368, 377, 386, 404,
426, 432, 438, 469, 480, 510, 513, 537,
539, 569, 570, 576
жан- 41, 45, 55, 87, 88, 92, 110, 140, 151,
162, 163, 181, 209, 212, 215, 216, 262,
264, 309, 310, 404, 422, 423, 424, 430,
456, 470, 491, 497, 498, 585
жана 375
жаназа 180, 510
жанама 180, 507
жанар 180, 256
жанбас 54
жандай 181
жанды 81, 164, 182, 193, 237, 386
жанжал 182, 441
жанжалдас- 473
жаннат 178, 185, 201, 510
жансыз 182, 183
жан-төн 184
жануар 169, 571
жаншы- 185, 266, 290
жаны- 174, 536
жанышты: *ер жанышты* 210
жаңа 18, 161, 188, 236, 470, 495, 551
жаңбыр 120, 322
жаңбырдай 188
жаңбырлық 58, 183
жаңғыр- 211, 278, 476, 518
жаңғырықтыр- 199
жаңыл- 86, 167, 204, 327, 499, 513, 527
жап- 9, 58, 60, 65, 71, 108, 166, 170, 171,
174, 221, 272, 299, 322, 334, 374, 440,
550, 564, 575, 581
жапа 188, 205, 457, 461
жападан: *жападан жалғыз* 188
жапалақ 16, 188
жапан 16, 188, 453
жаппар 174, 189
жапсақ 157
жапыр- 212, 567
жапырақ 134, 525
жапырақтай 188
жар 33, 36, 134, 140, 156, 177, 178, 182,
185, 189, 190, 192, 242, 372, 388, 392,
424, 441, 537
жар- 10, 27, 50, 55, 71, 96, 103, 107, 108,
137, 141, 142, 190, 207, 215, 237, 285,
302, 309, 321, 325, 327, 329, 361, 387,
396, 438, 477, 485, 493, 494, 505, 509,
516, 550, 561, 585
жара 137, 168, 178, 185, 188, 189, 190,
191, 216, 306, 420, 432, 582
жара- 58, 81, 107, 123, 149, 188, 242, 296,
303, 306, 313, 415, 442, 477, 515, 516,
519, 526, 554, 579
жарал- 187
жарала- 216
жарамазан 337
жаран 16
жарапазан 337
жарас- 28, 84, 144, 278, 466, 468, 521, 575
жарастық 189
жарат- 507
жаратқан 189
жарау 189, 218, 585
жарғақ 189
жардай 189
жария 177
жарқ 260
жарқылда- 299
жарқын 23, 189, 209
жарқыра- 209, 451
жарлы 147
жарлық 84, 189, 555
жармас- 173, 571
жарты 137, 152, 157, 178, 190, 309, 463,
480, 548
жары- 63, 64, 71, 406, 449, 488, 540, 575,
583
жарылдан: *жарылдан аударды* 190
жарық 19, 20, 91, 116, 190, 199, 212, 251,
385, 478, 567
жарылқа- 34, 36, 114, 188, 206, 295, 357,
387, 541
жарым 28, 177, 278, 309
жарымжан 278
жарып: *жарып болды* 190
жарыс 58, 190, 322, 347
жарыс- 320, 467
жас 9, 10, 93, 100, 134, 188, 190, 191, 202,
219, 243, 254, 255, 256, 261, 264, 275,
371, 377, 398, 416, 421, 437, 439, 516,
539, 576
жаса- 10, 18, 30, 52, 70, 86, 89, 91, 121,
124, 130, 133, 134, 160, 162, 166, 177,
184, 226, 232, 282, 288, 312, 335, 339,
342, 343, 348, 378, 381, 390, 416, 429,
431, 442, 445, 458, 487, 495, 504, 505,
506, 507, 523, 541, 548, 583
жасаған 189
жасақ 190
жасан- 190
жасаң 190
жасарын: *жасарын жасады* 52
жасау 508, 509
жастай 191
жастан- 199, 331, 500
жасты 120, 525
жастық 171, 176, 189, 191, 240, 424, 550
жасу 236
жасы- 224, 278, 476
жасық 267, 476
жасыл 372
жасыр- 19, 121, 177, 213, 397, 510, 578
жасырын 507
жат 191, 192, 274, 407, 443, 449, 528
жат- 39, 71, 83, 86, 93, 105, 130, 131, 152,
170, 176, 180, 181, 191, 192, 193, 194,
198, 204, 218, 321, 342, 395, 458, 466,
474, 488, 492, 509, 510, 517, 519, 530,
535, 542, 546, 558, 559, 562, 569, 574,
579
жатақ 191
жаттық- 361
жатын 192
жатыр 192, 297, 482
жатыр- 454, 518, 519, 525, 586

- жау 55, 56, 82, 175, 192, 193, 242, 245, 255, 315, 321, 322, 333, 402, 426, 437, 534, 547, 585
- жау- 51, 74, 83, 85, 101, 188, 192, 290, 291, 294, 300, 303, 315, 321, 381, 408, 440
- жауап 81, 160, 192, 570
- жауғыш 194
- жаудай 192, 423
- жаудыра- 260
- жау-жарақ 193
- жауқазын 190
- жауқазындай 51
- жаулы 270
- жаулық 23, 344
- жаура- 193
- жаутан 193
- жаутанда- 260
- жауһар 153
- жаушы 507
- жауын 23, 483
- жауыр 47, 193
- жауырын 180, 193, 340
- жаһан 188
- жаһаннам 193
- жаяу 70, 194, 322
- жәбір 188, 194
- жәбір-жапа 194
- жәдігөй 194
- жәмәже 194
- жәннем 186
- жәп-жайын 194
- жәрекім 24
- же- 19, 30, 33, 36, 39, 68, 75, 89, 123, 137, 157, 167, 171, 180, 182, 194, 197, 198, 209, 211, 214, 224, 237, 248, 253, 255, 295, 305, 310, 312, 313, 321, 330, 335, 344, 360, 366, 368, 391, 403, 418, 431, 433, 439, 442, 453, 459, 461, 478, 480, 485, 489, 494, 498, 500, 501, 511, 517, 529, 531, 537, 539, 547, 554, 566, 582, 583, 584
- жебе 340, 475
- жебе- 50, 187, 194
- жебедей 194
- жебеле- 194, 292
- жәбір 19
- жәбірейіл 81
- жәгі 182
- жәгідей 182, 224, 584
- жез 194, 374, 416, 456, 479, 549
- жезде 10, 137, 500
- жек 195, 239, 334
- жек- 237, 285, 352
- жеке 178, 194
- жел 17, 52, 53, 69, 77, 118, 163, 193, 195, 196, 223, 250, 280, 292, 293, 307, 310, 322, 349, 350, 399, 442, 518, 544
- жел- 60, 76, 109, 310, 453
- желбіре- 492, 547, 571
- желдей 69, 195, 278
- желек 195
- желекті 195
- желеу 196
- желке 33, 53, 102, 174, 194, 196, 197, 264, 267, 268, 412, 516, 567, 568
- желкілде- 195, 571
- желмая 516
- желпілде- 571
- желпін- 171
- желі 196, 197, 522
- желік 195, 196
- желік- 559
- желім 194, 197, 582
- желімдей 197
- желін 197
- желіс 125, 197, 453, 454, 467
- жем 23, 59, 76, 197, 238, 369, 375, 510, 541
- жеме 237
- жеме-жем 197
- жемтік 197
- жемі 237
- жеміс 197
- жәмісті 581
- жәміт 197
- жең 38, 134, 171, 197, 198
- жең- 121, 399, 405
- жеңге 10
- жеңгелік 197, 508
- жеңгетай 508
- жеңіл 59, 64, 72, 79, 189, 197, 198, 506
- жеңіл- 197
- жеңіл-желпі 198
- жеңілтек 195
- жер 19, 21, 22, 23, 45, 53, 54, 55, 58, 62, 76, 77, 78, 79, 85, 88, 93, 94, 97, 100, 103, 108, 126, 129, 132, 133, 134, 135, 136, 141, 142, 143, 151, 159, 161, 167, 180, 182, 187, 190, 194, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 234, 236, 239, 250, 254, 256, 257, 268, 270, 275, 278, 283, 284, 285, 286, 291, 296, 297, 302, 312, 318, 320, 322, 323, 331, 332, 333, 340, 345, 358, 361, 366, 367, 379, 380, 399, 411, 414, 421, 428, 429, 430, 431, 440, 446, 448, 450, 465, 468, 482, 485, 487, 489, 490, 494, 498, 500, 501, 502, 504, 560, 507, 510, 512, 514, 519, 523, 525, 529, 537, 542, 544, 550, 568, 571, 572, 580, 582
- жердей 278, 440
- жер-жәбір 199
- жер-көк 200
- жермен-жәксен 201
- жері- 44, 302
- жерік 201, 314
- жәсір 202, 510
- жет- 13, 18, 20, 21, 22, 42, 48, 51, 58, 63, 66, 70, 76, 79, 83, 87, 90, 91, 100, 101, 105, 121, 128, 143, 146, 147, 164, 169, 172, 173, 175, 180, 191, 193, 196, 199, 201, 202, 203, 212, 226, 233, 240, 242, 246, 256, 257, 260, 268, 276, 292, 294, 303, 304, 307, 338, 344, 366, 385, 391, 392, 395, 408, 413, 414, 426, 429, 432, 433, 436, 440, 442, 447, 460, 467, 468, 469, 486, 487, 490, 494, 502, 503, 504, 512, 521, 524, 533, 534, 535, 539, 562, 570, 571
- жете 202
- жетек 516
- жетеле- 212
- жеткісіз 534
- жеті 39, 89, 199, 202, 203, 244, 507, 510
- жетім 203, 353, 489, 522, 537
- жи- 22, 71, 79, 83, 95, 103, 122, 156, 161, 166, 167, 168, 170, 171, 307, 344, 348, 369, 377, 402, 408, 505, 518, 537, 550, 586

- жиде 68
 жиек 267, 292
 жиен 510
 жиендік 348
 жина- 170, 171, 220, 306, 487
 жирен 517
 жиренішті 203
 жиһан 83
 жиыр- 297
 жиырлы 419
 жиырма 212
 жоғал- 62, 260, 518, 545, 578
 жоғары 209, 250, 424, 436, 470
 жоғарыла- 389
 жоһ- 10, 62, 103, 260, 520, 527
 жоқ 11, 12, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 26, 28, 31, 37, 39, 40, 48, 53, 55, 56, 57, 60, 62, 68, 69, 71, 75, 82, 84, 89, 90, 91, 93, 94, 96, 97, 102, 107, 112, 116, 117, 119, 124, 125, 143, 146, 147, 158, 159, 167, 168, 174, 175, 176, 179, 193, 197, 200, 203, 204, 219, 221, 224, 228, 229, 233, 235, 236, 244, 247, 249, 257, 267, 271, 272, 274, 275, 276, 290, 293, 294, 297, 305, 308, 313, 315, 320, 321, 327, 331, 335, 338, 345, 357, 364, 366, 368, 369, 377, 389, 395, 397, 399, 403, 409, 410, 411, 416, 418, 422, 427, 428, 432, 435, 438, 441, 442, 444, 448, 449, 452, 458, 462, 463, 467, 468, 469, 475, 485, 486, 488, 491, 493, 498, 522, 523, 527, 530, 531, 532, 535, 538, 544, 545, 546, 550, 551, 552, 559, 572, 573, 575, 576, 578, 581
 жоқ-жітік 203
 жақта- 203, 294
 жоқтау 204, 511
 жол 11, 21, 23, 24, 38, 39, 42, 56, 70, 105, 113, 142, 169, 204, 205, 206, 270, 287, 307, 323, 335, 352, 383, 417, 421, 439, 454, 484, 494, 503, 508, 509, 514, 525, 541, 560, 565
 жола: бір жола 134
 жола- 186, 192, 537
 жолата: бір жолата 134
 жолбике 204
 жолдас 56, 204, 207, 235, 238, 276, 287, 315, 408, 546
 жолды 353
 жолтай 24
 жолық- 11, 178, 235, 303, 368, 440
 жолым 548
 жомарт 62
 жон 207, 323, 331, 355, 370, 454, 516
 жонбай 514
 жондат- 355
 жөн-жосық 207
 жора 207
 жоралғы 56
 жорға 205, 461, 471, 472, 487, 513, 516
 жорғала- 365
 жорт- 128, 207, 331, 353, 517, 526, 527
 жоры- 192, 279, 528
 жорық 406, 426
 жоса 314
 жосыл- 318
 жота 207
 жөн 12, 62, 135, 205, 207, 208, 417, 514, 585
 жөне- 29
 жөнекей 286
 жөнел- 22, 41, 151, 232, 251, 510
 жөңкі 208
 жөргек 208
 жөргем 206, 214
 жу- 21, 24, 51, 253, 296, 315, 344, 476, 510
 жуа 206
 жуадай 208
 жуан 208, 209
 жуандық 208
 жуас 114, 340, 349
 жуса- 93, 185, 209, 220, 341, 342, 517
 жусан 114
 жуы- 186, 192, 297, 441, 558, 564, 570
 жуық 85, 518
 жұбан- 278
 жұбаныш 274
 жұбат 209
 жұбат- 186, 276, 509
 жұбату 511
 жұғын 209
 жұдырық 75, 208, 209, 218, 555
 жұдырықтай 209, 215
 жұдырықты 208
 жұқ 209
 жұқ- 64, 76, 77, 93, 108, 121, 249, 331, 347, 372, 384, 471, 480, 497, 558, 562, 563, 572
 жұқа 29
 жұқар- 225, 311
 жұл- 116, 149, 157, 210, 214, 449, 493
 жұлдыз 209, 270, 359
 жұлдыздай 209
 жұлқын- 175
 жұлық 349, 481
 жұлын 209, 210, 268, 416
 жұлындай 210
 жұм- 68, 73, 210, 255, 257, 467, 510, 560
 жұмақ 210, 459, 523
 жұмбай 257
 жұмса 233, 240, 298, 344, 348, 547
 жұмсақ 91, 215, 240
 жұмсар- 116
 жұмыл- 210
 жұмыр 73, 100, 209, 210, 494, 516
 жұмыртқа 24, 210, 573
 жұмыртқадай 51, 457
 жұмыртқала- 174, 341, 517
 жұмыс 210, 233, 245, 323, 340, 344
 жұнт 515
 жұнтай 210
 жұп 209, 352, 514
 жұпар 19, 210
 жұпты 210
 жұпыны 210
 жұрдай 211
 жұрт 12, 54, 56, 70, 90, 129, 151, 159, 160, 161, 169, 178, 202, 211, 298, 308, 323, 454, 517, 518, 556
 жұрттық 191
 жұрын 211
 жұт 26, 211, 514
 жұт- 61, 79, 103, 119, 135, 199, 200, 217, 227, 229, 230, 237, 298, 305, 315, 336, 365, 373, 469, 494, 525, 539, 564
 жұтқыншақ 211, 516
 жұтпа 211
 жұтым 134

- жұтын- 211
 жүген 102
 жүген-құрық 211
 жүгенсіз 211
 жүгермек 33, 211
 жүгін 560
 жүгір- 29, 54, 81, 85, 95, 115, 118, 133, 182,
 231, 237, 239, 257, 367, 378, 412, 414,
 429, 437, 491, 545, 551, 557, 566
 жүде- 278
 жүз 13, 14, 115, 118, 161, 187, 200, 211,
 212, 213, 287, 303, 322, 333, 374, 399,
 437, 441, 467, 472, 510, 544, 553, 580
 жүз- 294, 307, 546
 жүзді 72, 74, 150, 157, 189, 221, 230, 235,
 480
 жүзе 212
 жүзік 213, 477
 жүіе 182, 213, 467
 жүіке 213, 218
 жүйрік 25, 192, 203, 212, 213, 214, 276,
 310, 347, 427, 436, 516, 532, 555, 571
 жүк 369, 403, 550
 жүкте- 319, 521
 жүлде 214
 жүн 91, 173, 196, 210, 214, 287, 378, 432,
 515, 550, 568
 жүндей 214, 437, 441, 466, 482
 жүнді 38, 177, 323, 330
 жүнжі- 214
 жүр- 12, 16, 17, 20, 30, 39, 44, 45, 63, 72,
 79, 82, 84, 86, 89, 112, 117, 128, 142,
 147, 152, 160, 164, 168, 171, 175, 196,
 198, 204, 205, 207, 208, 214, 218, 225,
 234, 239, 245, 271, 286, 289, 296, 304,
 316, 320, 322, 337, 344, 348, 371, 373,
 387, 417, 424, 427, 428, 436, 437, 446,
 457, 463, 473, 478, 497, 498, 500, 507,
 508, 509, 514, 525, 530, 546, 548, 551,
 562, 563, 565, 570, 576, 578, 579
 жүргісіз 78
 жүрдім-бардым 214
 жүрек 24, 52, 164, 171, 193, 214, 215, 216,
 217, 218, 221, 237, 253, 316, 323, 352,
 394, 422, 426, 436, 471, 474, 496, 500,
 509, 542, 576
 жүректі 51, 334
 жүрім 218
 жүріс 218, 323, 330, 472
 жүрісті 198, 219
 Жүсіп 218
 жыбырла- 364
 жыға 38, 215, 218, 368
 жығық 214
 жығыс 237
 жық- 10, 22, 39, 76, 84, 85, 126, 152, 189,
 214, 218, 234, 280, 350, 377, 378, 383,
 416, 419, 465, 469, 474, 478, 498, 511,
 520, 543, 550, 576
 жыл 18, 134, 161, 188, 219, 220, 221, 290,
 377, 396, 510
 жыла- 10, 125, 155, 163, 219, 227, 284, 316,
 429
 жылан 30, 174, 192, 218, 219, 221, 285,
 341, 414, 419, 584, 587
 жыландай 111, 218, 414
 жыланша 219
 жылау 511
 жылдам 418
 жылдық 287
 жылжы 460
 жылқы 12, 16, 32, 93, 220, 340, 410, 514,
 515, 517
 жылқыдай 220
 жылқылы 59
 жылқышы 220, 514
 жылмай 587
 жылмаң 220
 жылпың 253
 жылт 220
 жылтың 220
 жылтыра- 481
 жылу 215, 220, 221
 жылула- 220
 жылы 213, 217, 221, 222, 253, 348, 361,
 384, 528
 жылы- 215, 278, 435, 531, 572, 585
 жылын- 133
 жылын 316, 524
 жылы-жұмсақ 65, 221
 жылымшы 221
 жылыс- 460
 жылыт- 121
 жымы 222, 352
 жымыдай 222
 жымы-жылас 581
 жымы-жырт 48
 жымы 222
 жымың 222
 жымысқы 348
 жың 25, 49, 91, 222, 223, 237, 243, 310
 жыңды 368
 жып 223
 жыпық 223
 жыпылық 223
 жыр 223, 509, 511
 жыр- 66, 67
 жырақ 180
 жырғал 223
 жырт- 114, 116, 118, 211, 212, 223, 276,
 280, 322, 402, 442, 498, 510, 585
 жырта 248
 жыртыс 223, 402, 508, 510
 жыт- 232
 жібек 38, 223, 376, 550
 жібектей 223, 289, 516
 жібер- 39, 70, 79, 94, 117, 135, 150, 167,
 222, 225, 255, 256, 257, 271, 276, 319,
 321, 341, 373, 388, 403, 410, 412, 421,
 438, 443, 458, 469, 472, 495, 512, 518,
 530, 533, 541, 544, 547, 562, 576
 жібі- 215, 273, 278, 285, 435, 493, 496, 528
 жібіс 173
 жігер 163, 224
 жігі-жаппар 224
 жігіт 37, 50, 87, 156, 224, 232, 250, 288,
 373, 385, 416, 438, 448, 463, 514
 жік 198, 224
 жік-жапар 224
 жікте- 524
 жілік 46, 56, 224, 225, 363, 377, 455, 514
 жіліншек 516
 жіңішке 205, 208, 525
 жіңішкеле- 225
 жіп 30, 135, 172, 224, 225, 236, 238, 364,
 379, 446, 549
 жіпсіз 225
 жіптей 568

- жіпше 568
 жіті 225
 жітік 225

 жабыт 226
 зайғы 433
 зайығы 226
 жақым 226
 жалал 226
 заман 29, 30, 32, 56, 69, 107, 133, 142,
 226, 227, 249, 314, 338, 353, 355, 411,
 474, 475, 495, 575
 замандас 226
 жаң 160
 жапыран 227
 жапыс 227
 жар 74, 134, 227, 228, 357, 395, 464
 жардап 227, 229
 жарла- 120, 125, 228, 337, 504
 жарлау 228
 жарлық 228
 жарп 228
 зат 46, 228
 жауал 84, 85, 228, 251
 жауалды 228
 жаула- 359
 жауық 228, 275, 491
 жахмет 229
 жаһар 229
 зая 141, 163, 229, 468
 жәбір-жапа 229
 жәмзем 229
 жән 69, 229
 жәңгір 230,
 жәр 185, 227, 229, 230, 582
 жәрде 229
 жәрдей 535
 жәре 217, 229
 жәрезап 229
 жәре-құт 229
 жәрлі 229
 жәру 399
 жәу 230
 жәуде 230
 жәузат 55
 жәуі 230
 жәуімен 230
 жейін 230
 жекет 230
 жәңгі 220, 514
 жер 230
 жерде 230
 жерен 230
 жерік- 278
 жиба 230
 жират 230
 жиян 226, 249
 жият 230
 жобалаң 101, 230
 жор 144, 231
 жорға 85, 297
 жорлық 231, 431
 жорлық-жомбылық 231
 жу 215, 231
 жула- 195
 жүлперіндей 83
 жыбан 231
 жығыр 231
 жығырдан 231

 жықы 231
 жылихадай 218
 жынғыра- 350
 жып 231
 жыр 231, 518
 жырқ 231
 жырыл 231
 жыт- 232, 542
 жікір 232
 жіл 232
 жілді 232
 жін 232
 жіңгіттей 232
 жіркіл 232
 жіркілде- 126, 368

 и 233, 234, 240, 241
 и- 24, 34, 76, 96, 176, 240, 256, 357
 иба 233
 игі 94, 233, 528
 игілік 92, 233
 игілікті 581
 ие 52, 56, 64, 69, 139, 200, 233, 234, 239,
 272, 471, 527, 570
 иек 233, 234, 370
 иекте- 27, 492
 иесіз 234, 326
 иезе- 96, 104
 иләһи 381
 иле- 227, 234, 403, 427, 543
 илеу 364
 иман 117, 234, 236, 242
 иманды 235
 имен- 161, 236, 301
 ине 185, 236, 446, 480
 инедей 215, 236
 ине-жіп 236, 470
 инеліктей 236
 ирек 238
 исін- 236
 ит 54, 66, 69, 72, 73, 75, 90, 176, 198, 236,
 237, 238, 239, 248, 268, 282, 333, 367,
 368, 369, 385, 405, 433, 459, 477, 508,
 510, 516, 526, 547, 551, 578, 585, 586
 итақай 239
 итарқа 236
 итаршы 236
 ителгідей 237
 итер- 85, 422, 424
 иткірмес 549
 ит-құс 237, 238
 иттей 237, 238, 295, 547, 587
 иттік 243
 итсіз 11
 итін- 515
 итіншек 515
 ишан 23
 иық 24, 38, 157, 240, 268, 374
 иықта- 240
 иі- 37, 121, 278, 496, 522
 иін 157, 240
 иір- 544, 572
 ііс 13, 62, 190, 210, 236, 240, 241, 290, 395
 ііске- 285, 358, 517
 іісті 19

 кә 518
 кәде 56, 242, 349
 кәдік 242
 кәлима 242, 536

- кәмәлат 242
кәмелет 242
кәміл 235, 242
кәнігі 82, 242
кәпір 81
кәр 36, 243, 268
кәрі 243, 273, 289, 515, 516
кәрілік 243
кәріп 243
кәу 243
кәусәр 243
кебе 517
кебеже 243, 550
кебенек 244, 518
кеберсі- 491
кәбін 24, 244, 510
кәбінсіз 510
кәбір 19
кәбіс 176, 244, 331
кедей 244, 325, 333, 371, 461, 475, 478,
489, 576
кедейлік 243
кеден 244
кежеге 244
кез 32, 208, 235, 245, 272, 518
кез- 148, 151, 160, 188, 200, 527
кездей 245
кездес- 228, 272, 464
кезек 13, 164, 245
кезең 245, 339, 495, 517
кезеңді 245
кезер- 165, 289
кезік- 43, 69, 337, 338, 376
кейін 25, 51, 97, 122, 244, 578
кейіп 14, 245
кек 39, 244, 245, 541
кекті 541
кексе 245, 516
кекшіл 516
кекіл 58, 245, 396, 516
кекіре- 246
кекірік 246, 525
кел- 13, 19, 20, 26, 27, 28, 29, 31, 34, 35,
39, 41, 53, 54, 60, 63, 65, 69, 70, 72, 74,
75, 76, 77, 81, 83, 87, 88, 90, 93, 94, 97,
101, 108, 114, 117, 122, 126, 128, 130,
132, 134, 141, 143, 146, 147, 149, 150,
151, 155, 156, 158, 161, 168, 169, 171,
176, 177, 180, 185, 197, 201, 207, 208,
211, 223, 226, 230, 235, 237, 242, 244,
245, 246, 247, 249, 252, 254, 266, 268,
270, 271, 275, 278, 280, 281, 285, 287,
288, 295, 297, 305, 307, 313, 320, 327,
328, 331, 336, 337, 338, 341, 347, 352,
355, 358, 359, 360, 362, 363, 375, 378,
379, 382, 384, 389, 392, 396, 397, 398,
402, 404, 405, 408, 413, 414, 415, 416,
417, 419, 420, 421, 426, 428, 429, 431,
433, 439, 440, 441, 444, 446, 448, 449,
458, 460, 465, 466, 467, 473, 474, 477,
478, 479, 481, 487, 488, 490, 492, 494,
499, 501, 502, 503, 505, 507, 508, 515,
517, 518, 523, 527, 531, 532, 535, 536,
538, 544, 546, 547, 555, 557, 558, 559,
562, 564, 565, 566, 573, 574, 575, 578
келбет 246
келе 126, 246, 515
келегей 246
келелі 246
келте 29, 178, 375, 505
келі 246
келідей 93
келім 246
келін 246, 509, 548
келіншек 246, 509
келіс 246
келіс- 98, 250, 299
кем 246, 247
кемді 246
кемдік 55, 246
кеме 157, 408, 499
кемел 85, 246
кемпір 247, 377, 399, 463, 508, 568
кемтар 556
кемі- 100, 337
кемір- 237, 531, 550, 584, 587
кенде 247
кендір 247
кене 491
кенедей 73, 477
кенел- 247, 415
кенеу 247
кенеше 477
кенже 247, 357, 478
кент 202
кеніш 49
кең 34, 47, 110, 151, 152, 171, 243, 247,
411, 427, 437, 441, 502, 541
кең-байтақ 90
кеңес 246, 247, 289, 301, 379
кеңшілік 247
кеңі- 46, 110, 198, 496, 523
кеңірдек 370
кеңірдекте- 370
кеп- 41, 42, 64, 273, 318, 391, 487, 488, 492,
501, 504, 559, 575, 585, 587
кепсе 247, 544
кепсен 251
кепсі- 491
кепіл 247, 248, 496
кепілдік 247
кер 244, 248, 249, 267, 460, 517
кер- 68, 249, 251, 271, 300, 408, 509
кербала 248
кердең 248
кере 15, 194, 248, 387, 583
кереге 248, 548, 549, 550
көрек 20, 38, 40, 306, 410, 463
керепау 248
керең 249, 278, 284, 496
керме 549
керне- 74, 245, 574
керсендей 385
керт 249
керт- 248
кертті 113
кәрі 244, 249, 281
кәріс 249
кес- 30, 58, 87, 92, 96, 103, 171, 172, 205,
213, 217, 244, 245, 247, 249, 250, 266,
292, 296, 312, 313, 344, 347, 349, 364,
395, 397, 404, 426, 442, 459, 491, 507,
517, 523, 524, 533, 534, 535, 536, 556,
567, 569, 578
кесек 323, 454
кесе-көлденең 34, 249
кесепат 249
кескекті 249

- кес-кесте- 35
 кескі 374
 кеспе 106, 249
 кесте 250
 кесті 361
 кесік 250
 кесімді 250, 507
 кесімсіз 507
 кесір 249, 250
 кесіртке 130
 кет- 9, 10, 12, 14, 16, 17, 20, 23, 26, 30, 34, 41, 48, 50, 51, 53, 63, 67, 69, 70, 74, 77, 82, 87, 88, 92, 94, 96, 97, 98, 99, 100, 102, 103, 104, 109, 110, 111, 112, 113, 117, 118, 127, 135, 145, 146, 147, 151, 155, 160, 163, 165, 166, 168, 169, 185, 186, 188, 191, 195, 199, 200, 208, 211, 212, 214, 217, 229, 230, 232, 234, 235, 236, 237, 240, 247, 249, 250, 251, 252, 259, 264, 265, 267, 270, 272, 275, 276, 277, 279, 283, 288, 293, 294, 295, 303, 304, 307, 308, 316, 319, 321, 333, 337, 339, 343, 346, 359, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 377, 380, 383, 385, 386, 388, 390, 393, 394, 395, 397, 402, 404, 407, 409, 411, 412, 415, 424, 427, 433, 435, 438, 443, 447, 451, 456, 457, 458, 461, 462, 468, 469, 470, 472, 473, 474, 475, 478, 480, 485, 488, 489, 490, 491, 497, 499, 501, 502, 505, 516, 517, 518, 520, 522, 523, 528, 534, 535, 538, 540, 541, 542, 545, 546, 550, 551, 553, 558, 567, 569, 570, 571, 576, 578, 579, 581, 583
 кетеген 518
 кетпен 93, 250, 516
 кетпен-шот 212
 кетір- 556
 кеуде 124, 148, 231, 247, 250, 251, 284, 355, 365, 390, 401, 436, 495
 кеуделі 436
 кеусен 251
 кеуіл 251
 кеуім 30
 кеуір 83
 кеш 157, 166, 172, 233, 250, 251, 308, 348, 350, 433, 440
 кеш- 26, 88, 102, 133, 141, 143, 146, 172, 177, 183, 187, 188, 226, 227, 290, 292, 296, 301, 316, 319, 332, 357, 363, 412, 422, 452, 458, 504, 527, 531
 кеше 293
 кешкі 251
 кешкір- 291
 кешті 182
 кешу 192, 251, 494
 кешір- 98
 кешірім 251
 ки- 48, 39, 60, 102, 125, 134, 233, 244, 251, 315, 323, 350, 381, 394, 405, 414, 427, 433, 487, 500, 503, 505, 510, 538, 548, 559, 560, 564, 583
 киелі 514
 килік- 521
 киі 252
 киіз 24, 100, 252, 366, 549, 550
 киік 13, 364
 киім 210, 414, 427, 510, 523, 583
 киіт 507
 көбе 38, 252, 268, 504, 517
 көбеген 517
 көбей- 17, 87, 89, 324, 376, 456, 556
 көбеле- 513
 көбелек 24, 258, 316
 көбен 30, 58,
 көбік 24, 252, 282, 315, 370
 көген 252, 269, 340, 354
 көгенде- 252, 340, 341
 көгер- 263, 270, 285, 295
 көде 84
 көже 208, 324
 көз 10, 17, 24, 27, 28, 30, 31, 33, 39, 54, 68, 73, 74, 81, 82, 88, 91, 94, 95, 96, 97, 103, 109, 114, 134, 139, 151, 158, 168, 169, 179, 180, 185, 186, 197, 203, 213, 223, 225, 236, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 269, 270, 275, 276, 283, 284, 285, 289, 297, 315, 324, 325, 335, 338, 339, 361, 364, 365, 368, 370, 374, 379, 386, 391, 394, 405, 406, 412, 415, 417, 418, 423, 424, 428, 432, 452, 462, 472, 473, 474, 481, 492, 493, 501, 510, 513, 514, 521, 532, 534, 548, 569, 581
 көзайым 252
 көзде- 428, 440, 524
 көзден- 73, 172, 238, 252, 415, 551
 көзді 88, 270, 325, 332, 341, 441, 500, 503, 514, 562
 көздік 30
 көзе 444,
 көз-құлақ 257
 көзсіз 257, 258
 қой-қой 265
 қойле- 385
 көйлек 24, 237, 265, 315, 491
 көйіс-көйіс 518
 көк 26, 33, 53, 54, 63, 66, 75, 76, 77, 89, 102, 125, 133, 188, 202, 211, 263, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 275, 276, 278, 292, 294, 315, 375, 381, 394, 396, 406, 414, 416, 463, 471, 491, 492, 500, 512, 514, 515, 516, 517, 518, 544, 549, 550
 Көкбоз 516
 көкпар 269, 449, 511
 көкте- 550
 көктей 22, 45, 270
 көксе- 95, 269, 523
 көкіме 266
 көкіре- 268
 көкірек 20, 24, 165, 216, 231, 251, 266, 267, 270, 271, 284, 365, 436, 464, 555, 564
 көл 10, 18, 26, 53, 255, 256, 261, 272, 282, 340, 516, 544
 көлбек 271
 көлдей 256
 көлденең 271, 272, 273, 354
 көлегейле- 307
 көлеңке 30, 81, 182, 272, 275, 305, 307, 324
 көл-кесір 272
 көлік 62, 288
 көлікті 286
 көм- 24, 145, 487, 510
 көмбе 399, 511
 көмей 272, 273, 290, 479
 көмек 73, 273
 көмекей 272, 273
 көмескі 272

- көмүсүз 516
 көмір 289, 478
 көн 273, 284, 291
 көн- 20, 147, 164, 175, 357, 513, 533, 574,
 575, 576
 көнө 168, 273
 көнөк 273
 көнөктөй 273, 385
 көнтөк 273
 көншү- 277
 көңіл 23, 24, 31, 33, 139, 173, 190, 215,
 216, 217, 221, 250, 251, 258, 266, 267,
 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281,
 294, 307, 312, 324, 329, 338, 368, 436,
 496, 510, 511, 523, 583
 көңилдес 275
 көңилді 165, 273
 көп 84, 89, 103, 238, 282, 421, 433, 478,
 562
 көпөй 517
 көптөй 15
 көптүр- 282, 543
 көпшүк 54, 282
 көпір 58
 көпір-125, 373
 көр 40, 55, 56, 132, 244, 261, 282, 283, 284,
 285, 305, 351, 518
 көр- 12, 15, 16, 19, 22, 31, 36, 38, 39, 40,
 42, 44, 46, 49, 54, 56, 57, 59, 61, 64,
 68, 70, 72, 80, 82, 86, 92, 96, 97, 104,
 109, 111, 118, 126, 128, 133, 135, 137,
 140, 142, 152, 160, 166, 170, 171, 174,
 176, 178, 180, 183, 184, 185, 186, 188,
 190, 191, 192, 196, 197, 200, 202, 205,
 206, 207, 209, 212, 219, 224, 225, 226,
 229, 231, 233, 238, 239, 245, 247, 253,
 254, 256, 257, 262, 264, 269, 272, 282,
 283, 284, 285, 286, 297, 298, 301, 302,
 305, 309, 312, 321, 324, 328, 330, 334,
 339, 344, 350, 351, 352, 353, 355, 357,
 358, 360, 361, 364, 366, 370, 378, 383,
 386, 388, 389, 390, 396, 397, 400, 402,
 407, 414, 417, 418, 425, 427, 430, 431,
 432, 433, 435, 439, 442, 460, 462, 463,
 465, 468, 484, 491, 493, 494, 498, 501,
 507, 508, 512, 516, 518, 519, 526, 529,
 537, 544, 554, 558, 563, 565, 569, 572,
 576, 577, 584
 көргөндү 283
 көргүш 292
 көрдүм 324
 көрөсү 283, 284
 көркей- 179
 көрөк 283
 көрмө 134
 көрпө 14, 284, 509, 550
 көрпөлдөс 517
 көрпөш 340, 517
 көрпөшө 550
 көрсөт- 111, 150, 156, 169, 176, 186, 205,
 207, 208, 221, 222, 233, 238, 250, 253,
 284, 285, 292, 295, 306, 324, 328, 337,
 342, 352, 356, 358, 376, 379, 401, 404,
 409, 429, 460, 472, 475, 479, 480, 487,
 493, 512, 528, 531, 565, 568, 570, 578,
 583
 көршү-көршү 463
 көрүк 284
 көрүктү 286
 көрүм 256, 284, 324
 көрүмдүк 509
 көрүніштү 194
 көрүс- 292, 316, 368
 көсө 347
 көсөгө 285
 көсөм 285, 516, 518
 көсөү 285
 көс-көс 518
 көстөндө- 285
 көсүл- 76, 284
 көтөр- 18, 24, 31, 36, 53, 54, 79, 87, 91, 96,
 101, 103, 107, 108, 112, 121, 123, 129,
 133, 141, 143, 159, 163, 174, 191, 200,
 201, 215, 240, 250, 251, 267, 268, 271,
 276, 288, 292, 299, 304, 311, 316, 344,
 347, 359, 365, 390, 392, 393, 396, 410,
 414, 445, 451, 467, 483, 492, 497, 512,
 518, 519, 521, 532, 539, 546, 550, 555,
 558, 562, 567, 575, 580
 көтөрөм 232
 көтөрмө 111, 285
 көтөрүңкү 278
 көш 74, 134, 286, 509
 көш- 29, 70, 89, 146, 151, 161, 190, 193,
 208, 275, 286, 349, 367, 411, 487, 530,
 546, 574
 көшө 286
 көш-күлөш 286
 көшпүр- 101, 200, 270
 куәлік 286
 күбүдөй 19
 күдөр 183, 286
 күдөрү 287, 516
 күдүк 287
 күш-күш 518
 күз 350
 күзө- 178
 күзөм 287, 432
 күзөн 287
 күзөндөй 73
 күзөт- 527, 573
 күзөү 517
 күй 87, 109, 129, 173, 227, 276, 285, 288,
 375, 399, 546, 565
 күй- 26, 33, 64, 69, 88, 117, 140, 149, 175,
 185, 186, 213, 371, 288, 365, 367, 387,
 402, 422, 424, 428, 436, 472, 485, 497,
 498, 547, 576, 585, 587
 күйдүргү 536
 күйө 117, 218, 287
 күйөдөй 287, 384
 күйөздүк 121
 күйөк 287, 341, 376, 518
 күйөү 113, 287, 288, 295, 430, 507, 508
 күйөзүл- 561
 күйөкөнтөй 547
 күйлү 288, 289
 күйрө- 301
 күйрөк 265,
 күйсүр 288, 546
 күйттө- 103, 183, 426
 күйүк 120, 254, 288,
 күйүн- 149
 күйүс 288
 Күлөш 9
 күл 288, 289, 290, 347, 394, 422, 423, 426,
 427, 463
 күл- 149, 170, 218, 219, 289, 298, 375, 391,

- 478, 563, 582, 586
күлдіреуіш 548, 549
күлкі 31, 124, 289, 291, 375, 561
күлман 285
күлмең 290
күлмет 513
күл-талқан 289
күлте 516
күлтелен- 289, 516
күлтөбе 289
күлше 426
күлік 31, 288, 516
күлім 289, 290
күлімсі 290
күліп-ойна 363
күлістік 290
күмәнді 75, 337
күмбез 268
күмірен- 289
күміс 38, 91, 99, 137, 290, 453, 549, 584
күн 13, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 29, 30, 35, 53, 57, 60, 61, 64, 91, 93, 101, 102, 103, 105, 118, 132, 134, 137, 139, 141, 159, 164, 190, 219, 228, 246, 250, 269, 275, 283, 286, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 302, 314, 324, 326, 339, 355, 357, 360, 363, 377, 379, 384, 385, 387, 395, 399, 417, 421, 423, 426, 431, 432, 433, 452, 493, 519, 537, 539, 543, 556, 567
күнә 21, 256, 290
күндей 16, 17, 19, 192
күндес 90, 291, 510
күндіз 291
күндік 291, 551
күнелт- 83, 292, 373
күнше 293
күншіл 293
күншілік 293
күң 361, 567
күңк 294
күңірен- 200, 289
күп 294
күптө 19
күптей 149, 294
күпті 38, 215, 278, 294, 539
күпшек 448, 516
күлі 43
күлір 294
күрде 517
күре: *күре тамыр* 294
күре- 294
күрек 38, 294
күректей 485
күрең 294, 516, 517
күрес 511
күрзі 72
күрке 294
күркіреу- 294, 515
күркіреуік 515
күрме- 379, 535
күртік 294
күс 294
күс-26, 46, 183
күстөнә 295
күт- 14, 154, 245, 303, 455, 494, 510, 512, 532, 544
күш 81, 82, 83, 111, 112, 151, 295, 306, 324, 358, 402, 427, 517
күшәлә 295
күшеген 506
күшей- 303
күш-күш 518
күш-қуат 306
күшті 287, 294, 295, 433, 441
күшігендей 197
күшік 295, 546
күшіктей 286, 478
кібіртің 295
кідір- 516
кілем 54, 311, 326, 550
кілкілде- 215
кілт 298, 523
кілтипан 469
кім 246, 295, 296, 416, 460
кіне 22, 296
кіндік 134, 210, 296, 298, 352
кіндікті 164
кір 117, 118, 171, 275, 276, 280, 296, 297, 478, 530
кір- 14, 20, 28, 29, 45, 53, 66, 94, 97, 104, 107, 110, 133, 150, 169, 185, 199, 203, 212, 240, 246, 251, 284, 289, 290, 295, 297, 320, 331, 341, 342, 346, 360, 383, 412, 413, 423, 435, 451, 460, 476, 485, 527, 528, 530, 536, 537, 552, 557, 582, 585, 586, 587
кірбең 296
кірбің 118, 274, 275, 299
кіреуке 88, 117, 173, 503
кіржи- 300
кірле- 10
кірпідей 297
кірпік 18, 297
кірпіше 297
кірті- 299
кіртір 297, 298
кіріп-шық 586
кіріс 298
кіріс- 111, 210, 363, 466
кіршік 297
кісәпір 581
кісен 76
кісі 12, 60, 81, 93, 96, 134, 155, 157, 159, 160, 174, 235, 271, 297, 298, 311, 336, 347, 350, 352, 354, 404, 416, 433, 439, 448, 449, 480, 502, 545, 546, 579
кісідей 134, 421
кітап 53, 298
кіші 205, 298, 508, 548
кішік 542
кішір- 91
қаба 301
қабақ 13, 18, 38, 118, 125, 221, 292, 299, 300, 301, 310, 335, 336, 350, 375, 378, 418, 436, 472, 501, 516
қабақта- 294
қабақты 516
қабар- 274
қабат 37, 177, 203, 546
қабатта- 377
қабық 119
қабыл 105, 155, 256, 301, 382, 395, 408, 499, 533, 534
қабын- 428
қабырға 301, 302, 313, 499
қабырғалы 301, 302

қабыс 331
қабыс- 587
қабір 302, 327
қаға 302
қағажу 302
қағаз 94, 324, 489
қағанак 302
қағу 375
қағушы 375
қағым 334
қағын- 66, 192, 208
қағынды 302
қағыс 254, 361
қада- 73, 94, 215, 243, 247, 256, 259, 264,
302, 331, 415, 460, 463, 474, 477, 485,
516, 539, 550, 558
қадам 157, 206, 302, 303
Қадиша 119
қадір 183, 303, 499
қадірлі 100
қажар 303
қажет 81, 303, 463
қаз 10, 304, 305, 515, 547
қаз- 46, 199, 236, 284, 420, 510, 511, 512,
579
қаза 13, 14, 303, 304, 316, 402, 510
қазақ 32, 62, 236, 311, 395
қазақы 515
қазан 10, 14, 54, 161, 172, 304, 306, 324,
357, 377, 487, 518
қазанат 515
қазандай 429, 583
қазбала- 46, 521
қаздай 304, 546
қаздаң 304
қазды 424
қаз-қаз 43
қаз-қалпы 305
қазы 276, 305, 443
қазық 178, 305, 500, 527, 549
қазықтай 302
қазына 203, 305
қазір 493
қазірет 305
қай 305, 306, 307
қайғы 52, 90, 101, 280, 305, 335, 336, 452
қайда 41, 84, 125, 305, 346, 428, 515
қайдан 395
қайқы 72
қаймақ 306, 328, 471, 478
қаймық- 537
қайна- 10, 84, 133, 134, 172, 231, 245,
306, 318, 364, 391, 464, 473, 552,
574, 583, 586
қайнатым 556
қайра- 306, 307, 515, 538
қайрақ 538,
қайран 142, 169, 306
қайрат 306, 307
қайсар 309
қайсы 307, 570
қайт 307, 391
қайт- 12, 14, 60, 82, 88, 117, 118, 123, 146,
151, 163, 180, 193, 197, 208, 213, 219,
229, 278, 286, 306, 307, 332, 337, 356,
375, 386, 391, 401, 431, 438, 444, 447,
461, 498, 517, 576
қайта 359
қайтар- 118, 167, 280, 332, 438, 478

қайтара 399
қайт-қайт 463
қайтта- 103, 426
қайтыс 307, 510
қайшы 307
қайық 307
қайықтай 307
қайым 307, 339, 460
қайың 307, 308, 509
қайында- 507
қайы- 306
қайың 510
қайыр 30, 407
қайыр- 12, 52, 90, 103, 118, 144, 219,
244, 288, 308, 313, 332, 344, 375,
393, 461, 467, 534, 536
қайырлы 49, 302, 304, 308, 349, 367, 443
қайыр-шапағатты 308
қайырым 177
қайыс 207, 324
қайыс- 111, 200, 302, 309
қайыстай 68, 309
қақ 302, 304, 309, 310, 319, 323, 325, 327,
329, 457
қақ- 14, 42, 47, 48, 59, 67, 68, 103, 108,
109, 117, 118, 125, 128, 130, 131, 141,
147, 153, 154, 155, 175, 177, 193,
220, 222, 223, 227, 231, 232, 234, 236,
250, 271, 290, 296, 297, 301, 302,
304, 305, 309, 311, 313, 314, 338,
342, 348, 351, 355, 361, 362, 364, 372,
382, 384, 394, 400, 412, 449, 451, 459,
471, 477, 488, 492, 493, 497, 504, 505,
507, 511, 516, 517, 518, 519, 522, 534,
538, 546, 565, 568, 569, 575, 576, 579
қақа- 309
қақас 309, 534
Қақи- 302
Қаққы 309
қақпай 579
қақпайла- 68
қақпақ 66, 157, 159
қақпақтай 193
қақпан 309, 516
қақса- 227, 317
қақта- 309, 331, 423
қақты 169, 292
қақыр- 460
қақыра- 302
қақырық 310
қал- 12, 13, 20, 42, 47, 48, 49, 54, 55, 56,
57, 58, 60, 64, 65, 67, 68, 74, 75, 79,
80, 81, 82, 84, 89, 93, 94, 97, 104, 108,
111, 112, 119, 125, 129, 133, 134, 136,
137, 139, 147, 152, 157, 158, 159, 161,
168, 169, 177, 179, 185, 201, 202, 203,
204, 206, 211, 215, 217, 222, 228, 229,
234, 237, 238, 243, 247, 249, 251, 256,
257, 258, 262, 275, 278, 280, 283, 286,
289, 305, 306, 307, 309, 312, 320, 321,
323, 324, 326, 329, 330, 335, 336, 338,
339, 354, 365, 366, 381, 383, 386, 388,
395, 398, 404, 406, 410, 411, 414, 420,
421, 424, 425, 432, 437, 440, 446, 447,
448, 449, 450, 453, 455, 457, 463, 464,
466, 467, 468, 471, 477, 478, 482, 484,
486, 487, 488, 490, 491, 495, 496, 499,
500, 501, 502, 504, 510, 512, 514, 517,
521, 522, 524, 526, 529, 530, 531, 538.

- 542, 545, 551, 559, 560, 565, 567, 572,
573, 578, 583, 584
- қала- 32, 185, 357, 476, 580, 585
қалай 292, 390
қалайыла- 549
қалам 38, 310
қаламда- 550
қалас 108
қалау 310, 495
қалаулы 161
қалбағай 310
қалбыр 310, 516
қалған-құтқан 310
қалғыр 13
қалдық 428
қалжа 310
қалжақ 310
қалжуыр 530
қалжың 31, 310
қалқы- 79, 304, 546
қалмақ 355
қалп 310
қалпақ 315
қалпақтай 229, 310, 396
қалт 311, 347
қалта 310, 311, 365, 583
қалталы 311
қалт-құлт 311
қалтыра- 522
қалша 534
қалш-қалш 311
қалы 311, 326, 550
қалың 99, 302, 311, 312, 331, 350, 480,
қалыңдық 311, 507, 508, 510
қалып 134, 487
қалыпты: бір қалыпты 134
қалыс 312
қам 29, 60, 103, 312, 313, 321, 324, 329,
338
қам- 193, 312, 517, 551
қамал 312
қамбар 220, 272, 514
қамқа 312
қамш- 214, 331
қамтамасыз 312
қамшы 59, 82, 143, 235, 312, 313, 325, 327,
337, 457, 469, 512
қамшыдай 312
қамшыла- 238, 312, 428, 461
қамшылы 451
қамық- 277
қамыр 313
қамырық 277
қамыс 93, 313, 516
қамыт 313, 381, 405
қан 37, 42, 63, 64, 69, 76, 114, 118, 119,
120, 134, 135, 141, 152, 250, 262, 300,
301, 302, 305, 309, 310, 313, 314, 315,
316, 317, 318, 319, 325, 334, 335, 336,
371, 374, 375, 459, 476, 491, 499, 504,
531
қан- 22, 42, 55, 65, 67, 136, 228, 240, 257,
361, 363, 368, 374, 390, 486, 511
қана 375
қана- 170, 244, 395, 442, 530
қанат 31, 113, 301, 313, 314, 344, 367, 515,
517, 544, 548, 549
қанатты 314, 516, 522
қанда- 316, 376
- қандай 314
қандас 89, 105
қанды 67, 309, 314, 315, 316, 375, 394,
450, 576
қанжардай 516
қанжыға 296, 316, 353, 375
қанжығалас 316
қан-жын 316
қанжырдай 516
қаннен: қаннен-қанперсіз 317
қаннен-қанперсіз 555
қан-сөл 117, 315
қанттай 583
қанша 40, 410
қаншыр 516,
қаншырдай 318
қанық 62, 261
қанжүзезер 321
қаңбақтай 195
қаңғы 319
қаңғыр- 99, 104, 319
қаңқу 319
қаңсы- 37
қаңсық 133
қаңтар 319
қаңтар- 244
қаңтарулы 179
қаңғырық 319, 320
қап (*зат есім*) 320, 321, 351, 392
қап- 117, 129, 200, 431, 472, 526, 527
қап (*одағай сөз*) 320
қап (*еліктеуіш*) 320
қапа 320
қапас 320, 495
қапер 320, 336
қаперсіз 317
қапия 320
қапсағай 320
қапта- 235, 239, 255, 261, 264, 325, 327,
364, 459, 462, 563, 567
қаптал 320, 325, 354
қапталда- 320
қаптыр- 549
қапы 321
қапыл 321
қапылыс 321
қапысыз 321
қар 31, 244, 252, 294, 300, 310, 329, 331,
335, 450, 463, 483, 550, 568
қара- 11, 19, 21, 31, 32, 52, 53, 63, 64,
74, 83, 86, 90, 95, 96, 100, 114, 115,
116, 117, 118, 125, 130, 159, 160, 161,
162, 166, 178, 179, 194, 197, 198, 199,
203, 214, 221, 239, 257, 263, 264, 268,
270, 274, 276, 280, 286, 292, 294, 297,
298, 299, 300, 318, 322, 327, 334,
337, 339, 343, 347, 350, 355, 374, 375,
378, 396, 407, 415, 418, 422, 424, 426,
427, 429, 430, 442, 450, 453, 466, 472,
501, 507, 516, 522, 527, 541, 551, 558,
559, 563, 568, 573
қара 21, 23, 25, 27, 28, 33, 34, 45, 48, 59,
66, 67, 69, 88, 94, 101, 103, 104, 110,
147, 158, 163, 165, 167, 185, 200, 202,
211, 213, 215, 220, 232, 239, 246, 249,
260, 263, 275, 280, 305, 306, 315, 318,
321, 322, 323, 325, 326, 327, 328, 329,
330, 333, 337, 342, 367, 377, 384, 388,
394, 407, 416, 427, 429, 431, 471, 502,

510, 511, 514, 515, 516, 517, 548, 554,
555, 560, 566, 568, 584
қарабайдай 321
қарабайыр 515
қарағай 338, 408
қарағайдай 397
қарай 202, 284, 323, 324, 446
қарай- 215, 261, 263, 279, 290, 323, 334
қарақ 19, 219
қарақан 21, 249, 321
Қарақасқа 516
қарақат 325
қарақаттай 261, 325
қарақты 257
қарақшы 314, 315, 423
қаралтымда- 326
қаралы 326, 510
қаран 283
қараң 13, 91, 294, 327
қараңғы 18, 20, 158, 203, 254, 270, 279,
327, 471, 496
қарап 279
қарапайым 327
қарар 405
қарасан 327, 517
қарауыл 453, 470
қарауыт-261
қараша 329, 330, 548
қарашы 330
қарашық 255, 261, 263
қарбаласты 330
қарбы-330
қарға 323, 330, 391, 474
қарға- 358
қарғадай 332, 370
қарға-жарға 330
қарға-күзғын 330
қарғы 507
қарғы- 330, 517
қарғылы 330
қарғыс 23, 330
қардай 74, 331, 350
қарқ 302
қаркын 135
қарма- 29, 186, 470
қармақ 13, 331
қармала- 327
қарпы- 330
қарс 215, 271, 299, 331
қарсақ 327, 331, 567
қарсы 209, 331, 332, 368, 472
қартаң 332
қару 165, 166, 332
қарулан- 394
қарулы 166
қаршадай 332
қаршыға 332, 375
қары- 69, 73, 78
қарыз 332, 387
қарыздар 239
қарық- 223, 261, 332, 415
қарымта 332
қарын 27, 73, 190, 237, 243, 268, 325, 331,
332, 371, 455
қарынбайдай 332
қарыс 15, 63, 122, 174, 332, 333, 480, 484,
485
қас 20, 24, 38, 132, 185, 204, 290, 301, 310,
319, 333, 334, 335, 338, 476, 549

қаса 333, 335
қасам 41
қасаң 333
қасапшы 333
қасиет 333
қаскөй 335
қасқа 21, 42, 120, 147, 206, 268, 269, 325,
333, 335, 354, 388
қас-қабақ 334
қасқалдақ 334
қасқыр 126, 334, 335, 368, 545
қасқырдай 334, 341
қаспақ 304
қастандық 335
қастық 335
қастер 335
қасы- 196, 362, 380, 427, 517
қасық 79, 135, 335, 365
қасықтай 45, 335, 384
қасыл 395
қасым 235
Қасымжан 335
қасірет 335, 336
қат 336
қат- 44, 99, 106, 126, 127, 141, 192, 211,
216, 236, 240, 293, 297, 300, 301, 302,
304, 319, 324, 325, 336, 360, 390, 391,
461, 467, 482, 516, 518, 534, 537,
550, 563, 573, 582, 585
қата 336, 364
қатал 336
қатала- 336
қатар 12, 161, 336, 503, 531
қате 20, 336
қатер 100, 187, 336
қатқақ 325
қатпа 515
қаттас 330
қатты 117, 154, 243, 299, 309, 312, 318,
336, 392, 424, 472, 496, 500, 574
қату 585
қатулы 300
қатшөп 336
қатым 49, 336
қатын 18, 75, 81, 247, 291, 324, 326, 336,
337, 503, 510, 513, 521, 522, 529
қатын-бала 336, 337
қатынқы 300
қатыр- 290
қатыс- 60
қау 337, 544
қауға 337
қауғала- 446
қауесет 337
қауқар 337
қауса- 301
қауыз 136
қауым 322, 337
қауыс 337
қауыш- 40
қаш- 14, 29, 39, 61, 72, 93, 99, 101, 108,
110, 112, 118, 127, 146, 147, 149, 165,
168, 172, 193, 210, 245, 288, 319, 337,
339, 367, 369, 418, 423, 435, 440, 458,
467, 471, 475, 480, 496, 508, 511, 518,
528, 529, 542
қаша- 286
қашақ 337
қашан 337

- қашар 337
 қашпа 39, 463
 қашты 39
 қашық 392, 394
 қаһар 337, 378
 қаяу 271, 274, 275, 277, 338
 қи- 74, 99, 137, 187, 196, 206, 261, 280,
 314, 319, 335, 338, 339, 377, 392, 406,
 432, 469, 491, 508, 585
 қибыжық 338
 қиғаш 338
 қиғылық 338
 қиқаң 338
 қиқу 338
 қилы 338
 қима 338
 қимыл 338
 қимылда- 284, 297, 338, 373, 509, 513
 қина- 185
 қинал- 585
 қиш 339,
 қишақ 338
 қира 338
 қира- 558
 қисай- 65, 218, 338, 350, 368, 373
 қисап 338
 қисық 338
 қисын 338, 339
 қисынсыз 126
 қит 339
 қиық 55, 257, 369
 қиықсыз 369
 қиын 339, 340, 539
 қиында- 339
 қиыр 339, 459, 541
 қиыс 339
 қиыстыр- 339
 қию 338, 339
 қия 40, 77, 339, 496
 қияқ 313, 339
 қиял 214, 339
 қиямет 101, 339
 қиян 198, 339
 қиянат 236, 339
 қияң 340
 қияң-қескі 374
 қияпат 340
 қобалжы- 215
 қобыз 351, 558
 қоғалы 340
 қоғам 337
 қожа 17, 147, 427
 қоз- 49, 77, 148, 222, 243, 403
 қозға- 148, 215, 275, 412, 467, 518, 564,
 қозғау 340
 қозда- 44, 340, 342
 қозы 340, 517, 518
 қозыдай 31, 155, 340, 341, 500, 503, 518
 қой 25, 27, 32, 51, 71, 165, 167, 220, 243,
 251, 340, 341, 342, 347, 349, 350, 351,
 368, 377, 459, 463, 514, 516, 517, 518,
 519, 560
 қой- 14, 17, 22, 24, 31, 41, 46, 47, 51, 54,
 57, 59, 62, 66, 70, 86, 87, 93, 94, 97,
 102, 103, 114, 115, 116, 117, 127, 133,
 134, 137, 144, 145, 148, 153, 158, 159,
 162, 166, 177, 183, 187, 190, 198, 204,
 217, 221, 224, 230, 235, 262, 271, 274,
 282, 283, 293, 296, 298, 302, 340, 345,
 346, 352, 355, 359, 360, 361, 373, 379,
 381, 389, 393, 394, 407, 409, 420, 422,
 428, 431, 441, 452, 458, 466, 470, 487,
 507, 516, 518, 521, 529, 537, 538, 560,
 563, 565, 574, 576, 582
 қойдай 126, 220, 252, 266, 334, 340, 341,
 441, 517, 551
 қойқап 320
 қойма 379
 қойны-қолтық 341
 қойша 342
 қойын 67, 341, 342, 353
 қоқан-лоқы 342
 қол 29, 31, 40, 44, 46, 53, 65, 66, 85, 112,
 113, 119, 125, 129, 135, 144, 156, 158,
 168, 173, 179, 190, 264, 285, 294, 298,
 302, 311, 315, 326, 340, 342, 343, 344,
 345, 346, 347, 348, 350, 365, 379, 384,
 386, 391, 403, 416, 418, 426, 427, 429,
 443, 449, 452, 472, 480, 483, 486, 494,
 508, 513, 531, 538, 544, 565
 қолай 340
 қолақпандай 342
 қоламта 342
 қолаң 342
 қол-аяқ 40
 қолғабыс 343
 қолда- 50, 55
 қолдай 421
 қолдан- 559
 қолдан-қолға 343
 қолды 343, 421
 қолды-аяққа 343
 қолды-аяқтай 343
 қолды-аяқты 343
 қолдылық 31
 қолқа 60, 168, 344, 345, 468
 қолқар 344
 қолсыз 31
 қолтық 247, 346, 384, 509
 ком 348, 515, 525
 қомда- 248, 314
 қон- 20, 44, 50, 59, 63, 70, 89, 90, 112,
 121, 146, 150, 197, 266, 290, 314, 333, 347,
 349, 359, 367, 386, 389, 392, 417, 458,
 467, 520, 544, 547, 551, 576, 586
 қонағуар 349
 қонақ 171, 271, 349, 358, 466
 қонақжай 349
 қонымды 274, 411,
 қоныс 40, 56, 349, 354, 367, 368, 545, 568,
 577
 қоныш 341, 347, 349
 қоң 61, 348, 349, 350
 қоңқа 349
 қоңқақ 349
 қоңсы 349
 қоңыз 151, 350
 қоңылтақ 350
 қыңылтаяқ 350
 қоңыр 10, 340, 342, 350, 517, 518, 548
 қоңырау 350
 қоңыраудай 350
 қоңырсы- 290
 қопа 350
 қор 238, 350, 351
 қора 220, 424
 қарабалы 350
 қораздан- 79, 563

- қоралас 71
 қоралы 350
 қорамсақ 350
 қорасан 351
 қораш 254, 351, 435
 қорға 403
 қорған 351
 қорғандай 516
 қорғасын 340
 қорғасында- 549
 қордалы 351
 қорек 351
 қоржын 351, 392, 508
 қоржынындай 147
 қорқау 314
 қорқыт 305, 351
 қорла- 476
 қорлық 238, 351, 402, 449
 қоры- 369
 қорық 516
 қорық- 272, 279, 341, 431, 585
 қорықтық 351
 қос 135, 168, 276, 352, 514
 қос- 12, 17, 18, 28, 41, 52, 59, 61, 97, 107,
 115, 148, 149, 161, 238, 276, 336,
 352, 357, 452, 486, 510, 517, 519, 531,
 533, 547, 550, 552, 556, 575, 580
 қосақ 245, 351, 352, 516
 қосақта- 167
 қосаяқ 65
 қоспақ 514
 қосшылы 59
 қосын 352
 қотыр 376, 427, 515, 525, 536
 қош 280, 281, 352, 518
 қошақан 518
 қошемет 352
 қошқар 19, 341, 352, 514, 518
 қош-қош 518
 қоштас- 91
 қою 469
 қоюлан- 287
 қоян 158, 199, 352, 471, 516
 қояндай 114, 487
 қоян-қолтық 352
 қояншық 352
 қу 68, 249, 333, 340, 353, 354, 355, 395,
 424, 449, 450, 455, 503
 қу- 48, 55, 56, 107, 143, 151, 183, 193,
 205, 369, 385, 386, 403, 429, 437, 447,
 487, 516, 527, 429, 561
 қуақы 353
 қуала- 521
 қуан- 81, 137, 199, 339, 430
 қуаныш 200, 257, 353
 қуар- 100, 137, 353, 435, 492
 қуат 83, 274, 306
 қуатты 345
 қуғын 353
 құдай 12, 43, 103
 құқыл 354, 435
 құлық 44, 354, 455, 526
 құра- 138, 273, 354
 құрай 354, 420
 қусыр- 158, 345, 492, 531
 қутың 355
 қуыр- 43, 119, 365, 535
 қуырдақ 36, 353, 355, 365
 қуыс 250, 355, 420, 544
- қуыстан- 427
 құба 24, 37, 353, 355, 366, 454, 515
 құбыл- 212, 377, 399, 447, 479
 құбыла 355, 513
 құла 35, 97, 98, 106, 111, 113, 155, 287,
 332, 355, 357, 372, 507, 527
 құдай 27, 35, 36, 50, 53, 54, 66, 85, 101,
 110, 135, 178, 189, 228, 247, 269, 271,
 303, 354, 356, 357, 358, 364, 438, 441,
 479, 512, 517, 568
 құдайы 25, 203, 358
 құдала- 355
 құдалаға 59
 құдая 358
 құдық 144, 236, 358, 368, 473, 512
 құдірет 357, 358
 құдіретті 358
 құжына- 364
 құзғындай 370
 құзыр 305, 358
 құй 512
 құй- 65, 66, 120, 163, 227, 230, 251, 262,
 264, 266, 273, 274, 310, 319, 351, 359,
 362, 385, 393, 404, 422, 438, 453, 466,
 471, 485, 508, 509, 512, 563, 569, 579
 құйқа 358, 512
 құйкалы 358
 құйлы 317
 құйма 358
 құймыршақ 359
 құйрық 24, 48, 58, 59, 65, 72, 105, 128,
 157, 192, 245, 257, 314, 340, 358, 359,
 373, 438, 461, 493, 515, 516, 517, 530,
 568
 құйрықтан- 526
 құйрықты 38, 359
 құйтта- 183
 құйымшақ 359
 құйымшақтан- 461
 құйын 32, 325
 құйында- 32
 құйындай 359
 құйрықты 38, 359
 құк 360
 құл 17, 174, 202, 235, 239, 357, 361, 362,
 385, 405, 449, 465
 құла 133, 188, 353, 488, 517
 құла- 84, 189, 277, 358, 359, 361, 373, 416,
 419, 420, 479, 520, 574
 құладың 173, 353
 құлазы- 279, 280, 353
 құлақ 14, 16, 20, 25, 29, 59, 73, 95, 97, 98,
 135, 157, 158, 161, 189, 198, 243, 250,
 253, 257, 273, 284, 304, 313, 325, 357,
 358, 359, 360, 361, 362, 368, 376, 377,
 386, 395, 413, 442, 447, 449, 451, 466,
 496, 516, 517, 528, 529, 540, 541, 549,
 570
 құлақтас 89, 361
 құлақты 243
 құлан 27, 353, 354, 358, 362, 420, 492, 516
 523
 құландай 362
 құлат- 456
 құлаш 248, 362, 450
 құлдай 362, 365
 құлди 362
 құлдық 362, 513
 құлдыра- 516

- құлжа 516
 құлқын 362, 363, 405, 492
 құлшы: *құлшы тас* 102
 құлпыр- 31, 388
 құлшылық 356, 363
 құлшын- 363
 құлық 357, 363, 516
 құлын 363, 515, 516
 құлындай 363, 516
 құлынды 516
 құлын-тайдай 363, 515
 құм 65, 66, 163, 224, 262, 264, 273, 362, 363, 364, 424, 431, 448
 құмай 516
 құмалақ 341, 363, 377, 463
 құмар 56, 81, 90, 185, 191, 257, 317, 362, 363, 386, 564
 құмарлық 564
 құмырсқа 364
 құмырсқадай 364
 құн 57, 81, 164, 203, 257, 364, 406
 құнажын 364, 516, 517
 құнан 71, 363, 364, 516, 517
 құнарлы 358
 құндақ 424
 құндыз 38
 құндызды 550
 құнжың 364
 құнсыз 129, 364
 құнт 364
 құныс 130
 құп 281, 364
 құр 271, 353, 365, 366, 376, 478, 537, 587
 құр- 61, 84, 97, 151, 309, 331, 385, 389, 448, 451, 457, 458, 460, 494, 505, 506, 520, 523, 548, 564, 586
 құра- 97, 407
 құрай-кұрай 518
 құрайт-кұрайт 518
 құрақ 340, 363, 364, 377
 құрақтай 516
 құралай 364, 365
 құран 235, 336, 365, 510
 құрау 377
 құрбақа 358
 құрбан 103, 187, 206, 323, 365
 құрбандық 206
 құрбы 501, 525
 құрға- 60, 63, 257, 264, 517
 құрғақ 365
 құрғыр 218, 363, 521, 533, 544
 құрдай 365
 құрдас 525
 құрдым 365, 465, 470
 құр-кұр 518
 құрлы 12, 128, 152, 183, 338, 498, 567
 құрман 365
 құрсақ 243, 365, 366, 496, 507
 Құрсақтан- 126, 516
 құрсақты 365
 құрсан- 394
 құрсау 331, 416
 құрсын 534
 құрт 106, 167, 210, 255, 264, 344, 360, 366, 386, 395, 480
 құрт- 126, 154, 202, 213, 260, 521, 575
 құрттай 325
 құртша 325
- құру-құру 518
 құры- 19, 40, 42, 62, 69, 82, 127, 153, 162, 163, 197, 260, 294, 362, 366, 381, 400, 464, 473, 477, 482, 491, 502, 521, 537, 575
 құрық 52, 102, 325, 366, 386, 393, 517, 544
 құрықта- 354
 құрым 198, 273, 324, 325, 366, 393
 құрымдай 325
 құрыс 367
 құрыс- 222, 236
 құрыста- 522
 құрыс-тырыс 367
 құрыш 360, 361, 363
 құс 26, 28, 53, 54, 65, 90, 91, 102, 146, 156, 207, 220, 237, 238, 272, 275, 353, 367, 374, 375, 510, 516, 535, 545, 550, 551
 құс- 98, 201, 214, 223, 317, 336, 367
 құса 277, 367, 583
 құста 367, 583
 құстай 92, 367
 құт 193, 229, 367, 368, 514
 құтай- 347
 құт-бөреке 367
 құтқар- 503
 құтпан 367
 құтсыз 106
 құтты 21, 302, 303, 316, 349, 357, 367, 368, 422
 құтыл- 13, 108, 125, 366, 518, 550
 құтыр- 51, 167, 368
 құш 275, 280, 368
 құш- 58, 77, 103, 200, 302
 құшақ 125, 221, 368, 444
 құшақта- 18, 90, 91, 331, 355, 368, 509, 531
 құшат 456
 құштар 363
 құшуақ 279, 280
 құшыр 363, 368
 қыбыла 213, 513
 қыбыр 339, 368
 қыбырла- 325, 364
 қыдыр 50, 90, 207, 368, 376, 427
 қыдыр- 464, 467
 қыдыра 515
 қыдыру: *бір қыдыру* 135, 586
 қыжыл 368
 қыжылда- 217
 қыжыл-көк 368
 қыз 17, 203, 292, 351, 368, 369, 370, 416, 419, 425, 450, 463, 474, 494, 507, 508, 510, 542, 543
 қыз- 130, 151, 172, 257, 284, 285, 319, 403, 476, 485, 563
 қызар- 135, 257, 369, 404, 434
 қызба 369
 қызғалдақ 369
 қызған- 369, 428
 қызғыштай 369
 қыздай 369
 қыздырма 369
 қызқара 517
 қыз-қыз 583
 қызмет 163, 369
 қызу 171, 500
 қызық 97, 111, 370, 417, 503, 537
 қызық- 257
 қызыл 25, 37, 85, 112, 177, 369, 370, 371, 372, 375, 376, 504, 515, 517, 566, 568

- қызылшы 375
 қызыр 139, 207, 372
 қыл 45, 165, 217, 237, 325, 359, 372, 373, 515, 517, 569
 қыл- 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 22, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 35, 36, 40, 42, 43, 44, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 54, 58, 63, 65, 68, 69, 72, 74, 75, 78, 79, 80, 83, 84, 85, 86, 89, 90, 103, 104, 105, 107, 109, 111, 117, 118, 120, 121, 124, 126, 128, 129, 130, 134, 136, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 146, 149, 150, 151, 161, 163, 164, 165, 167, 170, 171, 175, 176, 177, 181, 182, 184, 187, 191, 192, 193, 194, 196, 197, 200, 201, 203, 206, 207, 211, 212, 222, 223, 224, 226, 227, 228, 229, 231, 233, 234, 237, 238, 242, 245, 247, 248, 255, 256, 257, 259, 262, 266, 273, 284, 289, 294, 295, 296, 297, 301, 306, 307, 308, 310, 312, 318, 319, 320, 327, 332, 334, 335, 336, 337, 339, 340, 343, 345, 347, 349, 350, 351, 352, 357, 358, 361, 363, 364, 365, 369, 370, 371, 373, 374, 378, 382, 383, 389, 390, 394, 395, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406, 407, 409, 412, 413, 415, 418, 421, 423, 428, 429, 430, 431, 433, 434, 437, 438, 439, 440, 442, 444, 445, 446, 448, 452, 453, 454, 455, 458, 460, 473, 476, 477, 479, 484, 486, 489, 490, 491, 495, 496, 497, 498, 499, 502, 503, 504, 507, 509, 510, 516, 522, 523, 525, 526, 529, 533, 542, 547, 548, 550, 553, 559, 560, 561, 564, 565, 566, 568, 569, 572, 574, 577, 578, 579, 583, 586, 587
 қылаң 339, 372, 492, 517
 қылау 44, 274, 275, 372, 377, 378, 569
 қылғы- 373
 қылдай 104, 373
 қылжақ 310, 383
 қылмаң 372
 қылп 373
 қылпылда- 585
 қылшың 253
 қылт 373
 қылтанақ 538
 қылти- 103
 қылтылда- 495
 қылша 373
 қылшық 373, 374
 қылшылда- 188, 373, 374, 379
 қылық 357, 361, 369, 374, 399, 476
 қылым 149
 қылыш 54, 60, 338, 374
 қылыштай 374
 қымран 515
 қымта- 9, 171
 қымша 374
 қымыз 113, 150, 364, 374, 487, 540
 қына- 111
 қынай 374
 қынадай 374
 қыналы 374
 қынама 374
 қынап 516
 қың 374
 қыңқ 374
 қыңыр 354, 374, 584
 қып 10, 368, 374, 581
 қып-қызыл 374
 қыпша 374
 қыр 37, 177, 257, 258, 338, 372, 376, 377, 378, 443, 463, 543
 қыр- 68, 83, 237, 341, 374, 491, 521
 қырағы 374
 қыран 334, 374, 375, 376, 449
 қырандай 223
 қыран-топан 375
 қырат 516, 517
 қырау 120, 297, 300, 375, 379, 451, 585
 қырбай 375
 қырғи 375, 376
 қырғын 371, 377, 455
 қырдай 372
 қырит 518
 қырқар 376
 қырқары 107
 қырқылжың 376
 қырлы 135, 376, 459, 503
 қырма 376
 қырман 371, 372, 376
 қырмызы 376
 қырмызыдай 376
 қырсық 206, 376
 қырсық- 206, 249, 520
 қыртыс 323
 қыршаққы 376, 469, 536
 қыршын 190, 211, 377
 қыршындай 190
 қырық 59, 122, 139, 325, 337, 341, 376, 377, 378, 379, 410, 423, 491, 507, 510
 қырық- 92, 210, 270, 314, 369
 қырым 239, 378, 542
 қырын 239, 377, 378
 қырында- 213
 қырынды 582
 қырыс 304, 378
 қыс 378, 379
 қыс- 48, 50, 74, 94, 165, 183, 263, 283, 286, 359, 403, 567, 574
 қысқа 347, 379, 505, 535, 541
 қысқар- 218, 541
 қысқасы 466
 қыспай 258
 қыспақ 379, 495
 қыстай 32
 қыстау 173, 175
 қыстыр- 359
 қысыл-таяң 379
 қысыр 379, 504
 қытай 542
 қытық 379, 380
 қышқан 65
 қышу 380
 қышы- 31, 68, 234, 338, 380, 535, 536
 қышыма 515
 лағынет 38, 56
 лайық 516
 лаж 381
 лақ 269, 511, 530
 лақа 176, 244
 лақап 381
 лақтыр- 125, 496
 лаң 381
 лауазым 382
 лау-лау 463
 лашық 329, 548

лашын 136, 245, 375
лә 382
ләззат 382
ләйлі 382
ләйлі- 382
ләйым 382
ләм 467, 469
ләм-мим 467
лебіз 382
леп 382
лепес 177, 382
лек 514
лүп 215
лық 382
лыш 382
лыша 382
лыпыл 382

ма 40, 57, 81, 89, 174, 193, 273, 285, 357,
407, 472, 488, 547, 559, 571, 587
мағыз 249
маза 383
мазақ 383
мазар 354, 384
май 27, 60, 65, 66, 69, 171, 189, 215, 219,
225, 255, 258, 359, 371, 375, 383, 384,
385, 422, 466, 508, 509, 524, 533, 543
майда 384, 469, 535
майдай 384, 400, 454
майдан 135, 269, 317, 384
майқана 384
майқы 524
майла- 61, 65, 68, 258, 316, 351, 359, 375,
397
майлы 45, 130, 285, 384, 596
маймаң 384
майса 269
майталман 384
майып 226, 384
майыс- 200, 302
мақпал 384, 550
мақсат 385
мақсұт 385
мақта 385
мақта- 385
мақтан 385
мақтау 385
мақұл 36, 385, 581
мақшар 385, 493
мал 27, 34, 40, 55, 74, 99, 109, 197, 202,
220, 311, 326, 332, 385, 386, 398, 424,
509, 510, 511, 514, 515, 519
мал- 348, 416, 427, 548
малал 251
малдас 385
малды 385
малдық 385
мал-жан 152
малма 386, 424
малмандай 551
малта 38, 190, 269, 386
мама 98, 516
мамық 91
мәмыр 386
манадан 87
манат 550
мансап 120, 386
мансұқ 386
маң 388

маңғаз 335
маңдай 11, 27, 60, 76, 91, 118, 165, 269,
309, 354, 386, 387, 388, 460, 464, 484,
485, 487, 496, 511, 518, 567
маңдайша 548, 549
маңлай 388
маңыра- 25, 340, 517
маңырама 454
мар 388
маралдай 249
марғау 388
маржан 137
маржандай 388
марқа 342, 517
марту 388
мас 126, 146, 388
маса 463
масатыдай 388
масқара 388, 537
мастық 388
масыл 388
мат 388
мата 508
матау 515
мауық 363, 388
мауық- 388
маш 384
машайық 108, 235, 440
машақат 152
машық 384, 388
ме 123, 324, 396, 479, 488
медет 111, 274, 389, 390
медеу 83, 274, 390, 443
медиен 353
мезгіл 42, 168, 348
мезетте 463
мезі 390
мезірет 390
меймана 390
мейіздей 390, 516
мейіл 390
мейір 390, 496
мейірім 390
меке 390
мекен 56, 169, 353, 368, 390, 411
мекерлік 390
мектеп 507
мелдек 390
мен 357, 390, 391, 430, 460, 476, 515, 535
мен 16, 19, 22, 45, 52, 153, 198, 326, 334,
382, 418, 435, 440, 460, 515, 534, 543,
548, 574
менен 38, 75, 182, 263
мендүр 390
мендік 390
менмен 390
меңдуана 391
меңді 517
меңіреу 391
мерген 105
мерез 583
мерезден- 583
мерей 389
мерейлі 389
мерек 21
мерт 384
меруерт 137
мес 243
месел 391

мә 80, 389
мәби 389
мәғлұм 389
мәз 92, 518, 583
мәзір 93
мәз-мәйрам 389
мәжбүр 389
мәжнүңдей 382
мәйек 67, 389
мәлік 389
мәлім 389
мәми 389
мәмле 389
мәмілелі 24
мәнсұқ 386
мәпеле- 83
мәрғау 388
мәре 511
мәре-сәре 389
мәртебе 389, 399
мәртебелі 63, 389
мәселе 245, 389, 526
мәслихат 389
мәссаған 389
мәтел 389
мәуе 10
мәулет 389
мәуірт 389
мәш 389
мәшһүр 440
ми 99, 167, 199, 269, 333, 368, 391, 392
миғұла 391
мидай 391, 453
милық 269
миық 349, 391
мият 183, 392
можабай 392
мойы- 447
мойын 37, 89, 120, 128, 135, 165, 166, 167,
248, 269, 296, 305, 315, 319, 347, 354,
356, 373, 378, 392, 394, 410, 455, 497,
505, 508, 515, 516, 566
мойынды 341
мойынтаулық 394
мол 135, 143, 199, 287
молда 4
молдадай 458
•молдас 385
момын 517
монтаң 394
моншақ 81, 115, 116, 502
мосқал 155
моһ-моһ 518
мөлдір 19
мөлдіре- 260, 483
мөлшер 258
мөңіре- 366, 522
мөр 469
мұз 45, 54, 200, 297, 301, 331, 375, 394,
422, 489, 573
мұзда- 47, 217, 279, 586
мұздай 319, 394
мұзды 394
мұқат- 303, 489
мұқият 394
мұқтаж 395
мұқым 395
мұлтым 395

мұнар 395
мұндай 395
мұндар 395
мұнша 417
мұң: *келуі мұң; мұрады мұң* 246, 395
мұң 275, 281, 333, 395, 565
мұңдас 18
мұңлық 288
мұра 10, 395
мұрады 395
мұрапа 395
мұрат 233, 395
мұрса 483
мұрсат 396
мұрт 202, 339, 354, 391, 396, 397, 543
мұрттай 310, 396
мұрша 397, 483
мұрын 33, 74, 76, 123, 127, 158, 167, 185,
240, 244, 349, 352, 376, 395, 396, 397,
419, 443, 446, 471, 492, 516, 530, 535,
582
мұрындық 374, 397, 515, 525, 580
мұрындықта- 396
мұсаллам 397
мұсылман 154, 555
мүдде 397
мүдірік 202
мүйіз 56, 100, 101, 168, 354, 397, 517, 552,
570
мүйізде- 461, 517
мүйізді 16, 19
мүкіс 359
мүлт 397
мүңкір 397
мүрдем 212, 397
мүрит 398
мүсәпір 398, 581
мүсәт 398
мүскін 139
мүсіндей 543
мүсірке- 357
мүше 398, 416
мүшел 398, 507
мүшкіл 398, 554
мығым 581
мызғы- 398
мықты 359, 572, 586
мықтылық 398
мықын 516
мылжың 266
мылтық 113, 316, 362, 416, 583
мың 178, 212, 287, 377, 398, 399, 417, 517,
567
мыңғыр- 398
мыңқ 172, 399
мырғам 399
мырза 399, 514
мырзаға 510
мырс 399
мыстаң 399
мысы 399, 400
мысық 45, 326, 399, 586
мысықтай 145, 238, 383
мысықша 238
мыштай 400
міз 400
мін 22, 103, 400
мін- 10, 58, 59, 60, 74, 76, 175, 196, 222,
229, 238, 243, 267, 295, 307, 337, 354,

- 376, 384, 392, 393, 402, 425, 427, 442,
488, 490, 499, 507, 516, 519
- мигөрсіз 400
минажат 36, 227
минәжәт 400
минәсәр 400
минәсіп 400
мінгендей 157
минез 92, 135, 238, 340, 342, 399, 400, 436,
461, 476, 478, 481, 505, 517, 555
минезді 12, 220, 369, 557
миніс 516
миніскер 400
мір 400, 468, 535
місе 400, 522
- набыт 401
надан 335, 401
наз 401, 516
наза 401
назар 401
найза 44, 269, 374, 401, 402, 480
найсап 107
нақ 402
нақақ 402
нақақтан-нақақ 402
нақа-рақа 402
нақыш 402
нала 402
налыс 402
намаз 170, 402
намыс 46, 347, 402, 403
намыт 401
нан 94, 144, 148, 203, 271, 365, 403
нан- 242, 250
нандай 403
наным 403
нар 36
нар 61, 164, 218, 326, 403, 404, 514, 515
наразы 403
нардай 74, 125
нарлық 404
нарттай 404
нарша 514
нас 404
насихат 404
насыр 404, 581
насырым 203
науадай 404
науаза 404
наурыз 404
наурыздама 404
наушаруандай 404
наш 404
нашар 404
нәзік 112, 404
нәзіл 404
нәзім 404
нәзір 203, 404
нәйміт 404
нәйім-нәйім 405
нәлет 56, 405
нәпсі 405
нәр 405
нәркес 405
нәрсе 94, 119, 407
нәсілсіз 405
нәсіп 36, 128, 405
нәубет 13, 405
- нәш 384, 404
не 20, 40, 82, 85, 89, 175, 244, 406, 407,
410, 426, 463, 514, 555
неге 406
негіз 55, 406
неғыл 105
неке 25, 406, 508
некеле- 406
некелі 25
немене 20
немене 111
немесе 518
немқұрайды 407
несие 407
несібе 407, 490
несібелі 247
неше 407, 416
нешік 40, 410
ниет 23, 45, 180, 326, 407, 408, 455
низам 188
нияз 48
нобай 408
нобайы 408
ноғай 417
ноқай 22
ноқта 102, 408, 515
ноқталы 408, 507
нөкер 408
нөпір 326
нөсер 326
ну 408
нұқ 408
нұқсан 408
нұп 408
нұр 83, 118, 137, 251, 255, 256, 261, 271,
275, 303, 327, 408, 409
нұрлы 16, 408
нұсқа 409, 416
нүкте 409
нысана 409
нысап 409
ныспы 409
нышан 119, 409
нілдей 409, 446
- о 85, 406, 410, 411, 414, 510
обадай 410
обал 256, 410, 427
обырдай 410
оз- 52, 80, 104, 151, 212, 292, 393, 399,
411, 505, 539
озмыш 175
ой 28, 45, 267, 274, 372, 411, 412, 413,
414, 455, 468, 504, 516, 543, 552, 573
ой- 199, 263, 264, 349, 359, 368, 486
ойбай 228, 411, 463
ойдай 412
ойдым 258
ойқаста- 213, 214
ойла- 18, 48, 95, 201, 304, 313, 335, 349,
411, 412, 503, 524, 570
ойлы 158, 450
оймақ 412
ойна- 54, 55, 59, 60, 80, 84, 92, 101, 102,
177, 310, 311, 312, 316, 346, 358, 360,
363, 386, 412, 463, 481, 511, 515, 516,
508, 558, 566, 587
ойнақ 91, 126, 222, 369, 412

- ойнақта- 514, 515
ойнақты 424
ойнақшы- 264
ойран 168, 412
ойран-асыр 412
ойран-ботқа 413
ойран-топыр 413
ойсыз 413
ойсыл 320, 514
ойсыра- 280
ойын 413, 414, 423
ойыншық 414
ойық 516
оқ 13, 21, 33, 57, 59, 60, 175, 300, 340,
390, 400, 414, 416, 469, 535
оқалы 414
оқалақ 415
оқтай 59, 415, 448
оқтаудай 415
оқты 158, 415
оқу 508, 557
оқы- 79, 105, 150, 170, 180, 336, 381, 406,
510, 555
оқыс 415
оқыстық 415
оқыра 415, 517
оқыран- 517
оқырала- 415
ол 306, 394, 415, 416
олай-бұлай 415
олақ 411
олда 415
олжа 415, 416, 425, 511, 517, 562
олла 415
ома 431
омақа 416
омақас- 416
омақат- 416
омал- 416, 424
омыра 431
омырам 431
омырау 416
омыртқа 111, 210, 416
он 85, 113, 135, 220, 413, 414, 416, 417,
419, 424, 489, 524
ондай 416
онсыз 417
онша 417
оң 22, 102, 197, 206, 209, 417, 418, 451,
515, 527
оң- 364, 418, 469
оңай 123
оңал- 451
оңғар- 36, 205, 206
оңда- 36, 92, 357, 452
оңқай 418
оп 200, 410
опа 418
опақ 424
опалаң-топалаң 43
опасыз 418
опат 418, 433
опық 418
опыр- 410
опыр-топыр 44
опын- 418
ор 419, 420, 421
ор- 65, 269
ора- 24, 34, 35, 158, 419, 516, 548, 571
ораза 69, 418
оразды 418
орақ 65, 419, 421
орақшы 423
орай 269, 419
орал- 76, 422, 507
оралғы 77, 203, 419
орамал 463
орда 25, 163, 419, 463, 548
ордалы 419, 420
орман 327, 408, 424, 480
орна- 29, 84
орнық- 216, 277
орта 19, 111, 156, 158, 187, 201, 209, 309,
415, 420, 511, 558, 559
ортақ 19, 421
ортан 421
орын 100, 125, 159, 216, 221, 277, 327,
367, 420, 421, 423, 424, 513, 516
орында- 129, 533
орынды 421
ос- 414, 421
осы 430, 581
оқыр- 517
осыр- 421
осып-осып 421
от 16, 32, 44, 45, 67, 87, 91, 108, 118, 133,
140, 148, 151, 158, 187, 216, 256, 262,
310, 327, 419, 421, 422, 423, 424, 429,
440, 470, 491, 508, 509, 516, 556, 587
отақ 424
отан 38
отас- 421
отау 25, 102, 421, 422, 509, 548
отта- 61, 65
оттай 114, 253, 264, 423, 470, 585
отты 423
оттас 330, 423, 424, 578
отын 304, 424
отыз 423
отыр- 9, 18, 19, 30, 35, 52, 54, 64, 65, 69,
77, 97, 119, 125, 137, 145, 147, 151,
157, 159, 166, 199, 200, 212, 219, 232,
259, 264, 286, 300, 304, 313, 318, 322,
323, 345, 347, 348, 349, 377, 378, 382,
385, 389, 394, 395, 402, 406, 416, 422,
423, 424, 441, 446, 448, 454, 460, 474,
477, 481, 488, 489, 492, 498, 500, 504,
505, 521, 525, 531, 540, 544, 557, 561,
566, 572, 587
отыра: *отыра тартпа сөз* 424
ошақ 422, 424, 517
ошарыл- 424
оюлы 550
ояз 172, 424
оязда- 172, 424
оят- 370, 403, 441
өбек 425
өгей 425
өгейле- 425
өгейлік 425
өгейсі- 425
өгіз 427, 517, 555,

өгіздей 65, 396, 425, 517
 өгізше 425
 өз 21, 61, 85, 104, 108, 111, 118, 147, 178,
 212, 246, 298, 332, 349, 410, 425, 426,
 427, 428, 460, 531
 өзге 203, 426
 өзгер- 583
 өзек 52, 73, 217, 327, 426, 583
 өзекті 426
 өзін-өзі 428
 өзекте- 426
 өзімен-өзі 427
 өк 518
 өкпе 32, 120, 156, 196, 252, 427, 428, 502,
 516, 566
 өкпе-бауыр 428, 493
 өксі- 429, 434
 өксік 429
 өксікті 429
 өктем 429
 өктемдік 429
 өкше 429, 442
 өкшеле- 429
 өкшелік 194
 өкіл 430
 өкім 430
 өкір 285, 405, 517
 өл- 10, 11, 13, 25, 26, 40, 44, 74, 79, 82,
 103, 105, 123, 125, 135, 158, 169, 172,
 174, 191, 198, 202, 206, 238, 247, 282,
 283, 337, 348, 351, 379, 430, 431, 433,
 463, 475, 508, 515, 537, 586, 587
 өлдім-талдым 430
 өлең 307, 385, 427, 509
 өлеңді 431
 өлердей 430, 431
 өлермендік 431
 өлген-тірілгенін 430
 өлер-тірілер 430
 өлке 412
 өлмеші 431
 өлше- 121
 өлшеу 431
 өлшеулі 431
 өлі 431, 432, 433
 өлі-тірі 507
 өлік 176, 432, 510, 537, 587
 өлім 13, 23, 98, 191, 238, 408, 426, 432,
 433, 496, 506, 510, 569
 өлім-қаза 13
 өлімші 433
 өме 431
 өмірен 431
 өмір 75, 152, 238, 339, 400, 425, 433, 434,
 561
 өмір-жас 433
 өн: *өн бойы* 434
 өн- 581
 өне 434
 өнеге 434
 өндірі 543
 өндірішек 437, 516
 өнер 94, 416, 434
 өң 168, 212, 213, 434, 435, 436
 өңді 24, 73, 119
 өңеш 370, 371, 434, 435
 өңкей 435
 өңки- 425
 өңмен 435

өр 307, 436, 438, 497, 517, 581
 өр- 79, 108, 209, 220, 341, 436
 өрбі- 436
 өре 424, 436, 549
 өреген 518
 өрөкпі- 216
 өрелі 436
 өрем 431
 өрен 436
 өрескел 436
 өрескі 436
 өрешіл 517
 өркен 436
 өркеш 514
 өркешті 514, 525
 өрле- 87, 97, 142, 307, 496
 өрмек 437
 өрнек 437
 өрнексіз 437
 өр-ой 436
 өрт 175, 216, 422, 431, 437, 545
 өрте- 73, 140, 152, 213, 271, 288, 426, 449,
 498, 585
 өрттей 327, 337, 471
 өрім 188, 269, 437
 өрімдей 377, 437
 өріс 173, 437, 517, 568
 өрісті 349
 өріссіз 438
 өс- 31, 46, 68, 83, 107, 128, 134, 142, 161,
 264, 270, 281, 336, 363, 389, 396, 436,
 437, 489, 497, 500, 523
 өсек 196, 337, 437
 өспірім 188, 191
 өсім 437
 өт 75, 195, 438
 өт- 12, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 34, 45, 47, 51,
 60, 88, 98, 102, 130, 135, 141, 143, 146,
 149, 151, 152, 153, 163, 172, 192, 193,
 198, 213, 219, 221, 226, 227, 228, 236,
 239, 249, 252, 259, 270, 271, 272, 290,
 291, 292, 294, 297, 298, 303, 321, 326,
 351, 355, 361, 373, 389, 400, 407, 414,
 415, 433, 434, 435, 438, 452, 467, 469,
 470, 473, 475, 477, 479, 480, 491, 497,
 502, 520, 524, 531, 556, 560, 574, 582,
 587
 өтеу 438
 өтірік 25, 438
 өтірікші 471
 өтім 438
 өткір 310, 438
 өте- 296, 303, 332
 өткер- 15
 өткен-кеткен 46
 өткел 495
 өткелек 438
 өткір 535
 өш 244, 438
 өш- 62, 63, 256, 260, 275, 326, 328, 424,
 428, 430, 541, 551, 558, 571
 өшті 138, 541
 па (*шылау сөз*) 81, 153, 280, 360
 пайғамбар 212, 356, 357, 408, 439
 пайда 20, 407, 439, 459, 562
 пайым 439
 пақыр 465
 пана 98, 439

- панала- 98, 124
 паң 439
 пар 440, 516
 пара 68, 212, 439, 440
 пара-пара 440
 парман 36
 партия 440
 парық 440, 466
 патиқа 440
 патша 471
 патшалық 440
 паш 440
 пәле 97, 327, 370, 374, 440, 441, 550
 пәлеқор 441
 пәлелі 440, 441
 пәни 151, 441, 474, 551
 пәрмене 441
 пәрмен 36, 441
 пәруана 441
 пәруардігер 441
 пәс 401
 пәтуа 441, 460
 пәтуалы 441
 пе 40, 276
 педия 446
 пейіл 247, 298, 326, 441, 442
 пен 25, 169, 218, 238, 263, 335, 423, 510
 пенде 100, 210, 250, 442, 530
 пендешілік 442
 перде 116
 перен 364
 пері 222, 442
 періште 30, 81, 442
 пешене 113, 442
 пиғыл 45, 441
 пида 183, 206, 442, 553
 пияз 420
 порымдан- 533
 пүшәй-пүшәй 518
 пұл 46, 164
 пұшайман 442
 пұшайт-пұшайт 518
 пұшман 442
 пұшпақ 170, 427, 432, 442
 пұштық 545
 пұшық 557
 пырақ 442, 515
 пыс 475
 пыс- 286, 442, 587
 пысқыр 442, 421
 пышақ 126, 174, 187, 331, 333, 378, 442,
 443, 586
 пышақта 120
 пышақтай 15
 пыш-пыш 443
 пидия 510
 пікір 583
 пір 47, 119, 140, 220, 242, 443
 піс- 19, 69, 126, 148, 250, 271, 296, 324,
 453, 465, 516
 пісте 443
 пісірім 170, 478
 пітір 443
 піш 199, 412, 427, 443, 481, 505
 пішпе 443
 пішін 443
 разы 444
 рай 221, 274, 444
 рақат 92, 444
 рақатты 163
 рақмет 398, 444
 рақым 36
 рақымшылық 444
 раң 60
 раушан 444
 рәсуа 444
 рәт 163
 рең 14, 245, 435, 436
 риза 50, 444, 583
 ризалық 445
 ризық 445
 рия 445
 рит 518
 рух 445
 рұқ 158
 саба 48, 113, 446
 саба- 58, 143, 214, 266, 370, 437, 441, 446,
 466
 сабадай 291
 сабаз 169
 сабақ 135, 445
 сабақта- 225, 466
 сабақты 445
 сабан 269, 446
 сабат 446
 сабау 451
 сабық 447
 сабыл 57, 76, 328, 517
 сабындай 446
 сабынша 446
 сабыр 94, 446, 447, 486
 сабыс 447
 сағақ 447, 516
 сағақты 516
 сағал 264
 сағала- 124
 сағанақ 305, 549
 сағат 447, 458, 480
 сағым 447
 сағымдай 447
 сағын 193, 517
 садаға 50, 97, 98, 183, 447
 садақа 203, 448
 садақ 448
 саз 90, 394, 448, 492
 саз- 216
 саза 448
 сазай 448
 сазандай 25, 43
 сазар 492
 сай 10, 146, 349, 448, 449, 501, 513, 544
 сайбарыста 448
 сайгүдік 516
 сайгүлік 516
 сайдауыттай 448
 сайдауылдай 448
 сайла- 15, 113, 193, 448, 449, 544
 сайлаулы 390
 сайра 266, 271
 сайран 448
 сайтан 25, 223, 230, 449, 528
 сайыз 449
 сайын 449
 сайып 449
 сайыс 510

- сақ 29, 85, 378, 414, 416, 447, 449, 489
сақа 340, 455, 516
сақадай 449
сақал 25, 57, 122, 149, 269, 300, 372, 376,
449, 500, 567
сақалды 25, 449
сақардай 464
сақау 363
сақаусыра 196
сақина 449, 456, 463
сақта- 36, 42, 51, 54, 80, 161, 180, 183, 233,
235, 244, 245, 255, 267, 280, 290, 354,
357, 440, 454, 476, 534, 538, 586
сақы 450
сақылда 234
сақтық 449, 457
сақпан 251
сал 84, 240, 375, 450, 451, 454, 476
сал- 13, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 27, 28, 29,
31, 34, 36, 39, 44, 47, 49, 52, 55, 60, 61,
63, 65, 67, 68, 70, 71, 76, 77, 79, 83, 85,
86, 88, 89, 94, 98, 100, 101, 102, 103,
104, 106, 109, 117, 118, 119, 121, 122,
124, 126, 127, 128, 131, 135, 141, 142,
143, 144, 145, 147, 148, 151, 152, 153,
162, 164, 173, 176, 177, 178, 183, 187,
189, 190, 191, 199, 204, 205, 207, 216,
217, 220, 224, 228, 230, 232, 235, 237,
239, 250, 254, 255, 257, 258, 263, 264,
265, 273, 276, 279, 280, 283, 287, 288,
289, 292, 294, 295, 298, 300, 304, 305,
306, 308, 312, 318, 320, 322, 323, 324,
338, 339, 340, 341, 344, 345, 350, 353,
356, 357, 359, 360, 362, 363, 365, 366,
367, 372, 373, 374, 379, 381, 384, 390,
392, 393, 394, 399, 401, 403, 408, 411,
412, 413, 414, 415, 416, 417, 437, 440,
441, 446, 448, 451, 452, 453, 455, 456,
457, 458, 460, 461, 462, 420, 421, 422,
423, 424, 463, 465, 468, 470, 474, 476,
477, 480, 482, 486, 488, 489, 490, 493,
494, 496, 499, 500, 504, 505, 506, 507,
508, 509, 510, 511, 516, 517, 518, 519,
520, 522, 523, 525, 526, 529, 531, 535,
541, 543, 550, 551, 554, 556, 557, 560,
564, 568, 570, 572, 574, 578, 580, 583,
587
сала 248, 343, 450, 516
салақ 450
салауат 295
саябыр 516
салбыра 75, 86, 98, 104, 115, 300
салдақы 450
салдыр 450
салдыра 450
салиқалы 450
салқы 450, 516
салқын 275, 350, 436, 450, 472
салма 473, 570
салмақ 450, 451
салпаң 451
салпы 163, 384, 451, 511, 516
сал-сал 451
салт 56, 451, 466, 478
салтанат 451
салу: аузының салуы 69
салық 115, 300, 559
салым 69, 175, 312, 511
салыңқы 300
салыстыр- 250
сам 452
самай 451
самал 350, 451
самаладай 451
самарқау 451
сампылда 452
самса 452
самұрық 156
сан 125, 399, 413, 414, 417, 448, 452, 516
сана 29, 413, 414, 452
сана- 12, 22, 39, 49, 152, 191, 274, 292, 513
санақ 452
санат 452
сандақ 25
сандал- 104
сандалдай 516
Сандалкөк 516
сандалма 452
сандық 550
сандырақта 65
саңғы 214
сыңлақ 196, 516
саңлау 236, 452
саңырау 284, 386, 452
сап 16, 281, 337, 452, 453, 471
сап- 485
сапар 29, 206, 246, 307, 308, 411, 452, 458,
510
сапси- 449
сапта 468
сапта- 468, 566
саптау 468
сапты 453, 516
сапыр- 282, 363, 438, 470, 523
сапыран 32
сар 453, 454, 455, 516
сара 142, 218, 453
сарай 453, 500, 583
сарайдай 427
сарала 453
сараң 147, 321, 332
сарап 453
сарбалақтан 453
сарғай 452, 492
сарқ 302
сарқырама 454
сарқыт 310
сарна- 504
сарпылтаң 454
сарсаң 82, 152, 454
сарсыл- 76, 454, 485
сарсыт- 362
сарша 175, 377, 454
сары 24, 25, 120, 237, 255, 324, 329, 356,
375, 447, 452, 453, 454, 455, 515, 516,
517, 538
сарыгидір 455
сарық 213, 447
сарық 482
сарыл- 455
сарымсақтай 190
сарыш 295, 434, 455
сас 455
сасы- 83, 152, 317, 362, 500, 518
сасық 455, 518
сат- 12, 14, 51, 79, 154, 163, 186, 216, 235,
263, 290, 295, 360, 433, 439, 449, 468,
501

сатар 39
сатқақ 456
сатпайы 129
сау 391, 453, 456, 457, 587
сау- 12, 17, 26, 27, 40, 143, 148, 163, 194,
309, 354, 457
сауап 27, 456
сауар 456
сауат 456
сауға 98, 105, 183, 456, 516
сауғала- 98, 183
сауда 267, 285, 456
саудайы 456
саудыра- 456, 476
сауқын 457, 517
саулық 40
саусақ 25, 416, 417, 426, 567
саусақтай 113
сауық 104, 177, 457
сауық-сайран 457
сауымдай 119
сауын 457, 511
сауыр 60, 457, 471, 517
сауырсын 60
сауысқандай 457
сауыт 38
сая 181, 185, 277, 457, 458
саябыр 457
саяқ 225, 457, 516
саяқтай 565
саяла- 183
саят 458
саяттық 458

сәжде 170, 458
сәйгел 415
Сәжен 9
сәлде 458
сәлем 150, 198, 458, 509, 554
сәлемдеме 458
сәлем-сауқат 458
сәлим 555
сән 9, 458, 549
сәрі: *бір сәрі* 136, 492
сәске 317, 461, 543, 556
сәт 166, 321, 350, 446, 458, 581, 588
сәтте 463
сәтті 458
сәуегәйлік 458
сәуле 190, 493
сәулет 146
сәуір 458
сәуірік 516
себеп 155
себіл 183
сегіз 113, 135, 149, 417, 459, 460, 524
сез- 585, 587
сезім 217, 462, 577
сезік 459
секем 459
сексен 459
секілден- 366, 461
секілді 24, 188, 359, 516
секір 133, 517
сел 255, 307, 459
селдей 459
селебе 282
селк 459
селт 459

селтең 459
селтек 459
сем- 143, 174
семсер 25
семіз 189, 459
семір- 126, 189, 210, 481
сен 85, 359, 389, 395, 416, 459, 460, 476
сен- 242, 274, 311, 459
сендел 460
сенім 462
сенімді 428
сең 460
сеңгір 230
сеңдей 459
сеп 133, 188, 281
сеп- 471
сергек 542
сергі 276, 281
сере 443
серек 269
серке 19, 460, 511, 516, 518
серкесіз 518
серме- 40, 94, 313, 348, 362, 502
серп 524
серпін 460
серт 460
серуен 460
сері 479
серік 394, 434
сес 460, 461
сеспей: *сеспей қатты* 461
си- 107, 317, 357
сидаң 517
сипа- 116, 387, 420, 449, 457, 461, 508, 517,
562
сипала- 420
сирақ 12, 26, 130, 327, 334, 354, 371, 393,
461, 481, 505, 526
сиық 461, 465
сиын- 50, 119, 135
сиыр 27, 337, 457, 461, 514, 517
сиырдай 366, 415, 421, 461, 517
сиырма 461
сияқты 24, 74, 130, 220, 517
соғым 461
соғыс 461
соз 461
соз- 53, 68, 75, 143, 183, 208, 285, 345, 362,
393, 434, 494, 568
созаң 466
созым 234, 345, 362
сой- 120, 266, 345, 355, 462, 465, 502, 555,
580
сойдауыттай 142
сойқан 461
сойыл 84, 347, 462
соқ- 25, 32, 33, 38, 41, 52, 57, 65, 84, 103,
111, 115, 128, 133, 141, 149, 152, 175,
189, 191, 200, 201, 205, 216, 222, 228,
250, 269, 281, 304, 309, 313, 342, 345,
365, 376, 388, 390, 403, 405, 426, 442,
452, 453, 460, 462, 463, 465, 488, 497,
500, 511, 516, 524, 551
соқа 462
соқпа 462
соқпақ 12, 462, 494
соқ-соқ 518
соқта 269, 317, 375
соқтадай 463

- соқталан- 264, 269
соқтаңдай 142, 463
соқты 60, 292
соқыр 91, 113, 129, 261, 264, 282, 462, 463
сол 102, 246, 295, 315, 417, 418, 453
сол- 138, 159, 188, 191, 208, 213, 270, 294,
398, 463, 498, 543, 561
солайымен 62
солқ 215
солқылда- 124
солық 463
сом 426, 463, 516
сомда- 463
сомадай 142, 463
сона 463
сонар 375, 463, 541
сонсоң 85
соң 12, 49, 84, 209, 355, 376, 463
соп 518
сопа 462
сопай 464
сопақ 424, 464
сопы 464
сор 154, 163, 269, 311, 353, 354, 387, 463,
464
сор- 78, 92, 317, 472, 477, 502
сора 262, 395
сорап 464
сорғала- 262, 313
сорғыш 317
сорлы 89, 333, 464
сорпа 46, 63, 120, 171, 318, 327, 464, 478,
552
сорпадай 464
сорпалық 464
сот 465
сөз 20, 21, 27, 28, 34, 39, 40, 44, 46, 49, 51,
55, 56, 60, 66, 67, 70, 75, 82, 89, 101,
126, 125, 129, 135, 140, 144, 155, 158,
159, 164, 177, 187, 180, 182, 193, 196,
203, 221, 232, 246, 272, 304, 319, 320,
321, 327, 329, 336, 338, 361, 365, 366,
371, 376, 379, 381, 408, 424, 431, 436,
438, 441, 443, 455, 459, 461, 463, 465,
466, 467, 468, 469, 470, 472, 480, 499,
504, 505, 511, 520, 522, 524, 525, 526,
533, 534, 535, 536, 537, 539, 557, 570,
572, 577, 580
сөзді 135, 159, 469, 532
сөйле- 9, 10, 26, 32, 51, 65, 68, 70, 74, 93,
121, 126, 129, 158, 159, 170, 194, 221,
282, 341, 377, 378, 402, 424, 450, 469,
473, 479, 498, 530, 531, 544, 556, 565,
569, 571
сөк- 38, 40, 252, 268, 281, 302, 465, 475,
580
сөл 309
сөн- 151, 179, 180, 181, 209, 256, 289, 434,
471, 550, 571
сөңкел 366
су 9, 16, 25, 41, 54, 67, 69, 71, 79, 135, 158,
167, 172, 196, 199, 203, 216, 229, 237,
240, 243, 275, 281, 291, 346, 348, 368,
375, 377, 393, 395, 406, 422, 423, 424,
446, 447, 451, 470, 471, 472, 478, 479,
481, 483, 493, 501, 504, 508, 512, 515,
516, 531, 550, 551, 565, 570, 579
суал- 145, 159, 256, 261, 326, 328, 407, 470,
478, 492, 543
суан 473
суар- 37, 256
суат 275
судай 11, 92, 142, 146, 281, 318, 363, 371,
384, 438, 470, 471, 478, 496
суқан 471
сула- 424
сумаң 471
сусамыр 471
суса- 42
сусы- 473, 479
сусын 28, 109, 539
суы- 45, 61, 63, 79, 107, 111, 217, 221, 222,
278, 280, 528, 578, 587
суылда- 216
суық 44, 206, 213, 218, 328, 436, 470, 472,
473, 481, 512, 528, 574, 576
суыр 473
суыр- 238, 272, 273, 289, 345, 473, 533, 586
суырдай 579
суыртпақ 473
суыт- 58, 473
суыту 516
сұғанақ 348, 473
сұғанақтық 348
сұйы- 474, 516, 517
сұйық 218
сұйыл- 78
сұқ 73, 256, 264, 463, 473, 474
сұқ- 75, 98, 345, 397, 440, 472, 536, 587
сұқбат 474
сұла- 474
сулама 26
сұлқ 474
сұлтан 298
сұлу 16, 333, 474, 477, 518
сұм 474
сұмдық 44, 474
сұн- 394
сұңғыла 474
сұңқар 26, 173, 313, 375, 474
сұлық 474
сұп 474
сұпыдай 26
сұпын 474
сұр 475, 517
сұра- 19, 20, 28, 29, 30, 45, 57, 62, 89, 98,
105, 128, 160, 197, 203, 207, 211, 220,
235, 251, 270, 273, 276, 283, 308, 356,
357, 364, 390, 424, 456, 474, 571, 578
сұрақ 474
сұрау 470, 474, 475
сұраусыз 475
сұрғылт 475
сұрқия 475
сұрқылтай 85
сұрық 475
сұс 399, 475
сұсты 436, 475
сұхбат 475
сүбе 475
сүбелі 475
сүдін 475
сүз- 178, 258, 263, 284, 364, 460, 475
сүзбе 424
сүзеген 517
сүзек 475
сүй- 36, 92, 184, 190, 276, 292, 331, 357,
363, 402, 471

- сүйе- 47, 90, 234, 240, 346, 443, 534, 535
 сүйек 42, 122, 172, 239, 354, 366, 433, 448,
 463, 467, 470, 475, 476, 477, 478, 510,
 516, 548, 549
 сүйексіз 126
 сүйектей 482
 сүйектен- 471
 сүйекті 549, 550
 сүйел 254
 сүйелдей 254
 сүйем 333, 480
 сүйен- 199
 сүйеу 477
 сүйре- 477, 519
 сүйрет- 476
 сүйреткі 477
 сүйретпе 477
 сүйсін- 357
 сүйін- 149, 541
 сүйінші 361
 сұлдер 366, 477
 сұлде 477
 Сүлеймен 471, 477
 сүліктей 317, 477
 сүлікше 477
 сүмбідей 477, 516
 сүмек 60
 сүмең 477
 сүңгі 269, 402
 сүңгі- 501
 сүндет 477, 507
 сүр 433, 477, 478
 сүр- 146
 сүргін 377
 сүрен 477
 сүрт- 48, 68, 526
 сүрін- 170, 218, 258, 422, 478, 535
 сүт 10, 11, 26, 27, 40, 41, 172, 186, 247,
 470, 473, 478, 509, 517
 сүттей 20, 438, 478
 сүтті 473
 сыба- 465, 479, 517
 сыбаға 433, 478
 сыбай-салтаң 478
 сыбан- 131
 сыбырла- 479
 сыбыс 472
 сығай 479, 574
 сығылыс- 479
 сығымда- 479
 сығыр 354, 479
 сыдыр- 207
 сыдырғы 135
 сыдырым 480
 сыз 428, 492
 сыз- 197, 331, 405, 495
 сызда- 99, 216, 331, 479
 сыздық 538
 сызық 305
 сый 303, 479, 508
 сый- 28, 108, 136, 158, 160, 200, 251, 265,
 286, 306, 321, 346, 353, 387, 428, 443,
 446, 502, 505, 518, 535, 540, 557, 560,
 586
 сый-құрмет 54
 сыйлық 552
 сый-сыпат 479
 сыйымсыз 554
 сыйын- 356
 сық- 119 309, 540, 551
 сықылды 310
 сықырлауық 549
 сылаң 128
 сылбыр 479
 сылдыр 479
 сылдыра- 350
 сылқ 479
 сылқи- 479
 сылқым 479
 сылп 68
 сылтау 196, 479
 сылы- 47
 сымппи- 479
 сын 480
 сын- 14, 24, 45, 48, 50, 78, 145, 171, 229,
 278, 298, 300, 313, 337, 354, 378, 396,
 397, 399, 447, 501, 534, 561, 567
 сына 45, 479
 сына- 88, 295
 сынадай 479
 сынап 310
 сынаптай 479
 сындыр- 112, 129
 сындырым 136
 сынық 38, 55, 164, 213, 254, 278, 400, 436,
 479, 480, 548
 сыңай 465, 480
 сыңар 158, 480
 сыңсу 509
 сыңсы- 480
 сыңсыма 509
 сыштай 480
 сышыр 487
 сышыр- 68, 102, 107, 116, 387
 сышыра 481, 517
 сыр 217, 473, 481, 482
 сыра 479
 сыралғы 105
 сырбаз 172, 517
 сырға 153, 359, 507
 сырдаң 481
 сырқыра- 448, 477
 сырлас- 481
 сырлы 135, 503, 550
 сырмақ 482, 550
 сырт 151, 172, 214, 253, 273, 359, 394,
 443, 481, 497, 520, 524, 531, 555, 584,
 586, 587
 сырттан 385
 сыртты 448
 сырық 102, 366, 386, 482, 549
 сытыл 482
 сібірле- 492
 сідет 482
 сідік 45, 120, 378, 482
 сіз-біз 482
 сіле- 358
 сілей- 479, 482
 сілекей 67, 386
 сілкі- 161, 201, 482
 сілте- 55, 205, 313, 348, 498
 сілтеуші 55
 сілті 482
 сілтідей 482
 сілікпе 238, 482
 сілімтік 482
 сің- 92, 123, 163, 172, 319, 361, 363, 384,
 470, 476, 478, 496

- сіңлі 308
 сіңір 483
 сіңір- 483
 сіре 427
 сірәсі 466
 сірге 483
 сірес 567
 сіреу 483
 сірке 483
 сіркедей 459
 сірі 187, 455
 сірідей 187
- та (*шылау сөз*) 39, 54, 108, 347, 440, 442
 таба 484, 486
 табақ 427, 484
 табақтай 239
 табақтас 484
 табалдырық 484, 548
 табан 11, 26, 68, 77, 78, 135, 161, 193, 210,
 249, 328, 354, 371, 375, 429, 443, 455,
 460, 463, 484, 485, 486, 514
 табанда- 484, 513, 519
 табанды 519
 табиға 135
 табиғат 486
 табын-50, 422
 табыс- 340, 517
 таға 486
 тағала 36, 357, 554
 тағала- 567
 тағалы 234
 таған 513
 тағанда- 513
 тағат 486
 тағдыр 335, 486
 тағдырсыз 486
 тағзым 487, 489
 тағлым 487
 таж 38
 таз 236, 376, 487, 512, 550
 таза 16, 52, 148, 271, 362, 478, 487, 514
 тазы 330, 487
 тай 62, 69, 364, 398, 462, 482, 487, 489,
 516, 517
 тай- 14, 38, 45, 78, 88, 98, 146, 180, 193,
 204, 213, 234, 255, 256, 264, 288, 303,
 350, 373, 375, 386, 409, 435, 460, 484,
 485, 486, 488, 497, 520, 565, 576
- Тайбурыл 516
 тайғақ 269, 494
 тайдай 32, 487, 490, 495
 тайды: *түйе тайды* 526
 тай-құлындай 487, 515
 тайқы- 487
 тайлақ 286, 478, 487, 514
 тайлақтай 127, 396
 тайлы-таяқ 487
 тайпа 136
 тайпал 487
 тайпы 136
 тай-тері 550
 тайынша 517
 тайранда- 514, 515
 тақ 488, 514
 тақ- 17, 22, 59, 157, 162, 167, 179, 225,
 330, 350, 400, 480, 507, 523, 564, 579
 тақа- 184, 373, 488
 тақия 488
- тақия-тұмақ 510
 тақсыр 34, 143
 тақсірет 488
 тақта 448
 тақтай 488
 тақ-тақ 424
 тақылда-493
 тақым 315, 354, 455, 488, 489
 тақыр 20, 333, 489, 516, 550
 тақырла-489
 тақыс 249
 тал 437, 470, 487, 490
 тал- 112, 174, 217, 258, 348, 426, 490, 517
 тала- 44, 98, 192, 238, 239
 талай 159, 489, 497
 талақ 229, 328, 370, 489
 талақша 489
 талан 490
 талан-тараж 489
 талап 247, 489, 490, 497
 талалай 318, 489
 талас- 53, 90, 183, 205, 291, 295, 421, 467
 таластық 91
 талау 489
 талғажау 490
 талқан 13, 168, 490
 талқанда- 424
 талқы 490
 талқын 490
 талма 490
 талмау 490
 талмаура- 490
 талмаусыра- 490
 талпын- 16
 талша 373
 талшық 490
 талықсы-217, 490
 талыс 323, 425, 516
 там 29, 374, 499
 там- 67, 93, 94, 117, 118, 230, 250, 273,
 297, 318, 384, 416, 493, 533, 535
 тамақ 26, 35, 45, 52, 54, 73, 265, 304, 355,
 362, 372, 491, 494, 582, 583
- тамаша 491
 тамтық 457, 488, 491
 тамұқ 491
 тамшы 262
 тамыз 377, 454
 тамыз- 67, 175, 466
 тамыр 20, 37, 224, 294, 296, 358, 477, 491,
 492
 тамырдай 431
 тамырлы 330
 тан- 28, 56, 168, 169, 437, 460, 471
 тана 357, 487, 492, 511, 517
 танадай 361
 танап 136, 492
 танау 144, 158, 371, 492, 516
 тандыр 407, 478, 492
 танты- 492
 тантық 142
 таны- 27, 82, 85, 161, 164, 165, 174, 218,
 239, 267, 280, 295, 300, 301, 328, 334,
 374, 418, 465, 468, 480, 517, 522, 525,
 555
- танығыш 301
 танық 253
 таныс 42, 171, 175, 212, 258
 таныс- 370, 509,

- таң 10, 23, 42, 57, 60, 120, 139, 283, 293,
306, 308, 379, 492, 493, 494
- таң- 248
- таңба 115, 462, 476, 487, 493
- таңбадай 487, 493
- таңғыш 549
- таңда- 258, 288, 387, 457, 563
- таңдай 32, 194, 355, 479, 485, 492, 493,
535
- таңдай 59
- таңдайла- 367
- таңдақ 493
- таңертең 493
- таңқы 493
- таңсық 133, 493
- тап 41, 113, 144, 309, 337, 339, 423, 455,
490, 494, 516
- тап- 9, 12, 18, 28, 43, 44, 81, 92, 93, 103,
112, 132, 140, 142, 143, 144, 147, 155,
162, 176, 185, 187, 189, 192, 199, 201,
205, 206, 208, 221, 235, 251, 263, 270,
275, 277, 280, 293, 294, 297, 303, 310,
320, 321, 324, 335, 338, 349, 357, 358,
368, 372, 376, 380, 381, 382, 383, 387,
395, 403, 405, 413, 418, 419, 428, 434,
439, 441, 444, 457, 458, 463, 467, 468,
473, 475, 479, 486, 491, 498, 501, 502,
504, 512, 513, 529, 533, 534, 542, 544,
545, 548, 556, 561, 565, 581
- тапа 490
- тапай 490
- тапжыл- 494
- тапқан-таянған 494
- тапсыр- 40, 85, 145, 186, 203, 342, 356,
443, 554
- тапта- 79
- тапшы 29, 411, 494
- тапшылық 494
- тапшырық 83
- тар 110, 152, 168, 206, 226, 247, 280, 294,
348, 437, 442, 488, 494, 495, 496, 497,
502, 516, 587
- тара- 55, 122, 127, 189, 367, 569, 582
- тараз 494
- таразы 28, 161, 276, 373, 494
- тарамыс 494, 502
- тарап 560
- тарғыл 517
- тарих 495
- тарқа- 88, 175, 361, 363, 367, 395, 564,
569
- тарлан 243, 495, 497, 516
- тарлық 101, 348, 495, 583
- тарпа 495
- тарпаң 495
- тарпы-517
- тарс 255, 360, 489, 495, 496
- тарт- 14, 15, 22, 23, 27, 34, 35, 53, 55, 58,
61, 72, 81, 98, 106, 107, 109, 120, 121,
123, 126, 130, 144, 148, 152, 153, 155,
156, 164, 170, 172, 173, 174, 177, 180,
190, 192, 200, 205, 224, 226, 227, 228,
229, 240, 244, 245, 248, 249, 251, 258,
263, 279, 281, 288, 295, 296, 297, 299,
300, 305, 306, 314, 318, 319, 338, 330,
332, 334, 335, 336, 353, 359, 363, 364,
368, 374, 375, 388, 390, 405, 406, 435,
442, 448, 450, 451, 464, 424, 426, 427,
431, 465, 468, 473, 475, 478, 479, 481,
482, 484, 485, 488, 491, 492, 494, 495,
496, 497, 499, 503, 504, 515, 516, 517,
518, 519 524, 526, 527, 531, 534, 536,
546, 558, 560, 562, 564, 565, 567, 568,
572, 576, 578, 581, 582, 584, 586, 587
- тартпа 375, 424
- тарту 495
- тарту-таралғы 495
- тартық 298
- тартыншақ 515
- тартыс 90, 238, 511
- тары 136, 296, 462
- тарық 277, 495
- тарыл 43, 110, 226, 442, 492, 502, 544
- тас 11, 15, 38, 65, 102, 103, 132, 137, 175,
176, 216, 217, 232, 264, 273, 307, 328,
330, 341, 358, 360, 362, 373, 388, 390,
448, 463, 477, 486, 487, 491, 494, 495,
496, 497, 512, 516, 524, 532, 538, 580
- тас 52
- таса 121, 212, 254, 255, 262
- тасала- 258
- тасаттық 495
- тасбақа 495
- тасқын 496
- таспа 207, 480, 496, 502
- таспадай 496, 533
- таста 39, 44, 49, 54, 66, 92, 125, 141, 161,
211, 232, 237, 257, 258, 297, 331, 365,
366, 413, 423, 451, 454, 463, 467, 468,
469, 477, 489, 498, 509, 510, 525, 543,
558, 571, 578, 584
- тастай 20, 92, 299, 306, 490, 496, 497
- тастақ 521
- тас-талау 497
- тастам 45, 498
- тастаяқтай 497
- тасы- 142, 146, 224, 281, 297, 306, 372,
422, 437, 496
- тасыр 32
- тат 75, 144, 145, 152, 153, 229, 230, 382,
405, 463, 497, 521, 570
- тата 497
- таты- 46, 69, 186, 221, 224, 310, 442, 471,
493, 579
- тау 52, 53, 92, 93, 94, 103, 128, 143, 203,
230, 320, 329, 342, 375, 393, 447, 497,
498, 502
- тауалы 39
- тауан 497, 498
- тауап 497
- тауба 531
- таудай 104, 489, 497
- тауқымет 434, 497
- таула- 395
- тауық 296, 462, 494, 526
- тауыс- 19, 40, 76, 145, 218, 225, 258, 381,
403, 447, 485, 486, 498, 513, 523
- тая- 35, 180, 184, 185, 201, 291, 431, 447,
529
- таяздан- 311
- таяқ 45, 83, 84, 101, 102, 158, 328, 447,
462, 463, 498, 500, 511, 523
- таяқтай 235
- таяныш 47, 549
- таяң 529
- тәбділ 486
- тәбет 281, 390, 491

- тәжі 498
 тәжіке 498
 тәжікелес- 498
 тәжім 498
 тәй-тәй 43
 тәлтөк 498
 тәлім 434
 тән 498, 523
 тән-тән 498
 тәнті 498
 тәңір 36, 189, 271, 358, 498, 536
 тәңірі 36, 239, 364, 555
 тәпірік 83
 тәрбие 498
 тәркі 499
 тәртіп 293
 тәрізді 404
 тәрік 152
 тәсбих 499
 тәсілім 184, 510
 тәтті 52, 75, 91, 184, 481, 499
 тәу 499
 тәубә 358
 тәубе 67, 69, 499, 504
 тәуекел 36, 404, 499
 тәуелжі- 499
 тәует 516
 тәуір 458
 те (*шылау сөз*) 162, 212, 320, 360
 тебендей 500
 тебінгі 499
 тебінгідей 53, 85, 201
 тебірен- 182, 217
 тегенедей 385
 тегеріш 549
 тегеурін 500
 тегін 471, 500
 теже- 121
 тез 490, 500
 тезек 390
 тек 46, 55, 62, 228, 406, 476, 500
 теке 172, 370, 462, 463, 500, 516, 518
 текедей 246, 421
 текежаумыт 515
 текемет 55, 550
 тексер- 63, 130
 тектес 461
 текті 400, 500
 тел 500
 телегей 500
 телім 500, 511
 темір 69, 123, 187, 394, 426, 500, 501, 550
 теміреткі 536
 тентек 304, 470, 501
 тең 21, 52, 97, 104, 323, 494, 501, 510,
 513
 теңге 511
 теңгедей 201, 500,
 теңгер- 97, 185, 349
 теңдей 489
 теңдік 55, 501, 537
 теңе 121, 501, 517
 теңсел- 513
 теңіз 500
 теп- 34, 37, 55, 91, 97, 151, 152, 162, 172,
 349, 363, 421, 481, 485, 487, 501, 515
 517, 524, 580
 теперіш 501
 тепкі 433, 501
- тепкіле- 510
 тепсең 501
 тепсін- 201
 тешпіле- 201
 тер 11, 45, 63, 75, 184, 270, 328, 387, 394,
 484, 499, 501, 502
 тер- 350, 407
 тербе- 218, 414
 терезе 501
 терек 290
 терең 331, 501, 510
 терле- 388, 394
 терме 550
 тері 27, 98, 207, 239, 345, 425, 427, 442,
 487, 502
 терідей 234
 теріс 11, 61, 322, 360, 501, 502, 581
 теріскен 536
 тес- 53, 127, 217, 249, 263, 266, 267, 286,
 359, 393, 396, 486, 502, 512
 тесік 133, 168, 297, 311, 360, 378, 502,
 512, 568
 тетік 148, 502
 ти- 26, 32, 36, 39, 52, 61, 63, 64, 65, 71,
 72, 75, 76, 77, 79, 82, 90, 102, 105, 108,
 126, 130, 131, 144, 149, 150, 154, 162,
 165, 166, 168, 174, 180, 182, 186, 189,
 193, 195, 198, 209, 211, 216, 217, 221,
 222, 223, 226, 227, 231, 233, 239, 244,
 249, 254, 259, 268, 285, 287, 293, 308,
 312, 313, 318, 330, 331, 335, 336, 337,
 339, 343, 345, 346, 347, 361, 368, 376,
 379, 380, 381, 387, 388, 396, 402, 408,
 415, 427, 429, 433, 439, 442, 443, 450,
 452, 457, 458, 465, 467, 471, 473, 477,
 478, 483, 485, 486, 488, 498, 502, 512,
 517, 518, 519, 524, 527, 530, 531, 534,
 536, 538, 545, 556, 558, 559, 563, 564,
 566, 573, 580
 тигіш 259
 тие: *тие берсін* 510
 тиек 502, 532, 536
 тигыл 510
 титық 502
 тигын 113, 129, 136, 152, 203, 270, 364,
 463
 тигірмен 295
 тиянақ 469, 502
 тоба 358, 499
 тобан 503
 тобарсы- 201
 тобықтай 335, 503, 504
 тобылғы 517
 тобыршық 503
 тобышақ 515
 тоға: *бір тоға* 136
 тоғай 408
 тоғам 503
 тоғыз 99, 131, 136, 375, 463, 503, 511, 547,
 552
 тоғыт- 341, 441
 тоз 16
 тоз- 14, 57, 76, 95, 124, 237, 331, 484, 485,
 486, 498, 503, 505, 573
 тозаң 524
 тозақ 152, 503
 тоз-тоз 503
 тозық 503
 той 49, 203, 238, 282, 423, 446, 503, 504,

506, 507, 508, 509
той- 72, 112, 118, 133, 149, 151, 177, 184,
246, 263, 264, 268, 277, 281, 283, 314,
372, 382, 406, 428, 441, 479, 571, 583,
587
тойла- 238
тоқ 94, 254, 265, 274, 277, 281, 343, 491,
500, 503, 504
тоқай 22
тоқал ~~415~~, 504, 510, 511, 518
тоқмәйіл 504
тоқпақ 102
тоқпақтай 193, 346
тоқпан 25
тоқсан 131, 503, 504, 548
тоқта- 28, 53, 168, 191, 217, 259, 413, 442,
460, 516, 517, 527, 533
тоқтам 89
тоқтас- 504
тоқтау 504, 511
тоқты 504, 517
тоқтық 504
тоқы- 119, 193, 267, 504
тоқылдақ 504
тоқым 455, 504, 507, 520
тол- 21, 22, 65, 69, 71, 92, 164, 167, 191,
209, 221, 261, 262, 263, 271, 280, 281,
294, 305, 391, 421, 488, 489, 504, 539,
564, 583, 587
толағай 355
толарсақ 301, 504
толас 16, 504
толға- 9, 212, 504
толғақ 240, 503, 504
толған- 503
толғау 340, 504, 587
толқы- 504
толқын 49
толы 504
толығыс- 281
томаға 375, 505
томп 505
томпай- 130
томпаң 505
томбырық 505
тон 57, 60, 312, 412, 414, 434, 445, 427,
481, 505, 571
тондық 503
тоң 297, 335, 505
тоң- 133, 472, 576
тоңғысыз 384
тоң-торыс 505
топ 503, 505, 506, 516, 561
топай 463
топалаң 505, 518
топалаңдат- 33
топан 505
топса 506
топшы 516
топыр 506
топырақ 136, 262, 282, 506, 510
топырақты 506, 510
топыраш-топас 506
тор 506
торай 506
торап 503
торат 474
торау 503
торғай 24, 341, 349, 506, 517

торғайдай 120, 193, 266, 393, 503
торғын 519, 550
торқа 503, 506, 510
торқалы 506
торла- 192
торпақ 517
торпақты 424
торсаң 511
торсық 319
торы 451, 517
торы- 35, 340
торық- 281
тос- 35, 67, 161, 205, 251, 360, 361, 398,
443, 481, 494, 544
тотай 463
тогы 136
тоят 40, 375, 511, 525
тоятта- 314
төбе 32, 54, 97, 102, 136, 158, 173, 196,
217, 263, 264, 293, 358, 497, 511, 512,
547, 559
төбел 61, 333, 355, 512
төбет 268, 330
төбеттей 367
төз- 351, 576
төзім 512, 513
төк- 9, 10, 12, 40, 46, 51, 54, 67, 70, 75,
94, 115, 117, 178, 191, 203, 230, 237,
242, 256, 300, 306, 318, 333, 335, 337,
386, 387, 416, 464, 470, 471, 478, 501,
504, 525, 539, 543, 556
төккісіз 472
төкпе 516
Төлеген 515
төмен 103, 424, 436, 513
төк- 13, 101, 228, 321, 336
төңкер- 321
төпеле- 97,
төр 168, 169, 310, 432, 513, 518, 528, 549
төрдей 169
төре 38, 326, 513
төрелік 513
төркін 466, 469, 510, 513
төрт 53, 143, 152, 157, 158, 212, 417, 500,
513, 514, 527
төс 37, 51, 97, 173, 177, 243, 338, 342,
511, 514, 516, 518, 519, 568
төсе- 54, 67, 107, 310, 331, 422
төсек 25, 171, 176, 240, 323, 427, 454, 509,
518, 519, 550
төскей 519
төсті 450
төте 519, 570
ту 519, 520, 510
ту- 9, 17, 18, 22, 24, 35, 41, 49, 55, 57,
101, 102, 124, 133, 136, 159, 164, 165,
188, 209, 226, 230, 292, 293, 305, 322,
324, 333, 336, 369, 379, 413, 415, 417,
459, 514, 515, 519, 520, 527, 542, 567,
575, 584
тула- 214, 514, 517
тулақ 63, 273, 519, 550
тулақтай 519
тума 346
тумыш 520
тура 118, 519, 520
тусыра- 519
ту-талақай 318
туырлық 520, 549

- туысқан 136
 тұғыр 520, 375, 550
 тұз 36, 163, 405, 485, 506, 520, 521, 587
 тұзақ 346, 520
 тұздай 265
 тұздас-дәмдес 520
 тұз-дәм 144, 145, 521
 тұздық 89
 тұйғын 375, 516
 тұйық 505, 521
 тұқ 521
 тұқ-тұқиян 521
 тұқыл 270
 тұқылда- 521
 тұқым 54, 521, 524
 тұқымдас 136
 тұқым-тұғиян 521
 тұқым-тұқиян 521
 тұқым-тұқият 521
 тұқым-тұяқ 521
 тұқыр 521
 тұл 17, 510, 522
 тұла 95, 434, 490, 521, 522
 тұлан 522, 523
 тұлга 522
 тұлда- 510
 тұлдыр 522
 тұлпар 173, 313, 490, 501, 516, 519, 522, 571
 тұлымды 17
 тұлып 365, 522
 тұлыптай 504
 тұман 26, 34, 284, 329
 тұмар 122
 тұмса 522
 тұмсық 58, 239, 352, 371, 419, 522, 523
 тұмсықты 314, 522
 тұмылдырық 523
 тұн- 265, 361, 394, 482, 523
 тұнық 470, 523
 тұңғыық 523
 тұр- 11, 14, 20, 30, 31, 32, 42, 43, 45, 54, 55, 65, 76, 79, 87, 89, 90, 94, 97, 99, 102, 110, 111, 112, 113, 119, 131, 135, 136, 152, 164, 176, 186, 187, 197, 211, 215, 235, 237, 248, 249, 252, 266, 270, 271, 272, 273, 283, 284, 305, 309, 337, 343, 373, 374, 379, 389, 417, 420, 421, 423, 424, 425, 449, 451, 457, 460, 469, 475, 479, 482, 484, 488, 498, 503, 512, 513, 518, 522, 523, 526, 532, 535, 540, 547, 557, 569, 571, 585
 тұра 523
 тұрақ 523
 тұрала- 523
 тұрғы 523
 тұрғысыз 420
 тұрлау 523
 тұрлаусыз 523
 тұрман 513
 тұрмыс 307, 339, 523
 тұрымтай 92
 тұс 85, 92, 429, 523, 550
 тұса- 77, 78, 92, 225
 тұсақ 517
 тұсау 77, 243, 507, 523, 541
 тұт- 10, 46, 47, 80, 81, 83, 106, 110, 144, 147, 212, 231, 233, 247, 259, 274, 303, 329, 333, 335, 351, 352, 392, 400, 401, 409, 418, 434, 443, 486, 487 542, 560
 тұтан- 423, 523
 тұтам 136, 416, 438
 тұтат- 44, 423
 тұтқа 152, 159, 523
 тұтқыштай 436
 тұттай 523
 тұш 27
 тұшы- 69, 493
 тұщы 523, 524
 тұяқ 21, 48, 49, 58, 61, 72, 313, 329, 341, 354, 361, 484, 487, 514, 516, 524, 525, 529, 530
 тұяқсыз 524
 тұяқты 19
 түбектей 516
 түбір 62, 375, 524
 түбіт 511
 түгел 513, 524, 543, 461, 582
 түгес- 447
 түгіл 90, 179, 545
 түз 16, 188
 түз- 525
 түзе- 116, 119, 122, 164, 209, 453, 458, 525, 572,
 түзу 95, 208, 224, 281, 407, 408, 415, 416, 458, 520, 529, 533, 583
 түй- 10, 59, 63, 179, 187, 209, 245, 251, 267, 280, 299, 300, 335, 402, 422, 497, 500, 545, 567, 593
 түйдей 525
 түйдек-түйдек 525
 түйе 27, 61, 84, 93, 119, 180, 237, 284, 355, 375, 470, 514, 515, 518, 522, 525, 526, 551
 түйедей 125, 127, 288, 396, 514, 515, 526
 түйетайлы 526
 түйме 10, 460, 500
 түймедей 526
 түйнек 270, 329
 түйнеме 270
 түйсік 526
 түйлілiңкі 300
 түйін 10, 216, 280, 496, 497, 504
 түйін- 496, 497, 566
 түйінді 526
 түйір 136
 түйіс 104, 519, 523
 түк 11, 119, 172, 202, 216, 347, 521, 524, 525, 526
 түкей 515
 түкпір 413
 түксі- 214, 299
 түксік 526
 түкті 87, 550
 түкір- 31, 68, 70, 115, 137, 144, 199, 282, 318, 348, 460, 473
 түкірік 310, 525
 түле- 526
 түлей 526
 түлек 136, 191, 375, 497
 түлен- 526, 555
 түлкі 516, 526, 527
 түлкідей 37, 376
 түлік 513, 514
 түн 203, 232, 249, 291, 303, 327, 329, 423, 526, 527, 550
 түндік 136, 290, 527, 549, 550, 558
 түне- 50, 86, 517

- түнек 329
 түнер- 101, 192, 299
 түңлік 549, 550
 түңіл 183, 191, 528, 581
 түп 46, 53, 185, 198, 201, 202, 229, 246,
 311, 321, 351, 413, 447, 472, 516, 524,
 527, 528
 түпте- 449, 469, 521, 527
 түр 435, 436, 528
 түр- 157, 161, 360, 361, 527, 550
 түрегел- 436
 түрлі 136, 399
 түрлідей 361, 527
 түрт 13, 254, 427, 433, 464, 496, 526, 528,
 556, 557
 түрткі 239, 259, 285, 527
 түршігерлік 184
 түршік- 148, 187, 236, 522
 түрік 360, 528
 түрікпен 528
 түс 14, 25, 168, 245, 435, 461, 472, 487,
 490, 528, 543, 552
 түс- 9, 10, 13, 15, 16, 22, 27, 29, 31, 33,
 35, 44, 45, 48, 49, 52, 53, 54, 59, 67,
 70, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 80, 81, 82,
 86, 89, 97, 101, 105, 106, 109, 110,
 115, 116, 118, 125, 126, 127, 130, 142,
 144, 149, 150, 167, 172, 174, 175, 184,
 192, 194, 196, 205, 206, 210, 215, 216,
 218, 220, 222, 224, 226, 239, 240, 241,
 243, 246, 249, 254, 257, 260, 265, 270,
 274, 275, 277, 280, 281, 283, 292, 294,
 295, 303, 305, 309, 310, 321, 328, 329,
 331, 343, 347, 350, 351, 354, 355, 364,
 366, 370, 372, 375, 376, 379, 381, 384,
 390, 392, 393, 395, 396, 401, 404, 408,
 411, 413, 419, 420, 421, 422, 423, 426,
 435, 436, 442, 444, 446, 449, 450, 451,
 453, 454, 458, 463, 466, 470, 474, 476,
 479, 487, 488, 489, 490, 491, 501, 503,
 506, 507, 509, 511, 512, 516, 520, 523,
 524, 525, 526, 529, 530, 535, 536, 540,
 541, 546, 547, 548, 550, 551, 556, 557,
 559, 561, 565, 566, 567, 568, 569, 572,
 574, 576, 578, 579, 581
 түстей 283, 435
 түстік 527
 түсік 92
 түсін- 165, 300, 348
 түсінікті 273
 түсір- 66, 108, 141, 153, 238, 239, 293,
 295, 300, 305, 336, 338, 343, 347, 372,
 379, 413, 416, 423, 499, 520, 524, 555,
 558, 561
 түт- 214, 482, 524, 529
 түте- 133, 136, 319, 320, 525, 529
 түтек 23, 525
 түтік 549
 түтін 133, 136, 481, 528, 529, 587
 түшөк 550
 түшкір- 37
 түү 525
 тығын 516, 526
 тығырық 515
 тыз 529
 тый- 256, 275, 369, 405, 442, 453, 536
 тыйым 529
 тыйыш 73
 тық- 35, 74, 156, 158, 159, 180, 199, 214,
 262, 273, 283, 341, 362, 393, 428
 тықыр 529, 550
 тықыршық 529
 тылсым 184, 203
 тым 488
 тымақ 385
 тымсал 529
 тым-тырақай 529
 тын 529
 тын- 174, 187, 277, 280, 442, 471, 482,
 529, 581, 584
 тыным 529
 тыныс 529
 тыныш 73, 159, 275, 383, 529
 тыныштал- 187
 тыныштық 529
 тың 529
 тыңда- 295, 342, 402, 412, 529, 542
 тыңдай 25, 438
 тыр 523
 тырай- 529
 тыраң 529
 тыржи- 300
 тыржың 114
 тырна 236
 тырна- 118, 168, 188, 585, 587
 тырнадай 214, 266
 тырнақ 185, 315, 374, 529, 530
 тырнақта- 335, 537
 тырп 338, 368
 тырс 530
 тырти- 331
 тыртың 530
 тырық 529
 тырыс- 300
 тыс 558
 тысқары 558
 тыш- 55, 149, 214, 219, 238, 391, 521
 тышқақ 530
 тышқан 433, 530
 тігулі 54
 тігіс 466, 530
 тіз- 225, 236, 261, 388, 395, 492
 тізгін 159, 427, 468, 507, 530, 531
 тізгінде- 530
 тізе 355, 516, 531, 535
 тік 14, 76, 198, 275, 510, 512, 513, 514,
 522, 524, 532
 тік- 25, 99, 102, 108, 187, 242, 257, 259,
 321, 335, 337, 352, 360, 378, 414, 422,
 432, 437, 511, 519, 530, 547, 550
 тікен 460, 485
 тікенек 531, 532, 536
 тікте- 578
 тіл 21, 41, 59, 66, 70, 71, 74, 75, 96, 126,
 152, 229, 242, 298, 327, 367, 369, 371,
 376, 407, 428, 438, 465, 466, 467, 469,
 475, 499, 504, 517, 532, 533, 534, 535,
 536, 537, 539
 тіл- 27, 55, 106, 119, 207, 218, 309, 426,
 485, 520, 533, 558
 тіл-ауыз 532
 тілде- 533
 тілдес- 53
 тілді 37, 355, 438, 453, 419, 474, 520, 539,
 557
 тіл-жақ 534, 535
 тіле- 30, 36, 39, 40, 49, 105, 135, 143, 235,
 239, 308, 356, 392, 407, 424, 456, 462,

474, 511, 533
 тілек 39, 48, 90, 180, 233, 282, 533, 534
 тілерсек 516
 тілеу 27, 239, 358, 399, 533, 534
 тіл-көз 259, 534
 тілсіз 534
 тілік 136, 453
 тілім 136
 тіпті 177, 488
 тіре- 47, 54, 58, 76, 133, 180, 240, 262,
 273, 331, 402, 429, 484, 485, 492, 517,
 521
 тірек 533
 тірес- 53, 90, 500
 тіреу 537
 тірлік 537
 тірнек 375
 тірнекте- 335, 537
 тірсек 125, 516
 тіршілік 537
 тірі 172, 192, 265, 281, 432, 530, 537
 тірідей 537
 тіріл- 172, 283, 433, 430, 469
 тіс 15, 68, 70, 127, 341, 455, 491, 515,
 536, 537, 538
 тісте- 34, 65, 94, 156, 184, 197, 359, 370,
 377, 415, 429, 477, 516, 517, 535, 538,
 544
 тістеу 363
 тістеуік 516
 тіс-тырнақ 538
 тісті 25, 419, 516, 537, 538
 тітіре- 14, 268
 тітіркен- 172, 522

 у 197, 282, 473, 486, 539, 540
 уа 539
 уағда 460
 уайым 101, 277, 329, 335, 336, 455, 539
 уақай 539
 уақыт 82, 119, 133, 251, 478, 539, 556
 уақытсы- 555
 уасыл 539
 уәде 365, 460, 539
 уәделі 539
 уәлі 282
 удай 535, 582
 ула- 539
 улан- 305
 улы 539
 у-шу 539
 уыз 24, 67, 191, 337, 539, 540
 уыздай 539
 уық 539, 548, 549, 550
 уылжы- 539, 584
 уыс 73, 132, 136, 351, 540
 уысты 540
 уыт 256, 470
 удай 159, 584

 ҰҒЫМ 541
 ұжмақ 459
 ұза- 157, 282
 ұзақ 290, 308, 415, 527, 541
 ұзақтай 541
 ұзақты 527
 ұзар- 218, 272, 348
 ұзат- 370, 509, 541
 ұзын 285, 290, 348, 366, 541

ҰЙЛЫҚ- 517
 ұйқы 61, 259, 262, 265, 291, 332, 367, 499,
 524, 527, 542, 572
 ұйқы-тұйқы 542
 ұйтқы 542
 ұйы- 19, 122, 279, 280, 297, 402, 438, 466,
 478, 542
 ұйық 201
 ұйықта- 61, 93, 332, 542, 552
 ұқай 22
 ұқса- 542
 ұл, 17, 182, 239, 357, 419, 425, 507, 542,
 543
 ұлан 30, 191
 ұлардай 542
 ұлас- 504
 ұлғай- 191, 284, 303
 ұлтан 298, 542
 ұлтарақтай 542
 ұлы 238, 282, 542, 543
 ұлы- 585
 ұлық 542
 ұлыма 454
 ұлыс 543
 ұмсындай 543
 ұмтыл- 16, 153
 ұмыт- 358, 499
 ұна- 280, 359
 ұндай 543
 ұнжырға 240, 550
 ұпай 543
 ұр- 26, 32, 33, 39, 40, 41, 50, 72, 76, 84, 93,
 97, 99, 103, 122, 125, 126, 141, 144,
 145, 148, 158, 162, 178, 187, 208, 222,
 227, 228, 231, 250, 252, 254, 262, 304,
 331, 346, 358, 361, 362, 368, 381,
 438, 446, 452, 456, 458, 493, 504, 511,
 512, 540, 543, 557, 560, 587
 ұран 543
 ұран-сүрен 543
 ұрғашы 517
 ұрла- 121, 182, 357, 379, 400
 ұрт 136, 159, 543
 ұртта- 318, 327, 543
 ұрттам 135
 ұртты 543
 ұру-бару 544
 ұршықтай 544
 ұры 106, 314, 455, 544
 ұрық 158, 319
 ұрым 542
 ұрын 507, 544
 ұрын- 69, 189, 268, 303, 502
 ұрыныс 465
 ұсқын 475, 544
 ұса- 359
 ұста 21, 516, 533, 544
 ұста- 25, 33, 46, 49, 54, 57, 61, 65, 68, 80,
 111, 115, 152, 156, 157, 160, 171, 173,
 182, 206, 216, 222, 223, 224, 233, 237,
 243, 246, 264, 267, 280, 298, 311, 346,
 351, 357, 359, 384, 402, 418, 420, 428,
 442, 443, 448, 449, 460, 462, 468, 473,
 479, 481, 491, 508, 509, 517, 519, 521,
 527, 530, 531, 535, 538, 540, 544, 550,
 560
 ұстара 187, 396, 544
 ұстарасыз 396
 ұстарт- 534

- ұсын- 122, 394
ұсыным 345
ұт- 109, 201
ұтырлас- 544
ұтырлы 544
ұтыс 55
ұш 74, 77, 259, 346, 402, 531, 534, 535, 536, 571
ұш- 16, 39, 50, 53, 54, 88, 90, 102, 112, 147, 184, 185, 187, 188, 195, 197, 207, 209, 210, 214, 217, 229, 235, 254, 268, 272, 275, 277, 289, 310, 314, 343, 349, 353, 359, 364, 367, 374, 396, 414, 416, 442, 443, 471, 472, 510, 520, 521, 544, 545, 547, 551, 569
ұша 544
ұшан 544
ұшан-дария 544
ұшар 544
ұшқын 545
ұшпақ 459
ұшты 143, 159, 468
ұшты-күйлі 545
ұшты-күйім 545
ұштық 545
ұшық 545
ұшы-қиыр 545
ұшықсыз 30
ұшын- 170
ұшынан 76, 77
ұшып-қон- 545
ұшыра- 43, 107, 174, 177, 222, 243, 253, 268, 303, 330, 337, 353, 368, 376, 474, 489, 570
ұя 184, 259, 290, 386, 545, 547
ұяла- 251, 266, 341
ұялы 545
ұят 51, 117, 433, 545
Ұбірлі-шүбірлі 546
ұдда 546
ұдде 546
удере 546
үз- 48, 58, 111, 115, 116, 127, 183, 186, 196, 208, 210, 218, 225, 235, 247, 285, 286, 328, 329, 345, 346, 364, 426, 434, 437, 442, 501, 520, 533, 546, 550, 569, 576, 582
үздік 346
үздік- 48
үзеңгі 546
үзеңгілес 546
үзік 549
үзім 136
үзіп-жұлып 546
үй 54, 102, 113, 125, 141, 298, 304, 329, 349, 351, 355, 369, 378, 427, 504, 509, 510, 546, 547, 548, 549, 550
үй 406
үйдәй 550
үйезде- 517
үйек 27, 201
үйлен- 507
үйлес- 280
үйлі 329
үйлі-баранды 559
үйме-жүйме 546
үймеле- 263
үйрек 37, 320, 547
үйректәй 546
үйрен- 122, 172, 259, 343, 361, 547
үйреншік 547
үйрет- 28, 375
үйсіз 546
үйт- 526
үйір 12, 16, 235, 375, 516, 541, 547, 548
үйір- 71, 129, 276, 313, 544, 575
үйірсек 516, 547
үйіт- 407, 547
үйіші 546
үк- 583
үкі 157, 167
үкім 35, 548
үл 427
үлгі 433
үлде 548
үлес 443
үлкен 193, 206, 342, 398, 509, 548
үлпек 550
үмбет 357
үміт 48, 197, 296, 497, 533, 550
үмітсіз 550
үмітсіздік 550
үмітті 444
үн 69, 141, 473, 550, 551
үнде- 550
үнем 550
үңгір 516
үнжорға 550
үңіл- 58
үңірей- 280, 420
үр 551
үр- 64, 68, 69, 70, 292, 295, 518, 551, 556
үрдіс 551
үрей 351
үрит 518, 551
үрле- 423
үркін 551
үрпек 551
үрпі- 196, 238, 512
үрік- 328, 517, 547, 551
үрім 542
үрім-бұтақ 551
үскірік 23
үстем 87, 389, 551
үсті 27, 51, 54, 61, 72, 74, 79, 83, 105, 144, 198, 203, 218, 287, 288, 304, 310, 341, 373, 408, 432, 443, 478, 512, 517, 526, 551, 554
үсті-басы 551
үстіңгі 54
үш 13, 164, 375, 419, 424, 485, 547, 551, 552
үшін 293
фәни 553
ферғауын 553
фида 553
хабар 39, 71, 337, 472, 541, 554
хабардар 554
хақ 249, 356, 554
хал 83, 397, 398, 554
халық 54, 129, 161, 322
хан 85, 137, 416, 427, 554, 555
ханнан-қаперсіз 555
ханша 137
харап 555

- хас 555
 хасіл 555
 хат 149, 489, 534, 555
 хаттай 175
 хау 518
 хауа 11
 хауас 555
 хауіп 336
 хауіп-қатер 101
 хиуадай 555
 хор 137
 хош 276, 555
 хош-есен 555
- Һайт 518**
- шабалаң 556
 шабан 312, 556
 шабан-шалағай 556
 шабдар 556
 шабу 556
 шабуыл 556
 шабын- 515
 шабыр 33
 шабыс 511, 556
 шабыт 556
 шағыл 556
 шағыс- 160
 шадымнан 556
 шай 24, 366, 490, 556
 шай- 217, 527
 шай 21
 шайдай 53, 542, 556
 шайқа- 42, 91, 103, 146, 152, 200, 272, 306,
 368, 397, 470, 503, 504, 516, 542, 543,
 556
 шайлық- 217, 281
 шайна- 68, 94, 373, 536, 538, 557
 шайнам 28, 136
 шайпау 400, 557
 шай-су 557
 шайтан 44, 230, 251, 342, 449, 550, 557
 шайы 550
 шақ 69, 148, 153, 159, 191, 228, 251, 326,
 339, 350, 455, 529, 557
 шақ- 90, 160, 225, 228, 388, 395, 396, 397,
 447, 463, 469, 498, 569, 582
 шака 371
 шақат 444
 шақпа 557
 шақпақ 557
 шақта- 284
 шақшадай 99, 557
 шақыр- 14, 51, 52, 74, 184, 189, 222, 304,
 306, 382, 392, 403, 441, 494, 507, 543
 шал- 15, 21, 25, 27, 39, 79, 103, 118, 120,
 206, 254, 259, 265, 292, 297, 299, 300,
 338, 339, 359, 361, 365, 368, 372, 375,
 376, 442, 451, 465, 473, 506, 536, 562,
 578, 584
 шала 122, 423, 437, 557
 шалай 556
 шала-жансар 557
 шалбар 557
 шалғын 269
 шалдық- 69
 шалдыр- 61, 77
 шалқай- 558
 шалқақта 126
- шалқар 18, 53
 шалқасынан 557, 559
 Шалқұйрық 516
 шалқы- 90, 152, 281, 558
 шалық- 558
 шалыс 77, 236, 558
 шам 558
 шама 397, 558
 шамдай 176
 шам-шырақ 110, 261, 558
 шамшырақтай 558
 шанақ 79
 шаншу 558
 шаншудай 558
 шаншы- 331, 395, 409, 498, 555, 558
 шаншым 331
 шаң 77, 379, 434, 471, 516, 558, 562
 шаңқай 490
 шаңқан 517
 шаңқылда 473
 шаңсыз 49
 шаңырақ 329, 359, 539, 548, 549, 550, 558,
 559
 шаңырақтай 259
 шап 556
 шап 559
 шап- 16, 39, 45, 60, 62, 63, 93, 97, 106, 124,
 161, 181, 228, 280, 281, 289, 304, 320,
 334, 335, 341, 379, 390, 396, 403, 404,
 405, 442, 449, 491, 516, 517, 527, 549,
 556, 557, 559, 561, 579, 581
 шапағат 559
 шапақ 493, 559
 шалап 60, 320, 329, 507, 559
 шаппа-шап 559
 шаптырым 62, 364, 482, 487
 шапхат 444
 шапыраш 424
 шар 126, 200, 560, 561
 шара 18, 19, 40, 158, 259, 407, 516, 559
 шарадай 99, 259, 557
 шарайна 550
 шарана 559
 шарапат 177, 559
 шарифат 560
 шарқ 560
 шарқы: *білім шарқы* 132
 шарла- 200, 500
 шарпу 558
 шарт 59, 110, 560, 561, 567
 шарта 560
 шартарап 459
 шаруа 150, 329 561
 шарша- 174
 шаршы 561
 шат 312, 561
 шат- 104, 561
 шатақ 182, 338, 561
 шатас- 104
 шатпақ 561
 шатына- 265
 шатыр 290
 шатыс 477
 шау 560
 шаш 150, 332, 342, 415, 508, 510, 512, 561,
 562
 шаш- 9, 16, 29, 66, 83, 163, 189, 195, 223,
 229, 230, 262, 282, 289, 303, 318, 329,
 335, 337, 382, 386, 404, 409, 415, 463,

- 470, 482, 509, 524, 543, 559, 562, 574
 шаша 562
 шауқар 517
 шашақ 561
 шашау 562
 шашбау 562
 шашу 366, 509, 519, 562
 шашты 38, 87
 шашыратқы 562
 шаян 562
 шәйіс- 212
 шәлкем-шалыс 562
 шәлкес 400
 шәргез 562
 шәріп 203
 шәу 562
 шәулі 375
 шеге 507, 563
 шегіртке 563
 шегірткедей 287
 шежіре 563
 шейін 582
 шек 285, 563
 шек- 15, 16, 74, 80, 109, 152, 188, 198, 226,
 228, 229, 246, 307, 320, 335, 336, 369,
 411, 452, 510, 523, 574
 шеке 310, 372, 563
 шекем 463, 563
 шекенеле- 563
 шекердей 93
 шекпен 329, 559, 564
 шек-сіле 563
 шекшек 514, 518
 шек-шек 220
 шекіс- 166
 шел 255, 261, 263, 563,
 шелді 27
 шелек 19, 27, 315, 515
 шелектей 385, 516, 524
 шелпек 384
 шемен 563
 шен 564, 571
 шенгел 318
 шенді 564
 шеңбер 564
 шеңбірек 331
 шеңгел 315, 364
 шеп 13, 564
 шер 271, 281, 361, 395, 564
 шерлі 564
 шерменде 564
 шерт- 84, 205, 217, 387, 481, 563, 564, 565
 шертпек 565
 шеру 565
 шер-шемен 564
 шет 36, 50, 339, 432, 565
 шеткі 563
 шет-пұшпақта- 565
 шетін 565
 шеш- 110, 112, 145, 456, 487, 534, 565, 566
 шеше 296, 425, 500
 шешей 51, 178
 шешек 33, 270, 369, 561, 565
 шешектей 330
 шешен 174, 272, 471, 505
 шешу 565
 ши 549, 566
 шидей 393
 шие 68, 119, 566
 шиедей 68, 118
 шиеле- 566
 шиелі 566
 шиенде- 566
 шиеттей 566
 шикі 524, 566
 шикан 536, 566
 шикандай 119
 шикылдақ 270
 шипа 181, 566
 шипалы 566
 шира- 224
 ширек 566
 ширық- 566
 шиыршық 566
 шой 566
 шойыл- 112
 шойын 566, 567
 шойырлы- 112
 шоқ 38, 179, 458, 532, 536, 556, 559, 566
 шоқшар 15, 346, 566
 шоқтай 253
 шоқтық 567
 шоқша 567
 шоқы- 159, 240, 314, 522
 шоқын- 422, 567
 шоқыр 329
 шол- 253
 шола 129
 шолақ 16, 33, 171, 567
 шолаң 27
 шолпан 167, 220, 567
 шом- 339, 411, 515
 шомыл- 328
 шондамай 567
 шоңқай- 114
 шопан 514
 шопаң 567
 шор 567
 шора 165
 шорқақ 466
 шорт 567
 шортан 338
 шот 567
 шопқа 567
 шошы- 148, 188, 217, 532
 шошырлық 184
 шөгел 375
 шөгір 460, 485
 шөк- 74, 288, 289, 519, 567
 шөкім 136
 шөл 247, 567
 шөлде 80
 шөлке 61
 шөлмек 399, 567
 шөмей 286
 шөміш 567
 шөміште- 335
 шөңге 243, 460, 485, 567
 шөп 10, 68, 97, 129, 214, 340, 341, 354, 377,
 455, 489, 495, 517, 520, 567
 шөре-шөре 518, 568
 шөрей-шөрей 518
 шу 424, 539
 шу 568
 шуақ 384
 шуда 432, 515, 568
 шула- 126, 336, 341, 360, 541, 542
 шулы 62
 шуылда- 517
 шұбалаңқы 568

шұбар 243, 497, 516, 517, 568, 571
шұбат 515
шұбат- 582
шұбыр- 67, 542
шұбырынды 26
шұға 55
шұқы- 133, 201, 254, 330, 403, 538
шұқыр 180, 196
шұлғау 273
шұлғы 58, 104
шұнақ 23, 354, 372, 479, 568
шұрайлы 358, 568
шұрқ 568
шұрқан 568
шұрқыра- 517
шүберек 187, 545
шүберектей 353
шүй 568
шүйгі 470
шүйгін 461, 473, 568
шүйде 568
шүйке 568
шүйлік- 568 /
шүйік 569
шүйіл- 568
шүйінші 361
шүйір- 165, 396, 492
шүйіржелес- 569
шүкір 94, 569
шүкірана 569
шүкірлік 36, 569
шүлен 569
шүмекте- 569
шүңейт 569
шүңірек 569
шүпірле- 569
шүү 518
шыбыжың 569
шыбық 137, 498, 569
шыбын 263, 330, 366, 388, 463, 498, 510
569, 570
шыбындай 187
шыбыш 570
Шығайбай 570
шығар 427
шығасы 570
шығын 54, 570
шығыс 64
шыда 105, 119, 351, 500
шыдам 146, 446, 486, 512, 513
шыдас 570
шыж-быж 570
шыжғыр- 21
шыжы- 53
шыжында 570
шық- 13, 15, 16, 17, 18, 22, 27, 33, 34, 35,
38, 42, 43, 48, 54, 55, 56, 57, 60, 62,
65, 66, 67, 69, 70, 74, 75, 79, 80, 82, 83,
84, 86, 89, 91, 94, 96, 97, 99, 101,
102, 103, 107, 111, 113, 115, 117,
118, 120, 128, 130, 131, 134, 142, 143,
144, 147, 151, 153, 155, 157, 158, 162,
165, 168, 169, 171, 172, 177, 179, 180,
182, 185, 186, 187, 190, 194, 195, 196,
198, 199, 204, 206, 211, 212, 214, 216,
217, 221, 231, 236, 237, 238, 239, 241,
245, 250, 254, 259, 262, 264, 265, 270,
275, 282, 283, 284, 285, 287, 289, 293,
297, 300, 307, 318, 320, 321, 329, 333,

338, 341, 343, 348, 359, 360, 363, 376,
379, 386, 387, 389, 391, 392, 397, 400,
412, 413, 417, 422, 423, 424, 438, 440,
441, 444, 446, 448, 449, 457, 459, 460,
461, 464, 468, 469, 470, 472, 473,
475, 476, 479, 481, 482, 483, 489, 490,
493, 495, 497, 498, 503, 505, 510, 512,
516, 517, 518, 523, 524, 525, 529, 530,
531, 536, 537, 538, 540, 542, 545, 546,
547, 551, 558, 559, 560, 561, 562, 564,
565, 566, 570, 571, 572, 574, 576, 578,
579, 580, 582, 584, 586
шық 570
шылау 570, 573
шылбыр 159, 571
шылқы- 571
шылп 116
шымалақ 571
шымбай 571
шымылдық 39, 547, 550, 571
шымыр 571
шымырла- 348, 358, 512, 522
шымша 571
шымшы 118
шым-шым 571
шымшымда- 571
шымыр 571
шын 438
шынашақ 571, 586
шындай 438
шындық 75, 103
шынжыр 568
шынжырлы 571
шынтақ 550
шыны 571
шың 571
шың- 575
шыңғыр- 52, 219
шыңдай 25
шыңылтыр 568
шып-шырға 571
шыр 152, 316, 571, 572
шыра 535
шырадай 264
шырай 201, 222, 571, 572
шырайлы 372
шырақ 19, 64, 307, 376, 463, 571, 572
шырақтай 516
шырға 375, 572
шырғай 104
шырғалаң 572
шырдай 572
шырқ 572
шырқау 572
шырма- 79, 339
шырмау- 102, 572
шырпы 498, 569
шырт 572
шыр-шыр 572
шырық 104
шырылда- 506
шырым 254
шырын 93, 572
шырыштай 572
шыт-301
шыт 371
шытына- 573
шытырман 573
шік 39, 289
шікәра 296

- шіл 573
шілгір 293, 573
шілде 64, 377, 573
шілдік 463
шілдіхана 507, 573
шілтен 139, 573
шіміркен- 522
шімірік- 114, 116, 573
шіркеу 115, 117, 118, 573
шіркін 543
шірі- 165, 499, 573, 580, 586
- ығай 574
ығыр 153, 574
ыдыра- 160
ыдыс 355
ыза 574
ызғар 379, 574
ызғы- 574
ық 574
ықылас 109, 281, 574
ықылас-ілтипат 275
ықылық 575
ықылым 202, 575
ылау 516
ым 575
ым-жым 575
ымыра 575
ымырт 334, 575
ындын 575
ынжық 575
ынта 574
ынтызар 575
ынтық 575
ынтымақ 575
ың 575
ыңғай 480, 575
ыңқ 576
ыңқыл-сыңқыл 576
ыңқыт- 576
ыңыраң- 72
ыңыршақ 576
ыңыршық 21
ырғайдай 120, 393
ырғақ 375
ырғылжың 239
ырғын 239
ыржалаң 576
ыржаң 576
ыржың 239
ырза 444
ыршы- 341, 576
ырық 576
ырылда- 508
ырым 576
ырымды 441
ырың-жырың 576
ырыс 177, 576
ыскыр- 17, 219, 414, 538
ыстық 91, 209, 221, 246, 253, 472, 573, 576, 577
ыстық-суық 576, 577
ысырап 577
- із 63, 97, 222, 327, 448, 455, 578
ізде- 40, 45, 263, 378, 385, 426, 441, 444, 502, 507, 541, 555, 564, 579
ізет 578
із-түз 578
іл- 10, 65, 70, 206, 214, 254, 255, 263, 265,
- 274, 293, 297, 309, 331, 348, 359, 360, 366, 373, 381, 392, 397, 442, 452, 494, 502, 507, 541, 555, 564, 579
- ілгері 286, 293, 578
ілес- 152, 206, 261, 286, 516, 558
ілми- 236
ілтипат 578
ілу 508
ілуде 578
ілік- 70, 254, 268, 337, 465, 530, 564, 579
ілікті 178
ілік-шатыс 579
ілініп-салынды 579
ілініп-салынып 579
ілініс 579
іліп-қақпай 579
ін 221, 530, 579
інген 514, 515
інгендей 120
інгенше 514
індік 575
іні 10, 510
інкөр 579
інір 372, 579
ірбіт 579
ірге 161, 549, 550, 579, 580
іргелі 580
іре- 465, 580
іркіт 237
ірі 470
ірі- 580, 584
ірің 188, 194, 582
ірікті 580
іс 36, 81, 101, 123, 132, 166, 210, 245, 339, 340, 361, 415, 436, 465, 539, 550, 579, 580, 581
іс- 126, 131, 294, 491
ісек 517
іскек 446
ісмер 581
істе- 10, 39, 72, 170, 177, 339, 347, 349, 362, 413, 415, 495, 581
істес 581
істі 581
іш 84, 120, 155, 162, 230, 250, 282, 342, 367, 393, 416, 424, 431, 481, 524, 551, 556, 582, 583, 584, 585, 586, 587
іш- 19, 26, 27, 36, 41, 42, 55, 57, 64, 109, 122, 130, 167, 171, 192, 194, 197, 215, 219, 230, 237, 243, 247, 275, 305, 317, 318, 356, 362, 406, 427, 473, 486, 503, 516, 540 543, 556, 577, 582, 583
іші 12, 96, 134, 137, 153, 368
ішек 137, 271, 576, 582
ішек-қарын 68, 582
ішек-сіле 582
ішекті 75, 384, 582
ішекше 75
ішкен-жеген 582
ішкі 453, 505, 583
ішкілік 583
ішпей-жемей 583
іштей 584
ішусіз 583
ішпай 584
іші-бауыр 584, 585
ішік 510
ішіп-же 198, 253
- я 155, 588

СӨЗДІКТІ БАСПАҒА ӨТКІЗГЕН СОҢ ЖИНАЛҒАН ФРАЗАЛАР ТІЗБЕСІ

АБЖЫЛАНДАЙ ЫСҚЫРЫП (*«Абжыландай» дегеннің «аб» бөлегі араб-парсы тілінде — су).*)

АБЫЗ ҚОВЫЗЫН ТАРТТЫ

АҒЫЛ-ТЕГІЛ БОЛДЫ

АҒЫН СУДА АРАМ ЖОҚ *Аққан судың тазалығы туралы айтылып тұр.*

АДАМ АЛАСЫ ПШНДЕ, МАЛ АЛАСЫ СЫРТЫНДА

АДАМ КЕЙІНГІНІ КӨРІП ҚАРТАЯДЫ

АДАМ ЕМӨССІҢ, ИТСІҢ! *қ а р ғ ы с.*

АДАМ ҚҰРСАҒЫНАН АРЫҚТАМАЙДЫ, ҚҰЛАҒЫНАН АРЫҚТАЙДЫ

АДАМСЫНЫП ҚАЛЫПСЫҢ

АДЫРЫНДА АРҚАР КӨП, АДАМЫНДА ДАРҚАН КӨП

АЖАЛ АЙДАП ЖҮР ЕКЕН

АЖАЛСЫЗ ВЕНДЕ ЖОҚ

АЖАЛЫ ЖЕТКЕН АУЫРМАЙ ӨЛЕДІ

АЗАБЫ ӨТТІ

АЗАНСЫЗ МОЛДА БОЛСА ДА, ҚАЗАНСЫЗ ҚАТЫН БОЛМАЙДЫ

АЗАР БОЛҒАНДА [БОЛСА] ○ТИПТІ БОЛМАСА

АЗА САЛДЫ *Айқай, сүрен салды.* Бағана келген асқа қайта салды,— хан Қарабай жау алды,— деп, Суым бар деп, барды да *аза салды* (ҚКВС).

АЗБАРАЙ [-Ы] ҚҰДАЙ [ҚҰДАЙ ҰР-СЫН]

АЗ БОЛСА ДА МӘЗ БОЛСЫН

АЗ ДА БОЛСА КӨПТЕЙ КӨР

АЗДЫРЫП-ТОЗДЫРЫП ЖІБЕРДІ

АЗУЫН АЙҒА ЖАНЫҒАН

АЗЫНАҒАН АЙҒЫР

АЙҒА ҚОЛЫ ЖЕТКЕНДЕЙ *Жетісіп, болып-толып отырған адам туралы айтылады.*

АЙҒЫР ҚАРАҒАН БИЕ

АЙДАҒАНЫ ЕКІ [БІР] ЕШКІ, ЫСҚЫРЫҒЫ ЖЕР ЖАРАДЫ

АЙ ДАЛАҒА КЕТТІ *Шашылды, рәсуа болды.*

АЙДЫҢ, КҮННІҢ АМАНЫНДА

АЙ ЖҮР, ЖЫЛ ЖҮР, АМАН ЖҮР

АЙ ҚАРАҒЫСЫНДА

АЙЛАСЫ ЖОҚ

АЙ МЕН КҮНДЕЙ ОРТАҚ

АЙНЫП ҚАЛДЫ [КЕТТІ, ОТЫР, ЖҮР, ТҰР...]

АЙПАП-ЖАЙПАП ОТЫР

АЙТА ЖҮР

АЙТҚАН ЖЕРДЕН [УӘДЕДЕН] ШЫҚТЫ

АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН!

АЙ ТОЛҒАНЫН БІЛМЕЙДІ, ЖІГІТ БОЛҒАНЫН БІЛМЕЙДІ

АЙ ТҰЯҚ *Жылқы малы.*

АЙТЫП ІСТЕГЕН ҰРЛЫҚТЫҢ [ІСТІҢ]

АЙЫБЫ ЖОҚ

АЙЫБЫ АШЫЛДЫ ○АЙЫБЫН МОЙНЫНА ҚОЙДЫ

АЙЫ ЖЕТПЕГЕН БАЛА *Шала туған бала.*

АЙЫП-АНЖЫСЫН ТӨЛЕДІ

АҚ БАТАСЫН АЛДЫ

АҚ ЖУЫП АРУЛАДЫ ○ АРУЛАП ЖУДЫ

АҚ ИТ, ҚАРА ИТ — БӘРІ БІР ИТ

АҚ КӨКІРЕК

АҚ КӨҢІЛДІНІҢ АТЫ АРЫМАЙДЫ, ТОНЫ ТОЗБАЙДЫ

АҚҚА ҚҰДАЙ ЖАҚ *к ө н е.*

АҚШАМ ЖАМЫРАҒАНДА ○ АҚТАМАҚ НАМАЗДІГЕР

АҚШАСЫ БАРДЫҢ ҚОЛЫ ОЙНАЙДЫ, АҚШАСЫ ЖОҚТЫҢ КӨЗІ ОЙНАЙДЫ (*Қырғызша: «пулу бардын оозу чайнайт, пулу жоқтун көзү жайнайт»*).

АҚЫЛЫ АЗДЫҢ АЗАБЫ КӨП

АҚЫЛЫНАН АДАСТЫ

АҚЫРҒЫ СӨЗ

АҚЫРЕТІН ЖАСТАНДЫ *Өлді, дүние салды.* Қарабай ақырегін жастаныпты, Мекенің тарапына бастаныпты (ҚКВС).

АҚЫР ЗАМАН ТУҒЫЗЫП, БҮЛІК САЛДЫ

АЛАЖАҒЫМ КЕТСЕ ДЕ, АЙТАЖАҒЫМ КЕТПЕСІН *д и а л.* (ҚТДМ).

АЛАҚАНДАЙ ЖЕР

АЛАМАН БӨЙГЕ

АЛ, БӨЖЕК КЕЛЕДІ! *Кішкене баланы қорқытарда айтылған.*

АЛДА-ЖАЛДА КӨНБЕСЕҢ...

АЛДА-ЖАЛДАМЕН ӨРЕҢ ДЕГЕНДЕ ҚҰТЫЛДЫМ

АЛДЫМЕН ДЕН САУЛЫҚ, СОДАН КЕЙІН

АҚ ЖАУЛЫҚ ОДАН КЕЙІН ОН САУ-
ЛЫҚ
АЛДЫНДЫ БАЛА, АРТЫНДЫ МАЛ БАС-
СЫН! алғыс. *Үбірлі-шүбірлі бол,
бай бол.*

АЛДЫРАР МА ЕДІ? «Мен мықты болсам,
мысыққа *алдырар ма едім*» депті тыш-
қан (ҚЕ).

АЛТЫ ҚАТЫН АЗАҒА БАРСА [КЕЛСЕ],
ӨРҚАЙСЫСЫ ӨЗ МҰҢЫН АЙТАДЫ
АЛЫСТАҒЫ ӨУЛИЕДЕН ЖАҚЫНДАҒЫ
МАШАЙЫҚ АРТЫҚ көне. (Қыр-
ғызша: «алыстағы олуядан, жақында-
ғы машайық артық». «Машайық» —
абыз, қарт кісі мағынасындағы араб
сөзі. «Бөледен машайық қашқан»
сияқты фраза да осыдан келіп шық-
қан).

АҢҒАЛАҚТАЙ-АҢҒАЛАҚТАЙ ЕКІ ҚҰ-
ДЫҚ
АПЫРАЙ ДЕСЕЙШІ
АРАҒА САЛДЫ
АРАМДЫҚТЫ АДАЛДЫҚ ЖЕҢЕДІ ЖА-
МАНДЫҚТЫ АМАНДЫҚ ЖЕҢЕДІ
АҚ ҚОЙЫМНЫҒ АСЫҒЫ ВОЛСАҒ, АҚ
СӨЙЛЕ көне. (Қырғызша: «Ақ ко-
юмдун ашығы ақ айт». Бұрынғы кез-
де асық иіріп алшы, тауқа оңқа (не
омпа) тұруына қарай аяқ айту салты
болған).

АҚ НЕКЕЛЕДІ *Некесін қиды. Қозыкені
көмелік таза жуып, Ақ некелеп, Баян-
ның өзін алсаң* (ҚКБС).

АҚСАҚ ҚОЙ ТҮСТЕН КЕЙІН МАҢЫ-
РАЙДЫ
АҚ САУЫТТЫҢ ЖАҒАСЫ БАР, ЖЕҢІ
ЖОҚ; ҚАС ЖАҚСЫНЫҢ АШУЫ
БАР, КЕГІ ЖОҚ *Ізгі адамның жақсы
мінезі (өшпенділік, қастандығы бол-
мауы) айтылып тұр.*

АҚ СҮТІ АРУЛАНБАЙ көне. *Бұл жерде
«ана ақ сүтімді кешпеймін» деген ма-
ғынада. (Бұл мағынаны Е. Жұбанов
екіұшты дейді: «аруланбай» тұлғасы
осы жерде айқын емес деген пікірді
айтады).*

АҚ СҮТІМДІ АСПАНҒА САУАМЫН (Қыр-
ғызша: «Эмчегім сүтүн ақ кылам».)
АҚТЫҒЫНА КӨЗІ ЖЕТТІ
АҚТЫ-ҚАРАСЫНА КӨЗІН ЖЕТКІЗДІ
АҚТЫҚ СӨЗІН АЙТТЫ *Өлер алдындағы
соңғы өсиетін, арызын айтты.*

АҚША ЖҮЗ, ОЙМАҚ АУЫЗ
АҚШАМ НАМАЗЫ
АРАМ ТЕРІ ШЫҚТЫ
АРҒЫМАҚ АТ АЙНАЛЫП ҚАЗЫҒЫНА
ЖЫҒЫЛАР
АРТЫҚ ҚЫЛАМ ДЕП, ТЫРТЫҚ ҚЫЛДЫ
АРТЫН БАЙҚАП ЖҮРДІ
АРТЫ СӨЗ БОЛАДЫ *Арты жақсылыққа
апармайды.*

АРЫҚ АЙТЫП, СЕМІЗ ШЫҚ
АРЫҚ АТҚА ҚАМШЫ АУЫР
АРЫҚ-ТҰРАҚ [ТҰРЫҚ] МАЛ
АРЫННЫҢ АЙНАЛАДАҒЫ АЙЫЛЫН
ТАРТ (ҚКБС).

АСПАНҒА [КӨККЕ] КӨТЕРЕ МАҚТАДЫ
АСПАНЫН ТАСТАП ЖІБЕРСЕ ДЕ!
АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ! УАЛАЙКУ-

МИССӘЛАМ көне. *Арабша сәлемде-
су: (Сізге) тыныштық (аман) болғай!
(Өзіңізге де) соны тілеймін деген
ұғымда.*

АСУЛЫ ҚАЗАН АСУЫМЕН [АСЫЛУЫ-
МЕН] ҚАЛДЫ
АСЫ БОЛДЫ ☉ АСТАМШЫЛЫҚ ЖАСА-
ДЫ

АТАДАН ҰЛ ТУСА ИГІ ЕДІ
АТА ЖОЛЫ — ЕЛ ЖӨРЕЛІГІ
АТАН ТҮЙЕШЕ КЕРІ ТАРТЫП
АТАҒА НЕКЕС қарғыс. *Атаңа нәлет
деген мағынада.*

АТАП АЙТҚАНДА
АТ БАСЫНДАЙ АЛТЫН БЕРСЕ ДЕ
АТҚА ЖАЙДАҚ МІНГІЗДІ
АТ ҚҰЙРЫҒЫ ЖЕТТІ *Ұзақ жүріп жетті.
Мінді де күреңшені кетті дейді, жы-
лында ат құйрығы жетті дейді
(ҚКБС).*

АТ ҚЫЗЫЛ МАЙ БОЛДЫ
АТ САУЫРЫН САЛДЫ *Жолаушылап ке-
тіп қалды.*

АТ-ТОН АЙЫБЫН ТӨЛЕДІ
АУЗЫ ЖАРЫМАДЫ
АУЗЫМЫЗ ҚЫСТА ҚЫЗЫЛҒА, ЖАЗДА
АҚҚА ЖАРЫМАДЫ [ТИМЕДІ]
АУЗЫНА ҚАРА ҚАН ТОЛСЫН! қарғыс
АУЗЫН АЛДЫ
АУЗЫН АҢҒИТЫП КЕТТІ

АУЗЫН АШСА ЖҮРЕГІ КӨРІНДІ *Ақ
жарқын, қайырымды деген мағынада
айтылып тұр. Аңқылдаған ақ көңіл
ел боламын — аузын ашса жүрегі
көринетін (С. Ж.).*

АУЗЫНЫҢ ЖЕЛІН АЯЙДЫ *Бір ауыз
сөзін аяйды.*

АУЗЫҒА МАЙ, АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН!
АУМИН ДЕП ҚОЛ ЖАЙДЫ
АУРУҒА ШИПА БОЛСЫН!
АУРУ-СЫРҚАУДАН ҚАҒАССЫҢ БА?
*Сәлемдесу. Деніңіз сау ма, кесел-
ден амансыз ба?*

АШНАЛЫҚ ҚЫЛДЫ
АШЫҚ АЙТЫП, АҚ СӨЙЛЕ
АЯҒЫ ЖЕҢІЛ [ҚАЙЫРЛЫ] ВОЛСЫН!
АЯҒЫНДЫ БАСУШЫ ВОЛМА [БАСПА]
АЯҒЫН ШАЛЫС БАСТЫ
АЯҚ БОСАТАР
АЯҚ-ҚОЛЫҢ АМАН БА? *Сәлемдесу.*

Ә[ШУ] ДЕГЕНДЕ ☉ Ә ДЕГЕНДЕ-АҚ
ӘБДЕСТЕСІ [АБДЕСТЕСІ] ҚОЛЫНДА
(«Әбдәсә» иранша — құман).
ӘЗІРЕЙІЛДЕЙ КӨРЕДІ *Жаны жақтыр-
майды.*

ӘЙДӨЙТ [АЙДАЙТ] ДЕРСІН!
ӘЙЕЛ ЖОЛЫ ЖІҢІШКЕ көне.
ӘЙ-ШӘЙ ДЕСКЕНІМІЗ ЖОҚ *Ренжіспеу
мағынасында.*

ӘКЕ-КӨКЕ ДЕП ЖАЛЫНДЫ
ӘКЕМ ШОТЫ ШАПҚАН САЙЫН ӨРЛЕЙ-
ДІ ☉ ӘКЕМНІҢ ШОТЫ АСА-АСА
ТИЕДІ

ӘКЕ-КӨКЕ [ӘКЕТАЙ-КӨКЕТАЙ] ДЕП
ЖАЛЫНДЫ
ӘЛДЕҚАНДАЙ БОЛЫП КЕТСЕ *Жаза-
тайым болып кетсе.*

ӘЛҚАМДЫДАН БАСҚАНЫ БІЛМЕЙДІ

ӨЛПЕТІ [ҰСҚЫНЫ] ЖАМАН
 ӨПЕРГЕН ҮШПАҒЫ ҚАЙСЫ, АҚ ЖОЛ-
 ТАЙЫ ҚАЙСЫ? к ө н е.
 ӨРЕКЕТІ КӨП, БЕРЕКЕТІ ЖОҚ
 ӨРЕН [ӨЗЕР-МӨЗЕР] ДЕГЕНДЕ
 ӨР КЕУДЕДЕ [КӘЛЛАДА] БІР ҚИЯЛ
 ӨРУАҚҚА СЫЙЫНДЫ
 ӨРУАҚҚА ШЕТ БОЛМА
 ӨРУАҚ ҚОНҒАН АДАМ
 ӨРІ АЙТТЫМ, БЕРІ АЙТТЫМ
 ӨРІ ЖЫҒЫЛ ДЕСЕҢ, БЕРІ ЖЫҒЫЛАДЫ
 ӨРІ КЕТКЕНДЕ

БАҒЫ ЖОҚҚА ТАҒЫ ЖОҚ
 БАДАМДАЙ ҚОҢЫР
 БАЖАЙЫНА КЕЛТИРДІ диал. *Жұмыс-
 ты орындады* (ДУГ).
 БАЗАРДЫҢ БАҒАСЫН АСЫРДЫ
 БАЗ-БАЯҒЫ, БАЯҒЫ, БАЙҚОЖАНЫҢ
 ТАЯҒЫ.

БАЙ БОЛҒЫР! к ө н е, т і л е к.
 БАЙҚАС БОЛ диал. *Сақ бол.*
 БАЙЛАУ АЛДЫ: *Қашпасқа байлау ала-
 ды* (Ы. Ш.).

БАЙТАЛ ВИЕНІҢ БАЛ ҚЫМЫЗЫ
 БАЙЫЗ ТАППАДЫ
 БАЙЫРҒЫ СӨЗ
 БАҚА СИСЕ КӨЛГЕ СЕП
 БАҚСАМ, БАҚА ЕКЕН
 БАҚ-ТАЛАЙЫҢ АШЫЛСЫН!
 БАҚ-ТАЛАЙЫҢНАН КӨР!
 БАҚ ШЫРАҒЫН ЖАНДЫРДЫ
 БАҚЫЛДЫҢ [САРАҢНЫҢ] БАҒЫ КӨ-
 ГЕРМЕЙДІ, КӨГЕРСЕ ДЕ КӨБЕЙ-
 МЕЙДІ

БАЛА — КІСІНІҢ БАУЫР ЕТІ
 БАЛАЛЫ ҮЙ — БАЗАР, БАЛАСЫЗ ҮЙ—
 [ҚУ] МАЗАР

БАЛАҢ БАЛШЫҚҚА БАТСЫН! қ а р-
 ғ ы с.

БАЛА-ШАҒАҢНЫҢ ДЕНДЕРІ САУ МА?
 С ә л е м д е с у.

БАЛТАЙ-ШАЛТАЙЫҢДЫ ҚОЙ
 БАЛЫҚШЫ БАЛЫҚШЫНЫ ҚЫРАННАН
 КӨРЕДІ («Рыбак рыбака увидит из
 далека» дегенді калька түрінде алған
 болу керек).

БАМДАТ НАМАЗ
 БАРАБАН СОҒЫП, ШЫҢ ҚАҚТЫ
 БАРАҚ ИТ
 БАР БОЛҒАНЫ ОСЫ *Қолымдағы барым
 осы.*

БАРДАР АДАМ *Үйлі-күйлі адам.*
 БАРМАҚ БАСТЫ, КӨЗ ҚЫСТЫ
 БАРЫП ТҮРҒАН [ОҢБАҒАН...]
 БАСАР ЖЕР, БАРАР ТАУЫ ҚАЛМАДЫ
 [ЖОҚ]

БАСҚАША АЙТҚАНДА
 БАС ТАРТТЫ *Қонаққа қойдың басын
 ұсынды.*

БАСЫ АУЫРЫП, БАЛТЫРЫ СЫЗДАМА-
 ҒАҢНЫҢ ҚҰДАЙДА ЖҰМЫСЫ
 [ІСІ] ЖОҚ

БАСЫ БАЙЛАУЛЫ *Еркі жоқ кісі.*
 БАСЫ ДАҢҒАЗА БОЛДЫ
 БАСЫ ДАУҒА ҚАЛДЫ
 БАСЫ ҚАНЖЫҒАДА КЕТТІ
 БАСЫ-ҚАСЫНДА БОЛ
 БАСЫМ БАПАҢА КЕТСЕ ДЕ КӨНБЕЙ-
 МІН

БАСЫН [БАСЫМЕН] САТТЫ
 БАСЫНА БАҚСЫ ОЙНАТПА
 БАСЫНА ІС ТҮСТІ
 БАСЫН ЖАЛМАДЫ
 БАСЫН ӨЛІМГЕ БАЙЛАДЫ
 БАСЫҢ АМАН БОЛСЫН!
 БАСЫҢДАҒЫ БӨРКІНДЕЙ КӨР!
 БАСЫҢ КІШІРЕЙМЕЙДІ
 БАСЫТҚЫҒА БАЛ ІШКЕН, СУСЫНЫНА
 ШАЙ ІШКЕН

БАТА ЖОҚ *Назырқау, місе тұтпау мағы-
 насында айтылады.* Балықта бата
 жоқ, Итте ата жоқ (Мақал).

БАТАР КҮННІҢ АТАР ТАҒЫ БАР
 БАУЫРСАҚ БЕТ
 БАУЫР ТАРТТЫ *Бүйрегі бұрды.*

БАУЫРЫ ЕЗІЛДІ
 БӨРЕКЕЛДІ АЙТЫП, ЫРЗА БОЛДЫ
 БӘСЕ, СОЛАЙ ДЕ
 БЕЙЖАЙ БОЛДЫ

БЕЙМАЛАЛ БОЛ
 БЕЙНЕТ [МИХНАТ] ШЕКТИ
 БЕЙХАЛ БОЛ

БЕКЕР ЖҮРГЕНШЕ, БЕКЕР ІСТЕ
 БЕЛІН БЕКЕМ БУДЫ
 БЕРЕКЕ ТАППАҒЫР!

БЕРМЕСТІҢ АСЫ ПІСПЕС, ҚАЗАНЫ ОТ-
 ТАҢ ТҮСПЕС

БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҒЫСЫМЕН
 БЕТ-БЕТІНЕ КЕТТІ

БЕТКЕ [МАҢДАЙҒА] ҰСТАҒАН АДА-
 МЫ ○ БЕТКЕ ҰСТАРЫ

БЕТ ҚАҒАЗЫН АЛДЫ
 БЕТТЕМЕЙ [БЕТИ ҚАЙТЫП] ҚАЙТТЫ
 БЕТТЕРІ ҚАП-ҚАРА БОЛДЫ *Абыройы
 төгілді, масқара болды.* Ел алдында
 беттерін қап-қара қылам (І. Ж.).

БЕТТЕСІП СӨЙЛЕСТІ

БЕТИ АҚ АЙРАН ТАРТТЫ диал. *Беті
 қуқыл тартты* (ҚТДМ).

БЕТИ АУЛАҚ БОЛСЫН!
 БЕТИ-ЖҮЗІНЕ ҚАРАМАДЫ

БЕТИНЕ ЕШКІМ ЖЕЛ БОП ТИМЕГЕН
 БЕТІНЕ ЖАН КЕЛМЕГЕН
 БЕТІНЕ ПЕНДЕ КЕЛМЕГЕН

БИЕ КӨРМЕГЕН АЙҒЫР
 БИЛГІ ЖҮРМЕДІ

БИТ АШУЫН СІРКЕДЕН [ҚАЗ АШУЫН
 ТЫРНАДАН] АЛАДЫ

БИТІН СЫҒУҒА ҚАУҚАРЫ ЖОҚ
 БОҒЖАМАДАЙ [БОҒЖАМДАЙ, БОҒА-
 ЖАМДАЙ...] ҚОЛТЫҚТАП *Боға-
 жамдай қолтықтап, Қарлыға алып
 жөнелді* (ҚБ).

БОҒЫН БОТАЛЫ ТҮЙЕ ҚЫЛЫП
 БОЗ ҚАСҚА АЙТТЫ к ө н е. *Құрбан ша-
 луға мал атады.*

БОЙЫНА БАЛА БІТТІ

БОҚ АУЫЗ СӨЗ АЙТЫП, ИТ ЖЕМЕГЕН
 БОҚ ЖЕДІ

БОҚ СӨЗ к ө н е. *Түске алғысыз, былшыл
 сөз.*

БОЛАР БАЛА БОҒЫНАН

БОЛАР ҚҰЛЫН ЖЕЛІДЕ ЖҰЛҚЫНАДЫ,
 БОЛАР БАЛА БЕСІКТЕ БҰЛҚЫНА-
 ДЫ (Қырғызша: «болор кулун желе-
 де булқуйт, болор бала бешикте бул-
 куйт»).

БОЛАРЫҢДА БОЛЫП ӨТ, БОЗ ЖОРҒА-
 ДАЙ ЖЕЛІП ӨТ

БОПСАҒА ШЫДА
 БОРДАҚЫҒА БАЙЛАДЫ *Арнай соғым үшін семіртті.*
 БОСАҒАМЫЗДАН [ТАВАЛДЫРЫҒЫ-МЫЗДАН] АТТАҒАН ЕМЕС
 БОСА ДА БОЛМАСА
 БӨРІ БӨРІК АСТЫНДА
 БҰЙЫМТАЙНДЫ АЙТ
 БҰЙЫРМАҒАН МАЛ [ДҮНИЕ]
 БҰҚАНЫҒ ӨЗІ ҚАРТАЙСА ДА, МҰРНЫ ҚАРТАЙМАЙДЫ
 БҰЛАҒА ТҮСКЕН ДҮНИЕ [МАЛ]
 БҰЛ ДҮНИЕДЕН АРМАНСЫЗ ӨТТІ
 БҮЙЕН ВОҒЫМЕН...
 БҮЛІК САЛЫП, ХАРАП ҚЫЛДЫ
 БЫЛШЫҒЫН АЛАМ ДЕП, ҚЫЛШЫҒЫН АЛДЫ (ҚЫЛШЫҒЫН АЛАМ ДЕП, БЫЛШЫҒЫН АЛДЫ)
 БІР АЙТҚАНЫН ЕКІ АЙТТЫ
 БІР АЙТҚАНЫН МЫҢ АЙТЫП...
 БІР АТАНЫҒ БАЛАСЫ
 БІР АТЫМ НАСЫБАЙДАН ДА КІСІНІҢ КӨҢІЛІ ҚАЛАДЫ
 БІР АУЫЗ СӨЗ АЙТТЫРМАДЫ
 БІР ДЕГЕНІМ БІЛЕУ, ЕКІ ДЕГЕНІМ ЕГЕУ, ҮШ ДЕГЕНІМ ҮСКІ...
 БІРДІ БІРГЕ АЙДАП САЛҒАН [ҚАҒЫС-ТЫРҒАН, ҰШЫҚТЫРҒАН]
 БІРДІҢ КЕСІРІ МЫҢҒА, МЫҢНЫҢ КЕСІРІ ТҮМЕНГЕ
 БІРЕУ БОЛСА ДА БІРЕГЕЙ БОЛСЫН
 БІРЕУДІҢ ҚАНЖЫҒАСЫНДА ЖҮРЕ АЛМАДЫ
 БІРЕУДІҢ ТАУЫҒЫН ЖЕСЕҢ, ҚАЗ БАЙЛА, МАЛЫН ЖЕСЕҢ, ҚЫЗ БАЙЛА *Кене заман дағдысы бойынша қызды қалың малға сатудан келіп шыққан мақал.*
 БІР ЖОЛҒЫ [ЖОЛҒА] АШУЫҢДЫ БЕР!
 БІР ҚАТЫННЫҢ АЙЛАСЫ [МЕКЕРІ] ҚЫРЫҚ ЕСЕККЕ ЖҮК БОЛАР
 БІР КҮН БОҚ ЖЕМЕСЕ ИТТІҢ БАСЫ АУЫРАДЫ
 БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БАР
 БІРМЕ-БІР [ЖЕКПЕ-ЖЕК] КЕЛДІ
 БІР МҮШЕДЕН ҚАЛМАДЫ
 БІР ПАРА
 БІР ТОЙДА ЕКІ ЖАР БОЛМАЙДЫ
 БІТЕГЕНЕДЕН СОҢ *диал. Біраздан соң.*
 ДАБЫСЫ ЖЕР ЖАРАДЫ
 ДАЙЫМ ДАЯРМЫЗ!
 ДАЙЫНЫ ЖОҚ [ДАЙЫНСЫЗ] АДАМ
 ДАҢ БОЛДЫ *диал. Даңқты болды. Осы ас көпке даң болды. Асқа сойған көп малдан Аққан өзен қан болды (Н. Б.).*
 ДАҢҒАЗА БОС СӨЗ
 ДАҢҚЫ ЖЕР ЖАРҒАН (Қырғызша: «даңқы таш жарған»)
 ДАРДАЙ [ДЫРАУДАЙ] ЖІГІТ БОЛ!
 ДАСТАРҚАНҒА ОТЫРДЫ
 ДАСТАРҚАНҒА ШАҚЫРДЫ
 ДАСТАРҚАНЫ ДАЙЫН [МОЛ, КЕҢ БЕРЕКЕЛІ] КІСІ
 ДАСТАРҚАНЫҒ ЖИБЫЛМАСЫН, КҮЛКІН ТЫЙЫЛМАСЫН, КҮЛІ ПАШАРЫҒ ҚИЫЛМАСЫН! *алғыс.*
 ДӘЙЕКТІ СӨЗ
 ДӘМ ТАТПАДЫ *Тамақ ішпеді.*

ДӘМІ ЖОҚ, ТАТУЫ ЖОҚ СӨЗ [ӘНГІМЕ]
 ДӘРЕТ АЛДЫ *дини.*
 ДӘРІ ҚЫЛДЫ: *Малы жоқ Ноғайлының беретұғын, Неге дәрі қылайын өңшеп масты (ҚКВС).*
 ДӘУ ДЕ БОЛСА
 ДӘУРЕНІ ЖҮРІП ТҮР
 ДЕГЕН, ДЕГЕН, ДЕГЕН ЕКЕН, ДЕГЕН-БАЙДЫ ЖЕГЕН ЕКЕН
 ДЕГЕНДЕЙ-АҚ ҚЫЛЫҚТЫ ҚЫЛДЫН
 ДЕГЕНІН ІСТЕДІ *Дегенінен шықпады.*
 ДЕМБЕ-ДЕМ КЕЛІП ТҮРДЫ
 ДЕМЕУ ЕТТІ [ТҮТТІ]
 ДЕМІГІШ ТҮР
 ДЕНГЕЙІНЕ ЖЕТТІ [КЕЛДІ]
 ДЕНІ-ҚАРЫҒ [ҚАРНЫҒ] САУ МА? *сөлемдесу.*
 ДОДА-ДОДАСЫН ШЫҒАРДЫ
 ДОСҚА КҮЛКІ, ДҰШПАНҒА ТАБА БОЛМА
 ДҮЗІ ЖАНАТЫН ЕМЕС *диал. Бегі қайтатын емес.*
 ДҮНИЕНІҢ ТҮБІНЕ ЖЕТПЕЙСІҢ
 ДҮР-ДҮНИЕСІ САЙ ЕКЕН
 ДЫҢДАЙ АДАМ
 ДЫРДУ ӘНГІМЕ
 ДІМКӘС [ДЫМҚАС] АУРУЫ БАР
 ДІН АМАНБЫЗ *диал.*
 ДІН МҰСЫЛМАН
 ДІТІ БАР
 ЕГІН ТАҚТА БОЛДЫ *Бір тегіс, жаппай өнді. (Видай т. б. дақыл туралы айтылады).*
 ЕКЕУІ БІРДЕЙ ЖҮРІП
 ЕКІ АЯҚТЫ ЖАННЫҢ БӘРІ
 ЕКІ ДҮНИЕДЕ БІРЗАСЫҢ ҒОЙ?
 ЕКІ ЕНЕНІ КЕЗЕК [ТЕЛ] ЕМДІ
 ЕКІ ДҮНИЕДЕ КӨРГЕНІҢ АЗАП БОЛСЫН! *қарғыс.*
 ЕКІ ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ ДҮНИЕ БОҚ (ҚКВС).
 ЕЛ ЖАТАР МЕЗГІЛДЕ
 ЕЛ-ЖҰРТ, МАЛ-ЖАН АМАН БА? *сөлемдесу.*
 ЕЛ СҰРАДЫ *көне. Ескі дәуір кезіндегі үстем таптың өктемдігі осылай аталатын.*
 ЕЛУ БАСЫ
 ЕЛІ ІШІ — АЛТЫН БЕСІК
 ЕМІ ТАБЫЛМАС *Басқа ешбір шарасы болмас деген мағынада. Жаманнан жақсы туса теңі табылмас. Жақсыдан жаман туса емі табылмас (Мақал).*
 ЕПЕТЕЙСІЗ [РАБАЙСЫЗ, ОСПАДАР-СЫЗ] АДАМ *диал.*
 ЕРДІ НАМЫС, ҚОЯНДЫ ҚАМЫС ӨЛТИРЕР
 ЕР ЕГЕСТЕ, НАР КЕШУДЕ [СЫНАЛАДЫ]
 ЕРКЕЛІГІ ҰСТАДЫ
 ЕР-ТОҚЫМЫН БАУЫРЫНА АЛЫП ТҮЛАДЫ
 ЕРУЛІГЕ ҚАРУЛЫ
 ЕРІ ӨЛПІ, ЕРГЕ ТИСЕ — ЕЛДІҢ ЖОРАСЫ; ЕРІ ТҮРҮП, ЕРГЕ ТИСЕ БЕТТІҢ ҚАРАСЫ (Мақал).
 ЕСЕК НАЗ

ЕСЕСІН БЕРЕДИ
ЕС КӨРДІ [ТҮТТЫ, БОЛДЫ]
ЕСІТКЕН ҚҰЛАҚТА ЖАЗЫҚ ЖОҚ
ЕТЕК-ЖЕҢІН ТҮРІНП...
ЕТТИ ВОРША-БОРША ҚЫЛДЫ
ЕТІНЕН ЕТ КЕСІП АЛСАҢ ҚЫҢҚ ЕТ-
ПЕЙДИ
ЕШТЕҢЕГЕ АРЗЫМАЙДЫ

ЖАЙ ӨНШЕЙІН
ЖАЙДАРЫ КІСІ [БАЛА]
ЖАЙ ЖАТЫП, ЖАҚСЫ ТҮРЫҢЫЗ!
ЖАЙЛАУЫҢ ЖАЙЛЫ [КЕНЕН] БОЛ-
СЫН!

ЖАЙМА БАЗАР
ЖАЙМА-ШУАҚ КҮН
ЖАЙЫН ТАПТЫ
ЖАҚСЫ ЖОЛ — ЕЛГЕ ЖОРА
ЖАҚСЫ ЛЕПЕС — ЖАРЫМ БЫРЫС (Ма-
қал).

ЖАЛАҢАШ БАТЫР
ЖАЛҒЫЗСЫРАП ЖҮР
ЖАЛМАҢДАМАЙ ОТЫР!
ЖАЛПАҚ ТІЛМЕН СӨЙЛЕДІ
ЖАЛПЫ АЙТҚАНДА
ЖАЛТАҚ АДАМ
ЖАЛТ ҚАРАДЫ
ЖАМАНАТТЫ СӨЗ

ЖАМАН БОЛА АЛМАЙДЫ, БОЛҒАНДЫ
КӨРЕ АЛМАЙДЫ

ЖАМАНДЫҚҚА ЖОРЫМАДЫ, ЖАҚ-
СЫЛЫҚҚА ЖОРЫДЫ
ЖАМАНДЫҚТЫ АЙТЫП, ЖАҚСЫЛЫҚ-
ТЫ ТІРЕП ҚОЙ

ЖАМАП-ЖАСҚАП [ЖАЛҒАП-ЖАМАП]
КҮНЕЛТТИ

ЖАМАН [ҚАЛҒАН] КӨЛГЕ БАҚА АЙ-
ҒЫР

ЖАМАНЫҢ БАРЫНАН ЖОҒЫ ИГІ
(Мақал).

ЖАМАНЫҢ ЖАҚСЫСЫ БОЛҒАНША,
ЖАҚСЫНЫҢ ЖАМАНЫ БОЛ (Қыр-
ғызша: «жамаңдын жақшысы бол-
чончо, жақшынын жаманы бол»).

ЖАМАНЫҢ ҚАТЫНЫ БОЛҒАНША
ЖАҚСЫНЫҢ ЖЕСІРІ БОЛ
ЖАМАНЫМ [БІР ЖАМАНЫМ] БАР *Ба-
лам бар.*

ЖАМАНЫМЫЗ ЖАҚСЫ БОЛДЫ, ҚЫС-
КАМЫЗ ҰЗЫН БОЛДЫ

ЖАМЫРАП СӨЙЛЕДІ

ЖАН АЙЛАСЫН ҚЫЛДЫ

ЖАН БАҒУДЫҢ ҚАМЫ

ЖАН БАСПАҒАН

ЖАН ӨТЕРДЕ *көне. Ит өлген жерде,
алыс жерде. Жайлауы—жан өтерде—
сары белді (ҚҚБС).*

ЖАНСЫЗ САЛДЫРДЫ: *Елге жансыз сал-
дырып (Ы. Ш.).*

ЖАН ҰЯСЫНАН ШЫҚҚАНША
ЖАН ШЫҚСЫН: *Таң атпақтан күн шық-
сын, шырағым-ау, Тар төсекте жан
шықсын депті дейді (ҚҚБС).*

ЖАНЫ ЖАЙ [ТЕРЕЗЕ] ТАПТЫ

ЖАНЫН АЛЫП ҚАЛДЫ *Өлімнен аман
алып қалды.*

ЖАНЫНАН ТӨЛЕДІ

ЖАНЫН БАҚТЫ

ЖАНЫН ЖЕВЕДІ

ЖАНЫН КӨЗІНЕ КӨРСЕТТИ
ЖАНЫН ОТҚА САЛДЫ
ЖАНЫҢ ЖАМАНДЫҚ КӨРМЕСІНІ
ЖАНЫ ТІРІ
ЖАНЫ [ЖҮРЕГІ] ШОШЫДЫ
ЖАҢА ХАБАР ДҮҢКЕ ЕГЕ ҚАЛДЫ
ЖАҢЫЛМАЙТЫН ЖАҚ, СҮРІНБЕЙТІН
ТҮЯҚ БОЛМАЙДЫ

ЖАҢЫЛТПАШТАН ЖАҢЫЛМА (Жас
өспірім баланың тілін жаттықтырып,
халық «жаңылтпаштан жаңылма» деп,
сөз ішінде белгілі бір дыбыстың қай-
та келу әдісіне негізделген; тез, же-
дел сөйлегенде жаңылыс айту кәдік
емес; осыдан келіп ойын-күлкі туа-
ды. Мысал: 1) Құрықтан құлдырап
түстім, Сырықтан сылдырап түстім;
2) Сүт бал қаймақ, Бұл қай бал қай-
мақ, Сүт бетінде бал қаймақ, Май бал
қаймақ; 3) Ай, Тайқарбай! Қойынды
Ақшағыла жай, Тайқарбай — Май-
қарбайлар толып жатыр, Ай, Тайқар-
бай дегенің қай Тайқарбай?).

ЖАПАЛАҚТЫ ТАСПЕН ҰРСА ДА ЖА-
ПАЛАҚ ӨЛЕДІ; ЖАПАЛАҚПЕН
ТАСТЫ ҰРСА ДА, ЖАПАЛАҚ ӨЛЕ-
ДІ

ЖАШПАР ҚҰДАЙ ЖАРЫЛҚА! *дінн.*
ЖАРЫТЫП [ЖАРЫТЫМДЫ] ЕШ НӨР-
СЕ АЙТПАДЫ

ЖАСАҒАН ИЕ ЖАРЫЛҚА! *дінн.*
ЖАСАУЫН БЕРДІ [ЖАСАДЫ]
ЖАС БАЛАДАЙ ҚАЙҒЫСЫЗ ҚЫЛА
КӨР!

ЖАС БАЛДЫРҒАН
ЖАТА-ЖАСТАНА СӨЙЛЕСЕЙІК
ЖАТҚАН ЖЕРІ ЖАЙЛЫ БОЛСЫН, ТО-
ПЫРАҒЫ ТОРҚА БОЛСЫН!

ЖАТЫРЫ БӨЛЕК ЖАТ БАЛА *көне.*
ЖАУЫН СҰРАП, ТАСАТТЫҚ АТТЫ
көне.

ЖАУЫН ШАПТЫРЫП, ЖАБАҒЫҒА СҮ-
РІНДІРІП АЙТАДЫ

ЖАУЫР АТТЫ ЖАБА ТОҚЫДЫ
ЖАУЫР БОЛҒАН [СӨЗ, ӨҢІМЕ...]

ЖЕГЕН ДЕ АРМАНДА, ЖЕМЕГЕН ДЕ
АРМАНДА... *Дәмді, тәтті тамақ ту-
ралы айтылады.*

ЖЕКЕ ДАРА

ЖЕКПЕ-ЖЕК ШЫҚТЫ

ЖЕЛШІЛДЕГЕН ТҮЙЕ ЖЕДІҢ, ЖЕЛІНІ
ҚАРЫС БИЕ ЖЕДІҢ

ЖЕЛ СӨЗГЕ СЕМПРДІ

ЖЕЛІГІП ОТЫР

ЖЕМЕ-ЖЕМГЕ КЕЛГЕНДЕ

«ЖЕМЕЙМІН, ЖЕМЕЙМІН» ДІП ОТЫ-
РЫП, ЖЕҢДІ БІЛЕКТЕЙ К...ЕНДІ

ЖЕПТИ (Қырғызша басқаша айтыла-
ды: «жебейм, жейбейм» деп, жемекей
қарын түгөтөт).

ЖЕҢГЕТАЙ БОЛМА [ЖЕҢГЕТАЙЛЫҚ-
ҚА ЖҮРМЕ]

ЖЕҢІЛ БАРЫП, АУЫР КЕЛ! *Олжалы
келу мағынасында.*

ЖЕР АЙЫРЫЛЫП, КӨК ШЫҚСЫН, ЖЕ-
ЛІН АЙЫРЫЛЫП, СҮТ ШЫҚСЫН!

(Қырғызша: «Жер айрылып, көк чық-
сын, желан айрылып сүт чықсын!»)

ЖЕРДЕ ЖАТҚАН ЖҰМЫРТҚА АСПАН-

ДА ҰШҚАН ҚҰС БОЛАДЫ (Қыр-
ғызша: «Жерде жатқан жумуртка
асмаңда учқан куш болот»).

ЖЕР ЖАҒАНҒА [ЖИҒАНҒА] БЕЛГІЛІ
ЖЕР-ЖЕБІРІНЕ ЖЕТТІ

ЖЕР ҚҰЛАҒЫ ЖЕТЕУ (Қырғызша: «жер
кулагы жети қат»)

ЖЕР ШАЛДЫ *Талай қонысты, елді ме-
кендерді торыды, барлады.*

ЖЕРІНЕ [ЖЕТЕР ЖЕРІНЕ] ЖЕТКІЗДІ
*Бұл жерде сарқа сөйлеу, ой желісін
айқындау мағынасында айтылып
тұр.*

ЖИЕН ТАБАҚ [АЯҚ]

ЖИЫН-ТЕРІН БОЛҒАНДА

ЖОҚ ЖЕРДЕН НЕГЕ КИЛГЕСІҢ?

ЖОҚ ЖЕРДЕН [ТАБАН АСТЫНАН] ША-
ТАҚ ШЫҒАРДЫҢ

ЖОҚҚА ШЫҒАРДЫ

ЖОҚТАН ӨЗГЕГЕ

ЖОҚТЫ ЖОҚ ІЗДЕГЕН ТАБАДЫ (Ма-
кал).

ЖОЛ АНАСЫ — ІЗ

ЖОЛҒА ШЫҚТЫ *Жол жүрді.*

ЖОЛ ТАЛАСТЫ: Тамам керуен Баянға
*жол таласып, Ажал жетіп, сол жер-
де қырылады (ҚҚБС).*

ЖОЛ [ЖЕР] ТҮТ [ШАҚ] КЕЛМЕЙДІ

ЖОЛЫН ҚУДЫ

ЖОЛЫН ҚЫЛДЫ

ЖОЛЫҢ БОЛҒЫР!

ЖОЛЫҢ ОҢҒАРЫЛМАСЫН! қ а р ғ ы с.

ЖОЛЫҢ ТҮССЕ...

ЖОРА БОЗА

ЖӨН БІЛГІ АДАМ

ЖӨРМЕП ТІКТІ

ЖҰҚПА ЖЕП, ЕЖЕГЕЙ ТҰНДЫРЫП
ҚАЙТҚАН АДАМДАЙ

ЖҰЛЫНДАЙ ҰШ, ЖҰЛЫНДАЙ ҰШ-
ҚЫР!

ЖҰМБАҚ АЙТЫС *Өлең түрінде де, қара
сөз түрінде де айтылатын сөз үлгісі.*
[Жігіт пен қыз да, қарт пен жас та,
хан мен қара да жұмбақ айтысқа үй-
ір болған. Ханды да, байды да халық
келеке етіп отырған. Белгілі бір зат
немесе құбылысты меңзеп, долбар-
лап айтуда ойнақы ой, әр нәрсеге тән
басты қасиет, бүркенішті ишарат жа-
тады. Табан астынан айтылған кіші-
гірім тапқырлық сөз мағынасымен
де, сөз құрау тәсілімен де ұласып
жатады. Бірер мысал келтірейік.

1) Қыз жұмбағы: «Там үстіне тары
септім»; жігіт шешуін біле тұра, біл-
мегенсіп, «Там үстіне тары сепкенім
жоқ» деп, қарсы қырсық жауап бер-
реді; қыз: «Менікі жұлдыз еді» дей-
ді, жігіт: «Менікі күндіз еді» дейді...
(М. Көб.). 2) Жолаушы болып келе
жатқан қыз бен жігітке: «Мына жі-
гіттің астындағы жорғасын-ай, қасын-
дағы жолдасын-ай!» десе, қыз: «Бұл
жігіттің шешесі менің шешемнің қай-
ын енесі» деп жұмбақтай сөйлейді
(«Жас қайрат» газетінен). 3) Жігіт
жұмбағы: «Айт дегенде айтамын ай-
да болар, Таң алдында ақ шолпан
пайда болар. Ақын болсаң, жұмба-

ғым шешіп берші, Ақ меруерт шық-
қан жері қайда болар?». Қыздың
шешуі: «Ойнамаса, күлмесе, шыға ма
дерт, Ойын, күлкі бар жердің бәрі де
кент. Сен білмесең, кем ақыл, мен
айтайын, Айдың көлден шығады ақ
меруерт». Жігіт жұмбағы: «Көше-кө-
ше ауылым көше болар, Ойынсыз,
күлкісіз ел мешеу болар. Ақын бол-
саң, сөзіме жауап берші, Тоқсан ит-
тің емшегі нешеу болар?», Қыз жауа-
бы: «Айт десеңіз, айтайын бұған би-
лер, Аң жүйрігін біледі қуған билер.
Емшегі тоқсан иттің қанша екенін
Қолына шелек алып сауған билер».]

ЖҰМЫСТЫҢ АРТЫ ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН
[БОЛҒАЙ ЕДІ]

ЖҰМЫСЫҢДЫ БІР ЖАҚТЫ ҚЫЛ

ЖҮЗ ВАСЫ

ЖҮЗІ ҚАРАНЫҢ ЖҮЗІ ТАЙМАЙДЫ (ма-
қал).

ЖҮЙРІК ТАБАНЫ ДУДА ҚЫЗАР

ЖҮК АУЫРЫН НАР КӨТЕРЕДІ

ЖҮРГЕН ЖЕРІ КЕНІШ

ЖҮРЕГІ БАТПАДЫ

ЖҮРЕГІ ЖІБІМЕДІ

ЖҮРЕГІНІҢ ҚАБЫ ЖАРЫЛА ЖАЗДА-
ДЫ

ЖҮРЕГІНІҢ ОТЫ ВАР

ЖҮРЕГІ ОЙНАҚШЫДЫ

ЖҮРЕККЕ ДАҚ САЛДЫ

ЖЫЛ [АЙ, КҮН] САНАП *Әрдайым, үз-
бестен деген мағынада.*

ЖЫЛУ АЛДЫ

ЖЫЛУ САЛДЫ

ЖЫЛЫ ТӨСЕКТЕН ШЫҚПАЙ ҚОЙДЫ

ЖЫМ-ЖЫЛАС [ЖОҚ] БОЛДЫ

ЖЫЛЫ ХАБАР

ЖЫН ҰРҒАН БА?

ЖЫНЫ КЕЛСЕ...

ЖЫРТЫҚ ТЕСІККЕ КҮЛЕДІ ○ ЖЫҒЫЛ-
ҒАН СҮРІНГЕНГЕ КҮЛЕДІ

ЖІГІН ЖАТҚЫЗДЫ

ЖІЛІКТІҢ МАЙЛЫ ВАСЫН ӨЗІ АЛДЫ

ЖШКЕ ТІЗІЛДІ *Бәрі есептелді.*

ЖШТІКТЕЙ БОЛҒАН

ЗАЙЫР АҚЫ

ЗАУЫҚ ЕТТІ

ЗЕРДЕЛІ КІСІ

ЗҰЛПЫҚАРЫН ҚОЛҒА АЛЫП... к ө н е.

ЗҰМЫРЫҚ ҚҰСТАЙ

ЗІКІР САЛҒАН БАҚСЫДАЙ

ИЕСІ КЕЛСЕ БИЕСІН БЕР

ИМАНДЫ БОЛҒЫР ○ ҚҰДАЙ ИМАНЫҢ-
ДЫ ЖОЛДАС ҚЫЛСЫН к ө н е. *Ескі
сенім (ислам діні) бойынша нарыз-сүн-
детгі түгел орындасаң алла тілегіңді
қабылдар, есіркер деген жалған бата.*
ИНЕ-ЖІБІНЕ ДЕЙІН ҚАЛДЫРМАДЫ
(Қырғызша: «Жарық ийнесін қалтыр-
бай, алып кетті»).

ИНЕНІҢ ЖАСУЫНДАЙ КҮНӘМ ЖОҚ

ИТ АЯҚ АТТАТТЫ *Балаға көз тимеу
үшін істелетін ырым.*

ИТ ЖЕМІНДЕЙ ОЛЖА

ИТ ИТТІГІН ІСТЕМЕСЕ, БАСЫ АУЫРА-
ДЫ

ИТ КӨЙЛЕК
ИТ ҚҰРЛЫ КӨРМЕДІ
ИТ ӨЛІМІН ШЫҒАРДЫ **○** ИТТЕЙ ҚЫ-
ЛЫП САВАДЫ
ИТТЕЙ ҚЫЛДЫ
ИТТЕЙ ҰЛЫДЫ
ИТТІГІ ҰСТАДЫ
ИТТІК [ИТШІЛІК] ЖАСАДЫ [ІСТЕДІ]
ИТТІН АҚЫМАҒЫ КҮНДІЗ ҮРЕДІ [ҮЙ-
ГЕ ҮРЕДІ]
ИТ ШКІР! қ а р ғ ы с.
ИІНІ КЕЛГЕН ЖҰМЫС

КЕКІРГІ АЗЫП ТҰР
КЕМ ЖЫЛ

КЕМПІР НАЗ: Тар қонысқа таласқан, бір кемпір наз өкпе еді (Ы. Ш.).
КЕРЕГЕДЕН ШЫҒАРЫП ЖІБЕРДІ к ө н е.
Итше қуып жіберді.

КЕРІ КЕТКІРІ қ а р ғ ы с.
КЕСТЕПАНДАЙ ЖҰМСАҚ ЕТІК
КЕСІП АЛСА, ҚАН ШЫҚПАЙДЫ
КЕУДЕНДЕ ЖАНЫҒЫН БАР МА?
КЕУДЕСІН БАСТЫРМАДЫ *Өктемдікке жібермеді*

КЕУДЕСІНДЕ ЖАНЫ БАР АДАМДАР-
ДЫҒЫ БӨРІ

КИІЗ АҚША *Әзіл ретінде ұтса алмайтын, ұтылса бермейтін ақша.*

КИІЗ БАСТЫ
КИІЗ ТУЫРЛЫҚТЫ ҚАЗАҚ, ҚЫЛ ЖА-
ЛАУЛЫ ҚАЛМАҚ, ОН ЕКІ БАУЛЫ
ӨЗБЕК, ТОҒЫЗ АРЫС ТҮРІКМЕН
к ө н е.

КИІМНІ [КИГЕНІН] ҚҰТТЫ БОЛСЫН,
ӨЗІҢНЕН БҰРЫН ТӨЗСЫН а л ғ ы с.
(Жаңа киім кигенде айтылады)

КӨЖЕГЕ ӨКПЕЛЕГЕН БАЛАДАЙ
КӨЖЕ ҚАТЫҒЫ ЖОҚ [ВАР]

КӨЗ ЖАҚСЫМ к ө н е. (Ескі заман тұсында қайын жұрты адамдарының денін өз атымен атай алмау былай тұрсын, өз күйеуінің есімін тура айтуға құқығы жоқ әйел қайын сіңлілерін т. б. әйелдерді «Көз жақсым», «Еркежан», «Шырайлым», «Қаракөз», «Айдарлым», т. б. түрде атаған. Сол сияқты басқа да үлкенді-кішілі адамдарды «шешей», «ене», «бикеш», «ортаншы қыз», «кішкене қыз», «апа», «кенже» немесе «кенжетай», т. б. түрде атаған. Еркек жағын (әйел келін болып түспестен бұрын туғандарды) да «мырзаға», «ортаншым», «төре», «төрем», «аппағым», «ақ жарқын» (кейінгілерді ер адамға да, әйел адамдарға да қолданған), «айдарлым», «шырақ», «молда бала», кішкентайларды «бөпежан», т. б. ат қоя атаған. Өз күйеуін «отағасы», «... көкесі», «біздің үйдің кісісі», «әлігі», күйеуінің замандастарын «құрдас», т. б. деген. Адам (аттас) кісілерді «атам аттас», «аты теріс» т. б. атау орын тепкен.

Түр-түсі, жұмыс-ыңғайына қарай да құлпырта ат қоя білген: «бадырақ», «семіз», «айыр сақал», «төрт сақал», «көк көз», «сақау», «қалқан құлақ», «тоғыз қол», «ақын», «жыршы».

«шешен». А. Н. Самойлович «Күйеуге шыққан қазақ әйелдерінің айта алмайтын сөздері» атты мақаласында осылардан бөлек өңге «лақаптарды» да келтірген. Мұрнынан түк қалмаған кісіні «қос ауыз мылтық» деп атауды да ескерте кеткен.

Кісі атына қатысты жерлерде де тапқырлық байқалады: ақ — «шаңқан», қара — «баран», сары — «шикіл», «сапақ», көш — «жөнеу», қой — «маңырама», қошқар — «азбан», жылқы — «туар» немесе «мінгіш», алты — «бестен бір артық», базар — «сауда» немесе «қала», айдар — «төбе шаш», пышақ — «жаныма» немесе «ет кесер», балға — «соғар», тоқпақ — «қос ағаш», айна — «бет көргіш», бүркіт — «үлкен құс», қораз — «айғыр тауық», тышқан — «қал тесер» немесе «жорғалауық», қоян — «есек құлақ», тоқты — «кішкене қой», т. б. Жер-су аттары аралас келгенде де әйел ойының ойнақылығы байқалып тұрады: Бұхара — «үлкен кент», Сарысу — «шикіл су», Сұлутөбе — «әдемі төбе» т. б. «Боқ» сөзімен келетін сөзге де аузы бармай, Боқтыбайды — «сыбан», Боқбасарды — «тапбасар» деуі де қызық-ақ).

КӨЗГЕ САЛМАДЫ *Көзге ілмеді, елемеді.* Дүниесін тастап кетті *көзге салмай*, Арманда жер төсегін төрге салмай (ҚКБС).

КӨЗГЕ ТАҒАН ТҮСТІ [КӨЗГЕ АҚ ТҮСТІ]: Кез қылды жапан дүзде мені саған, Түскен жоқ, жасым жетіп, *көзге таған* (ҚКБС).

КӨЗІ ҚАРАЙҒАН ТАМ СҮЗЕДІ
КӨЗІН ТҰТЫП ЖЫЛАДЫ *Егіл-тегіл көзін басып жылады.* Ауылы Аякөздің бойында-ды, Баянның Қозы Көрпеш ойында-ды. *Көзін тұтып* сенің үшін көп *жылаған* Обалы әкесінің мойнында-ды (ҚКБС).

КӨЗІНІҢ СҰҒЫ ӨТТІ
КӨЗІНДІ АШЫП ҚАРА!
КӨЗІНДІ ШЕЛ ҚАПТАСЫН! [КӨЗІНДІ АҚ ШЕЛ ҚАПТАСЫН] қ а р ғ ы с.

КӨЗІННІҢ ОҢ ҚЫРЫН САЛ *Қамқорлық жаса.*

КӨЗІ ШАРАДАЙ [ТОСТАҒАНДАЙ] БОЛ-
ДЫ

КӨК ЖЕКЕ ЕТІК
КӨК [СОҚЫР] ТИЫН БЕРЕСІСІ ЖОҚ,
КӨК [СОҚЫР] ТИЫН АЛАСЫСЫ
ЖОҚ

КӨКІРЕГІНЕ ЖЕЛ ЕНДІ
КӨЛЕҢКЕГЕ [СЫРТЫНАН] ТОН ПІШТІ
КӨЛЕҢКЕСІНДЕ КҮН КӨРДІ
КӨҢЛІНЕ КІР САЛАДЫ: Сұлу қыз текеметке тор салады, Көңліне Баян сенбей *кір салады* (ҚКБС)

КӨҢЛІГЕ КІРБІН КІРМЕСІН!
КӨП БАСҚАН АЯҚ БОҚ БАСАДЫ
КӨРЕРІН КӨРДІ **○** КӨРЕР КҮНІ ОСЫ
КӨРІП БАҒАЙЫН
КӨСЕГЕН КӨГЕРІП, КӨРІП ҰЗАРСЫН!
а л ғ ы с.

К. . . ЕН ЗОРЛЫҚ

К...ЕГІ ҚҰРЫСЫН! көне. *Шоштып кеткенде айтар одағай.* (Әйелдер лексиконы).

КҮДІК АЛДЫ

КҮЙЕУ КҮЛДІҢ АСТЫНДА әзіл. *Қызға күйеу кез келген жерден табылады деген мағынада.*

КҮЙІН-ІІСТІ ДЕ ҚАЛДЫ

КҮЛАПСА КЕЛГІР [ШЫҚСЫН]! қарғыс.

КҮНДЕСТІҢ КҮНІ [КҮЛІ] ДЕ КҮНДЕС көне.

КҮН АРАТПА [АРАЛАТПА, АРАЛАТА, САЛА]

КҮН БОЛДЫ: Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың кегіне Күн болмағанда кім болам? (С. Т.).

КҮНДІ БАҚАНМЕН ИТЕРГЕНДЕЙ БОЛДЫ *Уақыт өткізе алмады, тез өтуін қалады деген мағынада.*

КҮН ЖЫЛЫ, ЖЕР ҚАРАДА

КҮШІНЕ КЕЛІП ТҰР

КІМГЕ ПЕНІ ҚЫЛАСЫҢ? диал. *Кімге қоқан-лоқы, міндет қыласың?*

КІМГЕ ТҰЛҒА БОЛАЙЫН ДЕП ЕДІҢ?

КІР САҚТАМА *Көңіліңе алма; өкпе-араздықты қой.*

КІРІШТЕЙ АППАҚ

КІРІШКТЕЙ АҚ [ТАЗА]

КІТАПТЫҢ [ҚҰРАННЫҢ] СӨЗІНДЕЙ діни.

КІШ АЛДЫ *Күдіктенді.* Бір сөзінің ішінен кіш алды да, қырын қарап, жөн тартып жүре берді (ҚКВС).

КІШІ АУЫЛ көне.

КІШІЛІККЕ БЕРДІ *Әйелдікке берді.* Құнанбай сәлемін есіткен жерде, Бердіқожа томырылып қалды.— Е, мен баламды кәрі Құнанбайға *кішілікке беруші* ме ем? — деді (М. Ә.).

ҚАБЫРҒАЛЫ ЕЛ

ҚАБЫРҒАСЫ МҰЗДАЙ ЖАВЫҚ АТ

ҚАДІМ ЗАМАН *Көне, ескі дәуір.* («Хадим» арабша ежелгі деген сөз). Өбдірахман Жәми өзінің «Ескендірдің даналық кітабы» деген дастанында *қадім заманда* жасаған қолбасшының көп сыпаттарын көтермелеп жырлайды (Р. Б.).

ҚАДІРІН КЕТІРДІ

ҚАЗАҚ ҚАЙЫҢ САУҒАНДА, ҚЫРҒЫЗ ЫСАР КІРГЕН (Бұл қырғызша. «Қазақ қайың саағанда, қырғыз Ысар кирген» дегеннен алынып отыр. К. К. Юдахин осы сөз 1636 жылғы оқиғаны ішарат етіп түр дейді).

ҚАЗАН-АЯҒЫ БІР

ҚАЗАН-АЯҒЫН АЛА КЕТІП ПЕ?

ҚАЗАНЫ БАСҚА

ҚАЗЫ БАЙЛАДЫ

ҚАЙРАН СӨЗІН БОСҚА КЕТТІ

ҚАЙТЫП ҮЙІРІН ТАПТЫ

ҚАЙЫМ АЙТЫС

ҚАҚШАҢДАҒАН ШАЛ, КЕМСЕНДЕГЕН КЕМПІР

ҚАҚПАҚЫЛ ОЙНАДЫ *Асық ойынының түрі.*

ҚАЛТАҒА КІРМЕ диал. *Ұрлық жасама.*

ҚАЛТАСЫН ҚАҚТЫ

ҚАМШЫ САЛДЫРМАДЫ [ТИГІЗБЕДІ]

ҚАН ТАЛАПАЙ [ТАЛАҚАЙ] ҚЫЛДЫ

Талан-таражға салды.

ҚАПСЫРҒАН [ҚАДАЛҒАН] ЖЕРДЕН

ҚАН АЛМАЙ ҚОЙМАЙДЫ

ҚАПЫЛ ЖОҚ: *Қартайып өлсе қапыл жоқ* (Мақал).

ҚАПЫЛЫСТА [ҚАПЫЛ, ҚАПЫЛЫМДА, ҚАПЫДА] ҚАЛДЫ

ҚАРА АЛАМАН ҚАЛЫҢ ЖҰРТ көне. *Хан қарауындағы, хан есігіндегі құлқұтан.*

ҚАРАДАЙ БАСЫ ДАУҒА ҰШЫРАП

ҚАРАДАН ҚАРАП ТҰРЫП

ҚАРАЙЛАП [ҚАРАСЫП] ЖҰРДІ

ҚАРА СҮЙЕК

ҚАРАУҒА БЕТІ ЖОҚ

ҚАРҒА БАЛАСЫ ВОҚ ШҰҒЫР, МОЛЛА БАЛАСЫ ҚАҒАЗ ОҚЫР көне.

ҚАРҒА [СҮЙЕР] БАЛАСЫН АППАҒЫМ ДЕП, КІРІШ [СҮЙЕР] БАЛАСЫН ЖҰМСАҒЫМ ДЕП *Кім де болса іштен шыққан баласын жек көрмейді деген мағынада.*

ҚАРҚАРАСЫ БАСЫНДА

ҚАРТА АШТЫ

ҚАРШАДАЙ СОЛҒЫР! қарғыс.

ҚАРЫНА ТАРТПАҒАННЫҢ ҚАРЫ СЫН-СЫН көне.

ҚАС ҚАРЫНБАЙ

ҚАТ ЕКЕН *Жоқ екен.* Тұзға қат болып отыр (АТ).

ҚАТУЛАНА СӨЙЛЕДІ

ҚАУЛАП ӨСТІ

ҚИЯН-КЕСКІ ЖАНЖАЛ [ҰРЫС...]

ҚОЙМАЛЖЫН СӨЗІНДІ ҚОЙ

ҚОЙЫН ҚАШЫРДЫ ○ ҚОЙЫ КҮЙЕК-ТЕН ШЫҚТЫ (Қырғызша: «Кой куудурду»).

ҚОЛ ҚҰДАЙ [-ДЫҢ] МӨРІ *Сөз байласу, уәде берісу мағынасында.* Уәде құдай аты, қол құдай мөрі (АТ).

ҚОЛЫ БАЙЛАНДЫ

ҚОЛЫ ЖАМАН ЕКЕН, ЖАЗҒАНЫН АЖЫРАТА АЛМАДЫ

ҚОЛЫ ЖЕҢІЛ

ҚОЛЫҢНАН КЕЛГЕНДІ ІСТЕ ○ ҚОЛЫҢНАН КЕЛСЕ АЯНБА кейіс.

ҚОЛАНСА САСИДЫ

ҚОЛДАН КЕЛСЕ

ҚОЛДЫҢ КІРІ ○ ДҮНИЕ — ҚОЛДЫҢ КІРІ

ҚОЛҚАЛАП СҰРАДЫМ

ҚОМСЫНЫП [МІСЕ ТҰТПАЙ] ҚАЛДЫ

ҚОНАҚ [МЕЙМАН] БІР КЕЛСЕ — ҚҰТ, ЕКІ КЕЛСЕ — ЖҰТ, ҮШ КЕЛСЕ — ЖЫТ *әзіл-оспақ.*

ҚОҢҚИҒАН МҰРЫН, АДЫРАЙҒАН КӨЗ ҚОЙЫН ҚОНЫШЫН ТОЛТЫРДЫ

ҚОЯН ТЕРГІСІ ҚҰРЛЫ БОЛМАДЫҢ БА, ШЫДАЙ ТҰРСАЙШЫ

ҚУ БАС ҚАЛ! қарғыс.

ҚУЫР-ҚУЫР, ҚУЫРМАШ! *Ойын аты.*

ҚҰДАЙ БЕКЕР, МЕН БЕКЕР

ҚҰДАЙ БІЛЕДІ [БІЛЕТ] ДЕП АЙТАЙЫН көне.

ҚҰДАЙДАН ТІЛЕП АЛҒАН БАЛАСЫ к ө н е.

ҚҰДАЙДЫҢ ЖАЗҒАНЫН КӨРЕРМІЗ
ҚҰДАЙДЫҢ ҚУЫҒЫ ЖАРЫЛЫП КЕТ-
КЕН ШЫҒАР *Шелектеген жауында айтылады.*

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰШЫРЫНА ҚАЛМА к ө н е.

ҚҰДАЙДЫҢ ТӘВӘРІГІ
ҚҰДАЙДЫҢ ҮЙІН КӨРГЕН АДАМДАЙ
ҚҰДАЙ ҚУАТ БЕРСІН! д і н и.
ҚҰДАЙ ТҰЗЫМДЫ КӨТЕРСЕ к ө н е. *Тұ-
зымды құдай көтерсе, Мұнда жоқ се-
нің тең парың (ҚЖ).*

ҚҰДАЙ ҰРСЫН! ҚҰРАН ҰРСЫН! к ө н е.
д і н и.

ҚҰДАЙҒА АҚ САР БАСЫН ШАЛДЫ
ҚҰЙҒА ТЕРІСІ [ТАМЫРЫ] ТЫРЫСТЫ
ҚҰЙРЫҒЫ ЖОҚ, ЖАЛЫ ЖОҚ *Бұл жерде
таяныш-тірегі жоқ деген мағынада.*

ҚҰЙРЫҒЫН ШАНШЫП ОЙНАДЫ Там-
пық мұрын момақан, Талпақ танау
құрбақан..., Омырауы салпаған, Сүтке
тойып балпаған, Құлағын тіге ойна-
ған, Құйрығын шанша ойнаған, Ой,
бұзауқан, бұзауқан! (ХӘ).

ҚҰЙЫСҚАНЫ КӨТЕРІЛІП ТҰР *Жол жү-
руге дайын тұр.*

ҚҰЛАҒЫМ ШУЛАДЫ
ҚҰЛАҒЫМДЫ КЕСІП БЕРЕЙІН!
ҚҰЛАҒЫМ САРСЫЛДЫ
ҚҰЛАҒЫМ СЕНДЕ, АЙТА БЕР
ҚҰЛАҚТАН АЗДЫ
ҚҰЛАН МІНШ, ҚҰС САЛДЫҚ (Бұл «ку-
лан минш, куш салдық» түрінде
К. К. Юдахин сөздігінен алынды).

ҚҰЛДЫҒЫҢ БОЛАЙЫН! ж а л ы н у.
ҚҰЛҚЫН СӘРІДЕН ТҰРДЫ (Қырғызша:
«Қузгун саарынан турду»).

ҚҰЛҚЫНЫ ҚҰРЫСЫН!
ҚҰЛЫН ҚАРА ҚҰЛАҚ БОЛҒАНДА
ҚҰР АТҚА МІНГЕНДЕЙ ТЫҢ ЕДІМ (Қыр-
ғызша: «Кекиликтей тың элем»)
ҚҰРБАНЫҢ БОЛАЙЫН, ҚҰЛЫНЫМ!
ҚҰР [ҚҰРЫ, ҚҰРҒАҚ] СӨЗ
ҚҰРТТАЙ САНАП БЕРДІ Бұл жалғанда
жолықпай өліп кетсең, Құрттай санап,
соңыра мен берермін (ҚКВС).

ҚҰРЫҚ-ЖҮГЕН КӨРМЕГЕН АСАУ
ҚҰРЫП-КЕТКІРІҢ ҚҰРЫП КЕТТІ ҒОЙ!
ҚҰС ҚАНАТЫМЕН ҰШЫП, ҚҰЙРЫҒЫ-
МЕН ҚОНАДЫ
ҚҰСТЫҢ АЛҒАНЫНАН САЛҒАНЫ ҚЫ-
ЗЫҚ (Мақал).

ҚҰС ҰЙҚЫСЫНДАЙ ҰЙҚЫМ БАР
ҚҰТ АЯҒЫНДЫ ІШ!
ҚҰШЫНАСЫ БАР АДАМ к ө н е. *Ескі се-
нім бойынша «сәзегейлігі» бар, айтқа-
ны «келетін» адам*

ҚЫБЫН ТАПТЫ
ҚЫЗДЫҢ БАЛАСЫНДАЙ
ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ ҮЛКЕН [ЖИҢШКЕ]
ҚЫЗ КӨРЕЛІК *Қыз көрелік* дегенді біз кө-
релік (АТ).

ҚЫЗЫЛ АЯҚ *Бұл жерде жалаң, кем-тар
адам мағынасында.* Біз сол жылы дәл
он алты жан едік. Мұның ішінде төрт-
ақ адам жұмысқа жарайды. Өзгесі
біз — өңкей өңез көз, ас иесі, қызыл

аяқтармыз... (Ғ. М.).

ҚЫЛАП ҚЫЛМАН Уағдаға қылап қыл-
ман, не қыласың, күн болса, ондай
атты берер-ақпын (ҚКВС).

ҚЫЛДАН ҚИҒЫМ ІЗДЕГЕН
ҚЫРШЫНЫ ҚИЫЛДЫ [ҚЫРШЫНЫНДА
ӨЛДІ, ЖАСТАЙ ҚЫРШЫН КЕТТІ]
ҚЫРЫҚ КҮНГІ СЫПАЙЫҒЕРШІЛІКТЕН
БІР КҮНГІ ПАҚЫРШЫЛЫҚ АРТЫҚ
ҚЫРЫҚ ҚЫЛАУДАН ПАЙДА БОЛҒАН
БАЛА
ҚЫСАСЫН ҚИЯМЕТТЕ КӨРЕДІ *Сазаыйн
о дүниеде көреді.*
ҚЫТЫМЫР КІСІ

МАЙЛАП БЕРСЕҢ ДЕ АЛМАЙМЫН
МАЙЛЫҚҚА ДА, СУЛЫҚҚА ДА ЖҮРЕ-
ДІ

МАЙЫН САТТЫ
МАЛМАНДАЙ СУ
МАЛСАҚ АДАМ
МАЛ ШАЙЛАП ҚАЛЫПТЫ *Мал семірді.*
МАЛЫН АЙДАП АЛДЫ *Малын барымта-
лады.*

МАЛЫҢ АРТЫНДА ҚАЛСЫН!
МАМЫР АТ
МАЛДЫ КӨРІП, ПАЙҒАМБАР ЖОЛДАН
ТАЙЫПТЫ (Қырғызша: «Малды кө-
рүп, байғамбар жолдон чыгыптыр»).

МАРҚАБАТЫ ТИДІ
МАСАҚ ТЕРГІЗДІ
МӘЛҒҰН АДАМ

МӘЛІШ САУДА *Уақ сауда. Мәліш сауда*
сықылды күлкі сатып, Алса қоймас,
араны тағы тоймас (Абай).

МЕЙМАНАСЫ ТАСЫҒАН *Артықша асып
төгілген, кеуде көтерген.*
«МЕН БІЛЕМГЕ» САЛДЫ
МЕН ДЕСЕҢ *Мен десем, қалағанымды бер
(АТ).*

МЕН-МЕННІҢ ТОВАСЫ ЖҮРМЕС
МЕШЕЛ БОЛҒЫР!
МЕШЕЛГЕ ЖӨТЕЛ ЖАЛҒАСТЫ
МОЙНЫНА МІНДІ *Күнә мойнына қойыл-
ды.*

МОЙНЫНА СОРПА ТӨГІЛДІ *Еңсесі түсті,
бейберекет болды.*

МОШҚАП СҰРАДЫ *д и а л. Егжей-тегжей-
ін сұрады.*
МҰНТАЗДАЙ БОЛЫП ШЫҒА КЕЛДІ
МҰНТАЗДАЙ ТАП-ТАЗА
МҰРНЫҢ БАРДА БІР СҢБИР
МҰРНЫНЫҢ БОҒЫН СҰРТЕ АЛМАЙДЫ
МЫЗҒЫМАС ДОСТЫҚ

НАЙЗА ҚАП [БИДАЙ...] («Қанар қап»,
«тай қап», т. б. қап түрлері бар; ша-
ғын қаптардан: «аяқ қап», «желін
қап» т. б. бар).

НАМЫС АЛДЫ *Кек алды.* Еркектей, қыз
да болса, сұлу Баян, Өлтіріп Қодар
құлды *намыс алды* (ҚКВС). (Бұл тір-
кестегі «намыс» сөзі Е. Жұбанов «на-
мысты жібермеді» мен «кек алдының»
негізінде контаминация жолымен жа-
салған дейді. Сол сияқты *қадам қой-
ды* < ат қойды + қадам басты; *жарыс
қойды* < жарыс салды + ат қойды; ті-
ліне нанбаймын < тіл алмаймын + сө-

зіне нанбаймын. Бұл пікірдің жалпы бағытын мақұлдаймыз. Араб тіліндегі «намұс» пен «қадам» сөздерінің тіркес ішіндегі табиғатын тану да қажет шығар. Мәселен, сол тілдегі «маша қадаман ли қадамин» дегенде «аяқ» сөзі келіп тұр; оны «қадам» түрінде алып отырмыз; сондықтан синтагматика семантикалық ұқсауын тексере түсу жөн).

НӨРСЕДЕН ШОЛПЫ ТАРТТЫ *Мұқтаж-дық көрді.* Жүруші ең нәрседен шолпы тартты, Түпсіз төңірім дариядай мал береді (ҚЖБС).

НЕ АМАЛ БАР?

НЕ БӘЛЕСІ БАР?

НЕ КІНӨРАТЫҢ БАР?

НЕМЕНЕГЕ БУРАДАЙ БҰРҚЫРАП ОТЫРСЫҢ?

НЕМЕНЕГЕ ЖЕТІСІП ОТЫРСЫҢ? [МЕКІРЕНІП ОТЫРСЫҢ?]

НЕМЕНЕ, ЖАУ ШАУЫП БАРА МА? ○ НЕ ЖАУ ҚҰДЫ?

НЕГЕ ТҮЙЕ ҚЫЛАСЫҢ? НЕМЕНЕГЕ ТАНАУЫҢДЫ КӨККЕ КӨТЕРЕСІҢ?

НЫСАНАЛЫ АДАМ

ОБАЛ-САУАБЫН КӨТЕРСІН

ОҒАН НЕ СЫН?

ОҒЫ [ЖАЙЫ] ЖАЗА КЕТПЕГЕН

О ДҮНИЕ МЕН БҰ ДҮНИЕ *О дүние бұл дүниеден жақсы болса, Жиналып қожа-молда кетер еді (Айтыс).*

ОЙДЫМ-ОЙДЫМ ЖЕР

ОЙ ЖЕЛКЕ, ҚАМЫС ҚҰЛАҚ ҚАРА КӨК *Бұл жерде сүйегі таза, аса сұлу, жарамды ат мағынасында.* Гауһармын боз балаға сәуле берген, Дендеме жаманыңнан жанбайтұғын. *Ой желке, қамыс құлақ қара көкпін, Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын (Айтыс).*

ОҢ КӨЗІМ ТАРТАДЫ *к ө н е. Жақсылық болғай еді деген ырым.*

ОН САН ҰРЫМ [ҮРІМ], ҚЫРЫҚ САН ҚЫРЫМ

«ОНҚА ОЙЫН БҰЗАР» ДЕП, ОЙЫН ТӨРТІБІН БҰЗБАҢДАР!

ОРНЫҚТЫ СӨЗ *Байсалды ақыл, нық кеңес деген мағынада.* Орнатқан жеріне қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, құрайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар (І. О.).

ОРНЫНАН СУ ШЫҚҚАНДАЙ ШОШЫДЫ

ОТ АНА, МАЙ АНА, ЖАРЫЛҚА! *к ө н е.*

ОТ БАСЫН САБАДЫ

ӨЗ БАСЫМЕН КЕТТІ

ӨЗ БАСЫНА КӨРІНСІН! *қ а р ғ ы с.*

ӨЗ БЕТІН АЯМАҒАН КІСІ БЕТІН ШИДЕЙ ҚЫЛАДЫ

ӨЗ ЖАТЫРЫМНАН ШЫҚҚАН БАЛА *Өзінің бел балам.*

ӨЗ ЖОЛЫҢМЕН ЖҮР

ӨЗІ БОЛҒАН ҚЫЗ ТӨРКІНІН ТАНЫМАС

ӨКПЕ-БАЗЫНАЛЫҚ ЖАСАДЫ

ӨКПЕЛЕСЕҢ КӨШКЕ БЕРГЕН ТАЙЛАҒЫҢДЫ ҚАЙТЫП АЛ (Қырғызша: «Аксақ сары атыңды ал»).

ӨКІЛ ҚЫЗ

ӨЛІМДІ ЖАУ: *Өлімді жауды көргенде жасақпенен сайланды (Ы. Ш.).*

ӨЛІМ-ЖІГІМСІЗ ШЫҚТЫ *Қыстан мал-жан аман шыққанда айтылады.*

ӨМІРДІҢ АПШЫ-ТҰШЫСЫН КӨРДІ [БІРДЕЙ КӨРДІ]

ӨМІРЛІК ЖОЛДАС [ЖАР]

ӨМІР ШЕКТІ *д и а л. Өмір сүрді.*

ӨМІРІ ЖӘРМӨҢКЕНІҢ БАЗАРЫНДАЙ ӨНДІРШЕГІҢ ҮЗІЛІП БАРА МА?

ӨРТЕҢ ЖЕР

ӨРТЕҢ ШӨП

ПАЙҒАМБАР АЛАЙ СӘЛЕМ ○ ҚЫДЫР *ЭЛАЙ СӘЛЕМ д и н и. Мұқамбет пайғамбардың, «шапағатты» әулиенің лауазымы.*

ПАЙҒАМБАР ҚҰДАЙ ЕМЕС ҚОЙ (Қырғызша: «Байғамбар кудай емес кудайдан жуда емес»; осындағы «жуда» деген «алыс», «бөлінген» мағынасында).

ПАҚЫРШЫЛЫҚ ІСТЕМЕ

ПАЛАУ БАСТЫ

ПӘДЕРІНЕ [АТАҢА] НӘЛЕТ! *д и а л.*

ПӘЛЕН-ТҮЛЕН ДЕГЕН ЖОҚ

ПӘРУАРДІГЕР [ПӘРУАРДИГАР] ЖАРЫЛҚА! *д и н и.*

ПӘТУАСЫНАН ТАЙДЫ

ПЕЙІЛІ ҚАРА

ПЫРАҚ АТҚА МІНГЕНДЕЙ БОЛДЫ

ПІКІРГЕ ДИХАН *Пікірге бай.*

РАСШЫ ЖЕТЕР МҰРАТҚА *д и а л. Мақсатқа шындықты айтушы жетер. Өтірікші қалар ұятқа, расшы жетер мұратқа (ҚТДМ).*

РЕТІ КЕЛСЕ

САҒАН КЕЛГЕН АУРУ МАҒАН КЕЛСІН *тілек.*

САҒАН [...] КҮНІМ ТҮСПЕЙ-АҚ ҚОЙСЫН!

САҒАН ӨТІРІК, МАҒАН ШЫН!

САЙТАН АЗДЫРСЫН! *қ а р ғ ы с.*

САЙТАН [ШАЙТАН] АЗҒЫРДЫ

САЙЫСҚА ТҮСТІ

САҚАЛЫҢ ҚЫРҚЫЛҒЫР [ӨРТЕНГІР] *қ а р ғ ы с. Кексе кісіге айтар сөз.*

САЛ АДАМ

САЛДАРЛЫ КІСІ

САЛ ҚЫЛДЫ ○ ДАЛ ҚЫЛДЫ *Әуре-сарсаңға түсірді, әбігер етті. Мен не еттім Сарыбайға сал қылғандай. Мен не еттім Қарабайға дал қылғандай, Тарта тұр атың басын, шырағым-ау. Ауылы алыс емес табылғандай (ҚЖБС).*

САЛЫҚ [САЛҚЫ] ТӨСТІ

САЛЫҚШЫЛЫҚҚА ТҰРДЫ *д и а л. Жатақшы (жалға тұрушы) кедей мағынасында. Сол байға менің ағам салықшылыққа тұрды (ҚТДМ).*

САНАТҚА ҚОСЫЛДЫ *Алдыңғы қатарға ілікті; жұрт қатарынан орын тепті.*

САН ШЕРҮЛІ ҚОЛ [ШЕРҮ ӘСКЕР]

САҢЫРАУҒА СӘЛЕМ БЕРСЕҢ, «АТАҢ-НЫҢ БАСЫ» ДЕЙДИ

САСЫҒ ЕТ *Ұрыдан қайтқан мал, мүлік; қол жетпеген нәрсе.*

СӘЛДЭСІНЕ ШОҚ ТҮССІН! *Дін иелеріне деген қарғыс.*

СӘЛЕМІН ӘЛІК АЛМАДЫ

СЕНІМДІ АҚТАДЫ

СОҒЫМ СОЙДЫ

СОЙ ТУАР *диал. Ақсақты алсаң сау туар, соқырды алсаң сой туар (ҚТДМ).*

СОҚЫР ҚАРҒА

СӨЗ АЙЛАСЫН БІЛМЕГЕН СӨЗДІ ӨЗИНЕ КЕЛТІРЕДІ

СӨЗГЕ БІЛІК БЕРМЕДІ

СӨЗГЕ ЖОҚ АДАМ

СӨЗДІҢ ЖЕТІ АТАСЫН БІЛЕДІ

СӨЗ КЕЛЕДІ *Хабар тиеді. Тыңдасаң Қозыкеден сөз келеді. Жақсы-жаман кісіні көз көреді (ҚКБС).*

СӨЗІН АҚТАН ТИГІЗДІ

СӨЗІН ЕКІ АЙТТЫРМАЙДЫ

СӨЗІНЕН ЖАЛТ ТАЙЫП КЕТТІ

СӨЗІНІҢ ҚИРЕЛЕН-ИРЕЛЕНІ КӨП ЕКЕН

СӨЗІҢЕ ҚҰЛДЫҚ *көне. Айтқанға көну, лыпылдап келісу мағынасында айтылады. (Кішінің үлкенге деген ізеті ретінде қазірде де айтыла береді). «Сөзіңізге құлдық» деп үлкен атамның алдында лыпылдап жүрдім (АТ).*

СӨЗІНІҢ БЫСЫМЫЛДАСЫ...

СӨЗІ ӨҢМЕНИҢНЕН ӨТЕДІ

СӨЗІ СӨЗ Сөзі *екі болмайды.*

СӨЗІ СЫНЫҚ *Сыпайы.*

СӨЗІ ТҮРПІДЕЙ ТИЕДІ

СУАЛЫП КЕТТІ *Сауын малдың сүттен арылуы туралы айтылады.*

СУДАЙ СӨЙЛЕЙДІ *Еркін сөйлейді. (Бұл тіркес «орысша», «қазақша» сияқты сөздердің соңынан айтылады: «орысша судай сөйлейді» т. б.).*

СУҚАН АЛЛА, СУ ЖАҒАЛА *мысқылы.*

СУ СІДІК *Белі жоқ еркек.*

СУЫҚ ЖАНДАР

СҰҒАНАҚТЫҒЫ ЖОҚ

СҰЖАНЫП ҚАРАДЫ

СҰРАП БЕРГЕНШЕ, ҰРЫП БЕР *Келген қонаққа барыңды аяма, «не жейсің» демей тамағыңды дастарқан үстіне қой деген мағынада.*

СҰРАПЫЛ ЗАМАН

СҰРАСТЫРА [СҰРАЙ] *КЕЛЕ ҚАРЫН БӨЛЕ ШЫҚТЫ*

СҰР ЖЫЛАН *Қаныпезер, қара көңіл, зымиян адам туралы айтылады.*

СҮЗЕГЕН СИБЫРҒА ҚҰДАЙ МҮЙІЗ БЕРМЕЙДІ

СҮЙГЕН ЖАР

СҮЙЕГІНЕ БАТТЫ *Жапа шегіп, біреудің тырнағы батқанда, қатты налығанда айтылады.*

СҮЙЕГІНЕ ТАҢБА БАСТЫ *Қорлады, намысына тиді.*

СҮЙЕГІ ТАЗА [АСЫЛ] *МАЛ Тұқымы жасық емес, қарапайым емес мал.*

СҮЙЕК ҚЫМЫЗ (Қырғызша: Күзгі, қысқы қою қымыз). *ҰЫЗ ҚЫМЫЗ Ерте көктемдегі жазғытұрым кезіндегі*

тәтті қымыз; ТОҢАЗЫҒАН КЫМЫЗ (қырғызша: тондурма, мыз); ТҰНБА ҚЫМЫЗ (қырғыз тунма); САРЫ ҚЫМЫЗ (жайлауғы қымызды қырғыздар «қызыл мыз» дейді).

СҮЛЕ НАУҚАС БОЛДЫ

СЫҢДАРЛЫ АДАМ *диал. Сымбат адам (ҚТДМ).*

СЫН ТАҚПА

СЫР АЯҚТЫҢ СЫРЫ КЕТСЕ ДЕ, СЫ КЕТПЕЙДІ

СЫР БЫЛҒИ АДАМ

СІЗДІҢ ЖАНАБЛАРЫҢЫЗҒА *көп Сіздің құрметті есіміңізге деген. ғынада кездесетін ескі кітаби сөз*

ТАБЫ ЖОҚ *Сырқаттанып отыр.*

ТАЖАЛ БОЛДЫ

ТАМАҒЫН МАЙЛАДЫ

ТАМАҒЫН ИШП, ТАБАҒЫНА ТЫШТ!

ТАМАҚСАУ КІСІ

ТАҢДАЙЫН ҚАҒЫП, ТАҢ ҚАЛДЫ

ТАП ӨЗІ

ТАРС БЕРГЕН СОҢ ТАЙСАЛМА

ТАРТ ТІЛІҢДІ!

ТАС ЖҰТ! *қарғыс.*

ТАСТАҒАН ТАСЫ БЫЛДИДАН ӨР ДОМАЛАП ЖАТПАДЫ *Тәңірім бiген шағыма Тастаған тасым жатды Ылдидан өрге домалап (Б. Ш.).*

ТАСТАЙ ҰЙҒЫДА ЕКЕН

ТАСТЫ СУ БҰЗАДЫ, СУ БҰЗБАСА С БҰЗАДЫ

ТАЯҚТЫҢ АСТЫНА АЛДЫ

ТАУДЫ ТІЛШ, ТАСТЫ ЖАРҒАН

ТЕКЕНІ ӨКЕ ЕТІП, ЕШКІНІ ШЕПШЕ ЕТ ЖҮРМІЗ

ТЕЛ ЖҮРІС *Кезеген аяқ, тел жүрі (Б. Ш.).*

ТЕНТЕП МЕН ТЕЛІСІН [ТЕВІЗІН] Т ЗЕТТІ

ТЕРІСІН ТЕРІС [КЕРІ] СОЙДЫ *Теріс теріс сыпырды; ірмей сойды.*

ТОБЫЛҒЫ ҰЯЛҒАНЫНАН ҚЫЗЫЛ Б ЛЫПТЫ *Барынша тырысып бағ жоқтығын, қолынан іс келетін-ке мейтіндігін сыртқа білдірмеу мағынасында.*

ТОҒЫЗ САН ТОРҒАУЫТ, ОН САН О МАУЫТ

ТОҒЫЗ ТҮРЛІ АМАЛЫ, ТОҚСАН ТҒЫЗ БҰҚТЫРМАСЫ БАР (Қырғызша: «Тоғуз амалы, тоқсон тоғуз бу тармасы бар»).

ТОЙ АТАСЫ ТОМАЛАҚ *Той атасы томлақ, Көңілім құмар соған-ақ (Ғ. С.)*

ТОҚЫМДАЙ [СҮЙЕМДЕЙ] ЖЕР *Болмашы жер.*

ТОЛЫҚ ЖЫЛ

ТӨБЕЛЕС [ҰРЫС] «БОҚ ЖЕМЕДЕН БАСТАЛАДЫ

ТӨРЕ ТИМЕДІ

ТӨРЕСІН ҚИСЫҚ БЕРМЕГЕН

ТӨРТ АЯҚТЫДАН ИТІМ ДЕ ЖОҚ *Мадан дәнеңе жоқ.*

ТҰРА СӨЗ ТУАҒАҢА ЖАҚПАЙДЫ *ТҰЛПАРДЫҢ ӨЗ ТҰЯҒЫ ӨЗИНЕ МАЙ ТҰРА БАСПАС ТУБАН АЯҚ*

ЯҚ ҚЫБЫРЛАТПАДЫ *Тырып еттірмеді.*

ҮЕНІҢ ҚҰЙРЫҒЫ ЖЕРГЕ ЖЕТКЕНДЕ, ЕШКІНІҢ ҚҰЙРЫҒЫ АСПАНҒА ЖЕТКЕНДЕ

ЛСЫМ ДҮНИЕ

Ң [ТЫҢАЙҒАН] ЖЕР

ПЫР ЕТПЕЙ ОТЫР!

Р [ТЫРДАЙ] ЖАЛАҢАШ

РНАҒЫНА ЗАР БОЛДЫ *Сағынды, аңсады.* Көзден таса болғанда қандай болдым, Өзің түгіл зар болдым *тырағыңа-ай* (ҚКБС).

РНАДАН БИ ҚОЙСАҢ, ҚИҚУ КЕТПЕС БАСЫҢНАН (Қырғызша: «Турнадан бий қойсоң, қыйгуу кетпейті башыңдан»)*.

АЛДЫ *Араға жүрер, сөз салар көлденең кісі алды.*

ДЕСП ҚАЛДЫ

ЕМІЗДІ *Бос сөз сөйледі; тілімен ғана дамелендірді.*

ЖАЛҒАСТЫ *Тілдегі.* Қосылған кішкенедең, қарағым-ау, Күн қайда бір сөйлесер тіл жалғасып (ҚКБС).

[БУЫЛДЫ

[КӘЛИМАҒА КЕЛМЕДІ [КЕЛМЕЙ] КЕТТІ]

ІҢ КҮЙГІР! *карғыс.*

[ҰШЫМЕН ЖАҚЫН ҚЫЛДЫ *Алдады.*

[БОСАДЫ *диал. Буыны босады* (ҚТДМ).

ЖЫЛАННЫҢ ҚҰЙРЫҒЫН БАСПА ТҰЛІ *Тірі жетім.* «Жанбай — жалын, күймей — шоқ» дегендейін, *Тірі тұл* осы күнде Баян болды (ҚКБС).

ШЕЖІРЕ

Н СӨЗДІҢ ҚЫСҚАСЫ

Н ОТЫН ЖАНДЫРДЫ

[ИТТЕЙ ЖАЛАҚТАП...

АҒАН ЖЕРДЕ ҚОЛЫ, ТІСТЕГЕН

ЖЕРДЕ ТІСІ КЕТЕДІ

АНҒА БҒАДЫ *диал. Теңізге қарай жылжиды.* (Осындағы «ұшан» теңіз мағынасында; «ұшан-теңіз» қос сөзі осыдан келіп пайда болған).

ҒАНЫНАН [ҚЫСЫЛҒАНЫНАН] КІРЕРГЕ ЖЕР ТАППАДЫ [ЖЕРГЕ КІРДІ]

ІГІСІ СЕГІЗ ҚАБАТ *Әбден болып-толған, төрт құбыласы түгел.*

ЕН, АУЫЛ *көне. Беделді ауыл.*

ҮЛКЕН БАСЫҢДЫ НЕГЕ КІШПРЕЙТЕСІҢ?

ҮРІМ-БҰТАҚ, ЖҰРАҒАТТАН ТҮК ҚАЛДЫРМАДЫ

ШАЙҚЫ-БҰРҚЫ БОЛМАСЫН, ҚИҚЫ-ШОЙҚЫ БОЛМАСЫН *Жаман-жәулік, былжыр, ынжық болмасын деген мағынада.* «Жалын» жарқырай берсін. «Ұл тусаң — шайқы-бұрқы болмасын, қыз тусаң — қиқы-шойқы болмасын!» Көркем әдебиет сақал саудасын да көтермейді, көзін сүзген «жастық» саудасын да көтермейді, «Жалын» талаптыға тәрбиеші, талантқа өз үйіндегі болар деп сенеміз (Ғ. М.).

ШАЛА ӨЛТІРГЕН ЖЫЛАНДАЙ

ШАР ТАРАПТЫ ШАРЛАДЫ

ШЕШЕМІЗ БІЗДІ ТУҒАНДА ҚАЛЖА ЖЕГЕН

ШИҚАННЫҢ АУЗЫ ЖАРЫЛДЫ *Төзім, шыдам таусылды.*

ШИҚ-ШИҚ КҮЛДІ (Күлкінің толып жатқан түрлері бар, мысалы: «қарқ-қарқ күлді», «тырқ-тырқ күлді», «тарқ-тарқ күлді», «еңкілдеп күлді», «жырқылдап күлді», «езуінен күлді», «миығынан күлді», т. б.).

ШОҢ ҚАРА [АЛЫП ҚАРА] КҮШ

ШОШҚА ТАҒАЛАДЫҢ БА?

ШӨКЕЛЕП ОТЫРДЫ («Жүресінен отырды», «жүгіне отырды», «малдасынан отырды» немесе «малдас құрып отырды», «тізерлеп отырды», т. б. түрде айтылады).

ШӨКІМДЕЙ ЖЕР

ШӨП БАСЫН СЫНДЫРШЫ *Жақсылыққа жорышы, лайым осылай болғай.*

ШҮЙКЕДЕЙ КІСІ (Көбіне «кемпір» сөзімен бір жүреді).

ШҮЛЕННЕН ШӨЛ ТУДЫ [ТУДЫРДЫ] *Атақты кісіден, дариядай кең жомарт жаннан, жақсыдан, мырзадан керең құлақ, қуыс кеуде, тар көңіл иесі туды деген мағынада.* (Бұл фразаны «ШӨЛДЕН ШҮЛЕН ТУДЫ [ТУҒЫЗДЫ]» түрінде керісінше де қолданады). Абай Ділде сөзін бітірткен жоқ: — Қой, Ділде. Тіленшідей атадан сені керең құлақ қып туғызған мен емес. Шүленнен шөл туғызған мен деп пе едің? — деп, кейіспен біркөкетті (М. Ә.).

* Қосымшада әрі «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» деген бөлімде кезін осы сипаттас фразалар К. К. Юдахияның «Киргизско-русский словарь» атты інен алынды.

Кенесбаев С.

Фразеологический словарь казахского языка (Более десяти тысяч фразеологических единиц). Ответственные редакторы А. Искаков, К. Омиралиев. Алма-Ата, «Наука» КазССР, 1977.

712 с. (Академия наук Казахской ССР. Институт языкознания).

Кенесбаев
Смет Кенесбаевич

ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания
Академии наук Казахской ССР*

Редакторы *Б. Сагындыков, З. Егеубаева*
Худож. редактор *И. Д. Сузих*
Техн. редактор *Л. И. Шашкова*
Корректор *А. Досымбекова*

Сдано в набор 25/I 1977 г. Подписано к печати 19/IV 1977 г.

Формат 70×108¹/₁₆. Бумага № 1. Усл. печ. л. 62,3.

Уч.-изд. л. 88. Тираж 8000. Зак. 160.

Цена в ледерине на тканевой основе 5 р. 80 к., на бумажной основе 5 р. 70 к.

Издательство «Наука» Казахской ССР.

Типография издательства «Наука» Казахской ССР.

Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.

